


АБАЙ

ЭНЦИКЛОПЕДИЯ



АБАЙ

ЭНЦИКЛОПЕДИЯ

АБАЙ

ЭНЦИКЛОПЕДИЯ

БАС РЕДАКТОР Р Н. НҰРҒАЛИЕВ

БАС РЕДАКЦИЯНЫҢ МҮШЕЛЕРІ:

А. А. АБДУЛИН, Ж.М. ӘБДІЛДИН,
М. Ә. ӘЛИЕВ, В. М. ӘМІРБАЕВ,
Т. Ә. ӘШІМБАЕВ, М. Т. БАЙМАХАНОВ,
И. О. БАЙТУЛИН, Е. Е. ЕРҒОЖИН,
Б. А. ЖҰБАНОВ, С. З. ЗИМАНОВ,
Н. КӨБЕНҚҰЛОВ (жауапты хатшы),
З. Қ. ҚАБДОЛОВ, Ә. Т. ҚАЙДАРОВ,
М. Қ. ҚОЗЫБАЕВ, А. Қ. ҚОШАНОВ,
З. М. МОЛДАХМЕТОВ, Ш. МҰРТАЗА,
С. Қ. НҰРМАҒАМБЕТОВ, В. Н. ОКОЛОВИЧ,
Е. РАХМАДИЕВ, К. САҒАДИЕВ,
А. СӘРСЕНБАЕВ, Р. Н. СЕЙТМЕТОВ,
Е. Б. СЕРКЕБАЕВ, О. О. СҮЛЕЙМЕНОВ,
Ж. СЫДЫҚОВ, Қ. Т. ТЕЛЖАНОВ,
Б. А. ТӨЛЕПБАЕВ,
И. Х. ХАСЕНОВ (бас редактордың орынбасары).

«Қазақ энциклопедиясы»

АБАЙ

ЭНЦИКЛОПЕДИЯ

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Р Н. НҰРҒАЛИЕВ (бас редактор),
З. АХМЕТОВ,
Л. М. ӘУЕЗОВА,
Б. Г ЕРЗАКОВИЧ,
Н. КӨБЕНҚҰЛОВ (жауапты хатшы),
С. ҚИРАБАЕВ,
М. ҚҰЛ-МҰХАММЕД
(«Атамұра» баспасының бас директоры),
Қ. МҰҚАМЕТХАНОВ,
М. МЫРЗАХМЕТОВ,
Т Б. РСАЕВ (редакция меңгерушісі),
Ш. Қ. СӘТБАЕВА,
Р. Ғ СЫЗДЫҚОВА,
И. Х. ХАСЕНОВ (бас редактордың орынбасары).

«Атамұра» баспасы

ББК 92+83.3 Каз.
А13

А13 **АБАЙ. Энциклопедия.** (Бас ред. Р. Н. Нұрғалиев; ред. алқасы: З. Ахметов, Л. М. Әуезова, Б. Г Ерзакович т. б.). – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995.–720 бет.

ISBN5-7667-2949-9

Энциклопедия қазақтың ұлы ақыны, данышпан перзенті, қазақ жаңа жазба әдебиетінің негізін салушы Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың (1845–1904) өмірі мен шығармашылық жолына арналған. Ақынның өскен-өнген ортасы, бай мұрасы, дүниеге көзқарасы, эстетикасы, поэтикасы, қоғамдық-саяси ой-пікірлері, тағылымы, дәстүрлері жан-жақты сөз болады.

А $\frac{5001000000 - 006}{418\ (05) - 95}$ **Без объявл.** **ББК 92 + 83,3 каз.**

ISBN 5 7667 2949-9

© «Қазақ энциклопедиясы»
© «Атамұра»

М А З М Ұ Н Ы

1. Энциклопедия авторлары 8
2. Энциклопедияда қолданылған негізгі қысқартулар 10
3. Алғы сөз 11
4. Қазақ халқының ұлы ақыны 13
5. Энциклопедияның алфавиттік сөзтізбесі 19
6. Абайдың өмірі мен шығармашылық жолына арналған негізгі әдебиеттер 630
7 Қосымшалар..... 631

а) Абай пайдаланған басқа тілдер сөздігі 631

ә) Ұйқас сөздігі..... .. 643

б) Тіл жиілік сөздігі 659

8. Есім көрсеткіші 709

ЭНЦИКЛОПЕДИЯ АВТОРЛАРЫ

АБДРАХМАНОВ М. – филол. ғыл. кандидаты; АЙЫМБЕТОВ М. – жазушы; АҚБАЕВ Н. – филолог; АЛПАМЫСҰЛЫ М. – әдебиет зерттеуші (Қытай, Пекин); АЛПЫСБАЕВ Қ. – филол. ғыл. кандидаты, доцент; АЛТАЕВ Б. – филолог; АРҒЫНБАЕВ Х. – тарих ғыл. докторы, проф.; АСТАФЬЕВ О. Г. – әдебиет зерттеуші (Украина); АХМЕТОВ З. – филол. ғыл. докторы, проф., Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның академигі; АХМЕТОВА М. – өнертану ғыл. кандидаты, проф.; ӘБДЕШЕВ М. – тарихшы, музейтанушы; ӘБДІҒАЗИЕВ Б. – филол. ғыл. кандидаты, доцент; ӘБДІКӘКІМОВА Т. – этнограф; ӘБДІРАХМАНОВА Т. – Қазақстан Республикасының халық жазушысы, филол. ғыл. докторы; ӘБІЛҚАСЫМОВ Б. – филол. ғыл. докторы, проф.; ӘБІШЕВА М. – филолог; ӘЖІҒАЛИЕВ С. И. – тарих ғыл. кандидаты; ӘКІМҚҰЛОВ Е. – жазушы; ӘЛИАСҚАРОВ Қ. – журналист; ӘЛІМБАЕВ А. С. – этнограф; ӘЛІМҚҰЛОВ Т. – жазушы; ӘНЕСОВ Ғ Қ. – филолог; ӘСІПОВ С. – филол. ғыл. кандидаты, журналист; ӘУБӘКІРОВА А. – филолог, музей зерттеушісі; ӘУЕЗОВ М. О. – жазушы, филол. ғыл. докторы, проф., ҚазССР ҒА-ның академигі; ӘУЕЗОВА Л. М. – тарих ғыл. докторы; БАЙҒАЛИЕВ Б. – филолог; БАЙЖАНОВ С. – журналист, филол. ғыл. кандидаты; БАЙЗАҚОВ Е. И. – филос. ғыл. кандидаты, доцент; БАЛҒАБАЕВ С. – жазушы, драматург; БАРАҚҰЛЫ Т. – журналист; БАТЫРБЕКОВА Р – филолог; БАТЫРГЕРЕЕВА А. – библиограф; БЕЙСЕНБАЕВ М. – филолог, абайтанушы; БЕЙСЕНОВА Ғ Н. – өнертану ғыл. канд.; БЕКЕНОВ У. – муз. зерттеуші, этнограф; БЕКХОЖИНА Г Қ. – театр зерттеуші; БЕЛБОТАЕВ А. – филол. ғыл. кандидаты; БЕЛЬГЕР Г. – әдебиет зерттеуші, аудармашы; БЕРДІБАЕВ Р – филол. ғыл. докторы, проф., Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның корр.-мүшесі; БИЗАҚОВ С. – филол. ғыл. кандидаты; БОРЖАКОВА К. – филолог (Түрікменстан); БҰЛДЫБАЕВ А. – филол. ғыл. кандидаты, доцент; БУРАБАЕВ М. С. – филос. ғыл. докторы, проф.; БУРКАТОВ Б. А. – әдебиет зерттеуші (Украина); ВАРНА С. – әдебиет зерттеуші (Латвия); ҒАБДУЛЛИН Б. – филос. ғыл. кандидаты, доцент; ҒИЗАТОВ Б. – өнертану ғыл. кандидаты, доцент; ҒИЗАТОВА Г Б. – өнертанушы; ДӘДЕБАЕВ Ж. – филол. ғыл. докторы; ДӘРІБАЕВА Р. – филолог (Қарақалпақстан); ДӘУІТОВ С. – филол. ғыл. кандидаты; ДЕРБІСӘЛИЕВ Ә. – филол. ғыл. докторы, проф., шығыстанушы; ДОСЖАНОВ Д. – жазушы; ДӨЛӘТОВ А. – ақын, аудармашы; ДУБИНА М. И. – әдебиет зерттеуші (Украина); ДЯЧЕНКО А. М. – әдебиет зерттеуші (Украина); ЕГІНБАЕВА Т. – музыка зерттеуші, өнер ғыл. кандидаты; ЕЛЕУКЕНОВ Ш. – әдебиет зерттеуші, филол. ғыл. докторы, проф.; ЕРЕНБАЕВА Ә. – журналист; ЕРЗАКОВИЧ Б. Г – өнертану ғыл. докторы, проф., Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның корр.-мүшесі; ЕСІМОВ Ғ – филос. ғыл. докторы; ЖАҒЫПАРҚЫЗЫ И. М. – тарихшы; ЖАҚЫПОВ М. – филолог, ағылшын тілінің маманы; ЖАНАҚОВА Н. – тарихшы; ЖАНБОТАЕВ Д. – жазушы, тарихшы; ЖАНПЕЙІСОВ Е. – филол. ғыл. докторы; ЖАРМҰХАМЕДОВ М. – филол. ғыл. кандидаты; ЖИРЕНШИН Ә. – тарих ғыл. кандидаты; ЖАРЫҚБАЕВ Қ. – психол. ғыл. докторы, проф.; ЖОЛАМАНОВА Н. А. – филолог, музейтанушы; ЖҰБАНОВ А. Қ. – филол. ғыл. кандидаты; ЖҰБАНОВ А. Қ. – композитор, өнертану ғыл. докторы, проф., ҚазССР ҒА-ның академигі; ЖҰБАНОВ Е. Қ. – филол. ғыл. кандидаты; ЖҰБАНОВ Қ. Қ. – филолог, түрколог, проф.; ЖҰМАЖАНОВ Қ. – филол. ғыл. кандидаты (Қарақалпақстан); ЖҰМАЛИЕВ Қ. – жазушы, филол. ғыл. докторы, проф., ҚазССР ҒА-ның академигі; ЖҰРТБАЕВ Т. – филол. ғыл. кандидаты, жазушы; ЖҮЗБАСОВ Қ. Т. – өнертану ғылымының кандидаты; ЖҮНІСОВА М. – тарихшы, этнограф; ИСАБАЕВ Б. – этнограф; КАРПОВА Т. – әдебиет зерттеуші; КӘКІШЕВ Т. – филол. ғыл. докторы, проф.; КЕНЖЕАХМЕТОВ С. – жазушы; КЕНЖЕБАЕВ Б. – жазушы, фи-

лол. ғыл. докторы, проф.; КЕРІМОВ Ш. – әдебиет зерттеуші; КОСТЕНКО В. К. – әдебиет зерттеуші (Украина); КОТЛОВА Г К. – музыка зерттеуші; КРАЕВСКИЙ К. С. – этнограф; КҮЗЕМБАЕВА С. – муз. зерттеуші, өнертану ғылымының кандидаты; ҚАБДИЕВ Д. – экономика ғыл. докторы, проф.; ҚАБДОЛОВ З. – филол. ғыл. докторы, проф., Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның академигі; ҚАЛИЕВ С. – педагогика ғыл. кандидаты; ҚАЛУОВ С. – филолог; ҚАНСЕЙІТОВА Р. – библиограф; ҚАПАЕВА А. Т. – тарих ғыл. кандидаты; ҚАРАМЕНДИН С. – этнограф; ҚАРАТАЕВ М. Қ. – филол. ғыл. докторы, проф., Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның академигі; ҚАСЫМЖАНОВ А. К. – филос. ғыл. докторы, проф., Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның корр.-мүшесі; ҚИРАБАЕВ С. – филол. ғыл. докторы, проф., Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның академигі; ҚОЖАБАЕВ Б. – журналист, аудармашы; ҚОЖАКЕЕВ Т. – филол. ғыл. докторы, проф.; ҚОРАБАЕВ С. – филол. ғыл. кандидаты; ҚОСПАҚОВ З. – музыка зерттеуші, өнертану ғыл. кандидаты; ҚҰЛ-МҰХАММЕД М. – журналист; ҚҰНДАҚБАЕВ Б. – театр зерттеуші, өнертану ғыл. кандидаты, проф.; ҚҰРМАНҒАЛИЕВ Қ. – ақын; МАҒАУИН М. – жазушы; МАЙТАНОВ Б. – филол. ғыл. докторы, проф.; МАМРАЕВ Б. – филол. ғыл. кандидаты; МАРҒҰЛАН Ә. Х. – археолог, филол. ғыл. докторы, проф., ҚазССР ҒА-ның академигі; МАХАМБЕТОВА Қ. – этнограф; МЕЛЬНИК В. О. – әдебиет зерттеуші (Украина); МОЛДАБЕКОВ Ж. – филос. ғыл. докторы, проф.; МОРЕНЕЦ В. П. – әдебиет зерттеуші (Украина); МОРОЗ А. З. – әдебиет зерттеуші (Украина); МУСИНОВ А. – филол. ғыл. кандидаты, доцент; МҰҚАЖАНОВА Г – өнер зерттеуші; МҰҚАМЕТХАНОВ Қ. – филол. ғыл. кандидаты, абайтанушы; МҰҚАМЕТХАНҰЛЫ Н. – әдебиет зерттеуші (Қытай, Пекин); МҰСАҒИТОВ М. – әдебиет зерттеуші; МЫРЗАХМЕТОВ М. – филол. ғыл. докторы, абайтанушы, проф.; НАРЖАНОВ К. – журналист; НЕГІМОВ С. – филол. ғыл. докторы; НИЕТУЛЛАЕВ С. – филол. ғыл. кандидаты (Қарақалпақстан); НӨГЕРБЕКОВ Б. – кинотанушы, өнертану ғыл. кандидаты; НҰРАЛИЕВ А. – әдебиет зерттеуші (Тәжікстан); НҰРҒАЛИЕВ Р. – филол. ғыл. докторы, проф, Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның корр. мүшесі; НҰРҚАТОВ А. – әдебиет зерттеуші, филол. ғыл. кандидаты; НҰРМҰХАМБЕТОВА Г – филолог; НҰРПЕЙІСОВ К. – өнер зерттеуші; НҰРТАЗИН Д. – филолог, этнограф; ОРДАЛИЕВ Ж. – музыка зерттеуші; ОРЫНҒАЛИЕВ Қ. – филолог; ОСПАНОВ С. – ақын; ӨМІРӘЛИЕВ Қ. – филол. ғыл. кандидаты; ӨМІРБЕКОВ Ж. – жазушы; ӨСЕРОВ Н. – арабтанушы, заң ғыл. кандидаты; ӨСКЕНБАЕВ С. А. – филолог; ПӘРІМБЕКОВА П. – филолог; ПЛАХОТНАЯ Л. Г – өнер зерттеуші; ПОЛОНСКАЯ Н. А. – өнер зерттеуші; ПІРМАНОВ Ә. – тарихшы, этнограф; РАХМАНҚҰЛ К. Е. – физик; РСАЕВ Т. Б. – журналист, аудармашы; САЛҒАРИН Қ. – жазушы, филол. ғыл. кандидаты; САПАРАЛЫ Б. – журналист; САРБАЛАЕВ Б. – жазушы; САХИЕВ Ж. – жазушы, журналист; СӘТБАЕВА Ш. Қ. – филол. ғыл. докторы, проф., Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның корр.-мүшесі; СЕЙДАНОВ Қ. – филол. ғыл. кандидаты (Өзбекстан); СЕЙДАХАНОВ К. – филол. ғыл. кандидаты; СЕЙІТОВ С. – ақын, филол. ғыл. кандидаты; СЕРҒАЛИЕВ М. – филол. ғыл. докторы, проф.; СЕРДЮК П. О. – әдебиет зерттеуші (Украина); СОЗАҚБАЕВ С. – заң ғыл. кандидаты; СҰБХАНБЕРДИНА Ү. – филол. ғыл. кандидаты; СЫЗДЫҚОВА Р. Ғ – филол. ғыл. докторы, проф., Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның корр.-мүшесі; СЫЗДЫҚОВА Р – филол. ғыл. кандидаты; ТӘЖІБАЕВ Ә. – Қазақстан Республикасының халық ақыны, филол. ғыл. докторы, проф.; ТЕЛҒОЗИЕВ Ә. – композитор; ТӨРЕҚҰЛОВ Н. – филол. ғыл. докторы; ТУРАҒҰЛ Абайұлы Құнанбаев – ақын, аудармашы; ТҰРЫСБЕКОВ Р – әдеб. зерттеуші; УӘЛИЕВ Н. – филолог; ФАЙЗУЛЛАЕВА А. – филол. ғыл. кандидаты (Азербайжан); ХАСАНАЕВ М. – тарихшы-архивист; ХАСЕНОВ И. – филолог, аудармашы; ХАСЕН ОРАЛТАЙ-тарихшы, публицист (Мюнхен, Германия); ХИТРУК В. О. – әдебиет зерттеуші (Украина); ШАБАНОВ Н. – экономист; ШӘЙМЕРДЕНОВА К. – пед. ғыл. кандидаты; ШӘМШАТҰЛЫ И. – тарих ғыл. докторы, проф.; ЫБЫРАЕВ Ж. – журналист; ЫБЫРАЕВА Ғ. – филол. ғыл. кандидаты, доцент; ЫСҚАҚОВ Д. Д. – филол. ғыл. кандидаты, доцент; ЫСМАҒҰЛОВ Ж. – филол. ғыл. кандидаты.

ЭНЦИКЛОПЕДИЯДА ҚОЛДАНЫЛҒАН НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТУЛАР

автолитогр. – автолитография
акад. – академик, академиялық
араб. – арабша
археол. – археология, археологиялық
атынд. – атындағы
ауд. – аудан
а. ш. – ауыл шаруашылығы
әкімш. – әкімшілік
әлеум. – әлеуметтік
бас. – басылымы
б. т. – баспа табақ
ген. – генерал
генетик. – генетикалық
геогр. – географиялық
ғ. – ғасыр
ҒА – Ғылым Академиясы
ғыл.–зерт. – ғылыми-зерттеу
демокр. – демократия
дидактик. – дидактикалық
дир. – дирижері
еңбек сің. – еңбек сіңірген
ж. – жылы, жылдары
ж. т. – жылы туған
идеол. – идеологиялық
ин-т – институт
классик. – классикалық
к-т – комитет
комп. – композитор
корр.-мүшесі – корреспондент-мүшесі
қ. – қала, қаласы (қала атауынан соң)
қ. – қара
лат. – латынша
лексик. – лексикалық
лирик. – лирикалық
литогр. – литография
логик. – логикалық
мин. – министрлігі
монограф. – монографиялық
муз. – музыкасы, музыкалық
мыс. – мысалы
обл. – облысы, облыстық
ө. ж. б. – өлген жылы белгісіз
өлш. – өлшемі
парс. – парсыша
патриарх. – патриархалдық
пед. – педагогикалық
поэтик. – поэтикалық
проф. – профессор
психол. – психологиялық
публицистик. – публицистикалық
реалис. – реалистік
рев. – революциялық
реж. – режиссері, режиссерлік
респ. – республика, республикалық
романтик. – романтикалық
силлабик. – силлабикалық
силлабатоник. – силлабатоникалық
т. б. – тағы басқа
т. ж. б. – туған жылы белгісіз
т. ө. ж. б. – туған, өлген жылы белгісіз
тоник. – тоникалық
ун-т – университет
ф-т – факультет
фантастик. – фантастикалық
феод. – феодалдық
филос. – философиялық
хронол. – хронологиялық
х. ш. – халық шаруашылығы
шам. – шамамен
шығ. – шығармалары
эволюц. – эволюциялық
эпик. – эпикалық
эстетик. – эстетикалық
этник. – этникалық
этик. – этикалық
этногр. – этнографиялық



АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқырман! Сіздерге ұсынылып отырған бұл көлемді де күрделі еңбек – Қазақстан ғана емес, бүкіл Орта Азия республикалары тарихында алғаш шығарылып отырған жеке мәдениет, әдебиет қайраткеріне арналған, энциклопедиялық басылым. Кітап қазақ халқының ұлы ақыны және ойшылы Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі мен ақындық жолына жан-жақты шолу жасап, әдеби мұрасын ғылыми тұрғыдан талдауды мақсат етken. Осы оймен ақынға қатысты атауларды мейліншe мол қамтуды көздеп, алфавиттік сөзтізбені жасамас бұрын, оған енгізілетін атауларды іштей шартты түрде мынадай тақырыптар бойынша жинақтадық: 1) Ақын шығармалары; 2) Абай шығармаларының кейіпкерлері; 3) Абай және әдебиеттану ғылымы; 4) Абай және тіл білімі ғылымы; 5) Абай және Шығыс әдебиеті; 6) Абай және Батыс әдебиеті; 7) Абай және орыс әдебиеті; 8) Абай және туысқан халықтар әдебиеті; 9) Ақынның дүниетанымы, көзқарастары; 10) Абай және өнер; 11) Абай өскен орта; 12) Абай шығармаларындағы геогр. атаулар; 13) Абай шығармаларының басылымдары; 14) Баспасөз және Абай зерттеушілер; 15) Абай сыйлығының лауреаттары. (Бұл тақырыптардың сыртында ақын заманында және оған дейін өмір сүрген, нақты деректер болмауына қарамастан, Абайдың өмір жолын біліп, олар жайлы мағлұмат жинауы әбден мүмкін қазақтың белгілі хандары мен би-шешендері, батырлары, өнер адамдары туралы және ұлы Абайдың әдеби мұрасын бүгінгі таңда зерттеп, халық қазынасына айналдыруда елеулі үлес қосып жүрген ғалым-академиктерге де қатысты материалдар енгізілді). Осы негізгі тақырыптар бойынша жинақталған сөзтізбе Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының ғылыми институттары мен республиканың Жоғары оқу орындарына, абайтану мәселелерімен айналасып жүрген белгілі ғалымдарға, әдебиет, тіл мамандарына, жазушы-журналистерге, тарихшы-этнографтарға, өнер қайраткерлеріне, композиторлар мен музыка зерттеушілерге үлестіріліп беріліп, талқылаудан өткізілді. Мазмұндық жағынан кеңейтіле түскен сөзтізбе Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясының арнайы отырысында қаралып, бекітілді. Сөйтіп, болашақ энциклопедияның сөзтізбесіне 2 мыңға тарта атау енгізілді.

«Абай» энциклопедиясының авторлары негізінен абайтану мәселелерімен айналысып жүрген белгілі ғалымдар, зерттеушілер, жазушылар, журналистер. Өнердің сала-саласы бойынша ақын мұрасын зерттеп жүрген бүгінгі ғалымдармен қоса, кезінде абайтану ғылымына белгілі дәрежеде үлес қосып, ақын мұрасы жайлы алғаш тұжырымды пікір айтқан, дүниеден өткен марқұм М. Әуезовтен бастап, Құдайберген Жұбанов, Ә. Марғұлан, Ахмет Жұбанов, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, Т. Әлімқұлов, А. Нұрқатов, Ә. Жиреншин, Қ. Өмірәлиев т. б. мақалаларын да пайдаландық. Бұл ғалымдар материалдарының өз уақытына тән тіл мен стильдік ерекшеліктерін сол қалпында сақтадық, тек абайтану ғылымында бүгінгі күні шешілген кейбір мәселе қоятын тұстарын ғана қысқарттық. Атау ретінде Ақын өлеңдерінің түгелдей алғашқы жолын алдық (Мыс., «Жарқ етпес қара көңлім не қылса да...»). Тақырыптары қайталанып келетін («Татьянаның Онегинге жазған хаты») аударма өлеңдер атауларын да осылайша алдық (Мыс.: «Амал жоқ қайттым білдірмей...»). Ал орыс ақындарының өздері қойған тақырыптарын сақтадық та, анықтық үшін жанына өлеңнің алғашқы жолын таратып бердік. Өйткені И. А. Крыловтың «Қарға мен түлкісі» екеу ғой. Ақын өмірі мен шығармашылығына арналып орыс тілінде жарық көрген зерттеу еңбектердің атаулары қазақ тіліндегі негізгі атаудың жанына орыс тілінде, қосымша берілді. Ал ұлы ойшылдың ғақлия сөздері жайлы талдау мақалаларды алфавит бойынша таратпай, оқырманға ыңғайлы болу үшін М. О. Әуезовтың көлемді мақаласымен біріктіріп, бір атау ретінде жарияладық.

Энциклопедияға енгізілген мақалаларда келтірілетін ақын өлеңдерінің үзінділері бірыңғай М. Әуезовтың басқаруымен 1957 ж. ҚазССР ҒА Тіл және әдебиет институты шығарған Абай шығармаларының 2 томдық

толық жинағынан келтірілді. Сол сияқты энциклопедия соңында берілген «Ұйқас сөздігі», «Тіл жиілігі сөздігі» және «Абай пайдаланған басқа тілдер сөздігі» де осы басылым бойынша әзірленді.

Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы данышпан ақынымыз, қазақтың жаңа жазба әдебиетінің классигі Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылық жолына арналған осынау күрделі еңбекті әзірлеуге ат салысқан Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның ғылыми интары ұжымдарына, Абайдың Семейдегі әдеби-мемориал. қорық-музейі, Қазақстан Республикасының Орталық музейі, Қазақстан Республикасының өнер музейі, Қазақстан Республикасының кітап музейі, Қазақстан Көркемсурет көрмелер дирекциясы, М. Әуезов мұражай -үйі, Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы, Қазақстан Республикасы мемлекеттік кітап палатасы қызметкерлеріне, энциклопедияға мақала жазған барша ғалым-авторларға рахмет айтады. Көптің күшімен әзірленген басылым көптің игілігіне айналады деп үміттенеміз.

Рымғали Нұрғалиев,
Қазақ энциклопедиясының
Бас редакторы, филология
ғылымының докторы, проф.,
Қазақстан Республикасы
ҰҒА-ның корр.-мүшесі,
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ

«... Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!...»

Абай болашақ ұрпаққа сөзін осылай арнады. Бұл өткеннің құлазыған ғасырларынан өзіне бейтаныс, басқа, бірақ жарқын болашаққа сенімді жол салған ақынның айтқан сөзі еді. Даланы торлаған надандық түнегіне ол шамшырақтай сәуле төкті және таңы атып, күні шығатын жаққа апаратын жолды өз халқына талмастан көрсетті...

Өзінің көптеген тұстастарының айтуына қарағанда, Абай өлеңді өте ерте, он екі жасынан бастап шығарған. Оның бұл кезеңде шығарғандарының көпшілігі бізге жеткен жоқ. Абайдың жас кезіндегі өлеңдерінің кейбіреулерінің және бірқатары ұмытылған, болмаса жоғалып кеткен шығармаларының аттары ғана сақталған... Қазақстанда ол кезде жазу-сызу нашар дамыған болғандықтан, бізде Абайдың жас кезіндегі өлеңдерін сақтаған, оның өмір тарихын баяндайтын, тұстастары жазған мемуарлар, хаттар, жазбалар жоқ. Үстем тап өкілдерінің ақынға деген қатынасының да салқыны бұған аз тиген жоқ. Егер халық поэзияны терең қастерлеп, ақын атын жоғары бағаласа, ру байлары: «Құдайға шүкір, біздің рудан бір де ақын, бір де бақсы шыққан жоқ» деп күпінетін. Поэзияға осындай көзқарастың әсерімен Абай өзінің көптеген өлеңдерін жас достарының атынан таратқан.

Ру таластарының қым-қуат дау-жанжалына амалсыз араластырылған Абай әкесінің әділетсіздігімен, қаталдығымен келісе алмады және көп істерге, әкесінің ырқына көнбей, әділ үкім шығарып отырды. Абайдың халық арасынан шыққан адал, ақылгөй адамдармен дос болуы және жас кезінен бастап орыс мәдениетіне бой ұруы Құнанбайға ұнамады. Қатал, айлалы әке мен әділетті, қайсар баланың арасында елеулі тартыстар жиі-жиі болып тұрады.

Жиырма сегіз жасқа келгенде Абай әкесімен біржола ажырасады. Ол енді тағдырын өзі белгілеп алатын болады. Абай, ең алдымен, орыс тілін үйренуге қайтадан бет бұрады. Оның жаңа достары – негізінен кедей рулардан шыққан талантты жастар, ақындар, жыршылар және орыс интеллигенциясының таңдаулы өкілдері болады. Есейген, мәдениеті өскен Абай орыстың классик. әдебиеті мен Шығыстың халық творчествосын оқи бастайды.

Отыз бес жасқа келгенде ғана Абай творчествоға қайта оралады. Бірақ бұл кезеңде де Абай өз өлеңдерін жас достарының атынан таратады. Тек, 1886 жылы, қырық жастан асқан соң «Жаз» деген атақты өлеңін жазғаннан кейін ғана Абай шығармаларына өз атын қойды.

Отыз жастарға келгенде Абай феод.-рулық ортадан біржола түңіледі. Ол патша үкіметі тұтандырып отырған рулық тартыстың халық үшін өте ауырға соғатынын анық көреді.

Нағыз ақын, әрі патриот Абай халыққа оның неге қасірет шегетінін түсіндіруге тырысты. Өзінің өлеңдерінде ол феод.- рулық билептөстеушілерді аяусыз әшкерелейді және халықты өнер-білімге шақырады.

Абай орыстың жер ауып келген 70–80 жылдардағы революционерлерімен танысады. Олар – революцияшыл интеллигенцияның өкілдері, Н. Г Чернышевскийдің жолын қуушылар еді. Солардың бірі – Е. П. Михаэлис – Шелгуновтың жақын досы, белсенді қызметтесі болған.

Михаэлис те, сондай-ақ, Семейге кейінірек жер ауып келген оның пікірлестері де жас адамдар болатын. Абайдың олармен таныстығы кешікпей үлкен достыққа айналады. Орыс достары Абайдың өз бетімен білім алуына ерекше назар аударып, зор көмек көрсетеді. Олар Абайдан қазақ халқының тарихы, поэзиясы, әдет-ғұрпы және искусствосы жайында көп мәлімет алады, өздеріне бейтаныс өлкенің табиғи-геогр., экономик. жағдайларын, тұрмысын зерттейді. Мешеу қалған қиырдағы өлкеге орыс мәдениетін түңғыш таратушылар да, халықтың өмірі мен тұрмысын өзгертудің, оны ағартудың жақтаушылары да солар болды... Орыстың демокр. интеллигенциясының бұл өкілдері халықты ағартуды царизмге қарсы күрестің маңызды

құралы деп санады. Абай сияқты адамдарды орыс әдебиеті классиктерінің және орыс мәдениетінің басқа да алдыңғы қатарлы өкілдерінің мұрасымен таныстыру – олар үшін, әрине, маңызды міндет болды. Абайдың бұл достары орыстың ұлы жазушылары мен алдыңғы қатарлы саяси-әлеум. қайраткерлерінің еңбектері мен ойларында бейнеленген орыс халқы туралы шындықты қазақ өлкесінің қалың еңбекші бұқарасына жеткізуге тырысты. 19 ғ-дағы азаттық идеяларға толы орыстың классик. әдебиетінің асқан гуманизмі мен терең революцияшылдығы, оның царизмге қарсы өшпенділігі, оның езілген бұқараны қорғап көтерген өшпес дауысы Сібірде де, Қазақстанда да қоғамдық ойды өмірге оятты, тәрбиеледі.

Ал, Абай болса қазақ халқының ғасырлар бойғы қараңғылықтан құтылатын бірден-бір дұрыс жолы – орыс және қазақ мәдениетінің жақындасуында деп білді. Ұлы ақын-ағартушы халықтардың туысқандығы мен достығы идеяларын жақтаушы болды. Өзінің өлеңдерінде ол қазақ халқына орыс халқын патша отаршыларынан айыра білуді көрсетуге тырысты.

«... Тура тілді кісіні дейміз орыс,
Жиреніп, жылмаңдықты демес бұрыс.
Жылпылдақтан айрылып, сенісе алмай,
Адамдықты жоғалтар ақыр бұл іс.
Сенімі жоқ серменде сырды бұзды,
Анық таза көрмейміз – досымызды.
Қылт етпеген көңілдің кешуі жоқ,
Жүрегінде жатады өкпе сызы.
Дос асықтың болмайды бөтендігі
Қосылған босаспайды жүрек жігі...»

Орыс халқының рухани мәдениетінің нағыз бағалылықтарын тауып, таныған шақта Абайдың ой-өрісі мейлінше кеңейді. Абай А. С. Пушкин мен М. Ю. Лермонтовтың, И. А. Крыловтың, М. Е. Салтыков-Щедрин мен Л. Н. Толстойдың құштар ардақтаушысы болады. 1886 жылдан бастап ол Крылов, Пушкин, Лермонтовтың шығармаларын қазақ тіліне аударады.

Абай тек қана ақын емес, сонымен бірге музыкант, қазақтың халық музыкасын терең білген, жете бағалаған адам болды. Ол бірқатар мелодиялар шығарды. Ақынның мелодиялары, негізінен, оның қазақ поэзиясына жаңалық енгізген өлеңдеріне («Сегіз аяқ», «Алтыаяқ» т. б.) арналған еді. Ол өзінің «Евгений Онегиннен» жасаған үзінді аудармаларына да осындай мелодиялар шығарған. 1887–89 жылдарда Пушкин есімі және оның геройлары – Онегин мен Татьянаның есімдері сол әндермен бірге бүкіл далаға кең таралды, қазақ халқы үшін қазақ ақындары мен қазақ эпикалық поэмаларының геройларындай сүйікті, жақын болып кетті.

80-жылдардың аяқ кезінде ақын, ойшыл, музыкант Абай халық жақсы білетін әрі аса қадір тұтатын кісі болады. Оған тіпті алыс жерлерден ақындар, музыканттар, жыршылар келеді. Даңқты Біржан, соқыр ақын Ажар, Қуандық, Сара және басқалар оның өлеңдерін бүкіл кең далаға таратады.

Мұқа, Ақылбай, Кәкітай, Мағауия сияқты жас таланттар, ақындар, жыршылар Абайдың төңірегіне топталады. Олардың кейбіреулері Абайдан үлгі алып, өздігінен білімін көтереді, орыс әдебиетін оқып үйренеді, тарихи, романтик. және салт поэмаларын жазады.

Абайдың маңына тек қазақтар ғана емес, шығыс халықтарының құғынға ұшыраған (көбіне татар жастары), озат ойлы адамдары да келеді. Сібірдегі ссылкадан өз еліне қашып бара жатқан кавказдықтар Абай аулында айлап жатып қонақ болады. Абайдың аулы бірте-бірте Шығыстың прогресшіл ойдағы, алдыңғы қатарлы адамдары келетін орталыққа айналады.

Абайдың талантын бағалаушылардың саны жыл сайын молая береді. Тек Абайдың өз өлеңдерін ғана емес, сонымен бірге достарының да шығармаларын ел ішінде көшіріп алып, жаттап, әнге қосып айтады. Батыс және орыс жазушыларының Абай оқыған романдарының мазмұнын тыңдаушы – ертекшілер ауызша түрде бүкіл далаға таратады...

Абайдың және оның достарының ақындық, ағартушылық және әлеум. қызметі феод. ауылдың ескілігіне, рушыл даугерлерге, халықты қанаушыларға және соларға сүйенген царизмге қарсы бағытталады.

Абайдың еңбектері, оның әлеум. қызметі және үстем тапқа өшпенділігі, царизмнің сенімді жалдаптары дала феодалдарының ызасын келтірді. Олар білімді, қайсар ақын ту еткен идеяларға және ақынның өзіне қарсы лас, зұлымдық тартыс жүргізді. Абайдың бұл жаулары чиновниктермен, билеуші таптың интеллигенциясымен бірлесе отырып қимылдады.

Абай царизм үшін қауіпті адам ретінде, Далалық өлкенің ген.-губернаторына дейін жетеді. Шындықтың батыл жаршысы, әлеум. тәртіптің әшкерелеушісі болған ақынды приставтар, урядниктер, болыстар үнемі аңдуға алады.

Бірақ ақынның жаулары халықтың Абайға деген сүйіспеншілігінен қаймықты, сондықтан олар ақынға қарсы ашық қимыл жасай алмады. Олар тартыстың не бір опасыз түрлерін пайдаланды. Ру басыларының бірі, Абайдың қас жауы – Оразбай өз маңына даланың Абайға қарсы азулылардың барлығын топтайды. Олар ақынның достарын құдалады, ал Абайдың үстінен губернаторға, уезд бастықтарына, патша соттарына айыптау арыздар, домалақ хаттар жолдады, ақынның өз басын «ақ патшаның жауы», «бүлікшіл», «әкелер мен ата-бабалардың әдет-ғұрпын, салт-жоралғысын бұзушы» деп кінәлады. Осындай арыздардың салдарынан бірде Абайдың аулына Семей қаласы полицмейстерінің өзі жанына жандармдар отрядын ертіп келіп, тінту жасайды. Ал, 1897 ж. билеушілердің көрінеу-көзге демеуімен феодалдар Абайға қарсы опасыз қастандық жасайды.

Семейдің губернаторы да Абайға талай рет кәрін тікті. Бірақ ақынның өз халқы арасындағы беделінен қаймығып, ол Абайды жер ауып келген достарынан айырумен, олардың

тығыз байланысын үзумен ғана шектелді. Бірақ Абайды халықтан бөліп алуға болмайтын еді. Тіпті алыстағы уездерден көптеген адамдар Абайды іздеп келіп, ақыл-кеңес сұрайтын. Ру арасындағы үлкен-үлкен дау-тартыстарда ел ең әділ би Абайдың үкіміне, соның төрелігіне құлақ асатын...

Абайдың әлеум. қызметі мен ақындық шығармалары дала жастарының арасында, әсіресе, белгілі болды. Көптеген жиындарда, ойын-тойда, қыз ұзатып, келін түсіргенде жыршылар мен ақындар Абай өлеңін айтатын. Абайдың өз аулының қыздары ұзатылғанда өздерінің жасауларының ішінде Абайдың өлеңдері мен поэмаларының, нақыл сөздерінің қолжазба жинақтарын ала кететін болған. Мыс., Әсия, *Уәсила, Рахила* сияқты және басқа да қыздардың сондай қолжазба жинақтары осы күнге дейін сақталған...

Абайға орыстың алдыңғы қатарлы қоғамдық, халықтық-демокр. ой-пікірінің таңдаулы дәстүрлеріне тәрбиеленген, өз ісінің болашақ мұрагері, талантты баласы Әбдірахманның өлімі аса ауыр қайғы болып тиеді... Оның өліміне арнап Абай көптеген әсерлі өлеңдер шығарады. Бұл өлеңдерде ол өзінің баласынан ғана емес, сонымен бірге үміткер досынан, мұрагерінен айырылған әкенің, халық бақыты үшін күрескердің қайғысын білдіреді. Топас, дөрекі жауларының құғынына ұшырағаң, ауыр тартыс қалжыратқан Абай ауыр өлімнің қайғысынан серпіліп болмай-ақ, тағдыр оны тағы да қатты соққылайды: Абайдың екінші баласы, талантты ақын – Мағауия қайтыс болады. Осындай бақытсыздық қатты жаншып, еңсесі түскен Абай өзінің қайғы-қасіретінен бой жаза алмайды. Мағауия өлгеннен кейін қырық күн өткен соң, алпыс жасқа шыққанда, өзінің туған даласында ақын қайтыс болады.

Абайдың сүйегі Шыңғыс тауының бауырындағы өзінің Жидебай деген қыстағының жанына қойылады.

Абайдың өлеңдер мен поэмалардан, аудармалар мен ғақлиялардан тұратын әдеби мұрасы үлкен-үлкен екі том болып басылды. Ақынның көп жылдар бойындағы ойлары мен толғаныстарының, ізгі жаны тебіренуінің аса бір қымбатты нәтижесіндей бұл еңбектері енді, тарихи тұрғыдан қарағанда, қазақ халқының рухани мәдениетінің жиынтығы сияқты болып көрініп отыр. Туған халқының өткендегі ауызша, жазбаша ескерткіштерде сақталған ақындық мұрасына терең бойлаған Абай сол мөлдір бұлақтан құнарлы нәр алып, өз поэзиясын молықтыра білді. Қазақ халқына ол кезде жете таныс бола қоймаған тәжік, азербайжан, өзбек сияқты шығыс халықтарының классик. поэзиясы да Абай поэзиясына прогресшіл ықпал жасады. Бірақ қазақ мәдениетінің келешекте өркендеуінің кепілі, оның тарихи дамуы жолында сенімді жолбасшысы болған орыс мәдениетіне (ол арқылы бүкіл европалық мәдениетке), ең алдымен, оған дейін қазақ халқына мүлде белгісіз орыстың ұлы классиктері қалдырған мұраға Абайдың үміт артуы орасан маңызы бар факті еді. Ерекше дарынды, кемел ойлы Абай жаңа мәдениетті ақыл сарабынан өткізе, өз бойына сіңіре білді. Осындай асыл қазынаны қабылдаудан суретші Абайдың өзіндік айқын ерекшелігі өсіп, көркейе берді. Абай қазақ халқы әлі меңгеріп жетпеген мәдениеттерге бой ұрғанда, жаңа көркемдік суреттеу құралдарымен ғана молыққан жоқ, рухани дүниесін жаңа идеялармен де байытты. Өзінің идеялық және творчеств. байлығының асылына келгенде, Пушкин сияқты, Абай да қалың жұртқа ортақ, сонымен бірге анық ұлттық, халықтық ақын.

Абайдың 80-жылдардағы өлеңдерінің көпшілігі қазақ қоғамының тағдырына арналды. Сонымен қатар, ақын халқының бүкіл рухани қатынасын терең көркемдік-сыншылдықпен қайта қарап, өзінің ақындық жаңа программасын ұсынды.

Бұл шығармаларында Абай қалың бұқараға жақын келеді. Алайда оның поэзиясының халық творчествосынан зор айырмасы барын дәл осы тұста айқын көреміз. Абай бірде-бір өлең жолында халық творчествосының қалыптасқан дәстүрлі сөз жүйесі мен ақындық ой бітімін қаз-қалпында ала салмайды. Абай ауыз әдебиетіндегі сөздерді де, образ жүйесін де, стиль тәсілдерін тереңдетіп, жаңа ой, сезімдермен толықтырады, оның өлеңдерінде өзгеше бір идеялар мен жан сезімдері жүреді. Ең алдымен, бұл шығармалардан ақынның ескілік әдет, билеуші феодалдардың азғындық мінездері, қараңғылық, дау-жанжал жайлаған еңбекші бұқара мұқтаждық пен жоқшылықта өмір сүрген сол кездегі қазақ аулының қоғамдық қалпына бітіспес көзқарасы айқын көрінеді. Абайдың көптеген өлеңдерінде *(«Қартайдық, қайғы ойладық...», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...»,* «Күлембайға», «Көжекбайға» т. б.) надандық, даукестік, парақорлық, арамтамақтық, қазақ халқын билеп-төстеушілердің рухани бишаралығы өлтіре сыналады. Семьяға, ата-анаға, жас ұрпақты тәрбиелеуге, әсіресе, жаңа көзқарас қазақ әдебиетінің тарихында тұңғыш рет соншама айқындықпен, соншама моральдық тереңдікпен айтылады.

Шығыс әйелдерінің халық поэмалары мен тұрмыс-салт жырларында суреттелетін қайғылы, бақытсыз халі Абай творчествосында жаңа мағынаға ие болады. Өз поэзиясында Абай әйелдің жан-жүйесін көрсетеді, ал бұл жөнінде бұрынғы поэмалар мен жырларда аз айтылатын да, әйелдің қасіретті тағдырына сырттай ғана баса көңіл бөлінетін. Абай сүйген адамын өзі қалаған әйелдің махаббаты қаншалықты жан тебірентерлік, кіршіксіз, таза, терең болатынын, оның қиыншылықпен қолы жеткен бақыты үшін күресте қажырлы, берік екенін көрсетеді. Абай қазақ әйелін, ананы семьяның тірегі ретінде жырлайды, оның жанқиярлығын, даналығын, шын көңілмен берілген достыққа беріктігін, оның адал, тамаша жанының тұтастығын мадақтайды. Қалыңмалға, көп қатын алушылыққа, әйелді күндікте ұстаушылыққа жан-тәнімен қарсы шыға отырып, ақын өлеңдерінде әйелдің қоғамда тең праволы болуы үшін күреседі.

Абай бұрынғы ауылдың ғасырлар бойғы

ескіліктерін, енжарлық пен жалқаулықты қатты түйреумен бірге, ақылы бар, бойында күші бар адамға қажетті қасиет ретінде еңбекті сүюшілікті жырлайды.
Ол өзіне дейінгі дидактикалық, уағыз поэзиясының канондарын бұзды...
Абай жаңа поэзияның биік мақсаты, міндеті – халыққа қызмет ету, адамды қайта тәрбиелейтін және қоғамды қайта құруға көмегі тиетін жаңалыққа шақыру деп біледі. Халықтың еңбек етіп, өз правосы үшін күресуі ғана дала кедейіне тәуелсіздік әпереді, білімге, аянбай оқуға ұмтылу ғана жас ұрпақтың қолын жақсы өмірге жеткізеді.
Оқуға шақыруды Абай жалаң уағызбен айтпады. Абайдың бүкіл поэзиясы, оның жаңа лебізді, орамды өлеңінің, өмірлік қуатқа толы образдарының күші қазақ қоғамын ескірген идеялар мен сезімдер шеңберінен шығарды, ауыл еңбекшілерінің ортасынан шыққан адамдардың басын қатырған мұсылман медреселерінің схоластикасы мен балдыр-батпақтарын аяусыз шенеді.
Абай шығыс поэзиясына, Таяу Шығыстың бұрынғы және сол тұстағы мәдениетіне келгенде де өзіндік бетін сақтай білді. Ол түпнұсқа арқылы (ішінара шағатай тіліндегі аудармасы арқылы) араб-иранның бүкіл батырлық діни эпосын, шығыстың Фердауси, Низами, Сағди, Хафиз, Науаи, Фзули сияқты классиктерін білді.
Жас шағында ол қазақ өлеңіне «ғаруз» өлшемін тұңғыш рет енгізіп және сол классиктердің ақындық лексикасынан алынған көптеген араб-парсы сөздерін енгізіп, әлгі ақындарға өзі де еліктеген еді. Кейін, халық творчествосынан искусствоның анағұрлым өмірлік берік негіздерін тауып, Абай шығыс әдебиетінен халық шығармалары – «Мың бір түнді», парсы мен түріктің халық ертегілерін, халық эпосын жоғары бағалады. Ол әңгімелеген «Шаһнама», «Ләйлі – Мәжнүн», «Көроғлы» поэмалары ел арасына кең таралды. Таяу Шығыс мәдениетін, тарихын зерттей жүріп, Абай Табари, Рабгузи, Рашид Эддин, Бабыр, Әбілғазы-Баһадурхан және басқаларының еңбектерімен танысты, сондай-ақ шығыстың діни ғалымдарының пайымдауындағы логика мен мұсылман правосы негіздерін де білді. Абай Таяу Шығыстың ежелгі мәдениеті ғана емес, сонымен бірге өз заманындағы мәдениетімен де жақсы таныс болатын. Ол татардың тұңғыш ағартушыларының да еңбектерін білетін.
Жаңа туып келе жатқан ең бір кертартпа діни-саяси ағым панисламизм мен пантүркизмге Абай сол жылдардың өзінде-ақ дұрыс баға бере білген еді, бұл ағымды қазақ молдалары, қожалары, дала феодалдары жанын сала қолдайтын. Бұл бағытқа қарсы, Абай өз халқы мәдени прогреске орыс халқының ұлы мәдениетінен үйрену арқылы жететінін насихаттап, өзі де соны жүзеге асырды – бұл ретте ол өмірінің ақырына дейін дәйекті, табанды болды. Ол панисламизм мен пантүркизмді шығыс халықтарының ғасырлар бойғы оқшаулығы мен мешеулігін тапжылтпай, нығайта түсетін топас фанатизм деп есептеді.
Ұлтының және діни нанымдарының өзгешелігіне қарамастан, барлық халықтардың бейбіт, тату тұруына негізделген ағарту үшін нағыз жалынды күрескер Абайдың көзқарастары мейлінше кең, әрі батыл, еркін болды. Әлеум. және мәдени өмірдің барлық мәселелерін езілген бұқараның тұрғысынан қарағаң ойлы, дана суреткер Абай – қазіргі күнде өзінің «ғажайып» жамылғысынан айрылып, халықаралық империализмге жалданған, буржуазияшыл-кертартпалық ұлтшылдық мәнін әшкере еткен панисламистік және пантүркистік идеялардың залалды әсерін сол кездің өзінде-ақ алдын ала көре білді.
Өзінің творчествосында Абай осы жалған «Шығыстың оянуымен» бірге бір қадам да басқан жоқ. Абайдың ақындық мұрасында, әсіресе, махаббат жайындағы өлеңдерінде, лирик. толғауларында, «Масғұт» атты филос.-моралистік поэмасында Шығыс классиктерінің әсері шүбәсіз екенін көреміз. Бірақ, ол Шығыс поэзиясы классиктерінің кезінде болашаққа бет бұрған, дамып, жаңа бір нәрсеге айналуға мүмкіндігі бар табыстарына ғана мұрагерлік етті. Абай шығармаларындағы идеялық-көркемдік мазмұнның реализмі, сезім шынайылығы, өмірді терең бойлап сезіну, адам қатынастары мен дүниені нақтылы түрде қабылдау – дәстүрлі шығыс поэзиясының жаңа өмір мен жаңа ұмтылуларын бойына сыйғыза алмай, әлдеқашан тозған сипаттарына мүлдем қарама-қарсы өзгеше.
Тіпті, Абайдың өз діни нанымдары мен ішкі сенімдерін бейнелейтін өлеңдері де мұсылман дінінің кітаби догмаларынан мүлдем басқа. Айқын, сыншыл ойды жақтаған Абай, көбіне исламның ресми түрде уағыздалған догмаларын тікелей жоққа шығарып отырады. Ол үшін дін – тек адамның жеке басының моральдық жетілуінің құралы ғана. Молдалар мен фанатиктерге, ислам мен схоластиканы таратушыларға, құраншыларға арналған өлеңдерінде ақын оларды «малқұмар, көңілі бек соқыр, бүркіттен кем бе жем жесі?» – деп, аяусыз әжуа етеді.
Алайда, Абайдың үнемі дәйекті бола бермегенін атап өткен жөн. Молдалар мен ишандардың діни фанатизмін, екіжүзділігін, пайдакүнемділігін сынай отырып, Абай бірсыпыра өлеңдерінде, әсіресе, *Қарасөздерінде* дінді жақтады. Дидактикалық өлеңдеріндегі насихатының бірқатарын Абай ислам заңдарымен дәлелдеді. Ол діннің негіздерінің өзін мұқалмайтын саналы, дәйекті филос. материализм дәрежесіне көтеріле алмады.
Оның көзқарасындағы осындай әлсіздіктің бір себебі сол – феодалдардың халық бұқарасын адам айтқысыз қанап отырғанын әшкерелей, жек көре тұра, Абай сол қанаудың таптық сипатын әбден түсініп жетпеді. Оның бүкіл өмірі өткен кішкене өңірдің көшпелі тұрмыс жағдайы мәдени-экономик. факторлардың тарихи маңызын жете бағалауға мүмкіндік бермеді. Бұл мәселелерге орыстың ұлы революцияшыл-демократтары сияқты ықылас қоюшылықты және экономик. укладты өзгерту күресін түсінушілікті оның творчество-

сынан таба алмаймыз. Оның ағартушылық сипаты басым еді де, келешекке деген үмітін қазақ халқының сол замандағы оқу-білімге тезірек жуықтауына, гуманистік идеяларды кең тарату идеяларына артты, ол мұның қайнар көзі орыс мәдениетінде деп білді.

Абай өздігінен білім алудың ұзақ жолын өтті. Пушкин, Лермонтов, Крыловтардан бастаған ол 60–70-жылдар әдебиетімен де танысты, тек ақындарды ғана құрметтемей, Л. Толстой, Салтыков-Щедрин сияқты ұлы прозаиктерді де түсінді. Орысша аудармалар арқылы Абай Гете мен Байронды, Бат. Европаның басқа да классиктерін білді. Орысша аудармалар арқылы ол ежелгі замандардағы әдебиетпен де танысты. Ақынның достарының айтуы бойынша Абай Бат. философиясымен де қызықсынған көрінеді (мыс., Спиноза мен Спенсерді оқығаны, Дарвин жайын сұрастырғаны мәлім). Алайда оның философиядан алған білімі белгілі бір жүйеге түспеген еді. Маркс және оның ғылымы туралы ол білмеген болса керек.

Абайдың орыс классиктеріне творчеств. жолмен келуі ақын қызметінің әрбір жаңа кезеңінде жаңаша болып отырады. Крыловты аударғанда, Абай оның мысал моралін қазақ ұғымы мен түсінігіне сәйкестендіре, кейде өзгертіп, өзгеше бір нақыл сөз түріне келтірді. Бірақ «Қанжар», *«Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз...»*, *«Теректің сыйы»*, *«Жалау»*, «Демон» үзінділерін алсақ, Лермонтовтан аударылған өлеңдердің ішінде өзінің дәлдігі мен шеберлігі жағынан күні бүгінге дейін бұлардан асқан аударма жоқ. Абайдың Пушкинге көзқарасында бүтіндей бір өзгешелік бар. «Евгений Онегин» үзінділері аудармадан гөрі Пушкин романын шабыттана әңгімелеуге ұқсайды. Бұл ретте Абай шығыс поэзиясында ертеден қалыптасқан «нәзира» үлгісін қолданып, өзінен бұрынғы ақындардың тақырыбы мен сюжетін жаңаша баяндайды. Мыс., біз «Ләйлі мен Мәжнүн», «Фархад пен Шырын» және «Александр Македонский» (Ескендір) туралы поэмалардың сюжеттерін ертедегі тәжік, азербайжан, өзбек классигі Науаиға ұқсап, Александр (Ескендір) мен Аристотельді осы қайталау планында жырлайды. Ұлы мұраны еркін ақындық баяндаудың осы мәнерін Абай «Евгений Онегинге» де қолданған. Татьяна мен Онегин образдарының биік поэтикалығына, шынайылығына ғажап қалған Абай олардың тарихын баяндайды, олардың ұлы, қастерлі сүйіспеншілігінің бағалылығын баса көрсетеді және оны қазақ жастарының ұғымына жақындатады. Абай версиясында «Евгений Онегин» эпистолярлық роман түріне ие болған.

Татьяна мен Онегиннің сүйіспеншілік хаттарына мелодиялар шығарып, оларды ақындардың репертуарына енгізген, сөйтіп бұл есімдердің ел арасында кеңінен белгілі болғаны соншалық – дала жастарының сүйіспеншілік хаттары солардың сөздерінен басталып отырған.

Қазақ әдебиетінің өркендеуі үшін Абайдың аудармашылық жұмысының зор маңызы болды, бірақ оның орыс әдебиетімен байланысы мұнымен ғана тамамдалмайды. Бұл мәдениет пен көркемдік дәстүрлердің, аса күшті ықпалын Абайдың өз творчествосынан іздеу керек. Мыс., Пушкинді Абай басқа орыс классиктерінен гөрі сиректеу аударған. Солай бола тұрса да, оның орыс ақынымен байланысы өз творчествосында әрі терең, әрі айқын көрінеді. Оның лирик. ойға шомуларында, табиғат суретін реалистікпен беруінде, махаббат иесі – әйелдің жүрегін терең түсінуінде, әлеум. сарындардың адамгершілік үнінде Пушкиннің көптеген сипат белгілері бар.

Пушкиннің және дүние жүзінің мәдениетімен іштей терең байланысу ғана Абайдың жылдың төрт мезгілі туралы өлеңдерін, лирикалық өлеңдері мен ақындық толғаныстарын, ақын қызметі жайындағы өлеңдерін, Александр Македонский мен Аристотель туралы поэманы жазуына мүмкіндік берді. Ақынға арналған өлеңінде Абай ақынды қоршаған ұятсыз-арсыз, енжар ортаға оның тәуелсіздігін, шыншылдығын, ер тұлғасын, шабытты ойының шиыршық атып шарқ ұруын қарама-қарсы қояды. Абай өзінің поэзиялық көзқарастарында Пушкинмен осылайша туысып жатады. Абай көркем проза жазбаған, бірақ болыстарды, чиновниктерді, билерді, атқамінерлерді өлтіре сынап, мысқылдаған сатиралық өлеңдерінде ол Салтыков-Щедринге көркемдік жағынан да, саяси жағынан да жақын...

Өкінішке қарай Абайдың А. И. Герценді, В. Г. Белинскийді, Н. Г Чернышевскийді және Н. А. Добролюбовты қаншалықты білгендігі және қалай қабылдағаны туралы мәселе осы уақытқа дейін өте аз зерттелген.Тек жоғарыда аталған революцияшыл-демократтардың жолын қуушылар Абайдың жақын достары болғаны және оның өз халқының азат, өнер-білімде болуын мақсат еткен арманына ортақтасқаны ғана белгілі...

Абай творчествосының халықтығын зерттеу – айрықша маңызды міндеттердің бірі. Өткендегі еңбектерде бұл проблеманы дұрыс шешуге қазақ әдебиеті «бірыңғай ағынмен» дамыды деген аса қате түсінік кедергі жасады. «Бірыңғай ағын теориясы» рухында жазылған зерттеулерде Абай өзінің тағдыры мен творчествосын байланыстырған ортадан – қазақтың реформадан кейінгі дәуірінен оқшау алынады.

Мақалалардың көпшілігінде Абайдың халықтығы – ақынның қайдағы бір мұрат-мақсатқа ұмтылуы ретінде көрсетілді, ол мұрат-мақсаттың өзі нақты тарихи сипаттарсыз, қайшылықтарсыз көрсетілді...

Абайдың тікелей халықтығы – халықты езушілерді қаналушы бұқараның тұрғысынан әшкерелеуінде. Бұл ретте ол халықтың ауыз әдебиетіндегі нақыл сөздерді, мәтелдерді, тілдегі метафораларды, халық юморының тәсілдері мен құралдарын пайдаланады. Ол ауыл кедейін, батырағын, қазақ әйелін, қарапайым адамдардың бейбіт еңбегін жақтайды, надан әкелердің содырлы мінез-құлықтарының кесірі тиетін жас ұрпақты жақтайды. Бұл – тікелей халықтық белгілер. Шығармаларын өз

халқының тілінде жаза отырып, ақын халық ойы мен арманын неғұрлым өткір, терең, нәзік түрде жеткізу үшін бұл тілді байытып, дамытады. Абай халық жыршылары айта алмаған, бірақ халық бұқарасының санасында жүрген ойларды айтты.

Осыдан келіп, Абай халықтығының екінші бір сапасы басталады. Халықтың саналы түрде түсініп болмаған, стихиялы тілектерін, саналы түрде айтып, бұл үшін өз бойына жиналған нәрді пайдаланып, сол кездегі орыс мәдениетінің шыңына құлаш ұра, ақын жалпы мәдениеттік, жалпы тарихтық маңызы бар бүкіл ұлттық қазына жасайды. Оның творчествосында көрінген Белинскийдің, Чернышевскийдің эстетик. принциптері, оның өлмес-өшпес лирик. туындылары, Пушкинді, Лермонтовты, Крыловты аударушы және насихаттаушы ретіндегі ағартушылық қызметі, адамгершілік қасиеті жоғары адамның маңызы мен ұлылығы туралы поэмалары айрықша бағалы қазына. Бұл шығармаларда Абай халық тағдыры, халықты езушіліктен құтқару амалдары туралы тікелей айтпайды, бірақ та Абай мұрасының бұл саласы да терең халықтық болып табылады.

Бүкіл дүние жүзінің алдыңғы қатарлы ақындық мәдениетінің маңызды элементтерін қамтыған Абай шығармалары қазақ әдебиетін, оның бүкіл мәдениетін ғасырлық оқшаулану, мешеулік қалпынан шығарып, жоғары тарихи сатыға көтерді. Абайдың халықтығы мынада: ол өз халқының рухани көзі болып, алысты көре білді, халық үшін ойлап, халық үшін сезіне жүріп, оның тарихи келешегін көрсетіп берді.

Абай реформадан кейінгі дәуірдегі қазақ шаруаларының әлеум. тарихи тәжірибесін дұрыс бейнелеп, түйіндеп көрсетті. Бұл жәйт оның творчествосын «еңбекші бұқара тарихының», озат қоғамдық ой тарихының фактісі етті...

Абайдың Науаиға, Низамиға, Фзулиге қатынасын және оның Қожа-Ахмет Яссауидің «Хикматы» сияқты мистикалық әдебиетке қатынасын қадағалай отырып айыру қажет. Алғашқылары Абайды өздерінің биік шеберлігімен, гуманистік ойларымен, ішінара, эстетикалық көзқарастарымен тартты... Өзінен бұрын болған немесе өзімен тұстас кертартпа консервативтік ақындардай емес, Абай бүкіл жердегі өмірді, оның ішінде қоғамдық өмірді қайта құру жолындағы күресті жоққа шығарған суфизмге мейлінше қарсы. Абайдың Шығысқа қатынасы ақын творчествосының әр кезеңінде әр қилы болғанын есте ұстау қажет. Егер жас кезінде (1860–1865) жай еліктеуден бастаса, есейіп ержеткен шағында (1886–1904) Науаи мен Низамиға сырттай еліктемей, олардың дәстүрлерін творчестволық жолмен, сын көзімен қабылдады. Бұл ретте «Ескендір» поэмасында Низамидағы Қызыр пайғамбардың орнына Аристотель образын енгізгенін, Ескендірді қандықол басқыншы етіп көрсеткенін айтсақ та жеткілікті.

Бұрын араб аңыздарының шартты түрде ғана белгіленген геройлары болған Тариэль, Нестан, Дареджан, Автандилдің образдарында өзінің көзқарасын және өз кезіндегі грузин қоғамының этикалық нормаларын білдірген Шота Руставели сияқты, Абай да шығыс классикасының сюжеттері мен образдарын пайдалана отырып, белгілі дәрежеде, Масғұт образы арқылы сол тұстағы әрі ортақ болған ойлар мен толғауларды бейнелейді.

Онан соң Абайдың шығыс классиктеріне қатынасын зерттегенде, бұл байланыстың ұтымды жақтарымен қатар (форманы жетілдіру мүмкіншілігі, Абайға тән адамгершілік қасиеттің кеңірек ашылуы) классик. шығыс әдебиетінің орта ғасырлық жағдайлардың әдеби стильді тежеуі, діни сарындар, фантастикаға сенуден шыққан құр қиял, бірқатар көркемдік форманың енжарлығы сияқты теріс жақтарын да естен шығармау керек...

Абайдың шығармаларындағы саяси-әлеум. идеялар соларды туғызған экономик. базиспен бірге құрыды. Бірақ Абайдың сол шығармалары мен көркем образдары онда суреттелген дәуірмен бірге өшіп қалған жоқ. Олардың әсер етушілік қуаты – өз тұсындағы халық өмірін Абайдың мейлінше кемелденген көркем формада бейнелеуінде...

Поэзияда, музыкада,қоғамдық-азаттық ойпікір саласында өлмес-өшпес шығармалар берген Абай қазақ халқының өткен замандағы өмірін зерттеуші біздің ұрпаққа таңғажайып тұлға болып көрінеді. Ол өз халқының тарихында тау шыңындай асқақ тұр. Ол қазақ халқының ғасырлар бойғы мәдениетінің таңдаулы нәрін алды және бұл қазынаны орыстың және Батыс Европа мәдениетінің игі әсерімен молықтырды.

Абай өз халқының және Таяу Шығыстың қоғамдық ойының Октябрьге дейінгі тарихындағы ең прогресшіл қозғалысты басқарды...

Қазақтың жаңа мәдениетінің негізін салушы, қазақтың классикалық поэзиясының шұғылалы шыңы – Абайдың мәңгі өшпес даңқының ең асқақ айғағы, міне, осында.

М. О. Әуезов.



АБАЕВ Хасен Сейілханұлы (1942 ж. т.) – график-суретші. Кітап графикасы, ішінара қондырғылы графика саласында жұмыс істейді. 1989 ж. Г. Бельгердің «Жалын» баспасынан шыққан «Гете мен Абай» атты кітабын безендірді. Онда әдеби теңеу тәсілін пайдалана отырып, поэтик. көзқарастары бір-біріне ұқсас И. В. Гете, Абай және М. Ю. Лермонтовтың асқақ рухта бейнеленген портреттерін бір бетке ұтымды тоғыстырған. А. респ. көркемсурет көрмесіне (1990 ж., Алматы) кітаптың ішкі мұқабасына салған Абай мен Гете бейнесін ұсынды (1989, аралас техника, автордың жеке қоры). *Н. А. Полонская.*

АБАЗА (т. ө. ж. б.) – дала ген.-губернаторының кеңсе қызметкері. Семейде қызмет істеген. Ол Абайдың жүрген-тұрғанын, кіммен сөйлесіп, кімнен хат алғанына дейін мәлімет жинап, жоғарғы жаққа хабарлап отырған. Атақты әнші-композитор Мәди Бәпиұлының барымташы, мал ұрлаушы деп есептеліп, 5 жылға жер аударылуына себепші болған да осы А.

«АБАЙ» – алғаш «Жанар» ұйымының, кейін «Уақ қарыз серіктігінің» Семейде 1918 жылдың ақпан – қазан айлары аралығында шығып тұрған ғыл.-әдеби және шаруашылық журналы. Небәрі 12 саны жарық көрген. Редакторы – Ж.Аймауытов. Ол журналдың 1 – санындағы бас мақаласына А-дың «Лай суға май бітпес қой өткенге...» деген өлеңінің бір шумағын эпиграф етіп алған. Ақын дүниеге келген дәуірді «Сөз сыбырға, іс жыбырға айналды, береке кетіп азды, тозды, сол кезде қалың надан, қара тұманды қақ жарып, тас жарып шыққан бұлақтай жарқ етіп Абай туды»,– деп сипаттады. «Қазақтың әдебиетіне жан берген, сөздің сыртын сырлап, ішін түрлеген, өлеңінен өрнек шығарған, ақындық, сыншылдық бірдей дарыған Абай еді» деп

әдебиет тарихындағы ақын еңбегін ерекше бағалады.

Автор «осы сықылды кемеңгердің атына арнап журналымыздың атын «Абай» қойдық. Мақсат – «журналымыз Абайдай болсыншы» дегендік ғана емес, Абайды құрметтеп, атын тарихқа қалдыру» деп ескертті. Журнал Абайдың ұлағатты сөздерін, ақынға арнау өлеңдерді жариялап отырды. Мадиярдың (М. Дулатов) «Алашқа», Екеудің (Ж. Аймауытов пен М. Әуезов) «Абайдан соңғы ақындар», Жас түріктің (Ж. Аймауытов) «Қайтсек адам боламыз?», Мағжанның (М. Жұмабаевтың) «Күздікүні» сияқты өлең, мақалаларын басты. Отаншылдық, елдік, ерлік турасында мәселе көтерді. *Т. Қожакеев.*

«АБАЙ» – қазақтың мемл. көркем әдебиет баспасынан 1935 ж. жарық көрген зерттеу еңбек. Авторы – Ғ Тоғжанов. Кітап Қазандағы «Кәмил Жақып» баспаханасынан латын алфавитімен жарық көрген. Автор өз зерттеуін шағын 10 тақырыпқа және қорытынды бөлімге бөліп, Абайдың ақындық жолына, ол өскен уақыт пен ортаға, ақынның жекелеген көзқарастарына, оған шығыс және орыс әдебиетінің ықпалы тақырыптарына шолу жасауды ниет еткен. Автор Абай шығармалары туралы кезінде келелі пікір айтқан А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, І. Жансүгіров, Т Рысқұлов тұжырымдарын теріске шығаруға күш салып, әділ төрелік тізгінін әміршілдік-әкімшілік нұсқауларға ұстатып, елеулі қателіктерге ұрынған. Абайды байшыл-феодалшыл ақын ретінде көрсетіп, оның әйел теңдігіне, кедейлерге көзқарасы керітартпа діншілдік талаптардан аса алмады, ұлт ақыны емес, ұлтшылдық пиғылы басым болды деп айыптайды. Абай ақындығының қалыптасу жолындағы Шығыс классиктері шығармаларының маңызын теріске шығарып, оның шыншылдық сара жолын белгілеп берген орыс әдебиеті ғана деген сыңаржақ тұжырымға ұрынады. Күнбе-күнгі тұрмыстық көріністерді ғана сынап, үлкен әлеум. мәселелерді, жалпыхалықтық тақырыптарды көтере алмады, көп өлеңі қысқа үгіт, өсиет түріндегі нәрселер ғана деген қате тұжырымдар жасайды. Дегенмен кітап соңында «Абай – самородок, қарадан оқымай шыққан талант» деп мойындауға мәжбүр болады, оның шыншылдық, қазақ поэзиясындағы жаңашылдық қызметін, аудармашылық шеберлігін жақсы жағынан атап өтеді. Кітап соңында қосымша ретінде автордың «Ескі әдебиет мұраларын пайдалану жайында» деген мақаласы берілген. Кітап көлемі 10,5 б. т., 8000 дана болып басылған. *Т. Рсаев.*

«АБАЙ» – 1939 ж. М. Әуезов пен Л. Соболев бірігіп жазған 4 актылы 7 суретті трагедия. Пьеса алғаш рет 1940 ж. 30 қазанда қазақ академиялық драма театры сахнасында қойылды (реж.– А. Тоқпанов, суретшілері – Э.Чарномский, Қ. Қожықов). 1950, 1960 ж. қазақ тілінде, 1941, 1944, 1948 ж. орыс тілінде жарияланған. Қазақша басылған 2 нұсқасының арасында ешқандай айырма жоқ. Әуезовтың әдеби-мемориал. мұражайының архивінде «А. т-ның» 3 түрлі нұсқасы сақтаулы. Олардың ғылыми жағынан ең бағалысы – 102–103 санды папкідегі нұсқасы бастан-аяқ қара қарындашпен араб әрпімен жазылған «А. т-ның» автографы. Бұл нұсқа бұрынғы нұсқалармен салыстырғанда көп өзгеріске түскен, біраз жері қысқарған, кейбір кейіпкерлері алмастырылған. Әйтсе де, пьесаның қолжазба тексі мен жарияланған тексінің арасында кереғар, үлкен алшақтық жоқ. «А. т-дағы» қаһармандар өмірде болған адамдар, олардың көбінің аты дәл қалпында алынады. Пьеса арқауы – Абай өмірінің кешқұрымы, тірліктің ұзақ жолындағы ақырғы жылдары өмір күресінің сан қилы қалтарысында қажыр-қайратын, барлық қуатын түгел жұмсаған алып жүректі ақын азамат қашан көз жұмғанша тұғырдан түспей, надандықпен, зұлымдықпен табан тіресе алысып өткен. Абай өмірінің трагизмін, әрине, оның отбасындағы бақытсыздықтардан жырып алып қарауға болмайды. Бірақ ең шешуші түйін жұлын құрт ұлы адамның идеалдарының, асыл армандарының жүзеге аспауында, дәуірмен кереғар келуінде жатыр. Пьеса ықыласты бірден тартып алатын оқшау, қысталаң оқиғадан басталады. Бас бостандығы үшін алысқан Айдар – Ажар екеуінің қыл көпір үстіндегі сәті, өлімнің жар қабағына келіп қалған қиын-қыстау шағы трагедияның алғашқы көріністерінде ширақ, шымыр бейнеленеді. Қаһармандар аузындағы сөздердің қысқалығы, өткірлігі, нақтылығы ситуацияның психол. атмосферасына лайық, дәл, нанымды күйде келіп, характерлердің шындық болмысын реалистікпен қалыптайды. Шу дегеннен Оразбайдың ожарлығы, кеудемсоқтығы, Жиреншенің усойқылығы, Нарымбеттің әпербақандығы аян болса, Абайдың қара пәле жапырыла кеп басына құласа да тайсалмай көтерер ерлігі, Ажардың сүйіспеншілік жолында жанын пида етер шешімділігі көрінеді. Келіспес, бітіспес топ – Оразбай тобы жаулық, өштік отын шашып, Айдарларды өлтіріп бір-ақ тыным таппақ. Мағауия, Әйгерімдердің араша тілеп, басалқы айта сөйлеген сөздері олардың достық көңіл, бауыр ниетін аңғартады, бірақ бұлар Оразбай, Жиреншелерге пара-пар келе алмайды. Боймен басып, тіземен қағып-жығып



М. О. Әуезов пен Л. С. Соболевтің «Абай» трагедиясынан көрініс. 1940 ж. Реж. А. Тоқпанов.
Құнанбай – Қ. Қуанышбаев, Абай – Қ. Бадыров.

бара жатқан дүлей күш Абайдың туған ағасы Тәкежанға да өз шоқпарларын соқтырады. Зорлап, күштеп жатқан бұлар жоқ. Тәкежанның өзінің сенімі, пір тұтар қасиетті дүниесі – ескілік моралі, сонау Оразбайлар қорғаштайтын ата-ана дәстүрі – мұның да табынар асылы. Пьесадағы Ажар, Әйгерім, Қанықей, Қарлығаш, Зейнеп, Мағыш характерлері – бөлек-бөлек, дара-дара образдар. «А. т-дағы» қаһармандар саны көп болғанымен, әр түрлі әлеум. орта өкілдері көрсетіледі. Қазақ қырының көптеген типтерімен қоса, европалық білім алған 2 қаһарман бар. Олар – Долгов пен Әзімхан. Долгов – Абайдың досы, Әзімхан – Оразбайлардың шашбауын көтеруші. Екеуі бетпе-бет келіп қалғанда, әрқайсысы өз характерлерінің бірталай сырларын ашады. Драматургтер халықтық интеллигенция мен сатымсақ интеллигенция арасындағы күресті – осы Долгов, Әзімхан образдары арқылы бейнелейді. Әзімхан – торын әр жерге тастаған алаяқ. Гуманист, күрескер Абайдың ата жүрегі, әділетшіл жүрегі орамды өткір, айтқыш шешендігі пьесаның қай тұсынан болсын көрініп отырады. Абай жалғыз емес. Маңайында дос-жаран, іні-шәкірттері, көңілдес жақын жуығы бар. Олар: жақсы әкеден туған есті ұл – Мағауия, тапқыр, әзілқой Көкбай, ақкөңіл, адал Қарлығаш, ел анасы, халықтың өлең-жырын арқалаған аяулы Зейнеп, адал жар, жанашыр дос Әйгерім, махаббат сертіне берік Мағыш, айдауда жүрсе де жасып, жабықпаған Долгов, әңгіме – қызық дүкені – Баймағанбет. Бұлардың бәрі де сәтімен табылып, дара-дара драмалық характерлерімен бейнеленген қаһармандар. Зұлымдық жоспарын сыртқа білдірмеуге келгенде Керімнен асқан алаяқ болмайды. Той-томалақ ішіне Долговтың келуі қарбаласында Айдармен татуласқан болып отырып, оған у береді. Айдардан айрылу – Абай үшін тірегінен айрылу, ең талантты шәкіртімен қоштасу. Ақын жүрекке жас өмірдің көктей орылуын көру – қаны сорғалаған қаза, орны толмас қаза. Айдар дерті аямай жаншыған Абай енді аяулы ұлы Әбіштің қаралы, қайғылы, құпия сырын естиді.

Пьесада күрескер Абай, демократ Абай, дана, ойшыл Абай, ақын Абай драмалық қуатты әрекеттермен жан-жақты бейнеленеді. Трагедияның алғашқы қойылымында Абай ролінде ойнаған Қ. Қуанышбаев ақынның психол. ішкі сезім толғанысын, шабытының шырқау сәтін нанымды ашып, дәл жеткізді. Трагедия 1962 ж. 29 мамырда Қазақ драма театры сахнасында 2-рет қойылды (реж.– Ә. Мәмбетов, суретшісі – А. И. Ненашев). Бұл қойылымда актер Ы. Ноғайбаев күрескер Абай бейнесін сомдаса, М. Сүртібаев ойшыл, гуманист ақынның тұлғасын жасауға күш салды. Трагедия Қарағанды, Семей, Жамбыл, Шымкент, Гурьев, Қызылорда обл. театрларының сахналарында қойылды. 1968 ж. Алматыдағы орыс драма театрының сахнасында көрсетілді. *Р. Нұрғалиев.*

«АБАЙ» – спектакль. М. О. Әуезов пен Л. С. Соболевтің бірігіп жазған «Абай» трагедиясын 1940 ж. А. Тоқпанов тұңғыш рет театр сахнасына шығарды. Спектакль қазақ театр өнерінің өркендеуіне үлкен үлес болып қосылды. Режиссер Абай рухының ұлылығын, ақын талантының сан қырынан ашып көрсетуді мақсат еткен. Спектакльде Абай бейнесі ақын, композитор ғана емес, ойшыл, философ ретінде де көрінген. Сондықтан да режиссер өз қойылымында Керім бейнесін Абайдың идеялық басты қарсыласы ретінде түсіндіріп, оқиға қақтығыстары мен филос. ой қақтығыстарын шебер ұштастырып отырады. Спектакльдегі Абай бейнесін Қ. Қуанышбаев сомдады. Ақын образын сомдауда актер де режиссермен бірге тарихи ақиқат пен романтизмді ұштастыруға күш салды. Осы спектакль арқылы Қуанышбаев өнерінің бағыт-бағдары қалыптасып, өзі сомдаған тұлғаның дүниетанымын ашудағы шеберлігі көрінді.

«АБАЙ» – ақынның туғанына 95 жыл толуына орай Қазақ мемл. баспасынан 1940 ж. қазақ тілінде жарық көрген әдеби-өмірбаяндық материалдар жинағы. Латын әрпімен басылған. Құрастырғандар – Е. Ысмайылов пен Қ. Бекхожин. Кітап 3 бөлімнен тұрады. 1-бөлімде Абайдың өмірбаяны ғылыми тұрғыдан баяндалып, өлеңдерінің көркемдік, жаңашылдық ерекшеліктері талданады. 2-бөлімге ақынның әр жылдары жазылған 16 өлеңі топтастырылған. Соңғы бөлімде Абай шығармалары басылымдарының, ақын жайындағы зерттеу еңбектер мен көркем туындылардың көрсеткіш библиографиясы ұсынылған. Жинақ әдебиет зерттеушілеріне, жалпы оқырман қауымға арналған. Көлемі 3 б. т., 10 мың дана болып басылған.

«АБАЙ» – Қазақтың мемл. көркем әдебиет баспасынан 1940 ж. орыс тілінде жарық көрген кітап. Ақынның туғанына 95 жыл толу мерекесіне арнап шығарылған. Құрастырғандар: Қ. Бекхожин, Ы. Дүйсенбаев, Е. Ысмайылов. Кітапқа көлемді сыни-өмірбаяндық мақала беріліп, Абайдың 16 өлеңі енгізілген. Аударғандар: М. Петровых, Л. Шифферс, Л. Руст, П. Шубин, Д. Бродский, А. Глоба, М. Тарловский, А. Штейнбергер. Жинақтың библиограф. 3-бөлімінде Абайдың өз шығармаларының, ақын шығармашылығына арналған зерттеу еңбектер мен күнделікті баспасөздегі материалдардың, Абай бейнесін жасаған көркем туындылардың тізімі, жарияланған уақыты көрсетілген. Кітап көлемі 3,5 б. т., 500 дана болып басылған.

«АБАЙ» – Абай әндерінің әуені бойынша 1941 ж. А. Жұбанов жазған сюита, ақынның шығармашылық, күрескерлік қызметін музыка тілімен баяндайтын 5 бөлімді лирик.-драмалық шығарма. Комп. сюита бөлімдеріне Абайдың «Қор болды, жаным» (1), «Бойы бұлғаң» (2), «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» (3), «Біреуден біреу артылса» (5) әндерін, сондай-ақ 4-бөлімге халық биінің әуенін алған. Сюита композициясындағы лирик. саз бірде драмалық, кейде трагедиялық әуенге ұласып отырады. Комп. осы арқылы Абайдың ақындық, азаматтық ғұмы-

рын жан-жақты аша білген. Сюита басындағы лирик. шуақты күй шығарма соңында трагедиялық шарықтаудан кейін қайта естіліп, Абай өмірінің, оның ой-арманының жарқын болашағынан хабар бергендей әсер тудырады.

«АБАЙ» – комп. А. Жұбанов пен Л. А. Хамидидің операсы. Либреттосы – М. Әуезовтікі. Операның алғашқы қойылымы 1944 ж. желтоқсанның 26 күні Қазақтың опера және балет театрында Абайдың 100 жылдық мерейтойы қарсаңында қойылды. Операны сахнаға шығарған реж. Қ. Жандарбеков, суретшісі Қ. Қожықов, дир. Л. М. Шаргородский болды. Операның 2-редакциясын Жұбанов пен Хамиди 1956 ж. қайта жазды. Бұл жолы оны сахнаға қойған – реж. Қ. Жандарбеков пен Қ. Байсейітов, суретшісі – А. Ненашев, дир.– Т. Османов. Операда басты кейіпкер – Абайдың өмір сүрген заманы, қазақ даласындағы Россия патшалығының отаршыл саясаты, қазақ халқын бір жағынан орыс әкімдері, екінші жағынан жергілікті феодалдардың қанауы, ақынның еңбекші халық үшін істеген қоғамдық, адамгершілік қызметтері көрініс тапқан. Композиторлар қазақтардың қоғамдық, әлеум. тұрмысын суреттей отырып, ақын тұлғасын оның реакцияшыл болмысқа, бай-феодалдарға қарсы күрес үстінде көрсете білген. Операда бір-біріне қарама-қарсы тұрған екі түрлі әлеум. күш: Жақсылық пен Зұлымдық, яғни, алдыңғы қатарлы озық ой мен кертартпа күш үнемі арбасып отырады. Операда жаңашыл жастардың бірі Абайдың шәкірті – Айдар. Сүйенері жоқ, бірақ әділдікті көксеген, жолы түзу, дарынды жас ақын. Оның сүйгені Ажар да өзінің бас бостандығын аңсаған, сол үшін әділетсіздікке қарсы күресіп келе жатқан жағымды тұлға. Абайдың достары Көкбай, Қарлығаштар да тартымды бейнелер. Операдағы жағымсыз кейіпкерлердің бірі – Әзім, ол Абайдың жақыны, ақын, бірақ оның негізгі ұстаған жолы, тілегі Абайға қарсы. Операның өне-бойында Әзімнің жүріс-тұрысы, әрекеті, оның халық алдындағы сөзі мен билігі оны Абай жағындағы адам сияқты көрсетеді де, шығарма соңында ол Айдарға у беріп өлтіреді. Осының өзі Абай арманының құлаған сәтін көрсетсе де,осы тұстағы қуатты ария шындықты тап басып, ұлы ақынның болашаққа сеніммен қарайтынын танытады. Операның мазмұны мен кейіпкерлердің бірбірімен қарым-қатынасы, шиеленіскен тартыс шиыршық атқан уытты музыка арқылы ашыла түседі. Операның жалпы музыкасы халық әндерімен әдемі жарасым тапқан. Абайдың кейбір ариялары мен ариозалары ұлы ақынның өз әндерімен үндес пайдаланылған, ал бірқатары халық музыкасынан алынған, сондай-ақ I-актідегі «Қай талқы құл алдына құрылмаған» деп басталатын ариясы мен «Зарлының наласы, жас жүрек жарасы» әні композиторлардың өздері туғызған туындылар. Операдағы Абай, Айдар, Ажар ариялары әуендік жағынан бай, үлкен шеберлікпен жазылған. Басқа да кейіпкерлердің ариялары, дуэттері, ансамбльдері, речитативтік әндері, хорлар мен би музыкалары операның жалпы драматург. құрылысымен тығыз байланысты және Абай әндерімен, халық музыкасымен сарындас: Абайдың «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» (1 акт, 2 картина), «Айттым сәлем, қалам қас» (3 акт), «Сегіз аяқ» (4 акт) әндерімен қоса «Қаралы қайғы кештім-ай, талай, талай» (1 акт) немесе «Қош, жазықсыз арыстаным» (4 акт) деп басталатын тұстардан Біржанның «Ақ тентек» әнінің әуені естілгендей болады. Операда Нарымбет пен Жиреншe тұлғаларын бейнелеуге речитативтік әндер пайдаланылған. «Абай» операсының алғашқы қойылымында Абайдың бейнесін – Р. Абдуллин, Ажарды – К. Байсейітова, Айдарды – Б. Досымжанов, Әзімді – М. Абдуллин, Қарлығашты – О. Симонова, Көкбайды – А. Байғожаев, Сырттанды – М. Толыбаев, Жиреншені – С. Абжанов, Нарымбетті – Ә. Мұсабеков, Месті – Ғ. Құрманғалиев сомдады. Бұл опера – қазақ операсының классик. үлгісі және опера өнеріндегі жаңа белес. Опера қазақтың опера және балет театры репертуарынан берік орын алды.Театр өзінің жыл сайынғы жаңа маусымын осы операмен ашады. Опера 1958 ж. Москвада өткен Қазақстан өнері мен әдебиетінің он күндігінде қойылды. Комп. А. Жұбанов пен Л. Хамидиге «Абай» операсы үшін Қазақ ССР-інің Мемл. сыйлығы берілді (1978 ж.). *Б. Ғизатов.*

«АБАЙ» – қазақтың мемл. көркем әдебиет баспасынан (қазіргі «Жазушы») 1945 ж. орыс тілінде жарық көрген ғыл.-зерт. еңбек. Авторы – М. С. Сильченко. Еңбек 16 мақаладан тұрады. Онда автор Абайдың балалық, жастық шағына, өскен ортасына шолу жасап, ақынның надандыққа, әділетсіздікке, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жолына тоқталады. Қазақ халқын әлеум.-рухани жағынан дамытудағы ерекше қызметіне жоғары баға береді. А. С. Пушкиннің, М. Ю. Лермонтовтың, И. А. Крыловтың туындыларын тәржімалаудағы аудармашылық шеберлігіне талдау жасайды. Қарасөздеріндегі филос. ой-пікірлерінің адамзат тағылым алардық ғибраттық қуатына ден қояды. Еңбекте ақын өміріне қатысты жерлердің, замандастарының суреттері берілген. Кітап әдебиет зерттеушілеріне, тарихшыларға, студенттерге арналған. Көлемі 4,2 б. т., 10 мың дана болып басылған.

«АБАЙ» – *«Абай әні»* толық метражды көркемфильмнің түсірілуіне негіз болған әдеби сценарий. Авторы – М. Әуезов. Сценарийдің әдеби нұсқасы Әуезовтың 20 томдық шығ. жинағының 12-кітабында тұңғыш рет қазақ тілінде жарық көрді. Автор Ажар тағдыры арқылы ақынның рухани-адамгершілік қасиеттерін, оның филос. көзқарасын көрсетуді мақсат еткен. Гуманист ақын Ажар мен Айдардың ақ махаббатына арашашы болады. Сценарийдің де, фильмнің де қысқаша оқиға арқауы – осы. Бірақ Ажар мен Айдардың қайғылы махаббатының экрандағы көрінісіне қарағанда, сценарий нұсқасындағы қым-қиғаш тартыс пен кісіге ой салардық тұжырымдар әлдеқайда кең де терең. «А.» сценарийі жазушының «Абай

жолы» роман-эпопеясына барар жолдағы өзінше бір барлау-баспалдақ сияқты. «А.» сценарийі өз нұсқасында кинематогр. тех. құрылымға сай келе бермейтін еді. Ол киносценарийден көрі поэтик., сахналық пьесаларға, радиоқойылымдарға жақынырақ. Өкінішке орай, фильмде кейіпкерлер диалогтары көп қысқартуға ұшыраған. Астарлы ойға құрылған, кейіпкердің психол. мінездерін ашатын Әуезов сөздері экранда тым жадағайланып, бояуынан айырылып қалған. Әдеби-сценарийдің қазақша нұсқасын толыққанды әдеби-драмалық шығарма деп таныған жөн.

«АБАЙ» – «Ғылым» баспасынан қазақ және орыс тілдерінде 1946 ж. жарық көрген қазақ әдебиеті тарихындағы тұңғыш библиогр. көрсеткіш. Құрастырған – Н. Сәбитов. Кітап құрастырушының кіріспе сөзімен ашылып, ұлы ақынның 1889–1946 ж. аралығында түрлі баспалардан жарық көрген жинақтары мен басылымдары, газет-журналдарда жарияланған жеке өлеңдері мен қарасөздері, Абайдың өмірі мен шығармалары, өскен ортасы, ұрпақтары, әдеби мектебі, басқа халықтар әдебиеті өкілдерімен байланысы туралы жазылған ғыл.-зерт. және көркем әдеби-публицистик. шығармалардың тізімі берілген. Көрсеткішке қазақ, өзбек, қырғыз, орыс тілдеріндегі материалдар, Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасының қоры пайдаланылған, есімдік және атаулық тізім жасалып, оларға түсініктеме берілген. Көлемі 5 б. т., 500 дана болып басылған.

АБАЙ – Қарағанды обл-дағы қала. Қазақстандағы көмір өндірісі орталықтарының бірі. Қарағандының оңт.-батысында 30 км жерде орналасқан. 1949 ж. Шерубайнұра және Абай кендерінің игерілуіне байланысты Шерубайнұра қ. т. пос-нің іргесі қаланды. Қарағанды көмір алабындағы маңызды елді мекендер қатарына қосылуына байланысты 1961 ж. қалаға айналып, оған Абай есімі берілді. Қалада Абайдың әдеби-мемориалдық музейі жұмыс істейді. Қала орталығында Абайға ескерткіш орнатылған. Оны мүсінші Б. И. Мусат пен архитектор С. И. Мордвинцев жасаған.

«АБАЙ» – М. О. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясы негізінде жасалған сахналық қойылым. Алғаш 1949 ж. 28 желтоқсанда Қазақ драма театрында қойылды. Авторлары – Ш. К.Айманов, Я. С.Штейн. Қазақ сахна өнері тарихында прозалық шығарма негізінде қойылған тұңғыш спектакль. Алғаш рет МХАТ қолданған роман оқиғаларын «автор атынан» байланыстыратын тәсіл бұған да енгізіліп, Айманов пен Х. Бөкеева сахналық жүйеде қамтылмаған маңызды оқиғаларды авансценаның екі жағынан көрермендерге жеткізіп тұрған. Бұл, бір жағынан, романның тарихи жүйесіне нұқсан келтірмей, көркемдік ерекшелігін сақтай отырып, сахна заңдылығына бағындыруға септігін тигізсе, екіншіден, сахналық жүйеде ең маңызды әлеум. құбылыстарды Абайдың шығармашылық, ағартушылық Һәм қоғам өміріндегі тірлігімен байланыстыруға мүмкіндік берді. Сөйтіп, спектакль көркемдік жағынан біртұтас, әрі қабылдауға жеңіл болып шықты. Спектакльде феод. дәуірдегі әлеум. қайшылықтар терең ашылып, Абайдың есею, оның күрескер дәрежесіне көтерілу жолы нанымды бейнеленген. Екі ғасыр шегіндегі қазақ жұртының тіршілігі өзінің бар болмысымен осы Абай бейнесімен қатар өріліп отырған.

Спектакль шәкірт Абайдың оқудан қайтқан көрінісінен басталады. Құнанбай аулындағы салтанат сахнада әсем бейнеленген. Абайдың балалық шағын Ә. Ысмайылов, жігіттік шағын Қ. Бадыров ойнайды. Бадыров бейнелеуінде Абайдың көзқарасы, әлеум. қайшылықтарды топшылаулары гуманистік Һәм филос. деңгейге көтерілген. Спектакльде бар болмысымен бейнелеу тапқан – Қ. Қуанышбаев жасаған Құнанбай тұлғасы. Актер ойынында ақылды да айлалы Құнанбай – өр мінезді, өткір, қатал да қайсар, ешкімді бет қаратпайтын, ұстанған бағытына берік, феод. қоғамның негізін өле-өлгенше қорғайтын адам. Қалың жатақтың басшысы – Дәркембай бейнесі Е. Өмірзақовтың ойынында қарапайым халықтың қамқоршысы, осы жолда ештеңеден тайынбайтын табанды күрескер, дау-шарда ысылған шешен, әділет туын қолдан түсірмейтін жан болып бейнеленген. Ақыл парасаты мол мейірімді әже – Зере Р. Қойшыбаеваның орындауында от басы бірлігін қолына берік ұстаған ғазиз ана ретінде көрінсе, С. Майқанова ойнаған Ұлжан да келбетіне ақылы сай қазақ әйеліне тән жан болып шыққан. Әділетсіздіктің қолшоқпары – Майбасар бейнесі де С.Қожамқұловтың мүсіндеуінде даралық сипат алған. Абай дәуірінің тынысын суретші В. В. Голубович тарихи әрі көркемдік шындық тұрғысынан көрсете білген. Қойылымға қатысқан Ш. Айманов, Қ. Бадыров, Қ. Қуанышбаев, Е. Өмірзақов, С. Қожамқұлов, Р. Қойшыбаева, Х. Бөкеева және В. Голубович СССР Мемл. сыйлығына ие болды (1952 ж.). *Б. Құндақбаев.*

«АБАЙ» – деректі фильм. 1954 ж. Алматы киностудиясы түсірген. Сценарий авторлары – В. Рапопорт пен О. Әбішев, режиссері – О. Әбішев, операторы – О. Зекки. Фильм А. Құнанбаевтың қайтыс болғанына 50 жыл толуына арналған. Фильмде Абайдың Семейдегі әдеби-мемориал. мұражайындағы заттар, ақынның кітаптары, қолжазбалары, фотосуреттері көрсетілген. Осындай көріністер арасында диктор Абай шығармалары туралы әңгімелеп, ақынның өлеңдерінен үзінділер оқып тұрады. Алматыда, Москвада өткен еске алу жиындарынан деректі кадрлар, Л.Соболев пен Ғ. Мүсіреповтың сөйлеген сөздерінен, Р Абдуллиннің орындауында «Абай» операсынан үзінділер беріледі. М.Әуезовтың сөйлеп тұрған сәтінен көрініс те бар. Сондай-ақ ақынның туған жері Жидебайда, Семейде және Алматыда қойылған ескерткіш тастардың ашылуынан түсірілген кадрлар көрсетіледі.

«АБАЙ» – Қазақтың мемл. көркем әдебиет (қазіргі «Жазушы») баспасынан 1954 ж. жарық көрген әдеби-сын мақалалар жинағы. Авторы – *Т. Әлімқұлов.* Автор Абайдың өмірі мен

қызметіне шолу жасай келіп, ақын шығармалары нәр алған негізгі үш қайнар – халық ауыз әдебиетімен, шығыс әдебиетімен және дүние жүзі мәдениетімен байланысын нақты мысалдармен дәлелдейді. Абайдың жаңа тәсілдер, тың образдар жасаудағы ақындық шеберлігін талдайды, өлеңдерінің әлеум. салмағын ашып көрсетеді. Жинақта ақын аудармаларының көркемділігіне байланысты да тұжырымды пікірлер айтылған. Кітапша әдебиетшілер мен көпшілік оқырман қауымға арналған. Көлемі 2,15 б. т., 10 мың дана болып басылған.

«АБАЙ» – «Қазақфильм» киностудиясы шығарған деректі фильм (1983). Сценарийін жазған – Б. Қанапиянов, реж.– Т. Арғыншиев. Диктор тексін жазған – С. Санбаев. Фильм Абай шығармашылығы мен өмірінің басты белестерін қамтиды. Ми қайнатқан жазғы дала, сықырлаған қыс аязынан мамыражай көктемге дейінгі табиғат суреттері – ғасырлар бойы қазақтың санасына сіңген құлдық сезім мен патша өкіметінің отарлау саясаты қалыптастырған дала халқының тұрмыс-тіршілігі, халық мүддесі емес, жеке басының мүддесін көздеген «Ақ патшаға», жергілікті болыстар мен билерге кіріптарлық сезімі суреттелетін лирик. өлеңдері арқылы Абайдың поэтик. бейнесі көрсетілген. Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым ...» деген өлеңі тікелей экраннан естіліп тұрады. Сөйтіп, еркіндік пен тәуелсіздікті аңсағаны үшін патша өкіметі мен дала жуандары ізіне түскен Абай тұлғасының қайғылы сәттері әрбір көріністе қосарлана байқалып отырады.

Композициялық тұрғыдан фильм жыл мезгілдеріне құрылғаны көрінеді. Табиғат суреттерінің өзі өз заманынан озық туған, данышпан Абайдың күрделі де кереғар өмірінің өзіндік метафорасы, образды бейнесі қызметін атқарып тұрғандай. Бейнелеуде көбінесе «Абай әні» көркем фильмінен алынған табиғат суреттерімен бірге Абай Құнанбаевтың граф. портреттерімен, мүсіндерімен толыға түскен. Архив құжаттары мен деректерінің тапшылығына қарамай деректі өмірбаяндық очерк жанрында шешімін тапқан фильм Абай шығармашылығы мен өмірінің суретін көз алдыңызға әкеледі. *Б.Нөгербеков.*

«АБАЙ» – «Абай» операсының қойылымына арналған орыс тіліндегі жарнама кітапша. 1958 ж. Қаз. ССР Мәдениет министрлігі шығарған. Кітапша опера авторлары – А. Жұбанов, Л. Хамиди және либреттосын жазған М. Әуезовтың фотопортреттерімен ашылып, операны сахнаға шығарған өнер қайраткерлерінің, басты рольдерде ойнаушылардың суреттері, бірнеше сахналық көріністер берілген, операның қысқаша мазмұны баяндалған.

«АБАЙ» – әдеби-көркем тәуелсіз журнал. 1992 жылдан шыға бастады. 1918 ж. М. Әуезов пен Ж. Аймауытов негізін салған осы атпен журналдың заңды жалғасы. Шығарушы – «Парыз» шығармашылық тобы. Демеушісі – Респ. Абай қоры. Журнал негізінен ұлы ақынның өмірі мен шығармашылық жолын жүйелі зерттеп, жан-жақты сөз етуді мақсат тұтқан. Ол үшін абайтану ғылымының өзекті мәселелерін қозғап, ақын жайлы бұрын-соңды баспасөзде жарық көрген материалдарды, пікірталасты оқырман қауым тезіне қайта ұсынады, кезінде ақынның төңірегінде болған үзеңгілес дос-жарандарының, ұрпақтарының, көз көрген ауылдас адамдардың естеліктерін, деректі құжаттарды жариялайды, Абайдың ақындық мектебінен шыққан шәкірттерінің өлең-жырлары және бүгінгі қазақ әдебиетінде ілгері ұласқан жаңашылдық пен дәстүр жалғастығы хақында кең көлемде сөз қозғайды. Сонымен қатар бүгінгі қазақ ақын-жазушыларының, комп. мен суретшілердің ұлы ақынға арналған жаңа шығармаларын да жариялап отырады. Журналдың көлемі 9,3 б. т. Редакторы Р. Мұсаұлы.

АБАЙ АЛАҢЫ – Қазақстан Республикасының астанасы Алматы қаласының экономик. және әлеум.-мәдени өмірінде ерекше орын алатын аса ірі магистраль, тоғыз жолдың торабы, Ленин даңғылы мен Абай даңғылының қиылысқан жерінде орналасқан. Алаң қазақ халқының ағартушы ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың құрметіне аталған. 1960 ж. алаңда Абайға ескерткіш орнатылды. Гранитпен көмкерілген һауіздер, гүлзарлар бар. Республика сарайы, көп қабатты «Қазақстан» қонақ үйі, «Арман» кинотеатры, ғыл.-ағарту мекемелерінің ғимараттары, аспалы жол ст. т. б. құрылыстар А. а-на айырықша көрік берген.

«АБАЙ АЛДЫНДА» – «Жалын» баспасынан 1987 ж. жарық көрген көркем әңгіме-кітапша. Авторы – Т. Жұртбаев. Әңгімеде жас Мұхтардың атасы Әуезбен бірге Абай аулына барғаны, ел өмірі, ұлы ақын туған жерінің сұлу табиғаты, балғын балалық шақ көркем суреттеледі. Кітапшаны суретші Б. Мұхамедиев көркем безендірген. Туынды төменгі класс оқушыларына арналған. Көлемі 1,5 б. т., 50 мың дана болып басылған.

АБАЙ АСУЫ, Іле Алатауындағы Кіші Алматы сілемінің Азутау жотасында. Биікт. 3650 м. Асу жолы Медеу шатқалынан басталады да, Тұйықсу қақпасын, одан әрі шыршалы орманды, Шайтан шатқалын басып өтеді. Асу 1932 жылдан Абай Құнанбаевтың есімімен аталады.

АБАЙ АУДАНЫ, Семей обл-ның бат. бөлігінде. 1928 ж. 3 қыркүйекте құрылған. Жер көл. 34,5 мың км². Орт.– Қарауыл селосы. Аудан ақын өмірі, шығармашылығымен тығыз байланысты. Абай, М. Әуезов тарихи-өлкетану музейлері бар. Абайдың аналары – Зере, Ұлжан, жұбайлары – Ділдә мен Әйгерімге, балаларына ескерткіш-мазарлар орнатылған. «Еңлік-Кебек» кесенесі де осында. Абай шәкірттері Көкбай, Шәкерім А. а-нда өмір сүрген. Қарт ақын Ш. Әбенов те осы аудында тұрған.

«АБАЙ АУЛЫНА САЯХАТ» – «Мектеп» (қазіргі «Рауан») баспасынан 1976 ж. жарық көрген очерктер жинағы. Авторы – К. Оразалин. Кітап «Алатау аясында», «Тоғыз жолдың торабы», «Шежірелі Шыңғыс» деген тараулардан тұрады. Онда Абай аулының өткені мен бүгінгісі, тіршілік-тынысы, әсем табиғаты көркем суреттеледі. Абай мен

Мұхтар есімдеріне байланысты жерлер тарихы баяндалады, екі алыптың туындыларында суреттелетін кейіпкерлер жайында нақты деректер келтіріледі. Жинақ орта мектеп оқушыларына, мұғалімдерге, көпшілік оқырмандарға арналған. Көлемі 5,2 б. т., 25 мың дана болып басылған.

«АБАЙ АУЛЫНЫҢ АҚИЫҚТАРЫ» – «Қайнар» баспасынан 1984 ж. жарық көрген кітап. Авторы – Х.Матаев. Кітапта қазақтың ұлы ақыны туып-өскен, Абай есімімен аталатын ауданның шаруашылық, экономик., мәдени өсу жолдары нақты деректермен көркем баяндалған. Абайдың 100, 125 жылдық мерейтойларына тоқталып, ақынның бүгінгі мұрасын насихаттаудағы істері жан-жақты жазылған. Көлемі – 8,3 б. т., 3500 дана болып басылған.

«АБАЙ АФОРИЗМІ» – 1993 ж. «Қазақстан» баспасынан жарық көрген жинақ. Авторы – Қ. Өмірәлиев, құрастырып, баспаға әзірлеген – М. Мырзахметов. Кітап ақынның тәлімтәрбиелік мәні зор, адамгершілікке үндейтін, нақылға айналған қанатты сөздерімен ашылады. Ойшыл-ақынның эстетик., этик. талғам хақындағы, педагог., филос., психол., имандылық туралы ойлары жеке-жеке топтастырылған. Жинақтың 2-бөліміне ғалымның Абай шығармалары тақырыбына әр жылдарда жазған зерттеу мақалалары енгізілген. Кітап соңында құрастырушының марқұм Өмірәлиевтің өмірі мен ғалымдық жолына арналған «Екі күймек бір жанға әділет пе?» деген мақаласы берілген. Жинақ көлемі 6,56 б. т., 55 мың дана болып басылған.

«АБАЙ-ӘЙГЕРІМ» – М. О. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясындағы Абай мен Әйгерім сюжетіне құрылған сахналық туынды. Қойылымның сахналық сценарийін жазған – Б. Римова, қоюшы-реж.– Ж. Омаров, көркемдеуші суретші – Ф. Мұқанов, музыкасын жазған – С. Мұхаметжанов. Спектакль 1981 ж. 29 көкекте қазақ драма театрында қойылды.

«АБАЙ ӘНІ» – толық метражды көркем фильм. 1945 ж. Алматы көркем және хроник. фильмдер студиясы шығарған. Сценарийін жазғандар: М. О. Әуезов пен Г Рошаль; қоюшы-реж. Г Рошаль, Е. Арон; операторы – Г Пышкова, бас суретшісі – Қ. Қожықов; комп. Л. Хамиди, реж.– Н. Бейсеков. Абай ролін Қ. Қуанышбаев ойнаған. Фильмде Абай адал махаббаттың арашашысы ретінде көрінеді. Өзінің сүйгенін, көрші ауылдың жесірін ұрлап әкеліп үйленіп, Айдар ата салтын бұзады. Абай ақсақалдар кеңесінде өз махаббаты үшін ата дәстүрін бұзуға мәжбүр болған Айдар әрекетін ақтап шығады. Халық махаббатына бөленген Абайдың достары көп. Бірақ дұшпандары да аз емес. Ерден бай мен діндар Шәріп Абайды халықпен араздастырып қоюға әрекет жасайды. Мақсатына жете алмаған Шәріп ақыры у беріп, Абайды өлтіріп тынады. «А. ә.» фильмі кинематогр. мазмұнына қарағанда кино-спектакльге жақын. Тұтастай алғанда кинокартинаның стильдік шешімі, режиссурасы, актерлер ойындары театр өнерімен үндес. «А. ә.» фильмі республика киноөндірісі базасында жасалған алғашқы фильм. *Б. Нөгербеков.*

АБАЙ

АБАЙ БҰЛАҒЫ – Абай дүниеге келген жердегі бұлақ. Қазір бұл жерде Семей обл., Абай ауд., М. О. Әуезов атынд. совхоз орталығы орналасқан. Үлкен Қасқабұлақ, Кіші Қасқабұлақ, Сырт Қасқабұлақ деп бөлінеді. Бертін келе жер атаулары «Абай бұлағы», Абайдың Қасқабұлағы деп атала бастады. Ащысу өніне құятын Абай бұлағының басында Абай аулы жаз, күз мезгілдерінде қоныс теуіп отырған. Осы бұлақ басында ақынның «Күз», «Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай...» деген өлеңдері жазылған.

«АБАЙҒА ДЕЙІНГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ ЖӘНЕ АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТІЛІ» – қазақ мемл. оқу орындары баспасынан 1948 ж. жарық көрген моногр. еңбек. Авторы – Қ. Жұмалиев. Кітап С. Мұқановтың «Терең танымдық еңбек» атты мақаласымен ашылады. Алғы сөзден және 15 тараудан тұрады. Абай поэзиясын қазақ ауыз әдебиеті нұсқаларының, халық жыраулары шығармаларының тілімен, өзіндік ерекшеліктерімен тығыз байланыстыра отырып талдайды. Шығ. және бат., орыс поэзияларының Абай шығармашылығына ықпалын, ақын шығармаларындағы әлеум. сарынды, оның өмір шындығының бейнелеу тәсілдерін сөз етеді. Абайдың жаңа сөздер мен тіркестерді қолдану ерекшелігін әдебиетімізге мазмұн, идея, тіл тұрғысынан енгізген жаңашылдығына баға береді. Еңбек әдебиет зерттеушілеріне, тіл мамандарына, жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған. Көлемі 13 б. т., 5 мың дана болып басылған.

АБАЙ ДАҢҒЫЛЫ – Қазақстан Республикасының астанасы Алматы қаласындағы Ленин даңғылы мен Сайын атынд. көшелерді перпендикуляр жалғастырып жатқан үлкен көше. Ұз. 9400 м. 1961 ж. көшеге Абай Құнанбаевтың есімі (бұрынғы Бас арық көшесі) берілген. А. д-ның шығыс басында Республика сарайы, *Абай алаңы* және *Абай ескерткіші*, «Қазақстан» қонақ үйі, Саясаттану және басқару ин-ты ғимараттары шоғырланған. А. д-ын жағалай: Қазақстан Респ-ның Ұлттық кітапханасы, Орыс драма театры, Қазақ драма театры, Орт. стадион, Спорт сарайы, Неке сарайы, Респ. цирк, Баспалар үйі, Жобалау ғыл.-зерт. ин-ты, А. ш. ин-ты т. б. көптеген ғыл.-мәдени, шаруашылық-тұрмыстық ұйымдар мен мекемелер орналасқан. А. д. өте әдемі көгалдандырылып, көшенің екі жағын биік ағаштар тізбегі көмкерген, ортасын қақ жарып жатқан әсем гүлзар көшенің оқтай түзулігін көрсетіп, төңіректегі ғимараттарды әрлендіріп тұр. Абай алаңындағы ақын ескерткішінің биік тұлғасы даңғылға қаратылған. Қазақстан астанасының мәдени орталығындағы Абай алаңы, Абай ескерткіші және А. д-ның тоғысуы қайталанбас сәулеттік-мәдени кешен құрайды.

АБАЙ ДӘУІРІ – Абай өмір сүріп, шығармашылық қызметпен айналысқан кезең – 19 ғ-дың 2 жартысы қазақ қауымының әлеум.-экономик., саяси және мәд. өміріндегі түбегейлі

өзгерістермен сипатталады. Бұл өзгерістер белгілі деңгейде бір жарым ғасырға созылып, 19 ғ-дың 60 жылдарында аяқталған қазақ жерінің Россияға қосылуына байланысты туындады. Патша әкімшілігіне өлкені отаршылдық тұрғыда игеру үшін қазақ даласына басқарудың бірыңғай жүйесін енгізу және басқа да шараларды жүзеге асыру арқылы Қазақстанды түгел дерлік бағындыру қажет болды.

Хандық өкіметті жойғаннан кейін енгізілген жаңа әкімш. құрылыс Бат.-Сібір губернаторы М. М. Сперанскийдің Сібір (қазақтары) қырғыздары аймақтары үшін 1822 ж. әзірлеген «Сібір қырғыздары туралы жарғысында» негізделген. Сібір қырғыздары аймағына Орта жүз жайлаулары, Ұлы жүздің Бат. Сібір губернаторлығының қарамағындағы бөлігі қарайтын. «Жарғыға» сәйкес бұл жерлер округтерге, болыстар мен ауылдарға бөлінді. Округтер қауымның рулық бөліністерін ескере отырып, қысқа қоныстар негізінде ұйымдастырылды. 19 ғ-дың бас кезінде патшалық құрылыстың ең басты тірегі болған сұлтандардың экономик. және саяси жағдайы үлкен өзгерістерге ұшырады; олардың феод. билеуші ретіндегі праволары мен ықпалы барған сайын шектеле түсті. Бірте-бірте батырлар да қоғамдағы өз мәнінен айрыла бастады. Сұлтандар өкіметінің құлдырауына байланысты алымсалық жинайтын төлеңгіттердің де қажеті болмай қалды. Жаңа әкімш. құрылыс бойынша Орта жүз жері аға сұлтандар басқаратын округтарға бөлінді, аға сұлтандар бұрынғыдай мұрагерлік жолымен емес, сайланып қойылатын болды. Сайлау барысына жергілікті патша әкімшілігі бақылау жасады. Бұдан былай билеуші сұлтандыққа бұрынғыдай «ақ сүйек» атанған Шыңғыс әулетінің өкілдері ғана емес, ру феодалдарынан көтерілген дәулетті адамдар да сайланатын болды.

Ру феодалдарының ішінде руларды басқарған билердің ықпалы күшті болды. Экономик. билікті қолдарына жинақтап, сот ісін жүргізген билер өздері басқарған рулар ішінде көптеген артықшылықтар алды, жерді бөлу билігі солардың қолына көшті, ру аралық қақтығыстар мен соғыстарда саяси белсенділігі артты. «Жарғыда» билер сотына шектеу қойылып, оны бірте-бірте жалпы мемлекеттік сотпен алмастыру көзделді. Ірі байлардың, сондай-ақ, болыстардың, сайланып қойылатын соттардың, ауыл ақсақалдарының ықпалы күшейді. Халықтың басым көпшілігін әр түрлі патриархалдық-феод. қанауға ұшыраған қазақ шаруалары құрады.

19 ғ-дың 2-жартысында өзара кереғар келетін әр түрлі право нормалары: әдет (қазақтардың әдет-ғұрыптық правосы), шариғат (мұсылмандық право нормалары) және жалпыорыстық право нормалары қатар қолданылды. Әдеттегі право деген түсінікке қазақ халқының тарихында ұзақ уақыт бойы қалыптасқан және заң әдебиетінде әдет деген атаумен белгілі заң нормаларының жиынтығы, сондай-ақ сотты жүргізу ісіне өзінің өзгерістерін енгізіп отырған билер соты жатады. Сонымен қатар әдеттегі право нормаларының жекелеген тармақтары билердің тайпалар аралық съездерінде қабылданған ережелермен толықтырылып немесе өзгертіліп отырды. Тарихи деректерге қарағанда Абай Павлодар, Қарқаралы, Семей, Өскемен у-дері мен Семей облысы Зайсан приставтығы билерінің 1885 ж. ру аралық Шар съезінде қабылданған ережені әзірлеуге қатысқан. Ол ұсынған жоба 93 баптан тұрады. Онда қазақтардың дәстүрлі праволық заң жүйелері көрініс тапқан, сонымен қатар азаматтық және отбасылық-некелік қатынастарға байланысты жаңа дәуір талабы да ескерілген. Отарлық саясаттың күшеюіне сәйкес қазақтың әдет-ғұрып заңдарының бірқатар негізгі ережелері бірте-бірте патша өкіметінің қылмысты істер заңдары нормаларымен алмастырыла бастады.

19 ғ-дың ортасында Қазақстанның саяси өмірі ру аралық күреске толы болды. Бұл



Абай Құнанбайұлының 1933 ж. Қызылордадағы «Қазақстан» баспасынан жарық көрген толық жинағы.



Абай Құнанбайұлының 1934 ж. Алматыдағы көркем әдебиет баспасынан жарық көрген «Таңдамалы өлеңдері» жинағы.



Абай Құнанбайұлының 1936 ж. Алматыдағы «Қазақстан көркем әдебиет баспасынан» жарық көрген таңдамалы өлеңдер жинағы.



Абай Құнанбаевтың 1936 ж. Москвадан Алматыдағы «Қазақстан өлкелік баспасы» дайындауымен шыққан орыс тіліндегі кітабы.

күресте феод. билеуші топ әдеттегісінше тек қана өздеріне пайдалы экономик. және саяси мақсаттарды көздеп, ол алауыздық қақтығыстарды бұқара халыққа ру мүддесін қорғау жолындағы күрес етіп көрсетуге тырысты. Мыс., Омбы обл. мемл. архивінің деректемелерінде (ООМА, 3-қор, 3-тізім, 3649–3650-іс) негізгі басшыларының бірі Қарқаралы округінің 1849–54 ж. аға сұлтаны болған Абайдың әкесі *Құнанбай Өскенбаев* ұйымдастырып отырған тобықты тайпасының қоғамдық өміріндегі ірі-ірі феод. алауыздықтар тарихы сақталған. Құнанбайдың заңға қайшы әрекеттері туралы істерді қарау ұзақ жылдарға, 1862 жылға дейін созылып, ақыры нәтижесіз қалады. Бұл тергеудің мұнша ұзаққа созылуы – ру аралық күресті бәсеңдету үшін ерекше жағдайларда ғана болмаса батыл шаралар қолдана қоймайтын патша үкіметінің отаршылдық саясатын айқын дәлелдейді. Патша өкіметі әдетте оларды отаршылдыққа қарсы күрестен бұрып әкету үшін жергілікті жерлерде қазақ руларын іштей өзара қақтығыстар жағдайында ұстауға тырысты. Туған жеріне оралып, Көкше-тобықты болыстығының ел билігін қолына алып, болыстық қызметке қайта отырумен аяқталған Құнанбай ісінің ақыры – патша өкіметінің осы саясатының айқын көрінісі.

Қазақ қауымының ыдырауы ұзаққа созылды, оның бойына әбден сіңген патриархалдық-рулық сарқыншақтар қазақтардың санасы мен тұрмысына мықтап бекіп алған еді. Қазақ қоғамының рулық-тайпалық құрылымы жер иелену мәселелерінде айқын көрініс тапты: әр рудың жеке дара белгілі маусымдық жайылымдары мен қатаң белгіленген көшіқоныс жолдарының шекарасы болды. Бұл жер тұтастығы – қандас туыстық (бір атаның ұрпақтары) туралы түсінікпен қатар идеологиялық мәселеде көбіне патриархалдық-рулық сарқыншақтарды мүдде тұтып, руды экономик. және саяси жағынан біріктіруге негіз болды. Халықтың санасындағы патриархалдық-рулық сарқыншақтар еңбекшілердің таптық сана-сезімінің қалыптасуын кешеуілдетті, таптық күрестің дамуына тежеу болып, феодалдардың оны өз мүдделерін қорғау үшін пайдалануына көмектесті.

Көшпелі мал шаруашылығы жағдайында жайылымдықтарды жылдың әр мезгіліне сай тиімді пайдаланудың маусымдық сипатына байланысты қазақтар ауыл-ауыл болып көшіп-қонып жүрді. Көшпелі ауыл белгілі бір жайылымдық жерлерді сөз жүзінде бірлесіп пайдалануды негізге алған жайылымдық-көшпелі қауым болды. Іс жүзінде жерге қауым жерін қалауынша пайдалана алатын феодалдар ғана иелік етті. Мүліктік бұл айқын жіктелу, қыруар малдың феодалдар қолына топтасуы – олардың шұрайлы да неғұрлым ыңғайлы жайылымдықтарды иемденіп, жеке меншіктеріне айналдырып қана қоймай, сонымен қатар бүкіл қауым жеріне монополиялық иелік орнатуларына қажетті жағдай жасады. Қатардағы қауымдастар өздеріне феодалдар бөлген шағын жайылымдықтарды ғана пайдаланумен шектелді. Қазақтардың әдет-ғұрыптық заң нормаларына сәйкес жерді пайдалану тәртібін зерттеу оның күрделі тарихи даму жолдан өткендігін аңғартады, бұрын бүкіл ру иелігі болған жерлерді іс жүзінде үстем тап өкілдерінің мүддесі үшін жекелеген отбасылар меншігі ретінде тану правосын қолдайтыны байқалады.

Қазақ қоғамының әлеум.-экономик. қатынастарындағы бұл ерекшеліктер оның негізгі өндіріс саласы – жайылымдық-көшпелі мал ш-мен тығыз байланысты болды. Қазақтардың бүкіл экономик. өмірі – жайылымдықтарды маусым сайын үнемі ауыстырып тұруды қажет ететін көшпелі мал ш-ның талаптарына сай қыста тебіндеп жайылатын малдың жаңа жайылымдықтары үшін көшіп-қонуға негізделе құрылды. Көшпелі мал ш-ы кездейсоқ қырылудан, табиғи апаттардан көп шығынға ұшырап отырды. Әсіресе, ауық-ауық қайталанып тұрған жұттардың зияны елеулі болды.

Патриархалдық-феод. өндірістік қатынастарда патриархалдық-рулық идеология сарқыншақтары шешуші қызмет атқарды, бұл идеология феодал-шонжарларға ғана қызмет етіп, рулық көмек деген желеумен феод.-тәуелділіктегі шаруаларды қанаудың қатаң түрлерін бүркемелеуге көмектесті. Халық бұқарасы екіжақты, феод.-отарлық қанаудың ауыр зардаптарын тартты. 1822 ж. жарғы бойынша қазақ халқы патша үкіметіне жасақ төлеуге (әрбір жүз бас малдан бір мал) міндетті болды. Жасақ пен басқа да қазыналық алымдар көлемін ауылдар үшін отарлық басқару аппаратының жергілікті өкілдерімен бірге елубасылар белгіледі. Қазақ халқы қазынаға төленетін ресми салықтардан басқа болыстардың қарамағына түсетін «қара шығын» деп аталатын алым төлеп отырды. Қазақтың феодалдық билеуші тобы патша үкіметі өкілдерімен бірге жергілікті жерлерде отарлық саясатты жүзеге асырудың негізгі тірегіне айналды.

1868 ж. қабылданған «Орынбор және Батыс-Сібір генерал-губернаторлықтарының дала аймақтарын басқарудағы уақытша ережесі» Қазақстанды отарлық игеруді жеңілдетіп, орыс помещиктері мен өнеркәсіп буржуазиясының экономик. мүддесін көздеді. Оны жүзеге асыру нәтижесінде әкімш. басқару, жер мәселесі, сот ісі мен алым-салық жүйесі саласында айтарлықтай өзгерістер қалыптасты. Жаңа әкімшілік құрылыс жергілікті ерекшеліктерді жойып, байырғы рулық байланыстарды күйретуге тиісті болды. «Уақытша ережеде» қазақ қоғамын руына қарай бөлу мүлде ескерілмей, оған территориялық принцип негізге алынды. Соның салдарынан Қазақстанның барлық жері үш: Түркістан, Орынбор және Батыс-Сібір ген.-губернаторлықтарына бөлінді де, оларды ген.-губернаторлар басқарып, барлық әскердің және азаматтық өкіметтің билігін өз қолына жинақтады. Әр ген.-губернаторлық бірнеше облыстан құралды. Өз кезегінде әр облыс уездерге бөлінді. Мыс., Бат.– Сібір ген.-губернаторлығына қарайтын Семей облысы Семей,

Көкпекті, Зайсан, Баянауыл, Қарқаралы және Өскемен уездерінен құрылды. Уездер жекежеке әкімш. бірлік болып табылатын болыстар мен ауылдарға бөлінді. Бұларға обл. және уездік орыс әкімш. (ген.-губернатор, обл. және уездік бастықтар) басшылық жасады. Тек болыстар басшылығына ғана қазақ халқының өкілдерінен болыстық басшылар сайланып, әкімш. ауылдарды сол болыстың басшылары тағайындайтын ауылнайлар басқарды. Ауылнайлар ел ішінде тәртіп сақтау және саяси өкімет билігін жүзеге асырып, алым-салық жинаумен айналысты, билер сотының шешімдерін іске асырды. Сөйтіп, болыс басшылары реформаны жүзеге асыру кезеңінде отарлық басқару аппаратының басты тірегіне айналды, әскери күш те солардың қарамағында болды. Реформадан кейін бұрынғы ұлан-ғайыр басқару аудандары (округтер мен ірі болыстар) неғұрлым ұсақ әкімшілік бірліктерге бөлшектеніп, жергілікті жерлерде патша әкімшілігінің билігі күшейе түсті. Патша үкіметі ірі руларды әр түрлі болыстарға ыдырату арқылы бұрын кең-байтақ аудандарда бірегей қожалық еткен ру ақсақалдары билеген қазақ қоғамының рулық негіздеріне қатты соққы берді.

Реформа отарлық қанауды бұрынғыдан да күшейте түсті, алым-салықтың көлемі едәуір ұлғайды: әр үйден жиналатын түтін салығы жер төлемімен бірге жылына 1,5 сомнан 3,5 сомға дейін өсті. Бұл салықтардың негізгі ауыртпалығы – олардың мөлшері салық төлеушілердің материалдық әл-ауқатына байланысты болмағандықтан, қазақ шаруаларының иығына түсті. Реформа отарлық езгімен қатар феод. қанауды да күшейтті, өйткені ауылдар арасында салықтарды бөлу болыс басшыларының қолдарында болды да, олар бар ауыртпалықты қарамағындағы кедей де тәуелді ауылдарға артты. Әсіресе негізінен болыс әкімшілігін ұстауға жұмсалатын, «қара шығын» деп аталған салықты жинау барысында жөнсіз қиянатқа жол берілді, ресми салықтарға ешқандай бақылау жасалмай, олардың көлемі жиі-жиі өсіп кетіп отырды. Патша үкіметі қазақ еңбекшілерін отарлық талау мен қанауға барынша мүмкіндік тудырып, Қазақстан өндіргіш күштерінің дамуына тұсау салып отырған патриархалдық-феод. қатынастарды сақтауға мүдделі болды.

Отарлық саясат Қазақстанды империяның агр. шикізат көзіне айналдыруға бағытталды, оның қоғамдық-экономик. жағынан жан-жақты дамуына тежеу салды. Соған қарамастан, Қазақстанның жалпыроссиялық экономика жүйесіне қосылуы Россия капитализмінің арта қалған Қазақстан экономикасына игі ықпал етуіне мүмкіндік тудырып, қазақтардың қарапайым шаруашылығының негіздерін өзгертуге мәжбүр етті, ол бірте-бірте өзінің томағатұйықтығынан шығып, тауарлы-ақша қатынастары өрісіне тартылды. Қоғамның патриархалдық-феод. негіздерімен қарама-қайшылық барысында Қазақстанда капит. қатынастардың ену жолы тым баяу болып, 19 ғ-дың соңында бұл құбылыс аяқтала қоймаса да, шаруашылықты жүргізудің жаңа түрлері қазақ экономикасын жан-жақты қамти бастады.

Феод.-рулық билеуші топтың қауымдық жерлерді тартып алуы кең қанат жайған 19 ғ-дың соңғы ширегінде патриархалдық-феод. қатынастардың ыдырау құбылысының жеделдей түсуі нәтижесінде және сахараға ене бастаған капит. қатынастардың ықпалымен қазақ ауылдарында таптық жіктелу одан әрі айқындала түсті. Мал мен жайылымдықтар негізінен байлардың қолында болды. Малмен күнелткен қазақ кедейлерін жерден айырып, қайыршылыққа ұшырату, орта ғасыр кезіндегіден де жедел жүргізілді; олардың көпшілігі мал ш-н тастап егіншілікке ауысты, бірқатары жұмыс іздеп кәсіпшіліктерге шұбырды, батырақтыққа көшті.

Міне, осындай отаршылдық қанау кедей шаруалардың еңсесін басып, тұрмыстарының одан ары ауырлап, кедейлене түсуіне әкеліп соқтырды. Патша отаршылдарының халықты қанау саясаты мен ел әкімдерінің шектен тыс зорлық-зомбылықтарын, әділетсіздіктерін Шортанбай, Дулат пен Бұқар жырау өз өлең-жырларында аяусыз сынады.

19 ғ-дың соңғы ширегінде Қазақстанда жалдамалы кәсіпшілік етек алды, бұл капит. қатынастардың енуімен, қарапайым көшпелі шаруашылықтың ыдырауымен, мыңдаған отбасыларын үйреншікті мал ш-н тастап, тіршілік қамымен басқа кәсіп іздеуге мәжбүр еткен қазақ қауымында таптық жіктелудің шиеленісіп, тереңдей түсуімен тікелей байланысты болды. Кедейлердің басым көпшілігі байларға, орыс кулактары мен казактарға батырақтыққа жалданып, а. ш-ндағы жалдамалы жұмысты кәсіп етті. Ерікті жұмыс күші тауарға айналды. Жері мен басқа да өндіргіш құралдарынан айырылған қазақ кедейлерінің басым көпшілігі өздерінің жұмыс күшін сататын жалдамалы батырақтарға айналып, патриархалдық-феод. тәуелділіктің қандай түрінен болса да ерікті қазақ а. ш. пролетариатының қалыптасуына жағдай туды. Сонымен қатар қанаудың патриархалдық-феод. түрлерін сақтай отырып, жалдамалы еңбекті пайдалануға көшкен байлардың да жағдайы нығая түсті. Сөйтіп, кедейлердің батыраққа айналуы қазақ ауылдарында әдеттегі құбылыс болып, барған сайын кең қанат жайды. Мүліктік жіктелу, әсіресе, айтулы жұттардан кейін барынша айқындалып, өндіргіш құралдарынан жұрдай болған мыңдаған шаруалар бұқарасын жалдамалы еңбекке ауысуға мәжбүр етті.

19 ғ-дың соңғы ширегінде Россия мен Қазақстанның өнеркәсіпті аудандарының арасында товар айырбасы кең қанат жайып, товар өндірісінің өсуіне жағдай тудырды және қарапайым шаруашылықтың томаға-тұйықтығын жоюға жол ашты. Қазақтар жәрмеңкелерге мал және мал өнімдерін апарып, олардан Россиядан әкелінген мата, киім-кешек, қант, ұсақ-түйек заттар т. б. алатын болды. Семей облысында Ботов (Қоянды) және Шар жәрмеңкелерінің маңызы зор болды. Бұл аймақта сауда ісінің дамуына Семей облысы арқылы Бат. Қытаймен және

Орта Азиямен кең көлемде сауда қатынасын қалыптастыруға мүмкіндік берген өте қолайлы геогр. жағдай көп көмегін тигізді. Сауда ісінің мұнша кең қанат жаюы қазақ жерінде сауда капиталының туғандығын дәлелдейді. Товарлы өндіріс жолына түскен мал ш-мен айналысатын ірі байлар дәулетінің артуы, бифеодалдар қолындағы капиталдың өсуі ауылдарға товарлы-ақша қатынастарының одан әрі кең көлемде енуіне қажетті жағдай жасады.

Қарызға (үлестіріліп) берілген өнеркәсіп товарлары құнын өтейтін алым-салықтар мен басқа да мал ш. өнімдерін жинау үшін жалдамалы адамдар мен товар сатып алушы-алыпсатарлар бүкіл қазақ даласын аралап қаптап жүрді. Россия базарының тез ұлғая түскен мал мен мал ш. шикізатына деген сұранысына тікелей байланысты алыпсатарлар қызметі де кең қанат жайды. Осының барлығы қазақтардың томаға-тұйық көшпелі қарапайым шаруашылығына товарлы-ақша қатынастарының кеңінен енуіне, Қазақстанның Россиямен сауда-экономик. байланыстарының нығаюына игі әсер етті. Патриархалдық-феод. қатынастардың ыдырап, Қазақстан экономикасына капит. қатынастардың енуіне мүмкіндік берген Қазақстан мен Россияның шаруашылық жағынан жақындасуы 19 ғ-дың 2-жартысында шаруашылықтың түрлі салаларында елеулі өзгерістер мен алға басушылыққа апарып соқты. Мұндай өзгерістер ең алдымен мал ш. мен егіншілікті қатар дамытып, көп жағдайда жартылай отырықшылық сипат алған Қазақстанның солт. және солт.-шығыс аудандарында айқынырақ көріне бастады.

Қазақ халқының отырықшылыққа көшуі және егіншілік кәсіппен айналысуы 19 ғ-дың соңғы ширегінде одан әрі өрістеді. Бұл жолда жердің байлар қолына топтастырылуының ұлғая түсуі мен өлкені отарлаудың күшеюіне байланысты патша үкіметінің едәуір жерді тартып алуы себепті белгі бере бастаған жер тапшылығы шешуші қызмет атқарды. Байлар ең шұрайлы шабындықтар мен жайылымдықтарды өздері иеленіп, кедейлерді кіріптар тәуелділікке түсірді, қатардағы көшпенділердің жағдайын әлсіретіп, олардың қолдарындағы малын айтарлықтай шығынға ұшыратты. Міне, осының барлығы да кедейлердің бұрынғыша өмір сүрулеріне мүмкіндік бермей, отырықшылыққа көшіп, ендігі күнкөріс көзін егіншіліктен іздеуге мәжбүр етті. Егер бұған дейін егіншілік мал ш-ның қосалқы демеушісі қызметін ғана атқарса, енді 19 ғ-дың соңғы ширегі мен 20 ғ-дың басынан ол қазақ шаруаларының тіршілік етуінің негізгі көзіне айналды. Шаруалардың едәуір бөлігі біртебірте жартылай отырықшылыққа көшіп, оны егіншілікпен, кәсіпкерлікпен және отырықшы егін шаруашылығымен ұштастыра түсті. Түрлі рулардың өкілдерінен құралған ауылдардың пайда болуы осы кездің өзіне тән құбылысқа айналды. Малынан айырылып, жұтап қалған көшпенділер егіншілікпен шұғылдануды күнкөріс етудің бірден-бір көзі деп біліп, жатақ ауылдарына барып қоныстана бастады. Олармен қатар орта шаруалар мен тіпті жекеленген байлар да жер өңдеумен айналысып, егіншілік пен отырықшылыққа бой ұрды, соның нәтижесінде егіншілік товарлық сипат алды. 19 ғ-дың 80 ж. қазақ шаруаларының жаңа әлеуметтік тобы – қала жатақтары пайда болды, олар рулық байланыстардан қол үзіп, кулактар мен егін ш-мен айналысатын қала халқына өздерінің жұмыс күштерін сату үшін қала мен қала төңіректеріндегі селоларға кіре бастаған қазақ қоғамының мейлінше кедейленген қайыршы бөлігі еді.

Қазақтардың отырықшылыққа ауысып, егіншілікпен айналысуы тап күресін бұрын болмаған деңгейде шиеленістіріп жіберді. Көшпелі кедейлердің отырықшылық пен егіншілікке ауысуы барысында жер үшін қақтығыстар күшейді. Көшіп-қону еркіндігін шектегісі келмеген, сонымен қатар көшпелі кедейлердің бір бөлігінің басқа топқа қосылып, феодалдар өктемдігінен ішінара болса да азат болуын қаламаған ауқатты адамдар мен ауылдардың ықпалды шонжарлары қатты қарсылық жасады.

Орталық Россияда жер тапшылығының зардабын шеккен орыс және украин шаруаларын Қазақстанға әкеліп қоныстандырудың патша үкіметі үшін маңызы зор болды. Басыбайлылық правоны жоюдың Россияда аграрлық мәселені шеше алмағаны белгілі. Сондықтан да қайта қоныстандыру патша үкіметінің аграрлық саясатының аса маңызды бір бөлігіне айналды, ол Сібірді, Қазақстанның солт., батыс, орт. және оңт.-шығыс аудандарын отарлау арқылы шаруалардың рев. қозғалысын әлсіретуді мақсат етті. Егер 19 ғ-дың ортасында Қазақстанда не бары жүздеген қоныс аударушы орыс шаруалары ғана болса, 1897 жылғы санақ мәліметтері бойынша қазақ жеріне көшіріп әкелінген, негізінен а. ш-мен айналысатын орыстар мен украиндар саны жарты миллионнан асып кетті. Қазақ және орыс еңбекшілерінің ортақ тіл табысуы нәтижесінде бұл қайта қоныстандыру қазақ шаруаларының отырықшылыққа көшіп, егіншілікпен айналысуын тездетті, қазақ дихандарының шаруашылықты жүргізудің неғұрлым озық әдістерін (тәлімді егіншілік, жаңа дақылдар: бидай, арпа, сұлы т. б. өсіру) игеруге ықпал етті. Қазақ шаруалары мен қоныстанушылар арасындағы шаруашылық байланыстар орыс шаруалары үшін де маңызды болды, олар қазақтардан мал бағуды, суармалы егістікке тән байырғы еңбек машықтарын үйренді. Қазақстанда егіншілік кәсібі бұрыннан бар болатын, бірқатар аудандарда орыс шаруалары келуден көп бұрын басталған егін ш-на көшу қазақ қоғамының өз ішінде белгілі бір қажеттіліктер өмірге әкелген езгерістер еді.Қазақтардың егіншілікпен айналысуға бет бұруы жекелеген аудандарда тікелей орыс шаруаларының ықпалымен жүзеге асырыла бастағанына қарамастан, егін шаруашылығын Қазақстанға сырттан, орыс шаруалары әкелді деуге әсте болмайды, олар бұл саланың дамуын жедел-

детіп, бірқатар сапалық өзгерістер ғана енгізді.
Сөйтіп, Россияда капитализмнің дамуына байланысты Қазақстан экономикасында белгілі дәрежеде алға басу байқалған бұл кезеңге көшпелі тұрмыс-салтынан жартылай көшпелі, жартылай егіншілікті немесе толық отырықшылықты егін ш-на ауысу сипаты тән. Тұтас алғанда патриархалдық-феод. құрылысқа негізделген көшпелі мал ш. өте күрделі дағдарыс жағдайын бастан кешкеніне қарамастан, 19 ғ-дың ақырында Қазақстанда өндірістің басым саласы болып қалды.
19 ғ-дың 2-жартысында Россия өнеркәсіп капиталының Қазақстанға экономик. ықпалы күшейе түсті. Отарлық қанау жағдайындағы Қазақстанның өнеркәсібі: а. ш. өнімдерін алғашқы өңдеу және Жезқазған, Қарсақбай т. б. пайдалы кен қазбаларын игеру бағытында дами бастады. Россия капитализмінің Қазақстанды шикізат базасы және империяның өнеркәсіп товарларын өткізу көзіне айналдыруға ұмтылуының нәтижесінде өлкеде а. ш. шикізатын өңдейтін ұсақ өнеркәсіп орындарының маңызы артты. Мыс., Семейде тері илеу, сабын қайнату заводтары, қасапхана, қой терісін өңдеу, сыра ашыту т. б. кәсіпорындар болды.

Қазақстанда қалыптаса бастаған ұлттық буржуазия өз капиталын негізінен сауда-өсімқорлық операцияларға, а. ш. шикізаттарын өңдейтін фабрика-завод кәсіпорындарына жұмсады. Капит. кәсіпорындардың пайда болуы қазақ ауылдарындағы таптық жіктелуді одан әрі тереңдетіп, ұлттық жұмысшы табын қалыптастыра бастады. Қазақстан қалаларының одан әрі өркендеуі маңызды қызмет атқарды. Егер бұрын қалалар сауда-әкімш. пункттері ғана болып есептелсе, 19 ғ-дың соңғы ширегінде а. ш. өнімдерін өңдейтін өнеркәсіп орындарының дамуына байланысты олардың көпшілігі өлкенің аса маңызды сауда және мәдени орталықтарына айналды. Мыс., 1860 ж. Семей қ-ның тұрғындары 9420 адам болса, ол 1903 ж. үш еседен астам өсіп, 31 мың адамға жетті. 19 ғ-дың соңғы ширегінде басқа да қалаларда қазақ халқының саны едәуір ұлғайды.

Қазақстанның Россияға қосылуы елге озық ойлы демокр. орыс мәдениетін енгізуге қолайлы жағдай жасады. Бұған бірқатар уездік қалалар мен селоларда орыс-қазақ мектептерінің ашылуы белгілі дәрежеде ықпал етті, 19 ғ-дың соңғы онжылдығында ғана бірнеше мыңдаған қазақ балалары бастауыш білім алды. Үкіметке сенімді қызметкерлер мен тілмаштар әзірлеуді көздеген патша әкімдерінің отаршылдық мақсаттарына қарамастан, халық бұқарасының көзін ашып, білім тарату жолында күрескен орыстың озық ойлы зиялыларының табанды қызметінің арқасында орыс мектептері қазақтың демокр. интеллигенциясын қалыптастыруға жағдай туғызды. 1887 ж. Семей облысындағы 88 оқу орнының 8-і орыс-қазақ мектеп-интернаты, 15-і татар мектептері болып, оларда 854 шәкірт оқып білім алды. Абайдың балалары: Әбіш, Мағауия, қызы Гүлбадан орыс мектебінде оқыған. Далалық өлке мәдениетін өркендетуде ғылыми қоғамдар мен мәд.-ағарту мекемелері маңызды қызмет атқарды, олар Қазақстан экономикасының дамуын сипаттайтын әр түрлі мәселелер жөнінде ғылыми деректер жинап, қорытып жариялаумен айналысты, өлкенің табиғи байлықтарын, тарихын, этнографиясын, ауыз әдебиеті үлгілерін зерттеді. Орыс мәдениетін, ғылым мен білімді насихаттауды, қазақтардың рухани және материалдық мәдениетін зерттеуді мақсат еткен бұл ұйымдардың қызметі терең прогрессивті сипатта болды. Қазақстанның бірқатар облыстық қалаларында ашылған Орыс географ. қоғамының жергілікті бөлімдері мен бөлімшелері өлкеде айтарлықтай зерттеу жұмыстарын жүргізді. Мыс., 1877 ж. Омбы қ-нда ұйымдастырылған Орыс географ. қоғамының Бат.-Сібір бөліміне ілесе Семей қ-нда оның бөлімшесі ашылды *(қ. Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесі)*. 1868 ж. обл. басқармалар жанынан ашылған статистик. комитеттер өлке экономикасын зерттеумен айналысты. 19 ғ-дың ақырында барлық облыстар мен уездік қалаларда халық ісімен айналысатын қоғамдар құрылып, 70–80 ж. қоғамдық кітапханалар, оқу залдары, музейлер ұйымдастырыла бастады. 2 класты орыс-қазақ училищелерінің жанынан кітапханалар ашқан қазақтың аса көрнекті ағартушысы және демократы Ы.Алтынсариннің белсенді қызметі де осы кезеңге сай келеді.
19 ғ-дың 2 жартысы – 20 ғ-дың басында Семейдің мәдени өмірінде жер аударылып келген саяси орыс интеллигенциясы – халықшылдар, социал-демократтар маңызды қызмет атқарды. Олардың бірқатары жергілікті халық арасында ағартушылық жұмыстарын жандандыруға белсене араласты (кітапханалар, оқу залдарын, халық үйлерін, музейлер т. б. ашу), бұл Россияның артта қалған отар аймақтарына, сөз жоқ, игі ықпалын тигізді. Мыс., Абай үзбей кітап алып, оқып тұрған Семей қоғамдық кітапханасында осы саяси жер аударылған кісілердің табанды еңбегінің нәтижесінде тарихтан, экономикадан, философиядан сол кезең үшін аса құнды саналатын еңбектер, орыс және батыс европа әдебиеті мен күнделікті баспасөздің озық үлгілері жинақталды. 1878 ж. Статистик. комитеттің құрылуы қаланың мәдени өміріндегі үлкен жаңалық болды. Ол негізінен Семей обл. бойынша статистик. мәліметтерді жинап, қорытындылаумен айналысты. Статистик. комитет саяси жер аударылғандардың көмегімен өлке географиясын, тарихын, экономикасын, рухани мәдениетін зерттеу жұмыстарына басшылық жасады. 1886 ж. Е. П. *Михаэлистің* ұсынуымен Абай *Семей облыстық статистикалық комитетіне* мүше болды. Абайдың саяси жер аударылған орыс интеллигенциясымен тығыз байланысы ақынның орыстың рев.-демокр. ағартушылық талантының ашыла түсуіне игі әсерін тигізді. Бұл жақындасу Абайдың орыс әдебиетімен, сол арқылы бүкіл әлем мәдениетімен таны-

суына мүмкіндік туғызып, озық ойлы орыс мәдениетін игеруге бағыт сілтеді.

Әдеб.: Сулейменов Б. Аграрный вопрос в Казахстане в последней трети XIX – начале XX в. – А.-А., 1963; Бекмаханов Е. Очерки истории Казахстана XIX в. А.-А., 1966; Ауэзова Л. М. Исторические основы эпопеи «Путь Абая». – А.-А., 1969; Қазақ ССР Тарихы. 3 т. А., 1979. *Л. М. Әуезова.*

«АБАЙДЫҢ АҚЫНДЫҚ АЙНАЛАСЫ» – «Жазушы» баспасынан 1971 ж. жарық көрген зерттеу еңбек. Авторы – М. Бөжеев. «Қиссахикаялар», «Абайдың ақындық айналасы» және «Абайдың аудармалары» дейтін үш тараудан тұратын бұл зерттеуде Абай поэзиясының өзінен бұрынғы ақындармен байланысы және ауыз әдебиетімен сыбайластығы сөз болады. Автор Абайдың ақындық жолын қалыптастырудағы халық ауыз әдебиетінің, шығыс және орыс әдебиеттерінің ықпалын атай келіп, оның шығармаларының шеберлік, дәстүр мен жаңашылдық ерекшеліктерін талдайды. Кітап көлемі 6,0 б. т., 4500 дана болып басылған.

«АБАЙДЫҢ АҚЫНДЫҚ ДӘСТҮРІ» – «Жазушы» баспасынан 1966 ж. жарық көрген зерттеу еңбек. Авторы – А. Нұрқатов. Автор Абай шығармашылығына арналған бұл ғылыми монографиясында ақын мұрасын жанжақты талдап, оған терең де ғылыми баға берген. Зерттеуде Абай мұрасы және оны игеру, ақындық айналасы мен әдеби мектебі, суреткерлік өнегесі мен реалистік дәстүрлері, ақын поэзиясының жаңашылдығы мен поэтик. түр үлгілері мәселелері кең көлемде қарастырылып, нақты тұжырымдар жасалады. Кітап «Абай творчествосының дәстүрлік және жаңашылдық сипаттары», «Абай тұсындағы ақындар», «Абай дәстүрлерінің арнасында», «Орыс реализмінің дәстүрлері және қазақ әдебиеті», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» сияқты тараулардан және «Сөз басы» мен «Соңғы сөзден» тұрады. Көлемі 18,9 б. т., 4000 дана.

«АБАЙДЫҢ АҚЫН ШӘКІРТТЕРІ» – 1993 ж. «Дәуір» баспасынан жарық көрген жинақ. Жинаққа Абайдың ақын шәкірттері Ақылбай Абайұлы Құнанбаевтың өмірбаяны, «Дағыстан», «Зұлыс» поэмалары мен өлеңдері, Мағауия Абайұлы Құнанбаевтың өмірбаяны, «Медіғат-Қасым», «Еңлік-Кебек» поэмалары




мен өлеңдері, Тұрағұл Абайұлы Құнанбаевтың өлеңдері, М. Горькийден аударған «Челкаш» әңгімесі мен «Әкем Абай туралы» дейтін естелігі енген. Алғы сөзін, ақындардың өмірбаяндарын жазып, баспаға әзірлеген Қайым Мұхамедханұлы. Кітаптың көлемі 12,56 б. т., 10 000 данамен тараған.

«АБАЙДЫҢ АУДАРМА ЖӨНІНДЕГІ ТӘЖІРИБЕСІНЕН» – Қазақ ССР ҒА-ның баспасынан 1954 ж. жарық көрген ғыл.-зерт. еңбек. Авторы – С. Нұрышев. Еңбек 8 тарау мен қорытындыдан тұрады. Онда автор жалпы көркем аударманың рухани мәдениетті, оның ішінде әдебиет пен тілді өркендетудегі бүкіладамзаттық, гуманистік қызметіне тоқтала келіп, осы тұрғыда Абайдың аударма шығармаларына талдау жасайды, ақынның аудармашылық шеберлігіне ден қояды. Аударма туындылары арқылы қазақ өміріндегі надандыққа, кертартпа жат пиғылдарға қарсы күрескенін ашып көрсетеді. А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, И. А. Крылов туындыларын аударудағы ақындық дарынына, түпнұсқаның ырғағын, әуезін, мағынасын, идеясын дәл қалпында жеткізудегі жаңашылдығына талдау жасады. Кітап әдебиет зерттеушілерге, аудармашыларға, студенттерге арналған. Көлемі 6 б. т., 2200 дана болып басылған.

«АБАЙДЫҢ ӘДЕБИ-МЕМОРИАЛДЫҚ МУЗЕЙІ» – «Жазушы» баспасынан 1971 ж. жарық көрген түрлі-түсті суретті кітапша. Ол «Ақынның өскен ортасы, балалық шағы», «Абайдың ақындық жолы, қоғамдық қызметі», «Абай қазақ әдебиетінде сыншыл реализмнің негізін салушы», «Абайдың семья-туыстары, ақын шәкірттері», «Советтік искусстводағы Абай образы» деген тараулардан тұрады. Түрлі-түсті суреттермен көркем безендірілген кітапшада Семей қ-ндағы ақын музейінің тарихы, оның залдарында орналасқан экспонаттар сөз болады. Экспонаттар негізінде Абайдың өмір жолына, қоғамдық-ағартушылық қызметіне, шығармашылық еңбегіне шолу жасалады. Кітапша туристерге, ақын өміріне тәнті оқырмандарға арналған. Көлемі 2,6 б. т., 20 мың дана болып басылған.

АБАЙДЫҢ ӘДЕБИ-МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ – Абайдың өмірі мен ақындық жолына байланысты материалдар жинақталған мәдени мекеме. 1940 ж. 16-қазанда Абайдың 95 жылдық мерейтойына орай Семей қ-нда ашылған. Алғашында қазіргі Абай к-сі, 83-үйде ұйымдастырылды. Ал 1944–67 ж. қазіргі Комиссар к-сі 132-үйде орналасып, 1967 ж. музейдің экспонаттар қоры көбеюіне байланысты мемл. архит. ескерткіш болып саналатын Ленин к-сі 12-үйге көшірілді. Музейдегі 13 мың экспонат қоры (оның 7500-і негізгі қор) 7 дербес тақырыптық залдарға орналасқан. «Абай және оның дәуірі», «Жайлау», «Үш қайнар бұлақ», «Абай шығармашылығы», «Абайдың ақындық өнер айналасы», «Абайтану», «Қазақ халқы ақын атын ардақтайды» бөлімдерінде Абай өміріне байланысты архивтік материалдар, түрлі құжаттар, қазақ халқының тұрмыстық-этногр. өмірін



НАГРАДНЫЙ СПИСОКЪ

Семей облысының қызметкерлерін наградтау туралы 1873 жылғы тізім. Наградталғандар арасында Қоңыр-Көкше болысының бастығы А. Құнанбаев та бар.


бейнелейтін заттар, қол өнері мен бейнелеу өнерінің туындылары, сол кезеңде өмір сүрген ақындардың қолжазба мұралары, фотосуреттер, сирек кездесетін кітаптар т. б. орналастырылған. 1885 ж. Н. Ц. Долгополов арқылы өлкетану мұражайына Абай тапсырған тарихи экспонаттар, Абайдың алғашқы шығармалары, оның дүние жүзі халықтарының тілдеріне аударылған өлеңдері, ақынның әдеби мұрасын жалғастырушылардың шығармалары қойылған. Сондай-ақ М. О. Әуезов бастаған абайтанушы ғалым-зерттеушілердің еңбектері де бар (қ. *Абайдың Жидебайдағы қыстауы*). Абайдың 150 жылдық мерейтойына байланысты мұражай үйі ұлғайтылып түбегейлі жөндеуден өтті.

«АБАЙДЫҢ БАЛАСЫ ӘКІМБАЙДЫ ЖОҚТАУЫ», қ. *«Көз жұмғанша дүниеден...»*.

«АБАЙДЫҢ ЖИДЕБАЙДАҒЫ МУЗЕЙ-ҮЙІ» – «Өнер» баспасынан орыс және қазақ тілдерінде 1985 ж. жарық көрген жол көрсеткіш. Құрастырғандар: Т. Ибрагимов пен М. Бейсенбаев. Кітапша Абайдың ата қонысы Жидебай қорығының, ондағы қыстауының тарихынан, Абайдың осында тұрған кезеңінен біршама деректер береді. Онда музей-үйінің экспонаттарын бейнелейтін фото-суреттер мен түсініктемелер берілген. Көлемі 2,3 б. т., 10 мың дана болып басылған.

«АБАЙДЫҢ ҚАРАСӨЗДЕРІ» – Қазақтың мемл. көркем әдебиет баспасынан 1956 ж. жарық көрген зерттеу еңбек. Авторы – Х. Сүйіншәлиев. Кітапта Абайдың қарасөздері мазмұндық, тақырыптық ерекшелігіне қарай: қоғам құрылысы, ел билеу жайы, оқу, өнер-білім, тәлім-тәрбие, еңбек, шаруашылық, адамгершілік, мораль, мінез-құлық, дүние, өмір туралы арнайы бөлімдерге топтастырылып, ғылыми тұрғыдан қарастырылған. Абайдың 1-, 27-, 37-сөздері және *«Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы»* еңбегінің идеялық-көркемдік ерекшелігі атап көрсетіліп, жеке сөз болған. Қарасөздердегі Абайдың ағартушылық, бұқарашылдық көзқарастары ашылып, оларды ойшылдық, сыншылдық, имандылық мәселелеріне арнап, өсиет, толғау сипатында жазғанын айтады. Автор Абайдың қарасөздерін алғаш жеке зерттеу обьектісі ретінде қарастырып, оны 19 ғ-дағы жазба әдебиетте үлкен орны бар прозалық шығарма деп бағалаған. Көлемі 9,8 б. т., 10 мың дана болып басылған.

«АБАЙДЫҢ ҚАРАСӨЗДЕРІ» – Пекиндегі «Ұлттар» баспасынан 1986 ж. жарық көрген зерттеу мақалалар жинағы. Жинақ С. Мұқанов пен Қ. Бейсенбиевтің Қазақ Совет Энциклопедиясының 1-кітабында (1972) жарияланған «Абай тұлғасы» деген мақаласымен



Абай үйінде болған тінту қорытындысы туралы мәлімдеменің соңғы беті. Бұл құжатта ақынның басы барлық күдіктен ақталған.

ашылып, одан әрі ойшыл-ақынның ғақлия сөздері (45 сөзі) берілген. Жинаққа бұлармен қатар Қазақстанның зерттеуші-ғалымдары Т. Әлімқұловтың, Х. Сүйіншәлиевтың мақалалары енгізілген. Бұл материалдарда ақын өлеңдерінің көркемдігі, адамгершілік рухы, жаңашылдық өрнегі, қарасөздеріндегі филос. ой-толғамдары жан-жақты сөз болады. Көлемі 16,2 б. т., 5000 дана болып басылған.

АБАЙДЫҢ МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ – Абайдың өмірі мен ақындық жолына байланысты материалдар жинақталған мәдени мекеме. 1980 ж. 30 қазанда Абай қ-нда (Қарағанды обл.) Қарағанды обл. мұражайының бөлімшесі ретінде ашылған. Мұражай қорында Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығына және ақын атымен аталатын қаланың өткені мен бүгініне қатысты 1341 экспонат жинақталған. Мұражайдың 3 экспозициялық бөлімі бар. Олар: «Абай Құнанбаев өмір сүрген орта», «Ақынның шығармашылық ортасы», «Абай және қазіргі заман». I-бөлімге ақынның туыстары, достары, жақындары, сондай-ақ, ұрпақтарына қатысты құжаттар және фотосуреттер жинақталған. Мұнда ақын тұтынған заттар да бар. Абайдың шығармашылық мұрасына арналған 2-бөлімде ақын шығармаларының дүние жүзі халықтарының 17 тіліне аударылған кітаптары бар. Экспозицияның 3-бөлімі Абай қаласына арналған. Мұнда Шерубайнұра кеншілер поселкесінің (қазіргі Абай қ.) алғаш бой көтеруі, оның экономик. және мәдени өмірдегі табыстары жайлы баяндайтын материалдар қойылған. Мұражайдың ғылыми қызметкерлері көшпелі көрме ұйымдастырып, Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы лекция оқып тұрады. Мұражайда лекторий, халық ун-тінің ф-ті, «Патриот» атты болашақ жауынгер клубы жұмыс істейді. Өз кітапханасы мен архиві бар.

«АБАЙДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ ТВОРЧЕСТВОСЫ» – ҚазССР ҒА баспасынан 1954 ж. қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген этногр. жинақ. Кітапқа Т. Арғынов, М. О. Әуезов, К. Байғұтдинов, Ж. Елебеков, Ә. Қашаубаев, С. Қасымanов, Қ. Лекеров, М. Мұхаметжанова, А. Ысқақов сынды әдебиет пен өнер адамдарынан жазып алынған Абайдың 20 әні енгізілген. Әндерді А. Э. Бимбоэс, А. Қ. Жұбанов, Е. Г Брусиловский, Б. Г Ерзакович, А. В. Затаевич, Л. А. Хамиди нотаға түсірген. Сондай-ақ, жинаққа проф. В. П. Дернованың шолу мақаласы берілген. Онда автор Абай әндерінің ырғақтық, саздық, үндік ерекшеліктеріне талдау жасайды. Кітап өнертанушыларға, әншілерге, жалпы ән сүйер қауымға арналған. Көлемі 5,3 б. т., 10 мың дана болып басылған.

«АБАЙДЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ» (афоризмдері) – ҚазССР саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамы 1958 ж. шығарған зерттеу еңбек. Авторы – Қ. Өмірәлиев. Еңбек «Абайдың нақыл сөздерінің қалыптасу жолдары» және «Абайдың нақыл сөздері» деген тақырыптардан тұрады. Онда автор Абай шығармаларында кездесетін тұжырымды ой мен ұтымды үйқасқа құрылған нақыл сөздерді сала-салаға жіктеп, талдау жасайды, олардың қоғамдық сипатын танытып, әлеум. астарын ашады. Қазақ жазба әдебиетінде нақыл сөздердің негізі Абайдың дидактик. шығармалары арқылы орныққанын нақты деректермен айғақтайды. Ақынның қысқа қайырымды, мағынасы бай, тәрбиелік мәні орасан зор көркемдік дәрежесі жоғары, айшықты, қанатты сөздерін тарихи қажеттіліктер негізінде туған, уақыт жүгін арқалайтын күнделікті өмірде сүйіспеншілікпен қолданылатын, үлгі-өнеге тұтатын еңбек деп бағалайды. Кітапша әдебиетшілер мен ғылыми қызметкерлерге, көпшілік оқырмандарға арналған. Көлемі 2,5 б. т., 8 мың 500 дана болып басылған.

«АБАЙДЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІН ОҚУ-ТӘРБИЕ ІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ» – «Мектеп» баспасынан 1968 ж. жарық көрген мұғалімдерге арналған көмекші құрал. Авторы – Қ. Өмірәлиев. Кітапша «Абайдың нақыл сөздерін оқу-тәрбие ісінде пайдалану туралы», «Ақынның нақыл сөздері», «Абай афоризмдерінің туу негіздері жайында» деген 3 бөлімнен тұрады. Көмекші құрал әр класта өтетін Абай өлеңдері мен ғақлияларында кездесетін нақыл сөздерді шәкірттерге қалай түсіндіру және оларды басқа ақын-жазушылар шығармаларымен байланыстыра оқыту әдістерін ұсынады. 2-бөлімге жинақталған Абайдың нақыл сөздері «Педагогика. Мораль», «Психология. Этика», «Философия. Этика», «Эстетика. Әдебиет» деген жеке тақырыптарға топтастырылған. Кітапша көлемі 3,04 б. т., 5900 дана болып басылған.

«АБАЙДЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИ-МЕМОРИАЛДЫҚ МУЗЕЙІ» – «Өнер» баспасынан орыс және қазақ тілдерінде 1984 ж. жарық көрген жол көрсеткіш. Құрастырғандар – М. Бейсенбаев пен М. Жүнісова. Кітапша Абайдың респ. музейінің құрылу, қалыптасу тарихынан, ақынның қоғамдық қызметіне, шығармашылық мұрасына қатысты музейде сақталған дүние-мүлік, сурет, кітап, жазба құжаттар туралы мол мағлұмат береді, музейдің ішкі-сыртқы көріністерінің түрлі-түсті фотосуреттері енгізілген. Абаймен достық қарым-қатынаста болған орыс демократтары, ақынның Семейдегі ескерткіші жөнінде түсініктер берген. Көлемі 2,0 б. т., 10 мың дана болып басылған.

«АБАЙДЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИ-МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ» («Республиканский литературно мемориальный музей Абая») – «Жазушы» баспасынан 1971 ж. орыс тілінде жарық көрген жарнама кітапша. Кітап Абайдың Семейдегі әдеби-мемориал. музейі экспонаттарын насихаттауға арналған. Музейдің 5 залына арналған бес тарауда көптеген этногр., деректі материалдардың көшірмесі берілген. Түсініктемелердің авторы – К. Әшімова. Көлемі 2,6 б. т., 20 000 дана болып басылған.

«АБАЙДЫҢ ТУҒАН ЖЕРІ, ӨСКЕН ОРТАСЫ» – «Жазушы» баспасынан 1971 ж. қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген түрлі-

түсті суретті кітапша. Авторы – Қ. Мұқаметханов. Кітапша «Семей», «Абай аулына сапар», «Ақын атындағы ауданда», «Жидебай» деген тараулардан тұрады. Онда Абай тағдырында өшпес із қалдырған Семей қ-ның тарихы көркем баяндалып, ақынның өмір жолына қатысты мәдени орындарға шолу жасалады. Абай атынд. ауданның шаруашылығы, мәдени тұрмысы, айналысатын кәсіптері жайында нақты деректер келтірілген. Ақын қыстауы – Жидебайдың әсем табиғаты, өзен-көлдері, таулары сөз болады. Басылым түрлі-түсті суреттермен, белгілі адамдардың портреттерімен айшықты безендірілген. Кітапша туристерге, көпшілік оқырманға арналған. Көлемі 2,15 б. т., 20 мың дана болып басылған.

«АБАЙДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӨМІРБАЯНЫ» («Творческая биография Абая») – «Ғылым» баспасынан 1957 ж. орыс тілінде жарық көрген монография. Авторы – М. С. Сильченко. Кітап «Абайдың алғашқы өлеңдері және оның қоғамдық қызметінің басталуы», «Қазақтың халықтық лирикасы және Абай», «Абайдың реализмге бет бұруы», «Сыншыл реализм поэзиясы», «Абайдың соңғы жылдардағы шығармаларының реалистік ерекшеліктері», «Сын, көсемсөз, тарихи жазбалар» атты тарауларға бөлініп, Абайдың бүкіл шығармашылық мұрасы жан-жақты қарастырылған. Монографияда Абайдың қоғамдық-саяси, әдеби-тарихи көзқарастарының қалыптасу процесі, оның реалистік шеберлігі қазақтың халық поэзиясымен, орыстың демокр. әдебиетімен және Шығыс классиктері шығармаларымен нақты ғыл. негізде салыстырыла отырып көрсетіледі. Көлемі 18,3 б. т., 5 900 дана болып басылған.

«АБАЙДЫҢ ЭТИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ» («Этические воззрения Абая») – «Қазақстан» баспасынан орыс тілінде 1970 ж. жарық көрген зерттеу еңбек. Авторы – филос. ғыл. канд. Б. Ғабдуллин. Кітап 3 тараудан, кіріспе мен қорытындыдан тұрады. Автор бұл зерттеуінде Абайдың этик. көзқарастарын жүйелеп, ақын шығармашылығының негізгі 3 қайнар көзін ашып көрсетеді, оның адам туралы түсінігіне, таптық танымына, діни мораль мен патриархалдық-феод. қоғамдық қатынастарға айтқан сындарына шолу жасайды. Көлемі 5,5 б. т., 4550 дана болып басылған.

«АБАЙДЫ ОҚЫ, ТАҢЫРҚА...» – 1993 ж. «Ана тілі» баспасынан жарық көрген жинақ. Ұлы ақынның туғанына 150 ж. толуы қарсаңында шығарылған. Құрастырған, алғы сөзі мен түсініктемелерін жазған – М. Мырзахметов. Жинаққа Ә. Бөкейханов, Дж. Кеннан, Зейнелғабиден ибн Әмре, К. Ысқақұлы, А. Белослюдов, А. Байтұрсынов, Н. Рамазанов, М. Дулатов, Н. Төреқұлов, Т. Шонанов, Б. Күлеев, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, І. Жансүгіров, Ғ. Сағди сияқты зерттеушілер мен ақын-жазушылардың Абай шығармалары туралы әр кезде жазған мақалалары енгізілген. М. Жұмабаевтың «Алтын хакім Абайға» деген өлеңі берілген. Оқырман қауым жинақтың алғашқы және соңғы беттеріне қосымша ретінде ұсынылған ақынның Арғыннан басталатын ата тегінің тізбегімен таныса алады. Кітап көлемі 5,0 б. т., 16 мың дана болып басылған.

АБАЙ ЕСКЕРТКІШІ, Қазақстан Республикасының астанасы Алматы қаласындағы Абай атынд. алаңға орнатылған (1960). Жалпы биікт.– 13,7 м. Ескерткіш қоладан құйылып, тұғыры қызыл граниттен қаланған. Тұғырдың алдыңғы бетіне «Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаев (1845–1904)» деп жазылған. Мүсінші Х. Е. Наурызбаев ақынның өмір белестерінен өтіп, халық қамқоршысы, ел ағасына айналған кезін, толыққан, салиқалы бейнесін жасаған. Ескерткіште басында тақия, иығына өңірі ашық желбегей шапан жамылған Абай сол қолына кітабын қысып ұстаған күйі терең ой үстінде ілгері басып келеді. Сәулетші И. И. Белоцерковский де ескерткіш тұғырын, ақын тұлғасын мазмұн жағынан байыта түсетіндей, Абайдың шыққан биігін символдық тұрғыдан бейнелей алатындай көлбеу өрлеткен. Ескерткіштің алдынан басталып, батысқа қарай ұзыннан-ұзақ созылып жатқан әсем көше – Абай даңғылы ақынның поэзияда салған ұлы сүрлеуі іспеттес. А. е-не қазақ және басқа ұлт ақындары (Қ. Мырзалиев, С. Сейітов, С. Хангелдин, Ө. Жайлауов, Ш. Садыханов, Н. Жарқынбаев, Т. Жұмамұратов, Г Некрасов, М. Оспанов т. б.) өлең-жыр арнаған.

«АБАЙ ЖӘНЕ АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ» – Пекиндегі «Ұлттар» баспасынан 1987 ж. қытай тілінде жарық көрген монографиялық зерттеу еңбек. Авторы қытай ғалымы Қабай осы еңбегі үшін Мемл. сыйлық алған. Кітапты қытайша басылымынан қазақ тіліне аударып, алғысөзін жазған – ақын Қаһарман Мұқанұлы. Зерт.-ғалым монографиясын: «Абай поэзиясы», «Абайдың поэзия туралы өлеңдері», «Абайдың философиялық өлеңдері жайында», «Абай аудармалары», «Абай поэмалары жайында», «Ақындық туралы алғашқы ойлар», «Абайдың қазақ мақалмәтелдері туралы айтқандары», «Абайдың дінге көзқарасы» және «Абайды зерттеу жұмысы туралы» тараулларға құрып, ақын мұрасын мейлінше жан-жақты талдауды мақсат еткен. Көлемі 8 б. т., 2000 дана болып басылған.

«АБАЙ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАМАНЫ» – «Жазушы» баспасынан 1988 ж. жарық көрген әдеби мақалалар мен зерттеулер жинағы. Авторы – М. Бейсенбаев. Жинақ кіріспеден және 18 тақырыптан тұрады. Онда Абайдың қоғамдық-әлеум. өмірге араласуы – ел басқару қызметі, жер дауы, жесір дауына билік айтуы, заң ережелерін жасауға қатысуы, ағарту ісіне ат салысуы жөнінде және оның өскен ортасы, замандастары жайында бұрын дәлел-тұжырымсыз ел ішіне ауызша әңгіме түрінде тарап келген жайттар Семей, Омбы, Тобыл, Түмен, Қазан, Москва, С.-Петербург, Алматы т. б. қалалардың архивтері мен кітапхана қорларынан табылған құнды деректермен айғақталады. Сол арқылы Абай өміріне байланысты тарихи шындық мол тың

мәліметтермен жаңа қырынан танылады. Жинақ ғалымдар мен әдебиет зерттеушілеріне, көпшілік оқырманға арналған. Көлемі 7,10 б. т., 6 мың дана болып басылған.

«АБАЙ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОРЫС ДОСТАРЫ» («А б а й и е г о р у с с к и е д р у з ь я») – ҚазССР ҒА-ның баспасынан 1949 ж. орыс тілінде жарық көрген ғыл.-зерт. еңбек. Авторы – Ә. Жиреншин. Монография кіріспеден және шағын 4 тараудан тұрады. Автор онда ақынның өмірі мен шығармашылық жолын толықтыра түсетін бірқатар тың мәліметтер келтіреді. Абай шығармашылығының дәстүрлік және жаңашылдық сипаттарына, сондай-ақ, орыс әдебиеті реализмнің әсері мен оның қазақ әдебиетінде өрістеуі мәселесіне жан-жақты тоқталады. Саяси көзқарастары үшін жер аударылып келген Е. П. Михаэлис, Н. И. Долгополов, С. С. Гросс, А. А. Леонтьев т. б. орыс оқымыстыларының ақынның ой-өрісін кеңейте түсуге тигізген ықпалы жан-жақты сөз болады. Жинақ құжаттық маңызы бар суреттермен, тарихи адамдардың портреттерімен безендірілген. Кітап әдебиетшілерге, ғалымдарға, көпшілік оқырман қауымға арналған. Көлемі 8 б. т., 6 мың дана болып басылған.

«АБАЙ ЖӘНЕ ОРЫСТЫҢ ҰЛЫ РЕВОЛЮЦИЯШЫЛ ДЕМОКРАТТАРЫ» – қазақтың мемл. көркем әдебиет (қазіргі «Жазушы») баспасынан 1959 ж. жарық көрген моногр. еңбек. Авторы – Ә. Жиреншин. Монография 4 тараудан және сөз соңынан тұрады. Ғалым онда Абайдың қазақ халқының данышпан ойшылы болып қалыптасуында із қалдырған 19 ғ-дың 2 – жартысы мен 20 ғ-дың бас кезіндегі қоғамдық ой-пікірлерге, тарихи оқиғаларға шолу жасайды. Шығыстың өшпес жұлдыздары Фирдауси, Низами, Сағди, Хафиз, Хайям, Жами, Науаилармен қатар Н. Г Чернышевский, А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, Ф. М. Достоевский, М. Е. Салтыков-Щедрин, Л. Н. Толстой, В. Г. Белинский, Н. Г. Добролюбов, Д. И. Писарев сынды орыстың озық ойлы ақын-жазушыларының Абай дүние-танымының қалыптасуына жасаған ықпалын сөз етеді.

Қазақ даласына саяси көзқарастары үшін жер аударылған, демократ ғалымдар Е. П. Михаэлис, Н. И. Долгополовтармен Абайдың жарқын достығы жайлы нақты деректер келтіреді. Еңбек ғалымдар мен әдебиетшілерге, көпшілік оқырман қауымға арналған. Көлемі 13,7 б. т., 6 мың дана болып басылған.

«АБАЙ ЖӘНЕ СҰЛТАНМАХМҰТ» – ҚазМҰУ-дің баспасынан 1969 ж. жарық көрген кітапша. Авторы – Т. Қожакеев. Еңбек алғы сөзден, шағын екі тақырыптан және қорытындыдан тұрады. Автор онда 20-ғ. басындағы қазақ әдебиетінің ірі тұлғаларының бірі С. Торайғыров шығармаларының Абай мұрасымен идея, тақырып, пікір, мазмұн, әдіс-тәсіл ұқсастығын және қоғамдық-саяси, эстетик., этик. көзқарастар жағынан үндестігін қарастырады. Екі ақынның дүниетаным бірлігін, дарын құдіретін, дәстүр жалғастығын, замана ағымдарындағы болмыс-құбылыс сәйкестігін салыстырады. Сұлтанмахмұттың Абайды ұстаз тұтып, оның шығармаларының нағыз халықтық, шыншылдық, көркемдік қасиеттері мен тіл ұстартудағы шеберлігін дәл танып, бойына сіңіргенін баса көрсетеді. Кітапша әдебиет зерттеушілеріне, студенттерге арналған. Көлемі 2 б. т.

«АБАЙ ЖОЛЫ» – Мұхтар Әуезовтың әлемге әйгілі тарихи романдар топтамасы – қазақтың тұңғыш эпопеясы. 1-кітабы 1942, 2-сі 1947, 3-сі 1952, 4-томы 1956 ж. жарыққа шықты. Эпопеяның «Абай» атанған алғашқы екі кітабына СССР Мемл. сыйлығы (1949), «Абай жолының» тұтас төрт томына Лениндік сыйлық (1959) берілді.

«Абай жолы» арқылы қазіргі қазақ прозасы күллі дүние жүзі әдеби классиканың шырқау шыңына шықты. Сөйтіп, 19 ғ-дың 40–50-жылдарын М. О. Әуезов туған әдебиетіміздің даму тарихында бұрын-соңды болып көрмеген ренессансқа айналдырды. Мұның өзі заңды да, өйткені «Абайдай» шығарма бұл тұсқа дейін қазақ әдебиетінде болған емес» (М у с і р е п о в Ғ Суреткер парызы. – А., 1970, 164-б.). «Бұл да аз,– деді француз жазушысы Луи Арагон,– әлемнің басқа елдерінде де онымен тең түсетін шығарма табу қиын; бұл, менің ойымша, XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі». Ең талғампаз суреткерлердің аузымен айтылған осындай орасан биік бағаға «Абай жолы» қандай қасиеттерімен жетті? Бұл сұраққа жауап беру үшін эпопеяға тән негізгі ерекшеліктерді ескермей болмайды.

Алдымен, тақырып туралы.

Кешегі, яки тарихи тақырып: бүгінгі, яки қазіргі күн тақырыбы деп жүрміз. Бір тұста осылар жөнінде айтыс ашып, дауласып та көрдік. Бәрі шартты нәрсе! (Кеше, бүгін, ертең... Уақыт жалғастығында жік жоқ: таң атса, ертең бүгінге, бүгін кешеге айналады. Демек, кешесіз бүгін, бүгінсіз ертең жоқ). Сондай-ақ бүгінгі қазақ кім? Мұны тану үшін кешегі қазақты білу шарт. Тамыры жоқ ағаш, тарихы жоқ халық болмайды.

Әуезов өзінің төрт том «Абай жолы» арқылы бүкіл дүние жүзіне, қала берді – өз отандастарына, керек десеңіз тіпті – қазақтардың өзіне қазақ дегеннің кім екенін танытты. Дәлірек айтқанда, қазақ халқының ұлылығын – оның өткен өмірін – тарихын, тарихының түбірлі кезеңдерін, қазақ мінезі қалыптасқан трагикалық һәм шығармашылық дәуірлерді ғажайып көркемдік күшпен жарқыратып, ашып, жан-жақты айқындап, терең түсіндіріп берді. Сондықтан да, «Абай жолын» оқыған Бенжамен Матип «қазақ неткен ғажайып халық» деп өзін-өзі ұмыта таңырқаса, Константин Федин «өзінің қалай қазақ боп кеткенін білмей қалған». Сондықтан да бүгінде Л. Н. Толстойды оқымай орысты, О. Бальзакты оқымай французды білдім деу қандай қиын болса, Әуезовті оқымай қазақты білдім деу сондай қиын.

«Абай жолының» бас кейіпкері – Абай. Біз ақын өмірінің елу жылына айғақ боламыз. Абайдың адам, азамат, ақын ретінде қалыптасуы сол жарты ғасыр ішіндегі қазақ қоға-

мының барлық саласындағы өмірдің барлық ойы-қыры, қия-қалтарысымен өріле суреттеледі. Абай арқылы өткен ғасырдың екінші жартысындағы және осы ғасырдың басындағы бүкіл халық тіршілігін, оның көп бұралаң тағдырын, ой-арманын, мақсат-мүддесін, күрес-тартысын... бәр-бәрін түгел шарлап өтеміз. «Халық» дегенде, бұл ұғымның негізінде ұлттың әдет-ғұрпы ғана емес, ұлттық рухы жатқаны сөзсіз. Демек, «Абай жолында» кешегі қазақтардың тұрмысы, әдет-ғұрпы ғана емес, күллі рухы сайрап білініп тұр. 19 ғ-дың 2-жартысындағы қазақ өмірінің бұл төрт кітаптан тыс қалған бір де бір қалтарысы жоқ. «Абай жолының» мазмұн жағынан алғанда жалпы жұрт мойындаған энциклопед. сипаты, жанр жағынан алғанда қазақтың тұңғыш эпопеясы екендігі де осында жатыр.

Тағы бір күрделі ерекшелік – осынау кең құлашты халықтық эпопея бастан-аяқ тартысқа, қарама-қарсы күштердің қым-қиғаш күресіне құрылған және осылардың бәрі диалектик. қимыл-қозғалыс, өсу-өрбу, өрістеу үстінде көрсетілген. Мысал үшін шығарманың негізгі арқауындағы арналы тартысты алайық. Бәрінен бұрын мұнда жеке адамдар арасындағы психол. шиеленістер, қарым-қатынастағы қайшылықтар, әлдінің әлсізге қиянаты, зорлығы, қанипезерлікке ұласқан қаталдығы (Қодар мен Қамқа оқиғасы); одан өрбіген ру мен ру арасындағы кескілестер – жер дауы, жесір дауы, құн, барымта, алыс-жұлыс, айқастар; осылардың жалпы жұртқа тиген зардабы – түрлі сипаттағы қаналулар: кедейленулер, қаңғып-тентіреулер, жұтқа ұшыраулар, жатақтардың пайда болуы, қазақ даласына орыс қоныстанушыларының келуі, жарлы-жақыбайлардың өзара ынтымағы, олардың үстемдерге қарсылығы, бұл қарсылықтар үстінде көрінген жалаңтөстер, олардың жазалануы, жер аударылуы, осы арқылы біртебірте ескі мен жаңаның ара жігі ажырап, күрестің жаңаша сипат алуы... Осылардың бәрі қара қылды қақ жарған әділдікпен адал, ақиқат шындық шеңберінде тағы да нақты және даму үстінде көрінуі – шын мәніндегі реалист-суреткердің айта қалғандай дарын күшіне, талант қуатына саяды.

Эпопеяда ешбір адам жоғарыдағыдай тартыс арнасынан шет қалмайды. Бәрінің характерлері, сол қым-қиғаш күрес үстінде қалыптасады. «Абай кезіндегі қазақ даласында,– дейді автор,– күні өтіп бара жатқан, бірақ тамыры әлі де тереңдегі ескіні мен Құнанбай образына жинақтадым. Ал, оның баласы Абай бойында енді туып келе жатқан жаңа бар. Сондықтан, ақын Абайдың қалыптасуын көрсету арқылы мен үлкен қоғамдық шындықты – ескі мен жаңаның диалектик. қарама-қарсылығын, күрес нәтижесінде ескіні жаңаның жеңуін ашуға тиіс болдым».

Бұл – аса қиын әрі қатерлі адым. Күрес пен тартысты анық жауласқан қарама-қарсы екі жақ емес, туған әке мен баланың арақатысына құру бұрылтпас және көл-көсір психол. дәлелдер таппаса, көптің сана-сезіміне бір қарағанда жете қоймайтын нанымсыз нәрсе секілденеді. Реалист-суреткердің айта қалғандай шығармашылық күш-қуатының тағы бір керемет көрініс тапқан тұсы – осы ара: әке мен баланың өзара ымырасыз жауларға айналуы, нәтижесінде Абайдың әкеден біржола тұсау үзіп, іргесін ажыратуы. Оқырманды осыған қалтқысыз сендіруі – автордың қисапсыз шеберлігі болса, соның нәтижесінде көрінген «Абайдың қасиеті – өз табының тілегінен көп қиналыстар, толғанулар, тәнге-жанға түскен жаралар арқылы жыртылып айырылуында, өз заманынан биік тұруында» (М ү с і р е п о в Ғ. Суреткер парызы. – А., 1970, 163-б.). Бұл – эпопеяның идеялық-тақырыптық негізінің мызғымас мықтылығы. «Абай жолының» граниттей берік ірге тасы осынша шебер қаланған.

Ал, сюжет пен композицияға келетін болсақ, мұнда да Әуезов суреткерлік шеберліктің үлгісін көрсеткен. Төрт кітаптың өн бойында адам образдарын жасауға қызмет етпейтін бір де бір деталь, штрих, керек десеңіз, бір де бір сызық жоқ. Бәрі де мінездеу мен мүсіндеу, жинақтау мен даралау міндеттерін атқарып тұр. Әр характердің жасалу тарихы бар. Әр образ тип дәрежесіне дейін көтерілген. Басты кейіпкерлер ылғи өрбу, өсу үстінде көрінеді. I-кітаптың басында қаладан аулына асығып келе жатқан бала шәкірт пен 4-кітаптың аяғында жарық дүниеден жөнеліп бара жатқан данышпан ақынның екі арасындағы қырық бес жыл тек ғана Абайдың адам, азамат, ақын ретіндегі өзгеруімен, жаңғыруымен, жаңаруымен, құбылуымен, құлпыруымен өтетіні сияқты әрбір ірі, іргелі қаһармандар не ілгерілеп, не кері кетіп, не өрлеп, не құлдырап, не өліп, не тіріліп отырады Статикалық түрде бір де бір құбылыс жоқ, бәрі динамик. сипатта. Бұл – сюжет мінсіздігінің нәтижесі.

Осылардың бәрі композициялық бүтіндікке көшкен жағдайда жазушының тағы да адам таң қалғандай шеберлігі ширатылып шыға келеді. Мұны Мүсірепов дәл аңғарған: «Қайтқанда», «Қат-қабатта», «Шытырманда», «Бел-белесте», «Өрде», «Қияда» деген – әр бөлімнің аттары. Осыны біріне бірін жалғап, бір саты етсең, қат-қабат, шытырмандар арқылы бел-белеске, өрге, қияға келе жатқан Абайды көресің. Бұл – үздіксіз өсіп келе жатқан Абайдың жолы. Сонымен бірге бұл – Құнанбайдың да баспалдақтары. Осы сатыларды төмен қаратып қойып, аяғынан басына қарай оқысаң, бұл жоғарыдан ылдилап келе жатқан Құнанбайдың жолы болып шығады. Сонда, Абайдың жолы – «қайтқанда, қат-қабатта, шытырманда, бел-белесте, өрде, қияда» болып шығады да, Құнанбайдың жолы – «қияда, өрде, бел-белесте, шытырманда, қат-қабатта, қайтқанда» болады. Бірі – көтерілу, бірі түсу, төмендеу жолы. Үшінші, бұл – Құнанбай тобының да, Абай тобының да жолы» (М ү с і р е п о в Ғ Суреткер парызы. – А., 1970, 166-б.). 1-кітаптың композициясын бұдан артық дәл сипаттау қиын. Сол сияқты әр кітаптың жеке-жеке және төрт кітаптың жалпы композициясын да осы ретпен таратып-тұтастырып шығуға болар еді.

Бірақ ол шарт емес. Бәрінің бірімен, бірінің бәрімен бірлігі секілді, бәрінің түзілісін бірінің құрылысымен сипаттауға әбден болады. Жаңағы пікір 1-кітаптың жалпы мазмұнына қатысты айтылды. Сол сияқты мұндағы полифониялық сырды, я болмаса көп проблемалылықты, олардың бәрі барып тоғысар үлкен арнаны да әлгі ретпен байыптап шығуға болар еді. (Айталық, 1-кітаптың 1-бөліміндегі бірінші тарау: 1) «Үш күндік жолдың соңғы күніне барын салған бала шәкірт» астындағы жарау құлабестісін ағызып-ағызып алып, жалпақ жазықтың белінен-беліне көтеріліп, қасындағылардан оза шауып, алып-ұшып келеді. Бұл арадағы тақырып – туған жер, идея – сағыныш. 2) Жолаушылар жайлаудағы ауылға жетті. Абай әйелдер құшағында, жаппай, жағалай сүйіс, енді бірде әже қасында, әжесін өлеңмен алдап үшкіру, қуаныш-күлкі, бәрі мәз-мәйрам, мәре-сәре. Бұл арадағы тақырып – ана, идея – мейірім. 3) Абай үлкен үйге кірді, Құнанбай қасында, Құнанбайды қоршаған ақсақал-қарасақалдар арасында үнсіз, жым-жырт тыныштық, бірін-бірі баққан суық жүздер, әлдебір кеселді құпияны әркім өзінше іштей салмақтап, сілтідей тынып қалған. Бұл арадағы тақырып – әке, идея – мейірімсіздік...). Дәл осы ретпен жеке алғанда бір кітаптың, жалпы алғанда төрт кітаптың бар проблемасын ақтара-төңкеріп, өріп шығуға болар еді. Соңда эпопеяның бар саласын, ойық-қырын түгел шарлап, кезіп шығуға болар еді... Бұл эпопеядағы сан алуан сыр мен шындықты, оның ірілі-ұсақты детальдарын бір желіге көгендеу болса, енді жеке кейіпкердің, яки Абайдың өз тұлғасын тұтастырудағы бір ғана композициялық сәтті алып қарайық.

1-кітаптың басында Абай қаладан далаға келе жатады, асығып, алып-ұшып, аулын сағынып келе жатады; ал аяғында – даладан қалаға кетіп бара жатады, қарама-қарсылыққа, қайшылыққа толы өз аулынан өзі безіп, түңіліп қашып бара жатқандай. Осы екі арадағы он шақты жылда аулынан Абай көрген жайды, Абай кешкен халді, Абай ұққан, Абай сезінген, Абай түйсінген сырларды бір шолып пайымдасақ, тек Абай басында болған өзгерістерді ғана емес, кітап толы кейіпкерлердің бәрін бір атмосфераға алған үлкен эволюцияны аңғаруға болар еді. Бұл да зергер қиюластырған тамаша композиция арқылы тұтасқан шынайылық.

Енді тип пен характерге көшсек, бұл арада да Мүсіреповке бір соғып өткен жөн. Асылы, Мүсіреповтің «Абай» романы туралы» деген сын мақаласы – әдеби шығарманы эстетик. талдаудың үлгісі. Оны 1958 жылы І. Омаровқа жазған хатында Мұхтар Әуезовтің өзі де өте жоғары бағалаған: «Ойыма он бес жыл бұрынғы бір кез оралып еді,– деген ол. – «Абай» романының бірінші кітабы шығып, соны жазушылар, сыншылар, кейбір адамдары боп талқылап, танымақшы болып жатты. Бірақ бір күнгі ұзақ мәжіліс түк те берекелі нәр бермеді. Баяндамашы Құнанбайды Иван Грозный деп, Петр Первый деп әр биікке қарай жетектеп алды да, қаңғыды да кетті. Кейін сөйлеушілер де жетістірген жоқ. Әркім әрбір қабуын-шабуын дегендей сипалаған, сылаған болды да, кәдімгі белгілі саяз, сылдыр сөздерге сайды. Өте бір күйкі күйді амалсыз еске алғызды. Мен үндегем жоқ... Сол жиылыстың ең соңында күн бойы о да үндемей отырған Ғабит жиылысты басқарып отырған Сәбитке келіп бір ауыз сөз айтты: «Немене, адамша сөйлейміз бе, жоқ осымен кете барамыз ба?» – деді. Сол күннен бастап екі кеште ол бір баспа табақтай етіп өзінің роман жөніндегі, бар жұрттан оқшау, бөлек шырғау шыққан әділ, адал, саналы толғаулы ірі ойларын айтып шықты. Сөйтіп, келесі күнгі жиылыс «адамша сөйлеудің» нағыз өзін бастап еді».

Дәл осы сөзінде Мүсірепов романдағы типтер мен характерлердің бірқатарын бірер сөзбен былайша дәлме-дәл сипаттайды. «Сүйіндік – жалтақ; Байдалы – табанды, қырыс адам. Бөжей – сыр бермес, Қаратай – жеңген топтың қасында... Майбасар, Жұмағұл, Тәкежан, Қамысбайлар – патша үкіметінің жасаған болыстығының маңында болатын мансапқорлар... Зере – ел анасы, Ұлжан – соның жалғасы. Сары апаң – үстем рудың әрқашан өзімдікі дұрыс деп, қисыны келсе-ақ қарсы дау соғатын кеуделісі... Бұлардың бәрінің жиынтығы, сақасы сияқты Құнанбай – сонша сұм, сонша аруақты, сонша бір кесек образ! Абайдың өзін алатын болсақ – бұл бұқара халықтың тартқан жапа, көрген қорлық, төккен жасынан туған, ел тілегіне жаңа жолдар, ел болашағына жаңа бағыт іздеген, әзір таппаған, бірақ қайдан табатынын дәл сезіп болған ел басы, замана жасы. Құнанбай – елдің тоқырап қалған, өз биігінен аса алмаған ескі ойы болса, Абай – елдің алысты болжай алған, ілгері сүйреген ойы» (М ү с і р е п о в Ғ. Суреткер парызы. – А., 1970, 167-б.).

Білгірлікпен берілген мінездемелер!..

Абай тұлғасы – эпопеяның жаңы мен жүрегі. Бұл бейнені Әуезов өзінің кемел көкірегінде қолына қалам ұстаған күннен бастап аялап,



Абай (Ибрагим) Құнанбайұлының 1939 ж. Алматыдағы «Қазақстан көркем әдебиет баспасынан» жарық көрген өлеңдер мен поэмалары жинағының 1-томы.



Абай Құнанбаевтың 1939 ж. Алматыдағы «Қазақстан көркем әдебиет баспасынан» жарық көрген кітабы.

ойында тербетіп, ғұмыр бойы қиялында өрбітіп келген. «Бовари – мен» дейтін Флобер секілді, «Наташа Ростова – өзім» дейтін Толстой тәрізді Әуезовтің өзі Абайға, Абай өзіне айналып кеткенше бұл бейнені қағаз бетіне түсірмеген, іштей пісіре берген.

Әуезовтің өлеңнен өзге артында жазулы жазба дерек қалмаған Абай өмірінен романға материал жинау әрекетінің өзі керемет қызық, нұсқасы: «Алдақашан бел асып кеткен керуеннің айдаладағы жұртына кешігіп жеткен





Абай медалі. В. Ю. Рахманов. 1971.

жүргінші,– деп жазады ол,– сөніп қалған от орнынан болмашы жылтыраған бір қызғылт шоқ тауып ап, оны демімен үрлеп тұтатпақ болды десек, романға материал жинаған менің халім де дәл сол әрекет сияқты еді. Мен қарт адамдардың көмескі жадында ұмыт болып қалған көп нәрселерді қайта ойлатып, айтқызып алдым. Алпыстағы Әйгерімнің әжімді бетіне қарап, оның бір кезде Абайды тұтқындаған жас шырайлы ғажап сұлу жүзін «қалпына келтіруім» де әлгідей еді». Міне, осы әрекетінің өн бойында жазушы өзінің бас кейіпкерінің образын ойша қорытып, санада жасап жүрді. Осылайша өзінің қаны мен жанына айналғандықтан да оның бас кітабында бас кейіпкердің тастан қашалғандай көп қырлы, мол бедерлі бейнесі, құдды тірі адамдай жанды, толыққанды тұлғасы тұтасып шыққан.

Алғашқы кітапта адам, азамат ретінде қалыптасқан Абай кейінгі кітаптарда ақын, қайраткер ретінде қиян-қилы қимыл-әрекеттерге көшеді. Осы желінің ұзына бойында оның тарам-тарам өсу, даму жолдары, белес-белес өрістеу, шарықтау биіктері жатыр. Бір кереметі – осылардың бәрі тек қана сыртқы сарт-сұрт, ылғи қолма-қол «қимыл-күшпен емес, шығармашылық іспен» (Әуезов), яғни ішкі көңіл күйіндегі нәзік ағыстар мен толқындар арқылы, солардың сан түрлі иін-иірімдері арқылы қат-қабат астарлы көрініс табады. Қаһарман іштей түлеп өседі. Демек, рухани мағынасында Абай, бір жағынан, сыр мен сезімнен, ой мен сенадан құйылып жасалған терең психол. тұлға. Бас кейіпкердің парасат пен философияға толы болмыс-бітіміндегі қайталанбас қадыр-қасиет те осында жатыр.

Абай – кең құлашты, мол тынысты эпикалық тұлға. Бұл тұлғаны автор эпопеяның басынан аяғына дейін өрмек тоқығандай, бір де бір тінін үзбестен тартып, асықпай өріп шығады. Көл-көсір нақты да затты деталь, ұшан-теңіз психол. анализ, сан-сала іс-әрекет, қимыл-харекет – осылардың бәрі Абай тұлғасын сомдауға қызмет етеді. Осылардың бәрінде де автор өз қаһарманының «жан диалектикасын» бойлап, ілгерілейді де отырады. Абай тұлғасы оқырманның көз алдында көктей өсіп, автордың өзі айтқандай, құз-жартасты жарып шығып жапырақ жайған шынарға – символ бейнеге айналады.

Эпопеяның басында Абай өзін қоршаған дүниеге кіршіксіз сәби сезіммен, күнәсіз бала көзімен қарайды. Семей қаласынан шыңғыс баурайындағы аулына қайтып келе жатып, өзі туған өлкені жан жүректен «жабыса, сағына сүйеді!». Бұл кең жазирада мейірбандық пен туысқандықтан басқа, елдік пен ерліктен өзге оғаш мінез бар деп білмейді, қанішер қаталдық, жауыз жендеттік болады деген ой үш ұйықтаса түсіне кірмейді. «Есенбай жырасында ұры жатады» дегенге сенбейді де мән бермейді, қайта қасындағы Байтас пен жорға Жұмабайды өзі «ұры» боп қорқытады. Жас Абайдың туған дала туралы осынау уыз ұғымы өз әкесі Құнанбай өктемдігінен құрбан болған Қодар өлімін көргенде төңкеріліп түседі.

Өзгеріс осыдан басталады. Енді ол Құнанбай мен құнанбайшылдар ісіне күдікпен, іштей қарсылықпен қарай бастайды. Бұған қосымша өз басындағы хал де осы ортадан түбінде түңілуге сайғандай. Әлгібір Қарашоқыдағы қанды оқиғадан ауруға шалдығып, төсек тартты; Бөжей үйінде тірі жетім ғып әкесі «ит жемеге тастатқан» кішкене мүскін Камшат тағдыры мұның жанын жегідей жейді: аяулы ғашығы Тоғжанға қосыла алмай, тағы да әке шешімімен өзі сүймеген Ділдаға үйленуі... Осылардың бәрі Абайдың о бастағы мөлдір тұнығын сел басқандай ылайлай береді.

Құнанбай болса, Абайдан өзіне ізбасар дайындамақ. Сол оймен баласын әр іске бір салып, өз қарамағындағы ру басыларға жұмсап, сынап та көрді. Тумысынан зерек, қабілетті, өнерлі жігіт оттай жанып, шоқтай маздап, әке сынынан сүрінбей өтеді. Барған ауылдарында Абай туралы ұнамды ұғым, жақсы атақ, кейде тіпті әжептәуір аңыз қалып отырады. «Жігітті жұрт мақтаған қыз жақтаған» дегендей, Тоғжанның махаббаты да тұңғыш рет Абай Сүйіндік үйіне барғанда – жас қонақпен әкесінің әңгіме-насихатының үстінде тұтанғандай... Абайдың ел ішіндегі есті жас Ерболмен достығы да осындай, азаматтың ат үстінде жүрген шақтарында тапқан рухани олжасы. Абайдың өз басы, ой-санасы, ұғым-нанымы, жалпы ішкі дүниесі де, әрине, бір орында тұрып қалған жоқ. Үздіксіз өзгеру, өрбу, жаңғыру, жаңару үстінде болатын. Романда бұл процестің ішкі дәйектері, детальдар, психол. анализ дегендер аттаған сайын кездесіп отырады.

Ру аралық жанжалдар, таластар, олардың өршіп, асқынып барып ұласқан жері – Тоқпамбеттегі, Мұсақұлдағы қарулы қақтығыстар – Абайдың өзі өмір сүріп, өсіп келе жатқан

ортаға әлеум. көзқарасын қалыптастырады. Бара-бара жас азамат өз жөнін іздеп, бағытын бағдарлайды. Осы жайлардың қай-қайсысында болмасын, осынау өмір қоршауына автор Абай көзімен қараса, Абай өз бойындағы асыл қасиет – өнер көзімен қарайды, дәлірек айтқанда, Абай ақиқатты ақын көзімен таниды. Құнанбайдың қанды қол қатыгездігі, одан туындайтын жолсыз жаза мен жауыздық, ұлып табысқан бөрілер секілді ұйлыққан қырық рудың қырық көкжалы – жұмылған қырық жұдырық, тағылықпен лақтырылған қырық таскесек; осы көріністердің жан түңілтер жыртқыштық мәні; осындай «жаны ашымастың қасында басы ауырғандар» – жұтқа ұшыраған жарлы-жақыбайлар, қира кезік құл-құтандар, басында билігі жоқ әйелдер қауымы, еріксіз ұзатылған қыздар, қалың малға түскен келіндер, түрліше өлу-тірілулер, өшу-жанулар, осылар қалыптастырған салт-сана, әдет-ғұрыптар... Осылардың бәрін Абай сырттай бақыламайды, бар ақындық болмысымен іштей толқына сезінеді, тебірене түйсінеді және осылардың бәріне бейтарап қарай алмайды, қалыс қалмайды, әр құбылысқа өзінің қарым-қатысын белгілейді, не құптайды, не қарсы болады, сол ретпен белсенді қимылға көшеді...

Адамдардың арақатынасы ғана емес-ау, тіпті табиғат құбылыстарының өзін Абай статикалық халде емес, динамикалық күйде анық ақындық түйсікпен тура тірілтіп түсінеді. Айталық, қырдағы кеш, қоңыр іңір «бұның бір ұғымсыз әміршісі, сүйсіндіре мүлгіткен зор мұңдасы тәрізді»; кеше ғана өзара жауыққан рулар бір-біріне сойыл сермеп, шоқпар сілтеп, бір-бірін соққыға жыққан тау бөктерінен «соққан салқын ызғар қатал мінездердің ызғырығы тәрізді»; енді бірде «Абай біртүрлі сейіліп, іштей серпіліп алып, тау жотасынан биіктеп, аспанға қарады. Толық ай ашық көкті қалқып, сызып келіп бір топ шоғыр қара бұлтқа кірді. Кірді де қызық күйге түсті. Абай соған қарап өзге жайдың бәрін ұмытып, аңырап телміре қалды».

Абайдың ақындық бітімі, ішкі дүниесі осылайша нәзік және терең ашылады. Дәл осы тәсілмен эпопея авторы бас кейіпкердің іштей түлеуін, өзгеруі мен өсуін көрсетеді. Кітап басында қаладан келе жатқан Абайға жерұйық боп көрінген көктем көркіндегі кербез дала кітаптың аяғында ақ қар астында ақ кебінге оранған өлік секілденеді. Бұл – әшейін көзге көрінген сурет қана емес, көңілге ұялаған шындық. Бұл шындыққа енді Абайдың көзқарасы да басқаша...

Әке мен баланың арасындағы жол айырығы осы тұста біржола белгіленеді. Бұл бұрылысқа әкелген романның өн бойындағы психол. дәлелдің күші сондай, оқырман Абайдың әр қылығы мен қимылын дәл өз қимылы мен қылығындай қалтқысыз қабылдап, татаусыз түйсінеді. Сондықтан ол әке мен баланың ажырасу себебіне сенеді. I-кітаптың аяғында әке мен бала бір-біріне бетпе-бет келіп, ой, пікір, ұғым сайысына түскенде оқырман Абай жағында болады. Абай, сөйтіп, өз өмірінің биік қиясына қарай адымдап, өрлеп келе жатады: «Қияға қадам басқаны рас. Бір күндерде жалаң құздың басындағы тақыр құм мен тастақты жарып, әлсіз нәзік шешек атып, жас шынар пайда болған. Сондай бір өмір гүл шашқан. Енді бір күнде сол шыңға шыққан жалғыз шынар балғын тартып, жас қуатқа толыпты. Қазір оған қыс пен аяз да, тіпті тау дауылы да қатер болудан қалған еді» (Әуезов М. Абай жолы.– А., 1961, 1-т., 383-б.). 1-кітапта Абай осылайша азамат ретінде қалыптасса, екінші кітаптан былай қарай енді өнер адамы – ақын Абай, шын мәніндегі азамат-ақын көрінеді. Бұл тұста авторға «шығармашылығы арқылы Абайдың өзі көмекке келеді» (Әуезов). Ендігі өмір Абай ақындығының қайнар-бұлағына айналады. Ендігі жерде көпкөп деталь Абай өнерінің психологиясы – көптеген өлеңдерінің туу құпиясын ашуға қызмет етеді. Асылы, Абай ақындығының арғы тамыры өзінің туған топырағындағы төл әдебиетте –халық өнерінде – өзін сәби кезінен қиял-ғажайып ертегілермен әлдилеген Зере-әжеде, мұңшыл жырау Барласта, сыншыл жыршы Шөжеде... жатса, бергі бұтағы мен жасыл жапырағы орыс әдебиетінде – Е. П. Михаэлис секілді орыс достары арқылы қолы жеткен А. С. Пушкинде, М. Ю. Лермонтовта... жатыр. Романда осы сыр терең және жан-жақты толғамын табады. Таланты мен танымы, ұғымы мен білімі, жалпы ой-санасы, ақыл-парасаты осындай қос арнадан қоректенген азамат ақынның рухани дамуы, қайраткер ретінде өсуі одан әрі жалғасады. Мыс., алғашқы кітаптарда Абай өз келесіндегі келеңсіздікті, өз ортасындағы әділетсіздікті, феодализмнің тоң мойындығын сынаушы болса, кейінгі кітаптарда ол шеңберден шығып, енді күллі Шығыс кертартпалығын әшкерелеуші дәрежесіне көтеріледі.

Орыс классиктерінің шыншыл дәстүрінен сусындаған Абайдың ендігі күрес жолының бір ұшы Россиядағы азаттық қозғалысымен жалғаса жаздағандай. Бірақ реалист-жазушы тарихи шындық шеңберінен шықпайды. Абай алдынан тағдырдың тартары – революционердің үлесі емес, ағартушы ақынның сыбағасы екенін ұмытпайды. Дей тұрғанмен, қазақ қоғамындағы әлеум. теңсіздіктер мен күрес тақырыбы соңғы кітаптың күллі идеялық мазмұнын кеулеп, сюжеттік арқауына айналып кеткен. Жаңа мен ескінің тартысы енді осы арнада жүреді. Бұл тайталастар бұрын ауыл аясында болса, енді қала тіршілігін де қамтиды. Қараңғы қазақ даласында рауандаған таң жарығындай Абай ағартушылығынан тараған осынау күрес сәулесі бұрын даладағы Дәркембайлар мен Базаралылар үстіне түссе, енді қаладағы Әбендер мен Әбділер, Сейіттер мен Сейілдер маңын нұрландырады. «Абайдың» 2-кітабы мына сөздермен аяқталған еді: «Алда – өмір, тартыс. Сол тартыста бұл жалғыз... бір қуаты, бір үміті бар... Қуаты – ақындық, үміті – халық» (Әуезов М. Абай жолы. – А., 1961, 1-т., 803-б.). «Абай жолының» екі кітабында осынау негізгі идея

көркемдік жағынан жан-жақты жинақталады. 4-кітаптың аяғында Абай дүниеден кетеді, бірақ 2-кітаптың соңында образ-символға айналған «Абай кемесінің» желбіреген жалауы сол қалпында, сапары тоқтар емес: «Кең жайқын әлемде түзу жол сызып, маңып барады... Жалауында «Тартыс», «Үміт» деген ұран бар. Халық үмітін үстіне арқалаған сол кеме «Келешек» деген жағаға тартты». Көлді теңізге қотарғандай, авторлық идеяны объективті идеяға мұншалық шетсіз, шексіз айдынмен айналдыру – асқан шеберлік. Абай тұлғасы Әуезов талантының осы құдіретіне кепіл.

Ал, Құнанбай ше?

Құнанбай тұлғасының жасалу шеберлігі бүкіл дүн.-жүз. әдебиет тарихында сирек ұшырасады. Әдеттегі түсінікпен атасақ, Құнанбай – жағымсыз кейіпкер. Дұрысында да солай, кері кеткен кезеңнің жанкешті жақтаушысы, рулық.-феод. жүйенің бір тінін үзгісі, бір өрімін ыдыратқысы келмейтін шынжырлы шонжар – жаңаның жауы, күні өткен, тозығы жеткен көненің жамап-жасқаушысы... Автордың айтуында да Құнанбай тұлғасы идеялық жағынан алып қарағанда, сол дәуірде қазақ даласына енді-енді еніп келе жатқан жаңаның жолындағы кедергіні – ескіні көрсету нәтижесінде туған. Әдетте осындай ұнамсыз типтер бізде (тек бізде ғана емес) бірыңғай қара бояумен баттастырыла, ылғи жамандық жағы қазбаланып, кейде тіпті іске алғысыз дөкір, дөрекі күйде көрсетілетін. Әрине, мұндай жағдайда да автордың идеялық мақсаты болатыны даусыз. Бірақ сол идеяның көркемдік шешімі даулы, жасанды және жаңаш. Ал, Құнанбай ондай емес. Мейлінше шыншыл суреткер бұл образды мінездеу мен мүсіндеуге, жинақтау мен даралауға өзінің бай палитрасындағы бір (қара) емес, бірнеше (ақ, көк, сары...) бояуды қоса, қатар жұмсап, түрлі-түсті табиғи кескінде, алдымен адам ретінде барлық күнгей-көлеңкесімен жан-жақты, толық, тұтас тұлғаландырған. Автор ұнамсыз кейіпкер бойындағы ұнамды қасиеттерді күзеп не тонап әкетпейді, өзіне береді, өзінде қалдырады.

Құнанбай – азулы ғана емес, ақылды: шоқпар мен сойылдың ғана емес, әріден толғайтын ойдың адамы. Көзі дара болғанмен көкірегі сара – көреген: ашуы мен қайратын қатар ұстайтын, қаталдығының арғы жағында қайсарлығы жатқан қасарма, сұғын қадағанды сілейтпей тынбайтын қазымыр, қырыс кісі. Арыстанның айбаты да, жолбарыстың жүрегі де бір өзінде; жыртқыштығы да сондай; бүргені құтылмайды, құтылса мынаның тырнағы сонымен бірге кетеді. Мұнысы да қайтпас қайсарлыққа саяды. Осыған енді амалы мен айласы қосылғанда Құнанбайдың қулығы мен сұмдығына, сұңғыла зымияндығына найза бойламай шығады. Мұнысы – ақылдан туған тәсіл. Құнанбай алыс-жұлысқа, арпалысқа ғана емес, сөзге де жүйрік, шешен, тілі өткір, тиген жерін тіліп түседі. Осылардың бәрі Құнанбайдың өз ортасынан биік, оқшау тұрған жоталы тұлға екенін көрсетеді және оның осындай өзгеше бөлек бітімін өз ортасы да әбден мойындап болған. Құнанбайдың көп қырлы қасиетін досы түгіл дұшпаны да жоққа шығара алмайды. Дәлел ретінде романның 1-кітабынан Абайға Байдалы айтып берген бір қызық жәйтті мысалға келтірелік.

Байдалы Абайға: «Тап соның ішінде көп қойма жатыр, не керек», – деп Қаратайды мақтай отырып былай дейді: «Әне бір күндерде Қаратай, Бөжей, Байсал бар – барлығымыз Қаумен үйінде түстеніп отыр едік. Жиын бір сөзден бір сөзге түсіп, шалқып отырып, ақыр аяғы «Жә, өзіміз көргенде мырза кім?» дегенге келді. Жұрт ойланып қалды. Байсал күншуақта жатқан тағыдай көзін бір ашып, бір жұмып, бүк түсіп сырт қарап жатқан. Жаңағы сөзге ол қатысқан жоқ-ты. «Мырза кім?» дегенге Қаратай жауап беріп, «Мырза – Құнанбай» – деді. Тағы біраздан соң ол жиын: «Шешен кім? – деді. Тағы Қаратай жауап беріп, «Шешен – Құнанбай» – деді. Екі бел асты. Аздан соң және бір оралып кеп: «Жақсы кім?» десті. Әлгі Қаратай және жауап беріп: «Жақсы – Құнанбай» – деді. Сол кезде Байсал басын жерден жұлып алып, саңқ етіп: – Уай, Көкше, не оттап отырсың өзің?» – деп, Қаратайға қадала түсіп.– Мырза Құнанбай екен, шешен Құнанбай екен, жақсы Құнанбай екен! Ендеше не көкіп алысып жүрміз онымен? – деді. Соған Қаратай іле жауап беріп: «Уәй, тәйір-ай, мен Құнанбайдың өзге жағынан мін тауып алысып жүрмін бе? Жалғыз-ақ «не қылайыны» жоқ қой, сондықтан кетіп жүрген жоқ па?» – деді (Әуезов М. Абай жолы. – А., 1961, 1-т., 168-б.).

Құнанбайдың кім екенін бұдан дәл һәм әділ айту қиын.

Құнанбай – тек өзі билеп отырған қазақ сахарасын ғана емес, осылардың бәрін бақылайтын, патша әкімдерін де мысын құртып, уысына алып алған жұмулы жұдырық. Мәселен, піскен бас Майырдың өзгеге илікпейтін қырсықтығы Құнанбайға келгенде бұлтыңдап кетеді. «Майыр, сенің атаңның аты Тобықты емес еді. Осы Қарқаралыға келіп бауыр тапқаннан аманбысың? Бөжейді айдату керек, қағазын дұрыста деп ем, сары аурудай создың да кеттің ғой. Соның жан күйері сен болып, бауыр тартып, бауырың езіліп жүр ме осы, немене?!»

Осылайша өзі билік жүргізген атыраптағы қазақты бұқтырып, орысты ықтырып, бәрін өз алдында құрдай жорғалатқан Құнанбайдың философиясы да, дипломатиясы да бір басына жетерлік. Құнанбай осындай кесек кейіпкер, қия жартастай мықты тұлға болмаса, онымен күреске түскен Абайдың да ірілігі көрінбеген болар еді. Абай осындай алынбас қамалды алған алып боп шығуы да жазушының ұнамсыз тип жасау тәсіліндегі нұсқалы шеберліктің нәтижесі. Құнанбай жалғыз емес. Оның маңында әр рудың басы, әр ауылдың ақсақал-қарасақалдары – Бөжей, Байдалы, Сүйіндіктер бар. Өз іргесіндегі Майбасар, Ызғұтты, Тәкежан, Жиреншелер бар. Оразбай, Шұбар, Әзімбайлар бар. Дәуірлік белестен алып қарағанда осылар –

бір лагердің адамдары. Абайдың қарсыластары, Абай бастаған жаңаның ата дұшпандары. Сонымен қатар осылар өзара да ыри-тыри: бақастар, бәсекелестер, бақталастар. Қарақан бастың қамына келгенде бұлар бірін-бірі аямайды, біріге бере талап тастап, бөліне бере түтіп жеп жүргендері...

Бұл – адам адамға дос емес, қасқыр болған Құнанбай заманының заңы. Майталман суреткер Құнанбай маңындағы бар адам және әр адам арқылы солар өмір сүрген заман кескінін де зергерлікпен бейнелеп көрсеткен. Байлар мен билер тепкісіндегі қазақ қоғамының «алтыбақан алауыздығын» патша отаршыларының қалай пайдаланғанын да ұтымды аңғартады. Бірінің тізгініне бірі жармасып, бірінің шалғайынан бірі тартып, бірінің аяғынан бірі шалып орға жығып, көрге тығып жатқан Құнанбайлар, әрине, өз заманымен бірге тарих сахнасынан кетеді. Бірақ ең қауіпті жері – «құнанбайшылдық» қалып қояды. Бұдан арылу үшін адамдарды ұзақ уақыт шомылдыру, тазалау, қағып-сілку, тіпті кейбір кеселді денеден сыдырып алып тастау керек, Құнанбай тұлғасын жасау арқылы автордың оқырманға берер сабағы осындай.

Жалпы 19 ғ-дың соңғы елу жылындағы қазақ өмірінің көркем шежіресі боп табылатын ұлан-ғайыр эпопеяда барлық қыры-сырымен халық бейнесі жасалды десек, сол халық өкілдерінің ішінен айрықша атап айтарлық бедерлі бейнелер – Дәркембай мен Базаралы. Балағаз бен Абылғазыдан Дәрмен мен Сейітке дейінгі ондаған кейіпкерлер – Дәркембай мен Базаралының әлеум. ортасы, қоғамдық қоршауы. Бұл екеуі жүрген жерлердегі келешек үшін күрестің де сыр-сипаты бөлек, қарсыластардың ара жігі ақ пен қарадай айқын. Осылар арқылы автор романдағы жүздеген типтер мен характерлер ішінен уақыт сынынан өтіп өсетіндерін де, келешегі жоқ өшетіндерін де өмірдің өзіне іріктетіп, сұрыптатып отырады.

Дәркембай – кедей. Малы жоқтың халы жоқ, соры көп, бағы байланған заманда Дәркембайдың малдылардан, күштілерден көргені – зорлық, қорлық; өмірден алған сыбағасы – жоқшылық, тапшылық. Абай айтқандай, Дәркембайдың өмірге қыран көзіндей ғып көзін ашқан да жоқшылық. Оның көп өмірі Сүйіндік пен Сүгірдің малын бағып, көшіне ілесіп текке өткен. Соны кейін аңғарған Дәркембай өз еңбектерімен жер жыртып, дән сеуіп күн көріп отырған жатақтарға қосылады. Қырық үйлі жатақтың Сүйіндік пен Сүгір сияқты өзімен «атасы туыс емес, тірлігі туыс. Көрген көресі, кешкен соры туыс» деп қосылады. «Күйі бірдің күні бір,– дейді Дәркембай.– Туысым-аталасым емес, өзіммен мұңы бір, бейнеті бір жатақтар; руым, ұранym да осылармен!» Демек, Дәркембайды өзі секілді кедейлермен тағдыр табыстырады. Бұл оның байлармен іргесін біржолата ажыратып, ат құйрығын кескені, өз мүдделестерімен біржола бірігіп, тілекке тілек, білекке білек қосқаны еді. Шаруаға икемді, өресі жеткен жерге дейін ойы да ояу, тілге де біршама жүйрік Дәркембай осыдан былай жатақтарға ақылшы аға, кәдімгідей көшбасшы болады.

Өз ортасына айтар ақылы жұрт жадындағы нақылға айналатын Дәркембай: «Күштілер нені айтады? Күшсізге еткен зорлығын айтады. Күшсіз нені айтады? Күштіден көрген қорлығын айтады?» – деп, әшейін аузымен орақ орып, қол қусырмайды, сол күштіге қарсы бел шешe тіктесіп те қалады. «Орта жасқа келген, зор денелі адамды» оқырман алғаш рет Құнанбайға кезелген шиті мылтықтың шүріппесін басқалы жатқан жерінен көреді. Бұл пиғылдан оны Бөжей қайтарып, Құнанбайды Дәркембайдың оғынан арашалап қалады. Енді бірде, жетегінде Қодардан тігерге қалған тұяқ сияқты жетім Дәрмен, қажылыққа жүргелі жатқан Құнанбайға қалың жұрттың көз алдында іскіндеп кеп, қатал талап қояды. Дәркембай талабының әділдігі сондай, әкесі үшін Абай жерге кіре жаздайды. Ақыр-аяғында, жұтқа ұшыраған жарлы ауылға қамсау болам деп, Тәкежан секілді көкжалдарға қарсы көзсіз ерлікке басады. Бұл арада да Дәркембайға Абай қол ұшын беріп, көмекке келеді. Осылардың бәрі Дәркембайдың тіршілікте көрген тұрмыс тепкісі қанша ауыр болғанмен, қатыгез тағдыр талқысына қасарып, қайратын өле-өлгенше көкке қайрап өткен өр де, табанды күрес адамы екенін көрсетеді. Дәркембайдың кемшін жері болса, нағыз «батыр тұлғалы, кең иық, зор кеудесі төменшіктеп иілмейтін; әрі байсал, әрі маңғаз, тіпті Құнанбай алдынан өтсе де «тіптік бойы қымсынбай, қысылмай кететін» Базаралы толтырып тұрғандай. «Ойшыл сергек көзі, ақсұр жүзі, бетінің қызылына» дейін бір түрлі «балқығандай боп нұрланып тұратын... ер жігіттің сырт сымбаты да соншалық өзгеше», ішкі мінез-құлқы, ақыл-парасаты да бөлек «бітімді, жақсы туысты білдіреді».

Ал, Базаралының үстемдермен сілкісуі, қалың бұқараның қанаушыларына қарсы күш сынасуы тіпті оқшау – бұл маңда бұрын-соңды болып көрмеген жаңа үлгідегі жойқын әрекет. Ол жуандардың зорлығын көре-көре, қорлығына төзе-төзе әбден шыдамы таусылған көп кедейден қол құрап, тыюсыз да жиюсыз кеткен Тәкежанның бір үйір жылқысын қуып алып, қырып салады. Бұл кесек қимыл бар атырапты түгел сілкіндіреді. Бай ауылдардың түндіктері желпілдеп, болыс-билердің бойлары қалтырағандай болады. Теңсіздік тепкісіндегі қалың бұқараның күреске көзі ашылып, өзін-өзі, өз күшін тың сипатта, жаңа мағынада тани бастайды. Өзі ғана емес, өзге туралы таным да тереңдей түседі: «Мен,– дейді Базаралы,– Құнанбай баласы да өзіміздей адам баласы екенін таныттым. Ұрсаң оған да таяқ өтетінін, жұлқысаң оның да жыртылатын жағасы барын таныттым. Тіпті онан әрі батыл, бекем ұра берсең, тікейіп тұра бере алмай, омақаса жығылып, өлуге де бар екенін таныттым». Абайдың Дәркембайлар мен Базаралылар арқылы өзінің туған халқымен, оның езілген еңбекші бұқарасымен, дәл осы тілектестігі Һәм жүректестігі – халықтық эпопеяның шырқап шыққан идеялық шыңы.

Қазақтың сөз өнеріндегі «Әуезов әйелдері» деп атауға болатын айырықша әсем образдар галлереясы ұлы эпопеяның жан тебірентер ғажайып жаңа бейнелерімен толықты да молықты. Төрт кітапта үлкенді-кішілі, іріліұсақты жүзге тарта әйел кейіпкерлер бар. Романның бұларға арналған беттері оқырманның көзі мен көңілін қатар жаулап, жанжүрегін қоса баурайды. Бұлар жүрген жерлер кейде шетсіз-шексіз мұхит бойын түгел жайлаған шарапатты жылы ағыс (гольфстрим) секілді, кейде қиырсыз кең-байтақ құрылықтың ойы-қырын тегіс сәулелендіре шүлен шұғыласына бөлеген күн нұры тәрізді, кейде көк жиекті керіп әкеткен кербез теңіздің көз жеткісіз көк айдынына сән берген аппақ ақ шағалалар сияқты...

Әйел-ана ма, жар-жұбай ма, бұла-бойжеткен бе... Әйтеуір қияпаты бөлек қазақ қызының мінез-құлқын, іс-әрекетін, сыр-сезімін, қимыл-қылығын дәл, терең, нәзік суреттеуге келгенде шіркін шебер алдына жан салмайды. Сонда әр бейненің тастан қашалғандай бедер табатыны сондай, әрқайсысы – бір адам ғана емес, бір топ адамның жиынтық бейнесі боп оқырманның көз алдында тұрады да, есінде қалады. Сонда әр кейіпкер – тип; әркімнің қашанғы таныс-бейтанысы боп шығады. Сонда бар ожданы тап-таза иманнан құйылғандай мейірім-шафхатқа толы Зере – әжелердің үлгісі; салқын қанды, сарабдан, сабырлы ақыл иесі Ұлжан – аналардың үлгісі; «сылдырлаған шолпысы әлдеқандай былдырлаған тілмен» бар сыры мен назын Абайға ғана құпия баян ететін «ақ еті атқан таңдай аппақ» ару Тоғжан – алыстан қарайлайтын қол жетпес арман секілді махаббат таңының үлгісі; әні сәніне, сәні әніне астасқан асыл, аяулы Әйгерім – жас жігіттің нақ сүйер сұлу жарының үлгісі...

Теңіздің сырын тамшыдан тануға болатыны сияқты, эпопеяның көркемдік ерекшелігін, әсіресе тілін тану үшін бір ғана пейзажға тоқталсақ та жетіп жатыр. Пейзажды біз, әдетте, көркем шығармада суреттелген табиғат көріністері дейміз. Рас, пейзаж – табиғат. Бірақ бұл жеткіліксіз. Нағыз пейзаж – поэзия! Мінез! Адам! Неге десеңіз, адамның қабылдауынан, сезіну-түйсінулерінен, көңіл күйінен тыс табиғат суреті – пейзаж жоқ. Пейзаж жазушының стилін де белгілейді. Ал стиль – адам. Пейзаж образ сырын ашады. Ал образ – адам. Дәл осының дәлелі – Әуезов эпопеясындағы пейзаж (Алдымен, бұл неткен бай табиғат!). Кітаптың әр бетінде әр түрлі тіршілік дүниесі бар. Мұнда қазақ даласының хош иісті гүлі, қызыл шымқай қызғалдағы, қошқыл-кермек жусаны, сида-бұта шиі, домаланған қаңбағы, шиыршалғыны, кербез тауы, көк тіреген шыңы, түпсіз тұңғиық құзы, күлкішіл өзені, ақ айдын көлі, жасыл майса көгалы, торғын аспаны, шудаланған бұлты, сіркіреген жаңбыры, ақ ұлпа қары, асау бораны, ерке желі, тентек құйыны, шымыр сызы, шымшығыш ызғырығы, сұлаған бел-белесі, ойшыл орманы, тыныстоғайы, ақ ару айы, жымыңы көп жұлдызы, мөлдір шығы, тұнжыр тұманы, алдамшы сағымы... – күндізі, түні, – қысы, жазы, күзі, көктемі... – бәрі, бәрі бар.

Осының бәрі жан тебірентер ғажап, мың құбылған түрі бар, сан иірім сыры бар – тұтас бір образ, адам мекені, халық мекені – дала образы! Және, Әуезов пейзажы – бай палитраның түрлі-түсті бояуларымен келістіре салынған сурет қана емес, шынында да құдды жанды адам: дем алады, қозғалады, жадырайды, жабырқайды, күледі. Жылайды – дәл адамша әрекет етеді. Бұл шебер мелшиген қара тасқа тіл бітіріп, сөйлетіп, ән салғызады. Жел сызғырған бір түп құқыл шиге немесе селдір қияққа шеже шерткізіп, ертек айтқызып қояды. Суды кейде сылқсылқ күлдіреді. Кейде ызаға булықтырып, бұлқынтып байлап тастайды. Тауы сыздап, тұнжырап, ызғар шашады. Кейде қаңқ-қаңқ етіп сізге наз айтады. Аспаны мен жерінде не ғажап сыр бар. Айының оң қылығының бірін алып қараңызшы: сізбен жасырынбақ ойнап, бірде бетін баса қап, бірде көзін сығырайтып, күле қарап, құлдырап болады: енді бірде аппақ адал пейілімен, бар ықыласымен ғашықтар жүрегінің лүпіліне үнсіз куә болады...

Мынау не деген сырлы поэзия, сонымен бірге не деген терең философия: «Көптен қаладан шықпаған Абайға жаңа көктем енді ғана өзінің келе жатқанын баян етті. Сол жақта, алыс көкжиекте, көкшіл мұнар ішінде Семейтау көрінді. Қардан о да арылыпты. Кесек, жұмыр бір ғана қатты толқын бүктетіліп, түйіліп кеп, мәңгіге мелшиіп, қатып тұрып қалғанға ұқсайды. Айнала, сардала ортасында оқшау бітіп, оқыс тұрып қалған бір үзік тау. Мәңгі бақи жым-жырт боп, жәй созылған сахараның бір заманда әлденеден булығып, лықсып шыққан ереуіл толқыны ма? Ашу-қажыры ма? – сол бейнелі бөлек тау.

Абай тау ажарынан осындай оқшау бір бітім көріп, қадала қарап отырып тымағын алды. Пысынаған басына, бетіне Семейтаудан ескен қоңыр жел кеп, леп тиді.

Абай жер көркін, өз көңілін еркін өлең етіп кетті »

Не деген әсер, эмоция! Осыны енжар, селқос оқу, тебіренбей, толқымай оқу мүмкін бе? Бұл – төрт кітаптағы табиғаттың мың суретінің бірі. Тіл қандай, бояу, ажар қандай? Жанды қимыл, мағыналы символ қайда жатыр? Шеберлік сыры неде? Осы проза ма? Жоқ, прозадағы поэзия! Нәзік те терең лиризм. Бұл – жансыз табиғат суреті емес, адамның жан толқыны, жүрек лүпілі, сан иірім сезім тіл тапқан.

Қысқасы, кітаптың пейзажды беттері – қағаз емес, нақ тірі табиғаттың өзі. Адамды үйден шығарып алып кетеді. Бір жерде ақ кірпік боранға адасып кетеміз, енді бір жерде ауадағы дымқыл сыз бетке тиеді, тағы бір жерде ай нұрына малынып, тоғайда жүреміз, енді бірде маңдайымыздан шақырая қадалған күнге қолымызды қалқалаймыз... Бұл не нәрсе, бұл?

Бұл – біріншіден, Әуезов құрғақ, сылдыр

сөйлем құрмайды, ең әуелі өзі тебірене толқып алады да, сол тілсіз сезім тілімен сөйлейді; екіншіден, Абай емес-ау, алдымен Әуезовтің өзі анық ақын: тұтанбай, ұшқындамай, лапылдамай, өртенбей жаза алмайтын нәзік діріл, сыршыл ақын; үшіншіден, Әуезов – суретші, нағыз художник – қағазды, кітап парақтарын аспанға, жерге, құбылысқа, дүние-тіршілікке айналдырып жіберетін шебер; төртіншіден, Әуезов – терең психолог, оқырманның жан дүниесін сілкіп-сілкіп жіберетін күш! Демек, «Абай жолы» секілді ғасырлық туындыны тек осындай қабілет пен қасиеттің адамы ғана туғыза алады.

«Абай жолының» энциклопед. сипаты туралы акад. Қ. И. Сәтбаев аса әдемі айтты: «Қазақ халқының өткенін зерттегісі келетін ғалымның бірде-бірі бұл кітапты жанап өте алмайды: ғалым-филолог одан фольклордың бай материалдарына қанығумен қоса, қазақ әдеби тілі мен сөздігінің қаз басуы мен қалыптасуын көреді; ғалым-этнограф қазір көне заманмен қоса көнерген небір тұрмыстық белгілер мен өмір құбылыстарын біледі. Құс салып, саят құрған, қыз ұзатып, ас беруді, өлік жөнелтуді суреттейтін тараулар, билер айтысы мен билік шешкен қазылық картиналарының әрқайсысы жеке-жеке-ақ ғылыми-этногр. толайым еңбектерге парапар; ғалым-экономистер Қазақстанның XIX ғасырдағы халық шаруашылығының құрылысынан дәлме-дәл нақты мәлімет алады, ондағы тап қайшылығының өзіндік ерекшелігімен танысады; ғалым-юристер шариғаттан бастап, билер кесіміне шейінгі даланың заң-жобаларынан бағалы мағлұматтар жинайды». Классик. эпопеяда жан тебірентер көркемдік күшпен жинақталған өмірдің жиынтық шындығы ғылымның әр саласындағы маман адамдар үшін осындай таным-тағылым қайнары болса, қалың оқырман үшін Абайдан Дәрменге дейінгі барлық басты кейіпкерлер ақыл мен сананың, арман мен ойдың сарқылмас кені секілденеді. Демек, шығармаға ауадай керек нәрсе – парасат (интеллект) десек, «Абай жолын» оқыған адам өмірдің өнерге айналған академиясынан өткендей болады. Задында, таланттар тарихы мен тағдырын барлай қарасақ, басты жазушылардың бәрі ғұмыр бойы өзінің бас кітабін жазу мақсатында әрекет еткен және солардың талайы жазып үлгіре алмай кеткен. Туған халқына мәңгілік мұра болғандай ғасырлық туынды сыйлау тек қадау-қадау ұлылардың ғана үлесіне тиген. «Абай жолы» – ұлы жазушының ұлы туындысы – бас кітабы, ол өзінің өлшеулі ғана ғұмырында өлшеусіз шығармашылық ерлік жасап, өзінің осынау мәңгілік кітабын жазып үлгіріп кетті. Дананың өз ортасынан әрқашан озық, оқшау тұратын даралығы да осы арада жатыр.

«Абай жолы» эпопеясы дүние жүзі халықтарының 116 тіліне аударылған (1993).

Әдеб.: Нұрқатов А. Мұхтар Әуезов творчествосы.– А., 1965; Қаратаев М. Эпостан эпопеяға.– А., 1968; Қабдолов З. Мұхтар Әуезов және оның әсемдік әлемі.– А., 1986.

З. Қабдолов.

«АБАЙ ЖОЛЫ» ЭПОПЕЯСЫНЫҢ ТІЛІ, Абай шығармалары тілі мен ортақтастығы, әсері. Абай шығармалары халықтың ауызша және жазба ескерткіштерінде сақталған көне қазақ мәдениетінен, шығыс мәдениетінің ұлы шығармаларынан – тәжіктің, азербайжанның, өзбектің классик. поэзиясынан, орыс сол арқылы Европа мәдениетінен нәр алған. М. Әуезов көрсеткен осы «үш ұлы қайнар бұлақтың» ізі оның өз шығармаларында да, әсіресе, «Абай жолында» сайрап жатыр. Жазушы «сөздік жағынан менің романдарымның Абай өмір сүрген тарихи дәуірге сәйкес ерекшеліктері мол. Оның үстіне мен Абайдың өз шығармаларының сөздік қорынан да мейлінше пайдаландым» (Әуезов М. Шығ. жин. – А., 1986, 12-т., 3-б.) дегенді сірә кемеңгер ақынмен өз арасындағы сол рухани ортақтықтан шығарып айтса керек. Абай шығармаларында да, эпопеяда да халқымыздың 19 ғ-дың 2-жартысындағы өмірі суреттеледі. Абай да, Әуезов те сол кезеңдегі көне қазақ мәдениетін, яғни халық тілі байлығын, әсіресе, ондағы байырғы құбылыстарды, шешендік нақыл сөздерді, мақал-мәтелді, билер айтысындағы түрлі көне және дәстүрлі сөз қолданыстарды, афоризмдік орамдарды, аңшылыққа, халқымыздың тақпақ пен тапқыр жауаптарында қалыптасқан ежелгі тілдік дәстүрді, ас беруге, қыз ұзатып келін түсіруге, өліктің артын күтуге, той-томалақ түрлеріне, әр алуан этнограф., заттық-рухани мәдениетке байланысты лексик. қабаттардың қай-қайсысын да қажетінше қамти пайдаланды.

Абай заманында Орта Азия мен Араб шығысының классик ақындарының шығармалары кеңінен тараған. Бұларды, яғни шығыс мәдениетінің ұлы шығармаларын – Рудаки шығармалары тілінің данышпан қарапайымдылығын, Фирдауси ғазелдеріндегі әуезді ырғақты, Низами мен Руми жырларының өн бойынан айқын сезілетін дыбыстық, сондай-ақ, жеке сөз түріндегі қайталауларды, синтаксистік егіздеулерді, ассонанс пен аллитерациялық тәсілдер, Сағди мен Хафиз өлеңдерінің сырт әуенділігі мен саздылығын барынша жетік білді. Шығыстың көркем сөз өнерінде кеңінен тараған **садж, тавзе, илтизом, таносуб, иштиқоқ** тәсілдерін өздерінің шығармаларында Абай да, Әуезов те жиі пайдаланды. Олардың тіліндегі *садж* тәсілінің, яғни жеке лексемалардағы дыбыстық қайталаулардың, ырғақты сөз орамдарының кейбір үлгілері, мыс., төмендегідей:

«Сорлы асық (сарғайса да), сағынса да,
Жар тайып, (жақса сөзден) жаңылса да...
Қысқа күнде (қырық жерге) қойма қойып...
Қажымас (қайта айнымас) қайран тату...
Қар тепкенге (қажымас) қайран жылқы...
Тәңір сақтар (табандап) тап ұрса да...
Арсыз адам (арсаңдап) арсылдайды...
Ақылды деп (арлы деп) ақ бейіл деп...
Қайран көңіл (қайыспай) қайрат етті...
Жылы жүзбен (жұлдыздар) жылжып жүріп...»

(Абай)

Оразбай тағы асқындай түсіп (айып тіледі... Жасыра түсіп) жалтара сөйледі... Ақыра зекіп (айдап салды... Күңгірт сөзін) күмілжіп аяқтады... Тайдай тарлан (талып түсті... Қаптай келіп) қайғы қосты... Өжет топты (өлердей жазғырып... Талай жанды) таң қылған, ойда жоқ (оқыс іс болды... Екшеліп шығып) екпіндей қуатын, айнымас топтар айқынданып қалды... Енді соңғы үмітін (соған артып, қалың ел) қауырт жүретін... Күз аспаны (күңгірт, айнымалы) ала бұлт... Тұтқында (томаға астында), (алмас жүзі) ашаң тартқан; қызыл балақ қыран еске түсті (Әуезов).

Абай өлеңдерінде, эпопеяда жоғарыдағы тәрізді дыбыстық қайталаулармен қоса жеке сөз түріндегі қайталаулар да кездесіп отырады. Негізгі ойды ұстап тұрған сөзді бұлай екі рет немесе бір рет көп қайталап қолдану әдісі шығыс әдебиетінде жалпы әріден келе жатқан көне құбылыс. Көркем тіл тәжірибесіндегі қайталаудың мұндай түрін *илтизом* тәсілі дейді. Рас, илтизом тәсілі поэзиядан гөрі прозада жиірек ұшырасады.

«Көп жасамай, көк орған,
Жарасы үлкен жас өлім.
Күн шалған жерді тез орған,
Күншіл дүние қас өлім.
Артына белгі қалдырмай,
Бауыры қатты тас өлім.
Жыламайын десе де
Шыдарлық па осы өлім...
Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бәкең,
Адалдыққа бар елдің зоры Бәкең.
Ұры-қары көбейіп, к... шөмейтіп,
Неге болды бар елдің қоры Бәкең...
Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын,
Түбін ойлап, уайым жеп айтқанмын.
Ақылдылар арланып ұялған соң,
Ойланып түзеле ме деп айтқанмын...»

(Абай)

Жастығын, шексіз шат жастығын қайта тапты. Сағынып, сүйсініп тапты. Сүйткенше сырттан Оспан кіріп келді. Кішкене інісі. Ауылға келгелі көп сұраса да көре алмаған тентек, содыр інісі... Бұның себепшісі – Әбіш. Екі жылдан бері ата-ана, аға-бауыр ерекше тосып отырған Әбіш (Әуезов). «Абай жолында» тіркес ыңғайындағы қайталаулар да ұшырасады: **«Сол кеште шашырай тараған жастар топтары еркін, әсем ән шырқады».** Осындағы **сол кеште** тіркесін келесі бетте жазушы бірнеше рет қайталайды: **«Сол кеште** Әнетке қарай беттеген Базаралы ат үстінде ән салып келе жатқан Балбаланың сымбатты сұңғақ бойына, қыпша беліне тамашалай қарайды. **Сол кеште** Керімбала мен Оралбай қосылып ән сәндейді. **Сол кеште,** жарық айлы сырқұмар кеште, көп жолдастың қоршауында келе жатып, Әмір мен Үмітей саз қосады. **Сол кеште,** үлкен өнер, әсерлі әнмен қоштасар кеште... Әйгерім ән шырқап отыр».

«Абай жолының» 2-кітабының эпилогындағы мұндай қайталаулар бұдан да көлемді, бұдан да күрделірек. Ол эпопеяның ән бойынан кездесіп отыратын сан сала тілдік қайталаулардың барлық сипатын жан-жақты танытарлықтай, солардың бәрінің жиынтық ерекшелігін аңғартарлықтай, жалпы илтизомдық сөз қолданыстың Әуезов шығармаларындағы көрінісін барынша сарқып, топтап көрсетерліктей. **«Ақшоқыда туған өлең,** өлең мен ән сан саналы жырлар көшіріліп жатталып, әуендеп толқып тарап жатты». 2-кітаптағы эпилог осылай басталады. Осы сөйлем сәл ғана өзгеріспен эпилогтың әр тұсында тағы төрт рет қайталанады: **«Ақшоқыда туған өлең,** өлең мен ән жатталып, көшіріліп әуендеп толқып Ералыға жетті. **Ақшоқыда туған өлең,** өлең мен ән көшіріліп жатталып Мұхаметжан әуенімен Үлжан аулына жеткен еді... **Ақшоқыда туған ән жатталып,** сол күндердің кешінде ұйқысыз жатқан Құнанбайдың құлағына жетті... **Ақшоқыда туған өлең,** өлең мен ән жатталып, әуенге қосылып, кең атырапқа тарап жатты».

2-кітаптың ең ақырындағы осы сөйлем 3-кітаптың соңын ала, араға тура төрт жүздей бет салып тағы кездеседі. 4-кітаптың орта тұсында да қайталанады. Сөйтіп, Абай өлеңдеріндегі, Әуезов шығармаларындағы осы алуан құрамды илтизомдық сөз қолданыстардың шығыс әдебиетіндегі көне тілдік дәстүр мен халқымыздың бүгінгі көркем сөз өнері арасындағы жалғастық айқын көрінеді. Абай мен Әуезов өздерінің шығармаларында *таносуб* тәсілін де пайдаланады, яғни бір-бірімен мағыналас ұғымы өзара жақын сөздерді қатқабаттап қосарлап, үстемелеп қолданады: **сұм-сұрқия, қу заман айбаттайды, даттайды, қырмызы, қызыл жібек бозбалалар; шабан, шардақ** және **шау; сыбыр, өсек дегенді сырттай жүріп** (Абай). **Шабуыл-шаңдуыл, әмір-бұйрық, әмір-құдірет, шолақ-шолтырақ, шағым-арыз, қамау-қоршау, қостаушы-құптаушы, бөгет-аяң, тор-шырға, байлық-барлық, тең-тұсы, саяқ-сандырақ, бейіс-райыс-шафқат, бүлік-бұзақы-қаңқұйлы, ақша-пұл, күміс-қазына** (Әуезов).

Ал *иштиқоқ* тәсілінің (яғни түбірлес сөздерді жағыстыра, жанастыра қолданудың) ақын тіліндегі, «Абай жолындағы» кейбір үлгісі мынадай: **Керенау кердең, бір керім... Сәнқой, даңғой, ойнасшы, керім-кербез... Шалықтап, шалқып, шашпай ма... Сендіре алмай, сене алмай сенделеді... Есер, есірік болмасаң** (Абай). **Қызықты, қызуды, қыздырманы ғана айтатын күлкіші, сауықшыл Барлас емес... Базаралы көңілін алаң етерлік оның ынтық, ынтызар сөзі... Абай өзінің сүйіп-сүйсініп берілетін еңбегінің соңында... Барлық күтуші қызметші атаулының баршасы тамашалап қарап қалысты... Көкшенің қартқариясы Қаратайдікіне келген** (Әуезов).

Ежелгі шығыс әдебиетінің, әсіресе, поэзиясының тіліне тән тағы бір басты ерекшелік – анықтауыштық сөз тіркестерінің жиі ұшырасатындығы. Әдетте мағына жағынан өзара қосақтап айтуға, басын біріктіруге келе бермейтін, ұғымы әр түрлі екі, кейде үш сөзді бір-біріне бұлай тели жұмсау – Абай мен Әуезов шығармаларындағы тіл ортақтастығы-

ның тағы бір көрінісі: **Қызыл балақ қыранның... Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе... Қараңғы саңырау қайғы ойды жеңген... Жапырағы қуарған ескі үмітпен... Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек... Асау жүрек аяғын шалыс басқан... Епке көнер ет жүрек... Ызалы жүрек, долы қол... Жастықтың оты жалындап Жас жүректе жанған шоқ** (Абай). **Көр кеуде, надан кеуде, ызалы кеуде, бітеу кеуде, теріс азу, сәнді салмақ, назды сүйкімділік, нәзік сүйкімділік, тәрбиелі ұстамдылық, тәрбиелі сыпайылық, сұлу сыпайылық, жас мәжіліс, жасты мұң, намыскер жүрек, үркек жүрек** (Әуезов).

Абай мен Әуезов шығыстың көркем сөз тәжірибесінде кең тараған *тавзе* тәсілін де осылай шебер пайдаланады. Екеуі де жеке сөздердің дыбыстық құрамы жағынан өзара әуезді болып келуіне қатты мән береді. Мыс., **Әсемсіп сәнсіп, Білгенсіп бәлсіп Әр нәрсенің орынын... Үкі тақтық, Күлкі бақтық Жоқ немеге сүйініп... Алса қоймас Араны тағы тоймас** (Абай), **Қымыз ішіп, қыза түсіп, әзілдесіп отырған топ... Анадай жерде қиыс отырып қымыз ішіп жатқан... Бұрынғы кейбір надан ақынды, сатымсақ сөзді мәнсап мәзді шенепті баласы... Сазды кеште назды көңіл сыр ашады** (Әуезов).

«Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Сен оның тілін білсең, көкірек-көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі сонымменен бірдейлік дағуасына кіреді» (Абай). «Орыс тілінің мәдениетінен қазақша әдебиет тіліне қонымды үлгі алғанда, оны қазақ сөзімен қалыптап, жаңғыртып, өзгертіп бергенде, ең әуелі сол көркем, шебер істелген қорытпа болсын. Бұл жөнде қылдай мін болса, одағай, өрескел боп тұрады» (Әуезов).

Шынында ақын мен жазушының осындай ортақ бағыт ұстанғаны шығармаларынан да айқын сезіледі. Қазақ тілі заңдылығына сай, орыс тілінің ықпал-ығымен жасалған «қонымды үлгілер», «көркем шебер істелген қорытпалар» қай-қайсысынан да кездесіп отырады.

«Жас жүрек жайып саусағын
Талпынған шығар айға алыс...
Мен көрдім көктің ғажап жасалғанын,
Жер ұйықтап, көкшіл шықпен бу алғанын...
Қонады бір күн жас бұлт
Жартастың төсін құшақтап...
Кавказдай құзда туған перзенттенмін,
Бұлттың сүтін ішіп ержеткенмін...
Жасырмай жастықпенен, нанғыштықпен
Айтыпты шыншыл тілің бар іңкәрін...»

Құнанбай өзінің кәрілік оңашалығында осындай бір орынды өзі де көксейтін... Жұқалау, қып-қызыл еріндері мінсіз, кінәсіз тазалықпен тыныс алады... Анау көрініп тұрған төскейдің сай-саласы, бие бауы, ауыл қонысы, қой өрісі – барлығы да соншалық таныс, жақын... Қыздар кіргенде, Әбіш скрипкасын тоқтатып, жаңа келген сыпайы топқа тәрбиелі ілтипат білдірді... Смирнов подполковник чиніндегі ісшіл, ширақ адам болатын (Әуезов). Абай өлеңдерінде, Әуезов шығармаларында орыс тілінің ізі әр түрде байқалады. Мыс., тұлғалық жағы өзгертілмей, дәл орыс тіліндегі қалпында алынған сөздер де кездеседі. Олар: **коренной, майор, кандидат, назначение, прошение, самородный, дознание, единица, элемент** (Абай), **потрава, недоимка, космогония, депеша, вексель, околоток, ходок, урядник** (Әуезов). Сондай-ақ, тұлғасы сәл-пәл өзгертіліп қолданылған да сөздер бар. Олар төмендегі тәрізділер: **зауат, нөл, нөмір, ояз, оязнай, самаурын, сот, бодам, бөтелке, жеребе, старшын** (Абай), **майыр, кіршіме, барабай, зәуезнай, боқырау, бодам, имампос, оқап, охотшы, дабернай, старшын, шербешнай, мәліш, пәшке** (Әуезов).

Әдеб: Жұмалиев Қ. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі.– А., 1948; Сыздыкова Р. Абай шығармаларының тілі.– А., 1968; Жанпейісов Е. М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясының тілі.– А., 1975. *Е. Жанпейісов.*

«АБАЙ ЖҮРГЕН ІЗБЕНЕН» – «Қазақстан» баспасынан 1985 ж. жарық көрген зерт. еңбек. Авторы – М. Мырзахметов. 2 бөлімнен тұрады. Онда автор Абай өмірі мен шығармаларының қазан революциясына дейін баспасөзде жарияланып, бағалануын қарастырады. Абай мұрасын көпшілікке танытуға, оны бағалап халық игілігіне айналдыруға мол үлес қосқан З. әл-Жауһари, Кәкітай, С. Торайғыров, С. Нұржанов т. б. зерттеушілердің игі істеріне тоқталады. Ақын өмірі мен өлеңдерін орыс жұртшылығына таныстырудағы Семенов Тянь-Шаньскийдің, В. И. Кудашовтың, ағайынды Белослюдовтардың еңбектерін олардың бір-бірімен алысқан хаттары мен мақалаларынан үзінді келтіре отырып дәлелдейді. Абай жайында әр жылдары араб әрпімен басылған құнды еңбектердің түпнұсқасымен таныстырады. Жинақ соңында пайдаланған әдебиеттердің библиогр. көрсеткіші берілген. Кітап әдебиет зерттеушілеріне, студенттерге арналған. Көлемі 5,4 б. т., 3 мың дана болып басылған.

АБАЙ ЗИРАТЫ – Қазіргі Семей обл., Абай ауд. жеріндегі Жидебай қонысындағы зират. Мұнда Абайдың әжесі Зеренің, анасы Ұлжанның, ағасы Құдайбердінің, немере інісі Шәкерімнің, әмеңгерлік жолмен қосылған әйелі Еркежанның, Ғабитхан молданың, Ахат Шәкерімұлының т. б. қажы Құнанбай ұрпақтарының мүрделері жатыр. Абайдың өзі арнайы құлпытасын қойдырып, төрт құлақты бейіт көтерткен інісі Оспан қабірі де осында. 1904 ж. ескіше 23-маусымда Шыңғыстау сыртындағы Балашақпақ жайлауында қайтыс болған Ибраһим (Абай) Құнанбайұлының сүйегі Жидебайға жеткізіліп, осы зиратқа Оспанның қасына жерленеді.

1959 ж. ҚазССР Мин-лер Советі Абай бейіті басына тұрғызылатын ескерткіштің жобасын жасауға конкурс жариялап, сәулетші В. Крошиннің жасаған жобасы қабылданады. 1960 ж. құрылысы аяқталған, биікт. 10 м жаңа ес-

керткіштің қасбетіне Абай бейнесі бедерленген барельеф қондырылып, қоладан белдеу жасалып, ақынның аты-жөні, туған, қайтыс болған жылдары жазылып, ақын өлеңдерінен үзінділер шекіп түсірілген. Абайдың 150 жылдық мерейтойына орай ақынның ескерткіші толығымен қайта жасалды. Ескерткіштің авторлары – Б. Ибраев, А. Қарпықов, С. Ағытаев, Е. Матвеевтер. Мемориалдық кешеннің ұзынд. 200 м., ені 80 м., күмбез биікт. 35 м.

АБАЙ КАБИНЕТІ – Абайдың әдеби мұрасын студент жастарға тереңдей таныстыру мен оның шығармаларын ғылыми тұрғыда зерттеу мақсатында 1969 ж. (бұрынғы ҚазПИ-дің) Алматы МУ-нің қазақ әдебиеті кафедрасы жанынан ашылған. Проф. Қ. Жұмалиевтың және қазақ әдебиеті кафедрасы ұсынысымен ұйымдастырылған. А. к-нде ақынның өмірбаяны мен әдеби мұрасы, ол жайлы жүргізілген зерттеу жұмыстары және архив деректері, ел аузындағы мағлұматтар жинастырылған. Абай мұрасы тақырыбында диплом жұмыстары жазылып, абайтанудан арнайы курс, семинар сабақтар жүргізіледі, ғыл.-теор. конференциялар ұйымдастырылып, ғылыми баяндамалар жасалады.

АБАЙ КҮНДЕРІ – Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасын халық арасында насихаттаудың тиімді әдісі, жалпы халықтық жыр мерекесі. А. к. ақынның қайтыс болғанына 10 жыл толуына орай Семей қ-нда 1914 ж. 26 қаңтарда өткен әдеби-муз. этнограф. кештен басталады. Кешті Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесі ұйымдастырған. Н. Құлжанова «Қазақ ақыны Ибраһим (Абай) Құнанбаев және оның поэзиясы» деген тақырыпта баяндама жасады. Соңынан Абайдың өлеңдері оқылып, әндері орындалды. Қазақтың әдет-ғұрып, тұрмыстық салт-дәстүрлерінен көріністер т. б. көрсетілді. Кеш туралы «Айқап» журналы «Абайдың өлеңі айтылады, бақсы ойнайды деген хабарды естіп, қаладағы, қырдағы жиылған қазақтың көбіне билет жетпей қалды. Қазақтың өз тілінде еш нәрсе болмағандығынан тыныш жүрген халық екендігі білінді (қазақ сауыққой халық қой), қазақтың оқығандары бала-шағаларымен көтеріле барыпты. Абайдың қадірі халыққа зор екен. Абайдың өлеңі оқылғанда, талай қазақтың көзінен жас мөлдіреді»,– деп, жылы лебіз білдірді (Айқап, 1914, № 4). 1915 ж. 13 ақпанда Абайдың туғанына 70 жыл толуына орай Семейдің дүкеншілер клубында үлкен әдеби кеш ұйымдастырылды. Онда қазақ поэзиясы және Ы. Алтынсарин, Абай мұралары жайында сөз қозғалды. Абайдың «Татьяна», «Жарқ етпес қара көңлім не қылса да» әндерін Ә. Қапсәлемов нақышына келтіре орындап, көпшілік құрметіне бөленді. Т. Жомартбаев, Ж. Аймауытов, Қ. Сәтбаев, Нәзипа және Нұрғали Құлжановтар өз өнерлерін көрсетті. «Біржан мен Сараның айтысы» сахнаға қойылды. Кештен түскен қаржы Петроградтағы мұсылмандар атынан ашылған лазаретке, мұқтаж қазақ оқушыларына бөлінді. Бұл жайында «Айқап» журналы «Қазақша бастапқы ойын» деген тақырыппен мақала жариялады (1915, № 5). 1924 ж. шілдетамыз айларында Семей қ-ндағы Луначарский театрында Орыс географиялық қоғамы Семей бөлімшесінің ұйымдастыруымен Абайдың қайтыс болғанына 20 жыл толғанына байланысты еске түсіру кеші өтті. «Абайдың өмірбаяны» туралы Х. Ғаббасов, «Абайдың қазақ әдебиетіне сіңірген еңбегі» жайында М. О. Әуезов қазақ тілінде баяндама жасады. Абайдың замандасы, ақын Көкбай Жанатаев әсерлі естелік айтты. Ә. Қашаубаев, Ә. Қапсәлемов Абай әндерін тамылжыта шырқады. Кешті ұйымдастырушылардың қатарында Ә. Марғұлан болды. 1945 ж. шілде – тамыз айларында Абайдың туғанына 100 жыл толу мерекесі Қазақстанның барлық облыстарында кеңінен аталып, жалпы халықтық үлкен тойға айналды. Ақынның туған жері – Жидебайда, республика астанасы – Алматыдағы салтанатты жиындарда Абай жөнінде ғыл. баяндамалар жасалып, конференциялар, сессиялар, лекциялар, кездесулер ұйымдастырылды. Мерзімді баспасөзде ақын мұрасы жайында зерттеу мақалалар жарияланды, баспадан шығармаларының толық жинағы жарық көрді. 1971 ж. 28 мамырда Алматыда Абай Құнанбаевтың туғанына 125 жыл толу мерекесі салтанатпен тойланды. Ұлы ақынға арналған салтанатты мәжілісте жазушы Ғ Мүсірепов баяндама жасады. А. к-не сол кездегі одақтас және автономиялық республикалардан, Болгариядан, Венгриядан, Монғолиядан, Польшадан, Чилиден келген қонақтар шақырылды. Сол жылы 26 қазанда Москвада, Одақтар үйінде мереке одан әрі жалғасты. Кешті Бүкілодақтық мерекелік к-ттің төрағасы А. Б. Чаковский ашты. Орыс ақындары: Н. С. Тихонов, Вс. Рождественский, М. Луконин, өзбек жазушысы Р Фаизи, татар жазушысы Х. Туфан, қырғыз ақыны Т. Адышева, балқар ақыны Қ. Кулиев сөз сөйлеп, Абай өлеңдерін оқыды. Қазақ теледидары Абайдың 125 жылдық мерейтойына орай «Абай – қазақтың ұлы ақыны» деген жалпы тақырыппен орыс, қазақ тілдерінде бірнеше хабар берді. Онда Ә. Марғұлан, Б. Кенжебаев, М. Ақынжанов, Ғ Сармурзин, С. Бегалин және Абайдың көзін көрген ел қариялары сөйледі. Журналист С. Оразалинов 3 күндік тойдан деректі кинофильм түсірді. Кейін А. к. ақынның туған жерінде, Семейде жыл сайын аталып тұрады. 1993 жылғы 29 наурыз – 12 сәуір аралығында Алматы қ-нда Абайдың 150 жылдық мерейтойына арналған «Абай бізбен бірге» деген тақырыппен А. к. өткізілді. Астананың жоғары оқу орындарында ғыл. конференциялар, мектептерде әдеби кештер ұйымдастырылды. Ұлттық кітапханада «Абайдың өмірі мен шығармашылығы», «Абай және оның заманы», «Абайдың музыкалық мұрасы», «Дүбірлі той қарсаңында» т. б. тақырыптық көрмелер ашылды. Қазақ драма театрында М. Әуезов пен Л. С. Соболевтің «Абай» трагедиясы, Б. Римованың «Абай – Әйгерім» спектаклі, жастар театрында Абай өлеңдері мен қарасөздері негізінде жасалған «Қалың елім, қазағым», И. Оразбаевтың «Мен ішпеген у

бар ма?» спектакльдері қойылды. Қазақ теледидары ақын шығармалары бойынша «Абай» атты телеқойылым, «Әл Фараби және Абай», «Поэзия пайғамбары» деген теле-әңгіме хабарлар берді. Қазақ радиосы арқылы Абай өлеңдері шырқалып, радиоинсценировкалар жүргізілді. Опера және балет театры А. Қ. Жұбанов пен Л. А. Хамидидің «Абай» операсын көрсетті. Қазақстан Жазушылар одағында поэзиялық кеш болды. Ақындар арнау өлеңдерін оқыды. Орталық концерт залында белгілі әншілер Абай әндерін орындады. Қазақстан Суретшілер одағы қылқалам шеберлерінің ақынға арналған туындылары көрмесін ұйымдастырды. Осы жылдың тамыз айында халықаралық «Абай қорының» ұйымдастыруымен «Абай тағылымы» атты әдеби кеш өткізілді. Қазақ ақындары өздерінің поэзия жұлдызына бағыштаған жырларын оқыды.

«АБАЙ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ КЛАССИГІ» («Абай – классик казахской литературы») – қазақтың біріккен мемл. баспасынан 1949 ж. орыс тілінде жарық көрген кітапша. Авторы – М. С. Сильченко. Еңбекте 19 ғ-дың 2-жартысындағы қазақ халқының әлеум. өмірінен деректер келтіріліп, Абайдың балалық, жастық, есею шақтарына шолу жасалады. Абайдың қазақ тарихында алатын орнына, оның қоғамдық, қайраткерлік қызметіне баға беріледі. Ақынның адамгершілікке, өнерге, білімге, ғылымға, еңбекке үндейтін өлеңдері талданып, шығармаларының гуманистік-ағартушылық сипаты, Абай аударған А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, И. А. Крылов туындылары сөз болады. Кітапша лекторларға, ғылыми қызметкерлерге, көпшілікке арналған. Көлемі 2 б. т., 10 мың дана болып басылған.

«АБАЙ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РЕАЛИСТІК ӘДЕБИЕТІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ» – ҚазССР Мәдениет мин-лігі мәдени-ағарту мекемелерінің бас басқармасы 1954 ж. шығарған ғыл.-зерт. еңбек. Авторы – Б. Кенжебаев. Еңбекте автор Абайдың келелі ойларын, суреткерлік шеберлігін, жаңашылдық көзқарасын ашып көрсетеді. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін шыншылдықпен жырлап, жұртын адамгершілікке, өнер-білімге, еңбекке үндегенін баса айтады. Ақын шығармашылығына нәр берген халық өнерінің негізгі қайнар көздеріне тоқталады, шығыстың және орыс, батыс Европа әдебиетінің үлгі, өнегесіне қысқаша шолу жасайды. Ақынның өзінен бұрынғы қазақ өлеңдерінің түр-үлгілерін: өлшемін, шумағын, ұйқасын сарқа пайдалана отырып, өлең құрылысын ұстартып, ілгері дамытудағы еңбегін қорытындылайды. Кітап әдебиетшілерге, мәдени-ағарту қызметкерлеріне арналған. Көлемі 2 б. т.

«ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ ЖӘНЕ АҒАРТУШЫСЫ» – ҚазССР Мәдениет мин-лігі мәдени-ағарту мекемелерінің бас басқармасы 1954 ж. шығарған ғыл.-зерт. еңбек. Авторы – Х. Ж. Сүйіншәлиев. Автор Абайдың демократ, ағартушы, қоғам қайраткері ретінде қазақ халқы тарихынан алатын орнын көрсетеді. Ақын шығармаларын талдай отырып, оның филос., әлеум., этик., эстет. көзқарастарына шолу жасайды. Абайдың өлеңдеріндегі, қарасөздеріндегі оқу-ағарту, тәрбие мәселелерін жан-жақты қарастырады. Кітапша әдебиетшілерге, мәдени-ағарту қызметкерлеріне, лекторларға арналған. Көлемі 3 б. т.

АБАЙ ҚОРЫ – ақынның туғанына 150 жыл толу мерейтойы қарсаңында Семей қ-нда құрылған ерікті, қоғамдық қайырымдылық ұйым. Оның қызметін реттеп отыратын жарғыны 1990 ж. маусым айында халық депутаттары Семей қалалық Советі аткомы бекітті. А. қ. аты жазылған дөңгелек мөрмен, бұрышты штампымен, бланкалармен т. б. қажетті бұйымдармен жабдықталды, өз балансы бар. Ұйымдастырушылары: халық депутаттары Семей обл. Советі аткомы, Абай ауд. Советі аткомы, Кәсіподақтардың обл. советі, обл. комсомол к-ті, Қазақстан Жазушылар одағының Семей облысаралық бөлімшесі, Абайдың респ. әдеби-мемориалдық музейі, обл. «Семей таңы», «Иртыш» газеттерінің редакциялары, ҚазССР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемл. к-тінің обл. басқармасы, «Қазақ тілі» қоғамының обл. бөлімшесі. Ұйымның негізгі мақсаты – жалпы азаматтық рухани қазыналарды насихаттау, өлкеде тұратын ұлттар мен ұлыстар арасындағы достықты нығайту, мерейтойға әзірлік шеңберінде – театрландырылған ойын-сауықтар, әдеби кештер өткізу, тақырыптық кинофильмдер түсіру, Абай шығармаларын зерттеу, тарату, басқа халықтар тілдеріне аудару, жарнамалық әдебиеттер, буклеттер, күнтізбелер шығару т. б. Ұйым еліміздің шығармашылық, ғылыми одақтарымен, кәсіпорындармен, бірлестіктермен, кооперативтермен және жеке азаматтармен екі жақты келісім-шарт жасау арқылы жұмыс жүргізді. Сондай-ақ, қаражат қайнарларын белгіленген тәртіп бойынша пайдаланды, банк мекемелерінде сом және валюта түрінде есеп (Семей тұрғын үй-әлеум. банкісінің № 1700876 есебі) ашты. А. қ-ның есебіне көптеген ұйымдардан және жекелеген азаматтардан қаржы түсті.

АБАЙ (Ибраһим) **ҚҰНАНБАЕВ** (22.8.1845, қазіргі Семей обл., Абай ауд.– 5.7.1904, сонда) – ұлы ақын, композитор, философ, ағартушы, қазақтың реалистік жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаушы.

Ақынның арғы тегі Орта жүз Тобықты Арғын ішіндегі Олжай батырдан басталады. Олжайдан: Айдос, Қайдос, Жігітек есімді 3 ұрпақ тарайды. Бұлардың әрқайсысы кейін бір-бір рулы ел болып кеткен. Айдостың Айпара деген әйелінен: *Ырғызбай,* Көтібақ, Топай, Торғай деген төрт ұл туады. Бұлардың әкесі момын, шаруа адамы, ал шешесі өткір тілді, өр мінезді әйел болған. Сол Айпара балаларына:

«Шынжыр балақ, шұбар төс Ырғызбайым,
Тоқпақ жалды торайғыр Көтібағым,
Әрі де кетпес, бері де кетпес Топайым,
Сірә да оңбас Торғайым»,–

деген сипаттама берген (Әуезов М.

Жиырма томдық шығармалар жинағы. – А., 1985, 26-б.). Ана айтқанындай, шынында, бұлардың ішінде Ырғызбай ортасынан оза шауып, ел басқарған. Ырғызбайдан: Үркер, Мырзатай, Жортар, Өскенбай тарайды. Өскенбай шаруаға жайлы, билікке әділ кісі болғандықтан, «Ісің адал болса, Өскенбайға бар, арам болса, Ералыға бар» деген мәтел сөз қалған. Өскенбайдың әйелі *Зереден* Құнанбай туады.

Құнанбай 4 әйел алған адам. Оның бәйбішесі Күңкеден – Құдайберді, інісі Құттымұхамбетке айттырылып, қалыңдық кезінде жесір қалған соң өзі алған екінші әйелі: Ұлжаннан – Тәңірберді (Тәкежан), Ибраһим (Абай), *Ысқақ, Оспан,* үшінші әйелі *Айғыздан – Халиулла, Ысмағұл* туады. Қартайған шағында үйленген ең кіші әйелі Нұрғанымнан ұрпақ жоқ. Абайдың «Атадан алтау, анадан төртеу...» едім дейтіні осыдан. Болашақ ақын сабырлы мінезімен, кең пейілімен ел анасы атанған «кәрі әжесі» Зеренің таусылмайтын мол қазынадай аңыз ертегілерін естіп, абысын-ажынға жайлы, мінезі көнтерлі, әзіл-қалжыңға шебер, жөн-жобаға жетік өз анасы Ұлжанның тәрбиесінде өсті.

Абай әуелі ауылдағы *Ғабитхан* молдадан сауатын ашады да, 10 жасқа толған соң 3 жыл Семейдегі *Ахмет Риза медресесінде* оқиды.



Абай Құнанбаев. Қ. Қожықов. 1955.

Бұл медреседе араб, парсы тілдерінде, негізінен, дін сабағы жүргізілетін еді. Құрбыларынан анағұрлым зейінді бала оқуға бар ықыласымен беріліп, үздік шәкірт атанады. Ол енді дін оқуын ғана мұсе тұтпай, білімін өз бетінше жетілдіруге ұмтылады. Сөйтіп көптеген шығыс ақындарының шығармаларымен, араб, иран, шағатай (ескі өзбек) тілінде жазылған ертегі, дастан, қиссалармен танысады, Шығыстың Низами, Науаи, Сағди, Хафиз, Фзули сияқты ұлы ғұлама, классик ақындарына бауыр басады. Медресенің үшінші жылында Абай Семей қаласындағы «Приходская школаға» да қосымша түсіп, орысша сауатын аша бастайды. Бірақ бұл оқуын әрі жалғастыра алмай, небәрі 3 жылдан соң оның мұсылманша да, орысша да оқуы аяқталады. Абайдың басқа балаларынан алымдылығын аңғарған Құнанбай оны елге шақыртып алып, өз жанына ертіп, әкімшілік-билік жұмыстарына араластырмақ болады. Сөйтіп, 13 жастағы Абай ел ісіне араласады.

Абай әке қасында болған жылдарда атқамінер би-болыстардың қулық-сұмдықтарын, қазақ даласында ыдырай бастаған феодалдық қатынастардың кереғар қайшылықтары кіріптар еткен әлеум. теңсіздіктің зардаптарын, аштық пен жалаңаштықты, патриархалдық, кертартпа салт-сана, әдет-ғұрып заңдарының залалдарын айқын түсінді. Патша үкіметінің отаршылдық саясаты мен парақор орыс әкімдерінің жергілікті би-болыстардың арамза әрекеттерін айнытпай танып, көкірегінде жиіркеніш сезімі оянып, соларға қарсы күресуге бел буды, «елге пайдалы, адамгершілігі бар, әділ басшы болсам ғана жақсы адам боламын» деген тұжырымға бекіді. Осы мақсатпен болыс сайлауына түсіп, жеңіп шығады да, 1876–78 ж. Қоңыр-Көкше еліне болыс болады. Бұл жылдары Абай өз қолындағы билікті пайдаланып, әділдік таразысын тең ұстауға күш салды. Әлсізге зорлық көрсеткендерді, ұрлық жасағандарды қатты жазаға тартып, халық қамқорына айналды. Оның ел басқарудағы бұл бағыты халықты қалауынша езіп-жаншып жүрген шонжарлар тарапынан қатты қарсылыққа ұшырады, үстінен оязға жалған арыз айтушылар көбейді. Соның бірі Үзікбай Бөрібаевтың «Таймақкөл» деген жерімді тартып алды» деген жалған арызы бойынша көтерілген іс 10 жыл сүргінге созылып, ақыры Е. П. *Михаэлистің* көмегімен аяқсыз қалды. Семей ояздық судьясы П. В. Маковецкий бұл істі 1884 ж. 27 тамызда жалған жала деп тауып, қысқартып тастады. Ақын үстінен жазылған «Абай барымта алды, ауыл шауып, әйел қорлады» деген бір топ шонжар дүшпандарының арызы да нәтижесіз қалды.

Ақын саяси қызметі үшін 1870 жылдары Петербургтен Семейге айдалып келген Михаэлиспен, 80-жылдарда орыс демократтары *Н. И. Долгополов, А. А. Леонтьевпен* танысады. Бұл озық ойлы азаматтардың Абайдың саяси-әлеум. көзқарасына игі ықпалын тигізгені сөзсіз. Бірақ А. Құнанбаев орыс мәдениетімен, әдебиетімен, демократтық көзқараста-

рымен осы кісілер арқылы танысты деу ағат айтқандық болар еді. Бұл тұста М. О. Әуезовтың: «Ал, кейін орыс тілін еркін біліп, орыстың ұлы мәдениетін мол, терең тани бастаған Абай озғын ойды бұлардан үйренбейді. Пушкиннің өзінен, Белинский, Герцен, Чернышевский, Салтыков-Щедрин, Некрасовтардың өз мұраларын оқып, кең, терең тәрбие алды. Абайдың классик ақын болған маңызын, әлеуметтік көзқарасын тек Михаэлис әсерінен деп қойсақ, әрі Абайға, әрі орыс халқының ұлы мұрасына және ұлы даналарына қиянат сөз айтқан болар едік» деген тұжырымын келтірсек те жеткілікті (сонда, 51–52-б.). Абай осылайша Европаның Гете, Байрон сияқты ақындарын, Спенсер, Спиноза, Льюис, Дарвин, Дрепер сынды ғұламаларының туындыларын оқыды. Сөйтіп, Әуезовтың сөзімен айтқанда «1884 жылдары, жасы қырыққа таман ілінгенде, ол дүниеден көп мағлұматы бар кісі болды» (сонда, 54-б.). Абай осы тұста, 1886 ж. досы Михаэлистің ұсынысымен, *Семей обл. Статистика комитетінің* толық мүшесі болып сайланды.

1885 ж. мамыр айында Шар өзенінің бойындағы Қарамола деген жерде Семейдің ген.-губернаторы Цеклинскийдің басқаруымен Семей губерниясына қарайтын 5 уездің 100-ден астам би-болыстары бас қосқан төтенше съезі өткізілді. Осы съезде төбе би болып сайланған Абайға *«Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесін»* әзірлеу тапсырылды. Абай бастаған комиссия барлығы 93 баптан тұратын ережені 3 күн, 3 түнде әзір етті. Бұл қазақ қауымында ежелден қалыптасқан кертартпа әдет-ғұрып заңдарына да, патша өкіметінің халықты қанаушылыққа, зорлық-зомбылыққа негізделген заңына да ұқсамайтын, өзгеше құжат еді. Оның әсіресе, ұрлық, қылмыс пен әйел мәселелеріне арналған баптары ерекше құнды. Бірақ Абайдың атақдаңқын осынша көкке көтерген *Қарамола съезінен* кейін оның дұшпандары тіпті еліріп кетеді. 1890 ж. Байғұлақ, Күнту деген жуандар бастаған 16 атқамінер Жиренше қыстауының шетіндегі Ши деген жерде (қ. *Ши түбіндегі баталасу*) Абайға қарсы дұшпандық әрекетке сөз байласады. 1891 ж. Оразбай бастаған дау 1897 жылға дейін созылады. Бұл шиеленістің аяғы 1898 жылғы *Мұқыр сайлауындағы* жанжалға, Абай өміріне қастандыққа әкеп соқтырады. Ақын бұл жанжалдың барша жиреншті сырын, өзінің ақ екендігін *Сенатқа хатында* барынша айғақты деректермен дәлелдеп береді.

Абай өлең жазуды 10 жасында («Кім екен деп келіп ем түйе қуған...») бастаса, өз өлеңдеріне ән шығаруды шамамен 1880–97 ж.



Ақын өз отбасы ортасында. Бірінші қатардағылар: Бәкизат, Тұрағұл, Әубәкір; екінші қатардағылар: Абай, Еркежан, Кәмалия; үшінші қатардағы – Мағауия.

аралығында көбірек қолға алған. Өлеңдерін әркімдердің атымен таратып, *Көкбай* атынан бастырған ақын жазған өлеңдерін «жинауды» шәкірттеріне 1896 ж. ғана ескерткен. Ал қара сөзбен жазылған ғақлия-өсиеттерін 1890–98 ж. аралығында қолға алған.

Абай үш әйел алған. Бәйбішесі Ділдадан: *Ақылбай, Әбдірахман, Күлбадан, Әкімбай, Мағауия,* Райхан; екінші әйелі Әйгерімнен Турағұл, Мекайыл, Ізкайіл, Кенже деген 7 ұл, 3 қыз сүйген. Келіндей алған әйелі *Еркежаннан* ұрпақ көрген жоқ.

Әдеб.: М. Әуезов. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Жиырма томдық шығармалар жинағы.– А., 1985, 20-т., 6–245 б.; Абай Құнанбаев. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. – А., 1961; Ә. Жиренши н. Ақынның өмірі. 7–54 б.

«АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ» (бұрынғы аты – «Тюмень») – Семей пароходствосының Ертіс бойымен Зайсаннан Омбы, Түмен қ-ларына дейін қатынайтын жолаушылар кемесі. 1950 ж. Абай есімімен аталған. Кемеде Абай бөлмесі ашылған. Онда Абай жинақтары, ақын туралы жазылған еңбектер, өлең-жырлар көрмесі ұйымдастырылып, Абай портреті ілінген. Бұл портретті кеме боцманы Есенғали Атамбеков 1980 ж. Семейдегі Абайдың әдеби-мемориал. музейіне тапсырды. Тозығы жетіп, кеме 1968 ж. жүзуін тоқтатты.

«АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ» – қазақтың мемл. көркем әдебиет баспасынан (қазіргі «Жазушы») 1950 ж. жарық көрген моногр. еңбек. Авторы – Ә. Жиреншин. Еңбек кіріспеден және «Абайды ғылыми зерттеу», «Абайдың дүниеге көзқарасы», «Абайдың ақындығы», «Абайдың әлеуметтік ойды дамытуы және Абай заманындағы қазақ поэзиясы», «Абайдың өмір жолы мен мектебі» деген тараулардан тұрады. Онда автор Абайдың өмір жолы мен ақындық дарынына, дүниеге көзқарасына, филос. ой-пікірлеріне шолу жасап, ойшылдық, демокр.-ағартушылдық қызметіне баға береді, Абайды ұстаз тұтқан С. Торайғыров, Н. Орманбетов, К. Жанатаев, Ақылбай, Мағауия, Кәкітай Құнанбаев, Ә. Оспанов сынды ақындардың шығармашылық қызметіне тоқталады. Кітап әдебиет зерттеушілеріне, студенттерге, көпшілік оқырманға арналған. Көлемі 11,2 б. т., 15 мың дана болып басылған.

«АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ» – ҚазССР Мәдениет министрлігінің баспалар мен баспаханалар өнеркәсібі бас басқармасы 1958 ж. орыс тілінде шығарған кітапша. Авторы – Х. Сүйіншәлиев. Автор Абайдың өмір жолына, ақындық ортасына шолу жасап, ақынның қазақтың жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаудағы сіңірген қызметіне тоқталады. Өткен ғасырдың 80–90 ж.-да жазған өлеңдерінің әлеум. мәнін, тәлім-тәрбиелік қасиетін ашып, өмір шындығын суреттеудегі шеберлігін сөз етеді. Кітапша соңында Абайдың қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген шығармаларының тізімі берілген. Еңбек әдебиетшілерге, лекторларға, мәдениет қызметкерлеріне арналған. Көлемі 1,5 б. т., 1 мың дана болып басылған.

«АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ» – «Қазақстан» баспасынан қазақ және орыс тілдерінде 1965 ж. жарық көрген библиогр. көрсеткіш. Құрастырғандар: М. Мырзахметов, Б. Қ. Қойшыбаева, Ф. И. Эльконина. Кітапқа көрсеткіштің ғылыми кеңесшісі проф. Қ. Жұмалиев алғысөз жазып, Абайдың қысқаша өмірбаяны берілген. Абайтану тарихында 1889–1964 ж. аралығында жарық көрген Абай шығармаларының қазақ және басқа тілдердегі басылымдары, ақынның өмірі мен мұрасы жөнінде жазылған 3 мыңнан астам монографиялық еңбектер, зерттеу мақалалар, өнер туындылары туралы мәліметтер топтастырылған. Абай жөніндегі архив материалдары, түрлі қоғамдар мен экспедициялардың жазбалары, патша әкімшілігі құжаттарының тізімдері берілген. Көрсеткіш мәліметтері атаулық-әріптік жүйеге түсіріліп, ғылыми-анықтамалықпен қамтамасыз етілген. Көлемі 25 б. т., 5 мың дана болып басылған. *Қ. Әлиасқаров.*

«АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ» – ҚазССР ҒА-ның «Ғылым» баспасынан 1967 ж. жарық көрген ғыл. еңбек. Авторы – М. О. Әуезов. Әуезовтың абайтану ілімінің негізін қалауға қосқан қызметіне арналған бұл еңбек Ы. Т. Дүйсенбаевтың алғы сөзімен ашылады. Кітапқа автордың қазақ және орыс тілдерінде мерзімдік басылымдар мен әр түрлі жинақтарда жарық көрген Абайға және оның туындыларына қатысты моногр. зерттеу еңбектері («Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы», «Абайды тану», «Абайдың өмірбаяны» т. б.) мен ғыл. мақалалары («Абай ақындығының айналасы», «Абай еңбектерінің биік нысанасы», «Абай мұрасы жайында» т. б.) топтастырылған. Оларда Абайдың балалық, жастық шақтарына, ақындық ортасына, сол кездегі қоғамдық-саяси қарым-қатынастарға шолу жасалады. Абай мұраларының идеялық, көркемдік сапасы, дәстүр, түр жаңашылдығы, адамгершілік, азаттық тәлім-тәрбиелік ойлары ашып көрсетіледі. Ақындық ерекшелігі, тіл шеберлігі, этик., эстетик, педагог., филос. көзқарастары, шығыс пен батыс елдері, орыс классиктерімен жалғастығы сөз болады. Кітап соңында еңбектердің әрқайсысына түсініктеме қашан және қайда жарияланғаны туралы мәліметтер берілген. Жинақ әдебиет зерттеушілеріне, тіл білімі мамандарына, аспиранттарға, студенттерге, көпшілік оқырмандарға арналған. Көлемі 25,5 б. т., 4 мың дана болып басылған. *С. Қалуов.*

«АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ» – «Жазушы» баспасынан 1971 ж. орыс тілінде жарық көрген танымдық бағыттағы кітапша. Онда Абайдың балалық, жастық шақтарына, өскен ортасына, ақындық мұраларына, қоғамдық, ағартушылық қызметтеріне шолу жасалған. Ақынның филос., этик., эстетик. көзқарастарына тоқталып, шығармашылығының қайнар көздері ашып көрсетілген. Өлеңдерінің көркемдік, жаңашылдық ерекшеліктеріне, терең ой мен бай мазмұнға құрылған идеясына назар аударылған. Абайдың қазақ халқы тарихында, Шығыс мәдениетінде өшпес із қалдырған еңбегі сөз болып, орыс жазушыларының туын-

дыларын аударудағы талант күшіне ден қойылған. Кітапшада ақынның Семей қ-ндағы респ. әдеби-мемориалдық музей үйі экспонаттарының, Алматы қ-ндағы «Абай ескерткішінің» суреттері берілген. Кітапша туристерге, көпшілік оқырмандарға арналған. Көлемі 0,8 б. т., 5 мың дана болып басылған.

«АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ» – Ақмола облыстық баспаханасынан 1971 ж. жарық көрген кітапша. С. Сейфуллин атындағы обл. кітапхана «Оқырмандар үшін естелік мағлұматтар» деген айдармен ақынның туғанына 125 жыл толуына арнап шығарған. Кіріспеден, «Ұлы өмір шежіресі» деген өмірбаяндық мақаладан және библиографиялық шолудан тұрады. Көлемі 12 бет, 300 дана болып басылған.

«АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ЖАСТАР ТӘРБИЕСІ ТУРАЛЫ» («Абай Кунанбаев о воспитании молодежи») – Қазақтың мемл. баспасынан 1954 ж. орыс тілінде жарық көрген зерттеу еңбек. ҚазССР саяси және қоғамдық білімдер тарату қоғамы шығарған. Авторы – Т. Тәжібаев. Кітапта ақын өлеңдері мен ғақлия сөздеріндегі жас ұрпақ тәрбиесіне байланысты идеялары нақты мысалдармен жан-жақты талқыланады. Көлемі 1,8 б. т., 10 мың дана болып басылған.

«АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ЖӘНЕ ОРЫСТЫҢ КЛАССИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТІ» («Абай Кунанбаев и русская классическая литература») – дәріскерлерге арналған көмекші құрал, 1954 ж. орыс тілінде жарық көрген. Авторы – Х. Ж. Сүйіншәлиев. Дәрісте орыс классик. әдебиет дәстүрі мен Абайдың шығармашылық байланысы, жаңа қазақ әдебиеті көшбасшысының қалыптасу жолы сөз болады. Абай орыс әдебиетінің әлеум. ағартушылық, патриоттық, эстетик. идеяларын бойына сіңіре білді. Автор ақынның нақты шығармалары арқылы азаттық, адамгершілік, халықтық, отаншылдық тұжырымдарына шолу жасайды. Көмекші құрал көпшілік оқырмандар мен тыңдаушыларға арналып, тәжірибелік нұсқау-көрсеткішпен, оқуға ұсынылатын әдебиеттердің тізімімен жарақталған. Көлемі 2,5 б. т., 3 000 дана болып басылған. *М. Әбішева.*

«АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ АҒАРТУШЫСЫ» – ҚазССР «Білім» қоғамы 1970 ж. ақынның туғанына 125 жыл толуына орай шығарған шағын еңбек. Авторы – Қ. Жарықбаев. Кітапшада автор Абайдың қазақ халқын дүниежүзі мәдениетінің озық үлгілерімен, философ. ойымен таныстырудағы еңбегіне, білім алу, ғылым негіздерін меңгеру жайындағы педагог. пікірлеріне қысқаша шолу жасайды, өткір тілді, әжуа-сықақ өлеңдерінің адам мінезін, психологиясын түзетудегі тәрбиелік әсеріне тоқталады. Еңбек ұстаздарға, лекторларға, студенттерге арналған. Көлемі 1,7 б. т., 500 дана болып басылған.

«АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ» (Абай Кунанбаев – великий поэт казахского народа) – Москвадағы «Знание» баспасынан 1954 ж. орыс тілінде жарық көрген зерттеу еңбек. Бүкілодақтық саяси және қоғамдық білім тарату қоғамы шығарған. Авторы – М. О. Әуезов. Еңбекте автор Абайдың жастық шағын, өскен ортасын, өмір сүрген дәуірін сөз ете отырып, сол кездегі қазақ халқының қоғамдық даму сатысын, әлеум. жағдайын жан-жақты талдайды. Абай шығармаларын әдеби-теориялық тұрғыдан саралап, оның поэтикасының ұлағатты сырын, тәлімтәрбиелік жарқын қасиетін ашады. Абай мұраларының бастау алған негізгі қайнар көздеріне тоқталады. Көлемі 1,5 б. т., 72 мың дана болып басылған.

«АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ» – Бухарестегі «CAKTEA RUSA» баспасынан румын тілінде жарық көрген монографиялық еңбек. 1954 ж. Москвадағы «Знание» баспасынан шыққан кітаптың аудармасы. Редакторы – Л. Костин. Көлемі 1,5 б. т., 8578 дана болып басылған.

«АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ» – «Кітап» полиграфиялық кәсіпорындар өндірістік бірлестігінің жедел баспа баспаханасынан 1979 ж. жарық көрген халық университеттері мен мәдени мектептерде әдеби-муз. кешті ұйымдастыруға арналған методик. ұсыныстар кітапшасы. Қаз. КСР Мәдениет министрлігі мәдени-ағарту жұмысының ғылыми-метод. кабинеті әзірлеген. Құрастырған – П. Г Жукова. Кітапшада ақынның өмірі мен шығармалары, басылымдары жайлы деректер келтірілген. Арнаулы кештер ұйымдастыруға арналған. Ақын «Абайдың ой толғамдары», «Абай білім мен еңбек туралы», «Абай білім мен ғылым туралы», «Абай және орыстың озық мәдениеті», «Абай ән әлемінде» сияқты тақырыптар ұсынылған. Кітап көрмесін ұйымдастыру, викториналар өткізу жайында нақты кеңес беріледі. Көлемі 2,5 б. т., 1000 дана болып басылған.

«АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ» («Мировоззрение Абая Кунанбаева») – ҚазССР ҒА-ның баспасынан 1956 ж. орыс тілінде жарық көрген зерттеу еңбек. Авторы – Қ. Бейсембиев. Абайдың дүниетанымын жан-жақты барлауға әрекет жасаған бұл алғашқы монографиялық зерттеу. Қазақстанның Россия қарамағына өтуін (автордың еңбекті жазған кезеңдегі саяси ағымға сай) ерекше маңызды тарихи оқиға деп қарастырады. Ол елімізде ағартушылық идеяның пайда болуын тек осы оқиғамен байланысты деген тұжырым жасайды. Екінші тарауда Абайдың дүниетанымының қалыптасуы баяндалады. Ал еңбектің үшінші, төртінші, бесінші тараулары ақынның саяси-әлеум., философ., этикалық және эстетик. көзқарастарын талдауға арналған. Автор осы тақырыптарда қалам тартып жүрген белгілі ғалымдар Н. Сауранбаев, М. Ақынжанов, Ә. Қоңыратбаев және 1954 ж. Москвада «Қазақ ағартушысы Абай Құнанбаевтың қоғамдық-саяси көзқарастары» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған А. Н. Таукелевтің ағат тұжырымдарын сынға ала отырып, ақынның дүниетанымын обьективті тұрғыдан

бағалауға әрекет жасайды. Абайдың ағартушылық қызметін Ы. Алтынсарин, Ш. Уәлиханов қызметімен байланыстыра зерттейді. Кітап көлемі 10,7 б. т., 3100 дана болып басылған. *Х. Рустемова.*

«АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ» («Жизнь и творчество Абая Кунанбаева») – әдеби-сын мақалалар жинағы. «Ғылым» баспасынан 1954 ж. орыс тілінде жарық көрген. М. О. Әуезовтың «Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығы» атты мақаласымен ашылатын бұл кітапта ойшыл ақынның филос., қоғамдық-саяси, психол. және педагог. көзқарастарын, орыс әдебиетімен байланысын, қазақтың жаңа жазба әдеби тілін дамытудағы қызметін және муз. мұрасын зерттеген Қ. Бейсембиев, Б. Кенжебаев, М. С. Сильченко, Т. Тәжібаев, З. Ахметов т. б. ғалымдар еңбектері жинақталған. Бірқатар мақалалар Абайдың ақындық шеберлігін саралауға, соңдай-ақ аудармашылық тәжірибесіне арналған. Көлемі 16,5 б. т., 30 мың дана болып басылған.

«АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ» («Педагогические взгляды Абая Кунанбаева») – «Рауан» баспасынан 1990 ж. орыс тілінде жарық көрген кітапша. Авторы – К. Шаймерденова. Зерттеу еңбек кіріспе мен 6 тақырыптан тұрады. Онда ақынның қоғам мен адам қатынастарын айқындайтын ойлары, жастарды ойшылдықпен пайымдауы, қазақ халқын оқуға, өнерге, еңбекке шақырған педагогик. тұжырымдары жан-жақты қарастырылады. Автор Абайдың эстетик., этик. талғам, талаптарға байланысты, адамның өзін-өзі тәрбиелеу жөніндегі пікірлері, оқушылардың жеке психол. ерекшеліктерін ескеру, танымдық әрекеттерін жандандыру, жан-жақты дамыған азаматты қалыптастыру жайындағы пікірлеріне талдау жасайды. Кітапша соңында Абай өлеңдерінде кездесетін көне сөздерге түсініктеме беріліп, библиограф. әдебиеттер ұсынылған. Көлемі 3,2 б. т., таралымы – 8 мың дана болып басылған.

«АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ, ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ» («Философские психологические и педагогические взгляды Абая Кунанбаева») – Қазақтың мемл. көркем әдебиет баспасынан 1957 ж. орыс тілінде жарық көрген зерттеу еңбек. Авторы – Т. Тәжібаев. Кітап ақынның философ., психол. және педагог. қызметін ашуға байланысты абайтану ғылымында осы уақытқа дейін ақтаңдақ болып келген мәселелерді зерттеуге арналған. Автор Абайдың филос. көзқарасын бағалауда ғалым Ә. Қоңыратбаевтың ағат пікірлерін сынға алады, ол «Абай Құнанбаев шығармашылығындағы психология мәселелерін гносеология мәселелерімен шатастырып алғанын, ақынның психол. көзқарасын философ. көзақарасымен араластырып жібергенін» атап көрсетеді. И. М. Сеченев, К. Д. Ушинский, Милль, Спенсердің Абай дүниетанымының қалыптасуына жасаған әсеріне тоқталады. Ақынның Сана, Сезім (қасірет, ашу, ұят), Ерік сияқты категорияларға берген сипаттамаларын талдайды. Кітап жалпы оқырмандарға, әдебиетшілерге, тілшілерге, философтарға, педагогтарға, психологтарға және студенттерге арналған. Көлемі 4,3 б. т., 10 000 дана болып басылған. *Х. Рустемова.*

«АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰҒЫЛЫНЫҢ ӨЛЕҢІ» – 1922 ж. Қазан қ-нан шыққан жинақ. Ол ұлы ақынның 1909 ж. С. Петербург қ-нда жарық көрген осы аттас жинағының қайта басылымы. Оны Қазақ АССР-інің Татарстандағы кітап бастыру жөніндегі өкілі, ақын Бернияз Күлеев дайындаған. Ол өзінің «Сөз басы» атты алғы сөзінде: «... жаман атты жоқ пен заманға ау-



Абай Құнанбаевтың 1940 ж. Москвадағы мемлекеттік «Художественная литература» баспасынан жарық көрген лирика және поэмаларының жинағы.



Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының 1940 ж. Алматыдағы «Қазақстан көркем әдебиет баспасынан» жарық көрген аудармалары мен қарасөздері жинағының 2-томы.



Абайдың 1943 ж. Алматыдағы «Қазақтың біріккен мемлекеттік баспасынан» жарық көрген «Таңдамалы өлеңдері» жинағы.



Абайдың 1972 ж. Алматыдағы «Жазушы» баспасынан ұйғыр тілінде жарық көрген жинағы.

дарып, қолдағы бар бірінші басылған өлеңдері емлесін түзетіп, баспасын жөндеп, сол қалпымен қайтадан бастырылды, артқан, кеміген ешнәрсесі жоқ»,– деп жазды. Сонымен бірге ол кітаптың текстологиясын қарап, 1909 жылғы кітаптағы кейбір қате басылған сөздерді түзетуге Ахмет Байтұрсынов пен Мұхтар Әуезовтың жәрдемдескенін атап көрсетеді. Кітап көлемі 9,0 б. т., 5 мың дана болып басылған. *Б. Байғалиев.*

«АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ» – «Жазушы» баспасынан 1971 ж. жарық көрген кітапша. Кітапшаға ақынның шығармашылық өмірбаяны беріліп, Семейдегі музей экспонаттарының, басқа да деректі материалдардың фотосуреттерімен көркем безендірілген. Көлемі 0,8 б. т., 5000 дана болып басылған.

«АБАЙ» (ИБРАГИМ) ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ» – М. Әуезовтың 1940 ж. орыс тілінде жарық көрген «Абай» (Ибрагим) Құнанбаев: өмірі мен шығармашылығы» атты кітапшасы. Автор Абайдың өмірі мен шығармашылық жолына кеңінен шолу жасайды. Кітапшада Семейдегі Абай оқыған медресе үйінің, Семейдегі Абай тұрған үйдің, Абай қыстауының суреттері берілген.

«АБАЙ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ» («Абай в русской школе») – «Мектеп» баспасынан 1968 ж. орыс тілінде жарық көрген. Орыс мектебінің қазақ әдебиеті мұғалімдеріне арналған тәсілдемелік құрал. Авторы – И. М. Орешникова. Кітапта Абайдың өмірі мен шығармаларын орыс мектептерінде оқыту тәжірибесі жинақталған. Автор мектептерде Абай шығармаларын оқытуға сағат аз бөлінетінін ескеріп, оны нақты жоспар бойынша, материалдарды барынша іріктеп, ұтымды пайдалану, кейбір тақырыптарды сабақтан тыс уақытта өту арқылы оқытуға болатынын ортаға салған. Оқушыларды Абайдың өмірбаянымен таныстыруда М. О. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясын пайдалану тәсіліне тоқталады. Абайдың орыс әдебиетімен шығармашылық байланысына, А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, И. А. Крылов өлеңдерін қазақша аударудағы үздік тәжірибесіне, ақынның төл шығармаларының құрылысы мен идеялық-көркемдік қасиетін талдап тануға көп көңіл бөлінген. Автор жастарды адамгершілік, имандылық мұраттарға тәрбиелеуде Абай қарасөздерінің маңызы мен ойшыл-ақынның филос., этик., эстет., тарихи және экономик. көзқарастары жөнінде шәкірттерге ұғымды түрде талдау жасайды. Кітапта Абайдың өмірі мен шығармаларына арналған әдеби кеш өткізудің жоспары келтірілген. Көл. 2,5 б. т., 6 мың дана болып басылған. *М. Әбішева.*

«АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ СИНТАКСИСТІК ҚҰРЫЛЫСЫ» – ҚазССР ҒА-ның «Ғылым» баспасынан 1970 ж. жарық көрген моногр. еңбек. Авторы – Р. Сыздықова. Алғы сөзден және 11 тақырыптан, қорытындыдан тұрады. Кітапта автор қазақ өлеңінің, оның ішінде Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысын олардың ұйқас өрнегіне, өлшем түрлеріне, композициялық құрамына қарай байланыстыра талдайды. Абайдың өзіне дейінгі әдеби дәстүрді қалай пайдаланғанын, поэзия синтаксисіне енгізген өзгерістерін, жаңалықтарын ашып көрсетеді. Кітап соңында ақын шығармашылығына байланысты әдебиеттердің зерттеу библиографиясы берілген. Кітап тіл білімі мамандарына, әдебиетшілерге, студенттерге арналған. Көлемі 9,5 б. т., 3 мың 350 дана болып басылған.

«АБАЙ» РЕДАКЦИЯСЫ – Абай Құнанбаевтың 150 жылдық тойы қарсаңында 1989 жылдың қараша айында Қазақ энциклопедиясы бас редакциясы құрамында құрылған ғылыми бөлім. Ұйымдастырушы Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның корр. мүшесі, Қазақ энциклопедиясының Бас редакторы Р. Нұрғалиев. Редакция өз жұмысын ақын мерекесін дүниежүзілік деңгейде 1995 ж. атап өту хақындағы ЮНЕСКО-ның шешіміне байланысты Респ. үкіметінің 1990 жылдың 22 ақпан айындағы «Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың туғанына 150 жыл толуына әзірлік және оны өткізу туралы» қаулысына сәйкес ұйымдастырды. Осы мақсатпен редакция жұмысына бағдар беріп, методикалық ғылыми басшылық жасап отыратын ақылшылар алқасы құрылды. Оған Қазақстанның белгілі ғалымдары мен мәдениет-әдебиет қайраткерлері: Қазақстан Республикасы Ұлттық ҒА-ның академиктері З. Ахметов, С. С. Қирабаев, Қазақстан Республикасы Ұлттық ҒА-ның корр. мүшелері Р. Нұрғалиев (төраға), Ш. Қ. Сәтбаева, Р. Ғ. Сыздықова, Б. Г. Ерзакович, ғылым докторы Л. М. Әуезова, абайтанушы ғалымдар Қ. Мұқаметханов, М. Мырзахметов, журналист Т. Б. Рсаев енді. Семей облысында ақын энциклопедиясына жан-жақты көмек көрсетуді қолға алған жұмысшы тобы құрылды (жетекшісі Семей облысы әкімінің орынбасары М. Ж. Шайжүнісов). Абайтанушы-ғалымдар Қ. Мұқаметханов пен М. Мырзахметов Қазақ энциклопедиясы бас редакциясына тікелей жұмысқа алынды. Редакция Қытай Халық Республикасының, Моңғол Халық Республикасының, Тәуелсіз Мемл. Достастығына кіретін елдер ғалымдарымен байланыс орнатты. Ақынның өмірі мен шығармашылық жолына қатысты деген 3 мыңнан астам атау жұртшылық талқысына салынып, оның 2800-і бекітілді. А. р-нда әр жылдарда М. Құл-Мұхаммед (алғашқы меңгерушісі), Т. Рсаев (ред. меңгерушісі), М. Мырзахметов, Қ. Мұқаметханов, С. Қалуов, Ә. Пірманов, М. Жұмағалиев, Х. Орынғалиев, Ә. Салықбаев, С. Бірімқұлов, Ә. Еренбаева, Р. Ахметова, М. Мүсәпірова, Қ. Хасенова, Ж. Сахиев, Г. Нұрмұхамбетова қызмет істеді. Редакция «Абай» энциклопедиясын қазақ және орыс тілдерінде әзірледі.

«АБАЙ – САТИРИК» – ақынның туғанына 125 жыл толуына байланысты «Білім» қоғамынан 1970 ж. жарық көрген кітапша. Авторы – Т. Қожакеев. Автор Абай сатирасының өткірлігін жан-жақты талдайды. Ақын сынының негізгі объектісі мен тақырыбын, өз заманындағы қоғамдық қайшылықтарды, ел билеу жүйесін, ұлық, болыс, әкім пысықтардың жемқорлық

айла-амалдарын әшкерелеу әдістері мен шеберлігін сөз етеді. Абай сатирасының жазылу түрі мен тәсілін жіктеп (тұрмыстық, саяси-әлеум., этик., моральдық), қазақ әдебиетінде сатира, әзіл-оспақ, сын-сықақ жанрын жаңа түрмен, соны мазмұнмен байыта түскенін ашып көрсетеді. Еңбек әдебиет зерттеушілеріне, лекторларға, студенттерге, жалпы оқырман қауымға арналған. Көлемі 1,7 б. т., 4 мың дана болып басылған.

«АБАЙ СӨЗІНЕ ЖАЗЫЛҒАН ӘНДЕР» – Қазақтың мемл. көркем әдебиет баспасынан 1954 ж. қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген жинақ. Муз. редакторы – Б. Г Ерзакович. Кітапқа Қазақстан композиторлары С. Мұхаметжановтың, М. Төлебаевтың, М. Қойшыбаевтың, Ә. Еспаевтың, С. Кәрімбаевтың Абай өлеңдеріне жазған 10 әнінің нотасы, «Қалқам-ай, мен үндемей жүремін көп», «Мен сәлем жазамын», «Таңғажайып бұл қалай хат», «Ғылым таппай мақтанба», «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Құйқылжыр көңіл құсы шартарапқа» әндерінің сөздері берілген. Кітап көлемі 5,02 б. т., 5000 дана болып басылған.

«АБАЙ ТАҒЫЛЫМЫ» – «Жазушы» баспасынан 1986 ж. жарық көрген әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер жинағы. Құрастырған – Н. Ғабдуллин. Кітапқа енгізілген қазақ жазушылары мен ғалымдарының Абай мұрасы жайлы әр жылдарда жазған таңдаулы 31 еңбегі іштей: «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп», «Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ», «Арттағыға сөзің мен ісің қалсын» деген тақырыптар төңірегіне топтастырылған. Кітап соңында ақын өміріне қатысты архив материалдары тізіліп, арнаулы түсініктемеде зерттеу мақалалардың қашан жазылып, қайда жарияланғаны туралы қысқаша мағлұматтар берілген. Көлемі 24,1 б. т., 4700 дана болып басылған.

«АБАЙТАНУ» – Абайдың туғанына 140 жыл толуына орай қазақ және орыс тілдерінде «Ғылым» баспасынан 1988 ж. жарық көрген библиогр. көрсеткіш. Авторы – М. Мырзахметов. Еңбек кіріспе сөз бен үлкен 2 бөлімнен тұрады. Онда 1939–85 ж. аралығында Абай және оның мұрасы жайлы қазақ және орыс тілдерінде жарияланған мақалалар, зерттеулер, моногр. еңбектер тізілген. Ақын шығармалары және оның басқа тілдерге аударылуы туралы деректер келтірілген. Әр бөлім 60-тан астам тақырыпқа шоғырландырылған. Кітап соңында әр бөлім бойынша пайдаланған газет-журналдардың тізімі ұсынылған. Кітап көпшілік оқырманға, мектеп оқушыларына, студенттерге, аспиранттарға, әдебиетшілерге, әдебиет зерттеушілеріне, кітапхана қызметкерлеріне арналған. Көлемі 12,6 б. т., 1990 дана болып басылған.

АБАЙТАНУ – ұлы ақын мұрасын жан-жақты, терең зерттеуді мақсат ететін қазақ әдебиеті тарихы салаларының бірі. Совет өкіметі орнасымен-ақ, өткендегі мұраға қамқорлық маркстік-лениндік жаңа дүниетаным негізінде жүргізіле бастады. Ал Абай мұрасын тану, таныту, насихаттаудың алғашқы белгілері революцияға дейін-ақ көрінгенімен, оны шын мағынасындағы ғылыми тұрғыдан танып бағалау ісі біздің заманымызда ғана жүзеге асты. 1933 ж. М. Әуезов Абайдың тұңғыш ғылыми өмірбаянын жазып, А-дың негізін салуды бастап берді. Бірақ 30 жылдардың аяғына дейінгі кезеңде жазылған сын мақала, зерттеулерде бұл мұраны танып, бағалауға сол тұстың әдеби атмосферасында орын тепкен тұрпайы социологиялық, компоративистік негіздегі теріс танымдардың салқыны тимей қалған жоқ.

Абайдың туғанына 95 және 100 жыл толу мерекелеріне орай көптеген мақала, зерттеулер жазылды. Осы кезден бастап әр түрлі ғылым салаларында Абай мұрасын әр қырынан қарастырып, зерттеу нәтижесінде 4 докторлық, 24 канд. диссертация қорғалып, ондаған моногр. зерттеулер жарық көрді. Абай мұрасының бірегей білгірі М. Әуезов ақын мұрасын зерттеуді ғыл.-зерттеулері мен көркем шығармаларын жазу үстінде қатар жүргізіп, сегіз түрлі күрделі проблема төңірегінде ізденді. Ал бұл проблемаларды А-дың көрнекті зерттеушілері С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, М. С. Сильченко, Б. Кенжебаев, Т. Тәжібаев, З. Ахметов т. б. көптеген ғалымдар әрі қарай жалғастырды. Республикамыздың жоғ. оқу орындарында 1942 жылдан А-дан арнайы курс оқытылып, семинар сабақтары өткізіліп келеді. Абай мұрасын зерттеумен ғалымдар ғана айналыспай, көркемөнердің басқа да саласында, мыс., көркем әдебиетте «Абай жолы» эпопеясы, «Абай» трагедиясы мен көркемөнердің музыка, кино, сурет, мүсін, театр, опера сияқты түрлерінде де жаңа туындылар көптеп жазылды. А. саласындағы зерттеулер тақырып жағынан жіктеліп, күрделі мәселелерді шешу сияқты проблемалық сапалық жаңа деңгейге көтерілді. Қазір зерттеу нысаналарына аса күрделі проблема болып саналатын: Абайдың дүниетанымы, ақын шығармаларының рухани нәр алған қайнарлары, Абайдың ақындық дәстүрі, әдеби ортасы, реализмі, халықтығы, орыс классиктерімен қатысы, өмірбаяны, текстологиясы және архив қазынасындағы деректер көзі де қамтыла бастады. Абай шығармаларының академиялық толық жинағын шығарумен қатар оны туысқан халықтар, шет ел тілдеріне аудару жұмысы жолға қойылды.

АБАЙТАНУ АРНАЙЫ КУРСЫ – ұлы ақынның мұрасын зерттеп, танып-білу мақсатында республиканың жоғ. оқу орындарында оқылатын арнаулы пән. ҚазМУ-дің қазақ әдебиеті каф. жанынан, 1942–43 оқу жылында, М. О. Әуезов ұйымдастырған. Абайдың әдеби мұрасын ұзақ жылдар бойы зерттеу, оның қорытындыларын А. а. к-нда шығармашылық түрғыда жетілдіріп, пайдалану нәтижесінде Әуезовтің «Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер» (А., 1967) ғыл. еңбегі жарық көрді. А. а. к. негізінен Әуезовтің ұлы ақын мұрасын зерттеп, танып білудегі ізденістерінен туындаған шығармаларымен қатар Абайдың әдеби мұрасын тікелей не жанама

түрде зерттеген ғалымдардың еңбектеріне де сүйеніп отырды. Курсты 1942–61 ж. аралығында Әуезов жүргізді. 1966–67 оқу жылынан бастап абайтану мен абайтану тарихынан арнайы курс оқу Қазақстан мен Өзбекстанның бірқатар пед. ин-ттарының қазақ әдебиеті кафедраларында жүргізіліп келеді. Осы мақсат тұрғысында хронологиялық және тақырыптық жүйедегі библиогр. көрсеткіштер мен абайтану бағдарламасы жарық көрді.

АБАЙТАНУ БАҒДАРЛАМАСЫ – ұлы ақын мұрасы туралы ізденістер мен зерттеулердің бір ізге түсіп жүйеленген жоспары. Республиканың жоғ. оқу орындарында ақынның мұрасын зерттеп, тереңірек танысатын *Абайтану арнайы курсы* мен *Абайтану сабақтары* 1942–43 оқу жылынан тұрақты түрде өтіле бастады. 1951 ж. республиканың саяси-әлеум. өмірінде тұрпайы социологиялық танымның қысымы күшейе түсті. Соның бір көрінісі – М. Әуезовтің Абайдың шәкірті Көкбайдың «Сабалақ» дастаны туралы айтқан тұжырымдарына байланысты ұлы жазушының ғыл.-шығармашылық туындыларына жатырқай қарау сарындары белгі беріп жатты. Сол себепті және абайтану саласында болып өткен пікір таласынан кейін, Әуезовтен абайтанудан оқылатын арнайы курсының бағдарламасын жасау талап етілді. Бағдарламаның алғашқы нұсқасын Әуезов «Абайды тану» атты арнаулы курстың С. М. Киров атындағы Қаз. мемл. у-тінің әдебиет ф-тіне лайықталған бағдарламасы (8 ақпан, 1951 ж.)» деген атпен жазып шықты. Нұсқада Абайдың ақын шәкірттері жайындағы таным толығырақ, нақтырақ қамтылған еді. Алайда, А. Б. әдебиет саласында орын алған бұрмалаушылықтардың қысымымен сынға алынып, 1951 ж. қараша айында еріксіз қайта жазылды. Бұл нұсқадан Абайдың ақындық мектебі және ақын шәкірттері туралы деректер алынып тасталды. Абайдың әдеби мұрасы туралы жазылған монографиясының («Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер». А., 1967) қолжазбасынан да «Абайдың әдеби мектебі» деген тарауы қысқартылды. Әуезов жасаған абайтанудың арнайы курсының бағдарламасы тұңғыш рет *«Абайтанудан жарияланбаған материалдар»* (А., 1988) кітабында жарық көрді.

АБАЙТАНУ БӨЛІМІ. Абайдың әдеби мұрасын жан-жақты қамтып, тереңдей зерттеу мақсатымен 1944 ж. ҚазССР ҒА-ның Тіл және әдебиет ин-ты жанынан М. Әуезовтың жетекшілігімен ұйымдастырылған. А. б-нің 1945–46 ж. арналған ғыл.-зерттеу жоспарына тақырыптарды қамтыды: «Абай дүниетанымының тарихы», «Абай – қазақ әдебиетінің негізін салушы», «Абай Құнанбаевтың дүниетанымы», «Абай (Өмірбаян және естеліктердің деректі көздері)». А. б. 1947 ж. Қазақстан КП ОК-нің «Тіл және әдебиет институттарының өрескел саяси идеялық қателіктері» деген қаулысынан кейін жабылды. Алайда Абай мұрасын ғыл.-зерттеу жұмыстары өз алдына жүргізіле берді. Қазақстан КП ОК мен ҚазССР Мин. Советінің «Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың туғанына 150 жыл толуына әзірлік және оны өткізу туралы» 1990 ж. 22 ақпандағы № 68 қаулысынан кейін А. б. ҚазССР ҒА-ның Әдебиет және өнер ин-ты жанынан 1990 ж. 1-шілдесінде М. Мырзахметовтың жетекшілігімен қайта ашылды. А. б. ақынның академиялық толық жинағын шығару мен абайтанудың күрделі мәселелерін арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

«АБАЙТАНУДАН ЖАРИЯЛАНБАҒАН МАТЕРИАЛДАР» – «Ғылым» баспасынан 1988 ж. жарық көрген ғыл. зерт. мақалалар мен құжаттар жинағы. Авторы – М. О. Әуезов. Жинақ алғысөзден және көлемді 8 тақырыптан тұрады. Онда академиктің абайтану мәселелеріне байланысты орыс және қазақ тілінде жазылған зерттеулері, жүйелеген материалдары, баяндамалары, оқыған дәрістері, хаттары, жоспарлары енгізілген. Сондай-ақ ақын өмірбаянынан бастап, оның шығармаларының басылымдарына енгізген текстол. өзгерістері, Абай мұрасының рухани көздеріне, ақындық дәстүріне байланысты ғыл. болжамдары мен нақты тұжырымдарын танытатын еңбектері жүйелі түрде топтастырылған. Жоғары оқу орындарында абайтанудың арнаулы курсында оқыған дәрістері жеке тарауға жинақталған. Кітап соңында ғалымның осы жинаққа енгізілген мақалаларына ғыл. түсініктеме берілген. Кітап әдебиетшілерге, тарихшыларға, философтарға, көпшілік оқырманға арналған. Көлемі 19,2 б. т., 2300 дана болып басылған.

АБАЙТАНУ САБАҒЫ – республиканың жоғ. оқу орындарында студент жастарды ұлы ақынның әдеби мұрасымен тереңдей таныстыру үшін өтілетін арнайы семинар-сабақ. 1942–43 оқу жылында ҚазМУ-дің филол. ф-тінде М. Әуезовтың жетекшілігімен ұйымдастырылған. А. с-нда Әуезов негізінен ақынның шығармаларын оқып-білу, мән-мағынасын терең меңгеру, оны өз бетімен талдау арқылы ой қорыту, оған сын пікір айту, реферат жаздыру, баяндама, қосымша баяндама жасату жолдарына ерекше мән берген. Мәселен, «Абай жөніндегі тақырыптар» ұсынғанда Абай шығармаларының толық қамтылуын және оларды студенттердің жан-жақты танып-біле алатындай болуын ескерген. Мәселен, «Абайды тану жөніндегі зерттеулік мәселелер», Отыз бесінші сөз деп аталатын сабақтарында студенттердің Абай поэзиясы мен қарасөздеріндегі пікір сабақтастығы мен тақырып жағынан үндестігін ажырата білуіне ден қойған.

«АБАЙ ТЕРМЕСІ» – 1916 ж. Орынборда «Дин уә мағишат» баспаханасы шығарған Абай өлеңдерінің жинағы. Ақынның 1909 жылғы жинағынан кейінгі 2-басылым. Бастырушы – ақын Самат Әбішұлы Нұржанов. Кітапқа Абайдың бұрын баспасөзде жарияланбаған «Жазғытұры қылтиған бір жауқазын» (10 жол), «Ата-анаға көз қуаныш» (30 жол), «Құр айқай бақырған» (8 жол), «Білікті сөз өлді» (4 жол), «Күшік асырап ит еттім» (4 жол), «Тайға міндік» (25 жол), «Жарқ етпес қара көңлім не қылса да» (4 жол) өлеңдері енген. Жи-

нақтың беташарына Абайдың бірінші қарасөзін «Сөз басы» деген атпен беріп, кітап соңында Нұржановтың «Ойлы жұртыма» атты толғауы басылған. Жинақ ақын өлеңдерінің текстологиясына көңіл бөліп, қарасөзін жариялауымен тарихи құнды басылым болды. Көлемі – 10 бет.

АБАЙ ТІЛІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ. Аса көрнекті ақын-жазушылар шығармаларының тілі екі тұрғыдан зерттеледі. Бірі – қаламгердің қолданған тілінің даму барысында оның алған орны мен сіңірген еңбегін анықтау, екіншісі – оның өз қаламына тән шеберлік тәсілдері мен өзге де тілдік ерекшеліктерін талдау. Абай тілін де осы екі тұрғыдан қарастыру керек, өйткені ол әдеби тілде дайын тұрған қалып-нормаларды дұрыс, көркем пайдалана білген қатардағы қаламгер емес, сол тілдің даму тарихындағы жаңа кезеңді бастаушы, сапалық жаңа түрінің іргетасын қалаушы суреткер.

Қай тұрғыдан болса да Абай тілін өз алдына сөз ету оның туындыларын талдаумен қатар жүріп келді. Әрине, бір мезгілде, бірдей қарқында емес. Ең алдымен, ақын шығармашылығының идеясын, мазмұнын танып, білуге күш салынды, сол мазмұнның сыртқы көрінісі – тіліне үңілу содан кейін басталды. Абай шығармашылығы хақында алғашқы пікір айту – 19 ғ-дың соңы мен 20 ғ-дың алғашқы жылдарында басталған болса, тілі жайында да алғаш рет сөз қозғау осы тұстарға саяды. Әрине, бұл әңгіме ұлы ақынның тілін нақты түрде талдау емес, жалпы тұжырым айту, қазақтың поэтик. дүниесінің тіліне жаңа лептің келгенін атау түрінде болды.

1901 ж. қазақ даласынан жиналып, Орыс географиялық қоғамына жіберілген өлең үлгілерінің ішінде Абайдың жылдың төрт мезгілі туралы өлеңдері: «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» деп басталатын туындылары болды. Осы материалдарды редакциялап, баспаға дайындауды қолға алған орыс түрколог і П. М. Мелиоранский, авторы кім екенін білмесе де, бұл өлеңдердің өзге шығармалардан бөлекше тұрғанын, олардың жазба әдебиет үлгілеріне жататынын айтты.

Абай поэзиясы және оның тілі жөнінде қазақтардан тұңғыш рет арнайы пікір айтқан – Ә. Бөкейханов. А. Байтұрсынов «Қазақ» газетінің 1913 ж. 39–41-сандарында «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақала жариялап, ақынның өмірбаянынан қысқаша мәлімет бере келіп, оның поэтикасын сөз етті. Ал С. Торайғыров «Айқап» журналының 1913 ж. 22–23-сандарында «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» деген мақаласында сол тұстағы қазақ поэзиясының мазмұн-мәнімен қатар, тілін де азын-аулақ сөз етеді, тіл жағынан Абай өлеңдерін өте жоғары қояды.

Ақынның 1922–23 жылдардағы шығармаларының тіліне қатысты аз-кем пікірлер мен кейбір араб, парсы, орыс сөздерінің түсініктемесін Абайдың 1922 ж. Ташкентте шыққан өлеңдер жинағына редакция атынан берілген ескерту сөзден және татар ғалымы А. Сағдидың «Ақжол» газетінің 1923 жылғы бірнеше санында басылған мақаласынан табамыз.

Абайдың қазақ әдебиетінде алатын орны мен ұстаған бағыт-бағдары жайында 20 жылдардың ішінде, тіпті 30 жылдардың 2-жартысына дейін баспасөз бетінде болып келген пікірталастар кезінде ақынның тілі туралы да айтылып өтті. Бұлардың ішінде, әсіресе, Ы. Мұстанбаевтың батыл да ашық айтқан пікірлері Абай тілі жөніндегі қазіргі бағаларымызбен ұштасып жатыр.

1930 жылдардың орта шенінен бастап Абай шығармаларының тілі жөніндегі пікірлер көбірек және айқынырақ айтыла бастады. Әсіресе, бұған 1934 ж. Абайдың қайтыс болғанына 30 жыл толуын атап өту шаралары үлкен себепкер болды. М. Әуезов, Қ. Жұбанов, І. Жансүгіров, Е. Ысмайылов, З. Шашкин ұлы ақынның тілге деген көзқарасы мен еңбегін, сөз қолдану шеберлігі мен өлең құрылысын арнайы сөз етеді. Әуезов ақынның өмір кешкен ортасы мен қалдырған мұрасына үңілген еңбектерінде Абайдың тілі жөнінде де дұрыс әрі түбегейлі пікір айтып отырды. 1934 ж. «Абай ақындығының айналасы» деген мақаласындағы ойын 1951 ж. жазған «Абай мұрасы жайында» деген еңбегінде де, содан кейінгі «Абай Құнанбаев» деген монографиясында да өрбітіп, анықтап айтады. Бұларда Әуезов Абайдың қазақ әдеби тілінің даму жолындағы орнын көрсете келіп, екі ерекшелігін атайды: 1 – «Қазақтың халықтық, салттық және өзінен бұрынғы ауыз әдебиетіне көрік берген мол, шебер сөздік қорынан пайдаланып, халықтың әдебиеттік тілін қалай жасаудың жолын көрсетуі»; 2 – «Қазақ қоғамы ортасында Абай заманында кіре бастаған жаргондық сипаттағы кітаби шұбар тілден іргесін ашып алуы, одан бас тартуы».

Абай шығармаларының тілі жайында арнайы пікір айтқан ғалым – Қ. Жұмалиев. Өзінің мектеп оқушыларына арналған оқулықтарынан бастап, 18–19 ғ-дағы қазақ әдебиеті тарихы туралы жазған ғыл. зерттеулерінде, әдебиет теориясына арналған еңбектерінде Жұмалиев Абайдың шығармашылығымен қатар, оның тілін талдап: 1) Абайға дейін де қазақтың поэтикалық тілі дамып келді... оның өзінше даралық байырғылық сипаты болды. Абай осындай әдебиеттің о заманнан қалыптасып қалған поэтикалық тілін жоғары мәдениеттілік сатыға көтерді. 2) Абай заманында едәуір етек жайған тілдегі шағатайшылау, татаршылауға қарсы күрес ашты, қазақ тілін аса қадірлеп, таза сақтауға күш салды, оның сөздік қорының бір бұтағы орыс тілі болды. 3) Абай қазақтың мол сөз байлығын қолданумен қатар, өзі де жаңа сөз, жаңаша сөйлем құрылыстарын енгізді. 4) Өлең құрылысына қыруар жаңалықтар қосып, көркемдеудің жаңа тәсілдерін ұсынған деген тұжырым жасады.

Ақын шығармаларының тілі жайында жеке мо-

нография жазбаса да, ол жөнінде белгілі жазушылар мен ғалымдар Ғ. Мүсірепов, М. С. Сильченко, Б. Кенжебаев, Е. Ысмайылов, Т. Нұртазин, Т. Әлімқұлов, Х. Сүйіншәлиев пікір айтты. Қазақ тіл мамандарының ішінде Абай тілі жайында алғаш терең әрі дәлелді пікір айтып талдау жасаған Құдайберген Жұбанов болды. 1934 ж. жазған «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» деген еңбегінде екі үлкен принципті пікір білдіреді: «бірі – бүтін Орта Азия ескі күншығыс ислам мәдениетінің кірлі көрпесін қалың жамылып жатқан кезде», түркі тілдес көрші халықтардың ең ірі қалам қайраткерлері... шағатай тілінің шырмауынан шыға алмай, шығармашылығына өз ана тілдерін қару ете алмай отырған кезде, Абайдың жеке-дара үздік шығып, таза қазақ тілінде жоғары поэзия тудыруы. Екіншісі – ғасырлар бойы келе жатқан туған тілінің ең бір нәрлісін кәдеге жарата біліп, әлсізінен безуі».

Абай тілін танып-білу шын мәнінде 30 жылдардың ортасынан басталды да, 50–60 жылдар ішінде мәселеге С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, А. Ысқақов тәрізді тіл мамандарының қатысуына байланысты едәуір жандана түсті. 60 жылдардан бастап өзге тіл мамандары да: Ш. Ш. Сарыбаев, Е. Жанпейісов, Р. Сыздықова, Т. Қордабаев, Қ. Өмірәлиев Абай тілінің нақты фактілерін: сөз қолданысын, сөздің қазынасын, граммат. тұлға тәсілдерін талдады, Сыздықованың «Абай шығармаларының тілі» (1968) және «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» (1971) атты монографиялары жарық көрді. Аталған монографиялардың алғашқысында Абайдың әдеби мұрасы қазақ тілі тарихының материалы ретінде зерттелді. Мұнда ұлттық жазба әдеби тіліміздің ірге тасын қалап, әрі қарайғы даму бағыттары мен принциптерін белгілеудегі Абайдың ерекше ролі мен теңдесі жоқ қызметі көрсетілді. Ақын өлеңдерінің синтаксистік құрылысына арналған 2-монографияда қазақ өлеңдерінің, оның ішінде Абай туындыларының синтаксистік амал-тәсілдері, ұйқасы, өлшемі, композициясы және олармен синтаксистік құрылымының өзара байланысы нақты талданды. Күрделілігі, сыйымдылығы, көркемдік әсері жағынан Абай өлеңдерінің синтаксисі жазба поэзия талаптарына сай түсетін, өзіне дейінгі қазақ поэтикасы дәстүрінен жоғары көтерілген, кейінгі қазақ поэзия тіліне бағыт-үлгі болатын сипатта екендігі дәлелденді. Бұл 2 еңбекте негізінен Абай шығармалары тілінің лексикасы мен грамматикасы жүйелі түрде зерттелді, дегенмен, Абайдың шеберлік тәсілдері, даралық ерекшеліктері, қысқасы, көркемдік дүниесі арнайы талдау дәрежесіне көтеріле алмаса да мұнда ұлы ақын поэтикасына қатысты мәселелер кеңінен қозғалды.

«Ғылым» баспасынан 1968 ж. «Абай тілі сөздігі» жарық көрді. Бұл – ұлы ақын шығармаларының тілін танып-білу саласындағы аса қажетті, қомақты жұмыстардың бірі. Ол Абайдың тілін, әсіресе, лексикасын зерттеймін немесе білемін деушілерге өте қолайлы, реттелген материал, белгілі бір сөздің немесе сөз тіркесінің қай мағынада қанша рет қолданылғанын, бір мағынадағы кейбір сөздерді Абай қалайша қатар жұмсағанын, оның ішінде қайсысын жиі, қайсысын сирек қолданғанын көре алады. Мыс., Абайда тіршілік, тірлік, өмір, мағишат деген төрт сөз бір ұғымды білдіреді, бірақ бұлардың қолданылу жиілігі, поэтик. жүгі бірдей емес: тіршілік 6 рет, тірлік 11, өмір 113, мағишат 1 рет қолданылған.

Абай тілін танып-зерттеуге тікелей қатысты харекеттің бірі – текстол. ізденістер мен түзетулер. Ақын мұрасының текстологиясына үңілу кейінірек басталды. Ақын мұрасының әр кездердегі басылымдарында кеткен текстол. ағаттықтар мерзімді баспасөз беттерінде де, жеке жинақтар мен кітаптарда да көрсетілген, оларды арнайы зерттеуге назар аударылып отыр. Газет беттерінде жарияланған қыруар құнды мақалаларды былай қойғанда, журнал беттерінде жарық көрген З. Ахметов пен Ы. Дүйсембаевтың, Б. Жақыпбаевтың, М. Сәрсекеевтің, Қ. Өмірәлиевтің, М. Бөжеевтің мақалалары мен Қ. Мұқаметхановтың арнайы жазылған «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» (1959) атты кітабы Абай шығармаларының тілін танып-білуге үлкен септігін тигізген еңбектер. Абайтану саласының бір тармағы ретіндегі Абай тілін зерттеудің 70–80 жылдық тарихы бар.

Әдеб.: Әуезов М. Абай мұрасы жайында.– Қазақ ССР ҒА-ның хабаршысы. 1957, № 3, 21 б.; Сыздықова Р. Абай шығармалары мен 19 ғ-дағы жазу нұсқаларының тілін зерттеудің маңызы. «Қазақ тілі мен әдебиеті» (журн.), 1959, № 2; Сонікі. Абай тілінің зерттелуі.– кіт.: Абай тағылымы.– А., 1986.

Р. Сыздықова.

«АБАЙ ТІЛІНІҢ СӨЗДІГІ» – «Ғылым» баспасынан 1968 ж. жарық көрген ғыл.-зерт. еңбек. Жалпы редакциясын басқарған – А. Ысқақов. Кітап А. Ысқақовтың «Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі» атты мақаласымен ашылады. Автор мақаласында қазақтың әдеби тілінің даму тарихында Абайдың алатын орнын атап көрсетіп, ақын шығармаларының соны үлгісі мен жаңа бағытына талдау жасайды. Сөздікте ақын шығармаларында қолданылған сөздер мен фразеологиялық тіркестер алфавиттік тәртіппен жүйеленген. Олардың мағыналық сипаттары беріліп, әр сөзге нақты мысалдар келтірілген. Сөздікке кісі есімдерін, жер-су атауларын, ұлт және ру аттарын білдіретін жалқы есімдер де енген. Ақын қолданған қазақ әдеби тіліне сіңе қоймаған араб, парсы, орыс сөздері мен түрік тілдерінен алған сөздер мен сөз тіркестеріне түсініктеме беріледі. Бұлардың тізімі сөздік соңына қосымша ретінде тіркелген. Сөздік ғыл. қызметкерлерге, әдебиетшілер мен тіл мамандарына, баспасөз бен ағарту саласының қызметкерлеріне, аспиранттар мен студенттерге, көпшілік оқырмандарға арналған. Көлемі 54 б. т., 3 мың 800 дана болып басылған.

С. Қалуов.

«АБАЙ ҰРПАҚТАРЫ» – қолжазба журнал. 1939 жылдан Семей обл., Абай ауд., Қарауыл с-ндағы Абай атынд. орта мектепте оқушылар мен мұғалімдердің ұйымдастыруы-

мен шығып келеді. 1939 ж. Абайдың 95 жылдық мерейтойы қарсаңында М. Әуезов өзінің ұлы ақын туралы болашақ романына деректер жинай жүріп, сол кездегі Шыңғыстау ауданы жұртшылығымен кездесу өткізген. Ол «Абай ұрпақтары» деген қолжазба журнал шығару туралы ұсыныс жасап, оны ұйымдастырушылардың бірі болды. Журналдың алғашқы редакторы Талғат Әбенов Ұлы Отан соғысында қаза болған. Абай ұрпақтары мен журнал жанашырлары туған өлкенің тарихын, ел аузындағы халық әдебиеті үлгілерін, Абай туралы естеліктер мен әңгімелер, ғибратты сөз, өлеңдер, мақалалар т. б. жинап, журнал бетінде жариялап келеді. *С. Қорабаев.*

АБАЙ ХАЛЫҚ ТЕАТРЫ – халық драма ұжымы. Көркемөнерпаздардың Семей обл. Абай ауд-ның Қарауыл селосындағы мәдениет үйі жанынан ұйымдасқан драма үйірмесі негізінде құрылды. 1917 ж. маусымда Ойқұдықта М. Әуезовтың «Еңлік-Кебек» спектаклімен шымылдық ашқан. 1967 ж. халық театры атағы берілді. Театр ұжымы бірнеше рет обл., респ. байқауларға қатысты. Москваның Кремль театрында да өз өнерлерін көрсетті. Театрдың көркемдік жетекшісі ҚазССР-інің еңбек сің. мәдениет қызметкері, реж. Б. Баймұратов. Театр 1984 ж. Әуезовтың «Абай» спектаклін сахнаға шығарды. *Ә. Телғозиев.*

«АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАҒЫЛЫМ» («Эстетическое в творчестве Абая») – монография, «Қазақстан» баспасынан 1979 ж. орыс тілінде жарық көрген. Авторы – Ә. С. Қалмырзаев. Монография Абай шығармаларының эстетик. негізін, ақынның эстетик. көзқарасын анықтауға арналған. «Абайдың эстетикалық көзқарастарының идеялық – тарихи бастауы. Ақынның эстетикалық түсінігі – оның қоғамдық-философиялық көзқарасының құрамдас бөлігі» және «Абай шығармаларындағы эстетикалық категориялар» атты 2 тараудан құралған. Оларда ақын өлеңдерін нақты ғыл. салыстырып тексерудің негізінде түрлі эстетик. категориялардың (сұлулық, жоғарғы рух, күлкі, қайғы) қолданылу жүйесі ашып көрсетіледі. Автор Абай өнер адамының шындыққа деген эстетик. талғамының ең жоғарғы көрінісі сұлулық деп білді. Оның түсінігінде жоғары рух аңыздарда айтылатын керемет құбылысы емес, адам санасының ақиқат күші. Ақынның өмірлік мұраты – адамгершілік қарым-қатынастарды жетілдіре түсу. Сондықтан да Абайдың әдеби мұрасы қазақ халқының эстетик. мәдениетін қалыптастыруда және оны одан әрі дамытуда маңызды қызмет атқарды – деп атап көрсетеді. Көлемі 8,4 б. т., 8 500 дана болып басылған. *М. Әбішева.*

«АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ ЖАЙЫНДА» – Қазақтың мемл. көркем әдебиет баспасынан 1959 ж. жарық көрген зерттеу еңбек. Авторы – Қ. Мұқаметханов. Абай мұрасын зерттеуші ғалым 1954 ж. ҚазССР ҒА-ның баспасынан жарық көрген ақын шығармаларының 2 томдығын тілге тиек ете отырып, бұрынғы – соңғы басылымдардағы текстологиялық өзгерістерге, кемшіліктер мен қателіктерге ғылыми тұрғыдан жан-жақты талдау жасайды. Ғалым өз нұсқасын ұсынғанда құжатты деректерге, қолжазбаларға, бұрынғы басылымдарға, логикалық тұжырымдарға сүйенеді. Ақынның ғақлия сөздерінің Абай жинақтарындағы басылу ретін, Мүрсейіт және Р. Жандыбаев қолжазбаларындағы жазылу ретін салыстырады. Кітап көл. 7, 4 б. т., 1200 дана болып басылған.

«АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛІ» – «Ғылым» баспасынан 1968 ж. жарық көрген моногр. еңбек. Авторы – Р. Сыздықова. Кітап алғы сөзден, көлемді 3 тараудан, қорытындыдан және библиографиядан тұрады. Ғалым еңбегінде Абай шығармалары тілінің сөздік құрамы мен грамм. ерекшеліктерін жан-жақты қарастырады. Қазақ әдеби тілінің 19 ғ-дың 2 жартысындағы жай-күйіне, ондағы Абайдың орны мен еңбегіне баға береді. Қазақ тілінің ақын қолданған байырғы төл сөздерімен бірге, Абай мұрасында кездесетін араб-парсы, орыс сөздеріне тоқталады. Ұлы қаламгердің өзі қосқан немесе жандандырған жаңа сөздерге зер салады. Ақын поэзиясы тілінде, әсіресе прозасында кездесетін кейбір грамм. тұлға-тәсілдерге талдау жасайды. Еңбек тіл білімі мамандарына, әдебиетшілерге, студенттерге арналған. Көлемі 18 б. т., 2 мың 750 дана болып басылған.

АБАЙ ШЫҢЫ. Іле Алатауының Кіші Алматы ө-ні аңғары тұсында, Алматы қ-ның оңтүстігінде орналасқан. Медеу мұз айдыны мен бөгенінен жақсы көрінеді. Теңіз деңгейінен 4010 м биіктікте. Қызыл граниттен түзілген. Өркештеніп келген үш басты найзатасы ерекше көзге түседі. Солт., орталық және солт.-шығ. беткейлерін қар мен мұз жапқан. Жоғарғы жағы – құз жартас. Бат. тұсы Кіші Алматы ө-нің аңғарына тік құлама болып тіреледі. Солт. беткейінде шағын мұздық қатқан. Шыңға алғаш рет (1932 ж. шілде айында) Г. И. Белоглазов бастаған альпинистер көтеріліп, Абай есімін берді.

АБДРАХМАНОВ Махмұт (1934 ж. т.) – ақын, әдебиет зерттеушісі. Филол. ғылымының кандидаты. «Жүрек сыры», «Асулар», «Надандар» өлең жинақтары мен «Өркендеу бағдары» монографиясы оқырмандарға жақсы таныс. Ол бірнеше пьеса, либретто, ән текстерін жазған. А. 1987 ж. «Жазушы» баспасынан ұйғыр тілінде жарық көрген Абай өлеңдерінің жинағына енген ақынның «Қыс», «Білімдіден шыққан сөз», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...», «Сәулең болса кеудеңде...», «Айттым сәлем, қалам қас», «Қиыстырып мақтайсыз...», «Ішім өлген, сыртым сау...», «Жарқ етпес, қара көңлім не қылса да...» т. б. шығармаларын ұйғыр тіліне аударған. *Ж. Сахиев.*

АБДУЛЛИН Ришат (1916–88) – Абай бейнесін ұлттық опера сахнасында алғаш сомдаған әншілердің бірі. Ол А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» операсында замана тауқыметін тартқан ұлы суреткер тұлғасын шиыршық атқан терең драмалық рухта жеткізе білді. Сонымен бірге әнші Абайдың «Айттым сәлем, қалам қас», «Бойы бұлғаң», «Көзімнің қарасы», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Мен көрдім ұзын

қайың құлағанын» сияқты әндерінің мазмұнын жарқырата, өзіндік үн-нақышымен орындады. Бұл әндер қазақ радиосының фонотекасында сақтаулы. *Ә. Телғозиев.*



Р. Абдуллин Абай ролінде. А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» операсы. Реж. Қ. Жандарбеков.

АБЫЛАЙ (1711–80) – Орта жүз ханы, кейін Ұлы жүз аймағында да саяси билік жүргізген. Қазақ халқы тарихында сепаратистік бағыт ұстаған, феодалдық қырқысулар жетегіндегі қазақ руларын бір орталыққа біріктіріп, іргелі қазақ мемлекетін құрудағы А. ролі ерекше. Оның есімі қазақ халқы тарихынан көреген саясаткер, білікті дипломат ретінде орын алады. А. бір орталыққа бағынатын күшті мемлекет құру үшін қазақ хандарының саяси жүйесіне қазақ халқының бірлігі мен ынтымағын нығайтуға арналған бірқатар реформаторлық жаңалықтар енгізді. А. білгір де айлакер қолбасшы болды. Жоңғар ханы Қалдан Церен оны ата жауым деп ұққанымен, «Оның қабілеті аз халықты емес, үлкен халықты басқаруға лайық» деп, А-дың ерекше қасиеттеріне бас иді. А. сұлтан 1771 ж. Орта жүздің ханы Әбілмәмбет өлгеннен кейін, оның орнына хан болып сайланды. Абайдың 1945 ж. жарық көрген толық шығ. жинағында «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ...» деген өлеңіне берілген түсініктемеде А. есімі еске алынады. Түсініктеменің мазмұнына қарағанда Абай 1886 ж. өзінің ақын досы Көкбайға хан Кене жөнінде дастан жазуға тапсырма берген. Дастан жазу үстінде Көкбай Кененің ұлт-азаттық күрес жылдарында үнемі қасында болған батыр інісі Наурызбайдың «Ақауыз» деген арғымағын суреттейді. Абай өлеңге көңілі толмай, арғымақтың барлық сымбатын көрсетіп, өлеңді өзі қайта жазады. *С. Созақбаев.*

«АБРАЛЫҒА» – Абайдың өлеңі, қ. *«Мен жасымнан көп көрдім...»*

«АВЕСТА» – зороастризмнің қасиетті кітаптарының жинағы. Зороастрийлік нанымындағы ата-баба аруағын ардақтау, төрт түлік малдың пірі бар деп ұғу, күнге, отқа киелі деп табыну дәстүрлері көшпелі өмір салтын ұстанған қазақ елінің ой-санасында, дүниетанымында айтарлықтай із қалдырған. «А-дағы» кейбір танымдар желісі Абайдың «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» тарихи мақаласында «...бұрыннан бақсы-балгерге иланып, отқа-шыраққа табынатын... келін түскенде үлкен үйдің отына май құйып, «От ана, май ана, жарылқа!» дегізіп, бас ұрғызған...» деген ұғымдар белгі беріп жатады. *М. Мырзахметов.*

АВТОР, АЙТУШЫ, КЕЙІПКЕР. Кез келген көркем шығарма автор мен кейіпкерден тұрады. Автормен қоса, айтушының да қатынасатын жерлері ұшырасады. Мұндайда айтушыны автордан ажыратудың қажеттігі туады. Шындығына келгенде, автор субъектінің қызметін атқарса, кейіпкер объектінің қызметіне жұмсалады. Ал айтушының автормен тұтасып келетін жайы да, өзгеше пікір ұстайтын тұстары да болады. Мұндай сәттердің екеуі де Абай шығармаларынан мол табылады. Айталық, «Жазды күн шілде болғанда» өлеңіндегі:

«Жаздыкүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйшешек
Ұзарып өсіп толғанда,
Күркіреп жатқан өзенге,
Көшіп ауыл қонғанда...» –

деген жолдардың авторы – Абай, айтушы да автор. Демек, мұндай жағдайда авторының айтушымен ұштасып жатқанын көреміз. Дәл осындай мысалдарды Абайдың көптеген өлеңдерінен байқар едік. Олай болатыны – салқын қанды, философ. түйіндерді жеткізгенде, автордың ойы мен айтушының ойы бір жерден шығып отырады. Табиғат көрінісі ғана емес, Абайдың көңіл-күй, еңбек, өмірлік толғаныс жайларына арналған шығармаларының басым көпшілігінде де осындай жағдай кездеседі.

Енді бір реттерде автор айтушының аузына сол айтушының ой-өрісіне, бойына лайық сөз салып отырғанымен, ол екеуін бір-бірінен ажыратуға мүмкіншілік байқалады. «Айттым сәлем, қалам қаста»:

«Айттым сәлем, қалам қас,
Саған құрбан мал мен бас,
Сағынғаннан сені ойлап,
Келер көзден ыстық жас...» –

деген жолдарды жазған Абай екені, яғни автор екені ешбір дау тудырмайды, бірақ сол сөздер кейіпкер атынан айтылып тұр. Мұндайда айтушының кейіпкермен тұтасып жатқанын байқау қиын емес. Сондай-ақ, «Болыс болдым, мінеки...» тәрізді өлеңінде де айтушы

мен кейіпкердің бітім-болмысы бірдей болып келеді де, автордан шартты түрде біршама алшақтай түседі:

«Болыс болдым, мінеки,
Бар малымды шығындап,
Түйеде қом, атта жал,
Қалмады елге тығындап...»

Абайдың мұндай тәсілдерге баруының шеберлік тұрғысынан алғанда, үлкен маңызы бар: 1-ден, өлеңдердің әркелкі келуі зердеге жеңіл қонады, есте жақсы сақталады; 2-ден, данышпан ақынның стиль даралылығы айқын көзге түседі, өзгеге де өнеге болады. *М. Серғалиев.*

АҒЫБАЙ БАТЫР Қоңырбайұлы (1802–86) – қазақ батыры. Кенесары ханның орыс отаршылдығына қарсы күресінде ерекше көзге түскен. Ерлігі ғана емес, ісіне ақылы сай әділдігі үшін халық арасында «Ақжолтай батыр» атанған. Кейін соғыс үстінде жауға шапқан жауынгерлер Абылаймен қатар Ағыбай есімін де ұранға айналдырған. 13 жасынан қолына қару ұстап атқа мінген А. б. 1824 ж. Қарқаралы аймағында орыс империясының отаршылдық саясатына қарсы басталған қозғалысқа белсене араласты. А. б. бастаған қол 1826, 1827, 1832 ж. патша әскерлерімен бетпе-бет айқасқан. 1832–45 ж. аралығында Қызылжар, Көкшетау шайқастарында, Ақмола, Ақтау, Екатеринин бекіністеріне шабуыл кезінде А. б. сарбаздары асқан ерліктің үлгісін көрсетті. Ырғыз, Тобыл өз-нің бойында Наурызбай қолымен бірге Ресей империясының отрядтарын тас-талқан етіп жеңді. Өзбек басқыншылығына және қырғыз манабы Орманның опасыздығына қарсы соғыстарға қатынасты. Кенесары бастаған көтеріліс басылған соң да А. б. орыс отаршылығына қарсылығын тоқтатпайды. Кейін Кенесарының баласы Сыздық төре бастап, жеңіске жеткен Түркістан соғысына да қатысады. А. б. өмірінің соңғы кезеңінде егіншілікпен, балықшылықпен айналысқан. Балқаш к-нің жағасындағы Тасарал қамалында қайтыс болған А. б. Сарыарқа мен Бетпақдаланың шектескен жеріндегі Тайатқан-Шұнақта жерленген.

А. б. өмірі мен күрес жолы қазақтың көрнекті қалам шеберлерінің шығармаларына арқау болған. 1914 ж. Есім төренің көмегімен Ә. Бөкейхановтың А. батырға арналған «Қызыл Қайнар Тектұрмас» деген кітабы Қазан қ-нда жарық көрді. Кезінде С. Сейфуллин «Ақжолтай батыр» деген роман жазған. Ж. Алтайбаевтың «Ер Ағыбай», О. Сәрсенбаевтың «Тамыр» атты повестері бар. Кенесарының бас батыры туралы ақындар Доскей Әлімбаевтың, Иса Байзақовтың жырлары белгілі. Батырдың бостандық жолындағы күресінің бағыты мен мақсат- мүддесін айқындап, жария етуде әсіресе тарихшы Е. Бекмаханов айтарлықтай еңбек етті. Қазақ елінің тарихы мен батырлар туралы жыр-дастандарды көп зерттеген Абай А. б-дың ерлік күресін де жақсы білгені сөзсіз. *Т. Барақұлы.*

«АҒЫБАЙҒА» – Абайдың өлеңі, қ. *«Адам деп есеп қылма Ағыбайды...»*

«АДАМ – БІР БОҚ КӨТЕРГЕН БОҚТЫҢ ҚАБЫ...» – Абайдың 1899 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 2 шумақтан тұрады, көлемі 8 жол. Ақынның тіршілік мәні туралы ой қозғаған философ. шығармасы әбден кемеліне келіп, жан-жағына жіті көзбен қараған, өмірдің мағынасы неде екенін түсінген ақынның өлеңі. Шынында да, адам осы дүниеде ойлы-сезімді болғанда, санасы арқылы барлық жан-жануардан ажырағанда не бітіріп жүр? Көбісі ішеді, жейді, киінеді және соған мәз. Ендеше, оның жанды азық-түлік қоймасынан несі артық? Сөйте жүріп: «Менімен сен тең бе деп мақтанасың, Білімсіздік белгісі – ол баяғы». Сондықтан да ақынның айтары: өмір – өткінші, адам бірқалыпты тұра алмайды, бәріміздің барар жеріміз – о дүние. Демек, «Адамды сүй, алланың хикметін сез, Не қызық бар өмірде онан басқа?!»

Туынды 11 буынды қара өлең ұйқасымен кестеленген. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Өлең басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер ұшырасады. Мүрсейіттің 1910 жылғы қолжазбасында, 1909, 1939, 1945 жылғы басылымдарда 2 – шумақтың 3 – жолы **«Адамды сүй, алланың хикметін сүй»** болып берілсе, 1957, 1977 жылғы жинақтарда Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасы мен 1933 жылғы басылым негізінде бұл жол **«Адамды сүй, алланың хикметін сез»** делініп жөнделген. Өлең қарақалпақ, қырғыз, өзбек, орыс, татар, тәжік, түрікмен тілдеріне аударылған. *Б. Сарбалаев.*

«АДАМ ДЕП ЕСЕП ҚЫЛМА АҒЫБАЙДЫ...» – Абайдың кейін табылған өлеңі. Көлемі 4 тармақтан тұратын бір шумақ. Тобықтының Көкше атасынан шыққан Ағыбай деген кісі Мұқыр болысындағы 9 бидің бірі болып тұрған кезінде әділдікке берген антынан танып, құдайын ұмытып, қулық-сұмдық жолына түседі. Қара қылды қақ жарып, тура билік құрудың орнына, құлқынның құлына айналып, пара бергендердің сөзін сөйлейтін нағыз су жұқпастың өзі болып шығады. Ел сенімін ақтамаған арамза биді Абай өлтіре шенеп, «Адам деп есеп қылма Ағыбайды» деп кесімді үкімін айтып, қатардан шығарып тастайды. Өлең 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Алғаш рет ақын шығармаларының 1961 жылғы 2 томдық жинағына енгізілді. Басылымдарында ешқандай текстол. өзгеріс кездеспейді. *Т. Барақұлы.*

АДАМНЫҢ ҒЫЛЫМЫ. Абай *отыз сегізінші сөзінде* ғылымды классификациялау принципіне өз қатынасын айқын аңғартады. Абай алланың ғылымынан (теология) басқаның бәрін де А. ғ-на жатқызады. Ал А. ғ-ның пайда болу жолын: «Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен біліп...» – деп, қай ғылым саласы болсын, ол табиғат бойындағы объективті заңды құбылыстарды танып білуден тұрады деп білген. А. ғ-н Абай *заһири ғылым* деп, оған барлық жаратылыс пен техн. ғылым салаларын және қоғамдық ғылым-

дар тобын яғни адамтану саласын да жатқызады. *М. Мырзахметов.*

«АДАМНЫҢ КЕЙБІР КЕЗДЕРІ...» – Абайдың 1886 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 7 шумақтан тұрады. Абайдың сөз өнері, өлең, ән туралы ең таңдаулы лирикалық туындыларының бірі. *«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы...», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол...», «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа...», «Өзгеге көңілім тоярсың...»* сияқты өлеңдерінде Абай өлең мен әнді, ақындық, әншілік өнерді өте жоғары бағалайды. Сөз өнерінің халықтың өмірі, күнделікті тұрмысымен тығыз байланысты екенін танытып, ақындардан алдына үлкен қоғамдық мақсат қоюын, өмір шындығын, халықтың арман-тілегін, қуанышын, қайғы-мұңын терең түсініп, көңілге қонымды, нанымды етіп айта білуді талап етеді. «Адамның кейбір кездері...» де, міне, осындай ақынға үлкен қоғамдық міндет артатын шығарма. Абай поэзиясы, өлеңді аса маңызды өнер ретінде бағалай отырып, ақындық шабыттың сыры, қуат-күші жайында тебірене ой толғайды. Ақын не туралы жазу керек, қай тұрғыдан келіп, қалай айтуға керек деген мәселені қозғайды. Рухтанып, бойына жойқын жігер күш пайда болып, шынайы шабыты келгенде ақын ұшқыр қиялмен өмірдің жағымды кірінен тазаланған жағын да көре отырып, көлеңкелі жақтарын, надандық пен зұлымдықты сынай, шенеп білуін, әсіресе, құптайды:

«Қыранша қарап қырымға,
Мұң мен зарды қолға алар.
Кектеніп надан зұлымға,
Шиыршық атар, толғанар..,

Әділет пен ақылға,
Сынатып көрген-білгенін..,

Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сия, ащы тіл
Не жазып кетсе, жайы сол,
Жек көрсеңдер, өзің біл...»

Абайдың осы өлеңіндегі ақын бейнесі, ақындық шабытты суреттеуімен А. С. Пушкиннің «Ақын» атты өлеңіндегі ақынның шабыттанып, толғанған сәтін сипаттауы үндес келетіні айтылып келеді. Ал, асылында бір тақырыпқа жазылған ұлы ақындардың өлеңдерінде бірлі-жарым ұқсастық кездесе беретіні түсінікті. Кейбір сырттай ұқсастықтар, тіпті жекеленген сөздердің мәндес келуі, әрине, тікелей жақындықты білдірмейді. Басқа бір шығарманың құнын кеміте алмайды. Осыны толық ескере отырып, «Адамның кейбір кездері...» ешқандай да басқа өлең емес, М. Ю. Лермонтовтың «Журналист, читатель и писатель» атты шығармасымен, сондағы жазушының сөзімен сарындас келеді. Орысша текстен үзінді:

«... бывает время,
Когда забот спадает бремя,
Дни вдохновенного труда,
Когда и ум и сердце полны,
И рифмы дружные, как волны,
Журча, одна во след другой
Несутся вольной чередой.
Восходит чудное светило
В душе проснувшейся едва;
На мысли, дышащие силой,
Как жемчуг нижутся слова».

Өлеңнің «Адамның кейбір кездері...» деп басталатын алғашқы үш шумағы осы келтірілген үзіндімен мағынасы жағынан әбден сәйкес, кейбір сөйлемдері дәлме-дәл келетінін байқау қиын емес. Ал «Сонда ақын белін буынып» деп басталатын соңғы төрт шумағы орысша текстің «Тогда с отвагою свободной» деп басталатын орыс ақыны өлеңінің кейінгі жағымен кей жері сәйкес болғанымен, көбінесе өзінше келеді. Түгелдей алғанда Абайдың бұл өлеңі оның төл шығармасы деп саналуы әбден орынды. Өйткені, нәзира дәстүрімен жарыса жазылған өлең деуге лайық. Өлең 7–8 буынды шалыс ұйқаспен жазылған. Алғашқы рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланған. Туынды басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1910 жылғы Мүрсейіттің қолжазбасында 1-шумақтың 2-жолы **«Көңілден алаң басылса»** делінсе, кейінгі басылымдарда 1909 жылғы жинақ негізінде бұл жол **«Көңілде алаң басылса»** болып берілген. 1909, 1939 жылғы жинақтарда 3-шумақтың 3-жолы **«Қуаттан ойдан бас құрап»** болса, қалған басылымдарда Мүрсейіттің 1910 жылғы қолжазбасына сәйкес **«Қуатты ойдан бас құрап»** түрінде алынған. *З. Ахметов.*

«АДАСҚАННЫҢ АЛДЫ ЖӨН, АРТЫ СОҚПАҚ...» – Абайдың 1886 ж. жазған өлеңі. Көлемі әрқайсысы 4 тармақтан тұратын 7 шумақ. Бұл Абайдың өлеңді өндіре жазып, ақындық шеберлігін әр қырынан көрсете бастаған кезеңі. Ол енді тақырып ауқымын кеңейтіп, әлеум. маңызды мәселелерді қозғайтын, оған өз қатынасын сыншылдық деңгейден айқын айта алатын биікке көтерілген. Бұл тұста ақын даусы ашық та ащы, тілі өткір, айтпақ ойы салмақты. Ол – бүкіл халық мүддесін ойлайтын, оның барар бағытын бағдарлайтын, күнделікті өмірде аяққа тұсау болып, кері кеткен кеселдерді көзге шұқып көрсетіп отыратын әділ қазы. Абай ел үстінен күн көрген алаяқ би-болыстарды, мал-мүліктің буына семіріп, құдайын ұмытқан байлар мен патша әкімдерін көп сынаса, мұны қазақ даласын жайлаған әлеум. теңсіздікті күнде көріп жүргендігінің көрінісі дер едік. Ақын бұл өлеңінде ел адымын аштырмай отырған кеселді қырсықтың тағы да бір қырын аңғартады. Ол «кедейдің кеселінен сақта» дегендей, жаппай етек алған жалқаулық, бойкүйездік. Абай өлең тілінде алғаш рет «кедей қайдан шығады!?» деген тақырыпты қозғайды да, оның басты себебі – жалқаулық екенін дәлелдейді. Бірақ бұл тұжырымын бірден айтпай, алдымен қазақ аулындағы «сырын түземей, сыртын түзеп» жүрген, кер жалқау сидаң жігіттердің керемет көркем тұлғасын жасайды. Олардың киген киімі, жүріс-тұрысы, бет құбы-

лысы, сөйлеген сөзі қаз-қалпында, күлкілі кейіпте көз алдыңа келеді. Кәдімгі бос қалжыңға, мағынасыз ыржаңға бой алдырған берекесіз, еңбекке қырсыз адамның күйкі келбеті. Және тап осындай «керегеге сабау шаншып, бөркін ілген, бет-аузын мың құбылтқан, қу борбай жылпостың» өзі. Ал мұндай адам еңбекке қырсыз, сонда ол қайтіп мал таппақ. Абай алғаш рет жалқау кедейді сынау арқылы кедейліктің сырын ашады. «Жалғыз атын терлетіп, ел қыдырған» әлгі қырсыздарды шеней отырып, үлкен әлеум. кеселді көрсетіп береді. Адасқанына қарамай алдым жөн деп, артында көмескі соқпақ қалдырып, бүкіл қоғамға зардабын тигізетін зиянды құбылысты бар болмысымен әшкерелейді.

Туынды 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Тілі зәрлі, зілді. Әсіресе, қоразданған бос кеуде жатып ішерлердің тұлғасын жасайтын жолдары ерекше айшықты. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» деген жинақта жарияланған. Өлең басылымдарында бірқатар текстол. өзгерістер кездеседі. Мүрсейіт қолжазбалары бойынша барлық басылымдарда берілген **«Қу шалбар қулығына болған айғақ, тізесін созғылайды қалталанса-ақ. Ұстаудағы кісідей мезгілі бар, күні бойы шешініп, бір т...-ақ»** деген жолдар 1909 жылғы жинақта жоқ. Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасында соңғы шумақтың соңғы жолы **«Сәлемдеспей жатып-ақ ыржаң қақпақ»** делінген. Бұл жол барлық басылымдарға 1909 жылғы жинақ негізінде **«Сәлемдеспей, алыстан ыржаң қақпақ»** түрінде алынған. Өлең қарақалпақ, қырғыз, орыс, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған. *Т. Рсаев.*

АЖАР (С о қ ы р А ж а р) Жұртыбайқызы (1865 – ө. ж. белгісіз) – ақын. Абаймен кездесіп, оны өзіне ұстаз тұтқан, өлеңдерін жаттап айтып, халық арасына таратушы, насихаттаушылардың бірі болған. Жеті жасында қорасан ауруына шалдығып, екі көзінен айрылған ол алғашында өз басының қайғысын өлеңге қосып, кейін белгілі әнші-ақын атанады. Оның Абай үлгісімен шығарған «Жұртыбайдың қызы едім, атым – Ажар» деген өлеңі би-болыстардың қарапайым халыққа көрсеткен озбырлықтарын әшкерелеуге арналған.

«АЖЫНЫҢ ЖАҚСЫ–АҚ ҚЫЗЫ ЕДІМ...» – Абайдың 1892 ж. ауызша шығарған өлеңі. 8 тармақты 1 шумақ. Ақын көбіне әңгіме, ертек айтып, ауық-ауық ел аралап, үйін «ұмытып» кететін досы Баймағамбетке «өкпелі» әйелінің атынан әзіл айтады. Әзіл-қалжыңдары жарасқан жақсы замандастардың зілсіз сөзі. Осы жұп-жұмсақ күлкісінің өзімен-ақ шаруаға қырсыз құрдасының оғаш мінезін «пышақсыз бауыздайды». Өлең 7 буынды шұбыртпалы ұйқаспен жазылған. Алғаш рет ақынның 1933 жылғы жинағында жарияланды. Ешқандай текстол. өзгеріске ұшырамаған. Өлең орыс тіліне аударылған. *Т. Барақұлы.*

АЗЕРБАЙЖАН ӘДЕБИЕТІ. Азербайжан мен қазақ халқының тарихи-мәдени байланысы әріден басталады. Екі елдің генетик. тамыры мифолог., фольклорлық қайнар көзден тарайды. Акад. Мамед Атжар айтқандай «тарихи және географиялық жағдайына қарай Шығыс пен Батыстың аралығына орналасқан Азербайжан ежелден-ақ көптеген елдермен, халықтармен – урарттармен, вавилондықтармен, ассириліктермен, ирандықтармен және басқа елдермен байланыста болды. Сол ерте кездегі саяси, экономикалық және мәдени байланыстары мықты «Отты елдер» Азербайжанды әлемдік орбитаға, әсіресе шығыс мәдениетіне тартты». Ғалым ежелгі Азербайжан халықтық-поэтик. шығармашылығы мен фольклорының көрші шығыс халықтарымен, оның ішінде қазақ халқы поэзиясымен үндесіп жататынын осымен түсіндіреді. Түрік тілдес халықтардың эпик. шығармаларының көпшілігі әр түрлі тілде айтылғанымен олардың мазмұны бір болып келеді. Оған «Алпамыс», «Көрұғлы», «Едіге» т. б. жырларының өзбекте де, азербайжанда да, қазақта да және басқа түркі тілдес халықтарда бар екені дәлел. «Кәмила мен Димна», «Тахир мен Зухра», «Мың бір түн» сияқты жалпы шығысқа тән дастандардың тақырыбы ұқсас, негізгі сюжеттік желісі бір, кей эпизодтары мен кейіпкерлерінің есімдері ұқсас болып келеді. Жалпы түркі тілінің негізін құрайтын мақал-мәтел, өсиет жөнінде айтпағанның өзінде, көптеген түрік тілдес халықтарда әлемге әйгілі «Мың бір түн» сарынымен айтылатын түрлі ертегілер де кездеседі. Географ. орнының алшақтығына қарамастан азербайжан, қазақ халқы мәдениеті мен ғылымы идеялық бағыттастығымен де бір-біріне жақындай түседі. Біртұтас этник. құрамға енетін жалпы түрік әдебиетінің дараланууы жеке ұлттық мәдениеттің құрылуымен аяқталды. Бұл кезеңде әдеби байланыстың жаңа түрі пайда болды. Азербайжан мен қазақ халқы ақын-жазушыларының шығармашылық байланыстарының ауқымы кең және жиі екені әуелден белгілі. Олардың өзара хат алысулары мен шығармашылық достығы, шығармашылық тәжірибе алмасуы, әр түрлі конференция, симпозиум, съездерге қатысып, кездесуі және басқадай байланыстар екі елдің арақатынасын жақындата түсті. Азербайжанда қазақ ақындарының, жазушылары мен қоғам қайраткерлерінің мерейтойларын атап өту дәстүрге айналған, оларға арналған мереке кеші өткізіледі, мерейтой күніне арналған баяндамалар мен мақалалар жарияланып тұрады. 1954 ж. Абай Құнанбаевтың қайтыс болғанына 50 жыл толуы кеңінен атап өтілді. Республика мерзімді баспасөзінің орталық органдарында («Коммунист», «Адавият ве инджесенет» т.б.) Абайдың мерейтойы қарсаңында Азербайжанның ғалым-зерттеушісі Панах Халиловтың көлемді мақаласы жарияланды. Автор онда қалың оқырманды қазақ әдебиетінің негізін қалаушы А. Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығы, туған әдебиетіне қосқан ұлан-ғайыр үлесі жөніндегі мол мәліметтермен таныстырады. 1955 ж. Азербайжанда Абайдың туғанына 110 жыл,

1965 ж. 120 жыл толу тойлары атап өтілді. «Қазақ поэзиясының Күні» атты мақалада Абай поэзиясының басты ерекшеліктері ашып айтылды. Кейінірек, 70-ші жылдары республик. мерзімді баспасөз беттерінде Абайдың алдағы уақыттағы мерейтойына дайындық жүргізу жөнінде хабарлар жарияланды. Онда салтанатты кеш, кештер, баяндамалар мен оқу конференцияларын өткізу, қазақ ақынының шығармаларының бір томдығын әзірлеу жөнінде айтылған. 1970 ж. Абайдың «Ескендір» (Новруз Гянджали аударған), «Масғұт» (Гасым Гасымзаде аударған), «Әзімнің әңгімесі» (Алекпер Зиятай аударған) мен өлеңдері жинақталған кітабы әзербайжан тілінде жарық көрді. Өлеңдерін республиканың белгілі ақындары С. Рустам, М. Рагим, А. Джамил, М. Дильбаз, А. Бабаев, А. Кюрчайлы, А. Ализаде, И. Тапдыг, Ф. Садыг, М. Араз, А. Зейналл, Р Зек, Э. Борчалы т. б. аударған. Ежелгі шығармашылық достық азербайжан мен қазақ ақындарының байланысын нығайта түсті. Қазақ әдебиеті шығармалары Азербайжандағы ғылыми-зерттеу жұмысының негізіне айналған. Абай шығармашылығының Шығыс әдебиетіне ықпалы жөнінде проф. А. А. Гаджиевтың «Советтік Шығыс әдебиетіндегі реализм» атты кітабында кең айтылған. «Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың (1845–1904) шығармашылығы демократиялық поэзияның реализмнен ағартушылық реализмге өту кезеңінің айқын мысалы болып табылады, – деп жазады автор, – оның қоғамдық-ағартушылық және поэтикалық қызметі қазақ қоғамының мәдени дамуындағы алға басқан тарихи қадам еді, ол ауыз әдебиеті поэзиясынан көркем, жазба, жеке авторлық әдебиетке көшудің көш басшысы болды... Бұл сатыға көтерілу үшін Абайға фольклор мен ауыз әдебиеті дәстүріне сүйене отырып, Шығыс поэзиясының, XIX ғ-дағы Европа мен орыс әдебиетінің тәжірибесін бойына сіңіру қажет болды». Автор Абайдың орыс, ол арқылы европа мәдениетіне назар аудару арқылы өзінің рухани байлығын молайтқанын да ашып айтады. *А. Файзуллаева.*

АЗИЗОВ Фатхуяло (1949 ж. т.) – аудармашы, журналист. А. Абайдың ғақлия сөздерін тұңғыш рет тәжік тіліне аударды. Аударма «Байрақи ленинизм» газетінің 1991 жылғы 23 наурыздағы санынан бастап жарияланды. Өзінің алғы сөзінде Абай ғақлиясының тәжік классик. әдебиетімен үндестігі, оның тәжік оқырманы үшін қажеттілігі жайлы салауатты пікір айтқан. *А. Нуралиев.*

АЗИЯ – Жер шарының ең үлкен бөлігі. А-ның құрлықтағы бөлігі түгелімен Солт. жарты шарда орналасқан. Оңт.-батыста Африкамен, шығысында Америкамен, солт.-батыста шартты түрде Европамен шектеседі. Абай «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген тарихи еңбегінде қазақтардың соғысқа жарарлық адамының Шыңғыс хан әскерлеріне қосылып, оларды ханның үлкен баласы Жошы басқарғанын айта келіп, олар: «Әуелде Көр ханды өлтіріп, ұйғыр жұртын алыпты, онан соң, Азияның тереңіне шейін еріп барса керек» деген дерек келтіреді. *Ә. Пірманов.*

АЙҒЫЗ (т.-ө. ж. б.) – Құнанбайдың әйелі. Адан Халиулла, Смағұл туған. Үлжан мен А. бір ауыл болып отырған. Абай ақылды, кең пейілді,көргендері көп осы екі шешесінің ортасында тел бала болып өседі. Балаларының білімді, саналы ел азаматы болып өсуіне Адың да ықпалы зор еді.

АЙДАР Бағфұрұлы (1949 ж. т.) – Абайдың шөбересі. Абайдың баласы Ақылбайдан – Әлімқұл, Әлімқұлдан – Бағфұр, Бағфұрдан А. туған. Ол а. ш. маманы, Алматыда тұрады.

АЙДОС Олжайұлы (т.-ө. ж. б.) – Абайдың төртінші атасы. А-тан Топай, Торғай, Ырғызбай, Көтібақ тарайды. «Ақтабан шұбырындыдан» кейін Мамай батырмен бірге Тобықты жұртын Шыңғыс тауына қоныстандыруға үлес қосқан.


«АЙҚАП» – демократиялық-ағартушылық бағыттағы журнал. Троицкіде 1911–1915 ж. аралығында шығып тұрды. 89 саны жарық көрді. Шығарушы-редакторы – М. Сералин. Журнал қала салып, егін егіп – отырықшылану, мектеп ашып оқу-ағарту ісін жолға қою, қазақ тілі мен әдебиетін дамыту, әлеум. теңсіздікті әшкерелеу, ескі салт-санаға қарсы күресу, әйел бостандығын қорғау т. б. мәселелерді көтерді. «А.» «Қазақша бастапқы ойын» атты мақалада (№ 2,1915,) мәдениетіміздің тарихындағы Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев сынды кемеңгерлердің өлең-әнге жан кіргізіп, өң беруін, ұлттық әуезді дамытуын мақтан етіп жазды. Абайдың қайтыс болуының 10 жылдығына арналған «Семейдегі географический подотдел пайдасына жасалған кеш», «Семейпалаттан» деп аталатын мақалаларда (№ 4,1914,) «Алашқа аты әйгілі ақын әрі философ Ибраһим Құнанбаевтың өлгеніне биыл он жыл толды... Абайды туғызған қазақ елі тағы да осындай данышпандарды әкелер» деген тілек айтты. «Алдағы күндеріміз» деген мақалада (№ 4,1915) әдебиетіміздің ғасыр басындағы бағыт-бағдарына талдау жасап, Абай поэзиясын, дәстүрін жалғастыратын жас буынның өсіп келе жатқанынан хабардар етті. Журнал сонымен қатар Т. Жомартбаевтың Абайға арнаған «Замандасқа жауап» деген өлеңін жариялады. *Т. Қожакеев.*

АЙНАБЕКОВ Қайып (1885–1955) – халық ақыны. Жас кезінен Абай өлеңдерін жаттап өсіп, ел арасына насихаттаған. 1929 жылдан өмірінің соңына дейін Қарағанды қ-нда тұрып, кеншілер мен жұмысшылардың еңбек тынысын жырлады.

1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліске арналған «Аманкелді» дастанын, «Қолаң», «Алып туралы аңыз» дастандарын, «Әбдірдің Нұркені», «Ер Төлеген» толғауларын жазады. Абайға арнаған «Ұмытпаймыз Абайды» атты тұңғыш өлеңінде «Өзге ақыннан өзгеше», Сөз нақысын тереді. Мәнісін түзеп мәнерлеп, Безендіріп береді» деп жұмбақтай келе, «Мөлдір, тұнық лайсыз, Тұңғиық ойдың тереңі. Ашып айтшы қазақта «Айтулы ақын кім еді?» деп сауал қойып, «Қиялы ұшқыр, ойы өткір Ақын Абай емес пе?», «Сөз майына бал қосып, Тамсандырған талайды. Дәмі тәтті, дәні асыл.

Ұмытпаймыз Абайды» деген жыр жолдары арқылы Абайдың ақындық талантын жоғары бағалап биікке көтереді «Таңдағанда қазақтың ақындарын» деген өлеңінде де ұлы ақын бейнесіне қайта оралып, «Абай атын атаймыз, ең алдымен. Таңдағанда қазақтың ақындарын» деп, Абайды қазақ поэзиясының биік шыңы ретінде бейнелейді. А-тің қай өлеңінен болсын Абай ізін айқын байқауға болады. «Боскa өткізіп бос қалма», «Жолдастарға», «Орыс тілін жете біл», «Баланы жастан», «Егісте», «Қыс келді» өлеңдері Абай өлеңдерінің үлгісімен жазылған. «Ер Төлеген» толғау өлеңі Абайдың «Әбдірахманға» өлеңімен үндес. А-тің өз мақал-мәтелдерінен Абайдың ғақлия сөздеріне үндестік байқалады. *С. Қорабаев.*

«АЙНАЛАЙЫН, ҚҰДАЙ-АУ...» – Абайдың 1895 ж. жазған өлеңі. Көлемі 124 жол. Жоқтау. Сүйікті ұлы Әбдірахман қайтыс болғанда, оның әйелі Мағышқа ақын өзі шығарып берген. Жалпы сарыны қазақтың дәстүрлі жоқтау өлеңдеріне ұқсас болғанымен, өлеңдік мәдениеті олардан әлдеқайда жоғары, ішкі мазмұны да бай. Мұнда сүйген жарынан айрылған жас әйелдің ішкі күйігі мен жан қайғысы, жүрек дерті аса зар сезім күшімен беріледі. Ескі жоқтауларда ішінара қыстырылып кетіп отыратын бөгде сөздерден таза, тек айтушының өз басындағы қасіреті мен өлген күйеуінің артықша адамгершілік қасиеттері ғана айтылады. Сөз арасында әйелдің өткен өмірі еске алынып, жас басынан жетімдік көргені, сонан соң сүйген адамына қосылып, енді ғана бақытқа қолы жеткенде, мынадай қайғылы халге душар болғаны қоса айтылып, жоқтау әсерін күшейтіп отырады. Әсіресе, қатарынан озып шығып, үлкен қалалардан мол білім алып келген оқымысты күйеуінің асыл қасиеттері: оның асқан ақылы, ашық мінезі, ізгілігі, мейірбандығы, кішіпейіл, көпшілдігі т. б. сүйкімді қылықтары тізбектеліп, өмірден ерте кеткен серігінің жарқын бейнесі жасалады. Сондай жақсы жармен тым аз күн ғұмыр кешіп, тым болмаса бір-екі жыл қызығын көрмеген арманы айтылады. Сонымен бірге жоқтауда сол замандағы қазақ әйелінің іштен тынып жүрген бір өкініші жайы да сезіледі.



Нота. (Әбдірахманның әйелі Мағышқа Абай шығарып берген жоқтау).

Ол – күйеуі бірнеше жыл алыстағы орыс қалаларында оқуда, қызметте жүргенде, іште бұлыққан сағынышты сезімін сыртқа шығара алмай, үнсіз зар шеккен шерлі мұңы. Ауыр науқасқа душар болған жарының қиналған сәтінде қасында болып, өз қолынан күте алмауы, ақтық жолға өз қолынан аттандырып, бақылдасып қалмауы – бұл да жас зайыптың қайғы-қасіретін күшейте түсетін қапа.

Абай осы қазаның барлық ауыртпалығын әкелік жүрекпен өзі де тарта отырып, сүйікті келінінің басындағы бақытсыздықты ақындық дарын күшімен өте әсерлі етіп жеткізеді. Өлең алғаш рет ақын шығармаларының 1939 жылғы толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Мүрсейіттің 1910 жылғы қолжазбасы бойынша басылымдарда 1-шумақтың 11-жолы **«Айырып, от қып өртедің»**, 2-шумақтың 4-жолы **«Шыққалы ана қарнынан»**, 5-шумақтың 3-жолы **«Сағынып көрген қылықты»**, 7-шумақтың 4-жолы **«Жалғанда болмас жұбаныш»** болып алынған. Бұл жолдар Мүрсейіттің 1905, 1907 жылғы қолжазбаларында **«Айырып, от қып өртеген»**, **«Шыққалы бір мен қарыннан»**, **«Сағынып көрмек қызықты»**, **«Жалғанда болмас сүйеніш»** түрінде берілген. Туынды ағылшын, араб, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған. *Ж. Ысмағұлов.*

Ақын бұл туындысына ән шығарған. Ән ел аузында сирек айтылады. Бұл әнді 1984 ж. М. Мұқамеджановадан музыка зерттеушісі Қ. Жүзбасов нотаға түсіріп, «Айттым сәлем, қалам қас» әндер жинағына (1984) енгізген. Қазақтың дәстүрлі тұрмыс-салт жоқтауларынан Абайдың бұл туындысы өзгеше. Бірақ өлең өрнектері эпостағы жоқтауларға жақын екенін бірден аңғартады, ал музыка тілімен болса, Абайдың композиторлық төл тумасы қайғышерге толы, зарлы үнімен ерекшеленеді, ырғақтық жағынан болсын, мелодиялық саз иірімдерінен болсын ақын-композитордың осы жанрға да жаңа леп, жаңа музык.-поэтик. өзгерістер енгізгенін аңғарамыз. Ән формасы 7–8 буынмен өрнектелсе де, созылмалы, әндете сызылтып айтуды қажет ететін шығарма. Жалпы музыкасы 6,8; 5,8; 6,8; 5,8; 6,8; 5,8; 6,8; өлшем қалпында орындалады. Ән жоқтау жанрының озық үлгілерінің бірі. *Қ. Жүзбасов.*

АЙМАУЫТОВ Жүсіпбек (1889–1931) – драмашы, аудармашы, зерттеуші, публицист. А. қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Қызылтау атырабында туған. Әкесі Аймауыт кедей болғанымен, арғы аталары Дәндебай мен Қуан текті, дәулетті, атақ-абырой біткен, ел арасындағы білікті кісілер. Жас күнінен Жүсіпбек бірге туған бауырлары Ахмет, Жақыпбек секілді арабша хат тану, оқу үстіне, ағаш шеберлігі, темір ұсталығы өнерін қатар үйренеді. Он бес – он алты жасында өзі ұмтылып, үй ішінің рұқсатынсыз Павлодарға қашып барып, орысша-қазақша екі класты мектепке түседі, бір жағынан, бала оқытып, қаражат таба жүріп, оқуын 1914 ж. бітіреді де, Семейдегі оқытушылар семинариясына түседі, оны 1918 ж. аяқтайды. 1918–19 ж. аралығында адасудан кейін зиялы жас Кеңес өкіметі жағына шығады. 1920 ж. РК(б)П

қатарына өту, Қазақстан кеңестерінің құрылтайына делегат, комиссариатының коллегия мүшесі болу, «Қазақ тілі» газетін редакциялау, «Ақ жол» газетінде істеу, Шымкенттегі педагогика техникумының директорлығы – міне, мұның бәрі А.-тың жаңа өмірді орнықтыру жолындағы күрес жолын, өмір белестерін көрсетеді. 1929 ж. басталған зобалаң кезінде қармаққа ілінген Жүсіпбек 1931 ж. атылған. Астан-кестең ауыр, бірақ ерекше қуатты да қызық, әлеум. төңкерістер, ұлы революциялар заманында өмір сүрген А. өзінің осы қысқа ғұмырында артына аса бай, бағалы әдеби, ғылыми мұра қалдырып үлгірді. Ол В. Шекспир, В. Гюго, Г Мопассан, А. С. Пушкин, Н. В. Гоголь, Л. Н. Толстой шығармаларын, «Интернационалды», бірқатар ғылыми еңбектерді аударды, педагогика, психология, методика, эстетик. тәрбие туралы зерттеулер тудырды; әдебиет, эстетика, сын саласына араласты; сан алуан публицистик. мақалалар жазды; «Қартқожа», «Күнекейдің жазығы», «Шернияз», «Ел қорғаны», «Мансапқорлар» пьесалары, «Комплексті оқыту жолдары», «Жан жүйесі», «Өнер таңдау», «Мағжанның ақындығы туралы» еңбектері – күрделі талланттың қазақ әдебиеті тарихындағы өлмейтін орны бар шығармалар. 1918–19 ж. Семей қаласындағы М. Әуезовпен бірлесіп «Абай» журналын шығарды. Осы журналда «Екеу» деген бүркеншік атпен, Әуезовпен бірлесіп, «Абайдың өмірі және қызметі» (1918, № 2), «Абайдан кейінгі ақындар» («Абай», 1918, № 3) деген мақалалар жазды. Бұл мақалаларда Абай өмірінің бірталай қыры сөз болып, оның поэтик. мұрасының аса құндылығы көрсетіліп, кейінгі ақындардың ұлы ұстаздан үйренуі шарт екендігі нұсқалды, Пушкин орыс әдебиетінде қандай тарихи қызмет атқарса, Абай да қазақ әдебиеті үшін сондай тарихи іс тындырғаны орнықты дәлелденген. Қазақ әдеби тілінің қалыптасуына, оның поэтикалық мәдениетінің ержетуіне Абай шығармаларының қаншалықты әсері барлығын көрсеткен. Абай поэзиясының ұлттық дәстүрмен қоса Шығыс, Батыс әдебиеттерімен байланысы қарастырылған. Аймауытов – қазақ әдебиетінде Абайдың шығармашылық мұраттарын ілгері жалғастырған ең ірі тұлғалардың бірі. *Р. Нұрғалиев.*

АЙМАНОВ Шәкен (1914–70) – кино режиссері, актер. СССР және ҚазССР-інің халық артисі. Қазақ кино өнерінің негізін салушылардың бірі. А. режиссер ретінде «Біздің сүйікті дәрігер», «Атамекен», «Алдар көсе», «Атаманның ақыры» және басқа фильмдерді түсіріп, Н. Ф. Погодиннің «Мылтықты адам», «Таланттар мен табынушылар», М. Әуезовтың *«Абай»* спектакльдерін театр сахнасына шығарды. Актер ретінде «Абай әні», «Жамбыл» т. б. фильмдерде ойнаған. *«Абай әні»* фильмінде Абайдың шәкірті, жас ақын Айдардың бақталасы Шәріп бейнесін сомдады. Ол СССР және ҚазССР-інің Мемл. сыйл. лауреаты. *Б. Нөгербеков.*

АЙПАРА (т.-ө. ж. б.) – Абайдың төртінші атасы Айдостың әйелі. Ол өткір мінезді, сыншыл, ақынжанды адам болған. Өзінің төрт ұлын сынап:

«Шынжыр балақ, шұбар төс Ырғызбайым,
Тоқпақ жалды торайғыр Көтібағым.
Әрі де кетпес, бері де кетпес Топайым,
Сірә да оңбас Торғайым»,–

деп, ұлдарының әрқайсысына мінездеме берген. А. туралы деректер Абай өлеңдерінің жинақтары мен М. Әуезовтың зерттеу еңбектерінде кездеседі. Жазушы О. Бөкеев «Мұзтау» деген повестер жинағына («Жазушы», 1973) енген «Айпарама» деген шығармасында А. бейнесін жасады. *М. Бейсенбаев.*

АЙТМАТОВ Шыңғыс Төреқұлұлы (1928 ж. т.) – жазушы, қоғам және мемл. қайраткері. Қырғызстанның халық жазушысы, Қырғызстан ҒА-ның, Европа ҒА-ның академигі, Соц. Еңбек Ері. «Аспалы көпір», «Жәмила», «Алғашқы ұстаз», «Қош бол, Гүлсары», «Ертегіден соң», «Ерте қайтқан тырналар» т. б. әңгіме, повесть жинақтары, «Жанпида», «Боранды бекет» романдары жарық көрді. «Көктебедегі кездесу» (Қ. Мұхамеджановпен бірге) спектаклі көптеген елдердің театр сахналарында қойылды. А. жазушы М. О. Әуезовтың мол салалы, кең арналы шығармашылығына ой айтқан «Ұстаз туралы сөз» атты мақаласында (Біздің Мұхтар. – А., 1976) «Абай жолы» эпопеясының бас кейіпкері – Абай тұлғасына тоқтала келіп: «Абай секілді ой-арманы азат, шетсіз ақындық, шексіз адамдық тұлғаның өзін қоршаған ожар, топас тоң мойын топпен тартысқа түсуі және мұндағы сирек ұшырасатын жаңалық пен тазалық Абайды дүниежүзілік трагедияның шыңына шығарады...» – деп жазды. А. СССР Мемл. сыйлықтарының, Лениндік сыйлықтың, көптеген халықар. сыйлықтардың лауреаты.


«АЙТТЫМ СӘЛЕМ, ҚАЛАМ ҚАС...» – Абайдың 1889 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 10 шумақтан тұрады. Шығарма Абайды дүниежүз. әдебиеттің өресіне көтерген туындыларының бірі. Өлеңде ақын жастықты, сұлулықты, ғашықтықты жырға қосып, бірін-бірі сүйген екі жастың сүйіспеншілігін, ішкі сезімдерін ашып көрсетеді. Кейіпкер монологы арқылы оның жан-жүрегін, кіршіксіз ақ махаббатын сөйлетеді. Туындыдағы сүйген қызына сәлем жолдаушы жігіт – Абай тұсындағы оқыған өмірден тоқығаны көп жаңа тұрпатты азамат. Жігіт үшін бұл дүниеде сүйгенінен артық ешкім жоқ. Бәрін соның жолына құрбан етуге әзір. Сол антының растығын сағынғанда көзіне келетін ыстық жасымен дәлелдейді. Өлең бірте-бірте ыстық ләззат сезімін тербеп, жан мен тән іңкәрлығына жетелейді. Дегенмен, ақын өлеңде анайы ашықтыққа, тәтті сезімді селт еткізіп түршіктірер тұрпайылыққа бармайды.

«Иығымда сіздің шаш,
Айқайласып тай-талас,
Ләззат алсақ болмай ма,
Көз жұмулы, көңіл мас?» –

деп, көркем сурет жасайды. Ақын жанды ләззатқа бөлер тәттіні сарқа ішкізбейді, тағы түбінде не бар дегізіп, ынтықтырып қояды,

яғни әдептілік шегінен өтіп кетпейді. Бірақ айтайын дегенін барынша жеткізіп айта біледі. Өмір сыйына сол сыйлықты ұсына білген ғана лайық дегізеді.

Өлең 7–8 буынды қара өлең үйқасымен өрнектелген. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Оның басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1933 жылғы басылымында 1-шумақтың 4-жолы **«Ағар көзден ыстық жас»** болып басылған. Ал Мүрсейіт қолжазбаларында, 1909 жылғы жинақта, кейінгі басылымдарда бұл жол **«Келер көзге ыстық жас»** ретінде берілген. Сондай-ақ 1954 жылғы жинақта өлең «Жігіт сөзі» деген айдармен ұсынылған. *Ш. Елеукенов.*



Нота. (Айттым сәлем, қалам қас. 1-түрі).

Ақын бұл өлеңіне ән шығарған. Ол негізінен өлеңнің бастапқы 3 шумағы бойынша айтылып жүр. Қалған бөлігі жарияға көнбейтін, айқайлап өлеңдетуді көтермейтін жайттарды қозғайтындықтан, оңашалықты, іштен тынуды қалайды. Әнді 1934 ж. проф. Б. Г. Ерзакович белгілі әнші Т. Арғынбаевтан (1887–1940) алғаш рет жазып алып, нотаға түсірген. Оның әуені сырғи созылып, кеңінен оралатын қазақтың халық әндерімен төркіндес жатыр. А. В. Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» атты ноталар жинағына енген: «Тобықты Сүлеймен», «Таран көл», «Соқырдың зары», «Ахау-уй», «Байбосын», «Ой, қарға», «Қараторғай», «Гүлдер-ай!», «Бәтес көйлек», «Қызбике», «Жеңеше», «Ақ көйлек», «Тілек батам» және Біржан салдың «Теміртасы», Ақан серінің «Қараторғайы» мен «Майда қоңыры», халық әндері «Екі жирен», «Сандуғаш» сияқты дәстүрлі әндердің әуен-сазымен, муз. ырғақ-өлшемімен, жалпы муз. екпін жүйесіндегі иірім-оралымдармен өте жақын, сарындас. Өлеңі 7, 8 буынды бунақ кестесінде қалыптасса, әннің әуен-сазы, муз. иірім-оралымдары қара өлеңге тән кең тынысты шалқыма әндер тобына қосылады. «Айттым сәлем, қалам қас» әнінде Абай 4+3+1, 4+4, 4+3 өлең кестесі мен он бір буынды әндер мелодиясын синтездеу принципін ашты. Демек, бұл, Абайдың поэзиялық-муз. өнердегі жаңашылдығының бір көрінісі. Музыкалық 6/4 ырғақ-өлшем жүйесінде құрылған ән минорлық ладта қалыптасқан. Абай бұл әнмен қазақ халқының әдет-ғұрпына, салт санасына, талғам-танымына, дәстүріне қайшы келмейтін «Сәлем хат» атты, жастықты, сұлулықты, махаббатты жырлайтын жаңа бір поэзиялық муз. жанрды дүниеге әкелді. Әні дәстүрлі қазақ әндері көшін ілгері дамыта жалғастырып, оның эстетик. биік дәрежедегі үлгісіне айналды. Абайдың бұл әнін композиторлар *Б. Г Ерзакович, А. Исакова, Е. Г Брусиловский* т. б. шығармаларына арқау етті. Шығарма ағылшын, араб, башқұрт, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр т. б. тілдеріне аударылған. *Қ. Жүзбасов.*

«АЙТТЫМ СӘЛЕМ, ҚАЛАМ ҚАС» – Абай әндері мен күйлерінің жинағы. 1986 ж. «Өнер» баспасынан жарық көрген. Құрастырып, муз. редакциясын басқарған проф. Б. Г Ерзакович. Жинаққа енген әндердің көпшілігі ақынның немерелері Әрхам Ысқақовтың, Мәкен Мұхамеджановаңың, сонымен бірге белгілі әншілер – Ә. Қашаубаев, Ж. Елебеков, Қ. Лекеров, Т. Арғынбаевтардың айтуы бойынша жазылып алынған. Кітапта Абайдың 31 әні мен күйінің түрлі нұсқалары нотасымен басылған. Соңында Ерзакович әрбір ән нұсқалары жөнінде қазақша-орысша қысқаша түсініктемелер беріп, Абайдың қазақ музыкасын дамытуға қосқан үлесі жайлы мақала жазған. Кітап ғыл. қауымға, жалпы өнер сүйер көпшілікке арналған, көл. 4, 19 б. т., 7 мың дана болып басылған.

АЙТУАРОВ Ерлан (1950 ж. т.) – суретші. Қондырғылы монументті кескіндеме саласында жұмыс істейді. Абайға арналған «Халық жыршысы» (1991, кенеп, майлы бояу, автордың жеке қоры) суретінде ауылдастарымен жүздесіп тұрған ақын, оны айнала қоршаған кедей жатақтарының бейнелері шынайы көрініс тапқан.

АКЕРМАН Борис Александрович (1892–1974) – зерттеуші. Семейдегі Абайдың әдеби-мемориал. музейі ҚазССР ҒА-ның қамқорлығында болған жылдары музейдің ғылыми хатшысы қызметін атқарған. Музей үйінің тарихи фото-суреттерін, деректі жазбаларды зерттеп, музей қорын толықтыруға көп үлес қосқан. А-ның С. Молдабаев, Т Көбдіков, Т В. Ксенефонтова, Ш. Ақылбаев, Р. Жандыбаев, К. Оспановадан Абай туралы жазып алған деректері музей қорында сақтаулы. Ол архивтерден Құнанбаевтардың қолтаңбаларын тапқан.

АҚАН СЕРІ (А қ ж і г і т) Қорамсаұлы (1843–1913) – ақын, әнші, халық композиторы. Ол жастайынан әнге, өлеңге, домбыраға құмар болып өскен. А. с. шығармалары тақырып жағынан да, мазмұны жағынан да бай. А. с-нің «Қараторғай», «Көкжендет», «Құлагер», «Маңмаңгер», «Мақпал», «Балқадиша», «Кербез сұлу», «Сырымбет», «Майда қоңыр», «Әудемжер», «Көкшетау», «Көккөбелек», «Перизат» сияқты т. б. әндері халық арасына кеңінен тараған. Ақан әндерін Абай елі жастары да сүйіп айтқан. *Б. Ғизатов.*

АҚБАЕВ Жақып (1876–1934) – Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс жетекшілерінің бірі, қоғам қайраткері, қазақ халқынан шыққан тұңғыш право магистрі. С.-Петербург Императорлық ун-тінің заң ф-тін алтын медальмен бітірген. 1919–27 ж. Алаш қозғалысына белсене араласып, осы партия жетекшілерінің бірі

болды, әрі Алаш автономиясы бас прокурорының қызметіне ұсынылды. Кеңес өкіметі тұсында 1919–28 ж. Семей губревкомында, Сырдария обл. сот мекемелерінде қызмет істеді. 1922, 1929 ж. репрессияға ұшырап, Воронежге жер аударылды.

А. Абай аулымен қоңсы қонған өңірде дүниеге келіп, жастайынан ұлы ақынның өлеңжырларына қанып өсті. 1909 ж. Петербургте Абай өлеңдері жинағының басылуына қолғабыс жасап, оның ұлы Тұрағұл, інісі Кәкітайға көп көмек көрсеткен. А-тың «Қазақстандағы семья-неке қатынастары» (1907), «Қазақтың шығу тегі туралы» (1927) атты ғылыми зерттеулері Абайдың қарасөздеріндегі тұжырымдармен және «Бірер сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген еңбектерімен үндес. *М. Құл-Мұхаммед.*

АҚБАЙТАЛ АСУЫ – Шыңғыс тауының ең биік жотасы. Биікт. 1100 м. А. а-ның батыс жағынан бастау алатын Бақанас, Тай, Байқошқар өз-і Балқашқа құяды да, шығысынан басталатын Құндызды, Шет, Қарауыл, Шаған өз-ні Ертіске кеп құяды. Жидебайдан жаз жайлауға көшкен Құнанбай, Абай ауылдары А. а-нан асып, Ақшоқы мен Бөрлі Аралтөбеден – Бақанас, Байқошқар өз-і бойына, Ботақан ошағына келіп қоныстанған. Ақынның басынан өткен А. а-на байланысты оқиғалар М. Әуезовтың «Абай жолы» романында шынайы көрініс тапқан. *Б. Сапаралы.*

«АҚ ЖОЛ» – 1920-25 ж. Ташкентте Түркістан Компартиясы ОК-нің, 1925–26 ж. Шымкентте БК(б)П Сырдария губкомы мен губаткомы, комсомол, кәсіподақ Советі мен Қосшы одағы комитеттерінің органы ретінде аптасына 2 рет шығып тұрған газет. Ауыл мәдениетін көтеру, сауатсыздықты жою, ескі салт-санаға, жат әдеттерге қарсы күрес мәселелерін көтеріп, ұлттық әдебиетті насихаттауға үлкен үлес қосты. Газет «Абай кітабын бастыру керек» (19.6.1921) деген мақалада ақын жинағы нұсқаларының тозып, жоғалып бітуге айналғанын ескертті, келешекте ең алдымен Абай сөзін шығаруды ұсынды. Келесі басылымда бұрынғы кеткен қателер түзетіліп, ақынның жарияланбаған өлеңдері мен қарасөздерін толық енгізу жөнінде тілек білдірді. «Жақындық па, жалақорлық па?» (3.4.1924) деген мақалада әдеби тілді қалыптастырудағы Абай еңбегін жоғары бағалап, оны қазақтың жаңа әдебиетінің бастауы деп түсінуге шақырды. *Т. Қожакеев.*

«АҚ КИІМДІ, ДЕНЕЛІ, АҚ САҚАЛДЫ...» («Қ ы с») – Абайдың 1888 ж. жазған, табиғат мезгілін суреттеуге арналған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 6 шумақтан тұрады, көлемі 24 жол. Ақын орыс әдебиетінің суреттеу әдістерін үлгі еткен. Онда «Қыс» жанды бейнеде («Ақ киімді, денелі, ақ сақалды, Соқыр-мылқау танымас тірі жанды», «Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып», «Бұлыттай қасы жауып екі көзін») суреттеледі. Сырт портретінің қаһарлы, үрейлі көрінгеніне қоса ісі де қорқынышты елестейді. Қыс қаһары («Дем алысы – үскірік, аяз бен қар», «Басын сіліксе, қар жауып, мазаңды алды», «Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда», «Алты қанат ақ орда үй шайқалды») да оның әрекетті қимылын толықтыра түсуге құрылған. Табиғаттың әсем сыртқы көрінісін суреттегені болмаса, қазақтың ұлттық әдебиетінде бұрын жанды, әрекетті, қозғалмалы қалыпта бейнелеу дәстүрі болмаған. Бұл жағынан, өлең – Абайдың жаңалығы. Онда Н. А. Некрасовтың әсері («Мороз – красный нос») танылады. Қыс бейнесін ақын қазақ ұғымына лайықтап, ұлттық бояуы айқын табиғи суреттермен толықтырады. Оны кәрі құдаға теңеу, қаһарынан алты қанат ақ орданың шайқалуы – таза ұлттық бейнелер. Өлеңдегі қазақ өмірінің шынайы суреттері қыс суретін, оның қаһарлы, аязды бейнесін толықтыра түседі. Қысты «әуес көріп жүгірген жас балалар», «бетіқолы домбығып үсік шалған», «бет қарауға шыдамай теріс айналып», «шидем мен тон қабаттап киген малшы», «қар тепкенге қажымас қайран жылқы», «қыспен бірге тұмсығын салған қасқыр» еске алынады. Ақын қыс қаһарына шыдамдылық көрсетіп, ант ұрған кәрі шал – қысқа шығын бермеңдер, «соныға малды жайып күзетіңдер» деп, сөзін малшыларға арнаумен аяқтайды. Бұл – табиғат алдындағы адамның құдіретін, ісін танытарлық ойдың белгісі. Жалпы «Қыс» Абайдың басқа да табиғатты жырлаған өлеңдері сияқты, жанды пейзажға ғана емес, сонымен қатар әлеум. мағынаға толы, оның демократтық, халықтық пікірін аша түсетін шығарма болып табылады. Реалистік сурет пен өмір шындығының қабысуы Абай поэзиясының азаматтық пафосын толықтырады. Өлең 11 буынды қара өлең үлгісімен жазылған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген *«Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі»* атты жинақта жарияланған. Негізі Мүрсейіт қолжазбаларынан алынған. Өлеңнің әр жылдардағы басылымдарында айырмашылықтар да бар. Мыс., 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбаларында, 1945, 1957 жылғы басылымдарда өлеңнің 11-жолы **«Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда»** делінсе, 1933, 1939, 1977 жылғы жинақтарда **«Бурадай бұрқ-сарқ етіп долданғанда»** деп берілген. 1909, 1933, 1939, 1957 жинақтарда 16-жол **«Бет қарауға шыдамай теріс айналды»** болса, Мүрсейіт қолжазбаларында, 1945, 1948 жылғы жинақтарда **«Бет қарауға шыдамай сырт айналды»** болып жазылған. 1909, 1939, 1945, 1948 жылғы жинақтарда 18-жол **«Титығы құруына тез тақалды»** болса, Мүрсейіт қолжазбаларында, 1957, 1977 жылғы жинақтарда **«Титығы құруына аз-ақ қалды»** делінген. 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасында 4-жол **«Басқан жері сықырлап келіп қалды»** деп жазылса, Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбаларында **«Басқан ізі сықырлап келіп қалды»** болып өзгерген. Өлең ағылшын, орыс, белорус, украин, татар, ұйғыр, қырғыз, қарақалпақ, өзбек, азербайжан, армян, башқұрт тілдеріне аударылған. *С. Қирабаев.*

АҚТАЙЛАҚ БИ Байқарақұлы (18 ғ-дың орта тұсы мен 19 ғ-дың орта шені) – қазақ биі,

шешен, жырау. Абайдың атасы Өскенбаймен замандас, сырлас, дос-жар адам болған. Тобықты мен Керей, Сыбан арасындағы құн, жесір дауы кезінде шешендігімен танылып, аталы сөз, кесімді билік айтқаны үшін «қазақтың қара тілі, қас биі» атанған. А. б. өлеңдерінің, өмір туралы, адамгершілік асыл қасиеттер туралы филос. толғаулары мен танымдық ғақлия сөздерінің Абай поэзиясына тигізген ықпалы зор болды. Өскенбай билік жүргізген кезде Тобықты мен Керей арасында болған құн дауында А. б.-дің парақор бидің әділетсіздігін әшкерелеген «Ердің құны – екі елу» деген терең ойлы, өткір филос. шығармасын өзі Абай ел басқарған кезінде даулы мәселелерді дұрыс шешуге, төбе би болып сайланған Қарамола съезінде қылмысты істерге қарсы заң Ережелерін әзірлеуге пайдаланған. М. Әуезов А. б.-дің жоғарыда аталған билік сөзінің шағын нұсқасын «Сыбан Ақтайлақ би» деген атпен жариялаған («Таң» журналы, 1925 ж. № 2 саны). А. б-дің бел баласы Сабырбай айтыстың ірі өкілі ретінде елге танылып, Абайдың ақындық өнерінде алғашқы ұстаздарының бірі болса, оның ақын қызы Қуандық Абаймен көңілі жарасқан құрбы болған. *С. Қорабаев.*

АҚШАТАУ – жер аты. 1888 ж. Мұқыр еліне болыс болып сайланған Күлембай Бозамбайұлына арнап 1889 ж. осы жерде Абай «Болыс болдым мінеки...» деген өлеңін шығарған. Бұл өлең 1889 ж. («Особые прибавления к Акмолинским областным ведомостям» газеті, № 12, «Дала уәлаяты» газеті, № 12) жарияланған.

АҚШОҚЫ – Семей обл., Абай ауд-ның солтүстігіндегі таулы мекен, Абайдың қыстауы орналасқан. Солт.– шығыстан солт.-батысқа қарай созылып жатыр. Жазғы мал жайылымы ретінде пайдаланылады. А. тауының Ералы жазығымен жалғасатын ортаңғы бөлігіндегі шоқы – Үлкен Ақшоқы, Кіші Ақшоқы деп те аталады. Кейде мұны Шеткі Ақшоқы, Құнанбай Ақшоқысы деп бөлектейді. Шеткі Ақшоқының басында Тобықты мен Найман билері ортақ үкім шығарып, Еңлік пен Кебекті өлім жазасына бұйырып, осы А-дан оларды асау аттың құйрығына байлап, азаптап өлтірген.

Құнанбай мырза 1860 ж. Үлжаннан туған үш баласын: үлкен ұлы Тәңірбердіні 19 жасында, Абайды 15 жасында, Ысқақты 14 жасында – бәрін бір мезгілде үйлендіріп, Абай мен Ысқаққа Ащысу өзенінің жағасындағы А-ны еншілеріне берген. А. баурайында Абай мен Ділдәнің тұңғышы Ақылбай дүниеге келеді. Алғашқыда Абай мен Ысқақ қыстау қораны бірге салдырған. Абай қорасының іргетасы А-дағы сай түкпірінде қазіргі күнге дейін сақтаулы. Ысқақ Үлкен А-ны мекен етеді де, Абай одан бір жарым шақырымдай солт.-бат. шеттегі Кіші А-ны таңдап алады. Абайдың өзі жобасын белгілеген қыстау үйді сегіз бөлме етіп салдырған. Абай қыстауының ішкі-сыртқы құрылысы М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының «Еңісте», «Оқапта» атты тарауларында жете суреттелген. Кіші А-да Абай А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» дастанын тұңғыш рет қазақ тіліне аударып, «Айттым сәлем, қалам қас», «Татьянаның Онегинге жазған хаты», «Онегиннің Татьянаға жауабы», «Татьяна сөзі», «Онегиннің Татьянаға жазған хаты», «Онегиннің өлердегі сөзі», «Қараңғы түнде тау қалғып» әндерін шығарған. Ұлы ақынның «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ», «Өзі ермей, ерік бермей, жұрт қор етті» дейтін өлеңдері де осында дүниеге келген. Кіші А-дағы қыстау үйдің сырт жағындағы тастақ төбенің басына Абай ертелі-кеш бір мезгіл шығып отырады екен. Осындағы төбе үстінде болымсыз қарайған жер – күзектегі қойға арнап тастан салынған ықтырманың қалдығы, Мағауия күзегінің орны. 1904 ж. Мағауия дүние салғанда қонақасысы Кіші А-да берілсе, жетісі осы айтылған Мағауия күзегінде өткізілген. *Б.Сапаралы.*

АҚЫЛБАЕВ Бағфұр Әлімқұлұлы (1910–81) – Абайдың шөбересі. Абайдың «Мына үйде отыр Разақ» деген өлеңі бар. А. сол Разақтың қызы Ғапураға үйленген. Ұзақ жыл бойы Алматы маңындағы Мыңбаев селосында тұрып, сондағы техникумның директоры болып істеген. Ата-бабаларынан қалған біраз мұраны Абайдың Семейдегі әдеби-мемориал. музейіне өткізген. Оның ішінде Құнанбайдың Меккеден киіп келген тақиясы да бар.



Б. Ақылбаев.

АҚЫЛБАЕВ Бауэр Бағфұрұлы (1937–79) – Абайдың шөпшегі. Абайдың баласы Ақылбайдан туған Әлімқұлдың немересі. Биол. ғылымдарының канд. (1978). Алматыда тұрған.

АҚЫЛБАЙ Абайұлы (1861–1904) – Абайдың бәйбішесі Ділдәдан туған тұңғыш баласы. Құнанбайдың кіші әйелі Нұрғаным өзінен бала болмағандықтан, Ақылбайды кішкене күнінен өз бауырына басады. 9–10 жас шамасында Құнанбайдың указной молласы атанған Ғабитханнан білім ала бастаған ол 4–5 жылдан әрі оқымайды. Құнанбай өзімен тең жерден қыз айттырып, Ақылбайды үйлендірген. Үйленген соң енші алып, жеке ауыл болған А. сауық-сайран қуып, ел ішінде сері-мырза атанады. Жас күнінен домбыра тартып, ән салады. Сонымен қатар бір іске көңіл ауда-

рып, бет қойып беріліп кетсе аса қабілетті де болады. А-дың жас күнінен әкесі Абайдан аулақ өскенін, оның ақ көңіл аңқаулығын пайдаланып, Абай дұшпандары әке мен баланың арасына от жағып, екеуін ажыратпақ та болған. Абай баласының осындай мінездеріне, жасынан көрген жағымсыз тәрбиесінен пайда болған әдеттеріне қатты кейіп «Ата-анаға көз қуаныш» деген өлеңін жазған. Абайдың бұл өлеңі тал-



Ақылбай Абайұлы Құнанбаев.

пынбай жүрген талантты А-ға үлкен ой салып, қатты толғантады. Бұл кезде Абай аулы нағыз үлкен, үлгілі мектепке айналған еді. А. да жігіт ағасы болып қалған еді. Енді бұдан былайғы А. өмірі Абай алдында, ақын-шәкірт ретінде, өзінің талантты інілеріне ақын аға, Ақыл аға атанып өтеді. Ол домбыра, сырнай, скрипкада шебер ойнайтын мақтаулы өнерпаз болып алады. «Құнанбайдың мырзасы» атанып, «бұлғынан ішік киіп» бұлғақтап өткізген мағынасыз өмірін А-дың өзі қалжың-шыны аралас:

«Бұлғыннан ішік кидім кәмшат жаға,
Сарп еттім дүниені білмей баға,
Талай қыз «Ақылжан» деп тұрушы еді,
Дейтұғын сұмдық шықты-ау «Ақыл аға...»

– деп, кейін өлең етеді. Бұл өлеңнің арнаулы әні де бар.

А.– Абай төңірегіндегі әр жақты талантты шәкірттерінің бірі. Оның ақындығымен бірге ән шығаратын комп. өнері, әнші, домбырашы, скрипкашы болған. Қазақтың ескі күйлері: «Азаматқожа», «Бұлақ жігіт», «Бес төре», «Асыр қалша» деген күйлерді, скрипкада Мұқадан үйренген бірнеше орыс музыкасын таратқан. Оның «Ішік кидім бұлғыннан кәмшат жаға», «Матай да алыс бірталай жер деген соң» әндері халық арасына кең тараған. Осы күнде бұл екі әннің сөзін біріктіріп айтып жүр. А-дың екінші әні Матай еліне, өзінің інісі Тұраштың қайнына күйеу жолдас болып барарында әнші Әлмағанбет: «Ақыл аға, бір жаңа ән тауып берші»,– дегенде қолма-қол шығарған әні екен.

А-дың жастық, махаббат тақырыбына жазған көптеген өлеңдері болады. 1895 ж. бауыры Әбдірахман өліміне арнайы жоқтау-өлең шығарған. 1904 ж. інісі Мағауия қайтыс болғанда шығарған жоқтауы сақталған.

А-ды ақын ретінде танытатын шығармалары – дастандары. Ол 3 дастан жазған: «Дағыстан» («Кәрі Жүсіп»), «Зұлыс», «Жаррах батыр». Соңғы дастаны сақталмаған. «Зұлыс» дастанының алғашқы бір-екі бөлімі ғана белгілі. Бұл дастанның үзіндісі 1924 ж. «Сана» журналының 2–3–санында жарияланған. «Дағыстанның» үзіндісі 1918 ж. «Абай» журналының 5–санында жарық көрді.

А. әкесі әрі ұлы ұстазы Абайдың үлгі-өнегесімен өз заманының саналы азаматы, әдебиет пен өнерге бар ынта-ықыласымен берілген өнерпаз адам болған. Әсіресе, орыс мәдениеті мен орыс әдебиетінен алған үлгі-өнегесі оның ақындық дарынына кең жол ашады. Абай әңгімесін тыңдап қана қоймай, өз бетімен орыс ақындарын оқып, терең түсінетін дәрежеге жетеді. А. С. Пушкин мен М. Ю. Лермонтов А-дың да сүйікті ақындарына айналған. Ақылбай қазақ әдебиетінде Кавказды тұңғыш жырлаған ақын. Ұстазы Абайдың кеңесімен тау халқының өмірінен «Дағыстан» («Кәрі Жүсіп»), Африкадағы зұлыстар жайынан «Зұлыс» сияқты романтик. дастандар жазып, қазақ әдебиетінде бұл жанрдың жаңа түрін дамытуға үлес қосты. Әкесі Абаймен бірге 1893–94 ж. Семей қаласындағы бастауыш білім беру ісіне қамқорлық жасайтын Қоғамның толық мүшесі болды. Сөйтіп, өз тұсында мәдени-ағарту ісіне де қатысқан. Ақылбай бейіті Семей облысы, Абай ауданында, өз қыстауы – Тышқан бұлағының қасында. Абайдың 150 жылдық мерекесін өткізу шараларына сәйкес 1993 ж. А. бейітінің басына ұлу тастан ескерткіш-мазар тұрғызылды. *Қ. Мұқаметханов.*

АҚЫЛБЕК Сабалұлы, Ақылбек бин Сабал Тұрабаев (1880–1919) – ақын. Семей медресесінде оқыған. Араб, парсы, түрік тілдерін жетік білген. А-тің есімі қазақ әдебиетінің тарихында кітаби, қиссашыл ақын ретінде белгілі. Оның Қазан баспасынан шыққан аудармалары: «Таһир – Зуһра» (1902, 1911), «Бозжігіт» (1910, 1911), «Ибраһим» (1911), «Ғибрат наме» (1911), «Қисса Марғұба» (1911) мен төл шығармалары: «Мағшұқ наме» (1910, 1911), «Назым» (1911) т. б. негізінен шығыстық сюжетке құрылған. Ол ақындық жолда Абайды өзіне ұстаз тұтқан, әдеби туындылары тақырыптық жағынан Абай шығармаларымен тамырлас. Өлең-жырларында Абай поэзиясына тән адамгершілік, имандылық, әділеттілік, бұқараны, әсіресе, жастарды оқу білім, ғылым мен өнерге үндеу желісі молынан көрінеді. Ол Абайдың үлгісімен өз заманының күңгірт жақтарын, әлеум. теңсіздікті батыл әшкерелеп, өмір құбылыстарына сын көзімен қараған. *Б. Әбдіғазиев.*

«АҚЫЛДЫҢ КЕНІ» – «Қазақстан» баспасынан 1991 ж. жарық көрген жинақ. Құрастырған – педагог. ғыл. докт. Қ. Жарықбаев. Жинаққа әр дәуірде өмір сүрген әлемнің ұлы ойшылдары, ақын-жазушылары, философтары және қоғам қайраткерлерінің жас ұрпаққа үлгі-өнеге болатын тәлім-тәрбиелік, ғибраттық маңызы бар қанатты, даналық сөздері енгізілген.

Кітаптың «Адам болам десеңіз» деген бөлімінде Абайдың адам бойындағы қасиеттері: адалдық, әділдік, ынсап, мақтаншақтық, талапсыздық, жігерсіздік, надандық, жалқаулық, зұлымдық, қулық-сұмдық жөнінде айтқан аталы сөздері, ғылым мен өнерді меңгеру хақында – жас ұрпаққа қалдырған өсиеттері, толық адам туралы пікірлері берілген. Көлемі 12 б. т., 50 мың дана болып басылған. *М. Қазбеков.*

АҚЫЛИЯ (Ақыш) Оразбаева (Ғ а қ ы л и я, А қ и л а) (1901–90) – Турағұлдың қызы, Абайдың өз қолында өскен немересі, А-ның шілдеханасында Оразбай құтты болсын айта келіп, Абайға немерелер татулықтың ұйытқысына айналсын деген тілекпен бесік құда болуға өтініш білдіреді. Абайдың өсиеті бойынша А. бойжеткен соң, Оразбайдың Медеу деген баласынан туған Санияз есімді немересіне тұрмысқа шыққан. Жастардың 1917



А. Оразбаева.

жылғы шілде айының 7-сі күні Ойқұдықта өткен некелесу тойында М. Әуезовтың «Еңлік-Кебек» пьесасы қойылып, қазақтың Европалық үлгідегі ұлттық театр өнерінің тұңғыш сахнасы ашылады. Абай төңірегіндегі Әуез, Әйгерім, Омархан, Шәкерім, Көкбай сияқты кісілерді жақын біліп өскен А. кезінде Әуезовке мол құнды деректер берген. Абай аулына әр уақытта келіп-кеткенінде А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатовтар А. қолынан дәм татып, 1918 ж. қысында Шұнайдың баурындағы Садыр қыстағында отырған Санияз бен А. үйінде денсаулығы нашарлаған С. Торайғыров бір қыс жатып, қымызбен емделіп қайтады. Абайдың жаңашыл әдеби мектебінің алып өкілдерінің бірі С. Торайғыровтың бірқатар жырлары осы кезеңде жазылған.

А. Алматыдағы Қазақстан Республикасының опера және балет театрында ұзақ жылдар бойы апалы-сіңлілі Уәсила екеуі Абай аулы, Абай заманы, Тобықты елі киім үлгілерін тігетін бірден-бір шебер болды. А-ның Абай жайындағы естелік-әңгімелері ССРО халық артисі Қ. Қуанышбаевтың ақын бейнесін сомдауына көп әсерін тигізді. А-ның Оразбай – Абай ауылдарында болған қиян-кескі оқиғалар туралы естеліктері Абайдың әдеби-мемор. музейі қорында сақтаулы. *Б.Сапаралы.*

«АҚЫН АҒА» – М. Әуезовтың 1950 ж. Алматыдағы Қазақтың мемл. көркем әдебиет баспасынан жарық көрген романы. Ұлы ақын жөніндегі эпопеяның жалғасы болып табылатын бұл шығармасын Әуезов Абай өмірінің аға ақын болып қалыптасқан кезеңінен бастайды. Роман «Абай аға», «Кек жолында», «Достықта», «Қазада», «Қоршауда» деп аталатын бес тараудан тұрады. Жазушының романды бұлайша атаудағы басты мақсаты – Абайды ақындар ағасы етіп көрсету болатын. Бірақ бұл сөзді орыс тілінде дәл жеткізу қиынға түскендіктен, эпопеяның жалпы атауын «Абай жолы» деп өзгертеді де, «Ақын аға» кітабындағы «Абай аға» делінген бірінші тарау эпопеяның үшінші кітабының бірінші тарауы болып жарияланады. Кітаптың көлемі 20,4 б. т., 20 000 дана болып басылған. *Ж. Сахиев.*

«АҚЫНҒА» – қазақтың мемл. көркем әдебиет (қазіргі «Жазушы») баспасынан 1954 ж. жарық көрген жинақ. Құрастырған – А. Шамкенов. Жинаққа қазақ ақын-жазушыларының Абай рухына арнаған өлеңдері топтастырылған. Ақын-жазушылар Абайдың туған еліне, жеріне деген ыстық сүйіспеншілігін үлгі тұтып, жырға қосқан. Көлемі 4,5 б.т., 5 мың дана болып басылған.

«АҚЫНДАР АҒАСЫ» – М. О. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясының алғашқы нұсқасы. Осындай атаумен «Әдебиет және искусство» журналының 1949 жылғы 4–9 сандарында романның бірінші бөліміне енетін «Абай аға», «Кек жолында», «Достықта», «Қазада» және «Қоршауда» деген тараулары жарияланған.

АҚЫНДАРМЕН СӨЗ ЖАРЫСТЫРУ – Абай мен бір топ ақынның кейінгі жылдарда табылған өлеңдері. Көлемі әрқайсысы 4 тармақтан тұратын 6 шумақ. Бұл айтыс, болмаса сөз таластыру емес. Ақын Жылтыр, Нармамбет, Ыбырай Алтынсариннің айтқандарына риза болмай, өз нұсқасын ұсынған. Барлығы да дастархан басында немесе өзара әңгіме үстінде қолма-қол ауызекі шығарылған шумақтар. Бірақ, солардың өзінен ұлы ақынның өлең тілі мен мазмұнына деген қатаң талабы айқын аңғарылады. Әлханнан әзіл сөзбен насыбай сұраған Жылтыр ақынның: «Әркімнің бір жары бар басыбайлы, Қызылсу Шарға құймай тасымайды...» деген алғашқы екі жолының мазмұндық жағынан соңғы екі жолға ешқандай қатысы жоқ деп санаған Абай, оны бүтіндей алып тастайды. «Ханым – сен, қарашаң – мен басыбайлы, ханы жақсы болса, қарашасы жасымайды...» деген Абай жолдары «Жаманға жақсы қолы ұжымақтай...» деген жолмен жымдаса кеткен. Сол сияқты Абай Нармамбеттің де нәпсі – жел, көңіл – өзен, ми – патша, ақыл – дария деген теңеулерімен келіспейді. Әрине, әрқайсысын жекежеке алғанда бұл теңеулерде онша оғаштық болмауы да мүмкін. Дегенмен, өлеңнің мазмұндық мағынасын ескерсек, Абайдың:

«Сөз – самал, өлең – дария толқын ұрған, Ми – патша, ақыл – уәзір кеңес құрған...» деген жолдарының ақиқат сияқты айқын екені көрініп-ақ тұр. Нармамбеттің «Таупықсыз ақыл мақұл болмайды екен...» дегенінен көрі Абайдың «Ғылымсыз ақыл таупық болмайды екен...» дегені әлдеқайда қисынды сөз. Ақылдың ғылым, біліммен, үздіксіз ізденумен ғана толысатыны белгілі. Таупық арабша сыпайылық, әдептілік деген мағынаны білдіреді. Ендеше, ақыл сыпайылықпен мақұл болды деудің жөні келе ме? Абай Ыбырайдың достық туралы айтқан ойын толық қолдай отырып, шамасы оның өлеңдік сипатына, көркемдік шеберлігіне көңілі толмаған болуы керек, адам мүшесіндегі бастың да, қастың да ерекше қасиеттерін, достықты да тап Алтынсаринше бағалай келе өлеңді «ескі ақындарша тақпақтамай», байсалды 11 буынды қара өлең ұйқасына түсірген. Пікір қайшылығы жоқ, келіспеушілік тек өлең түріне байланысты.

Сөз жарыстырудың Ыбырай өлеңінен басқасы 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Алтынсарин шумағының алғашқы 3 жолы 7 буынды болып келеді де, соңғы тармақта буын саны 11-ге жеткізілген. Өлең алғаш рет Абай шығармаларының 1961 жылғы толық жинағына енгізілген. Басылымдарында ешқандай текстол. өзгеріс байқалмайды. *Т. Рсаев.*

АҚЫНДЫҚ ОРТА – ақынның қаламгер ретінде қалыптасып, шығармашылық жолының кемелденуіне жағдай туғызатын, талант қырларының жан-жақты ашылуына және көпке мәшһүр болуына мүмкіндік жасайтын әдеби орта, ақынның айналасы. Әдетте қандай қаламгер болмасын, белгілі бір ортаның, қоғамдық-әлеум. ортаның аясында өмір сүріп, еңбек етеді. Ақын шабытының ашылуы мен талантының толысуына, шығармаларының тақырыптық жағынан баюына, ақынның көркемдік шеберлігінің ұшталуына бірден-бір игі әсер ететін де – осы әдеби орта. А. о.– кең ауқымды ұғым. Ол бір жағынан ақынның шығармашылық тұрғыдан қалыптасуына әсерін тигізген негізгі рухани қайнарларды ғана емес, ақынның тікелей маңында жүрген әріптестерін, солардың айналасындағы рухани-мәдени ахуалды да қамтиды. Сондай-ақ, ақынның поэтик. дәстүрін жалғастырған өкшелес ізбасарлары да осы ортаның өкілдері саналмақ.

Абайдың А. о-сы өзіндік ерекшеліктері мен дәстүрлері мол аса тағылымды рухани әлем. Ұлы ақынның бір кезде өзі нәр алған Шығ. пен Бат. әдебиеттері қазыналарынан бастап, кейін өзі нәр берген, бағыт сілтеген әдеби процеске дейінгі сан салалы құбылыстары – әлемнің алуан түрлі тармақтары қатарынан орын алады. Абайдың ақын ретінде қалыптасу жолында үнемі естіп-біліп жүрген, тікелей тағылым алған қазақ ақындары аз емес еді. Олар ақынның әдеби ортасынан бастау алған тұлғалар болды, Абай поэзия әлемінің ғажайып сырларын сол тұлғалардың шығармашылығынан үйрене отырып қанықты. Ақын ортасы келе-келе оның өзін ұстаз тұтып, дәстүрлерін ұстанған шәкірт ақындармен толықты. Абай шығармаларының өзі өмір сүрген тарихи кезеңнің рухани тынысын білдіретін тұлғалардың рухани қазыналарымен өзара тамырласып, сабақтасып жататыны сондықтан. Абайдың А. о-сы – қазақ әдебиеттану ғылымында ертеден-ақ сөз болып келе жатқан күрделі мәселе. Әсіресе, ақынның көзі тірісінде айналасына шоғырланып, оның ақындық дәстүрінен тікелей нәр алған, имандылық пен азаматтық тәрбиесін көрген шәкірт ақындар аясын айқындауда талай талас пікірлер, кереғар көзқарастар айтылып келді. Ұлы ақынның айналасындағы шығармашылық ахуал мен идеялық тұтастықтың табиғатын ашу, асыл қасиеттерін таныту бағытында М. Әуезов, С. Мұқанов, А. Нұрқатов, Қ. Мұқаметханов т. б. ғалымдар көп еңбек сіңірді. Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу барысында әр кезеңде «Абайдың ақындық мектебі», «Абайдың ақындық айналасы», «Абайдың ақын шәкірттері» деген ұғымдар қалыптасты. Олардың түпкі мәні бір болғанымен, зерттеушілердің түсіндіруінде әрқалай көрініс тауып жатты. Осы қатарға қосылатын



Абайдың 1944 ж. Алматыдағы «Қазақтың біріккен мемлекеттік баспасынан» жарық көрген «Таңдамалы өлеңдері» жинағы.



Абайдың 1945 ж. Москвадағы мемлекеттік «Художественная литература» баспасынан жарық көрген жинағы.



Абайдың 1947 ж. Қазаннан татар тілінде жарық көрген кітабы.



Абай Құнанбаевтың 1948 ж. Алматыдағы «Қазақтың біріккен мемлекет баспасынан» жарық көрген жинағы.

ақындар аясы да әр еңбекте әр түрлі аталып, өзгеріп отырды. Бұл – кезінде Абайдың айналасындағы әдеби ортаның ұлттық мәдениет тарихындағы елеулі де күрделі құбылыс болғанын аңғартады.

Абайдың әдеби-рухани ортасы дегенде Ақылбай, Мағауия, Шәкерім, Көкбай, Әріп, Әсет, Уәйіс, Бейсенбай, Әубәкір, Кәкітай, Әбіш сияқты жас талап ақындармен қатар Мұқа, Мұхаметжан, Әлмағанбет тәрізді әнші-күйшілер, ертегіші Баймағанбет есімдері заңды түрде аталады. Ақынның шабытына қанат бітірген де осы орта еді. Жалпы алғанда бұл кезеңде Абай аулы бүкіл қазақ даласының рухани нәр алар жайлауы болды десек, осы орта өкілдері Абай сынды алып тұлғаның шын мәніндегі ұлылық дәрежесіне көтерілуіне, ақындық өнердің асқар шыңына жетуіне себепкер болып, ықпалын тигізген рухани қозғаушы күш сипатында көрінеді. Абайдың А. о-сы сол кездің өзінде-ақ бүкіл сахараға жаңаша поэзиялық леп таратты, тамаша дәстүрімен әйгіленді.

Бұл орта, ең алдымен, қазақ топырағында Абайдың қаламы арқылы келген реалистік жыр дәстүрін ұлттық әдебиетіміздің қан тамырына сіңіріп, кеңінен таратуға алғаш мұрындық болды. Абайдың айналасындағы талантты шәкірттер ұлы ұстазының жаңа тыныстық жырларын жаттап алып, қазақ даласына таратты. Сонымен қатар өздері де Абайдың отты жырларынан қуат алып, төл шығармаларын туындатты. Олардың қаламынан туған әрбір өлең ұстаз назарынан тыс қалған жоқ. Дүниеге келген әрбір шығарманы ортаға салып, талқылап отыру осынау А. о-ның тамаша дәстүрлерінің бірі болды. Сол арқылы талапкер жастардың шабыты шыңдалды. Абай шәкірт ақындарға үнемі ақыл-кеңесін айтып, бағыт-бағдар беріп отырды. Соның нәтижесінде шәкірт ақындардың жырларында ұстаздың терең ойлары жалғасын тауып, оның көкейін мазалаған әр қилы сезім нышандары көркемдік бояуымен өрнектеліп жатты. Абай тағылымы арқылы жас талапкерлер өз шеберліктерін шыңдап қана қоймай, ұстазының ұлылығын да барған сайын асқақтата түсті. Абай айналасындағы А. о-ның ең басты қасиеті де, міне, осы бірліктен, идеялық, көркемдігі жоғары шығармашылық тұтастығынан көрінеді. *Б. Әбдіғазиев.*

АҚЫНДЫҚ ӨНЕР – сөз өнерінің аса қастерлі саласы, ақын бойындағы шығармашылық қуат пен шынайы таланттың биік өлшемі, ұлттық әдебиеттегі сезім мен сырға толы тамаша поэтик. дәстүр мен ақын шабытының астаса келіп, өлең құдіретінің жарқырап көрінер әсемдік әлемі. Қай әдебиетте де поэзияға айрықша орын берілген. Ежелден-ақ қазақ халқы да өлең сөздің қасиетіне бас иіп, оны өнер атаулының ең биік шыңына балаған. Халқымыздың бүкіл тұрмыс-тіршілігі, болмыс-бітімі өлең сөзбен астасып жатыр. Абай өлеңдерінде А. ө-дің, өлең сөздің құдіретіне соншалық мән берілуі осының айғағы. Өлең ақынның кеудесін кернеп, жүрегін тербеген қуатты ойдың жемісі, ойды сырттай сұлу етіп өрнектеп, көркемдеп жеткізу үшін ақындық шеберлік, шалқар шабыт қажет.

Абай поэзиясында өлең сөзге, А. ө-ге аса жоғары баға беріледі. Өзінің *«Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы...», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол...», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...»* деген өлеңдерінде ақын сөз өнерінің қадір-қасиетін, өлеңнің адамның сезімі мен қоғамдағы жағдайын бейнелеудегі қызметін, жалпы ақындық өнерге қойылар талаптар мен өлшемдерді үнемі алға тартып отырады. Ол шын мәніндегі өлең сөздің мақсатын нысана тұтқан, азаматтығы пендешіліктен жоғары тұратын ақынның ғана көкірегінен шыға алатын ғажайып құбылыс екенін айтады. Реалистік поэзияны қалыптастыру жолындағы ақындық мұратын білдіреді. Абайдың өлеңге, А. ө-ге қоятын талабы аса биік. Ол, ең алдымен, өлеңнің көркемдік сапасына зер салады. Поэзиялық туындының сыртқы пішініне ішкі мазмұны сай келуін, «іші алтын, сырты күміс» болып, «тілге жеңіл, жүрекке жылы» тиюін қалайды. Өлең тілінің кіршіксіз таза болуын, бөтен сөзбен былғанбауын талап етеді. Осы орайда өзінің алдында өткен кей ақындарды сынға алады. «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» деп, қазақ ішінде ақындардың көп екенін айта тұрып, «Соңда да солардың бар таңдамасы» деп, шын талантты танып, қастерлей білу қажеттігін ескертеді. Өлеңді жеке бастың пайдасы үшін жұмсап, еріккеннің ермегіне айналдырмау керектігін айтып, ақындар алдына биік талап қояды. Сол арқылы ұлы ақын өлең сөзге, А. ө-ге деген эстетик. талаптың деңгейін барынша көтере түседі. *Б. Әбдіғазиев.*

АҚЫНДЫҚ СЫНЫ. Абай қазақ халқының тұрмыс-халіне жіті қарап, өз бағалауын хатқа түсіріп отырған, ақындық шығармаларының да дені елінің өмір харакетін сипаттап, сын көзінен өткізгенін аңғартады. Ұлы ақынның сыншылдығын міншілдігі деп түсінбеуіміз керек. Абайдың сыны әр тарапты, әрі ауқымды: адамның мінез-құлқын ғана сынамайды, қоғамдық, әлеум., әдеби де өнерлік, ғылыми, ұстаздық болып келеді. Алдымен ұлт мінезін қатал сынайды: «Біздің қазақтың достығы, дұшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, жұрт тануы ешбір халыққа ұқсамайды. Бірімізді біріміз аңдып, жаулап, ұрлап, кірпік қақтырмай отырғанымыз...» – дейді жиырма төртінші сөзінде. Міне, ұлы ойшылдың арманы – осылай асқақ, көксеуі – күрделі, сыны – сындарлы.

Ақынның сыншылдығын, негізінен, үш салаға даралаймыз. Бірінші – әлеумет өміріне, заманға көзқарасы. Екінші – өнер мен әдебиетке, ғылымға көзқарасы. Үшінші – жеке адамның мінез-құлқын адамшылық, имандылық, ұстаздық тұрғысынан бағалауы...

Абай елдің тұрмыс-халін, өз тұсының халық ұғымы тұрғысынан талдап түсіндіреді. Қайғысы не десең, мақалдарынан танисың: «Түстік өмірің болса, күндік мал жи», «Өзіңде жоқ болса, әкең де жат», «Мал – адамның бауыр еті», «Малдының беті – жарық, малсыздың беті – шарық», «Елдің малы – елде, еріккен-

де – қолда», «Ер азығы мен бөрі азығы жолда», «Байдан үмітсіз – құдайдан үмітсіз», «Берген – перде бұзар», «Алаған қолым – береген», «Қайраңы жоқ көлден без, қайыры жоқ елден без...».

Мақал-мәтелдер ел тұрмысы, адам өмірінен туған қисынды даналық десек, Абай ұлттық, дәстүрлік ой-пікірдің қисынына сүйене отырып, қалыптасқан теріс өнегені сынға алады. Сол сияқты ақын Алтыншы сөзінде тағы бір мақалға мән беріп, мазмұнына талдау жасайды: «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік». Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады – білмейді. Қазақ ойлайды: бірлігі ат ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда, байлықтан не пайда, кедейліктен не зиян? Ағайын құрмай мал іздеп не керек? Осы ма бірлік? Жоқ, бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес, малыңды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады. Бірлік малға сатылса, антұрғандықтың басы – осы. Ағайын алмай бірлік қылса керек, сонда әркім несібесін құдайдан тілейді, әйтпесе, құдайдан тілемейді, шаруа іздейді». Бұл арада ұлы ойшыл бірін-бірі алдаудан ешқандай бірлік шықпайтынына сендіреді. Бұл бірлікке, «өңкей келісім сылдырап тұрған» бірлікке жету үшін адам санасының өте жоғары болатынына мегзеп отыр.

Абай өз ортасында ойшылдығы, сыншылдығымен соншалық жоғары: сол тұстың әкім. құрылысын әжуалап, мысқылдап, керек десеңіз, әшкерелеп те отырады. Өлеңінде «Болыс болдым мінеки, бар малымды шығындап» деп күлкіге айналдырса, ғақлиясынан да сол күлкінің зілін көреміз. «Болыс пен биді құрметтейін десең, құдай берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып бас ұрып алған болыстық пенен биліктің ешбір қасиеті жоқ». Ел арасын бұзатын, пара алып байыған пысықтарды Абай басқа шығармаларында да әшкерелейді: «Сыртың – пысық, ішің – нас, Артын ойлап ұялмас» немесе «Бас басына би болған өңкей қиқым, Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын?» – деп келеді. «Партия құрып, пара алған, пейілі кедей байсыңдар!» Мінеки, ақын осылай ашық кінәлауға да барады.

Өз тұсындағы әлеум. құрылысқа наразылығы Абай шығармаларында үнемі жүріп отырады. Бұдан біз ұлы ақынның демокр. бағытын да көреміз. «Бұрынғы қазақ жайын жақсы білген адамдар айтыпты: «Би екеу болса, дау төртеу болады» – деп...

«Үш бидің біреуін таңдап алып, яки жеребемен сайлап алып, жүгінсе, сонда дау ұзамай бітім болар еді». Ақынның осы ойының өзінде талғау, таңдау, әділдікті таңдау бар. Бірақ сол таңдаулы жақсының жауы – зұлым сұрқиялар да бар екенін аңғартады: «Күшті жықпақ, бай жеңбек әуел бастан... Жаны аяулы жақсыға қосамын деп, әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып». Адал адамның күншіл әрі сұм дұшпаны қасында жүргенін ашық-айқын айтып беріп, ақын риясыз шыншылдығын танытады. Төңірегінде бай, кедей ғана емес «құ, білгіш» атанғысы кеп жүрген арамза әрі арсыз адамдар бар екенін ақын аяныш білдіре сипаттап, әрдайым әділдік пен шындық жағында екенін ел-жұртына жария қылады. Ұлы ақын әлеум. теңсіздікті сынаса, оның елін, халқын жиреніште етіп көрсеткені деп түсінбеуіміз керек. «Ел қағынды, Мал сабылды, Ұрлық, өтірік гу де гу, Байы – баспақ, Биі саспақ, Әулекі аспақ сыпыра қу» дегенде елін бей-берекетке душар қылып жүрген кімдер екенін дәл айқындап берген. «Мініңді ұрлап жасырып, майданға түспей бәйгі алма» дегенін де өсиетті өнеге деп білеміз. Ақынның көңіл күйінде үмітсіздік жиі кездескенімен, «Айтатұғын сөзім бар, өрбі сөзім, өрбі енді!» – деп бекер жазбаған, ұғымсыз тыңдаушысын қайтсе ұғымды қылу мақсатында, «тіл ұстарту» мақсатында: «Адам деген даңқым бар, Адам қылмас халқым бар»,– деуі де бекер емес. Ызалы көңілдің кекесінді түйреуі. Ақын «адам» дегеннің өзін жай ұғым емес, даңқ деп біледі. Бұл М. Горькийдің «Человек звучит гордо!» – деп мадақтауымен пара-пар, демек, Абай өзі де адам ретінде жоғары тұр. Ақынның күйініш-сүйінішін көңіл күйіне орай деп білсек, сыршылдығы мен сыншылдығын да сол тұрғыдан түсініп, солай бағалаған ләзім. «Қажымас дос халықта жоқ, Айнымас серт қайда бар? Алда көрген артта жоқ, мысқыл, өсек айла бар..?», «Кімге достық көп еттім, Түбі болды бір кейіс». Өлеңінің бұл жолдарындағы реніш адамдар арасындағы қарым-қатынастан, шынайы көріністерден туған.

Абай қазақ тұрмысы, қазақтың мінез-құлқы хақында көп өлең жазып, әр тұрғыдан сыр айтқан. Әсіресе, «Қартайдық, қайғы ойладық ұлғайды арманында» жалқылай да, жалпылай да сынап-мінеп бағады. «Терін сатпай, телміріп көзін сатып, теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман» – деп бір түйрейді. «Би мен болыс алады күшін сатып», «Мен қазақтан кегіңді әперем» деп, ел ішінде етек алған парақорлықты шенесе, «Атаны бала аңдиды, ағаны іні, ит қорлық немене екен сүйткен күні?» – деп те налиды. Осы бір ғана өлеңнің өзінде ел ішіндегі әлеум. теңсіздік, зорлық пен қорлық. «Қу тілмен құлық сауған заңы құрсын» деп, нәлет айта кіналайды. Тағы бір өлеңіндегі «Берекесі кеткен ел, суы ашыған батпақ көл» деген бейнелі жолдары да осы ойының түйінінен туса керек. Абай «қазақ» деген сөзді «ұлт» немесе ел мағынасында қолданады. Қазақ қоғамындағы келеңсіздіктерді, сорақы сипат, содыр қылық, оғаш мінездерді сынағанда «тез жанында қисық ағаш жатпас» деген тұрғыдан, қайтсем елімді жетілдірем, көркейтем деген ниетпен жанашырлық, ұлтжандылықпен сынаған.

Абайдың көркемдік, әсемдік, сұлулық тұрғыдан сынауы – өз алдына бір жүйе, көркемдік талғамы қалыптасқан көзқарастан туған қисынды, тұжырымды ойдың жемісі. Абайдың көркемдік көзқарасы: «Әсемпаз болма әрнеге, Өнерпаз болсаң, арқалан, Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та бар, қалан!» – деген өлең жолдарынан-ақ көрінеді. Өнерге деген өрелі талғамынан оның сыни талап-

тілегі туындап отырады. Ұлы ақынның поэзияға талабы «Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы...» «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы. Сонда да солардың бар таңдамасы». «Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын, Қазақтың келістірер қай баласы?». Абай осылай көркемдік шартын алға тартып қана қоймайды. Қолына домбыра алып, «топта сарнап мақтау өлең айтушыларды» көржерді құрастырушы, мақал-мәтелшіл ескі билерді де қатты шенейді. «Мал үшін біреуді алдап, біреуді арбаушы», сөз қадірін кетірушілердің қайыршылығын әшкерелеп берген. «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» дегенде, көркем сөз қадірін біліп, бағалаушыны талғау, таңдауын көтеруді көздеген. «Өткірдің жүзі, Кестенің бізі. Өрнегін сендей сала алмас» деп, сөз өнерінің құдіретін соншалық жоғары бағалайды. Ал осы бағалауда рухани жан күші жатқанын әбден жеткізе білген.

Абайдың Шортанбай мен Дулатқа айтқан әйгілі сыны өлеңді өнер дәрежесіне жеткізіп мінсіз жазу тұрғысынан деп білеміз, бұл сын олардың ақындығын жоққа шығару емес, «сөздері бірі – жамау, бірі – құрау» дегенде сөз қолданыстарына көңілі толмай отыр. Абай өлеңді өз биігінен бағалаған. Абайдың өнерді бағалауы да жан дүниесіне әсері тұрғысынан нақты дәлелді келеді. «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа, Адам ойы түрленіп ауған шақта, Салған ән – көлеңкесі сол көңілдің» дегенде сезімнің сыр-сипатын, құбылысын суреттейді де, «ұйықтап жатқан көңілді ән оятар» деп, айқындай түседі. «Кейі зауық, кейі мұң дертін қозғап, жас балаша көңілді жақсы уатар». Осы өлеңінде, ақын әнді өнер талғамы тұрғысынан бағалап берген: «Әннің де естісі бар, есері бар. Тыңдаушының құлағын кесері бар. Ақылдының сөзіндей ойлы күйді, Тыңдағанда көңілдің өсері бар». Байқасаңыз, әнге жан бітіріп, ой дүниесіне әкеледі. «Әннің ұжайын алты өлеңмен бітірдім» деуі барлық сын-сипатымен бірге, қасиетін, алапатты құдіретін айтып жеткізгені деп түсінеміз. «Көкірегінде оты бар ойлы адамға» сөзінің суретті сәулесі түсетініне ақынның көңілі әбден сенген. Жақсы әнді ой көзімен тыңдауды ұсынады. Өнерге, өлеңге, әрі әнге «өмір сәуле көрсететінін» және сол нұр сәуле жаныңды ерітіп, жабырқаған көңілді көтеретінін қисын жүзінде емес, ақындық жүректің ой-сезімімен анық жеткізген. Сонымен бірге, адамның рухани («Кірленген жүрек өзі үшін, Тұра алмас әсте жуынбай»), тазалыққа талпынатынын, тіршілікте мұң мен зар қоса жүріп, зұлымдыққа кектенген ақынның шиыршық атып толғануының сырын да ашып береді.

Абай қолөнерді де сындарлы бағалаған: «Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерлі-қазақтың әулиесі сол. Бірақ құдайтағала қолына азмаз өнер берген «Қазақтардың кеселділері болады». Абай соңғы ойын қазақтың «малға бөге қалған кісімсіп, жалқаусып, салғырттық, кербездікке салынатынын, мақтаншақтыққа берілетінімен дәлелдейді. Орынсыз мал шашып, дарқанситынын сөлекет мінезіне жатқызған. Бұл ойы – «Өнерпаз болсаң, арқалан» деген қағидасынан туған талғампаздығы...

Ойшыл ақын Он сегізінші сөзінде: «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады, – дейді. Абайдың мінез-құлық, тәлім-тәрбиелік – ұстаздық сыны осы тұрғыдан әр тарапты, сан сипатты болып келеді. Сөз құдіретімен көркемдік қалыпқа құйғанда, сол сыны – жүрекке жылдам жетерлік ыстық леп, қызу қуатты немесе жиреніш сезімін оятарлық улы, зәрлі, кейде күлкілі, аянышты, күйінішті. Ақынның жоғарыдағы сынын негізінен екі салаға бөліп зерттеуге болады. Біріншісі – надандық, еріншектік, жалқаулық, мақтаншақтық, қулық-сұмдық, залымдық, парақорлық, жарамсақтық, ұрлық-қарлыққа байланысты жеке адамды сынауы, шенеуі, мысқылдап күлкі қылуы. Екіншісі – ғылымға, тәлім-тәрбиеге байланысты, қазақтың ұлттық керенаулығын, бойкүйездігі мен күншілдігі сияқты сүйекке сіңген көпекөрінеу мінез-құлқын сынауы, мысқылдап, ызалы әжуа қылуы. Абайдың бұл сындары әр тарапты. Солардың бірі – сәнқойлық немесе кербездік. «Кербездің екі түрлі қылығы болады: бірі – бет пішінін, сақал-мұртын, мүшесін, жүрісін, қас-қабағын қолдан түзетіп, шынтағын көтеріп, қолын тарақтап әуре болмақ. Біреуі – атын, киімін «айран ішерім» деп, солардың арқасында сыпайы, жұғымды жігіт атанбаққа, өзінен ілгерілерге елеулі болып, өзі қатардағының ішін күйдіріп, өзінен кейінгілерге «әттең дүние-ай, осылардың атындай ат мініп, киіміндей киім кигеннің не арманы бар екен?! дейтұғын болмаққа ойланбақ» – деп, мысқыл етеді ақын. Бұл мінезден күйреп жатқан адам да, қоғам да жоқ. Ең қатерлісі – құныққан тойымсыздық. «Араны барған сайын қатты ашылып, жердің жүзін алуға ой ойлады». Ұлы ақын өр мінезді таныта суреттеп, тап басып сынайды. «Өтірік пен өсекке бәйге атындай аңқылдаушылар» бір топ, «Бойы бұлғаң, сөзі жылмаңдар», «ата-анасын малға сатқандар» осы топқа жатады, «бірадар атын көтеріп, оразашыл, намазшыл болып жүргендері» бар, «қулық сауып, көз сүзіп, өнерсіз жүрген иттер» мен «законшыл», «мал мен бақтың дұшпаны, кеселді пысықтар» өз жөнімен, «өзі көрген қоймасын ашып берер» сатқындар, «жау жағадан алған күн, өздері иттей тақымдар», «күн жауғанда қойныңда, күн ашықта мойныңда жүретін» алаяқтар, «жалғыз атын терлетіп, ел қыдырып ыржаң қаққандар», «сабырсыз, арсыз еріншектер» қосылғанда, қаншама мінез, қаншама нұсқан – ұсқын көз алдыңыздан өтеді. Міне, ақынның ашына сынап, ызалы күлкіге айналдыратындары. Осылардың арасынан «Бет-аузын сөз сөйлерде жүз құбылтып, қас керіп, мойын бұрмақ, қоразданбақ» деп суреттелетін ұсқын – типтерді де көреміз.

«Балам орнымды бассын демек не сөз? Өзіңнен қалған дүние иесіз қалар дейсің бе? Қалған дүниенің қамын сен жемек пе едің?

Өліп бара жатқанда өзгеден қызғанып айтқаның ба? Өзгеге қимайтұғын сенің не қылған артықша орның бар еді? Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік, не түрлі боларын біліп сұрадың? Өзіңнің қылған иттігің аз болды ма? Енді бір бала туғызып, оны да ит қылуға, оған да қорлық көрсетуге мұнша неге құмар болдың?.. Егер жаманшылықты көп қылған болсаң, балаңның оқыған құраны сені неге жеткізеді?» Абай бұл арада өнегесіз, өнерсізге кінә тағып отыр. Тірі жанға сендірмей, қу, сұм бол деп тәрбиелейсің, әуелі құдайдан тілемейсің, адал еңбекке баулымайсың. «Сенікі – біреуден қорқытып алсаң, біреуден жалынып алсаң, болғаны, іздегенің сол». Бұл жеке адамға айтылған сөз емес. Жалпы қазақтың теріс пиғылын әшкерелеуге арналған, сонымен бірге «Құдай сағаң еңбек қылып мал табарлық қуат берді. Ерінбей еңбек қылса... кім бай болмайды?» деп, байлықтың бар көзі еңбекте екенін, ғылым арқылы өркендеу қажеттігін қатты уағыздайды. Сонымен бірге «малды иттікпен тапса да, адамшылықпен жұмсаған» қазақ көрмегенін айтып та өз ренішін білдіреді. Демек, ақын мал тапқан қазақтың тұрмыс құру, рухани тірлігіне де разы емес. Жеке адам және оның келеңсіз жақтары хақында былай түйеді: «Әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады, әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді; Әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді, әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады» деп түйеді. Ұлы ойшылдың бұл қағидасы тек қазақ психологиясына ғана тән емес, адамзат дүниесіне, соның ішінде жағымсыз қылықты мінез-құлықты жандарға тән. Ал нағыз қазақтың өзіне тән керенаулық пен арамзалықты қалай әшкерлейтініне бір мысал келтірейік: «...мал көбейсе, малшыларға бақтырмақ, өздері етке, қымызға тойып, сұлуды жайлап, жүйрікті байлап отырмақ. Қыстауы тарлық қылса... біреудің қыстауын сатып алмақ, ептеп алмақ, тартып алмақ... әр қазақтың ойы осы».

Абай неге бұлай сынады? Ол басқа елдерде де қанау ниетіндегі байлар бар екенін біледі. Бірақ олардың шаруашылық жүргізіп, мал табуы, яғни байлық жасауы ғылымға, техника жетістіктеріне сүйенетінін білген, сондықтан да ақын өз шығармаларында ғылымды дәріптеп насихаттайды. Тіпті ғылымға жетілген ел қоғамдық құрылысын өздері өзгертеді, әділдік туады деген ойды ылғи сабақтап отырған. «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» – деп басталады бұл уағыздауы. «...Ғылым бағарға да, ғылым сөзін сөйлер де адам жоқ. Білгеніңді кімге үйретесің, білмегеніңді кімнен сұрайсың... Мұндасып шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі – бір тез қартайтатұғын күйік». Абай – көбінесе, адам арасындағы қайшылық, ұғыспаушылық, «сылдыраған келісімнің» аздығы неліктен болатынына зер салған ойшыл. Бәрі білімсіздіктен туады деп түсінетіні байқалады, сондықтан да ғылымға аса мән берген. Ұстаздық тәлімі де осы бағытта жүріп отырады. «Бір сөз үшін жау болып, Бір күн үшін дос болып, Жүз құбылған салт шықты» немесе «Сорлы қазақ сол үшін алты бақан ала ауыз», «Өзін-өзі күндейді, Жақынын жалған мінейді». Тағы бір дәлелді ойы: «Сыбырдан басқа сыры жоқ, Шаруаға қыры жоқ, Өтірік, өсек, мақтанға, Ағып тұрса, бейне су». Бәрі – адамның мінез-құлқын әбден білгендіктен туған сипаттау. Жай сипаттау емес, көркем сипат, шымбайына батыра сынағанын көреміз: «Ит көрген ешкі көзденіп, Елірме жынды сөзденіп, Жасынан үлгісіз шіркін, неғылсын өнер ізденіп!». Абайдың сыны қазақ қауымының барлық қат-қабатын қамтиды, солардың ішінде билеуші топты шенеуі басымырақ: «Оқалы тон тола ма, Ар-ұятын сатқанға!» дегенде кімді айыптап отыр? Әрине, шен-шекпенділерді мегзеген. «Елі жөнді болыстар мақтанып жүр тарқылдап, Күлкісі жақсы қарқылдап», «Өзі залым законшік, талап алды талайды», «Әркімге тілеу қостық қой, Бәрі алдамшы саудагер», «Бейілі шикі, ақылы күйкі осы жұрт па тапқаның?», «Іргелі бір жақсыға жарымадық»,– деп те назаланады. Осының бәрін көңіл күйі деп қарамасақ керек. Көңіл күйі өмір күйінен, тұрмыс, тіршіліктен, әлеум. әділетсіздіктен де туады. «Нанымы жоқ, анты бар, Ел нұсқыны кетті ғой, Елмін деген салты бар, әлі күнге уайым қылған жан жоқ, ұялмай» – деп келеді тағы бір наразылығы. Абай неге осынша күйіне, қайғыра берген? Бұл сұраққа жауап – ол өз заманының ойшылдарынан, жалған қамқоршыларынан жоғары тұр. «Жаны аяулы жақсыға қосамын деп, әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып». Әрі берден соң, «Жаны аяулы жақсының» маңдай алды өзі ғой... «Жөн кісі сұмға әлі жетер заман жоқ» – деуінен-ақ қоғамының әділетсіздігін айқын көреміз. Шыншыл, сыршыл ақынның түпкі ойы, мақсатты сөзі, асыл арманын өлеңінің мына бір жолдарынан-ақ көруге болады: «Біріңді қазақ бірің дос көрмесең, істің бәрі бос». «Малыңды жауға, басыңды дауға қор қылма, қорға, татулас!» Ызалы күлкі, ащы сөз елін жақсы көріп жаны ашығандықтан шыққанына енді көзіміз әбден жетеді...

Әдеб.: Абай Құнанбаев. 1, 2-т., – А., 1987; Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. А., 1984. *Ж. Өмірбеков.*

АҚЫНДЫҚ ТІЛ. Абай Құнанбаев екі сөзінің бірінде тіл табиғатын толғанады. Көркем әдебиеттің тілден шыңдалатынын білетін зерек зергер сол тілдің халықтығын, құнарлылығын, дәмділігін, бейнелілігін уағыздайды... Қазақ топырағында «мақсатым тіл ұстартып, өнер шашпақ, наданның көзін қойып, көңілін ашпақ» деп мұрат меңзейді... Абай әдебиеттің төркіні халықта екенін өзінен бұрынғы ақындардан да жақсы білген. Сол себепті ол кітаби орамдарға, сырты сұлу сылдыр сөздерге бармай, ойлы оралым, жанды сөз жасаған. Поэзия сырын «қуатты ойдан бас құрап, еркеленіп шығар сөз» деп түйген Абай шымырлық пен сұлулықты тамаша ұластырады. Әдебиет, ең алдымен, сөздің тарихи төркінінен, өсу, өзгеру қалпынан, қилы

ұғымынан құралады. Үнділік, шырайлылық, дәмділік бұл тілдің көркемдік қуатын арттырып, әсерлілігін күшейтеді. Тіл де, сөз де – халықтікі. Сөйте тұра, «пәленшенің тілі бай» дейміз. «Мынау түгеншенің сөзі ғой» деп тани кетеміз. Осының сыры неде?

Әдебиетте жанды сөз бар да, жансыз сөз жоқ. Жанды сөз, ең алдымен, автордың табиғатына, болмысына тәуелді. Шығарманың текстінен әр түрлі әсер алатынымыз сондықтан. С. Торайғыров «Сезімнің сыртқа шықпас түсі бар ма, оны жасырар адамның күші бар ма!» дегенде жеке тәжірибені ғылыми шындыққа ұластыра айтқан-ды. Одан көп бұрын Абай «шымырлап бойға жайылатын» сөздің астарын: «Білгенге маржан, білмеске арзан» деп мәтелдеген-ді.

Жазушының жаны сөз шырайынан көрініп тұрмақ. Сөздің бетіне шыққан шырай жүрек қанының қызуы болмай, жасанды бояу болса, ондай сөз иесі суреткер санатына қосылмақ емес. Тез оңатын әсіре қызылға барабар болмақ. Сұлулық боямалық емес екенін осы күні екінің бірі біледі. «Бұнда жоқ алтын иек, сара ала қыз» деп Әріптің хиссасын шенегенде, білімдар Абай қазақ топырағында азды-көпті өріс алған желбуаздықты меңзеген. Шынайылық табиғилықта, қарапайымдылықта болса, сол шынайылықтың өзі құдірет. Рас, пенде бір қалыпта тұрмайды. Құлпырады, қуарады; шалқиды, сазарады; күледі, күрсінеді. Соның бәрінде шынайылық жататыны және шындық. Олай болса, көңіл құбылыстарының сөз жанарына тебуі дарынның сипатын танытпақ...



Абай. Е. А. Гаджабашян. 1968.

Сөз шырайы – құрғақ қиялдың емес, тірі өмірдің бетке шыққан шырайы. Құнарлы ойдың, асыл сезімнің, биік сананың серпіні бір күнмен, бір жылмен шектелмей ұзаққа бойлағанда, ұрпақтан ұрпаққа ауысқанда, көзге ілікпес құдірет «сөз» деген ұғымда жатпақ. Олай болса, тіл өнеріне жүрдім-бардым қарау – қағылмас қырсық. Күнәсіз қағазға күнәсіз ой құйылсын. Шалажансар емес, ұзақ жасайтын сөздер екшелсін. Табиғаттай құлпырса да, табиғаттай қайталанбайтын, қызығы мен қайғысы, қуанышы мен өкініші көңілге қона кететін сөз құдіретін туындату – Абай салған дәстүр. Тамырлы ырыс, негізді несібе.

«Ескілік киімі» туралы тамаша өлең толғаған, кісінің біз білмейтін «дәндәкуін» тірілткен Абай халықтық әдеби тілге келгенде, архаизмге жол бермей, ұзақ жасайтын өміршең сөз туындатады. Нәшірияты жоқ сахарада профессионалдық әдебиеттің нұсқасын таратады. Бұл – Абай өзінің қазақтың жазба әдебиетінің негізін салушы классик ақын екенін білді, тым құрымаса, кәміл сезінді деген сөз. Халықтың өзіндей ұзақ жасайтын тілдің дәуірден дәуірге байланысты байып, екшеліп, көзге ілікпес өзгеріске ұшырап тұратыны белгілі. Сансыз ғасырдың шындығын шежіредей сақтап, ұрпақты ұрпаққа жалғастыратын тіл жалқының емес, жалпының үлесіне жатады. Оның құнарлы қуаты әркімге әр дәрежеде дариды. Бұған болмыстың, ортаның, тәрбиенің ерекшелігі әсер етеді... Қоғам мүшелерінің сөз байлығы, ұғым мөлшері, талғампаздығы әр түрлі болғанымен, тілдің заңы тұтас. Бұл заң, Абайша айтқанда, «сөз арасын бөтен сөзбен» былғауды көтермейді. Тілден нәрлілікті, бейнелілікті, жатықтықты талап етеді. Тілдің заңын халық тудырған. Сөйте тұра, ұлт ішінде әр қауымның өзіне тән нақыштары бар. Шаруаның, жұмысшының, зиялының тілін ажырату қиын емес. Осының себебі неде? Біздіңше, өскен ортаның, санаға сіңген тәлім-тәрбиенің әсерінен туған ұғым аумағында. Бұған сөз атауының ағымдағы тіршілікке қажеттілігі қосылады. Мысалға дипломатиялық тілді алсақ, өз маңайында, өз дәстүрінде, өз нәшінде мәдениетті саналатын бұл тіл қоңырқай жұрттың кәдесіне аспайды. Осыған қарап дипломатиялық орамдылықты, ойнақылықты, тапқырлықты, тосын терминдерді өмірден аластау және мүмкін емес. «Қалауын тапса жанатын қардың» тамызығы көп. Осының әммәсі халықтық тілге сыймаса да ұлттық тілдің үлесіне жатады. Халықтық ақын мен ұлттық ақынның бір емесі сияқты, халықтық тіл мен ұлттық тіл бір шеңберлі, бір сипатты емес. Бұл екеуі жалқы емес, жалпы; сыңар емес, егіз. Тұтастығы бірін-бірі жатырқамауында, ымы-жымының бірлігінде. Халықтың тілінен құнарланатын ұлттың тілі қабылдампаз. Осыдан барып оның сөздік қоры да мол. Ағыл-

шын әдебиетінде Д. Г Байрон мен Р. Бернестің, орыс әдебиетінде А. С. Пушкин мен А. Кольцовтың аумақтық орны бірдей емес. Бастапқылары ұлттық ақынға жатса, соңғылары халықтық ақынға жатады. Абай болса, әрі халықтық, әрі ұлттық ақын. Одан бұрынғы Махамбет, мыс., түгелдей халықтық ақынға жатады. Майлы-қожаның кейбір шығармалары да халықтық сипатқа ие.

Төл тағдыры, талайы осылай болғандықтан, Абай халықтық шығармасында халық сөзін көп қолданады да, өзінің ой-өрісіне келгенде тосын сөздерді жатырқамайды, бөгде жұрттың сөзін жымдастырып жіберуге шейін барады. «Махаббат пен ғадауаттар», «тілі ащы мен здравомыслящийлер» осындайдан туған. Ой-өрісі кең, ұғымы терең, талғамы биік Абай төл туындысында тосын да тың, берекелі айшықтар жасайды. Бірде «соқтықпалы соқпақсыз жерде өстім, етек басты көп көрдім елден бірақ» деп жұмбақтаса, енді бірде: «Өзіңде бармен көзге ұрып, озамын деме өзгеден, күндестігін қоздырып, пәлеге қалма езбеден» деп, нақылдың тосындығымен, «көзге ұрыптың» қиын шешуімен таңдандырады. Осыған сәйкес, мазмұн мен түрдің ішкі қайшылығы тілге де түгелдей ортақ екенін айта кету ләзім. Әдетте, әсершіл келетін қарапайым жанның өз әсерін жеткізіп айта алмайтыны, сыңғырлы сөзге шебер зиялысымақтардың төл ойдан қағажу қалатындығы осыны сипаттайды. Бұны Абай: «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл, көзбен көр де, ішпен біл» деп те тұжырымдайды...

Қажетсіз сөздің өзінен өзі шығып қалатыны, ділгер сөздің жаңадан туындайтыны даусыз. Абайдың «өжеттісіңін» қазір ешкім қолданбайды. «Батуы» да («батым» дегені) сол жалқы күйінде өмір сүреді. Осы сыңардың егізі Абайдың басқа бір өлеңінде «Кей құрбы бүгін тату, ертең бату» түрінде бой көрсетеді. Осы секілді оның «қулық пен құбылдан жалықсаң, жақсы жансыңдар» деуінде де өте-мөте сирек орайға тән сөз қолданысы жатыр. Қазақ «құбылдан» деп айтпайды. Бірақ «құбылу» бар, «құбыл» бар. Ендеше, «құбылдан» Абайдың осыдан шығарып алған жалқы еншісі. Осы тәріздес, «Түзелмесе шұғылдан» деген жолдағы соңғы сөз «шұғылдану» емес, «кенеттен» деген мағына береді.

Ығыты келіп тұрғанда айта кету керек, үш ұйықтасаң түсіңе кірмейтін өте-мөте тосын сөздер, атаулар, тіркестер прозаиктен гөрі ақында көп болады. Бұны бедерлі бейне мен ұйтқыған ұйқас тудырады. Ақын Абайдың түбірін тұтас сақтамай, жаңа сөз жасап жіберуінде осындай сыр бар. Бұндай тосындық прозаик Абайда мүлдем кездеспейді. Асылы, ақын, жазушыда (ақында көбірек, жазушыда азырақ) дербес текстe ғана өмір сүрерлік тосын сөздер кездесе береді. Бұған, мыс., А. М. Горькийдің «банкерезмі», И. С. Тургеневтің «Шуршиті», В. В. Маяковскийдің «Усастый няны» мен «свины» куәлікке жүре алады. Пушкиннің «пиша» («писать») деген етістігі де жалқы күйінде күн көреді.

Сөзден сөз туындап жатыр. Қазақ тілі қарындасшыл тіл. Қабылдампаз тіл. «Формадан» «порымның» пайда болуы осыған айғақ. Әдебиетте Абай, Сұлтанмахмұттар айырықша тіл байытқан. Қазақ әдебиетіне «кірпішті» алғаш рет Абай енгізеді. Бүкіл дүние үйге теңелгендіктен, көрші жұрттың «қышын» әлсіз көріп, берік бейнеге бой ұрады. Осы сөзді орысшасындай «кирпич» деп жазса, сіңіспеліктен жұрдай болар еді. Демек, ондай сөздер ана тіліміздің ішкі заңына сәйкес жазылуға керек. Орыстар түрікше «тұрмадан» «тюрьманы», парсыша «пой-жамадан» «пижаманы», «Әмир ұл бағирдан» «адмиралды», қазақша «әртелден» «артельді» шығарған. Мейлінше жатық сіңірген. Енді осының керісінше, орысша ойлаудан туған келісті атаулар мен орамдарды («аялдама», «өкінішке қарай» секілділерді) еске түсірсек, тілдің қарым-қатынасының ілгерімпаз ықпалын анық байқаймыз. Қазақ тілінде «родқа» барабар нәзіктіктер баршылық. Орыс интонациясын қиналмай аударатынымыз сондықтан. «Мұғалима», «азаматшалардың» кіруінде де табиғилық жатыр.

Қазақ тілінде диалект бар дегенге өз басым иланбайды. Абайдың творчествосы осыған айғақ. Семейде туып-өскен Абайдың сөзін Астрахан қазақтары түгел түсінеді. Бір болса, шағатай тілі диалект болар еді. Бірақ, оны халық қабылдамады... Диалект бар тіл бар, диалект жоқ тіл бар. Текстология ғылымына қарап текст атаулыдан ақау табу шарт емес. Қазақ тілінің тұтастығын Шоқан Уәлиханов дәлелдеген. Ол үш жүздің баласын жіктемек болған, Ұлы жүзді қырғызбен шатыстырған И. Георги, К. Риттер сияқты тарихшыларды шенеп, сазға отырғызған. А. И. Левшиннің қазақтарды: «... Оралдан Зайсанға шейін ұшы-қиырсыз сахарада біртектес өмір сүреді, олардың тілі тұтас...» (ЦГИА СССР, ф. 733, оп. 228, д. 7, л. 3.) деп куәлік жасағанын қайда қоямыз? Бұндай мысалдар ондап, жүздеп табылады. Қазақ халқының ұлылығы сол, Алтайдан Оралға дейін, Арқадан Алатауға дейін сапырылысқан сансыз тайпалар ұлттық тілдің тұтастығын сақтай білді. Бөбегін бесікте әнмен әлдилейтін ана перзентіне от басы, ошақ бұтында тіл тәрбиесін сіңірді. «Баланы жастан» деген мәтел туды. Сөзде тұру, уәжге жығылу, шежіреше сайрау естінің әдетіне айналды. Тайпалар арасы алыстағанда сағыныштың сәлемі жүйелі сөзбен жетті. Сөз татуластырды, сөз араздастырды. Дау далабада тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін табушы дуалы ауыз ділмарлар шықты. Сауықта, айтыста «аузын буған өгіздер» ұдайы келекеге ұшырағандықтан, естілер тіл өнеріне қанықты. Жігіт-желең, қыз-қырқынның тәжікесі, тұспалы, жұмбағы еті тірілердің мәжілісте баспалап баға сөйлеуі тапқырлыққа баулыды. Бұған шетсіз-шексіз аңыз-ертегіні, салт-сана жырын, дастан, қиссаны қоссақ, тіліміздің тұтастығы түсінікті-ақ.

Осындай жағдайда өмір кешкен Абайдың тіл ұстартуда бұралқылыққа, селкеулікке, дүмбілездікке жол бермеуі табиғи. Сөз шеберлігіне келгенде ол кітаби ақындардан

іргесін аулақ салып, халықтың тапқырлығынан үйренеді. Қазақ сахарасында кең тараған ұшы-қиырсыз бейнелі поэзиядан бір мысал келтіре кетейік. «Ер Қосай» эпосында он төрт жасар Қосай ұрыста қаза тапқан әкесін туған шешеге қалай естіртеді?!

«Алпысқа келген атамның
Қыз кіріпті қойнына:
Кәрілікті алма мойныңа,
Қара киіп, қызыл сал.
Сол лайқат бойыңа!..»

Бұған шешесі:

«Қаратауда бұлағым,
Байың келді дегенге,
Еліріп еді құлағым:
Қызылың – қызыл, қараң не?
Шошиын дедім, шырағым!..» –

деп, жауап қайтарады. Осы шумақтардың әндей жатталуындағы сиқырлы қуат – ұғымның, иланымның, бейнеліліктің, шырайлылықтың халық ұғымына түгелдей тәндігінде. Абай осы рухта тәрбиеленген.

Осындай жағдайда қазақтың әдеби тілінде шұбарлылыққа жол берілмеуге керек. Рас, қарапайым қазақ арасында жеке сөздерді атауда шәркездік кездеседі. «Егер» тұрғанда «мәгер» деу, «нәрсе» тұрғанда «нәсте» деу, «кәдуілгі» тұрғанда «кәудкіскі» деу келісті емес. Бірақ бұның бәрі диалектіге емес, говорға жатады. Бұндай мүкістікке Абай бармаған. Есте тұтатын бір жайт, кей-кейде жеке сөздің шыққан тегін әдейі жаңғыртуға тура келеді. Бұл көбінесе көркем әдебиетте немесе сұхбаттың әзілінде кездеспек. «Әгәрки» десең – кітаби ұғымды келемеждегенің, «Әгәрдам» десең – шикі қазақты меңзегенің, «Мәселеңкилер» де сол топта.

Тіл – халықтың болмысы, ұғымы, иланымы, бастан кешкен дәуірлерінің шежіресі. Тілдің халық қазынасына, ұлт игілігіне айналуында терең сыр бар. Қазақ тілінің төркіні тым әріде екенін «Кодекс – Куманикус», «Оғуз-нама» секілді ежелгі ескерткіштер дәлелдейді. 11 ғ-да жасаған Махмуд Қашғаридің сөздігінде де бүгінгі қазаққа түсінікті атаулар баршылық. Қазақтың ұлттық есімі орын тепкеннен кейінгі тіл – тіптен тұтас. Мыс., 15 ғ-да туған эпостың тілі осы күнге тозбай жетіп отыр. Төл қайыруға арналған «арай жаным, арайлар» да, түрлі «саналар» да бізге әбден түсінікті. Қазақ тілінің кейінгі ғасырларда көршілес елдермен қарым-қатынасының байи түсуінде объективтік заңдылық жатыр. Ұлттық ұғымы ұлғайып, дүниеге көзқарасы кеңеюмен бірге тілдің ішкі заңы күшейді, оралымдылығы артты. Толып жатқан тосын атаулар төл сөзге айналып кетті. «Кроватты» «керует» күйінде, «самоварды» «самаурын» күйінде қолдануымыз сондықтан. Түрмыстық заттарды былай қойсақ, Майраның бозбаланы тартқан «магниті» де, Біржанның «он екі взвод» әні де, Ақан серінің «гармониясы» да құлаққа сондайлық жат естілмейді. Инабатты орыс ғалымдары қазақ тілінің айрықша байлығына, бейнелілігіне, үнділігіне сүйсініс білдіргенде, оның қабылдағыш қабілетін де меңзейді. Қиырсыз сахарада ауытқымалы, шашыраңқы өмір кешкен жүздердің, сансыз тайпалардың тілінің бірлігінде ғажайып қуат барын тарих растайды. Қазақ халқы, Ш. Уәлиханов айтқандай, әсершіл халық. Бұны шалқыған ән-күйінен бір аңғарсақ, сөз қастерлеген қабілетінен екі аңғарамыз. Ес біліп, етек жапқаннан кейінгі қазақ сөз сырына құштарланады... Қыз бен жігіттің әзілі ойдың алғырлығын, тілдің оралымдылығын керек етеді. Кейде жұмбақтап, кейде тұспалдап сөйлеуге ділгерлік туады. Өлеңмен айтысудың тапқырлығы өз алдына. Қысқасы, уәждан ұтылмау үшін тіл қазынасына құныгу шарт болған. Содан барып қиялдың тынымсыз талпынысы сөз қорын жасаған. Кедей тілдің оралымы да келте. Өнегелі үй өз перзентін сәбиінде дұрыс сөйлете білген. «Таяқтың еттен, сөздің сүйектен өтетінін» ерте ұғындырған. Осыдан барып, сыршыл шешендік, берекелі бейнелілік туған. Осының бәрін Абайға тели, Абаймен салыстыра айтып жатуда өзіндік мән жатыр. Абай халық тілінің қордасынан да, болмысынан да, нақышынан да терең үйренген. Жұмбақ жазуға шейін баруында гәп бар. Абай – қазақтың халықтық әдеби тілін қалыптастырушы классик. Бұл тілдің тоғыз тарауын адаспай ажыратып, тұтастыра тоғыстыра білген шебер де сол – Абай. «Толғауы тоқсан қызыл тіл, сөйлеймін десең өзің біл» деп шабыт сәтінде өзіне өзі сүйсінген, насаттанған тәкаппар ақын өз болмысының, зердесінің, дарынының, ізденімпаздығының ерекше биіктігімен ғибрат қалдырды...

Әдеб.: Аманжолов С. Қазақтың әдеби тілі.– А., 1949; Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиетінің мәселелері және Абай поэзиясының тілі.– А., 1960; Абай тағлымы.– А., 1986.

Т. Әлімқұлов.

АҚЫНЖАНОВ Мұсатай Бекболатұлы (1905–86) – қазақ драматургы, әдебиет зерттеушісі, филол. ғыл. докторы (1981). Абай шығармаларын зерттеумен 1940 жылдан айналыса бастады. «Абай шығармаларының әлеуметтік мазмұндары» («Социалистік Қазақстан», 1940, 15 қазан, «Лениншіл жас», 1940, 15 қазан) мақаласында Абай көтерген қоғамдық-әлеум. мәселелерді, ақынның үстем тап өкілдеріне наразылығын, бұқара халыққа жақындығын, әйелдердің бас бостандығын қолдағандығын сөз етеді. «Орыс-қазақ халықтарының достығының тарихи тамырлары» («Коммунист», 1951, № 10), «Қазақ ағартушылары халықтар достығының жаршысы» («Советтік Қарағанды», 1955, 26 ақпан), «Қазақтың ұлы адамдарының ұлы халықпен достығы» («Лениншіл жас», 1954, 15 тамыз) мақалаларында бірлік, ынтымақ, достық туралы пікірлерін, Абайдың әлеум. көзқарасына А. С. Пушкин, В. Г. Белинский, Н. Г. Чернышевский, Л. Н. Толстой т. б. орыс ойшылдары мен ақын, жазушыларының ықпалын тілге тиек етеді. А-тың «Абайдың өмірі мен творчествосы» (1954), «Қазақ ағартушыларының қоғамдық – саяси көзқарастарының қалыптасуы» (1955) атты монографияларына Абай өскен орта, қоғамдық жағдай, ақынның дүниетанымы мен әлеум. көзқарасы арқау болған.

Р. Сыздықова

«АЛА ҚОЙЛАР» – Абайдың 1898 ж. И. А. Крыловтан аударған мысал өлеңі. Әрқайсысы

4 тармақты 11 шумақтан тұрады, барлығы 44 жол. Мазмұны: арыстан аң патшасы болып, жануарлар әлеміне үстемдігін жүргізіп тұрған кезеңінде, бір күні жайылып жүрген ала қойларды көріп, жақтырмай қалады. Сонсоң оларды құртудың амалын ойлайды. Шетінен қырып тастауды ыңғайсыз көреді де, осының жолын табу үшін аю мен түлкіні шақырып ақылдасады. Сонда түлкінің берген кеңесі: Ала қойларды оңаша бөліп шығарып, қасқырға бақтыру керек. Арғы жағын қасқырдың өзі реттей жатады,– дейді. Айтқандай-ақ, аз уақыттың ішінде қасқыр баққан қойлардың аласы да, ағы да таусылып бітеді. Мысалдың астары: күштінің көңілінен шықпаған жанның бәрі жаман. Сондықтан ол жазалануға тиіс. Ол жазаны билеуші өз қолымен емес, басқа бір жаналғыш арқылы-ақ жүзеге асыра алады. Сонда оның атағына да кір келмейді, ойындағысы да орындалып тынады.

Абай Крылов мысалының жалпы мазмұнын сақтай отырса да, кей жерлерде сөз тастап, не шумақ санын көбейтіп, 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазған. Мысал алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген *«Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі»* атты жинақта жарияланды. Өлең басылымдарында аздаған текстол. ауытқулар кездеседі. 1945, 1948 жылғы жинақтарда 6-шумақтың 2-жолы Мүрсейіт қолжазбалары бойынша: **«Өлтірмек боп оңай-ақ, қойды сығып»** деп берілсе, 1954 жылғы жинақтан бастап 1909 жылғы басылым негізінде: **«Өлтірмегім оңай-ақ қойды сығып»** деп түзетілген. *Ж. Ысмағұлов.*

АЛАТАУ – Қазақстан мен Орта Азия, Сібірдегі бірқатар биік тау жоталарының жалпы атауы. Абай «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққан туралы» деген тарихи еңбегінде қазақ халқының арғы тегі көне замандарда «...Алатаудың бөктеріне келіп, мекендеп тоқтап, ...егін салмақ,.. сауда қылмақ секілді шаруалармен... айналысқан, кейін монғол шапқыншылығы кезінде... бұрынғы Алатауды қалдырып... қоныс аударған» деген тарихи деректер келтіреді. *Ә. Пірманов.*

АЛАША ХАН – Абай шығармасының кейіпкері, қ. *Сұлтан Ахмет хан.*

АЛЕКТОРОВ Александр Ефимович (1861–1918) – орыс ориенталисі, қазақ тарихын, мәдениетін, этнографиясын, ауыз әдебиетін жинап, зерттеуші. Орынбор пед. ин-тын бітірген. Қазан ун-ті жанындағы археология, тарих және этнография қоғамының толық мүшесі. 1882 жылдан бастап Торғай, Ақмола, Семей облыстарында, Астрахань губерниясында халық ағарту ісімен айналысты. Ол қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, әдебиеті мен мәдениеті, экономикасы тақырыбына арналған: «Қырғыз есімдері», «Қырғыздар өмірінің бейнесі», «Қырғыздар», «Бақсы», «Қырғыздардың халық әдебиеті», «Қырғыздардың мал шаруашылығы», «Қырғыздардың жер бөлісуі» еңбектері мен «Даналық баспалдағы», «Қырғыз хрестоматиясы» оқулықтарын жазды. А. 1906 жылғы «Всемирный вестниктегі» «Қырғыздардың халық мәдениеті» деген мақаласында және 1900 ж. Қазандағы Император ун-тінің баспаханасынан жарық көрген «Қырғыздар туралы кітаптар, журналдар мен газеттердегі мақалалар мен хабарлардың көрсеткіші» деген еңбегінде Абайдың алғашқы басылған шығармалары туралы деректер береді.

«АЛЛА ДЕГЕН СӨЗ ЖЕҢІЛ...» – Абайдың 1896 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 4 шумақтан тұрады. Өлеңде Абай алдымен «Алла» дегенге сәл-пәл, жеңіл қараудан сақтандырған. Алла тек ауызбен айтылған ақиқат емес, ол жүрекпен қабылданатын шындық. Алла туралы сөз айту дегеніміздің өзі көңілдің шындығын талап етеді. Келесі шумақта ақын «Жүректің ақыл – суаты, Махаббат қылса тәңірі үшін» деп, махаббат туралы ұғымға сопылық дүниетаным тұрғысында түсінік берген. Махаббат иесі – Алла, оны ұғыну үшін жүрек нәрленуі керек. Ол жайды Абай «жүректің ақыл суаты» деген.

...Үшіншіден ақыл Алла ақыл арқылы танымайтын шындық екеніне баса назар аударған. Бір нәрсені ақылмен тану мүмкін еместігін Бат. Европада көптеген ғұламалар айтқан. Бірақ, Абай бұл мәселелерде Батыс ойшылдарына еліктеп тұрғаны жоқ. Ол бар нәрсенің барлығы туралы ой айтқанда ислам дүниетанымынан тыс кетпеген. Ислам философиясында алланы ақылмен танудың мүмкін еместігі әлденеше рет айтылған. Абай бұл жағдайды «Ақылға сыймас ол алла, Тағрипқа тілім қысқа аһ!» деп суреттеген. Бар нәрсеге шүбә жоқ, себебі, оның барлығын жүрек арқылы сезбекпіз. «Ақыл мен хауас барлығын, білмейдүр жүрек, сезедүр» яғни сезімдік таным Абай дүниетанымында ерекше айшықталған. Осы басы ашық мәселе туралы өзінше қисынды ой айтпақ болғанды «Бекер босқа езедүр» деп, Абай үзілді-кесілді пікір айтқан. Себебі, бар нәрсені жоқ деп, босқа сөзді езіп, аяқ астынан мәселе тауып, ақылсынғанды ақын оқып та көрген, олармен кездесіп те байқаған. Абай «Алланың» барлығы туралы таласты бекер сөз деген. Ақын түсінігінде Алла шүбәсіз, дүниедегі бардың есімі. Өлең 7–8 буынды шалыс ұйқас үлгісімен жазылған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген *«Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі»* атты жинақта жарияланған. Басылымдарында аздаған текстол. өзгеріс кездеседі. 1945 жылғы басылымда 1-шумақтың 4-жолы **«Өзгесі хаққа құл емес»** делінсе, қалған басылымдарда бұл жол **«Өзгесі хаққа қол емес»** болып алынған. Өлеңнің соңғы екі шумағы Мүрсейіт қолжазбаларында бар да, 1909 жылғы жинақта жоқ. Туынды орыс тіліне аударылған. *Ғ. Есімов.*

«АЛЛА МЫҚТЫ ЖАРАТҚАН СЕГІЗ БАТЫР...» – Абайдың 1891 ж. жазған жұмбақ өлеңі. Жұмбақтың шешуін қоса алғанда туынды әрқайсысы 4 тармақты 2 шумақтан тұрады. Қазақ халық әдебиетінен сусындаған Абай көңілінің бір күйі келгенде қысқа да нұсқа, сәтті салыстыру мен ой тапқырлығына құрылатын бұл жанрға да қызыққан. Бұл жұмбақ өлеңінде ақын өмірдің сыры мен си-

патын философ. тұрғыдан пайымдайды. Шығарма 11 буынды қара өлең ұйқасымен өрнектелген. Туынды ел аузынан жазылып алынып, алғаш рет ақынның 1933 ж. Қызылордада жарық көрген толық жинағында басылды. Басылымдарында текстол. өзгерістер кездеспейді. Өлең қарақалпақ, ұйғыр тілдеріне аударылған. *Б. Сарбалаев.*

АЛЛАНЫҢ ҒЫЛЫМЫ. Абай А. ғ-на теолог ғылымдарды жатқызады.Бұл пікір Абайдың өлеңдері мен қарасөздерінде қамтылған. Қырық бесінші сөзінде: «...неше мың жылдан бері әркім әр түрлі қып сөйлессе де, бәрі де бір үлкен құдай бар деп келгендігі, уа һәм неше мың түрлі діннің бәрі де ғадалет, махаббат құдайға лайықты»,– деп ой толғаса, «Алланың өзі де рас, сөзі де рас...» өлеңінде: «Көп кітап келді алладан, оның төрті, Алланы танытуға сөзі айырылмас...» деп, христиан, буддизм, мұсылман діндері ұстанған қасиетті кітаптар Інжіл, Зораб, Таурат, Құранның өзі де бір құдайды таниды, Алланы танытуда бәрі де бір жерден шығып отырады, яғни Абай алладан келген көп кітаптың, әсіресе, жоғарыда аталған төрт кітаптың негізінде дамып, тамыр жайған теолог ғылымдар тобын А. ғ. алланы танып білудің ғылымы деп ой түйеді.

«Замана, шаруа мінез күнде өзгерді,
Оларға кез кезімен нәби келді.
Қағида, шариғаты өзгерсе де,
Тағриф алла еш жерде өзгермеді», –

деп, құдайды танып білу жолындағы алланың ғылымының қай кез, қай заманда болса да негізгі бір танымда жатқанын қадай айтады. *М. Мырзахметов.*

«АЛЛАНЫҢ ӨЗІ ДЕ РАС, СӨЗІ ДЕ РАС...» – Абайдың 1902 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 14 шумақтан тұрады. Көлемі 56 жол. Қазақ топырағында Абайға дейін Алланы тану мәселесімен арнайы шұғылданған ойшыл болмаған. Өзін сопылармыз деп атаған тақуалар (әулиелер) да «Алла бір, пайғамбар хақ» дегеннен аспаған. «Алла» бір, неліктен «пайғамбар хақ» деп мәселе нақтылы қойылмаған. Бір сөзбен айтқанда, сенім мен таным арасы ажыратылмаған. Абай болса, Аллаға сену мен оны тану бір ұғым деп қарамайды. Сенім – діни қағида, таным – гносеологиялық ұғым. Алғашқысы, діни идеологияға негіз болса, соңғысы діни философияның категориясы. Бірақ Аллаға сену және оны тану мәселелері – діни сана ауқымындағы ұғымдар. Сондықтан осы мәселелермен айналысқан, пікір айтқан адамдарды біз бүгінгі күні діни ойшылдар деп жүрміз. Олай болса, Абайды да діни ойшыл (философ) десек, оны не мадақтаған, не даттағанымыз емес, нақтылы шындық туралы айтылған пікіріміз болса керек. Абай Алланың насихатшысы емес, оны танушы, зерттеуші ойшыл. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас сөз ешуақытта жалған болмас» деп, Абай мәселені діни сана ауқымында қарастырып, бірақ Алланың растығына айырықша көңіл бөлген. Ақын «рас» деген түсінікпен нені айтқалы отыр. Бұл – бір мәселе. Сонымен бірге Алланың өзі ғана рас емес, сөзі де рас дегенде нені меңзеп отыр. Бұл, біріншіден туындайтын екінші мәселе. «Рас» деген қандай болмасын заттың, құбылыстың мәнін, әрі сапалық мөлшерін білдіре алатын өлшем. Заттың рас болуы да, болмауы да мүмкін. Алғашқыда рас болып айқындалған зат, келекеле мәнсіздене рас емеске айналуы ықтимал. Бірақ рас заттың рас емеске өтуі де рас. Демек, растың бір-ақ мәні бар, ол оның растығы. Бұл «рас» ұғымының бір қыры.

«Растың» екінші қырына келсек, сонда растың растығын тану мәселесіне тірелеміз. Бұл философ. мәселе. Растың растығын тани алмасақ, ол жөнінде не айтуға болады. Онда Алланың барлығына сенуден өзге амал жоқ. Бірақ Абай Алланы рас дегенде, оны ақиқат деп отырған жоқ, танылатын мүмкіндік болмыс ретінде қарастырған.

Абайдың өлеңінің екі жолында «расты» үш рет қолдануы тегін емес. Ол өлеңді қабылдаушының ойына өріс бергендік. «Алланың өзі де рас емес, сөзі де рас», ал керісінше ойланып көрелік. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас емес» – сонда «рас» не болғаны. Ақылың бар, сана-сезімің бар, ойлан, түйсін. Алладан өзге қандай расың бар. «Алланың өзі де рас...» – осылай өткен тарихта болған, қазір де солай, болашақта да солай бола бермек. «Рас» бұл мәнінде мәңгіліктің өлшемі. Алла рас, демек, ол мәңгілік – шындық, оның растығы – мәңгіліктігінде.

«Растың» келесі қыры. «Рас» мәңгіліктің өлшемі дедік, бірақ болмыста өткінші жайлар да бар емес пе? Олардың барлығы да рас. Демек, «рас» дегенде біз оның мәңгілігін мойындай отырып, сонымен бірге оның өткіншілігін мойындамасқа болмайды. Сонда бүгінгі «Рас» болған нәрсе, ертең «рас емеске» айналуы мүмкін бе? Жоқ, рас емеске айналатын нағыз растың өзі емес, ол адамдардың «рас» пен «рас еместі» ажырата алмағандықтарынан туған, жалған нәрсені «рас» деп қателесулері. «Рас» әманда рас. Сондықтан Алланың ешқашан жалған болуы (рас емес болуы) мүмкін емес.

Сонымен жалған болмайтын «рас» не дегенге, Абай ол Алланың өзі және сөзі дейді. Бұл мәнде «рас» болмыстың баламасы. Әлемдегі «рас» – болмыс. Болмыс ешуақытта жалған болмақ емес. Абай дүниетанымында Алла – шындық. Демек, шындық рас болса, Алла да рас. Шындық дегеніміз, қарапайым тілмен айтсақ, өмір яғни өмірде бар екеніміз, істеген ісіміз, сөйлеген сөзіміз рас болса, онда Алланың да сөзі мен өзі рас. Қысқасы, шындықты мойындау, Алланы мойындау. Бұл Абай гуманизмінің көзі. Алла ісіне мойын ұсынып, мұсылман болудың Абай айтқан шарты – адамға адамшылық жасау.

«Алла ішімді айтқызбай біледі ойла,
Бендесіне қастықпен кінә қойма.
Распенен таласпа мү'мин болсаң,
Ойла, айттым, адамдық атын жойма!..-

Үшінші жолдағы «Распенен таласпа...» деп отырғаны, ақынның Алла сөзіне күмәнданба

дегені. Себебі, Алла жолына түссең, адам атыңды жоймайсың. Алла жолында болсаң, адамдықтан шықпайсың. Абай сонымен Алланы абсолют – шындық ретінде ұсынып, ал оның сөзін жеткізушілер, нәбилер туралы өзгеше пікірде. Алла жолы мен пайғамбар жолын нақтылы ажыратқан. Нәбилер келеді, кетеді, ал Алла – мәңгілік. Нәбилердің келіп-кетуінің себебін Абай өзгеріс арқылы түсіндірген. Өзгермейтін – бір Алла. Өзгеретін – оны танушылар, оның құдіретіне бас июшілер. Адасатын Алла емес, адамдар.

Енді «Алланың сөзі де рас...» деген мәселеге нәбилерге қатысты тоқтала кетсек. Алла «еш жерде өзгермейтін» мәңгілік рас қалпында қалса, онда неге бірінен соң бірі нәбилер келмек. Ойлану керек. Өлеңнің бірінші, екінші жолдарында Абай «Алланың өзі де рас, сөзі де рас. Рас сөз ешуақытта жалған болмас» деп, шегелеп тастайды да, үшінші шумақта «Замана, шаруа, мінез күнде өзгерді, Оларға кез-кезімен нәби келді» – дейді. Қайшылық бар ма? Әрине, бар. Бірақ, бұл сырт көзге түсер қайшылық. Мәселенің мәніне үңілсек, былай болып шықпақ. Алланың сөзі ешқашан өзгермек емес, бірақ замана өзгереді. Сол өзгерістерге сай «өлшемді сөзбен» кез-кезіне орай нәби келеді. Егер әр пайғамбар сөзі мәңгілік болса, ол нәби емес, Алла болғаны. Сонда қайшылық Алла сөзінде емес, оның сөзін жеткізуші нәбилер сөздерінде бар. Пайғамбар сөзі де шектеулі, өлшемсіз, шектеусіз тек Алла сөзі. Абайдың дінге реформа жасау қажеттілігін көре білгендігін, осы тұста мойындаған жөн.

Ислам дінінде иман келтіріп, мұсылман атану үшін Алланың, бір пайғамбардың хақтығын мойындау шарт. Абай бұл шартты бұзып отырған жоқ: «Алланың, пайғамбардың жолындамыз, Ынтамызды бұзбастық иманымыз»,– дейді. Бірақ, Абай дүниетанымда Алланың орны бір басқа, пайғамбар орны бір басқа. Ақын мәңгілік туралы, өмір мәні туралы сөз қозғағанда тарихта аты-есімі бар жеке адамдарды негізге алмайды. Ол мәңгілік ұғымдарды қолданады. Олар Алла мен Адам. Нәбилер де адамдар. Сондықтан Абай философиясында, әдеттегі Ислам дініндегідей, Алла – Расул – Адам болып келмейді, мұнда ортадағы буын жоқ. Абай Алла мен Адам туралы айтады. Бұл діндегі демократия. Адам дамуындағы кедергілерді жою. Алла шексіз, оны танымақ болсаң, өзіңді де шексіз дамыта бер, сонда адамдық атыңды жоймақ түгіл, кәміл мұсылман болғандығың. Абайдың осы ойлары ортодоксиялық ислам шеңберінен шығып жатыр. Ол Алланы танудан адамгершілік, ізгілік туралы ойлар айтқан. Абай ұғымында Алланы сүю адамның жеке басындағы асыл қасиеттерді қастерлеу, адамгершілікті негізгі қағидаға айналдыру, ал ол үшін ең алдымен өзіңді өзің тазалауың қажет. Алланы сүю ізгілікке байланысты жол. Өзің күнә арқалап тұрып Алланы сүйе алмайсың, алдымен күнәңнен арыл, өзіңді өзің ыластан аршы, одан әріде барып хақ жолына түс. Бұл жолға түссең, бойыңдағы қуатың, ақылың, сезімің өріс алмақ, санаң сәулеленбек. Алланың сүйікті құлы болуға Абай фаталистік мәнде емес, адамның бостандығы үшін шақырады. Адамның жеке басының бостандығы ол адамға тән қасиеттерді дамытқанда ғана болатынын ұлы ақын жақсы білген. «Замана, шаруа, мінез күнде өзгерді...» деп Абай өзгерісті мойындаған. Дүние бір қалыпта тұрмайды, ол күнде өзгерді. Абай Алланың өзгермейтінін нақтылап, басын ашып айтқан. Сонда Алла туралы өлшем мен Адам туралы өлшемнің мәні екі басқа болғаны ма? Алла мен Адамға ортақ өзгеріс заңдылық бар ма, жоқ па, оны Абай айтқысы келмейді. Өмір мәні және болмысы туралы толғана келіп Абай:

> «Махаббатпен жаратқан адамзатты,
> Сен де сүй, ол Алланы жаннан тәтті...»

– дейді.

Алла – ислам дінінде құдай есімі. Алланы сүюге насихаттаушылар Абайға дейін де көп болған. Ақынның айтып отырғаны – сен Алланы адамзатты махаббатпен жаратқаны үшін сүй деп отыр. Демек, мәселе махаббатқа тірелген. Абай бұл тұста махаббатты Адамға емес Аллаға қатысты айтып отыр, Алла адамзатты махаббатпен жаратқан. Олай болса, махаббат Адамға дейін болған шындық. Демек, махаббаттың субъектісі – Алла. Ол Алланың құдыреті, қуаты, рухы. Бірақ, ол өзіне де танылмаған, сезілген тылсым, әзірше шындыққа айналмаған мүмкіндік. Махаббат Алланың қасиеті, сипаты ретінде шексіз, өлшеусіз шындық. Демек, ол туралы таным да шексіз. Махаббат мәңгі таусылмайтын тақырып. Абайдың «махаббатсыз дүние бос» дейтіні сондықтан. Жалпы өлеңде Абай діни ой-талғамнан Адамға қызмет ететін асыл қасиеттерді уағыздайтын ұғым-түсініктерге ерекше тоқталып, жетіспеген жерлерін өз пікірімен толықтырған. Туынды 11 буынды қара өлең үйқасымен жазылған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық жөрген *«Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі»* атты жинақта жарияланды. Өлең басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1945 жылғы жинақта 1-шумақтың 4-жолы **«Алланы танытуға сөз айырмас»** болса, қалған басылымдарда **«Алланы танытуға сөзі айырмас»** делінген. 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбаларында 10-шумақтың 1-жолы **«Адамдар ғибадаттан, сөз қозғаған»**, 11-шумақтың 4-жолы **«Тә уилің білерлік, білімің шың»** ретінде берілсе, басылымдарда бұл жолдар **«Имамдар ғибадаттан сөз қозғаған»**, **«Тә уиліне жетерлік ғылымың шың»** деп алынған. Өлең орыс тіліне аударылған. *F. Есімов.*

«АЛЛАНЫҢ РАХМАТЫН...» – Абайдың 1899 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 5 шумақтан тұрады. Болашағынан үлкен үміт күткен ұлы Әбдірахман науқастанып жатқанда бір құдайға жалбарыну, ұлының дертіне шипа, жанына саулық тілеу мазмұнына құрған. Ұлы зергердің – туысы бөлек тұяғының шынымен шетінерін сезген жан айқайы,

күңіренген күрсінісі. «Зар хатым – бұл хатым. Бізді тыныш жүр деме. Азайып қуатым, Денем жүр көрмеге» деп, ботасы үшін жанын қиюға даяр әкенің құр сүлдері қалған, амалы таусылған кейпін жеріне жеткізе береді. Өлең 6 буынды шалыс ұйқас үлгісімен жазылған. Алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланған. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1945 жылғы жинақта өлеңнің 1-шумағының 1-, 2-жолдары **«Алланың рахметін, яр тұтып әрнеге»** делінсе, қалған басылымдарда бұл жолдар **«Алланың рахматын, жар тұтып әрнеге»** түрінде берілген. Туынды орыс тіліне аударылған. *И. Хасенов*

АЛЛАЯР СОФЫ, Софы Аллаяр (т.-ө. ж. белгісіз) – 18 ғ-дың орта тұсында өмір сүрген діни ақын. Ол ислам дінін дәріптеген. А. с-ның ең басты шығармасы «Ғазизаға бағыштау» деген шығармасында құдайдың пайғамбарларға жіберді дейтін 4 кітабы: «Тәурат», «Забур», «Інжіл» және «Құран» аталады. А. с-ның бұл еңбегі қазақтар арасына 1917 жылғы төңкеріске дейін тараған. Абай бұл шығарманы жете білген. Ол өзінің діни ұғымдарға түсініктеме беріп, дін, сенім туралы түйгендерін қорытқан. «Отыз сегізінші сөзінде» А. с-ның: «Бір фәрдәдән жүз фәрдә бижай» деген қанатты сөзін келтіреді. Софының бұл сөзін: «Шәкірліктен ғибадаттың бәрі туады. Енді зинһар ғадаләт шапағаттан босанбаңдар. Егер босансаң, иман да, адамдық та һәммасы босанады» деген тұжырымын дәлелдеу үшін пайдаланған. *Т. Барақұлы*

АЛМАСТЫРУ (метонимия) деп бір-бірімен өзара, іштен байланысты екі құбылыстың, бұйымның, нәрсенің атын бірінің орнына бірін ауыстырып қойып жұмсауды айтамыз. Бұл орайда Абай алмастырудың сан қилы, алуан түрлі үлгілерін тауып, шеберлікпен пайдаланған. Мыс., «Күшік асырап, ит еттім, Ол балтырымды қанатты. «Біреуге мылтық үйреттім, Ол мерген болды, мені атты». **«Күшік асырап, ит еттім»**. Ақын бұл жерде іс-әрекеті жауыздыққа ұласқан жалмауыз, қанішер жанды суреттейді. «Үйі мәз боп, қой сойды, Сүйіншіге шалқанға». Мұнда сүйінші сұрауға жүгірген адамдар мекендейтін тұрақ-үйдің өзі емес, ақын сол үйдің ішіндегі адамдарды айтқан. «Имансыздық намазда – Қызылбастың салған жол. Көп шуылдақ не табар, Билемесе бір кемел?» Немесе «Единица – жақсысы, Ерген елі бейне нөл. Единица нөлсіз-ақ, Өз басыңдық болар сол. Единица кеткенде, Не болады өңкей нөл?» Абайдың қызылбас дегені – дұшпанды, шуылдақ дегені – көпшілікті, единица дегені – көшбастаушы көсемді айтқаны. *С. Негімов*

АЛПАШ Оспанұлы (1922–90) – Абайдың баласы Тұрағұлдың немересі. Өз әкесі Жебраил, Абайдың інісі Оспанның атына жазылған. Ұлы Отан соғысына қатысып, мүгедек болып оралған. Алматы қ-да тұрып дүние салған.

«АЛ, СЕНЕЙІН, СЕНЕЙІН...» – 1893 ж. Абай аударған өлең. Соңғы кезде туынды М. Ю. Лермонтовтың «Исповедь» өлеңінің аудармасы екені анықталды.

Я верю, обещаю верить,
Хоть сам того не испытал.
Что мог монах не лицемерить
И жить, как клятвой обещал:
Что поцелуи и улыбки
Людей коварны не всегда,
Что ближних малые ошибки

Они прощают иногда,
Что время лечит от страданья,
Что мир для счастья сотворен,
Что добродетель не названье
И жизнь поболее, чем сон!..
И жизнь поболее, чем сон!..

Но вере теплой опыт хладный
Противоречит каждый миг,
И ум как прежде безотрадный
Желанной цели не достиг:
И сердце, полно сожалений,
Хранит в себе глубокий след
Умерших, но святых видений,
И тени чувств, каких уж нет:
Его ничто не испугает,
И то, что было б яд другим,
Его живут, его питает
Огнем язвительным своим.

Абайда – 28, Лермонтовта – 24 жол. Бұл – ақын ішкі сырын ақтарып, ашып айтатын өлең үлгісінде жазылған сыршылдық сипаты күшті лирик. туынды. Ақынды тебірентетін – жақсылыққа, адамдардың адалдығына сену мен күнделікті өмір тәжірибесі арасындағы қайшылық. Сондықтан ол «ал, сенейін» дей отырып, сенгіш болмау, алданбау қажеттігін көбірек айтады. Ақын өзін бұрынғы сенгіштіктен, аңғалдығынан арылып, өмірдің қайшылықты шындығын біліп, содан күш алғандай сезінеді.

Абай өлеңнің, әсіресе бірінші жартысының, мағынасын толық сақтап аударған. Бірақ соңғы жағында еркін, орысша текстегі «өзгеге у болатын нәрсе, менің жүрегіме қуат береді» деген сөздерден алшақ кетіп:

«Басыңа тиді байқадың,
Бәріне басты шайқадың...» –

деп өлеңдегі негізгі, өзекті идеяны үстемелеп, күшейте түседі. Туынды 7 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген *«Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі»* атты жинақта жарияланды. Өлең басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1939 жылғы жинақта 5-шумақтың 3-жолы **«Ақыл ізден зерттеп»** делінсе, кейінгі басылымдарда бұл жол 1909 жылғы жинақ бойынша **«Ақыл ізден ізгерлеп»** болып түзетілген. Абай нұсқасының бір-екі сөзі Мүрсейіт қолжазбасы мен 1909 жылғы жинақтың екеуінде екі түрлі болып берілген. Мыс. шығарманың ең соңғы жолы қолжазбада:

«Нанғыш болсаң **маған** нан» делінген, ал 1909 жинақта **«Нанғыш болсаң, енді нан»** деп келеді. Кейінгі басылымдарда соңғысы қабылданған. *З. Ахметов*

АЛТЫ АЯҚ – қазақ поэзиясына Абай енгізген шумақ түрі. Ақын осынау шумақ өрнегімен *«Бойы бұлғаң...», «Буынсыз тілің...», «Бай*

сейілді...», «Қор болды жаным...», «Қуаты оттай бұрқырап...», «Ем таба алмай...», «Кешегі Оспан...» деген өлеңдерін жазған. Әр шумағы алты жолдан түзіледі.А. а-тың бірінші мен екінші, төртінші мен бесінші, үшінші мен алтыншы тармақтары өзара үйқасады. 3 мен 6 тармақтары жеті буынан құралса, басқа жолдары төрт буыннан тұрады (мыс., «Бойы бұлғаң...», «Бай сейілді...», «Кешегі Оспан...»). Ал басқаларының буындық және ұйқастық құрылысында, дауыс ырғағының кестесінде біраз өзгешеліктер байқалады. Сөйтіп, Абай А. а-тың, оның шумақтық үлгісінің, ырғақтық жүйесінің, ұлттық поэзия тілінің өрнектілік, икемділік, әуезділік сырларын жарқыратып көрсете білген. Аталмыш өлең өлшемін Абайдан кейін көрнекті ақындар А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Н. Орманбетов, С. Торайғыров, С. Дөнентаев, С. Сейфуллин, С. Мұқанов және т. б. пайдаланды. *С. Негімов.*

АЛТЫНСАРИН Ыбырай (Ибраһим) (1841–89) – аса көрнекті ағартушы, жаңашыл педагог, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері. А-ның сюжетке құрылған, өмір шындығын оқиғалар тізбегі мен нақтылы кейіпкерлердің тағдырлары арқылы бейнелейтін әңгіме-новеллалары, дидактик. және реалистік поэзиясы қазақтың жазба әдебиеті тарихында айрықша орын алады. Ол қазақ халқын оқу-білімге, өнерге шақырып, сол игі мақсатта аянбай еңбек етіп, мәңгі өшпес асыл мұра қалдырды. А. шығармаларында ел-жұртты, әсіресе, жаңа буын жастарды тәрбиелеуге, олардың бойына адамгершілік, ізгілік қасиеттерді егуге күш салып, соны өз туындыларына арқау етіп алды. Осы тұрғыда А-ның дүниетанымы, қоғамдық-әлеум., эстетик. көзқарасы Абаймен бірлікте, үндес келеді.

Абай мен Ыбырайдың жасаған өмір кезеңдерінде де көп алшақтық жоқ, төрт-бес жыл ғана айырма бар. Әлеум.-саяси өмірдің ұқсас бірлігі де олардың таным-талғамының бір бағытта өрістеп дамуына қолайлы жағдай жасаған. М. Әуезовтың айтуынша Абай А-ды жақсы білген, тіпті кейбір мәселелер бойынша одан үйренуді де жат санамаған: «Абай Ыбырайды жақсы білген. Кейін Абайдың өзі қадірлегендіктен, Абайдың қолжазбаларының ішіне Пушкин, Лермонтов, Крылов шығармаларынан жасалған аудармалар қоса кірумен бірге, Ыбырай өлеңдері де үнемі бірге көшіріліп жазылып жүруші еді. Абайдың өзінің тапсыруы бойынша солай болса керек... Ыбырайдың әрқашан Абай атымен бірге жазылып, жатталып, таратылып жүруі бұл екеуінің үні бір, үміті бір, арман бағыты және болашақ тағдыры бір ақын екендіктерін танытушы еді» (Ә у е з о в М. 20 томдық шығармалар жинағы. 19-т., – А., 1985, 246-б.).

Қазақ әдебиеті тарихында табиғат лирикасы жанрының туындап, қанат жаюына Абай мен А. зор үлес қосты. Олар өзіне дейінгі ақындардың жыр мен толғау, дастандарында табиғат көріністерінің жеке бөлінбей, түйдек-түйдегімен қоса жырланып келген үлгілерін тұңғыш рет жеке алып, тұр мен мазмұн жағынан тың сипат бере білді. Орыс ақыны А. С. Пушкиннің табиғатты жырлау дәстүрін А. қазақ әдебиетіне алғаш рет бастыл енгізіп, жаңа сипатты поэзияның қалыптасуына жол салды. А-ның табиғат көріністерін адам өмірімен шебер астастыра бейнелейтін «Сәуірде көтерілер рахмет туы» өлеңінде мал баққан көшпелі өмірдің шындық суреттері әсем де нанымды өріледі. Сәуір айындағы күн нұрымен еріген мұз бен жауын-шашынның жерге нәр беруімен даланың құлпырған әсем бейнесі, таза ауаға мастанған адам мен жан-жануарлардың мәре-сәре болуы, мал төлдеп, аққа аузы тиген жұрттың қуаныш-көңілі, әзілі жарасқан жастар мен кәрілердің шаттығы, көл жағалай ұшқан қаз бен үйрек, тасыған өзен мен мал даусының жаңғырығы, ынтық жастардың оңашада бас қосуы – бәрі де реалистік тұрғыда әсерлі сипатталады.

Жақындар құдайымның көктен күні,
Тең болар жарлықпенен күн мен түні.
Аспаннан рақымменен күн төнгенде,
Қуанып қыбырлайды ыныс-жыны

(А л т ы н с а р и н Ы. Таза бұлақ. – А., 1988, 93-б.),– деп, А. күн бейнесін бүкіл тіршіліктің қайнар көзі, мейірім-шапағаты ретінде ұтымды суреттеп, «Жердің қуануы» ұғымын жас баланың ұйқыдан оянып гүлдей жайқалып шыға келуімен астастырады. Абай А-ның осы бейнелі сөз тіркесін «Жазғытұры» өлеңінде:

«Күн – күйеу, жер – қалыңдық сағынысты,
Құмары екеуінің сондай күшті...
Күн күйеуін жер көксеп ала қыстай,
Біреуіне біреуі қосылыспай,
Көңілі күн лебіне тойғаннан соң,
Жер толықсып түрленер тоты құстай...»

– деп, көркейте жетілдіріп, сомдап қолданады. Осы тұрғыда М. Әуезовтың: «Абайдың кейін жазатын осы алуандас «Жазғытұры», «Жаз», «Күз» «Қыс» дейтін өлеңдерінің бәрінен біз жаңағы айтылған, Алтынсарин салған тың жолдың түгелімен қабыл алынып, онан әрі көркейіп, дами түскенін білеміз» деген пікірі өте орынды айтылған (Ә у е з о в М. Көрсетілген еңбегі. 213-б.). Абай мен А-ның табиғат лирикалары мағыналық жағынан ұқсас, оларда жарыса жырлау дәстүрі (нәзира) мен стиль бірлігі ортақ және өлеңдерінің мазмұны мен құрылысы сабақтас, өзара үндес келеді.

Қазақтың ұлы ағартушыларының адамгершілік ой-тұжырымдары өрнектелген Абайдың «Ескендір» поэмасы мен А-ның «Жаратты неше алуан жұрт бір құдайым» атты өлеңі Ескендір патшаның төңірегінде құрылып, өрбітіледі. А-де оқиға желісі жинақталып, қысқа қайрылса, Абай шығармасы дамымалы мазмұнға құрылған. Ескендір патшаның уәзірі ретінде А-де Қыдыр Ілияс, Абайда ежелгі грек философы Аристотель алынған. Бұл шығармаларында Абай мен А. дүние жүзін түгел жаулап, адам қанын судай шашқан тойымсыз патшаны әшкерелейді, сол арқылы бүкіл адамзатқа ой салып, адамгершілікке шақырады, ізгілікті ту етіп көтереді. Екі ақын да бір тақырыпты өздерінше қайталай жырлап,

адамгершілікті, имандылықты арнайы сөз етеді. Мұндай ұқсастықтар Абай мен А. шығармашылығының бір бағыты – орыс классиктерін тәржімалау тәжірибесінен де байқалады. Олар орыс әдебиетінің рухы мен стилін сақтап, қазақ оқырмандарының табиғатына етене жақын етіп аударудың көркем үлгісін жасады. Абай бұған қоса өлеңнің түпнұсқалық мән-мазмұнын дәл беруге, ой-қорытындысын өзгертпей жырлауға ерекше көңіл бөледі. Ал А. дәлдіктен гөрі, мазмұн бірлігін сақтауға зер салған. Абайдың И. А. Крыловтан аударған «Қарға мен түлкі» мысалы мазмұны мен стилі жағынан түпнұсқаға мейлінше жақын болып келетін болса, А. осы өлеңді Абай секілді 7–8 буынды жыр үлгісімен емес, 11 буынды қара өлең түрінде аударған. Ол Крыловтың «ангельский голосок» деген тіркесін: «сөзің күміс, алтын» десе, енді бірде: «сандуғаш, бүлбүлдарды көріп едім» деп, қазақ ұғымына жақындатып алады.

Қоғамдық құрылысы мен әлеум. ортасы ортақ, бір дәуірде өмір сүрген қазақтың екі ұлы ағартушысы туған халқын өнер-білімге үндеді. Абай ел-жұрттың көкірек-көзін оятпақ болса, А. техника тетіктерін үйренуге шақырды. Олардың жастарды білім алуға, ғылым жолына түсуге үндеген ой-тұжырымдары өзара өзектес, сабақтас келеді. *М. Жармұхамедов.*

АЛШЫНБАЙ Тіленшіұлы (1783– ө. ж. б.) – Әйтеке, Шаншар елінің басты адамы. 1826–46 ж. Айбике-шаншар болысын басқарған. Арғын ішінде – Қаракесек. Қаз дауысты Қазыбектің шөбересі. А-дан: Қақабай, Бану, Бәпи, Шәпи, Қосық, Жанығұл, Жүсіп тарайды. Абайдың бәйбішесі Ділдә – Жүсіптің қызы. Патша үкіметінен старшина, поручик шендерін алған. С.-Петербургтегі патша сарайында болып, Анна лентасына тағылған алтын медальмен наградталған. Сұлтан Кенесары Қасымовтың көтерілісі кезінде елін тыныш ұстап, патша үкіметіне көмектескені үшін Анна лентасына жазылған күміс медаль алады. Ел аузында Абайдың Ділдәні алған соң, А-ға сәлем бере барып, Шұбар айғырдың үйірін сұрағанда, мұны бере алмай, «батамды алсын» деген ұлы атасына «Ондай батасын сатқан шал өзімде де бар» деген өкпелі сөзі қалған. *М. Бейсенбаев.*

«АЛЫСТАН СЕРМЕП...» (С е г і з а я қ) – Абайдың 1889 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 8 тармақты 25 шумақтан тұрады. «Сегіз аяқ» ұлы ақынның жазушылық еңбегінің орта тұсында туған үлкен бір белдей әрі мол, әрі бар жағынан көркем келісті шыққан, зор шығарманың бірі. Бұл өлеңнің түрі де осы шаққа дейін ақын жазып келген өлеңдердің үлгісінен басқаша. «Сегіз аяқ» демегі – сегіз жолдан қайырылған шумақтар болғандықтан айтылған. Көп ойлармен заман, қоғам шындықтарын және өз басының мұндарын жиған үлкен өлең, ең әуелі А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтовтар дәстүріндегі аса шебер арнаудан басталады. Ол – тағы да мән мақсаты өзгеше өлеңге арналған шумақтар.

Өзінен бұрын ешкім таппаған қиын үйқасты шебер түрге Абай әдейі арнап ән де шығарады. Бұл да өлеңнің мазмұны мен мақсатына ақынның ерекше зер салғанын көрсетеді. Алғашқы өлеңге де арналған бастаудан соң Абай: «Қайнайды қаның, Ашиды жаның, Мінездерін көргенде...» – деген ызалы толқын атып, аттап түскенде, өзі тірлік етіп отырған бұзық ортаның дертті кескінін бейнелейді. Содан бірлік кеткенін, ел іргесі тозып бара жатқанын әшкерелей келіп, осы жаманшылықтардың себебін де айтады: «... Тамағы тоқтық, Жұмысы жоқтық Аздырар адам баласын...» – деп, жеке адам үшін, тұтас қауым, халық үшін де ең қадірлі, қажет іс-еңбек екенін айтады.

Осыдан соңғы сан өлеңінде Абайдың бұрын қазақ ақындары айтпаған бір тақырып етіп алатын айнымас ойы – еңбек туралы болады. Еңбекті Абайдың қадірлеуі қазақ поэзиясы үшін аса бір соны сөз еді. Ол бұл тұста биік идеяға барады. Бұл тұста Герценнің «Бізде дұға жоқ. Бізде еңбек бар. Еңбек – біздің дұғамыз!» деген ойларын анық еске алуға керек.


«Сегіз аяқтың» ішінде Абай әр жерде өз күйігін қосып отырады. «Ауырмай тәнім, Ауырды жаным, Қаңғыртты, қысты басымды...» – деп, өз ішіндегі ой толқыны – у толқыны екенін танытады. Бірақ, бұл қасиетті уайым жеке бастың сыры емес. «Мақсұт – алыс, өмір – шақ» деуменен Абай халық үшін қамырық шегетінін танытады. «Не ол емес, бұл емес. Менің де күнім – күн емес...» – дегені, немесе: «Болмасқа болып қара тер, Қорлықпен өткен қу өмір...» – дегені және де қайғылы ойының басынан кешетін жалғыздықты айтқан: «Моласындай бақсының Жалғыз қалдым – тап шыным!» – деген барлық жолдар сөзбен жазылған емес, қанмен жазылған жолдар.

Бұл тұста В. Г Белинскийдің Лермонтов жазған «Одиночество» деген өлеңге берген бағасын еске алу керек.

«Одиночество» өлеңіндегі Лермонтов шығарған зарды Белинский: «Қоғамның қанды жаралары – осы»,– деп бағалаған. Біздің Абайда да кейін, әсіресе, осы «Сегіз аяқтан» басталған көп мұңды көреміз. Ол мұңды ақын өз басының жеке жарасы, өзіндік қам-қайғысы есебінде «мен» деген жүректен жеке-даралық қайғы түрінде айтады. Кейін де Абайда сол тұр, солайша толғау көп кездеседі. Осында оқушыға, «Сегіз аяқтай» үлкен жырдың тұсында, қатты ескеретін қорытынды бір ойларды Белинский сөзімен келтіреміз: «Ұлы таланттың ішінде ішкі сыр, субъективтік элементтің мол болуы – гуманностың белгісі. Бұл бағыттан қорықпаңыздар. Ол сізді алдамайды. Жалғанға әкетпейді. Ұлы ақын өзі туралы сөйлеп отырып, өзінің «менін» айта отырып, адам баласы туралы айтады. Өйткені оның жаратылысында бар адам баласы тірлік еткен жәйдің бәрі бар. Сол себепті оның қайғы-шерінен әркім өз қайғы-шерін ұғынады. Оның жанынан өз жанын таниды. Сөйтіп одан ақынды ғана көрмейді, адамды да көреді. Азамат ішіндегі туғанын көреді»,– деген. Дәл Абай басына, оның «мен» деп айта-

тын қайғы-шерлі зарына, мұңды жүзіне қарағанда, біз де осы ойларды арқау етеміз. Сөйтіп Абайдың бас қайғысын айтқан шығармаларында халық қайғысы жатқандығы, жаңағыдай зарлы, мұңлы жеке жүрек шерінің өзінде де Абайдың позитивтік программасы жатқанын айрықша ескертіп өтеміз. Лермонтовтың өз басындық сырлы мұңға берілген субъективтік шығармалары туралы тағы да қорыта келіп, Белинский және де біздің Абайға бола шешу, қорытынды айта кеткендей болады:

«Осы белгісінің өзіне қарап, біз одан орыс ақыны екенін және аса зор, қасиетті мағынада халық ақыны екенін көреміз. Біз ақынның бойынан орыс қоғамының белгілі тарихтық кезеңі көрініп тұр деп бағалаймыз»,– деген. «Сегіз аяқ» турасындағы Абайдың өз ішін мұңмен ашқан терең сырын, біз осы ұлы сыншы айтқан айнымас шындықпен аяқтаймыз. *М. Әуезов.*



Нота. (Сегіз аяқ. 1-түрі).

Өлең алғаш 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген. «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлені» атты жинақта жарияланған. Басылымдарында текстол. өзгерістер кездеседі. Мүрсейіт қолжазбаларында, 1945, 1954 жылғы басылымдарда 5-шумақтың 4-, 5-жолдары **«Пайдасыз ақыл, Байлаусыз тақыл»,** 14-шумақтың 2-жолы **«Жүз кісі сұмға»** делінсе, 1933, 1957, 1977 жылғы жинақтарда бұл жолдар 1909 жылғы басылымға сәйкес **«Пайдасыз тақыл, Байлаусыз ақыл», «Жөн кісі сұмға»** деп қабылданған. Мүрсейіт қолжазбаларында 6-шумақтың 6-жолы **«Іздегені, баққаны»,** 8-шумақтың 4-, 5-жолдары **«Адам бол – мал тап, Адал бол – бай тап»,** 10-шумақтың 6-жолы **«Қор болып қолда барасың»,** соңғы шумақтың 6-жолы **«Сөзімді ұғар біреу жоқ»** болса, барлық басылымдарда бұл жолдар 1909 жылғы жинаққа сәйкес **«Аңдығаны, баққаны», «Адал бол – бай тап, Адам бол – мал тап», «Қор болып құрып барасың», «Сөзімді ұғар елім жоқ»** ретінде алынған. 1933, 1945, 1954 жылғы басылымдарда 14-шумақтың 6-жолы **«Айғаймен өтті, амал жоқ»** болып басылса, басқа жинақтарда Мүрсейіт қолжазбалары, 1909 жылғы басылым бойынша бұл жол **«Айғаймен кетті, амал жоқ»** деп түзетілген. 1909, 1933, 1945, 1954 жылғы басылымдарда 22-шумақтың 4-жолы **«Есітіп үнін»** болып берілсе, кейінгі жинақтарда Мүрсейіт қолжазбаларына сәйкес **«Естісем үнін»** түрінде алынған. 1954 жылғы жинақта 24 – шумақтың 8-жолы **«Қысылған жерде – жанжал дау»** болса, 1945, 1957, 1977 жылғы басылымдарда бұл жол **«Қысылған жерде – жан жалдау»** түрінде көрсетілген. Туынды ағылшын, азербайжан, араб, беларусь, қарақалпақ, қырғыз, латыш, орыс, өзбек, татар, түрікмен, украин, ұйғыр т. б. тілдеріне аударылған. Абай «Сегіз аяқ» өленіне ән шығарған. Бұл туынды қазақ поэзиясына Абай тыңнан қосқан өлең өрнектерінің ең соны да күрделі үлгісі болса, әуен-саз бен ырғақ-өлшем тұрғысынан да өзгеше шығармалар қатарына жатады. Бұл әннің әр жылдары жазылған сегіз түрі бар. Әннің І-түрін А. Э. Бимбоэс Ақмола облысының Ақмола ауданында әнші-ақын Мұстафа Нұрбаевтың орындауы бойынша 1920 ж. нотаға түсірсе, А. В. Затаевич Орынбор қ-нда 1922 ж. Құстай Мырзабеков пен Кәрім Қашқымбаевтың айтуы бойынша жалаң нотаға хаттаған. Әннің бұл үлгісі «Әр халық әндері» жинағында да жарық көрген (1971). Ал комп. Л. Хамиди 1935 ж. Әрхам Ысқақовтан, 1938 ж. Жүсіпбек Елебековтен «Сегіз аяқ» әнінің екі түрін нотаға жазса, проф. Б. Г Ерзакович 1938 ж. Темірболат Арғынбаевтың және 1939 ж. Қуан Лекеровтің айтулары бойынша нотаға түсірген. Сонымен бірге «Сегіз аяқ» әнін әнші Қали Байжановтың орындауынан және Мәкен Мұқамеджановаңың айтуы бойынша (1984) Қ. Жүзбасов әннің 7-және 8-түрлерін нотаға түсірген. Әннің бұл түрлері алғаш рет «Айттым сәлем, қалам қас» атты Абай әндері жинағында (1986), Абайдың муз. мұрасына қатысты Ғ Бисенованың «Сегіз аяқ» атты мақалалар жинағында жарық көрді (1966). Абай әндері түрлі әншілердің айтуы бойынша, ауызша таралғандықтан, бір текстегі әннің бірнеше түрі кездеседі. Абай әндеріне тән қасиет – поэзия тілі мен музыка әуезінің, ырғақ пен муз. екпіндердің мінсіз жымдасып, қабысып жатуында. Абай әуендерінің түпнұсқасына Қ. Мырзабеков пен К. Қашқымбаев, Ә. Ысқақов, Қ. Байжанов пен М. Мұқамеджановалардың айтқан варианттары өте жақын екендігі аңғарылады. Абайдың қазақ өленінің кестесі жүйесіне жаңа шумақ түрін жасағанын және әннің әуен-ырғақтық құрлысына ықпал еткенін байқаймыз. Мұнда өлең шумағы сегіз тармақтан тұрса, ән әуенінің құрылысы алты муз. сөйлемнен құрастырылады, олардың әрбіреуі өлең тармақтарына сәйкес келеді. Сөйтіп, «Сегіз аяқ» әнінің 4/4, 6/4, 2/4, 3/4, 5/4, 3/4, 2/4, 3/4, 4/4, 3/4, 4/4, 6/4, 4/4, 3/4, 5/4; 2/4, 4/4, 2/4, 3/4, 4/4, 2/4 т. т. муз. өлшемде айтылып жүргеніне көзіміз жетіп отыр. Осыған орай «Сегіз аяқ» әнінің төрт түрі минорлық ладта болса, қалған төрт түрі мажорлық саз-сарынында орындалады. Осы аталған түрлерінің кейбіреуінде жалпы

түркі музыкасында кездесетін «ақсақ ырғақ» желісі де көрініс тапқан. Комп. С. И. Шабельский «Абайды еске алу» деген фортепианолық триосының бір бөлімін осы «Сегіз аяққа» арнаған. *Қ. Жүзбасов.*

«АЛЬБОМҒА» («Сал демеймін сөзіме ықыласыңды...») – М. Ю. Лермонтовтың «В альбом» өлеңінің 1896 ж. Абай тәржімалаған аудармасы. Өлең түпнұсқада да, аудармада да 16 жол. Абай 1890 ж. *Бірінші сөзінде:* «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ», – деп жазған еді. Осы пікірін Абай өлең жайында да айтқан. *(«Өзгеге көңлім тоярсың»),* әрі бұл ойы Лермонтовтың өзіне үндес шығармасын аудару арқылы жалғасын тапты. Абай Лермонтов өлеңінің мағынасын өзгертпей өте дәл аударған. Өлең 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Алғашқы рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген *«Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңдері»* атты жинақта жарияланды. Туынды басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1945, 1954, 1957 жылғы басылымдарда 1-шумақтың 3-жолы **«Көкірегім, бар сырым өз әлінше»** деп берілсе, 1977 жылғы басылымда 1909 жылғы жинақ бойынша бұл жол **«Көкірегім, бар сырын өз әлінше»** болып алынған. 1909, 1945 жылғы жинақтарда 2-шумақтың 3-жолы **«Өзі қисық, өзі асау, тентек өмір»** деп басылған. Лермонтов түпнұсқасының бұл жері **«От жизни краткой, но мятежной...»** делінген. Шығарманы түгел дәлме-дәл аударған Абай бұл жолды: **«Өзі қысқа, өзі асау, тентек өмір»**,– деп аударғаны күмәнсіз. Бұл жерде араб әрпімен жазылғанда бір-біріне өте жақын болғандықтан, «қысқа» деген сөз «қисық» делініп қате оқылған. Сондықтан 1954, 1957, 1977 жылғы басылымдарда бұл жол «Өзі қысқа, өзі асау, тентек өмір» ретінде қабылданған. *З. Ахметов.*

«АМАЛ ЖОҚ – ҚАЙТТЫМ БІЛДІРМЕЙ...» («Татьянаның Онегинге жазған хаты») – А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романындағы «Татьянаның Онегинге хатының» 1889 ж. Абай туындатқан нұсқасы. Шығарма түпнұсқада 79, аудармасында 76 жол. Орысшасы:

«Я к вам пишу – чего же боле?
Что я могу еще сказать?
Теперь, я знаю, в вашей воле
Меня презреньем наказать...» –

деп басталады. Мұны Абай өз өлеңінде былай келтірген:

«Амал жоқ – қайттым білдірмей,
Япырмау, қайтып айтамын?
Қоймады дертің күйдірмей,
Не салсаң да тартамын...»

Осы бастапқы шумақта түпнұсқадағы хат жазып отырмын деген сөз жоқ, бірақ, келесі шумақта «Байқалар халім бұл хаттан» делінген. Басқа көзге көрініп тұрған алшақтық бұл шумақта жоқтың қасы.

Татьяна хатын Абай кейбір жерде сөз қалдырып кетіп еркін тәржімелегенімен, Пушкин өлеңінің жалпы мағынасын дұрыс береді. Аудармада Татьяна бейнесі орысша түпнұсқасының басты ерекшеліктері сақталып шебер суреттелген. Мыс.:

«Зачем вы посетили нас?
В глуши забытого селенья
Я никогда не знала б вас,
Не знала б горького мученья...»

– деген жолдарды:

«Келмесең егер сен бізге,
Сау болмас па ем, әлбетте?
Болмасам ашна мен сізге,
Түспес ем мұндай бейнетке...»

– деген қазақша нұсқамен салыстырсақ, немесе:

«Другой... Нет, никому на свете
Не отдала бы сердца я
То в вышнем суждено совете...
То воля неба: я твоя;
Вся жизнь моя была залогом
Свиданья верного с тобой;
Я знаю, ты мне послан богом,
До гроба ты хранитель мой...»

деген жолдары төмендегі:

«Өзгеге ешбір дүниеден
Еркімен тимес бұл жүрек.
Әзелде тағдыр иеден,
Қожам – сенсің, не керек.

Тіршілігім – құрбандық,
Шыдамай сені көргенше.
Тәңірмінен келген бұл жарлық,
Ием – сенсің өлгенше...» –

деп келетін қазақшасымен салыстырып көрсек те жеткілікті. Татьянаның сол хатынан орыс қызының ашық мінезділігі, адалдығы, сезімталдығы, сенгіштігі – бәрі де ап-айқын көрініп тұр. Сондықтан бұл хаттың Татьянаның мінезбітімін, психологиясын, жан сезімінің нәзіктігін танып-білуде үлкен мәні бар екені сөзсіз. Абай Татьяна хатының терең мазмұнын толық жеткізуді көздей отырып, бұл мақсатын қазақ жастарының ұғым-түсінігіне орай іске асыру қажеттігін де ескерген. Татьяна мінезін, оның еркіндігін, адалдығын өнеге ету үшін хатты қазақ қыздарының ұғымына сай келтірген. Қазақша нұсқадағы кейбір өзгешеліктер осыдан туған деп қарауымыз жөн. Мыс.:


«Шеш көңлімнің жұмбағын,
Әлде бәрі – алданыс,
Жас жүрек жайып саусағын
Ұмтылған шығар айға алыс...» –

деген шумақтағы қыз жүрегін аспандағы айға саусағын жайып тұрған жанды бейне кейпінде алып сипаттағаны – Абайдың өзі тапқан көркемдік тәсілі.

Абайдың «Татьяна хаты» атты бұл өлеңі терең мағыналы болумен бірге көңілге қонымды, тілге жеңіл болып шыққан. Оған

Абайдың өзі әдемі ән шығарып, «Татьяна хаты» ертеден ел арасына кең тарап, айтылып келгені мәлім.

Өлең 7–8 буынды шалыс үйқас (-а, -б, -а, -б) өрнегімен кестеленген. Алғашқы рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Туынды басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1945, 1954, 1977 жылғы жинақтарда 4-шумақтың 3-жолы **«Шыдар ем бір ай жатуға»** делінсе, Мүрсейіт қолжазбаларында, 1909 жылғы жинақта бұл жол **«Шыдар ем бір ай жануға»,** 1909, 1945, 1954 жылғы басылымдарда 8 – шумақтың 3 – жолы **«Әуелде тағдыр иеден»** болса, 1957, 1977 жылғы басылымдарда бұл жол Мүрсейіттің 1907 жылғы қолжазбасына сәйкес **«Әзелде тағдыр иеден»** болып қабылданған. 1945 жылғы басылымда 13-шумақтың 1-жолы **«Түсімде мені жұбатып»,** 18-шумақтың 1-жолы **«Күтеміз сізден қайта хат»** деп жазылса, 1954, 1957, 1977 жылғы жинақтарда Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы басылым негізінде бұл жол **«Түсімде мені жұбантып», «Күтемін сізден қайта хат»** түрінде алынған. *З. Ахметов.*



Нота. (Татьянаның Онегинге жазған хаты. 1-түрі).

Ақын «Амал жоқ – қайттым білдірмей» өлеңіне ән шығарған. Бұл әнмен Абай сол замандағы жастарға жаңа сыр ашты, жаңа көңіл, жаңа сезім берді. Әнді алғашқы рет нотаға А. В. Затаевич 1922 ж. Орынборда Шәріп Медетовтің айтуы бойынша хаттаған. Ән сазы орыс әндерінің сарынына жақындығын бірден аңғартады. Бұны әуен-саз иірімдері, оралымдарынан байқауға болады. Қазіргі уақытта әннің төрт түрі белгілі болып отыр. 1922 ж. Затаевич оның 2-түрін Орынбор қаласында Балқия Ысқұлова мен Зура Байзақованың орындауынан жазып алған. Әуен-сазы сарыны алғашқы хаттаған түрінен мүлдем бөлек. Әннің 3-түрін Л. Хамиди А. Ысқақовтан жазып алып, нотаға түсірсе, 1984 ж. музыка зерттеушісі Қ. Жүзбасов Абайдың немересі Турағұлқызы Мәкеннен осы әннің төртінші түрін таспаға түсіріп, нотаға хаттап, «Айттым сәлем, қалам қас» атты Абай әндері жинағына енгізген (А., 1986). Әннің 3-және 4-түрлері бір түпнұсқадан шыққанын білдіреді, мелодиялық саз жүйесінің негізі бір екенін аңғартады. Әннің төрт түрі де аралас муз. өлшемде айтылады, баяу екпінде, терең сезіммен, нәзік үнмен орындауды қалайтын шығарма. *Қ. Жүзбасов.*

АМАНЖОЛОВ Қасым (1911–55) – ақын, қазақ поэзиясында Абай дәстүрін жалғастырушылардың бірі. Қалың оқырмандар жұртшылығы мен әдебиетші қауымға А. от сезімді, шұрайлы сөз, соны тіл, дауылды жырдың ақыны болып танылды. Ақынның көбірек ден қойғаны – кеңес дәуіріндегі ең маңызды саяси, қоғамдық мәселелер, азаттық алған халық өмірі. Мұны оның «Қазақстан», «Сұңқар жыры» тәрізді өлеңдерінен, «Құпия қыз», «Бикеш», «Қытай қызы» поэмаларынан анық аңғаруға болады. «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы қазақ поэзиясының таңдаулы туындылары қатарына қосылды. Әнін де, сөзін де өзі жазған «Дариға сол қыз» сол дәуірдегі қазақ жастарының махаббат әнұранына айналды. «Өмір сыры» (1939 ж.) деген тұңғыш жинағынан-ақ ақынның халық поэзиясынан мол сусындаумен қатар Абай дәстүрін меңгере бастағанын аңғарамыз. Оның мына өлеңін:

«Қабағын түйіп құз тас тұр,
Төңірегіне парық сап,
Шыңында шулап құстар жүр
Айнала ұшып шарықтап,
Кеудесі жалын қара бұлт
Келеді төніп аспаннан.
Алып құз тас сүп-сүрғылт
Жамылып шапан боз тұман...»

Абайдың:

«Көк ала бұлт сөгіліп,
Күн жауады кей шақта.
Өне бойың егіліп,
Жас ағады аулақта.
Жауған күнмен жаңғырып,
Жер көгеріп күш алар.
Аққан жасқа қаңғырып,
Бас ауырып, іш жанар...»

– деген өлеңімен немесе «Күлімсіреп аспан тұр...», «Қарашада өмір тұр...», «Көлеңке басын ұзартып...» тәрізді өлеңдерімен салыстырсаңыз, Абайдың сөз нұсқасын, ойлау жүйесін, көңіл күйді бейнелеудің символдық тәсілін тану қиын емес. Ақындық тәсіл ретінде екінің бірі қолданатын, қазақ поэзиясының бойынан мол табылатын Абай үлгісінің бірі – сатиралық өлең үлгісі. А. негізінен өмірдің көлеңкелі жағынан гөрі, ашық, шуақты тұсына көбірек үңілген. Бірақ табиғатында шыншыл Қасым көбіктетіп көпіртпей: «Улы сия, долы қол, Не жазып кетсе, жәйі сол...» деп, Абай айтпақшы, өмірдегі сыйықсыз, ұсқынсыздықты дәл бейнелеп көрсеткен. Бұл тұрғыда Қасым ақынның қаламына ілінгені – маскүнемдік, рулық, жікшілдік, болмай жатып болдым, толмай жатып толдым деп кеуде қаққан атаққұмарлық, даңққұмарлық, күншілдік. Сол сынында ол дәуірінің шындығын көрсетеді.

«Шіркін, біздің Мырзакең
«Кингіні» тұзбен ұрса екен.
Қағылғанын қалтасы
Үйде жеңгей білсе екен...»

Немесе:

«Сырт кескінің дәл бұрынғы байдайсың,
Айырмаң тек: сен галстук байлайсың...»

Абай сатирасының сынау, шенеу, улы кекесінмен қатар ағартушылық, жақсыға үндеу, ізгілікке шақыру, ұғындыру тәрізді тәрбиелік

жағы басым. Ал Қасым сатирасына сықақ, басқа-көзге төпеп тура айту, ащы ажуа, аяусыз әшкерелеу тән. Осының өзінде де дәстүр жалғастығы байқалып жатады.

Абай өлең түрі жағынан да қазақ поэзиясына көп жаңалық әкеліп, оны орасан байытты. Бұл күнде Абай тудырған осы жаңа түр ұлттық поэзиямызға әбден сіңісіп, әдеттегі әдіске айналды Ұлы ақын тудырған жаңа өлең түрлерінің ішінде «Сегіз аяқ» үлгісі ерекше көзге түседі. Бұл үлгіні кейінгі қазақ ақындары жақсы жалғастырып әкетті. Оны сатиралық өлеңдерде ойды өткір мысқыл, ащы ажуа арқылы көрсетуге қолданып жүр. Түр жағынан келгенде Қасым Абай өлеңінің үлгісін ойшылдық, көркемдік, шеберлік жағынан ғана игеріп қоймаған.

Өнердегі Абай дәстүрін Қасым өз өлеңіне ән шығару ісімен де жалғастырды. Оның өз өлеңіне шығарған «Дариға сол қыз», «Туған жер», «Өзім туралы» тәрізді әндері қазақ жұртшылығына кеңінен таныс.

Қасым Абай негізін салған аударма ісіне де мол үлес қосты. Ол лирик. және сатиралық шағын өлеңдер ғана емес, сонымен бірге Низамидің «Ләйлә-Мәжнүн», А. С. Пушкиннің «Полтава», М. Ю. Лермонтовтың «Маскарад», Н.А. Некрасовтың «Саша», А. Т. Твардовскийдің «Василий Теркин», В. Г Белинскийдің «Гогольге хат» т. б. шығыс және орыс әдебиетінің айтулы шығармаларын қазақ тіліне аударды. *Т. Әбдірахманова.*

АМАННИЯЗОВ Гурбан (1932 ж. т.) – геолог. Түрікменстан ҒА-ның корр.-мүшесі, геология-минералогия ғылымының докторы. Түрікменстандағы геология ғылымына арнап 250-ден аса мақала жазды. Ол А. Аразтағановпен бірге Абайдың ғақлия сөздерін түрікмен тіліне аударып, «Совет Түркменстаны» газетінің 1961 жылғы 20 желтоқсандағы және «Мұғалымдар газети» газетінің 1961 жылғы 21 желтоқсандағы сандарында жариялады. *К. Боржықова.*

«АНА ТІЛІМ – АРДАҒЫМ» – «Қазақстан» баспасынан 1990 ж. жарық көрген, тіл туралы ұлағатты сөздер жинағы. Құрастырғандар – Ө. Айтбаев пен Н. Уәлиев. Кітапқа қоғам қайраткерлерінің, белгілі сөз зергерлері мен ғалымдардың шешендік өнер, сөз табиғаты, тіл ұстарту хақындағы қанатты сөздері, мақал-мәтелдер, ақындар жырлары тақырып бойынша топтастырылып берілген. Жинақтың «Аталар айтқан асыл сөз» деген бөлімінде Абай өлеңдері мен ғақлияларынан 14 нақыл сөз енгізілген. Көлемі 5,8 б. т., 5000 дана болып басылған.

АНИСИМОВ Борис Павлович (1951 ж. т.) – суретші. Сән және монументті өнер және акварель саласында жұмыс істейді.Қаз. МҰУ-дың ректораты ғимаратының интерьерін «Абай» атты үлкен гобеленмен безендірген (1982–84, жүн, тоқыма).

АНОВ (Иванов) Николай Иванович (1891–1980) – жазушы, драматург. 1920 жылдан Қазақстанда тұрды. Оның «Сыйлық», «Ақмешіт», «Ән қанаты», «Қазына түбегі» т. б. туындылары жарық көрген. А-қа 1917 жылғы қарулы төңкерістің әлеум. мәні, халықтардың еркіндік, бостандық жолындағы күресі баяндалған «Выборг жағы» (2 кіт.) романы мен жұмысшы табының қажырлы еңбегі мен достығы, адамгершілік тұлғасы шынайы суреттелген «Кашир аңызы» повесі үшін ҚазССР-нің Абай атынд. Мемл. сыйл. берілген. Ол М. О. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясының 2-кітабын аударуға қатысқан.

АНТОНОВ Валерий Александрович (1933 ж. т.) – ақын, аудармашы. Оның «Туған күн», «Жол айырығы», «Үндестік, тілдестік», «Көне асатаяқ» т. б. жыр жинақтары оқырманға жақсы таныс. А. қазақ ақындарының өлеңдерін орыс тіліне аударуда айтарлықтай еңбек етті. Ол Абайдың «Сабырсыз, арсыз, еріншек...», «Бөтен елде бар болса...» өлеңдерін аударып, ақынның таңдамалы шығармаларының 1958 жылғы жинағында жариялады.

АНТОШЕНКО-ОЛЕНЕВ Валентин Иосифович (1900–84) – график-суретші. Кітап және қондырғылы графика, плакат өнері саласында істеді. Оның «С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров» атты туындысында (1977, қағаз, линогравюра, Қазақстан Республикасының Мемл. өнер музейі) кейіпкерлер кітап сөрелерінің аясында бейнеленген, олардың кәсіптік қырын көрсету үшін автор композициясына Абай бастаған өткен заман ақын-жазушыларының портреттерін ұтымды енгізген. «Абайдың досы Н. И. Долгополовтың портреті» (1968, қағаз, линогравюра, Қазақстан Республикасының Көркемсурет көрмесінің дирекциясы) де Абай тақырыбына арналған. Оның аталған жұмыстары өзінің айқын сызықтарымен және тұтас қара түске ақ түсті қарсы қоя отырып, сол арқылы бейнеленген адам мінездерінің қырларын айқын аша білуімен ерекшеленеді. *Н. Полонская.*

«АНТПЕНЕН ТАРҚАЙДЫ...» – Абайдың өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 9 шумақтан тұрады. Тұрағұлдың айтуына қарағанда болыстар мен билер сайлауы кезінде, 1894 ж. жазылған. Өлеңнің негізгі тақырыбы – бұқара халықты қанауға негізделген сол кезеңдегі әкімш. басқару жүйесі, отаршылдық мүддені көздейтін жалған демокр. сайлау және елдегі атқамінерлердің айла-шарғылары. Ақын бай-шонжарлардың жұртты алдап-арбап, қалайда билікке қол жеткізудің қамымен ел алдында берген антының, шашқан мал, таратқан сыйының бәрі пәтуасыз, алдамшы, жалған тірлік, мансап жолындағы айла-амал екенін айтады. Түптеп келгенде шашылатын да, жем болатын да, бар ауыртпалықты көтеретін де қарапайым халық екенін ашып көрсетеді. Ел арасындағы пысықтардың байды жарлыға, биді байға атыстырып, ебін тауып, екі асап жүргендерін, бірін-бірі аңдыған өңкей қанды ауыз жемдестердің ақырында бет жыртысып, «таласып тарқайтынын» ащы мысқылмен түйрейді. Мансап қуған пысықтар ешкімге опа бермейді, олардың алдамшы, жәдігөй тіршілігі «ел бірлігін бұзуға» әкеп соқтырады деген тұжырым жасайды.

«А. т.» 6 буынды шалыс ұйқас үлгісімен өрнектелген. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген *«Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі»* деген жинақта жа-

рияланды. Кейінгі жинақтардағы нұсқалары осы басылым мен Мүрсейіт жазбалары негізінде беріліп жүр. Өлеңнің 2-шумағындағы 3-жол ақынның 1977 ж. «Ғылым» баспасынан жарық көрген шығармаларының екі томдық толық жинағынан бастап, 1933 жылғы басылымындағы берілуі бойынша **«Кім аттан шалқайды»** болып өзгертілді. 3-шумақтың 3-жолы 1954 жылғы жинақтан бері **«Басы ақыр қайқайды»** болып берілді. 4-шумақтың 3-жолы 1961 жылғы жинақтан бастап **«Жүр тағы малжайды»** болып өзгертілді. 5-шумақтың 2-жолы да осы жинақта **«Тай серкешке»** болып түзетілді. 1909 жылғы жинақтағы 8-шумақтың алғашқы жолы 1954 жылғы жинақтан бастап Мүрсейіт жазбалары бойынша **«Пысықтар шалқайды»** болып берілді. Мүрсейіт жазбаларында өлең соңында келтірілетін: **«Тіпті бір болмайды», «Айтқанға көнбейді»** деген жолдар А. жинақтарының ешқайсысына енбеген. Өлең орыс, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған. *Т. Рсаев.*

АҢҚАРА, Ангара – Россия жеріндегі өзен, Енисейдің оң т.-шығ. саласы. Абай «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» атты тарихи еңбегінде өзі қазақтың арғы тегі санаған, «ұрысшыл, аңшыл, не болса соны киіп, не табылса, соны ішіп жүрген бір тұрпайы» татар деген халықтың мекен еткен «орны Енисей,Аңқара суының бас жағы» екенін айтады.

АПЛАТОН, Платон афинылық (б. з. б. 427–347) – ежелгі грек философы, Сократтың шәкірті, европалық идеализмнің негізін салушы. Ақсүйектер тұқымынан шыққан. Ол Афиныда Платон академиясының негізін қалады. Абсолюттік идеализмді жақтады. Материя идеяның бейнесі, өткінші сәулесі ғана деп тұңғыш рет ашық жариялады. Философ туралы деректер онша көп емес, тек Диоген Лаэртский жазған П-ның өмірбаяны, П. хаттары т. б. сақталған. Соған қарамай, Абай грек философының ой-пікірімен жақсы таныс болған. Ақын мезгілсіз дүние салған сүйікті баласы Әбдірахманның қазасынан кейін жазған «Бермеген құлға, қайтесің...» деген өлеңінде бұл ажал ақылды Аплатон, Сократты да алған деп, өзін-өзі жұбатады.

АППАС Сопыұлы (т.-ө. ж. б.) – Абайға ниеттес кісі. 1898 ж. Мұқыр сайлауы кезінде Абайдың дұшпандары ақынға қол жұмсағанда А. ақынды ұрғызбай, арашалап, соққыға өз арқасын төсеп, қорғаштаған. Кейін тергеу кезінде барлық шындықты айтып берген. Бұл туралы материалдар мен естеліктер Абайдың мемл. қорық-музейі қорында сақтаулы.

АРАБ ЖАЗУЫ – арабтармен бірге көптеген мұсылман халықтардың жазатын хаты. А. жмен 1929 жылға дейін Түркия, сол секілді советтік аймақтағы мұсылман халықтар (азербайжан, татар, өзбек, қазақ, қарашай, татар, қырғыз, түрікмен, тәжік, шешен т. б.) қолданған. А. ж. арамей жазуы негізінде 6 ғ-да пайда болған. Бұл жазудың ежелгі ескерткіштері – номерлі жазба (328 ж.), зебедтік жазба (512 ж.) т. б. А. ж-нда 28 әріп (ал А. ж-н пайдаланатын кейбір елдерде қосымша әріптер бар) 19 кескінде болып, сол түрлердің асты-үстіне нүкте қоюлар арқылы әрі сөз басында, сөз ортасында, сөз аяғында және жекеше түр-кескінде жазылатын араб алфавитін түзеді.

А. ж. оңнан солға қарай, бас әріпсіз жазылады. Әріптердің 6 түрі екі түрлі (яғни өздері қалған 22 әріпке қосылады, өзара қосылмайды, өзінен кейін де ешқандай әріпті қоспайды) жазылады.

А. ж-н жеңілдету үшін мына диакратив белгілер қабылданған: (усла), (мадда), (ташдид), (ун), (ан), (сукун), (һамза), (дамма, яғни қысқа «у»), (фатха, яғни қысқа «а»), (кесра, яғни қысқа «й»).

Араб көркем жазу хатында «насх», «куфий», «насталих», «руқий», «диуани», «сулс» секілді хаттар бар.

А. ж-нда дауысты дыбыстардың қызметін үш әріп (алиф, йай, уау) атқарады. Дауысты дыбыстар созылыңқы және қысқа дауыстыларға бөлінеді. Әдетте, қысқа дауыстыларды білдіретін диакратив белгілер жазуда жазылмайды.Тек Құран, поэзия, сөздікте қойылады.

Абай өлеңдерін, қарасөздерін А. ж-мен жазған. Оның *«Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі»* (1909), *«Абай термесі»* (1916), *«Абай Құнанбайұғылының өлеңі»* (1922), *«Таңдамалы өлеңдері»* (1923) деген жинақтары араб әрпімен басылды. *Н. Өсеров.*

АРАБИ АРУЗ – араб тілі мен поэзиясының табиғатына тән фонетикалық ерекшеліктерден туындаған өлең өлшемі (уәзін). А. а-дың негізін салушы араб ғалымы Әбдірахман әл-Халки ибн Ахмед әл-фарахиди әл-Басридің «Китаб әр-аруз» (8 ғ.) еңбегінде аруз уәзіні жүйелері толық қамтылып баяндалған. Ислам діні зорлықпен енгізіліп, араб тілі қоғам өмірінің барлық саласында үстемдік етуіне байланысты А. а. уәзіні Орта Азия халықтарының жазба әдебиеттерінде кеңінен тараған.

Өлең құрылысын жаңартып, шығармашылық тұрғыда дамыту жолында Абай А. а. өлшемі жайында жазылған еңбектермен танысып, оның тарихы мен таралу өрісіне сын көзімен қараған. «Уәзінге өлшеп тізілген...» деген жыр жолдары ақынның А. а-дың теориялық негіздерімен, оның түркі тілді әдебиеттерде орын алған *түркі аруз* уәзіні тарихымен де жан-жақты терең таныстығын көрсетеді. Ислам дініне дейінгі дәуірдегі көне түрік поэзиясында ұшырасатын А. а. уәзінінің аралас жүйесі деп аталатын кейбір үлгі-өнегелері Абайдың *«Білімдіден шыққан сөз...», «Келдік талай жерге енді...»* өлеңдерінде шумақ аралық желілі ұйқаспен қайта жаңғыртылып дамытылған. *М. Мырзахметов.*

АРАБ ТІЛІ – батыс Азия мен солтүстік Африка елдеріндегі арабтардың тілі. Грамматик. сипаты жағынан флексиялық түрғыдағы семитхамит тілдерінің семит тобына жатады. А. т. семит тобына кіретін тілдердің ішіндегі ең көп таралғаны. Бұл тілде сөйлеушілер 100 млн.

адам шамасында. Олар: Мысыр, Сирия, Кувейт, Ливан, Иордания, Ливия, Тунис, Алжир, Марокко, Ирак, Судан, Сауд Арабиясы, Йемен, Мавритания, Батыс Сахара, Бахрейн, Катар т. б. жерлерде мекендейді. А. т. «шығыстың кілті» ретінде бағаланады.

А. т. солт. араб тілі (солтүстік және орталық Арабия мен Сирияда) негізінде б. з. д. 5 ғ-да пайда болған ежелгі (Самуд, Лихьян, Саф) жазбалардан бастау алады. Осы ежелгі араб ескерткіштерінен классик. және қазіргі А. т. тарап шығады. Исламға дейінгі дәуірлердің өзінде-ақ поэзия өркендеп, шырқау биікке көтерілді. Сол көне жазба нұсқалардан біз грамматик. құрылымы жетілген, лексик. сөздік қоры шыңдалған А. т-ін көреміз. Құран тілі де осы қайнардан сусындап, классик. араб әдеби тілі қалыптасқан. Араб халифатында туған мол әдеби, ғылыми және діни шығармалар классик. ескерткіштер қатарына жатады. Әсіресе, орта ғасырларда әлемдік бай рухани мұралар жасалды. А. т. арабтар басып алған елдердің бәріне де ислам діні арқылы үлкен әсер етті. Классик. А. т. қазірде арабтардың әдеби тілі саналады. Оның ежелгі морфологиясы көп өзгеріске ұшырамаған. Бұл А. т. грамматикасының қатаң заңдылықтарға бағынатын, әбден жетілген қағида-ережелерден тұратынын көрсетеді.

Қазіргі кезде А. т. диалектілері де бар. Олар: мысырлық, судандық,сириялық, ирактық, мағрибтық т. б. болып бөлінеді. Бұл диалектілерде мальта тілінің әсері бары білінеді. Дегенмен араб елдері жаппай экономик. және мәдени жағынан өсіп-өркендеп, қарым-қатынас шұғыл артып отырған қазіргі жағдайда диалектілердің қызметі де бәсеңси бастады. Бұған керісінше қазіргі араб әдеби тілі күшті қарқынмен дамып келеді.

Классик. А. т. 3 қысқа, 3 созылыңқы (а, и, у) және 2 дифтонгіден (ай, ау), тамақ, таңдай, тіс аралық, эмфатикалық, фрикативті, ларингалды, фарингалды дауыссыз дыбыстардан тұрады. Барлық дауыссыздарды білдіретін 28 әріп бар. Ал 3 әріп дауыстылардың да қызметін атқарады (3 қысқа, 3 созылыңқы). Сөз түбір қаңқасына (яғни, ішкі флексияға орай созылыңқы, екілендіру т. б.) өзгерістер енгізу арқылы пайда болады. Сөздің түбірі негізінен 3, 4 не 5 дауыссыздардан құралады. Сөз түбіріндегі дауыссыздар сөздің лексик. мағынасын құрса, ал дауыстылар грамматик. қарым-қатынасты және жаңа сөз түзуді білдіреді. А. т-нде 2 тек, 3 сан (бірлік, екілік және көпше) түрі, 3 септік, 3 һал (яғни, белгілі, белгісіз және идафа) бар. А. т-нде етістіктердің маңызы зор. Етістік өз кезегінде қосымша-жұрнақтармен белгіленетін үш шақтан (өткен шақ, осы шақ және келер шақ), райлардан, 15 бабтан тұрады. Әр бабтың өзіне тән мағына-мәні бар.

Қазіргі араб әдеби тілі 6 ғ-да пайда болған набатай үлгісіндегі арамей хатымен оңнан солға қарай жазылады. Жаңа сөздер арнайы сарапшылар қарауынан өтеді. Сондықтан да А. т-нде шет жұрттық сөздер өте аз. Абай жас кезінен А. т-не ден қойған. Ол А. т-ндегі шығармаларды оқып қана қоймай, қазақ өлеңіне «ғаруз» өлшемін тұңғыш енгізіп, өз туындыларында («Иузи – рәушан, көзі – гәуһар», «Әлифби», «Лай суға май бітпес қой өткенге...» т. б.) шығыс классиктерінің ақындық лексикасынан алынған көптеген араб сөздерін қолданған. Ақын өлеңдері А. т-не аударылған.

Әдеб.: Гранде Б. М. Курс арабской грамматики в сравнительно-историческом освещении. – М., 1963; Өсеров Н. 2 класс араб тілі оқулығына методикалық түсініктеме. – Алматы, 1978; Шагаль В. Э., Мерекин М. Н., Забиров Ф. С. Учебник арабского языка. М., 1983.

Н. Өсеров.

АРАВИН Юрий Петрович (1941 ж. т.) – музыка зерттеушісі, сыншысы, педагог Оның «Абайды еске түсіруге арналған лирикалық поэмалар» («Музыкознание» 5-шығ.– А., 1971) деген мақаласы Е. Г Брусиловскийдің «Жалғыз қайың» симфон. поэмасын талдауға, шығарманың негізгі тақырыбы болған Абай әндерін пайдалану тәжірибесіне арналған. Зерттеуші «Қазақстан композиторларының симфониялық поэмаларының тақырыптары туралы» мақаласында («Музыкознание», 6-шығ.– А., 1973) Брусиловскийдің «Жалғыз қайың», А. Жұбановтың «Абай», Г И. Гризбилдің «Абай әні» симфон. поэмаларының жанрлық ерекшеліктерін, Абай әндерінің тақырыптық жағынан жаңаша берілу тәсілдерін сөз етеді.

Қ. Орынғалиев.

АРАГОН Луи (1897–1982) – француз жазушысы, саяси қайраткер. Оның «Қызыл майдан», «Жүректегі пышақ», «Эльзаның көзі», «Француз таңы» т. б. өлеңдер жинақтары, «Нақты дүние» романдар циклы жарық көрген. М. О. Әуезовтың «Абай жолы» романының француз тілінде шыққан алғашқы кітабына алғы сөз жазған («Абайдың жастық шағы», 1-т., Париж, 1958). Осы мақаласында ақын шығармаларына да көңіл бөліп, «романның бас кейіпкері Абай – қазақтың жазба әдебиетінің негізін салған, ...бүгінгі түсінігіміздегі шын ақынның дәрежесіне көтерілген тарихи адам» деп жоғары баға береді.

АРАЛТӨБЕ – Семей обл., Абай ауд. солтүстігіндегі Бөрлі тауымен қанаттас жатқан бөктерлер. А-де Абайдың екінші салдырған қыстауы бар. Оны жергілікті халық «Әйгерім қыстауы» деп атайды. А-де Абайдың ақындық еңбегінің ең өнімді шағы, шабытқа толы шығармашылық жылдары өткен. Онда Абай кітап оқуға сарыла беріліп, Шығ. пен Бат. ойшылдарының, өнер мен ғылым адамдарының еңбектерінен молынан сусындайды. Семейдегі Н. В. Гоголь атынд. кітапханадан үзбей кітап алдырып тұру үшін А. Абайға ең қолайлы мекен-жай еді. Оның үстіне осындағы Әйгерім қыстауы Шыңғыстағы қалың ел дау-дамайынан қағаберіс қалдырып, көбірек кітап оқуға мүмкіндік беретін. А-дегі қыстауда Абай М. Ю. Лермонтов пен И. А. Крыловтың көп шығармаларын қазақ тіліне аударып, *«Жарқ етпес қара көңлім не қылса да»*, *«Көзімнің қарасы»* өлеңдерінің әнін шығарған. А. бауырындағы төрт құлақты, бір-біріне іргелес жайғастырылған бейітте Ділдә мен Әйгерім жерленген. 1993 ж. ақынның 150 жыл-

дық мерекесі қарсаңындағы шараларға сәйкес Ділдә мен Әйгерім бейітіне ұлутастан сәулетті мазар тұрғызылды. *Б. Сапаралы.*

«АРҒЫ АТАСЫ ҚАЖЫ ЕДІ...» Абайдың 1895 ж. жазған өлеңі. Көлемі 30 жол. Сүйікті баласы Әбдірахманның қазасына арнаған. Болашағынан үлкен үміт күткен, оқыған баласынан мезгілсіз айрылған ақын, өзінен бұрынғы өткен-кеткендердің өмір жолына ой жүгіртіп, көңіл жұбатар, ет-бауырын езген, қасіретін сәл де болса толастатып, жылаулы жүрекке тоқтау айтар, жаралы жанын құрдымнан құтқарар талшық іздеген. Осы қарманумен ол аузына сонау көне заманда көз жұмған Аплатон, Сократ, Ғалиды, одан бергі Ескендір, Темір, Шыңғысханды, кешегі өзіне еріп шыққан інісі Оспанды аузына алып, тәубе айтады. Осындай мұңлы, қайғылы кезде оның тіліне өз әкесі Құнанбай да оралған. Абай баласының қазасына зар шеге отырып, әкесінің алып тұлғасы мен асыл қасиеттерін атап шығады. Оқырманның көз алдына дүшпанына қатал, досына адал, біліміне білегі сай, көптің қамын ойлайтын ел басшысының ерен тұлғасы елестейді. Бір басынан әділдік те, мырзалық та, ерлік те, қаталдық та, мейірбандық та табылатын Құнанбайды көреміз. Сөйтіп Абай орны толмас опат үстінде әкесі туралы әділ сөзін айтып кеткен. Бұл пендешілік жасап, жаңсақ сөйлейтін тұс емес. Әке туралы ақын сөзі, адал пікірі, пәк сенімі. Өлең соңында «Тірлік арты өлмек-ті» деген ақиқатқа ақыл тоқтатқан Абай Алты алашқа ақылшы болған Құнанбайды да ажалдың алғанын айтып, енді «сабырлық қылсақ керек-ті» деп, өзін-өзі жұбатады.

Өлең жыр үлгісіндегі 8-9 буынды шұбыртпалы үйқаспен жазылған. Алғаш рет 1925 ж. «Таң» журналында жарияланып, ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағына енгізілді. Кейінгі басылымдарында текстол. өзгерістер кездеспейді. Өлең қарақалпақ, орыс т.б. тілдерге аударылған. *Т. Рсаев.*

АРҒЫН алты арыс Орта жүздің құрамына кіретін тайпа. Ертіс, Торғай, Нұра өзендерінің алқабын, Балқаш көлінің солт. жағалауларын мекендеген. Ақынның шыққан тегі халық шежіресі бойынша А-ның екінші әйелі Момыннан туатын төртеудің бірі Ақсопыдан тарайтын Тобықтыға жатады. А. Орта жүзде аға баласы атанған, ұрпағы көп жайылған, іргелі ел болған. А-нан атақты батырлар, билер, ақын-серілер көп шыққан. Абай өзінің «Патша құдай сыйындым...» деген өлеңінде: «Арғын, Найман жиылса, Таңырқаған сөзіме...» деп, өз жырының А. арасындағы беделін арқа тұта жазады.

АРИСТОДИМ ежелгі грек философы, Сократтың шәкірті. Абай Жиырма жетінші сөзін Сократ пен А-ның өзара әңгімесіне құрып, өнер, жан иесі мен ақыл иесі, сыртқы бес сипат пен бес сезім мүшесі хақындағы ойларын өрбітеді. А-ның аты-жөні белгісіз. Абай шығармасы Сократ ғылымын насихаттаушы Платон диалогына ұқсас. Бірақ, А. Платонда Арестодем деп аталады. Абайда А. әңгімелесіп отырған екі адамның бірі де, Платонда әңгіменің куәгері, соны кейінгіге жеткізуші.

АРИСТОТЕЛЬ (б.з.б. 384 322) ежелгі грек философы. Көптеген ғылымдардың, соның ішінде логика ғылымының негізін қалаушы. Ол кейбір деректерде төрт жүзге, екінші деректерде мыңға тарта ғылыми еңбек жазған. А-дің филос. көзқарастары «Метафизика», «Жан туралы», «Категориялар» және «Аналитика» деген еңбектерінде тұжырымдалған. Философияның негізгі мәселелері жөнінде А. материализм мен идеализмнің арасында ауытқып отырды. Ол барлық ғылымнан философияны ең жоғарғы орынға қойды. Абай А-дің филос. тұжырымдарымен жақсы таныс болған. Ол өзінің «Ескендір» дастанында А-дің есімін ерекше құрметпен атайды, философты «ақылы мол», «жеке дара» «хакім» адам деп бағалайды. Әлемді жаулап алмақ болған тойымсыз патшаға тапсырылған құпия сүйектің сырын да «Бұл адамның көз сүйегі... Тоя ма адам көзі мың мен санға?» дегізіп, А-ге шештіреді. Абайдың суреттеуінше, А. ғұлама ғалым, байсалды ақыл иесі, әділ қазы.


АРҚАБАЙҰЛЫ Дәуіт (т.-ө. ж. б.) Абайға кісі өлімі туралы жала жауып, Омбыдағы дала губернаторына арыз жазған адам. Арызды Семей обл-ның әскери губернаторы қарап, дәрігерлерден эксперттік комиссия құрып, 80 жасқа келіп қайтыс болған Көшековтің денесінде ешқандай жарақаттың жоқ екенін, кәрілік жетіп, көксаудан дүние салғанын анықтаған. А-ның қастандық әрекеті іске аспай, Абай ақталып, іс қысқартылған.

АРНАУ ӨЛЕҢ поэзия жанры. Әрбір заман шындығы тудырған А. ө-нің идеялық мазмұны сол өлеңді тудырушы ақынның өмір сүрген саяси-әлеум. ортасымен тікелей байланысты. Абай өзіне дейінгі ақындардың А. ө-ді мақтау өлеңге айналдырып жібергеніне («Мақтау өлең айтыпты әр кімге арнап») салмақты сын айтады. А. ө-нің табиғатын өткір әжуа-сыншылдыққа қарай бағыттайды. Абай өзінің 20 жылдық ақындық өмірінде 35 арнау өлең жазса, соның «Жайнаған туың жиылмай» өлеңінен басқасының бәрі де сол ортаның саяси-әлеум. шындығы тудырған сарын боп келеді. Абай жазған А. ө-дердің туу, жазылу себептері мен жағдайлары да әр қилы болып келеді. Бірде Абай жазған арнау өлең экспромтты түрде әзіл-сықақ, әжуа қалжың, мысқыл түрінде («Бөтен елде бар болса...», «Мен жасымнан көп көрдім...» т.б.) туып жатса, кейде олар өте өткір саяси-әлеум. тақырыптарға («Сорлы Көкбай жылайды» т.б.) орай туындап ерекшеленеді. Ал 8 өлеңі нысанаға алған тақырыбын тікелей сөз етпей, жанама түрде меңзеу тәсілімен білдіріп отырады («Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...» т.б). *М. Мырзахметов.*

АРХАИЗМ қ. *Көнерген сөздер.*

АРХИВ ғылыми-анықтамалық мекеме. Қазақстан Республикасы мен ТМД елдерінің архив қорларында Абайдың өзіне, өмір сүрген заманына, әкесі мен туыс-жарандарына байланысты көптеген архивтік құжаттар сақтаулы. Оның ішінде Абайға тікелей қатысы бар жазбалардың өзі едәуір. Қазақстан

Республикасының мемл. орт. архивінде 1866 ж. әзірленген «Күшік-тобықты болысы Қаржау ұлысы руларының көші-қоны туралы іс» (15-қор, 1-тіз., 1847-іс) атты 13 беттік жазбаның соңына Ибраһим Құнанбаев қол қойған. Бұл қор «Семей облыстық басқармасы» деп аталады. 1866 ж. 15 сәуірде басталып, 1867 ж. 26 шілдеде аяқталған 25 беттік «Сергиопольдің сыртқы округтік приказы» (1-қор, 1-тіз., 23-іс) деген қорда «Омбы қ-нда мұсылмандарға арналған мектеп ашу туралы Семей облысының әскери-губернаторымен жазысқан хаттар» деген құжатта Ибраһим Құнанбаевтың қол қойған мәлімдемесі сақтаулы. Омбы архивінде (3-қор, 5-тіз., 7033-іс) Семей обл. губернаторы тапсырған істердің 1866 жылғы барысы жөнінде мәліметтің 42-бетіндегі (рет саны 209) «Күшік-тобықты болысындағы болыс басқарушысын сайлау туралы» жазбада Ибраһим Құнанбаевтың жауапқа тартылғаны жөнінде айтылады. 1866 ж. 8 шілдеде «Сергиополь приказына аталған болыста жаңадан сайлау өткізбеу туралы» 3788 нөмірлі нұсқау берілген. Бұл соңғы қатынас 1867 ж. 25 ақпанда жазылған. Қазақстан Республикасының мемл. орт. архивінде (15-қор, 1-тіз., 1852-іс) 1866 ж. 31 қазанда жазылған «Күшік-тобықты болысындағы Күзенова деген қазақ әйелінің баласымен бірге көшірілуі туралы істегі» жазылған мәлімдемеге Ибраһим Құнанбаев қол қойған. Бұл құжат «Сергиопольдің сыртқы округтік приказы» деп аталатын қорда.



Ақынның қолтаңбасы.

С.-Петербург Шығыс зерттеу ин-тының архивінде сақтаулы 39-істің 50-52 беттерінде Ибраһим Құнанбаевтың, Құнанбай Өскенбаевтың, Ғабитхан Ғабдыназарұлының Омбыдағы кадет корпусында оқып жүрген Халиулла Құнанбаевқа (Өскенбаевқа) жазған хаттары табылды. 1866 ж. 8 наурызда араб әрпімен жазылған бұл хаттың соңына ақын қол қойған.

Мәскеудің әскери-тарихи архивіндегі (400-қор, 50-тіз., 4-бөл.) Құнанбай Өскенбайұлы туралы мәліметте Құнанбайдың отбасы түгелдей тізімге алынып, баласы Ибраһим Құнанбаевты 1846 ж. 15 маусымда туды деп көрсеткен. Соғыс министрлігі бас штабының архивіндегі құжат «Күшік-тобықты болысындағы хорунжий Құнанбай Өскенбаевтың қызметі туралы ресми тізім» деп аталады.

Ибраһим Құнанбаев 1876 ж. тобықтының Қоңыр Көкше болысына болыс басқарушысы болған жылдық «Санақ-есебіне» «Ибраһим Құнанбаев» деп қол қойған дерек музей қорында сақтаулы.

Бодандықтағы елдердің қай-қайсысы да отарлаушы империяның жүргізіп отырған саясатынан тыс қала алмайтыны белгілі. Отар ел ұлы мемлекеттің сойыл соғары, соның ашса алақанындағы, жұмса жұдырығындағы жемі. Архив құжаттарынан (музей қоры, 1888) осындай қысымның Ибраһим Құнанбаевты да айналып өтпегенін, 1876 ж. Орыс-түрік соғысы кезінде орыс әскеріне көмектесу туралы «шақыру хат» жазып, оған арабша қол қойған Абай жағдайын да түсінуге болады.

Абайдың ел басқару ісіндегі әділдігі мен іскерлігі, соның арқасында ел ішінде орасан зор беделге ие болуы патша әкімдерінің назарынан тыс қалмаған. Омбы архивіндегі құжаттардың бірінде (3-қор, 13267-іс., 873 қорап) 1876 ж. Қоңыр-Көкше тобықты болысының іс басқарушысы Ибраһим Құнанбаев туралы ресми тізім толтырылып, болыстық қызметті жақсы атқарғаны үшін 3-дәрежелі шапанмен наградталып, 2344-нөмірлі куәлік берілгені айтылады.

Патша үкіметі бұратана халықтар арасында алауыздық саясатын жүргізіп, оларды бір-біріне айдап салып отырғаны белгілі. Олар тіпті жергілікті халықтың арасында ықпалды кісілердің үстінен арыз-шағымдар ұйымдастырып, ел жақсыларын бір-біріне айдап салудан да тартынбаған. Қазақстан Республикасының мемл. орт. архивінде сақтаулы (64-қор, 1-тіз., 1430-іс) «Далалық ген.-губернаторлардың кеңсесі» деген қорда Ибраһим Құнанбаевтың «қылмысты ісі» бар. Ол Бөрібаев дегеннің арызы бойынша жүргізілген. Істі тергеу он жылға (1876–86) созылған.

Э. П. Михаэлис (Омбы архиві, 86-қор, 11-іс., 108-б.) Семейдегі санақ к-тіне жолдаған 1882 ж. 6 шілдедегі хатында Ибраһим Құнан-

баевтың орысша жақсы сөйлейтінін, өте білімді адам екенін айта отырып, оны қазақтың аңыз-ертегі үлгілерін жинауға пайдалануды ұсынған.

Қазан қ-ндағы Н. Н. Лобачевский кітапханасының архивінен (каталог, т-68427) 1885 ж. мамырда Шар бойында өткен Қарамола съезінде Семей қазақтарын басқару туралы ереже бекітіліп, оны әзірлеуге Ибраһим Құнанбаевтың басшылық жасағаны жайындағы дерек табылды.

Қазақстан Республикасы мемл. орт. архивіндегі 1885 ж. 16 шілдеде басталып, 1887 ж. 23 қаңтарда аяқталған «Дала ген.-губернаторының кеңсесі» деп аталатын қордағы құжатта (64-қор, 1-тіз., 1551-іс) Бұғылы болысының сұлтаны Ибақов дегеннің келінін Қойтерлин бидің баса-көктеп алып кеткені туралы, соған байланысты баласы Ыбырай Ибақовтың арызы бойынша оның әйелі Толғанайды өзіне қайтарып беру туралы іс қозғалғаны, іске Ибраһим Құнанбаевтың қатысы жайында жазылған.

Абай үстінен түскен шағымдардың бірі – Қазақстан Республикасының мемл. орт. архивінде (64-қор, 1-тіз., 1774-іс) «Дала ген.-губернаторының кеңсесі» деген істің ішінде сақтаулы. Ол – «Семей уезіне қарасты Қызылмола болысының қазағы Қазанғап Қынашевтың «Болыс әкімшілігінің заңсыз істері туралы» арызы (1890 ж. № 46, 9-б.). Әбділда Бұлқайыров, Рақым Өмірзақов, Ыспан Бегімбетовтердің «Абайды кінәлап» Ибраһим Құнанбаев өз балалары Ақылбай, Мағауияларды болыстыққа сайлатып отыр деп 1901 ж. жазған арызы да сақтаулы (Осында, 15-қор, 1-тіз., 2134-іс). «Мұсылман дін басыларының реакциялық қозғалысы жайлы іс» (10.4. 1903 ж.) қорында көкшетаулық Шаймерден Қосшығұловтың арызына байланысты Абай аулы тінтіліп, Абайға мінездеме жазылғаны жайлы да тіркелген (Қазақстан Республикасының мемл. орт. архиві. 15-қор, 2-тіз.).

С.-Петербург архивінде (1352-қор, 22-тіз.) 1899 ж. 10 ақпанында басталып, 1900 ж. 11 желтоқсанында шешімін тапқан, Семей обл. сотының М. Бітімбаев, Р Өмірзақов т.б. Ибраһим Құнанбаевты тонағаны жөніндегі ісін тоқтату туралы шешімінің қайта қарауға жіберілгені жайында құжат табылды. Абайдың үкімет Сенатына жазған арыз-хаты осында сақталған.

Қазақстан Республикасының мемл. орт. архивінде сақтаулы Абайдың үстінен жазылған арыздардың бірінде Сыбан-Әлжан болысының адамдары Ибраһим Құнанбаевты сайлауымызды бұзды деп айыптап, қайта сайлау өткізуін талап етеді (15-қор, 1-тіз., 2047-іс).

Семей обл. басқармасына қарасты Жанкөбек Сыбан-Әлжан болысынан түскен 50 кісінің шағымында «Ибраһим Құнанбаев сыйлыққа 30 жылқы, 1 түйе, 1 тайтұяқ алып, болыстыққа өз адамын сайлатты» деп жала жабады. Қазақстан Республикасының мемл. орт. архивінің 15-қор, 1-тіз., 2134-ісінде (27.09.1899 ж.), Семей уезіне қарасты Бұғылы болысының аманаты жүктелген қырғызы (қазағы) Сыман Бегімбетовтың шағымында «Ибраһим Құнанбаевтар жерімізді алып қойды, ылғи қысым көрсетеді» деп жазғырып, 1887 жылғы оқиғаны баяндаған. Ә. Бұлқайыров, Р Өмірзақовтар өз арыздарында жер дауына байланысты Құнанбаевты көп сөз қылады. Болыстықты бөлу мәселесін қояды (сонда, 15-қор, 1-тіз., 33-34-б.). 1899 ж. 14 қыркүйекте Төребаев, Абралин жазған арызда «Ибраһим Құнанбаев өз балалары арқылы ықпал етеді» деп наразылық білдіреді. 64-қор, 1-тіз., 938, 886-істерінде әскери-губернаторлар Абаза, Сухотин, Карповтар Ш. Қосшығұловтың хатына байланысты жазысқан хаттарында Ибраһим Құнанбаевтан алынған хат туралы да айтады. Ал, Бат.-Сібір ген.-губернаторы Барон Таубенің Ибраһим Құнанбаевқа аңшы мылтығын сыйға бергені жайында бұйрығы жарияланған. «Особое прибавление к Акмолинским Областным ведомостям» газетінің 1890 ж. 16 қарашадағы 46 саны Омбы архивінде сақтаулы. Қазақстан Республикасының мемл. орт. архивінің (15-қор, 1-тіз., 1834-іс) «Семей облыстық басқармасы» деген қорындағы 1892-93 ж. лауазымды кеңесші Вернердің жазбаларында Ибраһим Құнанбаевтың елді отырықшыландыру, а.ш. мектебін ашу туралы қызметі жайында айтылады.

Абайдың Семейдегі мемл. қорық-музейі архивіндегі құжатта 1893-94 ж. Ибраһим Құнанбаевтың Семейдегі «Бастауыш білім беру» қоғамына мүше болғаны тіркелген. С.-Петербургтегі Салтыков-Щедрин атынд. кітапхана қорындағы Самойлович Александр Николаевичтің архивінде Абай өлеңдерінің алғашқы нұсқасы (671-қор, 94-папка) сақтаулы. Қолжазба 82 беттен тұрады. Өлеңдерді Мұсаұлы Шорманов т.б. тапсырған.

Қазақстан Республикасының мемл. орт. архивінің 15-қоры, 1-тіз., 2241-ісінде «Семей басқармасы межелеу бөлімшесі» деп аталатын қорында Семей уезінің Бұғылы т.б. елді мекендеріндегі аманат жүктеген адамдарының 1907 ж. 10 шілдедегі өтінішінде (№ 362) Ибраһим Құнанбаевтың кезінде 1872 ж. жер мәселесінің әділ шешілгені айтылады.

С.-Петербургтегі артиллерия музейіндегі құжатта (6-қор, 2-тіз., 639-іс, 2.9.1892-93 ж.) Абайдың баласы Әбдірахман Өскенбаевтың (Ибраһим) ресми тізбегінде Ибраһим Құнанбаев туралы да айтылады. Омбы обл. музейінің архивінде 1903 ж. орыс тілінде жарық көрген «Орыс адамдарының жол кітабының» 18-томындағы «Қазақ өлкесі» деген тарауының 204-бетінде Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі туралы айтылған. Қазақстан Республикасы мемл. орт. архивінің 460-қор, 1-тіз., 34-ісіндегі құжатта Ибраһим Құнанбаевтың 1886 ж. 4 маусымда Семей обл. статистик. к-нің мүшелігіне сайланғаны және оған кітапшалар жіберіліп тұрғаны жазылған.

М. Бейсенбаев.

АРЫСЛАН Нұри Ғазизұлы (1912-91) – татар ақыны. Қазақ тілі мен әдебиетін жақсы біліп, қазақ поэзиясының нұсқаларын түпнұсқадан тікелей татаршаға тәржімелеген. «Менің далам» дейтін өлеңінде ол өзінің қазақ жерінде туып-өскенін паш етіп, мақтаныш сезімін білдіреді. Абай, Тоқай есімдерін зор құрметпен еске алады:

«Тылсым сырын ұққанымда жырлардың,
Бар болатын ақын Тоқай, Абай да...» –

А. – Абай өлеңдерін татаршаға алғашқылардың бірі болып және мол көлемде тәржімелеген ақын. «Абай. Шигыріләр һәм поэмалар. Хикмәтлі сүз» (Қазан, 1981) деген жинақты шығаруға ат салысқан. *С. Сейітов.*

«АСАУ ТОЙ, ТЕНТЕК ЖИЫН, ОПЫР-ТОПЫР...» – М. Ю. Лермонтов өлеңінің 1900-1901 жылдар аралығында Абай еркін аударған нұсқасы. Орысша түпнұсқа үш шумақ, 12 жол. Қазақша нұсқасы 4 тармақты 4 шумақтан тұрады. Лермонтов өлеңі француз жазушысы Ж. Ф. Лагарптың әңгімесі негізінде жазылған. Онда бір той-жиында монархист жазушы Ж. Казот (1719-92) француз революциясы болатынын, отырған адамдардың және өзінің тағдырын алдын ала болжап айтқан екен делінеді (Казот өзі 1792 жылы дарға асылған). Алда патша тақтан құлайтын күн туады деген сарын Лермонтовтың өз өлеңдерінде де кездеседі. Бұл өлеңде уақиға, болған жай, жиналған топтың ішінде «түсі суық бір жан» отырғаны сол жиынға қатысқан, өз көзімен көрген адамның аузымен айтылады. «Құлағымда әлі тұр соның үні» деп, алдағыны болжай білетін сәуегейдің топта айтқан сөзін бізге жеткізетін де жаңағы куәгер баяндаушы. Абай өлеңде айтылатын жай-жағдайды баяндағанда түпнұсқадан пәлендей ауытқымайды, бірақ түсі суық жанның көрегендік сөздерін өзінше өзгертіп келтіреді. Оған сендердің төбелеріңе бастарыңды шабатын айбалта төніп тұр деген ойын айтқызбай, тағдырға амалсыз көнерсіңдер, «қайда айдаса барарсың» дегізумен шектеледі. Қалайда Абай ойсыз, топас тобырдың ішінде отырған өзгеден ойы озық, көреген, алдағыны болжай алатын адамның ерекше тұлғасын салмақты етіп, ірілетіп көрсетуге мән бергенін байқаймыз. Өлең 11 буынды қара өлең үйқасымен жазылған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген *«Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі»* атты жинақта жарияланған. Туынды басылымдарында текстол. өзгерістер кездеспейді. *З. Ахметов.*

«АСҚА, ТОЙҒА БАРАТҰҒЫН...» – Абайдың 1890 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 10 шумақтан тұрады. Өлең арқау еткен оқиғасының өзегімен, тақырыбының соны сипатымен, сол тақырыпты ашып, кейіпкерлер тұлғасын сомдаудағы көркемдік тәсілдерінің үтқырлығымен, тың тұжырымдарымен, жанрлық өзгешелігімен ерекше танылатын, қазақ поэзиясында бұрын кездесе қоймайтын жаңа түрдегі, шоқтығы биік туынды, Абайға дейінгі және одан кейінгі баллада жанрының тамаша үлгісі. Ақын екі ұлы сезімді – сүйіспеншілік пен отаншылдықты қатар алып, қайсысы басым, жеме-жемге келгенде ер жігіт қайсысын таңдап, алдымен қайсысына ұмтылуы керек деген аса күрделі мәселені шешіп беруді мақсат еткен сияқты. Ол еліне жау шапқанда батыр жігітті оң жақта отырған қалыңдығына да, өткелі жатқан той-думанға да қаратпай, қолына қару ұстатып, қас дұшпанмен айқасқа аттандырады. Жігіт – көңілі алаңсыз, ол елін, жерін қорғауды қасиетті парыз тұтатын батыр азамат. Ақын:

«Саған жазған құданың
Жазылған қандай жарлығы...

– деп, іштей қимай, қиналып тұрса да, жігіттің жасқанбай жауға шабуын қолдайды. Бұл ел тілегі, ата батасы. Ал, сонда ақ желеңін жамылып, тойға әзірленіп қойған, бар үміті мен қызығы алда тұрған қалыңдық қандай күйде? Батырдың Абай суреттеген болашақ жары көңілі кәусардай таза, махаббатқа адал, өмірге құштар, пәк жан. Ақын күні-түні бір тынбай, жеңіспен оралатын батыр жігітін аңсап, тойға әзірленіп, ақ көйлегін тігіп, жүрегі лүпілден дамыл таппай жүрген жас аруға деген аянышын да жасырмайды, оның алдағы тағдыры үшін қорқатынын айтып, кейіпкерін де, оқырманын да мазасыз, үрейлі күйге түсіреді. Бұл түс қана емес, өлеңнің өне бойынан сан құбылған көңіл-күй, тынымсыз құбылыс, аласапыран оқиға, толассыз ой аңғарылады. Өлеңнің көркемдік шешімі де өзгеше. Аңсаған жары ар, намыс жолында қаза тапқанын естіген, махаббатына берік, сүйгеніне жан-тәнімен берілген қыз тойға тіккізген ақ көйлегін кебін етіп киіп, бұл дүниеден мәңгілікке бақұл кешеді. Бірақ, қыздың қалай өлгенін, ақын тәптіштеп ашып айтпайды. Оқырман үшін ол енді бұл дүниелік емес, осынау жалғанда көңіл жұбатарлық қызығы қалмаған, бар үмітін мақшардан күткен.

«Шыны ғашық жар болса,
Неге өлдім деп налымас...»

– деп ақын тұжырымдағандай, өлгеніне өкінбейтін адал жар.

Қыз ажалы Абайдың *«Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында...»* деген өлеңін еске түсіреді. Бірақ екі қыз өлімінің мәні әрқалай. Біреуі тікелей әлеум. теңсіздіктің құрбаны болса, екіншісі өзінің адал махаббаты жолында, жігітті құлай сүйген, үздіге ынтықкан қалпы, пәк күйінде көз жұмады. Бұл кісінің жан дүниесін тебірентіп, тұла бойын түршіктіретін, көз де, көңіл де қимайтын аянышты өлім. Абай талантының құдіреті – оқырманын осындай күйге бөлеп, толқытып, ойлантып тастайды. Өлеңнің соңғы жолдарынан сәл-пәл діни-романтик. сарын бой көрсетеді, бірақ бұл түйсік шығарманың шоқтығы биік идеялық тынысын аласарта да, тарылта да алмайды. Ақын күнәдан пәк, он екіде бір гүлі ашылмаған, өмірдің бар қуанышы мен қызығына енді кенелеміз деп күткен екі жастың кіршіксіз махаббатын, оның ажалдан да сескенбейтін. айнымайтын, азбайтын тұрақтылығын, сезім мен сенімнің беріктігін паш ете отырып, ел намысы, ер парызын, отаншылдық міндетін бәрінен де, тіпті ақаусыз адал сүйіспеншіліктен де жоғары қояды. Және осы биік мұратты, көшелі ойды құрғақ ақыл, насихат түрінде емес, көркем суреттермен, құбылмалы көріністермен, әр жол, әр шумақ сайын бірін-бірі ауыстырып отыратын тынымсыз оқиғалармен, ешқандай зорлап тықпыштаусызақ, табиғи жарасымдылықпен баяндайды. Бұл, сөз жоқ, Абай өлеңдеріндегі көркемдік жаңа бағыт.

Өлең 7-8 буынды, -а, -б, -а, -б шалыс ұйқас үлгісімен жазылған. Алғаш рет С.-Петербургте 1909 ж. жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өленi» деген жинақта жарияланды. Кейінгі жеке кітаптары мен шығармаларының толық жинақтарындағы нұсқалары осы басылым мен Мүрсейіт қолжазбалары негізінде толықтырылып, түзетілді. Өлең басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Мыс., өленнің ең соңғы шумағы 1909 жылғы жинақта берілмеген, бұл жолдар кейін Мүрсейіт қолжазбалары бойынша толықтырылды. Сол сияқты 1957 жылғы 2 томдық толық жинағынан бастап 5-шумақтың 4-жолы Мүрсейіт қолжазбаларына сай: **«Асыққансып тоқталмай»**, 7-шумақтың соңғы жолы 1909 жылғы басылым бойынша **«Аһ деп өтті жар үшін»** болып өзгертілді. Туынды ақын шығармаларының 1940 ж. жарық көрген 2-томында М. Ю. Лермонтовтан аударма ретінде берілген. 1945 жылғы жинақта оны шығармаларының қатарына енгізгенімен, орыс ақынынан еркін аударған болуы керек деген жорамал айтылады. Кейін Абайдың төл шығармасы деп танылды.

Өлең башқұрт, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр тілдеріне аударылған. *Т. Рсаев.*

«АС-САДАҚА» («Достық») – Иорданияның (Иордан Хашимит корольдығы) астанасы Амманда 1974 жылдан шығатын қоғамдық әдеби-мәдени журнал. Журналдың 1983 жылғы № 28 санында жазушы, доктор Һишам Рафғат Һашимнің «Қазақстан» деген мақаласы жарияланған. Онда қазақ халқының араб елдерімен тарихи-мәдени байланыстарына, қазақтардың көне заманнан бергі тарихына шолу жасап, қазақ ғылымы мен мәдениетінің аса көрнекті өкілдері Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаевтың қызметіне баға береді. Автор Абайдың көне шығыс мәдениетін жақсы білгенін, шығыс жұлдыздарын пір тұтып, араб, парсы, орыс әдебиеттерін түпнұсқадан оқып, шығыс тақырыбына өлең, поэмалар жазып, А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, И. А. Крылов шығармаларын аударғанына тоқталады. Абайды дүние жүзіне танытқан жазушы М. Әуезов, астанадағы Абай ескерткіші, ақын атындағы мәдени орындар туралы пікір білдіреді. Журналдың осы санында Гили ас-Саид Абд ар-Рахманның тәржімалауымен Абайдың «Масғұт» поэмасы, ақынның көзі тірісінде түскен суреті жарияланған. *Ө. Дербісәлиев.*

АСТАРЛАУ (м е т а ф о р а) деп сөздің тура, өз мағынасында емес, ауыспалы, өзге мәнде жұмсалуын айтамыз. А. кезінде сөздің сыртқы не ішкі ұқсастық белгілері негізге алынады. Астарлау, біріншіден, жалғаусыз және жұрнақсыз бір нәрсені екінші нәрсеге салыстыру, балау, ұқсату арқылы жасалады: «Уайым – аз, үміт – көп», «Сіз – қырғауыл жез қанат» («Жігіт сөзі»). «Сіз – жалын шоқ, біз – бір май», «Сіз – бір сұңқар шаһбаз», «Біз – қырғауыл, Сіз – түйғын», «Көрік – тәңір дәулеті». «Сен – ағашта піскен алма». Екіншіден, -мын, -мін, -бын, -пын, -сын тәрізді жіктік жалғаулары мен -м, -н, -ы (сы) сияқты тәуелдік жалғаулары арқылы жүзеге асады. «Сенсің – жан ләззаты». «Сенсің – тән ләззаты», «Мен – жаралы жолбарыспын», «Жұрттың атқан оғы өтіп», «Ақылың – ашыған у, ойың – сергек». Үшіншіден, еді, едім, едің, екен, ем, м, н тәрізді көмекші етістіктердің көмегімен туындайды. «Сен жаралы жолбарыс ең, Мен киіктің лағы ем». «Жаңа жылдың басшысы – ол, Мен – ескінің арты едім», «Талаптың мініп тұлпарын, Тас қияға өрледің. Бір ғылым еді іңкәрің, «Әр қиынға сермедің». Төртіншіден, бейне (бейне бір), тең секілді сөздер арқылы жасалынады. Мыс., «Қайғың болар шермен тең, Қара көңлім жермен тең. Сенсіз маған жат төсек, Болар бейне көрмен тең» А-дың бесінші түрі – күрделі ауыстыру. Мыс.:

«Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр-мылқау танымас тірі жанды.
Үсті-басы – ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.
Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң – қыс келіп, әлек салды...»

Шумақ тұтастай А. тәсіліне құрылған.

А-дың екі түрлі қызметі бар: бір жағынан, көркем сөз тудырудың кілті болса, екінші жағынан, белгісіз заттар мен құбылыстардың атауының орнына жүреді. А. тәсілінің бойында сан алуан белгілер мен сипаттар біріккен. Олар: өрнектілік, суреттілік, танымдық, әсерлілік, түсіндірмелік, болжағыштық. Бұндай өлшеусіз қасиеттер тіл мен ойдың бір-біріне әсерінен бастау алады. Абай поэзиясындағы көркемдік, эстетик., танымдық мәні терең А-лар, бірде жұмбақ сияқты аса күрделі, біресе адамды қайран қалдырады, бірде ойға шомдырады, кейде рахаттандырады немесе бейнелі суреттердің, мағыналық құбылулардың, көркемдік мәністердің ұйытқысы болады.

Әдеб.: Б а й т ұ р с ы н о в А. Шығармалары. – А., Жазушы, 1989, 157–158 б.; Ж ұ м а л и е в Қ. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі.– А.; 1948, 84–98 б.; *С. Негімов.*

АСФЕНДИЯРОВ Санжар Жағыпарұлы (1889–1938) – мемл. қайраткері, тарихшы ғалым, дәрігер. Ташкенттегі реалдық уч-щені, Петербург әскери-мед. академиясын бітірген. Қазақтың пед. және мед. ин-ттарын және ҒА-н ұйымдастыруға белсене ат салысты. Қазақстан тарихына арнап «Ерте заманғы Қазақстан тарихы», «Қазақ тарихының очеркісі» деген күрделі еңбектер жазды. Ғалым соңғы зерттеуінде сол кезеңдегі әкімш.-әміршілдік билік пен саяси талаптардың ықпалымен Шоқан Уәлиханов пен Ыбырай Алтынсаринді бірін дворян, екіншісін феодал өкілі деп, Абайды бұлардан бөліп алып, арнайы тоқталады. Оны «революциядан бұрынғы қазақ әдебиетінің ең ірі адамы» деп атап, ақынның орыс патшасын сынауға дейін барып, ұлттық сезімнің оянуын анығырақ танытқанын ерекше бағалайды. Елдегі дін басыларын, болыс-билерді, жалпы феод. құрылысты шенеп-сынағанын Абайдың басқа демократтардан артықшылығы деп көрсетті. Абайды қазақтың «жазба әдебиетінің атасы» деп атайды.

АСЫЛБЕК (т.-ө. ж. б.) – Абайдың замандасы. Бөкенші-тобықты руынан шыққан болыс, би. Жас айырмашылығына қарамай, Абаймен әзілі жарасқан, көңілдес адам болған. Ол Абайды жігіт кезінде қайын атасынікіне ертіп апарып, ақын сол жолы Сабырбай ақынның кенже қызы Қуандықпен танысады. Бірақ бұл таныстықтың әрі қарай жалғасуына А. қарсы болады. Араға жігіт салып, қызға қолы жеткен Абай келесі күні:

«Ауылы жылжып қоныпты Жалпақ шиге,
Екі даугер жүгінер әділ биге,
Балдызыңыз уағдаға берік екен,
Сырғып барып жатыпты шеткері үйге,»

– деп, А-ке қызбен тіл табысқанын сездіреді. *С. Қарамендин*


«АТА-АНАҒА КӨЗ ҚУАНЫШ...» – Абайдың 1890 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 7 тармақты 6 шумақтан тұрады. Негізгі тақырыбы– бала тәрбиесі, ата-ананың өз ұрпағына сүйіспеншілігі, оған артар міндеті, күтер үміті. Абай өлеңде әрбір ата-ананың баласын мәпелеп, еркелетіп өсіретінін, олардың тәлім-тәрбиесіне айрықша мән беретінін баяндай келіп, егер бала жасынан от басы, ошақ қасынан аса алмай, үйкүшік, жасық болып өссе, онда әке-шеше еңбегінің зая кететінін, үміт-арманының орындалмайтынын айтады. Сондықтан ақын жас ұрпақты жаңалық атаулыға үйір, талапты, жігерлі болуға, қатарынан қалмауға, масыл болмауға шақырады, елін, жерін сүйер, ата-анасын, туған-туысқанын сыйлар жақсы азамат тәрбиелеуді басты шарт етіп қояды. Өлеңде ақынның *«Жасымда ғылым бар деп ескермедім...»* атты туындысындағы «Адамның бір қызығы бала...» деген тұжырыммен ой сабақтастығы сезіледі. Сондай-ақ, 4-шумақтағы: **«Ойбайла, Не пайда?»** деген жолдар осы туындымен бір тұста жазылған әрі тақырыптас *«Тайға міндік»* атты өлеңнің аяғында дәл сол күйінде қайталануы ақынның айтар ойын нығарлап, бекіте түсуі үшін қолданған машығын аңғартқандай. Өлеңде ел аузында мәтел болып кеткен **«Ел танымай, үй танып құр»**, **«Сүйер ұлық болса, сен сүй, сүйінерге жарар ол»**, **«Жігері жоқ, ақылы кенде»** сияқты қанатты жолдар, бейнелі теңеулер мол ұшырасады. Өлең шумақтарының алғашқы 4 жолы 8, 7 буынды шалыс ұйқаспен өрнектелсе, соңғы 3 жолы 5, 3 буынды өлшеммен шұбыртпа ұйқасқа құрылған. Өлеңнің түпнұсқасы *Мүрсейіт* қолжазбаларынан алынып, алғаш рет 1933 ж. Қызылордада жарық көрген ақын өлеңдерінің толық жинағында «Ағыбайға» деген атпен жарияланды. Туындының басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Мүрсейіт қолжазбаларында 5-шумақтың 5-, 6-, 7- жолдары:

«Қайғысыз бенде,
Бар ма елде,
Өмірінде?»

– деп жазылса, кейінгі басылымдарда «ұғымға ауыр болғандықтан, әрі түсінікті болуы үшін» деген дәлелмен:

«Қайғысыз бенде,
Көрдің бе,
Өмірінде?»

– делініп өзгертілген. Сондай-ақ, Мүрсейіт қолжазбаларында 1933, 1939, 1954, 1957 жылғы жинақтардағы **«Ата көңлі жанбаса бір»** деген 3-шумақтың 1-жолы 1977 жылғы жинақта **«Ата көңіл жанбаса бір»** болып берілген. Ал, 6-шумақтың 6-жолы 1933, 1939, 1954 жылғы жинақтардағы **«Дейсің бе»** сөзі Мүрсейіт қолжазбаларында, 1957, 1977 жылғы жинақтарда **«Дедің бе»** түрінде жазылған. *Ж. Ысмағұлов*



Нота. (Ата-анаға көз қуаныш).

Абай «Ата-анаға көз қуаныш...» өлеңіне ән шығарған. Әнді 1934 ж. проф. Б. Г Ерзакович Қ. Лекеровтен жазып алып, нотаға түсірген. Әуені бірқалыпты, қайырмасы ширақ, кейбір иірімдері дәстүрлі тұрмыс-салт әндерінің сарынында келеді. Сондықтан, ән әуезінен гөрі мұнда ақындық көркем тіл зергерлігі басым. Өлең шумағы кестесі – 4/4, 4/3, 4/4, 3/4-тен қалыптасып, қазақтың әдеттегі жыр-терме немесе толғауларында кездеспейтін жаңа, тың поэзиялық-музыкалық түрді дүниеге келтірген. Бұл жаңашылдық ән құрылысына да әсерін тигізіп, оның әуендік-саздық құрылысы 3/4, 3/4; 3/4, 3/4, 3/4, 3/4, 3/4, 6/4; 2/4, 2/4, 3/4 өлшемнен құрылған. Әуен жүйесі мажорлық ладта қалыптасады, шумақ пен қайырманың соңын домбыраға тән әуен-ырғақ мәнерімен бітіреді. Ақын аз сөзге көп мағына сыйғызып, оны көркем поэзия тілі мен музыка үніне қиыстырып, мән-мәнісін ашық, ұғуға жеңіл және түсінікті түрде мүсіндеп берген. Өлең азербайжан, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, ұйғыр тілдеріне аударылған. *Қ. Жүзбасов*

АТАЛЫҚ (т-ө. ж. б.) – Абай заманынан бұрынырақ өткен кісі. Тобықтының Бәкең атасынан. Абай өзінің «Қыздарға» арнаған «Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бәкең...» деп басталатын өлеңінде А-ты Бәкеңнің үлгілі, кісілікті жақсы адамы ретінде атап кетеді. *Т. Әдбікәкімова.*

«АТАМҰРА» – апталық қоғамдық-экономикалық тәуелсіз газет. Шығарушы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, «Атамұра» баспасы, «Есіл» акционерлік қоғамы. Алғашқы саны 1994 ж. 21 наурызда шықты. Бас редакторы Мұхтар Құл-Мұхаммед.

Газетте ЮНЕСКО көлемінде халықаралық дәрежеде аталып өтетін ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойына байланысты материалдар жарияланды. Қ. Мұқаметханов, М. Мырзахметов, Ғ Есімов т. б. абайтанушы ғалымдардың жарық көрген мақалалары ақынның

әдеби мұрасын, шығармашылығын, дүниетанымын зерделеуге арналған. «А.» газеті данышпан ақынның өлмес шығармаларын насихаттап, абайтану тақырыбында басылып шыққан соны басылымдарға өзіндік сын пікірін білдіріп тұрады.

«АТАМҰРА» тарихи-этнографиялық бағыттағы әдебиеттер, оқу құралдары мен сөздіктер, энциклопедиялық анықтамалықтар шығаратын тәуелсіз баспа. 1992 ж. 21-наурызда құрылды. Бас директоры Мұхтар Құл-Мұхаммед. Баспа қазақ және орыс тілдерінде жылына жалпы көлемі 1000 баспа табақ, тиражы 1,5 млн. дана кітаптар мен кітапшалар, 50 млн. данадан астам түрлі полиграфиялық өнімдер басып шығарады. Баспадан ұлы ақынның даналық дүниетанымын саралауға арналған абайтанушы-ғалым Ғ. Есімовтің «Хакім Абай» кітабы (1994) жарық көрді. Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы әзірлеген «Абай» энциклопедиясын ұлы ақынның 150 жылдық мерейтойы қарсаңында басып шығарды.

АТАУ, т е р м и н – ғылым, өнер, тех., ауыл ш., өнеркәсіп т.б. салаларда қолданылып, арнаулы ұғым танытатын, мағыналық аясы шектеулі сөздер мен сөз тіркестері. А-лар пайда болу және таралу табиғаты жағынан ұлттық та, ұлтаралық та, халықаралық та болып келеді. Қазақтың жер-суына, шаруашылық кәсібіне, төрт түлігіне, көші-қонысы мен үй тұрмысына, әлеум. салт-санасы мен дәстүріне қатысты ұлттық А-ларды Абай өз шығармасында қолданды. Сондай-ақ, өз заманындағы қоғамдық құрылысқа тән, тілімізге ерте сіңіскен **ауылнай, болыс, ояз, жандарал, мотор, поштабай** сияқты кірме сөздерді де қазақи айтылымына сәйкес А-лық мағынада пайдаланды. Алайда мұндай қолданысты тек Абай шығармалары тілінің ерекшелік белгісі деуге болмайды, өйткені, олар бүкіл халық тіліне еніп, сөйлеу тәжірибесінде солай айтылып қалыптасқан А. сөздер болатын. Абайдың «тіл ұстарту» қызметінде айрықша қолданыс тапқан А–лар орыс тілінің сөздік қорынан және шағатай әдеби тілі арқылы араб-парсы негізді шығыс теологиясының исламиятты уағыздаған қисындарынан сұрыпталып алынған-ды. Әрине, Абай қаламына іліккен **«аршопке», «меліш», «самородный», «сомалау», «виноват», «пияншік»** т.б. тәрізді варваризмдердің бәрін А. қатарына қосуға болмайды. Ал ақынның *«Интернатта оқып жүр...»* өлеңінде орыс тілінің А-лық мәні бар бірқыдыру сөздерін шәкірттердің «қатерінде жүрсін» деген ниетпен өлең тексіне әдейі енгізгені байқалады. Мыс., **«Балам закон білді деп», «Прошение жазуға», «Я тілмаш, я адвокат», «Айтыңызшы, болсаңыз здравомыслящий», «Военный қызмет іздеме», «Алыс та болса іздеп тап, Кореннойға кіруге», «Адал жүріп, адал тұр, Счетың тура келуге», «Қисық та болса закон бар, Судьяға беруге», «Ол да оязной емес қой», «Я өз бетіңмен тәуекел, Занимайся прямотой»** т.б. Сондай-ақ, *«Сәулең болса кеуденде...»* атты туындысында:

«Единица – жақсысы,
Ерген елі «бейне нөл».
Единица нөлсіз-ақ
Өз басындық болар сол,
Единица кеткенде,
Не болады өңкей нөл...

деген шумақтардағы **«единица»** мен **«нөл»** тек математик. шама ғана емес, философ. мәні бар А. ретінде де келтірілген. Абай сондай-ақ **«партия», «такт»** сөздерін де атаулық мәнде қолданған. *Үшінші сөзінде* және *Қырық үшінші сөздерінде* Абай орысша А-ларды өз пікірлерін дәйектеу үшін танымдық мақсатта пайдаланған. Ал Абайдың негізінен қарасөз-ғақлияларында **арзу** – тілек, арман, мақсат; **жибли** – еріксіз болатын тілек («шартсыз рефлекс»); **кәсіби** – еңбекпен табылған нәрсе; **хасл** – сезілу, біліну, пайда болу; **тағылым** – үйрету; **пәрмене** – мәпелеу, ардақтау; **қирәәт, руқуғ, сәжде, қағада, тахият, тәшәһһуд** – намаз оқудың шарттары: **ишарат** – нұсқау, көрсету; **истинжа, мәсх** іш дәрет алудың шарттары; **сафтаза; ағза** – мүше; **салауат** – дұға; **қадир** – күш, күштілік; **ғажыз** – әлсіздік; **ықрар** – мойындау; **зират** – белгілі бір орын; **бина** – негіз, тірек; **тағат** – құлшылық қылу; **ғауам** – көпшілік; **заһир** – сырт. сыртқы; **батын** – іш, ішкі; **хас** – нағыз т.б. А. жиі ұшырасады. *Е. Жұбанов.*

АТКНИН Григорий Алексеевич (1906–89) – суретші. Сәндік қолөнері саласында жұмыс істеді. Көркем кесте тігумен айналысып, 60 жылдары Қазақстан мәдениет қайраткерлерінің топтама портреттерін, соның ішінде «Абайдың портретін» жасады (1965–66, жібек, түрлі-түсті жіп, Жидебайдағы Абай музейінде сақтаулы). Топтамадағы барлық портреттер орындалу шеберлігімен, жіп түсін дәл таңдай отырып, адамның кескін-келбетін ұқыпты бере алғандығымен ерекшеленеді. Портрет – басты сәл бұрыңқырап, қарсы қарап отырған кейіпте бейнеленген. *Н. Полонская.*

АТКНИНА Анна Павловна (1914 ж.т.) – суретші. Қолданбалы сән өнері саласында жұмыс істейді. Көркемдеп тоқу ісімен айналысқан. 1976 ж. Г. А. Аткнинмен бірігіп «Абай портретін» (жібек, кесте, сирек торлы етіп қолмен тоқылған; Абайдың мемл. музей-қорығы қорында) жасады.

«АТТЫҢ СЫНЫ» – Абай өлеңдерінің жинағы, «Жазушы» баспасынан 1974 ж. «Менің алғашқы кітабым» сериясымен жарық көрген. Кітапта ақынның мектеп оқушылары ұғымына сай келетін табиғат, өнер-білім, еңбек, ғылым, сөз өнері, саятшылық, жан-жануарлар туралы жазған – «Аттың сыны», «Жаз», «Әсемпаз болма әрнеге...», «Ғылым таппай мақтанба...», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы...», «Қыс», «Жазғытұры» т.б. өлеңдері топтастырылған. Жинақ И. Исабаев суреттерімен көркем безендірілген. Көлемі 1 б.т., 33 мың дана болып басылған. *Ғ. Ыбыраева.*

АУДАРМАЛАРЫ. Абай орыс әдебиетін 1882 жылдан бастап аударған. Ең бірінші аудармасы – орыстың атақты ақыны М. Ю. Лермонтовтың «Бородино» атты патриоттық өлеңінен үзінді. Ең соңғысы – Лермонтовтың «Вадим» атты ұзақ әңгімесінің желісін, оқиға-

сын алып, өзінше қысқартып жазған поэма.
Абай аудармаларын зерттеушілер қазір орыс әдебиетінен оның елуден аса аударған өлеңдері барлығын айқындап отыр. Олардың ішінде лирикасы да, баснясы (мысал өлеңдер) да, ұзақ өлеңдері де, сатиралық лирикалары да бар (Солардың ішінде «Қарға мен түлкі» атты басня екі түрлі вариантта аударылған).
Орыстың атақты жазушы, ақындарын аударуда Абай тек қана қазақ емес, бүкіл шығыс елінде елеулі орын алады. Шығыс елінде, 1889 жылға дейін Пушкиннің «Онегині» тек Азербайжанда ғана аударылған. Сонан кейінгі аударған қазақ – Абай. Қазақпен салыстырғанда ол кезде үлкен мәдениетті саналатын татар, өзбек т. б. көршілес елдердің бәрінен, Сарыарқада жатқан Абай, орыстың ұлы ақыны Пушкиннің дүниежүзілік мәдениет мұрасының шаршы төрінен орын алған әдебегінің ұлылық қасиетін танып, Татьянаның үнімен даланы жаңғырықтыруы – қазақ үшін мақтанарлық іс.
...Абай 70–80 жылдардан бастап орыс мәдениетіне түгелдей бет бұрды, ол кездегі орыстың алдыңғы қатардағы идеясымен жақсы танысып, Сарыарқадан оларға үн қосушы бірінші ақын да – Абай. Демек, болашағы мол ұлы орыс халқының тез ілгерілеуіне бөгет болып отырған аграрлық-патриархалдық патшашыл Россияның құрылысын, әлеумет өміріндегі әр түрлі кемшіліктерді қатты шенеп, соларды жою арқылы Россияны алға апаруға күш салған, ол жолда шатқалаң қиын соқпақтарға кездесіп, талай қиыншылықтарды бастарынан кешірген И. А. Крылов, А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтовтың шығармалары Абайға қона кетуі, олармен өзінің мұндас болуы, екі елдің ұлы ақындарының идея-тілектерінің бірлігі еді. Крылов жазған *«Қасқыр мен қозы»*, *«Қарға мен түлкі»* оқиғалары т. б. ол кезде қазақта да аз емес болатын. Сонымен қатар, орыстың ұлы ақындарының жалпы адамгершілікке үндеген әр түрлі мысалдары мен үлгілі өлеңдері, өз елінің басшысы, ұстазы боламын деген кемеңгер ақынға осы жағынан да дәл келеді. Бұл – бір. Екінші, Пушкин, Лермонтовтардың шын мәніндегі өнер иелері екендігін Абай жақсы ұғынды. Абайдың аудармаларының характеріне жалпы шолу жасасақ, ол жоғарғы ақындардың кез келген өлеңдерін аудара бермеген. Таңдап, талғап аударған. Абайдың аударған өлеңдері не адамгершілік тақырыбына байланысты жаман мінез-құлықты шенеу, жақсылыққа үндеу, не патриоттық үлкен идеяны көксеген өлеңдер, не терең ой – филос. не үздік көркем өлеңдер болып келеді. Крыловтың мысалдары, *«Теректің сыйы»*, *«Тұтқын»*, «Татьянаның Онегинге», «Онегиннің Татьянаға» жазған хаттары т. б. осылар тәрізді аты шулы өлеңдер. Сөйтіп, Абайдың Пушкин, Лермонтов, Крылов тәрізді орыстың ұлы классиктерін аударуы кездейсоқ емес, заңды, жоғарғы айтылған екі түрлі күрделі себептерге негізделген деуге болады.
Абай аудармаларының тарихи-әлеум. мәні үлкен. Өйткені, ең алдымен, қазақ жұртшылығы Пушкин, Лермонтов, Л. Н. Толстой, М. Е. Салтыков-Щедрин тәрізді дүниежүз. әдебиетінің ірі тұлғаларымен бірінші рет Абай арқылы танысты. Екінші, өзінің зор талант, асқан шеберлігінің арқасында, ұлы ақындардың ұлы еңбектеріндегі үлкен идея, сұқтанар сұлулықты қазақ оқушыларының ой-сезіміне жеткізе аудара біліп, оларға жалпы қазақ халқының жүрегінен жылы орын әперді. Оларды қазаққа өз ақындарындай сүйгізді. Абайдан бергі, әдебиетті сүйетін қазақтардан, хат білсін, білмесін *«Татьянаның хаты»*, *«Қараңғы түнде тау қалғып...»*, *«Қанжар»*, («Кинжал»), *«Жалғыз жалау жалтылдап...»* өлеңдерін білмейтін қазақ аз шығар. Сөйтіп, Абайдың аудармалары алдағы халықтың мәдениеті, үлкен идея ұлы ақындар мен қазақ халқының жұртшылығы араларындағы дәнекер болды. Абай оларды тек қана досы көріп қойған жоқ, әрі өзінің ұстазы тұтты...
Абай аудармаларын негізінде екі түрлі деуге болады. Біріншісі – дәл аударма, екіншісі – ерікті аударма. Дәл аудармалары шумақ, бунақ, буын ұйқастарына қарай өзара және екіге бөлінеді. Кейбір өлеңдерді аударғанда Абай шумағын да, ұйқас түрлерін де берік сақтайды. Орыс өлеңдерінің ырғақ, буындары қазақ өлеңінің буындарына дәл келе бермейді. Өйткені орыс өлеңі тоник. не силлабо-тоник. өлең құрылысына жатады да, қазақтікі – силлаболық өлең құрылысына жатады. Сондықтан Абай аударған өлеңдерінің буынын қазақша дәл беруге мүмкін болмаса да, саны жағынан соған жақын келетін өлеңмен аударады. Кейде ұйқастарын, кейде тіпті образдарын да дәлме-дәл шығарады:

Қазақшасы:

«Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап,
Даланы жым-жырт дел-сал ғып,
Түн басады салбырап.
Шаңдай алмас жол-дағы,
Сыбдырламас жапырақ.
Тыншығарсың сен-дағы...
Сабыр қылсаң азырақ...»

Орысшасы:


«Горные вершины
Спят во тьме ночной,
Тихие долины
Полны свежей мглой.
Не пылит дорога,
Не дрожат листы;
Подожди немного –
Отдохнешь и ты...»

Осы өлеңнің, әсіресе, соңғы төрт жолын алсақ, орысшасына дәлме-дәл. Әрине, алдыңғы жолдарын да дәл емес деуге болмайды. Бір тілден екінші тілге аударғанда сөз орнын ауыстыру, бір сөздің орнына басқа синонимдер алу – аударманың жалпы заңы. Оның бұдан басқа да бірнеше аудармалары: *«Жалғыз жалау жалтылдап...»*, *«Қонады бір күн жас бұлт...»* т. б. жоғарғы келтірген мысалдар тәрізді дәлме-дәл аудармалар. Абайдың дәл аудармаларының және бір түрі деп: «Онегиннің сипаты», «Қанжар» *«Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз...»*, «Теректің сыйы», *«Дұға»*,


«Өзіңе сенбе, жас ойшыл...», «Еврей күйі» атты өлеңдерін айтуға болады. Мұнда өлеңнің буын ұйқасы сақталмайды. Орыс тіліндегі өлеңнің буындарының аз-көбіне қарамай, бәрін де қазақтың 11 буынды, қара өлең ұйқастарымен аударады. Лермонтовтан аударғандарының түпнұсқалары шалыс ұйқас (-а, -в, -а, -в), Абай (-а, -а, -в, -в) көпшілігінде қара өлең ұйқастарымен аударады. «Онегиннен» аудармасында да осылар тәрізді буын ұйқастары сақталмайды. Бірақ, бұларды да дәл аудармалардың қатарына қосуға мүмкіндік беретін және бәріне тән бір нәрсе – түпнұсқаның өзіндегі автордың айтайын деген ойын толық сақтап, ондағы образдарға дәл келетін қазақша

Кейде үндемей жүрсе де, сөзге баяу,
От жалындай жауапкер құрбыменен.
Ғашықтық сөзге жүйрік, әсіресе,
«Дем алысым құмарым, бір сен» десе,
Жанын құрбан жолына қылған жансып,
Көз қарауы құбылар әлденеше,
Кейде ұялшақ, төменшік, кейде тіп-тік,
Қамыққансып, қайғырып орны келсе...

Бұл өлеңде ұйқасы не тармақтары (жолдары), буын саны бірдей болмағандықтан, дәл емес деуге болмайды. Мазмұны, сол мазмұнды берудегі образ, сөз мәндері дәлме-дәл. Сондықтан біз мұны дәлме-дәл аударма деп санаймыз. Дәл аударманың



Абай Құнанбаевтың 1950 ж. Алматыдан шыққан жинағы.



Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың 1958 ж. Алматыдағы «Қазақ мемлекет көркем әдебиет баспасынан» орыс тілінде жарық көрген таңдамалы жинағы.



Абай Құнанбаевтың 1956 ж. араб әрпімен жарық көрген шығармаларының толық жинағы.

образды сөз табу. Жоғарғы аталған өлеңдердің қайсысын алсақ та, осы жүйені берік сақтайды. Мысал үшін Онегиннің орысша, қазақша мінездемесін алалық:

Орысшасы:

«Как рано мог он лицемерить,
Таить надежду, ревновать,
Разуверять, заставить верить,
Казаться мрачным, изнывать,
Являться гордым и послушным,
Внимательным, иль равнодушным!
Как томно был он молчалив,
Как пламенно красноречив.
В сердечных письмах как небрежен!
Одним дыша, одно любя,
Как он умел забыть себя!
Как взор его был быстр и нежен,
Стыдлив и дерзок, а порой,
Блистал послушною слезой!»

Қазақшасы:

«Жасынан түсін билеп сыр бермеген,
Дәмеленсе, күндесе білдірмеген.
Нанасың не айтса да, амалың жоқ,
Түсінде бір кәдік жоқ алдар деген.
Кейде паң, кейде көнгіш орнымен,
Кейде елеусіз, кейде ынтық формыменен,

осы соңғы түрімен байланысты айтылған «Қанжар», «Дұға», «Жолға шықтым бір жымжырт түнде жалғыз...», «Теректің сыйы», «Өзіңе сенбе, жас ойшыл...», «Еврей күйі» – бәрі де «Онегиннің сипаты» тәрізді ұйқас, буын сандарын сақтамағанмен, мазмұнын, образдарын бұлжытпай дәл беру әдісімен аударылған. Кейбіреулерінде шумақ, не бірнеше жолдарын Абай аудармай кететіні рас. Бірақ ол – өз алдына мәселе. Біздің бұл жердегі айтпағымыз – ақынның неге аудармағаны емес, аударған жерлерін, өлеңдерін қалай аударғаны. «Онегиннің сипатынан» келтірген үзіндінің орысша, қазақшасын салыстыра оқыған адамға дәлдігі айқын. Кім аударса да бұдан артық дәл, бұдан артық жанды етіп аудара алуы екіталай.

Екінші түрі – ерікті аударма. Бұған жататындар: «Онегиннің Татьянаға жазған хаттары», Крыловтан аударған кейбір мысалдар және қара сөзбен өлең еткен *«Вадим»* поэмасы. Бұлардың негізі ғана орысша. Абай олардың жалпы мазмұнын өз сөзі, өз ұғынуынша әдемілеп айтып береді. Солардың үлгісін ғана алып, өзінше жазады.

Бірақ, жалпы сарыны, ізі сақталынады. Кейде өз жанынан сурет, баяндаулар қосып,

кейбір жерлерін мүлде тастап кетеді. Кейде орыстың ол кездегі жоғарғы топтарының өмірінде аузына түспейтін сөздерді де Абай Татьянаның аузынан шығарады:

«Қаймақ еді көңілімде,
Бізге қаспақ болды жем.
Екі сөз жоқ өмірімде,
Мен де сорлы – бақыты кем...»

«Қаймақ пен қаспақ», «Евгений Онегин» романында мүлде жоғы былай тұрсын, орыстың ол топтарының адамдарының мүлде басына келмейтін сөздер. Абай аудармаларының екінші түрі – осы тәрізді ерікті аудармалы өлеңдер. Абай аудармаларын өзара екіге бөліп қарағанда бірінші түрі қазақ әдебиет тарихында ең үлгілі, ең сапалы аудармалар болып саналады. Өйткені, Абай – бір тілден екінші тілге аударылғанда сақталынуға керекті шарттардың негізін дұрыс ұғынған ақын. Сондықтан да ол өлеңінің мазмұны, түріне қарап әр түрлі әдіс қолданады. Орыс тіліндегі өлеңдердің дәлмедәл аударуға келетіндері болса, қазақ өлең құрылысынан оған дәл не жақын келетін түрлерді іздеп, «бұлжытпай» дәл беруге тырысады («Қараңғы түнде тау қалғып...» т. б.). Олай болмаса, мазмұнымен қолданған образдарын дәл етіп береді. Бұл – аудару жұмысының жалпы заңы. Бір тілден екінші тілге аударғанда қолданылатын ежелгі әдістің бірі.

Сонымен қатар, Абай аудармаларының және бір үздік ерекшелігі – қандай аудармашы болсын, өз тіліндегі көркемдік, құндылығын, құлаққа қонымды, көңілге жағымдылығын, қазақшаға аударғанда сол өзінің түпнұсқасындағы дәрежеде сақтай алуы, әрі оны қазақша етіп шығара білуі. Бұл аудармашыларда өте сирек кездесетін қасиет...

Абай аудармаларының бұл тәрізді үздік болуының, бізше, үш түрлі себебі бар: 1) өзінің үлкен таланттығы; 2) орыс тіліндегі өлеңдерде қолданылатын сөздердің тек жай мәнін ғана емес, әдемілік қасиеттерін терең ұғынуы; 3) қазақтың өз тіліне ақынның мейлінше байлығы.

Пушкин, Лермонтов, Крыловтар – ұлы таланттар. Олар тәрізді ақындардың өлеңдерін аударушы да талантты ақын болуы керек. Кез келген ақынның оларды ойдағыдай етіп аудару қолдарынан келе бермейді. Абайдан кейінгі қазақ ақындарының не оның алдындағы Алтынсариндердің аударғандары Абай аудармасынан әлдеқайда олқы жатуы – орыс тілін Абайдан аз білетіндігінде емес, ақындық дарындарының жетпейтіндігінде. Әрине, орыс тілін жақсы білмесе, жеке талант та өз бетімен аударма жөнінде ештеңеге арзымайды. Және тілді білу бар да, оның әдемілік қасиетін ұғыну бар. Екеуі бірбірімен байланысты. Бірақ, бір емес. Тіл білген адамның бәрі бірдей әрбір сөз, әрбір образдың әдемілік қасиетін түсіне бермейді. Тілдегі сөз образдарының ой тербетіп, жан сүйсіндіретін әсерін сезіну тіл білген адамның бәрінің қолынан келе бермейді. Ол үшін аударушы ақынның өзінде сол тілді жай жақсы білу, түсінуімен қатар, әдемілік қасиет, күшін ұғып, түсіне білерлік ақындық жан, үлкен талант болуы керек.

«Лилейная рука тебя мне поднесла,
В знак памяти, в минуту расставанья,
И в первый раз не кровь вдоль по тебе текла,
Но светлая слеза – жемчужина страданья.
И черные глаза, остановясь на мне,
Исполнены таинственной печали,
Как сталь твоя при трепетном огне,
То вдруг тускнели, то сверкали...»

«Еркелі нәзік қолымен маған тиді,
Ұмытпа деп айрылған жерде берді,
Қан сорғалар жүзіне, жас сорғалар,
Қайғымен өртенгеннің белгісі еді.
Қара көз қарап маған көп қадалған,
Құпия қайғы өртеніп бойын алған,
Болатша дірілдеген жалын көрген,
Бір күңгірт тартып және оттай жанған...»

Осы екі үзіндіні салыстарсақ та, Абайдың орыс тіліндегі образды сөздердің әдемілік, көркемдік қасиет, күшті сезімге өз тілінде қандай әсер етеді, оған теңдес қазақша сөз қолданса, қазақтың өз ұғымынша қандай сөздер әсерлі болатындығын терең ұғынғандығын, орыс тіліндегі қолданылған сөз образдары мен қазақ тіліндегі қолданылған сөз образдарының жай ғана мәнін емес, әдемілік күшін, әсерін ұға, түсіне білушілерге дәлелдеп жатудың қажеті аз. Міне, осы жерден келіп, орыс өлеңдерін аударуға қазақ тілі байлығының үлкен орын алуы, яғни жоғарғы айтылған үшінші себебі келіп шығады. Егер түпнұсқаны үздік образдарды түсіне тұрса да, оған лайықты және қазақ оқығанда да ой тербетіп, жан үзгендей сөз таба алмай қожыратса, бұлай болып шықпас еді. «Лилейная рука» дегенді «апақай», «аппақ», «талдырмаш», «жіңішке» деп аударса да мағынасын берер еді. Бірақ, ол толып жатқан синонимдерден «нәзік қол» дегенді таңдайды және өте дұрыс орынды таңдаған.

Лермонтов:

«Как сталь твоя при трепетном огне,
То вдруг тускнели, то сверкали...» –

десе, Абай да сол орыс тіліндегі күрделі теңеуді бұлжытпай күш, қасиетін өз қалпында сақтап:

«Болатша дірілдеген жалын көрген,
Бір күңгірт тартып және оттай жанған...» –

деп аударады. Бұл күрделі теңеу орыс тілінде қандай үздік, әдемі, қандай жан тербететін күшті, әсерлі десек, қазақшасы туралы да соны айта аламыз. Сөйтіп, Абайдың шебер аудармашылығының негізінде ұлы талант орыс тілінің әдемілік күш, қасиетін терең ұғу, қазақтың өз тіліне байлық, оны таңдап, талғап ала білуде жатқандығын көреміз.

Абайдың жалпы аудармаларымен байланысты тоқталуды керек ететін және бір мәселе: орыс әдебиетін терең білу және қазақшаға аудару Абайдың өзіне не берді, қазақ әдебиетін дамытуда аудармалардың қандай мәні болды? деген сұрақтарға жауап бере кетуді керек етеді... Өлеңде бір сөз, екі сөзден құрылған және сөйлеушілердің мінез-құлқына тән, олардың бейнесін айқындауда үлкен

мәні бар, әрі қысқа, әрі шебер құрылған диалогтардың көрнекті үлгілері қазақ әдебиетінде Абайдан басталды және бұл үлгіні де Абай орыс әдебиетінен алған. Өйткені, олардың көпшілігі аудармаларында кездеседі...

Диалогке өте шебер Крылов, Лермонтов, Пушкиндердің өлеңдерін аудару сол үлгіні қазақ әдебиетіне енгізуге негізгі себеп болды. Өлеңде өз сөздерінің арасына, қатысушылардың мінез-құлықтарын айқындайтын, соларға тән өздерінің бірді-екілі қысқа-қысқа сөзін кіргізіп отыру әдісі де, не қаһармандардың өз аузынан шыққан сөз арқылы олардың образын жасау әдісі де сол орыс әдебиетіндегі диалог, төл сөздерді қысқа, шебер түрде қолдана білумен байланысты тәрізді. Бірінші, бұл үлгі Абайдан бұрынғы қазақ әдебиетінде болған емес, екінші, Абайдың бұндай өлеңдері оның аудармалық еңбектерінен кейін жазылған.

«Бай алады кезінде көп берем» деп,
«Жетпей тұрған жерінде тек берем» деп,
Би мен болыс алады күшін сатып:
«Мен қазақтан кегінді әперем» деп.
Дос алады, «Бермесең, бұлт берем» деп,
«Жауыңа қосылуға, сырт берем» деп.
Бұзылған соң, мен оңай табылмаспын,
Не қылып оңайлықпен ырық берем» деп...»

«Болыс болдым, мінекей
Бар малымды шығындап.
Түйеде қом, атта жал
Қалмады елге тығындап.
Сүйтсе-дағы елімді
Ұстай алмадым мығымдап,
Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап...

Мұның біріншісінде автор өз сөзінің араларына оқиғаны қатыстырып суреттеп отырған адамдардың төл сөздерін кіргізе отырса, екіншісінде ұзақ монолог ретінде болыстың өз сөзі арқылы оның мінез-құлқын көзге елестетеді. Алдыңғысының да, соңғысының да адам образын жасауда мәні үлкен.

Абайдың орыс классиктерінен алған өте бір құнды әдісі – сөз арқылы қаһармандарының мінез-құлық, ішкі сыр-сипатын ашу. Бұл – психол. суреттеуде ерекше әдіс. Психол. суреттеуде ішкі әр түрлі сезім өзіне тән, басқалардан ерекшеліктерін суреттейді. Біреу күйгелек, біреу жеңілтек, біреу салмақты, біреу аққөңіл, біреу сұңғыла – әр адамның өзіне тән табиғи мінездері болады. Әрине, бір адамда бір мінез ғана болуы шарт емес. Бірнеше мінездердің басы қосылып, өте қиыннан қиысқан мінездердің болуы мүмкін.

Жалпы, әсіресе бірнеше қаһармандар қатысқан сюжетті ұзақ поэма, роман, аңгімелерде образ-типтердің бірі екіншісіне ұқсап кетпеу үшін, мінездеудің мәні үлкен. Абайға дейінгі қазақ әдебиетінің қай түрінде болсын мінездеу де өте кенже қалған әдіс болатын. Жырларда не әр түрлі поэмаларда мінездеулер не кездеспейтін, кездесе қалса, жұрнағы, сұлбасы ғана болатын. Жырларда кездесетін батырлардың бір-бірінен онша айрылмай, барлығы біркелкі болып келушілігінің бір сабағы осы мінездеулердің бойы өсіп, бұғанасы қатпауымен байланысты. Батырлар жыры, не сол жырлардағы бір батырдың екіншілерден айырмашылығын көрсетпек болғанда, көбіне, сыртқы портрет жағынан суреттеу арқылы жекелей көрсететін. Абай қазақ әдебиетінің бұл кемшілігін сезді де, орыс әдебиеті, әсіресе, Пушкин өлеңдерін аудару арқылы мінездеудің тамаша-тамаша үлгілерін қалдырды. «Онегиннің сипаты» деп аталатын «Евгений Онегин» романынан аударған үзіндісі адамның мінез-құлқын қалай суреттеу керектігін көрсетуде, бізше, өзіне дейінгі әдебиетте жоғы былай тұрсын, күні бүгінге дейін теңдесі жоқ мінездеу.

«Жасынан түсін билеп, сыр бермеген,
Дәмеленсе, күндесе, білдірмеген.
Нанасың не айтса да, амалың жоқ,
Түсінде бір кәдік жоқ алдар деген...
Кейде паң, кейде көнгіш орныменен,
Кейде елеусіз, кейде ынтық формыменен.
Кейде үндемей жүрсе де сөзге баяу,
От жалындай жауапкер құрбыменен,
Ғашықтық сөзге жүйрік әсіресе,
«Дем алысым, құмарым бір сен» десе.
Жанын құрбан жолына қылған жансып,
Көз қарауы құбылар әлденеше,
Кейде ұялшақ, төменшік, кейде тіп-тік,
Қамыққансып, қайғырып, орны келсе.
Жай, жаңа кісі болып түк білмеген,
Қалжыңын білдірмейді қалай деген.
Жаның шошыр, ерлігі жаннан бөлек,
Кісіге балдан тәтті орны келген...»

Бірақ, мінездеу жөніндегі Абайдың үзіндісі тек орыс әдебиетіндегі жақсы үлгілерді аударуында ғана емес, өз бойына сіңіріп, өз шығармаларында да үздік өнеге қалдыруында.

Абайдың поэмаларындағы Ескендір, Аристотель, Масхұд, Жәдгей шал, Әзім, хан, қыз образдарын, олардың әрқайсысының мінездерін жекелеп көрсетуде, шеберлігін былай қойғанда, өз кезіндегі болыс, билерді, атқамінер қуларды сықақ еткен қысқа-қысқа сатиралық лирикаларының өзінде де адамның ішкі сыр-сипатын өте ашық, айқын етіп көрсетеді *(«Болыс болдым мінеки...», «Мәз болады болысың...»*, «Жылуы жоқ бойының...», «Бұралып тұрып...»).

Жоғарғы айтылғандарды қорытсақ, Абайдың аударма жөнінде де қазақ әдебиет тарихында орны айрықша екендігін көреміз. Бірінші, бұл қазақ әдебиетінің даму жолындағы күрделі жаңа адым. Екінші, қазақ жұртшылығын ұлы идея, үлкен қор, жоғарғы сатыдағы әдебиетпен таныстырып, екі елдің рухани тіршілік мәдениет, әдебиеттерін байланыстыруға берік дәнекер болды. Үшінші, орыс әдебиетін жақсы аудару, олардың үлгісінде жаңа образ, жаңа сөз, сөйлем, қазақ әдебиетінде бұрын жоқ әр түрлі әдістерді әдебиетке кіргізіп, қазақтың әдеби тілін бұрынғыдан да байытып, дамытты, ілгерілетті. Төртінші, шет тілден өлеңдерді қалай аудару керек екендігінің бірінші рет жолын салып, кейінгілерге үлгісін пішіп берді.

Әдеб.: Абайдың аударма жөніндегі тәжірибесінен. - А., 1954; Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. - А., 1984. *Қ. Жұмалиев.*

«АУРУ АСТАН БОЛҒАНДА, ДАУ ҚАРЫНДАСТАН...» – Абайдың кейін табылған өлеңі. Ел аузынан жазып алынған. Көлемі 4 тармақтан тұратын бір шумақ. Ақын өз аулын паналаған диуаналау Мұқаммараз есімді мүсәпір

кісіге қарап отырып айтқан. Абай сөздерінен үйсіз, күйсіз жүріп, өзімдікі деген от басының рахат, ырыздығынан махрұм қалған бишара жанға бағыштаған аяушылықпен қатар, бұған жергөкте жатқанында-ақ жазмыштың бұйрығындай етіп моллаға шайтан атын қойғызған тағдырға айтар ащы мысқыл сарыны аңғарылады. Жұмсақ, жылы тілмен айтылса да, әділетсіз тірлікке қарсы өкініштi мұң жатқан сияқты. Туынды 11–12 буынды қара өлең ұйқасымен шығарылған. Алғаш рет ақын шығармаларының 1940 жылғы толық жинағының 2-кітабында жарияланған. Өлең басылымдарында ешқандай текстол. өзгеріс кездеспейді. Қарақалпақ тіліне аударылған. *Т. Барақұлы.*

«АУРУ ЖҮРЕК АҚЫРЫН СОҒАДЫ ЖАЙ...» – Абайдың 1898 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 5 шумақтан тұрады. Өмірден қажып, айналадағы тіршіліктен түңілген, жан азабын тартқан адамның көңіл күйін білдіреді. Шығарманың лирикалық кейіпкері бір кездегі қажыр мен қайратқа толы харекет иесі, күрескер адамның өмір тақсіретін көп көріп, ақыры сол тынымсыз ұзақ арпалыстың баянсыздығынан шаршап-шалдыққан шақтағы шарасыз халін көзге елестетеді. Бірақ қайсар жан қаншама қасірет шегіп, қайғының ащы зарын тартып жатса да, қатал тағдыр алдында мойымайды, бойындағы сақталып қалған күштің сарқынын кекке жанып, ауыр күйзеліске төтеп беруге бейіл екенін аңғартады. «Тірілтіп өткен күнді, тағы шөлдеп... Кейде қайғы, азапты тағы да іздеп» деген жолдардан бойды басқан зілді шер мен шерменде көңілдің шарпылысын көреміз. Әсіресе осындай ауыр дағдарыс кезінде қайсар жан өршіл намысқа бекініп, дертін жұрттан жасырып ұстайды.

Өлең кейіпкерінің мұндай халінен өмірінің соңғы жылдарында қасарысқан жауынан қаскөй зымияндықты көп көріп, оның үстіне өзінің етбауыр жақын адамдарының қаза қайғысын тартқан ақынның өз басындағы қасіреті де сезіледі. «Ақылы жоқ, ары жоқ шуылдақты, Күнде көріп тұл бойы жиіркенген» деген жолдар сол кездегі Абайдың дәл өз басындағы жағдайды еске түсіреді.

Туынды қара өлең ұйқасымен өрнектеліп, 11 буынды дәстүрлі үлгімен жазылған. Алғаш рет ақынның 1933 ж. Қызылордада жарық көрген толық жинағында жарияланды. Түпнұсқасы Мүрсейіт қолжазбаларынан алынған. Өлең басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1954 жылғы басылымда 2-шумақтың 1-жолы 1910 жылғы Мүрсейіт қолжазбасы негізінде **«Қараңғы саңырау ойды қайғы жеңген»** деп алынса, 1957, 1977 жылғы басылымдарда бұл жол Мүрсейіттің 1905, 1907 жылғы қолжазбаларына сәйкес **«Қараңғы саңырау қайғы ойды жеңген»** деп түзетілген. Абайдың бұл өлеңіне комп. С. Мұхамеджанов ән шығарған. Өлең ағылшын, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, тәжік, түрікмен, ұйғыр тілдеріне аударылған. *Ж. Ысмағұлов.*

АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ – Абайдың шығармаларына терең мазмұн, өшпес өрнек дарытқан руханы өнер көздерінің бірі. М. Әуезов өзінің зерттеулерінде Абайға жас кезінде ақындар мен шешендердің өткір, тапқыр сөздері айрықша әсер еткенін кең түсіндірген еді. «...Бозбалалықтан асып, жігіттік шағына жеткен уақытта қазақтың ескі сөзі, ескі жол-жобасы, мәтел, тақпақ, ескі биліктеріне елдің маңдай алды кісілерімен қатар түскендей білім жияды. Ескі ақындар, шешендер, батырлар болсын, барлығының жайындағы әңгімелер Абайға енді таныс дүниелер болады. Абай халық қазынасына жанасады. Халықтың қоғамдық тірлігіндегі қайшылықтарды, ауыр шындықтарды содан ұғатын болды. Арызшы мұңдыларды, зорлық, қорлық көргендерді көп тыңдап, солардан үлкен сырлар ұғады» (Әуезов М. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. – А., 1967, 44-б.). Осы пікірлерін ұластыра келіп, Әуезов А. ә.-нен үйрену дегеннің сала-саласын сабақтай түседі. «...Ең алғашқы өлең жайын баяндаған жырында Абай Шортанбайды, Дулатты, Бұқар жырауды ауызға алса, солардың сөзін бала күнінен естіп, танып, жаттап өскенін сезуге болады. Әрине, осындай ақындық мұраларымен қатар мысал, мақал, аңыз, дастан, айтыс сияқты сан қазынаны әжеден, анадан, қонақ, жолаушылардан көп есітеді... Бір айтқанды ұғып алу, ұққанын ұмытпау, өз сөзінде оларды керекке жаратып, әңгіме арасына кірістіріп отыру шешендерге көп жайылған әдет еді. Абайға сол парыз сияқты болған. Жас жігіт білген өнерін орнымен керегіне жаратып, келістіріп, көркейтіп сөйлейтін болады. Ел көзіне шешен болып көріне бастайды» (сонда, 44-б.). Осы үзіндіде саналып берілген ауыз әдебиеті жанрларының әрқайсысы Абайдың шығармашылық тағдырында із қалдырған. Ең бастысы – Абай А. ә-нен халық тілінің неше алуан астарлы, айшықты мағыналарын, сыры мен сиқырын, телегей теңіз түп тереңін ұққан және сол байлықты дау-шарларда, ел мәселесін шешерде нақтылы іске жаратып, сыннан өткізіп үйренген. Ақынның, жыршының, шешеннің, шежірешінің, ертегішінің сөз қолданыс үлгілері, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» аңғартатын нақылдар, шиеленіскен шытырман дауды шешетін тосын тапқырлықтар, айтыс өлеңдерінің теңдесі жоқ турашылдыққа әрі алғырлыққа баулитын тамаша дәстүрі – мұның бәрі Абайдың ең зор ақындық университетінің көрінісі еді. Сөз құпиясын, оның алмастай алуан қырын, әсерін, қуатын, мүмкіндігін меңгеру, ойларын әрі ұтқыр, әрі үйлесімді айту Абайдың алғашқы да, негізгі де өнер мектебі болды.

Әуезов Абайдың төкпе ақындыққа ерте төселгенін сенімді баяндайды. «...Ол үлкен-кішінің ұтымды, шешен жауап айтқанын тәуір бағалап, дау, талас, тартыс, егесте өзі де сондайды айтып қалуды машық етеді. Бұны ылғи жай сөз түрінде айтпай, кейде өлеңмен де айтып жіберетін болады... Абай ақындығы оның жас кезінен көп мұралар қалдырмаса, «ол кезде Абай ақын емес еді» деу қате болады. Абай сол уақытта да ақын. Ақындығын және мол қолданған, күнде сынға салып, өз өнерін күнде безеп отырған ақын. Онысы және өмір құбылысына күнбе-күн, қолма-қол ұштасып

отырған ақындық. Бір жағынан жүйрік, шешен, әсем, ұшқыр сөздің ақындығы. Көбінесе қара сөзбен айтылған тапқырлық, алғырлық. Өленді, суырып салма айтысты Абай ойында да, шынында да көп қолданып жүрген... Жігіттік шағында көп жастың салтын қолданып, кейде ақындық өнерін ашық шығара жүрген Абай ел келесіне ат салысып, шешендік пен алғыр, жүйрік билікке де ұста болады» (сонда, 45-б.).

Абайдың жастау кезінде ауызша, табан астында шығарған алуан түрлі тапқыр, төкпе өленделері сақталмаған. Ал, ондай қысқа да өткір өленделер кез келген жағдайында туып отырған. Бұл тектес туындылардың ұмытылу себебі, біріншіден, Абайдың өзі көпке дейін ақындық өмірге саналы түрде берілмегендігінен, шығарған сөздерін жиюға мүлде көңіл бөлмегендігінен болса, көбінше әзіл, мысқылға құрылған өленделер ел арасына тарап кетпесін деп, ақынның маңындағы жақындарының «сақтық» ойлағандығы да өз әсерін тигізген. Бұл жағдайды Әуезовтың мына сөздері сипаттайды.

«...Жасынан біткен әдет бойынша Абай біреудің оғаш мінезін көргенде ылғи қалжың, мысқыл өлең айтқыш болатын. Осындай сөздерінде әрқашан өз жанында жүрген жақындарын, туған-туысқандарын мысқыл етіп, солардың мін-мінезін күлкі ғып, әйгілеп айтады. Кейде қалжың ғып жазып, өз қолдарына да береді. Сол кісілердің көбі қолына өлең түсісімен, өз мінін айтқан сөздердің көзін жоғалтуға тырысқан. Сонан соң кейбіреулер Абайдың өзінен жалынып-жалпайып сұрап алып та, көзінше жыртып тастайтын болған. Мыс., Көкбайға, Қыздарға шығарды деген өленделер осындай күйге анық ұшыраған. Тағы бір алуан өленделерінде жақын туысқан, досжар таныстарын қатты мінеп айтқандықтан... жоғалтып жіберетіні де бар» (сонда, 79-б.). Осындай себептермен Абайдың қаншама арнау, сын-сықақ, қайым өленделері жиналмай қала берген. Ел сөзіне, шешендік дауларға ерте араласқан, алғыр ақындық, тапқырлық қабілетін айқын танытқан ақынның көп туындысы сақталмаған. Абай мұрасының теңдесі жоқ білгірі Әуезовтың осы жағдайды есепке ала отырып, «Абайдың беріде жазған талай өленді де ешкімге мәлімсіз болып, шығысымен жоқ болып кетпеді ме екен» деп пайымдауында шындық жатыр. Абайдың тіл өнерінің тұнығына бойлап өсіп-жетілуіне оның ақындықты, тапқырлықты пір тұтқан ортада өмір кешуі айырықша ықпал жасаған. Сахара елінде болып тұратын үздіксіз талас-тартысты шешетін шешен билердің сан алуанын тыңдап, аңғарып тағылым алған, өзі де әлеум. күрестердің бел ортасында жүріп, күрмеуі қиын дауларды бітіруге көп араласқан ақынның «қазаққа қара сөзге дес бермейтін» болып қалыптасуы табиғи. Мұның үстіне Абай кітап арқылы шығыс, батыс елдерінің фольклорлық әлемімен де кеңінен танысқан. Абай шығармаларын халық әдебиетімен табиғи байланыстыратын белгілерді сөз еткенде бірнеше желіні жіктеп, жүйелеп көрсетуге болады. Ең алдымен, ақын туындыларында халықтың телегей теңіз сөздік қоры, нақылдары, фразеол. тұрақты тіркестері мол орын алғанын айту керек. Ақын мұрасынан көптеген қанатты сөздер, мақал-мәтелдер мол ұшырасады. А. ә-нде қолданылып келген қанықты теңеме, баламалардың Абай өленделері мен дастандарында жарасымды жалғастық табатыны да осыған сабақтас. А. ә-нде ежелден қолданылып келген 7, 11 буынды өлең өлшемдерін пайдалана отырып, Абай поэзия мәдениетін жоғары сатыға көтере білді. Дәстүрлі жұбату, жоқтау, арнау, сын-сықақ өленделер үлгісіндегі шығармалары да ақынның А. ә. қайнарынан қанып ішкенін дәлелдейді. Ақырында арғы түбі А. ә-нен тараған дастан, ертек, тәмсіл мысал, аңыз сарынын өз шығармаларында жетілдіре, өңдеп пайдаланғаны, ескі өлең мен жырдағы қайталама (формулалы) тіркестерді де қажеттігіне қарай қолданғаны классик ақын танымы мен талғамының жан-жақты болғанын байқатады.

А. ә-нің алуан байлығын, онда халықтың мәңгілік үміт, арманы, дүние құбылыстарына түсінігі мен берген бағасы орын тепкенін таныған Абай фольклорда елдің әр замандағы тарихи кешулері, салт-санасы, дүние танымы, тұрмыс, кәсіп ерекшелігі із қалдырғанына ден қояды. Сонымен қатар ақын халық әдебиеті жанрларының тағылымдық, тәрбиелік, көркемдік мәні зор екендігін айрықша бағалаған. Сөйтіп, Абай фольклор әлемін қызықтаушы, үйренуші дәрежесінде қалып қоймай, оның сыншысы, талғап, тексерушісі биігіне де көтерілген.

Ақынның шығыс әдебиетімен кең таныс болғаны белгілі. Шығыстың даңқы жаһанға мәшһүр шаирларының туындыларын ақын ерте оқып, ойға сіңірген. Әсіресе ол түркі, парсы тілінде жазған әйгілі данышпан ойшылдар еңбектерінен өшпес ғибрат алған; Фирдауси, Сағди, Хафиз, Яссауи, Науаи, Бабыр, Фзули т. б. кітаптары арқылы күллі шығыс елдерінің аңыз, тарих, мифтерін де танып білген. Әсіресе «Мың бір түн», «Шахнаме» сынды эпопеяларда көркем өңделіп берілген араб, парсы жұртының аңыздары мен шежірелері, сан алуан мифтік, аңыздық, тарихтық қаһармандар жай-күйі, олардың өзге ақындар шығармаларында қайталана жырлануы аса үлкен көркемдік әлем еді. Түркі тілді әдебиетті жанжақты байытқан Әлішер Науаидың ғазалдары да, дастандары да Абайдың терең тексеріп оқыған шығармалары болды. Әлішер қаламынан туған «Хамсада» тұнып тұрған аңыздар, мифтер, шежіре-тарихтар бар еді. Осылардың әсері кейіннен Абайдың өленделері мен дастандарында, қарасөздерінде тиісті көрініс берген. Шығыс философтары мен тарихшылары еңбектеріндегі алуан ғибраттар мен мәнбелер болатын.

Абайдың қазақ халқының эпик. мұрасына деген көзқарасын білдіретін қымбат куәліктер сақталған. Ол көлемі де көркемдігі бірегей қаһармандық, ғашықтық, тарихи дастандарды жыршылардың орындауынан да естіген, кітап басылымдарынан да оқып білген. Өзінің терең мазмұны, биік мұраты жағынан

алғанда нағыз көне халық ескерткіші болып табылатын «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» аңызын Жанақ үлгісімен қайта жырлауды Бейсембай ақынға тапсырған да – Абай. Осы сияқты көптеген мысалдар ақынның ауыз әдебиеті мұхитында еркін жүзіп, өшпес нәр алғанын әрі нағыз асылдарды таныған талғампаздығын аңғартады.

Шығыс кітаптары арқылы танып білген аңыз дастандар негізінде Абай «Масғұт», «Ескендір», «Әзім әңгімесі» тәрізді көлемді шығармалар жазады. Ақын шығыс аңыздарын жаңаша мақсатқа пайдалануды, өз заманының ділгер сауалдарына жауап беруді көздейді. Мыс., «Масғұт» поэмасында ақын әйел қауымын құрметтеуді үлкен түйінді ой ретінде ұсынады. Сондай-ақ, шығармада ел билеушінің тағдыры жайында да қызықты аңыз келтірілген.

Шығыстың ұлы шаирларында бір тақырыпты қатарласа, жарыса, бірінен екіншісін оздыра жазатын дәстүр ежелден бар. Соның бірі Хамса (Бестік) жасаудан көрінетін. Низамидің, Дәһлевидің, Науаидың «Хамсалары» өздерінің өзгеше биік идеялық-көркемдік бітімі арқасында ғасырлар шаңына көмілмей, біздің заманымызға жетті. Осы «Хамсалардағы» оқиғалық сарындар түгелдей дерлік аңыз, әпсана, рауят, тарих түрінде баяндалып келген нұсқалардан алынған еді. Әрбір ірі ақын сол аңыз оқиғалар мен жартылай тарих, жартылай қиялдан туған қаһармандарды белгілі бір гуманистік идеялар тұрғысынан қайта жаңғыртып, құлпыртып, жырлаған. Осындай дәстүрге Абай да қол артуды ойлаған тәрізді. Ол өзге шығыс шаирларындай «Хамса» ғимаратын толық тұрғызбағанымен, жеке бөліктерін жасап көрген. Бұған мысал – «Ескендір» дастаны. Оқиғаларының жалпы сарыны мен адам аттарында бұрынғы нұсқалармен ұқсастық болғанымен, Абай жаңаша көркемдік шешім жасаған, сүйтіп жаһандық Ескендірнаме дәстүрін жалғастырған, оған ерекше үлес қосқан. Әлемдік даңққа ие болған «Мың бір түн» оқиғасынан алып жазған «Әзім әңгімесі» дастаны да ақынның шығыстық материалды өңдеп, халыққа ғибрат айту ниетінен туған.

А. ә. байлығын жете меңгерген ақынның аса талғамдылығы оның өз шығармаларынан айқын танылады. Абай фольклор даналығының асыл нәрін, рухын пайдалануды көздеген. Бұл әсіресе мақал, нақыл, шешендік сөздерді қолдану тәсілінен анық байқалады. Ақын өлеңдері мен қарасөздерінде мақал, қанатты сөз секілді тамаша тапқыр тіркестер жиі кездеседі. Тіл қазынасын мол игергендігі соншалық – Абай өлеңдерінің көптеген жолдары халық санасында екшеліп, сұрыпталып, қорытылып шыққан нақыл сөздердей әсер қалдырады. Оның назым-өлеңі мен нәсір-прозасында шешен қиюласқан, мағынасы терең, жасалуы жатық, бейнелі, айшықты, әсем тізбектер тұнып тұр. Олар халықтың нағыз көңіл түкпірінен қайнап шыққан асыл ой меруерті секілді. Сонымен қатар бұлар халық ұғымына мейлінше ұғымды әрі тосын өрнекпен жасалғаны көрінеді. Кейде Абай сөздігінде ертеден елге қанықты, басқа ақындарда талай рет кездескен тәрізді сезілетін оралымдардың өзі жаңа мағына көтеріп, «таныс бейтаныс»түрге көшкенін көреміз. Мәдениетті, жаңа бағытты ақын Абай қазақ тіршілігінің қай тақырыбын жырласа да, өз алдындағы қазақ поэзиясының атақтылары саналған Бұқар, Дулат, Шортанбайларша жазбайды. Тұтас өлең түгіл соларды қайталап, не солар үлгісіне түсіп жазған бір шумақ өлеңінің өзі де жоқ деуге болады. Өлеңіндегі тіл, кейбір теңеу, кейбір мақал және қайсыбір тақырып пен көңіл-сезім сарыны соларға ұқсас сияқтанғанымен, әр кезде Абайдың ойы – өрісі, идеясы мен әлеум. арманы, мақсаты басқаша боп, классик ақынның өзіне ғана тән өзгешелікпен айқындалып шығып отыратынын көрсетеді (М. Әуезов).

Абай өлеңдерінде көптеген тұжырымды ойлар мақал-мәтелдей, нақылдай, қанатты сөздей естіледі. Бірақ, бұл тіркестер тың мағынаны айтуға қызмет етеді, жаңа әдеби-эстетик. мақсат, мұрат тұрғысынан қорытылады. Бұған мысалға **«Адасқанның алды жөн, арты соқпақ», «Қыр артылмас болған соң, мінсе қырқың», «Пайда ойлама, ар ойла», «Күн жауғанда қойыңда, күн ашықта мойыңда», «Өз үйінде қипаңдап, кісі үйінде күй таңдап», «Жат айбынар ісі жоқ, жау айбынар күші жоқ», «Нанымы жоқ, анты бар», «Еңбек қылсаң ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Досыңа достық – қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол», «Ақылсыз би болмас, сәулесіз үй болмас», «Өлім барда қорлық жоқ», «Жетім қозы тас бауыр, түңілер де отығар», «Арсыз болмай атақ жоқ, алдамшы болмай бақ қайда», «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар, қалан», «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға», «Ұзақ өмір не берер, көрген-білген болмаса», «Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы, өлмей-тұғын артына сөз қалдырған», «Арттағыға сөзің мен ісің қалса өлсең де өлмегенмен боласың тең», «Өлең – сөздің патшасы», «Берерменде бесеуің, аларманда және алтау»** тәрізді жолдарды алуға болады.

Ертеден ел аузында келе жатқан кітап, шығарма жүзінде таралған аңыз-әңгіме, мысал, тәмсіл, тарих, шежіренің бірқаншасын Абай өзінің шығармаларында өңдеп, тың мақсатта қолданған. *«Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында»* деген өлеңнің күрделі пікірі тәмсіл түрінде берілген. Қарасөздерінде Абай түрлі тарихи деректерді, аңыз, діни әпсаналарды, ескілікті шежіре, ғибрат сөздерді кірістіріп отырады. Мыс., *«Екінші сөзде»* түрлі халықтар жөнінде айтылып келген ауызша әңгімелерді келтіріп, оларды сын көзімен қарап, жаңаша пайымдайды. Ал, *«Бесінші сөзде»* қазақтың көптеген ескірген мақалдарын сынға алады. Халық даналығы деп танылатын ондаған мақал-мәтелдерді терең талғаммен қарап, кейбір ескірген, жаңсақ түсініктерді зерек ажырата білуі Абайдың кемел, парасатты ойшылдығын аңғартады. *Он жетінші сөзде* қайрат, ақыл, жүректің өзара айтыс,

таласы туралы көне әңгімені ғибрат етіп баяндайды. Енді бір сөзінде ежелгі грек заманынан бері қарай айтылып жүрген аңыздарды келтіреді. Мұнда ұлы хакім Сократ пен оның шәкірті Аристодим арасындағы сұхбат әңгіме қайта жаңғыртылып берілген. *Отыз алтыншы сөзде* пайғамбарға қатысты діни рәуаят мәселелері қозғалған. «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген еңбегінде қазақтың аңыз шежіресі кеңінен пайдаланылған. Бұл және басқа мысалдар ақынның шығармаларында А. ә-нен туысқан аңыз, мысал әңгімелердің күрделі көлемде орын тепкенін сипаттайды. Өлеңдерінде теңеме балама ретінде қолданылған «Аплатон, Сократ ақылды, қаһарман Ғали білекті» секілді көптеген тіркес жолдардың төркіні де шығыс шығармаларында жиі кездесетін аңыздар мен тарихтарға тіреледі. Әлем халықтарының әуел баста ауызша таралған көркем мұрасын қазақ топырағына әкеліп, ақын өзінше мәдени, рухани дәстүр жиынтығын жасаған.

Ежелгі қазақ поэзиясы мен Абай мұрасын «туыстыратын» белгілер әр тақырыптан-ақ кездесе береді. Сондай қызғылықты өрнектің бірі – ақынның өлеңдеріндегі кездесетін ырғақ, дыбыс қуалау-аллитерация, ассонанстардан да аңғарылады. Ертедегі түркі тілдес өлеңдерде мұндай құбылыс тұрақты кездесетін. Сол сарын Абай туындыларында ұшырасса, мұны да белгілі дәрежеде көркемдік дәстүр жалғастығы деп қарауға болады.

«Самородный сары алтын,
Саудасыз берсең, алмайды
Саудыраған жезіне.
Саудырсыз сары қамқалы
Садаға кеткір сұрайды
Самарханның бөзіне.
Кеселді түйін шешілсе,
Кердең мойын кесілсе,
Келмей жетпес кезіне...

Мұнда ақын өлең жолдарының бастапқы сөздерінің ырғақты, үндес келуіне мән берген. «Оспанға» деген өлеңінен де осы үлгіні көреміз.

«Жайнаған туың жығылмай,
Жасқанып жаудан тығылмай.
Жасаулы жаудан бұрылмай,
Жау жүрек жомарт құбылмай,
Жақсы өмірің бұзылмай.
Жас қуатың тозылмай,
Жалын жүрек суынбай,
Жан біткеннен түңілмей,
Жағалай жайлау дәулетің,
Жасыл шөбі қуармай,
Жарқырап жатқан өзенің,
Жайдақ тартып суалмай,
Жайдары жүзің жабылмай
Жайдақтап қашып сабылмай,
Жан біткенге жалынбай,
Жақсы өліпсің, япырмай!»

Абайдың кейбір шығармаларында А. ә-ндегі жоқтау жанрының заңдылықтары толыққа жуық сақталып отырады. «Көз жұмғанша дүниеден...» деген жоқтау өлеңінде жанрдың ежелгі сарыны, кестесі, суреттеу жүйесі анық байқалады.

«Ата-тегі мұндағы –
Орта жүздің ұлығы,
Ана тегі ондағы –
Өзен судың тұнығы.
Екі асылдан қосылған
Сом алтынның сынығы,
Өлгенше естен қалмайды
Өзгеше біткен қылығы.
Қызыл балақ қыранның
Балапанын дерт алды.
Жеміс ағаш, бәйтерек
Балдырғанын өрт алды.
Артына белгі тастамай,
Жал-құйрығын келте алды.
Ағайынды тойғызбай,
Аз күн қоймай ерте алды...
Орамды тілді ауыздым,
Ақылға жүйрік маңыздым,
Көп жасамай тез кетіп,
Көзімнің жасын ағыздың».

Абайдың айтыс өлең түрінде жазған шығармалары да бар. Қалың жұртшылық жатқа білетін «Айттым сәлем, қалам қас» – А. ә-нің жанрлық, түрлік алуан мүмкіндігін іске жаратудың жақсы үлгісі.

Ақын шығармаларында ежелден қанықты, орнықты, көшпелі формулалы тіркестердің кездесіп отыратыны да табиғи. Қазақ әдебиетінде ертеден бері неғұрлым жиі де тұрақты орын алып келген арнау өлеңдер үлгісінде Абай бірталай шағарма (Шәріпке, Абралыға, Көкбайға, Көжекбайға, Күлембайға, Әсетке т. б.) жазған.

Бұлар ақын мұрасының ұлттық көркемдік дәстүрмен тығыз байланыстылығын көрсетеді:

Әдеб.: Әуезов М. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. А., 1967; Қазақ фольклористикасының тарихы. – А., 1988; Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. - А., 1989. *Р. Бердібаев.*

АУЫЗЕКІ ӘДЕБИ ТІЛ. Ұлттық әдеби тілдің жазу өнері шыққанға дейінгі үлгісі, сөз өнері хатқа түспей тұрған ерте дәуірлерде қазақ елінің қоғамдық-әлеум. мүдделерін өтеу үшін тұтынылған, бейнелі, асқақ стильге құрылған сөзсаптау жүйесі. Жалпы тіл білімінде супердиалект, орыс филологиясында наддиалект деген терминмен аталып жүрген сөз жұмсаудың халық тезінен өткен бұл түрі – қазақ тілтанымында көсем тіл, аракідік төбе тіл дейтін күрделі атаулармен беріліп жүр. Ол: «диалект атаулыдан, аясы шектеулі сөз қолданыстардың бәрінен биік тұрған тіл» деген ұғымды білдіреді. А. ә. т.-дің жүйесіне ел дауын, жер дауын, жесір дауын ұстаған халық билерінің сөзсаптау үлгілері, ел мен елдің арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастарды жүзеге асырушы мәмлегер шешендердің тілдесу мәдениеті, діни рәуаяттарды орындау, аруақ күту, ата салтының жоралғыларын атқарумен байланысты шартты сөйленіс машықтары, халық поэзиясы жатады.

Абай інісі Оспан, балалары Әбдірахман, Мағауияның өліміне бағыштап жазған күйікті өлеңдерінде сол дәстүрлі рәсімдерді сақтау, жаратушы хақты құдірет тұту, тәңірінің рахымынан үміт үзбеу, сабырлық ету секілді имандылық нышандарын айқын танытып отырады. *«Кім екен деп келіп ем түйе қуған...», «Түңлікбайдың қатыны атың Шәріп...», «Аяғыңды аңдап бас, ей, Жақсылық...»* атты алғашқы өлеңдері таза халық поэзиясының үлгісімен, ауызекі әдеби тілдің талабына сай шығарылған. Ғылымда А. ә. т-дің бүгін таң-

дағы басы ашық көрінісі – эпос жырлары деп танылды. *Е. Жұбанов.*

АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ТІЛІ. Тіліміздің фонетик., лексик. әрі грамматик. құрылымымен тығыз байланысты өзіндік ерекшелігі мол құбылыстың біріне А. с. т. ауаны мен сөз тұлғаларының әр алуан дыбыстық өзгеріске ұшырауы жатады. Ұзақ уақыт араб әліппесіне негізделген жазу жүйесі бір басқа, айтылу дағдысы екінші басқа болғандықтан, қазақ тіліндегі А. с. т-нің үздіксіз өзгеріске түсіп келгені байқалады. Мұндай екі ұдай айтылып яки түрліше жазылып жүрген сөздердің әдеби тіл өлшеміне сай сыңарын қабылдаудың тіл мәдениетін арттыру үшін де, тілдің ішкі заңдылықтарына негізделген жүйеліліктің қалыптасуы үшін де айрықша маңызы зор.

Қазақтың жаңа жазба әдеби тілінің берік негізін қалаған Абай Құнанбаев шығармалары тіліне қатысты күрделі мәселенің бірі –сөздің осы аталған дыбыстық түрлері. Абай қолданған сөздің жарыспа тұлғаларын қарастырудың сол дәуірге байланысты елеулі қиындығы да жоқ емес. Жалпы тілдің фонетик. құрылымына лайық бір ізді емле жүйесі болмағаны, өткендегі кітаби тілде сөздерді түрлі тұлғалық өзгеріске түсіріп қолдануға жол берілгені белгілі. Бұл Абай қолжазбаларына да әсерін тигізген. Бұған араб жазуының қазақ тіліндегі кейбір дыбыстарды ажыратып белгілеудегі қолайсыздығы, сондай-ақ араб жазуындағы сөздерді латын, кейін орыс графикасымен берудегі алалықтар қосылды. Мыс., ақынның 1922 ж. Ташкент қаласында араб әрпімен басылған өлеңдер жинағындағы: «Син ағаяда біскен алма, Әзр едң алмадым», – деген жолдар 1934 жылғы «Таңдамалы өлеңдерінде» латын әрпімен: «Сен ағашта піскен алма, Әзір едің алмадым», – түрінде басылса, 1957 жылғы «Толық жинағында»: «Сен ағашта піскен алма, Қазір едің, алмадым», – болып берілген. Бұл текстегі жеке сөздер **сен – син, әзір – қазір, піскен – біскен** түріндегі өзгерістермен басылған. Екіншіден, «кәріп» сөз формасы Абай кезіндегі сөйлеу тіліне де тән екені даусыз. Соған қарамастан ақын шығармаларында **кәріп** (ғаріп), ғарып жарыспа тұлғалары берілген. Бұл – сөздердің қазіргі лексикамызда көп түрліліктің елеулі орын алып отырғанын, олардың бір сыңарының әдеби тілде қалыптасуы ұзаққа созылатын күрделі құбылыс екенін танытады. Ендеше Абай шығармаларындағы лексик., морфол., синтакс. нұсқалар анық болғанымен, ақынның сөз стиліне тән дыбыстық нұсқаларды дәл анықтау кей тұстарда қиын екенін ескергеніміз жөн. Сондықтан **баһра (бәһрә), ғибрат (ғибрәт), ділда (дәлдә), ғапыл (ғапіл), шілдехана (шылдахана), сұрамсақ (сұрамшақ), неғып (нағып), түзу (дүзу), сөйт (сүйт), ынсап (нысап), молда (молла), мұрат (мұрад), ғаріп (қаріп), киіз (кигіз), секілді (сықылды), ұлық (ұлығ), илану (инану), иланыс (иланыш), бейғам (биқам), бейшара (бишара)** тәрізді сөз түрлерін жазғанда қазіргі емле ережесін ескеріп, біреуін қабылдаған ғана немесе ескертпелермен берген орынды.

Абай шығармаларындағы сөздердің жарыспа нұсқасы тілдің дыбыстық жүйесіндегі біртіндеп байқалатын өзгеріспен байланысты екені мәлім. Ол екі түрлі: сөйлеу тілі ауанымен болған фонетикалық өзгеріс және баспасөз тілі әсерімен болған өзгеріс. Олардың ішінде әсіресе Абай шығармаларында көбірек ұшырасатын этимол. нұсқалар мен сингармонизмдік дауысты дыбыстардың үндестігі жұптарға ерекше көңіл бөлген жөн. Араб-парсы сөздерінің Абай өмір сүрген кезеңге тән дыбыстық нұсқасын үш түрге бөліп қарауға болады.

1. Кітаби сөз.	2. Бейтарап сөз.	3.Қарапайым сөз.
хүкім–(2 рет)	үкімет – 1	өкімет – 3
риза – (4)	разы – 2	ырза – 1
рахмет – (3)	рахмет – 4	ырақмет– 1
фахир	пақыр – 1	бақыр –
фәнда – 7	пенде – 22	бенде – 22
һаскер	әскер 11	ләшкер
һауа – 1	хауа – 1	ауа –
дару 1	дәру – 1	дәрі – 1
ғылаж –	лаж – 1	ылаж – 2
ғадалат –	ғаділәт – 4	әділет – 11
харакет	харакет – 20	әрекет – 1
һеш 1	хеш –	еш – 50
һәмма – 19	әмма – 1	әмбә –
раст 4	рас 36	ырас –
хисаб – 6	қисап –	есеп – 25.

1957 ж. жарық көрген «Шығармаларының толық жинағынан» алынған нұсқа қатарының жиілік санына қарағанда ақын араб-парсы белгісіндегі кітаби түрді сирек қолданған сияқты. Абай шығармаларындағы фонетика нұсқалардың келесі үлкен тобы – үндестік заңы ықпалынан түзілген сөздер. Үндестік заңы ықпалымен қазақ тілінің төл сөздері де, кірме сөздер де нұсқалар түзді. Абай өмір сүрген дәуірде үндестік заңы ықпалының қазіргіден басымырақ болуы – заңды нәрсе. Соған сай сингармониялық жұптарды қолдану да қазіргіден басым болды. Мыс., «Бұлай ету батыл, бір ғәнә құдірет пендеде болған қуат (Отыз сегізінші сөз, араб, латын алфавитімен басылған нұсқадан). Осылайша, алдыңғы сөздің ықпалымен түзілген «ғана» сөзінің дыбыстық нұсқасы қазіргіден көбірек болды: **бір ғәне, адам ғана** (ұяң, үнді немесе дауысты дыбысқа аяқталған сөзден соң), **атақ қана, тек кәнә** (қатаң дауыссызға аяқталған сөзден соң). Ал қазіргі қазақ тілінде сөз аралығындағы буын үндестігі сақтала бермейтіндіктен, аталған жарыспа тұлғалардың дыбыс үндестігіне қарай екі-ақ түрі ұшырасады: **ғана, қана.** Абай шығармаларында айтылған **сықылды (секілді)** А. с. т. жарыспа нұсқасының ертедегі нұсқасы – «сиық» түбірінен түрленген «сиықты» сөзі болуға тиіс. Ал «қардың суы **сықылды»**, «асық ұтыс **сықылды»**, «бұл **сықылды»**, «ауру **сықылданып»**, «ел **секілденіп»**, «сен **секілді»**, «күшік **секілді»**, «түйе **секілді»** тіркестерін айтқанда байқалатын алдыңғы сөздің жуан-жіңішкелігіне қарай үндесудің сықылды (секілді) нұсқасы қалыптасқан. Қазіргі тілімізде сөз тіркесіндегі үндестің бір түрі сақтала бермейтіні белгілі. Бұл топқа **ана (әнә), мына (міне), ғана (ғәне)** нұсқалары да жатады. Абай шығармаларындағы сингармониялық жұптардың тағы бір түрі –

сөздің дыбыстық өзгеріске ұшырау барысында біртіндеп ықшам тұлғаға ауысуынан түзілгендері: **барлығы (бәрі), жағдай (жәй), мағлұм (мәлім), харекет (әрекет), ғұмыр (өмір), қазір (әзір), ғаламат (әділет), уағда (уәде), тағлым (тәлім), хал (әл).**

Түркі тілдеріндегі сингармониялық жұптардың жуан буынды компоненті – көне түрі деген көзқарас кең тараған. Абай шығармаларындағы нұсқалық тұлғаларды өткендегі және қазіргі сыңарларымен салыстыру бұл пікірдің дәлелді екенін көрсетеді. Мыс., 11 ғ-дағы түркі тілінің ескерткіші М. Қашғаридің сөздігіндегі **қары, қаны**, *«Құтадғу біліктегі»* **адаб, адат** сөздері Абай шығармаларында тек жіңішке буында **(кәрі, кәне, әдеп, әдет)** кездеседі. Керісінше, Абай өмір сүрген дәуірде қазақ тіліндегі сөзде сөздердің жуан және жіңішке буынды нұсқаларының алдыңғы түрін қолдану қазіргіден басым болса керек. Айталық, **ажым (әжім), ажуа (әжуа), тағзым (тәжім)** нұсқа қатарларының Абай өлеңдерінде тек жуан буынды сыңарлары ғана кездеседі. Ал **ғалам (әлем), ғұмыр (өмір), ғадат (әдет), ғадыл (әділ), ғадалат (әділет), уағда (уәде), мағлұм (мәлім)** сияқты арабиран белгісіндегі сөздердің алдыңғылары қазіргі тілімізде айтылмайтын немесе сирек ұшырасатын болса, Абай шығармаларында олардың екі түрі де бар.

Сөйтіп А. с. т-ндегі жарыспа тұлғалардың ұзақ уақыт бойы тілде жарыса қолдануының негізгі себептерінің бірі сөз аралығындағы үндестікпен байланысты. Поэзияда, мақал-мәтелдерде бұл заңдылық өлең ұйқасына қарай бір-бірінен алшақ тұрған сөздерден де байқалады. Мыс., Абай **мағлұм** нұсқасын көбірек (12 рет) қолданғанымен, «Қайратым мәлім, Келмейді әлім» дегенде «мәлім» түрін **әлім** сөзінің ыңғайымен, бұлардың ұйқас үндестігін ескеріп қолданғаны аңғарылады.

Мағыналық тепе-теңдіктегі **риза (разы), ырза** сөздерінің Абай еңбектерінде басымырақ кездесетіні риза мен разы. Ал «Сөзінің басы **-ыржаң, соңы қылжаң,** жүгенсіз жүре бермек сенің ырзаң» дегендегі ыржаң, қылжаң сөздерінің ұйқастық үйлесіміне сәйкес «ырза» айтылған. Өткір мысқылды танытатын бұл сөйлемдегі «ырза» сөзі сол мәз болу, қуану мағнасында қазіргі сөйлеу тілінде де қолданылады. Қорыта айтқанда, Абай өз шығармалары арқылы А. с. т. нұсқа қатарларының әдеби тіл өлшемі негізінде бір жүйеге келіп реттелуіне үлкен үлес қосты. *С. Бизақов.*

АУЫЗША ӘДЕБИ ТІЛ. Абайдың алдында қазақтың ұзақ дәстүрлі, күшті дамыған, ауызша таралып, ауызша сақталған авторлы, профессионал әдебиеті болды. Ол негізінен поэзия түрінде, ішінара шешендік сөз деп аталған ұйқасты, ырғақты проза мен шежірелер түрінде өмір сүрді. Бұл әдебиеттің өкілдері 15–19 ғ-да өмір сүрген жыраулар мен ақындар және тарихта аты белгілі билер, шежірешілер еді. Бұл ауызша әдебиет үлгілері халықтың ауыз әдебиеті (фольклор) мұрасынан бөлек дүние болып саналады. Олар 15–16 ғ-да өмір сүрген Асанқайғы, Қазтуған, Шалкиіз (Шәлгез), Доспамбет, Шобан, Марғасқа, Жиембет жыраулар. 15-16 ғ. – қазақ ру-тайпаларының өз алдына халық болып құрала бастаған кезеңі. Бұған дейін ноғайлылар мен қазақ ру-тайпалары Алтын Орда құрамында аралас-құралас өмір сүргені мәлім. Осы кезде, тіпті 15–16 ғасырлардың өзінде бірсыпыра ру–тайпалар ноғайлы мен қазақ одақтарының біресе біреуіне қосылып, біресе ажырап, ауытқып жүрді. Бір тектес қыпшақ тобында сөйлейтін ру-тайпалардың бұл араластығы олардың әдебиеті мен тілінде үлкен із қалдырды. Асанқайғы, Шалкиіз, Қазтуған, Шобан сияқты сөз зергерлері ноғайлы, қазақ болып бөлінгенде, әрқайсысы бұлардың мұраларын өзімдікі деп ала кеткенге ұқсайды. Ауызша түрде иемденгендіктен, әрине, ноғайлылар ноғай тілінің, қазақ ру-тайпалары қазақ тілінің азды-көпті айырмашылықтарына икемдеп, өз тілдерінің үлгілері етіп сақтаған.

Аталған ақын-жыраулардың туындылары дидактик. толғаулар, ақыл-насихат, арнаулар болып келетін мекен-жайы, ел қорғау сарыны бар өлең-жырлар, портреттер болып келетін өзі, өзгелер, «хан иесі», ел-жұрты жайлы толғаныстар құрайды. Бұл әдеби дәстүрді 18–19 ғ-да Бұхар жырау, Шал ақын, Махамбет, Шернияз, Сүйінбай, Шөже, Нұрым т. б. ақын-жыраулар жалғастырды. Алдыңғы дәуірлерден келе жатқан поэтикалық үлгі Жамбыл, Нұрпейістер бастаған ақындар легімен біздің заманымызға келіп, ұласып отыр. Сөйтіп, қазақтың ауызша авторлы әдебиеті ұрпақтан ұрпаққа, дәуірден дәуірге жалғасып, қалыптасқан, тұрақты, дәстүрлі поэтик. мектеп болды және оның қырланған, нормаланған өз әдеби тілі болды. Оны біз «қазақтың ауызша әдеби тілі» деп атадық. Бұл қандай тіл? Әдетте А. ә. т. деп ауыз әдебиеті (фольклор) тілін түсінеді. Фольклор тілінде де, сөз жоқ, әдеби тілдің бірқатар белгілері бар. Ал қазақ тіліне келгенде «қазақтың ауызша әдеби тілі» және «ауыз әдебиеті тілі» деп бөліп, екі түрлі тіл жайында әңгіме қозғауға тура келеді. Өйткені екеуі де ауызша тараратын, ауызша сақталатын сипаттағы тіл дәстүрі болғанымен, екі бөлек дүние.

Алдымен әдеби тіл деп нені түсіну керек, соны анықтап алған жөн. «Әдеби тіл» деген ұғым – тарихи өзгеріп отыратын түсінік. Қазіргі қазақ тілі үшін оның жазба түрінің болуы, сан салалы стильдерге тарамдалуы, қоғам өмірінің барша саласына тұтас қызмет етуі – заңды шарттар, өйткені қазіргі қазақ тілі – ұлттық мемл. тіл, даму барысының ең жоғары сатысына көтерілген тіл. Ал мұндай шарттарға қазақ әдеби тілі әрдайым, барлық кезеңдерде бірдей жауап бере алмаған. Әдеби тілді тану сол халықтың мәдени-рухани дүниесінің тарихын танып-білумен тығыз байланысты. Көптеген халықтардың, соның ішінде қазақ халқының тарихында оның әдеби тілінің қалыптасып, дамуы көркем әдебиетінің, әсіресе поэзияның бағыты мен барысына тікелей қатысты болып келеді. Демек, белгілі бір кезеңдердегі көркем әдебиетті қалай танимыз, соған орай оның тілін

де анықтауға тиіспіз. Ең алдымен қазақ әдеби мұрасына келгенде, оның бірнеше ғасырлық ақын-жыраулар поэзиясын әдебиет деп және фольклор тілі үлгілерінен басқаша авторлы сындарлы әдебиет деп тану керек. Бұлайша бөліп тануға негіз болатын мынадай белгілер бар:

Халық ауыз әдебиеті (фольклор) авторсыз дүние, ал ақын-жыраулар туындылары иелері бар мұралар және ең маңыздысы – әр автордың шығармасы өзінің композициясы, тақырыбы, идеясы, көркемдеу тәсілдері жағынан бірбірінен азды-көпті ажыратылып тұрады. 2-халық ауыз әдебиеті тіліне, әсіресе оның эпос сияқты кесек шығармаларына көптеген дәстүрлі образдар, дайын клишелер, біраз жеке сөздер мен тұрақты тіркестер ортақ болып келеді, бірбіріне ауысып жүреді. Ал ақын-жыраулар тілінде де мұндай ортақ белгілер болғанымен, фольклорға қарағанда солғындау болады. 3-ден, ақын-жыраулар поэзиясында уақыт пен мекенге қарай нақтылық, адамның ішкі дүниесін суреттеу, лиризм сарыны дегендер фольклорға қарағанда күшейе түседі. Бұлар – ауыз әдебиеті тіліндегі тілдік дәстүрден бірте-бірте қол үздіре бастайтын, суреттеудің жаңа амалдарын тудыратын сәттер, лексика мен грамматика саласында поэзия тілінің жалпы мүмкіншіліктерін байыта түсетін тәсілдер. Ақын-жыраулар тілінің осы белгісі халық ауыз әдебиеті тіліндегі біршама консервативтікті, поэтик. шектелушілікті бұзып, дәстүрлі құрсаудан босата түседі. 4-ден, әрбір ақынның немесе жыраудың талант-қабілетіне қарай өлең-жыр шығармашылық ерекшелігі мен техникасына бірте-бірте жаңалықтар қосылады, даралықтар туады, яғни авторлы поэзия ұйқас таңдау, өлең композициясын тұрғызу, ырғақтық топтарды жасау сияқты салаларда ауыз әдебиеті шеңберінен шығып кетеді. Бұл көрсетілгендер осы 2 әдеби үлгінің бір-бірінен ажыратылуға тиіс айырым белгілері болса, сонымен қатар олардың бір-біріне ұқсас ортақ тұстары да бар. Ең басты ортақ белгі – екеуінің де ауызша таралып, ауызша сақталуында. Осының салдарынан заман озған сайын олардың текстері біртіндеп жаңғыртылып отыру фактісі бар. Сондықтан бұларда ескі тұлға – тәсілдермен қатар, жаңа тілдік элементтер орын алған. Қазақ ақын-жыраулары тілінің қайнар көзі мен сөз мүсінін жасайтын қалыбы – ертеден келе жатқан ауыз әдебиеті тілі болғандықтан, кейбір суреттеу құралдары жағынан бұлар ұқсас келеді. Оның үстіне ауыз әдебиетінің эпос сияқты ірі дүниелерін тудырушылар немесе сақтап, таратушылар бір жағынан жыраулар болғандықтан, халықтың сөз өнерінің барша көркемдік қоймасы әрдайым олардың жадында сақталып, тілдеріне оралып тұратындығы да ақын-жыраулар мен фольклор тілдерін жақындастыратын себептердің бірінен табылады.

Айтыстар мен кейбір тұрмыс-салт жырларында және толғауларда орын алатын суырып салушылық тәсілі ақын-жыраулар тілін халық поэзиясы дәстүрімен берік байланыстырады, өйткені суырып салу табиғаты табан аузында табыла қоятын дайын үлгілерді қол көреді. Бұл да, сөз жоқ, кейбір авторлы айтыстарды, толғауларды, бата-тілектерді фольклор дүниесіне ұқсаттырып жібереді.

Сөйтіп, Абай кезеңіне дейін қазақтың халық әдебиетінен өзге, бірақ оған едәуір белгілерімен ұқсас келетін авторлы, сындарлы әдебиет те өмір сүріп келді және оның тілі әдеби тіл санатына кіреді деген тұжырым жасауға болады. Ол тіл қазақтың төл жазба әдеби тілінің негізі болды. Төл ауызша әдеби тіл мен жазба әдеби тілдің де өзара жақын келетін тұстары мен ерекшеленетін белгілері және болды. Олар, І-ден, ауызша әдеби тілдің арнасы мен үлгілері жазба тілге қарағанда әлдеқайда тар болғандығында. Ақын-жыраулар өз халқының ауыз әдебиеті мен ішінара түркі халықтарына ортақ жазба үлгілерден басқа әдебиеттерге көп иек артпады, бұл, сөз жоқ, олардың тіліне салқынын тигізді. Жазба әдебиет болса, араб-парсы әдебиетіне де, өзге түркі әдебиеттеріне де, орыс әдебиетіне де көз салды, олардан үлгі-өнеге алып дамыды, мұның тілге де жағымды әсері тиді. 2-ден, ауызша әдеби тілдің стильдік тарамдарға бөлінуі жазба тілмен байланыстыруға мүлде келмейді: алдыңғысы негізінен көркем поэзия мен ішінара шешендік сөздер жанрына қызмет етті, оның көркем проза, публицистика, ресми іс қағаздары және ғылыми стильдері болмады. Ал қазақтың төл жазба тілі өзінің пайда болған кезеңінен бастап, аталған стильдердің іргетастарын қалап алды.

3-ден, ең үлкен айырмашылық бұлардың таралу, сақталу әдісінде болды. Жазба алдындағы әдебиет ауызша таралып, сақталды. Ал жазба әдеби тілдің жазумен танылып, жазба түрде таралғаны аян. Келесі айырмашылық әдеби дүниені тудыру тәсілдерінде болды. Жазба әдебиет өкілдері өз туындыларын сан рет түзетіп, қырнап, өңдеп отыратын мүмкіндікке ие. Ал ақын-жыраулар шығармасында бұл құбылыс солғын. Дегенмен ауызша туған өлең-жырлар да ойланып, толғанудың жемісі, іштей сан рет сөз саралап, ой түюдің нәтижесі. Демек, «Іштей редакция» мұнда да болып келгенін танимыз. Қазақтың нағыз ақын-жыраулары – ауыздарына алғаш түскен сөзді ұйқастыра берушілер емес, белгілі дәстүрді ұстай отыра, сөзді таңдап жұмсаушылар, айтпақ ойын тыңдаушыға әсерлі етіп жеткізушілер.

Қазақтың жазба әдеби тілі тұтқиылдан, тақыр жерден пайда болған құбылыс емес, оның негізі, діңгегі қазақ халқы тарих төріне жеке этникалық құрам – халық болып келгеннен бастап өмір сүре бастаған, сол халықтың рухани талабына жауап бере білген, эстетикалық талғамы үдесінен шыққан, ауызша таралып, ауызша сақталған бай, көркем әдеби тілі болды. Бұл әдеби тілді А. жақсы білді, барын алып, жоғын толықтырды, жаңа кезеңге көтерді, дамуының жаңа бағытын бастады, оны қазақ халқының жаңа жазба әдеби тіліне ұластырды. Бұл тіл қазіргі ұлттық мемлекеттік әдеби тіліміздің бастамасы, арқауы, іргетасы болды.

Абай негізін қалаған қазақтың ұлттық жазба әдеби тілі тұтқиылдан, тақыр жерден пайда

болған құбылыс емес. Оның діңгегі қазақ халқы тарих төріне жеке этник. құрам – халық болып келгеннен бастап қолданылып, сол халықтың рухани талабына жауап бере білген, эстет. талғамы үдесінен шыққан, ауызша таралып, ауызша сақталған бай, көркем әдеби тіл болды. М. Әуезовтың жазғандарына қарағанда, Абай қазақтың бай ауыз әдебиетін, өзіне дейінгі және өзімен тұстас Арқа, Атырау, Жетісу ақындарын жақсы білген, тілдеріне зер салған. «Сөздері бірі жамау, бірі құрау» деп, сол әдебиеттің үш ірі өкілі – Бұхар, Шортанбай, Дулатты атап сынағанымен, олардан көп үйренген. Бұл сынында Абай олардың ақындық шеберлігін, сөз қиыстыру амалдарын олқысынбаған, бірақ суреткерлік идеяларына, ой кедейлігіне көңілі толмаған. Қазақтың ауызша әдеби тілін өз шығармаларына негіз етіп, жаңа сатыға көтергенде, Абай оның дәстүрлі нормалары мен даму барысындағы принцип-бағыттарын мансұқ еткен жоқ, керісінше, ең өміршең әрі қисынды белгілерін сақтап, оларды әрі қарай дамытты. А. ә. т. қазақтың жалпыхалықтық сөйлеу тілін негіз етіп ұстанған болса, Абай да өз тілінің сөздік байлығы мен грамматик. құрылысын жалпы халықтық тіл нормасына бағындырды. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан көркемдік-бейнелеуші тәсілдерін барынша пайдаланды. Бірақ Абайдың жаңашылдығы – бұл дәстүрді (нормаларды) бұлжытпай, сол күйінде пайдалану емес, оны әрі қарай шығармашылық түрде шыңдап, оған сапалық жаңа сипат беру.

Әдеб.: А м а н ж о л о в С. Қазақтың әдеби тілі. –А., 1949; Ә у е з о в М. Қазақтың әдеби тілі туралы. «Әдебиет және искусство». 1981, №4; С ы з д ы қ о в а Р. Абай шығармаларының тілі. –А., 1968. *Р. Сыздықова.*

АУЫСТЫРУ (инверсия) – сөйлем ішіндегі бір-біріне қатысты сөздердің, сөйлем мүшелерінің, күрделі сөз орамдарының, әдеттегі орын тәртібінің бұзылып берілуі. Бұл бұзылу тіл нормасынан жөнсіз ауытқу емес. А. әр алуан мақсатпен орындалады, әсіресе, поэзияда өлеңнің ырғақ, ұйқас сияқты шарттарын өтеу үшін ақындар А-ға жиі барады және бұл – өлең тіліне тән табиғи заңдылық. Осы заңдылықтан Абай өлеңдері шет қалмайды. Ақын А-ды тек ырғақ пен ұйқас талабынан ғана емес, сөзге логикалық екпін түсіру, негізгі идеяны алдыңғы тармақта немесе тармақ басында беру сияқты стильдік мақсатта пайдаланады. Мыс., есімдіктен болған бастауышты баяндауыштан соң қойып, тармақ соңында келтіргенде, көбінесе оған ой екпіні түсетіні аңғарылады:

«Сүйер ұлың болса, сен, сүй,
Сүйінерге жарар ол!...
«Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен.
«Жыл жиылып, қартайып, қылғаны – бұл...

Сол сияқты мына тармақтарда да А-ға ұшыраған пысықтауыштар ырғақ пен ұйқас талабынан гөрі ой екпінін түсіру үдесінен шығып тұр.

«Ескі бише отырман бос мақалдап,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап...».

Мұнда автордың негізгі көңіл аударайын дегені – ескі би, ескі ақынның өздерін атау емес, олардың поэзияға деген көзқарасын айқындау. Әдетте, бастауыш пен баяндауыштың, толықтауыш немесе пысықтауыш пен баяндауыштың орын алмастыруы қазақ поэзия тілі үшін кәнігі құбылыс және ол көбінесе ырғақ пен ұйқас талабынан туады. Ал Абайда бұдан басқа анықтауыш пен анықталушы мүшенің, көмекші етістіктермен келген тіркестер мен тұрақты тіркес компоненттерінің өзара орын алмасуы жиірек ұшырасады. Мұнда да ақын А-ға ұшыраған сөздерді екпін жағынан оқшаулап, оларға назар аудартады. «Сұр бұлт **түсі суық** қаптайды аспан» дегенде күзгі бұлттың түсі суықтығы баса айтылуы үшін **түсі суық** анықтауышын анықталатын **бұлт** сөзінен кейін келтіріп, орындарын алмастырған. Анықтауыш пен анықталғыш сөздердің арасына өзге сөйлем мүшелерін енгізу – Абайда жүйелі түрде кездеседі: **«Сөзді ұғарлық** кем кісі», **«Көкірегі сезімді, тілі орамды»,** «Жаздым үлгі **жастарға** бермек үшін», **«Алмасы** өкпе болар **қол батпаған».** Соңғы мысалдағы **қол батпаған** анықтауышы **өкпеге** қатысты емес, **алма** сөзіне қатысты. Негізгі сөз бен көмекші етістіктің араларына сөз салу немесе орындарын алмастыруларды Абай еркін қолданады: «Кімге **достық** көп **еттім»,** «Сағаттың шықылдағы **емес ермек»** т. б. Жүйелі түрде келетін, жиі пайдаланған А-дың тағы бір түрі – бір жолға орналастырылған бірыңғай параллель мүшелердің арасына өзге мүшелерді келтіру **«Қаны қара** бір жанмын, **жаны жара», «Ездің басы** қаңғырсын, **ердің көңілі», «Күндіз күлкің** бұзылды, **түнде ұйқың»** т. б. Бұндай А-ды туғызған тек ырғақ мотиві емес, сондай-ақ, ақын бірыңғай мүшелерді бір бунақ етіп бастап **(қаны қара...),** оған назар аудартып алып әрі қарай араларына өзге мүше қатыстырып **(бір жанмын)** параллель анықтауыштарға ой екпінін түсіретін тәрізді: **«қаны қара, жаны жара бір жанмын»** дегенде, ақынның айтпағы әйтеуір бір жан екендігі емес, қаны қара, жаны жара жан екендігі. А. тек бір тармақ бойында емес, тармақаралық та болып келеді. 2, кейде 3-4 тармақта берілген бір сөйлемнің мүшелері немесе компоненттері әдеттегі орындарынан ауыстырылып беріледі. Бұл да қазақ поэзиясы үзілісіне тән тәсіл. Абай А-дың бұл түрін жүйелі, өнімді түрде қолданған:

«Антпенен тарқайды,
Жиылса кеңеске,
Ор қазып байқайды,
Туа жау емеске...–.

Тармақаралық А-ды жасаудың бір тәсілі – алдыңғы тармақта негізгі ойды айту. Әсіресе, Абайдың динамик. іс-әрекет емес, статик. күй-жай суреттелген өлеңдерінде ой екпіні бірінші жолға түсіріледі. Мыс., *«Желсіз түнде жарық ай»* деген өлеңінде табиғат жарық айдың сәулесі суда дірілдеген тыныш қалпында өлеңде айтылған ғашық жастар бір-біріне аулақта жолығысып, «иегі тамаққа кіріп» құшақтасып тұрған статик. күйінде суреттеледі, соған орай осы күй-қалыпты білдіретін негізгі ой бастан-аяқ әр екі тармақтың алғашқысында берілген:

«Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп...,
Келмеп пе едің жол тосып,
Жолығуға аулаққа...–.

Идея негізін алдыңғы тармақта айтып алу – Абайдың өз замандастарының портретін жасаған өлеңдері мен лирик. туындыларында да кеңінен қолданылған, өйткені бұлардағы ақынның мақсаты қауырт іс-әрекетті суреттеу, ол іс-әрекеттің қалай орындалғанын білдіру емес, сол іс-әрекеттің адамға ғана тән екендігін көрсету. Мыс.,

«Мәз болады болысың,
Арқаға ұлық қаққанға ...» –

деген тармақтар алмастырылмай «арқаға ұлық қаққанға, болысың мәз болады» деген қалыпты түрде берілсе, логикалық ой болыстың өзі емес, қалайша орындалған іс-әрекетіне түсер еді. Ал ақынның айтпағы арқаға ұлықтың қағуы емес, сол ұлық арқасына қағып болыс қойған адамның өзі туралы.

Абай әдейі қолданған стильдік А-дың және бір түрі – өлең шумағында айтылмақ ойдың ұйтқысы ретінде логик. екпінге ие болған сөйлемді не сөйлем бөлігін шумақтың ең басына қойып, әрі қарай соны анықтайтын, айқындайтын құрылымдарды орналастыру. Мыс.,

«Дос алады, бермесең, бұлт берем деп,
Жауыңа қосылуға сырт берем деп,
Бұзылған соң мен оңай табылмаспын,
Не қылып оңайлықпен ырық берем деп».

Бұл шумақтағы айтпақ ойдың қызығы достың да «алармандардың» бірі екендігі, әрі қарай неліктен, қайтіп, қашан аларман болатындығы баяндалады. Абай өлеңдеріндегі А. әдеттегідей өлеңнің ырғақ және ұйқас талабын өтеумен қатар, көп сәттерде, стильдік жүк арқалаған. Бұл – биік сатыға көтерілген поэзияның бір қыры.

Әдеб.: С ы з д ы қ о в а Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. А., 1971; А ҳ м е т о в З. Өлең сөздің теориясы. А., 1973. *Р. Сыздықова.*

АФШАР – қалмақ халқын құрайтын 4 атаның бірі – хазардан тарайтын ұрпақ. Абай өзінің «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген тарихи еңбегінде: «Сол хазардан үш атаның ұлы парсы жұртында қалып еді: Қажар, Афшар, Үшташлы» деген дерек бере келіп, біздің қазақтың әйгілі «Ақтабан шұбырындыға» ұшырауына солардың шапқыншылығы себеп болғанын жазады. Қазақты Әмудариядан құған сол А-дан шыққан Надыр шаһ екенін айтады.

АХАТ Құдайбердиев (1900–84) – Абайдың ағасы Құдайбердінің Шәкерімнен туған немересі, педагог, ақын. Өлеңдері баспасөз беттерінде жарияланып тұрған. Ақындар айтысына да қатысқан. Абайдың Жидебайдағы музей үйінде меңгеруші, Семейдегі Абайдың әдеби-мемориалдық музейінде ғылыми қызметкер болып істеген. Абай өлеңдері мен әндерінің шығу тарихы, өз әкесі Шәкерім өмірі мен шығармалары турасында мол мәліметтер жазып қалдырған. А. өзі де ән шығарған. А. 1967 ж. Жидебай қорығындағы Абай бейіті қасына әкесі Шәкерімнің сүйегін әкеліп жерлеген. А-тың жазба мұралары, дүние мүліктері музей қорында сақтаулы.

АХМЕТЖАНОВ Арғынбек (1938 ж. т.) – әуесқой композитор. Оның сазгерлік жолының негізгі арқауы – Абай өлеңдері тақырыбы. Ол Абайдың «Жүрегім, нені сезесің...», «Ойға түстім, толғандым...», «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап», «Тоты құс түсті көбелек...», «Ішім өлген, сыртым сау...», «Қалқам-ай, мен үндемей жүремін көп...», «Көңлім қайтты достан да, дұшпаннан да...», «Туғызған ата, ана жоқ...», «Сүйкімді болат қанжар, тұрсын жайнап...», «Менің сырым, жігіттер, емес оңай...», «Сағаттың шықылдағы емес ермек...», «Ем таба алмай...» деген өлеңдеріне ән жазды. А. әндері Абай әндеріне сарындас, халықтық әуен белгілері басым. *Ә. Телғозиев.*

АХМЕТОВ Зәки (1928 ж. т.) – әдебиет зерттеуші ғалым, Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның академигі. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері. А-тың қазақ өлеңінің құрылымы, теориясы, стилі мен тілі, әдебиеттегі дәстүр мәселелеріне арналған: «Қазақ поэзиясының тілі», «Өлең сөздің теориясы», «Қазіргі қазақ әдебиетінің дамуы және дәстүрлері» т. б. көлемді ғылыми еңбектері жарық көрген. Ғалым Абай шығармаларын 40-жылдардың аяғынан бастап тыңғылықты зерттеп келеді. Әсіресе ақынның орыс классиктерінен тәржімелеген шығармаларына баса көңіл бөліп, Абайдың аудармашылық шеберлігі мен тәжірибесін теор. жағынан негіздеп берді. Ол А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, И. С. Тургенев пен Абай шығармаларын салыстыра отырып, олардың идеялық, көркемдік үндестіктері мен ерекшеліктерін дәлелдеп шықты. Қазақ ақынының Лермонтовпен рухани байланысын жан-жақты зерттей келіп, 1954 ж. «Абай және Лермонтов» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. А-тың бұл зерттеу еңбегі сол жылы жеке кітап болып басылып шықты. Ғалым Абай өлеңдерінің көркемдік құрылымын, поэтикалық тілін, философ. ой-тұжырымдарын, тәрбиелік және әлеум. мәнін, текстологиясын, жаңашылдығы мен дәстүр жалғастығын сөз ететін: «Абай аудармалары орыс әдебиетімен байланыстың бір түрі» (Абай өмірі мен творчествосы. – А., 1954), «Ойшыл, суреткер ақын» (Абай тағлымы. – А., 1986), «Абай – ұлы ақын, ағартушы, демократ» (ҚазССР ҒА-ның хабаршысы. Тіл-әдебиет сериясы. 1985, №4), «Абайдың «Сегіз аяғы» (Қазақ филологиясының мәселелері. Орыс тілінде. – А., 1964), «Қазақ өлеңін дамытудағы Абайдың ролі» (Қазақ өлеңі. Орыс тілінде. – А., 1964), «Абай және оның көркемдік дәстүрі» (Қазіргі қазақ әдебиетінің дамуы мен дәстүрлері. Орыс тілінде. – А., 1978) т. б. 30-дан астам ғылыми еңбек жазды. *Т. Бәрақұлы.*

АХМЕТОВ Рысбек (1942 ж.т.) – суретші, мүсінші. Негізінен шағын мүсіндік туындылар жасаумен шұғылданады. Оның «Абай әні» мүсіншесі (1985, шамот, автордың жеке қоры) өзіндік сәнділік, жарық құбылысын, түс, реңк астасуын ұтымды пайдаланудағы қиял байлығы бейненің ұлттық сипатын аша түскен. Домбыра шанағына шынтақ тіреген Абай мүсіншесі әсем сазға, әуезге толы. Бейнеге поэтик. тұрғыда жеңіл юморлық реңк берілген.

АХМЕТОВ Сражатдин (1928 ж.т.) – қарақалпақ әдебиетін зерттеуші. Филология ғылымның докторы. Бердақ атындағы Респ. сыйлықтың лауреаты. Қарақалпақстан, Өзбекстан республикасы ғылымына еңбек сіңірген қайраткер. «Қарақалпақ әдебиеті» оқулығының «Абай өмірі», «Абай ғылым туралы», «Абай өнер туралы», «Абай – реалист», «Абай және орыс әдебиеті», «Абайдың өлеңдеріндегі патриотизм мен достық мәселесі» деген тарауларын жазған. Абай

шығармашылығына арнаған «Туысқан халықтар әдебиетінің байланысы нығая берсін» («Совет Қарақалпақстаны», 9-шы қыркүйек, 1960 ж.) мақаласы, «Талантқа талап» сын зерттеулер жинағы (Нөкіс, 1986) жарық көрді. Ол зерттеулерінде Абайдың қарақалпақ поэзиясына әсері, поэзиядағы дәстүр мен жаңашылдық мәселелерін жан-жақты сөз етті. *Қ. Жұмажанов.*

АХМЕТОВ Шеген (1914–83) – әдебиетші-ғалым, филология ғылымның кандидаты. Зерттеулерінің негізгі бағыты – Қазақстандағы балалар әдебиеті. Ол осы тақырыпта «Балалар әдебиетінің очеркі», «Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі», «Қазақ балалар әдебиеті» деген еңбектер жазды, мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқулықтар әзірледі. «Гүл бақша», «Өнер мектебі» деген көркем повестері жарық көрді. Ғалым абайтану мәселесіне де айтарлықтай үлес қосты. Ол монографиялық зерттеулерінде Абайдың қазақтың жазба әдебиетін қалыптастырудағы айрықша қызметін атап көрсетті, ақын шығармашылығын арнайы сөз ететін: «Абай және балалар әдебиеті» («Ленин жолы», 1954, 27-шілде), «Қазақ балалар әдебиетінің революцияға дейінгі нұсқалары» («Жұлдыз», 1957, №8), «Абайдың сөз қолдану ерекшелігі» («Коммунизм таңы», 1954, 5-қыркүйек), «Қазақ балалар әдебиетінің қайнар көздері» («Учитель Казахстана», 1959, 5-ақпан) деген мақалалар жазды.

АХМЕТ РИЗА МЕДРЕСЕСІ – Семей қаласындағы діни медресе (19 ғ.). Оны Ахмет Риза деген имам ұйымдастырған. Медреседе негізінен діни сабақтармен қатар, шәкірттер шығыстың классик. ақындарының шығармаларымен, араб, парсы тілдерімен танысып, арифметика, география, тарих пәндерінен дәріс алған. А. р. м. сол



Ахмет Риза медресесі.

кезеңдегі басқа діни оқу орындарынан әжептәуір озықтау саналған. Абай бұл медреседе 3 жыл оқыды. Ақын осында түрік, араб, парсы тілдерін үйренді де, бүкіл шығыс классиктерінің өлеңдерімен, филос. ой-тұжырымдарымен танысты. Оның алғашқы өлеңдерінің айқын шығыс ақындары ізімен, шағатай әдебиеті үлгісінде жазылғандығы да сондықтан. Және бұл үлгі, Абай өлеңдеріндегі шығыс шайырларының ықпалы оның бүкіл ақындық жолынан үздіксіз аңғарылып отырады. Абай осы медреседе оқи жүріп, Семей кітапханасына, музейіне барды, орыс тілін үйреніп, орыстың озық ойлы демократтарымен танысты. Медресе жұмысы көп жылға созылмай, жабылып қалды.

АХТАНОВ Тахауи (1923–94) – жазушы, драматург Қазақстанның халық жазушысы. Оның «Сәуле», «Күтпеген кездесу», «Махаббат мұңы», «Ант», «Жоғалған дос», «Күшік күйеу» т.б. пьесалары респ., обл. театр сахналарында қойылған. «Махаббат мұңы» повесі, «Қаһарлы күндер», «Шырағың сөнбесін» романдары жарық көрген. А. абайтану мәселелеріне де ден қойып, ол жайында «Көп толғантқан ойлар», «Тоғысқан торап» (Керуен, А., 1969), «Той тарқар» (Қазақ әдебиеті, 1971, 5 қараша), «Кең арна», «Халық сапары» (5-томдық шығармалар жинағы, А., 1985) т. б. мақалалар жариялады. Автор бұл мақалаларында Абайдың философ. толғаныстарын, ақынның азаматтық тұлғасын ашуға әрекет жасайды. М. О. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясын талдай отырып, эпопеяның ақын шығармаларымен үндестігі мәселелерін сөз етеді. А-қа замандастарымыздың бейнесін жасаған «Дала сыры» («Боран») повесі үшін Қазақстан Республикасының Абай атынд. Мемл. сыйл. берілген. *С. Қалуов.*

«АШ ҚАРЫН ЖҰБАНА МА МАЙЛЫ АС ЖЕМЕЙ...» – Абайдың 1895 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 10 шумақтан тұрады. Шығармашылық жолында ар, ұждан, адамгершілік, адалдық мәселелерін ту етіп көтерген ақын бұл өлеңінде осы тақырыпта түйген ойларын талап, адал еңбек тұрғысынан өрістетеді. Гуманист-ойшыл ақынның бай мен байлық, кедей мен кедейлік, арлылық, талапкерлік туралы түсініктері айдан анық, бір-бірімен әсте шатастырмайтын ұғымдар. Ол байлық пен кедейлікті құдай жаратқанымен, біреуді бай, біреуді кедей еткен құдай емес деп есептейді (қ. *Жиырма сегізінші сөз*). Мұның қай-қайсысы болса да әркімнің өз қолындағы нәрсе. Абайдың бұл түсінігінің арғы жағында адам өз тағдырының қожасы болуы керек деген үлкен материалистік ұғым жатыр. Ол талапсыз, ойсыз өмір кешуге, тағдырға әрекетсіз бас июге, құлдық, күндік тіршілікке бүкіл болмысымен қарсы, жан құлдығын мойындамайды. Сондықтан да заман талабын, әбден таптауырын болған өмір қалпын айнытпай тани білген ақын «Жарлының бір тойғаны шала байығаны» деп, «тамақ аңдып тентіреген» «еңбексіз, қаракетсіз» құлқынның құлдарын ащы мысқылмен өлтіре шенейді. Біреуге бас шұлғып, құлдық ұрғанның мал сияқты қарын тойдырғанға мәз болып, ас ішіп, аяқ босату мен заяға күн өткізуден басқа пайдасы жоқ екенін ашына айтып, адамның кісіліктен айырылып, ар-намыстан жұрдай болатынын аңғартады. Ондайлардың құны тоя жеген тамағы, бай үйі берген «бір жілік пен бір аяқ қымызы» дейді.

Сонда мал табудың, бай болудың жолы бар ма? Адам қайтсе ел қатарына қосылып, сый-құрметке бөленеді? Азамат ақынның байлыққа апарады дейтін, жүрегінің оты бар жасқа ұсынар сара жолы біреу-ақ. Ол – еңбек, адал еңбек! «Жолға жүр, жат жерге кет... қаруыңның барында

қайрат қыл, мал тап» дейді. Абай жастарды тәуекелге бел буып, еріншектік жасамай, еңбек етуге шақырады. Жұмыстың жаманы жоқ, ол қолға жұқпайды, тек еңбегің адал болсын. Адалдан жиған дәулет қана тұрақты. «Қулық, сұмдық, ұрлықпен мал жиылмас, мұндай теріс нәпсіні тый» деген талап қояды. Адам үшін ардан қымбат нәрсе жоқ. Сондықтан ар-ұятыңды сақта, бәрібір «еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас», пысықсып өтірік күліп, «жылы жүзін асқа сатқан» алаяқ антұрғандардан аулақ жүр, ондайлар өзімен кетсін деген тұжырымға тоқтайды. Бұл өлеңі ақынның адалдық, адамгершілік, талап, еңбек хақында жүйелі де терең философиялық ойлар қозғайтын *Алтыншы сөзіндегі, Сегізінші сөзіндегі, Он бірінші сөзіндегі, Жиырма сегізінші сөзіндегі* топшылауларымен үндесіп жатыр.

Өлең 11–12 буынды қара өлең үйқасымен кестеленген, ал композициялық құрылымы жағынан бір-бірімен үндес 2 бөліктен тұрады. Әр шумақтың 1-, 2-, 4-жолдары үйқасып келеді де, 3-жолы өзінше еркін тұрады. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» деген жинақта жарияланды. Кейінгі жеке кітаптары мен шығармаларының толық жинақтарындағы нұсқалары осы басылым мен Мүрсейіт қолжазбалары негізінде толықтырылып отырды. Сол толықтырулардың ең алғашқысы Мүрсейіт қолжазбаларында кездеспейтін **«Ет пен қымыз секілді ас жоқ дейді, Ол немене жоқтықтың әсері емей»** деген жолдар *Кәкітай* ұсынған жинақ (1909) бойынша алынды. 4-шумақтың 3-жолы да осы басылым бойынша: **«Бір жілік пен бір аяқ қымыз берген»** түрінде қабылданып, ақынның барлық кейінгі жинақтарында осылай жарияланды. 7-шумақтың 3-жолы А. шығармаларының жалпы редакциясын М. Әуезов басқарған 1957 жылғы 2 томдық толық жинағынан бастап жоғарыда айтылған 2 нұсқа негізінде **«Зиян шекпей қалмайсың, ондай істен»** болып түзетілді. Осы шумақтың алғашқы жолы да 1909 жылғы басылымға сай **«Қулық, сұмдық, ұрлықпен мал жиылмас»** болып қалыптасқан. 9-шумақтың соңғы жолы сол алғашқы жинақтан бастап әр түрлі беріліп, әлі күнге дұрыс түзетілмей келеді. Ақынның 1957 жылғы басылымында 2 нұсқасынан біріктіріліп, кейінгі жинақтарына енгізіліп жүрген: **«Антұрғанға қосылмай, кел, кет қаңғып»** деген жаңа редакциясы да онша сәтті шықпаған. Өйткені, **«антұрғанға»** сөзі келесі шумақтың соңғы жолында тап осы түрінде қайталанады. Оның үстіне **«кел», «кет»** деген бірбіріне кереғар, қайшы ұғымдар логик. жағынан байланыспай тұр. Бұл жерде Мүрсейіт қолжазбасындағы **«кезегенге қосылма»,** 1909 жылғы жинақтағы **«кетсін қаңғып»** деген тіркестер орындырақ. Өлең орыс, беларус, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған. *Т. Рсаев.*

АЩЫСУ – Семей обл-ның Аякөз, Абыралы, Абай, Жаңасемей ауд-ның жерінен өтетін өзен, Ертіс алабындағы Шаған өзенінің оң саласы. 1888 ж. А. өз-ні бойында Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» деп аталатын өлеңі дүниеге келіп, ақын «Ауылдың жаны – терең сай, тасыған өзен күрілдеп», – деп, осы өлеңге ғашықтық сырлы сазға толы ән шығарған. Абай ауылы топырағындағы ядролық сынақтар мен экологиялық ушыққан дерттің салдарынан бұрын өткел бермейтін А. өзені қазір мүлдем дерлік тартылып, өзен алабының табиғи көркі қашып, аң-құстары ауа көшіп, құрдым халін кешуде.

АЯКӨЗ (бұрынғы С е р г и о п о л ь) – Семей обл-ндағы Аякөз ауд-ның орталығы, қала, ірі т. ж. ст-сы. Абай інісі Халиуллаға жазған хатында: «Хатыңыз тиісімен ешбір тоқтамайынша Аякөзге келіп осы хатты жаздық» – деп, А. қ-на жиі қатынап тұратынын білдіреді (қ. *Халиуллаға хаты).*

«АЯҒЫҢДЫ АҢДАП БАС, ЕЙ, ЖАҚСЫЛЫҚ!..» – Абайдың 1880–81 ж. аралығында шығарған өлеңі. Көлемі 4 тармақты бір шумақ. 1880 ж. Қоңыр-Көкше еліне болыс болған Абай ауыл арасындағы ұры-қары, суыт жүрісті адамдарға тоқтау салып, қаталдау тиіскен. Сондай сұғанақтау адамдардың бірі – Мырза елінен шыққан Жақсылық деген біреу «Борышымды елге салып, мені құтқар» деп ақынға арыз айтады. Абай «адамға алдымен адалдық керек, борышқорлықпен мал жия алмайсың» дегенді аңғартып, оны табанда бір ауыз сөзбен тыйып тастайды. Өлең 11 буынды қара өлең үйқасымен жазылған. Алғаш рет ақын шығармаларының 1933 жылғы жинағында жарияланды. Ешқандай текстол. өзгеріске ұшырамаған. Өлең орыс тіліне аударылған. *Т. Барақұлы.*

АЯПОВ Шарапатдин (1954 ж.т.) – қарақалпақ ақыны, аудармашы. Абай өлеңдерін аударуды 1985 ж. бастаған. Ол 1990 ж. «Қарақалпақстан» баспасынан «Абайдың» толық шығармалар жинағын шығаруға атсалысты. Өзі Абайдың шығыс ақындарына арнаған өлеңдерін қарақалпақ тіліне аударды.

АЯТ – құран сүресінің тармақтары. Абай шығармаларында А. терминіне елеулі орын берілген. Мұны: «Аят, хадис емес қой», «Әуелі аят, хадис – сөздің басы» деген өлең жолдары және *Отыз сегізінші сөзіндегі* ұғымдар мен үзінділер айғақтайды. А-тардан үзінді келтіргенде Абай мораль философиясындағы адамгершілік негіздегі ой толғаныстарын оқушыларына жеткізу үшін, тыңдаушылары мұсылмандық ұғымдағы адамдар болғандықтан, солардың дүниетанымына сәйкес сөйлеу тәсілін қолданады. Ол кейбір аяттардағы ой танымының гуманистік астарын айғақты дәлел ретінде пайдаланады (қ. *Он сифат*). *М. Мырзахметов.*



ӘБДІЛДА Бұлқайырұлы (т.-ө. ж. б.) – Абай аулының адамы. 1898 ж. *Мұқыр сайлауында* Абайға қастандық жасап, жала жапқандардың бірі. *«Сенатқа хатында»* Абай оны ашық айыптайды. Ә. 1916 ж. Шыңғыс-Мұқыр болыстарының жер дауы туралы істеріне қатысып, Абайдың артында қалған ұрпақтарымен де айтысқан.

ӘБДІЛДИН Жабайхан Мүбәрәкұлы (1933 ж. т.) – философ, философия ғыл. докторы, проф., Қазақстан Республикасы Ұлттық ҒА-ның академигі, қоғам қайраткері. Негізгі ғылыми жұмыстары материалистік диалектика және логика, таным теориясы, философия тарихы мәселелерін зерттеуге арналған. Оның «Кант диалектикасы», «Қазіргі ғылымдағы қайшылықтар принциптері», «Диалектика – ғылыми таным методологиясы», «Материалистік диалектика категориялары мен заңдарының дүниетанымдық мазмұны», «Диалектикалық логика» (1–4 т., басқа авторлармен бірге) деген еңбектері ғылыми қауымға жақсы таныс. Ғалым бұл күрделі шығармаларында осы заманғы ғылымның логикасы мен методологиясын, материалистік диалектика мәселелерін жан-жақты талдайды. Кейінгі еңбектерінде тәуелсіз Қазақстан Республикасының филос. ой-санасын, мемл. идеологиясын белгілеу және қалыптастыру мәселелерімен айналысып келеді. Ә=ге Қазақстан Республикасының Мемл. сыйлығы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ҒА-ның Ш. Уәлиханов атынд. сыйлығы берілген.

ӘБДІРАХМАН (Әбіш) Өскенбаев (1869–95) – Абайдың Ділдәдан туған баласы. Абай Ә-ды Семей қ-ндағы уездік мектепке (1882) береді. Ә. 1886–89 ж. Түмен қ-ндағы Александров реалдық уч-нің 5,6,7-кластарын оқып бітіреді. 1889–92 ж. С.-Петербургте Михайлов артиллерия уч-нде 3 жыл оқып білім алады. Учили-

щеге әуелі қатардағы юнкер дәрежесінде түскен Ә-ға 1890 ж. унтер-офицер, 1892 ж. портупей-юнкер, сол жылы тамызда подпоручик деген әскери атақ беріледі. Ә. училищені өте жақсы деген бағамен бітіреді де, 1892 ж. Ташкенттегі бекініс гарнизонының артиллериясына қызметке жіберіледі. Ә-ға 1892 ж. берілген мінездемеде мінез-құлқының өте жақсы, ашық жарқын екені, әскери қызметіне жауапты қарайтыны, таңдаулы офицер болғалы тұрғаны, бірақ денсаулығының нашар екені жазылып, оның құрметті қазақтың баласы екені де ескертіледі. Осыған қарағанда Абайдың қандай адам екендігі Петербургте де белгілі болған. Ә. 1892 ж. елге демалысқа



Ә. Абайұлы.

келгенде Мағрипаға (Мағыш) үйленеді. Мағыштан Рахила деген қызы туады.

Г Р Державин, Н. М. Карамзин, В. А. Жуковский, И. А. Крылов, М. Ю. Лермонтов, А. С. Пушкин, Н. В. Гоголь, А. С. Грибоедов, И. В. Гете шығармаларын ден қойып оқыған. Ә. неміс тілінде еркін сөйлеп, жаза білген. Ол училищеде оқып жүрген кезінде әкесіне қажетті кітаптарды мезгілінде жіберіп тұрады. Ұғымға ауыр сөздердің мағынасын қоса жазып жолдайды. Сөйтіп Абайдың дүние жүзі тарихынан, әлем әдебиетінен сусындап, Крылов, Пушкин, Лермонтов, Гете шығармаларын аударуына көп көмегін тигізеді.

Өзінің ой-қиялына, әлеум. көзқарасына, ақындық шабытына рухани дем беріп, ақылшысы, сырласы да бола білген Ә-ға Абай зор үміт артқан. Ә. 1895 ж. 15 қарашада Ташкентте қайтыс болады да, сүйегі елге әкелініп, Ақмолаға жерленеді. Абай Ә-ға арнап: *«Алланың рахматын...»*, *«Орынсызды айтпаған...»*, *«Көзімнің нұрысыз...»*, *«Тілім, саған айтайын...»*, *«Арғы атасы қажы еді...»*, *«Кешегі өткен ер Әбіш...»*, *«Тұла бойың ұят, ар едің...»*, *«Жиырма жеті жасында...»*, *«Талаптың мініп тұлпарын...»*, *«Бермеген құлға, қайтесің...»*, *«Жылағанды тоқтатып...»*, *«Айналайын құдай-ау...»* атты хат-өлеңдер, жоқтаулар жазған. *М. Бейсенбаев.*

«ӘБДІРАХМАНҒА» – Абайдың өлеңі, қ. *«Алланың рахматын...»*

«ӘБДІРАХМАНҒА» – Абайдың өлеңі, қ. *«Орынсызды айтпаған...»*

«ӘБДІРАХМАНҒА КӘКІТАЙ АТЫНАН ХАТ» – Абайдың өлеңі, қ. *«Көзімнің нұрысыз...»*

«ӘБДІРАХМАНҒА КӘКІТАЙ АТЫНАН ХАТ» – Абайдың өлеңі, қ. *«Тілім, саған айтайын...»*

«ӘБДІРАХМАН НАУҚАСТАНЫП ЖАТҚАНДА» – Абайдың өлеңі, қ. *«Я, құдай, бере көр...»*

«ӘБДІРАХМАННЫҢ ӘЙЕЛІ МАҒЫШҚА АЙТҚАН ЖҰБАТУЫ» – Абайдың өлеңі, қ. *«Жылағанды тоқтатып...»*

«ӘБДІРАХМАННЫҢ ӘЙЕЛІ МАҒЫШҚА АБАЙ ШЫҒАРЫП БЕРГЕН ЖОҚТАУ» – Абайдың өлеңі, қ. *«Айналайын құдай-ау...»*

«ӘБДІРАХМАН ӨЛГЕНДЕ» – Абайдың өлеңі, қ. *«Арғы атасы қажы еді...»*

«ӘБДІРАХМАН ӨЛГЕНДЕ» – Абайдың өлеңі, қ. *«Кешегі өткен ер Әбіш...»*

«ӘБДІРАХМАН ӨЛГЕНДЕ» – Абайдың өлеңі, қ. *«Тұла бойың ұят, ар едің...»*

«ӘБДІРАХМАН ӨЛІМІНЕ» – Абайдың өлеңі, қ. *«Жиырма жеті жасында...»*

«ӘБДІРАХМАН ӨЛІМІНЕ» – Абайдың өлеңі, қ. *«Талаптың мініп тұлпарын...»*

«ӘБДІРАХМАН ӨЛІМІНЕН СОҢ, ӨЗІНЕ АЙТҚАН ЖҰБАТУЫ» – Абайдың өлеңі, қ. *«Бермеген құлға қайтесің...»*

ӘБЕН Бітімбайұлы (т. ж. б. – 1918) – қажы. Тобықты руынан, 1898 ж. Мұқыр сайлауында Оразбай Аққұлы ұлымен бірігіп, Абай өміріне қастандық жасап, басындағы бас киімін жұлып алып кеткен. Турағұл естелігінде: «Тобықтыда қиян-кескі екі ру партиясы бар, оның басында Оразбай қажы, Жекең деген елден Әбен қажы, Серғазы қажылар топ құрды», – деп жазған. Ә. кейін Абайдан кешірім сұраған, істі қазақ жолымен бітіріп, айып төлейтінін айтқан. Әрхам естелігінде Мырза-Жекең адамдары айыпқа 40 түйе әкелгені айтылады.

ӘБЕНОВ Шәкір (1901–94) – халық ақыны, фольклоршы, композитор. Ауыл мектебінде мұсылманша хат таныған. Семейдегі «Приходская школада» 3 жыл оқып білім алған. Алғашқы «Борсықтар» деген өлеңі 1916 ж. «Айқап» журналында басылған. Ұлы Отан соғысына өзі сұранып барып, Брянск майданында жаралы болып елге оралды. 50 жылдарда сталиндік сүргінге ұшырап, түрмеде азап шекті. Ә. қаламынан «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Кейпін Батыр», «Таңшебер-Жапал», «Ортақ арал» дастандары туды.

Ә-тің өлең өрнегі мен ақындық мәдениетінен Абай мектебінің үлгісі мен сарынын айқын бағамдауға болады. Оның шығармаларында Абай мұрасының ықпалы әр түрлі деңгейде көрініс береді. Тақырыптық тұрғыдан Абай, Шәкерім, Көкбай, Ақылбай, Мағауия, Әсет дастандарындағы объекті мен Ә-тің тарихи тақырыпқа жазған шығармаларындағы өмірлік материал, көркемдік шешім әуендес, сарындас. *Б. Сапаралы.*

ӘБСӘМЕТ Ыстанбекұлы (т. ж. б.) – Құнанбайдың немере інісі Жақыптан туған қыздың баласы, М. О. Әуезовтың туған нағашысы. Абайдың арнау өлеңдерінің бірі «Ия, құдай бере көр» өлеңінде ақын Ә-ке ықылас бере шын ниетімен алғыс айтады: «Әбсәмет жиенің, ол – сенің біреуің. Достығын достықпен өтемек тілеуім...» – Алматыда ауырып жатқан Әбдірахманға еткен туыстық қамқорлығына риза болған Абай жиені Әбсәметке іштей

риза болып, Мағауияға хат жазғанда оның жақсылығын достықпен өтеуге алғыс тілек білдіреді. *М. Мырзахметов.*

ӘБУОВ Тұрсын (1936 ж. т.) – суретші-кескіндемеші. Жанрлық картиналар жазып, портрет және натюрморт, ара-тұра пейзаж саласында жұмыс істейді. Абай тақырыбына жазған «Абай портреті» (1973, кенеп, майлы бояу, Павлодардың обл. өнер музейі қорында), «Абай ел ішінде» (1979–80, кенеп, майлы бояу, Семейдің обл. Невзоров атынд. өнер музейі қорында), «Өмір өткелдері» (1990, кенеп, майлы бояу, автордың жеке қорында) суреттерін салған. Соңғы триптих 3 бөлімді композициядан тұрады. Триптихқа ақындық дәстүрдің Абайдан Олжас Сүлейменовке дейінгі сабақтастығы өзек болған. Триптихтің сол жақ бөлігінде Абай Құнанбаев халық арасында бейнеленген. *Н. Полонская.*

ӘБІШЕВ Бақытжан Әлімбайұлы (1947 ж. т.) – суретші, мүсінші. Портрет пен тақырыптық композиция саласында жұмыс істейді. 1989–91 ж. «Абай шығармаларының желісі бойынша» атты мүсіндер топтамасын жасады. Ол «Абай» (1989; гипс), «Күйші» (1989; қола), «Әліара» (1990; қола), «Көш» (1991; қола, барлығы да автордың жеке қоры) атты шығармалардан құралған. Мүсінші Абай поэзиясының халықтық бай ауыз әдебиетімен, дәстүрлі әдет-ғұрпымен, сондай-ақ ақын мұрасының бүгінгі күн талабымен үндесуін сәтті көрсете білді.

«ӘДЕБИЕТ МАЙДАНЫ» (қазіргі «Жұлдыз») – әдеби-бұқаралық қоғамдық-саяси журнал. 1932–39 ж. шығып тұрды. Журнал Абай мұрасын жинау және оны тиянақты зерттеп, тиісті бағасын беру, ақын өлеңдерін халық арасына тарату, насихаттау мәселесінде бірқатар игі істер атқарды. Осы мақсатта журнал өзінің 1934 жылғы 11–12 сандарын ақынның қайтыс болуының 30 жылдығына арнады.

Журналдың бұл саны «Абайдың өмірі мен творчествосы туралы» деген редакциялық мақаламен ашылды. Одан соң белгілі әдебиетші-ғалымдар Қ. Жұбановтың «Абай – қазақ әдебиетінің классигі», Ә. Лекерұлының «Абай және оның дәуірі», Ғ Тоғжанұлының «Абайды әлі толық білгеніміз жоқ», Е. Ысмайылов пен З. Шашкиннің «Абайдың поэтикасы» атты проблемалық-зерттеу мақалалары жарияланды. Осы санда ақынның Бегалыұлы жинаған, бұрын баспа бетінде жарияланбаған бір топ өлеңдері жарық көрді. Журналда бұдан кейінгі жылдары жарық көрген М. Әуезовтың «Абайдың мәдени ізденулері» (1937, 7 саны), Б. Кенжебаевтың «Абай туралы пікірлер» (1935, 1–2 сандары) және «Қазақ әдебиетінде болған зиянкестіктің қалдықтарынан түк қалмай құртылсын» (1937, 7 саны), Ш. Шалабаевтың «Қазақ әдебиеті тарихын жасаудағы кейбір принциптер туралы» (1938, 11 саны) мақалаларда Абай шығармаларына байланысты айтыс-тартыстар мен қате пікірлер талқыға салынды. Авторлар ақынның төл шығармаларымен қатар аударма өлеңдеріне де назар аудара бастады. С. Мұқановтың «Пушкин қазақтың да ақыны» (1937, 3 саны), Р Жаманқұловтың «Пушкин өлеңдерінің аудармасы жөнінде бір-екі сөз» (1937, 4 саны) деген зерттеулерде Абай поэзиясындағы Пушкин өлеңдерінің ықпалы, ақынның аудармашылық шеберлігі мен ерекшеліктері жан-жақты сөз болды, орыстың классикалық поэзиясының игі әсері баяндалды. Бұл жоғарыда аталған материалдар журналдың Абай шығармашылығы жайында жүйелі әңгіме қозғағанын танытады. *Т. Барақұлы.*

«ӘДЕБИ МҰРА» – «Жазушы» баспасынан 1970 ж. жарық көрген жинақ. Құрастырған және ғылыми түсініктемелерін жазған Y. Сұбханбердина. Кітапқа қазан төңкерісінен бұрын мерзімді баспасөзде жарияланған көркем шығармалар енгізілген. Жинаққа Абай Құнанбаевтың 1889 ж. «Дала уәлаяты» газетінде жарияланған «Болыс болды кей кісі» (№12) және «Жаз» (№7) деген өлеңдері сол газеттік нұсқасында берілген. Онда «Болыс болды кей кісінің» авторы көрсетілмеген, ал «Жазға» «Кісіден үйреніп жаздым. Көкбай Жанатайұлы» деп Көкбай қол қойған. Екі өлеңде де көптеген өзгешеліктер бар, көлемі шағын. Бұл өлеңдер ақынның кейінгі басылымдарында Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы жинақ негізінде толықтырылды. Кітап көлемі 19,7 б. т., 12 мың дана болып басылған.

ӘДЕБИ ТІЛ – қ. *Қазақтың жазба әдеби тілін қалыптастыру.*

ӘДҺӘМОВА Сәруар Сабырқызы (1901–78) – татар жазушысы, аудармашы. Қазақ әдебиетін, әсіресе Абай Құнанбаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларын зерттеумен айналысты. М. О. Әуезовтың «Абай» романын татар тіліне аударған (1957–60). Осы аударма туралы башқұрттың көрнекті жазушысы С. Құдаш өзінің «Жастық шақтың ізімен» (Алматы, «Жазушы» баспасы, 1984) деген кітабында: «Жасынан-ақ қазақ халқының жазба һәм ауыз әдебиетімен жақсы танысқан Сәруар ханым қазақтың классик жазушысы Мұхтар Әуезовтың «Абай» романын тікелей қазақшасынан тәржіме етті. Ол бай қазақ тілінің ерекшеліктерін сақтап, шығарманың түпнұсқасындағы асыл сөз маржандарын шыпшырғасын шығармай татаршаға аударып берді» (480-б.), – деп жазған. *С. Сейітов.*

ӘЖИЕВ Үкі (1924 ж. т.) – суретші. Акварельді және майлы кескіндеме саласында жұмыс істейді. Қазақстан Республикасының еңбек сің. өнер. қайраткері. «Абайдың туған аулына оралуы» атты көлемді шығармасында (1969, қағаз, акварель; Абайдың мемл. музей-қорығы қорында) жас шәкірттің ат үстінде, жол бас-шыларымен бірге оқудан қайтқан кезін бейнелеген. Туынды асқақ романтизмге толы. Бұдан басқа Абайға қатысты елді мекендер мен басқа да жерлер туралы: «Абай көшесіндегі кеш» (1965, қағаз, акварель), «Абай шыңы баурайында» (1967, кенеп, майлы бояу; екеуі де автордың жеке қоры) т. б. шығармалар тудырды. Ә. Қазақстанның Ұлттық ҒА-ның Ш. Уәлиханов атынд. сыйл. лауреаты. *Н. Полонская.*

ӘЗІЛ. Біреуді әңгімеге тартқысы немесе мұқатқасы келгенде, әйтпесе әңгімелесіп, сөз жарыстырып, пікір таластырып отырған кезде бір жақтың екі жақты ұялту, қызарту, жүйеге жығып, сөзге тоқтату үшін айтатын ұрымтал да астарлы, көңілді де күлкілі пікірі. Яғни әзіл де – болмыс, құбылысқа, нақты факт, оқиғаға қатысты көзқарасты білдірудің, баға берудің өзіндік бір түрі. Әзілде де сынап-мінеу, іліп-

шалып, тәлкек ету ниеті жатады. Тек ол ниет жүрекке ауыр тимейтін етіліп, оспақтап, қалжыңға сүйеп жүзеге асырылады. Сондықтан да қазақ мұны «әзіл-оспақ», «әзіл-қалжың» деп қосарлап атайды. Дегенмен, ащы әзілдерде сатираның уыты, көңілге қаяу түсірмейтін әзілдерде юмордың белгілері жүреді. Әзіл де – юморлық сезімнің, тапқырлықтың жемісі. Алайда, әзіл-оспақ, әзіл-қалжыңды сатира, юморға жатқызуға болмайды. Өйткені, біріншіден, сатира, юмор өмірлік болмыс-құбылыстарды ұзақ уақыт байқап-көрудің, зерттеп-білудің, ақыл-ой, дүниетаным елегінен өткізудің нәтижесінде туады. Сатира, юмор белгілі бір дүниетанымның, саяси-әлеуметтік көзқарастың көрінісі, сәулесі ретінде, ресми шығарма түрінде, жалпы жұртқа жария етілу үшін жазылады. Ал әзіл-қалжың түріндегі шымшыма сөз кез келген жерде – от басы, ошақ қасында, той-томалақ, әр түрлі отырыстарда айтыла салады. Онда ресми сипат, кең танымалдық болмайды. Абай мен оның айналасы арасында осындай әзіл-қалжың көп айтылған. Мысалы, Абай Қоңыр-Көкше болысы болып тұрған кезде, оның үйіне Байкөкше ақын келеді. Ол есіктен ене бергенде Абай оны:

«Тақыр жерге қауындап шөп бітеді;
Қай адамға мал мен бақ көп бітеді», –

деп іледі. Сонда Байкөкше:

«Кей жігітті пысық деп болыс қойсаң,
Қашан түсіп қалғанша жеп бітеді», –

деп, сөзді Абайдың өзіне тигізеді.
Әзіл-қалжың сатира, юмор сияқты, ескінің әлеуметтік қалдықтарына, қоғамның ілгері дамуына кесір-кесапат келтіретін зиянды дерттерге қарсы бағытталмайды, айтысып, қағысып отырған жеке адамдарға ғана тиістіріліп, тек соны сөзден тосу ниетімен айтылады. Сатира, юмор міні бар қоғам мүшесінің бәріне бірдей бағыттала береді, ал әзіл-оспақ дәстүрлі реті бар, жөні бар адамдар арасында ғана, яғни құрбы мен құрдас, жезде мен балдыз, жеңге мен қайын, құда мен құдаша арасында айтылады. Абайдың:

«Түңлікбайдың қатыны, атың – Шәріп,
Байға жарып көрмеген сен бір көріп.
Сен – шыққан жол үстінде жалғыз түп ши,
Көрінген ит кетеді бір-бір сарып», –

деген шумағы құрдасы Түңлікбайды сындыру үшін айтқан әзілі екен деген пікір бар. Абай мұрасында мұндай әзілге толы жолдар көп. *Т. Қожакеев.*

ӘЗІМ – Абайдың «Әзім әңгімесі» дастанының бас кейіпкері. Дастанда Ә. ата жолын қуған, адал жүректі, дініне берік, сөзге сенгіш аңғал жан түрғысынан суреттеледі. Ә. өзінің қайсарлығы мен ерлігінің арқасында қауіп-қатерді жеңіп отырады. Оның көңіл-күйі, сезім-сүйіспеншілігі, туған жерге, анасына деген сағынышы дастанның өн бойында нанымды өрнектелген. Бірақ Абайдың бұл туындысы біздің қолымызға толық жетпегендіктен, Ә-нің кейінгі тағдыры оқырманға жұмбақ күйінде қалған.

«ӘЗІМ ӘҢГІМЕСІ» – Абайдың аяқталмай қалған дастаны. Бұл поэманың тақырыбы «Мың бір түн» ертегісінен алынған. Қазақ ортасында ауызша көп айтылып жүретін «Мың бір түннің» бір тарауы «Әлидің Әзімі» деген ұзақ ертегі болатын. Сол ертегінің ішінен жас бала Әзімнің жетімдік шағы, жігіттік кездегі басынан кешетін бейнет соры, кейін барып өзінің туралығы, жазықсыздығы арқылы арманына жететін оқиғалары Абайдың поэмасына желі, арқау болған тәрізді. Бұл поэманың ішінде Абайды қызықтырған тағы бір адам аяр шал болады. Ол шалдың кәсібі өзгеше. Қара тасты алтын ететін амалы бар. Осындай әрекет соңына түскен адамның жайы шығыста, ертегі ғана емес, химия ғылымы деп аталып жүретін алхимия жайынан туған неше алуан жасырын сырлы әңгімелер бар-ды. Ондай әңгіме-нанымдар шығыста ғана көп жайылған емес. «Философский камень» дейтұғын қара тас пен қара металды алтынға айналдыратын ғажайып сырлы бөлекше бір затты іздену орта ғасырлық Европада талай фантастикалық әңгіме, аңыздар тудырған. «Мың бір түннің», «Әзім әңгімесі» сол жаңағы жайдың шығыста да өзгеше орын алатынын аңғартады. Бірақ халықтың сыншыл ойы кейін ол әрекеттер арасында болып жүретін неше алуан арамшылық, аярлықтарды танытады. Көпті алдап жем ететіндерді өзінің әңгіме, аңыздарымен әшкерелейтін болады. Абай шығыс ертегісінің осындай өзгеше мән, тартыстарына қызыққан болу керек. Поэманың бастауына қарағанда, әкесі өлген жазықсыз, тәжірибесіз жас баланың аярға кездесіп, алданған бейнесі көрінеді. Бірақ, бұл поэма Абайда аяқталмай қалады. Өз уақытында аяқталған болса да жалғыз ғана қолжазба болып, мезгілімен көшірілмей, тозып-шашылып кетеді. Сөйтіп соңғы бөлімдері жоғалып қалады. Сондықтан қолда қалған үзіндісі бітпеген поэма болып басылып жүр... «Масғұт», «Ескендір» поэмасынан мына поэманың жазылу үлгісі басқарақ. Бұнда Абай Пушкиннің орыс ертегілерін балаларға арнап, өлең еткені тәрізді жеңіл тілді, қызық оқиғалы әңгіме жасамақ сияқтанады. Халық аузындағы әңгіменің өзін ғана барлық оқиғаны реттәртібімен жеңіл өлең етіп берудің талабы танылады. Ал өлеңдік құрылысына, кейбір сөз кестелерінің, ұйқастарының оншалық Абай шығармаларына лайықты шеберлікке сай келмейтініне қарағанда, бұл поэманы оншалық жоғарғы дәрежедегі көркем шығарма деуге келмейді. Біздің ойымызша, 1927 ж. осы поэманың тексін Абай шығармаларын жинаушыларға табыс еткен Ырсайдың Ысқағы Абай поэмасының ұмытылған немесе ескірген, қолжазбада өшіп қалған кейбір жолдарын өз жанынан да «төлеу» салып, аламыштап жіберген сияқты. Өйткені поэманың кейбір ұйқастары, кей кезде жол ішінде сөз құраулары Абайдың ақындық шеберлігіне, поэтикалық лексикасына жанаспайтыны да бар. Бұлай болмаса, поэма Абайдың тіпті ерте кездерде өзінің ақындық күшін алғашқы тәжірибе ретінде, әр тақырыпты байқастап жүрген кезінде туған, алғашқы нұсқасы есепті бір вариант болуға керек... Дастан 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Алғаш рет ақын шығармаларының 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында айтарлықтай

текстол. өзгерістер кездеспейді. Туынды қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, ұйғыр тілдеріне аударылған. *М. О. Әуезов.*

ӘЗІМБАЙ Тәңірбергенұлы (1866–1918) – Абайдың немере інісі. 1895 ж. Шыңғыс болысына басқарушы болып сайланған. 1902–05 ж. Шыңғыс болысының 4-ші аулында халық соты (биі) болған. Әзімбайдан Бердеш (Фердауси), Басари, Қашым, Ғабділманап, Зұлғарыш, Зұлпықар, Дінісіләм (Шөпіш), Шайхыслам, Нығыман, Аңсары тарайды. Ә-дың Зұлғарышынан туған Қатира Әзімбаева 40 жылдан астам қазақ радиосында диктор болып қызмет атқарды. Ә-дың қабірі Ә. қыстағы аталатын «Домалақ төбеде», анасы Қаражан бейітінің жанында. Ә. бейнесі М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясында жан-жақты суреттелген.

ӘЗІРЕТ ӘЛІ, Ғ а л и (Әли ибн Әбу Талиб – т.-ө. ж. б.) – Мұхаммед пайғамбардың қызы Фатиманың күйеуі. Ә. Ә. 656 ж. Осман өлтірілгеннен кейін халиф болып сайланған. Жақтастары Ә. Ә-ні Мұхаммедтің бірден-бір мұрагері санап, алланың өзімен тікелей байланысы бар адам ретінде сипаттап, құрмет тұтады, атын аңызға айналдырады, ғажайып ерліктері туралы әпсаналар таратады. Мұсылман дүниесіне қатысты шығармаларды зейін қойып оқыған Абай Ә. Ә-ның өмір тарихы, ерліктері жайында көп білген. Көкбай ақынның діни қисса сарынымен жазылған бір шығармасын ұнатпай «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...» деген өлеңінде:

«Сөз айттым «Әзірет Әлі, айдаһарсыз»,
Мұнда жоқ «алтын иек сары ала қыз», –

деп өлеңді Ә. Ә. айдаһар туралы аңыздарға құра бермей, өмірді шынайы сипаттап, реалистік тұрғыда жазу керек екенін меңзесе, Әбдірахман өліміне байланысты жазған өлеңдерінің бірінде:

Тағы арыстан жүректі,
Аплатон, Сократ ақылды,
Қаһарман Ғали білекті, –

деп Оспанды Ә. Ә-дей қайратты, қаһарман ретінде сипаттайды. *Ш. Керімов.*

ӘЙГЕРІМ (шын есімі – Шүкіман) (1856–1919) – Абайдың сүйікті жары. Абай Ә-ге 1875 ж. үйленген. Ә-нен Турағұл, Мекаил, Ізкаил, Кенже туған. Абай Семей қ-нан қайтқан сапарында Орда тауындағы Бекейдің үйінде Ә-ді алғаш көріп, әнін естіп, қатты ұнатады. «Әнді керім (жақсы) айтады екен. Атын Шүкіман емес, Әйгерім қою керек қой», – дейді толқып. Содан бастап оны Әйгерім деп атап кетеді. Көп ұзамай құда түсіп, айттырып алады. Ә. Абай әндерін де нәшіне келтіріп орындаған. Балаларының да әнқұмар болып, халық әндерін құлақтарына құйып, жүректерімен сезініп өсуіне Ә-нің ықпалы көп болған. Б. Римованың Ақын мен Ә-нің махаббатын арқау еткен пьесасы 1981 ж. қазақ драма театрында қойылды. *М. Бейсенбаев.*

«ӘЙЕЛІҢ – МЕДЕТ ҚЫЗЫ, АТЫ – ӨРІМ...» – Абайдың кейін табылған өлеңі. Көлемі 4 тармақтан тұратын бір шумақ. 1940 ж. ел аузынан жазылып алынған. Замандасы Қайрақбай деген кісі әйел үстіне тағы да адам алмақ ниеті барын айтқанда табан астында шығарған. Ақын ісі олақ, бойы салақ әйелді сынап қана қоймай, бағын қайта сынағысы келген құрбысын, ер кезегі үшке дейін болғанымен алда қандай адамға кездесеріңді қайдан білесің дегенді мегзеп, «бір боқты тағы бас та және сүрін» деп әжуалайды. Бұл мысқылдың арғы жағында «әуелде қайда қарадың, «енді жаман да болса, бала-шағаңды шулатпай жайыңа жүр» деген Абайға тән бір айтар, өктем байлам жатқан сияқты. Өлең 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Алғаш рет ақын шығармаларының 1945 жылғы жинағына енгізілді. Басылымдарында ешқандай текстол. өзгеріс кездеспейді. Орыс тіліне аударылған. *Т. Бақұлы.*

ӘЙТЕКЕ (А й т ы қ) Бәйбекұлы (1682–1766) – Кіші жүздің бас биі, Тәуке ханның ел басқарудағы ақылгөй кеңесшілерінің бірі, белгілі шешен. Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саясатына байланысты маңызды мемл. істерді шешетін хан кеңесінің белді мүшесі болды, сондай-ақ сот міндеттерін де қоса атқарды. Төле, Қазыбек және басқа да билермен бірге қазақтың бытыраңқы тайпа-руларының басын біріктіріп, бір орталыққа қарайтын бірегей хандық құруға атсалысты. Қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы күресін ұйымдастырып, басшылық етті. 17 ғ-дағы қазақ қауымының қарым-қатынастарын реттейтін, қоғамдық қатынастардың негізгі салаларын қамтитын «Жеті жарғы» әдет заңын жасауға қатынасты. Ә-нің өнегелі істері мен сөздері халық арасында кеңінен тараған.

Абай би-болыстық қызметі барысында даулы істерді талқылауда Ә. бидің мақал-мәтелдері мен өнегелі сөздерін орынды жерінде әрдайым қолданып отырды. Ақын «Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесін» (1885) жасауда Әйтеке бидің қатынасуымен әзірленген «Жеті жарғының» бірқатар қағидаларын пайдаланған. *С. Созақбаев.*

ӘКІМБАЙ (Хакімбай) Абайұлы (1866–73) – Абайдың Ділдәдан туған баласы. 7 жасында қайтыс болған. Абай жинақтарының кейбір басылымдарында «Әкімбай өлгенде» деген атпен жарияланып жүрген өлеңнің Әкімбайға ешқандай қатысы жоқ. Өйткені, өлең Ә. қайтыс болғаннан кейін 22 жылдан соң, 1895 ж. жазылған.

ӘКІМЖАН Исабайұлы (т.-ө. ж. б.) – Абай аулының адамы. 1898 ж. Мұқыр сайлауында Абай өміріне қастандық жасаушылардың бірі. Абай «Сенатқа хатында» Ә-ды ашық айыптайды.

ӘКІМҚОЖА (т.-ө. ж. б.) – Абайға қастық жасаған болыс бастығы Мұсажан Әкімқожиннің әкесі. 1898 ж. Мұқыр сайлауында Абайды соққыға жыққан айыпты ел адамдары қазақ жолымен бітімге келуге Абайға келіп, кешірім сұрап, айыбын төлейді. Ә. туысқандарының атынан Абайдан кешірім сұрап, татулыққа шақырған. Абай олардың өтініштерін қабылдап, кешірім жасаған.

ӘЛЕМНІҢ БІРТҰТАСТЫҒЫ. Осы заманғы физика ғылымының алдында тұрған өзекті мәселенің бірі – әлемнің біртұтастығы туралы бірегей көзқарас қалыптастыру. Айналамыздағы

табиғатты танып, зерттеу жолында физика ғылымы мынадай әсерлер түрін анықтады: гравитациялық әсер, электромагниттік әсер, әлсіз әсер, ядролық немесе күшті әсер. Гравитациялық әсер арқылы планеталардың өзара тартылыс заңдарын түсіндіреміз. Электромагниттік әсер арқылы зарядталған бөлшектердің түрлі құбылыстарын зерттейміз. Әлсіз әсер ядролардың ыдырау себептерін анықтайды. Ал күшті әсер ядроның ішіндегі құбылыстарды анықтауға мүмкіндік береді. Яғни осы негізгі әсерлер табиғаттағы ірі денелер мен ұсақ денелердің өзара байланыстарын толық сипаттап бере алады. Аталған әсерлердің әрқайсысы жеке-жеке теорияларға негізделген. Егер сол теориялардың барлығын біртұтас қарастырсақ қалай болар еді?

Міне, осы ой төңірегінде ғұламалар өз бетінше әрекет жасады.Әзірге біртұтас теория жасалған жоқ. Бірақ сол бағыттағы ой-толғаныстар әлемтанудың жаңа сатыларына әкеліп отырды. Жаратылыстану әлеміндегі Абайдың және оның шәкірті Шәкерім Құдайбердіұлының алатын орны қандай? Абайдың қарасөздері мен өленderіндегі Шәкерімнің «Үш анық» деген еңбегіндегі әлемтану мәселесін қарастырғанда ұлттық таным-талғамымызды кеңінен қолдана білу қажеттігі туады. Әлемнің құрылымы қандай екендігін көз алдымызға келтірсек, ең бірінші кез келген дененің негізін құрайтын «бөлінбейтін» бөлшек – атомға тоқталу керек. Оның өлшемі 10^{-10} метр шамасында. Ол молекула құрайды (10^{-8} м). Молекулалар бірігіп түрлі заттар мен денелерді құрайды (10^{0} – 10^{2} м). Келесі өлшемі үлкендеу денелер кометалар мен астероид (10^{5} м). Олардан кейін планеталар (10^{8} м), жұлдыздар (10^{18} м), галактикалар (10^{15} – 10^{20} м), метагалактикалар (10^{25} м). Әрі қарай шексіз, шетсіз дүние... Оның өлшемінің қандай шамада екенін қазіргі ғылым нақты анықтап бере алмайды. Атом арқылы жоғарыда айтылған дүниемізді құрап алуға болады. Бірақ атомның өзі басқа бөлшектерден құралатын болып шықты. Оны сипаттау үшін Шәкерім Құдайбердіұлының «Үш анық» деген еңбегіне жүгінейік.

«...Ескі заманның білімділері әр нәрсенің түпкі негізі неден жаралғанын тексеріп, тамам нәрсенің негізі төрт нәрсе деп білген. Оныcы: от, су, топырақ, ауа. Олардан кейінгі білімділер, ол төрт нәрсенің әрбіреуі әлденеше негізден жаралғанын таба-таба жақынырақ кезде түп негізі сексен шамалы (сол кездегі Менделеев таблицасындағы белгілі элементтер саны) екенін тапты. Әр дененің көзге ілінбейтін кішкентай тараулардан қосылып жаралғанын тауып, ол кішкентайды қанша ұсақтаса да ақырында тіпті бөлуге келмейтін болды. Сол бөлінуге келмейтін түп негіздердің атын «Европаша атом» деп атады. Бізде қазақша аты жоқ болған соң біз оны атом – «мадда» деп атаймыз. Сөйтіп барша нәрсе сол сексен шамалы (қазір белгілісі шамамен 107) атомдардың бір-біріне қосылғанынан дене жасап, әлденеше түрге түсіп, бір-біріне өршіп, жаралып жатқанын тапқан. Мұны алғаш тапқан Ион-грек жұртының Пифагор деген білімдісі.

...Бұл атомды басында не нәрседен жаралғанын, оның не іске жарайтынын білу үшін іздеп тапса да, гректің Эпикур, Демокрит деген білімділері сол атомды дәлел қылып, барлық әлем атомнан өршіп жаратылып жатыр...» – деп жазады. Одан әрі қарай ол 1911 ж. Э. Резерфорд ұсынған атомның планеталарлы моделін талдай отырып, маңызды тұжырымдар жасайды.

Сонымен, «бөлінбейтін» атом, ядро мен протоннан тұрады екен. Енді біз ұсақ дүниелердің, яғни микроәлемнің өлшемдеріне көз жүгіртейікші. Ядроның өлшемі 10^{15} м. Бір қызығы ядроны құрайтын протон мен нейтрондардың әрқайсысының өлшемдері 10^{15} метрден екен. Бұл ядроның үлкен тығыздықтағы дене екендігін түсіндіреді. Уақыт өте ядроның да бөлінетіндігі анықталды. Жоғарғы энергияның көзі болатын құралдарды ойлап табуымызбен қатар жаңа бөлшектерді анықтай бастадық. Олардың саны қазір 200-ден асты. Сонда бұл бөлінбейтін бөлшек қайсы? Негіздің түп негізі қайда деген сұрақ туады. Қазіргі ғылыми теория бойынша элементар бөлшектердің соңғы «кірпіші» кварктар мен лептондардың қосылысы болып отыр. Одан әрі әлі ашылмағаны түпсіз тұңғиық жұмбақ...

Сонымен, айтылған ойларды түйіндеу үшін өзінің физик. көзқарасын әлеум.-филос. деңгейге көтерген Абайдың *Жиырма жетінші сөзінен* мысал келтірейік:

«..Бұл ғаламды көзбен көрдің, өлшеуіне ақылың жетпейді, келісті көрімдігіне һәм қандай лайықты жарастықты законімен жаратылып, оның ешбірінің бұзылмайтұғынын көресің. Бұлардың бәріне таңғажайып қаласың, һәм ақылың жетпейді, осының бәрі де кез келгендікпенен бір нәрседен жаралған ба, яки бұлардың иесі өлшеусіз ақыл ма? Ақылменен болмаса, бұлайша бұл есебіне, өлшеуіне ой жетпейтұғын дүние әрбір түрлі керекке бола жаратылған һәм бір-біріне себеппен байланыстырылып, пенденің ақылына өлшеу бермейтұғын мықты көркем законға қаратылып жаратылды», – дейді ойшыл.

Міне, бұл ой Абай танымының тереңдігін аңғартады. Бұл тұжырым Абайдың жаратылыстану төңірегіндегі толғаныстарының жиынтығы деп түсінуіміз керек. Ал, әлемнің біртұтастығын зерттеп жүрген физика мамандары үшін бұл тұжырымдардың орны ерекше.

Абайдың қарасөздерімен қатар, өленderінде де терең суреттелген физик. құбылыстарды байқауға болады. Әлемнің біртұтастығымен қатар, ақыл-ойдың біртұтастығына мысал болатын Абайдың бір өленін келтірейік.

«Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың маңы терең сай,
Тасыған өзен гүрілдеп...»

Осы өлең тұнып тұрған физик. құбылысты көрсетеді. Оны ашпастан бұрын ой тұтастығы жөніндегі пікірді аяқтайық.

Немістің ұлы ақыны Гетенің «Жолаушының әні» деген өленін Лермонтов арқылы Абай қазақ тіліне аударды. «Қараңғы түнде тау қалғып...» үш ақын өлеңі табиғатты суреттеудің тамаша

үлгісі болып табылады. Гете өзінің Алмания тауларын жырласа, Лермонтов Ресей табиғатын, ал Абай қазақ жерін сол өлеңдердегі ортақ оймен суреттеп өтеді. Абай бұл өлеңнің сарынын қазақ жеріне лайықтап, өзінің «Желсіз түнде жарық ай...» өлеңімен әрі қарай жалғастырады. Алғашқы өлеңдерде табиғатты дәл суреттеу болса, соңғы өлеңде табиғатты суреттеумен қатар, ондағы физик. құбылыстарды терең ашып өткен.

Шынында да, соңғы өлеңнің бірінші екі тармағы бір-біріне қарама-қайшы келіп тұрған сияқты. Желсіз түнде судың беті дірілдегені несі деген сұрақ туындайды. Оның себебі тасыған өзен гүрілі деп бірден жауап беруге болады. Бірақ, судың гүрілдеп тынышталған тұсында да ай сәулесінің дірілі басылмайды ғой. Оны физикадағы интерференция құбылысы арқылы түсіндіруге болады. Егер қарапайым мысалмен түсінгіңіз келсе, қолыңызға айна алып, терезеден түскен сәулені қабырғаға шағылыстырып көріңіз. Айнаңызды қанша қимылдатпай ұстауға тырысқаныңызбен шағылысқан сәуленің дірілін көресіз. Интерференция – өте нәзік құбылыс.

Осы жоғарыда келтірілген мысалдарға қарағанда Абайдың әлемнің біртұтастығы төңірегінде өзіндік нақты көзқарасын байқаймыз. Ақынның табиғат лирикаларынан оның осы тұжырымдарын дәлелдейтін мысалдарды көптеп табуға болады. *К. Е. Раманқұл.*

ӘЛЕУМЕТТІК КӨЗҚАРАСЫ. Абайдың шығармашылығы 19 ғ-дың 2-жартысындағы қазақ даласының қоғамдық өмірінде болған үлкен әлеум.-экономик. өзгерістермен тікелей байланысты. «Оның шығармаларында сол кездегі қазақ өмірінің шындығы әлеум.-экономик. тұрғыдан кең әрі жан-жақты суреттелгені соншалықты, онда тұтас бір дәуірдің көрінісі айқын берілген, – деп жазды М. Әуезов, – оның өлеңдерін, поэмаларын, қарасөздерін өз қоғамының энциклопедиясы деп батыл айтуға болады...» (Ә у е з о в М. О. Әр жылдар ойлары. – А., 1961, 267–268-б.). Ойшыл ақын өлеңдері мен ғақлияларында сол кездегі қазақ қоғамында үстемдік құрған патриархалдық-рулық құрылысқа, сондай-ақ басқа да әр түрлі әлеум. топтарға өзінің көзқарасын айқын білдірген. Ақын өзі шонжар ортадан шыққанына қарамастан, феод.-рулық билеп-төстеушілердің зорлық-зомбылықтарына қарсы бітіспес көзқараста болды. Еңбекші бұқараның мұқтаждық пен жоқшылықта өмір сүруін әкім, би, бай, болыс, атқамінерлер сияқты рулық билеп-төстеушілердің озбырлығы мен надандығынан деп түсініп, олардың рухани бишаралығын бірқатар өлеңдерінде өлтіре сынады.

«Ынсапсызға не керек, Істің ақ пен қарасы, Нан таппаймыз демейді, Бүлінсе елдің арасы...».

Үшінші сөзінде ақын надан, ел тағдыры, халық қамы дегенді ойламайтын үстем таптың өмір тіршілігін аяусыз әшкерелейді:

«Ол мал көбейсе малшыларға бақтырмақ, өздері етке, қымызға тойып, сұлуды жайлап, жүйрікті байлап отырмақ». Байлық байға өз билігін заңсыз жүргізуге жол береді: «Олардың... көңілдері көкте, көздері аспанда, адалдық, арамдық, ақыл, ғылым, білім – еш нәрсе малдан қымбат демейді... Оның діні, құдайы, халқы, жұрты, білім-ұяты, ары, жақыны, бәрі – мал».

Абай қарапайым халықтың ауыр да, қараңғы өміріне немқұрайлы қарай алмады. Жоқшылық пен аш-жалаңаштыққа душар болған ауыл кедейлері тұрмыс-тіршілігінің соншалықты ауыр екенін *«Қараша желтоқсанмен сол бір екі ай...»* өлеңінде күйініш сезімімен бейнеледі: «Кедейдің өзі жүрер малды бағып, Отыруға отын жоқ үзбей жағып, Тоңған иін жылытып, тонын илеп, Шекпен тігер қатыны бүрсең қағып».

Ақын бай-шонжарларды қатардағы қарапайым кедейлер мен күйзелген жарлы-жақыбайларға қамқор болуға шақырады:

«Алса да аяншақтау кедей сорлы, Еңбек білмес, байдың да жоқ қой орны, Жас бала, кемпір-шалын тентіретпей, Бір қыс сақта, тас болма сен де о құрлы».

Абай ел әміршілері мен кедей-шаруалардың үнемі бітімсіз, ымыраға келмейтін қарсылықта екенін анықтап түсіндіреді.

«Жалшы үйіне жаны ашып ас бермес бай, Артық қайыр – артықша қызметке орай. Байда мейір, жалшыда бейіл де жоқ, Аңдастырған екеуін, құдайым-ай...» – деп, байлардың кедейді күнбе-күн езіп отырғандығын, олардың араларындағы экономик. теңсіздікті және бұл екеуінің өмір бойы аңдысумен келе жатқанын, бір-біріне мүдделері қайшы екенін ашық айтты.

Ақын ақсүйек феодалдардың өз басының пайдасы үшін әдейі тұтандырып, ушықтырып отыратын рулық тартыс пен әр түрлі топтардың күресін, алауыздықтарын қатты сынайды:

«Болды да партия, Ел іші жарылды. Әуремін мен тыя, Дауың мен шарыңды...».

Абай қоғам өміріндегі құбылыстарды түсіндіруде идеалистік бағыт ұстанғандықтан ру тартыстарының себептерін дұрыс түсіндіре алмады, өйткені ол оның негізін адамдар арасындағы экономик. қарым-қатынастан емес, ескі кертартпа әдет-ғұрыптар мен үстем тап өкілдерінің жікшілдік, жаулық әрекеттерінен деп ұқты (қ. *Экономикалық көзқарасы*).

Ойшыл ақынның демокр. көзқарастары оның әкімшілік, тергеу, сот орындарының қызметі жөніндегі пікірлерінен анық байқалады.

19 ғ-дың 60 жылдары патша үкіметінің қазақ даласына енгізген сайлау жүйесі – жергілікті үстем тап өкілдерінің патша әкімдерінің алдында жарамсақтанып, өз қара басының пайдасын көздейтінін, екіжүзділігін көрсетті. Абай болыс болған жылдарында патша әкімшілігі отарлау саясатының мақсаты мен мәнін түсініп, бұл биліктен бас тартады. Бірқатар өлеңдерінде әкімшілік сайлауда еш әділеттің жоқтығын, бәрі халықты алдау екенін ашық айтады:

«Шашты малын, Берді барын Боларында жұртына...»

Ақын патша ұлықтарына пара беріп сайланған болыстық әкімдер мен старшындарды сынайды:

«Болыс болса, түсінің
Түксігін салар тырсыйып.

Сенен аяр түгі жоқ,
Бүгін сыйлас көрініп,
Бүгін жалын, ертең шоқ
Сөзі мен өзі бөлініп...»

Ауыл әкімдері – старшын, би, болыстардың билікке қолы жеткеннен кейін, қарапайым халықты қорғаудың орнына патшаның ұлықтарымен ауыз жаласып, елді қанауын, рақымсыз жәбірлеуін батыл айыптайды: «...болыс болғандар өзі құлық, арамдықпенен болыстыққа жеткен соң, момынды қадірлемейді, өзіндей арам, қуларды қадірлейді...»

Абай бай-шонжарлардың заңсыз іс-әрекеттерін, мансапқор, пәлекөр мінездерін әшкерелеп:

«Мәз болады болысың,
Арқаға ұлық қаққанға.
Шелтірейтіп орысын,
Шеңді шекпен жапқанға...» –

деп надан болыстардың ұлықтар шенді шекпен жауып, арқасына қаққанына мәз болатынын қатты сөгеді.

Өз заманындағы сот орындарының қызметіне талдау жасай келе, ақын олардың даулы істерді шешкенде қолданатын құлық-сұмдықтарын, парақорлығын көрсетіп берді: «...әрбір болыс елде... би сайлағандық, бұл халыққа көп залал болғандығы көрініп, сыналып білінді». Дала өлкесінің қоғамдық өміріндегі би-болыстық қызметі барысында Абай сот істерінің әділ шешілуіне ықпал етіп отырған. Бұл ру басылары, бай-феодалдарға ұнамады. Олар ақынды ғасырлар бойғы қалыптасқан артықшылықтарына, рулық салт-дәстүрлерге төнген қауіпті жау тұтып, оның жеке басына қастандық әрекеттер ұйымдастырды. Ойшыл ақын феод. қатынас үстемдік еткен қазақ сахарасында ел басқару, әкімшілік жұмысқа араласу жеке адамның қабілеттілігіне емес, дәулетіне байланысты екенін, мал мен ақшаның күшімен билікке қолы жеткен наданның істері күштіге жағыну, өзінің «дәрежесін» сақтау жағын қарастыру, еңбекшіні қанап, байлығын арттыру мақсатын көздейтінін ашып айтады:

«Кедей би жантайды
Сауыр мен өркешке.
Саумаққа ол байды,
Кеңесер би кешке...».

Қазақ қоғамындағы әлеум. теңсіздікті әшкерелей отырып, Абай барлық ағартушы-демократтар сияқты қарапайым халықтың өмірін жақсартудың жолын білім мен еңбекте деп білді:

«Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта
Ерінбей оқып көруге...».

Ол халықтың ауыр тұрмысын, мешеулігін – кертартпа патриархалдық-феод. салт-сана мен әдет-ғұрыптардың үстемдігінен, мәдениетсіздіктен, жалқаулықтан, ру тартысы, пәлекөрлік сықылды жат қылықтардан көріп, оларға қарсы күресті. Ақынның ағартушылық көзқарасы адамзаттың даму тарихын идеалистік тұрғыда түсіндіретін орыстың рев.-демократтарының ой-пікірлерімен үндес келеді. Олар қоғамның дамуы материалдық игіліктерді өндіруде емес, халықтардың рухани дамуы мен адамдардың жоғары саналылығында деп есептейді. «...Адам тұрмысын жетілдіретін негізгі күш, – деп жазды Н.Г Чернышевский, – адамдардың ақыл-ойының дамуында» (Чернышевский Н. Г Таңдамалы философиялық шығармалары. 3 т., М., 1951, 619-б.). Абайдың халық ағарту жайлы тұжырымдары – оқу-ағарту ісінің адам баласының рухани және материалдық қажеттерін қанағаттандырудағы маңызы туралы Чернышевскийдің қағидасымен астасып жатыр.

Ағартушы-ақын қазақ халқының дамуы, оның басқа елдің қатарына жетуі үшін рухани байлықты арттыруға, орыс және басқа халықтардың мәдениетін үйренуге шақырды. Халықтар достығы мен теңдігін жырлау Абай шығармашылығының негізгі идеялық бағыттарының бірі. Өз замандастарына қарағанда ойшыл ақын экономик. даму мен мәдени жағынан артта қалған Дала өлкесіне Россияның прогресті ықпалын жақсы түсінді. Ол орыс халқының мәдениеті мен өнерін үйренуге, егіншілік кәсібінің тәжірибесін меңгеруге және демокр. озық ойлы зиялыларының идеяларымен танысуға үндеді. *Жиырма бесінші сөзінде:* «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста зор. Залалынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға, тілін, оқуын, ғылымын білмек керек», – деп жазады.

Абай шығармаларында әлеум. тұрмыстың әр саласына үңіле қарап, оларды ағартушылық және демокр. тұрғыда жырға қосты. Алайда, қоғамдық қатынастардың сол дәуірдегі дәрежесі ағартушы-ақынға қоғамдық болмысты материалистік тұрғыда түсіну дәрежесіне дейін көтерілуге мүмкіндік бермеді. Ақын қоғам алдында мәңгі өшпес қасиетті мұра қалдырды, оның тарихи еңбегінің мәні «...қазақ өмірінің шындығын қатып қалған феодалдық-рулық қоғамның үстемдігін өзінің алдындағылар мен замандастарынан бұрын басқаша көзбен көргенінде» (Әуезов М. О. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 20-т., 157–158-б.).

Әдеб.: Бейсембиев К. Очерки и истории общественно-политической и философской мысли в Казахстане. А., 1976; Бурабаев М. С., Сегизбаев О. А. Идейные связи общественно-философской мысли в Казахстане и России. А., 1987.

М С. Бурабаев.

ӘЛЖАНОВ Шарафи Есмұханбетұлы (1901–38) – ғалым-педагог, проф. Ә. Қазақстандағы пед. ой-пікірдің қалыптасуы тақырыбында бірқатар құнды мақалалар жариялады. 19 ғ-дың 2-жартысындағы қазақ ағартушыларының, соның ішінде Абайдың пед. тұжырымдарын бір жүйеге келтіріп, зерттеді. Ақын өнегелік, оқу, өнер-білім, еңбек және адамгершілік тәрбиесі туралы ойларына талдау жасап, К. Д. Ушинскийдің, Л. Н. Толстойдың пед. пікірлерімен өзектестігін нақты деректермен ғылыми түрде ашып көрсетті. Ол Абай үстем таптың өкілі ретінде, кедейді байға адал қызмет етуге шақырып, таптық қайшылықты жоққа шығаруға тырысты деген жаңсақ пікір де айтқан.

С. Қалиев.

ӘЛИӘКПАРОВ Мақаш Тыныштықбайұлы (1937 ж. т.) – әуесқой-суретші, ғалым-дәрігер. Мед. ғыл. докторы, проф. 1975–76 ж. Семей мед. ин-тында жұмыс істеген кезінде аудандарда болып, түрлі суреттер салған, солардың не-

гізінде «Абай болған жерлерде» атты ақын ұрпақтарының суреттерін салған табиғат көріністері топтамасы туды. Импрессионистік мәнерде салынған бұл шығармалар Абай дүниеге келген мекен – «Қасқабұлақ» (1976, қатырма қағаз, майлы бояу), «Құнанбай зираты» (1975, қағаз, майлы бояу), «Абай бұлағы» (1976, қатырма қағаз), Абай қайтыс болған жер – «Балашақпақ» (1976, қатырма қағаз, майлы бояу), «Абай зиратындағы ескерткіш» (1976, қатырма қағаз, майлы бояу), «Жидебайдағы Абайдың музей үйі» (1976, қағаз, фломастер), Қодар жазаланған жер – «Қара жартас» (1976, қатырма қағаз, майлы бояу), Еңлік пен Кебек қашып тығылған үңгір – «Ғашықтар мекені» (1976, қатырма қағаз, майлы бояу) ақынның өмірі мен шығармаларын нақты елді мекен арқылы өзіндік шеберлікпен байланыстырған. Ол салған суреттер арасында ақын немересінің тұлғасы «Ақсақал» (1976, қатырма қағаз, қарындаш, фломастер), жас шағында Абай үйінде қызмет істеген, Жидебайдағы Абай музей-үйінің қызметкері – «Мақып-апа» шығармалары ерекше. Шығармалардың барлығы да Семейдегі Абайдың мемл. корық музей қорында, көпшілігі көрмеге қойылған. *Н. Полонская.*

ӘЛИЕВ Абад (1930 ж. т.) – қарақалпақ жазушысы, ақын, аудармашы. Абайтанудың қарақалпақ әдебиетінде қалыптасуына көп үлес қосқан аудармашы. Ақынның 1990 ж. «Қарақалпақстан» баспасынан жарық көрген толық шығармалар жинағына арнап Абайдың 1–32 ғақлия сөздерін аударды. *Қ. Жұмажанов.*

«ӘЛИФБИ» – Абайдың 80 жылдары жазған өлеңі. Көлемі әрқайсысы 4 тармақты 8 шумақ. «Ә.» өлеңінде шығыстық ерекшеліктердің барлығын өз бойынан көрсетумен бірге, ол поэзиядан бөлегірек, оқшауырақ тұрған айқын өзгешелік те бар. Бұл ретте өзге жайларды қойып, өлеңнің соңғы екі жолын еске алсақ та болады.

«...Үтір мен асты-үстілі жазу да бар,» –

дей келіп, Абай сүйікті сұлуға арналған хаттың ең соңында нақтылы тілек айтады. Оны-сын натуралдық түрде, тұрпайылау етіп анықтап, ашып салады. Бұндағы Абай құрбы қызға сәлем-тілек жолдап отырған көп жеңіскөй жігіттің бірі болады. Шығыстық шер сөздер қосып, ғашық-мағшуқ жайларын тал бойы ұйып жырлаған сияқтанып отырып, «Әлифби» өлеңінің ақырында Абай сезім, сана жағынан жаңағы шығыстық сарыннан өз басының сау екенін танытады, сергек екенін байқатады. Ендеше, бұл бұрын қазақ жазып көрмеген өлеңдік оқшау түрде қызықтап, тамашалаған сияқты да, уақытша әуестік есебінде сол өлеңдік түрмен ғана ойнағандай болады. Кейін, аз уақыттың ішінде-ақ, өмір шындығына жақын өлеңді өз халқының анық халықтық тілімен жазып кететін Абай мынау тұста тек аз уақыт қана өзінің көзі түскен және өзін жас шағында қызықтырған, таңдандырған үлгіге аз бой ұрады. Мұндағы тағы бір қасиеті – Абай діншіл мистикаға берілген Яссауи, софы Аллаярдың бірде-біріне маңайламайды. Ақындық үлгісін іздеп жүрген жас қазақ ақындары айтып келген қара өлеңнің, жырдың әр алуанын білсе де, өзі де солайша жырлауға жараса да, алғашқы кезде ел ақындарының үлгісінше өлең айтуды мәсе қылмайды. Бұрын қазақ құлағы сирек естіген өзгеше өлең үлгісіне қызығады. Қиын тыңды баурағасы келеді.

Дұрыстығын айту керек. Абай терең сезім, идея, мазмұн жағынан түгелімен шығыс ақындарының ықпалына берілмесе де, өлең құру шеберлігі, түр жаңалығы жөнінде бұл кезде де көп нәрсе табады. Сонда, әсіресе өзіне ең жақын ұстаз етіп классик Науаи шығармаларынан үлгі іздейді. Дастан жазған Науаи емес, ғазелдер жазған Науаиға еліктегісі келеді.

Атақты «Чар-диуан» Науаи лирикасының төртке бөлінген жинақтары еді. «Чар-диуанның» төрт бөлімі адам өмірінің, ақын тілегінің төрт кезеңіне арналған: балалық, жігіттік, орта жас, кәрілік кезеңінің көңіл сыры, мұң-сезімі баяндалатын. Абайдың жоғарыда біз атаған шығыстық өлеңдері «Чар-диуанның» жігіттік дәуірін, нәзіктік нақыстарын жырлаған үлгілеріне келеді. Науаидың барлық ғазелдері ерекше шеберлік, көркемдік мазмұн сарындардан басқа, түр жағынан толып жатқан қиын, қызық ырғақ, үлгілер көрсететін...

Абай «Әлифби» өлеңінің әр жолын араб алфавитінің ретімен тізеді. Науаида да сол араб алфавитімен тізілген ғазелдер бар. Бірақ ол әр жолдың басы емес, қайта аяғындағы ұйқасты сөздердің ең соңғы дыбысын әліфби ретімен келтіреді. «Чар-диуанның» барлық саны қырық мың жол өлең болғанда бұлардың орта жасқа, кәрілікке арналған бөлімдерінде, ғазелдерінде Науаидің терең толғауы, философ. ойлары да, қысқа қайырып, шебер етіп қалыптаған ақыл-нақыл сөзі де, афоризмдері де көп кездеседі.

Жас ақын Абай Науаидің осы соңғы айтқанындай, анық классиктік ұлы өрісіне бара алмаған. Ол дәрежеде ұзақ ізденіп, терең бойлап салынбаған. Тек жігіттік, жастық сезімдеріне жаңа мода болғандай тың түр ғана іздейді. Сол себепті «Әлифби» өлеңінде, жоғарыда аталып өткен Науаи ғазелдерінің кейбір сырт түрі, өрнектерін ғана көреміз. Тегінде, анық ішкі сана-сезімге келгенде, Абай сол өзі аз дәурен үлгі еткен шығыс классиктерінің шығармаларындағы ішкі мазмұндарға түгел табынған деген пікірді біз айрықша бөліп айтамыз. Өйткені шығыстың көп классигіне ортақ болған жай махаббат сияқты сезімдерді жырлауда мистикалық элементтер де болады. Ғашықтықтың өзін құдайды тану жолындағы жан әрекеті есебінде жырлау басым еді. Сондықтан ғазелдерде аталатын «мағшуқа» қандай отанның, нендей халықтың қандай шаһарын мекен еткен жан екенін біліп болмайды. Оған ынтығып жырлаған жырлардың ешбірінен сол сұлудың атын, тегін де, нақтылы түсінің өзін де аңғарып болмайды. Бұл жер басқан адамзат па, жоқ бір мекенсіз, нақтылы дерексіз ғажайып жаралған перизат па? Оны да айыру қиын. Ғашығына жолдаған наз, тілектер табыну сарынына айналғанда, жаратқанға жалбарынып отырған сопылық, мистикалық тұманды күйрек сезімдер басымдап кететіндері болады.

Осындай құдайшылдық сарын ғашық жайын, көңіл халін, табиғат көркін атаған теңеулердің бәрінде де көп көрініп отырады. Науаи сияқты ұлы классикте бұл өзгешеліктер кемірек болғанмен, Абай көп оқыған өзге шығыстық ақындардың көбінде осы өзгешелік ерекше мол болған. Абайдың қасиеті сол – жас шағының өзінде де, еліктеуші бола тұрса да, өзінің махабаттық арман-шерлерін, тілектерін жырлауында сопылық, бендешілік, құдайға құлшылық, мінажатшылық күй сарындарға бармайды. Көп теңеулерде кітапшылап, әсірелеп, жырлап отырса да, жоғарыда біз айтқан «Әлифби» өлеңінің соңғы жолдарындай жердің жігіті боп шығады және арнаулы тілек пен нақтылы сәлем айтып жатқан түсінікті мақсаты бар тұмансыз жаршы болады. Болашақ реалист ақынның жақында ауысатын өрісін, әдісін аңғартқандай. Өлең алғаш рет ақын шығармаларының 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланған. Басылымдарында текстол. өзгерістер кездеспейді. Тек 1933 жылғы басылымда 1864 ж. жазған деп көрсетілген. Ал 1945 жылғы жинақта бұл өлеңді Абай медреседен шығып, елге келген соң шығарған ғашықтық туындыларының бірі делінген. Қалған басылымдарда 1855–81 ж. аралығында деп жазылған. *М. О. Әуезов.*

ӘЛИХАН Әубәкірұлы (1918– ө. ж. б.) – Абайдың шөбересі. Отан соғысына қатысып, хабарсыз кеткен.

ӘЛМАҒАНБЕТ Қапсалемұлы (1870–1932) – әнші, күйші. Балалық шағында *Кішкене молдадан* (Мұхаметкәрім), *Мүрсейіттен* оқып, сауатын ашқан, Мұқадан домбыра тартуды үйренген. Мағауия, Турағұлдармен бірге Семей қ-нда болған жылдары орыс музыканттарынан скрипкада ойнауды да меңгерген. Ә. өмірін ұзақ жылдар бойы Абай аулында өткізіп, ұлы ақынның *«Айттым сәлем, қалам қас», «Көзімнің қарасы», «Жарқ етпес қара көңлім, не қылса да», «Алыстан сермеп»* т. б. әндерін айтып, халық арасына таратқан. 1914, 1924 ж. Абайдың қайтыс болғанына 10, 20 жыл толуына арналған Семейде өткен әдеби-музыкалық кештерде Абай әндерін нақышына келтіре орындап, ол жайлы естеліктер айтқан. Ә-тің орындауындағы бірқатар күйлерді («Алшағыр», «Бозторғай», «Тепең көк» т. б.) А. В. Затаевич нотаға түсірген, оның үш ішекті домбырасы Абайдың әдеби-мемориалдық музейінде сақтаулы. *М. Бейсенбаев.*

ӘЛІМБАЕВ Мұзафар (1923 ж. т.) – Қазақстанның халық ақыны, әнұран авторларының бірі. «Қарағанды жырлары», «Жолдар-жырлар», «Ақмаңдайлым», «Сүймеген жүрек семеді», 2 томдық таңдамалы, «Аянның алақаны» өлеңдер мен дастандар жинақтары жарық көрген. Ә. абайтану мәселелеріне де ден қойып, «Халықтың қалауы осы» («Қазақ әдебиеті», 1971, 22 қараша), «Абайды қайталап оқығанда» (Абай тағылымы, – А., 1986), «Абай – рухани атамыз» («Өркен», 1989, 11 қараша) т. б. мақалалар жариялады. Абай рухына арнап «Гоголь кітапханасында», «Ақ сүттей жұтқан асылым», «Ақын арманы» (Ақынға, – А., 1954) т. б. өлеңдер жазды. Ә-қа «Аспандағы әпке» атты өлеңдер, ертегілер, жұмбақтар, жаңылтпаштар жинағы үшін Қазақстан Республикасының Абай атынд. Мемл. сыйл. берілді.

ӘЛІМБЕТОВ Сапарғали (1888–1956) – халық ақыны, суырып салма айтыс өнерінің белгілі шебері. Жазушылар Одағының мүшесі, жастайынан халық ауыз әдебиетінен сусындаған Ә. өлең жазып, Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағын оқып, ұлы ақын шығармаларын жаттап алып, ел арасына таратады. Абай өлеңдері Әтің ой өрісін, тіл шеберлігін дамытады. Абай үлгісімен «Татьяна» дастанын жазып, А. С. Пушкиннің «Евгений Онегинін» қазақ тіліне аударады. Ұлы ұстазына арнаған «Абай» атты алғашқы өлеңінде-ақ оның «еңбексізге ренжіп жаны күйгендігін», «жұрттың жүрегіне білім құйғандығын» жыр етеді. «Ақын аңсаған достық» деген өлеңінде «Ұрпақпен бірге жүрген бүгін Абай, Құзар шың Алатаудың жотасындай» деп, Абайдың ақындық құдіретін асқар шыңға теңейді. «Секілді Дағыстанның Сүлеймаңы, Грузин сені оқиды Шотасындай» деген жыр жолдары арқылы ақын есімінің қазақ даласынан асып, сонау Кавказ тауларына да жеткендігін мадақтайды. Өмірінің соңғы шақтарында да «Бұл өлім Абайды алған мені де алар» деп, кемеңгер ұстазының есімін ауызға алады. *С. Қорабаев.*

ӘЛІМЖАНОВ Әнуар Тұрлыбекұлы (1930–93) – жазушы, публицист, Қазақстанның халық жазушысы. Оның «Достар кездескенде», «Мәңгілік тамырлар», «Жәмшит айнасы» т. б. очерктер мен әңгімелер жинақтары, «Махамбеттің жебесі», «Жаушы», «Ұстаздың оралуы», «Адамдар жолы» т.б. романдары жарық көрген. Ә. абайтану мәселелеріне де ден қойып, мақалалар жариялады. Оларда В. Рождественский, Л. Озеров, М. Петров, В. Звягинцева т. б. аудармашылардың Абай өлеңдерін орыс тіліне тәржімелеу тәжірибесі мен жетістік, кемшіліктеріне тоқталды. «Абай шығармаларының аударылуы жайында» (Советский Казахстан, 1955, №6), «Мәңгілік біргеміз» («Литературная газета», 1982, 14 көкек) деген мақаласында ақын мұрасының адамгершілік, имандылық сипаты мен тәрбиелік мәнін сөз етеді. «Күнге бет алған керуен» повесі үшін Қазақстан Ленин комсомолы сыйл., туған халқының жан сұлулығын көркем бейнелейтін «Көгілдір таулар» повесі үшін ҚазССР-інің Абай атынд. Мемл. сыйл., қазақтардың орта ғасырлардағы тарихи жағдайын сөз ететін «Отырардан жеткен сый» повесі үшін Дж. Неру атынд. Халықар. сыйл. берілген. *С. Қалуов.*

ӘЛІМҚҰЛ Ақылбайұлы (1879–1914) – Абайдың немересі. Ә-дан Шәбеп, Бағфур, Зәбила, Қауаш туады. Ә-дың балалары атасының үйінің дүние-мүліктері мен фото-суреттерін Абайдың респ. әдеби-мемориалдық музейіне тапсырған.

ӘЛІМҚҰЛОВ Тәкен (1918–67) – жазушы, ақын, аудармашы. Ә. абайтану ғылымына елеулі үлес қосқан. Абайдың өмірі мен әдеби мұрасын жүйелі зерттеу, насихаттау ісімен 50 жылдардың басынан шұғылданды. Ол Абайға арналған алғашқы еңбектерінің бірін М. О. Әуезовпен бірлесіп («Из истории казахской литературы», кіт.: А л и м к у л о в Т. «О

прошлом и настоящем», М., 1958) жазған. Ә. әр кезеңдерде «Абайдың өмірі мен шығармашылық жолына байланысты оннан астам зерттеу мақалалар жазды. Жазушы – ғалым бұл материалдарында ұлы ақынның ойшылдық, философтық тұлғасын ашуға әрекет жасады. Москва қ-нда шығатын бірқатар баспасөзде ақын шығармаларын басқа ұлт өкілдеріне таныстыруды мақсат етті. Оның орыс классиктерінен аударған шығармаларының көркемдік шеберлігін сөз етті. Ә. көп жылдық ізденістің нәтижесінде Абайдың өмірі мен әдеби мұрасын түбегейлі қайта қозғайтын «Абай» атты монография жазды. Жазушы-ғалымның бұл еңбегі 1954 ж. жеке кітап болып шықты және 1978 ж. жарық көрген «Жұмбақ жан» зерттеулер кітабына енгізілді. *П. Пәрімбекова.*

ӘЛІМХАН Төреханұлы (т.-ө. ж. б.) – Абаймен дос, сыйлас болған кісі. Ә. Көкен болысына қарайтын Уақ қан-қожа ауылдарының ел ағасы, қадірлі ақсақалы. 1885 ж. мамыр айында Қарамолада өткен съезде Абайды жамандап, акт жасаған 80 би мен 4 ояз елдің адамдарын сөзбен жеңіп, Абайдың төбе би болып сайлануына ықпал еткен. *А. Әубәкірова.*

«ӘМ ЖАБЫҚТЫМ, ӘМ ЖАЛЫҚТЫМ...» – М. Ю. Лермонтовтың «И скушно и грустно» деген өлеңінің 1885 ж. Абай тәржімелеген алғашқы бір шумағы. Көл. 6 жол. «Любить – но кого же?.. – деп басталатын келесі төрт жолды Абай: *«Ғашықтық іздеп тантыма»* деген өлеңінде аударған. Бұл өлең Мүрсейіт қолжазбасында бар. «Әм жабықтым, әм жалықтым» туындысының түпнұсқасы сақталмаған. Лермонтов өлеңі жайында В. Г Белинский: «Бұл – өмірмен қоштасқан өлең... Кімде-кім оның зарлы үнін естіп жүрген болса, бұл өлеңнен тек өзіне таныс зарлы көңілкүйінің елесін ғана көрсе, сол бұған өте терең мән береді, мұны тым жоғары бағалайды, поэзияның ең ұлы шығармаларының бірі деп санайды», – деп жазған болатын. Абай бұл өлеңнен өзіне таныс көңіл-күйінің елесін көрді. Халықтың ауыр халін өзгертуге күші жетпейтіндігін түсініп, налу, жабығу, торығу, өзінің жалғыздығын айту оның өз өлеңдерінен де байқала бастайды. Бірақ ол сары уайымға бой алдырмайды, мойымайды. Түгелдей алғанда Абай шығармаларынан өмірді шын сүйетін, ізгі тілек-талапқа толы, ертеңгі күнге батыл қарайтын зор қайраткердің бейнесі айқын байқалады. Өлең 7–8 буынды, 1-, 3-, 4-, 6- жолдары өзінше, 2-, 5- жолдары өзінше іштей ұйқасып келеді. Алғашқы рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланған. Туынды басылымдарында ешқандай текстол. өзгерістер кездеспейді. *З. Ахметов.*

ӘМІРЕ Қашаубаев (1888–1934) – атақты әнші. Қазақтың ұлттық театр өнерінің негізін салушылардың бірі. Өнер жолын 1917 ж. бастады. 1921–24 ж. Семейде құрылған қазақ жастарының ағарту ұйымы «Ес-аймаққа» мүше болып, әншілік өнерін шыңдай түсті. 1924 ж. осы қалада ұйымдастырылған халық өнерпаздарының байқауына қатысып, бас бәйгеге (Қали Байжановпен бірге) ие болды. 1925 ж. Париж қ-нда өткен Бүкіл дүние жүзі ән өнері көрмесінде «Ағаш аяқ», «Дударай», «Қанапия», «Үш дос», «Жалғыз арша» т. б. әндерді орындап, 2-бәйгемен қоса күміс медаль алды. 1927 ж. сәуірде Москва консерваториясында қазақ әндерін шырқады. Сол жылы Германияның Майндағы Франкфурт қ-нда өткен халықар. муз. көрмеде өнер көрсетіп, бұл жолы да қазақ әндерін әлемге паш етті. А. В. Затаевич Ә-нің әншілік өнерін өте жоғары бағалап, одан көптеген ән жазып алған. Ә-нің орындауында 1925 ж. Москвада фонографқа жазылып алынған әндерін Ж. Шәкәрімов тауып, олар тех. өңдеуден өткеннен кейін қайтадан күй табаққа түсірілді. 1925 ж. Қызылордада ашылған қазақ драма театрының алғашқы актерлерінің бірі болып қабылданды. 1926 ж. М. Әуезовтың «Еңлік-Кебек» пьесасында Жапал бейнесін сомдады. Ә. 1934 ж. Опера және балет театрына әнші болып ауысады. Сол жылы Е. Г Брусиловский Ә-нің орындауында Абайдың «Біреуден біреу артылса», «Қор болды жаным...» әндерін нотаға түсіріп, жазып алған. Бұл әндер 1986 ж. «Өнер» баспасынан шыққан «Айттым сәлем, қалам қас» әндер жинағына енді. *Ә. Телғозиев.*

ӘМІРЖАН Аянбайұлы (1880–1975) – Абай өлеңдерін жинаушы. Тобықтының жігітек руынан. Жас кезінде Абай аулында ат ерттеуші, бүркіт баптайтын қолбала болған. Ә. көзі ашық сауатты әрі ән айтып, домбыра тартудың шебері атанған. Ол Абай өлеңдерін жазып, жинаған, кейін кеңес өкіметінің қудалауынан қорқып, жинаған кітаптарымен бірге Абай өлеңдерінің өзі жазып жинаған қолжазбасының бәрін Қарашоқы тауының қуысына тыққан. 1974 ж. Қарашоқыдағы осы қойманы «Тоғжан» жас шопандар бригадасының шопандары тауып алып, Абайдың мемл. қорық-музейіне тапсырды. Табылған мұра – Абайдың 1909 ж. Петербургте басылған өлеңдер жинағы және Ә-ның өз қолымен араб әрпімен жазған 44 беттік Абай өлеңдері. Ә. жинап, жазған Абай өлеңдерінің қолжазбасы туралы кезінде филол. ғыл. докторы Ы. Дүйсенбаев өз пікірін білдірсе, абайтанушы М. Бейсенбаевтың «Әміржан Аянбайұлы қолжазбасының өзіндік ерекшелігі» («Үш анық» газеті, 1993, № 10, 11, 13) деген зерттеу еңбегі жарияланды. Ә. қолжазбалары ақын мұрасының текстологиясын анықтауға көп көмегін тигізетін аса құнды мұра. *М. Бейсенбаев.*

ӘМІР-ТЕМІР, Темірлан, Ақсақ Темір, Әмір Темір (1336–1405) – Орта Азиядан шыққан мемл. қайраткері, қолбасшы, әмір. Арғы тегі монғолдың түріктенген Барлас тайпасынан. 1370 ж. Хұсейнді жеңіп, Мауараннахр еліне билік жүргізді. Сондай-ақ, оның қол астына Хорезм, Хорасан, Закавказье, Иран, Пенджаб қарады. Ә.-Т. мемлекетінің орталығы Самарқан қ. болды. Ә.-Т. ғылым мен мәдениеттің өркендеуіне көп көңіл бөлді. Түркістандағы атақты Қожа Ахмет Яссауи ғибадатханасын салдырған. Ә.-Т.-дің өмірі мен қызметін жақсы білген Абай оның есімін өз шығармаларында үш рет атайды. Ақын сүйікті баласы Әбдірахман мезгілсіз қайтыс болғаннан кейін жазған *«Бермеген*

құлға қайтесің...» деп басталатын жырында «Ескендір, Темір, Шыңғыстай, Мұсылманға атақты» деп өзін-өзі жұбатып, тәубе қылады. Ал «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген тарихи еңбегінде қазақтардың шыққан тегін баяндай келіп: «Бұлар Шағатай нәсіліне қарап жүргенде, Жошы нәсілі өзбек халқын билеп жүрген екен. Сол Жошының Сибан яки Шибан деген баласының тұқымынан бір белгілі Шайбақ деген хан шығып, Әмір-Темір тұқымынан Һират, Бұқар, Самарқан шаһарларын тартып алып жүргенде, ақырында мұның алдынан Алаша хан, Ташкендегі Жәнке хан деген ағасымен қосылып, қалың әскермен шығып, Ора-төбеде жеңіліп, ағайынды екеуін де балашағаларына дейін Шайбақ өлтіргенде, біздің қазақ әуелден өзбек жұртыменен аталас едік және де Шыңғыс хан тірі күнінде бізді Жошыға тапсырып еді, «сарт – садағам, өзбек – өз ағам» деп Шайбаққа қарап кетіпті» деген құнды дерек береді. Осы мақаласында ақын атақты Бабыр патшаның «Ә.-Т. нәсілінен шыққан Құмар Шаих баласы» екенін айтады. *Т. Барақұлы.*

ӘН-БИ АНСАМБЛІ, Қазақстан Республикасының мемлекеттік ән би ансамблі – 1955 ж. құрылған муз. вокалды-хореогр. ұжым. 1967 жылдан Қазақстан Республикасының еңбек сің. коллективі. Алғашқы ұйымдастырушылары комп. Б. Байқадамов, реж.-хореогр. Л. Д. Чернышева, балетмейстер А. Бекбосынов т. б. болды. Ансамбль репертуарына қазақтың халық әндері мен билері, вокалды-хореограф. композициялар, поэмалар мен ораториялар, дүние жүзі халықтарының әндері және билерімен қатар Абайдың «Айттым сәлем, қалам қас», «Көзімнің қарасы», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» т. б. әндері енген. *Б. Ғизатов.*

«ӘНДЕР» – қазақтың мемл. көркем әдебиет баспасынан 1954 ж. қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген жинақ. Жинаққа Абайдың Қазақстан композиторлары: Л. Хамиди, С. И. Шабельский, Б. Г Ерзакович, М. М. Иванов-Сокольский, М. Төлебаев, В. В. Великанов, Қ. Қожамьяров, Д. Д. Мацуцин өңдеген 12 әнінің нотасы енгізілген. Бұл шығармалар «Әндер» және «Хор үшін» деген екі бөлімге топтастырылған. Кітап көлемі 4,48 б. т., 5000 дана болып басылған.

«ӘНДЕР» – қазақтың мемл. көркем әдебиет баспасынан 1957 ж. қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген жинақ. Құрастырған К. Рождественская. Кітап қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвадағы онкүндігіне арнап шығарылған. Жинаққа Абайдың Қазақстан композиторлары Б. Г. Ерзакович, Д. Д. Мацуцин, Л. Хамиди, М. М. Иванов-Сокольский, В. В. Великанов өңдеген 15 әнінің нотасы мен өлеңдері енгізілген. Кітап көлемі 5,73 б. т., 7000 дана болып басылған.

ӘНИЯР Молдабайұлы (1856–1934) – Абай аулының адамы. Тобықты ішінде – Әнет. Одан Сапарғали тараған. Ә-дың әкесі Қожабай қазақтың үй жиһаздары – бетін сүйектен ойып әшекейлеген ағаш төсек, жүк аяқ сияқты заттарын жасаған. Осы өнерін көрген Абай Қожабайды аулына көшіріп алып, қамқор болып жүргенде Қожабай өліп, артында 3 баласы қалады. Кенжесі Ә. 8 жаста еді. Қожабайдың інісі Молдабай Ә-ды Семейге оқуға беріп, өз атына жаздырады. Ә. 5 кластық мектепті бітіріп, елге оралған соң Абай оны Ташкент қ-ндағы орта білім беретін және банк қызметкерін дайындайтын оқуға жібереді. Ә. бұл оқуды бітірген соң Әндіжан қ-на барып, қызмет істеп, үйленіп, тұрақтап қалады. 1890 ж. соңынан іздеуші барып, елге көшіріп әкеледі. Ә. Семейдегі банк қызметіне орналасады. Абай, Мағауия, Ақылбай, Ғабдоллалар көмектесіп, саудагер ноғай Ахметжан Ғаббасовтың үйін сатып әпереді. Бұл үйге Мағауия, Ақылбай, Кәкітай бастаған Абай туыстары келіп түсетін болған. Абайға бөлек бөлме бөліп, оны қала сәнімен жабдықтап, ақынның жазу жазуына, кітап оқуына жағдай жасайды. Абай өміріне тікелей қатысты тарихи орын болғандықтан, Ә-дың үйіне 1944–67 ж. Абай музейі орналасты. 1988 жылға дейін қаладағы балалар кітапханасы болып, осыдан кейін Абай музейіне қайта берілді. Үй мемл. қамқорлығына алынған. Қайта жабдықталып, 1992 жылдан Абай музейінің бір бөлімі болды. *М. Бейсенбаев.*

«ӘН – КӨҢІЛДІҢ АЖАРЫ» – «Өнер» баспасынан 1980 ж. жарық көрген қазақ әндерінің жинағы. Құрастырған Е. Мекежанов. Кітаптың «Халық композиторларының әндері» деген 2-бөлімі Абай әндерімен ашылады. Мұнда ақынның «Айттым сәлем, қалам қас», «Желсіз түнде жарық ай», «Көзімнің қарасы», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Қор болды жаным», «Татьянаның әні» сияқты махаббат тақырыбындағы әндері енгізілген. Кітап көлемі 11,1 б. т., 100 мың дана болып басылған.

«ӘНШІЛЕР» – Абайдың 1898 ж. И. А. *Крыловтан* аударған мысал өлеңі. Көлемі 22 жол. Ақынның *«Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа...»* атты төл шығармасымен мазмұндас. Мұнда да әңгіме ән туралы. Онда «есті ән мен есер әнді ажырата алмайтын, мазаны кетірер, құлақты тесер даңғазаны да ән деп білетін, оны мастардың айқай-шуынан жақсы ғой деп, өзін-өзі жұбататын ән «сүйгіштер» сықақка алынған. Мысал түйіні – «есі шықпай мұнан да ішкен артық, қисыны жоқ қышқырған не еткен тантық».

Аудармада 22 жолдық түпнұсқа мазмұны толық сақталған. Абай оны 7–8 буынды шалыс үйқаспен өрнектеген. Идеяны беруде тың сөз қолданғаны да аңғарылады. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Крыловтағы «кто в лес, кто по дрова» деген жол Абайда, ал Абайдағы «ынтасы – даусын білдірмек» деген жол Крыловта жоқ. Мысал тексі кейінгі Абайдың 1909 жылғы жинағы мен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша алынып жүр. *Т. Қожакеев.*

«ӘР ЖЫЛДАР ӘНДЕРІ» – «Жазушы» баспасынан 1971 ж. жарық көрген жинақ. Жинаққа этнограф А. В. Затаевичтің әр жылдары жинастырған қазақ, татар, өзбек, дүнген, ұйғыр және басқа халықтардың әндері енген. Бұл әндер Қ. Жездібаев, Ж. Аймауытов, М. Саматов, А. Байтұрсынов, Ғ Мұхитов, С. Сей-

фуллин, Қ. Айнабеков т. б. айтуы бойынша нотаға түсірілген. Кітапқа Абайдың 5 әні енгізілген. «Абай» әнін Мұхтар Жылқайдаров нотаға түсірген. «Сегіз аяқ» әні 1922 ж. Құстай Мырзабеков пен Кәрім Қашқынбаевтың орындауында жазылып алынған. Жинаққа енген 3 ән де «Абай» деп аталады. Оны орындап бергендер Балқия Есболова мен Зура Байзақова. Онан кейінгі ән «Абай» аталғанымен «Татьяна хатының» нұсқасы. Жинаққа енген бесінші ән – «Татьянаның хаты». С. Мұқановтың орындауынан жазылып алынған. Жинақ қалың оқырманға арналған. Көлемі 21,8 б. т.

З. Қоспақов.

ӘРХАМ Кәкітайұлы (1885–1962) – Абайдың Ысқақ деген інісінің немересі, Кәкітайдың баласы. Ақын қолында тәрбиеленген. Семей қ-ндағы Абай үйінің сүйекті ағаш төсегін, ыдыс-аяғын, ер-тұрманын, дүние-мүліктерін, фото-суреттерін осы музейге тапсырды. Музейдегі Абай қыстауының, киіз үйлердің, тұтынған мүліктерінің үлгілері Ә-ның айтуымен жасалған. Ол Абай өлеңдері мен әндерін жинауға көп үлес қосты. 1935 ж. комп. Л. Хамиди Семей қ-нда Ә-нан Абайдың: «Біреуден біреу артылса», «Желсіз түнде жарық ай», «Ішім өлген, сыртым сау», «Сегіз аяқ», «Қор болды жаным», «Сен мені не етесің?», «Айттым сәлем, қалам қас», «Татьянаның Онегинге жазған хаты», «Татьяна сөзі», «Көзімнің қарасы», «Сұрғылт тұман дым бүркіп», «Бойы бұлғаң», «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа», «Тәңірі қосқан жар едің сен», «Қарашада өмір тұр», «Өлсем орным қара жер, сыз болмай ма», «Қараңғы түнде тау қалғып» әндерін жазып алған. Ә. «Екпінді» газетінде (1940 ж. 15 қазан) «Абайды алғаш көруім», «Социалистік мал шаруашылығы» газетінде (1941 ж. 18 мамыр) «Абай туралы есте қалғандар» т. б. мақалалар жариялады. Абай мен ақын туыстары жайында жазылған естеліктері, магнитофон таспасына жаздырған әңгімелері музей қорында сақтаулы. Ол бірнеше рет ақындар айтысына қатысқан. Ә-ның «Зағипа» атты дастаны бар.

М. Бейсенбаев.

ӘРІП Тәңірбергенұлы (1856–1924) – ақын. Абайдың талантты шәкірттерінің бірі. Жастайынан мұсылманша мектеп, медреселерде оқыған. Семейдегі миссионерлік мектепті бітірген. Шығыс мәдениетінен хабары мол, араб, парсы, қытай, орыс тілдерін жетік білген. 1882–83 ж. Аякөз маңында, ал 1884–87 ж. Шәуешек қ-нда (ҚХР) орыс консулының тілмәші. Ә. 15–16 жасынан айналасына ақындығымен таныла бастайды. Өлеңдерінде араб, парсы әдебиеттерінің ықпалы байқалады. Қыздың сұлулығын шектен тыс романтик. бейнеде суреттегені үшін Ә. кезінде ұстазы Абайдың қатаң сынына ұшыраған. Бұл жас ақын үшін үлкен сабақ болды. Ол өзінің ақындық жолында Абайды үнемі ұстаз тұтып отырды. Дастандарында Абайдың өлең кестесіне ден қояды. Ә. әсіресе, Абай поэзиясының ағартушылық және сыншылдық бағыттарына жиі назар аударған. «Серікбай қажыға», «Байларға», «Қабдолла биге», «Тәрібек болысқа» т. б. өлеңдерінде Ә-тің Абай үлгісіндегі сыншылдық қасиеті айқын көрінеді. Жастарды оқу-білімге, еңбекке шақыру тақырыбына жазылған «Ғылым туралы», «Еңбек туралы», «Шәкірттеріме», «Шүғбанға» сияқты өлеңдерінде Абайдың ағартушылық идеялары жалғасын тапқан. «Қалың мал туралы» өлеңінде ақын әйел теңдігі мәселесін көтереді. Мұнда да әлеум. теңсіздік, әр адамның бас еркі деген сияқты мәселелерге келгенде ұстаз ақынның ұлағатты ойларымен сабақтастық сезіледі. Абай үлгісі Ә. шығармашылығының бүкіл табиғатынан танылып жатады. «Абайдай болмасам да атақты ақын» деп, ақын салған дәстүрлі жолды өзіне бағдар тұтатынын айтады. Осы үлгіде туған Ә. еңбектерінің бірі – орыс ақыны А. С. Пушкиннен аударған «Евгений Онегин» романының үзінділері. Өзінен бұрын Абай аударғанын, Абай барған тақырыпқа қайталап қалам тартуы Ә-тің ақындық қарымын, батылдығын аңғартады. Аудармада, тіпті оның жекелеген шумақтарында Абай өлеңінің кесте-бояулары байқалып тұрады. Ә. қаламынан лирик. шығармаларымен қатар шығыстық оқиғалар желісімен жазылған «Зияда-Шамырат», «Қожа Ғафан», «Нұрғозарұн», «Таһір» сияқты бірқатар хисса-дастандар туды.

Б. Әбдіғазиев.

«ӘСЕМПАЗ БОЛМА ӘРНЕГЕ...» – Абайдың 1894 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 6 шумақтан тұрады. Өлең мазмұны қазақ халқының дүние-әлем, бақи мен жалған туралы байырғы ұғым-түсініктерімен, дәстүрлі дүниетанымының негізгі категорияларымен тығыз байланысты. Ақын адамгершілік туралы ойларын *қайрат, ақыл, әділет, шапқат* секілді адам бойындағы асыл қасиеттер негізінде ашады. Аталған қасиеттер барша шығармашылық өнеріне тән сапалық мән-мағынаны белгілейтін айрықша бағалы көркемдік-эстетикалық құбылыстардың қатарына жатады. Ақынның «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде айтылатын *талап, ең бек, қанағат, рақым, «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек»* өлеңіндегі *ақыл, қайрат, жүрек*, «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» өлеңіндегі *ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек* жайындағы толғаныстардың өзегінде осындай биік адамгершілік нысанатұрғы құрайды. Адамгершілік негізі, кісінің адамгершілік кемелдігі туралы мұндай философ. ойлар ақынның қарасөздерінің де басты желісі болып табылады. Мағыналық құрылымы жағынан төрт бөлімге бөлінеді. Бірінші мағыналық бөлімде адам алдына нақты міндет қойылады, оған белгілі бір игі іс атқару парызы жүктеледі (бірінші шумақ). Екінші мағыналық бөлімде сол міндетті орындауға, істі атқаруға қажетті адамгершілік ізгі қасиеттер көрсетіледі. *Қайрат, ақыл* бір болып, *әділет* пен *шапқат* шет қалса, онда оның адамгершілік негізі кемелденбей, өмірі бағдарсыз, баянсыз өтетіндігі туралы ой тұжырымдалады. Өлеңнің үшінші мағыналық құрамын төртінші және бесінші шумақтар түзеді. Онда ақын адамгершілік кемелдікке жетуге ниет еткен кісінің қандай жаман қылықтардан бойын аулақ салуы парыз

екендігі көрсетіледі. Төртінші мағыналық бөлім адамгершілік кемелдікке жетуге ниет қылған кісінің қандай жақсы қылықтарды әдет етуі қажеттігі туралы ғақылмен аяқталады. Бұл бөлімдегі ақындық ой алдыңғы мағыналық бөлімдерде баяндалған мазмұнның қорытындысы, түйіні қызметін атқарады. Өлең 7, 8 буынды шалыс ұйқас үлгісінде жазылған. Алғаш 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланған. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Мүрсейіт қолжазбаларында 5-шумақтың 3-жолы **«Күндестігін қозғызып»** болса, басылымдарында бұл жол 1909 жылғы жинақ бойынша **«Күндестігін қоздырып»** делінген. 1933, 1939 жылғы басылымдарда 6-шумақтың 3-жолы **«Ұстаздық қылған жалықпас»** болып берілсе, 1945, 1954, 1957 жылғы жинақтарда бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларына, 1909 жылғы басылымға сәйкес **«Ұстатдық қылған жалықпас»** деп алынған. Туынды ағылшын, араб, белорусь, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, түрікмен, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған. *Ж. Дәдебаев.*

«ӘСЕТКЕ» – Абайдың өлеңі, қ. *«Біреуден біреу артылса...»*

ӘСЕТ Найманбайұлы (1867–1922) – ақын, әнші, сазгер. Абайдың тәлім-тәрбиесін көрген талантты шәкірттерінің бірі. 7-8 жасында медреседе оқиды. Сол кездің өзінде-ақ әншілігімен ауызға іліге бастады. Әріп, Бақтыбай, Кәрібай, Ырысжан сияқты бірқатар ақындармен айтысқан. Ә. Абайды өзінің ақындық жолында ұстаз тұтқан. Ә. мұраларының өн бойында Абай өнегесі өріліп жатады. Оның лирик. шығармаларында ақынның айналасында болып жатқан оқиғалар мен құбылыстарды Абайша қабылдау және оларды Абайша шыншылдықпен, шынайы суреттеу қасиеті, шыншылдық дәстүр нышаны айқын аңғарылады. Ол, ең алдымен, өз заманының шындығын көре білді, әр құбылысқа сыншыл көзбен қарады. Бұл орайдағы ой-түйіндері қалың елі – қазағының қамын ойлап, шарқ ұрған Абайдың сезім-күйлерімен тамырласып жатыр. «Қалдың ба, қайран қазақ, қамданбастан», «Сабаздар санасы жоқ сатылып жүр», «Жас жігіт надандықпен алданады» т. б. өлеңдерінде ақын өз ортасының ащы шындығын бейнелейді, халқының басындағы ауыр тағдырға күйзеле отырып, өзінің ақындық, азаматтық парасатын паш етеді. Ә. өлеңдерінде Абай поэзиясына тән имандылық қасиеттердің ізі сайрап жатыр. Ол әрдайым шыншыл болуды, адамдық қасиеттерді бәрінен де жоғары қоюды талап етеді. «Ғылыммен тән тазарып жанданады», «Оқудың түзетпейтін адамы жоқ», – дейді ақын. Сондай-ақ Ә. адам сезімдерін, махаббат пен жастық дәурен мәселелерін айшықтауда да Абай поэзиясына тән шыншылдық арнасынан табылады.

Ә. – Абай негізін қалаған жаңа үлгідегі оқиғалы дастан жанрын дамытуға мол үлес қосқан эпик ақын. Оның «Салиха-Сәмен», «Ағаш ат», «Перизат», «Кешубай», «Жамсап» сияқты бірқатар хисса-дастандары бар. Оның ішінде «Сәлиха-Сәмен» дастанында ақын Абайдың оқиғалы дастандарының үлгісін басшылыққа алады.

Ә. Абайдан кейін А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романын еркін аударып, хисса етіп жырлаған. *Б. Әбдіғазиев.*

ӘУБӘКІР Ақылбайұлы (1881–1934) – ақын, әнші-композитор. Абайдың немересі, әрі шәкірті. Атасының шығармаларын халық арасына таратуға көп еңбек сіңірген. Ә-ді Абайдың інісі Оспан балалары болмаған соң, бауырына салып өсіріп, тәрбиелеген. Ә. өлеңді суырып салып та, жазып та шығарған. Немересінің ақындыққа бой ұрғанын байқаған Абай Ә-ді ерекше жақсы көріп, бағыт-бағдар, ақылкеңесін беріп отырған. Ә. жас кезінен өлеңжырға құмар болып, шығыс қиссалары мен батырлар жырын жатқа айтып, домбырада күй тартып, ән салған. Абай тапсырмасымен әзіл, мысқыл, әжуа, сықақ өлең шығарып, 19 ғ-дың басындағы қазақ әдебиетіндегі сатираға өзіндік үлес қосқан. Ол сол кездегі келеңсіз құбылыстарды аяусыз сынап:

«О, ішінде қымың да бар, жымың да бар,
Өмірде би болмаған сұмың да бар.
Анық әділ тартылсаң таразыға,
Балтаменен шабатұғын мінің де бар» –

деп ащы мысқылға толы өлеңдер шығарып, халықтың қалың көпшілігінің қараңғылығы мен надандығына жаны күйген. Ә. сатиралық өлеңдермен бірге тарихи шығармаларға бет бұрып, «Мамай батыр», «Әнет бабаң», «Ақтабан шұбырынды», «Оралбай мен Керімбала», «Әреке мен Береке» деген әлеум. дастандар да жазған. 30 жылдары Абай ұрпақтары қуғын-сүргінге ұшыраған қиын кезеңді шынайы суреттеген «Шыңғыстау» дастаны өзінше бір төбе. Ә. талантты әнші-композитор ретінде де белгілі. Оның өз өлеңдеріне шығарған «Көкен қалқам», «Әліпби», «Әубәкірдің әні», «Дариға» деген әндері бар. Кеңес өкіметі тұсында шығарған «Кооператив», «Советтің наркескені» т. б. өлеңдер жазып, сол уақыттағы өмір шындығын жырға қосқан:

«Шен алған, шекпен алған қанжар, қылыш,
Қазаққа жолы құтты болған ырыс,
Үлжаннан туған төртеу, бірі – Абай,
Жаралар сондай болып қандай туыс», –

деп, Абай атасының кемеңгерлігін өлеңге қосқан. Ол Абайдың ақындық мектебінің талантты өкілі ретінде танылды. Ә. өлеңдері «Жаңа жолаушы», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде, «Ел аузынан» жинағында (1985, 89), «Қазақ поэзиясының антологиясында» (1993) жарық көрді. Басқа шығармалары Ұлттық ҒА-ның орталық ғыл. кітапханасы мен Абайдың Семейдегі әдеби-мемор. мұражайында сақтаулы *С. Қорабаев*

ӘУБӘКІРОВ Яхия Әубәкірұлы (1925 ж. т.) – экономист, экономика ғыл. докторы, проф., Қазақстан Республикасы Ұлттық ҒА-ның академигі. Оның «Ауыл шаруашылығында социализмнің экономикалық заңдарын пайдалану», «Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер» т. б. ғыл. зерттеу еңбектері жарық көрді. Ғалымның соңғы еңбектері экономик. заңдарды ауыл шында қолдану, тәуелсіз Қазақстан Республика-

сының экономик. бағытын белгілеу және оларды қалыптастыру мәселелеріне арналған.

Н. Шабанов.

ӘУЕЗ Бердіұлы (1830–1917) – Абайдың замандасы, Ақын ауылымен қадірлес, құда-андалы болған. Тобықты ішіндегі беделді адам. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» сұрапылынан кейін Тобықты руын Сыр бойынан Шыңғыстауға бастап қайта көшіріп әкелген атақты Мамай батырдың жауынгер серіктерінің бірі Бақшайыш батырдан – Саяқып, Саяқыптан – Берді, Төлеген, Қылыш туады. Ал Бердіден – Үсен, Бурахан, Әуезхан (Әуез), Самархан, Кенжехан тарайды. Бердінің қызы Нұрғаным Құнанбай қажының тоқалы. Ә-дің үлкен әйелі, Найман ішінде сыбанның беделді адамдарының бірі Жарқынбайдың қарындасы – Дінәсілден Омархан дүниеге келген.

19 ғ-дың 40 жылдарында Құнанбай Өскенбайұлы Берді әулетін Арқат тауының солт. өңіріндегі Бетағаш қонысынан өз жанына көшіріп алып, Бөрліден арнайылап қыстау салдыртады. Солайша Аралтөбеде – Абай, Тышқанда – Ақылбай, Бөрліде – Ә. мекен-жай тұрғызып, Ә. бен Абай іргесі айрылмаған көрші-қоңсылас, сырлас, сыйлас, айнымас дос болып өтеді. Түрік, шағатай, парсы әдебиетінен хабары мол, арабша сауат білігі жоғары, мәдениет-парасаты жоғары Ә-ді Абай: «Әуке аға», «Үлкен қожа» – деп атаған, Абайдың Әубәкір үйінде отырғанда Разақ Самарханұлына:

«Үлкен қожа – ортан қол,
Өзгелері – атыжоқ пен шынашақ» –

деп қадай көрсетуі ұлы ақынның Ә. тұлғасына берген шынайы бағасын танытса керек. Өз кезегінде Ә. де Абай өлеңдерін құмарта тыңдаған, қағазға түскен тың дүниелерімен алғаш оқып-танысып, ашық пікір бөлісетін жақын адамдарының бірі болған. Ә. – Абайдың әдеби мектебінің аса көрнекті өкілі, 20 ғ-дағы қазақ халқының ұлы жазушысы М. О. Әуезовті кішкентай кезінен бастап тәрбиелеп өсіріп, шығыс әдебиеті мен мәдениетіне қатысты өзіндік дүниетанымын қалыптастырып, Абай мұрасына деген махаббат-іңкәрлығын оятуға бірден-бір себепші болған адам. 1917 ж. маусым айының 7-де Ойқұдықта қазақ халқының сахна шымылдығы тұңғыш рет Әуезовтың «Еңлік-Кебек» пьесасымен ашылғанда, Разақ Самарханұлы жалпы басқару жұмысын өз қолына алса, Ысмайылхан Бердіұлы Кеңгірбай биді, Ахмет Әуезұлы Еңлік бейнесін сомдаған. Осы алғашқы өнер мерекесіне қатысқан Ә. бен Ділдә, Әйгерім, Турағұлдар өнер туындысына риза болып, бата-алғыстарын берген. Ә. өзінің өсиеті бойынша Құнанбай әулеті зиратына жерленген.

Б. Сапаралы.

ӘУЕЗОВ Мұхтар (1897–1961) – жазушы, драматург, қазақ әдебиетінің классигі, әдебиетші-ғалым, абайтанушы. Филол. ғыл. докторы, проф., ҚазССР ҒА-ның академигі, ҚазССР-інің еңбек сің. ғылым қайраткері, Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтардың лауреаты. Жазушының *«Абай жолы»* эпопеясы әлем оқырмандарына жақсы таныс. Шығармалары 1967–69 ж. 12 том болып, 1979–86 ж. 20 том болып басылған.

Ә. өзінің атақты «Абай жолы» эпопеясы арқылы ұлы ақын есімін әлем оқырмандарына танытып, Абайдың ақын-азамат ретіндегі шынайы көркем бейнесін жасаумен қатар, ақын мұрасын жинау, зерттеп-саралау, оларды әр түрлі теріс көзқарастардан қорғап, саф қалпында бүгінгі оқырман-қауымға жеткізу, Абай өлеңдерінің теориялық негіздерін анықтау ісінде де айтарлықтай еңбек етті. Ұлы ақын шығармаларын зерттеуді 20 жылдары Ленинград ун-тінде оқып жүрген кезінде-ақ қолға алған жас ғалым 1922–25 ж. Ташкенттегі, Семейдегі оқу орындарында Абай мұрасынан дәріс оқып, «Таң» журналында ақын шығармаларын жариялап, Абайдың өмірбаяны жайлы деректер мен шығармаларын толықтыра түсу жолында тынымсыз еңбек етті. Абайды көзі көрген замандастарына естеліктер жаздырып, ел аузынан оның өмірбаяны мен сол заман шындығы жайлы деректерді қағаз бетіне түсіруге асыға кірісті. Ақын мұрасын зерттеу жолындағы алғашқы белсенді әрекеті – Абайдың ғылыми өмірбаянын жазу үшін жаңа деректер жинап, ақын шығармаларының тұңғыш толық жинағын құрастыру жолындағы күрделі де қиын жұмысқа бағытталды. Осы мақсатпен 1936 ж. Абай еліне барды. 1943 ж. арнайы ұйымдастырылған экспедицияны өзі басқарды, 1944 жылғы экспедицияны ұйымдастыруға ат салысты, 1945 ж. ақынның 100 жылдық мерекесі қарсаңында Семей өңірімен қоса Ақмола, Қарағанды, Солт. Қазақстан тарапына да экспедициялар шығару мәселесін қойды.

1924 ж. Ә-тің Абай өмірі мен шығармаларын



М. Әуезов.

зерттеп, жинастыруда ерекше орны бар тарихи кезең. 1922 жылдан бастап Ә. ақын шығармаларының толық жинағын құрастыру, Абай өмірбаянынан деректер жинау, ақын мұрасы жайлы ғылыми мақалалар жазып, Абай өмірі мен шығармашылығын баспасөз бен дәріс оқу

орны арқылы насихаттау жұмыстарын қатар жүргізді. Алғаш, 1933 ж. жарияланған Абай өмірбаянының тұңғыш нұсқасында биограф ақынның шығармашылық, өнерпаздық жолының басталуы мен бастан кешкен түрлі әлеум. оқиғаларға араласқан өмір жолына байланысты 13 өлеңіне сүйенген. Бұл өлең-үзінділер жай алына салмай, олардың аталу себебі Абай араласқан әр қилы оқиғалар желісімен ұштасып, кейбіреулерінің жазылу себептері де ашыла түскен. 1940 жылғы Абай өмірбаянында және осыған қосымша ретінде берілген деректерінде жалпы саны 24 өлең қамтылған. Алғашқы өмірбаянмен салыстырғанда бұл жолы 8 өлең аты жаңадан қосылып, «Құлақтан кіріп бойды алар...» өлеңі Абайдың композиторлық өнерін сөз етуге байланысты берілген. Абай әндері негізінен өз тарапынан қазақ өлең құрылысына ендірген жаңа түрлердің тыңдаушысына тосырқаусыз жетуін ойластырудан туған әрекет екенін көрсетеді. Осымен қатар Абай өлеңдерінің жазылу жылына да жіті назар аударады. Әрі кейбір өлеңнің пайда болу, жазылу себебі мен онда айтылар ойдың төркіні Абай өмір сүрген заман шындығында, ақын араласқан белгілі әлеум. оқиғаларда жатқанын ашуға көп көңіл бөлген.

1945 ж. жазылып, бірақ еш жерде жарияланбаған Абай өмірбаянының 3-нұсқасында ақын шығармаларын қамту сан жағынан да, сапа жағынан да молыға түскен. Абайдың 30 шығармасы қамтылып, аты аталады. Бұрынғы нұсқаларға қарағанда мұнда 8 өлең үзіндісі, бір қарасөз қосылып, олардың ақын өмірінде орын алған қандай оқиғаларға байланысты айтылған сабақтастығы да ашыла түскен. Абай өмірбаянының ең соңғы рет қайта жазылған төртінші нұсқасында (1950) ақын өлеңдерін қамту күрт кеміп, 18 өлеңге түсірілген. Бұдан ақын өмірбаяны ұтпаса ұтылмаған, қайта тұжырымдалып, жұмырлана түскен. Ғалым Абайдың ғылыми өмірбаянының барлығында ақын өмірімен тығыз байланысы бар 7 өлеңі: «Фзули, Шәмси, Сәйхали...», «Әлифби өлеңі», «Сұм дүние тонап жатыр ісің бар ма...», «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?..», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да...», «Болды да партия...», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...» еш жерде түсірілмей, нұсқадан нұсқаға ауысқан сайын соны ұғымдармен молығып, сақталады да отырады. Бұған себеп аталмыш өлеңдер тобы Абай өміріндегі елеулі бетбұрысын, дүниетанымдағы іштей түлеп өсудегі өзгерістерді жітірек таныту қуатының молдығында жатса керек.

Абай өмірбаянының барлық нұсқасына ақынның балалық шағынан өмірінің соңына дейін бастан кешкен ғұмыры түгелдей сол тұстағы қазақ елінің тарихымен, саяси-әлеум. өзгерістермен етене байланысып өрілген. Сол дәуір шындығына сүйенуге, уақыт демін мол қамти отырып көрсетуге ұмтылған. Абай әрекеті – ақындық-әлеум. қызметі негізінен қазақ даласына жаңа низам ережесі еніп, қоғам тұрмысы мен салт-санада болып жатқан өзгерістер тұсында өтуіне биограф ерекше мән берген. Биограф мақсатының бір ұшы – Құнанбай билік жүргізген қазақ руларымен, кейбір ру басшыларымен билікке, жерге таласудан туған, соңыра атадан балаға ауысқан жаулықтың Құнанбай дәуірінен Абай заманына қарай ойысуының түпкі себебін тереңірек көрсетуге ұмтылуында жатыр. Абай дүниетанымындағы қайшылықтар да қоскыртысты өмір шындығынан туындап отырған құбылыс екенін сол дәуірдегі қоғамдық болмыстың негізінен тауып отырады. Яғни күнделікті сыртқы өмір ағымы Абайды еріксіз өзіне үйіріп, өмірдің күйбең тартысына түсіріп, іштей түлеп өсіп келе жатқан гуманистік, ағартушылық жолынан сыртқа тартса, ішкі рухани дүниесі өзі аңсаған арман-мұратына ұмтылып, ойшылдыққа бет алған қарбалас әрекетке түсірді. Ойшыл ақынның ішкі дүниесіндегі буырқанған арпалыстың осы күйі *«Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?..»* деген атақты өлеңіндегі сарынды тудырды.

Биограф Абайдың дүниетанымындағы өзгерістер мен өзіндік өмірлік күрес жолын таңдап алуына әсер еткен тарихи себептердің көзін табуға айрықша мән бере қарады. Қазақстанның Россияға қосылуына байланысты капиталистік қатынастың шеңберіне тартылу арқылы шаруашылық пен ой-санадағы өзгерістер қазақ елінің әлеум. таптық жіктерге бөлінуін жеделдетті. Міне, осы процестің дамуы отаршылдар мен қазақтың билеуші табының мүддесі бір, әлеум. біртектес жік екенін сездіріп, танытатын да уақыт жетті. Осы шындықты ерте сезініп оянған, сол танымын өнер тілімен қоғамдық ойға қозғау салып таныта бастаған қоғам қайраткерлері қазақтар арасынан да шыға бастады. Міне, осындай тарихи жағдайға үндес шыққан қазақ топырағындағы қоғамдық қайраткердің жаңа типі, ұлы ойшыл Абайдың өзіндік халықтық жолы осылармен іліктес туған соны құбылыс екенін ашып көрсетті.

Абай өлеңдерінде ақын биографиясы жайлы нақтылы деректер өте аз көрініс береді, тіпті, Абаймен тікелей араласып, әр түрлі әлеум. қатынастарда түрлі байланыста болған жеке кісілер жөніндегі нақтылы деректердің өзі де уақыт өткен сайын көмескіленіп, өшіп кетуге айналған көптеген деректердің соңына түсіп іздеу салу, тапқандарын жан-жақты салыстырып зерттеу нәтижесінде автор бастапқы қалпына келтірді. Әсіресе, Абайдың арнау өлеңдерін жинастырып, олардың кімдерге арналғанын анықтау ісіне зор еңбек етті. Осы арқылы ақын өмірінің беймәлім жақтарын тыңнан ашып, ол жазған кейбір өлеңдердің дүниеге келу, жазылу себептерін де қоса анықтап берді.

Абай өмірбаянының соңғы нұсқаларын жазу тұсында биограф қолына жинақталған мол деректерді биік талғам тұрғысынан сынмен қарап талдау арқылы алғашқы екі нұсқадағы басымырақ сөз болатын Абай заманындағы феодал-патриархалдық үй-іші жайлы көріністерді, ақын өмірін, заманын тануға тікелей қатысы жоқ деректерді батыл алып тастап отырғаны байқалады. Абай өмірін көрсетуге лайықты деректерді жаңа таным тұрғысынан талғап, таңдап

алудағы осы жолды лайықтап ұсынған биограф соңыра Абай өмірбаянын жазуға ұмтылған С. Мұқанов, Ә. Жиреншин, Ә. Ысқақов еңбектеріне жазған арнайы пікірлерінде олардың Абай өмірбаянын көрсетуге арналған кейбір деректерді таңдап алудағы кемшіліктерін нақты көрсетіп береді. Тіпті Әрхам Ысқақовтың «Абай өмірі» деген қолжазбасына жазған сынында: «Өмірбаян ішінде ақын Абай мүлде жоқ деуге болады» (Әуезовтың әдеби-мемориалдық музейінің архиві, 213-папка, 4-б.), – деп Абайдың өмірі мен ақындық жолын көрсетуге тікелей қатысы жоқ деректерді тоғыта беруіне әрі ол деректер тобырын ескі дүниетаным шеңберінде баяндауына қатаң сын айтады.

Абай өмірбаянының 1, 2-нұсқаларында ақын өмірін, не шығармаларын танып білуге, тереңірек түсінуге қатысы жоқ, тек жанама деректерде кейбір оқиғаларға байланысты аты аталатын көптеген кісілер ұшырасады. Соңғы нұсқаларда осыларға үлкен сұрыптау жүргізіліп, Абай өмірі мен шығармаларына тікелей қатысы барлары ғана іріктеліп алынды. Мыс., 1-нұсқада 106 адам аты аталса, 2-нұсқада оның 45-і қысқартылған. Ал 3-нұсқада 56, 4-нұсқада 47 адам аты түсіріліп отырған. Олардың орнына биограф. жаңа деректер негізінде немесе Абай шығармаларының жаңа қырын ашып, ондағы ой сарынын тереңірек тануына байланысты аталатын тарихи кісі аттары ендіріліп отырады. Өмірбаянның алғашқы нұсқаларында ақынның орыс достары Е. П. Михаэлис, Н. И. Долгополов, С. С. Гросс, А. А. Леонтьев т. б. атқарған қызметін, ақын дүниетанымына әсерін бағалаудағы алғашқы танымдарының өз дәрежесінде болмауын биограф ерте сезініп, бұрынғы танымына батыл түзетулер ендіре бастады. Орыс достарының Абайды Россияның ішкі өмірімен, орыс классиктері шығармаларымен таныстырудағы қызметін әділ бағалай отырып, Абайдың идеялық-мәдени іздену жолында қол артқан тірегінің негізі орыс классиктері мен рев.-демократтар тобының озық идеясы болғандығына, әсіресе, 4-нұсқаны жазу үстінде ерекше тоқталды. Абайдың орыс достары жайлы абайтану саласында орын алған кемшін жайды: «1860–70 жылдардың айдалып келген төңкерісшілерімен танысуы. Бұрынғы зерттеулерде Долгополов, Гросс сияқты жалған төңкерісшілерді теріс түсіндірулер болған. Олардың Абайға әсері мол болды деп, дәріптеудің қателігі» – деп арнайы көрсетуінде көп мән бар (ӘӘММ архиві, 257-п., 3-б.). Шынында да көпке дейін абайтану саласындағы әдебиеттерде ақынның орыс достарының халықшылдық бағыты, олардың Абайға әсері асыра бағаланып келген еді. Ә. осы мәселеге байланысты өзінің атақты тезистерінің 5-санында Шоқанның славянофильдерден, Абайдың халықшылдардан алыстығы туралы өзінің табан тірер танымының негізін атаса, 8-санында Л. Н. Толстойдың халықшылдарға жақындығын, Абайдың одан алыстығын атап өтеді. Халықшылдар селолық қауымды мадақтап, мұрат тұтып, оның мызғымауын, өзгермеуін қалады. Ал Абай өзі жасап отырған қазақ қауымының феод.-патриарх. болмысын, оның күні өткен салт-санасын сынап, ағартушылық жолмен өзгертуді қалады. Сондықтан да: «Түзетпек едім заманды, Өзімді тым-ақ зор тұтып...», – дейді. Осы жолда идеялық сүйенер тірегі «Пушкин бастаған Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбов, Некрасов, Салтыков-Щедрин еңбектерінің Абайға басшылық, ұстаздық әсері ерекше болған» деп арнайы көрсетті (ӘӘММ архиві, 257-п., 3 б.).

Биограф Абай өмірбаянын жазуға даярлық барысында оған қажетті материал атаулының бәрін де ауызша сөйлесу, әңгімелесу, естеліктер жазып алу, жаздыру жолымен жиналуы себепті, Абай өміріндегі орын алған елеулі де өзекті кейбір оқиғалардың шын болмысын, болған уақытын анықтау үшін үздіксіз ізденген. Бір оқиғаның мерзімін дәл анықтаса, осыған сабақтас болып өткен оқиғалар мерзіміне салыстыра талдау жолымен сенімді болжамдар да жасап отырған. Мыс., зерттеуші Абайдың Қоңыр-Көкше болысын басқарған кезде үстінен жалған арыз түсіп, № 12 іспен тергеуге алыну фактісінің мерзімін анықтауда осы әдісті пайдаланып, көп тер төккен. Ақынның осы іспен тергелуін Абай өмірбаянының 1-нұсқасында 1869–70 ж. болған деген пікір білдірсе, 2-нұсқасында ел аузындағы әңгімелер сарынын талдау арқылы оның уақытын 1872–73 жылдарға жылжытады. Кейін Алматы, Семей архивтерін жағалай қарастырып, Абайдың Қоңыр-Көкшеге болыс болған жылдарын нақтылы архив деректерімен дәл анықтады. Абайды ірі тергеуге ұрындырған арыздар мен 1877–78 ж. орыс-түрік соғысына байланысты Семей уезі болыстарының архивтен табылған үндеу хатына, әрі онда Абай Қоңыр-Көкше болысы атынан қол қойған деректерге сүйене отырып, ақын өмірбаянының 4-нұсқасында оның № 12 тергелген уақыты – 1877–78 ж. деген түпкілікті тұжырым жасайды

Осындай аса ірі принциптік мәні бар мәселенің бірі – Абайдың өз өлеңдерін топтастыруды тапсырған жолын анықтау болатын. Өмірбаянның алғашқы нұсқасында бұл мерзім 1898 ж. еді деп көрсетілген. Ғалым кейін бұл мерзімді 1891 ж. етіп өзгертті.

Ә. қазақ жерінде Абайдай жаңа типтегі ойшыл қоғам қайраткерін тудырған қоғам өміріндегі экон.-әлеум. ерекшеліктерді еске ала отырып, ақынның ғылыми өмірбаянын жазуда өзі ұстанған, табан тірер методол. мәні бар танымын, өзі сүйенген ой қорытындыларының басты негіздерін: «Абай өмірбаяны биографизмнің тар шеңберінен шығарылуы керек. Оның өмірлік, творчестволық жолы реформаға дейінгі әлеуметтік өмірдің нақтылы жағдайларымен анықталған болатын. Осы жағдай жазушының жаңа типін тудырды», – деп көрсетеді (ӘӘММ архиві, 255-п., 8-б.).

Қазақ әдебиетін зерттеу тарихында текстол. жұмыстар жүргізудің алғашқы қадамы Абай мұрасын зерттеу саласында жүргізілген жұмыстармен бірге туды. 1924 жылдан бастап Абай шығармаларының толық жинағын құрастыруды қолға алған Ә. ақын мұрасын тереңірек танып, түбегейлі меңгеру жолында

сүйенер түпнұсқа дерек көздері мен текстол. жұмыстар жүргізу қажеттілігін кімнен болса да ерте сезінді. Тұңғыш толық жинақты құрастыру барысында асыл түпнұсқа ретіндегі Мүрсейіт Бікеұлының қолжазба көшірмесінде хатқа түскен Абай өлеңдері мен әлі де хатқа түспей санаулы кісілер санасында жатқа сақталып келе жатқан, көпшілікке беймәлім шығармаларымен аса күрделі текстол. зерттеулер жүргізу қажеттілігі көлденең тұрды. Мұның үстіне Абай шығармалары әр түрлі жолдармен ел ішіне таралып, әр қилы деректер көзі қабаттасып жатты. Жақсылы-жаманды, ірілі-ұсақты деректер көп жинала келіп, текстол. зерттеулер жүргізуге негіз болатын деректер көзіне айналып та үлгірді. Ә. осы тұста-ақ ақын мұрасы жайлы источниковедение, текстол. жұмыстарымен қатар айналысты. Абай шығармаларын асыл түпнұсқа қалпына келтіру мақсатымен ғалым ақын мұрасын қамтыған деректер көзі мен текстол. зерттеулерді оның өмірі мен шығармалары жайлы ғылыми еңбектер жазу жұмысымен бірлікте жүргізді. Абай мұрасын зерттеген көптеген ғалымдарға қарағанда ол балалық шағында-ақ Абай өмір кешкен рухани ортамен, ондағы ақын өмірін жақсы біліп, шығармаларын жатқа айтатын адамдармен ерте араласты. Абай жайлы деректерді ерте баста меңгеруге әсері болған атасы Әуез жайлы: «Әр нәрсеге Абай үлгісімен, ақынша қарауға тырысушы еді. Абайдың сондайлық ұстаздық, үгітшілдік әсерін мен кішкентай бала кезімнен өз әкелерімнің қалпынан көруіме болушы еді... Сонымен бір қыс, бір жазда Абайды түгелге жақын жаттап шығып едім» – деген аса құнды дерек береді (ӘӘММ архиві, 382-п., 1-б.).

Абай шығармаларының түпнұсқасы ретінде 1896 жылдан бастап көшіріліп, қолжазба ретінде тараған Мүрсейіт дәптерлерін Ә.: «Абайдың басылып жүрген таңдамалы өлеңдер жинағы немесе толық жинақтары болса, сол Мүрсейіттің көшірмелері» (Ә у е з о в М. Әр жылдар ойлары. – А., 1959, 18-б.) екенін айта отырып, оның бірқатар кемшіліктерін де атап көрсетті. Олар, кейбір өлеңдері орынсыз біріктіріліп, кейбіреулері ретсіз бөлек өлең ретінде берілген; Абай қаламынан тумаған беймәлім өлеңдер де орын алған; ақын шығармаларының жазылу мерзімі, жылдары көрсетілмеген. Ә. ақын өлеңдерін жатқа білетін кісілерден 45 өлеңді (1086 жол) хатқа түсіріп, қайта тірілтті. Ол Абай шығармаларының 1917 жылғы төңкеріске дейінгі таралу жолдарын да анықтады. Ол жол үшеу: а) баспасөз арқылы; ә) қолжазба – көшірме күйінде; б) ел арасына жатқа тараған.

Ғалым Абай мұрасын бастапқы асыл түпнұсқа қалпына келтіру жолындағы деректер көзінің Мүрсейіттің 1905, 1907, 1910 жылдардағы қолжазбаларынан соңғы екінші арнасы ретінде Абай өлеңдерінің 1909 жылғы С.-Петербургте басылған тұңғыш жинағы мен мерзімді баспасөзде жарияланған басылымдарын атайды. Ә. ақынның тұңғыш жинағын Абай шығармаларын түпнұсқа қалпында жақсы білетін Кәкітай мен Турағұлдың әзірлегенін ескеріп, оны ақын өлеңдерін қалпына келтіру жолында жүргізіліп жатқан текстол. жұмыстардың сүйенер тірегі ретінде бағалайды. Сондықтан да ол өзі бастырған 1933 жылғы жинақта ақынның сол 1909 жылғы тұңғыш жинағын басшылыққа алды. Ғалым 1916 ж. Орынборда Самат Әбішұлы бастырған «Абай термесін» зер сала оқып, ондағы өлеңдердің бір-бірімен ауысып жүрген жолдарын көрсетумен қатар, шығарушы қолында белгілі бір қолжазба деректің болғанын айрықша ескертеді.

Ә. ақын шығармаларының ауызша айтылуынан баспаға түсіп жариялану жайына да көңіл бөлді. Абайдың Уфа, Қазан қ-ларында жарық көрген жинақтарына енген шығармалары көптеген текстол. ауытқулармен жеткені белгілі. Ғалым ақынның баспадан шыққан алғашқы кітаптарында осындай кемшіліктер барын біле тұрса да, олардан ілерге жарар, тілге тиек етер жеріне мейлінше ықылас беріп, кейбіреулерін толық жинаққа енгізуге ұсыныс жасап отырды. Мыс., Абайдың 1945 жылғы толық жинағына Зейнелғабиден ибн Әміре әл-Жауһари әл-Омскауидің 1909 ж. Уфада жарияланған «Насихат-Қазақия» кітабында басылған бір топ Абай өлеңдері ішінен «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек...», «Ал енді жақсы дейміз кімді қалап...» деген атпен басылған екі өлеңін өз қолымен көшіріп енгізген. Бірақ бұл екі өлең де белгісіз себеппен бұл жинаққа кірмей қалған. Ақын өлеңдерінің әр түрлі нұсқаларын салыстырып қарағаң ғалым бұл ауызекі жаттаушылар мен көшірмешілер енгізген өзгерістер екенін баса ескертеді. Сондықтан да 1933 жылы: «Абайдың әдетінде бір жазған өлеңін қайта түзетіп жазып, қайтадан қарастыру машығы жоқ. Жалғыз ғана «Сегіз аяқ» деген өлеңінің басын қайта бір түрлі қылып айтып еді деген сөз барын» айтады (А б а й Құ н а н б а й ұ л ы. Толық жинақ. Қызылорда, 1933, 382-б.).

Ә-тың Абай шығармаларын бастапқы ақын қаламынан туған қалпына келтіру жолында атқарған жұмыстары мен текстол. ізденістері өмірінің соңғы жылдарына дейін ұласқаны анық. Жазушы: «Абай өлеңдерін биограф ретінде зерттеп жүр едім. Көп адамның аузынан Абай өлеңдерін жазып алып, бұрын баспа бетін көрмеген шығармаларын қырық процентгейін қалпына келтірдім», – дейді (ӘӘММ архиві, 331-п., 152-б.). Зерттеуші әуелі 1909 ж. Петербургте басылған тұңғыш Абай жинағына енбей қалған Мүрсейіт қолжазбаларындағы ақын шығармаларына назар аударды. Мүрсейіт қолжазбасында бар шығармалардан жинаққа енбеген 17 өлең (626 жол), бір аударма дастан («Вадим»), 45 қарасөз, 1 тарихи шығарма бар екенін анықтайды. Ол бұлармен қатар ешқашан хатқа түспей, мүлде өшуге айналған өлеңдері мен ірі дастандары барын да ескертеді. Ақынның мұндай белгісіз өлеңдерін қалпына келтіруде Көкбай атқарған қазақ әдебиетінде теңдесі жоқ аса зор тарихи қызметін ерекше бағалады.

1909 жылғы жинаққа небәрі 5399 өлең жолдары енгізілсе, Ә. оны, біріншіден, Мүрсейіт қолжазбасында бар 17 өлең (626 жол), 45

қарасөз, 1 тарихи мақаламен толықтырды. Екіншіден, Абай шәкірттерінің, Көкбай сияқты ізбасарларының көмегімен тыңнан 1086 өлең жолын қосты. Сөйтіп, тұңғыш құрастырылған толық жинаққа 62 дербес өлең немесе 1712 өлең жолы жаңадан енгізілді. 1909 жылғы кітапта және 1916 жылғы Самат жинағында ақынның «Ата-анаға көз қуаныш...» деген өлеңі «Тайға міндік...» деп басталатын өлеңімен қосылып, бір өлең ретінде беріліп келді. Өлең шумақтары адасып жүрді. Ә. 1933 жылғы толық жинақта оларды бастапқы түріне келтіріп, екі өлеңді де табиғи өз қалпына түсірді. Сондай-ақ Абайдың «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында...», И. А. Крыловтан аударған «Қазаға ұшыраған қарашекпен...» деген өлеңдеріндегі толып жатқан текстол. өзгерістердің түпкі нұсқасын анықтап, жолжөнекей қосылған жасанды сөздерден тазартты. Ал «Масғұт» дастаны Мүрсейітте 124 жол (31 шумақ). Бұл шығарманың 1-бөлімі және тексі түпнұсқадан ауытқымай дәл берілген. Ал, оның 2-бөлімі 1909 жылғы жинақта мүлде жоқ. Мүрсейіт қолжазбасы мен 1909 жылғы жинақта жоқ қосалқы, 2-бөлімдегі кейіннен табылған 44 жол өлең (11 шумақ) Көкбай, Турағұл т. б. жәрдемімен бастапқы қалпына келтіріліп, тұтас бір шығарма ретінде алғаш рет толық жинаққа табиғи түрде қосылуы Ә. еңбегінің жемісі.

Ә. ақын шығармаларының жазылу мерзімін анықтау ісінде де айтарлықтай еңбек етті. 1909 ж. жинақта Абай өлеңдерінің жазылған жылы шәкірт ақындар тарапынан алғаш рет көрсетілгенімен, тақырыптық жүйемен орналастырылды. 1933 жылғы толық жинақты құрастыру үстінде Ә. ақын өлеңдерінің жазылу мерзімдерін тағы да анықтай түсті де, ғылым тарихында сыннан өткен орыс, Европа әдебиеті тарихында көптен қолданылып келген хронол. жүйемен беру принципін ұсынды. Асыл түпнұсқа ретінде алынып жүрген Мүрсейіт қолжазбаларында Абай өлеңдерінің қай жылы жазылғандығы жайлы мәлімет жоқ. Осы себепті Абай шығармаларының жазылу мерзімін анықтау қажеттілігі 1909 жылғы жинақты баспаға даярлау үстінде алға қойылды. Осы кезден бастап Абай шығармаларының жазылу мерзімін анықтауға ұмтылған әрекеттің екі дүркін жүргізілгенін көреміз. 1-кезең 1908 ж. жүргізілді. Мұнда да Мүрсейіт қолжазбасында бар шығармалар толық қамтылмай, тек 1909 жылғы тұңғыш жинаққа енген өлеңдерге ғана алғаш рет жыл мерзімдері қойылды. 2-кезең 1924–27 ж. аралығында жүргізілді. Бұл кезде ақынмен қатар өмір сүрген, көздері тірі өнерпаз шәкірттері Көкбай, Шәкерім, Турағұлдың көмегімен Абайдың тұңғыш толық жинағына енген өлеңдерінің жазылған жыл мерзімдері анықталды. 1933, 1939–40, 1957 жылдардағы Ә. қолынан тікелей өткен Абай басылымдарында бәрі 1909 ж. қойылған жыл мезгілдері өзгертілмей сол қалпында қалдырылған. Ал, негізінен, тұңғыш толық жинақтан кейін жарияланған Абай басылымдары түгелдей 1927 ж. Ә. тарапынан қойылған жыл мерзімдерін қолданып келеді. 1933 жылдан бастап басылып келе жатқан Абай шығармаларының толық жинақтарында 21 өлеңде ғана бір жыл ілгері, бір жыл кейінге шегіндірілген өзгерістер байқалады. Ғалымның ақын өлеңдерінің табиғатын тереңірек зерттеу арқылы ішінара өзгерістер енгізген кездері де бар. Мыс., «Жарқ етпес қара көңлім неғылса да...» өлеңі әуелде шығарылған жылы белгісіз туындылар қатарына жатқызылса, 1957 жылғы толық жинақта 1889 ж. жазылған өлеңдер тобына қосылған. Ал, А. С. Пушкинің «Евгений Онегин» романынан аударылған «Хатыңнан жақсы ұғындым сөздің бәрін...» деп басталатын Онегиннің сөзін 1952 ж. Пушкин романында айтылатын орнына қарай, басқа аударылған өлеңдерінің соңына қалдырмай, ілгері жылжытуды, яғни төртінші орынға қоюды ұсынады.

Ә. әсіресе, ақынның лирик. өлеңдерін жазылған жылдары бойынша хронол. ретпен көрсетуге ерекше мән берген. Сонымен қатар бір жылда дүниеге келген, молырақ жазылған өлең топтарын тақырыптық жағынан жіктей зерттеуге баса көңіл бөлген. Мыс., ғалым 1886 ж. жазылған, ақындық өнер жолына біржолата құлай берілген ақын беталысын аңғартатын өлеңдерді тақырыбы жағынан 3 салаға жіктей топтастырып, оларды 1) «Қонақ сыры – қоғамдық мін», 2) «Ат сыны, жаз, табиғат», 3) «Жас буынға» деп жіліктейді.

Арнау өлең – Абай шығармаларына тән құбылыстардың бірі. Оның қаламынан туған мұндай өлеңдер санының 35-ке жетуі – бұл жанрға ұлы ақынның қаншалықты мән бергенін көрсетеді. Абайдың арнау өлеңдерінің жазылу себептері мен оны тудырған жағдайлардың да әр түрлі екені сөзсіз. Бірде мұндай арнаулар аяқ астынан, әр қилы әзіл-сықақ, ажуа-қалжың түрінде туып жатса, кейде олар аса өткір әлеум.-саяси тақырыптарға орай шығарылған. Ал, бір топ арнау өлеңдері нысанаға алған нәтижесін тура, тікелей сөз етпей, жанама түрде мегзеу арқылы ой түйеді. 1909 жылғы жинаққа Кәкітай мен Турағұл ақынның бұл жанрдағы 5 өлеңін ғана енгізген де, олардың нақты кімдерге арналғанын көрсетпеген. Ақынның мұндай өлеңдері Мүрсейіт қолжазбаларында біршама қамтылса да, олардың кімдерге арналғаны белгісіз қалған. Міне, осындай жағдайда Ә. абайтанушы ғалым ретінде ақынның арнау өлеңдерін түгел жинап, олардың кімдерге, қандай жағдайда жазылғанын анықтауға ерекше күш салды. Ғалым ақынның тұңғыш толық жинағында 18 арнау өлеңге түсініктеме беріп, кейбіреулеріне тиісті жерінде сілтеме арқылы қосалқы мәліметтер де келтіреді. Бұл жұмысы жайлы кейін: «Арнау өлеңдерді мен өзім жинастырып, көптеген кісі аттарын қалпына келтірдім», – деп жазды (ӘӘММ архиві, 398-п., 11, 26–27-б.). Арнау өлеңдер жайлы мағлұматтар 1939–40 ж. басылған толық жинақта молыға түскен. Бұл жинақта ақын арнауларының 23-іне түсініктеме берілген. Ал 1945 жылғы толық жинақта мұндай өлеңдер саны 28-ге жеткізілген. Арнау өлеңдердің екінші бір тобына жататын «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...», «Сап, сап көңлім, сап көңлім...», «Қуанбаңдар жастыққа...», «Мен боламын демеңдер...», «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай...», «Жа-

зғытұры қылтиған бір жауқазын...» деген туындыларға Ә. ерекше көңіл бөлген. Өйткені бұл өлеңдерде кісі аты аталмайды, бірақ, жол-жөнекей біреулер сөз болып, меңзеумен, ишаратпен ғана білдіретіні аңғарылып тұрады. Осы өлеңдерде жанама түрде сөз болатын адамдар атын Ә. аса білгірлікпен анықтаған. Ғалым өз қолынан өткен Абай басылымдары ғана емес, тіпті кейін табылған арнау өлеңдеріне дейін көңіл бөліп, кезінде өз тұжырымын айтып отырған. Мыс., ақынның 40 жылдары ғана зерттеушілер қолына түскен «Домбыраға қол соқпа...» деген өлеңінің әйелі Әйгерімге арналғанын айтып кеткен. Ә. ақын өлеңдерінің жинақтарында түпнұсқа қалпынан ауытқыған сөздер мен кейбір өлең жолдарындағы өзгерістерді бастапқы табиғи қалпына келтіру жолында да жемісті еңбек етті. Қазіргі күнде түпнұсқа ретінде ұсынып жүрген Мүрсейіт қолжазбаларының 3 нұсқасы өлең тексі жағынан бір-біріне дәп түсіп отырғанымен, бір кісі қолымен көшірілгеніне қарамай, сөз, сөйлем ішінде, өлең жолдарында айырмашылықтар ұшырасып отырады. Сондықтан ғалым Мүрсейіт қолжазбаларының өзіне де сергек текстолог ретінде үлкен талғам, сыншыл ой көзімен қараған. Осындай талап-талғаммен Мүрсейіт қолжазбаларында бар «Бар болса білім...», «Ғаріпке өзің рахым ойламасаң...», «Өлеңнің ұйқасы емес іздегенім...», «Кәкітайдан білім ап...», «Ынтық қасиеттерге...», «Мұқамен бір ай жарым ермек қылдым...» деп аталатын өлеңдерді ақын жинағына енгізуді мақұл деп таппаған. Абайдың И. А. Крыловтан аударды деген мысалдарының бір қатарына сын көзімен қарауды ұсынған. Абай басылымдарындағы әрбір өлеңді өткендегі басылымдармен, басқа да жазба деректермен салыстыра зерттей отырып, соңғы кезде 19 өлеңге арнайы текстол. талдау жасаған. Тіпті, 1952 жылғы Абай шығармаларының толық жинағын бастырарда нақты 14 сөзге арнайы түзету енгізеді.

Абай мұрасының шығыстық белгілері жайлы абайтану саласында Ә-тен бұрын ешкім де мәселе көтермегенін атап айтқан жөн. Ол 1934 жылы-ақ ақын шығармаларының нәр алған бұлақтарының бір саласы – шығыс қазыналары болғанын алғаш рет ашып көрсетіп, терең мәнді соны пікір көтерді. Ақынның жастық шағынан басталып, өмірінің соңына дейін өзекті желідей созылған шығыстық белгілердің Абай дүниетанымы мен шығармаларының көркемдік шеберлігінің эволюц. өсу жолына байланысты әр түрлі кезеңдер әр түрлі деңгейден орын алатынына ерекше ден қояды. Ғалым «Абай ақындығының айналасы» деген зерттеуінде Абай шығармаларының нәр алған үш бұлағын атай отырып, ақын мұрасындағы шығыстық белгілерге ерекше үңіледі. Осы үш саланың бір қайнары ретінде: «Екінші бір қол артқан қазынасы араб, парсы, түрік тіліндегі Шығыстың көркем классик. поэзиясы» (ӘӘММ архиві, 411 п., 16-б.) деп көрсеткенде Ә. екі түрлі мәселеге ерекше мән бере қарайды. Оның біріншісі, Абай өлеңдері мен шығыс классиктері арасындағы шығармашылық байланыс та, екіншісі, Абайдың ақындық кітапханасының шығыстық жағалаулары. Ғалым ақынның шығыстың рухани қазынасына қол артқанда сусындаған бұлақтары: поэзия классиктері, араб, парсы, түрік мәдениетінің тарихы мен ахлан (мораль) философиясы жөніндегі ғұлама ойшылдар еңбектері болды деп жіктеп көрсетеді. Абай шығармаларының шығысқа қатысы жайлы пікір таласы қыза түскен шақта, 1951 ж. абайтану туралы айтыста Ә. ақын мұрасының аз зерттеліп, көп талас туғызып отырғанына назар аударып, осыған орай арнайы мәселе көтеріп, Абай мұрасының шығысқа қатысын төрт саланың төңірегіне топтастыруды ұсынды: 1) Абайдың ақындық кітапханасының көлемі мен жайы; 2) Абай және шығыс классиктері; 3) Абайдың исламятқа қатысы; 4) Абай және мораль философиясы. Осы тарамдардың 1-саласына орай жазушы «Абай жолы» эпопеясының 4-кітабында шығыс әдебиетінің 6, 2-кітабында 16, 3-кітабында 7, 4-кітабында 5 шығарманың атын атайды. Ақынның шәкірттік кезеңде медет тілеп, есімдерін атайтын Фзули, Шәмси, Сәйхали, Науаи, Сағди, Фирдауси, Хафиз өлеңдері ғана емес, мектеп-медреседе, мешіттердегі уағызда айтылатын Наху (араб тілі синтаксисі), Фикх (мұсылман правосы), қырық хадис, шарх Ғабдолла, ахлақ (этика), мантиқ (логика), ислам тарихы, суфизм ақындарының шығармаларымен де жақсы таныс болғанын айтады. Абайдың 12, 13, 38 қарасөздеріндегі таратып отырған пікірлерінің кейбір сөйлеу тілі, стилі жағынан жоғарыда аталған оқулық кітаптармен іліктесетінін аша түскен. Ақынның Шығыс сюжеттеріне жазылған қисса, дастандармен қатар Аллаяр Сопы, Махмут Қашқари, Рашид-ад-Дин, Бабыр, Әбілғазы еңбектерін де жақсы білгенін анықтады. Тіпті Абайдың «Білімдіден шыққан сөз...», «Келдік талай жерге енді...» өлеңдерінде Қашқари сөздігінің ұйқасы (-о, -а, -а, -б) мейлінше жетілдіріліп, сапалық өзгеріске ауысқан түрінде көрінгенін дәлелдеді. Ә. шәкірт ақынның үш өлеңін: «Иузи-рәушан, көзі – гәуһар...», «Фзули, Шәмси, Сәйхали...» «Әлифби» өлеңін таза еліктеу, бірақ шағатай әдебиетіндегі сопылық сарындағы эротик. лирикадан мүлде бөлек шығыстық белгілер деп таниды. Бала ақын Науаи, Фзули, Сағди, Низами поэзиясындағы шын өмірді жырлап, махаббат сезімін ардақтайтын саланы бағалаған. Абайдың олармен қарым-қатынасын екі кезеңге: шығыс классиктеріне еліктеген жастық шағы (1860–65) мен Абай шығармашылығының марқайған тұсына (1886–90) бөледі. Ақын шығармаларындағы шығыстық белгілердің махаббат лирикасынан, дидактик. өлеңдерінен, өсиет-үлгі сарындас өлеңдерінен, әсіресе, қарасөздерінде жүйелі түрде өз танымын желілеп отыратын **«толық адам»** жөніндегі ой-толғаныстарынан жиі ұшыратуға болатынын ескертеді.

Ә. «Абайға шығыстан кірген бұйымдардың басы «ислам діні» (Әуезов М. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. 122-б.), – деп көрсеткенде 171 пікірдің түп төркінінде үлкен

тарихи шындық жатқанын ескерген. Ғалым бұл ойын екі түрлі тезистік желі негізінде таратады: 1) Абай діні – сыншыл ақылдың шартты діні; 2) Абай діні – адамгершілік діні. Ә. Абай діні – сыншыл ақылдың шартты діні деген ойын, негізінен, 1895 ж. жазылған *«Лай суға май бітпес қой өткенге...»*, *«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес...»* деген филос. лирикасын талдау үстінде аша түскен. Ғалым Абай шығармаларында жиі кездесетін «Жан» мен «тән» ұғымына, яғни **«мені»** мен **«менікінің»** мағынасын талдауға ерекше мән берген. Философтың, әсіресе, қарасөздерінде көп тоқталған **«жанның жарығы», «жан құмары», «тән құмары», «жанның жибили қуаты»** деген атауларда оның дінге қатысын танытатын көп сыр жатқанын ескертеді, ақын туындыларындағы **хауас** мәселесін талдай келе Абай дүниетанымындағы сыншыл бағыттың мұсылмандық шығыстың ғасырлар бойы ой-санасын табындырып келген дүниетанымының негіздерін бұзатынын дәлелдейді. Ал «Абай діні – ақылдың, адамгершіліктің діні» деген тұжырымға ақынның ой толғаныстарының өзекті жемістерін, әсіресе өмірінің соңғы кезеңінде жазылып, терең ойға құрық салған әр түрлі күрделі мәселелер төңірегінде сөз қозғайтын *«Алланың өзі де рас, сөзі де рас...»* өлеңін талдау арқылы келген. Осы ойлар желісін таратуда Абайдың 27, 38 сөздерінде айтылған пікірлерді де дәлел етеді. Бұл аталған шығармаларда Абай үстірт қараған кісіге діншіл ақын сияқты әсер қалдырғанымен, исламяттың кейбір түбірлі ұғымдарын сыншыл ақыл сынына салып, оны өзіндік таным тұрғысынан адамгершілік дініне айналдырғанына көз жеткізеді.

Абайдың әдеби ортасы мен ақындық мектебі жайлы аса күрделі мәселеге Ә. 1934 ж. ақынның қайтыс болуына 30 жыл толу қарсаңында жазған «Абай ақындығының айналасы» деген зерттеу мақаласында алғаш арнайы тоқталады. Ғалым Абайдың әдеби ортасымен бірге сол әдеби ортаның бір бөлігі болып табылатын Абай тұсында ақындық өнер жолына түскен бір топ жастар қаламынан туған әр түрлі жанрда жазылып, белгілі болған көркем шығармаларды да жинастырып, зерттеу керектігін ертерек таныды. Абай шығармаларының баспасөзде жарияланбаса да сол ортада, соңыра бүкіл қазақ даласына әр түрлі жолдармен таралып, танылуына ақын маңындағы өнерлі топтың, яғни ақын, әнші, домбырашы, ертекші немесе оның жырларын көшіріп, жатқа таратушылар айтарлықтай еңбек еткені белгілі. Осы өнерлі жастардың бір тобы Абай бастап, негізін қалаған әдебиет пен қоғамдық ойдағы жаңа бағыттағы ақындық дәстүрді жалғастыра дамытып, оны өз шығармалары арқылы толықтыра түсті. Бұл топтағы ақын-жазушылар Абай бойлай енген батыс, орыс мәдениетіне қарай ойысты. Олардың шығармалары дәстүрлі көшпенді дәуір әдебиетімен кетпей, шын мәніндегі кәсіпқой жазба әдебиет үлгісінде жазылуы тікелей Абай мектебінің тәрбиелік әсеріне байланысты еді. Ғалым Абайдың «әдебиет мектебінен» өткен ақындар қатарында алдымен Көкбайды, өз балалары Ақылбай мен Мағауияны, Әріп, Бейсембай мен Әубәкірді атап, олардың өз беттерімен және Абай ұсынысымен жазған шығармаларына талдау жасады. Ал ақын өмір сүрген дәуірдің рухани тынысын танытатын өнер адамдарымен тікелей байланысын, шығармашылық қарым-қатынасын білдіретін Абайдың ақындық ортасын анықтаған тұста Дулат, Байкөкше, Шөже, Қуандық, Жанақ, Сабырбай, Түбек, Біржан, Марабай сияқты ақын, жырау, әнші, күйші саңлақтарды атайды, бұлардың әрқайсысының Абайдың ақындық жолындағы орны мен ролін ашып көрсетеді.

Академик-жазушы Ә. қазақ әдебиеттану ғылымында Абай мұрасын зерттеуді алғаш қолға алып, оның абайтану деген үлкен саласының негізін қалады. Ғалым ақын шығармаларын ұзақ жылдар бойы тынымсыз зерттеу барысында ақынның ғылыми өмірбаянын жазып, Абай өлеңдерінің дерек көздерін анықтап, көптеген текстол. нақты түзетулер енгізді, шығармаларының реалистік шеберлігін талдап, оның шығыс, батыс және орыс әдебиетімен байланысын ашып берді. Абайдың әдеби ортасы мен ақындық мектебі туралы, қазақ әдебиетіндегі Абай дәстүрі хақында тұжырымды пікірлер айтты. Атақты «Абай жолы» эпопеясы арқылы Абайдың дара тұлғасын көркем әдебиетте әлемге танытқан Мұхтар Әуезовтың абайтану ғылымының негізін қалап қалыптастыру, ақын мұрасын ғылыми тұрғыдан зерттеу ісіндегі қызметі де аса зор. *М. Мырзахметов.*

ӘУЕЗОВА Ләйла Мұхтарқызы (1929–93) – тарихшы-ғалым, тарих ғылымының докторы. 1963 жылдан өмірінің ақырына дейін М. О. Әуезовтың әдеби-мемориал. мұражайының меңгерушісі болды. Оның «19 ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанда егін шаруашылығының дамуы» және «М. О. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясының тарихи негіздері» деген көлемді монограф. зерттеулері қалың оқырманға жақсы таныс. Ғалым соңғы еңбегінің «Абай Құнанбаев және оның өскен ортасы» деген тарауында (211–267- б.) ұлы ақын өмір сүрген тарихи кезең мен әлеум. ортаға жан-жақты ой жүгіртіп, тиянақты шолу жасайды, Абай шығармаларына өзек болған тақырыптарды талдайды. Тарихшы Абайдың азамат, қайраткер ретінде қалыптасуына орыс демократтарының әсерін анықтау мәселесіне де елеулі үлес қосты. Ол өзінің «19 ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанда егін шаруашылығының дамуы» деген негізгі тарихи еңбегінде ақынның Семейге саяси көзқарастары үшін жер аударылып келген орыс достары және олармен қарым-қатынасы туралы сөз қозғайды (220–261-б.). Солар арқылы ақынның орыс мәдениеті мен әдебиетіне деген ықыласының өсе түскендігін нақты мысалдармен дәлелдейді. *Г. Нұрмұхамбетова.*


ӘУЕЗОВТІҢ ӘДЕБИ-МЕМОРИАЛДЫҚ МУЗЕЙІ, Алматы қ-сында (Төлебаев көшесі, 155-үй). 1963 ж. 28 қарашада жазушы (1951–61 ж.) соңғы 10 жыл бойы тұрған үйде ашылды. Музей ұлы жазушының мұрасын жинақтап, насихаттау, шығармашылық өмір жолы мен қоғамдық қызметін, әдебиет саласындағы ізденістерін жан-жақты тану бағытында ғыл.-зерт. жұмыстарын жүргізеді. Музейдегі экспонаттар 11 залға орналастырылған. М. Әуезовтің есімімен біте

қайнасып астасып жатқан, оның ғылыми және әдеби ізденістерінің негізгі жемісі болып табылатын қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығы – музей экспозициясының өзекті тақырыптарының бірі. Абайдың әдеби мұрасын бейнелейтін экспонаттардың қатарында ақын шығармаларының Мүрсейіт көшіріп жазған қолжазбасы мен библиогр. сирек кездесетін басылым – 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген шығармалар жинағы сияқты баға жетпес аса құнды тарихи туындылар бар. Музейде Абайдың алғашқы шығармалары, оның қазақ, орыс және басқа бауырлас халықтар тілдеріндегі басылымдары мен дүние жүзі халықтарының тілдеріне аударылған жинақтары қойылған. «Абай жолы» эпопеясына арналған бөлімде шығарманың бауырлас халықтар және араб, ағылшын, неміс, француз, чех, словак, венгр, румын, поляк, болгар, монғол, вьетнам тілдеріндегі аудармалары орналастырылып, әлемдік әдебиет пен өнер қайраткерлерінің ойшыл-ақынның шығармашылығы жайлы келелі пікірлері мен ой толғаулары келтірілген. Ұлы ақынның мұрасын жан-жақты, терең зерттеуде, қазақ әдебиеті тарихи салаларының бірі – абайтанудың негізін салушы М. Әуезовтің пед. және ғыл. қызметіне арналған бөлімнің ғыл.-танымдық маңызы зор. Бөлімде Абайдың шығармашылық талантын ашып көрсететін Әуезовтің ғыл.-зерт. еңбектеріне (монографиялық мақалалар жинағы, оқулықтың арнайы тараулары т. б.) ерекше мән берілген. Әуезовтың ұлы ақын мұрасын оқып-үйренетін абайтанудың арнайы курсы мен *абайтанудың арнайы семинар сабақтарын* ұйымдастырушы көрнекті педагог, абайтанудың бірегей білгірі ретінде бейнесі сомдалған. «Абай жолы» эпопеясының жазылу жайына арналған бөлімде Абайдың отбасымен түскен фотосуретінің түпнұсқасы, балаларының және Семей өңіріне жер аударылып келген орыс достарының суреттері, Абайдың П. Д. Лобановскийдің салған портреті, ақынның өмірі туралы Әуезов жазып алған естеліктері, архивтік деректер, түрлі тарихи құжаттар кеңінен көрсетілген. Бөлімдегі суретшілер Е. М. Сидоркин, Л. А. Ильина, Қ. Қ. Қожықов т. б. «Абай жолы» эпопеясына салған суреттері Абай тақырыбын байыта түседі. «М. Әуезов және театр өнері» бөліміңде Абай бейнесінің драма театрындағы «Абай» пьесасы мен «Абай жолы» роман-эпопеясынан композиция, «Абай әндері» көркем фильмі мен опера сахнасындағы көріністері қойылған және композиторлар А. Қ. Жұбанов пен Л. А. Хамидидің «Абай» операсындағы Абайдың муз. тұлғасын қалыптастыру жайлы естеліктері сақталған. Абай тақырыбы – Әуезовтың жеке архивінің аса маңызды құрамдас бөлігі. Музей қорында «Абай жолы» эпопеясы қолжазбасының барлық түпнұсқасы, шығарманың жазылу барысында енгізілген қосымшалар мен өзгертулер, түрлі нұсқалары және абайтану саласындағы күрделі мәселелерді шешуге арналған ғыл.-зерт. жұмыстарының қолжазбалары түгелдей дерлік жинақталған. Абайдың өмірі мен шығармашылығын зерттеуде музей қорындағы магнитофон таспасына жазып алынған ақын замандастарының естеліктері мен түрлі әдеби және архивтік деректер баға жетпес құнды экспонаттар болып табылады. Музейдің киноархивіндегі деректі «Мұхтар аға» фильмі көрермендерді «Абай жолы» эпопеясының жазылу жайымен таныстырады. Фильмде Абайдың өмірі мен шығармашылығына қатысты бірқатар мәселелер талқыланып, көрермендердің ұлы ақын туралы танымын байыта түседі. *Л. М. Әуезова.*

«ӘУЕЛДЕ БІР СУЫҚ МҮЗ АҚЫЛ ЗЕРЕК...» – Абайдың 1889 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 3 шумақтан тұрады. Адамгершілік жайындағы филос. ой толғауға негізделген. Онда ақын шын мәнінде жақсы адам болу үшін ақыл, қайрат, жүрек үшеуін тең ұстау керек. Бұл жерде жүрек – қағілез, сергек сезімді, ал қайрат – байсалды сабырлылық пен табанды төзімділікті тудыратын қасиет. Егер адам бойында осы үш ерекшелік табиғи тұтастық тапса, нағыз мінсіз мінез сонда ғана қалыптаспақ дегенді айтады. «Біреуінің күні жоқ біреуінсіз, ғылым сол үшеуінің жөнін білмек» деп қорытады. Өлең 11 буынды. 1-шумағы қара өлең үлгісімен өрнектелген де, кейінгі 2 шумағының 2-жолдары шұбыртпалы ұйқас түрінде тізбектеліп отырады. Түпнұсқасы Мүрсейіт қолжазбаларынан алынып, алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. 1909, 1939, 1945 жылғы басылымдарда жеке ажыратылмай, «Ғашықтық, құмарлық пен – ол екі жол» атты өлеңмен бірге, бір туынды ретінде берілген. Өлең ағылшын, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, тәжік, түрікмен тілдеріне аударылған. *Ж. Ысмағұлов.*

ӘШІМБАЕВ Сағат (1947–91) – әдебиет зерттеушісі, сыншы. Ә. Абайтану мәселелеріне арнап «Өлең сөздің өрнегі» («Талантқа тағзым», – А., 1982), «Абай айтқан» (Жұлдыз, 1983, № 2), «Ақын жанын жабырқатқан жайлар» («Парасатқа құштарлық», – А., 1985), «Абай тағлымы – азаматтық тағылым» (Қазақ әдебиеті, 1987, 14-тамыз) т. б. мақалалар жазған. Оларда Абайдың уытты өткір сынға, буырқанған азаматтық ашуызаға толы өзекжарды жырларымен қазақ халқы санасының оянуы, ұлттық рухани дамуы жолындағы ұлан-ғайыр еңбегін тілге тиек етеді. Ақын жырларындағы пайдакүнемдік пен тоғышарлыққа, шенқұмарлық пен көрсоқырлыққа соққы беретін аяусыз сынның шыншылдық сипатын баса көрсетеді. Абайдың ақындық өнерге деген талап, талғамына талдау жасайды.

ӘШІМБАЕВ Түймебай Әшімбайұлы (1918 ж. т.) – экономист. Экономика ғыл. докторы, проф., Қазақстан Республикасы Ұлттық ҒА-ның академигі, Қазақстан Республикасының еңбек сің. ғылым қайраткері. Оның «Негізгі қорлардың тиімділігін көтеру мәселелері», «Өнеркәсіп өндірісінің тиімділігі», «Еңбекшілердің өндірісті басқаруға қатысуы және жарысы» т. б. атты ғыл.-зерт. еңбектері кеңінен мәлім. Ғалымның соңғы еңбектері қазіргі жағдайдағы тәуелсіз Қазақстанның экономик. дамуы, өндірістік қорлардың тиімділігін арттыру, еңбек өнімділігін көтеру мәселелеріне арналған. Ә. Қазақстан Республикасы Ұлттық ҒА-ның Ш. Уәлиханов атынд. сыйл. лауреаты. *Н. Шабанов.*



БАБИЧ Шейхзада (1895–1969) – татар-башқұрт жазушысы. Жастайынан қазақ арасында болып, мұғалімдік қызмет атқарған. Қазақ халқының ауыз әдебиетімен, Абай өлеңдерімен жақсы таныс болған. Бұл жөнінде филол. ғылымының докторы, профессор Хатип Усманов былай дейді: «Татар-башқұрт ақыны Ш. Бабич жас шағында қазақ арасында болып, 1913 жылғы бір жазбасында: «Мен Құнанбаев жырларынан керім әсемдікті, абзал сұлулықты көрем де, рахат сезімге бөленем, мен оның орнын татар ақыны Тоқай мен араб ақыны Имраилкаис тұрған биікке апарып қойдым» деген екен. Сөйтіп Бабич те Абайды таңырқай оқыған. Дала ақындарының өлеңін балқи тыңдаған, мақал, мәтелдерін құмарта жинаған» (Х. Усманов. Егіз жырлар. «Қазақ әдебиеті», 1962, 26-қазан).

С. Сейітов.

БАБЫР Мағауияұлы (т.-ө. ж. б.) – Абайдың немересі. 11 жасында қайтыс болған. Ақшоқыдағы зиратта жерленген.

БАБЫР (Б а б у р) Захир ад-Дин Мұхаммед (1483–1530) – Ұлы моғолдар империясын құрушы, қолбасшы, ақын, жазушы. Б. Мауереннахрда бір орталыққа бағынған мемл. құрмақ болды. М. Шайбанимен ұзақ жылдар соғысқанына қарамастан, Орта Азия елдерімен сауда және мәдени қатынастар орнатуға ұмтылды. Оның әдеби мұрасынан бізге өмірбаяндық атақты «Бабырнама», өлеңмен жазылған «Мубаин» және «Хатти Бабури» деп аталатын ерекше әліппе кітаптары белгілі. Абайдың «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген тарихи еңбегіндегі: «Әмір-Темір нәсілінен Құмар Шаих баласы, белгілі Бабыр патшаның шешесіменен бір туысқан екі бауыры болған» деген дерек-

терге қарағанда ақын Б. әулетінің шежіресімен және Б-дың өмір жолымен жақсы таныс болған. Абайдың өз қызына «Құмайыннама» кітабын жазған Б-дың қызы Гүлбаданның есімін беруі де тегін емес.

«БАБЫРНАМА» – Абай оқыған тарихи-әдеби естелік шығарма, ортағасырлық Орталық Азия халықтарының аса қымбат жазба ескерткіші. Авторы – Үндістанда Ұлы моғолдар әулетінің негізін салушы, атақты қолбасшы Бабыр. Бұл еңбекте Үндістан және Орта Азия халықтарының тарихы, әдет-ғұрпы, этнографиясы, мәдениеті, Түркістан, Мауереннахр, Жетісу аймағының географиясы, Дешті-қыпшақ билеушісі М. Шайбанимен арадағы соғыс жайы баяндалады. Қазақ хандары Жәнібек, Әдік, Қасым, «Тарих-и Рашидидің» авторы Мухаммед Хайдар Дулати жайында аса құнды мағлұматтар жинақталған. Абай «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген тарихи еңбегінде Алаша хан жайлы деректерін «Бабырнамадан» алғанын айтады. «Б.» 1990, 1993 ж. қазақ тілінде жарық көрді (ауд. Б. Қожабеков).

БАБКОВ (а.-ж., т.-ө. ж. б.) – Бат.-Сібір ген.-губернаторының міндетін атқарушы. Омбыда туған. Әскери атағы ген.-лейтенант. Б. (№ 4018 қатынас қағаз) Ибраһим Құнанбаевқа жала жауып, сыртынан арыз жазған Үзікбай Бөрібаевты жауапқа тарту туралы 1885 ж. 20 қыркүйекте Семей губернаторына бұйрық берген.

БАҒДАД – Аббас әулеті халифатының, 1921 жылдан Ирактың астанасы, арабтардың орта ғасырлар мәдениетінің орталығы. Абай *«Масғұт»* поэмасында:

«Арун-Рашид халифа заманында
Бағдатта бір жігіт бар аты Масғұт...» –

деп, кейіпкерінің шығыс халықтары аңызында жиі аталатын Б. шаһарынан шыққанын айтады.

БАҒЛАНОВА Роза (1922 ж. т.) – атақты әнші. ССРО және Қазақстан Республикасының халық артисі. Ол Республика және шетел сахналарында Абай шығармаларын насихаттауға белсене ат салысып келеді. Әншінің орындауындағы Абайдың «Желсіз түнде жарық ай», комп. М. Төлебаевтың ақын өлеңіне жазған «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», С. Мұхамеджановтың «Жарқ етпес қара көңлім не қылса да», «Қиыстырып мақтайсыз» әндері Қазақ радиосы фонотекасында сақтаулы, бірнеше рет күйтабаққа жазылған.

БАДЫРОВ Қапан Оралұлы (1904 ж. т.) – актер. Қазақстан Республикасының халық артисі. Ол Ш. Айманов пен Я. Штейн инсценировкасында Абай ролінде ойнады. Актер күрескер ақын бейнесін көрсетуді мақсат етеді. Б. сомдаған Абай үлкен қайраткер, биік мұраттың адамы. Б-қа осы инсценировкада Абай бейнесін сомдағаны үшін ССРО Мемл. сыйл. лауреаты атағы берілген.



Қ. Бадыров Абай ролінде. Ш. Айманов пен Я. Штейннің «Абай» инсценировкасы. Реж. Ш. Айманов. 1950.

БАЗАНОВ Әли (1918–44) – жауынгер композитор. Скрипкада ойнап, суретшілік өнерімен де айналысты. Москва қ-нда рабфакта оқи жүріп, студент-жастардан ішекті аспаптар оркестрін ұйымдастырды. Оқуын бітірген соң, Москва Авиация институтына түсті. 1938–41 ж. Москва консерваториясы жанынан ашылған қазақ студиясының композиторлар бөлімінде оқыды. Ұлы Отан соғысы басталысымен, өзі сұранып майданға аттанды. Б. «Жастар», «Бас алға, батырлар», «Ерлерім», «Ана толғауы» т. б. әндер жазды. Ол Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» әнін күйсандыққа арнап өңдеді. *Ә. Телғозиев.*

БАЗАРАЛЫ Қауменұлы (1833–87) – Абайдың әкесі Құнанбаймен тартысып, айтысып өткен адам. Руы – Тобықты ішінде Жігітек. Абай оны билеуші топтан жапа шеккен халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтап, ешкімнің ызғарынан ықпай, қарсы тұрған өжеттігі, ер мінезі үшін құрмет тұтқан. Құнанбай Б-ны Жігітек руының көп адамымен бірге қылмысқа тарттырып, інісі Балағазбен қосып итжеккенге айдатып жіберген. Балағаз сонда өлген. Б. 1882 ж. қашып келген. Құнанбай тұқымымен қайта жауласып, бір түнде Тәңірбердінің бір үйір жылқысын шауып алып, қырып тастайды. Б. айдаудан қайтқанда, амандасуға барған бір топ кісінің ішінде Көкбай ақын да болады. Сөз реті келгенде Көкбай:

«Алашқа абыройың әлі дардай,
Келбетің қырық пұт тартқан қара нардай.
Сипаттап бұдан дағы айтар едім,
Тұрмын ғой жарияға жарай алмай», –

дейді. Соңда Б. «Айтайын десе Абайдан, айтпайын десе менен иманы тұр екен. Сенің осың бәрінен артық болды», – деп, ризашылығын білдіреді. Бұдан Абайдың Б. бойындағы кейбір қасиеттерін ұнатпайты-

ны, соңдықтан да Көкбай ақынның Б-ны бастан-аяқ түгелдей мақтауға жүрегі дауалай алмай тұрғаны көрінеді. Б-ның ерлігі, сын-сипаты М. Әуезовтың «Абай жолы» романында жан-жақты суреттелген. Б-ның сүйегі Көлденең қыстағына қойылған.

М. Бейсенбаев.

БАЗАРБАЕВ Мүсілім (1927 ж. т.) – әдебиет зерттеуші, филол. ғыл. докторы. Б. «Қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық жайында» (Қазақ тілі мен әдебиеті. № 8, 1959), «Қазақтың ақын ағартушысы» («Советская культура». 1954, 23 қыркүйек), «Дәстүр, жаңалық, шеберлік» (Әдебиет және дәуір. – А., 1965), «Ұлттық дәстүр, мазмұн және форма («Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. – А., 1973) т. б. ғыл.-зерт. мақалаларында Абай мұрасына жан-жақты талдау жасады. Ақын өлеңдерінің түрлік, ырғақтық және ой кестесіндегі жаңашылдықты, ұлттық дәстүрдің жалғастығын ашып көрсетті.

БАЗАРБАЕВ Теміржан (1936 ж. т.) – композитор. Қазақстан Республикасының өнерге еңбек сің. қайраткері. «Тәттімбет», «Жетісу» муз. дастандары, «Ауылым», «Қаздар қайтқанда» т. б. әндері көпшілікке жақсы таныс. 2 әндер жинағы жарық көрген. Б. шығармашылығының елеулі саласы – Абай өлеңдеріне жазған туындылары. Ол ақынның «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...» өлеңінің тақырыбы негізінде көлемді муз. дастан жазды. Абайдың «Есіңде бар ма жас күнің?..», «Күлімсіреп аспан тұр...», «Жазғытұрым», «Қыс», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы...», «Ғашықтық, құмарлықпен ол екі жол...» өлеңдеріне ән-романстар жазды. Бұлардан басқа ақындар М. Ыбыраев пен Ж. Алмабаевтың сөздеріне жазған «Абайға», «Әлемнің Абайы», «Абай – айтқан ұранымыз», «Абайдың өсиеті» және «Тоғжандай сүйсең, Абайдай күйсең» әндері бар.

«БАЗАРҒА ҚАРАП ТҰРСАМ ӘРКІМ БАРАР...» – Абайдың 1886 ж. жазған өлеңі. Барлығы 16 жол. Ақынның өмір және оның мәні туралы қысқа ғана толғанысы. Күнделікті күйбең тіршіліктің әбден әдетке айналып, көз көріп, бой үйренген нәрселерінің өзіне ой жүгіртіп, содан ғибрат алар түйін іздеген ақын, ешкімге «мынау оң, мынау теріс» деп ақыл айтпай-ақ, саналы азаматқа «жан-жағыңды абайлап, өзің де бір бағдарлашы» дегендей ишара жасайды. Абайдың бұл шығармасында базар деп отырғаны – өмір. Өмір – үлкен базар. Одан да әр адам өз керегін іздейді, хал-қадіріне қарай қажетін алады. Ақынның: «Әркімнің өз іздеген нәрсесі бар, Сомалап ақшасына сонан алар» деген жолдарында үлкен филос. жасырын түжырым жатыр. Өзі «біреу ұғар бұл сөзді, біреу ұқпас» деп өмір бойы сөзін тыңдата алмай келе жатқан халқына күдіктене қарағанымен, өлеңін «Бір кісі емес жазғаным, жалпақ жұрт қой», «Сәулесі бар жігіттер бір ойланар» деген үмітпен аяқтайды. Өлең мағынасыз өмірді тәрік етіп, елін, жұртын ғылымға, білімге, саналылыққа шақырудан жалықпаған ойшыл-ғұламаның бір сәттік көңіл-күйі, филос. толғанысы іспетті.

Өлең 11 буынды аралас ұйқаспен жазылған. Мазмұнына сай сөз саптауы салмақты, әр жолы орнықты. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Абай Құнанбайұғылының өлеңі» деген жинақта жарияланды. Өлең басылымдары текстол. өзгерістерге ұшырамаған. Туынды ағылшын, араб, башқұрт, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен тілдеріне аударылған.

Т. Рсаев.

БАЙЖАНБАЕВ Әнуарбек Нығметжанұлы (1923–89) – диктор, Қазақстан Республикасының халық артисі. Б. респ. теледидары мен радиосынан Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы хабарларды таратушы, насихаттаушы болды. Ол әсіресе М. О. Әуезовтің «Абай жолы» романы бойынша жазылған «Абай» атты радио-композицияны бар бояу-нақышымен мәнерлеп оқыды.

Қ. Нұрпейісов.

БАЙЖАНОВ Қали (1877–1966) – көрнекті әнші. Қазақ муз. өнерінің іргетасын қалаушылардың бірі. ҚазССР-інің халық артисі. Жас шағында Абайдың көзін көріп, көптеген ақыл-кеңес алған, Абай ықпалымен өз өнерін байыта түскен. Әншінің орындауында магнитофон таспасына жазылып алынған ақынның «Қараңғы түнде тау қалғып», «Сегіз аяқ» әндері қазақ радиосының фонотекасында сақтаулы. Оларды муз. зерттеуші Қ. Жүзбасов нотаға түсіріп, Абай Құнанбаевтың «Айттым сәлем, қалам қас...» деген ән-күй жинағына енгізді.

БАЙҒАРА Құттыбайұлы (шамамен 1699–1775) – ақын, шешен, би. Ел ішінде Б-ны «Қыдыр дарыған әулие» санап, аруағына халқы сиынып, зиратына қонып, мінәжәт еткен. Найман-сыбан елінің ақындық мектебі Б. биден бастау алады. Ақтайлақ, Дулат, Түбек, Әріп, Ақтамберді Б-ның ұрпақтары. Б. бидің биік тұлғасын Дулат ақын «Кеңесбайға» деген өлеңінде:

«Байғара атаң бай болды,
Төрт түлігі сай болды,
Қайыры елге мол болды,
Анық әділ сол болды»,

– деп, оның байлығымен қоса, халқына қайыры тиген әділдігін жырға қосқан. Сыбан елінен шыққан Б-ның ұлағатты сөздерін Абай да білген. Б. ұрпақтары туралы М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясында мол дерек берілген.

А. Әубәкірова.

БАЙКӨКШЕ Балғынбайұлы (1813–92) – суырып салма ақын. Абайдың замандасы. Сөзге шешен, тапқыр да тура айтатын Б-ні Абай құрмет тұтып, уытты өлеңдерін жоғары бағалаған. Абай оның есімін атамай Байкөке дейді екен. Б. де жастайынан ісі орнықты, сөзі салмақты Абайды ерекше құрметтеген. Сондықтан да ол Құнанбайдың бата оқырында дүйім жұрттың көзінше: «Құнан кетті – алдынан

жарылқасын, Артында алтын қалды ат басындай...» деп, Абайға сенім арта сөйлейді. Екі ақынның пікірі көп ретте бір жерден шығып отырған. Керей, Найман елінің Бақаназта өткен жесір дауында Абайдың: «Тақыр жерге қауымдап шөп бітеді, Кей адамға мал мен бас көп бітеді» деген ойын Б. «Толықсыған жігітті болыс қойсаң, Қашан түсіп қалғанша жеп бітеді...» деп іліп әкетеді. Б-нің Абай туралы көрген түстері мен оның жоруы да оның ұлы ақынға деген ыстық ықыласын, адал тілегін танытады, Абайдың бүкіл қоғамдық, әлеум. саладағы қызметіне бағдарлама жасап бергендей болады. Ол тағы бір өлеңінде, Жидебайға ояз келгенде соған жеткіз деп Абайға айтқан арыз-өлеңінде:

«Меңгерсең елді жөндеп меңгер, Абай,
Аз бен көпті салмақтап теңгер, Абай.
Сүрінген, сүйеп аттан нашарларды
Сүйе де, сүйемелдеп дем бер, Абай.
Туысының зорлығын тыяды деп,
Тілеуіңді тілеп жүр кемдер, Абай...»

– деп, Абайдан әділдік күтетінін аңғартады. Бұл өлең жолдарынан Б-нің Абайға еркін сөйлейтінін аңғаруға болады. Ниеттес, пікірлес, сыйлас адамдардың бір-біріне деген еркіндігі байқалады.

С. Қарамендин.

БАЙҚАДАМОВ Бақытжан (1917–77) – композитор. Қазақстан Республикасының еңбек сің. өнер қайраткері. Ол Қазақтың мемл. ән-би ансамблі үшін жазылған концерттік композициясында Абай әндерін де кеңінен пайдаланған. Композицияда Абайдың «Айттым сәлем, қалам қас», «Көзімнің қарасы», «Сегіз аяқ» әндері күйлермен кезектесіп, қайталанып отырады. *Б. Ғизатов.*

БАЙҚҰДА БАЛУАН (т.-ө. ж. б.) – Керей елінің (Шұбартау ауд-ы жерінде) балуаны. Абай оны аулынан әдейі шақыртып алдырып, Семейдегі күреске дайындаған. Керей Тышқанбайдың баласы Тілеубердінің айтуына қарағанда (баласы, Соц. Еңбек Ері Ырыздықбайдың естелігі) Абай оңаша үйде Б-мен өзі де күресіп көрген. Абай жанында Б. есімді балуанның болғанын қарт ақын Шәкір Әбенов те растайды.

БАЙҚҰЛАҚ ШЕШЕН (т.-ө. ж. б.) – Абайдың замандасы. Өз ортасына шешендікпен аты шыққан адам. Жуантаяқ-тобықты руынан. Абай оны сөз тапқырлығы, шешендігі үшін құрмет тұтқан. Мағауия қайтыс болғанда, Б. ш. бір топ адамды бастап келіп, ақынға:

«Ақсұңқар қолдан ұшты,
Бәрінен құдайдың құдыреті күшті» –

деп көңіл айтады.
Сонда Абай:

«Бұл Мағыш маған да жоқ,
саған да жоқ,
Мағыштай бала тумас көңілге тоқ.
Аз күнде дүниеден мен де кетем,
Маған да зар боларсың, жиылған топ» –

деп, алдағы күнге көңілсіз болжау жасайды. Осыдан 40 күн өткен соң ақын дүние салған. *С. Қарамендин.*

«БАЙЛАР ЖҮР ЖИҒАН МАЛЫН ҚОРҒАЛАТЫП...» – Абайдың 1886 ж. жазған өлеңі. Көлемі 18 жол. Өлеңде ақын мал қадірін білген байларға іш тартып, аяныш сезім білдірген. Елдегі қу, сұм, пысықтар байға тыныштық бермейді, жаудай талайды. «Бұл жұртты құдай атты», бай жүз малының онын берсе, оны мүсәт тұтпай қалған тоқсанын да алғысы келеді. Бай байғұс бермесе, қу, сұмдар бұтып-шатып арыз жазып жоғарыға шабады, қайтып келіп, «құртатын болдым» деп қоқан-лоққы көрсетеді. Бай малын қорғаласа, «қорықты» деп қыжыңдай түседі. Енді жоғарыға бай шабады дейді. Ақын ойын «күшті жықпақ, бай жеңбек» деп түйіндейді. «Бай жақсы батырдан да, биліктен де, бай бұзар қалың топты киліккенде» деген пікірді тірілтіп қуаттайды, бай табының болашағынан үміт үзбейді: «Жаны аяулы жақсыға қосамын деп, әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып» деп, «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» деген ақыл-өсиетті ескеріп жүргендерді байлардың балағына жармасар итке теңейді.

Шығарма қазақтың 11 буынды қара өлеңі үлгісімен жазылған. Алғашқы 8 жолы дәстүрлі қара өлең ұйқасымен, соңғы 10 жол аралас ұйқаспен өрнектелген. Тұңғыш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Өлең негізгі жинақтарының бәрінде басылған. Мүрсейіт қолжазбаларының 6-жолындағы **«бір қағаз»** тіркесі 1909 жылғы жинаққа сәйкес **«бір арыз»** деп өзгертілген. Өлең орыс, өзбек, тәжік, түрікмен, қырғыз, татар, қарақалпақ, ұйғыр тілдеріне аударылған. *Т. Қожакеев.*

«БАЙМАҒАМБЕТКЕ» – Абайдың өлеңі, қ. *«Ажының жақсы-ақ қызы едім..»*.

БАЙМАҚАНОВ Мұрат Тәжімұратұлы (1933 ж. т.) – юрист, Заң ғыл. докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ҒА-ның академигі. Ғалымның негізгі ғылыми еңбектері мемл. право және өкімет құрылысы, мемлекет пен теорияның жалпы теориясы, өкілетті өкімет органдарының қызметін зерттеу мәселелеріне арналған. Оның «Мемлекеттік органдар қызметін қоғамдық ұйымдардың атқаруына көшуі туралы», «Жергілікті Советтер қызметін ұйымдастыруды одан әрі жетілдіру мәселелері» т. б. еңбектері ғылыми қауымға жақсы таныс. Б-тың соңғы еңбектері Тәуелсіз Қазақстан Республикасының ел басқару жүйесін жетілдіру, негізгі заң құжаттарының әлеум.-саяси бағытын белгілеу, конституциялық принциптерді айқындап, нығайту мәселелеріне арналған.

БАЙРОН Джордж Ноэл Гордон (1788–1824) – ағылшын халқының ұлы ақыны. Оның «Чайдль Гарольд», «Абиддосс қалыңдығы», «Дон-Жуан», «Корсар», «Лара», «Шильон тұтқыны», «Гяур», «Наин», «Манфред» т. б.

шығармалары белгілі. Абай Б-мен М. Ю. Лермонтов аудармалары арқылы танысқан. Ол Лермонтовтың Б-нан аударған «Еврей сазы» деген өлеңінің алғашқы 8 жолын ғана алып, еркін аударған. «Еврей сазының» жалпы мазмұны мен ойын ғана сақтап, өлеңді барынша қазақ ұғымына жақындатып, өзінше өрнектейді. Б-дағы «алтын көл», «арфа» деген сөздерді алып тастап, оның орнына «Алтынды домбыраны» қосады. Мұның есесіне алғашқы, соңғы жолдары дәлме-дәл аударылған.

«БАЙ СЕЙІЛДІ...» – Абайдың 1890 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 6 тармақты 9 шумақтан тұрады. Ел билеген би-болыстар мен дәулетіне тасып, ар-ұятты аяққа басқан байлардың жүгенсіздіктері мен арамза айла-әрекеттерін әшкерелейтін бұл туындының көтерген тақырыбы, тілге тиек ететін әлеум. жүгі, сын объектісі жөнінен ақынның сәл бұрынырақ жазған «Бөтен елде бар болса...», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...», «Болыс болдым мінекей...» кейінірек шығарған «Болды да партия...», «Бойы бұлғаң...» т. б. өлеңдерімен үндеседі. 80-жылдардың аяғында азаматтық, ақындық тұлғасы толысып, ел ағасы атанған Абай енді жастарға ақыл, парасат жағын басыңқырай айтып, адамгершілікке, өнер-білімге үндейтін бағытқа көшкен. Ақынның өлеңді өндіртіп жазғаны да осы тұс. Бірақ ақын өміріндегі бұл шуақты кезең ұзаққа созылмай, 90- жылдарда інісі Оспан мен жастық шағын тай-құлындай тебісіп бірге өткізген досы Оразбай арасы қайта шиеленісіп, ел арасы ашылып, ырың-жырың, айтыс-тартыс қайта қоздайды. Ел басқару, жер дауы, жесір дауы мәселелерінде билік айту жұмыстарына белсене араласып жүрген Абайдың бұл ылаңнан азамат ретінде де, ақын ретінде де тыс қала алмайтыны белгілі. Осындай аласапыран алыс-жұлыс жағдайында «ел жақсыларының» екі жүзділіктері мен тек құлқынның қамын ойлаған қара ниеттерін әшкерелеу мақсатымен осы өлеңін жазған.

М. Әуезов атап көрсеткендей, Абайдың бұл шығармасынан әлеум. көзқарасының қайшылықтары елес береді. Ақын өлеңін:

«Бай сейілді,
Бір бейілді –
Елде жақсы қалмады...» –

деген жолдармен бастайды. Ақын бейілі дұрыс, әділ де момын, жақсы байлар қатары азайды деп отыр. Бұл Абай заманындағы әлеум.-тарихи шындыққа жанаспайтын тұжырым. Ел билігін ата мұрасындай ауыстырмай қолдарына алып, халықты бір-біріне айдап салып, ағайын арасына іріткі тудырып, ел бұзған да солар емес пе. Ел арасындағы зорлық-зомбылық та, ұрлық-қарлық та солардың ісі. Үстемдік жүрген жерде қанаушылықтың да қоса жүретіні белгілі. Ендеше ақынның азайып кетті деп жақсы байды аңсауы қате.

Осы қателігін өзі де түсінгендей келесі жолдардан-ақ сөзін түзеп, әлгіндегі пысықай ел басшыларын, болыс-байларды өткір сынның астына алады. Бар байлығын төгіп билікке қолы жеткен соң, өз жұртына жаудай шапқан болыстың желкелеп, жекірген орыстың алдындағы сиқын «үйден үрген итке» теңейді. Олардың біреуге пәле болып тиіп, біреуге жала жауып, өз халқын аңдыған елбұзарлығына ашу-ызасы келіп, уытты тілмен шенейді. Ақын осы тұста бар бүліктің жоғарыдан, ояздан басталып отырғанын сыншылдық көрегендікпен аңғартып, өз шығармасына тиек еткен мәселенің әлеум. деңгейін көтере түседі. Осындай екі жақты бүліктің салдарынан елден бірлік, ерден ерлік кеткенін атап көрсетеді. Ел билеген болыстар мен байлардың жиіркеніште көркем бейнесін жасап, өз заманындағы қазақ қауымында қалыптасқан әлеум. жат құбылыстарға әділ баға береді. Өлеңнің соңғы шумақтарында ақын сыйласар дос, сырласар құрбы қалмағанына өкініш білдіріп, бәрінен де көңілі қалып, айтқан насихатын ешкімге тыңдата алмай өмірі өткеніне налиды, түптеп келгенде тапқан жұртының сиқы осы болғаны ма деген сұрақпен аяқтайды.

Өлең 4–5–7 буынды, секіртпелі ұйқаспен, қазақ поэзиясында бұрын кездесе қоймайтын жаңа түрдегі -а, -а, -б, -в, -в, -б үлгісімен жазылған. Кей жолдар 1, -2 сөзден; 3, -4-жолдары 3, -4 сөзді тіркестен құрылған. Алғаш рет С.-Петербургте 1909 ж. жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды.

Өлең басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. *Мүрсейіттің* 1910 жылғы қолжазбасында, 1909 жылғы жинақта 2-шумақтың 3-жолы **«Бас пен аяқ бір есеп»** делінсе, кейінгі басылымдарға Мүрсейіттің 1905, 1907 жылғы қолжазбалары негізінде **«Бас пен аяқ бір қысап»** болып берілген. Осы шумақтың 6-жолы 1909, 1945, 1954 жылғы басылымдарында **«Үйден үрған итке ұсап»** болса, 1957, 1977 жылғы басылымдарында Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасына сүйеніп **«Үйден үрген итке ұсап»** түрінде алынған. 1939, 1945, 1954 жылғы жинақтарда 5-шумақтың 4-жолы **«Еміренбес»** ретінде басылса, бұл жол 1957, 1977 жылғы жинақтарға Мүрсейіт қолжазбалары, 1909 жылғы жинақ бойынша **«Еміреніспес»** болып түзетілген. Сондай-ақ, осы шумақтың 6-жолы 1939 жылғы жинақта **«Ұқсамас іс сыртына»,** 1945 жылғы жинақта **«Ұқсамас іш сыртына»,** 1954 жылғы жинақта **«Ұқсамас іші сыртына»** делінсе, 1957, 1977 жылғы басылымдарда Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы жинаққа сәйкестендіріліп **«Ұқсамас еш сыртына»** деп қабылданған. Туындының:

«Ел де жаман,
Ер де жаман,
Аңдығаны өз елі.

Ел де сыяз,
Ойда ояз,
Оңбай-ақ тұр әр түрі...», –

деген 6-шумағы 1909 жылғы басылымында жоқ. Бірақ, Мүрсейіт қолжазбалары басшылыққа алынып, кейінгі жинақтарға ендірілген. Мүрсейіт қолжазбаларында, 1945 жылғы жинақта 8-шумақтың 4-жолы **«Жақсы құрбы»** делінсе, қалған басылымдарда бұл жол **«жасы құрбы»** болып жазылған. Өлең башқұрт, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, татар, ұйғыр тілдеріне аударылған. *Т. Рсаев.*

БАЙСЕЙІТОВ Қанабек (1905–79) – әнші, артист, режиссер, драматург. Қазақ муз. театрының негізін салушылардың бірі. ҚазССР-інің халық артисі. «Беу, қыздар-ай», «Ой, жігіттер-ай» пьесасын жазды (Қ. Шаңғытбаевпен бірге). Оның өнер жолы 1926 ж. Ж. Т. Шаниннің «Арқалық батыр» пьесасында Арқалық бейнесін сомдаудан бастау алады. Операларында Е. Г Брусиловскийдің «Қыз Жібек», «Ер Тарғын» мен «Жалбырында» басты тұлғаларды орындады. Әнші-актер А. Қ. Жұбанов пен Л. А. Хамидидің «Абай» операсында Абай тұлғасын сан қырынан көрсете білді. Халқын өнер, білімге шақырған гуманист, күрескер, дана Абайдың ата жүрегі, оралымды өткір, айтқыш шешендігі драмалық қуатты әрекеттермен жан-жақты шешім тапқан. Б-ке операда Абай бейнесін сомдаудағы үздік орындаушылық шеберлігі үшін Қазақ ССР Мемл. сыйл. берілді. *Ә. Ерөнбаева.*

БАЙСЕЙІТОВА Күләш (1912–57) – әнші. Қазақ опера өнерінің негізін салушылардың бірі. ССРО халық артисі. Ол А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» операсында Ажар бейнесін шынайы сомдады. Б-ның орындауындағы Абайдың «Желсіз түнде жарық ай», «Татьяна сөзі» әндері күйтаспаға жазылған, қазақ радиосының фонотекасында сақтаулы. Б. ССРО Мемл. сыйлығын алды.

«БАЙСЫП, ПАҢСЫП...» – Абайдың кейін табылған өлеңі. Ақынмен ұзақ жылдар жолдас болған қарт Шар ауданының тұрғыны Қосылбек Байғұттыұлынан 1940 ж. жазып алынған. Көлемі әрқайсысы 4 тармақтан тұратын 7 шумақ. Жас ұрпаққа бойын аулақ ұстайтын бес дұшпанын көрсетіп, қашанда құлшына құмартып, асық болатын бес асыл ісін айқындап берген Абай өзі де, қандай қыспақ көрсе де ақиқат пен әділдіктің ақ жолынан таймай, адамгершіліктің алауын жарқырата лаулатып, мәңгілік шамшырақтай жоғары көтеріп өткен. Бұл жолда ол бай-кедей, жақын-жат деп бөлмей, әділ төрелігін тура айтқан, ел ішіндегі арамтамақтарды, жатып ішер жалқауларды, менменсіген билікшіл мансапқорларды, мал-мүліктің буына пісіп, құдайын ұмытқан шала мастарды, төре алдында майысқан жарамсақтар мен қулық-сұмдықпен халық үстінен күн кешкен алаяқтарды жер-жебіріне жете шенеп отырған. Ақын осы тұрғыда өз әкесі Құнанбайдан, бауырлары Тәкежан, Майбасар, Әзімбайлардан бастап оғаш қылықтарын беттеріне басып, қалың бұқара алдында әшкерелеуден танған емес. Абай бұл өлеңінде туған ағасы Тәңірбердінің дүйім жұртқа белгілі өтірік пен өсекке жақын, қуыс кеуде, меңмен тұлғасын тап басып, жасанды, жәдігөй бейнесін ашық айтады. Оның туған ағасына тап бұлай шүйілуінің де себебі бар. Мінез-құлықтары, алға қойған мақсат-мүдделері жас кездерінде-ақ басқа-басқа болған ағайынды екі жігіт келе-келе біржолата ажырасып тынған. Оған Тәкежанның дүниеқорлығы, арамдығы, екіжүзділігі себеп болса керек. Оның тіпті, әулет ортасындағы ыржың-тыржыңмен ғана шектелмей, жасырын айла-шарғымен Абай дұшпандарының тобына қосылғаны да белгілі. Ақынға қарсы Оразбай бастаған сойқанды топтың *Ши түбіндегі баталасуына* тілек қосып, 1898 жылғы Мұқыр сайлауындағы аты шулы жанжалдың демеушілерінің бірі болған. Ағасының осы сатқындығын сезген ақын: «Менің жауым бауырымда отыр ғой, бүйткен елде қайтіп күн көрем...», – деп қатты налыған. Бірақ бұл шығарманың тууына екеуара басараздық қана себеп болмаған. Өлең, ең алдымен, елді әбден жайлап алған озбырлыққа, екіжүзділік пен өсек-аяңға қарсы ақынның өзегін өртеген наразылығын танытады. Бұл – Абай шығармаларының өзекті тақырыбы. Ал Тәңірберді сол типтік тұлғаның нақты көрінісі ғана. Ақын нақты бейненің өрескел қылықтары арқылы бүкіл қоғамға тән кемшіліктерді сынға алады, қайырсыз малға желіккен, қолынан түк келмейтін қуыс кеуделіктің әлеум. зардабын ащы тілмен әшкерелейді. Өлең кісінің шымбайына бататын өткір де зәрлі тілмен жазылғанына қарамастан сырғып, жеңіл оқылады. Туынды 4, 6, 7 буынды -а, -а, -б, -а түріндегі ұйқаспен жазылғанымен, лекітіп бір-біріне жалғасып келетін тұтас жыр үлгісін еске түсіреді. Композициялық құрылымы жағынан іштей шартты түрде 2 бөлімнен тұратын сияқты. 1-бөлімде Тәңірбердінің мінез-құлқындағы барша жағымсыз қасиеттері ашылса (алғашқы 5 шумақ), 2-бөлімде осындай оғаш мінезді адамның кісі жиіркенерлік қылықтары тұжырымдалады. Екі бөлім жігі ашылмай, бірін-бірі толықтыра түскен. Өлең алғаш рет ақын шығармаларының 1961 жылғы толық жинағына енгізілген. Кейінгі басылымдарында ешқандай текстол. өзгерістер кездеспейді. Қарақалпақ тіліне аударылған. *Т. Рсаев.*

БАЙТҰРСЫНОВ Ахмет (1873–1938) – ғалым, тілші, түрколог, әдебиетші, ақын, публицист, аудармашы, мемлекет қайраткері. Б. қалыптасқан дәстүрлі құжаттар бойынша айтқанда, қазіргі Қостанай облысы, Торғай атырабындағы Сартүбек деген жерде, ел арасында беделді, қайратты кісі Шошақұлы Байтұрсын шаңырағында дүниеге келіпті. Ахметтің өзінің «Өмірбаянын-

да» көрсетуінше, мешін жылы, 1872 ж. туған, № 5 ауыл, Тосын болысы, Торғай уезі. Қалың қазақ ортасы, қаймағы бұзылмаған сахара тұрмысы табиғатынан дарынды баланың сезім дүниесін, ой әлемін тербеп толқытады. Әділетсіз өмірдің улы зары бала жүрегін он үшінде жаралайды. Әкесі Байтұрсын мен оның інісі Ақтас қорлық, зорлыққа шыдамай, 1885 ж. 12 қазанда ояз бастығы полковник Яковлевтің басын жарып жібереді. Мұның арты дүние-мүлікті тартып алумен, абақты, Сібірге 15 жылға аударылумен тынады.

Табиғатынан аса дарынды туған талапты бала Ахмет 1882–84 ж. әуелі көзі қарақты адамдардан өз үйінде хат танып, артынан жақын жердегі ауыл мектебінен сауат ашады да, 1886–91 ж. Торғай қаласындағы екі класты орысша-қазақша училищеде, 1891–95 ж. Орынбордағы мұғалімдік мектепте оқып, білім алады. 1895 жылдың 1 маусымынан бастап мұғалім болады: Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы атырабында бала оқытады, өмір, тіршілік күйбеңіне араласады, әділет үшін күреседі, жуандарға, байларға қарсылық білдіреді, патшаның отаршылдық саясатын айыптайды. Ауылдық, болыстық, кейін екікласты мектептерде ұстаз бола жүріп, 1901 жылдан бастап қолы бос кездерде өзі ізденіп, сан алуан кітаптар оқиды, әдебиетпен айналысады, оқулықтар жазады, аударма жасайды, өлең-жыр тудырады, фольклор нұсқаларын жинайды. Ел ішінде жас оқыған, еркін мінезді батыл ойшылдың беделі, атағы өсе бастайды. Полиция тыңшыларының жаласымен күйе жағылып, губернатор Тройницкийдің жарлығы бойынша Қарқаралы екі класты училищесінің меңгерушісі Ахмет 1909 ж. 1 шілде күні Семей абақтысына алынып, сотсыз, үкімсіз, нақақтан нақақ 8 ай бойы азап қорлық көріп, торығады, қиналып, ширайды, ақыры күреске белді бекем буады. Бостандық аңсаған, күреске шақырған өлеңдер жазады. Ақыры Қазақстанда тұру хұқынан айрылғандықтан, 1910 ж. 21 ақпанда түрмеден шығып, наурыз айында Орынбор қ-на келеді. Бұдан кейін Б. өмірінде ең күрделі, қызықты, қажырлы кезеңдер басталады. 1913-18 ж. арасында «Қазақ» газетінде редактор болып, орасан зор әлеум.-тарихи қызмет атқарады, халық өмірінің сан алуан көкейкесті мәселелерін көтереді, елді прогреске, өнер-білімге үндейді.

Алаш қозғалысы тұсында (1918–19 жылдың басы) Ахмет күрестің алғы шебінде болады. Енді жаңа өткел, соны өріс іздейді. Азапты толғаныс, өзгеру эволюциясынан өтіп барып, 1919 жылдың наурыз айында бұрынғы ұлт интеллигенциясының көптеген өкілдерін өзімен бірге алып, Кеңес өкіметі жағына өтеді – Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Әскери-рев. к-ттің мүшесі ретінде оның жұмысына белсене араласады. Республика оқу халық комиссары, Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі (1920–26 ж.), Қазақстан Академиялық Орталығының жетекшісі, Ташкент, Алматы жоғарғы оқу орындарында профессор болады, сөйтіп, жаңа заман үшін күреске түседі.

Адамгершілік нормалар бұзылып, сталинизм қылышынан қан тамған кезеңде Б. әуелі 1929 ж. бір ұсталып, абақтыға қамалады, лагерь тепкісінде ұзақ азап көріп, 1936 ж. қайтып келеді, бірақ 1937 ж. тағы да репрессияға ұшырап, 1938 ж. атылады. Б-тың Абайға арнаған негізгі еңбегі «Қазақтың бас ақыны» («Қазақ», 1913, № 39–41) деп аталады. Бұл мақалада көптеген мәселелерге мән берілген. Абай шығармаларының Семей, Ақмола облыстарына таралып, Торғай жағында белгісіздеу болу себептері ашылады. Абайдың әдебиет тарихындағы орнын зерттеуші дәл анықтап, оны қазақтың бас ақыны деп көрсетеді. Шыққан тегін, бабалары Ырғызбай, Өскенбай, әкесі Құнанбай, анасы Ұлжан, нағашылары Қаракесектің Бошан руынан шыққан Қаздауысты Қазыбек ұрпағының Бертіс би тармағынан өсіп-өнген күлдіргі, қалжыңның әйгілі ұсталары Қантай, Тонтай екендігін таратады. Абай қайда, қанша жыл оқыды, әлеум. іске қашан араласты деген сауалдардың жауабы бар. Жер аударылып келген оқығандар Е. П. Михаэлис, С. С. Гросс кеңесімен ақынның орыс жазушылары А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, Н. А. Некрасов, А. Н. Толстой, М. Е. Салтыков-Щедрин, Ф. М. Достоевский, В. Г. Белинский, Н. А. Добролюбов, Д. И. Писарев, Батыс оқымыстылары Спенсер, Льюс, Дрепер шығармаларымен танысқандығы айқындалады. Зерттеуші Абайдың жастық, жігіт шақтағы қалжың, ғашықтық өлеңдерден бірте-бірте терең мағыналы ғажап көркем поэзияға келгендігін дәлелдейді.

Ақын шығармаларының үлгілеріне мән беріліп, «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Көк тұман алдындағы келер заман» өлеңдері талданады. Ұлы ақын шығармаларын қазақ баласына түгел таныту үшін насихаттау, көпке тарату жолдары айтылады.

«Әдебиет танытқыш» (1926) теориялық еңбегінде Б. сөзбен қалай сымбаттауға, кескіндеуге болатынын көрсету үшін, Абайдың «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы...», «Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан...», «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа...» өлеңдері тексін берген. Сөз өнері табиғаты, өлең айшықтары, ағындары, түрлері, бунақ, тармақ, шумақ, ұйқас үлгілерін көрсеткенде Абай шығармаларынан мысал алған. «Қырық мысал», «Маса» кітаптарында ұлы Абайдың көркем ойлары, поэтик. үлгілері, өлең өлшемдері жаңғыра құлпырып, жаңдана түсті, жаңашыл дәстүр ілгері жалғасты.

Р. Нұрғалиев.

БАЙҰЗАҚ (т.-ө. ж. б.) – Абайдың замандасы, жақсы сыйласқан адамы. Тобықтының Бәкең деген руынан. Абай оның адалдығын Қыздарға арнаған өлеңінде «Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бәкең» деп, оның көнтерлі, салиқалы мінезін мадақтаған. Б. Қыздардың ағасы. *Б. Исабаев.*

«БАҚА МЕН ӨГІЗ» – Абайдың 1898 ж. И. А. Крыловтан аударған мысал өлеңі. Абай түпнұсқадағы 17 жолда айтылған мазмұнды толықтырып, өзгертіп, 10 шумақ өлеңмен еркін жырлаған. Негізгі ой дәл берілген. Таудай өгізді көрген бақа мен де сол сияқты зор бола алам деп күшеніп, қарнын қамтитып жарылып өлген. Мұнда да біреудің болғанын, толғанын көре алмайтын іштарлар, солардай болам деп өзін-өзі қинап мерт болғандар мазақталған. Мысалдың айтар ақылы:

«Таласпа, жаным-ай,
Қолыңнан келмеске
Боларсың бақадай
Көп түссең егеске».

Абай бұл мысалды да қазақ өміріне бейімдеп, сахараның тіршілік сыңайына үйлестіріп аударған. 6–7 буынды, көбіне а, -б, -а, -б, кейде ғана -б, -б ұйқасты жыр түрінде жазған. Кей тұстарын өзінше жырлап, бірер елес-көрініс шындыққа жақындата түскен. Мысалы, бақа өгізбен Крыловта көкмайса жазық жерде, Абайда бұлақ басында, өгіз су ішуге келгенде кездеседі. Туынды алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланған. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1957, 1977 жылғы жинақтарда Мүрсейіт қолжазбалары, 1909 жылғы басылым негізінде 4-шумақтың 2-жолы «Күшеңді де бертінді», 7-шумақтың 3-жолы «Өстім ғой деп ісініп» болып алынған, қалған басылымдарда бұл жолдар «Күшеңді де бүртінді», «Үлкейдім – деп ісініп» делінген. *Т. Қожакеев.*

БАҚТЫҒАЛИЕВ Аман (1945 ж. т.) – суретші, педагог Қолданбалы графика саласында жұмыс істейді. Ол Абайға арнап «Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?..» (1980; қағаз, түрлітүсті литография), 3 беттік «Батыр», «Дабыл», «Дүшпан» топтамасын, Абай өлеңдері негізінде 3 беттік «Келдік талай жерге, енді», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» топтама суреттерін (1988; қағаз, литография, бәрі де автордың жеке қоры) салды.

БАҚЫРҒАНИ Сүлеймен (12 ғ-дың 2-жартысында өмір сүрген) – орта ғасырдағы көрнекті қазақ ақыны, ғалым-ойшыл. Қожа Ахмет Яссауидің талантты шәкірттерінің бірі. Б-дың негізгі шығармасы қыпшақ тілінде жазылған. Бұл жинақта Б. өзі туып-өскен Қаратау мен Сыр өлкелерін, қазақ руларының қысқы және жазғы тұрақтарын, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін, шаруашылық жайын жырға қосып, олар туралы құнды тарихи этногр. деректер қалдырған. Б-дың бұдан басқа «Хакім ата», «Хазірет Мәриям», «Ақыр заман» деген кітаптары бар. Б. – Абайдың жас кезінде көп еліктеген ақындарының бірі, рухани ұстазы. Жас ақын медреседе оқып жүріп, Б. шығармашылығына қанық болды, медресенің негізгі оқу құралы болған «Бақырғани» кітабын оқып, жаттап өсті, ұлы ақынның адамгершілік, биік парасат, асқақ махаббат сезімін жырлау мәнеріне еліктеді. «Шығыс ақындарынша» деген өлеңін Б. лирик. поэзиясына еліктеп жазды. Абай «Әлифби» өлеңін Б. кеңінен қолданған ғаруз өлшемімен жазғанымен араб алфавитіндегі барлық әріптерді қамтыған. Абай сонымен бірге өз шығармаларында Б-дың сопылық поэзиясындағы діни сарынды сын көзімен екшей қарап, шынайы шығармашылық тұрғыдан талғай білген. Бұл ретте Абайдың «Білімдіден шыққан сөз» өлеңінің алғашқы төрт жолы қара өлең ұйқасымен келеді де, одан кейінгі шумақтары Б. поэзиясына тән өлшеммен (-а, -а, -а, -б) жазылған («Сұлу қыз бен я батыр, Болмаған соң, тәңрі алғыр, Шығып кетер, я қалғыр, Оған ақыл – арам без»). Осы өлеңінде қазақ тілін араб, парсы сөздерімен шұбарлаудан толық арылтып, шығыс әдебиетінен өз поэзиясы үшін тәлімді өнеге ретінде Б-дан өлең ұйқасын ғана алады. Б. шығармашылығына тән шығыстық белгілер Абайдың махаббат лирикасында, дидактик.



«Өлең–сөздің патшасы, сөз сарасы». А. Бақтығалиев. 1988.

өлеңдерінде, қарасөздерінде де кездеседі. Абайдың *«Көзімнің қарасы», «Қызарып, сұрланып...»*, «Сен мені не етесің...», «Қор болды жаным...» сияқты өлеңдерінде Б. поэзиясының игі әсері байқалады.

С. Қорабаев.

БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР ТЕАТРЫ, Қазақтың мемлекеттік Ғ. Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театры – Алматыдағы кәсіби драма театры. Театр іргетасы 1945 ж. 7 қарашада қаланған. Театр сахнасында 1969 ж. ұлы ақынның жастық шағын бейнелейтін – *«Жас Абай»* драмасы көрсетілді. Қойылымды М. О. Әуезовтің «Абай» романының 1-кітабы бойынша жүйелеп, сахнаға шығарған реж. Ш. К. Айманов. Спектакльде жас шәкірттің алаңсыз өмірі мен албырт көңілі, сондай-ақ, алғашқы тіршілік сабақтары, ақындық жолы мен танымдық көзқарастарындағы бастапқы тәжірибелері бейнеленген. Араға біраз уақыт салып театр ұжымы Абай тақырыбына қайта оралып, ақынның өлеңдері мен қарасөздері бойынша жазылған «Қалың елім, қазағым» атты поэтик. драманы сахнаға шығарды. Спектакльдің сахналық нұсқасын жазып, қойылымын жасаған – реж. Р Сейтметов. Спектакльдің алғашқы қойылымы 1990 жылдың қаңтарында көрсетілді. Шығармада ақын әрі қайраткер Абайдың ғұмыр бойғы ойланған мақсат-мүддесі, қазақ халқы үшін, соның бірлігі мен жарқын болашағы жолындағы қажырлы істері, артында қалдырған өсиет-өлеңі, бата сөзі шыншылдықпен көрініс тапты.

С. Балғабаев.

«БАЛАЛЫҚ ӨЛДІ, БІЛДІҢ БЕ?..» – Абайдың 1895 ж. жазған өлеңі. Көлемі 10 жол. Өлеңнің негізгі тақырыбы – Абай поэзиясынан берік орын алған адам өмірінің кезеңдері. Өлеңдегі ой лирикалық қаһарман атынан жеткізіледі. Ақынның *«Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма?..»* деген өлеңіндегі «Алды – үміт, арты – өкініш алдамшы өмір» деген жолдармен үндес. Абай өткінші өмірдің керуенінде сен не көрдің, балалық кезің, жігіттік шағың не берді, кәрілік кезеңінде тұрып бұл туралы ойладың ба, өмірдің шын мәні неде екеніне көз жібердің бе? – деген сауалдар қояды да, осы сұрақтар төңірегінде ой толғауды ақын әркімнің өз үлесіне қалдырады. Бұған қоса ақын сөзінде зілді астар да бар: тағдырдың салғанына дәрменсіз бас иіп, шарасыз күйге түскен жандарды ол тірі өлікке теңейді. Бұл өлеңде ақынның терең ойшылдығы ерекше аңғарылады. Өлең 7 буынды үлгімен жазылған. Негізінен шұбыртпалы ұйқасқа (-а, -а, -а, -а) құрылған туындының 5-, 8-, 9-жолдары ұйқаспай бос қалған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Өлең басылымдарында аздаған текстол. ауытқулар кездеседі. 1909 жылғы жинақта 5-жол **«Кім біледі байқұстар»** делінсе, Мүрсейіт қолжазбаларында, 1933, 1939, 1957, 1977 жылғы жинақтарда **«Кім біледі, сен кәпір»** болып басылған. 1961 жылғы жинақта 1-жол өзгертіліп, **«Балалық өтті білдің бе?»** түрінде берілген. 1909 жылғы басылымдағы **«Әлде, айналып, кім білер»** деген 8-жолы 1933 жылғы жинақта **«Әлде айналып жыға алмай»,** 1939, 1945 жылғы басылымдарда **«Әлде антұрған кім білер»** болып, 1957, 1977 жылғы жинақтарда бұл жол 1909 жылғы басылым негізінде жарияланған. Туынды ағылшын, орыс, өзбек, қырғыз, тәжік, түрікмен, қарақалпақ тілдеріне аударылған

Б. Әбдіғазиев.

БАЛАСАҒҰНИ Жүсіп Хас Хажип (1020 ж. ш. – ө. ж. белгісіз) – ортаазиялық ақын, ғалым. Б-дың бізге жеткен ең ірі туындысы – 1069 ж. жазылған «Құтадғу білік» («Құт әкелетін білім») дастаны. «Құтадғу білік» – 11 ғ-ға дейінгі түркі тілдес халықтардың қоғамдық ой-санасында орын алған рухани құбылыстарды тұтас қамтыған көркем шығарма, әрі адамдарды адамгершіліктің абзал қасиеттеріне баулитын этик.-дидактик., саяси-филос. трактат. Абай «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген тарихи мақаласында қазақ халқының шығу тегін сөз еткенде Б. дастанының мазмұнымен жете таныс болғаны, «сарт» деген сөздің этимологиясы мен этнонимдік тарихын іздестіру үстінде «Құтадғу біліктен» нақтылы дерек көздерін қарастырғаны айқын байқалады. Бұған қоса ақынның *«Екінші қарасөзі»* мен *«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым»* өлеңінде:

«Бет бергенде шырайың сондай жақсы,
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?..» –

деп, ел билеу жүйесіндегі 1867 ж. «Жаңа низам» реформасынан кейінгі қазақ атқаминерлері тобының психологиясы мен мінез-құлқындағы өзгерістердің себебін нақтылы образ арқылы реалистік дәлдікпен суреттеген тұстары да Абайдың «Құтадғу білік» дастанын жақсы білгендігін анықтай түседі. «Құтадғу білік» дастаны – Абай шығармаларында жүйелі түрде мол қаралатын мораль философиясы жайлы ой толғаныстарының, әсіресе жауанмәртлік жөнінде айтылатын тұжырымдарының рухани қазына көздерінің бірі болып табылады. Дастандағы жауанмәртлік жайлы қағидалар желісімен Абайдың Он жетінші, Отыз сегізінші қарасөзі және «Ғылым таппай мақтанба...», *«Әсемпаз болма әрнеге...»* т. б. өлеңдеріндегі тұжырымдары рухани жалғастықты танытатын нақтылы ұғымдармен ұштастырылып, өзара сабақтас келеді. Б. мен Абай шығармаларында мораль философиясының **толық адам, бенделіктің кәмалаттығы, хаһим, мұлахаза** ұғымдары мен ғылымды жіктеу жүйесі және жар таңдау жайы сияқты пікірлер желісінен өзара үндестік ұшырасады. Дастан жауанмәртлік ұғымы – «ерсиг тоңа» кейбір тұста «ахы» сөзімен беріліп, ақыл, әділет, ізгілік (рақым, шапағат) ұғымын қамтып отырады. Абай шығ-

армаларында да жауанмәртліктің негізі ақыл, әділет, рақым арқылы беріліп, осы сипаттарды түгел меңгерген кісі ғана толық адам болады деген тұжырым жасалған. Б. поэмасында әділет, ақыл, рақымды бойына дарытқан шын өмірдегі толық адам бейнесі Айтолды, Өгдүлміш бейнелері, бенделіктің кәмалаттығын аңсағандардың жиынтық бейнесі тәркі дүние жолына түскен Олғұрмыш бейнесі арқылы көрсетілген. Дастанда негізінен тәркі дүние жолына түскендердің мұраты – бенделіктің кәмалаттығын терістеу мен өмірге құштар ізгілікті көздеген камили инсаниді (толық адамды) мадақтау жағы басым жатады. Ал, осы таным Абай шығармаларында толық адам мен бенделіктің кәмалаттығы деген арнайы термин сөздермен кеңінен таратылып отырады. Ақын бенделіктің кәмалаттығын әшкерелеумен қатар толық адам жайлы терең адамгершілік ойды жаңа сапамен байытқан.

Дастанда Б-дың қоғамдағы барлық әлеум. топтарды саралап талдай келе солардың арасынан хакімдерді ерекше бағалап көтере мадақтаған ой желісі Абайдың отыз сегізінші сөзінде кеңірек талданған. Абай жауанмәртлікке байланысты әлеум. топтарды төртке жіктегенде хакімдерді бөліп алып, олардың қоғамдағы қызметін аса жоғары бағалайды. *Отыз сегізінші сөзіндегі:* «Бұлардың ісінің көбі – дүние ісі... Бұл хакимдер ұйқы, тыныштық, әуес қызықтың бәрін қойып, адам баласына пайдалы іс шығармақлығына... адам баласының ақыл-пікірін ұстартып, хақ пен батылдықты айырмақты үйреткендігі – баршасы нәфиғлық (пайда беруші) болған соң, біздің оларға міндеткерлігімізге дағуа жоқ» деген пікірі Б. ойларымен астасып жатыр.

Б. шығармасында үйлену, бала тәрбиелеу мәселелеріне баса назар аударып, жастардың өмірдегі ең жауапты жар таңдау кезеңіне арнайы тоқталған. Б-дың айтуынша жастар төрт нәрсеге құштар болады, бірақ дәулеттінің қызын алсаң, құл боласың, тектіні алсаң, қор боласың, сұлуды алсаң, күлкі боласың, төркіні зорды алсаң, күшік күйеу боласың деп ескертеді. Осы төрт сипат бір басынан табылар ақылды, мінезді, ұяты бар ата-ананың қызын ал деп кеңес береді. Осындай пікір желісі Абайдың *«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат...»* өлеңінде де ұшырасады. Екі ақында да халықтық танымдағы талғам басым жатыр. Абай:

«Әйел жақсы болмайды көркіменен,
Мінезіне көз жетпей, көңіл берме!
Жасаулы деп, малды деп байдан алма,
Кедей қызы арзан деп құмарланба.
Ары бар, ақылы бар, ұяты бар
Ата-ананың қызынан ғапыл қалма...» –

деп, жар таңдауда халықтың ұғымындағы аталы пікір қазығын ұстатқандай ой толғайды, жастарды саналылыққа шақырады.

М. Мырзахметов.

«БАЛАСЫ ӨЛГЕН АНАҒА АБАЙ ШЫҒАРЫП БЕРГЕН ЖОҚТАУ» – Абайдың өлеңі, қ. *«Көз жұмғанша дүниеден...»*.

БАЛАШАҚПАҚ – Абайдың дүниеден қайтқан жері. Б. – Шыңғыс сыртындағы, Семей обл-ның Абай, Шұбартау ауд. жеріндегі өзен бойы. Абай ауылының жаз жайлауы. 23 маусымда қайтыс болған ақынның мәйіті қазақтың өлікті жөнелту салты бойынша Балашақпақта үш түнетіліп, төртінші күні Жидебайға жеткізілген.

БАЛҚЫБЕК СЪЕЗІ – Тобықтының екі ру партиясы арасындағы болыстық сайлау мен жесір дауына арналған жиын. Шыңғыстың Ақшатау тұсындағы күнгей бөктері Б-те өткізілмекші болып белгіленген бұл съез – Абайға қастандық ұйымдастырылуына байланысты өтпей қалған. *Т. Әбдікәкімов.*

БАЛЛАДА – лириканың жанрлық бір түрі. Қазақ жазба әдебиетінде Абайдың інісі Оспанға, баласы Әбдірахман қазасына арнап жазған топтама өлеңдері баллада жанрына жатады. Қазақ жастарының арасында жолы бөлек, білімі мол, жаны сергек Әбдірахманның мезгілсіз қазасын аза тұтқан ұлы ақын баласының бойындағы білім мен талап, адамгершілік қасиеті мен парасатын қазақ жастарына үлгі етіп ұсынады.

БАЛСУРА – ежелгі Қытай мемлекеті. Абай мазмұнын «Мың бір түн» ертегілерінен алып жазған «Әзім әңгімесі» деген дастанында кейіпкері Мұстапаның Б-ға келгенін айтады. Ақын бұл атауды да сол ертегіден алған болуы керек.

БАЛЬХОЗИН Игорь Борисович (1913–88) – театр суретшісі. ҚазССР-інің еңбек сің. артисі (1947), ҚазССР-інің еңбек сің. өнер қайраткері (1966). Ол М. О. Әуезовтің романы бойынша Алматыдағы Орыс драма театрында қойылған «Абай» спектаклі (1966) декорациясының нобайын (гуашь, ҚазССР Суретшілер одағы көркемөнер қорының меншігі) жасады.

БАРАЙЫСОВ Мәжит Шағайұлы (1918 ж. т.) – суретші-безендіруші, педагог. Портрет саласында жұмыс істейді. Ол «Абай-ағартушы» (1948, кенеп, майлы бояу, автордың жеке қоры) атты портрет-картина жазды. Суретте Абайдың киіз үй ішіндегі үстел жанында қолына кітап пен қауырсын қалам ұстап ойланып отырған шабытты шағы бейнеленген.

БАРАНОВ Константин Яковлевич (1910–85) – суретші-график. Қондырғылы гравюра, кітап графикасы, плакат салаларында жұмыс істеді. ҚазССР еңбек сің. өнер қайраткері (1971). Ол «Абай» сувенир қорабының сызбасын (1954; гуашь, 20 х 38), «Ғибрат» атты Абайдың прозасына илл. (1971; автолитография, 40 х 28,5), «А. Құнанбаевтың портреті» (1973; автолитография, 40 х 28, 5), «Халық өмірі көрінісіндегі Абай портреті» (1981; автолитография, Қазақстан Республикасының Орт. және Қазақстан Республикасының Мемл.өнер музейлері меншігінде) еңбектерін жазды. Б-тың үздік жұмыстарының бірі – портретте Абай

өз шығармалары сюжеттері негізінде салынған суреттер мен илл. арасында қолына кітап ұстаған ойлы қалпында бейнеленген (1981). Литография техникасының жұмсақтығы ақынның бет пішінін, киімінің өңін, кең даланың кәусар суретін дәл көрсетуге мүмкіндік берген. *Л. Плахотная.*



Абай. К. Я. Баранов. 1981.

«БАРАСЫҢ ҚАЙДА, ҚАЙДА БОЛМАЙ МАҒАН...» – А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романы 6-тарауының 1889 ж. Абай тәржімелеген 21, 22 шумақтары. Шығарма қазақ тілінде 8 жол. Орысша нұсқасы төмендегідей:

«Куда, куда вы удалились,
Весны моей златые дни?
Что день грядущий мне готовит?
Его мой взор напрасно ловит,
В глубокой мгле таится он.
Нет нужды: прав судьбы закон!
Блеснет заутра луч денницы,
И заиграет яркий день;
А я – быть может, я гробницы
Сойду в таинственную сень...»

Абай аударған «Ленский сөзі» Онегин мен Ленский дуэльге шығар алдында айтылады. Онегин мен Ленскийдің дос боп жүріп араздасып қалуы, Ленскийдің Онегинді дуэльге шақыруы – романның уақиға желісіндегі түйінді кезең. Осы тұста Онегиннің де, Ленскийдің де мінез ерекшелігі нақты іс-әрекет үстінде анық байқалады.

Абай Онегин мен Татьянаның бір-біріне жазған хаттарын, айтқан сөздерін қазақ тіліне аударып, бірнеше өлең жазғаннан кейін, «Евгений Онегин» романындағы басты кейіпкердің бірі Ленскийді де қазақ қауымына таныстыруды қажет деп санаған. Бұл жерде Абай Ленский тұлғасының Онегин бейнесін, мінезін толығырақ түсінуге де себі тиетінін ескерген болар.

Онегиннің өзіне күндес шықса, оны жеңуден, жер қылудан таймайтын мінезіне басып, Ленскиймен дуэльге шығып, жас жігітті қолы қалтырамай, оққа қияды. Ленский болса – қызу мінезді албырт жас. Ал Онегин оңдай қызбалығы жоқ, салқын қанды, салмақты адам бола тұра, Ленскиймен атысудан бас тартпайды. Мұны бір жағынан сол замандағы дворяндардың әдеті, арына тиген, қастас болған адамы кішірейіп келіп, кешірім сұрамаса, өз тарапынан дуэльден бас тарту ол ортада абырой әпермейтін қылық болып саналған десек те, сонымен бірге Онегиннің мінезін де танытады деп қараған жөн. Ол өз басын да оққа байлаудан тайсалмайды, Ленскийді де аямайды. Дуэльдің алдында Ленский алдағы күнім не болады, тағдырдың маған сыйлайтыны өмір ме, әлде өлім бе деп қатты толғанады. Орысша нұсқасындағы Ленскийдің монологында:

«Что день грядущий мне готовит?
Его мой взор напрасно ловит», –

деп келетін жолдарды Абай:

«Келер күн келеді екен не дайындап,
Қараңғы, қарағанмен болжай алман?» –

деп мағынасын дәл береді.

Ленскийдің мұңға толы осы толғау сөзінен оның ерекше сезімталдығы, ақын жандылығы, адалдығы анық көрінеді. Онегинді ызамен дуэльге шақыруына жас жігіттің қызбалығы, қызғаншақтығы себеп болса, оның тез арада сабасына түсіп, ойланып басыла алмауы, бір бетінен қайта алмауы адалдығынан, құбылмалы мінезінің жоқтығынан да. Туынды 11 буынды қара өлең үйқасы (-а, -а, -б, -а) өрнегімен кестеленген. Алғашқы рет ақынның 1940 ж. жарық көрген жинағында жарияланған. Өлең басылымдарында ешқандай текстол. өзгерістер кездеспейді. *З. Ахметов.*

БАРМАҚ ҮӘЗІНІ –түркі тілді туысқан халықтар поэзиясында сол тілдердің фонетик. табиғатына тән қолданылатын өлең өлшемі,яғни силлабик. өлең құрылысы. Б. у. түркі тілді халықтар тарихында о баста таза табиғи қалпын сақтап келді. Араб, парсы тілінің әсері басым болып, түркі тілдерінің сөздік құрамына араб, парсы тіліндегі сөздері қатты араласып көбеюіне байланысты араби ғарузи, парсы ғарузи, түркі ғарузи үәзіндері пайда болды. Бұл өлең үәзіндерімен Абай медреседе шәкірт кезінде-ақ таныс болатын-ды. Шәкірт Абайдың медресе табалдырығында еліктей жазған өлеңдері өзі ұстаз тұтынған шығыс классиктері ұстанған өлең үәзінімен үндесіп жатты. Бірақ, қазақ тілінің табиғаты араб, парсы сөздерінің араласуынан біршама таза сақталуы себепті, қазақ поэзиясында Б. у. үстемдік етті. Абай өлеңдері де осы құбылысқа орай бастан аяқ Б. у. негізінде жазылды. *М. Мырзахметов.*

БАТЫС ЕВРОПА ӘДЕБИЕТІ. Абай мұрасының маңызды бір қыры – Европа мәдениеті мен әдебиетіне қатысы. Бұл құбылыстың мазмұны мен сыры, диалектикасы мен динамикасы бір жағынан, талант, дарын іспетті қасиеттер табиғатынан шектелушіліктен, томаға тұйықтықтан аулақ болатынында, жалпы адамзаттық игілік-жақсылықпен сабақтас, тектес екендігінде болса, екінші жағынан, Абайдың туған жерінің, елінің жаратылысының өзі Европа мен Азияны, Батыс пен Шығысты жалғастырушы көпір іспеттілігіне байланысты. Қазақ

халқының көп ғасырғы рухани ізденістері мен қазынасының жемісі, жиынтығы, әрі жаңа сатыға көтерушісі бола алған Абай – дүниенің осы екі бөлігінің бірсыпыра халықтарының даму тарихына, ақыл-ой жүйесіне, мәдениетіне, әдебиетіне көз тігіп, танып, біліп өзіндік шығармашылық қатынас қалыптастырды, қазақ қоғамының қажетіне, рухани өсуіне жарату ісін де, дәстүрлерін де байытты. Абай мұрасының Б. Е. ә-мен байланыстары әртүрлі тұрғыдан, бірнеше арнада қаралуға лайық. Ол байланыстардың негізгі салмағы, өзекті сабақтары, салалы ұштары, әрине, 19 ғ-дағы қазақ қоғамының даму ерекшеліктерінде, ағартушылық, демократтық ақыл-ой ізденістерінде, көркем әдебиеттің реалистік бағыт-бағдарларында, ақынның дүниеге көзқарастарында, қоғамдық, әлеум., философ., этик., эстетик. толғаныстарында жатыр, «таза» әдебиеттік қыры, көріністері де солармен үйлесімде, сәйкестікте. Абай мен Б. Е. ә-н сөз еткенде бұл атаудың шартты түрде алынғанын ескеру керек. Өйткені, дүниенің бір бөлігі – Европада толып жатқан халықтар әдебиеттері ішінен негізінде жалпы әлемдік, адамзатқа ортақ ежелгі грек, рим мұраларының жекелеген нұсқалары, ағылшын, француз, неміс, поляк ақын-жазушыларының туындылары қазақ ақынының шығармашылық жолында жақсы игерілген, олармен үндестіктер, сырластықтар, көркемдік ой ізденістердегі сабақтастықтар тапқан, ал бірқатары қазақша аударылған. Батыс Европа халықтары көркем мұраларын Абайдың игеру ерекшеліктері, қазақша аудармалары, ақын шығармаларының кейбір европалық тілдерге аударылуы, шетелдік жылы лебіздер – бүгінгі абайтану ғылымындағы терең зерттеуді, байсалды тұжырым жасауды қажет ететін өзекті мәселелердің бірі. Қазақ әдебиетінің басқа елдер әдебиетімен, оның ішінде, Европа халықтары әдебиетімен қарым-қатынас, байланыс тарихында Абай Құнанбаевтың орны ерекше. Ақын еңбектерінің биік нысаналы өрісінің тағы бір қыры – М. О. Әуезов сөзімен айтсақ, «өзінде Европа, өзі Европада боп, қарға тамырлы боп байланысқаны... Бұл белгі – сүйсінерлік нағыз ірі белгі» (М. Ә у е з о в. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. – А., 1967, 264-б.). Қазақ филологиясының абайтану саласында Әуезов айқындап кеткен ғыл. тұжырым бойынша Абайдың ақындық қызметінің негізгі үш түп төркіні: алдымен, қазақ халқының, есте жоқ ескі заманнан жиып, дамытып жеткізген өз даналығы, ауыз әдебиеті қоры; екінші – араб, парсы, түрік тіліндегі шығыстың классик. көркем поэзиясы, үшінші – орыс халқының мәдениеті және сол арқылы Европа мәдениеті десек, «өз заманы үшін, әрі жаңа тарих, жаңа дәуірдің басы, әрі кең майдан келешек» болған Абайдың ақындық білімінің кемелденіп толысуына, өрісінің кеңеюуіне апаратын даңғыл жолды тап басатынымыз сөзсіз, бұл Абайтану ғылымында едәуір зерттелген мәселе. Алайда ақынның орыс мәдениеті арқылы Европа мәдениетімен байланысы, Европадан алған нәр, оның ақындық жолында қандай іздер мен өрнектер қалдырғаны әлі арнайы зерттелген жоқ.


Европамен таныса келе Абайдың «Шығысым – батыс, батысым – шығыс боп кетті» деуі ақынның Батыс елдерінің мол рухани қазынасына, мәдени, әдеби өсу жолына қатты қызыққаннан айтқан сөзі болса керек. Бұл тану, қызыға зерттеу, үлгі тұтып, нәр алу ақын шығармашылық жолына ізін қалдырмауы мүмкін емес еді. Европа елдерінің әдеби қорына қарым-қатынасында Абай Құнанбаев жай ғана үйренуші, таңырқаушы, еліктеуші ретінде емес, үлкен



Абайдың 1958 ж. Монғолиядағы «Улсын хэвлэлийнгазар» баспасынан жарық көрген өлеңдер жинағы.



Абай Құнанбаевтың 1959 ж. Прагадан чех тілінде жарық көрген өлеңдер мен поэмалар жинағы.



Абай Құнанбаевтың 1970 ж. Москвадан ағылшын тілінде жарық көрген таңдамалы өлеңдер мен поэмалар жинағы.



1976 ж. «Қазақстан» баспасынан Абай Құнанбаевтың және басқа қазақ ақындарының топтастырылып неміс тілінде шыққан «Дала ырғағы» атты өлеңдер жинағы.

ойлы, терең толғаулы ізгі ақындық ерекшелігімен, ұлттық келбетімен, ұлы реалистік өзіндік, Абайлық тұлғасын сақтайтын қадір-қасиетімен, қалып-қабілетімен көрінді. Ақын қазақ сахарасының шегінен шығып, орыс мәдениетіне, сол арқылы Европа елдерінің мол қазынасына жалғыз өзі жол тартып, туған әдебиеттің қадір-қасиетін бұрынғыдан да арттырып, биіктете түсті.

Абай оқып, біліп, таныс болған Батыс Европалық философия, тарих, мәдениет, әдебиет қорының көлемін, шеңберін нақты анықтау қиын. Ақынның кітапханасы сақталмаған, күнделік, не басқа да жазба деректер жоқ, жазылды ма, жоқ па – ол жағы да беймәлім. Алайда Абай өмір сүрген кезде Қазақстанда, Семейде болып, осы аймақты, әсіресе, оның тыныс-сын жан-жақты зерттеген, Семей кітапханасының қорын тәптіштей сипаттап, ақын туралы жазба мәліметтер қалдырған американ жазушысы, публицист Дж. Кеннанның деректеріне және *Орыс географиялық қоғамы Семей бөлімшесінің* Семейдің кітапханасы каталогінің (1902–1910) тізімінде көрсетілген мәліметтерге қарағанда Абай білген Батыс Европа кітаптары едәуір қомақты болған. Сол кезде Семей кітапханасында Спенсер, Спиноза, Р Декарт, Д. С. Милль, Дрэпер, Ч. Р Дарвин, У. Шекспир, И. В. Гете, Ф. Шиллер, Г Гейне, Д. Байрон, О. Бальзак, А. Мицкевич, А. Дюма т. б. авторлардың шығармалары жинақталыпты. Семей кітапханасының тұрақты оқырманы болған Абайдың рухани өрісінің кеңейе түсуінің бір қыры – осы. Бұл хақында Әуезов: «Батыс Европа мен орыс жазушыларының көпшілігін ол әуелі көп оқып, тексеріп өтеді. Өзінің білім алып, дүние тануына солардың шығармаларын азық етеді. Осы ретпен оқып шыққан ақын-ғалымдарының ішінде Батыс Европаның Гетесі, Шекспир, Шиллер, Гейнесі, Байрон, Бальзак, Беранжесі де болады. Ол кездегі білім-өнерлердің мол қоры, үлкен бесігі Батыс Европа екенін аңғарып, сол жақтың ақындары ғана емес, неше алуан философ, білімпаздарын да зерттейді. «Европаның есею тарихы», «Ескі Шығыс мәдениетінің тарихы» сияқтыларды да сол Батыс Европа ғалымдары арқылы оқып-біледі. Европа философиясын зерттеу ретінде Спенсер, Спиноза, Декарттарды оқиды. Бәрі де Дарвинге қызығады. Қиыр шығыс тарихынан Будданың жайын да біледі», – деп жазды. (М. Ә у е з о в. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. – А., 1967, 253 б.). Әуезов Абайдың бұлармен қатар Батыс Европада орта ғасырда етек алған діни сот – инквизицияның зұлымдықтарын суреттейтін романдарды көп зерттегенін, Европада әкімшілік құрған патша, король нәсілдерінің сарай тартысын білу ниетімен, Александр Дюма романдарын көп оқығанын, кейін «Үш ноян», «Он жыл өткен соң», «Патша әйел Марго» романдары ақынның әңгімелеуі бойынша елге танылып, ертек боп кеткенін айтады. Африкада, Америкада, Австралияда немесе басқа бір жабайылар арасында тіршілік еткен білімді кісілер немесе жергілікті адамдардың ішінен шыққан намысқой ерлер, ақылды адамдар туралы әңгімелерді де Абайдың сүйсіне оқығандығы туралы деректер бар. Сондай-ақ Әуезов Африкадағы негрлер (Абай сөзімен айтқанда зәңгілер) мен ақ нәсілділер арасындағы жұлқыс-тартысты бейнелейтін «Валентин Леви», «Аза жүрек», «Ягуар Медуленец» деген әңгімелер де Абайдың ертегі етіп таратқан әңгімелері екендігін, ақынның осылайша Европа жазушыларының да көптеген әңгіме-дастандарын еліне жая жүргенін дәлелдейді. Бұл айтылған деректердің өзі-ақ Абай назар аударған, оқып, біліп, таныған Европалық мәдениет қазынасының көлемі қандай болғанын танытады.

Абайдың Европа мәдениеті мен әдебиетіне қатысы оның орыс әдебиетімен байланысының бір қыры, бір бөлігі. Орыс тілі, орыс әдебиеті, орыс классиктері арқылы дүние жүзі мәдениетінің үлгілерімен танысқан Абай Европадағы кейбір мәдени-әдеби құбылыстарды өз жұртының талап-талғамына сай халықтың рухани қажетіне жарата білді. Абай шығармаларындағы Европа әдебиетінің белгілерін оның орыс классиктері ерекше қадір тұтқан антиканың көне классик. тарихы мен әдебиетіне оқта-текте соғып отыруынан, бүкіл Батыс, Шығыс тарихын бірдей әңгіме еткен «Ескендір» жайынан әңгімелі-өлең жазуынан, классиктер Шиллер, Гете, Байрон, Мицкевичтердің кейбір өлеңдерін қазақшаға аударуынан, бірсыпыра батыс романдарын әңгімелеп, ел арасына таратуынан, өзінен кейінгі жас ақындарға сыртқы өзге елдер жайында шығармалар жазуына ақыл беріп, тақырып ұсынып, әсер етуінен көруге болады. Бұл белгілер халқымыздың рухани тарихында маңызы зор ерекше құбылыстар еді.

Абай мұрасының ежелгі антикалық және элладалық тарихпен байланысы да ерекше көңіл бөлуді қажет етеді. Эллада мәдениеті мен әдебиеті адамзаттың даму тарихында ерекше орын алатыны белгілі. «Греция мен Рим салған фундаментсіз қазіргі Европа да болмаған болар еді» деп жазды Ф. Энгельс «Анти-Дюринг» деген еңбегінде (К. Маркс и Ф. Энгельс. Соч. Т. 20, С. 185). Грек өнері мен эпосы «бізге көркемдік ләззат береді және белгілі бір дәрежеде нұрма мен үлгі де бола алады», – деді К. Маркс (К. Маркс и Ф. Энгельс. Соч., Т. 12. С. 737).

Орыс жазушылары, әсіресе, Абай айрықша назар аударған И. А. Крылов, А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов та антикалық дәуірдің көркем мұраларын жоғары бағалаған. Антикалық мәдениет пен әдебиеттің орыс қоғамында жоғары бағалануы мен ықпалы Абай назарынан тыс қалмаған. Со-

ңдықтан да антикалық мәдениеттің Гомер, Софокл, Сократ, Платон, Ксенофонт, Аристотель сияқты өкілдері Абай шығармаларынан орын алды. Абай өлеңдерінде, әсіресе, қарасөздерінде кездесетін эллин мәдениетінің классик. үлгілері ақынның рухани ізденіс үстінде адамзаттың ортақ мұрасына қол артқанын байқатады. Ежелгі гректердің эстетик. мұраттары қазақ ақынының да ізденіс-толғаныстарына үндесе үйлесті. Өзінің *Жиырма жетінші сөзінде* өнеріне таңырқауға лайықты адамдар деп бәйітші, жыршы Гомерді, трагедия шебері Софоклды, суретші Зевксисті атайды. Грек ойшылдары арасынан Абайдың көбіне-көп назар аударғаны Сократ, Платон, Аристотель. Қайшылықтарды шешу арқылы шындыққа жету диалектикасын ашқан Сократтың филос. және этик. идеялары мен ол туралы деректер біздің заманымызға көбіне-көп оның шәкірті Платон, Сократпен 20 жылдай бірге болған тарихшы әрі жазушы Ксенофонт және Аристотель арқылы жетті. Абай бұл ойшылдардың атын атап қана қоймай, Ксенофонттың шығармаларын талдай оқып, соның негізінде «Жиырма жетінші сөзін» (Сократ хакімнің сөзі) жазды. Абайды Сократтың кейбір идеялары ғана қызықтырып қойған жоқ, сонымен бірге оның өміріне, надандықпен алысып өткен өжет бейнесіне, аянышты өліміне де назар аударған. Өзінің *Отыз жетінші сөзінде* қазақ ақыны грек ойшылының аянышты өлімін еске алып, «Сократқа у ішкізген... кім?» – дейді де, оны бағалай білмеген көпшіліктің надандығы, ақылы жоқтығы екендігін ашына атайды.

Бүкіл дүние жүзі халықтарының бірсыпырасы өз өмір тарихына, сана-сезімдеріне, мақсат-мұраттарына, қажет-мұқтаждарына, тілек-талаптарына сәйкестендіріп әңгіме еткен ертедегі грек қолбасшысы Александр Македонский туралы ғасырлар бойы жазылған әдеби шығармалар белгілі бір өзіндік дәстүрге ие болғаны белгілі. Халықаралық әдеби кейіпкерге арналған Александр Македонский Шығыста алғашында Ескендір Зұлқарнайын (Қос мүйізді), кейін Ескендір аталып, қыруар шығармаға негіз болды да, өзіндік сипаттары мен ерекшеліктері мол шығыс «Александриясын» жасады. Бұл тақырыпқа қазақ әдебиетінде де фольклорлық және жазба туындылар бар. Абайдың «Ескендір» дастанына әдебиеттану ғылымында байсалды зерттеулер жүргізіліп, дәлелді тұжырымдар айтылған. Алайда, бұл дастанды өзі тақырыптас басқа туындылармен салыстыра, байланыстыра зерттеу, «Александрияға» қазақ ақыны қандай өзіндік үлес, тың түсінік, жаңа шешім қосып, дәстүр байытқанын анықтау – Абай асқан биіктің тағы бір қырын аша түсер еді. Әдетте, осы поэмада кездесетін шығыс классикасына кейбір ұқсастықтар, ондағы кейіпкер мінездемелері және ақынның шығармашылық жолындағы орны мен маңызы баса айтылады да, «Ескендірдің» осы тақырыптың даму тарихына қосқан үлесі, Шығыс әдеби дәстүріне әкелген жаңа лебі, оның «Александрия» әлемінде жоғары баға, тиісті орын алуына әбден тұрарлық мүмкіндіктері солғындау көрсетіліп жүр.

Әр халықтың әдебиетіндегі Александр Македонскийдің бейнесін көп зерттеген ғалым Е. Э. Бертельстің Шығыста қалыптасқан дәстүр туралы тұжырымдарына қарағанда «Шығыс халықтарына Александр жорықтарының шын мәні беймәлім болды. Александр грек республикасын талқандап, азаматтарын тәуелділікке душар етті, біршама еркіндіктің орнына өктемдік орнатты, оның жорықтары Шығыс елдерін ойрандап, мәдениет қазыналарын орасан жойқынға ұшыратты. Мұндай әрекеттер Шығыс әміршісіне дағдылы нәрсе болатын. Сондықтан да, нағыз Александр тез ұмытылып, аңыздар мен әңгімелер-ертек тұманында ғайып болды. Александрды өнегелі басқарушы етіп суреттеу дәстүрі қалыптасты. Ол туралы нақты деректердің жоқтығы кейіпкердің бойына автор қандай қасиеттерді қаласа, соны ұялатты. Мұның өзі басқарушыға үйрету, ақыл айту – «зерцало» тақырыбы ерекше бір шығармалар тобының тууына әкеп соқты да, «Александрия» желісіне, түйініне өз кезіндегі ғылым салаларының бәрінен әр түрлі деректерді енгізу әрекетіне әкелді. «Александрия» әлеум. жағдайына лайық басқарушы адам меңгеруге тиіс білімдерді қызықты түрде хабарлайтын өзіндік бір энциклопедияға айналды. Сөйтіп, Александр туралы шығыстың шығармалары біз үшін аса зор маңыз алады. Бұл тек көркем шығармалар ғана емес, сол шығармалар туған дәуірдің саяси даналығының жиынтығы» (Б е р т е л ь с Е. Э. Роман об Александре и его главные версии на Востоке. М.–Л., 1948, с. 4.). Бұл дәстүр, негізінде, Фирдоусидің аса ірі поэмасы «Шах-наменың» Ескендір бөлімінде, Низамидің «Ескендірнаме», Хосроудың «Ескендір шапағаты» мен Жәмидің «Ескендір даналығының кітабы» және Науаидың дидактик.-филос. дастаны «Ескендір қорғаны» шығармаларында дамыған, оларда Ескендір қастерлене, көтермелене жырланғаны, ал бұл шығыс классиктерін Абайдың жақсы білгені белгілі.

Шығыс ақындары дәстүрлі жыр еткен тақырыпқа Абай да шығарма жазуы, сюжет құрамында Низамидің «Ескендірнаме» дастанының бірер көріністеріне аз да болса ұқсас баяндау келтіруі, шығарманың дидактик., адамгершілік, гуманистік ойлармен аяқталуы – Абай «Ескендірінің» шығыс классикасымен байланысы, міне, осы белгілер төңірегінде болып келеді, ал поэманың тақырып шешілімі, мазмұны, кейіпкер суреттеулері мен одан шығатын қорытындылары шығыс шығармаларынан әлдеқайда өзгеше. Ең алдымен көзге түсетін өзгешелік – ол қазақ ақыны Ескендірді та-

рихқа, шын өмірі мен әрекеттеріне жақындата суреттеуі. Тарихта болған адамның көркемдік бейнесін суреттеуде тарихи шындық негізін сақтау деген талапты Шығыс «Александриясы» көп сақтай бермейтінін Бертельс жоғарыда келтірілген сөздерінде анық айтқан. Ал, Абай өз дастанына оның шын бейнесін елестететін деректерді негіз етеді. Ескендір туралы тек шығыс елдері шығармаларымен шектеліп қалмай, ақын өзіндік зерттеу, ізденулер жүргізген. Сондықтан да бұл дастанда ақын мұрасына тән өз халқының, шығыс және орыс, сол арқылы Батыс Европа мәдениеттерінің табиғи ұштасу белгілері айқын көрінеді. Батыс классиктері Шиллер, Гете, Байрон, А. Мицкевичтің кейбір өлеңдерін Абай Құнанбаевтың алғаш рет қазақ тіліне аударуы халқымыздың рухани тарихында маңызды құбылыс болды. Жарқылдаған романтикаға толы, игілік пен сұлулықты, сүйіспеншілік пен сенімді паш ететін Шиллердің ғажайып жарқын поэзиясы абзал адамгершілікті, шындықты, әділет идеяларын аңсаған барлық адамдар сияқты Абайды да қатты қызықтырған.

Шиллер шығармаларымен Абай орыс ақындарының, көбіне-көп Лермонтов аудармалары арқылы танысты. Шиллердің Лермонтов аударған «Бесіктегі бөбек» деген шағын өлеңін мазмұны мен жол сатылығын сақтай отырып, Абай оны қазақшаға еркін аударған да, соңғы екі жолда есейген шақта өмірі тиышсыздыққа, ізденістерге душар болатыны туралы айтады. Сөйтіп, Шиллер өлеңіндегі бақытты балалық шақты қызықтау мен есейгенде адамның өмірден тілейтін талабы көбейетіні туралы ойды қазақ ақыны сәл өзгерткен:

«Кең жайлау – жалғыз бесік жас балаға,
Алла асыраған пендесі аш бола ма?
Ержеткен соң, сыймайсың кең дүниеге,
Тыныштық пен зар боларсың баспанаға...»

Неміс халқының тағы бір үлкен ақыны әрі ойшылы Иоганн Вольфганг Гете шығармашылығы Россияда 18 ғ-дан бастап-ақ зерттеліп, жоғары бағаға ие болған-ды. Гете өлеңдерін орыс тіліне аударуға В. А. Жуковский, Пушкин айналасының ақындары және Ф. И. Тютчев, Н. П. Огарев, М. Ю. Лермонтов, А. А. Фет т. б. қатысты, Гете қазынасына қазақ ақыны Абай Құнанбаевтың да қызығуына Лермонтовтың әсері мол болды. Гете шығармаларының орыс тіліндегі ең тәуір аудармалары, мысалы, Жуковский аударуындағы «Орман патшасы», А. Н. Толстой аударуындағы «Коринф қалыңдығы» қатарынан саналатын Лермонтов аударған «Тау шыңдары» лирик. туындысын Абай қазақшаға еркін тәржімелеген.

«Горные вершины
Спят во тьме ночной.
Тихие долины
Полны свежей мглой;
Не пылит дорога,
Не дрожат листы...
Подожди немного –
Отдохнешь и ты...»

деп келетін тамаша пейзаждық көріністі Абай дәлме-дәл дерлік, шебер аударған.

«Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап.
Даланы жым-жырт, дел-сал қып,
Түн басады салбырап.
Шаң шығармас жол-дағы,
Сілкіне алмас жапырақ.
Тыншығарсың сен-дағы
Сабыр қылсаң азырақ».

Көптеген поэтик. шығармаларына ақынның өзі шығарған әуендер, әндер қатарында Гетенің *«Қараңғы түнде тау қалғып»* өлеңі де бар, бұл ән қазақ халқының сүйікті әндерінің бірі. Абайдың Гете өлеңіне ән шығаруы – оның сол кездің өзінде немістің ұлы гуманист ақынының лирикасындағы тамаша белгілер мен ғажап әуендеріне терең бойлап, жан қозғалысының үндестігін таба алғандығының айғағы. Гете шығармашылығын зерттеушілердің айтуынша Гете өз өмірінде 1600-ге тарта өлең жазған. Солардың көбі халық өлеңдеріне айналған; дүние жүзінің ең тәуір композиторлары олар үшін музыка шығарған. Осы әлемге ән боп тарап кеткен Гете өлеңдерінің бірін Абай да аударып, өзі ән шығарып, қазақ сахарасына жайып жіберген. Абай аудармаларының ішінде ұлы ағылшын ақыны, революцияшыл романтизмнің көрнекті өкілі Джордж Ноэл Гордон Байронның әйгілі «Еврей сазы» топтамасынан «Көңілім менің қараңғы» деген өлеңі бар. Абай бұл өлеңге тегін назарын аудармаған. «Еврей сазынан» Абай ұлттық езушіліктің зардабын тартқан жазықсыз адамдардың қайғы-шерін, азап-азасын естіді. Бұл өлеңнің өзегі болған езілген халыққа деген ықылас – ілтифат, гуманизм идеялары, қиындық кезде сол езілген халықпен бірге ауыр жүк көтерісер сөз бен саздың күші мен құдіретін сүюшілік қазақ ақынына да қатты әсер етпей қалмады. Өз халқының да отарлық әрі ұлттық езушілік зардабын тартқан мүшкіл халіне қанық қазақ ақыны Байронның «Көңілім менің қараңғы» өлеңін аударғанда түпнұсқаның негізгі мазмұны мен бағытын дәл сақтап, қазақ өлең өлшемдеріне, ерекшеліктеріне сәйкестендіріп, еркін сілтеген. Түпнұсқадағы кейбір сөз, мысалы, «алтын арфа» қазақ оқушылары мен тыңдаушыларына түсінікті «алтын домбыра» деген сөзбен ауыстырылған. Алтын домбыраны шертіп тартушы ақын Абай аудармасында өмірінде көп азап шеккен, бірақ, көңілі жарқын үмітке, бойы қайратқа толы, ұмтылыс-серпіліске, батыл қимылға, күреске бейім жан болып бейнеленеді. «Қатып қалған кезімде бір тамшы жас» – адам азабының, сорының ауырлығын ғана бейнелеп қоймайды, сонымен бірге адам бойындағы сарқылмас күш, мұқалмас жігер, айбарлы ашу айбатының да елесі іспетті. Өзінің көрген азабын езілген халық тек ақынына ғана сеніп айта алған, ақыны ғана оның жоқшысы,

өкілі бола білген. Байрон өлеңіндегі бұл өмір шындығы алыстағы сахара елінің өмір жайына да жақын, таныс-ты. Сондықтан да Байронның «Көңілім менің қараңғы. Бол, бол, ақын» өлеңі Абай аудармасында қазақтың өз төл өлеңіндей түсінікті болып, ел арасына кең тарады.

Поляк ақыны А. Мицкевичтің жарқын есімі әлем әдебиетінің ұлы классик жазушылары Шиллер, Гете, Байрон, Пушкин есімдерімен қатар тұрады. Жалынды патриот, демократ, революционер ақын, халықтар ынтымағы мен достығының жаршысы болған Мицкевичтің әдеби мұрасын прогресшіл бүкіл адамзат қадір тұтады. Мицкевич туындыларының гуманистік, халық сүюшілік рухы Абай Құнанбаев арқылы қазақ даласына 19 ғ-да-ақ жеткені мақтанышпен айтарлық. Абай Құнанбаев шығыс ақындарынан бірінші болып Мицкевич өлеңін аударды. Аудармасын «Тұтқындағы поляк жандаралының сөзі» деп жалпы атауына қарағанда, Абай Мицкевичтің бірнеше өлеңін аударғанға ұқсайды. Абайдың төл шығармаларының өзі бізге толық жетпегені сияқты, аудармалары да түгел сақталмай, жоғалып кетуі әбден ықтимал. Бізге Мицкевичтен бір ғана аударма өлеңі жеткен. Поляк ақынын Абайдың білуі, өлеңін аударуы түсінікті жай. Мицкевич өзінің көзі тірісінде-ақ көптің ықыласілтифатына, даңққа бөленген ақын. Оның Пушкинмен айырылмас достығы екеуінің де шығармашылық қызметіне із қалдырғанын белгілі. Пушкин поляк досына арнап «Ол біздің арамызда...», «Фонтандар салқын самалында...» атты өлеңдерін жазып, бірнеше шығармасында оның атын құрметпен атайды. Ұлы орыс ақыны Мицкевичтің әйгілі «Конрад Валленрод» романтик. дастанын, «Ұлы Будрыс» және «Барлаушы» балладаларын орыс тіліне аударған. Сөйтіп, Пушкиннің өмірі мен шығармаларына Мицкевич қалдырған белгілер – қазақ ақынын да бейжай қалдырмайды. Оның үстіне дәл осы кезде Минаев аударған, Н. П. Полевой редакциялаған Мицкевич шығармаларының екі кітабы 1882 ж. С.-Петербургте басылып шықты. Мицкевич өлеңін қазақ тіліне аударғанда Абай Құнанбаев осы басылымды пайдалануы әбден мүмкін.

Мицкевичтен Абай аударған екінші өлең – «С. Б. альбомына». Бұл өлеңнің кімге арналғаны әлі толық анықталмаған. Мазмұнына қарағанда бұл өлеңді ақын декабристер және 1830 жылғы поляк қозғалыстарынан кейін Европа реакциясы етек алған ауыр жылдарда жазған. Ақынның көңілсіз, минорлық көңіл-күйі, жарқын келешектен үміт еткен кездерін еске түсіріп қамыққан жайы, «ызыңдаған боран-бұрқасын» жағдайындағы қапаланған халі айқын сезіледі. Мазасыз боранды реакция бейнесі деуге болады. Түпнұсқаның жалпы мазмұнын сақтай отырып, бұл өлеңді қазақ тіліне еркін аударған да, өз тарапынан «дүрілдеген нажағай», «бұрқыраған жауын», «бағы қайтқан қауым» сияқты сөздер қосып, өлеңге едәуір қоғамдық-саяси рең берген. Мицкевич өлеңіндегі соңғы шумақ Абайда жоқ. Абай аудармаған ба, әлде аударса да бізге жетпей жоғалып кеткен бе – ол арасы белгісіз. Абай аударған осы тамаша лирик. өлең екі ақынның көңіл-күй әлемінде бір-біріне жақын үндестіктер, орайлас ойлар болғанын да аңғартады.

Ағылшын басқыншылығы мен жүз жылдық азаттық күрес кездерінде ерекше ерлігімен көзге түскен француз халқының батыр қызы Жанна д'Арктың есімін қазақ ақынының құрметпен еске алуы да оның өзге елдер тарихымен мықтап шұғылданғанының айғағы. Отыз жетінші сөзінде А. Құнанбаев көпшілік үшін қандай қиындықтан болса да бас тартпаған ержүрек жандардың қатарында Жанна д,Арктыатап: «Оны отқа жаққан кім?» – дейді де, тобыр топастығы, надандық екендігін ашық әшкерелейді.

Қазақтарды Батыс Европа әдебиеттерінің кейбір үлгілерімен таныстыруда, ол шығармалардың ел арасына ауызша әңгіме түрінде таралуына Абай үлкен қызмет атқарды. Әуезов көрсеткендей Абайдың ауызша айтуы бойынша халық арасында ертекке айналып кеткен А. Р. Лесаждың «Ақсақ француз», Александр Дюманың «Үш ноян», «Он жыл өткен соң», «Патша әйел Марго» романдары соның куәсі. «Қызыл сақал» деген атпен ертек түрінде айтылған инквизиция заманының романы, Африка, Америка, Австралия тұрғындары жайынан әңгімелер, «Валентин Леви», «Аза жүрек», «Ягуар Медуленец» т. б. әңгімелері сол Абай әңгімелеген қалыпта қағазға түсірілмей қалған. Сөйтіп, халықтардың рухани, мәдени қазыналары алмасу арқылы бірін-бірі тану-білу тарихында қазақтың ойшыл ақыны Абай Құнанбаевтың орны ерекше. Дүние жүзі мәдениеті тарихында маңызы зор болған көне заман деректеріне қазақ ақынының назар аударуы, сол тақырыпта шығарма жазуы, Батыс Европа классиктерінің кейбір өлеңдерін қазақ тіліне аударуы, біраз әдеби туындыларды ауызша елге таратуы – қазақ әдебиетіндегі тағы бір соны да игі, маңызы зор тың бастама болды. Бұл жаңалық қазақтың ұлттық әдебиетінің тар шеңберден шығып, бүкіл адамзаттың көркемдік даму құбылыстарымен байланыста дамуына жол ашты. Абай сол жолда өз халқының ғасырлар бойғы рухани мәдениеті мен әлем әдебиетінің алтын қорын жалғастырушы көпір қызметін атқарған.

Әдеб.: Кеннан Дж. «Сибирь и ссылка». СПБ., 1906; Ауэзов М. О. Абай Кунанбаев. – В кн.: Мысли разных лет. – А.-А., 1961; Казахская литература в оценке зарубежной критики. Сб. – А.-А., 1971; Сатпаева Ш. К. Казахско-Европейские литературные связи 19–1-я половина 20 вв. – А.-А., 1972; Казахская литература и Восток. – А.-А., 1982. *Ш. Сәтбаева.*

БӘЙМЕНОВ Батухан Әбдікәрімұлы (1955 ж. т.) – график-суретші. Қазақстанның 70

жылдық мерекесіне арналған респ. көркем-сурет көрмесіне оның «Абай шығармаларының әуені бойынша» график. топтама жұмысы (1986; қағаз, линогравюра, автордың жеке қоры) қойылды. Топтамадағы «Наурыз», «Қаңтар», «Маусым» деп аталатын жеке беттері жанрлық сипатта, салтанатты да мұқият баяндау жолымен шешім тапқан. Оның гравюрасындағы халық тіршілігінің көріністері Абай өлеңдерінің мазмұнымен үндес келеді. «Наурыз» топтамасында ұлан-ғайыр тойға сүйсіне қарап тұрған ақын бейнесі сомдалған.



Абай шығармаларының әуені бойынша. Наурыз. Б. Бәйменов. 1986.

БӘЙІСОВ ҮЙІ – Абайдың қамқорлығын көп көрген Бекбай Бәйісұлының (т. ж. б. – 1938) үйі. Ата-анасынан ерте айрылған Бекбайға Абай қол ұшын беріп, аяқтанып кетуіне де қаржылай көмектесіп тұрған. Бек-



Семейдегі Бекбай Бәйісов үйі.

бай кейін Белағашқа қоныс аударып, егіншілікпен айналысқан. Ісі өрге басып, 1870 жылдары Семей қ-нан үй салдырған. Абай Семейге келгенде осы үйге түсіп жүрген. Абай балалары елден даярланып келіп, мешіт, молдасы бар Семейдегі туыс, таныстарына осы үйде Абайға құран оқытып, қырқын берген. Қайтар түнде ауырмай-сырқамай Ақылбай қайтыс болады. Оның сүйегін осы үйден елге аттандырған. Осы үйде 1940 ж. Абай музейі ашылып, 1944 жылға дейін жұмыс істеді. Бүгінде бұл үйдің фото-суреті ғана сақталған.

М. Бейсенбаев.

БӘЙІТ – өлең-жыр және екі жолды өлең деген ұғымдарды береді. Бұл – араб, парсы және түркі тілдес халықтар поэзиясындағы қос тармақты, егіз ұйқасқа құрылған өлең түрі. Айтылар ой барынша тұжырымды болып келеді. Мұның өзі Шығыс поэзиясындағы шумақ жасаудың негізгі ұйтқысы. Осыдан ғазел, қасида, маснави, рубаят т. б. шығыстың өлең түрлері туындайды. Қазақ поэзиясында аударма шығармалар да кездеседі. Абай «Өлең–сөздің патшасы, сөз сарасы...» деген өлеңінде:

Әуелі аят, хадис – сөздің басы,
Қосарлы бәйітсымал келді арасы, –

дейді. Бұл жерде ақын «бәйітсымалды» өлең-жыр деген мағынада қолданған.

БӘЙІШЕВ Сақтаған (1909–1988) – экономист-тарихшы, экономика ғыл. докторы, проф., ҚазССР ҒА-ның академигі, Қазақ ССР-інің еңбек сің. ғылым қайраткері. Ғалымның негізгі ғылыми еңбектері Қазақстандағы қоғамдық ұйымдар тарихын, Қазақстан тарихы мен экономикасын зерттеу мәселелеріне арналған. Оның «Коммунизм және экономика», «Қазақстандағы социалистік индустриализация», «Советтік Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері» т. б. еңбектері ғылыми қауымға жақсы таныс.

БӘКИЗАТ Ақылбайқызы (1885–1924) – Абайдың немересі. Ақынның баласы Ақылбайдың қызы. Ағасы Әубәкір екеуі Оспанның бауырында, Еркежанның қолында тәрбиеленген. Оспан өлген соң, Абай Еркежанға үйленеді де, Б. Абайдың да тәрбиесін көріп өседі. Абай оған *«Бәкизатым, шұбарсың...»* деген өлең арнап кішкентай қыздың білімге құмарлығын құптағанын білдірген. Б. 1902 ж. Шаған болысының адамы Сыпатай Молдабайұлына ұзатылған. Өзіне жасау ретінде берілген Абай үйінің, Ұлжан бәйбішенің, Еркежанның біраз дүние-мүлкі қызы Бәзилаға мұраға қалып, Бәзила оларды 1948 ж. Абайдың Жидебайдағы музей-үйіне табыс еткен.

«БӘКИЗАТҚА» – Абайдың өлеңі, қ. *«Бәкизатым, шұбарсың...»*

«БӘКИЗАТЫМ, ШҰБАРСЫҢ...» – Абайдың кейін табылған өлеңі. Көлемі 4 тармақтан тұратын бір шумақ. Абайдың інісі Ысқақтың немересі, Кәкітайдың баласы Әрхамнан жазып алынған. Бәкизат – Ақылбайдың қызы. Жасында оқуға зерек болса керек. Ақын жазған өлеңдерін оқытып, қызықтап отырады екен. Кішкене қыздың осындай бір өлең оқыған сәтінде ауызша шығарған. Жас баланың ерке қылығына қызығу ғана. Ақынның мамыра-жай, көңілі хош сәттегі мейірімге толы аталық ықыласын танытады. Өлең сегіз буынды -а, -а,

-б, -а ұйқасымен шығарылған. Алғаш рет Абай шығармаларының 1961 жылғы жинағына енгізілді. Кейінгі басылымдарында ешқандай текстол. өзгерістер кездеспейді. Қарақалпақ тіліне аударылған. *Т. Барақұлы.*

БӘСТАМИ Мұсабайұлы (1895–1978) – Абайдың күйеу баласы. Әбдірахманның қызы Рахилаға үйленген. Абай аулына Қазаннан келіп, тұрақтаған Махмұт деген татардың шөбересі. Махмұттан – Ысқақ, Ысқақтан – Мұсабай, Мұсабайдан – Б. өрбіген. Мұсабай Абайдың ағасы Тәңірбердінің қызы Шәрипаға, Шәрипа қайтыс болған соң, Абайдың інісі Ысқақтың қызы Қапураға үйленген. Сол Қапурадан туған 8 ұлдың бірі – Б. Ол 1941 ж. Қазақстанды зерттеу қоғамы Респ. бюросының Абайдың дүние-мүліктерін анықтауына көп көмек көрсетті. Оның ақын өміріне байланысты магнитофон таспасына жазып алынған естеліктері Абайдың әдеби-мемориалдық музейінде сақтаулы.

БӘТИБАЛА (т.-ө. ж. б.) – Тобықты ішінде Мамай руынан шыққан әйел. Шүлембайұлы Әзімханнан 22 жасында 2 жасар баласымен жесір қалған Б-ны туыстары ағайынды он кісінің бірі – Шынғайға қосуға ұйғарады. Бірақ дүние салған кісінің мал-мүлкіне қызыққан Алтынхан деген жігіт әменгері ретінде әйел үстіне алуға таласады. Б. екеуіне де ризашылығын бермейді. Дау-дамай 1–2 айға созылып, ағайын арасы ашылуға айналады. Ел адамдары, ағайын-туыстары әділ төрелік айтар кісі іздеп, ақыры Абайды шақырады. Абай әйелді таласқан екі адамға да ұйғармай, қалған әменгерлерді түгел шақыртып алады да, таңдауды Б-ның өзіне салады. Б. Садықан Бозымбайұлын қалайды. *С. Қарамендин.*

БӘХНИЯЗОВ Һезим (1929–90) – ақын. Көптеген орыс, қазақ ақындарының өлеңдерін ұйғыр тіліне аударған. Абай өлеңдерін 60-шы жылдардан бастап аудара бастаған. Б. аударған Абай өлеңдері ұйғыр тілінде шығатын респ. «Коммунизм туы» газетінде басылды. Ұйғыр тілінде шыққан «Абай» жинағына (А., 1987, «Жазушы») Б. аударған онға тарта өлеңдер мен «Әзім» дастаны енді. *А. Дөләтов.*

БЕГАЛИН Сапарғали Ысқақұлы (1895–1983) – ақын, жазушы. Оның «Қыран кегі», «Цимлян теңізі», «Таңдамалы», «Сырлы қайнар» т. б. өлеңдер мен дастандар, «Көксегеннің көргеңдері», «Ермектің алмасы», «Сәтжан», «Жеткіншектер», «Шоқан асулары», «Таңдамалы шығармаларының екі томдығы» т. б. әңгімелер мен повестер жинақтары, «Замана белестері» романы жарық көрген. А. С. Пушкиннің, М. Ю. Лермонтовтың, Т. Г Шевченконың жекелеген туындыларын, Д. Н. Мамин-Сибиряктың, Л. В. Соловьевтің кейбір әңгімелері мен повестерін қазақ тіліне аударған. Б. Абай шығармаларын насихаттауға мол еңбек сіңірген. Ақынның өнегелі өмірі, мұрасы, замандастары жайлы тың деректер беретін «Қияспай» (Пионер, 1956, №4), «Сауық кеш» (Қазақ әдебиеті, 1971, 10 желтоқсан), «Назипа Құлжанова» (Қазақстан әйелдері, 1973, № 10) т. б. мақалаларын жариялаған. Абай рухына арналған «Ұрпақтарға» («Совхоз туы», 1964, 5 май) атты өлең жазған. Абайдың туғанына 70 жыл толуына орай 1915 ж. 13 ақпанда Семейдің приказчиктер клубында өткен әдеби кешті ұйымдастыруға қатысқан. *С. Қалуов.*

БЕГЕШ Сабаңұлы (1834–1911) – Абайдың досы, шешен, Керей руының азаматы. Ақын да досқа адал, жүйрік, әділ Б-ті құрмет тұтқан. Сондықтан да Абайдың: «Керей маған Бегешін берсе, мен Тобықтының игі жақсыларының бәрін берер едім» деген сөзі ел арасына тарап кеткен.

БЕЙСЕМБАЕВ Серікбай (1912–89) – тарихшы, тарих ғыл. докторы, ҚазССР ҒА-ның академигі, Қазақ ССР-інің еңбек сің. ғылым қайраткері. Ғалымның негізгі зерттеулері Қазақстандағы ұлттық-мемл. құрылыс және ұлт саясаты, халықтар достығы мәселелеріне арналған. Қазақстанның бұрынғы одақтас республикалармен, туысқан Орта Азия халықтарымен мәдени-экономик. және саяси қарым-қатынастарының қалыптасу жолына барлау жасап, тарихи тұрғыдан баға берген. Б-тың орталық үкімет пен жергілікті әкімшіліктердің байланысын баяндайтын еңбектері елде үстемдік жүргізген коммунистік биліктің нәтижелерін айқын танытады, коммунистік идеология негіздерін айқындайды. Б-қа ҚазССР ҒА-ның Ш. Уәлиханов атынд. сыйлығы берілген.

БЕЙСЕМБИЕВ Қасым (1919–80) – философ, филос. ғыл. докторы, проф. Орта ғасырлардан 20-ғасырдың басына дейінгі Қазақстандағы философия тарихы туралы зерттеулер жүргізген. Ол «Абай Құнанбаевтың қоғамдық-саяси көзқарастары» («Қазақстан коммунисі», № 6, 1954) деген мақаласында ақынның өмірге, дүниеге көзқарастарын, филос. ой-пікірін талдайды. 1956 ж. жарық көрген «Абай Құнанбаевтың көзқарасы» деген көлемді монографиясы мен Қазақстанның қоғамдық-саяси және филос. ой-пікірлеріне арналған іргелі зерттеулерінде Абайдың туған халқының ұлы ақыны болып қана қоймай, өз шығармаларында көкейкесті әлеум.-саяси, филос., этикалық, эстетик. мәселелерді қазақ қоғамы дамуының пісіп жетілген қажеттіліктерімен тығыз байланыста көтере білген ұлы ойшыл екендігін жан-жақты ашады. Абай өлеңдері мен қара сөздеріндегі филос. ой-толғаныстарды талдау арқылы оның XX ғ. басындағы демокр. ой мен ұлттық сананың өрістеуіне үлкен әсер еткендігін атап көрсетеді. *Н. Жанақова.*

БЕЙСЕНБАЕВ Мұздыбай (1922 ж. т.) – әдебиет зерттеушісі, абайтанушы. Абай мұраларын жинау, зерттеу, тану мәселелерімен тыңғылықты айналысып келеді. «Абай мен Ыбырайдың әдеби байланыстары» («Семей таңы», 1977, 30 маусым), «Л. Н. Толстой және Абай» («Орталық Қазақстан», 1978, 28 маусым), «Шоқан мен Абай

кездескен бе?» («Қазақ әдебиеті», 1978, 5 мамыр), «Пушкин және Абай» («Ленинші л жас», 1979, 6 маусым), «Тарихтың бассақ тамырын» («Жұлдыз», 1985, № 8) т. б. көптеген зерттеу мақалалары жарық көрген. Б. ақын шығармаларының жазылу тарихына, текстологиясына байланысты да көп еңбек етті. Абайдың қоғамдық-әлеум. өмірге араласуы, жер, жесір дауларын шешуге байланысты қызметі, заң ережелерін жасау, ағарту ісінде атқарған жұмыстары т. б. мәселелерін «Абай және оның заманы» атты әдеби мақалалар мен зерттеу жинағында жан-жақты сөз етеді.

БЕЙСЕНБАЙ Жәнібекұлы (1858–1917) – Абайдың жанында жиі болып, өлеңдерін ел ішіне таратушы ақын. Тобықтының Топай руынан. Б. ел басқару ісіне де қатысқан.№ 5-ауылдың соты болған. Абай Б. өлеңдерін өзіне оқытып, баға беріп, талдап отырған. Оның ақындық қуатына сенгендіктен де «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» махаббатын қайта жырлап шығуға кеңес берген, дастан мазмұнына өзгеріс енгізуді тапсырған соң Б. жырдың соңын өзгертіп, Қозыны өлтірмей, Баян екеуін мұратына жеткізеді. Ол өзінің бұл шығармасын 17 түрлі мақаммен ойнатады екен. М. Әуезов Абайдың төңірегіндегі ақындардың қатарында Б. есімін де атайды.

БЕЙСЕНБІ Жақыпұлы (1836–1932) – Абай аулының адамы. 1898 ж. *Мұқыр сайлауында* Абай өміріне қастандық жасаушылардың бірі. Абай *«Сенатқа хатында»* оны ашық айыптайды. Б. Ақынның белдіндегі қындағы пышағын тартып әкеткен.

БЕЙСЕНОВА Ғафура Нұрғалиқызы (1924–91) – музыка танушы. ҚазССР-інің еңбек сің. жоғары мектеп қызметкері. Ол қазақтың халықтық және қазіргі музыкасы мәселелерін зерттеумен айналысты. Абайдың муз. мұрасын зерттеп, «Абай Құнанбаевтың әндері» тақырыбында кандидаттық диссертация (1966, автореферат) қорғады. «Абайдың «Сегіз аяқ әні» деген мақала (Искусство и иностранные языки. – А.-А., 1966) және т. б. еңбектер жазды. Оның зерттеулерінде ақынның муз. мұрасының бастау көздері, ән өнеріндегі өзіндік ерекшелігі мен эстетик. көркемдік талғамы, Абай дәстүрінің қазақ ән өнеріне тигізген игі әсері т. б. сөз болады (қ. *Музыкалық мұра).* *Г. Жоламанова.*

БЕКЕНОВ Уәли (1934 ж. т.) – күйші, музыка зерттеуші. «Күй көтерер көңілдің көк жиегін», «Күй табиғаты», «Өркен жайған қобыз өнері», «Шертпе күй шеберлері» т. б. зерт. еңбектері жарық көрген. Б. 1984 ж. Ғ. Сармурзиннен ақынның «Торыжорға», «Май түні» деген күйлерін жазып алып, нотаға түсірді.

БЕКМАХАНОВ Ермұхан (1915–66) – көрнекті тарихшы, тарих ғыл. докторы, ҚазССР ҒА-ның корр.-мүшесі. Ғалымның негізгі еңбектері 19–20 ғ-дағы Қазақ елінің саяси-әлеум. құрылысы мен экономик. халахуалы, Қазақстанның Россияға қосылуы мәселелеріне арналған. Б. қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихына да көңіл бөліп, А. Құнанбаевтың ақындық қалыптасу жолы мен оның демократтық, азаматтық көзқарастарының қалыптасу жолын айқындайтын ғылыми еңбектер жазды. «Мұсылман дінбасыларының керітартпа ролі» («Вестник АН КазССР, 1940,№ 11) деген мақаласында ақын өлеңдеріне сүйене отырып, елдің мәдени өркендеуі мен ғылым-білімді дамытуға шала сауатты дүмше қожа-молдалардың айтарлықтай кесел келтіретінін дәлелдейді. Абайдың демокр. көзқарасының қалыптасуына орыс демократтарының әсеріне байланысты «Қазақ-орыс халқы достығының тарихи тамырлары» («Коммунист», 1947, № 6), «Россия алдыңғы қатарлы мәдениетінің қазақ ағартушы демократтарының көзқарастарына ықпалы» (Қазақстанның Россияға қосылуы. М., 1957) мақалаларын арнады. 1958 ж. 16 қаңтарда «Казахстанская правда» газетінде жарияланған мақаласында Абайдың шығармашылық өмірбаянындағы жаңа материалдарға талдау жасайды. *Т. Барақұлы.*

БЕКМҰРАТОВ Сұлтанмұрат (1910 ж. т.) – қарақалпақ ақыны, аудармашы. Б. Абайдың «Интернатта оқып жүр», «Өлең–сөздің патшасы, сөз сарасы», «Адамның кейбір кездері», «Құлақтан кіріп бойды алар...», «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдерін қарақалпақ тіліне аударып, 9 кл. оқушыларына арналған 1925 жылғы хрестоматияда жариялаған. Бұл өлеңдер 1955 ж. Нүкісте жарық көрген «Абай Құнанбаев» кітабына енгізілді. *Қ. Жұмажанов.*

БЕКМЫРАДОВ Ахмет (1951–90) – түрікмен әдебиетшісі. Филология ғыл. кандидаты. Ол түрікмен әдебиетінің өзекті мәселелеріне арнаған «Қарағлының жырлары», «Мақтымқұлы поэзиясындағы айғақтық» т. б. зерттеулер жазды. Б. Абай туралы «Поэзиямыздағы Абай дәстүрінің ықпалы» атты мақаласында («Әдебият ве кунгат» газеті, 1977, 2-ші сәуір) түрікмен әдебиетіндегі Абай дәстүрін, ақын өлеңдерінің көркемдік шеберлігі мен жаңашылдығын сөз етеді. *К. Боржақова.*

БЕКХОЖИН Қалижан (1913–90) – ақын, Қазақстанның халық жазушысы. «Абаймен сырласу» («Қазақ әдебиеті», 1972, 18 ақпан) атты өлеңінде Б. ұлы ақынның қазақ әдебиет тарихындағы орны мен маңызына тоқталады. Бүгінгі поэзиямыздың жай-күйін талқылаған ақындар жиынын тілге тиек ете келіп, қабырғадағы суреттен қараған Абайға сұрақ қояды:

«– Абай аға,
Дауымыз жақпады ма?
Мұрамыз жоқ
Өзіңдей баптануға –
Жыр шіркінді
Түйдектеп жазамыз да
Асығамыз
Жарыла мақтануға».

Бұдан кейін жазық далада асқар таудай болып дара тұрған, даналық биігіндей Абайдың дарабоз даңқы мадақталады.

«Абаймен сырласу» өлеңінің мәні мұнымен ғана тәмәмдалмайды. Б. қазіргі заман поэзияға ауыр жүк артып отырғанын ескерте келіп, бізге бір емес, жүз Абай қажеттігін мойындайды.

Ол Абай жөнінде бірнеше мақала жазған. Оның Абай аудармаларын сөз ететін «Лермонтов және Абай» («Социалистік Қазақстан», 1939 ж., 15 қазан), «Абай және Крылов» («Сталин туы», 1939, 15 тамыз) деген мақалалары жарияланған. «Абай және біздер» («Лениншіл жас», 1939, 23 маусым), «Ақын, жыраулар өнері – халқымыздың қасиетті қазынасы» («Қызыл ту», 1945, 30 қаңтар), «Абай – гуманист» («Ленин туы», 1945, 21 шілде; «Жаңа ауыл», 1954, 19 тамыз), «Қазақ ағартушылары туралы соны деректер» («Қазақстан мұғалімі, 5 мамыр), «Толғанта беретін тақырыптар» («Қазақ әдебиеті», 1959, 10 көкек), «Қазақ халқының ұлы ақыны – Абай» («Коммунист», 1940, № 9) т. б. мақалаларында абайтану мәселесі жан-жақты сөз болады. «Абай және абайшылар» («Екпінді», 1940, 28–29 мамыр) мақаласында Б. әдебиетшілер Ә. Жиреншин мен Е. Ысмайыловтың «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған (1940, 6 маусым) «Қазақ халқының ұлы ақыны» деген материалындағы жаңсақ пікірлерге тойтарыс береді.

Б. 6 класс оқушыларына арналған әдебиеттік оқу кітаптарына (1941–1951) арнап Абайдың өмірбаянын жазды. Б-ге «Менің замандастарым» кітабы үшін Қазақ ССР-інің Абай атындағы Мемл. сыйлығы берілді (1978). *С. Сейітов.*

«БЕЛГІЛІ СӨЗ: «ӨЛДІ, ӨЛДІ...» – Абайдың 1898 ж. шығарған өлеңі. Көлемі 4 тармақтан тұратын бір шумақ. Ақын өзінің Жаманбала деген көршісінің 3 жасар баласы шетінегені жайлы қаралы хабарды естігенде күңіреніп отырып, табан астында ауызша айтқан. Өлім-жітімді көп көріп, қасірет шеккен көңілдің азалы сарыны байқалады. Үміт артқан сүйікті ұлы Әбдірахман қазасының арылмас қайғысы еске түсіп, ақынның жаралы жүрегін тағы да бір тырнап, қажытып кеткендей. Осындай күйінішті сәтте тілге оралған аз сөзде үлкен ой, ақынды толғантып жүрген философ. тұжырым аңғарылады. Өлең 8 буынды шалыс ұйқаспен шығарылған. Алғаш рет ақын шығармаларының 1933 жылғы толық жинағына енгізілді. Кейінгі басылымдарында ешқандай текстол. өзгеріс кездеспейді. Қырғыз, орыс тілдеріне аударылған. *Т. Бақұлы.*

БЕЛОКУРСКИЙ Иосиф Николаевич (1893–1943) – суретші. Көркем керамика саласында жұмыс істеген. Алматы керамик. станциясының (қаз. Алматы экспериментальді көркем керамик. заводы) негізін салушылардың бірі. Ол Абай портреті салынған сәндік құмыра мен табақша жасаған.

БЕЛОСЛЮДОВ Алексей Николаевич (1887–1939) – педагог. Семей қ-ндағы гимназияны бітірген. Қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, зерттеу жұмыстарын жүргізген. Абай шығармаларын орыс тіліне аудару мәселесіне белсене араласқан. 1914 ж. 10 наурызда Томск қ-ндағы ағасы Николайға: «Құнанбаев өлеңдері туралы «Сібірмен» («Сибирский студент») келісіп қой, өлеңдер орысшаға аударылғаннан кейін, қырғыз (қазақ) поэзиясы туралы кішкентай мақала жазып, соған қосып жібер. Мақала жазған кезіңде қажет болып жатса, оларды өзің-ақ ұйқасқа түсіріп көр, мүмкін, бірдеңе шығар. Мен де сенен жақсы жаза алмаймын ғой. Бірақ, байқап көруге бармын. Егер өзің ештеңе істемесең, Витяға жібер», – деп жазды. Ал 1915 ж. Г. Н. Потанинге жазған бір хатында Семейдегі қазақ жастарының үйірмесі ұйымдасқанын, олар қазақтың халық фольклоры мен этнографиясын жинау ісімен шұғылданатынын, ол өзінің бірінші кезекте Абай Құнанбаев шығармаларын орысшаға аударуды міндетіне алып отырғанын айтады. Сол жылы «Сибирский студент» журналына қырғыз (қазақ) поэзиясы туралы мақала жариялайды. Сөйтіп, орыс халқын қазақ әдебиетімен, оның тамаша өкілдері – Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин шығармаларымен таныстыруды мақсат етеді. Ол Қ. Сәтбаевпен де жақын таныс болған. Оның еліне барып, Баянауылда халықтың әдеби мұрасын жинаған. А. В. Затаевичпен бірге жүріп, ел аралап, өлеңдер, әңгіме, жырлар жинасқан. М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Қ. Сәтбаевтардың ақыл-кеңесімен қолында сақталып қалған өз архивін, бауырлары Виктор, Федор, Николайлардың да архивтері мен фото-сурет, картиналарын Қазақстан Республикасы ҰҒА-сына өткізген. *М. Бейсенбаев.*

БЕЛОСЛЮДОВ Виктор Николаевич (1882–1916) – суретші. Семей қ-нда туған. Сондағы 5 кластық училищеде оқып жүрген кезінде-ақ сурет салу қабілеті байқалады. 1894–1906 ж. Москвадағы Строганов атынд. сурет өнері уч-сін бітіріп, Семейге оралады. Ол Семей өлкесін терең зерттеп, тарихи-этногр. мәні бар экспонаттар жинап, бауырлары Николай, Федорлармен бірігіп, өз қаржыларына мұражай ашқан. Мұражай қорында: геология мен минералогия және антропология, б. з. б. археология, ерте заманғы киім үлгілері, кітаптар мен қолжазбалар қоры, нумизматика-этногр. бөлімдері болды. Б. з. б. археология бөлімінде 600-ден астам экспонат болса, нумизматика бөліміңде мыңнан аса алтын, күміс, жез тиындар мен теңгелер, этнография бөліміңде қазақтардың, сарттардың, татарлардың әр түрлі киім-кешектері, ою-өрнектері т. б. жинақталды. Мұражайда барлығы 4 мыңдай экспонат болған.

1903 ж. «Біздің отанымыздың географиялық сипаттамасы» аталатын көп томды еңбектің «Қырғыз өлкесі» деп аталатын 18-кітабы жарық көреді. Бірақ кітап Б-тың қолына 2 жылдан соң тиген. Б. Абай ту-

ралы алғаш рет осы кітаптан оқып біледі. Кітаптың өзіне таныс этнограф-ғалым А. Н. Седельников жазған бөлімдерінен Абай Құнанбаевтың жаңа бағыттағы әдебиеттің өкілі, А. С. Пушкиннің «Евгений Онегинінен» «Татьянаның хатын» аударғанын біледі. Кітап Б-тар отбасына қатты әсер етіп, содан бастап Абай шығармашылығына ерекше мән бере қарайды. «...Абай Құнанбаев өлеңдерін аудару және оған иллюстрация жасау жөнінде не айтарымды білмей отырмын. Егер сәл ғана бос уақыт болса, және де сен, мен, Алеша үшеуміз бірге болсақ, мұның бәрін жүзеге асыруға болар еді», – деп жазады Виктор Николайға 1913 ж. 29 желтоқсандағы хатында. 1914 ж. 6 қаңтарда: «...Құнанбаев өлеңдерін аудару жөнінде саған не айтсам екен. Сауатты қырғыз (қазақ) жоқ деймісің, әрине, бар. Тек оны тауып, жақсылап жегу керек, бірақ оны қолға алатын ешкім жоқ», – деп жазды.

Б. тек суретші ғана емес, Семей өлкесін зерттеуші ғалым да. Семейдің құрылғанына 200 жыл толуы жөнінде жазған тарихи очеркі өзі дүниеден өткен соң 1918 ж. «Семипалатинский край» газетінде жарияланған. Тарих, әдебиет салаларын зерттей отырып, қазақ әдебиеті классигінің өлеңдерін орысшаға аударуға алғашқы қадам жасаған Б. еді. Б. осы іске жақындарын жұмылдырып, жер-жерге хаттар жазып, жақсы аудармашылар іздеген.

Б. 1916 ж. қаңтарда әскер қатарына шақырылады. Барнауыл қ-нда қызмет етіп жүріп, ауырып 33 жасында қайтыс болады. Сүйегі Семей қ-на әкелініп, жерленеді.

М. Бейсенбаев.

БЕЛОСЛЮДОВ Николай Николаевич (1880–1943) – суретші. Семей қаласында туып өскен. Б. 1895 ж. Семейдегі 5 кластық қалалық уч-щені, 1895–99 ж. Омбы техникалық уч-щесін бітіреді. 1906 жылдан 1916 ж. дейін жер бөлімі мекемесінің басқармасында топографиялық қызметте болды. Ол бүкіл Сібірді аралап, тарихи-этногр. мәні бар зерттеу жұмыстарын жүргізген. Г Н. Потанинмен жақын танысып, оның кеңесімен археол.-этногр. коллекциялар жинаған, бұл іске өз бауырлары Виктор, Алексейлерді де тартқан. Сөйтіп, өздері жинаған экспонаттардан мұражай ашқан. Б. Семейдегі мұғалімдер семинариясы мен мектептерде сурет, сызу пәндерінен сабақ бере жүріп, қазақ халқының мәдени-рухани байлығын зерттеп, оған ерекше мән бере қарады. Семейдегі орыс геогр. қоғамының тапсыруымен археол.-этногр. мәні зор экспонаттар, қазақтың ауыз әдебиеті, халық әндері үлгілерін жинап, зерттеді. Семейде қазақ мұғалімдерінің қысқа курстарын ұйымдастырып, өнер мен әдебиет, Абай туралы лекциялар оқыды. Абай өлеңдерін орысшаға аударып, оны орыс халқына таныстыруды армандады.

Б. 1911 ж. 28 қаңтарда Томскіден Викторға жолдаған хатында: «Г Н. Потанинмен кездесіп, үйінде әңгімелестім, оған ақын Құнанбаев туралы айттым, ол білмейді екен. Маған Потанин: «Коншинге жазыңдар, ол Абайдың ең таңдаулы өлеңдерін іріктеп алып, «Сибирская жизньге» бастырып, көпшілік қауымға таныстырсын дейді», – деп жазады. Сол жылғы жазған енді бір хатында: «Витя, сен туралы Потанин газетке жазды. Танысқан боларсың, қандай жақсы. Ол тағы да қазақ әңгімелерін жинап, жазуға жүріп кетті, Томскіден кетерде редактор Наурызовпен Абай Құнанбаевтың өлеңдерін қарасөзбен аудару туралы сөйлесудің реті келмеді, оған хат арқылы айтамын», – деп жазады. 1912 ж. 9 наурызда Викторға жазған хатында : «Григорий Николаевич қазақ әндерінің әуені жөнінде өз көзқарасын айтты», – деп жазған. Тағы бір 1912 ж. 13 қазанында інісі Викторға «Гребенщиковты тосудамын, онымен Құнанбаевтың өлеңдері туралы сөйлескім келеді. Наурызов болса ештеңе бітірмеген сияқты», – деп жазса, 1912 ж. 23 қарашадағы хатында: «Гребенщиковпен Құнанбаевтың өлеңдерін орыс тіліне аудару туралы сөйлескім келеді» – деп, қайталай ойын білдірсе, сол жылдың 22 желтоқсанындағы хатында Гребенщиковпен кездескенін, қазір ол А. М. Горькийдің хатшысы екенін жазады. Осы саладағы жазысқан хаттарының ұзын саны 900-дей, соның 700-дей хаты Семейдегі Абайдың мемл. қорық-музейінде, 100-ден астамы Қазақстан Ұлттық ҒА-сының сирек қорында, 50 шақтысы Шығыс Қазақстан музейлері мен архивтерінде, біразы Семейдің өлкетану музейінде сақтаулы. Ол М. О. Әуезов, Ж. Шанин, Қ. Сәтбаев, Х. Ғаббасов, Ә. Ермеков, Н. Құлжановалармен пікірлес, дос болған. Бұлар арқылы Абай Құнанбаевты біліп, оның озық ойлы мұраларын орыс тіліне аударып, орыс халқына таныстыруды мұрат тұтқан. Абай өлеңдері мен муз. мұрасын Г Н. Потанинге таныстырып, оның пікірін хатқа түсіруде Б-дың сіңірген еңбегі зор.

М. Бейсенбаев.

БЕЛОУСОВ Леонид Прокофьевич (1928 ж. т.) – мүсінші. Монументті, монументті-



Абай ескерткіші. М. А. Белоусова, Л. П. Белоусов. 1962.

сәндік мүсін және портрет жанрында жұмыс істейді. Шығармаларынан қазақтың ұлттық тақырыбы кең орын алған. Б. Қостанай обл., Таран ауд., Абай атынд. совхоздағы Абай ескерткішінің (М. А. Белоусовамен бірге, 1962, бетон, биікт. 4 м, арх. Д. П. Пятыгин) авторы. Кітапқа үңілген бойда терең ойға шомған ақын бейнесі асқақ та айшықты шешімін тапқан.

БЕЛОУСОВА Муза Александровна (1926–79) – мүсінші. Қостанай обл., Таран ауд., Абай атынд. совхозда 1962 ж. орнатылған «Абай» ескерткішінің (Л. П. Белоусовпен бірге, бетон, биікт. 4 м, арх. Д. П. Пятыгин) авторы.

БЕЛЬГЕР Герольд Карлович (1934 ж. т.) – әдебиет зерттеуші, сыншы, аудармашы. Қазақстан Президенті сыйлығының, Қазақстан Жазушылар одағының Б. Майлин атынд. сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының еңбек сің. мәдениет қызметкері. Б. Абай мұраларын тану, оны зерттеу мәселелерімен айналысып, «Үндестік» (А., 1982), «Гете және Абай» (А., 1989, екеуі де орыс тілінде) деген ғыл. зерт. еңбектер, «Шың», «Туыстықтың жанды өрнектері» (А., 1981, неміс тілінде), «Асылға абай болайық» («Қазақ әдебиеті», 1985, 9 мамыр), «Ақындар сыры» («Простор», № 2, 1992) т. б. қазақ, орыс, неміс тілдерінде оннан астам мақала, «Мұнар тау» («Жалын», № 1, 1974) атты көркем әңгіме жариялады. Бұл еңбектерінде ол Абайдың сан қырлы шығармашылық дарынына, ақындық құдіретіне, жаңашыл дәстүріне шолу жасады. И. В. Гете мен А. Құнанбаев шығармалары үндестігінің филос., эстетик., этик., психол. заңдылықтарын талдады. Гетенің «Жолаушының түнгі жыры» шығармасы негізінде туындаған М. Ю. Лермонтовтың «Тау шыңдары» мен Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңдеріндегі поэтик. рух. бірлігін, әлеум. ой толғауындағы жақындық пен тамырластықтың түп төркінін ашып көрсетті. Абай өлеңдерінің орыс тіліне аударылуындағы жай-күйіне, ақынның кемел ойы мен көркем теңеулерін тәржімелеудегі кемшіліктерге, текстол. ала-құлалықтарға, жаңсақ жазылған сөздерге тоқталды. *С. Қалуов.*

БЕЛЯЕВ Михаил Михайлович (1925 ж. т.) – суретші. Кескіндеме, қондырғылы және өнеркәсіптік графика саласында жұмыс істейді. Ол Абай тақырыбына бірнеше рет қалам тартып, түрлі жанрдағы бірқатар шығармалар тудырды. Семей обл. тарихи-өлкетану музейіне арнаған «Абай мен Михаэлис» (1958–59; қағаз, қарындаш, акварель) суретінің негізінде 1970 ж. В. И. Третьяковпен бірігіп, жаңа картина жазып шықты (кенеп, майлы бояу, автордың жеке қоры). Ол Абайдың 125 жылдығына орай Третьяковпен бірігіп, Алматыдағы «Сувенир» фабрикасында әзірленген Абайдың өз тұлғасы, ескерткіші, музейі бейнеленген ескерткіш белгілердің (жеті түрлі) эскизін (1970), ақынның мерей тойына арналған билеттің үлгісін, «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» атты график. бетті (1970; қағаз, линогравюра, автордың жеке қоры) жасады. Оның жеке көрмесіне қойылған «Нұрлы қала» картинасында (1991; қатырма қағаз, темпера, автордың жеке қоры) Семей қ-ның таныс көрінісі арасынан Абай ескерткіші (мүсінші Д. Элбакидзе) ерекше көзге түседі. *Н. Полонская.*

БЕРГЕР Артур Семенович (1892–1981) – график-кескіндемеші, театр және кино суретшісі. Портрет, кітап безендіру саласында жұмыс істеді. Абайдың туғанына 100 жыл толу мерекесіне орай «Абай ұлы Мағауиямен бірге» атты картинасын (1944; кенеп, майлы бояу, Қазақстан Республикасының мемл. өнер музейі) жазды. Картинада бейнеленген кейіпкерлердің бірбіріне имандылық, рухани және шығармашылық жақындығы айқын аңғарылады.

БЕРДІБАЕВ Рахманқұл (2. 12. 1927 ж. т.) – ғалым-сыншы. Филол. ғыл. докторы. Қазақстан Республикасының Ұлттық ҒА-ның корр.-мүшесі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері. Б. зерттеулерінде ақын шығармаларының өзіндік қыр-сырларын кеңінен сөз етеді. «Абай және ауыз әдебиеті» (Абай тағлымы. – А., 1986, 237–243-б.) еңбегінде ақынның Шығыс аңыздары негізінде жазған «Масғұт», «Ескендір», «Әзім» поэмаларының көркемдік ерекшеліктеріне тоқталады. Абай шығармаларында халық мақал-мәтелдерінің, шешендік сөздерінің, аңыз-әңгімелерінің жиі кездесетіндігіне назар аударады. Ауыз әдебиетінің ұйқас, ырғақ, дыбыс қуалаушылық, жоқтау, суреттеу тәсілдері сияқты үлгілері ақын өлеңдерінде көп қолданылғандығын атап көрсетеді. Б. Абай поэзиясының шығыс шайырларының шығармаларымен байланысы жайлы бірсыпыра байламдар жасаған. Соның бірі «Науаи мен Абай» («Соц. Қазақстан», 1960, 16 қыркүйек) атты мақалада ұлы ақындардың шығармашылық ұқсастықтары мен даралық тұстары егжей-тегжейлі зерттелген. *Д. Ысқақов.*

БЕРЕГОВАЯ Зоя Израилевна (1914 ж. т.) – суретші. 1942–62 ж. Алматыда тұрып, фарфор, майолика, гипс саласында жұмыс істеді. 50 жылдардың ортасында Қазақстан мәдениетіне арналған бірқатар мүсіндер жасады, соның ішінде «Жас ақын» (1956, майолика, глазурь, Қазақстан Республикасының мемл. өнер музейі меншігінде), «Бала Абай» (1956, майолика, глазурь, Абайдың мемл. музей-қорығы меншігінде) мүсіндері Абайдың романтик. бейнесін сәтті аша түскен.

БЕРЕЗИН Илья Николаевич (1818–96) – орыс ғалымы, шығыс зерттеуші. Петербург ун-тінің профессоры. Ол «Шығыс тарихшыларының кітапханасы» атты жинақ шығарып, оған Рашид ад-Дин, Мұхаммед Шайбани, Қадырғали Жалаири, Әбілғазы еңбектерінің орыс тіліндегі аудармасын енгізген. «Шығыс елдеріне саяхат» деген еңбегі, «Орысша энциклопедиялық сөздігі» жарық

көрген. Ғалым Алтын орда тарихымен айналысып, Жошы ұлысы хандарының жарлықтарын зерттеген. Князь В. А. Кудашев көшіріп алған Абай қолжазбасы осы кісі арқылы Петербургтағы Орыс географиялық қоғамына келіп түскен. Ол өлеңдер авторы Абай екенін біле қоймаса да оларды жоғары бағалап, «Географиялық қоғам жазбалары» журналында бастыру мақсатымен атақты ғалымдар П. П. Семенов-Тян-Шанский мен П. М. Мелиоранскийді таныстырған. Б-ның қолында бұл қолжазбамен қатар Абайдың кадет корпусында оқитын інісі Халиуллаға жазған хаты, әкесі Құнанбайдың атынан жазған хаттары және ақын ауылының молдасы Ғабитханның хаттары да болған. Бұл аса құнды құжаттар қазір С.-Петербургтегі Күншығыс халықтарын зерттейтін ин-ттың кітапханасында сақтаулы. *Т. Барақұлы.*

БЕРЕКЕХАН Құтайбаұлы (1919–42) – Абайдың шөбересі, Мағауияның немересі. Семейде 7-класты орысша оқып бітірген.



Б. Құтайбаұлы.

Шығ. Қазақстан обл., Новошульба ауд., Убо-форпост ауылдық кеңесінен әскер қатарына алынып, Ұлы Отан соғысына қатысқан. *И. Жағыпарқызы.*

«БЕРМЕГЕН ҚҰЛҒА ҚАЙТЕСІҢ...» – Абайдың 1895 ж. жазған өлеңі. Көлемі 40 жол. Сүйікті ұлы Әбдірахман дүние салғаннан кейін ақынның өзін-өзі жұбатуы, ағайын-туғанға, ел-жұртына тоқтау айтуы. Жер бетіндегі әлемге аты мәшһүр болған кейбір ғұлама данышпандардың, дүниені тітіреткен Іскендір Зұлқарнайын, Ақсақ Темір, Шыңғыстың да ажалдан да қашып құтылмағанын, ең бергісі құдай жолына дәулетін шашып, Меккеден үй салдырған өз әкесі Құнанбайдың дүниеден өткенін баяндай келе, тумақ болған соң, өлмек бар екенін, сабырмен санаға жеткізіп, у жұтқан жүректі сәл де болса сабасына түсірмек болады. Опасыз жалғанның жалт беріп, бір күні «аһ» ұрғызып кетерін мойындайды. Өлең 7, 8 буынды аралас ұйқаспен жазылған. Алғаш ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланған. Басылымдарында текстол. өзгерістер кездеспейді. Туынды орыс тіліне аударылған. *И. Хасенов.*

«БЕС АСЫЛ ІС» – адамгершіліктің Абай ұсынған этикалық-әдеп нормалары. Адамзат қоғамы тарихында – жеке адамның ақылы мен мінезі, адамгершілігі жағынан өсіп жетіліп, толық адам болып қалыптасуы күрделі мәселелердің бірі. Гуманист атаулының бәрі де дүниедегі ең асыл, бағалы нәрсе – адам деп түсінетін болса, сол адам бойындағы ең басты сипаттар неден тұрмақ дегенге әр дәуірдің ойшылдары өз ұғым-нанымы мен заман талабына орай түрліше жауап беріп келді. Конфуций мен Лао-цзы, Ибн Сина мен Әл-Фараби, Кант пен Спиноза т. б. әлеум. моральдық жүйесін жасағанда, ең алдымен адамды адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу мәселесін алға қойды. Абай да гуманистік танымы тұрғысынан өзі өмір сүрген 19 ғ-дағы қазақ қоғамы жағдайындағы жастардың адамгершілік негіздері, бойға ұялатар қасиеттері қандай болмақ деген ойға ерекше көңіл бөлді. Ойшыл ақын жас ұрпақты жаңа дәуір талабы деңгейінде, адамгершілікке тәрбиелеуді мақсат тұтып, күрес жүргізді. Осы жолда Абай адам болуға ұмтылған әрбір жалынды жастың бойына адамшылықтың қандай нәрін, нендей ізгілікті қасиеттерді егу, орнықтыру керектігін «Ғылым таппай мақтанба...» өлеңінде:

«Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз...»

– деп, айқындап берді. Осындағы «Адам болу, оған тезірек жетуге, асығуға ұмтылатын бес нәрсе не?» деген сұраққа Абай:

«Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз...»

– деп, кесімді, тұжырымды жауап береді. Шын мәнінде нағыз адам болу үшін адамгершілікке тән, жағымды жақсы қасиеттер, жақсы сипаттар – адамдық, әділеттілік, достық, махаббат, ар-намыс, сабырлылық, батырлық т. б. толып жатыр. Осылардың ішінен ақын жастардың бойындағы адамгершіліктің негізгі қасиеттері,«Б. а. і»: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым туралы даналық ой қозғауының өзіндік мәні бар.

Талап. Абай *Қырық төртінші сөзін* «Адам баласының ең жаманы – талапсыз» деп бастайды да, талаптың да түрлері көп болатынын баяндайды. Талаптың ішіндегі ең зоры – бір өнерді таңдап, содан нәтиже шығармай тынбаушылық. Сонымен бірге ақын талапкердің өнерлес кісімен сыйлас болуының қажеттігін баса айтады. Ақын жастарға өнер үйренетін кітаптарды оқуға, бірақ мұратты кітап бетінен емес, өмірден іздеуге кеңес береді. Абайдың түсіндіруінше талапсыздықтың түрлері – ынтасыздық, ықылассыздық, жігерсіздік.

«Керек іс бозбалаға – талаптылық,
Әр түрлі өнер, мінез, жақсы қылық.

Кейбір жігіт жүреді мақтан көйлеп,
Сыртқа пысық келеді, көзге сынық...» –

деп Абай талаптың – дарынды, ынтаны дамытатыны, сондықтан да халықтың «талапты ерге нұр жауар» деген сөзді бекерге айтпағаны туралы ой толғайды. Ақын сүйікті баласы Әбдірахманның қазасына арналған туындысында талаптылықты бойына терең дарытқан «ескінің арты, жаңаның алды» болған үміт артар жас ұрпақтың көркем бейнесін жасайды:

«Талаптың мініп тұлпарын,
Тас қияға өрледің.
Бір ғылым еді іңкәрің,
Әр қиынға сермедің...» –

дей келе, талапсыз адам ғылымға, болашаққа, өз өміріне жол сала алмайтынын ескертеді.

Еңбек. Бұл дүниедегі құдіретті күш діни ұғымда құдай болса, ғылыми ұғымдағы бірден-бір жасампаз ұлы күш – Еңбек. Абайдың тұжырымынша әуелі құдайға сиынып, сонан соң өз қайратына сүйеніп еңбек еткен адам нағыз азамат болып саналады. «Адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, алланың сүйген құлының бірі боласың», – дейді ақын. Абайдың пікірінше ерінбей еңбек еткен, ізденген, әр нәрсенің жөнін біліп, әрекет еткен кісінің жетпейтін арманы болмайды.

«Жастықта бір күлгенің бір қаралық,
Күлкі баққан бір көрер бишаралық.
Әуелі өнер ізделік, қолдан келсе,
Ең болмаса, еңбекпен мал табалық...»
«Еңбек қылсаң ерінбей –
Тояды қарның тіленбей...» –

деген жыр жолдарындағы ақынның байламы бойынша еңбектің негізгі атқаратын қызметі, басты мақсаты – жан сақтау, мал табу, үй-ішін асырау. Екіншіден, еңбек арқылы адамның адамгершілік қасиеті танылады. 19 ғ-дың 2-жартысында қазақ халқының күнделікті өмір тұрмысы – бірыңғай мал бағу кәсібіне байланысты екенін, еңбектің сыңар жақтылығын сынға алып ақын:

«Түбінде баянды еңбек егін салған,
Жасынан оқу оқып, білім алған,
Би болған, болыс болған өнер емес,
Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған...» –

деп, өз елін отырықшылыққа, егіншілікке, ғылымға шақырады. Еңбекті «Б. а. і-тің» негізгісі деп бағалаған Абай:

«Бақпен асқан патшадан,
Мимен асқан қара артық.
Сақалын сатқан кәріден
Еңбегін сатқан бала артық...» –

деп, адамды дүние жүзіндегі тіршіліктің жасампаз күші етіп отырған оның еңбегі, адамның адамгершілігі тек адал еңбегімен бағаланатыны туралы ой қорытады.

Терең ой. Адамды адам еткен еңбек болса, сол еңбек дағдысы барысында қалыптасқан адамды барлық жан-жануардан ерекше айырып тұрған екі қасиетті Абай жоғары бағалады. Оның біріншісі – ақыл-ой, екіншісі – сөз. Ойлау – күрделі психик. процесс, оның мазмұны өте бай, ал ешқандай сөз ойдың барлық байлығын қамтып бере алмайды. Сөз тіл арқылы жүзеге асатын болса, ойлаудың негізгі құралы – ұғым мен пікір болып табылады. Абай «Жапырағы қуарған ескі үмітпен» өлеңінде адам үнемі үздіксіз ойлауы керек, өйткені тек тұрақты ақыл-ой әрекеті ғана кісіні алға бастайды, бірақ ой күнделікті өмірмен байланысты ақиқатты түрде болуы керек деп үйретеді. Ақын мида қорытылып айтылған өзіндік тиянақты ұғым мен келелі пікірге толы ойлы сөзді құрмет тұтып: «Басында ми жоқ, Өзінде ой жоқ» – деп, ой-пікірсіз сылдыр сөзді адамдарды сынға алады. Көп айтты деп көне салатын, жұрт айтты деп сене салатын ойсыз надандарды Абай *толық адам* қатарына қоспайды. Ондайлардың терең ой мен ғылым іздемей, өтірік пен өсекке үйір болып, айт пен тойды ермек етіп өмірін босқа өткізетініне қатты қынжылады. Ақын:

«Ойға түстім, толғандым,
Өз мінімді қолға алдым.
Мінезіме көз салдым,
Тексеруге ойландым...» –

деп, нағыз адам әрқашан өткен-кеткеніне қорытынды жасап, өмірге сын көзімен ой жүгіртіп, келешекке үмітпен, үлкен сеніммен қарауы керек деген тұжырым жасайды.

Қанағат. Абай адамгершілік, иман туралы толғаныстарында «қанағат» ұғымына ерекше мән береді. Ақынның түсіндіруінше қанағат – барға риза болу, місе тұту, нысаптан шықпау, нәпсіге ермеу:

«Құлық, сұмдық, ұрлықпен мал жиылмас,
Сұм нәпсің үйір болса, тез тиылмас,
Зиян шекпей қалмайсың ондай істен,
Мал кетер, мазаң кетер, ар бұйырмас».

Ал, қанағатсыздық – өзі тойса да, көзі тоймайтын тойымсыздық, нысапсыздық. Қанағат қарын тойғызса, жалғыз атын сойғызуға жеткізетін қанағатсыздықты ақын: «Адам баласы қанағатсыздықпен... хайуандардың тұқымын құртты...» деп, мінейді. Өз өміріне, өз ісіне риза болмай, онымен қоймай арамдық жолға түскендерді Абай:

«Жұрт жүр ғой арамдықты еп көрем деп,
Тоқтау айтқан кісіні шет көрем деп.
Бар ма екен жай жүрген жан қанағатпен,
Құдайдың өз бергенін жеп көрем деп? –

деп жиіркене сынайды. Өз заманындағы адамдардың тойымсыздығына, қанағатсыздығына ақын қатты қынжылады. «Есті кісіні тауып құрметтейін десең, әділет, ұят, нысапқа есті кісі елде жоқ. Құлық, сұмдық, арамдық, амалға елдің бәрі де есті», – деп, налиды.

Рақым. Рақым дегеніміз ұғымдық, филос. тұрғыдан алғанда адамның өзге кісілерге жасайтын жақсылығы, мейірім-шапағаты мен көмегі. Абайдың пікірінше терең ойдың негізі ми мен ақыл болса, рақымдылықтың негізі жүрек пен сезім. Ақын *Он жетінші сөзінде:* «...жүрек айтыпты: Мен –

адамның денесінің патшасымын... менсіз тірлік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жайы қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын – мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын мен... әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық... менен шығады» – деп, жүректің қызметіне талдау жасайды. Абайдың тұжырымынша рақымдылық – барлық адам баласын өз бауырындай көру, өзіне ойлаған жақсылықты өзгеге де жасау. Мейірімсіз, ешкімге жаны ашымайтын қатыгез адамдарды ақын жақсылықтың жауызы, жамандықтың дем берушісі деп бағалайды. Ақын қайырымсыз адамдардың іс-әрекетіне күйініп:

«Сан кісі мұңайсын,
Сабырмен шыдайсың.
Күйемін, жанамын,
Еш рақым қылмайсың...» –

деп, оларды адамгершілікке шақырады.

Б. Ғабдуллин.

«БЕС ҒАСЫР ЖЫРЛАЙДЫ» – «Жазушы» баспасынан 1984 ж. жарық көрген үш томдық өлеңдер жинағы. Құрастырғандар: М. Байділдаев пен М. Мағауин. Жинақта 15 ғ-дан 20 ғ. бас кезінде өмір сүрген қазақ ақын-жырауларының шығармалары топтастырылған. Кітап «Үш ғасыр жырлайды», «Алдаспан», «Ақберен» жинақтары негізінде құрастырылған. Бірінші томға Асан Қайғыдан Махамбетке, екінші томға Қобылан Бәрібайұлынан Ақан серіге, үшінші томға Абай Құнанбаевтан Сұлтанмахмұт Торайғыровқа дейінгі белгілі ақын-жыраулардың таңдамалы шығармалары енгізілген. Үшінші том Абай Құнанбаевтың «Қансонарда бүркітші шығады аңға...», «Жаз», «Күз», «Қыс», «Жазғытұрым», «Жастықтың оты жалындап...», «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында...», «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа», «Адамның кейбір кездері», «Құлақтан кіріп бойды алар...», «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?..» өлеңдерімен ашылған. Көлемі 97 б. т., 25 мың дана болып басылған. 1989 ж. «Б. ғ. ж.» осы баспадан 2 том болып қайта шығарылды. Көлемі 22 б. т., 100 мың данамен басылған.

Ж. Сахиев.

«БЕС ДҰШПАН» – Абай айқындап берген адамгершілікке жат этикалық-әдеп нормалары. Абай «Бес асыл ісінде» нағыз адам болу үшін бес нәрсеге асық болу керектігін айтса, «Б. д-да»:

«Адам болам десеңіз,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз...» –

деп адамның бойындағы жағымсыз қасиеттерді сынға алады. Ақынның түсіндіргеніндей адамгершілікке жат жаман қылықтар – арамдық, әдепсіздік, әділетсіздік, жағымпаздық, жылпостық, меңмендік, қулық-сұмдық, пәлекорлық т. б. толып жатыр. Абай қазақ халқының дамуы үшін, оның басқа елдер қатарына жетуі үшін бұл әдеттердің бәрі де кедергі болатын қылықтар деп ұғып, бұларға барынша қарсы шықты. Ақын сол кездегі ауылдың басты әдеттерінің бірі – өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ тәрізді елді аздыратын мінез-құлықты әшкерелеп, жұртшылықты олардан сақтандырмақ болды, қазақ қауымының болашағы жастардың бойына адамгершіліктің асыл қасиеттерін қалыптастыру туралы даналық ой қозғайды.

Өсек. Абай заманында ел арасында көп тараған, адамгершілікке жат жаман қылықтардың бірі – өсек айту, өсекшілдік. Өсек – біреуді сыртынан даттау, кінәлау, жала жабу, жалған сөз айту, әсіресе, би, болыс, белсенділер, атқамінерлер арасында бірін-бірі аңду, бар болса көре алмау, жоқ болса бере алмау қазақ өмірінің ең бір келеңсіз жағы болды. Осы жайға реніш білдірген ақын, *Жиырма төртінші сөзінде:* «...қазақ ортасында да ұрлық, өтірік, өсек, қастық қалып, өнерді, малды түзден, бөтен жақтан түзу жолмен іздеп, өрістетерлік күн болар ма екен?» – деп, армандайды. Өсектің қазақ ортасында көп тараған бір түрі – жалақорлық, арызқойлық. Өтірік, өсек, «домалақ арыздар» Абайдың өз сыртынан да талай жауған болатын. Ақын:

«Қазақтың қайсысының бар санасы?
Қылт етерде дап-дайын бір жаласы.
Пысықтықтың белгісі – арыз беру,
Жоқ тұрса да бес бересі, алты аласы...» –

деп,өсекші, жалақорларды сынға алып, өз кезіндегі өмір шындығының күңгірт келеңсіз жақтарын әшкерелейді. Көжекбайға арнаған өлеңінде өсекті кәсіп еткен, біреуді-біреуге жамандауды әдетке айналдырған, сөз тасығыш, өсекшінің жиреніште бейнесін жасайды:

«Жамантайдың баласы Көжек деген,
Әркімге өсек тасып безектеген.
Досын келіп досына жамандайды,
Шіркінде ес болсайшы сезед деген...»

Өтірік. Ақын өсекшілдікті опасыздықтың, арамзалықтың, екіжүзділіктің ең жексұрын көрінісі ретінде айыптайды. Өсекаяңға үйір, желбуаз жандарды өлтіре сынап, адамдардың бойындағы өтірік айту секілді кеселді қасиеттерді уытты тілмен әшкерелейді. Өсекте болар-болмас бір негіз болуы мүмкін, ал өтірік мүлде жалған, шындыққа, ақиқатқа ешбір жанаспайды. Ақын өтірікті «Б. д-ның» ең бір жиіркенішті түрі ретінде сипаттап, өз халқын осындай бір сұм кесапаттан тазартуды армандайды. Ақты қара деп, я қараны ақ деп, өтірікті шын деп ант ететұғын кісілерді Абай имансыз, азған адамдарға жатқызады. Өтірікке ақын шындықты, турашылдықты, ақиқатты қарсы қояды:

«Расы жоқ сөзінің,
Ырысы жоқ өзінің,
Өңкей жалған мақтанмен
Шынның бетін бояйды...» –

деп, өтірік пен өтірікшілердің бет пердесін аша сынайды. Ақын адам болам десеңіз өтірік айтудан, екі жүзділіктен құтылып, шыңдықпен, ақиқатпен өмір сүру керек деген терең тұжырым жасайды.

Мақтаншақ. Абай өмір сүрген заманда ел адамдарының, әсіресе, үстем тап өкілдерінің бойында жиі кездесетін жаман қылықтардың бірі – мақтаншақ, даңғойлық. Оңдай әулекі адамдар өзін дәріптеуді сүйетін, басқалардың алдында білімді, жағымды болып көрінгісі келетін бөспе, сөзге құмар. Абай сөзімен айтқанда мақтаншақтар: «...біреуді «демесін» демейді, «десін» дейді. Бай десін, батыр десін, қу десін, пысық десін, әрдайым не түрлі болса да, «десін» деп азаптанып жүреді...» Мұндай мақтаншақтарды ақын үш түрге бөледі: «Біреуі жатқа мақтанарлық мақтанды іздейді. Ол – надан, надан да болса – адам. Екіншісі өз елінің ішінде мақтанарлық мақтанды іздейді. Оның надандығы толық, адамдығы толық емес. Үшіншісі өз үйіне келіп айтпаса я аулына ғана келіп айтпаса, өзге кісі қостамайтын мақтанды іздейді. Ол – наданның наданы, һәм өзі адам емес». Ақын мақтаншақ болыс, билердің мінін бетіне басып, жас ұрпақты мақтанның құлы болмауға шақырады.

Еріншек. Адамдардың бойына біткен жаман қылықтардың ішіндегі ең жағымсызы – еріншектік. Абайдың түсіндіруінше: «еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады». *Отыз сегізінші сөзінде* ақын: «Күллі адамды қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: Әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық...» деп адам баласын қор қылатын жағымсыз, жаман қылықтардың бірі еріншектіктің зияндылығына ерекше тоқталады. Надандық білімсіздіктен, сауатсыздықтан туындаса, еріншектік адамның талапсыздығынан, жігерсіздігінен, енжарлығынан пайда болатын қылық. Ақын еріншектіктен құтылудың бірден-бір жолы – әр адам іс-әрекетін ақылға салып, өз бойындағы талапсыздық, жігерсіздік, енжарлық сияқты жағымсыз мінінен арылуында:

«Ер ісі ақылға ермек, бойды жеңбек,
Өнерсіздің қылығы өле көрмек.
Шыға ойламай, шығандап қылық қылмай,
Еріншек өздігінен көпке көнбек...» –

деп түйіндейді.

Бекер мал шашу. Абай шығармаларында қолда бар қаржы мен мал-мүлкін дұрыс пайдалана алмайтын, өз пайдасын білмейтін, сырт көзге жомарт болып көрінуге тырысатын мақтаншақ адамдарды өлтіре сынға алған. Ақын шынайы мырзалық, жомарттық пен сараңдық ұғымдарына талдау жасайды. Сараңдар малдан басқаны ойламайтын, дүниеқор, малқұмар жандар. Олардың жақыны мен жолдасы, бар үміті мен сенері, тіпті діні де мал. Ал, жомарт болса, ол кеңпейіл, қолы ашық адам. Жомарттық – нағыз қазаққа тән қасиет. Абай інісі Оспанды осындай қасиеті үшін жақсы көрген, «үйі базар, түзі той», «ала бер мен келе бердің» бейнесі санаған. Мырзалардың да, мырзалықтың да түрлері көп. Ақын «бекер мал шашушылықты» осының екеуіне де қарсы қояды, еңбексіз табылған дүние-малды орынсыз жұмсайтын дарақыларды сынап, мінейді. Босқа, мақсатсыз қаржы жұмсайтындарды, «орынды іске жүріп, ой таппағандар, не болмаса жұмыс қып, мал таппағандарды» сынай келіп: «қасиетті болмайды ондай жігіт, әншейін құр бекерге бұлғақтаған» деген тұжырымға келеді.

Ойшыл-ақын «Бес асыл» мен «Б. д.» жөніндегі тұжырымдарында өз заманындағы қазақ өмірінің диалектик. қайшылықтарына нақтылы мысалдармен, болмыстық деректермен терең талдау жасайды. Керенаулыққа – талапты, надандыққа – білімділікті, өсек пен өтірікке – шыңдық пен әділеттілікті, еріншектікке – еңбекқорлықты, мақтаншақтық пен мал шашпақтыққа – парасаттылық пен ұқыптылықты қарсы қояды. *Б. Ғабдуллин.*

БИЙСК – Россия Федерациясының Алтай өлкесіндегі қала. Абай «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген тарихи еңбегінде: «Біздің қазақтар Бийскідегі... қалмақтарды «білеуіт» дейді... осы «білеуіт», «брут» бір сөзден шыққан... о да қырғыздың нәсілі болмағы таң емес», – деген дерек келтіреді. *Ә. Нұрманов.*

БИМБОЭС Альвин Эрнестович (1878–1942) – музыкант, этнограф. Қазақтың халық әндерін жинаушы. Ол 20 жылдары қазақ ауылдарын аралап, ел ішінен 100-ге тарта халық әндерін жазып алды. Олардың арасында Абайдың «Сегіз аяқ» (М. Нұрбаевтан), «Татьянаның хаты» (Н. Құлжановадан) әндері бар. Ол Абай әндерін нотасымен 1925 ж. Ленинград (қазіргі С.-Петербург) қ-нан Н. Ф. Финдейзеннің редакциялауымен жарық көрген «Музыкалық этнография» атты жинаққа енгізді. *Б. Ерзакович.*

БЛЕК Александр Львович (1861 – ө. ж. белгісіз) – халықшыл-революционер. Петербург ун-тінің заң ф-тінде оқыған. 19 ғ.-дың 80 жылдары «Халық еркі» және «Қаралай бөліс» ұйымдарымен тығыз байланыс жасап тұрған студенттердің рев. құпия үйірмелерін ұйымдастырушылардың бірі болды. 1882 ж. рев. басылымдарды таратқаны және Гельсингфорстағы үйірмелермен байланыс жасағаны үшін тұтқынға алынып, полицияның ашық бақылауымен 5 жылға Бат. Сібірге жер аударылған. 1883 ж. мамыр айынан Семейге ауыстырылып, статистика к-тінде жұмыс істеді. Ол заң ғылымының маманы ретінде саяси жер аударылған А. Леонтьев және С. Гросспен бірге 1886 ж. «Қырғыздардың заң жөніндегі әдет-ғұрыптарын үйренуге арналған мате-

риалдар» деген басылым шығаруға қатысты. Онда революцияға дейінгі қазақтың заң дәстүрі жөнінде бағалы қазына болып табылатын нақты деректер жинақталып қорытылған. Абай Семей обл. статистика к-тінің қызметі барысында онымен жақын таныс болды. Б. және басқа саяси жер аударылғандар ақынның дүниетанымының қалыптасуына, заң, экономика және социология салаларынан білімінің кеңеюіне игі әсер етті. *Л. М. Әуезова.*


«БОЗДАҒЫМ» – «Жазушы» баспасынан 1990 ж. жарық көрген қазақтың жоқтау жырларының жинағы. Құрастырып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған филол. ғыл. кандидаты Т Арынов. Кітап 16 ғ-дан белгілі Мамай жоқтауынан бастап, Жамбылдың Ұлы Отан соғысында мерт болған баласы Алғадайға арнаған жырына дейінгі аралықтағы туындыларды қамтиды. Жинаққа Абайдың баласы Әбдірахманға арнаған 6, інісі Оспан қайтқанда шығарған 1 өлеңі, Әбдірахманның әйелі Мағышқа шығарып берген және ағасы *Тәңірбердінің* (Тәкежанның) баласы Мақұлбай өлгенде Әйгерімге айтқызған *«Көз жұмғанша дүниеден...»* деп басталатын жоқтауы енгізілген. Көлемі 12,5 б. т., 60 000 дана болып басылған.

«БОЙЫ БҰЛҒАҢ...» – Абайдың 1893 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 6 тармақты 8 шумақтан тұрады, барлығы 54 жол. Туынды – ақынның өз кезіндегі халқының жайкүйіне, замана ағымына жасаған барлаушолуы, тозған елдің тоқыраған тағдырына деген ауыр күрсінісі, азған адамдарына деген көз жасына толы шағымы, ел үшін қорланған ақынның «аһ» ұрған үні, кеудесін қақ айырған қайғысы. Ел қамын ойлауды азаматтық борышым деп білген Абай өз заманындағы бар пәле, кесір-кесапат, былық-шылықты ашына әшкерелемей отыра алмаған. Қаңдыауыз қанаушыларға, елді емген езушілерге, «әзір астың атасы» арамтамақтарға, бірді-бірге тасқаяқтай соғыстырған сойқанды содырларға, момын мысықтай қалғып-мүлгіп отырып, елді сорған сұрқия «сопыларға», ардан безіп, жамандыққа жанын жалдаған жалақорларға жаудай тиген. «Ас ішіп, аяқ босатудан» басқаны білмейтін надандықты, аллаға қарап аузын ашып отыра беретін жалқаулықты, етпетінен түспей ештемені ескермейтін енжарлықты өлеңдерінде өткір тілмен түйреген.

«Б. б.» – ақынның уытты шығармаларының бірі, үскідей үшкір, өткір сатира, заман, тұрмыс күйіндегі зиянды дерттерді мұрнынан тізе әшкерелеген сатира. Оның жанры – сатиралық шолу. Мұнда ақын оқырман қауымды сөзінде пәтуа жоқ сұйық суайттармен де, «күнәсізбін», «кінәсізбін» деп безілдейтін «періштелермен» де, сыртта «үзеңгі бауы алты қабат болып» шіренетін, үйіне келсең, сусын тауып бере алмайтын бейшаралармен де, тілемсектік істеп, бермесең, безіп кететін безбүйректермен де, бірді-бірге айдап сап, ел арасына от тастап, антын, арын сатқан екіжүзділермен де таныстырады.

Мұнан әрі Абай ел ішінің бұзылғанын, ұрлық деңдеп, өтірік гулеп кеткенін, сыпыра қу әулекілердің әні салынып, сөзі жүріп тұрғанын, әділдік айтар, бірлік іздер, жөнге сілтер, сыйласуға тұрар адам қалмағанын, бәрінің пәле қуып, батырсынып, «балапан басымен, тұрымтай тұсымен» боп кеткенін әйгілейді. Осының бәрін ақын сатиралық қуатпен айтады. «Ызалы жүрек, долы қол, улы сия, ащы тілмен» сынап-мінейді. Ашынған сөздерді айналасынан түңіліп, болашағына үңіліп отырып, зармен, мұңмен жырлайды. Абай жүрегін жаралаған осындай дерттер ақынның кеудесіне жаңа бір идея дәнін тастаған. Сол дән өсіп-өніп, пісіп-жетіле келе оны айтпауға ақын жанын қоймаған. Соңдағы ой-пікірді сыртқа шығаратын шығарма тудыруға мәжбүр еткен, ақын сезімін баурап, оны шабытқа мінгізген. Осындай ынта-зар, құлшыныстың үстінде «Б. б.» дүниеге келген. Келгенде ерекше өрнек-айшықпен, келісті пішім-бітіммен келген. Қазақтың соны тыныстық жаңа әдебиетіне Абай әкелген жаңалықтардың бірі – осы туынды. Туынды 4,7 буыннан түзіліп, маржандай төгіліп, мөлдір бұлақтай сылдыр қағады. Ұйқасы – -а, -а, -б, -в, -в, -б. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды.

Өлең тексіне 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары негізінде бірер түзету енгізілген. 7-шумақтың 3-жолындағы **«іздеу»** сөзі **«тыныштық іздер елде жоқ»** деп өзгертілген. 8-шумақтың **«Аз тұтуға»** деген бірінші жолы **«Әз тұтуға»** делініп ұғымы айқындалған. Туынды ағылшын, орыс, өзбек, тәжік, түрікмен, қырғыз, ұйғыр, қарақалпақ, татар, башқұрт тілдеріне аударылған. *Т. Қожакеев.*



Нота. (Бойы бұлғаң. 1-түрі).

Абай «Б. б.» өлеңіне ән шығарған. 1935 ж. Ә. Ысқақовтың айтуы бойынша Л. Хамиди осы әннің бір үлгісін нотаға түсірген. Бұл әннің тағы бір түрін Б. Ерзакович 1948 ж. Қ. Лекеровтен, бөлек бір үлгісін Қ. Жүзбасов 1984 ж. Абайдың немересі Мәкен Мұқамеджановаңың орындауында нотаға түсіріп алған. Мұның үшеуі де «Айттым сәлем, қалам қас» атты Абай әндері жинағына (1986) енген. «Б. б.» әні мелодиялы-речитативті әуен арнасында құралған, дәстүрлі қара өлеңмен айтылатын сарын-

дармен тектес, тұрмыс-салт жанрындағы әндердің екпін-ырғақтарымен үндес. Әннің 1- және 2-түрлері – ауыспалы минорлы-мажорлы ладта айтылса, М. Мұқамеджановаңың жеткізген түрі – бір атаулы тектес минор-мажорлы ладта қалыптасқан. Әннің өлшемдері де әр түрлі: 2/4, 2/4, 4/4 – 1 түрі; 3/4, 3/4, 5/4, 2/4, 7/4 – 2 түрі, ал 3 түрі – біркелкі 6/8 ырғақ-өлшеммен орындалады. Әнді комп. А. Жұбанов «Абай» симфониялық поэмасына пайдаланған. *Қ. Жүзбасов.*

БОКЛЬ Генри Томас (1821–62) – ағылшын тарихшысы. Оның негізгі еңбегі «Ағылшын өркениетінің тарихы» 1861 ж. орыс тіліне аударылған. Семей обл. кітапханасындағы данасын Абайдың оқығаны туралы А. А. Леонтьевтің американ жазушысы Дж. *Кеннанға* айтқан әңгімесінен белгілі.

«БОЛДЫ ДА ПАРТИЯ...» – Абайдың 1898 ж. жазған өлеңі. Көлемі 28 жол. Мұнда Абай ел ішін алауыздық жайлап, жұрттың жік-жікке бөлінгенін, солардың арасындағы дау-шарды тиямын деп, өзінің көп әуре болғанын айтады. Абайдың шығармашылық мұрасында бұл тақырыпқа жазылған өлең көп. Солардың бәрінде ақын ел ішінің бүлініп бара жатқанын көріп, араздық туғызатын себептерге қарсы қатты наразылық білдіретін. Оларды өткір сынға алатын. Мына өлеңдегі сарын өзгеше. Ешқайсыңды алаламай, кәрі-жас, жақсы-жаман демей, барымды орталарыңа салып, жанашырлық білдіріп жүргенде, сендер мені өсек қылып, арыма тидіңдер. Өзіммен бірге жарымды қоса даттадыңдар деген шағым айтады. Сол қиянаттарыңды көрмеген болып, көп уақыт бүгіп келіп, енді шыдамай айтып отырмын деп, жеке басының мұң-зарын білдіреді. Менің сендерге деген ниетім адал, жарымның да ары таза деп ақталғандай болады.

Шығарманың өлеңдік құрылымы, көркемдік шеберлігі жағынан да елеулі өзгешелігі бар. Ақынның жыр үлгісінде жазылған шығармалары көбінесе 7,8 буынды болып кезектесіп, шалыс ұйқасқа бағынатын. Әр шумақтың өз ұйқасы өзінде болып, өзге шумақтармен үйлесуі шарт болмайтын. Қазақ жырларының барлығы дерлік осы үлгіні ұстанады.

Аталған өлеңнің әрбір жолы, бұлардан өзгеше алты буыннан құралып, тақпақ үлгісінде келтеден қайрылып отырады да, жеті шумақтың басынан аяғына дейін әр шумақтың төртінші тармағында шалыс ұйқастың бір ғана түрі өзгеріссіз қайталанып отырады. **(«Жарылды», «шарынды», «көріңді», «нәріңді», «барымды», «арымды»,** т. б.).

Бұл – төкпе ақындық шеберліктің белгісі. Туынды 6–7 буынды шалыс ұйқас үлгісінде жазылған. Өлең алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланған. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1954 жылғы жинақта соңғы шумақтың алғашқы екі жолы «Өзіңнен асырдың» болып басылса, қалған басылымдарда бұл жолдар 1909 жылғы жинақ бойынша «Ұрыңнан асырдың» ретінде алынған. Туынды қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған. *Ж. Ысмағұлов.*

«БОЛЫС БОЛДЫМ, МІНЕКИ...» – Абайдың 1889 ж. жазған өлеңі. Көлемі 148 жол. Ақын бұл шығармасында малын шашып, болыс болған пенденің әлеум.-психол. кескінін жасайды. Өлеңнің мағыналық құрылымында бірнеше тұлға бар: а) болыс; ә) ояз; б) ел. Бұл үш тұлғаның бастысы – болыс. Шығарманың алғашқы бөлігінде жаңадан болыс болған адамның болыстық мансапқа жету жолы мен көңіл-күйі көрсетіледі. Малын шашып, шығынға батса да, оның бар тілегі болыс болу. Болыстыққа қолы жеткен соң да оның көңілі орнықпайды; өзінен күштілерге құлдық ұрып, әлсіздерге ыңғай бермей, қырын қарайды. Сыртқы жұртқа сыр бермей, сырбаз жүргенмен, сыяз бар деген хабарды құлағы шалса-ақ, жүрегі суылдап, мазасы қашады. Өйткені сыяз болса, елге ояз келеді. Елге ояз келсе, болыстан тыныштық кетеді: ылау дайындау, үй тігу, сый-сияпат жасау, бағып-күту – бәрі де болыстың не өзі жасайтын, не елге жасататын ісі; егер оязға не ісі, не өзі ұнамай қалса, онда болыстықтан түсіп қалуы да қиын емес. Өлеңнің екінші мағыналық бөлігінде болыстың сыяз үстіндегі іс-әрекеттері мен ой-толғаныстары баяндалады. Оязбен оңаша қалған болыс елін мақтарға сөз таппай, ықылас танытпай, елдің ел болып отырғаны өзінің, қала берді – ояздың арқасы екендігі туралы ойды шиырлай беретін болса, елімен, жұртымен бетпе-бет келгенде, оязға өзі сенімді, сөзі өтімді кісімсіп, ел мүддесін қорғай жүрген адамға ұқсап маңызданып, сыртқы жүнін қампитып шыға келеді. Алайда сыяз үстінде болыс та, ояз да ел ішіндегі дау-шардың бірқатарын халықтың, халық билерінің қатал талабы бойынша әділ шешуге мәжбүр болады. Соның нәтижесінде болыстың өз малым, өз мүлкім деп иеленіп қалған мал-мүлік иелеріне қайтарылып беріледі. Сөйтіп, болыстың арты шөмейіп, шыға келеді. Өлеңнің келесі мағыналық бөлігінде болыстың сыяз бітіп, ояз кеткеннен кейінгі халі бейнеленеді. Әуелден артының қуыстығын білген болыс сыяз бітсе де, елінің ұрысы мен қарысын тиып, телі мен тентегін жөнге саларлық ірі іске бара алмайды. Ел алдында ояз барда жасаған қылығын ояз кеткеннен соң жасай алмай, кәкір-шүкір, көр-жерді пайда көріп қала береді, келесі сайлауда бұл күніне де зар болып қалардай қиналады. Ақын болыстың өз күйін өзіне баяндатып қана

қоймайды, оның ел туралы ойларын да аша түседі. Болыс өзі билеп отырған еліне көңілі толмайтынын айтудан да тайынбайды. Табанынан тозып, жүгіріп жүруі, ел ішіндегі істерге ояздың разы болмай, шартылдап ашу білдіріп жатуы – бәрі де, оның ойынша, елінің бұзықтығынан. «Қайтіп көмек болады, Антұрған өңкей ұры-қар?» – деп күйіне отырып, болыс өзінің бұл елді ұстарлық кісі еместігін де айтып салады, өзін бұл азапты, рақатсыз істен құтқарушы іздейді. Сөйтіп ақын ел басқарған кісінің ісі мен ойының барша маңызы мен мәнін толық ашып береді. Іс, оқиға желісі мен ой жүйесін болыс болған кісінің өз атынан баяндау тәсілі ақын шығармасының көркемдік-эстетик. бітімін әрлеп, көркейте түскен.

Өлең 7–8 буынды жыр үлгісінде жазылған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Басылымдарында бірқатар текстол. өзгерістер кездеседі. 1909 жылғы жинақта 20-жол **«Жүрек кетті дуылдап»**, 1945, 1954 жылғы басылымда **«Жүрек кетті лүпілдеп»** делінсе, 1933, 1957, 1977 жылғы жинақтарда бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларының негізінде **«Жүрек кетті дүпілдеп»** ретінде алынған. 1933, 1939 жылғы басылымдарда 31-жол **«Қамқор жансып айламен»** болып берілсе, қалған жинақтарда Мүрсейіт қолжазбалары, 1909 жылғы басылым бойынша **«Қайраттысың, қамқорсың»** болып басылған. Бұрынғы жинақтарда 34-жол **«Мақтаймын елімді»** деп берілсе, 1945, 1954, 1957, 1977 жылғы басылымдарда Мүрсейіт қолжазбалары негізінде **«Мақтамаймын елімді»** болып түзетілген. Мүрсейіт қолжазбаларында, 1909 жылғы жинақта 43-жол **«Қазақты жеген қайратты ел»** делінсе, қалған басылымдарда **«Қазақты жеген қайратты «ер»** деп басылған. 1957, 1977 жылғы басылымдарда Мүрсейіт қолжазбалары, 1909 жылғы жинақ бойынша 48-жол **«Ноқтаға басы керілді»** деп алынса, қалған жинақтарда **«Ноқтаға басы кірілді»** делінген. Мүрсейіт қолжазбаларында, 1945, 1954 жылғы жинақтарда 75-жол **«Күлкісі бөлек қарқылдап»** болса, қалған басылымдарда 1909 жылғы жинаққа сәйкес **«Күлкісі жақсы қарқылдап»** түрінде алынған. 1909 жылғы басылымда 100-жол **«Еш кісіні тыймаймын»** болса, 104-жол **«Жақсы ақыл» – деп құптаймын»**, қалған жинақтарда Мүрсейіт қолжазбалары бойынша **«Еш кісіні теппеймін», «Жақсы ақыл» деп, «құп» деймін»** делінген. Өлең араб, азербайжан, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған. *Ж. Дәдебаев.*

БОЛЮХ Александр Иванович (1949 ж. т.) – суретші. Шағын пластика мен қолданбалы-сәндік өнер саласында жұмыс істейді. Ол «Абай Құнанбаев» плакатын жасады (1980; қорытпа, құйма, Қарағанды обл. тарихи-өлкетану музейі қорында).

БОРАНБАЕВ Әнуар (1948 ж. т.) – актер. Қазақстан Республикасының еңбек сің. артисі. Ол М. О. Әуезов пен С. Л. Соболевтің «Абай» спектаклінде Әбдірахманның, Б. Римованың «Абай – Әйгерім» спектаклінде Абай бейнесін ойнады. Актер жасаған ұлы ақын бейнесінде поэтик. әуен мен романтик. бояу жарасымды үндестік тауып, данышпан Абайдың ақын ретінде қалыптасуы сенімді көрінеді. *Г. Бекхожина.*



Ә. Боранбаев Абай ролінде. «Абай» спектаклі. Реж. Ж. Омаров. 1981.

БОРОДИН, Бородино – Россия Федерациясының Москва облысына қарайтын селосы. Мұнда 1812 ж. 26 тамызда орыс және Наполеон әскерлерінің шешуші ұрысы – Бородино шайқасы болған. Бұл ұрыста орыс армиясы ерліктің ғажап үлгісін көрсетіп, орыс-француз соғысының болашақтағы тағдыры айқындалып қалған болатын. Абай орыс ақыны М. Ю. Лермонтовтың осы шайқасқа арналған атақты өлеңін тәржімелегенде село атауын «Бородин» деп алған.

«БОРОДИНО», «Айтшы, аға, нағып жеңілдік...» – М. Ю. Лермонтовтың «Бородино» атты шығармасының 1882 ж. Абай жасаған аудармасы. Көл. 20 жол. Абай нұсқасы – орыс ақыны шығармасының әр жерінен аударылған, ұзынқысқалы төрт бөлек үзінді. Осыған қарағанда аударма толық түгел сақталмаған сияқты. Лермонтов «Бородиноны» 1837 ж. 1812 жылғы Отан соғысының шешуші кезеңі саналатын Бородино шайқасының 25 жылдығына орайлас жазған. Бұл өлең – орыстың реалистік поэзиясының үздік үлгілерінің бірі. Шығарманың үлкен бір өзгешелігі – онда уақиға бастан-аяқ сол соғысқа қатынасқан жауынгердің, яғни, нағыз халықтың өкілі, қарапайым адам-

ның айтуымен баяндалады, соның мінезі, ойлау, сөйлеу ерекшелігі асқан суреткерлік шеберлікпен көрсетіледі. Отан соғысындағы халықтың жанқиярлық ерлігін мадақтаумен бірге, өлеңде Лермонтов өз заманындағы қауымның, кейінгі буынның енжарлығын, батылсыздығын сынау да бар. Л. Н. Толстой «Бородино» өлеңін өзінің «Соғыс және бейбітшілік» атты роман-эпопеясының ұрығы іспетті деп аса жоғары бағалаған. Абай «Бородиноны» 1882 ж. аударған болса, бұл Бородино түбіндегі жеңістің 70 жылдығына сәйкес келеді. Қалайда осы өлеңді аударуынан Абайдың орыс халқының тарихына, 1812 ж. Отан соғысы секілді ірі уақиғаға айрықша назар салып, зор мән бергені айқын аңғарылады. Абай өлеңінің сақталған аз ғана жолдарынан-ақ шығарманың мазмұнын мейлінше толық және дәл жеткізуге ұмтылғаны көрінеді. Лермонтов өлеңі:

«Скажи-ка, дядя, ведь не даром
Москва, спаленная пожаром,
Французу отдана?
Ведь были схватки боевые?
Да, говорят, еще какие!
Недаром помнит вся Россия
Про день Бородина!» –

деп басталса, қазақша текстe осыған жақын келеді:

«Айтшы, аға, нағып жеңілдік,
Мәскеуде емес тегіндік,
Болған білем соқтығыс,
Емес білем аз жұмыс.
Ұмытпайды еш орыс,
Бородинде көргенді...»

Сәл кейінірек келетін мына жолдарды алсақ:

«Ворчали старики:
«Что ж мы? на зимние квартиры?
Не смеют, что ли, командиры
Чужие изорвать мундиры
О русские штыки?» –

бұлардың да мағынасы қазақша нұсқада әбден сәйкес берілген дей аламыз:

«Ашулы солдат қыстықты:
«Қойса екен бізді тыюын,
Айтса екен бізге қиынын,
Жыртпасақ жаудың киімін,
Біз не етеміз, штықті...»

Ал бұлардан басқа да жеке үзік-үзік болып сақталған жолдарды алып:

-...Қол салмаққа кәртечке,
Ол күн болды күн кешке
Қас қарайып, болды түн», –

түпнұсқада:

«Мы ждали третий день...
«Пора добраться до картечи!»
И вот на поле грозной сечи
Ночная пала тень», –

немесе:

«Штык, қылыш қайрасып,
Ширатып, мұртын шайнасып...» –

түпнұсқада:

«Кто штык точил, ворча сердито,
Кусая длинный ус».

Қазақшасын орысша нұсқамен салыстырып көрсек, Абай нақтылы жайларды, жауынгерлердің қимыл-әрекеттеріне тән ерекшеліктерді, көркемдік детальдарды қалт жібермей, толық көрсетуге ұмтылғаны анық байқалады. Туынды 7–8 буынды. Аралас ұйқаспен жазылған. Алғашқы рет ақынның 1933 ж. жарық көрген жинағында жарияланған. Өлең басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1939, 1945 жылғы басылымдарда «Он күн болды кешке», – деп басылып келді. Бородино шайқасының үш-ақ күн болғанын (25, 26, 27 тамыз) ескерсек, мұнда ол деген сөз «он» болып қате оқылғаны айқын болады. Сондықтан соңғы жинақтарда «Ол күн болды күн кешке» деп түзетілген қалпында басылып жүр. *З. Ахметов.*

БОРУНЬСКИ Влодзимеж (1906 ж. т.) – ақын, сықақшы. Варшава университетінде оқыған. Ол «Гитара ойнау білмеймін», «Сол жылдардан не есте қалды» өлең жинақтарының авторы. Абайдың «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» (1961) атты өлеңін поляк тіліне аударған. *Р. Краевский.*

«БОСҚА ӘУРЕ БОП КЕЛДІҢ БЕ ТАҒЫ МҰНДА...» – Абайдың 1897 ж. М. Ю. Лермонтовтың «Исповедь» атты поэмасынан тәржімелеген үзінді өлеңі. Абай поэманың өзекті тұсын, яғни жалған жаланы мойындамайтын, әділетсіздікке көнгенше жанын қиюға даяр өжет, өршіл жас жігіттің сөзін түгелдей аударған. Ұшқыр қиял Лермонтов поэзиясының рухы, жаны екенін осы поэмадан да анық байқаймыз. Әрекетсіз, күрессіз өмір бос деген ой, өмірдің әр күнін өлмес, өшпестей ету арманы – поэмадағы жалынды жас жігіттің бейнесіне айрықша тартымды сипат дарытады.

«Болсам деген талапты ұмытқан соң,
Құр кеудеге өмірдің несі дәрі?» –

дейді ол.

Осы бір сөзде қаншалық өмір сүйгіштік бар. Абайдың аудармасындағы осы сөздерден-ақ Лермонтов поэзиясының ерекше қасиетін танытатын жаңа леп есіп тұр.

Шығарма Лермонтовта 84, Абайда – 64 жол. Алайда аударма түпнұсқаға мағынасы жағынан жақын, көп жерлері Лермонтов нұсқасына сайма-сай келіп отырады.

Өлең 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Алғашқы рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланған.

Туынды басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасында 3-шумақтың 2-жолы **«Әділетсіз бір жастың қанын жұтсын»,** 11-шумақтың 3-жолы **«Менің ішім өзіңе мәлім шығар»** делінсе, басылымдарда бұл жолдар **«Әділетсіз бір жастың басын жұтсын», «Менің ісім өзіңе мәлім шығар»** болып алынған. 1945 жылғы жинақта 13-шумақтың 4-жолы **«Оны құдай оңынан**

кем деместі», 14-шумақтың 3-жолы «**Алла берген қауыпты ол бір сырым**» болса, кейінгі басылымдарда 1909 жылғы жинақ негізінде бұл жолдар «**Оны құдай өзгеннен кем деместі**», «**Алла берген қауыпты осы сырым**» ретінде қабылданған. *З. Ахметов.*

БОТАҚАН ОШАҒЫ – Шыңғыс тауының солтүстігінен шығысқа қарай ағып жатқан өзен. Б. ошағы жайлауындағы Абайдың ауылына М. Әуезовтің атасы Әуез Бердіұлы ауылы да қанаттас қонып отырған. Б. ошағы, Бақанас, Байқоңыр өзеңдері бойының көрінісін Абай «Жаздыгүн шілде болғанда» деген өлеңінде айшықты бейнелеген. М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында Абай мен Ділдә осы Б. ошағында үйленгені жөнінде бейнелі суреттеледі.

БОТБАЕВ Дүнгенбай (1927 ж. т.) – композитор. Ол Абайдың «Ғалымнан надан артпас ұққанменен...», «Ойға түстім, толғандым...», «Қуанбаңдар жастыққа...» деген өлеңдеріне ән-романстар жазды. Ақынның «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» деген әнін жеке әнші мен фортепианоға арнап өңдеді.

БӨГЕНБАЙ БАТЫР Ақшаұлы (1690–1775) – қолбасшы, Абылай ханның атақты батыры. Қазіргі Ақмола облысының Ерейментау ауданы жерінде, Бөген өз-нің жағасында туған. Арғын тайпасының Қаңжығалы руынан. Егде тартқанша аттан түспеген аруақты ерін халық «Қаңжығалы қарт Бөгенбай» деп атаған. 1710 ж. қазақтың барлық ру, тайпа басшылары Қарақұмда бас қосып, солтүстіктен, батыстан және оңтүстіктен қысым көрсете бастаған сыртқы жауларға қарсы жасақ құрылғанда, оның қолбасшылығына Б. б. сайланған. Ол әсіресе, құба қалмаққа қарсы соғыстарда ерекше көзге түсті. 1725–27 ж. Абылай ханмен тізе қосып, жоңғарларды Түркістан мен Сауранан қуып шыққан. Одан кейін Ырғыз, Есіл, Торғай өз-нің аралығындағы халықтан қалың қол жинап, жоңғар шапқыншыларын тағы да ойсырата жеңген. Енді бүкіл қазақ жерін басқыншылардан азат етуді мақсат еткен Б. б. Төле бимен бірігіп, 1730 ж. 40 мыңға тарта қол жинап, Ташкент, Бұқар, Қоқанмен хабарласып, Ұлытаудан Шуға беттейді де, Іле бойындағы Аңырақай жазығында қалмақтарды тас-талқан етеді. Жеңілген жау Талқы бекінісіне барып тығылады. 1756–58 ж. әйгілі Талқы соғысында қазақ әскерлері жеңіске жетіп, дұшпанды Үрімшіден асыра қуады. Б. б. Аякөз маңында болған соңғы соғысында жоңғарларды біржолата бас идіріп, ақ үйді аманат алып, бұдан былай жауласпауға келісім жасаған. Батырлығымен қоса, әр нәрсені ақылмен істейтін Б. б-ды Абылай дипломатиялық жұмысқа да пайдаланған. Ол 1761 ж. хан баласы Әділмен бірге, бітім шартын жасау үшін Қытайға барған. Қаройдағы жайлаудан қайтып келе жатқан жолда дүние салған Б. б-дың сүйегі Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи мавзолейінің іргесіне жерленген.

Б. б. соғыстары мен ерлік күресін Бұхар, Үмбетей, Тәтіқара, Қожаберген т. б. халық ақындары жырға қосты. Оның өмірі І. Есенберлин, Ә. Әлімжанов, С. Сматаев шығармаларына арқау болды. С. Аманжолов, А. Сатаев, Н. Мағзұмов зерделі зерттеулер жүргізді. Қазақ елінің тарихын зерделей зерттеп, ел қорғаған батырлар жайлы жыраулар жырларын жақсы білген Абайдың бұл деректерден хабардар болғаны сөзсіз. *Т. Барақұлы.*

БӨЖЕЕВ Мұратбек (1910–80) – әдебиет зерттеушісі, филол. ғыл. докторы. Оның «Қазақ фольклоры» (оқулық, Ә. Марғұлан және Б. Шалабаевпен бірге), «Революцияға дейінгі қазақ тілінде шыққан әдеби кітаптар» (библ. көрсеткіш) кітаптары жарық көрген. «Абай Құнанбаев творчествосының идеялық-көркемдік ерекшеліктері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған. Б. абайтану мәселелеріне арнап «Абайдың ақындық айналасы» атты зерттеу еңбек, «Абай аудармалары» (Әдебиет және искусство, 1940, № 2), «Абайдың ақындық тәсілдері» (Жұлдыз, 1958, № 4), «Абайдың реализмі» т. б. ғыл. мақалалар жазған. Бұл еңбектерінде Абай поэзиясының көркемдік әдістері мен идеялық маңызын ашып, қазақ халқы ауыз әдебиетімен дәстүр жалғастығын сөз етті, ақынның А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, И. А. Крылов шығармаларын аударудағы шеберлігін салыстыра талдады. *С. Қалуов.*

БӨЖЕЙ Ералыұлы (1812–53) – Тобықтының Жігітек атасынан шыққан беделді кісі. Кеңгірбай бидің немересі. Ел басқару ісіне ерте араласқан. Әуелі Құнанбайдың қамқорлығында болған. Алайда, 1846 жылғы жер дауына байланысты екеуінің арасы ажыраған. Осы жанжалдың ақырында Құнанбай Б-мен татуласу үшін Айғыздан туған қызын Бөжейдің баурына салады және 3 ат, бума-бума мата, 3 қойтұяқ жамбы, бір күң қосып береді. Көп ұзамай Құнанбайдың Б-ге берген қызы да, күңі де өліп, дау қайта өршиді. Құнанбайдың үстінен қылмысты іс қозғалады. Осы кезде Б. кенеттен қайтыс болып, іс тоқтап қалады. Бірақ Қаратай Сапақов, Кенжалы Әйтиевтер бастаған топ дауды қайта қаузап, болысты екіге бөлуді сұрайды. Б. балалары – Жабай, Нұрмолдалар әскери губернаторға – Г А. Колпаковскийге арызданып, әкелерінен мұраға қалған Тоқпанбет қорығын қайтартып беруді өтінеді. Ген.-майор Колпаковский арыздағы жайлар рас болса, жерді мұрагерлерге қайтарып беру туралы Сергиополь округіне хат жазады. 1866 ж. Күшік-тобықты болысының басқарушысы Құнанбайұлы Құдайберді өліп, оның орнына Ибраһим (Абай) Құнанбайұлы болыстыққа сайланады. Атадан балаға жалғасып, 20 жыл бойы шешілмей келген дау Абайдың арқасында әділ шешімін табады. *М. Бейсенбаев.*

БӨКЕЕВ Оралхан (1943–93) – жазушы, драматург. Оның «Қамшыгер», «Үркер»,

«Қайдасың, қасқа құлыным», «Мұзтау», «Үркер ауып барады» әңгімелер мен повестер жинақтары, «Өз отыңды өшірме» романы т. б. көптеген туындылары жарияланды. «Текетірес», «Қар қызы», «Мен сізден қорқамын» т. б. пьесалары респ., обл. театр сахналарында қойылды. Б. Абайдың төртінші атасы Айдостың әйелі туралы «Айпарам» деген повесть жазып, «Мұзтау» жинағында (1973) жариялады. Заманымыздың мәнді мәселелері көркем бейнеленетін «Біздің жақта қыс ұзақ» повестер жинағы үшін Б-ке Қазақстан Республикасының Абай атынд. Мемл. сыйлығы берілді.

БӨКЕЙХАНОВ Әлихан Нұрмұхамедұлы (1870–1937) – қоғам қайраткері, экономист, әдебиетші, публицист, аудармашы. Баспасөз жұмысына 1880 жылдардан бастап араласады. «Семипалатинский листоктың» 1900 жылғы 3, 10, 17, 24 маусымдағы сандарында «Орта Қырғыз ордасының ханы Бөкей мен оның ұрпақтарының жазысқан хаттарынан», 1904 ж. «Сібір темір жолы аудандарын экономикалық зерттеуге байланысты материалдардың» мал шаруашылығына арналған 1 томдығында «Далалық өлкедегі қой шаруашылығы» атты мақалалары, тіл, дін туралы, оқуағарту мәселелері жөніндегі еңбектері жарық көрген. Б. 1922 жылдан бастап Москвада тұрады. Жазу жұмысымен шұғылданып, үздіксіз еңбек етеді. Москвада басылып шыққан, бізге әзірге мәлім кітаптары: «Потаниннің өмірбаяны» (1923), «Ер Тарғын», «Макардың түсі» (аударма), 1924–25 жылдары басылған: Л. Н. Толстой: «Қажымұрат» (Москва, 1924, аударма), «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» (Москва, 1924) еңбектері. 1925 ж. Л. Н. Толстойдан «Кавказ тұтқыны», «Жұмыртқадай бидай», «Жеті қарақшы» атты тағы үш шығармасын аударып, бастырып шығарады, және сол жылы бастырған бір кітабы Эзоп пен Толстой «Жетпіс жеті мысал». 1926 ж. Б-тың «23 жоқтау», «Шестаков», «1916–1926 жыл», К. Пламарионның «Астрономия әліппесі», Т. Утковтың «Жердің қысқаша тарихы» атты түпнұсқалы және аударма кітаптары шықты. Б-тың мол еңбегінің бір саласы қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне арналған. Атақты ғалым П. П. Семенов-Тян-Шанский мен акад. В. И. Ламанский редакциясымен жарық көрген «Россия. Біздің отанымыздың толық географиялық сипаттамасы» атты көп томдық кітаптың 18-томы қазақ тарихына арналып, «Киргизский край» деп аталып, 1903 ж. Петербургте басылып шыққан (көлемі – 478 бет). Кітапты жазуға А. Н. Сидельников, Л. П. Осипова, Ә. Н. Бөкейханов, С. Д. Чадов, Н. А. Бородин, Т. Т. Белоногов, В. П. Семенов, П. Н. Столпянский қатысқан. Б. осы кітаптың «халқы» деп аталған 2-бөлімін (136–292-беттер) жазған. «Қырғыз аймағының тарихи тағдыры және оның мәдени жетістіктері» деп атаған 4-ші және «Қырғыз аймағының территория бойынша орналасу тәртібі және оның этнографиялық құрамы, тұрмысы мен мәдениеті» деп аталатын тарауларында Б. қазақ халқының тарихына, алып жатқан территориясы мен ақыл-ой санасына тоқталады. Қазақ халқының рухани мәдениет байлығын баяндай келіп, ауыз әдебиетінің түрлерін талдайды. Халық дастандарына сипаттама беріп, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырына ерекше көңіл аударады. Шортанбай, Ноғайбай сияқты және басқа ақындарды атап айта келіп, Абайға ерекше тоқтап, оны қазақтың жаңа әдебиетінің көш басшысы деп бағалайды: «Енді қырғыз поэзиясындағы жаңа ағымның өкілі ретінде Құнанбаевты – формасы жағынан айрықша және мазмұны жағынан (әсіресе топтағы бейнелеуде) арынды көптеген өлеңдердің авторы деп атауға болады. Осы автор «Евгений Онегин» және Лермонтовтың көптеген өлеңдерін (қырғыздарға түсініктілеулерін) жақсы аударған, сондықтан да Семей әншілерінің аузынан «Татьянаның хаты» атты өлеңін тыңдауға болады». Сөйтіп, Абайдың көзі тірісінде, оны орыстың оқырман қауымына тұңғыш рет таныстырған адам – Әлихан Бөкейханов. Абай қайтыс болған соң, Б. ақынның өмірбаянын орыс тілінде жазып, Семейде шығып тұратын «Семипалатинский листок» атты газетте•1905 ж. жариялайды. Содан екі жыл өткен соң 1907 жылы «Записки Семипалатинского Подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского русского географического Общества» деп аталатын кітапта Абайдың өмірбаяны фотосуретімен бірге тағы басылып шықты. Онда Б. ақынның туған жерін, шыққан ортасын, білім алу жолын баяндайды. Абайдың ата-бабасымен таныстыра отырып, оқуын, тәлім-тәрбиесін, білімін, ақындығын, даналығын, орыс революционерлерімен таныстығын айтады. Мақала соңында жақын арада Абай өлеңдер жинағының басылып шығатынын хабарлайды. Бірақ, солай десе де, Абай жинағы бұл мерзімде шықпай қалған. Оның себебі, Б. 1906 ж. 8 қаңтарда тұтқынға алынып, түрмеге жабылады. Сол Павлодар түрмесіне жабылғанда, оның портфелінде Абай өлеңдері жинағының қолжазбасы болған. Б. 1908 ж. түрмеде тағы да отырып шығады. Сөйтіп, Абайдың өлеңдер жинағы тек 1909 ж. жарық көреді. Бұл жөнінде Міржақып Дулатов 1914 ж. «Қазақ» газетінде басылған «Абай» атты мақаласында былай дейді: 1905 ж. «Семипалатинский листок» газетінде, онан кейін Семейдегі «географический обществолның» шығарған бір кітабында Әлихан Бөкейханов Абайдың тәржіма хатын жазды, һәм кешікпей кітабы да басылатынын білдіріп еді. Бірақ тез шықпады. 1909 ж. Абайдың балалары мен інілерінің ризалығы һәм Әлиханның ыждаһатымен Абай кітабы Петербургте Бораганский баспасында басылып шықты. Бұл күнгі қолымыздағы кітап сол бірінші баспасы. Сөйтіп, Абай-

дың тұңғыш өлеңдер жинағы Әлихан Б. басшылығымен жарық көрген. Абай туралы ақынның көзі тірісінде (1903) жазғанын, 1905, 1907 ж. жарияланған мақалаларын кезінде оқып, біліп отырған, Абайдың ақын шәкірттері, балалары – Ақылбай, Тұрағұлдар, інілері – Шәкерім, Кәкітайлар, досы – Көкбай ақын Б-ты ерекше қадірлеп, құрметтеген. Көкбай ақын өз заманында Б-ты қазақтың алғашқы оқымысты қамқор азаматы деп білген. Б. қазақтың басын біріктіріп ерікті ел болуын көксеп, сол мақсатқа жету жолына, өз бойындағы бар қасиетін, ақыл-ойын, өнер-білімін, жігер-қайратын, бүкіл саналы өмірін арнаған.

Қ. Мұқаметханов.

БӨЛТІРІКОВА Сәуле Төлебайқызы (1948 ж. т.) – қолөнер шебері. Архитектор, сән, қолөнері және монумент өнері саласында жұмыс істейді. Оның шығармаларының ерекшелігі – халық өнерін бүгінгі үлгімен және дизайндық жаңалықтармен ұштастыруымен ерекшеленеді. Б. Абайдың 125 жылдық мерейтойына орай «Абай дәуірі» (1968, құлын және ондатр терісі, автор қоры) еңбегін әзірледі.

«БӨСТЕГІМ, ҚҰТЫЛДЫҢ БА КӨТІБАҚТАН?..» – Абайдың кейін табылған өлеңі. Көлемі 4 тармақтан тұратын бір шумақ. Ел аузынан жазып алынған. Жүйрік ат, алғыр қыранға құмар ақын немересі Әубәкірді жұмсап, Көтібақ дейтін кісінің «Бөстек» есімді бүркітін алдыртқанда қолма-қол шығарған. Көтібақ «күйшіл» деп кінә тағып, бабын таппай бүркіттің бағын байласа керек. Ақынның серілік жолдағы жаңа серігіне деген ризалық, көңіл хошы, алдағы қансонардан күтетін үміті аңғарылады. Сондықтан да таңдай қағып, тамсана суреттеп «Бөстекті» құл табан, кескіл тұмсық сияқты соны теңеулермен мадақтайды. Ақын «осы құстан, кәне, бір мін тапшы, тегін берейін» деген аңшыға, серіге тән алып ұшқан қызба мәрттікке дейін барады. Өлең 11 буынды қара өлең ұйқасымен шығарылған. Алғаш рет ақын шығармаларының 1945 жылғы жинағына енгізілді. Басылымдарында ешқандай текстол. өзгеріс кездеспейді.

Т. Барақұлы.

«БӨТЕН ЕЛДЕ БАР БОЛСА...» – Абайдың 1886 ж. жазылған өлеңі. Көлемі 168 жол. Тобықтының Мамай атасынан шыққан Жамантайұлы Көжекбай деген кісіге арналған. Бір кезде ақынмен дос-жаран болып, кейінгі кейбір мінездері ұнамағандықтан, Абай соған бағыштай сын өлеңдер жазған. Бұдан бұрынырақ шығарылған эпиграмма түріндегі бір ауыз өлеңі *«Жамантайдың баласы Көжек деген»* деп басталады.

Бұл өлеңнің негізгі мазмұны – Абай заманындағы қазақ қауымында етек алған атқамінерлер арасындағы басараздық, бақастық, солармен іштей астасып жататын ағайын арасындағы кикілжің, дүрдараздық көріністерін сынау. Өлеңде ел ішінде жақсы аты шығып, беделі артып бара жатқан адамның басына іс түскен кезде, мұнымен алыстан сыйласып жүрген бастасының бұған қарсы айла-шарғы жасап, жауларымен ауыз жаласатыны, онымен де тұрмай, бұған қайта келіп, «Жауыңнан сыр алғалы әдейі істедім» деп, тағы да алдамақ болатын екіжүзділік әрекеттері шенеледі. Басында дос болғансып жүріп, артынан жауығып кеткен мұндай адамның қаскөйлігі өте қауіпті. Ол әлі де досыңмын деп жүріп, жымысқы әрекетін жасай береді. Жұртқа мұны өтірікші, аяр етіп көрсетіп, маңайына ел жуытпайды.

Одан әрі ақын «жау жағадан алғанда, өздері иттей тақымдайтын» ағайын адамдардың пасықтық қылықтарын тізбектеп сынайды. Олар үйлеріңде отырып ауыздарымен орақ орғандай, қосылып алып, жақсы адамдарын даттағанда да бірауызды. Ал, шынтуайтқа келгенде, шынайы азаматтық пен биік адамгершілік сыналар тұста, жақынын сатып күн көретін жансебіл пұшаймандар. Жағдай өзгеріп, жаңағы қыспаққа түскен адамның алды оңала бастаса, бұл жазғандар осы опасыздық тұрғысында табан тіреп тұра алмай, қайта өзгереді, соның сойылын соғар жанашыры болып шыға келеді.

Көлемді екі шумақтан тұратын ұзақ өлеңнің екінші бөліміне ақын жалған достық пен азғын ағайындыққа жинақты сипат беріп, оны жеке адамдардың басындағы көптен бүкіл қауым арасына кең тараған жалпылама құбылысқа айналдыра баяндайды, халықтың басындағы қырсықты қасірет ретінде суреттейді. Жақсының ығында жүргенде жаңағы топас ағайын шетінен күйсіген тасыр, томырық мінезді тентек, пәле іздеген жалақор. Соларды қыздырып, арасынан өз есебін түгендеп жүрген болыс, би, старшындар және бар. «Ел бүлігі Тобықты, көп пысыққа молықты» дейтін ақынның әйгілі сөзі осы өлеңде айтылған. Бірақ бұл бір ғана рудың, бір ғана аймақтың дерті емес, сол кездегі бүкіл қазақ қауымының басындағы қырсық. Сондықтан да Абай өлеңнің аяғын: «Нанымы жоқ, анты бар, Ел нұсқасы кетті ғой...» – деген ауыр түйінге апарып тірейді. Шығарма жеке адамға арнап жазылғанымен, оның жинақтаушылық сипаты басым, қоғамдық мәні зор, әлеум. әуені күшті.

Өлең 8, 7 буынды жыр үлгісінде жазылған, кейде егіз, кейде шалыс, кейде аралас ұйқаспен қиысып, шумақтың ақырына дейін үдеп отырады. Алғаш 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі» атты жинақта жарияланған. Басылымдарында текстол. өзгерістер кездеседі. 1945 жылғы жинақта 10-жол **«Желіккен жауға кез болса»**, 34-жол, **«Аулаққа шығып бірінің»**, 87-жол **«Еркінді жерде ызақор»**, 96-жол **«Егер күші жетпесе»**, 162-жол **«Сенімсіз болды алашқа»** деп алынған. 1933, 1957, 1977 жылғы басылымдарда бұл жолдар Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы жинаққа сәйкес **«Желіккен жауың кез болса»**,

«Аулаққа шығып біріне», «Еркін жерде ызақор», «Егер күші жүрмесе», «Сиымсыз болды алашқа» ретінде қабылданған. Туынды ағылшын, араб, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған. *Ж. Ысмағұлов.*

БРУСИЛОВСКИЙ Евгений Григорьевич (1905–81) – композитор, Қазақ ССР-нің халық артисі, проф. Ол Махамбет Бөкейханов, Лұқпан Мұқитов, Науша Бөкейханов, Қамбар Медетов т. б. белгілі әнші- домбырашылардан қазақтың 250-дей ән-күйін жазып алған. 1947 ж. Абайға арнап «Жалғыз қайың» атты лирик.-симфониялық дастан жазды. Автор бұл шығармасына Абайдың «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Көзімнің қарасы», «Айттым сәлем, қалам қас» әндерін өзек еткен. Шығармадағы «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» әні халықтың ауыр тұрмысын танытса, «Айттым сәлем, қалам қас» ұлы ақынның халыққа, жас буынға деген сүйіспеншілігін баяндайды. Шығарманың шиыршық атқан шиеленісі мен лирикалық әсем де нәзік сезімі осы әндер әуендері арқылы ашыла түседі. Б. «Қыз Жібек» операсында Абайдың «Қор болды жаным» әнін панорама көрінісінде пайдаланған. Б. ССРО, Қазақ ССР Мемл. сыйл. лауреаты. *Г. Ғизатова.*

БРУТ – халық. Абай *«Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы»* деген мақаласында қазақтар мен қырғыздардың бір тұқымдас екенін айта келіп, «Қырғыздарды қытайлар «брут» деп атайды, өз тарихында оның себебін, неліктен қытайлар «брут» дегенін еш білдім дегенді көрмедім. Біздің қазақтар Бийскідегі, Кузнецкідегі қалмақтарды «білеуіт» дейді. Менің ойым: осы «білеуіт», «брут» бір сөзден шыққан деймін, ода қырғыздың нәсілі болмағы тақ емес» деген жорамал жасап, тарихи маңызы бар дерек береді.

БРЮХАНОВ Виктор Антонович (1884 – ө. ж. б.) – Семей өлкесін зерттеуші. Б. 1897 жылдан Семей қ-нда тұрған. Семейдегі қалалық уч-нің 5 класын бітірген. 1900-04 Семей обл. статистик. к-тінде істеген. 1904 ж. шаруалар бастығының іс-қағаздарын жүргізуші. «Қоңыр әулие» деген очерктің авторы. Ол Абайды бірнеше рет көріп, ақынның балалары, туған-туыстарымен, әсіресе, Тұрағұл, Шәкеріммен араласып тұрған. Олар жайында естелік жазып қалдырған. Б. жазбаларында Н. Я. Коншиннің Э. П. Михаэлис арқылы Абаймен танысқанын, ақынның Коншинмен тез тіл табысып, араласып кеткенін, екеуінің ұзақ әңгімелесетінін баяндаған. Статистик. к-т басып шығарған «Ескерткіш кітабында», «Экономикалық шолуларда» Абайға жиі сілтеме жасалып, Абайдың орысша тәп-тәуір сөйлейтіні, сауатты болғаны, статистикаға қажетті мәселелерді жақсы білетіні жайында да жазылған. *М. Жүнісова.*

БУКЕТОВ Евней Арыстанұлы (1925–82) – ғалым. Қазақ ССР ҒА-ның академигі Б. қазақ әдебиетінде сыншылық және аудармашылық еңбектерімен танылған, Шоқан, Абай, Мұхтар жайлы қалам тербеген қаламгер. Ол «Атан қомында туған адам» (1975) атты еңбегінде Абайдың: ...Егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтаймайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қол өнерлі – қазақтың әулиесі сол» деген қағидасын жоғары бағалап, ақынның халықты еңбек етуге, кәсіп үйренуге үндейтін өлеңдеріне талдау жасайды. Автор осы еңбегінде М. О. Әуезовтің Абай шығармашылығын түбегейлі зерттеудегі қызметіне шолу жасай отырып, «Абай» романын ақындық қасиетін, ойшылдық тұлғасын жан-жақты аша білген сыр сандық деп атайды. ССРО Мемл. сыйлығының лауреаты. *Р. Сыздықова.*

БУНАҚ – Қай елдің поэзиясында болсын өлеңдегі ырғақты туғызатын өлең сөздің қайталанып келіп отыратын өлшемді бөліктері десек, қазақ поэзиясында ырғақ туғызған өлең сөздің буын саны тұрақты бөлшектері, алдымен тармақ, яғни, өлең жолы. Қазақ поэзиясында тармақтың өзіне тән ырғағын анықтайтын тек оңдағы буындардың жалпы саны ғана емес. Тармақ ішіндегі буындар белгілі ретпенен, белгілі мөлшерде топтасып, әр тармақ бірнеше қысқа бөлшектерге, яғни, бірнеше Б-қа бөлінеді. Сондықтан қазақ поэзиясындағы өлең өлшемдерін түрлендіру үшін тармақтардың ырғағын Б. өрнектері арқылы шырату қажеттігі туады. Осының үздік үлгілерін Абай өлеңдерінен көреміз. Абай қазақ поэзиясының ырғақтық-интонациялық байлығын молынан пайдаланып, өлең өрнектерін дамытып, байытуға зор үлес қосты. Ол жаңа өлшем, шумақ, ұйқас түрлерін орнықтыруда қандай асқан өнерпаздық көрсетсе, бұрыннан белгілі, көп тараған өлшем-өрнектерді керек жерінде қырнап-өндеп қолдану жағынан да соншалық зор іс атқарады. Абайдың қазақ поэзиясына тыңнан қосқан өлең өрнектерінің ішінде *«Алыстан сермеп...»* пен *«Сен мені не етесің...»* атты өлеңдері секілді аса күрделі және келісті жасалғандары кездеседі.

Сегіз аяқ ұйқасы түріндегі бес, жеті, сегіз буынды тармақтар, әрқайсысын жеке алсақ, Б-тық құрылысы жағынан қалыптасқан үлгілер. Абайдың жаңалығы – сол тармақтарды өзінше топтастырып, ырғағы өте жарасымды тың өлшем туғызғаны. *З. Ахметов.*

БУНИН Иван Алексеевич (1870–1953) – орыстың көрнекті жазушысы, ақын. Императорлық ҒА-ның құрметті мүшесі. Оның «Ашық аспан астында», «Күзгі жапырақтар» өлеңдер жинақтары, «Деревня» повесі, «Сан-Францискодан келген мырза», «Туыстар» прозалық кітаптары, «Толстойдың азат етілуі», «Естеліктері» белгілі. Абай 1892–93 ж. аралығында Б-нің *«Қорқытпа мені дауылдан...»* деп басталатын өлеңін еркін аударған. Кезінде орыс оқырмандарының өзі көп біле қоймаған ақынның маржан жырын танып тауып алып, қазақ тіліне аударудың өзі

Абай талғамын, ақындық кітапханасының өрісін байқатады.

БУРАБАЕВ Мұқаш Сейсембайұлы (1931 ж. т.) – философ, философия ғыл. докторы, профессор. «1917–1940 жылдардағы Қазақстандағы қоғамдық ой-пікір» (А., 1991) атты монографиясы мен «Мұхтар Әуезовтің ғылыми мұралары және қоғамдық ой тарихының проблемалары» (Қазақ ССР ҒА-ның Хабаршысы , 1983, № 6) және «Абай Құнанбаевтың творчестволық мұрасының логикалық-гносеологиялық қырлары» (Қазақ ССР ҒА-ның Хабаршысы, 1988, № 5) мақалаларында ойшыл-ақынның филос. танымын саралауда 30 жылдары орын алған сыңаржақ жаңсақ пікірлерді (І. Қабылов, М. Қайыпназаров т. б.) теріске шығарып, Абайдың мұрасындағы таным, логика проблемаларын зерттеуге ерекше мән береді. «Қазақстан мен Россия қоғамдық-философиялық ой-пікірлерінің өзара идеялық байланыстары» (А., 1987) деген зерттеуінде ақын дүниетанымының қалыптасуына ықпал еткен рухани негіздер жайлы жаңжақты сөз қозғайды. Ақынның филос. ой желісінің түйіні – көне Греция атомистерінен (Демокриттен) бастап, немістің классик. философиясының өкілдері (Кант, Фейербах,Гегель) көзқарастарымен өзектес екенін дәлелдейді. Абайдың дүниенің жаратылысы, болмыс, объективті шындық, адам танымының негізгі критерийі хақындағы ой толғауларына баға бере келе, қоғамдық болмыс пен қоғамдық сананың арақатынасы мен байланысын түсіне алмауынан туындаған әлсіз жақтарын да ашып көрсетеді. *А. Т. Қапаева.*

БУЫН. Қазақ өлеңі Б. санын тұрақты мөлшерде сақтау арқылы жасалады. Мыс., жырдың тармақтары, әр жолы үнемі не жеті, не сегіз Б-ды болып келеді. Қазақ поэзиясында соңдай-ақ, алты Б-ды өлең өлшемі қолданылады. Ең көп тараған өлшемнің бірі – он бір Б-ды. Қазақ поэзиясындағы өлең өлшемдерінде әр тармақтың Б. саны тұрақты болғанымен, тармақтар біркелкі болу шарт емес. Аралас Б-ды өлең өлшемінің халық поэзиясындағы кең тараған ең қарапайым түрі – жеті-сегіз Б-ды жыр өлшемі. Әсіресе, жазба әдебиеті дамыған кезеңде аралас Б-ды өлең өлшемдері поэзияда молырақ орын тепті. Абайдың «Алыстан сермеп...» өлеңі осындай аралас Б-ды өлшеммен жазылған. Мұнда бес Б-ды тармақтар мен жеті немесе сегіз Б-ды тармақтар белгілі ретпен кезектесіп отырады. Ал *«Сен мені не етесің...»* атты өлеңін алсақ, онда алты, сегіз, төрт Б-ды тармақтар, тіпті мүлде қысқа екі, үш Б-ды тармақтар да араласып отырады. Әрине, бұл аталған екі өлеңнің өлшемі сирек қолданылатын үлгілер. «Сегіз аяқ» үлгісі кейбір ақындарда кездеседі, ал «Сен мені не етесің» өлеңіндегі өрнекті Абайдан соң да ешбір ақын қайталаған жоқ. *З. Ахметов.*

«БУЫНСЫЗ ТІЛІҢ...» – Абайдың 1901 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 6 тармақты 2 шумақтан тұрады. Өлең достық тақырыбына арналған. Онда айтқанды түсінетін, жұрт пікіріне құлақ асатын, елдің қисық-қыңырын тезге салатын, көңілі жүйрік, ойы сергек, сөзі мен ісі бір жерден шығатын, «ойы мен тілі бөлінбес» шын дос туралы жырланады. Алғаш рет 1909 ж. С-Петербургте жарық көрген *«Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі»* атты жинақта жарияланды. Шумақтар тепе-тең екі бөлікке бөлінеді, олар өзара синтаксистік параллельдер құрайды. Үш тармақтан бір сөйлем жасалып, әр бөлік бір-бірімен мағыналық жағынан байланысады. Ұйқасы -а, -а, -ә, -в, -в, -ә түрінде өрнектелген. Шығарма текстол. өзгерістерге ұшырамаған. Өлең ағылшын, орыс, өзбек, ұйғыр, қарақалпақ, қырғыз, татар, араб тілдеріне аударылған. *Н. Ақбаев.*

БҰЛАНАЙ – аңыз-ертегілердегі тау. Абай өзінің *«Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы»* деген тарихи еңбегінде Шыңғыс қолына қосылған қазақтардың Азияға тереңдей кіргенін халық арасындағы мақал-мәтелдер арқылы дәлелдемек болады: «Себебі қазақта мақал болып қалған «Жылан жылы жылыс болды, жылқы жылы ұрыс болды, қой жылы зеңгір тоғыс болды» дегені, «Самарқанның сар жолы, Бұланайдың тар жолы» дегені – бәрі Шыңғыстың сапарын көрсеткен сөз. Бұланай деп Гималайды айтқаны ма, Үндукеш тауы ма? Әйтеуір бір тауды айтқан сөз екені «Бұланайдан үлкен тау болмас, бұланнан үлкен аң болмас» деген мақалынан мағлұм» деген тұжырым жасайды ақын. Абай бұл жерде тарихи шындықты айқындауға ауыз әдебиетінің айғақтарын пайдаланған.

БҰЛАНБАЙ Найманбайұлы (1840–1903 ж. ш.) – Кеңгірбай бидің шөбересі. 1898 ж. Мұқыр сайлауы қарсаңында Көшбике деген жерде Абай қасиетті атамыз Кеңгірбай аруағына тіл тигізді дегенді желеу етіп, ақынға қарсы топ құрып, қастандық ұйымдастыруға қатысқан. *Б. Исабаев.*

«БҰРАЛЫП ТҰРЫП...» – Абайдың 1888 ж. жазған өлеңі. Көлемі 8 жол. 25 жыл бойы жұбын жазбай жанында жүріп, Абай шығармаларының көусар бұлағынан еркін сусындаған, Көкбай ақын өз естелігінде: «Бойын бағып, қымтырылып, пәлен көрінем, түген көрінем деп қолдан пішін жасайтын мінезді көре бастаса, қытығына тигендей жақтырмай қалатын. Оңдайды кекетіп, мысқыл қылып, қалжыңмен өлең айтып жіберетін» деп жазады да, өзінің жол үстінде аңдаусызда көрсеткен сәл қисынсыз қылығы үшін осы өлеңмен қалай сазайын тартқанын еске түсіреді. Абай өнері, ойы өзімен үндестік тауып, көңілі жарасқан жолдасының жастыққа тән болмашы оғаш мінездерін ұнатпай, оны әрі өрістеткісі келмей, табан астында кесіп тастаған. Ол Көкбайдың орынсыз сәнқойлығын, келіспе бермейтін кербездігін сынайды. Бірақ әңгімені ашық айтады да, зілсіз, кексіз көңілмен «Жақпайды маған сол жерің» деп

достыққа тән жанашырлығын білдіреді. Өлең 5–8 буынды белгілі «сегіз аяқ» ұйқасымен жазылған. Туындының бізге Көкбайдың есінде қалған бөлігі ғана жеткен. Алғаш рет ақын шығармаларының 1933 жылғы толық жинағына енгізілген. Кейінгі басылымдарда ешқандай текстол. өзгеріске ұшырамаған. *Т. Барақұлы.*

БҰХАРА – Өзбекстан Республикасындағы қала, Бұхар облысының орталығы. Абай «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген еңбегінде Б-ны 16 ғ-дың басында көшпелі өзбектер басып алып, ол Шайбани әулеті мемлекетіне қарағанда: «...Шайбақ деген хан шығып, Әмір-Темір тұқымынан Һират, Бұқар... шаһарларын тартып алғанда... біздің қазақ біз әуелден өзбек жұртымен аталас едік... деп, Шайбаққа қарап кетіпті», – деген тарихи деректер келтіреді. *Ә. Пірманов.*

БҰХАР ЖЫРАУ (1685–1777) – көрнекті ақын, жырау, қоғам қайраткері. Өзінің 99 жас ұзақ өмірінде талай хандарды көз алдынан өткізген. Абылай ханның жыршысы, шешен, ақылшысы. «Ақ табан шұбырынды, Алқакөл сұлама» алапаты тұсында Абылай ханмен бірге жауға қарсы азаттық соғыстың ұйымдастырушысы, бір орталыққа бағынған хандықтың ұйтқысы болды. Өмірінің көп уақыты Оңтүстік Қазақстанда өтті. Б. ж. жалыңды жырларымен халық басына түскен ауыр қасіретті ашық айтып, жұртшылықты бірлікке, қанқұйлы жауға қарсы күреске шақырды. Абылай ханның ел басқару ісіндегі жақсы бастамасын құптап, теріс саясатын бетке басып сынап отырды. Жыраудың өз толғауларының мазмұны мен қамтитын тақырыбы да әр алуан болып келеді. Бұларының көбі философиялық толғам, тұжырымдарға құрылады. Абай Б. ж-ды өзіне дейінгі әдебиеттің ірі өкілі тұрғысында жоғары бағалаған. Ол жырауды Шортанбай, Дулатпен бірге атап сынағанда да, бұлардың қазақ поэзиясындағы аттап өтуге болмайтын ірі тұлғалар екенін ескерген. Осыған орай Абай Б. ж. шығармаларын жете білумен қатар, оның кейбір ұғымды үлгілерін өз өлеңдерінде еркін пайдаланып отырған. Мәселен, Абай өзінің *«Жаздыкүн шілде болғанда...»* деген өлеңінде жыраудың «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек...» атты жырының қайсыбір көріністерін жетілдіре, көркейте пайдаланады, оған жаңа нәр, соны мазмұн беріп сомдай түседі. Сол арқылы бұрын поэзиямызда жоқ табиғат лирикасының әсем бір түрінің негізін қалайды. Б. ж. өлеңінде:

«Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек,
Бұрылып ұшар жаз күні.
Боз мойынды сұр үйрек
Көлге қонар жаз күні.
Көк алаңы жаратып,
Көн дабылды байлатып,
Байлар ұғлы шоралар
Көл жағалар жаз күні.
Байлар қызы бикештер
Қол бұлғайды-ау жаз күні...» –

делінетін суреттеме Абай сипаттамасында:

Жоғары-төмен үйрек, қаз
Ұшып тұрса сымпылдап.
Қыз-келіншек үй тігер
Бұрала басып былқылдап.
Ақ білегін сыбанып,
Әзілдесіп сыңқылдап...
Қайырып салған көк құсы
Көтеріле бергенде,
Қаз сыпырса жарқылдап...» –

деп келеді. Бұхарда «боз мойынды сұр үйректің» топ құрап, бұрылып ұшуы» бай ұғлы шоралардың: бас қосып, «байсалды үйге түсуімен» астастырылып, бұл бірлікті жат жанынан түңілетіндей, «бір енеден туғандай болу үшін» қажеттігі баса көрсетіледі. Ал, Абайда бұл көрініс жаздыгүні шілдеде көл жағасына келіп қонған ауыл сипатының бір мезетін ғана құрайды. Бұхардағы шұрқырап жатқан жылқының өзен ішіндегі «шыбындауы» мен «Абайдағы айнала шапқан құлын-тайдың» бейнесі көзге қатар елестейді. Сондай-ақ, мәжіліс құрған үлкендер мен шешесінен қыңқылдап ет сұрайтын жас бала, «бай байғұсым» десін деп, шақырып қымыз берсін деп» жүрген ақсақал көріністері Бұхарда:

Қымызсыз жиын-той болса,
Қызығы жоқ-ты жаз күні.
Қызыл турам ет болса,
Қызғаныш болат аз күні.
Мал бергенің болмаса,
Пайдасы жоқ-ты аз күні –

деген жолдармен өрілген. Ал Абайда қымыз бен ет сөз болатын тұстар ауылдағы үлкен жиын, бас қосудың сәнді көрінісіне айналған. Сөйтіп, Абай Бұхардағы табиғат көріністерінің әсем қиындыларын ойып алып, одан тұтас сурет жасайды. Бұхардағы дидактикалық мазмұнда келетін сипаттамаларды ауыл көріністерін тұтас қамтитындай жаңды сурет арқылы көз алдыңа әкеледі. Абай мен Б. ж. арасындағы үндестіктер адам бейнесін жасау талабынан да анық аңғарылады. Бұл орайда Б. ж. «Сәлем бір сөздің анасы...» атты жырында «қызыл көз, жалақор-пәлекорларды» «шығанақтан шырқайтын біреудің танасына» теңесе, мұндай қулардың жинақталған тұлғасы ұлы Абайда жан-жақты қамтылып, типтік сипат алғанын көреміз. Жырауда:

Оның сөзін тыңдасаң,
Баяғы айтқан жаласы.
Өтірікті шын қылған,
Ол алланың қызыл көзді пәлесі.
Айтқаныңа көнбесе,
Айдауыңа жүрмесе,
Көңіліңде болған аласы... –

деп келетін насихаттық жолдар Абайда өзгеше көркемдік бояумен, әсем нақышпен шебер өріледі.

«Сөз қыдыртқан,
Жұрт құтыртқан,
Антын, арын саудалап...
Ел қағыңды,
Мал сабылды,
Ұрлық, өтірік гу де гу.
Байы – баспақ,
Биі саспақ,
Әулекі аспақ сыпыра қу...»

деп келеді. Дәл осы іспеттес ұқсастықтар Шортанбай мен Дулат жырларынан да ұшырасады. Бұл Абайдың өзіне дейінгі поэзияны еркін игеріп қана қоймай, оны өз шығармаларында ұтымды қолдана білгенін де байқатады. *М. Жармұхамедов.*

«БІЛЕКТЕЙ АРҚАСЫНДА ӨРГЕН БҰРЫМ...» – Абайдың 1889 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 4 шумақтан тұрады, барлығы 16 жол. Сұлу қыздың сыртқы бейнесі суреттеледі. Ақын халық ұғымындағы қыз сұлулығының негізгі белгілерін тізбектеп келіп, жас арудың жалпы жұртты тәнті қылатын бет әлпетін кескіндейді, сыртқы сымбатын сипаттайды. Көрмеген көзге де айқын елестейтін бедерлі бейнесін жасайды. Мұны, бір жағынан, халықтың ұғымында қалыптасқан әйел сұлулығының шарты деп қабылдасақ, екінші жағынан, арманды әйел ажары жөніндегі автордың өз қалауы, өз талғамы деп те бағалауға болады. Ондай сұлулықтың қалыптасқан белгілері: қолаң шаш, ақ тамақ, қара қас, аялы мөлдір көз, маржандай тіс, бұраң бел. Осыңдай көрікке бастағы кәмшат бөрік пен бұрымындағы сылдыраған шолпысы да жарастық тауып, қыз бағын асыра түскендей. Ақын сыртқы белгілерден әрі асып, қыздың мінез-құлқына, жан дүниесіне үңілмейді. Сұлу қыздың суретін салумен ғана тынады.


Өлеңнің алғашқы шумағы аралас ұйқаспен келеді де, қалған шумақтары дәстүрлі қара өлең ұйқасымен жазылған. Түпнұсқасы Мүрсейіт қолжазбаларынан алынып, алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Өлең басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1909 жылғы басылымында 1-шумақтың 3-жолы **«Кәмшат бөрік ақ тамақ қара суы»,** 1933, 1939 жылғы басылымдарында **«Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара шашты»** болып берілген. Ал кейінгі басылымдарында бұл жол Мүрсейіт қолжазбалары негізінде **«Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты»** түрінде алынған. 1954 жылғы жинақта 2-шумақтың 1-жолы **«Аласыз қара көзі айнадайын»** деп жазылса, 1939, 1957, 1977 жылғы жинақтарда **«Аласы аз қара көзі айнадайын»** ретінде 1909 жылғы басылымға сәйкес түзетілген. Сондай-ақ 1933, 1939 жылғы басылымдарда 2-шумақтың 2-жолы **«Жүзіңе ыстық тиіп салған сайын»** делінсе, 1954, 1957, 1977 жылғы басылымдарда бұл тармақ **«Жүрекке ыстық тиіп салған сайын»** болып Мүрсейіт қолжазбаларына, 1909 жылғы басылымға орай өзгертілген. Өлең ағылшын, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, тәжік, түрікмен тілдеріне аударылған. *Ж. Ысмағұлов.*

«БІЛІМДІДЕН ШЫҚҚАН СӨЗ...» – Абайдың 1889 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 8 шумақтан тұрады. Тақырыбы мен идеясы жағынан бұл туынды ақынның *«Көзінен басқа ойы жоқ...», «Өзгеге, көңілім, тоярсың...», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...», «Алыстан сермеп...», «Біреуден біреу артылса...», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы...», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол...»* секілді өлеңдерімен үндес, сарындас. Шығармада айтушы мен тыңдаушы, ақыл мен ақылсыздық, жақсы мен жаман, білімді мен білімсіз арасындағы айырмашылық анық, айқын әрі көркем суреттеледі. Білімдіден шыққан ақыл сөз көкірегі бітеу, көңілі қараңғы тасыр адамға емес, көкірегінде көзі бар талапты адамға кез болғанда ғана одан пайда болатынын толғай отырып, ақын жақсы мен жаманның бойына, мінез-құлқына тән басты-басты бірнеше белгілерді көрсетеді. Ақын жаманға тән мынадай ерекшеліктерді атайды: түзу сөзге сенбеу, тыңдауға, ұғуға құлқы, ынтасы жоқ, бойкүйез, бірақ тыңдауға құмарсып, ұққыш жансып бекер шабыну, ақыл, ойында байлам жоқ, айтшыл да тойшыл, қызшыл да қызықшыл болып, біресе ыржаң, біресе қылжаң қағу. Мұндай жан үшін ақыл да бір, денедегі арам без де бір. Қулық, сұмдық не өсек, иә болмаса сұлу қыз, батыр мен барымташы жайы айтылған қысыр, қыңыр сөз болмаса, жаманның жабық көкірегіне білімнің, ақылдың сөзі ене алмайтыны шыншылдықпен суретті де, бейнелі баяндалады. Мұндай ит мінезге ақын сөз парқын білетін талапты адамның қасиеттерін қарама-қарсы қояды. Жақсы деген жанның көкірегінде білімдіден шыққан сөздің нұрын көріп, сырын тани алатын көз болатынын, жүрегі сезімді, көңілі сергек келетінін бірде бейнелеп, бірде пернелеп айту арқылы ұлы ақын өз шығармасының мазмұнын байытып, ажарын аша түседі. Абайдың ақындық-азаматтық талабы, эстетик. нысанасы тұрғысынан келгенде, терең айтылған білім сөзін көңілінің көзі ашық, ойы сергек жақсының шын көңіл беріп,жаны еріп ұғуы ғибратты іс қана емес, үлкен ғанибет болып табылады. Өлеңнің 1-шумағы 7 буынды қара өлең үлгісімен, қалған шумақтары ғаруз үлгісімен жазылған. Алғаш 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланған. Туындыда аздаған текстол. өзгеріс кездеседі. Басылымдарда өлеңнің 7-шумағының 3-жолы **«Дертті ішіне ем көріп»** деп берілсе, Мүрсейіт қолжазбаларында бұл жол **«Жаралы ішке ем көріп»** делінген. Өлең ағылшын, араб, азербайжан, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған. *Ж. Дәдебаев.*

«БІРАЗ СӨЗ ҚАЗАҚТЫҢ ТҮБІ ҚАЙДАН ШЫҚҚАНЫ ТУРАЛЫ» – Абайдың тарихи танымының өресі мен өрісін танытатын қазақ халқының түп негізінен деректер беретін зерттеу. Жанрлық жағынан алып қарағанда тарихи очерк арнайы зерттеу мақала деуге болады. Абай бұл еңбегін жазғанда оның қолында халқымыздың түп негізінің шығу шежіресіне жол сілтейтін орыс, қытай, араб, парсы тілдерінде жазылған әдебиеттер болған. Сондықтан да

ол өзі сөз еткен мәселе төңірегінде ой тарқатқанда, әдеттегідей, «мен бұл жөнінде бұдан басқаны естімедім» демейді, «көрмедім» дейді. Ал Абай қолданысындағы «көрмедімнің» «оқымадымды» алмастырып тұрғаны өзінен-өзі түсінікті. Сондай-ақ оның: «Дін исламға кіре алмай қалған, осы күнде Күншығыс Сібірінде қазақтың ағайындары бар», «Енисейск гүбірнеде Минусинскі уезде «ясашынай татар» атында халық бар», «сол қырғыздарды қытайлықтар «брут» деп атайды», «абыз», демек, әуелде шаман дініндегілердің өз молласына қоятын аты екен», «сол арабтар көшпелі халықтарды «хибаи» деп, «хұзағи» деп атапты», «Бұланай деп Гималайды айтқаны ма, Үндүкеш тауы ма?» тәріздес сол кез түгілі осы заманның оқыған қазағының өзінің бәрінің бірдей ойласа ойына, жазса қаламына іліне бермейтін, ғылыми мәні мол көптеген деректері де, Жошы мен Шағатай ұрпақтарының аты-жөнінің және олар болған жердің атауларының дұрыс көрсетіліп, оқиғалардың дәл берілуі де ақынның жазба материалдарға сүйенгенін көрсетеді. Тек бір өкініштісі – Абай «мен мыналарды оқыдым» деп еш жерде айтпаған. «Бабырнамадан» басқа «мына деректі мынадан алдым» деп ешбір шығарманың атын көрсетпеген. Соған қарамастан, Абай мақаласы – халқымыздың тарихын ғылыми жолға салу бағытында жасалған алғашқы қадамдардың бірі. Сондықтан да оның төл тарихымыз үшін алар орны ерекше. Мұндағы Абай айтқан ойлар мен тұжырымдардың ғылымдық құндылығымен бірге саяси әлеум. мәні де зор.

Еңбекте «Есте жоқ ескі мезгілде, моңғұлдан бір татар аталған халық бөлінген екен. Қытайлар оны «татан» деп жазады. Асыл түбі қазақтың сол татар» деген жолдар бар. Бас-аяғы үш-ақ сөйлемнен тұратын осы хабарламада, Абай айтқан, есте жоқ ескі замандарда Орта Азияны мекендеген халықтардың тұтас тарихы жатыр. Абай қандай шығарма оқысын, нені естісін, солардың ішінен қажеттісін ғана сүзіп алған да, оны өз қалыбына салып, өз өлшемімен пішіп, өз үлгісінде қолданған. «Түп тамыры ғылыми дәлдікке тартар деректерді сонау шалғайдағы Шыңғыс таудың қазағы Абай қай тарихтан, қандай шығармадан оқып, біліп жүр?» деген заңды сұрақтарға жауап беру үшін Абай заманында баспа бетін көрген, болмаса «қолдан көшіріліп жұртшылық арасына тарауы мүмкін-ау» деген тарихи шығармаларды саралауға тура келеді. Сонда ой көзіне алдымен



Абайдың «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген зерттеу еңбегінің қолжазбасы (үзінді).

шалынары – ақынның кітап оқуға ден қойған кезінде орыс тіліне аударылып, ғылыми ортаға кеңінен тараған Рашид-ад-Диннің «Жылнамалар жинағы», Хондемирдің «Монғолдар тарихы», Әбілғазы Баһадұрханның «Түрік шежіресі» секілді тарихи мұралар. Осының үшеуінде де жоғарыда айтылған түрік тарихы, түріктен татар мен монғолдың бөлінуі, олардың бөліну себептері жан-жақты, толық жазылған. Абай бұлардан басқа да еңбектерді оқымады ма екен деген күдік туады. Ал ол қандай еңбек? Авторы кім? Бұл сауалға жауап іздеушіге «Қытайлар оны «татан» деп жазады» деген сөйлем жолбасшы болмақ. Өйткені татарларды қытайлықтардың «татан» деп атайтынын мәлімдеушінің қытайларға қатысы бар, қытай тілін білетін кісі екені хақ. Демек, ендігі ізденістің ат басын тірер жері Абайдан бұрынғы, не оның заманындағы танымал синологтер мен олардың еңбектері болмақ. Осы орайда кезінде есімі Россияда аңызға айналып, атағы әлемге жайылған, қытай тілінің әйгілі білгірі, шығыстанушы, чуваш халқының перзенті Н. Я. Бичуриннің (Иакинф) дара тұлғасы көз алдыңызға келеді, оның тек Россияның ғана емес, бүкіл әлем шығыстанушыларының қолынан түспес кітабына айналған, қытай жылнамалары мен жалпы тарихынан (Ганмудан) теріп аударып, 1851 ж. жарық көрген «Көне замандарда Орта Азияны мекендеген халықтар туралы мәліметтер жиынтығы» атты үш томдық еңбегі ойға оралады. Осы еңбек пен Абай мақаласын салыстыра келе ақынның осы кітапты оқығанына көз жеткіземіз. Себебі, түрік тарихына, монғол-татардың бөлінуіне байланысты жоғарыда айтқан Хондемирдің де, Әбілғазы Баһадұрханның да деректері мұнда жан-жақты айтылып, қытай деректерімен салыстырылып берілген. Сондай-ақ сол кездің өзге синологтерінің еңбектері жөнінде мұнда кең мағлұмат айтылады. Оның бәрін Бичурин қытайдың жалпы тарихынан алған үзінділерді топтап «Ганмуден көшірме» деген атпен кітаптың соңында жеке тарау етіп ұсынған. Осының да: «Кянь-дэ билігінің төртінші жазы. Татан Сун үйіне тарту-таралғымен келді. Татан үйі (хандығы) Солтүстік Шығыс Мохэ ұрпағының біріне жатады. Тхан әулетінің кезінде Юань-хэ (807–821 жылдар аралығы) билігінен кейін татандар Инь тауына (Инь-шаньға) кетті, сол жылы императорға тарту апарды» (Бичурин Н. Я. «Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена». – М.-Л., 1851, 336-б.).

Татан – Н. Я. Бичуринның жазуында, тунгус халқының сөзі, күрке, лашық деген мағынаны береді. Татандықтар – мохэнің өзара бөлінген он алты аймағының бірі. Бұлар кейін енесейлік қырғыздар Орхон, Селенга өзендерін мекендеп отырған ұйғырларды талқандап, қуып жібергенімен өздері ол араны ұзақ иеленіп тұра алмай тастап кеткенде, сол қырғыздардан қалған бос жерге бауыр басқан болатын. Абай өзінің еңбегінде «Қырғызға қырғыз деп ұйғыр хандарының бірі ат қойса керек» десе, бұл да оның осы оқиғаны, яғни қырғыздардың ұйғырларды атамекенінен бостырып, батысқа қарай қуғанын білетіндігіне айғақ.

Халқымыздың көне тарихының бастауынан мол мағлұмат беретін қытай жылнамаларының дерегін Бичурин аудармасы арқылы оқып білген Абай өзіне тән шыншылдықпен ондағы әр жаңа ой түйіндеулеріне сын көзімен қарап, ой елегінен өткізгені хақ. Оның «монғолдан бір татар аталатын халық бөлінген екен» деп, өзі оқыған деректерден қорытып ой түйгеніне қарағанда, Бичуриннің қытай жылнамаларындағы дунху мен хунну параллелін Хондемир мен Әбілғазы Баһадұрханның тарихтарындағы татар мен монғол параллелімен салыстырып, дунху дегеніміз – татар, хунну дегеніміз монғол (Бұл арада көне монғол мен кейінгі 12 ғ-да шаңырақ көтерген Монғол империясының атын шатыстыруға болмайды) деген пайымдауын құп алғанын, хуннудан дунху, яғни монғолдан татарлар бөлініп шыққан деген тарихи деректі ақиқат деп мойындағанын көруге болады. Мұның бәрі ақынның Бичуриннің еңбегін шұқшия оқығандығын дәлелдейді.

Қалайда ақынның Бичурин кітабын оқығаны анық. Оны Абай мақаласында келтірілген, қытай жылнамасынан алынған деректер де дәлелдей түседі. Өйткені ол кезде Абай пайдаланған қытай жылнамаларының дерегі тек Бичурин еңбектерінде ғана жазылған.

Абай пайдаланған осындай қытай деректерінің бірі – Енесей бойының қырғыздары жайында. Еңбекте Абай енесейлік қырғыздардың тұрмыс-тіршілігі, мекен-жайы жөнінде, олардың Алатаудың бөктеріне қалай келгендігі жайында біраз құнды деректер береді. Солардың ішінде «сол қырғыздарды қытайлар «брут» деп атайды, өз тауарихларында оның себебін, неліктен қытайлар «брут» дегенін еш білдім дегенді көрмедім.

Біздің қазақтар Бийскідегі, Кузнецкідегі қалмақтарды «білеуіт» дейді. Менің ойым: «білеуіт», «брут» бір сөзден шыққан деймін, о да қырғыздың нәсілі болмағы таң емес» деген тың мағлұматты дерегі мен «брут» сөзінің шығу төркінін табуға ұмтылған ғылыми болжамы аса құнды. Мұнда Абай Бичуриннен қытайлықтардың қырғыздарды «брут» (бурут) деп атайтындығы жөніндегі деректі алғанымен, оның осы сөздің төркінін анықтаудағы пайымдауын қабылдамайды,өз болжамын ұсынады. Ал Бичурин болса, «брут» сөзінің шығу төркінін қырғыздардың бұрынғы орналасқан Тибеттің солтүстік шекарасынан онша алыс емес,

Хотан тауының шығыс беткейіндегі мекенімен байланыстырады. Осыдан келіп оның пікірі қытайлықтар 4 ғ-да осы араны мекендеген жұртты Булу, Болу, Болюй деп атаған. Осы атау мен «брут» (бурут) атауы үндестік жағынан туысып жатыр дегенге саяды. Мұны және ол қырғыздарға қытайлар мен монғолдар берген ат дейді. Бичуриннің осылай дегеніне қарамастан, Абайдың өз болжамын айтуы, әрине, оның бұл пікірге қосылмайтындығының айғағы. Қырғыздарды қытайлардың «брут» деп атайтыны сол кезде қазақ авторларынан тек Шоқанда ғана кездеседі. Бірақ онда бұл этнонимнің этимологиясы жөнінде Шоқан тарапынан ештеңе айтылмаған. Тек «бурут» атауы орыстардың қазақтарға «қырғыз» атауын таңғаны сияқты сырттан таңылған ат болуы мүмкін, өйткені әлгі атауды қырғыздардың өздері білмейді, айтсаң таңқалады деген өзіндік ойын ғана білдіреді. Жалпы «брут» (бурут) сөзінің төркіні, шынын айтсақ, әлі күнге ғылыми тұрғыда анықталып, басы ашылған жоқ.

Еңбекте Абай халқымыздың тегіне байланысты «Дін исламға кіре алмай қалған, осы күнде Күншығыс Сібірінде қазақтың ағайындары бар. Тілінен, әдетінен, түсінен туысқандығы анық көрініп тұрады. Әсіресе Енисейскі гүбірнеде Минусинскі уезде «ясашынай татар» атында бір халық бар. Қазақты өздеріне ағайын тұтады дейді және бір тұқымдас екендігіне көрген кісі таласпайды» деген дерек береді. Абайдың бұл арада «қазақты өздеріне ағайын тұтады» деген хабарламасына қарағанда, аталған «ясашынай татарлар» жөніндегі деректі жазба шығармалардан оқымаған, ауызекі әңгімеден естіген сияқты. Ақынға оны айтқан әрине, ауылдастары емес, сол Сібір жағынан келушілердің біреуі болуы керек. Бұл ретте біз Абай өмірбаянынан оның аулында кезінде Сібірге жер аударылып барып, содан қашып келіп паналаған қашқындардың болғанын білеміз. Сол кездегі Сібірдегі патша әкімшілігінің чиновниктері салық төлеп тұратын өзге жергілікті тұрғындарды «ясачные люди», «ясачные татары» деп атаған.

Халқымыздың шығу тегі жөніндегі осы мақаласында Абайдың кеңірек тоқтап, молырақ орын беретіні арабтардың басқыншылық жорықтары, олардың Орта Азия мен Шығыс Түркістанды жаулап алып, жергілікті халықтарды ислам дініне күштеп кіргізуі, олардың ежелден қалыптасқан салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын зорлықпен бұзып, өздерінің салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын ендіруі секілді мәселелер. Орта Азия халықтарының өмірінде шешуші роль атқарған осынау мәселелер жайлы тарихи дәлдікпен шындық негізде түйінді ой айту үшін ақынның жазба деректерге сүйенгені анық. Басқаны қойғанда, «сол уақыттарда арабтан бұл Орта Азияға дін исламды үйретушілер көп әскермен келіп, халықты жаңа дінге қаратып жүргенде Құтайба атты кісі Қашқарға шейін келіп, халықты исламға көндіргенде, бұлар да мұсылман болдық депті», – деп, араб елінің жаулаушылық саясатын жүзеге асырушылардың бірі, әскери қолбасшысы Құтайба дегеннің есімін нақты айтуының өзі Абайдың бүкіл Орта Азияны мұсылмандандыру кезеңінің тарихын жақсы білетіндігін анық аңғартады.

Абай айтып отырған Құтайба ибн Мұслим 8 ғ-да Орта Азия мен Шығыс Түркістанды жаулап алып, ислам дінін қарудың күшімен қырып-жойып, зорлықпен ендірген арабтардың әскери қолбасшысы, арабтардың шығыстағы әміршісі Хажжат ибн Жүсіп тарапынан сенім көрсетіліп тағайындалған Қорасан өлкесінің билеушісі. Ол туралы жазылып қалдырылған жазба деректер мол.

Тарихшы ат-Табаридің арабтардың басқыншылық тарихының ізін суытпай жазған шығармасы, Наршаһидің дүниенің жаратылуынан 15 ғ-ға дейінгі дәуірді қамтыған жеті томдық «Бұхара тарихы» назарға ілігеді.

Наршаһи еңбегінде Абай сөз етіп отырған Құтайба жөнінде аса көп деректер береді. Абайдың «Құтайба атты кісі Қашқарға шейін келіп, халықты исламға көндіргенде бұлар мұсылман болдық депті. Сөйтсе де, бұрыннан бақсы-балгерлерге иланып, отқа, шыраққа табынатын әдеттерімен исламға тез түсініп кете алмапты. Ол кезде шала-пұла хат таныған кісі болса, оны «абыз» дейді екен. Ол «абыз» демек, әуелде шаман діниндегілердің өз молдасына қоятын аты екен. Дүниеде не нәрсенің себебіне көзі жетпесе, сол нәрсені құдай қылып тұр деп, дін тұтынатұғын әдеттерінің сарқынын біз де кей жерде көргеніміз бар: келін түскенде үлкен үйдің отына май құйып, «От ана, май ана, жарылқа!» дегізіп, бас ұрғызған секілді, «өлген әруаққа арнадық» деп шырақ жаққан секілді, жазғытұрым, әуел бұлт күркірегенде қатындар шөмішімен үйдің сыртынан ұрып, «Сүт көп, көмір аз» деген секілді» тұжырымдары Абайдың тарихи таным өрісінің биіктігін танытады. *Қ. Салғарауұлы.*

«БІР ДӘУРЕН КЕМДІ КҮНГЕ – БОЗБАЛАЛЫҚ...» – Абайдың 1886 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 10 шумақтан тұрады, барлығы 40 жол. Туынды ұстаз ақынның жас буынға айтқан арнауы сияқты адамның жас кезі, бозбалалық өмірі туралы сыр шертеді. Жастықтың «көкірек зор, уайым жоқ», ештемеден қорғанбайтын қызықты кезін, «өлең айтып, ән салған», «біреуді қалжың қылып қолға алған», «қызды ауылды қырындаған» бозбалалық қылығын суреттейді. Алайда ақын жас ұрпаққа бозбалалықтың қызығымен жүре бермей, «қар-


таймастай көрмелік, ойланалық» – деп тоқтау айтады. Сонда ұсынатыны – «ақыл табу, мал табу». Көрсе қызар болма, «қызды сүйсең, бірді-ақ сүй, таңдап тауып». Күлкі бақпа, өнер бақ. «Ең болмаса, еңбекпен мал табалық» дейді. Өмірдің өткіншілігін, алдампаздығын Абай – «ат арықтар, тон тозар, қадыр кетер» деген сөздермен бейнелеп, сондықтан «күлкіні онша күйлеп, шуламалық» дейді. Ақын өмірде адам безінерлік біраз қылықты санап өтеді. Олар – «жалынышты жалтаң көздік» («біреуге көзіңді сүзбе, еңбек ет» деген мағынада), «сүйкімі, икемі жоқ шалдуарлық», ұрлық, тентіреп тамақ асыраушылық, қалжыңбастық т. б. Осының бәрі түбінде бір зарлық тартқызбай қоймайды. Өлең соңында ұстаз ақын осыны ұғарлық бозбалалардың жоқтығына налып, ақыл айтуды өзіне парыз санаған ақсақалдың көңіл күйін бейнелейді. Шығарма негізінен, жас ұрпақты ойлы, қоғамға пайдалы өмір сүруге үндейді.

Өлең 11 буынмен жазылған. Ұйқастары шұбыртпалы. 10 шумақ өлеңнің бәрі бір ұйқасқа бағындырылған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Өлеңнің тексі Мүрсейіт қолжазбаларында бар. Текстологиялық зерттеулер бойынша өлеңнің кейбір басылуларында айырмашылықтар кездеседі. Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909, 1939 жылғы басылымдарда 1-шумақтың 4-жолы **«Дейміз бе еш нәрседен құр қалалық»**, 1933, 1957, 1977 жылғы жинақтарда **«Дейміз бе еш нәрседен қорғаналық»** – деп алынған. 1909 жылғы жинақта 3-шумақтың 1-жолы **«Демеңдер ойнас іске жұбаналық»**, 4-жолы **«Көрсе қызар, күнде асық – диуаналық»** болса, Мүрсейіт қолжазбаларында, 1957, 1977 жылғы басылымдарда ол **«Демеңдер өнбес іске жұбаналық»**, **«Көрсе қызар, күнде асық – дуаналық»** түрінде берілді. Ал 7-шумақтың 2-жолы Мүрсейіттің 1907 жылғы қолжазбасында, 1909, 1939, 1957, 1977 жылғы жинақтарда **«Алдында уайым көп шошынарлық»** болса, Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасында **«Алдында уайым бар шошынарлық»**. 1909, 1939 жылғы жинақтарда 8-шумақтың 1-жолы **«Әсем салдық өлгенше кем қаларлық»**, Мүрсейіт қолжазбаларында, 1957, 1977 жылғы басылымдарда **«Әсем салдық өлгенше кім қыларлық»** делінген. Мүрсейіттің 1907 жылғы қолжазбасында, 1909, 1957, 1939, 1977 жылғы жинақтарда 9-шумақтың 3-жолы **«Қажазбассып өткізген қайран дәурен»**, Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасында бұл жол **«Қалжыңбассып өткізген қайран өмір»**, 10-шумақтың 2-жолы 1909 жылғы жинақта **«Жақсы айғырда бие жоқ ат туарлық»** болса, Мүрсейіт қолжазбаларында, 1939, 1957 1977 жинақтарда **«Үзілмес үмітпенен бос қуардық»** – деп алынған. Өлең орыс, өзбек, қырғыз, тәжік, татар, ұйғыр, қарақалпақ тілдеріне аударылған. *С. Қирабаев.*

«БІРЕУДЕН БІРЕУ АРТЫЛСА...» («Әсет-кө») – Абайдың 1889 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 7 шумақтан тұрады. Арнау өлең. Мұнда оқыған, көзі ашық адам мен қараңғы кісі, біліктілік пен надандық, парасаттылық пен пасықтық бір-біріне қарсы қойылып, салыстырылады. Ақын адамнан тек өнеріне, біліміне, ақыл-парасатына қарай артық саналуға тиіс деп есептейді. Автордың пайымдауынша, ақиқат, шындық, дұрыстық әрдайым оқығанның, білгеннің жағында. Талапшыл, ізденгіш адам ойлаған мақсатына жетеді, өмірден өзінің қалағанын табады.

Кейбір деректер бойынша Абай бұл өлеңді Әсетке арнап жазған тәрізді. Бұған өз маңына үйір болып жүрген жас ақынның жеке мінезіндегі кейбір ұнамсыз жәйттер себеп болса керек.

Өлең 8 буынды, -а, -а, -б, -а ұйқасы үлгісінде жазылған. Сөз саптауы жатық, көркемдік дәрежесі жоғары. «Ит көрген ешкі көзденіп» деген сияқты тек А-дың өзіне ғана тән өрнектері бар. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланған. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Мүрсейіт қолжазбаларында, 1909, 1945 жылғы жинақтарда 5-шумақтың 4-жолы **«Не білсін өнер ізденіп»** делінсе, 1933, 1957, 1977 жылғы басылымдарда бұл жол **«Не қылсын өнер ізденіп»** болып берілген. Туынды орыс тіліне аударылған. *Ж. Ысмағұлов.*



Нота. (Біреуден біреу артылса. 1-түрі).

Абай «Біреуден біреу артылса» өлеңіне ән шығарған. Бұл ән Абай поэзиясы мен музыкалық шығармаларының тығыз байланысып жатқанын танытады. Ән халық әуенімен сарындас. Әннің үш үлгісі бар. 1-түрін Е. Г Брусиловский 1934 ж. Ә. Қашаубаевтан Алматыда жазып алып, хатқа түсірген. 2-түрін Семей қ-нда 1937 ж. Ә. Ысқақовтан комп. Л. Хамиди жазып алып, нотаға хаттаған. Ал, әннің Абай нақышына өте жақын түрін 1984 ж. М. Мұқамеджановадан өнер зерттеушісі Қ. Жүзбасов үш шумақты бірден қамти-

тын әуен-сазын нотаға түсірген. Әннің 1- және 2-түрлері бір-бірімен өте ұқсас болса, 3-түрінде өлең-өрнек кестесі ауыспалы, әр түрлі бунақ құрылыстарымен ерекшеленіп, әуен-сазымен де бөлекше тұрады. Әннің әуені мен ырғақтық қалпы өлең өрнегімен тығыз байланыстылығын байқатады. 1- және 2-түрі – 3/4, 2/4, 3/4, 3/4, 6/4, 3/4, 4/4 өлшемінде айтылса, 3-түрі – 3/4, 4/4, 3/4, 4/4, 4/4, 4/4, 4/4 өлшем негізінде құрылған. Ән-өлеңнің М. Мұқамеджанова берген үлгісі тың өлең өрнектерін көрсетіп отыр. Ол 3 + 2 + 3, 3 + 2 + 3, 2 + 3 + 3, 2 + 3 + 3, 3+ 2 + 3, 3 + 3 + 2, 3 + 2 + 3 өлең кестесімен ерекшеленеді, яғни бұған сәйкес әуен-саз бен муз. ырғақтың өзгеше екенін аңғартады. *Қ. Жүзбасов.*

«БІРЕУДІҢ КІСІСІ ӨЛСЕ, ҚАРАЛЫ – ОЛ...» – Абайдың 1888 ж. жазған өлені. Көлемі 4 тармақты 11 шумақтан тұрады. Ақынның ақыл-ойы толысып, кемелденіп, өмірге көзқарасы айқындала түскен шағындағы шығармашылыққа, өлең құдіретіне деген, оның көпшілік, қалың қауымға қандайлық игі ықпалы, қадір-қасиеті бар деген төңіректен туындаған құнарлы көкірек толғаулары болса керек. Қазақ аулы тіршілігінің адамдардың ғұмыр харекеті, бүкіл мән-мағынасы, салт-санасы, әдет-ғұрпы арқылы ең негізгі мәселеге ден қойдырмақ, жөн сілтемек. Ол – халықты халық ететін, халық, ел құдіретін мәңгі сақтайтын, ұрпақтың қолдан түсірмейтін туы – тілі мен діні, мәдениеті мен өнері. Өзгенің бәрі – өткінші, уақыт желінің шаң-тозаңы ғана.

Ақын алдымен қауымның әрекет-тіршілігіне көз жібереді. Айналаға сырлы сұрақ, саналы сауал қояды. Адам жаны дүниеге келеді, жаманды-жақсылы, алла өлшеп берген өмірін өткізеді, сөйтіп о дүниеге көшеді. Тумақ бар – өлмек бар, бұл – өмір заңы. Мәңгілік жасайтын құдайдың еш пендесі жоқ. Сондықтан да «біреудің кісісі өлсе, қаралы ол», қайғылы бой, жан-жүрегі жараланбақ, көз жасын тыймай, тыя алмай жыламақ, қасірет тартпақ, шер төкпек, зарлап жоқтау айтпақ, уайым мұңды әнге салмақ. Неге? Неге десеңіз, өлеңмен шер шығару – адамға қайта қуат бермек, жанын жұбатып, бойына жігер екпек, нұр құймақ, сенім сеппек. Кімге сенеді, неге сенеді? Келешекке, жалғасар жарық дүниеге сенеді, қайта келер басқа ештеңе жоқ. Өнер ғана өлімге араша тұрмақ, қарсы болмақ. Жас бала өседі, жарлы бай болады. Бұл да өмір өлшемі, жарық дүниенің үрдісі. «Күйеу келтір, қыз ұзат, тойыңды қыл». Бала – адамның базары, өмірдің қызығы. Дүниеге шырылдап мирас келсе, мәз-мәйрам боп қуаныш, шілдехана тойыңды жаса; ұлың ержетсе, үйлендіріп, «Қынаменде жар-жар мен бесташар» ғып өлеңдетіп, думандатып тойыңды жаса. Өйткені, өлең – адам жанының гүлі, уақытының мәні мен сәні. Өйткені, өлеңсіз өмір жоқ. «Туғанда дүние есігін ашады өлең. Өлеңмен жер қойнына кірер денең». Ұлы ойшыл ақын ақ пейіл, сері мінез жұртына елең-селең жүрмеуді ұқтырмақты мақсат тұтқан.

Рас, қайсы біреу «өлеңді айтпақ түгіл ұға алмайды». Бірақ ұға алмасаң да құп ал. Жақсы тыңдаушы боп айтылған жайдың үдесінен шығуға тырысу керек. Сен өлең білмейді екен деп көкірегі күйлі жан үнсіз, мөлиіп қалмақ емес, бұлбұлдай сайрап кетері сөзсіз. Сондықтан сіресіп қалма, ағайын. Топқа қосыл, көңіл сандуғашын серпіп ұшыр. Өлең деген жан жомарт, адамға ешқандай қиямет ауыр жүк емес. «Өлең деген я әр сөздің ұнасымы. Сөз қосарлық, орайлы жарасымы». Ойлы, мағыналы, түзу, тәтті сөзді қарыны тоқ, қас надан ұға алмайтынын, ал оны көкірегінің көзі бар, жаны сергек, асылды бағалай білетін азамат қана қадірлейтінін ақын соншалық шынайы шындықпен жайып салады. Ел арасында, ауыл ішінде айтқан әні, өлені үшін сый дәметіп, алақаны қышып, дүние қуған сүмелектерді қатты сынайды. «Аулақ бол әнін сатып нәрсе алғаннан» деп сақтандырады. Өнердің, өлеңнің бағасы дүниемен, малмен есептелмейтін киелі қасиеті барын даналықпен ескертеді. Олай-бұлай жалтақтамай, «түгел сөзді тыңдауға» үндейді, Өлең шығарған, жыр жазған әргі-бергі ақын-жыраларды еске алады. Қазақ арасындағы «бұрынғы жақсылардан өрнек қалған» талапты шешен билердің сөзіне де бір ауық назар салып, ойлап қарау ләзім дейді ақын. Бұқар – жырау, Дулат – дүлдүл, Шортанбай – шайыр екеніне ешкім таласпайды, дауласпайды. Бірақ сондай ұлы жырау, ақындардың да кей-кейде жөнсіз шешенсіп кететінін Абай мінеп, сынайды. Белгілі жайттарды, көне сүрлеуді шиырлап, дүние, әлем, адам, қоғам жайлы тақпақтап, соқыр дінге салынып, уайым-қайғыға шырмалып, шыға алмайтындарын тереңнен бағамдайды. Абайдың басты талабы – «тіл ұстартып, өнер шашпақ». Жастар жанына өнер ұрығын сеппек, үлгі бермек. Наданның көңілін қойып көзін ашпақ .

Өлең 11 буынды қара өлең үлгісінде жазылған. Алғаш 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлені» атты жинақта жарияланған. Басылымдарында бірқатар текстол. өзгерістер кездеседі. Мүрсейіт қолжазбаларында, 1939, 1945 жылғы басылымдарында 3-шумақтың 3-жолы **«Бұрынғы жақсылардан қалған мирас»** делінсе, 1954, 1957, 1977 жылғы жинақтарда 1909 жылғы басылымға сәйкес **«Бұрынғы жақсылардан өрнек қылған»** деп берілген. 1909 жылғы жинақта 3-шумақтың 4-жолы **«Биде тақпақ, мақал бар ойлап қара»** болса, қалған басы-

лымдарда бұл жол Мүрсейіт қолжазбалары негізінде **«Биде тақпақ, мақал бар байқап қара»** түрінде алынған. Мүрсейіт қолжазбаларында 8-шумақтың 3-жолы **«Сүйенерлік адамға сөз қызмет қыл»,** 1933, 1939, 1945 жылғы басылымдарда **«Сүйінерлік адамды сүй, қызмет қыл»,** ал 1954, 1957, 1977 жылғы жинақтарда бұл жол 1909 жылғы басылым бойынша **«Сүйенерлік адамды құрмет қыл»** деп қалдырылған. Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбаларына, 1909, 1922 жылғы жинақтарға сәйкес 1954, 1957, 1977 жылғы басылымдарда 10-шумақтың 2-жолы **«Өлеңі бәрі – жамау, бәрі – құрау»** деп алынған. 1933, 1939, 1945 жылғы жинақтарда **«Өлеңі бірі жамау, бірі құрау»** деп басылған. Тек Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасында бұл жол **«Өлеңі бәрі жамау, көбі құрау»** делінген. Туынды ағылшын, азербайжан, араб, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған. *Е. Әкімқұлов.*

БІРЖАН САЛ Қожағұлұлы (1831–97) – ақын, әнші, халық композиторы. Қожағұлдың Тұрлыбай деген баласынан туған. Кішкене күнінен әжесі бауырына салып алғандықтан, Қожағұлұлы болып атанып кеткен. Бала жасынан әнге құмар болып өседі. Ауылға келген әнші, жыршы-күйшілерді ұйып тыңдайды. Ойын-сауық, алтыбақан, шілдеханаларда ән салып, «әнші бала», бертін келе «әнші жігіт», кейіннен «әнші Біржан», «Біржан сал» атанады. Жасы 20-ға келгенде ән шығара бастаған. Б. «Тентек», «Жаймашуақ», «Жанбота», «Айтбай», «Ғашық жар», «Телқоңыр», «Жамбас сипар», «Көкек», «Теміртас» сияқты 40 шақты ән шығарған. Бұл әндердің әлеум. мазмұны терең, тәрбиелік маңызы зор. Б. әндерінен 19 ғ-дың 2-жартысындағы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, дүниетанымы кеңінен көрініс табады. Б-ның ән сапарымен ел аралап, Абай ауылына баруы оның шығармашылық өмірінде үлкен бір оқиға болады. Абаймен кездесуі, кемеңгер ақынның ой толғамдары, жан-жақты білімділігі, ән, өлең өнерінің асылы мен жасығын қапысыз зерделеп отыратын сыншылдығы Б. санасында өшпес із қалдырады. Абай Б-ның ән өнерінде ата-баба салып кеткен қара жолмен жүре бермей, тыңнан із салғанын, оның үлкен талант иесі екенін дөп басып танып, әндеріне де, орындаушылық өнеріне де жоғары баға берген. Б. поэзиядағы Абай дәстүрінен үлкен сабақ алып, ақынның жаңашылдығына, суреткерлігіне қайран қалады. Оның «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» өлеңіне ән шығарады. Б. туындысы осы өлеңіне жазылған Абайдың өз әніне мүлдем ұқсамайды. Абай әні А. Жұбановтың сөзімен айтқанда, «бірден үлкен дыбыстық секіру арқылы басталмай, баспалдақтап, төменнен жоғары қарай өрлеп шықса, ...өлеңнің ойы, филос. астары өте жұмсақ сөзбен өрнектелсе, ән сөзінің мәнін, сырын Б. өзінше ашады... Бұрынғы муз. қазынасына Абай аулына барғаннан қосылған жаңа арна бар екені сезіледі. Б-ның Абай аулында болуы М. Әуезовтың «Абай жолы» романында жанжақты суреттелген. Б-ның осы сапарындағы көңілге түйгендері кейіннен оның шығармаларынан ерекше орын алып отырды. Сарамен айтысында: «Ыбырай жас жолбарыс жүректенген» деп, сөз ретінде жас Абайдың жүректілігін, алғырлығын тілге тиек етсе, «Орта жүз Абай қойған атын батпай, үйіне ояз кірмес жауап қатпай» деп, қас-қабағымен ғана емес, қаһарымен де исі қазақ жұртын дірдек қақтыратын ояздың өзі Абайдың үстіне рұқсатсыз басып кіре алмайтынын айтып, Абайдың қандай ірі тұлға екенін мақтан етеді. *Б. Ғизатов.*

«БІР СҰЛУ ҚЫЗ ТҰРЫПТЫ ХАН ҚОЛЫНДА...» – Абайдың 1896 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 10 шумақтан тұрады. Өлең хан қолында тұрған жас сұлудың «етімді шал сипаған құрт жесін» деп, жартастан суға құлап өлгені туралы аңызды жырлайтын балладалық үлгімен басталады да, әрі қарай сол бір оқиғаның төңірегінде ақын өз ойын өрбітеді. Онда қыздың қалың малға сатылып, шалға еріксіз тиюі, қазақ әйелінің басындағы әділетсіздік, қорлық пен зорлық жырланады. Сол әділетсіздікке себеп болып отырған қоғам тәртібі, малға сатып жас қыз алуға құмар шалдар қылығы сыналады. Ақын, көбінесе, әйел мен еркектің теңсіздігін жас айырмашылықтарымен өлшейді. Малына сатып қыз алған шал «мезгілі өткен дәуренді қуалаған», «қу сүйек», «қурай» бейнелерінде суреттеліп, ол «көк балдырған» жасқа қарсы қойылады. Ақынның ой түйіні: «Кімде-кім үлкен болса екі мүшел, мал беріп алғанменен қатын емес», «Екі көңіл арасы – жылшылық жер, оны қайтып қосады ол ант атқан» деген жолдардан танылады. Өлең тақырыбы қазақ өмірінің шындығынан алынса да, оған сол кезде Абай ден қойған орыстың демократтық реалистік әдебиетінің әсері болғаны байқалады. Өлеңнің идеясы мен шешімі А. Н. Островскийдің «Найзағай» пьесасы мен оны талдаған *Н. А. Добролюбовтың* «Қараңғылық патшалығындағы жарық сәуле» атты сын мақаласындағы ойларымен үндеседі. Абай да суға құлап өлу арқылы қыздың әділетсіз қорлықтан құтылуын құптайды. Өлең өз заманы үшін зор жаңалық болып саналады. Қазақ әйелі басындағы теңсіздік күйді дәл осы үлгіде, осы идеяда, осындай көркемдік шешіммен А-ға дейін ешкім жазған емес. Өз ортасының кертартпа салттары мен әр қилы мінездерді өткір сынаған ақын қыздарды теңіне қоспай, малға сатып жасы үлкен адамдарға

беруді тозған, күні өткен ғұрыптың кеселі деп біледі. Соның бүгінде орын алып отырғанына ызаланады. Сондықтан ол «Ортасында бұлардың махаббат жоқ, тұсап қойып қашырар бұқа ма екен?» деген дөрекі сөздерге де барады. Бір тамашасы – А. осы қылықты жалпы қазаққа, шал атаулыға таңбай, байлардан көреді.

«Бай қартайса, малына берер шылбыр,
Мал өмірді жаңғыртпас, құдай ұрғыр,
Біреудің қызын алып, малға сатып,
Баяғыны іздеген қандай құрғыр» –

дейді.

Қазақтың 11 буынды өлеңі үлгісімен жазылған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Мүрсейіт қолжазбасында алғашқы 6-шумағы («Баяғыны іздеген қандай құрғырға» дейін) бір бөлек, кейінгі басталатын («Қатыным қалай демес ақсақал бай») 4-шумағы бір бөлек жазылған. Сонымен қатар өлеңнің кейбір басылымдарында айырмашылықтар бар. 1933, 1939 жылғы басылымдарда 32-жол **«Дастарқан мен қатынды мақтан еткен»,** 36-жол **«Үнем болмас құйрықты бұлғақтатқан»** болып берілген. Ал, бұл жолдар 1909 жылғы басылым мен Мүрсейіт қолжазбасында **«Дастарқанның байлығын мақтан көрсең»** және **«Үнем болмас құйрықты бұлаңдатқан»** делінген. Ал, 1977, 1986 жылғы басылымдарда 32-жол **«Дастарқан мен қатынды мақтан көрсең»** болып енген. Өлең ағылшын, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, ұйғыр тілдеріне аударылған.

С. Қирабаев.



«ВАДИМ», «Батар күнге шымылдық – көк бұлт кең...» – Абайдың 1900–1901 ж. аралығында М. Лермонтовтың осы аттас туындысынан аударған өлеңі. Туынды әрқайсысы 4 тармақты 40 шумақтан тұрады. Орыс ақынының бітпей қалған романының алғашқы 2 тарауын және 3-тарауының біраз жерін өлеңмен еркін тәржімелеген. «Вадим» – Лермонтовтың шаруалар қозғалысын суреттеп жазған ірі шығармасы. Ақын шаруалардың басыбайлық тәртіпке наразылығын шебер және сүйсіне отырып баяндайды. Лермонтов жазып бітірген 24 тарауды 1-бөлім деп белгілеген. Кейбір зерттеушілер, оның ішінде Н. К. Пиксанов, романның келесі бөлімдерінде Пугачев образы суреттелген болар еді деген пікір айтады. Абай өлеңінде түпнұсқаның тек ұзын ырғасы ғана сақталған. Қазақ ақынының аудармасында түпнұсқаның 1-тарауындағы «Какая странная мысль принять имя раба за два месяца до Пугачева» деген сөйлемдері және осы тараудың «Вадим оборачивался» деген сөздерінен кейін басталатын жолдардың соңы жоқ. Осындай ретпен қалып қойған сөздер, ұғымдар баршылық. Мұндай сөздерді Абай әдейі тастап кетті ме, жоқ па, ол жағы мәлімсіз. Абайдың «Вадим» романын аударуды қолға алуы оның бұл шығарманың тақырыбына ерекше көңіл бөлгендігін көрсетеді. Аударманың біраз жері ғана сақталған. Өлең 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Туынды Мүрсейіт қолжазбалары негізінде ақын шығармаларының алғаш 1933 ж. Қызылордада жарық көрген толық жинағында жарияланды. Өлең басылымдарында текстол. өзгерістер кездеспейді. Тек Мүрсейіт қолжазбасында, 1933, 1945, 1954 жылғы басылымдарда өлең тарауларға

бөлінбей тұтас берілсе, кейінгі жинақтарда тарауларға жіктелген. *З. Ахметов.*

ВАРВАРИЗМ – қ. *Дөрекі тіл.*

ВАРКЕНТИН Иоганн (1920 ж. т.) – неміс ақыны, аудармашы, сыншы. Берлинде тұрады. Көптеген қазақ ақындарының шығармаларын неміс тіліне аударған. Оның неміс және қазақ халқының ұлы ақындары арасындағы әдеби, рухани байланысты сөз ететін «Гете мен Абай» атты эссесі, М. Құрмановтың «Гетеге» атты өлеңінің аудармасы «Фройндшафт» газетінде (18. 12. 1966) жарияланды. *Г. Бельгер.*

ВЕЛИКАНОВ Василий Васильевич (1898–1969) – композитор. Қазақ ССР-інің еңбек сің. өнер қайраткері. 1937 жылдан Қазақстанда тұрып, еңбек етті. «Қалқаман-Мамыр» балетін, «Тұтқын қыз» т. б. опералар жазды. Ол Абайдың жеке дауысқа арналған «Қарашада өмір тұр», «Сүйсіне алмадым, сүймедім» әндерін өңдеп, оларға фортепианолық сүйемел жазды. *Г. Ғизатова.*

ВЕЛИКАНОВА Регина Васильевна (1894–1972) – суретші-график. Пейзаж саласында жұмыс істеді. Ол Абайдың «Қыс» атты өлеңіне иллюстрациялар (1945, 1954); Семейдегі Абайдың әдеби-мемориал. музейіне арнап «Бала Абай мектепте» (1945), «Абайдың әжесі» (1950, көмір) акварелдерін, «Абай шыңы» (1946, түсті қарындаш) пейзажын (барлығы да Қазақстан Республикасының мемл. өнер музейінде) жазды. Оның Абай өлеңдеріне салған суреттері ойлы бейнені дәл жеткізуімен, нәзік түстердің қанықтығымен, кескіндердің күрделі ырғақты орналасуымен, ойдың батылдығымен ерекшеленеді. *Л. Плахотная.*


ВЕРНЕР К. А. (т.-ө. ж. б.) – Бат.-Сібір ген.-губернаторының ерекше тапсырмалар жөніндегі чиновнигі, лауазымды кеңесшісі. 1892 ж. Абаймен кездесіп, ақынмен бірге Семей обл-ның Бақанас, Балқыбек, Байқошқар жерлерін аралаған (бұл жайында «Степной край» газетінің 1894 жылғы 19 шілдедегі 48-санында жазылған). В. әскери губернаторға жолдаған хатында Семей үндегі Ертістің сол жақ жағалауынан, Бұғылы, Шаған, Мұқыр, Шыңғыс болыстарының, сонымен бірге Бақанас, Балқыбек, Байқошқар жерлерінің де ел қоныстандыруға, егін салуға қолайсыз, оларды суландыру көп қиыншылықтар тудыратынын айта келіп, өзі келерден біраз бұрын Ибрагим Құнанбаев деген қазақтың Шыңғыс болысының 45 шаңырағына Бақанас, Байқошқар, Жәнібек бойын сұрап, Семей әскери ген. губернаторына арызданғанын, ел-жұртын отырықшы еткісі келгенін, отырықшыланып болғанға дейін 5 жыл көшпелі шаруашылық қалпында жүре тұруға рұқсат сұрағанын, Семей обл-ның 2 а. ш. мектебін Бақанас бойына көшіріп әкелуге тілек білдіргенін хабарлайды. Қазақтардың Қояңды жәрмеңкесімен Жетісу аймағының дәл ортасында тұрақтап, отырықшылыққа айналсақ дегендегі басты мақсаты сауда-саттыққа да үйрену екенін айтады. Бірақ ақынның ағартушылық-демократтық бұл мақсаттары орындалмай қалған. *М. Бейсенбаев.*

ВЕЯНС Андрис (1927 ж. т.) – латыш ақыны, Латвияның еңбек сің. мәдениет қайраткері. Оның «Жастық», «Күн көтеріліп барады» (Латвия Мемл. сыйлығы), «Тау бейнесі», «Камзол қалтасындағы сағат» жыр жинақтары оқырман қауымға жақсы таныс. Ақын Абайдың «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол...», «Жаз», «Сабырсыз, арсыз, еріншек...», «Сегіз аяқ», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...» атты өлеңдерін латыш тіліне аударған. *С. Варпа.*

ВИЛЬНИЙ (шын фам. – Волчков) Владимир Микитович (1921–81) – украин халық жазушысы. «Амансыз ба, анашым» (1964), «Таусылмайтын күн» (1974) повестері, «Дүниеде сен жалғызсың» (1963), «Таудағы өмір» (1972) т. б. романдарымен украин оқырмандарына жақсы таныс. В. 1974 ж. «Дніпро» баспасынан шыққан «Абай Құнанбаев» жинағына енген ұлы ақынның «Өкінішті көп өмір кеткен өтіп...» атты өлеңін украин тіліне аударған. *М. И. Дубина.*

ВИНОКУРОВ Евгений Михайлович (1925 ж. т.) – ақын, аудармашы. Оның «Парыз туралы жыр», «Әскери лирика», «Адам келбеті», «Жер шегі», «Сөз», «Лирика», «Музыка», «Ым» т. б. жыр жинақтары, «Поэзия және ой» деген әдеби-сын мақалалар кітабы оқырманға жақсы таныс. Ақын «Ескендір», «Масғұт» дастандарын орыс тіліне аударып, Абайдың таңдамалы шығармаларының 1970, 1981 ж. Москвадағы «Художественная литература» баспасынан жарық көрген жинақтарында жариялады.

«ВОПРОСЫ ФИЛОСОФИИ» – бұрынғы ССРО ҒА Философия ин-тының ғылыми журналы. 1947 жылдан ай сайын шыға бастаған. Көлемі 16,7 б. т. 1959 жылдан журнал мақалаларының қысқаша мазмұны ағылшын тілінде беріле бастады. Журналдың 1952 жылғы 5-санында С. И. Михайловтың «19 ғасырдағы Россия халықтарының қоғамдық озық ойының қалыптасу жолындағы қазақ революцияшыл-демократтары идеологиясының ролі туралы», 1980 жылғы 8 санында О. А. Сегізбаевтың «Қазақ ағартушылығының заңдылықтары мен ерекшеліктері» деген ғылыми мақалалары жарияланды. Бұл мақалаларда Қазақстанда қоғамдық ойдың қалыптасу барысындағы Абайдың қоғамдық, шығармашылық қызметі жан-жақты сөз болады.



ГАДЕЕВА (М о л д а б е к о в а) Тайра Салыққызы (1926 ж. т.) – суретші. Кескіндеме және сурет саласында жұмыс істейді. Абайдың 125 жылдық мерейтойына арналған респ. көркемөнер көрмесіне «Абай» атты жұмысын (1971; қағаз, пастель, автордың жеке қорында) қойды. Сурет өзіндік жеңіл лирик. көңіл-күйді білдіруімен ерекшеленеді.

ГАЕВ Николай Степанович (1921 ж. т.) – суретші. Қондырғылы және кітап графикасы, экслибрис саласында жұмыс істейді. Қазақстан Респ. еңбек сің. өнер қайраткері. Қазақстанның халық суретшісі. Ол Абайдың Семейдегі әдеби-мемориал. музейінің тапсырысы бойынша 1968 ж. ақынның достары: С. С. Гросс, Н. Я. Коншин, П. Д. Лобановский, Е. П. Михаэлистің, балалары: Әбдірахман, Ақылбай, Мағауия мен інісі Оспанның портреттерін жазған (барлығы қағаз, қарындашпен орындалған; Абайдың мемл. қорық мұражайы қорында). Г ақынның туғанына 125 жылдық мерейтойына арналған альбом жасауға да ат салысқан. Ақынның «Менсінбеуші ем надан-ды» өлеңі негізінде оның романтик. бейнесін жасаған (1971, қағаз, автосинкография, мемл. өнер мұражайы қоры). Ал «Абай портретінде» (1990, қағаз, линогравюра, Қазақстан Респ. Мәдениет мин-нің көркемсурет көрмесі дирекциясының қоры) ақыңды халықтың ақылгөй ақсақалы ретінде көрсетеді. *Н. А. Полонская.*

ГАСПРИНСКИЙ Ысмағұлбек (И с м а й л б е й, И с м а й ы л) (1851–1914) – көрнекті тілші-ғалым, ағартушы, журналист, баспагер. Ялтаның түбіндегі Гаспра ауылында, поручик Мұстафаның отбасында дүниеге келген. Воронеж, Москва кадет корпустарында оқыған. Стамбул, Париж қ-ларында

білімін тереңдеткен. Орыс жазушысы И. С. Тургеневтің көмекші хатшысы болған. Алжир, Тунис, Мысыр, Иран, Түркияны аралап, Мекке мен Мәдинаға барып, Қағбаға тәу еткен. Елге оралған соң араб алфавитінің түркі халықтарының тіліне лайықталған үлгісін жасады. Оның «Усул сотие жолымен тәрік етілген әліппе», «Хожа сыбан» деген оқу құралдары бүкіл түркі тілдес халықтар игілігіне қызмет етті. Ал «Түрік синтаксисі» Париж халықар. геогр. қоғамының алтын медалін алды. 1881 жылдан өзі шығара бастаған «Тәржіман» газетінде жалпы түрік тілі мәселелерін сөз еткен: «Түркі тілінің ерекшелігі», «Мемлекеттік тіл жөнінде», «Түркі тілі және оның адамзат қоғамына қосатын үлесі» т. б. ғылыми-проблемалық мақалалар жазды. «Тәржіманда» қазақ халқының мәдениеті мен тарихын, экономикасын арнайы сөз ететін көптеген материалдары жарияланды. «Қазақтар», «Торғай Һәм Орал облыстарындағы қазақтардың жағдайы», «Орыс қоныстанушылары мен жергілікті қазақтардың хұқы», «Қазақтар және отарлау саясаты», «Тұтас халықтың қырғыны» т. б. мақалалары Г-дің қазақ халқының тағдырына бауырластық жанашырлықпен араласқанын танытады. Жергілікті «Айқап», «Қазақ» газеттерімен байланыс жасап отырған. Ендеше қазақтар тұрмысын осыншалықты кең сөз еткен «Тәржіман» газеті мен оның шығарушысы Г-дің Абай назарынан тыс қалуы мүмкін емес. Өйткені, бұл газет ақын ауылына келіп тұрған. Бұған Шәкерім Құдайбердиевтің: «Алдында өткен, тәрбиесін көрген Абайдан соңғы ұстазым – «Тәржіман» газетінің иесі Ысмағұлбек Гаспринский десем бек дұрыс. Анықтық үшін сол кісінің газетін оқып, бек көп пайдаландым...» – деген сөздері дәлел («Түрік, қырғыз-қазақ Һәм хандар шежіресі», Орынбор, 1911). Кезінде Абай оқуы мүмкін бұл газет ақынның Семейдегі мемл. әдеби-мемориал. қорық музейінде сақтаулы. *Т. Барақұлы.*



Менсінбеуші ем наданды. Н. С. Гаев. 1971.

ГЕНКЕ Герберт Густавович (1913 ж. т.) – неміс жазушысы, аудармашы. Қазақ ақындарының шығармаларын, сондай-ақ Абайдың бірнеше өлеңін неміс тіліне аударған. Г. аударған Абайдың «Бай сейілді» өлеңі «Дала ырғағы» (А., 1976, немісше) жинағына енген.

ГЕРАСИМОВ Борис Георгиевич (1872 – ө. ж. б.) – ғалым-педагог Семейдегі орыс географиялық қоғамының төрағасы болған. Ол Абайды жақсы білген. Е. П. Михаэлис өлгенде Г. азахабар жазып, онда Михаэлиспен Абайдың достығын, өзінің ақын туралы ой-пікірін білдірген. Абайдың Семей қ-на келіп, айлап жатып, өздігінен ізденіп, білімін жетілдірудегі талабын жоғары бағалап, естелік жазған.

ГЕТЕ Иоганн Вольфганг (1749–1832) – ақын, немістің жаңа заман әдебиетінің негізін салушы, ойшыл, табиғаттанушы. Ол өз ғұмырында 1600-дей лирик. өлең, дастандар, балладалар, бірнеше роман, 54 драмалық шығарма, көп томдық өмірбаяндық кітап, «Фауст» атты философ. трагедия жазып, артында мол әдеби мұра қалдырды. Оның «Дауыл мен дабыл» кезеңіне байланысты лирикалары неміс поэзиясының шоқтығы биік үлгісі саналады, оның шығармалары өмірде бастан кешкен оқиғаларды терең де көркем бейнелей білуімен, әдеби түрлерді еркін пайдалануымен ерекшеленеді. Ол 18 ғ-дағы поэзиялық дәстүрдің тар шеңберін бұзып шығып, дауысы барша неміс халқына жеткен ең бірінші ұлттық ақын ретінде танылды. Ақын өмірінің соңғы кезеңіндегі әдеби мұрасы жаңа тақырып, жаңа көркемдік пішіндерімен ерекше көзге түседі. Осы жылдары парсы поэзиясы әсерінен туған, өзіндік махаббат гимні – «Батыс-шығыс жинағы» (1814–19) топтамасы дүниеге келді. Ақынның философ. ізденістері, тіршіліктен түйген тұжырымдары өзінің 60 жылдай өмірін арнаған, ең басты кітабы – «Фауст» трагедиясынан жан-жақты көрініс тапқан. Оның шығармалары көптеген әлем халықтарының тілдеріне аударылған. Ақын шығармаларының орыс тіліндегі аудармасы Россияда 1780 ж. (қара сөзбен жазылған драма «Клавиго») жарық көрді. Өлеңдерін В. А. Жуковский, Ф. И. Тютчев, М. Ю. Лермонтов, А. А. Фет т. б. аударды. Абай Г поэзиясымен осы ақындарының аудармалары арқылы таныс болды. Ол 1892 ж. Г-нің «Бақташының түнгі әні» өлеңін Лермонтовтың «Горные вершины» аудармасы арқылы қазақ тіліне тәржімелеп, оған ән шығарды. Абайдың *«Қараңғы түнде тау қалғып»* атты өзіндік аударма өлеңі мен әні ақынның көзі тірісінде-ақ бүкіл қазақ еліне кең тарады. *Г. Белгер.*

«ГЕТЕ ЖӘНЕ АБАЙ» («Гете и Абай») «Жалын» баспасынан 1989 ж. орыс тілінде

жарық көрген зерт. еңбек. Авторы – Г Бельгер. Автор неміс ақыны И. В. Гете мен Құнанбаевтың тағдырларындағы, қоғамдық қызметтеріндегі, дүниетанымдарындағы өзара ұқсас жайларға тоқталып, шығармаларындағы философ., эстет., этик., психол., идеялық сәйкестіктерге, егіздеулерге, ортақ ізденістерге шолу жасайды. Ұлы ақындардың өз халықтарының рухани мәдениетін дамытып, ұлттық санасын ояту бағытындағы еңбектерін нақты мысалдармен дәлелдейді. Олардың өлеңдеріндегі түрлік, жүйелік, өлшемдік, ұйқастық ерекшеліктерді салыстыра қарастырып, әдемі әуезділікке, ішкі иірім-ырғақтықтарға, саздылыққа құрылатындығын атап көрсетеді. Гетенің «Түнгі кезбенің әні» атты шығармасы негізінде туындаған М. Ю. Лермонтовтың «Тау шыңдары» мен Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңдеріндегі қайталанған поэтик. рух бірлігін, әлеум. ой астарын, үндес, сарындас әуенін де дәл басып көрсетеді. Кітап әдебиет зерттеушілеріне, сыншыларға, жоғарғы класс оқушыларына арналған. Көлемі 5,7 б. т., 24 мың дана болып басылған. *С. Қалуов.*

ГЕТЕ МУЗЕЙІ – ұлы неміс ақыны, ойшыл, жаратылыстанушы, зиялы бюргер әулетінен шыққан Иоганн Вольфганг Гетенің Германияның Ильменау қ-ндағы музейі. Ильменау қ-нан 4 шақырым жердегі Киккельхан тауының басындағы орман ішінде 1780 ж. ағаштан тұрғызылған 2 қабатты үйге 31 жастағы Гете сол жылы қыркүйек айының 6-ында тұңғыш рет бас сұққан. Гететанушылардың айғақтауынша Абай тәржімелеген *«Қараңғы түнде тау қалғыптың»* неміс тіліндегі түпнұсқасын, яғни «Түнгі кезбенің әнін» ұлы ақын сол күні кеште мұнартқан Тюрингия қыраттарына қарап тұрып есікке жазыпты. Г м. Киккельхан тауынан екі шақырым қашықтағы, Ильменау қ-сы маңындағы Габельбах деп аталатын жерге орналасқан. Музейдегі Гете «Түнгі кезбенің әнін» алғаш жазған есік тарихи мүлік саналады. Жазушы Қалмұқан Исабаевтың белсенді қызметінің арқасында Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңі қашалған мәрмәр тақта 1979 жылғы 22 шілдеде Қазақстаннан Габельбах музейіне жеткізіліп, салтанатты жағдайда аталмыш есіктің жанына орнатылды. Сол уақыттан бастап музейге келген шетелдік қонақтарды Абай әнімен қарсы алу дәстүрге айналған. 1980 ж. мамыр айында Исабаев Г м-не өзі салған Абай Құнанбайұлы бейнесін, «Қараңғы түнде тау қалғып» әнінің ноталық жазбасын, арнайы әзірленген домбыраны сыйға тартады. Домбыраның сынбайтын шынымен қапталған бөлігі астында неміс және орыс тілдерінде: «Гетенің Азиядағы тұңғыш аудармашысы – ақын әрі композитор Абай мына аспапта ойнап, «Түнгі кезбенің әніне» ән шығарған» деген жазу бар.

Өз кезегінде Гете музейі мең немістің классикалық әдеби мұрасын жинап, зерттейтін Ұлт институты қызметкерлері әдеби-мемориалдық Семейдегі Абайдың респ. музейіне Гетенің портретін сыйға тартқан. *Б. Сапаралы.*

ГИЛИ ас-Саид Абд ар-Рахман (1934 ж. т.) – судандық араб ақыны, әдебиетші, аудармашы. 1973 ж. Азия және Африка жазушыларының 5-конференциясына (Алматы), 1975 ж. әл-Фарабидің 1100 жылдық тойына қатысқан. Шетел ақын-жазушылары шығармаларын араб тіліне тәржімалаумен де айналысады. Ол аударған Абайдың таңдамалы өлеңдері мен дастандары 1971 ж. Москваның «Прогресс» баспасынан араб тілінде жарық көрді. Кітапқа алғысөз ретінде Мұхтар Әуезовтың «Қазақ халқының ұлы ақыны» атты мақаласы алынған. Екінші кітабы – Абайдың өлеңдер жинағын 1989 ж. *«Жазушы»* баспасы шығарды. Аудармашы-ақынның қазақ халқының мәдени-тарихи өмірімен жете таныстығы араб оқырмандарына Абай шығармаларының тілі жатық, мән-мағынасының, өзіндік көркемдік-идеялық дәрежесінің бұзылмай жетуіне игі ықпалын тигізген. Бұл жөнінде Египеттің «әл-Гумһурийа» («Республика»), «әл-Маса» («Кеш»), Ирактың «Тарих аш-Шағб» («Халық жолы») газеттері жылы лебіздер білдірген. *Ә. Дербісәлиев.*

ГИМАЛАЙ – Жер шарындағы аса биік тау жүйесі. Үндістан, Қытай, Непал және Пәкістан жерінде. Тау тым шалғайда жатқандығына қарамастан, ескі аңыз-ертегілер, батырлар жырлары арқылы қазақтарға да жақсы таныс болған. Абай *«Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы»* деген тарихи мақаласында Шыңғысханның жорық жолын көрсететін қазақтардың «Самарқанның сары жолы, Бұланайдың тар жолы» деген мақалын келтіре отырып, «Бұланай деп Гималайды айтқаны ма, Үндукеш тауы ма?» деген жорамал жасайды.

ГОДЖАБАШЯН Ерванд Аршакович (1939 ж. т.) – мүсінші, суретші. Монументті өнер саласында жұмыс істейді. Қара туфтан болмашы құралдармен дәл кертіп, тастың табиғи өткір қырлары мен кедір-бұдырын ұтымды пайдалана отырып, Абай портретін жасады (1968). Бұл портрет қазақ өнерінің Арменияда өткен онкүндігі кезінде көрсетіліп (1969), кейін Қазақстан Республикасы мемл. өнер музейіне сыйға тартылды.

ГОЛОВКОВ Григорий Александрович (1935 ж. т.) –суретші. Графика саласында жұмыс істейді. Ол Семейдегі Абайдың респ. әдеби-мемориал. музейіне арнап «Абай-ақын» (1983; қағаз, литография, автордың жеке қоры) атты сурет салды. Онда ақынның шабытты сәттегі ойлы жүзі табиғат аясында, жұмыс үстінде бейнеленген.

ГОЛУБОВИЧ Василий Васильевич (1910–91) – театр суретшісі. Қазақстан Республикасының еңбек сің. өнер қайраткері. Ол М. Әуезовтің «Абай» романы бойынша Ш. К.

Айманов пен Я. С. Штейн қойған «Абай» инсценировкасын (1949) безендірді. Г-тің ұлттық бояу ерекшеліктерін терең пайдаланған ашық та айқын түстермен өрнектелген сахналық суреттері қойылымға ерекше ажар беріп, спектакльдің көркемдік құнын күшейте түсті. Осы еңбегі үшін 1952 ж. қоюшылар тобымен бірге Г-ке ССРО Мемл. сыйлығы берілді. *К. Ә. Нұрпейісов.*

ГОМЕР (б. з. д. 12–8 ғ. ш.) – ежелгі гректің эпик ақыны. Өлеңдері мен дастандарын ел аралап жүріп, ішекті аспаптың әуеніне қосылып, айтып шығарған. Г шығармаларының кейбір тұстары, соның ішінде «Илиада», «Одиссея» дастандары 8–7 ғ-да-ақ кең тараған. Абайдың *Жиырма жетінші сөзінде* Г аты аталады. Ұстазы Сократ Хакім ғалым шәкірті Аристодимнен өнеріне ел таңданарлықтай кімдерді білетінін, олардың қандай өнерімен танымал екенін сұрағанда, Г-ді жұрт бәйітшілдігі (ақындығы) үшін құрметтейтінін айтып, оның есімін бірінші атайды. *Р. Батырбекова.*

ГОНЧАРЕНКО Иван Иванович (1908–88) – украин халық ақыны. «Достар», «Біздің бақытымыз үшін», «Одесса, Севастополь», «Дунай дастаны», «Матрос Гайдай», «Обелиск», «Кордон», «Отызыншы батарея» атты кітаптарымен украин оқырмандарына жақсы танымал. Г 1974 ж. «Дніпро» баспасынан жарық көрген «Абай Құнанбаев» жинағына енген ақынның «Уағалайкумуссәлам», «Жазғытұры қалмайды қыстың сызы...», «Заманақыр жастары...» атты өлеңдерін украин тіліне аударған. *В. К. Костенко.*

ГОНЧАРУК Захар Власович (1921 ж. т.) – украин халық ақыны, аудармашы. «Көгершін базары», «Днепр туралы ой», «Квинта», «Апасионата», «Роминапта», «Менің константам» т. б. кітаптарымен украин оқырмандарына жақсы таныс. Г 1974 ж. «Дніпро» баспасынан шыққан «Абай Құнанбаев» жинағына енген ақынның «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек...», «Мен жазбаймын өленді ермек үшін...» т. б. өлеңдерін украин тіліне аударған. *В. О. Мельник.*

ГРЖЕВИЧЕК Людек (т. ж. б.) – чех ғалымы, қазақ тілі мен әдебиетін зерттеуші. Ол 1963 ж. «Абай лексикасының кейбір сандық қасиеттері туралы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Бұл ғылыми еңбектің қысқартылған мазмұны Қазақ ССР ҒА Хабаршысының 1964 жылғы 4-санында жарияланды.

ГРИГОРЬЕВ Валентин Александрович (1937–90) – суретші. Қондырғылы және кітап графикасы, плакат, экслибрис саласында жұмыс істеген. Абайдың Семейдегі респ. әдеби-мемориалдық мұражайы (қаз. Абайдың мемл. қорық мұражайы) үшін плакат жарнама (1971, қағаз, тушь, қаламұш; көп данамен шығарылған) және мұражайдың жолкөрсеткіш кітапшысының Абай портреті бейнеленген мұқабасын (1971, қағаз, линогравюра, көп данамен шығарылған) жасаған. Абайдың 125 жылдық мерейтойына арналған альбом үшін ақынның «Қансонарда бүркітші шығады аңға» деген өлеңіне сурет салған (1971, қағаз, линогравюра, Респ. ұлттық кітапханасында). Осы мерейтой үшін Г шақыру билетінің үлгісі мен жарнамасын жасап және Респ. көркемсурет көрмесі каталогінің мұқабасын көркемдеген (1971, қағаз, аралас техн., көп данамен шығарылған). Жоғарыда аталған көрмеге Абай шығармашылығының мәңгілік екенін паш ететін «Уақыт» деген жұмысы-



Қансонарда бүркітші шығады аңға. В. А. Григорьев. 1971.




Абай – ақын. Г. А. Головков. 1983.

мен қатысқан (1971, қағаз, автолитография, суретшінің отбасы меншігінде).
П. Плахотная.

ГРИЗБИЛ Георгий Иосифич (1929–83) – композитор. Ол М. О. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының әсерімен симфон. оркестрге арнап «Абай» поэмасын (1956) жазды. Поэма партитурасына полифониялық тәсілдермен өңделген бірқатар Абай әндерінің әуендерін енгізген, аспаптардың құрылымдық және дыбыстық ерекшеліктеріне сай ақынның жан-дүниесіндегі сазды, өмірінің күрделі кезеңдеріндегі көңіл-күй толқынысын сәтті көрсете білген. Қазақ пен орыс халқының қарым-қатынасы туралы ой-толғауы – орыстың «Эй, ухнем», «Дубинушка» әндерімен ақынның өз әндерінің үндесуі арқылы жарасымды берілген. (қ. *Музыкалық мұра*). *Б. Ерзакович.*

ГРАММОФОНДЫҚ ЖАЗУ СТУДИЯСЫ, Алматының граммофондық жазу студиясы – Қазақстан өнер шеберлері орындаған ұлттық, классик. муз. шығармалардың озық үлгілерін магнитофон таспасына жазу, бұрын жазылып алынғандарын қайта қалпына келтіру, музыка мен әдебиет саласынан антология жасау жұмысымен айналысатын мәдени мекеме. Студия Р Абдуллиннің орындауында «Қор болды жаным», «Көзімнің қарасы», «Абай» операсынан ақынның әні мен ариясын, Е. Серкебаевтың, М. Мұсабаевтың орындауында «Айттым сәлем, қалам қас», Қ. Байбосыновтың орындауында «Қараңғы түнде тау қалғып», А. Сембиннің орындауында «Жарқ етпес қара көңлім не қылса да» әндерін күйтабаққа жазып шығарды. Құрманғазы атынд. академиялық ұлт-аспаптар оркестрінің орындауында А. Жұбановтың «Абай» сюитасы, М. Әуезов атынд. драма театрында қойылған *«Абай»* спектаклі, Ғ Мүсірепов атынд. жастар мен балалар театрының «Жас Абай» пьесасынан үзінділер күйтабаққа жазылған. *Ә. Телғозиев.*

ГРОСС Северин Северинович (1857 – ө. ж. белгісіз) – поляк халықшыл революционері. 1877 ж. Петербург ун-тін бітірген. Поляк жастарының астыртын рев. ұйымының жұмысына белсене араласқаны үшін 1882 ж. тұтқынға алынып, полицияның ашық бақылауымен 5 жылға Бат.-Сібірге жер аударылған. Г алғашында Есіл қаласына қоныс тепті, 1883 ж. Семейге ауысады. Мұнда ол Семей обл. статистика к-тінде жұмыс істеп, өлкені жан-жақты зерттеуде маңызды қызмет атқарған, жергілікті музей мен қоғамдық кітапхана ашуға көп күш жұмсайды. Абай Семей обл. статистика к-тінің қызметі барысында онымен жақын таныс болды. Г-тың 1886 ж. жарық көрген «Қырғыздардың заң жөніндегі әдет-ғұрыптарын үйренуге арналған материалдар» еңбегін жазу барысында Семей уезіндегі Шыңғыс болысына баруға рұқсат алғаны жөнінде архив мәліметтері сақталынған (ҚР Орт. мемл. архиві, 15-қор, 2-тізім, 63-іс, 52-парақ). Ол жоғарыда аталған жұмысқа деректер жинау мақсатымен қазақтың әдет-ғұрып заңдарын жетік білетін Абаймен тығыз қатынас жасап, кеңесіп отырған. *Л. М. Әуезова.*



С. С. Гросс.

ГУЛЛАЕВ Назар (1936 ж. т.) – түрікмен ақыны, әдебиет зерттеуші, драматург, композитор. Филол. ғылымының кандидаты, проф. Ол түрікмен халқының орта ғасырлардағы мәдени және әдеби мұрасы хақында «Ғасырдан қалған нұсқалар», «Ләйлі мен Мәжнүн жөнінде сұхбат» және «Өмір туралы ойланба» т. б. ғылыми-зерттеу кітаптарын жарыққа шығарды. Г Абайдың туғанына 120 жыл толуына арнап «Қазақ халқының биік ұлы» («Мұғаллымдар газети», 1965, 8-ші тамыз) атты көлемді мақала жазды. *К. Боржакова.*

ГУМАНИСТІК КӨЗҚАРАСЫ – ақынның қоғамдық, суреткерлік, ағартушылық және ойшыл-ғұламалық қызметімен тығыз байланысты ұғым.

Әрбір ұлы ақын – өз заманының перзенті, өз дәуірінің жыршысы, өз халқының өмірлік мүдделерінің жоқшысы. Абайдың өмір сүрген заманы орыс патшалығының қазақ даласын отарлау жөніндегі саясатының әбден асқынып, межелі жеріне жеткен кез болатын. Біржарым ғасыр бойы жүйелі түрде жүргізілген бұл саясат Абайдың ел өміріне араласа бастаған шағында қазақ қауымының барлық билігін тікелей патша әкімшілігінің өз қолына алуымен тынған-ды. Қазақ елін басқарудың әуелі хандық, одан кейін аға сұлтандық тәртібі жойылып, ел билігінің жергілікті жерден мезіреті ретінде сайланып қойылатын болыс, би, ауылнайлар арқылы патша әкімшілігінің кеңсесіне көшірілуі ел ішіне неше қилы бүліншілікті ала келді. Әр түрлі айла-шарғымен билік басына жеткен атқамінерлер халық арасына іріткі салып, алалық туғызды, зорлық-зомбылықты күшейтті. Осыдан келіп, парақорлық, арызқойлық сияқты бұрын

болмаған келеңсіз жайттар етек алды. Ел іші жікке бөлініп, партияшылдыққа бой ұрды. Бұрын маң далада бұйығы өмір сүрген момын ауылдарды ұрлық-қарлық, алдау-арбау, барымта-сарымта сияқты қуғын-сүргін әрекеттер жайлады.

Отаршыл әкімшіліктің «бөліп ал да билей бер» дейтін аты шулы зымияндық саясатының салдарынан тарихи тығырыққа тірелген халқының мүшкіл халін көзбен көріп, саңылаусыз болашағын санамен ұғып, іштей қан жылаған ақын өз шығармаларында заманының қатал шындығын ашына суреттеді. *«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...»*, *«Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек...»*, *«Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман...»*, *«Қыран бүркіт не алмайды салса баптап...»*, *«Байлар жүр баққан малын қорғалатып...»* сияқты өлеңдерде ақын отаршылдық ойранның ел ішін аздырып, тоздырып бара жатқанын ауыр қасірет сезімімен бейнеледі. *«Болыс болдым мінекей...»*, *«Мәз болады болысың...»*, *«Уағалайкүмүссәләм...»* деп басталатын т. б. шығармаларында Абай бақкұмар бақай қулықпен биліктің бір шетіне қол жеткізгеннен кейін, қарауындағы халықты әділдікпен басқарып, елді жемісті тіршілік өрісіне қарай ілгері бастаудың орнына, өзінің мансапқорлық мүддесінен аса алмай, өзінен жоғары әкімдер мен ел жуандарының алдында құрдай жорғалап, оның есесіне қарапайым халыққа тізесін батыра түскен болыс, билерді т. б. атқамінерлерді ащы әжуамен шенейді. Абайды әсіресе қынжылтып, қатты алаңдатқан нәрсе әкімдердің жаңағыдай айдап салғанына елігіп, елдіктен кете бастаған, үнемі пәле қуып, жамандық іздеген, ата дәстүрінен ауытқып, адамгершілік ар-ұяттан безген ауыл адамдарының бойындағы келеңсіздік мінез-құлықтар еді. *«Көңлім қайтты достан да, дүшпаннан да...»*, *«Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ...»*, *«Сабырсыз, арсыз, еріншек...»*, *«Бөтен елде бар болса...»* атты туындыларда ақын ел арасын жайлап кеткен мансапқорлық, сатқындық, басараздық, опасыздық, дүниеқоңыздық, жалқаулық, тіленшектік сияқты теріс мінездердің жеке адам басындағы дерттен қоғамдық қырсыққа айналып бара жатқанына қайғырып, ел-жұртты солардан сақтандырады. *«Бір дәурен кемді күнге бозбалалық...»*, *«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат...»* сияқты өлеңдерде Абай ауыл жастарын үнемі қызық қуалаған мағынасыз думаншылдықтан, мәнсіз даурықпадан арылып, тіршілік қамымен шұғылдануға, өзара бірлік пен татулыққа шақырды.

Сөйтіп, ақынның Г к. өзінің алғашқы қалыптасу кезеңінде халқын сүйген, оның болашағын ойлап қам жеген, оның ілгері басуына кедергі келтіретін кесір-кесапаттарға қарсы күрескен қайраткер азаматтың әрекеттері түрінде көрінді. Бұл тұста Абай өз халқының жанашыр жоқшысы, оның басындағы ауыр халін көріп мүсіркеген жанкүйер жақыны.

Абай халқының қараңғы қапасқа қамалып, елдік болмысынан айрылу қатеріне душар болып тұрғанын ескертумен ғана шектелген жоқ. Ол елдің ілгері басатын аяғын кейін кетіріп отырған кертартпа күштерді әшкерелеумен бірге, сол тығырықтан шығар жолды ежелден бергі елдігін сақтап қалудың қалыптасқан тарихи жағдайдағы бірден-бір тиімді де ықтимал бағытын да көрсетіп берді.

Абай туған халқын әлеуметтік бірлікке, қарекетшіл еңбекке, өнер-білімге үндеді. Бодандықтың жоғарыда айтылған апатты зардаптарымен бірге іргелі елдер қатарындағы орыс халқының тілін, ғылымы мен өнерін игеру арқылы дүниежүзілік өркениетке иек артуға да жол ашылған болатын. Ақын осы мүмкіндікті барынша мол пайдалануға шақырды: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек». Осы тұстағы «зарарынан қашық болуға» деген сөзде ерекше мән бар. Біріншіден, отаршылдың тілін біліп, ғылым-білімін меңгерген адам онымен иық теңестірерлік деңгейге көтеріледі де, бұратаналық жәбір-жапаға оңайлықпен көне қоймайтын болады. Екіншіден, ішіне кіріп, еркін араласқан жағдайда, оның тұрмыс-салтындағы, ұлттық психологиясындағы ерекшеліктерді айыра біліп, жақсысынан үйренуге, жаманынан жиренуге мүмкіндік алады.

Ақын *«Жасымда ғылым бар деп ескермедім...»*, *«Ғылым таппай баптанба...»*, *«Интернатта оқып жүр...»*, *«Біреуден біреу артылса...»*, *«Білімдіден шыққан сөз...»* сияқты бірқатар туындыларында халықты, әсіресе жастарды ғылым-білімге шақырды. Ондағы мақсат тек қана хат танып, арыз жазуды, тілмаштықты үйренуде немесе әкімшілік қызметінің бір пұшпағына ілініп, «төре» атануда емес, ғылым-білімді меңгеру арқылы дүниенің сырын білуде, алған біліміңді халықтың игілігіне жаратып, соған қызмет етуде, оны ілгері қарай сүйреуде екенін ұғындырды. Ол үшін ең алдымен надандыққа қарсы күресіп, халықты қараңғылық шебінен алып шығу керек екенін жар сала жария етті.

Ақынның ағартушылық қызметін мейлінше өрістеткен тұсы, туған халқын дүниелік ғылым-білімді, өнерді, техниканы меңгеру арқылы дамудың даңғыл жолына түсуге шақырған жалынды сөздері оның Г к-ын белгілі бір жүйеге түсіп, жоғары азаматтық деңгейге көтерілгенін аңғартады. Абай өнер-білімді қауымның ілгері қарай дамуының ғана басты шарты деп ұғынған жоқ. Сонымен бірге адамның жеке басының мінез-құлқын тәрбиелеудің, ақыл-парасатын жетілдірудің, сөйтіп, оның бойына ізгі қасиеттер дарытудың ең жемісті жолы деп білді. Ақынның айтуынша, адамның шын мәнінде жақсы атанып, адамгершіліктің биік деңгейіне көтерілуі үшін оған үш

нәрсе: зерделі ақыл, қажырлы қайрат және мейірбан жүрек керек. Және осы үш қасиет бір адамның бойынан түгел көрінуі шарт. Олардың бірінсіз бірі жеке алғанда ойлағандай нәтиже бере алмайды.
Осылай дей келіп, Абай адамға қажетті үш қасиеттің өзін білімге жүгінтеді.

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден ерек...» –

дейді де, ақын ақырғы тұжырымды пікірін:

«Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек...» –

деп түйеді.
Ақын діттеген абзал адамгершіліктің қырлары мен сырлары сан алуан. Солардың ішінде әсіресе шегелеп көп айтатыны – әділеттілік, мейірбандық, достық, татулық және сол достыққа адалдық. Абай ұғымында әділеттілік пен мейірбандық бір-бірімен тығыз байланысты егіз ұғымдар. Барлық істе әділетке жүгінген адам ешқашан зорлық-зомбылыққа жол бермейді, мейірбандық борышын ұмытпайды. Ақынның «Күз», *«Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай...»* атты өлеңдерінен біз осыны айқын аңғарамыз. Бұларда малжандылықты мейірімсіздікпен ұштастырған сараң бай мен жанын жалдап жүрсе де еңбегінің игілігін көре алмай сорлаған кедей үйінің арасындағы кереғарлық әшкереленеді. Сол арқылы ақын қолында дәулеті мен билігі бар адамдарды әділеттілік пен мейірбандыққа шақырады. Мұны кешегі идеолог. үстемдік кезіндегідей тап жігінің көрінісі деп бағаламай, адам мінезіндегі қаталдық пен шарасыздықтың шарпысуы деп ұққанымыз жөн.
Ақынның адамдар арасындағы достық қатынастарды бағалауында зор тағылымдық мән бар. Күнделікті өмірдің пенделшілік ырқымен күйкі тіршілік кешкен қараңғы қауымда өзімен ой теңестіріп сырласарлық дос таппағаны ақынның орындалмаған армандарының бірі болып қалады. *«Ішім өлген, сыртым сау...»*, *«Қажымас дос халықта жоқ...»*, *«Келдік талай жерге енді...»*, *«Жүрегім, ойбай, соқпа енді...»* сияқты көптеген шығармаларынан баянсыз пейіл мен тұрақсыз мінез зардабын көп тартқан ақын көңілінің назасы мен наласы танылады.
Абай таза адамгершіліктің маңызды бір шарты ретінде шынайы махаббат, таза сүйіспеншілік тақырыбын көп жырлаған. Әділін айтқанда, туған әдебиетімізге тура мағынасындағы махаббат лирикасын енгізген – Абай. Сондағы оның көп діттегені – сүйіспеншілікке адалдық, сезім күші, махаббат еркіндігі, жүрек қалауына еркек пен әйелдің бірдей қатыстылығы және тең хақылылығы. Бұған ақынның махаббат тақырыбына арналған кез келген шығармасын оқып көз жеткізуге болады *(«Желсіз түнде жарық ай...»*, *«Қор болды жаным...»*, *«Жігіт сөзі...»*, *«Қыз сөзі»*, *«Жарқ етпес қара көңілім не қылса да...»*, *«Қызарып, сұрланып...»*, *«Көзімнің қарасы...» т. б.)*.
Ақын өзінің оқырмандарын шынайы адамгершілікке шақырғанда, оны жалаң насихат түрінде діттей бермей, өз орталарында өмір сүрген жақсы адамдарды үлгі етіп те ұсынады. Мұны ақынның Құнанбай қажыға, Оспанға, Әбдірахманға арнаған шумақтарынан көруге болады. Ол Құнанбайды әкесі болғандықтан дәріптемейді, адалдығы, ақылдылығы, мырзалығы, әділдігі, нашарларға қарасқыш мейірбандығы үшін дәріптейді. Оспанды інілігі үшін емес, ерлігі, турашылдығы, жомарттығы үшін мадақтайды. Сондай-ақ, Әбдірахманды талапкерлігі үшін, зор білімділігі, мол ақыл-парасаты, кішіпейілдігі т. б. жақсы қасиеттері үшін жоқтайды. Осыншалықты елге беделді, халыққа қадірлі адамдарды атаның ұлы емес, **Адамның** ұлы, елдің панасы дәрежесіне көтере ардақтайды.
Ағартушылық тақырыбына жазылған шығармаларынан бастап, ізгі адамгершілікті насихаттайтын өзге де мұраларын қоса, жиынтықтап айтқанда Абайдың Г к. әбден қалыптасып болған тұста ұлы ақын шынайы адамгершілдік жырын жырлаған ұлтының ұстазы, халқының рухани көсемі ретінде тұлғаланып көрінеді.
Батыс пен шығыстың өзінен бұрынғы талай ойшыл ғұламаларының табиғат, қоғам, адам жөніндегі еңбектерін іздене игеруі нәтижесінде ақыл-парасаты кемеліне келген кездегі терең ойшыл, философ Абайдың жалпы дүниеге көзқарасы, оның ішінде Г к. дінмен байланысты жаңа бір қырынан көрініп, күрделілене түседі.
Тегінде, Абай бұрынырақта біз ойлағандай атеист емес, діндар адам. Бірақ оның діндарлығы ауыл арасындағы құранды «теріс оқитын» дүмше молдалардан мүлде өзгеше. Орыс, араб, парсы тілдерін жетік білген ақын дүние жүзіндегі діндерді салыстыра зерттей келіп, ісләм дінінің мәніне, құранның қисындарына терең үңіледі. Табиғат құбылыстарының, дүниедегі тіршіліктің ғажайып үйлесімділігі мен заңдылығына көз жеткізген ақын соның бәрін басқарып тұрған бір сиқырлы күш бар екеніне кәміл сенеді де, оны **Құдай** деп ұғынады. Соған бас иіп, табынады. *«Алла мықты жаратқан сегіз батыр...»*, *«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес...»*, *«Алла деген сөз жеңіл...»*, *«Алланың өзі де рас, сөзі де рас...»* атты шығармаларында және отыз бесінші, *отыз алтыншы, отыз сегізінші сөздерінде* ақын Алланы сүю арқылы, оның сүйген құлы – Адамды сүюге шақырады, имандылықты, мейірбандықты, биік адамгершілдікті күйттейді.

«Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз қол емес,
Ынталы жүрек, шын көңіл
Өзгесі хаққа жол емес...» –

дегенде, ақын шынайы мұсылманшылықпен бірге жүрек тазалығын, көңіл пәктігін қоса діттейді. Сондай-ақ:

«Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және сүй хақ жол деп әділетті...» –

дей отырып, Абай Алланы сүйген адам бүкіл адамзатқа деген бауырмалдық сезімін қастерлеуі, хақтың жолы әділет екенін ұмытпауы және одан ауытқымауы қажет екенін бірдей ескертеді.

Қорыта айтқанда, ақынның Г к. әбден жүйеленген, ішкі ожданына негізделген, оның жалпы дүниетанымынан туындайтын сындарлы көзқарас болып табылады. Оның негізгі өзегі – абзал адамгершілік, шынайы адам сүйгіштік. *Ж. Ысмағұлов.*

ГУММЕЛЬ Юрий Вильгельмович (1927 ж. т.) – мүсінші. Қолданбалы және монументті-мүсін саласында жұмыс істейді. Қазақстан Республикасының еңбек сің. өнер қайраткері. Г 1979 ж. «Абай Құнанбаев» (гипс, Қарағанды обл. Абай қ-ндағы Абай музейінің қоры), 1981 ж. «Абай» (қақталған мыс, автордың қоры) мүсіндерін жасады. Соңғы шығармада егде жастағы Абай төңірегіне зер сала қарап тұр. Сәл алға ұмтылған басы ақынның жан толқынысын танытады. Иығына желбегей жамылған сырмалы шапаны алабұртқан көңіл-күйін аша түскен.

ГУРЬЕВ Альберт Анатольевич (1937 ж. т.) – суретші. Қолданбалы және графика, экслибрис саласында жұмыс істейді. Қазақстан Респ. еңбек сің. өнер қайраткері. Абайдың 125 жылдық мерейтойына арналған альбомға ақынның «Жастықтың оты жалындап» өлеңі бойынша салған суреті (1971, қағаз, линогравюра, Қазақтың мемл. өнер мұражайы қоры) терең ақындық сезімталдықпен, астарлы әуенмен орындалған. Г сол жылы ақынның балаларға арналып, «Менің алғашқы кітабым» топтамасымен жарық көрген «Жаз» деген кітабын көркемдеген (1971, «Жазушы» баспасы, суреттердің түпнұсқасы автордың өзінде). Кітаптағы суреттерде ақын өлеңіндегі қазақ ауылының жазғы тұрмысы қанық бояулармен өрнектелген. Суретші комп. А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» операсы үшін ақынның портреті салынған жарнама әзірледі (1973).



Жастықтың оты жалындап. А. А. Гурьев. 1971.

ГУРЬЕВИЧ Александр Михайлович (1905–66) – композитор, пианист. 1941 жылдан Қазақстанда тұрып, Семей, Алматы театрлары мен мәдениет мекемелерінде қызмет істеді. Комп. Абай шығармаларына ерекше ықыласпен қарап, ақынның «Жарқ етпес қара көңлім не қылса да...», «Ойға түстім, толғандым...», «Қор болды жаным...», Құлақтан кіріп, бойды алар...», «Қыз сөзі», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы...», «Сұр бұлт, түсі суық, қаптайды аспан...» деген өлеңдеріне ән-романстар жазған.



ҒАББАСОВ Халил (1888 – ө. ж. б.) – оқытушы. Ол Москва ун-тінің физ.-матем. фтін бітірген. Семейде ұсақ қарыз инспекторы, губерниялық рев. к-тте төраға, жер бөлімі меңгерушісі болып, пед. техникумда алгебра пәнінен сабақ берді. Ғ 1924 ж. Абайдың қайтыс болғанына 20 жыл толуына байланысты Семейде өткізілген жиында Абайдың өмірі және әдеби қызметі жайында баяндама жасаған. 1928 ж. құғынға ұшырап, Абайдың баласы Турағұлмен бірге жер аударылды.

ҒАБДУЛЛИН Бақыт (1923 ж. т.) – философ, доцент. 50 жылдардан бастап Абайдың филос., әлеум., адамгершілік, этик. таным-толғамдары, дінге көзқарасы мәселелерін зерттеумен айналысып, оннан астам ғыл. мақала жариялады. «Абайдың Сократтың этикалық көзқарасына сыны туралы бірер сөз» («Научные доклады высшей школы». Философские науки. 1960, № 2), «Абай және Сократ» (Абай тағлымы, А., 1986), «Абайдың Сократ шығармаларымен таныстығы туралы» (Қазақстан мектебі, 1960, № 1), «Абайдың дін туралы түсініктері» («Қазақстан коммунисі», 1960, № 8) т. б. мақалаларында ақынның дінге көзқарасына жан-жақты талдау жасап, тәңірі мен адамның арақатысы, иман туралы ақын тұжырымдарын ашып көрсетті, оның көне заман философы Сократпен ақыл, білім туралы ортақ ойларын салыстыра зерттеді. Ғ *«Абайдың этикалық көзқарасы»* (1970), *«Шоқан, Ыбырай және Абай дін туралы»* (1988) деген арнаулы моногр. зерттеулерін шығарды, 1960 ж. ақынның этик. көзқарасы тақырыбына кандидаттық диссертация қорғады.

ҒАБДУЛЛИН Мәлік (1915–73) – жазушы, әдебиет зерттеуші, филология ғылымының

докторы, проф. ССРО Пед. ҒА-ның академигі. Совет Одағының Батыры. ҚазССР-інің еңбек сің. ғылым қайраткері. Ғ-нің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті», «Қазақ халқының батырлық жырлары» деген күрделі ғылыми еңбектері, «Менің майдандас достарым», «Алтын жұлдыз», «Майдан очерктері», «Сұрапыл жылдары» көркем шығармалары оқырман қауымға жақсы таныс. Ғ ғылыми еңбектерінде Абай мұрасына ерекше көңіл бөлген. 1940 жылдан бастап Абай шығармаларына зерттеу жүргізіп, келелі пікір айтқан ғалым абайтану ғылымының негізін салған М. Әуезовке Ашық хат жариялап («Қазақ әдебиеті», 1955, 23 қазан), ұлы ақын шығармаларын зерттеу әлі де жүйелі жүргізілмей отырғанына көңіл аударды. Осы жылғы «Жазба әдебиетіміз кімнен басталады?» («Қазақ әдебиеті», 1955, 25 наурыз) деген проблемалық мақаласында Ғ қазақтың жазба әдебиеті туралы осы уақытқа дейін қалыптасып келген 3 кезең: 1–18 және 19 ғасырлардағы, 2–20 ғ-дың бас кезіндегі және 3-Совет дәуіріндегі қазақ әдебиеті деген жаңсақ пікірді теріске шығарады да, жазба әдебиеттің көшбасшысы А. Құнанбаев пен Ы. Алтынсарин болғанын дәлелдейді. Ғ Қазақ ССР ҒА-ның Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығының лауреаты.

«ҒАБИДОЛЛАҒА» – Абайдың өлеңі, қ. *«Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын...»*

ҒАБИТҚАН Ғабдыназарұлы (1835–1932) – Құнанбай ауылының балаларын оқытқан ноғай молда. Ғ-нан Ғабидолла, Сары, Аятолла тарайды. Абай да 8 жасынан бастап осы Ғ-нан мұсылманша оқыған. Ғ кезінде солдаттан қашып қазақ аулына сіңеді. 1857 жылдан Зере бәйбіше мен Құнанбай «Есенбай жырасы» деген жерде салдырған медреседе, кейіннен 1880 жылдан Абайдың Жидебайда тұрғызған медресе үйінде дәріс береді. Ғ-ның қолымен араб әрпінде жазылған 3 хат (1865 ж. қараша айының 8-нде Құнанбай мырзаның атынан оның Омбыда кадет корпусында оқып жүрген ұлы Халиуллаға жазған хаты, 1866 ж. ақпан айының 4-нде өз атынан жазылған хаты, 1866 ж. наурыз айының 8-нде Ибраһим (Абай) Құнанбайұлы атынан жолдаған хаты) – Абайтану саласына қосылған қымбат қазына. Ашаршылық зобалаңында, яғни 1932 ж. дүние салған Ғ Жидебайдағы Зере мен Ұлжан зиратына жерленген. *Б. Сапаралы.*

ҒАЗЕЛ Жағыпарқызы Мағауина (1927 ж. т.) – Абайдың шөбересі. Мағауияның баласы Жағыпардан туған. Семей, Шымкент, Арыс, Алматы қ-нда мектеп-интернатта оқыған. Кино саласына мамандар даярлайтын училищені бітіргеннен кейін Қазақ мемл. ун-тіне қабылданып, қоғамдық ғылымдар ф-тін бітірген. Ол алғашқыда мұғалім, кейіннен «Қазақфильм» киностудиясында қазақ киносы тарихы мұражайының бөлім меңгерушісі болды. Абай мұрасын зерттеушілерге мағлұматтар берген. Қазір Алматыда тұрады.



Ғ. Мағауина.

ҒАЙСА (Айса, Иса, Иисус Христос) – Христиан дінінің негізін салған пайғамбар. Дін кітабы – Інжілде құдайдың расулы, адамдарды азат етуші ретінде насихатталады. Ол әулие-ана Мариядан туып, өзінің діни уағызын Палестинадан бастаған. Яһуди діндарларының қаһарына іліккен оны пасха мейрамының қарсаңында Рим прокуроры Понтий Пилаттың үкімімен кресте керіп өлтірген. Абай өзінің *Отыз жетінші сөзінде:* «Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан... – көп, ендеше, көпте ақыл жоқ» деп Ғ-ның гуманистік ойларын қолдайтынын танытады.

ҒАЛИ, қ. *Әзірет әлі.*

ҒАЛЫМ. Абай шығармаларында ғылым сөзі хаким сөзімен бірге, жарыса қолданылып отырады. Бұл сөздердің негізі бір болғанымен Абайда бұлар танымдағы мағынасы басқаша, өзіндік ерекшеліктері бар дербес ұғымдарға жатады. Абай *Отыз сегізінші сөзінде* ғылым салаларын өзінше жүйелей саралап отырады да, ғылымның иесі ғалымдар мен хакимдерге ерекше назар аударып, олар жайлы өз түсінігін береді. Абай Ғ ұғымына дүниелік табиғи ғылым мен қоғамдық ғылымдардың жеке саласын жете меңгергендерді жатқызады. Абай нақылияға жүйріктерді Ғ. деп білетіндіктен: «...дүниеде ғылыми заһири бар, олар айтылмыштарды нақылия деп атайды, бұл нақылияға жүйріктер ғалым атанады» – деп, өзінше анықтама беріп отыр. Абай сөзімен айтар болсақ, ғадалет, махаббат сезім кімде көп болса, ол кісі – ғалым, сол ғақил. Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз: жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен біліп аламыз – деп толғанысқа түседі. Мұнда Абай табиғат пен қоғам болмысын-

дағы мәңгі бірге жасасып келе жатқан объективті заңдылықтардың мән-мағынасы адам санасында сәулеленуі арқылы сыры ашылып, мәні танылған құбылыстарды «жарасып, жасалып қойған нәрселер» деп өте дұрыс ұғынып отыр. Ғылым, Абай пікірінше, ғайыптан пайда болатын кездейсоқ құбылыс емес, ол шын дүниенің бойындағы объективті шындықтардың біртіндеп ашылып танылуы арқылы жиналып бірте-бірте қорланатын рухани қазына. Мұның иесі – Ғ Кімде кім талмай еңбектеніп, сарыла ізденіп санасын мәні ашылған шындықтармен толықтырып, қорландырып отырса, ғылымның бір саласын жете меңгерген ғалым болуы қиын емес. Ғ болу әрбір адамның өзіне тікелей байланысты құбылыс. Осы себепті де Абай:

«Жамандық көрсең нәфрәтлі,
Суытып көңіл тыйсаңыз,
Жақсылық көрсең ғибрәтлі,
Оны ойға жисаңыз,
Ғалым болмай немене
Балалықты қисаңыз?..», –

деп келешек ұрпаққа өз өсиетін айтады.

М. Мырзахметов.

ҒАЛЫМБАЕВА Айша (1917 ж. т.) – суретші. Негізінен кескіндеме кейде сурет саласында жұмыс істейді. Шығармашылығының алғашқы кезеңінде кинематография бойынша еңбек етіп, қазақтың ұлттық киімдерін зерттеген. Қазақстан Республикасының еңбек сің. өнер қайраткері, халық суретшісі. Бүкілодақтық кинематографистер ин-тын бітірерде диплом жұмысы ретінде «Абай» портретін (картон, майлы бояу, Қазақстан Республикасының мемл. өнер музейі қоры) жазды. Сонымен бірге *«Абай әні»* кинофильміне (қағаз, майлы бояу) жасаған үлгілерінің 67-сі М. Әуезовтің Респ. әдеби-мемориал. музейінде, 200 кадрге салған үлгісі – Россия Мемл. кинематография ин-тының методик. қорында. 1966–67 ж. Ғ осы еңбектердің негізінде: «Үйлену тойы (Ажар мен Айдар)», «Билер соты», «Айтыс», «Айдардың өлімі», «Тойға дайындық (Той үйі)», «Шәріп пен шенеунік» деген еңбектерін (қағаз, аралас тех., Қазақстан Республикасының мемл. өнер музейі қоры) жазды. Ғ-ның «Абай жұмыс үстінде» (1959, кенеп, майлы бояу, МХАТ музейі қоры), «Абай өлең жазу үстінде» (1969, кенеп, темпера), «Абай портреті» (1971, қатырма қағаз, майлы бояу, барлығы Абайдың Семейдегі әдеби-мемориал. музейінде) суреттері бар. Суретші Абайдың 125 жылдық мерейтойы қарсаңында Абай тақырыбына қайта оралып, «Абай операсы» топтама еңбектерін (1971, қағаз, пастель, Павлодар обл. қазіргі өнер музейі қоры) жазды.

Н. Полонская.

«ҒАЛЫМНАН НАДАН АРТПАС ҰҚҚАНМЕНЕН...» – Абайдың кейін табылған өлеңі. Оны 1940 ж. ақынның шөбере інісі Әрхам Кәкітайұлы Ысқақов Абай ауданында ел аузынан жазып алған. Көлемі 4 тармақты бір шумақ. Тобықты ішінде Жуантаяқ атасына жататын Балқожа Бақанұлы деген кісі ақын ауылының молдасы Ғабитхан ноғаймен Мұқтасардың бір сөзіне таласып, жүгінуге Абайдың алдына келгенде қолмақол шығарған. Әзіл аралас әңгіме үстінде айтылған төрелік болғанымен, Абайға тән ойлылық пен салихалы салмақ айқын аңғарылады. Ақын ғылым-білім жолына тұсау болып келген надандыққа шамырқанып қалғандай. Түс-таңбасыз надандықтың қаншама жасырсаң да көрініп, «менмұндалап» тұратынын Балқожаның бетіне басады. Өзінің бір жолы білгішсіп, қайта-қайта сөзін бөле берген жас саудагер Ғабидолларға (Ғабитханның баласы) тоқтау салған *«Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын»* деген мысал-өлеңіндегі ойын ілгері өрбітеді. Ақын қашанда оқыған, білімді ғалым жағында. Өлең 11 буынды қара өлең үйқасымен шығарылған. Алғаш рет ақынның 1945 жылғы жинағына енгізілді. Басылымдарында ешқандай текстол. өзгеріс байқалмайды. Қарақалпақ, қырғыз т. б. тілдерге аударылған.

Т. Барақұлы.

«ҒАРУЗ РИСАЛАСЫ» – Захир-ад дин Мухаммад Бабырдың аруз өлең құрылысы жайында 16 ғ. басында жазған ғылыми еңбегі. 40 жылдары Париж қаласындағы Ұлттық кітапханадан түрік оқымыстысы М. Ф. Кепрюлю тапқан. 1972 ж. Мәскеуде «Ғаруз рисаласы» деген атпен жарияланған. Түркі тілді халықтар әдебиеті тарихында ғаруз уәзіні туралы ғыл.-теор. зерттеу еңбекті Ә. Науаи мен З. Бабыр ғана жазған. Өлең құрылысы, оның табиғаты туралы мәселемен терең мәнде шұғылданған Абай араб, парсы, түрік поэзиясында орын тепкен ғаруз уәзініндегі өлең өрнектеріне көп назар аударған. Қазақ өлең құрылысына жаңалық ендіру жолында ізденіске түскен Абай мұсылман әдебиетінде ғаруз уәзіні жөнінде жазылған еңбектерді қарастыру үстінде Ә. Науаи, З. Бабыр еңбектерімен де танысқаны: «Уәзінге өлшеп тізілген Қайран тіл, қайран сөз» деген пікірінен аңғарылады. Ғарузи уәзіні (мәт уәзіні) үш негізден (сабаб, ватад, фасила) құралған өлең өлшемі ретінде араб тілінің әуездік табиғатына байланысты дүниеге келуі себепті араби аруз деп аталып келді. Абайдың алғашқы ақындық тәжірибесінде мәт уәзінін де жағалап көргені *«Иузи – рәушан, көзі – гәуһар»* өлеңінде көрініс берген.

М. Мырзахметов.

«ҒАШЫҚТЫҚ, ҚҰМАРЛЫҚПЕН – ОЛ ЕКІ ЖОЛ...» – Абайдың 1889 ж. жазған өлеңі. 4 тармақты 3 шумақтан тұрады. Көлемі – 12 жол. Ақынның шабыттана көп жазған махаббат лирикасына жатады. Абай бұл өлеңде екі жастың сүйіспеншілігі мәселесіне үңіліп, филос. салмақты тұжырым жасайды. Ақынның ұғымынша, ғашықтық пен құмарлық – екеуі екі нәрсе, екі жол. Жақсы көргеннің бәрі ғашықтық емес. Құмарлық пен ғашықтықтың арасы жер мен көктей. Ақын құмарлықты – нәпсі құмарлық деп түсінеді: «Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол». Ал, ғашықтық – ерекше,

жоғары сезім. Ғашықтық пен көрсе қызар құмарлықты ажырата білу керек. Абай ғашықтықты ауруға, ғашық адамды ауру адамға теңейді. «Ғашықтық келсе, жеңер бойыңды алып, Жүдетер безгек ауру сықылданып» деп жырлайды. Ғашығыңнан үміт үзсең, «тұла бой тоңар, суыр», ал «Дәмеленсе, өртенер күйіп-жанып» дейді. Абайдың лирикалық кейіпкері ғашығына «Сенен артық жан жоқ деп ғашық болдым, мен не болсам болайын, сен аман бол» дейді. Бұл – шын ғашықтың ғана айтатын сөзі. Ғашығына «сүйкімді тірі жанға неткен жансың?!», «Жасырынба, нұрыңа жан қуансын» деп тіл қатады. Өлеңнен Абайдың ғашықтықты аса жоғары бағалағанын аңғаруға болады. Туынды 11 буынды қара өлең үйқасымен жазылған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Туынды басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1939, 1945 жылғы басылымдарда 3-шумақтың 3-жолы **«Тұла бойды тоңғызар үміт үзсе»** делінсе, 1954, 1957, 1977 жылғы жинақтарда Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы басылымға сәйкес бұл жол **«Тұла бой тоңар, суыр үміт үзсе»** болып алынған. Өлеңдегі **«Ғашық», «Ғашықтық»** сөздері Мүрсейіт қолжазбаларында **«асық» «асықтық»** деп жазылған. 1939, 1945 жылғы басылымдарда туынды ақынның «Әуелде бір суық мұз-ақыл зерек» өлеңінің жалғасы ретінде берілген. Өлең ағылшын, араб, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, түрікмен, тәжік, ұйғыр тілдеріне аударылған. Абайдың бұл өлеңіне комп. М. Қойшыбаев, Н. Меңдіғалиев ән жазған. *Д. Ысқақов.*

«ҒАШЫҚТЫҢ ТІЛІ – ТІЛСІЗ ТІЛ...» – Абайдың 1894 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 2 тармақты 2 шумақтан тұрады, көлемі 8 жол. Өлең сүйіспеншілік тақырыбын қозғайды. Ақын махаббатты кез келген пенде түсіне бермейтін, жұмбақ, тылсым дүние ретінде сипаттап, ғашықтық сезімінің терең сырына ой жүгіртеді. Жастардың бірін-бірі сүйіп, ұнатуы – олардың өз ісі, оған илансаң да, күлсең де – мейлің дейді. Автор одан әрі ғашықтық дертінің өз басында да болғанын, оны шын жүректен ұға білгенін, енді оның алыстап, жырақтап кеткенін, қайта оралмайтынын айта келіп, махаббат «енді ішіме қонбайды» деп түйеді. Өлең 8 буынды қара өлең үйқасына құрылған. Алғаш рет «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» деген атпен 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген жинақта жарияланды. Өлеңнің 1909 жылғы жинақта берілген алғашқы шумағындағы **«Көзбен көр де ішің біл»** деген 2-жолы, кейін Мүрсейіт қолжазбаларына сүйеніп **«Көзбен көр де ішпен біл»** деп өзгертілді. Абайдың бұл өлеңіне комп. С. Мұхаметжанов, М. Қойшыбаев жеке-жеке ән жазды. Орыс, өзбек, тәжік, түрікмен, татар, қырғыз, қарақалпақ, ұйғыр тілдеріне аударылған. *Н. Ақбаев.*

«ҒАШЫҚТЫҚ ІЗДЕП ТАНТЫМА...» – М. Ю. Лермонтовтың «И скучно, и грустно» деген өлеңінің 1896 ж. Абай тәржімелеген екінші шумағы Лермонтовтан:

«Любить, но кого же? На время – не стоит
труда
А вечно любить невозможно...
В себя ли заглянешь? – там прошлого нет
и следа.
И радость, и муки, и все там ничтожно...»

деген осы шумағын Абай:

«Ғашықтық іздеп тантыма,
Аз күн әуре несі іс?
Өзіңнің қара артыңа,
Өткен өмір бейне түс.
Өлгенше болар бар ма дос?
Қуаныш, қайғы – бәрі бос», –

деп еркін тәржімелеген. Лермонтов өлеңінің бастапқы шумағын Абай *«Әм жабықтым, әм жалықтым»* деп бастап өз алдына жеке өлең етіп аударғаны белгілі. Әр кезде жазылғандықтан болар, екі шумақтың ырғақтық өрнегі, ұйқасы бірдей емес. Туынды 7–8 буынды шалыс ұйқаспен жазылған. Алғашқы рет ақынның 1933 ж. жарық көрген жинағында жарияланған. Өлең басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1939 жылғы басылымда кейінгі жинақтарға қарағанда 5-жол мен 3-жолдың орны ауысқан. Ал 1945 жылғы жинақта туындының жазылған мерзімі 1899 ж. деп көрсетілген. *З. Ахметов.*

ҒОСМАН, О с м а н ибн Аффан (т. ж. б. – 656) – Араб халифатының үшінші халифы, Мұхаммедтің сенімді серіктерінің бірі әрі ізбасары. Ол басқарған кезеңде халифат жері едәуір кеңейді. «Құранның» ресми нұсқасы Ғ халифтің тапсыруымен құрастырылған. Ислам тарихын жақсы білген Абай өзінің дін уағыздары мен оны тұтыну жолдарын талдауға арналған Отыз сегізінші сөзінде дін жолын ұстау – дүниеден безу еместігін дәлелдеу үшін: «Бірақ әулиелердің бәрі бірдей тәркі дүние емес еді. Ғашәрән – мүбәшәрәдан қазірет Ғосман, Ғабдурахман ибн Ғафур уа Сағид ибн Әбудқас үшеуі де үлкен байлар еді» деген дерек келтіреді.

ҒҰМАРОВ Сәкен Нәжімеддинұлы (1942 ж. т.) – архитектор, суретші. Кескіндеме саласында жұмыс істейді. Ол өз еңбектерін абстракциялық үлгіде жазады. Ғ. 1980 ж. Қазақстан ақын-жазушылар шығармашылығындағы және халық ауыз әдебиетіндегі құстар бейнесін негізге ала отырып, «Аққұс» деген жалпы атпен картиналар топтамасын жазды. Бұл топтамаға «Абай көзімен қарағандағы Аққұс бейнесі» (1980, картон, майлы бояу, Ю. А. Кошкиннің жеке қоры) картинасы да енді. Түрлі-түсті алуан пішіндер мен мозаика үлгісінде өрнектелген жұмыста Абай портреті асқақ көрінеді. Кескіндеме композициясы қазақ және араб әріптерімен жазылған сөздермен толыға түскен.

ҒҰСМАНИЯ, Осман империясы – сұлтандар билеген Түркияның ресми атауы. 15–16 ғ-ларда түріктердің Азия, Европа және Африкадағы бірқатар елдерді жаулап алу барысында пайда болған. Мемлекет Осман әулетінің негізін салған Осман 1-нің баласы Орханның тұсында қалыптаса бастады. Осман әулеті сұлтандарының отаршылық саясатына қарсы азаттық күресімен қатар, ауыр күйзеліске ұшыраған шаруалар қозғалыстары да өріс алды. Абай өзінің дін уағыздары мен оны тұтыну жолдарын талдауға арналған *Отыз сегізінші сөзінде* дін ғылымын ғана оқытуға бағытталған ескі медреселердің уақытқа, заманға пайдасы жоқ екендігін айта келіп, осы кемшіліктің орнын толтыру мақсатымен Түркияда ашылған жаңа оқу орындарынан да ешқандай пайда болмағанын қынжыла жазады. «Соған қарай Ғұсманияда мектеп харбия, мектеп рүшдиялар салынып, жаңа низамға айналған. Мұндағылар ұзақ жылдар өмір өткізіп, ғылымды пайдасыз ұзақ бахастар бірлән күнін өткізіп, мағишат дүниеде надан бір ессіз адам болып шығады да, харакетке лайықты жоқ болған соң, адам аулауға, адам алдауға салынады» деп, тәңірі жолынан тайған білімдар адамдардың бет пердесін ашып көрсетеді. «Көбінесе мұндай ессіздердің насихаты да тасирсіз болады» деп, ақын Ғұсманияның мектебінің үлгісін қостамайтынын аңғартады.

Т. Барақұлы.

«ҒЫЛЫМ» – Қазақстан Республикасы ҰҒАның баспасы. 1946 ж. қазан айында Алматыда құрылды. Полиграф. базасы, өз баспаханасы бар. Ол Қазақстан ғылымы, мәдениеті, техникасының барлық салалары бойынша ғыл.-зерт. еңбектерін, газет-журналдар, жинақтар шығарумен, тарату ісімен айналысады. Баспа алғашқы жылдардан бастап абайтану тақырыбына арналған ғыл. еңбектер мен Абай шығармаларының басылымдарын шығаруға үлес қосып келеді. Баспадан жеке басылымдар мен ғыл. журналдар, мақалалар жарық көрді. Абайтанушы М. Мырзахметовтың 1988 ж. жарияланған *«Абайтану»* атты библиограф. көрсеткішінде толық қамтылған. Мұндай библиограф. көрсеткіш алғаш рет ақынның 100 жылдық мерейтойына байланысты «Абай» деген атпен шыққан. Еңбектің авторы – Н. Сәбитов. Ол 1965 ж. Абайдың 120 жылдық мерейтойына орай *«Абай Құнанбаев. Библиографиялық көрсеткіш»* деген атпен қайта басылды. Мұнда абайтанудың 1889–1965 ж. аралығында баспа жүзін көрген 3,5 мыңнан астам дерек қамтылды. «Ғ » баспасынан Абай шығармаларының 2 томдық академ. толық жинағы Ы. Дүйсенбаевтың жалпы редакциясымен 1977 ж. жарық көрді. 1-томға ақынның өлеңдері мен поэмалары, 2-томға қарасөздері мен аудармалары енгізілді. Кітаптың соңына Абай шығармаларына қатысты ғыл. түсініктер берілді. Абайдың өмірбаяны мен шығармаларына қатысты баспадан әр жылдарда З. Ахметовтің *«Лермонтов және Абай»*, К. Бейсенбиевтің *«Абай дүниетанымының қалыптасуы»*, М. С. Сильченконың «Абайдың шығармашылық өмірбаяны» атты ғыл. зерттеулері басылып шықты. Абайтану ғылымының негізін салушы акад. М. О. Әуезовтің Абай мұрасын зерттеуге байланысты әр жылдарда жазылып жарияланған, сондай-ақ жарияланбаған еңбектері жөнінде Мырзахметов баспадан 1982 ж. жарық көрген *«Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары»* атты кітабында жан-жақты әңгімелейді. Осы бағытта Л. М. Әуезова мен Мырзахметовтың құрастыруымен 1988 ж. шыққан Әуезовтың *«Абайтанудан жарияланбаған материалдар»* деген көлемді еңбегінің құндылығы айрықша. Абай мұрасын танып, білудегі ғыл. маңызы зор басылымның бірі – Ә. Ысқақовтың жалпы редакциясымен жарияланған *«Абай тілі сөздігі»*. Баспадан Абайдың шығармашылық мұрасына философ., эстет. және басқа да рухани-тарихи көзқарастарына терең талдау жасайтын зерттеу еңбектер мен монографиялар жарық көрді.

М. Айымбетов.

ҒЫЛЫМ МЕН ЕҢБЕККЕ КӨЗҚАРАСЫ. Абай – халықты білімге, ғылымға, еңбекке көп үндеген ақын. Ғылымды ол әлеум. жағдайды жақсартудың құралы ғана емес, бүкіл прогреске апаратын жол деп түсінді. Ғылымның әлеум. орнын адамдардың жақсы қасиеттерімен байланыстыра қарады.

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Соңда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек...
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек», –

деп ақылды тереңдетіп, шалқыта түсетін, адамның жігерін, қайратын өсіріп, жөніне жұмсауға жол көрсететін, оны тасыта түсетін, жүректі де ізгілікке, адалдыққа, адамдыққа баулитын, адам бойындағы осы үш қасиеттің басын қосып, оны үлкен әлеум. ізгі күшке айналдыратын осы ғылым деген қорытындыға келеді. Абай ғылымның әлеуметтік ролін терең талдап, қайрат, ақыл және жүрек үшеуін айтыстыра келеді де ғылымға жүгіндіреді. Ғылым жүректің әділеттілік, ұят, рақымшылық, мейірбандық қасиеттерінің артықшылығын қолдайды. Бұдан, Абайдың топшылауынша, әлеум. жағдайдың жақсаруы, әділеттің орнауы адамдардың ұятына, рақымшылдығына, мейірбандығына, әділдігіне байланысты. Ғылымды оны бақталастық үшін емес, ақиқатты білмек үшін үйрену керек екенін баса айтады. Өйткені, бақастық адамды бұзады, «жүз тура жолдағыларды шатастырушы кісі, бір қисық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін», – деп қорытады Абай. Ақын бірқатар шығармаларында еңбекке немқұрайлы қараушылықтың, жалқаулықтың, еріншектіктің қоғамды жұтатып, тоқыраушылыққа ұшыратып отырғанын, соның нәтижесінде әлеуметтік жүдеуліктің орын алып отырғанын сынайды, еңбек етуге шақырады. «Еңбек жоқ, қаракет жоқ, қазақ кедей,

Тамақ аңдып қайтеді тентіремей...» – деп еңбексіздік пен қаракетсіздікті ашына шенейді. Өз тұсында қулықпен, сұмдықпен, ұрлықпен мал тапсам деген әлеум. топтың қалыптасқанын сипаттай келе, ақын:

«Қулық, сұмдық, ұрлықпен мал жиылмас,
Сұм нәпсің үйір болса тез тыйылмас...
Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас,
Қардың суы сықылды тез суалар...» –

деп еңбексіз тапқан олжаның құтсыздығын ескертеді. Абай адал еңбекпен мал тап, еріншек болма деп үйретеді.

«Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел,
Малың болса сыйламай тұра алмас ел.
Қаруыңның басында қайрат қылмай,
Қаңғып өткен өмірдің бәрі де – жел...», –

дейді ақын. Жалқаулықтың әлеум. зиянды-лығымен қатар рухани жағынан да адамды аздыратынын данышпан Абай көре білді. Ол *Үшінші сөзінде:* «Әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз, қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз, надан, арсыз келеді; әрбір арсыз, жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады» – деп, әлгі әлеум. тұлғаның басында кездесетін кертартпа, келеңсіз сипаттарын ашып көрсетті. Абай дәулеттінің ішінде біраз мал бітсе байлығын еңбекпен молайта көбейтіп, әлеум. ахуалды жақсарта түсудің орнына арамтамақтық өмір кешетін топтардың бар екенін көре білді. Олар мал көбейсе малшыларға бақтырмақ, өздері етке, қымызға тойып, сұлуды жайлап, жүйрікті байлап отырмақ:

«Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық,
Аздырар адам баласын...» –

деген өткір жолдармен еңбексіздікті, талапсыздықты сынап, одан сақтандырды. «Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп адам саумақ – өнерсіз иттің ісі. Әуелі құдайға сыйынып, екінші қайратыңа сүйеніп еңбегіңді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды» – деп еңбекті құдайдан кейінгі екінші орынға қояды. Сонымен қатар Абай еңбектің әлеум. жағдайларына, сипатына және мазмұнына да ерекше мән берген. Еңбектің сипаты мен мазмұнын көрсеткенде Абай баяңды еңбек – егін салушылық, білім алушылық деген қорытындыға келеді. Ол:

«Түбінде баяңды еңбек егін салған,
Жасынан оқу оқып, білім алған...» –

деп тұжырымдайды. Абайдың бұл ойынан оның тағы бір әлеум. көрегендігін көреміз. Ол бірыңғай мал шаруашылығымен айналысып келген қазақтың қарапайым мамандығын сипаты мен мазмұны жағынан өзгертуді қалады. Осыған байланысты адамдардың әлеуметтік өміріндегі өнердің алатын орнына да лайықты бағасын берді. Оның да еңбекпен келетін ырыс екенін түсіндіре келіп, «алдау қоспай адал еңбегін сауған қол өнері – қазақтың әулиесі сол» деп адал еңбек етіп, қол өнерімен айналысқан кісіні өте жоғары бағалайды. Өйткені қол өнері қызметінің жемісі сол адамның өзінің әлеум. жағдайын жақсартып қана қоймай, көпшіліктің кәдесіне жарайды, олардың бір-бірімен қатынас жасау факторына айналады, қоғамдық тілекті қанағаттандырады. Сонымен қатар қол өнерін игеру еңбек мазмұнының әлеум. қырын да өзгертеді. Қол өнерінің осындай мәнін түсінген және өз халқының мінез-құлқын, еңбекке деген ықыласын, табиғатынан аз нәрсені қанағат ететін пиғылын терең білетін кемеңгер Абай құдай тағала қолына аз-маз өнер берген қазақтардың кеселдері болады, олар бұл ісімді ол ісімнен арттырайын, түзден өнер іздеп, өнерімді асыра түсейін деп талпынбайды деп қауіптенеді. Ондай еңбектің кертартпалық сипатын көрсете отырып, оның талапсыздықтан туатын себебін де ашады. Сондықтан, еңбектің қай түрін болсын, әсіресе адамның шеберлігін қажет ететін өнер сияқты түрімен ерінбей-жалықпай айналысу қажеттігін нықтап айтады. Өзі өмір сүрген ортаның әлеуметтік мінін қатал сынай отырып, Абай оны жөндеудің жолдарын да мегзеп отырды. Ол еңбек адамның өзіне ғана емес, басқаға да пайдалы, өйткені индивид өз тілегін қанағаттандыра отырып, басқалардың да талабын қанағаттандыруға қатысады деп қорытындылайды. Оның мінез-құлқына, жеке басындағы қасиеттеріне, кісінің шығармашылық күшіне зор мән беріп, оның оңды қасиеттерінің жаңа әлеуметтік нормаларын белгілейді. *«Ғылым таппай мақтанба...», «Интернатта оқып жүр...», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат»,* «Бір дәурен кемді күнге бозбалалық...» деген өлеңдері мен *Он бесінші, Он сегізінші, Он тоғызыншы, Отыз алтыншы, Отыз жетінші, Отыз тоғызыншы* т. б. ғақлия сөздерінде әлеум. өмірде қандай нәрседен қашық болып, қандай мінез-құлық, адамдық қасиеттерге асық болу қажеттігін ескертеді. «Ғылым таппай мақтанба...» өлеңінде:

«Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ,
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рахым ойлап қой –
Бес асыл іс көнсеңіз...» –

деп, адамның әлеум. қасиеттерін жинақтап көрсетеді. Кісінің адамшылық қасиетін бірінші орынға қояды. Адам болам десең, байлықпен озбай ақыл, әділеттілік, ғылым, ар, жақсы мінезбен оз дейді. Абай қазақ қоғамында жан-жақты жетілген адамды арман ете отырып, оның мінезді болуына, мінездің әлеум. өмірдегі қызметіне айрықша мән береді. Абай – демократ қызметіне, халықтың шығармашылық күшіне сенді. Туған халқын барынша сүйгендіктен, оның әлеум. өміріндегі кемшілігін мінеп, соны

жоюға күш салды. Өз мінін көре алмаған халықтың прогреске ұмтылмайтынын түсінді. Сондықтан, ол кертартпа патриарх.-феод. дәстүрлерге қатал да батыл қарсы күресті, әлеум. өмірдің жаңа да озық өлшемдерін уағыздады. Өз шығармаларында прогресшіл әлеум. күштердің мүддесін қорғады. Кемеңгер Абайдың әлеум. ойлары – әлеум. іліміне қосылған үлкен үлес. *И. Шәмшәтұлы.*

«ҒЫЛЫМ ТАППАЙ МАҚТАНБА...» – Абайдың 1886 ж. жазылған өлеңі. Көлемі 77 жол. Абай өз заманындағы жас ұрпаққа, «көкірегі сезімді, көңілі ойлы» адамдарға үміт артып, олардың жүрегін оятып, оларды өзінің озат мақсат-мұраттарына тартуға ұмтылды. Жастардың өнімді еңбек етіп, ғылым мен білімге ұмтылуы, алға қойған мақсатқа жетуде табандылық көрсетуі, міне, осындай асыл қасиеттерді уағыздау Абайдың бүкіл шығармашылық жолының негізгі идеялық-тақырыптық үзілмес желісінің біріне айналды. Ақын талантты, өнер іздеген жандар туралы айрықша зор сүйіспеншілікпен айта отырып, олардың алға қойған зор мақсатқа жету жолындағы күресте табандылық, жігерлілік көрсететініне үлкен сенім білдіреді. Абайдың бұл өлеңінен ғылымды үйренетін жастар өзінің алдына қандай мақсат қоюға тиісті екені туралы мәселе оны аса қатты толғандырғанын көреміз. 1909 жылғы жинақ пен 1922 ж. Қазанда жарық көрген басылымдарда бұл шығарманың кейінгі жылдарда бөлек туынды саналып жүрген *«Интернатта оқып жүр...»* дейтін өлеңге қосылып, біртұтас шығарма болып келетіні де тегін болмаса керек. Қазақ жастарын білім-ғылым үйренуге шақыру – «Интернатта оқып жүр» өлеңінде де ең өзекті идея. Мұнда ақын еңбексіз, ықылас-ынтасыз, мехнатсыз нағыз ғылым-білім қолға түспейді дей келіп, одан ары бірден негізгі ой желісін үздіксіз өрбітіп, оқудағы мақсат не, алған білімді не қажетке жұмсау керек, не істеу, қандай қызмет атқарған жөн болады деген мәселелер төңірегінде сөз қозғайды. Ал мына өлеңдегі:

«Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба...» –

дегендегі орын тап деп отырғаны – алған білімді, үйренген ғылымды жұмсайтын орын. Бұдан Абай:

«Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол...» –

деп адамдық, адамгершілік жайын қозғайды. Алайда ойының негізгі желісін үзбейді. Бұл тұста ерекше бір көңіл бөлерлік жай – Абай ғалым болу мен адам болу мәселесін бір-бірімен сабақтастыра айтады, бұл екеуінің тамыры, түбі бір деп санайды. Ғалым болудың басты шарты – не нәрсені болсын ақыл таразысына салып өлшеу, ақыл сенген нәрсеге ғана сену және көзің анық жеткен шындықты тура айтудан тайынбау екендігін нақтылап, мейлінше дәлелді етіп, шегелеп айтады. Осы өлеңдегі Абайдың надандықпен айтылған сөзге ерме дей отырып, «ақсақал айтты, бай айтты...», егер қисық көрінсе кімнің сөзі болса да, тіпті жақын адам айтса да, ақылмен жеңуді үлгі етуі әсіресе, сол өткен ғасырдағы қазақ өмірінің жағдайында бірден-бір батыл айтылған пікір болғаны анық. Үлкен адамға, лауазымы жоғары адамға қарсы келіп, өз ойын көлденең тарту сыпайыгершілікке келмейді дегенді желеу қылып, шындықты тура айтуды қалайда шектеу, қолдамау ол заман ғана емес, бүгінгі заманда да аз кездеспейтінін ескерсек, Абайдың осы пікірінің мәні зор дейміз. Ендеше:

«Ақымақ көп, ақылды аз,
Деме көптің сөзі – пұл...» –


дегенді көпке топырақ шашқандық емес пе деп көлгірсімей, ашық айтылған, жастарды артық сенгіштіктен сақтандыратын ащы өмір шындығы деп бағалауымыз орынды.

«Сөзіне қарап кісіні ал,
Кісіге қарап сөз алма...» –

деген нақыл түрінде келетін түйін жоғарғы пікірлерге орайлас, жалғас. Сырттай қарағанда мұның өзі бір түрлі, тосын естілуі мүмкін, өйткені кісіні сөзіне қарай бағалама, ісіне қарай бағала дейтін үйреншікті пікірге қарама-қарсы келетін секілді. Ал, байыппен қарасақ, мұнда терең мағына жатыр. Кісіні сөзіне қарай, яғни, ақылына, ойына қарай бағала, кісіге қарап, оның мансабына, дәулетіне қарап ақылға сыймайтын, қисынға келмейтін сөзіне иланып алданып қалма, «надандықпен кім айтса, ондай түпсіз сөзге ерме...» деген даналық пікірді аңғартады. Абай надандыққа, қандай да болсын теріс, кертартпа ықпалға қарсы тұра алатын оқыған, біліммен қаруланған адамды құрметтеу керек деп санайды. Ең алдымен білімді, ғалым адам мақтан тұтуға лайықты. Ақылды, парасатты адамның идеал бейнесін ұсына отырып, Абай оған жақсылықты жамандықтан ажырата білмейтін, ағыммен ілесіп жүре беруге бейімделген надан, қараңғы адамды қарсы қойды. Топас, кертартпа адамның осы жағымсыз типі ақынның шығармашылық жолына өте тән және ағарту ісін, өнер-білімді жақтаушы Абайдың алдыңғы қатарлы көзқарасын білдіреді. Өлең 6–8 буынды аралас ұйқас үлгісінде жазылған. Алғаш 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Басылымдарында бірқатар текстол. өзгерістер кездеседі. 1909 жылғы жинақта 38-жол **«Шыныменен өлсеңіз»** делінсе, басылымдарда бұл жол Мұрсейіт қолжазбалары бойынша **«Шын сөзбенен өлсеңіз»** болып берілген. Мұрсейіт қолжазбаларында, 1909 жылғы жинақта 40-жол **«Көпір болдың демес қой»** деп берілсе, басылымдарда бұл

жол **«Күпір болдың демес қой»** ретінде алынған. Мүрсейіт қолжазбаларында, 1939, 1945, 1954 жылғы жинақтарда 42-жол **«Көп көзіне көріне айтпа»** болса, қалған басылымдарға бұл жол 1909 жылғы жинаққа сәйкес **«Көп орында көріне айтпа»** делінген. **«Сізге ғылым кім берер, жанбай жатып сөнсеңіз»** деген 26, 27-жолдар 1909 жылғы басылымға кірмей қалған. 1909, 1939, 1945, 1954 жылғы жинақтарда 75-жол **«Сөзін оқып және ойла»** болып алынса, қалған басылымдарда бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларына сәйкес **«Сөзін оқы және ойла»** деп берілген. Туынды ағылшын, араб, азербайжан, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, тәжік, түрікмен, ұйғыр т. б. тілдеріне аударылған. *З. Ахметов.*

«ҒЫЛЫМ ТАППАЙ МАҚТАНБА» – Абайдың Қазақтың мемл. көркем әдебиет баспасынан 1950 ж. жарық көрген өлеңдер жинағы. «Мектеп кітапханасы» айдарымен жарық көрген. Редакторы А. Байтанаев. Кітап суретші Қ. Қожықов салған ақын суретімен ашылады. Жинаққа ақынның төл өлеңдері, «Ескендір» және «Әзім әңгімесі» дастандары, И. А. Крыловтан аударған мысал өлеңдері енгізілген. Әр беттің соңында жеке сөздер мен атауларға түсініктеме берілген. Кітап көлемі 3,2 б. т., 25 000 дана болып басылған.



ДАЙЫРБАЙ Қожанұлы (1878–1940 ж. ш.) – молда. Абай өлеңдерін көшіріп, халық арасына насихаттап, тарату мақсатында көп жұмыс атқарған. Жуантаяқ руының Байшора атасынан. Д. естеліктері Абайдың Семейдегі мемл. әдеб.-мемор. музейі қорында сақтаулы. *Б. Исабаев.*

«ДАЛА УӘЛАЯТЫНЫҢ ГАЗЕТІ» – Ақмола, Семей, Жетісу облыстарын билеген дала өлкесі ген.-губернаторлығының ресми органы. Омбыда 1888 жылдан 1902 жылға дейін қазақ, орыс тілдерінде «Акмолинские областные ведомости» газетіне қосымша ретінде шығып тұрған. Абайдың 1886 ж. жазған, «Жаздыкүн шілде болғанда» өлеңі «Семей оязы Шыңғыс елінің қазағы Ибраһим Құнанбай ауылының Бақанас ө-нің Көпбейіт деген жерге қонып жатқандағы түрі» деген тақырыппен Көкбай Жанатайұлының атынан газеттің 1889 жылғы 17 ақпандағы санында жарияланды. Ақынның «Күлембайға» («Болыс болдым, мінекей») өлеңі авторы көрсетілмей «1888 жылда май айында Ақшатау деген жерде Семей облысы мен Жетісу облысының чрезвычайный съезі болғанда бір уездің ел билеушілерінің съездегі түрі» деп аталып, аздаған өзгерістермен 1889 жылғы 24 наурыздағы санында жарық көрді.

Абайда «Болыс болдым, мінекей» деп басталып, 1-жақтан айтылса, газетте «Болыс болды кей кісі» деп 3-жақпен берілген. Өлеңнің Абайдың төл туындысы екенін жазбай танығаң ақын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы Мәшһүр Жүсіп Көпеев газетке мақала жазып, Абайдың шығармашылық қызметіне жоғары баға берді. «Д. у. г.»-нің 1890 жылғы 1-санында Х. Көкенұлы, 29-санында С. Артықбайұлы осы мақалаға үн қосқан. *Б. Әбілқасымов.*

«ДАЛА ЫРҒАҚТАРЫ» (Rhytmen der Steppe) – қазақ ақындарының таңдамалы лирик. өлеңдер жинағы, «Қазақстан» баспасынан 1976 ж. неміс тілінде жарық көрген. Құрастырушы – Г Генке. Кітапқа Абайдың *«Бай сейілді»* (Генкенің аудармасы), *«Қиыстырып мақтайсыз»* (З. Эстеррейхердің аудармасы) өлеңдері енгізілген. Жинақта Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы қысқаша мағлұмат берілген. Кітап көлемі 5,5 б. т., 4 мың дана болып басылған. *Г. Бельгер.*

ДАМЫТУ (градация) – алдыңғы сөзден соңғы сөздің, алдыңғы ой-пікірден кейінгі лебіздің, әдепкі құбылыстан екінші құбылыстың екпін қуатының күшейіп, өсіп отыруы. Бұл көркемдік тәсіл құрылыс, жүйесі ұқсас бірыңғай сөйлемдердің іріктеліп шығуына, ой-пікірдің өткір, әсерлі айтылуына әрі мағыналық өрістің кеңеюіне кең өріс ашады. Абайдың *«Келдік талай жерге енді»* деген өлеңіндегі «Сергі, көңілім, сергі енді!», «Үш, көңілім, көкке, кергі енді!», «Өрбі, сөзім, өрбі енді!» деген шумақ аралық жолдар Д-ға құрылған. Сондай-ақ, ақынның *Отыз жетінші сөзінде:* «Биік мансап – биік жартас, ерінбей еңбектеп жылан да шығады, екпіндеп ұшып қыран да шығады...» немесе *Бесінші сөзіндегі* «Көкірек толған қайғы кісінің өзіне де билетпей, бойды шымырлатып, буынды құртып, я көзден жас болып ағады, я тілден сөз болып ағады» деген жолдары да Д. әдісіне жатады. *С. Негімов.*

«ДАНАЛАР АЙТҚАН АСЫЛ СӨЗ» («В мире мудрых мыслей») – Москвадағы «Знание» баспасынан 1962 ж. жарық көрген қанатты сөздер жинағы. Кітап С. Х. Карин жинаған материалдар бойынша құрастырылған, ғылыми редакторы және алғы сөзін жазған филос. ғыл. докторы А. Г Спирин. Жинаққа көне заман ғұламаларынан бастап, есімдері әлемге мәшһүр болған ғалымдардың, ақын-жазушылардың, философтар мен өнер қайраткерлерінің ұлағатты және шешендік сөздері енгізілген. Кітаптың «Күрес хақында», «Кемшіліктер мен әлсіздіктер хақында» деген тақырыптық топтамаларында Абайдың 3 қанатты сөзі келтіріледі. Көлемі 14,8 б. т., 300 000 дана болып басылған.

«ДАНАЛАРДАН ШЫҚҚАН СӨЗ» – «Мектеп» баспасынан 1987 ж. жарық көрген нақыл сөздер жинағы. Жинап, құрастырып, орыс тілінен аударған Ұ Асылов. Кітап ежелгі грек философы Аристофан, неміс ақыны Гетенің нақыл сөздерімен бірге Абайдың:

«Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге
Көкірегінде болсын көз» –

деген өлең жолдарымен ашылған. Жинаққа арғы-бергі заман ойшылдарының, аса көрнекті ақын-жазушылардың, ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің Отан, отаншылық, интернационалдық, достық, еңбек, ғылым-білім, адамның асыл қасиеттері, ата-ана сүйіспеншілігі, ұстаз қадірі, отбасы, достық, махаббат, денсаулық, дін, тәртіп, заң т. б. жөніндегі даналық нақылдары енгізілген. Мұнда Абай өлеңдері мен ғақлияларынан 69 нақыл сөз іріктеліп алынған. Көлемі 9,1 б. т., 40 000 дана.

ДАНАЛЫҚ – өмірдің шындығын, яғни оның себебі мен салдарының үйлесімділігін тану, адамның нақты жағдайын, орны мен ролін анықтап, оның салауатты өмір сүруге жеткізетін іскерлікті, білімпаздықты және жақсылықты дәлірек түсіну; ақиқат пен әділеттікті адамның мұрат-мүддесіне қолдануды бетке ұстау, адам қызметін сын көзінен, қажет биігінен өткізу арқылы оның ой-сезіміне, әрекетке деген іштей дайындығына, адамгершілік мұратына лайықты мағына табу; ыстық қайратты, нұрлы ақылды, жылы жүректі бойда сақтау, қателіксіз сөйлеу және керектіні ғана істеу – адамгершілік пен имандылықтың таласы; осы мінез-қабілеттерге жеткізетін әр түрлі жағдайды байыппен ескеру арқылы көрегенділікті кәсіпке айналдыру, яғни даралық тұтастығын сақтау. Осы тұрғыдан алғанда Абай – дара, дана тұлға. Абай туралықты танытты, көрсете білді, байытты. Ол өз халқының рухани көзі болып, алысты көре білді, халық үшін ойлап, халық үшін сезіне жүріп, оның тарихи келешегін көрсетіп берді. Абай Д-тың деңгейі қандай, оған қандай үлес қосты, үлгі қалдырды? Абай Д. мәселесін арнайы зерттемесе де, оның идеялық мұрасы жан шырағы, ел ұйытқысы, өнер іздеу мен игерудің өзіндік өрнегі боларлық. Д. Абай үшін, шындықтан туған білім, көрегендіктен туған ептілік және адам тәжірибесі.

Абай үшін Д. өлшемі – адам мен уақыт, өнер мен қабілет – кәсіп мүмкіндігі, түсінік пен іс-әрекет бірлестігі. Д. жекеден жалпыны тапты, жалпыдан жалқыны танытты, жалқының ортақ және ерекше себептерін көрсетті. Ол халық шығармашылығымен сабақтас. Абайдың да, қазақ халқының да Д-ғы табиғаттанудағы, адамтанудағы, өнер табудағы, ағартушылықты жетілдірудегі ойшылдықтан, талпыныстан құралды, тірлік пен рухқа сүйенерлік сенімде жалғасын тапты. Табиғаттану Абай шығармасында үлкен орын алады. Абай үшін туған жер мен туған ел ұқсас ұғымдар. Осы мекен ортаны адам мақсатына сай түсіну, талқылау және бағалау қабілетінен Д. қалыптасты. Табиғаттағы бірлестік пен әр түрліліктің үйлесімін таба білгендер, олардың мазмұны мен мағынасын түсіндіре алғандар, табиғат көрінісімен жарасымды қатынаста болғандар және оның қорын дұрыс пайдаланып үйренгендер Д-тың әр түрлі салалары мен сәттерін қалыптастырды. Туған жерді қадірлей білген тәнтілік, ысырапқа ұшыратпаған шаруалық қашанда болмасын өрелі де, өтімді еді. Осы қажеттілікпен шұғылдану немесе адамды жақсы бастаманың ыңғайына орай тәрбиелеу – табиғаттанудың басты проблемасы. Табиғатта-

ну – сезімді бейімдеу және тәжірибелік қабылдау, бастысы, табиғи құбылыстың түп тамырын табу, салыстыру арқылы оны тірлікке тірек ете білу. Табиғат ғажабына сай әрекет жасай білу – адамның дайындығын лайықты ескерту деген сөз. Табиғаттану мен адамтану арасындағы қатынас Д-тың мазмұнын қалыптастырады, адам тұлғасында өзіне сену, адал іске және төзімдік қабілетке арқа сүйеуі артады. Абай «берекелі болса ел – жағасы жайлау ол бір көл» деп, көңілде түйген тұжырым әлденеше жетістікке ұйытқы болатынына кәміл сенді. Тіпті «жер білмеген көп адам адасып жүрсе, бір жер білетұғын кісінің керегі жоқ па екен?» (23-сөз) деген күдігіне «тіршіліктің несі сән, тереңге бет қоймаса» деп уәжін айтады.

Д. – адамгершілікті танудағы, табудағы, табыстырудағы құбылыс, қасиет, құрал. Д-тың тәні «талап, еңбек, терең ой, ар-намыс, ынсап, сабыр ғой», жаны – туралық пен әділетте, сезімі – рух, ыстық жүрек, өң-шырайда, тегі – ынсап пен рахаттануда, адалдық үшін күресте. Сондықтан Абай адамтану тағлымы, біріншіден, тән, жан, сезім, тектілік үйлесімділігінде, екіншіден, шындық пен адамгершіліктен үйрене білуде және осы құнды мұраны әр дәуірде жетілдіретін, әрбір адамға жеткізетін өтімді іс-әрекетте, үшіншіден, халықты алауыздықтан, алалаудан, ал адамды шектеуден сақтауда – дейді. Оның жетілу жолдары: көп нәрсені есітіп білу, көкейтесті мәселені көңілде түюге дайындық және соны үйрете алу, үлкен үміт – есеппен адамдық құндылықты, халықтық мұраны бағалай білу, оларды жөн-жобасымен қолданбаратын бағыт пен дәстүрден ауытқымау; шығармашылық ізденіс пен істің қайтарымында адам үдесі мен халық үмітін ақтау. Адамтану – есі барлық жанға олжа, басқа сая, ер қорғаны, сонымен қатар теңсіздіктің тетігі мен түбірін табу. Одан «ары бар, ұяты бар, ақылы бар» демекші, әркімнің өзі іздеген құндылық табылар. Өйткені адам «дүниені тегіс көрмекке, тегіс тексермекке лайық», өзін ақыл-парасат, иман-ғибадат арқылы тануды және солардың пайдасын көрерлік сәт мүмкіндікті іздестіреді (27–28-сөз).

Қазақтану – табиғаттану мен адамтанудың құрамдас бөлімі, дәнекері. Абай – қазақтанудың негізін қалағандардың бірі. Абайды қандастарының, ағайын-жұртының надандығы, олардың құбылыстардың сырына ойлы көзбен қарай бермейтіні ашындырды. Сөз ұқпас былжырақ, ақыл сөзге ынтасыз жұрт аяғына үңіліп табандайды, не алар жердің ебін табам деп шабандайды. Осыған орай Абай ауыр мен жеңілдің арасындағы берекесіз антұрғандарды, жақынын сатып кетуге машықтанғандарды, олардың бір сөз үшін жау болатын қыңыр мінездерін, бір күн үшін дос болатын үрдіс қылықтарын батыл сынайды. Елінің ұлы, жерінің азаматы ретінде емес, өзін көптің мүшесі ретінде сезінетіндерге қарап, тілге екі нәрсені тиек етеді, ортаның божырап тозған және тұйыққа тірелген дағдарыста адам болып қалу мен қалыптасу мәселесі. Оған өзімшілдік, мақтаншақтық, еріншек ездігі, бақталасушылық, құбылмалы көзқарастар көптеген кедергі келтірді. Дағдыға дерт еңдіретін көптеген қағидалар қарасөздердің желісін құрды. Д-тың жөні мен беделі өнертабуда. Өнертабуда бойда қайрат, ойда – көз, үлгілерге үміт-үйір ұшталмақ, еңбегінің пайдасын ойлау, ұғымпаз зерек құпталмақ. Онда істегеніңді қалай пайдаланғаның, өзіңді көрсете білгендік маңызды. Өнертабудың шарттарына мойын бұрмағандар арасында бой алдырғандар мен аяқ шалдырғандар көп. Өйткені олардың расы жоқ сөзінде өнбес іске алданушылық дағдыға айналған, ырысы жоқ өз қылықтан жылпылдақтық, жатып ішерлік, көрінгенді азғырушылық танылған. Өнертабу дегеніміз «ғылымды іздеп, дүниені көздеп, екі жаққа үңілу», жақсы мен жаманның, қарама-қарсы күштердің себептерін түсіндіру, өмір мен өркениеттің жарасымдылығы мен жеңісіне сүйеніп ақылға тоқтау, істің мән-жайын баптау, барысында өзіне төрешілік намысында, қабілетті көтермелейтін жағдайға күш-қуатты шоғырландыру.

Қазақта өнертабу даналығы баянсыз қала берді. Ата-бабамыз «өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік» деген ұлағатты сөзді ұмытпаса да, «тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ» екеніне мән қоймады (18-сөз). Қазақ олақтығы – сауатсыздық пен надандық, тамыршылдық пен құлықсұмдық, тек «ішсем, жесем, ұйықтасам деген тән құмарына» бейімделді, жаннан тәнге қуат-күш жетістірмеді.

Барымтаға беріліп, партияға бөлінген, өмірде арын сатқан, ел араздығы тозған, желіккен жерде көңілі соқыр не көрер? Абай бұзылған елдің ескерусіз өмірі мен тар заманынан құтылудың жолын өнердің кәсіптік қызмет – қабілетінен іздеді. Кәсіптік қызмет шаруашылық шеңберімен шектелінбейді. Ол дегеніміз адамның өзі туралы тұлғаларға тән ізденіс пен үміт табу, замана илейтін жаңдар мен заманды билейтін жаңдардың тар соқпақтарын, жарнамаларын адам өмірі ақиқатынан ажырата білу, тарихи заңдылық пен ар-ожданның талабымен келісімге тұрақтанып, өзін де, ортаны да өзгертудің шеңберін кеңейту. Бірақ «сұм-сұрқия қу заманда», «ақыл – ой, ар», «намыс жоқ адамда» жалғыз қалған Абайдың сөзін ұғарлық, оны мінез бен іске керек қыларлық замандастары аз болды.

Ж. Молдабеков.

ДАУАНИ ҒҰЛАМАҺИ (лақап аты; шын аты-жөні – Жалал ад дин Мұхаммад ибн Асхад ад Дауани (1427–1501) – тәжіктің атақты ғалымы, философ. Д. философия, этика, логика, астрономия, алгебра сияқты ғылым салаларынан жүзден аса еңбек жазған. Әлемге атын шығарған

даңқты шығармасы – «Жалали этикасы». Абай Д-дың «Жалали этикасы» еңбегімен таныс болды. Ақынның *«Ғылым таппай мақтанба»* өлеңі мен *Отыз сегізінші* қарасөзіндегі аса үлкен мән бере айтатын жан мен тән, адамның ішкі, сыртқы сезім мүшелері, қанағат, еріншектік, надандық және жауанмәртлік туралы тұжырымдары Д-дың ойларымен сабақтас, үндес келеді. Абайдың:

«Шын сөз қайсы біле алмай,
Әр нәрседен құр қалма.
Мұны жазған білген құл,
Ғұламаһи Дауани,
Солай депті ол шыншыл,
Сөзін оқы және ойла...», –

деп, Д. есіміне ерекше тоқталуында үлкен ой, терең сыр жатыр. Д-дың пайымдауынша, баланы тәрбиелеуді ерте қолға алып, олардың дақ түспеген санасына ізгілікті нәрселерді еге білу қажет. Өйткені, олардың санасы, жас кезінде өте тұтқыр да алғыр келеді. Абай да осы пікір тұрғысында:

«Тез үйреніп, тез жойма,
Жас уақытта көңіл – гүл...»,

деп, бала санасының жылдам қабылдағыш қасиетін жас уақытта босқа жібермеу қажеттігін ескертеді. Адамның балалық шағында дүние тануға құштарлығы мен *жан құмарының* ерекше артатындығына ақын *Жетінші сөзінде* де тоқталып өтеді. Д. баланың жақсы, жаман мінезге ие болуы, оның қандай адаммен қарым-қатынас жасауына, кімнен тәрбие алуына байланысты екенін айта келіп, оларды теріс ықпал жасайтын жандардан аулақ ұстауға кеңес береді. Бұл пікір Д-да жалпы айтылса, Абай өлеңінде қазақ болмысына сай одан әрі тереңдетіле, жетілдіре түскен. Ол өзі өмір сүріп отырған әлеум. ортада орын алған *«бес дүшпаннан»* – бес түрлі зиянды мінезқұлықтан әрбір адам боламын деген жас өспірімнің сақтануы керектігін ашық айтады.

«Жалали этикасында» Д-дың ізгілікті мінезқұлық атаулының бастау көзі ретінде ерекше назар аудара қарайтындарының бірі – әділеттілік туралы ұғым. Ол әрбір адам әділетті болуға борышты, өйткені әділет адам атаулының бойындағы ең жоғарғы, асыл қасиет деген тұжырымға келеді. Абай әділеттілік туралы: «Хақиқат пен растық – қиянаттың дұшпаны», – деп, ой түюмен бірге, мұндай қарама-қарсылық тіпті адамгершіліктің ізгі көрінісінен саналатын «жауанмәртлік» ұғымының табиғатында да елеулі орын алатындығын атап көрсетеді. Ақынның: «...ғадаләт барша езгуліктің анасы дүр» деген пікіріндегі барлық жақсы мінез-құлықтың көзі әділеттілікте деген танымы Д-дың әділеттілік туралы ұғымымен толық үштасады. Д. еңбегінде көне заманнан бері қарай адамзатпен бірге жасасып келе жатқан жасампаз ұғым – достыққа арнайы тоқталады. Оның түсіндіруінше – адам мейірімді, әділетті болуы шарт. Шын достық ізгі қасиеттерден ғана туындайды. Достықтың негізгі өлшемі – сенім, осы тұрғыдан әрбір адам өзіне лайықты дос табуы керек. Достық туралы Д. тұжырымдарын өрбітіп, жүйелі пікір айтқан Абай әділетсіздік жайлаған теңдік жоқ қоғамда шын достықтың болмайтындығына көз жеткізеді, оңдағы достықтың өлшемі мал үшін, күні үшін жағымпаздық, екіжүзділік жасау деп біледі.

«Бір күн үшін дос болып,
Жүз құбылған салт шықты...» –

деп, сенім бұзар опасыздықтың салтқа айналғанын ашына сынға алады.

Д. мен Абайдың ғалымдар туралы пікірлеріңде де өзектес желілер ұшырасады. Д. ғалымдардың қоғамдағы орнын сөз еткенде, олардан болмыстағы құбылыстардың сырын, себебін ашуды, қарапайым халықтың мінез-құлқын тәрбиелеумен шұғылдануды талап етеді. Осындай пікірлер желісі Абай шығармаларында да айқын аңғарылады, ақынның ғалым, хаким туралы Отыз сегізінші сөзіндегі ой қорытулары мен нақтылы тұжырымдары сол кезеңдегі қазақ қоғамын қайтсем ғылымға бой ұрғызамын деген ізгі ниетінен туындаған.

М. Мырзахметов.

ДӘМЕГӨЙ Мүсірәлікызы (1870–1932) – Абайдың баласы Мағауияның бәйбішесі. Абайдың респ. әдеби-мемориал. музейінде Д-дің Абай, Мағауия т. б. туралы естеліктері сақтаулы.

ДӘСТҮР ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ. Абай қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлға, маңдай алды ақын екені, таңдаулы туындылары дүние жүзі поэзиясының озат үлгілерімен деңгейлес тұрғаны білген адамға айқын шындық. Сан ғасырлық бай поэзиясы, ел қамын жоқтаған жүздеген өрен жүйрік жырау, жыршы, ақындары бар қазақ әдебиетінде Абайдың маңдай алды ақын болып үздік шығуы, алдына жан салмауы, әрине, оп-оңай өзінен-өзі бола қалған нәрсе емес. Ұлы ақынды заман туғызады. Абай халықтың мүддесін, тілек-талаптарын терең түсініп, өз шығармаларына өмір шындығын арқау етті. Қоғам өміріндегі аса маңызды мәселелерді терең толғап, заман ағымын, ел жайын шебер бейнелеп айтқан қазақ ақындары аз болған жоқ. Солардың бәрінен Абайдың асып-түсіп тұрғаны оның шығармаларынан көрінетін өмір шындығы аса терең болғандықтан. Абай – қазақтың жаңа реалистік жазбаша поэзиясының, әдебиетінің негізін салды. Абайдың ақындық дарыны аса қуатты және сан қырлы. Ол – керемет суреткер ақын және сыршыл лириканың сирек кездесетін шебері. Сонымен бірге біз Абайды ойшыл ақын дейміз. Мұны алдымен өмір құбылыстарын терең толғап айту жағы басым келетін өлеңдеріне қатысты айтсақ, сонымен қатар өмір, адам тағдыры, дүние, заман ағымы жайлы пікірлері, дүниетанымы көбірек көрінетін өлеңдеріне қатысты, яғни ойшыл-философ ақын деген мағынада айтамыз.

Қай ақын болсын халық даналығынан су-

сындайды, сөз байлығы, өнерпаздық үлгісінен үйреніп нәрленеді. Абайдың дәстүрлерін сөз етпей тұрып, оның өзінен бұрынғы поэзиялық өнеге-үлгілерге табан тірегенін атап айту керек. Абайдың жаңашылдығын айту үшін, оны бұрынғы ақындардан алшақтатып әкету, тіпті, оларға қарама-қарсы қою дұрыс емес. Мұның өзі біздің әдебиеттануымыздағы орын алып келген бұрынғыны жете бағаламаудың, ол аз болса мүлде жоққа шығарудың бір көрінісі еді.

Абайға дейін бірнеше ғасырлық тарихи әдебиет болғанын, ол негізінен ауыз әдебиеті дәстүрлерін өрнектеген, авторлары бар, индивидуалдық сипатты қазақ поэзиясы болғанын мойындай отырып, 15 ғ-дан бастап 19 ғ-дың ортасына дейінгі ұзақ әдеби – тарихи дәуірді, әдеби процесті жырау, жыршы, ақындар поэзиясы, қысқартып айтқанда, жыршы-ақындар поэзиясы деп атау дұрыс. Өйткені жаңа реалистік жазба әдебиеті 19 ғ-дың ортасында қалыптасып дами бастады дегенді оның арғы жағы, түп тамыры, қайнар бұлағы тек фольклор мағынасындағы ауыз әдебиеті еді деп түсінуге болмайды.

15–17 ғ., әсіресе, 18–19 ғ-да жүздеген қазақ ақындарының шығармалары ауызша шығарылып, ауызша тарағанмен, авторы, шығарушысы белгілі және сол автордың өзіндік жеке тұлғасы, қолтаңбасы, стилі айқын танылады. Сондықтан бұл – жалпы халықтық шығармашылығы ұғылатын фольклордан мүлде басқаша, өзінің өзгеше сапасы, сипаты, қалпы бар, тарихи өсу-өзгеру кезеңдері бар әдебиет. Оны ауызша поэзияның дәстүрімен жалғас, тығыз байланысты десек те, әдебиет деп қарауымыз керек, қазақ әдебиеті тарихында аса бір үлкен, арналы, бұл бірнеше ғасыр бойы созылып келген әдеби процесс. Осы тарихи-әдеби процестің бас жағында тұрған Шалкиіз, Доспамбет секілді оңдаған ақын-жырауларды былай қойғанда, Бұхар, Тәтіқара, Махамбет, Шортанбай, Дулат, Мұрат немесе Біржан, Ақан, Балуан Шолақ, Әсет сияқты әнші-ақындар деп аталып жүрген көптеген ақындар – қазақ әдебиетіндегі өз бағыты, тақырыптары, стилі, сөйлеу мәнері бар ірі тұлғалар. Осындай ақындар өлеңді ауызша шығарып, ауызша айтқан деп саналса да, олардың бірталайы хат таныған, оқыған, шығыс, орыс, европа әдебиетінің үлгілерімен жақсы таныс болған, жазба әдебиетінің кейбір бейнелілік, стильдік өзгешеліктерін өзінше игеріп пайдалана алған. Ал 15-ғ-дан бұрын да поэзия, өлең-жырлар, ертегі, аңыздар, көбі түркі тілдес халықтарға ортақ ежелгі әдеби ескерткіштер болғаны өз алдына мәселе.

Алдында бірнеше ғасыр бойы кеңінен қанат жайып өркендеген жырау, жыршы ақындар поэзиясы болмаса, тамыры терең де жатқан халық ауыз әдебиеті болмаса, Абай поэзиясы шырқау биікке көтеріле алмас еді. Мәселе Абайдың белгілі бір ақындардың өнерін, шеберлігін қалай бағалауында, қаншалықты мойындағанында емес. Әдебиетте мүлде жаңа өріс іздеп, өзгеше өрнектер табуға ұмтылған жаңашыл ақын алдындағы кейбір атақты сөз зергерлерін сынай сөйлесе, оның жөні бөлек. Абайдың шығармашылық өнерінің арнасы кең, ақын сусындаған бұлақтары мол екені үнемі айтылып келеді. Алайда, атап, анықтап айтатын нәрсе – Абай поэзиясының негізгі тірегі, қайнар көзі, ана сүтіндей нәрлендірген арнасы – халық поэзиясы, қазақтың ақындық өнері, Абай поэзиясы қазақ топырағында өсіп-өнді. Шығыс, орыс, Европа әдебиеттерінің ықпалы да мол болғаны талассыз.

Абай шығармашылығының қоғамдық, танымдық, көркемдік-эстетикалық мәнін толық түсіну үшін оның әдебиетте орнықтырған бейнелеу әдіс-тәсілдері, дәстүрлері, үлгі-өнегесі қалай жалғастық тапқанын арнайы қарастырып, тексеру қажет. Ақын тұлғасы қаншалықты ірі болса, ықпалы да соншалықты зор болатыны, айналасына түсетін жарығы да мол болатыны анық. Абайды ұлы ізашар ақын деп қарағанда оның шығармашылық дәстүрлерін дамытып жалғастырған ізбасар ақындар деп, қазақ поэзиясының бір туар аса көрнекті қайраткерлерінен Шәкерім, Сұлтанмахмұт, Мағжан, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовты алдымен айтамыз. Әрине, бұл топқа басқа бірталай ақындарды қосуға болады. Тікелей шәкірті болған балалары Ақылбай, Мағауия немесе Абайдың айналасында болған, жақын жүрген Әсет, Көкбай ақындар туралы бұрынды-соңды айтылмай жүрген жоқ. Кең мағынасында Абай дәстүрлерін дамытқан деп, мысалы, Сәкен мен Ілиясты да, ал жеке бір қырларынан келсе, М. Әуезовті де, кейінгі белгілі ақындардың қайсысын болса да алып қарауға мүмкін екені талассыз. Абайдың ақындық дәстүрлерін тікелей жалғастырған осы ірі тұлғалар туралы ғана айтсақ та, ұлы ақын өмір сүрген 19 ғ. мен оның өнерпаздық өнегесін өркендетіп, дамытқан XX ғасырдың бас кезіндегі әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық мәселелерін талдап баяндауға толық мүмкіндік туады.

Абайдың өз шығармашылық тұлғасы жан-жақты. Оңдай әрі ойшыл, әрі сыршыл лирик, әрі суреткер, әр қырлы дарын иесі болған кесек тұлғалы ақын сирек кездеседі. Жаңа реалистік жазба әдебиетінің негізін салған, ұлттық сөз өнеріміздегі жаңа дәстүрді бастаушы болған ақын тұлғасы осындай жан-жақты болуы да тегін емес. Сонда оған ілесе шыққан аса көрнекті ақындардың – Шәкерім, Сұлтанмахмұт, Мағжан, А. Байтұрсынов пен М. Дулатовтың қайсысы болсын алдындағы ізашар ақынның дәстүрлерін өз шығармашылық өнерінің өзгешелік сипатына сәйкес өзінше жалғастырғаны заңды құбылыс болып шығады. Біз Шәкерімді Абайдың оқу-

білім, ғылымды, адал еңбекті, талаптылықты, адамгершілікті уағыздау өнегесін, пәлсапашыл ойшылдығын өзінше өрістеткен ақын десек, Сұлтанмахмұтты, әсіресе, әлеуметтік өмірдің қайшылықтарын, өз заманының шындығын нақтылы түрде, үлкен сыншылдықпен ашып көрсетуі жағынан Абай дәстүрлерін дамытуда өзіндік тың, жаңа өріс тапқан дей аламыз. Ал Мағжан ол теңдесі жоқ лирик ақын ретінде Абайдың өз көңіл-күйін және адамның жан дүниесін, ішкі сезімін суреттеудегі дәстүрлерін өзінің сыршылдық шеберлігіне тірек етіп, өзінше жалғастырған. Байтұрсынов Абайға қоғам өмірінің бірталай маңызды мәселелері жайлы толғана айтуы және мысалшылдығы жағынан, ал Дулатов, әсіресе, сөз өнерін халықтың санасын оятудың, қоғам көшін алға бастаудың бірден-бір күшті құралы деп санаған ағартушылық өнегесі жағынан үндес. Және Ахмет те, Міржақып та Абай бастаған ағартушылық, демократиялық идеяларды жаңа заманның тілек-талаптарымен терең ұштастыра алған. 20-ғ-дың бас кезіндегі қазақ әдебиетінде ағартушылық, демократиялық идеялар қоғам өміріндегі ілгерішіл ізденістерге орай кең өріс алғандықтан, Абай дәстүрін жалғастырушылар тобы да молая түсті. Абайдың өнерпаздық өнегесі жаңа дәуірде әр қырынан өркендеп, жан-жақты жалғастық тапқанын айту үшін біз ең ірі әдебиет қайраткерлерін ғана айтып отырмыз. Және Шәкерім, Сұлтанмахмұт, Мағжан, А. Байтұрсынов, М. Дулатовтың әрқайсысының өнерпаздық тұлғасы әр түрлі дегенді де, әрине, шартты түрде айтамыз. Бірін-бірінен мүлде алшақтатып әкету, әсіресе, бірін-біріне қарама-қарсы қою да үнемі ұтымды бола бермейді. Алайда әр ақынның көркемдік ойлауына, өмірді бейнелеуіне, тақырып таңдауына, стиліне, түгелдей алғанда өнерпаздық бітім-тұлғасына тән өзгешеліктерді танып-білудің де, сөзсіз, мәні зор. Мұнсыз қай ақынның болсын алдыңдағы ізашар ақынмен жақындық-жалғастығын, өзінің әдебиетке әкелген жаңалығын дұрыс бағалау қиынға соғады. Бұл айтылғандарды толық ескере отырып, Абайға кейінгі ізбасар ақындардың кейбір тақырып, сарын жағынан үндес келуі немесе жеке пікірлері, жеке сөз үлгілері ұқсас келуі секілді жайларға назар аудару артық емес. Бұлардың өзі кейде жай ғана сырттай ұқсастық, кейде әдейі еліктеушілік болуы да мүмкін. Сонымен бірге осындай кейбір тақырып, сарындар мен жеке сөз үлгілеріндегі ұқсастықтар идеялық жағынан жақындасуды, шығармашылық ізденістегі үндестікті, өнерпаздыққа, ақындық шеберлікке тән елеулі ортақ сипатты танып білуге себін тигізетінін ескермей болмайды.

Алдымен Шәкерімді айтсақ, оның Абайға халықты өнер-білімге, ғылымды үйренуге шақыру жағынан үндес шығатын жерлері аз емес. Сонымен қатар Шәкерімнің кейбір адамгершілік идеялары да Абай пікірлерімен үндес келеді. Бұған мысал ретінде Абай адамның мақтан сүйгіштік мінезін қалай сынайтынын еске түсірелік:

«Абұйыр, атақ сол жанда,
Кімді көп жұрт мақтаса.
Ол мақтаудан не пайда,
Көп мақтауын таппаса?

Көп тәңірі атқан мақтай ма,
Ол тәңірі атқан болмаса.
Жоқты-барды шатпай ма,
Көптің өзі оңбаса.

Мақтау – жел сөз, жаңға қас,
Қошеметшіл шығарған.
Бір мақтаса боқтамас
Ел табылса, құмарлан...»

«Не іздейсің, көңілім, не іздейсің...» дейтін өлеңінде осыны айтса, *«Әсемпаз болма әрнеге...»* дейтін өлеңінде былай дейді:

«Пайданы көрсең бас ұрып,
Мақтанды іздеп, қайғы алма.
Мініңді ұрлап жасырып,
Майданға түспей бәйге алма...»

Мақтан қуу, ішінде құлық сақтап айтылған мақтау сөзге сенгіштік – сағым қуып босқа алдану екенін ақын анық аңдатады. Ғақлия сөздерінде де Абай мақтау жайында сөз қозғап, мақтаныш сезімі мен мақтаншақтықты ажырата білу қажеттігін ескертеді. Мақтау, мақтанудың жағымды жағымен қатар жағымсыз жағы да бар екенін ашып көрсетіп, бұл мәселе хақында қазақ әдебиетінде терең пікір айтқан Абай болды. Осыған үндес, жалғас өткір пікірлерді Шәкерім ақынның өлеңінен табамыз:

«Дос мақтайды сені жақсы көрмек үшін,
Дұспан мақтар елірте бермек үшін,
Есептемей есірік елін мақтар,
Көп нені айтса, соны айтып ермек үшін,
Бұл үш мақтау бере ме саған пайда,
Мақтаулыны білерлік адам қайда?
Өзіңнен ілгерілер сүйсінерлік
Жол тап тағы, ақылды солай айда.

Кейде дос та жамандар жоқ нәрсе үшін,
Дұшпан сөгер сыртыңнан қайрап тісін.
Өнері жоқ өсекшіл ел жамандар
Өтірік пе, рас па, көрмей ішін...»

Мақтау шын көңілден тап басып тауып айтылса ғана пайдалы, орнымен айтылса, сөгіп, сынаудың өзі де ой саларлық, ал басқадай білместікпен де айламен айтылған мақтау болса – елірмеу, даттау болса – елемеу қажет дегендей ой түйеді ақын. Шәкерім Абайға пәлсапашылдыққа бой ұруы жағынан жақындайтынын байқаймыз. Абайдың *«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес...»* – деп басталатын өлеңіне назар салсақ, осы «адам өлмес» дегеннің өзі қандай мағынада айтылған екен деген сауал ойға оралады. «Адам өлмес» деп кесіп айтқан Абай ойын қалай жалғастырады, соған тоқталайық:

«Ол бірақ қайтып келіп ойнап-күлмес,
«Мені» мен «менікі»-нің айрылғанын
«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес...»

Дәл осы өлеңінде «мен» және «менікі» деген ұғымдарды Абай ажыратып, дәлірек айқындамайды. Келесі шумақта:

«Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып аяғын көп шалдырған...»

деп келіп, алғашқы ойын енді тікелей жалғастырғандай:

«Өлді деуге сыя ма, ойландаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған...» –

дейді.

Бұл орайда «адам өлмес» дегенінің мағынасы өзі өлсе де, сөзі өлмес, кейінгіге сөзі, айтқан ойы қалады деген пікірге саяды. Абайдың бұл пікірі бір жағынан халық даналығын танытатын сөз үлгілерімен де жанасып жатыр. Бұхар жыраудың нақыл сөз үлгісінде келетін:

«Өлмегенде не өлмейді?
Жақсының аты өлмейді,
Әкімнің хаты өлмейді...» –

деген сөзін еске алсақ та болар. Мағыналы сөз өлмейді дегенді ақындар өз шығармаларына қатысты да айтады.

Мен кетермін, сөз қалар,
Ақ қағазға басылып.
Боз балалар қолға алар,
Әр ауылға шашылып...» –

дейді Шәкерім ақын. Мәселе, ақынның кейбір басқалар да айтқан, айтатын пікірді қай қырынан келіп, өзі қаншалықты терең мән беріп айтуында екені талассыз. Осы жағынан келгенде өлең сөздің әлеум. мәнін жаңаша танып, жоғары бағалаған Абайдың «өлмейтұғын артына сөз қалдырған» дегенді аса зор, жаңа мағына беріп айтқаны айқын. Ал «Көк тұман алдындағы келер заман» атты өлеңінде Абай «мен» және «менікі» деген ұғымдарды дәлірек айқындай түседі:

«Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,
«Мені» мен «менікі»-нің мағынасы екі
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе, өлсін, оған бекі.

Сөйтіп, адамның тәні өлсе де, ақыл мен жаны өлмейді деген тұжырым айтылады. Осы адамның тәні қалып, жаны о дүниеге ауысады деу діни ұғыммен сабақтас дейміз бе? Келесі шумақтағы:

«Әділеттік, арлылық, махаббатпен
Үш жолдасың қабірден әрі өткенде... –

деуіне қарағанда адамның адамгершілік қасиеттері жанымен бірге болатын сияқты. Жоғарыда келтірілген «өлмейтұғын артына сөз қалдырған» дегенді еске алсақ, Абай адамның ақыл-ойы кейінгі ұрпақтарға қалады деп санайтынын аңғарамыз. Адамның жаны өлмейді деген пікірді шығыс философтары, мысалы, Әбу-Насыр әл-Фараби да айтқан. Ол наданның емес, адал ниетті, білімдар адамның жаны өлмейді дейді. Мұны адамның ақыл-ойы кейінгіге қалады, солардың санасында сақталады деген мағынада түсінсек, мұндай пікірді Л. Фейербах секілді ғалымдар да айтқан. Қалай десек те, Абайдың «адам өлмес» дей отырып толғайтын пікірі әлдеқалай айтыла салған нәрсе емес, өмір мен өлім, адам тағдыры, келешек, мәңгілік туралы терең толғанудан туған тұжырым.

Ерекше көңілге қонарлық нәрсе – Абай жоғарыда аталған «Көк тұман алдындағы келер заман» деген өлеңінде «Менікі» өлсе өлсін, оған бекі...» – дей отырып, өмірдің мағынасын адамгершілік идеясымен ұштастырып ашып беруге ұмтылады:

«Мазлұмға жаның ашып, ішің күйсін,
Харекет қыл, пайдасы көпке тисін.
Көптің қамын әуелден тәңірі ойлаған,
Мен сүйгенді сүйді деп иең сүйсін.
Ғаделет пен махаббат – көп азығы,
Қайда көрсең, болып бақ соған көмек.

Көпке қызмет қылу, әділеттілік, рақымдылық, жапа шеккен адамды аяу – міне, осыларды Абай нағыз адамгершілік қасиет деп санайды.

Осы айтылған мәселе Шәкерімді де көп толғандырған:

«Талайдан ой бар менде:
Бар әлемді жаратқан не?
Жоғала ма жан өлгенде,
Түзу істер іс қалай?

Ей, жастар, қалай дейсің бұл дүние?
Мұны бүйтіп жаратқан қандай нәрсе?
Білімсіз мақсатсыздықтан шыққан болса,
Мақсат, білім, ой шықты мұнан неге?..»

Осындай сауалдарға беретін жауаптарынан ойшылдыққа бой ұру ғана емес, сонымен қатар ақындық сезімінің әсерлілігі, бейнелеп айту шеберлігі де жақсы аңғарылады:

«Күн батып, ай, жұлдыздың айналуы –
Шынында дөңгеленген жер жүрісі-ау.
Күн жауды, көз шағылды назағайдан,
Судан от жаратылып шыққаны анау.

Күн нұрын, жер жүрісін, көлеңкені
Жарық уақыт, қараңғы деп атаймыз.
Жоқ болса ыстық, жарық, қараңғылық,
Біздің мүмкін бе еді барлығымыз?..»

Шәкерім дүниенің, табиғаттың кереметтігі, керексіз бір тозаңы жоқ болып жасалған кемелдігі жаратушының шексіз қуаттылығын танытады дейді.

«Себебі толымдының ісі толық,
Ең түпкі жаратушы – мінсіз ие.
Күш, білім, шеберлікті іс білгізер,
Есті, мінсіз шебердің ісі емес пе?..»

О дүниеде адамның адал, арамдығы сыналатын «бір тексеру болмай қоймас» деген ойын ақын адамгершілік мақсат тұрғысынан дәлелдеуге тырысады.

«Егер құдай барлығы анық болса,
Тең болмас ақ жүрек пен сұм залалкес...»

дей келіп:

«Жоқ, шырағым, жанымыз жоғалмайды,
Осы өмірдің азығы – осы ұждан...» –

деп тұжырымдайды.

Сонымен қатар жан деген ұғымды Шәкерім кең мағынада алып түсіндіреді:

«Жарылыс басы – қозғалыс,
Қозғауға керек қолғабыс.
Жан де мейлің, бір мән де,
Сол қуатпен бол таныс.

Әлемді сол мән жаратқан.
Қозғаған қуат жан дейміз,
Жан өсті жаннан сан дейміз.
Сол жаңдар әсер берген соң,
Жаралды сансыз тән дейміз.
Жанына қарай тән солар...»

Ал енді Сұлтанмахмұтты алсақ, оның әлемдүние, өмірдің мағынасы, адам тағдыры туралы ой толғауы да көбінесе әлеум. көзқарас тұрғысынан келеді. Ол бірде:

«Қандай мән бұл адамның өмірінде?
Дәм татқызар өмір үміт не көңілінде?
Туысында еріксіз жердің құрты,
Және еріксіз аң ұрып сөнуінде...» –

десе, тағы бірде:

«Дүниенің дөңгелегі айналады,
Кім үстінде гөлайттап жиналады.
Кім астында езілер саз балшықтай,
Білмейтін түбі неге айналады.
Үстегіде не қасиет, астағы да
Не жаздық деп еріксіз ойланады.
Үстегі сындырмаған шөптің басын,
Соңда да тамағы тоқ, киімі асыл,
Жасаулы, зинеттеулі палатада
Қызметкер дайын қылар керек асын,
Он жыл қызмет бір кедей қылып таппас
Қондырған бір жүзікке асыл тасын.
Бір кедей жылдық тамақ етер еді
Өндеген бояуына бет пен қасын...»

Сұлтанмахмұт ой сонылығына, сөздің қарапайымдылығы мен терең мағыналылығына айрықша мән беріп, бұл бағытта Абай өнегесін жақсы жалғастырады. Абай өз заманын, өткен ғасырдағы қоғамдық құрылысқа сын көзімен қарап, «жеп жүр ғой біреуінің біреуі етін» деп сипаттайды.

«Ойлы адамға қызық бұл жалғанда.
Көбінің сырты бүтін, іші түтін...» –

дейді. Сұлтанмахмұт Абайдың осы дәстүрін берік ұстайды. Ақын өткен дәуірді, қанаушылар үстемдік еткен, әділдіктің жоқтығы «адамды сорлы қылған» заманды суреттегенде «бақытсыздық дүние толған, нақақ қан, нақақ көз жас дария болған» деген секілді сипаттауларды қолданады.
Ақын сол заманды, сол кездегі өмірді бірнеше көркем бейнелі айқындаулар арқылы айрықша ұтымды етіп көрсете алған.

«Дүние – алдау екен, алдасуда,
Өз обалым өзіме қалсам кейін,
Дүние – жеу, жегізу майданы екен,
Жеңе алсам жеймін демей мен не дейін.
Әділдік болады деп тоса берсем,
Өзімді жеп қоятын оған дейін.
Байып алып, біреуді мен де жекпей,
Неге өгіз боп оларға жегілейін?!»

Осылай етіп Сұлтанмахмұт дүниені, айналасындағы өмірді біреудің біреу түбіне жетіп тынатын «жеу, жегізу майданы» деп сипаттап, дүние, заман сияқты ұғым мен сол ортада өмір кешкен жеке адам тағдырын қатар алып айтып отыр. Бірақ, байып алып, басқаны жегу әркімге тиетін үлес емес екенін де ақын жақсы түсінеді. Және ол осыны мұрат етіп отырған жоқ. Тек заманның, ортаның, әділетсіздік, зорлық-зомбылық бел алған қоғамның адамның ой-санасына қандай әсер ететінін ғана айтып отыр. Мұны біз ақын тағы бір тұста дүниені, заманды және жеке адамды қарама-қарсы қойып сипаттағанда әсіресе анық байқаймыз.

«Жан иесі жегелі бірін-бірі
Өлмеу үшін аузын ашқан заман.
Дүние – өзен, ағысын кім тоқтатар,
Ағып кете баратын мен бір салам...»

Қанаушылар үстемдік еткен қоғамда қарапайым халықтың халі қаншалықты аянышты екенін бұдан айқын, әсерлі етіп айту қиын-ақ болар.
Абай үстем тап өкілдерін қатты шенеп, сықақ етіп, әшкерелеп береді. Мысалы, ол дін адамдарын:

«Кітапты молда теріс оқыр,
Дағарадай боп сәлдесі.
Малқұмар көңілі бек соқыр,
Бүркіттен кем бе жем жесі?..» –

деп суреттейтіні белгілі. Осындағы көркем сипаттама, теңеу, салыстырулардың бәрі молданың жексұрын, жиіркенішті ұсқынын барынша айқындап көрсетуге қызмет етіп тұр. Сұлтанмахмұт бұл жағынан да Абайды өзіне үлгі тұтқан. Адамның кескін-кейпін, әрекетін бейнелеудегі ақынның ұсталығы бірлі-екілі белгі-сипат арқылы-ақ оның тұлғасын өзіндік құлық-мінез өзгешелігімен тұтас әкеп көзге елестете білуден әсіресе айқын көрінеді.

«Мынау төрде ишандар,
Аузы-басы қисаңдар.
Ат, тоныңмен жұтады,
Аузына егер сисаңдар...»

Осындағы Сұлтанмахмұттың дін адамдарын суреттеуіндегі ұтымдылық – алдымен ақын олардың бет-жүзіндегі бір ғана қозғалыс – белгіні алып, сол арқылы есте қаларлықтай көрнекті бейнесін жасап береді. Одан арғы сипаттауы сырт құрылысына қарасақ, әсірелеп айту секілді. Дүниеқор ишандар аузы кісі ат, тонымен сиярлық үлкен болып көз алдымызға сәт елес бергендей болса да, осы сөздердің ауыспалы мағына беретіні айқын аңғарылады. Күші жетсе, қолынан келсе, барыңды жалмап-жұтып қоюға дайын нысапсыз, жемқор дегенді әдетте осылай айта беретінін түсіну қиынға соқпайды. Олай болса, осы сөздердің нақтылы мазмұн-мағынасында иненің жасуындай да артықтық, асырып айтушылық жоқ. Қалайда оқушыны елең еткізетін бірден-бір типтік сипат – белгі болып шыққан.
Абайдың жас қыз бен оны мал беріп, еркіне қоймай алмақшы болған кәрі шалдың бейнесін бір-біріне қарама-қарсы қойып, шендестіру тәсілімен өте әсерлі суреттегенін білеміз.

«Біреуі – көк балдырған, бірі – қурай,
Бір жерге қосыла ма қыс пенен жаз...»

Жайнаған **көк балдырған** қыздың балама бейнесі болса, жапырағы жоқ сидиған **қурай** – шалдың балама бейнесі. Көркем символ ретінде **жаз** бен **қыстың** алғашқысы балғын қыздың үлбіреген нәзіктігі,

сүйкімділігі секілді сипаттарын елестетсе, соңғысы зорлықшыл шалдың мейірімсіз қаталдығын тұспалдап аңғарта алады. Қызды айтқанда Абай **«ет жүрек», «жас жүрек»** сияқты сипаттамаларды алса, метонимия тәсілімен **«қартайған қу сүйек»** деп бейнелейді.

Сұлтанмахмұт «Кедей» поэмасында «жексұрын шал» мен оған малға сатылып, еріксіз қосақталған жас қызды суреттегенде шендестіру, қарама-қарсы келтіріп сипаттау тәсілін үлкен шеберлікпен қолданады.

«Жастық қызу шөлдеткен жас ерінге
Көк мұртты кепкен ерін тұрды-ау тиіп.
Кәрі қол талдай нәзік белді қысып,
Үлбіреген жас тәнді зорлап, құшып,
Қуарған, кепкен тәнін жылытпақшы,
Сәулесі қара көздің нұрын ішіп,
Сәбидің білегіндей торғын тамақ,
Тікенектей көк сақал соны қадап...»

Міне, мұнда балғын жас сұлу мен шалды үнемі бір-біріне қарсы қойып, салыстыра бейнелеп отыр. Қыздың кескін-келбетін, сипатын танытатын сипат-белгілер – **«жас ерін», «нәзік бел», «үлбіреген жас тән», «сәбидің білегіндей торғын тамақ»** деген секілді болып келсе, шалдың сиқын – **«кепкен ерін», «кәрі қол», «қуарған, кепкен тән», «тікенектей көк сақал»** деген сияқты сипаттамалар арқылы байқатады.

Сұлтанмахмұт – әрине, ақындық тұлғасы мүлде басқаша, тек қана өзіне тән дарыны бар суреткер. Сөз бұл жерде әдеби дәстүр жалғастығы туралы ғана. Сұлтанмахмұттың кейде Абайша толғап, өмір құбылыстарын Абайша бейнелеп көрсеткен кездері бар, бірақ ол ұлы ақынның сөз үлгісін құр қайталау емес, суреттеу тәсіліндегі кейбір ұқсастықтар ғана.

Халық өмірі, бүгінгісі мен кешегі туралы ойланып, тебіренгенде Мағжан да өзі «алтын хакім» деп атап, айрықша ардақтаған Абай үлгісінен алыстамай, ашынып, ащы сын пікірлер айтудан тайынбайды.

«Сорлы қазақ жаны алқымға тығылып,
Қара күн кеп, тіккен туы жығылып,
Алға баспай барлық ісі кер кетіп,
Нәр тата алмай, күшсіз, әлсіз бүгіліп...» –

деп күңіренген ақын, тығырыққа тығылған елге шығатын жол сілтемек ниетпен қала салсақ, мектеп пен медреселер көп болса дей келіп:

«Жиылмай өнерге аяқ баса алмаспыз,
Нық сіңген надандықтан қаша алмаспыз...» –

деп түйіндейді.

Жетті енді қам жер мезгіл, жапа бекер,
Ойламау келешекті түпке жетер, –

деп жұртты жігерлендіруге ұмтылады.

Әрине, түгелдей алғанда Мағжан поэзиясында қоғамдық мәселелерді қозғау, талдап-баяндаудан нәзік сыршылдық басым жатыр. Мағжанның сыршылдығы – сезім тереңдігінен туатын ешбір жасандылығы жоқ, нығыз лирикалық сыршылдық. Өмірден алынған сезім-әсерлермен нәрленген, көркем қиялмен қанаттанған сыршылдық. Сезім қуаттылығына, нәзіктігіне орай тілінің, әр сөзінің келісті көркем болуы да ақынның суреткерлік шеберлігінің басты сипаты. Бұл жағынан алғанда Мағжан қазақ поэзиясында өзінше тың өрнек тапқан, үздік шыққан ақын. Мағжан ақындығының осы өзгеше қасиетін, оның сирек кездесетін сыршылдық дарынын жете түсінген, жоғары бағалаған адамның бірі – Жүсіпбек Аймауытов болды. Ол «Мағжан сыршылдығымен, суретшілдігімен, сөзге еркіндігімен, тапқырлығымен күшті, маржандай тізілген, торғындай үлбіреген нәзік үнді күйімен, шерлі, мұңды зарымен күшті», – деп дәл тауып айтқан. Мағжанның осындай сыршылдығы Абайға да жат емес десек, мәселе, әрине, нақтылы шығармаларды салыстырып, тікелей ұқсастық табуда емес. Абайдың көңіл күйі лирикасына, немесе табиғат лирикасына жататын өлеңдерінде сыршылдық сарыны айқын көрінеді. Алайда, тұтастай алғанда Абайдың таза сыршыл болып көрінетін тұсы көбінесе ақындық дарынының бір қыры ғана болса, Мағжанда сыршылдық, сезім нәзіктігі үнемі басым келеді. Сондықтан Мағжан Абай дәстүрлерін негізінен сыршылдық лирика саласында өрістеткен дей отырып, оның поэзиясындағы өнерпаздық өзгешелігіне көбірек назар аударған дұрыс дейміз. Және ақынның жеке пікірлерін, сөздерін бағалағанда, соның қай жерде, қандай контексте, қалай айтылғанын да ескеру қажет. Мағжанның, мысалы, өмірдің өтуі, адам тағдыры жайлы мынадай сөздерін еске алайық:

«Өмір – көпір, от үстінде салынған,
Діңгектері зәндем отқа малынған.
Қорқу білме, аяқтарың таймасын,
Ойнап қана өт, шарпу көрме жалыннан.

Өмір – өзен, сылқ-сылқ күлер, сылдырар,
Қайда ағады, оның жөнін кім сұрар?
Аққан сумен біз де ағармыз, кетерміз,
Ағынға ермей, жағасында кім тұрар?..»

Осыны жас сұлуға сыр ашқандай ғып айтып отырғаны, ертең, ер жеткенде «көп уланған, көп сүйген», «көп жылаған, көп күлген ақын ағам болып еді дегейсің» деп наз қылып, яғни өзінің жылы сезімге беріліп, толқыған көңіл күйіне орай айтып отырғанын ойдан шығармаған жөн. Өмірдің келеңсіз, көлеңкелі жағы бар десе, оны «сұм өмірдің күлін көрме, гүлін көр» деген түйінді ойына сабақтастыра айтып отыр. Ал «Қорқыт» атты дастанындағы:

«Ақын – жел, есер, гулер жүйрік желдей,
Ақын – от, лаулап жанар аспанға өрлей,
Қиялы, жан жүрегі – ойнаған от,
Ақынды аласұртар тыныштық бермей...» –

деген сөздерді Қорқыт жолын қуып, мұрагері болғандай кейінгі ақындардың жинақтап алынған бейнесін сипаттаған деуге болады. Сонымен бірге бұл сөздер ажалдан қашып құтылу ниетімен дүниенің төрт бұрышын шарлаған Қорқыт бейнесін көтермелеу үшін шабыт үстінде айтылғаны да айқын емес пе? Ендеше:

«Өмірде арманым жоқ Қорқытқа ерсем,
Қорқыттай жанды жаспен жуа білсем.
Жас төгіп, сұм өмірде зарлап-сарнап,
Құшақтап қобызымды көрге кірсем...» –

дегенді де Мағжан өлім күйін шерткен екен деп сыңаржақ пікір түймей, алдымен «атасы ақындардың ақын Қорқыт» деп, соны қастерлеу үшін әдемі әсірелеп, әсерлі етіп айтылған деп ұққан дұрыс. Мағжанның махаббат лирикасында да өз ойлау, сөйлеу ерекшелігі, әсем сыршылдығы, жастық жалын шарпуы айқын байқалатын сезім нәзіктігін жеткізудегі өз қолтаңбасы тайға таңба басқандай анық. Салыстырып қарасақ, Сұлтанмахмұттың жалындап тұрған кезінде шығарған өлеңдерінде де махаббат сезіміне беріліп, елжіреп, елтігендей күй байқалмайды. Мұны ақын дарынының өзгешелігі, ішкі сырын ақтарып тастамайтын, тартына сөйлейтін әдеті дейміз бе, тіпті:

«Қарадың неге, жан қалқам,
Күйдірейін дедің бе?..
Көлеңкеңді көрейін,
Құрбандықта өлейін...» –

деп толқығандай болғанның өзінде:

«Осындай сүю көрмесең,
Қатын алма өмірде...» –

деп, аяғын әзілге айналдырады. Тағы бір өлеңінде:

«Сәулешім» деген бір сөзің
Есімнен кетпес өмірде.
Серт қылдым берік мен өзім
Өшпестей жазып көңілге...» –

деп ынтықтығын білдірсе де, ойын сезімге жеңдірмей:

«Топас күш – тасқын, біз – жаңқа,
Сең соқса достар айрылар.
Бар қайғым осы, жан қалқа,
Топанды күш жоқ қайырар...» –

деп іркіле сөйлейді.

Мағжанның «Өткен күн» атты өлеңінде Абайдың «Жаз» *(«Жаздыкүн шілде болғанда...»)* деген өлеңіне сөзбе-сөз жақын, үндес келетін тұсы бар. Мағжан халықтың бірнеше ғасырды қамтыған тарихына көз салып, Қасым мен Есімнің ескі билік өнегесін, Хақ Назар мен Абылай ханды, Қабанбай мен Бөгенбай батырларды, Қаз дауысты Қазыбекті, палуан Жәнібекті, Шәже, Орынбай, Жанақ, Біржан, Наурызбай секілді жыршы, ақын, әнші өнерпаздарды еске алады. Ал, өткендегі қазақ ауылының нақтылы суретін көзге елестетпек болғанда Абай өлеңіне сүйенеді:

«Шілдеде самал ескенде,
Жайлауға ауыл көшкенде,
Ат – айғырға мінісіп,
Қыз – бозбала жарысып,
Тереңнен әзілдескенде...
Бұрала басып былқылдап,
Әзілдесіп, сыңқылдап,
Жас келіншек, жас қыздар
Кереге жайып, үй байлар
Үйден-үйге жүрісіп...»

Абай өз өлеңінде ауыл өмірінің көркін сол кездің шындығы етіп бейнелесе, Мағжан өтіп кеткен дәуірдегі қазақтың «дәулеті мен сәулеті» айқын көрінетін суреттеме осы деп, жайлауға көшіп келіп қонып жатқан ауылды ұлы ақынға әдейі еліктеп сипаттаған. Әрине, ауыл өмірінің мұндай көрінісін Мағжанның бар үлгіні алдына ұстамай-ақ суреттеп бере алатыны ешбір талассыз. Сондықтан оның бұл жерде Абай өлеңін тірек еткені құр жайдан-жай еліктеу емес. Ол Мағжанның Абайды алдындағы ізашар ақын деп санағанының, өзіне үлгі тұтқанының белгісі дей аламыз. А. Байтұрсыновтың да Абай шығармашылығымен тақырыптық-идеялық үндестігі бір емес, бірталай аса маңызды қоғамдық мәселелерді толғауынан анық байқалады. Ақынның «Жұртыма» деген өлеңіндегі:

«Білмейсің жөнің менен терісіңді,
Ел болып іс етпейсің келісімді.
Жөн айтқан жұртшылыққа адам болса,
Шығасың қолыңа алып керісіңді.
Бытырап бет-бетіңе жөнелгенде
Көрдік қой жайылатын өрісіңді.
Келгенде өзі-өзіңе мықты-ақсыңдар,
Қайтейін өзге десе көңгішіңді.
Сықылды сынық бұтақ төменденсең,
Кім жұлмас оңайдағы кемісіңді?! –

деген сөздерді еске алсақ, Абайдың *«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...»* атты өлеңімен негізгі пікірлері сабақтас келетінін көру қиынға соқпайды. Сондай-ақ, «Жиған-терген», «Жауға түскен жан сөзі» атты өлеңдері де ел жайын, халық тағдырын ойлап тебіренуі, сыншылдығы жағынан ақынның Абаймен сарындас келетінін аңдатады.

Абайдың «Сегіз аяқ» **(«Алыстан сермеп...»)** атты өлеңіндегі:

«Қайнайды қаның,
Ашиды жаның
Мінездерін көргенде.
Жігерлен, сілкін,
Қайраттан, беркін,
Деп насихат бергенде,
Ұятсыз, арсыз салтынан
Қалғып кетер артынан...»

деген түйінді жеке сарын ғана емес, ағартушы-ақынның шығармашылығындағы үлкен бір тақырыптық-идеялық арна десек, Байтұрсынов та, Дулатов та өз шығармашылығының ең басты идеялық нысанасы халықты ояту, оны өнер-ғылымға, еңбек етуге, прогресс жолымен алға басуға шақыру деп түсінді. «Оян, қазақ!» деп ұран тастаған Дулатов өз шығармаларында қоғам өмірінің бірталай мәселелерін, Абай дәстүрлерін жалғастыра отырып, жаңа заманның талабына сәйкес батыл қоя алды. Осы екі үздік шыққан өнер иесін қатар қойып, айтып отырғанымыз, олардың ақындық тұлғасында ортақ сипат мол, сондықтан олардың Абаймен үндестігі де бір арнаға түсіп жатқандай көрінеді.

Абайдың шығармашылығында желідей тартылған бірнеше басты тақырып – сарындар сабақтаса түйісіп келетін шығармасы «Сегіз аяқ» болса, соның қазақ поэзиясына тыңнан қосылған өрнегі ізбасар ақындардың назарынан тыс қалған жоқ. Бұл тұста әсіресе Шәкерім мен Ахмет айрық-

ша тоқталып айтуға тұрарлық.
«Жастық туралы» өлеңінде Шәкерім бұл өлең өрнегін жеңіл, ойнақы ырғақпен айтуға лайықтап келтірген:

«Гауһардай көзі,
Бұлбұлдай сөзі,
Жаннан асқан бір пері.
Жүзі бар айдай,
Мінезі майда,
Өзгеден артық сол жері.
Дариядай ақыл мол еді,
Жан ғашығым сол еді...
Ұжмақтың хоры,
Іздедім соны,
Тал бойының кірі жоқ.
Бойы бар сымдай,
Белі бар қылдай.
Мүшесінің міні жоқ.
Қыз осындай болар ма?
Оны сөккен оңар ма?

Өлең сұлу қызды сипаттаудан басталады да, бозбаланың сол қызды алыстан ат сабылтып түнделетіп іздеп келіп, қазақы әдетпен қасындағы жолдасын жіберіп, хабар алып, қыз жатқан үйге кіріп, құмардан шығып, таң ата қайтқанын баяндаумен тынады. Осындай мазмұнына өлеңнің ырғағы да сәйкес келіп, әлдеқандай бір әсерлі ойнақылық, құбылмалы ширақтық сипат танытады. Шәкерімнің бұл өлең өрнегін «Кәрілік туралы» деген өлеңінде қолдануы да осыған ұқсас. Ақын қартайған адамның күйкі хал-жағдайын әзіл араластыра, әжуалап бейнелегендіктен, мұнда да өлең ырғағы жеңіл, ойнақы болып келеді:

«Қызусыз тәнің,
Сезімсіз жаның –
Болады кәрілік белгісі.
Оны да сезбей,
Үмітін үзбей,
Келмейді шалдың өлгісі.
Алпыстан әрі бармаңдар,
Байқамай шал боп қалмаңдар!..»

«Сегіз аяқ» өлшемі әр алуан интонация туғыза алатынын өлеңнің мазмұнына орай осындай сипат алуы да мүмкін екенін Абай өзі жақсы білген. Оған:

«Бұралып тұрып,
Буыны құрып.
Қисайта тартып мұрынын;
Әсемсіп, сәнсіп,
Білгенсіп, бәлсіп,
Әр нәрсенің орынын.
Керенау, кердең бір керім,
Жақпайды маған сол жерің...» –

деген бір шумақ өлең-ақ толық дәлел бола алады. Алайда Абай бұл өлең өрнегін осылайша қолдануды көп қызықтамай, оның ырғақтық байлығын басқа қырларынан келіп ашуға көбірек көңіл аударған.
Байтұрсынов «Сегіз аяқ» өлшемін қолданған «Жиған-терген» атты өлеңін Абайға бір жағынан еліктеп, бір жағынан жарыса жазғаны байқалады. Еліктегені өлеңді Абайша бастағанынан-ақ бірден апайқын:

«Оюын ойып,
Орындап қойып,
Түр салғандай өрнекке.
Қиыннан қиып,
Қиырдан жиып,
Қарап сөзді термекке,
Еңбекке егіз тіл мен жақ,
Ерінбесең, сөйлеп бақ.
Именіп көптен,
Сақтық қып еппен,
Тасалама ойыңды!
Ашынса етің,
Ашылмақ бетің,
Тірі көмбей бойыңды.
Жүрегіңнің жарасын
Көрсет жұртқа, қарасын...»

Одан әрі ақынның ел жайын, халық тағдырын толғайтын сөздерінен Абайдың «Сегіз аяғымен» сарындастықты да, жаңа дәуірдің шыңдығын ашып көрсетуге ұмтылғандықты да көре аламыз.

«Емшегін еміп,
Анаға сеніп,
Бала ұйықтайды жастықпен.
Қымызға қанып,
Қызарып жанып,
Бай ұйықтайды мастықпен.
Шалап ішкен кедей мас.
Мына жұрттың түрі оңбас.
Қазағым, елім,
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қамауда жаның,
Аш көзіңді оянып!
Қанған жоқ па әлі ұйқың,
Ұйықтайтын бар не сиқың?!»

Мазмұнына қарай мұнда өлеңнің ырғақ-интонациясы икемділігіне, құбылмалы еркіндігіне қоса салмақты, байсалды сезіледі.
«Сегіз аяқ» Абайдың ең таңдаулы поэзиялық туындысы болатыны – онда ақынның шеберлігіне тән ойшылдық, нәзік сыршылдық, керемет суреткерлік – бәрі ұштасып келеді. Ой-толғанысқа толы өлеңнің мазмұнына сай кең тыныстылық өлшемнің иірімі мол, еркін өзгеріп отыратын, серпінді, ширақ ырғағы, интонациялық әуезділігі айқын көрініс тапқан.
Шәкерімнің кемеліне келістіріп жасаған Абайдың осы сөз үлгісін қайталамай, бұл өлшемді басқа қырынан алып, молырақ қолдануы да тегін болмаса керек. Абаймен тура бетпе-бет келіп, бой өлшеу қандай ақынға болса да оңайға түспейтіні анық. Ал Шәкерімнің өлең өрнегін түрлендіріп, өзінше қолдану жағынан озық ақын екенін дәлелдеп жату артық.
Абай дәстүрлерін жалғастырған, өрістеткен ақындар қатарында арнайы сөз қылған Шәкерім, Сұлтанмахмұт, Мағжан, А. Байтұрсынов пен М. Дулатов – әдебиеттегі ірі тұлғалар. Әрқайсысы – өз бағыты, өз стилі бар, қазақ әдебиетіне үлкен жаңалық әкелген қайраткер. Бұлармен қатар, не бұларға ілесе шыққан ақын, жазушылар да аз емес екенін ескерсек, Абайдан кейінгі қазақ әдебиетінде ұлы ақынның ағартушылық, адамгершілік, демократиялық идеялары, өмірді көркемдеп бейнелеу әдіс-тәсілдері жан-жақты жалғастық тауып, батыл

шығармашылық ізденістерге тіреу болғаны айқындала түседі. Жоғарыда айтқанымыздай, Абай дәстүрлерін игеру мәселесі 20 ғ-дың бас кезімен шектелмейді, одан кейінгі кезеңдермен, қазіргі әдеби процеспен де ұласып жатыр. *З. Ахметов.*

ДӘУЛЕТИЯР Бітімбайұлы (т.-ө. ж. б.) – ертегіші, әңгімеші адам. Абайдың үлкен баласы Ақылбаймен көрші тұрған. Ақынның айтқан әңгімелерін, өлеңдерін, нақыл сөздерін тыңдап өседі. Абай оны қасына шақырып алып: «Дәулетияр, керуеншілерден үйренген ертегілеріңді айтып берші!» – деп әңгімеге тартады екен. Д. ақынның өтінуімен ертегі, жұмбақтар айтып беретін болған. Д-дың Абай және оның туыстары туралы естеліктері Абайдың Семейдегі мемл. қорық-музейі қорында сақтаулы. *С. Әлімбаева.*

ДӘУЛЕТКЕРЕЙ Шығайұлы (1820–87) – қазақтың күйші-композиторы, домбыра күйлеріндегі лирикалық бағыттың негізін салушы. Әкесі Шығай Бөкей ордасында сұлтан болған кезінде орыс мәдениетіне назар аударып, орыс тілін жақсы білген. 1825 ж. әкесі қайтыс болып, Д. немере ағасы М. Н. Бөкейхановтың тәрбиесінде болады. Болашақ композитордың өмірге көзқарасын қалыптастыруда Исатай Тайманов бастаған шаруалардың халық азаттық көтерілісінің әсері зор болды. Д. 1859 ж. Москваның үлкен театрында Ч. Пуньидің «Катерина – қарақшының қызы» балетін көріп, Дж. Вердидің «Травиата» операсын тыңдайды. 1869 ж. қазақтың ұлы күйшісі Құрманғазы Сағырбайұлымен кездесуі Д-дің шығармашылық өміріндегі ұмытылмас кезең болды, олар күй тілімен табысып, бір-біріне күйшілік өнерімен тікелей әсер етеді. Д-дің көптеген күйлері халық арасына кеңінен тараған. Оның тұрмыстық жанрдағы «Желдірме», «Тартыс», «Ысқырма», «Қосалқа» күйлері; «Қыз Ақжелең», «Ақбала қыз», «Көркем ханым», «Қаражан ханым», «Құдаша», «Мұңды қыз», «Жұмабике» сияқты әйелдер бейнесін жасаған шығармалары бар. Орыс музыкасының әсерімен «Ващенко», «Қос ішек», «Қоңыр», «Топан» т. б. күйлерін, 1871 ж. досы С. Бабажановтың қазасына арнап «Салық өлген» атты жоқтау күйін шығарды. «Бұлбұл» күйі де осы кезеңде туды. Д. өмірінің соңғы жылдарына жататын күйлерінде – терең мазмұн мен күрделі психологизм басым. Олардың қатарында халық симфонизмінің тамаша үлгілері саналатын «Демалыс», «Төндірме», «Керілме», «Жігер» сияқты күйлері бар.

ДЕГЕЛЕҢ – Семей обл-ның Абай, Абыралы, Қарағанды обл-ның Егіндібұлақ, Павлодар обл-ның Май ауд-ры аралығында жатқан қатпарлы, шоқылы тау сілемі. Абай Қаракесектен тараған Бошан – Байбөрі – Жүгіней руларының, Шәкерім нағашыларының атамекені. Шығыс өңірі, Абыралы, Мыржық таулары сияқты Абай Д-де сан рет қонақ болып, жақпарлы жоталары мен сай-салаларынан қасқыр, түлкі, арқар, қарсақ қаққан. 1949 ж. Қазақстан халқы мен үкіметінің келісімінсіз жер жүзіндегі ең үлкен сынақ полигонына айналдырылуы себепті Д. жоталары шұрық тесік болып, атом көлдеріне толып, табиғи көркінен айрылып, тоз-тозы шықты. *Б. Сапаралы.*

ДЕЛЬВИГ Антон Антонович (1798–1831) – орыс ақыны. 1825–1831 ж. «Северные цветы» атты альманах, 1930–31 ж. «Литературная газетаны» шығарысқан. «Алтын ғасырдың ақыры», «Мерзімін өтеген солдат» өлеңдерін жариялады. Д. шығ. негізгі арқауы – орыс халқының өмірі, кейбір мінез-құлықтары. Лирикалық өлеңдерінің біразына композиторлар (А. Алябьев. «Бұлбұл»; М. М. Глинка. «Күзгі жауын себелеп») ән-романстар жазды. А. С. Пушкиннің өмірі мен шығармаларын оқып, туындыларын қазақ тіліне аударып ән шығарғанда, Абай оның замандасы, лицейде бірге оқыған досы, пікірлесі А. А. Дельвигті де жақсы білген. Абай 1892–93 ж. аралығында Д-тің халық өлеңіне айналған «Сұрғылт тұман дым бүркіп...» өлеңін жалпы мағынасын сақтай отырып, қазақ тіліне еркін аударған (музыкасын жазған Глинка). *Р. Батырбекова.*

ДЕРБІСАЛИН Әнуар Жақсығалиұлы (1929–86) – әдебиет зерттеушісі, филол. ғыл. докторы, Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның корр.-мүшесі. Д-нің «Ыбырай Алтынсариннің жазушылық қызметі туралы», «Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті» (А., 1966), «Мезгіл және қаламгер», «Дәстүр және жалғастық» т. б. ғыл.-зерт. еңбектері жарық көрген. Абай мұраларын жинау, жариялау, оқып-үйрену, өзге тілдерге аудару, зерттеу мәселелеріне арналған «Абайдың ұнамды образ жасаудағы ерекшеліктері» («Лениншіл жас», 1956, 17 ақпан), «Жылдар жемісі» («Мезгіл және қаламгер». – А., 1968), «Әуезов және әдебиет ғылымы» («Социалистік Қазақстан», 1977, 26 тамыз), «Абай мұрасы жарқырай бермек» («Қазақ әдебиеті», 1979, 31 тамыз), «Абайды қайталап оқығанда» («Әдебиет туралы толғаныстар». – А., 1990) т. б. ғыл.-зерт. мақалалар жариялады. *С. Қалуов.*

ДЕРНОВА Варвара Павловна (1906–89) – музыка зерттеушісі, өнертану ғыл. докторы, проф. Алғашқы ғыл.-зерт. жолы қазақ музыка мәдениеті жайында басталып, «А. В. Затаевич және қазақтың халық музыкасы» тақырыбында канд. диссертация қорғады. Кейін Затаевич кітаптарындағы Абайдың муз. мұрасына көңіл аударып, ондағы «Қор болды жаным» әнінің авторы Абай екендігін дәлелдеді. Ол кейінгі зерттеулерінде ақын-композитордың әндеріндегі өзіндік ырғақтарды, әсіресе «Көзімнің қарасы», «Қараңғы түнде тау қалғып» т. б. әндерін орыстың қалалық лирик. музыкасы мен қазақтың дәстүрлі әуеңдері қосылысын, солардың бірігіп дамытылуынан туған, ән өнеріндегі жаңа жанр деп бағалады. Ол Абайдың ән мұрасындағы өзіндік әуезділік пен тексіне жаңа көзқарас тұрғысынан келіп, оның муз.-бейнелілік негізіне

– ұйқастағы ырғақтық тепе-теңдікке назар аударып, оны «Сегіз аяқ» әні негізінде дәлелдеді. Зерттеуші Абайдың «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» әнінің халық орындаушылары арқылы аздаған өзгерістерге түскенін, оның Біржан сал Қожағұлұлы әндерімен сарындас екеніне көз жеткізді. Абайдың муз. мұрасы жөніндегі еңбектерінде Абайдың А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романынан аударған өлеңдеріне жазылған әндеріне салыстармалы зерттеулер жүргізіп, оларды ақын-комп. әр түрлі кезеңдерде аударып, ән шығарғанын айтады. Абайдың *«Татьянаның хаты»* әнін және оның А. Бимбоэс, А. Затаевич, А. Жұбанов, Л. А. Хамиди жазып алған әуендік нұсқаларын зерттеп, оларда басқа әндермен үндестік тұстар барлығын, әсіресе, «Ішім өлген, сыртым сау» әнімен көп ұқсастығын жазады. Оның Абай туралы жазған: Абай әндері (Қазақстан, 1954, № 5; Советская музыка, 1954, № 7; Музыкальная культура Казахстана. – А-А., 1954), Абай әндері және орыс мәдениеті (Музыкальное наследие Абая. – А.-А., 1954), Абай әндері (Советский Казахстан, 1954, № 9), Абайдың музыкалық мұрасы (Музыкальная культура Казахстана. – А.-А., 1955), Абай Құнанбаев шығарған Татьянаның әні (Советская музыка, 1960, № 1), Затаевич жазып алған Абай әндері (Народная музыка в Казахстане. – А.-А., 1967) т. б. еңбектері жарық көрді.

ДЕТЕКТИВ – хикаялық әдебиеттің бір тармағы. Қазақ фольклорында детективтік сарын элементтері жиі кездеседі. Абай шығармаларының ішінен детективтік әуені бар екі дүниені – «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» өлеңі мен «Әзім әңгімесі» дастанын айтуға болады.

ДИАЛЕКТ – Абай өлеңдерінде көне сөзден гөрі де аз кездесетін сөздер. Д-нің Абайда екі-ақ түрі бар. Бірінші, қазақтың кейбір өлеңдерінде ғана айтылатын жеке сөздер:

«Жейде-дамбал ақ **саңнан,** жарғақ шалбар
Жырым балақ матамен әдіптеген...»

«Сабырмен талап беріпті
Ақылың, рақымың **қиын-ды**...»

«Қолынан ұстап алып, ертіп барып,
Далада бір бұзылған **тамға** апарды».

«Мен-дағы жүрген жоқпын малдан **күсіп**,
Айттым, балам, басыңа мейрім түсіп...»

Бұл үзінділердегі **жейде, қиын, там, күсіп** деген сөздер – Д. Орал, Ақтөбе, Атырау облыстарында қолданылмайды. **Қиын** – бір ұғымда, Қазақстанның барлық түкпіріне түсінікті сөз. Оңай қолға түспейтін, көп әрекетті керек ететін бір нәрсені – **қиын** деп атайды. Орал, Астрахань, Ақтөбе, Орынбор, Атырау қазақтары тек осы ұғымда ғана түсінеді. Басқа еш мағына бермейді. Ал осы сөз Оңтүстік, Жетісу қазақтарында жағымды ұғымда қолданылады, «Мынау қиын кісі екен» дейді. Екінші сөзбен айтқанда, «Білгіш, ақылды адам екен» деген мағынада. Абайдың «Ақылың, рақымың қиын-ды» дегені де дәл жоғарғы айтылған тәрізді ақылың көп, рақымың мол деген ұғымда қолданылып отыр.

«Там» деп Орал, Ақтөбе, Атырау, Орынбор, Қостанай, Торғай облыстары қазақтары моланы, Арқа, Оңтүстік, Жетісу қазақтары қыстауды, тастан, балшықтан салған жер үйді айтады. «Далада бір бұзылған тамға апарды» дегенде «тамды» Абай да осы қыстау, жер үй деген мағынада қолданған. Абай өлеңдеріндегі Д-нің екінші түрі – қысқартынды сөздер. Бұл – көбіне өзбек елдерімен қанаттас, көршілес елдерге тән нәрсе. Мұның бір себебі – өзбек тілінің әсері тәрізді. Өзбек халқының тілінде кейбір етістіктерді қысқартып айту (алып-ап, келіп-кеп, болып-боп, болыпты-бопты) заң болып бекілген құбылыс десек, Оңт. қазақтарының тілінде бұл заңға айналған құбылыс деп айтуға болады. Бұл өлкеде кеп, ап деп сөйлемейтін қазақты кездестіру қиын. Оңт. қазақтарының **өзбек халқымен** сыбайлас отыруы – сөздік, **сөйлемдеріне** де үлкен әсер еткендігі әрдайым анық байқалады. Қысқартылып айтылатын сөздердің екінші түрі Абай өлеңдерінде де аз-мұз кездеседі.

«Ала жаздай байың **кеп** бір жатпайды,
Қазақтың не қыласың шариғатын».

«Бірлікті шайқайды,
Араз **боп** өнбеске»

«Өңкей уды жиып **ап**,
Себеді сорлы жүрекке...»

Д-нің бұл түрі ауыз әдебиетінде де, Абайға дейінгі аты мәлім ақындардың өлең-жырларында да кездеседі: «Заманың түлкі болса, тазы **боп** шал». Бірақ өте аз. Әдеби нұсқалардың көпшілігінде: «ап-алып, кеп-келіп, боп-болып» сықылды толық түрінде қолданылады. Жоғарғы келтірілген мысалдар тәрізді кейбір етістіктерді қысқартып айту қазақ өлеңдерінде көп кездесушілік Абайдан бергі әдебиеттерімізде қанатын кең жая бастады. Қазір бұл дағдыға айналып отыр...

ДИССЕРТАЦИЯ. Абай мұрасын жариялау, тану, бағалау мерзімді баспасөз беттерінде 19 ғ-дың аяқ кезінен (1899) көріне бастады (қ. *Абайтану*). Ал арнайы кандидаттық, докторлық Д-лар 40 жылдардың 2-жартысынан бастап қорғалды. Ақын мұраларының теор. мәселелерін терең де жанжақты ғыл. зерттеу үздіксіз жүргізіліп келеді. Абай мұрасын зерттеуге байланысты (1946–1992): Қ. Жұмалиев «Абайға дейінгі қазақ поэзиясының тілі және Абай поэзияның тілі» (докторлық, 1946), Ә. Жиреншин «Абай және оның орыс достары» (кандидаттық, 1946), Қ. Мұқаметханов «Абайдың әдеби мектебі» (кандидаттық, 1951), Н. А. Полибина «Абай және Лермонтов (кандидаттық, 1951), Х. Сүйіншәлиев «Абай Құнанбаевтың қара сөздері» (кандидаттық, 1952), З.

Ахметов «Абай және Лермонтов (кандидаттық, 1954), Ә. Н. Тәукелев «Қазақ ағартушысы Абай Құнанбаевтың қоғамдық-саяси көзқарастары» (кандидаттық, 1954), М. Тілеужанов «20-ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі (1905–1917) Абайдың сатиралық дәстүрі» (кандидаттық, 1956), Қ. Бейсенбиев «Қазақ халқының Россияға қосылғаннан кейінгі Қазақстанның қоғамдық-саяси, философиялық ойларының дамуы» (докторлық, 1957), М. С. Сильченко «Абайдың творчестволық өмірбаяны» (докторлық, 1957), Ғ Әбетов «Абайдың саяси сатираларындағы идеялық-көркемдік ерекшеліктер» (кандидаттық, 1958), Б. А. Ғабдуллин «Абай Құнанбаевтың этикалық танымдары» (кандидаттық, 1959), М. Бөжеев «Абай Құнанбаев творчествосындағы идеялық-көркемдік ерекшеліктер жайында» (кандидаттық, 1960), М. Мырзахметов «Абай Құнанбаевтың әдеби мұраларын зерттеу жайында» (кандидаттық, 1965), Ғ. Бисенова «Абай Құнанбаевтың ән творчествосы» (кандидаттық, 1966), С. Құспанов «Абай аудармалары» (кандидаттық, 1966), Р Сыздықова «Абай тіліндегі негізгі морфологиялық ерекшеліктер» (кандидаттық, 1971) және «Абай шығармаларының тілі» (докторлық, 1974), М. Сұлтанбеков «Абай поэмалары» (кандидаттық, 1973), Г М. Қамбарбаева «Абай лирикасы» (кандидаттық, 1974), К. А. Тәңкібаева «Абай реализмі» (кандидаттық, 1983), К. Шәймерденова «Абай Құнанбаевтың педагогикалық көзқарастары» (кандидаттық, 1987) деген тақырыптарда Д-лар қорғалды. *С. Қалуов.*

ДОВГИЙ Олексий Прокопович (1929 ж. т.) – украин халық ақыны. «Жер әні», «Ін», «Таңғы шық», «Күрең түсті алма», «Ай», «От түс» кітаптары украин оқырманына жақсы таныс. 1974 ж. «Дніпро» баспасынан шыққан «Абай Құнанбаев» жинағына енген ақынның «Қансонарда бүркітші шығады аңға...», «Қор болды жаным...» атты өлеңдерін аударған. *В. О. Хитрук.*

ДОЛГОПОЛОВ Нифонт Иванович (1857–1922) – халықшыл-революционер. Харьков ун-тінің медицина ф-тінде оқыған, 1978 ж. студенттердің толқуына белсене қатысқаны үшін қамауға алынып, полицияның ашықтан-ашық бақылауында болатын шартпен Бат.-Сібірге жер аударылған. 1880 ж. ол Тобыл губерниясының Қорған қ-на келіп емдеу қызметімен айналысуға тыйым салынуына қарамастан, қала тұрғындарына тегін дәрігерлік көмек көрсетеді. 1882 ж. Қорғаннан қуылған ол 1884 ж. маусым айында Семейге келіп, полицияның ашық бақылауында жер аударылу мерзімі біткенге дейін болады. Абай онымен Семейдегі айдауда болған (1884–86 ж.) кезеңінде өте жақын танысты. Олардың достық байланысын Абай замандастарының белгілі естеліктері, олардың өмірбаянын алғаш зерттеушілер, сондай-ақ Семей обл. архив басқармасының қорындағы деректер дәлелдейді. 1885 ж. жазында ауырып қалған ол Семей ген.-губернаторынан Абай аулына барып емделіп қайтуға рұқсат сұрайды: «Менің денсаулығым қатты бұзылды... Жоғары мәртебелі Сізден осыған байланысты Шыңғыс болысына – Өскенбаев Құнанбай аулына баруыма... рұқсат беруіңізді сұраймын, 1885 жылғы 4 маусым Н. Долгополов» (ҚР ОМА, 15-қор, 2-тізім, 88-іс, 69-парақ). Абайдың Д-пен және басқа орыстың саяси жер аударылғандарымен достығы, ақынның дүниетанымының рев.-демократтар идеясы рухында қалыптасуына игі әсер етті. М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясындағы Абайдың досы, саяси жер аударылған Федор Иванович Павловтың тарихи прототипі – Д-тың бейнесі.



Н. И. Долгополов.

Л. М. Әуезова.

ДОЛҚУН Ясенов (Ұ ғ қ у н) (1938 ж. т.) – ұйғыр ақыны. І. Жансүгіров атындағы әдеби сыйлықтың лауреаты. Д. Абай лирикаларын ұйғыр тіліне аударып, 1972 ж. «Жазушы» баспасынан «Көзімнің қарасы» («Көзімниң қаричуғи») деген атпен жеке жинақ етіп шығарды. 1987 ж. «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Абай» атты жинақта да Д. ұйғыр тіліне тәржімалаған Абайдың 60-қа тарта өлеңі мен «Ескендір», «Масғұт» поэмалары бар.

«ДОМБЫРАҒА ҚОЛ СОҚПА...» – Абайдың өлеңі. Жазылған жылы белгісіз. Әрқайсысы 4 тармақты 6 шумақтан тұрады, 24 жол. Бұл өлеңді 1940 ж. белгілі абайтанушы ғалым Қ. Мұқаметханов пен Абайдың інісі Ысқақтың немересі Әрхам Абай ауданының азаматы Р. Мамырқазовтан жазып алып, Республика Ғылым академиясына тапсырған. Алғаш рет «Әдебиет және искусство» журналының 9-санында баспа жүзінде жарық көрген. Сол нұсқа бойынша Абай шығармаларының 1940 ж. шыққан жинағына енгізілген.

Өлеңнің мазмұнына қарағанда, ақын өмірінің соңғы жылдарында жазылған тәрізді. Мұнда автор өткен өмірін еске алып, қам көңілмен жабығып отырған бір

сәтте қасындағы сүйікті жарына сөз арнап, жанына жәрдем, көңіліне медеу күткендей болады; жылы жүзіңмен іштегі дертіме дауа бол, өзіңнің риясыз жақсы қылығыңмен қайғының өртін сөндір, қажыған көңілді қамқор жанашырлықпен қайтадан түлет дегендей тілек білдіреді.
Өлең 7 буынды шалыс ұйқас үлгісімен жазылған. Басылымдарында текстол. өзгерістер кездеспейді. Туынды ағылшын, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған. Абайдың бұл өлеңіне комп. М. Жанболатов ән шығарды, комп. М. Сағатов романс жазған. *Ж. Ысмағұлов.*

ДОРОШЕВ Юрий Петрович (1922–58) – суретші, мүсінші. 1945 жылдан Қазақстанда тұрған. 1950 ж. басында «Абай портреті» (гипс, Абайдың мемл. қорық мұражайының Жидебайдағы бөлімшесінде) мүсінін жасаған.

ДОСЖАНОВ Дүкенбай (1942 ж. т.) – жазушы. Оның «Отырар», «Фараби», «Түркістан» повестері, «Зауал», «Табалдырығына табын», «Құмда қалған кемелер», «Мұхтар жолы», «Абақты» т. б. романдары оқырмандарға жақсы таныс. 1994 ж. «Қазақстан» баспасынан жазушының «Абай айнасы» атты ғұмырнамалық эссе кітабы жарық көрді. Кітап ақын өмірі мен шығармашылық жолын әр қырынан сөз ететін «Қашу», «Абайдың тұқым-тұяғы», «Абаймен әңгіме» (қырқыншы сөз төңірегінде), «Абайдың діні», «Европаның есігі», «Екі кісі боп бөлінген Абай», «Абай және Байрон», «Абай мен Пушкин», «Турағұлдың мұңы», «Отырып ауырған адам» деген тараулардан тұрады. Көлемі 20 б. т., 30 мың дана болып басылған.

«ДОС-МҰҚАСАН» – вокальды-аспаптық ансамбль. 1967 ж. Қазақ политех. ин-тының жанында ұйымдасты. Ансамбльдің аты оны ұйымдастырушылардың (Д. Қ. Сүлеев, М. Қ. Құсайынов, Қ. Х. Санбаев, А. С. Литвинов) есімдерінің алғашқы буындарынан құралады. Көркемдік жетекшісі – Мұрат Құсайынов. Репертуарында халық әндерімен қатар Абайдың «Айттым сәлем, қалам қас», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Желсіз түнде жарық ай», «Өзгеге, көңлім, тоярсың» т. б. әндері бар. Ансамбль бірнеше дүркін халықар. конкурстардың лауреаты болды. *Ә. Телғозиев.*

ДОСМҰХАМЕТОВ Халел (1883–1939) – көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, дәрігер, ғалым, проф. Россия ҒА өлкетану бюросының корр.-мүшесі. С.-Петербург Әскери-медицина академиясын алтын медальмен бітірген. «Алаш» партиясын құрушылардың және оның басшыларының бірі. 1918 ж. Қазақстанға дербес автономия беруді талап етіп, Ленинның қабылдауында болған. Кеңес өкіметі тұсында мемл. қызметтен шеттетіліп, ғылыми, педагогик. қызметпен айналысты. «Жануарлар», «Табиғат тану», «Адамның тән тірлігі», «Сүйектілер туралы» атты іргелі ғылыми еңбектерімен қатар, өзі жинаған материалдар негізінде «Мұрат ақын сөздері», «Аламан», «Исатай-Махамбет» кітаптарына алғысөз, ғылыми түсініктер жазған. Д. Ташкентте Қырғыз-қазақ білім комиссиясын басқарып тұрған кезде, 1923 ж. Абай өлеңдерінің жинағын басып шығаруға қатысты. «Шолпан», «Сана» журналында Абай шығармаларының кеңінен насихатталуына ат салысты.

Мұхтар Құл-Мұхаммед.

ДОСЫМЖАНОВ Байғали (1921 ж. т.) – әнші, режиссер, Қазақстан Республикасының халық артисі. Ол А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» операсындағы Абайдың шәкірті – Айдардың бейнесін жасап, «Айттым сәлем, қалам қас» әнін орындады. Дтың орындауындағы Абайдың «Көзімнің қарасы», «Қор болды жаным», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» әндері қазақ радиосының алтын қорында сақтаулы. Әнші Абай әндерін шетел сахналарында да орындады. *З. Қоспақов.*

ДӘЛӘТОВ Абдимижит (Сирдаш) (1949 ж. т.) – ұйғыр ақыны. Д. Абайдың «Болыс болдым мінекей», «Жүректе қайрат болмаса», «Есіңде бар ма жас күнің?», «Жылуы жоқ бойының» секілді өлеңдерін ұйғыр тіліне аударып, «Абай» жинағына (А., 1987, «Жазушы») енгізген.

ДӨНЕНТАЕВ Сәбит (1894–1933) – ақын. Оның поэзиясы терең мазмұнды, ойлы болумен бірге көркемдік қырларымен, өзіндік өзгешеліктерімен де ерекшеленеді. Ең алдымен ақынның көптеген өлеңдерінде нақтылық сипат, тұжырымдылық басым. Оның поэзиясының тілі таза, қарапайым және сонымен бірге бейнелі де көркем. Сәбит поэзиясында сырттай жарқылдақтық, асқақ лептілік жоқ. Ол өмір шындығын боямасыз қалпында, реалистік сарында суреттейді. Ақын ойға жомарт, сөзге сараң болуға көп көңіл бөледі...
Сәбит кемеңгер Абайдан көп үйренген ақындардың бірі. «Абайға» деген өлеңінде былай деп жазады:

«Қараңғыда туып ең,
Қара бетті жуып ең.
Таба қылмай дұшпанға,
Қолға ұстаған туымыз,
Қанат-құйрық, бойымыз.
Қонғанда да ұшқанда.
Құрмет етіп затыңды,
Бетке ұстаймыз атыңды...»

Тұтастай алғанда бұл өлеңнен Сәбиттің Абай поэзиясының идеялық бағытын, әлеум. сырын дұрыс бағдарлағанын көреміз. Сонымен бірге Сәбиттің Абайдан тікелей үйренгендігінің де айғағы, яғни бұл өлең Абайдың *«Сегіз аяғының»* үлгісінде, соның өлшемін, ұйқас түрін сақтап жазылғандығы даусыз. Тек бұл емес, «Атылғандарға», «Жүрекке», «Ескі болыстың тәубасы», «Темірге», «Ерікті Айша», «Кемшілікте», «Бір жыл өтті» тәрізді және басқа да көптеген өлеңдерін Сәбит Абай поэзиясындағы әр алуан формаларды пайдалана отырып жазған. Мыс., «Кемшілікте» деген өлеңінің ұйқасы мынадай:

«Тағдырда жазған соң алла,
Мен түстім мынадай халға...

Етерлік жәрдемің бар ма,
Жақындап, жанассаң нетер?
Талай күн жүріп ек бірге,
Талай бір кіріп ек түрге,
Тұрғанда мен мұндай күйде,
Қайырылып қарасаң нетер?..»

Мұнда әр шумақтың алғашқы үш жолы қатарынан ұйқасып, сол шумақтардың соңғы, төртінші жолдары бірыңғай үйлеседі. Бұл – *«Білімдіден шыққан сөз...»* деп басталатын өлеңінің негізгі шумақтарында Абай қолданған ұйқастың үлгісі. Сәбит осындай ұйқасты 11 буынды қара өлеңге де пайдаланған («Балалық» т. б.).

Абай бірсыпыра өлеңдерінде (*«Қансонарда бүркітші шығады аңға...», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...»* т. б.) белгілі бір ұйқас жүйесін өлеңнің ұзына бойына дерлік сақтап отырады. Осындай тәсілді «Ұлтшылға», «Қазақтарға қарап» атты өлеңдерінде Сәбит те бекем ұсынады. Сол сияқты, соңғы өлеңдегі дыбыс үндестігі айрықша күшті. Мұнда өлеңнің әр жолы ғана емес, әр сөзі бірыңғай дыбыстан басталады:

«Қамалған қараңғыда қалың қазақ,
Қайратсыз, қамсыз құрып қалдың, қазақ.
Қарулап қуатсызды қуаттандыр,
Құрдан-құр қампайтқанша қарын, қазақ.
Қулардың құлқынына құм құйылсын,
Қайдағы құлдың қайғырт қамын, қазақ.
Қайтеді қайырылыссаң қарындасқа
Қасармай қыңырайып қырын қарап...»

Ақын «қазақ», «қараңғылық», «қу» тәрізді сөздерге айрықша назар аудару үшін осылай еткен тәрізді. Әрине, түр алуандығын, дыбыс үндестігін қуалап кетушілік те жоқ емес. Сонымен бірге осы тәсілдің төркіні Абайдың «Самородный сары алтын» немесе «Жайнаған туың жығылмай...» деп келетін өлеңдерінде жатқандығы да күдік туғызбасқа керек.

Сондай-ақ, ақынның өлең ырғағын, ұйқасын қиыстырып құруда жаңалық табуға ұмтылған талаптары да болды. Мұны «Жүрекке», «Күздің сыры» тәрізді өлеңінен байқаймыз. Мыс., соңғы өлеңде әр шумақ бес жолдан тұрады да, ұйқас түрлері мынадай болып келеді:

«Ызыңдаған, шулаған,
Қыбырлаған, дулаған.
Таңнан іңір басқанша
Минут тыныс қылмаған.
Ұсақ жәндік жоғалып,
Ыссы өткен табаннан.
Тыныш кеткен адамнан,
Сахара тұр дем алып,
Күйіне келіп таралған,
Қызметін бөліп доғарып».

Мұнда әр шумақтың үш жолы өзара ұйқасып келеді де, әрбір қос шумақтың соңғы жолдары үйлесім табады. Д. поэзиясының өзіндік бір ерекшелігі юморлық бағытына, сатиралық өткірлігіне байланысты. Ол революцияға дейінгі қазақ әдебиетінде Абай мен Сұлтанмахмұттан кейінгі ірі сатирик ақын болып табылады.

А. Нұрқатов.

ДӨРЕКІ ТІЛ – сөздің жағымсыз, кері әсерін әсірелеп қолдануға негізделген стиль. Абай шығармаларында дөрекі тілдің қауызына жататын кейбір нұсқалар белгілі бір стильдік мақсат көздеп, яғни жиреніш сезімдерін паш ету үшін әдеби қалыпқа түсірілген. Оның халық поэзиясы үлгісімен жазылған өлең-сөздерінен мұндай «әуестік» молырақ байқалады:

«...Төркініңнің бергені жауыр айғыр,
Бауырыңды «ұрайын» бірге туған», –

деген жолдардағы соңғы тармақ қазақтың кең етек алған боқтампаздық дөрекі салтына сай қиыстырылған. Осындағы тырнақшамен беріліп отырған «ұрайын» етістігінің орнында ауыз екі айтқанда боғауыз сөз қолдануы тиіс. Сондай-ақ Абайдың «Шәріпке» деген бір ауыз арнау өлеңінің соңғы екі тармағы да дөрекі тілдің рәсіміне жатады:

»...Сен шыққан жол үстінде жалғыз түп ши,
Көрінген ит кетеді бір-бір сарып»

«Ит сарып кету» деген тіркес өзінің тура мағынасында қолданғанда анайы шындықты ғана білдіретін болғанымен, Абай оны астарлы мағынада: «сен жезөкшесің!» деген ретте айтып отыр. Демек, дөрекі тілдің мүмкіндігін ақын әдебиленділіріп пайдаланған. Абай дөрекі сөз саптауларды халық тілінде қалыптасқан ұғымда алып, бейнелі дайын тіркес күйінде де өз өлеңдеріне өрнектеп енгізген (қ. *«Күлембайға»*). Тек поэзия саласына ғана емес, Абай дөрекі тіл қалыбында тұрақтасқан «ауыз ләмдерді» қарасөздеріне де енгізген. Мыс., Екінші сөзінде: «...Біздің қазақ сартты көрсе, күлуші еді: енеңді ұрайын, кең қолтық, шүлдіреген тәжік, арқадан үй төбесіне саламын деп қамыс артқан, бұтадан қорыққан, көз көргенде «әкә-үкә» десіп, шығып кетсе қызын боқтасқан «сарт-сұрт» деген осы» – деп жазады. Халықтық үлгідегі қырналмаған дөрекі қолданыстарды Абай бұл жерде айтулы машығына барынша жуықтатып алған.

Е. Жұбанов.

«ДРУЖБА НАРОДОВ» – 1955 жылдан (1939–55 жылдары, альманах) Москвада ай сайын шыға бастаған әдеби-көркем, қоғамдық-саяси журнал; Абай шығармашылығына қатысты журналда жарияланған Е. Лундбергтің «Абай – өмір ұстазы» (1945, № 2); М. Малышевскийдің «Абайдың аудармалары» (1947, № 6), М. О. Әуезовтың «Қазақ әдеби тілінің мәселелері» (1951, № 6), М. С. Сильченконың «Қазақ халқының ұлттық мақтанышы» мақалаларында ақынның өлеңдеріне, А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, И. А. Крылов шығармаларынан жасаған аудармаларына талдау жасады, ақынның дүниетанымы мен шығармашылық жолын қалыптастырудағы орыс әдебиетінің маңызы сөз болады. Журналда Абайдың ақындық-әдеби ортасын көрсетуге арналған М. Сұлтанбековтың «Әсеттің қайта оралуы» атты мақаласы (1969, № 9) басылды.

М. Әбішева.

ДРЭПЕР Джон Вильям (1811–82) – ағылшын ғалымы. Физика, химия, физиология және тарих ғылымдарымен айналысқан. Россияда Д-дің «Европа ақыл-ойының даму тарихы» және «Адам физиологиясы, оның қалыпты даму жолы» еңбектері орыс тіліне аударылған. Соңғы кітабында Д. жеке халықтардың тарихын (зерттелу ғасыры, сенім ғасыры, ақыл-ой ғасыры т. б.) барлық халықтардың өмірінде қайталанатын ерекше «ғасырларға», «кезеңдерге» бөліп қарастырған. Осы еңбектерді Абай Семей кітапханасынан алып оқыған. *Р. Батырбекова.*

ДУЖНОВ Анатолий Николаевич (1942 ж. т.) – суретші. Кескіндеме саласында жұмыс істейді. Ол ҚазМУ-дің музейіне арнап «Абайдың портреті» (1978, майлы бояу, кенеп, ҚазМУ-дің қорында) суретін салды. Онда қолына шиыршықталған қағаз ұстаған Абай ұлттық кілем тұсында беліне дейін бейнеленген. Кескін жарықтың қарама-қарсылығына құрылып, ақын жүзі, қолы, қағазы ашық түспен ерекше бөліп көрсетілген.

ДУЛАТ Бабатайұлы (1802–74) – көрнекті ақын. Өлеңдері ел ішінде көп тараған. Д. шығармалары негізінен дидактик. негізде жазылған. 1880 ж. Қазанда жарық көрген «Әсиетнама» деген жинағына ақынның заманатуралы толғаулары енген. Ақын «Тегімді менің сұрасаң», «Ал, қарағай сұлу сындарлы», «О, Сарыарқа, Сарыарқа», «Асқар таудың сәні жоқ» атты өлеңдерінде ел басқару ісіндегі озбырлық, әділетсіздікті, патшаның отаршылдық саясатының әсерінен жер-қонысынан айрылған ел жағдайын сөз етсе, «Сүлейменге», «Кеңесбайға», «Бараққа», «Ел аралаған ишанға», «Еспембет» өлеңдерін жеке кісілерге арнайды.

Ақын 19 ғ-дың 40–50 жылдарында өндіре жазған. Бұл – Россия патшалығының қазақ жерін отарлау саясатының барлық салада бел алған кезі. Д. осыны жыр өзегі етсе, кертартпа феодалдық-хандық дәуірді жоқтағаны емес, тәуелсіздікті, еркіндікті аңсағаны еді.

«Сауыр жерден айрылып,
Қазақ елі жұқарды.
Сауыр емес, шап болды...
Заманға сай адамы –
Қу заманға сұм басшы
Сорымызға тап болды...» –

десе, тіпті өткен ғасырдың орта тұсы емес, одан 100–150 жыл кейінгі біздің заманымыздағы қазақ халқының, оның қоғамының күй-қалпын суреттеп отырғандай. Дулат ақын айтқандай:

«Орыстың көрсе ұлығын,
Қыздан дағы қылықты...
Майырдың алса бұйрығын.
Борбайға қысып құйрығын
Ел пысығы жортады-ай» –

сияқты шындық жергілікті басшыларға бұдан бір, бір жарым ғасыр бұрын ғана емес, «одақтасып» тұрған кезіміздегі біздің де ұлықтарымызға тән еді. Д. ақынның бұл жердегі байқағыштығын кейін ұлы Абайдан да көрмейміз бе?

Отаршылдық қамытын мықтап киген қазақ қоғамының ащы шындығын жырлауға келгенде, Д. пен Абай көп сәттерде бір-біріне үндес келіп жатады. Д. суреттеген өз елін, қазақты қорқытатын «ел пысығы», айталық, болыс «майырдың бұйрығын алғанда, борбайына құйрығын қысып, алдына түсіп томпаңдаса», Абай бейнелеген болыс та:

«Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап...
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап...» –

деп өзі мойындайды.

Абай да:

«Мәз болады болысың
Арқаға ұлық қаққанға.
Шелтірейтіп орысың
Шенді шекпен жапқанға...» –

деп, Д. айтқан «шен-шекпенге сатылған, батпаққа елін батырған» ұлықтар портретіне ұқсас етіп беріп тұр. Әрине, бұл жерде Абай образды Д-тан «ұрлап тұрған» жоқ: екеуін де осылайша сөйлетіп қойған – өмір шындығы, олардың сол шындыққа барған суреткерлік талғамдары.

Абайдың қазақ халқының тағдырын толғаған көп сөзі жүз жыл кейінгі біздің заманымызға арналғандай көрінсе, Д-тың да:

«Жеріңнің алды шұрайын,
Дуан салып жайланып.
Датыңды айтсаң майырға,
Сібірге кеттің айдалып.
Бейнең қандай болды екен,
Қарасаңшы бір мезгіл
Қолдарыңа айна алып...» –

дегені де бейне бізге айтып тұрғандай. Ар жағын былай қойғанда, соңғы 70–80 жыл бойы Д. айтқандай:

«Болашақты болжамай,
Жол сауданы олжалай.
Ақбөкендей алданып,
Жылқыдай делбе сандалып...» –

империялық торға, коммунистік әміршілдік құрығына түскен жоқпыз ба? Жалғыз ел билеу, заң-сот істеріне қатысты ғана емес, өзге сәттерде де екі алыптың үндес, идеялас тұрғанын көреміз. Мысалы, ақынға, ақындыққа екеуі де қатаң талап қояды. Д.:

«Жыршының аты жыршы ма,
Әркімнен өлең жаттаса.
Сөз – жібек жіп, жыр – кесте,
Айшығы айқын көрінбес,
Өрнексіз қылып баттаса...» –

десе, Абай:

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы...» –

деген талап қояды. Бірақ «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиген» сөз патшасын қалың жұртшылық түгел қабылдап жатыр ма? Абайдың:

«Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы...» –

деп зар илегені және белгілі.

«Кім жалғыз бұл жалғанда, есті жалғыз,
Мұңдасар болмаған соң бір сыңары.
Жалтаңдап жалғыз Абай өткен жоқ па?
Қазақтың табылды ма соңғы пары?
Өлеңімен жұбатты өзін-өзі,
Еңбегі еш, іші беріш, жүзі сары.
Сөзін ұғып, ақылын алмаған соң,
Патша қойса не керек қазақ шары?!» –

деп Шәкерім айтқандай, ұлы Абай «сөзімді айналама жеткізе алмадым, ұғып тыңдар адам аз» деп күңіренсе, осы ойды Д-тан да көреміз. Ол бірде:

«Бәрі тегін жер тезек
Қайсысын таңдап алайын,
Асыл сөзден бұл кетті...» –

дей келіп, сол асыл сөзді айтатын да, тыңдайтын да кісі жоқ, ылғи «қылжың, қылжақ туысқан, қырт пен мылжың ағайын» десе, тағы бірде:

«Ел құлағы саңырау,
Кімге айтамын сөзімді...
Бәрін айт та, бірін айт,
Ұғынар мұны ел қайда?..» –

деп, заман жайын толғап, ел билеген ұлықтар мен қадірі асқан жақсыларды сынап, «қармайтұғын талы қалмай, тереңге сүңгіген елі» туралы «түнде ұйқы бермеген көзінен төккен арманын» айтады. Бұл – Д. пен Абайдың ортақ зары, заманы, ортасы тудырған шындық үні. Д. – Абайға дейінгі қазақ ақындарының ішінде жазба поэзияға біртабан жақын келген, Европа мен орыс мәдениетінде классикалық поэзия деп аталатын өлең сөздің біраз белгілерінің қазақтағы бастауын танытқан ақын. Қазақ поэзиясы Абайға дейін ауызша жаралып, ауызша таралған, бірақ тілі ауыз әдебиеті тілінен өзгеше түсетін, авторлы поэзия болды, қазіргі жоғары үлгідегі жазба поэзияны бастаушы – ұлы Абай десек, Абайдың тақыр жерден өнер таппағанын және білуіміз керек.

Қазақтың жазба поэзиясының алғашқы нышандары Д. өлеңдерінен көрінеді. Іргетасты қалаған Абай болса, соны қалау кезеңі туғандығын, қалайша қалаудың алғашқы үлгілерін көрсеткен Д. деп айтуға әбден болады. Сөзіміз құрғақ болмас үшін «көзбен көрсетіп, қолмен ұстататын» мысалдармен дәлелделік.

Д. – жыраулық мектептен шығып, ақындық мектепті күшейткен суреткер. Бұл – жыраулықтың төмендігінен, әлсіздігінен емес, заман талабынан туған бетбұрыс. 19 ғасырдағы қазақ поэзиясы үшін енді өлең арқылы ақыл-насихат дидакт. сипат пен заман, қоғам, адам туралы жалпы философ. толғаныстар аздық етеді. Ендігі жердегі поэзиядан нақтылыққа көшіп, заманға ілесіп отыру, жалпы насихаттан гөрі сынау, күйіну, сүйіну сияқты нақты суреттерге бару талап етіледі. Д-ты кейде, тіпті, жырау деп атағанымен және сырт қарағанда өлең-жырлары 7–8 буынды жыр өлшемімен келгенімен, ол жырау емес, ақын. Өйткені, құрылымдық және тақырыптық бітімі жағынан Д-тың өлеңдері бұрынғы жырауларды былай қойғанда, тіпті кешегі Бұхар толғауларынан, одан қалды өзімен тұстас ақындардың туындыларынан мүлде өзгеше құрылған дүниелер. Жазба поэзияның өлең әдісі ауызша дамыған өлең-жырлардан ерекшеленетін болса, сол өзгешеліктің бірі – шығарманың белгілі мақсатпен ажыратылатын ірі бөліктерге, ғылым тілімен айтқанда, шоғыр (тирада) дегендерге бөлінуі. Әр бөлік бір шағын идеяны (тақырыпты) білдіруі шарт, сонымен қатар әр бөлікті шоғыр етіп тұратын құрылымдық белгілері болуы қажет. Шоғырлардың тармақ сандары біркелкі болмайды және әр шоғырдың соңғы жолындағы ұйқас өзге шоғырлардың ең соңғы жолындағы ұйқаспен бірдей түсіп, сол өлеңді тұтас дүние етіп құрастырып тұруы керек. Демек, өлеңдегі шумақ пен шоғырды шатастыруға болмайды: шумақ – қазақ поэзиясы құрылымында бұрыннан бар тәсіл, оның тармақ сандары біркелкі болады. Өлеңді шоғырларға бөліп құрастыру тәсілі қазақтың ауызша дамыған өлең-жырларында жоқ. Ол – жазба әдебиетке тән өлең құрылымы. Бұл құрылым қазақ поэзиясында Д-тан басталады. Ақынның «Тегімді менің сұрасаң» деп басталатын өлеңі 6 шоғырдан тұрады. 1-шоғыр:

«Тегімді менің сұрасаң,
Қалың найман нуынан.
Жырымды менің сұрасаң,
Сары алтынның буынан.
Сырымды менің сұрасаң,
Тұманың тұнық суынан.
Кеудеме қайғы толған соң,
Тұнық жырмен жуынам.
Сорғалаған нөсердей
Жырын тында ДУЛАТТЫҢ...»

Мұндағы тақырып – ақынды таныстыру, алдыңғы 8 тармақ екі-екіден бөлініп, өзара ұйқасқан (**нуынан, буынан, суынан**), ең соңғы 10 тармақ жоғарғы ұйқастан тыс Д-тың деген сөзбен аяқталады. Келесі 6 жол бір шоғыр, мұндағы тақырып – жырын тыңдауға шақырған ақынның қандай екендігін таныстыру, бұл шоғырдың өз ішінде **«ағызып, тамызып, тойында, ойында»** деген ұйқастары бар, ең соңғы жолы **«Дулаттың»** деген сөзбен аяқталады да, алдыңғы шоғырдың соңғы тармағымен ұйқасады. Алты жолдық 3-шоғыр да ақындық қуатты танытуға арналған. 4-шоғыр осы ақындық қуатты неге, кімге жұмсайтынын білдіреді, соңғы тармағы **«улаттым»** деген сөзді ұйқасқа шығарады. 5, 6-шоғырлар да осылайша әрқайсысы бір-бір шағын идеяны сөз етіп, ең соңғы тармақтары арқылы өзара ұйқасады. Сөйтіп, алты шоғыр бір ұйқасқа құрылып, өлең тұтастығын құрайды. Бұл – нағыз жазба поэзия үдесінен шыққан композиция. Д-тың едәуір шығармасы осындай құрылыммен ұсынылған. Бұл тәсілдің алғашқы көрінісі Д-тан басталса, оны жүйеге айналдырып, әрі қарай бекіткен Абай екенін білеміз.

Жоғары дамыған поэзияның басты белгілерінің бірі – поэтик. образдар жүйесінің

әр сипатты, алуан түрлі болып келетіндігі. Поэтик. образдар жасаудың тілдік механизмі, яғни образдың тіл арқылы берілуі де Д-та дағдыдан тыс, жаңа түрлерімен көрінеді. Мысалы, мағыналары жағынан бір-бірімен тіркеспейтін сөздер болады. Айталық, дерексіз (абстракт) ұғым атауы мен деректі (нақты) заттардың немесе адам мен жан-жануарлаға тән сын-сипат пен іс-қимыл атаулары бір-біріне жуыспауы керек. Ал көркем әдебиетте, оның ішінде поэзия тілінде образ жасау үстінде мұндай мағыналық кереғар сөздерді тіркестіру – ұтымды көркемдеуші амалдардың бірі болып саналады. Мыс., Абай «жүрегім менің қырық жамау қиянатшыл дүниеден» дегенінде ауылдары алшақ сөздерден **«қырық жамау жүрек», «қиянатшыл дүние»** деген соны тіркестер жасаған. Бұл тіркестерді құрап тұрған сөздер тіркесімдік қасиеттері бір-біріне жуыспайтын элементтер: қырық жамау не киім, не төсек-орын болса керек, ал бұл жердегі жүрек сөзі «көңіл, сана-сезім» мағынасында тұр, демек, дерексіз ұғым атауы. Соған қарамастан бұлар тіркесіп, «көп қапа шеккен, зар илеген көңілім, ішкі дүнием» дегеннің соны образын жасауға жұмсалған. **«Қиянатшыл дүние»** де осы іспеттес. Қиянатшыл адам болса керек еді, бірақ, Абайдың дүниесі қиянатшыл сипатқа ие болып тұр. Міне, осы тәсілді көпке дейін Абайға орыс әдеби тілінің әсерінен пайда болған тың амал деп келдік, өйткені бұл 19 ғ-дағы орыс поэзиясында кеңінен өріс алған ұтымды тәсілдердің бірі болғаны аян. А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтовтарды оқып, игеріп, оларды аударуға барған Абайдың назарына, әрине, орыс тілінің көркемдеу амалдары ілігуі мүмкін. Бірақ дәл осы тұста Абайға орыс көркем сөзі емес, қазақтың төл поэзиясының тілі үлгі болған. Ілгерірек уақыттардағы ақын-жыраулар тілінде бұл амал ара-тұра кездесетін болса, 19 ғ. ақындарында едәуір жандана бастайды. Әсіресе Д. өлеңдерінен әділетке шөлдеу, жырмен жуыну (**«Кеудеме қайғы толған соң, Тұнық жырмен жуынам»**), арманды төгу (**«Күндіз күлкі бермеген. Түнде ұйқы бермеген. Көзінен төкті арманды»**), **«жетімдіктің белі»**, **«көңілдің құтысы»** сияқты тіркестердің соңылығы осылар қатысқан өлең жолдарының экспрессиясын (әсерін) күшейтіп, бұрын айтылмаған тың образдар жасап тұр. Мысалы, **«Әкеңнің айтқан аз сөзін «Құтысына көңіліңнің Төгіп алма, дәлдеп құй»** деген жолдарында ақын **«көңілдің құтысы, ақылды құтыға құю»** деген тіркестерді «қиыннан қиыстырады», өйткені бұлардағы сөздер «түтіні бөлек» дүниелер: құты – нақты зат, сауыт, ал көңіл қолмен ұстап, көзбен көріп, құтыға салуға болатын нақты зат емес, сондай-ақ оны суша, сүтше құюға да болмайды. Бірақ поэтика, яғни өлең тілі бұлайша «норма бұзуға» бара алады. Көркемдеу тәсілдерін іздеу, оларды құбылтып отыру – асқан зор талант иесінің, қас шебердің, үлкен ақынның арқалайтын жүктерінің бірі.

Жалпы өлең сөздің, оның ішінде жазба поэзияның да көркемдік сипатын танытатын тәсілдердің және біреуі – белгілі бір затты, құбылысты, іс-әрекетті бейнелей суреттеп, өзгеше атау болса (оны ғылымда перифраздар деп атайды), мұнда да ақынның тапқырлық, әр нәрсенің қыр-сырын танушылық қабілеті күшті болмаққа керек. Бұл орайда да Д. ақынның сөз құдіретін танушылық қасиетіне тәнтіміз. Мысалы, өткен ғасырдың орта тұсындағы қазақ қауымының мәдени-әлеум. күй-жағдайын бейнелейді: **«Толқынды теңіз заманнан, Сенімді кеме болмаса, Жел қайықпен өтер ме?»** – деп, қалтылдаған қайыққа теңейді.

Теңеу, салыстыру дегендер де – қазақ поэзиясы үшін кәнігі, көне көркемдеу амалдары. Д. пен Абай сияқты ақындардағы қазақ құлағы үшін тосын теңеулер мен метафоралар да ақындық таланттың күшін танытады. Мыс., Д-тың:

«Күнәм жойқын, тәубем аз,
Тіршіліктен не таптым!
Дүние – жемтік, мен – төбет,
Соны бақпай, не бақтым?
Ырылдасып, әркіммен
Не қапқыздым, не қаптым...» –

деген өлең жолдарындағы теңеулер мүлде тың. Бұрын жалған дүние, алдамшы дүние, қайран дүние деп сипаттап келгенмен, дүниені жемтікке балау – қазақтың наным-сеніміне жат түсінік, ал ақынды сол жемтікті аңдыған төбетке теңеу тіпті шендестіруді «бастан асырып жіберу» болып көрінеді. Ойшыл ақын, парасат иесі – төбет бірде өзгелерге өзін қапқызады, бірде өзгелерді өзі қабады. Бұл – өмір шындығы, бірақ сол шындықты суреттеу сипаты соны. Ол ең алдымен өзіне дейін сан ғасыр бойы қазақ қауымының көркемдік-эстетик. қажетін өтеп келген ақын-жыраулар поэзиясының, бай ауыз әдебиетінің барша байлығын шебер, еркін пайдаланған ақын. Мысалы, оның өлеңдеріндегі **«тұғырдан түсу»**, **«олжаны ортаға салу»**, **«жағасы сөгілу»** сияқты етістікті тіркестер де, **«айбарлы ақ орда»**, **«шаншулы найза»**, **«алтын қарғылы арлан»**, **«кең қоныс»**, **«еркін өріс»** сияқты эпитетті тіркестер де кәнігі, баршаға ортақ дүниелер. Ақын құдіреті – осыларды орнымен, шебер жарата білгендігінде.

Д. – Абайдың алдында өткен қазақ сөз зергерлерінің ішіндегі ең мықтысы. Д-ты ауызша тарап келген ақын-жыраулар тілі мен Абай бастаған жазба әдеби тілді жалғастырған көпір деп тану қажет.

Р. Сыздықова.

ДУЛАТОВ Міржақып (1885–1935) – жазушы, ақын, драматург, журналист, қоғам қайраткері. Дулатов қазіргі Торғай облысының Қызбел атырабында 1885 ж. 25 қарашасында дүниеге келген. Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық идеялары тамыр

жая бастаған құнарлы топырақтың перзенті Міржақып әуелде молдадан тіл сындырып, артынан Торғайдағы екі жылдық орыс-қазақ мектебінде бес жыл оқып білім алады. Бұдан кейінгінің бәрі өз түртінектеуі, өз талпынысымен тапқан олжа, байлық, даналық. Ерте жетім қалған, екі жаста шешеден, он екі жаста әкеден айрылған Міржақыптың бүкіл өмірі жоқшылықпен, азаппен, зорлықпен, әділетсіздікпен жан аямай, қажымай, талмай күресудің керемет бір үлгісі іспеттес.

Ауыл мектептерінде мұғалімдікпен өткен алты-жеті жыл ішінде оң мен солын танып, өмір күресі, тірлік тартысына түсіп, ұлт қамы үшін ширығып, соны сүрлеу іздеген Міржақып алдындағы ақыл-ой ағалары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсыновтарды тауып, олармен пікірлес, ниеттес, мұраттас болып шығады. Осы алаш азаттығы үшін бағышталған ерен достық олардың бүкіл тіршілігінің өзегіне айналды.

Д. 1904 ж. Омбы, 1905 ж. Қарқаралы, 1906 ж. Орал, Петербор барып, төңкерісшіл ағымдарға араласып, патша отаршылдығына ашық қарсы шығып, жер мәселесін көтеріп, мұсылмандықты қудалауға тыйым салуды талап еткен ағартушы-демократиялық бағыттағы қазақтың ұлттық озық оқығандарының алдыңғы легінің маңдай алдынан көрінді. Ол өз заманындағы көзі қарақты қазақ баласына қолынан келген қамқорлығын, достық-махаббатын аямаған. Алдыңғы қатарлы татар, орыс зиялыларымен де араласқан. Бұл қатарда Н. Н. Потанин, Ә. Диваев, проф. Крымский, акад. В. А. Горлевскийлер де бар.

Өлең жинағы, роман кітабы басылып, жазушылық даңқы шыққан Д-тың «Қазақ» (1913–18) газетінде Ахмет Байтұрсыновпен тізе қосып, тең редактор болып, еңбек еткен жылдары – ұлтының сол дәуірдегі қоғамдық-әлеуметтік проблемаларын жанжақты көтеріп, оларға дұрыс жауап берген көкейкесті публицистика тудырған, қазақтың еркін журналистикасының негізін салған, оның жанрлық формаларын жасаған, баспасөз мәдениетін, тілін қалыптастырған ең жемісті, ең бақытты жылдар.

Ұлттық ояну, Алаш қозғалысы, Алаш партиясы, Алаш өкіметі, Алаш әскері (1905–20) – бұлардың бәріне де Д. бел буып, білек сыбанып қатысқан, оның әр түрлі ұйымдарына сайланған, ұран жазған, күнделікті шаруаларын іске асырған, баспасөз бетінде насихаттаған, қажет десеңіз, керек болса, қолына қару алып та күрескен – осылардың іздері сақталған көптеген тарихи құжаттар, анық деректер толып жатыр. Ол бұл жолда адастым, сандалдым демеген, имандай ұйыған берік сеніммен әрекет еткен.

Кеңес дәуірінде басқа да бұрынғы алаш басшылары секілді Д-қа да үлкен іс тапсырылған жоқ, қайта қудаланып, 1922 ж. Кеңес түрмесіне қамалып барып шығады, ол Орынборда педагогтық қызметте, Семейде сот мекемесінде, Ташкентте, Қызылордада газетте елеусіз, қатардағы қызметтерде болды да (1920–1928) 1928 ж. ұсталып, содан абақты тауқыметтерін көрекөре, ақыры 1935 ж. 5-қазанда Ақтеңіз-Балтық каналының бойындағы Сосновец лагеріңде опат болды. Арада 58 жыл өткен соң ақын сүйегі туған жеріне алып келініп, ақ жуып, арулап қойылды.

Д-тың даңқын қазақ арасы ғана емес, Россиядағы түрік әлеміне тұтас жайған «Оян, қазақ» 1909 ж. Уфада шығып, 1911 ж. Орынборда екінші рет басылды. Бұл – қазақ әдебиетінің тарихындағы ең көп қудаланған шығарманың бірі. Кітаптың бірінші, екінші басылымдарын патша өкіметі жинатып алдырып, авторды 1911 ж. маусым айында Семей түрмесіне қамап, 19 ай бойы абақтыда ұстаған. Архивтерден осы істердің қалай қозғалғаны, ақыр соңына тыңшылардың қалай түскені туралы көптеген материалдар табылып жатыр.

«Терме» (1913), «Азамат» (1915) жинақтары жарық көрді. Прозадағы атышулы шығармасы «Бақытсыз Жамал» романы 1910 ж. Қазанда басылды. Мұның үстіне көптеген оқулықтар, аудармалар, қазақ кітаптарының көрсеткішін қоссаңыз, қысыл-таяң ауыр заманда, үнемі қудалауда жүріп Д-тың қаншама көп іс тыңдырғанын көресіз. Ұзақ жылғы үзілістен кейін 1991 ж. Алматыда Д-тың поэзия, проза, драматургия, публицистикалық шығармаларының басын қосқан бір томдық шығармалары жарияланды.

Өзінің көркем шығармаларымен, мақалаларымен, қоғамдық істерімен жас күнінен бастап туған елінің махаббатына бөленген Д. алаштың өзі тұрғылас азаматтары секілді Қазан төңкерісінен кейін аз уақыт қана бостандықта әрекет етіп, артынан жазықсыз қараланып кете барды. Олардың еңбектері жойылып, аттарын атауға тыйым салынды. Соңда да Міржақып өмірі, мұрасы туралы Кеңес елінде бір ауыз жылы сөз айтылмай тұрғанда Түркияда басылған белгілі күрескер, жазушы, публицист Хасен Оралтайдың «Алаш» кітабында оңды, жағымды баға берілуін зерттеушінің көрегендігі деп бағалау керек. Қазақстан бостандық алғаннан кейінгі міржақыптануда ақынның қызы Гүлнар Дулатова, арнаулы диссертация қорғаған Марат Әпсәметов, ғалым Ысмағұлов өз үлестерін қосты.

Қазақ қауымының сан-алуан әлеуметтік, қоғамдық тіршілігі, тұрмыс-салт, шаруашылық жағдайы, мінез машықтары, арман-мүдделері, отарлық езгінің кесепаты туралы толғамдарын әдеби шығармаларында түрлі бейнелер, көркемдік тәсілдер арқылы, кейде астармен, жұмбақпен, ишарамен білдірген Д. журналистика, публицистика формаларымен өз заманы, күнделікті көкейкесті мәселелер, тарих сабақтары жөніндегі ойларын қолма-қол, ашық, айқын етіп айтып беріп отырды. Бұл тарапта туған мақалалардың негізгі тақырыптары Қазақстанның отарлануы, шаруашылық, жер мәселесі, 1916 жыл оқиғасы, тарихи

тұлғалар – әдебиет, театр, баспасөз, оқулық жасау, халықаралық жағдай, ұлттық мінез сипаттары секілді толып жатқан салаларды қамтиды.

Д-тың Абайға арналған алғашқы қысқа ғана мақаласы татардың «Уақыт» газетінде 1908 ж. жарияланған. Ақынның ой-өрісі, білім деңгейі, туған жері, шыққан ортасы айтылып, әдеби мұрасына жалпылама баға беріліп, оның орыс әдебиетімен, әсіресе Лермонтовпен үндестігі ескертілді. 1914 ж. «Қазақ» газетінде басылған «Абай» мақаласы ақынның опат болғанына он жыл толуына орай арналып жазылған. Мұнда әдебиеттің, оның көрнекті өкілдерінің халық тарихында алатын орны айрықша бағаланады. Абайдың қадірін білмеу, оны елеп ескермеу ұлттың үлкен кемшілігі ретінде аталады, әдебиет елдің жаны деп көрсетіледі. Абайдың ғұмыр жолын қысқаша баяндап, тұңғыш кітабының шығу тарихы, оған Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов және ақын балалары мен інілерінің қатысуы, Семейде Нәзипа Құлжанова өткізген әдеби кеш туралы сөз болады. Ең құнарлы ой – Абай қазақтың жаңа әдебиетінің басы, негізін салушы деген тұжырым, алғашқы жарық жұлдыз деген балама. Орыстың бірінші жазушысы Ломоносов деп санап, Абайдың өз халқының тарихындағы орны онымен қатарлас деген салыстырма жасайды. Абай шығармаларын жариялау, насихаттау, оның есімін мәңгі есте қалдыру үшін мұражайлар салдыру керектігін толғана сөз етеді.

Абайдың қазақ халқы тарихындағы мәртебелі орнын басқа елдер әдебиетімен сабақтастықта алып қарап, дәл тауып, дұрыс бағалап берген Д. келешек заманда ұлы ақынның атақ-абыройы, мерей-даңқы өсіп, жаңа буынмен емірене табысатынын ерекше әулиелікпен көре білген. Дөрекі социологиялық, таптық, атеистік көзқарас, дүниетаным тұрғысына түскен кезде зерттеушілер абайтануда толып жатқан солақайлыққа, сан-алуан қателікке ұрынғаны белгілі. Ал Кәкітай Ысқақов, Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов Абайдың шығармаларын тануда ұлттық, халықтық, эстетикалық таза талғаммен ешқашан мәнін жоймайтын бағалы байламдар жасай алды. Абай шығармаларындағы сарын-әуезді, ой-пікірді, идея-нысананы алаш азаматтары терең сезіп, тебірене насихаттай білген.

Әдебиеттің барлық жанрында бірдей қалам тартқан қаламгер, қоғамдық-әлеуметтік іске жанын салып араласқан қайраткер Міржақып Дулатовтың өмірлік мақсатының биік нысанасы, тапжылмас темірқазығы – біркүндік даңқ, өтпелі дәулет, баянсыз шен емес, туған халқының бостандығы, өзін-өзі билеуі, отарлық езгіден құтылуы, ол құғын-сүргін көріп, түрмелер азабын тартып жүрген азапты күндерінің өзінде де, ақтық демі біткенше бұл жолдан тайған жоқ. Қазақ жұртының бүгінгі, болашақ буындарына алаш деп ұран салып, келешек үшін арыстанша алысқан Міржақып Дулатовпен бауырындай етіп табыстыратын, айналып келгенде, осы мәңгілік жасайтын асыл қасиеттер. *Р. Нұрғалиев.*

«ДҰҒА», Өмірде ойға түсіп кем кетігің... – бойынша берілді. М. Ю. Лермонтовтың «Молитва» атты өлеңінің 1897 ж. Абай туындатқан аудармасы. Шығарма орыс ақынында да, қазақ ақынында да 12 жол. Лермонтов «Молитва» атты өлеңінде адамның көңілі сергектеніп, жадыраған сәтті шебер бейнелеген. Және осындай сәтті адамның мұңайып, қиналған шағына қарама-қарсы қойып, содан құтылған, көңілден сенімсіздік кетіп, жеңілденген, жаны жай тапқан кездегі сезімін келісті шеңдестіру тәсілімен көрсеткен. Сонымен қатар дұға оқығандағы сөздің орасан зор қуат-күші, оның әсем әуезділігі адам жанына жағымды әсер ететіні де өлеңде айрықша аталады. Абай өлеңді орысшадан шебер тәржімелей отырып, бірден «осы өлең – оқитұғын дұғам менің» деп тура айтатыны назар аударарлық. Лермонтов бір дұғаны жатқа қайталап айта беремін, соның сөзінде зор қуат бар дейді. Лермонтов көңілден «сенімсіздік» арылады десе, Абай «кек кемігендей», «жүректің басынан у төгілдеңгей» болады дейді.

Абай осы өлеңінде өз көңлінің күйін айқын елестете білген. Оның бұл өлеңді *«Өмірден тепкі жесем жазығым жоқ»* деп, екінші рет тағы тәржімелегені тегін болмаса керек. Туынды 11 буынды қара өлең ұйқасы өрнегімен кестеленген. Алғашқы рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланған. Өлең басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1945 жылғы басылымда 3-шумақ:

«Жаныңның ауыр жүгі жеңілгендей
Көңілден көрінген кек кемігендей.
Болады жылауға да, күлуге де
Жүректің басынан у төгілгендей...» –

делінсе, кейінгі басылымдарда бұл шумақ Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы жинақ негізінде:

«Жаныңның ауыр жүгі жеңілгендей
Көңілден кернеген кек кемігендей.
Болады жылауға да, сенуге де
Жүректің басынан у төгілгендей»

болып түзетілген. *З. Ахметов.*

«ДҰҒАЙ СӘЛЕМ ЖАЗАМЫН КҮЙІСБАЙҒА...» – Абайдың 1896 ж. шығарған өлеңі. Көлемі 4 тармақты бір шумақ. Тобықты Мамай руынан шыққан беделді кісі Күйісбай Әбенұлының (1842–1910) туысқаны Серікбай Көтібақ руының адамы Әбілхайыр дегеннің айғырын ұрлап, бермей жүреді екен. Араға Абай түсіп, Күйісбай ұрланған жылқыны қайтаруға уәде етеді. Бірақ ол сөз жүзінде қалады. Ақын уәдесінен тайып, ештеңе шығара қоймаған Күйісбайға ренішін білдіріп, осы сәлемін жолдаған. Қатар құрбылас адамдардың міндет арта сөйлеген базынасы ғана сияқ-

ты болғанымен, әр сөзінен Абайға тән салмақтылық, ұтымды кекесін аңғарылады. Өлең 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Алғаш рет ақын шығармаларының 1933 жылғы жинағында жарияланды. Ешқандай текстол. өзгеріске ұшырамаған.

Т. Барақұлы.

ДҮЗЕЛХАНОВ Ағымсалы (1951 ж. т.) – суретші. Кітап және қондырғылы графика саласында жұмыс істейді. Д. А. Б. Есмахановпен бірігіп жасаған 1990 жылға арналған «Абай» плакат-күнтізбесі «Өнер» баспасынан 1989 ж. жарық көрген. Ташкентте өткен еларалық конкурста арнайы дипломмен наградталған.

ДҮЙСЕН (т.-ө. ж. б.) – Жігітек руынан шыққан адам. Абайдың үстінен жалған арыз жазып, ақынды 8 жыл бойы сергелдеңге салған. Ол өзі ұрлық жасағанымен тұрмай, пәлекөр, ожар мінезді, ақылсыздау адам болған. Д-нің жат мінездері М. О. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясында жақсы суреттеледі.

А. Әубәкірова.

ДҮЙСЕНБАЕВ Ысқақ Тәкімұлы (1910–76) – ғалым, әдебиет зерттеушісі. Қазақ ССР ҒА корр.-мүшесі, Қазақ ССР-інің еңбек сің. ғылым қайраткері. Д. – Абай шығармаларының жиналуы мен зерттелуі жайында арнайы ғыл.-зерт. жүргізген. Ақын шығармаларының екі томдық жинағының академиялық басылымын (1977) әзірлеуге қатысып, оған алғысөз жазды. Онда Абайдың өлеңдері мен қарасөздерінің текстологиясын зерттеу, оның тиянақты текстін жасау, ақын поэзиясының реалистік сипатын ғылыми тұрғыдан ашып көрсету мәселелеріне назар аударды. Абайдың Шығыс мәдениетіне көзқарасы, қазақтың тарихына қатысты ойлары туралы сөз қозғады. Ғалымның «Ғасырлар сыры» (1970) кітабына енген «Абай Құнанбайұлы» атты зерттеуінде Абайдың ақындық болмысына, қазақ әдебиетінің тарихынан алатын орнына тоқталады. Ал «Мұхтар Әуезов» атты кітабындағы «Абай мұрасын зерттеу жөнінде» деген мақаласында ақын шығармашылығын түбегейлі зерттеу, текстол. жағынан толық ретке келтіру мәселесін көтерді.

Б. Әбдіғазиев.

«ДҮЙСЕНҚҰЛҒА» – Абайдың өлеңі, қ. *«Саудайы-ай сауды алмадың-ау, сырқауды алып...»*.

«ДҮНИЕДЕ, СІРӘ, СЕНДЕЙ МАҒАН ЖАР ЖОҚ...» – Абай өлеңдерінің 1990 ж. «Жалын» баспасынан жарық көрген жинағы. Жинақ 2 бөлімнен тұрады, барлығы 74 өлең енгізілген. Ақынның махаббат лирикасы, сүйіспеншілік жырлары «Айттым сәлем, қалам қас» деген 1-бөлімге, жастарға үлгі-өнеге ұсынып, оларды адалдыққа, адамгершілікке, еңбек етуге, білім-ғылымға үндейтін өлеңдері «Жастықтың оты жалындап» атты 2-бөлімге топтастырылған. Кітапта Абайдың төл туындыларымен қатар орыс ақындары А. С. Пушкиннен, М. Ю. Лермонтовтан аударған шығармалары да бар. Кітап қылқалам шебері Қ. Кәметовтың ақын шығармаларының мазмұнын аша түсетін түсті суреттерімен бай безендірілген. Көлемі 5,2 б. т., 40 000 дана болып басылған.

Т. Рсаев.

«ДҮРІЛДЕГЕН НАЖАҒАЙ» («Тұтқындағы поляк жандаралының сөзі») – поляк ақыны А. Мицкевич өлеңінің 1892–93 жылдар аралығында Абай еркін аударған нұсқасы. Мицкевичтің:

«...Все, что нашел, – дарю. Такой
Листок не должен затеряться:
Он подан дружеской рукой,
Он дар последний, может статься...» –

деген жолдары Абай өлеңінде жоқ, шамасы сақталмаған болса керек, себебі олар сыз мағынасы толық тиянақталып бітпей тұр. Туынды 7–8 буынды ерікті ұйқас үлгісімен жазылған. Өлең ең алғаш 1933 жылғы жинақта жарияланған. Басылымдарында текстол. өзгерістер кездеспейді.

З. Ахметов.

«ДҮТБАЙҒА» – Абайдың өлеңі, қ. *«Жылуы жоқ бойының...»*

ДІЛДӘ Алшынбай қызы (1843–1924) – Абайдың бәйбішесі. Құнанбай мен Алшынбай Тіленшіұлы құда-жегжат болуға уағдаласып, 1860 ж. 15 жастағы Абай мен 17-дегі Д-ні қосады. Әкесі Ақшоқыдан жер бөліп беріп, онда Абай сегіз бөлмелі қыстау салдырады. Д-дан Ақылбай, Хакімбай, Әбдірахман, Мағауия, Күлбадан, Райхан туған. Д. 1860–1923 ж. Ақшоқыдағы қыстауда тұрады. Кеңес өкіметінің асыра сілтеуі тұсында, 1923 ж. Д. Ақшоқыдан көшіп кетуге мәжбүр болып, Абай мен Д. тұтынған дүние-мүліктің бірсыпырасы әлдекімдердің қолында кеткен. Абайдың өтінішімен 1880 ж. тобықтыдан шыққан ағаш ұстасы, зергер-шебер Еспенбет жасаған зерлі ағаш төсек қана аман қалған. Оны 1939 ж. Абай аулының адамы Нығыман Өтепбаев Жидебайдағы Абайдың музей-үйінің қорына тапсырған. Д. Аралтөбедегі Әйгерім басына тұрғызылған төрт құлақты тамға жерленген.

Б. Сапаралы.

ДІНГЕ КӨЗҚАРАСЫ. Абайдың дінге көзқарасын бағалап, тұжырымдауда екі түрлі қате пікір орын алып келді. Кейбір зерттеушілер Абай «ислам дінінің қазақ ішінен шыққан өкілі» деп келсе, екінші бір зерттеушілер Абайдың дін туралы ойлары ақын шығармашылығының әлсіз, кертартпа жағы деп түсіндіреді. Алғашқы пікір Абайға тағылған жала болса, соңғысы – ақынның дін туралы түсініктеріне тарихи, диалектикалық тұрғыдан қарамай, тұрпайы социологияға бас июдің салдарынан туған болжам.

Абайдың дін туралы толғамдарын дұрыс түсініп, бағалау оған тарихи тұрғыдан қарауды талап етеді. Абай заманында қазақ даласында қос дінділік орын алды, ресми өмірде ислам діні үстемдік еткенімен, күнделікті тіршілікте шаманизмдік түйсіктер мен түсініктер басым болды. Қос дінділік қазақ халқының сол кезеңдегі наным-сенімі мен дүниетанымынан айқын байқалады. Шаманизмдегі негізгі категория – «Тәңірі», исламдағы – «Алла» қазаққа тән

ұғымдар. Шаманизмде тәңірінің, аруақтардың адамдармен ұштастырушысы «жын» болса, исламда алланың адамдармен байланыстырушысы «періштелер» деп саналды. Қазақтың күнделікті өмірінде шаманизмнің өкілі, іс жүргізушісі – жын шақыратын бақсылар, ал ислам дінінде – өздерін пайғамбардың ұрпақтары санайтын қожалар болды. Абай «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» еңбегінде қазақ жерінде ислам дінінің қалай тарағандығын және оның шаманизммен байланысын арнайы талдайды.

Абайдың дін мәселелері – құдай мен адамның, өмір мен өлімнің, жан мен тәннің, иман мен ұяттың, дін мен дін иелерінің өзара байланысы туралы түсініктері антиклерикалдық бағыттағы талдау. Құдай мен адамның қарым-қатынасын Жиырма жетінші, Жиырма сегізінші сөздерінде арнайы талдап, гректің ұлы ойшылы Сократпен пікір таластырады. Абайдың ұғымынша құдай біріншіден жаратушы, табиғаттан тыс күш, «...жақсылық, жамандықты жаратқан – құдай, ләкин қылдырған құдай емес, ауруды жаратқан – құдай, ауыртқан құдай емес, байлықты, кедейлікті жаратқан – құдай, бай қылған, кедей қылған құдай емес...». Екіншіден, құдай – жазалаушы күш, адамгершілік заңымен өмір сүрмегендерді құдай атады, ант ұрады. Абайдың түсінігінде құдай жауыз, сұм, екіжүзді, арамтамақ адамдарды жазалаушы. Отыз бесінші сөзінде ол құдайды құлқынның құлы болған, халыққа зәбір көрсеткен, екіжүзді қажылар мен молдалардың «адамның сайтаны – монтаны сопылар» мен мейірімсіз мырзасымақтардың мақшарға барғанда зауалын тарттырушы ретінде суреттейді. Абай құдайды залымдардың жазалаушысы деп түсіндіріп, қарапайым деистік бағыт ұстағанымен, өмір сүрген заман тұрғысынан қарағанда дін иелеріне, оны дұрыс ұстай алмай отырғандарға сын көзбен қарағаны анық.

Үшіншіден, құдай – махаббат пен әділдіктің ерекше көрінісі, адамды адалдыққа бастайтын қамқор да жебеуші күш. Мұнда Абай алланы дәріптеуді емес, құдайдың жақсы қасиеттерін адамның бойына сіңіруді мақсат етеді. Сондықтан да «құдай» деген ұғымды адам бойындағы асыл қасиеттер – адамгершілік, әділеттілік, шындық, тәрбие, махаббат сияқты мораль мәселелерімен байланыстырады, дінді адамгершілікке бағындырмақ болады:

«Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті...»

Абайдың ұрпаққа ұсынар бағыты – адамгершілік жолы.

Ақын өзінің көптеген шығармасына **«адам бол»** деген этикалық принципті арқау етеді. Абай «адам» деген ұғымды кең де терең түсінеді. Ойшыл ақынның түсінігінде адам – ақылдылық пен еңбек сүйгіштіктің, әділдік пен білімділіктің, махаббат пен адалдықтың жиынтығы. Тек осы қасиеттерді бойына сіңірген кісі ғана нағыз адам. Адам жөніндегі Абайдың түсінігі патриархалдық-феод. және діни түсініктерді жоққа шығарады. Патриархалдық-феод. түсініктегі нағыз адам – ру басқарып, мал таба алатын, сауда жайын білетін амал тапқыш, айлакер, өзінде жоқ болса, әкесін де жат санайтын тасбауыр, «мал тапқан ердің жазығы жоқ» дейтін жылпос, «қарны ашса, қаралы үйіне шабатын» қайырымсыз, «оқымады демесе болаттағы, тілімнің келмегені қайтушы еді» дейтін топас адам. Абай сөзімен айтқанда, патриархалдық-феод. түсініктегі адам – бай дегенді, батыр дегенді, қу дегенді, пысық дегенді мансұқ тұтады. Діни түсініктегі нағыз адам – құдайға құлшылық етіп, күніне 5 рет намаз оқитын, ораза ұстайтын, мешіттің, дін иелерінің қамын ойлап, зекет-ұшырын үзбей беріп тұратын, қажыға барып, Меккенің қара тасына табынатын, мұсылмаңнан басқа халықтарды «кәпір» атап, жау санап, дін жолында «шейіт» болуға әзір, исламның бес парызын бұлжытпай орындайтын адам.

Абай адам жөніндегі патриархалдық-феод. және діни түсінікті ағартушылық-демокр. тұрғыдан теріске шығарады. Оның адам туралы теориясы – адам табиғатын гуманистік тұрғыдан түсіндірудің бір көрінісі.

Абайдың **«өмір»** мен **«өлім»**, **«жан»** мен **«тән»** туралы түсініктері де діни қағидалардан басқаша. Абайдың айтуынша өмір дегеніміз тіршілік, ғұмыр сүру, алланың адамға берген сыйлығы, тартуы. Өмір уақытша нәрсе, өмір үнемі өзгерісте болады, ал алла мәңгі.

«Күллі махлұқ өзгерер, алла өзгермес,
Әңли кітап бұл сөзді бекер демес.
Адам нәпсі, өзімшіл мінезбенен
Бос сөзбенен қастаспай түзу келмес»

Абай түсінігінде Алла тағала – құдіреті күшті құдай, алла тағала – өлшеусіз, адамдардың ақылы – өлшеулі. Алла тағала біз сияқты көзбен көрмейді, құлақпен естімейді, Алла көңілмен көреді, көңілмен естиді. Ақынның «өмір» мен «өлім», «жан» мен «тән» туралы түсінігі діни танымнан бөлек.

Діни түсінікте адам жан мен тәннен тұрады, тән өледі, жан мәңгі өлмейді, күнәсіз, иманды адамның жаны жұмаққа барып, рақат дүниесіне бөленеді, ал күнәға батқан имансыз пенденің жаны тозаққа барып, азап шегеді, бейнет көреді-міс. Абай бұл мәселені басқаша түсінеді:

«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес.
«Мені» мен «менікі»-нің айрылғанын
«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес...» –

дейді.

Бұл жерде рухы бар адамзат өлмейді, тек білмейтін кісі ғана тәннен жанның бөлінгенін өлу деп есептейді деген ой айтылған. Абайдың түсінігінше «мені» мен

«менікінің» екі түрлі мағынасы бар. «Менікі» дегеніміз адамның денесі, ал «мен» – дененің рухани жемісі, өзі өлгенде артта қалдырған ісі, өнері, еңбегі. «Менікі» –дене – өледі, «менен» айрылады, ал «мен» – адамзаттың рухани жемісі – артында қалдырған игілікті ісі, өнері ұрпақтан ұрпаққа ауыса береді, мұра, мирас болып қала бермек.

«Өлді деуге сыя ма, ойландаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?» –

деп, ұжмақ, тозақ, ахиретті емес, кәдімгі дүниедегі тіршілікті сөз етеді. Жеке адамдар көзі жұмылып, жер құшағына кіргенімен адам баласының жасап кеткен істәжірибесі, рухани және материалдық табыстары өмірлік жасай бермек.

Абайдың **«иман»** туралы түсінігі де діншілдік көзқарастан көп алшақ, исламдық ұғымға жанаспайды. Исламда иман дегеніміз құдайға шексіз, шүбәсіз нанудың, сенудің символы, бұл дүниеде барлық ауыртпалыққа төзімділік жасап, рақатты о дүниеден, «ұжмақтан» күту, құдай біреу, ол – Алла, ал Мұхаммед құдай мен адамдарды байланыстырушы елші, пайғамбар екендігін шүбәсіз мойындау. Бұл дүниеде ауыртпалық біткенге, жоқшылыққа, бейнетке төзімділік жасап, исламның бес парызын өмір бойы орындағандар ғана иманды болады, ұжмақтың төрінен орын алады.

Абайдың түсінігі бұдан мүлде өзгеше. Абай ислам дінінің фанатизмін жоққа шығарады. Он үшінші сөзінде иман жөнінде екі түрлі түсінік бар екенін, иманның якини және таклиди деген екі түрі болатынын айтып, «иман» деген діни ұғымға ғылыми және моральдық мән, мазмұн беруге ұмтылады.

Якини иман – шын иман, шын нану, сену. Бұл иман ақылдан, дәлелден, ғылымнан туады. Бір нәрсеге сенгенде, «...соның хақтығына ақылы бірлән дәлел жүргізерлік болып...» ақыл дәлелімен нану керек. Бұл иман білімге, ғылымға, ақыл дәлеліне негізделуге тиісті. Демек, Абайдың түсіндіруінше шын иман танымнан шығуы, тууы керек. Неге сенсең де, соның сырын, ішкі мәнін біліп сен, тіпті құдайға сенгенде де, оған ақыл дәлелі арқылы сенуге шақырады. Абайдың иманға беріп отырған бұл түсінігі – көптеген философтарға тән парасатты түсінік.

Таклиди иман – еліктеуден шыққан иман, наным, сенім. Бұл иман ақылдан, ғылымнан, дәлелден тумаған, тек дін иелерінің айтқанына иланудан, соларға еліктеуден туған. Абай сөзімен айтқанда таклиди иман – «...кітаптан оқу бірлән яки молдалардан есту бірлән...» болатын иман. Бұл иман – өзі ештемені білмей, еш нәрсе туралы ойламай, дін иелерінің сөзіне еріп, «ел қалай көшсе, мен де солай көштім» деген надандықтан шыққан соқыр сезім, үстірт наным. Абайдың аңғаруынша, дінге сенушілердің иман туралы ұғымы осы екінші түсінік, олар шын иманның не екенін білмейді, өйткені шын иман ғылымға, танымға байланысты, ал дінге сенушілердің «Якини иманы бар деуге ғылымы жоқ...». Иманның осы екі түрін талдай келіп, Абай біріншіден, шын иман – таныммен барабар дегенді аңғартады. Екіншіден, иманды этикалық, адамгершілік мәселесімен ұштастырып, оны ар, ұят деңгейіне көтереді де, ұяты жоқ адамның иманы да болмайтынын дәлелдейді. Сонымен қатар, Абай мұсылман ғұламаларымен пікір таласына түсіп, дін иелерінің имансыздығын, олардың ұғымында иман туралы жоғарыдағы екі түсініктің де жоқ екендігін дәлелдеуге тырысады. Абайдың айтуынша, дін бұзарлардың иманы – алдау мен арамдық. Өзінің бас пайдасына қарай, «...ақты қара деп, я қараны ақ деп, өтірікті шын деп ант ететұғын...», «қылыш үстінде серт жоқ», «...құдай тағаланың кешпес күнәсі жоқ» деген жалған мақалды қуат көрген мұндай пенденің жүзі құрысын» деп, дүмше молдаларға лағынет айтады. Антиклерикалдық бағыттағы дін иелері – ары мен иманын, нанымы мен сенімін сатушы екіжүзділер екендігін, олардың халықты надандықтан шығарғысы келмейтінін, өйткені наданды алдау оңайға түсетінін, ал қараңғылықта арамдықтың анық көрінбейтінін бірнеше еңбегінде баса айтады.

Абайдың пікірінше адамның парызы – ахиреттен иман іздеу, намаз оқу, ораза ұстау, қажыға бару, жиһадқа қатысу емес, оның ең үлкен парызы – адамгершілігі мол Адам болу. Сондықтан да Абай өз заманында көп тараған, еріккен байлардың ермегі болып бара жатқан қажыға бару дәстүрін сынға алады.

Қажыға барудың бірінен-бірі кем түспейтін екі түрлі зымиян мақсаты бар. Біріншіден, қажыға барушы халық алдында асқан құдайшыл, «дүние жолындағы адам емес, құдай жолындағы адам» болып көрінуді көздейді. Екіншіден, қайтып келген соң бұқара халықты қанау әрекеттерін енді «әулие, қажекең» деген қасиетті атаумен бүркемелейді. «Дүние жолын тастап, құдай жолына түскелі отырған» болашақ қажы Меккеге баратын қыруар қаражатты халықтан жияды, ал бұл «көмек» түптеп келгенде «қарашығынның» бір көрінісі ғана.

Ақын *«Көзінен басқа ойы жоқ»* деп басталатын өлеңінде құлқынның құлы, жемқор, пайдақұмар молдаларды:

«Кітапты молда теріс оқыр,
Дағардай боп сәлдесі.
Мал құмар көңлі – бек соқыр,
Бүркіттен кем бе жем жесі? –

деп түйресе, тағы да бір өлеңінде:

«Ақыл мен хауас барлығын,
Білмейдүр жүрек, сезедүр,
Мұтәкәллимин, мантикин
Бекер босқа езедүр...» –

деп, ислам дінінің әйгілі догмашылары, білгіштері, мұтәкәллиминдер мен сол діннің сұлу сөзді софистері – мантикиндерді айтқандары ақылға сыймайтын, сөзқұмар мылжыңдар қатарына қосып, оларды сол кездегі кітапшыл молда ақындардың

«езедүр», «сезедүр», «білмейдүр» сияқты өз тілдерімен ажуалайды. Діннің не екенін білмейтін, сол білместігін мойындамайтын, діншіл, құдайшыл болып көрінуге тырысатын надан болыстар мен билердің қылықтарын жаратпай, Абай:

«Тегін ойлап байқасаң,
Мұнда ми жоқ, құлақ бар...» –

деп келеке етеді.

Абайдың дінге көзқарасын оның, әсіресе, әдебиеттегі діншілдікті, халық мүддесінен алшақ идеяларды қатал да әділ сынауынан тануға болады. Мыс., *«Мен жазбаймын өленді ермек үшін»* деген өлеңінде Абай сол кездегі діни сарында жазылған қиссаларға еліктеп, Әзірет Әлінің құдіретіне арнап қисса жазбақ болғандарды келемеж етеді. Ислам дінінің адамгершілікке жат, ең кертартпа қағидасы – жиһад идеясы. Жиһад – араб сөзі, европалықтар бұл сөзді «ғазауат» деп атайды. Бұл идеяның қазақша мәні – қасиетті соғысқа қатысу. Ислам діні – дүние жүзіндегі барлық халықтарды «мұсылмандар» және «кәпірлер» деп екіге бөледі, мұсылмандардың құдай алдындағы негізгі парыздарының бірі – кәпірлерді мұсылманға айналдыру үшін күресу – бұл қасиетті соғыс, бұл соғыста өлгендер шейіт болады, барлық күнәсі кешіріліп, ұжмаққа барады деген жаугершілік идеясы – ғазауатты қуаттайды.

Абай ислам дінінің дәл осындай, барып тұрған кертартпа, реакцияшыл, адам баласына дұшпандық мақсатын өткір сынға алып, халықтар достығы идеясын ұсынады. Ғылым мен діннің арақатынасын сөз еткенде де, А. ғылымды діннен жоғары бағалайды. «Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған қаж ешбір ғибадат орнына бармайды» деп, дін уағыздарын ғылымға бағындырады. Шын мәніндегі рахат дінге сенуде емес, ғылымда, дүниенің әр қилы құбылыстарын білуде, түсінуде, өз білгеніңді халыққа түсіндіруде деп, діңді ғылым дәрежесіне түсірсе, «ғылым – алланың бір сипаты, ол хақиқат...» – деп, ғылымды құдай дәрежесіне көтереді. «...Балаңа қатын әперме, енші берме, барыңды салсаң да, балаңа орыстың ғылымын үйрет!» – деп, ұлы ақын халқын, жас ұрпақты оқу-білімге шақырады. Ғылымға ұмтылып, білім алғанда тілмәш немесе адвокат болу үшін, «домалақ қағазбен» халықтың мазасын алу үшін емес, Салтыков пен Толстойдай адам болу, адам баласына қызмет етуді мақсат ет деп, жас ұрпаққа жар салады.

Ғылым табуды, білім алуды «адам болудың» негізгі бір шарты деп санайды. «Надандарға бой берме», «Болмасаң да ұқсап бақ бір ғалымды көрсеңіз» – деп, жастарға жігер береді.

Абайдың дін жөніндегі түсінігінің өз кезеңі үшін прогрестік мәні зор. Біріншіден, бүкіл Таяу Шығыс пен Орта Азияда және Қазақстанда ислам діні үстемдік етіп тұрған заманда Абай дінге шүбә келтіріп, құдай мен иман, дін – әділеттіліктің, шындықтың, адамгершіліктің, махаббаттың жиынтығы – алланың өзі, алланың әр түрлі сипаттары, басқадай ештеңе емес деген пікірді батыл айтады. М. Әуезовтың айтқанындай, Абайдың діні – «...ақылдың, сыншыл ойдың діні...», «...адамгершіліктің діні...», «...сыртынан барынша діншіл көрініп отырған өлеңінің өзінде де, Абай ислам дінін үгіт-өсиет ете, шартты түрде ғана, шамалы, нақты жерде ғана керекке жаратады» (Әуезов М. Әр жылдар ойлары. А., 1959, 128–129-б.).

Екіншіден, дін мен ғылымды салыстырғанда Абай назарын, халық ынтасын дінге, сол кезде мұсылмандық үшін «шындықтың шындығы», «ғылымның ғылымы» болып саналған ислам дінінің догмасы – «құранға» бұрмайды, ғылымға бұрады. Абай көбіне ғылымды уағыздап, елін білімге, оқуға, мәдениетке шақырады.

Үшіншіден, қазақ даласында ислам дінін үстем таптың идеологиялық құралына айналдырып, діңді дәріптеуші дүмше молдалар мен сопылар, ишандар мен имамдар, қажылар мен қазіреттердің іс-әрекеттері мен теріс қылықтарын аяусыз әшкерелейді. Діннің жалпы мәнін түсінуде материалист, атеист дәрежесіне көтерілген Шоқан Абайдан жоғары тұр десек те, дін иелерімен, клерикалдармен күресте, олардың жасаңды бет пердесін бейнелі сөзбен келістіріп әшкерелеуде Абайға тең келетін ешкім жоқ.

Абай атеист болмағанымен, нағыз антиклерикал. Ол қазақ даласындағы дін иелерінің екі жүзділігін, малқұмарлығын, надандығын аяусыз сынады. Отыз сегізінші сөзінде: «...бұл заманның ишандарынан бек сақ болыңдар. Олар – фитнә ғалым, бұлардан залалдан басқа еш нәрсе шықпайды. ...көбі надан болады. ...сүйенгені – надандар, сөйлегені – жалған, дәлелдері тасбиғы мен шалмалары, онан басқа ешнәрсе жоқ», – дейді.

Төртіншіден, Абай ұғымынша ислам дінінің фанатизмінен келетін ешқандай зиян жоқ. Ол адам баласын мұсылман мен кәпірге бөлмей, достыққа, адамгершілікке, ғылым-білімге, әділеттілікке шақырады. Осы игі үгіттерге ұмтылу жолында Абай Сократ пен Аристотельге, Байрон мен Гетеге, Низами мен Науаиге, Пушкин мен Толстойға жақын, рухтас. Ол ешкімді дініне, нәсіліне, ұлтына қарай бөлмей, «Адам – адамға дос» деген халықтар достығын дамытуға үн қосып, жаппай ынтымақ, достық идеясының жаршысы болды.

Егер мұсылман ғұламалары «ақыр заман», «қиямет қайым» дегендерді ғасырлар бойы халық санасына сіңіріп, табиғат құбылыстары мен қоғамдық өмірдегі өзгерістерді, ғылымдағы жаңалықтарды сол «ақыр заман» мен «қиямет қайымның» таяп келе жатқанының белгісі деп түсіндірсе, Абай ескі заманның орнына жаңа заман, жаңа заманның орнына жақсы заман келеді деп, өз

халқын жақсылық атаулыға, білімге үндеді: «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел», «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар, қалан!» деп тәңірге табынып, уақытты босқа өткізбей, әркімді өмірден өз орнын табуға шақырады.

Әдеб.: Бейсембиев К. Мировоззрение Абая Кунанбаева. А.-А., 1956; Абай тағылымы. – А., 1986; Ғабдуллин Б. Шоқан, Ыбырай және Абай дін туралы (Шаманизм, ислам, атеизм, деизм, антиклерикализм). – А., 1988. *Б. Ғабдуллин.*

ДІНІСЛӘМ Әзімбайұлы (1881–1919) – Абайдың ағасы Тәңірбердінің немересі. Абайдың респ. әдеби-мемориал. музейінде Д-нің ақын атасы туралы естеліктері сақтаулы.

ДЬЯКОВ Павел Иванович (1913 ж. т.) – суретші-безендіруші, педагог. Акварель саласында, оның ішінде пейзаж жанрында жұмыс істеді. Абайдың 100 жылдық мерейтойына орай ақын болған жерлердің пейзаждық топтамаларын жасады. Олардың ішінде: «Семейдегі Абай тұрған үй» (қағаз, акварель), «Абайдың бейіті» (қағаз, акварель, екеуі де Қазақстан Республикасының мемл. өнер музейінде) атты шығармалары бар.

ДЮМА Александр (әке-Дюма) (1802–70) – француз жазушысы. Ол романтик. пьесалар мен көптеген тарихи романдар жазған. 19 ғ-дың 50-жылдары бірқатар шығармалары орыс тіліне аударылған. М. Әуезовтың айтуынша Д-ның «Үш ноян», «Жиырма жыл өткен соң», «Патша қатын Марго», «Генрих Наварский» туралы трилогиясы Абайға да таныс болған. Абай оқыған бұл кітаптар ақынның Семейдегі әдеби-мемориал. музейінде сақтаулы. *Р. Батырбекова.*

ДЯЧКИН Андрей Андреевич (1930 ж. т.) – график-суретші. Қондырғылы және кітап графикасы, экслибрис саласында жұмыс істейді. Қазақстан Республикасының еңбек сің. өнер қайраткері. Ол Абайдың лири-



Абайдың лирикасы бойынша. А. А. Дячкин. Күз. 1971.

касы бойынша «Күз» тақырыбын шығармаларына арқау етті. Алғашқы еңбегі 1960 ж. (қағаз, көмір), келесісі – Жидебайдағы «Абайдың бейіті басындағы ескерткішін» 1968 ж. (қағаз, линогравюра, Семейдегі Абайдың әдеби-мемориал. мұражай қорығында) және екі рет 1971 ж. (қағаз, офорт, акватинта) жазды. Алғашқы 2 еңбек автордың жекеменшігінде, үшіншісі мерейтойға арналған «Абай» атты альбомға енді.



ЕГІЗДЕУ (п а р а л л е л и з м – қатарлас, қанаттас, мөлшерлес, теңдес) – өлең сөйлемдерінің лексикалық-грамматикалық өрілімінің, суреттілік-мағыналық байланыстарының үйлесімділікке, ұқсастыққа, шамаластыққа негізделуі, қайталауға құрылуы. Егіздеу тәсілі екі құбылысты салыстыру арқылы жасалады. Поэзиядағы Е. – стилистик. жағынан тепе-тең, мағыналас, мәндес сөйлемдер легі бір-бірімен тектес, төркіндес құбылыстар. Е-дің екі түрі болады: біріншісінде сөйлем құрылысы жағынан біркелкі келеді, екіншісінде – психол. тұтастық көрініс табады. Психол. Е. көне заманның синкретті өнерінде біртіндеп дами бастаған. Сыртқы және ішкі дүние құбылыстарының диалектик. қарама-қарсылығынан, яғни болмыс пен таным иесінің арасында қайшылық байқалғанда, психол. Е. туындайды. Абай психол. Е-дің көмегімен ырғақтық және ұйқастық жағынан бірыңғай сөйлемдер құрады. Адамның көңіл-күй, ой-сезім толқындарының өзгерісін, жан жүйесінің ішкі әлемін табиғат, жаратылыс құбылыстарымен астастырып, сабақтастырып, тұтас күйінде толғаудан туған көркемдік дәрежесі биік, сапасы жоғары психол. Е -ге ақынның мына өлеңі айғақ.

Көк ала бұлт сөгіліп,
Күн жауады кей шақта.
Өне бойың егіліп,
Жас ағады аулақта.
Жауған күнмен жаңғырып,
Жер көгеріп күш алар.
Аққан жасқа қаңғырып,
Бас ауырып, іш жанар.

Ақын айтайын деген ой-пікірін ғаламзаттың табиғи құбылыстары арқылы сипаттап, салыстырып сөйлегенде өлең сөздің әсерлілігі, әсемдігі еселене түседі. *С. Негімов.*

ЕДІЛ – түркі тілдес халықтар И т и л ь немесе Е д і л деп атаған, Европадағы ең үлкен өзен. Абай «Байлар жүр жиған малын қорғалатып» өлеңінде:

«Беріп келсе бір арыз бұтып-шатып,
Елді алып, Еділді алып есіреді...» –

деп, байларға тыныштық бермей малын талап алу үшін жоғары жаққа арыз жазып, «Еділді алғандай есіріп», «құртатын болғанына» мәз болып, пісіп-кеуіп жүрген ел ішіндегі қу, сұм, пысықтарды өткір сынға алады. *Ә. Пірманов.*

ЕКІ СИПАТ. Абай Отыз сегізінші сөзінде және *«Алла деген сөз жеңіл...»* өлеңінде хауасқа ерекше мән бере қарайды. Адам бойындағы ақыл, ғылым, білімнің (кәсіби) пайда болып, шығар көзі жанның жибили қуатында жатқанын меңзейді. Сыртқы болмысты хауас (сыртқы, ішкі сезім) арқылы көңілге сәулелену жолымен рухани қазынамызды қорландырамыз. Абай сыртқы бес сезім (хауаси хамса заһири) мен ішкі бес сезімді (ес, қиял, ой, сөз, жауанмәртлік) хауасқа балама ретінде алып қарайтыны Отыз сегізінші сөзінде анық байқалады. Себебі, Абай хауасты алланың бойындағы сипаттармен ұштастыра қарайды. Исламиятта алланың бойында сегіз сипат: 1. Хаят (өмір). 2. Ғылым. 3. Құдірет. 4. Көру. 5. Есіту. 6. Тілек (қалау). 7. Сөз (кәлам). 8. Болдыру (тәкин) бар деп түсіндіреді. Осы алланың бойындағы 8 сипатқа Абай өз тарапынан нақылия, ғақылия дәлелдерге сүйене отырып, оған тағы да екі сипат: рахым мен әділетті қосады. Яғни бұл сезім сипатпен қосылып он сипатқа (хауасқа) айналады. Енді Абай алланың басындағы сегіз сипаттың ішінен Ғылымды алып, оған өзі қосқан Рахым мен Әділетті біріктіріп, өзінің гуманистік, адамгершілік асыл мұраттары туралы мораль философиясына жататын басты танымының негізін қалайды. Міне, осы таным негізінен келіп Абайдағы жауанмәртлік, толық адам, нұрлы ақыл туралы гуманистік ой-танымдары таратылады. Ал, екі сипаттың (рахым, әділет) Абай шығармаларында неліктен айрықша мәнге ие болатынын оның мораль философиясымен сабақтастығынан көреміз.

ЕЛЕБЕКОВ Жүсіпбек (1904–77) – аса көрнекті әнші. Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. Қазақ ән өнерінде өзіндік мектебі бар. Ол Абай әндерін халық арасына кеңінен насихаттаған өнерпаз. Е. Абай әндерін ақын-композитордың шәкірті *Әлмағанбеттен* үйренген. Сондықтан да Е-тың орындауындағы Абай әндерінде түпнұсқа – саздары, бояу түптүгел өзгеріссіз сақталған. 1944 ж. Л. Хамиди Е-тің орындауында Абайдың «Қарашада өмір тұр» әнін нотаға түсірген. Кезінде Б. Г Ерзакович Е-тен Абайдың «Айттым сәлем, қалам қас», «Сегіз аяқ», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл», «Ата-анаға көз қуаныш», «Бойы бұлғақ», «Тәңірі қосқан жар едің сен» («Татьянаның әні»), «Сүйсіне алмадым, сүймедім» әндерін нотаға түсіріп алған. Е-тың орындауында Абай әндері Қазақ радиосының алтын қорына көп таралымда күйтабақтарға жазылып алынған, телефильмдерге түсірілген. *З.Қоспақов.*

«ЕМЕН МЕН ШІЛІК» («Ш і л і к п е н е м е н б і р к ү н с ө й л е с і п т і...») – И. А. Крыловтың «Дуб и трость» аңыз мысалының 1898 ж. Абай аударған нұсқасы. Орыс ақынында 38 жолдан, Абайда 34 жолдан тұрады. Аудармада түпнұсқа мазмұны толық сақталған. Ешнәрсенің байыбына бармай, орынсыз мақтанып есіріп жүргенде қалай мерт болғанын білмей қалатын алаңғасарлар емен бейнесімен сықақталса, тіршілік талаптарының ыңғайына көне қоятын, өмірге бейім адамдар басы жерге тигенше иілсе де сынбай аман қалатын солқылдақ шілік бейнесінде мадақталған.
Мысал 11 буынды қара өлең (-а, -а, -б, -а) үйқасымен жазылған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Туынды басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Мүрсейіт қолжазбаларында, 1909, 1957 жылғы басылымдарда өлеңнің 1-шумағының 2-жолы «Аллаға, неден жаздың, сорлы?» – делініп, ал 1945 жылғы басылымда «Аллаға неден сорлы жаздың?», 1933, 1977 жылғы басылымдарда «Аллаға, сорлы неден жаздың?» болып берілген. *Т. Қожакеев.*

«ЕМ ТАБА АЛМАЙ...» – Абайдың 1890 ж. жазған өлеңі. Көлемі 27 жол. Махаббат тақырыбына арналған. Ақын алаңсыз ғұмыр кешкен пенденің ғашықтық дертіне шалдыққан сәттегі жүрек лүпілін, оның тауқыметін қарапайым тілмен әсем суреттейді. Былай қарағанда жұрттың бәріне мәлім көңіл-күй иірімін: от боп жанып, текке ұялып, күлер күлкі, ұйықтар ұйқы, ішер тамақтан қалған шарасыз жанның қасіретін баяндай отырып, Абайға ғана тән асқақ поэзия тіліне көшеді. «Жас теректің Жапырағы жамырайды, соқса жел. Түсті мойын, толды қойын, Ақты сел» деп тағдырдан шапағат күткен пәк көңілді жапырақ жайған жас терекпен әдемі салыстырады. Өлең 6–7 буынды қара өлең үйқасымен жазылған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Туынды басылымдарында аздаған текстол. өзгеріс кездеседі. Мүрсейіт қолжазбаларында, 1939, 1945, 1954 жылғы басылымдарда соңғы шумақтың 3-жолы **«Ештемеден қайғысыз»** деп алынса, 1957, 1977 жылғы жинақтарда 1909 жылғы басылымға сәйкес **«Ешнәрседен қайғысыз»** болып берілген. Өлең ағылшын, араб, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған. *И. Хасенов.*

ЕНИСЕЙ – Россия Федерациясының Красноярск өлкесі арқылы ағатын аса ірі өзендердің бірі. Абай «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген тарихи еңбегінде 17 ғ-да Е-дің жоғарғы ағысының

жағалауларын мекеңдеген Е. қырғыздарының шығу тегі мен кәсібі, салт-дәстүрі туралы тарихи деректер келтіреді.

«ЕҢБЕКШІ ҚАЗАҚ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») – РК(б)П Қазақ обл. комитеті мен Қазақ ОАК, кейін РК(б)П Қазақстан өлкелік комитеті мен аткомының органы. 1921–32 ж. аралығында шығып тұрған. Газет беттерінде оқу орындарында Абай шығармаларын оқыту мәселесі кеңінен сөз болды (Ә. Тәжібаев. «Қазақ әдебиетін оқыту туралы», 1930, 30-қазан). Ақын шығармаларының шеберлігі мен олардың тақырыбы мен идеясына, Абайдың дінге қатысы, әлеум. көзқарасы, өлеңдерінің таптық сипатына байланысты жиырмасыншы жылдарда өріс алған айтысқа белсене араласты («Абай өлеңдері туралы». 1925, 28-тамыз; Кенжебаев Б , «Абай», осында; С. Мұқанов, «Шешендер, қара тақтаға жазылып жүрмеңдер». 1923, 1 наурыз; Ы. Мұстамбаев, «Ақын Абай және пәлсапашыл Ілияс туралы». 1929, 10 қыркүйек). Бұлардан басқа І. Жансүгіров пен Ғ Тоғжановтың Абай әндерін сөз еткен (1931, 2 қараша), Абай өлеңдерінің ұйқас ерекшеліктерін талдаған редакциялық мақалалары («Өлең өнері», 1926, 3 маусым) жарияланды.

ЕРАЛЫ ЖАЗЫҒЫ – Семей обл., Абай ауд. М. Әуезов атынд. шаруашылық жеріндегі қоныс. Ені 10–20, ұз. 30–40 шақырым. Кеңгірбай бидің баласы, Бөжейдің әкесі Ералы дүние саларында ағайын-туғандарын жинап алып, арыз-хош айтысып жатып: Ащысу ө-ні бойындағы төбені нұсқап, «Ертең мұнда Ералым жатыр демейсіңдер ме, ана төбеге жерлеңдер», – деп өсиет қалдырған. Бұрынғы Семей-Шыңғыстау тас жолының бойындағы, қазіргі Семей-Қарауыл тас жолынан 4–5 шақырым жердегі төбе басындағы бейіт Ералынікі болғандықтан, жайлау Е. деп аталып кеткен. Мұнда Еңлік пен Кебек жерленген. Ұрпақтары басына ескерткіш-белгі қойған. Ащысу ө-н қақ жарып ағатын Е. қорығы бойында Абай көп тарихи оқиғаларды бастан кешіріп, інжу жырларын осы Е. ж-нда қағаз бетіне түсірген. 1917 ж. маусымда М. Әуезовтың «Еңлік-Кебек» пьесасы киіз үй сахнасында қойылған Ойқұдық қонысы да осында. *Б. Сапаралы.*

ЕРБОЛ Көмекбайұлы (1843–84) – Абайдың жақын досы, Тобықтының Бөкенші руының Жанақ атасынан тарайды. Орташа дәулеті болған. Е. сөзге жүйрік, өнерлі, кісіге жұғымды адам болған. Абай мен Е. алғаш Бөкеншінің беделді адамы Жанкөбекұлы Сүйіндіктің ауылында танысқан. Абай Сүйіндіктің қызы Тоғжанға ғашық болып, екеуінің табысуына Е. көмектескен. Бертін келе 1884 ж. Күшік-тобықты болыс сайлауында Е. ақынға қарсы астыртын әрекеттер жасап, Оспан Құнанбайұлының орнына Бөкенші ішінде Жанғабыл Күнту Шоңқаұлын болыстыққа өткізіп жіберуді ұйымдастырған. Досының опасыздығына налыған Абай осы тұста *«Көңлім қайтты достан да, дұшпаннан да...»* деген өлеңін жазған. 1884 ж. күзде Семейге мал сатып, керек-жарағын алып қайтып келе жатқан Е. жол үстінде ауырып, кенеттен қайтыс болады. Оның өлімі Абайға қатты батады. Ақын Шыңғыстау бөктеріндегі Қарауыл ө. бойына өз қолынан жерлеп, қабірі басына төрт құлақты мазар көтерген. Е-дың жетім қалған 5 жасар баласы Мағауия мен әйелі Қалқаға Абай қамқорлық жасаған. Е-дың кейінгі кезде қайта қалпына келтірілген мазары Семей обл., Абай ауд. Абай атынд. Олжабай елді-мекенінде. *Б. Сапаралы.*

ЕРҒАЛИЕВ Хамит (1916 ж. т.) – ақын. Қазақстанның халық жазушысы. «Біздің ауылдың қызы», «Сенің өзенің», «Жайық жырлары», «Күн күмбез», «Құтты қоныс», «Жанарымда жұмыр жер», 3 томдық таңдамалы т. б. өлеңдер мен поэмалар жинақтары жарық көрген. А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, У. Шекспир, Ә. Науаидың туындыларын, қырғыздың «Манас», қарақалпақтың «Қырық қыз» атты халық жырларын аударған. Абайтану мәселелеріне де қалам тербеп, «Абайдың туғанына 100 жыл» («Социалистік Қазақстан», 1945, 14 шілде), «Салтанатпен сән түзеп» («Қазақ әдебиеті», 1971, 5 қазан) атты мақалалар жариялады. Абай рухына арнап «Қараңғы түнде тау қалғып», «Ақын көрінісі» (Ақынға. – А., 1954), «Ұрпақ үні» (Таңдамалы өлеңдер мен поэмалар. – А., 1982) өлеңдер жазды. Е-қа «Алтын зерең» атты өлеңдер мен дастандар жинағы үшін Қазақстан Республикасының Абай атынд. Мемл. сыйл. берілді. *С. Қалуов.*

«ЕРЕКШЕ ЕСТЕН КЕТПЕС ҚЫЗЫҚ ҚАЙДА...» – Абайдың 1897 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 3 шумақтан тұрады. Ақынның өткен күнді еске алып, ойға кеткен тебіреністі шағын елестететін элегия үлгісіндегі лирик. туынды. Автор махаббатты адам өміріндегі ең қызықты дәуренге балайды да, оны тіршілікте тындырған жақсы істер мен өшпес өнегелі өмірдің қатарына қояды. Сонымен бірге сүйіспеншіліктің басты шарты сұлулық емес, парасатты ақыл, таза жүрек, биязы мінез екенін де ескере кетеді. Өмірде бастан кешкен өз қызығың жұртқа жасаған жақсылықтан бір де кем түспейтінін айта келіп, ақын адам өмірінің осындай ізгілік пен сүйіспеншілікке толы болуын жақтайды.

Шығарма 11 буынды қара өлең үлгісінде жазылған. Алғаш рет ақынның 1940 ж. жарық көрген толық жинағында (2-т.) жарияланған. Басылымдарында текстол. өзгерістер кездеспейді. Бірақ барлық басылымдарда: өлеңнің **«Бәрінің де қызығын көріп білсек»,** – деп алынып келген соңғы жолы ақынның 150 жылдық мерейтойына арналған академиялық басылымды әзірлеу үстінде 1907 жылғы Мүрсейіт қолжазбасы бойынша: **«Бәрінің де қызығын көріп өлсек»,** – деп түзетілді. Шығарма бұрынғы жинақтарға Абай аударған М. Ю. Лермонтовтың «Қасиетті дұға» (*«Өмірден тепкі жесем жазығым жоқ»*) өлеңінің жалғасы ретінде қате басылып келді. Кейін 1977 жылғы жинақтан бастап ақынның дербес өз туындысы ретінде қабылданып, жарияланды. *Ж. Ысмағұлов.*

ЕРЖАНОВ Манарбек (1901–66) – атақты әнші, актер, композитор. ҚазССР халық артисі. Жасынан ән-күйге құмар болып өседі. Біржан сал, Ақан сері, Жарылғапберді, Естай, Шашубай әндерін айтып, ел аузына ілінген. 1928 ж. Қазақ драма театрына қабылданып, алғашқы актерлердің бірі болды. 1931–32 ж. Риддердегі (Лениногорск) жұмысшы жастар театрында, 1934 ж. Алматы муз. театрында (Опера және балет театры) әнші-артист болды. А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» операсында Әзім бейнесін сомдады. Оның орындауында «Ардақ», «Ағаш аяқ», «Смет», «Топай көк», Абайдың «Сегіз аяқ» әндері қазақ радиосының фонотека қорында сақтаулы. *Ә. Телғозиев.*

ЕРЖАНОВ Мәлс Төленұлы (1931–92) – театр суретшісі, графикші, плакатшы. Кескіндеме саласында жұмыс істеген. Оның «Абай әндері» жазылған күйтабақ үшін конверттер (гуашь, 25 х 25), «Татьянаның хаты» (1971, линогравюра), «Көне Верный» топтамасына енетін «Абай көшесі» (1959, қағаз, картон) жұмыстары бар. «Татьянаның хаты» суретінде қолына кітап ұстаған Абайдың жазу үстелі жанындағы орындықта ойға шомған келбеті бейнеленген.



Татьянаның хаты. М. Ержанов. 1971.

ЕРЗАКОВИЧ Борис Гиршевич (1908 ж. т.) – муз. зерттеушісі, комп., Қазақстан Республикасы Ұлттық ҒА-ның корр.-мүшесі, өнертану ғыл. докторы, проф., Қазақстан Республикасының еңбек сің. өнер қайраткері. 1931 жылдан қазақтың муз. фольклорын жинап, зерттеу жұмысымен шұғылданады. 2 мыңнан астам қазақтың халық муз. туындыларын, Абай әндерін жинап, нотаға түсірді. Олардың бірқатары Абайдың 2 томдық шығармалар жинағында (1940) жарияланған. Е. нотаға түсірген Абайдың «Айттым сәлем, қалам қас», «Сегіз аяқ», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл», «Ата-анаға көз қуаныш», «Бойы бұлғаң», «Тәңірі қосқан жар едің сен» («Татьянаның сөзі»), «Сүйсіне алмадым, сүймедім» әндерін әншілер Темірболат Арғынбаев, Қуан Лекеров, Жүсіпбек Елебеков және М. О. Әуезовтың айтуынан жазып алған. Бұл әндер Е-тің басшылығымен ҚазССР ҒА-ның өнертану бөлімі әзірлеген «Абайдың музыкалық творчествосы» (1954) атты жинақта жарық көрді. Ол осы әндерді толықтырып, өңдеп, 2-рет «Айттым сәлем, қалам қас» деген атпен 1986 ж. «Өнер» баспасынан жарыққа шығарды. Мұнда Е. «Абайдың қазақ музыкасына қосқан үлесі» атты алғы сөз жазған және 1954 жылғы жинаққа енбеген Абайдың «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» әні қосылған. Е. Абайдың «Көзімнің қарасы», «Бойы бұлғаң», «Ата-анаға көз қуаныш», «Сегіз аяқ» әндерін фортепиано сүйемелдеуімен жеке дауысқа, хорға лайықтап өңдеген. *М. Ахметова.*

ЕРКЕЖАН Ибаққызы (1858–1927) – Абайдың әмеңгерлік жолмен алған әйелі. Е. Тобықтының Мәмбетей Тасболат атасынан. Оны Құнанбай баласы Оспанға айттырып әперген. 1891 ж. Оспан қайтыс болған соң, Е. өз ықтиярымен Абайды таңдаған. Зере мен Үлжанды өзіне өнеге тұтып, жақсы қасиеттерін бойына сіңірген Е. атасы Құнанбайды, Оспан мен Абайды, Ділдә мен Әйгерімді ақ жауып, арулап өз қолынан ақтық сапарға аттандырған. Жидебайдағы Абайдың мұражай-үйінде Е. тұтынған, бетін үйектеп оюлап, күмістеп жасаған ағаш төсегі, төсек жапқышы, бет орамалы, камзолының көзіне құнды тас қондырылған екі түймесі сақтаулы. Е. денесі Жидебайдағы Оспан мен Абайдың төрт құлақты зираты қасына қойылған. *Б. Сапаралы.*

ЕРКІН ТІРКЕС – кемінде толық мағыналы екі сөздің байланысынан тұратын сөздердің тіркесі. Еркін сөз тіркесінің етістікті сөз тіркесі және есімді сөз тіркесі деп бөлінетін түрлерінің екеуі де Абай шығармаларында жиі кездесіп отырады (**жастықтың оты, жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан** т. б.). Еркін сөз тіркесіндегі сыңарлардың байланысу түрлері ретіндегі қиысу (**мен жазбаймын**), матасу (**наданның көңлі**), меңгеру (**кісілікті ойламай**), қабысу (**баяғы жартас**), жанасу (**ақыры өлең қылдым жасыдым да**) мол ұшырасады. Абай шығармаларында, әсіресе, қабыса байланысқан сөз тіркесінің басыңқы сыңарының толық мағыналы сөздердің тізбектелуі арқылы түйдектеле түсетіні білініп тұрады: **қой мойынды** (ат), **қоян жақ** (ат), **теке мұрын** (ат), **бөкен желіс** (ат). Сөбептік қатынастағы сөз тіркестерінде шығыс септігіндегі сөздің орнына барыс септігіндегі сөздің қолданылатыны бар: **сағынышқа сарғайма.** Осындай себептік мағынаны білдіргенде көмектес септігі де жұмсалады: **рахатпен әлсіреп.** Әдетте мақсаттық мағынаны білдіру үшін Е. т-тегі бағыныңқы сыңар түйық етістікке барыс септігінің жалғауын жалғайды (**мұндасуға, сенісуге, үйренуге**), ал мұндай қызмет атқаратын сөздер Абай шығармаларында болжалды келер шақ тұлғасына барыс жалғауын жалғау арқылы жасалады: **мұндасарға, сенісерге, үйренбекке.** «Ойла» сөзі абстрактылы сөзбен тіркесіп, бағыныңқы сыңары табыс септігінің

жасырын түрінде келеді: **пайда ойлама,** ар туралы ойла деудің орнына.
Абай өлеңдерінде де, көлемді поэзиялық шығармаларында да, прозасында да қазіргі қазақ әдеби тілінде қолданылатын Е. т-тердегі сөздердің байланысу түрлерінің толық сақталуымен бірге, сәл айырмашылықтардың болуы ұлы ақынның қолтаңбасын, ана тіліндегі сөздерді тіркестірудің мол мүмкіндігін білгірлікпен, саналы түрде пайдаланғандығын көрсетеді. *М. Серғалиев.*

ЕРСӘЛІМОВ Балтабек(1938 ж.т.) – филолог. этнограф. Абайдың жиені. Ақын шығармаларын насихаттау ісіне белсене араласып келеді. Семейдегі Абай қорын ұйымдастырып, ашушылардың бірі. 1990 жылдан оның директоры. 1992 ж. «Абай» журналының қайта шыға бастауына айтарлықтай үлес қосты. 1993 ж. баспадан жарық көрген «Абайдың ақын шәкірттері» деген жинақтың жауапты шығарушысы.

ЕРТІС – Россия Федерациясы (Бат.-Сібір) мен Қазақстан Республикасы жеріндегі өзен. Абай «Байлар жүр жиған малын қорғалатып» атты өлеңінде:

«Барып келсе Ертістің суын татып,
Беріп келсе бір арыз бұтып-шатып,
Елді алып, Еділді алып есіреді...» –,

деп, жоғары жаққа арыз жазып қарсыласын құртатын болғанына «ісіп-кеуіп, қабарып» жүрген мақтаншақтарды, ұлыққа арқа сүйеген пәлекөр пысықтарды сынайды.
Ә. Пірманов.

«ЕРІКСІЗ ТҮСКЕН ЫЛДИДАН...» – Абайдың кейіннен табылған өлеңі. Көлемі 4 жол. Өлеңді ел аузынан жазып алушы С. Қасимановтың деректеріне қарағанда Семейде айдауда жүрген саяси сенімсіз адамдармен байланысы бар болуы керек деген күдікпен 1903 ж. ақын үйін тінтуге арнайы кісі келіп, ауыл сыртында жүрген Абай ылдидағы үйіне қарай қайтып келе жатқанда сәл сүріне кеткен кезде айтса керек. Болмашы нәрсеге сыр алдырғандай болып, асығыстық танытқанына өзін-өзі мысқылдап, ойламаған жерден тіліне оралған, құлаққа ойнақылау естілетін бір ауыз өлеңнен ақынның әділетсіз өмірге деген ыза-кегі, кісінің арнамысын аяққа басатын зорлық-зомбылыққа бас имейтін тәкәппар тұлғасы айқын көрінеді. Ақын жаны біреуге еріксіз мойын ұсынғаннан, өкпені ұшыратын өрді артық көреді, қорлықпен, құлдықпен кешкен тіршіліктен өлгенін артық санайды. Өлең 8 буынды шалыс ұйқаспен шығарылған. Табан астында айта салған сөздер болса да Абайға тән көркем де өткір тіл меңмұндалап тұр. Түрі мен мазмұны жағынан таза мақал болып шыққан. Алғаш рет ақын шығармаларының 1961 жылғы бір томдық толық жинағына енгізілді. Кейінгі басылымдарында ешқандай текстол. өзгерістер байқалмайды. Өлең қарақалпақ тіліне аударылған. *Т. Рсаев.*

«ЕСЕК» («Қырық елу қос бір жерден...») – Абайдың 1898 ж. И. А. Крыловтан аударған мысал-өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 10 шумақтан тұрады. Абай Крыловтың мысал-өлеңін өзінше түйіндейді. Абай мысалының мазмұны Крылов шығармасынан мүлдем өзгеше. Крыловта есек мойнына қоңырау таққанға мәз болса, Абайда үстіне алтын артқанға есіреді. Біріншісінде – алғашында қоңырауына мәз болған есек артынша-ақ одан опық жейді. Екіншісінде – есек үстінде алтыны бар кезде құрмет көреді де, оны жеткізіп алған соң «боқ тасуға жегіледі». Орыс ақынының мысалынан: жылпостар қалай шені өссе, солай адам танымастай өзгеріп кетеді деген түйін білінсе, ал Абай өлеңінен ақынның өзі айтқандай:

«Қарасаңшы бойыңа,
Ұзын құлақ қалпың ғой.
Жұрт ергені соңыңа –
Үстіндегі алтын ғой», –

деген әлеум. үлкен ойды аңғаруға болады. Түпнұсқа 25 жолдан тұрса, Абай оны толықтырып, 40 жолға жеткізген. Өлең 6–7 буынды шалыс ұйқаспен кестеленген. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Туынды басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1945, 1954 жылғы басылымдарында 7-шумақтың 4-жолы **«Жаппарқұл мырза»** атанған делінсе, кейінгі жинақтарда бұл жол Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1910) мен 1909 жылғы жинақ негізінде **«Жаппарқұл мырза»** аталған болып берілген. *Д. Ысқақов.*

«ЕСЕК ПЕН БҰЛБҰЛ» («Тойған есек шөпті оттап маңайдағы...») – Абайдың 1898 ж. И. А. Крыловтан аударған мысал өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 7 шумақтан тұрады, көлемі 28 жол. Түпнұсқаның мазмұны аудармада дәл берілген. Соған қарамастан, Абайдың мысал өлеңінде тыңнан қосылған, не болмаса алынып тасталған жолдар бар. Орыс ақынының туындысында есек бұлбұлды көріп: «Достым, тыңдашы. Жұрттың бәрі «сені» керемет әнші», – деп мақтайды. – Мен сенің әніңді тыңдап, сенің шын шебер әнші екеңдігіңе көз жеткізгім келеді», – дейді. Абай есекті бұлбұлға бірден кезіктірмей, алдымен есектің жай-күйінен хабар береді. Бұлбұл әнін орыс ақыны 12 жолмен суреттесе, Абай оны 8 жолмен-ақ дәл жеткізеді. Түпнұсқада Крылов алдымен желдің тынып, құстар шуылының басылғанын айтып, содан кейін барып малдың жатқанын, қойшының елтіп тыңдап тұрғанын суреттесе, Абай әнді алдымен тыңдатып, табиғатты соңынан елжіретеді. Сөз суреттерінің орны ауысқанымен, аударма сол қалпында шыққан. Бұлбұл әнін тыңдап болған соң есек оған: «Әнің жақсы екен, бірақ сенің әтеш әнімен таныс емес екендігің өкініштi-ақ. Содан бір азырақ үйренсең, бұдан да жақсы болар еді» дейтін 6 жолды Абай 4 жолмен береді. Крылов мысалы «Құдайым бізді де осындай сарапшылардан сақтасын» деген бір-ақ жолмен қорытындыласа, Абай айтқысы келген ойын:

«Демеймін жұрт мақтасын,
Я жақсын, я жақпасын

Сүйтсе де мұндай сыншыдан
Құдайым бізді сақтасын», –

деген 4 жолмен түйіндейді. Өлеңнің бастапқы 6 шумағы 11 буынды, соңғы 7-шумағы 7 буынды қара өлең ұйқасымен (-а, -а, -б, -а) кестеленген. Ал Крылов өлеңі 6, 8, 9, 12, 13 буынмен өрнектелген, көлемі 29 жол. Туынды алғаш 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» жинағында жарияланды. Мүрсейіт қолжазбаларында түпнұсқасы бар. Шығарманың басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1945, 1954, 1957 жылғы жинақтарда 1-шумақтың 3-жолы **«Қаңғырып өлкені өрлеп келе жатып»,** 7-шумақтың 1-жолы **«Демеймін мені мақтасын»** түрінде басылса, 1977 жылғы жинақта бұл жолдар 1933 жылғы басылым негізінде **«Тентіреп өлкені өрлеп келе жатып», «Демеймін жұрт мақтасын»** болып түзетілген. *Д. Ысқақов.*

ЕСЕНБАЙ Шоқбайұлы (1850–1925) – Абай замандасы. Жасынан турашыл, әділ сынап, кемшілікті бетке айтатын шешен, Абай мектебінен нәр алған төкпе ақын болған кісі. Абайды аға тұтып, көзі тірісінде-ақ данышпан санаған. Ақынды Семейге ұлықтар тергеуге шақыртқанда, арнайы іздеп келіп, өлеңмен сәлем берген:

«Ассалаумағалайкүм, Абай аға, арыстаным,
Ойда ұлық, қырда қыңыр алысқаның.
Қайда жүрсең аман жүр, данышпаным.
Сатқындар ұлықтармен жанасады,
Жанасып ақыл-ойдан адасады.
Құдай дана жаратқан, Абай аға,
Сізбенен қандай сұмырай таласады».

С. Карамендин.

ЕСЕНБЕРЛИН Ілияс (1915–83) – жазушы, ақын, драматург Оның «Сұлтан», «Айша» дастандары, «Қатерлі өткел», «Ғашықтар», «Маңғыстау майданы», «Аманат», «Көлеңкеңмен қорғай жүр» романдары мен «Көшпенділер» трилогиясы енген он томдық шығармалары жарық көрген. «Таудағы тартыс» пьесасы респ. театрлары сахналарында қойылған. Қазақ ұлттық интеллигенциясының қалыптасу жолындағы күрделі әлеум. және рухани құбылыстар, елеулі тарихи кезеңдер шеберлікпен баяндалатын «Айқас» романы үшін Е-ге ҚазССР-інің Абай атынд. Мемл. сыйл. берілді.

ЕСЕНЖАНОВ Хамза Исаңұлы (1908–75) – жазушы. Оның «Көп жыл өткен соң», «Ағайынды Жүнісовтер» романдары оқырман қауымға жақсы таныс. Жазушы «Абайдың академиялық баспасы туралы» деген мақала жазған («Социалистік Қазақстан», 1937, 6 ақпан). Е-қа 20 ғ-дың бас кезіндегі қазақ халқының басынан өткен саяси-әлеум. оқиғалар суреттелетін «Ақ Жайық» трилогиясы үшін ҚазССР-інің Абай атынд. Мемл. сыйл. берілген.

ЕСЕНТАЙ (т.-ө. ж. б.) – Абайдың замандасы. Тобықтының Сарымырза атасынан. Абаймен бірде дос, бірде қас болған. Кейін Оразбай тобына қосылып, ақынға қастандық жасаушыларды қолдаған. *Б. Исабаев.*

ЕСКЕНДІР Зұлқарнайын, Александр Македонский (б. з. б. 356–323) – ежелгі дүниенің аса ірі әскери қолбасшысы, мемл. қайраткері. Македония патшасы Е-дің бүкіл саналы өмірі жаугершілікпен өткен. Әскери талантының қалыптасуына әкесі *Филипп II* ықпал еткен. Ол Дунайдан Үнді өзеніне дейін созылып жатқан ұланбайтақ жерді басып алып, үлкен мемлекет құрған. Алайда Е. өлгеннен кейін, өзара алауыздық қырқысулар салдарынан мемлекет ыдырап құлаған. Е-ді мадақтаған қисса – дастандар Шығыс елдерінің көбінде бар. Оны Шығыс жұлдыздары Низами, Фирдауси лер де жырлап, көлемді шығармалар тудырған. Оларда Е. «18 мың ғаламды биле ген» жер бетіндегі теңдесі жоқ, әрі батыр, әрі кемеңгер қолбасшы ретінде суреттеледі. Ал, Абай *«Ескендір»* дастанын жазған. Онда Е-ді мейірімсіз әрі тойымсыз қатал басқыншы, қаһарлы әмірші тұрғысынан бейнелеп, оның басқыншылық саясатына сын көзбен қарайды. Ақынның *«Бермеген құлға қайтесің»* өлеңінде соншама жұртты биле ген Е-дің бұл дүниеден өткенін мысалға келтіріп, өлмейтін пенде жоқ екенін көңіне медеу тұтады. *С. Қалуов.*

«ЕСКЕНДІР» – Абайдың дастаны. Жазылған жылы белгісіз. Әрқайсысы 4 тармақты 42 шумақтан тұрады. Ең алдымен бұл поэманың негізінде жатқан тақырыптың төркін-тегі туралы біраз деректер айтып өтелік. Шығыста Ескендір, орыс пен Европа елдерінің атауынша Александр – бар дүние жүзі халықтарының аңыздарында, ертегі, дастандарында ерекше орын алған адам. Біз бұл тұста тарихтағы Ескендірдің көпшілікке мәлім жайларына тоқталмаймыз. Аңыздар мен әдебиеттегі Ескендір жәйі Абайдың мына поэмасының тұсында бізге төтелей жақын деректер береді. Соларға тоқтаймыз. Шығыс елдерінде, әуелі Иранның аристократиялық аңыздарында Ескендір образы көп әңгімеленген. Сол замандардан бері қарай Византия (Рум) аңыздарында да оның жәйі көп айтылады. Атақты Фирдауси өзінің «Шахнамасында» Ескендірдің туысын жоғарыда аталған Иран аристократтарының лақабы бойынша баян етеді. Оны Филикустың баласы емес, Иранның шахы – Дараптың (Дари үшінші Кадоманның) баласы дейді. Ол біздің эрадан бұрын 110–335 жылдар арасында Иранда шахтық құрған. Өзі Ахеменидтер әулетінің ең соңғы әкімі болады. Рум әңгімесі де Ескендірдің туысын тарихтан өзгертіп, аңызды әңгімеше баяндайды.

Шығыс ақындарынан азербайжанның атақты классигі Низами ғана өзінің «Ескендірнамасында» жаңағы бұған дейін жеткен екі тарау аңыздарды теріске шығарады. Ол анық тарихтық шындық бойынша Филикустың (Филипптің) өз баласы етіп жырлайды. Ескендірді, соңғы тапқан деректерімізге қарағанда, Абай Ескендір жайындағы аңыздыды, түгелімен сол Низамидің «Ескендірнамасынан» алған.

Азербайжан ұлы классигінің ең зор поэмасы – «Ескендірнама» сансыз көп оқиғалардан, көп тарау, бөлімдерден құрылған аса

бай мазмұнды дастан. Ескендірдің жоғарыдағы Даримен соғысқаны, онан соң азербайжан патша әйелі – Нушабемен кездескені, Ескендір мен Хақан әңгімесі, қытай, торан өлкелерінде жүрген сапарлары және терістік өлкедегі бір ғажайып бақыт, молшылық, әділет орнатқан елдікке ұшырасуы – бәрі де Низамиде мол баян етіледі. Кейін Ескендір терістік сапарына барып, Яжуждерге қарсы қорған соғады. Осы алуандас толып жатқан шытырман оқиғалы, күрделі сюжеттер тарайды. «Ескендірнаманың» тағы бірнеше тараулары сол Ескендірдің түн тарапына шеккен сапарына арналады. Ол сапарға Ескендір Әбулхаят суын (мәңгі тірлік беретін суды) іздеп барады.

Түн дүниесінде, ұзақ қараңғылық сапарында, сан қиыншылықтар ортасында қалың қолмен жүрген Ескендірді бастаушы Хызыр болады. Бұлар іздеген Әбулхаят суын Хызыр жалғыз тауып, өзі ішіп, жуынып алады. Астындағы ақ боз атын да әрі суарып, әрі суға шомылдырады. Бірақ, ғажайып су енді Ескендірге білдірмек болғанында, ғайып боп жоғалып кетеді. Сөйтіп, бар мұсылман аңыздарындағы мәңгі тірлік алған Хызырдың жәйін Низами өз поэмасында осылайша әңгімелеп дәлелдейді.

Сол түн тарапта жүргенде, кезу үстіндегі Ескендірге сыры, жәйі мәлімсіз бір жас кездеседі. Ол жас періште деп айтылады. Сол жан Ескендірге өзгеше сыры бар кішкентай тас береді. «Кейін ойласаң, осы тастан көп сыр көресің, ой табасың», – дейді. Түн тарапынан Ескендірдің барлық серіктері неше алуан қымбат, асыл тастар алып қайтады. Ескендірдің алғаны – жаңағы титтей тас. Кейін Ескендір өзінің ойшылдарымен бірге отырып, сол тасты сарапқа салады. Тас таразыға түскенде, барлық өзге асылдың барлығын баса береді. Оның салмағына қарсы қандай қазына үйсе де барабар келмейді. Осы күйге қайран болған Ескендірдің қасына Хызыр келіп бір уыс топырақты кішкене тастың үстіне тастай бергенде, тас жағы жеңілдеп, аспанға көтеріледі. Сонда Ескендір өзгеден бұрын өзі ойшылдық танытып, «топырақтан біткен – топырақтан ғана тойым табады» деп, терең байлау жасайды.

Міне, біздің білуімізше Абай пайдаланып отырған сюжет Низами жазған – «Ескендірнаманың» дәл осы тұсынан алынған. Бірақ, Абай поэмасын білетіндерге мәлім, жаңағы әңгіменің желісін Абай өзінше өзгертіп, өсіріп алған.

Абай шығыс әдебиетіндегі ұлы классиктер мол баяндаған күйге түгел тоқтап, бағынып қалмайды. Ол аңызды өзінше, көп жағынан өмір шындығына жақындатып, реалистік стильге бұрады. Ең алдымен аңызды Европа тарихы мен мәдениетінен өзі білген Александр Македонский жайына қарай бейімдейді. Ескендірдің әкесі Абайда Филипп болып аталады. Тарихтағыдай оның астанасы – Македония шәһәрі болады. Және де тарихтық дәл деректер бойынша ертегілік Хызырдың орнына Ескендірдің тәрбиешісі болған философ Аристотель кіреді. Сөйтіп, адамдары мен олар арасындағы мінез-қатынастарға Абай тарихи шындықты негізгі арқау етеді. Аңыздан бұрын тек кішкентай тас (Абайда кішкене көз сүйегі) және оның өзгеше сыры ғана сақталады.

Бұдан өзге Абайдың үлгі іздегіштік, сыншылдық бір ерекшелігі тағы бар. Низами өз поэмаларында Ескендірден бұрын кездесетін Хосрау, Бахрамгур немесе Дарап сияқты тағы басқа солардай шахтардың барлығын да сынаумен мінеп көрсетіп еді. Жалғыз-ақ, Ескендірге келгенде, Низами оны барлық бұрын-соңғы өмір иесі хан – сұлтанға, шах – әмірлерге анық айыпсыз, мінсіз үлгі етіп көрсеткен. Ол әділетті, ойшыл асыл зат. Кейінгі поэманың тарауында Низами Ескендірді даналық дәрежесіне жеткізеді. Дүние жүзінің бар білгіш, ойшылдарының ортасында көрсетеді. Оған бір заман ғайыптан келген ғажайып үн, бұдан ары пайғамбарлыққа арналғанын білдіреді. Мұсылманшылық аңызы бойынша уахи келеді. Ол бар жиһанды кезіп, адамзатқа ізгіліктің жолын танытпақ керек деген әмір болады. Барлық шығыс поэзиясында Ескендірдің сипаты осы алуандас зорайып, қастерлеп алынған болатын. Ал Абай поэмасына келсек, мүлде олай емес. Жасы әрең жиырма бірге келген, атыраптағы көрші елдердің бәрін бағындырмақ боп, оңды-солды қастан көз тастап тұрған жаһанғер, қан төккіш патша көрінеді. Қанша алса да тоймайтын, қанағатсыз хан бейнесі беріледі. Сол тыйымсыз, тойымсыз әміршінің өз өмірінде жалғыз рет тылсым қуаты бар, жасырын сыры бар және жол бермес тас қақпаға кездесуі Абайша үлкен мол мағынамен келтіріледі.

Ескендір Абай поэмасында дәріптелмей, сыналады. Оған ақылшы болған Аристотель өзінің әмірші патшасынан сонағұрлым биікте, анық қасиет иесі боп суреттеледі. Бұл – Абайдың өзі айтатын афоризм «бақпен асқан патшадан мимен асқан қара артық» деген терең сырлы нақылға дәл келетін халдер.

Осы айтылған жайларға қарағанда, Абайдың әкімшілікке көзқарасы бұрын мұсылман ғаламында болмаған жаңа сыншыл биік ойды танытады. Ескендірге де мұсылманның өткен тарихы, аңыздары, діншіл үгіттері ұйғарған табыну көзімен қарамайды. Азат ойлы, еркін әділ сыншы шығыс елдері таныған авторитеттің маскасын сыпырады. Өзінің гуманистік, адамгершілік нанымдарының тұрғысынан қарайды. Өз заманының озат ойлы сыншыл жазушыларының туралық ойын таратады. Бұнымен Абай Шығысқа қатты беделді боп жайылған ұғым-нанымдардың баршасына енді үлкен сынмен, талғаумен қарайды. Көп жәйді қайта бағалайтын, жаңаша саралап беретін ұстаз ақын екендігін танытады. Сонымен қатар айтылатын тағы бір өзгеше күй бар. Ол, Абайдың өзінен бұрынғы шығыс классиктерінің ұлы мұраларына баруда қолданған творчестволық іздену жолдары туралы. Абай Низами поэмасынан әңгімелік көп деректер ала-

ды. Бұл жөніңде ол белгілі дәрежеде шығыс әдебиетінде жүрген тұрақты бір дәстүрге соғады. Көпке мәлім болған тарихи шындықтар бойынша, шығыста бір классик жырлаған тақырыпты келесі буында, тағы бір шығыс ақыны қайталап әңгіме ететін тың дастандар шығаратын дәстүр бар еді. Сол қатарда Жүсіп-Зылиха тақырыбын, Ләйлі-Мәжнүн, Фархад-Шырын, Жеті шұғыла және осы Ескендір турасын немесе «құстар» тілі деген сияқты тақырыптарды бірінен соң бірі қайталап жазған ірі классиктер бар. Олар біреуінің тақырыбын біреуі алуды заңды жол еткен. Тек алдыңғының өлеңін алмай және көбінше алдыңғы айтқан оқиғаларды негізінде пайдаланса да көп жерін өз еркімен өзгертіп отырып, тыңнан жырлап шығаратыны болады. Бұлайша бір тақырыптың әр ақында қайталауы ешуақытта аударма деп танылу керек емес. Ол өзінше бір қайта жырлау, тыңнан толғау немесе ақындық шабыт-шалым сынасып, жырмен жарысу есепті бір салт еді.

Шығыс поэзиясы бұл салтты заңды деп біліп,. осы дәстүрге «Назира», «назирагөйлік» деп атау да берген. Абай сол дәстүрді жақсы біліп қана қоймаған, қолданған да, Назира жолымен алдыңғы ақынның поэмасы бойынша, қайтадан жаңа поэма жазатын бұрынғы ақындар да кейінгі заманының көзқарасын, творчестволық жаңа поэзиясын танытады.

Мыс.: Низамидің «Хамсасында» жырланған «Ләйлі-Мәжнүн», «Хосрау-Ширинді» өзбектің ұлы классигі Науаи қолға алып жырлағанда, көп тың жаңалықтар қосқан. Науаи өз дәуірінің ойшылы, өкілі болып отырып, Ләйлі мен Мәжнүннің махаббатына да тыңнан шындық сипаттар берді. Ал, «Фархад-Шырында» Низамидағыдай емес, Хосрау патшаны үлкен сыншыл оймен әшкерелеп, зұлымдық сипатта суреттейді. Абай болса, 19 ғ-дың орыс пен Европаның ағартушылық, гуманистік және сыншыл реализм бағытындағы үлкен үлгілерімен тәрбиеленген ақын болғандықтан, Ескендір жайында өз заманының тың сындарын еркін пайдаланады. Және өз поэмасының соңғы шумақтарында алыстағы Ескендір жайынан әңгіме қозғап келсе де, қорытынды өсиеттерін өз замандарына, өз оқушыларына арнайды. Бұрын өзге өлеңдерінде өзі айтып келген негізгі ойларға әкеліп саяды. Адамгершілік, ақтық, шындық, мінезділік жөнінде өзі ұсынған жолдарын белгілі бір аңыз арқылы тағы да көңілге қонымды етіп, таныта түсуге талап етеді. Сол жөнде Абай да Низами, Науаи, Фзули сияқты өзі қадірлеген классиктердің назирагөйлік үлгісін творчестволық жолмен пайдаланып қолданған дейміз.

Жалпы композициялық құрылысын алғанда, «Ескендір» – Абайдың ең жақсы поэмасы. *«Масғұттай»* емес, бұнда сюжеттік құрылыс бастан-аяқ бір түйіннің айналасына топталады. Адамдарының мінездері, істері арқылы біртіндеп ашылады. Соның ішінде Ескендір сияқты поэманың бас геройы шығарманың басынан аяғына шейін оқиға арқалығы болып отырады. Барлық суреттер, кездесулер мен қайшы келетін мінез, әрекеттер және түйінді ойлар – баршасы да бір Ескендірдің басымен байланысты болады.

Поэмасының ең соңындағы бірнеше шумақтарда Абай дидактик. ойшыл-өсиетшілік қорытындыны Ескендірден бөлек бір жай етіп айтады. Бұнысы поэманың жоғарыда біз айтқан идеясына байланысты. Абай бұнда да, Масғұт турасындағы аңызға барғандай, ескілік материалына текке бармайды. Өзіндік өсиеттерін шартты түрдегі аңыз-апсанаға бөлей отыра, қызықтыра ұсынбақ болады. Сондықтан поэманың әңгімелі, оқиғалы желісін жетер өрісіне жеткізіп болған соң, жырдың аяғын жаңағы айтқандай, моральдық, адамгершілік байлау мен толғауға, сентенцияға әкеліп тіреуі заңды болып көрінеді. Поэманың шумағы, өлең жолдары, буын өлшеуі, қолданатын ақындық сөздігі – бәрі де шешендік, нақтылық жағынан қарағанда, Абайдың ақындық өнеріне сай келген. Бұлар поэманың тұтас бітімді шығарма болуына нық жәрдем етеді. *М. О. Әуезов.*

Поэма 11, 12 буынды қара өлең үлгісімен жазылған. Поэманың сақталып жарық көруіне М. *Бекиннің* еңбегі зор. Оның 1907 жылғы көшірмесі негізінде туынды алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Туынды басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1939, 1945 жылғы басылымдарында 1-шумақтың 4-жолы **«Мақтан сүйген, қызғаншақ адам екен»** болса, 1954, 1957, 1977 жылғы жинақтарда **«Мақтан сүйгіш қызғаншақ адам екен».** 1939, 1945, 1954 жылғы басылымдарда 3-шумақтың 2-жолы **«Жақын жерге жау болып тұра аттанды»,** 4-шумақтың 3-жолы **«Шапқан елдің бәрін де бодан қылып»,** 4-шумақтың 4-жолы **«Өкімдікпен қолына тартып апты»,** 25-шумақтың 2-жолы **«Сыйым осы, патша мынаны ал!»,** 27-шумақтың 4-жолы **«Лақтырып жібереді сол сүйекті»** болып берілсе, 1957, 1977 жылғы басылымдарда бұл тармақтар **«Жақын жерге жау алып тұра аттайды», «Шапқан жердің бәрін де бодам қылып», «Өкіметпен қолына тартып апты», «Сыйым-осы, есерім, мынаны ал!», «Лақтырып жіберді сол сүйекті»** делінген. 1977 жылғы жинақта 3-шумақтың 2-жолы **«Жақын жерге жау болды тұра аттанды»** ретінде басылған. 1939, 1945 жылғы басылымдарда 9-шумақтың 2-жолы **«Алып жүрген суының бәрін де ішті»,** осы шумақтың 3-жолы **«Айуан, адам бәрі де бірдей шөлдеп»,** 15-шумақтың 3-жолы **«Менен қалмай бұл суды өрлеп барып»,** 18-шумақтың 3-жолы **«Аша алмады, қақпадан үміт үзді»** ретінде жазылса, 1954, 1957, 1977 жылғы басылымдарда бұл жолдар **«Алып жүрген суының бәрін ішті», «Адам, хайуан бәрі де бірдей шөлдеп», «Менен қалмай, бұл суды шапшаң өрлеп», «Аша алмады қақпаны, үміт үзді»** деп түзетілген. 1939, 1945, 1957,

1977 жылғы басылымдарда 11-шумақтың 1-жолы **«Мысалы: астындағы ат одағы ұшты»,** 1954 жылғы жинақта **«Мысалы астындағы ат ол дағы ұшты».** 1954 жылғы басылымда 16-шумақтың 2-жолы **«Шаһзада барлығына дамыл бермей»** болса, 1939, 1945, 1957, 1977 жылғы жинақтарда **«Шаһарына жеткенше дамыл көрмей».** Ал, бұл жол 1909 жылғы басылымда **«Шаһзадаға бармаққа дамыл бермей»** делінсе, Мүрсейіт қолжазбаларында да (1905, 1910) осылай, тек бастапқы 2 сөздің орны ауысқан. 1945 жылғы жинақта 18-шумақтың 1-жолы **«Қақпасын ашайын деп хан ұмтылды»** болса, қалған басылымдарда **«Қақпаны ашайын деп хан ұмтылды».** 1939 жылғы жинақта 23-шумақтың 2-жолы **«Батыр болсаң, өзіңнің нәпсіңді жең!»,** 35-шумақтың 4-жолы **«Өлсе тояр көзге құм құйылғанда»** деп берілсе, қалған басылымдарда **«Мықты болсаң, өзіңнің нәпсіңді жең!», «Өлсе тояр көзіңе құм құйылғанда»** болып алынған. Поэма азербайжан, армян, қарақалпақ, қырғыз, қытай, латыш, орыс, өзбек, татар, түрікмен, ұйғыр тілдеріне аударылған.

«ЕСКІЛІК КИІМІ» – Абайдың өлеңі, қ. *«Ойланып ойға кеттім жүз жылғы өткен...»*

ЕСКІ ТАМ (бұзылған там) – Абай оқыған мектеп. Абайдың әкесі Құнанбай Өскенбайұлы 1845 ж. Күшік-тобықты елінің болыс басқармасы болып жүрген кезінде Қарқаралы ұлысының аға сұлтаны Құсбек Тәукеұлы арқылы шекара басқармасына екі тілді бірдей білетін мұғалім тауып беруін өтініп арыз жазған. Шекара бастығы Құнанбайдың бұл тілегін мақұлдайды. Бірақ, екі тілді бірдей білетін мұғалімнің жоқ екенін айтып, тобықты еліндегі тілмәшті қызметтен бос уақытында еңбекақы төлеп, бала оқытуға пайдалануға кеңес береді. Осыдан бастап Құнанбай Е. т-да мектеп ашып, онда орысша сауатты Ғабитхан Ғабдыназарұлы деген ноғайды мұғалім етіп тағайындайды. Мұнда өз балалары мен ауылдастарының балаларын оқытқан. Құдайберді, Тәңірберді, Ибраһим (Абай), Ысқақ, Оспан, Халиуллалар осы мектептен сауат ашқан. Е. т-ның фото-суреті Абайдың Семейдегі мемл.-қорық музейінде сақтаулы. *М. Бейсенбаев.*

ЕСМАХАНОВ Асқар Бейсенбекұлы (1956 ж. т.) – суретші. Кітап және станокты графика, плакат және экслибрис саласында жұмыс істейді. Ол суретші А. Д. Дүзелхановпен бірге 1990 жылғы «Абай» плакат күнтізбесін жасап, «Өнер» баспасынан шығарған.

ЕСПАЕВ Әбілахат Ысмағұлұлы (1925–80) – композитор. Абай шығармалары Е. туындыларының өзекті бір саласы болды. Ол ақынның: «Өзгеге, көңілім, тоярсың», «Ішім өлген, сыртым сау», «Қиыстырып мақтайсыз», «Барасың қайда, қайда болмай маған», «Мен сәлем жазамын», «Қалқам-ай, мен үндемей жүремін көп» деген өлеңдеріне ән-романстар жазды. *Г. Ғизатова.*

ЕСТАЙ Беркімбайұлы (1874–1946) – халық композиторы, ақын, әнші. ҚазССР-інің еңбек сің. өнер қайраткері. Оның «Қорлан», «Хұсни-Қорлан», «Бір мысқал», «Жайқоңыр», «Шоқ қара ағаш», «Юран-ай» т. б. туындылары бар. Е. талай рет жыр айтыстарына да түсіп, өзінің шалымды ақындығын көрсеткен. 1945 ж. Абайдың 100 жылдық мерейтойына қатысып, онда Нартай, Нұрлыбек т. б. жыр дүлдүлдерімен сайысқан. *Ә. Тәлғозиев.*

ЕСІМОВ Ғарифолла (1947 ж. т.) – философ, әдебиетші-ғалым. Философия ғыл. докторы. Оның «Сезім болмысы», «Сана болмысы», «Хакім Абай» т. б. ғыл.-зерт. еңбектері жарық көрді. «Абайдың философиялық көзқарасы» (Қазақстан коммунисі, 1990, № 9), «Абай және Ренессанс» («Қазақ әдебиеті», 1991, 10 қараша), «Осы жұрт Ескендірді біле ме екен» («Қазақ әдебиеті», 1992, 9 қазан), «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» («Ақиқат», 1992, № 3), «Анахарсистен Абайға шейін» («Қазақ әлемі», 1993, № 1), «Алла мінсіз әуелден пайғамбар хақ» («Ақиқат», 1993, № 8), «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» («Ақиқат», 1993, № 10) т. б. мақалаларында Абай шығармаларына талдау жасады.

«ЕСІМ САЛҒАН ЕСКІ ЖОЛ», «Есім ханның ескі жолы» – *Есім ханның* тұсында қалыптасқан әдет-ғұрып заңдарының ережелері. Қасым хандық құрған кезде халық бұқарасының ислам дінін күшпен енгізуге қарсы күресі жағдайында қалыптасқан (қ. *«Қасым ханның қасқа жолы»*). Орта Азияның ишан-қазылары қазақ өлкесіңде шариғат қағидасына ауысуға үгіттеген діни уағыздар таратып, қазақтың әдет-ғұрып заңдарын жоққа шығаруға тырысты. Есім хан қазақ қоғамының әскери және саяси, әлеум. өмірінің талап-тілегіне сай, дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарын байырғы патриархалдық-ұлттық салт-сананың негізінде жетілдіріп, оның күнделікті тұрмыста қолданылуын қатал қадағалады. Бұл заң жинағы халық арасында «Е. с. е. ж.» деп аталды. Абай «Е. с. е. ж-да» тұжырымдалған қазақтың әдет-ғұрып заңдары қағидаларымен жақсы таныс болды және *Үшінші сөзінде* дәстүрлі заңдық жол-жобаларды әрбір бидің білуі қажет деп есептеді. Би-болыстық қызметі барысында даулы мәселелерді шешудегі сот істерінде әдет-ғұрып заңдарын білгірлікпен, шебер пайдаланып отырды. Оның айқын куәсі М. Әуезовтің «Абай жолы» романында суреттелетін Олжабай мен Бопы және Салиха қыздың даулы істері. *С. Созақбаев.*

ЕСІМ ХАН (т. ж. б. – 1645 ж. ш. ө.) – Орта жүз ханы. (1598–1645) Шығай сұлтанның баласы. Тәуекел ханның (т. ж. белгісіз – 1598) Ташкент пен Самарқан қ-ларын Қазақ хандығының қол астына қаратқан әйгілі жорығына қатысып, ұйымдастырушылық және қолбасылық қабілетін танытқан. Соғыста батырлығымен көзге түсіп, халық арасында «Еңсегей бойлы ер Есім» атанған. Тәуекел өлгеннен кейін 1598 ж. таққа отырды. Е. х. бір орталыққа бағынған мемлекет құруды көздеп, рулық алауыздықты қоздырушы кейбір сұлтандар мен ру басылырының іс-әрекеттеріне батыл тойтарыс беріп отырды, қазақ хандығын ны-


ғайту мақсатымен бірқатар шараларды жүзеге асырды (қ. *«Есім салған ескі жол»*).
Абай *Үшінші сөзінде* Е. х-ның есімін қазақтың әдет-ғұрып заңдарын бір жүйеге келтіруші қайраткерлердің бірі ретінде атап өтеді.

С. Созақбаев.

«ЕСІҢДЕ БАР МА ЖАС КҮНІҢ..?» – Абайдың 1899 ж. жазған өлеңі. 4 тармақты, 5 шумақтан тұрады. Ақын есік пен төрдей ғұмырдың қас қағымда өте шығатын мейірімсіз ақиқатын тілге тиек ете отырып, табиғаттың осынау бір құбылысына филос. түйін жасайды. Тіршілік атаулының үш мезгілі – көктемі, жазы, күзі – адам баласына жастық, есею, тоқтау болып оралатыны; әр мезгілдің өзіне лайық сыйы бар екені өлең арқауын құраған. «Үміт жақын, көңіл ақ», адам атаулының бәрі дос көрінетін жастық шақтың «махаббат, қызық мол жылдары» сағынсаң қайтып бұрылмай өтіп кететіні, «махаббат кетсе, дос кетіп», жөңкіле көшкен керуенге ілесе алмай тоқтайтының, өмірдің өз заңдылығын амалсыз мойындайтының поэзия тілімен әсем өрнектеледі. «Құдай-ау, қайда сол жылдар, Махаббат қызық, мол жылдар... Ақырын, ақырын шегініп, Алыстап кетті-ау құрғырлар» деп өкси өкінген ақын «Көзіме жас бер, жылайын, Шыдам бер, сабыр қылайын, Жаралы болған жүрекке, Дауа бер, жамап сынайын» деген тоқтамға келеді, сөйте отырып «жамаулы, жаралы жүректің» өмірмен қоштасуды қимай, шаршай соққан сабырлы дүрсілін аңғартады. Ақынның бұл өлеңіне комп. С. Мұхамеджанов, Т. Базарбаев ән-романстар шығарған.
Өлең 7 буынды еркін және қара өлең үйқасымен жазылған. Туынды алғаш 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Өлең басылымдарында бір ғана текстол. өзгеріс ұшырасады. 1909, 1939, 1945 жылғы жинақтарда 4-шумақтың 3-жолы **«Қасиет кетті, дос кетті»** делінсе, 1954, 1957, 1977 жылғы басылымдарда бұл жол Мүрсейіт қолжазбалары бойынша **«Махаббат кетті, дос кетті»** болып алынған. Өлең ағылшын, араб, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр тілдеріне аударылған.

И. Хасенов.

Абайдың бұл өлеңіне 1899 ж. ән жазылған. Абайдың немересі Мәкен Мұқамеджановадан музыка зерттеушісі Қ. Жүзбасов 1984 ж. магнитофон лентасына осы әнді жазып алып, нотаға түсірген. Мәкен орындауындағы ерекшелік – ол әнді толық екі шумақ өлеңмен айтады, әрбір өлең шумағында жеті буынды өлең өрнегі төрт тармақ бойында өзгеріп, алмасып отыратындықтан, әуен жүйесі де соған сәйкес келеді. Ән әуезінде секіртпелі кварталық екпіндер жиі кездеседі де жалпы әуенге өзіндік тұрпат береді, сөйтіп, ән дәстүрлі әндерден сәл өзгешелеу естіледі. Демек, әннің әуен-саз және музыкалық-ырғақтық құрылысы осы жоғарыда атап өткен бунақ өзгерістерімен тікелей байланыста, сол өзгерістерге сай әннің де өзгеріске, әсіресе ырғақтық құбылысқа ұшырайтыны байқалады. Өлең кестесі 8, -7; 8, -7, -8; 7, -8 және тек қана 8 буынды шумақтан құрылса, ән өлшемі –



Нота. (Есіңде бар ма, жас күнің?).

4/4, 4/4, 2/4, 4/4, 4/4, 4/4, 3/4, 4/4, 4/4, 4/4, 6/4, 3/4, 4/4, 3/4, 4/4 болып қалыптасады. Әннің екінші шумағында басталатын сарынды Біржан-сал әндерінен де кездестіруге болады, тіпті, желсырнай аспабына тән муз. екпіндерді де естуге болады. Сонымен бірге бұл ән «Қараңғы түнде тау қалғып» әніне жақындығын байқатады. Мұндай ұқсастық бекер емес, жаңашыл Абай «муз. тілінің», қазақи қалалық жанрдың қалыптасқанын аңғартады.
Комп. Ғ. Жұбанова, Т. Базарбаев Абайдың бұл өлеңіне ән, романстар жазған.

Қ. Жүзбасов.

ЕСІРКЕЕВ Райымқұл (1921–80) – суретші-кескіндемеші. Негізінен пейзаж және портрет жанрла-



Абай портреті. Р. Есіркеев. 1968.

рында еңбек етті. 1968 ж. «Абай портретін» жазды (кенеп, майлы бояу, суретшінің жеке қоры). Иығына шапанын желбегей жамылып, қолына кітап ұстаған ақын туған табиғат аясында бейнеленген. Жөңкіле көшкен шуда бұлттар, ақынның жел көтерген шалғайы, сәл ұмтыла түскен кейпі суретке қимыл-қозғалыс бітіргендей. Сол арқылы автор аласапыран уақыттың тынысы мен Абайдың ішкі жан дүниесіндегі буырқаныста бере білген.



ЖАҒЫПАР Мағауияұлы (1898–1934) – Абайдың немересі. Мағауияның Дәмегөй деген бәйбішесінен туған. Ол Ғабитхан молданың ізбасары Махмет молдадан сауат ашып, білім алады. Ағасы Бабыр 11 жасында қайтыс болып, Ғабитхан молданың Бабырға айттырылған немересі Күлманар Ғабидоллақызына әмеңгерлік жолмен үйленген. Одан: Рәпила, Ишағы, Жошыхан, Ғазел, Нәркес, Ләйла, Серік туған. Ол Әйгерім мен Ділдәні өз қолымен Аралтөбеге жерлеген. Семейде мұғалімдер даярлайтын курста оқып, мектеп-интернат ашып, қазақ балаларын оқытты. Ж. 1930 ж. өз отбасын Шемонайхыға, Убо-форпостқа көшіріп әкеледі. Сонда жаңадан мектеп-интернат ашып, оның директоры болды. 1979 ж. Ж-дың сүйегі Убо-форпосттан алынып, Дәмегөй, Камалия үшеуінің сүйегі Ақшоқыға қайтадан жерленді.

Б. Сапаралы.

«ЖАЗ» – Абайдың өлеңі, қ. *«Жаздыкүн шілде болғанда...»*

«ЖАЗ» – Абай шығармаларының 1971 ж. «Жазушы», 1979 ж. «Жалын» баспаларынан жарық көрген жинақтары. 1-жинаққа ақынның «Жазғытұры», «Жаз», 2-жинаққа «Жаз», «Әсемпаз болма әрнеге», «Ғылым таппай мақтанба...», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім...», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы...» «Құлақтан кіріп бойды алар...», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...», «Жазғытұры», «Қыс», «Қараша, желтоқсанмен сол бір – екі ай...», «Аттың сыны» өлеңдері және «Ескендір» дастаны енген. Басылымдар суретшілер А. Гурьев пен М. Ысқақовтың Абай туындыларының мазмұнын аша түсетін суреттерімен әсем безендірілген. Жинақтар мектеп оқушыларына арналған.

Көлемдері 1,5 (1971) және 5 (1979) б. т., 30 мың дана (екеуі де) болып басылған.



Абай Құнанбаевтың 1971 ж. Алматыдағы «Жазушы» баспасынан шыққан «Жаз» деп аталатын өлеңдер кітапшасы.


«ЖАЗ» («Л е т о») – «Балауса» баспасынан 1992 ж. орыс тілінде жарық көрген суретті кітапша. Абай өлеңі «Жыл мезгілдері» деген айдармен басылған. Өлеңді аударған – А.А.Жовтис. Суретші М.Әлин жазғы ауыл көріністерімен көркем безендірген бұл кітапша мектеп жасына дейінгі балаларға арналған. Көлемі 1,5 б.т., 35 мың дана болып басылған.

ЖАЗБА ТІЛ – қ. *Қазақтың жазба әдеби тілін қалыптастыру.*

«ЖАЗҒЫТҰРЫ» – Абайдың өлеңі, қ. *«Жазғытұры қалмайды қыстың сызы...»*

«ЖАЗҒЫТҰРЫ» – «Жазушы» баспасынан 1975 ж. жарық көрген суретті кітапша. Суретші О.Нұршумаев ақын өлеңін қазақ аулының көктемгі көріністерімен көркем безендірген. Кітапшаның соңында Абайдың «Жаз» өлеңінің 15 жолы қосымша берілген. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған. Көлемі 2,12 б.т., 47 мың дана болып басылған.

«ЖАЗДЫМ ҮЛГІ ЖАСТАРҒА БЕРМЕК ҮШІН» – Абайдың Қазақтың Біріккен мемл. баспасынан 1945 ж. жарық көрген таңдамалы өлеңдер жинағы. Мектеп оқушыларына арналған. Құрастырған – М.Балақаев. Кітап құрастырушының ақын өмірінен қысқаша мағлұмат беретін шағын алғысөзімен ашылады. Жинаққа енген ақын өлеңдері мүмкіндігінше мазмұнына қарай жіктеліп, «Насихат өлеңдер», «Өнер-білімге шақыратын өлеңдер», «Жаратылыс суреті», «Өткен күннің келбеті», «Жұмбақтар» деген тақырыптарға топтастырылған. Кітап көлемі 3,5 б.т., 10 000 дана болып басылған.



Абайдың 1945 ж. Алматыдан шыққан «Жаздым үлгі жастарға бермек үшін» өлеңінің кітапшасы.

«ЖАЗҒЫТҰРЫ ҚАЛМАЙДЫ ҚЫСТЫҢ СЫЗЫ...» («Ж а з ғ ы т ұ р ы») – Абайдың 1890 ж. жазған өлеңі. Көлемі 66 жол. Өлеңдегі негізгі сарын сахара табиғатының көркін сипаттай отырып, қазақ халқының көшпелі өмір тұрмысын реалистік шынайылықпен нақтылы бейнелеу. Сонымен қатар бұл өлеңде табиғат көркін, сұлулығын асқақ шабытты суреткердің көзімен қарап тамашалау, тамсану пафосы да ерекше күшті.

«Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.
Жан-жануар адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі...»

Осы бастапқы бір шумақтан-ақ ақын адам өмірі мен табиғат құбылыстарының арасындағы жалғастық-үндестікті бар жанымен сезінетінін айқын аңғаруға болады. Мал баққан елдің қарекетін, тұрмыс-жайын, жазды жадырап, қуана қарсы алғанын көрсететін нақтылы суреттемелерден табиғат көркін, малды, құсты мейлінше шынайы бейнелеген тұстарда өлеңнің жаңағы айтылған өзгешелігі бірте-бірте толығып, табиғат аясында отырған елдің тұтас бір өмір көрінісі алдымызға тартылғандай болады:

«Қырдағы ел ойдағы елмен араласып,
Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып.
Шаруа қуған жастардың мойны босап,
Сыбырласып, сырласып, мауқын басып,
Түйе боздап, қой қоздап, қорада шу,
Көбелекпен, құспенен сайда ду-ду.
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Сыбдыр қағып, бұраңдап ағады су...»

Адамның іс-әрекеті, мінезі, қимыл-қозғалысы қандай нақтылы, нанымды болса, малдың, құстың бейнесі де сондайлық нақтылы, нанымды, ешбір қоспасы жоқ. Әрине, «гүл мен ағаш майысып қарағанда» деген сияқты суреттеулерде көркемдік әсірелеу жоқ емес, бірақ ол – поэзияға тән сипаттау тәсілі. Осылай өмір-тұрмыс, табиғат көркін нақтылы қалпында, айрықша шынайылықпен бейнелейтін өлеңде бара-бара дүние-болмыстың, табиғаттың керемет сұлулығына тамсану сарыны да күшейе түседі:

«Қара тастан басқаның бәрі жадырап,
Бір сараңнан басқаның пейілі өнер.
Тамашалап қарасаң тәңірі ісіне,
Бойың балқып ериді іште жігер...»

Өлеңнің бірінші шумағындағы аспаннан нұрын төккен күн бейнесі енді ақын табиғат құбылыстарын, жер мен аспанды, ай, жұлдызды, желді символдық мағына беріп, жаңды бейне түрінде тұспалдап суреттеген тұста жаңа қырынан көрінеді.

«Күн – күйеу, жер – қалыңдық сағынысты,
Құмары екеуінің сондай күшті...
Күн күйеуін жер көксеп ала қыстай,
Біреуіне біреуі қосылыспай,
Көңілі күн лебіне тойғаннан соң,,
Жер толықсып түрленер тоты құстай...»

Мұндағы күннің балама бейнесі қазақ ұғымында әбден қалыптасқан қалыңдығын айттырып қойып, арада бірнеше ай өткізіп, сағындырып келетін күйеудің тұлғасын айқын елестетеді. Жұлдыз бен айдың бейнелері де қыз айттыру, келін түсіру ғұрпына орайлас беріледі. Олар атастырылған күйеуі бар қалыңдыққа күйеуі алыста жүрген кезде қызыққанын сездіріп, кісімсініп жүреді де, күйеу келерін білгенде өңдері қашып, берекесі кетеді. Жылы жел де күйеу мен қалыңдықтың үйлену тойы болатынынайтып, ауыл-ауылды аралап, шапқылап жүрген хабаршы бейнесінде көрінеді. Күннің күйеуше қырындауы, жұлдыз бен айдың күн жоқта кісімсіп, қожаңдауы, желдің тойдың хабаршысы болып жүруі және жердің қыстайғы қары азалы ақ көрпе бейнесінде суреттелуі – осы өлеңде табиғат көріністері қазақ даласының нақтылы тіршілік болмыс белгілерімен қаншалықты орынды қабысып жатқанын айқындай түседі.

Осының бәрі қазақ елінің өмір салты, әдет-ғұрпына жанасымды жасалған көркемдік салыстырулар десек, ал мына:

«Анамыздай жер иіп емізгенде,
Бейне әкеңдей үстіңнен аспан төнер...» –

дегендегі теңеулер ежелден бірталай халықтарға белгілі ескі аңыз-мифтерде кездесетін бейнелеу үлгілерімен ұштасады. Бірақ ешбір оғаштығы жоқ, поэзиялық көркемдеп айту тәсіліне әбден-ақ үйлесімді болып көрінеді. Табиғатты көркемдік қиялға беріліп, осындай символдық суреттер арқылы жарқын елестеткен ақын өлеңнің соңғы шумағында өмір – болмысты, табиғатты, аспан мен күнді тағы да нақтылы, шынайы қалпында және терең сезіммен тебірене бейнелейді:

«Адам тіктеп көре алмас күннің көзін,
Сүйіп, жылып тұрады жан лебізін.
Қызыл арай сары алтын шатырына
Күннің кешкі кіргенін көрді көзім».

Табиғат құбылыстары Абай поэзиясында күнделікті өмірмен, адамдардың күн көрісі, іс-әрекетіменжәне ақынның өз көңіл-күйімен тығыз байланысты келетінін ақынның жылдың төрт мезгілін суреттеуге арналған өлеңдерінен, соның ішінде осы өлеңінен айқын байқалады.

Өлең 6–8 буынды шалыс ұйқаспен жазылған. Алғаш 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Басылымдарында бірқатар өзгерістер кездеседі. Мүрсейіт қолжазбаларында 1-шумақтың 2-жолы**«Масатыдай құлпырып жердің жүзі»**, 4-шумақтың 1-жолы **«Түйе боздап, қой маңрап – қорада шу»**, 6-шумақтың 4-жолы **«Таудағы үнін қосар байғыз, көкек»**, 8-шумақтың 1-жолы **«Безендірген жер жүзін тәңрім шебер»**, 3-жолы **«Енеміздей жер иіп емізгенде»**, 9-шумақтың 2-жолы **«Рахматына алланың көңіл сенер»**, 4-жолы **«Адамзаттың көңлі өсіп, ойнап-күлер»**, 13-шумақтың 1-жолы **«Күн – күйеу, жер – қалыңдық сағынышты»**, 16-шумақтың 3-жолы **«Қызыл арай ақ күміс шатырына»** делінсе, басылымдарда бұл жолдар 1909 жылғы жинақ негізінде **«Масатыдай құлпырар жердің жүзі»**, **«Түйе боздап, қой қоздап – қорада шу»**, **«Тастағы үнін қосар байғыз, көкек»**, **«Безендіріп жер жүзін тәңрім шебер»**, **«Анамыздай жер иіп емізгенде»**, **«Рахматына алланың көңіл сенер»**, **«Адамзаттың көңлі өсіп көтерілер»**, **«Күн – күйеу, жер – қалыңдық, сағынысты»**, **«Қызыл арай сары алтын шатырына»** деп алынған. 1933, 1939, 1945 жылғы басылымдарында 5-шумақтың 1-жолы **«Көл жағалап мамырлап қу менен қаз»** болса, кейінгі жинақтарда 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбалары бойынша **«Көл жағалай мамырлап қу менен қаз»** делінген. Мүрсейіт қолжазбаларында, 1909 жылғы жинақта өлеңнің **«Кемпір-шал шуақ іздеп, бала шулар, Мал мазатсып қуанып, аунап-қунар, Жыршы құстар әуеде өлең айтып, Қыйқу салар көлдегі қаз бен қулар»** деген жолдары 15-шумақ болып берілсе, 1945, 1954, 1957 жылғы жинақтарда 11-шумақ ретінде алынған. Туынды ағылшын, араб, азербайжан, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, тәжік, түрікмен, ұйғыр т.б. тілдерге аударылған. *З. Ахметов.*

«ЖАЗҒЫТҰРЫМ ҚЫЛТИҒАН БІР ЖАУҚАЗЫН...» – Абайдың 1896 ж. шығарған өлеңі. Көлемі 10 жол. Ақын бұл өлеңін өз ауылына сіңісіп кеткен ноғай Ғабитхан молданың баласы Ғабидолла-ға арнап шығарған.

Ел арасында сауда-саттық жасап, мал тапқанына мастанып, әр нәрсені көрген, білімді кісімсіп, отырған жұртқа кезек бермей, сөз таластыра берген Ғабидоллаға (1862–1932) сөз арасында ескертпе ретінде айтқан. Жаңсақ мінез танытқан жас жігітті қатала айыптап, мінеп-сөкпей, сабырлы ақылмен сабасына түсірмек ниеті байқалады. Өлеңнің 6 жолдан тұратын алғашқы бөлігі әңгіме үстінде айта салған мысал сияқты. Онда ақын жазғытұрым қылтиып өскен жауқазынның өз өмірінің қысқалығына қарамай бәйтерекке жетпек болып, ақырында бетегеден де аса алмай, күз түскен соң тамырын суық шалып, солатынын айтады.

Аз уақыт жылы күнге мәз болған байғұстың мүшкіл халін әжуа етеді. Ақын одан әрі, өлеңнің 4 жолдық екінші бөлігінде қол жетпеске қол созған сондай жасты өзінің де көп көргенін, бірақ солардың құрғақ сөз қуып «боламын» деп жүргенде, жалыны сөніп, түк шығара алмай қартаятынына өкініш білдіреді. Абай жол-жөнекей айтылған байсалды әңгімесімен ұшқалақ Ғабидолланы мақтамен бауыздаған. Өлеңге үңіліңкіреп қараған кісі бәйтерек кейпіндегі ақын тұлғасын, жауқазындай жарбиған, қуыс кеуде, желөкпе жастың бейнесін көреді. Өлең 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылғанмен, 10 тармақ бірыңғай үндестікке құрылып, тұтас шумақ ретінде кідіріссіз оқылады. Алғаш рет Абай шығармаларының 1933 жылғы жинағына енгізілген. Кейінгі басылымдарында ешқандай текстол. өзгеріс байқалмайды. Өлең араб, ағылшын, орыс т.б. тілдерге аударылған. *Т.Рсаев.*

«ЖАЗДЫКҮН ШІЛДЕ БОЛҒАНДА...» («Ж а з») – Абайдың 1886 ж. жазған өлеңі. Көлемі 60 жол. Ақын бұл өлеңінде қазақ елінің өмір шындығын әсерлі, тартымды сурет арқылы бейнелеп берудің тамаша, үздік үлгісін туғызғандесек, ақынның осындай асқан суреткерлік қуатын танытатын өлең тілінің бейнелілігі, көркемділігі, сөздерінің бояуы жасанды емес, саф тазалығы көбіне көп орын-орнына өте қисынды тауып қойылған, қатарласып тұтасқан көп сипаттама сөздерден анық байқалады. Алдымен ауылдың жаңа қонысқа, жазғы жайлауға көшіп келгені айтылады. Бұл өлеңнің бастамасы кіріспесі ғана болса да, ақын тек ауылдың орнаған мекен-жайын ғана баяндап отырса да, мұнда қимыл-әрекет жоқ емес. Ауылдың көшуін болған, біткен оқиға

деп санасақ, өзенді күркіреп жатқан деп бейнелеуі бұл толассыз, тынымсыз болып жатқан қимыл-әрекетті көрсетеді.

Жаздыкүнгі жайлаудағы қазақ ауылының өмір-тұрмысын суреттегенде Абай жаздың келуі мал бағумен күнелткен көшпелі елге көп жеңілдік, қуаныш-қызық әкелгендей көрінетінін байқатады, «жаз – жазыл, қыс – қысыл» дейтін елдің жаздыкүні бір жадырап қалатынын ақын сездіреді. Ақынның әр сөзі, сипаттамасы дала жазының осындай көркем бейнесін көрсетуге ылайық, орайлы алынған. Ұзарып өсіп, толған жасыл шөп, бәйшешек гүлдер де, күркіреп жатқан өзен де осы тұрғыдан қарағанда бірден-бір қажетті белгілер.

Өлеңде онан әрі әрекет-қимылы, абыр-сабыры мол өмір-тұрмыс көз алдымыздан тізбектеліп өтіп жатады. Осыдан бастап шынайы өмір ақиқатын танытатын көркем сипаттамалардың дені, басым көпшілігі өлең ұйқасына кіретін етістіктер арқылы беріледі, не осы соңғылармен тығыз байланысты келіп отырады. Жылқыны шұрқырап жатқан деп бейнелеуі секілді жекелеген эпитет, мәнерлі сөздер болмаса, мысалы ат, айғырлар, биелерді бүйірі шығып деуі, ыңқылдап деген ұйқастағы етістікпен бірігіп, тұтасып кетеді. Ал өлеңнің ұйқастарын құрайтын етістіктердің орасан көркемдік-бейнелілігі ақынның өміріндегі шындықты терең көрсетуге шеберлігінен, ұлы суреткерге тән не нәрсенің сыр-сипаты, өзгешелік қасиеттерін болсын мүлтіксіз байқайтын көрегендігінен туатыны даусыз. Жылқының биік шалғыннан жоны қылтылдап көрінуі, көкке әбден тойып алған ат, айғырлар, биелердің бүйірі шығып ыңқылдап тұруы, не шыбындағанда суға кіріп, құйрығымен шылпылдап тұрған қалпы, құлын-тайлардың бұлтылдап шауып жүруі, үйрек-қаздың сымпылдап жоғары-төмен ұшып жүруі, үй тігіп жүрген қыз-келіншектердің бұрала басып былқылдап қимылдауы, сыңқылдап күлуі, не болмаса, аш баланың ет әпер деп қыңқылдап сұрауы, самаурынның бұрқылдап қайнауы, не болмаса, жарамсақ шалдың жалпылдап сөйлеуі, қошемет көрсеткенде қарқылдап күлуі, жылқышының күні бойы салпылдап жүргені – осының бәрі дамылсыз тіршілік белгілері, ешбір қоспасы жоқ, қалтқысыз өмір шындығын ашып, айқын көрсететін сипаттамалар. Байқап қарасақ, ұйқасқан сөздердің бәрі де жыр тармағының соңғы бунағын бүтіндей қамтиды, тегіс үш буынды. Мұның да өзінше мәні бар. Себебі бұл үйлескен сөздердің дыбыс үндестігін қоюлатып, ұйқасты ірілетіп, ерекше көзге түсіреді. Оның үстіне, әсіресе көңіл аударарлық жай – өлең ұйқасына кіргізілген осы көп етістіктер түгелдей бір тектес сөздер болып келеді, олар грамматикада еліктеуіш сөздер деп аталатын, дыбыстық құрамы, айтылу-естілуі мағынасына ұқсастырылып, тікелей сәйкес алынған сөздер. Қазақ тілінде, соның ішінде өлең тілінде өте көп қолданылатын мұндай сөздердің көркемдік, мәнерлілік қасиетін, қимыл-әрекеттің көрінісін не дыбыс үнін айнытпай жеткізетін мағыналылығын Абай анық байқап, ұтымды пайдалана білген.

Ақын әр қозғалыс, қимыл-әрекетті көзге елестетерліктей етіп көрсетіп, сол сөзбен мүсіндеп отырған адамына яки құсқа жан бітіргендей, жансыз нәрсе болса, қолға ұстатқандай етіп бейнелейді. Өлеңнің бұл ерекшеліктері қайнап жатқан шынайы өмірді оқушының көз алдына алып келетін реалист ақынның бейнелеу әдісін, теңдесі жоқ суретшілік шеберлігін жақсы танытады.

Өлең 7–8 буынды жыр үлгісінде жазылған. Алғаш «Семей уезі Шыңғыс болысының қазағы Ибраһим Құнанбайұлының аулының Бақанас өзенінің бойындағы Көпбейіт деген жерде көшіп қонғандағы жалпы көрінісі» деген тақырыппен К.Жанатаевтың атынан «Ақмола облыстық ведомосты» газетінің «қосымшасында» басылған. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Мұрсейіттің 1905, 1910 жылғы қолжазбаларында 19-жол **«Сыбырласып сықылдап»** деп алынса, жинақтарда бұл жол Мұрсейіттің 1907 жылғы қолжазбасы мен 1909 жылғы басылымға сәйкес **«Әзілдесіп сыңқылдап»** болып берілген. Мұрсейіттің қолжазбаларында **«Суда тұрып шыбындап, құйрығымен шылпылдап»** деген 10, 11-жолдар жоқ. Мұрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбаларында 23-жол **«Аяңдап желе жылпылдап»** болса, басылымдарда Мұрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасы 1909 жылғы жинақ негізінде **«Аяңшылы жылпылдап»** деп алынған. Мұрсейіт қолжазбаларында, 1939, 1945, 1954 жылғы басылымдарда 27-жол **«Әзілдесіп сылқылдап»**, 1933 жылғы басылымда **«Қалжыңдап күліп сылқылдап»** деп берілсе, кейінгі жинақтарда 1909 жылғы басылым бойынша **«Кеңесіп, күліп сылқылдап»** делінген. 1909 жылғы жинақта «Өткен күннің бәрі ұмыт» деген 56-жол кездеспейді. Бұл жол Мұрсейіт қолжазбаларына сүйеніп, басылымдарға енгізілген. Туынды ағылшын, араб, азербайжан, белорус, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр т.б. тілдерге аударылған.

З.Ахметов.

«ЖАЙНАҒАН ТУЫҚ ЖЫҒЫЛМАЙ...» – Абайдың 1892 ж. жазған өлеңі. Көлемі 16 тармақтан тұратын бір шумақ. Інісі Оспан қайтыс болғанда шығарған топтамасына кіреді. Абай бұл шығармасында қазақ арасында ежелден келе жатқан дүние салған адамның байлық-бағын, батырлығын бірыңғай дәріптеу сарынына берілмей, қайтыс болған інісінің қадір-қасиетін тіпті де басқаша бейнелейді. Оспанды «ер жүрек едің, сол ерлігіңнен танбадың, жомарт едің, сол жомарттығың бұзылмады, ізгі едің, сол жан біткенді жақын тартқан жалын жүрегің суымаған қалпы, жайдары жүзің жабылмаған күйі өттің» деп, інісінің өнегелі өміріне қызығушылығын білдіреді. Осының бәрі бір адамның басына қонған аз бақыт емес, өмірді осылай кешіп өткен адамда арман болмаса керек деген сыңай танытады. Ең ақырында:

«Жан біткенге жалынбай,
Жақсы өлімсің, япырмай!» –

деп бұрын қазақ жырында айтылмаған, тіршілік тілеуін тілеген дүйім жұрттың түсінігіне бүтіндей жат, соны тұжырым жасайды. Бұл Абай ғана айта алған жаңа байлам. Ақынның мағыналы өмірге деген өлім үстіндегі ризалығы. Сөз қадірін түсінетін адамға Оспанның барша асыл қасиеттерін қолға ұстатқандай етіп санап береді де, «сол жақсылығыңа дақ түсірмей өткен сенде арман жоқ, сен бұл фәнидегі бар міндетіңді атқарып кеткен адамсың» деген тұжырым жасайды. Өлең түр жағынан да өзгеше. Бірыңғай дауыссыз «Ж» әріпінен басталатын аллитерацияға сүйенген. Осының өзі жырға ерекше екпін, үйлесімділік беріп тұр. Ақын 8 буынды шұбыртпалы ұйқаспен бар айтайын дегенін ірікпей, бір демменоқитындай, жұп-жұмыр етіп құя салған. Өлең алғаш рет ақын шығармаларының 1933 жылғы жи-

нағында жарияланды. Ешқандай текстол. өзгеріске ұшырамаған. Ағылшын, қарақалпақ, орыс, ұйғыр тілдеріне аударылған. *Т.Рсаев.*

ЖАҚАНОВ Ілия (1936 ж.т.) – жазушы, музыка зерттеушісі, композитор. Қазақстан Республикасының еңбек сің. мәдениет қызметкері. Ол Абайдың «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз...», «Ем таба алмай...», «Есіңде бар ма жас күнің...», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман...», «Жалау...», «Қиыстырып мақтайсыз...» деген өлеңдеріне ән жазған. Ол «Төрт өлең, төрт әңгіме» деген мақаласында («Жұлдыз», 1976, № 4) Абай әндерінің тарихынан деректер береді. *Ә.Еренбаева.*

ЖАҚИЯ Бейсекұлы (т.-ө. ж.б.) – Абаймен сыйлас адам. Абай Семей қ-на келгенде Ж-ның үйіне түсіп жүрген. 1914 ж. Семейде өткен «Қазақ әдебиеті кешіне» Ж. қамқоршы болып: «Жастардың бастамасына біз көмектеспегендекім көмектеседі, қаражатын біз көтермегенде кім көтереді», – деп, 100 сом ақша берген («Қазақ газеті», 1915, 28 наурыз, 114 саны).

«ЖАҚСЫЛЫҚҚА» – Абайдың өлеңі, қ. *«Аяғыңды аңдап бас, ей, Жақсылық...»*

«ЖАҚСЫЛЫҚ ҰЗАҚ ТҮРМАЙДЫ...» – Абайдың 1892 ж. жазған өлеңі. Көл. 26 жол. Ақын үміт пен уайым-қайғы ұғымына терең мән бере отырып, оның диалектик. тұрғыда бір-біріне кереғар сипатын ашып береді. Жеке адамның үмітінің ақталып, уайым-қайғысының жеңілдеуі қоғам өміріндегі әлеум. жағдайдың оңға басуына байланысты екенін, сонымен бірге тіршілік кілтінің рухани тазалықта, талапкерлікте, үміт отын жаға білуде жатқанын поэзия тілімен тамаша жеткізген. Күн мен көлеңке секілді жақсылық пен жамандық та егіз. Адам жаны күн шуағына, жақсылыққа іңкәр, жамандыққа жаны қас. Жанына жылы тиіп, жүрегіне тез даритын жақсылық атаулыны есінде сақтай бермейді, ал табиғатына жат, жүрек үмітін өшіріп тастайтын жамандық атаулыны өмір бақи ұмытпайды. Осынау табиғи құбылысқа философ. тұрғыдан талдау жасай отырып, ұлы ақын әлгі жақсылық пен жамандық, үміт, уайым, қайғы, талап секілді ұғымдарға жан бітіріп, сөзбен сурет салады. «Жақсылық ұзақ тұрмайды, Жамандық әр кез тозбайды. Үміттің аты елеріп, Қос тізгінді созбайды, Қос тепкіні салсаңда, Уайымнан озбайды... Жер қорығыш желгек шал, Желіп жүріп боздайды» немесе «Шырайды қайғы жасырмай, күлкінің ерні кезермес» деп мәйекпен ұйыған қатықтай дір етіп тұна қалатын ой өрнегін сомдайды. Жақсылық отын, үміт отын өшіріп алған – «Жер қорығыш желгек шалмен» бірге «желіп жүріп боздайтын» күйге алып келеді. Мұндағы желгек шал – үміт, жақсылық.

Өлең 8 буынды қара өлең үйқасымен жазылған. Алғаш 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Туынды басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Мүрсейіттің 1910 жылғы қолжазбасында, 1909, 1939, 1945, 1954 жылғы басылымдарда 6-жол **«Қанша тепкі салсаң да»** болса, 1957, 1977 жылғы басылымдарда бұл жол Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасы негізінде **«Қос тепкіні салсаң да»** болып алынған. Мүрсейіт қолжазбаларында, барлық басылымдарда берілген **«Жер қорығыш желгек шал, Желіп жүріп боздайды»** деген 9-, 10-жолдар 1909 жылғы жинақта жоқ. Мүрсейіт қолжазбаларында 14-жол **«Талапты көңіл елермес»** делінсе, барлық басылымдарда бұл жол 1909 жылғы жинақ бойынша **«Талаптың көңлі елермес»** түрінде қалдырылған. Сондай-ақ 1939, 1945, 1954, 1977 жылғы жинақтарда өлеңнің жазылған кезеңі 1893 ж. деп көрсетілген. Туынды ағылшын, араб, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр тілдеріне аударылған. *И.Хасенов.*

«ЖАЛАУ» («Жалғыз жалау жалтылдап...») – М.Ю.Лермонтовтың «Парус» атты өлеңінің 1899 ж. Абай еркін тәржімелеген аудармасы. Шығарма көл. орыс ақынында да 12 жол, қазақ ақынында да 12 жол. Шарқұрып іздену, алдан үміт күту – Абайдың бірталай шығармаларының басты сарыны. Сондықтан Лермонтовтың «Парус» атты алғыр ой, ұшқыр қиялға суарылған өлеңіне назар аударуы әбден түсінікті. Лермонтовтың осы бір ықшамды ғана лирик. шығармасында қыл қалам шеберінің қолынан шыққандай әдемі табиғат суреті мен сыршыл ақынның көңіл тебіренісі әсерлі ұштасқан. Өлеңнің композициялық құрылымына көз салсақ, 3 шумақта да алдымен шетсіз, шексіз дарияны, толқын ұрған желқайықты және теңіздің үстінде алас ұрып, арман қуған қайықшыны айқын елестететін нақтылы суреттеме бірнеше сөзбен ғана беріледі де, оған желқайықтағы адамның көңіл күйін білдіретін авторлық лирикалық толғама сөздер қосылып отырады. Ең басындағы Лермонтовта:

Белеет парус одинокий
В тумане моря голубом, –
Что ищет он в стране далекой?
Что кинул он в краю родном? –

деп келетін шумақты Абай:

Жалғыз жалау жалтылдап,
Тұманды теңіз өрінде,
Жат жерде жүр не тыңдап?
Несі бар туған жерінде?» –

деп тәржімелейді. Мұнда желкен, желқайық деген сөздер жоқ. Бірақ «жалғыз жалау жалтылдап» дегеннен-ақ теңіз өрінде алыстан ағараңдап көрінген желқайық екені әбден түсінікті. Соңғы екі тармақтағы жат жерде «не тыңдап» жүр, туған жерінде «несі бар» деген қазақша келісті айтылған сөздер (орысша «что ищет?», «что кинул он») желқайықтағы адамның бейнесін көзге елестетуге мүмкіндік береді. 2-шумақтағы суреттеме:

«Ойнақтап толқын, жел гүлеп,
Майысар діңгек сықырлап...»

орысша нұсқадағы:

«Играют волны, ветер свищет,
И мачта гнется и скрипит,» –

деген сөздерді бар бояуымен, айнытпай жеткізеді. Бұл да нақтылы табиғат көрінісі, көзбен көріп, қолмен ұстайтындай анық, әсерлі сурет!

Осыған жалғаса келетін:

«Ол жүрген жоқ бақ іздеп,
Қашпайды бақтан бойды ұрлап, –

деген жолдар тағы да желқайықтағы адамның бейнесін көзге елестетіп, оның көңіл күйін, арман-мақсатын айқындай түседі. Осы сөздерде өлеңнің бас кезіндегі жат жерде «не тыңдап» жүр? «Несі бар туған жерінде?» деген сауалдарға енді оралғандай. Бірақ толық жауап әлі жоқ. Өйткені бақ іздемесе, олжа қумаса, сонда не іздеп жүр деген сауал тағы көңілге келіп, әзірше жауапсыз қалады.

Соңғы шумақтағы суреттемеде теңіз суымен шағылы-

сқан, аспаннан құйылып, жарқыраған күн сәулесінің нұрына желқайық та, қайықтағы адам да балқығандай көрінеді де, осы бір ғажап сәттегі жаңағы сауалға жауап айтылады: оның тым таппай іздейтіні, құдайдан күні-түні сұрайтыны дауыл екен!

Сөйтіп, бұл өлеңнақтылытабиғат суреті, адамөмірінің, іс-әрекетінің айқын бір көрінісі – нағыз ізденгіш, алға ұмтылғыш адамның бейнесін танытатын үлкен әлеум. мәні бар көркем символға айналады.

Өлең 8 буынды. Шалыс ұйқаспен жазылған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланған. Туынды басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Мүрсейіт қолжазбаларында, 1909 жылғы басылымда 1-шумақтың 2-жолы «**Тұманда, теңіз өрінде**», 2-шумақтың 1-жолы «**Ойнақтап, толқып, жел гулеп**» делінсе, 1945, 1954, 1957, 1977 жылғы басылымдарда бұл жолдар «**Тұманды теңіз өрінде**», «**Ойнақтап толқын, жел гулеп**» деп берілген. Осы жерде айта кететін бір жәйт – Мүрсейіт қолжазбасында «толқын» сөзінің соңғы әрпі дұрыс оқылмағандықтан, «**толқып**» болып қате басылғаны күмәнсіз. Орыс ақынында «**Играют волны, ветер свищет**» деп оқылады. *З.Ахметов.*

ЖАЛМҰХАНОВ Ғариф Ишанұлы (1936 ж.т.) – суретші. Сәндік, қолданбалы өнердің әр саласында жұмыс істейді. Ол әсіресе металл, ағаш, тері өңдеу өнерінде халықтың ұлттық дәстүрін өркендетуге ерекше көңіл бөледі. 1978 ж. Абай кітабына жасаған әшекей өрнегі (мыс., шекіме, Қазақстан Респ. кітап мұражайында) өзінің әсемдігімен, нәзіктігімен айшықталған.



Мыстан жасалған Абай кітабының қабы. Ғ. И. Жалмұханов. 1978.

«ЖАЛЫН МЕН ОТТАН ЖАРАЛЫП...» – Абайдың 1903 ж. жазған өлеңі. Көлемі 20 жол. Философ. толғау. Табиғат кереметінің дүниені түрлентіп жіберетінін күнде көріп жүрген пенденің өз бойындағы кереметті мойындауға, оны түсінуге соншалықты енжар, санасы жетпес самарқау екенін ақын қынжыла айтады. Жай оғындай нұрлы сөзден сескенер жанның мүлде аз екеніне, жан-дүниені түлеткен табиғат құдіреті секілді адам жүрегіне сәуле құйып, жан бітірер шын поэзия тілін ұғынар пенденің жоқтығына нала болады. «Жалын мен оттан жаралған Сөзді ұғатын қайсың бар? Партия жиып, пара алған, Бейілі кедей байсыңдар» деп, замана бойы шеншекпен үшін бір-бірімен «арсылдасып, қалшылдасып» келе жатқан «бейілі кедей байларды» нысанаға алады. Өлең шалыс ұйқас үлгісімен жазылған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланған. Туынды басылымдарында аздаған текстол. өзгеріс ұшырасады. 1939, 1945, 1954 жылғы басылымдарда өлеңнің 2-жолы «**Жарқылдан рағат жайды айдар**» делінсе, 1957, 1977 жылғы жинақтарда Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбаларына сәйкес бұл жол «**Жарқылдап рағит жайды айдар**» деп алынған. Өлең ағылшын, араб, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр т.б. тілдерге аударылған. *И.Хасенов.*

«ЖАМАНБАЛАНЫҢ БАЛАСЫ ӨЛГЕНДЕ» – Абайдың өлеңі, қ. *«Белгілі сөз: өлді, өлді».*

ЖАМАНОВА Роза (1928 ж.т.) – көрнекті әнші. ССРО халық артисі. Ж. ұлттық және классик. операларда басты партияларды орындайды. Ол А.Қ.Жұбанов пен Л.А.Хамидидің *«Абай»* операсында Ажар бейнесін шығарды. Әнші Абайдың «Айттым сәлем, қалам қас», комп. С.Мұхамеджановтың ақын өлеңдеріне жазылған «Жарқ етпес қара көңлім не қылса да», «Құлақтан кіріп бойды алар» әндерін орындап, үнтаспаға жаздырған. Қазақстан Республикасының Мемл. сыйл. лауреаты. *Ә.Еренбаева.*

«ЖАМАНТАЙДЫҢ БАЛАСЫ КӨЖЕК ДЕГЕН...» – Абайдың 1886 ж. шығарған өлеңі. Көлемі 4 жол. Замандасы Көжекбай Жамантайұлына арнап айтқан. Көжекбай (1847–1918) Тобықты руының Мамай атасынан шыққан адам. Сөзінде тұрақ жоқ, айла-шарғы, өтірік-өсекке жақын, екіжүзді Көжекбайды ақын: «Кімнің жүгі биік болса, соған қарғып шыққан мысық» деп онша ұнатпаған. Абай бұл өлеңінде Көжекбайды өткір тілмен мінеп, шенемей-ақ, кезі келген сәтте айтылатын қарапайым тілмен оның шынайы тұлғасын ашып берген. Ақын сөзінде зіл жоқ, өз айналасынан көп көріп жағымсыз қасиеттерге деген жиіркеніш, амалы таусылған адамның реніші ғана байқалады. Өлең 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Алғаш рет ақын шығармаларының 1933 жылғы толық жинағына енгізілді. Кейінгі басылымдарында ешқандай текстол. өзгеріске ұшырамаған. Өлең қырғыз, орыс тілдеріне аударылған. *Т.Барақұлы.*

ЖАМБЫЛ Жабаев (1846–1945) – қазақ халық поэзиясының алыбы. Қазақ әдебиеті шежіресінде Абай қазақтың жазба әдебиетінің негізін салғанұлы тұлға болса, Ж. кеңес халық ақындарының атасы, 20 ғ-дың Гомері атанған ақын. Зерттеушілер арасында Абайдың ақындық ортасын Семей төңірегімен, Ж-дың жыраулық айналасын Алатау атырабынан шыққан ақындармен ғана шектеушілік орын алып келді. Бұл – екі алып ақынның өрісін тарылтатын бір жақты пікір. Заманы бір екі ақынды өзіндік шығармашылық үндестік, жыр толғауларының сабақтастығы байланыстырады.

Ж. Абай өлеңдерін ең әуелі ел арасынан тыңдап білген. Ол кезінде Шөже Қаржаубайұлы және Абай төңірегіндегі Әріп Тәңірбергенов, Уәйіс Шондыбайұлы, Әсет Найманбаев, Мағауия Құнанбаев сияқты ақындармен кездесіп, бірге болып, талай жыр-дастан айтысып, сұхбат құрған. Әйгілі Шөже Жетісу өңіріне 1870 ж. келген. Ж. бірнеше ай

Шөженің қасында жүріп, Үзынағаш, Қарғалы, Жаманты ауылдарын аралатады. Шөженің Құнанбай, Алшынбай, Жолшара т.с.с. зорлықшыл бай, болыстарға қарсы тайсалмай айтқан батыл да әділ, уытты сын сөздері сол өңірге кеңінен тарап кеткен. Ж-мен сұхбатында Құнанбайға мінездеме берген Шөже, оның Қарқаралыда мешіт салдырып, Семейде оқып жүрген баласы Абайды алдырып, қасына ертіп, ел билеуге баули бастағаны, осы тұста өзінің жас Абаймен алғаш кездесуі жайлы айтқан. Бұдан кейін Ж. Абай есімімен оның шәкірттерінің бірі – Әріп Тәнірбергенов арқылы да қанық болады. Әріп 1880–89 ж. Жетісу өлкесіне келіп, Сарқантта, Верныйда (қазіргі Алматы қ.), Бішкекте заң және байланыс мекемелерінде қызмет істеген жылдары Ж-мен жақсы таныс болып, оған Абай өлеңдерін оқып берген. Ж-ға Уәйіс ақын да Абай туралы көп әңгіме айтқан. Бір отырыста Уәйіс Абайға «Көруғлы» қиссасының бас жағын айтып береді. «Мұны қайдан үйреніп жүрсің?» дегенде жетісулық ақынды ертіп, Шұбартау мен Аягөз жағын аралағанда Ж-дан тыңдағанын айтады. Абай: «Мың бір түнді» он бес күн айтатын, біздің әлгі Тәйті құданың інісі ме, естуім бар» деп, Ж-дың есімімен таныс екенін білдіреді.

Ж-ды жақсы біліп, ақын жөнінде арнайы мақалалар жазып, ғылыми пікір айтқан М. Әуезов «Абай жолы» эпопеясында Ж. мен Абайдың таныстығын нанымды суреттейді. 1895 ж. Верныйда Ж. мен Сәт ақын Абайдың ауырып жатқан баласы Әбдірахманның көңілін сұрай Әпсәметтің үйіне барған. Сонда Сәт Мағауияға Ж-ды таныстырады. Мағауия Алматыға келгелі Ж-дың есімін көп естігенін білдіріп, дастарқан үстінде Абайдың біраз өлеңдерін оқып береді. Бұл өлеңдерді тамсана тыңдаған Ж. жүрек қылын тербетіп, тап басып, тауып айтатын, елге пана, еске дана, ақылға да, өнерге де толы, таусылмас қасиетті қазына ретінде Абайдың жыр жолдарын жоғары бағалап, оны аға тұтуға тілек білдіріп, Мағауиядан сәлем жолдайды. Әбдірахман қайтыс болғанда, Сәт пен Ж. Мағауияға көңіл айтып, Абайға жұбату өлең арнайды:

«Сәлем айт барсаң Абайға,
Кеңесі жеткен талайға,
Ауырды жеңген қара жер
Сабырлы болсын қалайда!..»

(Жамбыл Жабаев. 2т. шығ. жин., 1982. 1-т., 35-б.).

Абай және оның төңірегіндегі ақындар жөнінде Ж. Әсет Найманбаевтан да көп естіген. Әсет пен Ж. 1898 ж. садыр руының азаматы Жақанбай деген кісінің асында кездесіп, Жаркенттен Түргенге дейін жолшыбай бірнеше күн қона жатып, сырласып бірге келген. Жолда Әсет Абай жөнінде әңгімелеп, оның өлеңдерін айтып берген. Әсет пен Ж. екінші рет 1902 ж. Алматыда өткен үлкен жиында кездеседі. Жиында Әсет Абай өлеңдерімен қоса өзінің «Пушкин» атты дастанын жырлаған.

Абай мен Ж-дың шығармашылық қызметі өзара сабақтас, олардың ақындық дәстүрі шыншыл да сыншыл тұрғыда өркен жайды. Билеуші тап өкілдерінің жағымсыз мінез-құлықтарын бетің бар, жүзің бар демей тіке айтқан өткір өлең екеуінен де мол табылады. Мәселен, Абайдың *«Болыс болдым мінеки»*, *«Мәз болады болысың»*, Ж-дың «Сәт сайланарда», «Шалтабайға» деген өлеңдері өзара үндес. Ж-дың Шалтабайға арнаған өлеңі уытты сатираға толы. Шалтабай Есқожа руының Мырзабек деген атасынан, Құдайберген болыстың баласы, 1905 ж. болыстыққа сайланған. Шалтабай алғашқы кезде бар малын төгіп, шығындап, елге «ағайын», «жамағат» деп жалынып жүріп, болыстыққа сайланып алған соң сыртайналып, өзіне дауыс берген көпшілікті елемей кеткен. Оның осы құбылмалы мінез-құлықтарын өлтіре сынаған Ж-дың бұл өлеңінен Абайдың «Болыс болдым, мінеки» деп басталатын туындысының уытты тілі, ащы зәрі айқын аңғарылады. Екі өлеңнің тақырыбы да ортақ, жырлану тәсілі де бірдей, өлең 7–8 буынды, шалыс ұйқасқа құрылған терме түрінде өрнектелген. Түзіліс мазмұны да бірдей.

Екі сөз зергерінің қаламынан туған асыл жыр бір-біріне өте ұқсас, үндес. Оның өзіндік заңдылығы бар, ол – замана тынысы, сол кездің айтылуға тиісті көкейкесті мәселесі. Өз халқының басындағы өмір шындығын тап басып, дәл тауып көре білген шыншыл екі ақынның бір көзқараста болуы, ой-пікірінің жалғасып, үндесіп жатуы табиғи нәрсе. Абай *«Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай»* өлеңінде:

«Кәрі қой ептеп сойған байдың үйі,
Қай жерінде кедейдің тұрсын күйі?
Қара қидан орта қап ұрыспай берсе,
О да қылған кедейге үлкен сыйы...»

– десе, Жамбыл: «Сараң бай мен жомарт кедей» өлеңінде:

«Малы көп бай жылайды қар жауғанда,
Бәрін тастар ниеті малға ауғанда.
Жерден алтын тапқандай кедейлер жүр,
Әйелі шелек толы сүт сауғанға...»

(Жамбыл Жабаев. Екі томдық шығ., 1-т., А., 1982, 27-б.) – деп жырлайды. Жыр жолдарынан жоғарыда айтылған үндестік айқын көрінеді. Екі ақын да қыс кезіндегі бай мен кедейдің жағдайын бейнелеп отыр. Мұндай ұқсас-үйлесімдер олардың шығармаларынан жиі ұшырасады.

Абай дүниеден ерте кетті. Ж. есімін есіткенімен, оның жырларына қанығa алмады. Ал Ж. екі дәуірді басынан өткерді. Ол өзінің замандасы ұлы Абай дүние салғанда екінші рет «Сәлем айт барсаң Абайға» деп басталатын өлең арнады. Ж. 1940 ж. тамыз айында өткен Қазақстан Жазушылар одағының Абай Құнанбаевтың 95 жасқа толуына арналған мерекелік мәжілісінде сахна төрінде ілулі тұрған Абайдың портретіне қарап тұрып:

«Мынау тұрған Абайдың суреті ме?
Өлең-сөздің ұқсаған құдіретіне.
Ақыл, қайрат, білімді тең ұстаған,
Өр Абайдың төтеген кім бетіне?
Ақын атын таратқан әрбір тұсқа,
Өлеңменен өлмейтін салған нұсқа.
Арғын, найман сөзіне таңырқаған,
Қандай арман бар дейсің бұл туыста...»

(сонда, 2-т., А., 1982, 244-б.), – деген жыр жолдарын арнап, ұлы ақынға жоғары баға берді.

Н. Төреқұлов.

ЖАНАҚ Сағындықұлы (1770–1846) – айтыс ақыны, жырау, Арғынның Қаракесек тайпасының Қамбар руынан. Ақынның Түбек ақынмен айтысы, «Шұбарым, арғымағым, кермаралым», «Рүстем төреге айтқан сөз», «Баласы Сәнияздың атың Қамбар», «Мен едім Айдаболға келген Жанақ», «Тоқты менен ешкінің қаны бірдей» т.б. өлеңдері, «Ақтанбай төреге», «Айдабол шоңға», «Торайғырға», «Бараққа» деген толғаулары бізге жеткен. Ол қазақтың ба-

тырлық эпостарын, махаббат дастандарының көпшілігін жатқа білген. Әсіресе «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының Ж. айтқан нұсқасы халық арасына кең тараған. Абайдың өз қолымен сыртына орыс әрпімен «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» деп жазып, 1884 ж. көрнекті орыс ғалымы Г.Н.Потанинге сыйға тартқан және оның Н.Я.Коншин Орыс географиялық қоғамына тапсырған өлеңдер жинағындағы нұсқаларында жырдың осы Ж. жырлаған нұсқасын негізге алғандығы анықталды. Ұлы ақын көне жырдың барлық нұсқаларының ішінен Ж. жырын жоғары бағалағаны байқалады. Жырдың Ж. айтқан нұсқасын 1862 ж. Ш.Уәлиханов та жазып алған. Ақын жырлары 1985 ж. «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Бес ғасыр жырлайды» деген жинақтың 1-кітабына енгізілген. *Т.Барақұлы.*

ЖАНБОЛАТОВ Мейрамбек (1938 ж.т.) – әуесқой композитор, журналист. «Өнер» баспасынан 1990 ж. әндер жинағы жарық көрген. «Аққуыңды аяла», «Сарыарқа», «Ән домбыра», «Бесік жыры» әндері ел арасына кең тараған. Ол Абайдың «Жапырағы қураған ескі үмітпен...», «Домбыраға қол соқпа...» деген өлеңдеріне ән шығарған.

ЖАНҒҰТТЫ Ботантайұлы (1810-83) – белгілі шешен, би. Кезінде аға сұлтан Құнанбай, Алшынбай, Мұса секілді Қарқаралы дуанындағы танымал би, шешендермен үзеңгі қағыстырып, айтысып-тартысып өткен. От ауызды, орақ тілді Ж. биді Абай қатты қадірлеген. Оның қара қылды қақ жарған әділдігі, шешендік өнері жайында ел аузында тараған әңгімелерді тыңдап қана қоймай, Ж. Құнанбай үйінде қонақ болғанда, Абай онымен кездескенде Ж. сол кездесуде түрлі сұрақтар беріп, жас Абайды сынап көреді. Абай оның барлық сұрақ-жауабына жауап қайтарады. Оған дән риза болған бидің өтінішімен:

«Сіз сұңқар самғай ұшқан қиядағы,
Талпынған мен балапан ұядағы.
Өрнекті өлең сөзбен жауап берсем,
Дүниенің жалғыз үміт тиянағы.
Көз көруі жетпейді қабағына,
Шам жарығы түспейді табағына.
Өз сабын болат пышақ өзі кеспес
Мақлұқат тартпай қоймас тамағына» –

деп, табан астында өлең сөзбен өрнектеген жауабы да ел аузында сақталып қалған. Сонымен қатар жаспын деп жасқанып қалмай, Абай да биді сынамақ болып:

– Би аға, арзан не, қымбат не, дауасыз не? – деп сұрайды.

Оған: – Шырағым, арзан – өтірік, қымбат – шындық, дауасыз – кәрілік емес пе? – деп, жауап бере отырып, – жанарыңның оты бар екен, ақындығың шығар, халқыңның қалаулы азаматы бол! – деп берген батасынан да Ж. бидің өз заманының тоқығаны көп, өрелі де зерделі адамы болғаны байқалады. *Б.Сапаралы.*

ЖАНДАРБЕКОВ Құрманбек (1905–73) – әнші, киноактер; режиссер. Ұлттық театр өнерінің негізін салушылардың бірі. Қазақ ССР-інің халық артисі. Ол М.О.Әуезовтың «Қарагөзінде» – Сырым, «Еңлік-Кебегінде» – Кебек, Е.Г.Брусиловскийдің «Қыз Жібек», «Ер Тарғын» және «Жалбыр» операларында күрделі партияларды орындады. Режиссер ретінде Ж. 1944 ж. либреттосын Әуезов жазған А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» операсын Қазақтың мемл. опера және балет театрының сахнасына шығарды. Онда Абай партиясын Р.Абдуллин орындады. Бұл қойылымның ұлттық опера өнерінің өркендеуіне қосқан үлесі зор. Қойылымда жаңа сипаттағы операларға тән әдіс-тәсілдер мен стилистік жаңалықтар толық пайдаланылған. *Г.Бекхожина.*

ЖАН ҚУАТЫ. Абайдың Қырық үшінші сөзінде арнайы түрде тоқталып, ерекше мән бере қарайтын ұғымы. Ж. қ-ның дамуы тікелей жанның жибили қуаты арқылы жүзеге асып отырады. «Жан қуаты дейтұғын қуат-бек көп нәрсе», – деп ескертеді де, солардың ішінде үш артық қуат бар: подвижной элемент, сила притягательная однородного, впечатлительность сердца. Бұларды жоғалтуға болмайды деп ой толғайды. Ж.қ. деген ерен ұғым сыртқы объективті өмір шындығын Хауаси Хамса Заһири (сыртқы бес сезім) арқылы сәулелендіруден (сезімдік таным) соң ойда жайғастыру процесі ретінде қаралуы себепті, ол логик. танымға жақын келеді. Осы арқылы Абай дүниенің танымалдылығын қуаттап шығады. Танымалдылық процесі біртіндеп үйрену арқылы жүретін құбылыс екенін де атап өтеді *(Жетінші сөз)*. Бұл қуаттар әуелде кішкене болады, оны сол бастан ескеріп зорайтпаса, қолға түсуі екі талай болмақ. Іштегі Ж.қ. арқылы жинаған қазыналардың аты – ақыл, ғылым деп аталады. Ал ақыл, ғылымды Абай кәсіби құбылысқа жатқызады. Кәсіби құбылысқа яғни Ж. қ-на Абай шешуші мән бере қараған. Ж.қ. арқылы қоршаған болмыстағы сан қилы құбылыстардың сырын ұғып, мәнін терең түсінсе ғана ақылды, көкірек көзі ояу, саналы адам болмақ. Себебі өмір шындығын білуге, ұғынуға ұмтылмаған адам жаны тән құмарымен шектеліп, рухани қажеттіліктен бос қалып, ішкі рухани қазынасы қордаланбай қалады. Ішкі рухани қазынамыздың қорлану көзі үздіксіз іздену мен еңбектенуде жатады. Бұған дәлел «... Жан қуатымен адам хасыл қылған өнерлері де күнде тексерсең күнде асады», – деп сыртқы бес сезім арқылы санамызға сәулеленетін өмір шындығында әр қилы өнер атаулының түп төркіні, бастау алар көзі жатыр деген даналық ойға жетелейді. Абай пікірінше, өнер, ғылым, білім, ақыл атаулы рухани құбылыстардың бәрі де Ж.қ. арқылы сыртқы болмыстан туындайтын заңды құбылыстар.

М.Мырзахметов.

ЖАН ҚҰМАРЫ – дүниені танып-білу жолында адамның психикалық ой-санасындағы ең көрнекті құбылыс. Мұны Абай жұмбақ өлең арқылы:

«Сыналар, ей, жігіттер, келді жерің,
Сәулең болса, бермен кел талапты ерің.
Жан құмары дүниеде немене екен.
Соны білсең, әр нені – білгендерің», –

деп сұрақ қойып, оған білімге құмарлық деп жауабын қоса береді.

Ж.қ. сөзі терең мәнге ие философ. ұғым білдіреді. Жетінші сөзінде де тән құмары мен Ж.қ-н салыстыра отырып, баланың өзін қоршаған дүние сырын білсем екен деген табиғи тілегіне терең мағына бергендіктен, дүниенің көрінген әрі көрінбеген сырын танып-білуде, ең болмаса біртіндеп екшей танып-білуге ұмтылған Ж.қ. арқылы Абай дүниенің танымалдылығын жақтайды. Дүние сырын танып-білуде Ж.қ. зор мәнге ие болғанда ғана хайуан жанынан адам жанына айнала алмақ. Жас бала «Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыла-

са да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» ... деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары» деген анықтамасын да бере кетеді. *М.Мырзахметов.*

ЖАННЫҢ ЖАРЫҒЫ – Абайдың *Жиырма жетінші сөзіндегі:* «Жә, олай болса һәмме мақұлыққа да қара, өзіңе де қара, Жаңды бәрімізге де беріпті. Жанның жарығын бәрімізге де бірдей ұғарлық қылып беріп пе?» – деген пікір негізінен Сократ хаким атынан айтылып тұр. Осы ойдың тарамдары Абайдың кейбір ой ұшқындарынан да аңғарылады. Мысалы, Жетінші сөзіндегі «Әзелде құдай тағала хайуанның жанынан адамның жанын ірі жаратқан, сол әсерін көрсетіп жаратқан» деген пікірі Ж. ж. деген ұғыммен астасып жатыр. Бірақ Абайдағы «адамның жанын ірі жаратқан» деген пікір желісі көңіл бөлерліктей мәні бар сөз. Мағынасы жағынан алғанда адамның сыртқы дүние сырын танып-білуге қабілетін адам бойындағы жан қуатына қарай меңзеу жағы басым. Хайуан жанынан адам жанының артықтығы, яғни Ж. ж. дүниенің көрінген және көрінбеген сырларын танып білуге ұмтылуында жатыр. Бұл дүниенің танымалдылығын мойындауға бастайтын жол болып шығады. *М. Мырзахметов.*

ЖАННЫҢ ЖИБИЛИ ҚУАТЫ. Абай адам ырқынан тыс болатын табиғи қажеттілік (тән құмары, тән қуаты) пен өсе келе пайда болатын рухани қажеттілікті (жан құмары, жан қуаты) бірлікте, өзара тығыз байланыста алып қарайды. Рухани қажеттіліктің өзі әуел баста табиғи қажеттілікпен алмасатынын: «Көзбенен көріп, құлақпен есітіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады. Ол хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпыменен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнешік өз суретіменен көңілге түседі. Ол көңілге түсіруші бағанағы бес нәрседен өткен соң, оларды жайғастырып көңілде суреттемек. Ол жанның жибили қуаты дұр...» – деп көрсетеді. Яғни Ж. ж. қ. деп тән мен жанның орталығында болатын психик. құбылысқа жатуымен бірге, ол жан қуатының кәсіби межесіне дейінгі жан процесінің әрекетін айтады екенбіз. Осы процестен кейін жан қуаты арқылы кәсіби құбылыс, яғни ақыл, ғылымның жолы басталады екен. Абай «Аз ба, көп пе білсем екен, көрсем екен деген арзу, бұлардың да басы жибили» – деп, сыртқы дүниедегі құбылысты танып білудің өзі қарапайым жай түрде басталса да әуелі Ж.ж.қ.-мен өзектес, өрістес дамиды да, соңынан келіп кәсіби (жан қуаты) нәрсеге айналып, жаңа сапаға алмасады екен. Абай танымында «тәннен жан артық» болуы заңды құбылыс. Бұл арада да Абай жан қуатына (кәсіби процесс) шешуші, басты орын беріп отыр. Осы себепті де шын адам болу үшін бізді қоршаған сыртқы дүниенің сырын ұғып, біртіндеп, даралап болса да танып, біліп, мәнін терең түсініп меңгере алсаңғана саналы, ақылды, көкірек көзің ашылған адам болмақсың.

Адам *заһири ғылымға* сүйеніп, дүние сырын танып білуге ұмтылып, рухани қазынасын қорландырмаса, адам жаны хайуан жанының деңгейінде қалмақ. Дүние сырын үнемі танып-білуге ұмтылмаған адам жаны табиғи қажеттілік шеңберіндегі тән құмары қармағында қалып, рухани қазынасы қорланбай, әрі адамшылық сезімі өспей қалады, адам игіліксіз, мұратсыз өмір сүруге ұрынады. Өйткені оның жаны Ж.ж.қ-нан алыстап, хайуан жанына айналады деп қараған.

Абайдың пікірінше, ақыл мен ғылымды (кәсіби) меңгеру жолында Ж.ж.қ-н танып-білу, соған сүйеніп әрекет ету – басты шарт. *М.Мырзахметов*

ЖАННЫҢ ТАМАҒЫ. Абай өзімізді қоршаған болмысты танып-білу қамында жан құмары арқылы ізденіп, жанымызды «өрістетіп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді...» дейді, яғни іштегі жан қуатымен жиған рухани қазынамыздың өзі де Абайда «ғибрәтлі» (үлгілі) және «нәфрәтлі» (жеркенішті) болып екіге бөлінеді. *«Ғылым таппай мақтанба»* өлеңіндегі *«бес асыл іс»*, *«бес дұшпан»* деп отырғаны, бір жағынан жанның пайдалы тамағына жатса, екінші жағынан жанның зиянды тамағына жататынын байқаймыз. Ал Жүсіп Қарабағи болса, жанның пайдалы тамағына шын сеніп, жомарттық, ғылыми танымын т.б. жатқызса, жанның зиянды тамағына күншілдік, сараңдық, өтірік т.б. таңбалайды. Екі ойшылда да Ж.т. жайлы танымның тамыры бір жерден шығып тұр. *М.Мырзахметов.*

ЖАНПЕЙІСОВ Ербол Несіпбайұлы (1930 ж.т.) – тіл білімі маманы, филол. ғыл. докторы. Ж-тің «Абай мен Әуезов тіліндегі ортақ өрнектер» атты ғыл.-зерт. мақаласы («Жұлдыз», № 2, 1964) мен «М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопясының тілі» деген монографиясы (1976) жарық көрді. Ғалым бұл еңбектерінде Абай мен Әуезов шығармашылығы сөздік қорларының ортақ екенін, шығармаларында сөздерінің дыбыстық құрылысы жағынан әуезді болып келетінін, жеке сөз түріндегі не тіркес қалыптарындағы қайталаулардың, синтаксистік егіздеулерінің орнықты болатынын, түбірлес сөздерді жарыстыра қолданатындарын, бір-бірімен мағыналас, өзара ұғымдас сөздерді үстемелей, қосарланып пайдаланылатындарын атап көрсетті.

ЖАНСҮГІРОВ Ілияс (1894–1938) – көрнекті ақын, қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Ол Абайдың суреткерлік шеберлігін, шығармаларының көркемдік ерекшелігін бағалауға, өлең текстерін анықтауға елеулі үлес қосты. Оның «Абай кітабы» атты мақаласы («Тілші» газеті, 1923, 8 мамыр) Абайдың Ташкентте шыққан таңдамалы өлеңдері (құрастырған – Х.Досмұхамедов) жайлы пікір толғайды. Бұл мақаланың құнды жері: Абай өлеңдерінен жиырма шақты сөз тіркестерін келтіріп, солардағы баспагерлер тарапынан кеткен жаңсақтықтарды, қате басылған сөздерді тап басып, олардың дұрыс нұсқасының қандай болуы керек екенін көрсетеді. Мыс.: «шалғыннан жүні қылтылдап» емес, «шалғыннан жоны қылтылдап» деген дұрыс екенін алғаш көрсеткен Ж. болатын. Бұл мақаладағы тағы бір өте бағалы пікір – Абай шығармаларын «толық жинақтап, жемісті қылып шығаруға тырысу» міндеті қойылған. «Абайды жете білетін Шәкерім, Мұхтар, Әлихан, Ахмет сияқтыларды бұл жолға үндеу керек. Сөйтіп осы бастан қам қылып, асықпай, бірнеше жылды мойынға алу керек», – дейді. Сол кездің өзінде-ақ Ж.-тың Абай шығармаларының толық жинағын тыңғылықты дайындап бастыру мәселесін көтеріп, Абайдың өмірі мен шығармаларына ең жетік, білгір адамдар деп Ш.Құдайбердиев, М.Әуезов, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсыновты атауы айрықша назар аударарлық жай.

Ол Абайдың 1933 жылғы жинағына алғы сөз жазды және «Абайдың сөз өнері» деген мақала жариялады («Әдебиет майданы», 1934, № 11-12). Абай шығармашылығының қоғамдық мәнін, көркемдік ерекшеліктерін кең қамтып, дұрыс бағалай отырып, жеке шығармалары жайында да өткір, қызықты пікірлер

айтады. Мыс., «Жаздыкүн шілде болғанда...» өлеңі туралы: «Абайдың жыры ырғақ, музыка құрылысы жағынан төгіліп кетеді. Абайдың бұл өлеңіндегі ақындық бір өзгешелігі – ол өлең ұйқасындағы етістіктердің сайдың тасындай ірі, қимылды, қозғалысты көрсетуге жандылығы» дегені Ж-тың шығармадағы оңайшылықпен көзге түсе қоймаған сипат-белгілерді байқағыш, айрықша алғырлығын танытады. Ж. бұлардан басқа «Абай жинағы» («Социалистік Қазақстан», 1937, 6 ақпан), Пушкин шығармаларының Абайға тигізген әсері хақында «Пушкин аудармасы қазақ әдебиетіне не берді» («Қазақ әдебиеті», 1937, 10 ақпан), Ғ.Тоғжановпен бірге Абай әндері жайлы «Қазақстан ән-күйі» (Еңбекші қазақ», 1931, 2 қараша), «Абайдың әйел теңдігіне ат салысуы» (Әйел теңдігі», 1927, № 2) деген мақалалар жазды. *З.Ахметов.*

ЖАНҰЗАҚ (т.-ө.ж.б.) – Абайдың замандасы. Бөкенші-тобықты руынан. Дәулетті адам болған. Кейбір істің тетігін таба алмай, тұйыққа тірелген кезінде Абаймен ақылдасады екен. Ол бір жесір әйелді тоқалдыққа алмақ болып, 300 қой төлеуге келіседі де осы жағдайды Абайға айтады. Әйелдің жеңіл мінезді екендігінен хабардар ақын:

«Ей, Жанұзақ, құтты ма екен құсыңыз,
Сен Жанұзақ болғалы асып тұрған тұсыңыз.
Үш жүз қойға мастанып, бір жебірге кездестің,
Тез ойланып кел, құйрықты қысыңыз» –

деп, ойын өлеңмен бүкпесіз айтып, бұл некеге қарсылығын білдіреді. *С.Қарамендин.*

«ЖАҢА АУЫЛ» (қазіргі «Семей таңы») – газет, Семей губ. партия комитеті мен еңбекшілер депутаттары губ. Советінің органы.

1928 жылдан шыға бастаған. Газет 1940–54 ж. ақынның дүниетанымы мен қоғамдық қызметін ашып көрсету мақсатында бірқатар материалдар жариялады. Ә.Қасымбековтың «Абайдың ғылымды іздеуі» (1940, 11 қыркүйек), «Абайдың ұстаздық қызметі» (1940, 20 қыркүйек) және Толқынның «Абай және еңбек» (1940, 25 қаңтар) деген мақалаларында Абайдың жас ұрпақты ғылым-білімге, еңбекке үндейтін өлеңдері сөз болады. С.Сейтхазиннің «Абай өлеңді қалай бағалады?» (1940, 13 қазан), Исраилдің (Ақылбаевтың) «Абай және ән-күй» (1940, 20 қазан) атты материалдары ақынның өлең-жыр, өнер туралы ойларын тұжырымдауға арналған. Зерттеуші ақындар Қ.Бекхожиннің »Абай-гуманист» (1954, 19 тамыз), О.Бекбосыновтың «Абай оқуға, білімге үндеген ақын» (1954, 26 тамыз) мақалаларында және «Біздің Абай» атты редакциялық материалда (1954, 5 қыркүйек) Абайдың әлеум. қызметі мен көзқарастарын зерттеу одан әрі тереңдей түскен.

«ЖАҢА ӘДЕБИЕТ» (қазіргі «Ж ұ л д ы з» журналы) – көркем әдебиет және сын журналы. Пролетариат және шаруа жазушылары Қазақ бірлестігінің (ҚазАПП) органы. 1928–32 ж. шығып тұрды. 20 жылдарда Абай және оның ақындығы туралы әдебиетшілер арасындағы тартысқа байланысты журналдың 1928 жылғы 3-5 санында С.Мұқановтың «Әркім «өзінше» ойлайды» деген материалы жарияланған. Бұл мақаласында Мұқанов Ы. Мұстамбаевтың «Қызыл Қазақстан» журналында (1927, 2-саны) жарияланған мақаласына жауап жазып, өзінің «Абай-байшыл ақын» деген тұжырымын тағы да «дәлелдеп» шығады. Осыған байланысты журналдың сол жылғы 7-8 сандарында Ы. Мұстамбаевтың «Абай» деген көлемді мақаласы жарияланған. Бұл мақаласында автор Абай шығармаларына тек қана таптық тұрғыдан қарамау керектігін айтып, оның ақындық шеберлігін нақты мысалдармен дәлелдеуге әрекет жасайды. Ш.Тоқжігітовтың «Лев Толстой» (1928, 9-саны) деген мақаласында Абай мен Толстой көзқарастарының, дүниетанымының ұштасып жатқан тұстары сөз болады.«-

ЖАҢА ЗАКОН – Абайдың 1884 ж. жазған өлеңі, әрқайсысы 4 тармақты 31 шумақтан тұрады, көл. 124 жол.

Абай өз заманындағы әлеум. құбылыстарға үнемі сын көзімен қараған саңлақ, ойшыл кісі болғандықтан, ол кездегі халықтың жан күйін тебірентетін оқиғаларға көңіл аудармай тұра алмаған. Сондай оқиғалардың бірі «Жаңа закон» еді. «Жаңа заң» («Новое положение») – патша үкіметінің қазақ халқын жаңа әкімшіл. жолымен билеу туралы шығарған қаулысы. Оның негізі «Уақытша ереже» («Временное положение») деген атпен 1868–69 ж. жасалған. Бұл заңды жасаудан бұрын 1865–67 ж. қырға арнаулы комиссия шығып, қазақ халқының тұрмысын, әдет-ғұрпын, шаруашылық жағдайын, географиясын, рухани тіршілігін зерттеген болатын. Комиссия бастығы Карл Гирс сияқты кертартпа кісі болса да, оның құрамында К.Гутковский, А.Гейнс сияқты Шоқанды жақсы білген, оның жазғандарын түсіне оқыған және А.И.Герценнің анықтауынша, прогресс жолында қызмет істеген оқымысты офицерлер болды. Кейін комиссияның мүшесіне Ғұбайдолла Жаңгіруұлы Шыңғысхан, С.Ситников кіреді. Сырттан Г.А.Колпаковский, Д.И.Романовский, Н.Мордвинов т.б. қатынасады. Қазақ даласын билеу туралы заң қабылдауға келгенде комиссия мүшелері екі жаққа бөлінеді: Гирс бастаған бір тобы империяда жүйеге түсірілген мықты бір ғана заң болу керек, оны осалдатсақ басқару ісі қиындайды деседі. Е.П.Ковалевский, Гутковский, Романовский, Ситников, Ғ.Шыңғысхан, А.И.Левшин бұған қарсы болады, қазақ тұрмысының ерекшелігін дәлелге келтіріп, олардың өзін-өзі басқаруын, билер заңын бұрынғы қалпында қалдыру керек деген хаттар түсірді, Шоқанның «Сот реформасы» туралы жазғандарын мысалға алады. Бұлардың ойларын реформа жасаушылардың бірі Соғыс министрі Д.А.Милютин мен Ковалевский де жақтайды. Жалпы айтқанда бұлар ұсынған жобадан 50 жылдардағы бурж. реформаның бағыты анық көрінеді. Бұл топтағы адамдар «қазақты бытыратып ұстамай, олардың үш жүзін бір орталыққа бағындырып басқару керек» деген орталықтандыру идеясын айтады. Кейбіреулері қазақ пен қырғыз халқын біріктіру мәселесін көтерді...

Бұл топтағы ойшылдар пікірінде кейбір жаңсақ жайлар ұшырасқанымен, олар «Жаңа заңды» қабылдар кезінде, жоғарыда көрсеткендей, көп толғанып, қазақ халқына қамқорлық көзбен қараған. Бұлардың достық емеурінін жақсы түсінген Абай өзінің өлеңінде:

«Жан ашып ойшыларға ой ойлатқан,
Қазаққа осы жақсы пайдалы деп,
Ойшылар жаңа закон низам тапқан...» –

деп, олардың қамқорлық көрсеткен достық ниеттерін бағалайды. Бірақ ол реакцияның күшті кезі болғандықтан жақсы талап іске аспай, тек қағаз бетінде қалып қояды. Олардың игі ойына жұлқына қарсы шыққандар: ген. М.Г.Черняев, ол кездегі ішкі

істер министрі Тимашев, Орынбор ген.-губернаторы Дезак, Батыс – Сібір ген.-губернаторы Дюгамель. Бұлар қол қойылып, жүзеге асыруға дайын болған қаулының өзін мансұққа шығартады. Черняев: «Оларды (қазақтарды) бір орталыққа біріктіріп билегеннен бізге зияннан басқа келер пайда жоқ», – деп ашық айтады (ГИМ РО, Архив М.Г.Черняева, ф. 208, св. 7).

Сөйтіп, бұл соңғы топтың адамдары сол кездегі белең алған күш жұмсау әдісі бойынша «бөліп ал да билей бер» жүйесін берік ұстанған. Бұл әдіс халық бұқарасын аяусыз қанау үшін барлық билеп-төстеушілерге ауыздықсыз жол ашқан. Ол жүйе қазақтың залым атқамінерлеріне де теріс болмаған. Абайдың «Жаңа закон» өлеңінде жаны күйреп, мұңын шағып айтқандары, міне, осы қансорғыш топтар туралы...

Өлең 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Томск университетінің кітапханасындағы Г.Н.Потанин архивінен алынып, алғаш рет «Жалын» журналының 1979 жылғы № 5 санында жарияланды. Абайдың жарық көрген басылымдарында берілмеген. *Ә.Марғұлан.*

ЖАҢА СӨЗДЕР (неологизмдер). Абай қазақ тілінің төл сөздері мен тұрақты тіркестерін еркін және өнімді пайдалануымен қатар лексик. қорды көптеген жаңа сөздермен және фразеологизмдермен толықтырды. Бұған ақынның шығармалашылық қырларының кең тақырыптылығы, проза жанрына, оның ішінде публицистика мен ғылыми жанрларға баруы, орыс әдебиетінен аударма жасауы және поэтика қажетін өтейтін тың элементтерді іздеу әрекеттері себеп болды. Абай тіліндегі жаңа қолданыстарды тілдік немесе лексик. және стильдік Ж.с. деп айырып қарастыру қажет.

Абай – өз заманын жан-жағынан алып сөз еткен қаламгер. Сондықтан ол, бір жағынан, өз дәуіріндегі қазақ қоғамының рухани және заттық дүниесіне енген жаңалықтарды, соған орай лексик. қазынасына енген жаңа сөздерді өз тұсындағы тіл тәжірибесінен алып қолданса, екінші жағынан, сол қазынаға біраз жаңа қорды өзі жасап қосты. Әсіресе Абай қаламынан туған жаңа сөздердің дені болып келетін дерексіз ұғым атаулары – оның теология, философия, этика, мораль тақырыптарын сөз етуінің жемісі. «Қарасөздер» деп аталатын прозалық туындысында қоғам өмірі, қоғамның заң-законы, адамның мінез-құлқы сияқты тақырыптарды сөз ету үстінде бұрынғы кейбір атауларды жаңаша ұсынуға, жоқтарын жасауға, барларының мағынасын айқындап бір ұғымда тұрақтандыруға мәжбүр болды. Ж. с. жасауда Абай 1-кезекте жұрнақ, жалғау, содан соң мағына жаңғырту, сөз тіркестіру амалдарын пайдаланды. Олардың бірқатарын тұрақтандырып, терминдік дәрежеге көтерді. Мыс., **-лық** жұрнағы арқылы **тоқтаулылық**, **байлаулылық**, **тиянақсыздық**, **қорғалауықтық**, **күлкішілдік**, **өршілдік** т.б., **-мақ** жұрнағы арқылы **сезбек**, **сүймек** т.б. тәрізді туынды тұлғалар жасап, олардың нақты дерексіз ұғым атауларын етеді. Мыс.: «әрбір нәрсеге қызықпақтық», «Арылмас әдет болды күлкішілдік», «Өршілдікпен лағынетке болған дүшар», «Адамзатқа не керек: сүймек, сезбек, кейімек». «Ішпек, жемек, кейімек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мәнсап іздемек, айлалы болмақ, алданбастық – бұл нәрселердің бәрінің де өлшеуі бар». Абай қаламынан туған жаңа элементтердің бір тобы – лексикаланған тіркестер, яғни көбінесе екі сөздің тіркесіне -лық жұрнағы жалғасып, бір дерексіз ұғымды білдіретін күрделі атаулар. Мыс.: **қызба бастық**, **әсем салдық**, **күлкі тоқтық**, **өнер жоқтық**, **есі барлық**, **зор болғандық**, **адам жаулағандық** сияқты тіркестер қазақ әдеби тілінде Абайға дейін кездеспеген тұлғалар. Абай мұндай жаңа тіркестерді өлеңдерінде де, прозасында да жүйелі түрде қолданып, лексика қазынасына қосқан. Абай тіліндегі жаңа сөздер тек дерексіз зат есімдер емес, етістіктер тобында да бар. Мыс., **қайраттысу**, **әсемсу**, **сәнсу**, **қалжыңшылсу**, **жарамсақсу**, **серкесу**, **жер тәңірсу**, **қалжың бассу**, **еңбегі жоқ еркесу** сияқты қимыл атаулары тек Абай текстерінен табылатын жаңа қолданыстар. Граммат. зерттеушілер түркі тілдеріндегі **-сы(-сі)** жұрнағы есім тұлғаларынан сөйлеуші өзін не өзге біреуді біреуге немесе бірдеңеге балап көрсететін, я болмаса бір нәрсені істеген-істемеген етіп танытатын етістіктер жасайды деп анықтайды. Мыс., **мырзасу**, **батырсу**, **білгенсу**, **жазғансу** дегендерде сөйлеуші өзін не басқа біреуді мырзаның, батырдың қылығын, сипатын иеленген жанға, немесе бірнәрсені білген, жазған адамға балау мағынасы бар. Сонымен қатар бұл жұрнақ жалғанған сөздің мағынасында семантик. қосымша реңкі және болады, ол сөйлеушінің өзін не өзгені біреуге не бірдеңеге жай балай салу емес, ұқсауға тырысу немесе көлгірсу реңкін қоса береді. Абай **-сы** жұрнақты туынды сөздердің осы реңкін жақсы пайдаланған. Мыс., «Ұққыш жансып шабынар», «Жер тәңірісіп кермағыз» дегендерінде ұққыш жанға, жер тәңіріне жай ғана ұқсау емес, ұққыш жан, жер тәңірі емес екенін, тіпті оларға ұқсамаса да ұқсап баққан көлгірсіген реңк бар. Туынды етістік жасайтын **-сы** жұрнағын пайдалануда Абайдың жалпы халықтық тіл нормасынан сәл ауытқитын ерекшелігі бар. Абай **бәлсіну**, **сәнсіну**, **керексіну** деп, жалпы тіл нормасында қалыптасқан тұлғаларды емес **бәлсу**, **сәнсу**, **керексу** деп жұрнақты түбір сөзге тікелей жалғайды, сол арқылы бұл туынды тұлғалардың мағыналық бояуын қалыңдатады. Мыс., «Ел керексу» дегені елді керексіну деудің орнына келіп тұр. Бір қарағанда мұндай тұлғалар тосын, нормадан ауытқу сияқты болып көрінгенмен, бірде **экспрессивтік** мән алып, бірде ұйқас, өлшем құрауға жәрдемдесіп, жиі қолданылғандықтан және өлеңнің идеясын ашуда кедергі, яғни түсініксіздік тудырмайтындықтан, Абай тілінің бір ерекшелігі ретінде орын алады.

Абай шығармалары тілінде көптеген төл сөздердің мағыналары жаңғыру (ауысу, тарылу не кеңею) арқылы айқындалып, біразы терминдік дәрежеге көтерілді. Бұл ретте әсіресе қоғамның әлеум. топтары мен экономика, сауда-саттық, заң, әкімшілік салаларына қатысты ұғым, зат атауларын білдіретін төл немесе кірме сөздер көзге түседі. Олардың ішінде кейбіреулері (мыс., **болыс**, **жатақ**, **шаруа**, **закон**, **законшік**, **арыз**, **іс**, **қызмет**, **шығыс**, **өсім**, **өсімкер**, **алыпсатар**, **атқамінер**, **пайда**, **кеспе** т.б. нақтылы ұғым атауы ретінде терминге айналды. Әрине, бұлар тек Абай тудырған Ж.с. емес, сол тұстағы жалпыхалықтық тілдегі жаңа ұғым атаулары. Бұлардың көбі мағына жаңғырту арқылы пайда болған, олар жұрнақ арқылы жасалғандармен салыстырғанда аса көп те емес, дегенмен Абай мен оның тұсындағы ауызша, жазбаша тілде кеңінен орын ала бастаған лексик. құрам бөлігі. Жаңа сөз жасаудың өзге тәсілдері Абай тілінде өріс алмаған.

Екі түбірді біріктіру арқылы жаңа сөз жасау қазақ тілінде бар тәсіл болғанымен, бұл жолмен Абай Ж.с. жасамаған. Оның шығармаларында кездесетін **елубасы**, **атшабар** тәрізді сөздер (олардың өзі арабша жазылған) қолжазбалар мен кітаптарда бір-бірінен бөлек таңбаланған. Абай туындылары емес, сол кезеңдегі жалпы қолданыстағы Ж.с., жаңа құрылымдардың ең үлкен түрін Абай фразеология саласында жасаған. Соны фразеологизмдер жасауда перифраза (қ. *«Парафраза»*) жиі қолданылған (қ. *«Фразеология»*). Тек перифраза дау үшін емес, жалпы жаңа образдар жасау үшін Абай семантикасы жағынан қатыспайтын сөздердің тіркестерінен жаңа фразеологизм жасайды. Мыс., **тентек жиын**, **саңырау қайғы**, **жабырқаңқы сөз** дегендерде алдыңғы сын есімдер адамға қатысты айтылатын сөздер, ал мұнда адам емес, **жиын**, **қайғы**, **сөз** сияқты дерексіз ұғымдардың сипаттамасы ретінде берілген. Бұл – Абайда жүйеге айналған, кеңінен қолданылған тәсіл және ол кейбір зерттеушілер таныған дай, орыс әдеби тілінің ғана әсері емес, бұрыннан қазақ әдеби дүниесінде сирек болса да кездесетін, үлгі-модель бар амал (мыс., Дулатта ойдың **мөңірер жүртқа қайтуы**, ақылды көңілдің **құрысын құю**, Шәңгерейде **ақ ниеттің тотығуы** т.б.).

Фразеологизмдер саласында жүйелі түрде Абай жүргізген тағы бір жаңалық – бұрынғы фразеологизмдердің компоненттерін өзгертіп қолдану, сол арқылы тың ассоциация туғызу. Мыс., Абайдың **уайым жеу** тіркесін **қайғы жеу**, **өсекке таңу** дегенді өсекке салу, ауызға сөз түспеу дегенді **тілге сөз түспеу** деп беруі кәнігі тіл нормасын бұзу емес, стильдік өң беру, өлең өлшемі, ұйқасы талабын өтеу т.б. сияқты әр алуан мотивпен жасалған құбылтулар. Сөйтіп, Абайдағы лексик. Ж.с. бірнеше түрлі мақсат көздеп жасалынған: бірі – шығармаларының әр қырлы тақырыбына қарай өзі қолданған жаңа ұғымдарды қазақша атау, бұл салада әсіресе дерексіз ұғым атаулары көзге түседі, екіншісі – образ жасау үшін стильдік Ж.с. қолдану, бұған **- сы** жұрнағымен келген етістік сөздері дәлел болады. Абай тілінде сол кезеңдегі жалпы қазақ тілі үшін Ж.с. болып табылатын бірсыпыра атаулар еркін және молынан қолданылған. Бұған әсіресе әлеум. саяси экономик. мәдениет, оқу-білім салаларына қатысты мағына жаңғырту арқылы және өзге тілдерден сөз қабылдау арқылы жасалған жаңа тұлғалар жатады. Бұл реттегі Абай тілінің ерекшелігі – кейбіреулерінің мағыналары айқындалып, бірғана ұғымда тұрақталып, терминдік дәрежеге көтеріледі (**шаруа**, **жатақ**, **арыз**, **іс**, **қызмет**, **өсім**, **болыс**, **партия**, **кандидат** т.б.).

Әдеб.: Жанпеисов Е. Қазақ прозасының тілі. – А., 1968; Сыздықова Р. 18-19 ғ-дағы қазақ әдеби тілінің тарихы. – А., 1984.

Р.Сыздықова.

«ЖАПЫРАҒЫ ҚУАРҒАН ЕСКІ ҮМІТПЕН...» – Абайдың 1901 жылы жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақтан тұратын 4 шумақ. Ақын айналасынан әбден түңіліп, көңілін мұң шалған, қолына қалам алуды мүлде азайтқан шағында жазған. Жасы егде тартқан адамның бір сәт алды-артын екшеп, өткен өмір жолына ойша көз жүгіртуі заңды нәрсе. Осындай толғаныс үстінде өзі жүріп өткен өмір жолын шолған ақын бір кезде алға қарай алып қашқан асыл арман, үкілі үмітінің бүгінде жапырағы қуарып, құр босқа қиял қуып, өмірді босқа өткізгеніне назаланады. «Көп наданға» қор болған бос қиялын айыптайды. Қиялдың да қиялы бар екен-ау, бос қиялдан не пайда деп налиды. Ендігі қалған уақытта қиял емес, ой қуу деген тұжырымға келеді. Жас келіп, ой тоқтатқан шағында өзіне-өзін үңілші, бір кездегі «ыстық жүрек, өң-шырай, қуат пен күш» түгел ме екен? Не ұттың, неден ұтылдың, неге қол жеткіздің? деген сұрақ қояды да, соған қазіргі адамдар шындыққа жүгінбейтін, ынтымағы жоқ, бұлдыраған бір сағым, «көптің аузын күзетсең күн көрмейсің, өзіңді өзің күзет» деген тұжырымды жауабын айтады. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» деген жинақта жарияланған. 7-9 буынды қара өлең үйқасымен жазылған. Өлең басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1954 жылғы басылымда 2-шумақтың 1-жолы **«Ол дәурен өмір емес, бір көрген түс»** делінсе, қалған жинақтарда Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы басылымға сәйкес бұл жолы **«Ой дәурен өмір емес, бір көрген түс»** болып берілген. Ал 1939 жылғы басылымда осы шумақтың 2-жолы **«Ойға тойма, қызықты қиялдан түс»** деп берілсе, басқа жинақтарда **«Ойға тойма, қызықты қиядан күс»** болып басылған. Туынды ағылшын, араб, башқұрт, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр тілдеріне аударылған.

Т.Рсаев.

ЖАРГОН – бұралқы мағынаға ие болған, қалың көпшілікке жете түсініксіз сөз шамалары мен сөйленіс машықтары. Оңдай тілді, оның құрылымы оғаш сөздерін белгілі бір әлеум. топтардың өкілдері, ұры-қарылар қолданады. Мектеп жасындағы балалардың да өзара түсінісетін Ж. сипатты тілі болады. Қолданыс аясы шектеулі жасанды тілдердің әуел бастағы пайда болу себептері әр түрлі мақсатпен қауымдасқан топтар мен тобырлардың өз сырын өңгеге білдіртпей, өзара ауызекі қарым-қатынас жасау ниетіне орайласады.

Абай өз шығармаларында Ж. сөздерді, әсіресе олардың орыс тіліндегі қалпын, яки қазақ арасына тұлғасын бұзып сіңіскен нұсқаларын пайдаланып отырған. Мыс., «Менсінбеуші ем наданды» атты өлеңіндегі:

«Барымта мен партия –
Бәрі мастық, жұрт құмар.
Сыпыра елірме, сұрқыя –
Көп пияншік нені ұғар? –

деген шумақта қазақ тіліндегі «мастық» сөзімен жарыстыра орыс тілінен «пияншік» түрінде енген Ж.-ды да қолданған. Бұның орысша әдеби тұлғалары **пьян**, **пьяный**, **пьяница** екенін біле тұра ақын осы түбірден өрбіген әдеби емес сыңарын келтірген. Сондай-ақ бұл шумақтағы мастық сөзі арақ ішумен байланысты емес, жалпылама мағынада болса, басқа ретте Абай **мас** түбірін тікелей ішімдікке қатыстыра жұмсайды. Мыс.,

«Арақ ішкен мас болған жұрттың бәрі,
Не пайда, не залалды бола алмай жүр».

Сонымен қатар Абай өлеңдерінде қарапайым тіл көріністеріне жататын анайы сөздер де молушырасады. Мыс., ол қазақ тілінің сөз қорында бар, бірақ әдеби нормаға жатпайтын «ойнас» сөзін өзінің тура мағынасында қолдана береді. Қараңыз:

«Ойнасшыл қатын болса қар,
Аңдыған ерде қала ма ар?

немесе:

«Қатының ойнасын
Көрсең, – білсең қоймасын,
Не ойлар едің өз басың?»

Алайда ол белгілі бір эстетик. нысана көздеген тұста тек қазақ тілінің анайы сөздерімен шектеліп қалмай, олардың Ж.-дық сыңарларын да ақындық шабытына азық етеді.

Сатып алма, сөз сатса,
Ол асылды аңдамас.
Блаткәнің байы – ақша,
Ер жақсысын таңдамас...

Осы шумақта көрсетілген сөз орыс тілінен енген Ж., мағынасы ілгерідегі ойнасшыл деген ұғымды білдіреді. *Е.Жұбанов.*

«ЖАР-ЖАР» – «Жалын» баспасынан 1978 ж. жарық көрген той кітабы. Құрастырғандар Б.Уахатов пен Ж.Қыдыров. Кітапта қыз ұзату, келін түсіру, отау тігу, сәбиді бесікке салу рәсімдеріне байланысты халықтың тұрмыс-салт жырлары, той-думандарда айтылатын әндер тақырып бойынша топтастырылған. Жинақтың «Тойдың сәні – ән» деген бөліміне Абайдың «Айттым сәлем, қалам қас», «Көзімнің қарасы» деген 2 әні енгізілген. Көлемі 12,6 б. т., 35 000 дана болып басылған.

«ЖАРҚ ЕТПЕС ҚАРА КӨҢЛІМ НЕ ҚЫЛСА ДА...» – Абайдың 1889 ж. жазған өлеңі. Көл. 8 жол. Сүйген жарынан ажырап, алыста қалған жігіттің зарығып айтқан сағынышын білдіретін махаббат лирикасы. Біржола беріліп, құлай сүйген жігіттің бір жақты сүйіспеншілігі жырланады. Өз сезімі қыз жүрегінен үндестік тапсын-таппасын, ол алған бетінен қайтпайды, жалындаған ыстық махаббатының құрбандығына көніп, жүрек қалауының барлық азабын тартуға әзір. Өлең 11 буынды қара өлең үйқасымен (-а, -а, -б, -а) жазылған. Туынды басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1933, 1954 жылғы жинақтарда соңғы шумақтың 4-жолы «Қорлық пен мазағына **табынса да**» делінсе, 1957, 1977 жылғы басылымдарда бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларына сәйкес «Қорлық пен мазағына **табылса да**» болып берілген.

Өлең ағылшын, араб, башқұрт, белорус, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр, якут тілдеріне аударылған. Туындыға комп. С.Мұхамеджанов, А.М.Гурьевич ән шығарған.

Ж.Ысмағұлов.

«ЖАРҚЫН ЖҰЛДЫЗДАР» – «Мектеп» (қазіргі «Рауан») баспасынан 1964 ж. жарық көрген моногр. еңбек. Авторы – *С.Мұқанов.* Ғыл.-зерт. еңбектің 1-бөлімі Ш.Ш.Уәлихановқа, 2-бөлімі А.Құнанбаевқа арналған. Еңбекте автор Абайдың ата-тегіне, өскен, тәлім алған ортасына, қоғамдық, ағартушылық қызметіне тоқталып, ақындық шеберлігіне, дүниежүз. әдебиетте алатын орнына баға береді. Ғалым ақын шығармашылығын оның өзі өмір сүрген кезеңдегі қазақ халқының салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен байланыстыра қарастырады. Абай лирикасындағы демократтық-гуманистік көзқарастарын, сыншылдық, шыншылдық бағытын, ақынның қазақ әдеби тілін дамытудағы ерекше еңбегін, жаңа сөз жасаудағы тәсілдерін талдайды. Кітап әдебиетшілер мен тарихшыларға, студенттерге, жалпы оқырман қауымға арналған. Көлемі 22 б.т., 4400 дана болып басылған. *С.Қалуов.*

«ЖАРЛЫ БАЙ» («Жаман үйде жалғыз шал...») – Абайдың 1898 ж. И.А.Крыловтан аударған мысал өлеңі. Көлемі түпнұсқада 74 жол болса, аударма 97 жолдан тұрады. Ақын мысалдың жалпы мазмұнын сақтап еркін аударған. Оқиғаның негізгі мазмұны, айтар ойы ортақ болғанымен, тәржімада бірлі-жарымды өзгешеліктер бар. Орыс ақынының мысалы тікелей жарлының байлық туралы ойынан басталса, қазақ ақыны алдымен жалғыз шалмен таныстырады. Түпнұсқада жапырайған лашығында ойланып жатқан жарлының 11 жолдық монологін 23 жолға жеткізген. Мысалдағы «тойып тамақ ішпей, ұйқы қанбай, тірнектеп жинаған байлық қажет пе? Өлген соң бәрі де қалады» деген бір шумақпен берілген ойды 3 шумақпен, қазақ оқырманына ұғымды етіп, кеңейтіп аударған. Түпнұсқадағы ақша жинап баюдың сауда-саттығы әлі дами қоймаған қазақ даласы үшін тосындау болатындығын ескеріп, «мал табу» баламасын қолданған. Ақын шығармасында қазақ байларының кейбір ұнамсыз қылықтарын әшкерелеу мақсатында «ант атты», «тәңірі атқан» сияқты қарғыс тіркестерді пайдаланған. Червонец – ділдә, алтын кошелек – дорба, река – дария болып аударылған. Түпнұсқадағы әлгі шал бірнеше рет әмияңды өзенге тастамақ болса, Абай дорбаны суға тастауға оны жүз рет барғызып, оқиғаны нақтыландырады. Крыловта жарлы тоғызыншы миллионды санап жатқанда қайтыс болады да, мысал аяқталады. Абайда да солай, бірақ аударманың соңына:

«Алтын қайда, сөз қайда?
Қу нәпсіден не пайда? –

деген тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін тыңнан қосқан. Нәтижесінде Крыловтан аударған «Жарлы бай» мысалы қазақ оқырмандарының ұғымы мен түсінігіне сай ақынның төл туындысындай болып шыққан. Өлең 7, 8 буынды, аралас үйқаспен кестеленген. Алғашқы рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Туынды басылымдарында текстол. аздаған өзгерістер кездеседі. Мүрсейіт қолжазбаларында **«Бай пайдамды тигізіп»** деген 7-шумақтың 1-жолы 1945 жылғы басылымда **«Бар пайдамды тигізіп»** делінсе, 1909 жылғы жинақ негізінде бұл жол **«Байлықпен пайдам тигізіп»** болып берілген. 1945 жылғы жинақтағы **«Кіріп келді есіктен»** деген 8-шумақтың 2-жолы Мүрсейіт қолжазбалары бойынша 1954, 1957, 1977 жылғы жинақтарда **«Кіріп келді тесіктен»** деп түзетілген. 21-шумақтың 2-жолы 1933, 1945, 1977 жылғы жинақтарда 1909 жылғы басылымға сәйкес **«Дарияға таман жүз барған»** болса, 1954, 1957 жылғы жинақтарда **«Дарияға жүз барған»** делінген. Мүрсейіт қолжазбаларында, 1945, 1954 жылғы басылымдарда 23-шумақтың 2-жолы **«Өзі әбден жүдепті»** болса, 1933, 1957, 1977 жылғы жинаққа сүйеніп **«Өзі де әбден жүдепті»** түрінде өзгертілген. *Д.Ысқақов.*

ЖАРОКОВ Тайыр (1908–65) – қазақ ақыны. Абай туралы бірнеше өлең жазған. «Пушкинді көргенде» (1937) өлеңінде ол С.-Петербургтегі Пушкин ескерткішін көрген кезде есіне Абайдың «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» деген өлең жолдары түскенін айтады. Ал кейініректе жарияланған «Ақын көрінісі» өлеңіне («Шығармалар жинағы», 2 т.– А., 1958, 135-б.) Абайдың шығарма тудыру үстіндегі ой-сезімін негізгі желі етіп алған. Абайдың «Құс қанатты қаламы» бірде биікке самғаса, бірде сәл кідіргендей әсер қалдырады. Сондай сәтте оның жүйрік ойы

қырды аралап кеткендей болады. Ақын бір мезет үнсіз қалып, тұңғиық сезім дүниесіне батады.

Елең қылмай ойланып,
Ақын сол кез ешкімді,
Толғанады қолға алып
Лермонтов пен Пушкинді.

Небәрі 20 жолдан тұратын өлең осылай тамамдалады. Қазақ әдебиетінің классиктері деген айдармен Қызылорда қ-ндағы «Қазақстан» баспасында 1933 ж. латын әрпімен шыққан Абай Құнанбайұлы шығармаларының толық жинағына Ж. баспа атынан қысқаша пікір жазған. *С.Сейітов.*

«ЖАРТАС» («Қонады бір күн жас бұлт...») – Абайдың 1899 ж. М.Ю.Лермонтовтың «Утес» атты өлеңінен аударған туындысы. Өлең түпнұсқаға сәйкес әрқайсысы 4 тармақты 2 шумақтан тұрады. Бірақ мағына жағынан дәлме-дәл емес. Өлең 6–7 буынды шалыс ұйқаспен жазылған. Алғашқы рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланған. Туынды басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Өлеңнің 2-шумақтағы 3-, 4-жолдары Мүрсейіт қолжазбаларында, 1909, 1945 жылғы жинақтарда:

«Бәрі осы-ау деп қыз деген
Томсарып тұрып жылапты,» –

делінген. Бұл жердегі «қыз» деген сөздің орысша түпнұсқаға қарағанда ешбір қисыны жоқ. Онда Лермонтов «Не остался след в морщине» дейді. Сондықтан кейінгі жинақтарда (1954, 1957, 1977) жоғарғы 2 жол:

«Бәрі осы-ау деп құз деген,
Томсарып тұрып жылапты», –

деп басылып келе жатқаны қисынға келеді. Желге ілесіп еркін ойнақтап көшіп жүретін бұлт емес, тұрған жерінен қозғала алмайтын мелшиген тас құз болған соң, көрген күнім осы да деп, қайғырып жылапты деу әлдеқайда ұтымды. Ал жартасты Лермонтов кәрі шалға, жас бұлтты қызға балап айтып отыр деп, қыз деген сөзді әкеліп тықпалау әдемі ишарат түрінде елес беретін символдық мағынаны бадырайтып, тұрпайылап айта салғандық болар еді. Оқырманның өзі ойша елестетіп, ішпен білерлік нәзік символ көркем тұспалмен берілгенде ғана әсерлі болатынын Абайдың ескермеуі, әрине, мүмкін емес. Сондай-ақ 1909, 1945 жылғы басылымдарда 1-шумақтың 3-жолы **«Жөнелді ертең, қалды үміт»** болып берілсе, кейінгі басылымдарда **«Жөнелді ертең, қалды ұмыт»** ретінде алынған. Ақынның бұл өлеңіне комп. Ғ.Жұбанова романс жазған.

З.Ахметов.

«ЖАРЫМ ЖАҚСЫ КИІМ КИІП...» («Онегиннің өлердегі сөзі») – Абайдың 1889 ж. жазған өлеңі. Көлемі 18 жол. Бұл А.С.Пушкиннен аударма емес. «Евгений Онегин» романында Онегиннің өлімі жайында ешқандай сөз жоқ. Онегиннің:

«Атам, анам, қара жер,
Сен аша бер қойныңды.
Сенен басқа еш жерден
Таба алмадым орнымды...» –


деп, өмірімен қоштасуы – Абайдың өзі тапқан көркемдік шешімі. Онегин тағдырын Абай трагедиялық бояуын қоюлатып, қиянатты көп көрген, азап шеккен адам етіп көрсетуге ұмтылған. Онегиннің Татьяна хатына жауабынан *(«Таңғажайып, бұл қалай хат...»)*, Татьянаның сөзінен *(«Тәңрі қосқан жар едің сен...»)* де осы сарын белгі береді. Онегиннің трагедиясын, өзін өлімге қиюын Абай өмірден қиянат көріп, соққы жеп, торығудан болған дей ме, әлде Татьянаның адал махаббатын кезінде бағалай алмағаны үшін өзін жазықты санап, өкініп, өмірден түңілгені дей ме – бұл сауалға жауап беру оңай да емес. Онегиннің Татьяна хатына жауап сөзінде осы екі сарын да анық сезіледі. Ал осы «Онегиннің өлердегі сөзінде» жоғалтқан махаббат жайлы баса айтып:

«Сен ақылмен көңілді
Тыйып, жеңдің бойыңды.
Мен бұрылып түзеле алман,
Қайтсін дедің сорыңды...» –

дейді. Онегиннің Татьянаға жазған хатындағы:

«Сорлы адаммын жер жүзінде,
Бір қуаныш көрмедім.
Не қыласың, ерік өзінде,
Қайғысы асқан шерлі едім», –

деген сөздермен жалғас алып қарасақ, «Түзеле алман» дегеннің мағынасы өмірден «бір қуаныш көрмедім», «шерлі едім» дегенмен астасып жатқанын аңғарамыз. Туынды 7–8 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Алғашқы рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланған. Өлең басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1909 жылғы жинақта 2-шумақтың 2-жолы **«Көңілім ұйып құс болып шүйіп»**, соңғы шумақтың алғашқы жолы **«Мен бұрылып төзе алман»** болса, кейінгі басылымдарда бұл жолдар Мүрсейіт қолжазбаларының негізінде **«Көңілім жүр құс болып шүйіп»**, **«Мен бұрылып**



Нота. (Онегиннің өлердегі сөзі).

түзел алман» болып түзетілген. Ал Мүрсейіт қолжазбаларында 2-шумақтың 3-жолы **«Есіркеп сүйдіріп еді»** деп берілсе, басылымдарда 1909 жылғы жинаққа сәйкес **«Есіркеп сүйгізіп еді»** делінген. *З. Ахметов.*

Абай бұл өлеңіне ән шығарған. Ән – Абай әндерінің ішінде сирек орындалатын шығармалардың бірі. Ы. Мұстамбайұлы: «Абай Пушкиннің романының ішінен алдымен Онегиннің пішінін алады. Оның соңында Татьянаның хатын жазады. Артынан Онегин мен Татьянаның жолыққандағы сөздерін тағы хаттасу түрінде аударып жазады. Әңгіменің ең ақырын Онегиннің өлердегі айтқан сөзі деп тоқтатады», – деп жазады («Абай» журналы, 1922, № 1, 67-б.). Әннің әуен саз жүйесіне төрт шумақ өлең жолдары сиып отыр. Ән әуені речитативті түрде сипатталған ән әуені аралас өлшемде айтылады. Әуен иірімдері квинталық диапазонда құрылып, жалпы Абай муз. тілін аңғартады. Әуендік саз арнасында гармониялық аккордттардың ұйқастық тапқанын да естуге болады, орта екпін желісіне түскен әуен-ырғақтан абыржыған кейіпкер тұлғасын көзге елестетуге болады. Бұнымен бірге әннің тұла бойында «ақсақ ырғақ» кең орын алғанын да аңғарамыз. Әнді алғашқы рет 1984 ж. М. Мұхамеджановадан Қ. Жүзбасов таспаға түсіріп, нотаға хаттаған. *Қ. Жүзбасов.*

«ЖАС АБАЙ» – М. Әуезовтың «Абай» романының 1-кітабы бойынша жазылған екі бөлімді драма. Шығарманың сахналық нұсқасын жазып, қойған реж. Ш. К. Айманов, комп. С. Мұхамеджанов, суретші Д. Сүлеев. Сахналық туындының алғашқы қойылымы 1969 ж. 6 шілдеде Қазақтың балалар мен жасөспірімдер театрында көрсетілді. Жас Абай бейнесін А. Кенжеков орындады. Драмадағы Құнанбай (М. Бақтыгереев), Тоғжан (Р. Әшірбекова), Бөжей (Б. Қалтаев), Зере (Б. Құланбаева), Майбасар (А. Айдарбеков), Ербол (Ч. Зұлқашев), Бастаушы (М. Жақсымбетова) бейнелері актерлердің сәтті ойындарымен көрінді. Спектакльде Абайдың жастық шағы бейнеленіп, ақындық жолдағы алғашқы қадамдары, жас шәкірттің дүние танымындағы күрделі өзгерістер өз даму шеңберінде көрсетілген.

С. Балғабаев.

«ЖАС ӨСПІРІМ ЗАМАНДАС ҚАПА ҚЫЛДЫ...» – Абайдың 1894 ж. жазған өлеңі. 4 тармақты 4 шумақтан тұрады. Заман ағымы тудырған пысықтардың күйкі тірлігін сынға алады. «Еңбегі жоқ, еппенен мал табам деп», «сенімі жоқ сермеңде» болған жастардың «тұрлау қылып ешнәрсе басқара алмай» сабыр, ардан, аялдан ада болған, іліп-жұлқып күн кешкен, болмашыға арын сатқан, сөзінде шындық жоқ, екі жақты бірдей алдаған кейпін жеріне жеткізе суреттеген. «Жас өспірім замандас қапа қылды, Сабыр, ар жоқ, аял жоқ, ілді-жұлды. Тұрлау қылып ешнәрсе басқара алмай, Сенімі жоқ сермеңде өңкей жынды» деп ақын сол заманның жастарына қапа болады.

Өлең 11 буынды қара өлең үйқасымен жазылған. Алғаш 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Туынды басылымдарында бір ғана текстол. өзгеріс кездеседі. 1939 жылғы басылымда 4-шумақтың 4-жолы **«Майын мінген бір семіз оның құны»** делінсе, қалған басылымдарда бұлжол Мүрсейіт қолжазбалары, 1909 жылғы жинақ негізінде **«Бір семіз ат болады оның құны»** деп алынған. Өлең ағылшын, араб, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр тілдеріне аударылған. *И. Хасенов.*

«ЖАСТЫҚТЫҢ ОТЫ ЖАЛЫНДАП...» – Абайдың 1891 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 13 шумақтан тұрады, көлемі 52 жол. Ақын бұл өлеңінде де отты, тегеуірінді жастық шақ тақырыбына қайта оралады. «Жастықтың оты жалындап, жас жүректе жанған шақ» балауса өмірдің баламасындай болса, «Талаптың аты арындап әр қиынға салған шақ» алуан өнерге, ақындыққа құлаш ұрудың айшықты айғағындай сезіледі. Осындай шандоз шақта талпынып, «Ақылмен тауып айласын», «талайғы кәрі дүниенің бір кетігін ұстап бағуға» үндейді ақын. Өмір үшін сондай бейнет-күресте «досыңа достық білдіріп, дұшпанға әділ болу – адамға басты қарыз іс» екенін зерделетеді. Ақын сырт көзбен барлап, пайымдап қана қоймай, өлеңге өзі араласып, жастықты «ары кетке алдағыштардан» өзі арашалап алары да бар. Сөйте отырып: «Балы тамған жас қамыс – ормасаңшы көктейін» тәрізді тамаша бейнелі сурет салады. Жырдың көркемдігі кемел. 7–8 буынды төрт жолдан құрылған шумақтар, бұзылмас шымыр егіз ұйқас берік жымдасып, шығарманың шырайын аша түскен. Түпнұсқасы Мүрсейіт қолжазбаларынан алынып, алғаш рет С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Туындының басылымдарында текстол. өзгерістер ұшырасады. Мүрсейіт қолжазбаларында 3-шумақтың 4-жолы **«Жылы жүріп жайнасын»**, 4-шумақтың 2-жолы **«Жазасын тартып жауласар»** болса, кейінгі басылымдарға 1909 жылғы жинақ негізінде **«Жылы жүзбен жайнасын»**, **«Жазасын тауып жауласар»** болып түзетілген. Мүрсейіт қолжазбаларында, 1909 жылғы жинақта және осылар бойынша басқа басылымдарда 9-шумақтың 1-жолы **«Сұмсұрқия қу заман»** делінсе, 1933 жылғы басылымда бұл жол **«Сұм-сұмырай қу заман»** ретінде алынған. 10-шумақтың 3-жолы Мүрсейіттің 1905, 1907 жылғы қолжазбаларымен 1909 жылғы жинақ негізінде **«Мақтанып жүртты шулатса»** деп қабылданды. Туынды ағылшын, араб, башқұрт, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, орыс, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр тілдеріне аударылған. *Б. Сарбалаев.*

«ЖАСЫМДА ҒЫЛЫМ БАР ДЕП ЕСКЕРМЕДІМ...» – Абайдың 1885 ж. жазған өлеңі. Алғашқы 2 шумағы 4 тармақтан, кейінгі 2 шумағы 3 тармақтан тұрады. Өлеңнің басты идеясы – жастарды білім, ғылымға үндеу. Ақын ел ағасы ретінде жастарға оқып, білім алыңдар деген құрғақ үгіт айтпайды. Жасында ғылым қажет екенін ескермей, ер жеткен соң қолын кеш сермеп, одан махрұм қалғанын өз басының айықпас қасіреті ретінде өкінішті сыр етіп шертеді. Бірақ бұл жерде Абайдың өзегін өртеп отырған әйтеуір қатардан қалмай, сауат ашу емес. Өз замандастарынан оқуының да көбірек, білімінің де жоғарырақ екенін ақын жақсы біледі. Бұл білімге оның көңілі толмайды. Оның аңсайтыны – нағыз зерделі де терең ғылым жолы, өзі мейірі қанып сусындай алмаған шығыс ғұламаларының еңбектері, кештеу болса да дәмін татып қалған орыс, батыс классиктерінің шығармалары, қазақ елінен гөрі дамудың неғұрлым жоғары сатысында тұрған елдердің ғылымы. Мен оған қол жеткізуден кеттім, ендігі кезек сендердікі,» – дейді жас ұрпаққа. Осы тұста ақын нағыз кемеңгерлік танытып, өмір кілті саналатын сол білім, ғылымның бағдарламалық бағытын, оқитын жастың алдын-

дағы мақсат-міндетін анықтап береді. Аз оқуменақ: «Өзім де басқа шауып, төске өрледім, Қазақта қара сөзге дес бермедім...», ендеше балаларымды үлкен қалаларда оқытқандағы ойым не?» – деген сұраққа айтар жауабы айқын. Ақын:

«Баламды медресеге біл деп бердім,
Шен алсын, шекпен алсын деп бермедім...» –

деген жолдар арқылы білімді адамның борышы шеншекпен емес, туған халқына қызмет ету деген үлкен ордалы ой тастайды. Сөйтіп өз басының кемшілігін, орны толмас өкінішін әлеум. деңгейге көтеріп, саналы ұрпаққа сара жол сілтейді.

Туынды мазмұны, айтар ойы жағынан осындай жаңа үн танытса, жазылу түрі жағынан да ақынның өзгеше ізденіс жолын көрсетеді. Шығарманы шартты түрде 4 тармаққа бөлгенімізбен, оның ұйқас өрнектері әр қилы. Алғашқы шумақ 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылса, одан кейінгі шумақ -а, -ә, -б, -ә түріндегі аралас ұйқаспен келеді. Ал соңғы 6 тармақ бірыңғай шұбыртпалыұйқас үлгісінде. Бірақ шығарма басынан аяғына дейін «ескермедім, тексермедім, кеш сермедім, өстер ме едім, жек көрмедім, деп бермедім, төске өрледім, дес бермедім, теріс көрмедім» деген ұйқастар арқылы тұтас бір өлшемге құрылған бір тармақ түрінде оқылады. Өлең алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» деген жинақта жарияланған. Өлең басылымдарында ешқандай текстол. өзгеріс байқалмайды. Қарақалпақ, орыс, ұйғыр т.б. тілдеріне аударылған. Ақынның бұл өлеңіне комп. Н. Тілендиев романс жазған. *Т. Рсаев.*

«ЖАСЫНАН ТҮСІН БИЛЕП, СЫР БЕРМЕГЕН...» («Онегиннің сипаты») – А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» атты өлеңмен жазылған романының бірінші тарауынан 1889 ж. Абай тәржімелеген үзінді. Көл. 34 жол. Абай 10-, 11-шумақты түгел және 12-шумақтың 6 жолын аударған. Орысша нұсқада:

«Как рано мог он лицемерить,
Таить надежду, ревновать,
Разуверять, заставить верить,
Казаться мрачным, изнывать», –

деп басталады.

Абай Пушкиннің романда Онегинді ең толық, тұжырымды, келісті мінездейтін тұсын түгелдей алған, сонымен қазақ оқырмандарының Онегиннің психол. портретін айқын елестетуіне мүмкіндік туғызған. Абай аудармасы Пушкин тексіне мағынасы жағынан өте жақын, әрі түпнұсқаға жолма-жол сай. Пушкиннің әрбір 14 жолдық шумағы Абайда 14 жол боп келіп отырады. Жоғарыда келтірілген өлең жолдарын былай қазақшалаған:

«Жасынан түсін билеп, сыр бермеген,
Дәмеленсе, күндесе, білдірмеген.
Нанасың не айтса да, амалың жоқ,
Түсінде бір кәдік жоқ «алдар» деген».

Осыдан-ақ Абайдың Онегин мінезіне тән қасиет-сипаттарды айнытпай, дәл бейнелейтінін байқаймыз. Осы өлеңде Онегинге берілген сипаттамалар – өр мінезділігі, ғашықтық сөзге жүйріктігі, көңіліне жаққан адамды елітіп әкететіні, ұнатпаған адамын қорлаудан тайынбайтыны – алдымен Онегиннің өз басын, мінез-бітімін танып-білуге мүмкіндік берсе, сонымен қатар оның Татьянамен және Ленскиймен қарым-қатынасын түсіну үшін де мәні бар.

«Ғашық құмар, ақылмен бойынды алып,
Жылы жауап есітер не қылсаң да...»

немесе

Ел аулақта оңаша қолына алып,
Көңіліндегі сабағын айтып тынар...» –

деген мінездеуге сай Онегин Татьянаның өзіне ғашықтық сезімін білдіріп хат жазғаннан соң, жар сүюге, үйленуге менің жайым келмейді, бүгін сені сүйсем, ертең жалығамын дей отырып, әлі жассың, өзіңе лайық емес адамнан сақ болғайсың деп біраз ақыл айтып, «сабағын» беріп тынады. Онегиннің Татьянаға айтқан мен сендік емеспін, баянсыз еркектің біреуімін деген сөздерін, әрине, ақтарылып, адал сырын ашқаны дей алмасақ керек. Онда біз Абайдың Онегинді, Пушкинмен үндес шығып, ол – түсін билеп, сыр бермейтін адам деп сипаттайтынын ескермеген болар едік. Ал енді Онегиннің тағы бір мінез ерекшелігін танытатын мына сипаттаманы алсақ:

«Өзіне күндес шықса жол таласқан,
Ажуаға, қорлауға тілі орамды,
Не түрлі тұзақ құрып көңлін басқан...»

Осы сөздер Онегиннің Ленскиймен қарым-қатынасын түсінуіміз үшін бағалы дей аламыз. Онегиннен өз сүйіктісі Ольганы қызғанған Ленский аяқ астынан амалсыз онымен күндес адам болып шыққан, Онегин жас досының албырттығын, қызбалығын елемеген сыңай көрсетуге тырыспай, қасарып, өршілдігімен мәселені шиеленістіре түседі. Ленскийдің қорланып, азапқа түскенін көрсе де, дос адамша түсінейік деген рай білдіре қоймайды. Қатесін өзі мойындамаса, азап шексе, өз соры, мен несін иілемін дегендей.

Бұл өлеңдегі Онегин сипаты романда алғашқы таныстыру түрінде берілген. Ал оқиға барысында, іс-әрекет үстінде оның мінез ерекшеліктері әбден айқындалып, толыға түседі. Өлең 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланған. Туынды басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1945 жылғы жинақта 4-шумақтың 1-жолы **«Жай, жаңа кісі болып тұк білмеген»** делінсе, кейінгі басылымдарында Мұрсейіт қолжазбасы (1905) бойынша бұл жол **«Жап-жаңа кісі болып тұк білмеген»** болып түзетілген. *З. Ахметов.*

ЖАЯУ МҰСА Байжанұлы (1835–1929) – көрнекті әнші, ақын, халық композиторы. Жеті жасында арабша сауатын ашады. Ол жастайынан халық музыкасынан, ауылға келіп-кетіп жүрген әнші-күйшілердің өнерінен сусындап өседі. Домбыра тартып, ән салады. 1851 ж. Қызылжарға келіп, орыс тілін, жазу-сызуды үйренеді. Домбыра, қобыз тартумен қатар сырнай мен скрипка ойнауды да меңгереді. Қаладағы оркестрлердің, әншілердің орындауындағы концерттерді қызыға тыңдайды. Бұл оның муз.-эстетик. талғамын қалыптастыруда үлкен роль атқарды. Ол А. Құнанбаев, Ш. Уәлиханов, С. Торайғыров, И. Байзақовпен кездесіп пікірлескен. Ж. М-ның өз өміріне байланысты туған «Ақсиса», «Сұрша қыз», «Құлбай», «Хаулау» т.б. әндері көпке танымал. Ж. М. әндері ауыздан-ауызға таралып, Абай аулына да жеткен. Әндердің өзгеше құрылымына, болмысына, саздылығына тәнті болған ақын оны Мауқай деген кісі арқылы сәлем жолдап, өз аулына шақыртып алады. Айналасындағы ақын, жыршы өнерпаздармен бірге Ж. М-ның әндерін,

өлеңдерін Абай ықыласпен тыңдаған. Батыс елдерінің әдет-ғұрпы, өнері, халықтарының тұрмыс-тіршілігі жайында сұрап біледі. Абайдың өлеңдеріне, біліміне, ақыл-парасатына риза болған Ж. М.:

«Құнанбайұлы Ыбырай
Өнерің жүр зырылдай.
Бір ауыз тағлым сұраймын,
Білмедім жұмыс түрін-ай.
Бір жақсыға бір жаман
Тұрмайды екен ұрынбай...» –

деп, өзінің ақыннан ақыл-кеңес күтетінін білдіреді.

Ә. Тәлғозиев.

ЖӘЛИЛОВ Илахун (1942 ж. т.) – ұйғыр ақыны. Абайдың «Көңілім қалды достан да, дұшпаннан да», «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр», «Өлең – сөздің патшасы», «Сегіз аяқ», «Жазғытұрым» т.б. өлеңдерін ұйғыр тіліне аударып, 1987 ж. «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Абай» жинағына енгізді.

ЖӘНКЕ ХАН (1460 ж. ш. – 1503/ 04) – Шағатай нәсілінен шыққан Моғолстан ханы, Жүніс ханның баласы. Ж. х. Ташкентте билік құрған. Ол 1503 ж. інісі *Сұлтан-Ахметпен* бірігіп, Жошы ұрпағы Мұхаммед Шайбаниға (Шайбаққа) қарсы шығып, Ұратөбе деген жердегі соғыста қаза тапқан. Абай *«Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы»* деген тарихи еңбегінде осы деректерді келтіре отырып, қазақтың «өз ағам» деп өзбекке қосылу тарихын түсіндіреді.

ЖӘНІБЕК ТАРХАН Қошқарұлы (1693–1752) – қазақ батыры, 15-17 ғ-дағы Жоңғар шапқыншылығына қарсы соғыстарда ерекше көзге түскен. Халық арасында Шақшақ Жәнібек деген атпен белгілі. Арғын тайпасының Момын атасынан. Шақшақ 3-атасы. 126 жастағы Қаракерей Соқыр Абыздан, 90 жастағы Кіші жүз Тойған қариядан бата алған Ж. т. Қарақұмда бас қосқан қазақ жасақтарының Қабанбай батыр бастаған тобына қосылып, жауға аттанады да, 17 жасында жекпе-жекте қалмақтың бас батырын өлтіреді. Ол қазақ жасақтарының жоңғар шапқыншыларына қарсы 1717 жылғы Аякөз маңындағы, 1723 жылғы Кіші жүз жігіттерінің Еділ қалмақтарына қарсы, 1723–25 жылдардағы Ташкент, Сайрам, Түркістан шайқастарына қатысқан. Ұлы жүз қазақтарының өкілдері бас қосқан 1726 жылғы жиында Ж. т. орта жүз әскерлерінің ең ірі қолына басшы болып сайланған. Қалмақтарды ойсырата жеңген Аңырақай ұрысында ерекше ерлік көрсетті. 1740–41 ж. Абылай қапылыста Жоңғар қонтайшысының қолына тұтқынға түскенде Ж. т. Орынбор шекара комиссиясының бастығы И. Н. Неплюевпен достығын пайдаланып, жоңғарларға К. Миллер бастаған орыс елшісін жібертеді, Әбілмәмбет, Әбілхайыр хандар арқылы оны еріксіз аманатқа ауыстырып алады. Тархан өзі келіссөзге отырған Орыс шекара комиссиясының бастығы В. А. Урусовты, поручик Д. Гладышевті көреген саясаткерлік ұсыныстарымен таңқалдырған. Сондықтан да 1743 ж. 11 шілдеде император Елизавета Петровнаның Шақшақ Қошқарұлы Жәнібекке Тархан (князь) атағын беруі тегін емес. Жазға салым (қазіргі Торғай обл. Жангелдин ауд-ның) Тосын құмында қайтыс болған Ж. т.-ның денесі Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне жерленген.


Ж. т. өмірі мен соғыстары Бұхар жырау, Тәтіқара бастаған бірсыпыра халық ақындарының жырларына арқау болған. Әріп Тәңірбергеновтың «Абылай» дастаны басты кейіпкерлерінің бірі. Иманжан Жылқайдаров «Шақшақ ұлы ер Жәнібек» атты дастан жазған. Қазақ елінің тарихы мен батырлық жырларынан хабары мол болған. Абайдың Ж. т. өмірін жақсы білгені сөзсіз.

Т. Барақұлы.

ЖЕБРӘЙІЛ Турағұлұлы (1903–30) – Абайдың немересі. Ж.-ден Алпаш (Алыпарыстан) туады. Баласы болмағандықтан Алпаш Оспанның атына жазылған. Домбыра тартып, ән салған. Ол Семей және Түмен қалаларында орыс мектебінде оқып, орысша-қазақша сауатты болған. Абайдың «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» деген әнін домбыраға қосылып айтып, ел арасына таныткан. 1917 ж. М. Әуезовтың «Еңлік-Кебек» пьесасы бірінші рет қойылғанда Ж. Жапал болып ойнаған.

«ЖЕЛДІРМЕ» – Абайдың домбыраға арналған әнкүйі. Бүгінде жалпы қазақтың күйшілік дәстүрінде «ән-күй» және «жыр-күй» деген 2 жанрдың көне дәуірден бастау алып келе жатқаны анықталып отыр. «Жыр-күй» Қарақалпақ өңірін мекендеген қазақ жұртына тән болса, «ән-күй» Арқада, Шығ. Қазақстан жері мен Таулы Алтай аймағында, Монғолия қазақтарының арасында кеңінен тараған. Абайдың «Желдірмесі» – осындай ұлттық дәстүр негізінде туған шығарма. Бұл күй ән жанрымен, ұлттық мелодиялық сазымен, синкретті түрімен, әуендік ырғақ желісімен ерекшеленеді.

4; 6; 4, 3, 5, 6, 5; 4; 4, 3, 4, 6, 3, 4, 4; 4; 4; 4, 4, 4, 4, 4, 4, 4, 4, 4, 4, 4, 4 болып келетін аралас өлшемырғақ ұялары ән-өлең өрнегімен сабақтасып жата-



Нота. (Абай желдірмесі).

ды. Күйді 1977 ж. муз. зерттеушісі Қ. Түсіпұлы Жүзбасов Шығ. Қазақстан обл-ның Қатонқарағай аулында тұратын Демшінов Хамзадан таспаға жазып, нотаға түсірген. Бұл күй алғаш рет Абайдың «Айттым сәлем, қалам қас» деген ән-күй жинағына енгізілді. *Қ. Жүзбасов.*


«ЖЕЛСІЗ ТҮНДЕ ЖАРЫҚ АЙ...» – Абайдың 1888 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 5 шумақтан тұрады. Өлең – ақынның табиғат көріністерін, махаббат сырларын кестелі тілмен айшықтаған әлем поэзиясындағы шоқтығы биік туындыларының бірі. Онда пәк, таза махаббаттың белгісіндей жарық айлы, желсіз түн... жан толқынысына үн қосып, сыбырласқандай қалың ағаш жапырағы, жүрексінген көңіл, бұлықсыған сезіммен астасып, көлеңкелі, терең сайға гүрілдей құлаған өзен дыбысы, осындай сырлы, сұлу түнде, әлдеқайдан естілген сазды ән, тынымсыз тірлік алмағайып уақыт дабылындай бейсауат үрген ит пен үздік-создық айтақ астында сүйгенімен жолығуға аулаққа асыққан сұлу қыз жанды бейнедей ерекше лирик. леппен тамаша суреттеледі. Бір ғажабы, өзгеше сезім құрсауындағы сұлу қыз жоқ, жай ғана қыз – түн жамылып, сүйгенімен кездесуге шыққан қыз туралы тек өлеңнің 3-шумағында ғана, онда да соңғы тармақтарда айтылады. Ақын оған дейін түнгі табиғаттың әсем көрінісін нәзік поэзия тілімен өрнектейді. Бірақ келесі толқын әсем, тіпті жаныңды рахатқа бөлейтін суретке мүлде басқаша кейіп береді. Үстірт қарағанда бұрылыс шұғыл сияқты. Қас қаламгердің шеберлігі де осында. Әуелі көңілдің жаңа ырғағына көшер, әрі тек қана қазақ тіршілігіне сыйысар көріністер келтіреді, ол – тау жаңғыртқан ән, үрген ит пен айтақ даусы. Бір ғажабы, ақын атап көрсетпесе де, ән – сырлы, мұңды, әуезді, иттің үрісі мен оған қосыла шыққан айтақта зіл, қатер белгісі жоқ: «Тау жаңғырып, ән қосып, Үрген ит пен айтаққа...». Бұл – өлеңнің алғашқы шумақтары арқылы көңілде берік орныққан сыршылдықтың нәтижесі. Көңіл күйі ғана алмасқан жоқ, қас зергер шығарманың заттық құрылымында да жаңа сапаға қарай ойысады: әлгінде ғана назарда жансыз табиғат тұрса, енді жанды тіршілік лүпілі естіледі. Сондықтан да келесі тармақтарда адамның – жол тосқан қарақшы, кеш қалған жолаушы емес, сүйгенімен кездеспек жас сұлудың шыға келуі табиғи қабылданбақ. «...Келмеп пе едің жол тосып, Жолығуға аулаққа?!».

Қандай қыз, қандай сезімдер жетелегенжан – кімге болса да айқын. Абай кейіпкерлерінің сезім толғаныстарын айналада болып жатқан жалпы суреттер арқылы бейнелеген. Санадағы сәуле – желсіз түн, жарық ай, тасыған өзен суреттері – кері шағылысып, құпия кездесуге, бәлкім, өз өміріндегі ең алғашқы махаббат сұхбатына бет бұрған қыздың жүрек лүпілімен астас жарастық табады. Айлы түн, дірілдеген сәуле, қамсыз да бейбіт дыбыстар, оңашаға асыққан қыз – бәрі келісімді үндестікте. Сыртқы әсерді көкірек сыздатар сырға айналдырып, сезім қылын шегіне жеткере бұраған ақын енді бірден ағытылады. Сырлы түн де жоқ, сүйген жігіт те жоқ, қыз сезімі – жаңағы табиғат көріністерінің тікелей ішкі толқынысқа ұласуы, рухы таза, жаны нәзік сұлудың жүрек лүпілі.

«Таймаңдамай тамылжып,
Бір суынып, бір ысып,
Дем ала алмай, дамыл қып,
Елең қағып, бос шошып.
Сөз айта алмай бөгеліп,
Дүрсіл қағып жүрегі.
Тұрмап па еді сүйеніп,
Тамаққа кіріп иегі?»

Кенет жүрекке мұң құйылады. Кешелі-бүгінді болған, болып жатқан жай емес, жекелік сипаты мол, нақты сезім күйінің суреті екен, өтіп кеткен бағзы бір күндерден қалған естелік екен, жасы жеткен немесе заманы озған жанның енді қайталанбас бақытты сәті екен. Өлең әсері ең соңғы жолдарда, «Тұрмап па еді сүйеніп» дейтін, өткен шақ формасындағы тіркестен соң бұрынғыдан әрмен күшейе түседі. Енді мәнадан бері көзге шалынбаған, сүттей түнді сырттай бақылап, именшек сұлудың жолын тосып тұрған жігіт – дәл қазіргі мезетте сол бір қимас кезін мұңды сағынышпен еске алушы ақын (немесе оның лирикалық кейіпкері) бой көрсетеді және сәт озған сайын тұлғалана, еңселене түседі. Сипатталған сурет, бейнеленген сезім – қаншама заманнан бері іште тұнған, санада сүзіліп, түйсікте таңбаланған сырлы әуез – ер жігіттің дарқан жаны, кіршіксіз көңілімен қоса адамдық бейне, рухани биігін де айқын танытады.

Өлең 7, 8 буынды жүйеде қалыптасқан. 1-, 2-, 3-, 5-шумақтары шалыс ұйқаспен кестеленсе, 4-шумағы шұбыртпалыұйқаспен өрнектелген. Шығарма алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Өлең басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Мұрсейіт қолжазбаларында 5-шумақтың 2-жолы **«Лүпілдеген жүрегі»** делінсе, барлық басылымдарда бұл жол 1909 жылғы жинақ негізінде **«Дүрсіл қағып жүрегі»** болып берілген. 1939, 1977 жылғы басылымдарда 3-шумақтың 1-жолы **«Тау жаңғырып, ән қосып»**, 1945, 1957 жылғы жинақтарда **«Тау жаңғырығып, ән қосып»** түрінде басылған. *М. Мағауин.*



Нота. (Желсіз түнде жарық ай. 1-түрі).

1939, 1945 жылғы басылымдарда өлеңнің жазылу кезеңі 1898 ж. деп көрсетілген. «Абай» бұл өлеңіне ән шығарған. Ән Абайдың композиторлық талантының сегіз қырлы, бір сырлы қуатын, оның көркемдік талғам-танымының биіктігін танытады. 1935 ж. композитор Л. А. Хамиди Әрхам Ысқақовтан әннің екі түрін нотаға түсіріп алды. Алайда осы екі ән бір-бірінен тек өлеңнің 3-тармағының басында сәл ғана әуен ырғақтықпен ерекшеленетіні болмаса, жалпы ән мелодиясы бір. Әннің мелодиялық-ырғақтық құрылысы 4 тармақты өлең-жыр кестесінің негізінде қалыптасқан. Ырғақ екпіні байсалды, бірқалыпты созыңқы қоңыр үнмен орындалады. Маужыраған желсіз, әсем түн, жарық ай – ауыл түнінің тамаша бір сәтін, адамның табиғат құшағында отырған бір мезетін минорлық ладтағы әуен

сазбен суреттейді. Мұнан басқа өлең мен әуеннің мінсіз жымдасуына да жағдай туғызып отырған музыкалық ән өлшемі. Әннің екі вариантының бастапқы екі жолы 4,4 муз. өлшемде айтылса, әннің 3-және 4-жолы 4,4; 4,4; 6,4; 4,4 (1-түрі); 3,4; 3,4; 4,4; 6,4; 4,4 (2-түрі) ырғақ-өлшемде кестеленеді. Әнді комп. Ә. Базанов фортепианоға арнап өңдеген, комп. Ғ. Жұбанова арнайы ән жазған. Өлең ағылшын, араб, башқұрт, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр тілдеріне аударылған. *Қ. Жүзбасов.*

«ЖЕТІ ЖАРҒЫ» – қазақтардың байырғы әдет-ғұрып заңдарының жинағы. Бұл заңдар 17 ғ-дың ақыры мен 18 ғ-дың басында Тәуке хан билік құрған тұста қалыптасқан. Орыс тарихнамасында «Тәуке хан заңдары» деген атпен белгілі. Ж. ж-ның негізгі нұсқасы қазақтың үш жүзі бас билерінің қатынасуымен әзірленіп, белгілі ру басыларының Түркістандағы жиынында бекітілген. Жарғы феод. қоғамдық қатынастардың басты-басты салаларын қамтып, елді әбден жайлап алған жер дауы, жесір дауы, мал дауы, жан дауы, құн дауы, мүлік дауы, хандық пен билік т.б. мәселелерді реттеуді мақсат еткен. Абай 1885 ж. мамыр айында өткен Қарамола съезінде тікелей өз басшылығымен дайындалған *«Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесінде»* осы Ж. ж. баптарын негізге алған. Тек бұл ережеде жарғы үкімдері айтарлықтай жеңілдетілген. Ақын ғақлияларының *Үшінші сөзінде:* «Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы *«Қасым ханның қасқа жолын»*, *«Есім ханның ескі жолын»*, әз Тәуке ханның Күлтөбенің басындағы күнде кеңес болғанда *«Жеті жарғысын»* білмек керек» деп, бұл әдет-ғұрып заңдарын жұрт билеу, ел басқарудың негізгі жүйесі ретінде танитынын аңғартады.

ЖИДЕБАЙ – Абайдың ата қонысы. Қарауыл өзенінің жайылмасында жатқан қалың қорық, шұрайлы жер. Ж-ды Тобықты руының Жігітек атасы мекен еткен. 19 ғ-дың орта тұсында Жидебай, Борсықбай, Барақты – аға сұлтан Құнанбай Өскенбайұлы иемденіп, қыстау салдырған. 1850 ж. Құнанбай Жидебайдан 15 шақырым жердегі Ескітам қонысына медресе салдырып, өзінің және туыстарының балаларын оқытқан. Абай 8 жасынан бастап осы медреседе оқып сауат ашқан. 1880 ж. Абай Жидебайда өз қаражатымен жаңадан медресе салдырған. Құнанбай қажы дүние салған соң, 1885–91 ж. Жидебай қонысы Құнанбайдың Үлжаннан туған баласы Оспанның еншісіне тиген. 1891 ж. інісі Оспан қайтыс болғаннан кейін қыстау Абай иелігіне көшкен. Қазір мұнда ақынның мұражай-үйі жұмыс істейді.

ЖИДЕБАЙДАҒЫ МҰРАЖАЙ-ҮЙ – Абайдың Семейдегі әдеби-мемориалдық музейінің бөлімшесі ретінде 1945 ж. Семей қ-нан 180 км, Абай ауд-ның орталығы Қарауыл с-нан 25 км жердегі Жидебайда ашылған. Ұлы ақынның 100 жылдық мерейтойына орай Жидебай қыстауы мұражай-үйге айналдырылды. Мұражай 1970 ж. Абайдың 125 жылдық мерейтойына байланысты күрделі жөндеуден өтті. Мұражайдың сәулеттік ішкі-сыртқы пішіні Абай заманындағы көрініс-келбетін сақтаған. Ж. м.-үдің 5 бөлмесі мен 3 залына қойылған мүлік-жиһаздардың көбісін ақынның туыстары мен достары, замандас-жанашырлары әкеліп тапсырған. Экспозицияда Абайдың араб, парсы, түркі тілдеріндегі және орыс тілінде оқыған кітаптары, мерзімді баспасөз басылымдары, ақынның сол кезде тұтынған күнделікті фото-құжаттар, ақынның үш ішекті домбырасы, дүние-мүлік, жиһаздар т.б. басты орын алған. Бұл экспонаттар Абай өмір сүрген кезең және сол ортаның этнографиясымен де таныстырады. Семей өңіріне жер аударылып келген Абайдың достары Е. П. Михаэлис, С. С. Гросс, Н. И. Долгополов, Лобановскийлердің фото-суреттері



Жидебайдағы ас үй.



Ақынның дәрет алатын шәйнегі мен легені.

бар. Олардың Абай аулында болғанын айғақтайтын құжаттармен бірге Абайдың Семейдегі Өлкетану мұражайына өткізген көптеген заттарының фото-суреттері қойылған. Ж. м.-ү. жыл сайын жаңа мүліктермен, деректі материалдармен толықтырылады. *Б. Сапаралы.*



Ақынның ері.

ЖИДЕБАЙ ҚОРЫҒЫ – тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық, экологиялық аймақ. Мемл. қамқорлығына алынған. Семей обл. Абай ауд. жерінде орналасқан. 1990 ж. Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың 150 жылдық мерейтойы қарсаңында ұйымдастырылды. Қорықтың жалпы аумағы 64 кв. км. Қорық құрамына Абайдың әдеби-мемориал. мұражай-үйі, Абай, Зере, Үлжан, Оспанжәне Шәкерім, Ахат, Құдайберді, Ғабитханмолда, Шәукенбай, Еркежан зираттары т.б. тарихи мәдени ескерткіштер кешені енген. Бұлардың бәрі күрделі жөндеуден өткізілді. Ж. қ. обл., респ. туристік саяхат жасайтын қасиетті орынға айналдырылған.

ЖИРЕНШЕ Шоңқаұлы (1834–1915) – Тобықты руының Көтібақ атасынан. Ел басқарған би. Ж. ауылаймаққа ықпалды, ұтқыр әзіл мен уытты тілге шебер болған. Сөз қадірін жоғары бағалаған Абай әуелгі кезде Ж-ні ішартып, қадір тұтқан. Бірақ кейін Ж.-нің әділетсіз, қиянатшыл қылықтарына байланысты суысып кеткен. Ж. кейін Оразбай, Күнтулармен Ши деген жерде уағда байласып, Абайға қарсы топ құрады (қ. *«Ши» түбіндегі баталасу*).

ЖИРЕНШИН Әбіш Мұсылманқұлұлы (1913–75) – әдебиет зерттеуші. Тарих ғыл. кандидаты, доцент. Абай шығармашылығын ұзақ жылдар бойы үзбей зерттеп, абайтану ғылымына елеулі үлес қосты. «Қазақтың данышпан ақыны Абай туралы жаңа материалдар» («Екпінді», 1939, 9 қазан), «Абай мен Михаэлис» (сонда, 1940, 15 қазан), «Абайдың орыс революционер-демократтарымен байланысы» («ҚазССР ҒА-ның Хабаршысы», 1945, № 6), М. О. Әуезовпен бірігіп жазған «Қазақ әдебиетінің классигі» («Соц. Қазақстан», 1949, 24 шілде) деген еңбектеріңде ақын туралы тың деректер келтіріп, оның орыс зиялыларымен достық байланысына, рухани үндестігіне тоқталады, поэзиясының өз заманындағы қазақ өмірінің айнасы екенін атап көрсетеді. Ж. *«Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы ақыны және ойшылы»* (1950), «Абай және оның орыс достары» (1949, орыс тілінде), «Абай Құнанбаев» (1950), «Абай және орыстың революциялық демократтары» (1959), «Қазақ кітаптарының тарихынан» (1971) зерттеу еңбектер жазды. Бұл зерттеулер бірбірімен тығыз байланысты. «Абайдың әлеуметтік ойды дамытуы және Абай заманындағы қазақ поэзиясы» («Абай Құнанбаев». – А., 1951, 135-161-б.) деген мақаласында Абайдың өзіне дейінгі ауыз әдебиет дәрежесіне жеткізуге, ұлттық әдебиетті өркендетуге қосқан үлесін жан-жақты сөз етеді. «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» деген мақалада негізінен Абай еңбектерінің жарыққа шығу тарихына қысқаша шолу жасаған («Қазақ кітаптарының тарихынан».– А., 1971, 127-130-б.). Ж. ақынның 1951, 1961 ж. шығармаларының бір томдық жинақтарын әзірлеу үстінде Абайдың дүниетанымын, таным-толғамдарын анықтауға байланысты біраз еңбек етіп, оның өлеңдерінің жазылу тарихынан, өскен ортасынан деректер берді, жаңа табылған шығармаларына түсініктер жазды. Дегенмен ақын өмір сүрген саяси-әлеум. жағдайды, оның өскен ортасын бағалауда біржақтылыққа жол бергенін кезінде М. Әуезов атап көрсетті. *Р. Сыздықова.*

«ЖИЫРМА ЖЕТІ ЖАСЫНДА...» («Әбдірахман өліміне») – Абайдың 1895 ж. жазған жоқтау өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 14 шумақтан тұрады. Айрықша үміт артып, болашағына зор сеніммен қараған Әбдірахманның қыршын жасында дүниеден көшуі ұлы ақынның жанын жаралап, санасын сарсаңға түсірген. Оны жиі-жиі есіне алып, қайта-қайта өлең арнап, қайғы-мұңын қағаз бетіне көшіруінің сыры тереңде жатыр. Әбіштің ағайынға айрықша бауырмал, жалған сөйлемейтін, жаны таза, барынша кішіпейіл, ғылым-білімге құштар, жаңаға жаңашыр болғанын айтып, «құйрықты жұлдыз секілді туды да, көп тұрмағанына» бір өзі емес, күллі ел-жұрттың тегіс өкінгенін өлеңге қосады.

Абайдың айтуына қарағанда Әбдірахман айықпас дертті екенін Петербургте оқып жүрген кезінде-ақ сезсе керек. Әйтсе де алдын-ала уайым-қайғыға бой алдырмай, тәңірі жарлығын күтіп жүре беріпті. Сарыуайымға салынбай, әр күнін ілім-білім алуға арнаған Әбдірахманның ғұмыры қысқа болса да, түйгені мол, сол арқылы өмірін ұзартқандығын айтып, Абай соны жаралы жанына медет етеді. Ақынның: «Ұзақ өмір не берер, Көрген, білген болмаса?» – деген филос. терең ойға табынуының да сыры осы пікірге саяды. «Көргені мен білгені, Жүзге келген шалдан көп...» – деген жолдар да Абайдың адам өмірінің өлшемі мен бағасы көп жасауда емес, артына із қалдыруда деген данышпандық ойының дәлелі. Ұлы ақын ақылға салып, өзін-өзі осылай жұбатқан. Өлеңде тағы бір терең сыр бар. Ақын Әбдірахманды жаңа заманға қызмет ететін жас ұрпақтың өкілі деп біледі. Айрықша уайым шегіп, қайғыға батуы да осыдан туындайды. «Жаңа жылдың басшысы – ол, Мен ескінің арты едім» деген жолдар ақын сырын айқара ашады. Өлең 7 буынды шалыс үйқас үлгісінде жазылған. Алғаш ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Мұрсейіт қолжазбаларында 7-шумақтың 1-жолы **«Өз өмірін ұзайтқан»** делінсе, басылымдарда бұл жол **«Аз өмірін ұзайтқан»** болып алынған. Туындықарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған. *Қ. Құрманғалиев.*

ЖОВТИС Александр Лазаревич (1923 ж. т.) – әдебиет зерттеушісі, аудармашы. Филол. ғыл. докторы, проф. Өлеңтану, аударма теорияларына арналған «Өлең қажет» атты ғыл.-зерт. еңбегі жарық көрген. Абайтану мәселелеріне ден қойып, ақын өлеңдерінің жаңашылдық сипаты, өлшемі, үйқасы туралы пікір айтқан. «Абай өлеңдерінің құрылысы»

(Б. Кенжебаевпен бірге; ҚазССР ҒА-ның хабаршысы, 1954, № 9) деген мақаласы жарияланған. Абайдың орыс тілінде жарық көрген таңдамалы өлеңдері жинағын (А., 1989) құрастырған. «Жаз», «Интернатта оқып жүр...», «Тайға міндік...», «Болыс болдым мінеки...», «Түбінде баяңды еңбек егін салған...» туындыларын орыс тіліне аударған.

«ЖОЛҒА ШЫҚТЫМ БІР ЖЫМ-ЖЫРТ ТҮНДЕ ЖАЛҒЫЗ...» – М. Ю. Лермонтовтың «Выхожу один я на дорогу» атты өлеңінің 1898 ж. Абай аударған нұсқасы. Шығарма орыс ақынында да, қазақ ақынында да 20 жол. Өмірге ой көзімен қарай білудің, терең сезімталдық, сыршылдықтың үлгісі болар лықтай лирик. туынды. Ақын жарық түнде жалғыз жолға шыққанын айта отырып, аспан мен жердің, жоғарыда жылт-жылт етіп көрінген жұлдыздардың ғажайып әдемілігін тамашалап, ғарыштық кеңістікті бар жанымен сезінгендей болады. Сондықтан оның өз көңіл-күйін қозғайтын әр сөзі ерекше салмақты, мәнді болып шыққан. Өлеңдегі мұңды сарын да, тыныштық, азаттық іздеу де адамды жадырататындай әсер береді. Осы өлеңнің идеялық өзегі, тірегі болған өмірге құштарлық:

«Көкірегімде өмірдің күші тұрып,
Іздеймін дем алысты үзбегенін...» –

деген сөздерден әсіресе айқын танылады.

Абайдың өлеңі Лермонтов нұсқасына жолма-жол сәйкес келіп отырады, мағынасы жағынан әбден жақын және көркемдігі де өте жоғары. Лермонтовта:

В небесах торжественно и чудно!
Спит земля в сиянье голубом...
Что же мне больно и так трудно?
Жду ль чего? жалею ли о чем?
Уж не жду от жизни ничего я,
И не жаль мне прошлого ничуть;
Я ищу свободы и покоя!
Я б хотел забыться и заснуть», –

деп келсе, Абай бұл екі шумақты былай тәржімелеген:

«Мен көрдім көктің ғажап жасалғанын,
Жер ұйықтап, көкшіл шықпен бу алғанын.
Менің не мұнша қапа, қысылғаным?
Үміт пе, өкініш пе ойлағаным?
Дүниеден үмітім жоқ менің деймін,
Өмірге өткен титтей өкінбеймін.
Азаттық пен тыныштық көксегенім,
Ұйықтамақ пен ұмытпақ деп іздеймін...»

Тек соңғы шумақ қана еркін аударылған.

«Чтоб всю ночь, весь день мой слух лелея,
Про любовь мне сладкий голос пел.
Надо мной чтоб, вечно зеленея,
Темный дуб склонялся и шумел» , –

деп, Лермонтов махаббат жыры мен ағаш сыбдырын аңсаса, Абай тамылжыған табиғаттың үнімен жылылық пен достық, өнген, өскен жақсы екені мадақталуын армандайды:

«Су сылдырлап, жел гүлеп, күн шуақтап,
Жылылық пен достықты тұрсын мақтап.
Өнген, өскен жақсы деп емен ағаш,
Теңселіп айтып тұрса ол шайқақтап...»

Туынды 11 буынды қара өлең үйқасымен жазылған. Алғашқы рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланған. Өлең басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1945 жылғы басылымда 1-шумақтың 2-жолы **«Тасты жол жарқырайды буға амалсыз»** делінсе, кейінгі басылымдарда 1909 жылғы жинақ бойынша бұл жол **«Тастақ жол жарқырайды буға амалсыз»** деп алынған. 1945, 1954 жылғы жинақтарда 2-шумақтың 3-, 4-жолдары **«Менің де мұнша қапа, қысылғаным, Үміт пе, өкініш пе ойлағаным»**, 4-шумақтың 2-жолы **«Ұйқы, тыныштық, ұмыту – бір дегенім»** болса, кейінгі басылымдарда бұл жолдар 1909 жылғы жинақ негізінде **«Менің не мұнша** қапа қысылғаным», Үміт пе, өкініш пе **ойланғаным**?», «Ұйқы, тыныштық, ұмыту – **бер** дегенім» болып қабылданған. Өлеңге комп. І. Жақанов ән шығарған. *З. Ахметов.*

ЖОЛДАК Олесь (Олексий) Иванович (1918 ж. т.) – украин халық ақыны. Шығармалары 1937 жылдан жарияланып келеді. Украин оқырмандарына «Пегастың бұлқынуы», «Тәжірибесі мастактар» атты пародия, достық әзіл, эпиграммалары топталған кітаптарымен жақсы таныс. Ж. 1974 ж. «Дніпро» баспасынан жарық көрген «Абай Құнанбаев» жинағына енген ақынның «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес...», «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?..», «Сабырсыз, арсыз, еріншек...», «Көзінен басқа ойы жоқ...», «Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ...» өлеңдерін украин тіліне аударған. *Б. А. Буркатов.*

ЖОЛДЫБАЕВ Молдағали (1887–1937) – әдебиетші, оқу-ағарту ісінің қайраткері. Ол «Айқап» журналында жарияланған мақалаларында оқу-тәрбие мәселелерін көтеріп, оны Абай туындыларымен байланысты сөз етті. Халық ағарту жұмысын өркендетуде көршілес елдердің мәдениетінен үлгі алуға, өнер-білімге ұмтылуға шақырады. Мыс., Ш. Әлжановқа жазған ашық хатында («Айқап», 1912, № 4, 87-88 б.) автор оқу-ағарту, мәдениет мәселелеріне тоқталып, Абай туралы, оның шығармашылығы жайлы пікір айтады. Абайдың «Интернатта оқып жүр, талай қазақ баласы» атты өлеңінен үзінді келтіріп, түсінік береді. Ол М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаевпен бірлесіп 7 жылдық мектептер үшін «XIX және XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің жинағын» (А., 1934) дайындауға қатысқан.

ЖОЛЖАҚСЫ (т.-ө. ж. б.) – Абайға өлең арнаған кісі. Абай сүйген қызы Тоғжанға барып жүргенде ұсталып қала жаздаған. Соны көрген Ж.:

«Ақылыңа қарасам, данасың,
Жүрісіңе қарасам, баласың,
Ат шаба алмай жығылса,
Қолға түсіп қаласың.
Бұл шіркінді
Мұнша күйттеп не қыласың!» –

деген екен. Осы оқиғадан кейін Абай «Сап-сап, көңілім, сап, көңілім» деген өлеңін жазған. *М. Бейсенбаев.*

«ЖОЛ КӨРМЕК, ЖОБА БІЛМЕК, ЖИҺАН КЕЗБЕК...» - Абайдың кейін табылған өлеңі, 4 тармақты 2 шумақтан тұрады. Өлеңде Абайдың ой-қиялы шарықтап, әбден асқар биігіне жеткен шағындағы байсалды да байыпты, байырғы ойларын түйіндеген.

Адам жан-жақты есейіп, қабілет-күші марқайып, ақыл-ойы толығып, өмірді, салт-дәстүрді, жол-жобаны біліп толысады, шыңдық іздеп шыңдалады. Жиһан кезіп: «Көре-көре көсем болады, сөйлей-сөйлей шешен болады». Жастық шақ, жігіттіктің аласұрған екпінді қызуы енді бойды жеңіп, ақылға, иман-салауаттылыққа ауыспақ. «Тағдырдың маңдайға жазғанын хақтан біліп» жақсылық тілемек, игілік ұстанбақ. Ол үшін өзіңнен озған өнер иесінің соңына ер, жөнін жақтап, жыртысын жырт. көшелі

кісі бол дейді ақын. Бұл қиын нәрсе ме? Әрине, қиын. Әсіресе өзім білем, менде кем емеспін дейтін тоңмойын, бірбет, қисық мінезді адамға қиынның қиыны. Алдымен құдай жаратқан пенденің ниеті түзу, көңілі аппақ, пейілі кең болуы ләзім. Түзу, адал, таза жүрген мақұл. Өсек айтпа, өтірік, жалған сөйлеме, біреуді сыртынан ғайбаттама. «Екі елі аузыңа үш елі қақпақ қой», былапыт, бос даурықпаға үйірсек болма деген уағыз халық тәрбиесінің негізгі принциптеріменұштасып, ұрандасып, үндесіп жатыр. Шын әрекет, шын өмір – ғылым мен өнерде. Ерінбейтін еңбекшіл, таусылмайтын талапкер, жалықпайтын жанкешті еңбек қана жігіттің абыройбеделін асырмақ, елінің ері атаңдырмақ. Өлеңнің айтпақ ойы осы. Туынды 10, 11 буынды қара өлең үлгісімен жазылған. Алғаш З. әл-Жауһаридің Уфа қаласында басылған «Насихат қазахия» рисаласында жарияланған. Шығарма ой сарыны мен өлең өрнегі жағынан алғанда Абайдың 1886 жылғы *«Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек»* деген өлеңіне жақын келеді. Тіпті осы аталмыш өлеңнің бесінші шумағының екінші жолы: *«Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек»*, – деп берілсе, «Насихат қазақиядағы» екінші шумақтың соңғы жолы: *«Ғылым, өнер, мал таппақ, жұртқа жақпақ»*, – деген жолмен ой жағынан да, сөз жағынан да үйлес шығып жатыр. Басылымдарда өлеңнің алғашқы шумағының үшінші жолындағы бір сөз толық анықталмағандықтан, оның орны көп нүктемен берілген. *Е.Әкімқұлов.*

ЖОМАРТБАЕВ Тайыр (1884–1938) – драматург, педагог, жазушы. Абайдың ақын шәкірттерінің бірі. 12 жасқа дейін ауылда, одан кейін Семей мектептерінде білім алып, 1911 ж. Уфа қ-дағы Ғалия медресесін бітірген. Ауылда, Семейде мұғалімдік қызметтерде болады. Ж-тың «Балаларға жеміс», «Қыз көрелік» кітаптары жарық көрген. Ж. өз шығармаларына Абай өлеңдерінің әсерін айта келіп:

«Кешегі өтіп кеткен хакім Абай,
Оның да сөзін ұғып қалғандар аз...» –

деп өкініш білдіреді. 1915 ж. Семейде Н. Құлжанова ұйымдастырған ойын-сауық кешіне қатынасып, сахнада Абай өлеңдерін оқыған. Ол ақын шығармалары жайлы «Замандастарға жауап» («Айқап», 1913, № 9, 208-299-б.), «Балаларға жеміс» («Семей», 1912, 22-23-б.) деген мақалалар жазған. *М. Бейсенбаев.*

ЖОШЫ (Ж ұ ш ы) (1187–1227) – Шыңғыс ханның тұңғыш баласы, моңғолдың аса ірі әскери басшысы. Ж. ер жүрек, алған бетінен қайтпайтын өткір адам болған. Шыңғыс хан жаулап алған жерлерді бөлген кезде Ж-ға Дешті Қыпшақ даласы, одан әрі батыс беттегі алқап тиген. Абай өзінің *«Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы»* деген еңбегінде: «...Шыңғыс хан тірі кезінде бізді Жошыға тапсырып еді, ...Онан соңғы біздің ханымыз, төреміз – бәрі де Жошы нәсілінен бола келген», – дейді.

ЖОШЫХАН Мағауин (1924–43) – Абайдың шөбересі. Ақынның Мағауия деген баласының Жағыпарынан туған. Ж. ақын болған. Ұлы Отан соғысы жылдарында майдан даласынан қарындасы Ғазелге өлеңмен хат жазып тұрған.

«Бір теңіздің тамшысы едік екеуміз,
Ұласамыз, бір мұратқа жетеміз...» –

деп, өздерінің Абай ұрпағы екенін мақтаныш тұтатынын, сондықтан ақын атына кір келтіруге хақысы жоқ екенін, қашанда өзгелерге үлгі болуы керектігін қарындасының есіне салып отырған. Оның майданнан жазған хаттары Абай музейінің қорында сақтаулы. Бір топ өлеңі майданда қаза тапқан азаматтардың хаттарынан топтастырылған. «Жыр аманат» атты кітапқа енген. Семейдегі Абайдың әдеби-мемориалдық музейінің «Абай ұрпақтары – майдан



Ж. Жағыпарұлы.

шебінде» деп аталатын бөлімі Ж. өмірі жайындағы деректермен басталады. *М. Бейсенбаев.*

ЖҰБАНОВ Ахмет Қуанұлы (1906–68) – композитор, дирижер, музыка зерттеуші. Қазақстан Респ. ҒА-ның академигі, өнертану ғыл. докторы, Қазақстан Респ-ның халық артисі Ж. Абай-дың муз. мұрасын 1933 жылдан зерттей бастады. Ол Абай әндерін жинауға, олардың сахнада орындалуына ат салысты. Ол 1938 ж. Абайдың немересі Мәкен Мұхамеджановадан ақынның «Айттым сәлем, қалам қас», «Ата-анаға көз қуаныш», « Бойы бұлғаң», «Біреуден біреу артылса», «Көзімнің қарасы», «Сегіз аяқ», «Сүйсіне алмадым», «Сен мені не етесің», «Амал жоқ қайттым білдірмей», «Онегиннің Татьянаға хаты», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Қор болды жаным», «Сұрғылт тұман» әндерін жазып алды. 1941 ж. Ж-тың қазақ муз. мәдениеті тарихында Абайға арналған тұңғыш муз. шығармасы – «Абай» сюитасы дүниеге келді. Аспапты оркестрге арналған 5 бөлімді бұл лирик. шығармасында ол Абайдың «Қор болды жаным», «Бойы бұлғаң», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» әндерін шебер пайдаланып, оларды халық әндеріменұнамды көркемдеп, әрі жаңашыл әуендермен ұтымды қиюластырып ұлы ақын өмірінің қилы-қилы кезеңдерінен сыр шертетін жүрекке жылы туынды шығарған. 1944 ж. комп. ұлы ақын тақырыбына қайта оралып, кең тынысты «Абай» операсын (Л. Хамидимен бірге) жазып шықты. Шығарма қазақтың ұлттық опера өнерінің алтын қорына қосылды, муз. мәдени тарихындағы биік белестердің бірі болып қалды. Ж. 1935 ж. Қазақ мемл. филармониясын ұйымдастырды, оның көркемдік жетекшісі болып (1935–45) жүріп, Абай әндерін барынша кең насихаттады. Сол жылдарда Абай әндері алғаш рет қазақ филармониясы сахнасында шырқалды. 1945 ж. Абай операсына қайта оралып, *«Абай»* операсына фанта-

зия» атты жаңа шығарма жазды. Ж. Абайдың композиторлық өнері хақында алғашқы ғыл.-теориялық ізденіс жасап, оларды «Дамыған музыка әдебиеті» деген атпен «Әдебиет және искусство» журналында (1947, № 11) жариялады. Кейін осы ізденістері негізінде жаңа зерттеулер жасап, оларды «Замана бұлбұлдары» (1963), «Ән-күй сапары» (1978) кітаптарында жариялады. Ғалым бұл зерттеулерінде Абайдың композиторлық ерекшеліктерін көрсетіп, қазақ муз. мәдениетіне қосқан үлесін ашып берді.

Б. Ғизатов.

ЖҰБАНОВ Құдайберген Қуанұлы (1899–1938) – тіл білімінің маманы, түрколог, педагог-ағартушы, проф. Ж. қазақ мектептері мен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар, қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикасы, әдеби тілдің дамуы мен тарихы, төл терминология мен оқыту әдістері, қазақша алфавит пен орфография мәселелері туралы ғылыми еңбектер, қазақ әдебиеті мен музыкасы, мәдени, өнері мен ғылымы жайында мақалалар жазған (қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А., 1966, 1982). Ол – Абай мұрасы жайында құнды да ойлы пікір айтқан алғашқы қазақ зиялыларының бірі. Оның «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» (Әдебиет майданы, 1934, № 11-12), «Абайдың музыкалық мұрасы» (Социалистік Қазақстан, 1954, 17 тамыз) атты туындылары күні бүгінге дейін ғылыми құнын жоймаған зерттеулер. Оларда Ж. 30 жылдарда белең алған ақын шығармаларын социолог. тұрғыдан талдауға тосқауыл қойып, Абайдың қазақ әдебиетінен, Бат., Шығ. әдеби дәстүрлерінен алғаны мен бергенін, жаңашылдығын, поэзиясының мәнгілігін терең талдап көрсетті. Абай әндерінің мелодиялық, ырғақтық қырларындағы ерекшеліктерін, идеялық мазмұнының айқындығын дәлелдеп баға берген.

Ғ. Әнесов.

ЖҰБАНОВА Ғазиза (1927–93) – композитор. ССРО және Қазақстан Республикасының халық артисі. Ол ақын-композитордың скрипка мен фортепианоға лайықтап өңдеген «Қор болды жаным» әніне вариация, 6 бөлімді «Татьяна әндері» ораториясын, «Қараңғы түнде тау қалғып...», «Қоркытпа мені дауылдан...», «Жартас», «Өзгеге, көңілім, тоярсың» («Есіңде бар ма жас күнің...»), «Онегиннің хаты» романстарын, М. Әуезов пен Л. Соболевтің «Абай» трагедиясы спектакліне, «Абай» телефильміне арнап музыка жазды. Қазақстан Республикасы Мемл. сыйл. лауреаты.

ЖҰМАБАЕВ Мағжан (1893–1938) – қазақтың ұлы ақыны. Ж. Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданының «Молодежный» совхозы жеріндегі Сасықкөл мекенінде іргелі, әйгілі шаңырақта дүниеге келген. Өз әкесі Бекен, бабалары Жұмабай қажы, Шонай, Өтеген, Өтеміс – бәрі де исі Атығай ішінде даңқы шыққан белгілі, көшелі кісілер. Мағжан өзімен емшектес Мүсілім, Қаһарман, Мұқаметжан, Сәлімжан, Қалижан, Сабыржан, Күләндам, Гүлбарам деген бауырларымен құлын-тайдай тебісіп, анасы Гүлсімнің бауырында ауыл баласының қызықты, романтикаға толы тәтті, қимас шағын бірге өткізген. Кәрім, Мұқаметжан молдалар, Данияр қажы, Ахиттен мұғалім – болашақ ақынның тілін сындырып, хат таныткан, арабша, парсыша, түрікше, орысша оқытқан алғашқы ұстаздары. Алдымен Қызылжарда медресе де Хасен молдадан дәріс алған Мағжан Уфа қаласына барып, медресе Ғалияда татар халқының ұлы жазушысы Ғалымжан Ибрагимовтан оқыды. Алғашқы әдеби тәжірибе басталып, тырнақалды, көк қауырсын жырлар тудырды.

Жаңа заман рухы бойын билеген, тырнақалды «Шолпан» (1921 ж., Қазан) кітабы шыққан асау жүрек, жас сұңқар орысша білім алуға ерекше талаптанып, 1913 ж. Омбы қ-на келіп, семинарияға түседі де, оны 1916 ж. бітіріп шығады. Бұдан кейін ел өміріндегі ұлы оқиғалар жас азаматты көгала толқынына тартып әкетеді. Үш революция дүмпуі, Алаш қозғалысы, адасулар, дүниетанымдағы сілкіністер, қоғамдық-әлеум. тартыстардың поэзиядағы көріністері, жеке бастағы шырғаландар – осылардың баршасын көре жүріп, Мағжан да 1919 жылдың көктемінен бастап, жаңа құрылысқа бел шешіп, білек сыбанып кіріседі. Қызылжардағы «Бостандық туы» газетінде редактор болады (1919), Ташкентте Қазақ-қырғыз ин-тында сабақ береді (1922), Москвада Күншығыс баспасында аудармашы болады. В. Я. Брюсов атындағы көркем әдебиет институтында оқиды (1928), Бурабайда техникумда, Қызылжарда кеңес-партия мектебінде сабақ береді. 1929 ж. жазықсыз жала жабылып, түрмеге қамалады, содан Карелияға жер аударылады. М. Горькийдің және оның әйелі Е. Пешкованың араласуымен 1936 ж. айдаудан босап шыққанымен, қайта ұшыққан репрессия тырнағына ілініп, жазықсыздан жазықсыз 1938 ж. 19 наурызда атылып кетеді. Өзі ғана емес, ағалары Мүсілім, Қаһарман, інісі Мұқаметжан да репрессия отына шалынады. Әкесі Бекен 1934 ж., анасы Гүлсім 1943 ж. дүние салған.

Мағжаннан қалған әдеби-шығармашылық мұраның көлемін, салаларын, сақталуына қатысты әңгімені нақты айтуға мүмкіндік бар. Талантты ақынның алғашқы өлеңдері Уфадағы, Омбыдағы қабырға газеттерінде, қолжазба журналдарда, өз кезіндегі мерзімді баспасөз беттерінде жарияланып жүріп, көзге түседі, елеп-ескеріледі де, жұртшылық назарын аударады. 1912 ж. Қазанда «Шолпан» деген өлеңдер жинағы шыққанда Мағжан он сегіз-он тоғыздардағы уылжып тұрған қыршын жас. Абай кітабының басылғанына үш-ақ жыл өткенін ескерсек, жас ақынның даңқы қазақ сахарасы аспанында қалай көтерілгенін ұғу қиынға соқпас. Бұдан кейінгі кезеңде дүниеге келген қазақ газет-журналдарының бетінде Мағжан шығармалары, 1929 ж. жаламен күйіп, абақтыға түскенге дейін үздіксіз жарияланып тұрды. Негізінен ақын өлеңдері екі-ақ рет жинақталып, топталып, оқырман қолына тиді. Бірінші рет 1922 ж. Бернияз Күлеев Қазанда бастырып, екінші рет осы кітап толықтырылып Сұлтанбек Қожановтың алғы сөзімен 1923 ж. Ташкентте шықты. «Педагогика», «Сауатты бол» (араб, латын әріптерімен бірнеше рет басылған) кітаптары, аудармалары басылды. Қысқасы, Ж-тың қаламгерлік сапары бас-аяғы жиырма жылға жетпей, тым ерте үзілді, он жылдай өмірі абақтыда, лагерьде, құғын-сүргінде, азап-қорлықта өтті.

Мағжанның «Алтын хакім Абайға» (1912) деген өлеңі 6 шумақ, 24 тармақтан тұрады, 11 буынды қара өлең үйқасымен жазылған. Салған жерден жас талапкер ақын Абайды қарадан хан шыққан хакім, оның сөзі мың жылда да дәмі кетпес деп бағалайды, Абай өлеңдеріндегі кейбір оралымдарды құбылта пайдаланады, «тыныш үйықта қабірінде, уайым жеме», «қор болды қайран сөзім босқа деме» деген жолдардың төркіні белгілі, ұлы ақын сөзі мәңгі жасайтынына ерекше сенім бар.

Ұлы Абайдың поэтик. мектебінің тағылымдарының ізі Мағжан жырларында сайрап жатыр. Қазақ өлеңіне Абай әкелген жаңа өлшем, үлгілерді, соны образдарды, сөз тіркестерін Мағжан кеңінен қолданады. Ең терең жақындық – ақындық, көркемдік мұраттар-

дың туыстығында. Абай барған мәңгілік тақырыптарға Мағжан да барған, өз талантына, өз заманына лайық жаңаша көркемдік игіліктер жасаған. Әсіресе Мағжан қазақ әдебиетінде Абайдан кейінгі дәуірде табиғат, махаббат, философия лирикасының ең үздік үлгілерін тудырды.

Мағжан бала күнінен халық фольклорына, ауыз әдебиетіне, елдің дарынды сөзіне сусындап өсумен қатар қаршадайынан арабша, орысша хат танып, артынан арнаулы оқу орындарын аяқтап, сүйегіне біткен сұңғыла, зерек, қиялшыл қасиеттеріне орай, Шығыс пен Батыстың поэзиясын терең біліп, көңілге тоқып, жүрекке ұялатып, бойына сіңіру арқасында таза талғаммен биік парасатқа, көркемдік нысанаға тіпті ерте жеткен. Ақын таланты шын мөлдір қасиетін сақтап, табиғат-ұста соққан қалпында қалған. Бала – бозбала, оқушы-шәкірт қолынан шыққан, әр нәрсенің басын шалған, шөпті де, шеңгені де өлең еткен әрекеттен ада, европалық үлгідегі мәдениетті ақынның қаламгерлік жолы басталған. Алғашқы күннен Мағжан қара сөзбен айтуға болатын, мақаламен көмкеретін жәйттерге өлең арнамайды; үгіт-насихат сарынынан, ғақлия-өсиет мақамынан, терме-қисса арнасынан бойын мүлде аулақ салады; аз күндік ілесе жазылған қошемет, мадақ жыр, біреуді марапаттаған қолпаш өлең атымен жоқ. Тоқ етерін айтқанда, қазақ поэзиясының аспанына көтерілген жаңа жұлдыз – Мағжан салған жерден ақындықты көз жасы, жүрек қанынан сорғалайтын – асыл сөз, дарынды сөз, қасиетті өнер, шарапатты өнер деп біліп, бұл сапарды туған жерге, Отанға, халыққа қызмет етудегі киелі жол санайды.

Табиғатпен сырласудан туған толғанысты жырлары – көзіңді арбап, жүрегіңді тебірентетін мұңлы пейзаж, ғажайып суретші қолынан шыққан картина секілді тізіп, шолып, термелеп айтқан, жер бедерін баяндай көрсеткен тұрмыс-салт көрінісі, маусым кескіні емес, қайта әр түрлі сезім-түйсік арқылы қабылданған психологиялық астарлы сырлары бар реалистік пейзаж үлгілеріне қоса кей тұста фантастикалық сурет, пері, періште, тәңір араласып кетеді. Әлем поэзиясы классиктерінің шығармалары қалай, менің туындым қалай дегендей, ақын әр түрлі үлгілерді қатар жарыстырып беріп отырады.

Ақын шыққан аса биік эстетик. тұғырдың бірі – пейзаж лирикасы. Абай дәстүріндегі жыл маусымдарына қатысты әлеум. терең сарындардан алынған үлгілерді дамыта келе Мағжан табиғат көріністерін бейнелеуде әлем поэзиясындағы классик. тәжірибеге ден қоя отырып, жаңа көркемдік игіліктер жасады. Бұл топтағы жырларда кескін өнерінің тәсілдері, сәуле мен көлеңкені ойнату, уақыт пен кеңістік диалектикасын көрсету, панорама, әр түрлі ракурс, этюд, түрлі астастыру принциптерін пайдаланғанын байқауға болады.

Алдымен жазғы не қысқы сахараның аумақты, мол көрінісі алдынан шығады: кең дала, асқар тау, саумал бұлақ, ақ қайың. Бірте-бірте ақын жалпы суреттеңжекебейнеге, нақтыдеталға, дәлдіобразғакөшеді. Мұның үстіне ашық, жарқын, сәулелі бояулар азайып, қара, қорқынышты, үрейлі таңбалар молаяды, дауыл соғады, нөсер төгеді, боран үлиды. Ақырында аштан бұралған, үсіп өлген, түтекте адасқан, ажал жұтқан пенде. Әуелде кісіге дос, жақын, етене табиғат бірте-бірте тасбауыр тартады, өлімге пейіл береді. Қуаныштан, рахаттан, ләззаттан басталған гүлдүние соңы – апат, қырғын, зобалаң, нәубет, селебе.

Осындай күрделі, қат-қабат көзқарас, өмір-болмысты, табиғат-ортаны екіұдай болып жарылған, ақыры құрдыммен аяқталған қан-қырғын трагедиялық сипатта көру – үлкен ақынның көркемдік танымындағы тұтас суреткерлік жүйе екенін ашып айту керек.

Мағжан поэзиясының мәңгі өлмес, ұрпаққа жалғасар алтын көпір, асыл қазына, інжу-маржаны – махаббат, сүйіспеншілік, ғашықтық хикаясының сан алуан тылсым, жұмбақ күйлерін шерткен, терең ақындық шабыттан толқып туған, адам жүрегінің мың сан дірілін шеберлікпен бейнелеген, ішкі мазмұны мен түр кестесі жымдаса ұласқан, ықшам, жинақы, жұпжұмыр дүниелері.

Ақын лирикасындағы қыз, әйел, қай жағынан алғанда да, жігітпен, еркекпен тең, иықтас, деңгейлес. Көп ретте әйел адамгершілік – ізгілік, махаббат сезімдері тұрғысынан суреткер үшін дүниедегі ең қасиетті, ең ардақты, ең құрметті адам, торыққан, қиналған, тапталған кездерінде медет сұрап, сыр бөлісіп, қайырым тілеп, әйелге тіл қатады, ақтық демі таусылып, ажал тырнағына ілінер сәтте де айтылар сөз сүйген жарға, туған анаға арналады.

Ғашықтық сезімнің сан алуан толқындары: ұнату, құлай сүю, бір көргеннен құлап түсу, ұзақ уақыт сүйіспеншілік зарын кешу, ләззат рахатына бату, ажырасу азабын тарту, айырылып күйзелу, тіл таба алмай торығу, бір кездесуге құмарту, жалт еткен ықылас, түңіле безіну, махаббат жолында жан қию, ерлі-зайыпты қоңыр тірлік, батаға адалдық, неке су ішісу, жастықтың әр кезеңі, қызықшылық, серілік, ұйқысыз түндер, тоқырау, тәубаға келу, отбасы, ошақ қасына қарап қалу – осы алуандас сезімдер, күйлер, мұң-қайғылар Мағжан өлеңдерінде жеке адамдардың тұтас тағдыры, көзден жас, жүректен қан, тілден у ағызған сырлар болып төгіледі.

Қазақ лирикасында үлкен көркемдік жаңалық ашып, соны әсемдік арналарды негіздеп, әсіресе Европа, орыс әдебиетіндегі ізденістерді, бағыттардыұлттық топыраққа батыл да еркін енгізген Мағжан Абай тағылымдарын жаңғыртып, эпик. жанрда поэманың ықшам түрлерін қалыптастырды. Бір қарағанда, тақырыптық тұрғыдан алғанда, алып-жұлып, әкетіп бара жатқан ерекшелік көрінбейтін секілді: «Қойлыбайдың қобызы», «Қорқыт», «Түркістан», «Оқжетпестің қиясында», «Батыр Баян» – аңызға, тарихи белгілі оқиғаларға, «Жүсіпхан», «Өтірік ертек» – шығыс сюжетіне, мысал, тұспалға құрылған. Ішкі мазмұн тұрғысынан келгенде бұл шығармалардың бәрінде де халықтық аңыз, тарихи дерек, ежелгі әңгіме сарындары өзгере құбылып, жаңа сипатта эстетик. желі тартады. Мағжан фольклорды игеруде соны жол, жаңа бағыт ашты, қайта жырлау, назира, сарындау емес, түп-түгел тосын, биік, асқақ көркемдік жүйелер жасады. Ең бастысы, ақын ықшамдық, сұлулық, философ. талаптарды, бейнелілік, суреттілік шарттарын бірінші қатарға шығарды. «Қойлыбайдың қобызында» фантастик. күйлер, бәйгеге қобыз қосу көрінісі ғажап шебер бейнеленеді; «Қорқытта» өмір мен өлім арпалысы, мәңгілік үшін күрес, өнердің өлместікке апарар киелі қасиеті жыр етіледі, «Жүсіпханда» тұлға мен тобыр, мансап пен ождан диалектикасы, «Өтірік ертекте» мысал, тұспал әдісімен берілген әлеум. тартыс сыры бар.

Фольклорда, тіпті жазба әдебиеттің өзінде қазақ ұғымындағы дәстүрлі батырдың айқын, анық кескіні белгілі: ел қорғау жолында жанын береді, жолбарыс жүрек, дүдәмал, шектену, күдіктену деген жоқ, бір әрекеттің, бір ерліктің адамы. Жаңа заманда, үлкен

эстетик. әдеби мектептерден сабақ алып, өз бағытын тапқан зор талантты, ғаламат шабытты, биік мәдениетті қаламгер аңыздан, фольклордан негізгі оқиға сорабын, сюжет арнасын ғана ала отырып, мүлде тың тартыс, орасан қақтығыс-қайшылықтар тоғысына құрылған жаңа сипаттағы, ең бастысы реалистік трагедиялық поэма шарттарына, жанрдың классик. заңдылықтарына жауап беретін, қазақ поэзиясындағы аса көркем, терең, ғажайып шығармалардың бірі – «Батыр Баянды» туғызған. Отаршылдық тепкіні, ұлттық езгіні көрген, ал адамгершілік нормалары бұзылған жылдарда сталиндік қанқұйлы қуғын-сүргін бұлты басына төнген Мағжан жүрегін қайғының қара толқыны басып, шерлі, мұңлы жырлар төгілді. Әділетсіздікке, зорлық-зомбылыққа деген қарсылық, тақымына қыл бұрау түскен періштешындықтың шырқырауы – ақынның жәдігөйлік, жағымпаздық, келісімпаздық дертіне шалдықпаған жігерлі, қайратты, намысты толғауларындағы сарындар «Батыр Баян» поэмасында бір арнаға құйды. Қазақ фольклорында, ауыз әдебиетінде, ақын-жыраулар поэзиясында өмір мен өлімнің беттесуі, тіршілік пен ажал айтысы терең арна тартқан емес. Оның үстіне мұсылмандық шарттар бұл дүниеден гөрі о дүниені мәңгілік, қасиетті орын етіп көрсеткендіктен, 19ғ-да шыққан жазба әдебиет өкілдері де өлім тақырыбына терең бойлап бара алған жоқ. Абайдың рухтың мәңгілігі, болашақ ұрпақпен сырласу хақында терең тебіреніспен жазған өлеңдері, Кемпірбайдың, Әсеттің тіршілікпен қоштасуы секілді үздік туындылары бір төбе.

Мағжан поэзиясындағы көкжал толқынның, көгала ағыстың бірі – өмір мен өлім, тіршілік пен ажал айқасы, екеуінің бетпе-бет келуі. А. Данте, И. В. Гете сарындары, Дж. Н. Г Байрон, А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов әуездері, А. А. Блок, А. А. Фет, Д. С. Мережковский ырғақтары түйісіп, тоғысып келіп, қазақ ақынының қайғысына қайғы қосып, жүрегін тербеп, жаңа, соны, бой тұршігердей күйлер туырған. Періште, тәңір, пайғамбар, құдай, көк аспан, жер, ай, жолбарыс, арыстан, толқын, жел, теңіз, өзен, алдаспан, алмас қылыш, тұлпар, жүрек – міне осы секілді көптеген сөздер, ұғымдар Мағжан поэзиясында үнемі қайталанып отырады, олардың жинақтаушылық, эстетик., ал образдың символдық, көркемдік орасан зор мәні бар. Өз ортасынан үздік шығып, уақыттан озып, кезеңінде замандастарына танылмай, жұмбақ болып, арада көп жыл өткесін, көп дүние өзгергеннен кейін жаңа қауыммен емірене табысқан өнер иелері әр халықта, әр топырақта, әр ғасырда бар болса, Мағжан поэзиясының бірқыдыру сыры осы арнадан табылса керек.

Ақынның күнделікті, мезгілдік, науқандық, тіпті анығын айтқанда, таптық күрес, тартыс талабына орайлас, елгезек, үгіттік, насихаттық шығармалар жазудан бойын мүлде аулақ салуы таңғалдырады; тақырып таңдау, өлең объектісіне келгенде ерекше талғампаздық, өзін-өзі саналы түрде шектеуді көреміз. Ал, бірақ, әлем поэзиясындағы ұлы шайырлар үнемі жыр еткен мәңгілік тақырыптар, мәңгілік образдар, мәңгілік сарындар қазақ ақынының жанын мазалайды: жарыса бейнелеу, бой теңестіру үстінде туған үндес туындылар өз алдына, аршынды дарын асқақ шабытпен еркін көсілген кейбір тұстарда адам таңғаларлық ғашықтық, сүйіспеншілік, ізгілік, мұңлы қайғы, текті қасіретте толғаған сом алтындай саф дүниелерді бұрқыратып жазып тастайды. Үш революцияның, аласапыран дәуірдің, саяси төңкерістердің, қоғамдық-әлеум. өзгерістердің, санадағы сілкіністердің ықпал-әсерімен күнделікті іс-әрекет, талап-тілек, уақыт сұранысы өнер атаулыны өзіне баурап алған, публицистик., саяси ұрандар, ұғым – категориялар, байлам-тұжырымдар әдебиеттің барлық саласына ентелеп кірген заманның өзінде Мағжан поэзиясының зеңгір көкпен, тәңір пайғамбармен мәңгі тілдескен заңғар шыңындай болып, таза ақындықты сақтады, ол бір тақырыптың, бір кезеңнің, тіпті бір таптың жыршысы болып кетпей, уақыттардың желі құлата алмайтын алтын діңгек, әлемдік, планетарлық әуез-сарындармен тамырлас, өлмес туындылар берген ұлттық ақын болып қала береді.

Р. Нұрғалиев.

ЖҰМАҒАЛИЕВ Абдолла (1915–41) – көрнекті ақын. Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан. Ол Абай поэзиясына жасынан үйір болып, оның туындыларын жаттап өскен. Орал пед. ин-тында оқып жүрген кезінде Қ. Жұмалиев жетекшілік еткен әдебиет үйірмесінде Абай өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктері жайында баяндама жасаған. Ол өзінің «Келер ұрпаққа» («Өлмес өмір дастаны», «Жазушы», А., 1985, 68-б.) деген өлеңін Абай өлеңдерінің әсерімен жазған. Абдолла:

«Өлсем ұмыт болмай ма дүние деген,
Мәңгі айрылысып қалмай ма о да мүлдем.
Жанжал, шумен алысқан қайран басым,
Бір қуыста қалмай ма үңгірлеген...» –

дейді. Бұл шумақ Абайдың «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?..» деп келетін өлеңін еске түсіреді. Және бір мысал:

«Қызыл шырай, қыз дүние қалар артта,
Мөрін басып ақырғы мәңгі шартқа.
Мен кетермін, келмеспін енді айналып,
Басымдағы сырымды жаздым хатқа...»

(«Келер ұрпаққа») шумағының соңғы екі тармағындағы түйін Абайдың:

«Өтті ластап демеңіз жүрген жолын,
Келді күн, келер ұрпақ заманаға!..» –

деген кемел ойына үндеседі. *С. Сейітов.*

ЖҰМАҒАЛИЕВ Әмір Шәкуұлы (1939 ж. т.) – график-суретші. Эстамп, оның ішінде линогравюра саласында жұмыс істейді. Абай шығармалары бойынша «Аналар» және «Аталар» атты екі еңбек жазды (екеуі де – 1982, қағаз, линогравюра, автордың жеке қоры). Бұл екі еңбектің көрнектісі – «Аналарда» жарқыраған күнастында әртүрлі жастағы аналар кескінделген. Қолдарында сәбилері бар жас аналардың образдары нәзік те жанға жылы бейнеленсе, ортадағы кексе әйелдің образы салмақты әрі ішкі қуатқа толы.

ЖҰМАДІЛОВ Қабдеш (1936 ж. т.) – жазушы, Қазақстанның халық жазушысы. Оның «Жас дәурен» өлеңдер, «Қаздар қайтып барады», «Сары жайлау», «Шарайна», «Сәйгүліктер» әңгіме, повесть жинақтары, «Көкейкесті», «Бақыт жолында», «Атамекен» т. б. романдары, «Соңғы көш» оқырман қауымға жақсы таныс. Ж-ке Шығ. Түркістандағы қазақтардың өмірі мен азаттығы жолындағы күресі суреттелген «Тағдыр» романы үшін Қазақстан Республикасының Абай атынд. Мемл. сыйл. берілген.

ЖҰМАЖАНОВ Қаржаубай (1938 ж. т.) – қарақалпақ ғалымы, әдебиет зерттеуші. Филол. ғылымының кандидаты. «Ақындар поэзиясындағы фольклорлық және жаңашылдық дәстүрі» атты моногра-

фия жазған. «Абайдың таңдамалы өлеңдері мен поэмалары» атты кітапқа «Көркем аударма мәселелері» (Нөкіс, 1985) атты көлемді сын еңбегін, 1990 ж. «Қарақалпақстан» баспасынан жарық көрген «Абай шығармаларының толық жинағына» «Абайдың қарақалпақша аудармасын қайта оқығанда» деген сын-зерттеу мақаласын жариялады.

ЖҰМАЛИЕВ (Қажығали) Қажым (1907–68) – әдебиет зерттеуші, ақын, абайтанушы. Филол. ғыл. докторы, проф., Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның академигі, Қазақстанның еңбек сің. ғылым қайраткері. «Абайға дейінгі қазақ поэзиясының тілі және Абай поэзиясының тілі» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғаған. Абайтану мәселелеріне арнап «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» моногр. (1960), «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» («Әдебиет майданы», 1934, № 11), «Абай поэзиясының тілі» («Әдебиет және искусство», 1940, №6), «Абай және Шығыс, орыс, қазақ әдебиеті» (Теміржолшы, 1940, 15 қазан), «Абай ғылым туралы» (Лениншіл жас, 1940, 16 қазан), «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» (Социалистік мал шаруашылығы», 1960, 18 қыркүйек), «Көркем тіл жөніндегі Абайдың кейбір жаңалықтары» («Социалистік Қазақстан», 1945, 1 шілде) т. б. ғыл. еңбектер жариялаған. Диссертациясы мен ғыл. еңбектерінде Абайдың өмірбаянына шолу жасап, ақынның қазақ халқының мәдени өмірінде алатын тарихи орнына баға берді. Өлеңдерінің құрылысын зерттеп, әдебиетімізге мазмұн, идея, тіл көркемдіктері жағынан енгізген жаңалықтарын ашып көрсетті. Ақын шығармаларындағы әлеум. сарындарға, өмір шындығын бейнелеу тәсілдеріне назар аударды. Абай поэзиясының қазақ халқы ауыз әдебиетімен тамырластығын, дәстүр жалғастығын қарастырды, Шығ., Бат. әдебиеті классикасының ықпалы, ақынның олармен идеялық үндестігін сөз етті. *С. Қалуов.*

ЖҰМАМҰРАТОВ Тілеуберген (1915–90) – ақын, драматург. Қарақалпақ, түрікмен, қазақ, өзбек. б. халықтар фольклоры мен классик. өлеңдерін ел арасына таратқан. Ол «Қазақ досым» өлеңінде Абай, Жамбыл, Мұхтар, Сәбит есімдерін ерекше атап, үлкен құрметін білдіреді. Ж. ұлы ақынға арнап «Абай ескерткішіне» («Таңдамалы шығармалары». Нөкіс, 1967) атты өлең жазып, жарыққа шығарды. *С. Ниетуллаев.*

«ЖҰМБАҚ» – Абайдың өлеңі, қ. *«Алла мықты жаратқан сегіз батыр...»*

«ЖҰМБАҚ» – Абайдың өлеңі, қ. *«Қара жер адамзатқа болған мекен...»*

«ЖҰМБАҚ» – Абайдың өлеңі, қ. *«Сыналар, ей, жігіттер, келді жерің...»*

ЖҰРТБАЕВ Тұрсын Құдакелдіұлы (1951 ж. т.) – әдебиет зерттеуші, жазушы. Филол. ғыл. кандидаты. Ж.-тың «Абай аулында» атты әңгіме-кітапшасы жарық көрді. «Дәркембай өмірде болған ба?» («Білім және еңбек», 1978, № 2) «Алты өлеңнен біліндіі істің жайы» («Жұлдыз», 1986, № 6), «Ақын туған топырақ» (Сөзстан. – А., 1986), «Абай шуағы» («Қазақстан пионері», 1985, 25 қыркүйек), «Екі тізгін, бір билік», («Ақиқат», 1992, № 3) т. б. мақалаларында Абайдың қоғамдық-әлеум. өмірге, ел басқару қызметіне араласуы, өскен ортасы, замандастары туралы, жер, жесір дауларындағы әділ қазылығы, ақын шығармаларының орыс тіліне аударылуы жайында т. б. мәселелер төңірегінде сөз қозғайды.

ЖҮЗБАСОВ Қайролла Түсіпұлы (1941 ж. т.) – музыка зерттеуші, өнертану ғыл. кандидаты, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі, этнограф. Ж. Абай әндеріне ден қойып, оны жинап, зерттеумен айналысты, ақынның Х. Демшінов орындаған «Желдірме» күйін (1977), Қ. Байжановтан «Қараңғы түнде тау қалғып» пен «Сегіз аяқ» әндерінің классикалық түрлерін (1982), Мәкен Мұхемеджановадан «Біреуден біреу артылса», «Сен мені не етесің», «Қарашада өмір тұр», «Онегиннің Татьянаға жауабы» т. б. барлығы 23 әнін нотаға түсірді (1984). Абайдың муз. мұрасы, оның әуезділік ерекшеліктері және тарихи әлеум. маңызы туралы «Абайдың музыкасы» (Айтым сәлем, қалам қас. – А., 1986), «Абайдың ән мұрасынан. Екі ән туралы» («Абай» журналы, № 4, Семей, 1992) атты ғыл. мақалалар жариялады.

ЖҮНІСОВ Сәкен Нұрмақұлы (1934 ж. т.) – жазушы, драматург. Оның «Сонарда», «Өшпейтін іздер», «Алғашқы вагон» т. б. повестері мен әңгімелер жинақтары, «Жапандағы жалғыз үй» романы, «Ақан сері» дилогиясы жарық көрді. «Ажар мен ажал», «Қызым, саған айтам», «Қысылғаннан қыз болдық» т. б. пьесалары театр сахналарында қойылып келеді. Ж-ке «Әліара» пьесасы үшін Қазақстан Республикасының Мемл. сыйл. берілді. *Б. Қожабаев.*

ЖҮНІСХАН Бүркітбайұлы (1896–1926) – Абайдың ақындық мектебінен үлгі алған шәкірттерінің бірі. Ж. 9 жасынан өлең шығарып, елге танылады. Балалық шағы көбінесе өз ата-жұртымен іргелес Абай аулында, Көкбай тәрбиесінде өтеді де, ұлы ақынның талантты шәкірттері Әріп, Уәйіс, Иманбазар, Әубәкірлердің ақындық өнерінен үлгі-өнеге алып өседі. Ж. жастайынан өлең-жырды, ән мен жырды серік етіп, ел арасындағы ақындар айтысына қатысады. Нағашысы Көкбаймен, Еркөкше Көкеұлы, Иманбазар Қазанғапұлы, Жанбатырмен айтыстарында сөз өнеріне дес бермейді. Ол өлеңді ауызша да, жазбаша да шығарған. «Бай кеткен соң бәйбіше», «Құнанбай атаң болса, құдай емес», «Николай патшаға», «Маңтөбет» атты өлеңдерінде Абайға ұқсап әлеум. мәселелерге бой ұрып, озбыр заманның әділетсіздік жақтарын сынға алса, «Мәшкеге», «Менің атым – Жүнісхан» т. б. өлеңдерінде кіршіксіз махаббат, әйел теңдігін жырлайды. «Қайран, елім» атты өлең арқылы 16 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске батыл үн қосады. *С. Қорабаев.*

«ЖҮРЕГІМ МЕНІҢ – ҚЫРЫҚ ЖАМАУ...» – Абайдың 1899 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 4 шумақтан тұрады. Адам баласы тірлігінде кіммен араласпайды, кіммен жақын болмайды. Солардың ішінде жаны сенімен бірге, көңілі жарасқан достық табу қиын. Дос – жолдас болып жүріп байғұс жүрегіңнің дал-дұлын шығарып кетсе, ол адам тірі жүрсе де өлі. Сондықтан Абай: «Өлді кейі, кейі –жау» дейді. Егер шынында өлген адам болса, ақынның аруақты қозғамасы белгілі. Өйткені ақынның «Қазақтың өлгенінің жаманы жоқ, сауының жамандықтан аманы жоқ» дейтін ұлағатты сөзі бар. «Жүрегім менің – қырық жамау» деген терең мағыналы, әрі бейнелі ғажап теңеуді Абайға дейін ешкім айтқан емес. Неге ол «қырық жамау» деген сұраққа ақынның өзі бір ғана сөзбен жауап береді: «Қиянатшыл дүниеден!» Расында мынау жарық дүниенің асты толған күнә, толған қиянат. Адам баласы өзімен бірге туған бауырымен, екінің бірі, егіздің сыңарымен келісе алмай, өмір бойы араз болып, бірімен-бірі араласпай, жат болып, бөтен болып өтері хақ. Себебі, Абай айтқандай, өмір зорлық пен зомбылыққа толы.

Туынды 6-7 буынды шалыс ұйқаспен жазылған. Алғаш 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» деген

жинақта жарияланды. Өлең басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер ұшырасады. 1939 жылғы жинақта 1-шумақтың 3-жолы **«Қайтып аман қаласың сау»** делінсе, қалған басылымдарда бұл жол **«Қайтып аман қалсын сау»** болып алынған. 1909, 1939, 1945, 1954 жылғы басылымдарда 4-шумақтың 1-жолы **«Қан жүректе қайғылы-ау»** болып берілсе, 1957, 1977 жылғы жинақтарда **«Қан жүректі қайғылы-ау»** түрінде алынған. Туынды ағылшын, араб, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, тәжік, түрікмен, ұйғыр тілдеріне аударылған. *С. Дәуітов.*

«ЖҮРЕГІМ НЕНІ СЕЗЕСІҢ?..» – Абайдың 1900 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 8 шумақтан тұрады. Өлеңде ұлы ақын елдегі алдамшы атқаминерлерден түңіліп, қатты ашынып, өзінің жалғыз қалғанын толғағандай сыңай танытады. Себебі өлең бірінші жақтан, лирик. қаһарман атынан жазылған. Абай осы өлеңінде аса биікке, шырқауға көтерілген, мұнда жер бетіндегі бүкіл адамзаттың мұңшері, қайғы-қасіреті, ішкі жан сезімі, арман-мұраты бар. Бір қызығы, өлең бастан-аяқ жүрекпен ең қимас досындай сырласып, оған алыс шыңыраудағы шерін шертеді. Доссыз, қимас жолдассыз өмірде мән де, мағына да жоқ екені дау тудырар ма? Бір-екі рет сыйласуға, қадірлесуге, құрметтесуге келген тәп-тәуір адамың аяқ астынан құбылып, ойламаған жерден бөтен мінез танытып, сыр білдіріп қойса, оған не дерсіз? Көңіл шіркіннен жүйрік ешнәрсе жоқ екені белгілі, алайда жүрек бір қалыптылықты, сүйсе беріліп сүйіп, біржола кіршіксіз махаббат пен ағынан жарылған адал да ақ пейілділікті қажет етеді. Әр түрлі қарым-қатынаста жалғыз жүрек жалын атып, жанын қоярға жер таппай, шыр айналып шындық іздейді. Оны таба алмайды, шырылдағаны шырылдаған, шындық табыла қоя ма? Ол табылмаса, жүрек жанып, өртенгенін, күйіп-жанғанын қояр ма? Жоқ. Абай жүректің қадір-қасиетін терең сезінген, сондықтан бар даусымен жұртқа жүректің қалауымен жүріңдер, сонда ғана адаспайсыңдар деп тұрғандай. Туынды шалыс ұйқаспен жазылған. Алғаш 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» деген жинақта жарияланды. Өлең басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Барлық басылымдарда 4-шумақтың 1-жолы 1909 жылғы жинақ негізінде **«Халықтың аты керек қой»** деп алынса, бұл жол Мүрсейіт (1905 ж.) қолжазбасында **«Үміттің аты керек қой»** болып берілген. 1909, 1939, 1945 жылғы басылымдарда 6-шумақтың 4-жолы **«Бермесең қалар төгіліп»** делінген, ал 1957, 1977 жылғы жинақтарда бұл жол Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасы негізінде **«Бермесең қалар түңіліп»** болып түзетілген. Туынды ағылшын, араб, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, тәжік, түрікмен, ұйғыр тілдеріне аударылған. Өлеңге комп. А. Ахметжанов ән шығарған. *С. Дәуітов.*

«ЖҮРЕГІМ, ОЙБАЙ, СОҚПА ЕНДІ...» – Абайдың 1892 ж. жазған өлеңі. Көл. 16 жол. Өлең ақынның «алсам – жесем, алдасам – арбасам» дегеннен басқаны білмейтін көкірегі көрсоқыр жандардан қатты түңілген кезінде туған. Өйткені адам арасындағы жақсылық болсын, жамандық болсын, достық дейсіз бе, қастық дейсіз бе – бәрі де жүректің сезуі арқылы өтпек. Әрбір адамның кеудесіндегі жүрегі – шырылдаған бозторғайы. Сондықтан ол байғұс күйінбей, тебіренбей тұра алар ма? Туындыдағы «Кімге сенсең – сол шикі» деген жолда көп мағына, терең ой, сонымен бірге өмір тәжірибесі жатыр. Болашаққа, бізге айтқан өнеге – өсиеті де осы бірақ жолға сыйып тұр. Кіммен дос – жолдас болып бірге жүрсең, соның кемшілігін, кемістігін тезірек байқайсың, «шикі жерін» бірден көресің. Алұлы Абай «шикілігін» көрген соң, жақыныңмен суысып, кектесіп кетпе деп ескертіп тұр. Өйткені жұрттың бәрі пенде, олай болса, олар кемшіліктен құр алақан емес. Абайдың бұл туындысынан жүректі шығыс классиктерімен тең дәрежеде жырлай алғандығын, тіпті кейбір тұстарда асып кеткендігін көруге болады. Туынды шалыс ұйқаспен жазылған. Алғаш 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» деген жинақта жарияланды. Өлең басылымдарында бір ғана текстол. өзгеріс бар. 1909 жылғы жинақта 3-шумақтың 1-жолы **«Сенісерге жар таба алмай»** болып берілсе, қалған басылымдарда бұл жол Мүрсейіт қолжазбалары негізінде **«Семісерге жан таба алмай»** болып өзгертілген. Туынды ағылшын, араб, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, тәжік, түрікмен, ұйғыр тілдеріне аударылған. *С. Дәуітов.*

ЖҮРЕКТЕ КӨП ҚАЗЫНА БАР, БӘРІ ЖАҚСЫ...» – Я. Полонский өлеңінің 1899 ж. Абай еркін аударған нұсқасы. Бұл өлең алғашқы жинақтар мен қолжазбаларда М. Ю. Лермонтовтан аударылған деп көрсетіліп келді. Шынында өлең Лермонтовтың 1891 жылғы бір жинағында жаңылыс басылған. Өлеңнің Я. Полонскийден аударма екендігін абайтанушы З. Ахметов анықтады. Өлең орысшасында да, Абайда да алты шумақ, 24 жол. Бірақ орысша нұсқада 3-шумақ пен 6-шумақ түгелдей бірін-бірі қайталайды. Ал Абай болса, өлеңнің соңында алдыңғы шумақты қайталамай, «адам тағдырға көнбек» деген ойды басқаша айтып, нақтылай түскен. Бірақ, әрине, одан өлеңдегі мұңды сарын кемімейді. Сонымен бірге Абай өмірге құштарлық идеясын да күшейте түскен. Жүректегі көз – қазына деген ұғымды Абай



Абай Құнанбаевтың 1954 ж. Қазақ ССР Ғылым академиясы баспасынан жарық көрген екі томдық кітабы.



Абай Құнанбаевтың 1954 ж. Москвадан мемлекеттік «Художественная литература» баспасынан жарық көрген кітабы.

өлеңнің ең басында жылылық пен достық деп айқындай түседі. Орысша түпнұсқаның басты сарынын Абай өте шебер және бұлжытпай жеткізгенін мына екі шумақтан көруге болады:

«Жан шөлдер өзіңдеймен танысқанша,
Бірінен бірі үлесіп алысқанша.

Құмарланар, сүйісер жүрек тауып,
Қыйтықсыз қызықпенен бас қосқанша...


Жүрегін пайдасы үшін жұрт ұсатпақ.
Кірмен өлшеп базарға ұстап сатпақ.
Оны сатып, ол кімді уатады?
Оның өзін тағы да кім уатпақ?»

Бұл жолдарды Полонскийдің:

«И жаждет душа поделиться
В избытке с другой душой
И сердцу влюбленному биться
Привольно в груди молодой...

И сердцу богатства я взвешу,
На рынок пойду их менять.
Кого же я этим утешу?
Что будет меня утешать?.. » –

деген шумақтарымен салыстырсақ, аударма дәлдігін ап-анық көре аламыз. Өлең 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Алғаш 1909 ж. С. Петербургте жарық көрген *«Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі»* атты жинақта жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1909, 1954 жылғы басылымдарда 2-шумақтың 4-жолы **«Қыйтықсыз қызықпенен бас қосқанша»** делінсе, басқа басылымдарда бұл жол **«Қытықсыз қызықпенен бас қосқанша»** болып алынған. Ал 1939, 1945, 1954 жылғы басылымдарда соңғы шумақтың 1-жолы **«Жұрт айтқан сол ант мезгіл келсе керек»** болса, 1957, 1977 жылғы жинақтарда бұл жол Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы басылым негізінде **«Жұрт айтқан сол ант мезгіл келсең керек»** деп берілген. *З. Ахметов.*



Абайдың 1960 ж. «Улан-Удэ» баспасынан бурят тілінде жарық көрген өлеңдер жинағы.

«ЖҮРЕКТЕ ҚАЙРАТ БОЛМАСА...» – Абайдың 1898 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 5 шумақтан тұрады. Көл. 20 жол. Абай бұл туындысында жүректің асылдығы мен нәзіктігін жырлаған. Ақын адамның адамдығы, ғұламалығы, кісілігі тек бір ғана «ақыл мен сезімінде» дейді. Жан мен тән малда да бар, адамзат сенімінің, яғни жүректің қалауынша жүрсе, соның тілегенін істесе, ешқашан қателеспес еді дегенді айтады. Өз пайдасынан басқаны ойлап көрмеген қара ниеттер тек қана суық ақыл мен қайраттың ісін қару етіп ұстаған. Осы себепті ел ішінде надандар көп, олар айналамды қоршап, қамалап тұрған соң мен қалай адам болайын. Туғанда құранға қарап атымды қойып, халайық – қауым жиналып «адам болсын» деген соң, енді қалай ғана ел қамын ойламайын, отты жүрегіме, қасиетті жүрегіме қалай салмақ салмайын дейтіндей ұлы Абай! Туынды шалыс ұйқаспен жазылған. Алғаш 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» деген жинақта жарияланды. Өлең басылымдарында бір ғана текстол. өзгеріс бар. Мүрсейіт қолжазбаларында, 1939, 1945, 1954 жылғы басылымдарда 3-шумақтың 4-жолы **«Әдет етер таласып»** делінсе, 1957, 1977 жылғы жинақтарда бұл жол 1909 жылғы басылым негізінде **«Үміт етер таласып»** болып берілген. Туынды ағылшын, араб, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, тәжік, түрікмен, ұйғыр тілдеріне аударылған. *С. Дәуітов.*

«ЖҮРЕК – ТЕҢІЗ, ҚЫЗЫҚТЫҢ БӘРІ – АСЫЛ ТАС...» – Абайдың 1902 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 3 шумақтан тұрады. Ұлы ақын қызық та, қызу қандылық та бір ғана жүректе дейді. Әсіресе «жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас» деген жолда өмірдің терең философиясы жатыр. Теңізде не болмайды, асыл маржан да, інжу тас та, меруерт те – бәрі сонда. Жүректе жасық, жаман нәрсенің болуы мүмкін емес. Өйткені оласылдың асылы, қасиеттінің қасиеттісі. Жалыны оттай жайнаған достық та, амал-айласы бұқпантайлап жасырынған қастық та бір ғана жүректің әмірімен болмақ. Жүрек – адам мүшесінің патшасы, ол – шындықты сүйетін әділ патша. Оған жалған көлгірсу, өтірік сөйлеу, уәдені бұзу, жазықсыз жанның сыртынан өсек айтудың бәрі жат. Сондықтан жүрекке шын берілген көңіл, шынайы достық, айнымас махаббат, нәзік сезім, сүттей ұйыған ауыз бірлік, ағайын арасының балдай татулығы қажет. Жүрек – тау бұлағындай таза, аспан жұлдызындай мөлдір. Бір сөзбенайтқанда, жүрек дегеніміз шындықты шырқырап жырлайтын әлсіз, қорғансыз бұлбұл. Туынды 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Алғаш 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» деген жинақта жарияланды. Өлең басылымдарында бір ғана текстол. өзгеріс бар. 1909, 1939, 1945, 1954 жылғы басылымдарда 2-шумақтың 3-жолы **«Ар мен ұят сенбесе, өзге қылық»** деп берілсе, 1957, 1977 жылғы жинақтарда бұл жол Мүрсейіттің 1905, 1907 жылғы қолжазбалары негізінде **«Ар мен ұят сынбаса, өзге қылық»** деп алынған. Туынды ағылшын, араб, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, тәжік, түрікмен, ұйғыр тілдеріне аударылған. *С. Дәуітов.*

ЖҮСІП Алшынбайұлы (1820 – ө. ж. б.) – Абайдың қайын атасы, бәйбішесі Ділдәның әкесі, би. Әйтеке – Шаншар елінің болысы. Ж-тен: Доскей, Қыдыр, Надыр, Сләмбек, Мүсілім деген ұлдары, Ділдә, Ділан, Күміс деген қыздары тарайды. 1868 ж. Омбыға келетін орыс патшасы кн. Вл. Александровичті қарсы алған қазақтардың ішінде Ж. те болған.

ЖҮСІПОВ Әли (1928–76) – суретші-кескіндемеші. Портрет жанры саласында жұмыс істеді. Ол өзінің «Ойшыл ақын» атты еңбегінде (1974–75, кенеп, майлы бояу, Қазақстан Республикасының мемл. өнер музейі) киіз үйдің ішінде беймаза ойға шомған Абайдың бейнесі арқылы ақын шығармашылығы, оның өнер мен өмір алдындағы жауапкершілігі мәселесін көтерген. Түстердің қарама-қарсы құбылыстарынан туындайтын бай бояу ерекшелігін, сызықтар мен бедерлеудің айқын үлгісін пайдалану арқылы, суреттің құрылымына ақынды қоршаған табиғи орта мен тұрмыстық көріністерді батыл енгізе отырып, Ж. өз кейіпкерінің психол. мінез-құлқын аша түскен. *Н. Полонская*

ЖҮСІПОВ Ибрайым (1929 ж. т.) – қарақалпақ ақыны. Бердақ атындағы сыйлықтың лауреаты. 1975 ж. «Әмудария» журналының 8-ші санында Абайдың Ж. аударған «Жазғытұры» өлеңі қарақалпақ тілінде басылды. Ж. аударған «Қор болды жаным...», «Қажымас дос халықта жоқ...», «Жақсылық ұзақ тұрмайды...» өлеңдері 1985 ж. Душанбеде жарық көрген «Мәңгі бұлақтар» атты жинақта жарияланды.

Қ. Жұмажанов.

«ЖЫЛАҒАНДЫ ТОҚТАТЫП...» – Абайдың 1895 ж. жазған өлеңі. Көлемі 62 жол. Ақын шығармашылығының бір шоғыры, үркердей бір топ өлеңі ол – асыл ұлы Әбдірахманға байланысты туған туындылар. Әке жаны дүниеден қыршын кеткен дарынды баласы үшін қандай сырқыраса, өлең де оқырман жанын соншалықты тебірентеді. Адам әрқашан да алладан алдымен ынсап сұрауы керек. Қай нәрседе де өзін-өзі тоқтата алуы керек. Ыждаһат, сабыр – кеңшілік кепілі. Қайткен күнде де : «Болған іске болаттай берік бол» депхалық тегін айтпаған. Қайғы да – бір дерт, езіліп-егіле берсең, «тұл бойыңа тарайды». Он екіде бір гүлі ашылмаған қайран, ару Мағыш! Ақ көңілің қарайса, қызыл гүлің суалар. Уайым да – иірім, тоқтамасаң, түбіне тартып әкетер. Айналаңа, жұртыңа бір сәт қарашы – қосағынан, сыңарынан айрылған бір сен бе екенсің! Тағдырдың басқа салған ісіне еш амал жоқ. Қасірет мұңға батқан әке келіні Мағышқа шер жүректен төгілген зиялы ақылмен басу айта отырып, өзін де жұбатқандай. Халықтарды билеп, ел басқарған патшалар да мәңгілік емес, «Уақыты жетсе, құлайды». Әрине, Әбдірахмандай асыл,тиянақты, тұрлаулы, ақиық азамат «Қолдан ұшқан ақ сұңқар қайтып келіп қонбайды». Жылап-еңіреп, жаси берме, Мағышым! Аяулы, асыл жарыңның әке-шеше, бауырларын да ая! Өзіңді де ойла, артын тіле құдайдан. Өмір бір қалыпта тұрмайды. Атаң да жетісіп отырғанжоқ, үлкен ауырлық, қисапсыз ішкі у мен дертті, азапты көтермеске не шара! Бойды жеңіп тоқтау қыл, жылама, Мағыш, жылама! Мағышты жұбату үшін өз қайғысын алға салады. Ұлы ақынның арғы ойында енді осынша уайымды тарқатар ел, жақсы ағайын-туған, халық болатын шығар деген шұғылалы шындық шеті көрініп жатқандай.

Өлең өзекті жарған өмірлік шындық пен қарапайым халықтық әдет-ғұрыптың төңірегінен ерікке қоймай егілгеннен туған. Шетсіз-шексіз құсалыққа қоса жан жылауы араласып, толқып кеп Тоқтау деген тоспаға, бақыттан күдер үзбеу деген бөгенге тіреледі. Өлеңнің мұраты да, ақын арманы да осы болса керек. Өлең 8 буынды жыр үлгісінде жазылған. Алғаш рет ақынның 1945 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланған. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1945, 1954 жылғы жинақтардағы **«Үсті-үстіне бассалса»** деген 33-жол 1957, 1977 жылғы басылымдарда Мұрсейіттің 1905, 1907 жылғы қолжазбаларының негізінде **«Үсті-үстіне бастаса»** деп өзгертілген. Туынды ағылшын, араб, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған.

Е. Өкімқулов.

«ЖЫЛДЫҢ ТӨРТ МЕЗГІЛІ» – «Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан» 1962 ж. жарық көрген Абай өлеңдерінің жинағы. Жинақта ақынның жылдың төрт мезгіліне арналған: «Жазғытұры», «Жаз», «Күз», «Қыс» өлеңдері топтастырылған. Ақынның табиғат тақырыбындағы бұл шағын жинағын суретші И. Исабаев көркемдеп, әр өлеңнің мазмұнын ашуға көп еңбек сіңірген. Көлемі 2,5 б. т., 18 мың дана болып басылған.

Ғ. Ыбыраева.

ЖЫЛ ҚАЙЫРУ, қ. *Халық күн қайыруы.*

ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ. Абай жыл мезгілдеріне байланысты табиғат көріністерін суреттеуді дербес жанр етіп қалыптастырды. Жылдың төрт мезгілін көркем бейнелейтін *«Жазғытұры», «Жаз», «Күз». «Қыс»* т. б. өлеңдерінде табиғат суреттері өздерінің бар бояуымен, ақиқат қалпында, жаңды күйінде көрінеді. Ақын табиғат көрінісін сол кездегі қазақ өмірінің тұрмыс-тіршілігімен байланыстыра қарастырады.

«Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.
Жан-жануар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі»,

деп басталатын «Жазғытұры» өлеңінде көктемнің жайма-шуақ, жылы лебі есілгендей сезіледі. Өлеңнен мал баққан қазақ аулы тіршілігінің әр алуан көрінісі орын алған. Қазақ халқында жыл басы – наурыз айының «Ұлыстың ұлы күнінен» басталатыны белгілі. Ақын жазғытұры деп, көктемнің осы кезеңін айтып отыр. «Жаз» өлеңінде адам мен табиғат туралы тақырып өзара ұластырыла, тұтас күйде алынған. Жазғы жайлауға көшіп қонған ауылдың бейнесі табиғаттың ғажайып бояуларымен ұштастырыла суреттелген. Жыл мезгілдерінің жадау да жабырқау, қайыршыдай жұтаң бір кезін суреттеуден басталатын «Күзде» ақын ескі ауыл тіршілігін, кедейлердің сол күз күніндей күйзелген, тоналған тұрмысын бейнелейді.

«Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айрылған ағаш, қурай» –

деп, табиғаттың реңсіздігін қайыршы шал-кемпірге теңейді. Ақын қыс мезгіліне портреттік сипаттама бере, мінездей келіп, оны жаңды адам бейнесінде суреттейді:

«Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды».

Ақын табиғат суреттерін адамның әр алуан көңіл күйлері, сыр-сезімдерімен ұштастыра жырлайды. *«Желсіз түнде жарық ай»* өлеңінде ауылдың жанында гүрілдеп аққан өзен, сәулесі суда дірілдеген жарық ай, жапырақтары сыбдырлай, сыр шерткен тәрізді қалың ағаштар, тау жаңғыртқан ән, манаураған желсіз түн аясында кездесіп, тіл қатпай, үнсіз ұғынысқан екі жас ғажайып сырлы бояумен әсем бейнеленген. Абай жыл мезгілдері жайындағы өлеңдерінде табиғат суреттері арқылы әлеум. өмір шындығын терең ашқан.

Ж. Сахиев.

«ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ» – «Жалын» баспасынан 1991 ж. жарық көрген суретті кітапша. «Тілашар» топтамасына енеді. Кітапшаға ақынның «Жазғытұры», «Жаз», «Күз», «Қыс» өлеңдері енгізілген. Суретші Б. Машрапов қазақ аулындағы жыл мезгілдері көріністерімен көркем безендірген бұл кітапша мектеп жасына дейінгі балаларға арналған. Көлемі 6,2 б. т., 50 мың дана болып басылған.

«ЖЫЛУЫ ЖОҚ БОЙЫНЫҢ...» – Абайдың 1899 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 6 шумақтан тұрады. Тобықты ішінде Көкше руынан шыққан Дүтбай Уандықұлына (1850–1915) арнаған. Дүтбай әуелі Абайдың қызы Гүлбаданды інісі Дүйсекеге

алып береді де, Дүйсеке қайтыс болған соң Гүлбаданға өзі үйленеді. Гүлбаданнан Дүтбайдың: Мүкен, Мұхтар, Мүштар, Мәкен, Қадиша деген балалары туған. Дүтбай Мұқыр болысына бірнеше рет болыс болып сайланған. 1898 ж. Көшбике деген жерде өтетін *Мұқыр сайлауында* Абайдың күйеу баласы тағы да болыстыққа сайланып кетеді деп қауіптенген Бұғылы, Мұқыр болыстарының Оразбай Аққұлұлы, Мұсажан Әкімқожаұлы, Әбен Бітімбайұлы сияқты байлары ақын өміріне қастандық ұйымдастырып, жанжал шығарып, сайлауды таратып жібереді. Дүтбай туралы Абайдың Семейдегі әдеби-мемориалдық музейінде сақталған мәліметтер ішінде оның Абаймен сөз қақтығыстары да сақтаулы. Абай бұл өлеңінде Дүтбайдың екі жүзді мінезін шенеп, парақорлығын өткір сынға алады. Ақын өз заманындағы айлакер де жемқор ел пысықтарының ортақ бейнесін жасаған. Өлең 7 буынды, шалыс ұйқаспен жазылған. Алғаш рет 1933 ж. Қызылордада жарық көрген толық жинағында жарияланған. Өлең басылымдарында көп текстол. өзгерістер жоқ. Тек төртінші шумақтың алғашқы екі жолы ақынның 1961 жылғы толық жинағынан бастап Мүрсейіт қолжазбалары негізінде: **«Сенен аяр түгі жоқ, Бүгін сыйлас көрініп»** болып өзгертілді. *М. Бейсенбаев.*

«ЖІГІТ СӨЗІ» – Абайдың өлеңі, қ. *«Айттым сәлем, қалам қас...»*

«ЖІГІТТЕР, ОЙЫН АРЗАН, КҮЛКІ ҚЫМБАТ...» – Абайдың 1886 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 25 шумақтан тұрады. Бұл Абайдың жастарға арналған достық, татулық, жар сүю мәселесін қозғайтын насихат өлеңі. Ақын бірден «жігіттер» деп, есейіп, қатарға қосылып, бозбалалыққа, құрбыларымен араласуға, жар сүюге, үй болуға жетіп қалған жастарға сөзін қаратып айтып, соларға татымды дос табу, жар таңдау, үй болу жайын толғайды. Өлең еркін әңгіме-сұхбат түрінде құрылып, көбінесе жас жігіттерге айтылатын ақыл-кеңес іспетті болып келеді. Сондықтан өлеңді оқығанда өмірден көргені мен түйгені көп ақылгөй адамның біркелкі өңкей құрбы-құрдас жас жігіттердің ортасында кеңес құрып, шын ықласымен ақтарыла сөйлеп отырған қалпын көргендей боламыз.

Насихаттылық сипаты жағынан өлең халық поэзиясындағы ертеден қалыптасқан дәстүрге жақын десек те, ой-пікірлерінің өткірлігі, сонылығы және еш жасандылықсыз тартымды, жатық етіп айтылуы бірден назар аударады.

«Керек іс бозбалаға талаптылық,
Әр түрлі өнер, мінез, жақсы қылық...» –

деп, жастардың алдына үлкен өмірлік мақсат қоюы қажет екенін ақын айрықша атап көрсетеді. Терін сатып адал еңбек етпей, басқа оңай жолмен мал табам деу ер жігіттің бойына лайық емес дегенойында әсерлі жеткізіп, татулық, достық деген пікір түйеді.

«Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,
Жетпесе, біріңдікін бірің жеткіз!
Күншілдіксіз тату бол шын көңілмен,
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз!..

Жолдастық, сұхбаттастық – бір үлкен іс,
Оның қадірін жетесіз адам білмес...»

Жастардың сүйіспеншілік сезімінде айнымас беріктік, тұрақтылық, адалдық болуына айрықша мән бере отырып, ақын жігіттердің құбылма, айнығыш, жеңілтек мінезін қатты сынап шенейді.

«Шын көңілмен сүйсе екен, кімді сүйсе,
Бір сөзімен тұрса екен, жанса-күйсе,
Қырмызы, қызыл жібек бозбалалар
Оңғақ бұлдай былғайды, бір дым тисе...»

Өлеңдегі тағы бір назар салынған жай – жігіттердің жар таңдауы, үй болуға байыппен қарап, алдымен өмірлік серік болатын қыздың мінезіне, адамгершілік қасиетіне, ақылына, инабаттылығына көз жеткізуі шарт екендігі:

«Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдап көрсе қызар нәпсіге ерме!
Әйел жақсы болмайды көркіменен,
Мінезіне көз жетпей, көңіл берме!...

Жасаулы деп, малды деп байдан алма,
Кедей қызы арзан деп құмарланба.
Ары бар, ақылы бар, ұяты бар
Ата-ананың қызынан ғапыл қалма...»

Осындай сөздерінен, әсіресе, «Күйлеме жігітпін деп үнемі ойнас» деген секілді өлең жолдарынан жасы үлкен адамның өзінен кішілерге шын ниетімен жаны ашып сөйлегенде көңіліндегісін батыл, тура айтатын қазақтың халықтық дәстүрі айқын аңғарылады. Өлеңнің соңында сүйіп қосылған жастардың от басындағы, жан ұясындағы татулығы, көңілдес құрбылардың достығы жайлы пікірін ақын бүкіл елде береке-бірлік болуын аңсаған өрелі ойымен жалғастырады.

Өлең 11 буынды қара өлең үлгісінде жазылған. Алғаш 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Басылымдарында бірқатар текстол. өзгерістер кездеседі. 1939, 1945, 1954 жылғы жинақтарда 2-шумақтың 2-жолы **«Кейбіреу қояр құлақ ұққанынша»**, 9-шумақтың 2-жолы **«Лапылдап көрсе қызар нәпсіге ерме»**, 10-шумақтың 3-жолы **«Күнде көрген бір беттен көңіл қайтып»**, 17-шумақтың 2-жолы **«Сазданба сен қабақпен имендіріп»**, 20-шумақтың 3-жолы **«Меліш сауда сықылды күлкі сатып»**, 24-шумақтың 4-жолы **«Өзі зордың болады ығы да зор»** делінсе, кейінгі басылымдарда, Мүрсейіт қолжазбаларында, 1909 жылғы жинақ негізінде бұл жолдар **«Кейбіреу қояр көңіл ұққанынша»**, **«Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме»**, **«Күнде көрген бір беттен көңіл қайтар»**, **«Сазданбасын қабақпен имендіріп»**, **«Мәліш сауда сықылды күлкі сатып»**, **«Өзі зордың болады ығы да зор»** деп алынған. 1909 жылғы жинақта 10-шумақтың 1-жолы **«Көп жүрмес жеңсіккойлық тез-ақ тозар»** болса, басылымдарда Мүрсейіт қолжазбалары бойынша **«Көп жүрмес жеңсіккойлық әлі-ақ тозар»** деп берілген. Мүрсейіт қолжазбаларында, 1939, 1945, 1954 жылғы басылымдарда 13-шумақтың 2-жолы **«Ер ұялар іс қылмас, болса зерек»** делінсе, кейінгі жинақтарда 1909 жылғы басылымға сәйкес **«Ер ұялар іс қылмас қатын зерек»** деп алынған. Өлеңнің Мүрсейіт қолжазбалары негізінде барлық басылымдарға енген 25-шумағы 1909 жылғы жинақта жоқ. Мүрсейіт қолжазбаларында 25-шумақтың соңғы екі жолы **«Пысықтықтың белгісі ыртыңжыртың, жоқ еді бес бересі, алты аласы»** деп көрсетілсе, басылымдарда **«Пысықтықтың белгісі – арыз беру, Жоқ тұрса бес бересі, алты аласы»** болып жазылған. Туынды ағылшын, араб, әзербайжан, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған. *З. Ахметов.*



ЗАБАШТАНЬСКИЙ Владимир Омелянович (1940 ж. т.) – украин халық ақыны, аудармашы. Шығ. 1960 жылдан жарияланып келеді. «Адамдарға сенім», «Дала иісі», «Жарқын өмір», «Дегеніңе жете біл» т. б. кітаптарымен украин оқырманына жақсы таныс. 1974 ж. «Дніпро» баспасынан жарық көрген «Абай Құнанбаев» жинағына енген ақынның «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Көзімнің қарасы...», «Жастықтың оты, қайдасың...», «Жастықтың оты жалындап...», «Адамның кейбір кездері» атты өлеңдерін украин тіліне аударған.

О. Г. Астафьев.

ЗАВИЗИОННАЯ Инесса Юрьевна (1946 ж. т.) – суретші. Ұсақ мүсінше, сәндік және монументті өнер саласында жұмыс істейді. Ол Латвияның Дзинтари шығармашылық базасында жасалған «Абай» ескерткіш медалінің авторы (1972, жез, құйма, Көркемсурет көрмесінің дирекциясы). Медальдың алдыңғы бетінде иығына шапанын жамылып тұрған Абай бейнеленген. Медальдің сыртқы бетіне араб әрпімен «Абай Құнанбаев» деп жазылған. Жалпы алғанда, медаль жарасымдылығымен және классикалық құрылымымен ерекшеленеді.



Абай медалі. И. Ю. Завизионная. 1972.

ЗАВИЗИОННЫЙ Геннадий Дмитриевич (1938 ж. т.) – суретші-кескіндемеші. Монументті-сән өнері саласында жұмыс істейді. Ол Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның Ғалымдар үйін (Алматы) безендіруге қатысып, кіреберіс залында «Абай» портретін (1984, рим мозаикасының өрнегі) жасады. Бұл жұмыс Қазақстан монументті өнерінде соны құбылыс болып саналады. Суретші портреттік көркемдеу, безендіру тәсілдерін қолдана отырып, қолына кітап пен қалам ұстаған Абай тұлғасын жаңа әлем есігін ашып, еніп келе жатқан кейіпте бейнелеген.

ЗАҒИПА Әбдіқызы (т.-ө. ж. б.) – Абай бостандық әперген қыз. Тобықтының Жігітек атасынан. Кеңгірбай бидің шөбересі. 1860 ж. Әбді Түсіпұлы Жігітек ішіне кірме болып отырған Төлегенмен уәделесіп, оның ұлына З-ны бермекші болып қалынмал алған. Болашақ күйеуіне риза болмаған З. өлеңмен мұңын шағып, Абайға хат жазады. Қыздың зарлы жүрек сөзіне құлақ қойған Абай, Әбді мен Төлегенді шақыртып алып сөйлеседі. Олар көнбеген соң Абай Семейдің бітімші сотына З-ның атынан арыз жазады. Ол жақтан: «Қызға бостандық әперіп, сүйгеніне қосыңыздар!» – деген бұйрық келеді. Болыс уезден бұйрық алысымен билерді, қызы мен Әбдіні шақыртып алғызады. Байғұлақ би мен Қаражан би Абайдың кеңесімен «қыздың басына бостандық берілсін» деген билік айтып, қол қойып, мөр басып, почтамен Семейдің бітімші сотына жібереді. Бұл шешімге риза болмаған ағайынды Әбді, Әділқан, Құйылыс почташы шабарман Қамысбайды соққыға жығып, қолындағы бар қағазды өртеп жіберді. Басы жарылған Қамысбай Семейдегі ояз кеңсесіне барып, болған жайды хабарлайды. Ояздың бұйрығымен Әбді, Әділқан, Құйылыс Сібірге жер аударылады. *Б. Сапаралы.*

ЗАКОВРЯШИН Александр Георгиевич (1899–1945) – суретші. Кескіндемесаласындажұмысістеді. Ол«Абайдың зираты» (1939, гуашь, Қазақстан Республикасы мемл. өнер музейі қоры); «Абай оқыған медресе» (1940, гуашь, Қазақстан Республикасы мемл. орт. музейі қоры) туындыларын жазды. Оларда ашық және күңгірт түстердің қарама-қайшылығын, кейде қосымша көріністерді нәзік пайдаланған.

«ЗАМАН АҚЫР ЖАСТАРЫ...» – Абайдың 1891 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 4 шумақтан тұрады, көлемі 16 жол. Өлеңде Абайдың өз тұсындағы қазақ жастарына берген сипаттамасы, мінездемесі өрнектелген. Кезінде ақын қоғам дамуындағы жастар роліне, күш-жігеріне ерекше мән беріп, оларды оқытып, тәрбиелеуге зор көңіл бөлген. Сондықтан ақын өлеңдерінде жастар тақырыбы кең жырланып, мол орын алған. Туынды солардың іскқылығына, тіршілік сынайына реніш білдіре, сынай жазылған. Жанры жағынан өлеңді сол кездегі қазақ жастарының жинақталған образын жасаған сатиралық портреттік суреттеме деуге болады. Абай мұнда салмақпен, зіл тастай отырып, жастар арасындағы өршіген алауыздықты, өзара өшпенділікті, мәнсіз керісті, яғни бірліктің жоқтығын бір түйіп тастайды. Одан соң жастардың не боларын білмей жүргенін, еңбекке икемсіздігін, дау-дамай, айтысталасқа тым төселіп алғандығын сынайды. Ел қамы, жұрт жоғы үшін әлеумет ісіне араласудың орнына, топанға тойып, өреге сүйкенген сиырдай әркімге бір ұрынатынын беттеріне басады. Ақын мұндай жастардың ішкі психологиясына, мінез дағдысына үңіледі, өтірік күліп тұратынын, қалжыңбас, қылжақ келетінін, ауыздарына «ақ ит кіріп, қара ит шығып» жататынын ашына айтады.

Шығарма 7-8 буынды, а-, а-, б-, а ұйқасымен жазылған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген *«Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі»* атты жинақта жарияланды. Өлеңнің тексі *Мүрсейіт* қолжазбаларында бар. Текстологиялық зерттеулер бойынша 1909 жылғы жинақтағы 1-шумақтың 2-жолы **«Қосылмас еш бастары»**, 2-шумақтың 4-жолы **«Құр тілменен жиғаны»** Мүрсейіт қолжазбаларында **«Қосылмас ешбір бастары»**, **«Құр тілменен жиғалы»** деп берілген. Ал 1933 жылғы басылымда **«Құр тілмен малды жиғалы»** делінген. 1939, 1945, 1957, 1977 жылғы басылымдарда Мүрсейіт қолжазбаларындағы шумақтар негізге алынды. Өлең ағылшын, орыс, өзбек, қырғыз, тәжік, түрікмен, ұйғыр, қарақалпақ, татар, азербайжан тілдеріне аударылған. *Т. Қожакеев.*

ЗАТАЕВИЧ Александр Викторович (1869–1936) – композитор, этнограф. Қазақ ССР-інің халық артисі. 1920-23 ж. 2300-ден астам қазақ әні мен күйін жазып алып, нотаға түсірді. Олардың арасында Абайдың 8 әні (тексі берілмеген) бар. «Қазақ халқының 1000 әні» атты жинағында Абайдың үш әнін, «Қазақтың 500 әні мен күйінде» бір әнін жариялады. Сергазы Тамтеевтан жазып алынған № 117 «Көзімнің қарасы», Кәрім Қашқынбаевтан жазылған № 120 «Сегіз аяқ», Шәріп Медетовтан жазылған № 140 «Абай», Сәбит Мұқановтан жазылған № 141 «Татьянаның хаты» әндері кейін жарық көрген «Әр түрлі халықтар әндері» (1971) жинағына З. жазып алған Абайдың 4 әні енгізілген. З. «Қазақ халқының 1000 әні» жинағының түсіндірмесінде: «Абай орыс ақындары А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, И. А. Крылов шығармаларымен танысып, оларды қазақ тіліне өте тамаша аударды. Бұл өлеңдерге муз. әуендер тапты, бірақ олардың бәрі ойдағыдай шықпады. Ол шығарған әуендер қазақ музыкасының дәстүрі мен табиғатына онша келіңкіремейді, олардан орыс әуендерімен үстірт таныстығы бар адамның қолтаңбасы сезіледі... Соған қарамастан «Татьянаның хаты» әні қазақ авторының ең сәтті шығармасы болуға лайық» .– деп жазды. З. Абай әндерінде орыстың халық әуендерімен ұқсас жерлер бар екенін айтты, бірақ оның композитор ретіндегі өзіндік ерекшелігін дұрыс бағалай алмады. Ол Абайдың барлық әндерімен таныс болған жоқ, сондықтан да өзіне белгілі жекелеген шығармалары бойынша ақын-композитордың қазақ муз. мәдениетіне жаңа тыныс әкелген жаңалығын тап басып тануына мүмкіндігі болмады. З-тің кейбір жаңсақ кеткен тұстары бола тұрса да, оның зерттеулері – ақын Абайдың композиторлық мұрасын талдап-тексеріп білуде бірқыдыру тың ойлар айтқан еңбектер.

Б. Ерзакович.

ЗАҢИРИ ҒЫЛЫМ. Абайдағы З. ғ. ұғымының мағынасы сыртқы ғылымдар дегенді аңғартады. Сыртқы ғылым саласына негізінен табиғаттағы құбылыстардың объективті заңдылығын танып білуден пайда болған жаратылыстану ғылымдары мен техн. ғылымдар тобын жатқызады. Адам санасынан тыс, оған бағынышсыз объективті сыртқы дүние қойнауындағы табиғи, техн. құбылыстардың көрінген және көрінбеген сырын біртіндеп танып білуден қорланатын адам білімін Абай З. ғ-дар (сыртқы) деп атаған. З. ғ. саласы мен оның түрлері жанама түрде болса да Абай шығармаларында өз көрінісін тапқан. *М. Мырзахметов.*

ЗӘБИЛА Әлімқұлқызы (1907–84) – Абайдың Ақылбайдан өрбіген шөбересі. Абай ұрпақтары қудалауға ұшыраған жылдары ағасы Бағыш (Бағфур) екеуі Алматы обл. Жамбыл ауд. К. Мыңбаев селосына қоныс аударған. З. соңда қайтыс болған.



З. Әлімқұлқызы.

«ЗВЕЗДА» – Ленинград Жазушылар ұйымының әдеби-көркем, қоғамдық-саяси журналы. С.-Петербургте 1924 жылдан ай сайын шыға бастады. Журнал 1939 жылғы 10-11 сандарында «Жаңа аудармалар» деген айдармен Абайдың Вс. Рождественский аударған «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы...», «Осы қымыз қазаққа...», «Махаббат тілі – тілсіз тіл...», «Қиыстырып мақтайсыз...» деген өлеңдерін жариялады. В. М. Жирмунскийдің «Абай» (1946, 9 саны), В. Лавровтың «Абай тағылымы» (1972, 11 саны) мақалалары қазіргі қазақ әдебиетіндегі Абай дәстүрінің жалғастығына арналған. *М. Әбішева.*

ЗВЕРЕВ Максим Дмитриевич (1896 ж. т.) – жазушы. 1937 жылдан Қазақстанда тұрады. Оның «Ақ марал», «Ормандағы кездесулер», «Алатау қорықтары», «Орман алауы жанында», «Алтын киік», «Көңіл жайлауы», «Дала қасқыры» т. б. повесть, әңгіме жинақтары жарық көрген. Адамдар мен табиғаттың нәзік байланысы, туған жерге сүйіспеншілік, жан-жануарларға қамқорлық жайлы сыр шертетін «Ормандағы қыстау», «Бетпақдала бөлтірігі» жинақтары үшін З-ке Қазақстан Республикасының Абай атынд. Мемл. сыйлығы берілді.

ЗЕВКСИС (б. з. б. 4 ғ-дың ақыры – б. з. б. 5 ғ-дың басы) – ежелгі грек суретшісі. Оның бізге «Елена», «Кентаврлар үйелмені», «Жыланды қылқындырып тұрған бұлдіршін Геракл» деген шығармалары ғана белгілі. Абай ғақлияларының *Жиырма жетінші сөзінде* Аристодимнің аузына: « – Гомерге бәйітшіліктігі себепті, Софоклге трагедиясы себепті, яғни біреудің сипатына түспектік, Зевксиске суретшілігі себепті таңырқаймын» – деген сөз салу арқылы өзінің көне грек өнерімен жақсы таныс екенін аңғартады.

ЗЕЙНЕП Қошқарбергенқызы (1881–1913) – әнші-ақын. Абайды өзіне ұстаз тұтқан, ақындық мектебінен үлгі алған. Екі жасында қорасаннан соқыр болып қалады. Жастайынан өнерге әуес, зерделі З. тағдырына мойымай сырнай тартып, ауыл жиын-тойларындағы айтыстарда көзге түседі, әділетсіз өмір жөнінде өлеңдер шығарады. Абайға әдейілеп келіп танысып, ақын өлеңдері мен әндерін Арқаның түкпір-түкпірдегі алыс ауылдарына соны жаңалық, үлгі-өнеге ретінде насихаттайды. «Жігіттер, өнер ізде, тұрмажайға», «Талаптанған зерделіге кедейлік жоқ», «Серттен тайма», «Билерге» өлеңдерінде Абайдың ақындық мектебінен ауытқымай, оқу-білім жолында талмай ізденуге шақырады, озбыр заманның әділетсіз өктемдігін әшкерелейді. *С. Қорабаев.*

ЗЕККИ Осман Уәлиоллаұлы (1904–81) – кинорежиссер, оператор. Қазақстан Республикасының және Бурят Республикасының еңбек сің. өнер қайраткері. Ақынның өмірі мен шығармаларына байланысты әдеби және тарихи архивтік деректерді пайдалана отырып, «Абай» атты құжатты-хроникалық фильм (1956) түсірді. *К. Нұрпейісов.*

ЗЕЛИНСКИЙ Густав (1809–81) – поляк революционері, ақын. А. Янушкевичпен бірге Семей облысында саяси айдауда болған. Ол кесімді уақытын өтеп, еліне оралған соң, «Қырғыз» және «Дала» деген дастандар жазған. «Қырғыз» дастанын орыс ақыны Г. Гребенщиков аударып, «Бытовая Сибирь» серіктік баспасынан 1910 ж. жеке кітап етіп шығарған. Осы кітап Абайдың Н. И. Долгополовпен бірге 1885 ж. Семей обл. өлкетану музейінің этнография бөліміне тапсырған қазақ халқының жасауларының, киіз үй бұйымдарының, ат-арба әбзелдерінің, егіншілік құралдарының және музыка аспаптарының суреттерімен безендірілген.

ЗЕРЕ (1785–1873) – Өскенбай бидің бәйбішесі, Құнанбай қажының анасы, Абайдың ұлы шешесі. З-нің азан шақырып қойған аты – Тоқбала. Әкесі Бектемір Найман ішінде Матайдың Қойгел руынан шыққан сыйлы адам. Бектемірдің Тоқбала есімді қызы, Жанәлі есімді ұлы болған. Жанәлінің 6-ұрпағы – Иранғали мен Қабікен Оңғарбаевтар бүгінде Семей қ-нда тұрады. Өскенбай би 5 әйелінен 10 бала сүйген. З-ден – Құттымұхамбет (жастай қайтыс болған), Құнанбай, Тайбала туған. З-ні Ырғызбай тұқымдары, барша ауыл адамдары «Кәрі әже» деп атапты. Қартайған шағында құлағы естімей қалған З. немерелеріне дұға оқытып, үшіртеді екен. Ал Абай өлеңмен оқып З. әжесін үшіретін болыпты. З. немерелері ішінде Ибраһимді алабөтен жақсы көрген. Абайды қойнына алып жатқызып, еркелете-еркіндете өсірген ақылды, зейінді, жұмсақ мінезді, мейірімді З. немересіне Абай деген аяулы ат қойса, туған анасы мен кіші шешесі Ибраһимді – Телғара деп атаған. Ізгі жүректі, үлкенге қамқор, кішіге пана бола білген З. әже Абай өміріне, ақындығына игі әсерін тигізеді.

Бұл туралы М. Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясында шынайы суреттелген.

З. 1873 ж. баласы Құнанбайдың үйғаруымен Жидебай қыстауының қасына жерленген. Абай аулының азаматтары 1986 ж. қабір айналасын қайтадан жөнге келтіріп, ана бейітінің басына Шығыс үлгісімен алты қырлы мавзолей орнатқан. *Б. Сапаралы.*

ЗИАТ Шәкерімұлы (1903–37 ж. ш.) – ақын, жазушы. Абайдың немере інісі Шәкерімнің баласы. 1931 ж. ел ішіндегі саяси жағдайға байланысты Қытайға көшіп кеткен. Қайғы-қасірет басына

түсіп, туған елден жырақта жүріп З. мұң-зарға, ой-толғанысқа толы өлеңдерін қағаз бетіне түсірген. 1932 ж. Шәуешек қ-нда жүргенде З. әкесінің қайғылы қазасын есітіп, ұзақ толғау өлеңін жазады.

...Артында өлген жанның ізі қалды,
Жатталып ел аузында сөзі қалды.
Егер де ой толқыса жатпайтұғын,
Мұңлы зар – Қорқыт Қожағапездің сазы бар-ды.

З. 1934 жылдан Шыңжаң өлкесі Алтай аймағының оқу-ағарту бөлімінде, 1935 ж. Үрімші қ-ндағы қазақ-қырғыз ағарту ұйымының ойын-сауық бөлімінің меңгерушісі, «Шыңжаң» газеті қазақ редакциясының әдебиет бөлімі меңгерушісі қызметтерін атқарған. Осы кезде Алтай аймағында тұңғыш рет «Аюбай үкірдай» деген атпен пьеса жазып, сахнаға қойғызған. Қазақ әдебиеті классиктерінің де бірқатар драмалық шығармаларының («Қаракөз», «Шұға», «Қалқаман-Мамыр», «Жалбыр») сахнаға шығуына себепкер болады. Шыңжаң халқының Мамыр төңкерісіне арнаған Әнуранын Жәкеұлы Мұқашпен бірлесе отырып қазақ тіліне аударып, жастар арасына кеңінен таратады. Атақты Таңжарық ақынмен тізе қоса қайраткерлік танытып, сырлас дос болатыны да сол тұс. 1937 ж. Шыңжаң халқының басына зобалаң орнап, Шыңсысай диктатурасы нәтижесінде жаппай ұсталған зиялылардың қатарында З.та тұтқындалып, кейбір ел аузындағы деректерге сүйенсек, З. кеңес өкіметінің қарауына беріліп, Сібірге айдалып, итжеккенде ауыр азаппен өлген. Ол Абай, өз әкесі Шәкерім шығармаларын жатқа біліп, оларды Қытайдағы қазақтар арасына таратуға көп еңбек сіңіреді. *Б. Сапаралы.*

ЗИМАНОВ Салық Зиманұлы (1921 ж. т.) – заңгер, заң ғылымының докторы, проф., Қазақстан Республикасы ҰҒТТЫҚ ҒА-ның академигі. Қазақстан Республикасының еңбек сің. ғыл. қайраткері. З. өзінің «Қазақтардың 19 ғ-дың 1-жартысындағы қоғамдық құрылысы», «Қазақстанның 18 ғ-дың соңы мен 19-дың алғашқы жартысындағы саяси құрылысы» атты еңбектерінде және «Абай ережелері» атты ғыл. мақаласында (Қазақ ССР, қысқаша энциклопедия. 1 т., – А., 1984) Абайдың қазақ тарихындағы алатын орнына жоғары баға беріп, қазақтардың әдет-ғұрып заңдарын жетілдіруге қосқан үлесі мен праволық көзқарастарын саралады. *Мұхтар Құл-Мұхаммед.*

«ЗОНТАГ» (Sonntag) – Германияда 1946 жылдан шыға бастаған мәдени-саяси апталық газет. Онда 1982 ж. қазақстандық неміс жазушысы Г. К. Бельгердің «Гете» атты мақаласы жарияланған. Мақала Абайдың туған жері – Семей обл. Қарауыл қыстауындағы И. В. Гетенің «Бақташының түнгі әні» («Қараңғы түнде тау қалғып...») өлеңіне ескерткіш ашылуына арналған. Автор Абай аударған неміс ақынының өлеңі халық арасына кең тарағанын зор сүйіспеншілікпен жазады. *Г. Бельгер.*

ЗОТНИКОВ Алексей Иванович (1886–1973) – суретші-безендіруші, педагог. Кескіндеме саласында жұмыс істеді. 1934 ж. «Абайдың портреті» үшін (1934, кенеп, майлы бояу, 75 х 64, Қазақстан Республикасының мемл. өнер музейі) кескіндеме саласы бойынша респ. 2-сыйлық алды. Портретте Абай ашық ұлттық нақышта өрнектелген кілем алдында кеуде тұсына дейін бейнеленген. Ақын жүзінің жымиған қалпы және тұлғасының кенеп ортасынан ауытқи салынуы кескінге ширақтық серпінін берген.

ЗҰБАЙЫР Тұрағұлұлы (1907–33) – Абайдың немересі, әйелі Қанағат (Кәкен) Жуантаяқ Тобықты Азубайдың қызы. Одан Кенесары (1928–33) туған. З. балалық, жастық шағын Абайды көзі көрген ет жақын адамдардың арасында өткізген. 1928 ж. бай-феодалдың тұқымы, алашордашының баласы деген айып тағылып, әулетімен бірге жер аударылған. Ол 4-5 жылдай қырғыз елінде, Мерке (Жамбыл обл.) маңында, Шымкентте, Ташкентте тұрған. 1933 ж. күзде Бішкекте қайтыс болған.

«ЗЫМЫРАЙДЫ УАҚЫТ» – Абай шығармаларының 1988 ж. Тбилисидегі «Накадули» баспасынан жарық көрген бір томдық жинағы. Бұл – ақын шығармаларының грузин тіліндегі тұңғыш кітабы. Құрастырып, кіріспе мақала жазған – ақын Ш. З. Мчедлишвили. Жинаққа Абайдың 29 өлеңі мен «Ескендір», «Масғұт» дастандары енген.



«ИӘ, ҚҰДАЙ, БЕРЕ КӨР...» – Абайдың 1894 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 17 шумақтан тұрады. Сүйікті ұлы Әбдірахманның науқастанып, төсек тартып жатқанын естігенде туған. Өлең-хаттағы ақынның айықпас дертке шалдыққан баласына арнаған сай-сүйекті сырқыратып, сергелдеңге түскен шерлі көңіл күйін шертетін сөздері оқырман жадында бірден жатталып қалатыны хақ. Ақынның «бір үміт, бір қауіпке» толы жүрегінің жаратқан иеден жалғыз тілегі – ұлының тезірек айығып кетуі, Алладан жалбарынып сұрайтыны сол ғана. Өлең жолдарын үңіле оқыған кісі Абайдың Әбдірахманның ауырып қалғанын оқыс естіп, оған сенер-сенбесін білмей, бәлкім дәрігерлер жаңылған болар деген де ой барын аңғарады. Ақын «Балам, емдел, ақшаңды аяма» деген ақылын да айтқан. Әбдірахман Верный (қазіргі Алматы) қаласында – шалғайда жатқандықтан, оның көңілін сұрап өзі барып қайтуға жағдайы жоқтығында хатында анық айтқан. Сөзінің соңында тезірек жазылып, кешікпей елге келуін бір құдайдан күні-түні тілеп жатқандығын айтады.

Өлең 6 буынды аралас ұйқас үлгісімен жазылған. Алғаш ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1933, 1945, 1954 жылғы жинақтарда 1-шумақтың 4-жолы **«Шошынған жүректі»** делінсе, 1957, 1977 жылғы басылымдарда Мүрсейіт қолжазбалары негізінде **«Шошыған жүректі»** болып берілген. 1933 жылғы басылымда 14-шумақтың 3-жолы **«Сақайып сауықсаң»** болып алынса, қалған жинақтарда Мүрсейіт қолжазбаларына сәйкес **«Қатайып сауықсаң»** деп басылған. Туынды ағылшын, араб, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған.

Қ. Құрманғалиев.

ИБРАГИМОВ Ғалымжан (1887–1938) – татар жазушысы. М. Жұмабаев, Б. Майлин, Ж. Тілепбергенов т. б. қазақ жазушыларының ұстазы. Қазақ аулында мұғалімдік қызмет атқара жүріп, қазақ тілін жетік

меңгерген ол туысқан халық өмірінен «Қазақ қызы» атты роман жазды. И. қазақтың ауыз әдебиеті, ұлы ақыны Абай жайында әр тұста аталы пікірлер айтқан. 1916 ж. «Аң» («Сана») журналының 5-санында жарияланған «Тіліміз әр түрлі, ойымыз – біртұтас» деген мақаласында қазақ халқының бай ауыз әдебиетін ұлы мұра ретінде бағалап, сол мұраны терең зерттеп, игеруге үндейді. «Қазақтар біраз уақыт татар мәдениеті мен әдебиетінен үйреніп келді. Алайда олар кешікпей дербес те даңқты жолға түседі. Бұл процесті ешнәрсе де тоқтата алмайды», – дейді. Сөйтіп біздің ұлттық әдебиетіміздің жаңадан өрлеу бағытын ол Абай есімімен байланыстырады.

Уфадағы Ғалия медресесінде оқып жүрген қазақ жастарының ана тілінде қолжазба «Садақ» журналын шығаруға көмектескен И. «Ешқашан да ешбір халықтың ана тілін тартып алып, оған өзге тілді телу табысқа жеткізіп көрген емес», – деп тұжырымдай келіп, бұған дәлел ретінде Абай поэзиясын келтірген. «Қазір Абай өлеңдері кең-байтақ қазақ даласына кең жайылған. Оларды халық аузынан түсірмей айтып жүреді» деген. *С. Сейтов.*

ИБРАГИМОВ Сағынбай (1955 ж. т.) – қарақалпақ ақыны, жазушы, аудармашы. Ол Абайдың 33-45-ші сөздерін аударып, 1990 ж. «Қарақалпақстан» баспасынан жарық көрген Абай шығармаларының толық жинағында жариялаған. *Қ. Жұмажанов.*

ИБРАЙ Ибақұлы (т.-ө. ж. б.) – Тобықты елінің адамы. Абайдың үстінен арыз жазған кісі. И-дың әйелі Толғанайды баласы Әлмұхамбетпен бірге, дүние-мүлкі, малымен қоса Ибрай Күнтуұлы алып кетеді. Әйелі мен баласын, мал-мүлкін қайтарып беруді сұрап, И. ел билеріне арыз жазады. Билер алқасы И-дың өтінішін қанағаттандыру туралы үкім шығарады. Бірақ үкім орындалмай, кешеуілдей берген соң И. Омбыдағы дала ген.-губернаторына арыз жібереді. Арызда «болыс Жақып Алыбайұлы, болыстың кандидаты Мүсірәлі Алыбайұлының, әсіресе барлық іске бүлік ұйымдастырушы Шыңғыс болысының қазағы Ибраһим (Абай) Құнанбаевтың үгіттеуімен әйелімді бермей, қайтармай отыр...» – деп, бірнеше кісінің есімін атап көрсетеді. Ал Абай Толғанайдың Ибрай Ибақұлына қайтуға ниет білдірмей отырғандықтан, оның талабының жөнсіз екенін қуаттаған. *М. Бейсенбаев.*

ИВАНОВ Геннадий Павлович (1940 ж. т.) – суретші. Сәндік-қолөнері саласында жұмыс істейді. Ол 1971 ж. «Абай» атты панно жасады (мыс., ағаш оймыш, шекіме, жалтырату, жеке жинақтарда, Алматы). Ашық түсті металға жалпақ бедермен шекілген ақынның бет пішіні әрленген тақтайға жапсырылған. Мұнда сән өнеріне тән суреттік шарттылық пен портреттің түпбейнеге ұқсау қажеттілігі біршама сақталған.

ИВАНОВ-СОКОЛЬСКИЙ Михаил Михайлович (1899–1984) – композитор, дирижер. ҚазССР-інің еңбек сің. өнер қайраткері. Ол Абайдың «Сұрғылт тұман дым бүркіп», «Желсіз түнде жарық ай», «Біреуден біреу артылса» деген әндерін өңдеп, оларға фортепианолық сүйемел жазды.

ИГЕНСАРТОВ Ғабдиман (1902–76) – Қазақстанның халық ақыны. Халық ауыз әдебиеті үлгісінде Абай туралы «Тойтарыс» атты дастан («Лавадағы өмір», – А., 1985) жазған. Шағын сюжетке құрылып, психол.-философ. тұрғыда өрбіген бұл туындыда ақын өмірінің бір сәті ғана жырланады. Абай заманындағы айтыс-тартыстар, теңсіздіктер нанымды баяндалады. Дастанда қоғамның жағымсыз қылықтарына өзінің азаматтық болмысымен, өткір сөзімен, әділ төрелігімен қарсы тұрған жас Абай бейнесі шынайы сомдалған. Сарым қарттың жас Абайға берген батасы – ақынға халық атынан айтылған ақ жол, оң тілек іспеттес.

«ИЗВЕСТИЯ» – еркін газет. Шығарушы «Известия» газетінің ұжымы. 1992 жылға дейін бұрынғы СССР Жоғарғы Советі Президиумының органы болды. Алғашқы саны 1917 ж. 13 ақпанда шықты. Газетте М. Тарловскийдің «Әлеуметтік үні жоғары поэзия» (1941, 21 мамыр) және редакциялық «Абай және Гете» (1980, 23 қыркүйек) деген мақалалары жарияланды. Бұл материалдарда Абайдың әлеум.-саяси көзқарастарына нақты мысалдармен талдау жасалады, орыс әдебиеті арқылы батыс поэзиясына қол созған ақынның Гетеден аударған өлеңінің шеберлігі, жалпы Абай аудармаларының ерекшеліктері сөз болады.

ИЗМАЙЛОВ Павел Яковлевич (1819 – ө. ж. б.) – Семей уезінің бастығы. 1876–84 ж. Үзікбай Бөрібаевтың Абайдың үстінен жазған арыздарын тексерген. И. арызда жазылған кінәлардың түгел дерлік жалған екенін анықтап, істі қысқартқан. Абайды әділ, парасатты, сауатты адам деп танып, оны Қоңыр-көкше еліне сайлаусыз-ақ болыс бастығы етіп тағайындаған.

ИМАНБАЗАР Қазанғапұлы (1876–1943) – халық ақыны. Абайдың шәкірті. Абай аулымен көршілес Қызылмола болысында туып өскен. Әкесі Қазанғап Қынашұлы мұсылманша, орысша сауатты, көзі ашық, еліне сыйлы адам болған. Туған аулында медресе ашып, бала оқытқан, Меккеге 3 рет қажылыққа барған. И. әкесінің тәрбиесін көріп, ауыл молдасынан хат танып, кейін Семейдегі 5 кластық медресені бітірген. Өз жанынан өлең шығарып, Абай өлеңдерін өз бойына сіңіріп өскен. И. ұлы ақынмен Шыңғыстауда танысады. Бұл кездесу шығармашылық достыққа ұласқан. И. ел басқару қызметіне араласып, Қызылмола болысы № 1 старшындық аулының, одан кейін болыстық халық соты болып қызмет істеген. Осы қызметі үшін 1900 ж. Шыңғыс болысының басқарушысы, досы Мағауия Құнанбаевпен бірге дала ген.-губернаторлығының мақтау қағазын алған. Абаймен кездескеннен кейін қазақ өмірінің көкейкесті мәселелерін қозғайтын шығармалар жазған. Тұңғыш өлеңдері 1888–89 ж. «Дала уәлаятының газетінде» жарияланған. Абайға еліктеп лирик. өлеңдерден, эпиграммалар мен арнаулар, ақынның тапсыруымен «Әнибал» (1909), «Алтын сақина» (1911) дастандарын жазған. «Әнибал» 1909 ж. Қазандағы ағайынды Каримовтар баспаханасынан «Қисса-и Әнибал» деген атпен жеке кітап болып басылып шыққан. И. Абайдың ұлы Мағауиямен жақын дос болып, хат алысып тұрған. Мағауия қатты ауырып жатып, қайтыс болардың алдында Иға өлеңмен хат жазған. И. өзі өлерінің алдында көптеген кітаптар, қолжазбаларын т. б. хаттар мен құжаттарын зиратының маңына сенімді кісілеріне көмдірткен. Бірақ 1960 ж. Алматыдан барған археол. экспедиция бұл құнды мұраны таба алмай қайтты. 1941 ж. шілде айында И. Семейде өткен облысаралық халық ақындары слетіне қатысқан. Ақын мүрдесі өзінің ата қыстауы Қазанғап қажы қорасындағы әке зиратына жерленген. *С. Қорабаев*

«ИНТЕРНАТТА ОҚЫП ЖҮР...» – Абайдың 1886 ж. жазған өлеңі. Көлемі 77 жол. Негізгі тақырыбы – қазақ балаларының азаматтық білім беретін мектептерде оқып, білім алуы, ғылымға, өнерге тартылуы, халқына адал қызмет етуі жайлы.

19 ғ-дың 80 жылдарында оқу-ағарту ісін жүйелі түрде жүргізу мақсатымен әкімш. орталықтарында әр түрлі дәрежеде орыс-қазақ мектептері ашылып, олардың жанынан интернаттар құрылғаны белгілі. Ақынның ағартушы-демокр. көзқарастарының басты-басты принциптері бұл өлеңде барынша толық білдірілген. Өлеңнің алғашқы жолдарында жасөспірім қазақ балаларының оқуға көптеп тартылғанын қанағат сезімімен айта келіп, автор одан әрі осы оқудың әр түрлі көлеңкелі жақтарын сынайды, оның түпкі мақсатының тайыздығына өкініш білдіреді. Мыс., ата-ана баласының үкімет орындарындағы ереже, заңдарды біліп шыққанына ырза. Ал шәкірттердің кейбіреулері орысша арыз жазып, сонымен күн көруді, әрі кеткенде не тілмаш, не адвокат болып, ел ішіндегі алауыздық арасынан жалған беделге ие болуды ғана арман етеді. Сол себептен де ақын: «Ойында жоқ бірінің Салтыков пен Толстой» деп, жас ұрпақтың үлкен адамгершілік мұраттарынан, рухани қазынадан қағыс қалатынына қынжылады. Өлеңнің 2-шумағында автор өзінің ағартушылық бағдарламасының негізгі тұғырларын өз тарапынан жастарға тікелей арнаған үндеу сөздерімен жеткіземі: Бас пайданы ойлама, ар-абройды ойла; талмай талаптанып, ғылым ізде. Әскери қызмет қылып, шен алуды мақсат етпе, әкімш. орындарына да қызмет істеп жағынба. Алыс та болса, асыл мақсаттарды көздеп, өмірден іргелі орын алуға ұмтыл. Соның барлығында да тура жолдан тайма, адалдықтан айныма. Ақынның жас ұрпақты оқыту жөніндегі талаптары осындай.

Кейбір деректерге қарағанда, Абай бұл өлеңді өз балалары – Әбдірахман, Мағауия, Гүлбаданды Семейге апарып, оқуға бергеннен кейін жазса керек. Демек, жаңағы ойлардың бәрі ақынның өмір көріністерінен алған тікелей әсерінен туған.

Өлең 7 буынды шалыс ұйқас үлгісінде жазылған. Алғаш 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі» атты жинақта жарияланған. Туындыда аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Мұрсейіт қолжазбаларында өлеңнің 29-жолы «Я қазақтың баласы» деп келтірілсе, басылымдарда бұл жол 1909 жылғы жинақ бойынша «Я қазақтың аласы» ретінде алынған. Өлең белорус, қырғыз, орыс, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған. *Ж. Ысмағұлов.*

ИОАННА АРК, Жанна Д' Арк (1412 – 31) – Францияның батыр қызы. Жүз жылдық соғыс кезінде француз халқының ағылшындарға қарсы азаттық күресін басқарған. И. А. әскерлері Орлеанды, Реймсті азат етті. 1430 ж. 23 мамырда Компьен қ-сы түбінде бургундтардың қолына түсіп, Руандағы шіркеу сотының үкімімен өртелді. Француз әдебиетімен жақсы таныс болған Абай ғақлияларының *Отыз жетінші сөзінде*: «Сократқа у ішкізген, Иоанна Арктi отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? – деген сұрақ қойып алады да, «Ол – көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та жөнге сал» деп жауап береді. Ақын кім не айтса соған сеніп, әлдекандай біреулердің қолшоқпарына айналып отырған қараңғы көпшілік бұқараны ашына сынайды. Өзі өмір сүрген ортадағы, өз айналасындағы күштінің алдында қойдай ыққан, ырықсыз тобырдың парықсыз істерін әлем тарихындағы осындай деректермен дәлелдейді.

ИОВЕНКО Светлана Андреевна (1945 ж. т.) – украин халық ақыны, аудармашы. «Самал жүзі», «Сандықтың беті», «Сұхбат», «Күзден кейін», «Махаббат сағаты» т. б. өлең жинақтарымен украин оқырмандарына жақсы таныс. И. 1974 ж. «Дніпро» баспасынан жарық көрген «Абай Құнанбаев» жинағына енген ақынның «Жасымда ғылым бар деп ескермедім...», «Күз», «Жүрегім нені сезесің...», «Әбдрахманға...», «Ысытқан, суытқан...», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек...» өлеңдерін украин тіліне аударған. *В. П. Моренець.*

ИСАБАЕВ Исатай Нұрышұлы (1936 ж. т.) – суретші. Графика саласында жұмыс істейді. И. «Абай Құнанбаев» (1962, қағаз, тушь, қаламұш, сулы бояу, автордың қоры) жылдың төрт мезгіліне арналған суретті кітапша, ақын шығармалары негізінде «Абай. Жазғытұры. Қалам қас», «Ескендір» дастаны бойынша (1970, автолитогр., көркемсурет көрмесі дирекциясының қоры) суреттер салды. Оның «Абай өз кейіпкерлері арасында» (1968, түрлі-түсті мозаика, Семей обл., Абай ауд., «Абай» совхозында), Абайдың 125 жылдық мерейтойына арналған альбомға «Абай портреті», «Қайран елім, қазағым, қайран жұртым» (1970, линогравюра, көркемсурет көрмесі дирекциясының қоры), ақын шығармаларының негізінде «Абай. Қыс. Күз. Қалам қас» (1976, офорт, соңда), «Абай портреті» (1990, ағаш, ксилография) еңбектері бар. *Ө. Еренбаева.*



Абай. И. Исабаев. 1970.

ИСАБАЕВ Қалмұқан (1925 ж. т.) – жазушы. 1979 ж. 22 шілдеде Германиядағы Габельбах қ-ндағы Гете музейіне неміс ақынының адамзат пен табиғат тұтастығын көркем бейнелеген әлемге әйгілі «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңінің Абай аударған нұсқасы жазылған ескерткіш тақта орнатты. Бұл

өлеңге қазақ ақыны шығарған кең тыныстық, нәзік әуенді ән жазылған магнитофон таспасын, әннің нотасын сыйға тартты. 1980 ж. 13 маусымда И. өзі салған Абайдың портретін және қақпағына орыс және неміс тілдерінде: «Гетенің Азиядағы тұңғыш аудармашысы, ақын және композитор «Түнгі кезбе» өлеңіне арналған әуенін осындай ұлт аспабының сүйемелдеуімен шығарған» деген сөз жазылған домбыраны осы музейге табыс етті. Сондай-ақ И. мерзімдік баспасөзде жоғарыдағы жолсапарлары туралы «Ильминауға тағы да жол түскенде» (Қазақ әдебиеті, 1980, 13 маусым), «Ұлылықпен жарасар тек ұлылық» (Білім және еңбек, № 5, 1986) және Абай мен Е. П. Михаэлистің шынайы достығы жайында «Михаэлис зиратының басында» (Қазақ әдебиеті, 1984, 2 қараша) атты мақалалар жазды.

С. Қалуов.

ИСАКОВА Аида Петровна (1940 ж. т.) – композитор, пианистка. 1964 ж. Москва консерваториясын бітіргеннен бері Алматыда тұрады. Ол Абайдың «Айттым сәлем, қалам қас» әні тақырыбына вариациялар жазған.

ИСА ПАЙҒАМБАР – қ. *Ғайса пайғамбар.*

ИСМАЙЫЛОВ Бабаш (1926–85) – қарақалпақ ақыны, аудармашы, әдебиет зерттеуші. Филол. ғыл. кандидаты. Қарақалпақстан, Өзбекстан республикасы мәдениетіне еңбегі сің. қайраткер. Жиырмадан аса өлеңдер жинағы жарық көрген. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім...», «Интернатта оқып жүр...», «Ғылым таппай мақтанба...», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы...», «Сегіз аяқ», «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында...», «Желсіз түнде жарық ай...», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат...» өлеңдерін тұңғыш рет қарақалпақ тіліне аударып, 1955 ж. жарық көрген 9 класқа арналған «Қарақалпақ әдебиеті» оқулығында жариялады. *Қ. Жұмажанов.*

ИСМАЙЫЛОВ Садырбай (1956 ж. т.) – қарақалпақ ақыны, журналист. Фараби атындағы Қазақ мемл. университетінің журналистика фак-тін бітірген. 1990 ж. «Қарақалпақстан» баспасынан жарық көрген Абай шығармаларының толық жинағына Абайдың соңғы жылдары табылған өлеңдерін аударған.

ИСРАИЛ – діни ұғым бойынша Мұса пайғамбардың қауымы, соның жолын ұстағандар. Абай өзінің *«Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы»* деген тарихи еңбегінде: «Біздің қазақтың ықыласы атасын ғараптан шықты дегенді, яғни бәни Исраилден шықты дегенді ұнатқандай» деген сөздермен бастайды да, бұл түсініктің тарихи шындыққа жатпайтынын, қараңғылықтан туғанын дәлелдейді. Одан әрі ақын қазақ және оған туыстас халықтардың арғы тегі және олардың қазіргі қазақ жеріне орналасу тарихы туралы түйгендерін баяндайды. Біздердің шын мәнісінде арабтардан емес, монғолдардан шыққанымызды дәлелдейді.

ИСРАЙЫЛ Ақылбайұлы (1895–1959) – Абайдың немересі, педагог, күйші. Ол домбырада ойнап, ән салған. Талай рет көркемөнерпаздар байқауының жүлдегері атанған. И. Жидебайдағы Абай музей-үйінде қызмет істеп, онда домбыра оркестрін құрып, көптеген шәкірттер тәрбиелеген. Ол бізге Абайдың «Май түні» деген күйін жеткізді. 1940 ж. «Жаңа ауыл» газетінде «Абай және ән-күй» деген мақаласы жарияланды. И-дың фото-суреттері, грамоталары музей қорында сақтаулы.



И. Ақылбайұлы.

ИХАНОВА Амангүл (1948 ж. т.) – суретші. Сәндік-қолөнер саласында жұмыс істейді. Гобелен, тоқыма, тігін бұйымдарының шағын түрлерін жасаумен айналысады. Ол Абайдың шығармалар жинағына арнап мұқаба-қорапша (З. Үмбетовпен бірге, 1991, былғары, автордың жеке қоры) жасап шығарды. Қорапша сыртында дала төсіндегі Абай портреті салынған. Оның «Өмір», «Жер» және «Ән» атты 3 панно-дан тұратын «Абайға тарту» туындысы (З. Үмбетовпен бірге, түрлі-түсті былғары, қаусырма, өрме, шекіме, автордың жеке қоры) Абай өлеңдерінің мазмұнымен шебер үндескен.

ИШАҒЫ Жағыпарқызы (1922 ж. т.) – Абайдың шөбересі. Мағауияның Жағыпарынан туған. Әкесі қайтыс болған соң (1934), Семей қ-ндағы мектеп-интернатта тәрбие алды. Ұлы Отан соғысы жылдарында авиа-



И. Жағыпарқызы.

ция техникі болып Харбин маңында майданға қатынасты. И-ның магнитофон таспасына жаздырған Абай әулеті жайындағы естелік әңгімелері Семейдегі Абайдың әдеби-мемориал. музейінде сақтаулы.



«КАБУСНАМА» – Кей-Кабустың 1082–83 ж. парсы тілінде жазған, әлемге кең тараған дидакт. сарындағы шығармасы. Европа мен Азияның озық ойшылдары «К-ны» орта ғасырлардағы пед. тәлім-тәрбие, өсиет-өнеге жөніндегі танымның энциклопедиялық жиынтығы ретінде жоғары бағалаған. «К-ның» аударма нұсқаларын қазақтың ағартушы-демократтары өз еңбектерінде шығармашылық тұрғыда пайдаланып отырды. Абай «К-ның» мазмұнымен таныс болған, ойшыл ақынның ғақлия сөздерінің жанрлық, стильдік түп-төркіні «К-мен» өзектес, сарындас келеді. Ақынның қолында тәрбиеленген немере інісі Кәкітай Ысқақұлының: «Абай ғарапша, парсыша, түрікше кітаптарды көп оқып, олардың ішіндегі ғылымнан үлкен хабардар болды. Сол талаппен қырда ғарапша, парсыша Абайдан артық білетұғын ешкім болмады» (Құнанбайұлы Абай. Өлеңдері. Ташкент, 1922, 9-б.), – деген пікірі де Абайдың ағартушылық тұрғыдағы ой-тұжырымдарын жүйелеуде дерек көзінің бірі ретінде «К-ның» пайдаланғанын айғақтайды. Абайдың *жәуанмәртлік* туралы ой-танымдары «К-ны» «Жәуанмәртлік хақында» деп аталатын 44-тарауымен тікелей сабақтас, желілес. Жәуанмәртліктің көне замандарда жұрт таныған негізгі үш сипаттан тұратыны «К-да»: «Адамның сипатын білдіретін үш нәрсе бар. Бұл үш нәрсенің бірі – ақыл, бірі – әділеттілік, бірі – жәуанмәртлік» (Кабуснама. Ташкент, 1968, 121-б.), – деп атап көрсетілген. Абайдың *Отыз сегізінші сөзінде* бұл сипаттар: ақыл, әділет, рақым ретінде берілген. Жәуанмәртліктің шығар көзі мен басты сипаттарын иемденуші әлеум. топтарды жіктеуде, оларға өз көзқарасын білдіруде Абай танымы «К-дан» өзгеше, өзіндік соны көзқарасты аңғартады. Жәуанмәртлік жайлы кейбір ұғымдарды ақын өз заманына сай талдап, соны тұжырым жасаған. «К.» адам бойындағы рухани болмыс: ес, қиял, ой, сөз, жәуанмәртлікті (бес ішкі сезім) адам еркінен тыс жоғары рухтан келген тәңірілік құбылыс деп таниды. Абай жәуанмәртлікке тән үш сипатты тәңірінің

бойындағы сегіз сипатпен байланыстыра қарастырып, ол сипаттардың бәрі де оның пендесінің, яғни адамның бойында барлығына, олардың тәңіріден келер құбылыс емес, кәсіби нәрсе екеніне ерекше көңіл бөледі. Ақынның жастарды адамгершіліктің ізгі қасиеттеріне баулып, «толық адам» етіп тәрбиелеу туралы даналық ой-толғаныстарында да «К-мен» пікір іліктестігі, ой ортақтастығы байқалады. *М. Мырзахметов.*

КАВКАЗ – Қара, Азов және Каспий теңіздерінің аралығындағы таулар. Абай мезгілсіз дүние салған баласы Әбдірахман қазасына арналған *Жиырма жеті жасында...* деп басталатын жоқтау өлеңінде өнер-білім қуып, дүниені аралаған дарынды ұлының К-ға барғанын айтады. Бұл атау оның М. Ю. Лермонтовтан тәржімелеген *«Теректің сыйы»* деген туындысында да кездеседі.

КАЗАНЦЕВ (т.-ө. ж. б.) – Семей обл-дағы уезд бастығы. Үзікбай Бөрібайұлының 1876–84 ж. аралығында Мұса Аюбайұлы мен Абайдың үстінен жазған арыздарын тексеру туралы К. 1886 ж. Бат. Сібір ген.-губернаторына мәлімдеме жазған. Империяның заң орындары арызда жазылған мәселелерді мұқият зерттеп, Абай мен Мұсаны ақтап, істі қысқартқан. К. бұл істі тексеруге, мәселенің әділ шешілуіне ықпал еткен.

КАРПОВ Александр Федорович (т.-ө. ж. б.) – Семейдегі әскери-губернатор. 1898 ж. Мұқыр сайлауында Абайға қастандық жасалып, Мұқыр сайлауы өтпей қалады да, ел тарап кетеді. Абайға қатысты оқиғаны жақсы білетін К. Бат. Сібір ген.-губернаторы барон М. А. Таубеге болыс бастығын сайлау арқылы емес, тағайындау жолымен бекітуін өтініп, телеграмма жібереді. К. рұқсат алысымен Мұқыр болысына басқа болыстың адамы Қаратай Жалбинді тағайындайды.

КАСПИЙ – жағалаулары Россия, Қазақстан, Түрікменстан және Азербайжан Республикаларының жерлерімен шектелетін тұйық теңіз. Абай өзінің М. Ю. Лермонтовтан тәржімелеген «Теректің сыйы» деген туындысында оны «қартың Каспий», «Кәрі Каспий» деп атайды.

КАЦНЕЛЬСОН Абрам Исакович (1913 ж. т.) – украин халық ақыны, әдебиет зерттеуші, аудармашы. «Күн тамшысы», «Піскен жемістер», «Тіршілік үшін», «Ашық күндер», «Бұтадағы бұлбұлдар», «Боранда», «Достық әні» т. б. кітаптарымен украин оқырмандарына жақсы танымал. К. поэзияның теориясына арналған «Өлең сөздің сұлулығы мен күші», «Прометей отының шыншылдығы», «Поэзия және ақындар туралы», «Поэзия – менің махаббатым» атты бірнеше кітаптар шығарған. «Еврей халық поэзиясы» атты аударма кітабы үшін М. Т. Рыльский атынд. сыйл. алған. К. 1974 ж. «Дніпро» баспасынан шыққан «Абай Құнанбаев» жинағына енген ақынның «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы...», «Байлар жүр жиған малын қорғаштап...» атты өлеңдерін аударған. *Н. В. Костенко.*

КӘКІТАЙ (Ғабдұлхакім) Ысқақұлы Құнанбаев (1869–1915) – Абай мұраларын тұңғыш бастырушы. Абайдың інісі Ысқақтың баласы. Ата-анасы еркелетіп «К.» деп атап кеткен. Ол 8 жасынан бастап ауыл молдасынан 4 жылдай сауатын ашып, түрікше, арабша хат таныған. К-дың ерекше зеректігін байқаған Абай 1882 ж. оны өзіне бала етіп алып, Мағауиямен бірге тәрбиелеген. Семейге бірге ертіп барып, орыс тілін үйреткен. 1-2 жыл ішінде К. орыс тілін жетік біліп қана қоймай, орыс әдебиеті классиктерінің шығармаларын, Европа елдері мәдениет қайраткерлерінің еңбектерін оқып, өз заманының білімді азаматы болған. Абайдың ақыл-кеңесімен Тұрағұл екеуі қарасөз, аударма, көңіл күйі тақырыбындағы қысқа өлеңдер жазумен айналысқан. «Абай ағамның қатарында жүрген 24 жыл ішінде оның үйретпеген білімі болмады, бірақ бәрін түгел ұғып ала алмадым. Сондықтан мен Абай ағама зор қарыздармын, ендігі мақсатым – шамам келгенше оның асыл қазынасын кейінгі жастарға жеткізіп беру» деп, өзіне-өзі уәде берген. 1904 ж. Абайдың сүйіктұлы Мағауия, іле-шала ұлы ақынның өзі, одан кейін үлкен баласы Ақылбай қайтыс болып, Құнанбай әулеті үлкен қайғыға душар болғанда барлық ауыртпалықты К. көтерген. Жидебайда бала оқытып жүрген молда Мүрсейіт Бікеұлына өз ақшасын беріп, бұрыннан жинап жүрген Абай шығармаларын көшіртіп жазғызған. «Мен Абайдың қарызын ұмытпай, шамам келгенше қызмет етуді өз борышым деп біліп, арттағы жастарға қалдырған өсиетін, қазақ халқына істелген еңбегін баспаға бастырып, көпке таратуды міндетіме алдым» деп, Абай балалы Турағұлмен бірге ұлы ақын мұрасын ыждағатты түрде жинастырып, баспаға әзірлеп, осы істердің ұйытқысы болып, басшылық еткен. Абай қайтыс болғанда қазақтың аса көрнекті қоғам қайраткері Әлихан Бөкейханов ақынның тұңғыш өмірбаянын орыс тілінде жазып, 1905 ж. Семейдегі «Семипалатинский листок» газетіне жариялаған. Онда ақын өміріне қатысты барлық деректерді К. бергенін ерекше атап өткен. 1905 ж. Әлиханның кеңесімен Абай шығармаларын баспаға әзірлеуге кіріскен. К. сол жылы жазда Семейге, одан Омбыға барып бастырта алмаған соң кейін Қазан қ-на келген. Осы



К. Абайұлы.

қалада С.-Петербург баспаханасының өкілімен келісім-шарт жасасып, болашақ кітаптың корректорлығын өз мойнына алып, ақысын алдын-ала төлеген. Ілияс Бораганский баспасы әр баспа табақты почта арқылы Шыңғыстаудағы К-ға жіберген, ол қателерін түзетіп, оны қайта қайырып отырған. Қолдан көшірілген жинақты бастыруға 2 жылдай уақыт кеткен. К. Абайдың тұңғыш кітабын шығару үшін үлкен еңбек сіңірген. 1909 ж. Абайдың тұңғыш жинағы – «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі». Бастырған: Кәкітай, Турағұл Құнанбай ұғыландары» деген тақырыппен С.-Петербургте жарық көріп, барлық данасы Семейге К. атына жіберіледі де, сол жерден бүкіл қазақ даласына тарайды. Абай мұрасын тұңғыш рет баспа бетінде жариялап, жеке кітап етіп шығаруда К. мен Турағұл еңбегі ерекше. К-дың осы жинақта жарияланған «Абай (Ибраһим) Құнанбайұғылының өмірі» атты тұңғыш өмірбаяндық мақаласын М. О. Әуезов жоғары бағалаған. Ұлы ақынның өмірбаянын жазу кезінде К. мақаласының көп көмегі тигенін тебірене еске алады.



Абайдың 1909 ж. С.-Петербургте Кәкітай бастырған тұңғыш кітабының бір беті.

Абайдың тұңғыш жинағын дайындаған кезде К. мен Турағұл ақын өлеңдерін мазмұны мен тақырыбына қарай өздерінше жүйелеп, 17 бөлікке жіктеген. Бұл ретте «Халық туралы» деп аталатын 1-бөлікке – 34, одан әрі қарай рет бойынша келгенде: «Өлең туралы» – 5, «Өзі туралы» – 17, «Ғашықтық туралы» – 10, «Ой туралы» – 8, «Насихат туралы» – 11, «Замандастар туралы» – 2, «Сегіз аяқ» – 1, «Сұлу ұрғашы туралы» – 2, «Жазғытұры» – 1, «Жаз» – 1, «Күз» – 2, «Қыс» – 1, «Аңшылық туралы» – 1 өлеңнен енгізілген де, «Переводтар» деп аталған он бесінші бөлікке А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, И. А. Крыловтан 41 аударма өлең, соңғы 17-бөлікке «Әңгіме Масғұт», «Ескендір әңгімесі» дастандары кірген. Жалпы алғанда жинақта Абайдың 145 өлеңі мен 2 поэмасы жарық көрген. Кітап соңына Абай өмірбаяны мен ақынның фото-суреті берілген. К. жазған Абай өмірбаянының көлемі шағын болғанымен, ақын өмірінің көп қырын қамти алған. «Қазақтың мәдениет тарихына, Абай мұрасына ерекше еңбек сіңірген, Абай өзі тәрбиелеп баулыған жас, жұртшылықтың көрнекті өкілі болған Кәкітай Ысқақұлының еңбегін айрықша айту керек», – деп жазды М. Әуезов. К. алғаш бастырған Абай жинағы сол өзгеріссіз күйінде 1922 ж. Қазанда және Ташкентте қайта басылып шыққан. К. ақындық өнерге құлай берілмегенімен, Абайдың сүйікті ұлы Әбдірахманға өлеңмен хаттар жазған. 1915 ж. қаңтардың 18-нде «Қазақ» газетінде Ә. Бөкейханов Кәкітайдың қайтыс болуына байланысты арнайы мақала жариялаған. Онда К-дың Абай жинағын шығарудағы еңбегіне жоғары баға берген.

С. Қорабаев.

КӘКІШЕВ Тұрсынбек (1927 ж. т.) – әдебиетші, ғалым, сыншы. Филол. ғыл. докторы, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сің. ғылым қайраткері. «Оңаша отау» (1982) кітабына енген «Абайтанудың алғашқы асулары» атты мақаласында қазақ әдеби сыныңдағы Абай шығармашылығы төңірегінде атқарылған істерге, оның ұлттық сыныңғылыми ойдың даму эволюциясындағы көрінісіне, Абай шығармаларын зерттеуші ғалымдардың бұл іске қосқан үлесіне, жекелеген зерттеулер мен мақалаларға талдау жасайды. Автор мұнда абайтану ғылымының алғашқы кезеңіндегі зерттеулердің қазақ әдеби, ғылыми сынына негіз болғанын ерекше бөліп айтады. К. «Абайдың сатирасы» (Абай тағылымы, Алматы, 1986) және «Асылдың сыныгы» («Лениншіл жас», 20. 05. 1970) атты мақалаларында Абай шығармаларының тақырыптық-идеялық және көркемдік ерекшеліктеріне назар аударса, «Орыс ориенталистері Абай туралы» деген мақаласында («Ертіс», 22. 09. 1963) орыс зерттеушілерінің Абай жайында айтқан пікірлері мен берген бағаларына талдау жасайды.

Б. Әбдіғазиев.

КӘМӘЛИЯ (К ә м ә ш) (1882–1973) – Абайдың келіні. Ақылбайдың баласы Әубәкірдің әйелі. К-дан Қапсәлем, Әлихан туған. Оспанның үйіне келін боп түскен К-ны Абай шақырып алып: «Қарағым, Кәмәш, ата-енеңді, туыс-туғанды сыйлап, салт-дәстүрді сақтағаның дұрыс. Бірақ менің алдымда бетіңді ашып, өз үйіңде жүргеніңдей еркін жүр, – деп, К-ның басындағы желегін алғызған. К. Абайдың ас-ауқатын әзірлеп, киімдерін жаңа үлгімен тігіп беріп, ақынның шығармашылықпен алаңсыз айналысуына жағдай жасап отырған. К. өзінің естеліктерінде Абайдың Тобықты елінің тұрмысына көптеген жаңалық енгізгенін, соның бірі – үй-ішінің дүние-мүлкі мен ыдыс-аяқтарды, асадал (шкаф), матадан жасалған үлкен дастарқан, кенеп орамал, құлақты шыны аяқ, самаурын, сағат т. б. заттарды қаладан арнайы алдырғанын айтады. Абайдың Жидебайдағы мұражай қорында К. тапсырған Абай үйінің кейбір дүние-мүліктері, ақынның тоғызқұмалақ тақтасы, тастары және оның былғарыдан тігілген тері қалташасы, Абайдың жасанды тістері, Еркежанның сүйектен жасалған төсегі, шымылдық, төсек жапқышы, білезігі, К-ның өзінің киімдері, құндыз бөркі мен камзолы, 1903 ж. түсірілген әулеттік фото-суреті, К-ның айтуымен жазылып алынған естеліктері сақтаулы.

Б. Сапаралы.

КӘМИЛА Мағауияқызы (1900–32) – Абайдың немересі. К. молдадан ескіше сауат ашқан. Шыныбай дегенге тұрмысқа шығып, көп кешіктей ажырасады. Ағасы Жағыпар Мағауияұлының қолында жүрген кезінде Мұхтар Әуезовпен отасады. Әуезовтен Зере, Мағрипа деген балалары (жастай қайтыс болған) дүниеге келген. Конфискелеу зұлматы кезінде ерлі-зайыптылар ажырасуға



К. Мағауияқызы.

мәжбүр болады. К. Убо-форфост деген жерде ағасы Жағыпардың қолында қайтыс болған. Сүйегі Шульба СЭС-інің астында қалатын болғандықтан 1982 ж. қазып алынып, Ақшоқыдағы Құнанбай әулетінің зиратына қойылды. К. Абай әндерін нәшіне келтіріп айтатын шебер әнші болған. Оның күйеуі Мұхтарды сағынып шығарған арнау өлеңдері Абайдың әдеби-мемориал. музейі қорында сақтаулы. *М.Бейсенбаев.*

КӘРМЕНОВ Жәнібек (1949–92) – әнші, сазгер, жазушы. Қазақстан Республикасының еңбек сің. артисі. К. халық әндерін орындаушылар мектебінің таңдаулы өкілдерінің бірі болды. Ұстаздық қызмет атқара жүріп, ол ұлттық ән өнері мен муз. фольклорды зерттеді, қазақ радиосы мен теледидары арқылы Абай, Мұхит, Кенен, Сәкен әндерін насихаттады. К. Абайдың досы Ерболдың шәбересі болғандықтан және сол қасиетті топырақта туғандықтан да ұлы Абайдың өнерпаздық тағылымына, сазгерлік дәстүріне жасынан қанығып, мол хабардар болып өсті, Абай әндерінің ішкі иірімсырларына бойлай білді. К-тың орындауындағы «Көзімнің қарасы», «Бойы бұлғаң...», «Ата-анаға көз қуаныш...», «Желсіз түнде жарық ай...», «Сегіз аяқ», «Тәңірі қосқан жар едің сен...» т. б. Абай әндері тыңдаушыны ерекше әсерге бөлейтін. Абай әндері ғана емес, ақынның айналасындағы әнші, сазгерлердің де ұмыт бола бастаған әндерін жинап, зерттеп, насихаттауға көп еңбек сіңірді. Майбасардың Мұхаметжанының «Сары бел», «Қайран жастық», Шәкерім Құдайбердіұлының «Анамнан алғаш туғанымда», «Ең қызық жастық» секілді әндері алғаш К-тың орындауымен таралды. Ол орындайтын әндеріне аса ұқыптылықпен, суреткерлік талғаммен қарайтын, ән сөзіне терең бойлауға тырысатын. Абай әндерін айтқанда бұл құбылыс ерекше байқалатын. Ән әуенінің тұңғиық сырын ашып, бояуын құлпырта түсетін К-тың талант қырларының үлкен бір саласы жазушылығында жатыр. Ол «Ақылбайдың әні», «Махаббат әні», «Ғашықтың тілі» атты кітаптардың авторы. К. әншілік, жазушылықпен қатар әнге өлең жазып, өзі де ән шығаратын сазгер. «Жеңеше», «Жаса, елім» т. б. әндері бар. Соның ішінде Абай шығармашылығына бойлай кіріп, ден қоя зерттеуінің нәтижесінде ұлы ақын өлеңіне шығарылған «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма» әні оқшау тұрады. Жастар мен студенттердің 1985 ж. Москвада өткен дүн.-жүз. 12-фестивалінің дипломанты. *Қ. Алпысбаев.*

КӘСІРӘЙ ҒАЖАМ ЖҰРТЫ – қалмақ халқының бір атауы. Абай өзінің *«Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы»* деген тарихи еңбегінде хабарларды тарата келіп: «Сол қызыл бас, дүниедегі ескі патшаларының сарқыты – кәсірәй ғажам жұрты» деп жазады. Одан әрі біздің қазақтардың әйгілі «Ақтабан шұбырындыға» ұшырауына осы жұртты билеген Надыр шаһ пен Нәсіридден шаһ шапқыншылықтары себеп болғанын айтады.

«КЕЙДЕ ЕСЕР КӨҢІЛ ҚҰРҒЫРЫҢ...» – Абайдың 1890 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 4 шумақтан тұрады. Туынды ақынның кемеліне келген кезінде жазған, махаббат тақырыбындағы шоқтықты шығармаларының бірі. Оның пайымдауынша адам «Қартайып, қайғы ойлаған» заманда да махаббат өмір көркі, оны көңіл құрғырдың іздеуі заңды. Қазақ қоғамының бар бітімін бажайлап, жақсылық-жамандықтарын байсалды парықтаған ақын адамды қуаныш-бақытқа бастар бір жол – махаббат деп біледі. Ақын қырық жастың жуан ортасына шықса да бастықпаған асау көңілді есерге теңейді. Мұнысы әдемі жарасым тапқан, жағымсыз әсер туғызбайды. Қайта «тартқан бейнет, өткен жас жүректің отын сөндіре» алмайды деген қорытындыға келеді. Махаббатсыз адам хайуанмен бірдей, оған дүние ғана дос. Өмірдегі екінші бір қызығың – «қатының, балаң, досың». «Пайда, мақтан, бәрі – тұл, доссыз ауыз тұшымас». Осындай ордалы ойды, қуатты қанағаттандырған туындының тал бойы да толыққанды. Өлең 7, 8 буынды шалыс ұйқаспен өрнектелген. Түпнұсқасы Мүрсейіт қолжазбаларынан алынып, алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Өлеңнің басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1939 жылғы басылымда 2-шумақтың 1-жолы **«Тартқан бейнет, төккен жас»** деп берілсе, кейінгі басылымдарда 1909 жылғы жинақ негізінде бұл жол **«Тартқан бейнет, өткен жас»** болып түзетілген. 1939, 1945 жылғы жинақтарда 2-шумақтың 4-жолы **«Өлген соң о да үндемес»** делінсе, 1954, 1957, 1977 жылғы жинақтарда **«Өлген соң ол да үндемес»** түрінде басылған. Туынды ағылшын, башқұрт, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр тілдеріне аударылған. Абайдың бұл өлеңіне комп. Н. Меңдіғалиев ән жазған. *Б. Сарбалаев.*

КЕКІЛБАЕВ Әбіш (1939 ж. т.) – жазушы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы. Қазақстанның халық жазушысы. Оның «Құс қанаты», «Бір шөкім бұлт», «Дала балладалары»,

«Шыңырау» т. б. повестер мен әңгімелер жинақтары, «Аңыздың ақыры» романы оқырман қауымға жақсы таныс. К. «Бар жақсының басы еді – ол» деген мақаласында (Жұлдыз, 1971, № 6) Абайдың жаңашылдық қызметіне жоғары баға береді. Жазушыға «Үркер» және «Елең-алаң» романдары үшін Қазақстан Республикасының Абай атынд. Мемл. сыйл. берілген.

«КЕЛДІК ТАЛАЙ ЖЕРГЕ ЕНДІ...» – Абайдың 1890 ж. жазған өлеңі. Бұл ақындық жотасының шоқтығы биіктеп, енді шәкірттіктен арылып, шығыс классиктерімен терезесі тең өнер сайысында шеберлік салыстыра бастаған, үзеңгі теңестірген шағында жазылған. Яғни тармақ саны әр түрлі 15 шумақтан тұрады, көлемі 58 жол. Ақын өзі өмір сүрген қоғамы мен заманы қалыптастырған айналасындағы адамдардың күйкі тіршілігіне, қам-қаракетсіз, талап-талпыныссыз салғырт тіршілігіне қатысып, өкпе-өкінішін білдіруді мақсат еткен. Өлеңде көп шығармасында ашына сөз ететін айтушы мен тыңдаушы мәселесі қайта көтеріледі. Сол «сөз ұқпайтын», «ақылға ермейтін» тыңдаушы арқылы халықтың оқымаған надандығын, бойкүйез жалқаулығын әшкерелеп, осының елге тигізіп отырған кесепін қамыға жазады. Ақын «пәле-жалаға жақын», «өтірік-өсектен шімірікпейтін» қараңғы тобырдан әбден түңіліп, «тентекті тыя алмай», «жалғыз үйде күңіреніп қалғанына» өкініш білдіреді. Өнер, білімге ұмтылмай, түзу жолға түспей көп жұрттан кешеуілдеп, кейін келе жатқан халқының қамы, оның болашағы қатты қинап, аза тұттырады. Осынша жасқа келгенде «сөзін тыңдар» жан таппағанын өзінің ғана емес, бүкіл жұртының қасіреті деп есептейді. Бұл шығарма тақырыптық жағынан ақынның атақты «Сегіз аяқ» (*«Алыстан сермеп...»*) деген өлеңімен үндес жатқанымен, мұнда ондағы өткір сын, уытты мысқыл, ащы ажуа кездеспейді. Өлең Абайдың ақындық шоқтығының биіктеген, өнер сайысында шәкірттіктен арылып, шығыс классиктерімен терезесі тең дәрежеде шеберлік салыстыра, үзеңгі қағыстыра бастаған шағында дүниеге келген. Бұл кезеңде жалаң еліктеуші емес, өлеңдерінің ою-өрнегі қалыптасқан, бояуы бай да қанық, ойы терең, тұжырым-толғамы татымды, ақындық құдіреті ауқымды Абайды көреміз. Сондықтан да оның «К. т. ж. е.», *«Білімдіден шыққан сөз...»* сияқты шығыстық өлең өрнегімен жазылған шығармаларының өзі табиғи тума дүниеге айналып, соны көркемдік сипат алған. Ақынның *шағатай әдебиетінен* әкелген бұл түрі қазақ поэзиясына енгізген тың жаңалығы болып табылады. Ғаруз ұйқасын Абай бұдан бұрынғы өлеңдерінде де қолданған. Тек бұл жолы бұрынғыдай 4 жолды бір шумақты өлеңдерінде ғана емес, 3 жолды, 4 жолды, 6 жолды 1 шумақты өлең ұйқастарында да пайдаланады. Және оның бұл жаңа ұйқастары мың құлпырып, ойнап тұрады. Өлеңде ғаруз ұйқасымен қатар қара өлең, қаусырма ұйқастар да ұшырасады. Олар бір өлеңде аралас қолданылып отырса да, ұйқастардың әр тектілігі сезілмейді, өлең түрі, оқылу екпіні өзгермей, лекіткен жүрдек қалпынан танбайды. Оқырманды немесе тыңдаушыны ойға батырып, ұйытқан жылы әуен ақырына дейін бұзылмаған қалпы, баурап, тебірентіп отырады. Ақын бұл өлеңінде тікелей шығыс классиктерінің үлгісімен әр шумақтың ең ақырғы жолдарындағы ұйқасатын соңғы сөздерді бірыңғай үйлестіру арқылы шығармасын шыпшымыр, тұтас етіп сомдаған. Әр шумақ соңындағы: «берген-ді, ерген-ді, белге енді, желгенді, сергі енді... сияқты жарасымды ұйқастар бірбіріне ұласып, үндесіп жалғаса береді. Өлеңнің тағы да бір ерекшелігі мұнда әр жолда 7, 8 буын алма-кезек ауысып, өзгеріп отырады.

Өлеңнің 1909 ж. С.-Петербургте шыққан тұңғыш жинақтағы Кәкітай нұсқасы мен Мүрсейіт қолжазбаларындағы нұсқаларында біраз айырмашылықтар бары анықталған. Ақын өлеңінің әр жолын саралап, бір ізге түсіруде абайтанушы ғалымдар маңызды жұмыстар атқарды. Осыған байланысты Мүрсейіт қолжазбаларындағы: **«Құлақ қойсаң ұққандар»**, **«Тыныштық сүйсін қышынып»**, **«Таба алмадық өзге елді»** деген жолдар ақын жинақтарына 1909 жылғы кітап бойынша: **«Салсын құлақ ұққандар»** (26-жол), **«Тыныштық сүймей қышынып»** (34-жол), **«Таба алмадық өңге елді»** (41-жол) болып енгізілді. Соңғы тіркестегі «өңге» сөзі Мүрсейіттің 1907, 1910 жылдардағы қолжазбаларында **«өзге»** болғанымен, 1905 жылғы дәптерінде **«өңге»** болып жазылған. Оның үстіне **«өңге, өзге»** сөздері мағыналық жағынан бірбірінен онша алшақ болмаса да, өлең үйлесіміне «өңге» сөзі мейлінше жарасымды. Ақынның туғанына 100 жыл толу мерекесіне арнап СССР ҒА-ның Қазақ филиалы 1945 ж. шығарған жинақта бірқатар түзетулер жасалды. Бұрын қате беріліп келген жолдар **«Іште қайғы дерт пысып»** (28-жол), **«Өтірікке тұшынып»** (35-жол), **«Тұл бойын желік жеңген-ді»** (37-жол) болып түзетілді. Осыған қарамай ақынның 1961, 1976 ж. «Жазушы» баспасынан жарық көрген жинақтарында 35-жол **«өтірікке түсініп»** деп қате басылған. Осындай түзетулер ҚазССР ҒА-ның Тіл және әдебиет ин-ты 1954 ж. шығарған 2 томдыққа да енгізілді. Бұған дейін **«бір адам»**, **«өзге адам»** түрінде әр түрлі басылып келген сөздер **«таба алмадық еш адам»** (9-жол) болып түзетіліп, ақынның кейінгі жинақтарында осылай берілді. Сол сияқты баспалардың кінәсінен өлеңнің қате кеткен 32-жолы **«Ұқтырасың сен не деп»** болып түзетілді. Себебі, бұл жолдар 1909 жылғы жинақта да, Мүрсейіт қолжазбаларында да осылай берілген. Өлең ағылшын, орыс, белорус тілдеріне аударылған. *Т. Рсаев.*

КЕЛЕКЕ, сарказм – белгілі бір құбылысты, істі бағалау, суреттеп сынау тәсілі. Ол нысанаға алған құбылысты мысқыл етіп қана қоймайды, ызалы үнге, еттен өтіп, сүйекке жететін зілді сынмен әшкерелейді. Демек, К. – келемеж етудің, күлкіге жығудың, мазақ қылудың жоғарғы түрі. Л. И. Тимофеевтің айтуынша, К. – юмордан сатираға өтудегі мысқылдан кейінгі аралық құрал. Яғни нысананы әшкерелеу қажет болғанда, кектен, ызадан, тепсінуден туатын ащы К-ге ауысады.

Абайдың Шәріпті көрінген ит тұра қалып бұтын көтеріп, бір-бір сарып кететін жол бойындағы бір түп шиге теңеуі – ащы келеке. Әсетке арнаулындағы «Ит көрген ешкі көзденіп, Елерме жынды сөзденіп», «Жасынан үлгісіз шіркін», «Кісімсіп белгілі білгіш, Өзімшіл оңбаған шерміш» деген бағалаулар мен мінездеулер де – кекесін-

мен, К-мен берілген. Ақын «Заман ақыр жастарын» да «сиырша тойса мас болып, өреге келіп сүйкенер», «Күлменděп келер көздері, Шошқа туар сөздері» деген сияқты К-лік үн-әуезбен жазған. *Т. Қожакеев.*

КЕНБАЕВ Молдахмет (1925–93) – суретші, профессор. Қолданбалы кескіндеме және монументті-сәндік өнер саласында жұмыс істеген. Қазақстан Республикасының еңбек сің. өнер қайраткері, халық суретшісі, К-тың тарихи полотно жанры ішіндегі «Әйгерім Татьяна әнін шырқауда» (1969, кенеп, майлы бояу, Абайдың мемл. қорық музейі меншігі) еңбегі театр декорациясына лайықталып жазылған.

КЕНЕСАРЫ Қасымов (1802–47) – сұлтан, орта жүз ханы, орыс империясының отаршылдық саясатына қарсы 19 ғ-дың алғашқы жартысындағы қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісінің басшысы. К. бастаған азаттық қозғалысы 10 жылға (1837–47) созылды. Әуелі әскери бекіністерін салдырып, соңынан қазақ жеріне бірте-бірте бойлап кіре бастаған орыс отаршылдары аз уақытта Есіл, Нұра, Ұлытау, Қарқаралы, Қазалық, Жарқайың, Обаған, Тобыл, Құсмұрын, Оқият, Тоғызаяқ өз-нің алқаптарынан Жайыққа дейінгі аймақтың барлығын тартып алған еді. Құнарлы егістік жерлері мен шұрайлы шабындықтарынан тарлық көре бастаған қазақ ауылдары арылмас қыспаққа ұшырады. Бұл отаршылдық ойранына қалай да тосқауыл қоюын түсінген К. орыс патшалығының өкімет орындарына әлденеше рет өтініш жазды. Ақыры бұл бейбіт әрекетінен түк шықпайтынын сезген соң, халықты орыс империясына қарсы бас көтеруге шақырды. 1837 ж. жазда Ақмола дуанының болыстары жаппай көтеріліске шықты. Көп кешікпей оларға Ағыбай, Иман, Басығара, Аңғал батырлар бастаған Арғын, Қыпшақ, Керей тайпалары қосылды. Ақтау бекінісінің, Қарқаралы округінің болыстары көтерілісшілер жағына шықты. 1838 ж. Кенесары қолы округ орталығы Ақмола дуанына шабуыл жасап, ондағы өкімет әскерлерін талқандап, қаланы өртеп жіберді. 1840 ж. К. әскерлеріне кіші жүзден Жоламан, Тіленші, Бұқарбай, ұлы жүзден Бұғыбай, Саурық, Істібай батырлар бастаған қолдар келіп қосылды. Осы тұста, 1841 ж. Қоқан хандығы опасыздық жасап, 1841 жылдың жазындағы соғыста оны ойсырата жеңеді. Бат.-Сібір ген.-губернаторы В. А. Перовскийдің орнына В. А. Обручев келген соң, 1843 ж. империяға қарсы соғыс қайта өршіді. К. неше түрлі соғыс айласын жасап, Обручев әскерлерін талай рет қақпанға түсірді. Ақыры 1843 жылғы 27 маусымда орыс патшасы 1-Николай Кенесарыға қарсы үлкен соғыс жариялауға бұйрық берді. 1843–44 ж. орыс әскерінің қолбасшылары Лебедев, Жантөрин, Дуниковский әскерлерімен шайқаста К. бастаған көтеріліс жасақтары үнемі үстем түсіп, даңққа бөленді. Кене хан Дуниковскийдің әскерлерімен бірге Жантөриннің 1000 жігіті мен 44 сұлтанын тұтқынға түсірді. Наурызбай, Ағыбай батырлар бастаған қол да Екатеринин қамалын тас-талқан етті. 1844 ж. қараша айында ген.-лейтенант Обручев соғыс министріне: «Кенесары Қасымовтың әскеріне қарсы жүргізіп жатқан жорықтарымыз жыл сайын кері кетуде...» деп жазуға мәжбүр болды. Оңт. Қазақстан мен қырғыз елін басып алған Қоқан хандығының қыспағынан құтылуды ойластырған Кене хан енді Әулиеата, Шуға қарай жылжыды. Бірақ 1847 ж. Кекілік-Сеңгір тауының етегіндегі Майтөбе деген жерде орыс отаршыларымен жең ұшынан жалғасқан Орман манаптың және кейбір қазақ ру басыларының опасыздығынан қапылыста қолға түсіп, азаптап өлтірілді.

К. -ның өмірі мен азаттық жолындағы ғажайып күресі қазақтың көптеген ақын- жазушыларының шығармаларына арқау болды. Нысанбай ақынның «Кенесары – Наурызбай» жыры белгілі. М. Әуезов «Хан Кене» пьесасын, І. Есенберлин «Қаһар» романын жазды. К. туралы әсіресе тарихшы Е. Бекмаханов құнды зерттеулер жүргізді. Ол К. соғыстарының саяси-экономик. мәнін ашып, оны қазақ халқының азаттық жолындағы күресінің көсемі ретінде жоғары бағалады. Қазақ елінің тарихын жете зерттеп, терең білген Абайдың К. күресінің мән-мағынасын, бағыт нысанасын жақсы түсінгені сөзсіз. *Т. Бәракұлы.*

КЕНЖЕ Абайқызы (1901–32) – Абайдың Әйгерімнен туған кенже қызы. Алтыбақан, ойын-сауық кештерінде Абай әндерін нәшіне келтіре орындап, оны халық арасына таратуға көп үлес қосқан. К. 1914 ж. Мұсабайдың інісі Әубәкірге ұзатылады. Көп ұзамай Әубәкір қайтыс болып, Ғабитхан молданың шөбересі – Сәлімғазыға тұрмысқа шығады. Кейін тұрмыстары нашарлап, 1932 ж. Тоқмақта тұратын Турағұлдың қолына көшіп келіп, сонда қайтыс болады.

КЕНЖЕ шешен (т.-ө. ж. б.) – Қаракесек руынан шыққан шешен. Ол бірде Абайды Семейде кездестіріп, сөз жарыстырған. Абайдың шешендігіне риза болған К. шешен: «Абайжан, жас та, мас та көп, бірақ толғай білер бас аз. Қарағым, Абайжан, ақылыңның нұрына сусындағандай болдым»,– деп, батасын берген. Ақынжанды, тілге шешен, ойға жүйрік К. шешенді Абай да құрмет тұтқан. К. шешен туралы материалдар Абайдың Семейдегі мемл. қорық-музейі қорында сақтаулы тұр.

КЕНЖЕБАЕВ Бейсенбай (1904–87) – әдебиет зерттеуші, сыншы, жазушы, аудармашы, филол. ғыл. докторы, проф. Ол Абай мұрасын зерттеуге айтарлықтай үлес қосты. Ғалым «Абай»: 1923 ж. Ташкентте басылған «Абай шығармаларының жинағына сын» («Еңбекші қазақ», 1925, 28 шілде), «Абай туралы пікірлер» («Әдебиет майданы», 1935, № 1, 2, 153-158 б.), «Абай ақын» («Лениншіл жас», 1945, 15 тамыз), «Қазақ әдебиетінің данышпан атасы» («Коммунист», 1949, № 7), «Қазақ реалистік әдебиетінің негізін салушы» (Абайдың өмірі мен творчествосы, Алматы, 1954), «Абай өлеңдерінің ұйқасы туралы» («Вестник АН КазССР», 1954, № 9), «Әділ сынасайық» («Қазақ әдебиеті», 1955, 23 қыркүйек), «Абай қазақ халқының жаңа әдебиетінің негізін салушы» (Ученые записки КазГУ, Алма-Ата, 1955, т. 1. 96-б.), «Қазақ өлеңінің құрылысы туралы» (Алматы, 1955), «Түр және дәстүр» («Қазақ әдебиеті», 1956, 24 ақпан), «Қазақ халқының XX ғасыр басындағы жазушылары» (Алматы, 1958), «Абай Құнанбаев» («Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері», Алматы, 1973) т. б. ғыл.-зерт. мақалалалар мен кітаптарында Абайдың өмірі мен шығармашылық еңбегін кеңінен талдайды. Өлеңдерінің өзіндік өрнегін, мазмұны мен көркемдік ерекшеліктерін саралайды, Абай жайлы жазылған сын еңбек-

терін қорытып, жаңа байламдар жасайды.

КЕНЖЕБАЕВ Шыңғыс Бейсембайұлы (1927 ж. т.) – суретші-график. Ол «Абай Құнанбаев» атты плакат (1970, гуашь) және портрет (1985, соус техникасымен; автордың жеке қорында) жасады.

КЕНЖЕЕВ Әшірәлі (1946 ж. т.) – театр және кино актері. Қазақстан Республикасының еңбек сің. артисі. Б. Римованың «Абай – Әйгерім» спектаклінде ұлы ойшыл, философ, ақын Абайдың тұлғасын бейнеледі.



Ә. Кенжеев Абай ролінде. Реж. Ж. Омаровтың «Абай» спектаклі. 1981.

КЕНИГ Альфред Густавович (1939 ж. т.) – суретші. Қондырғылы және монументті кескіндеме



«Абай» портреті." А. Г. Кениг. 1991.

саласында жұмыс істейді. Мұражай тапсырмасы бойынша «Абай портреті» және ақынның туған жерінің табиғатын бейнелейтін «Абай даласы» полотносын (екеуі де 1991, кенеп, майлы бояу, Абайдың мемл. мұражайы қоры) жазды.

КЕННАН Джордж (1845–1924) – американ жазушысы, публицист. Сібір аймақтарын аралаған, қазақ жерінде, Өскеменде, Ертіс бойында, Семейде болған. К-ның «Сібір және сүргін» кітабында жазушының саяси сүргіндермен кездесулері, олардан алған әсерлері суреттелген. Осы шығармаларында ол Абай туралы өте құнды дерек келтіреді. Бірнеше сүргінмен Абай да таныс болған, әңгімелескен, солардың бірі А. А. Леонтьев деген кісі туралы К. былай деп жазды. «... Леонтьев маған Семей кітапханасының пайда болу тарихын әңгімеледі... Милль, Бокль және Дрепер іспетті авторларды оқитын осы кітапхананың тұрақты оқушысы – Ибраһим Құнанбаев қартты білемін, – деді ол. – Бірінші рет кездескенімізде ол менен индукция мен дедукцияның өзара айырмашылығын түсіндіруді өтінуімен таңғалдырды. Ал содан кейін мен оның ағылшын философтарының еңбегін түбегейлі оқып, үйреніп жүргеніне және мен атаған авторлардың бәрін оқығанына көзім жетті» (Дж. Кеннан. «Сибирь и ссылка» 1-т., СПб., 1906, 170-б.). Бұл еңбек 1889–91 ж. Нью-Йорк пен Лондонда әр уақытта жеке кітап болып басылды. Орыс тіліндегі нұсқасы 1906 жылы жарық көрді.

Ш. Сәтбаева.

КЕҢГІРБАЙ БЕЙІТІ қазіргі Семей обл., Абай ауд-ның орталығы Қарауыл елді мекенінен солт. батысқа қарай 25 шақырым қашықтықта, Жидебай қорығында, Шидің бойындағы биік төбе басында. Тобықтының атақты биі әрі елбасы Кеңгірбай Жандосұлының өсиеті бойынша 1825 ж. Ши бойындағы өзі көрсеткен төбе басына Кеңгірбай би жерленген. Жидебайдан 5-6 шақырым қашықтықтағы К. б. басында Абай сан рет болып, әруақты бидің өнегелі өмір жолына салықалы баға беріп, Байкөкше ақынға «Кеңгірбай би» дастанын жазуға кеңес берген.

Б. Сапаралы.

КЕҢЕСБАЕВ Ісмет Кеңесбайұлы (1907 – 95) – тіл білімі маманы, түрколог. Филол. ғыл. докторы, проф. Қазақстан Республикасы Ұлттық ҒА-ның академигі. Оның «Қазіргі қазақ тілі» (Ғ. Мұсабаевпен бірге), «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі», «Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер» т. б. монографиялары, фонетика, лексикология мен лексикография, тіл тарихы, тілдердің өзара қатынасы, фразеол. мәселелеріне қатысты зерт. еңбектері жарық көрді. К. қазақ әдеби тілінің тарихы мен даму кезеңдеріне арналған еңбектерінде «Абай қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы» (Советский Казахстан, 1955, № 9) атты ғыл. зерт. мақаласында Абай шығармаларының тіліне, оның туған әдеби тілімізді ұштаудағы орасан ықпалы мен әсеріне тоқталды. Ол сондай-ақ «Абай тілі сөздігі» атты еңбектің авторлар алқасының бірі болды. Қазақстан Республикасы Мемл. сыйл. лауреаты.

Ғ. Әнесов.

«КЕҢ ЖАЙЛАУ – ЖАЛҒЫЗ БЕСІК ЖАС БАЛАҒА...» – Абайдың 1882 ж. М. Ю. Лермонтовтан аударған өлеңі. Бір шумақтан тұрады, көлемі

4 жол. Орыс ақыны өз кезегінде бұл туындыны неміс ақыны Ф. Шиллердің небәрі 2 жолдық миниатюрасынан тәржімелеген. Абай Шиллер – Лермонтов миниатюрасының өршіл, батыл, тіпті бүлікшіл әуенінің негізгі өзегін сақтап, өз көзқарасына, дүниетанымына сәйкес қабылдап, еркін аударған. Сондықтан ол белгілі қағидаға сүйенген, арнайы филос. тақырыпты қозғаған, ұлттық табиғатқа, дүние танымдық түйсік-сезімге икемделген, ойға, мұңға толы, ғибраттық мәні бар, соны туынды. Шығармадан азаттық, теңдік, бауырластық, адамгершілік идеяларын жантәнімен қабылдаған ақынның бүкіл шығармашылық жолына тән өршіл романтикалық сарынның, зорлық-зомбылыққа, озбырлыққа, теңсіздікке көнбеген қайсар күрескерлігінің өшпес таңбасы, айрықша болмысы айқын көрінеді, жалғыздықтың, жан азабының салқын лебі, арман-өкініші сезіледі. Адам ер жетіп, азамат болған шағында не себептен кең дүниеге сыймайтынын қазақ оқырманының көзқарасына, ой-өрісіне лайықтап ұғындырады. Ақын көне гекзаметр ырғағын қазақтың байырғы 11 буынды қара өлең жүйесіне салып, әдемі кестелейді. Шығарма алғаш рет ақынның 1933 ж. Қызылордада жарық көрген толық жинағында кездеседі. Тек өлеңнің жазылу кезеңі 1939 жылғы жинақта 1855–84 ж. аралығы, 1945 жылғы жинақта 1880 ж. деп көрсетілген. *Г. Бельгер.*

КЕРБАБАЕВ Берді Мұрадұлы (1894–1974) – түрікменнің көрнекті жазушысы, ақын. Түрікменстанның халық жазушысы, Түрікменстан ҒА-ның академигі, Соц. Еңбек Ері, Түрікменстанның еңбек сің. өнер қайраткері. Оның «Қыз дүниесі», «Әдет құрбаны», «Жаңа өмірге» т. б. өлеңдер, дастандар жинақтары, «Кезерген ерін», «Құрбан Дурды», «Ақ алтынды аймақтың Айсолтаны» т. б. повестері, «Алып адым», «Небит – Дағ», «Ғайыптан туған» романдары жарық көрген. К. Абай шығармаларын зер сала оқып, ұлы ақынды жоғары бағалады, оның өлеңдерін адамзат игілігі деп есептеді. «Біз Абайды ұлы ақын және ұлы адам болғаны үшін қанымыз бір, жанымыз бір өз туысымыздай емірене сүйеміз. Оның өлеңдерінің шебер қолдан шыққан шымыр жолдары бүгінде бізбен бірге күреске шығады», – деп жазды («Қазақ әдебиеті», 1971, 26 мамыр). К. ССРО Мемл. сыйл. (2 рет), Түрікмен ССР-і Мемл. сыйл. лауреаты.

«КЕШЕГІ ОСПАН...» – Абайдың 1892 ж. жазған өлеңі. Көлемі әрқайсысы 6 тармақтан тұратын 6 шумақ. Інісі Оспан қайтыс болғанда шығарған топтамасына кіреді. Абайдың барлық жоқтау өлеңдері сияқты бұл шығармасы да қазақтың байырғы жыр-жоқтауларына мазмұны жағынан да, түрі жағынан да ұқсамайды. Абай жырында адамгершілік, адалдық, жомарттық сияқты ізгі қасиеттер алдыңғы орынға шығарылған. Және сол Оспанның жақсы қасиеттерін айта отырып, жалпы әлеум., қоғамдық мәселелерге ауысады. «Енді осындай жақсыны қайдан табасың, бақташың, шопаның кетіп, ұры-қары қалды, ендігінің сырты абыз, желқабыз, алты ауыз» деген өкінішін, өз айналасындағы екі жүзді, қырық пышақ ортаға деген өкпесін білдіреді. Ақын шығармаларына арқау болған қоғамдық сыны бұл жерде де белгі берген. Өлеңнің жазылу түрі де өзгеше, қазақ поэзиясында бұрын кездесе қоймайтын алты аяқ үлгісімен жазылған. Алғашқы екі тармақ, 3-6 тармақтар, 4-5 тармақтар жеке-жеке ұйқастырылған (а, -а, -ә, -б, -б, -ә). Өлең алғаш рет ақын шығармаларының 1933 жылғы толық жинағына енгізілді. Аздаған текстол. өзгерістерге ұшыраған. 1939, 1945, 1954 жылғы басылымдарында, Мүрсейіт қолжазбаларындағы **«Келді қаптап»** деген 2-шумақтың 4-жолы 1957, 1977 жылғы жинақта **«Кетті қаптап»** болып өзгертілген. «Кетті» деген сөз осы шумақтың 6-жолында қайталанып келеді. 4-шумақтың 3-жолы барлық басылымдарда Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбаларына сәйкес **«Жеке тартқан кетті гүл»** деп алынған. Бұл жол Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасында **«Жеке тартқан өтті гүл»** болып жазылған. Өлең қарақалпақ, орыс тілдеріне аударылған. *Т. Рсаев.*

«КЕШЕГІ ОСПАН АҒАСЫ...» – Абайдың 1895 ж. жазған өлеңі. Көлемі 18 тармақтан тұратын бір шумақ. Інісі Оспан қайтыс болғанда шығарған топтамасына кіреді. Сүйікті баласы Әбдірахман өліп, аза шеккен ақын осыдан 2-3 жыл бұрын қайтқан інісін еске алып, «адамзаттың» жомарты, досына жаз, жауына аяз болып, әрқашан әділдік таразысын тең ұстаған кешегі Оспанды да алған жоқ па еді бұл өлім» деп, өзіне-өзі сабыр айтады. Өлең композициялық құрылысы, жазылу түрі, айтпақ тұжырымы жағынан ақынның Әбдірахман қазасына арнаған топтамасына енетін: *«Арғы атасы қажы еді...», «Кешегі өткен ер Әбіш», «Бермеген құлға қайтесің...» «Жылағанды тоқтатып...»* жұбату жырларын еске түсіреді. Бұлардың барлығында да әрісі Мұхамбет Расулдан бастап, берісі Оспанға дейінгі дүниеден өткен белгілі адамдардың асыл қасиеттерін атай отырып: «Оны да алды бұл өлім, сабырлық қылсаң керек-ті» деген жазмышқа еріксіз көнген дәрменсіз пенденің жұбанышын білдірген. Өлең 7-8 буынды, -а, -ә, -б, -ә түріндегі шұбыртпалы ұйқаспен жазылған. Алғаш рет Абай шығармаларының 1933 жылғы толық жинағына енгізілді. Аздаған текстол. өзгерістерге ұшыраған. Өлеңнің 8-жолы 1933 жылғы басылымда **«Алысқанын демепті»**, 1939 жылғы жинақта **«Алысқанды демепті»** болса, қалған басылымдарда бұл жол Мүрсейіт қолжазбалары бойынша **«Алысқанды демепті»** түрінде алынған. *Т. Рсаев.*

«КЕШЕГІ ӨТКЕН ЕР ӘБІШ...» – Абайдың 1895 ж. жазған өлеңі. Көлемі 18 жол. Жарық дүниенің көп қызығын көре алмай, өмірі ерте үзілген ұлы Әбдірахманды есіне алып, егіле жылап жазылған жыр. Өлең жолдарында Әбдірахманның елден ерек қадір-қасиеті барынша қамтылған. Жүрегі жылы, туысы бөлек, өнері жұрттан асқан, ғылымға көңілі зерек, жетім-жесір, ғаріптерге жақсылық жасауға бейіл, ата-анасының дәулеті емес, өзінің еңбегіне сенген, боямасыз ақ көңіл ардақ адам болғандығы шыншылдықпен суреттелген. Соның негізінде ақын аяулы ұлы Әбдірахманның поэтик. портретін, кісілік келбетін үлкен шеберлікпен айшықтаған. *Қ. Құрманғалиев.*


КИРЕЕВ Владимир Андреевич (1944 ж. т.) – кескіндемеші. Портрет саласында жұмыс істейді. Оның «Абайдың портретінде» (1983, кенеп, майлы бояу, Қазақстан Республикасы сурет көрмесі дирекциясының қорында) өмірдегі нақты кескіні мен халық жүрегіндегі

ақынның көркем бейнесі жинақталып, сәтті көрініс тапқан.

КЛЕЙНМИХЕЛЬ Зигфрид (1944 ж. т.) – әдебиетші, түркітанушы, сыншы. Қазақстан мен Орта Азияда бірнеше рет болған. Ол қазіргі қазақ әдебиеті мәселелеріне арнап Германия баспасөзінде бірқатар мақала жазды. Зерттеуші Абайдың ұлттық сана-сезімін оятудағы қызметін, Бат. Европа мен орыс мәдениетіне деген құштарлығын атап көрсетеді.

КОЛОМИЕЦ Владимир Родионович (1935 ж. т.) – украин халық ақыны. «Ай», «Ащы шарап», «Партитура», «Переяслав», «Шер апасы» т. б. кітаптарымен украин оқырманына жақсы таныс. К. 1974 ж. «Дніпро» баспасынан жарық көрген «Абай Құнанбаев» жинағына енген ақынның «Сегіз аяқ» өлеңі мен «Ескендір» поэмасын украин тіліне аударған. *Л. З. Мороз.*

КОНШИН Николай Яковлевич (1862–1937) – халықшыл-революционер. Москва ун-тінде оқыған, 1884 ж. студенттік толқуларға қатысқаны үшін оқудан шығарылып, Москвадан қуылған. 1886 ж. Ярославльдағы Демидов лицейінің студенті кезінде, лицейдегі студенттер құрған Москвадағы «Халық еркі» ұйымы-



Н. Я. Коншин.

мен тығыз байланысты рев. үйірме жұмысына белсене араласқаны үшін қамауға алынды. Ярославль түрмесінде 1 жылдан астам уақыт болып, 1887 ж. 3 жыл мерзімге Дала өлкесіне жер аударылған. Ол көп жылдар бойы Семей обл. статистика к-тінің хатшысы және Орыс география қоғамы Бат.-Сібір бөлімінің Семейдегі бөлімшесінің басшысы болып істеді. Ол қазақтардың этнографиясы, тарихы, экономикасы жөнінде жазған көптеген еңбектер Қазақстан тарихнамасында осы кезге дейін өзінің маңызын жойған жоқ.

Абай Семей обл. статистика к-тінің және Орыс география қоғамы Бат.-Сібір бөлімінің Семейдегі бөлімшесінің қызметі барысында К-мен жақын таныс болды. Оның және басқа орыс зерттеушілерінің ықпалымен Абай экономика және социология мәселелерімен тереңірек шұғылдана бастаған. *Л. М. Әуезова.*

КОСТАЛЕЦКИЙ Николай Федорович (19 ғ-дың басы – ө. ж. б.) – орыс демократы, педагог. Қазіргі Павлодар облысы ауылдарында қазақ балаларымен аралас өсіп, жергілікті тілді жете меңгерген. Қазан ун-тінің Күншығыс факультетін бітірген соң, Омбыдағы кадет корпусында Күншығыс тілдерінің оқытушысы болған. Осында Ш. Уәлихановқа, Халиулла Өскенбаевқа дәріс берген. Ол Халиулладан «Қозы Көрпеш–Баян сұлу», «Еңлік–Кебек», «Қалқаман–Мамыр» қиссаларын, «Есімханның ескі жолы», «Қазақ билерінің ерте кездегі шешімдері» туралы материалдармен қатар, Абай өлеңдерін жаздырып алған. Ол Абай өлеңдерінің көшірмесін кітап етіп бастыру мақсатымен 19 ғ-дың 60-жылдары Петербург ун-тінің проф. И. Н. Березинге табыс еткен. Бұл қолжазба атақты ғалымдар П. П. Семенов-Тян-Шанскийдің, П. М. Мелиоранскийдің қолдарынан өтіп, жақсы баға алған. Бірақ қолжазба белгісіз себептермен жарық көрмей қалған. К. тапсырған бұл қолжазба қазір С.-Петербургтегі Орыс геогр. қоғамының архивінде сақтаулы. Абайдың інісі Халиуллаға жазған хаты, Құнанбай мен Ғабитхан молданың С.-Петербургтегі Күншығыс халықтарын зерттейтін ин-ттың кітапханасындағы хаттары да осы К. арқылы келіп түскен. *Т. Барақұлы.*

КӨБДІКОВ Төлеу (1874–1954) – халық ақыны. Қазіргі Семей обл., Шұбартау ауд-нда туған. К-тің анасы Қуандық Сабырбайқызы Абаймен тең сөйлескен, сыйлас, жақын адам болған. Абай Қуандық пен оның әкесі Сабырбай Ақтайлақовтың ақындық өнерлерін жоғары бағалаған. Төлеуді ақындыққа баулыған – өз анасы Қуандық. Ауыл молдасынан оқып, сауат ашқан. Ақындық өнері ел ортасына белгілі болғанымен, 40 жылдардан кейін ғана таныла бастаған. Кеңес өкіметінен құдалау көріп, 1930 ж. 10 жылға сотталған. 1934 ж. жасының ұлғаюына байланысты айдаудан босатылған. К-тің «Алып күшті Отаным», «Өмір жыры», «Өлеңдер», «Жырларым» деген жыр кітаптары бар. Абайды жастайынан көріп, өлеңдерін жаттап өскен. К. ұлы ақын туралы көлемді естелік жазған. 1970 ж. «Жалын» альманағының 5 санында жариялаған. Абайға арнап бірнеше өлең шығарған. 1974 ж. К-тің 100 жылдығы тойланды. *М. Бейсенбаев.*

«КӨЖЕКБАЙҒА» – Абайдың өлеңі, қ. *«Бөтен елде бар болса...»*

«КӨЖЕКБАЙҒА» – Абайдың өлеңі, қ. *«Жаман-тайдың баласы Көжек деген...»*

«КӨЗ ЖҰМҒАНША ДҮНИЕДЕН...» – Абайдың 1895 ж. жазған жоқтау өлеңі. Көлемі тармақ саны әр түрлі 5 шумақтан тұратын 40 жол. Алғашқы басылымдарында «Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоқтау» деген атаумен жарияланып келді де, ақын шығармаларының 1961 жылғы бір томдық толық жинағынан бастап «Абайдың баласы Әкімбайды жоқтауы» деп танылды. Әкімбай – ақынның Ділдәдан туған баласы, 9 жасында (1865–74) дүние салған. Өлеңнің мазмұны да осы тұжырымды айғақтағандай. «Ата-тегі мұндағы – Орта жүздің ұлығы...» деген жолдар жарық дүниеден баз кешкен кісінің Құнанбай

ұрпағы екенін білдірсе:


«Ағайынды тойғызбай,
Аз күн қоймай ерте алды...
Көп жасамай, көк орған,
Жарасы үлкен жас өлім...
Көп жасамай тез кетіп,
Көзімнің жасын ағыздың...» –

деген жолдар оның жас бала екенін көрсетеді. Өлең дәстүрлі жоқтау жырларының үлгісінде жазылған. Ақын тіпті:

«Қызыл балақ қыранның
Балапанын дерт алды.
Жеміс ағаш, бәйтерек
Балдырғанын өрт алды...» –

деген сияқты көне жырға тән теңеулерден де қашпайды. Бірақ Абай өленderіне тән, жүрек жылатарлық сезімге толы жолдар да баршылық. Өлең 7-8 буынды шұбыртпалы жыр үлгісінде жазылған. Айтпақ ойына қарай шумақ көлемін әр түрлі құрған: 1-шумақ – 12 тармақ, 2, 3, 4 шумақтар – 8 тармақ, 5-шумақ – 4 тармақ. Жоқтау алғаш рет ақын шығармаларының 1933 жылғы жинағына енгізілді. Кейінгі басылымдарында ешқандай текстол. өзгеріс байқалмайды. Өлең қарақалпақ тіліне аударылған. *Т. Рсаев.*

«КӨЗІМНІҢ ҚАРАСЫ...» – Абайдың 1891 ж. жазған өлені. Әрқайсысы 4 тармақты 22 шумақтан тұрады. Ақын шығармаларының өзекті тақырыбы – махаббат мәселесі бұл өлеңінде ерекше ыстық сезіммен, Абайға тән шеберлікпен өрнектеледі. Өленде ақын аз сөзге көп мағына сыйғы-



Нота. (Көзімнің қарасы. 1-түрі).

зу ниетін көздеген. Ғашығына деген ішкі сезімін де ірікпей айтқан, жігіт сөзінен үзіккен жүрек лүпілі, тағат таптырмай тынышын қашырған, бір ысып, бір суыған іңкәр ниет, алабұртқан көңіл күйі сезілгендей. Ғашықтық сезім жүрек жарасына айналған, оңайлықпен жазылар емес. Қыз – айтулы сұлу; «Кең маңдай, қалың шаш, Ақ тамақ, қызыл жүз, Қара көз, имек қас, Қыр мұрын, қыпша бел. Ақын өзі бой тасалап, кейіпкерін алға ұстап сөйлетеді. Жігіт сүйгенін кінәламайды, әдептен озбай наз айтады. Имене сөйлеп «Өзі де білмей ме, көп сөйлеп созбайын?» деп, сабырмен шыдайды. Туынды жігіттің нәумез күйінде аяқталады. Сөйтіп оның тағдыры не болды дегізіп, оқушысын ойға қалдырады. «Көзімнің қарасында» шығыс поэзиясында (Науаи, Физули) көп орын алған үлгілердің әсері де жоқ емес. Бұл өленде «тәңір, ие» көп кездеседі. Бұнда жастар махаббатының нақтылы шындығынан гөрі сұлудың көркін мадақтау көп» , – деп жазады М. О. Әуезов (Шығ. жинағы. 20-т., – А., 1985, 157-б.). «Пайғамбар сүннеті» сияқты мұсылманшылық жолдары қызға діни сезім арқылы ықпал етуді көздегенімен, мұнда философ. ой тербету де бар. Бұл өмірдің өзінде кездесетін қайшылық, яғни қиындықта алланы аузынан тастамайтын, жайшылықта ұмыт қалдыратын қазақы мінез.

Өлең бұрын-соңды ешқандай қазақ ақыны қолданбаған 6 буынды қара өлең ұйқасымен өрнектелген. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлені» атты жинақта жарияланған. Өленнің басылымдарында текстол. өзгерістер кездеседі. 1909, 1933 жылғы басылымдарда алғашқы шумақтың соңғы жолы **«Ғашқыңның жарасы»**, 1939, 1945, 1954 жылғы басылымдарда **«Ғашықтың жарасы»** болып берілсе, 1957, 1977 жылғы басылымдарда Мүрсейіт қолжазбаларына сәйкес **«Ғашықтық жарасы»** ретінде түзетілген. 1945, 1954 жылғы жинақтарда 7-шумақтың 1-жолы **«Кең маңдай, қолаң шаш»** түрінде жазылса, бұл жол 1957, 1977 жылғы жинақтарда Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909, 1939 жылғы басылымдар негізінде **«Кең маңдай, қалың шаш»** деп жөнделген. Мүрсейіт қолжазбаларында 10-шумақтың 2-жолы **«Қараса көз тоймас»**, 14-шумақтың 4-жолы **«Жолыңа берсем аз»** делінсе, басылымдарда **«Қараса көз тоймас»**, **«Жолыңа берсем де аз»** болып берілген. Сондай-ақ 1933, 1939, 1945, 1977 жылғы басылымдарда кездесетін 17-шумақтың **«Артықша жаратқан, Алланың рахматы»** деген соңғы 2 жолы мен 18-шумақтың **«Көрік – тәңір дәулеті, қылса ұнар құрметі»** деген алғашқы 2 жолы Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909, 1954, 1957 жылғы басылымдарда ұшыраспайды. Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы жинақта 20-шумақтың 4-жолы **«Жүрегім лүпілдеп»** деп жазылған. Әйтсе де мағынасына нұқсан келмейтін болғандықтан, жұртшылық арасында түсініктi қолдануын ескеріп, кейінгі басылымдарда **«Жүрегім лүпілдеп»** түрінде алынған. 1954, 1957 жылғы жинақтарда, 8-, 9-шумақ берілмеген.

Ш. Елеукенов.

Ақын бұл шығармасына арнайы ән шығарған, яғни махаббат психологиясын аса суреткерлікпен бейнелеген, барлық бітімі музыкаға сұранған туынды. Әннің төрт түрі белгілі. Солардың 2-, 3-, 4-түрлері бір-біріменұқсас болса да, әуен, саз иірімдері мен ырғақтық өрнектерінде айырмашылықтар бар. Ал 1935 ж. Ә. Ысқақовтан жазып алған Л. Хамиди үлгісі әуен-ырғағы жағынан соны иірімдерге құрылған. Әннің жоғарыда көрсетілген үш варианты: 1922, 1939, 1984 ж. С. Тамтеевтің, Ж. Елебековтың және М. Мұқамеджановаңың айтулары бойынша нотаға түсірілген. Шығарманың құрылысы, яғни мақам, сазы мен ырғақтық кестесі тікелей өленнің алты буынды тармақ жолдарымен астасып, поэзиялық-муз. композиция құрайды. Сыршыл ән болмысына сай бұл шығарма минорлық қалыпта айтылады, ал муз. өлшемі жағынан:3,4 (1-түрі), 4,4 (2-түрі), 3,4; 3,4; 3,4; 2,4; 3,4 т. т. (3-түрі), 3,4 пен 2,4 аралас ырғақ-өлшеммен ерекшеленеді, сабырлы, баяу ырғақпен орындалады. Абайдың бұл әнін композиторлар Е. Г *Брусиловский, С. Т. Шабельский, М. А. Скорульский, М. Төлебаев, К. Кумісбеков* өз шығармаларына пайдаланған.

Шығарма ағылшын, араб, башқұрт, белорус, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр тілдеріне аударылған.

Қ. Жүзбасов.

«КӨЗІМНІҢ ҚАРАСЫ» («Көзумниң қарачуғи») – Абайдың «Жазушы» баспасынан 1972 ж. ұйғыр тілінде жарық көрген таңдамалы өлеңдер мен дастандар жинағы. Өлеңдерін құрастырып, түсініктеме берген М. Һәмраев. Ақын шығармаларын аударған Ұшқын (Ясенов Долқұн). Кітап М. Һәмраевтың кіріспе мақаласымен ашылады. Жинақ өлеңдер және дастандар деген 2 бөлімнен құрастырылып, оған ақынның 62 өлеңі мен «Ескендір», «Масғұт» дастандары енгізілген. Абай өлеңдерінің жазылу уақыты сақталмаған. Кітап көлемі 4,5 б. т., 1800 дана болып басылған.

«КӨЗІМНІҢ НҰРЫСЫЗ...» – 1894 ж. жазған өлеңі. 4 тармақты 6 шумақтан тұрады. Өлеңнен ұлы ақынның адам, әке ретіндегі балаға деген, сүйіктіұлы Әбдірахманға деген бүкіл сол тұстағы жантебіреністің алай-түлей құйын сәттері елес береді. Үлкен үміт артқан азаматтан айрылып қаламын-ау деген қатерлі қауіп ақын жанын азапқа салып, әр қилы шарғы, әрекет іздестіргендей. Алмай тынбайын деп келе жатқан жалмауыз дертке не шара, көңілін көтеріп, ойын сергітсе болмас па?! Жазылып, сауығып кетер жол қайда? Ондай дару бар ма? Ондай дару, ондай ем алладан рахым тілеп, бейіл сұрап, көңілін көтеру ғой! Соның бір қалауы әлсіз ғана жібек жіптей бауырлас ыстық сезімді Кәкітай боп білдіру ғой. Әке боп толғай-толғай күңірене келіп, енді не айтарға білмей таусылғанда ұлы жүрек туыстық толғау сезімге аунап, беріледі, егіледі, төгіледі. Бар жылы сөздерін ақтарады аямай. Сарқылмайтын сағынышты ғашық сәулелер. Көздің нұры да, өмірдің гүлі де, қуаныш та, жұбаныш та азулы әке үшін, барлық туған-туыс қандар үшін – Әбдірахман еді. Енді сол асыл азаматтың амандығын «зар қылып тілеуден» басқа не бар? Уайымға, қайғыға берілмеу керектігін ойлап, кеудені көтере түскенге ақын өзін-өзі жұбатқандай, үміткеұстатқандай, сенімгеұмтылғандай. «Ағатай, сағындым Есен-сау көрмекке» дейді Кәкітай боп арпалысып, алысып, «Осы хатымнан күш-қуат алып, жан сергітер ермек тапсаңыз, менің мақсатым – сол» деп шырқырайды жан сәлемі, ет жүрек тілегі.

Өлең ұлы ақынның *«Көзімнің қарасы»* деген өлең үлгісін тағы да алдыңызға алып келеді. Өлең алғаш рет ақын шығармаларының 1933 жылғы жарық көрген толық жинағында жарияланған. Басылымдарында текстол. өзгерістер кездеспейді. Өлең қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған.

Е. Әкімқұлов.

«КӨЗІНЕН БАСҚА ОЙЫ ЖОҚ...» – Абайдың 1891 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 6 шумақтан тұрады. Сыншылдық сипатта, сықақтық леппен кестеленген. Абайдың мешеу, мәңгүрт болып қалмаса екен деп, ел-жұртын үнемі өнерге, оқуға үндегені, ағартушы болғаны, өнерсіздікпен, білімсіздікпен еш ымыраға келмегені белгілі. Бұл өлеңінде де ақын надандықты, ойсыздықты мансұқ еткен. Оның айтуынша, маңдайдағы көздің ғана болуы жеткіліксіз, адамның жүрек көзі, зерде көзі болуы керек. Ақыл, парасат көзінің болмауы – надандық. Ой көзі, көңіл көзі болса ғана, адамға шындық сәулесі түседі, сол арқылы адам іштегі кірін тазартса ғана, оның кеудесі нұр сандыққа, сыр сандыққа айналады.

Абай өз тұсындағы кейбіреулердің ой-сезімінен мақрұм қалып, тек екі көзіне мәз боп, әлдеқандайсып жүруіне таңырқайды. Қараңғылық пердесі надандардың көңілін басып тұр, ақылдан адыра қалған олардың есіл-дерті – тек қу тірлік деп күйінеді. Тағы айтатын бір жай – сол тұстары жұрт қатардағы қарапайым адамдарды ғана қараңғы, надан деп біліп, дін иелерін надан деп айтуға ауыздары бармайтын. Оларды оқыған, тоқыған, көп білетін ғұлама деп түсінетін. Сондай қалыптасқанұғымды Абай қорықпастан «дағарадай сәлдесі» бар молдалардың өзін надан, «кітапты теріс оқиды», «малқұмар көңілдері бек соқыр» деп жоққа шығарады. Мұның үстіне олардың жебірлігін жыртқыш «бүркіттен кем емес» деп әшкерелеген. Ақын өлеңінің түйіні – болмысты айқын көрер жүрек айнасы болмаса, басқаның бәрі бос сөз.

Өлең негізінен 8 буыннан тұрады, кей жолдары ғана 7, 9 буын ұйқасы -а, -б, -а, -б. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Текстологиялық көп өзгеріске ұшырамаған. Тек 1909, 1957 жылғы жинақтар мен *Мүрсейіттің* 1907, 1910 жылғы қолжазбаларында 1-шумақтың 1-жолы **«Көзінен басқа ойы жоқ»**, ал Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасында **«Өзінен басқа ойы жоқ»** деп жазылған. 1909, 1957 жылғы жинақтарда 5-шумақтың 2-жолы **«Дағардай боп сәлдесі»** болса, Мүрсейіт қолжазбалары мен 1933 жылғы басылымда **«Дағарадай боп сәлдесі»** делінген. Ақынның кейінгі басылымдарына өлеңнің түпнұсқасы ретінде 1909 жылғы жинақ басшылыққа алынған. Өлең өзбек, тәжік, түрікмен, қырғыз, қарақалпақ, ұйғыр тілдеріне аударылған.

Т. Қожакеев.

«КӨКАЛА БҰЛТ СӨГІЛІП...» – Абайдың 1896 ж. жазған өлеңі. 4 тармақты 2 шумақтан тұрады. Ақын адам баласының табиғат перзенті екенін, оның көңіл-күйінде «көкала бұлт сөгіліп, кей шақта күннің жауатынын» тамаша салғастыру арқылы әсем суретпен аңғартқан. Табиғаттың нұрынан «жер көгеріп, күш алса», адам жанының егілуі қасірет қатпарын қалыңдатып, іші-бауырды өртей түсетінін, үгіліп, кеміп қалатынын тереңдікпен айтқан. «Көкала бұлт сөгіліп, Күн жауады кей шақта, Өне бойың егіліп, Жас ағады аулақта» деп, Абай егілген көңліне табиғаттан демеу тілейді, табиғаттай жаңғыра алмайтынына мұңаяды.

Өлең 7 буынды шалыс ұйқаспен жазылған. Алғаш ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Туынды басылымдарында ешқандай текстол. өзгерістер кездеспейді. Өлең ағылшын, араб, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр тілдеріне аударылған.

И. Хасенов.

КӨКБАЙ Жанатайұлы (1864–1927) – ақын. К-дың өлеңмен жазған «Араб тілінің грамматикасы» еңбегі, «Сабалақ», «Құлынды», «Ғаділ патша», «Арұнрашит» дастандары, Әріп, Кемпірбай, Жүнісхан, Жидебай, Саржандармен айтыс т. б. шығармалары көпке мәлім. Жасында мұсылман-

ша оқуды едәуір өндіріп оқыған соң, Көкбай әншілік, ақындыққа ауысады. Басында айтыс өлеңдерге де жиі араласып, ақындыққа ерте жеткен талапкер жастың бірі болады.



К. Жанатайұлы.

Бірақ жігіттікке жете бере қырдағы ән-өлең өнерін, сауатын тастап, Семей қ-на келіп, Кәмали хазреттің медресесіне түседі. Ұзақ жылдар сонда жатып мұсылманша оқу оқиды. Кейін Абай оны әзіл етіп молдалық пен сопылыққа беріліп, әсем әнінен, бозбалалықтан кетіп қалды деп сынайды. Көкбай туралы:

Сорлы Көкбай қор болды-ау,
Осыншадан құр қалып...–

дейді.

Жас өнерпаздың діндар медреседе имам, халфелердің алдында мүлгіп жүргенін жақтырмай айтқан.

Бірақ Көкбай медреседе өзінше көп оқып, үлкен молдалыққа жетіп алғаннан кейін Абайға келіп қосылады. Ел ортасындағы бір сайлаудың үстінде Семейдің сол күнгі оязы Көкбайдың үстінен түскен арыз бойынша оны жазаламақ болады. Сонда өнерлі, оқуы бар жігітті Абай аяп, кепілдікке алады. Осыдан соң Көкбай өмір бойы, Абай өлгенше оның іні-досы, шәкірті боп кетеді. Абай өлгеннен кейін бірталай жылдан соң, жасы ұлғая бастағанда, Көкбай қайтадан бұрынғы молдалығына ауысады. Ел ішінде медресе салып, бала оқытады. Бірақ молдалыққа ауысуымен Көкбай ақындық еңбекті тастамайды...

1924 жылдан бастап Абайдың өмірбаянын жазушыларға және барлық толық жинағын құрастыруға Көкбай барынша зор көмек еткен еді. Абайдан қалған мұраның қазақ оқушыларына толық жинақ боп құралып шығуына анық еңбек сіңірген кісінің бірі – Көкбай.

1909 ж. Кәкітай бастырып шығарған жинақ Абай еңбектерінің жарым көлеміндей ғана еді. Көкбай қолжазбада сақталған шығармалар ғана емес, өзінің жадында жүрген, біржола жоғалып кетуге мүмкін болған Абайдың өлеңдері мен кейбір шумақтар, жолдарды хатқа түсіртіп, ұлы ақынның өзге мұраларының қатарына қосты.

Онан соң Абайдың өмірбаянын толық етіп жазуда да Көкбай айтып берген материалдар аса көп еді. Олар құнды деректер болатын. Тек Көкбайдың Абай тұсында айтқан естелігі толық жазылмады. Бірақ 1933 ж. біз құрастырып жазатын алғашқы толық өмірбаянының көп фактылары Көкбайдың аузынан алынған.

Абайдың көп өлеңдеріне кейінгі толық жинақтарда беріліп жүрген қосымша түсінік, деректердің көптен-көбі және де сол Көкбайдың айтуынан алынған-ды...

Одан қалған жазбалардың саны өте аз ғана. Жас кезінде, Абай уақытында айтып, жазып жүрген өлеңдерін өзі көп ұқыппен жинамаған. Бірақ ол кезде Абай айналасындағы бар ақынның ішінде суырып салма, импровизацияға ең жүйрік ақын Көкбай болғаны даусыз. Сол талантын бағалап, Абай бұны өзі жазып жүрген алғашқы өлеңдеріне ие ғып шығарады.

Көп өлеңдерін өзі жазып, Көкбай атынан тарата-ды. Омбыдағы «Дала уәлаяты газетінде» басылған бірен-саран өлеңі де Көкбайдың атынан басылған. Абай бір өлеңінде:

«Сорлы Көкбай жылайды,
Жылайды да жырлайды...» –

дейтін жолдарда, анығында Көкбайды айтпай, өзін айтып отырған болады. Тек бертін келіп, «Жаз» өлеңін жазған соң ғана Абай барлық өзі шығарған өлеңдерін өз атына ауыстырып алады.

Көкбай Абайдан кейін 20 жылдан аса өмір сүріп, сол соңғы дәуірінде көп шығармалар жазады. Әсіресе баспаға шығып, бар оқушысына мәлім болған мұндай еңбектері зерттеушілер қолына түспегендіктен, Көкбайды бұл күнге шейін сыңаржақ түрде атап, танып келгеніміз бар-ды. Ал соңғы жылдарда Семей қаласындағы Абай атындағы музейдің зерттеушілері жинаған қолжазбаларға қарағанда біз Көкбайдың анық Абай мектебінің ақыны деген атақты ақтай алатын едәуір мол, елеулі шығармалары бар екенін көріп, біліп отырмыз. Тегінде, Көкбайдың анық айтқыш, талантты ақын екенін Абай өзі де өз шығармаларында бірнеше рет атап бағалап, аңғартып кеткен-ді. Ұстаз ақын Абайдың шығармаларына аты кірген шәкірт ақынның өзі де жалғыз ғана Көкбай болатын...

«Бұралып тұрып...» деген өлеңін де Көкбай досына әзіл-сын ретінде әдейі арнап айтады. Сөйтіп Абайдың өзі өз тілімен тірі шағында жақын ақыны есебінде атап кеткен Көкбай барын көреміз. Ал кейін Көкбай шығарған өлеңдерді алсақ, бұл жағынан да Абайды үнемі өзіне ұстаз, аға тұтқан Көкбай барын айқын танып отырамыз.

«Жәннатта жайың болғыр Абай құтып,
Қасында бос жүріпліз шатып-бұтып.
Осындай ен дарияны жайлағанда,
Тым болмаса қалмаппын қана жұтып...» –

деген жолдармен Көкбай да Абайдың ақындық ұясы мен бауырында өмір кешкен жан екенін жыр етеді.

Абай мектебінің кейіннен қосылатын елеулі, ірі талантты, үлкен ақынның бірі – Әріпке айтқан

сәлем сөзінде Көкбай тағы да Абай жайын толғайды:

«Семейге Абай келсе бізде думан,
Ән салып босамаймыз айғай-шудан.
Бас қосу, бақастасу, мәжіліс құру,
Секілді бір ғылымның жолын қуған.
Тарихтан неше түрлі Абай сөйлеп,
Өзгелер отырады аузын буған,

Бір барсаң мәжілісінен кеткің келмес,
Көкімдей Аплатон аңрап тұрған.
Келбетіне, біліміне лайықты,
Япыр-ау, мұндай адам қалай туған...» –

дейтұғын үзінділерде Көкбай ұстаз-ақын Абайдың қауымында жүрген басқа шәкірт-ақындардың да барлық шынын, дәл қалпын бейнелейді. Өзінің де үлкен ұстаз жанында өсіп келе жатқан анық етбауыр жақын дос екенін мәлімдейді. Абайдың өзі барда атын аузына жиі алатын Көкбай кейінгі ұзақ өмірінде де Абайды қадір тұтқан қалпынан жаңылған емес. Өмірінің соңғы кездерінде бір жалақор тап дұшпанына қарсы айтқан өлеңінде Көкбай және де Абайды аузына алады:

«Абай марқұм ескіге ермеуші еді,
Ескіні онша жақсы көрмеуші еді.
Жаңадан төте жолмен оқу шықты,
Сол қашан келеді деп шөлдеуші еді...» –

деген шумақта Көкбай ескі оқудың, мешіт-медресе ұстаудың керексіздігін айтқан. Өзі сол медресені жауып тастап, мұғалім арқылы жаңаша мектеп ашуға өздігімен жол бергенін білдірген. «Молдалықты тастады, мешітін жапты» деп Көкбайды ескі діншіл, реакцияшыл ақсақалдық ғұламалық көне жолға қайта тартқысы келген байшыл-ұлтшыл болған еді. Соның Көкбайды жалалап, қаралап айтқан сөзіне орай, Көкбай тарихтық жаңа ашық сананың, кең мәдениеттің жоқшысы боп сөйлейді. Және осы молда жаңағы байшыл-ұлтшылдан өзінің де, Абайдың да аулақ екенін саралап, айқындап ашып береді.

«Өзімнің жасым кәрі, көңілім жас,
Іштегі айтпаса да болады паш.
Абайдан құлағыма бұрын тиген
Дүние болады деп бір тайталас...
Түсіндім мен де сөйтіп жаңалыққа,
Жаспенен кіріспедім алалыққа.
Тура жол дүниедегі жалғыз-ақ сол –
Басқа жол іздегенмен табалық па?
Босаттым медресемді мұғалімге
Иесі сол берейін енді кімге?
Медресем балаларға орын болып,
Қағанағым қарқ боп тұр осы күнде...» –

деп келіп, Көкбай өзінің бұдан бұрын біраз уақыт молдалыққа түсіп кеткен кезеңін мүлде сынап, серпіп тастай алады.

Көкбайдың Абай жырлаған тақырыптарды өзіне тақырып етіп алып, Абай сынаған ру басы жуандарды, болыс билердей бұзақыларды, елүйтқысын бұзушы қанаушыларды дәл Абайша өткір сатирамен әйгілеп, әшкерелеп жырлағандарын білеміз. Осы қатарда Абай өлеңінде қатты сыналған Дүтбай болысқа Көкбайдың да Абайша қатты сыншы шабуыл жасап, жыр жазғанын еске аламыз.

«Дозаққа біреу кетсе Дүтім кетер,
Дүтім кетсе, Көкшенің көбі кетер.
Кісінетіп қара айғырды байлап қойып,
Артынан тоғыз биді күпілдетер...» –

деген жолдарда Көкбай азынаған айуандай Дүтбай болысты парақор тоғыз бимен қоса соққыға ұшыратады. Сол ретте «Семей саудагерлеріне» дейтін өлең, «Мұсажанға» дейтін өлеңі... Көкбайдың сол кездегі ел ішінде болған бұрынғы ақындардың бәрінен озған көрегендік танытқанын дәлелдейді. Бұл сипаттары да Абай мұрасының барлығын және ұлы ұстаз ақынның өмірбаянын кейінгі нәсілге түгел жеткізіп беруші болған тарихтық еңбегімен қатар Көкбайдың анық Абай шәкірті деуге толық татитын адам екенін баяндайды. *М. Әуезов.*

«КӨКБАЙҒА» – Абайдың өлеңі, қ. *«Бұралып тұрып...»*

«КӨКБАЙҒА» – Абайдың өлеңі, қ. *«Сорлы Көкбай жылайды...»*

«КӨКТЕМ» («В е с н а») – «Балауса» баспасынан 1992 ж. орыс тілінде жарық көрген суретті кітапша. Абай өлеңі «Жыл мезгілдері» деген айдармен басылған. Өлеңді аударған П. Шубин. Суретші М. Әлин жазғытұрғы ауыл көріністерімен көркем безендірген бұл кітапша мектеп жасына дейінгі балаларға арналған. Көлемі 1,55 б. т., 35 мың дана болып басылған.

«КӨК ТҰМАН – АЛДЫНДАҒЫ КЕЛЕР ЗАМАН...» – Абайдың 1896 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 9 шумақтан тұрады. Шығарма Абайдың адамдық, ақындық ақыл-ойы толысып, Шығыс пен Батыстан да аларын алып, аяғын төл мәдениет пен әлем мәдениетіне тең басып тұрған кезінде туған. Өлеңнің өзек еткен көкейкесті мәселесі – тіршіліктің мән-мағынасы, өтпелілік пен мәңгіліктің арақатынасы. Туындыдағы қанатты ой, ыстық лепті сезім, салқын сана сарабына, философ. парасатқа кәміл ұласқан. Тіпті өлеңде қиялдық келбет, фантастик. сипат та ұшырасады. Келер заманға үмітті сәуле етіп көп қадалған көз – болашақ барлаушысындай. Рас, ақын жылдар бойы көп күндерді айдап келе жатқан көк тұман арасынан келешек келбетін көріп, анық кескіндемейді. Ол уақытты да өткінші санап, тән мен жан арақатынасын саралауға кіріседі.

Ақыл мен жан – мен өзім, тән менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағынасы екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі.

«Іші – алтын, сырты – күміс, сөз патшасы» осынау өлеңнің мәйегі осы шумаққа шоғырланып, кешегі мен бүгінгі, болашақтағы тіршілікке сәуле түсіріп тұрғандай. Бұл тұрғыдағы ақынның ой толғағы, даналық пайымдаулары әлемдегі ең озық кемеңгерлермен үндесіп, даусыз ұлылықтың ұлағатын насихаттайды. Ол «Көп азығы – ғадәлет пен мархамат» жағында, бірақ халыққа әйтеуір көп қой деп илікпейді, оқушысын тек саналы, сапалы «бөлек көпке көмектесуге» шақырады. Себебі «саяз жүзер сайқалдар ғапыл қалар», хақиқат та, дін дағы» өмірдің тереңінде. Өлең 11 буынды қара өлең үлгісінде кестеленген. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Туындының басылымдарында аздаған текстол. өзгеріс-

тер кездеседі. 1933, 1939 жылғы басылымдарында 2-шумақтың 2-жолы **«Келер, кетер артына із қалдырмас»**, 4-шумақтың 3-жолы **«Әділет пен арлылық, махаббатпен»**, 8-шумақтың 3-жолы **«Ғадәләт пен мархамат ер азығы»** делінсе, бұл жолдар 1954, 1957, 1977 жылғы басылымдарға Мүрсейіт қолжазбалары, 1909 жылғы жинақ негізінде **«Келер, кетер артына түк қалдырмас»**, **«Әділеттік, арлылық, махаббат пен»**, **«Ғадәләт пен мархамат – көп азығы»** болып түзетілген. Сондай-ақ өлең Мүрсейіт қолжазбаларында «Адам ғапыл дүниені дер менікі» деп басталатын 6-шумағынан бастап бөлек туынды ретінде жазылған. Шығарма ағылшын, башқұрт, белорус, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр тілдеріне аударылған. *Б. Сарбалаев.*

КӨКШЕТАУ – Абайдың атасы Өскенбай биге ас берілген, қазіргі Семей облысы, Абыралы ауданындағы жер аты. 1851 ж. шілдеде Көкшетауда, Арғын ішінде Қамбарлар отырған Көкжайдақ деген жайлауға аға сұлтан Құнанбай алты алаштың баласын шақырып әкесіне ас берген. Үш жүзден астам үй тігілген ұлан-ғайыр ас үш күнге созылған. Өскенбай би асына 6 жастағы Абай да қатынасқан.

КӨКІРЕК КӨЗІ. Абайды түсіну үшін оның жүрегінің түбіне терең бойлай білу шарт. Өз заманынан озған, ұрпақтармен бірге жасасып келе жатқан жұмбақ жанның алтын сандығы сонда ғана ашыла түссе керек. Адамға жақсылық жасау жанына жат, жамандыққа келгенде жанып түсетін сотқарлары көп, сайрап жатқан оң жол былай тұрсын, соқпағы да жоқ жерде мыңмен жалғыз алысып өткен алыптың қасиетті тұлғасы жаңа ұрпақтармен бірге жасарып, зорая береді. Мыңмен жалғыз алысқан Абайдың қаруы, «сөз патшасы,- сөз сарасы» – өлең еді. Ол өлең арқылы адамның санасына сәуле түсіріп, адамды, адам арқылы заманды түзетпек болды.

Тіршілік тауқыметі қашан да бастан асып жатады. Оның ауыртпалығы кей адамның еңсесін езіп, жігерін құм қылады. Міне, сондайда бір мезгіл көңіл көтеріп, бой сергіту үшін ермек қылатын ертегі, аңыздар да, баяндайтын оқиғалары қызықты өлең-жырлар да керек. Бірақ Абайдың арманы ол емес. «Көкірегі сезімді, тілі орамды» жастарға үлгі беру. Бұған қарағанда ол өлеңді жалпыға арнап емес, сол жалпының ішінен бөлініп шыққан жалқыларға арнап жазған сияқты. Бұл сөзді тасыр ұқпай, талапты ғана ұға алатынын да ашып айтқан. Ол өлеңін негізінен «көңілінің көзі ашық» сергек жастарға арнаған. Абай – бұл жалғанда жалғыз ғана молшылық бар екенін, ол молшылық дегеніміз ақыл екенін жақсы білген ғұлама. Өйткені, жер басып жүрген жұмыр басты, екі аяқтылар арасында менің ақылым аз деп мойындаған пенде жоқ. Ендеше Абай сөзін олардың ақылын молықтыра түсуге, адасқан тұсын көрсетіп, оң жолға салуға арналған деп қарастыру ләзім.

«Мақсатым тіл ұстартып өнер шашпақ,
Наданның көңілін қойып, көзін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан, сауық ойда жоқ әуел баста-ақ...»

Жаратушы Құдай адам баласына жалған дүниенің жарығы – күнді, алқаракөк ормандар мен ақселеулі даланы, қарлы шыңдары аспанмен таласқан тауларды, ағысы қатты өзендер мен толқындары тулаған шалқар көлдерді, оларды мекендеген аңдар мен құстарды көрсін деп басына екі көз берген. Дүниенің сыртқы түрін көретін мұндай көз аңдар мен құстарда да, жан иелерінің бәрінде де бар. Адам болған соң олар бір-бірімен өзара қатынасып, қауымдастық құрған соң оның тіршілік заңдары – әдет-ғұрыптары қалыптасады. Адам қаншалықты көп болса да бір-біріне ұқсамайды. Сол сияқты олардың мінез-құлықтары да, іс-әрекеті де әр түрлі болып келеді. Осыған орай адамдар арасында алуан түрлі жақсылық пен жамандық жарыса жасалып жатады. Жақсылықтан қалай үйреніп, жамандықтан қалай жиреніп, безуге болады? Жақсы өмір сүріп, жақсы ұрпақ өсіру үшін кәсіп істеп, жер-анадан керегіңді ала білу керек. Кәсіптің де кәсібі бар. Бірі пайда берсе, бірінен еңбегің қайтпай, зиянға белшеңнен батып қаласың. Әр нәрсенің сыртқы түрі, ішкі сыры, мән-мағынасы бар. Өмір асау өзендей мың бұралып ағып жатыр. Оның түбінде не бар? Міне, солардың бәрін көріп, түсіну үшін бастағы екі көз жеткіліксіз. Замана ағымын өмірдің алуан түрлі құбылыстарын көкірек көзімен ғана көріп, санаға салғанда ғана түсінуге болады. Абайдың мақсаты да осы – қандастарының көкірек көзін ашу болған. «Мақсатым... наданның көңілін қойып, көзін ашпақ» деп жазғаны да сондықтан. Қазақтың көкірек көзі еркін ашылмағандықтан көрген қорлығы көп. Көшіп-қонуы көп, басқа кәсіпке уақыты да, құлқы да жоқ болғандықтан табысы тапшы, күн көрісі аса қиын болған. Ауызы тұшынып дәмді ас іше алмаған кедей-кепшік тамақ іздеп жалақтап, бір тойсам деп армандаумен күн кешкен. «Бір тойған шала байлық» деген сөз содан шыққа керек. Жасында уызға жарымаған, өсе келе тамақ тапшылығынан бір ішек болып қатып қалған адамның байлық туралы ұғымы бір тойғаннан әрі аса алмаған ғой.

«Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей,
Тоқ тұра алмас дәмдіден дәмді іздемей.
«Бір тойған шала байлық» деген қазақ
Ет көрінсе қайтеді күйсей бермей.
Еңбек жоқ, қаракет жоқ қазақ кедей,
Тамақ аңдып қайтеді тентіремей?
Ет пен қымыз сықылды ас жоқ дейді,
Ол немене тоқтықтың әсері емей.
Ет, қымыз тамақ болса әркімге арзан,
Тәтті, дәмді іздер ең одан да арман...»

«Бір тойған шала байлықтың» шығу, таралу, қазақ атаулының аузында жүру себебі бізге белгілі. Одан кейінгі «Ет пен қымыз сықылды ас жоқ дейді, ол немене жоқтың әсері емей» дегенді қалай түсінеміз? Барлықты, артықшылық, астамшылықты көрсетіп тұрған сөздің жоқшылықтың әсері болып шыға келгені қалай? Мал құралуы қиын да болмас. Малы тез өсіп, тез байығандар аз емес. Бірақ сол малды жазда жайып, қыста тебіндетіп бағатын жер қайда? Шөбі шүйгін, суы нәрлі жер атаулыны орыс отаршылдары тартып алған да казак-орыстар мен қара шекпендерді қоныстандырып қойған. Шөп шабайын, қысқа қам жасайын десе өнімді шабындығы жоқ. Азды тірнектеп жинап алуға мал соңына еріп салпақтауға әбден үйреніп алған қазақтың мойыны жар бер-

мейді. Өстіп жүріп он шақты жыл бойы ішпей-жемей жинаған малы бір жұтта жоқ болады. Содан кейін «ет қайда? Қымыз қайда?» деп кім сұрайды. «Бір тостаған қымызды кім береді?» деп жерошағынан түтін шыққан, күмпілдеп саба пісілген үйлердің тамағын аңдып тентіреумен күн өткізген. Ертеңгі, арғы күндерді көретін көкірек көзі ашылмаса, оның қамын ойлайтын, игі іске талаптандыратын санаға сәуле түспесе сөйтпей қайтеді. Еңбексіз, қаракетсіз қазақ кедей болмағанда басқа кім кедей болады. Демек, кедейлік дегеніміз жалқаулық, енжарлық, ынтасыздық, үй іші, ұрпақ алдында жауапсыздық, түптеп келгенде қылмыс екенін кім білген. Абай соны көзге шұқып көрсетіп, құлағына құйып, санасына сәуле түсіру арқылы көкірек көзін ашу үшін кедейге арнап айтып отыр. Көңіліне қарамаған:

«Еңбек жоқ, қаракет жоқ қазақ кедей,
Тамақ аңдып қайтеді тентіремей?..» –

деп, айыбын бетіне шыжғырып басқан. Солай. Ет пен қымыздан асқан тамақ жоқ деп жар салғанымыз өз алдына, оларға жететін де тамақ жоқ деп лепіріп жүргеніміз басқа тамақтың жоқтығын, бар болса оны алып ішіп-жеуді білмеген дәрменсіздігімізді айтып зар жылағандық деп ұғынсақ жарар. Одан әрі Абай:

«Ет, қымыз, тамақ болса әркімге арзан,
Тәтті, дәмді іздер ең одан да арман...» –

деген ғой. Осы бір жолдарды қайталап оқып, оған көкірек көзімен қарасақ көп сыр аңғаруға болады. Адамзат қауымы екі емшекті тел еміп ержеткен. Оның бірі мал емшегі де, енді бірі жер емшегі. Қазақ мал емшегін емуді жақсы-ақ білген. Малдың сүтін ішіп, етін жеген. Қойдың жүнінен киіз басып, үйін жапқан, Сол жүннен үй жиһаздарын жасаған. Киім-кешек тіккен. Бір сөзбен айтқанда барлық тіршілігі, күн көрісі малға байланысты болған. Жаз жаңбырлы, жер көк, қыс жұмсақ бола берсе жақсы ғой. Ондайда мал күйлі де, ақ мол. Қазақ тоқ. Жаз қуаң, қыс қатты болды дегенше мал жұтқа, қазақ аштыққа ұшырайды де. Сыңар емшекке қараған халық жалғанда жарымай, көп өмірін мұқтаждықта өткізеді екен. Ал жер емшегі дегеніміз қожырауды, суалуды білмейтін құнарлы да сенімді емшек. Ол қанша тер төгіп, қанша еңбек сіңірсең соншалықты иіп тұрады. Арпа, бидай қабыңды да, қамбаңды да толтырып, дастарқанның берекесін келтіреді. Алма, алмұрт, жүзім, шие... т. б. тәтті жемісті жер емшегін еме білген адам ғана жей алады. Ет пен қымыз дәмді ас екені даусыз. Солардың үстіне жоғарыда айтылған жер ырыздығы – арпа, бидай тағамдары, жеміс-жидектер қосылса, нұр үстіне нұр деген осы емес пе. «Одан да әрман» іздейтін тәтті дәм осылар ғой. Абайдың пайымдауынша жер емшегін ембесең, аузың асқа жарымайды, ел болып жұрт қатарына қосыла алмайсың. Өз үйіңде күнде тойып ішетін тамақ жоқтықтан ас берер ауылды іздеп тентіреумен күндерің босқа өтіп жатады. Абай қазақ халқының ғана емес, адамзат санасында қалыптасқан ұғым, түсініктерге сын көзімен қарап, оған жалпы адамгершілік тұрғысынан лұғатты баға берген. «Ескендір» дастанында дүние жүзі ұлы қолбасшы, ұлы мемлекет қайраткері, данышпан патшалардың данышпаны деп аруағына бас иген. Ескендір Зұлқарнайын – Александр Македонскийді ол замандастарына мақтан сүйгіш, қызғаншақ, даңғой, нәпсіге құл болған ашкөз, қанішер деп таныстырды. Оның шапқыншылық жорықтарының жолында кездескен алтын қақпа күзетшісінің аузына ақын мынадай сөз салады:

«Батырмын» деп мақтанба ақыл білсең,
Батыр болсаң өзіңнің нәпсіңді жең...»

Абайдың пайымдауынша, адамның адамшылығы өз бойындағы жаман пиғыл, құлықтарымен – нәпсімен күрес үстінде көрінеді. Нәпсіңді жеңе алмай ерік берсең ол саған не істетпейді. Өтірік те айтқызады. Ұрлық та қылғызады. Ашықтанашық сабырлық жасаттырып, әлсіздің сыбағасын тартып алғызады. Озбырлардан қол жинаттырып, алыс-жақын көршілеріне шабуыл жасаттыратын да сол. Талау, тонауға ұшыраған ел күйзеледі. Қатын жесір, бала жетім қалып зар илейді. Нәпсінің құлы қаншама адамға қасірет шектірген жеңістерінің буына мастанып, батыр атанады. Абырой, бақыт таптым деп мәз болып жүреді. Ал шын мағынасында бұл батырлық емес, барып тұрған қанышпезерлік болып табылады. Қазақ тарихында аты аңызға айналған батырлар көп. Олар туған жерін, елін жоғарыда айтылғандағыдай озбырлардың қанды шапқыншылығынан қорғаған. Солармен қатар өзінің қазағын, көрші аталар мен руларды шапқан, адамын өлтіріп, дүние мүлкін тартып алған, жылқысын айдап әкеткен батырлары да аз болмаған. «Нәпсіңді жең» дегенде Абай осындай батырлықтан сақтандырған. Алыс-жақын көрші жұрттар, жалпы адам атаулымен тату тұруға, бейбітшілікке үндеген. Абай осылай батырлықтың шын сырын ашып, оған жаңа ұғым берді. Адамды азғындық жолға түсіретін нәпсіні жеңген адам ғана батыр бола алатынын Ескендір өмірінен алынған мысалмен дәлелдеді. Бір сөзбен айтқанда нәпсіні жеңген адам ғана ізгі жолда адал жүріп, адал тұра алады. Ақын әрбір адамға осындай батырлық керек деген ой тастайды. «Нәпсіге тыю салу» үлкенді-кішілі басшыға қойылатын басты талап екенін «Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек...» деп басталатын өлеңінде де еске салады. Ақынның жастарға арнаған «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат...» деген насихат өлеңінде халқымыздың көкірек көзін ашарлық көп сыр бар.

«Қатының сені сүйсе, сен де оны сүй,
Қоржақ, суық келеді кей сасық ми...» –

деген жолдарды ой көзімен оқып көрейікші. Қазақтың бәрі болмаса да көпшілігі әйелді өзіне тең тұтпай, кемсітіп ұстаған. Сынықтан сылтау тауып қатынын ұрсып-жекіп, сабап тастауды кей жігіт өзінше бір ерлік көріп, мақтаныш санаған. Абай заманында әйелдің қадірін біліп, оны қорғайтын, сыйлайтын адам аз да, «қоржақ, суық, сасық ми» көп еді. Ақын сол бір жексұрын қылықты өткір өлең тілімен әшкереледі. «Ері ақылды, әйелі мінезді» болса үйдің іші ұядай жылы болатынын, үй-ішінің рахатты өмір кешетінін санаға сіңетіндей етіп нақпа-нақ айтып береді. Жеке адам ғана емес, ұлттар мен ұлыстардың парасаттылық дамуы да осы көкірек көзінің ашылуына байланысты. Бұл тұрғыдан алғанда Абай заманында қазақтың қай деңгей-

де болғаны айтпасақ та түсінікті. Мешеуліктің басты бір себебі қара танымаған кезде ғана емес, құлақтың құлқында деп білген ақын сол мінді түзетуге күш салды. «Көңілсіз құлақ, ойға олақ» деп дұрыс тыңдай білмеген адамның не жақсы, не жаман екенін ұға алмайтынын, құлақ көңілді болмай санаға сәуле түспейтінін, көкірек көзінің ашылуын қиындатып, ойлау күшін тежейтінін оңай жатталып, жадында жақсы сақталатын асыл сөзбен еске салды. Ала білу мен бере білуді тең ұстау, зорлық-зомбылыққа қатаң тыйым салған әділетті қоғам болу үшін оның әрбір мүшесінің көкірек көзі ашық, жақсылыққа құштар жаны ізгі болуға тиіс. Сондықтан да Абай: «Атымды адам қойған соң, қайтып надан болайын» деп кесіп айтқан. Адам болған соң оның надан болуы кешірілмес айып деп білген. Жаратушы құдайынан тілегені, бар арманы туған халқының көкірек көзін ашып, надандықтан құтқару болған. Адам дегенді Абай жеке адам емес, қауым, қоғам, тұтас ұлт пен ұлыс деп түсінген. Ұлттың адамзат көшінде өзіне лайықты орын алып, замана талабына сай өркендеуі үшін белгілі адамдар тобының надандықтан құтылып, парасатты азамат болуы жеткіліксіз. Ұлттың өзгелермен терезесі теңелуі үшін оның ұлттық сана деңгейі көтерілуі шарт. Жалпы ұлт жетілмей, қараңғылық тұманы басып тұрғанда талаптылардың көбін сол тоғышарлық құрдымы тартып кетеді. Осыны көкірек көзімен көре білген ақын жоғарыда мысалға келтірілген өлең жолдарынан кейін «халқым надан болған соң, қайда барып оңайын» деп күйінішін айтып кеткен. Адаммын деп жүрген әрбір азаматқа ұлт деңгейін көтеру үшін оның көкірек көзін ашуға қызмет ет деп өсиет қалдырған. Абай қазақтың өткенін жақсы білді. Өз заманының құбылыстарын терең түсінді. Ұлттық пиғыл, әдет-ғұрыпты «құлақтан кіріп бойды алар» өлең жолдарымен өрнектеп, болашаққа жол сілтеді. Туған халқының болмыс-бітімін бейнелеп, тайға басылған таңбадай көрсете отырып, көкірек көзін ашуға бар күшін, өнерін жұмсады.

С. Әсіпов.

«КӨЛЕҢКЕ БАСЫН ҰЗАРТЫП...» – Абайдың 1900 ж. жазған филос. терең мазмұнды өлеңі. 4 тармақты, 6 шумақтан тұрады. Заңғар көкке жол салып, ұясына қонуға бет алған, көкжиекке иек артқан күннің, көлеңке басын ұзартатыны секілді, адам баласының да «тіршілік базарынан оралар шағында» «күңгірт көңіл» шырмауына оралып, «сұрғылт тартқан бейуақпен сырласатын» сәті болады. Ақынның «Алыстан сермеп...», «Жартасқа бардым, Күнде айғай салдым, Одан да шықты жаңғырық» дегеніндей, көкірек көзі ояу, жан сырын ұғар адамның мүлде аз екеніне күйірене қамыққан, салып өттім деген жолының **«қу соқпақ»** болғанына налыған, тынысы тарылып, түйыққа тірелген көңіл-күйі өлеңнің өн бойынан сыз тартып тұрғандай. Тыңдаушысын таппай, «Адасқан күшік секілді. Ұлып жұртқа қайтқан ой» кімді таппақ, кімді иландырмақ. Есік пен төрдей ғұмырдың «не тындырдың» деген сауалына «Ермен шықты, ит қылып, Бидай шашқан егінге», енді менің кінәм не деп ақталады ақын. Ақтала отырып, өз жоғын таба алмаған, өкінішпен өмір кешкен сыңай танытады.

Өлең 7 буынды шалыс ұйқаспен жазылған. Алғаш 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Туынды басылымдарында бір ғана текстол. өзгеріс кездеседі. Мұрсейіт қолжазбаларында, 1909, 1939, 1954 жылғы басылымдарда 6-шумақтың 3-жолы **«Жай жүргенді өрт қылып»** деп алынса, 1945, 1957, 1977 жылғы жинақтарда бұл жол **«Жай жүргенді уерд қылып»** болып берілген. Сондай-ақ 1939, 1945 жылғы жинақтарда өлеңнің жазылған кезеңі 1895 ж. деп көрсетілген. Туынды ағылшын, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр тілдеріне аударылған.

И. Хасенов.

КӨНЕРГЕН СӨЗДЕР – өзінің алдындағы Бұхар, Дулат, Махамбет сықылды ақындармен салыстырсақ, К. с. Абай өлеңінде өте аз. Абайдан жүз жыл, елу-алпыс жыл әдебиет майданына бұрын шығып, бұрын өмір сүрген ақындардың өлеңдерінде К. с. кебірек кездесуі түсінікті де. Мұның негізгі себебі – Абайдың жаңалықты көксеген, прог. ақын болғандығы. Абай өлеңдеріндегі архаизм дегендеріміздің өзі де бүгінгі күннің мұнарасынан қарағанда болмаса, ол өмір сүрген кезде көпшілігі әлі К. с. дәрежесіне жетпеген сөздер деп айтуға болады.

«Ойланып ойға кеттім жүз жылғы өткен» деп басталатын өлеңіндегі: **«Шидем шекпен»**, **«Ақсақ»**, **«Жарғақ шалбарым»**, **«Пұшпақ тымақ»**, **«Жезді пыстан»**-дарды ақын өзінен жүз жыл бұрынғы нәрселер еді десе де, бұл сөздер ол кезде жұртқа әлі түсінікті, қолданудан қалмаған сөздер болатын.

«Тас **дулыға**, тас **сауыт** киінгенім,
Денемді қысып жатыр бүгін менің...»
«Қақпаны ашайын деп **хан** ұмтылды,
Тұтқасын олай-бұлай қатты жұлды...»

«Кейбірі **пірге** қол берген,
Іші залым, сырты **абыз**.
Кейбірі **хажыға** барып жүр.
Болмаса да **хаж парыз**».

«**Шалма** ораған **сопының**,
Ішін арам демеймін».

Біз бұл жерде қазақтың өз сөзі деген сөздермен, бірен-саран басқа тілдерден кірсе де, әбден төл бала, қазақтың «өз сөзі болып» кеткен сөздерді ғана алдық. Мыс., **«Абыз, парыз, сопы (сұпы), пір, хажы»** деген тегі шет тіл: парсы, араб сөздері болғанмен, бір кезде қазақтың бәрі білетін, «төл бала» болып кеткен сөздер. Сондықтан оларды да қазақтың өз сөздерінің қатарында К. с-ге кіргізіп отырмыз. Абай өлеңдерінде: **«Дат, дулыға, сауыт, шақпақ, дәндеку, ақ шомшы, шөншік»** тәрізді ғана сөздер болмаса, үзінді келтіріп отырған өлеңдердегі **«шалма, дүре, дүр»** деген сөздер де Абай өмір сүрген кезде К. с. емес, тек қазір ғана оларды К. с. деуге болады.

Қ. Жұмалиев.


«КӨҢІЛ ҚҰСЫ ҚҰЙҚЫЛЖЫР ШАРТАРАПҚА...» – Абайдың 1896 ж. жазған өлеңі. Көлемі 38 жол. 1897 және 1898 жылдарда Абайдың өзге өлеңдерімен қатар тапқан тағы бір тың тақырыбы бар. Ол – қазақтың әніне арналған өлеңдері. Біреуі – «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа», екіншісі – «Құлақтан кіріп бойды алар». Осы аталған әрі терең толғаулы, әрі әсем және бар сапасы бөлек соны шығармалар

қазақтың әні мен күйіне арналған. Бұл да қазақ поэзиясында бұрын жекеше баға беріп, әсіресе Абайша үлкен эстетик. ойшылдық баға беріліп, қозғалған тақырып емес. Абай бұл жайға өзінің ірі суретші, ойшылдық тұрғысынан қараумен, өз ақындығының қаншалық кең құлашты екенін көрсетеді. Анығында, өз тұсы мен өзіне шейінгі замандағы қазақтың қоғамдық, шаруашылық, үй ішілік, ой-саналық, тіл – өнер тудырғыштық, тірлік – барлық – барша тақырыптарын Абай түгел шолады. Осындайлық өзі берген деректер мен мұраларына қарап біз Абайды анық өз заманындағы қазақтың заттық, әлеум. және рухани тіршілігінің энциклопедиясын берген дана классик деп, толық бағалай аламыз. Екінші айтылатын бір жай: Абай өз халқының тілі мен өнерін, анық халықтық қазыналық қасиетті жақтарын аса зор бағалаған. Оны сан рет өлеңге арналған шығармаларынан бір көрсек, осы тұста елінің ән-күй қазынасына арналған шығармаларынан, әсіресе, тағы да толық танимыз. Мынау өлеңдерде Абайдың еске алып отырғаны – жалпы ән емес, қазақ халқының өзінің әні. Солай екенін «...Көбінесе ән басы келеді ашы, «Кел, тыңда» деп өзгеге болар басшы, Керім толғап, тауысар қоңыр-күңгір, Сол жеріне ойыңмен араласшы» дегенінен байқаймыз. Бұл анық қазақ әнінің әуелі зор шырқаудан басталатын ерекше түрін еске алады. Ақын сол өз халқының әнін өзгеше ыстық көңілмен сүйеді. Көп уайымнан, ұлы дертті ойларынан қазақ әні мұны айықтырып, сергіткендей болады. Кейде шабытсыз, қанағатсыз, толықсыған жүрек сезіміне де ән қуат беріп, қайта оңалтқандай болады.

«Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,
Үннің тәтті оралған мәні оятар,
Кейі зауық, кейі мұң, дертін қозғап,
Жас балаша көңілді жақсы уатар...
Мұңмен шаққан, оралған тәтті күйге,
Жылы жүрек қайда бар қозғалармық?..
Жақсы әнді тыңдасаң ой көзіңмен,
Өмір сәуле көрсетер судай тұнық...
Жарамды әнді тыңдасаң, жаның еріп,
Жабырқаған көңілің көтерілер...»

Міне, осы айтылған ән мен күйге кезектеп берген бағалар, Абайдың өз өлеңіндегі музыка қазынасына, тіпті барлық басқа өнер мұраның бәрінен де артықша, биік орын бергенін байқатады. Халқының әнін Абай өзінің мұңдасы етеді. Ойына, азаматтық еңбегіне қанат бітіретін сенімді серігі есепті санайды. Ақын жарқын жүзді, жақсы шырай мен жалынды шабыт табады, жабырқаған көңіліне ем етеді. Бірақ онда да сынсыз шұлғымайды. Тағы да шыншыл, ойшыл ақын әннен әнді қатты талғап айырады: «... Әннің де естісі бар, есері бар, Тыңдаушының құлағын кесері бар, Ақылдының сөзіндей ойлы күйді, Тыңдағанда көңілдің әсері бар», – деуменен бар дүниеге ойлана, сынап қарайтын ақын ән мен күйге де шарттар қояды. *М. Әуезов.*

Өлең 11 буынды қара өлең үлгісінде жазылған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1909, 1954 жылғы жинақта 5-шумақтың 3-жолы **«Керім толғап, тауысар күңгір-күңгір»**, 1933, 1939, 1945 жылғы жинақтарда **«Керім толғап, тауысар қаңғыр-күңгір»** болса, 1957, 1977 жылғы басылымдарда, Мүрсейіт қолжазбалары негізінде бұлжол **«Керім толғап, тауысар қоңыр-күңгір»** деп қабылданған. Мүрсейіт қолжазбаларында, 1909 жылғы жинақта 7-шумақтың 1-жолы **«Білімдіден аяма сөздің майын»**, 1933 жылғы басылымда **«Білімдіден аямай сөздің майын»** делінсе, кейінгі жинақтарда **«Білімдіден аяман сөздің майын»** деп алынған. **«Жаманға «жар» деген-ақ ән көрінер, Жақсы ән білсе айтуға кім ерінер? Жарамды әнді тыңдасаң, жаның еріп, Жабырқаған көңілің көтерілер»** деген соңғы шумақ ақынның кейін жарық көрген басылымдарына (1933, 1939, 1945, 1957, 1977) кіргізілген. Бұл шумақ Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы жинақта жоқ. Туынды ағылшын, араб, әзербайжан, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, түрікмен, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған.



Нота. (Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа).

Абай «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа...» өлеңіне ән шығарған. Абай халықтық музыка өнеріне аса зор баға бере, халық әнінің эстетик. көркем жағын да, әлеум. мәнін де жақсы түсіне білген. Көңілді өсіретін есті, әсерлі әсем әнді жоғары бағалап, көңіл күйі болып туатын, ой-сананы оятатын, жүрек сезім-қылын қозғап тебірентетін әнді және оны дәл нақышына келтіріп, әсемдетіп, әсерлетіп, төгілтіп сала білетін әншіні өте бағалаған. Осы тұрғыдан «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» әні ерекше шығарма. Әнді 1935 ж. комп. Л. Хамиди белгілі әнші Ә. Ысқақовтан жазып алып, нотаға түсірген. Әннің әуен-сазы халық сарынында қалыптасып, қара өлең арнасына түсіп, дәстүрлі 4+3+4 өлең мен 3+4+4 өлшем ырғағы кестеленіп, араласып отырады. Әннің интонациялық, ырғақтық, дамуымен байланысты мажорлық ладта әуен-саз қалыптасады да, халық әні «Сүржекей», Біржан салдың «Телқоңыр» әндерімен сарындас келеді. Муз. ырғақ ұзақтығының топтасуы – келесі ән өлшемін құрастырады: 5,4; 3,4; 3,4; 5,4; 2,4; 5,4; 5,4; 5,4. Әннің мелодиялық-речитативтік екпініне байланысты төрт әуездік сөйлем жүйесіне түркі халықтарына тән «асқақ ырғақ» кеңінен орын алады.

Қ. Жүзбасов.

«КӨҢЛІМ ҚАЙТТЫ ДОСТАН ДА, ДҰШПАННАН ДА...» – Абайдың 1886 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 11 шумақтан тұрады. Қазақ сахарасында екі жақты езгінің мүлде шегіне жетіп, капиталистік сауда қатынастарының

ене бастауына байланысты ескі мен жаңа арасындағы күрестің күшейіп, ру тартысының белең алған кезінде туған. Сол тұстағы сайлаулар барысында патша әкімдері мен іштен шыққан атқамінерлердің әділетсіздігі, көрсеткен зорлық-зомбылығы қазақ елін қатты күйзелтті. Халқына төнген осы ауыр нәубет азамат Абайдың ыза-кегін күшейтіп, ақындық шабытына қамшы басқан. 40-тан асқан ақын бұл өлеңінде өз тағдырына сүйеніп бірсыпыра ойлар түйеді. Дос та, дұшпан да, алыс та, жақын да алдап кетті. Қолынан бірдеңе келетін кезде жеміңді көрген тауықтай айналшақтап жаныңнан шықпайтындар ақсаңқырап, қалпағың қисайған кезде бұлтты күнгі жоқ боп кететін көлеңкедей таптырмай зытты. Мұндайда қасыңда табан тіреп тұрып қалатындар аз болады екен.

Саналы жан жоқ, жұрттың есіл-дерті ұрлық-қарлық. Елде сөзді ұғар, мейір түсер, көңіл қуанар ештеңе де, ешкім де қалмағанын айтады. Туындыда Абай сол тұстағы әр қилы ортаның, алуан түрлі адамдардың жай-күйін бақылап, олардың ішкі арман-аңсарына үңіліп, психол. сарындар танытады. Бәрінің де мүшкіл тіршілігін: малының қызығын көре алмай, оны ұрлап, із жоғалтып, әуре болып жүр десе, бірде саудагерлер де тыныштықпен саудасын жасай алмай, қолдан бергенін қайтаруға зар болып жүргенін көрсетеді. Енді бірде ел сырттан айтып, топта танған арсыздардан жай мезі болып жүр десе, тағы бірде надандар жұрттың азғанына мұңаймай жүр, күпілдектер ала жылан, аш бақа боп үлкендерден ұялмай жүр деп налиды. М. Әуезовтың айтуынша, Абай осы тұстан «халқының қалың көпшілігі – орташа шаруаның жоқшысы, жаршысы бола бастайды». Сондай-ақ біреулердің билікте табан тіреп тұра алмауы, ұры-қарының көбеюі, телітентектердің заң алдында сұралмауы, туған-туысқандардың бір-бірінің сөзін құп алмауы, құда, жекжат, дос-жаран, қатын-баланың бірқалыпта бола алмауы, жұрттың көбінің не пайдалы, не залал екенін біле алмауы, шаруаның не жаз жайлауда, не күз күзеуде, не қыстауда оңалмауы, жасы кішілердің үлкеннен ұялмауы, тіленшектердің нәпсісін тыя алмауы ақын назарын аударған. Сондықтан бұл өлеңді саяси лирикадағы дидактикалық сатира деуге болады. Бұл сорақы сұмдықтарды айтқанда Абай қайраткерлік қажыр танытып, азаматтық үнін естіртеді. Сол моральдық сорақылықтарға ем іздеуші ретінде көрінеді. Осыдан ақын «қалың елі – қазағының» қайраткері болып таныла бастайды.

Өлеңнің бастапқы 3 шумағы -а, -а, -б, -а түрінде өзінше ұйқасқан да, қалған шумақтар жыр, толғау үлгісінде келетін шұбыртпалы бір-ақ ұйқаспен жазылған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Өлең 1909 жылғы жинақ пен Мұрсейіт қолжазбаларын салыстыру негізінде 5-шумақтың 3-жолындағы «айтып» – «айтқан», 6-шумақтың 4-жолындағы «ұлықтан» – «үлкеннен», 7-шумақтың 2-жолындағы «тыя алмай» – «қыра алмай» деп алынып, ақынның кейінгі жинақтарына енгізіліп жүр. Туынды орыс, өзбек, тәжік, түрікмен, қырғыз, қарақалпақ, ұйғыр, татар тілдеріне аударылған. Ақынның бұл өлеңіне комп. С. Мұхамеджанов, Е. Рахмадиев, А. Ахметжанов ән-романстар жазған. *Т. Қожакеев.*

«КӨҢІЛДІҢ КҮЙІ ТАҒЫ ДА...» – Абайдың 1900–01жылдар аралығында М. Ю. Лермонтовтың «Измайл-бей» дастанынан тәржімелеген үзінді өлеңі. Аударма әрқайсысы 4 тармақты 4 шумақтан тұрады, көл. 16 жол. Өлеңнің соңғы шумағы түпнұсқада жоқ, Абайдың өзі қосқан сияқты. Өлең 8-9 буынды шалыс ұйқас өрнегімен кестеленген. Алғашқы рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Туынды басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Мұрсейіт қолжазбаларында, 1909 жылғы жинақта 1-шумақтың 1-жолы «**Көңіл** күйі тағы да» болса, кейінгі басылымдарда бұл жол «**Көңілдің** күйі тағы да» ретінде алынған. 1939 жылғы басылымда 1-шумақтың 2-жолы «**Өмірдің** жанның алды **ішің**» болып берілсе, қалған басылымдарда – «**Өмірсіз** жанның алды **ішін**».

1945 жылғы Абай шығармаларының толық жинағында осы өлеңге берілген түсініктемеде:

> Сөз болсын ескі ер сөзі,
> Кейінгіге қалынсын, –

дегендегі Абайдың «ескі ер» сөзі деп отырғаны «Ескендір» дастаны болуы керек» деген жорамал айтылған. Олай десек, дәл осы екі жолдың алдында:

> «Жанымның жарық жұлдызы,
> Жамандық күнде жарымсың», –

деген сөздер тағы бар. Сонда «жарымсың» деп кімді айтып отыр дейміз? Лермонтов суынған көңілімді шабыт билеп, өтіп кеткен махаббаттан қалған елес-сағымды өлең қылмақпын дейді ғой («превращает в песнопенье тоску, развалину страстей»). Лермонтов осы сезімін Измаилдың жақсы көрген, бірақ қолынан шығарып алған черкес қызы Бараны сағынуын бейнелеу арқылы аңғартады. Абайдың өлеңіндегі «жарымсың» деген сөз Лермонтовтың бұрынғы махаббатын сағынған сезімін білдірген сөздерге сәйкес шығады емес пе? Олай болса, «ер сөзі» дегені сол Измаилдың ерлігі дастан болып кейінгіге жетсін деген мағына береді. Ендеше бұл жерде ойда жоқтан «Ескендір» дастанын әкеліп қыстырудың және оның өзін атамай, жұмбақтап айтып отыр деудің ешбір қисыны жоқ. *З. Ахметов.*

«КӨҢІЛІМ МЕНІҢ ҚАРАҢҒЫ. БОЛ, БОЛ, АҚЫН...» – М. Ю. Лермонтовтың «Еврейская мелодия» атты өлеңінің 1892 ж. Абай тәржімелеген туындысы. Көл. 8 жол. Абай түпнұсқаның:

> «Душа моя мрачна. Скорей, певец, скорей!
> Вот арфа золотая:
> Пускай персты твои, промчавшися по ней,
> Пробудят в струнах звуки рая.
> И если не навек надежды рок унес,
> Они в груди моей проснутся,
> И если есть в очах застывших капля слез –
> Они растают и прольются...-

деген алғашқы сегіз жолын ғана тәржімелеген. Лермонтов өлеңі Байрон шығармасының ізімен жазылған. Тақырыбы Таураттан алынған («Саул патшаның Дәуітке айтқаны»). Өлеңнің «Еврей сарыны» («Еврейская мелодия») деп аталуы да сондықтан. Түпнұсқаға сай «бейістің

үні шығар» деген сөз де діни сарынға байланысты. Ал шығарманың басты идеясы – ақынның өлеңді кеудеге толған қайғыны, зарды жас етіп төгіп, бойды жеңілдетіп, сөнген үмітті қайта тұтандыратын зор қуат-күші бар деп қарауы – өлең сөзді қастерлеуі.

Туынды 11 буынды қара өлең ұйқасы өрнегімен кестеленген. Алғашқы рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі» атты жинақта жарияланған. Өлең басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1945 жылғы басылымда 2-шумақтың 2-жолы **«Керек қой көңілді үміт тербентпесе»** делінсе, кейінгі басылымдарда 1909 жылғы жинақ бойынша бұл жол **«Керек қой көңілді үміт тебірентсе»** болып түзетілген.

З. Ахметов.

КӨРКЕМДІК ӘДІС. Абай поэзиясында кең өріс алған көркемдік әдіс – реализм. Бұл әдіс өмір шындығын неғұрлым терең, жан-жақты көрсетуге мүмкіндік береді. Айналадағы өмірдің өзін тереңдеп ұғып-түсінуге, күнделікті жайларды, қарапайым адамдардың бейнесін суреттеуге бет бұру – бұл реализм әдісінің бағалы жағы еді. Ф. Энгельс реализм әдісі жеке дерек-жәйттердің шындығын былай қойғанда, типтік характерлерді типтік жағдайда алып суреттейтінін атап көрсетті. Реализм әдебиетте, көркемөнерде бұқара халықтың өмірін неғұрлым мол, шыншылдықпен бейнелеуге жол ашты. Халықтық әдеби дәстүрлермен байланыс бұрынғыдан әлдеқайда күшейе түсті. Осының нәтижесінде әдебиет пен көркемөнердің халықтық сипаты арта түсті.

Орыс әдебиетінде реалистік әдіс А. С. Пушкин шығармалары арқылы қалыптасып, М. Ю. Лермонтов, Н. В. Гоголь, И. А. Гончаров, И. С. Тургенев, Л. Н. Толстой, Ф. М. Достоевский, А. П. Чехов сияқты жазушылардың шығармаларында жан-жақты дамыды. Кейде реалистік әдіспен жазылған шығармаларда шыншылдық пен сыншылдық араласып келгенде сыншыл реализм деген ұғым да қолданылады. Абай шығармаларына тән К. ә-тен реализмнің де, сыншыл реализмнің де сипат-белгілері молынан көрінеді. Абайдың өмірді, адамды суреттеуі барынша шыншыл да терең. Қандай құбылысты, адамды болса да ол қоғамдық, әлеум. тамырын, маңызын аша суреттей отырып, оның адам үшін, қоғам үшін пайдалы, зиянды жақтарын айқын көрсетеді. Міне, бұл ерекшелік Абайдың өмірді суреттеу тәсілін жаңаша қалыптастырды, әдебиетте сыншылдық бағытты орнықтырды, мұның бәрі, сайып келгенде, әдебиетімізде сыншыл реализм әдісінің туып, қалыптасуы еді. Бұл бүкіл көркемдік танымымызға Абай әкелген жаңа сапалық өзгерістердің бірі және негізгісі.

Абай әдебиетті идеялық, көркемдік жаңа биікке көтере отырып, оқушысына идеялық, эстет. тәрбие беруді, басқаша айтсақ, әдебиеттің «өмір оқулығы» ретінде атқаратын қызметін арттыруды бірінші мәселе етіп қойды. Жастарды озық мәдениетке, өнер-білімге, адал еңбекке шақырып, оның бойында шынайы адамдық қасиеттерді тәрбиелеуге, жамандықтан қашып, жақсылыққа ұмтылуды қалыптастыруға тек өресі биік әдебиет қана атсалысатынын ақын терең түсініп, өзі өмір бойы сол жолда ізденді. Абай әдебиетке мүлдем жаңа міндет жүктеді. «Түзетпек ем заманды» деп, әдебиеттің өмірді дамытуға, түзетуге, өзгертуге шешуші үлес қосуын, белсенді қызмет етуін, идеялық-көркемдік құрал дәрежесінде биіктеуін уақыттың үлкен талабы ретінде ұсынды. Абайдың реалистік әдісі әсіресе адамның типтік бейнесін суреттеуден айқын аңғарылады. Ең алдымен Абайдың адам мен қоғам жайындағы тұжырымы – қазақ топырағындағы жаңа көзқарас. Абай адамды белгілі қоғамдық өмірдің жемісі, нәтижесі ретінде қарады, оның қимыл-әрекетін, психологиясын, моральдық келбетін өмірге, әлеум. тұрмысқа байланыстыра қарап, бағалап бейнелейді. Мыс., Абай өлеңдерінен нешетүрлі байдың әлеум. тип дәрежесіне көтерілген жинақталған бейнесін бүкіл іші-сыртымен көз алдымызға келтіреміз. Солардың бірі «Өз малын өзінікі дей алмай, күндіз күлкі, түнде ұйқысы» бұзылған бай. Бұл кәдімгі бір жағынан патша үкіметінің билеуші әкімсымақтар, екінші жағынан, ел ішіндегі би, болыс, төрелер тарапынан екі жақты қыспаққа ұшырап, есі шығып, өз малын өзі билей алмай әлекке түсіп, жапа шегіп жүрген сасық бай. Немесе Абайдың болысын алайық. Бұл да Абаймен замандас, 19 ғ-дың 80–90 жылдарының болысы. Ол ата-бабасынан ел билеген феодал, шынжыр балақ шұбар төс емес, билікке малымен, байлығымен қолы жеткен, қулығы байлығынан да басым сұм-сұрқия, пысық жан. Оның ел билеу тәсілі, адамдармен қатынасы алдау-арбауға, әлдіге келгенде шыбындап, әлсізге келгенде қырындауға негізделген. Абай мұндай билеушілер басқарған ел ісінің оңға баспайтынын үлкен көркемдік шындық, идеялық түйін ретінде ұсынады. Абай адам бейнесін қоғамдық орнына, мұддесіне, сол мұддеге жету жолындағы ішкі сезімі мен айла-тәсіліне байланысты жасады. Ол өз заманындағы сан түрлі әлеум. топтардың барлығын да осы тұрғыдан терең зерттеп көре де, бейнелей де білді. Қожа, молда, ауылнай, жүзбасы, еңбексіз мал таппақшы пысық, амалын тауып күн көрмек епті, «бұзылса елдің арасы, мал таппаймын демейтін» қулар, қулықты ат-шапаннан кем көрмейтін даңғой, дарақы, той-думаншы бозбала, еңбексіз еріншектер т. б. ақын шығармаларынан кең орын алып, өздеріне ғана тән типтік жағдай, типтік сипаттарымен көрінеді. Ақын осыншама сұм-сұрқия адамдар мен олардың өзара қатынастарынан құрылған қоғамдық тұрмыстың тозығы жетіп, ескіргенін өз шығармашылығының бүкіл рухымен дәлелдейді. Абай шығармаларында халықтың өмір-тұрмысы, мінез-құлқы, іс-әрекеттері, ғұрып-салты, өнегесі, өнері, қоғамдық өмірдің сан-алуан қайшылықтары жан-жақты, толық, асқан көркемдік шеберлікпен бейнеленген. Абай шығармашылығы өз дәуірінің көркем шежіресі болумен қатар халықтың алдағы күннен күткен арман-тілегінің де көрінісі. Өйткені ақын шығармаларына, өз кезінің ең озық талап-мүдделері мен идеяларын арқау етті, олардан оптимистік ерекше сенім мен қуат, нәр алды, бүкіл болмысы-

мен жарқын келешекке қарай ұмтылды.

әдеб.: Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – А., 1959; Абай тағылымы (әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер). – А., 1986; Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – А., 1973.

З. Ахметов.

КӨРКЕМДІК ИДЕЯ. Абайдың орасан зор ақындық қуат-күші өз шығармаларында қазақ өмірінің ең маңызды әлеум. мәселелерін көтере білуінен, қоғамның алдыңғы қатарлы өкілдерінің ой-арманын, түбегейлі мүддесін терең ұғып, сезіне білетіндігінен айрықша айқын көрінеді. Ақынның *«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...»*, *«Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек...»*, *«Алыстан сермеп...»*, *«Ғылым таппай мақтанба...»*, *«Болыс болдым, мінеки...»* секілді таңдаулы көркем туындыларының қайсысын алсақ та оларға идеялық арқау болатын келелі мәселелер – білімге, адал еңбекке, әділеттілікке шақыру, надандықты, артта қалу кесепатын айыптау, алауыздық пен керіс-тартысты, өкімет билігін теріс пайдалануды әшкерелеу екені бірден байқалады. Және осы идеялар ақын шығармалары тақырыбының ең басты күрделі мәселелеріне жалғасып, солармен тұтасып, халықтың тағдыры, бүгінгісі мен келешегі, поэзияның өмірдегі алатын орны туралы ойларымен сабақтас өріледі. Өйткені Абай поэзиясының басты тақырыптары, идеялық нысанасы ұлы ақынның әлеум. прогресс үшін, халықты өнер-білімге жеткізу үшін күресу мақсатынан туады. Халықтың ауыр тағдырын, өмір-тұрмысын ерекше шеберлікпен, нанымды көрсете отырып, Абай халықты қоғамдық асыл мұраттарға жетуге ынталандырады. Абай поэзиясының идеялық құндылығы алдымен айналадағы өмір, болмысты, қоғамдық құбылыстарды мейлінше кең қамтып, нақтылы бейнелеуінен, ел тағдырына, өміріне қатысты ең маңызды әлеум. мәселелерді халықтық мүдде, озат арман-мақсаттар тұрғысынан толғай білуінен танылады. Әрине, поэзиялық шығармадағы ой-пікір ақын көзімен көріп білген, өз көңілімен сезінген өмірдегі нақтылы жағдайлардан алған әсерлер түрінде туған идея болып келеді. Жалпылама жағдайға қатысты қорытынды – түйін, ақыл-кеңес, насихат болса да, ақынның көңіл күйіне сабақтастырыла айтылады. Яғни поэзиядағы идея шығарманың көркемдік қасиетімен тығыз байланысты болса, ал көркемдіктің, ақындық шеберліктің өзі озат идеялылықпен ұштасып жатады. Ақынның шығармаларының қай-қайсысында да өмір шындығы әр қырынан көрінетінін, алынған тақырып, айтылған ой, идея ақынның көңіл күйі, жан сезімі әр түрлі нақтылы көркемдік шешімін табатынын ескеру керек. Шынайылық тұрғысынан да, идеялылығы тұрғысынан да әр поэзиялық шығармаға әр түрлі өлшеммен келіп, жанрлық, тақырыптық, композициялық өзгешелігіне сәйкес талап қойсақ болады. Ал енді Абай шығармашылығын тұтас алып қарап, оның танымдық мәні, шыншылдық қасиеті, идеялық құндылығы неде дегенде, жеке шығармаларға тән сипат – белгілерге ғана емес, барлық шығармаларына ортақ ең басты өзгешеліктерге назар аударған жөн. Бұл орайда ақын поэзиясының қоғам өмірімен, халықтық ұлттық ой-санасымен тығыз байланысы, тамырластығы және оның өмір құбылыстарын биік адамгершілік идеалдары тұрғысынан шебер бейнелеуге негізделген зор танымдық, көркемдік, тәрбиелік мәні алдымен айтылуға тиіс. Ақын бүкіл бір тарихи дәуірдің тынысын айқын аңғартып, аса маңызды әлеум. мәселелерді терең толғайды. Осы кең мағынасында Абайдың барлық шығармасынан заман шындығын, сан алуан өмір құбылыстарының кескін-бейнесін айқын көре аламыз.

З. Ахметов.

КӨРКЕМ КЕРАМИКА – қолданбалы сәндік өнерінің тәжірибелік (ыдыс аяқ, ойыншықтар, тұрмыс бұйымдары) немесе балшықтың әр түрінен мех. әдіспен, қолмен жасалған, соңынан арнайы сурет салынып, ою-өрнектер ойылып жапсырылып т. б. жұмыстары қолмен істеліп, күйдірілген бірыңғай сәндік (мүсіндер, сувенир т. б.) бұйымдардың жиынтығын құрайтын түрі. Кейде К. к. туындылары белгілі бір оқиғалардың құрметіне ескерткіш ретінде немесе сән ретінде портреттерді, сахналық, жанрлық суреттерін, әсем көріністерді бейнелеу т. б. мақсаттарға арналады. Қазақстан мұражайларында Абай Құнанбаевқа арналған К. к-лық бұйымдардың бірқзы сақтаулы. Қазақстан Республикасының мемл. орталық музейінің қорында 2 сәндік құмыра (қыш, шыңылтыр, тұздар, оймыштау) тұр. Бірінің бүйірінде шеңбер ішіне Абайдың портреті салынып, «Талап, еңбек, терең ой, Қағанат, рақым ойлап қой. Бес асыл іс, көнсеңіз» деген өлеңі жазылған. 2-құмырада – ақын портреті мен поэзияның ерекше нышандары – кітап пен қаламұш, лавр жапырақтары бейнеленген. Ортасына Абай портреттері салынған қабырғаға іліп қоятын 2 табақша да (2-де қыш, шыңылтыр, тұздар, оймыш, дм. 46) сонда сақтаулы. Бұл бұйымдардың барлығы да қазақ ою-өрнегімен әсем безендірілген. Оларды 1940–50 ж. Алматы керамик. станциясының (бүгінде Алматы эксперименталды көркем керамика заводы) негізін салушы керамист-суретшілер А. Т. Никитина мен И. Н. Белокурский жасаған. Суретші В. М. Сотниковтың «Абай әуендері ізімен» деген панно-керамикалық триптихі де осы заводта дайындалған. Ақынның шәбересі Мәкен Абайдың мемл. қорық-музейінің 50 жылдығына Абайдың портреті салынған табақша (1990, авторы белгісіз, қыш, шыңылтыр, тұздар, дм. 48) сыйлады. Жоғары көркемдік деңгейде жасалған бұл аталған шығармалардың барлығы өз уақытының маңызды материалдық құжаттары болып табылады.

Н. А. Полонская.

КӨРПЕБАЙ Боранбайұлы (1828–1904) – ақынның замандасы, тоғыз құмалақшы. Тобықты ішіндегі Көтібақ руынан шыққан ауқатты адам. Жидебай өңіріндегі Ши бойын мекендеген. Абай аулымен жиі араласып тұрған. Абай кейде жеке, кейде басқа ойыншылармен бірге шақыртып алып, тоғызқұмалақ ойнаған.

КӨР ХАН, Гурхан, Гөрхан – Қарақытай мемлекетін (1140–1203 ж. ш.) билеушілердің лауазымы. Оның негізгі ордасы Хосун-Орду (Күшті Орда) Шу өзенінің бойында орналасқан. К. х-дардың елдің экономикасы мен ішкі саяси өміріне айтарлықтай ықпалы болмаған, тек халықтан алым-салық жинаумен шектелген. Қытайда К. х-ды Шыңғыс хан әскері талқандағ-

ан. Абай өзінің *«Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы»* атты еңбегінде: «Әуелде Көр ханды өлтіріп, ұйғыр жұртын алыпты, одан соң Азияның тереңіне шейін еріп барса керек» деген дерек келтіріп, қазақтардың Азияға жету тарихынан мағлұмат береді.

КӨШБИКЕ – Абай соққыға жығылып, сайлау өтпей қалатын жер атауы. Шыңғыс тауының (қазіргі Семей обл., Абай ауд.) Құндызды елді мекеніндегі Көшбике бұлағының бойын К. деп атайды. Мұқыр болысының ел билеушілері 1898 ж. маусым айында Мұқыр елінің болыс сайлауына қатысу үшін К-де Абайды ұрмақ болып, Абайдың үстіндегі киімін жыртып, өміріне қастандық жасаған. Осындай өрескел оқиғадан соң Мұқыр болысы сайлау құқығынан айрылып, Көшбике жиыны таратылған.

КӨШЕРБАЕВ Бердіәлі Айдарбекұлы (1954 ж. т.) – суретші-дизайнер. Музей дизайны саласында жұмыс істейді. Ол Абайдың Семейдегі респ. әдеби-мемориал. музейі экспозициясы жобасы авторларының бірі. Музей экспозициясы жобасында Абайдың ақындық әлемін көрсетуді негізге алып, Абай дәуірінің тарихи шындығын, уақыт тынысын беруге көңіл бөлген.

КРАФТ РУТ (нақты фам. – Б у с е н и у с) (1920 ж. т.) – жазушы. 1970 ж. Қазақстанда болып, «Алатау баурайындағы достар» очеркін («Нойе дойче литератур», 1970, № 8) жазды. Онда автор Абай жөнінде бірқатар мәліметтер келтіріп, неміс ақыны И. В. Гетенің «Бақташының түнгі әні» өлеңін аударғанын (М. Ю. Лермонтов арқылы), сондай-ақ оған өзі ән де шығарғанын айтады. Абай шығарған «Қараңғы түнде тау қалғып» атты бұл ән-өлеңнің әуені халықтарды бір-біріне жақындастырып, достық қарым-қатынас жасауға үлкен қызмет атқаратынын атап көрсеткен.

КРЕСТОВСКИЙ Игорь Всеволодович (1893–1976) – мүсінші. РСФСР-дің еңбек сің. өнер қайраткері, проф. «Абай портретін» (1960, гипс, Павлодар обл. көркемөнер музейі қоры), «Абай» (1960, мрамор, Шымкент обл., Абай колхозындағы ескерткіш), «Абайдың мүсін ескерткішін» (1968, бетон, ақынның туған жерінде) жасады. «Абай портреті» ақынның өз тұлғасынан едәуір қомақты етіп сомдалған. Осы еңбегі автордың Абай туралы басқа жұмыстарына негіз болған.

КРИВОЩЕКОВ Леонид Данилович (1922 ж. т.) – жазушы, ақын, аудармашы. Оның «Құс қайтқанда», «Көгілдір көктем», «Қарым-қатынастар», «Дүниенің таралуы» т. б. жыр жинақтары, «Алаулы шеңбер», «Барлаушының сағаты» романдары оқырманға жақсы таныс. «Сүйінші» атты таңдамалы өлеңдер жинағы қазақ тілінде жарық көрген. Ақын Абайдың «Көңлім қайтты достан да, дұшпаннан да...» деген өлеңін орыс тіліне аударған.

КРУТИЛЬНИКОВ Николай Иванович (1896–1961) – суретші, график, педагог Кескіндеме өнері саласында жұмыс істеді. ҚазССР-інің халық суретшісі. Ол салған Абайдың портретінде (1945, қатты қағаз, акварель) ақынның далада тас үстінде кітап пен қалам ұстап отырған сәті бейнеленген.

КРЫЛОВ Виктор Александрович (1838–1906) – орыс драматургі. Оның «Ағысқа қарсы», «Уақыт талабына сай», «Жаңұя», «Надя Миронова», «Уланған өмір» т. б. драмалық шығармалары, «Тентектік», «Еркетай», «Бұзақы», «Жазғы қиял» т. б. комедиялары кезінде сахнадан түспеген. К. өлең де жазған. Ол Г. Э. Лессингтің өлеңмен жазылған «Данышпан Натан» туындысын аударған. Абай драматургтің А. Рубинштейннің музыкасына жазған «Жаралы жүрек» деген романсын аударған (қ. *«Мен көрдім ұзын қайың құлағанын...»*). Бұл шығарманың түпнұсқасын тауып, Абай өлеңімен салыстырып, оның аударма екенін анықтаған – абайтанушы-ғалым З. Ахметов. Қазақ ақынының сол кезде орыс қауымына драматург ретінде мәлім К-тың беймәлім романсын тауып алып аударуы Абайдың ақындық аясының қаншалықты кең болғандығын танытса керек.

Т. Барақұлы.

КРЫЛОВ Иван Андреевич (1769–1844) – орыс жазушысы, драматург, көрнекті мысалшы ақын. К. есімі орыс жұртшылығына күлдіргі-сықақ жанрдағы шығармалары мен мысалдары арқылы белгілі болды. Ол әсіресе мысал жанрында орыс әдебиетін жаңа сатыға көтеріп, әлемге есімі танылды. Әдебиеттегі сын-сықақшылық жолын сахналық туындылардан бастаған К. «Кофе ұнтақтағыш» күлдіргі операсын, «Филомела» трагедиясы мен «Құтырған үйелмен», «Жиһазды дүкен», «Қыздарға өнеге» комедияларын, «Каиб» повесін жазды. Өзі өмір сүрген қоғамдық құрылыстағы кеселді құбылыстар мен керітартпа тіршілікті, зорлық-зомбылықты, адамдар мінездеріндегі олқылықтар мен қарым-қатынастарындағы кереғар қайшылықтарды, ұры-қары, жатып ішер жалқау, алаяқ, жемқор, мақтаншақтарды сынға алып, әшкере етуді мақсат еткен сатиралық «Рух жаршысы», «Көрермен» журналдарын шығарып тұрды.

Ақындық жолында негізінен реалистік шындықты ту еткен Абай орыс ақынының мысалдарынан өзі күнде көріп, зығырданын қайнатып жүрген қазақ ауылындағы жат қылықтар мен өрескел надандықты жеріне жеткізе әшкерелеп, әжуа, мазақ етудің қуатты құралын тапқандай. Табиғатында тілінің ілмешегі бар, әзіл-сықаққа бейім Абай, енді сонау Эзоп, Федр, Лессинг, Лафонтеннен бері қарай келе жатқан уытты да ұтымды, оқырман қауым тез ұғынып, жеңіл қабылдайтын қарапайым сюжеттерді айызы қанған сезіммен аударуға кіріскен. Өйткені хайуанаттар тіршілігі, солардың өзара айтыс-талас түріндегі қысқа әңгімелері арқылы қазақ жұрты ішінде де бел алған біраз кемшілік-кесапаттардың бетін ашуға, ел арасындағы атқамінер пысықайлардың, қотанындағы аз малдың буына семірген, бос кеуде мақтаншақтардың, жақсы мен жаманды ажырата алмайтын көп наданның, әкімдер алдында бас изеуден басқаны білмей шыбындаған жарамсақтардың, «Үйден үрген итке ұқсап» бас пайдасы мен «шен-шекпен үшін туған халқын талауға әзір жылпостардың кеселді қылықтарын әшкерелеуге мүмкіндік мол екенін көре білді. Бұрын қазақ арасына көп тарай қоймаған бұл жаңа жанр тыңдаушыны оқыс сюжетімен қызықтыра түсетінін түсінді. Олар

ауызша айтуға да, жаттауға да жеңіл.
Абай К-тан барлығы 13 мысал аударған. Рас, олардың барлығын бірдей бірыңғай таза аударма деу де қиын. Ақын көп ретте К. мысалының жалпы мазмұнын алады да, өзінше еркін баяндайды. Абайда дәл, көшірме-аудармадан көрі сарындас-аударма басым. Ақынның бұлайша еркін кетуіне орыс әдебиетіндегі мысал жанры мен қазақтың мысал-өлеңінің жанрлық, техникалық ерекшелігі себеп болса керек. Абай мен К. мысалдарын сан қайтара оқып, алыс-жақын қасиеттерін, көркемдік, мазмұндық, стильдік айырмашылықтарын салыстыра зерттеген М. О. Әуезов осы айырмашылықты ап-айқын етіп көрсетіп берген: «Ал, анық әдебиет жүйесінің көзімен қарағанда, орыс әдебиетінде мысал (басня) стих (өлең) емес. Ол өзі бөлекше жанр. Оның жол өлшеулері өлеңге тән өзгешеліктей боп шумаққа да бөлінбейді. Әр кезде сөйлеп айтатын ауызша әңгіме, халықтық әңгіменің нақышты, ырғақты қара сөзіне бейім келеді. Қысқа қайырылған, өте мазмұнды жауаптасу, қағысулар оқиғалы желіге құрылады.
Ал Абай мен Алтынсарин немесе басқа қазақтың аудармашылары болсын, бәрі де Крылов мысалының осы ерекшелігін дәл бермеген. Қазақша аударылуда орыс әдебиетінің бұндайлық бөлекше жаңа жанры қазақшада бөлекше жанр тудырмайды. Кейбір аудармалар қазақтың төрт жолды шумағы бар 11 буынды өлеңімен аударылған.
Абай мен Алтынсарин жеті-сегіз буынды жыр алуандас өлеңмен айнымас өлшеуге бағындырып, қысқа жолмен аударады. Сол себепті сырттай салыстырып қарасақ та, мысалы, Крыловтың «Ворона и лисица» дейтін шығармасы жиырма алты жолға бөлінсе, Абай мен Алтынсаринде елуден аса жолдан құралады. Крыловтың мұраларының оның әңгімесі мен сатиралық-әжуалық ең қымбатты ішкі мәнін алады да, Абай оның сыртқы түр өзгешелігін көп құнттамайды» (М. О. Әуезов. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. – А., 1967, 201-202 б.). Осыған қарағанда Абай да, Алтынсарин де қазақ оқырманы үшін мысалдың өлең түріндегі нұсқасы қажеттірек, ұғымдырақ деп есептеген болулары керек. Олар қазақ жұртына қара сөзден гөрі дәстүрлі өлең түріндегі мысалдардың тез тарап, тез жатталатынын ескергені сөзсіз.
Әуезов Абайдың К-тан аударған 5 мысалын ерекше жоғары бағалаған. Олар: *«Есек пен бұлбұл»*, *«Қарға мен бүркіт»*, *«Шегіртке мен құмырсқа»*, *«Піл мен қанден»*, *«Түлкі мен қарға»*. Ал қалған 8 мысалды қатты сынап, оларды Абай аудармасы болмауы мүмкін деген күдік айтқан. Бірақ, сөйте тұра, К-тың 13 мысалын Абай аударған мысал-өлеңдер ретінде өзі дайындап бастырған 1933 жылғы жинаққа, одан кейін тікелей өз басшылығымен әзірленген ақын шығармаларының 1957 жылғы екі томдық толық жинағына енгізген. Оның үстіне бұл мысалдар Абайдың 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген тұңғыш жинағы мен Мүрсейіт қолжазбаларында Абай аудармасы деп көрсетілген. Сондықтан ақынның Әуезов сынаған 8 мысалын кейінгі жинақтардан шығарып тастауға әзірге ешқандай негіз жоқ.
Жоғарыда көрсетілгендей, Абайдың К-тан жасаған аудармаларын шартты түрде көшірме-аударма және сарындас-аударма деп екі топқа бөлуге болады. В. Г Белинский К. мысалдарын өлеңдік өрнегіне, шеберлік сипатына қарай: а) өсиет (мораль), ақыл-кеңес айтуға, ә) өсиет аралас ақындық шабытпен жазылған, б) шынайы көркем туындылар деп бөлсе, Абай өсиетшіл мысалдарға көп көңіл бөлмеген. Сол сияқты К-тың үшінші топтағы аса көркем туындыларына да онша бой ұрмай, көбіне екінші топтағы шығармаларын аударған. Оның басты себебі бұл мысалдардың қазақ өміріне тақырып, мазмұн жағынан неғұрлым жақынырақ тұрғандығында болса керек. Өйткені, Әуезов айтқандай, К. мысалдарының «ең қымбатты ішкі мәнін ғана алып», өзінше, басқа түрмен, төл туынды дерлік дүние жазған Абайды орыс мысалшысы шығармаларының көркемдік шеберлігін жеткізе алмаспын деп қауіптенген болуы керек деп айыптай алмаймыз. Қайта, керісінше, кейбір мысалдардың қазақша нұсқасы түрлік, мазмұндық жағынан жетіле, байи түскенін көреміз. Ақын өзі аударған мысалдардың көпшілігіне түпнұсқада жоқ сөздер мен тіркестер, тұтас көріністер баяндалатын шумақтар қосып, толықтырып, байытып отырған. Мыс., «Есек пен бұлбұл» мысалында К. әңгімені бірден есек пен бұлбұлдың кездесуінен бастаса, Абай түпнұсқада жоқ:

«Тойған есек шөпті оттап маңайдағы,
Сонырқап шатқа кетті қай-қайдағы.
Қаңғырып өлкені өрлеп келе жатып,
Жолықты бір бұлбұлға тоғайдағы...» –

деген жаңа шумақпен бастайды. Алдымен Есектің тойып, көңілі тасып, өзіне өзі риза болып, ерекше бір мамыражай күйде ерігіп келе жатқанын білдіру арқылы оның сұлу ән, ғажайып әсем үн тыңдау үшін емес, әшейін ермек үшін сөз бастағанына көз жеткізіп алады. Мысалдың түйіндеуі де өзгеше. Абай К-тың бір жолдық тұжырымын бұлбұлдың өте табиғи, бір шумақтық сөзімен аяқтайды. Осындай өзгешеліктерді екі мысалшының *«Жарлы бай»*, *«Шегіртке мен құмырсқа»*, «Қарға мен бүркіт» мысалдарынан да көреміз. «Қарға мен бүркітте» К. қашан да үлкен ұры құтылады, кіші ұры тұтылады деген ойды айтпақ болса, Абай бұл тұжырымды әлдеқайда кеңейтіп, салмақтандыра түседі. Алайда әңгіме ұрлық туралы емес, әркімнің әлі, күш-қуаты туралы, оның қоғамдағы орнын танытады.

«Азат басың болсын құл,
Қолдан келмес іске ұмтыл», –

деп тұжырымдайды ол. Сол сияқты «Бақа мен өгіз» мысалын да әңгімені тікелей оқиғадан бастайтын К. шығармасында жоқ төл шумақпен өрбітеді де, орыс ақынының қоғамның әр түрлі топтары бірдей бола алмайды деген пайымдауын жиып қойып, мысал-өлеңін «босқа таласып, қолыңнан келмейтін іске ұмтылма» деп түйіндейді. Кәдімгі «Аяз әліңді біл» деген халық санасына әбден сіңіп, ережеге айналған, бұқара түсінігіне тонның ішкі бауындай жақын философия.
Абай К. мысалдарын аударып, орыс мысалшысының есімін қазақ халқына таныстырып қана

қойған жоқ, надандық пен зорлық-зомбылыққа, адам мінезіндегі жат қылықтарға қарсы күресте қуатты құрал ретінде пайдалана отырып, оны жетілдіре, байыта, ұштай түсті. Көп ретте орыс мысалшысының шығармаларымен сарындас-аударма жасап, төл туынды дерлік өлеңдерді дүниеге әкелді. *Т. Рсаев.*

КСЕНЕФОНТОВА Татьяна Васильевна (т.-ө. ж. б.) – Абайдың замандасы. Күйеуі Ксенефонтов Ысқақ Құнанбайұлы Қызылмола болысын басқарғанда соның хат тіркеушісі болып қызмет атқарған. Абай Семейге келгенде осы кісінің үйінде жиі болған. К. Мағауия, Кәкітай, Ғабидолла үшеуі түскен суретті, өзінің Абай туралы естеліктерін 1950 ж. музейге тапсырған.

«ССРО ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ОЙЫ ТАРИХЫНЫҢ ОЧЕРКІ», «Очерки по истории философской и общественно-политической мысли народов СССР» – 2 томдық академ. еңбек. 1955–56 ж. орыс тілінде жарық көрген. Жалпы редакциясын басқарған – Г. С. Васецкий т. б. Кітаптың 2-томындағы «19 ғ-дағы Қазақстан мен Орта Азия халықтарының қоғамдық-саяси және философиялық ойы» атты 31-тарауында 19 ғасырдағы қазақтың аса көрнекті ағартушы-демократтары Ш. Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаевтардың қоғамдық-саяси, филос. көзқарастары қаралған. Авторлар – Н. Жанділдин мен Е. И. Шехтерман ақын өлеңдері мен ғақлияларын талдай келіп, таным тұрғысынан алғанда Абай көзқарастарының негізі материалистік болғанын дәлелдейді. Ақынның философ. көзқарасындағы қайшылықтар дінге деген екі ұдай көзқарасынан туғандығына тоқталады. Мақала Абайдың шығармашылығы мен дүниетанымындағы қайшылықтарға, бір ізділіктің жоқтығына қарамастан, қазақ халқының алдыңғы қатарлы мәдениеті мен қоғамдық ойын дамытуда үлкен қызмет атқарғанын көрсете білген. Кітап көлемі 56 б. т., 20 мың дана болып басылған. *М. Әбішева.*

КУГУЛЬТИНОВ Давид Никитович (1922 ж. т.) – ақын, қоғам қайраткері. Қалмақ автономиялық республикасының халық ақыны, Соц. Еңбек Ері. Оның «Жастық жырлары», «Ой көзімен», «Алтын жүрек», «Дос көңілін жықпай», «Кемел шақ», «Өмір және ойлар» т. б. жыр жинақтары жарық көрген. «Тыңнан тұңғыш жол салған» атты мақаласында (Семей таңы, 1985, 10 тамыз) Абайдың ойшылдық тұлғасына, ақындық жаңашылдығы мен эстетик. талғамына тоқталады. «Замандасым» өлеңдер жинағы үшін РСФСР Мемл. сыйл., «Апрель әуені» жыр жинағы үшін ССРО Мемл. сыйл. берілген.

КУДАШЕВ В. А. (т.-ө. ж. б.) – князь. Қазақ халық әдебиетінің үлгілерін жинауға атсалысқан. К. қазақ әдебиеті мұраларын Садуақас Мұсаұлы Шормановтың қолжазбасынан көшіріп алып, «қырғыз әндері мен аңыздарының аудармасы» деген атпен (1897) С.-Петербургтегі геогр. қоғамның архивіне тапсырған. Онда Абай өлеңдері де бар. Қолжазбаның фото-көшірмесі Абайдың Семейдегі әдеби-мемориал. музейінде сақтаулы.

КУЖЕЛЕНКО Ольга Дмитриевна (1911 ж. т.) – суретші. Кескіндеме саласында жұмыс істейді. Ол «Абай және жатақтар» (1944, майлы бояу, кенеп, сақталған орны белгісіз) картинасын жазды. Авторда сақталған осы жұмыстың нобайында (майлы бояу, картон) Абайдың киіз үй сыртында айналасындағы адамдармен әңгімелесіп отырған кезі бейнеленген. К. кейінірек «Абай әні» (1954, кенеп, майлы бояу, Қазақстан Республикасының мемл. өнер музейі қорында) жұмысын жазды.

КУЗНЕЦК – Ресей Федерациясындағы қала. Абай «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген тарихи еңбегінде қырғыздардың шығу тегі туралы: «Біздің қазақтар... Кузнецкідегі қалмақтарды «білеуіт» дейді. Менің ойым: осы «білеуіт», «брут» бір сөзден шыққан деймін, о да қырғыздардың нәсілі болмағы тағ емес», – деген тұжырым жасайды.

КУКУРУЗА Сергей Васильевич (1906–79) – суретші, педагог. Графика саласында жұмыс істеді. Ол «Домбыра ұстап отырған Абай» (1951, жеке адамның меншігінде), «Абай Құнанбаев» (1954, И. Райымбергеновтың меншігінде),



Абай Құнанбаев. С. В. Кукуруза. 1954.

«Абай дала төсінде» (1954, жеке адамның меншігінде), «Абай атындағы опера және балет театры» (1957, Қазақстан Республикасы мемл. өнер музейі қорында) атты тақтайға салынған портрет, гравюралардың авторы. «Абай Құнанбаев» атты портретінде көшіп бара

жатқан бұлт арқылы ақынның көңіл-күйіндегі толқыныстарын бейнелеген. *Л. Плахотная.*

КУЛИЕВ Қайсын Шубаевич (1917–85) – ақын. Оның «Армысың, арайлы таңым», «Менің көршілерім», «Аңғарлар жыры», «Кешқұрым», «Дән және жұлдыз» т. б. жыр жинақтары, «Қыс кезі еді» романы жарық көрген. К. шығармалары қазақ оқырмандарына да кең таныс. Ол Абай өлеңдерін ден қоя оқып, үлгі тұтқан. К. «Қымбат мұра» мақаласында («Қазақ әдебиеті, 1971, 5 қараша) Абай поэзиясын қазақ әдебиеті жаңа дәуірінің басы деп бағалады. Ал ақынның туғанына 140 жыл толуына орай жазған «Поэзия батыры» атты мақаласында: «Орыстар үшін Пушкин қандай болса, ағылшындар үшін Шекспир қандай болса, грузиндер үшін Руставели қандай болса, қазақтар үшін Абай да сондай теңдесі жоқ ғажайып құбылыс... Ол поэзияның батыры, құдіретті ақылы, қуатты таланты», – деп жазды («Семей таңы», 1985, 10 тамыз). К-ке «Жаралы жартас» жыр кітабы үшін РСФСР Мемл. сыйл., «Жер дастаны» өлеңдер жинағы үшін СССР Мемл. сыйл. берілген. *С. Қалуов.*

КУЦЕНКО Петр Евлантеевич (1940 ж. т.) – суретші, мүсінші. Монументті мүсін мен сәндік қолөнер саласында жұмыс істейді. Ол Қарағанды обл., Егіндібұлақ ауд., Абай атынд. с-здағы 1968 ж. орнатылған «Абай» ескерткішінің авторы (бетон). Онда ақын қолына кітап ұстаған қалпы, бүкіл тұлғасымен бейнеленген. Ескерткіш мүсіннің дәлдігімен, көлемінің ыңғайлылығымен, айқын портреттік ұқсастығымен ерекшеленеді.



Абай ескерткіші. П. Е. Куценко. 1968.

«КҮЗ» – Абайдың өлеңі, қ. *«Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан...»*

«КҮЗ» («О с е н ь») – «Балауса» баспасынан 1992 ж. орыс тілінде жарық көрген суретті кітапша. Абай өлеңі «Жыл мезгілдері» деген айдармен басылған. Өлеңді аударған – А. Гатов. Суретші М. Әлин күзгі ауыл көріністерімен көркем безендірген бұл кітапша мектеп жасына дейінгі балаларға арналған. Көлемі 1,49 б. т., 35 мың дана болып басылған.

«КҮЙІСБАЙҒА» – Абайдың өлеңі, қ. *«Дүғай сәлем жазамын Күйісбайға...»*

КҮЛБАДАН Абайқызы (1862–1932) – Абайдың бәйбішесі Ділдәдан туған қызы. Оны Абай жас кезінде Семейге орыс мектебінде оқытқан. К. Дүтбай Уандықұлының інісі Дүйсекеге тұрмысқа шыққан. Дүйсеке өлген соң К-ды әмеңгерлік жолмен Дүтбай алған. К. Дүйсекеден – Хамза, Дүтбайдан – Мүкен, Мұхтар, Муштар, Мәкен, Қадиша деген балалары тараған. К. туралы мәліметтер Абайдың Семейдегі әдеби-мемориал музейі қорында сақтаулы.

КҮЛЕЕВ Бернияз (1899–1923) – ақын. Ақынның өз шығармашылығының кей мезеттерін атамастан бұрын мынадай бір жайды айта кету шарт. Қазақстан Оқу халық комиссариаты Абайдың өлеңдер жинағын даярлауды Берниязға тапсырады. Осыған даярлық ретінде ол «Ақ жол» газетіне арнайы мақала бастырады. К-тің өз айтуынша ол Абайдың тұңғыш жинағына енбеген өлеңдерін толық қамтуды, оның қарасөздерін енгізуді, ақын өміріне байланысты иллюстрациялар беруді, өмірбаянын толықтырып, кеңінен қамтып жазуды мақсат етеді. «Абай кітабын бастыру маған тапсырылғандықтан, мен жәрдемді шеттегі азаматтардан сұраймын. Тізбегін әдемілеп, емілесін түзету сияқты ұсақ-түйегіне мұқтаж болмасақ та, түсіп қалған жерлерін қосып, қарасөзін һәм басылмай қалған өлеңдерін тіркеп, тәржіме халін толықтыруға қиналып тұрмыз». Бұдан біз К. Абай мұрасын жинап бастыруға айрықша еңбек сіңірген деп қорытынды жасаудан аулақпыз. Бірақ оның Абай шығармаларымен мол таныс болғаны дау туғызбаса керек. Бұған тіпті К-тің өз өлеңдері де куә бола алады. Ол бірталай өлеңін Абай өлеңдерінің үйқас, өлшемдерімен жазған. Мыс., оның «Жазғы дала» атты өлеңі *«Сегіз аяқтың»* өлшем, үйқасымен жазылған.

«Қол бұлғап күліп,
Керілген тұнық,
Даланы жарып бұлаңдар.
Толықсып тасқан,
Тасқанын басқан,
Дариядай зырғар, сылаңдар.
Шын сұлудай албырап,
Көрінер сағым бұлдырап...»

Сол сияқты, «Гүләндамға», «Қайда екен» тәрізді

өлеңдері Абайдың *«Алты аяғының»* ұйқас, өлшемдерін үлгі етудің нәтижесінде туған. Бірақ олардан Абай поэзиясының терең халықтық рухы сезіле бермейді, әлеум. астар аз. Ақын табиғат көріністерін де әр алуан, адам сезімдерін де жадағай, жалаң қалыпта алып жырлайды.

Ал «Жас жүрегіме», «Жырла да зарла, көңілім» тәрізді өлеңдері Абай үнін анық әкеледі құлаққа. Алғашқы өлең *«Жүрегім, ойбай, соқпа енді...»* және Абайдың жүрек тақырыбына арналған басқа да шығармаларымен сарындас. Абайда:

«Жүрегім, ойбай, соқпа енді,
Бола берме тым күлкі.
Көрмейсің бе, тоқта енді,
Кімге сенсең, сол шикі...»

Б. Күлеевте:

«Жас жүрегім, жанба текке,
Бола берме арманда,
Өрлесең де жерден көкке,
Жай табу жоқ жалғанда...»

Ал «Жырла да зарла, көңілім» Абайдың *«Өзгеге, көңлім, тоярсың...»* атты атақты өлеңіне айрықша жақын, ұқсас. Бұған көз жеткізу үшін екі өлеңді салыстырудың да қажеті жоқ. Өйткені, Абай өлеңі әркімге-ақ жақсы таныс. Сондықтан К. өлеңінің кей шумағын келтіріп қаралық:

«Жырла да зарла, көңілім,
Сел болып жасың төгілсін.
Есіткен ойдан баз кешіп,
Қамығып шында егілсін...

Жырла да зарла, көңілім,
Қалың қайғың қайнасын.
Қиялдың құсы егіліп.
Іштегі дертті айдасын...»

Абай өлеңіндегі сияқты мұнда да ақынның өз жерінен ем іздеуі, сол арқылы іштей жаңарып түлеуі, рухани медет табуы жайындағы тақырып жырланған. Әрине, осындай жекелеген өлеңдерінің Абай поэзиясымен тақырыптастығына, сарындастығына қарап К-тің бүкіл шығармашылығын Абайдың реалистік дәстүрлерінің арнасында алып қарауға еш болмайды... Нармамбет пен Ғұмар Қарашев сияқты Бернияз Күлеев те Абай өлеңдерінің көркемдік формасын, әр алуан өрнегі мен өлшеуін қолданды... *А. Нұрқатов.*

«КҮЛЕМБАЙҒА» – Абайдың өлеңі, қ. *«Болыс болдым мінеки...»*

«КҮЛЕМБАЙҒА» – Абайдың өлеңі, *«Уағалайкүмүссәләм...»*

КҮЛЗИПА Исрайылқызы (1925 ж. т.) – Абайдың шөбересі. Педагог, ақын, Ақылбайдың ұлы Исрайылдан туған. Шығ. Қазақстан обл., Зайсан қ-нда тұрады. Оның «Ұрпақ сөзі», «Ескерткіші атамның» сияқты өлеңдері Абайдың Семейдегі мемл. қорық-музейінің қорында сақтаулы. Әке-шешесі тұтынған дүниемүліктерді музей қорына өткізген.

КҮЛТӨБЕ – орта ғасырлардағы бекініс орны. Жазба деректерде «Жылан-қарауыл» бекінісі Шымкент облысының жерінде. Абай *Үшінші қарасөзінде* 13-18 ғ-ларда қазақ хандығының қоғамдық-саяси өмірінде маңызды қызмет атқарған К. бекінісі туралы: «Күлтөбенің басындағы күнде кеңес болғанда...» деген дерек келтіреді.

«КҮЛІМСІРЕП АСПАН ТҮР...» – Абайдың 1892–93 жылдар аралығында М. Ю. Лермонтовтан жасаған аудармасы. Көлемі әрқайсысы 4 тармақтан тұратын 7 шумақ. Бұл Лермонтовтың «Выхожу один я на дорогу» деген өлеңінің аудармасы екені кейін анықталды. Абай орыс ақынының 5 шумақ өлеңін екінші шумағынан бастап еркін аударған. Өлеңнің жалпы мазмұнын сақтай отырып, оны өз жанын тебіренткен көңіл-күй түйсіктерімен толықтыра түскен. Дегенмен дәлме-дәл келетін жолдар да жоқ емес. Мыс., Абай Лермонтовтың:

«Уж не жду от жизни ничего я,
И не жаль мне прошлого ничуть»...

деген жолдарын барынша ықшамды етіп:

«Өткен күнге өкінбен,
Әлі үміт жоқ алдымда...» –

деп дәл береді. Бірақ өлеңнің негізгі түйіні айтылатын соңғы жолдарда Абай тұжырымы басқаша. Лермонтов:

«Чтоб всю ночь, весь день мой слух лелея,
Про любовь мне вечно голос пел,
Надо мной чтоб, вечно зеленея,
Темный дуб склонялся и шумел» –

деп жаңға жайлы тыныштық, мамыражай рахат тілесе, Абай орыс ақынының тұжырымымен шектеліп қалмай, оның ойын әрі жалғастырып тереңдете түскен. Абайдың:

«Мансап іздер, мал құмар,
Бәрі мақтан іздеген.
Мақтанынан не туар
Ыза қылып өзгеден» –

деген жолдарында жеке көңіл-күйді күйттеуден гөрі анағұрлым салмақты әлеум. жүк жатыр. Абай Лермонтов өлеңін түр жағынан да өзінше өзгерткен. Лермонтов өлеңі 10-11 буынды болса, Абай оны 7-8 буынды шалыс ұйқаспен жазған. Аударма алғаш рет Абайдың 1940



К. Исрайылқызы.

жылғы толық жинағына енгізілді. Мүрсейіт қолжазбаларында да бар. Кейінгі басылымдарында ешқандай текстол. өзгеріс кездеспейді.

Т. Рсаев.

КҮМІСБЕКОВ Кенжебек (1927 ж. т.) – композитор. Қазақстан Республикасының халық артисі. Ол А. Жұбановқа арнаған «Дала сыры» симфониялық дастанында Абайдың «Көзімнің қарасы» деген әнінің әуенін пайдаланған. Бұл ән алғашқы кезеңде оркестрде цитата түрінде пайдаланылса, кейін әр түрлі аспаптарға ажырап, әдемі дауыстарға бөлініп, дастанның муз. құндылығын байыта түседі. К. сонымен қатар Абайдың «Домбыраға қол соқпа», «Қалқамай, мен үндемей жүремін көп» өлеңдеріне әнромансстар жазды.

«КҮН АРТЫНАН КҮН ТУАР...» – Абайдың 1898 ж. жазған өлеңі. 4 тармақты, 1 шумақтан тұрады. Ақын тіршілік, болмысқа ой жібереді. Үнемі қозғалып, өзгеріп отыратын тынымсыз тіршілік диалектикасын қысқа тұжырымдап, қанатты сөз түрінде түйіндейді. Ақынның 1898 ж. жазған өлеңдері *«Сұм дүние тонап жатыр ісің бар ма», «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма», «Жүректе қайрат болмаса», «Ауру жүрек соғады ақырын жай», «Белгілі сөз өлді»* деген жолдармен басталады. Соған қарағанда Абай осы кезеңде дүниенің қадір-қасиеті, өмір мен өлім туралы көп ойласа керек. Өлең 7 буынды шалыс ұйқаспен өрнектелген. Алғаш рет 1933 ж. Қызылордада жарық көрген толық жинағында жарияланды. Өлең басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1933, 1939, 1945 жылғы басылымдарында 2-жол **«Бір күн дамыл өткізбес»**, 3-жол **«Ой артынан ой туар»** болса, 1957, 1977 жылғы жинақтарда бұл жолдар **«Бір күн дамыл өткізбес»**, **«Ой артынан ой қуар»** болып басылған. Өлең ағылшын, орыс, өзбек, тәжік, қырғыз, қарақалпақ тілдеріне аударылған.

Б. Мамыраев.

«КҮНДІ УАҚЫТ ИТЕРІП...» – М. Ю. Лермонтовтың «Вечер» атты өлеңінің 1900 ж. Абай тәржімелеген аудармасы. Шығарма түпнұсқада да, аудармасында да 16 жол. Ақынның көңілкүйін, махаббат сезімін толғайтын лирик. туынды. Өлеңнің көлемі шағын болса да, мағыналық сыйымдылығы мол, ой-сезімге бай. Кешкі күннің қызарып батуын сипаттайтын әдемі табиғат суреті ымырт жабылған кезді көзге айқын елестетіп, сол қас қарайған уақыт пен ақынның өзімен өзі жалғыз отырып, ойға шомған қалпын сезінуімізге мүмкіндік береді. Ол өзінің ғашығымен кеңескендей болады. Екеуміз қанша үміттеніп көкке көз тіксек те, бізге ештеңе тимес, өйткені мен бұл өмірдің бар қызығынан бас тартып, бәрінен сенің махаббатыңды қымбат көрдім ғой дейді. Ағаттығым да болды дегендей, бірақ соны бір сен үшін істедім деген ой басымырақ. Лермонтов бұл өлеңді жас кезінде жазған. Өлеңдегі лирик. қаһарман енді тағдырға мойынсұнып, дүниеде ғажайып күштің бар екеніне сенетінін айтса да, тәкаппар болуға, ғашығының көзіне солай көрінуге ұмтылғаны байқалады. Оның осындай көңіл-күйі, ой – тебіренісі Абайдың сипаттауында да айрықша әсерлі шыққан. Мұндағы жағынды бояудай сәл өзгеше рең беріп тұрған өткен күндерді, сондағы көрген қызықтарды аңсау деуге болады. Лермонтов аспанға, көкке қараймын десе, Абай «алла» деген сөзді қоса айтады:

«Көкке бақтым «алла» деп,
Тамаша етіп құдыретін.
Рахматы оның онда көп,
Бізге тұк жоқ тиетін.
Неге сүйсін ол мені,
Өзім ақмақ, алмадым,
Көрдім артық бір сені
Рахматынан алланың...»

Абай өлеңнің осы түйінді жерінде, тұтас алғанда Лермонтовпен үндес шығып, алланың рахматынан бас тартуда албырттық та, адасқандық та бар дегендей пікір білдірсе де, тәкаппарлықты, өр мінезділікті жақтаудан тайынбайды.

Өлең 6-7 буынды шалыс ұйқаспен жазылған. Алғашқы рет ақынның 1939 ж. жарық көрген «Өлеңдер мен поэмалар» жинағында жарияланған. Туынды басылымдарында ешқандай текстол. өзгерістер кездеспейді. *З. Ахметов.*

КҮНТУ Шоңқаұлы (1837–1915) – Абайдың замандасы. Әуелде Абаймен пікірлес, дос-жар болып жүріп, кейіннен араздасып кеткен. Мұқыр сайлауында Абайдың інісі Оспанның орнына Арап Абралыұлы сайланып кетеді. Мұны ұйымдастырушылардың бірі К. болған. Абайдың «Көңлім қайтты достан да, дұшпаннан да...» деген өлеңі осы жолы туған. К-дың Көкебайдан көрген немересі Абайдың қызы Күлбаданнан туған жиені Мәкенге үйленген.

КҮНШЫҒЫС СІБІР, Шығыс Сібір – Азия құрлығының Солт.-шығысындағы кең-байтақ аймақ. Абай өзінің *«Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы»* атты тарихи еңбегінде: «Дін исламға кіре алмай қалған, осы күнде Күншығыс Сібірінде қазақтың ағайындары бар» деген тұжырым айтып, Минусинскіні, Бийскіні, Кузнецкіні мекендеген Сібір халықтарының «тілінен, әдетінен, түсінен туысқандығы анық көрініп тұрғандығын» сол тұжырымына дәлел етіп ұсынады, олардан қырғыздар мен қазақтардың Алатауға ауысу тарихын баяндайды.

КҮНКЕ (Әйбөбек) (т.-ө. ж. б.) – Құнанбайдың бәйбішесі. Найман Қойгелді байдың қызы. К-ден Шәкерімнің әкесі Құдайберді туған.

«КҮШІК АСЫРАП, ИТ ЕТТІМ...» – Абайдың 1899 ж. жазған өлеңі. Көлемі 4 жол. Өлең мағынасы терең. Өзі асыраған күшігі өзін қапса, өзінен үйренген мерген өзін атса, өмірде одан артық қандай сатқындық пен зұлымдық болуы мүмкін. Мына жалған дүниеде ондай жауыздық әрқашан кездесіп отырады. Абай заманында да болған. Осы шындықты ақын мәңгілік есте қалатындай, тайға таңба басқандай етіп шешен тілмен шебер қиыстырып өлең жолдарына түсірген. Алланың сөзіндей ақиқат терең ой мен керемет кемеңгерліктің, нұрлы сезімнің жемісі. Бір қазақ баласы емес, барлық адамзат бас иетін шындық, тағылымы мол сөз сарасы. Өлең 8 буынды шалыс ұйқас үлгісінде жазылған. Алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланған. Басылымдарында текстол. өзгерістер кездеспейді.

Туынды ағылшын, араб, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған.
Қ. Құрманғалиев.

КҮШІКБАЙ КЕЗЕҢІ – Семей мен Шыңғыстау арасындағы Абай сан рет тоқтап, басында түнеген бекет. Семей қ-нан Абай еліне дейін 60 шақырымдай, Арқалық тауынан асатын тұсты «К. к-і» деп атайды. Арқалық тауының биік төбе басында Күшікбай батыр жерленген. Орта жүз Уақ тайпасынан шыққан Күшікбай Жоңғар басқыншыларына қарсы күрескен белгілі батырлардың бірі. Ол батырлығына қоса нашарға қайырымды, әділдігімен аты шыққан адам. М. Әуезов «Қорғансыздың күні» деген әңгімесінде К. к-нде болған қайғылы оқиғаны шынайы бейнелеген. *Б. Сапаралы.*

«КІМ ЕКЕН ДЕП КЕЛІП ЕМ ТҮЙЕ ҚУҒАН...» – Абайдың 1855 ж. ауызша шығарған өлеңі. Көлемі 4 тармақты 1 шумақ. Ел аузындағы әңгімеге қарағанда өз аулының түйелерін аралап бара жатқан екі аттыға шауып барған Абай оның біреуі төркінінен жауыр айғыр жетектеп келе жатқан әйел екенін біліп, табанда мысқылдап айтқан екен. Жас ақын ауылға тура келе алмай, түйе арасына жасырынған келіншекті де, оның сараң төркінін де бір-ақ ауыз өлеңмен өлтіре әжуалаған. Болашақ ақынның уытты тілі айқын нышан беріп тұр. Кәдімгі ашық мінез баланың ақтара салған тәжеусіз ойы.
Өлең 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Алғаш рет 1933 жылғы жинақта жарияланды. Кейінгі басылымдарда ешқандай текстол. өзгерістер байқалмайды. *Т. Барақұлы.*

КІРМЕ СӨЗДЕР – тіларалық қарым-қатынас (байланыс) нәтижесінде бір тілден екінші тілге ауысқан бөгде тілдік элементтер (сөздер, сөз тіркестері, жұрнақтар т. б.). Көбінесе белгілі бір жаңа ұғым-түсініктің атауы болып келетін К. с. «шет тіл сөздері», «интернационал сөздер», «варваризмдер», «калька» сияқты түрлерге сараланып зерттеледі. К. с-дің кейбірінің түр-тұлғасынан, дыбысталуынан қай тілдің еншісіне жататыны белгілі болып тұрса, ал ертеден қолданылып, тілге әбден сіңісіп кеткен К. с-дің қайсы бірінің түп төркінін айқындау үшін арнайы этимол. зерттеулерге жүгінуге тура келеді. Мыс., тіліміздегі заң-закон қос сөзінің законы – орыс сөзі екені баршамызға белгілі, ал төл сөзіміздей болып кеткен заң болса – ерте замандарда қытай тілінен ауысқан лексема.
Абай шығармалары тіліндегі К. с. негізінен екі үлкен топқа бөлінеді: араб-парсы және орыс сөздері. Олардың әрқайсысын ақын өмір сүрген кезеңдегі қалың көпшілікке түсініктітүсініксіздігіне, актив- пассивтігіне (қолданылуына) қарай іштей екі топқа жіктеуге болады: 1) Араб-парсы сөздері: а) ар, абырой, амал, адал, арам, әскер, әйел, дәулет, дәурен, зайып, зейін, күмән, қадыр, құрмет, қиял, құдай, алла, молда, мешіт, шәкірт, хат т. с. с.; ә) аррахман, батил, жаһил, исбат, интинжа, мағмұр, мағрифат, мағишат, мәслих, латиф, ниһаят, салахият, тақриб, тахмин т. с. с. 2) Орыс сөздері: а) барқыт, бақалшық, бодан, болыс, закон, зауыт, кір, майыр, мәліш, ләпке, ояз, сияз, сот, старшын, самаурын, сома, партия т. с. с.; ә) виноват, визит, единица, занимайся, здравомыслящий, гуляйттау, миллион, картечь, номер, ноль, прошение, прямота, трагедия, такт, фабрик, электр т. с. с. Сондай-ақ Абай шығармаларындағы калька арқылы жасалған балама тіркестерді де (үміттің нұры – «светило надежды», суық ақыл – «рассудок холодный», қараңғы көңіл – «мрачная душа», жабыраңқы жазған сөз – «стих унылый» т. б.) осы топқа жатқызуға болады. *Ғ. Әнесов.*

КІТАБИ ТІЛ. 16-17 ғ-лардан бастап 20 ғ-дың басына дейін қазақ қоғамы мәдени дүниесінде ауызша төл әдеби тілмен қатар және бір әдеби тіл өмір сүрді. Ол – бірқатар түркі халықтарына ортақ ортаазиялық жазба әдеби тіл – түркінің «жергілікті» (қазақтың), кейінірек 19 ғ-дың соңғы ширегінде «кітаби тіл» атанған түрі. Мұның қолданылу аясы төл әдеби тілден басқа болды. Ауызша қазақ әдеби тілі көркем әдебиет пен заң-сот (билер сөздері) ісі, шешендік өнері сияқты салаларға қызмет етсе, түркілік жазба тіл ресми қағаздар мен хат түріндегі (эпистолярлық) жанр, мұсылманша діни әдебиет және ғылым салаларында қолданылды. Қазақтан шыққан тұңғыш тарихшы Қадырғали Қосынұлы Жалаиридің «Жами аттауарих» деп аталатын шежіресі 16 ғасырдың соңында (1602 ж. жазылып біткен) қазақ тілі белгілері айқын көрінген қазақшаның ескі түрі «шағатай» тілінде жазылған. Сондай-ақ қазақтың хан, сұлтан, старшиналарының көбінесе Россия империясының әкімшілік орындарына және ішінара бір-біріне жазысқан әр түрлі сипаттағы қатынас қағаздары мен хаттары жазба түркіні пайдаланды. Бұл құжаттар 1940 ж. проф. М. П. Вяткин жариялаған («Материалы по истории Казахской ССР т. 4.– М.-Л., 1940) материалдарға қарағанда, қазақтық түркінің өзіне тән стильдік, грамматик., орфограф. белгілері болды. Түркі жазба әдеби тілінде бірнеше ғасыр бойы қалыптасқан ресми-қаты-



«Татьянаның қырдағы әні». М. А. Қағаров. 1980.

нас қағаздары стилі қазақ топырағында туған (жазылған) осы салаға жататын құжаттардың тілінде еркін пайдаланды. Мыс., **ғизатлу, хурматлу, ғали кә әли уа ғали жәғәли, Сізнің ғали хазретлеріңіз** сияқты үлгілер, лексика жағынан шағатайлық **хайрон олдым** (болдым), **кіріфтар олынмыш** (болған), **йазған ердім** (едім), **ошбу** (осы), **кібік** (сияқты), **йүзденді-рмек** (сырт айналу), **бәңә асыл олыңды** (маған тиді) сияқты тұлғалар, халық тіліне енбеген араб-парсы сөздері молынан қолданылды. Әсіресе жазба әдеби тілде грамматикасы мен емлесі жағынан түркілік кітаби дәстүр көбірек орын алды. Мыс., есімшенің **-ған** жұрнақты тұлғасының орнына **-мыш** жұрнақты түрі, кәмілдікті білдіру үшін дүр (оңайдүр, ефкәміз бардүр) түрін жиі қолдану, етістіктің III жағынан көпше түріне **-лар** қосымшасын айту (**йасадылар, айталар, кеттіләр** т. т.), етістіктің – **у** жұрнағының орнына – **ғу** вариантын қосу (**душманлық қылғучы, йүргучі**), қазақша **мен**, **бірақ**, **дейін** дегендердің орнына **бірлән, бәлян, әм, лекин, че** жалғаулықтарын жұмсау тән болды. Осы белгілердің барлығы «түркіге» негізделген жазба тілді қазақтың жалпы халықтық сөйлеу тілімен ауызша тараған төл әдеби тілінен алшақтатты, сондықтан ол қазақтың көркем әдебиетіне, әсіресе поэзиясына бойлап, тұтасымен ене алмады, қазақтың ұлттық жазба әдеби тілінің негізі ретінде қалыптаса алмады. Дегенмен кітаби тіл қазақ даласында, әсіресе өткен ғасырдың соңғы ширегінен бастап едәуір жанданып, етек алды. Бұған мұсылманша діни әдебиеттің және қазақ қауымы мұқтажын өтейтін публицис. мұсылманша оқуға қатысты пед., ішінара жартылай ғыл. әдебиеттердің пайда бола бастауы үлкен себепкер болды. Проза түріндегі тарихи, дидактик., діни және ғылыми әдебиет түркі халықтарында 15 ғ-дан бастап-ақ шағатай тілінде дамығаны мәлім. Сондықтан қазақ жазбалары тіліне шағатай тілінің әсері айтарлықтай болды. Қазақтың тұңғыш баспасөз көздері – «Түркістан уәлаятының газеті» мен «Дала уәлаятының газеті» таза шағатай тілінде басылмағанымен, осы тілге тән көптеген нормаларды қолданды. Жас қазақ публицистикасы тілінде де дәстүрлі жазба тіл элементтері орын алды. Төл әдеби үлгілерге қарағанда түркілік жазба дәстүр белгілерін молырақ пайдаланған, әрі 19 ғ-дың соңғы ширегінен бастап баспа жүзінде («кітап етіп») ұсыныла бастаған «қисса» аталған көркем әдебиет жанрының авторлары «кітаби ақындар» деп, бұлардың тілі «кітаби тіл» деп аталып кетті. Қазақ топырағында қызмет еткен кітаби тіл таза шағатай («түркі») тілі емес, сол тілдің, ішінара татар жазба әдеби тілінің (оның өзі шағатайға барып тіреледі) және қазақ тілінің белгілерін араластырып пайдаланған аймақтық (локальдық) құбылыс болды. Сондықтан оны «қоспа тіл», «шұбар тіл» деп танушылар бар (С. Е. Малов, І. Кеңесбаев, Ғ Мұсабаев, С. Аманжолов т. б.). Бірақ орта ғасырлардан келе жатқан түркілік жазба дәстүр қалай аталса да, қазақтың ауызша әдеби тіліне де, ұлттық төл жазба әдеби тіліне де әсерін тигізіп, сөздік құрамын толықтырғанын жоққа шығаруға болмайды.

Шағатай тілі Абайдың өзін де бір шарпып алғанын білеміз. Оның балаң шағында шағатайшылап жазған 3 өлеңі бары мәлім. Бұл – тілдегі ізденісі емес, ақындық жолдағы ізденісі, яғни классик. әдебиеттен күш, тірек іздеп, еліктеген әрекеті болатын. Бұл ізденіс еріксіз тілді де іздеткен. Тапқаны – шағатай тілі. Бірақ бұл тапқанынан тез айнып, бас тартады, іргесін ашып алады, өзге арнаға – өз ақындық арнасына түседі. Мұнысы тілін де өзгертеді. Енді Абай өз шығармашылығы үшін сол тұстағы қазақ қоғамы өмірінде едәуір қанат жая бастаған, шағатай тілі нормаларына негізделген қазақ кітаби тілін емес, қазақтың сан ғасырлық ауызша әдеби тілін таңдайды. Бірақ ол шағатайшылауды, «кітапшылауды» құбыжық көрмей, оған стильдік құрал ретінде қарайды. Сондықтан 3, 12, 13-сөздер деп аталатын прозалық шығармаларында Абай ислам дінінің ғибадаты, иманы, «сифатлары» туралы әңгімеқозғайды да, бұларға «кітаби» өң береді, демек, кітаби тілді өз алдына әдеби тіл ретінде емес, белгілі бір жанрдағы, белгілі бір тақырыптардағы стильдік құрал ретінде пайдаланады.

Әдеб.: А м а н ж о л о в С. «Вопросы диалектологии и истории казахского языка». – А.-А., 1959; С ы з д ы қ о в а Р. «XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақ әдеби тілі». – «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы мәселелері». – А., 1963; Ә у е з о в М. «Абай» (Ибраһим) Құнанбайұлы – Абай Құнанбаев. – А., 1967; Ә б і л қ а с ы м о в Б. XIX ғ-дың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. – А., 1982.

Р. Сыздықова



ҚАБАЙ, Х а б а й, Х а Х у а н д ж а н (1926 ж. т.) – Қытай ғалымы, ақын және аудармашы. Қытай ҒА-ның аз ұлттар ин-тында аға ғылыми қызметкер. Бірнеше рет Қазақстанда болып, А. Құнанбаев пен М. Әуезов шығармаларымен танысқан. Қ. елуінші жылдардан Абай шығармаларын зерттеу, аудару және баспадан шығару ісімен айналысып келеді. Оның «Қазақтың ұлы ақыны – Абай» деген көлемді ғылыми мақаласы 1958 ж. «Тянь-Шань» журналының 8 санында жарияланды. 1983 ж. Пекиндегі «Шыңжаң» баспасынан арнайы алғы сөз жазып, «Абай өлеңдерінен таңдамалылар» шығарды. 1987 ж. Пекиндегі «Ұлттар» баспасынан Қ-дың *«Абай және Абай шығармашылығы»* деген монограф. еңбегі жарық көрді. Ғалымның бұл кітабында ақынның өнер, поэзия, мақал-мәтелдер туралы айтқандары, демократтық, филос. көзқарастары, дінге қатысы, аудармалары, дастандары және ғақлия сөздері жеке-жеке талданады. Осы еңбегі үшін Қ-ға Қытай Халық Республикасы Мемл. сыйлығы берілген. Қ.– Семей облысындағы Абай ауданының құрметті азаматы.

ҚАБАНБАЙ БАТЫР (Е р а с ы л, І з б а с а р) Қожағұлұлы (шам. 1691 – шам. 1769) – Абылай ханның бас батыры. 18 ғ-дағы жоңғар шапқыншылығына қарсы күрестің ұйымдастырушылардың бірі. Орта жүз Қаракерей ішінде Байжігіт атасына жатады. Құрбанғали Халидұлының 1911 ж. Қазан қ-нда жарық көрген «Тауарих хамса шарки» кітабында Қ. б. аталарын былайша таратады: Тоқтарқожа – Байжігіт – Мәмбет – Қожағұл – Қабанбай. Батыр 1758 ж. Жоңғар хандығы жойылғанға дейінгі Абылай ханның соғыстарының барлығына қатынасып, ерекше ерлік көрсеткен. Жекпе-жек ұрыстарда қалмақтың Өлжежырғыл, Далаңқара, Арсалаң батырларын өлтірген. Кезінде Ш. Уәлиханов жазып алған «Қабанбай батыр» , «Абылай туралы жырда» баяндалғандай, тарихта «Жайылқырғыны» дегенат алған 1770 жылғы қазақ-қырғыз соғысында әйгілі Әйтеке батырды жеңеді. Жүрегі жаудан қайтпаған, алып

күшті батырдың есімі жауға шапқан ерлердің ұранына айналған. Қ. б. жаужүрек қолбасшы ғана емес, тілге шешен, ақылға бай, тапқыр адам болған. Сондықтан да Абылай оны келіссөздер жүргізу үшін көршілес елдерге аттандырып, елші ретінде де пайдаланған. Осыған орай оның Қабанбай аталуы туралы тағы да бір пікір бар. Түрік және моңғол хандықтарында хаван (қабан) бас уәзір деген сөз екен. Ендеше Қ. б-дың Абылай ханның бас уәзірі болуы әбден ықтимал.

Қ. б-дың өмірі мен ерлік күресі Бұхар, Ақтамберді, Үмбетей, Дулат, Тәтіқара т. б. халық ақындарының жырларына арқау болған. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының көне қолжазбалар бөлімінде Қ. б-ға арналған жырлардың 4 нұсқасы, Қытай Халық Республикасында 10-ға тарта нұсқасы сақталған. Бұл жырларды жинау ісінде Ш. Уәлиханов, С. Торайғыров, Қ. Халидұлы, Қытай Халық Республикасында тұратын қазақ ғалымдары Зейнолла Сәнік, Бейсенғали Садықант. б. көп еңбек сіңірген. Жазушы Қ. Жұмаділовтың «Қабанбай батыр» романының 1-кітабы 1992 ж. «Жұлдыз» журналында жарияланды. Ел тарихы мен қазақ батырлары туралы жыр-толғауларды жақсы білген Абайдың Қ. б. өмірімен де таныс болғаны сөзсіз. *Т. Барақұлы.*

ҚАБДИЕВ Дүйсенхан (1926 ж. т.) – ғалым-экономист. Экономик. ғыл. докторы, проф. 60 жылдардан бастап Абайдың әлеум., экономик. көзқарасы мәселелерін зерттеумен айналысып, ақын шығармаларын оның өзі өмір сүрген кезеңдегі әлеум. орта мен қоғамдық қатынастар тұрғысынан жан-жақты талдады. Ғалым «Абай Құнанбаевтың әлеуметтік-экономикалық көзқарастары мәселесі хақында» (Қазақ ССР жоғарғы және арнаулы орта білім министрлігі. Қоғамдық ғылымдар. – А., 1963) монографиясында ақынның еңбек, кәсіп, мешеуліктің себептері, егіншілік, отырықшылық, сауда, байлық, мүліктік теңсіздік жайлы пікірлерін саралап, қорытты. Оның «Қазақ ағартушы-демократтарының әлеуметтік-экономикалық көзқарастары» (А., 1966) деген көлемді зерттеу еңбегінің 4-тарауы Абайдың экономик. көзқарасын айқындауға арналған. Мұнда ақынның Қазақстандағы экономик.-қоғамдық қатынастар, статистика, социология, ақшалай-товарлы қатынастар, сауда туралы тұжырымдары жан-жақты зерттеледі. Қ. «Қазақстанда экономикалық ойдың дамуы» (А., 1978) еңбегінің 4-тарауында С. Торайғыровтың экономик. көзқарасының қалыптасуындағы Абай шығармаларының елеулі ықпалын дәлелдеген. *Г. Нұрмұхамбетова.*

ҚАБДОЛОВ Зейнолла (1927 ж. т.) – Қазақстан халық жазушысы, филол. ғыл. докторы, проф., Қазақстан Республикасы Ұлттық ҒА-ның академигі, Қазақстан Республикасының еңбек сің. ғылым қайраткері. Оның «Ұшқын», «Жалын» романдары, «Біз жанбасақ» дилогиясы, «Адам», «Сыр» т. б. әңгіме-новеллалар жинақтары, «Жанр сыры», «Әдебиет теориясының негіздері», «Жебе», «Арна», «Сөз өнері» т. б. ғыл.-зерт. және әдеби сын еңбектері жұртшылыққа кеңінен мәлім. Абай мұралары туралы «Абай Құнанбаев» (Қазақ әдебиеті, 9-кл. арналған оқулық. – А., 1952, 1962), «Сылдырап өңкей келісім» («Жебе». – А., 1977), «Абайдың ақындығы» («Арна». – А., 1988) т. б. ғыл. мақалалар жазды. Оларда Абайдың өмірі мен өнер жолына талдау жасады, ақындық шеберлігін сипаттады. Ақын өлеңдерінің құрылысын зерттеп, әдебиетімізге ой, образ, мазмұн, идея, тіл, стиль жағынан енгізген жаңалықтарына тоқтады. Қ. Қазақстан Республикасы Ұлттық ҒА-ның Ш. Уәлиханов атындағы сыйл. лауреаты. *С. Қалуов.*

ҚАБИДОЛДАНОВ Бақтыған (1944 ж. т.) – суретші. Монументті-сән және безендіру саласында жұмыс істейді. 1979 ж. (К. Айтқалиевпен бірге) Семейдегі Абайдың респ. әдеби-мемориал музейі (қазір Абайдың мемл. музей-қорығы) экспозициясын жасау және безендіру жұмысын жүргізді. Экспозицияға арнап Абайдың Жидебайдағы қыстауының сыртқы көрінісін (1979, аралас техника, Абайдың әдеб.-мемориал музейі-қоры) жасады.

ҚАБЫЛ (т.-ө. ж. б.) – Абайдың Семей қаласындағы сыйлас адамы. Шала қазақ, кедейлеу, жасы келіп қалған кісі екен. Ақын «Ой, тәңір-ай, расходымды көтереді екен деп... аңдап басып, абайлап сөйлеп, күшік күйеу сықылданып жатамын ба...» деп төсек орны таза, тағамы дәмді Қ-дікіне жиі түскен. Қ. да ақынның жайлы жатып, жұмыс істеуіне бар жағдайын жасап баққан.

ҚАБЫШ Кәрімқұлұлы (1912–80) – Абай аулының адамы. Белгілі халық өнерпазы, кезінде Мұхтар Әуезовке Шыңғыстауда әр түрлі сапарларда серік болған. Қ-тың орындауында Абайдың біраз әндері магнитофон таспасына жазылып алынған. 1969–80 ж. Абайдың Жидебайдағы музей-үйінде қызмет атқарған. Абайдың үрім-бұтақтарымен достық қарым-қатынаста болған. Қ-тың Абайға байланысты өнер мұралары осы музейде сақтаулы.

ҚАБЫШ Шәкерімұлы (1887–1932) – Абайдың әдеби мектебінен үлгі алған ақын, әнші. Шәкерімнің ноғай ауылынан алған екінші әйелі Айғанша Ыбырайқызынан туған екінші ұлы. Қ-тан Нәжәпия, Қапият тараған. Қ-тың бізге жеткен өлеңдері Абай шығармалары өрнегінің үлгісін айқын танытады:

Жан көруге форым жоқ,
Қайнамаған сорым жоқ.
Қай шараны қолдансам,
Тіршілікте орын жоқ.
Өлгенім жоқ, тірімін,

Көп тірінің бірімін.
Ата туыс азғанбыз,
Мұнша артын созғанбыз.
Тоғыз ата толғанда,
Ту-талақай болғанбыз!

* * *

Қалғаның ба, Шыңғыстау,
Тауың иесіз, елің жау?!
Тым болмаса болмады-ау,
Есім дұрыс, денім сау!

Қ. ашаршылық зұлматын жамылып, талма ауруы науқасынан айыға алмай 1932 ж. Ши дейтін жерде (Жидебай қыстауының қасы) қайтыс болады. *Б. Сапаралы*

ҚАҒАРОВ Медет Айтуғанұлы (1940 ж. т.) – суретші-график. Плакат, экслибрис, қондырғылы және кітап графикасы саласында жұмыс істейді. Өзбекстан Республикасының мәдениетке еңбек сің. қайраткері. Ол «Татьянаның қырдағы әні» кітабына («Жалын», 1980, қағаз, ксилография, автордың жеке қоры) 8 бет иллюстрация жасады. Көлемі шағын, композициясы ұтымды иллюстрацияның 3-беті қазақ халқының арасына «Татьянаның әні» қалай тарап, қалай танымал болғандығын баяндайды да,

5-беті ақынның бейнесін көрсетуге, сүйген қызымен кездескен сәтін беруге арналған. Сүйгенімен кездесу кезінде Абай жалынды сезім құшағында, ақындық шабыт қанаттандырған кейіпте бейнеленген.

Н. Полонская.

ҚАДИША Бәзілқызы (т.-ө. ж. б.) – Абай азаттық әперген қыз. Әкесі Бәзіл жуантаяқ Тобықты ішінде дәулетті болған кісі. Қ. жастайынан айттырылған жігітіне көңілі толмай, Абыралы жақтан жолаушылап келген Қаракесек Олжабай деген жігітпен табысып, қашпақ болып жүргенде қолға түсіп қалады. Оларды аңдытып ұстатқан Тобықтының атақты жуандары Байғұлақ пен Оразбай екі жастың аяқ-қолдарына кісен салып, тұтқында ұстап, жігітті өлтірмек болады. Жастарды Абай өз аулына алдыртады. Сонда аздап өлең шығаратыны бар қыз басына түскен ауыртпалықты айта келіп:

«Алдыңа келіп тұрмын Абай аға,
Бар шығар сізде-дағы мендей бала.
Айдайды кісен салып аяғыма,
Ісіне құдіреттің бар ма шара?» –

деп, зарлап қоя береді. Абай екі рулы елдің зорлығына тиым салып, жастарды қосады да, Абыралыға аттандырады. Бұл оқиға М. Әуезовтың айтуынша 1897 ж. Мұқыр сайлауының қарсаңында болған.

Т. Барақұлы.

ҚАДИША Дүтбайқызы (1910–89) – Абайдың қызы Күлбаданнан туған жиені. Қ-ның Абай және оның ұрпақтары туралы анасынан, туыстарынан естіген әңгімелері, ағайындары туралы магнитофон таспасына жазылып алынған естеліктері Абайдың Семейдегі қорық-музейінде сақтаулы.

ҚАЖАР – қалмақ халқын құрайтын 4 атаның бірі хазардан тарайтын ұрпақ. Абай өзінің *«Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы»* деген тарихи еңбегінде: «Сол хазардан үш атаның ұлы парсы жұртында қалып еді: Қажар, Афшар, Үшташлы» деген дерек бере келіп, біздің қазақтың әйгілі «Ақтабан шұбырындыға» ұшырауына солардың шапқыншылығы себеп болғанын жазады. Өз заманындағы Нәсіридден шаһтың осы Қ-дан шыққан кісі екенін айтады.

ҚАЖЫҒАЛИЕВ Шамғон Сағаддинұлы (1927 ж. т.) – дирижер, педагог, проф. ССРО және Қазақстан Республикасының халық артисі. Ол дирижерлік еткен кезеңде Қазақтың халық аспаптар оркестрі Абайдың «Айттым сәлем, қалам қас...», «Көзімнің қарасы...», «Желсіз түнде жарық ай...», «Қараңғы түнде тау қалғып» т. б. әндерін орындады. Қ. Қазақстан Республикасы Мемл. сыйл. лауреаты.

«ҚАЖЫМАС ДОС ХАЛЫҚТА ЖОҚ...» – Абайдың 1889 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 6 шумақтан тұрады. Туындыда ақын биік адамгершілік талабының деңгейінен адалдықты, әділдікті, қайырымдылықты, дос пейілділікті жақтайды, өзімшілдікті, опасыздықты, өсек-өтірікті, қулық-сұмдықты сынға алады. Өлеңнен ақынның өз заманындағы қоғам тіршілігіне араласа жүріп, көңіліне қаяу түсірген келеңсіз жәйттерден түңіле мұңайған көңіл күйі сезіледі. Өлең 7 буынды, шалыс ұйқаспен өрнектелген. Ойлы, орамды тілмен орайын келтіріп айтқан ұтқыр да ұшқыр жыр жолдары мақал-мәтел, нақыл сөз іспетті көңілге қонымды. Туындының түпнұсқасы 1905 ж. С.-Петербургте жарық көрген *«Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі»* атты жинақта жарияланды. Өлеңнің басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Мүрсейіт қолжазбасында бар:

«Бұйда тақ та мұрныңа,
Бер деседі қолыма.
Жарасар ма өзіңе
Иттің ерсең соңына», –

деген 3-шумақ пен:

«Жақсы досың бар болып,
Жанды аяған жарамас.
Оңбаған дос жар болып,
Ұятыңа қарамас», –

деген соңғы шумақ барлық басылымдарға енгізілмеген. Сондай-ақ жинақтарға 6-шумақтың алғашқы жолы 1909 жылғы басылым негізінде: **«Сыйласарлық тектінің»** болып алынған. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында **«Сақтасарлық жақсының»** делініп жазылған. Өлең қырғыз, орыс, өзбек, ұйғыр тілдеріне аударылған.

Ж. Ысмағұлов.

«ҚАЗАҒА ҰРЫНҒАН ҚАРА ШЕКПЕН» («Қ о р а с ы н а б і р б а й д ы ң...») – Абайдың 1898 ж. И. А. Крыловтан аударған мысал өлеңі. Түпнұсқа көлемі 39 жол болса, аударма 56 жол. Ақын түпнұсқаның жалпы мазмұнын сақтап еркін аударғанымен, мысал өлеңде өзгерістер бар. Мысалдың атындағы «в беде» сөзі аудармада «қазаға ұрынған» деп өзгеше берілген. Ауқатты шаруаны «бай» деп алған. Түпнұсқада сарайға бір ғана ұры түссе, аудармада ұрылар лапкені бұзып талқандайды, үйін де үптеп кетеді. Абай аудармасында бай ұрыны іздеп таба алмайды. «Қарны да әбден ашады, Ішеріне шай да жоқ». Крылов кейіпкері көпшіліктен көмек сұрайды. Абайда ол жылап, мұңын шағады. Орысшасында ақыл-кеңес берген тамырының, құдасының, көршісінің нақтылы аттары аталса, қазақшасында олардың есімдері көрсетілмеген. Крылов мысалын басыңа іс түссе достарың ақыл-кеңеске жомарт келеді де, нақты көмек көрсетуге келгенде жақсы досыңның өзі саңырау қалады деп түйіндейді. Осы ойларды Абай ағайынға күнің түссе – көмектің орнына «бишара» мен «байғұс» сөздеріне қарғыс тигендей боласың деп қорытады.

Мысал өлең 7–8 буынды шалыс ұйқас (-а, -б, -а, -б) өрнегімен кестеленген. Аударма Мүрсейіт қолжазбаларының негізінде алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Өлең басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1957, 1977 жылғы жинақтарда 3-шумақтың 3-жолы **«Сыр жалаңаш тұқ те жоқ»** түрінде берілсе, 1909, 1933, 1954 жылғы жинақтарда бұл жол **«Тыр жалаңаш тұқ те жоқ»** делінген. Мүрсейіт қолжазбаларында 9-шумақтың 4-жолы **«Өзіңнен болды-ау – деседі»** болса, басылымдарда бұл жол 1909 жылғы жинақ негізінде **«Өзіңнен болды, – деседі»** болып алынған.

Д. Ысқақов.

«ҚАЗАҚ» – Қазақ интеллигенттерінің ұлттық газеті. Орынбор қ-нда аптасына бір рет 1913–18 ж. аралығында шығып тұрған. Редакторлары көрнекті ағартушы-ақындар А. Байтұрсынов, М. Дулатов болды. Газет қазақ өлкесіндегі шаруашылық, тұрмыс-салт, оқу-ағарту және мәдениет пен әдебиет мәселелеріне баса көңіл бөлді. Әдебиетшіғалым Байтұрсынов «Қазақтың бас ақыны» (1913, № 39–41) деген мақаласында Абайды: «Онан асқан бұрын-соңды заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» деп жазды. Ақын өлеңдерінің қолжазбасымен 1903 жылдан таныс ғалым Абай шығар-

машылық жолда өлеңнің ұнамды, орынды, дәлелді, мағыналы, ажарлы болуы үшін соны із, жаңа бағыт тапқанын атап көрсетеді. Ақын өмірінен аз ғана мағлұмат беріп, оған орыс әдебиеті классиктерінің ықпалы зор болғанын айтады, Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы...», «Көк тұман алдындағы келер заман...» деген өлеңдеріне талдау жасайды. Дулатов ақынның қайтыс болғанына 10 жыл толуына орай жазылған «Абай» деген мақаласында (1914, 23 маусым, № 67) Абайдың қазақтың жазба әдебиетін қалыптастыру жолындағы орасан зор еңбегін атай отырып, ақын шығармаларын жарыққа шығаруға байланысты А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов атқарған жұмыстарға тоқталады. Газетте бұлардан басқа Арысұлының «Өлең және оның құрылысы» (1914, № 67) және Н. Құлжановаңың «Әдебиетке көз салу» (1916, № 164) деген мақалалары жарияланды. Бұл мақалаларда Абай шығармаларының қайнар көздері мен шыншылдық шеберлігі сөз болады. Газетте ақынның «Интернатта оқып жүр...» деген өлеңі алғаш жарияланған (1913, № 28). 1915 жылғы 112 санында Абай мен Михаэлис достығы жайлы мақала берілген. *Т. Барақұлы.*

«ҚАЗАҚ АҚЫНДАРЫ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ЖИНАҒЫ» – Улаан-Баатардағы «Шүлтүүд» баспасынан 1959 ж. монғол тілінде жарық көрген жинақ. Құрастырған Б. Энэбиш. Жинаққа Абайдың «Ауру жүрек ақырын соғады жай...» деген өлеңі енгізілген. Кітап көлемі 2,8 б. т., 3000 дана болып басылған.

«ҚАЗАҚ АҚЫНЫ ИБРАҺИМ ҚҰНАНБАЙҰҒЫЛЫНЫҢ ӨЛЕҢІ» – Абайдың И. Бораганскийдің «Восточная» баспасынан 1909 ж. жарық көрген тұңғыш жинағы. Құрастырып, бастырғандар Кәкітай Ысқақұлы мен Турағұл Абайұлы (кітапта Кәкітай, Турағұл Құнанбайұғылдары деп көрсетілген). Кітаптың әзірленіп, баспадан жарық көруіне Ә. Бөкейханов көп еңбек сіңірген. Ол ақын өлеңдерін жинап, редакциялауға белсене араласты. Турағұл әзірлеп, Бөкейханов редакциялаған Императорлық орыс геогр. қоғамының Семей бөлімшесі шығармақ болған алғашқы жинақтың қолжазбасы Кереку түрмесінде қолды болған. Ал 1909 жылғы жинақ жарық көрген соң М. Дулатов: «1909 жылы Абайдың балалары мен інілерінің ризалығы һәм Әлиханның ыждаһатымен Абай кітабы С.-Петербургте Бораганский баспасында басылып шықты», – деп жазды.

Кітапқа енгізілген ақын өлеңдері «Халық туралы», «Өлең туралы», «Өзі туралы», «Ғашықтық туралы», «Ой туралы», «Насихат туралы», «Замандастар туралы», «Сегіз аяқ», «Сұлу ұрғашы туралы», «Жаз», «Күз», «Қыс», «Аңшылық туралы», «Переводтар», «Аттың сыны» деген 16 бөлімге топтастырылды. Абайдың «Масғұт әңгімесі», «Ескендір» дастандары жеке бөлімде берілген. Бөлімдердің көлемі, оларға енгізілген шығармалар саны әр түрлі. Мыс., «Халық туралы», «Өзі туралы», «Ғашықтық туралы», «Насихат туралы» бөлімдеріне 10-нан 37-ге дейін өлең топтастырылса, жыл мезгілдеріне байланысты бөлімдер, «Сегіз аяқ», «Аңшылық туралы», «Замандастар туралы», «Сұлу ұрғашы туралы» бөлімдері бірді-екілі өлеңнен ғана тұрады. Ақынның А. С. Пушкиннен, М. Ю. Лермонтовтан, И. А. Крыловтан аударған 41 өлеңі жеке бөлімге топтастырылған. Дегенмен құрастырушылардың Абай шығармаларын бұлайша топтастыруын шартты жіктеу деп қарау керек. Өйткені тақырыптық жағынан олар сол бөлімдерге сай келе бермейді. Жинақта Кәкітай Ысқақұлы Құнанбаевтың ақын өмірінен аса құнды деректер беретін және Абай туралы алғашқы жазбаша құжаттардың бірі саналатын «Абай (Ибраһим) Құнанбайұғылының өмірі» деген көлемді мақаласы жарияланған. Кітап ақынның фотосуретімен жабылады (бұл фото да аса құнды деректі материал). Кітаптың көлемі 120 бет. *Т. Барақұлы.*

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНЕН ҮЗІНДІЛЕР» – Венгрияның MSZBT баспасынан 1969 ж. венгр тілінде жарық көрген жинақ. Жинаққа Абайдың «Жаз», «Күлембайға» тағы да 5 өлеңі мен қанатты сөздері енгізілген. Аударғандар Тренчени Имре мен Радо Георгиу Фордитос. Кітап көлемі – 107 бет.

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТІЛІ» – Қазақ мемл. көркем әдебиет баспасынан 1960 ж. жарық көрген моногр. еңбек. Авторы – Қ. Жұмалиев. Еңбек кіріспеден, «Шоқан Уәлиханов», «Ыбырай Алтынсарин» атты тараулардан және абайтану мәселелеріне арналған үлкен 2 бөлімнен тұрады.

Монографияда автор Абайдың өмірбаянына шолу жасап, ақынның қазақ халқының әлеум., мәдени өміріндегі тарихи орнына баға береді. Ақын өлеңдерінің құрылысын зерттеп, қазақ әдебиетіне мазмұн, идея, тіл көркемдіктері жағынан енгізген жаңалықтарын ашып көрсетеді. Абай шығармашылығын қазақ әдебиетінің кейінгі кезеңдерімен байланыстыра талдайды. Көлемі 21,5 б. т., 20 мың дана болып басылған.

«ҚАЗАҚ ӘНДЕРІНІҢ АНТОЛОГИЯСЫ» – «Өнер» баспасынан 1990 ж. жарық көрген қазақ әндерінің 2 томдық жинағы. Құрастырғандар Ж. Кәрменов (1-т.) пен Ә. Нұрбаев (2-т.). Жинақтың халық әндері мен халық композиторларының туындылары топтастырылған 1-томына белгілі әнші Ж. Кәрменов, ал бүгінгі қазақ композиторларының шығармалары енгізілген 2-томына М. Ахметова шағын алғы сөз жазып, әндердің бізге жету, жиналу және туу тарихына, көркемдік ерекшеліктеріне қысқаша шолу жасаған. Антологияның 1-кітабына Абайдың халық арасына кең тараған 12 әні енгізілген. Әр кітаптың көл. 11 б. т. шамасында, әрқайсысы 250 000 дана болып басылған.

«ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ПОЭЗИЯСЫНЫҢ АНТОЛОГИЯСЫ», «Антология казахской детской поэзии» – қазақ ақындарының 1983 ж. «Жалын» баспасынан орыс тілінде жарық көрген өлеңдер жинағы. Құрастырушылары М. Әлімбаев пен Қ. Баянбаев. Кітап С. Қирабаевтың «Қазақтың балалар поэзиясы» деген көлемді мақаласымен ашылған. Абай балаларға арнап өлең жазбағанымен, жас ұрпақ тәрбиесіне айрықша көңіл бөлген. Ол «атаның баласы болма, адамның баласы бол» дейді. Ақынның табиғат лирикасы балалардың әсемдікке деген талғамын оятады, айнала қоршаған ортаны тануға жол ашады. Антологияға Абайдың: «Жасымда ғылым бар деп ескермедім...», «Әсемпаз болма әрнеге...», «Жазғытұры қалмайды қыстың сызы...», «Ақ киімді, денелі, ақ сақалды...» өлеңдері енгізілген. Кітап көлемі 24,6 б. т., 10 мың дана болып басылған.

ҚАЗАҚ ДРАМА ТЕАТРЫ, М. О. Әуезов атынд. мемл. қазақ академиялық драма театры – кәсіпқой тұңғыш ұлт театры. 1925 ж. Қызылорда қ-нда ұйымдасты. 1926 ж. 13 қаңтарда Әуезовтың «Еңлік–Кебек» трагедиясының 3-актісімен тұңғыш рет театр шымылдығы ашылды. Театр 1929 ж. Алматыға қоныс аударды. 1937 ж. акаде-

миялық театр атағын алды. 1961 ж. М. О. Әуезов есімі берілді. Театр негізін қалағандар: И. Байзақов, Ә. Қашаубаев, С. Қожамқұлов, Е. Өмірзақов, Ж. Шанин, Қ. Жандарбеков, Қ. Қуанышбаев т. б. М. О. Әуезов пен Л. С. Соболевтің *«Абай»* трагедиясын алғаш рет 1940 ж. реж. А. Тоқпанов театр сахнасына шығарды. Абай бейнесін Қ. Қуанышбаев сомдады. Көркемдік бітім болмысы жинақы, оқиғалары тарихи кезеңдерді дөп басқан, филос. ойтолғауларға толы бұл спектакль театрдың аса ірі табысы болды. Театр 1949 ж. Әуезов романының желісі бойынша Абай туралы жаңа спектакль қойды. Инсценировканың авторы мен режиссер-қоюшысы Ш. Айманов пен Я. Штейн. Абай трагедиясында ақын өмірінің соңғы кезеңі ғана көрсетілсе, инсценировкаға бүкіл өмірі өзек болған. Бұл көп суретті спектакльдің эпизодтарын жүргізуші жалғастырып отырды. Жүргізушінің ролін Ш. Айманов пен Х. Бөкеева кезек атқарды. Абайдың жас кезін Ә. Ысмайылов, ал басқа кезеңдегі бейнесін Қ. Бадыров ойнады. 1952 ж. спектакльдің қоюшысы Аймановқа, басты ролдерді орындаушы Қуанышбаев, Қожамқұлов, Қойшыбаева, Бөкеева мен спектакльдің суретшісі В. В. Голубовичке Мемл. сыйлық берілді. Әуезов пен Соболевтің «Абай» трагедиясын 1962 ж. реж. Ә. Мәмбетов қойды. Ол өз қойылымында уақыт байланысын ашуға, тарих пен бүгінгі күнді шендестіре көрсетуге күш салды. Абай ролін Ы. Ноғайбаев пен М. Сүртібаев сомдады. 1962 ж. Сүртібаев режиссер ретінде осы спектакльді қайта жаңғыртты. 1981 ж. Б. Римованың *«Абай-Әйгерім»*, И. Оразбаевтың *«Мен ішпеген у бар ма?»* спектакльдері театр сахнасында қойылды. *Г. Бекхожина.*

ҚАЗАҚ МУЗЫКАСЫ. Қазақтың ұлттық музыкасының қалыптасып, өркендеу тарихында Абай мұрасының алатын орны ерекше. Абайдың ақындық, композиторлық мұрасы, ағартушылық еңбегі қазақ халқының мәдени тарихының ажырамас бөлігіне айналып, муз. жанрларын дамытуға жаңа жол ашты. Абай әндерінің өлең құрылысы, муз. тілінің көркемдік байлығы, әуен-сазы мен мақам жүйесінің ерекшеліктері, өлшемдік-ырғақтық құрылысына тән негізгі белгілері, тілүйқастығы Қазақстан композиторлары үшін ерекше мектеп болды. Абай әндері өзінің алғашқы қалпында да, үзінді ретінде де көптеген камералық, симфониялық шығармаларға, хор және опера музыкаларына арқау болып, сол үлгіде көптеген әндер мен романстар жазылды. Абайдың жаңаша лирик. поэзиясы оның композиторлық тума талантымен ұштасып, шығармаларындағы ағартушылық идеяларын халыққа, әсіресе жас ұрпақ арасына кеңінен таратуға мүмкіндік берді. Қазақтың халық музыкасын терең білген Абай өз шығармаларында сол дәстүрдің әуен-саздық ерекшеліктеріне сүйене отырып, өзіндік ән нақышын таба білді. Абай әндерінің көркемдік ерекшелігі – оның әуез-сазының нәзіктігінде, әуезділігінде, өлең сөзі мен әуеннің сәйкестігінде деп білу керек. Қазақ музыкасын көркемдік бейнелеудің жаңа тәсілдерімен байытқан Абай әндері болды. Сондықтан да кейінгі композиторлардың шығармаларына үлкен әсер етті.

Абай әндері Е. Г Брусиловскийдің «Қыз Жібек» («Қор болды жаным» әнінің әуені «Панорама» атты көріністе пайдаланылған), А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» операларында пайдаланылып, қазақтың классик. операсының қалыптасуына негіз болды. Абай әндері 1940, 1949, 1962 жылдары М. Әуезовтың сценарийі бойынша қойылған «Абай» пьесасында да пайдаланылды. 1946 ж. (жаңа редакциясы, 1967) қазақтың алғашқы ұлттық фильмдерінің бірі *«Абай әніне»* комп. Хамиди Абай әуендері бойынша муз. жазды. Халық әуендерінен нәр алған, өзіндік ерекшеліктері айқын байқалатын Абай әндері – Қазақстан композиторларының симфониялық музыкасының да өркендеп, дамуына ықпал етті. Жұбановтың 40 жылдары жазылған «Абай» және Брусиловскийдің «Жалғыз қайың» атты симф. поэмалары осынау күрделі жанрдағы Абай бейнесінің беташары болды. Бұл шығармаларда Абай әндері гармониялық және полифониялық даму құралдарымен байытылып, әр алуан оркестр әуенінде жаңа көркемдік түрмен ілгері дамытылды. Жұбанов Абай тақырыбына қайта оралып, қазақтың халық аспаптар оркестріне арнап «Абай» атты сюитасын және «Абай» операсы әуендеріне фантазия жазды (1945, 1958). 1956 ж. Г. Гризбилл «Абай» атты симф. поэма жазып, кейіннен (1961) оны үлкен симфон. оркестрге арнап өңдеді. Гризбиллдің бұл шығармасы Қазақстанда симф. жанрдың дамуына қосқан қомақты үлес. Абайдың 100 жылдық мерейтойына байланысты Қазақстанда аспаптық ансамбльдерге арналған бірқатар шығармалар өмірге келді. Солардың бірі – С. И. Шабельскийдің «Абайды еске алғанда» («Памяти Абая») деген 4 бөлімді фортепианолық триосы (3 аспаптық) және сол аттас М. Скорульскийдің 1 бөлімді фортепианолық квинтеті (5 аспаптық). Шабельский триосында Абайдың «Сегізаяқ», «Көзімнің қарасы», «Қор болды жаным», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Татьянаның сөзі» әндерін өңдей отырып, олардың лирик. жүйесін дамытып, қарапайым түрде аспаптық фактураға ыңғайлаған. Скорульскийдің фортепианолық квинтеті Абайдың «Көзімнің қарасы», «Татьянаның сөзі» әндерінің әр түрлі нұсқаларын пайдаланған лирик. шығарма болды. Бұл шығармалар европалық музыкаға көбірек сүйенгендіктен, қазақтың ұлттық әуендеріне тән ерекшеліктерінен біраз алшақтап қалды. Дегенмен орыс және украин композиторларының Абай әндері негізінде муз. шығарма жазуын олардың қазақ халқының ұлттық мәдениетіне деген ілтипаты деп түсінген жөн.

Б. Г. Ерзаковичтің 2 ішекті аспаптарға арналған квартетінің (4 аспаптық) 1-бөлімі «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» әнінің әуеніне негізделген. Бұл Абай әуендерінің аспаптық камералық ансамбльдерге жазылған шығармаларда қайта тууы, оның болашағының зор екендігінің айғағы. Абай әуендері жеке аспаптарға арналған шығармалардың да өзегіне айналды. 1954 ж. В. В. Великанов скрипкаға арнап «Қарашада өмір тұр» әуені тақырыбына импровизация, композитор Ғ. Жұбанова скрипка мен фортепианоға арнап, «Қор болды жаным» әуеніне вариациялар жазды. Абайдың қайтыс болғанына 50 жыл толуына жазылған бұл шығармалар көпшілік сүйіспеншілігіне бөленіп, скрипкашылар репертуарынан берік орын алды. Қазақтың ұлттық музыкасы даму тарихының әр белестерінде композиторлар Абай мұрасын әр түрлі көркемдік шешіммен таныта білді. Соның бір айғағы – Абай әуендерінің фортепианолық музыкада қайта жаңғыруы. Е. Рахмадиев «Абайдың шақыруымен» атты фортепианолық поэма (1954), М. Қойшыбаев Абайға арналған фортепианолық поэма-соната (1950 ж. жазылып, 1966 ж. басылған), Ерзакович Абай әндерінің ізімен балаларға арнап 2 пьеса (1961) жазды. Абай әндерінің

поэтик. көркемдік қуат-қасиеті қазақ музыкасының көп салалы жанрларының бірі – хор өнері мен ораториядан да кең орын алды. Ғ. Жұбанованың 1983 ж. Қазақстан композиторларының 7 съезінде орындалған оркестрге, хорға, жеке әншіге және домбыраға арналған «Абайға қайта сөз бердік» (1982 ж.) шығармасы ақын поэзиясын, оның терең филос.-лирик. әндерін жаңаша түрлендірудің мол мүмкіндіктерін танытты. Қазақтың ұлттық музыкасында Абай әндерінің тілін, оның әуен-саз ерекшеліктерін түсіну ең алғаш жеке дауыс пен фортепианоға және хорға арнап өңдеуден басталды да, бұл салада көптеген композиторлар жемісті еңбек етті. Л. Хамиди, М. Төлебаев, М. Иванов-Соколь-ский, Б. Ерзакович, Д. Мацуцин, В. Великанов Абай әндерін жеке дауыс пен фортепианоға арнап өңдегенде олардың ұлттық ерекшеліктерін, композитордың тек өзіне тән стильдік даралығын сақтап, одан әрі өрістетті. Абайдың лирик. нәзік әндері хормен айтуға өте үйлесімді екенін Хамидидің хорға арнап өңдеген «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», Төлебаевтың «Көзімнің қарасы» және Қ. Қожамьяровтың «Сегіз аяқ» әндерінен айқын көруге болады.

Қазақ музыкасында ән және романс жанрының қалыптасып, өркендеуінде Абай мұрасының мәні ерекше зор. Осынау жанрда еңбек еткен композиторлар Абайдың лирик. поэзиясы мен оның әндерінен нәр алды. Халық арасына кең тараған өлеңдеріне ән-романс жазу композиторлардан үлкен жауапкершілік талап етеді. Абай поэзиясын жетік түсінген, терең сезінетін композитор ғана өміршең шығарма жаза алады. Соның ішінде Төлебаевтың «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» романсын ерекше атау қажет. Өлөмір толғанысы қайғылы, 3 бөлімді драмалық монолог. Абайдың филос. ойын композитор жаңа әуендік сазбен үйлестіріп, күрделі шығарма тудыра білді. Т. Мұхамеджанов Абайдың 15 өлеңіне романс жазды. Абай өлеңі мен әуезді әнінің ішкі сыры мен мазмұнын, өлшемдік-ырғақтық ерекшеліктерін, құрылымын сәтті жеткізген «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Домбыраға қол соқпа», «Есіңде бар ма жас күнің?», «Адамның кейбір кездері» т. б. романстарында ақын өлеңдерінің психол. тереңдігі, ой өрісі, көңіл-күйі, ішкі сезімі, өмірге көзқарасы анық сезіледі. Абай лирикасына комп. Н. Меңдіғалиев «Ғашықтық, құмарлық пен – ол екі жол», «Жазғытұры», «Кейде есер көңіл құрғырың», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл», «Мен сәлем жазамын» атты вокалдық шығармалар жазды.

Абай әндерінен рухани нәр алған комп. Рахмадиев әр жылдары ақын өлеңдеріне қайта оралып, бірнеше романс жазды. Оның (1989) Абай сөзіне жазылған «Қазағым, қайран елім» атты романстар топтамасы, ондағы лирик. монолог («Жақсылығың – күнде үміт» – 1, «Қазағым, қайран елім» – 7), табиғат көрінісі мен халықтың тұрмыс-салтының жанрлық суреттемесі («Жаз» – 2), психол. драма («Көңілім қалды достан да, дұшпаннан да» – 3), ойнақы мысқыл («Қара қатын» – 5), әсем сазды лирик. әуезді «Ән» («Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» – 4; «Сіз қырғауыл жезқанат» – 6) бірігіп бір драмалық міндетті шешеді. Ол – адам өмірі туралы филос. тұжырым. Ұлы Абайдың мақсат-мүддесін қазіргі заманға сай қайта жаңғыртып, муз. тілмен ұштастырған бұл шығармалар терең мазмұнымен, әсем әуені, гармон., фактура байлығы, күрделі құрылымы жағынан қазақтың камер.-вокалдық жанрын жаңа көркемдік белеске көтерді. «Мыңмен жалғыз алысқан» ақын өлеңдерінің әлеум. әуені М. Маңғытаевтың Абай сөзіне жазған «Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?..» атты романсының әуендік-саздық құрылымынан байқалды. 3 бөлімді бұл туынды дәстүрлі халық термесі күйіндегі речитативті әнбаллада түрінде алынып, ақын сөзінің сырын айқынырақ ашуды мақсат еткен. Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім...» өлеңі комп. Н. Тілендиевтің ән-романсына өзек болды. Бұл шығарма жеке әнші (лирик. тенор), хор және оркестр бірігіп орындайтын ерекше әсем сазды, кең ауқымды әнпоэма болып қабылданды. Қазақстан композиторлары Абайдың әр тақырыпта жазған өлеңдерін біріктіріп, филос. ойды тұжырымдайтын вокалдық топтамалар да тудырды. Бұл салада Жұбанованың «Абайды жалғастыру», Т. Мұхамеджановтың ақынның 4 өлеңіне («Сап, сап, көңілім, сап көңілім...», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да...», «Сабырсыз, арсыз, еріншек...») жазылған топтамаларын атауға болады. Абайдың өнер хақындағы – ән, күй, өлең сөздің күш-қуатын жырлаған «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа...», «Домбыраға қол соқпа...», «Құлақтан кіріп бойды алар...», ғылым-білімге үндейтін «Ғылым таппай мақтанба...», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім...» т. б. өлеңдері М. Сағатов, Ә. Еспаев, К. Күмісбеков, С. Кәрімбаев, Ғ. Құрманғалиев шығармаларына өзек болды. Қазақстан муз. мәдениетінде Абай өлеңдерінің аудармасынан да (орыс тілінде) бірқатар ән-романстар жазылды. Абайдың достық, таза махабатты (Брусиловский – «Қиыстырып мақтайсыз...», В. Великановтың 4 романсы); өмірге құштарлықты паш ететін (А. Гурьевич – «Қарашада өмір тұр...»); өнер туралы (Гурьевич – «Құлақтан кіріп бойды алар...», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы») шығармалары орыс композиторларының муз. туындыларына арқау болды. Бұл шығармалар орыстың тұрмыстық романстарының дәстүрінде, қазақ әндерінің ұлттық бояуын ескере отырып жазылғандықтан, жаңа лирик. ән жанрының қалыптасуына септігін тигізді.

Абайдың поэзия және муз. бай мұрасының қайнар бұлағынан нәр алған Қазақстан композиторлары әр түрлі көркемдік шешім табу жолында құнарлы еңбек етті. Бұл күнде ақын мұрасы қазақ муз. өнері үшін ғасырлар бойы мәңгі жасайтын сарқылмас қазынаға, шабыт көзіне айналған.

Әдеб.: Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – А., 1963; Ерзакович Б. Музыкальное наследие казахского народа. – А., 1979; Ахметова М., Ерзакович Б., Жұбанов А. Советтік қазақ музыкасы (тарихи очерк). – А., 1975; Қазақстанның музыкалық мәдениеті (мақал. жин.). – А., 1957; Очерки по истории казахской советской музыки. – А., 1967; Абай Құнанбаев. Айттым сәлем, қалам қас (Әндер мен күйлер жин.). – А., 1986.

С. Күзембаева, Т. Егінбаева.

«ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ АНТОЛОГИЯСЫ», «Антология казахской поэзии» – қазақ ақындарының 1958 ж. Москвадағы «Художественная литература» мемл. баспасынан орыс тілінде жарық көрген өлеңдер жинағы. Құрастырушылар: Қ. Жармағамбетов, Е. Ысмайылов, Ғ. Мүсірепов. Кітап М. Әуезов пен Т. Әлімқұловтың «Қазақ халқының өлеңдері» деген мақаласымен ашылған. Онда қазақ поэзиясын өркендетудегі Абайдың ролі ерекше атап өтілген. Абайдың ақындық жаңашылдығы, ғылым-білім, прогресс жолындағы арпалысы, қоғамдық сыны, эстетик. талғамы жан-жақты сөз

болады. Антологияға Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға...» деген өлеңінен бастап, 38 туындысы енгізілген. Аударғандар: С. Липкин, М. Тарловский, Д. Бродский, П. Карабан, Вс. Рождественский, М. Петровых, П. Шубан, Л. Шифферс, А. Жовтис, А. Штейнберг, В. Звягинцева, А. Гатов, Л. Озеров, А. Глоба, В. Державин. Кітап көлемі 25,32 б. т., 10 мың дана болып басылған.

Г. Нұрмұхамбетова.

ҚАЗАҚ РАДИОСЫ, республикалық радио-хабары – Қазақстан тұрғындарына, басқа да республикаларға, шетелдерде тұратын қазақ тыңдаушыларына арналған радиохабарлар тарататын ақпарат мекемесі. Қ. р. – республикадағы негізгі бұқаралық ақпарат пен насихат құралдарының бірі. Тұрақты радиохабары 1927 жылдан беріле басталды. 1960 ж. үнтаспаға Қ. Қуанышбаевтың орындауында Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...», «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ...», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат...», «Ғылым таппай мақтанба...», «Болыс болдым, мінеки...», «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ...», «Қансонарда бүркітші шығады аңға» деген өлеңдері мен ғақлиялары, М. Сүртібаев оқыған «Көзімнің қарасы» атты әдебихабар үнтаспаға жазылған. Әншілер Ж. Елебеков ақынның «Сегіз аяқ», «Көзімнің қарасы», «Бойы бұлғаң», Б. Төлегенова «Желсіз түнде жарық ай», «Татьяна сөзі», Е. Серкебаев «Айттым сәлем, қалам қас», «Көзімнің қарасы», Р. Абдуллин «Қараңғы түнде тау қалғып», «Бойы бұлғаң...», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын...», «Қор болды жаным» әндерін орындады. Бұл әндер Қ. р-ның алтын қорында сақтаулы. Комп. Ә. Еспаевтың, М. Қойшыбаевтың Абай өлеңдеріне шығарған «Қалқам-ай, мен үндемей жүремін көп», «Жарқ етпес, қара көңлім не қылса да» әндері, белгілі әншілер Ж. Кәрменов, Ғ. Есімов, Қ. Мыржықбаевтың орындауындағы Абай әндері Қ. р-нда үнтаспаға жазылған. Комп. А. Қ. Жұбанов пен Л. А. Хамидидің «Абай» операсынан бірнеше ария жазып алынған.

К. Наржанұлы.

ҚАЗАҚ РАДИОСЫНЫҢ ХОРЫ – 1932 ж. Алматыда Қазақ радио орталығы (бұрынғы Қаз. ССР Мин. Советінің Телевизия және радиохабарлары жөніндегі мемл. к-ті) жанынан құрылған әншілер коллективі. Алғашқыда әйелдер хоры, 1934 жылдан аралас хор болып ұйымдасқан. Қазақтың халық әндерін, Қазақстан композиторлары шығармаларын насихаттады. Хор 1954 жылға дейін жұмыс істеді. Композиторлар Б. Г Ерзакович Абайдың «Көзімнің қарасы», «Бойы бұлғаң», «Ата-анаға көз қуаныш», Л. Хамиди – «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», Д. Д. Мацуцин – «Айттым сәлем, қалам қас» әндерін радио хорына лайықтап өңдеді. Хор әншілері Қ. Лекеров, Т. Ибрагимова, Б. Төлегенова т. б. Абайдың «Көзімнің қарасы», «Айттым сәлем, қалам қас», «Ата-анаға көз қуаныш» әндерін хордың сүйемелдеуімен жеке дауыста орындады.

М. Ахметова.

«ҚАЗАҚСТАН» – 1911 жылдың наурыз, 1913 жылдың ақпан айлары аралығында алғаш Ордада, кейін Оралда 2 аптада бір рет шығып тұрған прогрессшіл, демократиялық бағыттағы газет. Небәрі оннан аса саны жарық көрді. Шығарушы – редакторы Елеусін Бұйрин. Газет әлеум.-экономик., саясат, әдебиет, мәдениет мәселелерін көтерді. 15 ақпандағы 3-номерінде жарияланған «Әдебиет таңы» атты мақаласында қазақ әдебиетінің жай-күйіне баға беріп, Абай мұрасын жоғары бағалады. «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңінен үзінді келтіріп, өнер-білімге шақырған мәнін ашты. Абайды «әдебиетіміздің таңы» деп таныды.

«ҚАЗАҚСТАН ӘНДЕРІ» – Киевтегі «Музичка Україна» баспасынан 1972 ж. қазақ, украин, орыс тілдерінде жарық көрген жинақ. Құрастырған – Б. Ғизатов. Жинаққа қазақ композиторларының вокалдық шығармаларымен қатар Абайдың «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» деген әндерінің нотасы мен өлеңі енгізілген. Кітап көлемі 9,59 б. т., 5 350 дана болып басылған.

ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ТЕЛЕ-РАДИО ХАБАРЛАРЫН ТАРАТУ КОМПАНИЯСЫНЫҢ КАМЕРАЛЫҚ ОРКЕСТРІ – 1964 ж. ұйымдасқан оркестр. Алғашқы ұйымдастырушысы әрі жетекшісі Ұ. Нүсіпов болды. 1976 жылдан бас дирижері әрі көркемдік жетекшісі – М. Б. Серкебаев. Ұжым негізінен Қазақстан композиторларының таңдаулы туындыларын насихаттаумен бірге Абайдың «Айттым сәлем, қалам қас», «Көзімнің қарасы», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» әндерін орындап, көгілдір экранға түсірген.

ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ТЕЛЕ-РАДИО ХАБАРЛАРЫН ТАРАТУ КОМПАНИЯСЫНЫҢ ЭСТРАДАЛЫҚ-СИМФОНИЯЛЫҚ ОРКЕСТРІ – 1959 ж. құрылған оркестр. Оркестр Абай әндерін насихаттауға белсене араласып келеді. Ол әр уақытта белгілі әншілер Е. Серкебаев, Р. және М. Абдуллиндер, Б. Төлегенова, Б. Досымжанов, Р. Бағланова, Р. Жаманова, Б. Әшімова, Ә. Дінішев орындаған ақын әндерін сүйемелдеді. Олардың барлығы да қазақ радиосының фонотекасында сақтаулы.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ АРХИВІ – ғылыми-анықтамалық мекеме. 1921 ж. құрылған. Архивте 1733 жылдан бастап бүгінгі күнге дейінгі кезеңнің тарихи құжаттары мен кино-фото-фоно материалдары, Ибраһим (Абай) Құнанбаевтың өмірі мен қызметі жайындағы құжаттардың түпнұсқасы сақтаулы. Архивтің совет кезеңіне дейінгі «Ресей империясы ішкі істер мин-лігі Семей обл. басқармасының» № 5 қорында, «Далалық ген.-губернатордың кеңсесінің» № 64 қорында, «Сібір қазақтарын басқарудың шекаралық басқармасының» № 374 қорында және басқа да отарлау әкімшіліктері қорларында Абайдың қайраткерлік қызметін көрсететін көптеген куәліктер мен құжаттар бар.

Отарлаушы әкімшілік орындарының іс қағаздары материалдарында Абайдың Қоңыр-Көкше тобықты болысында болыс болған кезіндегі қызметіне байланысты құжаттар кездеседі. Абайдың 3 мерзім бойы қатарынан болыс болып сайланғаны белгілі. Орыс әкімшілігінің қазақ өміріне сайлау жүйесін енгізуі жергілікті ақсүйектердің оны өз мақсатына пайдалануына, сөйтіп парақорлықтың, сатқындықтың, жемқорлықтың, қазына мүлкіне қол сұғушылықтың және арызқойлықтың, айтыс-тартыстың өрістеуіне әкеліп соқты. Абайдың болыс болған кезіндегі қара қылды қақ жарған әділ қызметіне қарапайым халық қана риза болып қойған жоқ, ол орыс әкімшілігі өкілдері тарапынан да құрметке ие болып отырды. Сонымен бірге қазақ ақсүйектерінің жершілдік, рушылдық, туыстық мүдделері Абайдың демокр. көзқарасына әр кез кесе-көлденең тұрды. Сондықтан да архив қорларында Абай Құна-

нбаевтың қызметі жөніндегі құжаттармен қатар оның үстінен жазылған арыздар мен шағымдар да аз кездеспейді. Олардың әрқайсысына жазған Абайдың түсініктемелері мен мәлімдемелері де жеткілікті сақталған. Мыс., құжаттардың мынадай тізімін келтіруге болады: – Күшік-тобықты болысы Құнанбаевтың Сергиополь сыртқы округінің 1866 ж. 29 қарашадағы бұйрығына рапорты (15-қор, 1-тізім, 1852-іс, 5-б.);
– Семей уезі Жанкөбек-Сыбан-Әлжан болысының Абай Құнанбаевты пара алды деп айыптаушы және сайлау қорытындысына наразы 1002 түтін иесі қырғыздардың (қазақтардың) 1877 ж. 22 қыркүйегіндегі өтініш арызы (15-қор, 1-тізім, 2047-іс, 25-б.). Арыз бойынша 1885 ж. 21 маусымында болыс басқарушысы А. Құнанбаевтың үстінен қозғалған тергеу ісі (64-қор, 1-тізім, 44-іс).
Ибрагим және Оспан Құнанбаевтардың қиянатшылдығы, зорлықшылдығы жөніндегі 1889 ж. 20 желтоқсанда берген қазақ Қынашевтың арызы (64-қор, 1-тізім, 1774-іс, 1–3-қағаздар). Бұдан басқа архив қорында Абайға мұсылман фундаментализмі бойынша күдік келтіріп, оның қыстауына тінту жүргізілгені жөніндегі мәліметтер мен кейіннен ол күдіктің мүлдем негізсіз екені жайында: – Семей уезінің бастығы Новроцкийдің А. Құнанбаев қыстауына жүргізілген тінту мен оның ұлдары Мағауия мен Тұрағұлдан табылған корреспонденциялар, 1903 ж. 25 көктегі рапорты бар (369-қор, 1-тізім, 871-іс, 145-б.). Шаймерден Қосшығұловтың Абай қыстауына жүргізген тінту негізінде 1903 ж. 6 наурызда А. Құнанбаев атына жазылған хатының тексі (64-қор, 1-тізім, 1938-іс, 145-б.).
Орыстың отарлаушы әкімшіліктер өкілдері жазып, грифпен «аса құпия» деп белгі соққан Абайға берілген ерекше «мінездемелер». Бұл «мінездемелерде» Құнанбаевтың аса дарынды екені, білімділігі мен зерделілігі, қазақтар арасында беделінің жоғары екендігі, орыс үкіметіне ниеті түзу екені айтылып, сонымен бірге оның «соңғы кезде денесінің ауырлап, алқам-салқам күй кешіп отырғаны және оның ықпалы дала төсінде бұрынғыдай емес екені» атап өтілген. Архив қорларында Абайдың туған-туыстары, оның ішінде әкесі Құнанбай Өскенбаевтың 1849 ж. Күшік-тобықты болысына болыс болып сайлануы жөнінде құжаттар да кездеседі (374-қор, 1-тізім, 4387-іс, 7-б.).
Өскенбаевтың қазақ балаларын оқыту үшін мектеп ашу жөнінде Сібір қазақтарын басқарудың шекаралық басқармасының атына 1845 ж. 21 қаңтарда жазылған рапорты (374-қор, 1-тізім, 5051-іс).
Абайдың ұлы Тұрағұл Ибрагимовтың 1917–19 ж. 3 жылға болыс сайлауына дауысқа түскені жайындағы қағаздар (15-қор, 1-тізім, 1648-іс, 5-б.).
Ресми мекемелер ұсынған материалдардың құжаттық ерекшеліктеріне байланысты архив қорында Абайдың шығармашылығы, аудармалары, филос. трактаттары, әндері, өлеңдері т. б. құжаттар жоқ.

М. Хасанаев.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ – Алматыдағы ірі мәдениет орны. Алғаш 30 жылдары Орынбордағы Неплюев әскери уч-щесінің жанынан «Орынбор өлкесіндегі музей» ретінде іргесі қаланып, 1924 ж. Қырғыз өлкесінің орт. музейі болып құрылған. 1929 ж. Алматыға көшірілген. 1944 жылдан қазіргі атымен аталады. Музейде Абай мұраларын іздестіру, жинау, зерттеу және насихаттау жұмыстары 1938 жылдан басталды. Сол жылы музейге Абай пайдаланған аяқбау, балдақ, томаға сияқты саятшылық дүниелері, тоғызқұмалақ, кісе белдік және Абай шығармаларының 2-басылымы қойылды, Абайдың 100 жылдық мерейтойы қарсаңында ақын өмірі, шығармашылығы мен мұраларын зерттеу жандана түсті. Суретшілер Б. И. Урманче, Ә. Қастеев, А. М. Мартова, Ә. Ысмайылов, Қ. Қожықов Семейдегі Абай тұрған үйді, Шыңғыстаудағы Абай зиратын, Абайдың және оның ұлдары Ақылбай, Әбдірахман, Мағауия, Тұрағұлдың портреттерін, мүсінші Д. Элбакидзе Абай мүсінін жасап, бейнелеу өнері қорын байыта түсті. 1945 ж. музейде алғаш рет Абайға байланысты көрме ашылып, тұрақты экспозиция құрылды. 1947 ж. ұйымдастырылған ғылыми экспедиция Абай аулынан ақынның өскен ортасын бейнелейтін көптеген заттар әкелді. Әсіресе, сол сапарда Шыңғыстаудағы «Қоңыр әулие» үңгірінен тасқа қашалып жазылған Абайдың қолтаңбасының және «3 қараша 1903 жыл» деп жазған қолтаңбасы түсірілген фото-сурет табылуы жұртшылық назарын өзіне аударды. Бұл мұра қазір музей қорында сақтаулы. Музей қоры әр жылдары Абай аулынан әкелінген этногр. заттар мен Абайдың немерешөберелерінен, келіндерінен алынған материалдармен толыға түсті. 1882 ж. Семей обл. белгісіз шебер жасаған Абайдың бәйбішесі Ділдәнің домбырасын, Абайдың інісі Ысқақтың қаракөк барқытпен тысталған түлкі бөрігін т. б. заттарды 1978 ж. музей қорына Ысқақтың ұрпақтары өткізген.



Шыңғыстаудағы «Қоңыр әулие» үңгірінен тасқа қашалып жазылған (3 қараша 1903 жыл) Абайдың қолтаңбасы.

Қорда Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде және совет өкіметінің алғашқы жылдарында басылып шыққан ақын шығармаларының фотокөшірмелері мен негативтері, қолжазбалар мен естеліктердің Абай оқыған «Диуан Хафиз», 1890 ж. 13 қарашасында «Жетісу облыстық ведомосында» жарияланған Абайға аңшы мылтығын сыйға тарту туралы Дала ген. – губернаторының бұйрығы, ақынның *«Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы»* деген араб әрпімен қарындашпен жазылған төрт парақтық қолжазбасы, 1882 ж. төрт уездің қатысуымен болған съездің шақырылу жағдайын, онда Абайдың төбе би болып сайлануын және жаңа заң баптарын дайындап, бекіткенін сипаттайтын Мүсірәлі Алыбайұлының естелігі, Тұрағұлдың Абай туралы жазған естелігі, Абай шығармаларының қолжазбасы, 1909 ж. С.-Петербургте ақынның тұңғыш


басылып шыққан өлеңдер жинағы, 2,3-басылымдары бар. 1985–86 ж. жаңа ғимаратқа көшкен мұзейдің 2-экспозициялық залынан кемеңгер ойшылға арналған арнайы бұрыш ашылды. Мұндағы экспонаттар Абайдың тұтынған жеке заттарымен қатар Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің жеке кітапханасынан алынған. Абай өлеңдерінде есімдері аталған Шығыстың классиктері Ә. Науаидың «Фархад-Шырын» қолжазбасы, «Диуан Хафиз», Г. Низамидың «Ләйлі-Мәжнүн» сияқты өте сирек кездесетін еңбектері мен орыс классиктері М. Ю. Лермонтов, А. С. Пушкин, И. А. Крылов шығармаларының С.-Петербургте басылып шыққан аудармалары, Абайдың сақталып қалған жалғыз қолжазбасы, 1899 ж. «Ақмола облыстық ведомосы» қосымшасына Көкбай Жанатаевтың атымен тұңғыш рет жариялаған өлеңдері, суретші К. Ходжиковтың ақынның «Жаз» өлеңіне салған суреті, Абайдың өз отбасымен бірге 1903 ж. түскен фотосуреті, Ә. Бөкейхановтың «Семипалатинский листокте» 1905 ж. 20 қарашада Абайға арнап жариялаған азанамадағы ақынның орыс тілінде тұңғыш рет жарық көрген өмірбаяны, архивтік материалдарда сақталып қалған қолтаңбаларының көшірмесі, Турағұл естелігі мен Абай әндерінің А.







Абай бейнесі салынған сәндік құмыралар мен табақшалар. А. Т. Никитина, И. Н. Белокурский. 1945.



Абай пайдаланған кісе белдік, тоғызқұмалақ, аңшылық бұйымдар.

Затаевич қағазға түсірген нота жазбалары қойылған. 1909 ж. С.-Петербургте шыққан алғашқы өлеңдер жинағы т. б. фото-құжат материалдары сақтаулы. *М. Әбдешев.*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӨНЕР МУЗЕЙІ – Алматыдағы ірі мәдениет орны. Т. Г. Шевченко атынд. ҚазССР мемл. көркем сурет галереясы мен Респ. халықтық қолданбалы өнер музейінің негізінде 1976 ж. құрылды. 1983 ж. музейге Ә. Қастеев есімі берілді. Музей қорында 20 мың бейнелеу мен сәндік қолданбалы өнер, графика, мүсін т. б. шығармалар бар. Оның ішінде біразы қазақтың ұлы ақыны, ағартушы ойшылы Абай Құнанбаевқа арналған. Ол шығармаларда Абай бейнесі әр қырынан көрінген.



«Абай». П. Д. Лобановский. 1887.

Абай бейнесін жасауға Қазақстанның халық суретшісі Ә. Қастеев әлденеше рет қалам тартқан. Кескіндеме саласында: жас Абайдың портреті (1945, кенеп, майлы бояу), «Абай жайлауда» (1971, кенеп, майлы бояу), графика саласында «Абай портреті» (1934, тушь), «Жас Абайдың портреті» (1945, сулы бояу), «Абай портреті» (1954, сулы бояу) деген еңбектерінде суретші Абай өмірінің әр кезеңін бейнелеуді мақсат еткен. «Абай жайлауда» картинасы нағыз реалистік тұрғыда жазылған пейзаждық шығарма. Суретшінің шығармашылық ерекшелігі әсіресе оның эпик. композиция құру шеберлігінде айшықтала түседі. Қастеев жайлау көркін әр түп жусанына дейін шынайы бейнелеп, оның кең панорамалық көрінісін ашады. Табиғаттың әсем бейнесі Абайдың ішкі жан дүниесімен үндестік тапқан. Ақынның шабытты шақтағы тұлғасы суретші И. Исабаевтың «Абай» (1976, офорт), Ә. Ысмайыловтың «Абай» (1930–34, сулы бояу), К. Я. Барановтың «Абай» (1971, автолитогр.) портреттерінде айқын көрініс тапқан. М. М. Қисамединовтың «Абай» (1970), «Абай портреті» (линогр.), Л. П. Леонтьевтің «А. Құнанбаев портреті» (1981, пастель) бейнелеуінде Абай сыртқы қосымша көріністер жұптастырылмай, ойшыл ақын ретінде дара бейнеленген. Бұл суретшілер ақынның жан-сезімін, көңіл-күйін көрсетуге күш салған. Музей қорында Т. Т. Тоғысбаевтың екі жұмысы сақтаулы: «Абай» (1971, кенеп), «Абай – ойшыл» (1982, кенеп). Суретші 1971 жылғы жұмысында Абайдың тізесіне қолын қойып отырған сәтін бейнелеген. Сырт жағында – бетіне құрлықтардың кескіні өрнектелген жер шары. Арт жағына сусып түсіп, қатпарланып жатқан шапаны, желжұлқи ашқан кітап беттері ақынның алабұртқан көңіл-күйін, мазасыз жан дүниесін танытқандай. Полотнодағы қанық бояулар қатары, қызыл шапан, жасыл шалбар, шымқай көк аспан, қызыл түстің сыртындағы қап-қара шеңбердің тұйық та қарама-қарсы түстері шиыршық атқан көңіл-күйді сездіреді. Көрермен алдында – өткір сезім ықпалымен әсерленген терең ойлы тұлға, ақын күллі әлемді көзбен шалып тұрғандай. 1982 жылғы картинасында кескіндемеші нақтылы детальдарға бармай, оларды бұрынғыдан да гөрі шартты, астарлы көрсетуге күш салады. Бұл ауқымды полотноның дәл ортасында ақын тұлғасы, көкжиек сызығы алып тұр. Бұл тәсіл ақын бейнесін ерекше асқақтата түскен. Алай-түлей бұлт көмкерген аспан ақынның жан дүниесін астаң-кестең еткен арпалысты аңғартқандай.

Абай бейнесінің көркемдік мәні мүсіндеу өнерінде де көрініс тапқан. Ақын тұлғасы Е. А. Сіргебаев «Абай» (1981, ағаш), В. Ю. Рахманов «Абай» (1972, құйма мыс) шығармаларында бейнеленген. Армян суретшісі Е. А. Годжабашян жасаған Абайдың мүсіндік портреті (1968, қара туф) 1969 ж. Армян суретшілер үйінің мұражайына тарту етілген.

Г. Мұқажанова.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ХОР КАПЕЛЛАСЫ – 1934 ж. Қазақтың Жамбыл атынд. мемл. филармониясының жанынан құрылған концерттік ұжым. Қазақстан Республикасының еңбек сің. өнер ұжымы. Репертуарына Абайдың «Айттым сәлем, қалам қас», «Көзімнің қарасы», Ғ. Жұбановаңың Абай сөздеріне шығарған «Желсіз түнде жарық ай», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», Н. Тілендиевтің «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Ішім өлген, сыртым сау» әндері тұрақты енген.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАСЫ. Негізі 1910 ж. қаланып, Верный (қазіргі Алматы) қалалық кітапхана-оқу залы есебінде жұмыс істеді. 1931 ж. наурызда ҚазАССР мемл. көпшілік кітапханасы болып қайта құрылды. 1991 жылдың желтоқсанында кітапхананың жан-жақты бірегей қорында еліміздің және дүние жүзі халықтарының 100 шақты тіліндегі 5 млн. астам кітап, журнал, газет тігінділері жинақталған. Олардың 220 мың атаулы кітабы мен қоры – қазақ тілінде. Кітапханада Абай жөнінде көптеген сирек материалдар бар. Олар: «Қазақ ақыны Ибраһим (Абай) Құнанбайұғылының өлеңі» атты Абайдың 1909 ж. С.-Петербургте шыққан алғашқы кітабы, Абай оқыған және алғашқы өлеңдері басылған «Дала уәлаятының газеті», «Түркістан уәлаятының газеті», 1911 ж. Орынборда С. Нұржановтың құрастыруымен басылған «Абай термесі» атты ақынның өлеңдері мен қарасөздерінің жинағы, сондай-ақ ақын шығармаларының 1907–88 ж. аралығында шыққан 71 басылымы жинақталған. Олардың ішінде 2 томдық шығармалар жинағының 1933, 1936, 1938–40, 1943–45, 1952, 1953, 1956, 1957, 1968, 1977, 1986 жылғы басылымдары бар. Абайға қатысты деректердің негізін «Қазақтың революцияға дейінгі әдебиетінің тарихы» атты жинақты-каталог құрайды. Мұнда ақынның өлеңдері (50), қарасөздері (12), әндері мен муз. мұралары (16), Абайдың шығармашылық қызметінің басқа халықтар әдебиетімен байланысы (43), оның шығармаларын басқа халықтар тілдері-

не аудару (9), шығармаларының тілі мен стилі және текстолог. (40), өнер-білім туралы нақыл сөздері туралы материалдар топтастырылған. Абай бейнесі көркем әдебиет пен өнерде (44) деген тізімдерді қамтиды. Ақынның өмірі мен шығармашылық жолы жөніндегі тараудың өзі 290 басылымды қамтиды. Кітапханада Абай тақырыбынан қорғалған оннан астам ғылыми-диссертац. еңбектердің авторефераттары, сондай-ақ ірі монограф. зерттеу еңбектер: «Абай – қазақ халқының реалистік әдебиетінің негізі салушы» (Б. Кенжебаев. – А., 1954), «Абай – қазақ халқының ұлы ақыны және ағартушысы» (Х. Сүйін[illegible]иев. – А., 1956), «Абай жастарды тәрбиелеу туралы» (Т. Әжібаев. – А., 1954) және «Абай Құнанбаевтың музыкалықтворчествосы» (Этнограф. жинақ. – А., 195[illegible], «Абай тағылымы» (Әдеби-сын. мақалалар мен зерттеулер, құрастырған – Н. Ғабдуллин. – А., 19[illegible]6) және т. б. кітаптар жинақталған. Орыс тіліндегі жинақты-каталогта өлеңдері (21), өмірі туралы (22), библиогр. көрсеткіш (4), аудармасы (10), жалпы саны 57 кітап, сын-зерттеу еңбектер тізімі берілген. Сондай-ақ осында ақынның басқа тілдерге аударылған шығармалары, Н. Өсеров құрастырған араб тіліндегі таңдамалы өлеңдер жинағы (А., 1988) жөніндегі материалдар т. б. орын алған.

Абай жөніндегі ғыл. жұмыста бағыт-бағдар беретін библиогр. көрсеткіштер: Н. Сәбитовтың «Абай» (1946), Е. Ысмайылов, Қ. Бекхожиннің «Абай» (сын-библиогр. материалдар, 1940), Ү. Сұбханбердинаның «Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдардың мазмұндалған библиогр. көрсеткіші», 1962 ж. 2-бөлім; «Абай Құнанбаев» библиогр. көрсеткіші (1965) және М. Мырзахметовтің 1988 ж. «Ғылым» баспасынан жарық көрген «Абайтану» атты атаулы библиогр. көрсеткіші бар. Кітапхана Абай мұраларын насихаттау мақсатымен «Ақын Абай» (1970), «Абай Құнанбаев» (1971) метод. құралдарын жарыққа шығарды. Онда оқырмандардың Абай шығармаларымен сырласу кештері өткізіліп, «Абай – қазақ халқының ұлы ақыны», «Абайдың музыкалық мұрасы» т. б. тұрақты кітап көрмелері ұйымдастырылған.

А. Батыргереева.

ҚАЗАҚСТАН ТЕҢГЕСІ – Қазақстан Республикасы көлемінде пайдаланылатын бірден бір заңды төлем құралы, ұлттық валюта. Қазақстан Республикасы Конституциясының 78-бабына және Қазақстан Рес-



20 теңге.

публикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 29 қазан күнгі қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 12 қарашадағы Жарлығымен 1993 жылғы 15 қараша күні таңертеңгі сағат 8-00-ден бастап енгізілді. Ол соңғы екі жылдың ішінде қалыптасқан 700 мыңнан астам АҚШ долларының сомасында Республикадағы алтын-валюта қорымен қамтамасыз етілді. Бұл теңгенің тұрақты курсын сақтауға қолайлы алғышарттар жасайды. Қазақстанның ұлттық ақшаға көшуі бұрынғыдан да нақты әрі тәуелсіз жоспар бойынша әлеум.-экон. реформаларды жүзеге асыруға мүмкіндік берді, көп ұлтты республика халқының тұрмыс жағдайын біртебірте жақсартуға көмектесті. Қазақстан ақшасы 1, 3, 5, 10, 20, 50, 100 теңгелік (наурыз айынан – 200 және 500 теңгелік) банкноттардан және 1, 2, 5, 10, 20, 50 тиындық ұсақ ақшадан тұрады. Бағалылығы 20 теңгелік банкноттың сыртқы бетінің оң жағында қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың портреті орналасқан. Бұл бетте күңгірт қоңыр түс басым. Ақшаның оң жағында тігінен қара бояумен ақынның есімі және өмір сүрген жылдары жазылған. Портреттің сол жағында «Қазақстан ұлттық банкі» деген қоңыр түсті жазу және цифр, ал оның астынан ою-өрнек жүргізілген. Ішкі беттегі негізгі түс – қоңыр. Ортада Абай шығармасының сюжеті бойынша салынған, қолына бүркіт ұстаған аңшы бейнеленген. 20 теңгелік банкнотты көркемдеп безендірген суретші – дизайнерлер Т. Сүлейменов, Х. Қабжалелов, М. Әлин, А. Дүзелханов. Қ. т. Англияда басылды.

«ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЕСТЕРІНЕН КЕТПЕЙ ЖҮРГЕН БІР СӨЗ». Алдымен ескерте кетейік, аталмыш хикая әдебиет тарихында мүлде белгісіз дүние емес. Бұл шығарманың авторы туралы да сөз айтылған. Бірақ Абай есімі аталмады. Шәкерім туындысы деп шамаланды. Басты дәлел – хикаяның бақытсыз ғашықтар Еңлік-Кебек пен Қалқаман-Мамыр тағдырына арналуы. Шәкерімнің аты жалада жүрген кездің өзінде оның дәл осы тақырыпқа жазылған, халық арасына кеңінен тараған дастандары барын ешкім теріске шығара алмайтын еді... Бұған қосымша дәлел – әңгіме авторының лақап аты. Байыптап қарағанда, бұл екі жағдай да шығарманы кім жазғанын нақтылауға негіз бола алмайтынына көз жетеді. Аңыздың немесе деректі бір оқиғаның әлденеше қаламгер назарына ілінуі – әдебиет тарихында жиі кездесетін құбылыс. Оның үстіне Абайдың өз шәкірттеріне кейбір тақырыптар төңірегінде арнайы тапсырма беріп отырғаны, ал Еңлік-Кебек оқиғасын жазуды Шәкерімге міндеттегені белгілі. Екіншіден, «Дала уәлаятының газетіндегі» әңгімеге қол қойған – «Ұмытылған», яғни «талаптанушы», «ізденуші» болса, Шәкерім де өз өмірінің соңғы кезеңіндегі біраз шығармасына «Ұмытылған», яғни «естен шыққан», «ескерусіз қалған» (дәлірек айтсақ, «Мұтылған») деп қол қояды. Араб жазуының кілтипаны көп, әңгіме авторы – «Ұмытылған» болған күннің өзінде, бұл 1892 ж. отыз төрт жасқа жаңа шыққан Шәкерімнен гөрі сөз өнерінің асқар биігіне жеткен, алайда «қалың елі – қазағына» әлі таныла алмай, тар қапаста күңіреніп отырған Абайға көбірек үйлеседі. Әйткенмен, әзірше екеуін тең ұстайық. Мүмкін, әңгіме авторы Шәкерім де, Абай да емес, мүлде басқа біреу шығар? Жоқ, үстірт қарағанның өзінде хикая авторы – Шыңғыстау қазағы екеніне күмән қалмайды.

Негізінен баяндау үлгісімен жазылған көлемді хикаяны шартты түрде үш бөлімге жіктеуге болады: бірінші – Шыңғыстау өңірінің тарихи-этногр. сипаттамасы, екінші – Еңлік-Кебек оқиғасы, үшінші – Қалқаман-Мамыр оқиғасы: хикая автордың өз заманына көзқарасынан елес беретін және болашақта жазбақ, осыған жалғас еңбегінің мазмұнына

нұсқаған сөздермен қорытындыланады.
Әңгіменің әлхамында «қазақтың кәрі шалдарының» өткен және осы заманға көзқарасы байыпталады. Солардың айтуларынша, қазақтың жүріп-тұру шаруасы бұрынғы заманда осы күнгіден артық екен. Мәзікүр бишара шалдар өздерінің балаларына, ұрпақтарына қасіреттеніп айтып отырады: «Осы күнде білімді, ғылымды халықтармен араласқан соң, қазақ халқы бұзылды және күн де бір түрлі болды – қыс қатты болатын болды, бұрынғы заманда мұндай емес еді» деп. Бұдан ары жазушы осы негіздегі түйінді мәселелерді нақты талдай отырып, заман және экология, география мен тарих төңірегінде кеңес қозғайды. Бұл ретте біз автордың үлкен ойшыл ғана емес, жай ғана ғұлама емес, европалық білімді еркін игерген оқымысты екенін көреміз.
«Адамның бір ғадеті – бұрынғы өткен уақытты онша мақтағандай болмаса да мақтау», – дейді автор. Сөйте тұра, қариялардың сөзін түгелімен теріске шығармайды. Ендеше ауа райы неге бұзылды? «Бұрынғы заманда тауларда орман көп болып, орманда қар көп болып, қардың себебінен су көп болып, ала жаздай тау-таудан өзен-сулар тартылмайды екен...». Ал орман-тоғайдың қырқылуы, от пен судың азаюы, жердің тозуы – адамның табиғатқа кері әсерінің нәтижесі. Және бұл – тоқтаған, тұйықталған процесс емес. Әлі жүріп жатыр. Яғни хикая авторы біз енді ғана сөз етіп, қолға алып отырған экология мәселесі туралы өткен ғасырдың өзінде-ақ дабыл көтеріпті. Бұл, әрине, көзбен көріп, көңілге түю негізінде ғана жасалған қорытынды емес, батыс ғылымымен жақсы таныстық нәтижесі. Экологияға жалғас екінші мәселе – геогр. ортаға қатысты. Бұрынғы заманда қазақтардың атамекен қонысы сулы, нулы, шұрайлы болған, шаруашылыққа қолайлы екен. Енді жер азған, «Қырда бұрынғыдай орманды, жақсы жерлер жоқ». «Бұрынғы өзен-бұлақтар тартылған соң, бірдеме қылып құдық қазған болысады, көбінесе сулары ащы болады». Ал қазақтар үздіксіз соғыстарда дүшпаннан аруағы асып, қорғап қалған кең-байтақ дала сол ескі күндерде қайнаған өмір ордасы болған. Оған дәлел – «бұрыннан қалған сымтас тас, қорғандар...».
Бұдан соң автор, сөз ыңғайына қарағанда, ел аузынан естіген, сонымен қатар батыс пен шығыс тарихынан қазақ жеріне келу жайы, хан көтерілуі. Шыңғыстау өңірінің тарихы, мұндағы көптеген топонимдер атақты ханға, оның қолбасы батырларының есімдеріне тікелей қатысты екені айғақталады.
Осы өлкенің, осы мекендердің Шыңғыс хан дәуірінен соңғы, бірақ өз заманынан көп бұрынғы ахуалы, мінез-құлық, дәстүр салты туралы әңгімеге ауыса келе, автор хикаяның негізгі бөлігіне көшеді. Ол – ел есінен кетпей жүрген Еңлік-Кебек әңгімесі. Автор бақытсыз ғашықтар туралы халық жадында сақталған көне хикаяны ешбір оқиғасын өзгертпей, қаз қалпында баяндаған. Бірақ бұл – қарадүрсін жазба емес, аса көркем жасалған, озық мәдениетті проза үлгісі. Әңгімедегі трагедиялық ситуация, шиеленіскен драма, терең психологизм – тәжірибелі де шебер, әрі шығыстың дәстүрлі прозасы мен батыстың жаңа әдебиетін еркін игерген білімдарға ғана тән қалам таңбасын танытады. Осыған орай, сенімді қолмен сызылған рең-бояу, бедерлі суреттер мен өзгеше иірімдер – толыққанды реализм нәтижесі. Әңгіменің өз заманынан озық, тіпті қазіргіге де үлгі болар бір сипаты осында. Хикаяның үшінші бөлімінде Қалқаман-Мамыр оқиғасы өте қысқа, шағын ақпар түрінде беріледі. Автор бұл әңгімені өткен заманның рәсім-салтын, мінез-құлқын нақты танытатын деректі, иллюстрациялық материал ретінде пайдаланған. *М. Мағауин.*

«ҚАЗАҚТЕЛЕФИЛЬМ» – Қазақстан мемл. теле-радио хабарларын тарату компаниясы жүйесіндегі киностудия. 1968 ж. құрылған. «Қ.» 2 сериялы «Абай» телефильмін, сондай-ақ, «Абай елінде» деген деректі фильм түсіріп, көгілдір экранға шығарды.

ҚАЗАҚТЫҢ ЖАЗБА ӘДЕБИ ТІЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ. 19 ғ-дың 2 жартысы, әсіресе соңғы ширегі қазақ халқының әлеум.-экономик., саяси және мәдени өмірінде елеулі тарихи оқиғалардың, өзгеріс-жаңалықтар, шиеленіскен тартыстар дәуірі болды. Тілдің белгілі бір кезеңдегі деңгейі мен даму барысына қоғам өмірінің елеулі әсер ететіні белгілі. Бұл кезеңде Қазақстанда кітап бастырудың етек ала бастауы, мерзімді баспасөздің, көпшілікке арналған жартылай ғыл. әдебиеттің пайда болуы, азаматтық оқу-білімнің қолға алынуы әдеби тілдің жазба түрін жандандырып, оның нақтылы стильдерге тарамдалу көріністерін туғызды. Діни оқудың қазақ қауымында осы тұста едәуір жандануы араб-парсы, шағатай тілдерінің одан әрі таныс бола түсуіне, бұл тілдердің қазақ тіліне әсер етіп, ауыс-күйістің жақсаруына септігін тигізді. Сондықтан тіл саясатын, оның жай-күйін жақсы танып, тілдің арта түскен әлеум. қызметін дұрыс түсінген қалам қайраткерлерінің атқаратын жұмыстары ұлғайды. Бұлардың ішінде, әсіресе Абайдың қызметі мен орны ерекше. Абай өмір сүрген кезеңде және оған дейін де қазақ қоғамы тіршілігінде ауызша сақталып, тарап, дамып келген байырғы әдеби тіл (қ. *Ауызша әдеби тіл*) қызмет етті. Сонымен қатар көптеген түркі халықтарына ортақ ортаазиялық жазба дәстүрдің негізінде қалыптасқан жазба әдеби тіл де (қ. *Кітаби тіл*) қазақ мәдениетінен елеулі орын алады. Келешекте қазақ халқының рухани-мәдени қажетін өтейтін бірегей жазба әдеби тілді қалыптастыру үшін осы 2 түрлі тіл тәжірибесінің біреуін ғана негізге алу қажеттігі туды. Абай сан ғасырлық түркі жазба тілі дәстүрімен өзі ақындық дүниесінің есігін қағар шағында таңдауынан гөрі тамашалауы басым 14–19 жасында танысты. Оның шығармаларынан бізге осы дәстүрде жазған 3 өлеңі келіп жеткені мәлім. Кейін саналы, мақсатты шебер шығармашылыққа бет алғанда, ол шағатай тілі, шағатай әдебиеті дәстүрінен бас тартты. Бірақ көптеген түркі тілдерінің мұқтажын өтеп келген, сан ғасырлық тұрақты дәстүрі бар шағатай тілін Абайдың қалamауы бұл тілдің «жамандығынан» емес-ті. Ең алдымен оған тілдің бұқаралық бағыты, жергілікті халықтың сөйлеу тіліне бет бұру бағыты басты себеп болды. Осы ағыстан қазақ тілі де қағыс қалған жоқ. Қоғамның өсіп келе жатқан мәдени, рухани және эстет. мұқтажын өтеуде сол қауымның қалың бұқарасына ортақ, жалпыға түсінікті сөйлеу тілін таңдау қажеттігін Абай жақсы түсінді. Халықтың ұлт ретінде топтасуына ұйытқы болатын негіздердің бірі – жазба әдеби тілінің болуы десек, Абай қазақ ұлтының қалыптасуы үшін мұндай қасиетті шағатай тілінен көре алмады. Ол мұны қазақ халқының сөйлеу тіліне негізделген ұлттық ауызша әдеби тілден тапты.
Сөйтіп, 19 ғ-дың 2 жартысында қазақтың байырғы ауызша әдеби тілінің жаңа кезеңі басталды. Бұл кезең ұлттық жазба әдеби тілдің негізін қалады. Қазақтың ұлттық жазба тілі мен Ыбырай, Абайдың

мол әдеби, педагог., публицист., теологиялық шығармаларында, қазақтың алғашқы баспасөздерінің беттерінде, енді-енді көріне бастаған азаматтық тақырыптардағы кітапшалардың материалдарында, әр алуан бағыттағы ақындар өлеңдерінде, әлі де туындап жатқан ауыз әдебиеті үлгілерінде қолданылып, бел ала бастады.

Жаңа жазба әдеби тіл өзінің әлеум. қызметі, стильдерге тарамдалуы жағынан ауызша дамыған байырғы әдеби тілден де, кітаби тілден де өзгешеленіп тұрды. Байырғы ауызша әдеби тілден жаңа кезеңдегі қазақ әдеби тілінің ерекшелігі – оның жазба сипат алуында; қызмет ету өрісінің кеңеюінде; лексико-грамматик. өлшемдерінің айқындалып, тұрақталуында; жаңа стильдік салаларға бөлінуінде; көркемдеуші тәсілдерінің түрленіп, молығып, жаңаруында еді. Байырғы ауызша әдеби тіл негізінен көркем әдебиетке, оның ішінде көбінесе поэзияға қызмет етіп келсе, жаңа жазба әдеби тіл әдебиеттің өзге салаларына да: қоғамдық-публицист., тіпті діни әдебиет үлгілеріне де қызмет етуге бағыт алды.

Қазақтың ұлттық жазба әдеби тілінің дәстүрлі түркілік жазба тілге негізделген кітаби тілден өзгешелігінің бірі – қызмет ететін салаларды, яғни төл жазба әдеби тіл әдебиет түрлерінің басым көпшілігіне, әсіресе көркем әдебиеттің прозалық жанрларына қызмет етуді таңдауында болса, кітаби тіл ресми қағаздар (әкімшілік орындарының бұйрық-жарлықтары т. б.) мен мұсылман дініне қатысты әдебиетті және ішінара көркем әдебиетті («қисса» деп аталған жанрды) қалады. Ұлттық әдеби тіл қазақ халқының сөйлеу тілінен алшақтамай, оны негіз етсе, кітаби тіл сөйлеу тілі өлшемдерінен алыстап, көпшілік бұқараға бейтаныс түркілік және араб-парсылық белгілерді мол пайдаланды. Дегенмен бұл 2 жазба тіл бір-біріне ықпалдарын да тигізді. Ұлттық жазба тіл бұрыннан жазба дәстүрде келе жатқан кейбір сөздер мен тұлғаларды өз тәжірибесінде еркін қолданды. Бұл тұстағы қазақ әдеби тілінің публицист. және жартылай ғыл. стильдерінде кітаби тілдің белгілері едәуір орын алды. Мыс., «Түркістан уәлаяты газеті» мен «Дала уәлаяты газетінің» беттерінде араб-парсы сөздері көбірек көрінді, кейбір **-мыш** жұрнақты есімше сияқты «түркілік» тұлғалар да жиі жұмсалды. Орфогр. өлшемдер көп сәттерде жазба тілдің 2 түріне де ортақ болып келді. Осы күнгі **еш, әр, пайда, құдай** деп жазылатын сөздер сол кездегі сөйлеу тілінде де осы тұлғаларда айтылғанымен, жазуда **һеч, һәр, файда, хұдай** деп қолданылды, дерексіз ұғымдағы араб-парсы сөздері көбінесе түпнұсқадағы таңбалануын сақтады.

Қолданылу өрісіне келгенде елеулі айырмашылықтар болды. Ақын-жыраулардың ауызша әдеби тілді танытатын өлең-толғауларында қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерінен басқа өзге халықтардың әдеби дәстүрлеріне, тілдеріне иек арту көп көріне қойған жоқ, ал жазба әдеби тіл араб, парсы, шағатай, орыс әдебиеттерінің үлгісімен дамыды. Ауызша әдеби тілдің стильдік тармақтарға бөлінуі жазба тілге мүлде тең келмейді. Алғашқысы негізінен көркем поэзия мен шешендік сөздер (билер сөздері, әдет-ғұрып заңдары т. б.) стилінде ғана өмір сүріп келсе, ұлттық жазба тілдің көркем поэзиядан басқа көркем проза, публицистика, ресми іс қағаздары стильдеріндегі алғашқы үлгілері пайда болды. Жартылай ғыл. стильдің де нышаны байқалды. Ұлттық жазба әдеби тілдің осындай белгілерінің пайда болуына Абайдың қосқан үлесі, атқарған еңбегі айрықша. Абай, біріншіден, әдеби тілдің әлеум. қызметін қазақ қоғамының сол заман талабына сай ұштастырып, дұрыс тани білсе, екіншіден, нақты шығармашылық қызметінде: а) әдебиеттің идеялық-тақырыптық мазмұны мен тілінің үндесуін негізге алып, сөздік құрамға жаңа лексик. топтар қосты, әсіресе социол., филос., право, эстет. тақырыбына қатысты сөздердің жоқтарын жасап, барларын тұрақтандырды; ә) сөздік байланысты қалыптастыруға тілдерді, әсіресе орыс тілін қатыстыруға жүйелі сипат берді, орыс сөздерін бұрынғыдан тек ауызекі сөйлеу тілі арқылы емес, орыс жазба әдебиетінен тікелей алды, бұрынғыдай нақтылы зат атаулары ғана емес, дерексіз ұғым атауларын да қабылдады, сондай-ақ орыс сөздерін қазақ тілінде жоқ ұғымдарды білдіру үшін ғана емес, стильдік мақсаттарға пайдаланды; б) әдеби тілдің лексик. өлшемдерін күшейтті, жеке сөздердің семантикасын тарылтып не кеңейтіп, айқындау арқылы белгілі бір мағынада тұрақталуын қамтамасыз етті, кейбір атауларды терминдік дәрежеге көтерді, сөздердің тіркесу аяларын кеңейтті, белгілі бір нақты ұғымды өзгелерімен шатастырмай, бір-біріне ұқсас зат, құбылыс, ұғым атауларын бөлек-бөлек беруді ұсынды. Қазақтың заңдарына байланысты әңгіме болса – **би**, Россия империясының заң қызметіне қатысты жерде – судья, шариғатқа қатысты тұста **қазы** сөздерін қолданып, мұсылманша, ескіше оқуды әңгімелесе, жалпы азаматтық білім алуды сөз етсе – **оқу-білім, ғылым-білім, ғылым оқу, ғылым табу** деген сөздерді жиірек пайдаланды, ал орысша ағарту ісін айта қалса, орыстың **ғылымы**, кейде тіпті **образование** деп те жіберді. Қ. ж. ә. т-нің қалыптасып, даму барысында ұлттық поэзияның орны ерекше. Абай ертеден қалыптасып, ауызша тараған аса бай әрі күшті қазақ поэзиясының жалпы заңдылықтарын сақтай отырып, көптеген жаңалықтар енгізіп, өзгерістер жасады. Бұл жаңалықтар жеке суреткердің қолтаңбасын көрсету, өлеңдегі сөз қолданыс тәсілдері, өлеңді айқын, ықшам және әуезді етіп ұсыну сияқты салаларды қамтиды. Абай қазақ поэзиясында ақынның өзіндік қолтаңбасы деген жаңа дәстүрді бастады. Абай шығармаларының тілі өзіне дейінгі, өзімен тұстас қазақ көркем сөзі тілінен ерекшеленіп тұрады. Заттың не құбылыстың сыр-сипатын әр қырынан айқындай түсетін жаңа теңеулерді мол енгізу (**асау жүрек, мұз жүрек, үрпиген жүрек, қырық жамау жүрек**), көркем бейне жасау үшін бояуы қалың сөздерді шоғырлап жұмсау, кейбір грамматик. тұлға-тәсілдерге стильдік жүк артып, оларды жиі қолдану, бұрын қазақ поэзиясы білмеген фразеологизмдердің жаңа түрлерін енгізу т. б. өлеңнің Абай қаламынан шыққандығын дәл танытады. Ол айтпақ ойын басы артық, қосалқы бейнелерсіз жеткізу арқылы өлең тілінің аз сөзді үлгісін жасады. Поэзия тілін жинақы, ықшам етіп, өлеңнің жеке тармақтары мен шумақтарының сыйымдылығын арттырды. Абай тілдің синтаксисіне де түбегейлі өзгеріс-жаңалықтар енгізді. Бұл тұжырым оның поэзиясына да, прозасына да қатысты. Прозасының синтаксисінде құрмалас сөйлемдерді, төл сөзді құрылымдарды жасауда және сөйлем мүшелерін орналастыруда Абай осы күнгі ережелерге ұласатын өлшемдерді ұсынды. Абайдың қазақ өлеңі құрылымына енгізген жаңа ырғақ, өлшемдері оның син-

таксистік құрылысының да өзгеше болуын талап етті. Абай тіл қызметінің аумағын кеңейтті. Ол өзінің ғақлия сөздері арқылы әдеби тілді тек поэзияда ғана емес, сонымен қатар публицистикада, жартылай ғыл. мақалаларда да қолдануға болатынын дәлелдеді.

Абай заманында қазақ тілі құрылысына әлеум. күштер саналы түрде араласа алмады, яғни әдеби өлшемдерді белгілеп, оларды тұрақтандыруға күш салатын ғыл. орталықтар, тілдің өлшемді-өлшемсіз сәттерін ретке келтіретін граммат. құралдар мен сөздіктер болған жоқ. Бұл жағдай жаңа кезеңдегі қазақ әдеби тілінің даму барысын, оған белсене ат салысқан Ыбырай, Абай сияқты қалам қайраткерлерінің қызметін ауырлата түсті.

Әдеб.: Әуезов М. Қазақтың әдеби тілі туралы. – «Әдебиет және искусство». 1951, № 4; Кенжебаев Б. Абай қазақ халқының жаңа әдебиетінің негізін салушы. – Ученые записки КазГУ им. С. М. Кирова. Язык и лит-ра. 1955, т. 19; Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – А., 1960.

Р. Сыздықова.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖИНАҚТАРЫ – Абайдың әр жылдарда баспалардан қазақ тілінде жарық көрген толық және таңдамалы шығармаларының кітаптары. Шолуға 1909 жылдан 1993 жылға дейінгі кітаптары енгізілді. Арнайы ат қойылып, жеке тақырып бойынша топтастырылған жинақтары (мыс.: «Айттым сәлем, қалам қас», «Жаз») энциклопедияда өз алдына жеке атау ретінде берілді.

1909 жылғы басылым – Абай өлеңдерінің С.-Петербургте жарық көрген тұңғыш жинағы (қ. *«Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі»*).

1916 жылғы басылым – өлеңдерінің Орынборда жарық көрген жинағы (қ. *«Абай термесі»*).

1922 жылғы басылым – шығармаларының Қазан қ-ндағы «Татарстан» баспасынан жарық көрген жинағы (қ. *«Абай (Ибраһим) Құнанбайұғылының өлеңі»).*

1922 жылғы басылым –Ташкент қ-ндағы «Түркістан мемл. баспасының» Бірінші үлгілі мұсылман баспаханасынан жарық көрген таңдамалы өлеңдер жинағы. Араб әрпімен басылған. Кітапты қазақ-қырғыз білім комиссиясы әзірлеген. Жинақтың беташары ретінде берілген «Оқушыларға ескерту» және «Дұрыстаушылардан» деген шағын кіріспе мақалаларда Абай мұрасын жинау және оларды бір ізге түсіру мәселелері сөз болады. Кітаптағы өлеңдерге Х. Досмұхаметов пен У. Омаров бірқатар түзетулер енгізген. Жинақтағы Абай өлеңдері 14 бөлімге топтастырылып, оларға жеке-жеке тақырып қойылған. Ақынның 93 өлеңі, 2 дастаны («Масғұт әңгімесі», «Ескендір әңгімесі») енгізілген. Көлемі 298 б.т., 3 000 дана болып басылған.

1933 жылғы басылым – шығармаларының Қызылорда қ-ндағы «Қазақстан» баспасынан жарық көрген толық жинағы. Латын әрпімен басылған. Қазақ әдебиетінің классиктері деген айдармен шығарылған. Құрастырған М. Әуезұлы. Баспа атынан ақын Т. Жарокұлы қысқаша пікір жазған. «Сөз басы» деген тақырыппен жарияланған І. Жансүгіров жазған кіріспе мақалада Абай өмір сүрген заман, ақынның өмірі мен қоғамдық қызметі, көзқарастары мен дүниетанымы, ақындық шеберлігі жан-жақты талданады. Кітап 3 бөлімнен тұрады. 1-бөлімге 1855–83, 2-бөлімге 1887–90 ж. жазған өлеңдері мен дастандары, аударма-өлеңдері, 3-бөлімге 1890–98 ж. жазған өлеңдері мен алғаш рет қарасөздері топтастырылған. 4-бөлімін ойшыл-ақынның «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген тарихи еңбегі, өлеңдеріне түсініктеме-қосымшалар, М. Әуезов жазған Абайдың өмірбаяны және Көкбай мен Турағұл естеліктері кірген. Кітап көлемі 25,0 б. т., 6 мың дана болып басылған.

1934 жылғы басылым – Қызылорда қ-ндағы «Қазақстан» баспасынан жарық көрген таңдамалы өлеңдер жинағы. Латын әрпімен басылған. Құрастырғандар Р. Жаманқұлұлы мен М. Әуезұлы. Жинаққа Абайдың 69 өлеңі енгізілген. «Абайдың өмірі» деген мақала берілген. Кітап көлемі 5,0 б. т., 5 000 дана болып басылған.

1936 жылғы басылым – «Қазақтың мемл. көркем әдебиет баспасынан» жарық көрген таңдамалы өлеңдер жинағы. Латын әрпімен басылған. Жауапты редакторы Р. Жаманқұлұлы. Жинаққа ақынның 1886–97 ж. жазған өлеңдері, А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романынан, М. Ю. Лермонтовтан аударған шығармалары енгізілген. Кітап көлемі 4,0 б. т., 20 150 дана болып басылған.

1939 жылғы басылым – «Қазақтың мемл. көркем әдебиет баспасынан» жарық көрген таңдамалы өлеңдер жинағы. Латын әрпімен басылған. Құрастырған және редакторы – Ы. Адамбеков. Кітаптың 1-бөліміне ақынның өлеңдері, 2-бөліміне дастандары топтастырылған. Әр шығарма жазылу жылына қарай жинақталып, өлеңдеріндегі жеке сөздер мен атауларға бет соңында түсініктеме берілген. Кітап көлемі 2,5 б. т., 20 150 дана болып басылған.

1939–1940 жылғы басылым– шығармаларының «Қазақтың мемл. көркем әдебиет баспасынан» жарық көрген 2 томдық толық жинағы. Латын әрпімен басылған. Жинақтың бірінші кітабы 1939, екінші кітабы 1940 ж. баспадан шықты. Өлеңдері мен дастандарынан құрастырылған бірінші кітаптың жауапты редакторы – С. Аманжолов, аударма лары мен қарасөздері енгізілген екінші кітаптың жауапты редакторы – Е. Ысмайылов. Жинақ ССРО ҒА-ның Қазақстандық филиалы Әдебиет-фольклор секторының көпжылдық зерттеулерінің қорытындысы, ақын шығармаларын жинау нәтижесінде әзірлеген алғашқы ғылыми толық басылым. Бұл басылымда ақын шығармалары жазылу уақытына қарай жүйеге түсіріліп, көптеген өлеңдеріне жазылу тарихына байланысты жақшаға алынып ат қойылған, бірқатар ескертулер мен түсініктемелер берілген. Егер бұдан бұрынғы басылымдарда көне сөздер деген басқа тілдерден алынған 70–80 сөзге ғана түсініктеме берілсе, бұл жолы оқырман 194 сөзге түсініктеме алады. Зерттеулер барысында анықталған көптеген текстол. өзгерістер енгізіліп, бірқатар өлеңдері толықтырылған (Мыс., «Алла деген сөз жеңіл...» деген өлеңі мен «Масғұт» дастанының соңына сонымен қатар оқырманға бұрын белгісіз болып келген «Өкінішті көп өмір кеткен өтіп...», «Жастықтың оты жалындап...», «Күнді уақыт итеріп...», «Әбдірахманның өлімі» деген өлеңдері, «Онегиннің хаты», «Қарға мен түлкі» аударма лары алғаш рет енгізілді). Жинақтың 2-кітабына ақынның 12 әнінің нотасы берілген. Ал ғақлия сөздері жазылу жылдарына қарай топтастырылған. Осы кітаптың «Абай туралы түсініктер, материалдар» деп аталатын үшінші бөлімінде ақын аударма ларына түсініктер, Абайдың өмірбаянына қосымша материалдар, Көкбайдың, Тураштың, Мадиярдың, Қатпанның, Әрқамның, Мұсылманқұлдың естеліктері, ақынның ата тегі туралы көлемді мақала бар. Жинақтың 1-кітабы С. Мұқановтың «Абай – халық ақыны», 2-кітабы М. Әуезовтың «Абай-

дың өмірбаяны» деген көлемді ғылыми мақалаларымен ашылады. Басылымның 1-кітабы 18,0 б. т., 12 150 дана, 2-кітабы 20 б. т., 12 120 дана болып басылған.

1943 жылғы басылым – «Қазақтың біріккен мемл. баспасынан» жарық көрген таңдамалы өлеңдер жинағы. ССРО ҒА қазақ филиалының Тіл, әдебиет және тарих ин-ты әзірлеген. Кітап «Неміс оккупанттарына өлім келсін!» деген айдармен майдандағы қазақ жауынгерлеріне арналып, Қазақтың үлгілі әдебиеті топтамасымен жарық көрген. Редакторы – Б. Кенжебаев. Жинақтағы ақын шығармаларының әрқайсысының жазылған жылы көрсетілген. «Қараңғы түнде тау қалғып...», «Дұға», «Теректің сыйы», «Жалау», «Жартас» сияқты орыс классиктерінен аударған өлеңдері Абайдың төл шығармасы ретінде берілген. Кітап көлемі 1,2 б. т., 10 000 дана болып басылған.

1944 жылғы басылым – «Қазақтың біріккен мемл. баспасынан» жарық көрген таңдамалы өлеңдер жинағы. Жауынгерлерге арнап шығарылған 1943 жылғы кітап оқырмандар өтінішіне орай жұқа мұқабамен қайта басылған. Көлемі 1,2 б. т., 4 000 дана болып басылған.

1945 жылғы басылым – шығармаларының «Қазақтың біріккен мемлекеттік баспасынан» жарық көрген толық жинағы. Кітапты ақынның туғанына 100 жыл толу мерекесіне арнап, Одақтық ҒА-ның Қазақстандағы филиалы әзірлеген. Жауапты редакторы Н. Т. Сауранбаев. Кітап С. Мұқановтың «Абай қазақ халқының ұлы кемеңгері» деген көлемді мақаласымен және шығарушылар алқасының шағын алғы сөзімен ашылады. Жинақтың 1-бөліміне ақынның өлеңдері (барлығы 219 шығарма), 2-бөлімге дастандары, 3-бөлімге ғақлия сөздері топтастырылып, 4-бөлімге ақын шығармаларына, кісі аттарына түсініктер, алфавиттік көрсеткіш берілген. Бұлармен қатар басылым соңында ақынның «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген еңбегі енгізілген. Абай өміріне байланысты мекен-жайлардың, өзінің, туған-туыстарының, балаларының фотосуреттерімен, ақын қолжазбасының көшірмесімен танысуға болады. Көнерген және кірме сөздер сөздігі бар. Бұл жинақта Абай шығармаларының бұрынғы басылымдарына енбеген 7 өлеңі («Домбыраға қол соқпа...», «Түбінде баянды еңбек егін салған...», «Әйелің Медет қызы аты Өрім...», «Бөстегім, құтылдың ба Көтібақтан...», «Мен баламын демеңдер...», «Ойға түстім, толғандым...», «Құлық пенен сұмдыққа...») алғаш рет жарияланды. Кітап көлемі 31,7 б. т., 10 200 дана болып басылған.

1946 жылғы басылым – «Жаңа өмір» журналы баспасынан 1946 ж. жарық көрген таңдамалы өлеңдер жинағы. Араб әрпімен басылған. Ақын шығармалары іштей «Ел өмірінің суреттері», «Насихаттық, достық және көңіл күйі», «Ғылым-білім туралы», «Өлең-өнер туралы», «Әр түрлі мезгіл туралы», «Абайдың аударма өлеңдері» деген тақырыптарға топтастырылған. Көлемі 108 бет, 5 000 дана болып басылған.

1948 жылғы басылым – шығармаларының «Қазақтың біріккен мемл. баспасынан» жарық көрген толық жинағы. Ақынның туғанына 100 жыл толу мерекесіне арнап кітапты баспаға әзірлеген – ҚазССР ҒА-сы. Жауапты редакторы Н. Т. Сауранбаев. Бұл жинақта ақын-шығармалары елеулі ғылыми жүйеге түсірілген. Кітап С. Мұқановтың «Абай қазақ халқының ұлы кемеңгері» деген көлемді мақаласымен ашылған. Жинақта ССРО ҒА Қазақ филиалының Тіл-әдебиет ин-ты 1943–44 жылдары ұйымдастырған екі ғылыми экспедициясының материалдары кеңінен пайдаланылған. «Әзім әңгімесі» дастанының соңына бұрын белгісіз 12 жол өлең қосылған. Мазмұндық айырмашылықтары ескеріліп, 37-сөзден 45-сөз ажыратылып, бөлек берілген. Өлеңдеріндегі көптеген сөздерге текстол. өзгерістер енгізілді. Бұрын аударма саналып келген бірқатар өлеңдеріне төл шығарма танылып, Лермонтовше, Пушкинше деген қосымша ескертулер жасалған. Жинақтың 1-бөліміне өлеңдері, 2-бөліміне дастандары, 3-бөліміне ғақлия сөздері топтастырылып, 4-бөлімде түсініктемелер берілген. Ақынның «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген тарихи мақаласы енгізілген. Кітап Ә. Қастеев, Б. Урманче салған Абай портреттерінің көшірмелерімен, ақын қолжазбалары үлгісімен, бірнеше деректі фотоматериалдармен безендірілген. Көлемі 31,7 б. т., 10 000 дана болып басылған.

1952 жылғы басылым – «Қазақтың мемл. көркем әдебиет баспасынан» жарық көрген таңдамалы шығармалар жинағы. Оқырмандар тілегі бойынша 1945 жылғы жинақ сәл ықшамдалып қайта басылған. Жауапты редакторы С. Мәуленов. Көлемі 11,5 б. т., 40 000 дана болып басылған.

1954 жылғы басылым – шығармаларының ҚазССР ҒА-ның баспасынан жарық көрген 2 томдық толық жинағы. ҚазССР ҒА-ның Редакциялық баспасөз кеңесінің қаулысы бойынша ҚазССР ҒА Тіл және әдебиет ин-ты әзірлеген. Редакторы Р. Бөлекбаев. Шағын алғы сөзбен ашылған 1-кітапқа ақынның 1882–1895 ж. аралығында жазған өлеңдері, аудармалары және дастандары, барлығы 115 шығармасы енгізілген. 2-кітапқа 1896–1903 ж. аралығында жазған өлеңдері, аудармалары, қарасөздері және негізгі нұсқасы белгісіз өлеңдері топтастырылған. Бұлармен қатар басылым соңында ақынның «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» еңбегімен танысуға болады. Кітапта көнерген және кірме сөздер сөздігі, ақын шығармаларына түсініктер, алфавиттік көрсеткіш берілген. Жинақтың 1-кітабы – 15,6; 2-кітабы – 13,5 б. т., әрқайсысы 20 000 дана болып басылған.

1955 жылғы басылым – шығармаларының «Жаңа өмір» журналының баспасынан 1955 жылы жарық көрген толық жинағы. Араб әрпімен басылған. Редакторы М. Хакімжанова. Ақын өлеңдері жазылу жылдарына қарай топтастырылып, аудармалары, дастандары мен ғақлия сөздері енгізілген. Кітап соңында Абайдың «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген қазақтар тарихына арналған мақаласы берілген. Кітап көлемі 456 бет, 3 400 дана болып басылған.

1956 жылғы басылым – шығармаларының «Жаңа өмір» журналының баспасынан жарық көрген толық жинағы. Араб әрпімен басылған. Редакторы М. Хакімжанова. Кітаптың 1-бөліміне ақынның төл өлеңдері мен аудармалары, 2-бөліміне дастандары, 3-бөліміне ғақлия сөздері енгізілген. Жинақ соңында ақынның «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» тарихи мақаласы берілген. Кітап көлемі 456 бет, 6 100 дана болып басылған.

1957 жылғы басылым – шығармаларының «Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан»

жарық көрген 2 томдық толық жинағы. Жалпы редакциясын басқарған М. Әуезов. Редакторлары Ғ. Қайырбеков (1-кітап) пен Қ. Көпішев (2-кітап), көркемдеуші суретші А. Шипов. Шағын алғы сөзбен ашылған 1-кітапқа ақынның өлеңдері мен дастандары, барлығы 71 шығармасы енгізілген. 2-кітап М. Әуезовтың «Абайдың өмірбаяны» деген көлемді мақаласымен ашылып, аудармалары мен ғақлия сөздерінен жинақталған. Бұлармен қатар басылым соңында ақынның «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген еңбегімен танысуға болады. Кітапта көнерген және кірме сөздер сөздігі, ақын шығармаларына, аудармаларына, ғақлия сөздеріне, кісі аттарына түсініктер және алфавиттік көрсеткіш берілген. Басылым ақын шығармалары текстологиясын бір ізге түсіріп, жүйеге келтіру жағынан айырықша құнды. Жинақтың 1-кітабы – 14,9, 2-кітабы – 12,3 б. т., әрқайсысы 15 000 дана болып басылған.

1961 жылғы басылым – шығармаларының «Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан» жарық көрген толық жинағы. Ақынның өмірін, сөз соңын жазып, түсініктерді, жаңа материалдарды толықтырып баспаға дайындаған Ә. Жиреншин. Көркемдеген суретші В. Ткаченко. Кітап М. Әуезовтың шағын алғы сөзімен ашылады. Жинақтың 1-бөліміне ақынның өлеңдері (барлығы 187 өлең), 2-бөлімге дастандары, 3-бөлімге аудармалары мен жаңадан табылған өлеңдері (8 өлең), 4-бөлімге қарасөздері топтастырылып, 5-бөлімге түсініктер берілген. Бұл соңғы, 5-бөлімге ақын өлеңдеріне, аудармаларға, қарасөздерге, жаңадан енгізілген өлеңдерге, Абай хатына, Абай жазған заң ережесіне, жаңа суреттерге, картиналарға жеке-жеке түсініктер, ақынның өмірі мен шығармашылығы жайында тарихи хронолог. және алфавиттік көрсеткіштер ұсынылады. Бұлармен қатар ақынның «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» еңбегімен, інісі Халиуллаға жазған хатымен, Қарамола съезінде Абайдың жанында болған Мүсірәлі ақсақалдың естелігімен, осы съезде тікелей Абайдың басшылығымен әзірленген «1885 ж. Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы Заң ережесінің» 12 бабымен, бірқатар деректі құжаттармен, фотокөшірмелермен танысуға болады. Жинақта көнерген және кірме сөздер сөздігі бар. Кітап көлемі 30,5 б. т., 75 000 дана болып басылған.

1966 жылғы басылым – шығармаларының «Жазушы» баспасынан жарық көрген жинағы. Шағын қалыппен, Ұлы ақындар кітапханасы топтамасымен шығарылған. Редакторы Қ. Көпішев. Кітап «Абай Құнанбаев» деген қысқа кіріспемен ашылады. Жинаққа Абайдың таңдаулы 13 шығармасы: «Қансонарда бүркітші шығады аңға...», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім...», «Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап...», «Ғылым таппай мақтанба...», «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ...», «Жаз», «Интернатта оқыпжүр...», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы...», «Күз», «Қыс», «Сегіз аяқ», «Сәулең болса кеуденде...», «Жазғытұры» өлеңдері енгізілген. Кітапты суретші А. Дячкин көркем безеңдірген. Көлемі 1,2 б. т., 10 000 дана болып басылған.

1968 жылғы басылым – шығармаларының «Жазушы» баспасынан жарық көрген 2 томдық жинағы. Редакторы Т. Молдағалиев, көркемдеген суретші М. Қисамединов. 1-кітапқа ақынның өлеңдері, барлығы 175 шығармасы енгізілген. 2-кітапқа дастандары мен ғақлия сөздері, аудармалары топтастырылған. Бұлармен қатар басылым соңында ақынның «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» еңбегімен, інісі Халиуллаға жазған хатымен, тікелей Абайдың басшылығымен әзірленген «1885 жылы Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесінің» 12 бабымен және сол құжат әзірленген Қарамола съезіне қатысқан Мүсірәлі ақсақалдың естелігімен танысуға болады. Кітапта ақын шығармаларында кездесетін көнерген және кірме сөздер сөздігі берілген. Жинақтың 1-кітабы 4,6; 2-кітабы – 8,7 б. т., әрқайсысы 42 000 дана болып басылған.

1976 жылғы басылым – «Жазушы» баспасынан жарық көрген өлеңдер жинағы. М. Әуезовтың шағын кіріспе мақаласымен ашылады. Жинаққа ақынның төл өлеңдері мен А. С. Пушкиннен, М. Ю. Лермонтовтан, И. А. Крыловтан аудармалары енгізілген. Кітапты суретші И. Исабаев көркем безеңдірген. Көлемі 19,39 б. т., 45 000 дана болып басылған.

1977 жылғы басылым – шығармаларының «Ғылым» баспасынан жарық көрген 2 томдық толық жинағы. Жалпы редакциясын басқарған Ы. Дүйсенбаев, жауапты шығарушы Қ. Сыдықов, көркемде-



Абайдың 1961 ж. «Улан-Удэ» баспасынан бурят тілінде жарық көрген өлеңдер жинағының 1-томы.



Абай Құнанбаевтың 1962 ж. «Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан» жарық көрген «Жылдың төрт мезгілі» жинағы.



Абайдың 1966 ж. Алматыдағы «Жазушы» баспасынан жарық көрген өлеңдер жинағы.



Абай Құнанбаевтың 1970 ж. Минскідегі «Белорусь» баспасынан жарық көрген таңдамалы өлеңдер жинағы.

уші суретші А. Б. Мальцев. Дүйсенбаевтың көлемді алғы сөзімен ашылған 1-кітапқа ақынның өлеңдері мен дастандары, барлығы 175 шығармасы енгізілген. 2-кітап та Дүйсенбаевтың көлемді алғы сөзімен ашылып, оған аудармалары мен қарасөздері топтастырылған. Бұлармен қатар (басылым соңында) ақынның «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген еңбегімен танысуға болады. Кітапта көнерген және кірме сөздер сөздігі, ақын шығармалары мен аудармаларына, қарасөздеріне, кісі аттарына түсініктер, алфавиттік көрсеткіштер берілген. Жинақтың 1-кітабы –15,0; 2-кітабы 10,7 б.т., әрқайсысы 20 000 дана болып басылған.

1985 жылғы басылым – «Жазушы» баспасынан жарық көрген таңдамалы өлеңдер жинағы. Редакторы М. Жұмағалиев. Кітаптың 1-бетіне ақын портреті – суретші Қ. Қожықовтың гравюрасы берілген. Жинақ ақынның «Жүрегімнің түбіне терең бойла, Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла. Соқтықпалы соқпақсыз жерде өстім, Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!» деген өлең жолдарымен және М. О. Әуезовтың Абай туралы бір ауыз тұжырымды пікірімен ашылады. Әр өлең жазылу жылына қарай іріктеліп, ақынның соңғы жылдарда табылған «Домбыраға қол соқпа...», «Ойға түстім, толғандым» өлеңдері жеке берілген. Оқырман әр беттің соңынан жеке сөздер мен атауларға түсініктеме табады. Кітап соңында Әуезовтың «Абай Құнанбаев» деген көлемді мақаласы берілген. Шағын қалыппен шығарылған жинақты суретші Б. Машрапов көркем безендірген. Көлемі 4,7 б. т., 10 000 дана болып басылған.

1986 жылғы басылым – шығармаларының «Жазушы» баспасынан жарық көрген 2 томдық жинағы. Жауапты шығарушы М. Мағауин, көркемдеуші суретші Н. Нұрмұханбетов. 1-кітапқа ақынның өлеңдері мен дастандары, барлығы 178 шығармасы енгізілген. 2-кітапқа аудармалары мен ғақлия сөздері топтастырылған. Бұлармен қатар басылым соңында ақынның «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» еңбегімен, інісі Халиуллаға жазған хатымен танысуға болады. 2-томда М. Әуезовтың «Қазақ халқының ұлы ақыны» деген көлемді мақаласы бар. Кітапта көнерген және кірме сөздер сөздігі, ақын шығармалары мен аудармаларының алфавиттік көрсеткіші берілген. Жинақтың 1-кітабы 10, 1; 2-кітабы – 9,8 б. т., әрқайсысы 30 000 дана болып басылған.

1987 жылғы басылым – «Мектеп» баспасынан жарық көрген өлеңдер жинағы. Мектеп кітапханасы айдарымен шығарылған. Редакторы С. Нұрпейісова. Кітап М. Әуезовтың шағын алғы сөзімен ашылған. Жинаққа ақынның төл өлеңдерімен қатар, А. С. Пушкиннен, М. Ю. Лермонтовтан, И. А. Крыловтан аудармалары, 3 дастаны енгізілген. Әр беттің соңында жеке сөздер мен атауларға түсініктеме берілген. Кітап мектеп оқушыларына арналған. Көлемі 8,1 б. т., 40 100 дана болып басылған.

ҚАЗАҚ ФИЛАРМОНИЯСЫ, Қазақстан Республикасының Жамбыл атындағы мемлекеттік филармония сы – муз. шығармаларды насихаттайтын концерттік ұйым. 1935 ж. құрылған. Алғашқы директоры әрі көркемдік жетекшісі – А. Қ. Жұбанов. Қ. ф-ның құрамында: хор капелласы, симфониялық оркестр, фольклорлық-этногр. «Отырар сазы» оркестрі, концерттік лекторий топтары, жеке муз. аспапта орындаушылар мен әнші-солистер, көркем сөз оқушылар бар. Мемл. симфониялық оркестрдің репертуарында Абайдың «Айтым сәлем, қалам қас», М. Төлебаевтың «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» операсынан «Абайдың ариясы», «Абай – жалғыз» деген шығармалары, сондай-ақ С. Мұхамеджановтың «Жарқ етпес қара көңлім, не қылса да...», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы...», М. Қойшыбаевтың «Құйқылжыр көңіл құсы шартарапқа...» туындылары орындалады. Филармония әншілері – Абай әндерінің негізгі насихаттаушыларының бірі. *Ә. Телғозиев.*

«ҚАЗАҚФИЛЬМ», Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы – көркем және хроникалық-құжатты, ғыл.-көпшілік фильмдер, киножурналдар шығаратын киностудия. Алматы кинохроника студиясы (1934) базасы негізінде 1941 ж. Алматы көркемфильмдер киностудиясы болып құрылды. Сол жылы Алматыға көшіп келген «Мосфильм» мен «Ленфильмге» қосылып, 1944 жылға дейін Біріккен орталық киностудияның құрамында болды. 1944 ж. Көркем және хроникалық-құжатты фильмдер студиясы, ал 1959 ж. «Қазақфильм» киностудиясы, 1984 жылдан қазіргі атымен аталады. Алматы киностудиясының алғашқы шығарған көркем фильмдерінің бірі – 1945 ж. М. Әуезовтың сценарийі бойынша түсірілген *«Абай әні»* фильмі, 1955 ж. хроникалық-құжатты «Абай» қысқа метражды фильмі жасалды. *Б. Нөгербеков.*

«ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ 1000 ӘНІ» («1000 песен казахского народа») – Орынбор қ-нда Қазақтың мемлекеттік баспасынан 1925 ж. орыс тілінде жарық көрген муз.-этнограф. жинақ. Авторы – этнограф, комп. А. В. Затаевич. Кітапқа 1920–23 ж. Орынбор, Семей, Орал т. б. ірі мәдени-әкімш. орталықтарда қазақтың белгілі өнер, әдебиет, ғылым және мемл. қайраткерлерінен (276 адам) жазып алынған қазақтың халық әндері, халық композиторлары мен музыкашыларының 977 әні, домбыра және қобызда орындалатын 23 күйі, сондай-ақ олардың түрлі нұсқалары жинақталған. Жинақта Абайдың муз. мұрасына үлкен орын беріліп, Петропавлдағы театр тобының режиссері О. Қашағановтан («Татьянаның хаты»), Ж. Аймауытовтан («Абайдың әні»), Е. Ғазимовтан («Қор болды жаным») және Ф. Сәдуақасовтан («Қарашада өмір тұр»), (Кітаптың түсіндірмесінде ән А. Байтұрсыновтікі деп көрсетіліп, «Тілек батам» деген атпен берілген бұл әннің Абайдікі екенін муз. зерттеушісі В. Дернова дәлелдеді) жазып алынған әндері нотаға түсіріліп берілген. Сонымен қатар Абайдың өмірінен тың мағлұматтар келтіріліп, шыққан тегі, білім дәрежесі, қоғамдық көзқарасы, орыс халық-шылдары өкілдерімен қарым-қатынасы баяндалған. Автор кітап соңында Абай әндеріне жан-жақты түсініктеме, оларға қазақ ән өнері аясында, сондай-ақ орыс романстарымен салыстыра отырып, өз көзқарасы тұрғысынан баға берген. Абайдың композиторлық тұлғасын жоғары бағалап, әсіресе «Татьянаның хаты» әнінің сәтті шыққанын атап көрсетеді. Жинақта Абай әндерін таратушылар, шебер орындаушылар туралы да деректер келтіріледі. *З. Қоспақов.*

ҚАЗАҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ – көп салалы анықтамалық ғылыми әдебиеттер шығаратын ғылыми-зерттеу институтының статусы бар Бас редакция. 1967 ж. 13 қыркүйекте «Қазақ Совет энциклопедиясының Бас редакциясы» деген атпен құрылды.

1968–1979 ж. – М. Қ. Қаратаев, 1979–1986 ж. – М. Қ. Қозыбаев, 1986 жылдан – Р. Н. Нұрғалиев – Бас редактор. 1992 жылдан қазіргі атауымен аталады. Баспаның негізгі міндеті – қазақ халқы мен Қазақстан Республикасының тарихы мен мәдениетіне, этнографиясына, кәсіпшілігіне, ғылымы мен біліміне, экономикасына, тілі мен өнеріне байланысты әмбебап энциклопедиялар мен анықтамалықтар, әр саладағы сөздіктер мен тілашарлар әзірлеп шығару. Баспадан тұңғыш «Қазақ совет энциклопедиясының» 12 томдығы, «Қазақ ССР» анықтамалығы (қазақ, орыс тілдерінде), 4 томдық «Қазақ ССР» энциклопедиясы (қазақ, орыс тілдерінде), Ш. Уәлиханов шығармаларының 5 томдығы, «Алматы», «Қарағанды, Қарағанды облысы» анықтамалығы (қазақ, орыс тілдерінде), «Ол кім. Бұл не», «Шаңырақ» энциклопедиялары, бірнеше сөздіктер мен тілашарлар жарық көрді. Бас редакция өз басылымдарында Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылық жолына байланысты материалдарды үзбей жариялап келеді. «Қазақ совет энциклопедиясында» ақын өміріне байланысты «Абай Құнанбаев», «Абай музейі», «Абайтану», «Абай тілі сөздігі», «Абай жолы», «Абай шумағы», «Абайдың Жидебайдағы қыстауы», «Абай мұздағы», «Абай шыңы», «Алты аяқ» (бәрі де 1-томда), «Сегіз аяқ» (10-том), ақын есімімен аталатын қала, аудан, колхоз, совхоздар, жер-су аттары туралы материалдар берілді. Абайдың ақын балалары Ақылбайға (1-том), Мағауияға (7-том), немере інісі Кәкітайға (5-том), әкесі Құнанбайға (7- том) арналған мақалалар енгізілген. Ақынның тікелей қатысуымен 1885 ж. Қарамола съезінде әзірленген Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесіне түсініктеме беретін мақала жарияланған. Осы мақалалардың бірқатары қайта әзірленіп, «Қазақ ССР» деп аталатын қысқаша 4 томдық энциклопедияда жарияланды. Ақынның 150 жылдық мерейтойы қарсаңында «Абай энциклопедиясын» әзірлеу мақсатымен 1989 ж. Бас редакция құрамынан «Абай» ғылыми редакциясы құрылды. Меңгерушісі – Т. Рсаев (қ. *Абай редакциясы*).

Г. Нұрмұхамбетова.

ҚАЗАН – қала. Татарстан республикасының астанасы. Еділ өзенінің сол жағасында орналасқан. 13 ғ-дың 2 жартысында іргесі қаланған. Абай есімін түркі тілдес шығыс халықтарына таныстыруда Қ. қаласы елеулі қызмет атқарды. Осында жарық көрген «Кнәз блан зағифа» атты қисса кітапта (1897), М. Кәшимовтың «Сұлу қыз» деген өлеңдер жинағында (1909) Абайдың бір топ өлеңдері жарияланған. 1922 ж. Б. Күлеевтің бастыруымен «Абай Құнанбайұғылының өлеңі» жинағы жарық көрген.

ҚАЗАНҒАПОВ Бекмахамбет Төлегенұлы (1952 ж. т.) – суретші-дизайнер. Музей дизайны саласында жұмыс істейді. Ол Абайдың Семейдегі респ. әдеби-мемориал. музейі экспозициясы жобасының авторы, топ жетекшісі (Б. А. Көшербаевпен бірге, 1988–92). Экспозиция: Абайдың балалық, жастық шағы, ақындық жолы және абайтану атты 3 бөлімнен тұрады, онда ақынның әдеби қызметін көрсетуге күш салған.

ҚАЗБЕК, К а з б е к – үлкен Кавказдың Бүйір жотасындағы аса биік шың. Абай өзінің М. Ю. Лермонтовтан тәржімелеген «Теректің сыйы» деген туындысында түпнұсқаға сәйкес Қ. атауын келтіреді.

ҚАЗЫБЕК БИ, Қ а з д а у ы с т ы Қ а з ы б е к (1665–1765) – Орта жүздің төбе биі, атақты шешен, мемлекет қайраткері, Абайдың түп нағашысы. Арғын ішінде Қаракесек руынан шыққан. Ол Тәуке, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай хандардың тұсында елбасқару ісіне белсене араласып, қазақ хандықтарының ішкі және сыртқы саясатына елеулі ықпал еткен. Жоңғар басқыншылығына қарсы халық күресін басқарушылардың бірі болды. Қ. Б. Тәуке ханның *«Жеті жарғысын»* жасауға қатынасқан. Россиямен, Цинь империясымен бейбіт қатынас орнатуды жақтаған. Ел арасында Қ. б. айтқан қанатты сөздер, әділ биліктер туралы аңыз-әңгімелер көп тараған. Қ. б. туралы әр түрлі деректер архивтерде мол сақталған. Абай Қ. б-дің ұлағатты сөздерін жақсы біліп, өз тәжірибесінде пайдаланып отырған. Ақын 1885 жылғы Қарамола съезінде әзірленген *«Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережелерінде»* «Жеті жарғының» әдет заңы туралы қағидаларын басшылыққа алған.

«ҚАЙҒЫ ШЫҒАР ІЛІМНЕН...» – Абайдың 1892 ж. жазған өлеңі. Тармақ саны әр түрлі 7 шумақ, барлығы 60 жол. Ақынның бұл кезеңде А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов поэзиясына тереңдеп кіріп, дүниежүзі әдебиетінің Ф. Шиллер, А. Мицкевич, И. Гете сияқты алыптарымен таныс болғанын ескерсек, бұл өлеңдегі мұңды сарынды, жақсылықтан, адалдықтан түңілу түйсіктерін Абайдың жасы ұлғайып, көңілінің күйрек тартқан шағындағы жасық шығармасы дей алмаймыз. Бұлайша өз заманынан түңілу, күнделікті күйкі тіршіліктен тарығу бүкіл әлем классиктерінің бәрінде де болғанын ескертеді М. Әуезов. Тіпті қаламының қайрылмас қайрат-күшін, ащы тілінің улы запыранын надандық пен арамзалыққа, қоғамдағы зиянды құбылыс біткенге қарсы аяусыз төккен сарабдал сыншы М. Е. Салтыков-Щедриннің өзінде де кей тұста осындай сарын орын алғанын айтады. Тегінде түсінік-түйгені, білім-зердесі өз ортасынан анағұрлым жоғары адамдардың ойға алған айшықты арман-мақсаттарының орындалмай қалғанына разы болмай кейістік танытып, бір сәт бәрінен де күдер үзіп, мұңға берілуі заңды нәрсе болса керек.

Осы өлеңді оқығанда Абайдың екі шығармасы еске түседі. Біреуі «Менсінбеуші ем наданды...» өлеңі де, екіншісі – «Масғұт» дастаны. Екі өлең сезім, ой түйіні жағынан өте жақын. Ел бүлігі, ағайын дауынан, надандық пен арамдықтан әбден қажыған ақынның мұң-зары, халқына, келер ұрпағына айтар шағымы іспеттес. Екеуі де ел-жұртын адамгершілікке шақырады. Ал жоғарыда аталған дастанның соңында еліріп кеткен елінен қорыққан патша мен уәзір амалсыздан өздері де «жынды судан» ішуге мәжбүр болмай ма. Ақын осы арқылы көп наданның ішінде бір данаға орын жоғын дәлелдейді. Бұл өлеңде де солай. Ілімнен – қайғы, білімнен – ыза ғана шығады. Өйткені елдегі барша жамандық пен надандықты тек саналы, көзі ашық адам ғана түсініп, сол ғана қайғы шер төгеді дейді. Ал өзі қасірет шегіп, зар илеп отырғанда, елдегі есірік, есерлер ойларына келгендерін істеп, тіршіліктің тынысын бұзатынына налиды. Бірақ ақын осындай зіл қара тас мұңмен басталған өлеңінің өзінде дұшпандарына айтар қайрат тауып, әлгі сойқан-содырларды таңбалап, олардың жексұрын кескін-келбеттерін түстеп береді. Алдымен солардың жөргекте қағынған шағынан бастайды да, сүм-сұрқиялық өсу жолын сипаттайды, мінез-құлық қасиеттерін өлтіре әшкерелейді. Олардың іші – жау да, сырты – жылмаң. Таңдаған-

дары ауырдың үсті, жеңілдің асты. Іздегендері – қызық, мағынасыз ойын-сауық. Жүрер жолдары қисық-қыңыр. Міне, ақын заманындағы бойкүйез, бұзық, топас топтың келбеті осындай. Ал сол сиықсыз, сырдақ тобырға ақыл айтар, жөн сілтер кім бар, ауылдың абызы, ақсақалы қайда? Ондай адам жоқ. Бірі – заңшыл, бірі – арызқой. Жалған ақылшы болған, пірге табынған түрі танытатын жәдігөй арамзалар ғана. Қазақ тіпті қажыға барудың өзін мұсылмандық парыз үшін емес, әшейін сырт көз, мақтан, атақ-даңқ үшін жасайтынын жиіркенішпен әшкерелеп, өзі тұстас қарттарға адалдық, адамгершілік жолын ұсынады. Бұзақыға басалқы сөз айтудың орнына, баз біреуге жем беріп, баз біреуді зәбірлеп, топ құрып, тобыр жиған, бірді бірге айдап салып, мал шашпаймен жүргендерді «итше індет тілемей», тыныштық табуға, ар-ұятты қадірлеуге шақырады. Ақын ел ішіндегі осындай құйтырқы шалдардың көптігін ескертіп: «қозғау салып қоздырғыш, кезбе шалдан пайда жоқ» деп, ел бұзарларға нағылет айтады. Сөйтіп мұнды сарынмен басталған «күйрек» шығарма жауыздыққа, зорлық-зомбылыққа, қулық-сұмдыққа қарсы ызалы тұжырымға ауысады, өлең соны екпін, жаңа қуатқа ие болады.

Туынды 7–8 буынды шұбыртпалы ұйқаспен жазылған. Өлеңдік құрылысы жағынан да өзгеше. Ақын шығармасының біртұтас шумақтық өлшемін сақтамаған. Оның ең қысқа шумағы 4 тармақтан, ең ұзын шумағы 12 тармақтан тұрады. Тілі аса көркем, уытты. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Абай Құнанбайұғылының өлеңі» деген жинақта жарияланды. Өлең басылымдарында бірқатар текстол. өзгерістер кездеседі. 1933, 1939 жылғы басылымдарда 26-жол **«Қазақ тұрмас торықтап»** болса, қалған жинақтарда бұл жол 1909 жылғы басылым негізінде **«Қазақ тұрмас тұрықтап»** болып алынған. Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасында 34-жол **«Тоқтатпасаң құрықтап»** делінсе, басылымдарда Мүрсейіттің 1910 жылғы қолжазбасы, 1909 жылғы жинақ бойынша **«Ұстайсың қайтіп құрықтап?»** болып берілген. Ал 1933 жылғы басылымда бұл жол **«Ұстай алмайсың құрықтап»**. 1939, 1945, 1954, 1957, 1977 жылғы басылымдарда 37-жол **«Кейбіреуі дүрсіп жүр»** болса, 1909 жылғы жинақта **«Кейбіреуі дүриіп жүр»**, Мүрсейіт қолжазбаларында **«Кейбіреуі дүріс жүр»** деп көрсетілген. Мүрсейіт қолжазбаларында, 1909, 1954 жылғы жинақтарда 51-жол **«Партия жиып, мал сойып»** түрінде алынған болса, 1939, 1945, 1957, 1977 жылғы басылымдарда бұл жол 1933 жылғы жинаққа сәйкес **«Партия жиып, мал сойса»** делінген. 1909 жылғы басылымда 55-жол **«Итше иттен тілемей»** болып берілсе, Мүрсейіт қолжазбаларында, қалған басылымдарда **«Итше індет тілемей»** болып алынған. 1954 жылғы жинақта өлеңнің жазылу уақыты 1891 ж. деп көрсетілген. Туынды ағылшын, араб, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр тілдеріне аударылған.

Т. Рсаев.

ҚАЙДАРОВ Әбдуали Туғанбайұлы (1924 ж. т.) – тіл білімі маманы, түркітанушы. Филол. ғыл. докторы, проф., Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның академигі, Қазақстан Республикасының еңбек сің. ғылым қайраткері. Оның «Қазіргі ұйғыр тіліндегі қос сөздер», «Қазіргі ұйғыр тілі», «Қазіргі қазақ тіліндегі дара буынды түбірлер мен негіздер», «Түрктануға кіріспе» (М. Оразовамен бірге) т. б. ғыл.-зерт. еңбектері көпшілікке кеңінен мәлім. Тіл тарихы мен этимология, фразеология, түркі-монғол, түркі-славян және әдеби тілге қатысты зерт. еңбектерінде Абай шығармаларына талдау жасады, мысал-үлгілер алды.

«ҚАЙТСЕ ЖЕҢІЛ БОЛАДЫ ЖҰРТ БИЛЕМЕК...» – Абайдың 1894 ж. М. Ю. Лермонтовтың «Измайл-Бей» дастанының 2 бөлімінен аударған өлеңі. Өлең орыс ақынында 22, Абайда небәрі 20 жол, түпнұсқаның кей жері дәлме-дәл аударылып, кейбір жолдарының мазмұны ғана сақталған. 50 жылдарға дейін бұл өлеңнің түпнұсқасы белгісіз болып, оны Абай өзі қазақ өміріндегі ел билеушілердің іс-әрекетін, мінез-құлқын жақсы білетіндіктен, соларға ақыл-кеңес, насихат ретінде жазған деген пікір айтылып келді. Әрине, Абай Лермонтов дастанындағы Измаил-Бейдің сөзінен өзі жақсы білетін қазақ биболыстарының мінезіне үндестік тапқандықтан аударған. Бірінші аударманың кейбір тұстары өте еркін болғандықтан, оны түгелдей алғанда қазіргі мағынадағы дәл аудармадан гөрі орысша түпнұсқамен сарындас, тың шығарма деуге негіз бар. Екінші, Абайдың аударған тұсы – дастандағы кейіпкердің, яғни Измайл-Бейдің айтқан сөзі болғандықтан, соның мінез-құлқын, ой-ниетін танытатындықтан Абайдың тікелей өз ойы, өз көзқарасы деуге келмейді. Мыс., «Жұрт – бала, ешнәрсесін тартып алма, Білдіртпей ептеп алсаң залалы жоқ» дегенді (түпнұсқада: «Народ – ребенок, он не хочет дать, Не покушайся вырвать, но украдь») немесе «Кейбірін қауыптандыр мінін тауып» (түпнұсқада: «чтоб в слабости своей он признался») дегенді Абайдың атынан айтылған ақыл-кеңес демей, әккі болған, айлатәсілді көп білетін ел билеушінің (Измаил-Бей) ойы десек нанымды, қисынды болып шығады. Ал осындай ел қамын ойлаудан, адалдықтан гөрі айлаға, арамдыққа, айбат көрсетуге көбірек бейім болуды насихаттайтын сөздерді Абайдың өз ойы десек, онда тек кекесін, келемеж түрінде айтылған дер едік. Бірақ өлеңде мысқыл шындықтан гөрі байыпты, салмақты түрде сөйлеу әлдеқайда басым жатыр. Сондықтан Абай өлеңіндегі ел билеудің жолы, амал-тәсілдері туралы ой-пікірлер тура мағынада қабылдауға лайық сөздер болып шығады. Ал сонда ел билеушіге амал-айла, өз жеке басына пайда ойлауды үйретететін сөздерді қалай түсінбек керек? Болыс-билердің жағымсыз мінездерін қатты шенеп сынайтын *«Болыс болдым, мінеки...»*, *«Мәз болады болысың...»* сияқты өлеңдер туғызған Абай бұл тұста аяғын шалыс басқан дейміз бе, әлде? Әрине, олай дей алмаймыз. Себебі, Абай бұл өлеңді Лермонтов дастанындағы айлакер бидің сөздерін оқып отырып, соның әсерімен шабыттанып жазған. Осыны ескерсек, бәрі де түсінікті болып шығады. Өлең 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Алғашқы рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Өлең басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1933, 1939, 1945, 1954 жылғы басылымдарда 1-шумақтың 3-жолы **«Ішің берік боп, нәпсіге тыю салып»** болып берілсе, 1957, 1977 жылғы басылымдарда бұл жол Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы жинақ негізінде **«Ішің берік боп, нәпсіге тыюлысып»** деп алынған. Ал 1909 жылғы жинақта 4-шумақтың 1-жолы **«Кісімсі қайда болса олжаға тоқ»**, 1945 жылғы басылымда **«Кісімсі қайда жүрсең олжаға тоқ»** болса, қалған жинақтарда бұл жол **«Кісімсі қайда жүрсең олжаға тоқ»** делінген. Сондай-ақ Мүрсейіт қолжа-

збаларында, 1909, 1945, 1954, 1957 жылғы басылымдарда 4-шумақтың 3-жолы **«Жұрт – бала, ешнәрсесін тартып алма»** делініп келсе, 1977 жылғы жинақта бұл жол 1933 жылғы басылым негізінде **«Жұрт – жас бала, жылатып тартып алма»** ретінде қабылданған. *З. Ахметов.*

ҚАЙЫРБЕКОВ Ғафу (1928 – 94) – ақын. Қазақстан Республикасының халық жазушысы. «Арал әуендері», «Алтын бесік», «Қанатты жылдар», «Беласар», «Туған топырақ», «Шұбалаң», 2 томдық «Таңдамалы» т. б. жыр жинақтарын, «Ақжелкен», «Желқайық», «Елтін-жол» повестерін жазды. Ақынның «Большевик ауыл» дастаны 1916 жылғы Торғай даласындағы орыс патшалығының отаршылығына қарсы алапат айқасты суреттеуге арналған. Ол «Бір кеменің үстінде» деген әдеби-сын жинағында Абай, Сәкен, Қасым, Қайнекей, Сырбай, Жұбан шығармаларының дәстүрлік үндестігін сөз етеді. Абай рухына арнап «Абай қасында» (Ақынға, – А., 1954) т. б. өлеңдер жазды. Қ-ке «Жұлдызды тағдырлар» жыр жинағы үшін Қазақстан Республикасының Абай атындағы Мемл. сыйлығы берілген. *С. Кенжеахметов.*

«ҚАҚТАҒАН АҚ КҮМІСТЕЙ КЕҢ МАҢДАЙЛЫ...» – Абайдың 1884 ж. жазған өлеңі. Көлемі 20 жол. Жанры жағынан – лирикалық өлең-портрет. Ақын сұлулыққа, жарасымдылыққа, мәдениеттілікке, ізеттілікке деген өз талғамын алға тарта отырып, ауыл жастары арасынан сұлулық үлгісін іздейді. Сондықтан «Аласы аз қара көзі нұр жайнап», жанарынан жалын ұшқындаған, шат көңілді, көлденең көк аттыға есесін жібере қоймайтын ерікті, әдемі ару бейнесін жырға қосады. Ол әлсін-әлсін күліп қояды, жұртпен ашық сөйлеседі, томсырайып, жабырқап тұрмайды. «Жіңішке қара қасы сызып қойған» туған ай секілді, «Ақша жүз ал қызыл бет тіл байлады». Сөйлесе не болмаса күлсе көрінетін маржандай кіршіксіз аппақ тісі іш қайнатады. Құлаққа естілген риясыз сыңғыр қаққан жарқын күлкісі «бұлбұл құс» сайрағандай естіліп, адам жанын бауырайды, жүректі лүпілдетеді. Сыртқы сұлулығы ішкі сезім дүниесімен астасқан. «Сөйлесе сөзі әдепті, Һәм мағыналы», аузынан шығатын сөзін бағып, ибалық танытады. «Ажымсыз ақ саусағы іске ыңғайлы», «Нәзік бел тал шыбықтай», «Қолаң қара шашы», «Торғындай толқын ұрып, көз таңдайды». «Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын» Венера Милосскаяның келбетін, эллинизм идеясын еске түсіреді. Бұрын қазақ қауымында ою өнерінен басқа кескін өнері болмағанын ескерсек, соның қызметін поэзияға жүктегісі келген Абай талабын түсінуге болады. Поэзия мен кескін өнері белгілі бір мөлшерде тоғыса алады. Бірақ поэзия пластиканы алмастыратындай дәрежеге жеткізілмеуі тиіс. М. О. Әуезовтың бұл өлеңді «жанды, тірі адамды бейнелеудің орнына жансыз сурет беріп отырған сияқты. Суретшінің қағазға түсіріп отырған портреті айқынырақ сезіледі. Әсем сұлудың сырт көркімен қатар сезімін, ақыл-мінезін, адамдық ішкі дүниесін беруді ескере бермейді. Паспорттық сипаттау жасайды» (Шығ. жинағы, 20-т., – А., 1985, 108-б.) деп сынауы осы себептен болу керек. Жалпы туындыда ақын мұндай ару жар кездескен жігітте арман болар ма деген ой тастап, оқырманды қиял құшағына бөлейді. Өлеңінен Абай поэзиясының шоқтығы саналатын *«Айттым сәлем, қалам қас»* шығармасына апаратын алғашқы сорапты аңғаруға болады. Өлең 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Шығарманың кейбір басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1909, 1939, 1954 жылғы жинақтарда 2-жол **«Аласыз қара көз жайнайды»** болып басылып келсе, 1945, 1957, 1977 жылғы жинақтарға **«Аласы аз қара көзі нұр жайнайды»** делініп, мағынасына қарай түзетілген. Мүрсейіт қолжазбаларында, 1909, 1939, 1945, 1954 жылғы басылымдарда соңғы жол **«Торғындай толқындырып көз таңдайды»** ретінде берілсе, 1957, 1977 жылғы басылымдарда бұл жол 1933 жылғы жинақ бойынша **«Торғындай толқын ұрып көз таңдайды»** түрінде алынған. Ақын шығармаларының негізгі басылымдары саналатын 1933, 1939, 1945, 1957, 1961 жылғы жинақтарда бұл туынды *«Қандай қызда ләззат бар жан татпаған»* өлеңімен бірге тұтас шығарма ретінде берілген. Ал 1977 жылғы басылымда жеке ұсынылған. Өлең ағылшын, араб, башқұрт, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр тілдеріне аударылған. Туындыға комп. С. Мұхамеджанов романс жазған.

Ш. Елеукенов.

«ҚАЛАМҚАС» – Семей обл., Абай ауд., Мәдениет үйі жанындағы жастар ән-би ансамблі. 1973 ж. құрылған. 1975 ж. оған халық ансамблі атағы берілді. Алғашқы көркемдік жетекшісі – Бүкілодақтық еңбекшілер көркемөнерпаздық шығармашылығы байқауының дипломанты М. Тұраров. Ансамбль репертуарында Абайдың «Айттым сәлем, қалам қас», «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай», «Қараңғы түнде тау қалғып» т. б. әндері бар. Алматыда, Москвада өткен Бүкілодақтық фестивальдардың лауреаты. *Ә. Телғозиев.*

ҚАЛИМАН Турағұлқызы (1904–89) – Абайдың немересі. Ахмет Әуезовке тұрмысқа шыққан. Абайдың 125 жылдық мерейтойына арнайы шақырылып, сонда сөйлеген сөздері, естеліктері магнитофон таспасына жазылып алынды. Қ-ның өз әкесі Турағұл, Әуезовтер әулеті жөнінде көптеген құнды деректері, фото-суреттері музейде сақтаулы.

ҚАЛИҰЛЫ Шаймардан (1910 ж. т.) – агроном. Абайдың жиені. Мағауияның қызы Уәсиладан туған. 1967 ж. Москвадағы К. А. Тимирязев атынд. а. ш. академиясын бітірген. 1945–82 ж. Қазақ а. ш. ин-тында проректор болып істеген. Алматыда тұрады.

И. Жағыпарқызы

«ҚАЛҚАМ-АЙ, МЕН ҮНДЕМЕЙ ЖҮРЕМІН КӨП...» – 1898 ж. Абай тәржімелеген туынды. Әрқайсысы 4 тармақты 4 шумақтан тұрады, көл. 16 жол. Бұл өлең М. Ю. Лермонтовтан аударылған шығармалардың қатарына қосылып жүрді, бірақ түпнұсқасы көрсетілмей келді. Дұрысында бұл өлең Лермонтовтан аударма емес, басқа бір ақынның шығармасынан аударылған. Өлеңнің академик З. Ахметов тапқан түпнұсқасы мынау:

И ты думаешь, будто я хладен и нем?
Малютка, под этим молчанием
Таится ужасная буря, зачем
Вырываться наружу ей тяжким рыданием?

Что я гордо смотрю на презренных людей,
Ты за то ли упрекаешь?
Но те люди торгуют рукою твоей,
Твоим сердцем хотят торговать. Ты их знаешь...

Дай мне руку твою! Посмотри мне в глаза!
Я без слез горько плакать умею;

Твои ж слезы блестят, как ночная роса,
На заре, поутру, освежая лилею.

Тебе легче – ты можешь в слезах выливать
Муки сердца, а я! Я родился
Мужчиной, я должен безмолвно страдать:
Своих собственных слез я б невольно стыдился.

Но поверь, если б ты вдруг меня поняла
И вгляделась в бесслезные очи:
Ты б от ужаса плакать забыла, и я
За тебя стал плакать все дни и все ночи.

Бұл текст Лермонтовтың жаңадан табылған шығармасы деп саналып, 19 ғ-дың 90 жылдары ақын шығармаларының жинақтарында басылып жүрді, бірақ кейін оның шығармасы емес екендігі анықталды. «Қалқам-ай, мен үндемей жүремін көп» өлеңі Абайдың аударуында айрықша сыршылдық сипат алып, ұлы ақынның өз сезімдері, толғаныстарынан нәр алып, өте әсерлі лирикалық шығарма болып шыққан. Абай өлеңінде жүрегіндегі қайғы-наланы сыртқа шығармай, іштей тәбіренетін байсалды, ұстамды адамның бейнесі әсіресе айқын көрінеді. Орысша тексте лирикалық кейіпкер жүрегін толқытқан жалынның себебін ғашығына «олар сені саудаға салып жүр, сенің жүрегіңді сатпақшы» деп түсіндіреді («Те люди торгуют рукою твоей, твоим сердцем хотят торговать»). Ал Абай:

«Жүрегімді кескілеп сатып жүрген,
Арсыздарды досым деп неге аяймын? » –

дейді. Мінеки, мұнда өлеңнің мағыналық жүгі, негізгі салмағы лирикалық тұлғаның, яғни ақынның өз басына ауысқанын байқаймыз.
Бұл Абайдың «Жүрегім менің қырық жамау қиянат-шыл дүниеден» деп толғанатынын еске түсіреді.
Орысша «сердцем хотят торговать» дегенге қарағанда Абайдың өлеңінде «Жүрегімді кескілеп сатып жүрген» болуы да мүмкін (сатып деген сөз салып деп оқылған десек). Бірақ бұл сөз қалай оқылса да, өлеңнің мағынасына одан келетін өзгеріс аз ғана.
Өлең 11 буынды қара өлең ұйқасы өрнегімен кестеленген. Алғашқы рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланған. Өлең басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1945 жылғы басылымда 2-шумақтың 1-жолы «Антұрған ел көзіне тек қараймын» деп басылған. Кейінгі жинақтарда бұл 1909 жылғы басылым және Мүрсейіт қолжазбалары негізінде «Антұрған ел көзіне **тік** қараймын» болып басылып келеді. Абайдың бұл аударма өлеңіне комп. *К. Күмісбеков* романс жазды.

З. Ахметов.

ҚАЛМАҚ – ұлт, Россия Федерациясы құрамындағы Қалмақ автономиялы республикасының тұрғын халқы. Ламаизм дінін тұтынған. Тілі Алтай тілдерінің батыс-монғол тобына жатады. Б. з. б. 1-мыңжылдықта қазіргі Монғолия жерін мекендеген. 15–16 ғ-ларда жоңғар атырабында өз хандықтарын құрып, 17 ғ-дан бастап басқа жерлерді басып алуға кіріскен. 1723 ж. басталған жоңғар шапқыншылығы барысында қазақ халқы «Ақ табан шұбырынды» кесапатына ұшырады. Қазақтар мен Қ-тар арасындағы аласапыран арпалыстарға байланысты әңгіме-аңыз, батырлық жырлар өте көп. Туған халқының тарихына елеулі әсер еткен басқыншы халық тарихын Абай терең білген. Ол өзінің *«Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы»* деген тарихи мақаласында Қ. аталарын тәптіштеп таратады. «Қалмақтың төрт атасының бірі – хазар. Сол хазардан үш атаның ұлы парсы жұртында қалып еді: Қазар, Афшар, Үшташлы деген. Сол қызыл бас, дүниедегі бір ескі патшаларының сарқыты – кәсірәй ғажам жұрты сол. Біздің қазақтың Амудариясынан қорқып қашып келіп, Сырдарияның аяғында қалмақтан жеңіліп, Ақтабан шұбырыңдыны көретұғыны Амудариядан қашамын деп болған. Сол Надыр Афшардан еді. Осы күнгі Нәсиридден шаһ Қажардан шыққан кісі» деген аса құнды деректер береді. Қазақтардың Бийск, Кузнецк қалмақтарын «білеуіт» деп атайтынын айтады.

Т. Барақұлы.

ҚАЛМЫРЗАЕВ Әбдеш (1939 ж. т.) – журналист, философ. Философия ғылымының докторы, проф. «Қазақ социалистік ұлтының қалыптасуы», «Ұлт және қоғамдық сана», «Ұлт және адам», т. б. ғыл.-зерт. еңбектері жарық көрген. Абайтану мәселелеріне арнап «Абайдың эстетикалық көзқарасы» (1979, орыс тілінде) монографиясы, «Абайдың эстетикалық ой-пікірлері хақында» («Жұлдыз», 1975, N 7), «Ақынның асыл мұрасы» т. б. ғыл.-зерт. мақалалары шыққан. Еңбектерінде Абайдың туған халқының қоғамдық ой-санасына, ұлттық мәдениетіне тигізген ықпалын сөз етеді.

Б. Қожабаев.

ҚАЛЫМОВ Мұхит Ғалымұлы (1931 ж. т.) – суретші-кескіндемеші. Портрет жанры саласында жұмыс істейді. Қазақстан Республикасының еңбек сің. өнер қайраткері. Ол аралығына 10 жылдан астам уақыт салып, «Абай» атты 2 портрет (1966, картон, майлы бояу, автордың жеке қоры; 1979, кенеп, майлы бояу, Семейдегі Абайдың респ. әдеби-мемориал. музейінің қоры) жасады. Суретші 2 жұмыста да әр түрлі шешім тауып, Абайдың қайталанбас тұлғасын, күрделі психол. мінезін ашуға талпыныс жасаған.

Н. Полонская.

«ҚАЛЫҢ ЕЛІМ, ҚАЗАҒЫМ...» – Абай өлеңдері мен қарасөздері негізінде жасалған поэтик. драма. Абай шығармалары бойынша сахналық нұсқасын жазып, қойған реж. Р. Сейтметов. Суретшісі Д. Қаламбаев. Музыкамен көркемдеген Е. Қуантқанов. Спектакльдің алғашқы қойылымы 1990 ж. қаңтарда Қазақтың балалар мен жасөспірімдер театрында көрсетілді. Абай бейнелерінде актерлер А. Бектеміров, Б. Есенәлиев, О. Кенебаев, Б. Қожықов ойнады. Абайдың сөздері, өлеңдері негізінде жасалған. Ақын шығармалары арқылы Абай бейнесі жасалып, ол әрі кейіпкер әрі автор ретінде көрінеді.
Спектакльде төрт Абай: жас Абай, ортаншы Абай, аға Абай және көпті көрген, көп нәрсені бастан көшкен дана Абай бейнелері бір-бірін алмастырып көріну арқылы ақын өмірінің әр түрлі кезеңдері сан қырынан жарқырай ашылып, сол арқылы қазақ ұлтының басындағы әлеум., қоғамдық-саяси хал шыншылдықпен көрсетілген. Сахнадағы Тоғжан (К. Байтілеуова), Көкбай (К. Нұрланов) т. б. бейнелері ақын-қайраткер тұлғасын шынайы сомдауға көп септігін тигізген.

С. Балғабаев.

«ҚАЛЫҢ ЕЛІМ, ҚАЗАҒЫМ, ҚАЙРАН ЖҰРТЫМ...» – Абайдың 1886 ж. жазған өлеңі. Көлемі 30 жол. Бұл шығармада тұтас халыққа арнап айтылған терең де күрделі ойлар шерлі жүректен шамырқанып, толқып шыққан. Үлкен адамгершілік, қайраткерлік, оқымыстылық биікке көтерілген ақын үні бірде айбарлы, бірде кекті, бірде мұңлы. Қазақ халқын бөлмей-жармай, түгел қамтып, тұтас шолып, баршасына бағыштап айтылған өлеңнің әлеум.

салмағы орасан зор. Ақын алдымен көз алдыңызға мұрты аузына түскен, бір ұрты май, бір ұрты қан, алғашқыда шырайы сартша жылтырап тұрған қазақтың кескінін алып келеді. Осыдан кейін барып оның ішкі әлемін, мінез ерекшеліктерін айқындап аша бастайды. Бұл өзі іске жоқ, қу сөздің адамы, өзі сөйлесе болды, өзгені тыңдауды білмейді, мылжың, бөспе, қырт. Күндіз күлкі, түнде ұйқысының бұзылу себебі – өз малына өзі ие емес сорлы. Байлауы жоқ көрсеқызардың әлеум. қалпы тіпті сиықсыз, тұтастық, ірілік жетіспегендіктен, әрқайсысы шолтаңдап жеке қамшы үйіріп, би болғансып, қиқымданып кеткен жерде елдің күйті кеткен, бірлік жоқтықтан, береке жоқтықтан дәулеті шайқалып, байлық шашылған. Жыртың-жыртың мағынасыз күлкіге малданған тиянақсыз, байлаусыздың түбіне жеткен елдің соры биліктен айрылып өзгенің табанына түсіп құл болатынын ақын ашына зар етеді. Ұлттың бойындағы сордың үлкені – күндестік, бірін-бірі көре алмау, етектен тарту, пыш-пыш халқымызды сан рет орға жығып, өртке қамаған алауыздық. Зығырданы қайнаған шерлі ақын елді түзеудің амалын қарап, тығырықтан шығар соқпақ іздеп, басын тауға, тасқа соқса да, жол таба алмай, ақыры елінің ырқынан айрылып, өзгеге бодан болатынына бармағын шайнайды. Халқының бойындағы қаны сорғалаған жараларды аша отырып, ақын омырауы жасқа толса да, сай-сүйегі сырқыраса да, сесті, кекесінді күйінде қалады. Жеңіл-желпі басу айту, оңай өріс нұсқау жоқ. Ары ширығып, намысы қайнаған ұлы ақын туған халқының барлық буын, барлық нәсілін өзі күйдіріп айтқан кесел-кесепаттардан, сор-сұмдықтардан арыл, тазар, сонда ғана белге шығасың деп тұрғандай. Өлең 11 буынды қара өлең ұйқасы үлгісінде жазылған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Мүрсейіт қолжазбаларында, 1954 жылғы жинақта 12-жол **«Бір күн тыртың етеді, бір күн жыртың»** делінсе, 1939, 1945, 1957 жылғы басылымдарда **«Бір күн тыртың етеді, бір күн бұртың»** болып алынған. Мүрсейіт қолжазбаларында, 1909 жылғы жинақта 13-жол **«Өз басына би болған өңкей қыйқым»** болса, кейінгі басылымдарда **«Бас-басына би болған өңкей қыйқым»** деп берілген. Туынды ағылшын, араб, азербайжан, қарақалпақ, қырғыз, татар, түрікмен, орыс, өзбек, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған. *Р. Нұрғалиев.*

ҚАЛЫШЕР Мекайылұлы (1921–42) – Абайдың немересі. Шешесі – Дәмежан. Қ-ге бай тұқымы деген айып тағылып, жер аударылған. Фрунзе (Бішкек) қ-нан әскергеаттанып, Отан соғысында қайтыс болған. Қ-дің фотосуреттері, өмірі туралы материалдар Абайдың Семейдегі қорық-музейі қорында сақтаулы.

ҚАМБАРБАЕВА Гүлзия Мұсақызы (1939 ж. т.) – әдебиет зерттеуші, филол. ғыл. кандидаты, доцент. Қ. «Абай лирикасы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған (1974). Диссертациясы мен мақалаларында Абай өлеңдерінің нәзік қырларын, көркемдік ерекшеліктерін, композициялық құрылымын, стильдік сипатын ашып көрсетті. Ғалым ақынның орыс тілінде жарық көрген «Өлеңдер мен поэмалар» жинағына (М. –Л., 1966) алғы сөз жазды.

ҚАМЕТОВ Қадырбек Әбдіқадырұлы (1952 ж. т.) – суретші. Графика және кескіндеме саласында жұмыс істейді. Ол «Абай шығармаларының желісі бойынша» атты 3 беттік топтамасындағы (1986, қағаз, литография. Қазақстан Республикасының мемл. өнер музейі) «Барымта», «Алтыбақан», «Көш» суреттерінде халықтың шынайы тұрмысын көрсеткен. Олар композиц. қуатымен, көлемнің түр-түстік өлшемі, кейіпкерлердің нанымды қарым-қатынасы, кеңістікті дұрыс пайдалана білу тәсілдерімен ерекшеленеді. Оның Абайдың өлеңдер жинағына (1986–87, «Жалын» баспасы) жасаған иллюстрациясына «Көш» (мұқаба қабы), «Абайдың портреті» (фронтиспісі), 2 жапсарлас беттегі «Алтыбақан», «Барымта» иллюстрациясы, 4 беттік, 10 жартылай беттік суреттері енген. Топтамаға «Шомылып жатқан қыздар» деген шартты атаулы иллюстрация енбей қалған. Абай портреті топтамада жетекші орын алады. Онда ақын пішіні тұлғалы: жарқыраған кең маңдайы, қас пен мұрнының қатулы тұрпаты, кең жанары, жымқырылған ерні – турашыл, күрескер жанның тұлғасын танытады. *Н. Полонская.*

ҚАНАЙ Қарақатұлы (1790 – ө. ж. б.) – Абайдың «Қыс» өлеңінде есімі аталады. 1840 ж. Чоға (Жаға) уақ болысын басқарған. Қ. Уақ елі Россияға бағынған кезде, елін тыныш ұстап, Омбы әскери губернаторының алдында ант беріп, қол қойып, мөрін басқан. Оған Омбы обл-ның бастығы ген.-лейтенант Сант-Лораннның ұсынуымен старшина атағы берілген. Ақын: «Қатал қыста малыңды қасқырға алдырмай аман сақта, ит жегенше Қаңдыбай, Қанай жесін» – деп, ел шонжарларын тағы да бір қағытып кетеді.

ҚАНАПИЯНОВ Жұмағали (1924 ж. т.) – суретші. Саяси карикатура және акварельдік кескіндеме саласында жұмыс істейді. Абай тақырыбына «Шыңғыстау даласы», «Дала. Абай ауданы. 1946–47 жылдары», «Көкшетауға апарар жол», «Кіші орда» (1990, қағаз, акварель), «Абай бейіті» (1990, қағаз, пастель, барлығы автордың қорында) еңбектерін жазды.

ҚАНАТТЫ СӨЗДЕР, қ. *Нақыл сөздер.*

«ҚАНДАЙ ҚЫЗДА ЛӘЗЗАТ БАР ЖАН ТАТПАҒАН?..» – Абайдың 1884 ж. жазған өлеңі. Көлемі 18 жол. Өлеңнің негізгі тақырыбы – жастық шақтың бітім-болмысы. Ақын қыз бен жігіттің сүйіспеншілік сезіміне қатысты мінез-құлық өзгерістерін шыншылдықпен кескіндеген. Өлең іштей екі бөлімнен тұрады. Әуелі «Қандай қызда ләззат бар жан татпаған, сұлуы бұл заманның тек жатпаған» деп күмән туғызып, одан әрі бұл күнәні «Кейбірі жайдары, ашық боламын деп, орынсыз адамдармен жыртақтаған» деген жолдармен қоюлата түскенмен, ақын мүсіндеген қыз бейнесін ұнамсыз кейіпкер ретінде қабылдауға болмайды. «Он сегіз, он тоғызға толып, **алмасы қол батпайтын өкпеге** айналған ару **бәрібір жайдақ, жеңілтек емес**, жұрт мақтаған жігітті жақтайтын ару. Енді Абай таныстырған жігіттерге келсек, олардың кейбірі «бойына майдалықпен сыр сақтаған» көргенді болмаса, кейбірі «қолы жетпес нәрсеге тыртақтаған» арсыздар. Абай «орынды іске жүріп, ой таппаған, не болмаса жұмыс қып, мал бақпаған» жігіттерде қасиет жоқтығын қадай айтып, ондайлардан халықты сақтандырады. Жалпы өлең түйіні 19 ғ-дың 80 жылдарындағы қазақ тұрмысына ғана емес, біздің бүгінгі өмірімізге де етене жақын, тәлімдік маңызы зор. Өлеңнің сыртқы құрылысы да жұмыр, мазмұнына сай. Шығарманың 1- және 4-шумақтары дәстүрлі 11 буынды

қара өлең ұйқасымен жазылған да, 2- және 3-шумақтары бірі 6 жол, бірі 4 жол болып түзіліп, шалыс ұйқасқа құрылған. Өлең алғашқы рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Өлеңнің басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1939 жылғы басылымында туындының 14-жолы Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбалары негізінде **«Не болмаса жұмыс қып мал таппаған»** болып алынса, кейінгі басылымдарында Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасы мен 1909 жылғы жинақ бойынша **«Не болмаса жұмыс қып мал бақпаған»** деп берілген. 1954, 1957, 1977 жылғы жинақтардағы «Кей жігіт мақтан үшін қылық қылмай, бойына майдалықпен сыр сақтаған» деген жолдар 1939, 1945 жылғы басылымдарда жоқ. Ақын шығармаларының негізгі басылымдары саналатын 1933, 1945, 1957, 1961 жылғы жинақтарда бұл туынды «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы...» өлеңінің жалғасы ретінде берілген. Ал 1977 жылғы басылымда жеке шығарма ретінде ұсынылған. Өлең ағылшын, башқұрт, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр тілдеріне аударылған. *Б. Сарбалаев.*

«ҚАНЖАР», «Сүйкімді болат қанжар, тұрсын жайнап...» – М. Ю. Лермонтовтан «Кинжал» өлеңінің 1896 ж. Абай тәржімелеген аудармасы. Шығарма орыс ақынында 16 жол болса, қазақ ақынында 12 жол. Арнау түріндегі бұл тамаша лирик. шығармада терең сыршылдық сезім (махаббатты, майдандағы күресті еске алу), ерлікті, қайсарлықты қастерлеу, кейіпкердің әрекетін, ішкі сезімін суреттеудегі нақтылық, тартымды бейнелілік – соның бәрі бір-бірімен жақсы ұштасқан. Қанжарды кек алу үшін ашулы грузин ұста соққан болса, оны соғыс үшін қайраған – ер шеркес. Осындағы әр сипаттама қандай айқын, анық болса, қанжар маған қоштасып, айрылған жерде еркелі нәзік қолмен берілді, сонда қан сорғалар жүзіне көз жасы сорғалап тұрды деген сипаттамалар нақтылығымен де бейнелілігімен де келісті шыққан. Абай осы сипаттамаларды да, сұлудың қайғылы қара көзінің жанарын жалын шалған қанжар жүзінің жалт-жұлт етіп құбылуымен салыстыра бейнелейтін әдемі теңеуді де:

«Қара көз қарап маған көп қадалған,
Құпия қайғы өртеніп бойын алған.
Болатша дірілдеген жалын көрген,
Бір күңгірт тартып және оттай жанған», –

деп қазақшаға өте шебер келтірген.

Абайда соңғы шумақтың аудармасы жоқ. Не ол сақталмаған, немесе Абай «мен де өзгермеймін, болаттай берік боламын» деген жасырақ адамның бойына лайық сөзді өз атынан айтпай-ақ, осылай тиянақтауды жөн көрген. Аударылған 3 шумақ орысша нұсқаға жолма-жол сай келіп отырады.

Өлең 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербурте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланған. Туынды басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1945 жылғы басылымында 2-шумақтың 3-жолы **«Қан сорғалар жүзіне жас сорғалап»** делінсе, кейінгі жинақтарда Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы басылым негізінде бұл жол **«Қан сорғалар жүзіңе жас сорғалап»** деп алынған. *З. Ахметов.*

«ҚАНСОНАРДА БҰРКІТШІ ШЫҒАДЫ АҢҒА...» – Абайдың 1882 ж. жазған өлеңі. Абайдың анық шеберленген ірі суретші және реалист ақын болғанын көреміз. Бұл өлең тұңғыш туа қалған, бірінші ғана көркем шығарма болуға мүмкін емес тәрізді. Неғылса да бірталай шығармалар жазып келіп, ақындығы шыныққып, қаламы төселіп кеп тудырған шығармаға ұқсайды. *«Сап, сап, көңілім...»* мен «Қансонарданың» арасында он-он бес жыл бойында ақынның тағы да әр жылдарда тудырған, бізге саны белгісіз бір топ өлеңдері болмауға мүмкін емес деген ойды жаңағыдай екі дәлелмен топшылаймыз. Ол жылдарда Абай ауызша айтқандарын да, жазып шығарғандарында ұқыптап сақтамаған болу керек. Тұстас, құрбылас адамдары, жинап сақтауды ойламаған. Сонымен, Абайдың өзі үшінде, қазақ әдебиеті тарихы үшін де жоғалып кеткен әлденеше шығармалар болған дейміз. 1882 жылдағы «Қансонарда» сияқты өлеңмен бастап, нені көріп, нені сезініп, нені жыр етіп толғанса, бәрінде де әр дәрежеде реалистік шеберлікті танытады. Өлеңнің өрнегімен ізденгіш жаңалықтары сонынан соңыға түсіп, үдеп, өсіп отырады. Сондайлық тың арнаны өз тұсындағы және өзінен кейінгі қазақ әдебиетіне бұдан былайғы жол етемін деп «басқа шауып, төске өрлеген» жаңа заман ақынын біз ең алғаш көлемді түрде «Қансонарда» деген өлеңінен көре бастаймыз. Осы өлеңдегі табиғат көріністерін, өз сезімін және аңшылықтың қызулы, қызғылықты сәттерін сипаттағанда, Абай өзінің жаңаша қалыптанған ақындық мәдениетін танытады. Бұл реалист ақын болғанда, орыс классик. поэзиясының реалистік традицияларын өз бойына мол сіңіріп, жақсы меңгерген суретші ақын боп көрінеді.

«Қансонарда» өлеңінде орыс халқының өмірінен, не орыстың классик. поэзиясынан тұп-тура ауысып келіп, араласып тұрған ешбір белгі, дерек жоқ. Бұндағы көретініміз – қазақ халқы мекен еткен жердің қысы туралы, табиғат, бүркіт салуға атқа мініп шыққан анық қазақтың аңшылар тобы, ермек үшін еңбек еткен ширақ, сергек, қажырлы әрекет үстіндегі адамдар. Көпшілік елдерде, бұл заманда қолданбайтын бүркіт аңшылығы суреттелмек. Осы адам тобының мінездері, аңшылықтағы тәсіл-тәжірибелері, әр алуан динамикалық кесек әрекеттері толып жатқанұсақ машық-мерзімі тұтас қазақтың өзіне тән тіршілігі болып шығады. Сөйтіп барлық нақтылы фактілердің, жеке реальностардың баршасы нағыз қазақтың өзіне тән шындықтармен қалыптанудың үстіне, тұтасымен алғанда, осы өлең зор мәдениетті, ірі суретші тудырған шығарма екенін танытады. Сол өзгешеліктерін, ең алдымен, пейзаждан байқауға болады. Көз алдымызға қар басқан елсіз таудың тұрғысы, сағасы, қансонар күнгі анық болмыс күйін елестетеді. Анық қазақ сахарасындағы аңшылар ғана жүретін жыңжырт таудың елең-алаңдағы тыныштық шағын беруден бастайды. Тегінде, пейзаждың өзін суреттеуде көп ақын өздерінің стильдік өзгешелігін анық аңғартады. Шығыс ақындарының ескі дәстүрін алсақ, олар анық тауды шындық қалпында суреттемей, салыстыру үшін әр алуан тұспаларға бейімдеп көрсететін. Тауы кейде тауға ұқсаса, кейде қиялдап, шұбарлап, әсірелеп айтқан тұманды, жұмбақты бір көріністерге ауысып кетер еді. Орыс поэзиясының, әсіресе Пушкиннен бері қарайғы классик. реалист стильге ауысқан үлгісін ескерсек, оның аса айқын бір өзгешелігі – әрдайым дәлшілдігі, шын-

дыққа жақындығы оқшау тұрады. Абай да осы сияқты суреттейін деп отырған жайын және барлық күйлерін сол орыс поэзиясындағы нақтылы дәлшілдік негізге құрады. Қазақтың Абайдан бұрынғы поэзия үлгілеріне де тау анық реалистік, дәлдік болмысымен суреттелмейтін. Көбінесе «бұлғырбұлғыр, бұлғыр тау», «асқар-асқар тауларды» жалпылап әсірелеп айтқан, бұлдыр бейнеден ары бармайтын.

Абайдың пейзажы, тауы шығыс ақындарының тұманды тұспалына да соқтырмайды. Қазақ ақындары айтатын фольклорлік «заңғар тау», «қара аспан тауларға» да бармайды. Жаңаша берілген тау бейнесі кеше ғана өзінің жүріп өткен жерлердің, адыр таулардың ой-қырын, жотасы мен қорым тастарын, қия беттерін, соны қарға түскен іздерімен дәл әрі түгел көрсетеді. Екінші айқын бір жаңалық белгісі – тауды және барлық пейзажды тек сол тау үшін, пейзаж үшінғана алмайды. Адамның іс-әрекеттерін тартыс-талабымен, неше алуан мінездерімен араластырып, арнаулы қарым-қатынаста, шарпысу қалпында алады. Адамның да іс-әрекетін, сезімін тегіс табиғат ортасында береді. Шығарманың өзі сюжетті, оқиғалы поэма, баллада үлгісінде жазылмаса да, бар өлең бастан-аяқ динамикалық суреттерден құралады. Әрекет пен оқиға жағынан барған сайын байып, өсіп, үдеп бара жатады. Өлеңнің ішінде сәт сайын құбылған толып жатқан өзгеріс, қимылдар болғандықтан қай оқушыға болсын әсерлі, қызықты тиетін, ойға қонымды, көңілге иланышты шындық танытады. Салқын күнде, аппақ қардың үстінде бусанып тамған қызыл қан тамшысындай жанды шындық. Адамды алсақ та, құр аталып қойған емес, арнаулы қимыл-әрекет үстінде көрінеді. Сонарды күткен үлкен аңшы мен қағушылар ерте аттанған. Сонардың да аңшы тілейтін сонары бар. Бұл «ұзақ сонар» емес. Қар кеше күндіз жауып, кеше тоқтаған болса, түлкінің ізі түні бойы жорткан ұзақ шиыр боп кетер еді. Ол ізбен түлкіні табу оңай емес. «Келте сонар» болса, ол да жақсы емес. Қар түні бойы жауып, таң атар алдында ғана тоқтаса, түлкінің ізі қысқа жортуылды ғана көрсетер еді. Бұндай із кез келсе, түлкі тез табылатындығы рас. Бірақ ең аз болған жерлерде оңай кезігуді күту қиял сияқты. Анық жақсы сонар қардың ел жатқанша жауып тоқтаған түнінде болады. Бұнда түлкі көбірек кездеседі. Жортуылы да ұзақ сонардай, шексіз алыс болмайды. Сөйтіп Абай сонардың ішінде аңшыға көп кездесетін шындықты алады. Аңшылықтың қызығы мол. Оның шарты да зор. Астында жақсы, мықты ат болу керек. Үсте ыңғайлы, ықшам киім, қасында тату жолдас – барлығы да аңшылықтың әрі шарты, әрі қызықты шындығы. Осы топтың кейбіреулері қағушы болып, сай-сағаны кезгенде, біреулері тау басында томаға тартып отырады. Дәл осы сәттен бастап түлкіні алып, көңіл жайланып, «үйірімен үш тоғыз» боп қанжығаға байланып, сүйсінгеннен насыбайларын атқан шаққа шейін өмір шындығынан шалғай жатқан бір қимыл, бір қозғалыс, бір сезім жоқ. Абай осы өлеңде өзі айтатын жайларды аса жақсы біліп, оны үлкен дәлшіл шындықпен жырлайтындығын танытады. Өлеңнің композициясын алсақ, ауызша поэзияда жиі кездесетін, ілгерілі-кейінді аттап түсіп отыратын, бірі ілгері, бірі кейін орынсыз жүретін ауыспалы хал жоқ. Өлең жазушы-ақынның шығармасы. Оны барлық мезгіл мен іс-әрекетті бастан-аяқ ретімен бұлжытпай бергендіктен көреміз. Алдын-ала ойланып алған ретті жоспар барлығы даусыз.

Шындыққа, нақтылы деректілікке ерекше мән берген ақын, реалистік дәстүр бойынша, өз шығармасының барлық бұйымын, бар тұрманын тұтас ету керек. Соның белгісін бұл шығармада Абай өзінің сөздігінен де айқын танытады. «Сонар», «қағушы», «қайтқан із», «Бүркіттің қайқаң қағып аспанға шығуы», «Түлкінің көре тұра қалуы», «үйірімен үш тоғыз» десу – бәрі де аңшылықтың өзіне тән тілі. Сол өзгешелікпен қатар ақын қиялын да өткірлеп, сол асығыс, қарбалас, тайталастар үстінде шебер түрдегі соны теңеуді де табады. «Қар – аппақ», «бүркіт – қара», «түлкі – қызыл» дей келіп, сол бір қайнаған қимылдарды қымсынған ұяң сұлудың асығып шомылған қозғалыстарына ұқсатуы да шеберлік айғағындай. Бұнда натуралдық үлгіде екі жайды «ананы көр де, мынаны көр» деп ұқсата салу жоқ. Табиғатты, түлкі мен бүркітті түгел қосып, бір бейне етіп, ақ етті сұлудың динамикалық әрекетіне ұқсатуда көп ассоциация туғызатын терең де кең метафора танылады. Шын шебер реалистің ғана қаламына оралатын өзгеше үлгі. Осындай белгілерінен де әрі мазмұн, әрі түрі түгел қабысып келіп, ірі табысқа айналған ақындық туыс танылады.

М. Әуезов.

Өлең 11 буынды жыр үлгісінде жазылған. Алғаш рет Қазан қ-сында басылған «Князь бен Зағифа» (1897) атты жинақта жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Мүрсейіт қолжазбаларында өлеңнің 2-жолы **«Тастан түлкі жолығар аңдығанға»**, 9-жолы **«Томағасын тартқан соң бар қырымнан»**, 17-, 18-жолдары **«Қызық көрер көңілді аңшылардың, Шабар жерін қарамас жығылғанға»**, 34-жол **«Қара шаш қызыл жүзді жасырғанға»**, 35-жол **«Күйеуі ер, қалыңдығы сұлу келіп»** болса, жинақтарда 1909 жылғы басылым бойынша бұл жолдар **«Тастан түлкі табылар аңдығанға»**, **«Томағасын тартқанда бір қырымнан»**, **«Қызық көрер көңілді болса аңшылар, Шабар жерін қарамас жығылғанға»**, **«Қара шаш қызыл жүзді жасырғанда»**, **«Күйеуі ер, қалыңдығы сұлу болып»** деп алынған. 1933, 1939, 1954 жылғы жинақтарда 13-жол **«Көре тұра қалады қашқан күлкі»** делінсе, 1945, 1957, 1977 жылғы басылымдарда Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы жинақ негізінде **«Көре тұра қалады қашқан түлкі»** болып берілген. 1933 жылғы басылымда 21-жол **«Сегіз найза қолында көз төңкермей»**, ал қалған жинақтарда Мүрсейіт қолжазбалары, 1909 жылғы басылымға сәйкес **«Сегіз найза қолында көз аудармай»** деп қабылданған. 1909, 1939 жылғы жинақтарда 39-жол **«Құсы да иесіне қоразданар»** делінсе, қалған басылымдарда Мүрсейіт қолжазбалары бойынша **«Құсы да иесі де қоразданар»** деп алынған. 1909, 1939, 1945, 1954 жинақтарда 42-жол **«Жасы үлкендер жанына байланғанда»** болса, 1957, 1977 жылғы басылымдарда Мүрсейіт қолжазбалары негізінде **«Жасы үлкені жанына байланғанда»** деп берілген. Туынды ағалшын, орыс, өзбек, татар, түркмен, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған.

«ҚАНСОНАРДА БҮРКІТШІ ШЫҒАДЫ АҢҒА» – ҚазССР-і халық ағарту мин-лігінің тапсырмасы бойынша *«Қазақфильм»* киностудиясының мультипликациялық және диапозитивтік фильмдер бірлестігі шығарған диафильм. Диафильм Абай Құнанбаевтың аталмыш өлеңін оқып үйренуге арналған. Сценарийін жазған С. Стамбеков, суретшісі

Ж. Дәненов. Диафильм график. тәсілмен салынған 31 сурет-кадрдан тұрады. Суреттер бүркіттердің, қыран-құстардың түрлерін, сондай-ақ текстердің мәнін ұқтыратын «Ұзақ сонар», «Келте сонар», «Қан сонар» т. б. халықтың аңшылық дәстүріне байланысты сөздердің мән-мағынасын шебер өрнектеген. Бірнеше кадрда М. Әуезовтың Абай мұрасының мәні туралы айтқандары, аңшылыққа байланысты мақал-мәтелдер, Абай өлеңдеріндегі тәңелерге түсініктер берілген. Диафильм соңында оқушылардың өлеңнің этногр. және бейнелі мазмұнын толық игеруіне байланысты сұрақтар қойылған.

Б. Нөгербеков.

«ҚАНСОНАРДА БҮРКІТШІ ШЫҒАДЫ АҢҒА...» – 1989 ж. «Жалын» баспасынан жарық көрген суретті өлең кітапша. Абайдың табиғаттың сұлу көрінісін суреттейтін «Қансонарда бүркітші шығады аңға...» атты өлеңін қыл қалам шебері М. Ысқақов ішкі мазмұнына сай көркем безендірген. Жинақ мектеп жасына дейінгі балаларға арналған. Көлемі 1,26 б. т., 25 мың дана болып басылған.



Абайдың 1989 ж. Алматыдағы «Жалын» баспасынан жарық көрген «Қансонарда бүркітші шығады аңға» атты жинағы.

ҚАП ТАУЫ, К а ф т а у ы – Шығыс әдебиетінде, аңыз-әңгімелерде жиі кездесетін тау аты. Ол тым қашық, дию-перілер жайлаған мекен ұғымын береді. Қ. т. қазіргі Кавказ тауы деген пікір де бар. Абай мазмұнын «Мың бір түн» ертегілерінен алып жазған «Әзім әңгімесі» деген дастандарда жәдігөй шал қапылыста тұзағына түсірген Әзімді желмаямен Қ. т-на әкеледі. Ақын бұл атауды да сол ертегіден алған болуы керек.

«ҚАРА ЖЕР АДАМЗАТҚА БОЛҒАН МЕКЕН...» – Абайдың 1891 ж. жазған жұмбақ өлеңі. 1 шумақтан тұрады, көлемі 4 жол. Ақын жұмбағында жұртына аз да болса білім дарытып, халқын тіршілік үшін күреске үндейді, өмірді танытуға ықпал жасайды. Зерделілікке, зеректікке шақырады. «Адамзатқа мекен болған қара жерде жүз мың түрлі асыл бар» болса соның «ең артығы – темір» (алтын) дейді ақын. Шығарма 11 буынды қара өлең үйқасымен (-а, -а, б, -а) жазылған. Ел аузынан жазылып алынып, алғаш рет ақынның 1933 ж. Қызылордада жарық көрген толық жинағында басылды. Туынды басылымдарында текстол. ешқандай өзгерістер кездеспейді. Жұмбақ өлең қарақалпақ, ұйғыр тілдеріне аударылған.

Б. Сарбалаев.

ҚАРАЖІГІТОВ Нариман Нұрмұхамедұлы (1934 ж. т.) – әнші (лирик. драм. тенор), Қазақстан Республикасының халық артисі. Ол А. Жұбанов пен Л. Хамидидің *«Абай»* операсында ұзақ жылдар бойы Айдар партиясын орындады. Қ. орындаған Абайдың «Айттым сәлем, қалам қас», «Қор болды жаным», «Көзімнің қарасы» т. б. әндері Қазақ радиосының фонотекасында сақтаулы.

Ж. Ордалиева

ҚАРАҚАЛПАҚ ӘДЕБИЕТІ. Қазақ – қарақалпақ, қарақалпақ – қазақ тілдері – түркі тілдес халықтар арасында ең жақын тілдердің бірі. Абайдың сөз өнері, туындылары қазақ халқына қандай ардақты болса, «сұрасқанда түбі бір, көріскенде түрі бір» қарақалпақ халқына «Қарақалпақ классикалық әдебиетінің биік шыңы Бердақ» шығармалары сондай бағалы, әрі қадірлі, әрі таныс. Екі халықтың сөз өнерін жасаушы қайраткерлері көркем сөз өнерін жасау жолында бірімен бірі қоян-қолтық араласып жүрді. «Түркістан уәлаяты» газетінің 1978 жылғы № 11, 12 сандарында Күнқожа Шернияз ақынмен дос болып, хабарласып тұрғаны, Күнқожаның қазақ ақындары Күдерімен, Үлбикемен, Құлымбет шайырдың Әбубәкірмен, Әжінияз қожаның Торғай облысындағы кіші жүз Тама руының Меңеш атты ақын қызымен айтысқаны туралы мақалалар басылған. Бердақ өзінің көлемді «Айдос би» дастанын қазақша жазды. Қарақалпақ поэзиясының лирик ақыны Әжінияз да өлең-жырларын қазақша жазған. Қарақалпақ ақындарының қазақтың суырып салма ақындарымен өнер сайысына түсуі, Бердақ пен Әжінияз секілді қарақалпақ әдебиеті саңлақтарының шығармаларын қазақша шығаруы – қарақалпақтардың Абайды түпнұсқада оқитындығын білдірді. Абай шығармалары қарақалпақ халқы арасында алғашында кеңінен насихатталды. 1899 ж. Т. Ізтілеуов Бұқарадағы әйгілі оқу орны Мир-Арабтың Көкелташ медресесінде оқыған. Жас ақын медресе сабағынан қолы босаған кездерде қарақалпақ еліндегі қазақтар мен қарақалпақтар арасында болып, соларға шығыс әдебиеті маржандарын, қазақ жырларын, Абай шығармаларын насихаттап, ел арасына таратумен айналысқан. Ол:

«Хорезм жұрты хабарлы,
Шорахан, Төрткүл, Шымбайды
Киіз үйлі қазақтың
Есіткен жері сөзімді
Аяқ асты қылмайды...» – дейді.

Шорахан, Төрткүл, Шымбай – Қарақалпақстандағы жер аттары. Төрткүл, Шымбай – елдің Нөкістен бұрынғы астанасы. Тұрмағамбет – Абай шығармаларын қарақалпақ еліне тұңғыш таныстырушы болса, Бердақ шығармаларын да Сыр бойындағы қазақтарға жыл құсындай алғаш жеткізуші.

«Келдің-дағы Жайхун бойын аралап,
Қазақтарға жырлап бердің Бердақты...», –

деген ақын З. Дәулетбаевтың өлең тармақтары пікіріміздің дәлелі болмақ. Т. Ізтілеуовпен жиынтойда талай бас қосқан, сырлас, сапарлас, дос болған ақын Қуаныш Баймағамбетов: «Ол Бердақ шығармаларын жаттап, қарақалпақ әнімен Садриддин Айниге жырлап берген», – дейді. Демек, Т. Ізтілеуов – Бердақ жырларын қазақтарға тұңғыш таныстырушы болса, әрі Бердақ шығармалары арқылы қарақалпақ әдебиетін С. Айни арқылы тәжік халқына, тәжік әдебиетіне бірінші жеткізуші. Абай

шығармаларының қарақалпақ халқына таралуына әдебиетші ғалымдар елеулі еңбек сіңірді. Әдебиетшілер қарақалпақ әдебиеті тарихын зерттеу кезеңдерінде Абай есімін, шығармаларын атап отырды. Қарақалпақ халқының алғашқы академигі М. К. Нұрмұхамедов Бердақтың қарақалпақ әдебиетіндегі алатын орнын «Пушкин – орыс, Шевченко – украин, Руставели – грузин, Науаи – өзбек, Абай – қазақ, Мақтымқұлы – түрікмен халықтары үшін қандай болса, Бердақ та қарақалпақ халқы үшін сондай», – деп бағалағанда, Абайдың дара ақын екенін мойындау, Бердақты тану үшін осыұлы ақындарды тану қажеттігін нұсқағандығы. Қарақалпақ әдебиеті тарихының білікті зерттеушісі Баекеш Қалімбетов «Әжінияздың лирикасы» еңбегін жазғанда Абайдың Әжіниязбен, Әжінияздың айырым шығармаларын Абай сатираларымен салыстырып, образ жасау шеберліктерінен үндестік табады. Ғалым Әжінияздың «Ала құс» сатирасын былай талдайды:

«Аспанда жүр ала-ала көрініп,
Жерге түссе құйрығынан сүрініп.
Балақ жүні тепкірінен түріліп,
Тарландай тітіренер біздің ала құс.
Ала құстың бүркіт кебі тырнағы,
Хасла жаздырылмас ұрса қармағы,
Елге ауыр түссе керек салмағы,
Сонындай бимаза біздің ала құс».

Халқымыз көбінесе тұрақсыз, сатқын адамдарды қауысқанға теңейді. Ал сұм адамдарды – түлкіге, аңқау адамдарды түйеге теңеп, тағылымды сөздерменен көпшілікті дұрыс болуға уағыздайды. Көпұнамсыз адамдарға «хаққедей шық-шықтап» дейді. Міне, Әжіниязбұл жерде «Ала құс» арқылы өзі жасаған дәуірдегі ел билеген алаяқтарды хаққе теңеп, көркем образды сөзбен әжуа етіп, түйреп отыр. Ал Абай шығармаларында бұл образ былай берілген:

«Болыс болдым, мінеки,
Бар малымды шығындап...
Сөйтсе-дағы елімді,
Ұстай алмадым мығымдап,
Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап...
Сыртқыларға сыр бермей,
Құр күлемін жымындап...»

Абай сол дәуірдегі болыстардың барлық сырын астарламай-ақ сол табиғи қалпында беріп отыр. Бұдан біз тақырып бір болғанымен, көркем образ бен баяндау әдісінде әрбір өлеңнің өз стилі мен өз тәсілі бар екендігін көреміз. Абай пікірін болыстың монологі арқылы берсе, Әжіниязсол дәуірдегі билерді астарлы мәнде беріп, сынға алады. Ал шайырдың дидактик. өлеңдерінен басқа әзірге табылған 195 қатардан тұратын 10 мұхаммесі бар. Оның «Шықты жан» мұхаммесі ешқандай шайырлардың ғазелдеріне ұқсамайды. Шығарма сюжеттік мазмұнда құрылған.

«Дарбадар болып гезибан, бұл алаште нешше ай,
Тапмадым хуш бир хабар, кимди сорасаң пазней,
Қалмақы хәш бир Алаш, мен гезмеген мәғәр адай,
Бұл пәлекниң ғәрдишийдип басымда бардус ақ, уай,
Ах дәрийға, уақ, дәрийға, мың саңлы әрман шықты жан» –

деген қатарларда шайыр лирикалық қаһарман ретінде әрекет етіп, сол дәуірдің заман аламатын, өзінің заман қысымымен көрген азабын суреттейді. Әжінияздың мұхаммесіндегі бұл жолдары Абайдың:

«Жартасқа бардым,
Күнде айғай салдым,
Онан да шықты жаңғырық,
Есітсем үнін,
Білсем деп жөнін,
Көп іздендім қаңғырып,
Баяғы жартас – бір жартас,
Қаңқ етер, түкті байқамас...» –

деген шумағымен үндес. Абай да өз дәуірінде қазақ халқының мәдениетке, азаттыққа ұмтылуын арман еткен ақын. Міне, бұл жоғарыдағы жолдардан екі ақынның халық деп соққан жүрегінің дүрсілі естіледі. Әжіниязсол дәуірде қазақ халқының мәдени жақтан артта қалғанына налып:

«Бұл қазақтың жоқдырханы, муфты, рәйис қазысы,
Ләхзе саат қарары жоқ, гүз, қысы, бахар, жазысы,
Озини суупы тутар, харамы ишип-жеп базысы,
Қазан-аяқ, табағын аралап жүрер тазысы,
Ах, дарийға, уақ дәрийға, мың саны әрман шықты жан...»

– десе, Абай да өз үнін:

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп еңді екі ұртың...
Бас-басына би болған өңкей қиқым,
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?..»

және де:

«Жарлы емеспін, зарлымын,
Оны да ойла толғанып,
Жұртым деуге арланып,
Өзге жұрттан ұялып...» –

деп, Әжіниязға үн қосады. Екі өлеңнің де халықты жоғарғы мәдениетке, озық идеяға шақырғаны көрініп-ақ тұр. Әжінияздың «Керек» мұхаммесі мен Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім...» өлеңі мен ғақлияларының «Екінші сөзін» салыстырсақ, екі ақынның туған халқының ғылымнан кенже қалғандығына өкінгенін, күйінгенін, надандығынан жиренгенін байқаймыз. Халықты білімге, мәдениетке жеткізбей тұрып, ел ішінен халық қамын ойлайтын жақсы азамат шығару мүмкін еместігі ақындар ойының түп қазығы. Омар шайырдың өмірі мен шығармашылығын Айымқұл Пірназаров «Омар шығармаларының суреттеу құралдары хақында» деген тарауында теңеу, адам портретін жасауда және феод. патриархалдық замандағы қыздардың ауыр тағдырын көрсетуде қарақалпақ қазақ ақыны Абайдың бір-біріне өте жақындығын дәлелдейді. «Алиф, дал әріптерін қыз мүшелеріне теңеп, сол арқылы өзінің ішкі сезімін беруге ұмтылушылық Молланепес, Алтынсарин, Абай, Әжіниязшығармашылығынан да табылады» – дейді. Қарақалпақ әдебиетшілерінің Абай есімін әр кез атап, ғылыми еңбектерінде сүйсіне баяндауы – Абайды қазақтың ғана емес, қарақалпақ халқына да ортақ, өлең өлкесінде шекараны білмейтін ұлы тұлға екендігін дәлелдейді.

Қ. Жұмажанов.

«ҚАРА ҚАТЫНҒА» – Абайдың өлеңі, қ. *«Қара қатын дегенге қара қатын...»*

«ҚАРА ҚАТЫН ДЕГЕНГЕ ҚАРА ҚАТЫН...» – Абайдың 1889 ж. ауызша шығарған өлеңі. 4 тармақты 1 шумақ. Ақынның әңгімешіл, ертегіші досы Баймағамбет Мырзаханұлы айлап, апталап ел қыдырып жүретін, шаруаға қырсыздау, серілігі бар кісі болған. Ерінің осы мінезін ұнатпай, реніш білдірген

Баймағамбеттің әйелін әзілмен жұбатпақ болған. Абай «қара қатынға» әзіл айта отырып, досының да жөнсіз «серілігін» кекетіп, әйелінің шариғатты бұзуы қиын жұмыс емес деп «қорқытады». Көңілдері жарасқан, сыйлас, сырлас адамдардың зілсіз жеңіл әзілі. Өлең 10, 11 буынды қара өлең үйқасымен жазылған. Алғаш рет ақынның 1933 жылғы жинағында жарияланды. Туынды ешқандай текстол. өзгеріске ұшырамаған. Өлең орыс тіліне аударылған. *Т. Барақұлы.*

ҚАРАМЕНДЕ Шақаұлы (1720–1818) – Тобықтының атақты биі, шешен. Абай әкесі Құнанбайдың аузынан Қ. бидің шешендік, даналық сөздерін көкейіне түйіп өскен. Әсіресе Қарқаралы өңіріне барып жүргенде естіген Қ. бидің:

«Елі көшсе, бел жетім,
Үйрек-қаз кетсе көл жетім,
Ері жоқ ел жетім,
Елі жоқ ер жетім,
Жоқтаусыз кетсе, қыз жетім,
Жасы жеткен қарт жетім,
Парықсыз болса сөз жетім» –

деген өнегелі сөзін әрқашан үлгі тұтып, балаларына өнеге ретінде айтып отырған.

Қ.-нің денесі қазіргі Жезқазған обл. Ақтоғай ауд. жеріндегі «Жұмбақ қара» деген таудың етегіне қойылған. *Б. Сапаралы.*

ҚАРАМЕНДИН Сейтқали (1913 ж. т.) – Абай мұрасын жинап, зерттеуші, этнограф. Ақынның өмірі мен шығармаларына байланысты ел ішіндегі аңыз-әңгімелерді, Абай төңірегіндегі Алтыбай, Байқұлақ шешендердің, Көбей, Қарамендe, Алшынбай билердің, Шөже, Көкбай, Әріп, Ағашаяқ, Қаумен, Байкөкше, Өмірбай т. б. ақындар туралы материалдар жинап, Абайдың бірқатар сөздерін, ауызекі шығарған өлеңдерін «Сөз тапқанға қолқа жоқ» жинағына енгізді. Абай өлеңдері хақында («Қазақ батырлары», 1992, 5-саны»), Абай өлеңдерінің текстологиясы туралы («Аласыз қара көзі нұр жайнайды», «Білім және еңбек», 1988, 7-саны) өз тұжырымдарын ұсынды, Абайдың өмірі мен қоғамдық қызметіне, өлеңдеріне байланысты 40-тан астам мақала жазып, деректер берген.

ҚАРАМОЛА СЪЕЗІ – 1885 ж. мамыр айында Қарамолада өткен төтенше съезд. Съезде ірі маңызы бар құқықтық құжат – *«Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережелері»* қабылданған. Бұл құжатты съезде төбе би болып сайланған Абайдың өзі жазып шыққан. Құжаттан Абайдың ел билеудің әдеттік-құқықтық жүйесі мен ислам діні бекіткен заң нормаларын заман талабына сай жаңарту идеялары айқын көрінеді. Съезд Абайдың ел арасында ғана емес, орыс әкімдері, патша үкіметінің Семейдегі әкімдері арасында да беделі өсе түскендігін таныттты. *С. Созақбаев.*

«ҚАРАҢҒЫ ТҮНДЕ ТАУ ҚАЛҒЫП...» – Абайдың 1892 ж. М. Ю. Лермонтовтың «Из Гете» атты өлеңінен аударған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 2 шумақтан тұрады, барлығы 8 жол. Өлең – Абай аудармаларының шоқтығы биік озық үлгісі. Лермонтов бұл шағын өлеңді 1840 ж. неміс тілінен тікелей тәржімалаған. 1780 жылдың күзінде Кикельхан шыңына жаяу сапар шегіп, И. В. Гете шың түбіндегі аңшы үйінің қабырғасына қарындашпен небәрі сегіз жол өлең жазады. Бұл кейін бүкіл дүние жүзіне танымал болған, сан-алуан тілдерге аударылған әйгілі «Жолаушының түнгі жыры» еді.

Бұл лирикалы-философ. миниатюраның негізгі түйіні, әлеум. мәні мен астары, көркемдік құдіреті аса тереңде жатыр. Адамзат өмірі мен тылсым табиғат құбылысының арақатынасын, байланысын, тынымсыз харекет-өмірден кейін тыныштық аңсау тақырыбын тұңғыш көтеріп, көркем бейнелеген көне грек ақыны Алкман (б. з. б. 7 ғ.) болатын. Сонан соң бұл мәңгілік тақырыпты көне заманның ұлы ойшыл ақындары Вергилий, Овидий, Ариосто, Тассо тереңдетіп, құбылтып, толықтыра түсті, өлеңдеріне жаңа қуат берді Гете «Жолаушының түнгі жырын» солардың үлгісінде жазып, сол ұлы ақындардың дәстүрін жалғастырды, өзіндік соны бояу, жаңа реңк енгізді. Өлеңнің философ. түйіні соңғы екі жолында ашылады: «Тыншығарсың сен-дағы, сабыр қылсаң азырақ». Бұл жолдар Гетеде де, Лермонтовта да, Абайда да дәлме-дәл, сөзбе-сөз өрілген. Гетеде «Жолаушының түнгі жыры» еркін жазылған, буын саны, ұйқасуы да әр алуан. Өлеңді орыс тіліне тәржімалаған И. Анненский, В. Брюсов, Ю. Александров ырғақтық дәлдікті мүмкіндігінше сақтауға тырысқан, бірақ нәтижесінде аударма сіреskен қалпында қалып, жасандылау шығып, көркемдік күш-қуатын әлсіретіп алған. Лермонтов, керісінше, Гетенің миниатюрасын еркіндеу аударып, орыс табиғатына лайық бірнеше тың бейне қосып, ырғақ, буын өлшемін дәл сақтамағанымен, түпнұсқадағы ойға, сарынға, сезімге ешбір нұқсан келтірмей, данышпан неміс ақынының философ. ой-күйін, түйсік-сезім, дүние танымын айқын бере алған. Абай аудармасы жайында да дәл осыны айтуға болады. Ол Лермонтов тәржімесі арқылы ұлы Гетенің жан сырын тап басып, өлеңді қазақ топырағына бейімдеп, ұлттық әр беріп, жаңа, тың жыр туғыза алған. Абайдың шеберлігі, көрегендігі, сезімталдығы, әсіресе үш өлеңді қатар қойып оқығанда ерекше айқындала түседі.

Бір ғажабы, Абайдың аудармасы өзіндік, төл шығармадай әсер етеді, «Қараңғы түнде тау қалғыпты» білмейтін, шырқамайтын қазақ жоқ. Оған бір жағынан Абайдың бұл өлеңге жазылған кең тыныстылығы, нәзік әуенді әні себеп болуы керек. Өлең шалыс үйқас үлгісімен жазылған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген *«Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі»* атты жинақта жарияланды. Текстол. салыстырулар бойынша 1909 жылғы жинақта екінші шумақтың алдыңғы екі жолы былай болып келеді:


Шаңдай алмас жол-дағы,
Сыбдырламас жапырақ.

Ал, Мүрсейіт қолжазбасында және 1957 жылдан бергі басылымдарда:

Шаң шығармас жол-дағы
Сілкіне алмас жапырақ, –

делінген текст сақталынып жүр. 1979 ж. қазақ жазушысы Қ. Исабаев неміс қаласы Габельбахтағы Гетенің музейіне Абай аударған «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңі қашалып жазылған мәрмәр тақтаны және әнші М. Көшкінбаев домбырамен орындаған әннің магнит таспасын сыйға тартқан. *Г. Бельгер.*

Абай «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңіне ән шығарған. Ән сипаты көңілге қонымды, жүрекке жылы,



Нота. (Қараңғы түнде тау қалғып. 1-түрі).

құлаққа жағымды. Алғашқы рет нотаға комп. Л. Хамиди 1935 ж. А. Ысқақовтың айтуы бойынша жазып алған. 1984 ж. музыка зерттеуші Қ. Жүзбасов әнші Қ. Байжановтан 1958 ж. (магнитофонға) таспаға жазылған үлгісін және М. Мұқамеджановадан жазылған нұсқасын нотаға түсірген. Қазіргі уақытта бұл әннің 3 түрі белгілі болып отыр. Сол үш нұсқаның 2 түрі ең күрделі және толық екі шумақ аумағында түгелдей мелодиялық сазымен ерекшеленеді. Екінші шумақтың әуен-сазы мен ырғағы бастапқы шумақ тармақтарының сарынының вариациялық (өзгерістермен) мәнермен өрнектелгенін аңғартады. Абай поэзия саласында ғана емес, сонымен бірге сазгерлік, ән өнерінде де лирик. қазақ-қалалық ән жанрының жаңа түрін қалыптастырды. Абайдың комп. өнерінде сұлу үн, терең философия, ұнамды парасат, сән-салтанат, әдемі үйлесім табады. Әннің әуен сазы мен поэзия тілі гармониялық үйлесім тауып, сазы минорлық ладта қалыптасқан, ырғақ желісі мен жүйесі аралас өлшеммен ерекшеленген. Мыс., 4/4, 4/4, 6/4, 4/4, 5/4, 4/4, 5/4, 4/4, 5/4, 4/4, 5/4, 4/4 – бірінші түрі; 3/4, 5/4, 6/4, 3/4, 4/4, 5/4, 5/4, 6/4, 3/4, 5/4, 6/4, 4/4, 6/4, 5/4, 6/4 – екінші түрі; 3/4, 3/4, 5/4, 6/4, 6/4, 3/4, 3/4, 6/4, 5/4, 5/4 – үшінші түрі. Сондықтан ән шалқымалы кең тынысымен ерекшеленіп, өлең кестесі 7–8 буынмен қалыптасқан. Ақынның «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай», «Өзгеге көңілім тоярсың» әндері осы әнмен ұқсас әрі сарындас. *Қ. Жүзбасов.*

ҚАРАПАЙЫМ СӨЗ, Қарапайым тіл – күнделікті тұрмыста қолданылатын жалпыхалықтық қарадүрсін сөздер. Тіл тұтынудың бәсең стиліне жататын мұндай қарым-қатынас дәстүрлі немесе классик. жазба әдеби нормаларымен сыйыспайтын сөз тұлғаларына, дөрекі сөз орамдарына, грамматик. байланысы тосын әр қилы сөйлемдерге шек қоймайды, кең-молынан өз қажетіне жарата береді. Халықтық тілдің тілдік стилі тұрғысынан қолдау тапқан бұндай үлгілері әр түрлі мақсат үшін әдеби тіл аясында, әсіресе, көркем әдебиет шығармаларында кәдеге асады. Ақындық тезіне түсіп қырналған қарапайым сөз саптау тәсілдерінің көріністерін Абай шығармаларынан да кездестіруге болады. Мыс., ол жалпыхалықтық тіл ішіндегі шектеулі аяда қолданылатын жергілікті (диалект) **ыра**, **мұқым** сөздерін **жыра**, **бүкіл** деген көпшілікке мәлім сөздердің орнына қолданады. Сондай-ақ кірме сөздерді қолдануда ақынның өзіндік ерекшеліктері бар. Егер: «**Ғаділетті** жүректің, Әділетін бұзыппын», – деген жолдарда бір сөздің өзін әуелі арабша нұсқада, одан кейін оның қазақ тіліндегі дыбысталуы бойынша екі ұдай мағына теліп қолданған болса, «**Әддің** білмес шіркінді Құдай әбден қарғады» мен «Қанденге бір ит кездей боп, Деді: «Әддіңді білсеңші» сияқты жолдарда қазақтың «Әлінді біл!» деген дағдылы тіркесін арабтың сол мағынадағы «әдді» сөзін енгізу арқылы өзгерткен. Абай әдеби нормаға енбеген, бірақ қарапайым халық арасында айтыла беретін орыс сөздерін де реті келгенде өз поэзиясына қатыстырып отырған. Мыс.:

«Еннатайына кәлкәусар,
Пошал, дереу, күнәкар», –

дейтін тармақтардағы намаздың сабағына араласып жүрген **пошал** сөзі орыс тілінің қарадүрсін қолданысы. Сондай-ақ

Көгалды қуып гөләйттап,
Қызықпен жүріп жазды алған, –

дегендегі **гөләйттап** сөзі, «Сомалап ақшасына сонан алар» дегендегі **сомалап** сөзі орыстың «гулять», «сумма» сөздерінің қазақ тіліне сіңіп, қарапайым қолданысқа түскен үлгілері.

Әдеби тілдің нормасынан ауытқудың тағы бір көрінісі – сөздің грамматик. тұрғыдан тұлғалану заңдылығын бұзып, қарапайым тіл қалыбына салуға да байланысты. Мыс., Абай өлеңінің ұйқас жүйесін, буын өлшемін сақтау үшін кей реттерде сөз тұлғасының грамматик. тәсілдерін өзінше құрып, өлең тармағын қажетті буын өлшеміне сыйыстырып та жібереді. Әрине, мұндай сәтте ол өз тарапынан тіл заңын тәртіптеуді мақсат тұтпаған, тек эстетик. мұрат көздеп, жалпыхалықтық айырым сөйленістерді өзінің поэтик. талғамына таяныш еткен. Қараңыз:

«Бауырларын еркейтіп,
Не сұраса қақпаған».

Осындағы «еркейтіп» біздің әдеби тіліміз үшін тосын қолданыс. Тіл заңдылығы бойынша ол еркелетіп немесе ерке етіп болуы тиіс. Бірақ онда өлең өлшемі, яғни буын саны бұзылады. Абай бұл жерде: марқа-й-т, сақа-й-т, шоңқа-й-т т. б. сындық мәні бар есімдерден етістік туғызу амалы бойынша еркей-т-іп тұлғалы көсемше жасаған. Сөйлеу тәжірибесінде ұшыраспағанымен мұның да теориялық негізі жоқ емес. Осы тәрізді грамматик. қысқарымдар да ұшырасады.

«Ел тыныш болса, азады
Ерігіп өле **жазады**»,

Асты сызылған сөз әдеби тіркесі құрамында грамматикаланғанда: Өле жаз-да-ды болуы тиіс. Сол сияқты:

«Араз кісі болғансып,
Сылтау етер бекерді.
Үйренбейді кісіден,
Кіржіндеп жүріп кекерді», –

деген шумақтағы «кекеу», «кекету» мағынасындағы кекер-ді сөзі әдеби норма бойынша кеке-т-ерді түріндегі өзгелік етістен жасалған есімше болуы тиіс. Ал Абайдың: «Ағеке, нең кетеді, осы ғанамды істеп бер» сөз қолданысындағы «осы ғанамды» түріндегі тұлға әдеби тіл нормасы бойынша «осынымды ғана» болып грамматикалануы тиіс. Өйткені, қазақ тілінде көмекшілік қызмет атқаратын шылау сөзге (ғана) сөз тудырушы немесе сөз түрлендіруші қосымшалар тіркелмейді. Бұл жерде біз сөз түлету амалына куә болып отырмыз.

Қ. с. саптаудың қарадүрсін реңкті қолданыстары-

нан басқа, анайы, дөрекі, ерсі түрлерінде кездестіруге болады. Мыс.:

«Қандай қызда ләззат бар жан татпаған?
Сұлуы бұл заманның тек жатпаған.
Он сегіз, он тоғызға келгеннен соң,
Алмасы өкпе болар қол батпаған»,–

деген шумақта Абай тән ләззатына берілгенде туатын анайы шындықты бүркемелеп айтып отыр. Бірақ бұнда әлі дөрекілік жоқ. Алайда оның Жиырма екінші сөзіндегі: «Біреулер **к...не** құрым киізді түзға малшып тыққан соң есі шығып, еріксіз кім болса, соған талтайып емізіп жүр»– деген сөйлемнің сазы дөрекі. Әрине, бұл жердегі айтылмақ ойдың мазмұнында реніш, ашу, кейістік болғанымен, дөрекілік жоқ. Бірақ қоғамдық санасы қатты ашынған ақын сол ойды ауыспалы мағыналы сөз кестесімен жоғарыдағы үлгіде дөрекілендіріп беріп отыр. Бұнымен салыстырғанда «көт» сөзін анатомиялық атау ретінде келтірген: «Өзі санды, дөңгелек келсе көтті» деген ақындық қолданыстың да көзге ұрып тұрған әбестігі жоқ. Осы орайда оның:

«Етек кеткен жайылып,
Ат көтіне жалпылдап»,

немесе:

«Ер кезек ер жігітке үшке дейін,
Бір боқты тағы бас та және сүрін»,

деп, асты сызылған тіркестерді көпшілік қолды сөз орамдары ретінде қабылдағанын да ескеруіміз қажет. Жалпы түбірі «көт» атауы болып келетін жалпыхалықтық бейнелеуіш сөздер санатындағы тіркестерді Абай өз шығармаларында жиі қолданған. Мыс.: көт айлану – айтқанынан тану, кері айналу; көті ашылу – абүйырын ашу; көті бос – қорқақ, табансыз; көті жоқ – арты бос, қорқақ; көті көрінді – сыры мәлім болды; көтін қыздырды – жел берді, азғырды; көтін қысып – жым болып, басылып; көті шөмейді – қиналды, жаны қысылды т. б. Абай туындыларындағы Қ. с. қолданыстарының жалпы сипаттамасы осы аталған стильдік құбылыстарға саяды. *Е. Жұбанов.*

ҚАРАСАҚАУ (шын аты Құсайын) Қиқымбайұлы (т.-ө. ж. б.) – Абайдың атқосшысы. Көкше ішінде Балталы руынан. Тілі шәлдірік болғандықтан Қ. атанған. Жасында ұрлықпен айналысқан. Абай сол елге болыс болған кезде: «Сен ұрлықты қой?» деген сөзін тыңдап, Абайдың үнемі қасында болып, атын ерттеп беретін жол серігі болған. Кейін Оспанның қолында тұрған. Қ. өркөкірек, сөзге шешен, пысық адам екен. *А. Әубәкірова.*

ҚАРАСӨЗДЕР Абайдың толық жинағында 1890 жыл мен 1898 жыл арасында жазылған бір алуан шығармалары – «қарасөз» деп аталады. Жалпы саны қырық алты бөлек шығарма. Оның алты-жеті үлгісі қысқа келеді. Бұл қатарға қосылатындар *Он алтыншы, Он сегізінші, Он тоғызыншы, Жиырмасыншы, Жиырма төртінші, Отыз бірінші, Қырық бесінші сөздері.* Жалпы қарасөздерден мазмұн, тақырып жағынан өзгешерек тұратын – *Қырық алтыншы сөз.* Ол тарихтық мақала – очерк тәрізді. Қазақ халқының қайдан шыққандығына арналған дәлелді, деректі қысқа зерттеу сияқты. Өзге қырық бес сөздің ішінде көлем жағынан ең мол шығарма бұрын Абайдың қолжазбаларында «Ғақлиат тасдиқат» деген атпен бөлекше көшіріліп жүретін дін, мораль мәселелеріндегі Абайдың бір үлкен ой-толғауы болады. Бұл – *Отыз сегізінші сөз.* Осыдан соң қарасөзбен жазылған мысал, өсиет есебіндегі Сократ пен оның шәкірті Аристодим әңгімесі. Бұл – Жиырма бесінші сөз. Көпшілік қарасөздерден және де өзгешерек қалыптанған Абайдың *Отыз жетінші сөзі.* Бұл бөлімше өзге қарасөздерше тұтас құрылған бүтін шығарма емес. Шартты түрде Отыз жетінші сөз деп бір араға бастары құрылған афоризмдер саналады. Мүрсейіттің көшірулерінде және Абайдың толық жинақтарының бәрінде осы афоризмдер Жиырма үш деп саналады. Анығында, Абайдың афоризмдері бұлар ғана емес және жинақтарға басылғандай бір ғана 1896 жылда туған болмау керек. Әр жылдарда айтылған терең ойлы, шешен, шебер сөздерді 1896 ж. ең алғаш Абай шығармаларын құрастырушы шәкірттері сол жылда түгендеп еске алып отырып, ойда сақталғандарын осылайша Отыз жетінші сөз деп мөлшермен, шартты бір шеңберге сыйғызған тәрізді. Афоризмдер Абайда жиырма үштен әлдеқайда көп екенін Абай оқушыларының бәрі де біледі. Ақынның өз шығармалары ғана емес, Пушкиннен, Лермонтовтан және әсіресе Крыловтан жасаған аудармаларының тұсында әр алуан өсиет, сын, мысқыл, әжуа, психол., эстетик., пед. жайлардан түйіп айтқан нақыл, ақыл, терең ойлар аса көп кездеседі. Сондайлық бір-екі өлең жолының бойына сыйған тұжырымды көркем сөз Абайда көбінше афоризм боп қалыптанған.

Ал өз өлеңдеріне ауыссақ, онда осылайша жазылып және жұртқа мол жайылып, нақыл-өсиет есебінде тарап кеткен талай өлең жолдары бар. Соның көбі және де Абайдың афоризмдерінің санын молайту керек. Ең ақыры, осы тұста бөлек тексеріліп отырған қарасөздердің өздерінің кейбіреулерінен де Абайдың шешен, шебер, тапқыр етіп түйген сөйлемдері афоризм қатарында оқушы жұртқа ертеден көп тарап кеткені бар. Олар да Отыз жетінші сөзді көп тың мысалдармен әлі талай тамаша бағалы афоризмдерімен молайта алады. Осылайша, жалпы Абай қарасөздерінің ішінен Отыз жетінші сөзді де біраз ерекшелігін қарап, бөліп шығардық. Жоғарыда жасалған екшеулер бойынша біз жеті сөзді қысқалық себебінен және өзге сөздерде әр көлемде айтылған пікірлерді қысқа түйіп, қайталайтын болғандықтан, бір бөліп шығардық. Онан соң Абайдың түгел өз сөзі болмағандықтан, аударма ретінде жиырма жетінші сөзді – Сократ сөзін бөлдік. Түр өзгешелігі бойынша Отыз жетінші сөз афоризмдер жайын жеке қарадық. Және Отыз сегізінші сөз – «Ғақлиат – тасдиқатты» бұрынғы барлық қолжазбаларда бөлініп жүрген ретімен жалпы қарасөздерден бөлекше атадық. Тағы да тақырыбы ғылымдық мәселе болғандықтан, Қырық алтыншы сөз – тарихтық очеркті де бөліп атадық. Осымен жиыны он бір сөз, қарасөздер көпшілігінің қалпынан бізге басқарақ саналды. Содан ары қалатын Абайдың анық «қарасөз» атты мұрасын алғанымызда, олар отыз бес сөзден құралған болады. Енді ең алдымен осы қарасөздің қалың тобын тақырып мазмұндарына қарай арнаулы жіктерге бөле отырып тексеріп, танып көрейік.

Жалпы алғанда Абайдың осы барлық қарасөз дейтін мұралары көркем прозаның өзінше бір бөлек, бір алуаны боп саналады. Бұлар сюжетті шығармалар емес. Бұрынғы жазушылар қолданған естелік, мемуар да емес. Стиль, мазмұн жағынан алғанда, осы шығармалар Абайдың өзі тапқан, бір алуан

көркем сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбінше адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді.

Бұл шығармаларда Абай өзінің оқушыларымен әңгімелесіп, жүзбе-жүз кездесудегі мәслихат, кеңес құрып отырған ойшыл ұстаз тәрізденеді. Кейбір сырт сипаттарына қарағанда Л. Н. Толстойдың «Круг чтения» деп аталатын еңбегіне ұқсас. Толстой өзінен басқа ойшылдардың көп-көп жайлардан жазған толғаулы терең пікірлерін жиып топтап, өз оқушыларына бірнеше кітап етіп ұсынған. Бірақ Толстой «Круг чтенияда» оқушыларымен тыныш, тату әңгіме өткізем дейді. Сөз бастағанда әрбір жайлардан өз ойларын келтірмейді.

Абайдың қарасөзінде Сократтың сөзін дін үгітшілерінің сөздерін келтіргендей етеді. Абай қарасөздері көбінесе барлық жайлардан өзі сөз бастап, өзі әңгіме дүкен құрып отырған болады.

Осыдан соңғы қарасөздер жөнінде айқын байқалатын бір өзгешелік, Абай өзінің өлең сөздерінің көптен-көбін заманындағы оқушы мен тыңдаушыларына үнемі түсінікті болмайтындай көреді. Оныcы – анығында солай да еді. Осы жайды ескеріп, Абай енді қарасөзінде сол өлеңдерінде айтылатын ойларының бірталайын жаңа сөзбен таратады.

Сондықтан кейбір қарасөздерінде бұрынғы өлеңінде айтылған ойлар жеңіл, қарапайым, оңай ұғымдармен қайтадан айтылады. Бұл жөнінде Абай өзінің көпшілік оқушы, тыңдаушысыменен әңгімелеседі. Және сол әңгіменің үстінде адамгершілік мәселелерінен: әділет, ақтық, турашылдық, шындықты сүйгіштік, ғылымға құмарлық, еңбекті бағалағыштық сияқты жайларды айтады. Немесе осылардай, адамдық сипаттың жауы болатын аярлық жалғаншылық, бәлекұмарлық, мақтаншақтық, мансапқорлық, өсекші-өтірікшілік, еріншектік, әр алуан арамтамақтық сияқты мінездердің барлығын айтқанда, Абай сол жайларды тыңдаушының көңіліне, көкейіне қонымды ету жағын алдымен ойлайды. Айтпақ сөздері мен ойларын мысалдармен келтіреді. Кейде өзі көп алдында отырғандай, тыңдаушысына сұрақтар береді. Өзі онымен жауаптасып, әңгімелескен кісі тәрізденіп отырады. Мысалдарды қазақтың Абай заманындағы күнделік болмысынан алады. Сол мысалдарды кейде күлкіге сайып, мысқыл, әжуа халдерді әдейі айқындай түседі. Әңгімесі тыңдаушысына пайдалы өсиет болумен бірге, көңілді айтылып, қызықты боп жетсін деген мақсатты ойлайды. Өзінің адамгершілік, әлеуметшілдік, ағартушылық ойларын айтуда Абай педагогик. жақсы әдіс қолданады. Оңайдан қиынға қарай, жақыннан жыраққа қарай, қызықты, күлкілі жайдан үлкен толғаулы қорытындыға қарай біртіндеп жетектейді. Сатылап отырып үгіт-өсиет асырады. Сонда тыңдаушысы туралы Абайдың күдігі көп. Кейбір терең өсиет, озғын ойлар бұның тыңдаушыларының санасына жетпеуі мүмкін. Сол себепті өлең сөздерінде ұзақтан, тереңдеп айтылған кейбір ағартушылық, адамгершілік үлкен ойлары мен қоғамдық тартыстың қайшылықтарын ашатын анық шыншыл және күшті азаматтық сындарын мынау қарасөздерінде оңайлатып, азайтып, қысқартып айтатыны да болады. Бұл ретте кейде ақынның өлеңінде кездесетін қайшылықтар және тарихтық тар көлемді түсініктер көбірек көрінетін кездері де болады.

Оқушы мен көпшілік тыңдаушыларының өз тұсындағы сенім-нанымдарын еске алғандықтан, ақын дін тақырыбын көбірек сөз қылады. Әрине, оның өз нанымы өзгермейді. Сондықтан өленделегі сияқты діндi адамгершілік моральдың, тәрбиенің қараңғылыққа қарсы, шартты түрдегі өткелі есебінде бағалайды.

Осындай негізгі түсінік Абайдың қарасөзінде де көрінеді. Бірақ осымен қатар мұсылман дініне иланған тыңдаушыларына құдайдың, пайғамбардың, иман, парыздардың жайларын көбірек айтады. Мынау оқушылармен әңгімелескенде өз ойына соларды көбірек серік етеді. Және өлеңнен қарасөздерді төменірек түсіретін тағы бір өзгешелік бар. Онысы: дін тұтынушылар мен би-болыс, атқамінерлер жөніндегі аса аяусыз, сыншы, жазушы болған қалпын Абай қарасөздерде біраз жеңілейтіп, ашуын азайтыңқырап алады.

Өленінде жаңағы топтар жөніндегі шығармалар тіпті көп болса, қарасөздерінде аз көрінеді. Бірнеше шығармаларда басып айтқан ащы, сыншы пікірлер болғанмен, көпшілік қарасөздер орташа шындықты орташа халде тарады. Бұнда жалпы байқалатын күй, осы тыңдаушылармен Абай тату, тыныш мәжіліс құрғандай болады. Ол тыңдаушыларды әрине «Ғақлиат-тасдихаттағы» оқушылар ғана деп бағалау дұрыс болмайды. Өйткені «Ғақлиатты» Абай өзінің қасында жақын жүрген шәкірт достарына, үміт еткен жақсы жастарына аса бір жылы жүректен ағалық өсиет етіп айтқан.

Ал, көпшілік қарасөзде Абайдың көз алдында көрініп отырған тыңдаушысы жаңағы жастар ғана емес сияқты. Бірақ олар Абайдың аяп әңгімелесетін, тартына сөйлейтін адамдары тәрізденеді. Осы себептен болу керек, қарасөз ой тереңдігі жағынан да көп өлең сөздерден таязырақ, сәл ғана шындықтардың өріс-өрісін байқатқандай болады.

Енді осы жайларды жоғарыда біз бөліп шығарған отыз бес қарасөздің әр алуан жіктерінен, таптарынан нақтылап танып көрейік.

Жиыны барлық қарасөз, біздің аңғаруымызша, онон бір тақырыпқа бөлінеді. Кейбір тақырыптар бір топ сөздердің көлемінде қайталап, әр алуан жаңа мысқыл, теңеулермен, дәлелдермен молайғаны болмаса, ой жағынан бір алуандас болады. Ал кей тақырып, бір-бір қарасөзде айтылумен тоқтап отырады. Мыс., *Бірінші қара сөзінде* Абай жазуға қалай кіріскені туралы сөйлейді. Бұнда өмірбаяндық дерек бар және өзінің жалпы шығармалық еңбегіне ойлы түсінік береді. Бірақ кейін осы тақырыпқа өзге қарасөздерде оралмайды.

Екінші сөзінде – халықтарды салыстырады. Қазақ, ноғай (татар), сарт (өзбек), орыс сияқты көршілес елдерді оқушысы қазақ жұртшылығына әділетті достық көңілмен ұғындырып береді. Әңгімені жай бір тыңдаушылар тобында отырғандай, жеңіл әзіл тәрізді бастап, өз халқының дәлелсіз үстірт өзімшілдігін мысқыл ете келеді. Содан барып шын сыншыл ойларына ауысады. Еңбек сүйген ел атаулының бәрі де қазақтай еңбексіздікке мол салынған және сол еңбекті өнеркәсіпте, күндегі тірлікте көрші елдің бәрінен кейін қалып отырған халқына үлгі берерлік, артық елдер болып бағаланады.

Тақырып жағынан алғанда, *Үшінші сөз* де өзінше бөлек бір алуан. Бұнда қазақ сахарасын билейтін әкімдер, тергеуші билер, соттар туралы сөйлейді. Сол күндегі ел тірлігінің қайшылық, ауытпалықтарын молайтып отырған патшалық өкімет туралы да ой қозғайды. Болыс атаулының елге сор болатын тынымсыз сойқанды мінездерін әшкерелейді. «Уақыт-

ша себі бола ма» деп бірер ұсыныстар айтады. Сол ретте ендігі болыс орысша оқуы бар адамнан болса екен дейді. Және тергеу мен үкім шығаратын қазақтың биі, сот орны туралы пікір айтады. Ел ішіндегі дау оңай шешілу үшін, әділетпен аяқталу үшін патшалық өкімет сайлаумен қойып жүрген билер болмаса екен дейді. Оның орнына третей билікті ұсынады. Абайдың осы пікірі Герценнің «Былое думасында» жазылған соттар турасындағы пікіріне өте дәл келеді. Герцен Россиядағы параны құрту үшін халықтың көз алдында әшкере тергеу болатын болсын және бұрынғы третей соты қайтадан заңға кірсін деген.

Абайдың ойында да билік, тергеу халықтың қамына жақын болсын. Жұртшылыққа залалды жаманшылық атаулы орынды жазасын алатын болсын деген қамқорлық талап бар. Бұл қарасөз Абайдың өз тұсындағы күнделікті өмір шындығына қолма-қол қатынасып, жәрдем етсем деген талабын көрсетеді. Өленділік шығармаларында өз заманының шындықтарымен қолма-қол байланысты болып, оны сынау арқылы пайдалы іс етемін деген ақын жаңағы қарасөзінде сол әлеум., әкімш. қалпына нақтылап араласқысы келеді. Әсіресе халыққа күнделік іс-әрекеттерімен бейнет, дерт әкеліп отырған тергеушілік тәртіптің сорақылықтарымен алысуға кіріседі. Бұл жөніндегі Абайдың кемшілігі, қателігі Шоқанның бір қателік пікірімен үйлес келеді. Екеуі де ендігі билер ауыспайтын, өмірлік би боп сайлансын дейді. Бұл ескі феодалдық қалыпқа тартар еді. *Төртінші сөздің*де тақырыбы өзінше бір бөлек шығады. Бұл өсиетте бұрынғы өлең сөзінде көп айтқан бір тақырыпты қозғайды. Онысы – күлкі туралы ойлаған ойы, сыны.

Бесінші сөз – қазақтың кейбір мақалдарын сынайды. Мұнда халық санасының өзіндегі надандық, қараңғылықтың салдарынан туатын мінді мінез, кемшін ой, айыпты әрекеттерді шеней өтеді. Мал үшін өмір кешетін адамдарды үлкен қиялменен сынап, айыптап түземек болады.

Осы жоғарыда аталған бес сөзінде бес бөлек тақырып болса, келесі *Алтыншы сөзден* бастап белгілі ой мен сыңдардың, өсиет пен үгіттің арнаулы тақырыптары бірталай сөздерде қайталап отыратынын көреміз. Мыс., *Алтыншы, Сегізінші, Тоғызыншы, Оныншы, Он төртінші, Жиырма үшінші, Жиырма алтыншы, Жиырма тоғызыншы, Отыз үшінші, Отыз тоғызыншы, Қырқыншы, Қырық бірінші, Қырық екінші* және *Қырық үшінші* сөз сияқты үлкен бір топ сөздерінде Абай ел мінезін көптен-көп сөз етеді. Бұнда бірлік жөнінде, ол ақылды болыс-би сияқты ел әкімдерінің «пара алмайтыны» жөнінде кекету – әжуа айтылады (Алтыншы, Сегізінші сөздерде). Және де осы топта ол туралы толғанған ойдың ызалы ащы күйін уланған оймен көрсететін сөз бар (Тоғызыншы сөз).

Осы қатарда мінез жайын айта келіп өтірік, батырсынған бояма мінезді сынау, адамдықты үгіттеу Он төртінші сөзде көрінеді. Ел мінезін сынайтын сыншыл-реалист жазушы кейде бұрынғы өлеңінде қолданатын қатты сатираны да өзіне үлгі етеді. Қуаныш пен жұбаныш жайын аса ащы сатирамен Жиырма үшінші сөзде, Жиырма алтыншы сөзде айқын көрсетеді.

Жиырма төртінші сөзінде тағы да мақалды шенеу арқылы ел мінезіне үлкен сыншылдық жасайды. Және де кәсіп, еңбек иесі адамды бұзып, аздыратын салтты Отыз үшінші сөзде баяндайды. Осыдан соңғы бір топ толғаулар қазақтың бұрынғы өткен адамдарының мінезін сөз етеді. Халықтың даналық мақалдарын елдің қасиеті есебінде ақынның қадірлейтінін көреміз (Отыз тоғызыншы сөз). Ел мінезіне арналған сөздердің Қырқыншысы – тыңдаушысымен көзбе-көз әңгімелесу үстінде туғандай. Жазушы көп сұрақтар бере отырып, қазақ қауымындағы адам мен адам арасындағы қарым-қатынасты қатты сынай сөйлейді. Және де ел мінезіне арналған Қырық бірінші сөзде Абайдың көп өсиет-сын өлеңдерімен ұштасатын жайттер қайта қозғалады. Елді тағылым-тәрбие түзер еді, ол жоқ деген арманды ой туады. Халық басындағы, қоғам ішіндегі ауыртпалық күйдің бәрін теріп көрсететін осыған тән сөздердің бір алуаны (Қырық екінші сөз) жұмыссыздыққа арналады. Еңбексіз жатып ішу, қолы ұдайы бос болу жеке адамның басындағы және бар қауымдағы кеселдің үлкен себепшісі деген аса сыншыл, дұрыс ойлар айтылады. Осы бір топ сөздердің ең соңғысы Қырық үшінші сөз – алғашқы жолдарында Абай санасындағы дуализмді көрсеткенмен педагогик., психол. үлкен жүйрік ойды танытады. Қарасөздер ішіндегі көлемі үлкен, кенеуі мол сөздің бірі де осы деуге болады.

Енді бір бөлек тақырып боп, *Жетінші сөз* оқшаулау көрінеді. Ол – жас баланың психологиясын еске алып талдаған сөз. Баладағы білуге ұмтылу жақсы қасиет екенін атаумен бірге, үлкеннің надандығы сол жақсы баланы жаман тәрбиемен қорлап бұзғанын білдіреді.

Өзге қарасөздерден және де өз тақырыбымен оқшауырақ тұратын Он бірінші сөз – ұлық турасынан басталып, ұлықтарға қарсы, олардың қатты әшкерелеген сыншының ойын танытады. Халықтың, көпшіліктің өкілі болып отырған азамат жазушы жаңағыдай ұлықтар кесірінен бейнет шегетін ел үшін ширығып, ызалы турашылдық сөздерін сөйлейді.

Бұл тексерілгендерден бөлек қарасөздердің ішінде тағы бір қайталай түсетін тақырып – дін менен мораль, тәрбие жайларын қозғайды. Олар: *Он екінші, Он үшінші, Жиырма жетінші, Отыз бесінші, Отыз алтыншы, Отыз сегізінші* және *Қырық бесінші сөздерде*.

Осы сөздердің кейбірінде Абай құдайға құлшылық етудің мәнін айтып, иман жайын сөз етеді (Он екінші, Он үшінші сөздер). Бірақ, сол мұсылманшылдықтың анық діндік үгітін айта отырып, Абайдың өз оқушысына жеткізбегі – адамгершілік өсиеттер болады. Сол адамгершілік қасиетті адам өзінің жаратылыс сырымен қоса бағалап, түсінсін деп ойлайды. Сондай түсінік адамды адамгершілік биік сатыға көтереді дейді. Осы ойына тіреп, дерек етіп (Жиырма жетінші сөзінде) әдейі ұстаздық, тәрбиешілік ниетпен Сократ сөзін береді.

Отыз бесінші, Отыз алтыншы сөздерде Абай қазақтың дін күтушілерін және сол дін жолының өзіндегі өрескел мінді мінездерін шенейді. Пайғамбар өсиетін айта отырса да, сыншыл ақылдың талаптарын Абай айқын атап отырады. Осы топта көлемі мен мазмұны бойынша ең үлкен орын алатын *Отыз сегізінші сөз* – Ғақлиат – тасдиқат. Бұнда Абай аят, хадистерден цитаталар келтіріп сөйлейді. Жазу тілінің, басқа қарасөздердегі анық қазақтық түрін өзгертіп, кітапшалап (түркіше) тың үлгі, стиль іздейді. Сыртқы стильдегі, тілдегі өзгешеліктер бұл сөздегі діндік мазмұнменен нық байланысты. Осы

кезде Абай өзінің дінін түп наным жағынан да, моральдық қасиеттер турасынан да және адамгершілік тәрбие мақсатымен де анықтап, таныта түспек болады. Өлеңдерінің тұсында айтқанымыздай, әрине, бұл сөзде де Абай өзін мұсылман етіп көрсетеді. Ол діннің құдайына иланады. Енді соның көп сипаттарын өз оқушысына баяндап береді. Сол баяндауында үнемі адамның жақсы сипаттар жағын айрықша екшеп терумен болады. Ендеше, бұл сөздің де түп мазмұн-мақсаты адамды жақсы етіп шығаратын қасиет, сипаттарды жеткізе түсу. Моральдық философияның, педагогик. мұраттардың негізін діндегі негіздермен қабыстырып бермекші. Жалғыз-ақ осы жөніндегі Абай ойларында кейде көрінеу тайыздық, көнелік те байқалады. Бұл әсіресе жаратылыс жайымен адамның жаратылыс сырын шешемін деген кездерінде аса айқын сезіледі. Сонымен қатар осы үлкен сөздің ішінде Абай үлкен батылдық табады. Тарихтық, әлеум., ағартушылық жөнінде күшті қуат көрсетіп, заманы үшін аса сыншылдық танытатыны да бар. Ол – қазақ ортасындағы не жалпы мұсылмандық шығыстағы қоғамдық, әлеум. құрылыстар жөнінде айтатын терең толғаулы пікірлер.

Алғашқы айтылған сөздің мысалын осы *Отыз сегізінші сөзде* келтірген бір ұзақ пікірден байқауға болады. Барлық жаратылыстың молдық берекесін айтып келіп, Абай «Адам баласының үзілмес нәсіліне таусылмас азық болсын дегендік» – дейді. Осымен бар дүниенің жан-жануары, өлі-тірі табиғаты – бәршасы да тек адам баласы үшін жаралады. Өйткені, адам нәсіліне тәңір иесінің жасаған махаббаты солай деген ой таратады. Анығында, жаратылыс диалектикасын ойлағанда, Абайдың бұлайтқаны жаңылыс, теріс пікір. Және философия тарихында әлдеқашан ескірген – дүние адам үшін жаралады дейтін, көп заманнан бері қолданудан қалған, көне пікір болады. Ал әлеум. мәселеде Абайдың дін жайын қозғай отырып, дін ұстаздарына айтатын қатты соққы, сындары және осы сөзде. Бұл жоғарыда біз айтқан Абай ойының ең қымбатты, бағалы жағы.

Абай молдаларды сынап келіп «Бұл заманның молдалары хаким атына дұшпан болады. Бұлары білімсіздік, бәлки бұзық пиғыл» деп, осыдан кейін Абай молдаларды өздерінің тілдерімен дәлелдер айтып отырып әшкерелеп, қатты шенеп шығады. Содан әрі жалғыз қазақ емес, бүкіл мұсылманшылық ғаламына ауысады. Өздерінің реакциялық қараңғы нанымдарымен елді улатып, шырмап келген үлкен дін басыларға да аяусыз соққы береді.

Мыс., «Молдалар тұра тұрсын. Хұсусан бұл заманның ишандарынан бек сақ болыңдар. Олар – фитнәй ғалам. Бұлардан залалдан басқа ешнәрсе шықпайды. Өздері хүкім шариғатты таза білмейді, көбі надан болады. Онан асып өзін-өзі әһли тарихат біліп және біреуді жеткізбек дағуасын қылады. Бұл іс олардың сыбағасы емес, бұлардың жеткізбегі – мұхал. Бұлар – адам аздырушылар, хатте дінге де залалды. Бұлардың сүйенгені надандар, сөйлегені жалған, дәлелдері таспиғы менен сәлделері, онан басқа ешнәрсе жоқ», – дейді. Осындай діннмен байланысты діншіл ойларды айтып келіп, Абай сөзінің негізін адамгершілікке тірейді. Барлық өсиет ойтолғау еңбектерінің қорытындысы тағы да адамгершілік тәрбие екенін танытады. Адамды қор қылатын ең залалды жаманшылықтарды санап өтеді. Олары үш нәрсе: надандық, еріншектік, залымдық – деп атайды.

Өлең шығармаларында адамгершілік, тәрбиелік терең ойларды қозғағанда айтатын қорытынды түйіндерін осы арада тағы келіп табады. Сөйтіп анық айқын діншілдік үгіт сияқтанып басталған сөз ақынның өз ұғымындағы үлкен моральдық философияның тәрбиелік талаптарына келіп қосылады. Ақындық өсиеттері мен қарасөзде көрінген ұстаздық мақсаттар екеуі де осындай тұстарда табысып кеп, үнемі бір сағаға қосыла құйылып жатады.

Осылайша топталып, тексерілген қарасөздердің тақырып бойынша құралатын ендігі бір мол түрі тағы бір топ сөздерде көрінеді. Олар: *Он бесінші, Он жетінші, Он сегізінші, Жиырма бірінші, Жиырма екінші, Жиырма сегізінші, Отызыншы, Отыз екінші, Отыз төртінші және Қырық төртінші сөздер.* Бұнда әр аулан түрде қайталап келіп отыратын бір тектес тақырыптар бар.

Сол ортақ тақырыптар адамның адамдық қасиеттерін тереді. Үлкен адамгершілік, ақтық, тазалық, азаматтық жөніндегі тәрбиелік ойлар айтылады.

Он бесінші сөзде мораль мәселесін мінез белгілерімен байланыстыра отырып, әрбір жақсы адам боламын деген кісіге өз-өзіне есеп беру қажет екенін айтады.

Онжетінші сөзде Абайдың өз тұсындағы және Абайдан бұрынғы үлкен моралист, педагог ойшылдардың, ұстаздардың көп айтқан пікіріне жаңасатын ой-толғау жүргізеді. Ол – толық сапалы адам болудың шарты жайындағы ойлар. Адам жан-жақты, асыл қасиетті болу үшін оның бойындағы қайрат, ақыл, жүрек үшеуі бірдей болып, тең табыссын деген талап қояды.

Он сегізінші сөзінде және де қысқа қайырып, адамды адам етіп өсіретін, ұлғайтатын ақыл, ғылым, ар, мінез деген ой түйеді.

Жиырма бесінші сөзінде қазақ халқынан қадірлі азамат, қауымға пайдалы қайраткер шығару үшін орыс оқуының ерекше бағасын қадірлеп айтады. Оқушы өзі үшін емес, халқы үшін еңбек ететін адам болсын дейді. Бірақ осы сөзінің ішінде және осыдан бұрын жазылған Жиырма екінші сөзінде Абай бірнеше қайшылық пікірлер айтады. Орысша оқып жүрген жастардың ішінде жақсы атаның баласы аз оқыды деп, екі ұдай ұғым қалдырады. «Жақсы ата» деп Абай тұсындағы жалпы ұғымды алсақ, жуан атаны ұғынуға да болады. Немесе Абайдың өзіндік сыны бойынша – үлгі берер жеке жақсы атаны айтты деуге де болады. Қалайда осылай екі ұдай түсінік беретіндіктен Жиырма бесінші сөздің бағасын біраз әлсірететін жай бар. Жаңағы аталған Жиырма екінші сөзде Абай көрсеткен қайшылық бұрынғы өлеңінде де бірен-саран жерде ұшырасқан қайшылыққа жалғасады. Ел билеуші адамдардың адамгершіліктен тыс мінездерін сынап, әшкерелей келе отырып, Абай еңбек байын қостаймын дегендей ойға ауысады.

Көпбайдың сорақылық, зиянды, қомағайлық, қанаушылық мінез-құлықтарын көп шығармаларында ашып, әшкерелеп келген Абайдың «еңбек байы» дерлік байы қоғам ішінде болмайтындығын айыра алмаған.

Адамгершілік жөніндегі тәрбиелік тақырыпты Абай Отыз екінші сөзінде де және *Қырық төртінші сөзінде* де қайталап, толық дәлелдеп өтеді. Бұларда ғылым басқа есеп үшін емес, адамның бас қасиеті өсуі үшін, арлы, мінезді толық мағыналы адам болу үшін жәрдем етсін дейді (Отыз сегізінші сөз).

Қырық төртінші сөзінде тәрбиелік ойдың тағы бір

шартын адамның басындағы мінезділікпен байланысты талапқа әкеп саяды.

Міне, осылайша топтап тексеру ретінде тақырыптық өзгешеліктерін еске алып отырып, біз Абай жазған қарасөздердің барлығын шолып өттік. Ақынның бұл шығармаларын тексеруде жылма-жыл (хронологиялық) ретпен талдауды қолданбадық. Абайдың лирикасын тексеруде ол әдіс ерекше қажет шарт болса, мынау үлгідегі шығармаларын талдап ұғынуда поэзия тұсындағыдай соншалық қажет міндет боп танылған жоқ. Себебі, өлеңде ақынның тақырыптары қайталап отырса да барлық ақындық, шеберлік жаңалық, көркемдік түрлер үнемі өзгеріп, жаңарып отырады.

Ал, қарасөздер түр жағынан, әдебиеттік құрылыс жақтарынан бұндай жыл санап жаңғырып, өзгеріп отырған тың түрлердің тосын үлгілерін бермейді. Сол себепті бұндағы түр, стильдік өзгешеліктерді жалпы қарасөздердің барлығына ортақ қалпымен осы бөлімнің алғашқы кіріспе беттеріндеатап өттік. Содан кейін жазушының өзінің де зер салғаны – ой менен мазмұн болғандықтан, қарасөздерді біз әдейі тақырыптық, мазмұндық ерекшеліктерге қарап, жоғарыда өзіміз жіктеген топтар бойынша тексеріп тануды орынды көрдік.

Қорыта келгенде, Абайдың қарасөздері – оның ақындық мұраларына қосылған бағалы қазына дейміз. Абайдың өз тұсында болған тарихи шындықпен, қоғамдық құрылыспен, күнделік сан алуан надандық, қанаушылық, озбыр зұлымдық атаулының барлығымен байланысты туған шығармаларды көрдік. Қарасөздердің бағасы – Абай заманындағы жағдайды, тарихтық шындықты өз қалпында бұлжытпай толық танытып береді. Рас, біздің заманымыз үшін Абай сынап, суреттеп отырған ортаның барлық болмысы, барлық дерті және Абайдың сол ортада отырып, күнделік өмірмен байланысты атап отырған мақсаттары, кейбір ұсыныс ойлары – бәрі де ескірген. Біздің қоғам үшін Абай өмір кешкен тарихтық орта мен қоғамдық шындықтар мүлде алыста, артта қалған дүние. Осы тұрғыдан қарағанда қарасөздердің арманы мен мазмұны, мұраттары тек тарихтық жағынан бағалы деу керек.

Екінші – Абайдың адамгершілік жөніндегі моральдық өсиеттерін алсақ, олардың ішінде біздің заманға да бағасы зор шындықтары, тәрбиелік ойлары аз емес. Бұл жағы айрықша таратып, талдауды қажет етпейтін түсінікті жайлар.

Ал, осы аталғандардан басқа Абайдың поэзиялық мұрасына қоса қарасөздері беретін әр заманда бағасы жойылмайтын бір үлкен қымбат қазына бар. Ол – Абайдың осы қарасөзді жазған тілі. Өлең сөзінде өзінің барлық шеберлігі, жаңалығы, көркемдік таланты бойынша қазақ тілінің сапасын әдебиет тілінің дәрежесіне көтергенұлы тарихтық еңбегі қандай болса, қарасөздерінің тілімен де Абай осындай еңбекті біздің мәдениет тарихымызға мол сіңірді. Біздің осы күнгі сөйлеп, жазып жүрген әдебиет тіліміздің тарихы жалғыз ғана Абайдан басталады деп кесіп айтпасақ та, сондай сапалы тілді қазақтың жазба әдебиетінде анық биік белге өрлетіп шығарған Абай екені даусыз. *М.О. Әуезов.*

Абай қарасөздерін баспаға дайындауда шығарушылар алқасы Мүрсейіт қолжазбаларының 1905, 1907, 1910 жылғы нұсқаларын, сондай-ақ әр кездегі басылымдарды салыстырып, нақты текстол. зерттеулер жүргізді. Бұл қолжазбаларда қарасөздердің жазылған жылдары көрсетілмеген. Басылымдарда әр сөздің жазылған жылын шығарушылар ешбір дерекке сүйенбей өздерінше қойған. Мүрсейіт қолжазбаларында рет санымен қырық бір сөз, алқалағандары «китаб тасдих», «Насихат», «Сократ хакімнің сөзі» деген тақырыптармен берілген. «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» тарихи еңбегі 1907 жылғы қолжазбада ғана бар. 1905 жылғы Мүрсейіт қолжазбасымен салыстырғанда Қарасөздердің рет саны әр кезде әрқалай өзгеріске ұшырағаны байқалады. 1907, 1910 жылғы қолжазбалардағы саны бірдей. 1905 жылғы қолжазбадағы 8-сөз, 1907, 1910 жылғы қолжазбаларда 7-сөз болып, 7-26-сөздердің рет саны сол тәртіппен бір сан кем болып келеді. Абай шығармаларының 1933 ж. жинағында М. Әуезов қарасөздердің рет санын мағынасына қарай өзінше жүйелеп орналастырған.

Мыс.:

Мүрсейіт қолжазбаларында			Жинақтың	
1905 ж.	1907 ж.	1910 ж.	1933 ж. басылымында	1957 ж. басылымында
1	2	3	4	5
1	жыртылған	–	3	3
2	2	2	4	4
3	3	3	5	5
4	4	4	6	6
5	5	5	7	7
6	6	6	13	13
7	39	–	36	36
8	7	7	12	12
9	8	8	14	14
10	9	9	9	9
11	10	10	20	20
12	11	11	15	15
13	12	12	21	21
14	13	13	16	16
15	14	14	28	28
16	15	15	17	17
17	16	16	22	22
18	17	17	23	23
19	18	18	29	29
20	19	19	30	19
21	20	20	31	31
22	21	21	32	32
23	22	22	18	18
24	23	23	1	1
25	24	24	10	10
25	25	25	24	24
26	26	26	39	39
27	27	27	2	2
28	28	28	25	25
29	29	29	19	30
30	30	30	11	11
31	31	31	34	34
32	32	32	35	35
33	33	33	8	8
34	34	34	33	33
35	35	35	40	40
36	36	36	26	26
37	37	37	41	41
38	38	38	42	42
39	39	39	36	36
40	40	40	43	43
41	41	41	44	44
насихат 16 баптан тұрады	насихат 15 баптан	насихат 15 баптан	37 24 баптан	37 23 баптан Мүрсейіт қолжазбалары мен 1933 жылғы жинақтағы 13-бап 45 сөз ретінде дербес берілген

Сократ Хакимнің сөзі Китаб тасдих	Сократ Хакимнің сөзі Китаб тасдих Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы	Сократ Хакимнің сөзі Китаб тасдих	27 38 Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы	27 38 Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы

Қарасөздердің рет санында Мүрсейіт қолжазбалары мен әр жылдардағы жинақтарда жоғарыдағыдай өзгерістер бола тұрса да, шығарушылар алқасы 1933 жылдан бері қалыптасқан М. Әуезов жүйелеуін өзгертуді қажет деп таппады. Себебі, зерттеулер мен ғыл. еңбектерде, Абай шығармаларының 1933 жылдан бергі басылымдарында осы ретпен келеді.

Бірінші сөз. Мазмұны жағынан өзге «сөздерге» алғы сөз, кіріспе ретінде жазылған. «Сөзді» ықласпен, зер сала оқыған адам екі ұдай сезімде қалуы ықтимал. Бір жағынан, алысып, жұлысып, айтысып, тартысып әурешілікті көре-көре өткізген өміріне налысы бар, қажыған, жалыққан, атқарған ісінің баянсыздығынан, байлаусыздығынан қоршылық көріп, уайым дертіне ұшыраған адамды көрсек, екінші жағынан басынан өткізген тұрлаусыз істерден ақыл қорытқан данамен жүздесеміз.

Абай өз замандастары шұғылданған негізгі харакеттерге талдау жасаған. Олар: ел бағу, мал бағу, ғылым бағу, дін бағу және бала бағу. Ел бағудан түңіліп, мал бағу қолынан келмейтінін айта келіп, неліктен ғылым бағу мүмкін еместігіне өте нақтылы дәлелдер келтіреді. Өз ортасында ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ, олай болса «білмегеніңді кімнен сұрайсың», білгенің кімге дәрі. Жағдай осылай болған соң ғылымның өзі жан азабы. «Софылық қылып, дін бағу үшін Абай тыныштық керек деп қорытады. Не көңілде, не көрген күніңде бір тыныштық жоқ, осы елде, осы жерде не қылған софылық» дейді. Софылық туралы Абай Жиырма сегізінші сөзінде айтқан. Бұл сөзде дін туралы, нақтылы софылық хақында ойын ашпаған. Дін бағу үшін «тыныштық керек» дейді Абай. Ал, анығында елге тыныштық әкелетін рухани күштің бірі – дін емес пе? Бұл мәселе «сөзде» көмескі. Бала баға алмайтыны турасындағы дәлел анық. Балаларыма «ілгері өмірінің, білімінің пайдасын көрерлік орын тапқаным жоқ, қайда бар, не қыл дерімді біле алмай отырмын, не бол деп бағам?» деп налиды. Осы ойларға терең үңілсек, ақынның өмірден түңілуі емес, қайта адамға, оның харакетіне, өміріне кеңістік бола алмай тар қапасқа айналған қоғамдық болмысқа наразылығы көрінеді. Сонда ойлайсың Абай заманы, оның тұрмысы, зары тек өткен тарих, мәдени мұра ғана емес, оның осы бірінші сөзі – 19 ғ-дың соңындағы Қазақстандағы әлеум. болмыс қайшылығына социолог., философ. талдау. Б. сөз алғаш рет 1916 ж. Орынбор қаласынан шыққан «Абай термесі» (бастырушы С. Әбішұлы) жинағының алғы сөзі ретінде жарияланған. Қарасөздің басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1977 жылғы жинақта 1-абзацтан 2-сөйлемі 1905 жылғы қолжазба бойынша **«...қылып жүрген ісіміздің бәрінің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік»** деп алынған. 1907, 1910 жылғы қолжазбаларда **«бәрінің»** деген сөз жоқ. Осы сөйлемнің соңғы сыңары 1907 жылғы қолжазбада **«білдік бәрі қоршылық екенін»** күйінде келеді. 1910 жылғы қолжазбада **«білдік»** деген сөз жоқ. Абзацтың соңғы сөйлемі 1910 жылғы қолжазба бойынша **«соны таба алмай өзім де қайранмын»** деп берілген. **«Өзім де»** деген сөз 1905, 1907 жылғы қолжазбаларда кездеспейді.

Соңғы абзац 1907, 1910 жылғы қолжазбалар бойынша алынған. 1905 жылғы қолжазбада бұл абзацтың орта тұсы **«...кімде-кім керекті боларлық сөз тапса оқысын, керегі жоқ екен десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, осыған байладым...»** деп оқылады. Демек, өзге қолжазбаларда кездеспейтін **«боларлық»**, **«екен»** деген сөздер тыңнан қосылып, **«ішінен»**, **«жазып алсын»**, **«ақыры»** деген сөздер түсіп қалған.

Екінші сөз. Қазақтың өзі туралы түсінігі өзге халықтарға берген мінездемесінен аңғарылатынын Абай нақтылы дәлелдеп берген. Өзге халықтар хақында ел арасында тұрпайы, ақиқаттан алшақ түсініктердің кең таралуы қазақтардың өзін-өзі танырлық санасының төмендігінде. Біз әлемдегі ең тәуір халықпыз деу этноцентризмге әкелетін анайы түсінік. Абай осы санадағы қарадүрсіндіктен тазару жолын ұсынған. Қазақтардың тәжікке, ноғайға, орысқа қарап, оларды мазақ-күлкіге айналдырғанын бала күнімде естуші едім, – дейді ақын. «Сонда мен ойлаушы ем: ей, құдай-ай, бізден басқа халықтың бәрі антұрған..., ең тәуір халық біз екенбіз деп... Енді қарап тұрсам, сарттың екпеген егіні жоқ, істемейтін кәсібі жоқ, орыстың да өнерін тез меңгеріп алған, өзара жауласуы жоқ, тіптен қазақтың өлгенінің ахиреттігін, тірісінің киімін сол жеткізіп тұрады...» «Ал ноғайлар солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтуге де шыдайды. Еңбек қылып мал табудың да жөнін солар біледі, тазалық та соларда. Біз құлқын тамағымыз үшін оларға «біріміз жалшы, біріміз қол алушымыз». «Орысқа айтар сөз жоқ, біз құлы, күңі құрлы да жоқпыз». Ал, сонда ең тәуір халықпыз деген мақтан қайда қалды? Абай бұл сөзді қазақ халқын кемсіту үшін емес, жанына тигізе, намысқа тигізе әдейі айтып отыр. Халықтың бойында бар қасиет бар, оны ешкім мансұқ етпек емес, ал жағымсыз жағымыз қайсы? Неге тәжік сияқты егін екпеске, неге ноғай сияқты дін бақпасқа, сауда жасамасқа, неге орыс білімін алып, олармен терезе теңестірмеске? Абайды қажап отырған осы ойлар. Қазақ бұл халден құтылу үшін не істеуі керек, алдымен өзіңе өзгелердің көзімен қара. Ондай дәрежеге көтерілу үшін шаруа қуып, өнер тауып, мал тауып зор болсаң, қорлықтан құтыласың. Тек сол жағдайда ғана өзге халықтар туралы да қазақтардың ұғымы өзгермек. Абай осы шағын сөзде ұлттық дамудың басты-басты бағыттарын таратқан. Ақынның осы идеялары күні бүгінге дейін іске толық аспай отырғанын мойындамасқа амал жоқ. Е. с. алғаш ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1977 жылғы жинақта алғашқы абзацтағы **«түкке ыңғайы келмейді»** 1905 жылғы қолжазба негізінде **«түкке ыңғайы келмейтұғын»**, 1907, 1910 жылғы қолжазбалар бойынша 2-абзацтағы **«антұрған, антұрған жаман келеді»**, 3-абзацтағы **«қазақтың өлгенінің»** – **«қазақтың өлісінің»** деп берілген. Сол абзацтағы **«қуып шығады»** 1910 жылғы қолжазба негізінде **«қуып шығарады»**, **«біз күңі құрлы**

да жоқпыз» 1905 жылғы қолжазба бойынша **«біз құлы, күңі қадірлі де жоқпыз»** деп қабылданған. **Үшінші сөз**. Бұл сөзінде Абай билік туралы әңгіме қозғаған. Ақын заманында бас еркінен айрылған қазақ халқы азып-тозып бара жатқан. Ертеректе хандары мен билері, батырлары мен жыраулары болған кезде адамдардың бір-біріне қаскүнемдігі, бақталастығы т. б. арам пиғылдыққа бастайтын мінездердің өсіп-өнуіне тарихи – әлеум. жағдай жасалмаған. Кісілігі жоқ адамдарды «Күл төбенің басындағы кеңеске» шақырмақ түгіл, ауылдың алқақотан сұхбатына қатыстырмаған. Ол кезде әрбір қазақ халқына, оның мақсатына сай қызмет атқарған. Бүгінде халқымыздың тарихын бағдарлап отырсақ, қазақ жігіттері негізінен ат үстінде күн кешкен. Азаматтың басты қасиеті жауынгерлігінде болған. Кейін халқымыз Россияға бодандыққа өткен соң, қазақтың жауынгер болып, ат жалын құшып, құстай ұшып, ұлан-байтақ атамекенімізді қорғау қажеттілігі күн тәртібінен түсті. Құмырсқа тіршілік басталып, халқымыздың болмысында ұсақ-түйек мінездер, қылықтар өріс ала бастады. Ел басқаратын жан жоқ, ақыл айтушы би, жырау жоқ. Олардың орнындіні, тілі, түсінігі жат орыс әкімі басты. Қазаққа қалғаны болыстық, оның өзін Абай айтуынша үш жылға сайлайды. Бірінші жылы «сені біз сайладық па?» – деп елдің бұлданғанымен өтеді, екінші жылы кандидатпен аңдысумен, ал соңғы жылы сайлау жақындап, тағы болыс болсам деген тіршілікпен өтеді. Абай орыс патшасының осы бір «кесімді билігі» туралы ашына пікір айтқан. Жағдай осындай болғанда, болыстыққа орысша білімі бар адамды уезный начальникпен бірге военный губернатордың өзі тағайындағаны жөн дейді. Себебі, итке тастаған сүйектей «болыстың» өзі тозып отырған халықтың арасындағы іріткі. Болыс болсам деп ағайындар жанжалдасып, партияласып әбден халықтың мазасын кетіретін пысықтарды көргенде Абай бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын», Әз Тәукенің «Жеті жарғысын» білмек керек дейді. Әрине, Абай бұлардың бүгінгі өмірге келетінін алып, жарамсызын теріске шығарса деп армандай келіп, осыларды іске асыратын кісілердің жоқтығына қиналады.

Қазақ жайын жақсы білген адамдар айтыпты дейді Абай: «Би екеу болса, дау төртеу болмақ» – деп. Сондықтан би жұп болмай тақ болуы керек. Яғни билікке әр болыстан үш кісіні сайласа бітімге келу ұзамас еді. Бұлай болғанның өзінде де даудың бітпейтінін Абай жақсы білген. Себебі, билік билерден өткен. Олардың орнын шала-шарпы орысшасы бар пысықтар басқан. Осыған орай мынандай мақал шыққан: «Ісі білмес кісі білер» – деген. Оның мәнісі «Ісінің түзулігінен жетпессің, кісінің амалшы, айлалығынан жетерсің» – деген сөз. Бұл да қазақы мінезге жат қылық. Амал қанша, елі ішінде әділеттілік орныгуынан қайыр болмағандықтан Абай болыстыққа жоғарғы жақтан бекітуін хұп көрген. Одан ақын екі жатымды іс боларын айтады. Бірі – қызмет құмар қазақ балалары білім алуға ұмтылар еді, ол да керекті пайдалы іс. Екіншіден, тағайындалған болыс халыққа (сайлаушыларға) міндетті болмай, ұлықтарға міндетті болар еді. Мұны кейбіреулер Абай орыстың отаршылдық саяси жүйесін құптағаны деп айтар. Ал іс мәнісіне келсек, болыстыққа таласып босқа әуре сарсаң болғанша егін егіп, мал тауып, білім, ғылым жолына түскендері әлдеқайда пайдалы. Абай мәселені осылай қойған. Билік туралы Абай өзге сөздерінде де, өлеңдерінде де көп айтқан. Солардың бәрінің мәнісі айтылған пікірге саяды. Абайдың үшінші сөзі мазмұны жағынан алғанда қазіргі көсем сөз деп (публицистика) жүрген жанрға жатады. Әңгіме саяси, әлеум. болмыс туралы болған. Осы жайда ақын тек талдау жасамай нақтылы ұсыныстар айтқан. Бірақ, ол заманда қазақ жайын ойлаған кім болды. Орыс әкімдері үшін қазақтардың болыстыққа таласуы, мінездерін ұсақтатып, азып-тозып, шапқылап келіп бір-біріне жала жауып, пара беруі өте пайдалы іс болатын. Осы халді Абай нақтылап қағазға түсірген. Ү. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1910 жылғы қолжазбада **«ондай кісі жоқ»** – деп оқылатын 7-абзацтың соңғы сөйлемінің соңғы сыңары 1905, 1907 жылғы қолжазбалар бойынша 1977 жылғы жинақта **«ондай кісі аз, яки тіпті жоқ»** деп берілген.

Төртінші сөз. Адам деген тылсым табиғаты мәңгі жұмбақ болып қала берерлік құбылыс. Абай осы тылсым құдірет иесінің екі күйіне талдау берген. Олар Күлкі және Қайғы. Дүниеде күлмейтін не қайғыланбайтын жан бар ма? Бұл алма кезек болатын көңіл күйлері емес пе? Абайдың айтып отырғаны өзгеше мәселе. Өмірде күлкіге салынып қайғы ойламайтын «қаңбақ жандар» болады, күлкіні біле бермейтін мұңды жандар болады, солардың іс қарекетіне зер салған. Абай пайымдауынша күлкінің өзі мастық, ал әрбір мастың сөйлеген сөзі бас ауыртады. Күлкіге құмар жан шаруадан, яғни, адал харекеттен қалмақ. Уайым-қайғы ойлағыш адам дүние шаруасына да, ахиретке де жинақырақ болады. Бірақ адамның күлмей үнемі қайғыда жүруі мүмкін емес. Ондай адам іш құса дертіне душар болмақ. Күлкі жауып өткен жаңбырдай көңіл күйін шайып өтеді. Күлкісіз тірлік жоқ. Абай осы мәселенің шешуін ұсынады. «Әрбір орынды харекет өзі де уайым-қайғыны азайтады, орынсыз күлкіменен азайтпа қайғыны, орынды харекетпен азайт!» Бұдан әрі де Абай надан адамның қылығына күлсең рахаттанып күлме, ыза болғандығыңнан күл, оның өзі қайғы, жақсы жанның қылығына күлсең рахаттанып, жақсыдан ғибрат алдым деп күл дейді. Расында дүниеге жылап келіп, өкінішпен өтетін жанның өмірі харекетсіз, тек күлкімен өтеді дегенге кім сенбек. Болмыстың мәнін түсінбеген адамда уайым-қайғы бола да қоймайды, олай болса онда жан да, сана да жоқ. Ішкеніне, жегеніне мәз, қуыс кеуде. Кейбіреулер ойласа керек, малым бар не болса соны сатып алам деп. Рас, дүние боғын сатып алуға, біреуге пара беріп ғаділет жолынан тайдыруға ондай жанның күші жетпек, бар адамның түптің түбінде басына келеді. Ол күн туғанда, бір күндік ғұмырға зар болмақ. Осы іс мәнісін ұққандықтың өзі адамға ой салатын, адал харекетке бастайтын қайғы емес пе?

Өлімнен дана Қорқыт қашып құтылмаған. Түсінген адамға өлім қайғы емес, өмір – уайым. Осындай жайларды түйіндей келе Абай: «Әуел құдайға сиынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегіңді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды», – дейді. Адам өз қайратына сүйеніп харекет етсе, күлкінің де, қайғының да мәнісіне түсінбек. Т. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Бұрынғы басылымдарда **«орынсыз күлкімен азайтпа»** деп жа-

рияланып келген 2-абзацтың соңғы сөйлемінің орта тіркесі 1977 жылғы жинақта 1907 жылғы қолжазба бойынша: **«Орынсыз күлкімен азайтпа қайғыны»** деп толықтырылған.

Бесінші сөз. Ақын бұл сөзінде халық санасына сіңісті болған мешеулік философиясына талдау жасайды. Қазақтардың «Ә, құдай, жас баладай қайғысыз қыла көр!» – деген тілегін қалайша түсінуге болады дейді ол. Жас баладай болу деген не ұғым? Демек, салиқалы, іс-әрекетке бармай, барға разы, жоқты ескермей, балалық түсінікпен өмір сүрушілік. Мұндай түсініктерді Абай қазақ мақал-мәтелдерінен де табады. «Ер азығы мен бөрі азығы жолда», «Алаған қолым – береген», «Байдан үмітсіз – құдайдан үмітсіз», «Қарның ашса, қаралы үйге шап», «Түстік өмірің болса, күндік мал жина», «Малдының беті – жарық, малсыздың беті – шарық» т. б. Бұл мақалдардан шығатын қорытынды: қазақтардың қайғысы малда екен, бірақ олар мал үшін қам жемейді екен де, ол малды қалай табуды білмейді екен. Малдыларды алдап-арбап, не олармен жауласып, құлық-сұмдық жасау ұят та, қайғы да емес, ал малды қалай табуды ойлап ынта жасау – қайғы. Одан да жас баладай қайғысыз болғанды ұнатады. Абай халықтың дәстүрлі мал шаруашылығынан кәсіби өзге әрекеттерге өтуін мақсат етіп отыр. Халық ынтасы тек малда. Ал мал табу, оның жолдарын ойластыру саналы әрекетті қажет етеді. Ол мәселеге халықтың әлі бара алмай, жас баладай қайғысыз болуын армандауы ақынды қынжылтады. Абай бұл сөзінде өрелі, өзекті мәселелерді қозғаған. Қазақтың ғылым, білім, әділет үшін қам жемей, тек мал үшін қайғыруы жетімсіз іс. Ғылым, білім болмаса сана тұмшаланып, тұрмыста белең алған ұрлық, құлық-сұмдық, тіленшілік сияқты келеңсіз қылықтар жойылмақ емес. Бұлардан арылмасақ жас баладан неміз артық дейді. Жас бала қызыл шоқтан қорқушы еді, ал бұлар тозақтан да қорықпайды. Ақын жас баладай қайғысыз болып ел бола алмаймыз, біздің аңсаған еліміз бұл емес деген түйін жасайды. Бұл тұста қазақтың Абай заманында «қарға тамырлы» халық болудан қалып, бодандыққа мықтап түскен кезі еді. Ел болу не болмау ісі орыс әкімдерінің қолында қалған. Қазақтар бықпырт тигендей бөлшектеніп, болыс-болыс болып өмір кешіп жатқан кез. Халық мінезіне ұсақ қылықтар еніп, ел дертке ұшыраған. Ел сөзін сөйлейін десе бір орталыққа бағынған халқы жоқ, халқының еркі жоқ заманда асыл ойларын кімге бағыштарын білмеген Абай «іздеген еліміз сол ма?» демегенде не демек. Ақын қайғысы бодандыққа түскен елдің мұң-зары. Б. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1977 жылғы жинақта 1-абзацтың 2-сөйлеміндегі **«көзім көрді»** 1907, 1910 жылғы қолжазбалар бойынша **«өзім көрдім»** деп алынған. 3-сөйлемдегі **«ескермек»** 1905, 1907, 1910 жылғы қолжазбалар негізі бойынша **«ескермес»** деп түзетілген. Осы абзацтың соңғы сөйлемі 1905 жылғы қолжазбада **«...Осындай сөздері көп, есепсіз толып жатыр»** деп аяқталған. Бұл басылымда осы нұсқасы қабылданған. 2-абзацтың сөйлемінің орта тіркесі **«бар білгені малдыларды алдап, мақтан алмақ екен»** делініп, 1907, 1910 жылғы қолжазбалар бойынша жинақталып берілген.

Алтыншы сөз. Ақын қазақтың «өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік» деген мақалы төңірегінде философ. мәнде ой өрбіткен. Тегінде мақалды бәріміз айтамыз, бірақ, оның ішкі мазмұнын зердемізге салдық па? Абай «бірлік қандай елде болады» деп ашық сауал қояды. Басы бодандыққа түскен, ел болып өзін билемеген халықта қандай бірлік болмақ, оны қазақтар біле бермейді, олардың ойынша бірлік ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса болғаны. Абай бұл тоғышарлық, тар өрістілікті сынайды. Олай болған адамдар не кедей, не бай болмай ортақ дәулет біткенше мал тасудың орнына жатып ішер жалқауға айналмасына кім кепілдік береді. Сондықтан ойшыл бірлік малда емес, ақыл бірлігі қажет деген қорытынды жасайды. «Бірлік малға сатылса» атасы басқа да, діні басқа да жалданып еңбек қылады. Ал мұндай бірлік қар суындай уақытша тірлік. Ағайын бірлік етсе, онда ол өз бетімен харакет етіп, пайда таппай пәле іздеумен айналыспақ. Бұл бірлік тек ортақ дәулет таусылғанша ғана. Абай мұндайды жоққа шығарып, нағыз бірлік ақыл бірлігі дейді. Ақын ақыл бірлігі не дегенді айтпаған. Оның көп қырлары бар. Мыс., ақылға салып ел қамын ойлау нағыз бірлік. Абай тегі осы бағытты мегзеп отырса керек. «Бірлік» хақында осындай ой айтқан Абай мақалдың екінші жартысындағы «тірлік» деген ұғымды талдайды. Абай әншейін оғып – бұғып, қорқып-үркіп өмір сүргенді тірлік деп есептемейді. Ондай өмір сүрген жандардың өзі тірі болғанмен көкірегі өлі. Мұндай тірлік кейін ырысқа дұшпан болады. Адал еңбекпен мал таппаған, мешеулік күн көріске түскен жолда жігер болмайды. «Кеселді жалқау, қылжақпас, Әзір тамақ, әзір ас, Сыртың – пысық, ішің – нас, Артын ойлап ұялмас», – болып жүріп тірі жүрмін деғенше Алланың ақ өлімінің өзі артық, – дейді Абай. Тірлік туралы ақын философиясы таза прагматизмге (мал табуға) ғана емес, адам бойындағы парасаттылыққа бастайды. Ар, намыс, ождаңды сатып тірлік етуді Абай сынға алған. Ақынның осы қағидасы інісі Оспанның қазасына орай жазған өлеңінде бар. Онда «Жайдары жүзің жабылмай, Жайдақтап қашып сабылмай, Жан біткенге жалынбай, Жақсы өліпсің, япырм-ай» деуі ақынның кей жағдайда өлімнің өмірден биік болуын айтқаны. Ит тірліктің өмір үшін қажеті жоқ. Сондықтан да «ырыс алды – тірлік» дегенде тірлік адалдықпен, мақсатқа лайықталған таза еңбекпен анықталса керек. А. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1-абзацтың сөйлемі бұрынғы басылымдарда (1957) **«зиян»** деген сөзбен аяқталатын. 1977 жылғы жинақта 1905 жылғы қолжазбаға сүйеніп **«залал»** деп алынған.

Жетінші сөз. Бұл сөзде «құмарлық» деген ұғымға барлау жасаған. Оны бүге-шүгесіне дейін талдауды Абай мақсат тұтпаған, ақынның айтпағы жан құмары үстем болмаған жағдайда адамдық туралы айту қиын деген ой. «Құмарлық» өте мәнді ұғым. Ол адам баласын хайуаннан өзгеше етіп тұрған, табиғаттың адамға берген ерекше қасиеті. Құмарлық тән құмары және жан құмары болып бөлінеді. Адам баласы дүниеге келгенде осы екеуі екі мінез боп бірдей көрінеді. Абай оларды туа біткен мінезге жатқызған. Тән құмарлығы дегеніміз ішсем, жесем, ұйықтасам деген биологиялық қажеттіліктерден тұрады. Бұл мінез хайуанаттар әлемінде де бар. Бірақ адам баласының ішсем, жесем, ұйықтасам дегенінің өз ерекшелігі бар. Бұл ерекшеліктің мәні

адам баласы өте ұзақ мерзімге дейін өз бетімен күнелтіп кетуге мүмкіндігі шектеулі. Дайын тамақ, төсек, күтімге ұзақ уақытта бойы үйреніп, оны дағдыға айналдырып, адам баласы көбіне тән құмарлығының құлына айналып кетуі осыдан. Сірә, адамның өсе келе жаңды тәнге бас ұрғызып, «көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сыры қалай болады деп көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз... Құр көзбен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде, хайуаннан да жаманбыз». Адамның хайуаннан жаман болатын кезі бала кездегі екі мінездің қатар жүрмей біреуінің үстем болып, екіншісінің көмескі тартуында. Ол бала кездегі жан құмарының ер жете келе тән құмарына тәуелді болуында. Сонда жан құмары деген не? Ол білсем, көрсем, үйренсем екен деген түсінік. Бұл адамның бала кезінде ерекше байқалатын мінезі. Бала көзіне түскен, құлағы естіген заттың бәрін білгісі келіп, «ол немене?» «бұл немене?», «ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» деп сұрап, тыныштық көрмейді. Осы бала күнгі жан құмарлығы «ержеткен соң, ақыл кіргенде, орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екенбіз?».

Бұл сөзде қойылған мәселелерге жауап беруден гөрі сұрақ қою көбірек. Ол түсінікті. Жан құмарлығы тек білсем, көрсем, үйренсем деген істермен шектелмейді, ол туа біткен қасиет. Сондықтан, ол адамдарда бірдей болмайды. Әр адамның табиғатының мүмкіндік болмысы, шама-шарқы бар. Көпшілік заттың ішкі сырына мән бере білмейді, оларды заттың сыртқы көрінісі қанағаттандырады. Ол турасында Абай кесімді пікір айтқан: «Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады».

Адам мен хайуан әуел бастан өзгеше. Абай адамды хайуанмен салыстырғаны шартты түсінік. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды, сондықтан оған біз надансың не ақылдысың деп ешнәрсе айта алмаймыз. Хайуан хайуандықтан өзге қылыққа, іс-әрекетке бара алмайды, оның кеңістігі шектеулі, мүмкіншілігі белгілі. Адам болса мүлдем өзгеше, оның кеңістігі шексіз, мүмкіншілігін біліп болмайсың. Себебі, онда сана бар. Оның көрінісі – жан құмары. Солай бола тұра адамдар жан азығын ойламай, құр білемізге салынып, надандықты білімділік деп өңештейміз. Міне, бұл көкіректе сәуленің жоқтығы деп Абай налыс білдірген. Ж. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгеріс кездеседі. 1977 жылғы жинақта 3-абзацтың орта тұсындағы **«көзбен де жақсы қарамадық»** деген тіркес 1910 жылғы қолжазба бойынша **«көзбен қарамадық»** деп қабылданған.

Сегізінші сөз. Бұл сөз сұрақпен басталады. Осы ақылды кім үйренеді, насихатты кім тыңдайды? «Шынында ақыл, насихат кімге керек? Ақын өз заманының әлеум. тегіншіктеп береді. Алдымен ақыл, насихат ел басшылары болыс, билерге керек пе? Жоқ, оларға ақыл мен насихаттың еш қажеті жоқ, қайта өздері елге ақыл, насихат айтамыз деп болыс, би болып сайланған. Тіптен ақыл үйренемін дегені болса да, олардың қолдары тимейді. Ұлықтан сөз есітпеу үшін оған жағыну керек, ел тентегін тыю керек, елді бір қалыпты басқару керек, оның үстіне өз қалтасынан шыққан шығынның орнын толтырмақ болған тірлігі не болысқа, не биге ақыл үйренуге мұрса бермейді. Мүмкін ақыл мен насихат байларға қажет шығар. Дәулет қонып дүниенің жарымы басында тұрған байларға ақылдың керегі жоқ дейді Абай. Олардың ақылы – малы. Олар бәрін паралап сатып алады. Олардың діні, құдайы, халқы, жұрты, білім-ұяты, ары, жақыны, бәрі – мал. Тіптен ақыл үйренем десе де мал қамымен қолдары тимейді деп қорытады. Малды бағу-қағу, оны ұрыдан сақтау мұның бәрімен әлек болып жүргенде, ақыл, насихатты кім керек етпек. Ұры, сұм-сұрқияларға ақыл әу бастан артық. Ақыл осыларға керек-ау деген қой жүнді қоңыршыларға келсек, олар өз қара басына жетісіп, күндерін көре алмай жүр. Кедейге білім не керек. Ақылды ана ел атқамінерлеріне айт дейді олар. Сонымен ақыл, білім елге қажет болмаса, ақылды адамның жұрт үшін керегі бар ма деп Абай сөзін сұрақпен бастап, сұрақпен аяқтайды. С. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1977 жылғы жинақта 1- абзацтың 4-сөйлемінің басқы тіркесі 1905, 1907 жылғы қолжазбалар негізінде **«Олар өздері де оздық кісіміз, өзіміз...»**, 2-абзацтың төртінші сөйлемі **«... саралап алса болады дейді»** деп алынған. 3-абзацтың 1-сөйлемінің соңғы тіркесі бұрын (1957) **«... сұм-сұрқия өздері де тыңдамайды»** күйінде басылып келсе, 1977 жылғы жинақта 1905, 1907 жылғы қолжазбаларға сүйеніп **«... сұм-сұрқия өзі де тыңдамайды»** деп берілген. Осы абзацтың 3-сөйлеміндегі **«...білім, ғылымды не қылсын»** деген тіркес 1905, 1907 жылғы қолжазбалар бойынша **«... білім, ғылым, ақылды не қылсын»** – деп алынған.

Тоғызыншы сөз. «Осы мен өзім – қазақпын» деп бастайды сөзін Абай. Олай болса қазақтың қай қылығын қостап, оны жақсы көрмекпін немесе нендей қылықтарынан жиреніп, оны жек көруім керек. Ақын оған жауап бермейді. Қазақтың жөнделіп, көңілге қуат қылармыкіске көшеріне, ақынның сенімі жоқ. Халқына, оның ұсақ-түйек тіршілігіне қапа болған Абай «мен өзім тірі болсам да анық тірі де емеспін» дейді. Ақын айтқандарын дәлме-дәл түсінуге болмайды, оның күйзелісі Асан Қайғы іспетті, болашаққа үмітпен қарау, өз дертіңді өзің анықтау, өзіңді өзің аяусыз сынау, сөйтіп, кеселді дерттен құтылу жолында әрекет ету. Бұл – өмір философиясының қағидалары. Өмір мен өлім болмысын қатар алып келе жатқан қазақтың философиясында сонау Қорқыт, одан бергіде Асан Қайғыда молынан кездесетін ойлар жүйесі. Қазақ тұрмысында өлім туралы өшпес ойлар қалдыру дәстүрі болған. Сондықтан да Абай «бұ да жақсы өлер кезде» әттеген-ай, сондай, сондай қызықтарым қалды-ау» деп қайғылы болмай, алдыңғы тілеу болмаса, артқа алаң болмай өлуге» дейді. Сонда өлімнің қайғысыз болуы, ол оның мәніне жеткендік емес пе? Бұл мәселенің бір қыры, екінші – өлімнің қайғысыз болуы өмірдің мәнсіздігін, өткінші екендігін де мойындау емес пе? Бұл сұрақтарға жауапты адамзат баласы әрқашан қойып келеді, нақтылы жауап жоқ, себебі – өмір мен өлім мәнін адам баласы ешқашан шешпек емес. Бұл табиғат құпиясы, оны адамның мойындауынан өзге еш лажы жоқ. Абай осы қысқа сөзінде осы бағытта ой өрбіткен. Т. с.

алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған өзгерістер кездеседі. 1977 жылғы жинақта 1-абзацтың 4-сөйлемінің соңғы тіркесі 1905 жылғы қолжазба негізінде **«... я көңілге тиянақ қаларлық»** деп берілген. 2-абзацтың 2-сөйлемі бұрынғы басылымдарда (1957) **«еш білмеймін»** деп аяқталатын, 1905, 1907 жылғы қолжазбалар бойынша, сөз мағынасына, сөйлем орайына лайық **«еш»** деген сөз алынып тасталған. 2-абзацтың соңынан санағандағы 2-сөйлемі 1907 жылғы қолжазба бойынша **«Сол себептен бір жүрген қуыс кеудемін»** деп алынған.

Оныншы сөз. Мақала бала тәрбиесіне арналған. Абай қазақтың құдайдан бала тілеудегі мақсатының «өлсем орнымды бассын», «артымнан құран оқысын», «қартайған күнімде асырасын» деген тілектерден туатынын айта келе, осы тілек-мақсаттың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, талдау жасайды. «Балам орнымды бассын демек не сөз, Өзіңнен қалған дүние иесіз қалар дейсің бе? Қалған дүниенің қамын сен жемек пе едің? Өліп бара жатқанда өзгеден қызғанып айтқаның ба? Өзгеге қимайтұғын сенің не қылған артықша орның бар еді?» – деп сөгеді. Ол «артымнан құран оқысын» деген тілекпен де келіспейді. «Тірлікте өзің өзгеге көп жақсылық жасасаң, артыңнан сені еске түсіріп құранды кім оқымайды?» – деп қарсы дау айтады. Құдайға құлшылық етіп, ата-анасын тозақтан құтқарар бала туа ма? Жоқ па? Ол да белгісіз. Өзіңнің тірлікте істеген күнәң көп болса, балаңның оқыған құранымен тозақ отынан құтылып кете алмассың деп келеке етеді. «Қартайғанда асырасын» дегеніңе келсек, әуелі өзің қартайғанша өмір сүресің бе, жоқ па, ол да жұмбақ. «Екінші – балаң мейірімді болып, асырарлық болып туа ма, жоқ па? Үшінші – малың болса кім асырамайды?» деп түйеді. Қазақтың отбасы бала тәрбиесіне талдау жасайды. «Боқта!» деп біреуді боқтатып, «кәпір-қияңқы, осыған тимеңдерші!» деп масаттандырып, өзің тентектікке үйретесің», «қу, сұм бол», «пәленшенің баласы сені сыртыңнан сатып кетеді!» деп баланды тірі жанға сендірмей жат мінез қылып тәрбиелейсің. «Осы баладан қандай қайыр күтесің?» – деп сауал қояды. «Балам мал тапсын» деп тілейсің. Өзің құдай берген төрт мүшеңмен қиналып еңбек етіп мал таппайсың. «Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды?» Сен біреуді қорқытып, біреуден жалынып немесе біреуді алдап мал таппақсың. «Адал еңбекпен таппаған мал қардың суы секілді тез кетеді». Оның рахатын да көрмейсің – деп ақыл айтады. Ит қорлықпен, тілемсіктікпен, арамдықпен тапқан малды қайда жұмсарын да білмейсің деп, «иттікпен мал тауып», «иттікпен айрылып, мал күйігін тартқан» қазаққа Абай қатты ашынып күйінеді. «Сол малды сарып қылып, тиісті орнына жұмсап, оқу оқы, ғылым меңгер. Өзің таба алмасаң, балаң тапсын» деп түйеді. О. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 3-абзацтың 2-сөйлемі бұрынғы басылымдарда (1957) **«Егер жаманшылықты көп қылған болсаң, балаңның оқыған құраны сені неге жеткізеді»** деп оқылатын. 1977 жылғы жинақта 1905 жылғы қолжазба негізінде **«Жаманшылықты көп қылсаң, балаңның құраны неге жеткізеді»** деп алынған. 4-абзацтағы **«...бұрынғы өз күнәңді өзің...»** деп басталатын сөйлем 1907, 1910 жылғы қолжазбалар бойынша берілген. Сол абзацтың 11-сөйлеміндегі бұрынғы басылымдардағы **«Басыңда балаңды...»** деген тіркес 1907, 1910 жылғы қолжазбалар бойынша **«Бастап балаңды...»** деп берілген. 13-сөйлемдегі **«...арзанын іздеп тауып алып»** деген тіркес 1907, 1910 жылғы қолжазбалар негізінде **«арзанын іздеп»** деп қабылданған.

5-абзацтың 3-сөйлеміндегі **«жоқ»** 1905, 1910 жылғы қолжазбалар бойынша алынып тасталған. Осы абзацтағы 6 – сөйлем 1910 жылғы қолжазба бойынша: **«Ол қуатты халал кәсіп қылармысың? Жұмсамайсың»** деп алынған. Соңғы абзацтың 3-сөйлеміндегі **«ақыл»** деген сөз 1907, 1910 жылғы қолжазбалар бойынша алынып тасталған. Сол абзацтағы **«өзің таба алмасаң»** деген тіркес 1907, 1910 жылғы қолжазбаларға сүйеніп, **«Өзіңе табылмаса...»** деп қабылданған.

Он бірінші сөз. Адамзат қоғамы пайда болғалы – ұрлық, бұзақылық жойылмай келе жатқан жат қылықтар. Абай заманында осындай жолсыздықтар жаңбырдан кейін қаулап шығатын саңырауқұлақ сияқты қаптап кетті. Момын елге бұл бір ауыр нәубәт болды. Неліктен осылай болды деген жайға көз жіберсек нағыз ұрлықпен айналысатын ұрылар емес, ұлықтар болып шықты. Ұрылар ұрлықпен мал табам деп жүрсе, ұлық оларға тиым салмайды. Себебі, өз есебі бар. Күні ертең алдына әділдік іздеп мал ұрлаған ұры да келеді, малынан айрылған даугер де келеді. Ұры итжеккенге айдалып кетуден қорқып басын арашалау үшін ұлыққа пара берсе, даугер адал малын қайтып алу үшін береді. Ұрлық ұлық үшін табыстың көзі, олай болса ұрлықты жоюға ұлықтар мүдделі емес. Бұзақылар болса ел тыныштығын бұзып, дау-дамай туғызып, тағы да қара халықты ұлықтарға кіріптар етіп жүр. Ертеде ұрлықты, бұзақылықты елдің есті кісілері тыюшы еді. Енді билік орыс әкімдерінде болғандықтан соларға жағынам деп ұрлық, бұзақылық дертіне байлар да душар болған. Олар нені болсын малмен сатып алам дейді де жиған-терген дәулетін талан-таражға салып елдің де қадірін кетіріп, өз басын да дауға салып далбаса тіршілікпен күй кешуде. Абай осы екі жат қылықты жұрттың бәріне ортақ дейді. Бұдан сау адам қалмаса, сонда елді кім түземек? Ел ішінде ант, серт, адалдық, ұят дегендер әлсіреп барады. Осыны дұрыс жолға салатын қолында малы, пұлы, аузында сөзі бар қазақ байлары десек, олардың өзі бұзақылардың сөзін сөйлеп, жөнін жөндеуде. Өз бас билігі өз қолынан кеткен жұрттың халі қалай болмақ? Абайды жегідей жеп отырған ел басына түскен осы дерт, содан құтқарудың жолын таппағаннан туған шарасыздық. О. б. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1977 жылғы жинақта 2-абзацтың 2-сөйлемінің орта тіркесі 1905, 1907, 1910 жылғы қолжазбалар бойынша **«...сонша ауыл таяғыңды соғайын»** деп берілген. Бұрынғы басылымдарда **«...сонша ауыл-аймағыммен сойылыңды соғайын»** деп жарияланып келген. Сол абзацтың 5-сөйлеміндегі **«Бай малын бағып...»** деген тіркес 1907, 1910 жылғы қолжазба бойынша **«Бай барын бағып...»** деп алынған.

Он екінші сөз. Иман деген қазақ даласында Ар білімінің (этиканың) басты ұғымына айналған. Халқымыздың жақсы жаңды иманжүзді дейтіні де содан. Мұсылмандық түсінікте иманды адам ғибрат-

сыз болмайды. Ғибрат дегеніміз – мұсылманның өткеретін парыздары. Абай кімде-кім иман келтіріп қадір-халінше ғибрат жасап жүрсе, оны хұп алу керек дейді. Себебі, адам білгенін істейді, білмегенін одан талап етуге болмайды. Бірақ, – дейді Абай, – ол кісі осы білгенінe жетті, енді әрі үйренудің қажеті жоқ деген түсінікке келсе, оны құдай ұрды, ғибадаты ғибадат болмайды. Білуге құмарлықты шектеу, талаптанбау имансыздық. Бұл ислам дініне жасап отырған реформаның әрекеті. Білуге құмарлық имандылық мәнісі деу асқақ ой, ол адамның өзінің шексіз дамуын мойындау деген сөз. Иман келтірсең өз әрекетіңе салғырт қарама, салғырттық көз бояушылық. Абай иман арқылы адамгершілік табиғатын ашуға талпынған. Иманды Абай діни сенім мағынасында ғана емес өзге мәнде қолданған. Мұнда ақын дүниетанымына зор ықпалын тигізген сопылық философияның әсері айқын аңғарылады. Иманды сенім емес таным тұрғысында талдау ислам философиясындағы дәстүр. Абай бұл жерде осы қағиданы тек қайталап қоймай, халық түсінігіне орай айта келіп, қазақтардың тұрмыстағы, харекетіндегі салғырттықтың дінінде де орын алып отырғанын көріп қынжылғандықтан туған ойларын ортаға салған. О. е. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1977 жылғы жинақта алғашқы абзацтың 1-сөйлеміндегі **«Кімде-кім жақсы-жаман ғибадат қылып жүрсе...»** деген тіркес 1905, 1907, 1910 жылғы қолжазбалар негізінде **«Кімде-кім жақсы дүр, жаман дүр ғибадат қылып жүрсе»** болып толықтырылған. 4-сөйлемнің соңғы тіркесі 1905, 1907 жылғы қолжазбалар бойынша **«...осы да болады ғой демей, үйрене берсе керек»** деп берілген. Бұрынғы басылымдарда **«...осы да болады ғой деп тоқтамай үйрене беру керек»** деп оқылатын. 6-сөйлемнің алғашқы тіркесі 1905 жылғы қолжазба негізінде **«...кімде-кім аман неше нәрсе бірлән кәмәләт табатұғынын, уа неше жерден бұзылатұғынын білмей...»** деп алынған. **Он үшінші сөз**. Он екінші сөзде айтылған ғибрат, иман мәселесін Абай осы сөзде әрі қарай жалғастырған. Иманға түсініктеме бере келіп, ол иман келтіріп иланұға екі түрлі нәрсе керек дейді. 1. Әуел не нәрсеге иман келтірсе, соның хақтығын ақылмен дәлелдеп илану, оны якини иман (шын иман) деп атайды. Бұған жету оңай шаруа емес. Терең оқу керек. Ғұлама болу керек. Қазақ арасында ондайлар не жоқ, не жоқтың қасы. 2. Біреулерден естіп, молдалардың айтуымен иланады. Мұны иман таклиди (біреуге еріп иман келтіру деген сөз) дейді. Бұларды біреу өлтірем деп қорқытса да көңілі қозғалмастай берік болуы шарт. Абай мұндай иманды сақтауға қорықпас жүрек, айнымас, босанбас буын керек дейді. Ел ішіндегі иман келтірушілердің дені иман таклиди болғанымен беріктігі жоқ, өмірдің ықпалына қарай өтірікті шын деп ант беруден тайынбайды. Ондайлар «Құдай тағаланың кешпес күнәсі жоқ» дейді. Соңда әңгіме қайдағы иман туралы болмақ? Бұл мәселеге Абай жауап бермеген, бірақ істің бет-пердесін ашқан. Иман туралы ойланып-толғанып бір шешімге, ғибрат жасауға келу әркімнің өз шаруасы.

Адамның сеніміне зорлық болмағаны ләзім. Якини иман келтіру үшін логикалық тәсілмен Алланың барлығын ақылмен жоққа шығара алуға шамаң жетсе, иман келтірудің еш қажеті жоқ. Ал, оған ақылың жетпесе, дәлелің болмаса, Аллаға сенгеннен басқа не бар. Міне, Абайдың иман туралы тұжырымы. О. ү. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1977 жылғы жинақта алғашқы абзацтың 1-сөйлеміндегі **«һәр түрлі»** 1905 жылғы қолжазба бойынша сөз қисынына қарай **«һәр неге»** деп берілген. Осы абзацтағы төртінші сөйлемдегі **«берік болу»** деген тіркес 1905 жылғы қолжазба негізінде **«берік боларға керек»** деп қабылданған.

2-абзацтың 4-сөйлемі 1905, 1910 жылғы қолжазба бойынша **«Уә әрнешік білмек керек, жоғарғы жазылмыш екі түрліден басқа иман жоқ»** деп алынған. Бұрынғы басылымдарда **«уа»**, **«жазылмыш»** сөздері түсіп қалған. Соңғы сөйлемдегі **«Қылыш үстінде серт жоқ»** деп басылып келген тіркес 1905, 1907, 1910 жылғы қолжазбалар бойынша **«Қылыш арасында серт жоқ»** деп түзетілген. **Он төртінші сөз**. Жүрек туралы қазақ көп айтады, бірақ оның баршама қасиеттерін парықтамайды.




Абай Құнанбаевтың 1968 ж. Алматыдағы «Жазушы» баспасынан жарық көрген екі томдық жинағы.



Абайдың 1970 ж. Алматыдағы «Жазушы» баспасынан орыс тілінде жарық көрген ғақлия сөздер жинағы.



Абай Құнанбаевтың 1977 ж. Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасынан жарық көрген екі томдық жинағы.



Абайдың 1990 ж. Алматыдағы «Жалын» баспасынан жарық көрген өлеңдер жинағы.

Жүректі кісі деп ел көбіне батыр адамды айтады. Ал жүректілік жігерліліктен, қайраттылықтан, ақылдының сөзіне иланудан аңғарылатынына мән бере білмейді. Халықтың азып жүргені де ақылсыздығынан емес, ақылдының сөзін тыңдамағанынан. Қазақтың Абай айтып отырған тағы бір кемшілігі, жаманшылыққа бір ілігіп кеткен соң, бойын жинап алып кетерлік қайрат қазақта кемде-кем. Ақынның осы ойларына зер салсақ, халқымыздың отызыншы жылдардағы қырғыны еске түседі. Харакетке бастайтын қайрат, жігер болмағандықтан іс өнбеді. Жаманшылыққа ұрыну деген сөз мақтанға салыну, өз бойын бір тексермей жабайы тіршілікте көнбіс қалыпта езіліп жүре беру. Жаманшылықтан бойын жинап алған адам – адасқан көптің атының басын бұрып алуға жараған жүректі кісі. Бұл қазақтың жүректі кісі дегенінен бай түсінік. Елдің азып-тозып бара жатқанын сезген Абай содан шығудың жолы халықтың түсінігінің өзгеруі деген тоқтамға келген. О. т. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1977 жылғы жинақта 1-абзацтың 2-сөйлеміндегі «**...батыр кісі дегені**» 1905 жылғы қолжазба негізінде «**батыр дегені**» делініп ықшамдалып берілген. «**Қазақтың**» деп басталатын сөйлем аталған қолжазба негізінде «**Біздің қазақтың**» деп алынған. 2 – абзацтың 1-сөйлеміндегі «**ақылдың сөзін**» деген тіркес 1907, 1910 жылғы қолжазбалар негізінде «**ақылдының сөзін**» деп қабылданған. Сол абзацтың «**Білсе де, қайратсыздығынан ескермей, ұстамай кетеді**» деп басылып келген 3-сөйлемі 1905, 1907, 1910 жылғы қолжазбалар негізінде «**Білімді білсе де, арсыз, қайратсыздығынан ескермей, ұстамай кетеді**» деп алынған. «**Жаманшылыққа бір елігіп**» деп жарияланып келген тіркес 1905, 1907 жылғы қолжазбалар бойынша «**Жаманшылыққа бір ілігіп**» деп берілген.

Он бесінші сөз. Онда адам өміріне философ. ой жүгіртіп, терең топшылау жасап, адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселесін сөз еткен. Абай адамның қызыққан нәрсені өмірден өзі іздеп, үйрену кезіндегі есті кісі мен есер кісінің парқын ажыратып пайымдаған. «Есер кісі өмірден орнын дұрыс таппай, не болса сол, бір баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын ит қорлықпен өткізіп алады», «жастығы тозбастай, буыны босамастай» болып жүргенде өмір өтіп кетеді, қайта ойланып толғанғанды уақыт көтермейді, «екінші талапқа қайрат қылуға жарамай қалады»,– дейді.

Адам бойындағы Абай айтқан тағы бір қасиет – әр нәрсеге қызығушылық, «әрбір құмарлықтың өзі бір дерт», құмарлыққа қолы жете бере адам елтіп, мастыққа бой ұрады. Ал мастық «ақылдың көзін» байлап, әр нәрсеге қызықтыра, еліктіре түседі. Сол уақытта есті кісілердің онша есі шықпай, ақылды қолдан жібермей, бойын сақтықпен ұстайды. Құмарлықты сабырлылыққа, ақылға, ұстамдылыққа жеңгізеді. Ал есер кісілер алды-артына қарамай, есі кете далақтап қызықты қуып шаба береді екен дейді. Егер есті кісі қатарында болғың келсе, өткенге ой жібер, «күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір өзіңнен өзің есеп ал». «Өмірді қалай өткіздің екен», не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіпсің деп ой жүгіртіп отыр деген ақыл-кеңес айтады. Абай айтқан өмірге сын көзімен қарау, өзін-өзі тәрбиелеу, жақсыдан ғибрат алып, жаманнан жирену, өмірге сабыр-тоқтаммен қарау ұлы философ, педагогтардың бәрінің де еңбектерінде марапатталған терең ой толғамы. О. б. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1977 жылғы жинақта 2-абзацтың 2-, 3-сөйлемдері 1910 жылғы қолжазба негізінде біріктіріліп берілген. 3-абзацтың 3-сөйлеміндегі «**Әрбір құмарлық өзіне бір түрлі дерт болады екен, уа әрбір құмар болған нәрсеге жеткенде...**» деген тіркес 1905 жылғы қолжазба бойынша берілген. 4-сөйлемдегі «**ананы, ананы**» деген тіркес 1905 жылғы қолжазба бойынша «**ананы, мынаны**» деп алынған. 4-абзацтың 2-сөйлеміндегі «**өмірді**» деген сөз 1905 жылғы қолжазба бойынша мағынасына сәйкес «**өміріңді**» деп қабылданған.

Он алтыншы сөз. Ақын өзі тұстас қазақтардың ішінде кезігіп қалатын құдайға құлшылық ету тәсілін мінейді. Олардың алла жолына түсіп, беріліп қызмет етпей, тек жұрт қатарлы дін жолын сырттай қуаттаған болып жалған әрекеттер жасап, әміршінің өзін алдайтынын айтады. Елдегі жалаңаяқ саудагерлермен істес болғаны сияқты өзін-өзі алдап, құдайды, оның жолын дұрыс ұстанбайтынын, жасым ұлғайды, тілім келмейді деген дәлел айтатынын, тілін жаттықтырып, дінін тазартып, ойланып, үйреніп әлек болмайтынын сынайды. Білгенім осы, енді қартайғанда қайдан үйрене алайын дегенді сылтау ететінін баса көрсетеді. Сондықтан Абай мұсылманшылық жолын парыз тұтып, таза, пәк жүріп, иман-инабаттылықты тура танып, оған шын беріліп, адал ниетімен әбден беріліп құлшылық етуді талап етеді. Дін мұсылмандық парыздарын тануға, ой-өрісін кеңейтуге, білімін жетілдіруге үндейді. Жатпай-тұрмай, ерінбей талаптанып, оқып білім алуға, құдайын тануға шақырады. Жалқаулық, еріншектік сияқты пәлелерден сақтандырады. О. а. с. алғаш рет ақын шығармаларының 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Бұрынғы басылымдарда «**Тек жұрт қылғанды біз де қылып, жығылып-тұрып жүрсек болғаны дейді**» түрінде жарияланып келген 2-сөйлем 1977 жылғы жинақта 1905 жылғы қолжазба бойынша: «**Тек жұрт қылғанды қылып, жығылып тұрса болғаны**» деп берілген. 3-сөйлемдегі «**бітті, қазам ба**» деген сөздер 1905, 1910 жылғы қолжазбалар негізінде «**біттім, қазамын ба**» деп алынған. 5-сөйлемдегі «**денін**» 1905, 1907 жылғы қолжазбалар бойынша «**дінін**» деп берілген.

Он жетінші сөз. Ақындық жолында адамгершілік, имандылық, адалдық, еңбекқорлық, кішіпейілділік, қайырымдылық, парасаттылық сияқты ізгі қасиеттерді ту етіп ұстап, өлеңдеріңде қайта-қайта насихаттаудан жалықпаған Абай ғақлияларында да өзінің осынау өмірлік мұддесін әр қырынан баяндаудан таймаған. Ойшыл ретінде ақ пен қараның, жақсы мен жаманның, адалдық пен зұлымдықтың, білімділік пен надандықтың, кішіктік пен даңғойлықтың ара жігін әр сөзінде ашып, дәлелдеп беріп отырған. Қай сөзінде болса да ақын осы мәселелерге тікелей немесе жанама түрде соқпай кетпейді. Абай бұл жолы адамның бірыңғай жақсы қасиеттерін – ақыл, қайрат, жүрек үшеуін өзара айтыстырады. Бір қарағанда үшеуінің де дәлелі

дұрыс сияқты. Еңбек ету үшін, ғылым-білімді меңгермекке адамға ең алдымен жасымайтын, алған бетінен қайтпайтын қайрат қажеті рас. Ал ақыл болмаса жақсы мен жаманды, пайда мен зиянды айыру қиын. Әлгі білім, өнер де ақылсыз адамның бойына дарымайды. Бірақ жүрек соқпаса – кісі өмір сүре ала ма? Адамға ар-ұятты танытатын да сол жүрек емес пе. Кім де кім алдымен жүрек қалауын, соның әмірін орындайды ғой. Осынау қиын таласты ақын ғылымға шешкізеді. Сөйтсек, қайрат бірыңғай ақ-адалдық жолына ғана қызмет етпейді екен. Амал, айла тапқыш ақыл да жақсы мен жаманға бірдей сүйеніш көрінеді. Адалдық, ізгілік тек жүректің ғана айнымай ұстайтын жолы екен. Жақсылыққа қуанатын да, жамандыққа ермейтін де сол. Ендеше, адам үшін ең қажеттісі – жүрек қалауы. Бірақ, ақын билікті жүрекке әперумен шектелмейді. Оның ұсынары – қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің бірлігі, ынтымағы. «Осы үшеуің басыңды қос». Осы үшеуі тең табылған кісі – қасиетті адам. О. ж. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Бұрынғы басылымдарда 2-сөйлемнің **«Ей, ғылым, өзің білесің, дүниеде еш нәрсе мансіз кәмелетке жетпейді, әуелі ғылым, өзіңді білуге ерінбей, жалықпай ізденіп үйреніп, орнына келтірмек – менің ісім»** деп жарияланып келген тіркестері 1977 жылғы жинақта 1905 жылғы қолжазба негізінде: **«...Ей, ғылым, өзің де білесің ғой, дүниеде еш нәрсе мансіз кәмелетке жетпейтұғының, әуел өзіңді білуге, ерінбей, жалықпай үйрену керек, ол менің ісім»** деп алынған. 5-абзацтың кейбір сөздері мен сөз жүйесіндегі жекелеген өзгерістер 1905 жылғы қолжазба негізінде енгізілген. Соңғы абзацтың 4-сөйлеміндегі бұрын **«оның ішінде»** деп жарияланып келген тіркес 1905 жылғы қолжазба бойынша **«бәрін»** деп берілген.

Он сегізінші сөз. Кербездікті Абай қатты сынға алған. Ол: «Кербез дегенді осындай кер, кердең немеден безіндер деген сөзге ұқсатамын», – дейді. Шынында да ұқыпты, таза, сәнді киіну бар да, қолынан келмеске ананы-мынаны үстіне жапсыра беру бар. Кербездікке салынып, оны әдетке, мақтанға айналдыру – ақымақтық іс. «Тегінде, – дейді Абай – Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады». Кербездік жұмысы жоқтықтан туады. Бұл да халықтың азып-тозып жүргендігінің бір көрінісі. Бай елдерде кербездік деген оғаш қылық жоқ, киім киінудің талғамы бар. Кербездіктің тағы бір жағымсыз жағы – менмендік, боскеуделік сияқты жат мінезділік. О. с. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1977 жылғы жинақта 1-абзацтың 2-сөйлеміндегі **«киінбегі»** деген сөз 1905 жылғы қолжазба бойынша сөйлем жүйесіне орай **«киінбек»** деп қабылданған. 2-абзацтың 1-сөйлеміндегі **«...жүрісін, қас қабағын қолдан түзетіп»** деп басылып келген тіркес 1910 жылғы қолжазба негізінде **«...жүріс-тұрысын, қас-қабағын қолдан түзеп»** деп алынған. Осы абзацтың 2-сөйлеміндегі бұрын **«өзі қатардағының»** деп басылып келген тіркес 1905 жылғы қолжазба бойынша **«өзі қатардың»** деп берілген. 3-абзацтың 4-сөйлеміндегі **«азады»** деген сөз аталмыш қолжазба негізінде **«озбақ»** деп қабылданған.

Он тоғызыншы сөз. Онда адамның ес туралы психол., педагог. ерекшелігіне ғыл. талдау жасалып, ой топшыланған. Абай «адам анадан туғанда есті болмайды», естіп, көріп, ұстап, татып, әр заттың қасиетін бес сезім мүшелері арқылы ажыратып, содан алған мағлұматты мида тоқу арқылы есті болады деген пікір айтады. Әрбір естіп, білген, көрген заттың тәжірибеде қолдану арқылы жақсы не жамандығын, пайдалы немесе зияндылығын ажыратады, сондықтан адам әрбір естіген сөзінің мазмұнына ой жүгірте тыңдап, еске сақтап, ұғайын деп тұшынса ғана ғибрат алады, ал әрбір естіген сөзге мән беріп, оның астарын ұғуға тырыспаса ол далаға кеткен, боҫқа айтылған сөзбен пара-пар. Ұқпас құлаққа айтқан сөз далаға, желге кеткенмен бірдей дейді. «Сөз танымайтұғын елге сөз айтқанша, өзіңді танитұғын шошқаны баққан жақсы» деген ой тоқтамына келеді. Абайдың бұл пікірі «жаңбыр жаумаса жер жетім, бастаушысыз ел жетім, тыңдаусыз кеткен сөз жетім» деген халық даналығына саяды. О. т. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 5-сөйлемдегі бұрынғы басылымдарда **«шайқақтап, шалықтанып, жерде»** деп жарияланып келген сөздер 1977 жылғы жинақта 1910 жылғы қолжазба негізінде **«жайқақтап, шалғырттанып, жерін»** деп берілген.

Жиырмасыншы сөз. Ақын адамдарға тән «жалығу» сияқты мінездің пайда болуы жайлы сөз қозғайды. Адам жалығып- торығудан, айнып-жерінуден сақтанып, оған тұрақты түрде қарсы қамданып жүргені абзал дейді. Егер адам оған бой алдырса, аяғы қайғылы болмақ екенін ескертеді. Дүниенің өткіншілігіне өкініп, өмір қызығынан бой тасалау, онан безінудің орынсыздығын айтады. Зерделі ой түйіп, өзіндік философ. таным білдіреді. Аталы сөз айтып, терең сыр шертеді. Адам өзі айналысып жүргенінен де, кәсіп-әрекеттерінен де, тіпті көріп жүрген думан-қызығынан да жалығып жиренуі ғажап еместігін ескертеді. Жалығудың жалқаулыққа сабақтасып, ақыры қанағатсыз еріншектікке жалғасу заңдылығын айтады. Ондайға бой алдырған адамның жігері құм болып, өмірден өз орнын таппай, мақсатсыз, мәнсіз тіршілік етеді немесе сол тіршіліктен түңіліп азап шегетінін және ондай қарекеттің өмірдің баянсыздығын ойлаумен байланысты болатынын танытады. Ақын: «Ақылы түгел, ойлы адамның... жалықпайтұғын нәрсесі бар ма екен?» – деп өзіне-өзі сауал қояды да: «Тамақтан да, ойыннан да, күлкіден де, мақтаннан да, кербездіктен де, тойдан да, топтан да, қатыннан да көңілі аз ба, көп пе жалығады. Оның үшін бәрінің ғайыбын көреді, баянсызын біледі... Дүние бірқалыпты тұрмайды, адамның қуаты, ғұмыры бір қалыпты тұрмайды... Енді көңіл қайдан бір қалыпты тұра алады?» – деп жауап береді. Дүниені танып, топшылау терең ойға түсіп толғану екінің біріне тән іс емес, зиялыларға тән. Сондықтан өмірден өз орнын тауып тіршілікті қадірлей білу, оның мән-мағынасын терең тану қажет деп біледі Абай. Ж. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1977 жылғы жинақта 1-абзацтың 2-сөйлемі 1910 жылғы қолжазба бойынша **«Пендеде бір іс бар жалығу деген»** деп берілген. 3-сөйлемдегі **«...өзін-өзі тапқан емес»** деген тіркес 1905 жылғы қолжазба негізінде **«...өзі жора тапқан емес»** деп

қабылданған. 5-сөйлемдегі бұрынғы басылымдарда **«адамның баласы»** деп жарияланып келген тіркес 1905, 1910 жылғы қолжазбалар негізінде **«адамның бір баласы байқаса»** деп алынған. 6–7-сөйлемдегі жекелеген өзгерістер 1905, 1907 жылғы қолжазбалар бойынша түзетілген (айыбын – ғайыбын; өмірі – ғұмыры; бірқалыпта – бірқалыпты). 2-абзацтың 2-сөйлеміндегі бұрынғы басылымдарда **«Соншалық өмірдің»** деп жарияланып келген тіркес 1905, 1910 жылғы қолжазбалар негізінде **«Хаттаки ғұмырдың»** деп берілген.

Жиырма бірінші сөз. Абай қазақ халқына және барша адам баласына тән мінездің бірі – «Мақтан» мәселесін сөз қылады. Адамдарға тән «Мақтан» мәселесіне түсінік беріп, оның екі түрін айтады. Бірі ақылдылардың іштей түшіркенуі есепті ақылдыларға тән – зиянсыз мақтан, екіншісі надандықтың туындысы – мақтаншақтық мінез. Абай жетесіздерге тән соңғы жат мінезден сақтандырады. Абай мақтануға бүтіндей қарсы емес. Оны адам баласына тән қасиеттердің біріне санайды. Дүниедегі адамдардың мақтаннан құр болмайтынын ескертіп, ол мінездің адам бойында болу заңдылығын мойындайды. Адамдар табысы мен жетістігіне тебіренбей тұрмайды. Әсіресе, жас қауымның көңілі көтеріңкі болуы, оның жігерін жанып өз күшіне сенімділігін зорайтса керек. Сондықтан оларда мақтанар, оған қуанар мінездер болуға тиісті. Абайдың айтуынша, мақтанның бір түрі үлкендік. Есті ересек адамның бойынан табылар ақыл-парасатқа сүйенген кісілік белгісі. Адамгершілік жолында, халқы мен елінің мүддесі үшін істеген ізгі еңбектерін еске алып, оған өзінің іштей сүйсінуі. Пәлежаладан, жағымсыз іс-әрекеттен, өрескел мінезқұлықтан өз бойын таза сақтап, ар-намысын жоғары ұстап, адал өмір кешкеніне іштей мақтану, тұшырқану. «Бұл мінез,– дейді Абай,– ақылдылардың, арлылардың, артықтардың мінезі. Олар өзімді жақсы демесе, мейлі білсін, жаман дегізбесем екен деп азаптанады». Мақтанның екінші түрін Абайдың мақтаншақтық деп атауы да ғажап. Құр кеуде, дөкір, болымсыз, мәнсіз, білімсіз адамдарға тән, адамгершілікке жат қылық. Оны Абай «Қырт мақтан» деп атайды. Олар – қолынан келместі келтірдім, жасамағанын жасадым, білмесін білдім, жетілмегенін жеткіздім деп көкірек керіп, төске ұратындар. Мұндайлардың Абай үш түрін атап көрсетеді. «Біреуі жатқа мақтанарлық мақтанды іздейді. Ол – надан, ләкин наданда болса адам. Екіншісі, өз елінің ішінде мақтанарлық мақтанды іздейді. Оның надандығы толық, адамдығы әбден толық емес. Үшіншісі, өз үйіне келіп айтпаса, аулына ғана келіп айтпаса, өзге кісі қостамайтын мақтанды іздейді. Ол – наданның наданы һәм өзі адам емес», Абайдың бұл пікірлері маңызы мен мәнін әлі жоймағаны былай тұрсын, тап қазіргі дәуір адамдары үшін өте қажет. Тәлімдік мәні жылдар өткен сайын арта түсетін керемет ой. Ж. б. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Бұрынғы басылымдарда **«мысалы»** деп жарияланып келген 1-абзацтың 4-сөйлеміндегі алғашқы сөз 1977 ж. жинақта 1905, 1907, 1910 жылғы қолжазбалар бойынша **«яғни»** деп түзетілген. 7-сөйлемдегі **«біреуді»** 1905 жылғы қолжазба негізінде **«біреуі»** деп қабылданған. 8-сөйлемдегі **«әрдайым»** 1905, 1907, 1910 жылғы қолжазбалар негізінде **«әрнешік»** деп өзгертілген. **«Ол – надан, надан да болса адам»** деп басталатын сөйлем: **«Ол – надан, ләкин надан да болса адам»**,– деп аяқталған. **«Үшіншісі»** деп басталатын сөйлемдегі **«я»** 1910 жылғы қолжазба бойынша **«яки»**, 1-абзацтың соңғы сөйлеміндегі **«һәм»** қолжазбалардың барлық нұсқасы бойынша **«ләкин»** деп өзгертілген.

Жиырма екінші сөз. Байды даттап, кедейді мадақтап өскен оқырмандарға Абайдың бұл сөзіндегі түпкі ойдың ерсі көрінуі ғажап емес. Кезінде Абайды байшыл ақын деуге тірек болған сөз. Мәселе байыбына тереңірек барған адам сол замандағы халықтың әлеум. болмысына жасалған талдауға тап болады. Абай халық тұрмысындағы әркімнің орнын анықтап, соған сай кімді жақтап, кімді қадірлемекпін деген ойға түседі. «...Байды қадірлейін десе, оның не өз басына, не малына еркі жоқ, елде кеселді қулар көбейіп, соларға жем болып жүр. Мырзаларды қадірлейін десе, ондай мырза елде жоқ, олар қара бастың пайдасы үшін мырзасынып жүр. Болыс пен биге келсек, бұл құдайдың қалауымен емес, малға сатып алған шен-шекпен болғандықтан қардың суы сияқты тұрақсыз. Мықтыны сыйлайын десе, жақсы іспен, мәрттікпен ел аузына іліккені жоқ, жаман іске бәрі мықты. Естіні қадыр тұтайын десе, есті кісі елде жоқ, арамдыққа, қулық, сұмдыққа келгенде бәрі есті. Ғарып-қасар бейшараны сыйлайын десе, түйеге мінерлік қауқары жоқ, енді қалғаны қу мен сұм, олар елді құртпай өздері де тыныштық таппайды. Сонда кімнің тілеуін тілеймін»,– дейді Абай. «Ырыс баққан, дау бақпас» деген мақалға тоқтап Абай өз байлығына өзі ие бола алмай, қу, сұмға, ұры-қарыға, болыс, биге, орыс әкіміне жем болып жүрген қазақтың момын байларын аяп, соның тілеуін тілегенді жөн көрген. Бұл біздің «қазақ байлары» кімдер еді деген сұраққа жауап. Қазақ байлары неге осындай ауыр халде өмір кешкен? Себебі, жалпы қазақ тұрмысының жұтаңдығында, саяси бас еркінің жоқтығында, заң жүйесінің отаршылдар мүддесіне орай ғана қызмет етуінде. Сондықтан да қазақ байы бір жұттық. Қолдағы дәулетті заңды түрде сақтау, қорғау тетігі жоқ. Бұл бірінші қорытынды, екінші Абай осы сөзінде қазақ тұрмысының әлеум. құрылымын ашып берген, кімнің кім екенін айтқан. Олар: байлар, мырзалар, болыс пен билер, мықты, есті кісілер, ғарып-қасар бишаралар, қу мен сұмдар. Осылардың әрқайсысының қазақ елінде өз орындары болған. Бұл Абайдың әлеум. дүниетанымын аңғартатын айтулы еңбегі. Ж. е. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1977 жылғы жинақта 2-абзацтың 6-сөйлемі 1910 жылғы қолжазба бойынша сөйлем жүйесіне орай **«ақымақтығынан»** дейтін бір сөзбен доғарылған. Бұрынғы басылымдарда **«ақымақтығынан ойлайды»** деп оқылады. 3-абзацтың 3-сөйлеміндегі **«біреулер»** 1905 жылғы қолжазба негізінде **«кейбіреуі»** деп өзгертілген және сол сөйлемнің алғашқы сыңарына жаңадан **«мырза болып»** деген сөз қосылған. 4-абзацтағы **«құдай»** – **«құдайдың өзі»**, 5-абзацтағы **«жақсы іске»** –**«жақсылыққа»**, **«құрметтейін»** – **«сыйлайын»**, **«мықты кісі»** – **«мықтыны»** деп қабылданды. Сондай-ақ, 9-абзацтағы **«сүйдім»**

деген сөз **«сүйдік»**, **«тіледің»** – **«тіледік»**, **«момындарды»** – **«момын байларды»** деп алынған. Бұл өзгерістер 1905, 1907, 1910 жылдардағы қолжазбалар бойынша қабылданған. 9-абзацтың 2-сөйлемінің басты тіркестері 1905 жылғы қолжазба бойынша: **«Өзі құрттанып шашылған болыс-билер тұра-тұрсын»**, **«Енді, әлбәтте амал жоқ»** деп алынған. Бұрынғы басылымдарда бұл тіркес **«енді әлбетте амал жоқ»** деп келеді.

Жиырма үшінші сөз. «Қуаныш» пен «Жұбаныш» адам бойындағы қасиетті харакет. Көңілде қуаныш болмаса, жұбаныш та болмайды. Жан рахаты, рухтың биіктігі қуанышқа байланысты. Қуанышы мол өмірді адам әркез де арман тұтады. Қолы жеткен мәртебеге, бақ-дәулетке, ілім-білімге адамның қануы өте орынды. Түгел ел, халық қуанышына кенелген азаматтың арманы не! Ол жеке бас, отбасы қуанышының ұлғайған түрі. Бірақ қуанбасқа қуанбау керек. Демек, қуаныштың да жұбаныштың да түрі бар. Абай қазақ арасында өріс алған тасыр мінездер «қуаныш», «жұбаныш» сияқты көңіл-күйлердің де байқалатынын ескертеді. Себебі, жаманға салысып жақсы болмайтынын надандар біле бермейді. Қуанбасқа қуанып, жұбанбасқа жұбанып, есерлік, дөрекілік мінез білдіреді. Сондықтан оның «қуанышы» өне бойы орынды бола бермейді.

«Біздің қазақты, – дейді Абай, – оңдырмай жүрген бір қуаныш, бір жұбаныш бар. Оның қуанышы елде бір жаманды тауып, я бір адамның бұл өзі қылмаған жаманшылығы шықса қуанады... Енді жұбаныш жалғыз біз бе, елдің бәрі де сүйтіп-ақ жүр ғой, көппен көрген ұлы той, көппен бірге болсақ болады дағы деген сөзді жұбаныш қылады.....». Ақын «көпшілік» пен «азшылық» туралы өзіндік жаңа пікір ұсынған. Азшылықтың санына қарап ескермеудің дұрыс еместігін өте шебер дәлелдейді. Ж. ү. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1977 жылғы жинақта 1-абзацтағы **«дегендер»** сөзі 1905, 1907 жылғы қолжазбалар негізінде алынып тасталынған. 2-абзацтың 5-сөйлеміндегі **«жаманмен»** 1905, 1907 жылғы қолжазбалар бойынша **«жаманға»** деп алынған. Сол абзацтың соңынан санағандағы 2-сөйлемнің орта тұсы 1905 жылғы қолжазба негізінде **«...мен бәйге алдым деген сөз болса жарар, алдында неше ат бар деп сұрар, артында қалған ат нешеу деп сұрағанның несі сөз»** – деп берілген. Бұл тіркес бұрынғы басылымдарда **«...мен бәйгеге алдым деген сөз болса, алдында неше ат бар деп сұрар, артында неше ат бар еді деп сұрағанның несі сөз»** түрінде болатын. 3-абзацтың 1-сөйлеміндегі **«болса»** 1905, 1907 жылғы қолжазбалар негізінде **«болсақ»**, **«болады да»** – **«болады-дағы»** деп алынған. 3-сөйлемдегі бұрынғы басылымдарда **«жоқ жарымы сау болса жеңіл тие ме?»** деп жарияланып келген сөйлем 1907, 1910 жылғы қолжазбалар бойынша **«Жоқ жарымы ауырып, жарымы сау болса, жеңіл тие ме?»** деп өзгертілген. Соңынан санағанда 2-сөйлемдегі **«сөзбен»** – **«сөзі»**, **«қалмай»** – **«қалма»** деп алынған.

Жиырма төртінші сөз. Абай өз басының қамын емес, өз төл халқын ойласа, оның болашағына көз жіберсе қапа болады. «Біздің қазақтың достығы, дұшпандығы, мақтаны, мықтылығы, маліздеуі, өнер іздеуі, жұрт тануы ешбір халыққа ұқсамайды», – дейді ол. Сонда қазақтар несімен ерекше? Бірін-бірі аңдыған, ұрлыққа әуестенген өңкей ұсақ тірліктің құлдары. Жүз адамның соңында екі жүз кісі пәле іздеп жүргені. Осылай бола берсе бірін-бірі құртып тынбақ. Одан кім пайда табады, кім ұтады, оны ақылға салатын жан және де жоқ. «Сонда дүние жүзіндегі жұрттың қоры болып жүре бермекпіз бе?» – деген сұрақты келер ұрпаққа өсиет етіп қалдырған. Қазақтың мұндай халге түсуіне басты себеп, оның ұлттық мүддесінің қалыптаспағанында. Жұрт қайткенде де сол бір құзғын өңештің қамында. Қазақ өркениетті халық болсын деген ой патша әкімдеріне жат, ал ел ішінен бел шешіп сыбанып ұлт болуға шақырған азамат және де жоқ. Есті, мықты дегендер болыс, би болсам екен дейді. Ел қамын жеген пенде жоқ деп ақынның қапа болуы сондықтан. Ж. т. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1-абзацтың 1-сөйлемі бұрынғы басылымдарда **«Жер жүзінде екі мың миллионнан артық адам бар, екі миллиондай қазақ бар»** деп жарияланып келген болатын. Бұл сөйлем 1905 жылғы қолжазба негізінде 1977 жылғы жинақта **«Осы күнде, жер жүзінде екі мың миллионнан көп артық адам бар, екі миллион қазақ бар»** деп берілген.

Жиырма бесінші сөз. Орысша оқыған адамға «дүние арзанырақ түседі», – дейді Абай. Орысша оқу арқылы, білімді онан әрі тереңдетуге мүмкіндік болады, міне, осы мәнде ақын орыстар дүниенің тілін біледі деген қорытынды жасаған. Бірақ, қазақтар баласын орысша оқытқанда алдына осындай мақсат қоя ма, жоқ, олар орыс тілін біліп алып, соны қару етіп бірін-бірі алдамақ па? Бұл жиренетін ниет, ал орысша оқып жүрген баладан жақсы кісі шықпай жүр деп қынжылады Абай. Солай болғанда да орысша оқығандар оқымағандардан ілгері. Сондықтан Абай мәселені турасынан қояды. «Балаңа қатын әперме; енші берме, барыңды салсаң да, балаңа орыстың ғылымын үйрет». Әйтпесе, балаң «бір ит қазақ болып қалған соң, саған рахат көрсете ме, өзі рахат көрер ме, я жұртқа рахат көрсетер ме?» Қазақты алға бастайтын жол – оқу. Баланды аясаң, оны орысша оқыт, көкірегі ашылады, тынысы кеңейеді, ел қатарлы, өзгеге қор болмай, нәсіп қылады, – дейді гуманист Абай. Абай орысша оқу дегенде оны дүниенің тілін білу құралы ретіндеұсынып отыр. Мақсат орысша білуде емес, оны білім, ғылым, өнер жолына түсу үшін пайдалануда, одан ол кезде өзге жол жоқ. Қазақтарға ағылшын, неміс, француз тілін үйрендеу қисынсыз. Батыстағы білім қорына шығару жолы тек орысша оқу. Абай реалист, демек, ол шындықты нақтылы мәнінде түсініп отыр. Бұл құр әншейін орысшаға бас шұлғу емес. Орыстар дүниенің тілін біледі, ал сен оның тілін білсең көкірегің ашылады. Көкірек ашылса, әрі қарай қандай жолға түсеріңді өзің де білетін боласың. От басы, ошақ қасы тірліктен құтылу қажет. Ақын ойы осыған сайса керек. Ж. б. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1977 жылғы жинақта 1-абзацтың 4-сөйлемінің орта тіркесі 1905, 1907 жылғы қолжазба негізінде **«...ағайын-**

ның араздығына уа әр түрлі бәлеге» деп берілген, 6-сөйлем 1905, 1907 жылғы қолжазбалар бойынша: **«Онан соң білім түгіл өнер керек екен»** деп алынған. 8-сөйлемнің соңғы сыңары 1905 жылғы қолжазбада **«өнер де, ғылым да – бәрі орыста зор»**, 1907, 1910 жылғы нұсқаларда **«...өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр»** деп қабылданған. 10-сөйлем бұрынғы басылымдарда **«оның себебі»** деген тіркеспен басталатын. Бұл тіркес 1905, 1907, 1910 жылғы қолжазбалар негізінде **«оның үшін»** деп түзетілген.

Бұрынғы басылымдарда **деген**, **бірақ**, **зорлығына**, **халық**, **балаларын**, **қорлығына**, **елді қашты**, **түбегейлеп оқыған**, **көрсетер ме**, **көрер ме**, **я** деген жекеленген сөздер мен тіркестер 1977 жылғы жинақта тиісінше **лəкин**, **қорлығына**, **жұрт**, **баласын**, **зорлығына**, **елді қайтты**, **түбегейлеп қуған**, **көрсетер ме**, **көре ме**, **яки** болып алынған.

Жиырма алтыншы сөз. Жарысқа түскендердің бірінің озып шығуы заңды құбылыс. Сондықтан, Абайша, оған соншама қуанып, жеңілгеннің ызасын шақырудың пайдасы жоқ. «Надан ел қуанбас нәрсеге қуанады» деп бұл сияқты «Қуанышты» – надандықтың бір белгісі деп көрсетеді. Бұндай жеңілтектіктен арылуды аңсайды. «Ұят», «Ұяла білу» сияқты моральдық категорияларды өте біліктілікпен талдайды. «Енді осылардан ойлап білсеңіз болады, – дейді Абай, – надан ел қуанбас нәрсеге қуанады және қуанғанда не айтып, не қойғанын, не қылғанын өзі білмей есі шығып, бір түрлі мастыққа кез болып кетеді. Және ұялғандары ұялмас нәрседен ұялады, ұяларлық нәрседен ұялмайды. Мұның бәрі – надандық, ақмақтықтың әсері... Не жаманшылық болса да бір әдет етсе, қазақ ол әдетінен еріксіз қорыққанда я өлгенде тоқтайды, болмаса ақылына жеңгізіп, мұным теріс екен деп өздігінен тоқтаған адамды көрмессің». Негізінен Абайдың Ж. а. с-і, Жиырмасыншы сөзі, Жиырма үшінші сөзі үндес, мазмұндас, пікірлес. Шығармада адам мінездерінің қыр-сырын танытып, оның жөнсіз жақтарын сынайды, халқын дұрыс адамгершілік жолға үндейді. Ж. а. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Бұрынғы басылымдардағы 1-абзацтың 1-сөйлеміндегі **«түсірген балуаны»** 1977 ж. жинақта 1905 жылғы қолжазба негізінде **«күреске түсірген балуаны»** деп айқындаңқырап берілген. 2-абзацтың 1-сөйлемі 1905, 1907 жылғы қолжазбалар бойынша **«Жүйрік ат – кейде ол елде**, **кейде бұл елде болатұғын нәрсе**, **қыран құс та**, **жүйрік ит те – кейде оның қолына**, **кейде мұның қолына түсетұғын нәрсе»** деп алынған. Бұрынғы басылымдарда «қолына» деген сөз – **«қолында»**, **«қолына түсетұғын»** – **«қолында болатұғын»** деп келетін. Бұрынғы басылымдарда **«Және ұялмас нәрседен ұялады»** деп жарияланып келген 3-абзацтың 2-сөйлемінің бірінші тіркесі 1907, 1910 жылғы қолжазбалар негізінде **«Һəм ұялғандары ұялмас нәрседен ұялады»** деп толықтырылып берілген. Осы абзацтың соңғы сөйлеміндегі **«біліп, ойланып»** тіркесі 1905, 1907 жылғы қолжазбалар негізінде сөйлем жүйесіне орай алынып тасталған.

Жиырма жетінші сөз. Абайдың Жиырма жетінші сөзінің қосымша тақырыбы – «Сократ Хакімнің сөзі». Бұл ғақлия неліктен «Сократ сөзі» деп аталады? Абай атақты философтың қандай еңбектерін, қай тілде, қашан оқыды екен? Бұл аударма ма, әлде Сократ пен ой жарыстыра айтқан өз пікірлері ме? Абай Сократ пікірлерін қабылдай ма, әлде сынай ма? Сократтың тірі кезінде де біздің Абай сияқты шығармалары басылмаған, қолжазба сақталмаған. Ол кезде филос. ойлар өзара әңгіме, диалог ретінде жүргізілген. Біздің заманымызға Сократ шығармалары Платонның «Диалогтары», Ксенофонттың «Естеліктері» арқылы жеткен. Сондықтан да Ксенофонттың, Платонның естеліктері Сократ шығармасы ретінде саналады. Ксенофонттың «Сократ туралы естеліктерінің» 4-тарауы «Құдайдың адамға қарым-қатынасы туралы Аристодиммен әңгіме» деп аталады. Осы 4-тарауды Абайдың «Жиырма жетінші сөзбен» салыстырғанда өзара ұқсастықтар мен көптеген айырмашылықтар бар екендігі, ақынның грек философының қандай пікірлерін қабылдайтындығы және қандай пікірлерімен келіспейтіндігі анықталады. Екеуінде де әңгіменің негізгі арнасы құдайдың адамға қарым-қатынасы жөнінде, екеуінде де белгілі бір адамдардың есімдері аталады. Абай Сократ әңгімесінің мазмұнын дәлге жуық береді, оның әңгімелесу тәсілін сақтайды. Сократтың кейбір ойларына, ұғымдарына сын көзбен қарап, оның «гармония мира», «прекрасный порядок» сияқты идеалистік түсініктерін «жарастықтық законымен жаратылған», «себепті байланыс» секілді түпнұсқада жоқ жаңа ұғымдармен ауыстырады. Сократ философиядағы көбірек шұғылданған мәселесі – дін, этика, мораль жайы. Абай грек философының осы дін мен мораль жөніндегі пікірлеріне көп мән береді. Ойшыл ақынның ықыласын ерекше аударған «Естеліктердің» 4-тарауының тақырыбы – «Құдайдың адамға қарым-қатынасы» туралы мәселе. Аталған тараудың және сонымен байланысты жазылған «Жиырма жетінші», «Жиырма сегізінші» сөздердің Абайдың дүниеге көзқарасын түсіну үшін ерекше мәні бар. Осыған орай Абай сөздері мен Сократ ойларының айырмашылығы мен ұқсастықтарын аңғармағандықтан кейбір еңбектерде Сократ пікірін Абайға және керісінше Абай пікірін Сократқа таңа салу кездеседі. Құдай мен дүниенің «байланысын», табиғат пен адамның, тән мен жанның байланысын ұғу, түсіну – ежелден шешуін күткен мәңді мәселелер. Әсіресе, Абай өмір сүрген кезеңде дүниенің сыры мен сипатын білуді аңсаған қазақ халқы бұл мәселеге жауап беруді, шешім айтуды өзінің алдыңғы қатарлы, көзі ашық Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты перзенттерінің ақыл-парасатына міндет еткен.

Жаратылыстың заңдылықтарын білуге, өз білгенін халқына білдіруге ұмтылған Абай айтылған проблемаларға шешім іздестіреді, өзінше жауап тауып, оларды халыққа түсіндірмек болады. Сол іздену жолында Сократ туралы естеліктерді «кездестіреді». Оның 4-тарауына ерекше мән беріп, құдай мен адамның «арақатынасы» жөнінде Сократпен пікір жарыстырады. Екі авторға тән ортақ ой – екеуі де адамды алғаш жаратқан құдай, адамға ақыл беріп, қол бітіріп, тік жүргізерлік етіп, оны басқа жануарлардан ерекше, өзгеше жасаған құдай деп түсінеді. Сезім мүшелерінің атқаратын қызметтерін түсінуде, түсіндіруде екеуінде де теологизм бар. Олар дүние мен адамды алғаш жаратқан құдай деп түсінсе де, жаратылғаннан кейінгі құдай мен адамның «арақатынасын» екеуі екі басқа ұғады.

Абай Сократтың кейбір пікірлерін қабылдамайды, сондықтан да «Сократ туралы естеліктердің» құдайды көп дәріптейтін беттерін дұрыс деп санамай, өзінің кезекті «Жиырма сегізінші сөзіндё» құдайдың адамның күнделік өміріне ешбір қатысы жоқтығын дәлелдеп, грек философының пікірімен келіспейтінін айқын сездіреді. «Егер құдай еңбек сүймейтін бір оңбағанға мал берсе, құдайдан тілеп еңбек еткен кісінің еңбегін жандырмай, қатын, баласын асырауға мүмкіндік жасамай кедей қылса, бір момынды ауыртып, ұры мен залымның денін сау етсе, әке-шешесі бір екі баланың бірін есті, бірін есер етсе, тамам жұртқа бұзық болма, түзу бол деп жарлық шашып, алла өзі құдіретімен біреуді жамандыққа мейілдендірсе – осының бәрі құдайтағаланың ғайыпсыз мінезіне, рақымдылығына, әдеттілігіне лайық келе ме?» – деп Абай мәселені тіке қояды. Екі текстi салыстырып қарағанда бұл сұрақтарды Абай Сократтың өзіне қойып отырғандай сезіледі. Абайдың аңғаруынша, егер барлық іс-әрекетті құдай «қылушыға өзі қылдырып тұрса» адам қандай болмасын қылығы үшін ешкімнің алдында жауапты болмауға тиіс, адам мен адам арасындағы міндет, борыш туралы түсініктер болмаса керек, адамның барлық қылықтарына құдай өзі жауапкер болуға тиіс. Абай мен Сократ екеуінің адам мен құдай «арақатынасы» туралы пікірлерін қорыта айтқанда, екеуінің елеулі ерекшеліктері, айырмашылықтары бар. Грек ойшылының түсінігінде барлық іс-әрекетті жасаушы да, жасатушы да құдай, бәрін біліп, сезіп тұрғандықтан, адам одан сескенуі керек, сондықтан да жамандықтан аулақ, жақсылыққа бейім болу қажет. Ал Абайша құдай жақсылық пен жамандықтың жасаушысы, бірақ, жасатушысы емес, ол адамның күнделік өміріне қатыспайды, не іс істесе де адам өзі істейді, сондықтан да өз қылығы үшін өз ары алдында жауап беруі керек. Адам біреуден қорыққандықтан, сескенгендіктен емес, адам болғандықтан, оған сай ақыл, ары болғандықтан жақсылық пен игілікке үйір болып, жамандық пен зұлымдықтан қашуы керек.

Абай дін мәселелерін адамгершілікпен тікелей ұштастыра тексереді. Қазақ ағартушысының грек философынан тағы да бір ерекшелігі осында. «Адам бол» деген этикалық принцип ұсынып, діннің өзін адам тәрбиелеудің құралына айналдырмақ болады. Сондықтан да Абай «құдайды» адамгершілік, әділеттілік, шындық, тәрбие, махаббат, бір сөзбен айтқанда, мораль мәселесімен байланыстырады, дінді адамгершілікке бағындырмақ болады. Ж. ж. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1977 жылғы жинақта **«Ол көз нәзіктігінен...»** деп басталатын сөйлемнің алғашқы тіркесі 1905 жылғы қолжазба бойынша **«Ол көз өзі нәзік болған себепті»** деп берілген. Бұрынғы басылымдарда **«Дүниеде не тәтті, не дәмдінің»** деп жарияланып келген тіркес 1907 жылғы қолжазба негізінде **«...дүниеде не тәтті, не қатты, не дәмдінің»** деп толықтырылған. **«Көзді...»** деп басталатын сөйлемнің алғашқы сыңары 1905, 1907, 1910 жылғы қолжазбалар негізінде **«Көзді, мұрынды мұндай ауызға жақын жаратыпты»** деп толықтырылып берілген. Бұрынғы басылымдарда **«мұндай»** деген сөз түсіп қалған. **«Адам өзі»** деп басталатын сөйлемнен кейін 1905, 1907, 1910 жылғы қолжазбалар негізінде **«хайуанға сұлтан болуға ғана лайығы бар»** деген сөйлем қосылған. Бұл сөйлем бұрынғы басылымдарда түсіп қалған. **«Қай өгіз»** деп басталатын сөйлем 1910 жылғы қолжазба негізінде ықшамдалып берілген.

Жиырма сегізінші сөз. Бұл сөз тек қазақ емес, исі мұсылмандарға қарата айтылған. Кей адамдардың «Құдай ісі» деген ұғымдарының жалғандығын, алла атына кір келтірер жаңсақ түсінік, дін-құран оқуын байыптап білмегендердің теріс көзқарастары ойланбай айтылған дақпырт екенін дәлелдейді. Адам баласын жігерсіздікке, дәрменсіздікке жетелейтін қате түсініктерді сынап, адам өз өмірінің тағдырын өзі шешуге тиіс екенін айтады. Ол үшін еңбектеніп, ізденіп, ақылға салып, сақтанып қарекет қылуға тиісті екенін ескертеді. Абай адамның ақылына сенеді, оған үлкен сенім артады. «...Әрбір ақылы бар кісіге – иман парыз, әрбір иманы бар кісіге ғибадат парыз деген екен. Және де әрбір рас іс ақылдан қорықпаса керек...», – дейді Абай. Адамдарға жақсылықты да, жамандықты да жаратқан құдай, бәрі құдайдың әмірі деушілікке түсінік бере келіп: «...жақсылықты, жамандықты жаратқан – құдай... ауруды жаратқан – құдай, ауыртқан құдай емес, байлықты, кедейлікті жаратқан – құдай, бай қылған, кедей қылған құдай емес деп, нанып, ұқсаң болар, әйтпесе – жоқ», – деп түйеді. Ж. с. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1977 ж. жинақта 1-абзацтың 1-, 2-сөйлемдеріндегі жалғау, жұрнақ, сөз өзгерістері 1905, 1907, 1910 жылғы қолжазба негізінде жасалған. 5-, 6-сөйлемдердегі бұрын **«Бір залалсыз момынды, ...кейбір ұры»** болып, жарияланып келген тіркестер 1905 жылғы қолжазба негізінде **«Ешкімге залалсыз бір момынды... қайда бір ұры»** деп жөнделген. 9 – сөйлемдегі **«жаманшылыққа бұрып»** деген тіркес 1905, 1907 жылғы қолжазбалар негізінде **«жамандыққа бұрып»** деп алынған. Бұрын **«жұрт та, мүлік те – бәрі құдайдың өзінікі»** деп жарияланып келген 1-абзацтың 11-сөйлемі 1910 жылғы қолжазба бойынша сол абзацтағы сөйлемдер жүйесіне лайық **«бәрі құдайдың»** деген тіркес алынып тасталып, ықшамдалып берілген. Сондай-ақ **«бәрін қылушыға қылдырушы өзі екен»** деген сөйлемдегі **«қылушыға»** 1905 жылғы қолжазба негізінде алынып тасталған. 2-абзацтың 1-сөйлемі 1905 жылғы қолжазба негізінде **«...әрбір ақылы бар кісіге иман парыз, әрбір иманы бар кісіге ғибадат парыз екен»** деп берілген. Бұрынғы басылымдарда бұл сөйлем **«құдай тағала әрбір иманы бар кісіге иман парыз, әрбір иманы бар кісіге ғибадат парыз деген екен»** деп оқылады.

Жиырма тоғызыншы сөз. Бұл сөзде Абай қазақтың кейбір мақалдарының мазмұнына ғыл. талдау жасайды. Ақын қазақтың «Жарлы болсаң, арлы болма!» деген мақалының мән-мағынасына тоқтала келіп, жалға жүріп мал тап деген ой айтпақ болса, еңбектеніп мал табудың несі ар? «Адал еңбекпен мал іздемек – ол арлы адамның ісі», – дейді. «Атың шықпаса, жер өрте» деген мақалды талдай келе жер өртеп, ел бүлдіріп, бұзық болып ат шығару мұрат па? – деп мінейді. «Алтын көрсе, періште жолдан шығады» деген мақалдың өз құлқынын құптап шығарған қулардың арам ойынан туғанын айтады. «Ата-анадан мал тәтті, алтынды үйден жан тәтті» деген мақалдың да мән-мағынасын әшкере-

лей келе, ата-анасын малға сатқан, ант атқан арсызды айыптайды. Абай мақалдың озығы бар, тозығы бар, «Білместікпен айтылған сөзден сақ болайық» дейді. Ж. т. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1977 жылғы жинақта 3-абзацтың 1-сөйлемінің 2-тіркесі 1905, 1907, 1910 жылғы қолжазбалар бойынша **«сұрауын тапса, адам баласының бермесі жоқ»** деп қабылданған. Бұрынғы басылымдарда **«бермесі»** деген сөз **«бермейтіні»** деп жарияланған. 1977 жылғы жинақта 2-сөйлемдегі **«жүріп»** деген сөз сөйлем жүйесіне лайық 1905 жылғы қолжазба негізінде алынып тасталып, ықшамдалып берілген. 6 – абзацтың 2 – сөйлемі 1905 жылғы қолжазба бойынша **«Ата-анасынан мал тәтті көрінетұғын антұрғанның тәтті дерлік не жаны бар?!»** деп берілген. Бұл сөйлемнің соңғы өзгертілген тіркесі бұрынғы басылымдарда **«...жанынан да малы қымбат екен»** деп жарияланған. Келесі сөйлемнің соңғы тіркесі 1905 жылғы қолжазбасы негізінде **«арсыздың қылығы емес пе?!»** деп алынған. **«Қылығы»** бұрынғы басылымдарда **«ісі»** болып беріліп келеді.

Отызыншы сөз. Адамның «Бес дұшпанының» бірі – мақтаншақтық деп есептеген Абай бұл сөзінде сол тақырыпқа қайта оралып, өзіне де, өзгеге де түк пайдасы жоқ, құр кеудемсоқ «қырт мақтан» дегенді тағы да бір сынап өтеді. Шынында да қазақ арасында «кімнен кім артық» деп біреуді менсінбеушілік, «Әйтеуір бір өлім» деп көкіп, қолдан келмес іске бас тіккенсіп, босқа бөсетіндер қай заманда да баршылық болған. Ақын осындайлардың бәрін де әшейін күпілдеп, біреуге қыр көрсетіп, айдындыру үшін қажет екенін айтады. Әйтпесе, «Өлімге шыдайтұғын қазақты көргенім жоқ» дейді. «Ой, енесін ұрайын, өліп кетпей неге керек?» деп бекерге өзін алдағанша, «ердің жадағайда-ақ сертке тұрғыштығы, малға мырзалығы, дүниені бір тиын есеп көрмейтұғыны, жомарттығы...» емес пе ер тұлғасын танытатын деп түсіндіреді. Сөзінің соңында мұндай қырт мақтаншақтарды «ұялмас бетке талмас жақ береді» деп, «көп былжыраған арсыз, ұятсыздардың бірі-дағы» деп бағалайды. О. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1-абзацтың 2-сөйлемінің **«не ақылдылығы, арлылығы жоқ»** деген соңғы тіркесі 1910 жылғы қолжазба бойынша **«не ақылдығы жоқ, арлығы жоқ деп»** берілген. 2-абзацтың 2-сөйлемінің соңғы тіркесіндегі **«аз»** деген сөз сөйлем мағынасына қарай 1905 жылғы қолжазба негізінде алынып тасталған.

Отыз бірінші сөз. Ақынның педагогтық, ұстаздық ойларының жемісі. Есітіп білгенді ұмытпай есте сақтау тәсілдерін санап көрсетіп, ойсыздық кеселдерінен сақтандыратын ойлар. «Естілген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселді нәрселерден қашық болу керек...» дейді Абай. О. б. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1977 ж. жинақта 1905 жылғы қолжазба негізінде **«Егер»** деп басталатын сөйлемдегі **«ой»**, келесі сөйлем соңындағы **«секілді»** деген сөздер сөйлем жүйесіне лайық алынып тасталған.

Отыз екінші сөз. Отыз бірінші сөздің жалғасы іспеттес. Шын мерейленіп, ықылас-жігермен ізденген адам ғана ғылымға жетеді, оның түпкі рахатына кезігеді дейді. Білімді адам бір қызық үшін, не пайда табу үшін емес, «білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет білсең және әр білмегеніңді білген уақытта көңілде бір рахат хұзұр хасил болады», соны ғана көздеу керек дейді. Ғылымға шын құмарланбай, бақастық үшін шұғылданса, шала мейірмен ізденсе, нәтижесі де шала болатынына көз жеткіземеді. Сондай-ақ адам еңбекпен тапқан, жетіліп алған білімді сақтау, құрметпен игеруі де керектігін, ғылым мен ақылды сақтайтын сауыт мінез екенін баса көрсетеді. «Сол мінез бұзылмасын!.. Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенде тұрарлық, мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл беріктік бір ақыл үшін, ар үшін болсын!» – дейді. О. е. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1977 жылғы жинақта 1-абзацтың 1-сөйлеміндегі **«талап қылушылары»** деген тіркес 1905, 1910 жылғы қолжазбалар бойынша **«талап қылушыларға»** деп берілген. 2-сөйлемнен соң 1905 жылғы қолжазба негізінде **«оларды білмек керек»** деген жаңа сөйлем қосылған. 1910 жылғы қолжазба бойынша 2-абзацтың 1-сөйлемінің **«ондаймұндай іске жаратар едім»** деп келетін тіркес сөйлем жүйесіне орай алынып тасталған. 8-абзацтың соңғы сөйлеміндегі **«беріктік»** деген сөз 1905, 1907, 1910 жылғы қолжазбалар бойынша алынып тасталып, **«бұл бір ақыл үшін, ар үшін болсын!»** – деп берілген.

Отыз үшінші сөз. Қазақтың қолы өнерлі адамын Абай әулие санайды. Мал – бір жұттық, ал өнер – мәңгілік. Бірақ, құдайдың берген аз-мұз өнерлі жандарының өзінде де қазақтық кеселдері болады. Оларды Абай санап береді. 1. Талапсыздық. Қолынан келгенге мәз, ал құдайдың берген қасиетін әрмен қарай жетілдіру, ұштауға қыры жоқ. Осы білгеніміз де жетер деп, соған мақтанып, алыстан өнер іздеп, менен де артық бар-ау, солардан үйренсем деген ой жоқ. 2. Еріншектік. Қолына бірер қара біте қалса, тоқмейілсіп, байлыққа бөккен кісімсіп, бойкүйездікке салыну. Мұндай адам бойындағы қасиетті жойып, жадағай болып қалады. 3. Тамыршылдық. Сәл нәрсеге алданып, «жоғары шыққа» мәз болып, тамырым, досым десе ішкен асын жерге қойып, соның ісімен жүріп, өзінің алданғанын білмей, далбасамен өмір өткізу. Сөйтіп жүріп біреуге борышты болып, басы дауға қалып жүргені. Сірә, мұндайлар тамыршылдау адамгершілігін әрі іскерлік деп түсінетін болуы керек. Абай өнерлі жандарға сүйсіне отырып, олардың іс-әрекетіндегі жоғарыда айтылған қазақтың кеселдерінен жойылатын жолдарын көрсеткен. О. ү. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Бұрынғы басылымдарда 1-абзацтағы **қазақтардың**, 2-абзацтағы **«осы қолындағы аз-мұзына мақтанамын»**, 3-абзацтағы **қара тапсы, еріншектік, жалқау салғырттық**, 5-абзацтағы **болымсыз нәрсені** деген сөздер 1977 жы-

лғы жинақта Мүрсейіт қолжазбаларына сәйкес тиісінше **қара табылса**, **еріншек**, **салдау**, **салғырт, болымсызын** болып алынған. 5-абзацтың 2-сөйлеміндегі **«қарық қыламын дегенге мәз болып»** деген тіркестегі **«дегенге мәз болып»** сөйлем жүйесіне орай 1907 жылғы қолжазба бойынша алынып тасталған.

Отыз төртінші сөз. Бұл сөз өмір мен өлім философиясы хақында. Жұрт өлімнің хақ екендігін, оның әманда адам әбден қалжырап қартайғанында ғана емес, кенеттен де кездесетінін және алла жанын бір алған пенденің о жақтан қайтып келмейтіндігін біледі, соған нанады, ал бірақ ақылына салып ой елегінен өткізіп барып нанбайды, амалсыздықтан, шарасыздықтан көнеді. Абай осы сұраққа жауап іздеген.

Адам баласы өмір мен өлім құпиясын барынша құлшынып білгісі келеді, бірақ ол ашылмақ емес. Сондықтан Абай жұрттың жаратқанның құдіретіне сеңдім дегеніне күмән келтіреді. Олақиқатқа беріліп сену бар да, жаратқан ісіне тағдыр жазуы деп сену барын айтып отыр. Дүниеге келген жанның өлмегін, о дүниелік болмағын, сол үшін жамандықтан ада, жақсылыққа жуық болуын жаратушы құдайдың қалауы деп сенеді. Бұл әлі ақиқатқа көз жетіп илану емес, адам бітім-болмысы, тағдыры осы деп мойындау. Сонда тағдырды мойындау оған алла жазуы деп бой ұсыну бар да, ақиқатты ұғынып барып сену бар. Осы соңғысының барына Абай күмән келтірген. Егер ақиқатқа көз жеткізіп ұйып сенсе, адамдар дүние қайғысынан ада болар еді. Олар әулиелік жолына түсіп, жалғандүниеден безініп, ахирет қамына, мәңгілік сенімге еніп, біржола мұсылмандық жолына түсер еді. Абайдың аңғаруы бойынша адамдардың ахиретке де, дүниеге де сенімдері бұлдыр. Мәселе осылай болғанда жұртты енді неге сендіре аламыз? Бұл мәселеге жауабымыз анық. Себебі, Абай былай дейді: «Кім де кім ахиретте де, дүниеде де қор болмаймын десе, білмек керек: еш адамның көңілінде екі қуаныш бірдей болмайды, екі ынтықұмарлық бірдей болмайды, екі қорқыныш, екі қайғы – олар да бірдей болмайды. Мұндай екі нәрсені бірдей болады деп айтуға мүмкін емес. Олай болғанда қай адамның көңілінде дүние қайғысы, дүние қуанышы ахирет қайғысынан, ахирет қуанышынан артық болса – мұсылман емес. Енді ойлап қарай бер, біздің қазақ та мұсылман екен». Сонда қазақ нағыз мұсылман ба? Реті келіп тұрған нәрсені ала қойып, құдайдың өзі кеңшілігімен кешірер деп дүние қуанышына енген адамға сенім бар ма? Абай тағы да ой тастайды: «Адам баласына адам баласының бәрі – дос». Олай болса мына «бес күндік» өмірде бір-біріңе қонақсың, дүниеге қонақсың, сөйте тұра, бір-біріңмен өшігіп, жауығып, не болса соған көрсеқызарлық жасап, дүние қуанышының өзін дұрыс бөлісе алмай жатқандарың алла ісіне лайық па? Мұндай қылыққа Абай наразы, екі сөздің басын қоса алмай, не өнері, не білімі жоқ, әншейін құр кеудемен «ой, тәңір-ай!» деп таласа бергеннің несі сөз? Оның несі адам?» – дейді. Ол құдай жолы деп тек ислам дініне сүйеніп айтып отырған жоқ, мұсылмандықтың негізі, оның ойынша, «адам адамға – дос» деген қағидаға сүйенген. Оны Абай дәлелдеп берген. Адамның болмысы баршаға ортақ, көрер қызығы, қайғысы осы екі дүние аралығында. Өмір мен өлім бәрімізге бір. Олай болса, адамға керегі мұсылмандық, имандылық. Бірақ оған адам қалай жетпек? Бұл сұраққа жауап жоқ. Себебі, нағыз мұсылман дүние қуанышын, дүние қайғысын ахирет қуанышынан, ахирет қайғысынан артық қоя алмайды. Олай болғанда ол мұсылман емес. Адам енді не істемек? Адамға керегі – дүниеге қонақ екенін сезіну, өзінің мәңгілік еместігін ұғыну, сондықтан «бес күндік» ғұмыр үшін бір-бірімен қырқыспайтын істер жасауға дағдылану. Міне, Абай ұсынған жол. Бірақ Абай бұл жолға түскендерді таба алмай, дүние қызығын тозаққа айналдырғандарды көріп, «оның несі адам?» деп күйінеді. Сөйтіп, адамның рухани болмысы, өмір философиясы туралы Абай тереңнен сыр қозғаған. Бұл әлемдік философияның мәңгілік тақырыптары, олардың шешімі аса күрделі, әзірше бұл мәселелерге айқын жауаптар жоқ. Бұлар адамның рухын қозғайтын, жетілдіретін мәңгілік филос. мәселелер. О. т. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған өзгерістер кездеседі. 3-абзацтың соңынан санағандағы үшінші сөйлемі 1977 жылғы жинақта 1905 жылғы қолжазба бойынша: **«...Жәбір қылуына лайығы бар ма?»** деп берілген. Бұрынғы басылымдарда **«Жәбір қылуға не лайығы бар?»** деп алынған. Сол абзацтың соңынан санағандағы 2-сөйлемдегі **«ауыз»**, **«шоқ»**, **«бала»** деген сөздер 1977 жылғы жинақта 1905, 1907 жылғы қолжазбалар бойынша алынып тасталып, сол сөйлем: **«Екі сөздің басын қосарлық не ақылы, не ғылымы жоқ»** – деп ықшамдалып қабылданған.

Отыз бесінші сөз. Адамдардың өлгеннен кейін махшарға баруы, ондағы жауаптастықтар туралы ой толғанған. Тірлікте өзі үшін өмір сүргендердің махшардағы жағдайлары жақсы болмасын ескертіп, бір құдайды риза етерлік адамгершілік, қайырымдылық, адал істер істеп өтсе, ол адам ахиретте қадірлі, шарапатты болады деген түйіндер жасайды. «Дүние үшін болғандарға айтар дейді... Мал бердім, өмір бердім, не үшін сол малдарыңды, өмірлеріңді, бетіңе ахиретті ұстап, дүниеде тұрып, жұртты алдамақ үшін сарып қылдыңдар!» Жалпы бұл сөзде Абай тірлікте ізгі істер істеп өтуге, кемтарларға көмектесуге шақырады. О. б. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Бұрынғы басылымдарда 1-абзацтағы **жомарт**, **шейіт**, **соларды**; 2-абзацтың соңғы сөйлеміндегі **дін ниетін**, **қылыңдар**; 3-абзацтағы **«ана»** деген сөздер 1977 жылғы жинақта Мүрсейіт қолжазбаларына сәйкес әрі сөйлем, сөз жүйесіне орай тиісінше **жомарт**, **мешіттерді**, **ден ниетін**, **қылдыңдар**, **әне** болып алынған.

Отыз алтыншы сөз. Иман, ұят деген ұғымдардың бірлігін, ар-ұятсыз иман-инабаттың жоқтығын айтып, «ұят» деген ұғымға көп тоқталады. Абай иманды, имансыз деген ұғымдарды ұятты, ұятсыз деген сөздермен шендестіреді, олардың мағыналас ұғымдар екенін ескертеді. Кімде ұят болса, онда иман да бар. Олай болса, «ұят – иманның бір мүшесі» дейді. Ақын екі түрлі ұяттың болатынын атап, оларға толық түсінік береді. Ұялатын жағымсыз ісі үшін ұялу бар. Ұялмайтын нәрседен ұялу – бар. Ұялмайтын нәрседен ұялу – надандық, ақылдың тапшылығы. Ұялатын нәрседен ұялмау – ақымақтық, надандық. Шын ұяты бар адамға аяушылық, кешірім керек. Кешірмеген (бұндайда) – дөрекілік. «Өлімнен ұят күшті» болатын жағдай да кездесетінін ескертеді. Қазақ арасында ұятсыз-

дық, арсыздық, имансыздық өрістеп жатқаны ақынды қатты қинайды. «Осы күнде, – дейді Абай, – менің көрген кісілерім ұялмақ түгіл, қызармайды да. «Ол істен мен ұятты болдым дедім ғой, енді нең бар?» – дейді... ұялтамын десең, жап-жай отырып дауын сабап отырады...»

О. а. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1977 ж. жинақта 1905 жылғы қолжазба бойынша 2-абзацтың соңынан санағандағы 3-сөйлеміндегі **«көздің»** деген сөз **«көзіңнің»**, 3-абзацтың соңғы сөйлеміндегі **«соның» – «осындай адамның»** деп берілген.

Отыз жетінші сөз. Абай бұл сөзінде көңілінде жүрген көрікті ойларын мақал-мәтел етіп өрнектеген. Соның негізінде көп нәрсеге мән бере тоқталып, дүниетанымдық көзқарастарын аңғартқан. Ақын «Қайғысыздан сақ бол» дейді. Қайғысыз адам – ойсыз жан. Қайғыны парықтамаған қуана да білмейді. Қайғы мен қуаныш егіз ұғымдар, бірінсіз бірі жоқ. Соңдықтан Абай қайғырудан да, ессіз қуанудан да сақтандырады. Не болса да мөлшермен болғаны адам ісі. Мөлшерден асқанның бәрі шайтан ісі. Адам болмысын терең барлаған Абай: «Тұрлаусыз ғашық – тұл»,– дейді. Ол ғашықтықты айтып отырған жоқ, «ғашық» туралы ой қозғаған. Тұрлаусыздық болған жерде ғашық жоқ. Бірақ ғашық болу үшін, оны тану үшін тұрлаусыздық туралы білім болуы да орынды. Себебі, ғашық – жүрек сенімі. Адам өзі жаратқан Алласына ғашық, қыз жігітке ғашық, бала әкесіне ғашық т. б. Ғашық ақыл өлшеуіші емес, жүрек сезінуінен туады. Ол ақылдан емес, сезім байлығынан туады. Соңдықтан ол тұрлаулы, егер де ғашық ақылға қатысты болса, онда оның тұрлаулы болуы екіталай. Ақыл деген – таным, ол қылшылдаған ұстараның жүзіндей тиген нәрсесін тіліп, тереңдей береді. Ол тоқтауды, қажуды білмейді. Дүниені тану шексіз, олай болса ақылда тұрақтылық жоқ. Оған тұрақтылықты сезім береді. Сезімде сенім болса, ақылда өткіншілік басым. Ақыл да өзен сияқты ағысы болмаса, ақыл болудан қалады. Ақылдың барлаушысы – сезім. Сезімсіз ақыл шолақ. Абай «Тұрлаусыз ғашық – тұл» дегенде сезімге құрылған ақыл туралы айтып отыр. Мақал-мәтелдерден өзге бұл сөзінде Абай филос. байламдар жасаған. Ақын «көп» туралы айта келіп «дүниеде бар жаман да көпте» дейді. Ол «көп» дегенді тобыр мәнінде айтқан. Сократқа у ішкізген, Ғайсаны дарға асқан көп. Олай болса, көпте ақыл жоқ. Оны ебін тауып басқару керек. «Көп» туралы Абай үлкен мәселе көтеріп отыр, көп айтты деп дүрмекке түсіп кетсең, аяғы опық жегізуге апарары сөзсіз. Ақыл Алла нұры десең ол көпке емес жеке адамға түседі. Санасында сәулесі бар жан қараңғы көптің өміріне жарық әкеледі. Тарихта үнемі осылай болып отырған, бұл заңдылық, одан асып ешкім әрекет ете алмайды. Абай «бағың өскенше тілеуіңді ел де тілейді, өзің де тілейсің, бағың өскен соң – өзің ғана тілейсің» деген ой түйеді. Шынында да бақты өсіруші өз еңбегің, тілеуқор елің. Бірақ үнемі солай болып тұра бермейді. Басыңа бақ қонған соң өзгеше заңдылық пайда болады. Оның себебі, сен көптен ақылыңмен ұзап, олардың алдына шығып кетесің. Көштің ең соңғы көлігіндегі отырған адам алдыңғы көліктегінің көргенін көре алушы ма еді. Бұл – бір. Екіншіден, адам болмысында бақыт қонған жаңға деген қызғаныш болады. Қызғаныш сезімі ақ пен қара сияқты, оның жақсылығы да жамандығы да бар. Жақсылығы сол – басына бақ қонған адам сақ, ісіне жауапты болады, жамандығы сол – бақ қонған жаңға қызғаныш жара салып, ой-өрісін тұсайды. Соңдықтан бағың өскен соң тізгін өз қолыңда, жанашырың да, сүйенерің де өз ақылың мен қайратың, өзгеден дәмеленген бос әуре. Абай адамдар арасындағы аса бір күрделі қатынастарды өзінше осылай түсіндірген. О. ж. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1905, 1907, 1910 жылғы Мүрсейіт қолжазбаларында «Насихат» деген атпен берілді. 1907, 1910 жылғы қолжазбаларда бұл сөз 15 нақылдан, 1905 жылғы нұсқада 16 нақылдан тұрады.

Мүрсейіт қолжазбаларындағы кейбір нақыл реті Абай жинақтарында ауысып басылып жүр. Мысалы, 1905, 1907 жылғы қолжазбалардағы 14 нақыл 1957 жылғы жинақта 13, 15 нақыл – 14, 16 нақыл 15 болып келеді. Оның себебі Мүрсейіт қолжазбаларының 1905, 1907, 1910 жылғы нұсқалары мен 1933 жылғы жинақта осы «насихат» аталатын сөздің 13 бабындағы ұзағырақ сөз 1940 жылғы басылымнан кейін дербес 45 сөз етіп беріледі. 1933, 1940 жылғы жинақтарда 24 баптан тұратын 37 (насихат) сөз соңғы басылымдарда 23 баптан (нақылдан) тұрады. 4-нақылдағы **«өзі»** деген сөз 1905, 1907 жылғы қолжазбалар бойынша сөйлем жүйесіне орай алынып тасталған.

Отыз сегізінші сөз. Абайдың осы сөзінде айтылған көптеген пікірлерді *«Алланың өзі де рас, сөзі де рас»*, *«Алла деген сөз жеңіл»* деген өлеңдері мен қырық үшінші, қырық бесінші сөздерінен де кездестіреміз. Бұл шығармалардағы Алла мен Адамға қатынасты пікірлер бұл сөзінде нақтылы әрі дәлелді айтылған. Бұл шығармасының негізгі идеясы туралы Абай: «Ғұмыр өзі – хақиқат. Қай жерде ғұмыр жоқ болса, онда кәмәлат жоқ»,– дейді. Нақтылы ой. Бар мәселенің кілті – ғұмыр. Тек ғұмыр болған соң ғана, өзге нәрселер туралы мазмұнды әңгіме жасауға болады. Алла, Адам туралы түсініктер ғұмырдан тыс емес, олар хақындағы ақиқаттар да ғұмырға тікелей қатынасты. Жалпы айтқанда ғұмыр дегенұғым болмыстың тұтастығын білдіреді. Ғұмыр болған соң Алла туралы түсінік, адам жөнінде толғаныс, адамның адамшылығын бейнелей алатын – махаббат бар. Ақын осылар туралы тарам-тарам білім, ғылым салаларын анықтап, ақиқат жолын нұсқаушылар: пайғамбарлар, әулиелер, хакімдер туралы өз ойларын ортаға салған.

Әуелгі сөз Алла тағала болмысына арналған. Абай ұғымында Алла болмыстың аталуы, «себебі, алла тағала өзі – хақиқат жолы» деген ол. Адамның ғылымы осы хақиқаттықтың растығын білу, оған құмар болу деген сөз. Бұл Алла ғылымы емес. Бар нәрселер хикметін анық білетін ғылым – Алла ғылымы. Адам ғылымы осы Алла ғылымына ынтықтықты білдіреді. Осы ынтықтықтың өзі адам ғылымына мазмұн болады. Бірақ, ол үшін Аллаға ғашықтық керек. Себебі, ғылым Алланың бір сипаты, ол хақиқат, ал оған ғашықтық адамға адамдық қасиет береді. Абай ғылым жолына түскен адамды хақиқат жолына, яғни Алла тағала жолына түскен жан деп санайды. Мыс., мал табу, пайда табу жолына түскендерден аллаға ғашықтық, яғни ғылым-білім хақиқаты табылмайды.

Хақиқат туралы ойын Абай Алла тағалаға иман келтіруден бастайды, ол «сен алла тағалаға алла тағала

үшін иман келтіремісің я өзің үшін де иман келтіремісің? Сен иман келтірмесең де алла тағалаға келер ешбір кемшілік жоқ еді», – дейді Абай.

Иман келтіру Алла үшін емес адам үшін қажет. Иман туралы он үшінші сөзде айтылғандықтан, оны арнайы талдаудың қажеті шамалы. Иман туралы сол он үшінші сөздегі ұғым сақталған. Алайда осы отыз сегізінші сөздегі Абайдың иман туралы тың ойы мынау: «Алла тағалаға ұқсай алам ба деп, надандық бірлән ол сөзден жиіркенбе, ұқсамақ – дәл бірдейлік дағуасыменен емес, соның соңында болмақ». Бұл бұрын кездеспеген тың ой. Ақын «болмасаң да ұқсап бақ, Бір ғалымды көрсеңіз, ондай болмақ қайда деп, Айтпа ғылым сүйсеңіз» деген ғой. Енді ғалым орнында Алла тағала тұр. Өзіңді аллаға ұқсатуды шарт қыл, – дейді Абай. Адам, сен Алланың құлысың, бірақ өзіңнің мұсылман болып нақты берілгенің рас болса Аллаға ұқсауды міндет ет. Ислам дін басшылары бұл қағиданы жаратпайтыны анық. Бұл тұста Абай екі мәселеде, қалыптағы ислам дінінің шегінен асып кеткен. Бірі, адамның тікелей алласына ұқсауға рұқсат жоқ. Арада елші – Расул-пайғамбар бар. Ұқсасаң, соған ұқса. Құл Иассауидің пайғамбар жасына келгенде жер астында өмір сүру рәсіміне көшкені, осы нәбигеұқсастықтан туған. Абай болса бұл мәселені ескермеген. Екіншіден, дін бойынша адам еркі шектеулі. Ол алла әмірі бойынша іске асатын адам әрекеті. Абай адамның Алла алдындағы бұл тәуелділігін «алып тастаған». Ол аллаға адамның ұқсауы туралы айтқанда адамның шексіз дамуы туралы әңгімеге ауысқан. Сол себепті, ол Алланың сегіз сипатына тоқталған. Олар: Хаят (тіршілік, тірі болу), Ғылым, Құдірет (күш), Басар (көру, көруші), Сәміғ (есту, етуші), Ирада (тілеу, қалау), Кәлам (сөздер), Тәкин (болдыру). Абай айтады: «Бұл сегізінен алла тағаладағыдай кәмәлат-ғазамат бірлән болмаса да, пендесінде де әрбірінен өз халінше бар қылып жаратыпты». Сондықтан адамның алласына ұқсауы таң қаларлық іс емес. Әрине, бұл сегіз сипат адам бойында тым тапшы. Міне, осы тұста Абай тағы да жаңашылдық пікір айтады. Осы сипаттар бойымызда зәредай болса да болғандығымыздан біз мұсылманбыз ба, әрине жоқ. Себебі, алла тағала ешбір сипатқа мұқтаж емес, мұқтаж болып отырған біз. Ол бізге анық білуге, алланы тануға (мағрифатулла үшін) қажет. Алланы біз ешқашан толық біле алмаймыз, бірақ осы сегіз сипаты арқылы өзінің білінгенін ғана білеміз. Тіптен алла тағаланың заты түгел, оның хикметіне (даналығына) ешбір хакім ақыл өрістіре алмайды. Оның себебін Абай былайша түсіндіреді: «Алла тағала өлшеусіз, біздің ақылымыз – өлшеулі. Өлшеулі бірлән өлшеусізді білуге болмайды. Біз алла тағала «бір» дейміз, «бар» дейміз, ол «бір» демеклік те – ғақылымызға ұғымның бір тиянағы үшін айтылған сөз. Болмаса да «бір» демеклік те алла тағалаға лайықты келмейді». Демек, Алланы ақылмен тану мүмкін емес, ақылымыз – шектеулі. Шектеулі ақыл мен шексіз шындық – алланы анықтау болмайтын іс. Алла «бір», «бар» деп жүргеніміз де Алла мазмұнын ашатын ұғымдар емес, біздің түсінігіміздің тиянағы үшін айтылған сөздер. Қысқасы, адам ойлап тапқан түсініктер. Әйтпесе, оның «бір», «бар» екені бізге беймәлім.

Сол сияқты Алла тағаланың сегіз сипатының мынаусы зор деп айтуға тағы да болмайды. Себебі, «ықтиярсыздық алла тағалаға лайықты емес». Бірақ сегіз сипаттан өзге Алла тағаланың мынандай есімдері бар: Рахман (жарылқаушы), Рахим (мейірімді), Ғафур (кешіруші), Уадуд (сүюші), Хафиз (қорғаушы, сақтаушы), Сәттар (айыпты жабушы), Разақ (рызық беруші), Нафиғ (пайда беруші), Уәкил (өкіл), Латиф (жақсы, кішіпейіл).

Алланы тануда (мағрифатулла) Абай екі тәсіл қолданған. Бірі нақлия (бұрыннан айтылып жүрген сөздермен) дәлелдері, екіншісі ғақлия (оймен, ақылмен) дәлелдері. Жоғарыда атап өтілген алла есімдері туралы айту нақлия. Ал ғақлия болса ақылмен, оймен алла құдіретін тану. Оның өзінде «Ғақлия дәлелім құдай тағала бұл ғаламды ақыл жетпейтін келісіммен жаратқан, онан басқа, бірінен-бірі пайда алатұғын қылып жаратыпты. Жансыз жаратқандарынан пайда алатұғын жан иесі хайуандарды жаратып, жанды хайуандардан пайдаланатұғын ғақылды инсанды жаратыпты». Жансыз және жандылардан махшарда, яғни ақырзаман болғанда сұрау жоқ, демек, олар күнәсіздер қатарында. Сұрау ақыл иесі адамнан ғана болмақ. Мұны Абай ғадалеттілік дейді. Себебі, адамды Алла махаббатпен жаратқан, ғаламдағы бар нәрсені адамға бағындырған, өзіне де ерекше сипат берген. Бұл мәселені Абай былайша дәлелдеп берген: «Адам баласын құрт, құс, өзге хайуандар сипатында жаратпай, бұл гүзәл сипатты беріп, екі аяққа бастырып басын жоғары тұрғызып, дүниені көздерлік қылып, өзге хайуандар секілді тамақты өз басымен алғызбай, ыңғайлы екі қолды басқа қызмет еттіріп, аузына қолы ас бергенде, не ішіп, не жегенін білмей қалмасын деп, исін алып ләззаттанғандай қылып ауыз үстіне мұрынды қойып, оның үстіне тазалығын байқарлық екі көз беріп, ол көздерге нәзіктен, зарардан қорғап тұрарлық қабақ беріп, ол қабақтарды ашып-жауып тұрғанда қажалмасын деп кірпік жасап, маңдай тері тура көзге ақпасын деп, қаға беруге қас беріп, оның жүзіне көрік қылып, бірінің қолынан келместей істі көптесіп бітірмекке, біреуі ойын біреуіне ұқтырарлық тіліне сөз беріп жаратпақтығы махаббат емес пе? Кім өзіне махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе?» Демек, иман дегеніміз яғни құдайға құлшылық ету дегеніміздің өзі қарызды өтеу. Адам алласына әманда қарыздар. Оны түсінбегендерде иман жоқ, ақыл жоқ. Ақылды адамда иман бар. Оны қалай түсінуге болады. Көптеген ақылды адамдар өзге дінге, өзге құдайға табынып, уағыздады. Оның шешімін Абай өзінше түсіндірген.

Абайдың иман келтіріп мұсылмандықты қабыл алған адамға қояр талабы өзгеше. Ол мұсылманшылықты ғадалетпен, махаббатпен түсіндірген. Қиянат болған жерде мұсылмандық жоқ дейді. Абай осы пікірін дәлелдеу үшін хадис шарифтен бірнеше аяттар келтірген. Олар: «Құдайдың бергеніне ой жібер», «Егер сен алланы сүйсең, о да сені сүйеді», «Адамдарға жақсы іс істе деп, жақсылық етіңіз деп бұйырыңыз, өйткені құдай жақсылыққа тартушыларды сүйеді». Сондай адамдар құдайға иман келтіреді, жақсы істер істейді, ондайлардың орны мәңгі жұмақта. Сондықтан Абай әділеттіліктен тыс болғанды алла тағала жолынан шығушылық, имансыздық деп насихат жасаған. Алланы тануда оның ғылымды, рақымды, ғадалетті, құдіретті екенін айырдық. Адамда да ғылым, рақым, ғаділет бар (адам құдіреті туралы Абай ешнәрсе айтпаған), бірақ, олардың үш сипаты бар. Олар талаптылық, мұсылмандық және адамгершілік. Жақсы адам

бойында және үш сипат болмақ, олар сиддық (шындық), кәрәм (ізгілік), ғақыл (даналық). Мұны Абай жауанмәртлік деп атайды. Бұл сипаттар шамамен әр адамның бойында бар, тек біреуде мол, біреуде шағын. Кей адамдардың осы сипаттарына Алла тағала рауаж (реттеу, пайдаға асыру) беріп гүлдендірген, олар пайғамбарлар, әулиелер, хакимдер. Абай осы үшеуінің іс-әрекеттеріне талдау жасаған. Пайғамбарлар құдайға құл болып, дін жолына түсіп, жалған ахиреттің қамы деген қағида ұсынды. Адам жалғанның қызығы емес, о дүние қызығына құмар болып, мағмұрлықты теріске шығарды. Әулиелер болса аллаға ғашық болуды насихат етіп, нәпсіге тиым салып дүние қызығынан өздерін аластатты. Хакимдер болса дүниеде тиетін пайдасын сөйледі, ғибрат (үлгі) айтты. Сонда кімдерді тыңдап, кімдердің соңынан ермекпіз. Жоғарыда айтылған үш хаслатты (сипат) кімдердің бойынан табуға болады дегенге келгенде Абай өзінше пікір қорытқан: «...менің ойыма келеді, бұл екі тайфа әр кісі өздеріне бір түрлі нәпсісін фида қылушылар деп... Бұлай болғанда малды кім бағады, дұшпанды кім тоқтатады, киімді кім тоқиды, астықты кім егеді, дүниедегі алланың пенделері үшін жаратқан қазыналарын кім іздейді?» Абай нақтылы сөйлегенді жаратады. Нәпсіні фида қылушылықтың өзі, анығында алла жолы емес. Себебі, нәпсіні ерекше қасиет ретінде адамға жаратушысы берген. Егер, сол алла берген нәпсіні пайдаланып, қызығын көрмесе, алла әміріне қарсы шығушылық. Мәселе, нәпсіні дер кезінде тия білу, меңгеру өзге іс. Жалпы нәпсіні теріске шығару мұсылмандық емес. Тіптен өмір сүруден, дүние пайдасынан қашқақтау да мұсылмандыққа жатпайды. Малды құдай адам қажеті үшін жаратқан, ендеше оны бағып-қағу, өсіру, пайдаға асыру да алла ісі. Тіптен дүние туралы ой болмаса ел елдігінен айрылып, кәпірлерге жем болып, дүние ойран болмақ. Сондықтан Абай: «Ғұмыр өзі – хақиқат. Қай жерде ғұмыр жоқ болса, онда кәмәлат жоқ» дейді. Абай әулиелердің бәрінің бірдей дүниені тәркі етпегендігін де айта кеткен. Оған ислам әлемінен мысалдар келтірген. Бірақ, оның ынтасы пайғамбар мен әулиелерге қарағанда хакимдерге ауа береді. Ол: «Адаспай тура іздеген хакимдер болмаса дүние ойран болар еді...Бұлардың ісінің көбі – дүние ісі, ләкин осы хакимдердің жасаған, таратқан істері әддүния мәзрәғәтул – ахирет дегендей, ахиретке егіндік болатын дүние сол».

Хакимдердің артықшылығын мойындау – діннен шығу. «Алла бір, пайғамбар хақ» деген қағидаға бұл түсінік сыймайды. Хакимдердің діні әр түрлі болуы ықтимал. Бірақ осы хаким дегендер бір дінде, бір сенімде болды ма екен? Айталық, Абайдың өзін хаким деп мойындасақ, оның дәстүрлі мәндегі мұсылмандығына шүбә өте көп. Ол өзін кәміл мұсылманға жатқызған. Оған бірнеше дәлелдер келтірген. Біріншіден, 13-сөзде иман-таклиди, иман-якини туралы сөз болғанын айттық. Ғалымдардың айтуымен иман келтіруді иман таклиди дейміз. Яғни, бұл ғалымдардың нақлия дәлелдері арқылы аллаға сену, ал хакимдердің ғақлиялық дәлелдері арқылы аллаға сеніп иман келтіруді иман якини дейміз. Яғни иман-якини дегеніміз алланы терең түсініп барып илану. Абай «ғалым» мен «хакимді» ажыратқан. Оның айтуынша «әрбір ғалым – хаким емес, әрбір хаким – ғалым». «Ғалым» дегенге Абай мынандай түсінік берген: «Дүниеде ғалым заһири бар, олар айтылмыштарды нақлия деп те атайды, бұл нақлияға жүйріктер ғалым атанады». Ғалымның айтар сөзі нақлия. Ғалым дүниені білуші, танушы сол хақында айтушы. Хаким туралы Абай өзгеше айтқан. Құдай дүниеде еш нәрсені себепсіз жаратпаған. Сондықтан Абай: «...әрбір істің себебін іздеушілерге хаким ат қойдырар» дейді.

Міне, хакимнің ғалымнан да, пайғамбар, әулиеден де ерекшелігі сонда. Хаким қандай істің болмасын себебін іздеуші. Абай әр істің себебін табушы демейді, өйткені, себеп – алланың құпиясы. Сонда Абайдың мұсылмандығы ерекше талдауды қажет етеді. Анығында ол «мұсылмандық» дегенге нақтылы түсінік берген. Оның мұсылмандығы ортодоксиялық ислам түсінігімен сай келе қоймайды. Себеп іздеу деген адамды сенімнен шығарады. Дәстүрлі дінде аллаға сену керек, ешқандай себеп іздеудің қажеті шамалы. Ал, Абай болса иман келтірудің өзінен себеп іздеп отыр. Екіншіден, Абай мұсылмандықтың мынандай бір өлшемін тапқан: «...дінде басшымыз құдайдың елшісі пайғамбарымыздың хадим шарифі, хайрун-нас мән йанфағун-нас (адамның жақсысы адамға пайда келтірген адам) деген». Мұндай адамды Абай хаким деп атаған. Сонда нағыз «кәміл мұсылман» – хакимдер. Бұлардың діні қалай аталады? Міне, осы сұрақ күні бүгінге дейін шешімін таппай келеді. Әркім өз дініне берілген, олар бірі-біріне іштей де сырттай да наразы, әрқайсысы өктемдік іздейді. Адамға тек жақсылық әкелетін дін қайда? Абай дінге жаңалық енгізу жағында болған. Олай дейтініміз, оның өзі хаким, яғни, себеп іздеуші. Ол біреудің айтқанына еріп иланатын жан емес, өзі іздеп, айырып барып, ақыл тоқтатқан данышпан. Ол пайғамбар, әулиелер туралы айтқанда, оларды мүлдем жоққа, теріске шығарып отырғаны жоқ. Алла мен адам арасындағы елші-нәбилердің, тән әрі жан тазалығын қастерлеген әулиелердің қажеттігі ерекше. Олар болмағанда дүниенің мағмұрлығы (қызық, әдемілігі) адамды хайуандандырып жіберуі ықтимал. Абай айтады: «дүниенің мағмұрлығы бір түрлі ақылға нұр беріп тұратын нәрсе», – дейді. Бірақ, дүние қызығы адамды тура жолдан бұруы ғажап емес. Адам боп жалпы аталғанмен әрбір жан өзгеше. Абай: «...өзіне өзгешелік бермек – адам ұлын бір бұзатын іс», – дейді. Өзгеше боламын деу – мақтанға бастайды. Ол күншілдік туғызады, күншілдік күншілдікті қозғайды. Әрине, біреуден асамын деп әрекет жасау жаман іс емес, біреу оны мақтанға айналдырып, өзіңді-өзің босқа қинасаң, ол – надандық.

Абай бұл сөздің соңында моральдық мәселелерге тоқталған, өзі айтпақшы нақлия сарынына түскен. Мыс., «...адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар, олар: надандық, еріншектік және залымдық», –

дейді. Оларға анықтама берген. Бұл ғылымда пәлендей жаңалықтар емес, ғибрат сөздер, ол еріншектікке мынандай өте мәнді түсінік берген. «Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады». Сөз соңында ғибадат туралы айтылған. Онда ғақлиялық ойлар жоқ, ғибрат үшін жазылған нақлия. Оны Абайдың өзі де сезіп, сөзді «Жә, бұл сөзден, не ғибрәтлендік?!» деп аяқтаған. О. с. с. алғаш ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Мүрсейіттің 1905, 1907 жылғы қолжазбаларында бұл сөз «китаб тасдих» деп аталады. 1977 жылғы жинақта сөз, сөйлем жүйесіне орай төмендегідей өзгерістер енгізілген. Бұрынғы басылымдардағы 2-абзацта: **хақиқат жол, адамның білімі, ынтықпенен болады**, 3-абзацта **«адамшылыққа инанбақтық өзің үшін я келтірсең»**, 4-абзацта **«тәкин»**, 5-абзацта **«еш нәрсеге ешбір адам баласының, әдеби болуға жарамайды, олықтиярсыздық, ынтымақпенен, болатұғын, есептеуге бинаэн, ақылды, ақыл адам баласы»**, 6-абзацта **«алатұғын адам баласының тауысылмас азығы»**. 7-абзацта **«қылмағың дәлелдер, нысап, халықтармен және нысап һәмма»**, 8-абзацта **«екеуі пікірлемектің, ғибратламақ, есептемекті, сипатпенен»**, 10-абзацта **«хадиске, қойған»**, 11-абзацта **«тарақан істері»**, **«Пәрбір»**, 14-абзацта **«залалды»**, 25-абзацта **«есебіне»**, 31 абзацта **«егер»** деген сөздер мен тіркестер 1977 жылғы жинақта: **хақиқат жолы, адамның ғылымы, білімі ынтықбірлән табылады, адамдыққа инанбақ, я өзің үшін иман келтірсең такуин, ешбір нәрсеге, еш адам ұғылының, әбди болара жарамайды, ықтиярсыздық, иттифакбірлән, болатұғын еді, хисаплауға, бинаһи, ғақылды, ақыл иесі адам баласы беретұғын, адам баласына тауысылмас азық, қылмақтығын, дәлелдур, ынсап, қылықтармен, һәм инсап, ол һәмма, екісі, пікірленбектің, ғибратланбақ, қисапламақты, сипатбірлән, аятына, қойдылар, таратқан уа айтқан істері, Пәм әрбір, зарарлы дур, хисабына кірше, кіршә** деп берілген. 3-абзацтың соңына 1905, 1907 жылғы қолжазбалар негізінде жаңадан **«Пайданы қалайша алуды білмек керек»** деген жаңа сөйлем қосылған. 5-абзацтың 2-сөйлемі бұл басылымда 1905 жылғы қолжазба бойынша **«жә»** деген сөзбен басталады. Абзацтағы айтылатын мәселенің логик. жүйесіне орай **«Жансыздарды етіауырмайтын...»** деп басталатын сөйлем жинақта 1905 жылғы қолжазба бойынша **«Хайуандарды асырайтұғын жансыздарды етіауырмайтын...»** болып берілген. Сондай-ақ, 9-абзацтың 3-сөйлемі 1905, 1907 жылғы қолжазбалар негізінде **«Уа»** деген сөзбен басталады. Бұрынғы басылымдарда **«Уа»** түсіп қалған. 1905 жылғы қолжазбада сөз соңында **«Язушы молла Мүрсәһит Біке марқум ұлы»** деген жазу бар.

Отыз тоғызыншы сөз. Бұл сөзде ұлттық мінез туралы терең ойлар айтылған. Абай өз замандастары мен ата-баба мінездерін салыстыра отырып, өз туыстастарының өткендерге қарағанда ілгері екендігін мойындайды, сөйте тұра, осы күнгілерде ата-бабаның екі мінезі жоғын айтады. Бұл мінездердің жоқтығынан қазақ қауымының адал ісі алға баспай отыр. Жұрттықтан кетіп барамыз, сайтандыққа салына бастадық дейді.

Ол қандай мінездер еді. Бірі – «Ерте заманда,– дейді Абай,– ел басы, топ басы деген кісілер болады екен». Ел арасындағы барша болмысты солар реттеп, басқарып отырушы еді. Ел басыға жұрт сеніп, қарапайым шаруа өз жұмысымен болушы еді. «Бас-басыңа би болсаң, манар тауға сыймассың, басалқаңыз бар болса, жанған отқа күймессің» деп, «екі тізгін, бір шылбырды бердік сағаң» деген соң ел басы, топ басылар да азбайтын, ел құрметімен санасатын. Осы тұста Абай бір үлкен мәселенің басын ашып кеткен. Ол қазақ ауылының әлеум. құрлымы туралы. Қазақ ауылы қандас туыстардан құрылады, сондықтан ел басы жетесіз болмаса өз бауырының қамын жемегенде қайтпек? Оның әділ болмауына бұлтақ жол да жоқ. Ал осы мінезден қазақтар Абай заманының өзінде-ақ неге айрылып қалды? Себебі, ендігі жерде ел билігі ел басының қолында емес, орыс әкімдері қатысуымен жоғарыдан ұсынылып сайланатын болыстың қолында не бар. Адамды жазалау, соттау т. б. орыс әкімдерінің еркінде. Өзін-өзі басқаратын ел болмағандықтан қазақтарға сайтандық ене бастаған. Сөз ұғар, сөзге тосылар қауым жоқ. Елбасы, топбасының орнына саңырауқұлақтай қаптап пысықтар, қу мен сұмдар пайда болды. Мінез ұсақталды, сондықтан намыс деген аруақты сөз жер болды, бұл қазір жойылған екінші мінез. «Аты аталып аруақ шақырылған жерде,– дейді Абай, – ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салады екен». Сондықтан да халық «ағайынның азары болса да безері болмайды», – дейді. Міне, осы екі мінез жоқ,– дейді Абай. Данышпанның бұл ойына таң қаласың, «Ендігілердің достығы – бейіл емес, алдау, дұшпандығы – кейіс емес, не күндестік, не тыныш отыра алмағандық»,– дейді Абай. О. т. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Бұрынғы басылымдарда 1-абзацтың 3-сөйлеміндегі **«Әлгі екі ғана тәуір ісін»** деген тіркес 1977 жылғы жинақта сөйлем жүйесіне лайық 1905 жылғы қолжазба негізінде: **«Әлгі екі мінезін»** деп өзгертіліп ықшамдалып алынған. 4-сөйлемдегі **«екі ғана мінезін»** деген тіркес 1905, 1907, 1910 жылғы қолжазбалар бойынша **«екі ғана тәуір мінезін»** деп толықтырылып берілген. **«Тәуір»** деген сөз бұрынғы басылымдарда түсіп қалған. 3-абзацтың 2-сөйлеміндегі бұрынғы басылымдарда **«Аты аталып...»** деген тіркес Мүрсейіт қолжазбаларында **«Ат аталып»** деп жазылған. 1977 жылғы басылымда да солай қабылданған.

Қырқыншы сөз. Абай бұл сөзін өз замандастарына қойылған сұрақ түрінде жазған. Сұрақ бере отырып ойланту, сол заманның келеңсіз көріністеріне философ. астар беру мақсатын ұстанған. «...Өлген кісісінде жаманы жоқ, тірі кісісінің жамандаудан аманы жоқ» қазақ та ет пен сүйектен жаралған пенде, алтынның қолда барда қадірін біле бермейді, ал тіршілік дауынан аулақтап, өз еншісін алып, бақи дүниеге аттанған адамды мақтауға сараңдығы жоқ. Өз-өзіңді жаттай сыйлау, бар болсаң көре алмайтын, жоқ болсаң бере алмайтын ағайын, ет үйренген жақсылық пен мейірім – шапағаттың, тындырылған істің еленбеуі, кедейліктің – еңбек етіп мал табуды ар көрумен егіз екендігі, бәсекесіз ұлылықтың жоқтығы, жұрт көзіне сырттан көрінү үшін «қылығының қылшығын танитын» кісіден аулақ

жүру; тоқалдың өр болатыны – байына қадірі; кеселді кісінің ер келетіні – ерлікті өзі жасамай, ер болып көрінетіні, кедейдің кер келетіні – желкеге мінген кер жалқаулықтың түспейтіні; адам санасына табиғи, шын сөзден көрі тыңнан қисындастырылған, ойдан шығарылған әңгіменің әсерлеткіш келетіні секілді замана қалыптастырған әлеум. мінез бен кісілік қасиет төңірегінде ой толғайды.

Абайды пысықтың ел билегені, онымен бірге «пысықтың бәрі кедей келетұғыны» қатты толғандырады. Бұл арада «пысық» деп отырғаны – алдау-арбау, аңқау елге арамза молда болу жолымен билікке қолы жеткендер. Адам басына қонатын бақ пен дәулеттің баяңды болуы кісілікке, текке, тұқымға тартатыны, ал «пысықтықпен» көтерілген биіктің тұрлаусыз екендігі Абайдың ой астарынан айқын аңғарылады. Оның «пысықтың бәрі кедей келетұғыны несі» деп мысқылдай таңырқауы тегін емес. Тақырға шөп шықпайтыны, жабы шауып бәйгі алмайтыны өмірдің өз философиясы. Қ. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1977 жылғы жинақта 7-абзацтың 1-сөйлеміндегі бұрын **«...баласы жасырақ болса»** деп жарияланып келген тіркес 1907 жылғы қолжазба негізінде **«қай баласы жасырақ болса»** деп берілген. 12-абзацтың 1-сөйлемі бұрынғы басылымдарда **«алмайды»** деген сөзбен аяқталатын болса, 1977 жылғы жинақта 1907, 1910 жылғы қолжазбалар негізінде **«алыспайды»** деп берілген, ал 17-абзацтағы **«өз үйіне кісі келгенде»** деген тіркес 1905, 1907 жылғы қолжазбалар бойынша сөйлем жүйесіне сәйкес **«өз үйіне кісі барғанда»** деп қабылданған.

Қырық бірінші сөз. Абай айтады: «Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керек. Онсыз осы дүниеде сенің ұсақ-күйкі тірлігіңде асқан қызық бар деп не айтып, не зорлап көндіре алмайсың. Күштеп, зорлап балаларын медресеге беріп, ғылым жолына түсіру үшін осы істерді атқармақ адамның қолында бек зор өкімет болуы шарт. Бұл – бір. Екіншіден, ол адам есепсіз бай боларға керек». Себеп, ата-аналарына пара беріп, балаларын тағлым жолына салу керек. Бірақ бүкіл қазақты паралап алу қай кісінің қолынан келмек. Ондай дәулет қайда. Міне, тұйыққа тірелу. Осы тұйықтан қалайша шығуға болады, оның жолын таппаған Абай: «Етінен өткен, сүйегіне жеткен, атадан мирас алған, ананың сүтіменен емген надандық әлдеқашан адамшылықтан кетірген» деп налиды. Бұл амалы таусылған адамның сөзі. Тегінде, Абай айтқан билік пен байлық ұлттық мүддеге құрылған мемлекеттің қызметі, ондай мемлекеті жоқ, басы бодандыққа түскен, саяси еркіндігінен, өзін-өзі басқарудан аластатылған қазақтың надандықтан шыға алмауы да түсінікті. Осыны жанымен ұға келе Абай: «Енді не қылдық, не болдық?», – дейді. Мұндай әлеум. қайшылықтың шешімі саяси күресте, халық өз бостандығы үшін күресуі қажет, ақын ондай мәселелерді көтермеген. Қ. б. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Бұрынғы басылымдарда 2-абзацтың 1-сөйлеміндегі **әуелі бар болу керек**; 5-абзацтағы **сүтімен емген**, 6-абзацтағы **бұрылмайды** 1977 жылғы жинақта Мүрсейіт қолжазбаларына сәйкес тиісінше **әуел бар кісі керек**; **сүтіменен біткен**; **бұрыла алмайды** болып алынған.

Қырық екінші сөз. Абайдың бұл сөзі «Қызмет қылып мал таппай, ғылым оқып ой таппай», қыдырып қарын тойдырғанға мәз замандастарын, феод. дәуір болмысы тудырған қоғамдық кеселді сынауға арналған. «...Шаруаға пысық, мал бағуға, мал табуға пысық – ол өнерлі кісіге қосылмайды, я өзі пәле шығаруға пысық, я сондайлардың сөзін «естігенім, білгенім» деп елге жайып жүріп, айтып ырбаңдауға пысық өнерлілерге қосылғандай көрінетініне» ұлы ақын жаны ауыра қынжылады. Мұндайларға «байлық та мақтан емес, ақыл, абырой да мақтан емес, арыз бере білу – мақтан...». Осылайша «пысық» атанып, салт атты сабау қамшылы кедей болса да байдың қолтығына кіріп, төрдегі орын, тәуір ат, майлы етке қолы жеткен, байдың «мұны қайтеміз» дегеніне ақыл бергіш алаяқтар ел ішін бүлдіргеннен басқа ешнәрсе істемек емес. Абайдың осы «пысықтар» жайындағы ой орамы «Сабырсыз, арсыз, еріншек» атты өлеңінде көркем көрініс тапқан. Өз ұрпағын өркендеген ел соңынан сүйреп, «мыңмен жалғыз алысқан» Абай кейбір шығармаларындағы өзекті ойын оқырман санасына жеткізе түсу мақсатымен қарасөзге айналдырып отырғанға ұқсайды. «Сабырсыз, арсыз, еріншек, Көрсе қызар, жалмауыз, Сорлы қазақ сол үшін, Алтыбақан алауыз» – бұл сол феодалдық дәуір «пысықтары» салған зобалаң, әр заманда өзінше жаңғырып отыратын кесел. Ақын өкініш сырын «Расы жоқ сөзінің, ырысы жоқ өзінің», мұндайлар «кімді ұялып аясын» деп түйіндейді. Қ. е. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1-абзацтың 3-сөйлеміндегі **«бір жылқының майын сұрап мініп, тамақ аңдып»** деп жарияланып келген тіркес 1977 жылғы жинақта сөйлем жүйесіне орай 1910 жылғы қолжазба негізінде **«...бір жылқының майын мініп, тамақ асырап»** деп берілген. Осы абзацтың соңғы сөйлеміндегі қисынсыздау тұрған **«айтып»** деген сөз 1905 жылғы қолжазбаға сәйкес алынып тасталған. 3-абзацтың 1-сөйлемінің соңғы тіркесі 1905, 1910 жылғы қолжазбалар негізінде **«Арыз бере білу, алдай білу – мақтан»** деп алынған. Бұрынғы басылымдар мен 1907 жылғы қолжазбада **«алдай білу»** түсіп қалған.

Қырық үшінші сөз. Адам жан мен тәннен құрылған, бұл – Абайға дейінгі замандардан белгілі шындық. Ақын осы екеуінің ортасында болатын жибили және кәсибиге тоқталған. Адамның табиғи биол. қажеттіліктерін өтеуімен қоса, білмекке құмарлықты да ақын жибили деген. Кәсибиге Абай ақыл мен ғылымды жатқызады. Бірақ, жибили мен кәсиби бес түйсіктер әкелген сыртқы ортаның қажеттерін көңілге түсіргенде бірігіп кетеді. Мұнда ерекше орын алатын жибили қуаты.

Абай жибили қуатты «жан қуаты» дейді. Ол әуелде шағын болғанымен, адам есейген сайын зорая берсе керек. Алайда ол қуаттың ескерусіз қалып, жоғалмаса да ешнәрсеге жарамайтын болуы ықтимал. Мұндай жағдайда қазақта сөз дайын «Құдай тағала өзі ақыл бермеген соң қайтейік?» немесе «Құдай тағала сенімен мені бірдей жаратып па?» деп өзінің надандығын, талапсыздығын құдайдан көру осы жан қуатының кемігендігінің айғағы. Адам

ішіп-жеп тән қуатын ғана ойламай, жан қуатын да жетілдіру үшін қам жеуі қажет.

Абай жан қуатының үш элементін айтқан. Сірә, оның осы тақырыпта зерттеген, оқыған кітабы орыс тілінде болса керек, сондықтан ол үш элементті былайша атаған: «подвижной элемент» – бұл тез ұғыну деген сөз; «сила притягательная однороднаго» – ұқсас нәрселердің бір-біріне тартылуы; «впечатлительность сердца» – мұнда төрт нәрсеге мұқият болу керек, олар мақтаншақтық, пайдакүнемдік, жеңілдік, салғырттық. Бұлардан жүрек таза болғанда әр нәрсенің сәулесі жүректің айнасындай анық раушан болып түседі. Олай болғанда жүректің айнасы бұзылады, дұрыс ұғым қалыптаспайды. Бұл айтқандардың бәрі жан ғылымына (психологияға) қатысты. Абай өз заманындағы психол. еңбектермен таныс болғаны айқын көрініп тұр.

Ақын жан қуатына талдау бере келіп тән қуаты туралы терең ой айтқан. Тән қуаты оның ұғымында ішкі емес, сыртқы нәрсе. «Әр нешік тән қуатыменен сырттан ауып, сыртта сақтайсыз, оның аты дәулет еді», – дейді ол. Қазақтың «бай бір жұттық» дегені осы. Байлық адамның өзінен-өзге күйде күн кешпейтін жан қуаты емес, сыртқы дүние. Дәулеттің неше түрлі кеселі, кесепаттары бар. Соларды білсең, санаңмен ұқсаң ғана дәулетке ие бола алмақсың. Абай сонымен бірге ақыл мен ғылымның да неше түрлі тигізер кесел, кесепаттары барын айтқан. Оны білмесең, жақсылықтан қайыр жоқ. Абайдың айтары әрбір нәрсенің өз өлшемі бар, одан асуға болмайды. Өлшеуін білмек – бір үлкен керек іс. Бұл өте терең пікір. Жақсылықтың өзі өлшемнен асса, жамандыққа өтеді. Әр нәрсенің өз өлшеуі бар. Осы ойға орай Абай бұрынғы ғалымдар айтты деген мақал келтірген: «ненің қызығын көп іздесең, соның күйігін бір тартасың». Енді осы өлшеуді кім анықтамақ дегенге келгенде Абай пайда, залалды айыратын қуаттың аты ақыл дейді. Бірақ, жалғыз ақыл аздық етеді, ол қайратпен қосылуы керек. Осы екеуі кімде болса, жан қуаты мен тән қуаты тең болғаны. Егер бірі болып, бірі болмаса басы қатты асау ат, жүгенсіз тауға ұра ма, тасқа ұра ма, суға ұра ма, жарға ұра ма – құдай білсін, – дейді Абай.

Ақыл мен қайратқа ие болмаған адамның өзінде еркі жоқ. Ол тағдыр тәлкегіне түсіп кете баратын қаңбақ секілді жан. Қ. ү. с. алғаш рет 1933 жылғы жинағында жарияланды. Басылымдарында текстол. өзгерістер кездеседі.

Бұрынғы басылымдарда 1-абзацтағы **адам баласы, нәрсемен, ол екеуі**; 3-абзацтағы **естіген нәрсеңді**; 4-абзацтағы **таба алмайды**; **әрбір болады жоғалмайды**; 5-абзацтағы **деген**; **қуат**; **адам баласы**; 6-абзацтағы **аталады**; **есіттің**; 8-абзацтағы **нәрселерден**; 10-абзацтағы **однородного менен күллі зарлар**; **қуатымен** деген сөздер 1977 жылғы жинақта тиісінше **адам ұғылы**; **нәрсе бірлән**; **ол екеуінің**; **естіген көргеніңді**; **таба алмады**; **балада да**; **жоғалады**; **дейтұғын қуат**; **адам ұғылы**; **аталур**; **не есеттің**; **нәрседен**; **однородного бірлән**; **да күллі зарар**; **қуаты бірлән** болып Мүрсейіт қолжазбаларына сәйкес алынған.

Қырық төртінші сөз. Абай бұл сөзінде «талап» атауына философ. категория түрінде талдау жасайды. Талаптың көзі – адам баласының, қалай болғанды, істеген ісінен қанағат табуы, «басына қадір іздеуі», көңілдің «бәрекелді» деушіні іздеуі болып табылады. Осы жолда сараңдықпен, арамдықпен әйтеуір мал тапсам, «мал тапқан ердің жазығы жоқ дей-тұғын» – талап. «Ер атанамын, біреу қажеке атанамын, біреу молдеке, біреу білгіш, қу, сұм атанамын» деп сол харекетте, «осыным бірсыпыра елеу азық болар» деген талаппен жүргендер де бар. Енді бір талап бар – ол қазақтың тамырын ұстап-ұстап қарап, «мынаны алып келіп берсе, қымбат алғандай екен, осы күнде мына бір істің біраз пұлы бар екен» деп «қазақтың бетінен оқып, ізденген талап». Мұның бәрі кітаптың бетінен оқып іздеген талап емес.

Көкірек таза болмаған жердегі талаптың өзгеге шапағат нұрын төкпейтіні ләзім. Осыдан келіп, Абай рухани тазалық, жан мәдениеттілігі жоқ жердегі талаптың тоғышарлық сипатын терең ашып береді. Қ. т. с. алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1977 жылғы жинақта 1-абзацтың 3-, 4-сөйлемдері 1910 жылғы қолжазба бойынша **«һәр талаптың өзі де түрлі-түрлі»**, **«һәм сол талаптардың қайсысының соңына түссе де, бірінен-бірі өнерлі тұрлаулырақ келеді»** деп алынған. Бұл сөйлемдер бұрынғы басылымдарда **«талаптың өзі де түрлі-түрлі болады және сол талаптардың қайсысының соңына түссе де, бірінен-бірі өнерлі тұрлаулырақ келеді»** деп бір тұтас сөйлем күйінде берілген. Бұрынғы басылымдарда **«Осыған қарай біреу ер атанамын, біреу қажеке атанамын, біреу молдеке, біреу білгіш, қу, сұм атанамын деп сол харакетте жүр»** деп жарияланып келген абзацтың 5-сөйлемі 1905, 1910 жылғы қолжазбалар негізінде 1977 жылғы жинақта **«Осыған орай біреу қажеке атанамын, біреу молдеке атанамын, біреу батыреке атанамын, біреулер білгіш, қу, сұм атанамын деп сол харакетте жүр»** деп қабылданған. Осы абзацтың 7-сөйлеміндегі **«кітаптың бетінен»** деген тіркес 1905, 1907 жылғы қолжазбалар негізінде **«кітап бетінен»** деп берілген.

Қырық бесінші сөз. Абайдың «құдай» туралы ұғымы өте кең. Ол бүкіл адам баласының мыңдаған жылдар бойы сеніп келген діндерін мансұқ етпей, олар да бір «үлкен құдай» барын білген, соған құлшылық еткен, – дейді. Сонда әрбір дін сол «үлкен құдайға» жетудің жолдары, тәсілдері болмақ. Абайдың бұлай деуіне дәлел неше мың түрлі діндердің бәрі де ғаділет пен құдайға лайық аты деп мойындауында. Пенде жаратушының көмекшісі, олай болса, біз оның қасиеті ғаділет пен махаббатына ынтық болуымыз керек. Нағыз құдай жолы, жаратқанды мойындау осы. Адамды адамнан жоғары қоятын байлық емес, билік емес, Алланың хикметін кім де кім анығырақ сезінсе, сол биік болмақ. Алла хикметі – ғаділдік пен махаббат. Бұл сезімдерсіз өмір жоқ. Бұл сезімдер кімде толығырақ болса, ол – ғалым, ол – ғақыл. Адам жанынан ғылым шығара алмайды, – дейді Абай. Ол дүние болмысын сезіп, көзбен көріп, ақылмен біліп барып ғылым жасамақ. Мұндай философияны Батыста пантеизм деп атаған. Бірақ Абай пантеизмінің өзіндік ерекшелігі бар. Ол дүниені жаратқан құдай дегенмен, оны хикмет – ғаділет пен махаббат дегенмен адамға осы жаратылып қойған нәрселерді тануда, ғаділет пен махаббат сезімдерін толығырақ сезінуде адамға еш шек қоймайды. Бұл тұста құдай таным тиянақтығы үшін алынып, оның хикметі адамгершілік қағидасы болып, дүниедегі

нақтылы сезінуші, танушы, әрекет етуші адам болып отыр. Былайша айтқанда, мәселе Алла туралы емес, Адам болмысы туралы. Абай дүниетанымында Адамның құдайға құлшылығы емес, Алланың адамға берген хикметі негізгі сөз. Адам болса Алла хикметін сезіну керек, бұл оны Құдайға құлшылығынан босатады. Алланың хикметін сезіну, соның жолында болу. Ол үшін адамға қажетті сезімдер ғаділеттілік пен махаббат. Бұл – гуманизмнің басты қағидалары. Осы ойлары арқылы Абай бір діннің шеңберінен, бір дін дүниетанымынан асып кетіп, адамзатқа тән ойлау жүйесіне түскен. «Адамзаттың бәрін сүй бауырым» деуі осы айтылған ойлардың дәйегі. Мүрсейіт қолжазбаларының 1905, 1907, 1910 жылғы нұсқаларының қай-қайсысында да «насихат» сөзінің 13-нақылы ретінде берілген. Абай шығармаларының 1940 жылғы басылымынан кейін дербес сөз ретінде жарияланып келеді. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі.

1-абзацтағы **«әр түрлі қып»**, 2-абзацтың соңғы сөйлеміндегі **«нандым»**, **«нандырамын»** деген сөздер 1905, 1907, 1910 жылғы қолжазбалар негізінде 1977 жылғы жинақта **«әр түрлі»**, **«инандым»**, **«инандырамын»** деп берілген.

Б. Ғабдуллин (27 – сөз).
Ғ. Есімов (1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 11, 12, 13, 14, 18, 22, 24, 25, 33, 34, 37, 38, 39, 41, 43, 45).
С. Қалиев (10, 15, 19, 29).
Т. Рсаев (17, 30).
Х. Сүйіншәлиев (16, 20, 21, 23, 26, 28, 31, 32, 35, 36).
И. Хасенов (40, 42, 44).

«ҚАРАСӨЗДЕР КІТАБЫ» («Книга слов») – Абайдың «Жазушы» баспасынан 1992 ж. орыс тілінде жарық көрген ғақлия сөздерінің жинағы.

Кітаптың 2-бөліміне «Ұмыт қалған кісінің жазбалары» деген жалпы атаумен Шәкерімнің бір топ еңбектері берілген. Жинақты «Ядролық сынақтар мен экологиялық апаттар» қоры және «Қазақстан» өркендеу қоры шығарған. М. Курганцевтің «Сезімтал жүрек» деген кіріспе мақаласымен ашылады. Ғақлия сөздерін аударғандар: Қ. Серікбаева мен Р Сейсенбаев. Кітап көлемі 4,87 б. т., 100 мың дана болып басылған.


ҚАРАТАЕВ Мұхаметжан Қожасбайұлы (1910 ж. т.) – әдебиет зерттеушісі, сыншы-ғалым, Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның академигі, Қазақстан Республикасының еңбек сің. ғылым қайраткері. Қ. Абай шығармаларын 30-жылдардан зерттей бастады. «Пушкин мен Абай» («Қазақ әдебиеті», 1937, 16-ақпан), «Пушкин қазақ әдебиетінде» («Әдебиет майданы», 1957, № 2), «Жүз жылдан кейінгі Пушкин» («Әдебиет майданы», 1936, № 11–12) деген мақалаларында Абай мен Пушкиннің ақындық ұлылығын, идеялық туыстығын, Пушкиннің Абайға және қазақ ақындарына әсерін сөз етті. Қазақстан совет жазушыларының 1 пленумында «Қазақ әдебиетіндегі сынның міндеттері» деген баяндамасында («Қаз. әдебиеті», 1937, 16, 30-мамыр) Қ. баспасөздегі Абай туралы, оның ақындық тұлғасын танудағы жаңсақ пікірлерді сынға алады. Қ. «Ұлы Абай» деген мақаласында («Туған әдебиет туралы ойлар». – А., 1958, 123–132-б.) ақынды өз заманының прогресшіл, алдыңғы қатардағы қоғам күрескері деп бағалады. Келешекті кеңінен шолған ақын халқын орыс халқымен ынтымаққа бағыттады. Пушкин орыс әдебиетінде қалай құрметтелсе, ұлы Абайды қазақ халқы солай бағалайды дейді. Сыншы Абай туралы жазғандарында оның халық мұңын жоқтаушы екенін, орыстың зиялыларынан өзі үйреніп, өзгелерді де соған үндейтінін қуаттап отырады. Қ-қа «Шығармашылық алда» кітабы үшін Абай атынд. Қаз ССР Мемл. сыйлығы берілді (1974). *Р. Сыздықова.*

ҚАРАТАЙ Сапақұлы (1806–94) – Тобықты елінің Көкше руынан. Атқамінер, би және ауыл старшинасы болған. Қ. ат-жалын тартып мінген кезде Құнанбайдың айтқанын істеп, оның ықпалында жүреді. Майбасар болыс, Құнанбай аға сұлтан болған кезден бастап аралары суысып, бір-бірімен жауығып өтеді. 1876–84 ж. аралығында Үзікбай Бөрібайұлының Абайдың үстінен жоғарыға жазған арыздарында Абайды да іліктіріп, қара күйе жағып отырады. Қ. Абаймен сөз де қағысқан. Бұл жайында М. Әуезов Абайдың 1940 ж. шыққан өлеңдер жинағында бірер мысалдар келтіріп өтеді. Қ. ақынға қарсы топ ұйымдастырушылардың бірі ретінде көрсетілді. Дау үстінде «Менің заманым пайғамбарға жақын» деген Қаратайды Абай: «Алатаудың басы күнге жақын. Бірақ басында мәңгілік қар жатады. Төменде, сайында неше түрлі өсімдік, неше алуан жеміс шығады. Рақым, жақсылыққа алыс жер, алыс заман жоқ, Қайда болса да жетеді. Сіз пайғамбарға Ғазірет елінің әкесінен жақын емессіз. Ол көпір болған», – деп сөзден тоскан. *М. Бейсенбаев.*

ҚАРАУЫЛ – Семей обл. Абай ауд-ның жеріндегі шағын өзен. Шыңғыс тауынан басталады. Ақын ауылы осы өзеннің бойын жиі жайлаған. Абай өзінің «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген тарихи еңбегінде қазақтардың арғы тегі хақында айта келіп: «Қашан Маңғұлдан Шыңғыс хан шыққанда, қазақтар құтты босынға барыпты. Бірақ қай жерде барғаны мағлұм емес, сүйтсе де, осы Шыңғыс тауында, әскері Қарауыл өзенінің бойында жатып, он екі рудан он екі кісі маңғұлдың өз заңы бойынша «Хан» деген үлкен биіктің басында, ақ киізге Шыңғысты отырғызып хан көтерген дейді», – деген мағлұмат береді.

«ҚАРАШАДА ӨМІР ТҰР...» – Абайдың 1894 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 6 шумақтан тұрады. Гуманист ақын адам өмірі, жастық пен көрілік, жақсылық пен жамандық, адалдық пен арамдық сияқты кереғар ұғымдардың арақатынасы жөніндегі пайымдауларын одан әрі өрістетеді. Негізгі ой жасы жер ортасынан ауып, самайын қырау шалған ақын атынан баяндалады. Ақын жастықты май айының шуақты шағына теңейді. Сол жастықтың енді қайтып келмесін еске ала отырып, ендігі жастарға сипаттама береді. Олардың әлеум. бейнесін жасайды. Тұла бойы арамдыққа тұнған жандардың қасында «момынның» көрген күні аянышты, бар ауыртпалық соның еншісінде. Момынның өмірлік қағидасы сол заманның психологиясынан мүлде төмен жатыр. Ол да жақсы өмір сүру үшін арсыз, айлакер болу керек деп ұғады. «Арсыз болмай атақ жоқ» деген Абай түйіні осыған саяды. Өз айналасының түбегейлі мәселелерін мүсіндеуде бұл өлең Абайдың шынайы реалистік шығармаларының қатарынан орын алады. Өлеңде белгілі бір ортаның өмірінен алынған шындықтың суреті бар.

Өлең шалыс ұйқаспен өрнектеліп, 7 буынды дәстүрлі үлгімен жазылған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген *«Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі»* атты жинақта жарияланды. Өлең басылымдарында текстол. өзгерістер кездеспейді. *Б. Өбдіғазиев.*



Абай портреті. Г А. Аткнин мен А. П. Аткнина. 1965–66 жж.



Семей қаласындағы Абай музейінің ғимараты.



Абай Құнанбаевтың Жидебайдағы мұражайы.



Семейдегі Ә. Молдабаев үйі.



Н. В. Гоголь атындағы кітапхана.



Алматы. Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театры.



Абай атындағы Семей облыстық музыкалық драма театры.



Демалыс бөлмесі.



Еркежанның бөлмесі.



Ә. Молдабаев үйіндегі Абай бөлмесі.



Жұмыс столы.



Ақынның домбырасы.



Тоғызқұмалақ.



Дойбы тақтасы.



Кітап сөресі.




Ақынның ат арбасы.



Ақынға барон Таубе сыйға тартқан мылтық.



Жидебай. Ас үй.




Ақынның сағаты.



Ақын үйінің ыдыс-аяғы.



Шыңғыстау алқабы.



Киіз үй жанында отырған Абай. Ә. Қастеев. 1934.



Абай достарының ортасында. Ә. Ысмайылов. 1950.



Абай. Ұлы жүз (Құлмұхаметов М. Ы.).



Абай. Б. Мырзахметов. 1985.



Семей. Абай алаңындағы ақын ескерткіші. Д. Г Элбакидзе. 1977.



Жидебайдағы Абай қабірінің басына орнатылған ескерткіш. И. В. Крестовский. 1968.



Ақын аналары – Зере мен Ұлжан мазары.



Жидебай мұражайы ауласындағы Абай ескерткіші.




Ә. Молдабаев үйі ауласына орнатылған Абай ескерткіші. Е. Сіргебаев. 1970.



Алматы. Абай алаңындағы ескерткіш. Скульптор Х. Наурызбаев, арх. И. И. Белоцерковский. 1960.

Абай бұл өлеңіне ән шығарған. Бұл әнінде жалғыздық пен сағыныш сезімі бейнеленіп, композитордың жарқын өмір мен мәдениетке үндеген биік парасатты асқақ ойлары мен терең сезім сырлары көрініс



Нота. (Қарашада өмір тұр. 1-түрі).

тапқан. Әнді 1944 ж. Алматыда *Ж. Елебековтен* Л. Хамиди жазып алып, нотаға түсірген. Оның екінші түрін Мәкен Мұқамеджанованың айтуы бойынша Қ. Жүзбасов нотаға хаттаған. Әннің осы екі түрі бірбірінен сәл өзгерістері болмаса, негізгі түпнұсқасы тұтастықты танытады. Әннің әуен-сазы мен ырғағы құрылысы жағынан төрт жолды өлең кестесін негізге алса, қайырмасы халық әнші-ақындарының тәсілдерімен үндес, сарындас. Ән өлшемі мынандай: 5/4, 4/4, 5/4, 4/4, 4/4, 6/4; 4/4, 5/4, 4/4, 6/4, 4/4, 6/4, 4/4, 6/4. Өлең ағылшын, белорус, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, тәжік, түрікмен, ұйғыр тілдеріне аударылған. *Қ. Жүзбасов.*

«ҚАРАША, ЖЕЛТОҚСАН МЕН СОЛ БІР-ЕКІ АЙ...» – Абайдың 1888 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 9 шумақтан тұрады. Бұл Абайдың пейзаж лирикасының ішіндегі таңдаулы шығармаының бірі, көшпелі қазақ аулының әлеум. жіктелісін, тұрмыс айырмашылығын анық көрсеткен мазмұны терең, көркемдігі жоғары, идеясы биік туынды. Мал сүмесімен күн көріп отырған елдің шаруашылық әрекеті, тіршілік тәсілі, табиғат қабағын бақкан мінезі салған жерден аңғартылады. Көп нәрсенің түп қазығы өріске, жер жағдайына байланған, өмір сүру, тірлік кешу, жан бағу – бәрі де осыған келіп тіреледі. Ақын күн суып, ауа райы бұзылып, күз созылып, қысқа аяқ басқан шаруашылыққа қолайсыз бір шақтағы қалт-құлт еткен ауыл өмірінің қоңторғай суретін реалистік дәлдікпен, нақты адамдар тұлғасы арқылы, тірі, жанды, әрекетті күйінде, буын бұрқыратып алдыңа тартады. Табиғат суреті мен адамдар қимылы жымдаса бейнеленген.

Өлеңде Абайдың әлеум. көзқарасы айқын, бай мен кедей тап өкілдері өз атымен аталып, әрқайсысының тіршілік қалпы, мінезі нақты іс-әрекетімен, қимыл-қозғалысымен көрінеді. Ертеңгі күннің қамын жеп, үнем жасап, қыстауға қонбай, күзеуде ықтырмада отырған бай, мал бағып далада жүрген кедей, жылынуға отын таба алмай, бүрсең қағып, тоңған иді жылытып, тон илеп, шекпен тігіп отырған байғұс әйел – осы жалпы сурет бірте-бірте тіпті айқындалып, жаңа бояулармен толығып, көшпелі қазақ ауылының тұтас бейнесіне айналады. Ұлы ақын, ұлы суретші Абай назарында бәрі бар: маздап жанған от болмағандықтан, қақтана алмай азынаған кемпір-шал, көзінің жасы аққан кедей баласы, ептеп кәрі қой сойған, айналасына киіз тұтқан жылы үйдегі байдың баласы, кедейге берген орта қап қара қый – осының күллісі ескілікті өмір салттың қанық бояулы бөлшектері. Көшпелі ауылдың таптық айырмасын ашық айтқан, бір жақта байлық, бір жақта жоқшылық барлығын өмірдің өз суретімен дәл көрсетіп берген үлкен реалист ақынның шын ықыласы қорланғандар, тапталғандар жағында, бүйрегі кедейге бұрып, жүрегі сыздап тұр. Ақын кедейге байдың дәулетін берсе қолынан, бермесе жолынан тартып ал, қырат, бұз, жой демейді, байды да, кедейді де ымыраға, бірлікке, келісімге шақырады. Өлең 11буынды қара өлең үлгісімен жазылған. Алғаш 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Мүрсейіт қолжазбаларында 2-шумақтың 3-және 4-жолдары **«Мұздаған иін жылытып, тонын илеп, Шекпен тігер қатындар бүрсең қағып»** делінсе, басылымдарда бұл жолдар 1909 жылғы жинақ негізінде **«Тоңған иін жылытып, тонын илеп, Шекпен тігер қатыны бүрсең қағып»** деп алынған. Мүрсейіт қолжазбаларында 3-шумақтың 1-жолы **«Жас балаға отын жоқ тұрған маздап»** болып берілсе, 1909, 1954 жылғы басылымдарда **«Жас балаға от та жоқ тұрған маздап»**, 1933, 1939, 1945, 1957 жылғы жинақтарда **«Жас балаға үйде от жоқ тұрған маздап»** деп алынған. Мүрсейіт қолжазбаларында, 1933, 1939, 1945 жылғы басылымдарда 3-шумақтың 4-жолы **«Бір жағынан қысқанда жел де азынап»** болса, 1945, 1957 жылғы жинақтарда 1909 жылғы басылым бойынша бұл жол **«Бір жағынан қысқанда о да азынап»** делінген. 1939, 1945 жылғы басылымдарда өлеңнің жазылған кезеңі – 1889 ж. деп көрсетілген. Туынды қарақалпақ, орыс, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған. *Р. Нұрғалиев.*

ҚАРАШЕВ Омар (Ғұмар, 1876–1921) – ақын. Оның «Ойға келген пікірлерім» (Уфа, 1910), «Қарлығаш» (Қазан, 1911), «Тумыш» (Уфа, 1911), «Бала тұлпар» (Уфа, 1911), «Аға тұлпар» (Орынбор, 1914), «Тұрымтай» (Уфа, 1918) тәрізді шығармалары және «Өрнек» (Уфа, 1911) атты қара сөзбен жазылған публицистик.-филос. шығармалары жарық көрді.

...Алғашқы кітаптарында ақындық қуатын онша терең танытпаған Ғұмар «Бала тұлпар» мен «Аға тұлпарда» шеберліктің біраз үлгісін көрсетеді. Бұл тұста ақын Бұқар, Дулат толғауларының, Мұрат өлеңдерінің жыр өлшеулерін, сарынын, халықтың ауыз әдебиетінің сөз айшықтарын пайдаланумен бірге өзі де көп ізденеді. Ол шұбыртпалы жыр арқылы да қатпар-қатпар күрделі ойларды қиюын тауып жеткізіп береді. Рас, кейде Шәңгерей әсері де сезіліп қалады. Бірақ Ғұмар оны жалаң қайталамайды, небір тың теңеулер, тапқыр салыстырулар қолданады, дамыта әрі тереңдете отырып қолданады. Жалпы алғанда Қ. поэзиясын оның алдында өткен және сол тұстың ақындарының дәстүрлерінен бөлектеп, даралап алып қарауға болмайды...

Оған Абай әсері болғаны да даусыз. Абай поэзиясындағы кейбір сыншылдық, әшкерелеушілік сарындар Қ. өлеңдерінде бой көрсетіп отырады. Бірақ Абай поэзиясын нағыз классик. дәре-

жеге көтеріп, оған өлмес-өшпестік қасиет бітірген кемел белгілер, халықтық және реалистік сипаттар Ғ. Қарашев поэзиясынан табыла бермейді. Бұл орайда Абай әсерін Қ. өлеңдерінің түр өзгешеліктерінен, өлең жасаудағы техникасы мен шеберлігінен, бейнелі сөз орамдарынан, ақындық айшықтардан көбірек іздеу қажет.
Абай сарыны ара-тұра Ғұмардың тұтас өлеңдерінен де ұшырасып қалады. Мыс., «Тұрымтай» жинағына беташар ретінде берілген мына бір үш шумақ өлеңді алып көрелік:

«Аяңшыл аттың бипылы
Қалпағың алшы кигізер.
Аршынды үйдің сылқымы
Жүрегің тартып сүйгізер.

Үлгілі сөз – бір сұлу қыз,
Теңіне тегін берілер.
Тең табылып, салса көз,
Таранар сұлу, керілер.

Саналы жүрек, терең ой,
Түбіне зейін сала бер.
Алдыңда сұлу сынды бой,
Мал берместен ала бер».

Мұнда гәп тек өлеңнің қазақ поэзиясына Абай енгізген шалыс ұйқасты өлшеумен жазылуында ғана емес. Сонымен бірге одан Абайдың ақын туралы, ақындық өнер мен шабыт туралы өлеңдерінің лебі есетінін байқауға болады. «Жүрегің тартып сүйгізер», «Таранар сұлу, керілер» немесе «Саналы жүрек, терең ой» деп келетін айшықты сөз тіркестері құлаққа да, көңілге де Абай сарынын әкелетіндей. Қ-тің Абайдан үйрене отырып, өзінше өлең өрнектерін жаңғыртып құруға, өзгеше етіп жасауға талпынғаны да бар. Мыс., «Тастаған жарға» өлеңінің әр шумағы он тармақтан, яғни, он жолдан тұрады. Оның 1-жолы мен 3-жолы, 2-жолы мен 4-жолы, 6-жолы мен 8-жолы, 7-жолы мен 9-жолы және 5-жолы мен 10-жолы ұйқасып келіп отырады:

«Жарым... Жаным...
Бұл қалай?
Жалғызым... барым...
Бұл қалай?
Ұмыттың ба құдайды?
Асығым менің,
Бұл іске,
Кәрібім менің
Бұл күшке
Жүрегім нағып шыдайды?...»


Өлеңнің ырғағында да өзгешелік көп. Қазақтың байырғы өлеңіндей немесе Қ-тің өз поэзиясындағыдай емес, бұл өлеңде тониканың элементтері бар, ауызекі сөйлеу тілінің интонациясына жақын. Тағы да бір мысал келтіріп қаралық:

«Сарғайған жүз,
Сағынған жүрек,
Шалдыққан көз,
Жалынған тілек
Алдында тұр... міне...

Қан солды,
Шаршадым, біттім;
Мезгіл толды,
Уағданды күттім –
Маған айтарың не?...»

Бұл өлең, сөз жоқ, ырғағы, өзгеше әуені жағынан Абайдың «Ем таба алмай», әсіресе, «Сен мені не етесің?» деп аталатын өлеңдерімен жақындық, ұқсастық сездіреді.
Әрине, бұлайтылғандардан Қ. – Абайдың реалистік дәстүрлерінің тікелей мұрагері деген ұғым тумайды. Сөйтсе де, көркемдік форма саласында оның Абай тәжірибесіне үңілгендігі, пайдаланғаны да күдік туғызбасқа керек. *А. Нұрқатов.*

«ҚАРҒА МЕН БҮРКІТ» («Қой жайылып жаздыкүн...») – Абайдың 1898 ж. И. А. Крыловтан аударған мысал өлеңі. Көлемі 41 жол. Аудармада түпнұсқа мазмұны толық сақталған. Бүркіт қия бетте жайылып жатқан қойларға сорғалап келіп түседі де, бір қозыны іліп алып жөнеледі. Мұны көрген балапан қарға «қап, тырнақты былғап ілген соң, жілігі татитын ірісін, семізін ілмей ме, Бүркіттер де азған екен» деп мықтымсиды. Қандайын, қалай ілу керек екенін мен көрсетейін деп, өзі жалп етіп барып, қошқарға қонады. Бірақ көтеріп әкетпек түгіл, оның жабағы жүніне ілінген тырнағын ажырата алмай қолды болады. Қойшылар ұстап алып, құйрығын кесіп құнтитып, қанатын кесіп шұнтитып, балаларға ойынға береді. Мысалда қарға сияқты шамасын білмей пәлеге шатылатындар, «әлін білмес әлектер» әшкереленген. Мысал арқылы «Азат басың болсын құл, қолдан келмес іске ұмтыл» деген кекесінмен тұжырымдалады. Крылов тісқаққан сұмдар момынды жеп құтылып жүр, солардай болам деп тыраштанған тәжірибесіз ақымақтар тұтылып жүр десе, Абай бұдан басқашалау түйін жасаған. Бүркіттің қозыны не мақсатпен ілгенін, қайда әкеткенін ашыңқырап «Құздағы қиын ұяға. Екпіні күшті ер үшін, Еңбек қылды жем үшін Ұядағы балаға» деген жолдарды қосқан. Өлең 6–8 буынды, аралас ұйқас үлгісімен кестеленген. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Аударма текстол. өзгерістерге ұшырамаған.
Т. Қожакеев.



Нота. (Қарға мен бүркіт).

Абай «Қарға мен бүркіт» өлеңіне ән шығарған. Әнді 1948 ж. проф. Б. Ерзакович Семей облысы Жарма ауданының тұрғыны, ақын Қосенбек Байгутдиновтың айтуы бойынша нотаға түсірген. Ән музыкасы орыс әндерінің сарынын елестетеді. Бұл әннің де ерекшелігі: мелодиялық саз үні дәстүрлі 7–8 буындар тізбегінде қалыптасып, әндете шырқап айтуды қажет етеді, әр бунақтың соңғы буыны созылып айтылады, кварта-квинталық секірмелі муз. интонациялар дәстүрлі қазақ әндерінен бөлекше естіледі. Ән формасы 3/4, 4/4, 3/4, 3/4, 4/4, 3/4 муз. өлшем негізінде орындалады, сабырлы, кең тынысты мәнерде айтылады. *Қ. Жүзбасов*

«ҚАРҒА МЕН ТҮЛКІ» («Боқтықта талтаңдап...») – Абайдың 1898 ж. И. А. Крыловтан аударған өлеңі.

Орыс ақынының «Ворона и лисица» атты мысалының Абай аударған 2-түрі. Мысал көлемі түпнұсқада 26 жол болса, аудармада 55 жол. Ақын мысалдың жалпы мазмұнын толық сақтап, жыр үлгісімен еркін тәржімалаған. Соған қарамастан Абайдың мысал-өлеңінде тыңнан қосылған жолдар кездеседі. Аударма:

«Боқтықта талтаңдап,
Жан-жаққа жалтаңдап
Бір қарға жүр еді» –

деген түпнұсқада жоқ жолдармен басталған. Мысалдың басындағы шумақ мүлдем түсіп қалған. Өлеңді оқып шыққан оқырманның өзі ойланып қорытынды шығару меңзелген. Әр сөздің, сөйлемнің мағынасын сол күйінде аудару мақсат тұтылмай, негізгі ой мен мазмұнға сақталған. Мысал өлеңнің түпнұсқасының буын саны әр түрлі, көбіне 12–13, ал аудармада 6–7 буынды, аралас ұйқас үлгісімен жазылған. Өлең алғаш рет ақынның 1940 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. 1954 жылғы жинақта туындының ең соңғы жолы **«Жеріңді бол күлкі»** ретінде берілсе, қалған басылымдарда бұл жол **«Жеріңде бол күлкі»** делінген. *Д. Ысқақов.*

«ҚАРҒА МЕН ТҮЛКІ» («Жұрт біледі, күледі») – Абайдың 1898 ж. И. А. Крыловтан аударған мысал өлеңі. Мысал көлемі түпнұсқада 26, аудармада 47 жол. Ақын мысал мазмұнын толық сақтап, буын санын азайтып, жыр үлгісімен тәржімелеген. Мысалдың алғашқы жолдарындағы айтылар ойдың түп қазығын қазақ оқырмандарына ұғымды етіп, оп-оңай жеткізеді. Түпнұсқада қошеметшілердің жылпостығы, айла-амалы әлемге аян бола тұрса да, олардың қашанда жол тауып, сан соқтырып кететіндігі айтылады.

Сәлғана өзгерістері болмаса, аудармадағы ой өзегі де осы. Абай орыс ақынында жоқ «күледі», «өкіну» сөздерін енгізу арқылы мысалдың негізгі ойын айқындай түскен. Түпнұсқада ірімшік тауып алған қарға таңертеңгі асын жеуге қамданды десе, аудармада қарғаның «қарны аштығы» айтылады. «Бір жеп алып, шүкірлік қылайын деп аллаға» деген ұғынықты жолдарды ақын өз жанынан қосқан. Ал түлкінің қарғаны алдап түсіру мақсатымен айтқан қошемет сөздері Абай аудармасында мүлдем құлпырып кеткен. Абайдың тәржімелеуіндегі:

«Өзіне біткен өңешін
Аямастан қарқ етті,
Ірімшік жерге салп етті,
Қу кетті, іс бітті» –

деген жолдар өлең аудармасының классик. үлгісі болып табылады. Түпнұсқасының буын саны әр түрлі, көбіне 12, 13 болса, аударма 6, 7, 8, 10 буынды, аралас ұйқас үлгісінде кестеленген. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарық көрді. Мысал өлеңнің басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1945 жылғы басылымда 13-жол **«Тойып алып, шүкірлік»**, 16-жол **«Ойлап қарап тұр еді»**, 20-жол **«Жақындап барып барлады»**, 35-жол **«Әншілігің білінді»**, 42-жол **«Қуанғаннан бүртініп»** болып берілсе, кейінгі басылымдарда Мүрсейіт қолжазбалары бойынша бұл жолдар **«Бір жеп алып, шүкірлік»**, **«Ойланып қарап тұр еді»**, **«Ептеп барып барлайды»**, **«Әншілігің белгілі»**, **«Қуанғаннан бөртініп»** түрінде айтылған. Тек 1954 жылғы жинақта 35–42 жолдар 1945 жылғы басылыммен бірдей. Сондай-ақ 1945 жылғы басылымда мысал өлең **«Түлкі мен қарға»** деген атпен жарияланса, кейінгі басылымдарда Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы жинақ негізінде «Қарға мен түлкі» түрінде берілген. *Д. Ысқақов.*

ҚАРСЫ МӘНДЕС СӨЗДЕР (антонимдер). Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы келетін сөздерді Абай көркемдеу, образ жасау құралы ретіндеұтымды пайдаланған. Ақын дүниеге көзқарасын ізгілік пен жамандық, өмір мен өлім, қастық пен достық, білімділік пен надандық сияқты кереғар іс-әрекет, құбылыстарды көрсету арқылы білдірсе, бұлардың тілдегі көрінісі – Қ. м. с пайдалануы заңды. Абай Қ. м. с. баршасын дерлік образды күшейту үшін қолданған. Мыс., «Ішім өлген – сыртым сау, Бүгінгі дос – ертең жау» деген жолдардағы барлық сөздер қос-қос Қ. м. с. болып келеді: **іш – сырт**, **өлген – сау**, **бүгінгі – ертеңгі**, **дос – жау**. Кейбір сөздердің нақты мағынасын қатарындағы Қ. м. с-ге қарап тануға болады. Мыс.: «**Оқыған** білер әр сөзді, **Надандай** болмас ақ көзді» дегенде **оқыған** сөзінің семантикасы жалпы бір нәрсені оқыған адам емес, **сауатты**, **көзі ашық адам**. Мұны бұл жердегі **надан** Қ. м. с. білдіреді.

Кейбір сирек қолданылатын, жеке тұрғанда мәнмағынасын екінің бірі тап басып біле бермейтін сөздердің де Абай қолданысындағы семантикасын Қ. м. с-іне қарап, оңай ұғуға болады. Мыс., шәргез сөзінің жөнсіз, қыңыр, шәлкес мағынасы «Надан жөндіге жөн келмей, Білер қайдағы шәргезді» дегентармақтарынан танылады. Сол сияқты: Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар деген сөйлеміндегі тасыр сөзі жалпы түсініктегі есер, алаңғасар, тасырлаған (адам) ғана емес, еш нәрсеге ынтасы, талпынысы жоқ, еш нәрсені білмекке құмарлығы жоқ адам деген семантик. реңкі бар сөз екенін оның осы сөйлемдегі талапты Қ. м. с-і көрсетеді. Тіпті Қ. м. с. ұғымдарды «Алла мықты жаратқан сегіз батыр» деп жұмбақтап, оның шешуін: «Қыс пенен жаз, күн мен түн, тақ пенен жұп, Жақсылық пен жамандық – болды сегіз» деп өзі береді. Өмір жайында филос. ой қозғаған ақын сол өмірдің өзі тудырған қарама-қарсы құбылыстарды тілдегі Қ. м. с. арқылы поэтик. құрал етіп алған. *Р. Сыздықова.*

«ҚАРТАЙДЫҚ, ҚАЙҒЫ ОЙЛАДЫҚ, ҰЙҚЫ СЕРГЕК...» – Абайдың 1886 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 12 шумақтан тұрады. Бұл шақта ақынның дүние, әлем туралы танымы шығыстық рухани қазынамен байыған, кемеліне келіп, мейлінше толысқан еді. Рухани кемелдеңгейге көтерілген ақын заман сырын, адам құлқын терең филос. таныммен таразылайды. Қайғы ойлау, көзден ұйқы қашып, ойдың кермек тартуы – мұның бәрі қартайғандықтың белгісі емес. Заманынан, заманының адамынан озған, ақылымен, парасатымен озған ақын өзі жеткен рухани биіктен мұңдасарға, ойласарға сөз ұғарлық кісі таппай толғанады. Толғана отырып, заман, адам туралы, жақсы мен жаман, адал мен арам туралы ойларын білім, ақыл жайындағы адамгершілік нысана тұрғысы биігінен баяндайды, адам мен арамның, жақсы мен жаманның парқын ақыл ғана айыра алатындығын аңдатады. Өлеңнің әр шумағы негізгі тақырып пен идеяны әр қырынан ашып, тұтаса келе күрделі көркемдік құбылысқа айналады. Алғашқы екі шумақ ақынның адам мен заман туралы жалпы ойларынан түзілген болса, кейінгі шумақтарда бұл ойлар бейнеге айналып,

нақты да затты сипатқа иеленеді. Ақын ұстанған талап пен талғам өлшемдеріне қарағанда, бойдың салғырттығын жеңіп, ой қуып, ақылға еру ердің ісі болғанда, ез қашанда ездігін жасап, еріншек тартпақ, ортасынан шыға алмай, шығандап қылық та қыла алмай, қыр аспас қалпында көпке көніп қала бермек. Ер мен ез, олардың бір-бірінен айырмашылығы хақындағы осы ойлар біртіндеп жақсы мен жаман, олардың бір-бірінен өзгешеліктері туралы тұтасқан ұғымдар жүйесіне жалғасады. Ақын танымы аясында жаман мен надан екі түрлі ұғым, екі басқа категория емес, бір ғана нәрсе. Жаманның жамандығы да білімсіздіктен, ақылдың кемдігінен. Білімсіз надан білімді адам айтқан ақылды құлағына ілмек емес, ақ пен адалды, шынды танымай, жоққа иланып, жалғанға сенбек. Көпті көрген, ақылы асқан ақсақалдың, білімдінің сөзінен сырдан тартып, құяған ұрлығын, қуған қулығын мақтан етуден арыға бара алмайтын да сол. Сонымен қатар оның кісіге сырты күліп, ішіне жаулық сақтайтын, жақынын тіріде аңдып, өлсе өкіретін қасиеті де бар. Жамандығына, надандығына қарамастан, мұндай пенделер мақтан үшін болыс болмақшы, адамдық пен арамдықты бір-бірінен айыра алмаса да, ел билеп, жұрт меңгермекші. Осының бәрі Абай заманындағы білімсіз наданның, ақылсыз жаманның бейнесін, оның жан шындығын терең әрі жан-жақты танытады. Өлең 11 буынды қара өлең үлгісімен жазылған. Алғаш 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Мүрсейіт қолжазбаларында, 1945 жылғы жинақта 2-шумақтың 1-жолы **«Әуелде жас қартаймақ, туған өлмек»** делінсе, қалған басылымдарда 1909 жылғы жинақ бойынша **«Жас қартаймақ, жоқ тумақ, туған өлмек»** болып берілген. Осы шумақтың 2-жолы 1945, 1954, 1957, 1977 жылғы жинақтарда Мүрсейіт қолжазбаларына сәйкес **«Тағдыр жоқ, өткен өмір қайта келмек»**, 5-шумақтың 3-жолы **«Екеуінің бірі жоқ ауыл кезіп»** деп алынса, 1909 жылғы басылымда **«Тағдыр жоқ өткен адам қайта келмек»**, **«Екеуінің бірі жоқ ауыл кезбек»** түрінде басылған. 1945, 1954, 1957, 1977 жылғы басылымдарда 4-шумақтың 3-жолы 1909 жылғы жинақ негізінде **«Арамдықтан жамандық көрмей қалмас»** делінсе, Мүрсейіт қолжазбаларында бұл жол **«Арамдықтан жамандық таппай қалмас»** болып алынған. Туынды ағылшын, араб, белорус, қарақалпақ, қырғыз, латыш, орыс, өзбек, украин, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған. *Ж. Дәдебаев.*

«ҚАРТАЙДЫҚ, ҚАЙҒЫ ОЙЛАДЫҚ, ҮЛҒАЙДЫ АРМАН...» – Абайдың 1886 ж. жазған өлеңі. Көлемі 50 жол. Ақын өз дәуіріндегі қазақ қоғамының әлеум. топтарын дәл ажыратып, айқын саралап, әрқайсысының мін-мерезін ащы тілмен күйдіре өртейді. Еңбексіздік, терін сатпай, телміріп көзін сатқан теп-тегіс алармандықты айыптайды. Абай таңбалайтын өкілдер мыналар: бай, би, болыс, елубасы, жау, жарлы, дос, сұм-сұрқия, аларман, орыс, паң. Бәрі де әрекетімен, өз қылығымен көрінген. Осылардың әрқайсысының адал еңбек етпей, арамдықпен дүние табар амалдарын зерек суреткер дәл басып, мінез, психология ерекшеліктерін, қулық-сұмдық табиғатын, айла-шарғы тәсілдерін улы сатира найзасына қалай тастайды, не деп бопсалайды, қалай қорқытады, қалай торға түсіреді – осы сауалдардың жауабы бар, әр кейіптің сыры жария болады. Жанды бейнелер жасалады. Табан ақы, маңдай теріне сүйенбей, айла-шарғыға аяқ артқан, біреуді-біреу жеген қоғамдық ортаның азуын ақын қайғысы суретке айналдырады. Айналып келгенде, бір шаңырақ астынан да береке-ырыс кеткен, Ата мен бала, аға мен іні арасына от түскен. Бәрі де арын сатып, өтірік ант ішіп, алдау-арбаумен мал табуға бет бұрған. Жүз құбылған, қысқа күнде қырық жерге қойма қойған, қулық ойлаған сойқандар түгел мансұқ етіледі. Аруақты ақынның алдамшылық, жәдігөйлік, айлакерлікке қарғыс айтқан қаһарлы байламы бар. Өлең 11 буынды қара өлең үйқасы үлгісімен жазылған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Мүрсейіт қолжазбаларында, 1954 жылғы жинақта 3-шумақтың 3-жолы **«Жалаң қаққан жат мінез жау алады»** болса, 1939, 1945, 1957 жылғы басылымдарда **«Жалаңқая жат мінез жау алады»** деп берілген. Мүрсейіт қолжазбаларында 6-шумақтың 2-жолы **«Мал сойсам, сен мендік бол деп берем деп»**, 7-шумақтың 2-жолы **«Ант бұзуды кім ойлар дерт көрем деп»**, 10-шумақтың 2-жолы **«Ит қорлық немене екен көрген күні»** делінсе, жинақтарда 1909 жылғы басылым негізінде **«Ет берсем, сен мендік бол деп берем деп»**, **«Ант ішуді кім ойлар дерт көрем деп»**, **«Ит қорлық немесе екен сүйткен күні»** болып алынған. Кейінгі басылымдарда Мүрсейіт қолжазбалары бойынша 6-шумақтың 3-жолы **«Бар ма екен жай жүрген жан қанағатпен»**, 10-шумақтың 3-жолы **«Арын сатқан мал үшін антұрғанның»** деп берілсе, 1909 жылғы жинақта бұл жолдар **«Қара қарға сықылды шуласын жұрт»**, **«Бар ма екен жай жүрген жұрт қанағатпен»**, **«Жанын сатқан мал үшін антұрғанның»** болып алынған. 1933, 1939, 1945, 1954 жылғы жинақтарда 11-шумақтың 3-жолы **«Мал мен бақтың кеселі ұя бұзар»** делінсе, қалған басылымдарда Мүрсейіт қолжазбалары, 1909 жылғы жинақ негізінде **«Мал мен бақтың кеселін ұя бұзар»** деп алынған. Мүрсейіт қолжазбаларында, 1939, 1945, 1954 жылғы басылымдарда соңғы шумақтың соңғы жолы **«Өз үйінде шіренген паңы құрсын»** болса, 1957, 1977 жылғы жинақтарда 1909 жылғы басылым бойынша **«Өз үйінде шартиген паңы құрсын»** деп берілген. Туынды қарақалпақ, қырғыз, орыс, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған. *Р. Нұрғалиев.*

ҚАСИЕТТІ ДҰҒА («Өмірден тепкі жесем жазығым жоқ...») – М. Ю. Лермонтовтың «Молитва» шығармасынан 1897 ж. Абай тәржімелеген өлең. Көл. 12 жол. Лермонтов өлеңін Абай «Дұға» деген атпен «Өмірде ойға түсіп кем-кетігіңнен» бастап бір аударса, «Қасиетті дұға» деген атпен тағы да аударған. Абай аудармасының осы екі нұсқасы да орысша нұсқаға мағынасы жағынан түгелдей алғанда жақын және көркемдік сапасы да жоғары. «Дұға» өлеңінде бір назар аударатын ерекшелік – Абай «Осы өлең – оқитұғын дұғам менің» деп, орысша түпнұсқаның мағынасын бұл тұста өзінше айқындап ашып береді. Орысша нұсқада «оқитын дұғам – өлеңім» деп тура айтылмайды. Лермонтовта:

«Одну молитву чудную
Твержу я наизусть»,–

делінген. Туындыдағы бұл сөздерді Абай дәл аударып:

«Қайта-қайта оқысам бір дұғаны», – деп келтіреді. Оның есесіне Абай Лермонтов өлеңіндегі ойды дамытып, түйіндеу жағынан маңызды: «Есть сила благодатная...» деп басталатын екі шумақты «Дұға» өлеңіне қарағанда соңғы нұсқада еркінірек тәржімелеген. Мыс., соңғы:

«И верится, и плачется,
И так легко, легко»,–

деген жолдарға «Дұға» өлеңіндегі:

«Болады жылауға да, сенуге де,
Жүректің басынан у төгілгендей»,–

деген сөздер мағынасы жағынан жақынырақ. Ал «Қасиетті дұға» өлеңінде бұл жолдар:

Адамның баласына ашып жаным,
Ізгілікке жүрегім бір ұмтылар,–

деп тәржімеленіп, адамгершілік сарынның айқын көрінуіне мүмкіндік береді. Осыған орай Абай сомненье деген сөзді сенімсіздік дегендей мағынада алмайды, көңілім сенімсіздіктен арылады демейді, «Кек арылып көкіректен, ұмытылар» дейді. «Дұға» өлеңінде де «Көңілден кернеген кек кемігендей» дейтінін еске алсақ, бұл дәл осылай айтуға мән бергені байқалады. Лермонтовтың өлеңін В. Г. Белинский орыс ақынының өмірге үлкен сеніммен қараған, оптимистік сезімге тән лирик. шығармаларының қатарына қосқан болатын. Абайдың да бұл өлеңді жоғары бағалағаны және осындай қасиетін тани білгені оны бір емес, екі рет шебер тәржімелеп, оптимистік сарында қазақша толық жеткізе алғанынан айқын аңғарылады.

Туынды 11 буынды қара өлең үйқасы өрнегімен кестеленген. Алғашқы рет 1946 ж. жарық көрген ақын шығармалары жинағында жарияланған. Өлең басылымдарында ешқандай текстол. өзгерістер кездеспейді.

Тек қана Абай шығармаларының 1945, 1954, 1957 жылғы толық жинақтарында «Қасиетті дұға» алты шумақ өлең болып басылып, алғашқы үш шумақ аударма өлеңге мына төменгі үш шумақ қосарланып басылған:

Ерекше естен кетпес қызық қайда?
Жолығатын қыз қайда терең сайда?
Сұлулығын қояйын, мінезі артық,
Ақылды, асыл жүрек, сөзі майда.

Бұл өмірдің қызығы махаббатпен,
Көрге кірсең үлгілі жақсы атақпен,
Арттағыға сөзің мен ісің қалса.
Өлсең де, өлмегенмен боласың тең.

Жүректен ізі кетпес қызық көрсек,
Жақсылықты аянбай жұртқа бөлсек,
Жақынның да, жардың да, асықтың да –
Бәрінің де қызығын көріп білсек.

Бұл үш шумақтың «Қасиетті дұғаға» мағынасы жағынан тікелей жалғастығы жоқ болғандықтан 1977 жылғы жинақта Абайдың төлтума өлеңі ретінде бөлек басылды. *З. Ахметов.*

ҚАСИМАНОВ Садық (1902–77) – педагог, этнограф, ақын. Оның қазақ этнографиясына арналған «Сиқырлы сыбызғы», «Қазақ халқының қолөнері», «Қазақтың ұлттық ойындары» т. б. кітаптары оқырман қауымға жақсы таныс. Қ. абайтану мәселелерімен де шұғылданған. Ол «Абайдың жаңа табылған өлеңдері» («Лениншіл жас», 1963, 13 наурыз), «Абайдың үш сөзі» («Қазақ әдебиеті», 1960, 12 ақпан), «Абай айтыпты» («Ара», 1971, № 8) және «Абай өсиеттерінен» («Коммунизм туы», 1964, 2 қыркүйек) деген мақалаларында ақынның оқырман қауымға бұрын белгісіз шығармалары туралы сөз қозғайды, Абай өлеңдерінің текстологиясын анықтайтын деректер ұсынады. Бірқатар материалдарында Абай шығармаларын әлем халықтарына таныстыру және оларды жинау мәселесін сөз етеді. Зерттеуші ақын туралы бірқатар естеліктер де жазып алған. «Қазақ халқының қол өнері» (Алматы, 1969) кітабына енген «Абай», «Жұмбақ жан» («Қазақ әдебиеті», 1973, 30 мамыр) мақалаларында Абайдың өмірі мен ақындық жолындағы қилы кезеңдерді сөз етеді.

ҚАСҚАБҰЛАҚ, қ. *Абай бұлағы.*

ҚАСТЕЕВ Әбілхан (1904–73) – график-суретші, қазақтың жаңа бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі. ҚазССР-інің еңбек сің. өнер қайраткері, халық суретшісі. Абай Құнанбаевтың портретін жасауға арналған 1934 жылғы конкурсқа қатысқан. «Абай портреті» (1934, 1940, 1942, 1945, 1954), «Абай болған жерлерде», «Абай бейіті», «Абай қыстауы»,



Жас Абай. Ә. Қастеев. 1945.

«Абай жырлаған Бақанас өзені», «Абай «Жаз» өлеңін жазған Бақанас өзенінің алқабы», «Семей облысының Абай ауданы», «Абай ауданы», «Кеңгірбайдың моласы», «Қарауыл қыстағының жалпы көрінісі» және басқа да картиналары Қ. өзі қатысқан экспедиция кезінде (1947) салынған. Қ-тің «Абай ауылы» (1948), «Қызыл Ту колхозы», «Қара-Кемер колхозының фермасы» (1947), «Абай атындағы колхоздың дала қосы» (1960), «Абайдың отаны» (1958), «Киіз үй алдындағы Абай» (1939), «Жас Абай» (1945) сияқты бірқатар

шығармаларында Абай өскен жердің бүгінгі көрінісі бейнеленген, аталған жұмыстардың бәрі акварель әдісімен салынған, бірнеше портрет қарындашпен орындалған. Қ. жұмыстарының ішінде Абайдың ең үздік портреттері – «Жас Абай» (1945) және «Абай портреті» (1954) бейненің асқақтығымен ерекшеленеді, екеуінде де Абай ақындық дарынының толысқан шағында бейнеленген. Абай болған жерлердің акварельмен салынған табиғат суреттеріндегі жеңіл, мөлдір ашық түске қарағанда портреттік кескіндемелер бояуға анағұрлым бай, қанық. Абайдың туған жеріне арналған табиғат көріністерін бей-



Жайлаудағы Абай. 1971.

нелейтін нәзік көңіл күйі қылын шертумен қатар, дәл де толымды бейнеленілген. Суреттер композициялық шешімі жағынан да, мәнер-қимылды жүзеге асыру тұрғысынан да тартымды, табиғат суреттері кең ауқымда алынған. Жұмсақ реңк бейнеге сезім қозғарлық нәзіктік берген. Қ-тің шығармалары Абай Құнанбаевқа арналған барлық көрмелерге қойылды (Қазақстан Республикасының мемл. өнер музейі, Қазақстан Республикасының мемл. орт. музейі, Семейдегі Абайдың әдеби-мемориал. музейі қорларында сақтаулы). *Л. Плахотная.*

ҚАСЫМБЕКОВ Мелдехан Уәлиханұлы (1954 ж. т.) – суретші. Кескіндеме саласында жұмыс істейді. 1982 ж. Алматыда өткен Қазақстан жас суретшілерінің 11-респ. көрмесіне «Жас Абай» (1981, кенеп, майлы бояу, автордың жеке қоры) картинасы қойылған. Картинадан Абай поэзиясының лиризмі көрініс тауып жатады.

ҚАСЫМ ХАН (1445 ж. ш. т.– 1523 ж. ш. ө.) – қазақ ханы. Оның ішкі және сыртқы саясаты жөніндегі құжатты мағлұматтар аз. Қ. х. билеген тұста қазақтар мен Шайбани әулеті арасындағы Сырдария бойындағы қалалар үшін қақтығыс одан әрі жалғасты. Қ. х. билеген кезеңде Қазақ хандығы одан әрі нығайып, қуаты артты. Хан Бұхар діншілдері күштеп енгізбек болған шариғат заңын қабылдамай, халық мүддесіне жақын, ерте заманнан қолданылып қалыптасқан ежелгі «Жарғы» заңдарын қайта нығайтты. Қ. х-ның бұл заңдарын халық *«Қасым ханның қасқа жолы»* деп атады. Абай ғақлияларының *үшінші сөзінде* ел билемек, жұрт басқармақтың қиындығын, оның екінің бірінің қолынан келе бермейтінін айта келіп, «Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын», Әз Тәуке ханның Күлтөбенің басындағы күнде кеңес болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек» деп, Қ. х-ның ішкі саясатын қолдайтынын танытады.

«ҚАСЫМ ХАННЫҢ ҚАСҚА ЖОЛЫ», «Қасым салған қасқа жол» – Қасым хандық құрған кезде (1511–23) ел басқару ісінде қолданылған әдет-ғұрып заңдарының ережелері. Ережелерде қазақ халқының ұлттық дәстүрлері мен байырғы әдет заңының қағидалары көрініс тапқан. Сонымен қатар Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі халықтың заттай игілігі және рухани өмірінде орын алған өзгерістерді қамтитын қағидалармен де толықтырылған. «Қ. х. қ. ж.» – қоғамдық қатынастардың негізгі салаларын қамтитын 5 тараудан тұрады: 1) Мүлік заңы (жер дауы, мал, мүлік); 2) Қылмыс заңы (ұрлық, кісі өлтіру, талау, шабу); 3) Әскери заң (аламан міндеті, қосын жасау, қара қазан, ердің құны, тұлпар ат); 4) Елшілік жоралары (майталмандық, шешендік, халықаралық қатынаста сыпайылық, әдептілік); 5) Жұртшылық заңы (шүлен тарту, ас, той, мереке үстіндегі ережелер, жасауыл, бекеуіл, тұтқауылдардың міндеті). Халық ұната қабылдаған қазақтың күнделікті өмірі мен тұрмысының негізінде қалыптасқан. Қасым ханның заң жинағы қоғамды басқаруда айтарлықтай маңызды болды. «Қ. х. қ. ж.» патриархалды-феод. қатынастар мен үстем тап өкілдері – хан, сұлтан, би, байлардың мүдделерін қорғағанмен, рулық демократия мен өзара көмектесу, туысқандық сезімге негізделген көшпелі қазақ қоғамына тән адамгершілік тұрғыдағы кейбір салт-жоралғыларды сақтап қалды.

«Қ. х. қ. ж.» құжатының мазмұнымен жақсы таныс болған Абай би-болыстық қызметі барысында Дала өлкесінің қоғамдық өміріндегі дау-жанжалды мәселелерді шешуде заң ережелерін орынды пайдаланып отырды. Ойшыл-ақын *Үшінші сөзінде*: «...әрбір болыс елде старшина басы бір би сайланғандық, бұл халыққа көп залал болғандығы көрініп, сыналып білінді... Бұған бұрынғы Қасым ханның «Қасқа жолын», Есім ханның «Ескі жолын», Әз Тәуке ханның... «Жеті жарғысын» білмек керек», – деп, патша өкіметі енгізген сот жүйесі бойынша «халық судьялары» аталатын билердің сайланып қойылатынын, ол билердің қазақтың дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарын білмейтінін сынға алады. Сонымен қатар, ақын: «... ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендіктен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына татымды толық билік шығару... керек...» – деп, билерге қазақ қоғамының өмірлік талабына сай келмейтін, дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарының көнерген қағидаларын қолданбауды ескертеді. *С. Созақбаев*

ҚАТПА Қорамжанұлы (1883–1943) – Абай аулының адамы. Ол әуелі малшы болып жүріп, артынан Абайдың туған баласындай ет-бауыр жақыны, тілеулес інісі болып кеткен. Қ. ақын Балашақлақтағы жайлауда қайтыс болғанда денесін Жидебайға әкелісіп, жерлеуге қатысқан, кейін Абай үйінің сақталып қалған дүние-мүлкін ақынның респ. әдеби-мемориалдық музейіне өткізген. Қ-ның Абайдың отбасы, мінез-құлқы және араласқан адамдары жайлы естеліктері музей қорында сақтаулы.

«ҚАТЫНЫ МЕН МАСАҚБАЙ» – Абайдың өлеңі, қ. *«Сырмақ қып астына...»*

ҚАУАШ Әлімқұлқызы (1910–82) – Абайдың шөбересі, Ақылбайдың Әлімқұлының қызы. Ертегіші Баймағамбеттің баласы Салықтың Мұқлесіне тұрмыс-



Қ. Ақылбаева.

қа шыққан. Ол Абай, Ақылбай, Шәкерім, Әубәкірдің өлеңдерін жатқа білген. Қ-тың магнитофон таспасына жазылып алынған естеліктері, фотобейнелер Абайдың әдеби-мемориалдық қорық-музейі қорында сақтаулы.

ҚАШҚАР, Қашғария – Бат. Қытайдағы Тянь-Шань, Памир, Кунь-лунь және Бэйшань тауларымен шектелетін өлке. Үйғыр халқының ежелгі мекені. Қ. халқы қазақтармен ертеден араласып тұрған. Қазақтар оның Қашғар, Тұрпан, Жаркент, Ақсу қалаларына барып, сауда-саттықпен айналысқан. Сондықтан Қ. қазақтар тарихымен тығыз байланысты. Абай өзінің «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген тарихи еңбегінде уақытша үйғыр ханына қараған, Аңқара, Енисейден келген халықтар (қазақ болуы мүмкін) хақында айта келіп: «Сол уақыттарда арабтан бұл Орта Азияға дін исламды үйретушілер көп әскермен келіп, халықты жаңа дінге қаратып жүргендерінде Құтайба атты кісі Қашқарға шейін келіп, халықты исламға көндіргенде, бұлар да мұсылман болдық депті» деген дерек береді.

ҚИРАБАЕВ Серік Смайылұлы (1927 ж. т.) – әдебиет зерттеуші, сыншы. Филол. ғыл. докторы., проф. Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның академигі. Қазақстан Республикасының еңбек сің. ғылым қайраткері. Қ-тың «Революция және әдебиет» атты 2 томдық еңбегінің (1977) 1-томына енген «Қазақ балалар поэзиясы» деген мақаласында ежелгі балалар әдебиетінде Абай шығармаларының алатын орнына барлау жасалады. Мұнда Абайдың жас ұрпақ тәрбиесін, қоғамға пайдалы еңбек ету, ғылым үйрену идеяларын көтеретін ғибратты шығармалары талданады, ақын шығармашылығының гуманистік, ағартушылық сипаты қарастырылады. «Жаз», «Қыс», «Жазғытұры», «Күз» өлеңдеріне, Абай аударған И. А. Крылов мысалдарына қатысты ойлар айтылады. «Лениншіл жас» газетінде жарияланған (11.6.1954) «Абай – реалист ақын» атты мақаласында ұлы ақынның дәуір шындығын бейнелеудегі реалистік шеберлігі сөз болады. «Орыс әдебиетінің жаршысы» («Қазақстан пионері», 29.6.1954) және «Орыс әдебиетінің Абайға әсері» («Пионер» № 7, 1954) атты мақалаларында Абайдың орыс әдебиетімен байланысына, қазақ және орыс әдебиеттерін жақындастыруда атқарған қызметіне тоқталады.

Б. Әбдіғазиев.

ҚИСАМЕДИНОВ Мақым Мұстақұлы (1939–82) – график-суретші. Тех. тәсілдерді, оның ішінде линогравюраны қолдана отырып, қондырғылы және кітап графикасы саласында жұмыс істеді. Диплом жұмысы ретінде М. Әуезовтың «Абай жолы» романына иллюстрациялар топтамасын дүниеге әкелді (ксилография, орташа көл. С.-Петербургтегі Суретшілер Академиясының ғыл.-зерттеу музейінде сақтаулы). Осы романға арнап әңгіме ретінде баян-



Абай шығармалары бойынша. Көктем. Жаз. Күз. Қыс. М. М. Қисамединов. 1970.

далатын иллюстрациялар (1967, ксилография, суретші отбасының меншігінде) жасаған. Абай тақырыбы оның «Абай» (1970, Қазақстан Республикасының мемл. өнер музейі мен Москвадағы Шығыс халықтары өнерінің мемл. музейінде, Қазақстан Республикасы көркемсурет көрмесінің қоры), «Жас Абай» линогравюраларында одан әрі дамытылды (1969, бұл да сонда). Оның «Абай» атты топтамасы «Көктем», «Жаз», «Күз», «Қыс» және «Құрылу» деген тұрмыстық бейнелерді баяндайтын парақтардан тұрады. Қ-тың басты туындыларының бірі – «Абай» портретінде ақын киіз үйдің айқара ашылған есігінен шығып келе жатыр. Иығына шапан жамылған ақын тұлғасы көрнекті, иілген есік жақтаулары ұлттық өрнекпен көмкеріліп, шығармаға асқақ сезім мен монументтік қалып береді. *Н. Полонская.*

ҚИСЫҚ Тезекұлы (1780 – ө. ж. б.) – Абайдың құдасы. Ел басқарған адам. Найманның Кенже атасынан. Ақылды, бірбеткей, мәселені тез шешетін, бірақ ашуланшақ кісі болған. Қ. өз елінде талай рет болыстыққа, Аягөз дуаны құрамынан Көкпекті дуаны ашылғанда, 1844 жылдан аға сұлтан болып сайланған. Аннен лентасына тағылған алтын медальмен (1823, 23 мамыр), «Үздік қызметі үшін» алтын медалімен наградталған. 1833 ж. 2 сәуірде поручик, 1842 ж. штабс капитан шені берілген. Абайдың Ділдәдан туған баласы Ақылбайға атасы Құнанбай Қ-тың Жұмаханнан туған немересі – Ісханды алып берген. Ісхан Құнанбайдың Нұрғаным деген әйелімен бірге тұрып, сыйыса алмаған соң Абай Ақылбайды бөлек үй қылып шығарып, Нұрғанымды өз аулында ұстаған. А. Янушкевичтің «Күнделіктері мен хаттары» кітабында Қ. пен Құнанбайдың Ұлы жүз қазақтарының «Ой жайлауда» өтетін салтанатына бірге барғаны жазылған. Абай Қ-тың ел басқару ісіндегі мол тәжірибесін, терең білімін жоғары бағалаған. *М. Бейсенбаев.*

«ҚИЫСТЫРЫП МАҚТАЙСЫЗ...» – Абайдың 1889 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақтан тұратын 12 шумақ. Махаббат жырларын мейлінше мол да, шабыттана жазған ақын бұл өлеңінде тағы бір соны қырын танытып, шығармасын өңге туындыларына ұқсатпай, басқаша етіп өрнектеген. Бұл бір-бірін ұнатқан жастардың әшейіндегі жайма-шуақ, құмарлығын білдірген сүйіспеншілік хаты емес. *«Айттым сәлем, қалам қас...»* туындысындағы сияқты именшек қыз үшінші біреу арқылы хат жолдап, жан сырын ашады. «Бізде ерік жоқ өзің біл, әлде неге бастайсыз» деп, бар үмітін, арман-тілегін, болашағының тізгінін жігітке ұсынатынын білдіре отырып, тастап кетпейсің бе, тілегімді бересің бе деген сияқты қаупін де жасырмайды. Өлеңнің әр тармағынан жолы жіңішке қыз байғұстың кіріптар қалпы, әдет дәстүріне айналған басыбайлылық райы аңғарылады. Бірақ сонысына қарамай мұнда ақынның *«Қор болды жаным...»*, *«Сен мені не етесің?..»* сияқты өлеңдеріндегі ғазелге тән мұң-шер атымен жоқ. Қайта «Сіз – жалын шоқ, біз – бір май», «Сіз – бір сұңқар шаһабаз», «Біз – қырғауыл, сіз – тұйғын» деген секілді көңіл көтеретін ойнақы теңеулер жиі кездеседі. Бұлар ақын өмір сүрген заманның жастары. Олардың өмірге құштарлығы, бір-біріне деген ғашықтық сезімдері атой салып-ақ тұр. Ынтықтық пен нәзіктік егіз өрілген. Сол пәк, таза сезімді ақын сырлы да сұлу тілмен барынша айшықты жеткізеді. Және соның барлығы да халықтың күнделікті тіршілігінде пайдаланып жүрген үйреншікті табиғи ұғымдар.

Өлең 7 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Тілі өрнекті, ойнақы. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Абай Құнанбайұғылының өлеңі» деген жинақта жарияланды. Өлең басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбаларында, 1909 жылғы басылымда 4-шумақтың 3-жолы **«Ит қор адам бола ма»** делінсе, Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасында **«Ит қор адам табылмас»**. Ал қалған басылымдарда 1933 жылғы жинақ негізінде бұл жол **«Ит қор адам болар ма»** болып берілген. Өлең ағылшын, араб, белорус, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр тілдеріне аударылған. *Т. Рсаев.*

«ҚИЯСБАЙҒА» – Абайдың өлеңі, қ. *«Үстіңдегі киімің».*

ҚОЖАКЕЕВ Темірбек (1926 ж. т.) – әдебиет зерттеушісі, фил. ғыл. докторы, проф. Абайтану мәселелеріне арналған «Абай сатирасы» зерт. мақаласы («Қазақстан мектебі», 1963, № 5) жарияланды. «Абай және Сұлтанмахмұт» (1969), «Абай – сатирик» (1970) атты ғыл. еңбектері жарық көрді. Оларда С. Торайғыров шығармаларының Абай мұраларымен идея, тақырып, мазмұнұқсастығын, қоғамдық-саяси, эстетик., этик. көзқарастар үндестігін қарастырады. Абай сатирасының поэтик. және идеялық ерекшеліктерін ашып, ақынның қазақ әдебиетінде сатира, әзіл-оспақ, сын-сықақ жанрын жаңа түрмен, соны мазмұнмен байытып, толықтырғанын көрсетеді.

ҚОЖАМИЯРОВ Құддыс Қожамиярұлы (1918–94) – ұйғыр композиторы. ССРО-ның халық артисі. Абайдың «Сегіз аяқ» әнін төрт дауысты хорға пайдаланған. «Сегіз аяқ» әнінің әуені мен өлеңінің әрбір шумағы қайталанған сайын, олар төрт түрлі дауысқа бөлініп, гармониялық, ырғақтық және полифониялық бояулар арқылы құбылып отырады. Қ. ССРО, Қазақстан Республикасы Мемл. сыйл. лауреаты.

ҚОЖАХАНОВ Шәміл (1938 ж. т.) – суретші. Дизайнды қолөнер, гобелен саласында жұмыс істейді. Қазақстан Республикасының еңбек сің. өнер қайраткері. Абайдың Семейдегі респ. әдеби-мемориал. музейіне арнап 5 туынды жазды. Музейдің кіре беріс залына қойылған «Абайдың шығармаларының үш бастауы» атты 3 бөлімді гобеленде (1989, жүн, тоқыма, өрме) Шығыс, Россия және Европа (әсіресе, Германияның) сәулет өнерінің үлгісімен және адамдар киімдері арқылы Абайдың рухани нәр алған ортасы көрсетілген. Ақынның өмірі мен шығармаларына арналған «Дала оқиғалары» (1988, жүн, тоқыма), «Көктем» (1989, жүн, тоқыма) гобеленде рінде өлең кейіпкерлерінің бейнелері, уақыт тынысы, Абайдың күрделі тағдыры бейнеленген. Музейдің абайтану залына арналған «Табысу» атты гобеленде Абай мен М. О. Әуезов тұлғалары бір композицияға біріктіріліп, аспан мен жердің – көк және қоңыр түстерінің бояу ерекшелігі, ырғақтық құрылысы ақын поэтикасымен шебер үндескен. *Н. Полонская.*

ҚОЖЫҚОВ Бақтияр Абдоллаұлы (1957 ж. т.) – актер. Абай шығармалары бойынша қазақтың балалар мен жасөспірімдер театрында 1990 ж. қойылған *«Қалың елім, қазағым»* атты поэтик. драмада орта жастағы Абай ролін ойнады. Қ-тың бейнелеуіндегі Абай ел қамын терең түсініп, дүниеге деген философ. көзқарасы жан-жақты қалыптасып қалған ойшыл ақын.

ҚОЖЫҚОВ Құлахмет Қоңырқожаұлы (1914–86) – суретші. ҚазССР-інің еңбек сің. өнер қайраткері. Ол Қазақ драма театрында М. О. Әуезовтың романы бойынша қойылған *«Абай»* спектаклін (1940) безендірді. «Абай» операсында 16 костюмнің үлгісін (акварель, 40 х 25) және 5 декорация (1944, фломастер, темпера), сондай-ақ, *«Абай әні»* кинофильмінде 22 костюмнің (1945, акварель, барлығы Әуезовтың музей-үйі қоры) үлгісін жасады. Ол Абайдың «Қыс», «Көктем» атты өлеңдеріне арнап (1944–48) шағын иллюстрациялар (сия, қағаз, қалам, автор отбасының қоры), 1954 ж. Абайдың өлеңдер жинағының мұқабасын, бірінші бетін, 6 иллюстрация (акварель), Абайдың дастаны, өлеңдері, аудармаларына (1953, ксилография), тақырыптарына суреттер салды.

ҚОЗЫБАЕВ Манаш Қабашұлы (1931 ж. т.) – тарихшы, тарих ғыл. докторы, проф., Қазақстан Республикасы Ұлттық ҒА-ның академигі. Қазақстан Республикасына еңбек сің. ғылым қайраткері. Ғылыми зерттеулері Қазақстан халқының 2-дүн. жүз. соғыс жылдарындағы ерлігі мен қаһармандық еңбегіне, Қазақстан мемлекетінің құрылу және қалыптасу тарихына арналған. Оның «Қазақстан – майдан арсеналы», «Ақтаңдақтар ақиқаты», «Ұлы ерлік», «Қазақстан тарихы» т. б. монографиялары жарық көрген. Ғалымның еңбектері тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихына, елдегі ұлттық идеологияны белгілеп, қалыптастыру мәселелеріне арналған. Бірқатар еңбектерінде Абайдың қазақ тарихында алар орны мен тарихи көзқарастары қарастырылады. Қазақстан Республикасы Мемл. сыйл. лауреаты (1995).

«ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҰЛУ» – Қазақтың шамамен 13–14 ғ-дан белгілі лиро-эпостық жырының Абай жазып алған нұсқасы. Бұл нұсқа 1988 ж. «Жазушы» баспасынан тұңғыш рет жеке кітап болып жарық көрді. Жырды баспаға әзірлеп, алғы сөзін жазған – Ә. Марғұлан. Кітапты суретші Т. Мұқатов көркем безендірген. Бұл жырдың Абай нұсқасы екенін акад. Марғұлан дәлелдеп берді. Ақын жырдың бір нұсқасын 1884 ж. сыртына орыс әрпімен «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» деп жазып, жанына «Жаңа закон» деген жаңа поэмасын қосып, атақты ғалым Г. Н. Потанинге сыйға тартқан. Адресін орыс тілінде: «Семипалатинского уезда, Чингизской волости, А. К.» – деп көрсеткен. Жырдың осы нұсқасының енді бір данасы Н. Я. Коншиннің Орыс географиялық қоғамына тапсырған Абай өлеңдерінің жинағымен бірге сақтаулы. Қолжазба 2600 жолдан тұратын өте көлемді дастан. Ақын мұны жасырақ кезінде араб әрпімен көркем етіп жазған. Зерттеушінің дәлелдеуіне қарағанда Абай жырдың өзіне дейін белгілі барлық нұсқасымен таныс болған. Солардың ішінен «Абайдың таңдап алғаны – Жанақтың айтқаны, өзі жазған нұсқаға негіз болған – осы Жанақ нұсқасы». Бұл нұсқаны Абай заманындағы белгілі ақын Бейсенбай толық біледі екен, одан Уәйіс үйреніп, кейін М. Әуезов осы Уәйістен жазып алған. Дегенмен, Абай нұсқасының Жанақ толғаған жырдан айтарлықтай өзгешеліктері де бар. «Абай нұсқасының ерекшелігі – жыр сюжетіне айырықша көңіл бөлуі, оның тілінің көркем, сұлу шығуына мән беруі», – дейді ғалым. Шынында да Абай нұсқасында Жанақ жырында кездеспейтін көптеген сарындар бар. Мыс., Абай шаруашылық, көшіп-қону салтанатын, Қодар мен Қарабай уағдаласуын, айбынды батыр Айбастың бастан кешкен оқиғаларын В. В. Радловтың 1862 ж. Аягөз бойынан жазып алған нұсқадан алған. Рас, Айбас Шөже нұсқасында да кездеседі. Бірақ «Шөженің жырлауындағы Айбас – Сарыбайға тартқан қарғы бауы», жанын жалдап, біреудің жылқысын бағып, қарабайыр күн кешкен момын адам. Ол болған оқиғаның куәгері ғана. Ал Радлов көшірмесінде кемеңгер кісі, Сарыбай мен Тайлақ бидің інісі. Енді Абайдың суреттеуінде «Айбас – асқан ойшыл, өзі алып ер, өзі сері, майталман саңлақ кісі». Марғұланның дәлелдеуінше Абай Айбастың далада кездестірген үш қызға өзін таныстыратын:

«Ақ кезең, Ай Балталы жерден келдім,
Бақалы, балдырғанды көлден келдім,
Сарыбайдың жұрты деп естуші ме ең,
Салталы мен сақалы елден келдім.
Сіздерге күмән шығар, өзіме аян,
Елімнен іздеп шыққан кісім – Баян.
Қозы Көрпеш елімде жалғыз сері –
Құлақ кәрі, бай кіші, ақыл аян», –

деген сарынды өте ескі нұсқадан алған. «Өзге ақынның ешбірі мұндай ұмытылған сарынды Абайша тебіренте толқытып бере алмаған». Абай нұсқасындағы Айдос Қодарды және оған көмекке келген 90 серіні жайпап салады. Қозының Баянды іздеп жолға шығуын, Тайлақ бидің батасын, жол үстіндегі қилы оқиғаларды, Қозының сәуегей қартқа жолығып, достасуын (өзге нұсқалардың бәрінде де сәуегей ана) Абай өзінше суреттейді. Ал Радлов көшірмесінен алған Қозының қой бағып жүрген тазша баламен кездесу сәтін ұлы ақын ерекше шабыттана жырлап, толып жатқан жарасымды әзілмен кеңейте түскен. Жырда ақынның бұл сияқты өз тарапынан қосқан көріністер жеткілікті. Абай жырдың әр түрлі нұсқаларының ұтымды тұстарын үйлесімді іріктеп, қоса білген, сөйтіп көне дастанның барынша толықтырылған, аса көркем нұсқасын жазып шыққан. Бұл туралы ғалым: «Халыққа ғасырлар бойы мирас болған бұл «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын Абайдың ақындық» жүрегімен жазып қалдыруы – біздің әдебиет тарихы үшін ұлы табыс. Өзге ақыннан көрі Абай тамаша етіп, көркем тілмен, тарихи сюжетін әдемі сақтап, сарындарын ойға қонымды етіп жазған», – деп жоғары бағалайды. Бұл нұсқаның тағы да бір құндылығы – ол түгелімен ақынның өз қолымен жазылған. Көне автографты анықтайтын арнаулы ғылыми орындар қолжазбаның Абай Құнанбаевтікі екенін дәлелдеп берген. Жырдың Абай нұсқасы туралы Ә. Марғұлан мақаласы «Қазақстан мектебі» журналының 1982 жылғы 3-санында жарияланған және осы кітапқа кіріспе ретінде берілген. Кітап көл. 5,82 б. т., 19 мың 900 дана болып басылған. *Т. Рсаев.*

«ҚОЙДАН ҚОҢЫР, ЖЫЛҚЫДАН ТОРЫ БӘКЕҢ...» – Абайдың 1894 ж. жазған өлеңі. Көлемі әрқайсысы 4 тармақтан тұратын 6 шумақ. Әуелде ұзақ өлең екен, Қыздар қолжазбасын жалынып сұрап алып, өртеп жіберген. Бізге жеткені – өлеңнің әркімдердің ойында сақталған жеке үзінділері ғана. Қыздар – Тобықты руының Бәкең атасынан шыққан адам. Ақынмен құрдастығын желеу етіп көп қалжыңдасады екен. Абай Қыздардың орынды-орынсыз сол көп қалжыңының қарымтасы ретінде осы өлеңді шығарған. Ақын Қыздарды сынамас бұрын аймаққа ақ-адалдығымен атағы тараған Бәкең аталатын атаның Лекер, Бітімбай, Аталық, Жанқожа, Байұзақ секілді бұрынғы өткен жақсылары мен бүгінгі жайсаңдарын ауызға алып, сол қасалықты

кісілерден Шотқара, Дауылбай, Досақ, Айтқожа, сен сияқтылар қалай пайда болды екен деген ренішін білдіреді. Айналаң ұры-қары, іздегенің өсек-аяң, мән-мағынасыз ыржың-қылжың, бұл мінезбен ұзаққа барармысың, байқа мырзам, «заманыңның тарлығын ойла» деп ескертеді. Өлеңде адамшылық қасиеттері бір – біріне қарама-қайшы екі топ, екі ұрпақ өкілдерінің тұлғасы елес береді. Өнегелі ісін үлгі тұтар алдыңғы ұрпақтың кейінгі ізбасарларының кісі соңына ерген күшіктей еркі мен кісілігінен айрылып, ұсақтап бара жатқанына қынжылыс білдіреді. Өлең соңында: «Менің терім тарылып келе жатыр. Бұрын кісім емес ең жалғыз шерткен» деп айбат шегеді. Бұл негізінде әзіл үшін айтылған сөз болса да, Абай мен Қыздардың арақашықтығын танытса керек. Өлең 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Алғаш рет ақынның 1933 жылғы толық жинағында жарияланды. Басылымдарында ешқандай текстол. өзгеріс байқалмайды. Орыс тіліне аударылған.

Т. Барақұлы.

ҚОЙШЫБАЕВ Мәкәлім (1926 ж. т.) – композитор. Қазақстан Республикасының еңбек сің. өнер қайраткері. Ол Абайға арнап фортепиано үшін «Дастан-сюита» жазды. Абайдың «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа...», «Ғашықтық құмарлық пен – ол екі жол...» деген өлеңдеріне ән-романстар жазған.

ҚОЙШЫҒҰЛОВА Роза Жүнісқызы (1958 ж. т.) – суретші. Кітап графикасы саласында жұмыс істейді.



Абай шығармаларының ізімен. Р. Қойшығұлова. 1990.

Ол «Абай шығармаларының ізімен» атты топтамамен салынған 2 жұмыстың (1990, қағаз, офорт, автордың жеке қоры) авторы. Бұтақтары құрап, тамырлары солып бара жатқан ағаштар арасындағы Абай бейнеленген. 1-суреттен қайғы мен үрей табы білінеді де, 2-суретте ақын поэзиясы мен ой-арманының өміршең болашағы – ұядағы сары қанат балапан мен ақбоз арғымақ бейнеленген.

Н. Полонская.

ҚОЛЖАЗБА. Кемеңгер ақынның қолжазба мұралары осы күнге дейін терең зерттеліп, ғылыми тәртіпке келтірілмеген... Абай мен Шоқанға тиісті алғашқы мәліметтер Москва мен Ленинградтағы, Омск мен Томск қалаларындағы атақты кітапханалардан, архив қоймаларынан көріне бастады. 1938 ж. Ленинградтағы Күншығыс халықтарын зерттеу институтының архивінен табылды, ол інісі Халиуллаға жазған хаты еді. Онымен бірге Абайдың әкесі *Құнанбай* мен ұстазы *Ғабитханның* да Халиуллаға жазған екі хаты шықты. Бұл хаттар 1856–66 ж. жазылған. Ол – тіршілік майданына жаңа шығып жүрген жас Абайдың өмірі туралы қағаз бетіне түскен бірінші деректер деуге болады. Бұлар «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналының 1959 жылғы 6 нөмірінде жарияланды. Хаттардың қазіргі сақталып тұрған жері – Азия халықтарын зерттейтін институттың архиві (5-қор, № 13). Халиулла Омскінің кадет корпусында оқыған, Абайдың жақсы көрген інісі, Шоқан сияқты әрі ойшыл, әрі жазушы болған. Бірақ жастай өліп, артында оншалық із қалдырмаған. Абай орыс әдебиетінің терең сырларын, оның биік тұлғаларын ең алғаш осы Халиулла арқылы білген...

Абайдың қолжазба мұраларынан жақсы танылғаны – *Мүрсейіттің* қолжазбасы не оның кейінгі көшірмелері. Мұны Абай өлеңін толық қамтыған, аса бағалы, негізгі бұлақ көзі деуге болады. Бұл жинақтың тағы бір ерекшелігі – үлкен кітапханада сақталмай, ауылда, сандық ішінде сақталып келген. Сандық түбінде жатқан сирек қолжазбалардың көбі бізге жетпей, көшпелі тұрмыс жағдайында жоғалып отырғаны зерттеуші ғалымдарға бұрыннан мәлім. Егер Мүрсейіт қолжазбасының тағдыры тап осындай болса, онда Абай ақынды жарыққа шығару тіпті қиын болар еді. Бірақ Абай ауылының өзгеше мәдениеттілігінен бұл тамаша қолжазба жоғалып кетпей, кітапханадағыдай сақталып, енді жас ұрпаққа сәулетті мұраның бірі болып отыр. Тегінде, Абай өлеңдері өзінің тірі күнінде қолжазба түрінде жинақталып, орыс ғалымдары арқылы, жоғарыда көрсетілгендей, үлкен кітапханаларға да түсе бастаған. Осы соңғы жылдар ішінде, Шоқанның әдебиет мұраларын зерттеу үстінде Абай шығармаларының төрт тізбегін тапты. Олар: бірінші князь В. А. *Кудашевтің* тізбегі, екінші *Садуақас* Құсаұлының тізбегі, үшінші Г Н. *Потаниннің* жинағы, төртінші Н. Я. Коншиннің жинағы. Бұлардың ішінде ең ертеректе жазылғаны – Потаниннің жинағы. Соңғы жинақ 1884 ж. жазылған. Потаниннің өтініші бойынша бұл өлеңдер тобын Абай өз қолымен жазып жіберген. Конвертте: «Из Чингизской волости от А. К.» деген жазуы бар. Потанинге жіберген Абай өлеңдері көпшілікке тіпті мәлім емес, түгелдей жаңадан табылған өлеңдер. Сондай-ақ жинақтың ішінде үлкен поэма «Қозы Көрпеш – Баян қыз», «*Жаңа закон*» т. б. бар. Мұнда халық эпосы, заң-жоралар туралы мәліметтер орасан көп. Оның көбі Күншығыс (қазақ, қалмақ, моңғол, якут) тілдерінде. Өйткені, көзі ашық, көкірегі саналы адамдардың Потанин сияқты өздері жанындай сүйетін

кемеңгер кісіге жазбай қалғандары кемде-кем. Абай өлеңдерінің бірінші рет топталған қолжазба жинағын Садуақас тізбегі деуге болады. Тегінде, мұны бірінші рет тізген Мәшһүр Жүсіп ақын Көпейұлы, ал Садуақас оларды өз дәптеріне содан көшіріп жазған. Жинақ 1884–91 ж. арасында тізілген. Абай шығармаларынан басқа да мұнда бірнеше ақынның жырлары жиналған. Оның ішінде қарауыл Арыстан, Тобылбай ақынның, Жүсіп пен Садуақастың өздерінің т. б. жазғандары бар. Садуақас осы дәптерін 1897 ж. Петербургқа барған сапарында Петербург университетінің профессоры, қазақ тілін, әдебиетін зерттеуші ғалым П. М. *Мелиоранскийге* сыйға тартқан. Қазір бұл дәптер Салтыков-Щедрин атындағы көпшілік кітапханасында, акад. А. Н. Самойловичтың архивінде сақтаулы тұр. Бұл дәптерде Абай өлеңдері барын Мелиоранский де, кейін Самойлович те білмеген. Садуақастың бұл дәптері қазақ қолжазбаларының ішіндегі маржандай тізілген көркемінің бірі. Садуақас орыс әдебиетін, Күншығыс халқының әдебиет дүниесін жақсы білген, мәдениетті кісі болғандықтан, Абай шығармаларына зор мән беріп, оны өз қолымен мұлтіксіз көшіріп, ғылыми кітапханаларға тапсыруы игілікті іс болған, Садуақастың бұлай істеуіне Шоқан мен Потаниннің әсері себеп болуында сөз жоқ.

Садуақастың осы дәптерінен бұлжытпай көшірген бір нұсқасын (1897) *Кудашев* қазіргі мемл. геогр. қоғамының кітапханасына тапсырған. Ол осы күнге дейін сол қоғамның архивінде сақтаулы тұр... (В. А. Кудашев. «Перевод киргизских песен и легенд»)... Кудашевтың жинағы Садуақас дәптерінен көшірілгені басынан аяғына дейін айқын көрініп тұр. Бұл дәптердің жалпы құрылысын ешбір өзгертпестен, онда не болса соның баршасын тегіс көшірген... Семейге айдаумен келген орыс революционері Коншин – Абайды жақсы білген кісінің бірі. Ол Семейдің обл. статист. комитетінде хатшы болып тұрғанда, Абайды оған құрметті мүшелікке өткізіп, П. Е. *Маковецкий* екеуі Абайдан қазақтың бұрынғы билік заңдарын, жора-жосындарын жазып алып отырған.

Н. Коншиннің жинағында Абай шығармалары соншалық көп емес. Ол кісі, көбінесе, саяси-шаруашылық тұрмысқа ерекше көңіл қоятын болғандықтан, Абайдың тек қана азаматтық сарыны бар, мәдениетті, білімді, тұрмысты жырлаған өлеңдерін ғана жазып алған. Мәселен, бұл жинақта *«Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім»* деген Абай өлеңдері, бұдан басқа «Өткен замандағы қазақ хикаялары» дегендер бар. Бұл соңғы шығарма әлі жарыққа шықпаған, белгісіз жатқан соны нәрсе, барлығы 29 бет. Коншиннің жинағы 1898–1901 ж. тізілген. Бұл жинақтың негізгі арқауы Абай, Шортанбай, Жаяу-Мұса өлеңдерінен құрылған.

Абайдың өзіне тән мұрасымен қатар, оның өмірбаянына керекті мәліметтер де Москва, С.-Петербург, Омбы, Томск кітапханаларында, архивтерінде кездесіп отырады. Соңдай күрделі деректердің бірі – Абайдың әкесі Құнанбай мен оның балаларын патша үкіметі айыптап, тергеу жүргізген істер. Бұл документтер Омбы мемл. архивінде... *Ә. Марғұлан.*

ҚОНДЫБАЙ Қазыбайұлы (т.-ө. ж. б.) – Абайдың «Қыс» өлеңінде есімі аталады. Уақ елі басшыларының бірі. Қ-дың баласы – Орман-Байтоқ Россияға бодан болған. Өз әулетінен тараған ел Қ.– Бура-Найман болысы деп аталған. Ақын қатал қыста малынды қасқырға алдырмай аман сақта, «Ит жеген-ше Қондыбай, Қанай жесін» деп, ел шонжарларын тағы да бір қағытып өтеді.


ҚОҢЫРАТБАЕВ Әуелбек (1905–86) – түрколог, фил. ғыл. докторы. проф. Ғалымның негізгі еңбектері қазақ фольклоры, көне түркі поэзиясын зерттеу және қазақ әдебиетін мектептерде оқыту мәселелеріне арналған. «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы», «Қазақтың «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» жыры туралы», «Әдебиетті оқыту методикасының очерктері» жарық көрді. Қ-тың бірқатар еңбектері абайтану мәселелерін сөз етеді, әсіресе ақынның шығыс әдебиетімен байланысын ашуға арналған. «Мәдениет тарихынан алынатын таным» («Қазақ әдебиеті», 1972, 28 қаңтар), «Әлішер Науаи – өзбек халқының ұлы ақыны» (ҚазССР ҒА-ның Хабаршысы, 1948, № 6), «Фараби және Абай» еңбектерінде Шығыс әдебиеті мен қазақ әдебиетінің тарихи сабақтастығы және жалпы түркология мәселелерін қарастырған. Оның бірқатар зерттеулері Абайдың философ. көзқарасын анықтауға, ақындық шеберлік және шығармаларындағы өткір сын, әжуа, мысқыл ерекшеліктерін ашуға арналған. Ол Абайдың өмірі мен ақындық жолын зерттеу мәселелеріне байланысты 10-нан астам ғылыми мақала жазып, 1945 жылғы Абай шығармаларының академиялық жинағына түсініктер жариялады.

ҚОҢЫР-КӨКШЕ БОЛЫСЫ – Абай заманындағы Семей облысының әкімшілік бөлігі. Тобықты елі 1824 ж. дейін бір ғана болыс болған. 1835 ж. Күшік тобықты, Мәмбетай тобықты болып бөлінеді де, кейінірек Күшік тобықтыдан Қоңыр-көкше болысы бөлініп шығады. Осы Күшік тобықты болысының басқарушысы Құдайберді Құнанбайұлы дүние салғаннан кейін, 1866 ж. Абай (Ибраһим) Құнанбаев болыс болады. Болысты Қоңыр-көкше аталған жылдары да осы Абай басқарады. Уезд бастығы Измаилов Абайдың ақыл-парасатын, әділдігі мен сауатты адам екендігін ескеріп, оны сайлауға түсірмей-ақ бірден тағайындайды. Абай Қоңыр-көкше елін басқарған екі жарым жыл ішінде жұмысты жақсы атқарып, 3-дәрежелі шапанмен наградталған.

ҚОРАМЖАН Тайшекин (1858–1930) – Абайдың замандасы. Қ. отбасын ұрлық жасап асырайды екен. Осыны естіген Абай оны шақырып алып, ақыл-кеңесін беріп, өз жанына көшіріп алады. Содан былай ол өмірінің соңына дейін Абайдың қасында болып, сөзге араласып, ұрлығын қойған. Оның балалары Қатпа, Мақып ақын туралы естеліктерін Абайдың Семейдегі мемл. қорық-музейіне тапсырған.

«ҚОР БОЛДЫ ЖАНЫМ...» – Абайдың 1889 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 6 тармақты 4 шумақтан тұрады, көлемі 24 жол. Абайдың ең мол қалам тартқан тақырыбы – адам сезімі, махаббат болса, бұл өлеңінде сүйген жарына қолын жеткізе алмаған, махаббат азабын тартып, жүдеген жанның кейпі сомдалады. *«Сен мені не етесің?»* өлеңімен мазмұндастық, ой сабақтастығы сезіледі. Абай лирикасына тән ішкі динамика, ой тереңдігі, сезім мөлдірлігі мұнда да айқын көрінеді. Оқырман лирикалық қаһарманның жүрегін жаралап, жігерін жасытқан ыстық сағынышқа шүбәсіз иланады. Оның кейіпкері ғашығының бірауыз сөзіне зар болып, қаншалықты қамықса да егілмейді, үмітін үзбейді. Абай өлеңдерінен аракідік кездесіп қалатын тағдырға мойын-

ұсынушылықтың, жақсы-жаман атаулыны тағдырдың ісі деп санаушылықтың да нышаны байқалады. Өлеңнің сыртқы пішінінде жаңалық бар. Оның шумақ, буын, ұйқас өрнектері қазақ өлеңінің дәстүрлі үлгілерімен үйлеспейді. Шумақтардың алғашқы 4 жолы шалыс (-а, -б, -а, -б) ұйқасады да, негізгі ойдың түйіні өзара ұйқасқан соңғы 2 тармақта беріледі. Әр тармақтағы буын сандары да әр қилы: тармақ бойынша алғанда ол 5/7, 5/7, 6/6 түрінде аралас буын болып келеді. Өлең алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Кейінгі басылымдарда осы нұсқа бойынша берілген. Оларда елеулі текстол. алшақтық кездеспейді. **«Барса ғашық маңына»** деген Мүрсейіт қолжазбасындағы шумақтың 4-жолы 1909 ж. жинақта **«Ғашығымның жанына»** болып берілген. Негізгі академ. басылымдарда соңғы нұсқа басшылыққа алынған. Абай шығармаларының 1961 ж. шыққан бір томдығында 1-шумақтың 2-жолы **«Сенсіз не меңің күнім»** деп берілген. 1939, 1945, 1957, 1977 жылғы басылымдарда негізгі нұсқалар бойынша **«Сенсіз де менің күнім»** түрінде жарияланған. Өлең өзбек, қырғыз, орыс, тәжік, түрікмен, қарақалпақ, ұйғыр тілдеріне аударылған. *Б. Әбдіғазиев.*



Нота. (Қор болды жаным. 1-түрі).

Ақын бұл өлеңіне ән шығарған. Әнді А. В. Затаевич 1930 ж. жазушы С. Мұқановтан Москва қаласында жазып алып нотаға түсірген. Әннің бұл үлгісі Осман Қашағановтан жазып алынған түріне ұқсас. А. В. Затаевич: «Музыка тұрғысынан қарағанда, осы ұсынылып отырған «Татьяна хаты» – өте сәтті, ойдағыдай шыққан қазақ авторының шығармасы», – деп, жоғары пікірін білдірген. Комп. Л. Хамиди жазып алған ән үлгісі А. Э. Бимбоэстің нотаға хаттаған түрімен өте ұқсас. 1939 ж. проф. Б. Г. Ерзакович те белгілі әнші Қ. Лекеровтен осы әннің тағы да бір түрін жазып алған болатын. Әннің 3-, 4-және 6-түрлері бір-бірімен өте ұқсас. Ал, 1-, 2-, және 5-түрлері әуендік болсын, екпіндік-ырғақтық жағынан әлгі жоғарыда аталған ән үлгілерінен өзгеше, алшақтау. Себебі, Қашағанов пен Мұқановтан және Лекеровтен жазып алынған әндер дәстүрлі қазақ әуен-саз арнасында айтылады. Әннің 1-, 2-түрлері бірқалыпты 2/4 ырғақ-өлшем кестесімен ерекшеленетін болса, әннің қалған түрлері – аралас муз. өлшемдермен сипатталады. Комп. Ғ Жұбанова ақынның бұл әнінің вариациясын жасады, С. И. Шабельский 4 бөлімді фортепионалық триосына бір бөлім етіп енгізді, А. А. Гурьев романс жазды.

Қ. Жүзбасов.

ҚОРҚЫТ, Қ о р қ ы т а т а (8 ғ., т.-ө. ж. белгісіз, қазіргі Қызылорда обл., Қармақшы ауд. жерінде) – атақты ақын, күйші, аңыз кейіпкері. Тарихи деректер мен халық шежіресі бойынша, Қ-тың анасы қыпшақ тайпасынан, ал әкесі Қарақожа оғыздардың Қамы (Қайыспас) деген атасынан шыққан. Қ. оғыз бен қыпшақтар арасында бірдей кемеңгер ел ағасы болып өткен. Жазба ескерткіштердегі деректер бойынша Қ. 95 (кей деректе 195) жыл жасаған. Қ. өз өмірінде үш хан тұсында уәзірлік қызмет атқарған. Тарихта Қ. ықпалында болған Инал, Көл-Еркен, Қаңлықожа деген хан аттары аталады. Ал бұл хандардың Жетісу (Алмалық, Ыстықкөл), Талас, Сайрам, Қазығұрт, Қаратау, Сыр бойы, Орт. Қазақстан (Ұлытау, Кішітау, Есіл, Нұра, Сарысу) Торғай өлкесі, Ертіс бойы мен Алтайда әкімш. құрғандығы тарихтан белгілі. Қ. осы тұста әлеум. жора (заң) негізін жасап, оны ата-баба жасаған мекенді ұйық деп білу, туған жерді сыртқы жау шабуылынан қорғау, жер-суды белгілі тәртіппен пайдалану, дау-жанжалды ақылмен шешу, кінәлы болған адамды жазалау сияқты салаларға бөлді. Сондай-ақ халық әскерді сапқа тұрғызғанда ортасын алқа-қотан етіп, екі қанатын оң қол, сол қолға бөлу, халық жиналыстарында тәртіппен отыру, астой үстінде мүше беріп, шүлен таратқандағы тәртіптердің бәрін де Қ. жасаған аталық заңға (жораларға) жатқызады. Ел аузында «Қ. айтты» деген мәтелдер жиі кездеседі. Мыс., «Ескі мамық бөз болмас. Кәрі дұшпан дос болмас. Өлген кісі тірілмес, кәрі дұшпан дос болмас. Өткен қайтып келмес». «Шөлді жердің отын киік білер. Сулы жердің қадірін құлан білер, Ұзақ жолдың сырын түйе білер. Шытырманды тау қойнауын түлкі білер» т. б. Ел аузындағы аңыздарға қарағанда, Қ. асқан күйші ғана емес, қазақ музыкасының, ән-күй өнерінің атасы. Оның шын мәніндегі күйші-композитор болғандығын ел ішінде сақталған «Қорқыт күйі», «Қорқыт сарыны» атты муз. шығармалары дәлелдейді. Қойлыбай бақсы, Нысан абыз, Мекеш бақсы, Найман бала жырларында Қ. аты олардың ұстаз-пірі ретінде жиі аталады. Қ-тың әдеби-муз. мұрасы тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі тектес халықтарға ортақ асыл қазына. Оның мазары соңғы кезге дейін, Сырдария өзенінің жағасында сақталып келді. Қ. ел аузында таралған аңыздарда өлімге қарсы күресуші, өлім дегенді білмейтін, мәңгі жасайтын өмір іздеуші ретінде суреттеледі. Аңызда Қ. желмаяға мініп алып, өлмейтін жер іздеу үшін дүниенің төрт бұрышын түгел аралайды. Бірақ оның алдынан шыққан көк майса «қуарып солдым» деп, аспанмен тілдескен асқар тау «Бұрын сәулетті едік, мыжырайып біттік» деп мұңаяды. Жапырағы сарғайған қара орман қайғымен басын шайқайды. Ол қайда барса да, көр қазып жатқандарға кездеседі. Қ. өлімге қарсы ем іздеуге әрекеттенеді, бірақ ол еңбегінен де ештеме шықпайды. Соңында «Өлмейтін нәрсе жоқ екен» деген қорытынды жасап, өмірінің кейінгі кезін қобыз тартумен өткізеді. Өлмеуді, мәңгі өмірді қобыз үнінен іздейді. Негізінде, өлімге қарсы күрес ислам дінінің жораларымен сыйыспайды. Сондықтан аңыз Қ. атына байланысты айтылғанмен оның шығу, таралу тарихы түркі халықтарына ислам діні тарамай тұрған кезге саяды. Сол сияқты шумер халқының атақты дастаны «Ғылғамыш» пен Сібір түркі халықтары арасында кең тараған «Ерлікхан» әңгімесінде де Қ. туралы аңыздағыдай өлімге қарсы күрес суреттеледі. Халықтың аңыз-әңгімелерін жақсы білген Абайдың Қ. өміріне байланысты деректермен жете таныс болғаны ақиқат. *Б. Әбдіғазиев.*

«ҚОРҚЫТПА МЕНІ ДАУЫЛДАН...» – И. А. Бунин өлеңінің 1892–93 ж. аралығында Абай аударған нұсқасы. Орысша түпнұсқасы 12 жол, қазақшасы 16

жол. Абай өз өлеңінің негізгі үш шумағында орысша түпнұсқадан көп алшақтамай, жалпы мағынасын сақтай отырып, ондағы өмір сүйгіштік, оптимистік сарынды, қиындыққа қажымай, үлкен мақсат-нысанаға ұмтылуды уағыздауды айрықша шеберлікпен жеткізеді. Мұны айқын көру үшін орысша нұсқаның сөз болып отырған шумақтарына назар салалық:

«Не пугай меня грозою,
Весел грохот вешних бурь.
После бури над землею
Светит радостней лазурь.

После бури молодея
В блеске новой красоты.
Ароматно и пышнее
Распускаются цветы.

Не страшит меня напастье,
Горько думать, что пройдет
Жизнь без горя и счастья
В суете дневных забот».

Орыс ақынының бұл ой-пікірлері Абайға да жат емес. Осыған ұқсас пікірлерді Абайдың шығармаларынан жиі кездестіруге болады. Ғақлия сөздерінің бірінде Абай «Үміт үзбек – қайратсыздық» дей келіп: «Қары қалың қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?» деп түйіндейтінін еске алсақ, тіпті сөзбе-сөз ұқсастық та бар екенін көреміз. Әрине, мәселе жеке сөз, сөйлемдер ұқсастығында емес, біз бұл жерде Абай өз ой-пікірлерімен жанасып, жалғас келетін, өз көңіл-күйіне үйлес, үндес өлеңдерді аударуға ұмтылатынын атап айтпақшымыз. Өлеңнің төртінші шумағында:

«Сондықтан қайғы қат-қабат,
Қарап тұрмын сеңдерге,
Атасы басқа, өзі жат
Жалғыз жанша жат жерде...» –

деп, Абайдың орысша түпнұсқадан алшақ кетуі де сол өз көңіл-күйінің елесін көрсетуге ұмтылғандықтан туған. Өлең 7–8 буынды шалыс ұйқас үлгісінде жазылған. Алғаш 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Басылымдарында текстол. өзгерістер кездеспейді. *З. Ахметов.*

ҚОШАНОВ Аманжол (1934 ж. т.) – экономист, экономика ғыл. докторы, проф., Қазақстан Республикасы Ұлттық ҒА-ның академигі. Оның «Кемелденген социализм кезеңіндегі Қазақстанның индустриялық прогресі», «Одақтас республикалардың әлеуметтік-экономикалық дамуының ауданаралық мәселелері» т. б. ғыл.-зерт. еңбектері көпшілікке кеңінен мәлім. Ғалым кейінгі зерттеулерінде тәуелсіз Қазақстанның қазіргі кезеңіндегі экономик. бағытын белгілеу және қалыптастыру, аймақтық ұдайы өндірістің теориялық және ғыл.-практик. мәселелерін қарастырады. Қ-қа Қазақстан Республикасы Ұлттық ҒА-ның Ш. Уәлиханов атынд. сыйл. берілген. *Н. Шабанов.*

«ҚУАНБАҢДАР ЖАСТЫҚҚА...» – Абайдың 1901 ж. жазған өлеңі. Көлемі 20 жол. Жастарға ғибрат айтуға бағытталған бұл өлеңін Абай *Ысқақ* Махмутов деген татардың немерелеріне арнап шығарған деген дерек бар. Ысқақ Абай аулымен араласып тұрған. Өлеңде Абай шығармашылығына тән адамгершілік, имандылық, сабырлылық пен кемелді ой мәселелері сөз болады. Егер Абай «Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңінде қазақ аулындағы жалқаулық пен арсыздықты, мақтаншақтық пен парықсыздықты, еріншектік пен арамтамақтықты ашына әшкерелесе, бұл өлеңінде астарлы мысқылмен қатар өнегелі ғибрат, ақыл-кеңес мол. Арзан күлкі мен пәтуасыз бос сөзге ермей, шын байлықты бағалай білудің қажеттігі алға тартылады. Маңдай теріңді төгіп тапқан тиыныңды «сал да сақта қапшыққа» дей отырып, «сақтықта қорлық жоқ» деген халық қағидасын уағыздайды. Бұл бір жағынан Абайдың өмірден алған өз сабағы. Оны «Елу бесте біз дағы, Сенісер адам таптық па?» деп ақынның өзі де сездіреді. Шығармада Абайдың гуманистік идеясы, имандылық нысанасы көрінеді.

Өлеңнің алғашқы 2 тармағы ұйқасады да одан әрі жеке шумақтарға бөлінбей -а, -а, -б, -а, -а, -а үлгісінде өріледі. Өлең 7, 8 буынды жүйеде жазылған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген *«Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі»* атты жинақта жарияланды. Өлеңнің әр жылдардағы басылымдарында бірен-саран айырмашылықтар бар. 1954 жылғы жинақта өлеңнің 2-жолы **«Елерме күлкі, мастыққа»** делінеді, ал басқа жинақтарда бұл жол **«Елірме...»** деп басталады. 1939, 1945, 1954, 1986 жылғы басылымдарда 17-жол **«Арсыз-құмар болғандар»** болып, ал өзге жинақтарда **«Арыз құмар болғандар»** түрінде берілген. Сондай-ақ, 14-жол 1939, 1945 жылғы жинақтарда **«Қорлық жуымас сақтыққа»** делінсе, кейінгі басылымдарда 1909 ж. жинақ пен Мүрсейіт қолжазбаларына сәйкес **«Қорлық жүрмес сақтыққа»** деп түзетілген. Өлең ағылшын, башқұрт, белорус, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, украин, ұйғыр тілдеріне аударылған.

Б. Әбдіғазиев.

ҚУАНДЫҚ Сабырбайқызы (1843–1928) – ақын, әнші. Сыбанның он жеті ақыны шыққан ақындар әулетінде дүниеге келген. Айтыс өнерінің шебері Сабырбай қызын жас күнінен сөз өнеріне баулып өсірген. Қ. шаршы топта жыр додасына түсіп, әншілік, ақындық өнерімен ел құрметіне бөленген. Қара өлеңге өте жүйрік болған. Абайдың Қ-пен кездесуі оның жан дүниесінде үлкен серпіліс туғызған. Талантты ақын қыз Абай назарына ілігіп, тіл табысқан. Қ. ақындық дәстүр бойынша өткір тілмен міней сөйлеп, Абаймен айтысуға дейін барған. Көлемі 2–3 шумақтан аспайтын бұл сөз қағысулары зілсіз әзілмен бір-біріне сәлем жолдау ғана. Екі жастың жарасқан көңілін байқаған Сабырбай ақын оларға өлеңмен басу айтқан. Ел аузындағы естеліктерге қарағанда Абай Қ-қа үйленбекші де болған. Бірақ Абайдың ата-анасы Ділдәға құда түсіп, сөз байласып қойғандықтан, оның бұл тілегі орындалмаған. Қ. ақын замандасының өлеңдері мен әндерін халық арасына таратуға көп еңбек сіңірген. Қ-тың Абай шығармаларын сақтап, насихаттаудағы еңбегіне М. О. Әуезов жоғары баға берген. Абайдың Сабырбаймен және оның қызы Қ-пен кездесуі туралы М. Әуезов орыстың белгілі жазушысы П. Кузнецовқа жазған хатында айтқан. Қ-тың Абай және әкесі Сабырбаймен т. б. ақындармен айтыстары Қазақстан Республикасының ҰҒА-ның орталық ғылыми кітапханасы қорында сақтаулы.

С. Қорабаев.

ҚУАНЫШБАЕВ Қалибек (1893–1968) – реж., актер, ұлттық театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі. Көркемсөз оқудың шебері, қоғам қайраткері.

ССРО-ның халық артисі. ССРО Мемл.сыйл. лауреаты. Қ-тың өнерпаздық қасиеті 5 жасынан бастап байқалған. Ауылдағы жеңгелері мен ағайын-туыстарының жүріс-тұрысын, сөз мәнерін келтіріп, оларды күлкі еткені үшін «Қараирек», «Пері Қалибек» атанады. Ол Сыздық, Сәдібек молдадан арабша дәріс алады, әсіресе, Мұқаметәлінің тәрбиесі оның өмірі мен өнерін қалыптастыруға өз әсерін тигізеді. Абайдың нағашысы Мауқай, Тонтай мен Торсықбайдың, жынды Омардың әжуа-әзілдері мен сайқымазақ өнерін үйреніп, екі сырыққа аяғын салып «шайтанша жүруді» үйренеді. Шүңкілтай сияқты сараң байларды мазақ етеді. Шешесі Күнімжан ақынжанды, әнші адам болған. Абайдың өлеңдерін, әндерін бала кезінен жаттатып, өнеге етіп отырған.



Қ. Қуанышбаев Абай ролінде. Реж. Г. Л. Рошальдің «Абай әні» кинофильмі. 1940.

1904 ж. жайлауға көшіп бара жатқанында Абай дүниеден қайтты деген қаралы хабарды естігенде, анасы көшті сол арада тоқтатып, ақынның жетісін бергенше аза тұтады. Ақынға деген құрмет оның есінде мәңгі сақталып қалады. Осылайша халықтың ақынға деген құрметі, салт-дәстүрі, өнері оны Қоянды жәрмеңкесінде сан қырынан ашыла түсуіне игі әсер етеді. 1916 ж. қазақ арасынан қара жұмысқа адам алу туралы Шілде жарлығынан кейін Қ. ағалары Мұхит пен Уәлидің орнына тізімге жазылып, Минск қ-ның түбінде жертөле мен шеп қазады. 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін елге оралады. Қиын-қыстау кезеңде үй-ішіне қолғабыс тигізу үшін Омбы қ-ндағы тері заводына орналасады. Сонда Қажымұқанмен танысады. Артист, сайқымазақ (клоун) болсам деген шешімге келіп 1920 ж. ауылына қайтады. 1922 ж. Қазақ Автономиясының 1 жылдық тойын өткізген Қоянды жәрмеңкесінде М. Әуезовпен танысады. Сонда Зәрубай Күлсейітов, Ахмет, Ғаббас Айтбаев сияқты өнерпаздармен бірге өзінің «Қарабай», «Сарыбай», «Қыз ұзату», «Хан күзету» іспетті шағын сахналық ойындарын көрсетеді. Ал 1925 ж. Қоянды жәрмеңкесіндегі үлкен ойын-сауыққа қатысып, Қажымұқан Мұңайтпасұлы, Майра Уәлиқызы, Қали Байжанов, Иса Байзақовтармен сахналандырылған ойын-сауық көріністерін 1ай бойы қояды. М. Әуезовтың «Еңлік-Кебектегі» Қарағенде – оның тұңғыш ролі. Қ. қазақ театрының сахнасында 180-нен астам рольде ойнады. Ж. Шаниннің «Арқалық» пьесасындағы – Әжіхан, М. Әуезовтың «Түнгі сарынындағы» – Тәнеке, Б. Майлиннің «Майданындағы» – Бекболат, Ғ. Мүсіреповтың «Аманкелдісінде» – Әбдіғапар, «Ақан сері – Ақтоқтысындағы» – мылқау Палуан, М. Әуезов пен Ә. Әбішевтің «Намыс гвардиясындағы» – Панфилов, Ә. Тәжібаевтың «Жалғыз ағаш орман емесінде» – Жанас, Ғ. Мұстафиннің «Миллионерінде» – Жақып, Ш. Құсайыновтың «Алдаркөсесінде» – Шораяқ, Ғ. Мүсіреповтың либреттосы бойынша қойылған Е. Г. Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсындағы – Базарбай бейнелері Қ-тың халық өмірін терең білетін шынайы талант иесі екендігін танытты. Ал ол ойнаған М. Әуезовтың «Абай» спектакліндегі – Абай, «Еңлік-Кебектегі» – Нысан абыз, Н. В. Гогольдің «Ревизорындағы» – Дуанбасы, У. Шекспирдің «Асауға-тұсауындағы» – Баптиса, «Отеллодағы» – Барбанцио бейнелері оны әлемдік дәрежедегі ұлы актерлердің қатарына қосып, «Қазақтың Щепкині» атандырды. Қ. қазақ кино өнерінің дамуына да ерекше үлес қосты. *«Абай әні»* фильмінде Абай ролін ойнау үстінде өткен өмірді, ақын заманының әлеум. қайшылықтарын, ел ішінің тұрмыс-салтын, дәстүрін терең білетін, өз өнеріне қажеттісін шеберлікпен екшеп пайдалана алатын ерен қабілетін танытты. Халқын, елін сүйген ақынның адамгершілік абзал қасиеттері бар болмысымен мейлінше айқын ашылған. Ол сахнаға арнап 15-тей әңгіме, пьесалар, өлеңдер жазды. Бұл шығармалары 1936 ж. «Түйреуіш», 1962 ж. «Шаншарлар» деген атпен жеке кітап болып басылып шықты. 1948 ж. Ш. Құсайыновпен бірігіп жазған «Шаншарлар» пьесасы сахнада қойылды. 1949 ж. Абай романының желісі бойынша Ш. Айманов қойған *«Абай»* спектакліндегі Құнанбай тұлғасын айрықша сомдап, актерлік өнердің биік шыңына көтерілді. М. Әуезовтің «Абай» спектакліндегі (реж. А. Тоқпанов) Абай бейнесі қазақ сахнасындағы қайталанбайтын ұлы тұлғалардың қатарына жатады. Қ. туралы 1972 ж. «Қалибек Қуанышбаев» деген фильм түсірілді. Абай өлеңдерін көркем оқуға арналған Республикалық байқауда 1-орын алды. Ол орындаған Абай өлеңдері мен ғақлия сөздері фонотеканың қорында сақтаулы.

Т. Жұртбаев.

ҚУАНЫШБАЙ Ақын (т.-ө. ж. б.) – айтыс ақыны. Тобықты руынан. Қ. ақынның шығармашылық мұралары бізге толық сақталып жетпеген. Сөйтсе де, ел аузында сақталып қалған Найман елінің ақынымен айтысынан Қ-дың рулық салт-сананы көбірек жырлағанын көреміз. Ол Тобықты елін, Құнанбайдың қажылығын, байлығын, күш-қуатын жырға қосып қана қоймай:

«Абайдың әр білімі елден асты,
Әр жерде-ақ сіздің елмен қарсыласты.
Имансыз ит болмасаң өзің куә,
Талай тантық Найманның көңілін басты.
Абайдан құтыларлық ебің бар ма,
Сендердің көмек болар көбің бар ма?!
Балқыбек, Бақаназа сьез болса,
Аттанған айып бермей күнің бар ма?!» –

деп, Абайдың білімділігі мен тапқыр шешендігін мақтан ете сөйлейді, ақынның тентекке тез боларлық қаталдығы мен әділдігін алға тартады.

«ҚУАТЫ ОТТАЙ БҰРҚЫРАП...» – Абайдың 1898 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 6 тармақты 3 шумақтан тұрады. Туындыда ақын өзінің бүкіл поэтик. мұрасына арқау етіп өрген өлең сөз өнерін қастерлеу, халық санасын оятудағы сөздің құдіретін дәріптеу тақырыбын қозғайды. Қалың бұқараны қараңғылық қапасынан алып шықсам деген арманның жетегіне ерген гуманист – Абай сөзді соған жетудің қуатты қаруы деп білген. Осы тұрғыдан алғанда өлең Абайдың *«Сегіз аяқ»*, *«Білімдіден шыққан сөз»* сияқты шығармаларымен идеялас, үндес, тұғырлас. Ақын мұнда «уәзінге өлшеп тізілген», айналасы теп-тегіс жұмыр келген сымбатты өлеңнің бойында оттай алаулаған қуаттың бұғып жатқанын, әттең, осынау құдіретті сөздің надан адамға қадірі әлі де жетпей отырғанын өкіне, ашына айтады. Ақын суреттеуіндегі өлең көк бұлттан үзіліп түскен найзағайдай өткір. Сондай-ақ өленде тіліп түсер тілді қару етіп, жұртты ояту жолында айқасқан батыр ойдың бейнесі бар. Әйтсе де ақынның негізгі айтар ойы бұл емес. Абайдың бұл өленде алға қойған нысанасы – заман келбетін көрсету, надандық құрсауындағы ел тіршілігінен хабар беру. Қанша шайқасса да өзінің дәрменсіз екенін өкіне мойындаушылық сезіледі. «Бойда қайрат, ойда көз, Болмаған соң айтпа сөз» деген идея мұнда да негізгі мәселе ретінде көрінеді. «Оянбай, қайран жұрт, Ұялмай қал жым-жырт» дейді ақын. Өлендегі әр шумақтың алғашқы 4 жолы 7, 8 буынды, шалыс ұйқасты өлең үлгісінде, бұдан кейінгі қос жол 6 буыннан құралып, өзара ұйқасады. Алғаш рет С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өленді» атты жинақта жарияланды. *Мүрсейіт* қолжазбаларында да бар. Текстол. ауытқушылық жоққа тән. 1954, 1961 жылғы басылымдарда өленнің 2-шумағының 5-тармағы **«Ойланбай, қайран жұрт»** деп беріледі де, түсініктемеде мұның Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы басылым бойынша алынғаны айтылған. Алайда 1957 жылғы жинақта бұл жол **«Оянбай, қайран жұрт»** түрінде басылды. Ақынның бұдан кейінгі басылымдарында да осы нұсқа басшылыққа алынған. Өленағылшын, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған. *Б. Әбдіғазиев.*

ҚҰДАЙБЕРДІ Құнанбайұлы (1829–66) – Абайдың ағасы. Құнанбайдың бәйбішесі, Найман Ағанас бидің қызы Күнкеден туған. Қ. жастайынан атасы Өскенбай мен әжесі Зеренің тәрбиесінде мінезі орнықты, өнегелі болып өседі. Түрікше, арабша сауат ашады. Ер жеткен соң, әкесі Дегелеңді жайлаған Қаракесек ішіндегі Кедей руынан шыққан әйгілі би Алдабергеннің қызы Төлебикені айттырып, алып береді. Төлебике арабша, түрікше оқыған сауатты, білімді, кесте тігіп, ою оятын, киім пішетін, пышақ соғатын өнерімен елге танылады. Ырғызбай ұрпақтары оны Дәметкен деп атайды. Дәметкеннен – Омар, Мұртаза, Шаһмардан (Шәке), Шәкерім, ал екінші әйелі Тобықты ішінде Мамай руынан шыққан Дулат батырдың қызы Ботантайдан – Әмір, Жылқыайдар, Ырзықбай туады. Омар мен Жылқыайдар жастай шетінеп кетеді. Қ. балалары Әмір, Мұртаза, Шаһмарданды Семей медресесінен тыңғылықты білім алып шыққан Өтебай деген молдадан оқытады. Қ-ні Абай қатты қадірлеп, Семейден дәрі-дәрмек әкеліп тұрған, сырқаттығына қарамай ұзақ әңгімелесетін болған. Оның сүйегі Жидебайдағы зиратқа жерленеді. Абай аяулы ағасына деген қимастық сезімін білдіріп, жоқтау жазған. Қ-ден қалған інілерін, әсіресе, Шәкерімді тікелей өз қамқорлығына алып, тәрбиелеп, оқытады. *Б. Сапаралы.*

ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ Шәкерім (1858–1931) – ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор. Абаймен замандас әрі інісі, әрі ол негізін салған реалистік әдебиет дәстүрлерін алға апарушы ізбасары. Өзі өмір сүрген ортаның қоғамдық-саяси және әлеум. сыр-сипаттарын көре білуде, қоғам мен адам табиғатындағы кемшіліктерді зерделеуде, туған халқына түзу жол көрсетуде Қ. Абай бағытынұстанды. Шәкерімнің әкесі Құдайберді Құнанбайдың Күнке деген бәйбішесінен туған, яғни Абайдың туған ағасы. Шәкерім бес жасында ауыл молдасына оқуға беріледі де онда жеті жасына дейін оқиды.



Шәкерім Құдайбердіұлы.

Жеті жасында әкеден жетім қалған ол бұдан былайғы кезде Абайдың тікелей тәрбиесінде болады. Өскен ортасының аса бай дәстүрлері мен Абай ағасының тәрбиесі табиғатынан зерек Шәкерімнің жетімдік көрмей өсуіне ғана емес, оның талантты ақын, парасатты ой иесі болуына да зор ықпал жасады. Шәкерімнің өзі кейінірек былай деп жазады: «Әкеміздің бір шешесінен туған Ибраһим мырза, қазақ ішінде Абай деп атайды, сол кісі мұсылманша һәм орысша ғылымға жүйрік һәм алланың берген ақылы да бұл қазақтан бөлек дана кісі еді, ержеткен соң сол кісіден тағлым алып, әр түрлі кітаптарын оқып, насихатын тыңдап, аз ғана ғылымның сәулесін сездім». Кезінде арнайы оқу орындарында оқып білім алмаса да, өз бетінше ізденіп және Абай ағасының жетекшілігімен жан сарайын байытқан Қ. заманында қазақ арасындағы аса білімдар адамдардың бірі болды. Араб, парсы, түрік, орыс тілдерін жетік білді.

Қ-ның қаламынан терең ойлы, сыршыл лирик. өлеңдер, «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Нартайлақ-Айсұлу» сияқты оқиғалы дастандар, «Әділ-Мәрия» романы және басқа да прозалық туындылар, аудармалар, тарихқа, философияға қатысты еңбектер, сазды әндер туды. 1911 ж. «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», 1912 ж. Семей қаласындағы «Жәрдем» баспасынан «Қазақ айнасы», «Қалқаман-Мамыр», «Жолсыз жаза яки кез болған

іс», «Еңлік-Кебек», «Үш анық», «Мұсылмандық шарты», «Ләйлі-Мәжнүн» т. б. шығармалары жарық көрді. 1978 ж. Ленинградта шыққан «Поэты Казахстана» деген жинақта Қ-ның бірқатар өлеңдері орыс тілінде басылды. Үлкен жинағы 1988 ж. «Жалын» баспасынан жарық көрді. Қ. өмір сүріп, еңбек еткен тарихи кезеңде қазақ әдебиетінде Абай іргетасын қалаған реалистік дәстүр қалыптасып келе жатқанды. Шәкерім осынау өнегелі үрдісті алғашқы жалғастырушылардың бірі болды. Абай мен Шәкерім арасында тамырластық аса терең. Өз заманының келелі мәселелерін, қоғамдық шындықты қозғауда екі ақын да ерекше қуат танытқан. Абай тәрізді Шәкерімнің де ақын ретінде ұсақ-түйек міндерді сынаудан бастап, өз кезінің күрделі әлеум. мәселелерін көтеруге дейінгі аралықтағы терең ойлары, парасатты тұжырымдары сайрап жатыр. Шәкерім айналасындағы құбылыстарды сырттай ғана жырлаушы болған жоқ, ол бар нәрсенің қай-қайсысына да мән бере қарады, жақсылығына қуанды, кемшілігіне күйзелді. Ақындық болмысын да осы ыңғайда қалыптастырды. Ақынның азаматтық үні осы тараптан естіледі. Оның Абай үлгісіндегі реализмі алдымен азаматтық лирикасынан көрінді. Өз заманының көзі ашық, көкірегі ояу азаматы ретінде ол халқының басындағы нақты жағдайды көре білді. Осы бағыттағы барлық ой пайымдарын лирикасына нәр қылып құйды. Ақын лирикасының басты объектісі – адам. «Ескіден қалған сөз теріп», «Сәнқойлар», «Қалжыңшыл қылжақпас», «Еріншек», «Құмарлық», «Бір салмойын сал келер» сияқты өлеңдерінде ақын замандастарының бойындағы ірілі-уақты кемшіліктер сыналады. Шәкерім надандықтың негізін осылардан көреді. Бұл өлеңдерінің қайқайсысында да оның реализміне тән шыншылдық пен сыншылдық бар. Қандай кемшілікті болсын, ақын типтендіре суреттеуге күш салады. Сол себепті оның кейбір өлеңдерінде сыналатын кейіпкерлер өзімізбен бүгін де қатар жүрген жандар секілді қабылданады. Өз халқының мүддесін көздеген ақын оның бойындағы жағымсыз қасиеттерді жұртқа жария етуші ғана емес, солардың үкімін айтушы да бола білді. Әшкерелей отырып, өз үкімін айтады, айналасына ой тастай сөйлейді. «Ашу мен ынсап», «Шаруа мен ысырап», «Анық пен танық», «Ер қоспақ пен сөз сөйлемек», «Дүние мен өмір», «Мақтау мен сөгіс», «Міндеу мен күндеу» сияқты бірқатар өлеңдерінде Шәкерім айналасына сын көзбен қарай отырып, заманының шынайы суретін жасайды. Халық тағдыры – Қ. жырындағы арналы тақырып. Бұл тұста да ол Абаймен сабақтас, үндес. Абай тәрізді Шәкерім де өзінің насихат өлеңдері мен жеке өнегесі арқылы жұртшылық санасындағы кейбір кері қасиеттердің тамырын шірітіп, халықтық ар-намысты оятуға күш салады. Ақын әрдайым халықтан қол үзбейді. Оның әшкерелейтіні де халық басындағы кемшілік, мақтан тұтары да халықтық қазына. Әр кезеңде жазылған «Бай мен қонақ», «Партия адамы», «Ей, көп халық, көп халық», «Өкінішті өмір», «Қазақ», «Насихат», «Тағы сорлы қазақ», «Қош!», «Қош, жұртым» тәрізді өлеңдерінде ұлтының басындағы халді шыншылдықпен бейнелеп береді. Ақыл мысалдары нанымды. Оларда сол кезеңнің тарихи дамуына тән ерекшеліктер белгі береді. «Қош, жұртым» атты өлеңінде кәрілік кезеңіне аяқ басқан лирикалық кейіпкер – ақынның өзі халқының өткен өміріне көз жібереді, бүгініне үңіледі. Бүгінде патша тақтан құлаған, қазақ даласына айрықша бір сәуленің нұры шашыла бастағандай. Асарын асап, жасарын жасаған ақын қуана тұрып өзіне «ендігі мақсатың не?» деген сауал қояды да, соған жауап іздейді. Өлеңде оптимизм бар. Ақын мұнда жақсылықты көп көргенін, патшаның тақтан құлағанын айтады. Халқының болашақта тәуелсіз өмір сүретініне үміттенеді. Алайда ақында алаңдаушылық та бар. Ендігі жерде халқының бойындағы күндестік, мақтаншақтық сияқты қасиеттердің жойылуы қажет екенін алға тартады. Өкінішке орай, бұл қасиеттер әлі де болса аяққа тұсау болып отырғанына күйзеледі. Қандай әлеум. кеселді болсын ол уақыт ағымынан туған, міндетті түрде түзетуге болатын кемшілік деп біледі. Өзінің осы бағыттағы өлеңдерінде ақын сол кезеңдегі қоғамдық психологияны дәлме-дәл бере біледі. Халық ойына қозғау салу бағытындағы ақынның арқалайтын жүгін де салмақтай отырады. Қоғамдағы әлеум. теңсіздік ең алдымен ақынның жанарына шалынса керек. «Бай мен қонақ» өлеңінде қазақ тұрмысынан алынған шағын сюжет баяндалады. Бай үйіне келген қонақ пен үй иесі арасындағы диалог сол дәуірдегі қазақ аулының психологиясын, этикасы мен эстетикасын, тұрмыстық ерекшеліктерін, рухани түсінігінің деңгейін сипаттап береді. Мұнда да Абай жырлаған тоғышар кейіпкерлер бар. «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық» адам баласын қалай аздыратынын ұлы Абай қандай шебер айтып кеткен болса, Шәкерімнің мұндағы кейіпкерлері де алдында асы бар, істер ісі жоқ, тойғанына мәз, бірін-бірі кемсітуге құмар мүгедек жандар. Қ. айналасында болып жатқан құбылыстар мен оқиғаларға әрдайым сергек қарады. Ақынның азаматтық сергек үні әсіресе 1917 жылғы төңкерістер кезінде айқын естілді. Патша тақтан құлатылған сәтте «Бостандық таңы атты», «Бостандық туы жарқырап» деп қуана өлең жазды. Бір қарағанда ұран іспетті көрінетін бұл өлеңдерде жалаң қуаныш, лепірген сезім ғана емес, ақынның лирикасына тән терең философ. ой бар. Ә дегеннен-ақ, ақын мына болып отырған жаңалықтан өзінше ой түйеді. Қуана тұрып, ол халқының бұдан былайғы өміріне ой жібереді. Ендігі заман еңбек адамынікі болу керектігін айтады. Қ. реализмінің айқын көрінген ендігі бір тұсы – оның ағартушылық тақырыптағы лирикасы. Ақынның бұл бағыттағы еңбегі 1879 ж. жазылған «Жастарға» атты өлеңінен басталған. Ағартушылық идея Шәкерім лирикасының алтын діңгегі болып табылады. Оның Абаймен үндестігін танытатын бір сала да осы. Өзінің «Насихат», «Сынатарсың өзіңді», «Үш-ақ түрлі өмір бар», «Сен ғылымға...», «Ғылымсыз адам айуан», «Жасымнан жетік білдім түрік тілін» сияқты көптеген өлеңдерінде Қ. Абайдың ағартушылық идеяларын одан әрі жалғастырады. Бұқараны оятуға ұмтылады, ғылымға жетелейді. Еңбек етуге, мәдениетті елдерден үлгі алуға шақырады. Қ. үшін байлықтың ең үлкені – ғылым. Өзінің «Үш-ақ түрлі өмір бар» атты өлеңінде ол адам өміріне «ортаншы өмір» деген ұғымды қолданады. Бұл – адамның жастық шақ пен кәріліктің арасындағы белсенді өмірі. Шәкерімнің айтуынша, міне, осы жылдары уақытыңды босқа өткізбей, ғылымға үңілсең, одан өзіңе керек қазынаны тауып ала білсең – өмірлік мұратыңа жеткенің. Бас-аяғы үш шумақтан тұратын өлеңнің идеясы – адам баласын, Абай айтқандай, «ержеткен соң түспеді уысыма» деп өткініште қалдырмау.

Абайдың әдеби мектебінен тәлім алған Қ. ұлы ұста-

зының қазақ халқын әлемдік мәдениет үлгілерімен таныстыру бағытындағы қызметін жемісті жалғастырды. Шәкерімнің осы тұрғыдағы еңбегін үш салаға бөліп қарауға болады. Оның бірі ақынның әлем әдебиетінің озық ойлы өкілдерін өз өлеңдерінде насихаттап отыруы десек, екіншісі оның Л. Н. Толстой сияқты заңғар қаламгермен тікелей хат алысып, шығармашылық байланыста жүруі. Ал үшінші сала – Шәкерімнің өзге елдер әдебиетінің үлгілі шығармаларын қазақшаға аударуы. Шәкерім Шығыстың Қожа Хафиз, Физули, Науаи секілді жарық жұлдыздарын, А. С. Пушкин мен Л. Н. Толстойды қастерледі. Әйгілі «Ләйлі-Мәжнүн» дастанының Физули жырлаған нұсқасын қазақша жырлап берді. Хафиздің бірқатар өлеңдерін, А. С. Пушкиннің «Дубровский», «Боран» атты шығармаларын, Л. Н. Толстойдың алты әңгімесін, американ жазушысы Гарриэт Бичер Стоудың «Том ағайдың балағаны» атты романын аударды. Қ-ның лирик. қаһарманы да Абай кейіпкерлеріне ұқсас. Оның басынан қуаныш пен күйініш те, үміт пен күдік те өтеді. Кей сәттерде мұңға беріледі. Бірақ, бұл құрғақ пессимизм емес. Абай өлеңдеріндегі сияқты Шәкерімде де «жүрек», «тіл», «сөз» ұғымдары мол ұшырасады. Лирик. қаһарманының көңіл-күйін, ахуалын бейнелеу мақсатында ақын «жаралы жүрек», «улы жүрек», «жылы жүрек», «ет жүрек», «долы тіл», «ащы тіл», «тәтті тіл», «улы сөз» деген сияқты ұғымдарды образдылықпен пайдаланады. Көп ретте ақынның лирикалық қаһарманы «таза жүрек» іздеу жолында «ет жүрегін» қолына алып, «сұм жүректермен» айқасады. Заман деңгейінен аса алмай пұшайман болған кездерінде «дертті жүрекке» айналады. Шығармашылық жолының өне бойында адамгершілік мәселесін, ардың тазалығын, имандылықты бірінші орынға қойып отырады. «Арың сатпа, терің сат, адалды ізде», – дейді ақын. Бұл мәселелерге ол өз елінің перзенті тұрғысынан қарады. Ойға батты, толғанды. Абайға жүгініп отырады. Өзінің алғашқы шығармаларының бірі – «Жастарға» атты өлеңінде ақын өзіне де, өзгеге де Абайды бағыт сілтеуші, жолбасшы ретінде ұсынды. Өлеңде жас ақынның сезімталдығы мен көрегендігі танылды. Сол кезде небары отыздан жаңа асқан Абайдың кемеңгерлігін, даналығын, парасатын бағалай білудің өзі Шәкерімнің осы қасиеттерін дәлелдей түседі. 21 жасында жазылған «Жастық туралы» өлеңінде Абайға тән өлең өрнегі, сезім суреттері мол. Өлеңнің ұйқасы да, өлшемі де өзгеше. Абайдың «Сегіз аяғымен» тамырлас. Өлеңде қыз сұлулығымен қоса жастықтың алаулаған жүрек бұлқынысын, ыстық сезім, ар-инабат мәселелерін ақын әсерлі зерлейді.

Қ. – поэма жанрында да жемісті еңбек еткен қаламгер. Ол 19 ғасырдың 2-жартысында Абайдан бастау алатын реалистік үлгідегі оқиғалы дастан дәстүрінің дамуына елеулі үлес қосты. Оның қаламынан қазақтың ертеректегі өмірінен алынып жазылған «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Нартайлақ-Айсұлу» атты поэмалар туды. Жаңа тұрпатты қазақ поэмаларының алғашқылары Абайдың «Ескендірі» мен «Масғұты» десек, одан кейінгі Ақылбай мен Мағауияның, Әсет пен Көкбайдың, Шәкерімнің дастандары ұлы Абайдың ақындық ықпалымен, шығармашылық тәлім-тәрбиесімен жазылған туындылар еді. Абай ең алдымен өзінің айналасындағы Шәкерім тәрізді жастарды жаңа үлгідегі поэмалық өрісін кеңейту ісіне жұмылдырды. Тіпті кейбіреуіне өз жанынан тақырып беріп, жазғандарын талқыға салып, сынынан өткізіп отырды. Соның нәтижесінде Шәкерімнің лирик. поэзияда меңгерген көркемдік шеберлігі мен жетістіктері оның поэмаларының табиғатынан да айқын көрініп жатады. Оның дастандарына шыншылдық, суреткерлік, терең психологизм, әлеум. астарлылық, филос. ой-тұжырым кеңдігі тән болып келеді. Ақынның «Еңлік-Кебек» дастаны тікелей Абайдың тапсыруымен жазылған. Ұлы ұстаз Еңлік пен Кебек арасындағы оқиғаны өлеңмен жырлап шығуды Шәкерім мен Мағауия ақынға қатар тапсырады. Соның нәтижесінде ғашықтық туралы екі дастан өмірге келеді. Кезінде Абай екі дастанды салыстырып, әрқайсысына лайықты баға берген.

Қ. көркем проза саласында да елеулі мұра қалдырды. «Әділ-Мәрия» атты роман (1925) жазды. Онда ғасыр басында қазақ аулында өткен оқиға баяндалады. Әділ мен Мәрия атты ғашық жастардың өмірі арқау болады. Абай бастаған реалистік әдебиетке тек шыншылдық, суреткерлік қасиет бұл шығарманың бойына мол сіңірілген. Абай өлеңдерінде бейнеленетін табиғаттың әсем көркі, ауыл мен даланың күнделікті қам-қарекеті романда көркем өрнекпен зерленген. Қ-ның прозалық шығармаларында осы тәрізді айқын бояу, айшықты суреттермен қатар, терең философия, халық даналығы, тарих тағлымы қоса өріліп жатады.

Қ-ның философ, тарихшы, ойшыл ретінде танылуына себепкер болған «Үш анық», «Мұсылмандық шарты», «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты еңбектері кезінде жеке-жеке басылып шықты. Олардың жазылуына да Шәкерімнің ұлы ұстазы Абайдың ықпалы аз болмаған. Шәкерімнің бозбала шағында оның білімділігін сезген Абай оған қазақтың шежіресін жинауды тапсырады. Абайдың осы тапсырмасын жүзеге асыру жолында Шәкерім ел ішіндегі түрлі әңгіме – аңыздарды жинаумен қатар, Батыс пен Шығыстың әйгілі ғалымдары Әбілғазының, Жүсіп Баласағұнның, Радловтың, Березиннің, Аристовтың, Левшиннің, басқа да қытай, араб, парсы зерттеушілерінің еңбектерімен танысады. Оларда айтылатын түрлі топшылаулар мен тұжырымдарды сараптай отырып, шежіре еңбек жазып шығады. Қ. өз өлеңдеріне арнап ән жазған композитор да. Оның сезімді жүрегінен жиырмаға тарта әсем әуезді әндер туды. Әсіресе оның «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек», «Жастық туралы», «Анадан алғаш туғанымда» атты әндері нәзік сыршылдығымен, сезімге байлығымен, композициялық тұтастығымен есте қалады. Абайдың тікелей тәрбиесін көрген шәкірт Шәкерім өзінің көлемді де көркем шығармашылық мұрасын дүниеге әкелу барысында қазақ әдебиеті мен өнерінің тарихындағы, тіпті бүкіл ұлттық мәдениетіміздің тарихындағы өзіндік орны бар көрнекті ақын, тамаша жазушы, білікті аудармашы, ойшыл философ, білімдар тарихшы, сыршыл сазгер дәрежесіне көтерілді.

Әдеб.: Әбдіғазиев Б. Шәкерім Құдайбердиев. Творчестволық өмірбаян. – А., 1989; Кумисбаев У. Казахские и персидско-арабские литературные связи XIX-XX вв. – А., 1989; Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. – А., 1990; Сәтбаева Ш. Шәкерім Құдайбердиев. – А., 1991; Мұқаметханов Қ. Шәкерім. Кіт.: Бес арыс., – А. 1992; Мағауин М. Ақын, тарихшы, философ. Кіт.: Бес арыс. – А., 1992; Әбдіғазиев Б. Асыл арна. – А., 1992.

Б. Әбдіғазиев.

ҚҰЗАЙЫР Мекаилұлы (1912–45) – Абайдың немересі. Шешесі – Дәмежан. Қ. бай тұқымы ретінде жер аударылып, елден қуылған. Фрунзе (қазіргі Бішкек)

қ-на барып паналап, қара жұмыс істеген. Сол жерден әскерге алынып, майданда қаза болған. Фотосуреттері мен өмірі жайлы материалдар Абайдың Семейдегі қорық-музейі қорында сақтаулы.

«ҚҰЛАҚТАН КІРІП, БОЙДЫ АЛАР...» – Абайдың 1897 ж. М. Ю. Лермонтовтың «Звуки» атты шығармасының сарынымен жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 7 шумақтан тұрады. Орыс ақынының шығармасы 20 жол. Өлеңнің бірталай жері Лермонтовтың туындысынан жолма-жол тәржімеленіп алынғанымен, алайда жалпы алғанда Абайдың өз шығармасы. Осымен байланысты мынаны айта кету керек. Абайдың басқа да еркін аударма деп көрсетілген шығармалары, мыс., *«Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек?..»*, негізі аударма болғанымен, асылында тың шығарма. Бұлар өзгертпей берілген, тура мағынасындағы аударма емес, шығармашылық жолмен жазылған тума өлеңге айналған шығармалар. Бұл – Абай аудармаларының басты бір ерекшелігі, ұлы ақын орыс әдебиетінен шығармашылық жолмен үйренуді мақсат еткендіктен туып отыр. Абайдың «Евгений Онегин» романынан аударған өлеңдерінің көпшілігі еркін аудармалар. Сонда ақын дәлме-дәл аударуға шеберлігі жетпегендіктен осылай етіп отырған жоқ. Оның еркін аударуы алдына қойған шығармашылық мақсатына байланысты болып отыр. Әрине, Абай шығармаларының ішінде дәлме-дәл, түпнұсқаға сай келіп отыратындары да аз емес. Мысал үшін *«Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз...»*, *«Альбомға»* сияқты аударма өлеңдерін атауға болады. «Құлақтан кіріп, бойды алар» – Абайдың өлең, ән-күй туралы жазылған идеялық жағынан өте күшті, көркемдік қасиеті де соған әбден сай келген тамаша шығармасының бірі. Тақырыбы, идеясы жағынан ол ақынның *«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы...»*, *«Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол...»*, *«Мен жазбаймын өленді ермек үшін...»*, *«Адамның кейбір кездері...»* сияқты шығармаларымен тығыз байланысты. Бұл өлең Абайдың көркем шығарманы, ән-күйді жоғары бағалағандығының анық айғағы. Өлең 7, 8, 9 буынды шалыс үйқаспен (а, -б, -а, -б) жазылған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі» атты жинақта жарияланған. Өлең басылымдарында ешқандай текстол. өзгерістер кездеспейді. Тек 1957 жылғы жинақта жазылу мерзімі 1896 ж. деп көрсетілген. Абайдың бұл өлеңіне композиторлар С. Мұхамеджанов, А. Гурьев ән-романстар жазған. *З. Ахметов.*

ҚҰЛЖАН ҚОЖА (т.-ө. ж. б.) – Абайдың замандасы, ақын. Тобықты руынан. Оның өлеңдері ел арасына ауызша көп тараған. Абай Қ. қ. өлеңдерін қадағалап отырған. Бірде жүзбе-жүз кездесіп қалғанда Абай оған: «Сізді жұрт өлеңші деп жүр. Дүние жаратылысты қалай сипаттар едіңіз?» – деп, сынамақ болады. Сонда Қ. қ.:

Тоғыз ай, он күндей адамдық құрсағында бердің жайды,
Көрсетпей асырадың күн мен айды.
Ақылы мен зияны жеткен адам,
Дүниеде кемшілікті қайғырмайды.

Қайғыдан кісі өлмейді, есің танар,
Ауыздан түтін шықпас, ішің жанар.
Дүние қашып жүрген қызыл түлкі,
Түлкі қуған күн батқанын білмей қалар, –

дейді. Абай ақынға ризалық білдіріп, құрмет көрсетеді. *С. Қарамендин.*

ҚҰЛЖАНОВА Нәзипа Сағызбайқызы (1887–1934) – әдебиет зерттеуші, қазақ әйелдерінен шыққан тұңғыш журналист-публицист, педагог-ғалым, жазушы-аудармашы. Қостанай қ-ндағы орыс-қырғыз (қазақ) әйелдер гимназиясын бітірген. 1903–1904 ж. Торғай қ-ндағы әйелдер уч-щесінде, 1905 жылдан 1920 жылға дейін Семей қ-нда мұғалімдер семинариясында оқытушы болды. 1920 жылдан бастап Орынбор, Қызылорда, Алматы қ-ларында «Еңбекші қазақ» газеті мен «Әйел теңдігі», «Қызыл Қазақстан» журналдары редакцияларында қызмет атқарды. Ол А. Құнанбаевтың қайтыс болғанына 10 жыл толуына арналған әдеби-муз. кешті (Семей, 1914 ж. 26-қаңтар) ұйымдастыруға белсене қатысты. Кеште Абайдың өмірі мен өлеңдері туралы орыс және қазақ тілдерінде баяндама жасады. Бұл баяндама жайлы «Айқап» журналында (1914, № 4, 67-б., «Семипалаттан»), «Қазақ» газетінде (1914, № 51, 21-ақпан, «Семейде әдебиет кеші») жылы пікірлер айтылды. Қ. зерттеулерінде алғашқылардың бірі болып, Абайдың ақындық бұлақ көзін ашқан шығыс, содан соң орыс әдебиеті деген тұжырым жасады. «Бір керек жұмыс» («Қазақ» газеті, 1915, № 125) деген мақаласында әдеби кештер мен халық ойындарын өткізуге Абай, Ы. Алтынсарин өлеңдерін пайдалануды ұсынды. Ал, «Әдебиетімізге көз салсақ» («Қазақ», 1916, № 164) деген мақаласында Абайды қазақ жазба әдебиетінің көш басшысы деп таныды. Ол Абайдың «Желсіз түнде жарық ай...», «Жазғытұры» деген өлеңдерін алғаш орыс тіліне аударды («Сибирьский студент», 1915, кн. 3–4. с. 82–83). Қ. 1920–24 ж. А. Бимбоэс пен А. В. Затаевичке бірнеше Абай әндері мен қазақ халық әндерін өзі орындап беріп, нотаға түсіртті. *Р. Сыздыкова.*

ҚҰМАР ШАИХ (Омар Шейх) (1456–95) – Бабырдың әкесі. Абай өзінің «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген тарихи еңбегінде Қ. ш-тың «Әмір-Темір нәсілінен» екенін айтады. Осыған қарағанда ақын Әмір-Темір, Бабыр әулеттері шежіресін жақсы білген.

ҚҰНАНБАЙ Өскенбайұлы (1804–86) – Абайдың әкесі, аға сұлтан, қоғам қайраткері. Әкесі Өскенбай Ырғызбайұлы Тобықты елін билеген беделді адам болған. Өскенбайдан басталған билікті оның ұрпағы 150 жыл бойы, кеңес өкіметі келгенге дейін қолдарынан шығарған жоқ. Қ. әуелі шағын ауылды басқарды, кейін болыс басқарушысы болып сайланып, тобықты елін биледі. Келе-келе дуанды басқаратын аға сұлтан дәрежесіне дейін жетіп, даланың беделді де білікті әкімдерінің қатарына көтерілді. Оның 4 әйелі болды. Бәйбішесі Әйбөбектен (Күңке) Құдайберді туды. 2-ші әйелі Ұлжаннан Тәңірберді, Ибраһим (Абай), Ысқақ, Оспан; Айғыз деген әйелінен Халиулла, Смағұл, Кәмшат туған; 4-ші әйелі Нұрғанымнан ұрпақ жоқ. 1846 ж. патша үкіметі қазақ даласындағы мал-жан санағы, жер-су, өзен-өлкені картаға түсіру, Ұлы жүз қазақтарын Россия өкіметіне бодандыққа алу сияқты түбегейлі мүдделерін іске асыру үшін арнайы экспедиция ұйымдастырды. Оның құрамына ген. Вишневский, Ивашкевич, Адольф Янушкевич сияқты Бат.-Сібір әскери-губернаторлығы кеңесінің шенді адамдарымен бірге жасы 40-тан енді ғана асқан ел әкімі Қ. да енгізілді. Олармен бірге жүрген бірнеше ай ішінде экспедиция мүшелері Қ-дың іскерлігі мен кісілігіне қатты риза болған. Янушкевич өз күнделіктерінде: «Құнанбай би Барақ сұлтаннан бір-екі жас үлкен. Бұл да

– бүкіл елге әйгілі адам. Қарапайым қара халықтан шыққан Құнанбай жаратылысынан ақыл-парасат дарыған, керемет зерек, қара тілге шешен, байыпты, тыңғылықты кісі. Халқының қамын ойлайды. Оған жақсылық жасасам дейді. Елінің ежелгі жолжобасына, әлқұранда жазылған шариғат жолына аса жүйрік, Россия өкіметінің қырғыздар жөніндегі заң ережелеріне өте жетік, қара қылды қақ жарған әділ, адал азамат. Құнанбай – халқының қамқоры. Жұрт пайғамбардай көреді. Соңдықтан одан ақылкеңес алуға тіпті бір қиырдағы ауылдардан жас пен кәрі, бай мен кедей ағылып келіп жатады. Тобықты деген мықты рудың қалауымен ол болыстық қызметке сайланып қойылған. Елден ерен білгіштігінің арқасында бұл қызметті тасқаяқтай қағыстырып, тамаша жақсы атқарады. Оның айтқаны екі болмайды. Қабағын қақса, іс орнына келіп жатады. Жасынан ол сұлу жігіт екен, қазір шешектің дағынан беті шұбар боп қалған. Құнанбай бұлбұлдай сайрап сөйлеп кеткенде, тыңдаған халайық бетінің бұжырын мүлде ұмытады... Барақтың қасында ақсүйектерді (сұлтандарды) жан деуге болмайды, ал бай атаулы Құнанбайдың ұлтанына да тұрмайды», – деп жазған.

Бұл Қ. жайындағы алғашқы жазба дерек.

Әкесінің 40 жасынан асқан шағында дүниеге келіп, оның соңғы 40 жылдық өмірін өз көзімен көріп өскен Абай 1895 ж. баласы Әбдірахман дүниеден қайтқанда шығарған «Арғы атасы қажы еді...» деген жоқтау, жұбату өлеңдер Қ. туралы бар шындықты айтып, әкесінің ел сүйсінерлік ерен тұлғасын жасады. Абайдың суреттеуінше де Қ. – ізгі істерімен артына өлмейтін атақ қалдырған, мұңды-шерлі жоқжітіктердің қамқоршысы болған, ақылды, адал, жомарт, әділ адам. Қ-дың қоғамдық қызметіндегі игілікті қызметінің бірі – оның оқу-ағарту ісіне ерекше мән бергені. Ол өзі дінді мықтап ұстанып қана қоймай, қара танудың, сауат ашудың, ескіше ғана емес, орысша оқудың заман ағымына өте қажетті екенін ұғынып, өз аулынан қазақ балаларына тіл үйретіп, білім беретін училище ашпақ болып, 1845 ж. шекара басқармасына қазақша-орысша сөйлей алатын, жаза білетін орыс мұғалімін жіберуді сұрап, хат жолдайды. Шекара бастығы Қ-дың бұл тілегін мақұлдайды. Бірақ екі тілді бірдей білетін мұғалімнің жоқ екенін айтып, тобықты еліндегі тілмәшті қызметтен бос уақытында еңбекақы төлеп, бала оқытуға пайдалануға кеңес береді. Бұдан кейін Қ. «Ескі там» деген жерде мектеп ашып, онда орысша сауатты Ғабитхан Ғабдыназарұлы деген ноғайды мұғалім етіп тағайындайды. Сөйтіп, өз балалары мен руластарының балаларын оқыта бастайды. Құдайберді, Тәңірберді, Ибраһим (Абай), Ысқақ, Оспан, Халиуллалар алғашқы сауатын осы мектептен ашқан. Қ. балаларын одан әрі оқытуға ерекше ынталы болады. Ибраһимін Семейдегі діни медресеге береді. Халиулланы 1858 ж. Омбы кадет корпусына оқуға енгізеді. Оны бітірген соң Москвадағы әскери уч-де оқуына мүмкіндік жасайды. Қ. 1849 ж. Қарқаралыда мешіт, 1874-75 ж. қажылық жолмен Меккеге барып, онда мұсылман елінен барған адамдар түсетін үй – Тәкие салғызған.

1900 ж. Қазан қ-ның баспасынан жарық көрген, шығарушы семейлік Әбдірахман Жүсіпұлының «Қажы Өндірбай қалпе» деген жыр үлгісімен жазылған кітабында Қ-дың Меккеге сапарына қатысты жолдар бар. Бұл сапар жайлы деректер 1883 ж. Қазанда басылған «Маңызды мәселелер» деген кітапта Абайдың немере інісі Шәкерім Құдайбердиевтің кітабында да айтылады. Әкесінің бұл сапары туралы Абайдың:

«Меккеде уақып үй салып,
Пәтер қып, жаққан шырақты.
Бір құдайдың жолына,
Малды аямай бұлапты», –

деген жолдарын да оқимыз.

Қ-дың қарсылас айтыс-тартысқа түскен адамдары да аз болмаған, талай рет үстінен жазбаша шағым арыздар да түсіріп, тергеуге алынған. Ол дұшпандарын қатал жазалап, реті келгенде жер айдатып та жіберген. Күш жұмсап, елін шауып алған. Архив құжаттарында Бөжей Ералыұлының 250 жылқысын тартып алғаны үшін қылмысты іс қозғалғаны, аға сұлтан болып тұрған кезінде елден заңсыз алым жинап, оны өзі пайдаланғаны, 5000-дай адамнан қол жиып, Ералыұлының аулына шабуыл жасағаны, оның 250 жылқысын айдап әкеткені, басқа кісілердің иелігіндегі шұрайлы жерлерді өз иелігіне алып, көп адамдарды аяусыз жазалап, бірнеше кісі өлімі болғаны, ақырында аға сұлтандықтан босатылып, Омбы қ-на шақыртылып, қамауға алынғаны, патша өкіметінің заңы бойынша 156-баппен жауапқа тартылғаны жайында мәліметтер сақталған. Қ-дың бұл ісіне Омбыдағы Бат.-Сібір әскери губернаторының кеңесінде қазақтар жөніндегі кеңесші қызметін атқарып жүрген Шыңғыс Уәлиханов араласып, оны түрмеден босатып, кепілдікке шығарып, ісін қайта қарау деген желеумен бұздырған. Онымен қоймай, Омбыдан Қарқаралы округіне өзі әкеп салып қайтқан. Шоқан Уәлиханов та сол 1854 ж. Омбыда қызметте болған.

Жер дауы «Құнанбайдың қылмысты ісінде» үлкен орын алды. Соның бастысы – Бөжейдің жер дауы. Қ. – Бөжей арасы 1846 ж. дейін жақсы болған. Қ. оған үнемі қамқорлық жасап, өзімен тең ұстаған. Шешуі қиын дауларды да сенім білдіріп, Бөжейге жіберіп отырған. Өзімен бірдей күміс мөр де жасатқан. Өкіметтен старшина атағын, мақтау қағаздар да алып берген. Солай бола тұрса да, Қ. озбырлығы асқынып, аралары ашылып, ақыры үлкен жауласушылыққа айналады. 1853 ж. Бөжей өлгеннен кейін де Қаратай Сапақұлы, Кенжалы Әйтиұлы бастаған топ арызды тоқтатпай, Қ-ды айыптап және болысты екіге бөлуді сұрап дамыл таппайды. Бөжей балалары – Жабай, Нұрмолдалар да губернатор Г. А. Колпаковскийге қайта-қайта арызданып, Қ. тартып алған жерлерін сұрайды. 1846 ж. басталған бұл дау, 1866 ж. Күшік-Тобықты болысының басқарушысы Қ-дың баласы Құдайберді өліп, оның орнына 20–21 жасқа жаңа толған Ибраһим (Абай) Құнанбаев болыстыққа сайланғаннан соң ғана шешіледі. Қ-ды айыптау ісінде талай кісі өлімі туралы айтылады. Бірақ тергеушілер Қ-дың мойнына қоятын айғақты дәлел таба алмайды. Қ-ға тағылатын айыптың бірі – Қодар мен Қамқаның өлімі. Бірақ ол жайында архивтерде ешқандай дерек кездеспейді.

Қ. Қарағанды, Семей оязының дербес көмекшісі болды деген дерек бар. Ал, 70 тен асқанда Меккеге барып, қажы атанған Қ. енді бұдан әрі (жалған дүние сөзіне араласпай) шымылдықтың ішінде тыныш жатып, құдайына құлшылық жасаумен өмірін өткізеді.

Қ. жөнінде ел аузында аңыз-әңгімелер көп, оның ел арасындағы беделін жыр еткен Балта, Қуанышбай сияқты ақындардың өлең-жырлары бар. М. О. Әуезовтың сөзімен айтқанда, «Құнанбай басының қайшылығы көп болған. Ол – феодалдық дәуірдің,

өз табының бел баласы, ісі мен мінезінде заманының айқын таңбасы бар».

Қ. жайындағы өмірлік ақиқат материалдар Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясында көркемдік шешімін тапқан. Тобықты елінің Құнанбайынан – әдебиеттік кейіпкер Қ. бейнесі жасалған. Қ-ды толық танып-білу – Абайды да мұқият оқып-зерттеуімізге септігін тигізеді. *М. Бейсенбаев.*

ҚҰНАНБАЙ МЕШІТІ – Қарқаралы қ-нда құрылысы 1850 ж. басталып, 1851 ж. салынып біткен мешіт. Мешіт салу жөнінде 1847 ж. әңгіме қозғалып, арасында Күшік-Тобықты баласы Құнанбай бар, 16 болыс қол қойған. Аға сұлтан, майор Құсбек Таукин мөр басқан мешіт салу туралы акт дуанға тапсырылған. Онда құрылыс үшін халықтан қаржы жиналатыны айтылады. 1849–52 ж. Қарқаралы округіне аға сұлтан болған Құнанбай құрылыс жүргізу ісін өз қолына алып, тыңғылықты аяқтағандықтан – мешіт халық арасында Қ. м. аталып кеткен. Кейінірек мешіт жанынан медресе, шәкірттер үшін жатақ, молдалар үйі бой көтереді. Қ. м. Қарқаралы округіндегі ислам дінін уағыздауға, балалардың қара танып, сауат ашуына көп қызмет еткен. Мешітке кезінде Абай да барып тұрған.

Қ. м-нің күтімсіздіктен тозып, жойылып кетудің аз-ақ алдында тұрған кесенені қайта қалпына келтіру үшін 1989 ж. қарашада облыс, аудан жұртшылығының шақыруымен Алматы қ-сынан Қазақтың мәдени-тарихи ескерткіштерін қорғау және қайта жаңдықтау конструкторлық жобалау ин-ты мен Көркемсурет ғыл.-реставрациялау өндірістік бірлестігінің мамандары 1991 ж. Қ. м-н алғашқы қалпына келтірді.

ҚҰНДЫЗДЫ-ШЕТ – Абай жас кезінде болыс сайланған өлке. 1880 жылға дейін Қоңыр-көкше, Құндызды-шет еліне болыс сайланып, жастық шағын осында өткізген Абай жасы ұлғайған шағында да мұнда үнемі келіп-кетіп жүрген. «Жасымда албырт өстім, ойдан жырақ...» деген өлеңі осы Құндызды-шетте жазылған. М. Әуезовтың «Абай жолы» романында Қ.-Ш. өлкесі жарқын суреттелген.

ҚҰН КӨЗҚАРАСЫ. Абай жасаған 19 ғ-да батыс елдерінің өнеркәсіп мәдениеті барынша дамып, сан салалы қоғамдық кәсіптер пайда болып, ғылым мен техника алға басқан дәуір еді. Дамыған Батыс елдері әлі де феод. қоғам тұсауынан шыға алмай шырмалған Азия елдерінің шырқын бұзды. Ал Орта Азия даласына патшалық Россияның үстемдік етуі және оның идеолог. басқыншылығы патриарх. феод. қоғамның натуралистік шаруашылығын жүргізіп отырған қазақ халқының дәстүрлі ұғымдарына қайшы келді. Абай сол дәуірдегі әлем елдерінің құндық ұғымдарына назар аудара отырып, басқа ұлттардың даму жолына көз жіберу арқылы, ұлттың даму барысындағы басты мәселе алдымен құндық ұғымдарға байланысты бетбұрыс деп түсінген. Сондықтан ол сол кездегі қазақ халқының кәсіптік талғамындағы мешеу үлгілерді немесе бай тәсілінің жиреніштілдарын жеріне жеткізе әшкерелеп, шенеген.

Олар «әуелі ұрлық, зорлықпен мал табам деп жүр. Мал иесі артылтып алып, тағы да байимын деп жүр. Ұлықтар «алып берем» деп даугерді жеп, «құтқарам» деп ұрыны жеп жүр. Қарапайым жұрт ұрлық айтып «мал алам» деп, ұрыға атымды сатып «пайда алам» деп не өткізбесін арзанға түсіріп алам деп жүр. Екінші бұзақылар біреудің ойында жоқ пәлені ойына салып, бүйтсең бек боласың, бүйтсең көп боласың, бүйтсең кек аласың, мықты атанасың деп, ауқаттыларды азғырғалы әлек болып жүр. Ұлықтар «пәлі, пәлі» бұл табылған ақыл екен деп, мен сені бүйтіп сүйеймін деп, ананы жеп, сені бүйтіп сүйеймін деп мынаны жеп жүр. Қара халық менің сонша үйім бар, сонша ауыл-аймағыммен сойылыңды соғамын, дауыңды айтайын деп, қай көп бергенге партиялас боламын деп, құдайға жазып, жатпай-тұрмай салып жүр. Басын, аулын, қатын-баласын сатып жүр дейді. Ол тағы да тамақ аңдып, болмаса сөз аңдып, қулық-сұмдықпен адам аздырмақ үшін, яки азғырушылардың кеңесіне кірмек үшін, пайдасыз, жұмыссыз қаңғырып жүруге құмар... азды-көпті дәулеті қызықсыз көрініп, оның ұры-бөріге жем болып, жарға ұшырауына шыдайды, «пыш-пыш» кеңесінен қалып, бір ауылға барып қулық-сұмдық жасап жүр. Тегін тамақ жеп ыржыңдасуды қысқартуға шыдамайды... ел кезуге салынады. Бұл күндегіге байлық та мақтан емес, ақыл, абырой да мақтан емес, арыз беру мақтан болды» деп көрсеткен. Демек, Абай сол кездегі қазақ қоғамындағы әр түрлі адамдардың ой әрекетіне терең талдау жасау арқылы, олардың бұл жолының бәю емес, керісінше, ұлттық күйреу екендігін аңғартқан, сондықтан ол «мұны кім түзейді?» деп ашына сұрақ қояды.

Абай адамдардың ойлау қабілетін сәулелендіруді, көрегендікті жоғары санап, қоғамда бой көрсеткен барлық жақсы жаңалықтарды қабылдап, ілгері басуды дәріптеген. Сондықтан ол халқымыздың ауызекі сөзіне айналған «ырыс алды – тірлік» деген мәтеліне талдау жасай келіп, «Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың, адал еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер қыла алмайсың»,– дейді.

«Кеселді жалқау, қылжақбас
Әзір тамақ, әзір ас,
Сыртың – пысық, ішің – нас,
Артын ойлап ұялмас»,–

болып жүріп тірімін деме дейді. Демек, Абай ақыл табу, жаңалық жасап, ой тастау адам тіршілігіндегі ең маңызды іс деген тіршілік құнын аңғартады.

Абай сол кездегі адамдардың «жүректі кісі» дейтін баға өлшемінетоқталғанда: «Біздің қазақтың жүректі кісі дегені – батыр кісі дегені. Онан басқа жүрегінің қасиеттерінанықтапбіле алмайды. Рақымдылық, мейірбандық, әр түрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса иги еді демек, бұлар – жүрек ісі». Әділетті ақыл мойындамаған нәрсені оңай да болса мойындамау ерлік, батырлық осы. «Болмаса, қазақтың айтқанбатыры – әншейін жүректі емес, қасқыр жүректі деген сөз» дейді. Бұдан Абайдың әділетті батыл қорғау, адам баласына рақымдылық істеу сынды, бүкіл адамзаттың пайдасын көздеу сынды құн туралы көзқарасын көре аламыз.

Қуаныш – бақыт. Алайда қуаныш көретін істердің маңызының жоғары, төмендігі адамдардың мәдени дәрежесін танытса керек. Абай сол дәуірдегі адамдардың қуаныш тұтатын істеріне тоқталғанда «біздің қазақтың қосқанаты алдында келсе, түсірген палуаны жықса, салған құсы алса, қосқан иті өзгеден озып барып ұстаса, есі шығып бір қуанады. Білмеймін, содан артық қуанышы бар ма екен? Ай, жоқ та шығар! Осы қуаныш бәрі де қазақ қарындастың ортасында, бір хайуанның өнерінің артылғанына, иә бір бөтен адамның жыққанына мақтанарлық не орны бар? Ол озған, алған, жыққан өзі емес, болмаса баласы емес. Мұның бәрін адам өз өнеріменен жасаған жоқ. Бір озған, бір жыққан үнемі озып, үнемі жығып жүрмейді... Надан ел қуанбас нәрсеге қуанады және қуанғанда не айтып, не қойғанын, не қылғанын өзі білмей, есі шығып, бір түрлі мастыққа

кез болып кетеді. Және ұялмас нәрседен ұялады, ұяларлық нәрседен ұялмайды. Мұның бәрі – надандық, ақымақтықтың әсері»,– деп көрсетеді. Абай көңілге қуаныш тұтатын нәрселердің адамдардың алға басуына жасайтын әсерін жете түсінген. Сондықтан ол халық бұқарасына табиғи болмысты қуаныш көрмей, өз ақыл-ойымен жаратқан жасампаздығын қуаныш ету, оны ардақтау сынды жалпы халықтың алға басуына, қоғамның илгерілеуіне қызмет ететін істерді қуанышқа айналдырып, соларды қоғамдық салтқа айналдыруды ұсынады.

Абай қазақ халқының өмір жолын, тіршілік тәсілін, құн көзқарастарын басқа ұлттармен салыстыра отырып талдау жасаған. Сондықтан ол «біздің қазақтың достығы, дұшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, жұрт тануы ешкімге ұқсамайды» деген тұжырым айтады. Абай бұл жерде қазақтар арасындағы мешеуліктің негізін дәп басып, «жұрт тануы ешкімге ұқсамайды» деп көрсеткен. Бірұлттың алға басуында, басқа жұрттарды (ұлттарды) дұрыс танып, олардың озық мәдениетін қабылдап, өздерінде гі кереңау дағдылы ұғымдардан арылып, жаңалыққа ұмтылу аса келелі мәселе. Сондықтан Абай: «... өнерді, малды түзден, бөтен жақтан түзу жолыменен табатын күн болар ма екен?!» – дейді.

Абай қазақ халқының алға басуы оқу-ағартумен байланысты деп қарайды. Сондықтан ол: «Бұл күндегі тахсиғұлым (ғылым үйрену) ескі медреселер ғұрпында болып, бұл заманға пайдасы жоқ болды» деп көрсеткен. Абайдың оқу-ағартуды жақтаудағы мақсаты мешеулікті жою. Сондықтан ол сол кезде өнеркәсібі, ғылымы, техникасы дамыған, әрі қазақ халқына әсері күшті Россия ғылымын үйренуді алға қояды: «Мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста зор. Залалынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға, тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі, олар дүниенің тілін білді... Сен оның тілін білсең, көкірек-көзің ашылады. Әр біреудің тілін, өнерін білген кісі онымен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды» деп атап көрсетеді. Абай – ислам дінін жақтаушы адам. Бірақ оның сол кезде діни оқу мен фәни оқуды талдауы, ұлттың дамуын, қоғамның алға басуын көздей отырып ғылым таратын, ғылымнан өнеге көрсететін орыс тілі мен ғылымын, техникасын үйренуге үндеуі – ұлы кемеңгерлік. Ол «турасын ойлағанда, балаңа қатын әперме, енші берме, барыңды салсаң да, балаңа орыстың ғылымын үйрет! Мына мен айтқан жол – мал аяр жол емес» деп елге насихат жасаумен болады.

Осыған байланысты Абай сол кездегі қазақ халқының тұтыным талабына өзгеріс жасауға тырысады: «Ешбір қазақ көрмедім. Малды иттікпен тапса да, адамшылықпен жұмсаған. Бәрі де иттікпен табады, иттікпен айрылады. Бейнет, күйігі, ызасы – сол үшеуінен басқа еш нәрсе бойында қалмайды» деп көрсеткен. Сондай-ақ ол халыққа қолда бар малды жұмсау, тұтыну жолын көрсетеді; «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз. Мал менен ғылымды кәсіп қылмақпыз, өнер – өзі де мал, өнерді үйренбек өзі ықтисат» деп түсіндірген. Демек, Абайдың малды өнер үйреніп, ғылым игеру үшін жұмсауға, әрі сол арқылы шаруашылықты онан да жақсы өркендетуге шақырған тұтыну құн көзқарасы аса маңызды. Абай адамдардың өз даралығын сәулелендіріп, қиуадан жол тауып жүруді дәріптеген. Ол біздің қазақтар «Жалғыз біз бе? Елдің бәрі де сөйтіп-ақ жүр ғой, көппен көрген ұлы той, көппен бірге болса болды да деген сөзді жұбаныш қылады... осы көп ақымақтың бір ақымаққа несі жұбаныш» дейді. Көппен бірдей болу ұғым жетекшілігі жағдайында алға басу мүлде мүмкін емес, бұл – тарих дәлелдеген шындық. Адамдар өз даралығын сақтауы қажет. Абай бұл ерекшелікті жақсы дәлелдеген. Сондықтан ол адамдардың өз даралығын сақтап, сан салалы кәсіппен айналысып, түрлі ғылыммен шұғылдануға шақырған, ол «Енді біліңіздер, перзенттер! Құдайтағаланың жолы деген жол ниһаятсыз болды. Оның ниһаятына ешкім жетпейді, бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол таза мұсылман, толық адам делінеді. Дүниеде түпкі мақсатың өз пайдаң болса, өзің ниһаятлысың, ол жол құдайдың жолы емес. Ғаламнан жиылсын, маған құйылсын, отырған орнына ағып келе берсін деген, ол не деген нысап? Не түрлі болса да, я дүниеңнен, я ақылыңнан, я малыңнан ғадалат, шапағат секілді біреулерге жақсылық тигізбек мақсатың болса, ол жол – құдайдың жолы» деп көрсеткен. Демек, бұдан Абайдың жеке адамдардың даралықты сәулелендіріп, көпке пайдасын тигізу сияқты тіршілік Қ. к-да болғандығын айқын көреміз. Абайдың осындай жүйелі идеялық ұғымды жақтағандықтан да, ол «адамшылық, адамдық» деген мәселеге тоқталғанда: «Дүниенің көрінген әм көрінбеген сырын көңілдеп, ең болмаса, денелеп білмесе, адамдықтың өзі болмайды. Оны білмеген соң олжан адам жаны болмайды, хайуан жаны болады» деп тұжырымдады. Абай солкездегі қазақтардың ахуалында түбегейлі бетбұрыс жасау мақсатымен жалпы халықтық идеялық ұғымдарға бара тоқталған, ал сол жолға түсу үшін адамдардың мәдениет дәрежесі жоғарылауы, олардың дәстүрлі қате құн көзқарасында бұрылыс жасауы қажет деп есептеген. Бұл айтылғандардың барлығынан біз Абайдың кәсіп, тұтыну, тіршілік туралы және ғылым мен мәдениеттің мәні туралы біршама жүйелі құн көзқарасының болғандығын көреміз. Әсіресе ақынның ғылымның алға басуы мен адамзаттың даму жолын біртұтас қараған құн көзқарасы ерекше маңызды. Абай өзіне тән, ерекше құнұғымы жүйесін қалыптастырған. *Н. Мұқаметханұлы.*

«ҚҰР АЙҒАЙ БАҚЫРҒАН...» – Абайдың 1896 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 2 шумақтан тұрады. Шығармада ірі-ірі төрт ой айтылған. Олар: бақырғанның бәрі ән емес, өнерден мақұрым қалу сән емес, надандар жан емес, еңбексіз бос жүру жөн емес. Яғни ән – өнер, бұл өнерден хабарсыз болу – надандық, өнер жолында ізденбеу – еңбексіздік, еңбексіздік – арамтамақтық. Абай әнді сүйген, ән – туғаннан өлгенге дейінгі адамның өмір серігі, көңіл күйінің сәулесі, жақсы ән – жан азығы деп білген. Абайды әнге үйір қауым қоршаған. Олардың ішінде биік талғам-тұшымы жоқ, бақырып, барқырап төпей беретін «әншілер» де жүрген. Өлең 6–7 буынды шалыс ұйқас түрінде өрнектелген. Алғаш рет Мүрсейіт қолжазбаларының негізінде ақынның 1933 ж. жарық көрген «Таңдамалы өлеңдерінде» жарияланды. Өлең ешқандай текстол. өзгерістерге ұшырамаған. Өлең ағылшын, азербайжан, башқұрт, қарақалпақ, қырғыз, қытай, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмент. б. тілдерге аударылған. *Т. Қожакеев.*

ҚҰРМАНҒАЗЫ Сағырбайұлы (1818 ж. ш., құлпы тасында 1806–79) – ұлы күйші, композитор, қазақтың аспаптық музыкасының (күйдің) классигі. Қ. қаршадайынан домбырашылығымен көзге түскен. Оның күйшілік өнердегі алғашқы ұстазы – Ұзақ. Кейін Бөкей ордасының атақты күйшілері Байжұма, Баламайсан, Байбақты, Соқыр Есжан, Шер-

кештің күйлерін үйреніп, шеберлігін шыңдай түскен. Ұлы күйшінің бүкіл өмірі әлеум. әділетсіздік пен қанаушылыққа, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жолында өтті. Қ-ның алғашқы күйлерінің бірі – «Кішкентай» 19 ғ-дың 30-жылдары Қазақстанның батысындағы шаруалар көтерілісінің басшысы Исатай Тайманов-қа арналған. Ал «Ақбай», «Ақсақ киік», «Түрмеден қашқан», «Адай» т. б. күйлеріңде азат өмірді аңсаған еңбекші халықтың асыл арманы, үстем тапқа деген ыза-кегі, өшпенділігі, яғни өмір тартысы баяндалады. «Аман бол, шешем, аман бол», «Қайран шешем», «Ертең кетем», «Бұқтым-бұқтым» сияқты күйлері адамның сөйлеу тіліне мейлінше жақын келеді. «Сарыарқа», «Алатау» күйлеріңде еркіндік іздеген халықтың өршіл ойы, аяулы арманы, жеңілмес тұлғасы суреттелген. Қ-ның «Байжұма», «Боз қаңғыр», «Ертең кетем», «Не кричи, не шуми» атты шығармаларында күй жанрының екпінділік, ырғақтық жақтары шебер пайдаланылған. Ал «Айда бұлбұл, Айжан-ай», «Бас Ақжелең», «Лаушкен», «Кісен ашқан», «Серпер», «Теріс қақпай», «Төремұрат», «Ұзақ Ақжелең» өзіндік ерекшеліктері мол, бейнелеу тәсілдері жағынан бір-біріне ұқсамайтын туындылар. Оның «Амандасар», «Боз шолақ», «Бұлбұлдың құрғыры», «Демалыс», «Жігер», «Қуаныш», «Ойбай, балам», «Пәбескі», «Перовский марш», «Саранжап», «Итог» күйі әлеум. әділетсіздікке қарсы күрес пен өткен өміріне, шығармашылығына жасаған түйіні, қорытындысы секілді.

ҚҰСБЕК Тәукеұлы (1802– ө. ж. б.) – Қара-Әйтімбет болысының ел басқарған адамы. 1854 ж. дейін болыс, одан кейін қатарынан 2 рет (1849–53) Қарқаралы дуанына аға сұлтан болып сайланған. С.-Петербургте патша сарайында да болған. Талды, Жарма ө-нің бойын жайлап, Қараша тауы аймағында қыстаған. Қарқаралы дуанының аға сұлтаны болып тұрғанда Қ. тобықты болысы Құнанбаймен талай рет кездесіп, әр түрлі істерді бірге шешіп отырған. 1845 ж. 12-қаңтарда Құнанбай өз аулында мұсылманша, орысша мектеп ашпақ болып, соған 2 тілді бірдей білетін мұғалім тауып беруін өтініп келген кезде, Қ. шекара бастығына өзі қол қойып, хат жазған. Әйтсе де, екеуінің келіспей қалған тұстары аз болмаған. Абай өзі болыс болып тұрған кездерінде осы Қ-тің ел басқару ісіндегі тиімді, пайдалы тәжірибелерін кеңінен пайдаланып отырған.

ҚҰТАЙБА ибн Муслим (660–715) – Қорасан өлкесінің билеушісі, әскери қолбасшы. Ол 8 ғ-да қазіргі Шығыс Түркістанды мекендеген халықтар арасына ислам дінін білектің күшімен, найзаның ұшымен зорлап енгізушілердің бірі. Оның жорықтары туралы шығыс ғұламасы Мұхаммед Наршаһидің «Бұхара тарихында» толық жазылған. Абай Наршаһидің осы еңбегімен жақсы таныс болған сияқты. Өйткені ақын өзінің «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген тарихи еңбегіңде қазақтардың Алатау бөктеріне қалай келіп қоныстанғанын және олармен туыстас халықтар жайлы айта келіп, «Сол уақыттарда арабтан бұл Орта Азияға дін исламды үйретушілер көп әскермен келіп, халықты жаңа дінге қаратып жүргендерінде Құтайба атты кісі Қашқарға шейін келіп, халықты исламға көндіргенде, бұлар да мұсылман болдық депті. Сөйтсе де бұрыннан бақсы-балгерге иланып, отқа-шыраққа табынатын әдеттерімен исламға тез түсініп кете алмапты...» деген аса құнды деректер келтіреді. Ақын ислам дінінің зорлықпен енгізіліп, жергілікті халықтардың бұрыннан қалыптасқан сенім-нанымдарын, тұрмыс-салтын өрескел бұзып жібергендігіне мегзейді. Сонымен қатар жаңа діннің артықшылықтарын да қолдайтынын танытады. Ол шаман дінінің халық арасында әлі де сақталып қалған белгілерін атай отырып: «Бұған ұқсаған көп еді, құдайға шүкір, бұл күнде жоғалып бара жатқанға ұқсайды» деп жазады. *Т. Барақұлы.*

ҚҰТАЙБА Мағауияұлы (1895–1919) – Абайдың немересі. Қ-дан Берекехан туған. Ақшоқыдағы зиратқа жерленген.

«ҚҰТТЫ БОЛСЫН ТОЙЛАРЫҢ» – «Өнер» баспасынан 1990 ж. жарық көрген той кітабы. Құрастырған – Б. Сапаралин. Кітапта шілдехана тойынан бастап, мектепке бару, әскерге шығарып салу, үйлену, мүшел, туған күн тойларын, жалпы халықтық сабантой, шопандар тойын, наурыз тойын өткізуге байланысты ақыл-кеңестер, той үлгілері, онда айтылатын тұрмыс-салт өлеңдері, ән-жырлар топтастырылған. Жинақтың «Дана ойдан шыққан сөз» деген бөлімінде Абайдың 12 нақыл сөзі келтіріліп, наурыз тойына байланысты тарауында 5 әнінің сөзі берілген. Көлемі 27,8 б. т., 60 000 дана болып басылған.

ҚЫДЫРӘЛІ Бәйісұлы (т.-ө. ж. б.) – Абайға ниеттес адам. Абай «Сенатқа хатында»: «Мені жәбірлеген дұшпан адамдардың кім екенін, маған не істегендерін Қыдырәлі Бәйісов біледі» деп, Қ-ні куәға тарта жазған. Абай және оның балалары Семейге келгенде Қ-нің үйіне түседі екен. 1940–44 ж. Семейдегі Абай музейі осы үйге орналасқан. Қ. 1907 ж. Кәкітай Ысқақовпен бірге «сенімді» адам ретінде жер межені белгілеуге қатысқан. Қ. үйінің фото-суреті Абайдың Семейдегі мемл. қорық-музейі қорында сақтаулы тұр.

«ҚЫЗАРЫП, СҰРЛАНЫП...» – Абайдың 1891 ж. жазған өлеңі. «Махаббат лирикасының» озық үлгісі. Әрқайсысы 4 тармақты 9 шумақтан тұрады. Абай ғашықтық сезімді, махаббат мұңын аса бір шабытпен, беріле құлаған ынтықтықпен кестелеген. Оның бұл тақырыптағы жырлары ақын сезімінің мөлдірлігін, түсінігінің тереңдігін, сүйіскен жандарға деген мейірбандылығын паш етеді. Әсіресе, осы өлеңде махаббаттың тілсіз түсінісі, ретін тауып ауылдан аулақта кездескен екі жастың бір-біріне деген ғажап іңкәрлігі, жүрек лүпілі асқан шеберлікпен берілген. Одан ғашықтық пәк сезімнің лебі есіп, қай-қайдағыны еске түсіріп, бойды балқытады. Оқырманның көз алдына өзгеден ұрланып, оңашада қосылған қос ғашық келеді. Ынтызар болып жүріп, бір-біріне зорға жеткен олар біресе қызарып, біресе бозарып, не істерін білмейді. Өзара тіл қатыса алмай абдырайды. Дүрс-дүрс соғып, лүпіл қаққан жүрекпен алысып, көңілмен ғана ұғысады. Табысқан қолдар бір-бірін күйдіріп, тыныс тарылып, түс бұзылып, талықсып бара жатқандай. Кеудеге кеуде жанасып, иықтар түйіскенде көздері жұмылып, жүздері төмендеп сала береді. Иектер қайта көтеріліп, ерінге ерін тигенде буын-буыннан айырылып есеңгірей түседі. Елжіреген жүрек, босаған буын көзді мұнарландырып, жан рахатына батырады. Бұл сәт көктегі жұлдыздар «біз тұрмыз күзетте, ешкім жоқ, сүйісе беріңдер» дегендей жымың қағады. Төбеден төнген жапырақтар да «сендерді жасырармыз, асықпандар, ғашықтар» деп тұрғандай. Ғашықтардың бұлармен ісі жоқ, өзді-өзі әуре. Ақын осындай суретті елестетеді де, «жүйрік тіл, терең ой», сол сәтте неге үнсіз қалдың, махаббат алдында неге дәрменсіздік көрсеттің, «жеңілдің, жеңілдің» деп, «ғашықтық тілінің – тілсіз тіл» екенін мойындатады. Әдетте ақын өз басынан кешірген, өз жүрегінен өткізген, өзі сезініп, өзі түсінген нәрселерді ғана елжірей егіліп, жан-тәнімен беріліп

жырлай алады десек, осы шындықты Абай өлеңінен айқын көруге болады.

«Қызарып сұрланып...» өлеңі А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов шығармалары сияқты мөлдір махаббатты асқан ілтипатпен жырлаған. Оны табиғаттың көркем бесігінде әлдилей білген. Жасырын кеште алғаш кездесіп, сөз таба алмай, тек қана лүпіл қаққан жүрекпен, қабақпен сыр танытқан қос өрім. Алабұртқан іңкәр сезім тасқынын балауса пәк көңіл сәл тежей бергендей. Енді бір сәт бар әлем ұмыт болып, тулаған жүрек тілегіне ерік беріп, рахат мұнарына шомған екі жас. Бүкіл жан-сезім, ақыл-ес бір-біріне арбалып, ажырамасқа ант еткендей. Міне, ақын жүрек дүрсілі құлаққа келіп, ыстық демі бетке тиген махаббаттың жаңды суретін осылайша берген. Ақын осындай табиғи күйде, аса бір іңкәр күйде табысқан жүректерді құптап, қостайды. «Абайдың махаббат жайындағы ең нәзік, ең көркем, терең сезімдері осы өлеңде»,– дейді М. Әуезов.

Өлең 6–7 буыннан тұратын шалыс ұйқас үлгісімен өрнектелген. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Ақын басылымдарында 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары негізге алынған. Екеуін салыстыра келіп, ойды дәл беретін, буын санына тура келетін түрі қалдырылған. Мыс., 1-шумақтың 2-жолындағы **«дүпілдеп жүрегі»** дегентіркес **«лүпілдеп жүрегі»**, 8-шумақтың 1-жолындағы **«көкірек елжіреп» «жүрегі елжіреп»**, 9-шумақтың 1-жолындағы **«қызыл тіл», «жүйрік тіл»** , 2-жолындағы **«сол күні» – «сол күнде»** деп қабылданды. **«Асық», «ғашық» – «асықтық», «ғашықтық»** сөздерімен ауыстырылды. Өлең ағылшын, азербайжан, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған. *Т. Қожакеев.*

«ҚЫЗДАРҒА» – Абайдың өлеңі, қ. *«Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бәкең»*.

«ҚЫЗ СӨЗІ» – Абайдың өлеңі, қ. *«Қиыстырып мақтайсыз...»*

«ҚЫЗЫЛ ҚАЗАҚСТАН» (бұрынғы «Қазақстан коммунисі», қаз. «Ақиқат») – Қазақстан партия ұйымының органы. 1921–29 ж. аралығында шығып тұрған. Журналда Ы. Мұстанбаевтың «Көркем әдебиет туралы» (1927, 2-саны) және «Біздің таластарымыз» (1928, 5-саны) деген мақалалары жарияланды. Автор алғашқы мақаласында Абай мұрасын зерттеуге көңіл аударып, абайтанудың әлі де болса жарытып ештеңе бітіре алмай отырғандығын күрделі мәселе етіп көтереді. Екінші мақалада ақын шығармаларын бағалаудағы өрескел қателіктер мен бұрмалаушылықтарға тоқталып, Абай өлеңдерінің жалпыхалықтық сипатын, арқалап тұрған әлеум. ауыр жүгін, тәрбиелік мәнін ашып көрсетеді.

«ҚЫРАН БҮРКІТ НЕ АЛМАЙДЫ САЛСА БАПТАП?..» – Абайдың 1886 ж. жазған өлеңі. 14 жол. Ақынның көтерген тақырыбы – қосаңжар өмір құбылысы. Алғашқысы – аңшылық. Ер жігіт қыран бүркіт баптаса, қалған жұрт аңға күйкентай мен қарға салмақ. Бабы келіскен қыранның қоян, түлкі түгілі қасқыр да алатыны анық. Алайда былайғы жұрт оған мән бермейді. Өйткені, «қыран шықса қияға жібереді, олар да екі құсын екі жақтап». Қарға қарқылдап, қыранның арт жағынан қалмаса, күйкентай үстінде шықылықтайды. Қарға мен күйкентай иелері қыранға кедергі жасағандарына мәз, өз құстарын мақтап күпілдеседі. Абайдың бұл жерде айтқалы отырған негізгі ойы күллі қазақтың тірлігі өмірде осыған саятындығы, ортасынан озған азамат, ақын шығып жатса, оларға жасайтындары осындай кесірлік екендігі. Ақын «Басқа – сая, жанға – олжа дәнеме жоқ, Қайран ел осынымен жүр далақтап» деп қорытады ойын. 1886 ж. өндіре жазып, ақындық жолына алаңсыз түскен ақынның ел ұстазы, ақылшысына айналып, үлкен өмірлік – өнерлік жинақтау жасай бастағанын байқаймыз. Осындай көркемдік кенеуімен, кемелді ойымен өрелі өлеңнің құрылымы да келісті. Өлеңнің алғашқы екі жолы өзара үйқасып, егіздік байқатқан, алайда ары қарай еркін үйқаспен кестеленген. Мазмұн-мағына жағынан да, пішім, ырғақтық жағынан да ешқандай жік білінбейді. Өлең алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Оның басылымдарында ешқандай текстол. өзгерістер кездеспейді. Туындының:

«Өзі алмайды, қыранға алдырмайды,
Күні бойы шабады бос салақтап»,–

деген 7-, 8-жолдары 1909 жылғы жинақта берілмеген. Бірақ бұл 2 жол Мүрсейіт қолжазбасы негізінде тұңғыш рет 1933 жылғы жинаққа кіргізілген. Өлең башқұрт, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, тәжік, түрікмен, ұйғыр тілдеріне аударылған. *Б. Сарбалаев.*

«ҚЫРАН ЖАНАР» – Абай өлеңдерінің Ригадағы «Лиесма» баспасынан 1970 ж. жарық көрген жинағы. Кітап Я. Плотниекстің ақын шығармашылығына шолу жасаған мақаласымен ашылған. Жинаққа Абайдың 25 өлеңі мен «Масғұт», «Ескендір» дастандары енгізілген. Суретші Л. Буманенің ақын шығармалары тақырыбына салған суреттері берілген. Аударғандар: Я. Плотниекс, А. Скалье, А. Бианс, Б. Либцемниекс, Я. Сирмбардис, А. Елксне. Көлемі 3,58 б. т., 8000 дана болып басылған.

ҚЫРҒЫЗ – түркі тілдес ұлт, Қырғыз Республикасының негізгі халқы. Діни нанымдары бойынша мұсылман-сунниттер. Орыс тарихнамасында «қара қырғыз» деп аталады. Қазақтармен қашаннан қоныстас, ағайын болып, араласып отырған жұрт. Абай «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген тарихи еңбегінде қырғыздардың да арғы тегінен деректер берген. Ақын олардың қазақтармен тұқымдас екенін айта келіп, қытайлардың Қ-ды «брут» деп атайтынын жазады да, сол «білеут», «бруттың» бір нәсіл екендігін дәлелдейді. Одан әрі «қырғызға қырғыз деп ұйғыр хандарының бірі ат қойса керек. Шабуыл кезінде олардың атты әскері алдымен ұрысқа кірісетін болғандықтан ұйғыр хандары «бруттарды» қырғыз атандырыпты. «Өлтірт, жоғалт», яғни, дұшпанды қырушы дегеннен қойылыпты» деген қызықты дерек келтіреді.

ҚЫРҒЫЗ ӘДЕБИЕТІ. Қырғыз бен қазақ халқының өзара мәдени байланысы әріден басталады. Оған негізінен қазақ және татар тілінде ертеректе жарық көрген мерзімді баспасөз бен кітаптар дәнекер болды. Революцияға дейінгі кезеңде Тоғолоқ Молдо, Абулқасын Жұташиев, Ысақ Шайбеков, Қалық Акиев т. б. ақын-жыршылардың есімдері кеңінен танымал болды. Олардың ішінен өзінің білімділігімен, үлкен талантымен Тоғолоқ Молдо ерекше көзге түсті. Қырғыздың ұлы жаңашыл ақыны, қырғыз әдебиетіндегі мысал жанрының негізін жасаушы, алғашқы ақын-жыршы Байымбет Абдразманов (Тоғолоқ Молдо) Абай Құнанбаевтың замандасы болды. Ол сонымен бірге қазақ поэзия-

сы, қазақ ақын-жыраулары да жақсы білді. Абай шығармаларын «Дала уәлаяты газетінен», «Айқап» т. б. қазақ басылымдарынан оқыды. Тоғолоқ Молдоның ақын-жыршы дәрежесінде қалыптасуы жөнінде айтқанда қырғыз әдебиеті зерттеушілері оның бастамасын Шығыс әдебиетінен, орыс классик. әдебиетінің прогрессивтік дәстүрін өзіне сіңіре білген Абайдың шыншыл поэзиясынан іздейді. Тоғолоқ Молдо Абай шығармаларын жоғары бағалады, ынтыға оқыды, кейбірін жатқа айтты. Әділетсіздікті сынайтын Абай өлеңдерін мысал ретінде әркез келтіріп жүрді. Өмір мен адамгершілік жайында Пушкин, Абай мен Тоғолоқ Молдо көп жырлады. Тоғолоқ Молдо мен Абай шығармаларында ұқсас сәттер кезігіп отырады. Абайдың сегіз жолдан тұратын «Сегіз аяқ» өлеңінің үлгісінде Тоғолоқ Молдо да жазды. Бұл Абай поэзиясының тек қазақ әдебиеті емес, қырғыз әдебиетінің бастамасы да екенін көрсетеді. Тоғолоқ Молдо Абай өлеңдерін бойына сіңіре білді, соларқылы орыс әдебиетімен, оның алдыңғы қатарлы өкілдері А. С. Пушкин, И. А. Крыловпен танысты. Қырғыз Республикасының Халық ақыны Аалы Тоқомбаев та өзінің әдеби еңбегінің алғашқы күндерінен бастап Абайды сүйді, онан үйренді. Олұлы ақынның өлеңдерін түгелге жуық аударды. Тоқомбаев 30-жылдары Абайдың көптеген өлеңдерін жеке кітап етіп шығарды. Ақынның өз өлеңдері де Абайдың өлеңдерімен сайма-сай келіп жатады. А. Тоқомбаевтың:

«Алмадай жер,
Айланан ал
Елдин канин ичесин.
Қыйналып жан,
Шорголап кан
Акбада сен тутосун...» –

деген жолдары Абайдың «Бай сейілді...» өлеңінің үлгісімен жазылған. Мұндай ұқсастықтар Абайдың «Бойы бұлғақ...», А. Тоқомбаевтың «Туткун Марах» өлеңдерінде де кездеседі. Қырғыз жазба әдебиетінің негізін салушылардың бірі Жоомарт Боқонбаев аз ғұмырында Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы...», «Мен жазбаймын өленді ермек үшін...», «Желсіз түнде жарық ай...» т. б. өлеңдерін қырғыз тіліне аударды. Абайдың ақындық ықпалы Т. Уметалиев, М. Элебаев, А. Османов өлеңдерінен де айқын байқалады. Алыкул Османов Пушкиннің «Евгений Онегин» романынан «Татьянаның хатын», «Онегиннің Татьянаға хатын», Д. Боқонбаев Крылов мысалдарын, М. Ю. Лермонтов пен Гете өлеңдерін аударғанда да қазақ ақынының аудармашылық үлгі-дәстүрін сақтаған. «Абай аудармаларын пайдалана отырып, қырғыз жазушылары қырғыз әдебиетінде аударманың жаңа дәстүрін жасады», – деп жазды Тоқомбаев 1954 ж. жарық көрген «Қазақ елінің ұлы ақыны» атты кітаптағы «Абайдың жырлары» мақаласында.

Қырғыз әдебиет зерттеушілері қырғыз бен қазақ әдебиеті байланыстарының мәселелерін қарастырды. Оларда Абай поэзиясының қырғыз ақындарының шығармашылық бастауларына мол ықпал еткені айтылады. Б. Керімжанова, К.Рсалиев, С. Жигитов т. б. өз еңбектерінде 20-30 жылдарда қырғыз кеңес жазба әдебиетінің негізін салушы көптеген қырғыз жазушылары қаламдас қазақ туысқандарынан, атап айтқанда, Абайдан үйренгенін атап көрсетті.

К. Рсалиев «Қырғыз поэзиясындағы строфалық құрылым» атты еңбегінде қырғыз поэзиясындағы алты жолдан тұратын өлең үлгісінің қазақ поэзиясынан, Абайдан алынғанын нақты мысалдармен дәлелдейді. Бұл жүйенің А. Тоқомбаев, М. Элебаевтың 20–30 жылдардағы өлеңдерінде жиі кездесетінін айтады.

Бұл мысалдар қырғыз бен қазақ әдебиеті байланысы түп-тамырының соңау тереңде жатқанын дәлелдейді. Абайдың ұлы тұлғасы, асқақ поэзиясы екі елдің мәдени дамуына үлкен ықпал етті. *А. Мусинов.*

ҚЫРЫМ – Қара, Азов теңіздерімен, Перекоп мойнағы арқылы Шығ. Европа жазығымен ұштасатын түбек. Абай мезгілсіз дүние салған баласы Әбдірахман қазасына арнаған «Жиырма жеті жасында...» деп басталатын жоқтау өлеңінде өнер, білім қуып, дүниені аралаған дарынды ұлының Қ-ға да барғанын айтады. Ол кездегі қазақ үшін Қ. дүниенің бір бұрышы саналған («Қызын Қырымға, ұлын Үрімге» деген сөз бар).

«ҚЫС» – Абайдың өлеңі, қ. *«Ақ киімді, денелі, ақ сақалды...»*

«ҚЫС» («З и м а») – «Балауса» баспасынан 1992 ж. орыс тілінде жарық көрген суретті кітапша. Абай өлеңі «Жыл мезгілдері» деген айдармен басылған. Өленді аударған – Вс. Рождественский. Суретші М. Әлин қысқы дала көріністерімен көркем безеңдірген бұл кітапша мектеп жасына дейінгі балаларға арналған. Көлемі 1,5 б. т., 35 мың дана болып басылған.

ҚЫСТЫРМА СӨЗ – сөйлеушінің не жазушының айтылған ойға әр түрлі көзқарасын, сезімін білдіретін моральдық мәні бар сөздер. Қ. с. бір сөзден де, бірнеше сөзден де тұратыны белгілі. Кей реттерде сөйлем түріндегі Қ. с. кездеседі. Бір қызықты жай – Абай поэзиясында да, прозасында да Қ. с. өте аз ұшырасады. Әдетте, мәдениетті сөйлеу, жазу дәстүрінде Қ. с-ді көп қолдана бермеген де дұрыс. Тілдің эстетикасын өте терең ұғынған және халық тілінің байлығын еркін игерген Абай Қ. с-ді орынды-орынсыз көп пайдаланудың қисынсыздығын жақсы білген. Тағы бір қызық жай – Абай шығармаларында Қ. с. «біл» сөзінің қатысуымен жұмсалып отырады: «Кім біледі, Сен көпір, Баяндыдан сендің бе? Әлде айналып, кім білер, Боталы түйе секілді Қорадан шықпай өлдің бе», «Ақылды кісі мен ақылсыз кісінің, менің білуімше, бір белгілі парқын көрдім», «Мен білемін, қайтейін. Мұндай асыл тумайды», «...Өзі де білмей ме, Көп сөйлеп созбайын». Әдеттегідей, А. туындыларындағы Қ. с. айтылған ойына автордың сенімін, күдігін, жорамалын т. б. көзқарасын аңғартады. *М Сергалиев.*

ҚЫТАЙ (өздерінше атауы – х а н ь) – Қытай Халық Республикасының негізгі тұрғын халқы. Нәсілі жағынан да, діни нанымы жағынан да біркелкі емес. Этникалық қалыптасуына қытай-тибет, малайя-полинезия, монкхмер және алтай тілдерінде сөйлейтін халықтар қатынасқан. Қ-лар ұлы «Жібек жолы» арқылы қазақтармен ерте араласқан. Абай «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген тарихи еңбегін: «Есте жоқ ескі мезгілде, моңғұлдан бір татар аталған халық бөлінген екен. Қытайлар «татан» деп жазады» деген жолдармен бастайды. Бұл қытай шежіресі мен тілінен жақсы хабардар адамның сөзі.



«ЛАЙ СУҒА МАЙ БІТПЕС ҚОЙ ӨТКЕНГЕ...» – Абайдың 1895 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 7 шумақтан тұрады, көлемі 28 жол. Үлкен үміт күткен баласы Әбдірахманның өліміне байланысты шығарылған. Қараңғылық шырмауына шатылған елдің надандығына ыза болған ақын жан наласына сырын қапысыз қабылдар, айтса түсінер, ақылдасса ой бөлісер сүйікті ұлынан айрылу қайғысы қосылып, «берген бе тәңірім саған өзге туыс» деп мұңданады, ақын көңіл жайлауынан ел көшкендей болып құлазиды. Мағынасыз «бос қуыстай» дүниеден уақап таппай, «бір-ақ уыс» болып отырған ақын дінге иек артады. Қошы жоқ құлазыған көңіл күйін ғажап шыншылдық суретпен бейнелеп, шарасыз халін «халық», «махлұқ», «дәһрі», «лә мәкан» сияқты діни лексикамен бедерлейді. «Содан ары созерцание ретіндегі ойларын тере келіп, ақын өзінің наным жөнін толғайды. Болып өткен ауыр қазаларға жоғарыда танылмаған кейбір түңілу сарындары қосылып келіп, ыза мен қазадан туған бір алуан діншілдік ойлар, күйлер шығады» (Әуезов М. Шығ. жинағы, А., 1985, 20-т., 164–165-б.). Абайдың діні – ақылдың, сыншыл ойдың діні. Тәңіріні тани алмай қор болатын шалалықты, мақсатсыз құр мүлгуді шенейді. Әрине, бұлай сынау – тәңіріне шек келтіру емес. «Түп иесін көксемей бола ма екен?» дей тұрып, тәңіріні іздеу, дінге сенудің өзі мейлінше ақылды, саналы болуы керектігін айтады. Өлең – осындай қарама-қайшы пікірге толы, драмалық қуаты күшті туынды. 11 буынды қара өлең ұйқасымен өрнектелген. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Өлеңнің кейбір басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер бар. Мүрсейіт қолжазбаларында 4-шумақтың 4-жолы **«Талапты тағы да ойлап зор қылады»** деп жазылса, 1909, 1939, 1957, 1977 жылғы басылымдарда **«Талпынып тағы да ойлап зор қылады»** болып басылған. Ал 1933, 1939 жылғы жинақтарда 7-шумақ-

тың 1-жолы **«Өмір жолы – тар соқпақ, бір иілген жақ»** түрінде берілсе, 1909, 1957, 1977 жылғы жинақтарда Мұрсейіт қолжазбаларына сәйкес **«Өмір жолы тар соқпақ, бір иген жақ»** – деп өзгертілген. Өлең өзбек, қырғыз, тәжік, түрікмен, қарақалпақ тілдеріне аударылған. *Б. Мамраев.*

ЛӘЙЛӘ Жағыпарқызы (1930–32) – Абайдың шөбересі, Мағауияның немересі. Сүйегі Шығ. Қазақстан обл., Новошульба ауд., Убо-форпост аулында жерленген. *И. Жағыпарқызы.*

ЛЕКСИКА. Абай тілінің негізі қазақтың жалпы халықтық сөйлеу тілі мен ауызша әдеби тілі болғандықтан, оның лексика-фразеол. қазынасы тегі жағынан, ең алдымен, қазақтың төл сөздерінен, одан соң шағын мөлшерде араб-парсы және орыс сөздері қабатынан құралады.

Өз тұсындағы қазақ қоғамының саяси-әлеум., мәдени-экономик. күй-жағдайына орай қазақ лексикасында болған өзгеріс-жаңалықтарды Абай тілі айқын көрсетеді. Мыс., кейбір атаулар ескіріп, қолданыстан шыға бастаса, Абай ондай сөздерді көбінесе көнені суреттеу үшін немесе образ үшін пайдаланады. **Хан, уәзір, аламан, абыз, жылыс, тоғыс, наурыздама** сөздері көбінесе *Қара сөздерінде* тарихты баяндайтын тұстарда қолданылады. Ал өмірге келген жаңа атауларды жатсынбай қабылдап, өзі де бұларға қоса жаңаларын жасайды (қ. *Жаңа сөздер*).

Абай шығармаларының тақырыбына орай төл лексиканың ішінен этнографизмдерді де **(шілдехана, үш тоғыз, қынаменде, ақшомшы, ықтырма, күзеу** т. б.), көне киім-кешек, сауыт-сайман, құрал-жабдық атауларын да (**дөндөку, жарғақ шалбар, пыстан, шақпақ, шөншік, дулыға, шарайна** т. б.) пайдаланады. Сондай-ақ сыртқы тұлғасы жағынан көнерген сөздерді (мыс, **ұлы** дегеннің орнына **ұлық, кіші** сөзінің орнына **кішік, туранық** орнына **тұғры** тұлғалары) ұйқас құрау, мағыналық реңк үстеу сияқты белгілі бір мақсатпен қолданады. Дегенмен, Абай тұсында бірқатар сөздердің көнеру дәрежесі қазіргі кездегіден әлдеқайда солғындау болғаны байқалады. Мыс., ағайын, туысқан мағынасындағы **қарындас** сөзі, **ел, жақын** және **жат, алыс** семантикалы алаш, әскери мағынасындағы **қол** сөздерінің әлі де осы ұғымдарда еркін және жиі қолданылғандығын сол кезеңдегі қазақ әдеби тілі де, Абай тілі де көрсетеді. Қоғам өмірімен етене қабысқан тіл, әсіресе, оның лексикасы сол қоғамның әр кезеңдегі тыныстіршілігіне орай өзгеріп отырады, яғни бірқатар сөздердің мағыналары ауысады, бірсыпырасы терминдік дәрежеге көтеріледі, енді бір алуанының қолданылу жиілігі артады. Бұл процеске қалам қайраткерлері белсене қатысады. Осы ретте Абайдың еңбегі көзге түседі.

19 ғ-дың 2 жартысындағы қазақ қоғамы өміріндегі елеулі тарихи оқиғалардың бірі – ел билеу, әкімш., әлеум. құрылыс салаларындағы өзгерістер, жаңалықтар болса, Абай Л-сы осы өзгеріс – жаңалықтарды атайтын сөздерді молынан танытады. Олар қазақтың төл сөздері де, кірме сөздер де болып келеді. Мыс., ел билеу, әкімш. құрылысына қатысты **болыс, старшын, жандарал, ояз, кандидат, сайлау, шар, тас, шабарман, атшабар, атқамінер, ұлық** сияқты сөздер; заң, сот саласына қатысты **заң, закүн, сот, содия, шариғат, куә, би, билік, жан беру, ант ішу, антқа салу, нттасу, айып, тоғыз, барымта, дүре, салауат, дау, даугер, теңдік, бітім, төре беру, жаза, шағым, арыз, арызшы, іс, қағаз, тергеу, кәтелөшке, түрме, дознание, прошение** сияқты сөздер термин дәрежесіне көтеріліп, әдеби тіл нормасына айналады. Бұл ретте кейбір әлеум. ұғым атауларының мағынасы айқындалып, ішінара терминделу процесі Абай тілінде ерекше байқалады. Мыс., **жарлы** мен **кедей** сөздерінің ақын біріншісін сын есім ретінде жиірек қолданады да, сол кездегі әлеум. топ атауына кедей сөзін әлдеқайда жиі телиді. Сол сияқты **байғұс** сөзінің ертеректегі қоңсы, жалшы мағынасы солғындап, бұл сөз көбінесе **«бейшара, мүсәпір»** деген мағынадағы сын есім ретінде нормалана бастайды. Әрине, Абайда бір ұғымды бір ғана атаумен білдіру барлық жерде бұлжымай жүзеге асырылған жоқ, өйткені, сөздердің барлық айналуы – едәуір ұзақ тәжірибенің жемісі және жеке қаламгердің еңбегін емес, көптің еңбегін, әсіресе баспасөз сияқты көпшілікке ортақ жазба дүниелердің қызметін қажет ететін құбылыс. Осы себептен Абайда да **кәсіп** мағынасында **кәсіп, өнер, харекет** сөздері, **еңбек** мағынасында **еңбек, бейнет, қызмет** сөздері жарыса қолданылған және керісінше, бір сөз арқылы бірнеше мағынаны білдіру де орын алады. Мыс., Абай тілінде **ғылыми** сөзі осы күнгі мағынасымен қатар, **білім, оқу** семантикасын да қамти қолданылған. Өз тұсындағы қазақ қоғамының экономик. күй-қалпына, сауда-саттыққа қатысты Л. тобын өзінің кең тақырыпты шығармаларында молынан пайдаланып, мұнда да өмір суретін беретін сөздік қазынасын жасайды. Жалпы әдеби тілде, оның ішінде Абай тілінде **базар, сауда, мәліш сауда, саудагер, бұл (пұл), өсім, өсімқор, табыс, пайда табу, зиян шегу, несие, қарыз, борыш** сөздерінің көпшілігі қазақ даласына келген жаңа ұғымдардың атаулары ретінде тұрақтала бастайды.

Абай шығармалары тақырыптарының бірі оқу-ағарту, білім-ғылым, мораль жайы болғандықтан, осы салаға қатысты Л. тобы ақын тілінде молынан кездеседі. Бұл реттегі Абай тілінің ерекшелігі, біріншіден, ол бірқатар сөздерді өте жиі қолданып, олардан туынды тұлғалар жасап, белсенді қорға айналдырған. Мыс., **білім** сөзін 30-дан аса рет қолданып, одан **білімді, білімсіз, білімділік, білімсіздік** деген туынды сөздер мен **білім-ғылым, ғылым-білім** деген қос сөз тұлғаларын жасаған. Ал, **ғылым** сөзін Абай 100-ден аса рет пайдаланып, оны осы күнгі орысша **наука** деген ұғымнан гөрі **білім, оқу** сөздерінің баламасы ретінде алған. Мыс., «Хатта қыздарды да ең болмаса мұсылман ғылымына жіберіп, жақсы дін танырлық қылып үйретсе» дегендегі **мұсылман – мұсылманша** оқу. «Балаңа орыстың ғылымын үйрет» дегендегі Абайдың айтпағы – орысша оқыту. Сондықтан Абай тілінде ғана қолданылған **ғылым табу, ғылым оқу, ғылым іздөу** тіркестері **білім алу** деген мағынада келеді.

Сөйтіп, Абай Л-сы 19 ғ-дың 2 жартысындағы қазақ әдеби тілінің тақырыптық серияларға қатысты саласының байлығы мен барын, өзгерісі мен жаңалығын танытатын айнасы іспетті болды. Абай шығармашылығының дені поэзия болғанымен, оның жырлаған тақырыптарына орай және ақын жаңашылдығы мен шеберлігіне қарай өлеңдер тілінің өзінде де әлеум. терминология мен экономика,

саясат, оқу-ағарту, мәдениет салаларына қатысты сөздер кең орын алған. Л-ның бұл топтарын мол қамтуына Абайдың проза жанрына баруы да септігін тигізген.

Абай тілі Л-сының келесі қабаттары – араб және парсы сөздері. Бұрыннан қазақтың жалпы халықтық тілінде қалыптасқан шығыс сөздерін Абай жатсынбай, еркін қолданады. Олар дінге, оқу-ағартуға, өнер-білімге, әкімшілікке, сауда-саттыққа т. б. қатысты болып келеді. Араб-парсы сөздерінің басым көпшілігін, жалпы халықтық тілдегі сияқты, Абайда да дерексіз ұғым атаулары құрайды (**ар, абырой, мейір, нала, парыз, қаһар, қиял, құдірет, дәурен** т. б.). Абай тілі Л-сының бір ерекшелігі – мұнда қазақ тіліне енбеген араб-парсы сөздерінің де қолданылғандығы. Олар, негізінен, Абайдың қарасөздерінде, онда да барлығында емес, тақырыбына қарай белгілі біреулерінде ғана шоғырланған. Ол шығармалар Жүрегінің қуаты перзентлеріне арналған атақты Отыз сегізінші сөзі мен қазақ оқырмандарына иман деген – алла табарақа уатағаланың... жарлығына... мойын сұнып, инанмақ» екенін баяндаған 13-сөзі. Бұларда философия мен моральға қатысты ой-пікірін айтуда автор осы салалардағы ұғымдардың араб тілінде қалыптасқан атауларын қазақшаламай, сол күйінде пайдаланды. Мыс., **саниғ** (өндіруші, жасаушы), **салахият** (жарамдылық), **сәмиғ** (тыңдаушы), **тахмин** (болжау, бағалау), **хасил** (нәтиже) т. б. Тіпті кейде арабша тұтас тіркестерді қолданады (**иман тақлиди, жәлиб мәнфағат, уәфқи музаррат** т. б.). Бұл қолданыстар стильдік мақсатты көздеген.

Шығыс сөздерін пайдалануда Абай ұстаған бір бағыт – сол кезде айтылуы мен жазылуы жағынан қалыптасып болмаған сөздер қатарының әрқайсысына дербес мағына телу әдісі. Мыс., Абай **ғашық – асық, ғаділет – әділет, харекет – әрекет, хакім – әкім, қайла – айла** сияқты жарыспалы варианттардың әрбір сыңарын жеке-жеке мағынада жұмсайды.

Олар өлең техникасының талабын да (мыс., «Сорлы асық сағынса да, сарғайса да» деген жолда **ғашық** сыңарын қолданса, өлеңнің буын саны тура келмес еді), мағына саралау мақсатын да («Ғаділетті жүректің әділетін бұзыппын»; «Қылып жүрген өнері әрекеті – харекет»), стильдік мақсаттарды да (мыс., Отыз сегізінші сөзінде араб сөздерін төл нұсқада жазу: **ғадалат, сифат, раст, хисап, харіф** т. б.) өтейді.

Сөйтіп Абай шығыс сөздерін қазақ Л-сын байытатын бірден-бір жалғыз және ең басты көз деп есептемесе де, қазақ әдеби тілінің лексик. нормасында бұрыннан еніп, қалыптасқан араб-парсы сөздерінің мол қорының болуын құптаған, олардың қолданысын құбылтып, поэтик. тіл айналымын қатыстыру, мағыналарын не тарылтып, терминге айналдыру (мыс., **насихат, хат, кедей** сөздері) не кеңітіп, полисемияға – көп мағыналы сөзге айналдыру (мыс., **өнер, қызмет, ғылым, харекет, сипат** сөздері), олардан синонимдік қатар түзіп, семантикалық үстеме реңктер беру (**харекет, әрекет, ғашық-асық, ғаділет – әділет, заман – замана**) стильдік мақсатта қолдану принциптерін ұстаған. Абайдың араб-парсы сөздерін пайдалануында түркілік жазба әдеби дәстүрдің әсері де жоқ емес. Мыс., бірқыдыру жиі қолданылып, өлең текстеріне де енген **хикмет, ғибрат, сухбат, һәмише** сияқты сөздерді немесе 38-, 13-сөздеріңде халық тіліне енбеген араб сөздерін, кейде тіпті тұтас тіркестерді молынан келтіруі түркілік (шағатайлық) нормаға үндеседі. Бұл Абайдың кітаби тіл дәстүріне құбыжық ретінде емес, белгілі бір стильдік құрал ретінде қарағанын танытады.

Абай Л-сының келесі қабаты – орыс сөздері. Олар сан жағынан араб-парсы қабатынан әлдеқайда кем болғанымен, әрі қарайғы орын тебу бағыты жағынан басым түседі. Бұл бағытқа себепкер, ең алдымен, қазақ қоғамының сол кезеңдегі және әрі қарай әлеум., саяси, эконом. күй-қалпы болса, екіншіден, қазақтың ұлттық жазба тілінің демократтық сипатта дамуы еді. Абай мен Ыбырай орыс тілі элементтерін тек жалпыхалықтық сөйлеу тәжірибесінен емес, тікелей орыс әдеби тілінен алды. Абайдың жалпыхалықтық қолданыстан алып пайдаланған сөздерінің көпшілігі әкімш., заң, шаруашылық салаларына қатысты. Олар: **болыс, кандидат, ояз, сияз, старшын, майыр, шен, партия, сот, шар, закун, закуншік, кателешке, бодан, расход, кір, лапке, барқыт, самаурын, пәтер, сома, бақалшік, мәліш** (сауда), **аршөпке, барабан, зауыт, машине.** Абайда өзіне дейінгі және өз тұсындағы қазақ әдеби үлгілеріңде кездеспейтін бір топ орыс сөздері бар. Олар **адвокат, доктор, губернатор, начальник, визит, монастырь, ладан, штык, картечь, такт, номер, химия, трагедия, единица, ноль, образование, назначение, посредник, жеребе, прошение, дознание, прямота, икра, фабрик, электр, румке, стакан, счет** деген зат есімдер мен **уездный, военный, здравомыслящий, уголовный, самородный** (сары алтын), **виноват** деген сын есімдер және **гуляйттау, пошел, занимайся** деген етістіктер. Бұлар қолданылу мақсаты, тексте кездесу жиілігі жағынан біркелкі емес: басым тобы (**адвокат, визит, монастырь, ладан, картечь, химия, трагедия, фабрик, электр** т. б.) қазақша сөздермен беру мүмкіншілігі жоқ болғандықтан пайдаланылғандар, енді бір шағын тобы (**образование, назначение, дознание, посредник, прошение**) қазақша баламасы бола тұра да, осы ұғымдардың орысша «исін» сақтау үшін стильдік мақсатпен әдейі қолданылғандар. Ал **здравомыслящий, коренной, оязной, счет** деген орысша тұлғадағы сын есімдер мен **занимайся прямотой** тәрізді тіркесінің қолданысы да стильдік мақсат көздейді. Бұл сөздер Абайдың орысша оқып жүрген шәкірттерге арналған өлеңінде жұмсалған. **Пошел, гуляттау, білетке** сияқты сатиралық бояуы бар осы сөздерін Абай образ үшін қолданған. Орыс тілі элементтерінің тағы бір өте шағын тобы – штамп қыстырмалар. Арабша тұтас сөйлем тіркестерді қолданғаны сияқты, Абай прозасының тілінде бірдіекілі орысша күрделі атауларды сол күйінде келтіреді. Олар: **подвижный элемент, сила притягательного, однородного, впечатлительность сердца.** Бұл ақын шығармаларын жазу үстінде орыс тіліндегі әдебиетті пайдаланғандығын танытады және бұларды аудармай алуының себептері, біріншіден, қазақша филос. ғылыми терминдердің оларды жасау тәжірибесінің ол кезде жоқтығы, екіншіден, осы ұғымдарды бұрмаламай, шатастырмай атау ниетінің болуы, ұғымның атауын орыс

тілінде ала отырып, әрі қарай осы ұғымның мәнісін қазақшалап түсндіреді. Бұл – қазақ әдеби тілінде бұрын-соңды болмаған соны тәсіл, Абай қолтаңбасы. Орыс тілі арқылы интернационалдық сөздерді ішінара қабылдау принципінің алғашқы нышандары Абайдан басталған. Мыс., **такт, трагедия, элемент, визит, химия** тәрізді атаулармен қатар сол тұстағы қазақтың әдеби тілінде орын ала бастаған **партия, кандидат, губернатор, генерал, доктор, фабрика, электр, миллион** сияқты халықаралық қор элементтерін қолдануды Абай батыл қостаған. Бұларды пайдаланудың мотивтері мен орындарын кеңейткен.

Сөйтіп, Абай Л-сындағы орыс сөздерінің қолданысы – қазақтың жаңа жазба тілінің даму барысында орын тепкен бағыттардың бірі. Бұл бағытты ұстап, әрі қарай жылжытуда Абайдың көздеген мақсаттары мен ұстаған принциптері мынадай: 1) орыс сөздерін өз тұсындағы қазақ қоғамының саяси, әлеум., экономик. және мәдени өміріне енген жаңа құбылыстарды, заттарды, ұғымдарды айырып атау мақсатымен қабылдау; 2) әзірге қазақ қауымына бейтаныс болса да, аударуға болмайтын ұғым, зат, құбылыс атауларын орыс тіліндегі түрінде беру; 3) орыс сөздерін образ жасау, әңгіме барысын белгілі бір оқырманға бағыштау сияқты стилдік мақсатта пайдалану. Бұл мотив, принциптер де жаңа жазба әдеби тіл дамуында Абай қаламына ғана тән жатсынбай қабылданған соны құбылыстар.

Әдеб.: Жанпейісов Е. А. Құнанбаев пен М. Әуезов тіліндегі стильдік кейбір ортақ өрнектер. «ҚазССР ҒА-ның хабаршысы». 1962, № 1; Өмірәлиев Қ. Абай шығармаларындағы кейбір тілдік ерекшеліктер. «Ученые записки Гурьевского пединститута», серия историко-филологическая, Уральск, 1962, вып. 2.

Р. Сыздықова.


ЛЕНСКИЙ – А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» атты романының кейіпкері. Ленский бейнесі *Онегиннің* мінез ерекшелігін түсіну жағынан да, шығарманың мазмұнын тереңірек ашып беру тұрғысынан да маңызды. Онегин қызуы басылған, өмірден торыққан, салқын қанды, алайда, «өзіне күндес шықса» онымен таласудан тайынбайтын адам болса, Л. қиялшыл, сенгіш, сезімге берілгіш, ақын жігіт. Ол сүйген қызы Ольганы қызғанып, Онегинді қызбалықпен дуэльге шақырып, ойда жоқта мерт болады.

Абай *«Барасың қайда, қайда болмай маған...»* деген өлеңінде албырт жастың жекпе-жек алдындағы сөзін қысқаша тәржімелеген.

ЛЕНСКИЙ СӨЗІНЕН – Абайдың А. С. Пушкиннен аударған өлеңі, қ. *«Барасың қайда, қайда болмай маған...»*

ЛЕОНОВ Леонид Максимович (1899 ж. т.) – орыс жазушысы, драматург. Россия Федеративтік Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері, академик, Соц. Еңбек Ері. Оның «Борсықтар», «Ұры», «Мұхитқа жол», «Орыс орманы» т. б. романдары, «Қасқыр», «Шапқын», «Алтын күйме», «Бұрқасын» пьесалары кеңінен таныс. «Шапқын» пьесасы қазақ тіліне аударылған. Жазушы Абай шығармаларын зер сала оқып, қазақ ақынының өлеңдеріндегі жаңа түр мен мазмұн мәселелеріне ерекше мән берді. Л. «Абай» («Жұлдыз», 1964, № 10), «Достық жаршысы» («Қазақ әдебиеті», 1971, 26 мамыр»), «Таңғажайып талант иесі» («Семей таңы», 1985, 10 тамыз) атты материалдарында жазба қазақ әдебиетінің қалыптасу жолындағы Абайдың жолбасшылық қызметін жоғары бағалап, оны «өз халқының темірқазық жұлдызы» деп атады. Ақынның «Менсінбеуші ем наданды. Ақылсыз деп қор тұтып. Түзетпек едім заманды, Өзімді тым-ақ зор тұтып» деген өлең жолдарын тілге тиек ете отырып, Абайдың азаматтық ерлігін «ерен жүректілік» ретінде мақтан етеді. Л-ке «Орыс арманы» романы үшін Лениндік сыйлық, «Шапқын» пьесасы үшін ССРО Мемл. сыйлығы берілген.

ЛЕОНТЬЕВ Леонид Павлович (1913–83) – суретші. Негізгі туындылары портрет жанрына арналған. ҚазССР-інің еңбек сің. өнер қайраткері, ҚазССР-інің халық суретшісі. Ол Абайдың 5 портретін (1954, көмір, қағаз, қарындаш; 1954, майлы бояу, кенеп;



Абай Құнанбаев.Л. П. Леонтьев. 1981.

1981, түсті жұмсақ қарындаш, көмір – үшеуі де ҚазССР мемл. орт. музейі қоры) жасады. Абайдың қолына кітап ұстап, біркелкі киімде, сәл бірқырын отырған күйдегі портреттері (1954, 1981) бір-біріне ұқсас болғанымен соңғысында психол. иірім мол, бояуы қанық, ақын жүзінде ерекше салмақтылық бар.

Л. Плахотная

ЛЕРМОНТОВ Михаил Юрьевич (1814–41) – орыстың ұлы ақыны. Оның лирик. поэзияны дамытудағы еңбегі қандай зор болса, көркем прозаны дамытудағы еңбегі соншалық зор. Ол дастанның қандай тамаша үлгілерін туғызған десек, драмалық шығармалары жайында да осыны айта аламыз. Бұдан Л. талантының өзгеше қыры айқын танылады. Және сол дәуірдегі орыс әдебиетінің ерекшелігі аңғарылады; Л. өлеңді жас кезінде Москва ун-тінің пансионында оқып жүргенде жаза бастаған болатын.

Осы кезде және ун-те оқыған уақытында Л. 300-дей өлең, 16 поэма, 3 драмалық шығарма жазған. Петербургте, одан кейін Кавказда жүргенде жазған шығармалары өз алдына. Жазғандары сонша көп болса да, ақын 1840 ж. басылып шыққан өлеңдер жинағына бар болғаны 26 өлеңін кіргізді. Л. өз заманындағы әлеум. өмірдің түбегейлі, өзекті мәселелерін қозғап, шығармаларын халық мүддесімен, арман-тілегімен терең қабыстырды.

В. Г. Белинский А. С. Пушкин мен М. Ю. Лермонтовтың поэзиясын салыстыра келіп, олардың тарихи тамырын анықтау үшін осы екі ақынның екі дәуірде өмір сүргенін айтқан болатын. Пушкин декабристердің қозғалысы бел алған, декабристік идеялар әбден тарап өрістеген дәуірде өмір сүрсе, әдебиет майданына сол кезде шыққан болса, Л-тың әдебиетке келген кезі – онан кейінгі дәуір, декабристер қозғалысы сәтсіздікке ұшыраған, жаңа рев. күштер әлі қалыптасып жетпеген кезең. Сондықтан да Белинский Л-тың жырларының әр сөзінен ерекше күш – жігер, қуатты леп еседі, бірақ, оларда Пушкин поэзиясына тән жарқын үміт, сенім жоққа тән дейді. Л-тың поэзиясы, Белинскийдің айтуынша, жанды тітіркендіріп, жүректі мұздататын сауалдарға толы. Ол Пушкиннен кейінгі дәуірдің, рев.-демокр. күштер ояна бастайтын дәуірдің, өткеннен үміт үзіп, алдан жаңалық іздеген дәуірдің жыршысы, жаршысы. Ақын поэзиясының қуат-күші, өзегі – аласұрып алып-ұшқан ой-қиялы, өмірді терең талдау, іздену, сын-шылдық, әрекет – күреске ұмтылу екенін көреміз. Жаңашыл жас ақын кезінде Пушкинді өзіне жақын санап, содан көбірек үйренуге ұмтылған. Л-тың Пушкин шығармаларының маңызын жете түсініп, ұлы ақынның әдебиеттегі орнын өте дұрыс бағалағаны кейінірек, 1837 ж. жазған «Ақын өлімі» атты өлеңінен айқын көрінеді. Көпшілікке, халыққа өзін ақын ретінде алғаш танытқан осы жырында Л. әдебиетке елдің ыза-кегін, наразылығын айтып, халық қасіретін арқалап келген болатын және Пушкиннің ізін суытпай, орнын баса келген.

Дәл осы жылы Л-тың тағы бір әйгілі шығармасы «Бородино» жазылған еді. Мұнда халыққа деген шексіз сүйіспеншілік, оның қайраты, сарқылмас қуатына сенушілік, Отанға, елге деген махаббат сезімі жарқын көрініс тапты. Өзгені айтпағанда осы өлеңнің өмірлік күші өте зор екені Ұлы Отан соғысы (1941–45) кезінде айқын көрінеді.

Л. поэзиясының берік қазығындай және бір шығармасы – «Ой». Бұл толғау өлеңде терең ойдың өрісі, зор мақсат, арман бар. Бірақ өмірден күдер үзу, үмітсіздікке, әлсіздікке бойынжеңдіру жоқ. Л. өзінің поэмаларында да («Мцыри», «Демон»), «Вадим» атты повесінде де тағдырға мойымайтын, өмір тосқауылын қалай да бұзып өтуге ұмтылған адамның бейнесін суреттейді. Ақын шығармаларының халықтық қасиеті кезінде Н. А. Добролюбов жоғары бағалаған «Отан» атты өлеңінен өте анық көрінеді. Халықтық идеяны, патриотизм идеясын түсіну тереңдігі, халықтық Россияны патшалық Россиядан бөліп алып революцияшыл демократиялық ой-сананың өресінен, биігінен табылуы – бұл өлеңнің айрықша маңызды, құндылығы, міне, осында. Патшалық сән-салтанат, атаққа, мансапқорлық, ескілікке бой ұрып өзеуреушілік – мұның бәрінен ақын жаны, азамат жүрегі ұшынып, сүйсінерлік ештеме таппайды, безінеді. Ол туған елінің шексіз, шетсіз даласын, ағаш-орманын, өзен-суын көріп рахат тауып, тыныстайды. Оның ең жақын, жақсы көретіні – қайғы-мұңы айықпаған орыстың деревнясы, осындағы қарапайым кедей шаруалар, солардың тынымсыз еңбегі, тойы, биі, басқадай күнделікті іс-әрекеті. Л-тың өлең-жырларындағы, дастандарындағы әр түрлі пікір-тұжырымдардың түйіскен, жаңаша көркемдік шешімін тапқан тұсы – «Біздің заманымыздың қаһарманы». Романның басты кейіпкері Печорин – әрбір істің мәніне терең бойлайтын, рухани қабілеті мол адам. Оның не нәрсені болсын терең толғап, жете талдап түсінетін қасиеті бар. Бірақ ол өмірден суынған, салқын қанды. Жігерін, күшін елеулі іске жұмсай алмай жүреді. «Нағыз бақытты адамдар – тоғышарлар, ал атақ дегеніміз – сәттің ісі, оған жету үшін тек қана жылпос болуың керек. Мені тағы көңілсіздік басты»,– дейді Печорин. Мұнда өзін сынау да бар, бірақ заманын әшкерелеу ерекше күшті. Бұл – романның қоғамдық мәнін, әлеум. өмірге ықпалын арттырып, күшейтіп тұрған жай. Ақынның зор тұлғасы, алысты шарлаған, шарықтаған ізденгіш ойы, аңсаған мұраты келер ұрпақ, кейінгі қауымға ыстық, жақын болды. Себебі Л. өз халқының үмітін, арын, болашағын жанындай сүйді. Оның шалқыған ақындық шабыты сол кездегі орыс өміріндегі озат, озғын қауымның рев. күресі шыңдаған озық идеялардан, сол ортада өрбіп, дамыған сыншыл ойдан нәрленді. Сондықтан, оның шығармалары сол замандағы қатты қысым көріп тұйыққа тірелген, көпке жол сілтеп, бағыт нұсқайтындай күш алды. Бұл жерде оның патшалық заман күйрейді, талқан болады, жаңа заман келеді деген ойды үзілді-кесілді айтқанын еске алсақ та жеткілікті. Л-тың шығармаларын орыс халқымен бірге Россияның барлық халқы сүйсініп оқып келеді. Өмірі ұдайы құғында, рев. күрес жолында өткен, бірақ ызалы, назалы өлең жазудан таймаған украин халқының жалыңды жыршысы Тарас Шевченко Л-ты өзіне жақын санап, хаттарында, күнделігінде ақын есімін атап отырған. Ұлы ақыннан көп үйренген, оның шығармаларын үлгі еткен ақын-жазушылардың қатарында – армян жазушылары Шах-Азиз, О. Т. Туманян, А. С. Исаакян, грузин жазушылары А. Р. Церетели, Н. М. Бараташвили, И. Г. Чавчавадзе, татар ақыны Ғ. Тоқай, осетин халқының ақыны К. Л. Хетагуров болды. Л. шығармаларында Россияның шет аймақтарындағы халықтардың өмірін, тұрмысын бейнелеуге көп зер салған. Оның кавказ халықтарының тұрмысын суреттейтін шығармаларының айрықша мәні бар. Ұлы ақын Россиядағы езілген халықтарға жылы шыраймен қарады. Л-тың әдеби мұрасының қазақ мәдениеті тарихында да ертеден үлкен орын алып келе жатқаны мәлім. Бұл орайда алдымен ойға оралатыны – Шоқан мен Абайдың есімі.

Абай Л-ты тек оқып, өлеңдерін аударумен ғана шектелген жоқ. Ол орыс ақынын жанындай жақын көрді, сырлас, мұндасын тапқандай болды. Орыс поэзиясына бейімделе ден қойған Абайдың ең көп үндестік тапқан ақыны, өзіне туыстас сезінген адамы Л. еді. Абай ұлы ақынның, тіпті сол кездегі орыс қауымының тілек-талабын, мұңын ұға алды. Ол мұңын ұққан халықтың жырын да ұқты. Л-тың ыза-кегі, наразылығы орыс халқының, езілген қауымның кегін, наразылығын танытатынын, оның қайғы-мұңы, налуынан ел мұңы, халық мұңы көрінетінін сезінді. «Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өскен», «мыңмен жалғыз алысқан» ақын өзі де ашу-кекті, ызаны «жалын мен оттан жаралған» жырларына нәр

еткен-ді. Оның «қаны қара бір жанмын, жаны жара» деп ашулы мұң шерткені де белгілі. Л-ты ол «ерекше ызаның ақыны, махаббаты ашумен уланған ақын» деп, өте-мөте іш тартып, жақын көрді. Абайдың ұлылығы алдымен лирик. поэзиядан анық көрінетіні айрықша дәлелдеуді қажет етпейді. Абай қазақ әдебиетіне, поэзиясына лирик. шығармалардың бұрын орын теппеген, таралмаған жаңа түрлерін енгізді десек, соның ішінен адамның жан дүниесін суреттейтін өлең-жырлар, ақындық өнерді, оның қоғамдық мәнін айқындайтын, табиғатты суреттейтін өлеңдер тобын еске алуымызға болар еді. Осы шығармалардың мүлде әдеби дәстүр орнықтырғандығы айқын-ақ. Әрине, қанша тың, соны көрінгенімен, бұлар қазақ топырағында туған жаңалық. Халықтың өлең-жыр теңізіне терең бойлап қана өскен жеміс. Сонымен бірге олардың ішінде суреттеу әдісі, тәсілі жағынан орыс классик. әдебиетінің үздік туындыларымен, Пушкин, Л. шығармаларымен жақын, үйлес шығатындары аз емес екеніне де талас жоқ.

Абайдың Л-тан дәлме-дәл, өте жақын аударған өлеңдерінен де («Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз», «Альбомға» т. б.) орыс ақынының ой-пікірлері оған да бөтен еместігі айқын сезіледі. Сонымен қатар ол Л. шығармаларын қазақ өміріне жанастыра қабылдауды шет көрмеген. Абай Л-тың «Ой» атты өлеңін аударғанда, бұлжұрт көңілде сенім жоқтықтан білген білімді іске жарата алмай отыр деген пікірді өзгертіп, сол кездегі қазақ жағдайына ыңғайлап:

«Білім де жоқ, білімге сенім де жоқ,
Өнерсіз қартаяр деп біл баланды...»,–

деп кетеді. Мұндайда Абайдың Л. өлеңінің мазмұнын бастан-аяқ бұлжытпай дәл жеткізуді мақсат етпей, кейде толғанып, тебіреніп жарыса отыратыны көзге түседі. Сондықтан оның кейбір аудармасы өзінің қолтума өлеңіндей болып шыққан. Абай аударып қазақ арасына кең таратқан Л. шығармалары қатарында сондай-ақ «Қанжар», «Жартас», «Жалау», «Теректің сыйы», «Күнді уақыт итеріп», «Өзіңе сенбе, жас ойшыл», «Асау той, тентек жиын опыр-топыр», «Тұтқындағы батыр» сияқты бірнеше өлең бар. Абай «Бородиноны» да аударған (тұтас келіп жетпеген). Көңіл аударарлық бір жай – Л. осы өлеңін 1837 ж. 1812 жылғы Отан соғысының 25 жылдық мерекесі тұсында жазса, Абай оны 1882 ж., яғни Россия осы ұлы шайқастың 70 жылдығын атап өтер кезеңде аударды. Осыдан-ақ бұл өлеңге Абайдың кездейсоқ көңіл бұрмағаны, сол зор оқиғаның тарихи мәнін терең түсініп, жете тексеріп біліп барып үн қосқаны айқын болады. Абай орыс ақынының өлең-жырларын ғана аударып қойған жоқ, сонымен бірге дастандарын («Демон», «Исповедь»), прозалық шығармаларын («Вадим») аударуға да баса көңіл бөлді.

Л. шығармаларын игеру нәтижесінде Абай поэзиясының тынысы кеңейіп, жаңа дәстүр тауып, молықты. *З. Ахметов.*

«ЛЕРМОНТОВ ЖӘНЕ АБАЙ» – ҚазССР ҒА-ның баспасынан 1954 ж. жарық көрген ғыл.-зерт. еңбек. Авторы – З. Ахметов. 3 тараудан және қорытындыдан тұрады. Онда автор М. Ю. Лермонтовтың Абай тәржімелеген шығармаларының көркемдік шеберлігін жан-жақты сөз етеді. Екі ақынды бір-біріне жақындастыратын ортақ әлеум. жағдайларға, олардың қоғамдық-саяси, философ., этик., эстетик. көзқарастарына, поэзияларындағы үндес сарындар мен ойларға, идеялық, тақырыптық, әдістәсілдік ұқсастықтарға тоқталады. Абайдың Лермонтовтан аударған өлеңдеріне текстол. талдау жасайды. Еңбек әдебиет зерттеушілеріне, тіл мамандарына, студенттерге арналған.

Көлемі 3,4 б. т., 5 мың дана болып басылған.

ЛИВЗЕМНИЕКС Викторс (1935 ж. т.) – латыш ақыны. Оның «Ел сенім артқан адам», «Өз қаланды гүлдендір», «Тіршілік жөніндегі ой» жыр жинақтары көпшілік оқырманға жақсы таныс. Л. Абайдың «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» атты өлеңдерін латыш тіліне аударған. *С. Варпа.*

ЛИРИКА, Абай лирикасы – кең көлемді мол қазына; биігі бітпес, тереңі таусылмас сырлы мұра. Абай лирикасы сала-сала. Жалпы лирика деген ұғымға қандай қасиеттер тән болса, Абай өлеңдерінде соның бәрі бар. Абайды бірыңғай қайғының, яки қуаныштың ақыны деуге, не мұңшыл, не күлкішіл ақын деуге тіпті де болмайды. Абай лирикасында осының бәрі түгел, тұтас жатыр. Оның сырлы жырларындағы сәл ғана, ең бір жай сезінудің өзі оқырманның жанжүйесін, көңіл күйін түгел тебіренте толқытып, барлық пернені түгел басып, барлық шекті түгел сөйлеткендей сайрайды. Бұл – ғажайып құбылыс.

Абайдың саяси-әлеум. лирикасын талдар тұста, алдымен, ақын – өз дәуірінің үні екенін ескеру шарт. Суреткер өзі өмір сүріп отырған қоғамнан тыс, жекедара қалып, томаға тұйық өмір сүре алмайды. Ендеше, оның өзі өмір сүріп отырған қоғамда қалыптасқан өзіндік дүниетанымына сәйкес әлеум. көзқарасы бар. Сондықтан, өмір құбылыстарын суреттегенде оған өз қарым-қатынасын көрсетпей қала алмайды. Өз шығармасында сәулеленген өмір шындығы туралы өз кесімін айтып, өз «үкімін» шығарады. Абай да өз лирикасының керекті жеріндегі кейбір қоғамдық қатынастардан белгі бере отырып, өзінің өмірге көзқарасын, танымталғамын, идеялық бетін айқындайды. Абай – өз дәуіріне қатал сыншы болған адам. Қараңғы даладағы қат-қабат қарау әрекеттер – заңсыздықтар мен зұлымдықтар ақынды қатты күйзелтеді де, дәл осы жеке басқа тән жайкүйлер енді бірде арнасынан асып, қоғамдық сипат алған. Сонда, ақынның бір адамды сынағаны – сол сияқты бүтін бір қауымды сынағаны, тілін болыс пен ұлыққа түйресе, сол кеселді туғызып отырған патша әкімшілігіне түйрегені болып шығады.

«Болыс болдым мінекей,
Бар малымды шығындап...
Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап.
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап.
Сияз бар десе жүрегім
Орнықпайды суылдап,
Сыртқыларға сыр бермей,
Құр күлемін жымыңдап...»

Осында сол тұстағы ел билеушінің екі жүзді кескінкейпі, мінез-құлқы оқырманның дәл көз алдына келмей ме? Осы секілді саяси сипаттағы сатиралық өлеңдерінде Абай болыс-билердің адам шошығандай қылығын, құлқын ғана суреттеп тынған жоқ, есте қаларлық образын жасады. Қараңғылыққа, надандыққа жаны күйген Абай дүйім жұртты қайт-

кеңде түзеудің жолын көздеп, бір тоқтаған түйіні – ғылым, өнер болса, соның ізінше еңбекті тауып, халықты соған үндеді:

«Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық,
Аздырар адам баласын...
Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей...»

Абайдың әлеум. тақырыптағы өлеңдері көп. Соның бәріне желі боп тартылып жатқан негізгі идея – қалың бұқараның «көзін қойып, көңілін ашу», қараңғы қауымды еңбекке, білімге, өнерге, адалдық пенадамгершілікке бастау, азаматтыққа тәрбиелеу; замандастарын өркениетті ортаның прогресшіл мәдениетіне әкелу. Бірақ ұлы ақын осы жолда қолдау таппай, мынадай өкінішке келеді:

«Моласындай бақсының –
Жалғыз қалдым – тап шыным!..»

Бұл ащы шындықта айрықша мағына бар.
«Күз» деген өлеңіне ілесе жалғасып, тақырып жағынан ұласа ұштасып жататын *«Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай»* деген өлең, сөз жоқ Абайдың саяси лирикасының ең түйінді бір тұсы. Әуелі қысқа ғана табиғат суреттерін өрнектеп, одан шаруажайға көшіп, іле мұнан туған қоғамдық қарым-қатынасты суреттейді де, одан алған өзінің ақындық әсерін, азаматтық пікірін қорытады.

«Кедейдің өзі жүрер малды бағып,
Отыруға отын жоқ үзбей жағып.
Тоңған иін жылытып, тонын илеп,
Шекпен тігер қатыны бүрсең қағып».

Бұл – Абай заманындағы типтік көрініс: түндей қараңғы, қапас тұрмыста қоңыр іңірдей күңгірт мұңы, арман-сыры бар кедей үйінің жабырқау өмірі. Таңның атысы, күннің батысы аяғы сайға тимей, ұйқысыз да күлкісіз, бай малының соңында сабылып өзі жүрсе, азынаған қырық құрау қараша үйде ең болмаса жылынар отыны да жоқ, құныса бүрісіп, жыртық шекпенін жамап әйелі отыр. Бұл – бір көрініс: кедейдің қоңыр лашығындағы күй-жай. Осыған салыстыра ақын бай үйінің бір қалпын көзге елестете:

«Кәрі қой ептеп сойған байдың үйі...»,–

дейді де, әлгісіне қайта оралып:

«Қай жерінде кедейдің тұрсын күйі?
Қара қидан орта қап ұрыспай берсе,
О да қылған кедейге үлкен сыйы» –

деп, тағы да өз ортасындағы тапшы тұрмыс жайын айтып, теңсіздік сырын баяндайды.

«Қар жауса да тоңбайды бай баласы,
Үй жылы, киіз тұтқан айналасы...»

Уайым жоқ, қайғы жоқ, тамақ тоқ, көйлек көк, бұлаңдап өскен бай баласы... Бұл – бір көрініс. Жә, енді кедей баласы, әлгі жыртық лашықтағы жарлы-жақыбай ата-ананың жалғыз ұлы не күйде?

«Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты,
Ағып жүріп ойнатар көздің жасы».

Жалшыдан туған күнәсіз сәби бала да жалшы. Байға әке-шешесі қызмет етсе, бай баласына бұл да тәуелді халде... Бәрінен бұрын, дәл осы шындықты, дәлірек айтқанда, теңсіздікті Абайдың тура тауып, тануы көрегендік қана емес, кемеңгерлік болатын. Оның үстіне, өзі танып қана тынбай, өмірді өнерге көшіріп, өзгеге танытуы – өзінен бұрын көп адамның қолынан келе бермеген шыншылдық.

Абай өзі суреттеп отырған өмір шындығынан көрінген кедейдің ауыр тұрмысына оқырманның аяныш сезімін туғызып, өзі де іштей сол жағында болады. Тілегі ауып, мейірімі түсіп тұрады.
Бірақ қайткенде кедейдің халі жақсарып, жеке басына теңдік тиеді? Осы жолда жөн таппай көп түйткілдейді.

«Байда мейір, жалшыда бейіл де жоқ,
Аңдыстырған екеуін, құдайым-ай!..» –

деп, не істеудің бабын таба алмай, тіпті ыза да болады. Ақыр аяғында белгілі бір жөн жолға түсе алмай, булыға-булыға келіп, бай мен жарлыны алдына қатар келтіріп алады да:

«Алса да аяншақтау кедей сорлы,
Еңбек білмес байдың да жоқ қой орны.
Жас бала, кемпір-шалын тентіретпей,
Бір қыс сақта, тас болма, сен де о құрлы» –

деп, тамаша саяси лирикасының аяғын жай ғана салқын ақылмен, оларды өзара ымыраластыру ниетінде бітіреді.
Абай өз заманындағы әлеум. өмірдің ең бір кезек күттірмес күрделі, түйінді мәселелерінежауапіздеп, өзін қоршаған құбылыстарды, жалпы ел тұрмысын терең зерттеп, өзіндік ой таразысына сала талдап, өз пікірін айтпақ болды. Бұл ретте орыс революцияшыл-демократтарының идеялары және орыстың классик. әдебиетінің сыншыл реалистік бағыты Абайдың әлеум. көзқарастарындағы ағартушы-демократтық бағытын қалыптастыруға, филос. көзқарасындағы кейбір материалистік белгілерді жинақтауға үлкен себепші болды. Осының нәтижесінде Абай, сөз жоқ, қазақ елінің әлеум. өміріндегі алуан түрлі қайшылықтарды көрді. Халық басына түскен зауалды – екі жақты қанауды әшкереледі. Бірақ халықтың осы ауыр тұрмыстан қалай құтылу, түрмедей қапас өмірді қалай өзгерту жолын көрсете алмады. Міне, осыған байланысты Абай байға да, кедейге де жай ғана ақыл, басу айтып, ымыраға мегзеумен тынады. Абайдың дүниетанымындағы жұртқа мәлім тарихи шектелудің бір көрінісі осы болып табылады. Бірақ Абай халықты қараңғылықтан, қапас өмірден қалай құтқару жолын таппаса да, қоғамдық құрылыстың қалайша өзгеретіндігін аңғара алмаса да, елдің ертеңіне сенді. Оған өзінің:

«Арамдықтан жамандық көрмей қалмас,
Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек...»,–

деген түйінді сөзі дәлел.
Ақындығының алғашқы кезеңінде, Абайдың орыс классиктерімен етене жақын емес кезінде жазған махаббат тақырыбындағы өлеңдері – теңеу, тіл жағынан да, махаббат-достық мәселесін сезініп, ұғыну жағынан да қазақ ауыз әдебиетінің бұрынғы көне үлгісіндежазылғаншығармалар. *«Айттымсәлем, қалам қас...»*, *«Қиыстырып мақтайсыз...»*, *«Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы...»* т. б. өлеңдерінің қайсысын алып қарасақ та, осы жайды аңғарамыз.

«Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.
Жіңішке қара қасы сызып қойған,
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.
Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын,
Ақша жүз,ал қызыл бет тіл байлайды.
Аузын ашса, көрінер кірсіз тісі,
Сықылды қолмен тізген, іш қайнайды...»

Осында не бар? Мұнда Абайдың ақындық шеберлігімен біздің көз алдымызға, өз сөзімен айтқанда, «қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» бір сұлу пайда болады. Бар сән-салтанатымен, мінсіз көркімен көз алдымызда тұр. Бірақ бары сол ғана. Мұның өзі түрлі-түсті бояумен келістіріп салған жансыз сурет сияқты: үнсіз, тілсіз... Сұлу бір жалт етіп көрінді де, көлеңкедей қатып тұрып қалды...

Қысқасы, ақынның бұл айшығы толық қанды адам образына айнала қоймаған. Адамның ішкі сыры мен сезіміне терең бойламай, сырт бедерін ғана қызықтап, статикалық портретпен тынған. Бұған қарап, әрине, өлеңнің поэзиялық қуатына нұқсан келтіруге болмайды. Ұлы ақынның бұл шығармасы да өз дәуірінің өлең сөздерінен озық, алда, биікте тұр. Біз жоғарыдағы сынды осыдан кейінірек туған тамаша сырлы лирикасын көріп, білгендіктенғана айта аламыз. Бұл өлеңдеріндегі бізге сырттай ғана таныс сұлуды кейінгі өлеңдеріндегі бізге бар сыр-сынымен түгел танылып, мәлім болған адам образдарымен салыстырамыз. Соңда ғана әлгідей болып шығады.

Осы айтылғандардың Абай шығармаларынан біздің көзімізге түсуі заңды, себебі бұл өлеңді жазған кездегі Абайдың образды ойлау машығының өзі осы сипатта, эстетик. таным-талғамының өзі осы дәрежеде болатын. Ал оның А. С. Пушкин мен М. Ю. Лермонтовты оқып-үйренген, үлгі алған тұстағы қалам сілтеуі әлгіден әлдеқайда өзге:

«Қызарып, сұрланып,
Лүпілдеп жүрегі.
Өзгеден ұрланып,
Өзді-өзі керегі...»

Мұнда адамның сырт құбылысының өзінен-ақ сезім толқындары тулап көрініп тұр. Бұл арада ақын да бағанағыдай ауыз әдебиетінің үлгісінде жалаң сылдырата бермей, адам жанының нәзік иірімдеріне тереңірек барып, өзгеше бір суреткерлік мәдениет танытады. Бұл тұста Абай ұлы ақындардан үлгі, өрнек алып, соны өзінше құбылтып, өзгеше жағдайда жұмсап және өз оқушысына ұғымды, қонымды етіп бере білді. Ендігі қыз да, жігіт те алғашқыдай құр сыртқы портрет, жалаң сурет емес, кәдімгі адам. Оларға енді ақын жан бітірген. Оларда енді қимыл, әрекет бар, сөйлейді, сыр шертеді. Енді біз олардың сыртын көріп қана құр таңырқамаймыз, ішкі психол. жайларын бірге аңғарамыз.

Осылардың бәрі Абайдың ақын ретінде өсу-өрбуі болса, лириканың бұл саласында аңғарылатын Абайдың махаббат мәселесіне эстетик. көзқарасы қандай? Абай, әрине, эстетик. трактат жазып, теориялық қисын қалыптастырған адам емес. Оның сұлулыққа көзқарасы да өлеңдерінен көрініп, белгі беріп отырады. Абай да сұлулықты қиялдан емес, өмірден іздеді. Ескі салт-сана, әдет-ғұрыпқа, әртүрлі алдамшы ұғымға байланысты қиялдағы «періштеден», «хор қызынан» сұлулық тапқан жоқ. «Әзірет Әлі айдаһарсыз» сөз айтып, «алтын иек, сары ала қызды» қоя тұрып:


«Жарқ етпес қара көңлім не қылса да,
Аспанда ай менен күн шағылса да,
Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ,
Саған жар менен артық табылса да.
Сорлы асық сарғайса да, сағынса да,
Жар тайып, жақсы сөзден жаңылса да,
Шыдайды риза болып жар ісіне,
Қорлық пен мазағына табынса да» –

деп, кәдімгі адамға тән шынайы асыл, аяулы қасиетті шыншыл жырға айналдырады.

Махаббат жырларының ішіндегі Абайдың ұлылығын, асқан талантын танытқан Пушкиннен аударған «Евгений Онегиннің» үзінділері. Мұнда Абай жай аудармашы емес. Алдымен, өлеңмен жазылған ұзақ романның өз ақындық мұратына керек жерін ғана таңдап алады. Пушкин – Абайдың үлгілі ұстазы. Бірақ, оның *«Тәңірі қосқан жар едің сен...»*, *«Таңға жайып бұл қалай хат...»*, *«Амал жоқ қайттым білдірмей...»*, *«Хүп білемін, сізге жақпас...»* сияқты роман үзінділерін аударған уақытта тек Пушкиннің ғана ықпалында, мәнер-машығында, өлең шеңберінде қалып, буынын санап отырмайды. И. А. Крыловты не М. Ю. Лермонтовты аударуындағы кейбір дәлшілдік әдетті мұнда қолданбайды. Әдейі қолданбайды. Өзінше жырлап, Пушкин арнасынан шығып кетіп отырады. Тақырыпты Пушкинмен қатарласа, жарыса баяндайды. Соның нәтижесінде Абай бұл аудармасын өз өлеңдерінің нұсқасындай, өз оқырмандарының түсінігіне лайықтап шығарған. Осы арқылы қазақ қыздарына Пушкиннің Татьянасын үлгі етіп ұсынып, тозығы жеткен феод. қоғамдағы әйелді әлсіз, кем тұтар кеселді көзқарасқа




Абайдың 1966 ж. Москвадағы «Советский писатель» баспасынан орыс тілінде жарық көрген кітабы.



Абайдың 1976 ж. Алматыдағы «Жазушы» баспасынан жарық көрген жинағы.



Абайдың 1985 ж. Алматыдағы «Жазушы» баспасынан жарық көрген таңдамалы өлеңдер жинағы



Абай Құнанбаевтың 1987 ж. «Мектеп» баспасынан жарық көрген өлеңдер жинағы.

біржола үкім айтып, ескіліктің торын бұзып, орнын талқандайды. Екінші жағынан, қазақ жігіттеріне «әйел де өзіңдей тең праволы досың» деген өсиетін айтып, Онегиннің тағдырын Пушкинше қалдырмай, оны ажал аузына апарып, оқырманды содан сақтандырады.

Мінезіне, қылығына қарағанда жаза-кесімі, бар үкімі осы деп, Онегинді мысқылмен мінеп, түйреп тоқтаған Пушкиннен бөлек барып, оның қолына өзін-өзі ату үшін пистолет ұсынады:

«Атам, анам, қара жер
Сен аша бер қойныңды,
Сенен басқа еш жерден
Таба алмадым орнымды...»

Татьянаның «Амал жоқ қайттым білдірмей» деп басталатын оның жан сыры, ішкі толқыны түпнұсқадағы биік дәрежесінен ешбір кемімей, қазақ оқырманына тұңғиық терең сыр болып шертіліп, түгел жеткен:

«Шыныңды айт, кімсің тербеткен,
Иембісің сақтаушы?
Әлде азғырып әуре еткен,
Жаумысың теуіп, таптаушы?
Шеш көңілмнің жұмбағын,
Әлде бәрі – алданыс.
Жас жүрек жайып саусағын,
Талпынған шығар айға алыс...»

Осыны аудару үстінде ақынның өзі де самғап, биік шығандап, поэзия шыңына шыққан. Асқақтап, серпіле көтерілген. Қазақ әдебиетіндегі өзіне дейінгі өлең сөздерден мүлде қара үзіп, ілгері кеткен. Бүкіл дүниежүз. әдебиеттің үлгілі өрнегі – классик. поэзияның сан дыбысты, сырлы, сиқырлы симфониясына өз үнін қосып, өзгеден ерекше өзіне тән ғажайып сұлу үнін қосып, майда қоңыр саз тапқан. Кемеліне келе есейген.

«Жас жүрек жайып саусағын,
Талпынған шығар айға алыс...»

Саусақ адам баласында ғана бар. Жүректе саусақ бола ма? Жүрек саусақ жайып, алыс көктегі айға қалай талпынар? Ол кездегі қазақ ұғымында осы бар ма еді? Байырғы қазақ поэзиясына осылай шығандау тән бе еді? Бірақ:

«Жас жүрек жайып саусағын,
Талпынған шығар айға алыс...»

Осыны түсінбеуге, ұқпауға бола ма? Жоқ. Данышпан ақынның отты, әсерлі лирикасы бұл терең сырға оқырманын тебіренте түсіндіреді: мың құбылған нәзік сезім ырғағы, жүрек дүрсілі, жан толқыны. Өлеңдегі сөз мүлде соны, жап-жаңа, тың. Бірақ тосын деп жатырқау былай тұрсын, алған әсер, ұққан сырды бір сәтке баса алмай, қызыға, қызғана оқисың. Кінәсіз, таза жанды жас сұлудың мың құбылған нәзік сезім ырғағын, жүрек лүпілін, жан толқынын терең ұғасың.

Міне, Абайдың ақындық шеберлігін жетілдіруде Пушкиннің ұстаздық үлгісі осындай. Бұдан былай Абайдың осы тақырыптағы өлеңдерінің бейнесі бұрынғыларына мүлде ұқсамайды...

Абайдың табиғат лирикасы өз алдына бір сала. Табиғат «адам өмір сүрер, тіршілік етер орта. Онсыз өмір жоқ... Міне, осы табиғат көріністерін, оған бөленген қазақ даласындағы өмірді, тұрмыс халді суреттеуге Абайдың көптеген өлеңдері арналған және қазақ әдебиетінде Абайдан бұрын табиғат көрінісін мұншалық шебер, мұншалық терең Һәм жан-жақты жырлаған ақын болған емес. Абайдың бұл тақырыпта жазған лирикасында да ақындық эволюциясы – шығармашылық түлеу жолының кезең-кезеңдері жатыр. Табиғат лирикасы – Абайдың ұлы талантын, биік мәдениетін танытатын өлеңдер. Әсіресе, жылдың төрт мезгілі туралы жазылған өлеңдері бейнеті мен зейнеті мол мал баққан шаруаны, құты мен жұты аралас аумалы-төкпелі күй кешкен көшпелі ауылды, сол дәуірдегі қоғамдық қарым-қатынастың әр алуан белгілерін анық, қанық бояумен көрсететін, өз заманының айнасы боларлық сұлу шығармалар.

Абай – асқан реалист ақын. Оның табиғат жырларынан уақыттың әлдеқалай жылы, айы емес, өзі өмір сүрген заман жайы, сол заманда тіршілік кешкен адам жайы айқын көрініс табады. Абайдың табиғат лирикасын оқығанда оқырманның көз алдына сұлық түсіп сұлап жатқан, құлазыған бел-белесті шетсіз, шексіз маң даланың жалаң көріністері ғана жайылмайды, даладағы өзгеше өмір қайталанбас сыр-сипатымен тұтас суреттеледі.

«Жаздыкүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйшешек
Үзарып, өсіп толғанда,
Күркіреп жатқан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда,
Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жоны қылтылдап,
Ат, айғырлар, биелер
Бүйірі шығып, ыңқылдап,
Суда тұрып шыбындап,
Құйрығымен шылпылдап...»

Бұл – әшейін дала суреті емес, даладағы дарқан өмір, өзгеше тіршілік. Жалаң табиғаттың бірыңғай өзін ғана қызықтап, «анау арада гүл жайқалады, сонау арада жапырақтар сыбырласады, мынау жерде өзен сықылықтап күледі» деп сыдыртып өте шықса, табиғатты адам өмірінен жеке-дара бөліп әкетіп, сырттай боямаласа, одан сырлы сурет, терең поэзия тумас еді. Ал Абай лирикасында жаңды дүние – адамды да, адамдардың іс-әрекет, қимыл-қарекет бесігі – табиғатты да тұтас қаусырған бүтін бір әдемі әлем – құбыла құлпырған көркемдік атмосфера жасалады.

«Ақ киімді, денелі, ақсақалды,
Соқыр, мылқау танымас тірі жаңды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық.
Басқан жері сықырлап келіп қалды...»

Осы әшейін қыс көрінісі ғана ма? Аумаған адам сияқты мінезі мен мүсіні бар, дем алатын, қозғалатын, жабырқайтын, жадырайтын жаңды нәрсе емес пе? Қыс бұл жерде «ақ киімді, денелі, ақ сақалды», баяғы бір «кәрі құда», шал. Қытымыр қатал құлқы бар күшынақ, тентек шал. Шаруаның соры – жұтын ала келетін кеселді «құда». Мал-жанға құрық үйіре келген қағынған қарт. Қысты бұлай адам бейнесінде суреттеу – қазақ әдебиетінде Абайдан бұрын атымен болған емес. Бұл жерде де мәдениетті поэзияның өкілі Абай өзінің өзгеше өлең өрімін, жаңаша үлгі-өрнегін төгіп отыр. 19 ғ-дағы орыс әдебиетінде, арғысы Пушкин, бергісі Н. А. Некрасов, шын жүйрік лириктер табиғатқа осылайша жан бітіріп, тұтас бір тіршілік әлемін жасайтын. Абайдікі осыған құр еліктеу емес, классик. поэзиядан игерген үлгі-өнегесін ақындық түрде өзіншө өрнектеп, өзінің ұлт топырағында қайтадан өсіріп, өз дәні етіп беріп

отыр. Адам бейнесіндегі қатал қыс қазақ оқушысының ұғымына лайық образға айналып отыр.

Абайдың табиғат лирикасы, әсіресе жылдың төрт мезгілін суреттейтін өлеңдер – күшті ақындық шеберлікпен, зор мәдениетпен жазылған аса сұлу, сылқым, сырлы жырлар. Бұлардың композициялық құрылысында да өзіндік өзгешелік бар. Жыл мезгілдерін сипаттау үстінде алдымен әр түсті ақындық бояу арқылы оқырманның көз алдына түрлі-түрлі табиғат көріністері келеді: жайқалған гүл бәйшешекті, «көк орай шалғыны» мен «күркіреген өзені» бар, тамылжып тұрған шыбынсыз жаз да сонда; ақ кірпік бораны мен үскірік аязы бар, қылышын сүйреткен қырау қабақ қытымыр қыс та сонда; аспанын бұлт торлап, гүлі солған сарғыш даласын шық басқан сұрғылт күз де сонда... Әр өлеңінде ақын әуелі табиғат көріністерін суреттейді де, ізінше сол көріністе бөленген қазақ аулының тірлік-кәсібіне, шаруа-жайына көшеді. «Жазда» күркіреп жатқан өзеннің көкорай-шалғын жағасына көшіп барып қонып жатқан ауыл, ақ білегін сыбанып үй тіккен қыз-келіншектер, өзен жағасында шыбықдап, бөгелектеп тұрған құлын-тайлы көп жылқы... одан әрі сол ауыл шыңдығы өрістеп кете беретін болса, «Қыста» шидем мен тондарын қабаттап киіп, ораныл алса да долы боранға «бет қарауға шыдамай сырт айналып», тағы да мал соңында қар жамылып, мұз жастанған жылқышылар, суық тиіп, титығы құрыған тай-құнандарға ауыз салуға аран ашып, жанталасып, айдалада соқақ-қоқақ жортып жүрген аш қасқырлар т. б. көз алдымызға келеді. Мұның бәрі көшпелі қазақ аулының сол кездегі тұрмыс-тіршілігі. Мұнан кейін келіп Абай дәл сол ортадағы қоғамдық қарым-қатынастан белгі береді. Енді табиғат лирикасы биігірек сатыға көтеріліп, саяси сипат алады да, алуан түрлі әлеум. мәселелерді қозғайды. Абайдың тамаша реалистігі, сонымен қатар қоғамдық өмірге азаматтық көзқарасы дәл осы арада айқындала ашылып қалады.

Абайдың асқан сырлы лирикасының бірі – «*Қан сонарда бүркітші шығады аңға...*». Мұнда сонар күні бүркітпен аңға шыққан аңшының іс-әрекеті әдемі, тартымды суреттеледі. Аңшылық турасында бұған жеткен өлең де, мұндай шебер суреттеген ақын да болған емес. Абайдың табиғат тақырыбындағы лирикасына кіретін біраз өлеңдері – аудармалар. Бірақ Абай аудармасының өзіндік өзгешеліктері бар. Оның көпшілік аудармалары сол өлеңнің түпнұсқасымен жолма-жол қабысып, бірдей шығып отырмайды. Автордың айтайын деген ойын, негізгі желісін алады да, соны өзінше толғап, анаумен жарыса жырлап кетеді. Қайсы бір өлеңнің басы бірдей басталады да, аяғы өзінше бітеді. Абайдың енді бір аудармалары бар: ол аудармалардың тұсында әлгі айтқанымыздай немесе «Евгений Онегин» романының үзінділерін аударғандағыдай еркін кетушілік машығын қолданбайды. Түпнұсқа мүмкіндігінше сақталады. Олардың көпшілігі Лермонтовтан аударылған.

«Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап,
Даланы жым-жырт, дел-сал қып,
Түн басады салбырап.
Шаң шығармас жол-дағы
Сілкіне алмас жапырақ.
Тыншығарсың сен-дағы
Сабыр қылсаң азырақ».

Бұл өлеңде тек табиғат суреті ғана емес, сонымен қатар адам, адамның көңіл-күйі бар, филос. ой бар. Өлеңнің түпнұсқадағы осы мазмұнын, бусанған тынысы мен сырлы сазына дейін Абай аудармада дәл жеткізеді. Осы ретпен Абай қазақ поэзиясына соны да сырлы ағым алып келді. Өз шығармаларын да жаңа, терең, күшті үлгі-өрнекке ауыстырды. Мәдениетті, білімпаз ақын болып, жаңа сарын, жаңа саз, жаңа сөз тапты.

«Көлеңке басын ұзартып,
Алысты көзден жасырса,
Күнді уақыт қызартып,
Көк жиектен асырса,
Күңгірт көңлім сырласар,
Сұрғылт тартқан бейуаққа.
Төмен қарап мұңдасар,
Ой жіберіп әр жаққа...»

Осы үзіндідегі табиғатты дәл осы түрде сезіну Абайдан бұрын қазақта болған үлгі ме? Жоқ. Стихия мен адам көңілінің шарпысуын бұлайша суреттеу – тек Батыс Европа әдебиетіндегі романтизм үлгісі. Ұлы ақынның сол классик. әдебиеттен тауып, бойына сіңірген зор мәдениетінің айғағы.

Асылы, лирик. шығарма ақынның көңіл күйіне құрылады дегенбіз: ақын онда өзін, өз сезімі мен сырын жырға айналдырады, өзі туралы сөйлейді. Ал ақын өзі туралы, өзінің жеке «мені» туралы айтса, ол – жалпы көпшілік туралы – бүкіл адам баласы туралы айтқаны: өйткені оның тұлғасында жалпы адам баласына тән қасиеттің бәрі де бар. Демек «көңіл күйі» дегенді жеңіл-желпі түсінбеуіміз керек: бұл – өмірдің кез келген жағдайынан туа беретін құбылыс.

Идеясыз жалпы әдеби шығарма болмайтыны секілді, лирикадағы ақынның көңіл күйі оның өмірге көзқарасымен сабақтас. Бұларға да кез келген сезім кіре алады. Абайдың өз көңіл күйінен туған өлеңдерінде кез келген адамның басында болатын психол. хал-жай, көңілдің әр алуан толқын күйі, әр адамға тән күйініш-сүйініш әр қилы қыры-сырымен тұтас, шебер, тартымды, дәл суреттеледі.

«Көкала бұлт сөгіліп,
Күн жауады кей шақта.
Өне бойың егіліп,
Жас ағады аулақта.
Жауған күнмен жаңғырып,
Жер көгеріп, күш алар.
Аққан жасқа қаңғырып,
Бас ауырып, іш жанар».

Бұл адамға тән құбылыс, адам басында болатын хал.

Абай бұл саладағы лирикасында сол өзі өмір сүрген дәуірде өзімен бірге тіршілік еткен, ғұмыр кешкен қарапайым адамдардың жан жүрегіне сұлулық пен сүйіспеншіліктің, жігер мен үміттің ыстық қанын құйып, олардың сана-сезімін сұлу лирикасымен желпи оятып, риясыз, ашық сырласады. Бұл ретте ақын замандастарын өткен өмірдің тұманды тозаңына тұншықтырмай алға, келер күндерге нұсқайды, оларды өз тереңдеріне үңіле білуге, сөйтіп адам бойындағы асылдықты бағалауға, келешекке сеніммен қарауға мегзейді. Бірақ, Абайдың бұл салада жазылған лирик. өлеңдерінің дені Лермонтов жырларына ұқсап, қам көңілмен, жүдеу қабақпен жырланады. Ақын басында болған жабығу, күңгірт көңіл, одан туған мұңды сыр, жүрек шерін шерте шыққан жалғыздық сарыңдағы жыр – оның жеке басына ғана тән нәрсе емес. Абай өмір сүрген беймезгіл тұстың, талантқа өгей ортаның әрбір ойлы азама-

тының басындағы хал-күй деп білу керек.

«Күлімсіреп аспан тұр,
Жерге ойлантып әрнені.
Бір себепсіз қайғы құр,
Баса ме екен бендені?
Қапамын мен, қапамын,
Қуаныш жоқ көңілде.
Қайғырамын, жатамын,
Нені іздеймін өмірде?..»

Немесе:

«Жүрегім менің – қырық жамау,
Қиянатшыл дүниеден.
Қайтіп аман қалсын сау,
Қайтқаннан соң әр неден?..»

Бұл – Абай көңіл күйінің бұған дейін бізге мәлім емес бір түкпірі. «Мыңмен жалғыз алысқан» Абай жүрегі енді қапалы. Жұлысты, тартысты, ел үстін бұлттай торлаған надандық қасіретін, әділетсіздік лаңын бір өзі серпіп сейілте алмады (бұл мүмкін де емес-ті). Енді ақын амалсыз тоқтап, не істерін білмей дағдарған тәрізді. Осы жайт ақын өлеңіне жабырқау, мұңды көлеңкесін түсіріп, қапалы көңіл селт етпей, сұлық, суық қана, өзімен-өзі тілдесетін сияқты.

Өзінің Абай туралы зерттеулерінде М. Әуезов 19 ғ-дың тоқсаныншы жылдарында Абай басында ауыр қасірет болғанын, оның өзі ақын өлеңдеріне өмірден түңілу сарынын әкелгенін айтқан. Өзін қоршаған орта, ондағы озбыр, өрескел надан мінездер ақын жанын жиреңдіріп, ақынды өз ортасынан түңілуге дейін апарады. Абай алдымен ел билеген жемқор болыс-билерден, сонан соң «сәлдесі дағарадай болып, құранды теріс оқыған» аңқау елдің арамза молдасынан, одан әрі әкім-ұлықтардан түңіледі. Енді оларға қарсы күрестің бір алуан құралы етіп ащы тілді сықақ өлеңдерін алады. Дәл осы арадан Абайдың ақындыққа, ақындық қана емес, жалпы көркем-өнерге эстетик. көзқарасы айқын көрінеді.

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін...» –

деген жолдарда ақынның эстетик. мұраты, азаматтық мақсаты жатыр. Демек, ақын басынан өткен әлгідей аянышты ауыр халдің өзі де тегіннен-тегін өтпепті. Ақын енді қайралған, шыңдалған секілді. Ендігі машық басқа сияқты. Ақын сөзі ыза мен ашуға суарылып, мысқыл мен сықаққа толып, тиген жерін тіліп түсер семсерге айналған тәрізді. Мұны ақынның өзі де аңғарғандай:

«Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сия, ащы тіл,
Не жазып кетсе, жайы сол,
Жек көрсеңдер өзің біл...» –

деп алады да, өз ортасындағы ұйқы-тұйқы, күйкі қылықтарға күйіне қарап, сол күйіністен туған ызалы жырын тағы да ел мұңын емдеуге төгеді. Абай сатирасының қоғамдық мәнінің байыбына барсақ түсінеміз.

«Қара басқан, қаңғыған,
Қас надан нені ұға алсын!
Көкірегінде оты бар,
Құлағын ойлы ер салсын!..» –

деп, ұлы ақын қалың еліне бір ауық ащы ызамен соқтықса, мұның да жаттығы жоқ. Бірде осылай қатты айтса, енді бірде жуасып, жұртына жайлап қана тілек білдіреді:

«Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін,
Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін,
Ыржаңдамай тыңдасаң нең кетеді,
Шығарған сөз емес қой әңгіме үшін».

Осы мысалдардың қай-қайсысынан болса да Абайдың эстетик. көзқарасы айқын аңғарылады. Ол өлеңді өмірге игі әсерін тигізетін, адамға ақыл-өнеге беретін өнер деп білген. Ақын алдымен азамат болуы, халықпен бірге қуанып, бірге күрсінуі керек, сөйтіп елінің тілегін толғап, мұддесін ойлап, сырын жырласып, шындықты суреттесін дейді. Бұл тұжырымын ол *«Адамның кейбір кездері...»* деген өлеңінде әсіресе ашып айтады:

«Сонда ақын белін буынып,
Алды-артына қаранар...
Қыранша қарап Қырымға,
Мұң мен зарды қолға алар.
Кектеніп надан зұлымға
Шиыршық атар, толғанар...»

«Көңілге түрлі ой салар» әдемі әннің де, «ақылдының сөзіндей» әсем күйдің де бар қадір-қасиетін, тәрбиелік мәнін терең түсінген Абай бұлардың да өмірдің әр алуан шындық құбылыстарын әсерлі де әсем суреттеуін қалайды. Көпшілікке жөн сілтеуін, өнеге беруін, ал көпшіліктен көркемөнерді жоғары бағалап, өз мүдделеріне пайдалануын, одан үйренуін талап етеді. Ұлы ақын өз өнерін, міне, осы мақсатқа жұмсады.

Әдеб.: Тәжібаев Ә. Өмір және поэзия.– А., 1960; Жұмалиев Қ. 18–19 ғасырдағы қазақ әдебиеті.– А., 1967; Қабдолов З. Сөз өнері.– А., 1982.

З. Қабдолов.

ЛИРИКАЛЫҚ КЕЙІПКЕР. Абай поэзиясында сол кездегі дәуір шындығы, қат-қабат қоғамдық қарым-қатынастар жан-жақты, терең бейнеленген. Әрине, лирик. шығармаларда өмір шындығы, әлеум. құбылыстар жанр. табиғатына, өзгешелігіне сәйкес көрініс табады. Лирик. шығармада негізінен алғанда жеке адамның көңіл-күйі, сезімі суреттелетіні белгілі. Ақын көбінесе өз жайын, өзінің айналадағы өмірге, әр түрлі құбылыс-жағдайларға көзқарасын сипаттайды. Бірақ ол өз жайын, өз басының мұңын, арманын, қуаныш-сезімін жыр етсе де, ол қалайда халықтың тағдырын, қайғы-мұңын, күйзелісін, қуаныш-шаттығын, тілек-мақсаттарын көрсетеді. В. Г Белинскийдің «Ұлы ақын өзі жайлы, өзінің жеке басы жайлы айтса да, көптің тағдырын, адамзат жайын сөз етеді» деуі тегін айтылмаған.

Нағыз лирик. туындылар жеке адамның жан дүниесін, толғанысын, тағдырын бейнелеп, сол арқылы бүкіл бір ортаны, қоғамды, заманды сипаттап береді. Лирик. қаһарманның ой-сезімі, тағдыры өз заманында суреттелсе, соғұрлым ол типтік қасиеттері мол, сомдап жасалған ірі тұлғаға айналып, дәуірдің көрнекті өкілі болып шығады. Лирик. поэзияның осы ерекшеліктері Абайдың өлеңдерінен мейлінше толық көрінеді. Абай лирикасынан ақынның көңіл күйін, жан дүниесін, толғанысын сезініп қана қоймаймыз, сол арқылы қазақ қоғамына, жалпы адам баласына тән сипаттарды, дәуір, заман келбетін танытатын қасиет-белгілерді молынан табамыз.

Өлең-жырларында ақын көбіне өз атынан сөйлейді. Басқа адамның бейнесін жасап, соның атынан айтуы сирек кездеседі. Мыс., Абай *«Болыс болдым міне-*

ки...» деген өлеңінде бастан-аяқ болысты сөйлетіп қояды. «Айттым сәлем, қалам қас», *«Қиыстырып мақтайсыз...»* деген өлеңдерін бірде жігіттің, екіншіде қыздың сөзі етіп құрады. Ақын өлеңді өз атынан айтқанда Л. к-дің бейнесі жасалады. Себебі, ол ақынның өз бейнесі, жинақталған Л. к-дің бейнесі болып шығады. Ақын қоғам өмірі, заман, адам туралы толғанғанда, өзін «мен» деп, «біз» дей отырып, сол ортаның адамы, белгілі бір ұрпақ-буынның өкілі ретінде сезінеді. Сондықтан жекеленген өлеңнен қалайда ақынның өмірбаянынан нақтылы дерек іздеу үнемі қисынды бола бермейді. Бірталай жағдайда өлеңде айтылған жайдың тар көлеміндегі өмірбаяндық мағынасынан жинақтап, қорытылған жалпы адамзаттық, филос. мәні әлдеқайда басым жатады.

Л. к-дің характері бір өлең-жырда толық ашыла қоймайды. Бір шығармада бір қырынан көрінсе, басқа шығармада екінші қырын танытады. Мыс., бір өлеңде махаббат сезімі басым болса, бір өлеңде табиғат сұлулығын сезіну басым келеді. Бірақ көптеген өлең-жырларды алғанда Л. к-дің тұтас тұлғасын, сан қырлы бейнесін айқын елестете аламыз. Өзінің шығармаларында Абай қазақ тіршілігінің ең терең, ең көкейтесті мәселелерін маңызды әлеум.-қоғамдық, моральдық тақырыптарды, халықтың тағдырына, заманның әдет- ғұрпына қатысты мәселелерді көтереді. Ақынның сол кезеңдегі түйінді құбылыстарға осындай сезімталдықпен қарауы және де халықтың тағдыры үшін аса маңызды әлеум. мәні зор қоғамдық-тарихи мәселелерді көтере білуі «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...», «Алыстан сермеп...» сияқты әлеум.-саяси лирикасының өзекті шығармаларында ғана емес, сонымен қатар басқа да тақырыбы, сипаты жағынан алуан түрлі туындыларында да айқын көрінеді. *«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...»* атты өлеңнің әрбір сөзінен, әрбір бейне суретінен халық тұрмысының жан түршіктірерлік ауыр жағдайы сезіледі. Ақын халық тағдырының күйінішін – сол кездегі қазақ қоғамындағы терең әлеум. қайшылықтар тудырған кесапатын көре білді. Қазақ қоғамын жегідей жеген әкімшілдік, әр түрлі топтар тартысы мен алауыздық ақынды ашындырып, ызасын келтіреді. Ақсүйек феодалдардың өз басының пайдасы үшін тұтандырып, әдейі өршітетін рулық тартыс пен жікшіл топтар күресін, осы бір қоғамдық өмір кеселін Абай өз шығармаларында айрықша қатты сынап отырды. Абай ел билеушілерді пайдакүнем, өмірдің күнделікті күйбеңімен әуре боп жүргенұсақ жандар бейнесінде сипаттайды. Халық үшін ауыр қасиет болып табылатын билеуші феодалдар арасындағы тартыс-таластардың күшеюін ақын қазақ қоғамындағы әлеум.-саяси дағдарыс көріністерінің бірі деп білді.

Сол кездегі қоғамдық өмірді осылай әшкерелеп, сынау Абайға оңай тиген жоқ. Ол ел билеушілердің, ақсүйек феодалдардың надан, топас топтың жаңалық біткеннің хас жауы екенін сезінді. Абайдың ақындық, ағартушылық жолы мейлінше қиын, азабы мол, күрес жолы еді. Ол халық мүддесін ойлайтын, ізгі мақсат жолында қайрат жұмсайтын күштің аз екендігін көріп жиі қапаланды, кейде жалғыздық, бейжайлық сезімге бой ұрды. Ақынның осы көңіл-күйі, қайғы-мұң сарыны оның шығармаларынан бірде болмаса, бірде бой көрсетіп қалады. Алайда, Абайдың мұң-шері өз басының мұңы емес, халықтың тағдырын ойлап толғану екенін көреміз. Халықтың өміріндегі ауыр жағдайларды ол өз жүрегінің шері етіп төгеді. Оның жан дүниесін құлазытқан шер осы ел жайы болады.

«Болды да партия,
Ел іші жарылды,
Әуремін мен тия
Дауың мен шарыңды...»

Бірақ Абай өзі таңдап алған бетінен, алдына қойған мақсатынан еш тайған жоқ.

«Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма...» –

дейді ол.

Ескілікке, кертартпалыққа қарсы тұрған Абай халықты еңбекке, өнер-білімге ұмтылуға шақырады. Тіпті, оның өткір құрылған шығармаларының өзінде халық өмірінің көкейкесті мәселелеріне жауап беруге тырысу айқын сезіледі, оның шығармаларындағы наразылық ағартушы-ақынның арман-мұраттарымен ұштасып жатады. Абай өз заманындағы жас ұрпаққа, «көкірегі сезімді, көңілі ойлы» адамдарға үміт артып, олардың жүрегін оятып, өзінің мақсат-мұраттарына тартуға ұмтылды. Жастардың өнімді еңбек етіп, ғылым мен білімге ұмтылуы, алға қойған мақсатқа жетуде табандылық көрсетуі, міне, осындай асыл қасиеттерді уағыздау Абайдың барша шығармаларының негізгі идеялық-тақырыптық үзілмес желісінің біріне айналды. Ақын талантты, өнер іздеген жандар туралы айырықша зор сүйіспеншілікпен айта отырып, олардың алға қойған зор мақсатқа жету жолындағы күресте табандылық, жігерлілік көрсететініне үлкен сенім білдіреді:

«Ішінде кімнің оты бар,
Қар жауса да сөнер ме?!»

Абай интернатта оқып жүрген қазақ балаларына жүрегі елжірей қарап, жас буындар, жас өркендер осылар деп қуанды. Халықты ағарту, білімді тарату ісін Абай адамдарды қандай да болсын әлеум. кеселден азат етудің қуатты құралы деп түсінді. Ақын ескілікке сену әдетінен, топастықтан бойы жоғары, білімді адамдарды аңсады. Ол надандыққа, қандай да болсын теріс, кертартпа ықпалға қарсы тұра алатын оқыған, біліммен қаруланған адамды құрметтеу керек деп санайды. Ақылды, парасатты адамның идеал бейнесін ұсына отырып, Абай оған жақсылықты жамандықтан ажырата білмейтін, ағыммен ілесіп жүре беруге бейімделген надан, қараңғы адамды қарсы қойды. Топас, кертартпа адамның осы жағымсыз типі ақынның шығармашылық жолына етене жақын және ағарту ісін, өнер-білімді жақтаушы Абайдың озат көзқарастарын білдіреді. Абай адамдардың санасын өзгерту арқылы заманды түзетуге («Түзетпек ем заманды»), қоғамның кемшіліктерін жоюға тырысты. Бірақ ол әдет-ғұрыпты, заманды мүлде өзгертуге, түзетуге, қоғамды бүлдіретін кеселдің тамырын жоюға болады деген сенім оп-оңай іске аса қоймайтынын да аңғарды. Міне, сондықтан ақын шығармаларында торығу, қайғы-мұңға берілу сарыны да барғансайын күшейе түсті. Қазақ қоғамында надандық, ескілік атаулы өте терең тамыр жайып кетті. Қазақ топырағына өзі еккісі келген идеяларұрығы көңілге толымды жемісін бермеді деген ащы ой ақынның еңсесін басады. Бірде:

«Ермен шықты ит қылып,
Бидай шыққан егінге...» –

деп, тағы бірде:

«Жапырағы үзілмес ескі үмітпен,
Қиял ғып өмір сүріп, бос жүріппін.
Жыбыр қағып көңілді тыншытпайды
Қашанғы өтіп кеткен бұлдыр көп күн...» –

деп налиды.

Абайдың орасан зор ақындық қуат-күші шығармаларында қазақ тіршілігінің ең маңызды әлеум. мәселелерін көтере білуінен, қоғамның алдыңғы қатарлы өкілдерінің ой-арманын, түбегейлі мүддесін терең ұғып, сезіне білетіндігінен айрықша айқын көрінді.

Еңбек сүйгіштік, жігерлілік, мақсатқа жету, әділеттілік сезімі, ой тереңдігі сияқты қасиеттерді қастерлей отырып, Абай өнбес іске, ойын-күлкіге мәз болып, уақытты бос өткізушілікті, жел сөзбен, өсек-аяңмен т. б. әуре болып жүрген адамдарды қамшылады.

«Алыстан сермеп...» деген өлеңінде Абай ақындығының аса маңызды ерекшеліктері – өмірді көрегендікпен тани білуі, шындық пен әділеттілікті сарыла іздеуі, халықты «түзу жолға» – мәдени, прогрестік даму жолына шығуға шақыру сияқты аса маңызды идеялар айқын танылады. *«Не іздейсің, көңлім, не іздейсің?..»*, *«Жүрегім, нені сезесің?..»* және сондай басқа да шығармаларында Абайдың өз ішкі жан дүниесін лирик. тәсілмен бейнелеудегі теңдесі жоқ ақындық шеберлігі айрықша жарқырап көрінеді. Бұл шығармаларында ағартушы-ойшыл ақынның, сыншы-әшкерелеуші ақынның тұлғасы барған сайын терең ашыла түседі. Абай қазақ жұртшылығы алдында ақындық өнердің мүлде жаңа, соны жолын ашу мәселесін өзінің міндеті деп санады. *«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы...»* деген өлеңінде, сол сияқты басқа да бірсыпыра шығармасында Абай бұрынғы жыршылар мен сөз шеберлерінің салып кеткен дайын сүрлеу жолымен жүруге тырыспайтынын ашық айтты. Сөз өнерінің кемел суреткері ретінде Абайдың орасан зор тарихи еңбегі мынада: ол жаңа заман қазақ әдебиетінің алдына жаңа міндеттер қоятынын жақсы түсінді, ұлттық әдебиетті жаңа дәуірдің тілек-талаптарына сәйкес жаңғырту қажеттігін ерекше көрегендікпен сезе білді және де бұл іске өз талантының бар күшімен қызмет етті. Ол заманның озат идеяларымен сусындаған соны ақындық өнердің дәйекті күрескері болды, жыршының, ақынның өмір шындығына жаңа көзқараспен реалистік әдіспен терең бейнелеу керектігін паш етті. Жоғарыда аталған «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы...» өлеңінде Абай: «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел!..» – деп, жұртшылықтан ақындық сөзге зор маңыз беріп қарауын, поэзияның жоғары қоғамдық міндетін түсіне білуін талап етеді. *«Өлсем, орным қара жер, сыз болмай ма...»* өлеңінде Абай өз шығармалары туралы толғанып, келер ұрпаққа ұран тастайды. Бұл өлең Абайдың ақын ретінде әдебиетте өзіндік жол салғанын жақсы сезінгенін тағы да айқын дәлелдейді. Және осы бір өсиет жыр-толғауда ақынның бүкіл өмірін арнап, атқарған ісі, сарылып іздеп тапқан өнеге-үлгісі, бүкіл ой-арманын көркем бейнелеген поэзиясы келер ұрпақ, жаңа қауымның кәдесіне асар деген зор сенім бар екенін аңғарамыз. Осы өлеңнің әр сөзі келер ұрпаққа арналып айтылуының өзі-ақ ұлы ақынның болашаққа үлкен үмітпен қарап, өз халқының келешегіне кәміл сенгенін байқатады.

Әдеб.: Әуезов М. Абайдың өмірі мен творчествосы (мақалалар жинағы). – А., 1954; Өржылдар ойлары. – А., 1959; Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – А., 1973.

З. Ахметов.

ЛИТВИН Степан Михайлович (1931 ж. т.) – украин ақыны, аудармашы. «Жүрек тыным таппайды», «Қырым аспаны астында», «Шексіз махаббат», «Таңғы самал соққанда» атты өлең кітаптарымен украин оқырмандарына жақсы таныс. 1874 ж. «Дніпро» баспасынан жарық көрген «Абай Құнанбаев» жинағына енген «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында...», «Жастықтың оты жалындап...», «Ауру жүрек ақырын соғады жай...» өлеңдерін украин тіліне аударған. *В. С. Пугач.*

ЛОБАНОВСКИЙ Павел Дмитриевич (1857–87) – әуесқой суретші. Негізгі мамандығы – әскери қызметкер. «Халық еркі» тобына қатысқандығы үшін сотталып, Ростовтан Семейге жер аударылып (1884–87) келіп, Абаймен танысқан Л. – Абайдың өз бейнесін көріп отырып портретін салған (қарындаш) бірден-бір автор. Суретші кейіпкерін ешқандай әсірелеусіз шынайы бейнелеуге күш салған. Шығарма ағартушы ақынның тұлғасын өзінің көзі тірісінде бейнелеген аса құнды тарихи құжат болып табылады (портрет Абайдың әдеби-мемориал. музейі қорында). *Н. Полонская.*



П. Д. Лобановский.

ЛОСОВСКИЙ Владимир Степанович (т.-ө. ж. б.). 1879 жылдан Семей уезінің бастығы, колледждің хатшысы. Л. 1876–84 ж. Үзікбай Бөрібаевтың Абайдың үстінен жазған жалақорлық арыздарын тексеріп, Бат.-Сібір ген.-губернаторына баяндап, арызда жазылғандардың түгел дерлік жалған екенін анықтап, істі қысқартқан.

«ЛОТОС» – Тунисте 1983 жылдан тоқсан сайын араб, ағылшын, француз тілдерінде шығып тұратын (1968 жылдан Каирде, 1979 жылдан Бейрутте) Азия мен Африка жазушылары Ассоциациясының әдеби журналы. 1973 ж. Азия және Африка елдері жазушыларының Алматыда өткен 5-конференциясына орай Қазақ Республикасына арналған санында Абай Құнанбаевтың өмірі мен қызметі туралы қысқаша мағлұмат беріліп, ақынның «Алыстан сермеп...», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы...», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл...» өлеңдері жарияланған. Абайдың ұлт әдебиетіне қосқан үлесі, қоғамдық қызметі, композиторлық қыры жайында Ә.

Әлімжановтың, М. М. Әуезовтың, Б. Сарбалаевтың мақалалары берілген. *М. Жақыпов.*

ЛУКОНИН Михаил Кузьмич (1918–78) – орыс ақыны. «Жүрек лүпілі», «Бейбітшілікке жол», «Қиындықты жеңу», «Орал хикаясы», «Бес кітап» т. б. өлеңдер жинақтары, «Махаббатқа табыну» повесі, «Жолдас поэзия» сын кітабы жарық көрген. Абайдың «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Білектей арқасында өрген бұрым», «Ата-анаға көз қуаныш», «Жүрегім, ойбай соқпа енді», «Қарашада өмір тұр», «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар» өлеңдерін орыс тіліне аударған. Л-ге «Жұмысшы күні» дастаны мен «Қажеттілік» атты кітабы үшін ССРО Мемл. сыйл. берілген.

ЛУПИЙ Олесь (Олександр) Васильевич (1939 ж. т.) – украин жазушысы. «Жастық гүлдестесі», «Махаббат пен адалдық», «Ешкімге сені қимаймын», «Адамдар ауырлықты сезбейді», «Ескі станцияның күйреуі», «Ойна, сырнай», «Көңілді әуен», «Қызыл жағалау» жинақтарымен украин оқырмандарына жақсы белгілі. Л. 1974 ж. «Дніпро» баспасынан жарық көрген «Абай Құнанбаев» жинағына енген «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл...», «Жастықтың оты жалындап», «Көзімнің қарасы...» өлеңдерін украин тіліне аударған.

О. В. Мишанич.

ЛЬВОВИЧ ДМ. (И в а н о в) (1846–1924) – орыс жазушысы, ғалым. С.-Петербургте Тау-кен институтында және біраз уақыт Москва ун-тінің филол. ф-тінде оқып білім алған Л. геология, география, этнография саласындағы зерттеу еңбектеріне қоса, Түркістанның тарихы, бүгінгі жағдайы және қазақ елінің өмірі жайында бірталай көлемді көркем шығармалар жазған. «Қырғыз даласында» («По киргизской степи», Петроград, изд. А. Ф. Девриена, 1914) кітабында ол Абай аударған «Амал жоқ қайттым білдірмей...» деп басталатын Татьянаның Онегинге хатын ел аралап жүрген кезінде өлеңші Абылай Қарабатыровтың аузынан естігенін жазады: «Рас, басында мен өз құлағыма өзім сенбедім. Өзіңіз ойлаңызшы, қарт қазақ басқа емес, «Татьянаның Онегинге хатын» әндетіп отырды. «Хат» тыңдаушыларға әбден ұнады» (108–109 б.). Ол әншінің бұл өлеңді кім шығарған деген сауалға бір қазақ ақыны дегеннен басқа ештеңе айта алмағанын жазады. Абай аударған «Татьянаның хаты» ел арасында әнге салып айтылып жүргені бұдан да бұрын «Россия» журналының 1903 ж. шыққан 18-томындағы А. Н. Седельниковтың мақаласында да айтылған болатын. Сондықтан қазақ арасында көп жүрген, бірталай әңгіме-очерктерінде қазақтардың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, өлең айту машығы туралы құнды пікірлер айтқан Л-тің Татьянаның Онегинге хатын өз құлағымен естіп таңырқауының жөні бар десек те, қазір бізге бұл мәселе жайында белгілі мағлұматтарды толық еске алсақ, тіпті, таңқаларлық та нәрсе емес. Л. осы сөз болып отырған кітабы шыққан кезде, яғни 1914 ж. «Ашшархиет» (Восточный сборник в честь А. Н. Веселовского) атты жинақтағы Абайға арналған мақаланың авторы Н. Рамазанов та «Татьяна хаты» қазақ даласында көптен бері әндетіп айтылып келеді деп жазған. Бұдан біраз кейінірек «Татьяна хатын» музыка зерттеушісі А. Э. Бимбоэс Ақмола облысының өлеңшісінің, ал 20 жылдардың басында А. В. Затаевич Петропавл уезі (Ақмола обл.) өлеңшісінің айтуынан нотаға түсірген болатын. Алайда бұл айтылғандар Л-тің өз кітабында келтірген дерегінің құндылығын, әрине, жоққа шығармаса керек. Орыс жазушысының қазақ өлеңшілері мен әншілерінің өнеріне ден қойып, сүйсіне тыңдап, бағалай білуінің өзі де және «Татьянаның Онегинге хаты» ел арасында зор ықыласпен қабылданып, таралып жүргеніне арнайы куәлік беруі сүйсінерлік жай. *З. Ахметов.*



МАҒАУИН Мұхтар Мұқанұлы (1940 ж. т.) – жазушы, әдебиет зерттеушісі, филол. ғыл. кандидаты, доцент. Оның «Ақша қар», «Бір атаның балалары», «Қиядағы қыстау», «Көк кептер», «Шақан шері» повестер мен әңгімелер жинақтары, 2 томдық «Таңдамалы» шығармалары, «Қобыз сарыны», «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет (15–18 ғ.)», «Ғасырлар бедері» т. б. ғыл.-зерт. еңбектері жарық көрді. Н. Погодин, С. Моэм, Г. Хаггард т. б. белгілі жазушылардың туындыларын қазақ тіліне аударды. Абайтану мәселелеріне арнап «Жаңа эпос жасау жолында» («Абай тағлымы», А., 1986), «Бес ғасыр белестері» («Ғасырлар бедері», А., 1991), «Соны соқпақ – кең өріс», «Абайдың белгісіз әңгімесі» (екеуі де соңда) т. б. ғыл.-зерт. мақалалар жазды. Оларда Абай поэзиясының қазақ халқының рухани жағынан жаңғырып, түлеп жетілуіне еткен ықпалы сөз болады. Ақын шығармаларының қайнар көзі болған бұлақтарды талдады. Абайдың ақындық мектебінен үлгі алған Ш. Құдайбердиевтің, өз балалары Ақылбай, Мағауия Құнанбаевтардың шығармашылық жолына тоқталды. М-ге «Аласапыран» тарихи роман-дилогиясы үшін Қазақстан Республикасының Абай атынд. Мемл. сыйл. берілген. *С.Қалуов.*

МАҒАУИЯ Абайұлы Құнанбаев (1870–1904) – Абайдың жиырма бес жасында, Ділдәдан туған кенже баласы. Жас шағында Абай бұны ауылда мұсылманша аз оқытқаннан кейін қалаға апарып, Семейдегі Городское училище дейтін орысша мектепке түсіреді. М-ның алдында орысша оқуға берген ағасы Әбдірахман Түмен қаласында оқып жүреді. М-мен бірге Күлбадан деген қызын да орысша оқуға береді. Мағауия екі-үш жыл оқығаннан кейін жұқарып, науқасқа шалдыға бастайды. Содан амалсыздан оқуды тоқтатып, ауылға қайтады. Осыдан соң үнемі Абайдың өз қасынан қалмай, әкенің өз тәрбиесінде болады. Бұның жастық шақтарында Абай орысша кітап оқуға барынша ден қойып, өздігінен мол ізденеді. Соңда Абаймен ілесіп М. мен Кәкітай екеуі де орысша кітапты Абайша қатты зер салып

оқиды. Жаз сайын келіп жүретін Әбдірахманның да оларға көмегі көп болады. Сонымен, М. оқымысты жастың бірі болады. Ол әкесіне ел жұмысында да үлкен серіктік етеді. Ерекше адамгершілік тазалығы бар, өте бауырмал және кең мінезді, әділеті мен ары зор, ерекше қасиет иесі адам болады. Ел көпшілігі Абайдың билігімен қатар бертін кездерде М-ның әділ көмегін де көп көреді.



М. А. Құнанбаев.

Әкесінің ақындық еңбегін аса қадірлеп, жақсы білген, ұғынған М. өзі де Ақылбай, Көкбай сияқты ақындық еңбекке беріледі. Бұның жазғанұсақ өлеңдері Әбдірахманның науқасына байланысты көңілшері есебінде, өз орталарына аса мәлім болады. Сонымен қатар М. Абайдың мәслихатымен және материал беруімен пайдаланып, бірнеше поэма жазады. Ол жазған поэмалар: «Еңлік-Кебек», «Абылай» және «Медғат-Қасым». «Еңлік-Кебек», «Абылай» поэмалары қолжазба күйде сақталса да, оқушыларға тарамаған... «Медғат-Қасым» поэмасының тақырыбы да қазақтан жырақ, алыс елдер өмірінен алынған. Ақылбай ізденген жолменен тың тақырып, мазмұнды М. да Африка елінің болмысынан алады:

«Бір әңгіме қозғайын ойымдағы,
Мақсат болды әшкере болынбағы,
Бай мейірсіз ер құлдан саза тартқан,
Африкада, Ніл дария бойындағы...» –

деп сөз бастайды. Поэмадағы тартысқа араласатын адамдарының жайын да әңгіменің басынан-ақ таныстыра кіріседі. Мейірсіз байдың ер құлдан саза тартқанын әңгіме етемін деп, ақын өз тақырыбының айшығын танытады. Осыдан соң оқиғаның болатын геогр. ортасын танытып, Африканы, Ніл дариясының жағасын, оның айналасында тоған салып кәсіп еткен Мүлік нәсілін әңгімелейді. Осылайша поэма тақырыбын оқушыға алдын-ала таныс ете көрсету үшін шығыс әңгімесінің үлгісі емес, Ақылбайдың Кавказ тауын, Дағыстан жерін, соғыста ойран болған қалаларын суреттеуден бастап өз геройына біртіндеп, белгілі бір күнге, арнаулы бір мезетте, ерте сәскеде көз салатыны сияқты. М. да «Медғат-Қасым» поэмасында жаңағыдай жер мекеңдерін айтып, ол өлкеде кәсіп еткен адам қауымдарын айтып, өте дәл реалистік шындық көрсетеді. Абайдың өзі сияқты, бұл ақындар да Европа және орыс классик. поэзиясының дәстүрінен үлгі алған. Ол дәстүр көбінесе конкрет түрдегі дәлдікті, нақтылы шын халді сүйеді. Шығыс әңгімесі болса, бір айтылса болады, одан ары өмірлік дәлдік ескертілмейді. Мағауия тек бұл айтқан жайда ғана емес, поэмасының кейін көрінетін барлық құрылыс, стилі мен сюжеттік, образдық мәдениет өрнегімен және қазақ поэмасына кіргізген көркемдік жаңаша шеберліктері мен орыс поэмаларынан көп үлгі алғанын айқын танытады...

«Медғат-Қасым» поэмасы да – романтизм сарынындағы поэма. Бірақ негізгі стилі солай бола тұрсада, бұл поэманың реалистік шындықпен өмірге жанасымды, қонымды берген тартыстары, мінездері (характерлері) дәлелді көркемдікке сүйенген. Романтизм негізгі сарыны дейтініміз бұл поэманың үлкен желілері және де бір-екі сезіммен түйілген геройлардың іс-әрекетінен туады. Ол сезімдер бұл поэмада да геройларды өздеріне нық бағындырады. Ішкі дүниелерін, сөз ойларын, мінез-қиялдарын және тартыс армандарын бір араға түйеді... Кейін шыққан шығармалардың ішінде осы «Медғат-Қасымнан» көркемдігі және әсіресе идеясы, ойы зор еңбек жоқ деп айтуға болады. Бұнда М. үлкен ізденгіштік, ағартушылық және қоғамдық озғын идеялы, ірі мәдениеттілікпенен жақсы үйлестірген. Қасымның кек алу жолында істеген мінездері өмір шындығына анық үйлеседі. Шығарманың адам мінезіне байланысты негізгі тақырыбы, идеясы осы болғанда, бұл бір Қасымның басының ісі емес. Поэмадағы осы жөніндегі тартыста үлкен обобщенielік қасиет бар.

Осылайша анық классик. поэзияның үлкен үлгісін шебер танытқан М. өлең, теңеу, сөздік жағынан да өз шығармасының төркін-тегін, жеке реальностармен жақсы аңғартып отырады. Оқушы бұл шығарманы жазған адам анық оқымысты, білікті ақын екенін поэманың ішкі-сыртқы мазмұны, жалпы стилі, тілі сияқты үлкенді-кішілі элементтерінің барлығынан толық тани алады.

Ақындық мектеп тек ұстаз ақынның өзі тапқан жол, жаңалықты қайталап қана қойса, ол аз болар еді. Абай берген бағыт бойынша ізденген шәкірт ақын М. осы шығармасында Абайдың өзі жазбаған анық сюжетті поэманы туғызады. Ақылбай мен екеуі де романтикалық поэманың стилін қазақ әдебиетіне әкеліп кіргізгенде, анық соны, жаңа, жақсы ағым қосты деу керек. Сонда Ақылбай шығармасында идея жағынан, жоғарыда біз айтқандай, кемшін қайшылық болса, М. өз шығармасында бұл жөнде де ілгерілеп түсіп, анық бағалы табыс әкеледі. Егер, сол Абай, М-лар уақытында қазақтың баспасөзі болып, сыншылық, зерттеушілік, әлеуметшілік ойы өскен болса, М-ның осы поэмасының орны қазақ әдебиетінде 19 ғасырдың соңында шыққан жаңалықтардың көрнекті тұрғысының бірі деп атауға жарар еді.

Абайдың өз маңындағы өнерлі жастар «Медғат-Қасымды» шынында, дәл осы біз айтқандай бағалай білген. Мүрсейіт сияқты Самарбай, Дайырбай, Махмуд бар және басқа көп көзі ашық жастар «Медғат-Қасым» поэмасын да, Абайдың өлеңдерін де жиі көшіріп, көп таратқан. Ал, Мұқа, Әлмағамбет сияқты әнші өнерпаздардың бәрі де, олардан бергі

замандағы жастар да «Медғат-Қасымды» түгел жаттап алып, әнге салып жырлап айтады. Осындай оқушы мен тыңдаушыға бағалы болған қасиеттердің себебінен «Медғат-Қасым» поэмасы жоғалмастан және де бір жолға ауысып, ұмытылмастан біздің заманымызға түгел жетіп отыр.

«Медғат-Қасым» – М-ның ең соңғы поэмасы. Бұдан бұрын Абайдың тақырып етіп, шәкірт достарына тапсырып беруі бойынша, М. қазақ өмірінің өзінен алып, тағы бір поэма жазған. Бұл – қазақ тарихындағы сарттық болмыстан туған «Еңлік-Кебек» жайындағы қоспа поэма болатын. «Еңлік-Кебек» – М-ның алғашқы жазған шығармасы. Өлеңдік жағынан ол әлі поэма тіліне жете шеберленбеген күйді танытады. Тілі тұтқыр және анық поэзиялық ерекшелік жағынан олақтау келген сырт құрылыс байқалады. Бірақ идея жағынан қарағанда бұл поэманың да өзінше өз тұсындағы ақындардың шығармаларынан оқшау тұрған, озғын жайлары бар. Сол ерекшеліктің үлкені – Кеңгірбайдың образын, ісін бейнелеуде айқын көрінеді. М-ның уақытында, рушылдық салт бойынша тобықтының аруақ тұтып, қадірлейтін атақты биі – Кеңгірбай болатын. Заманында оның істеп кеткен озбыр, содыр істері болса да рушылдық, ақсақалдық салт-сана бойынша кейінгі ұрпақ Кеңгірбайды сынамастан «баба» деп, «би» деп қадірлейтін. Абай болса, қазақтың бұндай ескілікті кертартпа санасына өзінің сыны мен ақылын билеткен, бағындырған емес. Ол Кеңгірбайдың өз заманындағы парақорлық сияқты арамдықтарын ашып айтып, әшкерелеп жүретін. Еңлік пен Кебектің өліміне себепші болған – Кеңгірбайдың билігі. Ол осы билікті Матайдан пара алып айтты деп сынайды. Кейінгі надан ұрпақ Кеңгірбайдың атын да атамай, оны «Қабакең» дейтін. М. осы жөнінде еркін сыншылық танытады. Кеңгірбайдың әулиелік, аруақтық маскасын сыпырады. Жаңа буынның сыншыл, әділетшіл, гуманистік талабын өзіне ең үлкен мақсат етіп, өткен заманның үлкен авторитеттері мен трагедиялық істерін батылдықпен ашып, әшкерелеп жырлайды.

Еңлік пен Кебектің тағдырын шешкен түп себепті айта келіп, М.:

Тобықтыда сол күнде Кеңгірбай би,
Қыз қайнынан астыртын алыпты сый.
Айтады қыз қайнына бітім жерде,
Әуелі ұстап алып қызыңды тый... –

деп, биліктің сырын ашады.

Кейін сол билік бойынша Еңлік пен Кебек өлтірілген соң, ақын өзінің ызалы сынын Кеңгірбайға бұрады:

«Қылжырлықтан атаңдың биім «Қабан»,
Қабан түбі шошқа ғой, білсең надан,
Үлкен билік алдында сөйлесермін
Жазасы не болады бидің арам!..» –

дейді.

Бұрынғы ру авторитетіне мұншалық батылдықпен өкім айтуға жеткен ақындық сана, Абай тұсындағы жас талапкерлердің ойлары, ізденулері, қаншалық кең өріске, үлкен азаттыққа жеткенін көрсетеді. Адамгершілік, гуманистік сарын бұл поэманың соңында Еңлік пен Кебектен қалған жас нәрестенің өлім халін айтуда да көрінеді:

«Балаға ешбір пенде қарамапты,
Тобықты неткен жандар діні қатты,
Шеткі Ақшоқы басында бесігімен
Деседі бір күн бойы жылап жатты...»,–

деп бітіреді. Поэманың осы соңғы жолдары да надан заманның, қараңғы ортаның қатал мінездеріне қарсы айтылған ашулы өкім есепті болады. Осылайша образдарды бейнелеуде, өткеннің қараңғылығын сынап көрсетуде, адамгершілік талабын ең үлкен мақсат, арман етіп биік сапада танытуда М-ның бұл поэмасы да өз уақытындағы бағалы еңбек болатын. *М. Әуезов.*

МАҒРИПА Сүлейменқызы (М а ғ ы ш) (1873–96) – Абайдың сүйікті ұлы Әбдірахманның әйелі. 1892 ж. жазда Түркістан аймағына қызметке ауысар алдында Әбдірахман елге демалысқа келген кезінде М-ға үйленген. Абай өзі көп үміт күттірген сүйікті ұлының оқу бітіріп, үй болғанына ризашылығын білдірген. Әбдірахман Алматыға қызметке кіріскенімен, бұрынғы ауруы қайта қозып, жазылмайтын дертке ұшырайды. Жастай қосылған жарының сырқаты жанына батқан М. сағыныштан, уайымнан өзі де ауруға шалдығады. 1895 ж. қарашада Әбдірахман қайтыс болып, сүйегін Ақшоқыдағы атасы Құнанбай бейітіне әкеліп қояды. Сүйген жарын бір көруге зар болып, қайғы-шерден басын көтере алмаған М. бір жылға жетпей дүние салады. Абай Әбдірахман өлгенде сүйікті ұлына арнап бірнеше жоқтау өлеңін шығарады, сонымен бірге келіні М-ны жұбату ретінде «Әбдірахманның әйелі Мағышқа Абайдың айтқан жұбатуы» («Жылағанды тоқтатып»), М-ның атынан Абай шығарып берген жоқтау («Айналайын, құдай-ау...») өлеңдерін шығарған. Әбдірахманның М-дан туған жалғыз қызы Рахима 1924 ж. қайтыс болған. Оның Инғам атты ұлы Отан соғысында қаза тауып, Иһсан есімді екінші баласы соғыстан оралып, 1955 ж. дүние салған. М-ның Марфуға деген қызы қазір Алматыда тұрады. *С. Қорабаев.*

МАДИЕВСКИЙ Абрам Лейбович (1924 ж. т.) – режиссер, педагог. Қазақстан Республикасының еңбек сің. өнер қайраткері. Ол 1968 ж. Алматыдағы орыс драма театрында М. О. Әуезов пен Л. С. Соболевтің «Абай» трагедиясын сахнаға шығарды. Спектакльде ақынның күрескерлік тағдыры, орыс халқының озық ойлы өкілдерімен достық қарым-қатынасы көрініс тапқан. *К. Ә.Нұрпейісов.*

МАДИЯР Түсіпұлы (т.-ө. ж. б.) – Абайдың замандасы. Көтібақ-тобықты руынан. Ол халық ауызындағы ертегі, аңыздарды көп білген. Абай кейде оны үйіне шақыртып, ертегі айтқызып, балаларына тыңдатқан. Өзі қосыла тыңдап, ертегінің мән-мағынасын талдап, көркемдігін арттыра түсуге көмектесіп отырған.

МАЗМҰН МЕН ТҮР – Абайдың асқан ақындық, суреткерлік шеберлігінің айқын көрінісі – оның шығармаларында мазмұн мен көркемдік түр ажырамастай бірлікте келеді. Идеялық мазмұнды, ақынның ой-сезімін жеткізетін алуан түрлі бейнелеу құралдары, суреттеу тәсілдері бір-бірімен жалғаса, тұтаса келіп, көркемдік жүйе дәрежесінде қалыптасады да, мазмұнмен үндестік бірлестік табады. Соның нәтижесінде шығарманың көркемдік түрі терең мағыналық сипат алып, мазмұны көркемдік, бейнелілік табады. Өмір шындығы поэзиялық шығармадағы көркем шындыққа айналғанда оған ақын дүниетанымы, көркем ой-сезімі, адамгершілік, азаматтық мұрат-идеялары келіп қосылады. Поэзиялық шығарманың көркемдік тұлға-пішініне, өрнек-кестесіне, өн бойына қан жүгіртіп, жан бітіретін, нәр беретін идеялық мазмұн, мағына, ақынның биік қоғамдық мақсаттары, идеалдары.

Абай өлеңнің «іші алтын, сырты күміс» болуын талап етіп, алдымен, терең мазмұн керектігін және сол мазмұнның әсерлі, әдемі жеткізіліп көркемдік сипат алуы қажет екендігін жақсы түсінді. Абай түсінігіндегі мазмұн қандай еді? Ол қоғамдық өмір, оның табан аудартпас шындығы, бүгінгі жайы мен ертеңгі даму бағыты, аса ділгер, мұқтаж мәселелері еді. Абай поэзияның міндеті осыларды ақын көзімен көріп, жүрегімен ұғынып, терең зерттеп, поэзияның қаны мен жанына сіңіру, сонда ғана өзінің қоғамдық міндетіне сай қызмет етеді деп санады. Абай шығармаларын, бір сөзбен айтсақ, қазақ қоғамының 19 ғ-дың 2-жартысын түгел қамтыған шежіресі деуге әбден болады. Өйткені, оларда сол кездегі бар өмір барша әлеум. топтарымен, солардың, өзіне лайық талас-тартыстарымен, қайшылықтарымен, психол. сипатымен, өзара қарым-қатынастарымен жарқын көрінісін тапты. Абай қазақ өлеңінің табиғатына мүлдем соны көрік, сипат беріп, өзгеше байытты. Әйтсе де, ақын өлеңнің түрінен гөрі мазмұнына ерекше мән берді. Өлеңге әркімнің де таласы бар, талабы бар болғанымен, биік өнер дәрежесіндегі өлеңнің қиындығын және өлең атаулыға бірдей қараудың талғамсыздық екенін көрсете келіп, мазмұны мен түрі бірлік-бірлестік тапқан өлең ғана нағыз өнер боп табылатынын айқындап берді. Өлеңнің жаңа мазмұнына сай көркемдік қуатын арттыру үшін Абай поэзия тілінің бейнелеу құралдарын жетілдіріп, байытты, халықтың сөйлеу тілінің, қазақтың ауызекі сөз және ән өнерінің жетістіктерін пайдалана отырып, ол өлең сөздің, өлең өлшемдерінің ырғақтық-ұйқастық байлығын терең ашып көрсетті, жаңа ырғақты, үйлесімді өлең үлгілерін енгізді, ақындық тілдің бейнелік, стилистикалық мүмкіндіктерін молықтырды. Қазақтың ақындық тілін, әдеби тілін ұстартып, шыңдап жетілдірді. Қазақтың әдеби тілін биік жаңа сапаға көтеріп, жаңа үлгіде қалыптастырды. *З. Ахметов.*

МАЙБАСАР Өскенбайұлы (1812 – ө. ж. б.) – Абайдың әкесі Құнанбайдың тоқал шешесінен туған інісі. Құнанбай өзі 1849 ж. Қарқаралыға аға сұлтандыққа сайланған соң, өз орнына Күшік-тобықты еліне М-ды болыс етеді. М. халыққа көп қиянат жасаған ұрыншақ, сотқар адам болған. Тобықты елінде тәртіп сақтауға келген әскери-губернаторлық қызметкерлерінің почта қағаздарын тартып алып, өздерін ең далаға тастап, аттарын аударып алып кеткені үшін қылмысқа да тартылған. М-ды Құнанбай қорғап, желеп-жебеп отырған. Абай М-дың ел адамдарына жасаған зорлық-зомбылықтарын ұнатпаған. Жас кезінен-ақ оның оспадарсыз қылықтарына наразылық көрсетіп, реттеріне қатты-қатты айтып тастап та отырған. Ақын өлеңінде көп сыналатын ел бұзар тентектердің қатарында М-дың болғаны сөзсіз.

«МАЙДАН» (қазіргі «Ж ұ л д ы з») – Қазақстан Жазушылар одағының әдеби және саяси-бұқаралық журналы. 1941–45 ж. аралығында шығып тұрған. Журнал Қ. Сатыбалдиевтің «Абай жастық туралы» (1945, № 2) деген мақаласында ақын өлеңдерінің жастар тәрбиесіндегі атқаратын қызметін талдап, Абайдың ерлікке, адалдыққа үндейтін, ел мүддесін қорғауға шақыратын тұжырымдарын алға тартады. Ал Н. Сауранбаевтың «Абайдың әлеуметтік көзқарасы» (осында) атты мақаласында ақынның қоғамдық құрылысқа қатысы, ел ішін жайлаған әлеум. теңсіздікке қарсы өткір сыны жан-жақты талқыланады. Ақынның әділеттілік, адамгершілік жолындағы зұлымдыққа, зорлық-зомбылыққа, рулық-тайпалық қоғамға негізделген қанауға қарсы күресін ашып көрсетеді. Журнал осы санында оқырмандарды ақынның бұрын жарияланбаған «Домбыраға қол соқпа...», «Ойға түстім, толғандым...» деген екі өлеңімен таныстырды.

МАЙҚЫ БИ (Б а й қ ы, Б а й к и, Б а й к у) (т.-ө. ж. б.) – 12 ғ. соңы – 13 ғ-дың бірінші ширегінде өмір сүрген атақты би, шешен. Парсы тарихшысы Рашид ад-Диннің «Жами ат-тауарих» атты шығармасында М. б-дің Шыңғысханның ел басқару ісіне көмектесетін ақылшы, жорықтарға шыққанда орнына қалдыратын биі болғаны, 13 ғ-да Жошы ханның Батысқа жасаған жорықтарында моңғол әскерінің оң қанатын басқарғаны айтылады. Халықтың әдет-ғұрып, салтын, жол-жоралғысын бір жүйеге түсіріп, заңға айналдыруда М. б-дің алатын орны ерекше. М. б-дің өсиеттері мен мақал-мәтелдері қазақ халқының арасында кеңінен тараған. Абай «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» еңбегінде шежіре деректері бойынша М. б-дің – Шыңғысты хан көтерген 12 бидің бірі болғандығын айтады, халық арасында мәлім «Түгел сөздің түбі-бір, түп атасы – Майқы би» деген мақалды келтіреді. *С. Созақбаев.*

МАЙЛИН Бейімбет (1894–1938) – қазақ кеңес әдебиетінің іргетасын қалаушылардың бірі, көп жанрлы әдебиетіміздің көрнекті өкілі, ақын, жазушы, публицист, драматург. Алғаш рет ауыл молдасынан хат танып, 1911–15 ж. көршілес ауылдағы Арғынбай дейтін қажының медресесінде, Троицк қаласындағы «Уәзифә» мектебінде, Қостанайдағы орысша-қазақша мектепте, Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқып, білім алған. Алғашқы өлеңі «Мұсылмандық белгісі» (1913 ж.) «Ғалия» медресесінің жанынан шығатын «Садақ» қолжазба журналында жарық көрген. 1916–22 ж. өз елінде мұғалімдік қызмет атқарады. 1922–23 ж. «Еңбекші қазақ» газетінде, 1923–25 ж. Қостанайдағы губерниялық «Ауыл» газетінде, 1925–28 ж. «Еңбекші қазақ» газетінде, өмірінің соңғы жылдарында «Қазақ әдебиеті» газетінде жауапты редактор болып қызмет етеді. 1914 ж. «Шұғаның белгісі», «Раушан – коммунист» (1923), «Берен» (1935) т. б. 15-ке тарта повестер, «Шаншар молда» (1916), «Әмеңгер» (1918), «Қаламқас» (1919), «Неке қияр» (1926) т. б. ірілі-уақты 25 пьеса, «Байдың қызы» (1917), «Рәзия қыз» (1919), «Зайкүл» (1921) т. б. оннан аса поэмалар жазған. Тырнақалды туындыларынан бастап, көп жанрлы әдебиетіміздің қандай түріне қалам тартса да, ауыл адамдарының өмірін сол заманға сай суреттеген. М. шығармаларында кеңес дәуіріне дейінгі және кейінгі кезеңдердегі қазақ халқының басынан өткен нәубеттері шынайы көрсетіледі. Академик жазушы М. Әуезов: «Бейімбет әңгімелерінің көп топтары революцияның ең алғашқы жылдарынан бастап отызыншы жылдардың ортасына дейін совет дәуірінде қазақ аулында болған өмірдің ұзақ көркем шежіресі деуге болады» – деп, М. шығармаларын жоғары бағалаған еді. Қоршаған ортаны, адамдар өмірін реалистік тұрғыдан суреттеу ұлы ақынымыз Абайдың тұсында жаңа белеске көтерілді. Шығармашылық өсу үстінде М. Абай өлеңдерін оқып, танысып қана қоймай ұлы ақынның ықпалымен көптеген өлең, дастандарын дүниеге келтірді. Совет дәуіріндегі қазақ әдебиетінде Абай дәстүрін жалғастырушылардың бірі болды. Тіпті өлең сөз жүйесін құруда,

ой мағынасын айқындауда, тақырып таңдау талғамында, идеялық бірлігінде, ұйқас- ырғағын келтіруде іштей үндестік, пікір сабақтастығы бар. М-нің әлеум., оқу-білім, махаббат, табиғат т. б. тақырыптарда жазған өлеңдері Абай шығармаларымен қым-қуат байланысып жатыр. «Жазғы кеш», «Жазғы қалып», «Жаз келді», «Күз келсе» т. б. өлеңдерімен Абайдың табиғатты суреттеп келіп, қоршаған орта, адамдар өміріне тоқталатын шеберлігінің дәстүрлі жалғастығы айқын аңғарылады. *М. Мұсағитов.*

«МАЙ ТҮНІ» – Абайдың күйі. Бұл күйді 1923 ж. Ғ Сармурзин Абайдың Ақылбайдан туған немересі Исрайылдан, ал Исрайыл Абайдың өзінен үйренген. Исрайылдың айтуынша Абай бұл күйін жайлаудағы түнгі сауық-сайранда отырып шығарыпты. Күй табиғат сұлулығын бейнелеген, 2 бөлімнен тұратын лирик. туынды. Муз. әуені Абай әндерімен сарындас, жазғы жайлаудың түнгі көрінісін, жастардың көңілді сауық-сайранын елестетеді. *У. Бекенов.*


МАКЕДОНИЯ – б. з. б. 5-2 ғ-лардағы Балқан түбегіндегі мемлекет. Абай «Ескендір» дастанында:

«Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?
Македония шаһары оған мекен...» –

деп, жер жүзіне үстемдік жүргізу мақсатымен шығ. жорығында басып алған жерлерде аса үлкен монархия құрған Александр Македонскийдің отаны М. екенін білдіреді. *Ә. Пірманов.*

МАКЕЕВ Сүлеймен (1901 – ө. ж. б.) – Абай мұрасын жинаушы. Шығыс Қазақстан обл., Самар ауданының адамы. Ауыл молдасынан оқып хат танығаң. Ол 1965 ж. ҚазССР ҒА-на Абайдың бұрын белгісіз *«Жұқалау көк тұмсығы келсе жалпақ...»* деп басталатын өлеңінің 2-нұсқасын тапсырған. Өзінің айтуынша, ол бұл өлеңді жас шағында Иқанбай деген құсбегінен жазып алып жаттаған. Дегенмен, өлең Абайдың төл туындысы екендігі әлі де дәйекті дәлелдеуді қажет етеді.

МАКОВЕЦКИЙ Петр Емельянович (т.-ө. ж. б.) – Семей қаласының бітістіруші судьясы. Семей обл. статистик. к-тінің құрметті мүшесі, этнограф, қазақтардың дағдылы құқығын зерттеуші. М. Семейге жер аударылған С. С. Гросс, А. Л. Блек, А. А. Леонтьев, Н. И. Долгополов, Е. П. Михаэлис т. б. адамдармен достық қарым-қатынаста болған. Патша үкіметінің қазақ жерін басып алуды өрістету жөніндегі отаршылдық саясатын жан сала жүргізумен бірге қазақтардың дағдылы құқығын зерттеумен де айналысқан. Қазақтардың дағдылы құқығын зерттеуге Гросс, Блек пен Леонтьевтерді де тартқан. Сөйтіп, 1886 ж. «Қырғыздардың заңдық әдет-ғұрыптарын оқып-үйренуге арналған материалдар» деген кітап шығарып, оның жалпы редакциясын басқарған. Оның авторлары жер аударылып келген



Нота. (Май түні).

Гросс, Блек, Леонтьев еді. Олар Абаймен жақсы таныс болды. Гросс ғылыми жұмыстарға материал жинау үшін Абай аулында болды. Ақынмен қазақтардың дағдылы құқықтары мәселелері жөнінде әңгімелесті. Обл. статистик. к-ттің толық мүшесі болған ақын осында хатшы болып істейтін М-мен достық қарым-қатынас орнатты. Абай комитет жұмысына көп көмек көрсетіп отырды. Ақынның «Орта қырғыз ордасы руларының шығу тегі туралы мақала» деген зерттеу еңбегі «Семей облысының 1900 жылғы естелік кітабында» жарияланды.

С. Созақбаев.

МАКСИМЕНКО Олекса (Олексий) Иванович (1921 ж. т.) – украин ақыны. Украин оқырмандарына «Гүлдену», «Отты жылдарда», «Ай сағаты», «Солдат салтанаты», «Дала төсінде», «Қайыңды көктем» кітаптарымен таныс. М. 1974 ж. «Дніпро» баспасынан жарық көрген «Абай Құнанбаев» жинағына енген «Ішім өлген, сыртым сау...», «Сабырсыз, арсыз, еріншек...» өлеңдерін украин тіліне аударған.

А. М. Дяченко.

МАКСИМОВ Геннадий Кириллович (1925 ж. т.) – мүсінші. Монументті өнер саласында жұмыс істейді.



Абай мүсіні. Г. К. Максимов. 1967.

Ол «Абай» мүсінінің (1967, гипс, эпоксид смоласы, автордың жеке қоры) авторы. Суретте Абайдың сәл желбіреген сақалы, жымқырылған ерні, байсалды көзқарасы мен шытыңқы қабағы ұтымды көрініс тапқан.

МАҚАЛ-МӘТЕЛ – әр халықтың өз даму тарихында басынан кешкен алуан түрлі оқиғалары, өзі аңғарған табиғат құбылыстары, қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатысы, мінез-құлқы, психологиясы жөніндегі жасаған қорытынды, тұжырымдарының түйіні, өмір тәжірибесінен жинақталған филос. ойлардың ұтқыр да ұтымды, жатық та көркем көрінісі, фразеологиялық оралымдардың өңделіп, сырланып, әбден қалыпқа түскен тұрақты түрлері. Абай мұрасы мақал, мәтелге айналған ақыл-нақылды өлең жолдарына бай. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Бақпен асқан патшадан мимен асқан қара артық», «Сақалын сатқан кәріден еңбегін сатқан бала артық», «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық – аздырар адам баласын» деген жолдар осының дәлелі. Ақын өзінің бірсыпыра шығармаларында кейбір мақал, мәтелдер жөнінде ғылыми пікірлер де айтқан. Кейбір мақал, мәтелдердің зиянды мәнін ашып, сынап тастап отырған. Мыс., Жиырма тоғызыншы сөзінде «Жарлы болсаң, арлы болма» деген мақалдың теріс тәрбиелік мәнін аша келіп, керісінше, «Жарлы болсаң, арлы бол, ардан кеткен соң тірі болып жүргенің құрысын» дейді. «Қалауын тапса, қар жанады», «Сұрауын тапса, адам баласының бермейтіні жоқ» деген мақалдарды келтіреді де, «сұрауын табамын, қалауын табамын деп жүріп, қорлықпен өмір өткізгенше, малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек қой» дейді. «Атың шықпаса, жер өрте» мақалы туралы жер өртеп шығарған атыңның несі мұрат?..», «Алтын көрсе, періште жолдан шығады» деген мақал жөнінде «періштеден садаға кеткір-ай! Періште алтынды не қылсын, өзінің көрсеқызар сұмдығын қостағалы айтқаны» деп реніш білдірген. Ақын пікірінше, «қазақтың мақалдарының іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтыны да бар... Осындай білместікпенен айтылған сөздеріне бек сақ болу керек...».

Т. Қожакеев.

МАҚСҰТ Махмұт (1900–62) – татар ақыны, жазушы, сыншы. Абай өлеңдерін татар тіліне аударып, 1947 ж. жеке кітапша етіп шығарған. Ол Абайдың «Әбдірахман өлгенде», «Көк ала бұлт сөгіліп», «Әсемпаз болма әрнеге», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл», «Өзгеге, көңілім, тоярсың» т. б. өлеңдері мен «Ескендір», «Масғұт» дастандарын аударып, ақынның 1981 ж. татар тілінде Қазанда жарық көрген бір томдық жинағында жариялады. Абай өлеңдерінің 1947, 1949 жылдардағы басылымдарына көлемді алғы сөздер жазып, қазақ ақынының шығармаларына жан-жақты талдау жасайды. Татар ішінде шығатын «Совет әдебиеті» журналында «Сәулелі сезім жырлары» (1954, № 7) деген мақаласында Абай лирикасына жоғары баға береді.

С. Сейітов.

МАҚТЫМҚҰЛЫ (лақап аты – Фраги)(т.-ө. ж. б.) – түрікменнің 18 ғ-да өмір сүрген классик ақыны. Ауыл мектебінде, кейін Хиуадағы Шерғазы медресесінде оқыған. «Керекті», «Ер», «Толмас», «Елмекен», «Түрікмен», «Таусанар», «Қарамас», «Кетіп барады» т.б. жырлары бұқара халық, туған ел туралы толғауларымен озық ойлы философ ақын ретінде танылды. М. шығармалары қазақ тілінде («Таңдамалы өлеңдер», 1947; «Таңдамалы өлеңдер», 1959; «Өлеңдер», 1968) бірнеше рет жеке жинақ болып жарық көрді. Мақтымқұлы мен Абай поэзияларында біріне-бірі етене жақын сарындар мен әуендер жиі кездесіп отырады. Екеуі де ел бірлігін, адамдар арасындағы татулықты, ынтымақты айрықша қастерлеген. Мақтымқұлыда:

«Дос келетін болса достың қасына,
Тебіренеді топырағы,
тасы да
Жұрт жиналып бір дастарқан басына,
Бағы жанып,
тасар жұрты түрікменнің».

Абайда:

«Біріңді, қазақ, бірің дос
Көрмесең, істің бәрі бос.
Малыңды жауға,
Басыңды дауға
Қор қылма, қорға, татулас».

Екі ақында да адамгершілікті ардақтайтын өлеңдер мол кездеседі.
М-да:

«Адам болып адам қадірін білмесе,
Одандағы жайылып жүрген мал жақсы.
Сөйлегенде сөз мәнісін білмесе,
Одандағы аузы берік
дал жақсы...»

Абайда:

«Жүректе қайрат болмаса,
Ұйықтаған ойды кім түртпек?
Ақылға сәуле қонбаса,
Хайуанша жүріп күнелтпек...»

Екі ақынның заман, қоғам, өмір жайындағы тебіреністерінде сабақтастық сарындары бірден байқалып тұрады. Мыс., дүниенің алдамшылығы туралы олар мынадай түйін жасайды:
М-да:

«Құлығыңды ішке бүгіп алдайсың,
Ақыл-ойды шырмайсың оны, дүние-ай!
Білгізбейлеп бір сыр бермей кетесің,
Бірде жақсы, бірде жаман етесің,
Асымызға алдап тұрып, көрсетпей,
Бал орнына у саласың, дүние-ай!..»

Абайда:

«Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма?
Баяғы күш, баяғы түсің бар ма?
Алды – үміт, арты – өкініш алдамшы өмір,
Желігін жерге тықпас кісің бар ма?..»

С. Сейітов.

МАҚЫП (Сақып) Қорамжан келіні (1880–1976) – Абай үйінің қызметшісі. Оның Абайдың респ. әдеби-мемориал. музейінде ақынның мінез машықтары, киім киісі, тамақ ішуі, дүние-мүлкі, үрім-бұтағы, отбасы туралы көптеген құнды естеліктері сақталады. М. Абай үйінің ыдыс-аяқтарын, ақынның жасанды тісін, тоғызқұмалақ тақтасын тапсырды.

«МАЛҒА ДОСТЫҢ МҰҢЫ ЖОҚ МАЛДАН БАСҚА...» – Абайдың 1896 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақтан тұратын 4 шумақ. Шығармаларындағы басты өзекті тақырып – адамгершілік, ар, намыс мәселесі, сын семсерін сұққан жері – ынсапсыз байлық, өлшеусіз өрескел билік десек, Абай бұл өлеңінде қалтқысыз көңілмен халық мүддесін көздейтін демократтық биік деңгейге көтеріліп, қоғамдық мазмұны аса маңызды шындықтың бет пердесін ашып береді. Ақын бұдан бұрынғы сынында ар-ұяттан безген, тойымсыз би-болыстарды қанша айыптаса да, аракідік олардың ішінде де тәуірлері бар, әр нәрсе адамына қарай деген пікірдің ұштығын шығарып қоятын (мыс., *«Бай сейілді...»* өлеңінде). Бұл ақын өмірінің белгілі бір кезеңіне ғана тән кемшілік екенін осы туындысы айқын дәлелдейді. Абай енді оларды «жақсы», «жаман» деп бөліп-жармай, өз заманындағы барша би-болыстарға, байларға арылмастай үкім айтады. Мал жиған адамның дүниеқоңыз, құнсыздығын барынша уытты тілмен, өлтіре әшкерелейді. Байлықтың ондайларға бос күпіл, қайырусыз билік үшін ғана керек екенін ашық айтып, имандылықтан, мейірім-сауаптан ада қалған жандарға жиіркенішін білдіреді. Олар өздері шошқа болған соң, басқа адамдар ит болып көрінетінін ескертеді. Ақын өз жұртына жаудай тиіп отырған, қоғам денесіндегі осынау жұқпалы дертті шеней отырып, оған қарсы қоятын, мерезді сылып тастайтын күшті де атайды. Ол – адал еңбек, ащы тер. Аштан өлсең де арыңды сатпа деп, адалдыққа, адамгершілікке шақырады. Абай адамдардың асыл қасиеті байлық та, билік те емес, үш-ақ нәрсе: «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп біледі. Еңбек, сана, мейірім. Бұл – Абайға дейінгі қазақ ақындары осынша өткір, уытты тілмен барынша ашынып айта қоймаған тұжырым.
Туынды 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Алғаш рет 1959 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Абай Құнанбайұғылының өлеңі» деген жинақта жарияланды. Шығарма ешқандай текстол. өзгеріске ұшырамаған.
Өлең қарақалпақ, орыс, ұйғыр т.б. тілдерге аударылған.

Т. Рсаев.

МАЛЬЦЕВ Арнольд Борисович (1938–92) – суретші. Кітап графикасы саласында жұмыс істеген. 1977 ж. «Ғылым» баспасынан Абайдың М. көркемдеген 2 томдық шығармалар жинағы 1977 ж. жарияланған ең таңдаулы басылымдар сарапталған Респ. 2-ші конкурста (Алматы, 1978) 2-дәрежелі дипломға ие болды. 2 томдық жинақ мұқаба тысы, біркелкі фронтиспистерден (әр томдығы үшін жеке-жеке) 4 тұтас беттік суреттерден (әр томда екіден) және қорытындыдан (аяқтамадан) тұрады. Түпнұсқалары қағазға тушпен, қаламұшпен салынған. Фронтиспистер мен тұтас беттік суреттерде Абай бірде жұмыс үстінде, бірде жерлестерімен әңгіме үстінде бейнеленген. Барлық безендіруде шығыс оюлары қолданылған.

Н. А.Полонская.

МАМАҚОВ Қойшыбек Ысқақұлы (1945 ж. т.) – суретші. Кескіндеме саласында жұмыс істейді.
Ол «Абай» (1969, картон, майлы бояу), «Абай жолы» (1987, картон, майлы бояу, 68х70, осы аттас суреттің нобайы), «Абай жолы» (1990, кенеп, майлы бояу, бәрі де автордың жеке қоры) суреттерін сал-



Абай жолы. Қ. Ы. Мамақов. 1987.

ды. Суреттерде Абай зәбір көрген жатақтар атынан байға келіп сөйлеп тұрған орталық тұлға ретінде бейнеленген.

МАМАҚОВА Оразгүл Қабыкенқызы (1950 ж. т.) – суретші. Қондырғылы және монументті кескіндеме саласында жұмыс істейді. Оның «Абай әні» картинасы (1982, кенеп, майлы бояу, авт. жеке қоры) жастық әуенге құрылған.

МАМАТҚҰЛОВ Советжан (1940 ж. т.) – ұйғыр ақыны, жазушы. М-тың «Жастық жыры», «Ағады Өсек өзені», «Өзімді іздеймін», «Дихан қызы» атты өлең, проза жинақтары оқырманға белгілі. Ол 1987 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Абай» жинағына енген ақынның «Жастықтың оты, қайдасың..?», «Жарқ етпес, қара көңлім не қылса да...», «Өзгеге көңлім, тоярсың...», «Ата-анаға көз қуаныш...», «Тайға міндік...», «Көзімнің қарасы...», «Ақырзаман жастары...», «Өлсем орнымқаражер, сыз болмайма...» т.б. өлеңдерін ұйғыр тіліне аударған.

МАҢҒҰЛ (Монғол) – негізінен Монғол Халық Республикасында, Қытай Халық Республикасында тұратын, монғол тілінде сөйлейтін халық. 13 ғ-дың басындағы шапқыншылықтан кейін Қазақстанда М. үстемдігі орнады. Қазақ жері Шыңғыс ханның балалары Жошы, Шағатай, Үгедей ұлыстарына бөлінді де, содан бері өңкей төреұрпақтары билік жүргізді. Сондықтан да М. тарихы қазақ ұлтының шежіре тарихымен тығыз байланысты. Бұл тарихты Абайдың өте жақсы білетіндігі ақынның «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген еңбегінен айқын көрінеді. Автор мақаласын «Маңғұлдан бір татар аталған халық бөлінген екен» деп бастайды да, қазақ жеріндегі Шыңғыс ұрпақтары билігін тәптіштеп таратып жазады.

МАҢҒЫТАЕВ Мыңжасар (1937 ж. т.) – композитор. Қазақстан Республикасының еңбек сің. өнер қайраткері. Комп. шығармаларының негізгі арқауы-вокальдық ән, хор туындылары. Ол Абайдың «Не іздейсің, көңлім, неіздейсің», «Қалқам-ай, мен үндемей жүремін көп», «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес...» өлеңдеріне ән-романстар жазды.

МАРАБАЙ Құлжабайұлы (1841–98) – ақын, жырау. Жасынан өлең-жырға құмар болып ақындық, жырау өнеріне машықтанған, атақты Шернияз ақынан үлгі алған. Жұмырбай, Көкей қыз, Базар, Қашаған, Сүгір ақындармен айтысқан. М. әпостық шығармаларды кең насихаттаушылардың бірі. Н. И. Ильминский М-дан «Ер-Тарғын» жырын жазып алып (1862), жеке кітап етіп шығарған. Ы. Алтынсарин «Қобыланды батыр» жырын жазып алып, «Тайбурылдың шабысы» деген тарауын «Қазақ хрестоматиясына» енгізген (1879). М. жырлаған «Қобыланды батыр» дастанын Ә. Диваев Ташкентте бастырған. Абай М-дың жыр, дастандарымен жақсы таныс болған. «Осы қазақ халқында сіз білетін ірі ақын кім?» деп сұраған Көкбайға Абай: – «Қазақта Марабайдан артық ақынды мен білген емеспін», – деген екен. Ұлы ақын М. шығармаларын біліп қана қоймай, оған осылайша жоғары баға берген. *А. Әубәкірова.*

МАРҒҰЛАН Әлкей Хақанұлы (1904–85) – көрнекті ғалым, Қазақстан археология мектебінің негізін қалаушы. Бүкілодақтық Геогр. қоғамының толық мүшесі, филол. ғыл. докторы, ҚазССР ҒА-ның академигі, ҚазССР-інің еңбек сің. ғылым қайраткері. Оның негізгі еңбектері Қазақстан тарихы мен мәдениетіне, ауыз әдебиетіне арналған. Осы салада 300-ден астам ғыл.-зерт. еңбек, 100-ден астам энциклопедиялық мақала жазған.

М. абайтану ғылымына да елеулі үлес қосты. Ғалымның өзі: «Абай мен Шоқанға тән жазу мұраларымен мен 1927 жылдан (студент кезімнен) таныса бастадым» («Қазақ әдебиеті», 1963, 16 тамыз), – деп жазады. Ғалымның ақын қолжазбаларын тауып, анықтаудағы еңбегі ерекше. Ол «Абайдың жаңадан табылған қолжазбалары» («Социалистік Қазақстан», 1954, 21 қыркүйек; ҚазССР ҒА-ның Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. 1955, № 5–6), «Абайдың Ленинградтағы қолжазбалары» («Әдебиет және искусство», 1957, № 3), «Абайдың інісі Халиуллаға жазған хаты» («Қазақ әдебиеті», 1959, 12 маусым; «Қазақ тілі мен әдебиеті», 1959, № 6), «Абайдың қолжазбасы» («Қазақ әдебиеті», 1963, 16 тамыз) деген зерттеу мақалаларында С.-Петербургтегі Күншығыс халықтарын зерттеу ин-тының кітапханасында сақтаулы Абайдың өзінің, әкесі Құнанбай атынан Құнанбай аулының молдасы Ғабитханның кадет корпусында оқитын Халиулла Өскенбаевқа жазған хаттары (1938 ж. тапқан), Орыс Географиялық қоғамы архивіндегі Абай қолжазбасы туралы нақты тарихи деректер келтіріп, ғылыми дәлелді тұжырымдар жасайды. Ол Абай қолжазбасы мен хаттарының В. А. Кудашев, қазақстандық педагог Н. Ф. Косталецкий арқылы келіп түскенін анықтады. 1897 ж. князь Кудашев тапсырған 14 беттік Абай өлеңдері Орыс Географиялық қоғамы арқылы проф. И. Н. Березиннің, П. М. Мелиоранскийдің, П. П. Семенов Тян-Шанскийдің қолдарынан өтіп, жақсы баға алған. Ғалым Абай шығармаларының негізгі нұсқасы болып табылатын Мүрсейіт Бікеұлының дәптерлерінен басқа князь Кудашевтің, Садуақас Мұсаұлының, Г. Н. Потаниннің, И. Я. Коншиннің тізбелерін салыстыра зерттеп, олардың жазылған жылдарын анықтады. Кудашев тізбесінің Садуақас қолжазбасының көшірмесі екенін дәлелдеді.

М. ақын шығармашылығының қайнар көздері туралы да өз тұжырымын білдірген. Ол «Ақын туған орта» («Жұлдыз», 1982, № 4) және «Абай және халық еркі қайраткерлері» («Литература и искусство Казахстана», 1939, № 7) деген зерттеулерінде Абайдың азаматтық көзқарасының қалыптасуына әсер еткен өз әкесі Құнанбай мен орыс демократтары жайлы сөз қозғайды. Ғалым бұрыннан қалыптасқан ескі сүрлеуді бұзып, Құнанбайдың адамгершілік, азаматтық, ел билеушілік, шешендік, талғампаздық асыл қасиеттерін нақты мысалдармен нанымды дәлелдейді. Құнанбай ұрпақтарын тәптіштей таратып, әр баласының туған жылдарына дейін анықтаған. Ақынның озық мәдениет үлгілерімен танысуына көп ықпал жасаған орыс демократтарының қызметі жайлы ғылыми деректер береді.

Ғалымның Абай шығармаларының жазылу тарихы мен текстологиясын анықтау жолындағы еңбегі де зор. Оның, әсіресе, Орыс Географиялық қоғамына князь Кудашев тапсырған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының Абай нұсқасы туралы тұжырымы көңіл аударарлық. Қолжазбаны жырдың басқа нұсқаларымен салыстыра зерттеп, оны Абайдың төл шығармасы деген қорытынды жасайды. Ғалым бұл тұжырымын қолжазбаның басқа нұсқаларда кездеспейтін көріністерімен, тек Абай ғана жаза алатын жолдарымен дәлелдейді. М. «Жас Абайдың фотобейнесі» («Қазақ әдебиеті», 1970, 2 қазан) деген зерттеу мақаласында 24 жастағы Абайдың фото-суретін ұсынады. Семей обл. делегаттарының ортасында (14 адам) тұрған бұл суретке Абай

1868 ж. ұлы князь Владимир Күнбатыс Сібірді аралауға шығып, бес дуанның игі жақсылары шақырылған Омбыдағы үлкен тойға келгенінде түскен дегентұжырым айтады. Ғалым Петербург ун-тінің ректоры К. Ф. Кесслердің бұл еңбегінің тарихын, суреттегі адамдардың аты-жөнін тегіс атай отырып, басында тақия, сол жақ омырауында медалі бар қарапайым қоңыр киіммен тұрған жас жігітті Абай деп атап, оның егде тартқан шағындағы кескіндерімен салыстырып, олардан көптеген ұқсастықтар табады. Дегенмен, М-ның «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының Абай нұсқасы мен жас Абайдың фото-суреті туралы бұл деректер әлі де зерттеп, анықтап, дәлелдеуді қажет етеді. *Т. Рсаев.*

МАРТОВА Анна Михайловна (1902–57) - суретші. Кескіндеме саласында жұмыс істеген. Ол Абайдың туғанына 100 жыл толуына арнап «Абай портретін» (1945, кенеп, майлы бояу, ҚазССР мемл. орт. музейінің қорында) жазды. Суретші ақын бейнесін 40 жылдардың дәстүрінде дәл беруге күш салған.

«МАСҒҰТ» – Абайдың 1887 ж. жазған дастаны. Әрқайсысы 4 тармақты 44 шумақтан тұрады. Бұл поэма туралы Абайдың өзі атап көрсеткен деректері жоқ. Бірақ шығарманың ішіндегі кейбір белгілерге қарағанда, бұның оқиғасы, тақырыбы шығыс халықтарының аңызынан алынғаны байқалады.

Ең әуелгі геройдың аты – Масғұт. Оның тіршілік еткен шаһәрі – Бағдат. Заманы – Һарон-Рашид халифтың тұсы. Кейін Масғұтқа кездесетін қария мұсылмандардың дін аңыздарында жүретін Қызыр, қазақша Қыдыр аталады. Ол сол айтылған аңыздар бойынша өлмейтін, мәңгі жасайтын жалғыз жан. Әр заманда, әр ортаның адамына оқта-текте бақ-дәулет әкелетін, ырыс үлестіруші болады. Міне, сөйтіп, осы аталған белгі, деректердің бәріне қарап, біз Абай поэмасының негізі шығыс аңызынан алынған дейміз.

Жалғыз-ақ Абай аңызды өзінің адамгершілік үгітіне мысал етіп, өзіндік ойларын тарату жөнінде үлкен кәдеге жаратады. Поэмада Абай арабтың тарихын, тірлік шындығын көрсетпек емес, Қыдырдың қыдырлығын да баяндамақ емес. Олардың барлығы да – поэманың идея жағынан қарағанда, тек бір көмекші қосымша хал мен жайлар. Анығында олар шартты түрде алынған аңызды жалпы шартты орта деуге болады.

Ақынды шығарманың ішінде қызықтыратын бір-ақ геройдың – Масғұттың ғана жайы. Сол Масғұтты бірнеше ерекше халдерге, уақиғаларға ұшыратып барып, Абай оған үлкен сапалы адамгершіліктің қасиеттерін бітірмек болады. Бұл жағынан қарағанда, Масғұт қай заманның адамына болса да, Абайдың ұғымынша, үлгі боларлық, жоғары дәрежедегі ұжданды адам, нравственная личность.

Абай геройының және бір ерекшелігі – ол өзгеше көрнекті күшті ортадан шыққан адам емес. Орташа көптің бірі. Әдейі дәулет, өмір, құдірет, ақыл-өнермен асырып шығарған адам емес. Халық ішіндегі, қатардағы қалың көптің жас өкілі. Масғұтқа осындай сипат, қасиеттер беру арқылы, Абай оны өзінің жоғарыдағы атап берген Бағдатынан, Һарон-Рашидінен, Қызырынан да аулақтап бөліп шығарады. Өзі үгіттеп жүрген жақсы жастардың өз заманындағы мінез-құлқына, арманды адамгершілігіне Масғұтты үлгі етеді. Оның белгісін және шартты түрдегі аңыздық бояуды алып тастап қарасақ, айқынырақ көреміз. Қыдыр шал ұсынатын үш жеміс сол аңыздық бояу десек, ол Масғұттай өнегелі жастың ішінен сырын, қасиетін ашуға арналған оңай ғана бір сылтау десек, соның ар жағында көрінетін Масғұт қандай боп танылады. Ол ақылдылықтан қашады. Байлықтан қашады. Соның екеуін де сынап, талғап отырып жиреніп шығады. Сол Масғұттың ақылдан қашуы Абайдың өз басындағы, өз ортасындағы күйге аса жақын келеді. Ол көп айтатын шерлі уайымы бойынша, көп наданның арасындағы бір жалғыздың халін қандай трагедиялық, ауыртпалық хал деп отыр. Масғұтқа Абай сол өз басының аянышты күйін айтқызып отыр. Байлық турасында сөйлегенде де, Масғұт Абай заманындағы бай менен сол байлық аздырып жүрген байдың өзін де және оның қоршау-қошаметтерін де сынайды.

Кейін Масғұт қызыл жемісті алғанда, жеңсікшіл, нәпсіқұмар көп жастың жолынан жырақ шығады. Ол әйелді, ең алдымен, адамзаттың қақ жарымы деп түсінеді. Әйелдің достығын ерекше қадір тұтады. Адам баласына дос боламын деген үлкен адамгершілік талапты өз өмірінің мақсаты етіп қояды. Ер жынысы мен әйел жынысы адамдық алдында терең дәрежеде бағаланады. Осы ойлардың барлығы да біз тексеріп өткен Абай шығармаларында ақынның өзі көп үгітпен көркем жырлар, терең ойлар тудырған тақырыптары емес пе еді? Ендеше, Масғұт аузыменен Абай өз заманындағы, өз ортасына қанықты болған жайларды айтады. Үлкен гуманист ақын сол өзі тартпақ болған мораль философиясын жаңа түрде шартты мазмұнға байланыстырып ұсынып отыр.

Сөйтіп, шығыстан келген аңыз, мағыналы мазмұны бар легенда немесе притча ақынның өз ойын баяндауда керекке жаратылған шығармашылық материал ғана болып отыр. Абайды поэманың оқиғалары қызықтырып жетелемейді. Ол оқиғаларды, адамдарды барлық мінез істерімен, сөздерімен Абай өзінің дағдылы идеясына қарай пайдаланады.

Сөйтіп, бұл поэманың өмір оқиғасынан, тартысынан тумайды. Қайта сол оқиға, тартысының бәрі ақынның ақылынан туады. Осындай сюжетті әңгіме құруда, суреттеп көрсету орнына, баяндағыш ойды басшы ету арқылы Абай бұл поэмасының композициясын ойдағыдай толық көркем, тұтас етіп шығара алмаған. Ол, әсіресе, осы поэманың екінші бөлімінен аңғарылады. Композициялық құрылыста логика болмай кетеді. Өйткені, тұтас күрделі сюжеттік құрылысының шартына бағынса, Масғұттың қызыл жемісті жегеннен кейінгі іс-әрекеттері баян етілгенін көрсек керек еді.

Ал, Абайда ол шықпаған. Масғұт қызыл жемісті жеп, әйелдердің достығын алудың орнына, ақылды кісі болып шығады. Іс жүзінде ол қызыл жемісті жеген кісі емес, қайта өзі жемеймін деген ақ жемісті жеген кісі боп, үлкен ақыл иесі боп, тіпті, Шәмси-жиһан атанады. Ақыл-парасаты арқылы ханның күңі болған делінеді.

Дұрысында, поэма оқиғасының алғашқы бөліміңде жеткен өрісі бойынша, әйелдер достығынан туған мінез оқиғалар, соның айналасындағы тартыстар поэманың екінші бөлімінің үлкен өрісі болу шарт еді. Ал, Абайда – Масғұт бар әйел қауымы түгіл, бір әйелдің достығына да душар болмайды. Оның үстіне поэманың соңғы бөліміндегі «жынды су» мотив және одан туатын «жұртың жынды болса, ақылды болма, қоса жынды бол!» дейтін қорытындылар

бұл поэманың алғашқы бөліміндегі мінез бен істерге логикалық жағынан да қиыспайды. Оқыстан туған оқшау халдер есепті болады. Рас, екінші бөлімдегі «жынды су» арқылы туатын өрескел өзгерістер мағынасыз емес. Ол да Абайдың кейбір сорақы құбылыстарға қатты мысқылмең, үлкен сатиралық сынмен қарайтынын танытады. Поэма дәл осы жәйін жаңағы айтылған жалпы күйлерден бөліп алады. Бұнда да Абайдың бұрынғы өзіндік өлеңдеріндегі сыншыл, әжуашыл ойларды көреміз.

«...Есер, есірік болмасаң
Тіршіліктен пайда жоқ...» –

дейтұғын ызалы, ащы мысқылдарын еске түсіреді. Сөйтіп, қорыта айтқанда, Масғұттағы идея – араб, шығыс аңызының идеясы емес. Ақын шығармаларының бұрын басқаша жанр, стильде айтылып жүрген идеялары болады. Бірақ сол жайлары заманындағы халдерден туған сыншылдық ойлар болғандықтан, ескі Бағдат тонын кидіргенше, өз тұсындағы қазақтың өзіндік тіршілігінен алып, сюжетті сол болмыстан құрастырып қиюластырса, шығарманың басты идеялары оқушыларына орағытып жетпей, төтелей жеткен болар еді.

Оқиға мен тіл, аңыз материалы бойынша Абай қазақ оқушысына бөтен реальностьтармен сөздерді қолдана отырады. Бөтен аттар арабтан алынғандықтан, араб сөздері кездеседі. Бірақ, өлеңдік түр жағынан қарағанда, бұл шығарма төрт жолды шумақтан, 11 буынды жолдардан құралып, анық қазақтың өз үлгісіндегі дастандар түрінде жазылады.

Түп идея Арабстанда болған оқиғаны айту емес, Абайдың өзінің қақ қасындағы сол күнгі қазақстандық шындықтарды білдіруге арналғандықтан, поэманың жаңағы аталған өлеңдік түрі идеялық мазмұнымен байланысты туған болады. *М. О. Әуезов.*

Дастан 11 буынды қара өлең үлгісімен жазылған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта толық емес күйінде, кейін толық түрінде 1939 жылғы басылымда жарияланды. Шығарма басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1939, 1945, 1954 жылғы басылымдарда 1-шумақтың 2-жолы **«Тілге жар бер, берілсін тура мақсұт»**, 7-шумақтың 1-жолы **«Бай емен, батыр емен, хан да емеспін»**, 4-жолы **«Жақсылықты білмейтін шал да емеспін»**, 13-шумақтың 2-жолы **«Сары жесең, дәулетің судай тасыр»** делінсе, 1957, 1977 жылғы жинақтарда Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы басылым негізінде **«Тілге яр бер, білінсін тұғры мақсұт»**, **«Бай емен, батыр емен, хан емеспін»**, **«Жақсылықты білмейтін шал емеспін»**, **«Сарыны алсаң, дәулетің судай тасыр»** болып түзетілген. 1939, 1945 жылғы жинақтарда 16-шумақтың 1-жолы **«Мен болсам егер, ағын жемек едім»**, 24-шумақтың 3-жолы **«Хан қаһар, қара халқы қастық қылса»**, 25-шумақтың 2-жолы **«Үйінде тексерілмес дау бола ма?»**, 34-шумақтың 1-жолы **«Ол судан тамам суға су құйылар»** болса, 1957, 1977 жылғы басылымдарда **«Мен болсам егер ағын жемек дедім»**, **«Хан қаһар, қара кісі қастық қылса»**, **«Бойында тексерілмес дау бола ма?»**, **«Ол судан таман суға су құйылар»** түрінде берілген. Ал, 1954 жылғы жинақта 24-шумақтың 3-жолы **«Хан қаһар, қара халық қастық қылса»**. 1939, 1945, 1954 жылғы жинақтарда 31-шумақтың 1-жолы **«Ендігіге не сұрау бұл заманда?»** деп алынса, 1933, 1957, 1977 жылғы басылымдарда **«Ендігіге не сұрау бұл жалғанда?»** түрінде қабылданған. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында, 1909 жылғы жинақта **«Ендігіге не соры бұл заманда»** болып жазылған. Поэма ағылшын, азербайжан, араб, қарақалпақ, қырғыз, қытай, латыш, орыс, өзбек, татар, ұйғыр тілдеріне аударылған.

МАУҚАЙ (т.-ө. ж. б.) - әнші. Абай шығармаларын насихаттаушылардың бірі. Ел аралап, аулына келген М-дың әншілік өнеріне тәнті болған Абай оны бір жылдай өз жанында ұстап, ойын-тойларға қатыстырып, алқалы топтардың алдында ән салдырып, өнерін тамашалаған. М. Қарқаралы жақтан келген соң, оны кейбіреулер Абайдың нағашысы деп жазып жүр.

«МАХАББАТ ӘНҰРАНЫ» («Гимн любви») – әлем ақындары махаббат жырларының «Молодая гвардия» баспасынан (Москва) 1991 ж. жарық көрген 3 кітаптан тұратын жинағы. Жинақтың 1-кітабына орыс ақындарының, 2-кітабына ССРО халықтары ақындарының, 3-кітабына шетел ақындарының лирик. өлеңдері топтастырылған. Жинақтың үшеуі де С. Магидсонның көлемді мақалаларымен ашылады. Үш кітаптың да құрылымы, архитектоникасы, композициясы ортақ. Үшеуінде де ақындар жырлары көне заманнан біздің уақытымызға дейін хронологиялық негізде іріктелген. Жинақтың 400 ұлт ақындарының өлеңдері топтастырылған 2-кітабына Абайдың «Махаббат тілі – тілсіз тіл» (аударған – Ю. Нейман) деген өлеңі берілген. Кітап көлемі 20,7 б. т., 150 мың дана болып басылған.

«МАХАББАТ, ДОСТЫҚ ҚЫЛУҒА...» – Абайдың 1896 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 2 шумақтан тұрады. Ақын махаббат тек нәпсіқұмарлықпен өлшенбейтінін, «бес күндік ғашық жөн еместігін», оның сөнбес жұлдыз, жеткізбес арман болсағана мәңгілік шырақ екенін баяндайды. Алайда ақын сүйіспеншілікті терең түсініп, адамгершілік қағидаларын жоғары бағалауға кез келген жанның бәрі дайын еместігін айтады, тозбас сезім, тоқтамас жүрек жоқ деп қорытады. Махаббатты, достықты мәңгі қастерлеп, қасиет тұтар жан таппағанына налиды. Өлең 7,8 буынды шалыс ұйқаспен кестеленген. Түпнұсқасы Мүрсейіт қолжазбаларынан (1907, 1910) алынып, алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Туындының басылымдарында текстол. ешқандай өзгеріс кездеспейді. Мүрсейіт қолжазбаларында М. Ю. Лермонтовтан аударылған деп көрсеткенімен, зерттеушілер өлеңді Абайдың төл туындысы деп қарастырады. 1977, 1980 жылғы жинақтарда өлеңнің жазылған уақыты 1895 ж. деп көрсетілген. Өлең қарақалпақ, қырғыз, өзбек, татар тілдеріне аударылған. *С. Қалиев.*

МАХАМБЕТ Өтемісұлы (1804–46) – қазақтың көрнекті ақыны, Исатай Тайманов бастаған шаруалар көтерілісін ұйымдастырушының бірі, әрі көтерілістің жалынды жыршысы. М. – бұқара халықты патша өкіметіне, оның жергілікті өкілдері – хан-сұлтандарға қарсы ұйымдасқан түрде қарулы көтеріліске ашық шақырған алғашқы қазақ ақыны. М. «Жаңғирге», «Баймағамбет сұлтанға» деген өлеңдерінде жергілікті билеушілерді аяусыз шенеп, бетпердесін жыртса, «Мұнар күн» жырында ел басына түскен ауыртпалықты ашына айтты. М. шығармалары – өз дәуіріндегі еңбекші бұқара өмірінің рухани-

поэтикалық шежіресі, шаруалар қозғалысының шындығы. «Ереуіл атқа ер салмай», «Ұлы арман», «Жайықтың бойы көк шалғын», «Атадан туған ардақты ер» т. б. жырларында алдағы күнге зор сеніммен қарайды, жақсылыққа иек артады, бақытты, бостандықты күреспен ғана жеңіп алуға болатынын түсіндіреді. М. өлеңдерінде халықтың басшысы ретінде Исатайдың бейнесі және көтерілістің ұраншысы ретінде ақынның өз бейнесі де бар. Исатай – ақынның көп өлеңдерінің басты қаһарманы. «Тайманның ұлы Исатай...», «Исатай деген ағам бар», «Исатай сөзі», «Тарланым», «Арғымаққа оқ тиді», «Қызғыш құс», «Мұнар күн», «Соғыс», «Баймағамбет сұлтанға» т. б. өлеңдерінде Исатайдың адамгершілігі, азаматтығы, тапқырлығы, батырлығы, қайсарлығы сипатталады. Ақын үзеңгілес, қарулас дос болғандықтан, батыр бейнесін шыншылдықпен, нақты іс-әрекеттерімен байланыстыра реалистік қалыпта суреттейді.

М. қазақ халқының әдебиет мұраларын жақсы біліп, одан көп тәлім алған. Өлеңдерін дәстүрлі үлгіде шығара отырып, оны түр, мазмұн жағынан көп байытқан, жетілдірген. М. шығармалары жанры жағынан – лирика. Көбінше соны толғау, жыр, терме үлгісінде болып келеді. Исатайға арналған кейбір өлеңдерін жоқтау түрінде шығарған. Нақылға, шешендікке құрылған жырлар, филос. тебіреніс түріндегі толғаулар, үгіттеу, үндеу, шақыру, тілек ету мәніндегі арнаулар – ақын өлеңдеріне тән сипат. Жігерлі, оптимистік, қажырлы отаншылдық сарын басым жататын М. шығармаларының ішінде элегиялық өлеңдер де бар. Бұл сарын көтеріліс жеңіліске ұшырап, Исатай қаза тапқаннан кейін, ақынның жалғыздықтан жапа шегіп жүргенде шығарған кейбір жырларынан («Абайламай айрылдым», «Нарын» т. б.) байқалады. М. өлеңдері жыр, қара өлең үйқасына және ерікті, аралас, шұбыртпалы үйқастарға құрылған. Буын саны көбіне 7,8, кейде 11 буын («Мінгені Исатайдың ақ табан-ай...») немесе аралас буын (7,8,10) болып отырады. М. өлеңдерінің тілі бейнелі, көркем. Ол теңеу, салыстыру, шендестіру тәсілдерін орынды қолданады. Идеялық мәні, көркемдік қуаты жағынан М. өлеңдері қазақ әдебиетінің классик. үлгісіне жатады.

МАХМҰД ҚОРАСЫ – Абай балалары дәріс алған медресе. Жидебайдағы Абай қыстауынан 3–4 шақырым жерде *Махмұд молда* мешіт, медресе салдырған, ел қалауымен имам болып тұрған. Абай балалары, Жидебай төңірегіне қоныстанған ауылдың балалары осы медреседе сауат ашқан.

МАХМҰД МОЛДА Ғабитханұлы (1870–1927) – Абай аулының молдасы, ақын мұрасын жинастырушы. Кішкене молданың баласы М. молда Құнанбай қажы мен Абай салдырған медреседе сауатын ашып, білім алған. Абай ортасының өнеге тәрбиесін көп көрген. Кейін есейе келе Абайдың қыстауы Жидебайдан 3-4 шақырым жерде мешіт, медресе салдырып, бала оқытып, имам болған. Абай шығармаларын алғаш жинастырушы Кәкітай Ысқақұлы М. молдаға Абай өлеңдерін көптеп көшіріп, ел арасына таратып-насихаттауды тапсырып, қолда бар біраз өлең, дастандарын, аударма мұраларын берген. Абайтанушы Әрхам Кәкітайұлының айтуынша 1905 ж. Кәкітай М. аулына барып, ақынның М. Ю. Лермонтовтан аударған «Вадим» дастанының түпнұсқасын алып қайтқан (толық емес). Мүрсейіт Бікеұлы 1905, 1907 және 1910 ж. қайта көшірген «Вадим» дастанының Абай аударған алғашқы 2-тарауы мен 3-тарауының біраз бөлігі бізге осылайша сақталып жеткен. *Б. Сапаралы.*

МАЦУЦИН Дмитрий Дмитриевич (1898–1980) – композитор, дирижер, педагог, фольклорист. Қазақ ССР-інің еңбек сің. өнер қайраткері. М. Абайдың «Сен мені не етесің?», «Өзгеге, көңілім тоярсың», «Амалжоқ қайттым білдірмей» деген әндерін өңдеп, оларды фортепианоға жазды. *Г. Ғизатова.*

МАШАНОВ Ақжан Жақсыбекұлы (1906 ж. т.) – тау-кен ғылымы саласының көрнекті ғалымы. Қазақстан Республикасы Ұлттық ҒА-ның корр.-мүшесі, Қазақстан Республикасының еңбек сің. ғыл. қайраткері. Абай дүниежүзі ғылымының екінші ұстазы атанған шығыс ғұламасы, қазақ халқының данышпан перзенті Әбу Наср әл-Фараби мұрасын тұңғыш рет зерттеді. Ол тақырыбына арнайы еңбек жазды. 1990 ж. «Өркен» газетінде «Әл-Фараби және Абай» атты мақаласы жарияланды. «Әл-Фараби және Абай» (А., 1994) еңбегінде әл-Фараби мен Абайдың философ. тұжырымдарын тұңғыш рет байланыстыра зерттеді.

МӘДИ Бәпиұлы (1880–1921) – халық композиторы. Ол атақты қаз дауысты Қазыбек бидің ұрпағы. Өз әкесі Алшынбайдың Бәпиі момын шаруа болған. М-дің «Үшқара», «Қарқаралы», «Қаракесек» т. б. әндері халық арасына кең тараған. М. Абайдан көп үйреніп, ғибрат алып өседі. Ақынның өлеңдерін жатқа айтып, «Айттым сәлем, қалам қас», «Сегіз аяқ» т. б. әндерін алғаш орындаған, халық арасына таратуға көп үлес қосқан.

МӘДИ Тәстембекұлы (1879 – ө. ж. б.) – бұрынғы Семей уезі, Айғыржал болысының адамы, кейін Павлодар облысы, Бесқарағай ауданының Бөген аулында тұрған. Абайдың қайын жұрты Тіленші балалары – Тоқсанбай, Алшынбай, Берді болса, ақынның бәйбішесі Ділдә – Алшынбайдың Түсібінің қызы, ал М-дің шешесі – Бердінің қызы. М. нағашыларының аулымен аралас өсіп, Абай шығармаларын көшіріп алып, жаттап өскен. М. 1951 ж. Абайдың Семейдегі әдеби-мемориал. қорық музейіне ақынның бұрын белгісіз *«Бітіспес іске туыппыз...»*, *«Лашын мен шымшық»*, *«Бүркіт сыны»* деген өлеңдерін тапсырған. Дегенмен, бұл өлеңдердің ақынның төл шығармалары екендігі әлі дәйекті дәлелдеуді қажет етеді. Ақын музейінде бұлармен қатар М-дің естелігі де сақтаулы.

«МӘЗ БОЛАДЫ БОЛЫСЫҢ...» – Абайдың 1889 жылы жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 12 шумақтан тұрады. Мазмұны, мәні жағынан ақынның *«Болыс болдым мінекей...»* шығармасымен үндес, сарындас. Өлеңде болыс болған қазақтың мінез-құлқы үшінші жақтан суреттеледі. Ақын болыстың қолымен жасаған нақты ісін ғана емес, сонымен қатар оның көп сырын бүгіп, бүркеп жатқан ішін де ашып көрсете отырып, адам мінезін ашудың ұтқыр дәуытымды тәсілін шебер пайдаланады. Ұлық арқаға қақса, мәз болып, иығына шекпен жапса, шат болып, әр жерде жоқты-барды шатып, күпініп, қампайып, шалқып жүрген болыс әлдебір қуанышы үшін үй-ішін, ауыл-аймағын түгел әурелеп, әбігерге түсіреді. Ол ісі оңға басса, күлмеңдеп, елең қағып, көзін аспанға еліртіп әуреленіп-ақ қалады, қасқайып, мақтанға салынады, бас пайдасы, құлқын қамы үшін біреулерді қақпанға түсіруді ойлайды, оның жөні келіп ел ішінен бір дәмдіні татып, өңеші майлана қалса, қолын шапалақтап жас баладай қуанады. Болыстың ісі әлгіндей болып суреттелгенде, оның қуанышының түрі мынадай түрде

айшықталады. Ақын болыстың ісі мен ішін бірде жарыстырып, бірде даралап әрі саралап көрсетіп алған соң, оны өз тарапынан бағалауға ауысады. Болыстың жаман қылықтарын оқырмандарының көз алдына көлденең тартады да, ақын ойлы жанға болыстан да, оның ықпалынан да алыс болуға кеңес береді. «Миың болса, жолама, Бос желігіп шапқанға» дей келіп, жамандықтан қашқанның жаман болмайтынына мегзейді. Өлеңнің соңында өзіне-өзі мәз болып, өз буына өзі піскен надан болыстың өзге түгіл, өзінің табан жолына да жарығын түсіре алмайтын қараңғылығына, оның ісінің де, өзінің де баянсыз, опасыздығына білім нұры, ғылым жарығы қарама-қарсы қойылады.

Өлең шалыс ұйқасты үлгіде жазылған. Алғаш 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1933 жылғы жинақта 10-шумақтың 3-жолы **«Елең қағып желбірер»**, 1939 жылғы басылымда **«Елең қағып елірер»** болса, кейінгі жинақтарда бұл жол Мүрсейіт қолжазбалары негізінде **«Елең қағып елбірер»** делінген. Мүрсейіт қолжазбаларында 5-шумақтың 4-жолы **«Бір тәттіні татқанға»** деп алынса, жинақтарда 1909 жылғы басылым негізінде **«Бір дәмдіні татқанға»** деп берілген. Туындықарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған. *Ж. Дәдебаев.*

МӘКЕН Мұхаметжанова (1912 ж. т.) – Турағұлдың кенже қызы, Абайдың немересі. Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақ радиосында қызмет атқарды.



М. Мұхаметжанова.

Жастайынан өнерге ықыласты, әкесі Турағұлдан ақын атасы туралы естелік-әңгімелерді көп естіп, құйма құлақ, көкірегі ояу М. Абай әндерін ыждағаттылықпен үйреніп өскен. М. Әуезов М. орындауындағы Абай әндерін зор сүйіспеншілікпен тыңдап, 30 жылдары А. Жұбанов нотаға түсірген. Солардың бірі – «Онегиннің Татьянаға жазған хатының» алғашқы нұсқасы «Абайдың музыкалық творчествосы» (1954) атты этногр. жинақта жарық көрді. Кейін Мнің орындауындағы Абай әндерін музыка мамандары Б. Г. Ерзакович, А. Ю. Серікбаева, Қ. Жұзбасов нотаға түсіріп, магнитофон таспасына жазып алған. «Өнер» баспасынан 1986 ж. жарық көрген «Айттым сәлем, қалам қас» жинағына Абайдың М. орындап жаздырған 19 әні енген. *Б. Сапаралы.*

МӘНДЕС СӨЗДЕР (Синонимдер) – Тұлғалары бөлек, мағыналары жуық М. с. көркем әдебиеттің, оның ішінде поэзия тілінің ең бір қажетті құралы. Көркем сөз шебері М. с-ді дұрыс қолдана білуі арқылы айтпақ идеясын дәлұсыну, образды әсерлі етіп шығару сияқты шарттарды жүзеге асырады. Үйқас жасауда да ақын М. с-дің көмегіне жүгінеді. Бір сөзді шағын микротексте, яғни бір сөйлемнің немесе бір өлең шумағының ішінде қайталамау сияқты қарапайым эстетик. талапты орындау үшін де М. с. бірден-бір қажет құрал болып табылады. Бұл қажеттікті Абай жақсы сезініп, М. с-дің дұрыс жұмсалуына баса көңіл бөлген. Ең алдымен, ол М. с-дің мағыналық реңктерін айтпақ ойының мазмұнына сай қолдануды көздеген.

М. с-ді таңдауда олардың семантик. жағынан нақтылық-жалпылық, стильдік жүгі жағынан жоғарылық – пәсті, бейнелі бояуы жағынан бейтараптық-әсерлілік реңктерін дұрыс айыру – Абайдың тіл құдіретін жазбай танып, сөз сырын тап баса білгенін көрсетеді. Мыс., **әйел**, **қатын**, **ұрғашы** деген синонимдердің мағыналық реңктерін орынды пайдаланады: **әйел**, **ұрғашы** сөздерін көбінесе, жалпы әйел затын әңгіме еткен сәттерде келтірсе, **қатын** сөзін нақтылы біреудің әйелі туралы айтылған орайда жұмсайды (оның **жұбай**, **зайып** синонимдері Абайда жоқ, демек, қатын сөзі осы күнгідей қарапайым сөз ретінде дөрекілеу, бейтарап мәнді сөз емес, жалпы әдеби нормадағы қолданыс). Мыс., «Әйел адам гүлмен тең», «Ұрғашы да көп жан ғой, досым болса», «Түңлікбайдың қатыны атың – Шәріп». **Ер**, **бай** сөздері де бірінің орнына бірі талғаусыз жұмсалмайды: **ер** жалпы ұғым. Мыс., **«Ері** ашу айтса, әйелі басу айтып». Мұнда әңгіме нақты бір әйелдің жұбайы туралы емес. Ал **бай** сөзі нақты бір әйелдің күйеуі туралы немесе әзіл, сықақ мәні керек жерде қолданылады, яғни **ер** сөзі жоғары стильдік, **бай** – пәс стильдік сөз ретінде ажыратылып жұмсалады. **Алла**, **құдай**, **тәңір** сияқты мағыналық реңк айырмашылықтары жоқ «таза» синонимдерді де Абай талғап пайдаланады; өлең үйқасын жасау үшін немесе қатар келген өлең жолдарында бір сөзді қайталай бермес үшін екеуін, үшеуін бірдей қолданады. Мыс., «О да құдай пендесі Түспей кетер деймісің Тәңірінің құрған тезіне». Ислам діні сөз болған жерде **алла** синонимі көбірек, ал әңгіме жалпы «құдіретті күш, жаратушы» жайында болса, **құдай** сөзі жай ұшырасады. Бұл сөзді Абай 160 рет қолданып, оның халық тіліндегі **құдай сақтасын, құдай ұрсын, құдайға жазу, құдай атсын** сияқты тіркестерін бұзбай келтірген. Көне түркінің **«өз құдайы» тәңірі** сөзі 43 рет жұмсалып, көбінесе құдай сөзін алмастырып отырады. Мыс., дыбыстық қайталаулар құру керек жерде келтіріледі. Айталық, **«Тәңірі сақтар** табандап, тап ұрса да» деген тармақта «т» дыбысынан басталатын аллитерациялық қатар үшін ақын **құдай сақтар** деп бермей, **тәңірі** сөзін пайдаланады.

М. с-дің қолданысына келгенде Абай тілінің көзге түсер бір ерекшелігі – оларды қаттап (қабаттастырып), яғни бірнешеуін қатарынан келтіріп пайдалануы, бұл – стильдік мақсатты өтейтін амал. Мыс., «Түзу кел, **қисық**, **қыңыр**, **қырын** келмей», **«Есер, есірік** болмасаң, Тіршіліктен пайда жоқ», **«Абайлаңыз**, **байқаңыз**, елдің жайы солай-ды» деген өлең жолдарындағы қатарынан келтірілген М. с бірін-бірі толықтыра түседі, мағынаны күшейтеді.

Ал «**Өтірік** берген қағаздың Тауып алып **жалғанын**... **Босқа ұялып, текке именіп**» сияқты қатарлардағы М. с. бір микротекстe сөз қайталай бермес үшін қолданылған. Осы іспеттес қызметтерде Абай тілінде **рас – шын, жақындау – жуықтау, ауыр – қатты, туысқан – ағайын, бәле – кесепат, алаш – жұрт – ел, уайым – қайғы** деген мәндес сөздер қабатталып шебер жұмсалады. М. с-ді таңдауда Абай ақындық дарынын танытып қоймай, «Өлең деген – әр сөздің ұнасымы» деп, өзі айтқан қағиданы дәлелдейді. Мыс., Әбдірахманның әйелі Мағышқа шығарып берген жоқтауындағы: «Қызықтың заңғар басынан Қорлыққа кеттім жығылып, Құдай қосқан қосақтан жалғанда қалдым жырылып. Қайғында қалдым қамалып, қызығым кетті сырылып» деген тармақтарда ақын **құлау** сөзін емес, оның **жығылу** синонимін таңдайды. Әдетте заңғар биіктен бір нәрсе немесе адам құлар болар, жығылу – адам өзі аяқ басып тұрған жеріне немесе аттан, түйеден құлағанда болатын қимыл атауы. Ақын бұл жерде заңғар биіктен **құладым** десе, ол айтпақ ойды қалыпты түрде, бейтарап мәнде хабарлау ретінде ұсыну болар еді, ал заңғар биіктен жығылу дегенде, баяндау үні мағыналық контраст арқылы бейнелі мәнге ие болады. Сол сияқты, қаралы Мағыш құдай қосқан қосағынан **айрылдым** демейді, **жырылып қалдым** дейді, оның көріп келген қызығы **жай өтіп** кетпейді, **сырылып** кетеді. Мұндағы таңдалып алынған М. с. оқырман (тыңдарман) сезіміне қатты әсер ететін, айтылмақ ойға бейнелі өң беретін түрлері.

Абай М. с-дік қатарлардың біреуін дәл таңдап, тап басуын, әсіресе, аударма өлеңдерінде жақсы танытқан. Аударып отырған шығарманы негізінен дәл беру үшін, оны жай көшірме емес, екінші тілдегі поэзия етіп ұсыну үшін әрбір сөздің бояуын, сезімге білінер-білінбес семантик. реңктерін, өзге сөздермен тіркесу қабілеттерін – баршасын іске асыру керектігін жақсы сезінген Абай Лермонтовтың «Пустыня внемлет богу» деген ойын «Елсіз жер тұрғандай боп хаққа мүлгіп» деп аударады. Бұл жерде Абай орысша **внимать** етістігінің кітаби поэтик. сөз екенін іштей сезініп, оның қазақша **тыңдау, құлақ салу** дегенаудармаларын алмай, **мүлгу** сөзін таңдайды. Абай М. с-дік қатарларды образды дәл беру, ойды айқын, әсерлі етіп жеткізу үшін шебер пайдаланған, жалпы әдеби тілдің, оның ішінде поэзия тілінің сөз айналымын күшейткен, сөздік байлығын арттырған. Бұл үшін тілдегі бар М. с-ді өлең тіліне тартумен қатар, сирек қолданылатындарын қайта жандандырған. Мыс., **безу – күсу, бүкіл – мұқым** т. б. көнелерін де пайдаланған; **ежеттес – сырлас, әз тұту – қадірлеу** т. б. өзге тілдердегі М. с. ұсынған. Мыс., бұл күнде көбінесе аңғімелесу, сырласу мағынасында қолданылатын арабтың **сұхбат** сөзінен жасалған **сұхбаттық** сөзін **жолдастық** сөзінің синонимі ретінде жұмсаған. Ал кейбір тіркестердің синонимін өзі жасаған. Мыс., **қоңыр көру** дегенді **кем көрудің** синонимі ретінде ұсынады. Бұл жаңа тіркестің бейнелі түрі бейтарап **кем көру** тіркесінен әлдеқайда күшті екенін Абай жақсы сезген.

Әдеб.: Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – А., 1960; Сыздықова Р. Абай және поэзия тілі. Қазақ ССР ҒА-ның хабарлары. – А., 1985, №4.

МӘУЛЕНОВ Сырбай (1922–93) – ақын. Қазақстан Республикасының халық жазушысы. Ол әдебиеттің лирика, сын, публицистика, аударма жанрларында жемісті еңбек етті. Ақын қаламынан туған «Шаңқай түс», «Қызыл арша», «Бозқырау», «Жұлдыз жүрек», «Қысқы жаңбыр» және 3 томдық таңдамалы т. б. жыр жинақтары оқырман қауымға жақсы таныс. Орыс классиктерін, Дж. Г. Байрон, А. Мицкевич, Ә. Науаи, Н. Хикмет өлеңдерін аударған.

М. қазіргі қазақ поэзиясында Абай іргесін қалаған сыншыл, сыршыл дәстүрді ілгері жалғастырушылардың көрнекті өкілі болды. Абай аруағын пір тұтқан ақын «Қысқы жаңбыр» жинағында:

«Шыңғыстауға бір қарап,
Төгіп-төгіп өлеңді.
Шыңға жырдан ту қадап,
Абай ақын жөнелді» –

деп, Абай талантын есепсіз көл-көсір етіп құя салатын нәсерге теңейді. Сырбай Абай жырларын үлгі тұтып, сол үлгіде өлең жазып қана қоймай, ақын шығармаларын зерттеу, өзгеге ұқсамай шеберлік сырын ашу, оны бүгінгі әдебиетке өнеге етіп ұсыну мәселесінде де бірқатар игі жұмыстар атқарды.

М. «Ақын – арман» («Жұлдыз», 1971, №6), «Биіктік пен тереңдік» («Қазақ әдебиеті», 1971, 26 мамыр), «Қазақ халқының данышпан жыршысы» («Рудный Алтай», 1970, 20 мамыр) деген мақалаларында Абай өлеңдерінің көркемдік құралдары мен ерекшеліктерін сөз етті. Ал «Лермонтов лирикасы қазақ тілінде» («Әдебиет және искусство», 1951, №6), «Абай аудармасы» («Простор», 1971, №5) мақалаларында ақынның А. С. Пушкин мен М. Ю. Лермонтовтан жасаған аудармаларының шеберліктерін үлгі етіп ұсынады. М-ке «Апрель жаңбыры» және «Қызыл арша» жыр жинақтары үшін Қазақстан Республикасының Абай атындағы Мемл. сыйлығы берілген.

С. Кенжеахметов.

МӘУІТІ (т.-ө. ж. б.) – Абайдың Семей қаласындағы сыйлас адамы. Баласы Турағұлдың айтуынша өмірінде қысылып-қымтырылып, біреуге тәуелді болғанды жаны қаламайтын ақын «байдың қабағына қарап, аңдап басып, абайлап сөйлеп, күшік күйеуі сықылданып жатамын ба» деп көбіне кедейлеу кісілердің үйіне түседі екен. Әйелі пысық, төсек-орны таза, тағамы дәмді М. ақынның жайлы жатып, жұмыс істеуіне барынша жағдай жасаған.

МӘШҺҮР ЖҮСІП Көпеев (1858–1931) – ақын, тарихшы, этнограф, шежіреші, аудармашы, ауыз әдебиеті мұраларын жинаушы. Әкесі оны бес жасында молдаға оқуға береді. Зерек бала бір жыл ішінде хат танып, өнер-білімге, әдебиетке құмар болып өседі. 7–9 жасында «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш–Баян сұлу» сияқты халық жырын, шығыс қиссаларын жатқа айтады. Сол себепті де Мәшһүр деген атқа ие болады. Он бес жасында медреседе оқып жүріп өлең жаза бастайды, ел ішіндегі ауыз әдебиеті үлгілерін жинайды, бала оқытумен айналысады. Ел көріп, жер көріп, өз білімін тереңдету мақсатында Ташкент, Бұхар, Түркістан сияқты қалаларға бірнеше рет сапар шегіп, Шығыс мәдениеті, Шығыстың ғұлама ғалымдары мен ақын ойшылдарының шығармаларымен танысады. 1888 ж. бастап жас ақынның өлеңдері мен мақалалары қазақ тіліндегі тұңғыш баспасөз үні «Дала уәлаятының газетінде» жиі жарияланады. 1907 ж. Қазандағы Хұсайыновтар баспасынан М. Ж-тің «Сарыарқаның кімдікті екендігі», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Хал-ахуал» деген үш кітабы бірінен соң бірі басылып шығады. Бұл кітаптарында қазақ

халқының басына түскен ауыр хал мен тұрмыс тауқыметтері, жоқшылық пен теңсіздік шынайы көрсетіліп, әлеум. өмірдегі келеңсіздіктер мен қайшылықтар өткір сынға алынады, жастарды оқу-білімге, өнерге шақыру үні айқын сезіледі. Мұнымен бірге М. Ж. 1905 ж. патша манифесінің жалғандығын әшкерелейді. Осы әрекеті үшін де ақын құғынға ұшырайды. М. Ж. өлеңдерімен бірге көптеген уытты мысалдар, шығыс үлгісіндегі бірнеше дастан жазып қалдырды. М. Ж.-тің қазақ ауыз әдебиеті мұраларын жинаудағы еңбегі орасан зор. Бұл ретте ел аузынан көптеген батырлық, ғашықтық жырларды, тарихи жырлар мен айтыстарды, шежірелер мен аңыздарды, атақты ақындар мен жыраулар мұраларын жинап, хатқа түсірді. Абайды өзіне ұстаз тұтып, оның ағартушылық идеясы мен ақындық дәстүрін жалғастырушылардың бірі болды. Абай өлеңдерін жаттап алып, ел ішіне таратты. Абайдың тірі кезінде оның өлеңдеріне алғаш рет талдау жасап, баға берген М. Ж. болды. «Дала уәлаятының газетінде» 1889 жылғы желтоқсанның 1-інде жариялаған «Баянтаудан хабар: Абай творчествосы туралы мәлімет» деген мақаласында Абай шығармашылығы туралы өз ойларын ортаға салады. М. Ж. өз шығармаларында Абай сияқты сол кезде әлеум. топ ретінде пайда болған ел ішіндегі пысықтарды, ұлықтарға арқа сүйеген жағымпаздарды аяусыз сынайды, ел бірлігін ойлап, Абай жолын берік ұстанады. Өз жазбаларында Абай туралы «бұл – біздің соңғы пайғамбарымыз» деп жоғары баға береді. *С. Қорабаев.*

МЕКАЙЫЛ (Мекеш) Абайұлы (1884–1931) – Абайдың Әйгерімнен туған баласы. Арабша, орысша сауатты болған. Абай өлеңдерін түгелдей жатқа білген. Домбыра тартып, ән салып, әкесі жайлы



М. Абайұлы.

білгендерін ел ішінде әңгіме етіп, халыққа таратқан. М. Әуезов те М-дың Абай туралы әңгімелерін жас шағында көп естіген. Ағасы Тұрағұл аулымен бірге Ақшоқы маңайын, Тышқан деген жерді мекендеген. 1931 ж. бай баласы ретінде ұсталған. Оның Құзайыр, Әлішер деген балалары Ұлы Отан соғысына қатысып, қаза тапты.

МЕКЕ (М е к к е) – Сауд Арабиясындағы қала, 7 ғ-дан бастап барлық мұсылмандардың мінажат ететін қасиетті орталығы. Ислам дінінің негізін салушы Мұхаммед пайғамбар осында дүниеге келген. Кейін Мединеге көшуге мәжбүр болған Мұхаммед 630–31 ж. М-ні өзіне бағындырған. Мұсылмандардың арнайы барып табынатын ең қасиетті орны – Қағба осында. Абай өзінің баласы Әбдірахман мезгілсіз дүние салған соң шығарған «Бермеген құлға қайтесің...» деген өлеңінде Құнанбайдың М-де уақап үй салғанын тілге тиек етіп, сол «қажыны да алған бұл өлім» деп өзін-өзі жұбатады.

МЕЛИОРАНСКИЙ Платон Михайлович (1868–1906) – орыс тілі маманы, түрколог. Петербург ун-тінің профессоры. Петербург ун-тінің шығыс ф-тінің араб, парсы-татар бөлімін бітірген. М-дің «Қазақ, қырғыз тілінің қысқаша грамматикасы», «Шайбанинама» деген еңбектері белгілі. Ол Орыс Географиялық қоғамына Петербург ун-тінің проф. И. Н. Березин арқылы келіп түскен Абай өлеңдерімен жақсы таныс болған. Қолжазбаны «Географиялық қоғам жазбалары» журналының 1900 жылғы 9 санында жариялау мақсатымен Семенов Тян-Шанский редакциялап, баспаға әзірлеу үшін М-ге берген. М. бұл қолжазбалардың Абай шығармалары екенін білмесе де, оны жоғары бағалаған. Бірақ, қолжазба белгісіз себептермен журналда жарияланбай қалған.

МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚ, А б а й а т ы н д а ғ ы – жалпы жұртшылық таныған, халыққа саналы тәрбие беруге жәрдемдесетін, неғұрлым талантты, жоғары идеялы, аса көрнекті әдеби туындыларға беріледі. М. с. әдебиетті одан әрі дамыту, көрнекті шығармаларды көтермелеп отыру мақсатымен 1966 жылдан бастап жыл сайын беріліп келеді. Кейін 1971 жылғы 14 көкектегі қаулыға сәйкес бұған кейбір өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, әдебиет, өнер және архитектура салалары бойынша М. с. екі жылда бір рет берілетін болды. М. с. алған адамдарға «Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты» деген атақ беріліп, диплом және омырауға тағатын құрметті белгі қоса тапсырылады. Абай атындағы Мемл. сыйлықтың лауреаттары (1966–94): Т. Ахтанов, Х. Есенжанов, С. Мұқанов, Ә. Әлімжанов, І. Есенберлин, Н. И. Анов (Иванов), Ғ. Мүсірепов, С. Мәуленов, Ж. Молдағалиев, О. Сүлейменов, М. Қаратаев, Ә. Тәжібаев, Б. Момышұлы, И. П. Шухов, Ғ. Мұстафин, Қ. Бекхожин, Ш. Мұртазаев, Ғ. Қайырбеков, Қ. Мырзалиев, Ә. Нұршайықов, Х. Ерғалиев, М. Д. Зверев, Т. Молдағалиев, М. Әлімбаев, М. Мағауин, Ф. Оңғарсынова, О. Бөкеев, Ә. Кекілбаев, М. Д. Симашко (Шамис), Р. Нұрғалиев, С. Шаймерденов, Қ. Жұмаділов, Қ. Ысқақов, Д. Исабеков, Ә. Сараев.

«МЕН БОЛАМЫН ДЕМЕҢДЕР...» – Абайдың кейін табылған өлеңі. 4 тармақты 2 шумақтан тұрады. Өлеңді 1940 ж. Қ. Мұқаметханов пен Ә. Ысқақұлы Көкбайдың баласы Ахметқалиданжазыпалған. Бұл туынды ақын өмірінің аяқ кездерінде бұрын өзі сан айтқан, көп ескерткен шындықты енді ақтық жан айғайымен білдірген ұлы мақсұт, зілді нұсқау, қара қылды қақ жарған үкімге ұқсайды. Менменділікке, жетесіз асқақтыққа, көркөкірек надандыққа қарсылық байқалады. Жұртқа үйретемін, халыққа табыстаймын деген асыл ойлардың түпкі бір қорытындысы көрінеді.

Ақын жеке адамның «менін» тілге тиек етіп, соның төңірегінен ой түрткі іздейін деген талапты алдына қоймаған. Ол жай қарапайым адамның «меніне» білек сыбанып қарсы шығып отырған жоқ, оны на-

заландырып, сарсаңға салатын: «Бәрін мен жасап жатырмын, менің қолым, дүниені ұстап тұрған мен ғанамын» дейтін құбыжық.

Өлеңде жағымсыз кейіпкердің бейнелі мінез-құлқы: қуыс кеуде, мисыз бас, мәнсіз маңғаздық, алшаң басуға үйренген аяқтың өзінен нәрсіздік, үкідей салмақсыздық, жалғандық айқын көрінеді. Ақын осынау ойсыз паңдықты сынай отырып, тексіздерді тектілікке, тереңдікке, білімге, ғылымға шақырады. Дүниенің бар кілті ғылымда екендігіне мойын ұсындырмақ болады. Ғылымнан өзге жолға түскеннің күні қараң, адасары хақ. Байламы баянсыз, тірлігі тоқтамсыз, қадамы құтсыз, көңілі кесел. Адам ешқашан асып-тасымау керек. Асқан адам түбінде Алланың қаһарына ұшырамақ. Екі шумақ өлең осылай құран сөзіне ұқсап, көңілде жатталып қалады. Өлең 6,7 буынды қара өлең үлгісінде жазылған. Алғаш рет ақынның 1945 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында текстол. өзгерістер кездеспейді. Қарақалпақ тіліне аударылған. *Е. Әкімқулов.*

«МЕН ЖАЗБАЙМЫН ӨЛЕҢДІ ЕРМЕК ҮШІН...» – Абайдың 1889 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 6 тармақты 5 шумақтан тұрады, көлемі 30 жол. Абайдың поэзия, оның мәні жөніндегі ой-пікірлерінің тың түйіні, бұған дейінгі жазылған *«Базарға қарап тұрсам, әркім барар»*, *«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы»*, *«Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол»* сияқты шығармаларындағы эстетик. көзқарасының кемелді көрінісі. Бұл шығармаларында Абай ақындықтың ауыр міндетін, ақын атанудың алғышарттарын аңғартқан еді. Сөздің патшасын, сындарлысын дарияның тереңіне сүңгіп, ақық-маржан іздеушідей түн қатып толғататын, тұңғиық ойға шоматын даналардың ғана таба алатынын айтқан. Яғни ақын ақыл сөзін ақындарға арнаған-ды. «Сөзді ұғар осы күнде кісі бар ма?» деп, парасатты оқырманы жоқтығына налыған болатын. Ал бұл өлеңінде Абай әрі оқырман-тыңдаушыларына, әрі ақындарға қарап сөйлейді. Сын мен пікірін нақтылай айтуға ойысқан. М. Әуезовтың айтуынша, бұл өлең Абайдың «тек бір өз басының ақындық жолындағы ізденуі ғана емес. Мұны ақындық жайында өзгеше мәні бар өлең деп ұғынуымыз керек». Оны ақын өз айналасындағы «өлеңі бар, өнерлі інілерінің» кейбір шығармаларын оқығаннан кейін, соларға жөн-жоба көрсетіп, сын ескертпелер жасау ниетімен туды-рған. «Сөз айттым «Әзірет Әлі, айдаһарсыз» дегенде көп ақындардың, оның ішінде Көкбай Жанатайұлының пайғамбарларды, дін таратушы қаһармандарды мадақтайтын қиссалар жазуға тым әуестігін, «Бізде жоқ» алтын иек, сарыала қыз» дегенде жеке ақындардың жылтырақ сөздерге әуестігін, *Әріп* Тәнірбергеновтың «Зияда-Шамұрат» дастанында қызды «иегі алтын, көзі гауһар» деп, әлем-жәлем етіп суреттегенін, «Кәрілікті жамандап өлім тілеп» дегенде *Шәкерім* Құдайбердиевтің заңды түрде келетін кәрілікті даттағанын қағытып мысқылдаған. Ақын өлең сөзді кімге арнауды, кімге айтуды ескертеді: тасырға айтпай, «көңіл көзі ашық, көкірегі сезімді», сергек те талаптыларға айтуды қалайды. Оның өсиеті – күле тыңдаған парықсыздарға сөзіңді қор қылма! «Қызшыл», «қызықшыл» әуейілерге жолама! Арсыздық пен ақылсыздықтан, шаруасыздық пен маскүнемдіктен аулақ бол! Мұның үстіне Абай бұрынғы «сөз түзелді, тыңдаушы, сенде түзел» деп жалпылай айтқан ақылын аша түскен. Түзелу үшін не істеу керектігін көрсеткен. Оқырмандарына өлең-жырды жұртқа ақыл айтып, кеңес берудің, үлгі-өнеге көрсетудің, қырсық, қиянатқа қарсы күресудің құралы деп ұқтырған. Жақсы сөзді жастай тыңдап жаттық, әсері қызыл сөзге құлай қалма, сөздің сыртына сенбе, ішіне үңіл, мазмұнын біл, оның мәні тереңін ізде, сөздің қадір-қасиетін сонда ұғасың деп кеңес береді. Өлең алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Ұйқасы -б, -а, -а, -в, -а, -г, -а болып келеді. Текстол. зерттеулер барысында Мұрсейіт қолжазбасындағы 2-шумақтың 5-жолындағы **«сөзіңді ұқпай»** деген тіркес 1909 жылғы жинақ негізінде **«айтқанды ұқпай»**, 3-шумақтың 6-жолындағы **«ойы терең»** деген тіркес **«түбі терең»** делініп ауыстырылған. Ал жинақтағы 3-шумақтың 3-жолындағы **«елде кәрі»** деген тіркес Мұрсейіт жазбасына сәйкес **«кәрілікті»** деп өзгертілген. Мұрсейіт қолжазбаларындағы 4 шумақтың соңғы жолындағы **«қиналмай»** сөзі 1909 жылғы басылым негізінде **«қинамай»** болып алынған. Ал 1909 жылғы жинақта жоқ: **«Сәнқой, даңқой, ойнасшы, керім-кербез», «Қанша қызық болады өзіңізге?»** деген жолдар Мұрсейіт жазбаларынан алынып, кейінгі басылымдарға енгізілген. Өлең ағылшын, орыс, өзбек, ұйғыр тілдеріне аударылған. *Т. Қожакеев.*

«МЕН ЖАСЫМНАН КӨП КӨРДІМ...» – Абайдың 1876 ж. Абралы (1827–1918) деген замандасына арнап жазған өлеңі. Барлығы 22 тармақтан тұратын 3 шумақ. Абралы оқымаған, сауатсыз адам болса керек. Сонысына қарамай ораза-намаздан қалмай, құдайға бар ықыласымен құлшылық етеді екен. Бірақ намаз аяттарын дұрыс жаттап алуға әрекет жасамаған. Абай Абралыны әжуалау арқылы дін жолын ұстаған дүмшелерді сынға алған. Тармақ саны әр түрлі буынды 3 шумақтан тұрады. 1, 3 – шумақтар – 8 жол (ұйқасы -а, -ә, -б, -ә, -ғ, -ә, -д, -ә), 2-шумақта – 6 жол (ұйқасы -а, -ә, -б, -ә, -ғ, -ә). Өлең алғаш рет ақынның 1933 ж. Қызылордада жарық көрген толық жинағында жарияланған. Өлең басылымдарында ешқандай текстол. өзгерістер кездеспейді.

Тек 1957 жылғы жинақта өлеңнің соңғы:

«Осы оқумен намаздың
Қай жерінде сауап бар?
Тегін ойлап байқасаң,
Мұнда ми жоқ, құлақ бар»,

деген жолдары бөлек туынды ретінде берілген.

М. Бейсенбаев.

«МЕН КӨРДІМ ҮЗЫН ҚАЙЫҢ ҚҰЛАҒАНЫН...» – Абайдың 1898 ж. аударған өлеңі. Туынды түпнұсқада 16 жол болса, аудармада – 20 жол. 1945 жылғы толық жинақта бұл өлең М. Ю. Лермонтовтан аударма деп көрсетілген. Кейінірек акад. З. Ахметов бұл өлеңнің «Я видел березу – сломилась она» деген орыс романсының (сөзі – В. А. Крыловтікі, муз. А. Г Рубинштейндікі) аудармасы екендігін анықтады.

Я видел березу – сломилась она,
Верхушкой к земле преклонилась она;
Но листья не блекли на тонких ветвях,
Покамест не спряталось солнце в горах.

Я бабочку видел с разбитым крылом,
Бедняжка под солнечным грелась лучом,
Стараясь и слабость и смерть превозмочь,
Пока не настала холодная ночь.

Стрелка видел я, как он лань подстрелил,
Животное пало в крови без сил.
Со смертью бороться оно не могло,
И жить перестало, как солнце зашло.

Ах, мне изменила подружка моя,
И солнце померкло давно для меня;
Но смерть и покой я напрасно зову
И с сердцем разбитым живу да живу

(Крылов В. А. Стихотворения, – СПб., 1898, с. 165–166). Абайдың аудармасы орысша текстe мағынасы жағынан түпнұсқаға жақын болғанымен, көркемдік шеберлігі жағынан әлдеқайда артық екені айқын көрініп тұр. Өлеңде айналадағы табиғат, жан-жануар тіршілігінен, адам өмірінен төрт қайғылы көріністі алып, қатар қойып, мұңды сарынның барған сайын үдей түсуі арқылы, ғашық жардың опасыздығына қапаланған көңіл күйін неғұрлым әсерлі көрсетуге ұмтылғандық байқалады. Абай өз өлеңінде осы бейнелеу тәсілін өте шебер қолданады. Ол құлап жатқан қайыңды жаңды бейне кейпінде алып:

«Жапырағы сарғайып, өлімсіреп,
Байғұстың кім тыңдайды жылағанын?» –

деп сипаттайды. Кеудесіне оқ тиіп, қансырап жатқан қызыл киікті суреттегенде де: «Кімге батар ол байғұс тартқан күйік?» – дейді. Осындай қайғылы сурет – көріністер аяныш сезімін туғызу үшін ғана емес, өмірге құштарлықты өнеге ету үшін берілгені анық. Оны күн шуақта сынық қанат көбелектің қалт-құлт етіп жатқанын баяндай келіп Абайдың:

«Одан ғибрат алар жан бір бөлек-ті», –


деген сөзінен-ақ жақсы аңғаруға болады. Осылардан кейін ғашық жардан опасыздық көрген өлеңдегі лирик. қаһарманның өз уайым-қасіреті, өзінің жүрегінің мұңы алғашқы қайғылы сарындарға үндесе шығады:

«Жылы жүрек суынды, жара түсті,
Шықпаған шыбын жанмен күн өткіздік...» –

дейді Абай. Орыс ақынының өлеңі осымен аяқталады. Соңғы түйінді ой – ғашық жардың уәде бұзғандығы, баянсыз махаббаттың азабы. Абай онымен тынбай, тағы бір шумақ өлеңді тыңнан қосып, өмір, дүние жайлы кең көлемде ой толғайды, адамның опасыздығын «жеп жүр ғой біреуінің біреу етін» деп, қоғамдық қарым-қатынас тұрғысын көрсетеді. Өлеңді:

«Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда,
Көбінің сырты бүтін, іші - түтін...» –

деп түйіндейді. Сөйтіп, Абай өлеңнің ғибраттылық мәніне үлкен әлеум. пікірді үстемелеп, қазақ қоғамының өмірінен алынған қорытынды-түйін жасайды. Туынды 11 буынды қара өлең ұйқасы өрнегімен кестеленген. Алғашқы рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланған. Шығарма басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1945, 1954 жылғы басылымдарда Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1910) бойынша 3-шумақтың 3-жолы **«Күн шуақта жатады қалт-құлт етіп»** болып берілсе, 1957, 1977 жылғы басылымдарда бұл жол 1909 жылғы жинақ негізінде **«Күн шуаққа жылынар қалт-құлт етіп»** түрінде алынған. 1945, 1954, 1957 жылғы жинақтарда 5-шумақтың 2-жолы **«Жеп жүр біреуінің біреуі етін»** делінсе, 1977 жылғы басылымда бұл жол 1933 жылғы жинаққа сәйкес **«Бірінің жеп жүрген көп біреуі етін»** деп қабылданған. Бұл өлеңге комп. С. Мұхаметжанов романс жазған. *З. Ахметов.*



Нота. (Мен көрдім ұзын қайың құлағанын. 1-түрі).

«МЕН СӘЛЕМ ЖАЗАМЫН...» – Абайдың 1897 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 3 шумақтан тұрады. Ақынның нәзік лирик. сезімге құрылған махаббат жырлары қатарында белгілі орын алады. «Жарқ етпес қара көңлім не қылса да» атты өлеңіндегідей мұнда да өзінің сүйіспеншілік сезіміне жауап таппаған ғашық жігіттің іш құсасы, сағындырған жарына үзіліп, үздігіп жазған сәлем хаты түрінде жеткізіледі. Алыстан ынтығып, сырттай иемденген шарасыз жігіт өзінің жай-күйін не сәлемшіден жеткізе алмай, не қыздан жылы сөз есті алмай, іштен тынып шерменде болады. Күткен үміті ақталмауға айналғаннан кейін, үзілген күдерімен бірге өз өмірінің қызығы да сөніп бара жатқанын айтып мұңаяды.

Өлең 6 буынды шалыс ұйқаспен кестеленген. Алғаш рет ақынның 1933 ж. Қызылордағы қ-нда жарық көрген толық жинағында жарияланды. Өлең басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1939, 1945, 1954 жылғы жинақтарда 3-шумақтың 4-жолы **«Тозады енді ажарым»** түрінде берілген, ал кейінгі басылымдарда **«Тозды енді ажарым»** деп түзетілген. Өлең ағылшын, башқұрт, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түркмен, ұйғыр тілдеріне аударылған. Абайдың бұл өлеңіне композитор Н. Мендіғалиев ән шығарған. *Ж. Ысмағұлов.*

«МЕНСІНБЕУШІ ЕМ НАДАНДЫ...» – Абайдың 1891 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 9 шумақтан тұрады. Өлеңнен ұлтының бойындағы мерез мінезбен күресуден қажыған ақынның қамығып, қынжылып, шарасыздықтан шамырқануы, заманына өкініші көрінеді. Бұрын осы алуандас өлеңдерінде ақын надандықты жақсы ақылмен, сап таза өсиетпен, шынайы адал көңілмен түзеуге болады деген ниетте еді. Бұнда надандық әлсіз жау емес, ол өте күшті кесепат. Сондықтан оны жеңу жалғыздың қолынан келмейді, онымен арпалысып, күресу бос әурешілік-ау деген дағдарыс байқалады. Сөйтсе де, ақын қас надандыға қамшылап, намысына тиетін сөздерді айтады. Бір сәт ылажының таусылғанына ызаланып, қазақты басқалардан ұялып, жұртым деуге арланатынын да жасырмайды Өлең шалыс ұйқас үлгісінде жазылған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1909 жылғы жинақта 6-шумақтың 2-жолы **«Мұны да ойла толғанып»** делінсе, кейінгі басылымдарда Мүрсейіт қолжазбалары бойынша **«Оны да ойла толғанып»** болып

берілген. Мұрсейіт қолжазбаларында 9-шумақтың 1-жолы **«Сондай елден бойың тарт»** деп алынса, жинақтарда 1909 жылғы басылым негізінде «Мұндай елден бойың тарт» делінген. Туынды орыс, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған. *Қ. Құрманғалиев.*

«МЕНІҢ СЫРЫМ, ЖІГІТТЕР, ЕМЕС ОҢАЙ...» – Абайдың 1897 ж. М. Ю. Лермонтовтың «Я не хочу, чтоб свет узнал» атты өлеңінен аударылмасы. Туынды екі ақында да 16 жол. Аударма түпнұсқаға мағынасы жағынан өте жақын. Өлеңнің идеялық мазмұны қазақ ақынына жақын, өте түсінікті еді. Абай Лермонтов сияқты жалғыздық сезіміне бойын жеңдіріп, күйреуге салынбаған. Өзін «судан қайтпас», «үлкен жартас», «үлкен жан» деп сезінді, өзінің қандай қиыншылыққа болса да, «теңізден таудай толқын соқса-дағы» «бет бұрып» қайтпайтын күрескер екендігіне сенді. Осы ой-сезімін ол аудармада да шебер жеткізеді. Өлең 11 буынды қара өлең үйқасымен жазылған. Алғашқы рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі» атты жинақта жарияланған. Өлең басылымдарында ешқандай текстол. өзгерістер кездеспейді. *З. Ахметов.*

«МЕН ІШПЕГЕН У БАР МА?» – ақын И. Оразбаевтың Абай өмірінен жазылған 2 бөлімді драмасы. Алғаш рет реж. А. Әшімов 1987 ж. 14 қарашада Қазақ драма театрында сахнаға шығарды. Драмаға күрескер – ақын өмірінің соңғы кезеңі арқау болған. Реж. тұрмыс-салттық және шарттылық тәсілдерді тоғыстырып, ақынның қоғамдық өмірдегі белсенділігін көрсетуге көңіл бөлген. Абай бейнесін арт. Т. Аралбаев мүсіндеді. Қойылымда Құнанбай (О. Кенебаев), Оразбай (Ғ. Сүлейменов), Әйгерім (Ж. Мейрамова) бейнелері сәтті көрініс тапты. Суретші Е. Тұяқов Абай заманының әлеум. шындығын бүгінгі көрермен көзқарасы тұрғысынан тап басып, мазмұнды безендірді. Драма 1987 ж. Москва қ-нда көрсетілді. *Б. Құндақбаев.*

МЕҢДІҒАЛИЕВ Нағым (1921 ж. т.) – композитор, педагог. Қазақстан Республикасының еңбек сің. өнер қайраткері. М. Абайдың «Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол...», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл...», «Жазғытұры», «Кейде есер көңіл құрғырың...», «Мен сәлем жазамын...» деген өлеңдеріне ән жазды. *Г. Ғизатова.*

МИНГАЗИТИНОВ Юрий Потапович (1924–84) – киносуретші, режиссер. Кескіндеме саласында жұмыс істеген. Ол М. О. Әуезовтың «Абай» романы бойынша иллюстрациялар сериясын (1959; қағаз, сия, қалам) жасады. Қаламұшпен сызылған нәзік қара сызықтар жарасымды үйлесім тауып, композицияға ойлы да салмақты мағына берген. Ол «Абайдың портретін» (1953, ағаштағы гравюра және офорт, екеуі де Қазақстан Республикасының мемл. өнер музейі қорында) салды.

МИНУСИНСК – Россия Федерациясының Красноярск өлкесінде, *Енисейдің* оң жағасында орналасқан қала. Абай *«Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы»* еңбегінде Оңт. Сібірдің Минуса ойпатындағы *Енисей* қырғыздары жөнінде: «...Минусинск уезде «ясашынай татар» атында бір халық бар... Сол қырғыздарды қытайлар «брут» деп атайды...» деген тарихи дерек келтіреді. *Ә. Пірманов.*

МИРЗАЕВ Ғаффар (1929 ж. т.) – тәжік ақыны. М-тің «Шын жүректен», «Мың да бір рахмет», «Алақандағы жүрек» т. б. жыр жинақтары белгілі. 1954 ж. «Садои Шарқ» журналында ақынның М. аударған «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы...» өлеңдері тәжік тілінде жарық көрді. *А. Нуралиев.*

МИХАЭЛИС Евгений Петрович (1841–1913) – орыстың рев.-демократы. 1859 ж. жаратылыстану ғылымын оқып-үйрену мақсатымен Петербург ун-тінің физ-математика ф-тіне түседі. М-тің ун-тте оқыған кезі рев.-демокр. қозғалыстың өрлеген кезеңімен, Россиядағы алғашқы рев. хал-ахуалдың пайда болған уақытымен (1859–61) дәл келді. Н. Г Чернышевский серіктестерінің бірі Н. В. Шелгуновтар отбасының ең жақын адамы ретінде ун-тте оқып жүрген кезінде солардың үйінде тұрғандықтан да М. сол кездегі рев.-демокр. күрестің қайнаған ортасында болды. Шелгунов жазған «Жас ұрпаққа» атты үндеуді таратқаны және 1861 ж. студенттік толқуларға белсене қатысқаны үшін М. тұтқынға алынып, Петропавл түрмесіне қамалды. Петербургтегі студенттік қозғалыстың басшыларының бірі ретінде М. полицияның қатаң бақылауымен Олонец губерниясының Петрозаводск қ-на, 1863 ж. Тобыл губерниясының Тара қ-на жер аударылады. 1869 ж. М. Семейге ауысуға рұқсат алады, осында Семей обл. статистика басқармасының қызметіне іс жүргізушінің жәрдемшісі болып орналасады. Осы кезеңнен өмірінің ақырына дейінгі М-тің ғыл., ағартушылық қызметі Қазақстанмен тығыз байланысты болды. М. 1878 жылдан Семей обл. Статистика к-тінің хатшысы болады, 1880 ж. Орыс география қоғамы Бат.-Сібір бөлімшесінің мүшелігіне сайла-



Абай Құнанбаевтың портреті. Ю. П. Мингазитинов. 1953.

нады. М-тің Семей обл-ның табиғи жағдайын, шаруашылығы мен мәдениетін зерттеуге арналған еңбектері ғалымдардың назарына ілігіп, Орыс география қоғамының кезекті басылымдарында жарияланады. 1882 ж. М. қызмет бабымен Өскеменге ауысып, осында өмірінің соңғы күндеріне дейін тұрады. Абай М-пен 70-жылдардың басында Семейдің қоғамдық кітапханасында танысады. «Құнанбаевпен танысқан және оның керемет қабілеттілігін байқаған Михаэлис оның тәжірибесіне баса назар аударды. Бірнеше жыл қатарында Абай Евгений Петровичпен тығыз байланыс жасап тұрды. Жыл сайын Абай Семей қаласында қонақ болып, кешкі уақытын Михаэлиспен әңгімелесіп өткізетін», – деп жазды Семейдің белгілі өлкетанушы зерттеушісі Б. Герасимов (Записки Семипалатинского подотдела Зап. Сиб. отдела Русского Геогр. общества, 1914, вып. VIII, с. 6). Абайдың саяси жер аударылған, өз заманының жоғары білімді, озық ойлы адамдарының бірі – М-пен достасып, жақын араласуы ақынның дүниеге көзқарасының қалыптасуына игі әсер етіп, орыстың рев.-демократ ағартушыларының идеясын терең түсінуге ықпал жасады. М. ақынды Россияның ішкі өміріндегі жаңалықтармен, орыс әдебиетінің озат ойлы өкілдерінің шығармаларымен таныстырды және ғыл.-зерттеулерді, әйгілі ғалымдар Г. Спенсер, Ч. Дарвин т. б. еңбектерін оқып-үйренуге кеңес берді. Саяси жер аударылған рев.-демократтар Абайға үлкен әсер еткенімен – ақынның өз айтуы бойынша жаңа ізденіп жүрген кезінде көмекші түрде ғана болды. Отаршыл



Е. П. Михаэлис.

әкімдерден басқа орыс зиялыларын кездестірмеген Абайға М. Россия мәдениетінің ең алғашқы хабаршысы, ақынның іздену, қалыптасу кезеңіндегі жол нұсқаушы есепті. «Ал, кейін орыс тілін еркін біліп, орыстың ұлы мәдениетін мол, терең тани бастаған кездегі Абай озық ойды бұлардан үйренбейді. Пушкиннің өзінен, Белинский, Герцен, Чернышевский, Салтыков-Щедрин, Некрасовтардың өз мұраларынан өздігімен кең, терең тәлім-тәрбие алады. Абайдың классик. ақын болған маңызын, әлеум. көзқарасын тек Михаэлис әсерінен деп қойсақ, – деп жазды М. О. Әуезов, – әрі Абайға, әрі орыс халқының ұлы мұрасына және ұлы даналарына қиянат сөз айтқан болар едік. Ал, ақынның Михаэлис туралы үлкен алғыс сөз айтқанына келсек, ол алғашқы адам жөніндегі қарыздарлығын жақсылап білдіргені» (Әуезов М. Он екі томдық шығармалар, т. 12, – А., 1969, 285-б.). 1886 ж. Абай М-тің ұсынысы бойынша Семей обл. Статистика к-тінің толық мүшесі болып сайланады. «Абай жолы» эпопеясында Абай тағдырына саяси жер аударылған Михайловтың жақындасуы үлкен қызмет атқарғаны көрсетілген, оның образы арқылы М-тің өмірбаяны берілген. *Л. М. Әуезова.*

МИЦКЕВИЧ Адам (1798–1855) – поляктың ұлы ақыны. М. шығармашылығының негізгі сарыны рев. романтизм, еркіндік үшін күрес, демокр. идеялар. «Жастық шаққа арнау» өлеңдер жинағы, «Дзядалар», «Грашин» дастандары мен «Сонеттер», «Конрад Валленрад» шығармалары кең тараған. М-тің «В альбом С. Б.» атты өлеңін Абай еркін аударған. М. өлеңіндегі соңғы шумақ Абай аудармасында жоқ. Өлең ақын жинақтарына «Тұтқындағы поляк жандаралының сөзі» («Дүрілдеген найзағай...») деген тақырыппен енгізіліп жүр. *Р. Батырбекова.*

МОВЧАН Павло Михайлович (1939 ж. т.) – украин ақыны, аудармашы, кинодраматург. Украин оқырмандарына «Таң қылаң бергенге дейін», «Көңілді Күн», «Күн», «Табалдырық», «Ғарыш жайлы әңгіме» және «Біздің үй», «Диплом ұстаған Зозуля» атты киносценарийлерімен жақсы таныс. 1974 ж. «Дніпро» баспасынан жарық көрген «Абай Құнанбаев» жинағына енген ақынның «Ақ киімді, денелі, ақ сақалды...», «Келдік талай жерге еңді...», «Буынсыз тілің...» өлеңдерін украин тіліне аударған. *Ю. И. Ковалев.*

МОЛДАБАЕВ Жеңіс Қожағұлұлы (1947 ж. т.) – суретші. Қоңдырғылы және монументті-сәндік мүсін саласында жұмыс істейді. Ол «Абайдың балалық шағы» мүсінін (1979, гипс, Абайдың Қарағандыдағы әдеби-мемориал. мұражайы қоры) жасады. Шығармада кейіпкердің сезімі мен кескін-келбеті үндестік тапқан.

МОЛДАБАЕВ Сапарғали (1890–1974) – Абайдың інісі Ысқақтың Кәкітайының Қабида деген қызына үйленген (қ. Әнияр). Семейдегі ерлер гимназиясында оқып жүрген кезінде Абай Әниярдың үйінде жиі болып тұрған. Ол Абайдың әдеби-мемориалдық музейінің ұйымдастырылуына көп үлес қосты, ақын және оның ұрпақтары туралы естеліктер, дүние-мүлік, фото-суреттер тапсырды.

МОЛДАБЕКОВ Айтымбай (1924 ж. т.) – суретші. Оның «Абай» картинасы (1971, кенеп, майлы бояу, автордың жеке қоры) кейіпкер мінез-құлқының айқындылығымен ерекшеленеді.

МОЛДАҒАЛИЕВ Жұбан (1920–88) – қазақ ақыны. СССР Мемлекеттік сыйл. лауреаты. Қазақстанның халық жазушысы. Ол Абайды ұлы ұстаз тұтып, өз шығармаларында ақын бейнесін шебер өрнектеген. Солардың арасында шоқтығы биігі – «Абай шыңына» (Шығ. жинағы. 1 т., 1979) өлеңі:

«Шаншылып Алатаудың ұршығындай,
Шабыттың шырқап биік ыршуындай,
Шолып тұр шартарапты Абай шыңы,
Шытырман, жақпар-жақпар жыр шыңындай ...»

деп, ол ешбір кіріспесіз-ақ кемеңгер ақын бейнесін кескіндеуге бірден бет бұрады. Алатау – Абай тұлғаларының қатар алынуында терең мән жатыр.

«Шыңдардың ақиығы, мұз балағы,
Бөктерде балалаған құз қалады...» –

деп, ақын Абай шыңын «шыңдардың ақиығына» балайды. Өлең ұлы ақынның Алматыда орнатылған зәулім ескерткішіне назар аударумен түйінделеді. Кемеңгер ақын бейнесін ол басқа да жырларында сомдай түскен. «Қазақшадан аударылған» (1971) деген өлеңінде ол қазақ жеріндегі шоқ жұлдыздар қатарында Абай есімін алдымен атайды. «Пір» (1972) өлеңінде А. С. Пушкин поэзиясымен алғаш Абай аудармасы арқылы танысқанын баяндайды.

«Мен – қазақпын» (1963–64) дейтін атақты дастанында ол Абай бейнесіне ойша оралып, ол қазақ халқы тарихының бөлінбейтін бір бөлшегі, асқаралы белесі екенін ескертеді. Әдебиет жайындағы мақалаларында ол Абай тұлғасына бір соқпай өтпейді. «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған мақаласында («Ерлікпен тең еңбек», 1969, 7-желтоқсан) Абайдың орыс тіліне аударылуы туралы сөз қозғайды. Құрманғазы өмірінен жазылған «Кісен ашқан» поэмасы үшін 1970 ж. М-қа Қазақ ССР-інің Абай атындағы Мемл. сыйлығы берілді. *С. Сейітов.*

МОЛДАҒАЛИЕВ Тұманбай (1935 ж. т.) – ақын. «Кәмила», «Алатау қызы», «Зулайды күндер», «Жүрегім менің сапарда», «Алыстағы жылдар – ұмытылмас жылдар», «Жүрек ояу қашанда», 3 томдық шығармалар т.б. өлеңдер мен дастандар жинақтары жарық көрді. Дж. Г. Байрон, М. Ю. Лермонтов, Үйғын, Зүлфия, Д. Жолсараев т. б. ақындардың өлеңдерін қазақ тіліне аударды. М-тің Абай поэзиясының идеялық – көркемдік мазмұнын, сезім шынайылығын, тіл шұрайын сөз ететін «Ұрпаққа тілек» («Қазақстан пионері», 1971, 21 мамыр) атты мақаласы жарияланды. Абай рухына арнап «Қайда барсам алдымнан» («Семей таңы», 1983, 13 шілде), «Абай ағам бастаған» (Жалын, 1985, №5) және «Абай аға аулында» (топтама, Тынық мұхит дәптері, А., 1985) т. б. өлеңдер жазды. М-қа «Жүректегі жазулар» өлеңдер жинағы үшін Қазақстан Республикасының Абай атынд. Мемл. сыйлығы берілген. Ол – Халықаралық Физули сыйл. лауреаты. *С. Қалуов.*

МОМЫШҰЛЫ Бауыржан (1910–82) – Ұлы Отан соғысының даңқты қолбасшысы, жазушы. Совет Одағының Батыры. Жазушы қаламынан туған «Бір түннің тарихы», «Біздің семья», «Артымызда Москва», «Офицер жазбалары», «Төлеген Тоқтаров», «Жонарқа» т. б. кітаптары оқырман қауымға жақсы таныс. М-ның Абай шығармаларымен таныстығы балалық шағында-ақ басталғаны «Ұшқан ұя» кітабында: «...Әкем көңілді кезінде бізге Абай жайлы айтушы еді: «Абай... бүкіл елдің арын қорғаған ақылды азамат, оған қоса асқан ақын. Оның өлеңін ел біткен жаттап, әнін бүкіл дала шырқайды», – деген әке сөзінен-ақ аңғарылып тұр. Баукең аулының ұлы ақын шығармаларымен таныстығы Абайдың 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген тұңғыш жинағынан басталғанын көреміз...

Жазушы Абай шығармаларын оқтын-оқтын қайталап оқып, әр оқыған сайын ойға оралған соны да тың пікірлерін Һашия түрінде Абай кітабының шетіне жазып отырған. Мыс., 1945 жылғы Абайдың академиялық бір томдық толық жинағына ерекше үңіліп, көптеген ой-толғаныстарын Һашия түрінде кітап шетіне түсірсе, 1972 жылғы күнделікті жазу дәптерінде Абайды тағы да қайталай оқып, әсіресе Абай аудармаларының шеберлік деңгейіне айрықша көңіл бөліп, өзіндік зерттеп-талдаудан туған ой-пікірлерін жазып қалдырды.

1945 жылғы Абай кітабына жазылған Һашияларында М. ұлы ақын мұрасын терең танып қана қоймай, сол мұраны әрі зерттеуші, әрі оны тікелей орыс тіліне аударушы ретінде араласатыны да бар. Абай кітабының көптеген беттеріне қойылған, авторлық белгілерін былай қойғанның өзінде, осы басылымның 39, 143, 146–147, 186, 194, 196–197, 208, 243, 312-беттеріне жазылған көлемді пікірлері осының айғақты деректері. Немесе 1954 ж. «Родной край» альманағының 7-санындағы Абай мұрасы туралы мақаласы мен Абай өлеңін өзі орыс тіліне аударып бастыруынан да көп нәрсенің сырын аңғарғандай боламыз. Тіпті Абай өлеңдерін орыс тіліне аударуды соғыс өртінің ішінде жүрген қысылтаяң кезде-ақ қолға алғанын 1945 жылғы Абай кітабының 210-бетіндегі «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын...» деген өлеңнің тұсына: «Найти мой перевод 1944» деп белгі соғуынан да көреміз. Оның Абай кітабына жазылған Һашияларында ә дегеннен көңіл бөлетіні – сауатты деген оқырмандардың өзі ұлы ақын шығармаларының тілін, әсіресе ақын сөздерінің мағыналық қырларындағы нәзіктікті түсіне алмайтын, жете танып біле алмайтын осалдықтарына тоқталады.

Абай кітабына жазылған Һашияларында көбірек пікір қозғап, молырақ ізденетін тұсы – Абайдың орыс классиктерінен аударған шығармаларына байланысты. 1945 жылғы Абай кітабының 143, 147, 186, 194, 198, 208, 248, 312-беттерінде жазылған Абайдың аударма өнеріндегі шеберлігі мен Абай өлеңдерінің өзін қайтадан орысшаға өнер тілімен аудару жөнінде тың пікірлер көтереді. М. негізінен Абайдың Лермонтовтан аударған өлеңдеріне ерекше ден қояды. М. Ю. Лермонтовтан Абай аударған сегіз өлең, бір поэманы («Вадим») талдап оқи келе, бұларды шығармашылық аударма жасаудағы ақындық өнердің шыңы деп қарайды. Абайдың Лермонтовтан аударған «Менің сырым, жігіттер, емес оңай...» («Я не хочу, чтоб свет узнал...») деген өлеңін Лермонтовтың тексімен қатар алып салыстыра отырып, аударма ерекшелігіне, әсіресе оңдағы Абайдың ақындық өнердегі сөз құдіреті мен көркемдік талғамының биіктігіне ерекше назар аударады. М-ның бұл аударма жайындағы ой толғаныстары мен өзіндік талғам, бағасын абайтану тарихындағы соны өрнек үлгі демеске болмайды. Міне, осы тұрғыдан Абай аудармасын ақындық өнер тұрғысынан талдай келе: «Абай аударғанда: тілін, өлең құрылысы, ұйқасы, ырғағы, ақынның ішкі сырын бейнелерде мазмұнын толық біліп, түсіне отырып аударған. Өлеңнің қаймағы мен қаспағын жеп, сүтін сіміріп, күбіге салып піскенде майын ажырата оқып, көп зерттегендіктен Абай терең бойлап, жеңіл қалқып отырады. Абайдың аудармалары ізбе-із формалистік саяздықтан аулақ болып, негізінен күшейіп, асып жатады. Мағыналы, баяңды ырғақпен жетектеп ала жөнеліп, жорғалата оқытып отырады. «Қалауын тапса қар жанады» дегендейін, Абайдың қолдануында жай қара сөз жүйелі айтылғандықтан, өз орнына қолданғандықтан – ауыр салмақты болып, күшті мағынаға ие болып отырады. Олар жүйесін тапқандықтан жібектей жылтырап, желідей созылып отырады» – деп, Абай кітабының шетіне жазған Һашиясында өзінше ой қорытады. Бұл арада М. аудармашылық өнердің үлкен шығармашылық ізденуден, түпнұсқаны терең танып білуден туатын ерекшелігі жайында кез келген зерттеуші зерделей бермейтін өте нәзік әрі та-

лғамы биік көркемдік танымын аңғартады. Абай кітабын оқудан туындаған ғашияларында айрықша ерекшеленетін тұсы да Абайдың Лермонтовтан аударған «Қараңғы түнде тау қалғып...» (Из Гете «Горные вершины») деген өлеңін ерекше ден беріп талдауында жатыр. Әлемнің үш ақынының, яғни Гете, Лермонтов, Абайдың бірінен бірі жарыса аударған аудармашылық өнерінің қайталанбас ерекшелігін, ақындық өнер жолындағы бас айналдырар шеберлік жолындағы ізденістерін терең талдап, білуге ұмтылған әрекет жатыр. Гете жазған «Горные вершины» өлеңін әуелі орыс тіліне, одан қазақ тіліне аудару үстіндегі ерекшеліктері хақында жазушы пайымы мен терең мәнді ой толғаныстары жай айтыла салған пікірі емес, тереңдеп зерттеудің аналитикалық тұрғыдан талдап оқудан, талмай ізденуден туған өзіндік қайталанбас соны ойлар. «Қараңғы түнде тау қалғып...» өлеңінің аударылу шеберлігі, ондағы ақындық өнер жарысы жайлы пікірінде бірнеше елеулі ерекшеліктер де байқалады:

а) Абайдың аударма өнеріндегі ғажап ақындық шеберлігін терең ұғыну үшін осы өлеңнің немісше, орысша, қазақша түпнұсқаларын қатар жазып салыстырған.

ә) Енді осы үш өлеңнің түпнұсқаларын М. өзі жолма-жол аудара бастайды. Яғни немісшесін де, қазақшасын да орысшаға жолма-жол өлеңмен аударады. Мыс., Гете өлеңінің немісше түпнұсқасын Абай кітабына көшіріп, оны:

«Над всеми вершинами покой,
В листве не услышишь ты шороха.
Птички молчат в лесу
Подожди немного,
Скоро отдохнешь и ты...» –

деп, жолма-жол өлеңмен өзі аударады. Яғни немісше мағынасын дәлме-дәл түсіреді. Лермонтов аудармасында қалып кеткен неміс тіліндегі бір өлең жолының («Die voglein sehweigen Wolge») мағынасын орысшаға «Птички молчат в лесу» деп аударып берген. Баукең неміс тіліндегі Гетенің өлеңін түпнұсқадан оқып талдай келіп: «Гете – наивный юноша. Его «Отдохнешь до первой хорчевани» – юношеский марш беззаботного студента», – деп таниды да оған «3» деген белгі қояды, яғни өз бағасын береді. Ал Лермонтовтың «Горные вершины» деген өлеңінің де түпнұсқасын Абай кітабының бетіне көшіріп жазып, ол туралы: «Лермонтов – зрелый, как поэт, с налетом пессимизма. У Лермонтова вольный перевод», – деп таниды да, оған «4» деген белгі қояды. Соңында Абайдың кітабындағы «Қараңғы түнде тау қалғып...» аудармасының үстіне М. оның орысша өзі тікелей аударған жолма-жол аудармасын:

«В темную ночь горы дремлют
Ко сну уходят блаженному.
В степи тихо тишине внемлют
Ночь опускается легким покрывалом.
Не пылит дорога
Ни шороха листвы (Не могут встряхнуться листвы)
Если наберешься терпения немножко...» –

қалпында аударып берген. Абай аудармасының табиғатына ене отырып: «Абай – символизирует, обобщает многопланно... о вечном покое, У Абая глубже, у Абая близко к адекватному» – деп, «5» деген белгі қойып, аса жоғары бағалайды. Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып...» өлеңінің үстіне «Реквием» деп тақырып қояды да, оны «Произведение траурного характера» деп, өз анықтамасын береді. Жоғарыда аталып отырған әлемдік үш ақынның туындыларын талдап, аударып, өзінше салыстырып бағалаудағы негізгі мақсат та әр ақынның өздері жырлап, аударып отырған тақырыбын өздерінің ақындық қуаты мен шеберлігіне қарай өзіндік мотивке орай құратын қайталанбас ерекшелігіне көз жеткізу, сезіну, өзінше танып білуге тіреледі. Осы арқылы үш ұлы ақынның бір тақырыпты жырлауында үш түрлі ақындық қуаттағы ерекшеліктің барлығын анықтап, әділ бағасын бере кетуді де ұмытпайды. Лермонтов пен Абай аудармасында да осы өлеңнің немісше түпнұсқасында бар «Құстан үнсіз орманда» деген өлең жолы аудармада қамтылмай қалғанын да ескертіп өтеді. Мұндағы М. мақсаты – Абайдың аударма өнеріндегі ақындық шеберлігін, осы жолдағы ақындық өнер жолындағы ізденістерін анықтай отырып, Абай өз аудармаларында өзі аударып отырған ақындармен ой, шеберлік, ақындық өнер жарыстыруға ұмтылған шын мәніндегі ақындық өнердегі іргелі де жаңа сапа танытатын ізденісін көрсетуге назар аударады.

М-да Абай өлеңдерін өлеңмен жолма-жол аударма жасау тәжірибесі де ұшырасады. Кейбір өлеңдерді тұтас, ал көпшілігінің тек бір-екі шумақтарын ғана аударып, өз қалам құдіретін байқап көргендей әсер қалдырады. Оның Абай өлеңдерін аударуы әдеттегідей жолма-жол аударма деп қарауға келе бермейтін сияқты. Өйткені Абай өлеңінде рухы мен көркемдік бояуы табиғи қалпында аумай түсетін аударма өлең жолдары да ұшырасып отырады. Бұл ерекшелік әсіресе Абайдың ұлттық бояуы басым өлеңдерін аударғанда анық сезіліп тұратыны бар. Мыс., Абайдың «Құлақтан кіріп бойды алар...» өлеңінің бастапқы шумағын алып қарайық:

«Құлақтан кіріп бойды алар
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар
Әнді сүйсең менше сүй...» –

деген:

«Пленяя слух, забирают душу
мою вполон
Красива песня и сладка
мелодия
И погружают меня в мир размышлений
Если песню ты любишь – люби
как и я...» –

түрінде аударылған. Өлеңінің рухы, ішкі мағынасы түпнұсқадағыдай жетіп-ақ тұр. Ал М-ның жолма-жол аударып берген өлеңдері де орысшасын оқығанда, түпнұсқасын оқығандай сезімге бөлеп отырады. Мыс.:

«Күшік асырап ит еттім,
Ол балтырымды қанатты
Біреуге мылтық үйреттім,
Ол мерген болды, мені атты..»

дегенді:

«Научил его обращаться с ружьем,
Он, став метким стрелком, –
стрелял в меня..»

деп аударады.

Жазушының Абайдың Лермонтовтан аударған өлеңдерінің кейбірінің орысша түпнұсқасы барын көре тұра, қайтадан орысшаға аударатыны бар. Яғни, Абай қазақшалаған өлеңді орысшаға ауда-

рады. Мұның себебі де Абай өзі аударып отырған түпнұсқаға, оның рухы мен көркемдік бояуына қаншалықты жақындай алды, автормен ақындық өнер жарысына түсетін Абайдың аудармашылық құдіреті неде екендігін нақтылы танып-білуден туған өзіндік ізденіс мақсатында жатса керек. Өйткені М-ның көзқарасында өленді сөзбе-сөз сірестіріп аударуға іштей қарсылық айқын сезіліп тұрады.

Абай аударған «Теректің сыйы» өлеңінің аударылу шеберлігіне көңіл бөлгенде де М. сөздің көркемдік бояуының қанықтығы мен әр сөздің өз орнында тұрып, табиғи қиысу қалпына да ерекше назар аударады. Лермонтов өлеңінің тексі мен аударма өлеңінің тексін қатар алып салыстырып, осы ерекшелікті сезінуі себепті де: «... Абайдың ойы терең, көркі көлемді, теңеуі бай, ұтымды келіп отырады. Ішкі ырғақтары қарқынды келіп, қалпынан шықпай жатады», – деп бағалауы сезімталдықтың белгісі.

М. Мырзахметов.

МОНОЛОГ – көркем шығарма кейіпкерінің өзіне немесе басқаға қарата айтатын сөздері. М-тың диалогтан айырмашылығы – мұнда диалогтағыдай сұрақ пен жауап алмасып отырмайды. М. кезінде сөйлеуші адам өзінің көңіл күйін немесе философ. түйіндерін жүйелі немесе бірсыдырғы ұзақ жеткізеді.

Абайдың «Қарасөздерінде» М. мол ұшырасады. «Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір, бірталай өмірімізді өткіздік...» (Бірінші сөз). «Көкірек толған қайғы кісінің өзіне де билетпейді, бойды шымырлатып, буынды құртып, я көзден жас болып ағады, я тілден сөз болып ағады» (Бесінші сөз). «Қазақтың бір мақалы: «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік», – дейді, бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады – білмейді» (Алтыншы сөз). Жеке өз аузынан айтылған пікір болғанымен, Абайдың әр «қарасөзі» жалпы халықтың, қалың жұртшылықтың ойын білдіріп, үлкен ғибратты түйін жасайды. Осындайда кейіпкер ойы мен автор ойының бір жерден шығып отыратынын байқау қиын емес. Автор ойы мен кейіпкер ойының тұтастығы Абай өленделерінде де ерекше көзге түседі:

«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат,
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат...»
«Ішім өлген, сыртым сау,
Көрінгенге деймін-ау,
Бүгінгі дос – ертең жау,
Мен не қылдым, япырм-ау?!»

М-тың тек қана бірінші жақтан немесе үшінші жақтан айтылуы шарт емес, жақ түрлерінің қай-қайсысы да келе беруі әбден мүмкін. Ұлы ақынның өленделерінде екінші жақтан айтылатын М. та аз орын алмайды:

«Сен мені не етесің?
Мені тастап,
Өнер бастап,
Жайыңа
Және алдап,
Арбап,
Өз бетіңмен сен кетесің...»

Абай шығармаларында М. елеулі стильдік қызмет атқарып, автор ойын оқырманға тиімді жеткізудің бір тәсілі ретінде қолданылған. *М. Серғалиев.*

МОСКВА (М ә с к е у) – Россиядағы қала, орыс мемлекетінің, Россия Федерациясының астанасы. 15 ғ-дың соңғы ширегінде М. бір орталыққа бағынған орыс мемлекетінің астанасы болды. 17 ғ-да бүкіл орыс жерінің мәдени орталығына айналды, кітап басу ісі туды, алғашқы мектептер ашылды. Көптеген ұлы ғалымдар мен ақын-жазушылардың, қоғам қайраткерінің қызметі М-мен байланысты. Абай М-ның саяси-әлеум. мәнін жоғары бағалаған. Ақын М. Ю. Лермонтовтың «Бородино» өленін тәржімелегенде М-ны «Мәскеу» деп атаған.

МУЗЫКАЛЫҚ МҰРА. Ұлы ақын, ағартушы Абай муз. саласында да айта қалғандай мұра қалдырды. Өзінің асыл өленделерін, қарасөздерін қағазға түсіріп, кейінгі ұрпаққа жазып қалдырса, муз. жөнінде оның мұндай мүмкіншілігі болмады. Өйткені, Абай өмір сүрген кезеңде қазақта музыканың жазба мәдениеті жоқ еді, халықтық музыка ауыз дәстүрлік қалыпта еді. Сондықтан Абай әндері де қазақтың басқа халықтық ән-күйлері сияқты, ауыздан-ауызға, заманнан заманға ауыса отырып жетті.

Музыка саласында жазба мәдениеттің болмауына қарамастан, Абай әндерінің бізге толық жеткен себебі – олардың халықтың жүрегінде сақталуға сапасы сай келетін шығармалар болғандығында, халық санасынан өшпес орын алғандығында. Абай әндерінің өзгешелігі – мелодиялық, ырғақтық жақтарындағы жаңалықтарында, идеялық мазмұнының ашықтығында. Бұл өзгешелік алғашқы кезде тыңдағандардың бәріне бірдей түсінікті бола қоймады, болмақшы да емес еді. Мәдениеттің дамуына кедергі болатын феод. жағдайда кейбіреулер үшін




Абай Құнанбаевтың 1979 ж. Алматыдағы «Жалын» баспасынан жарық көрген «Жаз» атты кітапшасы.

ол әндердің жаңа тілдері қазақтың халықтық ән дәстүрінен шығып кеткендік болып көрінуі де мүмкін еді. Бірақ жаңа, прогресшіл мәдениет күрескері болған Абай өз бетінен қайтқан жоқ. Сөйтіп, Абай әндері алғашқыда оның өз айналасына – ауыл-аймағына, кейін жалпы қазақ арасына тарай бастады. Абай әндері халықтық негізден нәр алғандықтан, халық әндерімен тамырласып жатқандықтан, нотаның жоқ кезінде-ақ, ауыздан ауызға көше отырып, қалың бұқараның игілігіне айналды. Бұған бұрын-соңды халықтың музыкалық салтында болмаған жаңа өткір тілмен өлең тексіне құрылуы да себеп болды.

Жаңа ырғақ – өлшеу, жаңа кейіпті мелодия жолы, жаңа үн сөздіктері – осы үшеуі Абай музыкасының жаңалығы болды. Бұрынғы он бір және жеті-сегіз буынды өлеңдермен айтылатын әндерге Абай әндері ұқсамады. Абай тудырған жаңа поэзия лебі оның әндеріне де жаңа лебіз берді. Орыстың ұлы ақындарын үлгі тұтқан Абай музыка дүниесінде де мұсылмандық шығыстың құран оқу әуезінен үн сөздіктерін іздемегені былай тұрсын, өзіне дейінгі болып келген қазақтың халықтық әндерінің бірқалыптас тілдерін де місе тұтпады. Ол орыстың әдет-ғұрып музыкасы, қала романстарын ести, тыңдай отырып, солардан шығармашылық үлгі алды. Оның үстіне Абайдың «Евгений Онегинді» аударып, «Татьяна хатына» өзінің ән шығаруы, А. А. Дельвиг пен М. М. Глинканың «Сұрғылт тұманын», А. Г. Рубинштейннің «Мен көрдім», М. Ю. Лермонтовтың «Қараңғы түнде тау қалғыбын» аударып, оларға ән шығарғаны – Абайдың муз. сөздігін байытуға әсер етті. Тағы бір айта кететін нәрсе – Абай әндері, сөзі мен музыкасы біте қайнасып жатқандықтан, өзіне дейінгі қазақтың халық әндеріндегі, орындаушының көрінген өлеңге жегіп алып, жүре беруіне келмейді. Мыс., «Қараторғай», «Екі жирен», «Жиырма бес», «Аққұм» сияқты әндерді бірінің сөзімен бірін айта бересің де, Абайдың «Сегіз аяқ», «Қор болды жаным», «Көзімнің қарасы», «Бойы бұлғақ» сияқты әндерін бірінің сөзімен бірін айта алмайсың. Қазақтың халықтық ән дәстүрінде бұл да бұрын-соңды кездеспеген жағдай деп айта аламыз.

Абайдың композиторлыққа басқалардан өзгеше жолмен келуі, оның шығармашылық заманының ал-



«Абайдың туған жері, өскен ортасы» атты кітап (1971).

дын ораған жаңалықтарының болуы, Абай әндерінің ырғақтық, үндік, мелодиялық жақтарының өзіне дейінгі қазақтың халық әндерінде болмаған қасиеттерге ие болуының тағы бір себебі – Абай ерекше бір музыкалық ортада болды: бір жағынан, өзінің асқан музыкалық қабілетінің, музыканы жан-тәнімен сүюінің арқасында қазақтың халық музыкасын жақсы біліп, Семей қ-на гастрольге келген артистердің концерттерін тыңдап-көру арқылы орыс музыкасымен тікелей танысып отырса, екінші жағынан айналасына топталған өнерпаздардың кейбіреулері орыс халқының музыкалық үлгілерімен таныс адамдар болды (өз баласы Әбдірахман, скрипкашы Мұқа). Олар Абай шығарған әндерді тыңдаушы ғана емес, бабына келтіріп орындаушы, дос пейілді кеңесшілер еді.

Абайда Мұхит, Біржан сияқты күшті дауыс болмаса керек. Ол тек өз даусының жеткенінше ғана айтып шығарды. Ол – ақын, композитор, орындаушы арасында жетілген еңбек белгісі жоқ кездегі жағдай еді. Шығарманы бірінші рет орындаушы да, кейін оны халық арасына таратушы да шығарушының өзі болады. Бұл жағдай Абай басында да болды.

Абай әндері жаңа болғандықтан да өз тұсында көп түсінбеушілікке кездесті. 7, 8, 11 буын ырғағымен ғасырлар бойы тәрбиеленіп келген адамдарға Абайдың жаңалықты ән тілі түсінікті болып кету үшін феодализмнің кертартпа дәстүрі қолайлы жағдай болмады. Абайдың:

Адам аз мұны біліп ән салар ма екен,
Тыңдаушы да аз ол әннен бәһра алар ма екен, –

дегені осы бір жағдаймен байланысты болу керек. Әннің мәнін түсіне айтатын орындаушы мен оны бағалай білетін, жаңа үнді жаны түсінетін тыңдаушыны арман еткен, бұрынғы қара дүрсінділіктен күресіп келген Абай жаңа әндерінің көпке баяу тарағанына қынжылады. Алайда идеялық көзқарасында еңбекші халықтың мұңын жоқтауға көшкен Абай өзінің өлеңдерінде де, қарасөздерінде де, әндерінде де осы идеяны қолдап отырды. Поэзияның тілі жетпеген жерде Абай өлеңге ән қосты.

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деген Абай музыкасының да адам өміріндегі орнын, оның поэзиямен қосылғанда күші арта түсетінін сезген. Абай әнді ермек үшін де, қосымша кәсіп болсын деп те шығармаған. Ол жан сырын халыққа тек поэзия тілі арқылы ғана жеткізуді місе тұтпай, сонымен бірге халқымен музыка арқылы да тілдесуді жөн көрген... Абайдың М. м-сы тек совет өкіметі тұсында ғана жиналып, нотаға түсіріле бастады. Қазақтың халық музыкасын жинаушы А. Затаевич 1925 ж. Абайдың бірнеше әнін нотаға түсіріп, жариялады. 30 жылдарда комп. Б. Ерзакович пен Л. Хамиди Абайдың 20-дан аса әнін нотаға түсірді. Бұл әндердің бірқатары Абайдың екі томдық өлеңдер жинағында да басылды. 1939 ж. Қазақстанды зерттеу қоғамы Мәкен Мұхаметжановаңың орындауымен Абайдың 16 әнін нотаға жаздырды. Бірқатар білімпаздардың ұйғаруынша, Мұхаметжановаңың орындауындағы Абай әндері автордың түпнұсқасына жақын болуы керек. Қазақтың халықтық муз. үлгілерін жинаушы кейбір мекемелерде, жеке адамдардың архивтерінде сақталып жатқан Абай әндерін шамамен есептегенде, түрлі нұсқаларын қосқанда, жалпы саны қырыққа жуық болады.

Абай әндері нотаға түскен күннен бастап фортепианолық сүйемелдермен жеке дауысқа арналып, нотаға түсіріліп орындала бастады. Бертін келе Қазақстан композиторлары Абай әндерін өздерінің шығармаларына тақырып-арқау етіп енгізді. Абай әндері негізінде жеке аспаптарға (ұлт аспаптарына, симфониялық оркестр аспаптарына), шағын ансамбльдерге (трио, квартет, квинтет) және үлкен оркестрге

арнап шығармалар жазды. Абай әндері «Абай» операсына молынан кірді. Онда Абай әндері өзінің алғашқы қалпында да, шығармашылық дамулы – өзгерісті түрінде де енді (оркестрде, хорда, ансамбльдерде). Операдағы бір өзгешелік – бірқатар кейіпкерлер үшін Абай стилінде ән, ариялар жазылды. Мыс., бірінші актідегі Айдар-Ажар дуэті, төртінші актідегі «Ей, халайық, барым ең сен» деп басталатын Абайдың ариясы. Қазақстан композиторлары Абайдың сөздеріне өздері көптеген ән жазып, Абай поэзиясының жан түкпіріне жететін асыл қасиеттерін музыка тілімен жалғастыру ісіне қызу атсалысты.

Абай – тек ән шығарушы ғана емес, ән-күйдің әділ сыншысы да. Ол ән-күй жөнінде көптеген терең, үлгілі пікірлер айтты.

«Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең...»

Бұл арада өлең деген сөз ән мәнісінде айтылып тұр. Ол музыканың адам өміріне туғаннан бастап, қайтыс болғанға дейін ілесе жүретінін аңғартады.

Абай музыканы талдауға материалистік тұрғыдан келіп, оны сыртқы дүниенің сәулесі деп топшылайды.

«Жақсы әнді тыңдасаң ой көзіңмен,
Өмір сәуле көрсетер судай тұнық...» –

деп, Абай әннің сыртқы дүниенің сәулесі, бейнесі екенін көрсетті. Ол сыртқы шындық біздің сезім мүшелеріміз арқылы бастағы миға жетеді деген дәлел айтты:

«Құлақтан кіріп бойды алар,
Жақсы ән мен тәтті күй...»

немесе:

«Жүрек тербеп оятар баста миды».

Композитор шебер суреттей, образ жасай білсе, әнде өмір сәулесі тұнық су түбіндегі заттай анық көрінеді, ән мен күйдің санамызда бейнеленуі, «бойымызды алып, жүрегімізді тербеп, бастағы миымызды оятуы құлақ (есту) арқылы келеді», – дейді Абай.

Ән-күйдің сана-сезімге, көңілге әсер ететінін айта келіп, Абай:

«Салған ән көлеңкесі сол көңілдің», –

десе, екінші бір жерінде:

«Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,
Оның тәтті оранған мәні оятар.
Кейі зауық, кейі мұң дертін қозғап,
Жас балаша көңілді жақсы уатар», –

дейді. Әнде көңіл күйі сан түрлі болатынын (мажор, минор) Абай шебер түсіндіреді.

«Әннің де естісі бар, есері бар,
Тыңдаушының құлағын кесері бар...» немесе:
«Құр айқай бақырған,
Құлаққа ән бе екен»,

деген өлең жолдарында Абай музыканың жан қылын шерту орнына, жаныңды түршіктіретінін де болатынын айтады.

Данышпан Абай күй жөнінде де өте өткір пікірлер айтты. Күйдің текссіз айтылатын ән екенін сезген Абай:

«Мұңмен шыққан, оралған тәтті күйге,
Жылы жүрек қайда бар қозғалармын?...»

немесе:

Ақылдының сөзіндей ойлы күйді,
Тыңдағанда көңілдің өсері бар , –

деді.

Бұл жолдардан Абайдың күйді жете түсінгендігі көрініп тұр.

Осындай ән-күй туралы айтылатын аса бағалы пікірлерімен қатар, Абай әнді орындау шеберлігіне де көп көңіл аударады...

Абай орындаушылыққа үлкен мән берген адам. Жақсы шығарылған ән-күй жаман орындаушының қолына түскенде, «ауыздан шыққанда өңі қашатын, көңілдегі көрікті ойдың» кебін киетінін де Абай білді. Шығарушылық пен орындаушылықтың екі түрлі қабілет екенін де ол жақсы түсінеді. Сондықтан жоғарыда айтылғандай, Абай алғашында өз әндерінің шығарушысы да, оларды бабына келтіріп орындаудың нұсқаушысы да, ән-күйдің, әншіліктің сыншысы да өзі болды. Әрине, Абайдың «әніңді сатып ақша алма» деуі – сол кездегі ән қадірін түсініп, біреулерді өтірік мақтап, мал табушыларды мінеп-шенегендік еді.

Қорытып айтқанда, Абай дарынды композитор болды, өзінің нота сауатынан хабарсыздығына қарамастан, ән шығару ісінде айта қалғандай жаңалықтар тудырды. Оның басты себебі – Абай поэзиядағы сияқты муз. шығармашылықта да орыс халқының прогресшіл өнерінің артықшылығын түсініп, оны меңгеруге тырысты. Сөйтіп қазақтың халықтық муз. дәстүрінде ол өзіне дейін болмаған жаңа үнді, жаңа ырғақты ән шығарды. Сонымен қатар ақын, композитор, орындаушы – үшеуі бір кісі болған тұста ол қолынан келгенше, олардың арасында еңбек бөлісінің керектігін сезіп, өз аулында, айналасында болса да, сол жұмыстың басын бастап кетті. Өзінің баяу даусымен шығарған үлкен сырлы әндерін халық көпшілігіне жеткізудің бар шарасын қолданды. Оның ән, күй, орындаушылық жөнінде қысқаша айтып кеткендерінің әлі күнге дейін үлкен мәні бар. Композиция жағынан Абайдың музыкасы көп жанрлы деуге болады. Онда драма, сатира, трагедия, әдет-ғұрыптық, жаратылыс суретін бейнелейтін т. б. сан түрлі музыка бар. Ал оның муз. сыншылығында жан-жақты, терең филос. пікірлер жатады. *А. Жұбанов.*

МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАСЫН ЖИНАУ. Өз заманында дара дарын иесі болған Абай ойшыл-ақын ретінде қазақ поэзиясына ғана ұлан-ғайыр үлес қосқан жоқ, сонымен қатар композитор ретінде де халықтың муз. өнерін де едәуір байытты. Ол шын мәнісінде халық музыкасына көптеген соны түр мен екпін енгізген әндері арқылы қазақ музыкасында өзгеше абайлық нақыш тудырды. Абай әндерін нотаға түсірген жоқ, сондықтан да ол әндерін алдымен өзі айтып таратты. Абай үйінде айлап, аптапап қонақ болып, ойын-сауық құрып жататын ақындар мен әншілер оның жаңа әндерін өз аузынан естіп, үйреніп жұртқа жеткізген. Сөйтіп, Абай әндері ескі дәстүр бойынша, біреуден-біреу үйреніп, ауыздан-ауызға көшіп отырған.

1917 жылғы қазан төңкерісіне дейін орыс этнографтары мен музыка зерттеушілері қазақ халқының муз. мәдениеті хақында көптеген құнды еңбектер жазып, әндері мен күйлерін нотаға түсірген. Бірақ, бір өкініштісі солардың арасында Абай әндері жоқ. Дегенмен, бірқатар әншілердің Абай әндерін орындағандығын дәлелдейтін жазба деректер де жеткілікті. Мыс., А. Т. Седельников «Қырғыз өлкесі» деген очеркінде Абайды қазақ поэзиясындағы жаңа ағымның өкілі деп атайды. Оның «Евгений Онегин-

нен», М. Ю. Лермонтов өлеңдерінен тамаша аудармалар жасап, «Семей өлеңшілерінің «Татьянаның хатын» әнге қосып айтып жүргендері» туралы («Россия», В. П. Семеновтың редакциялауында, 1903, 18 т., 204-б.) деректер келтіреді. Орыстың Императорлық Географиялық қоғамы Семей бөлімшесі жазбаларында (Үшінші басылымы, 1907, 5-б.) Әділхан деген әншінің «Татьянаның хатын» шырқағанын атап өткен. Саяхатшы Д. М. Львович осы әнді Қызылтас аулында ақынның аузынан естігенін жазады («Қырғыз даласына сапар», Петроград, 1914, 109-б.). Бұл жазба деректерден Абайдың көзі тірісінде-ақ халық арасына кең тараған әндерінің ішінен тек «Татьянаның хаты» ғана аталуы кездейсоқ нәрсе сияқты болып көрінуі мүмкін. Бірақ мұны түсінуге де болады. Түбірімен өзгеше әуез бен өлең сөзі орыс тыңдаушыларының құлағын елең еткізері сөзсіз. Өйткені, қыздың махаббат қылын шертіп, жігітке сүйіспеншілік хатын жазу сол кездегі қазақтар арасында ғана емес, көптеген халықтар үшін ұяттан асқан, өрескел қылық саналатын. Оның үстіне бұл – қазақ халқына әлі де кең көлемде таныс бола қоймаған А. С. Пушкин шығармасының аудармасы. Абайдың 1889 ж. «Евгений Онегиннен» тәржімелеген «Татьянаның хаты» әнінің ел ішіне кең тарауы қазақ фольклорынан да қызу қолдау тапқан сияқты. 19 ғ-дың ақырында сүйіктісіне деген сезімін танытатын қыздар әндері туа бастады.

Абай әндері мен өлеңдерінің төңкеріске дейін-ақ халық арасына кең мәлім болғандығы 1914 ж. 26 қаңтарда Семейде өткізілген этнографиялық әдеби-муз. кештің бағдарламасынан да айқын байқалады. Бұл мазмұны жағынан қазақ және орыс поэзиясының, музыкасы мен фольклорының бірлескен концерті еді, оның бірінші бөлімі негізінен А. Құнанбаев шығармаларына арналды. Ақын-композитордың ақындық, композиторлық жолы жайлы Н. С. *Құлжанова* баяндама жасап, «Татьянаның Онегинге жазған хаты», «Айттым сәлем, қалам қас», «Өлсем орным қара жер, сыз болмай ма?» әндерін Әлмағамбет Қапсәлемұлы орындады. 1920–30 ж. халық ағарту мекемелері халықтың муз. туындыларын жинап, жазып алу ісінде бірқатар игі жұмыстар атқарды. Клубтарда ұйымдастырылған көркемөнерпаздар кештерінде, театрларда өткізілген концерттерде халық әндерімен, халық композиторларының шығармаларымен қатар Абай әндері де орындалып, мектептегі жастар мен студенттердің көркемөнер ұжымдарының әншілері мен хорлары сүйіп орындайтын әуенге айналды. Той-думан, жастар кештері, дастарқан қуаныштары Абай әндерімен басталатын болды.

Кәсіпқой және әуесқой әншілерден Абайдың муз. мұрасын жазып алудың алғашқы қадамдары сол жылдарда басталды. Мыс., 1919 ж. А. Э. *Бимбоэс* Абайдың екі әнін (Мұстафа Нұрбаевтан «Сегіз аяқ», Нәзипа Құлжановадан «Татьянаның Онегинге жазған хатын») нотаға түсіріп алды. 1920–23 ж. А. В. Затаевич ақын-композитордың 8 әнін – Осман Қашағановтан «Татьянаның Онегинге жазған хатын», Жүсіпбек Аймауытовтан «Абайдың әнін», Ескендір Дайырбаевтан «Қор болды жаным», Мұсылманқұл Әбсалықовтан «Өзгеге көңілім тоярсың», Сергазы Тамтаевтан «Көзімнің қарасы», Кәрім Қашқынбаевтан «Сегіз аяқ», Шәріп Медетовтан «Абай», Сәбит Мұқановтан «Татьянаның Онегинге жазған хатын» нотаға түсірді. Бірақ бұдан кейінгі жылдары төңкеріске дейінгі ақындар, әдебиет және ғылым мен өнер қайраткерлеріне байланысты өріс алған теріс саясаттың салдарынан концерттерде Абай әндерін орындауға тыйым салынды. 1931–38 ж. Абайдың бір де бір әні қазақ радиосы арқылы берілген жоқ. Ақынның муз. шығармаларының «Қазақтың 500 ән-күйі» жинағына енбей қалуы да сондықтан. Бірақ әншілер оның әндерін мұқият сақтап қалған еді. Мыс., қазақтың атақты әншісі Ә. Қашаубаев қайтыс боларынан аз уақыт бұрын өз ұсынысымен Е. Г. Брусиловскийге Абайдың «Біреуден біреу артылса» және «Қор болды жаным» әндерін жаздырған. Бұл әнші мен ақын тағдырының тоғысқан тұсы болатын. Концерттік сапармен Франция мен Германияға барып қайтқан әнші жосықсыз жалаға ұрынып, жазықсыз жапа шеккен шағында Абайдың тап осы екі өлеңінен көңіліне жұбаныш іздеуі заңды да сияқты.

1935 ж. М. Әуезовтың Абайдың муз. мұрасын сақтап қалуға байланысты белсенді қызметінің нәтижесінде Семейде оның әндерін алғаш рет толық жинап, нотаға түсіру қолға алынды. Композитор Л. Хамиди осы жылғы көкек айында Әрхам Ысқақұлынан ақынның: «Біреуден біреу артылса», «Желсіз түнде жарық ай», «Ішім өлген сыртым сау», «Сегіз аяқ», «Қор болды жаным», «Сен мені не етесің», «Айттым сәлем, қалам қас», «Татьянаның Онегинге жазған хаты», «Татьяна сөзі», «Көзімнің қарасы», «Сұрғылт тұман дым бүркіп», «Бойы бұлғаң», «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа», «Тәңірі қосқан жар едің сен», «Қарашада өмір тұр», «Өлсем орным қара жер, сыз болмай ма», «Қараңғы түнде тау қалғып» әндерін жазып алды. Дегенмен, бұл шығармалар ол кезде жарық көре қойған жоқ. Хамиди Москва консерваториясының жанындағы Татар опера студиясына оқуға кетті де, асыл қазына болашақ композитордың жеке архивінде қалды.

1939 ж. Әуезовтың ұсынысымен Алматыда Абай әндерін нотаға түсіру қайтадан қолға алынды. Оның тапсыруымен Л. Хамиди әнші Жүсіпбек Елебековтың орындауында «Қарашада өмір тұр», «Сегіз аяқ», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Көзімнің қарасы», М. Әуезовтен «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» әндерінің жаңа нұсқаларын жазып алды. Сол жылы Әуезовтың көмегімен Б.Г Ерзакович Қуан Лекеровтен, Темірболат Арғынбаевтан, Елебековтен «Айттым сәлем, қалам қас», «Ата-анаға көз қуаныш», «Бойы бұлғаң» әндерінің басқаша түрлерін нотаға түсірді.

Ал 1953 ж. Әуезов өз орындауында «Сүйсіне алмадым, сүймедім» әнін нотаға түсіртті. Мұның алдында, 1948 ж. Ерзакович Семей обл., Жарма ауд. «Октябрьдің 15 жылдығы» колхозында тұратын ақын Көсембек Байғұтдиновтан Абайдың «Қарға мен бүркіт» әнін жазып алған болатын. Абайдың муз. мұрасын жинауға ақынның Турағұлдан туған немере қызы *Мәкен* Мұхаметжанова да көп үлес қосты. Ол атасының әндерін тікелей өз әкесі мен әкесінің замандастарынан үйренген. 1939 ж. оның орындауындағы Абай әндерін композиторлар А. Жұбанов пен А. Серікбаев жазып алған болатын. Бірақ сол әндерден Жұбанов нотаға түсірген «Онегиннің Татьянаға хатынан» басқасы сақталмаған. 1984 ж. ҚазССР ҒА-ның Әдебиет және өнер ин-тының өтінішімен Мәкен Абайдың 17 әнін магнитофон таспасына жаздырды. Мұның 11-і композитордың бұрын белгілі әндерінің жаңа нұсқасы да, алтауы: «Онегиннің Татьянаға жауабы», «Онегиннің өлер-

дегі сөзі», «Жарқ етпес қара көңлім не қылса да», «Әбдірахманның әйелі Мағыштың жоқтауы», «Тереқтің сыйы», «Есіңде бар ма жас күнің?» алғаш рет нотаға түсірілді. Мәкен орындаған бұл әндерді муз. зерттеушісі Қ. Жүзбасов жазып алды.

Замандастарының бізге жеткізген естеліктері бойынша, Абай домбыраны жақсы тартқан және өз әндерін айтқан әншілерді сүйемелдеп отыратын әдеті болған. Ақын бірнеше күй де шығарған. Бір өкіншітсі композитордың ел арасына тараған бұл күйлері әлі күнге жиналып, зерттелген жоқ. Абай күйлері ішінен тек үшеуі ғана белгілі. Оның екеуін – «Торжорға» мен «Май түнін» 1983 ж. У. Бекенов Ғайса Сармурзиннен, «Абай желдірмесін» Шығ. Қазақстан обл. Қатонқарағай аулының тұрғыны Хамза Демшіновтен Қ. Жүзбасов нотаға түсірген. Бірақ комп. Абайдың бізге жеткен шығармалары кезінде қағазға түсірілмей, тек ауызша, біреудің біреуден үйренуі арқылы ғана жеткендіктен, оның аса бай муз. мұрасын толық қамти алмайды. Неше түрлі қилы заманды басынан өткізген қазақ халқының көптеген фольклорлық мұрасымен қатар Абай әндерін де зердесінен шығарып алған кезеңдері көп болды. Оның үстіне ауызекі тараған дүниенің авторлық нұсқасының толық сақтай алмайтыны да белгілі. Түпнұсқа кейінгі орындаушылардың әншілік шеберліктеріне, олардың нақты муз. шығарманы игеру, үйрену, жеткізу қабілеттеріне қарай алуан түрлі өзгерістерге ұшырайтыны тағы бар. Сондықтан да ел арасында Абай әндерінің әр түрлі нұсқалары ұшырасады. Дегенмен аса жоғары дарын иесінен туғандықтан да, Абай әндерінің негізгі әуені өзінің алғашқы нұсқасының арқауын толық сақтап қалған. Төңкеріске дейінгі кезеңде Абай әндері негізінен өлкенің солт. және шығ. аймақтарына көбірек тарап, одан бергі уақытта Қазақстанның барлық аймақтарын мекендеген қалың жұрттың игілігіне айналды. Қазіргі уақытта ақын-композитордың 27 әні және оның 36 нұсқасы нотаға түсірілген. Абайдың бізге жеткен муз. мұрасының бір бөлігі болып табылатын бұл әндерден оның өзіне ғана тән айрықша абайлық нақышын айқын аңғарамыз.

Ұлы ақын-композитордың муз. шығармалары қазақтың қазіргі ұлттық мәдениетінің аса құнды бөлігіне айналды. Оның әндерін кәсіпқой әншілер домбыраға қосылып, фортепианоның сүйемелдеуімен айтады, көптеген аспаптық ансамбльдер мен оркестрлердің репертуарларына енген, бірқатар композиторлардың күрделі шығармаларына өзек болған. Абайдың муз. мұрасы кәсіпқойлық муз. өнердің жанрларын байыта түсуге көп ықпалын тигізді. Абай әндері тұтас күйінде, кейде олардың үзінділері көптеген опералық, симфониялық, камералық және хорға арналған шығармаларға кеңінен пайдаланылып келеді. Олар қазақ музыкасында Абай тақырыбындағы шығармалар топтамасын құрайды, ал қазақ муз. зерттеу ғылымында – муз. абайтану деген ғылыми жаңа саланы тудырды.

Әдеб.: Шомбалова Г. Абай әндері. «Абайдың өмірі мен творчествосы» деген кітапта. - А., 1954; Дернова В. П. Письмо Татьяны. «Советская музыка», 1960, №1; Жубанов А. Абай. «Замана бұлбұлдары». - А., 1967; Ерзакович Б. Г. Вклад Абая в казахскую музыку. «Айттым сәлем, қалам қас» деген кітапта. -А., 1986. *Б. Ерзакович.*

МУСАТ Борис Ильич (1932 ж. т.) – суретші. Кескіндеме және мүсін өнері саласында жұмыс істейді. Ол ақынның Қарағанды обл. Абай қ-нда қойылған ескерткіш-мүсінін (1974, шеген, құйма, сәулетші С. И. Мордвинов) жасады. Ақынның салмақты да ойлы тұлғасы қала көркімен әсем үйлесім тапқан.

МУСИН Қапан (1921–70) – композитор. Қазақстан Республикасының еңбек. сің. өнер қайраткері. Оркестрлік, симфониялық, камералық-аспаптық жанрларда елеулі еңбек етті. Комп. Абай өлеңіне хорға арнап «Күз» деген ән шығарған.

«МҰҒАЛІМ» – РСФСР Ұлттар істері жөніндегі халық комиссариаты қазақ бөлімінің Бөкейлік бөлімшесі мен қазақ мұғалімдері кәсіподағының журналы. Орда қ-нда 1919 жылдың наурыз – шілде айлары аралығында 10 саны жарық көрді. Журнал ағарту ісінің жайын, оқу-тәрбие жұмысының тәжірибесін, методик. әдістерін жинақтап таратты, әдебиет мәселелеріне кең орын берді. Жазба әдебиет пен фольклордың арақатынасын, өзара әсерін, айырмашылығын арнайы әңгімеледі. Абайдың «Кейде есер көңіл құрғырың» атты өлеңі туралы пікір жариялады (№7), оның пед., өнер, білім-ғылым жайындағы көзқарастарын сөз етті. Жас ұрпаққа имандылық, адамгершілік тәрбие беруде ақын шығармаларының маңызы зор екенін ашып көрсетті.

Т. Қожакеев.

МҰҚА Әділханұлы (Мұхаметқанапия) (1857–1927) – әнші, композитор. Зор үнді әншілігіне қоса скрипканы жақсы тартқан. Өз ағаларының біреуінен жесір қалған жеңгесіне ғашық болып, оны заңды әмеңгеріне тигізбей алып қашып, Абай аулын паналаған. Абай оларға ара түсіп, бастарына азаттық әпереді, кейін М-мен дос болады. Абайдың балалары М-дан скрипка тартуды үйренген. М. ақын да болған. Оған Абайдың, Ақылбай мен Мағауияның ақындық ықпалы тиген. Австрия композиторы И. Штраустың «Көгілдір Дунайда» вальсін скрипкада тамылжытып тартып, соған арнап «Дунай толқындары» өлеңін шығарған. Абайдың композиторлық өнерінің, ән-күй жайындағы аталы ойларының әсерімен туындаған бұл өлең әнге жарасымды сыршылдықты, табиғаттың көркем келбетін анық танытады. Өзінің туып-өскен жері – Көкен тауын суреттеп, Абайға сынатпақ болған «Көкен» өлеңінен де осы қасиет мол сезіледі.

...Көкенге көңлің толып, Абай аға,
Берерсің өз көзіңмен беріп баға.
Ең үстін домбырамның әнге күйлеп,
Қол соқтым «Дунайская волнаға»

(Нұрқатов А. Абайдың ақындық дәстүрі. – А., 1966, 130-б.). Бұл өлеңнен пейзаждық лириканың реалистік үлгілерін жасаған Абай поэзиясының рухы мен туған жерді сүйе білуге үндейтін патриотизмін аңғарамыз. М. «Абай жолы» романына тарихи кейіпкер болып енген. *М. Бейсенбаев.*

МҰҚАМЕТХАНОВ (Ғибадулқайым) Қайым (1916 ж. т.) – әдебиет зерттеушісі, абайтанушы. Филол. ғыл. кандидаты. Ол «Абай заманының ақындары» атты тақырыпта канд. диссертация қорғады. Абай мұрасы жайлы «Абай шығармаларының текстологиясы», «Абайдың ақын шәкірттері» деген ғыл.-зерт. еңбектері жарық көрді. «Крылов және Абай» («Екпінді», 1949, 16 ақпан), «Абайдың жарияланбаған өлеңдері жайында» («Қазақстан мұғалімі», 1955, 12 мамыр), «Абай үлесі» («Қазақ әдебиеті», 1964, 21 маусым) т. б. мақалалар жазды. Диссертациясы мен зерт. еңбектерінде Абайдың өмірі мен өскен ортасына, рухани қайнар көздеріне, ақыннан үлгі алып, өнерін жалғастырған шәкірттерінің шығармаларына тоқталады. Абай шығармаларының текс-

терін салыстырып зерттеді. М. Абай мұрасын жинап толықтыруда мол еңбек сіңірді.

Б. Сапаралы.

«МҰҚАММАРАЗҒА» – Абайдың өлеңі, қ. *«Ауру астан болғанда, дау қарындастан...»*

МҰҚАНОВ Ғалымжан (1953 ж.т.) – қазақ тілі мен француз тілінің маманы, әдебиетші, аудармашы. Француз ақыны К. Клермонттың «Владимир мен Зара немесе қырғыздар туралы» деген дастаны М-тың аудармасымен 1988 ж. «Жазушы» баспасынан жарық көрді. Клермонт Дж. Байронның жұбайы, 19 ғ-да Қазақстан жерін аралап қайтқан соң осы шығармасын жазған. 1936 ж. Париждегі «Госселен» баспасынан басылып шыққан. Бұл Европада қазақтар туралы жазылған тұңғыш көркем туынды. М. күнделікті баспасөзде Абай шығармаларын мектептерде оқыту мәселесін сөз еткен бірнеше мақала жазды. 1993 ж. «Жазушы» баспасынан М. аударған Абай шығармалары «Ғақлия сөздері мен «Ескендір» және «Масғұт» поэмалары» деген атпен француз тілінде жарық көрді.

МҰҚАНОВ Сәбит (1900–73) – қазақтың көрнекті жазушысы, қазақ совет әдебиетінің негізін салушылардың бірі. ҚазССР ҒА-ның академигі. Абай әлемі көп айтылып, жазылып, зерттелінген сайын зорайып, биіктей беретін құбылыс. Абайдың әдеби мұрасын тану мәселесінің көптеген қаламгерлер еңбектерінде, сыни ойларында әр қилы деңгейде көрінгені де белгілі. Бір ғана 20-жылдарда, атап айтсақ, А. Сегізбаев: «...Абайдан соңғы ақындардың сөздері тіпті басқа түрге кірген. Оған себеп – Абай кейінгі ақындарға жөн сілтеп, бетін түзеген» десе («Қызыл Қазақстан», 1922, №11), Б. Кенжебаевтың «Абай» атты мақаласында («Еңбекші қазақ», 1925, 14, 15 тамыз) прогресшіл, халық ақыны ретінде бағаланды. Осы кезеңдегі М. мақалаларында Абай мұрасы әр түрлі деңгейде көрініп, ақынды «байдың Абайы – біздің Абай емес» дегенді айтты (мыс., «Қара тақтаға жазылып қалмаңдар, шешендер» атты мақаласын еске алуға болады). Бірақ жазушының Абайға өнер иесі ретінде қарап, үлгі еткен тұстары мол болды. Ол «Абай – халық ақыны» атты көлемді мақаласында (1939) өзінің Абай туралы бұрынғы ойларының теріс екенін мойындап, керісінше ақын шығармаларының идеялық-көркемдік ерекшеліктерін әділ бағалау арқылы ағартушы-демократ, ұлттық поэзияның үздігі дәрежесінде таныды. М-тың Абай жөнінде сүбелі зерттеулер жасағанын «Жарқын жұлдыздар» (1964) монографиясы дәлелдейді. «Бұл монографиялық еңбегімді 1945 жылы жазып бітірген ем. Ақындық шеберлігі баршамызға үлгі болған Абайды терең білу, оның мұрасын игеру ісін мен өзіме кезекті міндет тапқандықтан көлемді еңбек жазумен шұғылданып жүретінмін», – дейді. «Абай – зор кісі. Ол – зор ақын да, зор ойшыл да, зор қоғамшыл да, зор күресшіл де. Оның осы бейнелерін түгел қамту, әрине, оңай міндет емес. Сондықтан Абайды толық зерттеу, толық ұғу бір жылдың, я бір ұрпақтың міндеті ғана емес, көп жылдардың, көп ұрпақтардың міндеті. Әйткенмен, әр ұрпақ өз қолына түскен материалға сүйене отырып, өз ой өрісі жеткен пікірді айтуға міндетті.

Оқушылардың алдына ұсынып отырған менің бұл еңбегім әдебиеттегі рухани атамыз Абайдың, оның еңбектерін сүйіп оқушы халықтың алдында Абай туралы біраз жылдан бері жиналып қорытылған пікірді айту мақсатымен жазылды» дегенді айтып алуды айрықша қасиет деп тапты және өзінің Абай жөніндегі ой-пікірлерінің өзгеру кезеңдерін түсіндіруді шарт санаған.

«Абай және оның шығармалары туралы көпшілік алдына менің алғаш ауыз ашуым – бұдан 22 жыл бұрын – 1923 жыл еді. Сол жылы «Еңбекші қазақ» газетінің 69 санында «Қара тақтаға жазылмаңдар, шешендер» деген мақаламда мен Абайды «байлардың Абайы, біздің Абай емес» деген пікірді айтып шықтым. Бұндай солақай, сауатсыз, саяси жағынан да, ғылымдық жағынан да қате жазылған мақаламның шығуына не жағдай себеп болғанын мен 1942 ж. басылған «XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихынан очерктер» деген кітабымда (10–11-беттер) айтқам.

Осындай түсінікте болғандықтан Абай туралы бастаған біраз пікірлерге қорытынды жасау мақсатымен оқушыларға ұсынғалы отырған осы еңбекті жазуға қалам алдым», – деп, алдына қойған игі мақсатын санап-санап шығады.

Сәбиттің құжат жинауы, оны кітапқа орналастыруы керемет қызық. Оларды пайдалануы иненің көзінен өтетіндей жып-жинақы десек жалған болар, алағылтегіл мол дерек жинайтынына және оқушыны сонымен елітіп тастайтынына ешкім шүбә келтіре алмас. Сондықтан да болар тарихи деректерге аңыздық сипат дарып, көп реттерде осының өзі рас па екен деген күдік те тудырады. Ал, шындығына келгенде әсем әңгімеленген деректердің негізінде шындық бар. Сондықтан М-тың қаламынан туған мақала-зерттеулерге кесек-кесегімен келтіретін мағлұматтарға айрықша ұқыптылықпен қарап, әдеби-мәдени және рухани тарихымыздың қажетіне жаратқан абзал.

Абайдың ақындығын танып білуге Сәбит айрықша үлес қосқан зерттеушінің бірі екендігінде сөз жоқ. Өйткені ғылыми ой-пікір мен көркемдік тәжірибені сәтті ұштастырып, тамаша қисындар, теориялық тұжырымдар айтқаны аян. Қазақ поэзиясының ұлттық табиғатынан туатын екі заң бар: «Бірінші – төрт буыннан артық буыны бар сөзді қазақ поэзиясы қабылдаған емес. Төрт буыннан артық буыны бар сөз қазақ поэзиясына кірсе, оңдай сөз поэзияның ырғақтық заңын тас-талқан ғып бұзып, поэзияны прозаға айналдырып жібереді. Екінші – қазақтың «сөз буыны» дегені, мәселен, орыстың сөз буыны емес. Қазақ сөзінде бес әріпті буын түгіл, «жұрт, «құрт», «сырт» сияқты төрт әріпті сөздер сирек кездеседі. Қазақ сөзінің басым көпшілігі үш әріпті буындардан құралады, Қазақ поэзиясы буынында үш әріптен артық әрпі бар сөзді талғап қабылдайды» деген теориялық ойлар Сәбиттің өте нәзік те терең зерттеуші екендігін көрсетіп, әдебиеттануға зор үлес болып қосылады.

Осы ойын әрі тарамдата келіп, «Абайға шейін қазақ өлеңдерінде үш түрлі түр болатын», – деп, «жыр» мен «қара өлеңге» тоқтайды да, үшінші түр деп атағанына терең талдау жасамайды. Қалай болғанда, Абайдың ақындық шеберлігін, қазақ өлең жүйесіне жасаған реформалары мен жаңалықтарын ашып берді. «Осы үшеуінен басқа өлең түрі Абайдан бұрынғы қазақ поэзиясында жоқ. Абай осы үш түрдің үшеуін де өзінің шығармаларында үнемі қолданады. Бірақ қазақ поэзиясындағы өлең құрылысындағы бұл үлгілерді Абай бұрынғы дәстүрлі күйінде ғана қабылдамай, ол үлгілерді өңдейді, өнерлендіреді» деп білді.

Алайда бұған М-тың өзі де ортақтас екенін ұмыт-

пайық. 1939 ж. Абайдың екі томдығына жазған алғы сөзінде «Абайдан бұрын қазақ поэзиясында екі-ақ түр болды» деп тұжырымдағанын бірнеше жылдан кейін сынық, кетік жолға бола үшінші түрді шығаруы әрине, тереңірек зерттеуді қажет етері сөзсіз. Қалай болғанда да ғылыми ойлар әр кездегі ізденістопшылауларға байланысты өзгеріп отырғаны жөн, әйтпесе, «бір рет айттым, енді одан қайтпаймын» деп қасарысу әшейінгі менменсіген пенделік болмақ. Ал өзгеріске ұшырау, дамытып отыру, бірде сәтті, бірде шалыс түсу сөкеттейтін нәрсе емес.

1945 ж. Абай туралы кесек монография жазған шығармаларына тән бір ерекшелікті айрықша айта кеткен жөн. Ол – Сәбиттің тарихи шежірелігі. Абайға байланысты айтылатын ой арқылы қазақ оқырманын өзінің тарихына тереңірек үңілдіре түсу, қызықтыра баяндау машығы осы монографияда мейлінше анық көрінеді. Кейбір зерттеушілер Сәбеңнің бұл тәсілін сюжетті ауырлату, артық деталь деп есептегенімен, өзінің азаматтық тарихы түбегейлеп жазылмаған қазақ сияқты момын халық үшін, әсіресе тәуелсіздік алғаннан кейін айрықша қажет. Осы тұрғыдан келгенде Сәбиттің шежірелік түйіндерінің күні енді туды, халық қажетіне енді мықтап жарайды. Абайды айтқанда халықтың тарихын қосарлап отырмаса Абайдың ұлылығын тануға кеселін тигізер еді. Жалғыз М. қана емес, қолына қалам алған жанның, ел мақсатын айтпақ болған шешендер мен ойлылардың Абайсыз ауыз ашпайтынын ескерер болсақ, онда Сәбиттің жамбасы қара жерге тигенше ұлы кемеңгер ақынның рухын айрықша ардақтап өткенін көреміз.

«Қазағым» дегенді «ұлтым» деген мағынада түсінген Абай туған халқының өмір шындығының араламаған түкпірін қоймады және көрген-білгендерінің барлық бейнесін шығармаларына түсіріп отырды. Ол өмір шындығының тіркеушісі емес, көрген-білгендерінің сыншысы және кем-кетікті қатты сынау арқылы түзетуге тырысушы. Сондықтан ол ұлт ақыны. Қазақ халқының ұлт әдебиетін, ұлт тілін өркендетуде Абайға ешкім тең келмейді. Абайға шейін де, Абайдың тұсында да қазақтың ұлт мәдениетін Абайдай көтерген ақын жоқ. Абай жасап кеткен биік – тым зор биік. Қазақтың Абайдан кейінгі ақындары идея жағынан болмаса, өлеңнің шеберлігін ол биіктен әлі де асыра алған жоқ. Қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, тұңғыш просветитель-демократ, классик ақын – Абай» деген қорытынды тұжырымы М-тың ғалымдық танымын, жазушылық арын айқын танытады.


«Жарқын жұлдыздар» монографиясында ақын өскен орта, ата-тегі, өмір кезеңдері, дүниеге, сөз өнеріне көзқарасы туралы зерттеу жүргізіп, тиянақты тұжырымдар айтты. Жазушы сөзіменайтсақ: «Абайды – ата тегін де, өз өмірін де, ақындық таланты мен шеберлігін де, оқу-білім де, жалпы адамдық, өз ұлтының пікірлерін де, өміріндегі, шығармаларындағы күшті я әлсіз жақтарында түгел қамту» көзделген («Жарқын жұлдыздар», – А., 1980, 169-б.). Зерттеуші «Абай Құнанбаев» дейтін монографиялық еңбегінде даналық қорытындыларға, қанатты, ғибратты ойларға мейлінше бай қарасөздеріне зейін аударады. Қара сөздеріндегі көркемдік шеберліктің бір сыры ақынның дарынды шешендердің мұрасын жетік һәм терең үйреніп білгендігінен деп түйіндейді. Зерттеуші Абай поэзиясының бейнелілік – суреттілік жүйесіне, ақындық тілі мен құрылысына талдау жасайды. Абайдың Шығыстың классикалық әдебиетімен байланысы және А. С. Пушкиннен, М. Ю. Лермонтовтан, И. А. Крыловтан аударылған шығармалары жөнінде ой өрбітеді. Ұлы ақынның табиғат лирикасындағы философ. ой да, сурет те, сыр да біртұтастықта екендігін көрсетеді. Яғни Абайдың жаратылысты сөйлетіп, құпиясын төгілте суреттеп жеткізіп, ой-сезім мұхитының ағыс-толқындарын тудырып, ғаламат қуаттың көзіне айналатындығын дәлелдейді. Осы еңбегінде: «Ұлттық тіл – сол ұлттың тіршілігінің айнасы да, құралы да. Әрбір ұлттың тілі – сол ұлттың барлық мүшесіне түсінікті бола білсе ғана тіршілігінің айнасы мен құралы болады», – деп жазады. Шынында да, Абай поэзиясы – қазақ өмірінің айнасы. Демек, ол ана тілінің негізгі сөздік қорын сарқа пайдаланған, соның ну орманына еркін шүйгіген ерен дарын. М. ұлы ақын туындатқан шендестірулерге, ауыстыруларға, теңеулерге, әсірелеулерге ой сәулесін түсіреді. Олардың қазақ халқының шаруа кәсібімен, тұрмыс-салтымен, аңшылық, малшылық дәстүрлерімен төркіндес, тамырлас екендігін баяндаған, Абайдың қазақ өлеңіне енгізген өзгеріс-жаңалықтарына тоқталған. Фольклорлық поэзияға жыр үлгісі мен қара өлең шумағы тән болса, ал қазақтың жазба поэзиясына Абай жиырмаға жуық түр қосты деп пайымдайды. Абай жыр үлгісімен «Өзгеге, көңілім, тоярсың...», «Болыс болдым мінеки...», «Жаздыгүн шілде болғанда...» сияқты өлеңдерін шығарған. Мұнда «бірқалыпты үйлес жиі қолданылғандығын» ескертеді зерттеуші. Ақын енгізген жаңалықтарды анықтау үстінде, оның өлеңдерінің буындық, тармақтық, ұйқастық, шумақтық, ырғақтық құрылысының ерекшеліктерін есепке алады. Абайдың қазақ өлеңіне кіргізген ұшан-теңіз өзгерістерін осылайша жіктейді: «Асылы «осы жаңалықтарында Абай қазақ поэзиясына тән заңды (өлеңге төрт буыннан артық буыны бар сөз қоспау, қазақ сөзінің буын құрылысын сақтау) бұзбайды, қатты сақтайды». М. ақынның композиторлық шеберлігіне де назар аударған. Ол музыка зерттеуші А. В. Затаевичке Абайдың «Татьянаның Онегинге жазған хатын» өзі орындап, нотаға түсірткен. Ақындық жолда М. ұлы Абай шығармаларын зерттеу үстінде өзі де одан көпұлағат алды. М-қа «Аққан жұлдыз» романы үшін Абай атындағы Мемл. сыйлық берілген.

Т. Кәкішев, С. Негімов, Р. Тұрысбеков.

МҰҚАНОВ Флобер Темірғалиұлы (1940 ж. т.) – театр және кино суретшісі. Суретші-қоюшы ретінде сценография саласында жұмыс істейді. «Абай-Әйгерім» (1982); «Абай» (1988, авт. М. Әуезов, реж. Ж. Омаров, Шымкент. обл. драма театры) және «Абай» (1990, авт. М. Әуезов, реж. Е. Обаев, Семей обл. драма театры) спектакльдерін безендіріп, «Абай» спектакліне арналған декорация үлгісін (1988, қағаз темпера, Қазақстан Республикасының мемл. өнер музейінде, қалғандары суретшінің жеке қорында) жасады. Оның декорациялары ұлттық ерекшеліктерді дәл береді.

МҰҚЫР БОЛЫСЫ – Абай заманындағы Семей облысының әкімшілік бөлігі. Абай мұнда 80 жылдары болыс басқарушысы болған. 1898 жылғы сайлау кезінде үлкен жанжал туып, Абайға қастандық жасалған. Абайдың «Сенатқа хатында» бұл оқиға жан-жақты баяндалады. Болыстың адамдарының екіұдай болып бөлініп, дау-жанжал шыға берген соң, белгіленген сайлау екі рет

өтпей қалып, болыс басқарушысы әскери губернаторының бұйрығымен тағайындалады.



1903 ж. 30 қыркүйекте И. Құнанбаевқа берілген мінездеме. Мұнда Абай Дала Генерал Губернаторына іскер, байсалды, білімді қызметкер ретінде таныстырылады.

МҰРТАЗАЕВ Шерхан (1932 ж. т.) – жазушы, драматург, ҚазССР-інің еңбек сің. мәдениет қызметкері, Қазақстанның халық жазушысы. Оның «Сталинге хат», «Бесеудің хаты», «Жетім бұрыш» т. б. пьесалары респ., обл. театр сахналарында қойылған. «Бұлтсыз күнгі найзағай», «Мылтықсыз майдан», «41-жылғы келіншек», «Интернат наны» т.б. повестер мен әңгімелер жинағы, «Қызыл жебе» роман-трилогиясы жарық көрген, «Ұлы Абайға» атты өлеңі жарияланған (Ақынға. – А., 1954). М-қа қазіргі заман тақырыбына жазылған, кеншілер өмірін бейнелейтін «Қара маржан» романы үшін Қазақстан Республикасының Абай атынд. Мемл. сыйл. берілді.

МҰРЫНБАЙ Қанқожаұлы (1834–1912) – жырау, ақын, күйші. Ел ішінде өлең-жырлары көп тараған. Соның бірі – Әбдірахман қайтыс болғанда Абай мен Ділдәға келіп көңіл айтқан жұбатуы. Ол қаралы ата-анаға жапандағы бал құрайдың басынан бір боз-торғайдың ұшып кеткенін, бұлазды аяп, көптен қорықпайтын тағдырдың ісі екенін, дүниеден жақсы, жаманның бәрі өтетінін, уақыт жеткенде ажалдың алмай қоймайтынын айтып:

«Ділдәшім, көтер басыңды
Қайғырып босқа жыламай,
Қамыққан көңлім сергісін,
Абайжан, әкел насыбай»,

дейді. Бастарына түскен қайғысы қанша ауыр болса да, қадірін жоғары бағалайтын Абай көңілдес замандасына өлеңмен жауап берген. *С. Қарамендин.*

МҰСА Аюбайұлы (т.-ө. ж. б.) – Абаймен ниеттес адам. Қоңыр-көкше тобықты елінде ауыл старшинасы болған. Көп мәселелерді Абаймен ақылдасып шешіп отырған. 1876–84 ж. аралығында Үзікбай Бөрібайұлы Абайдың үстінен жоғарыға жазған арыздарында М-ны да іліктіріп, қара күйе жаққан. Империяның заң орындары бұл істі мұқият қарап, М-ны ақтап, істі қысқартқан.

МҰСА Шормаңұлы (1816–85) – Баянауылдың аға сұлтаны. Омбыдағы әскери уч-щені бітірген. Орыс, француз тілдерінде еркін сөйлеген. 1833–41 ж. болыс басқарушы, 1841–54 ж. қазақтар атынан кеңесші, 1851 жылдан округтің аға сұлтаны, Ш. Уәлихановпен пікірлес болған. Халықтың ауыз әдебиетін, аңыздарын, қиссаларын жинап, Ш. Уәлихановқа, Г Н. Потанинге, Ш. М. Ядринцевке жіберіп отырған. Құнанбаймен, Абай аулымен жақсы қарым-қатынаста болып, жиі араласып тұрған. Абай М-ның бір баласының есімі Садуақас екенін естігенде: «Бір адамға екі бірдей адамның атын қояды екен, ол Сағид бин Уақас әкелі-балалы екі кісінің аты емес пе?» – десе, енді бірде «кіршіме» деген сөзге байланысты да М-мен сөз қағыстырып, «кіршіменің» ноғай тілі емес, парсының «гаршама» – «шамаңа қара» дегенінен шыққанын айтқан. *М. Бейсенбаев.*

МҰСАБАЕВ Мұрат (1937–94) – опера әншісі. Қазақстан Республикасының халық артисі. Ол А. Қ. Жұбанов пен Л. А. Хамидидің «Абай» операсында ақын бейнесін сомдады. Актер жасаған ақын тұлғасында поэтик. әуен мен романтик. бояу жарасымды үндестік тауып, данышпан Абайдың ақын ретінде қалыптасуы мейлінше сенімді көрінеді. Әншінің орындауындағы Абайдың «Айттым сәлем, қалам қас» әндері мен «Көзімнің қарасы»,



М. Мұсабаев Абай ролінде. А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» операсы. Реж. Қ. Жаңдарбеков.

«Қараңғы түнде тау қалғып», «Қор болды жаным», М. Маңғытаевтың «Не іздейсің, көңлім» романсы магнитофон таспасына жазылған.

Ө. Телғозиев.

МҰСАЖАН Әкімқожаұлы (1859–1933) – 1898 ж. Мұқыр сайлауында Абай өміріне қастандық ұйымдастырған Күшік-тобықты елінің кісісі. Абай өзінің «Сенатқа хатында» оны кінәлі адамдардың ең бастысы деп жазады. Абай дүниеден

өткеннен кейін де, 1916 ж. Шығыс-мұқыр жер дауына қатысып, Абайдың баласы Тұрағұлмен тартысқа түскен.

МҰСАҚҰЛ ТӨБЕ – «Мұсақұл шайқасы» болған тарихи жер. Жидебайдың солтүстігіндегі 3 шақырым жердегі төбе. М. т. үшін Абайдың әкесі аға сұлтан Құнанбай мен Тобықтының Жігітек тобының атқамінерлері таласып, қол жинасып, соғысқан. М. Әуезовтың «Абай жолы» романында М. т-де болған оқиға нанымды да көркем суреттеледі.

МҰСТАМБАЕВ Ыдырыс (1898–1937) – сыншы, публицист, қоғам қайраткері. Ол 1918–19 ж. Семейдегі гимназияның 6 класын бітірген. М. 1920 ж. ақпанда БК/б/П мүшелігіне қабылданып, Зайсан уезіне қызметке жіберілген. Онда уездік АК қазақ бөлімінің меңгерушісі, уездік ревком мен уездік партия бюросына мүше болды. М. Орынбор қ-нда өткен Советтердің бүкіл Қазақстандық 1-құрылтай съезінде Қазақстан ОАК-не мүше болып сайланған. 1920–21 ж. Семей губерниялық АК-нің мүшесі, Семей губ. қазақ бөлімінің бастығы және губ. азық-түлік комиссарының орынбасары болып істеген. 1921 ж. соңында М. Орал қ-нда губатком, губревком мүшесі, 1922 ж. 26 тамызда Орал губерниясының прокуроры болып тағайындалған. 1928 ж. Қызылордада, 1929–32 ж. Алматыда әр түрлі партия, совет органдарында жауапты қызметтер атқарған. М. ұлы Абай шығармашылығына арнап «Ұлы ақын Абай» («Қазақ тілі», 1924), «Абай» («Жаңа әдебиет» жур., 1928, №7, №8), «Ақын Абай және оның философиясы», «Ақын Абайдың қазақ әдебиеті тарихында алатын орны» («Советская степь» газ., 1928, №191) деген мақалалар жазған. М. дұрыс пікір қалыптастырып, абайтануға үлес қосқандардың бірі.

Б. Байғалиев.

МҰСТАПА – Абайдың *«Әзім әңгімесі»* дастанының кейіпкері, Әзімнің әкесі. Дастанда кәсіп іздеп, дүние кезген М. Балсура шаһарында суретшілік өнерінің арқасында қаладағы беделді адамдардың біріне айналады. Дастанда М-ның ой-сезімі, мақсат-мұраты, мінез-құлқы жан-жақты ашылған. Ақын шығармасының негізгі нысанасынан ауытқымай, оған баратын жаңама тәсіл ретінде қысқа, нақты сюжеттермен М. өмірінің нақты кезеңдерінен ғана хабар береді.

МҰСТАФА Шоқай (1890–1941) – заңгер, саяси және қоғам қайраткері, публицист, Алаш қозғалысы басшыларының бірі. М. Жанайдан шыққан Шоқай Торайғырұлының шаңырағында, Ақмешіт қ-нда (қазіргі Қызылорда) дүниеге келген. Ол оқу, жазуды өз аулында үйренген, одан соң Ақмешіт қ-нда оқуын жалғастырған. Кейін Петербург ун-тінің заң факультетін бітірген. М-ның саяси өмірдегі қызмет бастауы оның Әлихан Бөкейхановтың жәрдемімен Россия Мемлекеттік Думасы мұсылман фракциясының хатшылығына орналасуынан басталады. Мұнда М. барлық түркістандықтарға: татарлар, қырым татарлары, кавказдықтар, башқұрттар, қала берді, бүкіл Россиядағы түрік мұсылмандарының мүддесіне қалтқысыз қызмет етті. Өйткені, аты аталғандардың барлығы да М-ға саяси міндеттерін артқан еді. Ол бұл қызметті 1917 жылға дейін атқарды. Төңкерістен соң, «Ә. Бөкейхановтың телеграмма арқылы шақыруымен» Түркістанға қайтып, Орынбор қ-нда жиналған бүкіл Қазақ құрылтайына, ал 1917 ж. Москвадағы «Учредительное собрание» (құрушы мәжіліс) Түркістан өкілі болып қатысады. М. 1917 ж. 10 желтоқсанда Қоқанд қ-нда құрылған «Қоқанд автономиялық өкіметінің» қаржы министрі болып тағайындалады. Кейінірек өкімет бастығы М. Тынышбаев отставкаға кеткеннен кейін оның орнына Қоқанд автономиялық өкіметінің бастығы, дәл осы кезде М. Орынбор қ-ндағы ұлттық құрылтай қарарымен құрылған Алаш Орда өкіметінің де мүшесі болып сайланады. 1918 жылдың 11-ақпанында Қоқанд автономиялық өкіметі құлағаннан кейін де Түркістан ұлттық бостандығы жолындағы жұмыстарын одан әрі жалғастырады. М. Алаш партиясын құрушылардың бірі болды. Ә. Бөкейханов тарапынан ерекше қамқорлық көрді. Қоқанд автономиялық өкіметі құлағаннан кейін толығымен Алаш Орда өкіметіне берілген нағыз белсенді алашшы болып жан-жақты көрінді. М. бұдан кейін Түркістан мәселесін шет елдерге таныту және осы бағыттағы нақты шараларды жүзеге асыру үшін Алаш Орда өкіметі тарапынан сыртқа жіберіледі. Түркістаннан шыққаннан кейін ең алдымен Кавказға келеді. Оның сыртта жүріп, Отаны үшін жасаған алғашқы әрекеттерінің бірі Версальда жиналған бейбітшілік конференциясының төрағасына телеграф арқылы арнау хат жолдауы болды. 1919 ж. Тифлисте шығатын «Вольные горцы» т. б. көптеген газеттерге «М. Жанай», «Жәлел» т. б. бүркеншік аттармен ел тәуелсіздігі, Түркістан жайлы публицистик. толғаныстар жарияланды. 1920 ж. «Жаңа дүние» деген атпен Солт. Кавказда түркістандықтардың шығарған журналында да М-ның мәнді де өткір мақалалары жарық көрді. Тифлисте «Шапақ» газеті оның бас редакторлығымен шықты. 1927 жылдың маусымынан 1931 жылдың қыркүйегіне дейін Стамбұлда шығып тұрған «Жаңа Түркістан» журналында да М-ның көптеген құнды мақалалары басылды. М. осы журналды ұйымдастырушылардың бірі болды. М-ның маңызды әдеби және саяси мақалалары шығып тұрған журналдардың ең бастысы – 1929–39 жылдары Берлинде үзілмей шығып тұрған «Жас Түркістан» журналы. Бұл журналдың бас редакторы және барлық қызметін атқарушы – М. болды. Мұның сыртында М-ның бірқатар шетелдік газеттер мен журналдарда да көптеген құнды мақалалары шықты. Дәл осы уақытта шетелдіктер тарапынан Түркістан жайында әзірленген бірқатар ғыл. еңбектердің кейбір тарауларын да жазды. М. естеліктерінің қысқа бір бөлігі «1917 жылғы естеліктердің бір парасы» деген атпен 1937 ж. басылып шықты. М. 2-дүниежүз. соғыс кезінде Франция құлағаннан кейін немістер тарапынан тұтқындалды. Содан кейін Берлинге жіберілді. Немістерге тұтқынға түскен түркістандықтармен байланысып тұрды. Ол 1941 ж. желтоқсанның 27-інде опат болды. Оның өлімі бірқатар дүдәмал сөзге негіз болды. Бұл жөнінде әркім әр түрлі жазды. Мыс., «Жас Түркістан басылымдары» сериясымен Түркияда шыққан кейбір басылымдарда М-ның әйелінің кітабында да көңіл аударарлық деректер бар. Олардың жазғанына қарағанда М. «у беріп өлтірілген». Бұл іске байланысты кейбір батыс қаламгерлері де осы пікірді қостайды. Жалпы М. өмірі және оның сыртта жүріп, Түркістан үшін атқарған қызметі ұрпаққа жарқын үлгі болып табылады. Ол бүкіл саналы ғұмырын қазақ елінің тәуелсіздігіне, Абай аңсаған еркіндікке, бостандық мұраттарына арнады.

Хасен Оралтай.

МҰСТАФИН Ғабиден (1902–84) – көрнекті жазушы. Қазақ ССР халық жазушысы, қоғам қайраткері. ҚазССР ҒА-ның корр.-мүшесі. Көркем сөз

жайлы Абай айтқан талап, талғам – өлшеусіз өнеге. Қазақтың жазба әдеби тілінің тарихындағы «қайта өрлеу» дәуірінің басында тұру бақыты Абайға біреудің ұсынысы бойынша берілген «мәртебе» емес, уақыт өлшемінен сараланған даналық ойға, ақындық қуатқа, көркемдік даралыққа, әлемдік ой-сана парасатымен бәйгі алаңынан үн қатқан озат ойлы классикті мойындаудан барып қалыптасқан шынайы пікір. Абайдың эстетик. ойларының негізгі мәні, оның көркемдік туралы ұғым-нанымы айқын белгі беретін «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы...» деген өлеңін еске түсірейік.

Өзінің даналық болмысы, сөз өнеріндегі даралық сипаты поэзия әлемінде ерекше биіктікке көтерілген Абайдың әдебиетке қояр негізгі көркемдік талғам-талаптарын өлең сөзге байланысты білдіруі заңды еді. Абай айтқан талап-тілектердің бастыларының бірі көркем шығарманың мазмұнды, идеялы болып келуіне айырықша зер салса, екіншіден, мазмұн мен түрдің үйлесімін қадағалауды, бірлігін сақтауды қатты көздеген. Өнер әлеміндегі Абайдың осы өнегелік сипаты өзінен кейінгі қазақ әдебиеті үшін тың идея, соны түр, жаңа көркемдік үлгілердің бастау көзі ретінде күні бүгінге дейін мәнін жоймаған, әрқашан бағдар бола беретін құбылыс. Абайдың өнегелік қырларының бағдары сала-сала. Бүгінгі қазақ жазушыларының ішінде одан үйренбеген, оның көркемөнерге қойған талап-тілектерін басшылыққа алмаған ақын-жазушы жоқ десек артық емес. Алайда ол талаптарды бойына сіңіре білу әр жазушының талант-дарынына, зерттей ізденіп, көңіліне зерделеп тоқи білуіне байланысты. ӘдебиеттегіАбай тұлғасының биіктігі, классик. өнер туындысын жасай алуы, көркемдік үлгіні ерекше меңгеруімен қатар өзі өмір сүрген ортаның, қоғамдық қатынастардың реалистік бейнесін жасай білуінде. Өз заманының мінез-құлқын зерделеп, бүгінгі дәуірі мен кешегі күндерін саралап, болашақ өмірді пайымдап алуында.

Қазақтың көрнекті жазушыларының бірі М. шығармаларында Абай өнегесі, Абай дәстүрі берік орын тепкендігі, жазушының алдына жаңа идеялық мақсаттар қойып, өз дәуірінің көркем бейнесін жасай білуде Абаймен үндестік танытқаны айқын. Ондағаған әңгімелері мен бірнеше шағын пьесаларын былай қойғанда, «Шығанақ», «Миллионер», «Қарағанды», «Дауылдан кейін», «Көзбен көрген» сияқты роман, повестері арқылы жазушы қазақ әдебиетінің дамуына, көркемдік жетістіктерге жетуіне мол үлес қосты. Жазушының қатар түзген бұл шығармалары бір-біріне жалғасып жатқан үлкен кезеңді қамти отырып, 20-ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ халқының көркем шежіресін жасады деуге болады. Осы тұрғыдан келгенде М. ұлы ақын дәстүрін, Абай өнегесін бірнеше түрлі сипатта сабақтастыра алды. Бірінші, Ғ Мұстафин де Абай сияқты тақырыпты өз дәуірінен, бірге тыныстап, қатар тіршілік жасап жүрген замандастарының іс-әрекетінен, көзімен көріп, бастан кешірген өмір шындығынан ізденіп тапты. Екінші, сөз өнері жайлы Абай қойған талап деңгейіне ден қойды. Әр сөздің, әр сөйлемнің көркем құрылуы мен ондағы ойдың терең де мағыналы болып шығуына ерекше назар аударды. Жазушының жоғарыда айтылған шығармаларының қай-қайсысында болсын, мақал-мәтелге айналып кеткен жолдар аз кездеспейді. Аз сөзге көп мағына беріп, сөйлемді қысқа құруы, тілінің қарапайымдылығы, ұғымға жеңіл, жатық әрі ұтымды, оралымды болып келуі М-ның өзіндік стилін танытады. Халықтың бейнелі, қанатты сөздерін орынды пайдалана отырып, өз тарапынан да өткір, ықшам сөз тіркестерін жасай білген. Абай өлеңіндегі көптеген жолдардың мақал-мәтелге айналып кеткені секілді М. шығармаларында кездесетін: «Біткен іске сыншы көп, піскен асты жеуші көп», «Сыншының бәрі бірдей мінші ме, жеушінің бәрі бірдей енші ме?», «Өмір егер ащыны бермесе, тәттіні білер ме едік, тәттіні бермесе, ащыны білер ме едік?», «Теңіздей терең халық ішінде алмастай асыл ойлар жатыр», «Жақсы тәртіп әдетке айналса – ырыс, жаман тәртіп әдетке айналса – қырсық». «Барды қанағат тұтып, жоқты іздемеу – мешеулік» т. б. тәрізді бейнелі тіркестер қанатты сөздерге айналуы соның айғағы. Кейіпкер образын сомдау барысында портрет жасау шеберлігі де оның өзгеше өнерпаздық қырын айғақтап тұрғандай. Осының бәрі де – Абай тағылымын өнеге тұтып, Абай дәстүрін сабақтастыра білудің жемісі. Аз сөйлеп, көп толғану тағылымын әбден бойына сіңірген жазушы әдебиет жайлы ойларын да айтуға міндетті тұста ғана сыншыл зерде, биік талғам деңгейінен сүзгіден өткізіп, сығымдап беріп отырған. «Әдебиет – адам өнерінің ішіндегі ең ұзақ жасайтындардың бірі» дей отырып, сөз өнері жайлы былайша толғанады: «Әдебиет – ойдың, тілдің жемісі. Алғыр тіл күн шалмағанды шалады, қараңғы көңілге сәуле бере алады, суық көңілді жылыта алады». Осылайша әдебиеттің маңызы, міндеті жайлы, әр кездегі қазақ әдебиетінің белгілі өкілдері, олардың шығармалары туралы толғаныстарын білдіріп отырған. Өзінің әдеттегі жинақы да қысқалықты бағдар тұтатын қалпын сақтай отырып, ұлы Абай мұрасы жайлы да ойын бір мақаланың аумағында сабақтаған. Абайға арналған «Жұлдызы өлең-жырдың сөнбейтұғын» атты мақаласын Ғ. Мұстафин 1971 ж. ұлы ақынның жүз жиырма бес жылдық мерейтойына арнап жазған. Жазушының 1978 ж. шыққан «Ой әуендері» кітабында басылып, кейін бес томдық шығармалар жинағының бесінші томына енгізілген. Мақалада Абайдың әдебиеттегі тарихи орны, ақындық тұлғасы жайлы сыр толғанады. «Әдебиет, шын мағынасындағы әдебиет жойылмайды. Өз тұсындағы қауым тіршілігін, табиғат тіршілігін кейінгі ұрпақтарға, кейінгі қауымдарға жеткізіп беріп отырады. Осының мысалдарын алыстан іздемей-ақ, өзіміздің қазақтың фольклор, эпостарынан немесе Абай шығармаларынан көріп, біліп келеміз» дей келіп, ұлы ақынның шығармашылығындағы ерен үлгі мен жан-жақтылығына, аудармашылық шеберлігіне тоқталады. «Абай шыңы бәрімізден жоғары тұр. Орыстың үлкен әдебиетшілері айтқандай-ақ Пушкиннің, Толстойдың орны бос тұр демекші, біздің Абайдың да орны бос тұр», – дейді жазушы. Абай талантының қайнар көзі, даналық сипатының негізі жайлы ойын былайша өрбітеді: «Әрине, ешбір шың тек өзі ғана тіп-тік шығып көтерілмейді. Шың неғұрлым биік болса, солғұрлым оны қоршаған төбе, шоқылар да көп болмақ. Абайды Абай еткен – алдымен өзінің халқы. Тастақ жерге өсімдік өспейді. Абайды өсіретін ортасы– әріден келе жатқан халықтың мұрасы, Шығыстан, Европадан алған білім нәрлері». Аз сөзге көп мағына сыйдырып айтылған бұл жолдарда тарихи баға, терең тұжырым жатыр. Біріншіден, Абайдың өз ортасына, кейінгілерге еткен ықпал, әсері пайымдалса, екіншіден, ұлы ақын-

ды өсірген құнарлы топырақ, қасиетті орта зерделенеді. *Қ. Алпысбаев.*

МҰХАМЕДЖАН Майбасарұлы Өскенбаев (1854–1921) – атақты әнші. Абай мен Шәкерім әндерін орындаушы, күйші, ақын, сал-сері. М. Абайдың немере інісі. Құнанбайдың тоқал шешесінен туған інісінің баласы. М-ның Қатипа деген әйелінен Төлеутай, Нәсибала туған. М. жастайынан ән-жырға құмар болып өседі. Әсіресе үзеңгілес құрбысы Әмір Құдайбердіұлымен бірге салдық, серілік құрады. Әмір мен М. күн озған сайын ойын-сауыққа беріліп кетіп, кейде ел ішін бүлдіруге дейін апарып соққан. Бұған ренжіген Құнанбай оларға қатты ескерту жасап, тыйым салған. Осыған ренжіген әнші досы Әмір қайтыс болғаннан соң, Найман ішінде Сыбан жаққа, Қызылмолаға көшіп кетеді. М. Қызылмолада жүріп, өзінің іштегі өкпе-ренішін білдіріп, өлеңмен сәлем жолдаған.

Сәлемін естіген Абай кісі жіберіп, М-ды елге қайта көшіріп алғызады. Сол кезден бастап ол Абайдың қасында болып, ақынның өнеге-тәрбиесін көп көреді. Ол «Қазақ әндерінің антологиясының» бірінші жинағына енген – «Бес қарагер», «Қайран жастық», сондай-ақ, «Көлқайнар», «Сары бел» әндерінің авторы. М. Абайдың «Ескендір», Ақылбайдың «Зұлыс», Мағауияның «Медғат–Қасым» дастандарын да жырлап өткен. М-ның сүйегі Ақшоқыдағы Құнанбай қажының әулеттік қорымына жерленген. *Б. Сапаралы.*

МҰХАМЕДЖАНОВ Қалтай (1928 ж. т.) – жазушы-сатирик, драматург, аудармашы. Қазақстанның халық жазушысы. Оның «Сиқырлы шымылдық», таңдамалы «Пьесалар» жинақтары жарық көрді. «Құдағи келіпті», «Қуырдақ дайын», «Жат елде», «Көктөбедегі кездесу» (Ш. Айтматовпен бірге) т. б. пьесалары театр сахналарында қойылды. С. Айни, М. Горький, А. Қаһар, Ш. Айтматов т. б. жазушылардың жекелеген туындыларын, шығыс классикасы «Мың бір түнді» қазақ тіліне аударды. Абай негізін салған қазақ сатира жанрының одан әрі дамуына өз үлесін қосты.

МҰХАМЕДЖАНОВ Сыдық (1924–91) – композитор. ССРО халық артисі, ҚазССР-інің еңбек сің. өнер қайраткері, ҚазССР Мемл. сыйл. лауреаты. Шығармашылық қадамын Абайдың муз. мұрасын игеруден бастап, 1945 ж. Абайдың «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Құлақтан кіріп бойды алар», «Ауру жүрек ақырын соғады жай», «Өзгеге көңлім тоярсың» әндерінің әуенімен «Жарқ етпес қара көңлім не қылса да» романсын жазды. Сондай-ақ «Домбыраға қол соқпа» (1949), «Таңғажайып бұл қалай хат» (1950), «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» (1953), «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» (1957), «Есіңде бар ма жас күнің» (1960), «Адамның кейбір кездері» (1969) т. б. Абай өлеңдеріне арналған 20-дан астам ән-романстар шығарды, хор капелласына арнап «Желсіз түнде жарық ай» (1972), «Жыл мезгілдері» (1975) атты кантаталар жазды. Терең сазды, бейнелі әуен үндестігінен туған бұл шығармалар өзіндік стилі, шарықтау шегі, формалық шыңдалуымен ерекшеленеді. Ақынның филос.-лирик. ойсезімдері түрлі муз. ырғақтық құбылыстарменұштастырылып, Абай кестелеген табиғаттың ұлы суреті сырлы әуенмен әшекейленген. *М. Ахметова.*

МҰХАМЕДЖАНОВ Төлеген (1948 ж. т.) – композитор. Ол Абайдың өлеңдеріне: «Домбыраға қол соқпа», «Көңлім қайтты достан да, дұшпаннан да», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Сап-сап, көңлім, сап, көңлім» атты ән-романстар жазды.

МҰХАМЕТКӘРІМ (кішкене молда) (т.-ө. ж. б.) – Абай аулының молдасы. Ұлты – татар. Ақын өлеңдері мен қарасөздерін жинап, хатқа түсіруде көп еңбек сіңірген. Ол Қазаннан Семейге қашып келіп, Құнанбай, Абай аулын паналаған. М. осында үйленіп, тұрақтап қалады. Абай қайтыс болған кезде қатым-құран шығартып, ақынның сүйегін Жидебайға қойғызуға ақыл берген М-нің баласы Махмұт та Абай мұрасын жинауға көмектескен.

МҰХАММЕД, Мохаммед, Европа әдебиетінде Магомет, Магомед (570–632) – ислам дінінің негізін салушы. Мұсылмандық сенім мен Құранның уағызы бойынша, Алланың жердегі елшісі, ұлы пайғамбар.

Медреседе оқып діни білім алған Абайдың құдай мен адам, өмір мен өлім, жан мен тән туралы ұғымы құдайды мойындау бағытында болды. Абайдың түсінігінде Алла тағала – құдіреті күшті құдай, М. құдай мен адамды байланыстырушы елші. Ақынның бірқатар өлеңдері мен ғақлияларында діни терминдер мен М-тің есімі аталады.

«Я, алла, құрметіңе достың Махмұт,
Тілге яр бер, білінсін тұғры мақсұт», –

деп, «Масғұт» поэмасы пайғамбарды Махмұт есімімен еске алудан басталады. «Көзімнің қарасы» өлеңінде Абай қас сұлудың көркі мен сыр-сымбатын нақышына келтіре суреттеп:

«Сұлуды сүймектік –
Пайғамбар сүннеті», –

деген тұжырымға келеді. Ақын Отыз алтыншы сөзінде: «Пайғамбарымыз салалаһу ҳалайһи уәселәмнің хадис шарифінде айтыпты: «Мән лә хаяһун уә лә иманун ләһу» деп, яғни кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы да жоқ деген» – деп, адамның ең асыл қасиеттерінің бірі – ар-ұят, арлылық, ұждандылық сезімдерін пайғамбардың есімімен байланыстыра талдау жасайды. *Отыз жетінші сөзінде* тарихи ұлы тұлғалардың тағдыры туралы ой қорытады: «Сократқа у ішкізген, Иоанна Арктіотқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол – көп, ендеше, көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал». Абай адамның қасиеттері – қайырымдылық, рақымдылық, әділдікті М. есімімен, шариғат заңының адамгершілік тұрғыдағы кейбір көріністерімен сабақтастыра қарастырып, өзінің адамгершілік ойларын діни ұғымдармен жанастыра таратады. *С. Созақбаев.*

МҰХТАР Бәшейұлы (1892–1980) – Абай аулының адамы. Әкесі Бәшей Құнанбай, Абай үйінде қызметші болған. Осы әулеттің аңға салатын тазы иттерін Бәшей күтіп-баптаған. М-дың өзі көріп-білген, есінде қалған, әкесінен естіген Абай және оның төңірегіндегі адамдар жайындағы естеліктері Абайдың респ. әдеби-мемориалдық музейінде сақтаулы. Ол ақынның Жидебайдағы мұражайын жасауға көп үлес қосты.

«МҰХТАР ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ АБАЙТАНУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ» – ҚазССР ҒА-ның әдебиет және өнер ин-тының 1982 ж. «Ғылым» баспасынан шығарған зерттеу еңбек. Авторы М. Мырзахметов. Кітап 4 тараудан, кіріспе мен қорытындыдан тұрады. Автор зерттеулерін: «Абай өмірбаяны – абайтанудың іргелі саласы», «М. Әуезов – Абай шығармаларын жинаушы әрі текстологы», «Абай мұрасының шығысқа қатысы М. Әуезов зерттеуінде», «М. Әуезов

және Абайдың әдеби ортасы» деген тақырыптар төңірегінде өрбітіп, Әуезовтың абайтану негізін қалау, ақынның ғыл. өмірбаянын жазу, өлеңдерінің көркемдік, жаңашылдық ерекшеліктерін, дүниетанымын ашу жолындағы еңбегін, текстол. ізденістерін, Абай мұрасының шығысқа қатысы мен ақындық ортасын анықтаудағы зерттеулерін сөз етеді. Көлемі 16,4 б. т., 2 мың дана болып басылған.

МҮРСЕЙІТ (Нұрсейіт) Бікеұлы (1860–1917) – Абай өлеңдерін қағазға түсіріп, бүгінгі ұрпаққа жеткізуге орасан зор еңбек сіңірген кісі. М-тің 7-ші атасы – Әнет баба. Әнет – Абайдың 7-ші атасы Әйтекпен бір туыс. Әнеттің бір ұлы – Байболат, Байболаттан – Бақай, Бақайдан – Тоққожа, Тоққожадан – Көбікен, Көбікеннен – Біке, Бікеден – Мүрсейіт. Орыс мектебінде 4 жыл, содан соң Бұхарда оқып, білім алған. Семей облыстық әкімшілігінде қызмет істеп жүрген кезінде Әбдікызы Зағипа дауына байланысты Абайдың тапсыруымен Зағипа атынан арыз жазып, ұлықтарға жеткізген. Тағы да бір қыздың дауында қызға көмектесіп, жандаралдың сыртынан оның мөрін басып, азат етеді. Сол үшін Өскемен уезіне жер аударылады. Сұлушоқы болысы Терістаңбалы елінің Көнек руындағы нағашы атасы Рай деген кісінің қолында тұрып, бала оқытып, молда болады. Бірнеше жылдан кейін Тобықты еліне қайтып келеді. Сол күннен бастап оны Абай өз аулына алғызып, бала оқыттырады. М-тің балаларға жазып берген «Жарапазан» өлеңін көрген Абай оған өз өлеңін жинап, жазып жүруді тапсырып, қалам ақысын төлеп тұратынын айтады. М. бұл тапсырманы ыждағатпен орындайды. Өлең жазылған дәптерді сұраушылар көбейген соң М. оларға да көшіріп беріп отырады. Абай өлеңдері 5 дәптерге жазып алынған, олардың екеуі – қазірде Қазақстан Республикасы Ұлттық ҒА-ның сирек кездесетін қолжазбалар қорында, біреуі – М. Әуезовтың әдеби-мемориалдық мұражайы қорында. Абайдың Семейдегі мемл. әдеби-мемориалдық қорығында сол дәптердің фото-көшірмесі бар. 1909 ж. Абайдың С.-Петербургте жарық көрген тұңғыш өлеңдер жинағын даярлау кезінде ол Тұрағұл мен Кәкітайға көп көмек көрсеткен. М. қолжазбалары Абай шығармаларының басты да негізгі нұсқасы болып саналады. *М. Бейсенбаев.*

МҮСІРӘЛІ Алыбайұлы (1837 - ө. ж. б.) – Абайдың құдасы. Дүзбембет- тобықты болысының адамы. Ақынның баласы Мағауияның әйелі – Дәмегөй осы М-нің қызы. 1877 ж. Мәмбетей-тобықты болысы Бұғылы, Шаған болыстары болып 2-ге бөлінгенде М. Бұғылы болысының басқарушысы болған. Абай үстінен арыз жазушылар Ибраһим (Абай) Құнанбаев М-ні өз құдасы болған соң болыс қойғызып отыр деп кінәлайды. М-нің ел басқару ісінде әділ болуына, халқына дұрыс қарауына Абайдың ықпалы көп болған. Оның Қарамола сьезі жайлы, Абайға байланысты шығармалары 1961 жылғы жинақта жарияланды. Бұл естелік Абайдың қоғамдық, қайраткерлік қызметі жайында аса құнды деректер береді.

МҮСІРЕПОВ Ғабит (1902–85) – көрнекті жазушы, қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі. ҚазССР-нің халық жазушысы. ҚазССР ҒА-ның академигі. Социалистік Еңбек Ері. Ұлы Абай мұрасы жайлы Ғ. Мүсірепов әр кез өз пікірін білдіріп, әдеби сын-зерттеу, ғылыми көзқарас тұрғысынан мақалалар жазып отырған. Академик – жазушының Абайға қатысты әр жылдары жазылған, жарияланған «Абай романы туралы» (1943), «Абай және орыс классиктері» (1945), «Қазақ әдебиетінің өркендеу жолындағы Абайдың тарихи орны» (1854), «Жолжөнекей» (1981) т. б. сын-зерттеу мақалалары белгілі. Бұдан басқа «Феномен-Феникс», «Біздің ұлы жазушымыз» сияқты мақалаларында да аз да болса Абайдың ақындық ерекшелігі туралы аратұра талдау беріліп, пікір айтылады. Орыс тіліндегі баспасөзде де «Глашатай дружбы» («Труд», 1954, 24 қыркүйек), «Литературную критику на уровне повышенных требований» («Советский Казахстан», 1954, №8), «Человек степей» («Известия», 1957, 22 тамыз) атты мақалалары жарияланған. Жамбылдың ақындық ерекшелігін, өнерпаздық тұлғасын талдауға арналған «Феномен-Феникс» мақаласында екі ұлы ақынның шығармашылық жолын салыстыра зерттей келе Абай ақындығының терең мағынасы мен күш-қуатына, әдебиеттегі ерекше сипаты мен тарихи орнына үлкен баға береді. Бір мезгіл, бір тұста қатар өмірге келген екі алыптың бір мақсатқа, бір тілекке ақындықтың екі түрлі саласын бойлай келгендігін айтады. Яғни бірі – жаңа әдебиет өнегесін жазу арқылы, бірі – халықтың ежелден келе жатқан өнегесі – суырып салма ақындық жолы арқылы. Осы тұрғыда М. былай дейді: «Абай – қазақ халқының поэзиясын, тілін, жан-жақты көркем өнерін оң жолға түсірген, тарихи еңбегі бар асқан дана, ұлыұстаз, қазақ халқының ойын өсіру, сезімін тереңдету, ар-намыс, адамгершілік қасиеттерін шыңдау осы ұстазымыздың қолынан өтті. Қазақ ақын-жазушыларының ана сүті мен қанына тараған деп айтарлық тәрбиесі Абайдан келеді» (Заман және әдебиет, 1982, 268-б.). Ғабиттің «Қазақ әдебиетінің өркендеу жолындағы Абайдың тарихи орны» деген зерттеуі оның Абай шығармалары туралы әр кезде жазған екі мақаласының біріктірілген нұсқасы. «Абай және орыс әдебиетінің классиктері» деген бірінші мақала алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1945 жылғы 21 тамызындағы санында, онан соң «Ленин туы» газетінің 1945 жылғы 5 қыркүйектегі санында жарияланды. «Үлкен сарынның ақыны» деген атпен «Абай тағылымы» (1988) ұжымдық жинаққа енген. «Қазақ әдебиетінің өркендеу жолындағы Абайдың тарихи орны» атты екінші мақала алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1954 жылғы 27 мамырдағы санында, «Әдебиет және искусство» журналының сол жылғы санында және «Коммунизм туы» газетінің 1954 жылғы 5 қыркүйектегі санында басылған, соңдай-ақ 1954 ж. Алматыда шыққан «Абайдың өмірі мен творчествосы» атты мақалалар жинағына енген. Акад.-жазушы өзінің осы екі мақаласын біріктіріп, «Қазақ әдебиетінің өркендеу жолындағы Абайдың тарихи орны» (1970) деген атпен шыққан «Суреткер парызы» атты мақалалар жинағына, бес томдық шығармалар жинағының төртінші томына (1975) енгізді. Кейін «Заман және әдебиет» (1982) атты әдебиет туралы ойлары мен толғаныстары жинақталған кітабында басылды. М. бұл мақаласында Абай поэзиясындағы орыс классиктерінің шығармаларымен үндестік сипатын ғылыми тереңдікпен ашып берген. Ұлы Абайдың қазақтың жаңа әдебиетінің көш басшысы болуындағы заңдылықтардың тарам-тарам көп саласының бірі орыс әдебиетінің классик. өнегелі үлгілерін жете игере білгенінде жатқандығын зерек оймен таныбілген. Өмірден жалпы адамгершілік, ұлы мағына іздеген Абай, өмір жұмбақтарына шешу айтар, алға бастар ойды орыстың ұлы классиктерінен – А.

С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, В. Г. Белинский, Н. Г Чернышевский, Л. Н. Толстой, М. Е. Салтыков-Щедриннен тапқандығы, жай ғана табу емес солармен ой жарыстыра отырып, көркемдік деңгейге көтерілгендігі, қазақ әдебиетіне жаңа сапалық белгілер әкелгендігі пайымдалады. Абай қазақ поэзиясына кіргізген толып жатқан түрлерге жан-жақты тоқталады. «Ауыз әдебиетке жақын жағдайдан есейген реалистік поэзияға бір-ақ қарғу – бұл революциялық адым!», – деп бағалайды автор Абайдың жаңашылдығын. Қазақтың жаңа реалистік поэзиясын қалыптастырып, өркендетіп әкетуге Абайға әрі Пушкин, әрі Лермонтов болуға тура келгендігін айта келіп, М. орыс классиктері мен Абай шығармашылығындағы үндестікті былайша түсіндіреді. «Қазақ поэзиясына сатира Абаймен кірді. Абай сатирасының ту ізі Салтыков, Некрасовқа қабысып жатады. Реалист ақын Абай реалист Пушкинмен, кекті Абай кекті Лермонтовпен үндес. Алған тақырыбын суреттеуі, дүние сезінуі, әр өлеңнің өзіне тән екпіні, жылата алар мұңы, ширата алар кектілігі, орыс халқының ұлы классиктерімен үндес келіп отырады. Абайда еліктеу де жоқ, «қарыз алу да жоқ, табыну да жоқ, поэзиясының орнын сол Пушкин, Лермонтовша ұғыну бар» (Заман және әдебиет, 1982, 272-б.). Абайда еліктеу жоқ, үндестік барын дәлелдейтін бірнеше өлеңді мысалға келтіреді. Абайдың «Жазы», «Қысы», Пушкин, Некрасовта кездесетін «Жаз» бен «Қыстарға» үндес екенін жан-жақты талдайды.

Пушкиннің «Ақыны» мен Абайдың «Ақын» дейтін өлеңін салыстырады. Екі ұлы ақынның бірінен-біріне ауысқан бір ауыз сөз жоқтығына, бірақ бірдей сөз бар екеніне оқырманның көзін жеткізе тұжырымдайды. Ал «Жүрегім менің – қырық жамау...», «Алыстан сермеп...», «Қартайдық, қайғы ойладық...», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...», «Көңлім қайтты достан да, дұшпаннан да...», «Ішім өлген, сыртым сау...» т. б. өлеңдері арқылы Абайдың Лермонтовпен тоғысатын, Лермонтовша толғанатын, үндес келетін сипатына тоқталады. Абай мұрасының орыстың классик. әдебиетіне қатысты тұстарын осылайша талдай келіп, М. ақынның ерекше ұлы еңбегі – төменгі сатыда тұрған әдебиетті ең жоғарғы сатыға шыққан реалистік әдебиетке қосуында, рев. ұлы адымында деп бағалайды. Абайдың әдебиеттегі өсиеті – шындық, шеберлік, адам баласына ортақ гуманизм, еліңді, Отаныңды сүю деп саралайды. Абайдың озық ойының қайнар көздерінің қайда жатқаны айқындалады. Марғау заманда, қараңғылық жайлаған елдің қақ ортасында өмір кешкен Абайдың өз ортасынан оқшаулана биіктеп кетуіндегі, кең далада бірінен-бірі айнымай өтіп жатқан сұрықсыз да, серпінсіз өмір шеңберінен үзіліп оза шығуындағы заңдылықтарға талдау жасайды. Абай әрі ұлы, әрі ұлттық ақын деп түйіндейді. Өйткені ұлы ақындардың орны, тарихи мәні бар өзгерістерге, туған елінің бір сатыдан бір саты жоғары өрлей беруіне қай кезде бастаушы, қай кезде қостаушы бола білгеніне байланысты екенін айта келіп, бұл тұрғыдан Абай көзқарастарында ұлы жазушы Лев Толстоймен сарындастық барлығын айтады. Абай да, Толстой да, ескірген заманды, озбырлықты, шен құмарлықты, патшалық құрылысты, оязды, азып бара жатқан жастарды т.б. сынайды. Абайдың өз заманына сәйкес идеялық бағыт-бағдар, ағартушылық күрес жолдарын оның «соқтықпалы, соқпақсыз» кешкен өмірімен байланыстыра отырып, прогрессивті озық тұлғасы туралы былайша баяндайды: «Шыққан ортасының, заманының қалың шытырман қайшылықтары мен қараңғылығына қарамастан, Абай өз дәуірінің прогресті ақыны екенін, қазақ халқының озық ойлы екенін көрсетіп кетті. Абай заманындағы қазақ халқының алдында тұрған тарихи сұрау – болашағының кіммен бірге екендігінде еді. Абай соған тура жауап беріп, «Орыс халқымен бірге!» деді. Абай осы әділ жауапты берді. Орыстың революцияшыл-демократтарының Абай жүрегіне терең орнаған ойы оның осы жауабында деуіміз керек. «Дала өмірінің мешеу ескілікке қамалып, ұзақ қаңтарылып қалған кезінде Абай берген жалғыз жауап ел алдындағы тас кедергіні жұлып тастағанмен бірдей еді. Бұл – ең алдымен, даланың кертартпа феодалдарына қарсы, ғасырлар бойындағы әдеттерге қарсы ашық айтылған бұқара тілегі, ел тілегі» (Заман және әдебиет, 1982, 277-б.). Абай поэзиясының көркемдік қуаты мен терең ойлы болмысын сөз еткенде, М. оны ақын өлеңдеріндегі мазмұн мен түрдің бірлігінде, тұтастық сипатында екенін нақты мысалдармен дәлелдеп береді. Абай өзінің ақындық арман жолында әлемдік әдебиет үлгілерінен сусындап, ғибрат алды, өнеге сіңірді десек, оның алғашқы кездескен поэзиялық мектебі ортағасырлық Шығыс екені белгілі. Алайда эволюц. өсу үстінде Абай бат. әдебиетін, оның ішінде орыстың реалистік поэзиясын өнеге тұтуы, мектеп етуге жөн сілтеуі, бұл сипат ақын шығармашылығында айқын көрінетіндігі жөнінде жан-жақты талданады. «Жолжөнекей» атты жазбада «Қазақ әдебиетіне» басылған «Абайдың сенатқа жазған арызы» туралы ойларын ортаға салған. Тұңғыш рет басылып отырған Абайдың бұларызы арқылы көп шындыққа көз жеткізуге болатын, талай қатеңің бетін ашатын құнды материал екеніне баға береді. *Қ. Алпысбаев.*

МЧЕДЛИШВИЛИ Шалва Захарович (1925 ж.т.) Грузия Жазушылар одағының мүшесі. 15 өлең жинағы жарық көрген. 1956 ж. Қарағанды медицина ин-тында оқи жүріп, қазақ тілін үйренеді. 1988 ж. дүние жүз. классиканың аударма нұсқалары жарияланатын «Саундже» («Қазына») журналына Абайдың 12 өлеңін грузин тіліне аударып бастырды, сол жылы «Дроша» («Қызыл ту») журналында Абайдың М. аударған бір топ өлеңі мен қарасөздері жарияланды. 1988 ж. М. аударуында Тбилисидегі «Накадули» баспасынан Абайдың «Зымырайды уақыт» деген өлеңдер жинағы грузин тілінде тұңғыш рет жарық көрді.

«МЫНАУ КЕЛГЕН НАЗАР МА?. .» – Абайдың 1886 ж. шығарған өлеңі. Көлемі 4 тармақты бір шумақ. Тобықтының Қанай руынан шыққан Назар деген кісі жерін жалға беріп, ақысына соғым алады екен. Бір жылы Абай аулының малын да жайылымға жіберген. Ақысын сұрай келген Назарға ақын бір ауыз сөзбен жауап берген. Абай жауабында жеңіл мысқыл бар. Өлең 7-9 буынды қара өлең үйқасымен жазылған. Алғаш рет ақын шығармаларының 1933 жылғы жинағында жарияланды. Ешқандай текстол. өзгеріске ұшырамаған. Өлең орыс тіліне аударылған.

«МЫНА ҮЙДЕ ОТЫР РАЗАҚ...» – Абайдың 1896 ж. шығарған өлеңі. Көлемі 6 жол. Әубәкір аулында қонақта отырған Разақ дейтін жігітке арнап айтқан. Ақын ел қамын, халық мүддесін ойлайтын игі жақсылардың азайып кеткеніне налыс білдіреді. «Кәне, сол Разақтан сұрап көріңдерші, не айтар екен, кімді

атар екен?» – дей келіп, өзі ортан қол ретінде Әуезді (Үлкен қожаны) атайды, басқалардың барлығын аты жоқ қол мен шынашаққа теңейді. Ақынның сөз арасында айтқан әңгімесінің өзінен оның толық адам туралы түбегейлі ойы көрініс берген. Өлең 8 буынды шалыс үйқаспен шығарылған. Алғаш ақын шығармаларының 1933 жылғы жинағына енгізілді. Басылымдарында ешқандай текстол. өзгеріс байқалмайды. Өлең орыс тіліне аударылған.

«МЫҢ БІР ТҮН» – араб әдебиетінің орта ғасырлардағы классикалық ескерткіші. Ол үш жүздей аңыз, әңгімелерден тұрады. Кітаптың негізгі мақсаты – озбырлыққа, жауыздыққа қарсы, ақ махаббат, адал пейіл, адамгершілік жолында күрес. «М. б. т.» ертегілері шығыс елдеріне араб, парсы, үнді тілдері, Европаға ағылшын, француз, неміс, дат тілдері арқылы тараған. Орыс тіліне алғаш 1863–74, 1929–38 ж. аударылды. Қазақ арасына әуелде аңыз, әңгіме түрінде белгілі болып, кейін ақын-жыраулар оның желісімен қисса-дастандар шығарған («Шәкір-Шәкірат», «Орқа-Күлше», «Мәлік-Хасен», «Қасым-Жомарт»). Абай шығармаларынан Һарун-Рашид, Бағдат, Шынмашын, Балсура, Қап тауы сияқты «М. б. т.» ертегілеріндегі кісі есімдері мен жер атаулары кездесіп отырады. Ал ақынның «М. б. т.» ертегілерін *Баймағанбет* ертегішіге оқып беріп, сол арқылы елге таратқанын М. Әуезов түйткілсіз дәлелдеп шықты. Ақын аяқталмай қалған «Өзім әңгімесі» дастанын «М. б. т.» ертегісінің желісімен жазғанын өзі де: «Бір сөзім «Мың бір түннен» оқып көрген, Өлең қып сол сөзімді айтқым келген...» деп ашық жазады. *Т. Бараков.*

МЫРЖЫҚБАЕВ Кенжеғали (1953 ж. т.) – әнші. Қазақстан Республикасының еңбек сің. артисі. Ол Абайдың «Айттым сәлем, қалам қас», «Желсіз түнде жарық ай», «Көзімнің қарасы», «Қараңғы түнде тау қалғып», комп. С. Мұхамеджановтың Абайдың сөзіне жазылған «Жарқ етпес қара көңілім, не қылса да», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Өзгеге көңілім тоярсың», М. Төлебаевтың «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», Н. Тілендиевтің «Абай арманы» («Жасымда ғылым бар деп ескермедім»), Е. Рахмадиевтың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», А. Молодов пен І. Жақановтың «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз» ән-романстары, А. Жұбанов, Л. Хамидидің «Абай» операсынан Айдардың ариясы, Орталық концерт залында «Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін» атты Абай әндері мен ақын сөздеріне жазылған қазақ композиторларының әнроманстарынан дәріс-концерт, Көкшетау, Торғай обл-нда «Ақаннан – Абайға дейін» атты қайырымдылық концерт берді. *Ә. Еренбаева.*

МЫРЗАЛИЕВ Қадыр Ғинаятұлы (1935 ж. т.) – ақын. «Көктем», «Бұлбұлбағы», «Домбыра», «Қызыл кітап», «Күміс қоңырау», 3 томдық өлеңдер жинақтары, балаларға арналған «Жаңғалақтар», «Кішкене Қожанасырлар», «Ноян-қоян», «Алуан-палуан» т. б. шығармалары жарық көрді. Руми, В. Гюго, Г. Гейне, М. Ю. Лермонтов, С. Есенин, Дж. Родари, Э. Межелайтис, Қ. Кулиев, О. Сүлейменов т. б. ақындардың өлеңдерін қазақ тіліне аударды. Абай рухына арнап «Жұрт менің жағдайымды білем дейді», «Өнердегі бала дарын» (Көкпар, – А., 1981), «Айтар ем» (3 томдық шығармалар жинағы. – А., 1989) т. б. өлеңдер жазды. «Сөз сиқыры» сын кітабында Абайдың ақындық шеберлігін, жаңа өлең үлгілерін сөз етеді. М-ке «Құдіретті жер» өлеңдер мен поэмалар жинағы үшін Қазақстан Республикасының Абай атынд. Мемл. сыйлығы берілген. *С. Қалуов.*

МЫРЗАХАН Бозымбайұлы (т.-ө. ж. б.) – Абай ауылының адамы. Тобықты ішінде Көкше руынан шыққан. Абай төңірегінде жүріп, әншілік, жыршылық өнерімен танылған. Бәтибала деген әйел жесір қалғанда оған үйленуге құқылы он әмеңгердің бірі еді. Бірақ М. әмеңгер болуға құлық танытпайды. Оның орнына Абайға келіп, қыс қыстау, жаз жайлауының жайсыз екенін айтып, ағайындарынан тиісті жер бөліп беруін өтінеді. Оған Абай ексең – егін, бақсаң – малға жайлы деп, Бақалы бұлақ деген жерді бөліп береді. *С. Қарамендин.*

МЫРЗАХМЕТОВ Бақытжан (1958 ж. т.) – суретші. Плакат, кескіндеме, графика саласында жұмыс істейді. В. И. Суриков атынд. көркемсурет ин-тын бітірген. Ол «Қазақ ағартушылары» деген тақырыпта диплом жұмысын қорғап, Абай, Шоқан және Ыбырай портреттерін жазды (кенеп, майлы бояу, бәрі де суретшінің жеке қорында). Суретшінің «Абай» плакаты 1985 ж. «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды.

МЫРЗАХМЕТОВ Мекемтас (1930 ж. т.) – әдебиет зерттеуші, абайтанушы. Филол. ғыл. докторы, профессор. «Абай Құнанбаевтың әдеби мұрасының зерттелу жайы» атты тақырыпта кандидаттық, «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Абай мұралары жайында «Абай жүрген ізбенен», «Абайтану» (библиогр. көрсеткіш), «Абайдың адамгершілік мұраттары» («Тіл және әдебиет мәселелері». А., 1963), «Абайдың адамгершілік мәселелері жайында» («Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері».- А., 1976) т. б. зерт. мақалалар жазды. Диссертациялары мен зерт. еңбектерінде абайтану, мұхтартану мәселелеріне ден қойды. Абай мұрасының зерттелу тарихына, ақындық кітапханасына, рухани қайнар көздеріне тоқталды, адамгершілік мұраттарын сөз етті. Абай шығармаларын талдап, ондағы айтылмай келген ойларды жаңаша қорытты. *Б. Сапаралы.*

МЫСАЛ. Абайдың мысал өлеңдері И. А. Крылов шығармаларынан аударма деп саналып жүр. Алайда осы өлеңдерді талдап, бағалағанда бір жайды толық ескерту қажет. Олар толық мағынасында аударма емес, көбіне белгілі бір сюжет еркін баяндалады. Абай орысша мысалдың тексін дәлме-дәл тәржімалауды мақсат етпеген, негізінен оқиға желісін сақтай отырып, мысалдағы жай-жағдайларды қазақ өміріне, ұғым-түсінігіне, ойлау, сөйлеу ерекшелігіне жанастырып, өзінше бейнелеуге ұмтылған. Сондықтан Абайдың мысал өлеңдерін орысша текске сәйкестігі тұрғысынан қарап, ана жері дәл түскен, мына жері дәл емес, кем түскен деудің ешбір қисыны жоқ. Дәл шыққан тұсын артықшылығы, басқаша келтірілген жерін кемшілігі деп қарауды мүлде орынсыз екеніне әсіресе назар аударамыз. Кейде қазақша баяндау, бейнелеу орысша текстегі сөздердің айтылу қалпына ұқсас шыққанда ұтымды болса, ал кейде қазақша сөйлеу, ойлау ерекшелігіне орай басқаша берілгенде келісті, оралымды болатыны – кім де болсын санаспай тұра алмайтын бұлтартпас шындық. Мұның өзі ақынның қолын байлайтын, шеберлігіне шек қоятын жағдай емес, керісінше, ойдың, сөздің оралымын өзінше келтіріп, тың жаңа өрнек табуына мүмкіндік беретін жағдай деп түсінген жөн.

Абайдың М. өлеңдерінің ішінде кейбір аудармала-

рға жатқызуға болатыны да кездессе, дені еркін тәржімаланғандықтан, белгілі сюжеттің сарынымен жазылған деуге лайық болып келеді. Айталық, *«Жарлы бай»* атты мысал өлеңінде Абай оқиға желісін еркін баяндап, соңында:

«Алтын қайда, сөз қайда?
Қу нәпсіден не пайда?» –

дегенді өз жанынан қосады. Сондай-ақ «Шегіртке мен құмырсқа» атты өлеңіндегі:

«Мен өзіңдей шаруашыл,
Жұмсақ илеу үйлі ме?..» –

деген сөздер, сондай-ақ, шегірткенің құмырсқаға барған қалпын:

«Селкілдеп келіп жығылды
Аяғына бас ұра...» –

дегендей суреттеме орысша нұсқада жоқ. Абай құмырсқаның еңбекқорлығын, шегірткенің қамсыздығын көзге айқын елестетерліктей белгілермен үстемелей түскен. Осы өлеңдегі: «Қайтсін, қолы тимепті», «Өлеңші, әнші есіл ер!..» – деген Абайдың өзі қосарлап келтірген сөздері де нағыз қазақша сөйлеу нақышындағы әдемі кекесіннің үлгісі деп санауға лайық. Әдейі аяныш сезімін, жаны ашығанды білдіргендей етіп, керісінше айтылған нағыз ирония, келемеждеудің келісті, өткір түрі.

Кейде М-да баяндауы, айтуы ұқсас болса да, содан қорытынды шығарып, түйіндеу әрқалай келеді. Айталық, *«Қарға мен бүркіт»* атты мысалда Крылов үлкен ұры құтылып, кіші ұры тұтылады, қолға түседі деген түйін жасайды. Бүркіттің ұры деуұғымға үйлесе қоймайды. Сондықтан болар, Абай ол жағын сөз қылмай, тек қарғаның әліне қарамай қайрат етуге ұмтылғанын әжуалап:

«Азат басың болсын құл,
Қолдан келмес іске ұмтыл!» –

деп тұжырымдайды.

Тағы бір көңіл аударарлық нәрсе – М. дегеннің өзін жанрлық түрі жағынан шарттылығы басым қалыптасқан, өзгермейтін, ескі сюжетке негізделетін, ойды аң-құстың, жануар-жәндіктің іс-әрекеті арқылы тұспалдап қана білдіретін, белгілі бір шындықты уағыздап айтуға бейім тұратын шығарма деп қарау жиі кездеседі. Осындай түсінік өлеңнің өзгешелігін, поэзиялық қасиетін жете түсінбеуге әкеліп соғады. Ал шынында М-дағы шарттылық, тұспалдап айту тәсілін, белгілі сюжетті, әр түрлі тұспал бейнелерді қолдану – мұның бәрі тек сыртқы сипат-белгілер. М-дың артықшылығы алдымен олардың поэзиялық қуат-күшінен, тұспал бейнелер арқылы сан алуан адамдардың мінез-құлқын, іс-әрекетін аңдатып, айқын көзге елестетіп, сол арқылы қоғамдық өмірдің шындығын, қайшылықтарын терең ашып бере алатын мол мүмкіндігінен іздесек керек. Көркем шығармада мәселе не айтылғандығында ғана емес, сонымен бірге қалай айтылғандығында, қандай әсер ететіндігінде десек, осыны әсіресе М. өлеңге, яғни өмірлік шындық пен көркемдік шарттылықты шебер сабақтастырып, ұштастырып келтіретін жанрға байланыстыра айтуымыз керек. М-дағы ойды тура, ашық айтпай, ақтара салмай, тұспалдап, алыстан орап, орағытып айтудың өз артықшылығы бар екені сөзсіз. Оқушы бүкпелеп айтылған жайды, астарлы мағынаны өз ойымен бағдарлап, өзінше аңғарып, ұғып-түсінуге мәжбүр болады. Бұл одан тапқырлықты, сөздің астарына үңіле білудің, айтылып отырған нәрсені де, ишарат етіп, тұспалмен аңғартылған нәрсені де айқын елестете білуге қабілеттілікті талап етеді, ойына түрткі болып, сезіміне әсер береді.

Сонымен қатар М-да сан алуан жан-жануар, аңқұстарды, жәндіктерді іс-әрекет үстінде бейнелеу, тілдестіру, айтылған жайдан ғибратты түйін түю және осы орайда жасанды, жаттанды ақылгөйлікке әуестенбей, терең мағыналы қоғамдық ой қорыту үлкен ақындық шеберлікті, талғампаздықты танытады. Абайдың мысал өлеңдерінен осындай қасиеттердің, әсіресе ақынның әзілдеуге, мысқалдап келемеждеуге, сықақ етуге шеберлігін айқын байқаймыз.

Кейде М-да тілге тиек болатын шынында да әлдеқандай бір ғажайып жай кездеседі. «Жарлы бай» атты өлеңдегі түбінен қанша алсаң да, ділдә бірінен кейін бірі шыға беретін дорбаның кедейдің қолына келіп түсуі – бұл, әрине, арғы түбі ескі ертек, аңыздармен жалғасатын сюжет. Ал кейде М-дағы оқиғаның өзі мейлінше қарапайым, күнделікті өмірде кездесетін жай боп шығады. Айталық, *«Қазаға ұрынған қара шекпен»* дейтін өлеңдегі қораға ұры түскенін айту ешкім таңқалатындай нәрсе емес. Өлеңнің түйіні басқада, барынан бір сәтте айрылып жұрдай болып қалған адамға ағайындары келіп әр түрлі ақыл-кеңес беріп, желдей есіп «бейшара», «байғұс» деп жарылқаған болады. *«Бақа мен өгіз»* атты мысалда өгіздей бола аламын деп ісініп, кебініп іші жарылған бақаның ессіз мақтаншақтықтың құрбаны болғаны баяндалады. Мұндай шартты түрде әдейі әсірелеп айтушылық М. жанрында жиі кездесетін үйреншікті жай, сондықтан оны табиғи құбылыс деп санап, осы оқиғаға қандай мағына беріліп айтылғанына көбірек көңіл қою орынды секілді. Крылов осы мысалдың сюжетінен әр түрлі қоғамдық топтардың өкілдері бірдей бола алмайды деген нақтылы тұжырым жасап, қатардағы жай адам атақты адамдай, ақсүйектей бола алмайды деп түйіндеген. Ал Абай алған тақырыбына жалпы моральдық тұрғыдан келіп, іштарлықты, басқа біреуді көре алмай, күндеуді, қалайда соған жетем дейтін мінезді сынауды жөн көрген. Осыған орай ол мысалды:

«Таласпа, жаным-ай,
Қолыңнан келмесе.
Боларсың бақадай,
Көп түссең егеске», –

деген ғибрат сөзбен аяқтайды. Және Крыловша бірден оқиғаны баяндаудан бастамай, кіріспе ретінде жанынан сөз қосарлап, былай дейді:

«Қарасаң, дым-ақ көп,
Көре алмас іші тар.
Несі артық бізден деп,
Салыспақ жұртта бар...»

«Есек пен бұлбұл» атты мысал өлеңін Абай есекті сипаттаудан бастаған:

«Тойған есек шөпті оттап маңайдағы,
Сонырқап шатқа кетті қай-қайдағы.
Қаңғырып өлкені өрлеп келе жатып,
Жолықты бір бұлбұлға тоғайдағы...»

Орысша текстe мұндай кіріспе жоқ, есек бұлбұлды кездестірді делінеді де, бірден оған айтқан есектің сөзі келтіріледі. Абайдың өлеңді бастауынан есектің қарны тойып, көңілденіп, ерігіп келе жатқандықтан,

тоғайдағы бұлбұлды көріп, соған ән салғызып, өзінше сынап көрмекші болғанын аңғарамыз. Есектің бұлбұлмен ұшырасуы кездейсоқтық болса да, оған тіл қатып, бір ән салып жіберші деп тілек айтуы көңіл-күйіне үйлес сезіледі. Ал есектің сыншыл болып шыға келуі, бұлбұлға (Абай «ақын бұлбұл» дейді) сын айтуы әбден қисынды. Бұл топас, ақымақ, өнерден мақрұм адамның басқаны сынағыш болатынын аңғартуға жағынанұтымды. Ал бұлбұлдың аңыратып, шырқап ән салғанын суреттеген тұста Абай Крыловтан айтарлықтай алшақтамайды. Есектің бұлбұл әнін тыңдап алып, «сен біраз әтеш әнін, үйрен!» деп, өзінше білгішсіп ақыл бергенсігендей болғаны орысша текстегідей әсерлі, тартымды көрсетілген. Өлеңнің аяғын Крылов:

«Избави, бог, и нас от таких судей»,

деп қысқа қайырса, Абай осы тұжырымды тірек ете отырып, істің мәнісін түсінбейтін, шынайы өнерді бағалай алмайтын топас сыншысымақты келемеждеп:

«Демеймін мені мақтасын,
Я жақсын, я жақпасын.
Сүйтсе де мұндай сыншыдан
Құдайым бізді сақтасын», –

деп, ойын нақыл сөз үлгісінде өрбітіп, мысалды бір шумақ өлеңмен қорытындылай түйіндейді.
Абай М-дары – оның ақындық әлеміндегі ерекше бір бағалы сала. *З. Ахметов.*

МЫСҚЫЛ – жанр емес, болмыс, құбылысты бағалаудың, оған деген эстетикалық қатысты білдірудің әдісі, тілдік, стильдік құрал. Нысананы іш тарта, жеңіл әзіл-оспақпен сынау-мінеу жеткіліксіз болғанда мысқылға кезек тиеді. Сықақшыл Абай өз шығармаларында бұл әдісті жиі пайдаланған. Мыс., Абыралының намаз білмейтінін, басын сәждеге дұрыс қойып, дұрыс тұра алмайтынын «Намазшамның артынан құржаң-құржаң етеді. Жер ұшық берген кісідей тоңқаңдай ма, не етеді» деп мысқылдаған. Екінші бір өлеңінде ақын кейбір сидаң жігіттерді «Мүшесінен буынып, басады алшақ, Ақ тымақтың құлағы салтақ-салтақ», «Керегеге сабауды шаншып қойып, Бөркін іліп қарайды жалтақ-жалтақ», «Бет аузын сөз сөйлерде жүз құбылтып, қас кермек, мойын бұрмақ, қоразданбақ» деп мінездейді. Бұл да әлгі парықсыз жігіттердің мінез-психологиясын М-дап бағалау. Абайдың Күлембай сияқты болыстар жөніндегі «үйінде мықтымсып отырасың, ояз үшкіріп жіберсе, орныңнан ұшып кетесің, үстіңнен арыз көбейсе, бөксең шөмейеді. Елдің аузын алуға әрлі-берлі далпылдап шабасың, ат көтіне етегің жайылып жалпылдап кетеді» деген пікірлеріңде де М. жатыр.

Т. Қожакеев.

МІНЕЗ МАШЫҚТАРЫ. ...Мен әкемнің кіші жамағатынан туған тұңғыш баласымын. Әкем кіші жамағат алғанда, бастапқы бәйбішесі өзінен 2-3 жас үлкен еді, «ұлғайған кезімде өзімді күтуге қолайсыз болады» деген шығар. Екінші, жалпы қолы жеткен, әлі келген адамға екі қатын алмақ ғұрып сықылдыланғандықтан да шығар. Мен әкемнің 32 жасында, жастықтың алғашқы арыны басылып, жігіт ағасы болып қалған кезінде туғанмын. Мен әкемді танығанда әкемнің жүзі ашық, ажары сыртында, көзі өткір, ашуы да, қуануы да жылдам, ширақ жанды адам еді. Мәжілісі қызықты, сауықшыл, дастарқаны аса мол еді. Бір іспен қызықтамай, жай, салбырап, шаруасын істеп отырмаушы еді. Маған десе малай, малшы, қызметкер қатынның да болса бір тәуір мінезін, қылығын тауып жақсы көріп, ойнап-қалжыңдап отырар еді. Еш уақытта іші сүймеген, сенбеген адамымен мәжілістес болып, ұзақ отыра алмаушы еді. Оңдай адамдармен бас қоспақ уақыт еріксіз кез келсе, ол уақытты өзіне абақтыдан кем көрмеуші еді. Сыпайылыққа салиха әдептіленіп, аяғының басқанын аңдап, аузынан шыққан сөзін санап отыра тұрған адамға да, уақытқа да риза емес еді. Жарқын жүзбен, ашық көңілмен қытықсыз келетұғын адамды аңсап сағынып, оңдай адамы келгенде баласы иә туған бауыры келген кісідей қуанып қалушы еді. Менің бала кезімде менің әкем қандайлық жылы шыраймен ойнап, қалжыңдап отырса да, көңлі қайтса, қытығына тисе ашуы да тез келгіштігінен ауылдағылар да, бәйбішелері де айғырмен ойнаған ат сықылды, ойнаған болса да қорқынышы кеуделерінен кетпей қымсынып отырушы еді.



Абай балалары Ақылбай және Турағұлмен бірге.

Үйқысы шағын, жалпы халықтан кеш жатып, ерте тұру – жалпы әдеті. Төсегінің алдынан қалың постель төсетіп, оның үстіне көрпе салғызып, бір жағынан үлкен жастық қойғызып, көйлекшең, басқа киім кимей, жастығына шынтақтап, кейде бауырына басып отырушы еді, қағаз шайдан басқа шай ішкен емес, қантсыз шай ішкенін көргенім жоқ. Бірақ ол қанты алдында жатады. Көп жегіш емес. Таңертеңгі шайына: кейде жұмыртқа қостырып құймақ құйғызады, кейде самса пісіртеді, жеке бауырсақпен іше қоймаушы еді. Шайын стаканға құйғызып, ыстық күйінде ішпей, салқындаған кезінде жұта салушы еді.
Қазақ ойнайтын ойындар – дойбы, қарт сықылды ойындардың бәріне де ілгергі қазақтың ойыншылары ретті ойнаушы еді, сөйтсе де мен білген кезде салынып, қызықтап ойнайтын ойыны

тоғызқұмалақ еді. Қай-қайдағы тобықты ішіндегі ойыншы шалдар келіп, ай жатып, ойнап қайтушы еді. Сондай ойыншы шалдарының дәулеті нашарлары кейде соғымдық қой, тай, тайынша алып иә атқа мініп қайтқаны да болды. Көбінесе ол шалдардың қыстығүні келіп жатқышы – Көрпебай, Құттықожа, Қуаттың Қойбердісі, Мақыштың Ысмағұлы дегендер секілді.

Таңертеңгі шайды ішкен соң, құмалақ басталып, менің әкем көйлекшең күйінде, басында тақиясы, бауырына ақ жастығын басып, құмалағын ойнап жатады. Күндіз келген ел арасының ретті адамдары да ойынға кірісіп кетеді, құмалақтан кезек тимегендер, иә ойнай білмейтіні, балалар өз алдына дойбы, иә қарттың дүкенін ашады. Құмалақта әкемді жеңген адам көргенім жоқ.

Біздің қазақтың уақытқа байлығынан бір әдеті – бір жерге жұмыспен барса, барған жұмысын барған жерден айтпай, не қонып, не түстеніп, енді аттанарында ғана айтады. Менің әкем елдің бұл әдетіне қарсы еді. Алыс жерден келген сый адам болмаса, ел арасының адамынан келген жерден жұмысын сұрап, бітіріп, енді отыра бер деп өзі алаңсыз ойынына, иә кітабына кіріп кетуші еді. Егер келген кісі, сұраған жерден жұмысын айтпай, елдің әдетіне салып тығынып қалса, оған ыза болып, енді ол айтарлық кезегім келді деп жұмысын айтпақшы болғанда, «бағана сұрағанымда неге айтпадың» деп ұрсып, кейде сөзін тыңдамай да қояды. Сұраған жерде жұмысын айтқан кісіге ырза болып қалады. Біздің елдің адамы бұл мінезіне үйренгендігінен «неғып жүрсің?» деп сұраған жерден жүрген жұмысын айтатын болды.

Шаруа жағына көзінің қырын сирек салады. Күндіз-түні босатпайтын елдің жұмысынан қолы да тимейді. Шаруаның үш түрін ескеруші еді: жақсы қонысты таңдап қону, жақсы малшыны іздеп тауып, ақысын қымбатсынбай алу, жылқының аса ер жетіп кеткені бар ма – соны ғана қараушы еді. Жақсы ат, иә айғыр сықылды жылқысы болмаса, жалпы жылқысын танымайды, қой мен түйені де сеніп алған қойшы, түйешісінен ғана сұрайды, әйтпесе, өзі мынау менің түйем, қойым деп бірін де танымайды, сиырды жиған кісі емес, сиыр қар теппейді, жаз болса үйдің маңайын былғайды деп, ол кездегі біздің елдің байларының бәрі де жимаушы еді.

Қалаға барғанда үйіне керек-жарағын өзі алып, апарған малын өзі саудалап сатқан емес, ондай шаруасына ие қылып қойған жолдасы алып сатады. Ақшасын қалтасына салып, не алғанын, несі қалғанын есептеп көрген емес. Ақшасы аз болса, көп болса да атшысының қалтасында жүреді. Ақша бітті десе, қайда ұстадың деп есеп алу жоқ, қайтадан ақша тауып береді. Қалада жатқанда қасаптың етін жемей, қолынан малын сойғызып жеуші еді. Бір жолы қалада сойған жылқысының терісін сатқызса, сатып алған алыпсатар Матайбай Мәмбет баласы деген жігіт мақтанамын деп айтыпты, «сіздің кешегі бір жылқыңыздың терісінен үш теңге пайда қылдым» деп, сонда менің әкем айтып еді деп өзі айтып күлуші еді: – Мен саудагер кісі емеспін, мені ұялмаған арсыздың бәрі жейді, – деп, мен бірдеңе айтайын деп едім, Айтқазы Жексенай баласы отыр еді: «тек» деп ымдаған соң, үндемей ұялып қалдым, – деп.

Түн болғанда әмсе біреуге ертегі айтқызып, иә өзі айтып отырғыш әдеті бар еді. Біреуге айтқызғанда бұрын есітпеген кісіше ынтасын сала тыңдап, әбден айтып болған соң айтушының адасқан жері болса айтып береді. Қазақ ертегісінде есітпеген, білмеген ертегісі кем шығар, қазақтың ертегісінен бұрын қай жерлерде жүргені, көршілесі, күндес елдері кім екені, қаракеті не екенін, елдің арманы, білімнің қандайлық кезінде шығарғандығы көрінеді деуші еді. Жас кезінде парсы жұртының ертегілерін: «Иәмшіт», «Қаһарман» сықылды кітаптарын да көп оқыса керек. Өзім көргенде «Мың бір түннің» кітабын оқып, алғаш біздің елге «Мың бір түнмен» таныстырған кісі менің әкем еді. Орыс кітабындағы Густав әмір сықылды әңгіме кітаптарды оқып елді таныстырды, біздің ел «Мың бір түннен» жалығып, орыс романдарына әуестеніп кетті.

Жалпы ғадетінде ақылынан гөрі махаббатын ардақтап, ақылдың суық сынынан қашып, көңіліне билетіңкіреп отырушы еді. Бірақ құдайдың өзіне мол берген өткір сезімінің арқасында, айтпасақ та, не ойлап, разы яки наразы болып жүргенімізді бұлк еткізбей сезіп қоюшы еді.

Көңліне билеткіштігі сондайлық, жас баланы әлпештеп шақырғанында ұмтылып келсе, қатты қуанып, «қаны тартып біліп тұр» деуші еді, егер келмей жатырқап қалса, өкпелеп, ашуланып қалушы еді. Мыс., біздің үйіміз бөлек ауыл болған соң, әкеміз көбінесе қала-далада болып, үйде болғанда мол дәулеттегі бәйбішесінікіндегі топта болып, біздің үйге сирегірек келгендігінен Мекаил деген менің інім, бір келгенінде тосаңсып, шақырғанына бармаса, көтін жаңа басып отырған жас баланың үстіне су құйып, ұрып еді.

Менің балам Жебрәйілді әкемнің өлеріндегі науқасы басталғанында менің шешем алып барып еді, әкем шақырды, туғалы көргені сол, жас бала шақырғанда далпылдап ұмтылып еді: – Қаны тартып, жүрегі сезіп тұр, – деп, қатты рахаттанып қалды. Мен: – Жоқ аға, нені біліп отыр дейсің, әншейін ақымақтығынан ұмтылады ғой деп едім: – Сен білмейсің, – деп, мені тиып тастап, аузындағы шайнаған өрігінің етін баланың аузына салды.

Менің өзімнің де бес ауыз сөзді болса білгеніме әкемнің осындай алыстан үміт қып қуанатұғын көңлі себеп болды, өйтпесе мұнан да әрі шірік болып қалғандай едім. 1889 ж. менің 14 жасымда үлкен шешемнен туған Райхан деген апамды Найман, Серікбай баласы Құдайбергенге беріп ұзатып, үйдің ішінің бәрі жолаушы кеткенде әкеммен екеуміз ғана үйде қалдық. Бұл жылы әкемнің белсеніп ғылым жолына кіріскен жылы екен. Артынан абайлап қарасам, әкемнің әмсе үйде отырғандағы киіп отыратұғын баяғы көйлек, штаны, басында тақиясы, оның сыртынан тысқа шыққанда кие салатын жап етер ақ елтіріден істелген көк сәтеннен тыстаған көк бөркі. Анда-санда еті салқындаса жамылатұғын сары тоны бар. Таңертеңнен кешке шейін, көбінесе орыстың кітабын оқиды да, ара-тұра жастықты бауырына басып, алдында ақ қағазы, қолында қарындашы, күңіреніп отырып, өлең жазып тастайды, сол өлең жазардағы түрі:

Бір мұсаға мінген кісідей өңі қашыңқырап, азырақ ентіккен кісідей танауы кебіңкіреп, көзі жасаураңқырайды, естір-естілместей қып күңіренгеннің ішінде күбірлеңкіреп кеп, жазып кеп кеткенде көп тоқталып ойлана бермейді де, қайта сызып түзетпейді де, өлеңнің тығыны суырылып кеткенге ұқсайды.

Бір Алдоңғар деген ұрыны «ұрлығыңды қой» деп

қасына көшіртіп алып, теңіне қосамын деп, әлгінің бір Меңке деген әйел баласын асырап алған. Сол бала шайын құйып береді. Әлгі әйел балаға оңашада үйретіп қояды: «Мен қонақтарға сөйлеп-сөйлеп келіп, «солай ма, Меңке», дермін, сонда сен «солай де» – деп.

Кешке сөз ұғар ма дегендей адамдар келіп қонақ болғанда қазақтың ойында жоқ, ғылымның үлгілі сөздерін сөйлеп-сөйлеп келіп «Солай ма, Меңке» десе, Меңке «солай» дейді, сонда әлгі қонақтар: «япыр-ай, мына баланың ұғып отырғанын қарашы», – деп таңырқап қалысады, кейде сөйлеп болған соң: «Осы сөзімнің жалғанын тапсаңыздар, көк бөркімді берейін», – дейді, онысы – қонақтың қытығын тоқтататұғын ойыны.

Мен сол жарты айдың шамасындай уақытта жазған өлеңдерін жаттап, айтқан сөзін жалықпай тыңдап отырсам керек, менің соныма-ақ қатты қуанып, ырза болып, жолаушылар келгенде соларға мені «мынау адам болады екен, менің сөзімді ұғып жалықпай тыңдады» деп мақтады. Мен әкемнің аузынан шыққан сөзді пайғамбардың аузынан естігендей сеніп, адам болады екенмін деп, сол жылғы бастығымыз Шәкерім қажы болып ақиқат олай емес, былай деп таласып жататын санды шәкірттің қатарында болдым.

Жасында ашу мен махаббатты қатар қолданғандығынан қатын-балалары да, ауыл-ауданы да, елдің адамдары да бір жағынан жылы махаббатты жомарт мінезін сүйіп, бір жағынан жазатайым болса ашуланып кететұғын мінезінен қорқып жүретұғын еді. Қай адам екі қатыным күндестесіп қалыссын дейді, бәрі де күндестігін жоғалтқысы келетұғын шығар, бірақ жалпы адамның бұл тілегі қабыл бола бермейді ғой, менің әкемнің жоғарыдағы айтқан екі түрлі мінезінің күштілігінен шығар, менің шешем де күндестігін көрсете алған жоқ. Балаларының ойына күндестің баласымыз деген жаман ой кірген емес деп айта аламын.

Ұлғайған сайын әкемнің ашуы азайып, жұмсақ тарта берді, бұл жұмсатуды өзі еңбек қылып тапты. Әкесі қажының қайтпайтын қатты суық мінезін сөгіп отырушы еді.

Қорықпақ пен сүймек, от пен су секілді бір жерде жиылмайды, адам сүйген адамның ақылын ұғып, сонан бағыра алады, қорқытып, ұрсып айтқан ақыл дарымайды деп.

Көз алдында қандай ойын ойнап, күліп отырсақ, тиіп-қақпай еркін еркелетіп отырады да, алдынан қашып, жасырынып, жаман-жәутіктермен ойнағымыз келгенін көрсе, қатты ренжіп ұрсып, былайша айтып сөгуші еді: – Адамға көбінесе үш алуан адамнан мінез жұғады, ата-ана, ұстаз, құрбысынан, солардың ішінде қайсысын сүйсе, содан мол алады. Сендердің менен жақсы көріп барғыларың келіп отырған жақсы құрбыларың қайсы? – деп, ондай орыннан әйел бала есебінде тыю салып, қорғаштап өсіргісі келеді...

Бір ғадаты жақсы атқа, қыран құсқа құмар еді, өзі 2-3 жыл салтанатын келістіріп, құсбегілерін, мергендерін сайлап құс салыпты. Балаларының әрқайсысына құс салғызды, бірақ ұзақ уақыт құсшы болғанымыз жоқ. Біреудікін алып, біреуге сапырып отырады. «250 шамалы құс қолыма келіп кеткен шығар. Тулақтың шолағындай құс көргенім жоқ» деп айтып отырушы еді. Сол кісінің осындай сапырған мінезі біздің елге жұғып, бір ел бірінікін бірі алып, сапырылып жатқыш. Өз атымды өзім мінемін, өз құсымды өзім саламын деп, ат пенен құс секілді асылы бар кісі қаптал сеніп отыра алмаушы еді.Ендігі тарылып бара жатқан заманның қалай ауысарын кім біледі. Біздің Шыңғыстан басқа Тобықты Шыңғыстай емес, әйтсе де, басқа елден гөрі олар да бере алмай қалғанды ұят санады. Бір жылы жайлауда біреудің бір қоңыр қасқа атын бес құлынды биесін беріп алды да, оған көңлі толмай, бауырға түскенде бес түйесін беріп, Қуқұла деген Қаракесекте атағы шыққан атты алды. Сол секілді біреудің атына көңлі түсіп бұлдап алады да, тез жеріп, бір болымсыз адамға бере салғыш еді.

Жасында атқа болдырмайтын жүргіш болыпты, мен есімді білген кезде алысырақ жерге арба жегіп, 30-40 шақырымдық жерге салт атпен жүруші еді. Жасында жылқы бағып отарға шығыпты, мен білгенде жалпы қазақтың байларынша ертелі-кешті малын аралап, жерін шалып, мал үшін атқа мінбеуші еді. Көбінесе үйде отырғандықтан ба, иә жанын күтемін дегендіктен бе, жазу жазғандықтан ба, жанын ертерек еріншектік, кәрілік иектеді ме, әйтеуір жалпы халықтан көп ерте аттан түсіп шау тартыпты.

Үлкен үйдегі келінін алып, үлкен үйге кірген соң, өзге үйіне оқта-текте келетін болып, дәулеті мол жерге ел ортасында үлкен үйде отыратын болды. Қыстығүні бұрынғы бай-бәйбішесінің аулымен екі арасы 5 шақырым, біздің аулымызға 70 шақырым болды. Бұл екі ауылдағы бала-шағасын сағынып, жазғы жайлауға бәрін бірге жайлатып алып жүргісі келеді.

Менің жоғарыдағы ашуын өзі еңбек қылып азайтты деп ойлаған себептерімнің бірі – 97 ж. май айының басында үлкен ауылға келсем, әкем ұраңқай үйінде екен. Әмсе жазғытұрым ыстық басталғанша, күзгі салқын бастала бергенде үлкен ақ үйін қонаққа, басқа ас-суға босатып, өзі ұраңқай дейтұғын төрт қанат кішірек үйге кіріп, ақ жапаны жиғызып алып, көп үзбей от жаққызып, жер төсегінің алдынан қалың постель төсетіп, оның үстіне көрпе салғызып, көйлегінің сыртынан айналасына қара құлынның жарғағын ұстатқан сары тонын жамылып отыр екен, алдында қазан асып, астына жапа қалап от жағып қойыпты. Үйдің сол жағында кішірек қара саба емізіктеп тұр, қазанның есік жағында самаурын қайнап, жапаның шоғында бырқ-бырқ қайнап шәйнек тұр.

Мен сәлем беріп кіріп келгенде сәлемімді алар-алмастан:

– Сыртқа шығасыңдар ма? – деді. Мен: – Аға-ау, біздің жүгіміз түйемізге сыймайды ғой, – дедім. – Мен түйе жинап берейін, сыртқа шығыңдар, – деді. Сол үйде отырған Оразалы деген балалау жігітті Есіркеп деген сыбайласының аулына жіберді: – Үш түйесін берсін, біздің кіші ауыл артып жайлауға шығады, түйесін ақсатпай, жауратпай бергіземін, – деді. Ол Есіркеп біздің Ырғызбайдың төрт баласының ішіндегі ең азы, нашары Жортар деген кенжесі болады. Есіркеп – сол Жортардың Арқат деген ұлының баласы, Есіркепке орташа мал біткен адам, Жортардың балаларының ішіп-жегенінен қашып, 2–3 жылдан бері әкемді паналап отырушы еді. Оразалыға түйем жоқ деп, түйе бермей жіберіпті. Сонда менің әкем азырақ үндемей отырыңқырап, аздан соң басын көтеріп күлімсіреген шыраймен айтыпты: – Құдая, бергеніңе тәуба, мен мұсылман екенмін. Егер осы Есіркеп Тәкежанның қасында отырып, Тәкежан осы менше түйе сұратып жіберсе, түйем жоқ деп түйесін бермей жібере алмас еді.

Бұл түйе бермегеніме Абай ашуланып ештеңе етпейді деп, менің жұмсақ мінезіме сеніп бермей отыр, – деп қуанып қалды.

Ұлы сүйегіш адамға ризалығы жоқ еді. Бір күні үйде отырғанда Найман Кәріпжан қажы келіп тұр деп тыстан біреу келген соң, әкем мәсісін, шалбар, бешпетін киіп, көрпе салғызып, үйге кіргіздірді.

– Е! Қажы, неғып жүрсіз? – деп сұрағанда: – «7–8 жылқы алғызып, соны қуып келіп қалып едім», – деді. Менің әкем: – Ай, Қажы-ай, 7–8 жылқыны өзің қуып келгенің не қылғаның, бір бала-шағаны жіберсеңіз де тобықтының ұрысы әкелген болса, алып бермеуші ме едім», – деп ренжігенде, Кәріпжан қажы: – Бір ашумен шығып кетіп едім, – деп, ұялып қалды.

Қасында 5–6 кісімен Кәріпжан қажы түстеніп отырғанда, қасына Смағұл Шодыр баласы деген ұрыны ертіп, Тәңірберді дейтұғын ағасы келді. Менің әкем:

– Сіз неғып жүрсіз? – деп, Тәңірбердіден сұрағанда, Тәңірберді:

– Мына Смағұлды пәленшемен даулы жұмысы туралы Оспан саған билікке жіберіп еді, мынаны ертіп келдім, – деп еді, менің әкем:

– Сіз атшабар болып па едіңіз? – деді. Менің әкем ағасының ұрыны сүйеп ертіп келгеніне қатты ренжіп айтты. Әкемнің бұл сөзіне ағасы өкпелеп қалып, артынан Оспанның аулына бастарын қостырып, татуластырмақшы болған жиылысына мен де еріп бардым. Менің әкемнің топта билікке тартысып, яқнә айтысып сөзін сарқа сөйлеп суырылып отырғанын көргенім жоқ. Байлаулы жерінен қысқаша түйем сөзді ақырын айтса – тоқтаса қалушы еді.

Менің әкемнен басқа разы іздеп жүгінетұғын адамды көргенім жоқ. Жалпы өзіміздің елдің жақсысын абайласам, алдына келген даудан мүмкін қадарлы өзінің досына пайдалы жағынан қапы қалдырмай билік айтады.

Жалпы ұрылар айтады: – Абайдың алдына өтірікпен бара алмаймыз, жанымыз қалса, шын сөзіміздің арқасында қалады, – деп.

Менің әкемнің ұрыдан алатұғын парасы – шын сөзі еді. Мыңжасар Қобылан баласы деген атасынан бері қарай неше шабылып, айдалса да ұрлығын тастамаған бір кәрі ұры айтады: – Жас кезімде Абайдың сұраған малының шынын айтып шыншыл атанып, абүйырлы ұры болып жүргенімде құдай атып бір өтірік айтқаным.

Қаракесек жағынан бір топ жылқы алдық та, осы малды кім де болса да айтпалық десіп, жолдастарымыздың бәрі түгел төбеге тас қойып анттасқанбыз. Жоқшы келген соң, Абай мені шақыртып алып сұрады, айтпай танығаным. Қыстың суық күнінде суық су құйып қинаса да айтпай тістеніп отырғанымда:

– Әй, әкеңнің аузын... не оттап отырсың, пәленше жолдасың әлдеқашан айтқан, пәленің пәленге, түгенің түгенге таратыпсыңдар, – деп қоя бергені. Сөйтсем, ана иттер айтып қойған екен. Менің ит болып, қайтып айтқаныма сенбейтін қып алғаным, – деп.

Қалаға барғанда мен білгенде үш адамның үйінде жатты. Қабыл деген шала қазақ, Сүлеймен деген ноғай, Мәуіті деген қазақ үйінде, бұл үшеуінің де қатындары пысық, асты тәтті қып пісіре білетұғын ауқаты нашар адамдар еді.

Байдың үйіне ақы берсе жатпайды. – Ой, тәйірі-ай, расходымды көтереді екен деп байдың қабағын тұрып, аңдап басып, абайлап сөйлеп күшік күйеу сықылданып жатармын ба, – деуші еді.

Мағаш деген жақсы көретұғын баласы қыстай ауру, қыс жұт, қардың кеткеніне қарамай, Еркежанды ертіп Ұраңқайы мен Мағаштың аулына келіп отырды.

Өскенбай бидің Таңшолпан деген келін алған қатынынан шын аты – Тілеуберді, жалған аты Шұбар деген баласы болған. Шұбар менің әкемнің асықты бірге ойнап өскен тату туысқаны еді. Шұбардың дәулеті нашар болды да, өзі өліп, артында үш баласы қалды, соның ортаншы баласы – Қанағат деген менімен құрбы баласы, қолынан келсе ұрлық қылғандай, ағайынға қадірі жоқ, жас жігіт еді. Сол Қанағат сол жылы бұрынғы әкесі алып берген қатынын кемсініп, біреудің қызын алып қашқан соң ағасы жазғырып, қолындағы барлық малын қыздың әкесіне сыпырып алып берген. Ағайынына тентек болып, малдан айырылып қалған Қанағат сорлыға жоқшылық күнін көріп шықпақ та қиын болып, біреудің арық атын сұрап мініп қалаға барып, азырақ астық алып, иттеніп, біздің төменгі ауылға жеткізіп, сабырда жүре алмай, Мағаштың көңілін сұрамақшы болып, біздің ауылға келді. Өзі жалпы туысқаннан сөгіс естіп жасып қалған сорлы Мағашқа да қорғалап әрең сәлем беріп жүрген, сұрағанымызда әрең айтты.

Қораның сыртында киіз үймен отырған менің әкеме де сәлем бере кетпекші болып барса: – Сен қайдан жүрсің? – десе, Қанағат жүрген жайын, аты болдырғанын әншейін жай-күйдің ретінде айтса, менің әкем:

– Ой, байғұс-ай! Атың болдырып келе ме? Олай болса менің қара атымды жегіп, астығыңды жеткізіп ала ғой, – деп, қыстай сұлылап отырған атын Қанағатқа жібергенін естіп, Мағаш ағам маған айтады:

– Ой, сенің әкеңе қайткен адам ұқсай алады?! Қанағат деген кім? Құрбысы, сыйласы емес. Оған болыспақ, мархамат қылмақ, сен, мен, Кәкітай сықылдылардікі емес пе? Қанағатқа астындағы атын қосып беріп отырған әкеге мен ұқсай алмаймын, – деді әкесінің жомарттығына сүйініп, осы сықылды мінезі толып жатыр.

Менің жас күнімде, Кавказдағы атақты батыр Таштемірдің баласы, қасында екі жолдасы бар, қыстап жатып, жаз шыққан соң үшеуі де ат мініп кетті. Ол Таштемірдің баласы екенін жасырып жүреді екен. Бір күні бір сөзден біздің ауылдың бір жігітіне ашуланып, әлгі жігітті өлтіремін деп құғанда «сені өлтірмесем Таштемірден тумайын» деп, аузынан шығып кетіпті, сонан кейін Таштемірдің баласы екенін білген. Жыл сайын бірден- екіден Үркіттен қашқан Кавказдың адамдары келіп, кейде қыстап, кейде бір-екі ай жатып, кісі басы ат мініп кетеді, көбінесе оларды менің әкем Қояндыға барушыларға қосып береді.

Одан арғы Көкшетау жақтан келген саудагерлерге қосып береді. Осы секілді тасымалмен кетуші еді. Осындай ат мініп кеткен адамдар 15 шамалы бар шығар. Осылар секілді қашып келе жатқан мұсылманға ат беріп жіберетұғын әдет үлкен қажыда да көп болса керек.

Мен жоғарыда жазғанымда айтқамын: – Әкесінің мінезін баласы жазбақ қолайсыз, – деп, сондағы менің ойыма келгені – баласының көңіліне әкесінің қылықтары ғана түсіп, жаман мінезі түспейтін сықылды. Мен қандайлық әділ көзбен қарап

жазайын десем де, «жасында кәрлі еді, жанын күткіш, ертерек шау тартып еріншегірек тартты» демесем, басқа мін таба алмадым, мұным әкемді мақтаймын дегенім емес, бар білгенім-сезгенім осы-ақ.

Енді Долгополовтың менің әкеме айтқан сынын жазайын. Бұл Долгополов – бірінші ме, иә екінші ме, государственный думаға Одесса қаласынан депутат болып сайланған адам. Докторлыққа экзамен беріп жатқан жерінде саяси айыбы болып айдалып, Семейге келген жерінде менің әкеммен таныс болып, бір жаз – 85 жылы жаздай біздің ауылда болған. Бір күні менің әкем сөйлесіп отырып: – Менің балаларымды сынашы, – депті. Сонда Долгополовтың айтқаны: – Сенің балаларыңның адамға қарасы түзу, зерек, жақсы балалар. Бірақ сенің мына сән-салтанатыңды, дәулет-дәуреніңді көріп отырып жақсы бала бола алмайды (Әкемнің жазды өлең қылғандағы аулы осы Долгополовтың біздің ауылды жайлағандағы өзінің аулы еді). Ғылымға ет ауыртып еңбек қылмаса қолға түспейді. Сенің балаларың оншалық етін ауыртып, еңбек қып не қылсын. Еңбексіз-ақ өзі – хан, өзі – би. Сенің аулыңның төбесі көрінбестей алысқа кетсе, сонда адам болады, – депті.

Содан соң: – Өзімді сынашы, – депті менің әкем. Сондағы Долгополовтың айтқан сыны: – Сенің басың алтын адамсың, бірақ үйренген әдет-салтың жаман. Таңертең төсектен тұрасың, біреу әкеліп киімдеріңді киіндіреді, арқаңа шапаныңды жабады, есікті ашып тысқа шығарады, қайтып келген соң тағы да есікті ашып үйге енгізіп, алдыңа шылапшыңды әкеліп, құманмен суды қолыңа құяды. Ас келсе шайыңды құйып береді, етіңді жапырақтап береді. Ұйықтамақ болсаң, төсегіңді салып, өзіңді біреу шешіндіріп жатқызып, шақшаңды бір жағыңа, мұрын орамалыңды бір жағыңа тығып, үстіңе көрпеңді жауып салады. Өзің өзің үшін не қыласың? Әрнешік ұйықтап көресің, – депті. Осы Долгополовтың аз ғана сөзі менің әкемнің бірқатар әдетін, салтын көрсетер деп жаздым.

13 жасынан жұмысқа жүргізіпті. Қажының өзінің қыздай алған бәйбішесі Күңке шешеміз қажыдан бірнеше жас үлкен екен. Қажыны күтуге қолайсыз, жасы жетіп қалған адам болғандығынан, кейін алған қатыны біздің шешеміз Үлжанның қолына шығыпты. Үлжаннан басқа Айғыз деген Халиулла мен Смағұлдың шешесі бар. Бұл екі бәйбішесі бір болыпты. Күңкеден туған жалғыз баласы Құдайберді деген ағамыз: шешемді тастап кетті деп, қажыға кектеніп, айтқанына көнбей шалыс болған екен. Әкеммен бірге туған ағасы Тәңірберді Өскенбай бидің кейін алған қатынының қолында өсіпті. Қолындағы баласы да менің әкем, қолайлысы да сол болған шығар. Ол он үш жасынан былай қарай қажының жауын жаулап, бірде жеңіліп, бірде жеңіп, ағайындарымен бірде қосылып, бірде ашылып келіп, жиырма жеті жасында біздің елдің Бұғылы жақ шетіндегі Оразбай Аққұлы баласының аулындағы сайлауда қасында туған-туысқанынан адам жоқ, жалғыз барып елді жеңіп алып, інісі Ысқақты болыстыққа сайлап қайтыпты. Оразбай Аққұлы баласы сықылды бірсыпыра шын сенген жолдастары болған. Бұларды қажы «адал дос болмайды, алдамшы» деп жек көреді екен. Оған менің әкем көнбей, өзі заманында тапқан достарына алаңсыз сеніп жүре беріпті. Қажының қатты айтып ұрысқан жерлері де болса керек. Осы ретімен жік салмай, Ысқақты үш рет болыстыққа сайлатыпты. Ысқақты соңғы болыстыққа сайлатардың алдында бір күні Ысқақтың аулына елдің бір жиылысы тобына менің әкем келсе, Ысқақ төсектен тұрған жоқ, түске шейін отырған елдің ақсақалдары жалығып тарқап бара жатыр екен. Сонда менің әкем Ысқақты шақырып алып айтыпты: – Сонау Оразбайдың не ойлап бара жатқанын білдің бе? – деп. Ысқақ айтыпты: – Жоқ, – деп.

– Ендеше сені келесі сайлауда боғымды болыс сайлаймын деп барады, – депті. Біздің қажы баласының елді билегені-ай дейтұғын дәурені осы Ысқақтың болыс болып өткерген тоғыз жылы. Қажы баласы атанған жандар «елді билеу үшін елге жағынып, елдің ықыласын алу керек» дегенді ұмытып, тек «Абайға жақсақ болады» дегенді көздеген көрінеді. Ысқақтың да, Ысқақтың бәйбішесінің де елді ел, жұртты жұрт демей елдің малын өз малындай қолы билеп, қостап шыққан жылқыдан қолымен ұстатып алып, бәйбішесінің де сойған соғымын, байы съезге шыққанда бәйбішесі ере шығып, үй тіккізіп, салтанат құрып шығарған дукертін, Ысқақтың ашуы келсе, үлкен-кіші, жақсы-жаман демей бас салып ұрысып айтқанда, ертегі секілді, дәл бақтың өзі қонған байдың аулы, қатыны, баласы таңырқаушы еді.

Кенже інісі – Оспан сырты аусар, аңғал, көңілі сүйген кісіге көл болып төге салатын, көңілі сүймеген адамды үйінен сүйреп тастайтұғын адам болса керек. Бірақ анығында Абайдың соңғы ақылдасы, сыртқа аусар болып отырып, іші есепдал күлдікте бір келешек пайдасын көздеп, иә болмаса жұртты дәмелендірейін деп істейтін болса керек. Ақыл тоқтатып анық жобалы жолына түспей келе жатқан жаста әр адам әр түрлі жорып адасса керек. Жоғарыдағы айтып кеткен Құдайберді ағамызбен «әкеме көнбедің, күндестік ойладың» деп, жасында менің әкем де араз болып келіп, өлерінің алдында екі-үш жыл бұрын татуласқан екен. Осы екі-үш жылда бұрынғы араздық жоғалып, қатты, қызықты туысқан болыпты.

Әкем айтып отырушы еді: «Қайғы жас жүрекке қатты батады екен, Бәкемнің өліміндей қатты батқан өлім көрмедім», – деп (Құдайбердіні Бәкем деуші еді). Мағауияның өлгендегісін өлшеп айтқан жоқ, бұрынғы Оспан мен Ғабдырахимнің өлімін өлшеп айтып еді. Ысқақтың үш сайлауынан кейін Бәкемнің орнына беремін деп, жиырмадан жаңа асқан Шәкерім қажыны болыстыққа сайлатыпты. Шәкерім қажы болыс болған соң, астыртын ел құрап, әркіммен анттасыпты. Келесі сайлауда Оспанды сайламақ болған екен, оған ел де, Шәкерім қажы да қарсы болып, барлық адал деп, әкесі үлкен қажының айтқанына бұрылмай сеніп жүрген достары, құдасы бұзылып, Күнту дегенді болыс сайлаған жерде бір-ақ біліпті. «Ел бұзылды, сені алдап жүр», – деп, Ысқақ келіп айтса, Ербол деген бір досын шақырып сұрапты, ол: «Жоқ, Абай, Ысқақ бекер айтады», десе, сеніп отыра беріпті, өзі азырақ сырқат екен...

Менің әкемнің көбінесе ағайын-туысқандарын жамандай сөгіп айта беретұғыны өзінің Ырғызбай деген табының елден еректе нашарлығынан болған секілді... 91 ж. Оспан мен Оразбай жамандасып, араз бола бастап, тағы да отырғызбай кетті. Басында екеуін ұғыстырмақшы болып арасына жүріп, ақыры болмай жауласқан соң, інісі Оспанның

сөзін қуаттап, Оспан жаққа шығып алысып кетті.
Сол бізге ұстаздық қылып отырғанда біздің жүрегімізге «Мал құмар, мансап құмар адам – адам емес» деп егеді. Бұл сөздер дәл өлеңінен де көрінер. Мыс., «Мәз болады болысың...», «Малға достың досы жоқ малдан басқа...» деген сықылды әр өлеңінен абайлап қарасаңыз көрінеді. «Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек...» деген өлеңді айтқанда, ел билеген адамды мақтап отыр ма? Боқтап отыр – солары секілділері көп.
Мен сөзімнің басында айттым ғой, жасында әлбетті жас болып, ел билемекке еңсесін сала шапса да, ой кірген соң тоқталып қайтқан, өзінің «Өлсем, орным қара жер» деген өлеңіндегісі дәл деп, сол 89 жылда мен 14 жаста едім. Сонан былайғы әкемнің сөйлеген сөзіне, істеген ісіне қарағанымда елмен алысқандағысы өзін жаудан қорғау ретінде. Күнту болыс болып кеткен жерде сайлауға келген Тихонов деген уезнойдың қатыны айтты, көтек деп – күлуші еді. Сол жерде уезной: «Бұл сайлауды бұзып, қайта сайлау қылайын», – десе, менің әкем: «Жоқ, осы бетімен бекітіңіз», – депті. Жауласқан ел болыстықты алған бетімен тұрмай, менің әкеме, біздің елге қорлық, зорлық қыла бастапты. Өздері қалап, сайлап алған старшындарына мөр бастырып, 86 ж. менің әкемді жер аудартпақшы болған.
Сол орайда Семейге ген.-губернатор келіп, қасында бұрын уезной болып кеткен Лосовский бар. Елдің приговорына қарап, менің әкемді жер аударылсын деп резолюция салмақшы болғанда менің әкем мен екі арасында әлгі Лосовский жүріп, әкемді ген.-губернаторға жолықтырыпты. Сөйлескенде не айтқанын бізге айтқан жоқ. Бірақ «сен заманыңнан басың асқан адам екенсің» деді деп еді.
Сол жерде уезнойға тапсырып, Күнтуді түсіріп, қызметті Шәкерімге тапсырмақ қыпты. Біздің жау жағымыз мұндай төңкеріс болып қалғанын білмей, Абай айдалатын болды деп, елге келісімен Тәңірбердінің қостап шыққан қосты жылқысын алған. Сол жерде Күнту түсіп, қызмет Шәкерімге тиіп, жылқыны алып, қырып салған ел қатты қазаға ұшырап, берекесі кетіп қалған.
Приговорға шет елдердің де қосылғандары болыпты. Жазығы болмаса да пәленшені мұқатқан деген сөзді өздеріне абүйыр көргендер болса керек және «Дала уәлаяты» деген газетке менің әкемді әкесіне ас бермеді деп жамандап, Кереку жағының біреуі «Атадан бала туса иті, ата жолын қуса иті» деп жазған.
Сондайлардың мінезінен мынаны айтқан:

«Сор қалың соққы жеген пышанамыз
Қайтып суып жалғаннан күсе аламыз
Құр дәрмен атқанға өлмейді екен,
Өмірі мақтаншаққа нысанамыз...» –

деп, елдің жабылып мазасын алғанынан айтқан:

«Күшік ит бөрі ала ма жабылса да,
Тәңрі сақтар табандап тап ұрса да.
Арсыз адам арсаңдап арсылдайды
Әр жерде керегеге таңылса да...»

91 ж. Оразбай Оспанмен араздасып жауласқанда, Тәңірберді деген ағасы Оразбай жаққа шыққан. Былайша болмақтық себебі Тәңірбердінің сүйегі бос адам еді, ертерек қартайып, билікті Әзімбай деген баласы алған. Онан жауласқан себебі, талабы бар оқымаған жас жігіт абүйырлы болмақты ел билеумен табамын деп ойлап, ағаларының алақанына қарамай, өзіндік ел таппаққа ең қолайлысы ағаларының жауын ел қылғаны болып көрініп, Оразбаймен құда болған. Оразбайлар ойлаған: «бұларды бөлмесек болмайды. Өстіп құда болып бөлелік» деп.
Елді меңгеріп, елдің індет-міндетін де, жаудың азабын да жеке көтеріп алған інісі Оспан 92 ж. өліп, Оспан арқалаған азап – жеке басына түсіп қалды. Сондықтан, медресе болғандай болып кейінгі өлеңдерді әр уақытта жазып тастай берген. Көбінесе өлеңді қыстығүні жазушы еді. «Бойы – бұлған, сөзі – жылмаң» деген өлеңді 92 ж. Оспан өткен жылы, қыстауға қонғанда жазып еді. Бұл өлеңнің аяғы – «Кешегі Оспан, бір бөлек жан» деген өлең.
Оспан деген кенже інісі өлген соң, артында қалған баласыз үш жамағатын – Ысқақ, Тәңірберді үшеуі алған. Үлкен үйдегі келіні Еркежанды менің әкем алып, үлкен үйге кірген. Бұл келінін алғаны – 94-ші жылы. 93 ж. сайлауда, баяғы Оразбай мен Күнту тағы да бірі Бұғылыға, бірі Мұқырға шығып, қалған елді өзің ие болып қайырып алмасаң болмайды деп, халық ақсақалдары менің әкемді болыстыққа сайлаған. Менің әкем 20 жасында Құдайберді деген ағасына кандидаттыққа бір сайланған екен, Құдайберді өлген соң араз жағы «жасы толымсыз» деп көрсетіп, түсіп қалған екен. Сонан кейін қандайлық елдің сайлауын еркі біліп, билеп жүрсе де, болыстыққа сайланған емес. Екі рет, бұрын Мұқыр елі Қоңыр Көкше атанып жүргенде, сол елге назначениемен болыс болыпты.
Еркежанды алған жылы волостной съезд қылуға елге шыққанда, Қыздар атты бір құрдасы олақтау адам еді. Бейне бір менің әкем ішсе асқа, кисе киімге жарымай жүрген адамша, қалжыңдаймын деп айтыпты: «Биыл үлкен үйге кірген соң тойып, тойынып сың ғой», – деп.
Сол Қыздардың қалжыңына ыза болып, мына өлеңді жазған, бірталай өлең еді, ертеңінде Қыздар жалынып сұрап, отқа салып жібереді, бір-екі рет оқығандағы жаттап алғанымыз осы-ақ: «Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бәкең...»
«Болды да партия, Ел іші жарылды» деген өлеңді де Қыздарға шамданғанынан айтып жіберді.
«Антпенен тарқайды жиылса кеңеске» деген өлеңдері де сол 94 ж. съездегі билердің мінезінен айтқан.
«Не іздейсің, көңілім, не іздейсің», «Жүрегім, ойбай, соқпа енді», «Ал сенейін, сенейін», «Жүрегім, нені сезесің», «Жақсылық ұзақ тұрмады», «Қарашада өмір тұр», «Жас өспірім замандас қапа қылды» деген өлеңдерін Оспан өліп, бар бейнет басына мезгілсіз, ықыласы қайтып, қажыған кезінде түсіп, досы да, туысқаны да бұлданған-құбылғанын көріп, сол 92 жыл мен 93 жылдың ішінде жазған еді.
Менің әкем өз еліне, ағайын, туысқанына арнап айтқан сөздері де жалпы қазаққа жағып, көкейіне қона түседі. Жалпы қазақтың дерті бір дерт болған ғой, бүгін абайлап қарасақ, елдегі қазақтың дерті оқыған азаматтарынан да арылмаған секілді. Қазақ азаматтарының әлденеше тобында болдым, талас шықса-ақ табымен бөлінеді. Ол баяғы елдегі біздің науқасымыз, қастықпен бөлінсе аралас болып, ата жігі көрінбес еді. Қастығын ұстаған тастай лақтырып тастап, жеңген жаққа шығып, «Өзбек – өз ағам, сарт – садағам» деген баяғы кәрі мінездің қалпы құрып па?

Мен бұл жерде өз басынан ойлап шығарған өлеңдерінің мына кітаптағыларын реттеп, қай мезгілде, не себепті жазылып кетті екен деген сөзге жауап орнында жаздым. Басқа переводтарының қай жылдарда жазылғаны бұрын кітабында айтылған.

Крыловтың переводтарын 94 жылы Недоров деген уезной елге келгенде, менің әкемнің Лермонтовтың өлеңдерін перевод еткенін естіп, менің әкеме айтты: «Сіз Крыловты перевод етсеңізші, қазақтың ұғымына сол қолайлы, жеңіл ғой», – деп. Содан кейін Крыловты перевод етіп еді...

Менің әкемнің ашуын өзі еңбек қып азайтып еді дегеніме бір себеп төменгі сөз:

Біздің қазақ сорлы мансапқа таласпай жүре ме? 1898 ж. сайлау болғанда, бұрынғы Мұқыр атанған елдің сайлауына менің әкем барған. Оразбай дәулеті асып, дәуірі Тобықты ішінде жүріп, Оспан мен екеуінің араздығы Оспан өлген соң, менің әкемнің басында қалған. Оразбай мен әкемнің араздығы Тобықтыны екі бөліп, үлкен съездерде бір уезге қараған қазаққа жетіп, бір уез елдің адамдары екі жар болатұғын. Мұқыр болысының ішіндегі менің әкемнің тілеулестері: – Сіз бармасаңыз болмайды, Оразбай қалаған кісісін сайлатып алып, басымызға пәле жауғызады, – деп, жалынып-жалпайып апарған. Ақылы көзіне, елдігі де, жаулығы да қас пен көздің арасында тұратұғын сорлы қазақ, менің әкемді көрген соң, әкемнің досы жаққа қарай ауыса бастаса керек. Бастығы Оразбай, жолдастары мен осының өзіне қол тигізіп бір таңба салмасақ, ел ескі әдетімен ауа береді десіп, бірнеше адамдарды сайлап шығарып, уезнойдың қасында әңгімелесіп отырған Абайға қолдарыңды тигізіп, жанжал шығарыңдар деп жіберген.

Халықтың бұл секілді ниетінен хабарсыз отырған әкеме бірнеше татымсыз адамдар келіп, жанжал шығарған жерде, бұлардың бұл ақылының ішінде болған бір адам «аналардың қолы Абайға тигенше, маған тисін» деп, аналар ұмтылып қамшысын сілтей бергенде, әкемнің үстіне жығылыпты. Жұрттың таяғы оған тиіп, әкеме таңба түспей қалыпты, бұл кісі Сопының інісі – Аппас, бірақ таяқ тиді не, тимеді не, әйтеуір «Абайды ұрдық» деген атын көтеріп мұратына жетті.

Осы іс туралы ағайын-туғаны, балалары, ел-жұрты, дос-жары жиылып, «біз де пәлен етеміз, түген етеміз, өлтіреміз, бітім жоқ» дескенде менің әкем айтты: «Барша жамандықтан жамандық туады, жақсылық тумайды, мен жасымда – қарғағанымды жер қыламын, алғанымды зор қыламын деп, ашуға да, айлаға да шырақ жағып түнегендей болғамын, дүшпанын жеңбекке жолы болған адамның бірімін. Мен алғаш атқа мінгенде, Жігітектің дәулеті де, дәурені де өзімізбен тең, жай келсе артықпыз деп жүрген ел еді. Солардың қанша жандарының айдалып, байлануына, бірінің артынан бірі барамын деп шұбап жүріп бейнетке, қазаға ұшырауына себеп болған шығармын, рас, өздерінің ұрлық, зорлығынан да болған шығар, бірақ, менің қатты зорлап соңына түскенімнен де болды.

Сол Жігітек деген ел қандайлық елдіктен кетіп, кедей болып, торғайдай тозды десең де, бүгін астымда жатса да аяғымды тістеуге жарады.

Бұл – жаманшылықтан туған жаманшылық деп біліңдер. Өлеміз, өлтіреміз, бітім жоқ деген сөз дұрыс емес, мен енді бұл бітімсіздікті қостауға жайым жоқ. Жөні келсе, мен – бітімнің кісісімін», – деп, елді тоқтатты.

98-ден 99-ға қарайтын қысында Оразбай: «Меккеге жүрерде бітелік, ризаласалық», – деп кісі салған соң әкем: «Жарайды, – деп, – алған берген ешнәрсе жоқ». Семейде еді, Жақия қажының үйінде бас қосып, Меккеге жүрмекші Оразбайға ризалығын берді. Артынан елге барған соң, Медеу деген Оразбайдың баласы, жанжалдағы елдің бас адамдарын жол жобасымен әкемнің алдына алып келіп бітім болды, Абай алған жол жобасы үшін бітім қылды деп, ешбір Тобықты айта алмас.

99-шы ж. областной землемер болыс болыстың арасына меже салып, гран жүргізгенде, бұрынғы Мұқыр болысындағы Жігітек, Бөкенші деген екі тап ел әкеммен ежелгі жау болып келе жатқан. Екінші 98-жылғы жанжалдың иесі ағайыны; гран бойынша еріксіз біздің Шыңғыс елінің хатына кіріп қалды. Бұлар ашулы арыстанның алдына қол-аяғын байлап тастаған кісінің күйінде болды. Жоқ, әкем сол араз ағайынның басты-басты адамдарын, ақсақал, қарасақалын шақырып алып: «Қырық жыл елдік, қырық жыл жаулық болмайды деген, енді жаулықты ұмыталық, мен жаулық қылады екен демеңіздер», – деп, шын жүрегін көрсетіп, қойнын ашып жіберіп еді, олар да бұрынғы жаулықты соншалық ұмытты. Содан кейін төрт жыл өтіп, бесінші жылдың басында менің әкем дүниеден қайтып, артына мен қалғанда, әкемнің аруағын сыйлап, шын достығын көрсеткен ел осы араз ағайыны болды.

Оразбай секілді әкемнің жаулары мені «бейшара жетім ғой, енді бұған тиіп не қыламыз» деген жоқ. Қандай жаулығын қылса да, сол достарының арқасында жалғыздық көргенім жоқ.

Тұрағұл Абайұлы Ибраһимов.

МІРТЕМІР (толық а.-ж. – Міртемір Омарбек ұлы Тұрсынов; 1910-78) – өзбектің көрнекті ақыны, Өзбекстан Республикасының халық ақыны. М-дің «Зафар», «Байтахт», «Таңдамалы шығармалар», «Жаңа өлеңдер» т. б. жыр жинақтары, «Аш-жалаңаштар елінде» романы жарық көрген. Ол Абай шығармаларын өзбек тіліне аударуда айтарлықтай еңбек етті. 1945 ж. өзбек тілінде алғаш рет ақынның «Абай өлеңдері» деген жинағын жарыққа шығарды (Үйғынмен бірге). Бұл жинаққа Абайдың 33 өлеңі мен екі дастаны енген. Ол Абай өлеңдерімен қатар «Масғұт» дастанын аударған. М. аударған Абай шығармалары ақынның 1961, 1970 ж. Ташкентте жарық көрген жинақтарында да жарияланды.



НАГНИБИДА Микола Львович (1911–85) – украин ақыны, БССР-дің еңбек сің. мәдениет қызметкері. Украин оқырмандарына «Дән», «Днепроград», «Мерекеге апаратын жол», «Теңіз әңгімелері», «Жол әні», «Оң жағалау», «Биіктік» кітаптарымен белгілі. Н. 1974 ж. «Дніпро» баспасынан жарық көрген «Абай Құнанбаев» жинағына енген ақынның «Өкінішті көп өмір кеткен өтіп...» өлеңін украин тіліне аударған.

П. О. Сердюк.

НАДЫРОВ Базарбай (1937 ж. т.) – Қарақалпақ Республикасының халық артисі, әнші. Ол қарақалпақ, өзбек, қазақ халық әндері, қазіргі комп. шығармаларымен бірге Абай әндерін де орындайды. Абайдың «Айттым сәлем, қалам қас», «Көзімнің қарасы» әндерін 1966 жылдан бері Орта Азия, Татарстан, Башқұртстан респ. сахналарында, Қазақстанның Алматы, Жамбыл, Қызылорда обл-нда болған концерттік сапарларында, мәдениет онкүндіктерінде орындады. Н. респ. Бердақ атынд. сыйлықтың лауреаты. *С. Ниетоллаев, Р. Дәрібаева.*

НАЗАРБАЕВ Нұрсұлтан Әбішұлы (1940 ж.т.) – мемлекет қайраткері, Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті. Алматы обл., Қаскелең ауд-ның Шамалған с-нда туған. Орта мектепті бітіргеннен кейін өз еркімен Теміртау қ-на – Қазақстан магниткасы құрылысына барып еңбек етті. Мұнда еліміздің жаңа өнеркәсіп орталығы құрылып, енді-енді аяғынан тұрып келе жатқан. Аз уақыттан соң, ол арнайы жолдамамен Украинаға – Днепродзержинск қаласына барып, металлург мамандығын оқып үйренді. 1960 ж. Қарағанды металлургия комбинатында шойын құюшы, горновой болып істеді.

Іскерлігімен, ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түскен Н. алдымен комсомол, сосын партия қызметтерін абыроймен атқарды. 1984 ж. Қазақ ССР Министрлер Советінің төрағасы

болып тағайындалды. Осы қызметте де оның ұйымдастырушылық қабілеті, экон. мәселелерге тереңдеп бара алатын қыры жарқырап көрінді.
1991 жылғы 1 желтоқсанда бүкілхалықтық Президент сайлауы өткізілді. Н. ел Президенті болып сайланғаннан бергі мерзім ішінде егеменді, тәуелсіз Қазақстанның дүние жүзі қауымдастығында барынша таныла түсуіне, басқа елдермен терезесі тең болуына, экон.-саяси тұрғыдан нығаюына зор ықпал етіп келеді. Осы кезеңде Ата заңымыз – Конституциямыз қабылданды. Тіліміз мемл. мәртебеге ие болды. Салт-дәстүріміз кең қанат жайды. Ұлттық валютамыз – теңге өмірге енді. Қазақстанда тұратын ұлттар мен ұлыстардың теңдігіне, бейбіт қатар өмір сүруіне, азаматтық хұқығы сақталуына мемлекет тарапынан барынша жағдай жасалынуда.
Н. шет елдерге кеңінен танымал мемлекет, қоғам қайраткері болумен қабат ғылымға да сүбелі үлес қосып келеді. Ол – экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық инженерлік академияның академигі. «Стальной профиль Казахстана» (А., 1985), «Без правых и левых» (М., 1991), «Стратегия ресурсосбережения и переход к рынку» (М., 1992), «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» (А., 1992), «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» (А., 1993) т. б. кітаптары жарық көрді.
Н. туған халқының рухани түлеуі мен өсіп-жетілуіне үнемі көңіл аударып отырады. Соның бірден-бір дәлелі – қазақтың ұлы ойшылы, ақыны А. Құнанбаевтың 150 жылдық тойын дүниежүзілік ЮНЕСКО көлемінде атап өтуге тікелей атсалысуы. 1993 жылғы көкек айында Алматыда халықаралық Абай қоры құрылып, осы салтанатта Республика Президенті өзінің жүрекжарды сөзін айтты. Абайдың әдеби музейінің іргетасын қалауға жұмсау үшін өз есебінен 100 мың марка қаржы беретінін жария етті.
Ел Президенті халықаралық әр түрлі, әр салалы бас қосулардың барлығында да бейбітшілікті нығайтуды үнемі тілге тиек етіп келеді. Оны БҰҰ-ның ассамблеясында сөйлеген сөзінен де, басқа да түрлі жиылыстарда айтылып жүрген әңгімелерінен байқау қиын емес. Тәуелсіз мемлекеттер достастығын құру, Орта Азия елдеріндегі хауіпсіздік мәселелері жөніндегі ұсыныстары жалпыхалықтық қолдауға ие болуда.
Бішкекте құрылған және достастықтың бірқатар қалаларында өзінің бөлімшелері бар руханилықтың қайта түлеуіне жәрдемдесуші «Руханият» халықаралық қауымдастығы 1993 ж. Н-ты «Жыл адамы» деп танып, осы құрметті атақты беруі тегін емес. Н. – дүние жүзіне аты белгілі саяси қайраткер, көптеген халықаралық медальдар, наградалар, құрметті атақтардың иегері.

«НАЗАРҒА» – *Абайдың өлеңі, қ. «Мынау келген Назар ма...»*

НАЗИРОВ Зағрутдин Сағадайұлы (1909-89) – суретші. Ол «Абай» портретін (1968, майлы бояу, кенеп; сақталған орны белгісіз) салған. Онда Абай бейнесі өзінің шынайылығымен, монументтілігімен ерекше көрінеді.

НАЙМАН – алты арыс Орта жүздің құрамына кіретін тайпа. Ертеде Ертіс ө-нің бас жағындағы таулы өлкені мекендеген. 12 ғ-да Н. мемл. бірлестігі құрылған. 1204 ж. бұл мемлекет құлап, Н. тайпалары ата қоныстарынан Алакөл, Балқаш көлі, Есіл, Сырдария, Жетісу бойына, Ұлытау алқаптарына ығысқан. Н-дар батыр, билер, ақын-серілер көп шыққан, дәулетті де іргелі ел болған. Сондықтан да ақын өзінің *«Патша құдай, сыйындым...»* деген өлеңінде: «Арғын, Найман жиылса, таңырқаған сөзіме...» деп, өз жырының Н. арасындағы беделін арқа тұта жазады.

НАҚЫЛ СӨЗДЕР (А ф о р и з м д е р) – күрделі мәселелерді терең, өте дәл жеткізетін ой шалымы кең, қысқа қайырымды шешен сөз. Ол – көп қырлы, түйіндеуге бай, көркемдік дәрежесі жоғары сападағы қанатты сөз айшығы, данышпан ақылдың тезінен, ой көзі айқын көрінетін сөз жасаушы ұлы шебердің мүсіндеуінен шыққан іші – алтын, сырты – күміс сөз төресі. Н. с. үлгісі қазақ әдебиетінде ерте кезде-ақ ауызекі тіл өнерге, өнегеге айналған шақтан бері қалыптасқан. Олар мақал-мәтелдермен қатар туып отырды. Әдетте, бұл Н. с. ел аузында белгілі кісілердің атымен бірге жүрді, ал авторы ұмытылған сөздердің өзі де тарихи кісілердің атын жамылып отырды. Бұлай сақталу Н. с-дің бірден-бір өзіндік ерекшелігі болып табылады. Жазба әдебиетімізде Н. с-дің бай негізін өзінің дидактик. шығармалары арқылы Абай жасады. Шын мәнінде, Абайдың Н. с. кездейсоқ, жәй бір құбылыстар емес, заңды, тарихи қажеттіліктер негізінде туған тұтас дүние.
Дидактик. поэзияны шығыс әдебиеті ертеден бастаған. Бұл Таяу Шығыстың ұлы ойшыл ақындары Фирдаусидың, Низамидың, Сағдидың, Науаидың, Жәмидың шығармаларында туды. Тіпті ислам үгітшілерінің (зәруіштердің) Н. с-ге құрылған шығармалары да Таяу Шығыста кең көлемде тараған-ды. Олардың діни білімі де, заң, право негіздері де т. б. кітаптары да өсиет, үгіт сарынында, шешен тіл тапқан поэзия үлгісінде жазылды. Қазақ әдебиетіне келсек, оның жазба әдебиеті басталған 19 ғ-дың 2-жартысында қазақ халқының мәдени дәрежесі (әдебиеттің мәдени дәрежесі) өзіне әдебиеттің қызмет етуінің дидактик. үлгісін біршама керек еткен кезеңде туды. Сол тұста әдебиетке қоғамдық сипат беріп, сол арқылы күреске түскен Ы. Алтынсариннның да, А. Құнанбаевтың да шығармаларында бұл заңдылық көрінбей қалған жоқ. Алтынсариннның әдебиеттік еңбектері өзінің педагогтығымен бір сипатта дидактика үлгісіне құрылды. Әдебиетте өз тұстастарынан бір дәуір ілгері кеткен Абай қазақ топырағында шын мәніндегі нағыз көркем поэзияны жасай отырып, бұл заңды талапқа кең бұрылыс жасады. Сол бір кездегі қазақ халқының өміріне еншілес болған қараңғылық пен надандық ақын қаламын поэзияның үлгілі нұсқаларын жасау жолынан әр кез қақпайлап, ондай дүниелікке дәйімі даяр күйіндегі аудитория, оқушы бола алмайтынын танытып отырды. Данышпан ақын осы бір тарихи шындықтың шегінен асып кете алмады. Басқа емес, дәл осы тарихи шындық ұлы ақынды поэзияның озық үлгілерін жасауға үнемі бой ұрғыза отырып, заманның өресі жеткен әдеби үлгіні қару етіп, тар өрістіліктің негізгі тамыры – надандыққа соққы беруге бастап әкелді. Мәдениетте, ой-санада, жалпы қоғамда артта

қалған халықтың ұзақ ғасырлық самарқаулықпен кері тартқан, өмірдің басқа да жақтары, жолдары бар деп білмеген түсінігіне қозғау салу үшін, құлақ түбінен дауыстап, таза ақыл күйінде үгітші, насихатшы, өнеге үйретуші болуға бой ұрғызды. Осы тұрғыда Абайдың Н. с. ақынның арман еткен білім-тәрбие, еңбек, бірлік, адамгершілік т. б. сан алуан тақырыптардағы өлмес пікірлерінің бұзылмас формасы, айнымас мазмұн тапқан үлгілері. Абай Н. с-нің тақырыбы – оның тұтас шығармасына тән дүниелер. Олар ақынның өз шығармасында берген асыл ойларының, пікір түйіндерінің сығынды нәрлерінен құралған. Ақын шығармаларындағы Н. с-ді: Өнер – білім, тәрбие, еңбек туралы; Достық, адамгершілік, сүйіспеншілік туралы; Адам мінездері туралы; Философиялық; Өнер туралы деп жіктеп, топтастыруға болады. *Қ. Өмірәлиев.*

НАРМАНБЕТ Орманбетұлы (1860–1918) – ақын. Абайдың талантты шәкірттерінің бірі. Жасынан мұсылманша оқыған. 14 жасында Қарқаралыдағы орыс-қазақ мектебінде білім алған. Ел ішіне атағы жайылған айтулы шешен атанған. Абаймен аталас туыстығы бар.

Н. мұралары – негізінен лирик. туындылар. Өлеңдерінің дені Абай шығармаларының үлгісінде жазылған. Әсіресе, заман шындығын, қоғамдық өмірдегі қайшылықтарды, әлеум. теңсіздік мәселелерін арқау еткен өлеңдерінде Абайдың шыншылдық дәстүріне тән шынайылық пен өткір сыншылдық айқын аңғарылады. «Кер заман», «Жасқаншақ бас», «Аждаһаның аузында», «Сарыарқа», «Заман», «Сарыарқа, сайран жерім-ай» т.б. өлеңдерінде шындықты көркем бейнелеудегі шеберлігі, ой тереңдігі, сыншылдық күш-қуаты жарқырап көрінеді. Н. өлеңдерінде Россияның отарлық саясатына қарсылық мол. Ақын есімінің соңғы жылдарға дейін аталмай келуіне бұл бірден-бір себеп болған жай еді. Ақын осы бағыттағы шығармаларында өзінің перзенттік, азаматтық сөзін айтып, ерекше батылдық танытты. Екі ғасырдың тоғысындағы және одан бергі төңкерістер заманындағы, 1916 ж. оқиғалар кезіндегі қазақ қоғамының тыныстіршілігін, адамдардың іс-әрекеті мен психологиясын мейлінше көркем әрі шынайы бейнелеп берді. Осы қатардағы елеулі туындыларының бірі болып табылатын «Кер заман» өлеңінде Н. Абай поэзиясымен, оның ішінде ұлы ақынның «Болыс болдым, мінеки» өлеңімен үндес. Өзін қоршаған ортаның психол. портреттерін шынайы бере білді. Н. өлеңдеріндегі ағартушылық сарын, имандылық идеясы да Абай үлгісімен астасып жатыр. Ол да халықты білім алуға, ғылым үйренуге үндеді. Артта қалушылықтың басты себебі – сауатсыздық, білімсіздік деп білді. «Бала қандай?», «Бұл күнде байлар – ғаяр, билер – мекер» т. б. өлеңдеріндегі ақынның ой-түйіндері осы тараптан табылады. Сондай-ақ, «Көпті көрген көнемін», «Жасымнан көп жорттым жолбарыстай», «Ақыл бір алтынға ұқсас доп-домалақ» сияқты бірқатар өлеңдерінде Абай шығармаларының имандылыққа тән сипаттары мол ұшырасады. Ақын әділеттілікті, қайырымдылықты уағыздайды.

Абай Нарманбеттің:

«Нәпсі – жел, көңіл – өзен толқын ұрған,
Ми – патша, ақыл – дария кеңес құрған.
Таупықсыз ақыл мақұл болмайды екен,
Білмесең – құр суретсің бекер тұрған» –

деген өлеңін:

«Сөз – самал, өлең – дария толқын ұрған,
Ми – патша, ақыл – уәзір кеңес құрған.
Ғылымсыз ақыл таулық болмайды екен,
Болмаса – құр суретсің бекер тұрған» –

деп өзгертіп айтқан. Абайдың шәкірт сөздерін ұштап, мағына жағынан тереңдете түскені көрініп тұр. *Б. Әбдіғазиев.*

НАРШАҺИ Әбу Бәкір Мұхаммед ибн Жафар әл-Наршаһи (899–959) – Ортаазиялық тарихшы, ғалым. Саманилер әмірі Нұх ибн Насырға (943–954) арнап «Бұхара тарихын» араб тілінде жазған. Н. еңбегі – ислам діні Орта Азия мен Қазақстанда, Шығ. Түркістан жерінде қарудың күшімен, зорлықпен таңылғанын, араб басқыншыларының жергілікті халықтың мәдениетін күйзелтіп, ғасырлар бойы қалыптасқан салт-сана, әдет-ғұрпын жойып жіберуін айғақты дәлелдермен баяндайды. Абай «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген тарихи туындысын жазу үстінде Н-дың еңбегін дерек көзі ретінде пайдаланған. Ақын Құтайба ибн Муслим туралы арнайы тоқталып, оның Туран мен Хорасан, Шығ. Түркістан жерінде исламды қарудың күшімен ендіргені, ислам дінінің таралуы, ол діннің жергілікті халықтардың ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрпы мен салт-санасына кері әсері жайлы сыншылдық тұрғыдан пікір айтқанда Н-дың «Бұхара тарихы» кітабына сүйенгені анық байқалады. Абай тілге тиек етіп отырған Құтайба жайлы деректер Н. еңбегінің 3-, 12-, 13-, 19–20-, 22–23-тарауларында толық түрде баяндалған. Абай ислам дінінің қазақтар арасында таралу мерзімін арабтардың Орта Азия мен Шығ. Түркістанды жаулап алу кезеңімен байланыстыра қарастырады. Араб басқыншылары жаулап алған өлке халықтарының тума мәдениетін, дәстүрін тұншықтырып, жазбалары мен кітапханаларын өртеп отырған. Осындай жауыздық әдістерді қолдану арқылы ғасырлар бойы дамыған, өркендеген мәдениетінен, өткен тарихынан, салт-сана, дәстүрінен мүлде қол үздіріп, адам, жер-су, қала, елді мекен аттарына дейін арабша қойдырып, жергілікті халықтарды мәңгүртке айналдырып жіберуге жан сала әрекет еткен. Осы тарихи оқиғалармен Н. шығармасы арқылы таныс болған Абай араб басқыншыларының қанқұйлы зұлымдық әрекетіне тоқталғанда: «Ол уақытта жаңа дінге кірген соң... жер-сулардың да, халықтың да бұрынғы аттарын бұзыпты. Сондықтан да болғанға ұқсайды. Әйтеуір сонан соң қазақ аталыпты», – деп, араб шапқыншыларының саяси сырын бар айлашарғысын әшкерелей жазады. Арабтардың миссионерлік саясатының мәнін айқын түсінген ақын: «Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурыздама қыламыз деп, той-тамаша қылады екен. Сол күнін «ұлыстың ұлы күні» дейді екен. Бұл күнде бұл сөз құрбан айтына айтылады», – деп, наурыздың орнына ислам діні құрбан айтын зорлықпен күштеп енгізгенін атап өтеді. Наурызды мерекелеу үш мың жыл бұрынғы Афрасиаб (Ер Тоңа) заманындағы салт екені, араб

миссионерлерінің қуғындап, қолданудан шығарғаны туралы Н-дың деректерін Абай өте орынды пайдаланған. *М. Мырзахметов.*

«НАСИХАТ ҚАЗАҚИЯ» – Уфа қ-ндағы «Шарқ» баспаханасынан 1909 ж. жарық көрген жинақ. Құрастырып, бастырған – З. Жәуһари. Жинақта қазақ арасындағы дін, сайлау, оқу-ағарту, мектеп-медресе мәселелеріне арналған мақалалармен бірге Абайдың 3 өлеңі біраз өзгерістермен қысқартылып берілген. Кітаптың «Өлең» бөлімінде «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген туындысынан үзінділер, «Тобықты Ыбырай марқұмның сөздерінен» деген бөлімде «Қартайсаң, қайғы ойлайсың, ұйқың сергек», «Бай алады кезінде көп берем деп», «Ал, енді, жақсы дейміз кімді қалап» деген тақырыптармен ақынның «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» атты шығармаларынан үзінділер жарияланған. Кітап көлемі 32 бет. *Ү. Сұбханбердина.*

НАСРИДДИН Шах (1831–96) – Қажар әулетінен шыққан иран патшасы. Тақ үшін таласқан Бабизм көтерілісін басып, оған қатысушыларды аяусыз жазалаған. Европаға саяхат жасап, еліне келгеннен кейін мемл. аппараты жүйесінде реформалар жүргізген, дін қазыналарын жойған. Шейиттер бұған қарсы бас көтерген. Кісі қолынан қаза тапқан. Абай «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» еңбегінде: «Осы күні Нәсіриддин шаһ Қажардан шыққан кісі. Кім жетсе, табады, өнеріменен жетеді. Оларға атаң қалмақ деп кім бөгет болады?» – деп, Н. өмірі тарихын білетінін аңғартады.

НАУАИ Низамаддин Мир Әлішер, Әлішер Науаи (1441-1501) – өзбек халқының ұлы ақыны, ойшылы, мемл. қайраткері. Шығармаларын түркі және парсы тілдерінде жазған. Н. «Хамса» (бестік) тобына енетін «Жақсылардың таңдануы» (1483), «Фархад пен Шырын», «Ләйлі мен Мәжнүн», «Жеті әлем» (1484), «Ескендір дуалы» (1488), дидакт.-филос. «Құстар тілі» (1499), «Сүйген жүрек» (1500), төрт жинақтан тұратын «Ойлар қазынасы»(1492) т. б. еңбектерінде адамзатты ынтымақ, бірлікке үндеді, адал еңбек пен абзал қасиетке, пәк сезім мен таза махаббатқа, әділдік пен адамгершілікке шақырып, өзі тұстас және өзінен кейінгі ақындарға үлгі, өнеге болды, көркем сөздің бірден-бір шеберлік мектебіне айналды. Оны Абай да:

«Фзули, Шәмси, Сәйхали,
Науаи, Сағди, Фердауси,
Хожа Хафиз – бу һәммәси
Мәдәт бер я шағири фәрияд»,–

деп, өзіне ұлағатты ұстаз санап, талантына бас иді. Н. дәстүрін Абай шығармашылығынан анық аңғаруға болады. Абайдың «Әлифби» өлеңі, «Иузи – рәушан, көзі – гәуһар...», «Қор болды жаным...», «Көзімнің қарасы...», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл...», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы...», «Фзули, Шәмси, Сәйхали...» т.б. шығармалары Н-дың «Чар диуан», «Хазоинул маони», «Хайрат-ул аброр» секілді еңбектерінде көтерілген ой түйіндерімен іштей қабысып, үндес келеді. Н. «Хайрат-ул аброр» туындысында көркем шығарманың мәні мен мазмұнына айрықша көңіл бөліп, өлең сөздің ішкі мазмұнына оның сыртқы құрылысы ерекше жымдаса түсу керектігін ескертсе, Абай да:

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы», –

дейді. Н-дың «Мезонул авзан» шығармасындағы *араби аруз* уәзінінің ықпалымен қалыптасқан *парсы аруз* бен *түркі аруз* өлең өлшемі жайлы ой толғауларымен жақсы таныс болған Абай қазақтың мүлдем жаңа өлең өрнегін жасады. Н. мен Абайдың шығармашылық қызметінде үндестіктер мен ұқсастықтар молынан кездеседі. Н. адамгершілікті, азаматтықты жоғары қойып, халық қамын ойлайтын адамдарды ардақ тұтса, Абай да «ата баласы емес, нағыз адам баласы» болуды алға тартады. Н. бақыттың кілті еңбекте деп санап, өмірді босқа өткізбей еңбек етуге үндесе, Абай да еңбектің мәнін, ардың тазалығын:

«Сақалын сатқан кәріден
Ақылын сатқан бала артық.
Арын сатқан патшадан
Еңбегін сатқан құл артық», –

деп, барлық нәрседен жоғары қояды. Н. халқының ана тілін қораш санап, оны кемсіткендерге қарсы шығып, туған тілінің табиғи тазалығын, мерейінің үстемдігін ерекше ыждағатпен қорғаған болса, Абай да өз дәуірінде шұбарлана бастаған қазақ тілінің тазалығы үшін күресті. Мөр сақтаушы (Мұхрдар), уәзір қызметін атқаруы барысында Н. өзінің досы Хорасанның әмірі болған сұлтан Хұсайын Байқараның ел басқару ісіндегі әділетсіздігін батыл айыптап, адамгершілікке шақырып отырса, Абай да өз кезінде Ырғызбай әулетінің озбырлығын, жағымсыз іс-әрекеттерін әшкерелеп отырды. Н. Астрабад қаласын гүлденту, халықтың тұрмыс дәрежесін жақсарту мақсатында мемлекет қайраткері ретінде бірнеше жарлықтар шығарса, Абай да 1885 ж. Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесін жасады. Н. шығармаларынан рухани нәр алған Абай қазақ қоғамындағы кеңінен өріс алған әлеум. теңсіздікті көре білді, ел өміріндегі келеңсіз көріністерді сынға алып, адамгершілік пен әділеттілік үшін күресті. *Қ. Сейданов.*

НАУРЫЗ – түркі тайпаларының мүшел есебі бойынша жыл басы саналатын бірінші ай, мұсылмандардың ойын-сауық мерекесі. Бұл күні қазақтар да наурыз көже пісіріп, наурыз жырын айтып, наурыз тойын өткізеді. 1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін құрылған Кеңес өкіметі бұл мерекені діни кертартпа рәсім деп тауып, 1926 жылдан ресми тойлауға тыйым салды. Тек елімізде демокр. ағым бел ала бастаған 1988 жылдан бүкілхалықтық мейрам ретінде атап өтілетін болды. Абай «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» деген тарихи мақаласында Н. тарихын көшпелі халықтардың сонау «хибаги», «хұзағи» деп аталған заманға дейін апарып: «Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурыздама қыламыз деп, тамаша қылады екен. Сол күнін «ұлыстың ұлы күні» дейді екен», – деп жазады. Ақын Н. тойын дінге жанастырмай, көктем мерекесі екенін ашық жазады да, «ұлыстың ұлы күні» деген сөздің өз заманында алғашқы мәнін өзгертіп, құрбан айтқа байланысты айтыла бастағанын ескертеді.

НАУРЫЗБАЕВ Хакімжан Есімханұлы (1925 ж. т.) – көрнекті мүсінші. Қоңдырғылы, монументті және мемориалдық мүсін саласында жұмыс істейді. Қазақстанда мүсін өнерін қалыптастырушылардың бірі. Қазақстан Республикасының халық суретшісі және еңбек сің. өнер қайраткері. Ол «Абай Құнанбаев» мүсінін (1954, гипс, Абайдың мемл. әдеби-мемориал. қорық-музейі қоры), «Абай Құнанбаев» (1954, гипс, Опера және балет театрының тапсырысы бойынша) үлкен мүсінін, «Абай Құнанбаевтың портреті» (1954, гипс, автордың жеке қоры), «Абай» (1967, гипс, Қазақстан көркемсурет көрмелерінің дирекциясы қоры), «Абай ескерткіші» (1960, қола, гранит, арх. И. И. Белоцерковский), осы ескерткіш бойынша ақынның мүсінін (1954-65, гранит, арх. Ш. Уәлиханов, Семей обл., Абай ауд., Қарауыл с-нда) жасады. Н. «Абай Құнанбаев» (1960, гипс, Абайдың мемл. әдеби-мемориал. қорық-музейі қоры), «Абай портреті» (1967, гипс), «Абай Құнанбаев» (1969, гипс, екеуі де Қазақстан көркемсурет көрмелері дирекциясының қоры), «Абай портреті» (1971, шамот, Павлодар обл., өнер музейі қоры) еңбектерінің авторы. Бұларды ағартушы ақынға арналған өзіндік бір ерекше топтама десе де болғандай. Әдетте оның барлық шығармаларында көңіл-күй мен сезім де, көркемдік бейнелеу де кейіпкердің портреттік кескін дәлдігімен тиянақталып отырады. Н. Қазақстан Республикасы Мемл. сыйл. лауреаты.

Л. Плахотная.

НАУРЫЗБАЙ БАТЫР Құтпанбетұлы (1706–81) – 18 ғ-дағы Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресті ұйымдастырушылардың бірі, қолбасшы. Ұлы жүз Шапырашты тайпасының Төлеміс руынан. Абылай ханның туұстаушы үш батырының бірі болған. 1729 жылғы атақты Аңырақай айқасына қатысып, ерекше ерлігімен көзге түскен. Қордай, Алматы, Шілікті, Іле маңында жоңғарлармен кескілескен ұрыс жүргізді, тұтқындағы қазақтарды босатты. Ол Бөгенбай, Қабанбай батырлармен бірге шайқастарға қатынасқан. Батырлығымен қатар шешен тілді, кенен ойлы Н.б. дипломатиялық жұмыста да өзін жақсы танытқан. Орыс империясының Пензадағы гарнизонының майоры К. Миллер 1724 жылғы күнделігінде: «Біздің Жоңғар елшісі Қашқамен бірге Қалдан-Серен үргесіне бет алған бұдан былайғы сапарымызға кедергі келтірмеуге және ешқандай реніш тудырмауға Үлкен Орда старшинасы Наурызбай батыр уәде берді...» деп жазған (XYI–XYIII ғасырлардағы қазақ-орыс қарым-қатынасы. – А., 1961. 262-б.). Н. б-дың өмірі мен шапқыншылыққа қарсы ерлік күресі Бұхар, Жамбыл, Кенен т.б. ақындардың жырларына арқау болған. Ел тарихы мен қазақ батырлары туралы аңыз әңгімелер мен жыр-толғауларды көп зерттеген Абайдың Н. б-дың өмір жолын жақсы білгені сөзсіз.

Т. Барақұлы.

НАУШАБАЙ (т.-ө. ж. б.) – Абаймен сыйлас адам болған. Дін жолын берік ұстаған, Абаймен дін туралы, ақыл мен тілге байлынысты сөз жарыстырып отырған. Бұл туралы Т. Көбдіковтың естеліктері Абайдың Семейдегі әдеби-мемориал. қорық-музейінде сақтаулы.

НӘБИЖАН Мұқаметханұлы (1954 ж. т.) – тарихшы, ғалым. Қытай Халық Республикасының Хуан жу қ-ндағы Сунь да Сан атынд. ун-тті бітірген. Пекиндегі Қоғамдық ҒА-ның доценті. Еңбектерін қытай және қазақ тілдерінде жазады. Оның «Қазақ тарихынан зерттеулер» (1989, Синьцзян) еңбегі жарық көрген. «Қытайдағы ұлттардың дәстүрлі мәдениеті» атты қытай тіліндегі энциклопедия авторларының бірі және оның қазақ бөлімінің Бас редакторы. «Қытай-ислам сөздігінің», «Синьцзян тарихи сөздігінің» қазақтарға қатысты бөлімдерін жазған. Белгілі ғалымдар Нығмет Мыңжанның «Қазақтың қысқаша тарихы» (1987), Жақып Мырзаханның «Қазақ ұлты» (1989) кітапшаларын қытай тіліне, Уақ Пан Хуа мен Уақ Мин Ж-нің «Үйсін туралы зерттеуін» көне қытай тілінен қазақшаға аударып, түсініктемелерін жазған. Ғалым Абай мұрасын қытай халықтарына таныстыру, насихаттау ісінде де айтарлықтай еңбек етіп жүр. Оның «Абайдың әлеум. идеясы туралы» («Орта Азия зерттеу материалдары» журналы, 1983, № 3), «Ақылия қазаққа ой салады» («Синьцзян» газеті, 1989, 11-көкек) мақалалары қытай тілінде және «Абайдың құн көзқарасы туралы» («Зерттеу және ашу» журналы, 1988, № 2) зерттеуі қазақ тілінде жарық көрді.

М. Алпамысұлы.

НӘЗИПА Исрайылқызы (1922 ж. т.) – Абайдың шөбересі, Ақылбайдың немересі. Н. қазірде (1994)



Н. Исрайылқызы.

Шығ. Қазақстан обл., Зайсан қ-нда тұрады. Жоғары білімді ұстаз. Н. әкесі Исрайылдың, шешесі Тұрардың артында қалған дүние-мүліктерін, киім-кешектерін, Абай және оның айналасындағылар, ақынның туған-туыстары жөнінде әке-шешесінен естігендерін Абайдың Семейдегі әдеби-мемориал. қорық-музейі қорына тапсырған.

НӘРКЕС Жағыпарқызы (1928–34) – Абайдың шөбересі, Мағауияның немересі. Жастай қайтыс болған. Денесі Шығыс Қазақстан обл., Новошульба ауд., Убо-форфост аулындағы зиратқа жерленген.

И. Жағыпарқызы.

НЕМІС ӘДЕБИЕТІ. Қазіргі әдебиет тану ғылымында Абай шығармалары мен неміс әдебиетінің өзара қатынасы аз зерттелген. Н. ә-нің Абай шығармашылығына қандай дәрежеде әсер еткені, олардың өзара ұқсастық шамасы айқындалған жоқ. Абайдың жеке өмірі мен ақындық жолының Н. ә-нде (шетел және отандық) бейнелеуін көрсету де тапшы. Абайдың білімді, көп оқыған адам екені белгілі, оны тарих,

социология мәселелері қызықтырды, экономик., филос. еңбектерді көп оқыды, қоғамдық ойдың дамуына ой жүгіртті. Немере інісі Кәкітайдың естеліктері американ саяхатшысы Дж. Кеннанның «Сібір және сүргін» (1906) атты кітабына енген жазбалары, сондай-ақ Ә. Бөкейхановтың ақынға арнаған азанамасы (1907) Абайдың көп оқып, ерінбей ізденгенін дәлелдейді. Абай орыс сыншыларының еңбектерімен таныс болды, неміс классик. философиясы мен әдебиеті туралы көптеген мәліметтер жариялаған 19 ғ-дың 2-жартысындағы белгілі орыс журналдарын оқыды. Осы кезде Россияда И. В. Гетенің, Г. Ф. Шиллердің, Г Гейненің, Э. М. Губер, П. И. Бейнберг, А. А. Фет т. б. тәржімелеген нұсқалары жарық көрді. Абай осы аудармалармен танысты. Абайдың жақын достарының ішінде «орыс немістері» Е. П. Михаэлис пен А. Л. Блек те бар еді. Абай 20 жыл бойы Михаэлиспен шынайы дос болды. Блек 1883–84 ж. Семейде айдауда жүріп, Абай да мүшесі болып сайланған Семей облыстық Статистика к-тінде жұмыс істеді. Абайдың Михаэлиспен және Блекпен кездесе жүріп, олармен Гете, Шиллер т. б. туралы әңгімелеспеуі мүмкін емес. Демек, Абайдың Н. ә. жөнінде едәуір мағлұматы болды деуге толық негіз бар. Гете мен Абай шығармаларының терең салыстырыла оқытылуы екі ақынның рухани үндестігі, дүниені сезінуі, поэтик. көзқарастары, ғибраттық – этик. тақырыптағы ой-пікірлерінің ұқсастығы туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Қазақ ақынының Гетенің «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңін шебер аударуы және оған ән жазуы оның немістің классик. әдебиетінің поэтик.-филос. әлеміне терең бойлағанын болжатады.

Абай тұлғасы қазіргі Н. ә-нде кейінірек көрінді. Ол туралы маман түркологтар, әдебиет зерттеушілер, журналистер мен жазушылар өз еңбектерінде енді-енді жаза бастады. Абай шығармалары туралы ой-пікірлер белгілі жазушы, түрколог Зигрид Клейнмихельдің Орта Азия мен Қазақстанның бүгінгі таңдағы әдебиетіне арналған әдеби-сын мақалаларында кездеседі. Неміс жазушысы Клаус Шнайдердің «Алматы. Қазақ көктемі» кітабына Абайдың патриархалды-феод. кезең жағдайында-ақ Батыс Европа елдері халықтары мәдениетіне жол салғаны, қазақтардың ішінде Гете шығармаларына алғашқылардың бірі болып қызығып, сүйсінгені туралы айтылады. Абайдың Гетенің «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңін аударғаны жөніндегі мәліметтерді жазушы Рут Крафтың «Алатау аясындағы достар» деген очеркі мен «Катаринаға арналған раушан» (Берлин, 1971) жинағында айтылады. «Шетел жазушыларының лексикасында» Абай туралы өмірбаяндық деректер берілген. Мәдени-саяси «Зонтаг» апталығы оқушыларға Семей обл-ның Қарауыл қыстағында «Ақындар аллеясы» ашылып, Гете-Лермонтов-Абай мүсіндерінің орнатылғанын насихаттауда қазақ жазушысы Қ. Исабаев көп үлес қосты. 1979 ж. оның тікелей қатысуымен Габельбахтағы Гете музейінде «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңінің тексі жазылған ескерткіш тақта орнатылды. В. Веймердағы Гете музейінде өз қолымен жасаған Абай бейнесі бар «Қазақтың Гете аудармашылары» планшетін, Мүрсейіт қолжазбаларының суретке түсірілген данасын және «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңінің музыкасы мен нотасын тапсырды. Абай шығармалары Германияда онша мәлім емес. Бұл алдымен неміс тілінде сапалы аудармалардың жоқтығына байланысты. Абай мұрасын түпнұсқадан тікелей неміс тілінде тәржімелеушілер тапшы. Орыс тіліндегі аудармалардың деңгейі түпнұсқадан гөрі төмен. Басқа шет елдегі сияқты Германияда да Абайды негізінен М. О. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы арқылы біледі. Абай шығармаларын неміс тіліне аударуға неміс ақындары – Герберт Генке, Зени Эстеррейхер, Роза Пфлюг елеулі үлес қосып жүр. Аудармашы Герольд Бельгер Абай шығармалары туралы бірнеше ғылыми мақала және екі кітап жазды.

Әдеб.: Құрманов М. Алтын арқау. – А., 1979; Бельгер Г. Созвучие. – А. -А., 1982; сонікі, Гете мен Абай. – А., 1989.

Г. Бельгер.

НЕНАХОВ Борис Андреевич (1928-71) – суретші. Графика саласында жұмыс істеді. Ол «Абай Құнанбаевтың туғанына 125 жыл» атты альбомға «Түбінде баянды еңбек егін салған» өлеңі бойынша (1971, түрлі-түсті, линогравюра; Қазақстан ұлттық кітапханасының қоры) сурет салды.

НЕНАШЕВ Анатолий Иванович (1909–67) – театр суретшісі. Театр сахнасын көркемдеу саласында жұмыс істеді. Қазақстан Республикасының еңбек сің. өнер қайраткері. Н. Алматы театрларында М. Әуезовтің «Абай» романы бойынша қойылған спектакльдерге 2 рет қойылым-суретшісі ретінде қатысқан. Республиканың академиялық драма театрында Әуезов пен Л. С. Соболевтің пьесасы бойынша қойылған спектакль үшін Н. жасаған костюмдер үлгілері де сақтаулы (1961, қағаз, акварель, Қазақстанның мемл. орт. музейі). Опера және балет театрында қойылып жүрген А. Жұбанов пен Л. Хамиди жазған «Абай» операсы қойылымының декорациясы мен костюмдері 1967 ж. Н. үлгісімен қайта жаңартылды. Осы қойылымға жасаған декорация макеті (1967, аралас техника, опера және балет театры музейінде), шымылдық үлгісі (1967, қағаз, акварель, Қазақстанның мемл. орт. музейі қоры), бірқатар декорациялар мен костюмдер эскиздерінің 3-еуі (1967, қағаз, акварель, «Көпшілік сахна», «Абайдың ағасы Майбасар», «Абайдың әйелі – Әйгерім», Абайдың әдеби-мемориал. қорық-музейі қоры) ауыстырылды. Н. ССРО Мемл. сыйл. лауреаты.

Л. Плахотная.

«НЕ ІЗДЕЙСІҢ, КӨҢЛІМ, НЕ ІЗДЕЙСІҢ?...» – Абайдың 1892 ж. жазған өлеңі. 4 тармақты, 8 шумақтан тұрады. Ақын адам баласының шын мақтауға іңкәр көңіл-күйін, көптен алғыс алуды, елге жақсылық жасауды тіршілігінің мәні деп түсінетін гуманист жанның өз арымен сырласуын өлең өрнегіне түсірген. Мақтаудың өзі сатылып, «екі сөзді тәңірі атқандар» дөңгелекше шыр айналып, тарысы піскеннің тауығы болған заманда адам қадірін кім білмек. «Сатып алма, сөз сатса, Ол асылды аңдамас», «Мен – мақтанның құлы емес, Шын ақылға зорлық жоқ. Антұрған көп пұл емес, Өлім барда қорлық жоқ» деп ақын ар алдындағы берік сертін, кісілік парасатын білдіреді. «Өмір, дүние дегенің, Ағып жатқан су екен. Жақсы-жаман көргенің, Ойлай берсең, у екен» деген ақын түйінінің астарында көңіл көзі көреген, өзі емес өзгенің болашағын ойлаған

адамның жүрегін өкініш уы өртеп, аққан судай өмірден опық жеумен өтетіні, ойлы адамның көңілі іздегенін таппақ емес деген ишара жатыр.
Ақынның бұл өлеңіне комп. М. Маңғытаев арнайы ән-романс шығарған.
Өлеңнің алғашқы шумағы 11 буынды, қалған шумақтары 7 буынды шалыс ұйқаспен жазылған. Алғаш 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Туынды басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер ұшырасады. Мүрсейіттің 1910 жылғы қолжазбасында 4-шумақтың 1-жолы **«Мақтан – жел сөз жанға қас»,** 5-шумақтың 1-жолы **«Жұрттың бәрі сөз сатса»** болса, барлық басылымдарда бұл жолдар Мүрсейіттің 1905, 1907 жылғы қолжазбаларына, 1909 жылғы жинаққа сүйеніп, **«Мақтау – жел сөз жанға қас», «Жұрттың бәрі сөз сатқан»** болып алынған. Туынды ағылшын, араб, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр тілдеріне аударылған. *И. Хасенов.*

НИКИТИНА Антонина Тимофеевна (1902–90) – суретші. Көркем керамика саласында жұмыс істеген. Алматы керамик. станциясының (қазіргі Алматы эксперименталь ді көркем керамик. заводы) негізін қалаушылардың бірі. Ол Абай портреті салынған сәндік құмыра мен табақша (көркем сурет, оймыштау) жасады.

НИМЕЦ Иван Иванович (1938 ж. т.) – суретші. Монументті өнер саласында жұмыс істейді. 1968 ж. К. С. Федоридимен бірге Абайдың мемл. әдеби-мемориал. музейінде көрме ұйымдастырды. Осы көрме үшін ол «Абай» (металл, шекіме), «Абай оқыған медресе» (қағаз, өрнек, акварель) суреттерін салды (екеуі де автордың жеке қорында).

НИЯЗБЕКОВ Шәкен Оңласынұлы (1938 ж. т.) – суретші. Монументті өнер және қондырғылы кескіндеме, графика, мүсін саласында жұмыс істейді. Қазақстан Республикасының еңбек сің. өнер қайраткері. Монументті-сәндік мозаика түрінде жасалған «Абай портреті» (1967, түрлі-түсті әйнек, эпоксидті шайыр. Абайдың мемл. әдеби-мемориал. қорық-музейі қоры) панносын жасады. Панно түсінің ашықтығымен, жарығының молдығымен, композициялық құрылымының қанықтығымен ерекшеленеді.

НОВИКОВ Владимир Александрович (1937 ж. т.) – композитор. Қазақстан Республикасының еңбек сің. өнер қайраткері. Ол Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып», «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа», «Татьянаның сөзі» әндерін өңдеген. Сондай-ақ «Домбыраға қол соқпа», «Махаббат, достық қылуға», «Абайдан» вокалдық триптихтері, скрипка, бас, виолончель және фортепиано үшін жазған әндері бар.

НОВОСЕЛОВ (а. -ж., т.-ө. ж. б.) – тергеуші. 1884 ж. 26 қазанда Үзікбай Бөрібайұлының Ибраһим Құнанбаевтың үстінен жазған арыздарын тексерген. Н-тың бұл істі тексеруіне И. Құнанбаев қарсылық білдірген соң, істі тексеру Семей уезінің соты П. Е. Маковецкийге тапсырылған.

НОВРОЦСКИЙ (а. -ж., т. -ө. ж. б.) - Семей уезінің бастығы. 1903 ж. көкшетаулық Шаймерден Қосшығұлұлының жазған арызына байланысты Абайға мұсылман фундаментализмі бойынша күдік келтіріп, оның қыстауына, балалары Мағауия мен Тұрағұлдың үйлеріне тінту – Н-дің басшылығымен жүргізілген. Ол Абайға мінездеме жазып, арызда жазылған күдіктің негізсіз екенін анықтаған.

НОҒАЙ – негізінен Россияның Ставрополь өлкесі мен Солт. Кавказды мекендейтін халық. Әдет-ғұрпы, тұрмыс-салты жағынан қазақ пен қарақалпаққа жақын. Бұрын қазақтармен жиірек араласқан татарларды да Н. деп атаған. Ақын да осы мағынада қолданған. Ол ғақлияларының екінші сөзінде: «Біздің қазақ... ноғайды көрсе, оны да боқтап күлуші еді: «түйеден қорыққан ноғай, атқа мінсе шаршап, жаяу жүрсе, демін алады, ноғай дегенше ноқай десеңші, түкке ыңғайы келмейтін» деген балалық шағындағы түсінігін келтіреді. Бірақ ақынның ой тоқтатып, өмірге үңіле қараған кезіндегі пікірі басқа: «Ноғайға қарасам, солдатқа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сақтап, өзін күтуге де шыдайды. Еңбек қылып, мал табудың да жөнін солар біледі, салтанат, әсем де соларда» деген тұжырым жасайды.

НОҒАЙБАЕВ Ыдырыс (1931–82) актер, педагог, ССРО және Қазақ ССР халық арт. Н.



Ы. Ноғайбаев Абай ролінде. М. О. Әуезов пен Л. С. Соболевтің «Абай» спектаклі. Реж. Ә. Мәмбетов. 1962.

сахналық жолын А. М. Горькийдің «Егор Булычев» спектаклінде Егор Булычевтің ролін ойнаудан бастады. Ол М. О. Әуезовтың «Еңлік-Кебегіндегі» – Есенді, Ғ. М. Мүсіреповтың «Ақын трагедиясындағы» – Мылқауды, Ә. К. Нұрпейісовтың «Қан мен теріндегі» – Қаленді (ССРО Мемл. сыйл.) т. б. бейнелерді сомдаса, М. О. Әуезов пен Л. С. Соболевтің «Абай» спектакліндегі ұлы ойшыл, философ, ақын Абай бейнесі – актердің өнер жолындағы үлкен белесі болды. Ол күрделі, психол. бояуы қанық, тәкаппар, ерік-жігері күшті бейне жасай білді.

Көрермендерге кейіпкер мінезіндегі басты қасиеттерді: терең ой мен нәзік сезімді, қалың қайрат пен қажымас жігерді шеберлікпен жеткізді. *Г. Бекхожина.*

НҰРҒАЗЫ (т. -ө. ж. б.) – Абайдың өміріне қастандық жасаушы топтың адамы. 1898 ж. Мұқыр сайлауында Н. ақынға қамшысын ала ұмтылғанда Уәйіс Сопин Абайды өз денесімен қорғаштап, соққыны тигізбей, аман алып қалған.

НҰРҒАЛИ Қошқарбайұлы (т. -ө. ж. б.) – Семей қ-нда тұрып, қымызхана ұстаған кісі. Н-дың үйі мен қымызханасына Абай балаларымен, жақындарымен келіп жүрген. Бір жолы Абай қымызхана алдында қасына әнші, домбырашы Әлмағанбет Қапсәлемұлы мен скрипкашы Түсіпжанды алып суретке түскен. Бұл суреттің түпнұсқасын Н-дың келіні Көшенқызы Бижамал Абайдың мемл. әдеби-мемориал. музейіне тапсырды. Ақынның бұл сирек фотосы музей экспозициясына үздіксіз қойылып келеді.

НҰРҒАЛИЕВ Рымғали (1940 ж. т.) – әдебиет зерттеушісі, сыншы, жазушы. Филол. ғыл. докторы, проф., Қазақстан Республикасы Ұлттық ҒА-ның корр.-мүшесі. «Талант тағдыры», «Күретамыр», «Қазақ драматургиясы», «Өнердің эстетикалық нысанасы» т. б. зерттеу еңбектері, «Дән», «Ай қанатты арғымақ» прозалық кітаптары жарық көрген. Н. абайтану мәселелерін зерттеумен айналысып, «М. Әуезов шығармаларындағы Абай өмірі тақырыбы» («Қазақ әдебиеті», 1967, 14-шілде), «Ынтымақ игілігі» («Жұлдыз», 1987, № 9), «Абай» энциклопедиясы» («Қазақ әдебиеті», 1990, 23-наурыз) т. б. ғыл. мақалалар жариялады. Онда қазақ әдебиетінде Абай салған жаңа арна, ақын шығармашылығындағы идеялар, тақырыптық жаңалықтар сөз болады. Абай тұлғасын сомдаудағы М. О. Әуезовтың хас шеберлігін көрсетті. «Трагедия табиғаты», «Өнер алды – қызыл тіл» атты моногр. еңбектерінде Абай мен Әуезовтың шығармашылық мұраттарын, эстетик. толғамдарын, тіл айшығын, ұйқас, сөз саптау ұқсастықтары мен ерекшеліктерін салыстыра қарастырды. Абай поэзиясының көркем кестелеріне ғылыми талдау жасаған Б. Кенжебаевтың, А. Нұрқатов сияқты ғалымдардың еңбектеріне тоқталады. Н-қа қазақ драматургиясы мәселелерін жан-жақты сөз ететін «Айдын», «Телағыс», «Қазақ революциялық поэзиясы» атты әдеби-сын трилогиясы үшін Қазақстан Республикасының Абай атынд. Мемл. сыйл. берілген. *С. Қалуов.*

НҰРҒАНЫМ Бердіқожақызы (т. ж. б. – 1911) – Құнанбайдың кіші әйелі. Абайдың баласы Ақылбайды бауырына салып тәрбиелеген. Абай әкесі Құнанбай қазасынан кейін Ақылбайды бөлек шығарып, Н-ды өз қолына алған.

НҰРЖАНОВ Самат Әбішұлы (1898–1945) әдебиет зерттеуші. Жастайынан орысша сауат ашып, 1912 ж. Павлодар қалалық уч-щесін бітірген. 1920–21 ж. Сібір атты әскерлер даярлайтын курста оқып, әскери білім алған. 1930 ж. Алматыға келіп, «Социалды Қазақстан» газетінде тілші және редколлегия мүшесі болды. Одан соң әр түрлі баспа органдарында қызмет атқарды. 1944 жылдан өмірінің ақырына дейін Қазақстан ҒА-ның Тіл-әдебиет және тарих интында қызмет істеді. Н-тың «Колхоз жыры», «Еңбек», «Меке» атты жыр жинақтары жарық көрген. Н-тың шығармашылық еңбегінің бір саласы – Абай шығармаларын халыққа кеңінен насихаттау болды. Ол 1916 ж. Орынбор қаласында өз қаражатымен ұлы ақынның бұрын баспа жүзін көрмеген: «Жазды күні қылтиған бір жауқазын...», «Ата-анаға көз қуаныш...», «Құр айғай бақырған...», «Белгілі сөз өлді-өлді...», «Күшік асырап ит еттім...», «Тайға міндік...», «Жарқ етпес қара көңлім не қылса да...» атты өлеңдері мен бірінші қара сөзін жинақтап, «Абай термесі» деген атпен Орынборда жеке кітап етіп бастырып шығарды. Павлодар қаласында орыс тілінде шығып тұрған «Степной пахарь» газетінің 1922 ж. 29 қазандағы санында жарияланған «Біздің ақындарымыз және әдебиет» мақаласында орыс оқырмандарын Абай шығармаларымен таныстырып, ақын өлеңдеріне талдау жасады. *Б. Байғалиев.*

НҰРИ Зәки (1921 ж. т.) – татардың көрнекті ақыны. Революциядан бұрынғы және совет дәуіріндегі қазақ әдебиетімен жақсы таныс. Еліміздегі бауырлас әдебиеттерді насихаттау ісіне едәуір еңбек сіңіріп келе жатқан ол қазақтың 20-дан астам ақынының өлеңдерін құрастырып, өзі татар тіліне тәржімелеген. Жинақ «Қазақстан ақындары» деп аталады. Н. Абайдың «Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас», «Буынсыз тілің» өлеңдерін тәржімелеген. «Қазақстан ақындарының» соңғы беттерінде берілген қысқаша өмірбаян мәліметтерінде Абайды «Қазақтың жаңа әдебиетінің негізін қалаған, дүние жүзілік әдебиеттің байлығын меңгеріп, А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, И. А. Крылов т. б. классиктерді қазақ тіліне өте шебер тәржімелеген ұлы ақын» деп бағалаған.

С. Сейітов.

НҰРҚАТОВ Айқын (1928–65) – әдебиет зерттеушісі, сыншы, абайтанушы. Филол. ғыл. кандидаты (1954). Ол Абайдың шығармашылығын үңіле зерттеп, ғыл. шолу жасаған. «Абайдың ақындық дәстүрі» (1966) монографиясы, «Білгенге маржан», «Мәңгілік мұра» ғыл.-зерт. мақалалары («Мұхтар Әуезов творчествосы», 1965) жарық көрді. Бұл еңбектерінде Абай поэзиясының мазмұнын, ақындық ойы мен жаңашылдығын ашып көрсетті. Абайдың қазақ әдебиетіне тигізген игі ықпалын, зор әсерін, ақын демократизмінің халықтық сипатын, өнерді қалыптастырудағы қызметін сөз етті. «Орыстың ұлы жазушысы» («Қазақстан мектебі», 1960, № 11), «Лермонтов және Абай» («Ленинші жас» (қаз. «Жас алаш»), 1954, 23-шілде), «Орыс реализмінің дәстүрі және қазақ әдебиеті» (Абайдың ақындық дәстүрі. – А., 1961, 284–296-б.) деген мақалаларында ол орыс әдебиеті және Абай проблемасын зерттеді. Н. Орманбетов, Ғ Қарашев, Б. Күлеев, Ә. Тәңірбергенов, Б. Айтқожаұлы, Т. Жомартбаев, С. Дөнентаев, С. Торайғыров т. б. ақындардың Абай өлең үлгілері мен өлшемдерін үйренгенін, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, М. Әуезов, С. Мұқанов т. б. ақын-жазушылардың Абайдан алған сабақтарын көрсетіп берді.

С. Қалуов.

«НҰРЛЫ АСПАНҒА ТЫРЫСЫП...» – Абайдың 1899 ж. жазған өлеңі. Көлемі 20 жол. Философ. толғау. Тіршілік атаулының күн нұрына ұмтылып, өсу, толысу, құлдырау, құру кезеңін бастан кешіретіні секілді, адам ғұмырының да алаңсыз гүлдеп-көктеп жайқалар шағын, еш пендені менсінбес кердең көңілдің, ақыл-парасат толыса дәні толған масақтай иілімпаз келетінін, алайда «әсте өлмесін білгендей қылық қылған «пенденің» өлмек үшін туғанын»: «Адамзат – бүгін адам, ертең топырақ, Бүгінгі өмір жарқылдап алдар бірақ. Ертең өзің қайдасың, білемісің, Өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ» деп еске салады. Тумақ бар жерде өлмек бар екенін сезген пенде, өзінен кейінгіге мұра боларлық іс қалдырғанда ғана ғұмырын ұзартпақ дегенді меңзейді. Өлең 11 буынды қара өлең үлгісімен жазылған. Алғаш рет 1909 ж. С. -Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланған. Туынды басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1939, 1945, 1954 жылғы басылымдарда 3-шумақтың 3-жолы **«Дәні толық, басы ауыр егіндей-ақ»** делінсе, 1957, 1977 жылғы жинақтарда бұл жол Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы басылымға сәйкес **«Дәні толық, басы үлкен егіндей-ақ»** болып берілген. Өлең ағылшын, араб, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған.

И. Хасенов.

НҰРЛЫБАЕВ Мұратбек Атайбекұлы (1937 ж. т.) – суретші. Кескіндеме өнері саласында жұмыс істейді. Ол «Абай әні» атты сурет (1970, кенеп, майлы бояу, Донецк облысындағы көркемсурет музейі) салды (1970, қатты қағаз, майлы бояу, автордың жеке қоры). Суретте Абай болған жерлердегі көктем көрінісі, бүр жарған ағаштар және ұлттық киім киген бір топ салт атты жастар бейнеленген.

НҰРМАҚАНОВ Қалжан (1927 ж. т.) – әдебиет зертеушісі, аудармашы. Оның «Әдеби ойлар», «Дәстүрлі достық», «Дос лебізі» атты әдеби-зерт. және сын мақалалар жинақтары жарық көрген. Ш. Айтматовтың «Жәмила», «Бетпе-бет», «Алғашқы ұстаз», «Құс жолы», Н. Тихоновтың «Вамбери» повестерін аударған. «Аңсаған менің әнімсің» пьесасы театр сахналарында қойылып келді. Абайтану мәселелеріне арнап «Қазақ халқының ұлы ақыны» («Комсомольская правда», 1954, 6-шілде), «Абай және орыс әдебиеті» («Казахстанская правда», 1954, 29-тамыз), «Абайдың эстетикалық көзқарасы» («Алма-Атинская правда», 1955, 10-тамыз), «Өмір және поэзия» (А. Нұрқатовпен бірге, «Жұлдыз», 1969, 4), «Түпнұсқа және аударма» («Дәстүрлі достық». – А., 1962) т. б. ғыл.-зерт. мақалалар жазған. Бұл мақалаларда Абайдың демокр. гуманистік-ағартушылық, азаматтық көзқарастарын сөз етті. Орыс әдебиеті байланыстарын қалыптастырудағы сіңірген еңбегіне тоқталды. Ақын өлеңдерін орыс тіліне аударудағы жетістіктер мен кемшіліктерді ашып көрсетті.

Ә. Жұмашев.

НҰРМҰХАМЕДОВ Нағымбек Жәлеләддинұлы (1924-86) – көрнекті суретші. Кескіндеме саласында жұмыс істеді. ҚазССР-інің еңбек сің. өнер қайраткері, халық суретшісі. Оның «Абай Құнанбаев» атты портретінде (1971, майлы бояу, кенеп, Қазақстан көркемсурет көрмелері дирекциясының қоры) ақынның рухани жан дүниесі, мінез ерекшелігі шынайы көрініс тапқан. ҚазССР-інің Ш. Ш. Уәлиханов атынд. Мемл. сыйл. лауреаты.

НҰРПЕЙІСОВ Әбдіжәміл Кәрімұлы (1924 ж. т.) – жазушы, аудармашы. Қазақстанның халық жазушысы. Оның «Курляндия», «Күткен күн», «Сең» романдары жарық көрді. Жазушы абайтану, әуезовтану мәселелеріне де ден қойып, қалам тербеді. Н-тің «Толғау» атты әдеби-сын мақалалар жинағына (1972) енген «Ұлы ұстаз» (қазақ тілінде), «Әуезов жайлы сөз» (орыс тілінде) еңбектерінде Әуезов пен Абай шығармаларын ұштастыра зерттеп, олардың реалистік заңдылықтарын сөз етеді. «Ғасырдан асқан ақиқат» (орыс тілінде, Гете – Лермонтов – Абай, А., 1982) деген мақаласында үш ақын ойларының үндестігін талдай отырып, шығармаларының түпнұсқаларын салыстырады. Қазақ ақыны өлеңінің өзгешелігі мен мазмұндық, көркемдік жағынан алғашқы түпнұсқалардың мерейін көтере түсетін тұстарын атап көрсетеді. Н-ке қазақтардың азаттық жолындағы күресі, балықшылар өмірінің тіршілігін суреттеген «Қан мен тер» трилогиясы үшін ССРО Мемл. сыйлығы берілген.

С. Қалуов.

НҰРТАЗИН Темірғали (1907–77) – әдебиетші, ғалым, сыншы, жазушы. Филол. ғыл. докторы, проф. «Абай қазақ халқының данышпан ойшылы» («Қарағанды пролетариаты», 24. 02. 1937), «Эстетикалық пікірлердің даму тарихынан» («Қазақстан мектебі», 1961, № 1) мақалаларында Абайдың ойшылдық табиғатына үңіліп, оның қазақ даласындағы әлеум.-филос. және эстет. ой-пікірдің дамуына қосқан үлесін сөз етеді. «Шеберлік туралы ойлар» (А., 1968), «Жазушы және өмір» (Алматы, 1960) кітаптарында, сондай-ақ «Абайдың ақындық шеберлігі» (Абайдың өмірі мен творчествосы, А., 1954), «Абай – көркемсөз шебері» («Халық мұғалімі», 1954, № 8) деген мақалаларында Абай поэзиясының көркемдік шеберлігін, жаңашылдығы мен тілдік кестелерін жан-жақты талдаған. Н-нің Абайдың өз заманындағы ақын-жазушыларға тигізген ықпалы («Абай және жастар», «Лениншіл жас», 27.11.1956), ұлы ақын шығармаларының өзге әдебиеттермен тамырластығы «Абай және орыстың классикалық әдебиеті» (Абай тағлымы, 1986) жайында ой толғаған мақалалары да құнды. Сонымен қатар ол М. Әуезовтың «Абай» романының бірінші кітабын орыс тіліне аударуға қатысты.

Б. Әбдіғазиев.

НҰРШАЙЫҚОВ Әзілхан (1922 ж. т.) – жазушы, журналист. «Алыстағы ауданда», «Жомарт өлке», «Алтын соқпақ» т. б. очерктер, «Махаббат жыры», «Әсем», «Невель түбінде», «Автопортрет», «Екі естелік» т. б. әңгіме, повесть жинақтары, «Махаббат қызық мол жылдар» романы жарық көрді. Абайтану мәселелеріне арналған «Шұғылалы шумақтар» атты мақаласы (Абай тағылымы, – А., 1986) жарияланды. Онда Абай шығармаларының тәрбиелік мәнін баса көрсетеді. Н-қа Ұлы Отан соғысының батыры Б. Момышұлының тұлғасын сомдайтын «Ақиқат пен

аңыз» атты роман-диалогі үшін Қазақстан Республикасының Абай атынд. Мемл. сыйл. берілген.

НҮРКЕҚЫЗЫ (т. -ө. ж. б.) – Абай бостандық әперген қыз. Нүрке Шынқожаұлы – Көкен болысы Қанқожа аулынан шыққан бай саудагер, қала мен қырға беделі бар сыйлы адам болған. Ол Абаймен досжар, сыйлас еді. Абайдың баласы Мағауия Нүркенің бойжеткен қызын әуелде аламын деп бір қысырақтың үйірін қалыңға берген. Кейін Мағауия қызды ұнатпай сырғақтап алғысы келмейді. Соны сезген қыз Ертістің ішкі жағындағы Белағаш болысының адамы Айтқазы Жексенейұлымен уәделесіп, қашып кетеді. Абай бұл істі намыс санамайды, қайта екі жастың қылығын ушықтырмай, қыз әкесі Нүркемен достық қарым-қатынасын сақтаған. *С. Әлімбаева.*

НҮСІПБЕКОВ Ақай Нүсіпбекұлы (1909–83) – тарихшы, тарих ғыл. докторы. проф., ҚазССР ҒА-ның академигі. ҚазССР-інің еңбек сің. ғылым қайраткері. Ғылыми зерттеулері негізінен республикада жұмысшы табының қалыптасуы, ұлттық-мемл. құрылым тарихы және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс мәселелеріне арналған. Ғалым қазақ мемлекетінің құрылуы және оның 2-дүн. жүз. соғыс кезіндегі жауынгерлік ерліктері мен қаһармандық еңбегін көрсететін елеулі монограф. зерттеулер жазды.



«ОЙ» (Қарасам, қайғыртар жұрт бұл заманғы ...) – М. Ю. Лермонтов өлеңінің 1895–96 жылдар аралығында Абай аударған нұсқасы. Лермонтовта да, Абайда да 44 жол. Абай түпнұсқаның кейбір жолдарын өзгертіп, еркін аударған. Түпнұсқадағы «под бременем познанья и сомнения» деген сөздерді Абай: «Білім де жоқ, білімге сенім де жоқ» деп тәржімәлаған. Әрине, бұл қазақ жағдайына үйлестіру мақсатынан туған. Білімге қол жетсе де, сол білімге сенімсіздікті, іске асыра алмайтын жігерсіздікті айту сол кездегі орыс қоғамына, дворяндарға қаратып айтуға лайық болса, ал сол замандағы қазақ жағдайында білім де жоқ, білімнің күшіне сеніп, қайрат ету де жоқ деу әлдеқайда жанасымдырақ. Өлеңді қазақ өміріне жақындату үшін Абай кейде тіпті түпнұсқадан мүлде алшақтап, мал баққан елдің тұрмысына орайлас жайды қозғап, малқұмарлықты шенеп:

«Мал үшін аш қатасың, жан сатасың
Әкесі аштан өлген кісідей-ақ,
Неткен жұрт мал өлтірген жеті атасын...» –

дейді. Алайда, түгелдей алғанда Абай Лермонтовтың өлеңіндегі көптеген өткір сын пікірлердің терең мәнін қазақша аудармада шебер жеткізеді, еркін, өзінше айтса да, әсерлі, ұтымды етіп айтады. Өлең 11 буынды қара өлең үлгісінде жазылған. Алғаш 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланған. Басылымдарында ешқандай текстол. өзгерістер кездеспейді. *З. Ахметов.*

«ОЙҒА ТҮСТІМ ТОЛҒАНДЫМ...» – Абайдың кейін табылған өлеңі. Әрқайсысы 8 тармақты 4 шумақтан тұрады. Туынды ақынның өзі өмір сүрген дәуір сырына терең үңіліп, жүріп өткен жолына ойлана қараған кемелденген шағында туған. Халық мойындағы қараңғылықтың қат-қабат қамыты, арқасындағы зілбатпан ауыр тұрмыстың жүгі, одан құтылар жолдың жоқтығы Абай өлеңінің негізгі

арқауы болған. Ақын туған елін жан дүниесімен сүйгендіктен де сол азаптан құтқаратын сәулені іздейді. Ел арасындағы тартыс пен таластың шоғын үрлеп жүрген сол қоғамның «белсенді» мүшелерін аяусыз сынайды. Мінезіннен де, атқарған қызметіннен де халық сыйлар қасиет табылмайды. Білімдімін, пысықпын деп жанталасқаның жалқы басыңның қамы ғана. Сен соның жолында ар-ұятта да айрылдың, адамдық парызыңды да ұмыттың, жүрегіңде тірі пенде сүйсінер тазалық жоқ, деп олардың бар болмысын баян етеді. Көңіліңде ізгіліктің жылуы болса өз өміріңе, іс-харекетіңе зер сала бір қарашы тоқтау табар ма екенсің деп ой түйеді. Өлең 6, 7, 8 буынды жыр үлгісінде жазылған. Жұмағазы Кенжебаевтың айтуы бойынша Бәткен деген жас ақын жазып алған. 1944 ж. Қ. Мұқаметханов Қазақ ССР ҒА-на тапсырған. Алғаш рет ақынның 1945 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында текстол. өзгерістер кездеспейді. Туынды ағылшын, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған. *Д. Жанботаұлы.*

«ОЙЛАНЫП ОЙҒА КЕТТІМ ЖҮЗ ЖЫЛҒЫ ӨТКЕН...» – Абайдың 1894 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 4 шумақтан тұрады. Туынды этнографиялық тақырыпқа жазылған. Онда ер адамның қысты күні киген киімі түгел айтылады: шидем шекпенге қабаттап тон, ақ саңнан жейде-дамбал, матамен әдіптеліп тігілген жырым балақты жарғақ шалбар, аяғында киіз байпақты былғары етік, қалтасында былғары шақпақ, оқшантайда кісе, пұшпақ тымақ ішінде тақия, тобылғыдан жасалған түйме. Тіпті олардың қайсысының неңдей бұйымнан қалай тігіліп, қайтып жасалатынына дейін ашып көрсетіледі. Астындағы атының ер-тұрманы да толық суреттеледі. Қалмақы үзеңгі, биік қасты ер, қанжығасы жіптен жасалған шідер, көпшігі жарғақ жастық. Оқырман өлеңнен ескі үлгідегі қазақтың ұлттық киімімен толық танысады. Өлең 11 буынды қара өлең үлгісінде жазылған. Алғаш рет «Сана» (1924, 2–3) журналында басылған. Басылымдарында текстол. өзгерістер кездеспейді. Туынды орыс, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған.

Қ. Құрманғалиев.

ОҚШАУ СӨЗДЕР – 1) Белгілі бір сөйлемнің синтаксистік құрылымына жанаспай, оқшау тұратын қаратпа, қыстырма, одағай сөздер. 2) «Фельетон» терминінің қызметін атқарған және сол жанрдағы шығармаларды танушы тарихият қолданыс (историзм). О. с. сөйлем ішінде басқа сөздермен грамматик. байланысқа түспейтіндігі себепті олардан үтір немесе леп, сұрау белгілерімен дараланып тұрады. Абай туындыларында О. с. көптеп кездеседі. Мыс., «Аяғыңды аңдап бас, ей, Жақсылық!» – дегендегі жол ортасында оқшау тұрған «ей» қаратпа сөз. Сол сияқты:

Хожа Хафиз – бу һәммәси
Мәдәт бер, иә, шағири фурияд!

деген жолдардағы «иә» оқшау тұрған қыстырма сөз. Осылар тәрізді: «Жә, жә! Оған мен-ақ ұятты болайын!», немесе «Ой, тәңірі-ай, қойшы әрі, кімнен кім артық дейсің?» деген сөйлемдердегі «жә, жә!», «ой, тәңірі-ай!» оқшау тұрған одағай сөздер, ал, «қойшы әрі!» – тіркесі қыстырма сөз ретінде оқшауланып тұр. Абай туындылары ішінде арнайы фельетон түрінде жазылған шығарма жоқ. Бірақ фельетон жанрымен сарындас келетін сыншыл сықақтары, арнау өлеңдері, басқа тілден аударған мысал мысқылдары аз емес. Мыс., ақынның «Уағалайкүмүссәләм» деген шағын өлеңі өткір сынымен, әлеум. кеселге айналған тоғышарлықты аяусыз түйрейтін, ащы мысқылымен, терең ойымен, бас-аяғының жинақылығымен О. с-ді пайдаланудың тамаша үлгісі болып табылады. Сондай-ақ Абайдың Көжекбайға, Көкбайға, Абралыға, Шәріпке, Қара қатынға, Разаққа, Қатыны мен Масақбайға шығарған арнау өлеңдерінен, «Мәз болады болысың», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Болыс болдым мінеки», «Бөстегім құтылдың ба Көтібақтан» сияқты сатиралық шығармалары мен И. А. Крыловтан аударған бір топ мысалдарынан О. с-дің көптеген үлгілерін табуға болады.

Е.Жұбанов.

ОЛЖАЙ Әйтекеұлы (шам. 17 ғ-дың 2-жартысы 18 ғ-дың алғашқы ширегі) – Абайдың бесінші атасы. Әйтек Кішіұлының бәйбішесінен О., тоқалынан Байбөрі, Қалқаман туған. О-дан Айдос, Қайдос, Жандос (Жігітек) тарайды. Осы үш арыстан өңкей елге басшы найза ұстаған батыр, би, шешен, өнерпаз ұрпақ өрбіген. Сондықтан да халық оларды «Олжай ұрпақтары» деп ерекше ардақ тұтқан. Белгілі «Қалқаман-Мамыр» дастаны О-дың інісі Қалқаман өміріне байланысты шығарылған. О. туралы деректер тым аз. Тарихи деректер О-дың қабірі Сыр бойында, қазіргі Қызылорда обл-ның Шиелі ауд-ның жерінде дегенге мегзейді.

Б. Сапаралы.

ОМАРОВ Ілияс (1912–70) – мемлекет қайраткері, әдебиет сыншысы, публицист. «Әдебиет туралы ойлар», «Оқушы көзімен», «Серпін» және «Шабыт шалқары» сын-зерттеу кітаптарында қазақ әдебиетінің күрделі мәселелері хақында ой тербеді. Сыншы Абай мұрасын зерттеп, тұжырымды баға беру жолында айтарлықтай еңбек етті. Оның «Абай және қазақ әдебиеті» (Известия казахского филиала АН СССР Серия языка и литературы. Вып. 2. 1945), «Өскен елдің өзіне сай музыкасы болсын» («Әдебиет және искусство», 1949, 6), «Өскен әдебиетке үлкен сын керек» («Әдебиет және искусство», 1950, 1), «Ақын аға айтқандай» («Лениншіл жас», 1958, 26 шілде), «Ата сөзі» (Әдебиет жайлы ойлар. А., 1961), «Қазақтың ағартушы-демократтары» («Литературная газета», 1951, 10 тамыз) деген мақалалары ақын шығармаларының шеберлігі мен әлеум.-қоғамдық маңызын ашу мәселелеріне арналған. О. ақынның ағартушылық, демократтық қызметін оның өлеңдерімен, ғақлия сөздерімен байланыстыра зерттеп, нақты мысалдармен тұжырымдар қорытты. Абай әндерінің көркемдік ерекшеліктерін ұлттық музыка үлгісі ретінде ұсынды.

ОМАРХАН Әуезов (т. ж. б. – 1909) – М. Әуезовтың әкесі. Мұхтардың әкесі О., атасы Әуез – екеуі де ескіше хат танитын сауатты, бала тәрбиесіне көп көңіл бөлген білімдар адамдар болған. Әуез, О. Абаймен көңілдес, сыйлас болып іргелері ажырамаған, көршілес отырған. Бұл туралы М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясында шынайы баяндалған. Ақынның Разаққа арнаған бір ауыз өлеңінің соңында Әубәкірдің немересі О. есімін қосатыны бар. Үлкен қожадан басқаның бәрін «аты жоқ пен шынашаққа» теңеп, кекеткен ақын О-ды ол

топқа қоспай, әлі де байқап, сынап көру керек дегенді айтады. Соның өзінен-ақ көңіл жығыспаған қатар құрбылардың жарастықты достықтары байқалған-ды. *А. Әубәкірова.*

ОНЕГИН – А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» атты романының бас кейіпкері. О. – орыс дворяндарының өкілі, солардың типтік мінез ерекшеліктерін танытатын жинақталған, сомдап бейнеленген көркем тұлға. Оның бойынан орыс дворяндарына тән жағымды қасиеттерді де, жағымсыз сипаттарды да табуға болады. Абай *«Онегиннің сипаты»* өлеңінде:

«Кейде ұялшақ, төменшік, кейде тіп-тік,
Қамыққансып, қайғырып, орны келсе...» –

деп, О-нің сезімтал, «ғашықтық сөзге жүйрік», ұнатқан адамын үйіріп әкетуге бейімділігіне, мінез-құлқының қыры мен сырына, ерекшеліктеріне көңіл аударады. О-нің өмірге көзқарасы, Татьянамен қарым-қатынасы – Абай аударған екеуінің жазысқан хаттарынан анық байқалады. О. Татьянаны лапылдаған жастық шағы өткен, махаббатқа бойы суынған уақытта кездестіреді. Сондықтан ол жас қыздың ғашықтық сезімін қабыл алмай, өмірден басқа қызық іздемек ниетін білдіреді. Алайда, бойындағы күш-қуатын қоғамдық пайдалы іске жұмсасам деген талабынан ештеңе шықпай, өз ортасынан көңілі қалады. Өмірден торығып, жалғыздығын әбден сезінген О. Татьянаны қайта кездестіріп, жүрегінде ғашықтық сезімі оянғандай болғанымен, жоғалған махаббаттың енді қайтып келмейтініне көзі жетеді. Пушкин оны өмірден өз орнын таба алмаған адам етіп көрсетіп, сол арқылы қоғамдық өмірдің қайшылығын танытса, Абай О-ді заманынан, төңірегіндегі адамдардан соққы жеп, рухани күйзеліске түскен сезімтал тұлға етіп бейнелейді. Абайдың Татьяна аузына салған:

«Сен жаралы жолбарыс ең..,
Сен шошыдың ғашығыңнан,
Өзге жұрттан қамшы жеп...», –

деген сөзінен, қазақ ақынының оны төңірегіндегі адамдардан зардап шегіп, махаббаттан көңілі суынған, рухани күйзеліске түскен жан бейнесінде сипаттауға ұмтылғаны айқын көрінеді. *З. Ахметов.*

«ОНЕГИННІҢ ӨЛЕРДЕГІ СӨЗІ» – Абайдың А. С. Пушкиннен аударған өлеңі, қ. *«Жарым жақсы киім киіп».*

«ОНЕГИННІҢ СИПАТЫ» – Абайдың А. С. Пушкиннен аударған өлеңі, қ. *«Жасынан түсін билеп сыр бермеген».*

«ОНЕГИННІҢ ТАТЬЯНАҒА ЖАЗҒАН ХАТЫ» – Абайдың А. С. Пушкиннен аударған өлеңі, қ. *«Хұп білемін, сізге жақпас».*

«ОНЕГИННІҢ ТАТЬЯНАҒА ЖАУАБЫ» – Абайдың А. С. Пушкиннен аударған өлеңі, қ. *«Таңғажайып бұл қалай хат».*

«ОНЕГИН СӨЗІ» – Абайдың А. С. Пушкиннен аударған өлеңі, қ. *«Хатыңнан жақсы ұғындым сөздің бәрін».*

ОН ТОҒЫЗЫНШЫ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ. Қазақ тілі әрегіректе қазақ халқын құраған ру, тайпа тілдері ретінде, ал берігірек, яғни 15–16 ғ-лардан бермен қарай, қазақ халқының біртұтас ауызекі сөйлеу тілі ретінде әлденеше ғасырлар бойы сол халықпен бірге жасап келе жатқаны мәлім. Сонымен қатар өзге түркі халықтары сияқты, қазақ халқының әдеби тілі де болған.

Қазақ халқы өзінің жазу мәдениетінде бірсыпыра уақыт бойы жазба әдеби тілі ретінде түркі тілдес халықтардың сауатты ұрпақтарына ортақ болған, белгілі дәрежеде қалыптасқан шағатай немесе түркі аталған тілді пайдаланды. Бұл тіл барлық кезеңде бірдей, бірқалыпты болған жоқ. Шамамен 14–15 ғ-лардан бастап тайпалардың жеке-жеке халық болып қоғамдасуына, террит. жіктелуіне байланысты түркі әдеби тілінің аймақтық нұсқалары пайда болды. Қазақ авторлары да шағатай аталған тілді пайдалана отырып, өз шығармаларына қазақтың ауызша әдеби тілінің белгілерін (лексикада, грамматикада болсын) молынан кіргізіп отырды. Сөйтіп, қазақ авторларының қолданысында түркі әдеби тілінің қазақтық нұсқасы қалыптасты. Бұл тіл жалпыхалықтық (қоғам мүшелеріне ортақтық) сипаты бар, белгілі дәрежеде өңделген, қалыптасқан, қоғамдық қызмет атқарған тіл бола тұрса да, стильдік жағынан әлі сараланбаған, қызмет аясы тар, түркі әдеби тіл дәстүрін мықтап сақтаған тіл еді. Бұл тілде, негізінен, әр түрлі іс қағаздары, шежіре аталған тарихи шығармалар, эпистолярлық нұсқалар жазылды. Бұл жазба тіл дәстүрі кейінгі дәуірлерге дейін, анығырақ айтқанда, 19- ғ-дың 2-жартысына дейін өмір сүріп келді, кейбір жанрларда ол 20 ғ-дың басында да кездеседі. 19- ғ-дың 1-жартысында өмір сүрген М. Өтемісов өзінің арқалы жырларын ауызша әдеби тілде жырласа, жоғарғы әкімшілікке жазған арыз-шағымдары мен хаттарында жазба әдеби тіл дәстүрін сақтады. Бұл дәстүрден эпистолярлық туындыларында Ыбырай мен Абай да мүлдем тазарып кете алмады.

Халық болып қалыптасар тұста және одан кейінгі 3-4 ғ-лық кезеңдерде тарихи себептермен көшпенді өмір кешкен қазақ сияқты халықта жазба әдеби тіл болумен қатар ауызша әдеби тілдің де қатар өмір сүруіне қолайлы жағдай жасалды. Жазба әдеби тілдің атқаратын көптеген қызметін қазақ жағдайында ауызша әдеби тіл атқарды. Ол тілдің үлгісін 15–19 ғ-лар арасында өмір сүрген тарихқа аты мәлім ақын – жыраулар туындыларынан (өлеңдері мен шешендік сөздерінен, тарихи жырларынан) одан әрі, бай халық ауыз әдебиеті үлгілерінен табуға болады.

Ауызша әдеби тіл де белгілі дәрежеде қалыптасқан халық мұқтажын өтейтіндей әлеум. қызмет атқарған, қазақ халқын құраған ру, тайпа диалектілерінен жоғары тұрған, өңделген, сұрыпталған қатынас құралы еді. Бұл тіл кейін ұлттық әдеби тіліміз қалыптасқан кезеңде көркем әдебиет стилінің берік негізін қалады. Сөйтіп, ұлттық әдеби тіл қалыптасқанға дейінгі дәуірлерде қазақ халқына қызмет еткен екі түрлі әдеби тіл болды: бірі – ортаазиялық түркі әдеби тіліне негізделген, соның дәстүрін мықтап сақтаған жазба әдеби тіл де, екіншісі – халықтың ауызекі сөйлеу тілі мен ауыз әдебиеті тілін негіз етіп, содан нәр алған ауызша әдеби тіл.

19 ғ-дағы әдеби тіліміз қандай тіл еді, енді соған шолу жасайық. Жалпы, қай жағынан алсақ та, 19 ғ-дағы әдеби тіл екі сапалы бөлекке бөлініп тұрады. 19 ғ-дың 1-жартысы патша үкіметінің Қазақстан жерін отарлау әрекетінің ең бір шешуші кезеңі болды. Қазақ даласының көптеген жері Россия империясының құзырына кіріп, ел басқару билігін патша үкіметі толықтай өз қолына алды. Ол үшін

20 жылдары хандық басқару жүйесін жойды да, ел басқару мен сот-билік жүргізудің жаңа тәртібін енгізді. Бұл жаңа устав бойынша қазақ елі әкімш. округтерге, округтер болыстарға, болыстар ауылдарға бөлінетін болды. Бұрынғы ата-бабаның әдет-ғұрпымен билік айтып шешім қабылдайтын билермен бірге ауыр қылмыстар мен саяси істерді қарайтын жаңа сот жүйесі пайда болды. Елеулі экономикалық өзгерістер енді. Әсіресе сауда-саттық күшейді. Саудаға қазақ байлары араласа бастады. Қазақ жерінде ашылған жәрмеңкелердің саны көбейді. Егіншілік кәсібі етек жайып, егіс құралдары қолданыла бастады. 19 ғ-дың 30 жылдарынан бастап қазақ еңбекшілері кесімді мемл. салық төледі. Қазақ даласындағы мұндай саяси-экономик. өзгерістер қоғам өмірінің күллі саласын қамтығаны аян. Қазақ қоғамында әлеум. топтардың ескілері ыдырап, жаңа түрлері пайда болды. Сауданың жедел дамуына байланысты саудагерлер, алыпсатарлар, өсімқорлар шықты. Құлдардың әлеум. тобы жойылып, төленгіттер сұлтандар жанынан кетіп, жеке руға айналды. Батырлар мен билердің әлеум. сипаты біраз өзгерді, жатақ, ұсақ қолөнершілер пайда болды. Бұл кезде қазақ даласында ана тіліндегі мектептер, баспасөз, кітап шығару ісі болған жоқ. 1822 жылғы Устав бойынша қазақтарға балаларын орыс мектебіне беруге рұқсат берілгенімен, онда оқитын қазақ балаларының саны тым аз болатын.

Патша үкіметі 19 ғ-дың ортасына дейін қазақ жеріне ислам дінін күштеп тарату саясатын ұстады, 2-Екатеринаның 1783 жылғы указы бойынша мемл. есебінен мешіттер салынып, діни кітаптар бастырылып тегін таратылды, қазан татарлары мешітке молда, жергілікті әкімш. орындарында тілмаш ретінде кеңінен пайдаланылды.

Патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы шаруалар көтерілісі кең өріс алды. Исатай-Махамбет бастаған бұқаралық қозғалыс, Есет батыр көтерілісі, Кенесары Қасымов басқарған т. б. қозғалыстар халық өмірінде өшпес із қалдырды. Міне, осындай экономик., саяси-әлеум. өзгерістер сол тұстағы қазақ әдеби тіліне өз әсерін тигізді, ел билеу, әкімш. құрылысқа және экономик. жаңалықтарға байланысты көптеген жаңа атаулар мен сөз орамдары пайда болды. Бұл жаңа қолданыстар, ең алдымен, халық өмірінде елеулі роль атқарған ақын-жыраулар шығармаларында орын алды. Бұл кезеңнің ауызша әдеби тіл нормасын танытатын тілдік материалдар Махамбет, Дулат, Шөже, Шортанбай, Байтоқ, Жанақ, Орынбай т. б. ақындардың шығармалары болып табылады.

19 ғ-дың 1-жартысындағы әдеби тілдің лексик. негізгі құрамы жалпыхалықтық тілдің төл сөздері, қосымша қабаттары – араб, парсы және орыс сөздері болды. Аталған ақындардың шығармаларынан жауынгерлікке, әлеум. құрылыс пен әкімш. – сот істеріне, сауда-саттыққа байланысты сөздер мен сөз тіркестерін молынан кездестіреміз. Қазақ даласына ене бастаған жаңа ел билеу жүйесіне байланысты **майыр, аға сұлтан, болыс, старшын, елу басы, он басы** сияқты сөздер Дулат, Шортанбай шығармаларында молынан кездеседі.

Махамбет шығармаларынан әскери лексиканы (найза, қылыш, мылтық, садақ) жиі ұшыратамыз. Бұл кезеңдегі поэзия тілінде қазір көнерген есімшенің **ар, ер, мақ, мек** формалары жиі қолданылған, сондай-ақ некен-саяқ дұр форманты қылаң береді: «Су түбіне кеткен жұрт, Тал таба алмас қармарға», «Жан шығарға келген соң» (Дулат), «Таяндық енді өлерге, Күн қанша дұр көрерге» (Шортанбай). Бұл кезеңдегі жазба әдеби тіліміздің халықтық сөйлеу тілі белгілерін бойына молынан сіңіріп, өткен ғасырларға қарағанда біраз жеңілдегенін байқаймыз. Дегемен ол өткен ғасырлардан үзілмей келе жатқан көне түркі әдеби тіл дәстүрін (әсіресе грамматика мен орфографияға) сақтап отырған. Ресми документтер стиліне тән **ғизатлу, құрметлу, мархабатлу, сағадатлу, биік мәртебелі, ғинаятлу** сияқты эпитеттер мен араб, парсы сөздері бұл кезеңдегі іс қағаздарында молынан кездеседі. Бұлардың грамматик. құрылысында да көне түркілік формалар (міш, даю, дұр, бірлән т. т.) жиі ұшырайды.

Қазақ халқының саяси-әлеум., экономик. және мәдени өмірінде 19 ғ-дың 2-жартысының орны ерекше. Россияның Қазақстан территориясын отарлауы аяқталуымен байланысты халықтың патриархалдық тұрмыс-тіршілігі бірте-бірте өзгеріп, көшпелі ел отырықшылыққа ауысып, мал ш-мен қатар егіншілік кәсіппен де айналыса бастады, сауда-саттық күшейді. Қалалар саны көбейді, әр жерден кен көздері ашылып, өндіріс орындары пайда бола бастады. Қазақ қоғамының құрылысына да өзгерістер ене бастады, жаңа әлеум. топтар пайда болып, көнелері тарих сахнасын босатты. Рухани өмірде де жаңалықтар орын алды. Қазақ халқы оқу-біліммен етене жақындаса бастады. 19 ғ-дың 2-жартысында Қазақстанда 100-ге тарта 2 кластық уездік және 1 кластық болыстық мектептер болып, онда 400-ге жуық шәкірт оқыды. Қазақ тілінде тұңғыш баспасөз жарық көріп, кітап шығару ісі пайда болды. Бұл тұста ислам діні де етек жайып, кең тарады. Бұл жағдайлар бірыңғай ұлттық әдеби тіліміздің қалыптастыру мәселесін күн тәртібіне қойды. Бұл тұрғыда Ыбырай мен Абайдың еңбектері ерекше. Олар қазақтың ауызша әдеби тілі мен көне жазба әдеби тілін шеберлікпен пайдалана отырып, ұлттық жаңа жазба әдеби тілдің негізін қалап, оны стильдік жағынан жетілдіре түсті. Ы. Алтынсарин ана тілінде оқытатын мектеп ашып, оның оқулықтарын өзі жазды. «Қырғыз хрестоматиясын» жазу үстінде Ыбырайдың алдында не бұрынғы шағатай тілі әсерінен құтылмаған көне жазба әдеби тілді пайдалану, не жаңа жазба әдеби тіл жасау жолы тұрды. Хрестоматияға кіргізген өзінің төл әңгімелері мен өлеңдері болсын, не халық ауыз әдебиеті үлгілері мен аудармалары болсын, жаңа жазба әдеби тілде жазды. Бұл шығармалар тілі көркем әдебиет стилінің алғашқы көрінісі еді. Аталған кітап қазақтың ұлттық әдеби тілінің кейінгі дәуірлерде дамуына дұрыс бағыт берген, оған төтенше әсер еткен еңбек болды. Осы жазба әдеби тілде ол қазақша газет шығару мәселесін де күн тәртібіне қойып, оның алғашқы санын өз қолымен жазды. Қазақ балалары оқитын дін сабағына оқулық әрі көпшілік халық оқитын «Шариат әл-ислам» атты кітапты да осы тілде жазып, ғыл.-көпшілік әдебиеттер стилінің бастаушысы болды. Ақырында, Ыбырайдың тікелей араласуымен кеңсе қағаздарының да алғашқы үлгісі жасалынды.

Сөйтіп, Ыбырай Алтынсарин қазақтың жаңа жазба әдеби тілінің бұрын болмаған көптеген стильдерін жетілдіруде орасан зор еңбек етті.

Қазақтың жаңа жазба әдеби тілін қалыптастыруда Абайдың ұлы еңбегі бар.

Абай өзіне дейінгі күшті дамыған, халықтың эстетик.-рухани талғамын сан ғасыр бойы қанағаттандырып келген қазақ поэзиясы тілінің негізгі қағидаларын сақтай отырып, өлең сөзіне орасан көп жаңалықтар енгізді. Абайдың классиктігін танытатын белгілердің бірі – оның кестелі бояуы күшті, модальдық реңкі бар сөздерді көркем бейне үшін шебер пайдалануы. Абай өлеңдері арқылы қазақ көркем сөзінің лексик. құрамына өзгеріс енді. Ол өзгерісті туғызған негізгі себеп, біріншіден, оның шығармаларының тақырыбы болса, екіншіден, жаңа бейнелі сөз іздеуі еді. Қоғамның саяси-экономик. құрылысына, оқу-білімге, философия мен дінге қатысты сөздер мен тіркестерді, кейде тіпті атауларды поэзия тіліне молынан енгізу Абайдан басталады. Сөйтіп, қазақ поэзиясы тілінің лексика құрамын кеңейту, яғни бұрын жиі қатыстырылмайтын сөздер тобын өлең тіліне енгізу және оларды дәл де ауыспалы мағынасында пайдалану Абайдың әдеби тілге, соның ішінде өлең тіліне қосқан үлесі, саналы түрде істеген қызметі деуге болады.

Абай қоғамдық өмірдің өзге салалары сияқты, өз тұсында қолданылған әдеби тілге де сын көзімен қарай отырып, ұлттық әдеби тілді тек жалпы халықтық тілдің негізінде дамытудың бағытын негізгі нысана етіп ұстады. Осы жолда ол ерінбей тер төге отырып, әдеби тілді басы артық қоспадан арылтып, орынсыз қолданылатын араб, парсы және басқа шет сөздерден тазартты. 2-жағынан қазақ тілінде бұрын ұшырамайтын жаңа сөздерді де кіргізіп отырды, яғни Абай сөзді орнына қарай дұрыс қолдануды тамаша үлгілерін көрсетіп, қазақтың нағыз әдеби тілін жасауға орасан зор еңбек етті және сол жұмыстың жақсы үлгісін жасады. Оның Қарамола съезінде өз қолымен жазған «Ережесі» ресми іс қағаздарының алғашқы үлгісі болып саналады. Ол халық тілінен сұрыптап алған сөздері мен сөз тіркестерін кәдімгі халық тілінде қалыптасқан дәстүр бойынша қолданумен бірге олардың кейбіреулеріне, шығармаларының мақсаты мен ерекшелігіне қарай қосымша мағына жамап, сәл де болса өзгешерек реңк үстеп, шығармашылық жолмен қолдану арқылы түрі мен үлгісін де азды-көпті басқашаландырып, өзгертіп те жұмсады.

Ыбырай, Абай негіздеген жаңа жазба әдеби тілімізді әрі қарай дамытып, оның стилін жетілдіруде 19 ғ-дың аяғы мен 20 ғ-дың басындағы ақын-жазушылар (Біржан, Жаяу Мұса, Әсет, Шәкерім, Ғұмар Қарашев, С. Торайғыров т. б.) зор қызмет етті. Бірін-бірі қуалай шыққан ана тіліндегі екі газет («Түркістан уәлаяты» мен «Дала уәлаяты») беттерінде әдеби тілдің түрлі стилін қамтитын материалдар жиі жарық көріп отырды. Осы тұста Қазақ баспаларынан әр түрлі тақырыпқа жазылған қиссалар, кітапшалар, аударма әдебиеттер басылып шығып, халық арасына кеңінен тарады. Осылардың бәрі 19 ғ-дағы әдеби тіліміздің лексикасын молайтып, грамматик. құрылысын жетілдіруге, емлесін тұрақтандыруға себепші болды.

Әдеб.: Жұбанов Қ. Қазақ тілі бойынша зерттеулер. – А., 1966; Әбілқасымов Б. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілінің тарихы. – А., 1983; Сыздықова Р. XVIII–XIX ғ. қазақ әдеби тілінің тарихы. – А., 1984; Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – А., 1989.

Б. Әбілқасымов.

«ОН ТОҒЫЗЫНШЫ – ЖИЫРМАСЫНШЫ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ССРО ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ПОЭЗИЯСЫ», «Поэзия народов СССР 19 – начала 20 веков» – өлеңдер жинағы, 1977 ж. Москвадағы «Художественная литература» баспасынан 200 томдық «Бүкілдүниежүзілік әдебиет кітапханасы» сериясында жарық көрген. Құрастырып, алғы сөзін жазған Л. Арутюнов. Кітапқа ССРО құрамындағы республикалар мен ұлттық бірлестіктерде 19–20 ғ-дың басында өмір сүрген 26 халықтың көрнекті ақындарының шығармалары іріктеліп алынған. Оған Абайдың М. Петровых, С. Липкин, В. Звягинцева, А. Штейнбергер, Ю. Нейман, Л. Озеров, А. Глоба орыс тіліне тәржімалаған 16 өлеңі енгізілген. Жинақ соңындағы «Ескертулер» бөлімінде ақынның өмірі мен шығармашылық қызметіне байланысты қысқаша түсініктеме берілген. Көлемі 40,3 б. т., 303 мың дана.

ОҢҒАРСЫНОВА Фариза (1939 ж. т.) – ақын. «Сандуғаш», «Маңқыстау маржандары», «Мазасыз шақ», «Асау толқын», «Сенің махаббатың», «Жүрек күнделігі», «Дауа», 2 томдық таңдамалы т. б. өлеңдер мен дастандар жинақтары жарық көрді. П. Неруданың, А. Блоктың, С. П. Капутикянның, Р Ф. Казакованың, Е. А. Евтушенконың, Әбдірахман әл-Хамисидің т. б. жекелеген туындыларын аударды. Абай рухына арнап «Жетім» (топтама, Жүрек күнделігі. – А., 1982), «Абайды іздеу» («Абай», 1992, № 3) т. б. өлеңдер жариялады. О-ға «Үйім – менің Отаным», «Маңқыстау монологтары», «Революция және мен» атты өлеңдер жинақтары үшін Қазақстан Республикасының Абай атынд. Мемл. сыйлығы берілген.

ОПЕРА ЖӘНЕ БАЛЕТ ТЕАТРЫ, Қазақтың Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театры – тұңғыш кәсіпқой муз. театр. 1933 ж. Алматыда муз. студия ретінде құрылды. 1934 ж. муз. театры, ал 1937 жылдан Қазақтың опера және балет театры деп аталды. 1941 жылдан академиялық театр, 1945 ж. Абай есімі берілді. Ұлттық опера өнерінің негізін қалаған композиторлар Е. Г. Брусиловский, А. Жұбанов, М. Төлебаев, Л. Хамиди т. б. осында еңбек етті. Театрда 1944 ж. Жұбанов пен Хамидидің «Абай» операсының қойылуы ұлттық опера өнерінің елеулі кезеңі болды. Абайдың тұлғасын муз. әрі сахналық тұрғыдан Р. Абдуллин, Ажарды – К. Байсейітова, Айдарды – Ә. Үмбетбаев сәтті бейнеледі. Театр ұжымы 1958 ж. Москвада, 1981 ж. Ленинград пен Ярославльде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысып, «Абай», «Біржан – Сара» т. б. операларын көрсетіп, үздік өнерлерімен танылды.

Ә. Телғозиев.

ОРАЗАЛИН Кәмен (1920 ж. т.) – жазушы. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі. «Көктем салқыны», «Кәмен», «Ақ жазық», «Абайдан соң» романдарының авторы. О-нің Абай шығармашылығына, абайтану мәселелеріне қатысты «Данышпан ақын» («Екпінді», 1939, 30-маусым), «Абай аулында» («Совхоз туы», 1964, 11–28 қараша), «Абай туралы» («Қазақ әдебиеті», 1963, 6-қыркүйек), «Абай» қолжазба журналы туралы» («Қазақстан мектебі», 1961, № 9) т. б. мақалалары мен «Абай аулына саяхат» (1976) деген очерктер жинағы жарық көрді. Жазушы еңбектерінде

Абайдың қазақ халқы тарихында өшпес із қалдырған жемісті қызметін айтады. Абайтану ғылымының негізін салған жазушы М. О. Әуезовтың еңбегін көрсетеді. Ақын ауылының өткені мен бүгінін, тіршілік-тынысын, көркем табиғатын баяндайды.

ОРАЗБАЕВ Иранбек (Иран-Ғайып) Әбітайұлы (1947 ж. т.) – ақын, драматург. Оның «Жүрек жырлайды», «Түннің көзі», «Өмір-өлең» т. б. өлеңдер мен поэмалар жинақтары жарық көрді. Абай өмірінің соңғы кезеңіне арналған «Мен ішпеген у бар ма?» атты драмалық дастаны театр сахналарында қойылып келеді.

ОРАЗБАЙ Аққұлыұлы (1837–1921) – Тобықты еліндегі Бұғылы болысының байы, қажы. Жас кезінде ниеттес болғанымен, кейін Абаймен жауласып, араздасып өткен кісі. О. талай рет жер дауы, ел дауына араласып, 1898 ж. Мұқыр сайлауында Бөкенші, Жігітек руларының алауыздығын пайдаланып, Абай өміріне қастандық жасап, соққыға жығып, жанжалмен сайлауды таратып жіберуге мәжбүр еткен. Ақын «Сенатқа хатында» О-ды ел ішінде бүлікшіл топ құрып, ағайын арасында араздық тудырып жүрген адам ретінде қатты айыптайды.

ОРАЗКЕ Уақбаев (т. ж. б. – 1952) – Абай мұрасын жинаушы. Тобықты руынан шыққан, бұрынғы Шыңғыс болысының азаматы. Кейін Семей облысының Ново–Покровка ауданын мекен еткен. Абай өлеңдерін 1895–1900 ж. жазып алған. О. қолжазбасын 1951 ж. 28-қазанда Абайдың Семейдегі әдеби-мемориал. музейіне тапсырған. Қолжазбада ақынның 13 өлеңі көшірілген. Бұлардың ішінде 11 өлең бұрыннан белгілі шығармалар. Белгісізі – «Ақылды әдет жеңбегі...» деп басталатын 3 шумақ өлең мен атақты «Сегіз аяққа» ұқсас «Тереңнен қозғап...» деп басталатын туынды. Бұл екі өлең де ақын шығармаларының бұрынғы басылымдары мен қолжазбаларында жоқ. О. қолжазбасы Абайдың бұрыннан белгілі бірқатар өлеңдерін текстол. жағынан түзетуге мүмкіндік береді. Ал жоғарыда аталған 2 өлеңнің ақынның төл туындысы екендігі әлі де дәйекті дәлелдеуді қажет етеді.

ОРА-ТӨБЕ, Ұ р а т ө б е – Шағатай нәсілінен шыққан Жүніс ханның бірі қазақ жерін, екіншісі Тәшкенді билеп тұрған балалары Сұлтан-Ахмет хан мен Жәнке ханның қол біріктіріп, Жошы ұрпағы Шайбақ ханмен соғысқан жері. Абай «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» атты тарихи еңбегінде осы соғыста «ағайынды екеуін де балашағаларына дейін Шайбақ өлтіргендігін» айтады. Ақын бұл деректі қазақтардың «өзбек өз ағам» деп Шайбаққа қосылып кеткендігінен мағлұмат беру үшін келтірген.

ОРДАБАЕВ Темірхан (1950 ж. т.) – график-суретші. Қондырғылы және кітап графикасы саласында жұмыс істейді. Абайдың туғанына 125 жылдық мерейтойына орай ашылған көрмеге арнап «Абай портретімен бірге натюрморт» атты линогравюра жасады (1971, автордың жеке қоры). Шығарма көтеріңкі де салтанатты сипатымен ерекшеленеді.

ОРМАНОВ Ғали (1907–78) – қазақ ақыны. Абай жайында бірнеше өлең жазған. «Ақындар ұстазы» (1934) өлеңін Ғали: «Оқимын өлеңдерін ұлы ақынның, Сәуле етіп көңіліме нұрлы ақылын. Қараймын қашан да оған арқа тұтып, Секілді қарайласар ең жақыным», – деп бастайды. Абай өлеңдерінің аса маңыздылығы – ол адамды ылғи терең ойға сілтейді. Ол күнгі өңкей соқыр, даңғой, керең мұны түсіне алмаған дейді. 1940–59 ж. аралығында жарық көрген «Ақын мұнарасы», «Ақын өрені», «Абай ауылында» өлеңдерінде де ол Абай бейнесін жасайды. О-тың ойынша, Абай – «Жалпы жұрттың бір баласы. Көгінде көңіліміздің маздайды ылғи ақынның жырмен соққан мұнарасы». Алпысыншы жылдардың бір жемісі ретіндегі «Абай ескерткіші» өлеңі данышпан ақынның Жидебайдағы ескерткішінен әсерлену сезіміне құрылған. *С. Сейітов.*

ОРТА АЗИЯ – Азия құрлығының Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан Республикалары мен Қазақстанның оңтүстік облыстарының жерлерін қамтитын аймақ. Абай өзінің «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген тарихи еңбегінде: «...арабтан бұл Орта Азияға дін исламды үйретушілер көп әскермен келіп, халықты жаңа дінге қаратып жүргендерінде Құтайба атты кісі Қашқарға шейін келіп, халықты исламға көндіргенде, бұлар да мұсылман болдық депті» деген деректер арқылы арғы түбі Күншығыс Сібірден келіп, Алатау бөктерлерін мекендеген қазақтардың ислам дініне кіру тарихынан мағлұмат береді.

«ОРТА ЖҮЗ РУЛАРЫ ТУРАЛЫ» – Семей обл. Статистика к-тінің 1900 ж. басылып шыққан «Памятные книжки Семипалатинской области на 1900 года» кітабында жарияланған мақала (шежіре). Абай 1878 ж. ұйымдастырылған Семей облыстық Статистикалық к-нің жұмысына белсене араласып, оның мәжілістеріне қатынасып, облыста мәдени-ағарту мекемелерін, қоғамдарын ұйымдастыру ісіне белсене ат-салысумен бірге, ғыл.-зерттеу жұмыстары саласында да барынша еңбек еткен. 1886 жылдан бастап, 18 жыл бойы Статистика к-нің толық мүшесі болған Абай ғылымның әр саласына зер салып, көп оқып, көп ізденген. К-т мүшелерінің көпшілігі Е. П. Михаэлис, Н. Я. Коншин сияқты озық ойлы, терең білімді орыс зиялылары болды. Олардың достық мәслихат, өнер-ғылым мәселесіндегі игі әсері Абайдың мәдениетті, оқымысты-ғалым ретінде рухани жедел жетіліп, өрлеп өсуіне себеп болса, орыс достарының Абайдан алған тағылымы да аз емес. Абай оларға қазақ халқының тарихы, салт-дәстүрі туралы кеңінен әңгімелеп отырған.

Абай Статистика к-нің толық мүшесі болып қызмет атқарып жүрген жылдары туған халқының тарихын зерттеп, 1890 ж. *«Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы»* деген еңбегін жазады. Ал Статистика к-ті мүшелерінің күшімен шығып тұратын кітаптың 1890 ж. «Памятные книжки Семипалатинской области на 1900 года» деп аталатын басылымында «Орта жүз рулары туралы» деген мақала жарияланып, оны жазған адамның аты-жөні аталмаған. Мақаланың сөз басы ретінде Н. Я. Коншин: «Әр жылға берілген ескертулермен қоса бұл мақала түгелімен Семей облысына өте танымал қазақтың сөзі негізінде түзілді. Бұл қазақ (арғын руының тобықтысынан) жарияланғалы отырған мәлімет өздерінің шығу тегі туралы алуан түрлі аңыздарға бой ұрып жүрген кейбір рулардың

көңіліне келіп қалар деген қауіппен өз фамилиясын көрсетпеуді өтініп отыр», – деп жазған. Коншин түсіндірмесінен атын атамаса да, мақала (шежіре) авторы Абай екені анық.

Ақын мақалада Орта жүз құрамындағы 7 тайпаның: Арғын, Найман, Керей, Уақ, Тарақты, Қыпшақ және Қоңырат ұрпақтарын таратады. Бірақ оларды өз заманындағы буынға дейін әкелмей, сол кездегі белгілі аталарға дейін ғана жеткізген. Тек Қыпшақ тайпасы туралы ешқандай дерек бермеген. Шежіреде жеке рулар, аталар, билер тарихынан құнды деректер келтіреді. Шежіренің ескертпе бөлімінде жеке рулар мен аталардың атауларына түсініктеме берілген. Бұл материалдар Абай еңбегінің тарихи құндылығын көтере түседі.

Қ. Мұқаметханов.

ОРЫНБОР – қала. Россия Федерациясындағы Орынбор обл-ның орталығы. Жайық ө-нің бойында орналасқан. О. алғашқыда қазіргі Ор қ-ның орнына 1735 ж. қамал ретінде салынған. Абай есімі мен мұрасын түркі тілдес шығыс халықтарына таныстыруда О. қ-сы елеулі қызмет атқарған. Осында татар тілінде шығып тұрған «Уақыт» газетінің 1908 жылғы 388 санында «Абай Құнанбаев туралы» деген мақала жарияланған. Онда Абайдың өзі және оның шығармалары туралы құнды пікірлер айтылып, ақын өлеңдерінен үзінділер басқан. Сондай-ақ «Шора» атты татар журналы да Абайдың өмірі мен мұрасы жөнінде мақалалар берген. 1909 ж. С.-Петербургте К. Ысқақұлы бастырған ақын шығармаларының тұңғыш жинағынан кейінгі екінші басылым «Абай термесі» (1916, жинап, бастырған С. Әбішұлы) жарық көрген.

«ОРЫНСЫЗДЫ АЙТПАҒАН...» – Абайдың 1895 ж. жазған өлеңі. Көлемі 26 жол. Халқына зор пайдасын тигізеді деп үміт артқан баласы Әбдірахманға арнаған. Сүйікті перзентінің адамшыл, көпшіл ерен қасиеттерін сыншыл көзбен әділ көрсеткен. Кім еді Әбдірахман? Қандай қасиеттері, кісілігі бар еді? Әке – балаға сыншы. Сұлу кескінді, әдемі бала әкенің көз алдында өсті. Әке тәрбиеледі, өзі өсірді. Қасы-қабағына қарап, мол мерейден мүлт жіберген жоқ. Қыран бүркіттей қияға салды, биікке ұшырды, тарлан тәрбие, шалқар шабыс берді. Бойында адамға біткен асылдық бар еді. Орынсыз, артық, бос сөз сөйлемейтін, парасат, пайымы бөлек, өзі қатарлы жігіт желеңге ұқсай бермейтін. Тазалықты, адалдықты, туралықты ту етті. Сол жолға тайсалмай түскен, одан шегініп, ұнжырғасы түсіп, қиындық басқа келгенде аяқ тартпақ емес. Кісіге, жетім-жесірге, ғарып-қасірге жасаған жақсылығы да өзіне жарасымды, лайық, келісім тауып тұрды. Алыс-жақыннан аянған, алған жері жоқ. Кәпірлердің ортасында жүрсе де, бойын таза ұстапты, пенделік былықшылыққа жоламапты, арам-харам дегеннен ауыз да тимепті. Не деген тектілік бұл! Әбдірахманның өмір бойы іздегені, арман-мұраты ғылым, білім еді. Ол түрленіп, төре болуды ойлаған жоқ, әкім болуды аңсаған жоқ. Әр істе, әр жағдайда шындықты, адалдықты, махаббатты мойынға ілді. Махаббатты жоғары санады, оны жүз мың теңгеге айырбастаған жоқ. Оның жүрегі сондай үлкен еді. Өмірді, адамдарды тебірене сүйді. Ағайын-туған, жақынын жатша сыйлайтын, жақсы көретін. Көңіліне жақпаған істі, ұнатпағанын үндемей-ақ білдіруші еді. Адам жанын жақсы түсінетін. Достары көп еді. Олардан ештеңе аяған емес, қолы ашық болатын. Аз өмірінде өтірік, жалған сөйлеген емес. Қара қылды қақ жарған турашылдығы, шешендігі қандай дерсіз. Шіркін, асыл қасиеттерін айтып тауысу мүмкін бе! Өлеңде Әбдірахманның осы қасиеттері жырланған.

Өлең 7 буынды эпостық жырлар үлгісінде ауыспалы ұйқаспен жазылған. Алғаш рет ақын шығармаларының 1939 жылғы толық жинағында жарияланған. Басылымдарында текстол. өзгерістер кездеспейді. Туынды қарақалпақ, орыс, өзбек, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған. *Е. Әкімқұлов.*

ОРЫС – ұлт, Россия Федерациясының негізгі халқы. Шығыс славян тайпасы байырғы заманнан русь атанған да, ежелден көршілер түрік тайпасы оларды О. деп атап кеткен. Көне орыс мемлекеті 9–12 ғ-да құрылып, О. ұлтқа айналды. О. халқы Ұлы Новгород аймағы мен Волга, Ока ө-дері аралығында қалыптасқан. О. халқының салт-сана, мінез-құлқы, тірлік-тынысы, әсіресе, өз заманында күшейе түскен орыс мемлекетінің отаршылық озбырлықтары ақын шығармаларында айтарлықтай із қалдырған.

Абай өнер, білімі өркендеген, еңбеккер О. халқына құрметпен қарап, ретті жерінде олардан үйренетін қасиеттің, өнегелі істің көп екенін ескертіп отырады. *«Өкінішті көп өмір кеткен өтіп...»* деген өлеңінде халқымыздың тура тілді кісіні орыс деп атайтынын әдейі тілге тиек етеді. Ал *«Интернатта оқып жүр...»* өлеңінде талап қылып, білім алғысы келген жас азаматқа, жаман бол деп, «орыс теріс айтпайтынын» ескертеді. Бар кінә сол білім алып, құлық пен сұмдық жолына түскендердің өздерінде, тек солардың «Орыста қалар жаласы» дейді. Ақын *«Әзім аңгімесі»* дастанында үйіне шақырып әкелген қонағына арақ құйған Әзімнің оғаш әрекетін: «Бар іс қой әуелден-ақ ел салтында, орыс, неміс болса да қай халқында» деп сәл қырын жатқызып, жеңілдете түседі. Бұл жерде О. сияқты үлкен халық ішетін ішімдіктің не оғаштығы бар деген топшылау жатқан сияқты. Абай еңбекқор, өнерлі О. жағында. Ғақлияларының *Екінші сөзінде* шамалыға тақымы толмай, өздерінен басқа жұртты өгей санап, күлкі етуге, мысқыл қылуға дайын тұратын халқымыз «Орысқа да күлуші еді: «ауылды көрсе, шапқан, жаман сасыр бас орыс» деп. Орыс ойына келгенін қылады деген... не айтса соған нанады, «ұзын құлақты тауып бер депті» деп келеке қылатын О-ты сөзінің тұжырымында: «Орысқа айтар сөз жоқ, біз күңі-құлы құрлы да жоқпыз» деп әжуадан арашалап алады. Ақын ел сөзі арқылы атқа мінсе шапқылай жөнелетін О-тың тасырлау, бала мінезін, жоққа сеніп, ұзын құлақты іздеткен аңғалдығын айнытпай тап басқан. Бірақ бұл уытты, өткір сын емес, жылы мысқыл ғана. Ағартушы-ақын жас ұрпақты өзі қолын «кеш сермеп» құмарын қандыра сусындай алмай қалған О. ғылымын үйренуге шақырады. «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де ғылым да – бәрі орыста бар... Орыстың ғылымы – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі» деп жазады *Жиырма бесінші сөзінде.* Абай үшін О. ғылымы мен өнері – табыс көзі, өмірді арзандата түсетін құрал. Бұл оның орысшылдығы емес, өмірден түйген тұжырымы, тәжірибелі, іскер адамның озық білімге, тиімді құралға деген құштарлығы. Сондықтан да ол: «Залалынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек» деп ескертеді. Ақын О. ғылымын үйреніп алып, әкесінің айтағымен өз

халқына қырғидай тиіп жүрген кейбір жастарға реніш білдіреді.
Отаршылдық ойранын күнде көріп, оның түпкі зардаптарын тереңірек түсінген көзі ашық, көңілі ояу ақын О. деген сөзді көп ретте патша әкімшілігі, соның жергілікті өкімет орындары мағынасында қолданады. Бұл орайда Абайдың қарапайым, өнер қуған О. халқына деген жылы ықыласынан, барлық іс-әрекеті зорлық-зомбылыққа негізделген өкімет орындарына, патша жандайшаптарына деген жиіркеніші басым түсіп жатады. Ел ішін жайлаған айла-шарғыларға, пара-жалаға, ұрлық-қарлыққа осы билеушілік жүйе кінәлі екенін ақын айқын түсінген. Сондықтан да ол «орыстың законсыз зорлығына көнбейтінін» ашық айтады. Үкімет, билеуші кейпіндегі орысқа келгенде ақын тілі де ащы. Бір оқығанда-ақ жатталып қалатын:

«Мәз болады болысың,
Арқаға ұлық қаққанға.
Шелтірейтіп орысың,
Шенді шекпен жалқанға...» –

деген жолдарындағы ақын тіліне оралған ащы кекесін, уытты сөздері барша күлкілі жиіркеністі көріністі қаз қалпында көз алдыңа әкеледі. Абай:

«Орыс айтты өзіңе ерік берем деп,
Кімді сүйіп сайласаң бек көрем деп.
Бұзылмаса оған ел түзелген жоқ
Ұлық жүр бұл ісіңді кек көрем деп...» –

деген жолдар арқылы ұлықтың айтатынының бәрі жалған, бос желеу сөз екендігін еске салады. Шындап келгенде елді түзу жолға салуды көздеп отырған үкімет жоғын аңғартады.
Абай жергілікті би-болыстардың үкімет алдындағы бишаралық кейпін де әбден келістіре сипаттайды, сілейте соғады. Көжекбай болысты өлтіре әжуа ететін «Бөтен елде бар болса...» атты өленіндегі:

«Орыс сыяз қылдырса,
Болыс елін қармайды.
Қу старшын, аш билер
Аз жүрегін жалғайды.
Орыссыз жерде тап болса,
Шақырған кісі бармайды...» –

деген жолдар арқылы ойдан-қырдан бас қосқан ордалы құлардың бар сырын ашып көрсетеді. Мұнда жәдігөй жарамсақтық та, орыстың төресі, қазақтың би-болысы болып өлексеге үймелеген жемқорлық та бар. «Ұры қарыны қашықтан таниды» дегендей, халық қанын сүлікше сорған қарақшылардың екі елден де табылып жатқанына қынжылады:

«Құтырды көпті қойып азғанасы,
Арызшы орыс – олардың олжаласы.
Бірде оны жарылқап, бірде мұны,
Құды ұнатты-ау, Семейдің бұл қаласы...» –

деп налиды *«Тұлпардан тұғыр озар шабылса да...»* деген өленінде. Сөз аңдыған, қылмыс қуған қазаққа арыз жазып беруді кейбір көзі ашық О-тың кәсіп етіп алғанын көреміз. Кәдімгі жемтікке үймелеген құзғын-қарғаның жемдестігі. Ақын бұл жерде Семей қаласындағы О. атауын патша әкімшілігі деген мағынада қолданған. Абай үшін елін сатқан, халық қамын ұмытқан адамнан өткен сұмырай жоқ. Ондайлардан тілінің зәрін, қаламының қаһарын аямаған. Ақын орыс ұрысса, аш бурадай бұрқырап өз жұртына шапқан болыс-билерді «Үйден үрген итке» теңейді. Бұл халықты қан қақсатқан озбырлықты көре тұрып, бұралқы итше жәутеңдеген жасықтыққа әбден қаны қайнап, қаһарына мінген, намыс тұғырына қонған өр мінез, орақ тілді адамның іркіліссіз құя салған ашу-ызасы. Жоғарыда келтірілген мысалдардан Абайдың, өзі айтқандай, О-тың залалды істерінен қашып, пайдалы жақтарынан үйренуге шақырғанын көреміз. *Т. Рсаев.*

ОРЫС ӘДЕБИЕТІ. Абай – қазақ әдебиетінің орыс әдебиетімен байланысын күшейтуге аса зор үлес қосқан қайраткер. Абай заманы, ақындық өнерге, ағартушылық жолындағы күреске барын салып кіріскен кез – қазақ халқының тарихындағы ең күрделі, талас-тартысы, қайшылығы мол дәуір болатын. Бұрынғы хан билейтін заман артта қалып, ел арасынан сайланған аға сұлтандар шыққан болса, ондай тәртіп те жарты ғасырға жетпей өзгертіліп, қазақ даласы ұсақ-ұсақ болыстарға бөлшектеніп, ел билеу тізгіні уезд бастықтарының – патша әкімдерінің қолына көшкен еді. Бұл болыстардың билікке таласуын, ұлықтардың жолсыздығын, бассыздығын, парақорлыққа бейімділігін арттырды. Қазақ жерінде Россиядан көшіріліп қондырылған кедей шаруалардың саны көбейіп, патшалық әкімшілік талай шұрайлы жерлерді тартып алып, елді ата мекенінен ығыстырды. Патша үкіметінің Қазақстанды отарлау саясатының жемісі, нәтижесі болған осындай ауыртпалықтан, заңсыздықтардан, рухани кіріптарлықтан елді құтқарудың ендігі жаңа жағдайда бірден бір ұтымды жолы – білім-ғылым үйрену еді. Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев секілді алдыңғы қатарлы қоғам қайраткерлері осыны жақсы түсініп, ұлттық ұранға айналдырды. Олар Россиямен қарым-қатынасты күшейте түсудің аса пайдалы жағы орыс мәдениетінің үздік үлгілерін ел ішіне, жұртшылыққа тарату деп санады. Мал бағумен қатар елдің егіншілікке, сауда-саттық секілді кәсіптерге бейімделуі қажет екенін де олар басқалардан бұрын сезді. Бұған дейін қазақ ақын, жыршылары шығыс халықтарының аңыз-ертегілерін, дастандарын қызықтап, ел арасына жыр етіп таратып келсе, енді орыс әдебиетін оқып, үйренуге, орыс ақын, жазушыларының шығармаларын насихаттауға көңіл бөле бастады. Әрине, шығыс халықтарының әдеби нұсқаларына құштарлық, ынта-ықылас көбеймесе азайған жоқ. Үнді елінің ежелден белгілі «Панчатантра» («Бес кітап»), арабтың «Калила мен Димна» секілді кітаптарынан бастап, «Мың бір түн», «Тотынама» әңгімелер жинағы, «Шахнама«, «Сейфул-Мәлік», «Таһир-Зухра», «Ләйлі-Мәжнүн» сияқты дастандар, Ескендір, Лұхман Хакім туралы аңыз-әңгімелер ауызша да баяндалып, өлең-жыр түрінде де насихатталып жатты. Алайда шығыстан келген сюжеттер көптен таныс, үйреншікті дүние секілді болса, орыс әдебиетінің шығармалары мүлде жаңа құбылыс еді. Қазақ елі мен көршілес орыс халқының арасында мәдени ауыс-түйіс бұрыннан орын алған еді десек те, орыс әдебиетінің қазақ мәдениетіне үлкен жаңа арна болып қосылуы осы кезде басталды. Орыс әдебиетін білуге, оны еркін игеруге ұмтылған Абай орыс ақын-жазушыларының шығармаларын тек қана өнерпаздықтың, көркемдік шеберліктің үлгісі деп қараған жоқ, айналадағы

қоғамдық өмірді терең танып-түсінудің таптырмас құралы деп санады. Орыс жазушыларының шығармалары Россияның тарихынан, орыс халқының өмірінен хабардар болу үшін ғана емес, қазақ даласында әкімшілік жүргізіп отырған патша үкіметінің саясатын, ол саясатты жүзеге асырып отырған ұлық-әкімдердің озбырлық іс-әрекеттерін білу үшін де қажет еді. Орыс классиктерінің шығармалары қазақ даласында озат адамгершілік идеалдардың жаршысы бола алатыны көп оқып, көп тоқыған Абай назарынан тыс қалмағаны анық. Абай жас кезінде-ақ орысша хат таныған. Ол 13 жасында Семей қаласында медреседе оқып жүрген кезінде «Приходская школаға» түсіп, орысша оқыды. Бірақ бұл оқу үш айдан аспайды. Жас Абай ел билеу ісіне араласып кетеді. Оның орысша кітаптарды, орыс әдебиетін оқуға шындап кіріскен уақыты – жасы 30-дан асқан кезі. Абайдың Семейге жер аударылып келген Е. П. Михаэлиспен танысуы осы тұста. Михаэлис Петербургте 60 жылдары студенттер қозғалысын ұйымдастырғандардың бірі болғаны үшін біраз жылдар айдауда Сібірде жүріп, кейінірек, 1869 ж. Семейге келіп орналасқан. Абай 1870 ж. Семей кітапханасында Л. Толстойдың «Русский Вестник» журналында басылған романын сұрап тұрғанда Михаэлис онымен сөйлесіп, екеуі сол жерде танысқан. Ал ондай кітапты оқу үшін орыстың әдеби тілін жақсы меңгерген адам болу керек екені анық. Бұл жылдары Абай қыс кезінде үш-төрт ай бойы Семейде жатып, кітапханадан әр түрлі кітаптар алып оқып жүреді. Сонда Михаэлиспен жиі кездесіп, кеңесетін болған. Жасынан Н. Г Чернышевскийдің революциялық идеяларына көңіл бұрған, ғылымның әр саласынан хабары мол, әсіресе орыстың қоғамдық ой-пікірлерінен терең мағлұматы бар осы бір айрықша білімдар адаммен жақсы таныс, жақын болуы Абайдың орыс әдебиеті, сыны, тарихы ғана емес, жалпы қоғамдық ғылымдар бойынша да көптеген құнды кітаптар оқуына ықпалы аз болмаса керек. Сонымен қатар бұлардың қарым-қатынасы Михаэлиске де пайдалы болғаны сөзсіз. Жергілікті халық – қазақтың өмірін, тұрмыс-жағдайын жете білу оған да аса қажет еді. Михаэлис кейінірек Семейде құрылған Статистикалық Комитеттің хатшысы қызметін атқарып, қазақ даласының шаруашылық, географ. жағдайын зерттеуде елеулі еңбек еткенін ескерсек, оның Абайдан көп нәрсе естіп-білгені, үйренгені анық. Абай Михаэлиспен достасып, аралас-құралас болып жүріп, Н. И. Долгополов, С. С. Гросс сияқты Семейге айдалып келген бірнеше адамдармен де жақын танысады. Бұлар жас кезінде рев. қозғалысқа қатысып көзге түскен, ал кейін орыс мәдениеті мен ғылымына өз қадарынша елеулі үлес қосқан адамдар. Сондықтан олар Абайға орыс халқының өмір-тұрмысынан әр түрлі мағлұмат берген болса, соның өзі оның орыс мәдениетін, әдебиетін еркін игеруіне себін тигізген деуге лайық. Ал әдебиет, тарих, қоғамдық мәселелерді айтсақ, Абайдың ой-өрісін, дүние-танымын кеңейтіп, шырқау биікке көтерген, әрине, орыстың А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, И. А. Крылов, В. Г. Белинский, Н. Г Чернышевский, Л. Н. Толстой, Н. А. Некрасов, И. С. Тургенев, М. Е. Салтыков-Щедрин секілді ең көрнекті жазушы, қоғам қайраткерлерінің шығармаларын оқып, олардың озық ой-пікірлерімен тікелей танысуы екенін атап айтқан жөн. Абай сол замандағы орыстың қоғамдық ойының, әдебиетінің ең құнды жетістіктерін қадағалап, зерлеп білуге көп күш жұмсаған. Тұтастай алып қарағанда, Абайдың орыс әдебиетінен оқығаны, түйгені көп екені анық. Жоғарыда аталған «Русский Вестник» журналымен қатар, 1909 жылғы Абай өлеңдерінің жинағында берілген Кәкітай Ысқақұлының мақаласына қарағанда, ақын Чернышевскийдің «Современник» журналында басылған әдеби шығармаларды оқып отырған. Орыс әдебиетінен оқығаны қаншалық көп болса да, Абай поэзиялық шығармаларды аударуға немесе еркін тәржімелеп, сарындас өлең жазуға келгенде үлкен талғампаздық танытып, кейбір өлеңдерді іріктеп қана алған. Пушкин, Лермонтов, Крыловтан басқа ақындардың шығармаларын сирек аударған. Я. П. Полонскийден «Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы...», И. А. Буниннен «Қорқытпа мені дауылдан» деген өлеңдер, басқа ақындардан тек екі-үш өлең ғана аударады. Абай аудармалары жайлы сөз болғанда, алдымен айқындап аларлық жай – олардың бірталайы бүгінгі қалыптасқан мағынадағы аударма емес, Абайдың қолынан шыққан бара-бар, дәлме-дәл аударма дерлік өлеңдер бар да, сонымен қатар еркін тәржімеленген, әр түрлі өзгерістер енгізілгендіктен сарындас шығарма дерліктей сипат алғандары және аз емес. Осы топтағы шығармалардың ішінде төлтума туындыға айналған өлеңдер де бар. Сондықтан аударма өлеңдердегі сәйкес дәлме-дәл түсетін тұстарын артықшылығы, ал өзгеше, өзгертіліп берілетін жерлерін кемістігі деп санау қисынға келмейді. Өйткені Абай аударып отырған өлеңінің мағынасын бастан-аяқ дәл, тура жеткізуге үнемі ұмтылмайды, «Жарым жақсы киім киіп...» деп басталатын Онегиннің өлердегі сөзін Абай түгелдей өз жанынан шығарған, «Евгений Онегин» романында Онегиннің өлімі туралы тура ештеңе айтылмайды. Рас, қолжазба нұсқалардың бірінде Онегиннің аузына «Мен неге оқтан жарақаттанбадым?» («Зачем я пулей в грудь не ранен?») деп сөз салатыны бар. Бірақ Онегиннің өлімін айтуы Абайдың өзінің тапқан көркемдік шешімі деп санаған орынды. Орыс әдебиетіне зер салғанда Абай назарының алдымен Пушкинге ауғаны тегін емес-ті. Пушкин орыс әдебиетіндегі жаңа дәуірдің, қоғамдық мазмұны, тақырып-идеялары мен көркемдік сапасы мүлдем жаңа классик. әдебиеттің басы болды. Ол қоғамдық ой-өрісі, дүниетанымы, тарихи мақсат-нысанасы, эстетик.-көркемдік жүйесі – барлық сипат-қасиеттері өзгеше сөз өнерін қалыптастырды, орыс әдебиетінде реализм әдісін берік орнықтырды. Пушкин қазақ жерінде, Орынбор, Орал қалаларында болған кезінде қазақ халқына сүйіспеншілік сезіммен қарап, оның өміріне, әдет-ғұрпына, мәдениетіне зер салды. Ол қазақ жігіттерінің Е. Пугачев бастаған шаруалар көтерілісіне бел шеше қатысқанын білумен ғана тынған жоқ, сонымен қатар қазақ халқының бай сөз өнеріне құмарта қызығып, ауыз әдебиетінің асыл нұсқаларының бірі – «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» дастанын жаздырып алды. Өмірінің соңғы кезінде жазылған белгілі «Ескерткіш» атты өлеңінде өз шығармаларын ұлы Россияның барлық халықтары оқитын болады дей келіп, осы өлеңнің қолжазба түрінде сақталған бір нұсқасында қазақ халқын да атап кетеді. Пушкиннің аса кесек көркем

туындыларының бірі – «Евгений Онегин» шын мағынасында халықтық шығарма. Мұндағы басты кейіпкерлердің төменгі таптан шыққан адамдар емес екені рас. Бірақ ең маңызды нәрсе – Онегин мен Татьяна, Ленский мен Ольга – осылардың қай-қайсысы болсын қарапайым халыққа қаншалықты жақындығы тұрғысынан бағаланады, олардың халық мүддесін түсіне білуі – артықшылығы болса, халықтың ой-түсінігінен алшақтығы – осалдығы болып шығады. Мұны кезінде Белинский өте қисынды дәлелдеп көрсеткен болатын. Пушкин өз романында халықтың өмірін мейлінше толық, жан-жақты суреттейді, дворяндар мен шаруалардың өзара қарым-қатынасын да айқын көрсетеді. Халықтың күнделікті тұрмыс тірлігін, әдет-ғұрпын, әр алуан адамдардың мінезін, іс-әрекетін, табиғат көрінісін, бәрін де терең және көркем бейнелегендіктен бұл шығарма шын мәнінде «орыс өмірінің энциклопедиясы» болды. Әрине, Пушкиннің дастандары «Борис Годунов» атты драмасы, «Дубровский», «Капитан қызы» секілді шығармаларында сан алуан қоғамдық құбылыстар, тарихи оқиғалар, мол өмір шындығы жатыр. Алайда «Евгений Онегиннің» алатын орны ерекше. Бұл – Пушкиннің ең бір ішкі сыры молынан ақтарылған шығармасы, оның қиялының сүйікті перзенті, Пушкиннің тұлғасы «Онегинде» көрінгендей ақын тұлғасы мейлінше толық, жарқын және анық көрінетін туындылар өте сирек кездеседі. «Мұнда оның бар өмірі, барлық жан сыры, барлық махаббаты да, сезімдері, ұғым түсініктері, идеалдары да айқын көрініс тапқан» деген Белинскийдің пікірі көп жайды аңғартады. Абай Пушкиннің ең таңдаулы туындысы «Евгений Онегинді» аса жоғары бағалады, оның жеке үзінділерін бұдан бір ғасырға таяу уақыт бұрын асқан көркемдік шеберлікпен қазақшалап берді. Абай қазақ тіліне аударып, арнайы ән шығарған «Татьяна хаты» халық арасында өткен ғасырдың аяқ кезінде өте кең тарап, ең сүйікті өлеңдердің біріне айналуы – ұлы орыс ақынының ерте кезден-ақ қазақ халқына етене жақын болып кеткенінің айқын дәлелі. Сондай-ақ Татьяна әнінің осындай көпшілікке қағымды болуының сыры қазақтың өлең-жырға, әнге құмарлығында ғана емес, орыс халқының өміріне қазақ жұртының мейірімді сезіммен қарағандығында еді. Татьянаның тағдырын қыр елі қазақ қызының, қазақ әйелінің тағдырына орайлас сезінді. Татьянаның еркіндік сүйгіштігі мен парасаттылығы, сабырлылығы қазақ жастарын да тебірентті. Пушкиннің ұлылығын сол заманда, сол ортада отырып тани, бағалай білгендігі – Абай ұлылығының бір жарқын көрінісі. Абайдың Пушкинмен үндестігі, оны жақын тартуы тегін емес. Ол өз дәуіріндегі қазақ әдебиетінде бір кезде Пушкин орыс әдебиетінде атқарған қызметті атқаруды, сондай жүкті көтеруді мақсат етті. Қазақ қоғамы алдына қойған зор міндетті – жаңа реалистік әдебиетті қалыптастыру ісін Абай тиянақты атқарған болса, оған орыс әдебиетінің асқар алыбы Пушкиннің әдеби мұрасының демеуі тимей қалған жоқ. Тек осының өзі ғана Пушкиннің мұрасы, есімі қазақ әдебиетімен қаншалықты жақын болып кеткендігін айқын көрсетсе керек. Әсет, Әріп сияқты ақындардың «Евгений Онегинді» дастан етіп айтып жүргені Абай орнықтырған дәстүрдің сол кездің өзінде-ақ жалғастық тапқанын көрсетеді. Абай Пушкин шығармаларынан «Евгений Онегинді» айрықша бағалап, үңіле зерлеп, таңдаулы үзінділерін қазақша өлең еткен болса, орыстың лирик. поэзиясынан көптен-көп сүйіп аударғаны – М. Ю. Лермонтов өлеңдері. Өзі әдебиетке Пушкиннің ізін суытпай келген, оның дәстүрлерін тікелей жалғастырған десек, Лермонтов екеуінің ақындық тұлғасында айырмашылық аз емес. Пушкин мен Лермонтовтың поэзиясын салыстыра келіп, Белинский олардың тарихи тамырын анықтау үшін осы екі ақынның екі дәуірде өмір сүргенін айтқан болатын. Пушкин декабристер қозғалысы бел алған, декабристік идеялар әбден тарап өрістеген дәуірде өмір сүрсе, әдебиет майданына сол кезде шыққан болса, Лермонтовтың әдебиетке келген кезі – онан кейінгі дәуір, декабристердің қозғалысы сәтсіздікке ұшыраған дәуір, жаңа рев. күштер әлі қалыптасып жетпеген кезең. Сондықтан да Белинский Лермонтовтың жырларынан, әр сөзінен ерекше күш-жігер, қуатты леп еседі, бірақ оларда Пушкин поэзиясына тән жарқын үміт, сенім жоққа тән деді. Лермонтов поэзиясы, сыншының айтуынша, жаңды тітіркендіріп, жүректі мұздататындай сауалға толы. Олай болса, Лермонтов – Пушкиннен кейінгі дәуірдің, енді революцияшыл-демокр. күштер ояна бастаған дәуірдің, өткеннен үміт үзіп, алдан жаңалық іздеген дәуірдің жыршысы, жаршысы. Арынды жігер, қажырлы қайрат, әрекет-күрес сағынған ақынды осынау заман туғызған. Тіпті Лермонтовтың поэзия әлеміндегі алғашқы барлауы есепті, 16–17 жасында жазған өлеңдеріне көз салсақ, солардың өзі-ақ алдымызға ақын поэзиясының өзегі – аласұрып алып-ұшқан ой-қиял, өмірді терең талдау, зерлеу, іздену, сыншылдық, әрекет-күреске құмарлық екенін жайып салғандай. Ерте есейген жас Лермонтовтың өлеңдерін оқыған адам тұтқиылдан ой-қиялдың соншалықты сарқылмас қызық дүниесіне кіргендей болады. Ұшқыр қиял – Лермонтов поэзиясының рухы, жаны секілді. Өмірдің әрбір күнін өлмес, өшпестей ете алсам деп арман етеді ақын. Әрекетсіз, күрессіз өмір бос, ынтасыз, іске ықылассыз қызық жоқ дейді ол. Ал Лермонтов поэзиясының бір берік қазығындай «Ой» деген толғау-жырын еске алсақ, оның Абайдың назарына тегін ілікпегенін байқай аламыз. Дүние, өмір жайлы тынымсыз ойға батып, бәрін сынап, ақылменен саралап, асқақ қиялға, үміт пен арманға әбден берілген күйі де, жазықсыз жапа шеккен, ауыр бейнет тартқан көптің атынан азулы, күштілерге айтқан қатты наразылығы, бәрі де осы өлеңінен мол сезіледі. Қақтығысы, қалтарысы есепсіз өмірде әділет пен шындық жол таба алмай қамауда қалып жатса, ал сол өмірдің ызғарын айықтыратын күш әлсіз көрінсе, қайғы-мұң неге болмасын. Мейірімсіз қатал заман жан түршігер зорлық, озбырлыққа жол берсе, ыза, кек неге тумасын. Рас, ақынның ортасын қомсынатыны да бар. Бірақ бұл озық жандарға бойы теңдес адамдар көбейе, молая түссе, олар сол ортада үлкен іске орайлас жай-жағдай таба алса деген тілектен туады. Ақынның заман соққысына мойымайтын, қайта өмір ауыртпалығы ширата түсетін тасқындаған қайрат-жігері бар адамды көксеуі де осы келешекке сенім артуымен сабақтас. Осының бәрін былай қойғанда бұл өлеңнің салмағы тек қана сынында емес. Өйткені ақынның нені жек көретіні, нені жоққа шығаратыны қандай айқын

болса, нені құптайтыны, қандай іс, өнеге өріс алсын дейтіні де соншалықты ашық, айқын. Осының шығарушысы, айтушысы өмірдің қызығын тебірене сезінбейді деудің өзі тіпті қиянат. Ақын жаны кейіс де, күйінсе де, көңілді үміт қозғап, алыс арман толқытып, содан барып жыр шертетіні байқалады. Лермонтовтың осындай өлең-жырларының бағыты, идеялық өзгешелік сырын тереңірек түсіну үшін оларды басқа өмірге деген орасан зор сүйіспеншілік сезімі, жалынды махаббаты тікелей, айқын көрінетін шығармаларымен қатар алып қарастырған жөн. Сонда «Ой» және «Әм жалықтым, әм жабықтым...» сияқты сын, сықаққа лық толы, қамыққан көңілдің күйін шерткендей жырларды жазған Лермонтов болса, өмірге құмарлық, оның қызығына құштарлық, ынтықтық асқан ақындық қуатпен белгі берген «Дұға», «Жолға шықтым қараңғы түнде жалғыз...» сияқты жырларды туғызған да сол Лермонтов екенін айқын аңғарамыз. Бұл тұста Лермонтовтың халықтың, қауым елдің жоқшысы, бейнет шеккен көптің жоқтаушысы ретінде әсіресе айқын көрінетін және осындай ойларын дәлдеп, туралап айтқан шығармаларын атасақ болады. Соның ішінен «Өзіңе сенбе жас ойшыл...» атты өлеңін алсақ, осы бір ғана сом бітімді, сондайлық шебер келістіріп жасалған поэзиялық туындының өзі-ақ ұлы ақын ауыр азап шеккен бұқара халықтың тағдырына қандай жанашырлық, жақындық сезіммен қарағанына толық дәлел боларлықтай. Қорлықта, езуде жүрген, есесі кетіп, еңсесі түскен кедей – көптің қажырлы-беріктігін, жасу-налуды, күйініш-күйреушілікті білмейтін орасан төзімділігін айтып сүйінсе, бұқараның осындай қиын хал-жайын білмей нағыз өнімді, өмірлік күші бар поэзия туғызу мүмкін емес деп қорытса, мұны халыққа қамқорлық еткендік, оның қамын жегендік демей не дейміз? Бұл жерде көңіл қоярлық мәселе мынау – осы айтылғанның өзі де белгілі бір шығармалар тобына ғана тән, солармен шектеліп жатқан ой-пікір емес. Осыған жақын пікірді талай-талай өлең-жырларынан, мысалы, «Ақын» деген жырынан да кездестіреміз. Тегінде, Лермонтов бір өлеңдерінде азаматтық намыс-арын жоғары ұстайтын адамның бұлжымайтын беріктік, тұрақтылығын қастерлеп отырса, ондай жанды кеудесін толқын қанша ұрса да, мызғымайтын жартас бейнесінде көрсетсе, енді бір өлеңдерінде тартыс жолын, күрес жолын қалаған ақын-жыршының қайсар, ешкім бас имейтін табанды, темірдей берік болуын талап етеді. Мұқалмайтын, қайтпайтын алмас қанжардың бейнесі – Лермонтов шебер жасаған тұлға – ақынның осындай алғырлығы, таңқаларлық табандылығының символындай болып поэзия қазынасынан берік орын алды. Абайдың Лермонтов поэзиясына деген ықыласы ерекше еді. Ол орыс ақынын айрықша жақын көрді, сырлас, мұндасын тапқандай болды. Орыс поэзиясына бейімделе ден қойған Абайдың ең көп үндестік тапқан ақыны, ең бір өзіне үндес сезінген адамы Лермонтов. Абай ұлы ақынның, тіпті сол кездегі орыс қауымының тілек-талабын, мұңын ұға алатын дәрежеде еді. Ол мұңын ұққан халықтың жырын да ұқты. Лермонтовтың ыза-кегі, наразылығы орыс халқының, езілген қауымның кегін, наразылығын танытатының, оның қайғы-мұңынан, налуынан ел мұңы, халық мұңы көрінетінін сезінді. «Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өскен», «мыңмен жалғыз алысқан» ақын, өзі де ашу-кекті, ызаны «жалын мен оттан жаралған» жырларына нәр еткен-ді. Оның «қаны қара бір жанмын, жаны жара» деп ашулы мұң шерткені де белгілі. Лермонтовты ол «ерекше ызаның ақыны, махаббаты ашумен уланған ақын» деп, өте-мөте іш тартып, жақын көрді. Абайдың ұлылығы алдымен лирик. поэзиядан анық көрінетіні айрықша дәлелдеуді қажет етпейді. Абай қазақ әдебиетіне, поэзиясына лирик. шығармалардың бұрын орын теппеген, таралмаған жаңа түрлерін енгізді десек соның ішінен адамның жан дүниесін суреттейтін өлең-жырлар, ақындық өнерді, оның қоғамдық мәнін айқындайтын өлеңдер, табиғатты суреттейтін өлеңдер тобын еске алуымызға болар еді. Осы шығармалардың мүлде жаңа әдеби дәстүр орнықтырғаны айқын-ақ. Әрине, қанша тың, соны болса да, бұлар – қазақ топырағында туған жаңалық. Халықтың өлең-жыр теңізіне терең бойлап өскен жеміс. Сонымен бірге олардың ішінде суреттеу әдісі, тәсілі жағынан орыс классик. әдебиетінің үздік туындыларымен, Пушкин, Лермонтов шығармаларымен үндес көрінетіні де бар екеніне ешкім таласпас. Абайдың кейбір өлеңдері әлеум. өмірдегі орнын, мақсат-міндетін терең түсіну, өлең сөздің халықтық сипатын жоғары бағалау жағынан Пушкин, Лермонтов шығармаларына ұқсас келсе, тағы бір топ өлеңдері адамның ішкі сезімін және табиғат көрінісін таңқаларлық көркемдік шеберлікпен суреттеуімен, өмір шындығын мейлінше айқын, әсерлі көрсетуімен соларға жақын сезіледі. Мұндай ұқсастықты өмірдің өзі туғызған бірнеше ақынға ортақ белгілер деп танығаң жөн. *«Өзіңе сенбе жас ойшыл...»* өлеңін Абай Лермонтовтың ақынның қоғам алдындағы міндетін түсінуі өз эстетик. көзқарастарымен үйлес болғандықтан аударған. Өнерпаздық жолға түскен жас ақын құрғақ қиялдануға, өзімен өзі болып, әлденеге кейіп налитын әсерленгіштікке бой алдырмай, өмірдің ауыртпалығын көріп, азабын тартып жүрген адамдардың мұңын түсіне білсе ғана нағыз құнды, татымды поэзиялық шығарма тудыра алады деген осы өлеңнің негізгі идеясын Абай қазақ өмірінің жағдайына сәйкестендіріп еркін жеткізеді. Лермонтов жас ақынға сахнада жасанды, ойыншық семсерді оңды-солды сілтейтін трагедиялық актерге ұқсап елге күлкі болма дейтін болса, Абай ол кезде театрды білмейтін қазақ жұртшылығына түсініксіз бұл салыстыруды қолданбайды, оның есесіне жеке бастың мұңын айтып, «басқаға мазақ болма» деген ойды үстемелей түседі.

«Күлкі болмай қой, жаным,
Сен бүйтесің, ол қайтті?
Олар көрген арманын
Кімге шақты, кім айтты?..»

«Альбомға» атты өлеңінде Абай поэзиялық шығарма кімнің қажетіне жарайды деген мәселені қозғайды. Бұл тұста ғақлияларының *Бірінші сөзіндегі* мына жолдар ойға оралады: «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, «керегі жоқ» десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ». Осындай пікірін Абай өлең жайында да айтқан (*«Өзгеге көңілім тоярсың...»*). Енді Абай Лермонтовтың өзіне үндес

шығармасын аударып, мынаны айтып отыр:

«Қол жазуды ермек ет, жатпа бекер,
Бұл көңілсіз дүниеден көп жыл өтер.
Өзі қысқа, өзі асау, тентек өмір,
Арттағыға бір белгі қойса нетер?

Кім біледі кез болса арттағылар,
Ойға салып оқыр да, сөзін сынар.
Көзін салып, ойланып кейбір сөзін,
«Рас-ау» деп, мағынасын о дағы ұғар.

Кім білер, жабырқаңқы жазған сөзім
Жібермей көп тоқтатар оның көзін.
Жолаушы жол үстінде тамаша еткен
Сықылды өлген жанның бір күмбезін».

Сөйтіп, Лермонтов шығармасын аудара отырып, Абай өз пікірін де анық білдірген. *«Менің сырым, жігіттер, емес оңай...»* өлеңінің идеялық мазмұны Абайға жақын, өте түсінікті еді. Ол жалғыздық сезіміне бойын жеңдірмейді. Өзін «судан қайтпас», «үлкен жартас», «үлкен жан» деп сезінді, өзінің қандай қиыншылыққа болса да, «теңіздей таудай толқып соқсадағы» «бет бұрып» қайтпайтын күрескер екендігіне сенді. Осы ой-сезімін ол аударма өлеңінде де шебер жеткізеді. Абайдың оптимистік идеялары оның халықпен тығыз байланысынан, халық күшіне сенуінен туды. «Дұға» мен *«Қасиетті дұға»* секілді өлеңдерден біз өмірді шын сүйетін, ізгі тілек-талапқа толы, ертеңгі күнге батыл қарайтын қайраткердің бейнесін көреміз. Абайдың Лермонтов текстін қазақша жеткізу әдістері әр түрлі, аударманың түпнұсқаға жақындық дәрежесі ылғи бірдей емес. Барабар, дәлме-дәл аудармаларында Абай Лермонтов шығармасының ішкі әлемін, оның толқын-лебізін, жаңа сапасын қазақ тілінің суреттеу мүмкіншіліктерін пайдаланып мол жеткізеді. Абай Лермонтов нұсқасын барлық жарастық сәнімен, бар ерекшелігімен қазақ тілінде қайтадан туғызады. Мыс., «Альбомға», «Жолға шықтым қараңғы түнде жалғыз...» сияқты өлеңдерді атауға болады. Абайдың Лермонтовтан тәржімелеген шығармаларының тең жартысы дерлік – осындай дәл, жақын аудармалар. Ал қалған жартысы еркін аудармалар. Бұған мысал ретінде «Теректің сыйы», «Ой» сияқты өлеңдерді атауға болады. Осы соңғы өлеңнің бастапқы шумағында Абай Лермонтовтың бұл жұрт көңілде сенім жоқтықтан білген білімді іске жарата алмай отыр деген пікірін өзгертіп, сол кездегі қазақ жағдайына ыңғайлап:

«Білім де жоқ, білімге сенім де жоқ,
Өнерсіз қартаяр деп біл баланды...» –

деп кетеді. Мұндайда Абайдың Лермонтов өлеңінің мазмұнын бастан-аяқ бұлжытпай дәл жеткізуді мақсат етпей, кейде толғанып, тебіреніп жарыса отыратыны көзге түседі. Осы өлеңнің аяққы біраз жолдарының орнына тыңнан біраз сөз салып, өз заманының тағы бір ерескел мінін былай суреттейді:

«Мал үшін ас қатасың, жан сатасың,
Әкесін мал өлтірген кісідей-ақ,
Неткен жұрт мал өлтірген жеті атасын!..»

Абай қазақ феодал-билерінің малқұмарлығын әшкерелеуді мақсат еткен. Сондықтан да ол Лермонтовтың «перед властью – презренные рабы» дегенін қазақ жағдайына дәлдеп, анықтап «ұлыққа қошаметшіл құл сияқты» деп, болыстардың «арқаға ұлық қаққанға» мәз болып, құл болып жүргенін айтады. Сөйтіп, Абайдың түпнұсқаға өзгеріс енгізіп, мағынасын басқаша ашып келтіруі оның қазақ өмірінің шындығына жақындастыру, өз көңіл-күйіне үйлестіру мақсатынан туады. Абай Лермонтов шығармаларының жаңа жағдайда мейлінше әсерлі және түсінікті болуын, оның идеялық, көркемдік сапасының жоғары болуын көздейді. Абай көбіне өз ой-сезіміне үндес шығарманы аударады. Оның Лермонтовтан аударғандары – негізінде әлеум. өмірдің көлеңкелі жақтарын, еріншек, белсенділігі жоқ адамды сынайтын шығармалар; азамат ақынның образын беретін өлең-ән жайындағы шығармалар; жалғыздығын, бірақ оған мойымайтын беріктігін айтатын шығармалар. Мысал өлеңдердің дүние жүзі әдебиетінде қалыптасып дамуына айтарлықтай үлкен әсер еткен Эзоп, Федр, Лессинг, Лафонтендердің еңбегі қандай зор болса, И. А. Крыловтың орыс әдебиетінде мысал жанрын поэзиялық үлгіде дамытуға қосқан үлесі де соңдайлық мол болды. Крыловтың қаламынан туған мысал өлеңдер 1806 ж. жарық көре бастады да, 1809 ж. олар жеке кітап болып басылды. Ақынның мысал өлеңдері бірден әдебиет сүйгіш қауымның назарын аударып, жақсы баға алды. Крыловтың көзі тірі кезінде-ақ мысал өлеңдерінің тоғыз жинағы басылып шықты. Крылов мысал өлеңдерді орыс поэзиясында дербес әдеби жанр ретінде қалыптастырып, жаңа дәуірдің тілек-талаптарымен ұштастыра, биік белеске көтере алды. Ол мысал өлеңдерді орыс өмірінің шындығымен тығыз байланыстырып, оларға шынайы халықтық, ұлттық сипат дарытты. Сондықтан да оның мысалдары дүние жүзі халықтарының көптеген тілдеріне аударылып, кеңінен тарады. Мысал өлеңдерінде Крылов қоғамдық өмір қайшылықтарын, әр түрлі топтардың мінез-құлқын ашып көрсетіп, күнделікті тұрмысқа қатысты сан түрлі жәйттарды орынды қозғап, баяндап бере алған. Бір алуан мысалдардан үстем тап өкілдері мен төменгі тап өкілдері арасындағы қайшылықты, еңбекқор қарапайым шаруа адамдарының жағымды қасиеттерін көреміз (*«Қасқыр мен қозы», «Жапырақтар мен тамырлар», «Шегіртке мен құмырсқа» т. б.*). Орыс халқының сол дәуірдегі өмірін асқан шыншылдықпен суреттеуінен, әр түрлі таптар мен топтардың өкілдерінің мінезін, іс-әрекетін дәл көрсете білуінен, халық тілінің байлығын, бейнелілік нақышын шебер пайдалана білуінен – осының бәрінен Крыловтың үздік көркемдік шеберлігі толық танылады. Абайдың мысал өлеңдері Крылов шығармаларынан аударма деп саналып жүр. Алайда осы өлеңдерді талдап, бағалағанда бір жайды толық ескеру қажет. Олар толық мағынасында аударма емес, көбінесе белгілі бір сипат еркін баяндалады. Абай орысша мысалдың тексін дәлме-дәл тәржімелеуді мақсат етпеген, оқиға желісін негізінен сақтай отырып, бірақ мысалдағы жай-жағдайларды қазақ өміріне, ұғым-түсінігіне, ойлау, сөйлеу ерекшелігіне жанастырып, өзінше бейнелеуге ұмтылған. Сондықтан Абайдың мысал өлеңдерін орысша текске сәйкестігі тұрғысынан қарап, ана жері дәл түскен, мына жері дәл емес, кем түскен деудің ешбір қисыны жоқ. Кейде қазақша баяндау, бейнелеу орысша текстегі

сөздің айтылу қалпына ұқсас шыққанда ұтымды болса, ал кейде қазақша ойлау, сөйлеу ерекшелігіне орай басқаша берілгенде келісті, оралымды болатыны – кім де болсын санаспай тұра алмайтын бұлтартпас шындық, оны сөз зергері жақсы сезінеді. Мұның өзі ақынның қолын байлайтын, шеберлігіне шек қоятын жағдай деп емес, керісінше, ойдың, сөздің оралымын өзінше келтіріп, тың, жаңа өрнек табуына мүмкіндік беретін жағдай деп түсінген жөн. Абайдың мысал өлеңдерінің ішінде кейбір аудармаларға жатқызуға болатыны да кездессе, дені еркін тәржімеленгендіктен белгілі сюжеттің сарынымен жазылған деуге лайық болып келеді. Айталық, *«Жарлы бай»* атты мысал өлеңінде Абай оқиға желісін еркін баяндап, соңында:

«Алтын қайда, сөз қайда?
Қу нәпсіден не пайда», –

дегенді өз жанынан қосады. Сондай-ақ «Шегіртке мен құмырсқа» атты өлеңдегі:

«Мен өзіңдей шаруашыл
Жұмсақ илеу үйлі ме?..» –

деген сөздер, сондай-ақ шегірткенің құмырсқаға барған қалпын:

«Селкілдеп келіп жығылды,
Аяғына бас ұра...» –

дегендей суреттеме орысша нұсқада жоқ. Абай құмырсқаның еңбекқорлығын, шегірткенің қамсыздығын көзге айқын елестетерліктей белгілермен үстелей түскен.
Осы өлеңдегі:

«Қайтсін, қолы тимепті,
Өлеңші, әнші есіл ер...» –

деген Абайдың өзі қосарлап келтірген сөздері де нағыз қазақша сөйлеу қалпындағы әдемі кекесіннің үлгісі деп санауға лайық. Әдейі аяныш сезімін, жаны ашығанды білдіргендей етіп, керісінше айтылған нағыз ирония, келемеждеудің келісті, өткір түрі. Кейде мысалда оқиғаны баяндауы, айтуы ұқсас болса да, содан қорытынды шығарып, түйіндеу әрқалай келеді. Айталық, *«Қарға мен бүркіт»* атты мысалда Крылов үлкен ұры құтылып, кішкене ұры тұтылады, қолға түседі дегендей түйіндейді. Бүркітті ұры деу қазақ ұғымына үйлесе қоймайды. Сондықтан болар Абай ол жағын сөз қылмай, тек қарғаның әліне қарамай қайрат етуге ұмтылғанын әжуалап:

«Азат басың болсын құл,
Қолдан келмес іске ұмтыл», –

деп тұжырым жасайды.
Тағы бір көңіл аударарлық нәрсе – мысал дегеннің өзін жанрлық түрі жағынан шарттылығы басым, қалыптасқан, өзгермейтін, ескі сюжетке негізделетін, ойды аң-құстың, жануар-жәндіктің іс-әрекеті арқылы тұспалдап қана білдіретін, белгілі бір шындықты уағыздап айтуға бейім тұратын шығарма деп қарау жиі кездеседі. Осындай түсінік мысал өлеңнің өзгешелігін, поэзиялық қасиетін жете түсінбеуге әкеліп соғады. Ал шынында мысал өлеңдегі шарттылық, тұспалдап айту тәсілін, белгілі сюжетті, әр түрлі тұспал бейнелерді қолдану – мұның бәрі тек сыртқы сипат-белгілер. Мысал өлеңдердің артықшылығын алдымен олардың поэзиялық қуат-күшімен, тұспал бейнелер арқылы сан алуан адамдардың мінез-құлқын, іс-әрекетін аңдатып, айқын көзге елестетіп, сол арқылы қоғамдық өмірдің шындығын, қайшылықтарын терең ашып бере алатын мол мүмкіндігінен іздесек керек. Көркем шығармада мәселе не айтылғандығында ғана емес, сонымен бірге қалай айтылғандығында, қандай әсер ететіндігінде десек, осыны әсіресе мысал өлеңге, яғни өмірлік шындық пен көркемдік қиялды, көркемдік шарттылықты шебер сабақтастырып, ұштастырып келтіретін жанрға байланыстыра айтуымыз орынды. Мысалдағы ойды тура, ашық айтпай, ақтара салмай, тұспалдап, алыстан орап, орағытып айтудың өз артықшылығы бар екені сөзсіз. Оқушы бүкпелеп айтылған жайды, астарлы мағынаны өз ойымен бағдарлап, өзінше аңғарып, ұғып-түсінуге мәжбүр болады. Бұл одан тапқырлықты, сөздің астарына үңіле білуді, айтылып отырған нәрсені де, ишарат етіп, тұспалмен аңғартылған нәрсені де айқын елестете білуге қабілеттілікті талап етеді, ойына түрткі болып, сезіміне әсер береді. Сонымен қатар мысал өлеңде сан-алуан жан-жануар, аң-құстарды, жәндіктерді іс-әрекет үстінде бейнелеу, тілдестіру, айтылған жайдан ғибратты түйін түю және осы орайда жасанды, жаттанды ақылгөйлікке әуестенбей, терең мағыналы қоғамдық ой қорыту үлкен ақындық шеберлікті, талғампаздықты танытады. Абайдың мысал өлеңдерінен осындай қасиеттерді, әсіресе ақынның әзілдеуге, мысқылдап келемеждеуге, сықақ етуге шеберлігін айқын байқаймыз. Кейде мысалға тілге тиек болатын шынында да әлдеқандай бір ғажайып жай да кездеседі. «Жарлы бай» атты өлеңдегі түбінен қанша алсаң да ділдә бірінен кейін бірі шыға беретін дорбаның кедейдің қолына келіп түсуі – бұл, әрине, арғы түбі ескі ертек, аңыздармен жалғасатын сюжет. Ал кейде мысал өлеңдегі оқиғаның өзі мейлінше қарапайым, күнделікті өмірде кездесетін жай боп шығады. Айталық, *«Қазаға ұрынған қара шекпен»* дейтін өлеңдегі қораға ұры түскенін айту ешкім таңқалатындай нәрсе емес. Өлеңнің түйіні басқада, барынан бір сәтте айрылып жұрдай болып қалған адамға ағайындары келіп әр түрлі ақыл-кеңес беріп, желдей есіп «бишара», «байғұс» деп жарылқаған болады. «Бақа мен өгіз» атты мысалда өгіздей бола аламын деп ісініп, кебініп, іші жарылған бақаның ессіз мақтаншақтықтың құрбаны болғаны баяндалады. Мұндай шартты түрде әдейі әсірелеп айтушылық мысал жанрында жиі кездесетін үйреншікті жай, сондықтан оны табиғи құбылыс деп санап, осы оқиғаға қандай мағына беріліп айтылғанына көбірек көңіл қою орынды секілді. Крылов осы мысалдың сюжетінен әр түрлі қоғамдық топтардың өкілдері бірдей бола алмайды деген нақтылы тұжырым жасап, қатардағы жай адам (мещанин, мелкая сошка) атақты адамдай, ақсүйектей (дворяниндей) бола алмайды деген түйін жасаған. Ал Абай жалпы моральдық тұрғыдан келіп, іштарлықты, басқа біреуді көре алмай, күндеуді, қалай да соған жетем дейтін мінезді сынауды жөн көрген. Осыған орай ол мысалды:

«Таласпа, жаным-ай,
Қолыңнан келмеске,
Боларсың бақадай,
Көп түссең егеске», –

деген ғибрат сөзбен аяқтайды. Және мысалды

Крыловша бірден оқиғаны баяндаудан бастамай, кіріспе ретінде жанынан сөз қосарлап, былай дейді:

«Қарасаң, дым-ақ көп
Көре алмас іші тар.
Несі артық бізден деп,
Салыспақ жұртта бар...»

«Есек пен бұлбұл» атты мысал өлеңін Абай есекті сипаттаудан бастаған:

«Тойған есек шөпті оттап маңайдағы,
Сонырқап шатқа кетті қай-қайдағы,
Қаңғырып өлкені өрлеп келе жатып,
Жолықты бір бұлбұлға тоғайдағы...»

Орысша тексте мұндай кіріспе жоқ, есек бұлбұлды кездестірді делінеді де, бірден оған айтқан есектің сөзі келтіріледі. Абайдың өлеңді бастауынан есектің қарны тойып, көңілденіп, ерігіп келе жатқандықтан тоғайдағы бұлбұлды көріп, соған ән салғызып, өзінше сынап көрмекші болғанын аңғарамыз. Есектің бұлбұлмен ұшырасуы кездейсоқ болса да, оған тіл қатып, бір ән салып жіберші деп тілек айтуы көңіл-күйіне үйлес сезіледі. Ал есектің сыншыл болып шыға келуі, бұлбұлға (Абай «ақын бұлбұл» дейді) сын айтуы – әбден қисынды. Бұл топас, ақымақ, өнерден махрұм адамның басқаны сынағыш болатынын аңғарту жағынан ұтымды. Ал бұлбұлдың аңыратып, шырқап ән салғанын суреттеген тұста Абай Крыловтан айтарлықтай алшақтамайды. Есектің бұлбұл әнін тыңдап алып, «сен біраз әтеш әнін үйрен!» деп өзінше білгішсіп ақыл бергенсігендей болғаны орысша текстегідей мейлінше әсерлі, тартымды көрсетілген.

Өлеңнің аяғын Крылов:

«Избави, бог, и нас от этаких судей», –

деп қысқа қайырса, Абай осы тұжырымды тірек ете отырып, істің мәнісін түсінбейтін, шынайы өнерді бағалай алмайтын топас сыншысымақты келемеждеп:

«Демеймін мені мақтасын,
Я жақсын, я жақпасын,
Сүйтсе де мұндай сыншыдан
Құдайым бізді сақтасын», –

деп, ойын нақыл сөз үлгісінде өрбітіп, мысалды бір шумақ өлеңмен қортындылай түйіндейді.

«Емен мен шілік» атты өлеңдегі еменнің шілікке айтқан:

«Құдай басқа салмасын сен секілді
Желмен жерге жығылып, жар сүзбекті,
Обалың бір құдайға, байғұс, сенің,
Қақтырып қойған мұнша бос селтекті.

Қарашы маған, сендей сорлы емеспін,
Тау, жартасқа ұзатып бой теңестім.
Сенің қорыққан дауылың – маған әлкек,
Маңыма сәуле өткізбей күнге егестім...» –

деген сөздерін, немесе:

«Есіркегіш екенсің, – деді шілік, –
Онша сорлы емеспін, тартпа күйік!
Сынбаймын майыссам да, солқылдаймын,
Желден маған келмейді еш кемшілік...» –

деген сөздер емен мен шіліктің бойына лайық деуге болатын сипаттамалар десек те, оларға тіл бітіп, сөйлеуі шартты түрде алынғанын былай қойғанда, жаңағы сөздер өркеуде, менменсіген адам мен дене бітімі нәзік, жұқа да болса жаны берік, қиындыққа төзімді адамды меңзеп, тұспалдап айтылғаны айқын байқалады. Бір жағынан емен мен шілікті сол көрсетілген нақтылы сипаттары арқылы айқын көзге елестетсек, сонымен қатар екі түрлі адам бейнесін, мінезін танығандай боламыз. Ал одан ары айтылатын:

«Бүгінгі аман бола ма үнемі аман?
Кердеңдікпен деп тұрсың не бар маған.
Шалқақтық иілмейтін кімге жаққан,
Екпінге ерегіссең, қатар саған», –

деген сөздерді алсақ, мұны түгелдей тек есті адамның, алды-артын ойлайтын кісінің көкірегін керіп, даңдайсыған біреуге айтқаны деп қарауға әбден саяды. Абай мысалдары оның ақындық шеберлігін танып-білу жағынан бағалы екенін атап айтуымыз керек. Көп ретте ақынның шеберлігін, өнерпаздық өнегесін сөз еткенде аударма деп саналған өлеңдер есепке алынбайды, оларға пәлендей мән берілмейді. Ал шынына келгенде ақынның өнер жарысына түсетін, сыналатын бір тұсы – осы басқа ақындардың шығармасына үңіліп, соны өзінше қалай айтып жеткізетіні десек, артық емес. Дәл аударма болсын, тек жалпы сарынын сақтай отырып еркін тәржімеленген шығарма болсын, түпнұсқасымен салыстыра тексерілсе, ақынның көркемдік талғамы, тақырып таңдауы, өзінше айта білетін тапқырлығы, шеберлігі жайында нақтылы ой-түйіндер жасауға мүмкіндік береді. Түгелдей алғанда, Абай аудармалары қазақ поэзиясының өркендеп өсу жолындағы баға жетпес зор табыс болды. Олардың өткен ғасырда қазақ сөз өнеріне мол жаңалық әкелген тарихи мәнін былай қойғанда, қайталанбас көркемдік сипаты да ешқашан кемімейтін айрықша құндылығын таныта алады. Орыс әдебиетінің жетістіктерін еркін игеріп, таңдаулы үлгілерін кеңінен насихаттаған Абай дәстүрлерін Шәкерім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Спандияр Көбеев секілді көрнекті ақын-жазушылар жалғастырып, өрістетіп, жаңжақты дамытты. *З. Ахметов.*

ОРЫС ДРАМА ТЕАТРЫ, М. Ю. Лермонтов атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театры – кәсіпқой ұлттық театр. 1933 ж. 31 қазанда К. А. Треневтің «Любовь Яровая» спектаклімен Семей қ-нда ашылды. Театр ұжымы 1934 жылдың қаңтарынан бастап Алматыда қоныс тепті. 1938 жылға дейін «Алматы қалалық кеңесінің орыс драма театры», 1939 жылдың сәуірінен қазіргі атымен аталады. 1964 ж. М. Ю. Лермонтовтың есімімен аталса, 1975 жылдан оған академиялық театр дәрежесі берілді. Театр 1960 ж. М. О. Әуезовтың «Түнгі сарын» (алғаш рет 1937 ж. қойылды) пьесасының жаңа нұсқасын қойды. 1968 ж. театр М. Әуезов пен Л. С. Соболевтің «Абай» пьесасын сахнаға шығарды. Спектакль (реж. А. Л. Мадиевский) ұлы Абай тағдыры арқылы орыс патшалығының қатал да құйтырқы саясатының бет пердесін ашады, режиссер күрескер Абай тұлғасын бейнелеуге күш салған. Спектакльде Абай бейнесін арт. Ю. Б. Померанцев сомдады. Ол ақын бейнесі арқылы әлеум. адамгершілік қағидаларды алға тартты. Спектакль 1968 ж.

Москва театрларында да қойылып, көрермендерден жоғары баға алды. *Г. Бекхожина.*

«ОРЫСТАР ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТУРАЛЫ» («Русские о казахской литературе») – әдебисын мақалалар жинағы. Қазақ мемлекеттік баспасынан 1957 ж. орыс тілінде жарық көрген. Құрастырған Ә. Әлімжанов. Жинақтың «Абай Құнанбаев» бөлімінде: Л. С. Соболевтің «Абай Құнанбаев», Л. М. Леоновтың «Абай Құнанбаев туралы» мақалалары орын алған. Бұл мақалаларда Абайдың орыс классик. әдебиеті дәстүрлерімен байланысы сөз болады. Кітап көлемі 8,75 б. т., 500 дана болып басылған.

ОРЫСТЫҢ ИМПЕРАТОРЛЫҚ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҚОҒАМЫНЫҢ СЕМЕЙ БӨЛІМШЕСІ – ғыл.-зерттеу мекемесі. Алғаш рет 1902 ж. наурыздың 31-нде орыс тілді оқырманға арналып, Семей обл. статистика к-інің негізінде Орыс императорлық геогр. қоғамы Бат. Сібір бөлімінің Семей геогр. бөлімшесі болып ашылды. Абай Статистика к-інің мүшесі болып сайланған Өлке тарихында ерекше орны бар ғыл.-зерт. мекемесіне айналған бөлімше қазіргі Семей, Шығыс Қазақстан, Павлодар обл-на тарихи, этногр., археол. және геогр. экспедициялар ұйымдастырып, қазақ халқы өмірінен көптеген құнды да қызықты материалдар жинады. Бөлімше қарауына 3715 томнан тұратын ғыл. кітапхана және обл. музей берілді. Осы бөлімшенің жұмысына орыстың атақты жиһангез ғалымдары Г Н. Потанин, П. П. Семенов-Тян-Шанский, Е. П. Михаэлис, Абай Құнанбаев, Әлихан Бөкейхановтар белсене атсалысты. Абайдың шәкірті Шәкерім Құдайбердіұлы қоғамның толық мүшесі болып сайланды. Бөлімше жанынан қоғам жұмысын көпшілікке насихаттайтын «Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела императорского русского географического общества» деген ғылыми еңбектер жинағы шығып, 1925 жылға дейін оның 15 томы жарық көрді. Осы жинақтың 1907 ж. 3-басылымында Ә. Бөкейхановтың «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» атты 8 беттік азанамасы жарияланып, орыс еліне қазақтың Абайдай ұлы ақынын алғаш рет таныстырды. Жергілікті өлкетанушы, геогр. қоғамның белсенді мүшесі Б. Герасимовтың Абайдың жақын досы Михаэлистің өліміне байланысты жазылған «Евгений Петрович Михаэлис» атты азанама-мақаласы осы жинақтың 1913 ж. 6-басылымында және «Евгений Петрович Михаэлисті еске алғанда» атты көлемді мақаласы 1914 ж. 8-басылымында жарық көрді. Екі мақалада да Михаэлистің Абай ақындығына тигізген ықпалы кеңінен сөз болып, ұлы ақын талантына зор баға берілді. 1914 ж. қаңтардың 26-нда Семейде жергілікті геогр. бөлімшесінің, ондағы қазақ жастарының жәрдемімен Абайдың қайтыс болуына 10 жыл толуына байланысты әдебиет кеші ұйымдастырылып, семинария мұғалімі, қазақ әйелдері арасынан шыққан алғашқы қалам қайраткері Нәзипа Құлжанова Әлихан Бөкейханов жазған Абайдың тұңғыш ғұмырнамасын, ақын өлеңдерін оқыды. Бұл кеш туралы аса көрнекті қоғам қайраткері М. Дулатов «Қазақ» газетінде (1914, № 67) жарияланған «Абай» атты бас мақаласында тебірене жазды. *С. Қорабаев.*

ОРЫС ТІЛІ – орыс халқының тілі. Үнді-европа тілдерінің шығыс-славян тілдері тобына жатады. Абай орыстың ғылымы мен өнері сияқты тіліне де құрметпен қараған. Оны басқа елдер әдебиеті мен мәдениетіне жалғастыратын саты деп білген. Ақын орыс тілін өз бетінше оқып үйреніп, орыс әдебиетінің А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, Л. Н. Толстой, В. Г. Белинский, Н. А. Добролюбов, М. Е. Салтыков-Щедрин, И. А. Крылов т. б. ойшыл-ақындардың шығармаларымен танысып, аударма жасаған. Орыс тілі арқылы әлемге есімдері мәлім ұлы ойшыл-философтар Сократ, Платон, Аристотель, Спенсер, Дрэпер, Милль еңбектеріне қол жеткізді. И. В. Гете, Дж. Г. Байрон, А. Мицкевич сияқты ақындар жырларынан сусындады. О. т-нің осындай ұлы өрісін тани білгендіктен де «Интернатта оқып жүр...» атты өлеңінде: «Орыс тілі, жазуы – Білсем деген таласы...» деп жастардың орысша тіл ұстартуға деген жақсы ықыласын көңіліне медеу тұтады. Ал ғақлияларының *Жиырма бесінші* сөзінде: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста зор», «сен оның тілін білсең, көкірек-көзің ашылады» дейді. Ақын түсінігінде ұлттың тілін үйрену оның ғылымын, өнерін меңгерумен қатар, тең тұрып, айтыса білу, иық тірестіру үшін де қажет. «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі онымен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды» дегеніне қарағанда Абай үшін тіл білу – адамгершілік өлшемі. Сондықтан да ол О. т-ін үйреніп алып, арын, адамгершілігін, ұлт мүддесін сатып, ұлық алдында өтірік күліп, арыз-шағым жазуды кәсіп етіп, оны пайда көзіне айналдырып жүргендерді өткір мысқылмен өлтіре сынайды.

Абай О. т-нде еркін оқыған, еркін сөйлеген. Сондықтан да оның шығармаларында жеке атаулармен қатар «Впечатлительность сердца», «Подвижной элемент», «Сила притягательная однородная» т. б. мағынасын көп адам түсіне бермейтін тіркестер кездеседі. Ақын шығармаларында небәрі 64 орыс сөзі кездеседі. Бұлардың сыртында О. т-не кірме доктор, картеч, электр сияқты латын, грек, поляк тілдерінен енген 7 сөз бар. Ол өлеңдеріне барлық басқа тілдер сияқты орыс сөздерін айтайын деген ойын анықтай, өрнектей түсетін жағдайда ғана пайдаланады. Мыс.: «Көгалды қуып гөлайттап, Қызықпен жүріп жазды алған...», «Я өз бетіңмен тәуекел, Занимайся прямотой...», «Самородный сары алтын, Саудасыз берсең алмайды...», «Единица – жақсысы, Ерген екі бейне нөл...», «Кәтелечке көбейді, сөгіс естіп, тозды ажар...», «Сьез бар десе жүрегім, Орнықпайды суылдап...», «Мақтанамын кісімсіп, оязға сөзім сенімді...» деген жолдардағы О. т-ндегі сөздерді қазақшаға аударса, ақын ойы әлдеқайда әлсіз, әрсіз болып шығар еді. Жалпы Абай шығармаларында кездесетін орыс сөздерін шамамен мынадай топтарға бөлуге болады: 1) Әкімшілік-билеу атаулары (ояз, старшын, назначение т. б.); 2) Заң атаулары (адвокат, виноват, закон-прошение, дознание, приговор, уголовный т. б.); 3) әскери атаулар (штык, мотор, военный, солдат т. б.); 4) экономик. атаулар (бакалшік, зауыт, лапке, посредник, расход, счет т. б.); 5) тұрмыстық атаулар (бөтелке, икра, рюмке, поднос, пияншік, жеребе т. б.); 6) ағартушылық атаулар (интернат, образование т. б.); 7) арифметикалық атаулар (единица, нөл, мәліш); 8)

визит, здравомыслящий, подвижной элемент, самородный сияқты жеке сөздер мен сөз тіркестері. *Т. Рсаев.*

ОРЫС ТІЛІНДЕГІ ЖИНАҚТАРЫ. 1916 жылғы басылым – ақынның Москва қ-нан орыс тілінде жарық көрген алғашқы жинағы.

1940 жылғы басылым – ақынның Москвадағы «Художественная литература» баспасынан жарық көрген лирикасы мен дастандары. Редакциясын басқарған Л. С. Соболев. Кітап Соболевтің «Ойшыл-ақын» деген кіріспе мақаласымен, М. О. Әуезовтің ақынның өмірі мен шығармашылық жолына шолу жасаған зерттеу еңбегімен ашылады. Жинақты суретшілер В. Ростовцев пен Ю. Ростовцева көркем безендірген. Кітапқа ақынның 88 өлеңі, 3 дастаны енгізілген. Лирикасының соңында ақынның қанатты сөздері беріліп, кітап соңында кісі аттары мен жеке атаулар сөздігі ұсынылған. Кітап көлемі 13 б. т., 10 мың дана болып басылған.


1945 жылғы басылым – ақынның Москвадағы «ОГИЗ» (Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы) баспасынан жарық көрген таңдамалы шығармаларының жинағы. Жалпы редакциясын басқарған Л. С. Соболев. Кітап Соболевтің «Ойшыл-ақын» деген кіріспе мақаласымен және М. Әуезовтың ақынның өмірі мен шығармашылық жолына шолу жасаған зерттеу еңбегімен ашылады. Жинаққа ақынның 141 өлеңі, 3 дастаны және ғақлия сөздері енгізілген. Абайдың қанатты сөздерін Соболев аударып, кітап соңында жеке енгізген. Сонымен қатар ақын шығармаларындағы кісі есімдері мен жекелеген атаулар сөздігі берілген. Жинақ көркем безендірілген. Оның алғашқы бетіне суретшілер Н. Ильин мен И. Костылев салған Абай портреті берілген. Кітап көлемі 320 бет, 25 мың дана болып басылған.

1951 жылғы басылым – ақынның Қазақтың мемл. көркем әдебиет баспасынан жарық көрген таңдамалы шығармалар жинағы. Редакторы К. Мелешко. Жинаққа ақынның 78 өлеңі енгізілген. Өлеңдері жазылу жылына қарай топтастырылып, әр шығарманың аяғында жекелеген сөздер мен атауларға түсініктемелер берілген. Кітап көлемі 5,5 б. т., 15 мың дана болып басылған.

1958 жылғы басылым – ақын шығармаларының Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан жарық көрген жинағы. Қазақ өнері мен әдебиетінің Москвада өтетін онкүндігіне арнап ҚазССР ҒА-ның Тіл және әдебиет институты әзірлеген. Редакторы А. Семенов. Көркемдеген суретші А. Шипов. Жинақ М. Әуезовтың «Қазақ халқының ұлы ақыны» деген көлемді мақаласымен ашылып, ақынның өлеңдері (156), дастандары (3) және қарасөздері енгізілген. Қарасөздерін А. Шкловский, отыз жетінші сөзін Л. Соболев аударған. Кейбір есімдері мен атауларына Ы. Дүйсенбаевтың түсініктемесі берілген. Абай өміріне байланысты мекен-жайлардың фотосуреттерімен, ақын қолжазбасының көшірмесімен танысуға болады. Кітап көлемі 12,6 б. т., 18 мың дана болып басылған.

1958 жылғы басылым – ақынның Қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі қарсаңында Қазақтың Мемл. көркем әдебиет баспасынан жарық көрген таңдамалы шығармалар жинағы. Жинақты баспаға әзірлеген ҚазССР ҒА-ның Тіл және әдебиет ин-ты. Кітап М. О. Әуезовтың «Қазақ халқының ұлы ақыны» деген көлемді зерттеу мақаласымен ашылған. Жинаққа ақынның өлеңдері, дастандары мен ғақлия сөздері енгізілген. Кітап соңында Ы. Дүйсенбаевтың ақын шығармаларына түсініктері, жеке атаулар мен кісі есімдер сөздігі берілген. Жинақтан көптеген деректі фотоматериалдар табуға болады. Кітап көлемі 12,6 б. т., 18 мың дана болып басылған.

1966 жылғы басылым – ақынның Москва мен Ленинградтағы «Советский писатель» баспасынан «Ақындар кітапханасы» айдарымен жарық көрген өлеңдер мен дастандар жинағы. Жалпы редакциясын басқарған Вс. А. Рождественский. Кітаптағы «Абай Құнанбаев» деген көлемді кіріспе мақаланы жазып, ескертулерін әзірлеген Г. М. Қамбарбаева. Жинақ ақынның портретімен ашылады. Ақынның 95 өлеңі, 3 дастаны енгізілген. Кейбір өлеңдері мен дастандарына түсініктеме, жеке сөздер мен атаулар сөздігі берілген. Кітап



Абай Құнанбаевтың 1970 ж. Москвадағы «Художественная литература» баспасынан орыс тілінде жарық көрген таңдамалы жинағы.



Абайдың 1980 ж. Алматыдағы «Жалын» баспасынан орыс тілінде жарық көрген лирикалық өлеңдер жинағы.



Абай Құнанбаевтың 1981 ж. Москвадағы «Художественная литература» баспасынан орыс тілінде жарық көрген өлең, поэма, ғақлия сөздері жинағы.



Абайдың 1985 ж. Алматыдағы «Жазушы» баспасынан орыс тілінде жарық көрген таңдамалы өлеңдер жинағы.

көлемі 8,04 б. т., 20 мың дана болып басылған.
1970 жылғы басылым – ақынның Москвадағы «Художественная литература» баспасынан жарық көрген таңдамалы шығармалар жинағы. Құрастырған Ы. Дүйсенбаев. Кітап ақынның суретші И. Исабаев салған портретімен және М. О. Әуезовтың көлемді кіріспе мақаласымен ашылған. Жинаққа Абайдың 117 өлеңі мен 3 дастаны енгізілген. Жеке атаулар мен кісі есімдеріне түсініктеме берілген. Кітап ақын өмір сүрген замандағы ауыл өмірінің көріністерімен көркем безендірілген. Көлемі 9,2 б. т., 10 мың дана болып басылған.
1970 жылғы басылым – ақынның «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Ғақлия сөздері». Аударған С. Санбаев. Бұл ақынның ғақлия сөздерінің орыс тіліндегі алғашқы толық жинағы. Кітаптың бірінші бетіне Абайдың М. Қисамединов салған суреті берілген. Көлемі 4,3 б. т., 56 800 дана болып басылған.
1980 жылғы басылым – ақынның «Жалын» баспасынан жарық көрген лирикалар жинағы. Құрастырған К. Бақбергенов. Сыйлық кітап ретінде шығарылып, суретші А. Рахманов көркем безендірген. Жинаққа ақынның 52 өлеңі енгізілген. Кітап көлемі 3,1 б. т., 50 мың дана болып басылған.
1980 жылғы басылым – ақынның «Жалын» баспасынан жарық көрген ғақлия сөздерінің жинағы. С. Санбаев аудармасының 2-басылымы. Шырпы қорапшасының көлемінде, сыйлық кітап ретінде шығарылған. Кітаптың 1-бетіне суретші Б. Пак салған ақын портреті берілген. Ұлы ойшыл-ақынның ғақлиясы көркем безендірілген. Кітап көлемі 4,0 б. т., 1000 дана болып басылған.
1981 жылғы басылым – ақынның Москвадағы «Художественная литература» баспасынан жарық көрген таңдамалы шығармалар жинағы. Жинаққа ақынның өлеңдері, дастандары және ғақлия сөздері енгізілген. Құрастырған М. Мағауин. Кітапта М. О. Әуезовтың «Абай Құнанбаев» деген көлемді кіріспе мақаласы және М. Қ. Қаратаевтың «Ғақлия сөздер Абайдың философиялық трактаты» деген соңғы сөзі берілген. Жинақта ақынның 117 өлеңі, 2 дастаны және барлық қарасөздері топтастырылған. Кітап көлемі 11,2 б. т., 10 мың дана болып басылған.
1982 жылғы басылым – ақынның «Жалын» баспасынан жарық көрген лирикалар жинағы. Құрастырған К. Бақбергенов. Жинаққа ақынның 52 өлеңі енгізілген. Кітап көлемі 3,1 б. т., 50 мың дана болып басылған.
1982 жылғы басылым – ақынның «Жалын» баспасынан жарық көрген «Ғақлия сөздерінің» 3-басылуы. Аударған С. Санбаев. Әр сөз жаңа беттен басталады. Кітапты суретші Б. Пак көркем безендірген. Көлемі 4,8 б. т., 99 мың дана болып басылған.
1985 жылғы басылым – ақынның «Жазушы» баспасынан жарық көрген таңдамалы өлеңдер жинағы. Құрастырған А. Л. Жовтис. Кітап ақынның: «Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла...» деген өлең жолдарымен және М. О. Әуезовтың Абай туралы бір ауыз пікірімен ашылған да, Әуезовтың «Абай Құнанбаев» деген көлемді шолу мақаласымен аяқталған. Жинаққа ақынның 66 өлеңі енгізілген. Көлемі 4,6 б. т., 10 мың дана болып басылған.

* * *

Абай шығармаларын орыс тіліне аударған ақын-жазушылар: М. Петровых, Д. Бродский, П. Карабан, А. Жовтис, А. Гатов, В. Звягинцева, Вс. Рождественский, Ю. Нейман, Л. Озеров, П. Шубин, А. Штейнбергер, М. Замаховская, М. Тарловский, К. Липскеров, А. Арго, О. Румер, Л. Руст, Л. Шифферс, А. Глоба, Г Пагирев, Л. Пеньковский, А. Старостин, С. Ботвинник, М. Зенкович, В. Бугаевский, М. Касаткин, А. Ничай, В. Державин, С. Липкин, Е. Винокуров, В. Шкловский, М. Луконин, Л. Кривощеков, А. Семенов, В. Антонов, Д. Рябуха, Роом, С. Санбаев, Р. Сейсенбаев, К. Серікбаева; сондай-ақ В. Бугаевский «Әзім аңгімесін», А. Глоба «Ескендір», «Масғұт» дастандарын, А. Шкловский қарасөздерін, Л. Соболев Отыз жетінші сөзін аударған.

ОСПАН Құнанбайұлы (1852–91) – Құнанбайдың Ұлжаннан туған баласы. Абайдың өзіне тетелес інісі. О. ауыл молдасынан хат танып, сауатын ашқан. Зейнеп, Торымбала, Еркежан деген



О. Құнанбайұлы.

әйелдері болған. Өзінен бала болмай, Абайдың Әубәкір, Бәкизат деген ұлы мен қызын тәрбиелеп өсірген. О. ақ пейіл де жомарт, ісіне тыңғылықты, дүшпанына мейірімсіз, досына құшағы ашық, алған бетінен қайтпайтын қайсар, балуан тұлғалы, батыр мінезді кісі болған. Абайды ерекше құрмет тұтып, оның дүшпандарымен жағаласып өткен. О. туған жері Жидебайда қайтыс болды. Семейдегі Абайдың әдеби-мемориалдық музейінде О-ның өмірі мен қоғамдық қызметі туралы деректер сақтаулы. М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясында О. бейнесі шынайы сомдалған. Абай О-ға арнап: *«Жайнаған туың жығылмай»*, *«Кешегі Оспан»*, *«Кешегі Оспан ағасы»* атты өлеңдер жазған.

М. Бейсенбаев.

ОСПАНҒА – Абайдың өлеңі, қ. *«Жайнаған туың жығылмай...»*
ОСПАНҒА – Абайдың өлеңі, қ. *«Кешегі Оспан...»*
ОСПАНҒА – Абайдың өлеңі, қ. *«Кешегі Оспан ағасы».*

ОСТРОВСКИЙ Олег Леонидович (1916–81) – суретші. Қолданбалы сәндік және монументті өнер саласында жұмыс істеді. Ол «Абай портреті» (1957, ағаш, оюлы безек, Қазақстанның мемл. орт. мұражайы қоры), «Абай портреті» (1958, ағаш,



Абай портреті. Ағаш. Оюлы безек. О. Л. Островский. 1958.

оюлы безек, Абайдың мемл. қорық мұражайы қоры) еңбегінің авторы. Екі шығармада да жеңіл де жылы бояулар техн. талаптар мен кейіпкер кескінінің дәлдігіне сай сәтті үндестік тапқан.

«ОСЫ ҚЫМЫЗ ҚАЗАҚҚА...» – Абайдың 1901 ж. жазған өлеңі. Көлемі 24 жол. Қазақ арасына сіңген ноғай Ысқақ Махмұтовтың немерелері Абай аулына қонаққа келіп жатқанда бас қосып, қымыз ішіп, қызара бөртіп отырғандарға қарап сөз арасында айтылған екен. Бұл туындыда үлкен әлеум. салмақ бар. Асылы, Абай төрт түліктің ішінде жылқы малын жиі де қызыға жырлаған. Оның көшпелі қазақтың ең қастерлі түлігі, мінсе – көлігі, жесе – еті, ішсе – сусыны, әрі сұлулықтың символы екенін еске салып отырған. «Қар тепкенге қажымас қайран жылқы», «Жақсы ат пен тату жолдас – бір ғанибет» деп мадақтаған. Ал мынау өлеңінде осыған қайшылау пікір айтқан. Бірақ мұнда да жылқыны даттамаған, тек семіз қазы, уыз қымызға құлшылық қыла беруден сақтандырған. Негізінен мұнда ақын қымыз құмарлыққа, қымыз көрсе, қызыл көрген қара құстай қаптайтын қазақ әдетіне сынай қараған. Қымыз қуып кететін қызбалықты борыш деп санама, жылқы жиып қымыз ішуді мансап көріп әр нәрсеге шатылма, жылқының жауы көп, оны әр төбенің тасасында ұры-қары аңдып жүр. «Мақтан қума, керек қу», «жуасты мін де, айран іш», қой өсір, қойдан жылқы асыл емес. Қой – қойныңдағы ақша, бағуы да, күзетуі де оңай деп ақыл береді.

Өлең шұбыртпалы ұйқаспен, жыр үлгісінде жазылған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген *«Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі»* атты жинақта жарияланды. Өлеңнің басылуларында кейбір өзгерістер бар. Мыс., 1945, 1948 жылғы жинақтарда 23-, 24-жолдар **«Қойныңда ақша, қолда қой, Күзетке оңай шошынба»**, ал 1954 жылғы жинақта **«Қойыңды ақша, қолда қой, Күзетке оңай шошыма»** – деп берілді. Кейінгі басылымдарда бұл жолдар Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы жинақ негізі бойынша **«Қойыңда ақша, қолда қой, Күзетке оңай шошынба»** түрінде алынып жүр. Өлең орыс, өзбек, қырғыз, тәжік, түрікмен, татар, ұйғыр тілдеріне аударылған. *Т. Қожакеев.*

«ОТЫРАР САЗЫ», Қазақтың мемл. фольклорлық-этнографиялық халық музыка аспаптары оркестрі. 1980 ж. Қазақ филармониясы жанынан құрылды. Оркестрдің ұйымдастырушысы және көркемдік жетекшісі әрі бас дирижері – Н. А. Тілендиев. Репертуарында: Абайдың «Айттым сәлем, қалам қас», «Желсіз түнде жарық ай...», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» әндері, Н. Тілендиевтің «Абай нұры» симфониялық дастаны, қобыз бен оркестр үшін «Кемпірқосақ – Абай табиғаты» дастаны, К. Салықовтың Абайдың 150 жылдық мерейтойына арналған өлеңдеріне жазылған «Ақынның пайғамбары – Абай ата», «Әйгерімнің әні» туындылары бар. *Ә. Телғозиев.*



ӨЗБЕК ӘДЕБИЕТІ. Абай медреседе оқып жүрген кезде жазған тырнақалды өлеңдерінің бірінде Шығыстың әйгілі ақындарымен қатар өзбек әдебиетінің классигі Науаи есімін де ардақтап ауызға алады. Жас ақынның олардың шығармаларымен сол кездің өзінде-ақ танысқаны, медреседе көп оқытылатын софылық мистиканы уағыздайтын Яссауи, Бақырғани, софы Аллаяр тәрізді ақындарды үлгі етпей, озық ойлы санаткер шайырларды ұстаз тұтқаны көрінеді. Оған ой-пікірі, мұрат-мүддесі ғана емес, тілі де жақын Әлішер Науаи айрықша әсер еткен. «Жас шағында Фирдоуси, Сағди, Хожа Хафиз тәрізді ұлы классиктердің ескі өзбек тіліне аударылып, Абайға сол аударма арқылы таныс болуы көңілге қонымдырақ көрінеді» (М. Ә у е з о в. Толық шығ. жинағы. 20 т., 94-б.).


Орта ғасырларда Шығыстың ірі шайырлары түркі тілін қораш санап, шығармаларын араб, парсы тілдерінде жазған. Науаи оған қарсы шығып ана тілінің абыройы үшін күресті. Тұңғыш рет өз ұлтының тілінде шығарма жазды. Қазақ тілінің тазалығын сақтауға күш салған Абайға бұл қатты ұнады. Алғашқы өлеңдерінде (*«Иузи – рәушан, көзі – гәуһар...», «Фзули, Шәмси, Сәйхали...», «Әлифби»*) араб, парсы сөздерін жиірек араластырған ақын кейін одан біржола қол үзді. Науаи ғазелдеріне еліктеп ғашықтық өлеңдер жазды. Науаи: «Таңғажайып перизатым, Нұр жүзіңде қап-қара мең. Ақ қағазға жазған хатқа Қоя қойған ноқатпен тең» десе, Абай: «Мәт – қасың, тәштит – кірпік, секін – көзің» немесе «Кішкене қара қасы сызып қойған, Бір жаңа ұқсатамын туған айды» дейді. Өлең тармағының буын саны көп, аз болып келетін «аруз» өлшемін қолдануда Науаи әсері байқалады (*«Сен мені не етесің?..»*). Абайдың филос. өсиет-ғазелдерінен де, надандықты, озбырлықты шенеген сын-сықақ өлеңдерінен де Науаи сарынын аңғаруға болады. Оның «Хайратул – аброр» дастанындағы дінге сенумен қатар адамның

құдіреттілігі, өз бақыты үшін күресі, қара басы емес, халықтың қамын ойлау парызы, оқу-білім, еңбек, махаббат жайындағы ұғымдары Абай шығармаларының идеясымен сабақтас. Низами, Науаи дастаңдары арқылы Қазақ арасына аңыз боп тараған Ескендір Зұлқарнайын бейнесі қызықтырған ақын осы сюжетке белгілі поэмасын жазды. Баласы Ақылбайға Науаидың «Сабғаи сайера» («Хамсаның» төртінші дастаны «Жеті кезбе») желісімен «Жаррақ» хикаясын жаздырды.

Абай қадір тұтқан ұлы ойшылдардың бірі өзбек классик. әдебиетінің ірі өкілі Захириддин Мұхаммед Бабыр. Ол *«Бабырнаманы»* оқып, жоғары бағалаған (қ. *«Бірер сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы»*). Осы қарасөзінде «біз әуелден өзбек жұртымен аталас едік» деп, «Сарт – садағам, өзбек – өз ағам» деген аталы сөздің мәнмағынасын екі халықтың тарихи тұтастығымен түсіндіреді.

Абай өлеңдері өзбек тіліне 1920 жылдан аударыла бастады. «Инқилаб» («Революция») журналында (1922, № 3) «Адамның кейбір кездері» ғазелі жарық көрді. «Таңдамалы» өлеңдер жинағы үш рет (1925, 1961, 1970) жарияланды. Қарасөздері 1975 ж. жеке кітап болып басылды. Абай шығармаларын аударуға Ғафур Ғұлям, Міртемір, Ұйғұн, Тұрап Төле, Нәсір Фазыл т. б. көрнекті өзбек қаламгерлері атсалысты. Міртемір «Абай ата» деген арнау өлеңінде қазақтың ұлы перзентіне деген өзбек халқының ілтипатын паш етті. Ақынның туғанына 100, 125 жыл толуы Ташкентте салтанатпен атап өтілді. Республ. баспасөзде мерекелік мақалалар, зерттеу-очерктер жарияланды. Абайды өзбек халқына танытуда М. Әуезов шығармаларының да мәні зор болды. «Абай жолы» тетралогиясы 1950–60 ж. өзбек тілінде басылып шықты (аударған Зұмрад), «Абай» трагедиясы (аударған Иззат Сұлтан) сахнада қойылды. Абай атында Ташкентте көше, республика аудандарында мектептер бар. *К. Сейдаханов.*

«ӨЗГЕГЕ, КӨҢЛІМ, ТОЯРСЫҢ...» – Абайдың 1890 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 9 шумақтан тұрады. Ақынның өлең сөздің, поэзияның зор қоғамдық мәнін ашып көрсететін



Нота. (Өзгеге, көңлім, тоярсың. 1-түрі).

шығармаларының бірі. Ақындық өнердің, өлең жырлардың, ән мен күйдің халық өмірінде алатын орнын Абай өте жоғары бағалады. Поэзиялық шығармадан, өлең-жырдан, әннен халықтың арман-тілек, қуаныш-қайғысы айқын көрініс беретініне айрықша мән береді. Сондықтан ақындарға, өленді, әнді айтушыларға биік талап қояды. Өленнен Абайдың поэзиялық шығарма нағыз өмірлік қажеттіктен туатын, үлкен мақсатқа жұмсалатын сөз деп қарайтыны анық байқалады. Ол өленді өлең ететін айтпауға болмайтын, қанша айтса да тоймайтын қасиеті, адамды қайғы-мұңнан, дертінен айықтыратын қуаты деп есептейді. «Оны айтқанда толғанып, Іштегі дертті жоярсың...» – дейді. Абай өзінің өленін көзден жас ағып отырып айтылатын, жүректі жарып шығатын зарлы сөз деп сипаттайтыны назар аударады. Ақын өзінің тебіреніп, іштегі сырын ақтара айтқан сөзін тыңдаушылар бар ықласымен, бар санасымен қабылдар деп аңсайды. Олар айтылған сөздің мәнмағынасын, ой-пікір тереңдігін толық түсініп, көркемдік қуаттылығын терең сезінсе екен дейді.

«Қара басқан, қаңғыған
Қас надан нені ұға алсын?
Көкірегінде оты бар
Құлағын ойлы ер салсын...
Не пайда бар – мың надан
Сыртын естіп таңдансын.
Онан дағы бір есті
Ішкі сырын аңғарсын...»

Бұл сөздерден ақынның осы өленінің соңғы жағын тыңдаушыларға өкпе-наз айтқандай болып, сөзді құр құлақпен қармамай, жүрегіңмен тыңда деп ақыл беруін зор үміт екені байқалады.

Тағы бір көңіл аударарлық жай – Абай өлең туралы айтқанда жазып шығарылып, оқып айтылатын өлең мен әнге салып айтылатын өленнің арасына шек қоймайды.

«Әуелесін, қалқысын,
От жалын боп шалқысын.
Жылай-жырлай өлгенде,
Арттағыға сөз қалсын.
...Қабыл көрсе сөзімді,
Кім таныса, сол алсын...» –

дегенінен біз Абайдың «өлең» деген сөздің қазақ тілінде қалыптасқан мағынасы кең екенін ескеріп, оқылатын өлең және әндетіп айтатын өлең деп екі мағынада бірдей қолданғанын көреміз. *З. Ахметов.*

«ӨЗІҢЕ СЕНБЕ, ЖАС ОЙШЫЛ...» – М. Ю. Лермонтовтың «Не верь себе» атты өленінің 1893 ж. Абай тәржімелеген нұсқасы. Көлемі орыс ақынында да, қазақ ақынында да 40 жол. Осы сом бітімді, сондайлық шебер келістіріп жасалған поэзиялық туынды Лермонтовтың ауыр азап шеккен бұқара халықтың халіне үлкен жанашырлық, жақындық сезіммен қарағанына толық дәлел бола алады. Қорлықта, езуде жүрген, есесі кетіп, еңсесі түскен кедей-көптің қажырлы беріктігін, жасу, налуды, күйініш, күйреуіктікті білмейтін орасан төзімділігін айтып сүйінсе, бұқараның осындай қиын хал-жайын білмей нағыз өнімді, өмірлік күші бар поэзия туғызу мүмкін емес деп қорытса, мұның халыққа қамқорлық еткендік, оның қамын жегендік екені даусыз.

Орысша нұсқасы:

«Не верь, не верь себе, мечтатель молодой,
Как язвы бойся вдохновенья...» –

деп басталса, Абай да «Өзіңе сенбе, жас ойшыл, Тіл өнері дертпен тең» деп түпнұсқаға сәйкес аударады, одан әрі орыс ақынымен еркін жарысса да, қалай да онымен үндес шығып отырады. Жас ақынға айтылған өз көңілінің

күйіне көп беріліп кетпе, жеке басыңның мұңы кімге қажет, егер елдің мұңын, қайғысын айта алмасаң, сенің өлеңің кімге дәрі деген ақыл-өсиет түріндегі ойды Лермонтов бейнелеп айта келіп:

«Не выходи тогда на шумный пир людей
С своею бешеной подругой;
Не унижай себя. Стыдися торговать
То гневом, то тоской послушной,
И гной душевных ран надменно выставлять
На диво черни простодушной», –

десе, Абай:

«Кез болсаң қайғы, я зарға
Құрсатса тілді ұмтылтып,
Алып шықпа базарға,
Асаудайын бұлқынтып.

Қайғы-дертің мейлі мың,
Саудаға салмақ өзіңе ар.
Жаныңа түскен жараның
Іріңін нетсін надандар...» –

дейді.

Лермонтов жас ақынның құрғақ қиялдан туған өршіл, өктем сезімге толы поэзиясын елірген, долы жас әйелге теңесе («бешеная подруга»), Абай жүген-құйрық тимеген асаумен салыстыра сипаттайды.

Ал орысша түпнұсқасының соңғы шумағындағы жас ақынның әрекетін театр сахнасында трагедиялық актердің жасанды, ойыншық семсерін оңды-солды сермеуіне ұқсатып бейнелейтін тұсын Абай теңеудің өзін алмай тек мағынасын ғана жеткізеді. Абай дәл осы салыстыру ол заманда, театр өнері әлі өріс алмаған ортада әсерлі бола қоймайтынын ескерген секілді. Оның есесіне Абай өлеңдегі ауыр азап көрсе де шыдамы берік көпшілікке мазақ болма деген ойды шырата түсіп:

«Күлкі болмай, қой, жаным,
Сен бүйтесің, ол қайтті?
Олар көрген арманын
Кімге шақты, кімге айтты?» –

деп аяқтайды. Өлең 7,8 буынды шалыс ұйқаспен жазылған. Алғашқы рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Туынды басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1945, 1954, 1957 жылғы басылымдарда 1-шумақтың 4-жолы **«Ызаға тұтқын бой мең-зең»** болса, 1977 жылғы басылымда бұл жол 1909 жылғы жинақ негізінде **«Ызаға тұтқын бойың-зең»** делінген. 1945, 1954 жылғы басылымдарда 5-шумақтың 2-жолы **«Құрсатып тілді ұмтылтып»** болып берілсе, 1957, 1977 жылғы жинақтарда 1909 жылғы басылым бойынша **«Құрсатса тілді ұмтылтып»** ретінде алынған. 1945, 1977 жылғы басылымдарда 8-шумақтың 3-жолы **«Күн көріп жүр күліп-ақ»**, ал 1954, 1957 жылғы басылымдарда бұл жол **«Күн көріп жүрт күліп-ақ»**, сондай-ақ 1945, 1954, 1957, 1977 жылғы жинақтарда 9-шумақтың 4-жолы **«Тарттырмап па дүние зар»**, 1909 жылғы басылымда **«Тарттырмай ма дүние зар»**.

З. Ахметов.

«ӨКІНІШТІ КӨП ӨМІР КЕТКЕН ӨТІП...» – Абайдың 1886 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 8 шумақтан тұрады, көлемі 32 жол. Әлеум.-психол. лирика. Зерттеушілердің пікірінше, өлеңнің тууына 1884–86 ж. Тобықты ішіндегі партиягершілік көріністер, алауыздықтар себеп болған. Лирикалық қаһарман өміріне шолу жасайды. Осы өмірдегі өзін, өзінің айналасын сынға алып, өкінішін білдіреді. Ойшылсып жүріп, құр мақтаншылыққа ұрынғанына, қызық қуып «ыржаң-қылжаң ит мінезге» тап болғанына, досжарандықтың жәдігөйлік пен жалғандыққа ұласқанына күйінеді. Сеніскен досының болмағанын, өмірінің көбі өкінішпен өтіп кеткенін, ақыры оны жазып өлең қылғанын толғайды. Мақсатсыз бос бөсу, ойсыз, арсыз күлкі адал достыққа ақау түсірер, шын жолдастықты жоғалтар әзіл екенін айтады. Өлең 11 буынды қара өлең үлгісінде жазылған. Түпнұсқасы Мүрсейіт қолжазбаларынан (1907, 1910) алынып, алғаш рет ақынның 1939 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Өлеңнің басылымдарында аз-кем текстол. өзгеріс кездеседі. 1939 жылғы жинақта 4-шумақтың 3-жолы **«Қылт етпеген көңілдің кешуі жоқ»** түрінде берілсе, бұл жол кейінгі басылымдарда **«Қылт етпеге көңілдің кешуі жоқ»** делінген. Туынды ағылшын, башқұрт, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр тілдеріне аударылған.

Б. Мамыраев.

ӨЛЕҢ ҚҰРЫЛЫСЫ. Абай өлеңге өзінше талап, шарт қояды. Ол:

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.
Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол ақынның білімсіз бишарасы...» –

дейді. Мұны Абайдың эстетик. көзқарасы, өлең заңы деуге болады.

Абай қазақ халқының бұрынғы ақындық мәдениетін пайдалана отырып, көрші, туыс халықтардың классик. әдебиетінен үйрене отырып, өз өлеңдерін осы өзі айтқандай етіп, өзінің өлеңге берген анықтамасына, талабына сай етіп жазған. Мұны мына жағдайлардан айқын көруге болады. Қазақтың бұрынғы ақын, жырауларының өлең, жырлары, ауыз әдебиеті тәрізді, көп сөзді, ұзын сөзді келер еді; олар айтайын деген ой-пікірлерін көп сөзбен, алыстан оратып келіп айтар еді; тармақ буындарын толтыру, тармақ аяқтарын ұйқастыру үшін мағынасыз, көлденең сөздерді кірістіре берер еді. Абай өлеңдерінде ондай көп сөзділік жоқ. Абай сөзді таңдап, іріктеп алады, үнемдеп қолданады; аз сөзбен көп мағына береді; ойға жомарт, сөзге сараң. Ол өлеңнің әр тармағын қиыннан қиыстырады: түзу мағыналы, тәтті сөзді, ұнасымды үнді, жарасымды суретті етіп келтіреді.

Абай айтайын деген ой-пікірлерін дәл, еркін, айқын айту үшін, өлеңдерін мағыналы, өткір, көркті етіп келтіру үшін қазақ халқының негізгі сөз қорын түгел пайдалану үстіне ескі, диалект сөздерді де, шет сөздерді де қолданады. Бірақ оларды өзінен бұрынғы, өз тұсындағы кейбір ақындар сияқты сән үшін, өзінің шет тілді білетінін аңғарту үшін қажетсіз, орынсыз қолданып, сөзді шұбарлап, тілді бұзып жібермейді, зәру, қажет болғанда ғана қолданады, әбден біліп, орынды, жарасымды етіп қолданады. Мұны оның орыс тілінен алған, кірістірген сөздерінен айқын көруге болады. Абай өлеңдерінде орыс тілінен: **виноват, коренной,**

счет, пошел, ладан, нуль, прошение, судья, съезд, закон, чин, доктор, пьяница, такт, бутылка, рюмка, стакан, химия, лавка, барабан, самородный, уголовный, познание, образование, назначение, минута, сила, единица, интернат, штык, картечь, форма, альбом, монастырь, гулять, визит, каталажка деген т. б. бірсыпыра сөздерді қолданған. Осыларды ол, әлгі айтқандай, зәру, қажет болғанда ғана ойын айқын аңғарту, өткір айту үшін, кейде сықақ, мысқыл үшін қолданған. Мыс., Абайдың осылай қолданған сөздерінің біразы мына түрде:

«Еннағатайна кәлкаусар,
Пошал дереу күнәкар...»,
«Самородный сары алтын
Саудасыз берсең алмайды...»
«Адал жүріп, адал тұр,
Счетың тура келуге...»
«Меліш сауда сықылды күлкі сатып,
Алса қоймас, араны тағы тоймас...»
«Көгалды қуып, гөлайттап,
Қызықпен жүріп жазды алған...»
«Сыпыра елірме, сұрқия,
Көп пияншік нені ұғар?..»

т. б. Абай шет сөздерді, әсіресе орыс тілінен алған сөздерді өте жарасымды етіп қолданған. Осыдан олардың көбі қазақтың сөз құрамына еніп кетті. Абай данышпан, сөзге бай, тілге ұста ақын. Ол өз шығармаларында қазақ халқының бұрын-соңды сөз қорын, сөз құрамын, түгел, сарқа пайдалану, шет сөздерді орынды қолдану үстіне, солардың негізінде өзі жаңа сөздер, жаңа сөйлемдер ойлап шығарды. Және соның бәрін де өте ұста, ұнамды, көңілге қонымды етіп шығарды. Олар тез сіңісіп, қазақтың сөзі, қолтума сөйлемі болып кетті. Абай жаңа сөздерді, эпитет, теңеу сияқты сөз образдарын екі түрлі жолмен жасаған: 1) бұрын жоқ, әдебиетте қолданылмаған сөздер жасау, табу жолымен, 2) бұрын бар, әдебиетте қолданылған сөздерді жаңғырту, жаңа мағына беріп қолдану жолымен жасалған. Мыс., бұрын жоқ, әдебиетте қолданылмаған сөздердің біразын Абай мына реттерде қолданған:

«Алқыны күшті асаулар,
Ноқтаға басы керілді...»

«Пайдасыз ақыл,
Байлаусыз, тақыл,
Атадан бала ойы өзге...»,
«Ұстай алмадым бірін де,
Кекиді кейін шегініп...»
«Құбылға бәрі зерек қой,
Бәрі жасық тоқтауға...»
«Жамандық, жақсылыққа қарар салқын,
Долығы тез басылып, қайтар қарқын...»

Абайдағы «өкімдеп», «алқыны», «тақыл», «кекиді», «алқайды», «кезнесіп», «құбылға», «долығы» деген сөздер жаңа, бұрын әдебиетте қолданылмаған, тек Абай ғана тапқан, қолданған сөздер. Абай бұрын бар, қолданылып жүрген сөздерді мына түрде жаңғыртып, жаңа мағына беріп пайдаланған.

«Жер қорығыш желгек шал
Желіп жүріп боздайды...»
«Жақсы әнді тыңдасаң ой көзіңмен
Өмір сәуле көрінер судай тұнық...»
«Талаптың мініп тұлпарын,
Тас қияға өрледің...»
«Боламын» деп жүргенде болат қайтып,
Жалын сөніп, жас жүзін басады әжім...»
«Ит көрген ешкі көзденіп,
Елерме, жынды сөзденіп...»
«Оған ақыл – арам без...»
«Білгенге жол бос,
Болсайшы қол бос,
Талаптың дәмін татуға...»
«Күңгірт көңілім сырласар
Сұрғылт тарткан бейуаққа,
Төмен қарап мұңдасар
Ой жіберіп әр жаққа...
Адасқан күшік секілді,
Ұлып жұртқа қайтқан ой,
Өкінді, жолың бекінді,
Әуре болма, оны қой...»
«Сол қасқырша алақтап тұк таппадым.
Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе?»

Бұл үзінділердегі **«желкек шал», «ой көзімен», «талаптың тұлпары», «болат қайтып», «ит көрген ешкі көзденіп, елерме жынды сөзденіп», «ақыл арам без», «талаптың дәмі», «күңгірт көңіл», «адасқан күшік секілді... ой», «көңілдің жайлауы», «жалтаңдаған жас жүрек», «жас жүрек жайып саусағын»** деген сөздер Абайдан бұрын, Абайдан бұрынғы әдебиетте бұлай айтылмайтын, қолданылмайтын, бұларды тек Абай ғана осылай қиыстырып, жаңғыртып, жаңа мән беріп қолданған. Осы ізбен, яғни бұрын бар, қолданылып жүрген сөздерді жаңғыртып, жаңа мағына беріп қолдану ізімен Абай көп ретте қазақтың бұрынғы мақал-мәтелдерін де жаңғыртып, септелуін өзгертіп, өткірлеп сөздер жасаған. Мыс., Абай бұрынғы: «Еңбек етсең, емерсің» деген мақалды: «Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей» – деп, «Екі кеменің құйрығын ұстаған суға кетеді» деген мақалды: «Екі кеме құйрығын, Ұста, жетсе бұйрығың» деп, «Жарлының бір тойғаны – шала байығаны» деген мақалды: «Бір тойған – шала байыған деген қазақ, Ет көрінсе қайтеді күйсей бермей», – деп өзгертіп, ұстартқан. Абай өлеңдерінде мақал-мәтелді көп қолданған.

Жаңа сөйлемдерді Абай көбінше орыс тілінің үлгісімен, әсер-ықпалымен жасаған. Мыс., оның жаңадан жасаған сөйлемдерінің біразы былай болып келеді:

«Толқынын жүрегінің хаттай таныр...»
«Мен – сынық жан, жамағанмен
Түзеле алман түрленіп...»
«Қонады бір күн жас бұлт,
Жартастың төсін құшақтап...»
«Уақыттай, өзі жүйрік ат мінеміз...»

Қысқасы, жаңа сөздер, эпитеттер, теңеулер, жаңа сөйлемдер жасау, қазақтың әдеби тілін дамыту, ұстарту жөнінде Абайдың қазақта әлі теңдесі жоқ. Өзі тапқан, жасаған жаңа сөздер, жаңа эпитет, теңеулер, жаңа сөйлемдер, мақал-мәтелдер Абай өлеңдерін тағы да дәл, өткір, көркті етті. Абай өлеңдерін көріктеуге өте ұста. Бұл жөнінде ол эпитеттің, салыстыру – теңеудің, ауыстыру – шендестірудің (тропаның), әсірелеудің, фигуралдық сөздердің неше алуан түрлерін алуан түрлі етіп қолданады. Бұл оның әрбір өлеңінен айқын көрініп отырады. Кей өлеңдері бастан-аяқ

кілең эпитеттермен, теңеулермен, шендестірулермен, әсірелеулермен келеді. Және бәрі де өте жарасты, көркті болып келеді. Мыс., ол жақсы атты былай суреттейді:

«Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ.
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,
Ой желке, үңірейген болса сағақ.
Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,
Қабырғалы, жотасы болса күшті,
Ойынды еті бөп-бөлек омыраулы,
Тояттаған бүркіттей салық төсті...»

Өлеңді көріктеу, өлеңнің кестесін келтіру жөнінде де Абайдың қазақта әлі теңдесі жоқ; қазақтың бұрын-соңды ақындарының еш қайсысы өлеңін Абай сияқты ұста, келісті көріктеген емес.

Абай өлеңнің композициясын, шумағын, өлшемін, ұйқасын тастан ойғандай етіп келтіреді. Оның өлеңдерінің шумағы, композициясы жинақы: тақырыбына, ой жүйесіне лайық орынды, заңды басталып, орынды, заңды аяқталады, оларда артық, оғаш тұрған, кем қалған шумақ, тармақ болмайды. Сондай-ақ оның өлеңдерінің буыны, бунағы, ұйқасы, ішкі мағынасы жағынан да, сыртқы тұлғасы жағынан да, үні, өлшемі жағынан да бір-бірімен қабысып, әбден үйлесіп, дәлме-дәл келіп тұрады. Абай қазақ халқының ертедегі, өзінен бұрынғы өлеңдерінің түр-үлгілерін: өлшемін, шумағын, ұйқасын түгел, сарқа пайдаланды. Соларды пайдаланып, орыс ақындарынан көріп, өз өлеңдерінің шумағын, ұйқасын түрлендірді, сол арқылы қазақ өлеңінің құрылысын ұстартты, ілгері дамытты. Бұл күнге дейін Абай қазақ өлеңінің өлшеміне өзгеріс енгізді: қазақ өлеңдері бұрын тек 11 буынды, 7–8 буынды ғана болып келуші еді. Абай аралас келетін 3–4–5 буынды, 5–6–7 буынды, бірыңғай келетін 7, 8 буынды өлеңдер шығарды деп айтылып, жазылып келді. Бұл жаңсақтықпен айтылған қате пікір. Абай қазақ өлеңінің өлшемін өзгерткен жоқ. 3–4–5, 6–7; 7, 8 буынды өлеңдер қазақта Абайдан бұрында бар болатын. Бірақ олар ұзақ жыр, дастандарда аз, тек бірлі-екілі ғана қолданылатын. Олар көбінесе мақал, жұмбақ, шешен сөздер, ұсақ өлең, жырларда ғана болатын. Мыс.,

«Етігі жаман, –	5
Төрге шыға алмас.	6
Жеңі жаман, –	4
Ас іше алмас». –	5
Яки:	
«Тиме десем, –	4
Тиеді,	3
Ти десем, –	4
Тимейді», –	3

деген сияқты болып келеді. Абай осыларды өлең, жырға, дастанға енгізді, некен-саяқ енгізбей, көп етіп енгізді, жөнге келтірді, заңды етті.

Бізде бұған дейін Абай қазақ өлеңінің ұйқасына жаңалықтар енгізді: қазақ өлеңдері бұрын тек ақсақ (аа – а) ұйқаспен, айнымалы (әр жерде әр түрлі болып, өзгеріп отырады) ұйқаспен ғана келуші еді. Абай егіз (аа я бб) ұйқасты, аттамалы (абаб) ұйқасты шығарды деп айтылып, жазылып келді. Абайдың қазақ өлеңдерінің ұйқастарына жаңалық енгізгені рас, бірақ әлгі ұйқастар Абайдың енгізген жаңалықтары емес. Бұл ұйқастар қазақта Абайдан бұрын да бар болатын. Тек олар ұзақ өлең жырларда, дастандарда аз кездесіп, көбінесе мақал, жұмбақ, шешен сөз болып келетін шағын өлең, жырларда ғана қолданылатын. Мыс.:

«Танығанжерге	
Бой сыйлы.	
Танымаған жерге	а
Тон сыйлы».	б
Яки:	
«Айымсың, балам, айымсың,	а
Жылқыда тұлпар тайымсың».	а
«Арт, балам, жұрттан арт, балам,	б
Дұшпанға қылма – мәрт, балам», –	б

деген сияқты болып келетін. Абай осыларды көптеген өлең, жырларында қолданды, жөнге келтірді, заңды етті. Сонымен бірге Абай қазақтың өзінен бұрынғы өлеңдерінің шумағы, ұйқасы негізінде жаңа шумақтар, ұйқастар ойлап шығарды. Абайдан бұрын қазақ өлеңдерінің шумағы көбіне үш түрлі: а) үш тармақты, б) төрт тармақты, в) көп тармақты болып келуші еді; көп тармақты болғанда айнымалы: біресе 6, 8, 10 тармақты, біресе 12, 14, 16 тармақты болып келуші еді. Абай осыларды бір ізге келтіріп, нақпа-нақ етіп, өзінше ұйқастырды. Атап айтқанда, Абай 17 өлең, жырын әлгідей, өзінше шумақтап, өзінше ұйқастырған. Олар: 1) «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», 2) «Қор болды жаным...», 3) «Қуаты оттай бұрқырап...», 4) «Ем таба алмай...», 5) «Бай сейілді...», 6) «Бойы бұлғаң...», 7) «Кешегі Оспан...», 8) «Сегіз аяқ» («Алыстан сермеп...»), 9) «Бұралып тұрып...», 10) «Қарашада өмір тұр...», 11) «Келдік талай жерге еңді...», 12) «Білімдіден шыққан сөз...», 13) «Сап-сап, көңілім, сап көңілім...» т. б. Абайдың бұл өлең, жырлары өздерінің шумақтары жағынан үш түрлі: а) алты тармақты, б) жеті тармақты, в) сегіз тармақты болып келеді.

Абай 7 өлеңін алты тармақты етіп жазған. Олар үш түрлі ұйқаспен келеді. Мыс., біреуі («Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...»):

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,	а
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін,	а
Көкірегі сезімді, тілі орамды	б
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.	а
Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,	–
Көңілінің көзі ашық, сергек үшін...»	а

Екеуі («Қор болды жаным...», «Қуаты оттай бұрқырап...») былай келеді:

«Қор болды жаным,	а
Сенсіз де менің күнім,	б
Бек бітті халым,	а
Тағдырдан келген зұлым,	б
Тағдыр етсе алла,	в
Не көрмейді пәндә...»	в

Төртеуі («Ем таба алмай...», «Бай сейілді...», «Бойы бұлғаң...», «Кешегі Оспан...») былай келеді:

«Ем таба алмай,	а
От жалындай,	а
Толды қайғы кеудеге.	б
Сырласа алмай,	а
Сөз аша алмай,	а
Бендеге...»	б

Абай 4 өлеңін жеті тармақты етіп жазған. Олар («Тайға міндік, тойға шаптық», «Сен мені не

етесің?», «Сырмақ қып астына...», «Ата-анаға көз қуаныш...») мынадай үш түрлі ұйқаспен келеді:

1) «Сен мені не етесің?	а
Мені тастап,	б
Өнер бастап,	б
Жайыңа	–
Және алдап,	в
Арбап	в
Өз бетіңмен сен кетесің...»	а
2) «Сырмақ қып астына	а
Байының тоқымын,	б
Отының басына	а
Терінің қоқымын	б
Бүксітіп,	в
Бықсытып,	в
Қоқсытып келтірді...»	–
3) «Ата-анаға көз қуаныш –	а
Алдына алған еркесі.	б
Көкірегіне көп жұбаныш	а
Гүлденіп ой өлкесі.	б
Еркелік кетті,	в
Ержетті,	в
Не бітті?..»	в

Абай сегіз тармақты етіп үш өлең жазған. Оның екеуі («Сегіз аяқ», «Бұралып тұрып...») былай болып қиысады:

Алыстан сермеп,	а
Жүректен тербеп,	а
Шымырлап бойға жайылған.	б
Қиуадан шауып,	в
Қисынын тауып,	в
Тағыны жетіп қайырған.	б
Толғауы тоқсан қызыл тіл,	г
Сөйлеймін десең өзің біл.	г

Абайдың сегіз тармақты етіп жазған үшінші өлеңі «Қарашада өмір тұр...». Ол былай болып келеді:

«Қарашада өмір тұр,	а
Тоқтатсаң тоқсан көнер ме?	б
Арттағы майда көңіл жүр,	а
Жалынсаң қайтып келер ме?	б
Майдағы жұрттың іші – қар,	в
Бәйшешек қарға өнер ме?	б
Ішінде кімнің оты бар,	в
Қар жауса да сөнер ме...?»	б

Көрсетілген өлеңдерден басқа Абайдың үш өлеңінің шумағы, ұйқасы өзінше, әр жерде әр түрлі болып келеді. Олар: «Келдік талай жерге енді...», «Білімдіден шыққан сөз...», «Сап-сап, көңілім, сап, көңілім!..» деген жыр, тақпақтары. «Келдік талай жерге ендінің...» бастапқы шумағы алты тармақты болып, өз алдына бір ұйқаспен келеді де, қалған шумақтары біресе үш, біресе төрт, біресе бес тармақ болып, өз алдына бір ұйқаспен келеді. Ал өлеңнің ұзына бойы бір ұйқаспен жалғасып отырады. Тиісті шумақтарын теріп алғанда былай болып келеді:

1) Келдік талай жерге енді,	а
Кіруге-ақ қалдық көрге енді.	а
Қызыл тілім буынсыз,	б
Сөзімде жаз бар шыбынсыз	б
Тыңдаушымды ұғымсыз	б
Қылып тәңірім берген-ді.	а
2) Осы жасқа келгенше,	в
Өршеленіп өлгенше	в
Таба алмадым еш адам,	–
Біздің сөзге ергенді.	а
3) Өмірдің өрін тауысып,	г
Білімсізбен алысып,	г
Шықтық міне белге енді.	а
6) Балапан құстай оңдалып,	д
Қанатыңды қомданып,	д
Жатпа ұяда қорғанып,	д
Ұш, көңілім, көкке, кергі енді!..	а
13) Адам деген даңқым бар,	е
Адам қылмас халқым бар,	е
Өтірік пен өсекке	–
Бәйге атындай аңқылдар,	е
Тұла бойым шіміренді...	а

«Білімдіден шыққан сөздің...» бір шумағы ақсақ ұйқас, басқа шумақтары өз алдына бір ұйқас болып келеді. Өлеңнің бас аяғы, әлгі өлең сияқты, бір ұйқаспен жалғанып отырады. Былай болып келеді:

«Білімдіден шыққан сөз	а
Талаптыға болсын кез.	а
Нұрын, сырын көруге	–
Көкірегінде болсын көз.	а
Жүрегі – айна, көңілі ояу,	б
Сөз тыңдамас ол баяу,	б
Өз өнері тұр таяу,	б
Ұқпасын ба сөзді тез.	а
Әбілет басқан елерме	в
Сөзге жуық келер ме?	в
Түзу сөзге сенер ме?	в
Түзелмесін білген ез...»	а

«Сап-сап көңілім, сап, көңілім!..» бес шумақ. Оның екі шумағы 10 тармақтан, бір шумағы 14, бір шумағы 16, бір шумағы 9 тармақты. Әр шумағы «Сап-сап, көңілім, сап, көңілім!..» деп басталады. Бірінші, екінші, бесінші шумақтарының басқы тармақтары тегіс ерікті ұйқаспен келеді; үшінші, төртінші шумақтарының басқы тармақтары бірлі-екілі жерде айнымалы, басқа жерлерінде ерікті ұйқаспен келеді. Мыс., бірінші, үшінші шумақтары былай:

1) Сап-сап, көңілім, сап, көңілім!	а
Саяламай, сай таппай,	а
Не күн туды басыңа,	–
Күні-түні жәй таппай?	б
Сен жайыңа жүргенмен	–
Қыз өле ме бай таппай?	б
Түн кезгенің мақұл ма	–
Жан-жағыңа жалтақтай?	б
Өлермін деп жүрмісің,	–
Мұнан басқа жәй таппай?..	б
3) Сап-сап, көңілім, сап, көңілім!	а
Сана қылма бекерге,	в
Сан қылғанмен пайда жоқ,	г
Дүние даяр өтерге,	в
Ажал даяр жетерге.	в
Хош, қыз алсын қойнына,	–
Бейнет көрмей, дәулет жоқ,	г
Әлі барып келерге.	в
Онымен бойыңа	
Иман, дәулет бітер ме?	д
Адалды сатсаң арамға,	–
Құдай қабыл етер ме?	д
Қыз сүйеді мені деп,	–
Оған көңіл көтерме!	д

Абай көбінесе өлеңдерін бастан-аяқ бірыңғай ұйқаспен келтіреді: кейде бір, кейде екі түрлі ұйқаспен қиыстырады. Сонда да ол қайталамай, құрғақ сөз етіп жібермей, үнемі әрі мағыналы, әрі шебер ұйқастырады. Әдейі санадық, Абайдың 20–

30 өлеңі осылай бірыңғай ұйқаспен келеді екен. Олардың ішінде ақынның «Қансонарда бүркітші шығады аңға...», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек...», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман...», «Қыран бүркіт не алмайды салса баптап...», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да...», «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ...», «Бір дәурен кемді күнге боз балалық...», «Ішім өлген, сыртым сау...», «Сәулең болса кеудеңде...», «Балалық өлді білдің бе?...», «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да...» деген сияқты әйгілі, ұзақ өлеңдері де бар.

Мыс., «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек...» 48 тармақ. Соның ұйқасатын тармақтары (36 тармағы) бір түрлі ұйқаспен келеді: **«сергек», «кермек», «ермек», «өлмек», «келмек», «өзгермек», «жеңбек», «көрмек», «көнбек», «еңбек», «көлбек», «шөлмек», «білмек», «жүрмек», «өткізбек», «ілмек», «үйренбек», «сенбек», «бергек», «көтерілмек», «жиренбек», «бөлмек», «бермек», «дүрмек», «күлмек», «өкірмек», «демек», «ернек», «жемек», «көмек», «өршеленбек», «елек», «меңгермек», «теңгермек», «келтірмек»** деген сөздермен келеді. Еш жерде бір ұйқас екі айтылмайды. Бұрынғы қазақ өлеңдерінің тармақ ұйқастары көбінесе не жалаң «шу деді», «жөнеді», «барады», «келеді» деген сияқты етістік сөздермен, не «таға қылдым», «жаға қылдым», «саба қылдым» деген сияқты етістік жалғанған сөздермен келуші еді. Абай өз өлеңдерінде тармақ ұйқастарын, бір жағынан, көбінесе зат есімдермен келтіреді, екінші жағынан, әр қилы етіп, түрлендіріп келтіреді. Кейде тіпті «ақ», «да», «де», «ау» деген сияқты демеушілермен де ұйқастырады, орынды, жарасымды етіп ұйқастырады.

Абай өлеңдерінің бірсыпырасын 3–4–5–6–7 буынмен, аттамалы, егіз, аралас ұйқастармен келтіріп, бірсыпырасын өзінше шумақтап, өзінше ұйқастырып, кейде өлеңді сөз ұйқасына емес, ой ұйқасына құрып, ол қазақ өлеңіндегі силлаботоникалық өлең нысаналарын айқындай түсті. Абай қазақтың қиыннан қиыстырылған, тілге жеңіл, жүрекке жылы, айналасы теп-тегіс, жұмыр өлеңін, іші алтын, сырты күміс сөз патшасын жасады.

Б. Кенжебаев.

ӨЛЕҢ ӨРНЕКТЕРІ. Абай қазақ поэзиясының өлең жүйесін өркендетіп дамытуға орасан зор үлес қосты. Абайдың бұл саладағы еңбегі, өнегесі сөз болғанда көбіне-көп ақынның жаңадан, тыңнан кіргізген шумақ, өлшем үлгілері сөз болады. Абайдың жаңашылдығы көзге ұрып, ап-айқын көрініп тұратындықтан оған көбірек назар аударылады, мұның жөні де бар. Дей тұрғанмен Абайдың өлең жүйесін жетілдіру, шыңдауға, өркендетуге жұмсаған еңбегі жекелеген өлшем, өрнектермен шектелмейді. Бұрыннан белгілі 7–7 буынды жыр мен шумақты өлең түрлерін, 11 буынды өлең өлшемін поэзиялық шығармаларында асқан шеберлікпен қолданып, оларды жазбаша поэзияда орнықтыруы да – Абайдың қазақ өлең жүйесін өркендетуге қосқан үлесі. Жыр өлшемін Абай жазба поэзияда, айталық лирикада қаншалықты шебер қолданғанын «Жаз», «Жаздыкүн шілде болғанда...», «Келдік талай жерге енді...» сияқты өлеңдерінен анық байқаймыз. Ал «Татьяна сөзі» («Тәңрі қосқан жар едің сен...») секілді өлеңдерінде қолданылатын 7–8 буынды өлшемнің 8 буынды тармағы 4 буынды бунақтардан құралатын нұсқасын немесе «Көзімнің қарасы...» секілді өлеңдегі 6 буынды өлшемді алсақ, бұлардан Абайдың қазақ поэзиясында бұрыннан бар үлгіні өзінше ширатып, көп шумақты лирик. өлеңде қолдана білгенін айқын көре аламыз. Осы өлшем-өрнектердің қайсысын тілге тиек етсек те, ақынның қазақ өлеңінің ырғақтық байлығын шумақ, тармақ, бунақтық жүйесін жақсы меңгергені, өлеңнің әсем әуезділігін, дыбыстық гармониясын жарасымды келістіретін үлкен талғампаздығы, көркемдік шеберлігі ешбір талас тудырмайды.

Абай поэзиясындағы өлең өлшемдері, шумақ өрнектері, ұйқас түрлері жайлы сөз қозғағанда алдымен ескеретін жай – ұлы ақын бұрыннан белгілі, түрлендіріп, мейлінше мол пайдалану жағынан да осы зор өнегелі іс атқарды. Ал Абайдың қазақ поэзиясына тыңнан қосқан өлшемдерін, шумақ өрнектерін айтсақ, олар жаңашылдық сипаты, қазақ өлең құрылысын жетілдіру, әрістетудегі мән-мағынасы жағынан айрықша құнды. Абай тыңнан кіргізген өлшемдердің айрықша бір өзгешелігі – көлемі әр түрлі тармақтардың шебер қиюласып келетіндігі. Ал бұл қазақ поэзиясындағы өлең жүйесіне мүлде жаңа және өте маңызды сипат әкеліп қосты, өлең өлшемдерінің түзілу тәсілін толықтырып, байыта түсті.

Қазақ поэзиясына Абай тыңнан қосқан өлшем-өрнектердің басты-бастыларына тоқталып өтелік.

«Сырмақ қып астына
Байының тоқымын,
Отының басына
Терінің қоқымын.

Бүксітіп,
Бықсытып,
Қоқсытып келтірді.

Осының бәрімен,
Көңілінде міні жоқ,
Жүзінің нәрі мен
Бойының сыны жоқ.

Бүкшиіп,
Сексиіп,
Түксиіп өлтірді...»

Осындағы ұзын тармақтар түгелдей 6 буынды болып, 3 буынды қос бунақтан құралса, қысқа тармақтар да үнемі 3 буынды болып келген. Бұдан біз осы өлең түрінің қазақ өлеңі құрылысының өзгешелік қалпын берік сақтап, поэзияда орныққан өрнектер негізінде өріліп шыққанын көреміз. Қысқа тармақтардың ырғағын айқындай түсу үшін Абай **бүксітіп-бықсытып-қоқсытып, бүкшиіп-сексиіп-түксиіп** деген сөздерді үйлестіріп, 3 буынды тармақтармен келесі 6 буынды тармақтың бастапқы бунағын да ұйқастырып қойған. Осы көрсетілген етістіктен жасалған сипаттама сөздер өзінің нақтылық мағынасы, әсерлі суреттілігімен де назар аударады. Өлеңдегі ырғақты шығарманың мазмұнына байланысты алып қарасақ, осындағы ұзынырақ (6 буынды) тармақтардың соңында 3 буынды ырғақтың айқын естіліп, оқшауланып шығуы, қайталануы мұндағы айтылатын ойдың

кекесін, сықақ, ажуаға толы мәнін ашып көрсетуге әсіресе орайлы.

Абайдың өзгеше ырғағы, шумағы, ұйқасы бар өрнек тудырған тағы бір өлеңі «Сен мені не етесің...»

«Сен мені не етесің?
Мені тастап,
Өнер бастап,
Жайыңа
Және алдап,
Арбап,
Өз бетіңмен сен кетесің.
Неге әуре етесің?
Қосылыспай,
Басылыспай,
Байыңа
Және жаттан
Бай тап,
Өмір бойы қор етесің...»

Бұл – қазақ поэзиясында да, Абай жасаған өлең өрнектердің ішінде де оқшау тұрған бөлекше туынды. Өлеңді дауыстап айтуға, дауыс толқынының еркін құбылып отыруына мейлінше сәйкестендіріліп құрылған осы өлшемнің басты ерекшелігі – мұнда ұзынды-қысқалы, көлемі жағынан бірінен бірі мүлде алшақ тармақтар бір шумақ шеңберіне түйіскен. Шумақ құрылысы бірінен бірі аумайтын 2 бөлшектен тұратын болғандықтан, алғашқысын талдап көрсе де жеткілікті. Мұнда бір 6 буынды, бір 8 буынды тармақ бар, 4 буынды тармақ – үшеу. Бұларға қоса бірі 3 буынды және бірі 2 буынды 2 тармақ және бар. Осынша әрқайсысы әркелкі тармақтардың бір шумақта қалай жанасып, сыйысып, бірігіп тұрғаны таңғаларлық нәрсе. Осы әр түрлі тармақтардың шашырамай, жымдасып тұруының, шумақтың шұбалаң көрінсе, бас-аяғы жинақы болып, тұтастай айқын сезілуінің сыры неде?

Шумақтағы ең көлемді тармақтар – екі 6 буынды тармақ пен екі 8 буынды тармақ – құрылысы жағынан сабақтас: соңғы бунақтары 3 буынды. Осы 4 тармақ бірыңғай үйлесіп және бұлардың ұйқасы шумақтағы ұйқастың негізгі желісін құрап тұр. Мұның да шумақтың бір тұтастығын арттыруға себі бар. Басқа 3 буынды 2 тармақтың осы соңғы бунағы 3 буынды тармақтармен ырғағы жағынан жанасатыны сөзсіз. Ал 4 буынды тармақтар алтау. Қайталанып отыратындықтан, қатар тұрғандары өзара ұйқасатындықтан, олардың ырғағы да күшті сезімді. Мәселе тек олардың көлемі, құрылысы өзгеше тармақтармен орайлас келуінде. Ал енді қалған қос буынды 2 тармақ қана, олар да өз орнын тауып қойылған және бір бірімен, кейде алдындағы 4 буынды тармақпен де ұйқасып отырады. Бұл өрнекті Абай басқа шығармаларында қолданбайды. Тегінде осы тәрізді құрылыс-бітімі бөлекше өлең өрнегі өзінің ретті жерінде ғана пайдалануға лайық, соңдықтан өте сирек кездеседі. Абай поэзияға кіргізген осы өрнек – сөйлеу ырғағына бейімделіп жасалған қазақ әдебиетіндегі алғашқы үлгінің бірі. Тақпақ өлеңдерде, ауыз әдебиетінің кейбір басқа нұсқаларында осыған негіз болардық ырғақ-өлшемдер кездескенімен, бұл өлең түрінің сонылығы талас туғызбауға тиіс. Абайдың қазақ поэзиясына тыңнан қосқан өлең өрнектерінің ішіндегі ең күрделі және келісті жасалғаны – «Сегіз аяқ».

«Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған,
Қиуадан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған,
Толғауы тоқсан, қызыл тіл,
Сөйлеймін десең өзің біл...»

Осы келтірілген шумақта 5 буынды тармақтар мен 8 буынды тармақтар белгілі ретпен кезектесіп келіп отыратынын көреміз. Бірақ басқа шумақтарда 8 буынды тармақтың орнына 7 буынды тармақ түсуі де ықтимал. Бунақ кестесі 3 буын + 2 буын + 3 буын болып келетін 8 буынды тармақпен бунақ өрнегі 4 буын + 3 буын болып келетін 7 буынды тармақ жыр өлшемінде де, шумақты өлеңдерде де еркін алмасып түсе беретіні белгілі. Ал «Сегіз аяқтағы» 7, 8 буынды тармақтардың бунақтық кестесі де дәл осындай.

Мысалы, жырда:

«Атаңның (аты) кім болар.
Атаңның (аты) кім болар?
Айтып кеткін (қарағым,
Қандай жаман) күн болар...»

Мұнда алғашқы 2 тармақ 2 буын + 2 буын + 3 буын болып құралса, соңғы 2 тармақ 4 буын + 3 буын болып келеді.

«Сегіз аяқта»:

«Толғауы (тоқсан), қызыл тіл,
Сөйлеймін (десең) өзің біл...»

Немесе:

«Бойда қайрат, ойда көз,
Болмаған соң айтпа сөз...»

Мұнда да бастапқы 2 тармақтың кестесі 3 буын + 2 буын + 3 буын болса, кейінгі 2 тармақтың құрылысы 4 буын + 3 буын болып келеді. Енді 7, 8 буынды тармақтардың 5 буынды қысқа тармақтармен алмасуына келсек, бұл өлеңнің ырғағын түрлендіре түседі. Бұл жерде біз 2 қысқа тармақтың бір олардан ұзынырақ тармақпен қосылып, үшеуден топтасатынын ескеруіміз керек. Және 2 қысқа тармақтың өзара жанасуы, жымдасуы олардың өзінен ұзынырақ тармақпен жанасып бірігуіне қарағанда әлдеқайда күштірек болатынын түсіну қиын емес. Сондықтан шумақтың ырғақтық құрылысы жағынан қарағанда 2 қысқа тармақпен 1 ұзын тармақ қатарласып (қарсы келіп) теңдесу ыңғайы да сезіледі. Оған қосымша себеп – бұл 3 тармақ шумақтың жеке 1 бөлшегін құрайтындықтан, соңғы 8 (не 7) буынды тармақтан кейін дауыс толқынында айқын кідіріс болады. Сонымен бірге, 5 буынды 2 тармақтың 8 буынды тармақпен қосылып келетін кезін алсақ, шумақтың осы бөлшегін ырғақтың ерекшелігі жағынан басқаша қарастырып, түсінудің де реті бар.

Айталық:

«Алыстан/ сермеп,
Жүректен / тербеп.
Шымырлап/ бойға
жайылған...»

Яғни бірыңғай келген 5 буынды ырғақтардың қатары 3 буынды қысқа тармақпен келіп тыныс тұр деуге болар еді. Немесе, басқа бір қырынан қарасақ, 3 буынды тармақты 8 буынды тармақтың

соңғы бунағын алып тастап, қысқартқан шолақ түрі деуге де болар еді. Әрине, 8 буынды тармақ та, 7 буынды тармақ та біртұтас өлең жолы, оларды тек шартты түрде демесек, бөлшектеп қарауға болмайды. Мұндай бөлшектеп қарастыру олардың құрылыс-бітіміндегі бірлік-ұқсастықты, жалғастықты түсініп білу үшін ғана қажет.

«Сегіз аяқтың» шумағындағы тармақтарды өзіндік дербестік сипаты бар 3 топқа бөлуге болады.

1) «Ауырмай тәнім,
Ауырды жаным,
Қаңғыртты, қысты басымды.
2) Тарылды көкірек,
Қысылды жүрек,
Ағызды сығып жасымды.
3) Сүйеніп күлкі, тоқтықта,
Тартыпты өнер жоқтыққа...»

Алғашқы 3 тармақ бөлектеніп тұрғанымен, ырғағы дауыс толқынының өзгеру, тынуы жағынан алғанда толық тиянақты емес. Тек осы алғашқы 3 тармақтың құрылысын, ретін айнытпай қайталайтын келесі 3 тармақтың соңында ғана ырғақ, үйлесім тиянақты болатынын көреміз. Осы 2 топтағы үш тармақтан құралған шумақтың 2 бөлшегінің арасын ажыратып тұрған да, оларды жақындастырып тұрған да – ырғақтың құрылыс-өрнегінің толық ұқсас болып, бірін-бірі түгелдей қайталайтындығы. Соңғы 2 тармақтың шумақ өрнегін толықтырып, түрлендіруде. Мұндағы 7, 8 буынды тармақтар алдыңғы 2 топтағы соңғы тармақтардың құрылыс-өрнегін қайталап, олардан өріліп шығатыны байқалады. Бірақ бұл 2 тармақ шумаққа мүлде жаңаша сипат береді. Бұл соңғы бөлшексіз тек бірін-бірі қайталайтын 3 тармақты топтардың тізбегі қатарласып келе беретін болар еді. Ал бастапқы қос 3 тармақты топтың өзі арасы жымдасып бөлшектеніп тұрар еді. Онда оларды жалғастырып, біріктіру міндетін атқаратын ұйқас қана болар еді. Соңғы 2 тармақтың дербестік сипатын арттыратын нәрсе – олардың синтаксистік құрылысы, мағынасы жағынан бөлектеніп тұрғандығы. Мұнда көбінесе шумақтағы ойды түйіндеп, қорытындылайтын, нақыл сөз секілді, өткір, тұжырым пікір айтылып отырады. Мысалы:

«Бойда қайрат, ойда көз
Болмаған соң айтпа сөз...»

«Еңбек қылсаң ерінбей –
Тояды қарның тіленбей...»

«Ойнасшыл қатын болса қар,
Аңдыған ерде қала ма ар?..»

«Баяғы жартас – бір жартас,
Қаңқ етер, түкті байқамас...»

«Моласындай бақсының
Жалғыз қалдым – тап шыным!»

Бұлардың мағынасы жағынан дербес, тиянақтылығын олардың көбі мақал, нақыл сөз түрінде кең тарап кеткенінен де айқын байқауға болады.

Жалпы алғанда «Сегіз аяқтың» өте шебер өрнектелген ырғақтық құрылысы терең ойлы лирик. өлеңге лайықталып жасалған. Шумақтың ырғағына, дауыс толқынының өзгеру ретіне ұйқас та бірден-бір сәйкес келіп отырады. Ұйқас кестесі -а, -а, -б, -в, -в,.. -б, -г, -г. Шумақта 4 түрлі үйлесім белгілі ретпен араласып келіп отырады. Және үйлестен тыс қалатын бірде-бір тармақ жоқ. Осының өзінен-ақ ақынның ұйқасқа, оны түрлендіріп, шумақ өрнегін ұстартып, жетілдіре түсудегі аса қажет құрал етіп пайдалануға қаншалық зор мән бергенін аңғарамыз. Мұндай 1 шумақта 4 үйлесім қатар алынатын өрнек қазақ поэзиясында Абайдан бұрын болған емес. Бірақ, ұйқастың әр түрлі келіп, сан жағынан көп болуын, әрине, айтумен ғана бітпейді. Олардың шумақтағы кезектесу реті ұтымды екенін ерекше атап кету де қажет.

Қатар келетін қысқа тармақтар егіз ұйқаспен үйлеседі. Бұл олардың ырғақ жағынан көбірек кірігіп, жымдасып тұруына орайлас. Екі қысқа тармақтың қосыла келіп 1 ұзынырақ тармақпен сәйкес келуіне және ыңғайлас. Бірақ қысқа тармақтардың егіз ұйқасы шумақтың алғашқы бөлшегінде бір түрлі де, екінші бөлшегінде екінші түрлі. Бұл да орынды. 3 тармақты 2 бөлшекті жанастырып, біріктіру үшін соңғы тармақтардың үйлесуі әбден жеткілікті. Қысқа тармақтардағы егіз ұйқастың екінші рет қайталанбауы ырғақ, үйлесімді барынша оралымды, икемді ету талабынан туған. Соңғы 2 тармақтың үйлесімі – егіз ұйқас, жеке



Абай бюсі. В. Ю. Рахманов. 1972.

алғанда, бұл – қарапайым-ақ үйлесім. Бірақ бұл шумақта ұзын тармақтар бұдан бұрын басқаша үйлесіп келген. Сондықтан бұл ұйқас та жаңаша сипат алады.

Сөйтіп, шумақта әр түрлі ұйқастар қатарласып, өріліп келгендіктен ол да әсерлі болып шығады. Ұйқас туралы айтқанда оның үнділігі, сапалық жағы ескерілуі керек. «Сегіз аяқта» қысқа тармақтарда үнемі 2 буынды ұйқас, ұзын тармақтарда көбінесе 3 буынды ұйқас қолданылады. Яғни қазақ өлеңінде ұйқас тармақтағы соңғы бунақты түгелдей қамти алатын болса, ақын осы мүмкіншілікті неғұрлым толық пайдалануға ұмтылған. «Сегіз аяқтың» өлең өрнегі – ырғағы, шумағы, ұйқасы – өлеңнің мазмұнына, ондағы ой-сезім өзгешелігі мейлінше сәйкес келеді. Өлең ырғағының әуезділігі, оралымдылығы, өзгеріп, түрленіп отыруға бейімділігі көркем түрдің мазмұн байлығы, ой тереңдігін үйлестіре білу шеберлігінен туған. «Сегіз аяқтың» өлең түріне тән жарасымдылық, асқан көркемдік зор ақындық қуатты, асқан шеберлікті танытады. «Сегіз аяқ» өлеңінің өлшемін Шәкерім, Ахмет Байтұрсынов т. б. ақындар өз өлеңдерінде қолданып, оның қазақ поэзиясында орныгуына үлес қосты.

Әдеб.: Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – А., 1959;
Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – А., 1–2 - т. 1960; Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – А., 1973. *З. Ахметов.*

«ӨЛЕҢ – СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ, СӨЗ САРАСЫ...» – Абайдың 1887 ж. жазған өлеңі. Көлемі әрқайсысы 5 тармақты 15 жолдан тұрады. Ол – қазақ оқушысына ертеден даңқты көркем әдебиетте Абай тудырған биік түрғы есебіндегі өлең. Бұған шейін ақындықтың әлеумет тірлігіндегі өзгеше қасиеттерін Абайдың өзі де жырлаған жоқ-ты. Ақын мен ақындықтың мұрат-мақсаты туралы қазақ әдебиетінде Абайдан бұрын өзге де жырлаушы, жазушы болмаған. Ең алдымен, бұл өлеңде Абай ақындық өнері, ақын шығармалары әлеум. тартыстың үлкен құралы, зор мәнді әрекеті екенін анық түсінгенін көрсетеді. Шығарманың үлкен идеясы анық халықшыл демократ қайраткерлердің салт-санасын танытады. Ең алғашқы сөздерде өлеңге көркемдіктің шартын қойып, эстетикалық жаңа норма жариялайды. Адам баласы айтып келген сөздің асылы – поэзия екенін биік бағалаумен бірге, оны төмендететін олқылықтарды да алдымен айтады. Ал шын жақсы өлеңді ердің ері, данасы туғызатыны сөз болады. Шын жақсы өлең өзі де даналықтың айғағы дейді. Бірақ өзіне шейін қазақ көпшілігіне жайылып жүрген өлең бұны қанағат еткізе алмайды. Айтушы да, тыңдаушы да надан болғандықтан поэзияның зор қасиеті тумай да, танылмай да жүр дейді. Келесі бір-екі шумақта Абай өлең сөздің бағасын дін деректерімен дәлелдейді. Мұсылманшылық ұғымынша ең беделді деген жайларды дәлелдейді. Тәңірінің өзі, пайғамбары, мұсылмандарға ұстаздық етуші әулие ғұламасы – бәрі де өлеңді қадірлейтін боп аталады. Бірақ қатты ескертетін нәрсе, Абай бұл жерде ислам дінін мадақтау үшін жаңағыларды сөз етіп отырған жоқ. Тек хат танитын қазақ оқушысының көпшілігі мойындаған дін ұғымдарын, өзіне шартты түрде керекке жаратады. Өлеңнің сол ортадағы беделін көтеру үшін пайдаланады. Болмаса, исламның анық дін басы үгітшілерінің – имам, сопыларының, молда, ишандарының көзімен қарағанда, Абай өлең сөз туралы жариялап отырған жаңалықты түгелімен күпірлік деп санар еді.

Өзі бағасын көтермек болған өлеңді құдай айтқан құранмен, пайғамбар айтқан хадиспен теңеуден артық дін бұзарлық болмас. Абай ол арасын жақсы ұғынса да, мына тұста сол дін авторитеттерін өз керегіне жаратады. Онысы және өзінің терең нанымы емес, халық ұғымына берілген баж деп танылу керек. Осыдан ары Абай эстетик. жаңа принцип жариялайды.

«... Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы?» –

дегенде, жаңа ғана осының алдында аталған исламияттік норманың барлығын оп-оңай атап өтіп, тура 1860 жылдарда Н. Г Чернышевский, Н. А. Добролюбовтай рев.-демократтар әдебиет үшін жариялаған эстетикалық негізге ден қояды. «Іші – алтын, сырты – күміс» демек, мазмұн мен түр мәселесіне Абайдың өз көзқарасын анықтайды. Түрден мазмұн қымбатырақ, бағалырақ дегенді анық танытады. Дәл осындай озғын оймен Абай орыстың классик. әдебиетінің ішіндегі ең биік шыңдығын танып, талғап алғанын көрсетеді...

Осыдан кейінгі көп шумақтарда айтылатын ойларының барлығымен Абай ақындықтың, соның ішінде өз ақындығының жаңа платформасын, үлкен декларациясын жариялайды. Бұл жөнінде Абайдың толғаулы ойы, диалектикалық отрицание дәрежесіне, философ. биікке өрлейді. Өткен тарих қалдырған әдебиетке тарихтық, философиялық қатты сынмен, қатал соқтығады. Бұрынғы қазақтың «жүйрігі, шешені» деген ескі биін мақал көлеміндегі жаттанды шешендіктен аспаған арзан ойдың көзқарасын көрсеткендер деп біледі. Әсіресе бұрынғы ақындардың кейбір топтарына ерекше қатты соқтығады.

Сатымсақ ақынды – жағымпаз, жанын жалдаған жексұрын ақын етіп, өнер ұстап жүрудің орнына қайыршылыққа кеткен сорлылықты әшкерелейді... Сонымен қатар өзінің ендігі сөзі қоғамды, халықты түзейтін үлкен күш деп түсінеді. Өсиет өлең халық дертінің, тарих қайшылықтарының бәрін емдеп, тазартатын өзгеше құрал деп біледі. Ал, Абайдың үгіттейтіні зор адамгершілік пен халықшыл, тазалық жолдар болғандықтан, өз заманындағы барлық мінді, сорақылықты сол тура жолдағы жақсы өлең-өсиетпен түгел жойып, жоғалтуға болады деп иланады...

Абай «сөз түзелді, сен де түзел» дегенде, бір-ақ ауыз өтілу сөзді айтып отырған жоқ. Осыдан бұрынғы жазылған және кейін жазылатын барлық шығармаларында, жаңағы сияқты өзгеше нанымды көп таратып танытады. Өзінің барлық шыншыл, әділетшіл қажырлы еңбегімен, өлең ұстаздығымен заманын түзеп алады екенмін деп түсінген. Өз еңбегін сондайлық ұлы жолдағы үлкен адам мұддесі бар, ерекше еңбек деп түсінген. Абай енді өлеңдік шығарманың өзін де жанр мен түр жағынан іріктеп, талдап алады.

«...Батырды айтсам ел шауып алған талап,
Қызды айтсам, қызықты айтсам қыздырмалап.
Әншейін күн өткізбек әңгімеге
Тыңдар едің бір сөзін мыңға балап», –

деген толғауда үлкен мән, терең сыр бар.

Халықты тәрбиелейтін анық ұстаздық сөз өзіне бөлек бір алуан болсын. Онда терең оймен, ашық шындықпен аралас үлкен тәрбиелік мән, мағына

болсын дейді. Ал осылай талап қойған Абай ақындықтың көпшілігі тудыратын әңгімелі поэзия, уақиғалы, қызық сюжетті поэмаға сынмен қарайды. Оны өзі жазудан тартынады. Себебі, батырлық пен қыз, қызықты жазу, – оқушының көңілін ақын өзі баулып, бастаймын деп отырған тәрбиелік жолдан алаң етіп, аударып әкетеді. Ондай шығарманы оқушы ойланып, тәлім алатын боп оқып тыңдамай, әншейін арзан қызық, болымсыз ермек ретінде тамашалап кетеді деп біледі...

Бұрын қазақ тарихында, әлеум. санасында болмаған жаңалықты әкелуші ақын ең әуелі өз алдындағы тарихи ескілікпен қатты шайқасады. Ескіріп, тозып, енді өмірге жарамсыз, көне боп қалған дәстүрлерден өзінің негізін аулаққа салады. Іргесін ажыратып алып, тың дүниені тарихтық жаңа жолдан іздейді. Осылайша, ақын мен ақындық туралы, олардың қоғам тірлігіндегі міндет, мүддесі туралы өзінің үлкен өріс арнасын саралап алып, бұдан кейінгі шығармаларында дәл осы бір өлеңде қалыптаған негіз бойынша әрекет етеді... *М. О. Әуезов.*

Өлең 11 буынды қара өлең үйқасымен жазылған. Алғаш 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланған. Туынды бірқатар текстол. өзгерістерге ұшыраған. Барлық жинақтарда 1909 жылғы басылым негізінде 3-шумақтың 2-, 3-жолдары **«Қосарлы бәйітсымал келді арасы»**, **«Қисынмен қызықты болмаса сөз»**, 4-шумақтың 3-, 4-жолдары **«Бір сөзін бір сөзіне қиыстырар, Әрбірі келгенше өз шамасы»** 7-шумақтың 2-жолы **«Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап»**, 13-шумақтың 3-жолы **«Мақтан қуған мал құмар нені ұға алсын»** делінген. Ал Мүрсейіт қолжазбаларында бұл жолдар **«Қосарлық бәйітсымал келді арасы, Қисынды қызығымен болмаса сөз»**, **«Бір сөзін бір сөзіне қиыстырған, Әркімнің келгенінше өз шамасы»**, **«Мақтап өлең айтыпты әркімге арнап»**, **«Жел буаз, жел өкпелер нені ұға алсын»** болып алынған. 1938, 1945, 1954, 1957, 1977 жылғы басылымдарда Мүрсейіттің 1910 жылғы қолжазбасы мен 1909 жылғы жинақ бойынша 6-шумақтың 3-жолы «Ақындары ақылсыз, надан келіп» ретінде берілсе, Мүрсейіттің 1907 жылғы қолжазбасы мен 1933 жылғы басылымда **«Ақындары ақылсыз, надан болып»** түрінде жазылған. 1939, 1945, 1954 жылғы жинақтарда, Мүрсейіт қолжазбаларында 8-шумақтың 4-жолы **«Өз елін бай деп мақтар құдай қарғап»** болса, 1957, 1977 жылғы басылымдарда 1909 жылғы жинаққа сәйкес **«Өз елін бай деп мақтап құдай қарғап»**, 9-шумақтың 4-жолы 1939, 1945, 1954 жылғы басылымдарда, Мүрсейіт қолжазбаларында **«Былжырақ көрінеді бәрі даңдақ»**, 1909 жылғы жинақта **«Былжырақ көрінеді солар даңдақ»**, ал 1957, 1977 жылғы басылымдарда бұл жол 1933 жылғы жинаққа орай **«Былжырақ көрінеді соларды аңдап»** болып өзгерілген. 10-шумақтың 1-, 2-жолдары барлық басылымдарда **«Ескі бише отырмын бос мақалдап, Ескі ақынша мал үшін тұрмын зарлап»** болса, Мүрсейіт қолжазбаларында **«Ескі бише отырмын бос мақалдап, Ескі ақынша мал үшін тұрмын зарлап»** түрінде келеді. 1939, 1945, 1954 жылғы жинақтарда 11-шумақтың 3-жолы **«Әншейін күн өткізбек әңгіме үшін»** болып алынса, 1957, 1977 басылымдарда бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларымен 1909 жылғы жинақ бойынша **«Әншейін күн өткізбек әңгімеге»** деп алынған. 12-шумақтың 2-жолы 1957 жылғы басылымда **«Кісімсіген жеп кетер білімсіз көп»** делінсе, қалған жинақтарда, Мүрсейіт қолжазбаларында **«Кісімсінген жеп кетер білімсіз көп»** түрінде берілген. Абайдың бұл өлеңіне А. М. Гурьевич ән-романс жазған. Туынды ағылшын, араб, башқұрт, белорус, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, тәжік, түрікмен, ұйғыр тілдеріне аударылған.

«ӨЛСЕМ, ОРНЫМ ҚАРА ЖЕР, СЫЗ БОЛМАЙ МА?..» – Абайдың 1898 ж. жазған өлеңі. 4 тармақ 3 шумақтан тұрады. Бұл жыр да өлім жайын толғайды. Бұдан бұрын да, басқа классик ақындарша, Абай да өлім жөнін ауызға оқта-текте ала жүретін. Бірақ анық өзінің шыңдығымен, ерекше жол жағдайымен байланысты өзгеше бір ойлы мұңнан туған саналы сырдың жыры осы өлең. Жалпы алғанда, бұл жырдың тақырыбы – ойшыл адамның, әсіресе сыршыл ақындардың анық тоқтайтын тақырыбы. Өмірдің өріне жетіп, оның ішінде талай қиыр кезең жолдарын басып өтіп, енді тірлік сапарын таусарманға келгенде айтатын шерлі сыр болады. Бұл өлеңде көп жайдың түйіні бар. Кеше ғана көрген соққының салдары ғана емес, өмірінің ұзын бойын шолып келіп, дәл осы жылда өлімді айтып отырған Абай аса қымбат қасиет табады. Ол келешекпен тілдеседі. Өз халқының кейінгі ұзақ тарихына өлместік із қалдырып отырғанына сенім артады. Қасиет дейтініміз – өлім жайынан бастап, өлместің сырына ауысады. В. Г. Белинскийдің А. С. Пушкин жайында айтқан бір пікірінде: «Ақын – данышпанның қайсысы болса да алдыңғы заманды аша алмайды, бірақ әр кезде ол келешектің, көпшілік көзіне көрінбестің мазмұн мен мәнін болжай біледі», – деген. Әрине, Абай да өз халқының болашағын сол Белинский айтқандай болжаған. Халқының келешегіне, тарихына айқын етіп айтқан шешуі жоқ, ол, Белинский айтқандай, мүмкін де емес. Бірақ, сонымен қатар, Абай өзі өмір кешкен заманнан басқаша, артық заман болатынын болжайды. Сол заманның адамымен сөйлескендей болады.

«...Сонда жауап бере алман мен бишара,
Сіздерге еркін тиер, байқап, қара» –


дегені және келесі шумақта:

«...Жүрегіңнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!» –

дегеніне қарағанда, Абай келер нәсіл адамына бар сырын ашып, мұң шағады. Оған жақын отырып, барынша сенім артып сырласады. Ол адамды өз заманының адамынан ұғымдырақ, ойлырақ және әділетті тыңдаушы деп түсінеді. Оның үстіне, ол келешек адамның заманы, Абай заманынан әлдеқайда артық заман болады деп біледі. Өйткені оларға, Абайдай ақын барлық мұрасымен жұмбақ адам боп көрінбекке лайық сияқты. Ендеше олар қоғамдық тірлігі, тарихы, мәдениеті – бәрі де өзгеріп, ескеленбеп кеткен нәсіл болу керек. Ол ортада «соқтықпалы», «соқпақсыз» тірлік болмау керек сияқты. Және де ол ортада мың адаммен жалғыз көзі ашық кездеспесе керек. Надандық жеңіліп, адамдық пен білім жарығы жеңген заманның адамын ақын көріп отырғандай. Кейін өзінің өмір ерекшелігін тағы да еске алып: «мен

сендердей жас күнімнен жарық көргем жоқ. Дұрыс ойдан аулақ ұстайтын өмір тартысының, сендерге жат тартыстың жағдайында өстім. Сендер білместей көне күннің адамымын. Ол уақытта, менің қостаушым боларлық қауым өскен жоқ еді. Замандастарымнан тек «етек бастыны» ғана көрдім. Сол себепті, сандалмамен күн кештім. Заманына ұғымсыз, бағасыз болдым. Жұртшылық дегеніңнен қорлық көрдім. Сен ол заманның алысқа кеткен шағында, басқа жағдайда өмір кешіп отырған ырысты нәсілсің. Менің жайымды ойлағанда, «есіркеп ойла», – дейді.

Өлеңнің аяғы да өлім күйімен күңіренбейді. Ойлы жалғыздың жақсы, момын, саналы әзілімен аяқтайды. Өз өлеңін сол әзілмен «өсекші» деп атандырады. Ішімді ашып, сырымды жеткізуші сен боларсың-ау! – деп өзі әдейі ырық беріп отырған өлең атты сырласына наз айтып тоқтайды. Өмір, тірлікке лағнат-қарғыс айтпайды. Жауласып, жырғыласып кетіп жатқан жоқ. Тіршілік есігін ақырын жауып, анық дана ақынның кең, сабырлы мінезділігімен кетіп жатыр. Ол мінезділіктің тірегі – болашаққа үмітпен қарауында, күдіксіз сенуінде. Осындай тереңде жатқан түйіндеріне қарап бұл өлеңді біз Абай өмірінің соңғы шағының қортындысы дейміз. Қазақ оқушысына ең бір даңқты, қадірлі болған көркем өлеңінде әр шумақ, әр жолдың ішкі мазмұнынан көрінген түкпірлі толғау, сымбатты сырлар бар. Бұл өлең Абайдың ақын мен ақындық жөнінде және көңіл сыры жөнінде, қоғам мен өз арасын білдіру жөнінде бұл шаққа шейін айтып келген әр тақырып, сан өлеңдердің сұрыпталған асылы есепті. *М. О. Әуезов.*



Нота. (Өлсем, орным қара жер...).

Өлең 11 буынды қара өлең үлгісімен жазылған, ал композициялық құрылымы жағынан бір-бірімен үндес екі бөліктен тұрады. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Туынды басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1939, 1945 жылғы жинақтарда 3-шумақтың 3-жолы **«Екі күймен бір жанға ғаделет пе?»** делінсе, 1954, 1957, 1977 жылғы басылымдарда бұл жол **«Екі күймен бір жанға әділет пе?»** деп алынған. Абай осы өлеңді жазғаннан кейін ғана өлеңдерін жидырып көшіртуді қолға алған. Өлең ағылшын, араб, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, ұйғыр тілдеріне аударылған.

Абай бұл өлеңіне ән шығарған. Онда ақын келешек ұрпаққа өзінің арман-аңсарын, философ. терең талғам-танымын айқын көрсетіп, әннің әр сөзі мен мақамын үйлестіре мүсіндеп, ой жүйесін түйіндеп, зор әлеум. мәнін биік дәрежеге көтерген. Әнді комп. Л. Хамиди 1935 ж. Ә. Ысқақовтан жазып алып, нотаға түсірген. Әннің мелодиялық қалпы және ырғақтық иірім-тіркестері, жалпы әуен жүйесі дәстүрлі қазақ ән-жырымен сарындас. Әуен сарыны аумағында секіртпелі музыкалық екпіндерімен бірге көптеген түркі халықтарына (азербайжан, қарақалпақ, өзбек т. т.) тән асқақ «ырғақтардың» да ән құрылысында жиі кездесуі, кейбір тұрмыс-салт әндері мен лирикалық қара өлеңмен айтылатын әуендер элементтермен ұқсастығы-ұлттық ән өнерімен тығыз байланыстығын білдіреді. Абай ән сөзінің нәрлілігін, әсерлілігін халық таным-түсінігінен ілгері дамытып, әуен-саз құрылысын халықтық әні түрінде қалыптастырады. Тіпті, бұл шығарманы кей кезде ел ішінде халық әні «Үкілім-айдың» әуенімен де айтып жүреді. Әннің құрылысы өлең құрылысымен тұтас бірлестікте бола тұрып, ән-өлеңнің бірінші жолы біркелкі сегіздік дыбыстар ұзақтығымен тізбектеліп, жалпы ән құрылысы – 8/4, 4/4, 3/4, 3/4, 6/4, 4/4, 4/4 болып минорлық ладта қалыптасқанын аңғартады. *Қ. Жүзбасов.*

«**ӨЛСЕ ӨЛЕР ТАБИҒАТ, АДАМ ӨЛМЕС...**» – Абайдың 1895 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақтан тұратын 4 шумақ. Ақынның болашағынан үлкен үміт күткен сүйікті баласы Әбдірахман мен інісі Оспаннан айрылып, көңілін мұң басып, қайғы шеккен кезеңіндегі өмір мен өлім, табиғат пен адам хақындағы ойлы толғаныстарынан елес береді. Өмірдің мән-мағынасын жете бағалап, опасы мен жалғанын әрқашан да ажыратып қараған Абай дүниеден өткен адамды біржолата өлдіге санайтын жаңсақ пікірді теріске шығарады. Абай Платон ілімінен арқау алған идеалистік философияның жаратылыс құбылыстарын жоғары қойып, адамды табиғатқа табынтпақ болған кертартпа тұжырымына қарсы. Ол абсолюттік идеялардан нақты дүниелерді ілгері қояды. Ақынның ұғымында «мен» әрі табиғат, әрі адам. Ол «өлсе өлер табиғат, адам өлмес» дегенде сол адамды өлтірмейтін «менікі» саналатын – істеген еңбегі дейді. «Мен» кісінің денесі де, «менікі» – атқарған ісі, ұстаған ойы, айтқан сөзі. Осы «менікі» мәңгілік. «Фәнидің» мінін көрмей қоймайтын, «бақилық» мұрасы. Абайдың бұл тұжырымы түптеп келгенде «Жақсының аты өлмес, ғалымның хаты өлмес» дейтін халық философиясымен үндес жатыр. Сонда ақын «адам өлмес» дегенде не айтпақ? Ол осынау байламды сөзі арқылы халықты табиғат құбылыстарынан жасқанбай, оларды мойынсынбай, қарсы күресуге, еңбек етуге, артына жұрт есінде тұтарлық іс қалдыруға шақырады. Фәнилық дүниеге бой алдырмасаң, терең ойдың соңына ерсең ғана иманың түгел деп түсіндіреді. Бұл жерде, сөз жоқ, ол өзі туралы айтып отыр. Бұл кезде «Абай аға» атанып, дуалы сөзі елге дауа, жұртқа жұбаныш болған ақын өзінің бүгінгі мен болашақты жалғастыратын ірі тұлға екенін жақсы білген. Өйткені оның өзі де «өлмейтұғын артына сөз қалдырған».

Өлең 11 буынды қара өлең үйқасымен жазылған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Абай Құнанбайұғылының өлеңі» деген жинақта жарияланды. Өлең басылымдарында аздаған

текстол. өзгерістер кездеседі. Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасында 2-шумақтың 3-жолы **«Өлді деуге сыя ма, ойлаңызшы»** деп жазылса, басылымдарда Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбалары, 1909 жылғы жинақ негізінде **«Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы»** болып алынған. Туынды ағылшын, араб, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр тілдеріне аударылған. Ақынның бұл өлеңіне композиторлар С. Мұхаметжанов пен М. Маңғытаев ән-романстар жазған. *Т. Рсаев.*

ӨМІРӘЛИЕВ Құлмат (1930–85) – тілші, әдебиетші-ғалым. Филология ғылымының кандидаты. Ғалымның «XV–XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі», «Қазақ поэзиясының жанры мен стилі», «VIII–XII ғасырлардағы көне түрік әдеби ескерткіштері», «Оғуз қаған эпосының тілі» деген еңбектері белгілі. Ө. абайтану саласында да еңбек етті. Ол, әсіресе ақын шығармаларының текстологиясын нақтылау мәселесіне қалам тартты. «Баспа орындары ұқыпты болса екен» («Қазақ әдебиеті», 1956, 6 қаңтар), «Абай текстологиясы және оны бір ізге келтіру мәселесі» («Қазақстан мектебі», 1962, N 11), «Тағы да Абай текстологиясы жайында» («Қазақстан пионері», 1971, 8 наурыз), «Абай шығармаларындағы тілдік ерекшеліктер» (Гурьев мемл. педагогикалық институның ғылыми жазбалары. Тарих-филология сериясы, 1962, 2), «Шығыс әдебиеті және Абай» («Қазақстан мұғалімі», 1962, 13 қыркүйек), «Ұлы ақын туралы бір-екі мағлұмат» («Қазақстан мұғалімі», 1963, 5 қыркүйек) т. б. зерттеу мақалаларында Абай шығармалары туралы тың деректер келтіреді. «Абайдың нақыл сөздерін оқу-тәрбие ісінде пайдалану», «Абайдың нақыл сөздері» деген кітаптары жарық көрді. «Дулат Бабатайұлы» деген монографиялық еңбегінде Абай мен Дулат шығармаларының сабақтастығын көрсетті.

ӨМІРБАЙ Тілеуұлы (1850–1930) – Абай ерекше қастерлеген төкпе ақындардың бірі. Ол жас кезінде шешекпен ауырып, су қараңғы соқыр болып қалады. Абайға бір келгенде өзінің көзі көрмесе де көкірегі ояу екенін, Абайды аруақ қонған аға ретінде бағалайтынын, сәлем беруге әдейі ізделп келгенін өлеңмен жеткізеді. Абай Ө-дың қасына ілесіп келген Назарбектің атына қызығып, оның бітім-болмысын, көрінісін сипаттап таңданған кезде Ө. домбырасын ала салып, Абайдың айтқандарын өлеңдетіп, қайта айтып шығады. Ө-дың ел арасына кең тараған бұл өлеңінен Абайдың сөз саптау үлгісі айқын аңғарылады. *С. Қарамендин.*

ӨНДІРБАЙ Асаубайұлы (1815–78) – қажы. Абайдың әкесі Құнанбайдың замандасы. Қаракесектің – Бошан-Жүгіней тармағынан. Қызы Зейнепті Абайдың інісі Оспан алған. Ө. Орынбор, Уфа медреселерінде оқыған. Оқуын бітірген соң 1870 ж. туған жері Абыралыға келіп, Мәремік тауының баурайынан медресе ашып, сол аймақтың балаларын оқытқан. 3 рет Меккеге барған, 2-сінде Құнанбайды апарып қайтқан. 63 жасында 3-ші рет сапар шегіп, қайтар жолда шөл далада қайтыс болады. Осы оқиға Ө-дың баласы Мәтелінің (Мұқаметқали) дастанына өзек болған. 1913 ж. Қазанда Әбдірахман Жүсіпұлы өз қаржысына «Өндірбай қажы» деген кітап жазып шығарған. Кітап Семейдегі Абайдың әдеби-мемориалдық музейінде сақтаулы, Меккеге барар жолдағы елдердің, араб халқының тұрмыс-тіршілігі, әлеум. жағдайы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі жайында Абай Ө-дан көп әңгіме естіген. *М. Бейсенбаев.*

«ӨНЕГЕ» – «Жазушы» баспасынан 1975 ж. жарық көрген естелік кітабы. Авторы – Ғ. Сармұрзин. Автор жас М. Әуезовтың ұлы ақынның үй-ішімен, балалары – Ақылбай, Мағауия, Ізкәйіл, Турағұлмен достық қарым-қатынасын баяндайды. «Еңлік-Кебек» драмасының тұңғыш қойылымына тоқталып, Әуезовтың Абай ауылын, үй-ішін, ұрпақтарын жақсы білуі, кейін ақын шығармаларын жинап, зерттеуі – абайтану ғылымының негізін қалауына және ұлы ойшыл өмірінен ұлттық эпопея жазуына бастау болғанын айтады. Көлемі 6 б. т., 12 мың дана болып басылған.

ӨРӘЕВ Сапар (1932 ж. т.) – түрікмен ақыны. Оның «Ғашықтардың айдыны», «Қыз жүрегі», «Кездерім сені көргенде» т. б. өлең, дастан жинақтары бар. Ө. 1970 ж. Абайдың өлеңдер жинағын аударып, Ашғабадта түрікмен тілінде жарыққа шығарды. *К. Боржыкова.*

ӨСКЕНБАЕВ Халиулла (1849–70) – Құнанбайдың Айғыздан туған баласы, Абайдың інісі. Он жасқа дейін ауылда Ғабитхан молдадан оқып, сауатын ашқан. 1859–67 ж. Омбыдағы кадет корпусында, 1867–68 ж. Москвадағы Александр III атынд. әскери уч-щеде оқыған. 1868–70 ж. Бат.-Сібір генерал-губернаторлығына қарайтын Сібір қазақ әскери бөлімінде қызмет еткен. Ол ойшыл, аудармашы, әрі ақындықтан да құралақан болмаған. Ө. ерте қайтыс болып, артында айтарлықтай мұра қалдыра алмады. Абай орыс әдебиетінің терең сырларымен, оның биік тұлғаларымен алғаш осы Халиулла арқылы танысты. Халиулла жазғы демалысында елге келгенде халық жырларын жинап, орыс классиктерін ауызша қазақ тілінде әңгімелеп, оны өзінің жақын достарына, туысқандарына айтып беріп отырған. Оның орыс әдебиеті үлгілерін қазақ арасына таратудағы еңбегі мен қызметі туралы Г. Н. Потаниннің «Ең соңғы қазақ ханзадасының киіз үйінде» атты жолжазбасында айтылады. Ө-тың «... Тургенев, Лермонтов, Толстой және басқалардың шығармаларының қазақша жазылған еркін аудармасы бірнеше дәптер болыпты... Өскенбаев: «... орыстың белгілі сыншысы Белинский не дегенін тыңдаңыз» немесе «Орыс сыншысы Добролюбовтың бұл туралы пікірі мынандай» деп, орыстың атақты адамдарына иек артады екен» («Русское богатство», С.-П., 1896, 83-б.). Халиулланы жақсы білген Н. Я. Ядринцевтің айтуынша, ол Л. Н. Толстойды, М. Е. Салтыков-Щедринді, В. Г. Белинскийді, Н. А. Добролюбовты тұңғыш рет қазақ тілінде айтып берген, халық эпосын жинап, зерттеуде көп еңбек сіңірген. Оған «Дала уәлаятының газеті» 1896 ж. 27-қазан күнгі 43 санында жариялаған «Қазақтың тәуір адамдарының қылар ісі» мақаласы айқын дәлел: «... Кейінгі уақытта қазақтан орыс медреселерінде оқығандар аз емес. Сөйтсе де солардың бірі медресе ашты, білім кітабынан кітап аударып, қазақ тілінде кітап басып шығарды деген естілмейді... Бұл туралы жалғыз-ақ ондай қылған, қырға барып тұрып дүниеден қайтқан Өскенбайұғылы екен. Сол құрметті адам есіту бойынша кеш болғанда орыс қиссаларын қазақ тіліне переуаттап қазақтарға айтады екен де, есітушілердің сұрауы бойынша жазып береді екен. Солайша Тургеневтің,

Лермонтовтың, Толстойдың шығарған кітаптарын Өскенбайұғылы еркін переуат қылып шығарған».
Абайдың Халиулланы жоғары бағалағаны оның інісіне жолдаған хатынан анық көрінеді. 1866 ж. 8-наурызда Абай Омбыда оқитын інісіне хат жазған (*қ. Халиуллаға жазған хаты*).
Бұл хаттан Х-ның оқыған, білімді, саналы ел азаматы болып шығуына Абайдың үлкен ықпалы болғанын, оған үнемі көмектесіп отырғанын көреміз.

Әдеб.: Нұрқатов А. Абайдың ақындық дәстүрі. – А., 1966; Марғұлан Ә. Абай қолжазбасы. – Кіт.: Абай тағылымы. – А., 1986; Бейсенбаев М. Абай және оның заманы. А., 1988; «Дала уәлаятының газеті». – А., 1990. *М. Бейсенбаев.*

ӨСКЕНБАЙ Ырғызбайұлы (1778–1850) – Абайдың атасы, атақты би. Ырғызбайдан Үркер, Мырзатай, Жортар, Өскенбай туған. Ө. жастайынан зерек, есті болып өседі. Кеңгірбай би Ырғызбай жастай өлген соң, інісінің орнына осы баласы – Ө-ды сүйеніш етеді. Қартайған кезінде жол өз баласы Ералынікі болса да батасын беріп, Ө-ды би қояды. Ө. өзінің ел басқару әдісінде, ең алдымен парақорлықтан бойын аулақ салуға тырысады. Ө-дың әділдігіне тәнті болған ел арасында «Ісің адал болса, Өскенбайға бар, арам болса, Ералыға бар» – деген тәлімді сөз пайда болады. Ө. үлкен әйелі Зере бәйбішеден (шын аты – Тоқбала Бектемірқызы) – Құттымұхамбет, Құнанбай, Тайбала есімді екі ұл, бір қыз сүйеді. Құттымұхамбет жастай опат болған. Зереден кейінгі төрт тоқалынан Өскенбай би тоғыз ұл көрген.
1822 жылғы Сібір қазақтарын билеу туралы патша әкімшілігі жарлығынан кейін отарлау саясатының тасқұрсау тәртібіне мойынсұнып, Тобықты елі Ресейге «бодан» болып, Петербургтан келген арнаулы өкіл Иван Семенович деген майордан Ө. кепілдеме құжат алады. 1826 ж. қазан айының 16-ында шекаралық басқарманың міндетін атқарушы Броневскийдің жарлығымен старшын шеніне көтеріледі. Ол орта жасқа келген шағында ел билігі тізгінін үлкен ұлы Құнанбайдың қолына ұстатады. Өзі ақыл-кеңесін беріп, ел-іші істерін сырттай ғана бақылап отырады. Ө-дың сүйегі Шыңғыс таудың ішінде Бөкенші өзінің бойында әулеттік қорымда жерленген. Құнанбай Ө. биге 1851 ж. шілде айында, Көкшетаудың Арғын ішінде Қамбар руы жайлаған Көкжайдақ деген жерде ас берген. Өзі бес жасқа толған кезінде мәңгі-бақиға көз жұмған аяулы атасы Ө. биге берілген ұланғайыр асқа бала Абай да Зере әжесіне еріп барған. *Б. Сапаралы.*

ӨТЕГЕНОВ Әнуар Жұмағалиұлы (1942 ж. т.) – суретші-график, педагог. Экслибрис өнері саласында жұмыс істейді. Ол Абай тақырыбына арналған «Бейлингсонның» экслибрисі (1972), «Абай» экслибрисі (1990, М. Құрманалиннің жеке қорында) жұмыстарын әзірледі. «Ғақлия» немесе «Абай – тәлімгер» деп шартты түрде атауға болатын 1-жұмыста ауылдағы Абай Отан-Ана бейнесіне білім кітабын ұсынып тұрда, 2-шығармада кітабын кеудесіне қыса ұстаған ақынның шабытты шағы кескінделген.

ӨТЕТІЛЕУОВ Бекет (1883–1949) – ақын, аудармашы, ағартушы. Орыс тілінде оқытатын 3 жылдық ауыл мектебінде сауат ашқан соң Бурабай, Қостанайдағы орыс-қазақ мектебінде оқыған. 1905–07 ж. ауыл мектептеріне мұғалімдер даярлайтын қысқа мерзімді курста оқып, мамандық алған. «Дүниенің ісі ахиретке кетпес-ті», «Жиған-терген» деген кітаптары жарық көрген. Ол пед. ағартушылық талаптарға жауап беретін, өнегелік, өсиеттік-дидактик. мазмұндағы шығармалар жазды. Шәкірттерге өмірде өне бойы тайталас көрінетін әділдік пен жауыздық, қатыгездік пен қайырымдылық, еңбекқорлық пен жалқаулық, алғырлық пен надандық мәселелерін ұғындыруға күш салды. Бұл салада ұлы ағартушылар Ы. Алтынсарин мен А. Құнанбаевтың реалистік дәстүрі мен пед. бағытын ілгері жалғастырды.
Ө. ұлы ағартушы-ақын шығармаларын таратушы, жас буын тәрбиесіне кең пайдаланған алғашқы ұстаздардың бірі болды. Оның бұл қызметі туралы шәкірті Ғ. Мүсірепов: «Ол кейде сабақ біткеннен кейін оқуға, білімге шақыратын әңгімелерді айтады. Көбінесе өзі аударған Крылов мысалдарын айтып береді. Абай, Ыбырай шығармаларын оқиды. Не түсінгенімізді сұрайды» деп жазды (Ғ. Мүсірепов. Таңдамалы шығармалары. – А., 1956, 3 т. 125-б.). Ол әсіресе аударма жасауда Абайдан көп үйренген. Оның Абай аударған И. А. Крыловтың «Қарға мен бүркіт», «Піл мен қаңден» мысалдарын, А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романынан үзінділер тәржімелеуі тегін емес. Дегенмен, А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, И. А. Крылов, В. А. Жуковский, А. Н. Плещеев шығармаларын аударғанда Абай өлеңдерінің сөз өрнектеу тәсілдеріне еліктей отыра, Абайша еркін кетпей, көбінесе түпнұсқа негізін сақтауға бейім, нақтылыққа баса көңіл бөледі. *Т. Рсаев.*



Абай. Ә. Өтегенов. 1990.



ПАК Борис Петрович (1935–92) – суретші. Графика және монументті өнер саласында жұмыс істеген. Ол Абай шығармалары тақырыбына «Өлең – сөздің патшасы» литографиясын (1971) жазған. Поэтик. мазмұны ақын өлеңінің стилімен үндескен. Еңбектің ерекше сәнділігі мен бейнелілігі жұмысқа қайталанбас композиция, келісті ырғақ берген. П. Абай «Ғақлияларына» иллюстрация (1978, гуашь) жасады. Кітап бетінің ашық жерлеріне үш түспен салынған суреттер бейнелі де мағыналы, әрі өткір сықақты танытады. Мұқабаның ішкі бетіндегі Абайдың шабытты кескіні өз кейіпкерлерінің ортасында бейнеленген. *Л. Плахотная.*

ПАРСИ АРУЗ – араб поэзиясының негізінде қалыптасқан араби аруз уәзінінің парсы әдебиетінде өктемдік етуінен туындаған өлең өлшемі. Арабтардың парсыларды жаулап алысымен оларды ислам дініне күшпен енгізгені Наршаһидың «Бұқара тарихы» (19 ғ.) еңбегінде айтылған. Бұл өлкеде араб тілі саясаттың, ғылымның, поэзияның тіліне айналып, үстемдік жүргізді. Парсы тілінің сөздік құрамына араб тілі диалектілері көптеп еніп, халық тілі шұбарланды. Парсы поэзиясына бейімделген П. а. дәстүрінде жазылған Жүсіп Арузи Нишабуридің, Вахид Табризидің туындылары жарық көрді. Абай оқыған Физули, Шәмси, Сәйхали, Науаи, Сағди, Фирдауси, Руми, Низами, Бабырдың бәрі де осы П. а. үлгісімен өлең жазып, ол жөнінде ғыл.-теор. еңбектер қалдырған. Шәкірт Абайдың медресе есігін ашып, тұңғыш рет өзінің ақындық лебізін білдірген *«Иузи – рәушан, көзі – гәуһар»*, *«Физули, Шәмси, Сәйхали»* өлеңдері П. а. уәзінімен үндес жазылуының себебі де осы жағдайларға байланысты. Абай қазақтың өлең құрылысына жаңалық енгізу жолындағы ізденістерінде П. а. жайлы ғыл. еңбектермен біршама мол танысқан. *М. Мырзахметов.*

«ПАТША ҚҰДАЙ СЫЙЫНДЫМ...» – Абайдың 1886 ж. жазған өлеңі. Көлемі 20 жол. «Өзге алыс ел құмар болып, Абайдың насихатын ұқса да, ұқпаса

да құлақ қойып тыңдап отырғандарына қарағанда, қайта ең жақын, туысқан елі Тобықтының көбі айтқан сөзі, жазған өлеңімен ісі жоқ болып, өзіне жаулық ойлайтынына ыза болып жазып еді» дейді *Кәкітай*. Өлең ақынның жақыны жат болып, ағайыннан да, алыстан да жаулықты көп көрген кезінде әлеумет тіршілігіне, ел надандығына деген ызадан туған. «Жау жағадан алғанда» өмірге налып, бір құдайға сыйынуды медет тұтқан сияқты. Алтындай асыл қайран сөзінің «Самарқанның бөзі» құрлы болмағанына, ақыл-кеңесін ел-жұртының құлаққа ілмегеніне реніш білдіреді, партияға бөлініп дау қуып, ағайын басына жаулық тілеп, өтірік арызға үйірсек болғандарға наразылық танытады. «Түспей кетер деймісің, Тәңірінің құрған тезіне?» деп, пәле іздеген «пысықтарға» да бір зауал болар деген қорытындыға келеді.

Өлең 7 буынды аралас ұйқаспен жазылған. Түпнұсқасы Мүрсейіт қолжазбаларынан алынып, алғаш рет 1905 ж. С.-Петербургте жарық көрген *«Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі»* атты жинақта жарияланды. Өлеңнің басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Туындының Мүрсейіт қолжазбаларындағы (1907, 1910) **«Айдостың өңкей езіне»** деген 8-жолы кейінгі басылымдарда Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасына, 1905 жылғы жинақ негізінде **«Тобықтының езіне»** болып өзгертілген. Өлең башқұрт, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, татар, ұйғыр тілдеріне аударылған. *С. Қалиев.*

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ. Абай бар асыл ойын замана жастарына, келер ұрпаққа арнады. Оның шығармашылық қызметінің негізгі мұраты – адам тәрбиесі. Ұстаз сөзінің биік мағынасы Абайдай ағартушыға өте орынды айтылған. Абай халықтың үлкені мен кішісіне, ұлы мен қызына, әкесі мен баласына өмірлік қажет еңбек пен адамгершілік, өнер мен білім, өнеге мен тәлім, достық-жолдастық, парыз бен қарыз сияқты қасиеттердің асыл үлгілерін жырымен де, ғақлияларымен де жеткізе білді. Ойшыл ақынның ағартушылық тұрғыдағы пед. тұжырымдары негізінен жастарды халқына адал қызмет ететін нағыз азамат – «Толық адам» етіп тәрбиелеу мақсатынан туындаған.



Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. Б. П. Пак. 1971.

Абайдың пед. көзқарасы қазақ жерінде патриархалдық-феод. қатынастар әлсіреп, капит. қатынастардың өмірге ене бастаған кезеңінде қалыптасты. Ақынның ағартушылық ой-пікірлерінің қалыптасуына игі әсер еткен табиғи арналардың алғашқысы – ақынның дүниеге келген ортасы, жас Абайдың бойына адамгершіліктің ізгі қасиеттерін ақ сүтімен қоса дарытқан ана мейірімінің қуаты. Кеудесі шежіре-тарих, аңыз-әңгімеге толы, халықтың салт-дәстүрлерін жетік білетін мейірбан әжесі Зере мен мінезге бай, тілге шешен анасы Ұлжан бала Абайды өз алдына бір бөлек рухани қазына бесігі болып тербетті. Талантты жастың өз бетінше ден қоя оқыған, құныға тыңдаған ауыз әдебиеті шығармалары туған халқының өмірі мен дәстүрін, арманы мен мұңын ертерек танып білуіне себепші болды. Өмір заңдылықтарын түсінуге игі ықпал еткен әке тағылымы да ақын бойында ұстаздық қасиеттің қалыптасуына үлкен әсер етті. Туған халқының рухани мұрасын жан-жақты игеріп, Батыс пен Шығыстың ғыл. ой санасын сын-шылдықпен бойына сіңіру арқылы Абай қазақтың қоғамдық ой-пікірін өзінің ағартушылық тұрғыдағы тұжырымдарымен байытты.

Ақынның жастарды білім алуға, ғылымға, адамгершілікке үндеген пед. топшылаулары шығыстың атақты ғұламалары Ә. Науаи, Ғ. Дауани, әл-Фараби т. б. ой-пікірлерімен сабақтас, өзектес келеді. Ол орыстың алдыңғы қатарлы ойшылдары мен көрнекті педагогтарының маңызды тәлім-тәрбиелік ой-толғаныстарын өзіндік құнды қағидалармен толықтырып, кейінгі ұрпаққа ағартушылық жаңа дәстүр қалдырды.

Абайдың дүниетанымы зерттеушілер назарын аударып, оқырман қауымның рухани қазынасына айналды. Проф. Т. Тәжібаевтың еңбектерінде Абайдың ақыл-ой, адамгершілік, еңбек тәрбиесі жайлы тұжырымдарына талдау жасалған. Ол Абайдың пед., психол. көзқарасын тұңғыш рет ғыл. тұрғыдан жан-жақты ашып берді. Ақынның ағартушылық тұрғыдағы ой-пікірлері туралы бірқатар зерттеулер жазылып, диссертациялар қорғалды. Абайдың пед. көзқарасы мәселелерін арнайы тақырып етіп қозғамаса да М. О. Әуезов, Қ. Б. Жарықбаев, Х. Сүйіншәлиев еңбектерінде ақынның ағартушылық тұжырымдары жайлы біршама құнды пікірлер ұшырасады.

Абай педагогика саласынан арнайы ғыл. теориялық шығармалар жазып, тікелей пед. қызметпен шұғылданбаса да, оның өлеңдері мен қарасөздерінен жастарды тәрбиелеу мен оқытудың кейбір дидактикалық мәселелері жөнінде үлгі-өнеге тұтарлық салиқалы ойлар мен тұжырымдарды көп кездестіруге болады. Ақын жастар тәрбиесінің сан қырына, оның өзекті салаларына баса назар аударды, жас ұрпаққа үміт артты, олардың жүрек сезімін оятып, өзінің

көкейкесті мақсат-мұраттарына жұмылдыруға ұмтылды. Жастардың еңбек етіп, ғылым мен білімге ден қоюы, алда тұрған мақсаттарына жету жолында табандылық көрсетуі қажеттігі сияқты асыл қасиеттерді уағыздау – Абайдың бүкіл ақындық қызметінің негізгі де үзілмейтін идеялық-тақырыптық желілерінің бірі. Абай мектепте оқып жүрген қазақ балаларына үміттене қарап, елдің болашағы осылар деп қуанды. Елдің мешеулігін, халықтың қараңғылығын, надандықты әшкерелеп, жаңа өмірге бастар жол оқу-ағарту, адамның рухани жағынан азат болуы деп түсінді. «Адамның білімі, өнері – адамшылықтың таразысы» деп санаған Абай білімді барлық атақ, құрмет пен бедел, байлықтан жоғары қояды. Ақын адамның ең қымбат кезі – жастық шақты оқуға, ғылымға жұмсауды еске салады. Ойын-сауықты кейін қоя тұрып, алдымен ғылым жолында еңбек ет, ізден, білімдіден үйрен, үлгі ал, солардай болуға тырыс дей келе:

«Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл бөлсеңіз...», –

деген тұжырым ұсынады.

Абай оқу-ағарту ісінің дамуына кедергі жасап келе жатқан ескілік пен надандықты, қатаң жазалау тәртібіне негізделген түсініксіз тілдегі діни оқуды әшкере етті. Молдалардың діни қағидаларды жалаң, жаттанды әдіспен түсіндіріп, баланың сана-сезіміне, ақыл-ойына, өмір мен дүниені танып білуіне сенім тудыра алмайтынын, олардың діни оқудың толық мағынасын өз мәнінде жеткізбей жүргендерін қатты сынға алып, шынайы білімді меңгерудің әдіс-тәсілін терең ғыл. тұрғыда көрсетіп берді. «Отыз екінші сөзінде»: ... білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектің өзін дәулет біл... білгеніңді берік ұстап, білмегеніңді тағы да сондай білсем екен деп үміттен...» деп, білімге ұмтылу, оқыған азаматқа еліктеу, іздену, талаптану сияқты қасиеттерді бойға дарыту арқылы оқып-білген сайын дүниені тани түсетінін, бұл таным ғалымдық жолды қалыптастыратынын атап өтті.

Ақын ел қамы үшін емес, өз қамы үшін, елді бірлестіру үшін емес, араздастыру үшін оқитын, ойында «я тілмаш, я адвокат болу» ғана жүрген пысықай жастарды сынап, ғалым болу үшін ғана емес, сол алған білімін туған халқының мәдениетін, экономикасын, сана-сезімін көтеру үшін жұмсауға шақырады. Ойшыл ақын ғылымды үйренушілерді екі топқа бөледі. Бірі – білімді ақиқатты тану, азамат болу үшін үйренушілер де, екінші – бақастық, яғни біреуден озу, артық болу мақсатын көздеушілер. Ақын ғылым жолын қалаған жастарға ғылымды жеке басының қамы, бақастық үшін емес, халқына адал қызмет ететін жан-жақты жетілген, білімді – «толық адам» болып шығу үшін үйренуге ақыл айтып: «үйреніп жеткенше осы да болады ғой деп тоқтамай, үйрене беру керек. Кімде-кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны құдай ұрды, ғибадаты ғибадат болмайды», – деп, оларға тынбай талаптануға, үздіксіз ізденуге кеңес береді. Абай қазақ жастарын желөкпе, әр нәрсеге көрсеқызар болмай, өнерді үйренуге, табиғатты тануға, ғыл. көзқарасқа негізделген тиянақты білім алуға үндеді. Ол оқу-ағарту саласындағы таптық, ұлттық және мүліктік шектеулерге қарсы шығып, оқытудың ана тілінде жүргізілуіне баса назар аударды. Сонымен қатар: «Орысша оқу керек... өнер де, ғылым да – бәрі орыста... Сен оның тілін білсең, көкірек – көзің ашылады», – деп, орыс тілін үйренуге де ерекше мән берді. «Балаңа қатын әперме, – дейді ақын замандастарына, – енші берме, барыңды салсаң да балаңа орыстың ғылымын үйрет». Абай *Отыз сегізінші* сөзінде ғылымды әл-Фарабидің үлгісімен сала-салаға бөліп, ұстаздарға ғылым негізін жоспарлы және жүйелі түрде балаға түсінігіне ұғымды, қызықты, тартымды етіп оқытуға, білімді өмір талабымен ұштастыра білуге кеңес береді. Ақын ғақлияларында оқудың шәкірттердің ынтасын арттыратындай түсініктілігі мен ерікті, көрнекілігі жайлы құнды дидактикалық пікірлер айтты. Ол жеке адамның қалыптасуына оқу-ағарту ісін ақыл-ой, адамгершілік тәрбиесімен тығыз сабақтастыра қарастырады. Ақын түсінігінде адамгершілік тәрбиені құрайтын қасиеттер: адам баласын сүю, адамдардың бір-біріне адал, мейірімді және бірлік, ынтымақта болуы. Ол адамгершілікке баулуда жастардың сол замандағы мінез-құлық олқылықтарын өз бойларынан іздетіп, олардан арылуға, өзін-өзі тәрбиелеуге өсиет етті. Жасөспірімдердің мінез-құлық, адамгершілік тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген Абай:

«Тез үйреніп, тез жойма,
Жас уақытта көңіл-гүл...» –

деп, жас баланы тәрбиелеуді өте ерте қолға алып, олардың дақ түспеген санасына ізгі қасиеттерді еге білу қажеттігін ескертеді. Ол өзі өмір сүрген әлеум. ортада орын алған бес түрлі зиянды мінез-құлықтан адам боламын деген әрбір жасөспірімнің сақтануы керектігін ашық айтады.

Адам өзіне-өзі сыншы болу керек: «Егер есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәртебе, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айына бір, өзіңнен есеп ал», – деген Абай тұжырымы жастардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттырып, олардың бойында өзіне деген берік сенімін қалыптастырады.

Ойшыл ақын адамдар арасындағы адалдық пен сезім тазалығына негізделген шынайы достық пен жолдастықты жоғары бағалады. Достық бағзы заманнан бері адамзатпен бірге жасалып келе жатқан жасампаз ұғымдардың қатарына жатады. Ол туралы әр ұрпақ заман шындығы мен талабына орай ой қорытты. Абай Ғ. Дауанидың достықтың табиғаты мен негізгі өлшемі жайлы айтқан пайымдауларын жүйелі тұжырымдармен байытып, достықтың мәнін кең тұрғыдан терең түсіндіріп берді.

«Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,
Етек басты көп көрдім елден бірақ...» –

деп, өзі ескерткендей, заманында достық пен қастықты, әділдік пен қиянатты басынан мол кешіріп, өмір талқысы ой салған Абай өзі қастерлеп, ардақтаған достық пен жолдастықты келер ұрпаққа өсиет етіп жеткізуді азаматтық борышым деп білді. Ақын әділетсіздік жайлаған феод. қоғамдағы достықтың өлшемі малы үшін, күні үшін жағымпазданып, екіжүзділік жасау деп түсінетін жалған достықты жеріне жеткізе сынайды.

«Жаман тату қазады өзіңе ор,
Оған сенсең, бір күні боларсың қор...»

деп, жалған достықтың бет пердесін әшкерелеп,

жастарды жағымсыз жалған қылықтан сақтандырады. Ақын нағыз адал, шынайы достықтың құдіретті күшіне терең талдау жасайды.

«Жолдастық, сұхбаттастық – бір үлкен іс,
Оның қадірін жетесіз адам білмес.
Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас,
Артынан бір ауыз сөз айтып күлмес...», –

деп, құрбы-құрдас, дос-жолдас болып жүріп, көзі жоқ жерде жолдасын жамандап, келеке ететін екіжүзді залымдарды сынға алып, оларға адал достық пен шынайы жолдастықты қарама-қарсы қояды. Ойшыл ақын жастарды адамгершілікке тәрбиелеуде гуманизм, отаншылдық және интернационализм принциптеріне достықты, әділеттілік пен мейірімділікті негізгі қазық етіп алды. Абайдың ұлттар достығы, интернационалдық тәрбие жайлы ойлары өз халқына деген сүйіспеншілік сезімінен туындады. Көршілес халықтардың озық дәстүрлеріне, жетістіктеріне үңіле қарап, соларды үлгі-өнеге тұтты. Озық ойлы ақыл-ой иелерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, жақсы тәлім-тәрбие үлгілерін батыл насихаттады. Жастарды адамгершілік рухында тәрбиелеп, оларға ғылым мен білімге бастар жолды көрсете отырып, ақын бұл мәселелердің шешімі еңбекте деп білді. Ол еңбектің адам мен қоғам өмірінде алатын қызметіне зор мән берді. Абай шығармалары олардың әр түрлі кәсіпті еркін меңгеруіне ықпал етіп, еңбекті тиімді ұйымдастыру жолдарына баулыды. Ақын жастарды бойындағы күш-қуатын пайдалы еңбекке жұмсауға шақырды. Өз заманындағы еңбекке салғырт көзқарастың зардабын дәлелдеп, адам бойындағы игі қасиеттердің қалыптасуында еңбектің атқаратын шешуші қызметіне талдау жасады. Жастардың айналысар кәсібінің аясы тарлығына тоқталып, өзімен көршілес халықтардың егіншілік пен қолөнерін, сауда жасауды, түрлі кәсіпті үйренуге үндеді. Ақын кейбір жастардың бойындағы еңбекке икемсіздігін, құлықсыздығын, жалқаулығын сынап, берекесіз адамның болашағы жоқтығын әрдайым еске салып отырады. Жастарға жеке басының қамын күйттеп кетпей, халқының жарқын болашағы үшін еңбек ет: «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, алланың сүйген құлының бірі боласың», – деген өсиет қалдырды. Абай қалың бұқараны адал еңбекке үндеді, құлық-сұмдықпен, алдау-арбаумен, ұрлық-зорлықпен, еңбексіз тапқан мал мен мүліктің:

«Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас,
Қардың суы сықылды тез суалар...» –

деп, ондай арзан дүниенің жұғымсыз екенін ұқтырды. Ол қалың қазақ жұртшылығын адал, қарапайым еңбекті қадірлей білуге, ерекше құрметтеуге және оны бағалай білуге үндеді. Жастардың әрбірінің айналысар кәсібі болуын, ол кәсіпке дағдылану машығының неғұрлым ертерек басталуын, жастық шақта еңбекке деген ұмтылыстық, икемділіктің тұрақты қасиетке ұласуын құптады. Еңбек етуге де өзіндік байлам, талаптылық пен берік табандылық сияқты қасиеттердің керектігін ескертті. Ақын әрбір жастың келешегінің нұрлы, болашағының жарқын болуы адал еңбегі арқылы жүзеге асатыны туралы терең пед. тұжырым жасады.

Абай жастарды еңбекке баулуда күнделікті отбасы тәрбиесіне, ата-ананың жауапкершілігіне ерекше мән берді. Баланың болашағына жауапкершілік алдымен әкеге жүктелетінін ескертіп, әкенің ақылы мен ықпалы болмай адал еңбекке, мағыналы өмірге дұрыс баулу, жас жеткіншектің бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мүмкін емес екенін атап көрсетті. Сондықтан, баланы ұлағатты азамат – «толық адам» етіп тәрбиелеу үшін, ата-аналарының өздерінің сол дәрежеге сай, үлгілі, өнегелі болуын талап етті.

«Басында әке айтпаса ақыл жарлық,
Ағайын табылмаса ой саларлық.
Қалжыңбассып өткізген қайран дәурен
Түбінде тартқызбай ма ол бір зарлық?» –

деп, ойын-сауықты қызықтап, өмірді белгілі бір мақсатсыз, бойкүйездікке салынып босқа өткізудің соңы өкінішке алып келетінін, қалайда ата-ананың ақылына көңіл бөліп, басшылыққа алуы керектігін еске салады. Ойшыл ақын әкенің ізгі қасиеттері – оның адамгершілігі, еңбексүйгіштігі, отбасы, жарына адал болуы деп есептеді. Әкенің отбасына, жарына деген сүйіспеншілік сезімі үй-ішін нұрландырып тұрса, Ері ақылды, қатыны мінезді боп, тату болса, үстіндегі үй райысқа айналып, бала жақсы мінезге, асыл қасиетке тәрбиелене алатынын атап өтті. Керісінше, ақын өз отбасынан суынып, ел кезіп, қыдырымпаздыққа салынған, өз үйінің шырқын бұзған, бала тәрбиесіне мән бермейтін әкелерді сынға алады. Абай бала келешегіне қамқоршы ұстазы – әке деп білумен қатар ұрпақ тәрбиелеудегі ананың орнын да ерекше бағалады. Өз анасы Ұлжан мен әжесі Зеренің құшағында болып, қос мейірім бұлағынан сусындап өсуі оның ана қасиетін биік тұғырдан тануына игі әсер етті. Аналық мейірім арқылы берілетін нәзік те пәк адамгершілік асыл қасиетті ерекше қастерледі. Ананы өз баласының алғашқы, ең аяулы тәрбиешісі деп білді. Қыз баланың тәрбиесіндегі ана тәлімінің ықпалына Абай пед. тұрғыдан жан-жақты талдау жасап, өрелі тұжырымдар айтты. Ол қыз балаларды жұбайлық өмірге балғын шақтан әзірлеу керектігіне назар аударады. Қыз күнінде ұқыпты, жинақы болып жүріп, тұрмыс құрған соң берекесі кетіп, салақ әйел атануы, әсіресе қаракетсіз өскен бай қыздарының жастайынан еңбекке етене баулынбағанынан деп білді. Сондықтан аналарға қыз бала тәрбиесінде ұлттық дәстүрді басшылыққа алуды ұсынды. Халық тәрбиесінде абзал аналар ес біле бастаған қыз балаларына іс тіктіріп, үй шаруасына үйреткен. Осындай аналарды Абай қатты құрметтеп, қалыңдық іздеген жігіттерге тәрбиелі ананың қызына көз салуды ескертті.

«Жасаулы деп, малды деп байдан алма,
Кедей қызы арзан деп құмарланба.
Ары бар, ақылы бар, ұяты бар
Ата-ананың қызынан ғапыл қалма», –

деп, жар таңдағанда тәрбиелі, жақсы ананың перзентін малды болмаса да бағалай біл, өмірлік жолдас ет деген аса құнды пікір айтты. Бойына адамгершіліктің асыл қасиеттерін жинақтаған қыз балаларды болашақ көтерілер шаңырақтың берік қазығы деп есептеді. Болашақ отау құру мәселесінде қыз балалардың ақылды, білімді болуына ерекше мән берді. Ол өз қызы Күлбадандың

қала мектебінде оқытумен қатар, қазақ қыздарының сауатты болуын қолдады. Ең болмағанда хат танып, оқу-жазуды игеруі керектігін ескертті, маңайындағы адамдардың қыз балаларының сауатын аштыртып, өлең-жыр көшіртіп, ән мен музыкаға баулыды.

«Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме!
Әйел жақсы болмайды көркіменен,
Мінезіне көз жетпей, көңіл берме!»,

деп тұрмыс құрар жастарға қалыңдықты көркі мен сымбатына ғана қарап бағаламай, оның адамгершілік қасиетіне, ішкі жан дүниесіне, ақыл-парасатына, көргенділігі мен тәрбиелілігіне көңіл бөлу керектігін ерекше атап көрсетті. Абай болашақ отау құрушы жастарға жұбайлық өмірдің елеулі қиындықтары да болатынын, ол қиындықты жеңуге алдын ала әзірлеу керектігін ескертті. Некелескен жастардың бір-бірімен, отбасының басқа мүшелерімен, жора-жолдас, туған-туысқандарымен сыпайы қарым-қатынаста болуы, олардың елге құрметті, саналы азамат дәрежесіне жетуі өздерінің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне байланысты екенін ашып көрсетті. Ақын некелік өмірдің табиғи тірегі мен хұқықтық негізі – жастардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі деп білді. Абайдың түсінігінде тең хұқылық – махаббат бостандығы. Сол бостандықтың жүзеге асуы – олардың некелесуі деп қарады. Сондықтан ол өзінің көптеген өлеңдерінде осы тұжырымын жария етті. Абайды зертеуші ғалымдар ұлы ақынды халық ұстазы деп біледі. Ақынның шығармашылық қызметі – халықтың рухани қазынасы. Ұстаздық, ойшыл ақынның пікірінше, жастарды ізгілікке, адамгершілікке үйретушілік. Абай халықтың болашағы жастарды адамгершіліктің игі қасиеттеріне тәрбиелеуші үлкендерден ұстаздық шеберлікке лайық қабілет болуын талап етті. Бұл ойын ақын:

«Ұстаздық қылған жалықпас
Үйретуден балаға...»

деп тұжырымдады.

Әдеб.: Бейсембиев К. Мировоззрение Абая Кунанбаева. – А., 1956; Тажибаев Т. Т. Философские, психологические, педагогические взгляды Абая Кунанбаева. – А., 1957; Шаймерденова К. Педагогические взгляды Абая Кунанбаева. – А., 1990.

К. Шаймерденова.

ПЕТЕРБУР, Санкт-Петербург, Петроград, Ленинград – Россиядағы қала, ірі өнеркәсіп, мәдени және ғылыми орталық. Іргесі 1703 ж. қаланған. 19 ғ-дың 1-жартысынан бастап рев. жұмысшы қозғалысының орталығы болды. Абай заманында қала орыс империясының астанасы еді (С.-Петербург). Ақын дүниеден мезгілсіз қайтқан сүйікті ұлы Әбдірахман қазасына арналған *«Жиырма жеті жасында...»* деген жоқтау өлеңінде: «Петербурда-ақ кідірмей, Біліпті дерттің барлығын» – деп баласының сабырлылығына, ұстамды ақылына қайран қалады. Екінші жағынан, сөз арасында атай отырып, Әбдірахманның орыс мемлекетінің бас қаласы – Петербургта оқығанын атап кетеді.

ПЕТЬКО Илья Спиридонович (1918–70) – суретші, кескіндемеші. Ол «Абайдың портретін» (1965, майлы бояу, кенеп; сақталған орны белгісіз) салды. Портреттің композициялық құрылымы Абай кескінделген көптеген суреттерге ортақ: кеуде тұсына дейін, қолына кітап ұстап тұрған кезі бейнеленген.

ПЛАТОН, қ. Аплатон

ПЛОТНИЕКС Янис (1932 ж. т.) – латыш жазушысы. Оның поэзиясында қоғамдық, комплексті мәселелер айқын көрінеді. Басты өлең жинақтары: «Ой кешу», «Ыстық оттан мұз ериді», «Өзіммен арпалысу», «Жер мен тамыр», «Қонақжайлық шат көңіл», «Құм мен тастағы суреттер» оқырман қауымға жақсы таныс. Оның «Бұғызар елінің дауылында» атты кино-повесі бойынша Рига киностудиясы «Ұзақ күннің таңы» кинофильмін шығарды. Ақын Абайдың «Жүрегім, ойбай, соқпа енді!», «Көзімнің қарасы...», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...», «Менсінбеуші ем надандыы...», «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?», «Қалқамай, мен үндемей жүремін көп...» т. б. өлеңдерін латыш тіліне аударған. *С. Варпа.*

ПОДКОВЫРОВ Алексей Федорович (1899–1957) – суретші. Кескіндеме саласында жұмыс істеді. Ол «Абай шыңы» (1953, 1954, майлы бояу, кенеп) пейзажын, «Абай Әбдірахман қазасы үстінде» картинасының алғашқы үлгісін – екі нұсқалы «Абай шыңы. Таң сәріде», «Абай шыңы. Кешқұрым» (1952, 1955) акварелді сюитаны және «Алматы – Қазақстан астанасы» топтамасындағы «Абай проспектісі» (1950, барлығы да – Қазақстан Республикасы мемл. өнер музейі меншігінде) еңбектерін жазған.

ПОЛИВАНОВ Владимир Викторович (1918–41) – композитор, пианист. Қазақ әндерін жинап, нотаға түсіру жолында көп еңбек етті. Абайдың «Айттым сәлем, қалам қас», «Көзімнің қарасы», «Бойы бұлғаң» сияқты бірқатар әндерін нотаға түсіріп өңдеген.

ПОЛИЦЫН – М. Ю. Лермонтовтың Абай тәржімелеген «Вадим» дастанының кейіпкері. Дәулетіне көңілі тасыған П. бай, паң да қатыгез, тәкаппар. Бірақ дастан толық аударылмағандықтан дүние-қоңыз сараң байдың тұлғасы толық ашылмай қалған.

ПОЛОНСКИЙ Яков Петрович (1819–1898) – орыс ақыны. Оның «Үйлесім», «Сазандар» т. б. жыр жинақтары, «Әнші шегіртке» ертегі-дастаны орыс оқырмандарына жақсы таныс. Көптеген өлеңдеріне орыс композиторлары ән шығарып, «Цыган әйелінің әні» деген өлеңі халық әні ретінде кең тараған. П. прозалық шығармалар да жазған. Абай оның «Жүрек» деген өлеңін 1899 ж. аударған. Ақынның «Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы...» деп басталатын бұл аудармасы ұзақ жылдар бойы М. Ю. Лермонтов өлеңі саналып келді.

ПОМЕРАНЦЕВ Юрий Борисович (1923 ж. т.) – актер, режиссер. Қазақстан Республикасының халық артисі. М. О. Әуезов пен Л. С. Соболевтің 1967 ж. орыс драма театрында қойылған «Абай» пьесасында Абай бейнесін сомдады. Мұнда ол қазақ ақынының ойшылдық, күрескерлік қырларына көңіл аударып, қазақ пен орыс халықтарының достығын көрсете білген. Қазақстан Республикасының Мемл. сыйл. лауреаты.

ПОНОМАРЕВ Александр Степанович (1892–1969) – мүсінші, педагог. ҚазССР-інің еңбек сің. өнер қайраткері (1952). Ол сомдаған Қазақстан өнер қайраткерлері мен ағартушылары портреттік мүсіндерінің арасында «Абай» мүсіні (1950, гипс, 75x58x40, ҚазССР-інің мемл. өнер музейі меншігінде) ақын бейнесі дәлдігімен, шынайылығымен ерекшеленеді.

ПОРТРЕТ – Абай адам жан-дүниесін, ішкі сезімін, көңіл-күйін, іс-әрекетін қандай нанымды бейнелесе, сырт көрінісін, кескін-келбетін, бой-сымбатын соншалықты келісті, әсерлі сипаттайды. Абайдың сұлу қыздың бейнесін суреттеуі айрықша көңіл аударарлық. «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» атты өлеңінде Абай сұлу қыздың портретін суреттеудегі халықтық үлгіні шебер қолданады. Алдымен осы өлеңдегі «қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «аласы аз қара көз», «ажымсыз ақ саусақ» секілді ақынның қолтаңбасы айқын көрініп тұрған сөз нақыштарына назар аударалық. Осылардың өзі-ақ шығармадан ақын тілінің айрықша суреттілігін дәлелдеуге жеткілікті болар еді. Дегенмен де өлеңде қыз кескіні халықтың эстетик. ой-санасында қалыптасқан сұлулық жайлы ұғым-түсініктерге сай бейнеленіп отырғаны, әрине, ешбір талас туғызбайды. Қыздың бой тұлғасы, сымбатындағы сипат ерекшеліктерін ақын жекелеп айтып, көркемдеп бейнелейді. Бұл жерде де ол қазақ поэзиясындағы осы бір өзіндік оқшау өзгешелігі бар өрнекті қызықтап, сол әдісті ұстанады.

«Білектей арқасында өрген бұрым...» деген өлеңінде де Абай халықтың сұлулық, әдемілік жайлы ұғымдарының ұлттық өзгешеліктерін, терең көркемдік мәнін айрықша шеберлікпен ашып береді. Ұлы ақын бұрыннан қалыптасқан түсініктерді, сөз өрнектерін құр қайталап қана қоймайды. Соларды пайдалана, қолдана отырып, халықтың эстет. ой-санасындағы бағалы, құнды сипаттарды өзінің ақындық дүниетанымымен ұштастырып әкетеді. Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қас, қара көз, ақ ет, ашық жүз, бұраң бел, кішкене аяқ – осы сияқтылар сұлу қыздың портретінің бұрыннан қолданылып келе жатқан үйреншікті белгілері екені рас. Бірақ осылардың өзін пайдаланғанда Абай сол сөздерді, сипаттамаларды жандандырып әкететін ерекше ақындық қуат танытады.



Ю. Б. Померанцев Абай ролінде. Реж. Л. Мадиевскийдің «Абай» трагедиясы. 1968.

Мыс., «Аласы аз қара көзі айнадайын, Жүрекке ыстық тиіп салған сайын». Мұндағы сөз қолдану да (аласы аз қара көзі) қандай ұтымды болса, сұлулықты сырттай көру мен оны тебірене сезінуді (жүрекке ыстық тиіп салған сайын) қабыстыра білу шеберлігі де сондай көз тартарлық.

«Піскен алма секілді тәтті қызды
Боламын да тұрамын көргендей-ақ...» –

дегенде де ежелден белгілі қызды алмамен салыстыру шеңберінен әлдеқайда кең, басқаша көркемдік сезім, шеберлік сипат көреміз. Немесе, соңғы шумақты алайық: «Егерде қолың тисе білегіне, Лүпілдеп қан соғады жүрегіңе. Бетіңді таяп барсаң тамағына, Шымырлап бу енеді сүйегіңе...». Бұл түгелдей өмірдің өзінен алынған, қоспасы жоқ шындық және барынша дәл, мейлінше көркем айтылған. Мұнда дайын әдеби үлгіні пайдаланғандықтың ешбір ізі де жоқ. Осының өзінен біз Абайдың әйел бейнесін суреттеуде қандай мақсат қою қажет деп түсінетінін де аңғарамыз. Ол қазақ поэзиясындағы әйелдің сұлулығын көркемдеп сипаттайтын үлгіні құптай отырып, осы бағытта жаңаша ізденістер қажеттігін де жақсы түсінген.

З. Ахметов.

ПОРУНИН Алексей Николаевич (1936 ж. т.) – суретші. Графика саласында жұмыс істейді. Ол 7 беттен тұратын «Абай сөздеріне» атты топтама



Абай сөздері. А. Н. Порунин. 1972.

(1972, қағаз, сурет, литографтық қарындаш, «Эра» көбейткіш машинасында жұқа қағазға басылған, автордың меншігінде) суреттер салған. Топтама құрылымы – үйлесімді әрі бейнелі.

ПОТАНИН Григорий Николаевич (1835–1920) – орыс ғалымы, жиһангер, фольклоршы, түркі, монғол халықтары тарихын, салт-санасын, мәдениетін зерттеуші, жазушы, ақын, журналист. Павлодар маңында, Ертіс өзені жағасындағы Ямышев бекінісінде әскери казак отбасында дүниеге келген. 1846 ж. Омбыдағы кадет корпусына түсіп,

оны 1852 ж. бітіреді. 1853–54 жылдары әскери жасақ құрамында Іле жорығына қатысқан. Алтайда, Омбыдағы Батыс Сібір және Қазақ даласы Әскери басқармасында қызметте болғанда жергілікті халықтардың ауыз әдебиеті, әдет-салтына байланысты мәліметтер жинай жүрген. Ш. Уәлихановтың кеңесімен Орта жүз, Ұлы жүз қазақтарының және жоңғарлардың Ресеймен қарым-қатынасы туралы тарихи, архив деректерімен танысқан. Географ П. П. Семенов Тян-Шанскийдің көмегімен П. 1859 ж. әскери міндеттен босатылып, Петербург ун-тінің табиғаттану бөлімі, физика-математика ф-тіне оқуға түсті. Жасырын «Сібір үйірмесіне» қатысқаны үшін 1861 ж. оқудан шығарылып, Петропавл түрмесіне жабылды, Омбыға жер аударылды. 1863–64 ж. П. Зайсан көлі, Тарбағатай, Жоңғар Алатауы атырабын зерттегелі келген астроном К. В. Струве экспедициясына қатысқан. Патша үкіметінің тексерісіне іліккен П. тұтқындалып, 1871 ж. Вологда губерниясына жер аударылған. Алайда П. зерттеу ісін, ғалымдармен байланысын үзбей, Орыс географиялық қоғамы тапсыруымен «Томск губерниясында түркі және орыс тайпаларының 17–19 ғғ. басында таралуына шолу» атты еңбек жазды. Ғалымдардың қолдауымен 1874 ж. бостандық алған П. 1876–80 ж. аралығында Солтүстік Батыс Монғолия және Тува экспедициясына, 1884–86 және 1892–93 ж. Солтүстік Қытай, Тибет, Орталық Монғолия экспедицияларына басшылық еткен. П-ның зайыбы, XIX ғ-да Орыс әйелдерінің арасынан шыққан тұңғыш саяхатшы Александра Викторовна Потанина (1843–93) бірге болып, экспедициялық зерттеулер жүргізген. 1899 ж. П. үлкен Хинган экспедициясын басқарған. Экспедициялар кезінде жиналған қыруар мәліметтер, Орта Азия географиясы мен этнографиясына сипаттамалары ғалымдар тарапынан жоғары бағаланған. П-нің «Солтүстік батыс Монғолия очерктері» 1–4 (1881–89), «Қазақтың соңғы Ханзадасының киіз үйінде» («Русское богатство», 1896, 18), «Орта ғасырлық Европа жотасындағы Шығыс сарындары» (1899), «Қазақтардың және алтайлықтардың аңыздары, аңыз-әңгімелері және ертегілері» (1916) еңбектері түркі, монғол ғылымына қосқан үлкен үлес болды. П-нің қазақтың данышпан ақыны Абай Құнанбаев, оның інісі Халиулла Өскенбаев жөнінде жазғандары 1898 ж. «Русское богатство» журналының 8-ші санында жарияланған. «Қазақтың соңғы Ханзадасының киіз үйінде» еңбегінде Абайдың інісі Халиулла Өскенбаевтың өмірі, оқып білім алып, оның орыс әдебиеті үлгілерін қазақ жеріне таратқаны туралы ризашылықпен әңгімелейді. Ағайынды Белослюдовтардың Семейдегі Абай музейінде сақтаулы хаттарында П-нің Абай шығармаларын орысшаға аударып, Сібірдің газет-журналдарына бастыру керектігі туралы ұсыныс жасағаны жазылған. Николай Белослюдов 1911 ж. 28 қаңтардағы хатында Томскідегі Г. Н. Потанин үйіне арнайы іздеп барып, онымен кездесіп, әңгімелескенін, оған А. Құнанбаев туралы айтқанын, сонда Г. Потаниннің: «Сендер Коншинге жазыңдар, Абайдың ең таңдаулы өлеңдерін іріктеп алып, «Сибирская жизнь» газетіне бастырып, көпшілік қауымға таныстырсын» деп, Семейдегі Коншинге тапсырма бергенін көрсеткен. А. Байтұрсынов, М. Дулатов Н. Г. Потанинге арнап өлең шығарған.

Р. Батырбекова, М. Бейсенбаев.

ПОЭЗИЯ ЖАНРЛАРЫ. Абай поэзияның өмір шындығын жан-жақты, мол қамтитын идеялық, мазмұндық байлығы, тереңдігі, лирик. туындылардың жанрлық өзгешелігі, құрылыс-бітіміне қарай әр алуан болуын талап етеді. Лирик. басты сипатын, оған тән ойшылдық, сезімталдықты белгілейтін ақынның өз бейне-тұлғасы десек, лирик. шығармалардың жанрлық сипатының алуан түрлі болып келуі ақынның өмір құбылыстарын, әлеум. мәселелерді қаншалық кең қамтып, әр қырынан көре білуіне, әр алуан көркемдік шешім табу қабілетіне байланысты. Абай қазақ поэзиясында қалыптасқан жанрлық түрлерді молынан пайдалана отырып, жазба әдебиетке тән жаңа жанрлық үлгілерді де қалыптастырды. Абайдың лирикасы жанрлық ерекшеліктері жағынан алғанда көп салалы, көп қырлы, алуан түрлі болып келеді. Олар тақырыбы, идеялық мазмұны жағынан да аса бай, әр қилы өмір құбылыстарын қамтиды. Халықтың тағдырын, заман жайын толғайтын сан алуан қоғамдық-саяси, философ. лирика түрлері, адамның ішкі жан дүниесін бейнелейтін жырлары, махаббат лирикасы, сатиралық өлеңдері, табиғат суреттері, оларға қоса жеке адамдарға арналған жырлары т. б. өлең түрлерін Абай поэзиясынан молынан табамыз. Оларда қуаныш сезімі де, өмірге деген зор сенім де, мұң мен наз да, зәрлі ащы сын да – бәрі де бар.

Абайдың көңіл-күй лирикасы бізді нәзік сыршылдығымен, өзі туралы айта отырып, қоғам, заман жайын танытатын ой-сезім тереңдігімен баурап алады. Бұл жырлық түрге жататын лирик. туындылардан ақынның өзімен өзі ойласқандай, өзімен өзі сырласқандай қалпын, көңіл толғанысын білдіретін: «Жүрегім, нені сезесің», «Жүрегім, ойбай соқпа енді», «Жүрегім, соқпа, кел тоқта...», «Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?» сияқты арнау сөз үлгілерін кездестіреміз:

«Жүрегім, нені сезесің,
Сенен басқа жан жоқ па?
Дүниені, көңілім, кезесің.
Тиянақ жоқ па, қой, тоқта!»

Мұнда ақын жүрек, көңіл деген ұғымдарды кейіптеу бейне ретінде алып, ой-сезімін соларға қаратып айтқандай болады. Бұл оның жан-сезімін асқан лирик. нәзіктікпен, әсерлі етіп жеткізуіне мүмкіндік береді. Өзіне сауал қойып, өзіне тоқтау айтуы, өзі дәлел іздеуі – мұның бәрі ой-сезім тереңдігін, әсерлі жан тебіренісін көрсетеді. Арнауды осындай ұтымды көркемдік тәсіл етіп пайдаланып отырған ақын бір сәт тіпті өз көңілімен, жүрегімен көлденең сырт адамша сөйлеседі:

«Сезгеніңді сездіріп,
Жете алмадың ортаққа.
Тірі жаннан бездіріп,
Апарасың қай жаққа?..»

Немесе:

«Күйесің, жүрек, күйесің,
Күйгеніңнен не пайда?
Дүниеде нені сүйесің,
Өмір қайда, дос қайда?..»

Мұндай көркемдік тәсілдер лирик. өлеңнің сыршылдық сипатын күшейте түседі. Нәзік сыршылдық Абайдың махаббат лирикасынан да

мол табылады. Сонымен бірге ақынның махаббат жайлы өлеңдерінен, әсіресе сұлу әйелдің сымбатын, портретін бейнелеуінен халықтық әдеби дәстүрге сүйену мен жаңалық іздеу өзара тоғысып, ұштасып келетінін де анық байқаймыз.

Абайдың махаббат лирикасында адамның жан дүниесінің, нәзік сезім иірімдерінің шебер бейнеленуі жағынан *«Қызарып, сұрланып...»* деп басталатын өлеңін айрықша атаған жөн. Мұнда ғашықтық сезімі бойын билеген жастардың – қыз бен жігіттің бір-бірінен қысылып, жүрексінген күйі тамаша суреттелген. «Қызарып, сұрланып ...Пішіні құбылып... жүрекпен алысып, лүпілдеп жүрегі... Саусағы суынып...»

Міне, бұл сипаттаулар нақтылы шындықтың бұлжытпай, дәл тауып айтылған көрініс-белгілері. Қыз бен жігіттің осы сипаттаулардан көрінетін қалпын одан да әсерлі етіп, күшейте түсу үшін ақын табиғи суретін жанастыра қатар өрнектейді.

«Жанында жапырақ,
Үстінде жұлдыз да,
Елбіреп, қалтырап,
Жігіт пен ол қызға...»

Жапырақтар да қалтырап, жұлдыздардың да сәулесі дірілдеп көрінуі жас ғашықтардың дегбір таба алмай тұрған қалпын үндестіре алу талабынан туған. Абай бір топ лирик. өлеңдерінде ақын өмір сүрген ортаны, нақтылы табиғат құбылыстарын адамның күнделікті тұрмысымен сабақтастыра бейнелей отырып, өз көңіл күйінен де айқын елес береді. Тегінде қай жанрлық түрге жатқызуға лайық шығарма болса, лирик. өлеңдердің көбінде қоғамдық, әлеум. мәселелер жайлы ой-түйіндер мен ақынның өз көңілін толқытқан сезім-әсерлері астасып жатады. Өйткені лирик. туындыларды саяси-әлеум., филос. лирика, көңіл-күй лирикасы, махаббат немесе табиғат лирикасы деген сияқты жанрлық түрлерге бөлудің өзінде көп жағдайда белгілі мөлшерде шарттылық бар. Мұндай жіктеп-ажыратулар алдымен лирик. шығармалардың тақырыбы, құрылыс-қалпы, бейнелеу тәсілдері біркелкі емес, әр алуан келетініне көңіл аудару үшін қажет. Сонымен бірге лирик. шығармасының өзі бірнеше қырынан алып қарауға лайық келіп, қат-қабат жанрлық сипат-белгілері болуы мүмкін. Осыны Абайдың әр қилы жанрлық түрлерге жатқызылып жүрген лирик. шығармаларынан байқауға болады. Ақынның адам бейнесін, әр түрлі сипат-келбетін ашып көрсету тәсілдері де алуан түрлі. Айталық, ел билеушілер типін жасаған кезде ақын сан алуан сатиралық тәсілдерді пайдаланды. *«Болыс болдым, мінеки...»* өлеңі түгелдей болыстың монологы болып келеді. Мұнда шығарманың идеялық мазмұны кейіпкерді әшкерелеу арқылы ашылады. Бұл өлеңде зәрлі мысқыл да, күлкі-әжуа да көп. Өзінің тапқырлығы менептілігіне дандайсыған болыстың бейнесі сатиралық жағынан өткір. Бұл оған әлеум. және психол. жағынан мінездеме берудің бірден-бір ұтымды тәсілі болады да, ол өмірдің өзі туғызған нағыз шыншыл тип ретінде көрінеді:

«Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап.
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап...» –

деген сөздерді болыстың өз аузымен айтқызып, Абай халықты басқаруға тиісті адамдардың негізгі кесел-кесепатын дәл сипаттайды. Ал *«Мәз болады болысың...»* атты өлеңде болыстың өз қимыл-әрекеті жоққа тән, баяндаушының мысқылдары мол да әсерлі. Абай *«Антпенен тарқайды...»* өлеңінде де ел билеушілердің пайдақорлығын, орынсыз айтыс-тартысқа бейім тұратындығын, өнімсіз дау-жанжалға шырмалып, халық мүддесін аяқ асты ететін жаман әдеттерін өлтіре сынап, шенейді.

Абай өмір құбылыстарын бейнелеп суреттеу немесе баяндап жеткізу, адамның ішкі жан дүниесін, психологиясын ашып көрсету секілді әр түрлі көркемдік тәсілдерді шебер қолданады. Бірақ қай әдісті қолданса да, ол өз өлеңдерінде негізінен ойшыл ақын бейнесінде танылады. Оның ақындық бейне-тұлғасынан біз алдымен осы терең ойшылдықты көреміз. Лирикалық сезімнің зор күші де, суреттеушілік шеберлігі де – бәрі-бәрі оның осы ақындық қасиетін үстемелеп, жандандыра түсетін сипаттар болып шығады.

Әдеб.: Әуезов М. О. Абай Құнанбаев (мақалалар мен зерттеулер). – А., 1967; Белинский В. Г. Разделение поэзии на роды и виды. Собр. соч. в трех томах. Т. 2. – М., 1948; Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – А., 1973.

З. Ахметов.

ПОЭЗИЯ ТІЛІ, поэтикасы. Абай қазақтың өзіне дейінгі және өзімен тұстас өлең сөзіне қатаң талап қойып, кей сәттерін сынай отыра, қазақ поэзия тілінің жасалу және даму заңдылықтары мен шарттарына мойынсұнбай кетпеді, өйткені бұл – көркем сөз дамуының объективті заңдарының бірі. Абай буын саны жағынан өлеңнің өзіне дейін болмаған жаңа түрін жасағанымен олардың барлығы да силлабикалық құрылыс заңдылығына бағынады, өйткені қазақ өлеңінің жасалу табиғатының өзі – силлабикалық буын өлшеміне құрылған. Абай өлеңнің тармақ саны мен ұйқасуына қарай небір алуан жаңа түрлерін ұсынғанымен олар өлеңді ұйқасқа құру шартына бағынады, өйткені соңғы дәуірлердегі қазақ өлеңінің негізгі белгісі – аллитерация емес, ұйқас. Абай қазақ өлеңі бұрын білмеген теңеудің, эпитеттің, метафораның жаңа түрлерін ұсынды, ал олардың қолданылу принциптері мен жасалу техникасы Абайға дейінгі қазақ өлеңіне де тән болатын. Бұл шарттан да Абайдың аттап өтуі мүмкін емес еді. Бірақ осылардың барлығын жетілдіру, түрлендіру, жаңа сапалық белгілер қосу тұрғысынан П. т-н дамытуда Абайдың еңбегі орасан зор болды. Абай, Пушкин сияқты, өлеңнің іші поэтикалық ойға толы болуына күш салады. Ойға құрылған өлең сол ойды дәл, әсерлі етіп беретін амал-тәсілдерді іздестіреді. Сондықтан да Абайда өлеңнің мазмұнын, айтпақ идеясын білдіретін элементтердің айқындала түсуі басым.

Абай қазақ П. т-нің сөздік құрамына өзгеріс енгізді. Өзіне дейінгі ақын-жыраулар тілінде көп қолданылмайтын тұрмыс-салттық лексиканы, қарапайым сөздерді, терминдік мәнге ие болған ескі, жаңа атауларды өлең тіліне қосып, оларды П. т-нің құралына айналдырды. Абай шығармашылығы тақырыбының бірі және бастысы – адам, оның моральдық бет-бейнесі, сыртқы портреті, ішкі дүниесі, іс-әрекеті. Және бұл тақырыптарды Абай бұрынғыдай жалпы түрде, өсиет-ақыл айту түрінде емес, нақтылы түрде, әр қимыл-әрекетті, әр мінез-қылықты дәл көрсету сипатында жырлайды. Сондықтан адамның белгілі бір сәттегі психол. күй-қалпын дәл беру үшін бұрыннан тілде қолданылатын

жүрегі лүпілдеу, буыны босау, сағыну, ләззат алу тәрізді дағдылы сөздермен қатар қазақ өлеңжырлары тілінде көп кездеспейтін **суыну, ысыну, елең қағу, бос шошу, қызару, сұрлану** деген сияқты жай-күй атауларын пайдаланады. Абайда жалпы адамды әр алуан жақтан бейнелейтін етістіктердің көптігін және олардың образ жасауға қатысатынын айту керек. Сырт қарағанда «поэтикалық паспорты» жоқ **бұртақтау, тыртыңдау, арсаңдау, босқа талтаңдау, ит көрген ешкі көздену, тізесін созғылау** деген сияқты сөздердің өзіне де стильдік жүк артып, П. т-нің құралына айналдырған.

Абай өлеңдеріне көзге елестетіп берілетін образдар тән. Мыс., аңға салған құс пен одан қашқан түлкінің суретін көзге елестетіп беру үшін ақын **қайқаң қағу, салаң ету, аузын ашып қоқақтау, қанат-құйрық суылдау** сияқты сөздерді ұтымды пайдалана білген.

Мағына ауыстыру, теңеу сияқты «прозалық» сөздерді пайдалануды жүйеге айналдырған. Мыс., **бақсының моласындай жалғыз қалу, безгек ауру сықылды жүдететін ғашықтық, піскен алма секілді тәтті қыз, өмір жолы – иген жақ** т. б. Лексик. топтардың ішінде тек күнделікті тұрмысқа қатысты немесе поэтик. сөз болу қасиеті (мағынасы мен бояуында) бейтарап сөздерді ғана емес, қоғамның саяси-экономик. құрылысына, оқу-білімге, философия мен дінге қатысты сөздердің П. т-не молынан қатыстырылуы және көбінің образ жасауға қатысып, көркемдік құралына айналуы – Абай өлеңдері тілінің бір ерекшелігі.

Абай поэтикасында көзге түсетін тағы бір құбылыс – образдардың ауызша әдеби тілдегідей, көбінесе қазақ халқының сан ғасырлық күн көріс тіршілігінің негізі – малға немесе өз кезіндегі қазақ тіршілігіне таныс құбылыстарға байланысты болып келетіндігінде ғана емес, сол образдардың тыңдығында, бұрын айтылмаған теңеу, бейнелеулерде. Мыс., мұнда күлкіні – **мәліш саудаға**, алыс-берісті – **асық ұтысқа**, бозбаланы – **оңғақ бұлға** теңеу немесе ұрлық пенен қулыққа байлағанда – **кестің бау** деуі осының көрсетеді. Абай **талаптың аты, талаптың тұлпары, асау жүрек, жүйрік уақыт, үміттің аты, қу тілмен қулық сауу** деген соны фразеологизмдерді жасауда да малға қатысты бейнелі сөздерді алады. Абай негізін қалап, әрі қарай жүйеге айналдырған поэтикалық тәсілдің бірі текст түзу саласына қатысты. Текст түзу дегеніміз шығарманың бір бөлігінде немесе шағын бір өлеңнің өн бойында мағыналары бірін-бірі айқындайтын, модальдық реңктері біртектес сөздерді шоғырлап беру болса, Абай сөздің белгілі бір поэтикалық мақсатты өтеуі үшін сол текстегі өзге сөздерге иек артады, яғни сөздердің бір-біріне «қызмет көрсетулері» керек екенін жақсы сезеді. Мыс., *«Байлар жүр жиған малын қорғалатып»* деген шағын өлеңінде ақын өз заманындағы қоғамның аса жағымсыз топтарын суреттейді. Сондықтан мұнда **сұм-сұрқия, қу, білгіш** деген зат есімдерден бастап, **құдай ату, бұтып-шату, есіру, ісіп-кебу** (ауыспалы мағынада), **қабару** (бұл да), **ит ырылдату, сілесі қату, құдай қалжыратып құмар қылу** деген етістіктерді қолданады. Бұлардың әрқайсысы – экспрессоид, яғни әрқайсысында жағымсыз қылық, іс-әрекетті білдіретін мағынамен қатар сол мағынаны әсерлі етіп көрсететін бояу бар: жоқтан барды жай айту емес, – бұтып-шату, құр мақтану емес – есіру, жай шығынды болу емес – шығынға белшесінен бату, жай құмар қылу емес – құдай қалжыратып құмар қылу т. б. Бұл сөздердің әрбіреуі осындай экспрессияға ие болса, олар бір жерге, бір өлеңге шоғырланып берілгенде әсері мен бояуы одан сайын күшейіп, өлеңді «жұп-жұмыр, тұтас» дүниеге айналдырады. Текст түзудің тағы бір жақсы үлгісіне «Сегізаяқ» өлеңін келтіруге болады. Бұл өлең – Абайдың ақындық, азаматтық ар-ожданының толғанысы, дүниеге, болмысқа деген көзқарасы, философиясы, сондықтан ақын мұнда абстракт ұғымдарды сөз етеді, ол үшін сол ұғымдардың атауын таңдайды. Бұл өлеңде қызыл тіл (бұл атау **толғаныс, философия, поэзия, сөз** деген ұғымдарды білдіреді), **ой, әдет, қайрат, сөз (толғаныс, өлең, пікір), мінез, насихат, өсек, ынсап, ұят, дәулет, нәсіп, еңбек, ар, өтірік, ұрлық, зорлық, тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, қулық, сұмдық, қорлық, мақсұт, абұйыр, талап, ғылым, дерт, жалғыздық** деген



Абай Құнанбаевтың 1974 ж. «Жазушы» баспасынан шыққан «Аттың сыны» атты жинағы.



Абай Құнанбаевтың 1985 ж. «Жазушы» баспасынан орыс тілінде жарық көрген таңдамалы өлеңдер жинағы.



Абайдың 1986 ж. Алматыдағы «Жазушы» баспасынан жарық көрген екі томдық шығармалар жинағы.



Абайдың 1993 ж. Алматыдағы «Ел» баспасынан орыс және қазақ тілдерінде жарық көрген жинағы.

сияқты 40-қа жуық абстракт ұғым атауларын қолданады. Бұлардың шоғырланып келуінде стильдік мән бар: осы сөздерді талғап, таңдап келтірудің арқасында өлеңге филос. сипат беріліп тұр.

Сол сияқты өз замандастары – болыс пен пысықтардың, «әсемсіп, сәнсіген кербез, керімдерді», «бойы бұлғақ, сөзі жылмаңдарды» – осылардың баршасының образын дәл, әсерлі етіп беретін сезімдік әсері күшті поэтик. құралдарды іздеп, ол үшін бейнелі, көркем бояуы қалың, яғни семантикасында жағымсыз реңкі бар етістік сөздерді шоғырымен келтіреді. Бір ғана *«Болыс болдым, мінеки»* деген өлеңінде болыс, шабарман, пысықтардың портретін жасауда ақын **далпылдап, барқылдап, бартылдап, тарқылдап, қарқылдап, шартылдап, лепілдеп, күпілдеп** деген сияқты образды сөздерді топтап келтіреді. Бұл өлеңді құрайтын өзге сөздер де модальдық реңкі жағынан осылармен «үндес» келеді: мұнда бейтарап мағыналы **беру** етістігі емес – **тығындау** сөзі бейнелі немесе мықтап ұстау, қатты ұстау деген сөздер әлдеқайда әлсіз, бояусыз, бейталап іс-әрекет атаулары болар еді, сондықтан бұлардың орнына мығымдап ұстау сөзі қатысқан, «сияз бар» десе, болыстың жүрегі жай лүпілдемейді – суылдайды т. б. Образ жасауға қатысқан бұл етістіктердің баршасы өткен шақ көсемше тұлғасында (**барқылдап, қарқылдап...**) қолданылған. Тегі, бұл тұлғаны белгілі бір стильдік жүкті көтеретін құрал есебінде жұмсау қазақ поэзиясында, оның ішінде Абайда әбден қалыптасқан амал деп санау керек.

Абай өлеңнің «іші алтын, сырты күміс» болуын қалағанда, құлаққа әсерлі боп естілетін әсіре қызыл сөздерден аулақ болу принципін ұстайды. Сондықтан ол дәстүрлі эпитеттерді қолданудан гөрі соныларын іздейді. Мыс., Абай бұрынғы әдеби мұраларда жиі қолданылған ару (сұлу, таза, пәк мағынасындағы), берен, берік, байтақ (хандық, ел, жұрт), ауыр, көп, күшті сияқты эпитеттерді мүлде қолданбаған. Қанша әдемі болса да дағдылы образдар (ару қыз, берен қылыш, ауыр жұрт, байтақ жұрт т. б.) кез келген идеяға сай келе бермей, құр әсем жылтырақ тіркес болып шығуы мүмкін. Мұны Абайдың өзі де бірнеше рет ескертіп өтеді: бірде «сөзімнен әсіре қызыл емес деп жиренбеңіз» десе, енді бірде «өлең деген – әр сөздің орайлы жарасымы» дейді. Қысқасы, өз өлеңі тілінің бұрынғыдан өзгеше, жаңа екенін ескертеді. Ол жаңалық – поэтик. элементтердің кәнігі түрлерін қолдана бермейтіндігі. Сол сияқты халықтық символдарды немесе байырғы қазақ поэзиясы тіліндегі дәстүрлі сөз-образдарды да талғаммен, кемде-кем алады. Мыс., еркіндіктің образы тарлан, тарпаң сөздері Абайда жоқ, ал алғырлықтың дәстүрлі символы – **қыран құс, бүркіт,** биіктіктің символы – **бәйтерек,** тойымсыздықтың, қаскөйліктің образы – **аш бөрі,** ержүректіліктің символы – **арыстан** сөздерін Абай сөз – образ етіп емес, өздерінің тура номинативтік мағынасында жұмсаған, ал **бұлан, бөкен** сияқты сөз – образдар Абайда тек мақал-мәтел, тіркес құрамында келген. Дәстүрлі символдардан Абайда кездесетіні **қызыл гүл** – жастықты, сұлулықты, **жолбарыс** – қайраттылықты білдіретін образдар ғана. Поэтик. үйреншікті қалыптардан қашуы – көне мұрадан мүлде бас тартуы емес, немесе қайткенде де жаңалыққа құмарлығы да емес, поэзияның жаңа талабын орындау мақсаты. Абай, әрине, қазақ поэзиясы тілінің бұрынғы амал-тәсілдерінің бәрінен мүлде бас тартқан жоқ. Ауыз әдебиетіндегі «қатуланды, қаттанды.., буырқанды, қылаң етіп, қылт етіп...» деген сияқты штамптарды олардың «жамандығынан» емес, шығармашылығының жанрлық сипатына сай келмегендіктен қолданбаған, өйткені бұлар батырлық жырларға тән, өзге орында, әсіресе лирикаға мүлде жанаспайтын образдар. Ал реті келген жерде, мыс., жоқтау топтамасындағы өлеңдерінде бұрынғы ауызша әдеби тілден келе жатқан образдарды – тұрақты тіркестерді кездестіруге болады. «Қолдан ұшқан ақ сұңқар Қайтып келіп қонбайды», «Артына қарай аһ ұрып». Тіпті өзге өлеңдерінде де Абай иіні келсе, бұрынғы стереотип образдардан қашпайды. Мыс., «Көріп алсаң көріктіні, Таңдап алсаң тектіні». «Нәзік бел тал шыбықтай бұраңдайды». Бірақ бұлар сан жағынан көп емес.

Ақын өзіне дейінгі ауызша әдеби тіл поэтизмдерінің көбін орынды пайдаланады. Мыс., оның тіліндегі **алаш** (қауым), **айдыну** (жасқану), **азырқану** (қомсыну, азсыну), **ағын** (екпін, қарқын), **арай** (қызыл арай – таң), **арзу** (тілек, арман), **әз** (құрметті), **дидар** (жүз), **алқау** (қолдау) сияқты сөздер семантикасында көтеріңкі реңк бар дәстүрлі поэтизмдер. Жалпы поэтик. образдар жасауда бұрынғы дәстүрдің кейбір үлгілерін пайдалана отырып, ол образдардың беретін әсерін күшейте түсті. Ақын да образдардың көбін қазақ халқының сан ғасырлық күнкөріс тіршілігінің негізі – малға байланыстырып жасайды. Адал еңбексіз күнкөрісті жөн көретін замандастарының жағымсыз портретін: «Үш күн қолың босаса, Бола қалдың бас асау» немесе «Ұрлық пенен қулыққа Байлағанда кестің бау» деп жылқыға байланысты береді. Болыстың «Күштілерім сөз айтса, Бас изеймін шыбындап» деуі, «Тың тұяқ кезім сүйтсе де» дегені, «Алқыны күшті асау ноқтаға басы керілді» деуі мал өсіру тіршілігінен алынған, көпшілігі тіпті қазақ әдеби тіліне тән дәстүрлі образдар. «Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе», «Лай суға май бітпес қой өткенге», «Өмір жолы – тар соқпақ, бір иген жақ» деген образдар қазақтан өзге, айталық, Европа халықтарына жат болар. Абай поэтик. экспрессияның құралы ретінде фразеологизмдерді, оның ішінде өз қаламынан туған жаңаларын жұмсауды күшейтті. Ақын жас адамның (Әбдірахманның) өнер-білімге ұмтылғанын құр талаптанды, ұмтылды деп білдірсе, бұл сөздердің поэтик. бояуы «талаптың мініп тұлпарын» дегенмен мүлде шендесе алмас еді. Алғашқы вариантта тек баяндау бар, образ жоқ, екіншіде поэтик. образ бар. Сол сияқты қуатты, қажырлы, күшті деген сөздер мен «қуаты оттай бұрқырап» деген тіркестің бейнелілік күші, бояуы бірдей емес.

Поэтик. жүк арқалауда кез келген тіркес образ жасау міндетін көтере бермейді. Мыс., өмір сүру, өмір кешу дегендер де қалыпты тіркестер, бірақ осылар Абайдың өмір тонын кию, өмірдің өріне шығу деген тіркестерінің эмоциялық әсеріне, образдылығына теңесе алмайды. Сондықтан Абайдың фразеологизмдердің образдылығын

дамытқанда, бұрынғы дайындарын өлең тіліне енгізе салу емес, жаңаларын жасау, бұрынғыларының мағынасын құбылту сияқты қызмет істеді.

Қазақ әдеби тілі образды фразеологияға бұрыннан да өте бай болатын. Ғасырлар бойы белгілі бір образды ұғымда қалыптасып, бірден-бір мықты құралы болып келді. Мұны Абай да берік ұстайды. **Ауызымен орақ ору, құлын-тайдай тебісу, алты бақан ала ауыз болу, малына шылбыр беру, басқа шауып, төске өрлеу, қарағайды талға жалғау, су төккісіз жорға** тәрізді өте образды фразеологизмдерді Абай да еркін пайдаланады. Мұндай дағдылы тіркестерді өзге сөздермен және қосақтап, олардың экспрессивтік бояуын тіпті қалыңдатып жібереді. Мыс., іспен емес, құрғақ сөзбен көрінетін мылжың, берекесіздің образын беруде **аузымен орақ орған** деген фразаның өзі өте әсерлі, күшті, осыны Абай **«аузымен орақ орған өңкей қыртың»** деп үстемелеп, экспрессивтік өңін одан әрі аша түседі. Абай мұндай күллі фразаны өзгертіп, сөз қосып, сөз алып күшейте бермейді, басым көпшілігін өзгертпей, өз мағынасында қолданады. Жаңа перифраздық тіркестер жасап, оларды тың образдарға пайдалануды Абай жүйеге айналдырды (қ. «Фразеология»). Тың образды тіркестер ұсыну – Абай поэтикасының аса көрнекті, ерекше тұсы. Әсіресе семантикасы жағынан бір-бірімен жанаспайтын сөздерді тіркестіріп, оларды поэтизмге айналдыруда Абай қазақ көркем тіліне үлкен жол ашты. Мыс., **«Күйлі, күйсіз бәйгеге Қажыды көңілім көп шауып»** деген жолдарда көңілдің бәйгеге шабуы дегеннің өзі мүлде тың образ, оны тың етіп тұрған – көңіл деген дерексіз ұғымның бәйгеге шабу деген нақты қимыл атауымен тіркесуі, ал сол көңілдің бәйгеге бірде күйлі, бірде күйсіз түсуі – тағы да образды метафора.

Жаңа образ жасайтын немесе айтпақ идеяны күшейтетін тіркестер құрастыру үшін бір сөзді қазық етіп алу тәсілін Абай ұсынды. Бұл Абайға дейінгі бірде-бір ақын-жырау тілінде ұшыраспаған құбылыс. Мыс., Абай сату етістігін қазық етіп, бұрыннан бар сақалын сату, арын сату дегендердің үстіне **құлық сату, еңбек сату, күлкі сату, құлағын сату, жүзін сату, өз басын сату, жүрегін ұстап сату, сөз сату** деген жаңаларын қосады. Бұлардың көпшілігі әсерлі, әсіресе жағымсыз образ жасайтын тіркестер. Сол сияқты **күйлеу** (мақтан күйлеу, әуейілік күйлеу, күлкі күйлеу, ойнас күйлеу), **сауу** (құлық сауу, адам сауу, еңбек сауу), **бағу** (күлкі бағу, ғылым бағу, ел бағу), **табу** (ақыл табу, ақылды болу деген жаңа мағынада, өнер табу, ғылым табу) сөздерін қазық етіп жасаған жаңа фразеологизмдер тек сонылығымен ғана емес, тың образдылығымен құнды. Абай мұндай жаңа тіркестердің семантик. ұйтқысы етіп сөздерді де алады. Мыс., жеке алғанда сирек кездесетін мақтан сөзін 56 рет қолданып **мақтанға салыну, мақтанға орналастыру, мақтан күйлеу, мақтан іздеу, мақтан қуу** сияқты тіркестердің мағыналық тірегі етіп алады.

Абай поэтикасында елеулі орын алатын құбылыстың бірі – динамизм көрінісі, яғни белгілі бір стильдік мақсатпен образды етістіктерді жеке де, шоғырлап та жиі қолдану. Бұл динамизм көбінесе көсемшенің **-п** жұрнақты түрімен және етістіктің **-мақ** жұрнақты тұлғасымен беріледі. Оның үстіне бір өлеңнің тұтас бойына немесе оның үлкен бір бөлігінде етістік сөздер ұйқас құрап, шоғырымен қатысады. Мыс., *«Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек»* деп басталатын өлеңінің 12 шумағының 10-ы **-мақ, -мек** жұрнақты етістік ұйқастармен берілген. Көптеген өлеңдерінде **-п** жұрнақты көсемше тұлғасы тұтас ұйқас құрап, бірде қимылдың санын, бірде іс-әрекеттің өзін білдіріп, өлеңдерді нағыз «қимылға» толтырған. Айталық, *«Жаздыкүн шілде болғанда»* деген өлеңінде жаз суретін осы кезеңдегі табиғаттың, жан-жануарлардың, адамдардың іс-әрекеттерін, қимыл-қозғалыстарын бейнелеу арқылы береді.

Ақын поэтик. құрал ретінде кейбір морфолог. тұлғаларды да қолдануға жол ашқан. Бұған жағымсыз образ жасауда **-сы** жұрнағымен келген сөздерді (жер тәңірісу, қалжың бассу) қолдануы, **-мақ** жұрнақты етістіктерді өлең тіліне жиі қатыстыруы дәлел бола алады. Алдыңғы тұлға көбінесе көлгірсу реңкі бар модальдық құрал ретінде жұмсалса, соңғы **-мақ** жұрнақты сөздер өлеңге динамик. сипат беру мақсатымен немесе дерексіз ұғым атауларын молынан сөз ететін өлеңдерінің философ. мазмұнын таныту мақсатымен жұмсалған. Сұраулық шылауымен келген сөйлемдерді қолдану да Абайда жай сұрай салу мақсатында емес, белгілі бір стильдік мақсатта поэтик. жүк арқалай қолданылған. Мыс., «Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма? Баяғы күш, баяғы түсің бар ма? Алды – үміт, арты – өкініш, алдамшы өмір Желігін жерге тықпас кісің бар ма?» «Балалық өлді, білдің бе? Жігіттікке келдің бе? Жігіттік өтті, көрдің бе?» сияқты жолдардағы сұраулық шылауымен келген сөздер алдыңғы айтылған идеяны (сұм дүние тонап жатыр... балалық өлді) күшейте түсіп, өзіне назар аудартады, яғни бұлар шындықтың баяндалуы ғана емес, сол шындық арқылы өмірі баянсыз, мақсатсыз, күйбеңмен өткен адамбысың, әлде керісінше ме деген идеяны білдіреді.

Абай поэзиясында кейбір нақтылы ұғым атауларын поэтизмге айналдыру көзге түседі. Мыс., ақын өлеңдерінде бейтарап мағыналы **жүрек, сөз** деген сөздер әрі өте жиі қолданылып (**жүрек** – 156 рет, **сөз** – 376 рет), әрі өздерінің тура мағынасынан гөрі ауыспалы мағынада (жүрек – «адамның өзі, ішкі дүниесі, қасиеті», сөз – «поэзия, ой-пікір») келген. Абайда объектіні әр тұрғыдан сипаттау басым, сондықтан ол теңеудің дәстүрлісін де, өзі қолданған жаңаларын да пайдаланды. Абай поэзиясы теңеулердің молдығымен ғана әсерлі емес, соны түрлерімен де құнды. Ақын теңеулері оның дүние танымының, философ. тұжырымдарының айнасы, сол айнаны тіл құралымен көрсетуде теңеулерді пайдаланған және бұл қолданыстың бір ерекшелігі – теңеудің әдеттегі тілдік амалы **-дай** жұрнақты тұлғаны немесе **секілді** (сияқты, тәрізді) сөздерін көп қолданбауы, ол теңеуді көбінесе тұжырым, констатация арқылы беретіндігі. Мыс., «Төңкеріліп құбылған жұрт – бір сағым», Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас», «Өткір тіл – бір ұялшақ қыз болмай ма?» т. б.

Абай өзіне дейінгі сан ғасыр «эстетикалық таңбалардың» шоғырын жинап келген қазақ поэзиясы мектебінің барша көркемдеуіш-бейнелеуіш құрал-тәсілдерін дұрыс танып, жақсы қабылдап қана қоймай, оның көп тетігін қайта бұрап, көп кетігін жаңадан қалады, яғни поэтик. құралдарды пайдалану принциптеріне, әдіс-тәсілдеріне өзгерістер енгізді, кейбіреулерін жүйеге айналдырды, жаңаларын қосты, барларының аясын кеңейтті. Абай поэтикасы қазақ өлеңінің бұрынғы көркемдік дүниесінің синтезі ғана емес, жаңа кезеңінің, классик. жазба түрінің бастамасы, кейінге жол салған үлгісі болды.

Әдеб.: Т о р а й ғ ы р о в С. Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан. – «Айқап», 1913, №22–23; Ә у е з о в М. Қазақ әдебиетінің мәселелері. Қазақ ССР ҒА-ның хабаршысы, 1951, N 3, 72-б.; Н ұ р т а з и н Т. Абайдың ақындық шеберлігі туралы. – Абайдың өмірі мен творчествосы. – А., 1954; Қ а б д о л о в З. Әдебиет теориясының негіздері. – А., 1970; Ә л і м б а е в М. Абайды қайталап оқығанда. «Жалын», 1981, N 3.

Р. Сыздықова.

«ПРАВДА» – еркін газет. Шығарушы «Правда» журналистер ұйымы. 1992 жылға дейін бұрынғы КПСС ОК-нің органы болды. В. И. Ленинның бастауымен 1912 ж. 5 мамырдан шыға бастаған. Газетте Л. Адалистің «Дала әуендері» (1940, 21 маусым), С. Мұқановтың «Абай Құнанбаев және орыстың классикалық әдебиеті» (1945, 15 тамыз), Л. Соболевтің «Абай Құнанбаев» (1954, 5 қыркүйек) және редакциялық «Абай поэзиясының екі томы» (1977, 15 шілде) деген мақалалар жарияланды. Бұл материалдарда Абайдың қазақтың жазба әдебиетін қалыптастырудағы жолбасшылық қызметі, ақын шығармаларының реалистік және жаңашылдық дәстүрі, оның өлеңдері мен орыстың классикалық әдебиетінің үндестік байланыстары және аудармаларының шеберлігі сөз болады. «П.» Абай Құнанбаевты «қазақ жазба әдебиетінің көш басы» деп бағалады.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ. Абай психологиядан арнайы еңбек жазбаса да оның көптеген өлеңдері мен қарасөздерінен осы ғылымның сан алуан мәселелеріне байланысты көңіл аударарлық түрлі ой-пікірлерді табу қиын емес. Ойшыл-ақын шығармаларында жалпы психологияның – жан мен тәннің арақатынасы, адамның психол. даму жолындағы тәрбие мен білімнің атқаратын қызметі, сондай-ақ бала психологиясы мен қоғамдық психологияның жекелеген мәселелері де (адамның жеке басына және жасына байланысты ерекшеліктері, пед. әдеп, үлгі-өнеге, өзін-өзі тәрбиелеу жайлы, оқудың психол. негіздері, ұлттық мінез-құлық т. б.) көрініс тапқан. Ол бұл мәселелерді талқылағанда адамның психол. өмірінің белгілі бір қырына табиғи-ғылыми тұрғыда толық түсініктеме бере қоймайды.

Алайда Абай тұжырымдарының ауқымы мен тереңдігі оның әлем психологтарының еңбектерімен таныс болғандығын айқын дәлелдейді. Оның П. к., нақтырақ айтсақ, *Аристотель, Әл-Фараби* және К. Д. Ушинскийдің көзқарастарымен астарласып жатады. Олардың таным процесіне байланысты материалистік түсініктері жүйелі емес, аллаға сену мен жанның мәңгілігі туралы ұғымдармен араласып отырады. *«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес»*, *«Көк тұман – алдыңдағы келер заман»* т. б. өлеңдерінде ойшыл-ақын адамның денесі ғана өледі, ал жаны ешқашанда өлмейді деп тұжырымдайды:

«Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі».

Абайдың өлмектің жаны кәсіби әрекет негізінде қалыптасқан, сөз өнері арқылы сыртқа шығып, ұрпақтан ұрпаққа ауысып отырған деген ұғымын:

«Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?»

жолдарымен тұжырымдауға болады.

Абай қоршаған ортаның шындығын мойындай отырып, ақыл мен сананың еңбек барысында қалыптасатындығы туралы «Ақыл, ғылым – бұлар – кәсіби» дейді. Абай түсінігінде адам өзін қоршаған дүниені сезім мүшелері арқылы танып, сол таным деректерін санада қорытып: «көзбенен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады». Абайдың бұл тұжырымдары материалистік филос. ой-пікірмен толық үндес келеді.

Ақын ғақлияларында қоршаған әлемді тану үшін адамға қажет қасиеттерді атай келіп: «алдымен – «не көрдің, есіттің, әрнешік білдің, соны тездікпенен ұғып...» алу; екінші – «... бір нәрсені естіп, көріп білдің, қош келді, қазір соған ұқсағандарды тексересің. Түгел ұқсаған ба? Яки бір ғана жерден ұқсағандығы бар ма? Әрнешік сол іске бір келіскен жері бар нәрселердің бәрін ойлап, білгенін тексеріп, білмегенін сұрап, оқып, бөтеннен хабарласып білмей, тыншытпайды» деп көрсетеді. Абай сезім мүшелерінің шындықты танудағы қызметін дұрыс түсіндіреді. Ақын: «Дүние бірқалыпта тұрмайды, адамның қуаты, өмірі бірқалыпта тұрмайды. Әрбір мақлұққа құдай тағала бірқалыпта тұрмақты берген жоқ», – деп табиғат қана емес, адамның да үнемі өзгеріп отыратындығына ерекше көңіл аударады. Абай адам мен жан-жануарлардың мінез-құлқындағы айырмашылықтарды: «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады», – деп ажыратып берді. Адамның ең басты артықшылығы оның қоғам пайдасы үшін белсенді әрекет жасай алатындығында, «қай өгіз шаһар жасап, құрал жасап; неше түрлі сайман жасап, сыпайылық шеберліктің үдесінен шығарлық қисыны бар?», – деп түсіндіреді Абай.

«Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,
Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек.
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек...» –

деп, Абай адамның ішкі жан дүниесінің ақыл, сезім және қайрат секілді қуаттарын біртұтас етіп алады. «Он жетінші сөзінде» (қайрат, ақыл, жүректің сөз таластыруы) тек бірлесіп, ынтымақтасқан жағдайда ғана күш алатын адамның үш түрлі жан құбылысын әдеби-публицист. тұрғыда көрсетпек болады. Ойшыл-ақын негізгі үш бастау – ақыл, сезім және қайрат арасындағы тартыс арқылы адам мінезінің қарама-қайшылықтарын дұрыс түсіндіреді. Осы сұхбаттың логик. үйлесімі, дәлелдері, терминдік сөздердің байлығы (мақсат, кішіпейілділік, қайырымдылық, елгезектік, қатыгездік, реніш,

абырой, қайрат, жауыздық, қулық т. б.) қайран қалдырады.

Абай адамның танымдық қасиеттерінің табиғатын біршама материалистік тұрғыдан түсіндіреді. Сезіну және түйсіну мәселелерін де дәл осы бағытта талдайды. Ақын сыртқы дүниенің адамның сезім мүшелеріне әр түрлі сипатта әсер ететінін айта келіп: «Құлақ болмаса, не қаңғыр, не күңгір, дауыс, жақсы үн, күй, ән – ешбірінен ләззат ала алмас едік. Мұрын иіс білмесе, дүниеде болған жақсы иіске ғашық болмақ, жаман иістен қашық болмақтық қолымыздан келмес еді. Таңдай, тіл дәм білмесе, дүниеде не тәтті, не дәмдінің қайсысынан ләззат алар едік?» – деп көрсетеді. Сезімнің басқа да танымдық құбылыстармен, дәлірек айтқанда, ойлау, елестету, ұғым сияқты түйсіктермен байланысты екенін ашып айтады. Осыған байланысты Абай: «Ол хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпыменен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнешік өз суретіменен көңілге түседі», – деп жазады. Ақын:

«Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей,
Шу дегенде құлағың тосаңсиды,
Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей,
Таң қаламын алдыңғы айтқанды ұқпай,
Және айта бер дейді жұрт тыным бермей...» –

деген жолдарда «түйсік» деген ұғымды арнайы айтпағанымен психол. құбылыстың осы мәніне көңіл аударады. Ол түйсік пен қабылдау адамның жиған-терген тәжірибесіне байланысты, сөзді дұрыс қабылдап, меңгеріп алмай келесі сөзді түсіну қиын деп тұжырымдайды.

Ақынның ес туралы пікірлері де қызғылықты. Абай естің мәнін ашу үшін ерекше «ұмытпастық себептер» деген психол. термин енгізген. Ол осыған орай *Отыз бірінші сөзінде:* «Естілген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер ой кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер», – деп жазды. Бір нәрсені есте сақтау, ренішті, қуанышты көңіл күйлерін тану барысындағы естің маңызы жайлы айта келіп, адам «... сөзді есіткенде шайқақтап, шалықтанып, не салбырап, салғырттанып есітсе, не есіткен жерде қайта қайырып сұрап ұғайын деп тұшынбаса, не сол жерде сөздің расына көзі жетсе де, шыға беріп қайта қалпына кетсе, естіп-есітпей не керек?» – деп түйіндейді.

Ақын шығармаларынан тек адамға ғана тән қуаттарының негіздері – сөз бен қиял хақындағы пікірлерін жиі кездестіруге болады. Абай:

«Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,
Әрнәрсеге өзіндей баға бермек», –

деп терең ойлай білетін, қиялы ұшқыр, кең, ақылды адамдарды жоғары бағалайды. Ақын: «... білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі – мұлахаза (ойласу, пікір алысу) ..., екіншісі – берік мұхафаза (сақтау, қорғау) ... Бұлар зораймай, ғылым зораймайды», – деп жазды. Абай жан қуаттарын адамдардың бір-бірімен жәй түсінісуі үшін ғана емес, сонымен қатар олардың көңіл-күйіне, бүкіл психологиясына әсер ететін күшті құрал ретінде түсінеді. Адамның сан-алуан қызыққа толы сезім әлемі – ақын шығармаларының негізгі тақырыптарының бірі. Адамның ішкі жан дүниесін оның үш қырымен (ақыл, сезім, қайрат) тұтастыра қарастыратын Абай адам өмірінде, таным мен күнделікті тіршілікте сезімнің аса маңызды қызмет атқаратынын атап көрсетеді. Адам рухани дамуы үшін ең алдымен жан-дүниесі бай, сезімтал болуы қажет. Ақын адамның адамгершілік, имандылық, моральдық, эстетикалық сезімдеріне айырықша мән береді. Осындай сезімдерді бойға дарыту үшін адам жаман мінезден арылып, өзін-өзі тәрбиелеуі керек деп есептейді.

«Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын! Көрсеқызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады», – деп ескертеді. Абай әсіресе адамның танымдық қызметін арттыратын сезімдерге баса көңіл бөледі. Ол жастарды білім-ғылымға шақыра отырып, тек қажырлылықтың, құштарлықтың арқасында ғана ғылымға қол жеткізуге болатынын айтады. Абайдың түсінігінде құмарлық ғылым жолында табысқа жеткізетін ең күшті сезім: «... білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет білсең және әр білмегеніңді білген уақытта көңілде бір рахат хұзур хасил (тыныштық, рахатшылық) болады», – дейді. Білімге ынтықтық сияқты құмарлықтың да адамның жасампаздық қызметін арттыра түсері сөзсіз. Ақын сондай-ақ, біржолата құмарлық билеген адам тап сол сәтте қай нәрсенің аса маңызды екенін аңғармай, тек жеке басын күйттеп кетуі де мүмкін деп ескертеді. Егер құмарлық ақыл таразысын басып кетсе, ол жемісті еңбек етуге кедергі келтіреді, кейде құбылысты теріс бағалауға әкеп соқтырады: «Әрбір құмарлық өзіне бір дерт болады екен, әр түрлі құмар болған нәрсеге жеткенде, яки әнеміне, жетер-жетпес болып жүргенде, бір түрлі жастық пайда болады екен», – деп суреттейді. Абайдың ойынша, құмарлық жаңадан білім алуға көмектессе ғана адамның рухани өсуінің қуатты күшіне айнала алады.

Адамның көңілін көтеріп, бойына қуат беретін сезімдердің бірі – қуаныш.

Ар-ожданы таза адам ғана бар шынайы көңілімен күледі. «Әрбір жақсы адамның жақсылық тапқанына рахаттанып күлсең, оның жақсылықты жақсылығынан тапқандығын ғибрат көріп күл», – деп отырып, қуаныштың ғана шын көңілден күлкі шығаратынын мегзейді. Ақын сонымен қатар «... қолдан жасап, сырты менен бет-аузын түзеп, бай-бай күлкінің әнін сәндеп, әдемішілік үшін күлетін бояма күлкінің»

қажетсіздігін еске салады. Күлкі, қуаныш туралы ойын жалғастыра келе, Абай:

«Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме,
Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме...» –

деп жастарды басына іс түскенде сары уайымға беріліп, жүнжіп кетпей, өмірге құштарлығын жоғалтпауға шақырады. «Әрбір орынды харекеттің өзі де уайым-қайғыны азайтады, орынсыз күлкіменен азайтпа, орынды харекетпен азайт!» – дейді Абай.

Өзінің қадір-қасиетін, өмірдегі орнын білетін саналы адамның қай-қайсысында да мақтаныш сезімі болады. Абай мақтанышты адамның өркөкіректік, мақтаншақтық, менмендік сияқты мінезінің жағымсыз сипаттарына қарсы қояды. Мақтанышты үлкендік деп алған ақын: «Үлкендік – адам ішінен өзін-өзі бағалы есеп қылмақ. Мысалы, надан атанбастығын, жеңіл атанбастығын, мақтаншақ атанбастығын, әдепсіз, арсыз, байлаусыз, пайдасыз, сұрамшақ, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді – осындай жарамсыз қылықтардан сақтанып, сол мінездерді бойына қорлық біліп, өзін ондайлардан зор есептемек. Бұл мінез – ақылдылардың, арлылардың, артықтардың мінезі», – деп тұжырымдайды.

Ашу – Абай түсінігінде жағымсыз сезім. Ол ашуды екі тұрғыдан қарастырады: біреуі – оқыс қимылдар мен ащы сөздер арқылы сырттай айқын көрінгенімен, дүмпуі әлсіз кісінің көңілінде дақ қалдырмай тез тарқап кетеді де, екіншісі – сыртқа шықпай, жасырын қуатын ішке бүгеді. Ашу туралы бұл ойларын ақын: «Ашулы адамның сөзі аз болса, ыза, қуаты артында болғаны. Егерде аузынан қара қан ағызса, домбыт мақтаншақ, я қорқақ», – деген қанатты сөздермен түйіндейді. Адамның ең асыл қасиеттерінің бірі – ар-ұят, арлылық, ұждандылық. Абайдың түсіндіруінше, ар-ұят адамның іс-әрекетіне қатысты. *«Отыз алтыншы сөзінде»* адамның осы секілді қастерлі сезімін былайша сипаттайды: «...олай болғанда білмек керек, ұят өзі қандай нәрсе? Бір ұят бар – надандықтың ұяты... ұялмас нәрседен ұялған ұялу – ақымақтық, жамандық. Шын ұят сондай нәрсе, шариғатқа теріс, я ақылға теріс, я абиырлы бойға теріс бір іс себепті болады. Мұндай ұят екі түрлі болады. Біреуі – ондай қылық өзіңнен шықпай-ақ, бір бөтен адамнан шыққанын көргенде, сен ұялып кетесің... Біреуі сондай ұят, шариғатқа теріс, я ақылға, я абиырлы бойға теріс, я адамшылыққа кесел қылық, қатеден яки нәпсіге еріп ғапылдықтан өз бойыңнан шыққандығынан болады», – деп жазды. Абайдың пікірінше, өзіне-өзі сын көзімен қарап, өзін тізгіндей білген адам келеңсіз қылықтардан аулақ жүріп, әр қадамын ұят таразысына сала алады.

Абай шығармаларында достық, махаббат сияқты сезімдерді сипаттауға да көңіл бөліп, оларды адамның ең жоғары, асыл қасиеттері деп бағалаған. Достықтың өмірді байытып, оның мәнін айқындай түсетін қуатты күші бар, ол адам басына ауыртпалық түскен жағдайда оған қуат беріп, көмектесіп отырады. Ақын бұл хақында:

«Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,
Жетпесе, біріндікін бірің жеткіз.
Күншілдіксіз тату бол шын көңілмен,
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз», –

деген тұжырымға келеді. Абай ер мен әйелдің махаббат сезімдерін, бір-біріне деген сүйіспеншілігін, көңіл-күй құбылыстарын түсіндіруге ерекше мән берді. «Қызарып, сұрланып...», «Көзімнің қарасы...», «Жүрегім, ойбай, соқпа енді...», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл...» деген өлеңдері сүйіскен, ұғысқан жүректің жан сырын суреттеуге арналған.

Адамды көздеген мақсатына, асыл арманына жеткізетін, ғылым-білімді меңгеруге мүмкіндік тудыратын жан қуаттарының бірі – ерік-жігер, қажыр-қайрат. Ерік-жігер адамның өз мінез-құлқын меңгере алу қабілеті, оны әр түрлі кесапаттардан, пайдасыз құмарлықтардан қорғайды. Абайдың айтуынша «жан қуаты деген қуат бек көп нәрсе... Бұл қуаттың ішінде үш артық қуат бар... ол жоғалса, адам баласы хайуан болды, адамшылықтан шықты». Ақын: «... ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын!» – деп, адамның өзі таңдап түскен жолынан таймауына ерік-жігері мен қажыр-қайратының ғана көмектесетінін еске салады. Адамның бірқатар жағымды да, жағымсыз қасиеттерін көрсете келіп, олардың табиғатын түсіндіруге тырысады.

«Тиянақсыз, байлаусыз байғұс қылпың,
Не түсер қу күлкіден жыртың-жыртың...», –

деп тиянақтылық пен ұстамдылықты адам мінезінің жақсы қасиеттеріне жатқызады. Абай:

«Уайым – ер қорғаны, есі барлық,
Қиыны бұл дүниенің – қолы тарлық.
«Еһе-еһе» ге елірме бозбалалар,
Бұл – бес күндік бір майдан ер сынарлық»,

деп түйіп, уайымның өзін ұстамдылыққа бастайтын, кісіні орынсыз жел өкпеліктен сақтандыратын қасиетке балайды.

Нағыз адам ешқандай кедергіге қарамастан көздеген мақсатына жетеді. Бұл адамнан рухани қуаттылықты, төзімділікті және қажырлылықты талап етеді. Тек ержүрек, батыл адам ғана өз дегенінде тұрып, «көштің соңынан итше ере бермей, ...әділетті ақыл мойындаған нәрсеге, қиын да болса, мойындауға, әділетті ақыл мойындаған нәрсеге, оңай да болса мойындамауға...» бара алады. Абай жалқаулықты, қорқақтықты, қиқарлықты, мақтаншақтықты, өзімшілдікті адамның жағымсыз қасиеттеріне жатқызады:«... әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді...». Абай шығармаларында жеке адамның мінез-құлқына, балалық шақтың психологиясына байланысты айтылған пікірлері де жиі кездеседі. Оның пікірінше, адам мінезі туа бітпейді, жүре келе түсінеді, әдеп машығы қалыптасады, еңбекке жаттығады. Абай: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды танидыдағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады», – дейді. Ақын адам мінезінің өзгермейтіндігі туралы пікірді жоққа

шығарып, адам мінезі өмір сүре келе қалыптасады, өзін қоршаған жағдайларға байланысты өзгеріске еніп, оның іс-әрекеттері арқылы көрінеді деген тұжырым жасайды. Адам мінезінің түрлі көріністерін адамгершілік, моральдық, имандылық тұрғыдан қарастырып, жақсы және жаман деп жіктейді. Әдептілікті, сыпайылықты, құмарлықты, тәуелсіздікті, беріктікті жақсы мінезге жатқызып, сенгіштікті, арсыздықты, мақтаншақтықты, қулықты, жауыздықты т. б. жаман мінез деп бөліп көрсетеді. Ойшыл-ақын бала мінезінің қалыптасуы туралы мәселеге де көңіл бөледі. Жетінші сөзінде: «Жас бала да анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады... Біреуі білсем екен демеклік... Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен» деген қорытындыға келеді. Абай бала психологиясының басты ерекшелігі – білуге құштарлық деп есептейді. Өсе, ер жете келе, тәрбие құралдары арқылы бала жанына жақсылық ұрықтарын егіп, игі сезімдерге, адамгершілікке тәрбиелеуге болады. Бала мінезін қалыптастыруда ата-анасының, ұстаздарының, құрдастары мен достарының үлгі-өнегелері мен тәрбиесінің маңызы зор деп атап көрсетеді Абай. Ақын шығармаларында адамның жеке басының ерекшеліктері жайлы жасалған психол. талдаулары өзінің ғылыми тереңдігімен бағалы. Абайдың психол. көзқарастары жалпы және педагог. психология мәселелерімен ғана шектелмейді. Ақын туған халқының мамандығы, әлеум. жағдайы әр түрлі топтарының мінез-құлықтарына да зейін қояды. Ол өз жұртының мінез-құлқын, көңіл-күйін, іс-әрекеттерін, күйініш-сүйінішін, талап-талғамын, салт-санасын жақсы білді. Оның шығармаларында мінез-құлықтары сан алуан адамдар бейнесі көрініс тапқан (байлар, болыстар, атқамінерлер т. б.). Ақын бұл әлеум. топтардың барлығына толыққанды көркем сипаттама беріп қана қоймай, сонымен қатар олардың әлеум. психол. мәнін де ашып көрсетеді. Ол көшпелі халықтың өмірін, тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпын зерттеуде дала тұрғындарының материалдық және рухани мәдениетіне қатысты деректерге сүйенді. Абай жасаған қазақ қауымының әр түрлі топтарының өкілдері жайлы психол. сипаттаманы шын мәнісіндегі өміршең де әділ тұжырым деп бағалау керек.

Абайдың психол. мәселелерге көзқарасы, ең алдымен поэзия мен өнердің міндеті адам өмірін, олардың көңіл-күйі мен іс-әрекеттерін шыншылдықпен көрсете білу деген түсінігіне сай қалыптасқан. Ол поэзия саласындағы талант иелері кісінің психол. қызметінің ерекшеліктерін, оның даму заңдылықтарын жете зерттеуі керектігіне зор мән берді. Өнердің кез келген түрі өзінің даму жолында адамның белсенді шығармашылық қызметінің барысында қоршаған орта шындығынан нәр алып, мазмұндық жағынан байи бермек деп есептеді. Абайдың түсінігінше, өнердің бір саласы ән мен музыка қазақ халқының өмірі мен тұрмысынан ерте заманнан-ақ берік орын алып, олардың сенімді де айнымас серігіне айналған. Қуаныш пен қайғы, өмір мен өлім, жастық пен кәрілік – бәрі де әнде бейнеленеді, сонда көрініс табады. Ән сырға толы, адамды шаттық пен қуанышқа бөлеп болашаққа жетелейді, жабыққанда жұбату болады. Әнсіз өмір жоқ. Ол жүрек қылын шертіп, толғандырады, қиялыңа қанат бітіреді. Адам әсем әнді жылы сезімімен, бар ықыласымен, жүрегімен қабылдайды. Тек шын жүректен шыққан ән ғана тыңдаушысын толғантып, қуанышқа бөлейді. Абай ән мен музыканы адамның әсемдікке деген құлшынысын қанағаттандыратын аса маңызды құрал, оның рухани дамуының негізі деп есептеді. Ол қазақтың қоғамдық ой-пікірінің қалыптасуы тарихында алғаш рет ақындық шабытты шақтың психол. астарына терең үңіліп, оны адам рухының ерекше күйі, жүректің лүпілдей соғып, қан қызатын көзі деп сипаттады. Ақын шабыты шалқыған сәтте өмірден қол үзіп қалмай, керісінше, күнделікті күйкі тіршіліктен жоғары тұрып, шындық пен әділдіктің қатал да қайтпайтын жаршысы болуы керек. Нағыз ақын шабыт пен қуаттан күш алады, шабытсыз өнер жоқ, өлең тумайды. Өнердің, дәлірек айтқанда, музыка мен әннің мақсаты – адамдардың көңіл-күйіне әсер етіп, оларға рухани қорек беру, эстетик. ғажайып рахат шәрбатынан сусындатып, жағымды этик. қасиеттердің қалыптасуына жағдай жасау. Абайдың психол. мәселелер жөнінде айтып, бізге жеткен пікірлері, оның қазақ тарихында тұңғыш ана тілінде психол. терминдер енгізуге талап жасағанына, бұл ғылымға қазақ тілінің аса бай сөздік қорынан бірқатар түсініктер енгізгеніне (қылық, қуат, мінез, көңіл, қасірет, қуаныш, құмарлық, күлкі, ықылас, талап, зерде, үрей, жалқаулық, табалаушылық, күншілдік т. б.), қазақ фольклорының ғылымға дейінгі психол. ұғымдарын өңдеп, әрлеп, нақтылап, орнықтырып қана қоймай, сонымен қатар көшпелілердің психол. әлемі туралы өзіндік көзқарас жүйесін қалыптастырғанына көз жеткізеді. Абай түрлі ұғымдар мен түсініктердің мәнін айшықты тілмен әсерлі етіп жеткізетін өлеңдері мен филос. талдауғақлиялары арқылы қазақ халқының қалың бұқарасы арасына психол. білімнің таралуына қолайлы жағдай жасады.

Әдеб.: Тәжібаев Т. Абайдың психологиялық көзқарастары. «Халық мұғалімі», 1952, N 3-4; Сонікі. «Философские, психологические и педагогические взгляды Абая Кунанбаева». – А., 1957; Жарықбаев К. Б. «О психологических воззрениях Абая Кунанбаева». Материалы 3-го Всесоюзного съезда общества психологов СССР. – Киев, 1968; Сонікі. Развитие психологической мысли в Казахстане. – А., 1968.

Қ. Жарықбаев.

ПУШКИН Александр Сергеевич (1799–1837) – орыстың ұлы ақыны. Оның өмірі мен өнерпаздық жолы азаттық, адамгершілік идеялары үшін аянбай күресу жолы болды. Сөз өнерін дәуірінің озат тілек-мақсаттарымен ұштастыра білуі оған әдебиетте тың жол табуға, бүкіл елдің, орыс халқының әдебиетін жаңа арнаға бұрып, әдебиетті жаңаша дамытып, өркендетуіне мүмкіндік берді. П. сан алуан жанрлық түрлерді еркін меңгерді. Әр қилы лирик. өлең, поэма, әңгіме, повесть, тарихи роман, өлеңмен жазылған роман, ұсақ та, кесек те драмалық шығарма – міне, осылардың қайсысын қолға

алса да, ол үлкен көркемдік шеберлік танытты. Сол дәуірдегі орыс әдебиетінің П. араласпаған, ол қол тигізбеген, үлкен ықпал жасамаған, елеулі із қалдырмаған бірде-бір саласы болған жоқ. Осынша қыруар еңбегін ол небәрі 20 жылдай уақыт ішінде атқарып шықты. Жас П. әдебиеттегі өз орнын табуға, өзінің шығармашылық бетін айқындап алуға үлкен мән берді. Оның әдебиетке алғаш келген жылдары жазған өлең-жырларының қай-қайсысын алсақ та, олардан біз азаттықты аңсауды, отаншылдықты, халық мұңын, тілек-мүддесін жақтауды шығармаларының негізгі арқауы еткен күрескер ақынның асқақ бейнесін көреміз. Жаңа ұрпақтың арман-мұраты, үміт-сенімі, ескіден безінуі, ізгілікті, бостандық пен бақытты армандауы – осының бәрі оның поэзиясынан бірден-ақ жарқын көрініс берді. Ақынның ой-сезімінің қалыптасуына күшті әсер еткен зор тарихи оқиға 1812 жылғы Отан соғысы болатын. Ол П-нің санасында мәңгі өшпес із қалдырды. Россияда отаншылдық, азаттық идеялары кең қанат жайды. Халықтың еркіндігін, бостандығын темір құрсаумен шырмаған патшалық құрылысқа наразылық үдей түсті. Патшаға қарсы күреске шығып, батыл қимылдаған революцияшыл декабристер ескі дүниені дүр сілкіндірді. Ол болашаққа, азаттық идеясының жеңетіндігіне кәміл сенді. Декабристер көтерілісінен кейінгі жылдарда П. Россияның әр аймағында күн санап қанат жайып, күш алып келе жатқан шаруалардың революциялық қозғалысына үнемі көз тігіп, көңіл аударды, оған үлкен үміт артты. Жаңашыл, алғыр ойлы, күрескер ақын халықтың тарихын, әдебиетін, аңыз-ертегілерді, ескі жыр-дастандарды жақсы білді, қалыптасқан бай әдеби дәстүрлерден де іргесін аулақ салған жоқ. М. В. Ломоносовтың ірі қоғамдық мәселелерді толғай білгені, Карамзиннің адамның жан сезімін әсерлі суреттеуі, В. А. Жуковский өлеңдеріндегі ерекше әуездік, сыршылдық, И. А. Крыловтың қарапайым адамның мінез-әрекетін дәл бейнелеуі, А. С. Грибоедовқа тән қоғамдық өмірді суреттеудегі шынайылық, сыншылдық, К. Ф. Рылеев поэзиясындағы отаншылдық, адамзаттық әуен, рев. сарын – бұлардың бірі де П-ге жат емес екенін ап-айқын аңғарамыз. Бірақ ақынның өз тұлғасы осы аталған ақын, жазушылардың біріне де ұқсамайды. Өйткені ол орыс әдебиетіне дәуір талабына сай тың ақындық ой-сезім әкелді, орыстық ұлттық көркем ой жүйесін керемет өнерпаздық күш жұмсап, мүлдем басқаша қалыптастырды. Сондықтан П-нің терең толғайтын ойшылдығы да, лирикадағы сезімталдығы да, шебер суретшілдігі де, оның шығармаларындағы отаншылдық, азаттық аңсау идеялары да, рев. жалын-леп те бәрі-бәрі де бұрынғыдан өзгеше, жаңаша сипатта танылады. П. поэзиясының бұрынғы әдебиеттен ерекшелігін айқын танытатын қасиет – ондағы азаматтық, рев. идеялардың қуаттылығы. Ақын Отанды сүю сезімін, «қасиетті бостандықты» аңсаушылықты айрықша қастерлеп, тебіреніп айтады. Айдауда жүрген декабрист-ақындармен өзінің пікірлестігін, ниеттестігін жасырмай, үнемі жария етіп отырады. Ол күрес жолынан еш ауытқып, айнымайды. Тек ол азаттыққа жету жолындағы күрестің жаңа мүмкіндіктерін іздейді. Қоғамдық мүддені, әр азаматтың қоғам алдындағы, халық алдындағы міндетін П. енді дәл өз кезеңінің, өз дәуірінің тілек-талаптары тұрғысынан қарап, терең түсінуге ұмтылады.

Ол өзінің тұңғыш поэмасы «Руслан мен Людмилаға» ежелгі аңыз-оқиғаны арқау етіп жазғанда, немесе «Кавказ тұтқыны», «Цыгандар» дастандарында орыс адамын әр елде, әр түрлі ортада алып суреттегенде өз заманының ең күрделі қоғамдық мәселелерін қозғай білді. Соңғы дастаннан адам өмірдегі күрес-тартыстан шет қала алмайды деген тұжырымды өте-мөте аңғарамыз. П. халықтың тарихи тағдыры жайлы толғанғанда оны өз дәуіріндегі қоғамдық өмірдің түйіндерін шешу міндетімен ұштастырады. «Борис Годунов» драмасындағы тарихи дамудың бетін, үлкен-үлкен кезеңдерін белгілейтін ең басты күш – халық, халықтың мүддесі, ниет-тілегі деген тұжырым – жазушының өз заманына жалғастырыла айтылған шындық.

Оның аса кесек көркем туындыларының бірі «Евгений Онегин» – шын мағынасында халықтық шығарма. Мұндағы басты кейіпкерлер төменгі таптан шыққан адамдар емес екені рас. Бірақ ең маңызды нәрсе Онегин мен Татьяна, Ленский мен Ольга – осылардың қай-қайсысы болсын қарапайым халыққа қаншалықты жақындығы тұрғысынан бағаланады, олардың халық мүддесін түсіне білуі – артықшылығы болса, халықтың ой-түсінігінен алшақтығы – осалдығы болып шығады. Мұны кезінде В. Г. Белинский өте қисынды дәлелдеп көрсеткен болатын. Ол өз романында халықтың өмірін мейлінше толық, жан-жақты суреттейді, дворяндар мен шаруалардың өзара қарым-қатынасын да айқын көрсетеді. Халықтың күнделікті тұрмыс тірлігін, әдет-ғұрпын, әр алуан адамдардың мінез, іс-әрекетін, табиғат көрінісін, бәрін де терең және көркем бейнелегендіктен бұл шығарма шын мәнінде «орыс өмірінің энциклопедиясы» (В. Г Белинский) болды.

Ол сол дәуірде жеке адамның қоғамдағы орны қандай деген мәселені «Мыс салтатты» дастанында, әңгімелерінде әр жағынан алып қарастырады, ол «Мыс салтатты» және «Полтава» дастандарында тарихи тақырыпты кеңінен қозғап, Россия мемлекетінің қуаты артқанын сүйсіне жырлайды. Ақын біраз шығармаларында халықтың ертек-аңыздарын өзінше өрнектеп, халықтық поэзиядағы көркемдік ой-сезімнің нәрін теңдесі жоқ ақындық шеберлікпен жеткізіп береді. Қарапайым халықтың, орыс шаруаларының тағдырын П. «Дубровский», «Капитан қызы» сияқты шығармаларында шебер бейнелеген. Сонымен қатар ол «Пугачев тарихы» атты еңбек жазды. «Капитан қызы» және «Пугачев тарихы» романын жазар алдында ол қыруар тарихи деректер жинады, архив материалдарын зерттеді, көтеріліс болған жерлерді аралап, Қазан, Симбирск, Орынбор, Орал қалаларында болды. Көтерілісті көзімен көрген адамдардың естеліктерін, ел арасында сақталған жыр, әңгіме-аңызды жазып алды. Мұның бәрі П-ге

шаруалардың патшаға қарсы көтерілісін, оның басшысы Пугачевтің бейнесін суреттегенде – тарихи шындықты айнытпай дәл көрсетуге мүмкіндік берді. Ол Пугачевті халықтың тап ортасынан шыққан нағыз қарапайым адамға тән қасиеттерін – ерлігін, батылдығын, ақылдылығын, қайырымдылығын сүйсіне сипаттайды. Жазушының Пугачев бастаған көтеріліске орыс шаруаларымен бірге басқа халықтар өкілдерінің – башқұрт, қазақ кедейлерінің де қатысқанын суреттеуі сүйсінерлік.

П. өзі айтқандай, патшалық қатал заманда азаттықты, бостандықты қасиеттеп, жырлады. Ол шығармаларында халық өмірін мейлінше кең қамтып, бұқара халық пен үстем тап өкілдерін, әр түрлі топтардың адамдарын, олар өскен, өмір сүрген ортаны, табиғат құбылыстарын – бәрін де молынан бейнелейді. Оның шығармаларында лирик. сезім қандай нәзік, әсерлі болса, не нәрсенің де көрініс-кейпін, бояу-түсін сөзбен мүсіндейтін суреткерлік те сондай кемеліне келген. Мұнда ірі әлеум., тарихи мәселелердің тереңдігі түйінін табуға жүйріктік, қоғамдық-саяси ой-пікірлердің өткірлігі, отты лебі оқушысын баурап алады.

П. әдебиетті жаңа мазмұн, тақырып идеяларымен байытып қана қойған жоқ, сонымен бірге ол әдебиеттегі өмірді суреттеу әдісін де, бейнелеу тәсілін де өзгертіп, түрлендірді.

Кемеңгер ақын орыстың нағыз халықтық, ұлттық әдеби тілін қалыптастырып, жүйеге келтіру міндетін де ойдағыдай іске асырды. П-нің бұл еңбегі күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ. П. орыс тілінің бірнеше саладағы, яғни дәстүрлі болған кітаби тіліндегі, күнделікті сөйлеу тіліндегі, бай ауыз әдебиетіндегі сөздік қорын екшеп, саралап, көркем әдебиетте мейлінше мол қолдануға жол ашты. Әдеби тіл жалпы халықтық тілдің нәрі мен сөлін бойына әбден сіңіргенде ғана көркемдік қуаты артып, мөлдір таза, керемет бай тіл бола алатынын ұлы жазушы жақсы түсінді. Ол халық тілінің байлығын қалай пайдаланудың, тілді қалай өңдеп, ұстаудың тамаша үлгісін көрсетті. Оның шығармаларынан орыс тіліндегі сөздің терең мағыналылығы, бейнелілігі мен суреттілігі, тартымды әсемділігі мен қарапайымдылығы айқын сезіледі.

Өз Отанының жалынды патриоты болған П. орыс халқымен жақын, тағдыры бір, туыстас барлық халықтардың өміріне үңіле қарады, олардың тілек-мүддесін, арманын терең түсінді. Кавказ халықтарының, сондай-ақ Россияның басқа да халықтарының өмірін, тұрмыс-салтын кемеңгер ақынның жақсы білгені және бірталай шығармаларында суреттеп отырғаны белгілі. П. қазақ жерінде, Орынбор, Орал қалаларында болған кезінде қазақ халқына сүйіспеншілік сезіммен қарап, оның өміріне, әдет-ғұрпына, мәдениетіне зер салды.Ол қазақ жігіттерінің Пугачев бастаған шаруалар көтерілісіне бел шеше қатысқанын білумен ғана тынған жоқ, сонымен қоса қазақ халқының бай сөз өнеріне құмарта қызығып, ауыз әдебиетінің, асыл нұсқаларының бірі – «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» дастанын жаздырып алды. Өмірінің соңғы кезінде жазылған белгілі «Ескерткіш» атты өлеңінде өз шығармаларын Россияның барлық халықтары оқитын болады дей келіп, осы өлеңнің қолжазба түрінде сақталған бір нұсқасында қазақ халқын да атап кетеді. Қазақ тарихында П. мұрасына алғаш айрықша зер салып, өнеге еткендер Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин және Абай Құнанбаев болғаны белгілі. Олар П-ді тек ақын ретінде қызықтаумен тынған жоқ, терең зерттеп ізденуіне тірек етті. Абай П-нің ең таңдаулы туындысы «Евгений Онегинді» аса жоғары бағалады, оның жеке үзінділерін бұдан бір ғасырға таяу уақыт бұрын асқан көркемдік шеберлікпен қазақшалап берді. Абай қазақ тіліне аударып, арнайы ән шығарған «Татьяна хаты» халық арасында өткен ғасырдың аяқ кезінде өте кең тарап, ең сүйікті өлеңдердің біріне айналуы орыс ақынының ерте кезден-ақ қазақ халқына етене жақын болып кеткенінің айқын дәлелі. Татьянаның тағдырын қыр елі қазақ қызының, әйелінің тағдырына орайлас сезінді. Татьянаның еркіндік сүйгіштігі мен парасаттылығы, сабырлылығы қазақ жастарын да тебірентті. П-нің ұлылығын сол заманда, сол ортада отырып тани, бағалай білгендігі – Абайдың ұлылығының бір жарқын көрінісі. Абайдың П-мен үндестігі, оны жақын тартуы тегін емес еді. Ол қазақ әдебиетінде өз дәуірінде бір кезде П. орыс әдебиетінде атқарған қызметті атқаруды, сондай жүкті көтеруді мақсат етті. Қазақ қоғамы алдына қойған зор міндетті – жаңа реалистік әдебиетті қалыптастыру ісін Абай тиянақты атқарған болса, оған орыс әдебиетінің асқар алыбы П-нің әдеби мұрасының демеуі тимей қалған жоқ. Тек осының өзі ғана П. мұрасы, есімі қазақ әдебиетімен қаншалықты жақын болып кеткендігін айқын көрсетсе керек. Бұған қоса қазақ халқының П-ге деген ықыласының көрінісі ретінде «Евгений Онегинді» халық ақындары революциядан бұрын-ақ дастан етіп айтып жүргенін және «Капитан қызының» қазақ тіліне аударылып, 1903 ж. басылып шыққанын атап кеткен жөн. 20 ғ-дың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері Шәкерім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Спандияр Көбеев, Мұхамеджан Сералин, Бекет Өтетілеуов П. шығармаларынан көп нәр алды. Қазіргі қазақ жазушыларының ішінде П-ді оқымайтыны, онан үйренбейтіні жоқ. Жыр алыбы қарт Жамбыл П-ге арнап өлең шығарып, ұлы ақынға құрметпен ишарат етіп, қазақ халқының сүйіспеншілік сезімін әсем жырмен жеткізген болатын. Қазақ әдебиетінің туындысы «Абай жолы» роман-эпопеясында П-нің өнерпаздығы, Абай арқылы бүкіл қазақ мәдениетіне тигізген игілікті ықпалы көркем бейнеленген. Мұның өзі П. шығармалары, ұлы ақынның бейнесі Мұхтар Әуезовке де шабыт беріп, оны рухтандырғанын аңғартады. П. шығармаларын қазақ тіліне аударуда Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, І. Жансүгіров, Қ. Аманжолов, Т. Жароков, Ө. Тұрманжанов, Ә. Тәжібаев, Қ. Тоғызақов, Ғ. Орманов, Ә. Сәрсенбаев, Қ. Бекхожин, Қ. Шаңғытбаев, Ж. Молдағалиев сияқты көрнекті ақындарымыз елеулі еңбек сіңірді.

З. Ахметов.

«ПІЛ МЕН ҚАНДЕН» – Абайдың 1898 ж. И. А. Крыловтан аударған мысал өлеңі. Көлемі түпнұсқада 20 жол, шумақ жолдары әрқалай болса, Абай аудармасы әрқайсысы 4 тармақты 6 шумақтан тұрады, барлығы 24 жол. Ақын түпнұсқаның жалпы мазмұнын сақтап, айтар ойын дәл жеткізгенімен тәржімеде бірлі-жарымды өзгерістер бар. Орыс ақынының мысалындағы Моська аудармада қазақ оқырмандарына түсінікті «қанден» сөзімен ауыстырылған. Түпнұсқадағы «Отколе ни возьмись, навстречу Моська им» деген 5-жол «Көшеде кез боп бір қанден» болып аударылып, «отколе ни возьмись» сөзі түсіп қалған. Қазақшасында пілге бір итті кездестіріп, «Әліңді білсеңші» дегізсе, орысшасында кімнің кездесіп, бұл сөздерді кімнің айтып тұрғаны белгісіз, тек төл сөз ғана берілген. Түпнұсқада Моськаға айтылған ақыл 5 жолдан, Моськаның жауабы 7 жолдан тұрса, тәржімеде алғашқысы – 7, кейінгісі – 8 жол. Сондай-ақ Абай түпнұсқадағы «Могу попасть в большие забияки» деген 17-жолды «Ер атанып көремін« деп қысқа қайырған. Аударманың соңғы шумағындағы «Жұрт мұнымды көрмей ме?» деген тармақ түпнұсқада жоқ. Түпнұсқада қанден иттер туралы айтылса, аудармашы «жұрт» сөзін қолданып, мағыналық ауқымын кеңейте түскен. Орысшасында пілге үрген Моська қандай күшті дегенді иттер айтып жүреді деген ой қамтылған соңғы шумақ:

«Жұрт мұнымды көрмей ме?
Батыр атақ бермей ме?
Қой, бұл қанден – ер шіркін,
Пілге де үрген демей ме?»

түрінде тәржімеленген. «Сильна» сөзінің орнына «батыр», «ер» сөздері алынған. Соның нәтижесінде қазақ оқырманына мысалдың түсініктілігі, әсерлілігі арта түскен. Мысал өлеңнің 1-шумағы 11 буынды қара өлең ұйқасымен, қалған шумақтары 7, 8 буынды ұйқаспен жазылған. Аударма алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Өлең басылымдарында текстол. өзгерістер кездеспейді.



«РАЗАҚҚА» – Абайдың өлеңі, қ. *«Мына үйде отыр Разақ...»*

РАЙХАН Абайқызы (1871–96) – Абайдың бәйбішесі Ділдәдан туған қызы. Найман еліндегі Серікбай байдың ұлы Құдайбергенге тұрмысқа шыққан. Р-ның естелігіне қарағанда Абай осы ауылда талай рет болып, дойбы ойнаған. Өзі ұтса «ми ұтады ғой», қарсы жағы ұтса «тақтай баққан, ойын аңдыған қу ұтады ғой» деп, елді күлдіріп отырады екен. Р-ның әкесі туралы естеліктері Абайдың респ. әдеби-мемориалдық музейінде сақтаулы.

«РАХАТ, МЕНІ ТАСТАП ҚОЙМАДЫҢ ТЫНЫШ...» – Абайдың 1895 ж. М. Ю. Лермонтовтан тәржімелеген өлеңі. Лермонтовта да, Абайда да 20 жол. Кейбір басылымдарда өлең Лермонтовтың «И скучно, и грустно» деген шығармасының аудармасы деп қате көрсетілген. Соңғы кезде мұның Лермонтовтың «Хоть давно изменила мне радость» деп басталатын шығармасының аудармасы екендігін акад. З. Ахметов анықтады. Абай Лермонтовтың тексін өзгертпей мағынасын жолма-жол сақтап, дәлмедәл етіп аударған.

Өлеңнің 1-тармағы Абайда сәл басқаша «Рахат, мені тастап қоймадың тыныш», – деп келеді. Бірақ осы тармақ әрі қарай:

«Ғашық жар, ағайын дос – бәрі алдағыш,
Жастық құмар, үміттің нұры қайтып,
Күңгірт тартты, бәрінің аяғы реніш», –

деп жалғасқандықтан, түпнұсқаның мағынасы айтарлықтай өзгере қоймайды.

Лермонтовтың өлеңіне негізгі арқау болған сарын – жалғыздығын, өмірден күткен үміті аяқталмағанын сезіну. Сонымен бірге өлеңнен біз талай алданса да, тағдырға бас имейтін, именбейтін, қайғы келсе төзе білетін адамның бейнесін көреміз. Абай да өлеңдегі лирик. қаһарманның осы қасиеттерін әсерлі, нанымды сипаттайды. Ол өмірдің соққан дауыл сияқты тез өтіп кететініне әбден көзі жетсе

де, жақсылықтан да әлі мүлде күдерін үзбеген. Абай өлеңдегі лирик. қаһарманның осы қасиеттерін нанымды, әсерлі сипаттайды. Осы айтылғанды:

«Алладан бәрі бір деп тосып тұрмын,
Алғалы жақсылықты, я өлгелі», –

деген түйінді ойды білдіретін сөздерден-ақ айқын аңғаруға болады. Шығарма 11 буынды қара өлең үйқасы (-а, -а, -б, -а) өрнегімен кестеленген. Алғашқы рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланған. Өлең басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1945, 1954, 1957, 1977 жылғы басылымдарда Мүрсейіт қолжазбаларының негізінде 1-шумақтың 3-жолы **«Жастық құмар, үміттің нұры қайтып»** болып берілсе, бұл жол 1909 жылғы жинақта **«Жастық қуат, үміттің нұры қайтып»** делінген. 1945 жылғы басылымда 3-шумақтың 2-жолы **«Ант етемін жалғанда жан табылмас»** болса, кейінгі басылымдарда **«Ант етемін жалғанын жан табылмас»**. 1945, 1954, 1957, 1977 жылғы басылымдарда 3-шумақтың 3-, 4-жолдары Мүрсейіттің 1910 жылғы қолжазбасы негізінде **«Өзі алданып, өзгеден соққы жеген, Және өзі біреуді алдай алмас»** түрінде қабылданған. Ал бұл жолдар 1909 жылғы жинақта **«Өзі алданып, кісіден соққы жеген, Және өзі біреуді алдай алмас»** болып жазылған. *З. Ахметов.*

РАХИЛА Әбдірахманқызы (1894–1924) – Абайдың немересі. Бәстами Мұсабайұлына тұрмысқа шыққан. Әке-шешесі қайтыс болған кезде ол әжесі Ділдә мен Мағауияның бәйбішесі Дәмегөйдің тәрбиесінде өседі. Тұрмысқа шыққан ол ақын атасының өлеңдері жазылған қолжазба дәптерді өзімен бірге ала кеткен. Р. Абай әндерін ел арасына таратуға елеулі үлес қосты. Бұл дәптерді кезінде М. Әуезов пайдаланған.

РАХИМОВ Хайдар (1917–85) – суретші. Қондырғылы графика саласында жұмыс істеген. Р «Абайдың туған жерінде» (1949, қағаз, сулы бояу, Қазақстанның мемл. өнер музейі қоры), «Ферма. Абай жүрген жерлерде» (1962, қағаз, сулы бояу, Абайдың мемл. қорық-музейі қоры), «Шыңғыстау етегіндегі Қарауыл» (1971, қағаз, сулы бояу) суреттерін салған.

РАХМАДИЕВ Еркеғали (1932 ж. т.) – композитор, педагог Қазақстан Республикасының халық артисі. Қазақстан Республикасының еңбек сің. өнер қайраткері, Мемл. сыйл. лауреаты. Композитор өз шығармашылығында қазақтың халық музыкасының бай мұрасын, классик. муз. өнері жетістіктерін шебер пайдалана білді. Ол бірнеше опера, симфониялық, аспаптық-камералық т. б. шығармалар жазды. Р Абайдың «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа...», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...», «Қара қатынға...», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да...», «Жаз...», «Жақсылық ұзақ тұрмайды...» деген өлеңдеріне ән-романстар жазды. *Ә. Телғозиев.*

РАХМАНОВ Әділ Сәбденұлы (1942 ж. т.) – суретші. Қондырғылы және кітап графикасы, плакат саласында жұмыс істейді. Қазақстан Республикасының еңбек сің. өнер қайраткері. Абайдың 125 жылдық мерейтойына арнап ақынның «Жаз» өлеңіне (1970, қағаз, линогравюра, Қазақстан Республикасының ұлттық кітапханасы



Абай шығармалары бойынша. Жаз. Ә. Рахманов. 1970.

қоры) суреттер салды. Кейінірек «Жыл мезгілдері. Абайды оқығанда» (1971, қағаз, литография, 4 бет, автор қоры) т. б. ақын төңірегіндегі кісілерге арналған топтамасын тудырды.

РАХЫМ Жандыбайұлы (1896–1981) – Абай мұраларын жинап, сақтаушы. Тобықтының Жігітек руынан, Кеңгірбай бидің немересі Байдалы Бұхарадан оқып келген Сармолланы Семейден елге ертіп әкеліп, бала оқытады. Р. осы Сармолладан 10 жастан 17 жасқа дейін білім алады да, 18 жасынан Семейге келіп, Ғабдұлғақ Жамалиддин медресесінде 25 жасқа дейін оқиды. Оны бітіргеннен кейін Уфадағы Ғалия медресесінде білім алады. Содан кейін Шыңғыстауға келіп, Ақылбайдың баласы Әубәкірдің қолында тұрып, бала оқытады. 1933 ж. мұғалімдік курсты бітіріп, 1937 ж. Абай ауданында 1–2-кластарға сабақ береді. Құдалауға ұшырап, бірнеше рет сотталған. 1970 ж. «Семей таңы» газетінде құжаттарды М. Әуезовке тапсырғаны туралы Т. Әлімқұловтың «Жұмбақ жан» кітабында, Х. Сүйіншәлиев «Абайдың қара сөздері» деген монографиялық зерттеуінде Р-нан Абай мұрасын қашан және қалай жинағаны айтылады. Р. архиві, суреттері мен қолжазбалары Абай музейі қорында сақтаулы. *М. Бейсенбаев.*

РАХЫМ Өмірзақұлы (т.-ө. ж. б.) – Абай аулының адамы. Бөкенші руынан. 1898 ж. Мұқыр сайлауында Абай өміріне қастандық жасаушылардың бірі. Ақынды жерге жығып ұра бастаған, қолынан сағатын тартып әкеткен.

«РАХЫМШАЛҒА» – Абайдың өлеңі, қ. *«Сұлу аттың көркі – жал».*

РӘПИЛА Жағыпарқызы (1919–38) – Абайдың шөбересі, Мағауияның немересі. 1936 ж. Алматыдағы пед. уч-щені бітірген. *И. Жағыпарқызы.*



Р. Жағыпарқызы.

РЕАЛИСТІК ШЕБЕРЛІК. Қазақтың Абайдан бұрынғы, Абай тұсындағы ақын, жыраулары ақындықты, өлеңді, әнді, шынын айтқанда, көркем өнерді ақынның қара басының мал табу, күн көру құралы деп, еріккеннің ермегі, думан-сауық құралы деп білді. Сол үшін оларды Абай былай сынайды:

«Қобыз бен домбыра алып, топта сарнап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,
Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап.
Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,
Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап.
Шет елде қайыршылық қылып жүріп,
Өз елін «бай» деп мақтап, құдай қарғап...» –

дейді.

Абай, бұрынғы ақындарға керісінше, ақын – азамат, әлеумет қайраткері деп, өлеңді өнер деп, ақын өзінің өлеңі-өнерімен қоғамға, халыққа тәрбиеші болып қызмет істеуге тиісті деп білді.

Абай: «Ақын, ең алдымен, ақиқатты ашу керек; өмірдің өзі ақиқат, жұртқа соны таныту керек, қоғам, халық өмірін, арманын жырлау керек», – деді. Ақын әдебиет, онан соң қоғамның, халықтың кем-кетігін, мінін ашып, бетіне басуға, сынап-мінеуге, сөйтіп қоғамды, халықты тәрбиелеуге, түзеуге тиіс; қоғамның, халықтың хал-жайын, ой-тілегін түйіп, оның-солын, алды-артын болжап, қоғамға, халыққа жөн, жол көрсетуге, ақыл айтуға тиіс. Ақын, ақырында, көреген, әділ болуға, ақиқатты, өмірді, қоғам, еңбекші, бұқара өмірін дәл, нақты, кең, терең бейнелеуге тиіс. Ақын әлеумет қайраткері, қоғам, халық тәрбиешісі.

«Қыранша қарап Қырымға,
Мұң мен зарды қолға алар,
Кектеніп надан, зұлымға
Шиыршық атар, толғанар.
Әділет пен ақылға
Сынатып көрген, білгенін
Білдірер алыс, жақынға
Солардың сөйле дегенін.
Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сын, ащы тіл,
Не жазып кетсе, жайы сол,
Жек көрсеңдер өзің біл...» –

дейді.

Яғни данышпан Абай ақынның, әдебиеттің мәнін, қызметін өзінен бұрынғы, өз тұсындағы қазақ ақындарынан бүтіндей басқаша түсінді, жаңаша, орыс халқының классик ақындары мен революцияшыл-демократтары түсінгеніндей түсінді. Қазақтың Абайдан бұрынғы, Абай тұсындағы ақын, жырауларының бәрі дерлік көрмерді, жоқ-барды, ертегіні, әзірет Әліні, айдаһарды, алтын иек қызды өлең, жыр етер еді. Олары өзге түгіл, өздеріне де пайдасыз болушы еді. Ал Абай, әлгі өзі айтқандай, өмірді, қазақ халқының өмірін, тұрмыс-тіршілігін, іс-әрекетін, мұң-зарын, тілек-арманын жыр етті; оның өміріндегі, мінезіндегі, санасындағы ескіні, кертартпаны сынады, жақсыны, ілгерішілді дәріптеді; халықты жаңаға бастады, түрлі жақтан жетілуге шақырды. Ол:

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін...»
«Мақсатым тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан, сауық ойда жоқ, әуел баста-ақ...» –

дейді.

Абай «қыранша Қырымға қарап», қазақ халқының өміріне көз жібергенде оның шаруашылық жағынан, өнер-білімінен мүлде артта қалып отырғанын, оның берекесін қашырып, еңсесін түсіріп отырған неше түрлі жағдайлар бар екенін айқын көрді. Ақын соларға кектенді. Бұл жағдайлардың бір жағы қазақ арасындағы ежелгі бектік-феодалдық қалыпта, қазақтың үстем табында, билеп-төстеуші тобында жатыр еді. Қазақтың үстем, билеп-төстеуші табы – қара дүрсін, надандар, халық қамын ойламай, тек өз қамын ғана ойлайтын жуандар, атқамінерлер, қулар еді. Олар барымта, шабуыл, жесір дауы, жер дауы, бақталас сияқты әлек-лаңдарды қоздырып әкеп, қалың ел ортасына бәле, қырсық етіп тастар еді. Сол арқылы момын, еңбекші көпті жейтін, тонайтын, қанайтын еді. Тіпті билеушілер, жуандар тобы қазақ қауымының басына біткен сор, бақытсыздық еді. Олар билеген ел көшінің барар беті қараңғы, екі талай, тығырық еді. Сондықтан Абай билеуші таптан, бай-жуандар тобынан жеріді, іргесін аулақ салды. Ақыл-ойын, ақындық күш-қуатын билеуші таппен, бай-жуандар тобымен күресуге жұмсады. Көптеген өлеңдері мен қарасөздерінде солардың қырсығын, надандығын, зұлымдығын, құнсыздығын әшкереледі. Оларды Абай:

«Аузымен орақ орған өңкей қыртың.
Бір күн жыртың етеді, бір күн бұртың,
Бас-басына би болған өңкей қиқым,
Мінекей бұзған жоқ па елдің сиқын...»
«Сыбырдан басқа сыры жоқ,
Өтірік, өсек, мақтанға
Ағып тұрса бейне су
Ат, шапаннан кем көрмес,
Біреу атын қойса «қу».

Қу нәпсісін тыя алмай,
Атым шығып жүрсін деп,
Берекеге қас болса,
Желіктірген айтаққа
Арақ ішпей мас болса...
Ел тыныш болса азады,
Ерігіп өле жазады...» –

деп сынайды.

Абай үстем тапқа, бай-жуандар тобына қарсы шығумен бірге, олардың міндерін сынаумен қатар, қазақ арасындағы бектік-феодалдық қалыпқа, оның барлық қырсықты, ескі кертартпа көріністеріне, солардың бәрін қолдап әдейі ершітіп отырған патша өкіметінің саясатына қарсы болды. Ел басқару жөніндегі, әйел жөніндегі, тәлім-тәрбие жөніндегі ескі көзқарасқа, ескі салтқа, дау-шарды шешудің ескіден келе жатқан жөн-жосығына, өтірік, өсек, жалқаулық, еріншектік, шаруаға қырсыздық сияқты мінездерге, надандыққа, надан молдаларға – бәріне қарсы шықты, бәрін шенеп, мінеді. Абай жаңағыдай өз талабын алға қойып шыққан кезде, ел сорына біткен билеп-төстеушілер, бай-жуандар тобымен қатар, бүкіл қазақ даласында патша өкіметінің отаршылдық саясатынан туған партиягершілік, билікке, болыстыққа, старшындыққа таласу сияқты алыс, жұлыс, қырсық та көп еді. Патша өкіметінің ұлықтары: жандарал, уезд начальниктері, олардың әкімдері, патшалықтың ел ішіндегі өкілі, сүйеніші байдан, жуаннан шыққан би, болыстар, елубасы, старшындар қоғамдық тірлікті ылайлайтын, бұзатын қылықтарға толы еді. Олар пара, алым-салық, қара шығын сияқты әр алуан ауыртпалықты ойлап шығарар еді; оларды тегіс қалың бұқарадан, момын шаруалардан, еңбек елінен өндірер еді. Осылай халықты тонайтын, қанайтын еді. Қысқасы, бай-жуандар тобы сияқты, ұлықтар, би, болыстар тобы да шірік топ, шірік орта еді, елдің қамын ойламай, өз құлқынын ойлайтын, халықтың сорына біткен топ еді. Мұны Абай айқын аңғарды. Сөйтіп ол, бай-жуандар тобынан түңілгені, жерігені сияқты, ұлықтар тобынан да түңілді, жеріді. Шығармаларында бай-жуандар тобын шенеп, мінегені сияқты, ұлықтар, би, болыстар тобын да шенеп, мінеді. Абайдың «Көжекбайға», «Болыс болдым мінеки...», «Мәз болады болысың...» т. б. өлеңдері мен қарасөздері осы би, болыстарды сынап, мазақтауға, солардың озбырлықтарын әшкерелеуге арналған. Абай үстем тапты, бай-жуандар тобын, би, болысты әшкерелеу, жексұрын, жауыз етіп көрсету арқылы патша өкіметін, патша өкіметінің отаршылық саясатын сынады; жұртқа патша өкіметін де жексұрын етіп көрсетті. Бұл ретте Абай орыс халқының жазушылары Н. В. Гоголь, М. Е. Салтыков-Щедрин әдістерін қолданды деуге болады. Олар да өз тұстарындағы түрлі әкімдердің, өкімет адамдарының жаман қылығын көрсетіп, сынап, сол арқылы жұртқа патша өкіметінің өзін құбыжық етіп көрсететін, патша өкіметінің саясатын сынайтын еді. Көреген Абай қазақ еңбекші бұқарасының басындағы бұл екі түрлі ауыртпалықтың: бектік-феод., ұлт-отарлық қанаудың ақыр бір күн күйрейтінін ашық аңғарды.

«Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек,
Ұрлық, қулық қылдым деп қағар көлбек,
Арамдықтан жамандық көрмей қоймас,
Мың күн сынбас бір күні сынар шөлмек...» –

дейді.

Ол халыққа болашақтан еркін, бақытты өмір күтті, сол болады деп әбден сенді: «Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді», – деді.

Абай шығармаларының тағы бір тобы өмір сыры, заман жайлы, қазақ халқы тұрмыс салтының, мінез-құлығының, шаруашылық қалпының: жаз жайлау, қыс қыстауының, қазақ даласының суреті болып келеді. Бәрі де нақты, дәл, жарасымды, шебер суреттеледі. Жаңашыл Абай қазақ халқының барлық жақтан, саясат, шаруашылық, мәдениет жөнінен – әбден жетілуін арман етіп жырлайды. Көптеген өлең, жырлары мен қарасөздерінде ақын қазақ бұқарасына ақыл, өсиет айтады, жөн-жосық сілтейді, оларды адамгершілікке, өнер-білімге, еңбекке, игілікті кәсіпке үндейді.

«Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар, содан қашпақ керек. Ол:әуелі надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық деп білесің. Надандық – білім, ғылымның жоқтығы: дүниеден еш-нәрсені олarсыз біліп болмайды. Білімсіздік – хайуандық болады.

Еріншектік – дүниедегі күллі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады. Залымдық – адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан есебіне қосылады...»

«Жан аямай кәсіп қыл...
Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей...
Егіннің ебін,
Сауданың тегін
Үйреніп, ойлап мал изде...
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой –
Бес асыл іс көнсеңіз...
Дүние де өзі, мал да өзі
Ғылымға көңіл берсеңіз...» –

дейді.

Қайраткер Абай қараңғыда қармаланған халыққа өзінің мінезімен, өнер-білімімен, ісімен үлгі, жетекші болатын адамдарды, жақсы мінезді, өнерлі, талапты, жігерлі, іскер жастарды, ел мұңын өз мұңы ететін, елге жөн-жосық сілтейтін, ел тарихын өзгертуге себепші болатын ер, азаматты дәріптеді, арман етті.

Осы ретте ақын көптеген шығармаларында адамның жақсы, жарасымды мінез, қылықтарын, ізгі ой-сезімдерін, көңіл күйлерін, үлгілі, шын, таза достық, махаббат істерін бейнелейді, жырлайды; жыл мезгілдерін, өмірді, өсуді меңзейтін жаратылыс құбылыстарын, әсем табиғат көріністерін суреттеді.

Абай халқын сүйді, халқының көшін жаңа жолға, өнер-білім, өсу жолына, ұлы орыс халқымен бірлесу, сонан үлгі, өнеге алу жолына бастады; халқының тарихын өзгертіп, жаңғырту жолында қажымай еңбек етті; қазақ елінің бүгінгідей ерікті, бай, мәдениетті, күшті, бақытты ел болуын көкседі. Абай қазақтың әрбір ұлы, қызының еркі, бостандығы үшін, өнерлі, білімді, қайратты, мінезді болуы үшін, ақыл-ойын, сана-сезімін

жетілдіру үшін күресті; оларды халқын сүюге, халқы үшін, адам баласы үшін қызмет етуге шақырды, адамгершілікке баулыды. Абай қазақтың жаңа, реалистік әдебиетін – мағынасы терең, тілі орамды, өрнегі шебер, кестесі көркем әдебиетін жасады. Абай өлеңдері мәңгі жасайтын асыл сөз қазынасы, ол қазақ халқының Абай тұсындағы тұрмыс суреті, дүние тануы, мінез-құлқы, мұң-зары, тілек-арманы, жапа көрген, көп шыдамдылықпен жақсы болашаққа сенген халықтың бейнесі. Сонымен, Абай өмірді, өз заманының шындығын, өз заманындағы қазақ халқы өмірінің шындығын жан-жақты, кең шеңберлі, терең мағыналы етіп жырлаған үлкен реалист ақын; өзінің ақындық өнерімен халқына қызмет еткен азамат, әлеум. қайраткер. Әлеум. көзқарасында, дүние, қоғам тануында кейбір шектеулігі, қайшылығы бола тұрса да данышпан Абай қазақ халқының реалистік, көрікті әдебиетінің негізін салды, басы болды.

Б. Кенжебаев.

«РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» («Дореволюционная казахская литература») – 3 томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» 2-кітабы, «Ғылым» баспасынан 1979 ж. орыс тілінде жарық көрген. Еңбекті Ы. Т. Дүйсенбаевтың жалпы редакциясымен Қаз. ССР ҒА дайындаған. Кітаптың «Реализмнің қалыптасуы» тарауында: «Абай Құнанбаев», «Ақылбай Құнанбаев», «Мағауия Құнанбаев» туралы арнаулы мақалалар берілген. М. О. Әуезов мақаласында Абайдың өмірі мен шығармашылығы жан-жақты қамтылады. Абайтанушы ғалым ақынның өмірбаяны туралы мол мәліметтер беріп, алғашқы шығармаларына, өлеңдері мен дастандарына, аудармалары мен ғақлияларына егжей-тегжейлі талдау жасайды. Кітап көлемі 24,9 б. т., 3 мың 850 дана болып басылған.

М. Әбішева.

РИМОВА Бикен (1923 ж. т.) – Қазақстан Республикасының халық артисі. Ол Ғ Мүсіреповтың «Ақан сері – Ақтоқты» трагедиясында – Мәрзия, Ғ Мұстафиннің «Миллионерінде» – Жанат, М. О. Әуезовтың «Еңлік-Кебегінде» – Еңлік, Әуезов пен Л. Соболевтің «Абайында» – Зейнеп, Ш. Айтматовтың «Аңсаған менің әнімсіңі» мен «Ана-Жер-Анасында» – Жаңыл, Толғанай сияқты күрделі тұлғаларды жасады. «Абай-Әйгерім» инсценировкасының сценарийін жазып, реж. Ж. Омаровпен бірге қазақ драма театрының сахнасына шығарды.

Г. Бекхожина.

РИТМАН-ФЕТИСОВ Михаил Иванович (1907–60) – әдебиет зерттеуші, филол. ғыл. докторы. 1938–50 ж. Қазақстанда болып, қазақ әдебиеті тарихын зерттеуге белсене араласқан. Абай жайлы 30-дан астам мақала жазды. Абайдың туғанына 100 жыл, қайтыс болғанына 50 жыл толуына байланысты өткізілген ғыл. конференцияларда баяндама жасады. «Абай Құнанбаев» деген мақаланың («Үлкен совет энциклопедиясы», 2-басылым, 1-т., 1949) авторы. «Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы ақыны» («Литература и искусство Казахстана», 1940, N 10-11), «Абай Құнанбаев – қазақ әдебиетінің классигі» («Литература в школе», 1954, N 3) деген мақалаларында Абайды халқының әдеби тілін жасаушы, классик. жазба әдебиетінің негізін салушы деп таныды. Әсіресе «Жазғытұры», «Күлембайға» сияқты өлеңдерінің идеялық құндылығына ерекше мән берді. Р.-Ф. «Пушкин шығармалары аудармасының қоғамдық-мәдени маңызы» («Вестник АН КазССР», 1949, N 6) атты мақаласында Абай өз халқын орыс халқының мәдениетіне жақындастыруды көздеді, орыс тілін үйренуге шақырды деп, А. С. Пушкин, И. А. Крылов, М. Ю. Лермонтов шығармаларының аудармасына жоғары баға берді. Ол «19 ғ-дың 30–50 жылдарындағы Россия мен Қазақстанның әдеби байланыстары» (М., 1956; 1959), «Қазақ публицистикасының тууы» (А., 1961) деген кітаптарында қазақтың демокр. бағыттағы публицистикасын дамытуға Абай Құнанбаевтың ерек еңбегіне талдау жасайды. Абайдың ғақлияларындағы филос., психол. және әлеум. жаңа ұғымдарды ашып көрсетіп, Абайдың қоғам алдында жауыздыққа қарсы тұрып, халқын мәдениетке, білімге, орыс халқымен достыққа шақырғанын баяндайды.

Р. Сыздықова.

РИТТИХ Александр Александрович (1889–1945) – суретші, мүсінші, сәулетші. Монументті өнер саласында жұмыс істеді. Р-тің «А. Құнанбаевтың портреті» (1944, кенеп, майлы бояу, Қазақстан Республикасы мемл. орт. музейі меншігінде) атты туындысында үстіне жолақ шапан, басына тақия киген, алдына кітабын алып төбе басында отырған Абай бейнеленген. Ақынның ту сыртында киіз үйлер, төменде жасыл желекке бөленген дала көріністері бояуының қанықтығымен, салтанаттығымен ерекшеленеді.

РОЖДЕСТВЕНСКИЙ Всеволод Алексеевич (1895–1977) – ақын. Оның «Жетікарақшы», «Гранит бақ», «Отан даусы», «Ладога», «Туысқандық жолдары» атты жыр жинақтары, «Өмір мектебі» мемуарлық кітабы, «Помпадурлар», «Декабристер» және «Жасаусыз қалыңдық» операларының либреттолары оқырман қауымға кеңінен таныс. Ақын қазақ әдебиетінің классиктері А. Құнанбаев, Ж. Жабаев, І. Жансүгіров шығармаларына ерекше көңіл бөлді. Р. 1939 ж. Абайдың: «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Осы қымыз қазаққа...», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл...», «Қиыстырып мақтайсың...» атты өлеңдерін орыс тіліне аударып, «Звезда» журналының 10–11 – санында жариялады. Ол бұдан кейін әр жылдары Абайдың «Қыс», «Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық...», «Болыс болдым, мінеки...», «Өзгеге, көңлім, тоярсың...», «Менсінбеуші ем наданды...», «Әсемпаз болма әрнеге...», «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын...», «Құлақтан кіріп бойды алар...», «Қуаты оттай бұрқырап...», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім...», «Ысытқан, суытқан...», «Білектей арқасында өрген бұрым...», «Лай суға май бітпес қой өткенге...», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...» т. б. өлеңдерін тәржімелеген. Ақынның 1966 ж. «Советский писатель» баспасынан «Ақын кітапханасы» сериясынан жарық көрген «Өлеңдер мен дастандар» жинағының жалпы редакциясын басқарды. Абай шығармаларын талдай келе: «Ол бүкіл қазақ өлеңі құрылымын қалыптастыра түсті, шумақтың жаңа түрлерін енгізді, жаңа ұйқас әкелді» деп, ақынның жаңашылдығын атап көрсетті. Р-дың өзі де ұлы ақынның рухына арнаған «Абай ауыл арасында» өлеңін «Жұлдыз» журналының 1964 жылғы 10-санында, «Батар күннің зымырап артқан кезде қарқыны...», «Жусан

басқан төбенің...» деген өлеңдерін «Қазақ әдебиеті» газетінің 1972 жылғы 31 наурыздағы санында жариялады. *Т. Барақұлы.*

РОМАНОВ Ильгизар (1926–91) – суретші. Кескіндеме саласында жұмыс істеген. Оның «Абайдың портреті» (1971, майлы бояу, кенеп, 140х78, автордың меншігінде) еңбегі ақынның 125 жылдық мерейтойына арналған респ. көрмеге қойылды.

РОМАНОВ Сахи (1926 ж. т.) – суретші, кескіндемеші. Кітап графикасы, безендіру өнері саласында жұмыс істейді. Қазақстан Республикасының еңбек сің. өнер қайраткері, ҚазССР-інің халық суретшісі. Ол қазақтың мемл. көркем әдебиет баспасына арнап «Қазақ ағартушылары» топтамасы мен «Абай» (1949, қағаз, қарындаш, Қазақстан Республикасы мемл. өнер музейі меншігінде), «Бала Абай әжесімен бірге» портреттерін (1950, қағаз, қарындаш, сақталған орны белгісіз) салған. Суретте әжесі жіп иіріп, Абайдың кітап оқып отырған кезі киіз үй аясында бейнеленген. Оның Абай шығармаларының желісі бойынша жасаған «Бұрынғы Қазақстан» атты топтамасына (1966–67; қарындаш, сулы бояу, Абайдың Семейдегі респ. әдеби-мемориал. музейі меншігінде) «Барымта», «Жарлының тағдыры», «Теңсіз неке» жұмыстары енген. *Л. Плахотная.*

РОШАЛЬ Григорий Львович (1899–1983) – кинорежиссер, педагог. ССРО халық артисі (1967). Ол 1945 ж. Алматы киностудиясында (реж. Е. Е. Аронмен бірігіп) М. О. Әуезовтың сценарийі бойынша «Абай әні» көркем фильмін түсірді. Туынды Абай өмірінің соңғы кезеңін суреттеуге арналған. ССРО Мемл. сыйлығының лауреаты.

РУХИЯ Ақылбайқызы (1897–1920) – Абайдың немересі. Жастай қайтыс болған. Р туралы архивтерде ешқандай дерек жоқ.



САБАТАЕВ Сатылған (1874–1921) – агроном, ғалым. Бұрынғы Жетісу облысы, Верный уезі, үлкен Алматы болысында дүниеге келді. 1885–95 ж. аралығында ер балаларға арналған Верный гимназиясында оқып білім алды. 1895 ж. Москвадағы Лазарев атынд. Шығыс тілдері ин-тына түсіп, оны 1899 ж. бітірді. Жетісу әскери-губернаторының осы жылғы 20 қарашадағы арнайы бұйрығымен Пішпек уездік басқармасына тілмаштық қызметке тағайындалды. 1915 ж. Москва а. ш. ин-тын бітірген. 1917 ж. желтоқсанда Орынборда өткен Жалпы қазақтық құрылтай съезінде «Алашорда» үкіметінің мүшесі болып сайланды. Жетісу өңірінде алаш қозғалысының белсенді басшыларының бірі болды. Москвада оқып жүрген кезінде С. Абай Құнанбаев шығармашылығын орыс жұртшылығына таныстыруда елеулі еңбек етті. Москвадағы есеп-кредит ин-тының студенті Нұх Рамазановпен бірге 1914 ж. Москвадағы Шығыстану ин-тының акад. А. Н. Веселовский құрметіне арнап шығарған «Алшархият» жинағына Абайдың төрт өлеңінің мазмұнын («Поэт», «Пожалейте меня», «Лето», «О любви») қара сөзбен орысша жазып бастырған. *Б. Байғалиев.*

САБЫРБАЙ Ақтайлақұлы (1775–1865) – халық ақыны. Ақтайлақ бидің баласы. Жас кезінен өлең шығарып, айтыстарға қатысқан. С-дың Жанақпен, Байбаламен айтыстарына М. Әуезов жоғары баға берген. «Сыбан Сабырбай ақынның төреге айтқан сөзі» деген өлеңін 1925 ж. «Таң» журналының N 1 санында жариялатқан. Абай С. аулында жиі-жиі қонақта болып, оның талантына тәнті болған, қызы Қуандықпен айтысқан. С. да Абайға батасын беріп, оның әр қадамына тілектестік білдіріп отырған. М. Әуезов С-ды «Абай жолы» эпопеясында Қадырбай ақынның прототипі етіп алған. *С. Қорабаев.*

САБЫРЖАН Серікбайұлы (т.-ө. ж. б.) – Тобықтының Бөкенші руынан шыққан адам. Абай қолжазбаларын Мүрсейітке апарып тұрған. Бір жолы Мүрсейітке 15 сом ақша және ақынның ғақлия

сөздерін апарып берген. С. естелігі Абайдың мемл. қорық-музейінде сақтаулы. *А. Әубәкірова.*

«САБЫРСЫЗ, АРСЫЗ, ЕРІНШЕК...» – Абайдың 1887 ж. жазған сатиралық өлеңі. Туындының тармақ саны біркелкі емес, көлемі 85 жол. Абайдың ел билігіне араласып, әділ төреші болуға, нашарлардың жоғын жоқтауға күш салып жүрген тұсында, неше түрлі зорлық-зомбылықты, мейірімсіздік пен әділетсіздікті т. б. кесір-кесапатты әшкерелеп жазған сықақ өлеңдерінің қатарынан бұл туынды көрнекті орын алады. Ақын өз заманындағы ел билеген зорлықшыл жуандарға арқа сүйеп, солардың қол шоқпарына айналып, елдің тынышын алатын, бірді-бірге айдап салып, бүлік туғызып жүрген содырлы сойқандар мен қазан бұзар тасырларды шенейді. Адамгершілік қасиеттен ада болған мұндай жексұрындардың кәсібі ұрлық екенін, ол болмаса, ел кезіп, көрінгенге көзін, арын сатып, тамақ асырайтынын, жоқ жерден ілік тауып, дау-жанжал туғызатынын, қалаға шауып жалған жала тоғытатынын, енді бірде ел шабамын деп қоқан-лоққы жасайтынын дәп басады. Мұндай адамдардың тыныш жұрттың тұнығын ылайлап, жүрген жеріне ылаң салып жүретіндерін, сонымен бірге іші тар, өздері күншіл келетінін, біреудің бақ дәулетін көре алмай, пасық қаскөйлігін қатар жұмсап жүретіндігін баса айтады.

Өлең 7–8 буынмен жазылған, дәстүрлі шумаққа бөлінбей, біріне-бірі жалғаса, шұбыртпалы үйқаспен тізбектеле ұласып, екі-үш тармақтан кейін қайта тоғысып отырады. Түр жағынан алғанда ауыз әдебиетіндегі толғау дәстүріне ұқсап кететін де белгілері бар. Бірақ тұспалы, негізгі сөз арқауынан ауытқу жоқ, айтайын деген ойы айқын да нақты. Туынды алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Өлеңнің басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1957, 1977 жылғы басылымдарында туындының 10-жолы Мұрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасына және 1909 жылғы жинаққа сәйкес **«Іс қылмай ма ол кісі?»** деп берілген. Бұл жол Мұрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбаларында, 1939, 1945, 1954 жылғы басылымдарда **«Іс қылмай ма үлгісі»** делінген. Сондай-ақ Мұрсейіт қолжазбаларында **«Өз үйінде қисаңдап»** деп жазылған 59-жол барлық жинақтарда **«Өз үйінде қайпаңдап»** түрінде алынған. Мұрсейіт қолжазбаларында, 1954 жылғы жинақтағы **«Айтылмай сөз қалған жоқ»** деген 83-жол 1939, 1945, 1957, 1977 жылғы басылымдарда 1909 жылғы жинаққа сай **«Айтылмай сөзім қалған жоқ»** болып түзетілген. 1977 жылғы жинақта өлеңнің жазылған кезеңі 1886 ж. деп көрсетілген. Өлең башқұрт, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр тілдеріне аударылған. *Ж. Ысмағұлов*

САҒАДАТ Ақылбайқызы (1884–1908) – Абайдың немересі. Жастай қайтыс болған. С. туралы архивтерде ешқандай дерек жоқ.

САҒАДИЕВ Кенжеғали Әбенұлы (1938 ж. т.) – экномист, экономика ғыл. докторы, проф., Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның академигі. 1960 ж. Қаз. МУ-ді бітірген. 1982 жылға дейін сонда оқытушы, Алматы халық ш. ин-тында аға оқытушы, доцент, проректор. 1982 жылдан Ақмола ауыл ш. ин-тының ректоры. 1990-92 ж. Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның Бас ғалым-хатшысы, 1992–94 ж. Қазақтың мемл. басқару академиясының ректоры. 1994ж. ҚР ҰҒА-ның президенті. Негізгі ғыл. бағыты – мат.-техн. жабдықтау экономикасы. «Агроөнеркәсіп комплексі» (М., 1984), «Өтпелі дәуірдің экономикасы» (А., 1993) монографияларының авторы. Кембридж ун-ті халықар. ғұмырнамалық орталықтың шешімімен С. 1992 ж. Жыл Адамы атанған.

САҒАТОВ Мансур (1939 ж. т.) – композитор. Қазақстан Республикасының халық артисі. С. Абайдың сөзіне жазылған «Сенбе жүртқа, тұрса да қанша мақтап», «Домбыраға қол соқпа» деген өлеңдеріне ән-романстар жазған.

«САҒАТТЫҢ ШЫҚЫЛДАҒЫ ЕМЕС ЕРМЕК...» – Абайдың 1896 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 4 шумақтан тұрады. Абайдың философ. лирика жанрына жататын өлеңі. Өтер өмір, мәңгілік және адам тағдыры жайлы толғаныстарға толы бұл өлеңінде Абай сағатты, оның шықылдағын өмірдің тоқтаусыз, толассыз етіп жатқанын білдіретін, әрдайым біркелкі жылжып отыратын уақыт өлшеуіші т. т... Осы сияқты минут, сағат, күн, ай, жыл деп қандай өлшемдердің қай-қайсысымен өлшенсе де уақыт үнемі ілгері жылжи береді, шегінбейді, барған сайын ұзара түседі. Уақыттың үздіксіз зымырап өтіп жатуы заманның бірқалыпта тұрмайтынын, өзгеріп отыратынын, өткен өмірдің айналып келмейтінін, өткен шақтың қайта оралмайтынын танытады. Мәңгілік тұрғысынан алғанда бір адамның өмірі – бір минут, қас қағым уақыт қана дерлік. «Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас» дейді Абай. Уақыттың, өмірдің үздіксіз өтіп жататыны, заманның ауысуы дүние-болмыстың айнымас, мызғымас заңдылығы деген тұжырым жасай отырып, ақын адам баласы өмірдің тұрлауы жоқ деп шарасыздығына бой алдырмауы керек деп түйеді.

«Өткен өмір белгісі – осы сыбдыр,
Көңілді күнде сындыр, әлде тындыр,
Ақыл анық байқаған қылығыңды,
Қу шыққансып қағасың босқа бұлдыр...» –

деп, түкке тұрғысыз ұсақ күлық, өнбес іске уақыт кетірмей, ақылмен ойлап, баянды, көңіл толарлықтай іспен айналысу ләзім екенін аңғартады. Өзінің жасы ұлғайғанын, өмірдің өрін тауысуға жақындап қалғанын ойына алған ақынның көңілі діншілдік наным, имандылық сезім арқылы жұбаныш, тыныштық тапқандай болады:

«Күн жиылып ай болды, он екі жыл,
Жыл жиылып, қартайтып қылғаны – бұл,
Сүйенген, сенген дәурен жалған болса,
Жалғаны жоқ бір тәңірім, кеңшілік қыл...»

Бұдан біз «Сағаттың шықылдағы емес ермек» атты өлеңінде ақынның филос. ой-толғауы нақтылы сезім әсерлерімен, ұлғайған шағындағы көңіл күйінің бір көрінісімен ұштасып келетінін көреміз. Өлең 11 буынды қара өлең үлгісінде жазылған. Алғаш 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Басылымдарында бір ғана текстол. өзгеріс бар. Тек Мұрсейіт қолжазбаларында 2-шумақтың 3-жолы **«Махаббат жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті»** делінсе, жинақтарда бұл жол **«Тыянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті»** деп алынған. Туынды ағылшын, араб, әзербайжан, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған. *З. Ахметов.*

САҒДИ (лақап аты-жөні – Муслихаддин Әбу Мұхаммед Абдаллах ибн-Мушрифаддин) (1203–10 ж. ш. – 1292) – парсы-тәжік әдебиетінің классигі. С. – Шығыс поэзиясында таза лирик. ғазел жанрының негізін салды. Оның «Бустан» (қазақ тіліне аударған М. Әлімбаев), «Гүлстан» атты дастандары, қара сөз бен өлеңді араластырып жазған «Бес мәжіліс» және кілең таза ғазелдерден тұратын «Торжибанд» жинағы бар. Ақын шығармалары адам сезімін баурап алатын әсем сыршылдығымен, әуезділігімен, шынайы адамгершілік асыл қызметтерімен ерекшеленеді. С. шығармаларының әлем әдебиетіне әсері мол болған. Қазақ арасында С. мұралары ерте кезеңнен белгілі. Абай С-ды өзіне ұстаз санаған. Оның сазды ғазелдерін көп оқыған. Абайдың Шығыс классиктерінің, солардың ішінде С. туындыларымен танысуы медреседе оқып жүрген кезінде басталды (қ. *Шығыс әдебиеті.*). Осы кезеңде жазған «Фзули, Шәмси, Сәйхали» атты өлеңінде С-ды тілге тиек етіп, оған сиынады, одан медет тілейді. Абайдың «Алла деген сөз жеңіл», «Әсемпаз болма әрнеге» деген өлеңдері мен Отыз сегізінші сөзіндегі тұжырымдары С-дың адамгершілік, гуманистік ойларымен үндес.

САҒЫНДЫҚ Шабанұлы (т.-ө. ж. б.) – ұста. Тобықтының Әнет руынан. Абай аулына Кавказдан қашып келген черкес жігіті пышақ, қылыш, білезік, сақина, сырғаларға күмісті қашап әшекей жүргізеді екен. Абай осы өнерді үйрен деп, оның қасына С-ты қосып берген.

САДУАҚАС Мұсаұлы Шорманов (1849–1927) – Абай шығармаларын баспадан бастырып шығарушылардың бірі. С.-Петербургке қазақ әдебиетінің көптеген нұсқасын алып барған. Олардың ішінде Абай өлеңдері мен Машһүр-Жүсіп Көпеев жырлары да болған. С. бұл шығармаларды орыс оқымыстыларына табыс етіп, баспадан бастырып шығару ісін ұйымдастырған. Бұл қолжазбалар қазір С.-Петербургтегі Салтыков-Щедрин атынд. кітапхана қорында сақтаулы. «Құдашев өлеңдер жинағын Абай аулынан, оның балаларынан жазып алған болу керек деп жорамалдаған едік. Кейін С. жинағы табылғаннан кейін оның С. жинағынан басынан аяғына дейін көшіріліп алынғаны мәлім болды», – деп жазады акад. Әлкей Марғұлан өз еңбегінде. С. нұсқасының көшірмесі Абайдың Семейдегі мемл. қорық музейінде сақтаулы. *М. Бейсенбаев.*

САЛҒАРИН Қойшығара (1939 ж. т.) – журналист, жазушы. «Абайдың тарихи танымы және оның әдеби қайнар көздері» атты тақырыпта канд. диссертация қорғады. Ақын мұрасы жайлы «Абай жаттаудан – тануға» (Қазақстан коммунисі, 1991, N 6, 7), «Қазақтың Алашаханы қай Алаша хан?» (Парасат, 1991, N 7–8), «Абай және Шәкәрім» (Қазақстан ҒА-ның хабаршысы, 1992, N 2), «Абайдың «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» мақаласы жайында» т. б. мақалалар жариялады.

САМАРҚАН – қала. Өзбекстан Республикасы Самарқан обл-ның орталығы. Абай *«Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы»* еңбегінде 1500 жылдан Шайбани мемлекетінің құрамына енген С. қ-сы туралы: «... Шайбақ деген хан шығып, Әмір-Темір тұқымынан... Самарқан шаһарларын тартып алған...» – деген тарихи мәлімет келтіреді.

САМОЙЛОВИЧ Александр Николаевич (1880–1938) Шығысты зерттеуші, түрколог-академик. ССРО ҒА-ның Қазақстан базасы президиумының тұңғыш төрағасы. С. түркі тілдес халықтардың, оның ішінде қазақ халқының тілін, әдебиеті мен этнографиясын зерттеді. С.-Петербургтегі Салтыков-Щедрин атынд. кітапхана қорында С-тің архивінде Абай өлеңдерінің алғашқы нұсқасы (671 қор, 94-папка) сақтаулы. Қолжазба 82 беттен тұрады. Өлеңдерді Мұса Шормаңұлы т. б. тапсырған. 1932 ж. «Түркі халықтарының әдебиеті» деген зерттеуінде С. Абай шығармашылығына, оның ақындық дәстүрін жалғастырған аса көрнекті қазақ ақындары А. Байтұрсынов пен М. Дулатов өлеңдеріне жоғары баға берді. *С. Қорабаев, М. Бейсенбаев.*

«САНА» – Түркістан АССР-і Ұлт істері комиссариатының жанындағы қазақ, қырғыз білім комиссиясының журналы. 2 айда бір рет шығып тұрған. Алғашқы саны 1923 ж. қаңтар айында Ташкентте жарық көрді. 1924 жылғы қарашада соңғы саны шығарылды. Журналдың 1924 жылғы 2-3-санында Абайдың баспадан қалған өлеңдері деген айдармен «Сап-сап көңлім сап көңлім», «Ескі заманның киімі» деген шығармалары жарияланды. Бұл өлеңдерді жинап, баспаға берген – Арқалық. Журналдың осы санында «Жаз» өлеңі жеке жарияланды.

САНБАЕВ Сәтімжан Хамзаұлы (1939 ж. т.) – жазушы, аудармашы. Оның «Ақ аруана», «Шөлейт



Абайдың 1982 ж. Алматыдағы «Жалын» баспасынан орыс тілінде жарық көрген ғақлия сөздері (екінші басылымы) кітабы.

даладағы құдықтар» т. б. әңгімелер мен повестер жинақтары, «Жол жалғыз ғана», «Біздің өміріміздің жыл маусымдары» романдары жарық көрген. Абайдың қарасөздерін 1970, 1980, 1982 ж. орыс тіліне қайта аударып бастырды.

САНТАЛОВ Владимир Яковлевич (1936 ж. т.) – суретші. Қондырғылы және монументті кескіндеме саласында жұмыс істейді. Оның «Абай әні» (1978, картон, майлы бояу, автордың жеке қоры) еңбегі 1980 ж. Респ. сурет көрмесіне қойылған.

«САП, САП, КӨҢЛІМ, САП, КӨҢЛІМ...» – Абайдың 1855–81 ж. аралығында жазған өлеңі. Көлемі 59 жол. Жігіттік, жастық мінездеріне арналып айтылғанмен, Абайдың бұл өлеңі... таза қазақ тілінің өзімен жазылған. Мазмұны мен

мағынасына қарағанда, Абайдың бұдан бұрын азды-көпті айтылып келген өлеңдерінің өзінше, өзгеше бір қорытындысы сияқты. Жылы белгісіз болғанмен, ақынның жиырма-жиырма бес арасында өз өмірінің осы шағына нақтылап, арнап айтқан өлеңіне ұқсайды. Бұндағы ойлар мен сезімдер, жас жігіттің өзіне де, құрбы, тұрғыластарына да арнаған тоқтау сөзі, сын, толғау сияқты. Ең әуелі, бұл өлеңде Абай қазақ әдебиетінен бөлек үлгіге еліктеуді өзіне енді лайық көрмеген сияқты. Өз өмірінің шындығы бұл жырда аса айқын қонымдылықпен айтылады.

Ұзақ өлеңнің көркем жолдарында ел жігітінің тіршілігінен тысқары тұманды, оқшау хал де, сезім, теңеу де жоқ. Қыз аңдыған жігіттің түнде жортқан, жеңіл-жеңсік қуған әдеті өзгеге де ой түсіреді. Бұл өлеңде жасанды теңеулер жоқ. Қайта қазақтың шешен, орамды, терең, мәнді сөздерін қолданады.

«Қарсақ жортпас қара адыр,
Қарамай неге шабасың?
Сонда тәуір бола ма,
Ұстап ап біреу сабасын?» –

деген жолдарда сыншыл оймен қатар, сол кездегі қыр жігітінің басынан кешетін анық көріксіз, көңілсіз болмысын арнаулы трагедиялық қалпында береді. Өмірдің өткел кезеңінде тұрған, ой түскен жас орынсыз деген мінездер, істер жайын көп сұрақтармен баяндайды. Тыңдаушысын ойландырып, өзіне ақыл салып айтады. Опасыз, тұрақсыз, тынымсыз жортуылдан қайту керек дегендей, тасқындаған көңілді ауыздықпен шаужайлағандай болады. «Сап, сап көңлім» деген сабырдың, тыйылудың сөзін үнемі қайталап отырады. Айтпақ жайын әдейілеп, көп қайталап, осы өлеңді жазудағы мақсатын, ойын ерекше нықтай түседі. Опасыз жас болмау керек, таңдап сүйген біреуі ғана бар, тең сезімге табынған жақсы жастың адамгершілік пен махаббатты қабыстырамын деген ниеті көрінеді. Барлық осы аталған өмірі, ой, сезім жайлары шындыққа бағынған. Бусанып тұрған жаңды, шындығы бар жыр туады. Ақын алыстан тұмандатып орағытпайды. Айтпақ ойының сөздері де дәл табылған. Қозғайын деген пернесін дәл басады. Және өз басының тәжірибесін шығарып, өзіндік мінін сынап, шенеп отырған кісі болып, сол кездегі көп жастың халіне арнаған үлгілі сөз айтады. Қазақ жасының Абай заманындағы махаббат жөнінде қолданатын іс, мінезі тұрпайылау, натуралық күйде екендігін осы өлең дәл ашады. Ер мен әйел арасындағы жарастық, жақсы сезімді қасиеттей білмейтін, топас тәрбиені әшкерелейді. Ендігі түсінігі бойынша махаббат, жастықты сөз қылатын ақын құмарлық қызығын шала, шалағай күйде жырламасын. Адамгершілік тәрбиесін өсіріп, асырғандай, моральдық жоғарғы дәрежеде түсініп жырласын дейді.

Абайдың жас шағындағы өлеңдерінің қорытындысы есепті болған «Сап, сап, көңлім...» енді жақын шақта реалист сыншы және шыншыл ақын боп қалыптасатын Абайдың алдағы өрісін аңғартады. Өлең 7 буынды жыр үлгісінде жазылған. Алғаш рет өлеңнің жартысына жуық үзінділері ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Ал толық түрінде 1939 жылғы басылымға енді. Басылымдарында текстол. өзгерістер кездеспейді. Туынды қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, түрікмен, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған. *М. Әуезов.*

САПА – Абайдың «Әзім аңгімесі» атты дастанының кейіпкері. Жастайынан жетімдік тауқыметін тартқан, бармағынан бал тамған өнерлі, іскер жігіт. Ақын шығармасының негізгі нысанасынан ауытқымай, С. өмірінің бір ғана кезеңін көрсетеді.

САРМУРЗИН Ғайса (1904–87) – журналист, жазушы. «Өнеге», «Мейірім», «Өмір сабақтары» атты кітаптары жарық көрген. С-ның орындауында Абайдың «Торы жорға», «Май түні» күйлерін 1984 ж. өнер зерттеуші У. Бекенов жазып алып, нотаға түсірген. С-ның «Абайдың күйі» атты мақаласы жарияланған («Мәдениет және тұрмыс», 1985, N 8).

САРТ – өзбектердің ежелгі отырықшы бөлігінің ескі атауы. Бұрын ойпатты мекеңдеген тәжіктерді де С. деп атаған. Ақынның айтуы бойынша, *«Бабырнамада»:* «Исфара халқының барлық тұрғындары сарттар, олар парсы тілінде сөйлейді» деп жазылған. Абай да С-ты тәжік ұлты мағынасында қолданады. Ол ғақлияларының *екінші сөзінде:* «... Біздің қазақ сартты көрсе күлуші еді, енеңді ұрайын кең қолтық, шұлдіреген тәжік, арқадан, үй төбесіне салам деп, қамыс артқан, бұтадан қорыққан, көз көргенде «әке-үке» десіп, шығып кетсе қызын боқтасқан, «сарт-сұрт» деген осы деп», – жазады. Бұл ақынның бала кезіндегі түсінігі, естігендері. Ал ер жетіп, ой тоқтатқаннан кейін «Енді қарап тұрсам, сарттың екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, саудагерінің жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ...» деген тұжырымға келеді.

САРЫАРҚА, Арқа, Қазақтың ұсақ шоқылығы – Қазақстан Республикасының орт. және шығ. бөлігін қамтитын физ.-геогр. өлке. Абай *«Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы»* тарихи еңбегінде қазақ хандықтарының құрылуы мен қазақ халқының қалыптасу барысы туралы «Қазақтың бар қатты өсе бастағаны... оны Сарыарқаға орныққан соң ғана болса керек...» деген тарихи деректер береді.

«САРЫАРҚАМЕН ТАНЫСУ» («Свидание с Сары-Аркой») – «Қазақстан» баспасынан 1980 ж. орыс тілінде жарық көрген кітап. Авторы – Ю. Г. Попов. Кітап Қарқаралы өңірінің шаруашылық экономик., тарихи, мәдени өмірін баяндайды. 19 ғ-дың ортасында Қарқаралыда Құнанбай салдырған мешіттің имамы Қарамолданың үйіне Абайдың келіп жүргені жазылған. Автор Абай мен Шоқан арасындағы байланысты зерттеген еңбектерге сүйене отырып, олар бірін-бірі жақсы білген деген қорытынды жасайды.

«САУДАЙЫ-АЙ, САУДЫ АЛМАДЫҢ-АУ, СЫРҚАУДЫ АЛЫП...» – Абайдың 1896 ж. шығарған өлеңі. Көлемі 4 тармақтан тұратын бір шумақ. Ақын бірнеше рет үйленсе де басы бақты әйелге кездесе алмай қойған ауылдасы Дүйсенқұл деген кісі тағы бір жолы Жақып дегеннің күйеуден қайтып келіп отырған ауру қызына қосылғанын естігенде айтқан. «Саудайы» – араб сөзі, аңғал, абайсыз деген мағынаны білдіреді. Абай осы сөз арқылы ақылдасының апалақтаған аңғалдығын ескерте отырып, оның жар таңдау сияқты аса маңызды өмірлік мәселеге ұшқары қарайтынын үлкен мін санаған. Сондықтан да мұны жай ғана кемшілік демей, Дүйсенқұлдың ұшып-қонып жүріп, сырқау әйелге ұрынған ұшқалақтығын барша жұртқа мазақ

етіп: «Ала жаздай көгалды бір көрмедің, Сары жұртқа қондың бір ірге аударып», – деп, ащы тілмен өлтіре әжуалайды, Дүйсенқұлды И. А. Крыловтың шырылдауық шегірткесіне ұқсатады. Осы екі жолдан өленді табан астында, ауызша шығаруға әбден машықтанған тілі шешен, ойы жүйрік ақынның шеберлігі айқын көрінеді. Өткір тіл, көркем сурет, терең мағына қатар табылады. Өлең 11–14 буынды қара өлең ұйқасымен шығарылған. Алғаш рет ақын шығармаларының 1933 жылғы жинағында жарияланды. Басылымдарында ешқандай текстол. өзгеріс байқалмайды. *Т. Рсаев.*

САУРАНБАЕВ Нығмет Тінәліұлы (1910–58) – түрколог, филология ғыл. докторы, ҚазССР ҒА-ның академигі, ҚазССР-нің еңбек сің. ғылым қайраткері. Ғалымның негізгі еңбектері алфавит, емле, тіл тарихы, грамматика, диалектология мәселелеріне арналған.

Оның «Қазақ тілінің жасалуы туралы», «Қазіргі қазақ тіліндегі диалектілер», «Қазақ тілінің тарихын зерттеу туралы» күрделі еңбектері жарық көрді. С. ақынның қазақ әдеби тілін дамытудағы ерекше қызметін атап көрсетумен қатар («Қазақ әдеби тілін дамытудағы Абайдың ролі». Абайдың өмірі мен творчествосы. – А., 1954), Абайдың әлеум-демокр. көзқарасының қалыптасуы туралы да («Абайдың әлеуметтік көзқарасы». «Майдан», 1945, № 2) дәйекті тұжырым жасады. ҚазССР ҒА-ның сессиясында жасаған баяндамасында кейбір әдебиетшілердің Абай шығармашылығы хақындағы теріс пікірлеріне тойтарыс берді (Вестник АН КазССР, 1951, № 9).

САФРОНОВ Анатолий Владимирович (1911 ж. т.) – ақын. Соц. Еңбек Ері. Оның «Өленлер мен әндер», «Лирика» жыр жинақтары, «Уақыт тұңғиығына» атты өленмен жазылған романы, «Москва мінезі», «Аспаз әйел» комедиясы мен «Уақыты өткен» драмалық шығармалары оқырман қауымға жақсы таныс. Абайдың туғанына 125 жыл толған мерейтойына арнап жазған «Баршамызға қымбат» деп аталатын мақаласында С. : «Совет Одағының Әдебиет әлемінде Абайдың ой жұлдызы ерекше нұр шашып тұр, ол нұр барлық халықтарымызға ортақ» («Қазақ әдебиеті», 1971 ж. 26 мамыр) , – деп жазды. С-ға 2 рет ССРО Мемл. сыйлығы берілген.

СӘБИТОВ Нығмет (1895–1955) – әдебиетші, филол. ғылымдарының кандидаты. 1940 ж. Абай шығармалары мен ол жайындағы әдеби материалдардың библиогр. көрсеткішін тізіп, ақын жинағында жариялады. Бұл «Библиографиялық көрсеткіште» ақынның 1889–1945 жылдар аралығында қазақ және орыс тілдерінде жарияланған барлық шығармалары мен ол жайындағы әдебиеттер қамтылған. Ішінара өзбек, татар, қырғыз тілдеріндегі материалдар да енген. Көрсеткіш материалдардың мазмұны мен сипатына қарай бірнеше тарауға жіктелген негізгі 2 бөлімнен (қазақша және орысша) тұрады. Қазақстан Республикасы Ұлттық мемл. кітапханасы қоры негізінде құрастырылған. 1917 жылғы төңкеріске дейін жарық көрген Абай шығармаларының басылымдары жайындағы мәліметтер С. құрастырған басқа библиогр. көрсеткіштен де орын алған. *С. И. Әжіғалиев.*

СӘЙФИ Құдаш (1894–1993) – Башқұртстанның халық ақыны. Әр жылдарда жазған мақалаларында, естеліктерінде Абай есімін қастерлеп, оның шығармаларынан үзінділер келтіріп отырған. С-дің бұл саладағы еңбектері «Жастық шақтың ізімен» (А., «Жазушы», 1984) деген естеліктерінде топтастырылған. «Ақмоланың өзімен үндес, ағартушы ұлы ақын Абайдың:

«Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сыя ма, ойландаршы,
Өлмейтұғын артында сөз қалдырған», –

деген өлені Ақмолаға арнай айтылғандай. Меніңше, Абайдың бұл сөздері кездейсоқ айтылмаған болса керек», – деп жазды (сонда. 465-б.). Ол 1940 ж. Абайдың Москвада орыс тілінде жарық көрген өленлер жинағына М. Әуезов жазған алғы сөзінде: «Ол татардың бірінші ағартушы новаторы Шиһабетдин Марженидың еңбектерімен де танысқан» деген пікірін келтіре отырып, Абайды «атақты ақын», «ұлы ақын» деп бағалайды да, оның:

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы,
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы», –

деген төрт тармағына сілтеме жасайды. С-дың Абай туралы екі мақаласы (Абай Құнанбаев. «Қызыл Башқұртстан», 1945, 19-тамыз, Менің ұстазым. «Қазақ әдебиеті», 1971, 25-мамыр) башқұрт және қазақ тілінде жарияланған. *С. Сейітов.*

СӘЙХАЛИ – Шығыстың 15 ғ-да өмір сүрген ақыны. Негізгі шығармасы «Диуана Сәйхали» деген тарихи жырында дүниенің жаралуынан бастап, Құсайын имамның 680 ж. Кербала шөлінде өлген уақытына дейінгі ұзақ дәуірдің тарихын баяндайды. Бұл жыр 1332 ж. Ташкентте, кейін Қазанда, Стамбулда баспадан шыққан. Абай С. жырларымен жақсы таныс болған. Сондықтан да Ахмет-Риза медресесінде оқып жүрген талапкер ақын «Фзули, Шәмси, Сәйхали...» деп басталатын бір шумақ өленінде шығыстың ұлы ақындары қатарында С. есімін де атап, одан медет тілейді.

СӘРСЕНБАЕВ Бейсенбай (1914–38) – суретші. Кескіндеме саласында жұмыс істеді. Ол «Абайдың портреті» (1934, майлы бояу, картон, Қазақстан Республикасы мемл. өнер музейінің қоры) атты еңбегінде ойшыл-ақын бейнесін жасады.

СӘРСЕНБАЕВ Жұмабай (1953 ж. т.) – суретші. Маркетри саласында жұмыс істейді. Ол «Абай портретін» (1991, ағаш, шпон, маркетри, Абайдың мемл. қорық-музейі қоры) жасады.

СӘТБАЕВ Қаныш Имантайұлы (1899–1964) – қоғам қайраткері, геолог, геол.-минерол. ғыл. докторы, проф., Қазақстан ҒА-н ұйымдастырушы, оның тұңғыш президенті, ССРО ҒА-ның, Қазақстан ҒА-ның академигі, Тәжікстан ҒА-ның құрметті мүшесі. С-тың Қазақстан кен орындарын, минерал қорларын, қазба байлықтарын зерттеуге арналған көптеген моногр. еңбектері, сондай-ақ 5 томдық таңдамалы ғыл. зерт. туындылары (1967–70), таңдамалы мақалалары (1989) жарық көрген.

С.-Петербургте шыққан Абай шығармалары Сәтбаевтар аулында (Павлодар уезінің Баянауыл аймағы) белгілі болған, оқылған. Ә. Марғұланның айтуынша, «революциядан бұрынғы қазақтар арасында Сәтбаевтардан көп оқыған ауыл болған жоқ... Қаныштың емшектес ағасы Ғазиз... сүйіп оқитыны Абай, Пушкин, Лермонтов еді, «Евгений Онегин» романын жастарға әңгімелеп отырғанын

көргенім бар» («Қазақстан мектебі», 1969, № 4). Семейдің мұғалімдер семинариясында оқып жүргенде әдеби-музыкалық кеште – концертте он алты жасар Қаныш Абайдың «Бұлбұл мен есек» мысалын сахнада жатқа оқыған. С. Абай туындыларының сапалы басылуы мен ол туралы ғыл. еңбектер жарық көруіне көп қамқорлық жасаған, Ғылым академиясының жұмыс қорытындыларында үнемі көңіл бөлген. Сәтбаев: «Өткен заманда өз елінің тағдырына ерекше зейінмен, шынайы жітілікпен көз жіберген, туған халқының мұңын мұңдап, жырын жырлаған біздің ұлы ағартушыларымыз Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев қараңғылық қиырында жарық беріп өткен жалғыз-жарым жалау сияқты еді. Ол шындықты ұлы ақын Абай «Шәкіртсіз ғалым тұл» деп терең мұңмен түйген. Қазір ше?» – деп жазды. С. абайтану мәселелеріне де ден қойып, «Қазақ совет әдебиетінің аса үздік шығармасы» атты ғыл. мақала жариялады (ҚазССР ҒА-ның хабаршысы, 1949, № 5). Онда ол ұлы Абайдың өнегелі өмір жолын, өскен ортасын, кешкен дәуірін айқара ашып, 19 ғ-дың 2-жартысындағы қазақ елінің тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, сұлу табиғатын көркемдік тұрғыдан





Абай портреті. Б. Сәрсенбаев. 1934.

шыншылдықпен суреттеген М. О. Әуезовтың ұланғайыр қызметіне, кең арналы, мол салалық шығармасына шолу жасады. «Абай жолы» эпопеясы тілінің байлығы мен онда шынайы бейнеленген образдарға тоқтала келіп: «Абай айналасындағы әлеуметтік кеселдерді аяусыз әшкерелеп, еңбекші халықтың азамат ақыны, бастаушысы дәрежесіне көтерілгенін көреміз. Абайдың жастық шақтағы махаббатының көтеріңкі романтикалық көріністері мен армандары және шығармашылық өрлеулері бүкіл шығармасының терең реализмін танытады» деп жазды. С. ССРО Мемл. сыйлығының, Лениндік сыйлықтың лауреаты. *Р. Батырбекова.*

СӘТБАЕВА Шәмшиябану Қанышқызы (1930 ж. т.) – әдебиет зерттеуші. Филол. ғыл. докторы, проф., Қазақстан Респ. Ұлттық ҒА-ның корр.-мүшесі, Ұлттық ҒА-ның Ш. Ш. Уәлиханов атындағы сыйл. лауреаты, ғылымға еңбек сіңірген қайраткер.

Абай туралы ғалымның байсалды ғылыми түйін-тұжырымдары «XIX және XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ-еврола әдеби байланыстары» (1972), «Әдеби байланыстар» (1974), «Өрнекті өріс» (1977), «Әдебиет мерейі» (1981), «Қазақ әдебиеті және Шығыс» (1982), «Шәкәрім» (1988, 1990), «Шакарим Кудайбердиев» (1993) және «Абайдың «Ескеңдір поэмасы» (1970), «Пушкин және «Абай» (1975), «Абайды танып болдық па?» (1988), «Абай мұраларын зерттеудің мәселелері» (1988), «Абайға барсаң абайла» (1990, бірнеше авторлармен бірге) атты моногр. еңбектері мен арнайы зерттеу жұмыстары жарық көрген.

С. орыс мектептерінің 8–9 кластарына, Республика жоғары оқу орындарының филол. факультеттерінің орыс бөліміне арнап жазған «Қазақ әдебиеті» (1976, 1979) оқулықтарында «Абай Құнанбаев», «Ақылбай», «Мағауия Құнанбаев» тарауларын жазды. Абай туралы шетел баспасында 1970 жылға дейін басылған мақалаларды жүйелеп алғы сөз жазып «Шет ел сыны қазақ әдебиеті хақында» (орыс тілінде, 1971) деген атпен жеке жинақ етіп жариялады.

С. «Орта Азия мен Қазақстан әдебиеттерінің тарихы» атты Москвада орысша шыққан (1960) оқулықтың «Қазақ әдебиеті» тарауын, Абай өмірі мен мұрасы туралы материалдарды, деректер мен мәліметтерді дайындаған. *Б. Мамыраев.*

«СӘУЛЕҢ БОЛСА КЕУДЕҢДЕ...» – Абайдың 1889 ж. жазған өлеңі. Көл. 36 жол. Өлеңде ауыр ой мен ауырған шерлі жалғыздық көкірегіңде түн тұнған әрі заман қысымы тудырған мұңлы да өкінішті ой толғанысы жатыр. Абай ғұмыр кешкен заман – қазақ халқын ел билеу жүйесіндегі өзгерістер мен халықтың ой санасында орын алған ерекшеліктер, батыс пен шығыстың рухани қазыналарымен қоян-қолтық араласу жағы күшейе түскен кезең. Осы тұста дүниеге келген бұл өлеңге ой көзімен үңіле қарасаң, сол заманның белгілерін анық аңғаруға болады. Қазақ қоғамындағы сырттан ендірілген, яғни таза отаршылдық мүдде тұрғысынан жасалған ел билеу жүйесіндегі бассыздық, шырық бұзарлық, анархистік құбылысты тудырып отырған сатылы болыстық сайлауға, қазақ елінің бірлігі мен рулық тұтастығын бұзуға негізделген болыстық сайлаудың территориялық принципіне қарсылығы көрінеді. Өлеңінің ең басты ой сарыны – «Единица – жақсысы, Ерген елі бейне нөл» ұғымында жатыр. Бұл жолдар арқылы Абай елді ақылмен, әділеттілікпен билеген жеке адамға, кемел тұлғаға ерекше мән береді. Ел басқару жүйесінде

анархистік бассыздыққа жол бермейтін, елін береке, бірлікке бастайтын кемел басшыны аңсайды. Қазақ елін билеу жүйесіне отаршыл өкімет алдын-ала ұзақ даярлықпен келіп енгізілген болыстық сайлау жүйесі, шынында да, қазақ халқының бірлігін бұзып, берекесін кетіріп, тұрмыс жағынан мүлде әлсіреп, мінез-құлқы жағынан да азғындауға ұрындырды. Абай осы жағдайдың зардабын ұлылықпен терең сезінген.

Өлең 7-буынды, ерікті ұйқаспен жазылған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланған. Туынды басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1939, 1945, 1957, 1977 жылғы жинақтарда өлеңнің 3-жолы 1909 жылғы басылым негізінде **«Егер сәулең болмаса»** болып берілсе, бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында **«Егер сәулең жоқ болса»** делінген. 1939, 1954, 1957, 1977 жылғы жинақтарда 34-жол Мүрсейіт қолжазбалары бойынша **«Ел тыныш болса, жақсы сол»** түрінде алынса, 1909 жылғы басылымда **«Ел ит болса, жақсы сол»**, 1945 жылғы жинақта **«Өз басындық болар сол»** болып енген. 1909, 1945, 1954, 1957, 1977 жылғы басылымдарда және Мүрсейіт қолжазбаларында 22-жол **«Сулай алмас жазғы төл»**, ал 1939 жылғы жинақта бұл жол **«Шулай алмас жазғы төл»**. Туынды ағылшын, араб, белорус, башқұрт, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр тілдеріне аударылған. *М. Мырзахметов.*

СЕВЕРОВ Анатолий Александрович (1938 ж. т.) – суретші. Сәндік қолданбалы өнер саласында жұмыс істейді. Фарфор бұйымдарды әшекейлейді. Ол М. Әуезовтың мерейтойына байланысты Е. Сидоркиннің салған суреті бойынша табаққа «Абай жолы» (1977, фарфор, шыңылтыр әшекей, Қазақстан Республикасының мемл. орт. музейі қоры) табақшасын безендірді. Абай портретінің астына жазылған (столға қоятын) плакеткасы Дулев бояу заводынан жасалып шықты (1979, фарфор, әшекей, литогр. диколь, Қапшағай фарфор заводының түрлі ыдыстар қоятын бөлмесінде сақтаулы). «Алматы. Абай ескерткіші» деп аталатын әшекейлі тәрелке (1979, фарфор, алтын, шыңылтыр әшекей, қолдан салынған суреттермен толықтырылған фотокерамика, бұл да сонда) де көп сериямен шығаруға арналған. *Н. А. Полонская.*

«СЕГІЗ АЯҚ» – Абайдың өлеңі, қ. *«Алыстан сермеп».*

«СЕГІЗ АЯҚ» – қазақ өлеңіне Абай тыңнан қосқан шумақ өрнегі. Абайдың «Сегіз аяқ» атты өлеңінің әр шумағы сегіз жолдан тұрады. Өлеңнің ырғақтық құрылысы өзгеше өрнектелген:

«Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған.
Қиуадан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған.
Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең, өзің біл...»

Шумақ 5 буынды тармақтар мен 7–8 буынды тармақтардың жүйелі түрде үйлесіп, араласуы негізінде түзілген. 4 түрлі дыбыс үндестігіне негізделген үйлесім бар (аабввбгг). Мұнда 3-және 6-тармақтар алыстан байланысады да, қалған көршілес тармақтар өзара үйлеседі. Келте тармақтарда ұйқас 2 буынды, ал ұзын тармақтарда 3 буынды болып келеді. «Сегіз аяқта» алдыңғы 6 тармақ тезис есебінде келеді де, соңғы екі тармақта ақындық ой қорытылады. Мінсіз мүсінделген бұл өлең – қазақ поэзиясында оқшау тұрған жаңа туынды.

Сегіз аяқ өлшемін, шумақтық өрнегін кейін Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов т. б. ақындар да пайдаланды. *З. Ахметов.*

СЕДЕЛЬНИКОВ Александр Никитич (1876–1919) – тарихшы, этнограф. Бат.-Сібір мен Шығ. Қазақстанды зерттеуші. Орыс геогр. қоғамының Бат.-Сібір бөлімшесінің мүшесі. Қазақ даласына бірнеше рет саяхат жасап, жергілікті халықтан қазақ ертегілері мен аңыздарын жазып алып, Шығ. Қазақстанның өсімдік және жануарлар дүниесін зерттеді. Солардың негізінде оның 21 ғыл. еңбегі жарық көрді. «Россия» сериялық еңбектердің авторлары мен құрастырушыларының бірі (1903). Осы кітаптың 18-томындағы қазақтар туралы тарауды Ә. Бөкейхановпен бірге жазуға қатысып, Абайдың ақындық таланты туралы орыс ғалымдары арасында тұңғыш рет сөз қозғап, жоғары баға берді. С. туған інісі Николаймен бірлесіп, қазақ ауыз әдебиетін насихаттауға, Абай шығармаларын орыс тіліне аударуға көп күш-жігерін жұмсады. *С. Қорабаев.*

СЕЙСЕНБАЕВ Роллан Шәкенұлы (1946 ж. т.) – жазушы, драматург. Оның «Аңсау», «Сағынтып жеткен жаз еді», «Тау басында түйіскен жол» т. б. повестері мен әңгімелер жинақтары, «Өмір сүргің келсе» романы жарық көрді. «Өзімді іздеп жүрсем» т. б. пьесалары театр сахналарында қойылып келеді. С. Абайдың қарасөздерін аударды («Простор», 1990, 5) және «Абай және оның уақыты» атты альбом дайындауға қатысты.

СЕЙТМЕТОВ Райымбек Ноғайбайұлы (1938 ж. т.) – актер, режиссер. Қазақстан Республикасының халық арт., еңбек сің. өнер қайраткері. Ол М. О. Әуезов пен Л. С. Соболевтің Қазақ драма театрында қойылған «Абай» спектаклінде Әбіш бейнесін сахнаға шығарды. Сондай-ақ Абайдың өлеңдері мен қарасөздері бойынша «Қалың елім, қазағым» атты поэтик. драма жазып, Қазақтың балалар мен жасөспірімдер театрында қойды (1990). *С. Балғабаев.*

СЕЙФУЛЛИН Сәкен (С ә д у а қ а с) (1894–1938) – қазақ совет әдебиетінің негізін салушылардың бірі, ақын, қоғам, мемлекет қайраткері. 20 ғ-дағы қазақ әдебиеті, әсіресе қазақ поэзиясы Абайдың ақындық мектебінің әсер-ықпалымен өркендеді.

Сәкен Абайды айрықша ұнатқандардың да, мейлінше жек көргендердің де қатарында болған емес. Идеология ыңғайымен үстем таптан шыққанын анда-санда ескертіп қойғаны болмаса, айрықша белсенділікке салынған жоқ. Сақтана пікір айтты. Омбыда оқып жүрген шәкірттік дәуірінде Абай рухына сиынып, аңқылдаған ақ көңілін жайып салған өлеңі бар:

«Сөзіңнің қарап тұрсам мағынасы мол,
Бастаушы адасқанға болғандай жол,
Өзге сөздің патшасы – сенің сөзің,
Я бар бол бұл дүниеде, яки жоқ бол...» –

деп Абайдың құдіретті сөзін ардақ тұтты.

«Сөзіңді үлгі қылды білген адам,
Түсінбес оқыса да бітеу надан,
Наданға құр қу ағаш құрған тезің,
Көткеншек алға қарай баспас қадам...» –

деген әлеум. ойларды ұлы ақыннан алғаны сөзсіз. Оның қаншалықты мәні барын «Бірлік» қоғамына басшылық жасап жүргенде өзі мықтап түсінді. Сондықтан «Кім басшы – аға халыққа», «Қазақ сабағы», «Надан бай», «Оқымаған қазақ» деген өлеңдерін жазып, ел қамын ойлау адастырмас арман жолы екенін ұқты. Сол тұста жас ақынды қолтығынан демеп, алға бастырып жіберген Абайдың азаматтық әуені болатын, «Сөз патшасынан» қоғамдық мән-мағына тауып, өз пікірін сабақтауға бел буды.

«Сөзіңнің жылдан-жылға қадыры артты,
Оқуға құмар қылды талай жасты,
Құмар болған кеудесі – сәулелі ар,
Айтпаймын ауылдағы шыбай масты...» –

деуінің сыры да түсінікті. «Сәулелі ары» барлар ғана Абайға серік болмақ.

«Саналы көзі ашыққа сөзің алтын,
Санасызға – жел сөз – соққан салқын,
Ойында санасыздың еш нәрсе жоқ,
Ілгері бассын деген қазақ халқын...» –

деген қомақты пікірді түйіндегенде Сәкеннің Абайды қалай түсінгені өзінен өзі айқындала бермек.

Абайдың 1909 ж. өлеңдер жинағы шығып, қазақ сахарасына кең таралғанда көңіл көзі ашықтар, әсіресе ақындар мен оқушы шәкірттер дүр сілкінген болатын. Абай ақындығына тәнті болып, өлең арнамағандар некен-саяқ. Абайды әдебиетіміздің атқан ақ таңы, жаңа беті, үлгі-өнегенің асыл арнасы деп танығандар өте көп болды. Абайдың өз төңірегіндегілер ғана емес, алып ақындықтың қуатты күшін алыстан сезіп-білгендер де қосылып жатты. Сол қалың дүрмектің арасынан Мағжан «Хакім Абайға» өлең арнап, жарқ етіп көрінді.

«Ай, жыл өтер, дүние көшін тартар,
Өлтіріп талай жаңды жүгін артар,
Көз ашып, жұртың ояу болған сайын,
Хакім ата, тыныш бол, қадірің артар», –

деп шын өнердің мәңгілік екенін, оны дүниеге әкелген дарынның әрқашан қадыр-құрметке бөленерін ізбасар ақын мықтап ұғынды.

Абай ақындығына ден қойып, одан медет тілегендер көбіне халық қамы жайындағы көшелі ойлардан өріс алып, үлгі шашуға талпынды. Әрине, олардың ішінде Шәкәрімнің орны бөлек. Көкбай да Абай рухын насихаттаушылардың ірісі болғаны рас. Т. Жомартбаевтың, қазақтың тұңғыш публицист қызы Н. Құлжановаың Абайға арнаған өлеңдері мен сүбелі ойлары «Қазақ» газетінде жарияланды. «Уақ» деген бүркеншік атпен 1914 ж. жазған автор сол ойларды мәнді түйіндеп, күніне жүз оқысаң да жалықтырмайтын, бір ойынан бір пікірі асып түсетін жыр маржанын айта келіп:

«Сөзі рас, сөзі таза, сөзі ақыл,
Көңілге бір жері жоқ, жабыспайтын.
Қазақта мұнан артық сөз шыққан жоқ
Бағалап мынау не деп пар ұстайтын...
Есіл ер бұл заманда болмады-ау деп,
Қазақта қабырға жоқ қабыспайтын...» –

деуі Абайдың қоғам алдындағы беделі мен салмағын айқын танытады. Осы ойларды Сұлтанмахмұт «пайғамбардың жүрегінен құйылған құрандай, соқыр кісі сыбдырынан табарлық аққұла ашық тұрады марқұм Абай өлеңдері» деп тұжырымдауы ақынның аузынан әлдеқалай шығып кеткен әшейінгі әдемі сөз емес еді.

Абайға арналған өлеңдердің, оның ішінде Сәкен жырының қай-қайсысы болмасын сөз маржанын қомақты ой-пікірмен өрелендіре түсіп, көркемдікті әлеум. мәнмен ажарланғанда ғана жұрт жүрегіне жол табатынын көрсетті. Және сол кезде қолына қалам алғандардың жалпақ қазақ тілімен-ақ ел-жұртқа керекті ой-пікір айтып, сана-сезім жеткізе алатыны, солай болуға тиіс екендігі эстетик. таным-біліктің сүбелі талабы болып қалыптасты.

Осы жөнінде қазақтың қоғамдық ойының көгінде жарық жұлдыз бола білген Міржақып Дулатовтың мына мойындауының мәні зор. Қазақ зиялыларында орыс, араб, парсы сөздерін араластырып жазу машығы күшті болған тұста, яғни «1908 жылы «Оян қазақты» жазып жүргенімде әлгі «әдеби тілдерді» неғұрлым көбірек кіргізу жағын ескерусіз қалдырмадым. Сол жылдарда Абай кітабы һәм «Қырық мысал» шықты. «Қырық мысалды» оқығанымда өзімнен өзім ұялдым. Өзімнің һәм өзім секілділердің адасып жүргенін сонда байқадым» (266-б.) дегені ана тілінің қуатын сарқа пайдалану қажеттігін көрсетеді.

Абай қазақтың жазба әдебиетінің негізін салып, әдеби тілін қалыптастырды дегеннің нақты дәлелін осындай «мойындаудан көріп», бүкіл қазақ әдебиетінің ендігі беталысы таза ана тілінің байлығын игеруде екенін анық аңғарамыз. Абайды оқығандардың да, Абайдың шапағаты тиіп, ақындық сапарға шыққандардың да қазақ тілінің лексик. қорын сарқа пайдалануға, әрі бейнелі, әрі түсінікті шығарма беруді машыққа айналдыруға ұмтылулары ұлы Абайдың ұстаздық бейнесін танытады. Сәкен Абай үлгісімен талай шумақтар жазғаны белгілі. Әсіресе «Ғазелде» Абайдың өлең өрнегін айнытпай қолданып, ұлы ақыннан шеберлікті шындаудың жолын үйреніп жүргенін көрсетеді. Абайдың қазақ поэзиясына сіңірген ұлы еңбегі – жарқын да ажарлы жаңашылдығы болса, Сәкеннің үлгі алғаны да, шама-шарқынша ілгері дамытқаны да осы саладан анық көрінеді. Кейбіреулер Сәкен Абайға онша құлай қоймады дегенді сылтау қылып, Абай мен Сәкен арасына қытай қорғанын соғып, алшақтатып жіберуге тырысады және бұл мәселені көбіне идеялық арнада алып шықпақ болып жүргендер де жоқ емес. Қазақ өлеңінің өрнегі жағынан болсын, әуендік мақамы, әуездік ырғағы жағынан болсын реформа жасауда Абай мен Сәкеннің орындары ерекше. Екеуінің рухани табысатын ұлы арнасы да осы салада.

Абай қазақтың әнге бейімделген силлабик. өлеңіне тониканың үлгі-өрнектерін білдірмей қосып отырды. Бұл ақын қуатының мықтылығынан, күштілігінен. Абай өлеңдерінің өрнегі мен өлшемдері былайғы жұртқа әлімсақтан бері қазақ поэзиясының төл түзілісі болып көрінеді. Өйткені Абай диірменінің құдіреті сондай, ол қандай жаңа түр-үлгісі болсын, жаңа мақам-ырғақты болсын ұнтақтап өз ыңғайына бағындырған уақытта шүмектен шыққан ұнның қай түрі болса да қазақ диірменінен, таным-түсінігінен шыққандай, ешбір қоспасы сезілмей тұрады. Бәрі де таныс-бейтаныс болғандықтан Абай сөзі айрықша тартымды да қызықтырғыш. Оның үстіне өрнек арқылы үлкен ғибрат-мағына өріліп, дестеленіп шыққан кезде

Абай жасаған жаңа дүние дәстүрлік сипатқа ие бола түседі. Қазақта бұрын бар ма еді, жоқ па еді деуге шамаң келмей, тұмылдырықталған тайлақтай Абайдың соңынан ере бересің. Біздің бүгінгі көп оқушыларымыз Абайдан мағыналық ғибрат алғанына мәз, оны қалай жеткізіп, қалай сіңіріп еді дегенді қаперіне алмайды.

Оқушысы мен тыңдаушысын ақындықтың ұлы құдіретімен құлатып, жақтас етіп алған Абайдың өлеңдік жаңашылдығына алғаш назар аударған адам Ахмет Байтұрсынов. Өзінің «Қазақтың бас ақыны» деген атақты мақаласын жазды.

Абайдан басталған реформаторлық рух қазақ ақындарының ішінде Мағжанда бейнешілдік, сөз құдіретін асқақтата беру жағында айрықша көп болса, сыртқы түр арқылы, екпінді ырғақ арқылы тоник. өлеңге іш тарту машығы Сәкенде мейлінше анық байқалады. Абай рухының Сәкенге айрықша дарыған тұсы осы. Жаңа мақам іздеген уақытта Сәкен тартынуды білмеген, осылай жасау қажет деп ұққан болатын. Бұл жолда тамаша табысқа жетіп жатқанын да көреміз, орынсыз ожарланғанда омақа аса құлап, ерінен ауып қалғанын, қазақтың өлең өрнегіне зорлық жасап, төсегін жыртқанын да көреміз. Сәкен жасаған өлең өрнектері Абаймен деңгейлес болмағанмен, реформаторлық ниеттері мейлінше рухтас болғандығын анық аңғарамыз.

Абай ағартушы-демократтық бағытқа берілгенде ескі арна арқылы барамын, жетемін деген жоқ. Сондықтан ол бұрынғы дәстүрлі машықтар мен мақамдарды, терме мен толғауларды өзгерте, іштей түлете, кейде қирата бұтарлады. Е. Ысмайылов, З. Шашкин, С. Мұқанов тұжырымдауынша, Абай жасаған 16 түрдің көбі осындай төңкерісшілдіктің жеңісі. Ол идеялық жағынан да, түр жағынан да бірін-бірі толықтырып, Абай кемеңгерлігін аспандата беруге жағдай жасады.

Осы рух кезі келгенде, уақыты туғанда кеңес әдебиетінің бастаушысы болған Сәкенге дарыды, жұқты. Замана өзгерісі, қиын өткелдер жыпжылмағай болып оп-оңай өте салмайды. Ол ойға да ниетке де, өлеңге де өзінің табын салып, өз өрнегіне талай жаңалықтар әкеледі. Осы процесс Сәкен шығармаларында алабөтен болғандықтан ол да ұлы жаңашыл болып есептеледі.

Абаймен рухтас еткен өлең өрнегіне келсек, онда Сәкеннің атақты «Советстанының» түрін алдымен ауызға алу қажет. Өйткені ол Сәкеннің ілгеріндікейінді ізденістерінің қорытындысы, қазақ поэзиясындағы жаңашылдықтың үлгісі.

Талай ғасырдан бері әдебиетіміздің қайнар бұлағы, өркендер арнасы болып келген поэма жаңа дәуірде соны сипат ала бастады. Көбіне сюжетсіз жырланатын өмір шындығы, дидактик. әуен Абайдан кейінгі көркемдік даму барысында уақыт дүмпуімен эпик. көлемге қол созды. Осының нәтижесінде кәсіпқой поэзияның бейне жасау бағыты өрістей түсті. Әрқилы көркемдік тәсілдер тоғыса келіп, С. Сейфуллин өлеңдерінде өмір шындығы өршіл романтика арқылы жарқырай көрінді.

Ақырды асау – жаңғырды дала,
Тулады, орғыды асау
Дүбірлеп күңіренді дала...

Көкіректі кернеп, кең даланы күңірентіп, қатты айғайлап ән салдым. Әніме қосылды кең дала, ақкулы, қазды шалқар көл, қамысты, құрақты көк өзен, – қосылды бәрі шуласып, қосылды бәрі шаттанып» деген асқақ романтика жаңа өмірдің айбынды асаулығын аңғартқандай. Сондықтан Асау тұлпар образы төңкерістің аумалы-төкпелі заманын бейнелеуге сай болды.

Бұл образда біріне бірі сабақтасып, іштей қабысып жатқан екі жай бар. Бірі – тұлпар қазақ әдебиетінде ерекше қастерленген бейне. Демек, оның дәстүрлік сипаты қалың. Сәкен Асау тұлпарды бейнелегенде қазақ халқының таным білігінен алыстамай, дәстүрді пайдалану арқылы және өмірге ұмтылғандарға әсер ету мақсатын көздеді. Сондықтан да халық Асау тұлпарды жатсынбай қабылдады. Екіншіден, Сәкен баяндауында тұлпардың тек сыртқы түрі ғана сақталып, ішкі мазмұны, көздеген мақсаты, мінез-қылығы, іс-әрекеті мүлде жаңаша суреттелді. Осы тұрғыдан алғанда қазақ поэзиясына Сәкен сіңіре бастаған жаңалық, жаңашылдық әуелінде ескі дәстүрге сиымды болып, соның бесігінде ер жетіп, заманға лайық жаңа түр екенін анық аңғартты. Соның нәтижесінде Асау тұлпар жаңа өмірдің апалақ-топалаңы мен ізденісіне сай табылған романтик. астары қалың бейне болды.

Сәкен 20 жылдардың орта шенінде дәуір ыңғайына қарай Қара айғырға – отарбаға көше бастады. Қазақ поэзиясының дәстүрлі 11, 7 және аралас буынды өлеңдері ұлы Абайдан кейін құбыла молаюы Сәкен тұсында мейлінше күшейе түсті. Өйткені қазақтың ақындық аспанында Мағжан, Ілияс, Бейімбет, Сәбит сынды сәйгүліктердің бәсеке жарысы айқын естіліп жатуы және жаңа заманның дауылы, толқын-ырғағы өлең өрнегіне жаңалық әкелді. Жаңалықты формалистік жаттығуларға айналдырмай, кезең идеяларын, мақсат-мұраттарын нанымды жырлаудың амалы етті. Жаңа өлшем жаңа түрді қажетсінді.

Сәкен поэзиясында дәстүрлі өрнектермен қатар Абай өлеңдерінің үлгісі жиі кездесіп отырғанына қарамастан тоник. белгілерге іш тарту басым болды. Ал мұның өзі, яғни буын ұйқастығынан туатын ырғақтың екінші қатарға көшіріліп, негізгі айтар ой екпіндік ырғақпен жырлануы қазақ поэзиясына сіңе бастаған жаңалықтың нышаны, силлабик. өлеңге соны белгілердің ене бастауы еді. Абай мұны білдіртпей, сездірмей жүзеге асырса, Сәкен осы принципті «Советстанда» әбден орнықтырып, қазақ өлең өрнегінде бұрын кездеспеген жаңа түр жасады. Замана бейнесін жасау мақсатына ден қойған автор көбіне жеделдікті, екпінділікті, өзгеріс-құбылысты 11 буынды қара өлеңмен беруге болмайтындығын түсініп, көбіне жыр үлгісіне бой ұрып отырады. Ойды төгіп-төгіп, бастырмалатып айту замана рухына сай келетінін анық ұғады.

«Ақырды асау, жаңғырды дала...», –

деген сияқты әр қимылды тездете түсуге мүмкіндік беретін мақалды көп қолданды. Сондықтан да кейбір өлең шумақтары бұрынғы дәстүрлік санынан кейде артып, кейде жетпей жатып-ақ логик. ойды түйіндейді. Сонда екпіндік нышан басым көрінеді. Қазақ өлеңдерінің негізгі құрылысы әндік, әуендік, саз ырғағына бейімделгендіктен екпіндік принцип көбіне тақпақтай түйіп-түйіп айтуға іш тартып тұрады.

«Зырла, экспресс, үш, зырла!
Жұлдыздай-ақ құлдырла!
Аямай жүгір бәрің де!...» –

деген өлеңнің бар динамикасы дауыс екпініне құрылады да, өлең үйқасы екінші қатарға көшіріліп, айтар ой ақырғы жол өзгешелігінен табылып отырады.

«Егер мінсе – шыдасын!
Қорқақтар мейлі жыласын,
Шыдамаса құласын!
Аямай сілте барыңды...» –

деп жігерлі түйінделеді. Аралас буынды өлеңнің ежелгі құрылысының шет жағасы сақталғанымен де дауыс ырғағы алғашқы қатарға шығып, жаңа леп пайда болады.

Силлабик. өлең жүйесіне тониканың екпіндік ырғағын енгізу талабы Сәкен поэзиясында ерте басталған. 1915 ж. қарашада жазған «Жазғы түнде» деген өлеңінің әр шумағы жеті жолдан құрылып, оның алғашқы екі жолы бір үйқаспен (-а, -а), 4–5 жолы (-б, -б) бір үйқаспен, 3–6 жолдар кейде үйқасып, кейде үйқаспай ой екпініне бейімделуі, ал ақырғы жолы 2-жолдың логикасымен сабақтасып жатуы тегін емес.

«Уағдалы жерде отырып, (8) а
Бір отырып, бір тұрып, (7) а
Кешіккен соң ғашығың (7) д
«Не болды бұған,япырым-ау? (8) б
Келмес деп әлде жатырма-ау? (8) б
Тыңдайсың әрбір сыбырды (8) г
Ауылды сырттан баққанда...» (8)

Осы өлеңнің ішкі ырғағына назар аударғанда алғашқы үш жолдың тынысы, демі бір болып, ой ағынының алғашқы бөлігі тұйықталады, ал қалған төрт жолдың тек алғашқы екеуі ғана үйқасқанымен үшінші жолы ой ағынын айқындайды да, төртінші жолы шумақтағы негізгі ойды түйіндейді.

«Бабына келген (5) а
Лепіріп желген, (5) а
Жүйріктей жүйткіп шабуға. (8) д,
Ұшады көңіл, (5) б
Ұшпадан жеңіл, (5) б
Мұратын іздеп табуға. (8) д
Еліктей жүйткіп еліктің (8) г
Көңілім-ау, босқа желіктің...» (8) г

Осының өзінен ойды ырғаққа, екпіндік лепке бағындыру талабы күшті екенін, өлең Абай жөргегіне оралып шыққанын байқаймыз. Мұның жетілген түрін «Кел, жігіттер» өлеңінен көреміз.

Ал Сәкеннің «Түрмеден қашып шыққанда» өлеңінің үйқасы мен ырғағы – тұнып тұрған жаңалық.

«Уф, шіркін-ай, бұл не шаттық?! (7)
Мен күшті еңді (5)
мен (1)
мен (1)
мас (1)
Тіршілік, тұрмыс менікі (8)
Әуп (1)
Ауаны жұтайын (6)
жұтайын (3)
Кеудемді керіп жұтайын (8)
Бар ауаны құртайын...» (7)

Бұл өлең өрнегіндегі әуен мен үйқас, бунақ пен ырғақ ажырамас тұтастық тапқан. Ой, пікір түюге арналған шумақтардың өзі әрқилы болғанымен дауыс үндестігіне, екпіндік ырғаққа негізделеді де, ішкі үйқастарын аракідік сақтап отырады. Бәрі де іс-қимылды аңғартатын етістікпен өріледі. Мұнан кейінгі өлеңдерінде, әсіресе «Ұлтшылдық сандырағы», «Біздің ұлан», «Ленин» атты өлеңдерінің өрнегін дамыта, өркендете келіп «Советстан» түрін жасады. Абайдың да, Маяковскийдің де шығармашылық ықпалы Сәкенге тигені рас, алайда Абайдың «Сегіз аяғы» қазақ поэзиясында қандай жаңалық болса, «Советстан» да– сондай жаңа өрнек. Өлең шумағы алты жолдан құрылып, ішкі буын-бунақ қатаң сақталады. Егер өлеңнің ішкі құрылысында ешбір өзгеріс, жаңалық болмаса жол санында, үйқаста мән аз болар еді. Бірақ бәрі де керісінше. «Советстан» 11, 11, 4, 4, 4, 11 буынды шумақтан тұрады. Силлабиканың негізгі шарты дұрыс сақталғанымен де, тоника белгілері де бірсыдырғы байқалады.

1, 2 және 6 жолдар бунақтап айтуды қажет етсе, 3, 4, 5 жолдар міндетті түрде нәшпенен бөлшектеуді, тақпақтап айтуды талап етеді. Демек, екпіндік талап өлеңнің өн бойына емес, тек белгілі бір жолдарына (3, 4, 5) қажет болып, екпінді ырғақты қажет етеді. Ішкі үйқастың да атқарып тұрған ролі зор. Бунақтар әр жолда тұрақты буынмен беріледі де, дауыс ырғағына әрқашан екпін түсіріп, экспрессиясын күшейтеді. Сонда бүкіл өлең шумағына динамика еніп, қимыл-әрекет өзінен өзі пайда болады.

4 4 3
«Айда, (4) отарба, (күш аямай) айдап бақ (11) а
Дөңгелегің (зырылдасын), тақ – тақ – тақ! (11) а
Шаңқан жарық (4) б
Шамға қарық (4) б
Болсын халық, (4) б
4 4 3
Электр жақ (тынбай айда) жол ұзақ...» (11) а

«Советстандағы» осы өлең өрнегіне дауыс екпіні ортақ қазық болып, әрқилы лептердің бәрін өзіне бағындырады, адуынды тірлікті жаңа леппен жырлауға мүмкіндік беретін өрнекке айналады.

«Қазақ поэзиясының мазмұнына революция жасаған Сәкен дәл осындай революцияны оның лексикасы мен түріне де жасады. Оған көп мысалдың біреуі – «Советстан» поэмасы. Октябрь революциясының дауылы қазақтың даласында тудырған бұл тамаша тау сол әдемі қалпында мәңгілік сақталуына сеніміміз берік» деген болатын С. Мұқанов. Сонымен «Советстан» қазақтың силлабик. өлең жүйесіне тоник. белгілерді молынан енгізуге болатындығын әбден дәлелдеген туынды болды. Сәкен өлеңді ойға құру, ақ өлеңге іш тарту, мазмұнды түрмен ашып беру сияқты ізденістерге ерік берді. Өзінің сылқым сылдыры, ойнақы өрнегімен «Сыр сандық» дүниеге келді.

«Сыр сандықты ашып қара (8),
Ашып қара, сырласым (7)
Сым пернені басып қара (8),
Басып қара, жырласын...» (7)

Өлеңді дөңгелендіре өрнектеу де қазақ поэзиясы үшін тың жаңалық болумен қатар, осы шырқ айналған сөздердің сазы көңіл қошын тез тауып, еріксіз би билеткендей. Шалыс үйқаспен жазылуы да өлеңнің инверсиясын күшейтіп, динамикасын ойнақы еткен. Сәкеннің мәнді ізденістері осындай

сәтті түрлерге жеткізіп, халықтың эстетик. талғамын қалыптастыруға жәрдемін тигізді. «Советстан» мен «Сыр сандыққа» еліктеушілер өте көп болды. Жаңашылдығын жұрт әбден танып, мойындаған шақта Сәкен қазақ поэзиясымен «ойнай» бастады. Эксперимент-тәжірибені күшейтті. Жалаң түр қуушылыққа салынған кезі де болды. Жаңа өмірдің келбетін жасау қажет деген ұран белең алған шақта дыбыс қуу, қимылды күшейту, екпіндету тенденциясы өлеңнің мазмұнына да, көркіне де кесірін тигізіп, поэзиялық қасиеттен жұрдай еткен кезі де бар. Бүгінгі күннің көркін ұраңдата жырлау, плакатқа айналдыру, рапорттау қажет деп сырт көрініске табынғанда тасырлаған дыбыстар қаптап, қара дүрсінділік етек алғаны да жоқ емес. Оның үстінде Маяковский болу тенденциясы да көп ақынның көңіліне ұялай бастаған шақта заңдылықты қатаң сақтайтын силлабика жүйесі тас-талқан болып, поэтик. қасиеттен жұрдай бола бастады.

«Ала
ту –
жасыл,
ақ
Қалш-
құлш,
тағы
тақ.
Юд-
Дут-
Кол
чак...»

деген қисынсыздықтар көп ақынның қолынан шығып, поэзияны құлдыратты. Осыған басқалардан гөрі Сәкен жауапкер болуға тиіс екендігін ұмытпаған абзал.

Абай мен Сәкенді өнер өрісінен іздеген уақытта ғана олардың бауырлас, рухтас екендігі осы жаңашылдық саласында айқындала түседі. Тіпті бұған Сәкеннің көзқарасы, Абай туралы ойлары кедергі бола алмайды, өйткені жаңашылдық рух белгілі бір көзқарастан емес, көркемдік тәжірибеден, санаға білінбей сіңген үлгі-өрнектерден бастау алады. Сондықтан сөзі бір жақта, ішкі таным-білігі бір жақта жүретін «шығармашылық қайшылықтар» өзінің диалектик. бірлігін жоғалтпайды, қайта осындай ұлы тұлғалар арқылы бадырайып көрінеді. Сәкенді идеялық тұрғыдан алшақтатқысы келетіндер Абайдың ұлы жаңашылдығының бесігінде Сәкен тербеліп өскендігін көре, түсіне бермейді. Кейбіреулер Абай мен Сәкен заманының өзгешелігін ескере қоймайды да екеуін бір уақытты кеңістіктен қарап, ой-пікір алшақтығын тауып алуға тырбанады. Абай заманы – қазақтың бел омыртқасы үзіліп, боданды қа әбден мойын ұсынған кезі. Сондықтан да осы қорлықтан құтылар жолды Шоқан, Ыбырай, Абайлар ағартушылық идеясынан іздестірді, соған сенді. Ал Сәкен сахнаға шыққан дәуірдің ерекшелігі мүлдем басқа. 1905 жылғы революцияның күресшіл рухы бара-бара азаттық, теңдік ұранына, төңкеріс заманына, азамат соғысының ылаңына ұласты. Кедейді жарылқаймыз, дүниенің тұтқасы – еңбек, оның иесі – бейнетқорлар болады, бай-кедей болмайды деген идеяның ел-жұртқа қалың өрттей тез жайылуы, көпшіліктің соған имандай сенуі Сәкеннің әрі бақыты, әрі соры болғандығын енді ашық айтуымыз керек. Сәкен бұған ешбір шүбәсіз сенді, берілді, тапсырмасын бұлжытпай орындады. Жаңаша өмір басқаша арнамен өркендейді деп түсінді, сол жолға аянбай, алаңдамай, жалтақтамай қызмет ету ер азаматтың парызы, міндеті деп білді. Осыған ылайықты ой айтты, пікір толғады.

Сәкеннің Абай жайындағы ой-пікірлері айтыс мақаладан басталды. 1923 ж. Нәзір Төреқұлов «Темір қазық» журналының 1-санында Сәкеннің «Асау тұлпар» жинағына сын жазып, Абайдың ойып түсер өлеңін эпиграф етті. Нәзірге қайтарған жауабында «Абайдың бұл қағидасы өз заманында Құнанбайдың тұқымы тәрізді қара қазақты билеген жуан атаның балаларының қолынан орыс патшасының уездік әкімдері билікті алып, әр елге «болыстық» деген, «волостной старшина» деген дәрежелі қызметті орнатып, оған қазақтың «аталы», «атасызына» қарамай, әркімді «шарға түсіп», таласып болыс болатын болған соң, қара қазаққа хан болған Құнанбай тұқымының билігіне «атасыз», кешегі «тебінгісі тесік» жамандар біраз жал біткен соң таласа бастаған».

Міне, Нәзірдің «бісмәллә» қылып келтіріп отырған бұл сөздерін Абай сол Құнанбайлардың аяғынан ала бастаған «атасыздарға», кешегі «тебінгісі тесіктерге» айтқан сөзі: «таласпа жаным-ай қолыңнан келмеске, боларсың бақадай көп түссең егеске...». Әрине, Абайға айтуға ылайықты-ақ! Қанша тыраштанғанмен «Жер астынан жік шыққан, екі құлағы тік шыққан мұндайлар» Абайға, Құнанбайға қайдан жетсін! Абайдың бұл мақалын 1917 ж. большевиктерге қарсы адамдар айтқан. Бұл мақалға қарсы болсақ та, біз де бұл «бісмәлланы» мысал қылып алып көрейік», – дегенде Абайдың ата-тегі басым айтылады да, ұлы ақынның шығармашылығына сөз тигізбегендігін көреміз. Нәзірдің қазақшаға шорқақтау екендігін дәлелдеу үшін «Түркістандағы қазақ жігіттері Нәзірдің қолына «қазақша үйрен» деп Абайдың өлең кітаптарын берген. Нәзірдің келтіріп отырған «бісмәлласы» сол Абай кітабынан.

«Ал Абайдың ғашықтық тақырыбында Һәм әйелді өлең қылған сөздерін аралап, теріп алған кісіге Абайдың өлеңдерінің ішінде тіпті бізден аулақ, тіпті сорақы кеткен жерлері бар. Абайды да Нәзір жақтырмауға керек еді ғой» деп, Абайдың бес өлеңінен үзінді («Салмағыңнан жаншылып, Қалсын құмар бір қаныпқ») келтіреді де, өзінің махаббат лирикаларын түсінбей сөз еткен сыншыға Абай өлеңдерін көлденең тартады. «Абайдың өзімен билікке таласа бастаған кешегі төмен атаның баласын кекетіп, мысал қылып келтірген өлеңдерін «бісмәлла» орнына ала жүгірген Нәзір бұл өлеңдердің мағынасын неге сұрап алмады екен?» деп көркемдік таным мәселесіне ойысады. Сөз арасында «билікшіл» Абайдың төбесі көрініп қалатыны рас. Таптық көзқарастың ызғары алыстан сезіледі.

Сәкеннің совет заманында жазған алғашқы зерттеу еңбегі «Әдебиет Һәм оның бағыттары» деп аталып, 1922 ж. жарияланды. Әдебиетттің туып, өркендеуі жөнінде кең көлемді еңбек жазбаққа ниет еткені сөз саптауынан анық байқалады, бірақ өкініштісі – сол Сәкеннің алдына қойған мақсатына жетуге мұрсаты болмаған сияқты. Жұмыстың соңғы тарауларын жазбаған, жаза қалса жарияламаған. Әйтеуір бізге мәлім емес. Әйтпесе бүкіл әлемдік әдебиеттің даму жолын шолғанда қазақтың

көркемдік таным-білігіне соқпауы, оның ішінде Абайға аялдамауы мүмкін емес. Тегінде шаруа басты болып жүрген Сәкен бұл еңбекті қағазға түсіре алмағандықтан ауызекі айтумен ғана шектелген сияқты. 1924 жылдың басында Сәкен Орынбордағы қазақ жастарының орталық клубында қазақ әдебиетінің тарихы туралы лекция оқыды. «Еңбекші қазақ» газетінде 19 ақпан күні сол лекцияны тыңдаған Сәбит Төңкерісұлы «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» деген атпен естіп-білгенін өзінше баяндап берді. «Сәкен жолдастың оқыған лекциясының қысқаша қорытындысы алынды. Ұзартып жазса Сәкен жолдастың баяндамасы көп сөз болатын еді. Бірақ газет беті тар болғандықтан қысқаша түрін ғана жазып отырмыз. Сондықтан мұны оқушылар Сәкен баяндамасының дәмі деп ұғуы керек» деп ескертпе жасады. «Ақ жол» газетінде Темірбай деген кісі «Қазақ әдебиетінің тарихынан» деген мақала жазып, Сәкенге жаппаған пәле қалдырмады. Соған Ғабит Мүсірепов «Қисық сынға әділ төре» атты мақаламен («Еңбекші қазақ», 1924, № 183) жауап берді.

Сәкен әдебиет тарихын әріден бастаған. «Ел қазағының арасына жазба әдебиет таратқан Түркістаннан шыққан қожалар. Ол кезде қазақтың арасына кең таралған Қожахмет Иассауидің кітабы. Біздің қазақ ақындары соның сөзіне еліктеп кеткен» деген ойды айтып, соңғы кезде араб-парсы, татар, өзбек, орыс сөздерімен қазақ тілін шұбарлап жүргендерге тоқталады. Сәкеннің өз ойы болсын, не хабарлаушының түсінігі болсын, әйтеуір «Қазақ әдебиеті 1900 жылдан бері шыққан. 1905 жылдың жұмыскер қозғалысынан кейін ұлт сезімі туа бастап, қазақ ақындары тіл түзеу деген пікірді жарыққа шығарған. Бірақ сол әдебиеттің азған уақытында бірен-саран өлеңін таза қазақ тілімен жазғандар болды. Мәселен, Абай, Абайдың ол әдебиетті туғызған екендігіне дәлел болатын жұмыс емес. Себебі Абай арғы жағында таза қазақ тілімен сөз жазушылардың жолын мықтап қалған, басталған жолдың иесі ғана. Абайдың қазақ әдебиетінің ағасы деушілік қате» деген пікір жазылған. Мұны Сәкен айтты ма, жоқ па, бірақ Төңкерісұлы Сәбит өзіміз білетін Сәбит Мұқанов болса (бұл кезде Сәбең «Еңбекші қазаққа» қатысып, Сәкен үйінде Ғабит екеуі бірге жатып жүрген кезі), онда 1923 ж. «Қара тақтаға жазылып қалмаңдар, шешендер» атты мақаласында Абайға қырын қарайтыны белгілі болатын. Сондағы ойдың салқыны бар екені даусыз. Мүмкін, ондай пікірден Сәкен де аулақ болмаған шығар, өйткені Абайды қазақтың жазба әдеби тілін қалыптастырды дегенге дау айтпаса да, қазақ әдебиетінің атасы, негізін салушы дегендерге қосыла қойған кезі шамалы. Оның үстіне Сәкенді 1922–1924 ж. сынаушылардың қай-қайсысы болмасын, әсіресе Темірбай, Сәкеннің таптық позициясын тарихтан хабарсыздармен байланыстырып, тарихи жетесіздер қатарына қосып жібермекке жан салған болатын. Сондай қаңқу сөздердің Сәкеннің «қасарысып, принципшілдікке салынуына» себепші болғанын да естен шығармайық. Мәдени, әсіресе әдеби мұраны игеру саласында жіберген қате-кемшіліктер, артық-кем пікірлер 20–30 жылдарда кімде болса да көп болғандығын санаттан шығарып тастауға тағы болмайды. Соның ішінде Абай туралы ой-пікірлердің кереғар болғандығы әмбеге аян.

20-жылдардағы қалың айтыс-тартыста көбірек әңгіме болған бір сала – оқып-үйрену мәселесі. Алаш оқығандары көбіне көп Абай мен Мағжанды ақын-жазушыларға ұстаз, үлгі мектебі ретінде әдейі ұшыңдыра көрсетіп келді, жазды. Идея дұрыс болғанымен, басыбайлы шәкірт болуды қаламағандар аз емес. С. Мұқанов айтыс екпінімен «ұлтшылдардың, кейбір ұлтшылдыққа бейімдердің алдымызға үлгі ал деп тарта беретіні қазақ ұлшылдарының шығармалары. Ұлтшыл не еңбекшіл деп бөлмей алғанда, жалпы қазақ әдебиеті өзінен өзі үлгі алатын дәуірге жеткен жоқ» (Өсу жолдарымыз. -А., 1960, 50-б.) деген қате тұжырым жасап, сынның астында қалған болатын. Осы әңгіменің бір шеті Сәкенге де тиіп жатты. Смағұл Садуақасов «Ұлт театры туралы» мақалаларын 1926 ж. жеке кітап етіп шығарғанда Сәкен оған пікір айтты, сөз арасында «Смағұлдың «Сәкен жазғандарын түзете берсін» деген ақылын рахмет айтып қарсы аламын. Бірақ бір алмайтын жерім, Смағұлдың «сөз шеберлігін Абай мен Мағжаннан үйрен» деген ақылын тұтас ала алмаймын.



Абайдың 1992 ж. Алматыдағы «Жазушы» баспасынан орыс тілінде жарық көрген «Книга слов» кітабы.

Үйренуден қашпаймын. Бірақ дұрыс үйретушілерден үйренеміз деймін. Абайды былай қоя тұрайын. Әрине, кей ретте Абайдан үйрену дұрыс» деп табады да, Мағжанға келгенде ерін мойнынан алып тулайды. Өйткені оның орыс

оқытушылары Бат. Европаға қашып кеткенінің үстіне «Мағжан «шебер сөздің» молдасы болса, Бөкейханов пен Шоқаев шебер саясаттың молдалары ғой... Осылай болған соң, бұлардың медресесінен мен сірә оқи алмайтын шығармын» деуін психол. жағынан түсінуге әбден болады. Жалпы түсінігінде оқып-үйренуден безбейтіндігі анық байқалып, Мағжанға мұрит болуды ақындық намысы қаламағандығын анық көреміз. Сәкен еш уақытта өз ойын бүркелемеп айтқан пенде емес. Бәрі де ашық, анық. Оның күштілігі де, осалдығы да осында.

1927 ж. Сәкеннің «Қазақтың көркем әдебиеті туралы» деген мақаласы шықты. Оның «Қазақ әдебиеті қалай туып, қалай өсіп, кімнен үлгі алып келеді» деген тарауында 1924 ж. жасаған баяндамасының алыс жаңғырығы жүр. Әсіресе «1905 жылғы төңкеріс дүмпуімен қазақ әдебиеті аздап болса да ұлтшылдық рухымен өсе бастады. Үлгісі енді мүлде ноғай мен орыс әдебиеті болды» деп білді де, «Орысқа алдымен жанасқан қазақтың билері, ақсүйек дінділері болғандықтан, орыс әдебиетінен, ең алдымен, Абай тәрізділер нұсқа алған. Қазіргі қазақ әдебиетінің үлгісі – орыстікі» деп шорт кеседі. Әрине, бұл пікірді бірден қабылдай қою қиын, алайда, әдебиетінің кәсіпкерлік жолға шығуын айтып отырса, онда бұл тұжырымға тарихи сабақтастықты ескеріп, ойлана қараудың артықтығы бола қоймас. Ал Абайдың айналып өтуге болмайтын үлкен тұлға екені осыдан да анық көрінеді.

Таптық көзқарастың салқыны Сәкенге Абай жөнінде сақтана айтуды, мүмкіндігінше, онша жанаса бермеуді ұсынған сияқты. Абайды сөзінің бісмәлласына айналдырар пиғыл Сәкенді революцияшыл белсенділікпен талай сөйлеген шығар деп те қалатын сияқты. Сондайлардың бірі өзім болғанымды жасырмайын. Әуелі «Тар жол, тайғақ кешуді» сүзіп шықтым. Абайдың ақындығына байланысты бірде-бір ауыз сөз жоқ. Абайдың балалары мен ағайын-туысқандарының аты аталып, «Абай» журналының бұдан әрі шығу-шықпау жайынан басқа бөтен ауыз сөз жоқ. Сондай-ақ «Көшпелі дәуірдегі қазақ әдебиетінің күйлерінен», «Әдебиет – тап құралы», «Қазақ әдебиеті туралы хат» деген шығармаларында Абайдың жалпы рухы сезілгенмен, тікелей айтылған ой-пікір кездеспейді. «Қазақ әдебиеті» кітабында, Ақмолда, Ыбырай, Ақан сері, Шәкерім жинақтарына жазған алғысөздерінде де Абайға тікелей бағышталған ештеңе жоқ. Қазақстан жазушыларының 1934 жылғы съезінде де Абайға соқпапты.

Осы «олқылықтарды» толтырған еңбек – 1934–1935 ж. Өтебай Тұрманжанов екеуі 5-класқа арнап шығарған «Көркем әдебиет» оқу құралы десе де болғандай. Әуелі қазақ совет жазушыларын орыс, қырғыз, өзбек, тәжік ақын-жазушыларымен таныстырып алғаннан кейін «XIX ғасырдың ақырындағы, XX ғасырдың басындағы қазақ ақындары» деген үшінші тарауда «Классик жазушылардың мәні», «Өткен өмірді түсіну үшін әдебиеттің мәні», «Ескі әдебиетті қалай оқу, білу керек» деген бөлімдерден кейін Абайға арнайы үлкен тарау беріпті. Тарихи сабақтастықты сақтау туралы Маркс, Ленин пікірлеріне сүйене отырып «Өткендегі әдебиет мастерлері, көркем сөздің көрнекті шебер ұсталары классиктеріміз Абай, Ақмолда, Қарашұлы Омар, МашҺүр Жүсіп, Торайғырұлы Сұлтанмахмұт» деп әрқайсысына жеке-жеке бөлім арнаулары, әрине, беті оңға бұрылған әдебиеттанудың алғашқы қарлығашы еді. Ең алдымен, тарих пен әдебиетінің ара жігін ажыратып, бірі – дәлелдей түсіндірсе, екіншісі – суреттеп көрсететіндігін, яғни «Шортанбайдың «Зар заманын» оқысақ, билеуші таптың әкімшілігінен айырылып зарлағанын білесің. Абайдың сөзін оқысаң, сары тонға оранып шолтаңдаған бай, байдың малын бағып, жыртық күпінің ішінде бүрсеңдеген кедей көз алдыңа елестеп келеді» деген баяндауларда таптық танымның түтінін оңға бұра бастағанын байқаймыз. Абайға арнаған моногр аф. тараудың «Ақынның балалық шағы» бөлімін Кәкітай баяндауына негіздей өрбітсе, «Абайдың орыстың және басқа елдің жазушыларымен танысуын» арнайы әңгімелейді. «Кей аудармаларының көркемдігі ана ақындардың түп сөздерінен кем болмағандығын» айта келіп, «Абайдың қартайғандағы арманын» – ғылым-білім мен ұрпақ қамына тәуелдейді. «Абайдың өлеңі» деген бөлімде «іші алтын, сырты күміс – сөз жақсысын» талап еткенін, жаңа эстетик. норма орнатқандығын айта келіп, Абай «қазақ әдебиетінде ұлы қазына дерлік мұра қалдырды. Осы мұраны Лениншe ұғып, пайдамызға асыру біздің әдебиетіміздің міндеті» деген тұжырымға келеді, «Аттың сыны», «Аңшылық туралы», жылдың төрт мезгіліне арналған өлеңдерін оқушы өресіне лайық баяндай талдап, ақындық шеберлігіне тоқталады.

«Тіл ретінен Абайдың шығармалары көп пайда береді. Қазақ тілінің барлық байлығын, барлық тұлғасын Абай шығармалары толық көрсете алады. Сондықтан да Абай шығармаларының мәні зор. Онан қазақ тілін сұлулап, көркем нақыстап, әдемі кестелеген әсерлі жыр, сұлу, күйлі өлең қылып шығару ретінде де Абай үлгі-өрнек болатын үздік шебер ақын екендігі белгілі» деп ой түйеді. Абайдың ақындық шеберлігіне шаң жуытпаудың үстіне сол кездегі қызылкөздердің көңілін табу үшін «Ескі тұрмыспен, ескі санамен танысу үстінде Абайдың шығармаларының мәні зор» деп те қояды. Ұлы ақынның үлгі-өнегесінен көз жазбауға шақырып, әрқашан қадыр-құрмет тұтуды жас ұрпаққа ұғындырады.

Дарынды дарынның танып, мойындауы әшейінді процесс емес. Л. Н. Толстойдың И. С. Тургенев пен У. Шекспирді, Ф. М. Достоевскийдің Толстойды жазушы деп танымауы сияқты жайлар әдебиет тарихында жиі кездеседі. Оның шет жағасы Абайдың Бұхар, Дулат, Шортанбайлар, Сәкеннің Мағжан жөніндегі лебіздерінен қылаң беретіндігі осыдан. Бұған дәуір идеологиясы араласып, таным-біліктің ұйқы-тұйқысын шығарып жатса, артық-кемді айтылған ой-пікірлерге түсіне қарау жөн болмақ. Айрықша желдете, ажарландыра айтпағанымен, Сәкеннің «қазақ ақындарының ішінде Абайдан өлеңге шебері жоқ» деген түсінігі дәуірдің ұйтқи соққан дауылдарында өзгерген жоқ. Сондықтан Сәкеннің Абайға деген ұлы махаббаты жаңашылдық рухтан, реформаторлық ізденістен табылып, қазақ әдебиетіне олжа салуы тарихи сабақтастықтың құнарлығына дәлел болары сөзсіз.


Әдеб.: Ысмайылов Е. Ақын және революция. – А., 1964; Кирабаев С. Сәкен Сейфуллин. – А., 1966; Каратаев М. Сәкен Сейфуллин. – М., 1969; Какишев Т. Сакен Сейфуллин. – М., 1974.

Т. Кәкішев.

СЕЙІТОВ Шаудырбай Қазақбайұлы (1937 ж. т.) – қарақалпақ ақыны, жазушы, аудармашы. Ол 1985 ж. Абайдың «Таңдамалы өлеңдері мен поэмаларын» аударып, жеке кітап етіп шығарды. С. жетекшілік етуімен ұлы ақынның туғанына 145 ж. толуы құрметіне, бұл кітап толықтырылып қайта басылды. С. Респ. Бердақ атынд. сыйл. лауреаты. *Қ. Жұмажанов.*

СЕМЕЙ – қала, Семей облысының орталығы. Қазіргі С-дің тұрған жері ерте заманнан-ақ ежелгі тайпаларға тұрақ болған. Бұл елді мекен кезінде Доржынкит, Жеті шатыр атанған. Қала 1776 ж. жаңадан тұрғызыла бастады. Ежелгі С. тарихы хақында Г. Ф. Миллер, Г. П. Спасский, Ф. М. Достоевский, А. Е. Врангель, В. В. Радлов, ағайынды А. Н. және В. Н. Белослюдовтар, И. А. Армстронг т. б. зерттеулер жүргізген. Бекініс іргесі 1718 ж. қаланған. 1782 жылдан уездік қала. Абай заманында С. бірнеше заводы, сауда және мәдени ағарту ошақтары, жәрмеңкесі бар орталық болатын. Ақын Семейде жиі болып, кітапханасында жұмыс істеген, балаларын қаладағы училищелерде оқытқан. Сонымен қатар осындағы *Семей облыстық статистикалық комитеттің* толық мүшесі болған. Өзінің «Интернатта оқып жүр...» деген өлеңінде оқыған жас жігіттердің қараңғы халқына қызмет етудің орнына қулық-сұмдық қуып, ел арасындағы жиіркенішті дау-дамайдан күн көріп, ынсапсыз болып бара жатқанын айта келіп, сол айла-шарғыға кім кінәлі, «Я Семейдің қаласы? Я қазақтың аласы?» деп сұрайды. Мұндағы ақынның С. деп отырғаны қазақ даласына билік жүргізудің жаңа тәртібін кіргізіп, момын елді жік-жікке бөліп, алатайдай бүлдіріп қойған патша әкімшілігі. Абай *«Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да...»* деген өлеңінде «Қуды ұнатты-ау Семейдің бұл қаласы» деп жоғарыдағы ойын анықтай түседі, әділ төрелік айтудың орнына арызшы, жалақорларды қолдап отырған әкімдерге наразылығын ашық білдіреді. С-де Абайдың әдеби-мемориалдық мұражайы, ақын атында театр, көше, мектеп бар.

СЕМЕЙДЕГІ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ҚОҒАМЫ – мәдени мекеме. 1888 ж. құрылған. 1892–93 ж. қоғамның есебінде 9 құрметті мүшесі, 204 нақтылы мүшесі болған. Қоғам кедей балаларына киім, оқу құралдарын сатып әперді, қамқорлық жасап отырған. Қоғам қаражатының біраз бөлігі қаладағы қоғамдық кітапхана мен обл. музейді жабдықтауға жұмсалған. 1893–94 ж. қоғамға Абай Құнанбаев, Ақылбай, Мағауия Ибраһимовтар мүше болып, жарна төлеп көмектесіп отырған. Сол жылы Абай 3 сом, Ақылбай 3 сом, Мағауия 1 сом жарна өткізген.



СПИСОКЪ

Членовъ Общества попеченія о начальномъ образованіи въ г. Семипалатинскѣ

Въ Семипалатинскомъ уѣздѣ

Альдиновъ 1 р.
Висеетъ Карачаевъ 1 р.
Грубе Адольфъ Егоровичъ 3 р.
Джакуповъ Акберды 1 р.
Джангельдинъ Бертыкенекъ 2 р.
Джексембаевъ Айтеке 2 р.
Джуртубаевъ Бейсенбай 1 р.
Есенбаевъ Керейбай 1 р.
Кунанбаевъ Аныкбай Ибрагимовичъ 3 р.
Кунанбаевъ Ибрагимъ Кунанбаевичъ 3 р.
Кунанбаевъ Магауья Ибрагимовичъ 1 р.
Муралиновъ Айса 1 р.
Мурзинъ Есенбай 1 р.
Назаровъ Альдинъ 1 р.
Нарокомовъ Темиргалій 1 р.
Нарокомовъ Умаханъ 1 р.
Нарокомовъ Хушимъ 1 р.
Нарокомовна Ольга Григорьевна 1 р.
Нарокомовскій Николай Васильевичъ 1 р.
Нурдавлетъ 2 р.
Оспановъ 1 р.

Семей қаласындағы қамқоршылар қоғамы мүшелерінің тізімі.

«СЕМЕЙ ҚАЗАҚТАРЫ ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫ ІСТЕРГЕ ҚАРСЫ ЗАҢ ЕРЕЖЕСІ» – Павлодар, Қарқаралы, Семей, Өскемен у-дері мен Семей обл. Зайсан приставтығы билерінің 1885 ж. майда өткен төтенше съезінде қабылданған, қазақ жұртының арасында алғаш баспа жүзін көрген праволық құжат. Съезд Семейден 70 шақырым Қарамола деген жерде, Шар көлінің жағасында өткендіктен, бұл заң «Шар ережесі» деп те аталады.

Семей обл-ның әскери губернаторы Цеклинскийдің ұсынысы бойынша съезге қатынасқан 100-ден астам би Семей уезі Шыңғыс болысының өкілі ретінде келген А. Құнанбаевты осы төтенше съездің төрағасы – төбе биі етіп сайлады. Ол кезде Абай қырық жаста, біраз жыл болыстық қызмет атқарып, ел басқару ісінде де тәжірибе жинақтаған, мұсылманша ғана емес, орысша да едәуір салауатты, байтақ жұртқа да, орыс әкімдеріне де аты мәлім болған шағы. Гуманистік, демокр. көзқарастарымен, дау-жанжалды шешудегі әділдігімен, қазақтың әдет заңы нормаларының тарихын жетік білетіндігімен Орта жүз бен Ұлы жүз ішінде ел аузына ілігіп, аты шыққан кезі. Съезге ұсынылған Ереже жобасын Абай жасап, оны талқылауға 40-тан астам болыс-би, ел жақсылары қатысады. Бұл Ереженің жазылуы жөнінде сол *Қарамола съезінде* Абаймен бірге болған Мүсірәлі ақсақал былай деп еске түсіреді: «Сонымен айтқан күні ел түгел жиналып, ояздың алдына барды, Абай ояздың үйінде екен, екеуі шықты. Абай қолына ұстаған қағазын ашып, оқыды, жұрт тыңдап тұрды... шығарған заңы 93 статья болған екен десті, сол жердегі жиылған көпшілік бір ауыздан дұрыстап шуласты, ояз Ибрай Құнанбаевичтің заңы бекіді, бұдан былай билер, осы заңмен билік айтсын, деді» (Абай Құнанбаев. Шығ. бір томдық тол. жин., 1961, 498-б.). Ереже қазақ тілінде жазылып, орыс тіліне аударылған. Араб әрпімен басылып 1886 ж. Қазан ун-тінің баспаханасында жарық көрген кітапша түрінде нұсқасы және іске тіркелген орысша қолжазбасы Қазақстан Республикасы Орталық Мемл. архив қорында сақтаулы.

«Ереже» қазақ халқының әдет-ғұрып заңдарын, патриархалдық-феод. қатынастарды негізге ала отырып, Россия империясы заңдарының кейбір прогресшіл қағидаларымен ұштастырыла жасалған. Ол – правоның материалдық және процессуалдық нормасының жиынтығы, әрі аға билердің дау-жанжалды шешуде басшылыққа алатын құралы болып табылады. «Ереже» халықтың ғасырлар бойы әділдік пен тәртіп орнату тұрғысында қолданып келген дәстүрлі билік жоралғыларының нақты заң қағидаларына ұласып, тұжырымдалған алғашқы үлгісі болды. Рулық-патриархалдық, феод. қарым-қатынастар жайлаған, қараңғылық пен мешеулік меңдеген заманда қазақ жұртының зердесінен туындыған осынау құжат бойында қылаң беретін қайсыбір гуманистік идеялар мен прогресшіл сарындар

Абайдың ықпалымен дүниеге келген. Бұл құжатта 19 ғ-дың 2-жартысындағы қазақ халқының салт-санасы, тірлік аясы, бүкіл қауымның праволық, ой-өрісі, сол дәуірдің таптық-әлеум. құрылымы айқын көрініс тапқан. Ережеде лауазым дәрежесіне сай жер-жерде ел тізгінінұстап, әкімшілік, билік жүгізуші пристав, старшын, би, молдалардың құзыры мен құқы нақты айтылады. Сондай-ақ, ел ішінде кеңінен тараған ұрлық, барымта, құн дауы, қалыңмал, құдалық, қалыңдық даулары, жер дауы, жесір дауы, әмеңгерлік, жиендік жоралғысы тәрізді адамдар мен қауым тірлігіне қатысты басқа да қыруар жайлар туралы ұйғарым, кесімдер қамтылады. Би-болыстан бастап, серіктес, туыстас әрбір адамның әділет жолы, қоғам алдындағы жауапкершілігі, парызы жайлы тұжырымдар да бірнеше баптта соқталанып, бой көрсетеді. Суға кетіп бара жатқандарға, өрт уақытында, боран мен суықта қалғандарға жәрдем көрсетпегендерге, сондай-ақ көпір, арық бұзғандарға, мал өліміне қарсы жасалған шаралар кезінде қолғабыс етпегендерге айып белгілеу жөніндегі 35-, 36-баптардағы тұжырымдар адамдарды қоғамшылдыққа, апатқа душар болғандарға алыс-жақын демей қол ұшын беруге, көмектесуге шақырады. Ата-ананы, құрметті кісілерді, молданы ренжіткендерді, ұрыс-төбелес шығарып, бұзақылық көрсеткендерді жазалау жайындағы қағидаларының тәрбиелік мәні зор.

Ел өмірінде жиі кездесетін және көбінесе арам пиғылды адамдар ұйымдастыратын ұрлық пен барымта сияқты қылмысты әрекеттерге қарсы күрес нормалары елеулі орын алды. Мұнда ұрының өзі ғана емес, оған серіктес, сыбайлас болғандар, сондай-ақ ұрланған мал екенін біле тұра сатып алғандар да жаза тартатыны жайлы нақты ұйғарымдар енгізілді.

Әйел теңдігі, махаббат бостандығы, қалыңмал, қыз жасауы, әмеңгерлік мәселелеріне қатысты идеялары да назар аударарлық. Әйел правосы жөніндегі қағидалардан Абай өмір сүрген дәуірдің ақиқат болмысы бүкпесіз бой көрсетеді. «Әйелдің құны ер құнының жартысы», «әйелдер куә болуға жарамайды» (9-бап) дейтін тұжырымдар, қалыңмал, құдалық, қыз жасауы төңірегіндегі ұйғарымдар бүгінде өрескел әрі күлкілі көрінуі мүмкін. Алайда ел ішінде бұған дейін қалыптасқан, сіңіскен, шариғат заңдарымен төркіндескен патриархалдық ескі көзқарас пен әдет-ғұрпты жоққа шығарып бірден өзгерте салу қисынсыз, әрі жеке адамдардың қолынан келе бермейтіні анық. Осы тұрғыдан келгенде, Абайдың қатысуымен дүниеге келген бұл Ережеде әйел правосы, махаббат бостандығына қатысты едәуір оңды, прогресшіл тұжырымдар да ұшырасады. Болашақ күйеуін сүймейтін қыздарға, не ерін сүймей қашып кеткен әйелдерге сүйген кісісіне қосылуға рұқсат етілген (сонда, 499-б., 31-баб.). Күйеу қалыңдықтан 25 жас үлкен болса немесе кемтар, не баукеспе ұры немесе мұрагерлік құқысынан айрылған адам болса, қалыңдық оған тұрмысқа шығудан бас тартуға ерікті. Бұл жағдай айырылысуға да негіз бола алады. Ал 46–47-баптарда әйелдердің махаббат бостандығы, бас еркіндігі жайында бұдан да батыл айқын қағидалар айтылады: «Егер қалыңдығы өліп қалып, балдызы жездесіне бармаймын десе алған қалыңмалын қыз әкесі күйеуіне қайтарады (46-баб.). Байы өлген жесір қатын сүйсе байының бір туысқан бауырына яки ағайынына тиеді, егерде сүймесе ықтияры өзінде» (47-баб.). «Ережеде» әйелдердің жеке басы мен мүлкіне байланысты құқы күшейтіле түскен. 51-баптағы «күйеуі өлген әйелдің қолындағы қыз бала анасына тиесілі» – дейтін қағида да, 30-баптағы балиғатқа толмаған қызды, күйеудегі әйелді зорлағаны үшін айыпқа тарту жөніндегі ұйғарым да әйел правосын нығайта түсуді көздейді. Абай «Ережесінің» 54-бабының мазмұны да айтарлықтай көңіл аударарлық. Онда қазақ ортасында кең тараған өтірік арыз жазушы жалақорлар 28 күнге дейін абақтыға қамалуға тиісті болды.

Абай «Ережесінің» осындай көптеген жаңа мазмұндары рулық-феод. қауымның билеуші топтары өз мүддесіне қарай ғасырлар бойы қолданып келген әділетсіз заң-жобаларына соққы берді. Күнделікті өмір алға тартқан ең өзекті мәселелерді қамтыған, Абайдың зердесінен туындаған келелі қағидалар, салиқалы тұжырымдармен байытылған бұл ережелер билер сотының (аға сұлтандық, болыстық, уездік және уезаралық сатыларының) жұмысын тәртіпке келтіруге негіз болып, Семей қазақтары өмірінде, қылмысты істерге қарсы күресте елеулі қызмет атқарды.

Әдеб.: А б а й Құ н а н б а е в. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. – А., 1961; Қазақ совет энциклопедиясы. 7-т. – А., 1975; Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия. 1-т. – А., 1984. *С. Байжанов.*

СЕМЕЙ МЕШІТТЕРІ. 1854 ж. Семей қ-нда 8 мешіт болған. Абай заманында осы 8 мешіттің жанында 8 медресе жұмыс істеген. Онда 581 бала дәріс алған. Абай Қамали қазіреттің мешіті жанындағы мердеседе оқыған (қазіргі Қызыләскер көшесі, 100-үй). Мешіт 1947 ж. өртеніп кеткен. Ал ағаштан салынған медресе үйі 1991 ж. бұзып алынып, Семейдегі Абайдың әдеби-мемориал. музейі үйі жанына көшірілді. Мешіт бұрынғы жобасымен қайта салынды. Кезінде ташкенттіктер, бұқаралықтар салғызған Сарт мешіті, Тоқал мешіті Ибрагим молда мешіті, Ғадият мешіті қазір жоқ. Хамитұлы мешітінің құрылысы осы күнге дейін жақсы сақталған. Құрманғали Мәженнің мешіті де жұмыс істейді. Мусин мешітінде мәдени орталық ретінде ұлттық рәсімдер, тұрмыс-салт, дәстүр кештері өтіп тұрады. Акрам молда мешітінің мұнарасы алып тасталған. Жатақхана ретінде пайдаланылады. Ертістің сол жағындағы мұсылман қауымы Тінібай Қаукенұлы мешітіне барып, мінәжат етіп тұрады. Осы мешіттердің барлығы Абай өмір сүрген уақытта Семей мұсылмандарының құдайға құлшылық етіп отыратын қасиетті орындары болған. *М. Бейсенбаев.*


СЕМЕЙ ОБЛЫСТЫҚ КІТАПХАНАСЫ – саяси жер аударылғандардың бастауымен 1883 ж. құрылған мәдени мекен. Көпшілікке арналған. Алғашқы кезде губерниялық стат. к-ттің қамқорлығында жұмыс істеді. Тарихи құжаттар бұл кітапханада Ш. Уәлихановтың, Ф. И. Достоевскийдің, Американың саясатшы-публицисі Дж. Кеннанның болғанын дәлелдейді. Көпшілік кітапханаға бірінші рет келушілердің ішінде А. Құнанбаев та болды. Кітапханада ақын саяси жер аударылғандармен танысып, бірқатар орыс демократтарымен пікірлескен; Г. Спенсер, Спиноза, Бокль, Ч. Дарвин, Д. В. Дрэпер, В. Даль, А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, И. А. Крылов, Л. Н. Толстой, М. Е. Салтыков-Щедрин шығармаларын оқыды. Лермонтов, Пушкин, Крылов өлеңдерін қазақ тіліне

аударды. Кітапхана үйінің кіреберісіне Абай есімі шекілген мемориалдық тақта орнатылған. Кітапханада ақын шығармаларының барлық басылымдары жиналған. *Р. Қансейітова.*

СЕМЕЙ ОБЛЫСТЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ ДРАМА ТЕАТРЫ, Абай атындағы облыстық музыкалық драма театры – кәсіпқой драма ұжымы. 1920 ж. «Ес-аймақ» қоғамы ұйымдастырған жартылай кәсіпқой драма труппасы негізінде құрылды. Труппаның ұйымдастырушылары М. Әуезов, Қ. Сәтбаев және реж. Ғ. Төребаев болды. 1934 жылдан қазіргі атымен аталады. Өз шымылдығын І. Жансүгіровтың «Кек» пьесасымен ашты. Театрдың құрылуы мен қалыптасуына өнер шеберлері Ж. Т. Шанин, О. Беков, Қ. Жандарбеков, комп. Л. Хамиди көп еңбек сіңірді. Абайдың 100 жылдық мерейтойына арнап А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» операсының ықшамдалған нұсқасын қойды (реж. Қ. Жандарбеков). 10 жыл өткен соң Жандарбеков операның әдеби-драмалық негізінде «Абай» спектаклін қайта қойды. 1952 ж. маусымда Ш. Айманов пен Я. Штейннің «Абай» инсценировкасын көрсетті. Абай бейнесін артист С. Қыдырәлин, Құнанбайды – Н. Атаханов, Зерені – Ж. Сәкенова жасады. *Ә. Телғозиев.*

СЕМЕЙ ОБЛЫСТЫҚ СТАТИСТИКАЛЫҚ КОМИТЕТІ – Семей обл. экономикасы, тарихы, х. ш-ғы және табиғатын зерттейтін ғыл.-зерт. орталығы. 1878 ж. Абайдың жақын досы Е. П. Михаэлистің бастамасымен құрылған. Ол Семейдің мәдени өмірінде тарихи маңызы зор ғыл. орталық болды. Оның мүшелері өлке тарихы, шаруашылығы, әлеум. ахуалы, археол. мен табиғаты туралы құнды деректер жинап, зерттеулер жүргізді. 1886 ж. Михаэлистің ұсынысымен Абай осы комитеттің толық мүшесі болып сайланды. Ақын С. о. с. к-тің жұмысына белсене араласып, мәжілістеріне қатынасып, мәдени-ағарту мекемелеріне, қоғамдық ұйымдастыру ісіне атсалысуымен бірге ғыл.-зерт. жұмысымен де айналысқан. Ол Орыс геогр. қоғамы Бат.-Сібір бөлімінің Семей бөлімшесіне, орыс ғалымдарына қазақтардың тарихы, этнографиясы, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі туралы құнды кеңестер мен мәліметтер беріп отырған. К-тің жұмысына жергілікті қайраткерлерден басқа Абайдың С. С. Гросс, А. А. Блек, А. А. Леонтьев т. б. достары белсене қатысты. Олардың тікелей араласуымен «Қырғыздардың заң дәстүрлерін зерттеуге арналған материалдар» атты өте құнды зерттеу басылып шықты. К-тің алғашқы ғыл. хатшысы Е. П. Михаэлис оның жанынан қазіргі Семей обл. ұлттық кітапханасының бай кітап қорына негіз болған үлкен кітапхана ұйымдастырды. Абайдың Михаэлиспен алғашқы кездесулері осы кітапханада өтті. К-те белгілі өлкетанушы Н. Я. Коншин ұзақ жыл хатшы болды. 1900 ж. К-тің «Памятные книжки Семипалатинской области» деген басылымы жарық көрген. *С. Қорабаев.*

СЕМЕЙ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ – мәдени мекеме. 1883 ж. Абайдың жақын досы Е. П. Михаэлистің бастамасымен Семей обл. статистика к-ті жанынан ұйымдастырылған. 1902 ж. музей Орыс геогр. қоғамы Бат.-Сібір бөлімі Семей бөлімшесінің қарамағына беріліп, жұмысы жандана түсті. Музейде құрылған күнінен бастап Семей обл. тарихын, әлеум.-экономик., мәдени өмірін, тұрмыс-салтын, табиғатын жан-жақты көрсеткен археол. , тарих, этногр. тау-кен өнеркәсібі, палеонтология, қытай бөлімдері жұмыс істеді.



ОТЧЕТЪ

Семипалатинскаго Областного Статистическаго Комитета
за 1899 годъ.

(Составленъ Секретаремъ Комитета Н. Коншинымъ).

I. Личный составъ Комитета.

Дѣйствительные Члены:

Въ гор. Семипалатинскѣ:

Дѣйствительные члены: С. Т. Мирошниченко (избранъ 18 декабря 1878 года), Е. П. Михаэлисъ, А. И. Добрягинъ Кунанбаевъ (избр. 4 мая 1886 г.), и

Семей обл. Статистикалық комитетінің 1899 жылғы есебі.



Семейдегі облыстық Статистикалық комитетінің үйі.

Музейде, негізінен Семейге саяси жер аударылып келген адамдар қызмет атқарды. Музей құру ісіне А. А. Блек, А. А. Леонтьев, Н. Я. Коншин, ағайынды Белослюдовтар, П. Р. Лобановский т. б. белсене қатысты. Археол. бөлімінің ашылуына Михаэлистің үлесі зор болған. Ол Семей облысында жүргізген қазба жұмыстарының бай археол. коллекциясын осы бөлімге табыс еткен. Музейдің этногр. бөлімінің экспонаттары бірнеше рет Ресейдің үлкен қалаларына апарылып, көрмеге қойылған. Музей жұмысына Абай да белсене қатысып, өз тарапынан ақыл-кеңестерін беріп, қазақ халқының 50-ден астам тұрмыстық-ұлттық бұйымын тапсырған. 1885 ж. Сібірді зерттеу мақсатымен келген Американ саяхатшысы, журналист Дж. Кеннан мен суретші Фрост музейде болып, Абай тапсырған заттарды суретке түсіріп алған («Семипалатинские областные ведомости», 1908, № 19, 10 мамыр). Суретші Н. И. Крутильников 1924 ж. музейге өзі салған «Абай портретін» тарту еткен. Музейдің көрме залдарында Абайға арналған бұрыш жұмыс істейді. *С. Қорабаев.*

СЕМЕНОВ-ТЯН-ШАНСКИЙ Петр Петрович (1827–1914) – орыстың көрнекті географы, қоғам қайраткері. Петербург ҒА-ның құрметті мүшесі. Германия, Швейцария, Италия, Франция географиясын, геологиясы мен экономикасын зерттеген. Россияның азиялық бөлігін аралап, ірі-ірі Тянь-Шань мұздақтарын ашты. Іле Алатауы арқылы Верныйдан (Алматы) Ыстықкөлге дейінгі өңірді зерттеген. Омбыда Ш. Уәлихановпен танысып, болашақ қазақ ғалымына жол-жоба сілтеген. С.-Т. Петербург ун-тінің проф. И. Н. Березин арқылы Орыс Географиялық қоғамына келіп түскен Абай қолжазбасымен танысып, оған жоғары баға берген: авторы Абай екенін білмесе де, қолжазбаны «Географиялық қоғам жазбаларының» 1900 жылғы 9-санында бастыруға күш салған. С.-Петербургтегі орыс географиялық қоғамының архивінде сақтаулы тұрған сол қолжазбаға С.-Т: «Қоғам жазбаларында» жарияламақ ойымыз бар, сондықтан П. М. Мелиоранскийдің қолжазбаны редакциялауға қабылдауын өтінемін» деген бұрыштама соққан. Бірақ ақын өлеңдері белгісіз себептермен журналда жарияланбай қалған. *Т. Барақұлы.*

СЕНАТҚА ХАТ – Абайдың Россияның үкіметтік мекемесі – Сенатқа 1900 ж. жазған шағым-пікірі. Абай шығармалары қазақ жеріне ғана емес, әлемнің талай түпкіріне кеңінен мәлім болғанымен, ақынның қолжазбалары, архив деректері ретінде оқырманына түгелдей жетпеген. Осы тұрғыдан алғанда, «Үкімет-сенатқа» деп атап, Абайдың өзі «Ибр. Құнанбаев» деп қол қойған бұл құжаттың тарихи және ғыл. маңызы зор.

Ғалымдар, ақынның дүниетанымын, әлеум., саяси, филос., этик., эстет., адамгершілік көзқарастарын негізінен алғанда оның шығармаларының мазмұнына, сипатына қарай оның айналасына, өскен ортасына, аралас-құралас болған замандастарына қарай пайымдаған. С. х. құжаты Абай өмірі мен тағдырына қатысты кейбір жайларды айқындай түсуге септігін тигізіп қана қоймайды, сонымен қатар, ақынның дүниетанымы, білімі, ой-өрісі, орысша сауатының дәрежесі, филос., психол. көзқарастары және ел билеу жүйесіне қатысы мен азаматтық, адамгершілік парасаты, өскен ортасы, мінез-машықтары жайында да ой түйіндеуге мүмкіндік береді. Абай шын мәнінде өз заманының алдыңғы қатарлы ойшылы, қайраткері, күрескер өкілі болған. С. х-та ақын салиқалы, жалпы сауаты да кемел, сол заманғы әлеум. тәртіп, әкімш. пен заң негіздерінен де мол хабардар, өрелі ойлар өрбітетін ойшыл да білікті адам ретінде танылады. Хатта Абайға қатысты бір ғана оқиға сөз болады. Оның қысқаша мазмұны: Семей уезі бастығы 1898 ж. маусым айында Мұқыр болысы әкімшілігінің үш жылдық (1899–1902) болыс сайлауын өткізбекші болады. Осы сайлауда ертеден дау туғызып келе жатқан Мұқыр және Шыңғыс болыстарының арасындағы шекара межесін реттеп, белгілеу көзделінеді. Уезд бастығы Абайды шақырып алып, Мұқыр – Шыңғыс болыстарының шекаралық ара-жігін ажыратуға қатысуын өтінеді. Осыған орай Абай 1898 ж. 17-маусымда Мұқыр сайлауы өтетін Көшбике деген жерге келіп, 18-маусымда уезд әкімшілігі отырған киіз үйге барады. Уезд бастығы, мұқырлықтар әлі түгел келіп үлгірмегендіктен, күте тұруын өтінеді. Мұқыр болысы Мұсажан Әкімғожаұлы бастаған ел билеушілер сыртқа шығып, үй сыртында отырған Абайға соқтығып, оның киімін жыртып, өміріне қастандық жасайды: Бейсенбі Жақыпұлы ақынның белиндегі қындағы пышағын, Әбден Бітімбайұлы баскиімін, Рахым Өмірұзақұлы сағатын тартып алады да өзін жерге жығып, қамшының астына алып, ұра бастайды. Абайдың даусын естіген уезд бастығы күзетшілерін жұмсап, бұзақы топты қуып жібереді. Ақынның өміріне қастандық жасаушылар, мұнымен тынбай, Абайға арнап тігілген киіз үй мүліктерін қоса тонап, атқосшының атын тартып алып, 241 сом заттай зиян келтіреді. Мұқыр сайлауы кезіндегі бұл қастандық әрекетті ұйымдастырушы Құнанбай әулетімен ертеден жауласып келе жатқан Бұғылы болысының атақты байы, қажы Оразбай Аққұлұлы еді. Ол Мұқыр болысының әкімшілік қызметіне өз адамдары – М. Әкімғожаұлы мен Ә. Бітімбайұлын сайлату мақсатын көздеді. Дала феодалдарының қарақшылық әрекеттерін әшкерелеу мақсатымен Абай 1898 ж. шілденің 4-і және 9-ы күндері, 2 рет Семей обл. прокурорына арыз жазып, Мұқыр сайлауына уезд әкімшілігінің шақыруымен барғанын, бұл жерде Оразбай Аққұлұлының ұйымдастыруымен Әкімғожаұлы бастаған топтың өз өміріне қастандық жасағанын айтып, оларды жазаға тартуды талап етеді. Алайда ақынның өміріне қастандық жасаушылар патша өкіметінің Семей қаласындағы әкімдеріне пара беріп, тіл табысып, жазадан құтылып кетеді. Абайдың азаматтық хұқы қорғалмай, іс қысқартылып, архивке өткізіледі. «Мыңмен жалғыз алысып», заманды түзетпек болған ұлы ақын өзінің азаматтық хұқын қорғау, елдегі заңсыздықтарды әшкерелеу мақсатында әділдік іздеп, патшалық Россияның жоғ. үкіметі Сенаттың атына осы хатын жазады. Хатта сол оқиғаға қатысты адамдардың есімдері аталып, іс-әрекеттері баяндалады, нақты деректер мен дәлелдер келтіріледі. Хаттан Абай өмір сүрген заман тынысы, адамдардың қоғамдық орны, өзара қарым-қатынасы, тартысы анық байқалады. Ақын сойыл-шоқпардың емес, ой мен ақылдың, даналықтың адамы. Осы кикілжің, тартыстың барысында, оның адамгершілігі, оқшау даналығы қапысыз көрінеді. Ұлықтың бәсеке, бақталастық қырқыс үстінде содыр-шонжарлар

оны қайткенде де мұқатып, сағын сындыру мақсатымен соққыға жығып, дүрелей бастағанда, Уәйіс Сопыұлы Абайды өз денесімен қалқалап, қорғауы қарапайым халықтың ақынға деген ықылас, сүйіспеншілігінің айқын көрінісі.

С. х-та Абай өз басын арашалаушы мүсәпір пенде емес, ел билеушілердің жөнсіз, сорақы қылықтарын айыптаушы ретінде көрінеді, жергілікті патша әкімдерінің қызметіндегі шалағайлық пен парақорлығын әшкерелейді. Нақты айғақты деректермен мәселені егжей-тегжейлі талдап, сот ісінің тиісті беттерін, айыпкерлер мен куәлардың жауаптарын тілге тиек ете отырып, тергеуші, прокурор, сот шешімдерінің ақаулы, қисық тұстарын сынға алады. Осынау оқиғаның басқасында болған ең басты куә, үкіметтің ең сенімді адамы – ояздан жауап алынбағанын, бұл істі жүргізудегі үлкен мін екенін қадап айтады. Абайдың өзіне қастандық жасаған ел билеушілерін әшкерелеуді және солармен таптық мүддесі бір патша өкіметінің жергілікті әкімдерін сынауды басты мақсат етіп қойғаны анық байқалады. С. х. құжатынан Абайдың өлең сөздің құдіретті өкілі, дарқан дарынды ақын ғана емес, халқының болашағы жолындағы күрескер тұлғасы бой көрсетеді. Хаттың орыс тілінде сауатты, маржандай тізіліп жазылған қолжазбасының көлемі 30 бет. Хаттың қазақ тіліндегі нұсқасы «Білім және еңбек» журналында (1985, № 8) жарияланған, түпнұсқасы С.-Петербургтегі мемл. тарихи архивте, көшірмесі Қазақстан Республикасы мемл. орт. архив қорында сақтаулы. *С. Байжанов.*

«СЕНБЕ ЖҰРТҚА, ТҰРСА ДА ҚАНША МАҚТАП...» – Абайдың 1896 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 3 шумақтан тұрады. Өлең сол дәуірдің жалпы жұртына емес, көкірегі ояу, көзі ашық ойлы жанға арналған. Өзгені қанша мақтағанмен, ішіне құлық сақтап, сол өзі өлердей мақтап тұрған кісісін әбден әуре етіп, көз ала бере жалт беріп, тайып шыға келетін алдампаз туралы тақырыпты ақын әр жылдарда әр тұрғыда көтеріп отырған. Бұл өлең – ақынның осы саладағы ерекше туындысы: оның негізгі мазмұны алдампаз бен алдамшы уақыт жағдайында туып өскен ақжүрек азаматқа арналған. Ақын ұсынып отырған ғақылға сайсақ, кісіні биік мұратқа бастайтын, сол мұратқа жеткізетін ұлы күш оның өз бойында, сондықтан да адам жұрттың мақтау сөзіне ермей, өзіне, өзінің адал еңбегі мен ақылына сенуі керек. Мұрат биігіне адамды оның еңбегі мен ақылы ғана екі жақтап алып шығады. Сенгіштік, құмарпаздық, уайымшылдық, қызықшылдық – бұлардың қай-қайсысы да кісі серік қылатын қасиет емес. Шын асыл жүректің түбінде жатады сол асылды таңдаған адам жүрегінің түбіне терең бойлап, іздегенін тек содан ғана табады. Өлең мазмұнын ашып тұрған өзекті ой ақынның шығармашылық өнері жүйесінде әлеум.-эстетик. категория биігіне дейін көтерілген е ң б е к, а қ ы л, ж ү р е к секілді ұғымдармен ұштасады. Өлеңнің мағыналық-құрылымдық жүйесінде де ерекше поэтик. сипат бар. Әр шумақ екі түрлі күрделі ойдан түзілген. Әрбір алғашқы екі тармақта ақын адамды әлдебір жағымсыз істен сақтандырып, оны істеуге тиым салып отырғандай болса, әрбір соңғы екі тармақта белгілі бір істі істеуге, орындауға шақырады. Өлеңнің мағыналық-құрылымдық жүйесіндегі мұндай ерекшелік – Абайдың шығармашылық өнеріндегі басты поэтик. өрнектердің бірі.

Өлең 11 буынды қара өлең үлгісімен жазылған. Алғаш 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Басылымдарында текстол. өзгерістер кездеспейді. Туынды ағылшын, араб, қалақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, ұйғыр т. б. тілдеріне аударылған. *Ж. Дәдебаев.*

«СЕН МЕНІ НЕ ЕТЕСІҢ?..» – Абайдың 1889 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 7 жолдан соң бір қайрылып отыратын 14 тармақты 6 шумақтан тұрады. Ақын ел арасындағы айтыс-тартыс сәл бәсеңдеп, ағайынның өсек-аяңы мен әлеум.-рулық дау-шарынан аз да болса белі босаған сәтте қолына қаламын алып, бір ауық өмір жолын, жастық шағын, сүйініші де, күйініші де көп, махаббатқа толы өткен күндерді ой елегінен өткізіп, сол ыстық суығы тайталас келіп, жүрегін тебіренткен сезімдерін, лүпіл қаққан көңіл-күйін жыр жолдарына түсірген. Бұл Абайдың өлеңді өндіре жазған, әсіресе махаббат жырларын шабыттана толғаған кезеңі. Тап осы 1889 жылдың өзінде ақын қаламынан *«Ғашықтық құмарлық пен – ол екі жол...», «Сен мені не етесің?...», «Айттым сәлем, қалам қас...», «Қиыстырып мақтайсыз...», «Білектей арқасында өрген бұрым...», «Жарқ етпес қара көңлім не қылса да...», «Қор болды жаным...»* сияқты сүйіскен жастардың әнұраны, жар деп соққан жүректің жан айқайы дерлік, сезімге, сырға, үміт пен өкінішке толы тамаша жырлар жазды. Өлең осы топтағы шоқтығы биік, айтар ойы да, көркемдік құрылымы да өзгеше, соны дүние. Бұл сүйген жарынан қапылыста адасып қалып, ішқұса болған жанның қиналған, күйзелген сәттегі сан саққа жүгіріп, мың құбылған көңіл-күйі. Ол серттен тайған сүйіктісін опасыз деп қанша кінәласа да, жамандыққа, біржолата қол үзуге қимайды. Қанша қасірет шексе де «мен өлейін, сен сау-ақ бол» деп, шын сүйген асықтың айнымайтынын, шегінісіп қайтпайтынын білдіреді. «Сені көрсем, ләм-мим деп бір сөз айтар халім жоқ» деп, бәрін махаббатына жеңдіріп, алдағы күнге үміт артады. Бұл сүйіктісінен айрылып қалса да, оны көңілінен өшіре алмайтын, қалаулысын өмір бақи сүйіп өтетін, антына берік адамның сөзі, жан қалауы.


Өлең мазмұны ғана емес, түр жағынан да өзгеше, қазақ поэзиясында бұрын-соңды кездеспеген, әзірге табыла қоймаған жаңа үлгіде жазылған. Бұл Абай әкелген жаңа поэзияның соны ұйқасы. Одан Шығыс классиктері – Науаи, Сағди, Фзули, Хафиз үлгісі ғана емес, Европа, орыс поэзиясының, әсіресе М. Ю. Лермонтов лирикасының әсері айқын байқалады. Бұл өлеңнің құрылымдық түрін Абайдан соңғы қазақ ақындары да онша үлгі етіп, жалғастырып әкете алған жоқ.

Өленді Абайдың көңіл-күй лирикасының қатарына жатқызсақ та, «Айттым сәлем, қалам қас...» пен «Қиыстырып мақтайсыз...» деп аталатын шығармаларынан өзгеше, бұл ғашық жанның ғазелмен айтатын мұң-зары, эпистолярлық туындылардың қазақ топырағындағы озық үлгісі. Ақын өзінің құбылмалы, қобалжулы көңіл-күйін, айтпақ ойын дәл жеткізетін соны да шебер түр тапқан. Әр сөзіне ерекше мағына, салмақ салған Абай оны 14 жол сайын бір қайырып, керемет келісіммен үйлестірген. Ақын бұл өлеңінде тұңғыш рет әр жолдың буын, ырғақ өлшемдерін де

өзгерткен: кейбір жолдар 4–5 сөзден құралса, белгілі бір заңдылықпен, 4-, 6-жолдарда бір сөзден-ақ келіп отырады.

Қазақ поэзиясында осындай жаңа түрді туғызған Абай сол тосын түрді қалың көпшіліктің қабылдау, халық ұғымына үйреншікті дүние етіп қалыптастыру жағын да ойластырған сияқты. Осы мақсатпен оған әдемі ән шығарып таратқан. Бұл туындының әні де Абай заманында айтылып жүрген ән-күй әуендерінен өзгеше. Ән қазақ музыкасына лайықталған арнайы речитативтік өрнекпен шығарылған. Өйткені бұл өлеңнің әр сөзі, мазмұны, жалпы оқиғасы мен сарыны тек речитативтік музыканы ғана талап етеді. Өлеңнің өне бойындағы үй-ішілік қақтығыс, екі адам арасындағы өкініш-өкпеге толы мұң-зар, шығарманың құрылымдық түрі ауызекі әңгіме қалпын, ерекше екпінділікті аңғартады. Сөйтіп өлеңнің сөзі мен музыкасы ғажайып үйлесіммен бірін-бірі толықтырып, қас шебердің қолынан шыққан әсем де келісімді, көз де, көңіл де тоймайтын асыл дүниеге айналған.

Өлең бірқатар текстол. өзгерістерге ұшыраған. Мүрсейіт қолжазбаларында, 1939 жылғы жинақта алғашқы шумақтың соңғы жолы **«Өмір бойы қор өтесің»** делінсе, қалған басылымдарда 1909 жылғы жинақ негізінде бұл жол **«Өмір бойы қор етесің»** түрінде алынған. Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасында 2-шумақтың 7-жолы **«Сен үздің ғой менің желкемді»** болса, Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбаларында, барлық басылымдарда **«Сен үздің ғой бұл желкемді»** болып берілген. Ал Мүрсейіт қолжазбаларында туынды көлемі 48 жол болса, 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» деген жинақта 52 жол болып берілген. Бұл айырмашылық ақын мұрасын жинаушылардың Абай поэзиясына тән жаңашылдықты, оның өлең өрнегін кестелеудегі өзіндік ерекшеліктерін жете тани қоймағандықтарын аңғартады. Абай шығармаларын анықтап, жүйелеу жұмыстарына осы тұрғыдан қараған абайтанушы ғалымдар бұл өлеңді ақынның 1933 жылғы жинағында 84 жол етіп толықтырды. Өлең ағылшын, араб, белорус, орыс тілдеріне аударылған. *Т. Рсаев.*



Нота. (Сен мені не етесің. 1-түрі).

Абай «Сен мені не етесің» өлеңіне ән шығарған. Осы күнге дейін бұл әннің екі түрі ел ішіне кеңінен тараған. Әннің 1-түрін комп. Л. Хамиди 1935 ж. Ә. Ысқақовтан жазып алып, нотаға түсірген. Ал 2-түрін 1984 ж. өнер зерттеуші Қ. Жүзбасов Абайдың туған немересі М. Мұхамеджановадан магнитофонға түсіріп, нота жазбасымен хаттаған. Бұл әннің тұңғыш орындаушылары Абайдың өз туған-туыстары мен достары болса керек. Әннің екі түрі, сәл ғана әуен-ырғақ өзгерістері болмаса, бір-бірінен онша алшақтамайды. Абайдың бұл әні өзгеше ырғағы, шумағы және үйқасы бар өрнек тудырған туындыларының бірі болып есептеледі. Ол қазақ поэзиясында да, әнге салған өлең өлшемі өрнегі бойынша да оқшау тұрған дүние. Әннің ырғақ желісі ондағы екпіндік оралымдардың емін-еркін құбылып отыруына мейлінше сәйкестендіріліп құрылған. Өлең өлшемі ұзынды-қысқалы, көлемі жағынан бірінен бірі мүлде алшақ тармақтар бір шумақ шеңберіне түйіскен. Алайда муз. ырғақ пен әуен жүйесі логикасының композициялық құрылысы – сол өлең өрнектерін 4 жолдық шумақ мөлшеріне ықшамдап, реттеп, 6 буынды (3+3), 11 буынды (4+4+3), 6 буынды (4+2) және 8 буынды (4+4) өлең өрнегінің тармағын қалыптастырып, аралас буынды ән-өлең түрін көрсетіп отыр. 1935 ж. ән үлгісі 5/4; 4/4; 3/4; 5/4; 5/4; 3/4 муз. өлшеммен құрылса, 1984 ж. үлгісі - 6/4; 4/4; 4/4; 4/4; 6/4 ырғақ-өлшемге сәйкес келеді. Ақынның бұл әніне комп. Д. Д. Мацуцин фортепианолық сүйемел жазған. *Қ. Жүзбасов.*

СЕРАЛИН Мұхаметжан (1872–1929) – жазушы, ақын, журналист. Тройскідегі медреседе оқыған. Қостанайдағы 2 кластық орыс-татар мектебін бітірген. С. қазақ баспасөзі мен жазба әдебиетінің қалыптасуына көп еңбек сіңірді, «Айқап» журналын шығарып, «Ұшқын», «Ауыл», «Еңбекші қазақ» газеттерінің жұмыстарына белсене араласты. 19 ғ-дың 30-40 жылдарындағы оқиғаларға, орыс отаршыларына қарсы Кенесары Қасымов бастаған көтеріліс тақырыбына «Топжарған» және қазақ қауымындағы әйел теңдігі мәселелеріне арнап «Гүлқашима» атты дастандар жазды.

С. реалистік әдістің Абай бастаған дәстүрін ілгері жалғастырды. Ақын шығармаларынан оның Абайдың төл поэзиясымен де, аудармаларымен де жақсы таныс болғаны байқалады. С-ның басты шығармасы «Гүлқашима» дастанының құрылымдық түрінің өзі, сүйіскен екі жастың хат арқылы айтқан сырласу сөздері А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» дастанын аудару барысында Абай қолданған көркемдік тәсілдерді еске түсіреді. Тіпті көп ретте Абайдың *«Айттым сәлем, қалам қас...»*, *«Қиыстырып мақтайсыз...»* өлеңдерінің ұйқастық құрылымы аңғарылады, Абай пайдаланған эпистолярлық шығарма үлгісі көрініп-ақ тұр. С. кейіпкерлерінің кескін-келбетін суреттеуде де Абайдан көп үйренгені сөзсіз:

«Көп артық, ұзын емес, орта бойлы,
Аса көп сөйлемейді, терең ойлы.
Күлгенде екі беті шұқырайып,
Сүйкімді көрінеді жүзі нұрлы.
Күлгенде отыз тісі қатарланған,
Адамның сабыры қалмас оны көрген.
Ақ екен ақ інжуден отыз тісі
Саддеп пен қымбат бұлға шеттен келген»,

деген суреттен Абайдың *«Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы...»* атты шығармасындағы қас сұлуды көргендей боламыз («XX ғасыр басындағы қазақ ақындарының шығармалары». – А., 1961. 145–46-б.). Дастанға өзек болған негізгі ойы – кертартпа әдет-ғұрыпқа қарсы күрес, сол түйықтан шығудың ақын ұсынған жолы – өнер-білім алу, ой-сананы жетілдіру, сөйтіп халыққа қызмет ету десек, бұл ғибратшылық та – қазақ жазба әдебиетінде Абай негізін салған жаңа бағыт. *Т. Рсаев.*

СЕРГИОПОЛЬ ТАС ЖОЛЫ – 1830–1920 ж. Семей қ-сы мен бұрынғы Сергиополь (қазіргі Аякөз) қ. арасындағы почта-қатынас жолы. Семейдің

оңтүстігіне қарай 350 шақырымдық қашықтықты алып жатты. С. т. ж. бойына патша әкімшілігінің қазақ даласындағы қызметін атқарған Улыкөл, Арқалық, Ащыкөл, Жартас, Қызылмола, Арқат, Әлжанадыр, Ұзынбұлақ, Еңірекей почта бекеттері орналасты. Оларда әр жылдары сауда-саттық жәрмеңкелер ұйымдастырылып, құн, жесір, жер дауларына байланысты мәселелер шешілді. Ырғызбай ұрпақтары талай рет Семей–Аякөз аралығында осы жолмен қатынап, әкімдік-шаруашылық, сауда қызметтеріне араласты. Абай мен оның балалары да С. т. ж. арқылы талай рет Семейге, одан әрі Россия қалаларына сапар шекті. С. т. ж. орыс патша әкімшілігі тұсында маңызды әскери-стратегиялық қызмет атқарды. Орыс жиһанкездері П. П. Семенов-Тян-Шанский, Г Н. Потанин, қазақ ғалымы Ш. Ш. Уәлиханов Азияға саяхат жасағанда да осы жолмен өтті. *С. Қорабаев.*

СЕРКЕБАЕВ Ермек (1926 ж. т.) – әнші. ССРО және Қазақстан Респ. халық артисі. Соц. Еңбек Ері. А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» операсында Абай партиясын орындады. Ол өзінің кең тынысты сазды үнімен ұлы ақынның



Е. Серкебаев Абай ролінде. А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» операсы. Реж. Қ. Жандарбеков.

сахналық тұлғасын терең де шынайы сомдады. Абайдың «Айттым сәлем, қалам қас», «Бойы бұлғаң», «Көзімнің қарасы», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Қор болды жаным», комп. М. Қойшыбаевтың ақын сөзіне жазылған «Қалқам-ай, мен үндемей жүрмін көп», С. Мұхамеджановтың «Жарқ етпес қара көңлім не қылса да» деген әндері мен романстарын орындайды. Әнші орындаған бұл әндер Қазақ радиосының фонотекасында сақтаулы. ССРО және Қазақстан Респ. Мемл. сыйл. лауреаты.

СЕРІК Жағыпарұлы (1934 ж. т. – сол жылы қайтыс болған) – Абайдың шөбересі, Мағауияның Жағыпарынан туған. Семей обл. , Новошульба ауд., Убо-форфост мекенінде жерленген. *И. Жағыпарқызы.*

СЕРІКБАЕВ Оразбек (1962 ж. т.) – суретші. Қондырғылы кескіндеме саласында жұмыс істейді. Ол «Қараңғы түнде тау қалғып» (1991, кенеп, майлы бояу, Абайдың Семейдегі мемл. әдеби-мемориал. қорық-музейінің қоры) суретін салған.

СЕРІКБАЙ БИ (т. -ө. ж. б.) – Найманның биі әрі батыры. Ол Құдайберген деген ұлына Абайдың Ділдәдан туған Райхан деген қызын айттырған. Райхан бірнеше жылдан кейін қайтыс болады. Абай құдалығымды одан әрі жалғастырамын деп, өзінің туысы Ақбердінің Қарындаш деген қызын Құдайбергенге бергізеді. С. б. мешіт-медресе салғызып, балаларын оқытқан. Көзі ашық, көкірегі ояу салауатты кісі болған. Абайдың баласы Әбдірахман қайтыс болғанда арнайы келіп, ақынға көңіл айтқан. Абай мен С. б. туралы керей Тышқанбай немересі Ырыздықбайдың (Соц. Еңбек Ері) естеліктері Абайдың Семейдегі әдеби-мемориал. музейінде сақтаулы.

СИБАН, Ш и б а н (шамамен 13 ғ-да өмір сүрген) – Шыңғыс хан ұрпағы. Оның нақты өмірі мен қоғамдық қызметі туралы дерек жоқ. С. жөнінде Абай *«Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы»* деген тарихи еңбегінде: «Жошының Сибан яки Шибан деген баласының тұқымынан бір белгілі Шайбақ деген хан» шыққандығы жайлы дерек келтіреді. Ақын С-ның кім болғанын жазбаған.

СИДОРКИН Евгений Матвеевич (1930–82) – суретші. Қолданбалы кітап графикасы, монументті өнер саласында жұмыс істеген. Қазақстан Республикасының еңбек сің. өнер қайраткері, халық суретшісі. Ол М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын көркемдеді (1960, линогравюра). 18 иллюстрация және супер мұқабасын жасады. С. сол романды «Әлемдік әдебиет кітапханасы» сериясына арнап қайта көркемдеді. Кейін алдыңғы топтама суреттерді автолитографиялық тәсілмен 24 бет етіп қайта өңдеп, едәуір байыта түсті (1970, 24 беттік бұл иллюстрациялар Қазақстан Республикасы мемл. өнер музейінің қорында). Ақынның 125 жылдық мерейтойына арналған «Абай» альбомы үшін Абайдың «Тұңлікбайдың қатыны атың Шәріп», «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» деген өлеңдері бойынша суреттер салды. Семейдегі Абайдың мемориалдық музейі үшін экспозициялық залдың 11 беттен тұратын график. фризін (1971, қағаз, көмір, соус, тушь, қылқалам, аэрограф) және «Абайдың анасы – Ұлжан» (1971, қағаз, линогравюра) еңбегін жасады. «Мұхтар Әуезов және оның кейіпкерлері» (1977, қағаз, автолитография, Қазақстан Республикасы мемл. өнер музейі қоры) туындысында Әуезовтің айналасында «Абай жолы» эпопеясының кейіпкерлері шынайы көрініс тапқан. С. Қазақстан Республикасының Ш. Уәлиханов атындағы Мемл. сыйл. лауреаты. *Л. Плахотная.*

СИЛЬЧЕНКО Митрофан Семенович (1898–1970) – әдебиет зерттеуші, абайтанушы, филол. ғыл. докторы, проф. , ҚазССР ҒА-ның академигі, ҚазССР-інің еңбек сің. ғыл. қайраткері. С. абайтану мәселелерімен жүйелі түрде айналысқан. «Абайдың творчестволық өмірбаяны» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған (1957). «Абайдың реализмі» («Әдебиет майданы», 1934, № 11), «Абай және Крыловтың мысалдары» («Социалистік құрылыс», 1945, 15 тамыз), «Ақындық

шабыттың қайнар бұлағы» (Советский Казахстан, 1954, № 9) т. б. мерзімдік баспасөзде 30-дан астам ғыл. мақала жариялаған. «Абай» (1945), «Абайдың творчестволық өмірбаяны» (1957) атты еңбектері жарық көрген. Бұл еңбектерінде ол Абайдың өмірі мен шығармашылық жолына, қоғамдық, ағартушылық қызметіне жан-жақты шолу жасады, ақын өлеңдерін үлкен ғыл. зерделікпен талдап, оның өзіндік өрнегін, көркемдік кестесін ашып көрсетті. «Масғұт», «Ескендір», «Әзім әңгімесі» дастандарының аса маңызды әлеум. мәселелер көтергенін баса айтты. Абайдың А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов өлеңдерін, И. А. Крылов мысалдарын аударудағы тәржімешілік шеберлігін түпнұсқалармен салыстыра қарастырды. Ақынның ұлттық-эстетик. дәстүрлерді одан әрі дамыта түскеніне жоғары баға берді. *С. Қалуов.*

СИМАШКО (Шамис) Морис Давыдович (1924 ж. т.) – жазушы, драматург, аудармашы. С. 1960 жылдан Қазақстанда тұрады. Оның «Қарақұмда», «Қоңырау», «Семираминде» т. б. туындылары жарық көрді. Оған І. Есенберлиннің бостандық жолындағы сан ғасырлық күрес баяндалатын «Көшпенділер» трилогиясын («Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар») және Ғ Мүсіреповтің психол. астарға толы өмір шындығы, адам мінез-құлқының күрделілігі шыншылдықпен қамтылатын «Оянған өлке» дилогиясының екінші кітабын («Жат қолында») аударғаны үшін Қазақстан Республикасының Абай атындағы Мемл. сыйл. берілген.

СИМВОЛ – суреткер сомдаған көркем туындының түп-негізін төркіндестіретін аса мәнді өзектердің бірлігінен, тектестігінен туындайтын деректі бейне. Абай орыс және Европа әдебиеттерінің классик. үлгілерін сіңістірді. Оның М. Ю. Лермонтовтан аударған *«Жалау»* атты өлеңінде албырт жанның алып ұшқан ынтызарлығы мәңгі бұрқанған дүлей теңіздің тылсым сырымен үндестік табады. Осы әр алуан құбылыстың – адам табиғаты мен дүлей табиғаттың өзектестігі көк теңіздің бетінде асау толқынмен арпалысқан «жалғыз жалаудың» С-дық бейнесі ретінде көрініс тапқан.

«Ойнақтап толқын, жел гулеп,
Майысар діңгек сықырлап,
Ол жүрген жоқ бақ іздеп,
Қашпайды бақтан бойды ұрлап».

Осы секілді сәйкестік жүйелерін Абайдың басқа өлеңдерінен де ұшыратуға болады. «Жартас» атты аударма өлеңінде кәрі жартасты мешеу қарт бейнесінде, оның басына қонып кетіп тұратын ұшпа бұлтты таңсығы басылмаған жас қыз бейнесінде суреттеп, сол табиғат құбылысы мен адам мінезінің құбылмалық сипатын ортақ С-мен белгіледі. Ал өзінің «Сегіз аяқ» өлеңінде:

«Жартасқа бардым,
Күнде айғай салдым,
Онан да шықты жаңғырық,
Естісем үнін,
Білсем деп жөнін,
Көп іздедім қаңғырып. –

Баяғы жартас – бір жартас,
«Қаңқ» етер, түкті байқамас», –

деп жартас бейнесін жалаң табиғат көрінісі емес, адам мен табиғатқа ортақ қоғамдалған шындықтың деректі бейнесі ретінде суреттеді. Жалпы Абай өлеңдерінде С. тәсілін құбылыстардың егіздеуіне, ішкі сәйкестіктер жүйесіне орайластыра қолданды. *Е. Жұбанов.*

СИМОНОВ Константин (Кирилл) Михайлович (1915–79) – жазушы, ақын, драматург. Соц. Еңбек Ері. Оның «Жеңімпаз», «Мұз қырғыны», «Суворов» дастандары, «Біздің қаланың жігіті», «Орыс адамдары», «Орыс мәселесі» пьесалары, «Күндер мен түндер» повесі, «Тірілер мен өлілер» романы қазақ тіліне аударылған. Жазушы Абайдың ұлттар әдебиеттерін жалғастырудағы ерекше еңбегін жоғары бағалап, оны «Қазақтың ұлттық әдебиетін жасаған ақын» деп атады. С-қа Лениндік сыйлық, бірнеше рет СССР Мемл. сыйл. берілген.

СИРМБАРДИС Янис (1937 ж. т.) – латыш ақыны, аудармашы. Шығармалары 1959 жылдан жарияланып келеді. Бірнеше өлеңдер жинағының авторы. Абайдың «Жастықтың оты жалындап...», «Жүрегім нені сезесің...» т. б. өлеңдерін латыш тіліне аударған. *С. Варпа.*

СКАЛБЕ Арвидс (1922 ж. т.) – латыш ақыны, аудармашы. Лат. Республикасының еңбек сің. мәдениет қызметкері. «Әкелік ақ жол» атты жинағы үшін Латыш Мемл. сыйл. берілген. Абайдың «Сегіз аяқ», «Көзімнің қарасы...», «Жапырағы қураған ескі үмітпен...», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек...» өлеңдерін латыш тіліне аударған. *С. Варпа.*

СКОРУЛЬСКИЙ Михаил Адамович (1887–1950) – украин композиторы, музыка зерттеуші. Ұлы Отан соғысы жылдары (1941–44) Қазақстанда қызмет істеген. Осы кезеңде орыс, украин, қазақ фольклоры әуендері негізінде әр түрлі формадағы шығармалар тудырды. Ол қазақ музыкасында тұңғыш рет Абайдың «Көзімнің қарасы», «Татьянаның хаты» әндерінің әуендерін пайдаланып, фортепианоға арналған бір бөлімді квинтет (рояль, екі скрипка, альт, виолончель) жазды. Квинтеттің гармоникалық полифониялы тіркестерінде Абай әндерінің өзіндік ерекше стилін өте нәзіктікпен келтіре білген. *Б. Ерзакович.*

СМАҒҰЛ Құнанбайұлы (1852–1931) – Абайдың інісі. С. Құнанбайдың үшінші әйелі Айғыздан туған кенже баласы. Ғабитхан молдадан сауатын ашқан. С. Ақшоқыдағы Құнанбай әулеті зиратына жерленген.

«СМАҒҰЛҒА» – Абайдың өлеңі, қ. *«Тау жебелеп жортады көк бөрілер...»*

СМАЙЫЛХАН Құлжанов (1884–1969) – Тобықтының Қожа әулетінен. Шыңғыс болысының 1917–19 ж. сайлауында № 8-ауылдық халық сотының кандидаты болды. С. арабша оқып, жаза білетін сауатты, салауатты кісі болған. Ол алғаш рет ауылда киіз үйде «Еңлік-Кебек» пьесасы қойылғанда, Кеңгірбай бидің ролін ойнаған. Абайдың «Мына үйде отыр Разақ...» деген өлеңін абайтанушылар С-нан жазып алған. 1939 ж. Қазақстан ҒА-ның экспедициясына Абайдың баласы Ақылбайдың «Зұлыс» деген дастанын жатқа айтып берген. Бұл туралы М. Мағауиннің «Жоғалған поэма тарихынан» («Жалын» журн., 1975, № 1) атты зерттеу еңбегі жарық көрді. С. Совет үкіметі кезінде құдалауға ұшырап, Шығ. Қазақстан обл., Глубокое аулына көшіп кетіп, соңда қайтыс болған. Оның ақын туралы естелігі Абайдың Семейдегі әдеби-мемориал. мұражайында сақтаулы. *М. Бейсенбаев.*

СМИТ Адам (1723–90) – шотланд экономисі және философы. Чиновник отбасында туған, мектепте,

Глазго мен Оксфорд университеттерінде жүйелі білім алған, профессор. 1787 жылдан Глазгодағы университеттің ректоры қызметін атқарған. 18 ғ-дағы өнеркәсіп буржуазиясының прогресшіл роль атқарған кездегі идеологі болды. Құнның, еңбек теориясының аса маңызды категорияларын жасады, ақшаның товарлық табиғатын қорғады, қоғамның таптық құрылысын үш топқа: жалдамалы жұмысшылар, капиталистер, жер иеленушілер деп бөлді, халық байлығы туралы сөз қозғады. С.-тің 1759 шыққан «Адамгершілік сезімдерінің теориясы» кітабы 1895 ж. орысшаға аударылды, 1776 жылғы «Халық байлығының табиғаты мен себептері туралы» деген көлемді, маңызды шығармасы, 1–4 томдарының орысша аудармасы 1802–1806 ж. жарық көрген. Осы шығармалар 1883 ж. ашылған Семей кітапханасына түскен. Абайдың бірқатар философ. тұжырымдарына қарағанда ақынның С. шығармаларымен таныс болғандығы айқын аңғарылады. *Р. Батырбекова.*

СНЕГИН (Поцелуев) Дмитрий Федорович (1912 ж. т.) – жазушы, ақын. Қазақстанның халық жазушысы. Оның «Шығыстан соққан жел», «Жетісу», «Менің қалам», «Жылдар» т. б. өлеңдер, «Шалғайдағы кіре берісте», «Рейхстагтан шыққан елші» т. б. повестер жинақтары, «Таңертең және түске дейін екі адым» романы, «Верный қаласында» роман-трилогиясы жарық көрген. Абай рухына арнап «Абай» сонеттерін (Көгілдір ендік. – А., 1946, орыс тілінде) жариялады.

СОБОЛЕВ Леонид Сергеевич (1898–1971) – орыс жазушысы. Соц. Еңбек Ері. «Қызыл тулы Балтық», «Теңіз жаны», «Жасыл сәуле», «Жеңіс жолдарымен», «Басты бағыт» т. б. кітаптары, «Күрделі жөндеу» романы оқырмандарға жақсы таныс. Жазушы қазақ әдебиетінің үлкен жанашыры болды. М. О. Әуезовтың «Абай» эпопеясын орыс тіліне аударды. Әуезовпен бірігіп «Абай» трагедиясын жазды. «Эпос және қазақ халқының ауыз әдебиеті» зерттеу еңбегін жариялады. Оның «Теңіз жаны», «Жасыл сәуле», «Үшінші лек» кітаптары қазақ тіліне аударылған. Жазушы Абай туралы «Данышпандар өлмейді» («Казахстанская правда», 1939, 23 маусым), «Абай Құнанбаев» («Правда», 1954, 5 қыркүйек), «Абайдың рухани бауыры» («Он жылға ұласқан достық». Алматы, 1971) т. б. мақалалар жазды. Ақынның 1940, 1945 ж. Москвада жарық көрген лирикалар мен дастандар жинақтарын редакциялап, «Ағартушы-ақын» деген көлемді кіріспе мақаласында Абай өлеңдерін орыс оқырмандарына жан-жақты таныстырды, ақын шығармаларының реалистік қуаты мен жаңашылдық үлгісін жоғары бағалады. Ақынның қанатты сөздерін аударып, 1945 жылғы жинаққа енгізді. Абайдың отыз жетінші сөзін орыс тіліне аударды.

СОКРАТ (б. з. б. 469–399) – ежелгі грек философы. Әңгімелесу, пікір алысу арқылы ақиқатқа жетудің жолын ашып, диалектиканың негізін салушы ғұламалардың бірі. Біздің заманымызға С. шығармалары ежелгі грек философы Платонның «Диалогтары» және ежелгі грек жазушысы, тарихшы Ксенофонттың «Сократ туралы естеліктері» арқылы жеткен. Абай С. шығармаларымен, оның философия, дін және этика салаларындағы пікірлерімен орыс демократтары Е. П. Михаэлис пен Н. И. Долгополов арқылы таныс болды. Михаэлис пен Долгополов Семейге айдалып келгенде С. туралы естеліктер орыс тілінде баспадан жаңа шыққан (Киевте 1876 ж. Петербургте 1878 ж.) болатын.

Абай С. еңбектерін оқып, оның кейбір ойлары мен ұғымдарына сын көзбен қараған. Абайдың *«Жиырма жетінші сөзі»* «Сократ Хакімнің сөзі» деп аталады. Мұнда Абай С. әңгімесінің мазмұнын дәлме-дәл береді. Оның әңгімелесу тәсілін сақтайды. Ксенофонттың «Сократ туралы естеліктерінің» 4-тарауы – «Құдайдың адамға қарым-қатынасы туралы Аристодиммен әңгімесін» «Жиырма жетінші сөзбен» салыстырғанда өзара ұқсастықтар және көптеген айырмашылықтар бар екендігі, Абайдың грек философының қандай пікірлерін қабылдайтындығы және қандай тұжырымдарымен келіспейтіндігі аңғарылады. Әңгіменің негізгі арнасы құдайдың адамға қатысы жөнінде. С. құдайдың бар екендігіне күмәнданасың, сондықтан да оны шын ықыласыңмен қошаметтемейсің деп кінә артса, Абай: «Ол құдайдың ұлықтығына іңкәрім жоқ. Бірақ сондай ұлық құдай менің құлшылығыма не қылып мұқтаж болады? ...» – деп Аристодимнің жауабын кесімдірек түйеді. Абай С.-тың «гармония мира», «прекрасный порядок» сияқты идеалистік түсініктерін «жарастықты законымен жаратылған», «себепті байланыс» секілді жаңа ұғымдармен ауыстырады. Бұл қазақтың филос. тіліне Абай енгізген жаңа ғылыми терминдер.

Абай С-тың ілімін ғана емес, тағдырын да жақсы білген. *«Отыз жетінші сөзінде»*: «Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? – Ол – көп, ендеше, көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал» – дейді. Осындағы Абай айтып отырған «көпшілік» – атқамінерлер, діндарлар мен дін иелері. Ежелгі гректер заманында С-ты у ішуге мәжбүр еткен, 15 ғ-да Жанна д'Аркті отқа өртеген «ақылсыз көпшілікпен» 19 ғ-дың аяқ кезінде қазақ сахарасында Абайдың өзі де істес болады. Олар Еңлік пен Кебекті махаббаты үшін ат құйрығына байлап өлтірген дүлейлер, «бүтін елді жұмса жұдырығында, жазса алақанында ұстайтын» жуандар, *Бейсембай* сияқты жап-жас жігітке өз көрін өзіне қаздыратын *Оразбайлар* мен *Жиреншелер*, Күнту мен *Әбеңдер*. Олар Абайға қарсы шықпаққа ант ішісіп, құран ұстап баталасады. Мақсаттары: Абайды мұқату, қорлау, қолдарынан келсе жойып жіберу, ең болмаса Абайдың мазасын алып, өмірін өксіту. Ойшыл ақын «мыңмен жалғыз алысады». 1897 ж. *Мұқыр сайлауында* осы ұйымдасқан топтың Абай отырған үйге қаптап келіп, Абайды сабағаны, қорлағаны белгілі. Абайға ара түскен халық Оразбайды өлтірмек болады. Алайда халық қамын ойлаған Абай ашуын ақылға жеңдіріп, ел арасын жауластырмайды. С. секілді өзінің жауларынан әрқашан жоғары тұрады.

С. пен Абайдың геогр. әлеум. ортасы, өмір сүрген уақыт мерзімі алшақ, бір-біріне ұқсамайды. Осындай алыс кеңістік және уақыт айырмашылықтарына қарамастан екі ойшылдың пікірлерінде ұқсастықтар, сонымен бірге әрқайсысының тек өзіне ғана тән көзқарастары бар. Әсіресе айқын аңғарылатын бір жай – С. диалогтары мен Абайдың қарасөздерінің стильдік ұқсастығы. С. өз пікірлерін шәкірттерімен әңгіме

түрінде, мешаюндық тәсілмен сұхбаттасу ретінде айтқан. С-тың философиядағы көбірек шұғылданған салалары – дін, этика, мораль мәселелері. Абай да грек философының осы дін мен мораль жөніндегі пікірлеріне көп мән береді. Ғақлияларында оқушыларымен шыншылдық, адалдық, дін, ғылым, адамгершілік, мораль, тән құмары, жан құмары т. б. туралы мәслихат құрып, ақыл айтып отырады.

Құдай мен дүниенің «байланысын», табиғат пен адамның, тән мен жанның арақатынасын түсіну – ежелден шешімін күткен күрделі мәселелер. Жаратылыстың заңдылықтарын білуге, өз білгенін халқына жеткізуге ұмтылған Абай айтылған проблемаларға шешім іздестіргенде «Сократ туралы естеліктердің» 4-тарауына ерекше мән беріп, құдай мен адамның арақатынасы жөнінде С-пен пікір жарыстырады.

С. пен Абайдың дін, мораль, адамгершілік жайындағы ойларының өрістестігі мен қайшылық жақтары да бар. С. пен Абайға тән ортақ ой – екеуі де адамды алғаш жаратып, ақыл беріп, қол бітіріп, тік жүргізерлік етіп, оны басқа жан-жануарлардан өзгеше жасаған құдай деп түсінеді. Олар дүние мен адамды жаратқан құдай деп ұғынса да, жаратылғаннан кейінгі құдай мен адамның «арақатынасын» екеуі екі басқа ұғындырады. С-тың айтуынша, құдай тек алғашқы жаратушы ғана емес, сонымен қатар адамның күнделікті өмірінде оның қатынасынсыз еш нәрсе істелмейді. Құдай бәрін көріп-біліп, адамзаттың қимыл-әрекетін бақылап тұрады. Сондықтан халық, жеке адамдар неғұрлым құдайшыл болса, соғұрлым білімді, мәдениетті болмақшы. С-тың тұжырымынша, ғылымның міндеті – барлық іс-әрекетін құдайдың өзі көріп-біліп, бағыт-бағдар беріп тұрғандығын адамға түсіндіру, ал адамның міндеті – құдайдан қорқып, арамдық, әділетсіздік, залымдық жасамау, өз қылықтарының жаратушыдан жасырылмайтынын сезіне білу. Грек ойшылының пайымдауынша, барлық іс-әрекетті жасаушы да, жасатушы да құдай, бәрін біліп, сезіп тұрғандықтан адам одан сескенуі, жамандықтан аулақ, жақсылыққа бейім болуы қажет. Абай С-тың аса құдайшыл пікірлеріне қарсы шығып, «Жиырма сегізінші сөзінде» құдайдың күнделікті өміріне ешбір қатысы жоқтығын дәлелдеп, грек философының пікірімен келіспейтіндігін айқын білдіреді: «... құдай тағала бір антұрғанға еңбексіз мал береді екен. Бір құдайдан тілеп, еңбек қылып, пайда іздеген кісінің еңбегін жандырмай, қатын-баласын жөндеп асырарлық та қылмай, кедей қылады екен. Бір залалсыз момынды ауру қылып, қор қылады екен. Тамам жұртқа бұзық болма, түзік бол деп жарлық шашып, жол салады екен. Түзікті бейіске шығарамын деп, бұзықты тозаққа саламын деп айта тұра, пендесінің біреуін жақсылыққа мейілдендіріп, біреуін жаманшылыққа мейілдендіріп, өзі құдайлық құдыретімен біреуін жақсылыққа бұрып, біреуін жаманшылыққа бұрып жіберіп тұрады екен. Осының бәрі құдай тағаланың ғайыпсыз, мінсіз ғафур рахимдығына, әділдігіне лайық келе ме?» Абайдың ұйғарымынша, егер барлық іс-әрекетті құдай «қылушыға өзі қылдырып тұрса» адам қандай да болмасын қылығы үшін ешкімнің алдында жауапты емес, адамдар арасындағы міндет, борыш, мораль, этика туралы түсініктер болмаса керек, адамның барлық қылықтарына құдай өзі жауапкер болуға тиіс. Абайдың түсінігінше, құдай жақсылық пен жамандықтың жасаушысы, бірақ жасатушысы емес, ол адамның күнделікті өміріне қатыспайды, адам өзінің қабілетіне қарай әрекет етіп, ғұмыр кешеді. Адам біреуден қорқып, сескенгендіктен емес, адамгершілігі, ар-ұяты мен иманы болғандықтан жақсылық пен игілікке жақын, жамандық пен зұлымдықтан бойын аулақ ұстауы керек. Абай дін мәселелерін адамгершілікпен ұштастырады. «Адам бол» деген этикалық принцип ұсынып, діннің өзін адам тәрбиелеудің құралына айналдырмақ болады. «Құдайды» адамгершілік, әділеттілік, шындық, тәрбие, махаббат, бір сөзбен айтқанда, мораль мәселесімен байланыстырады. Абай адамгершіліктің түп негізі білімде, ақиқатта деп санайды. Кім білімді болса, ғылымды меңгерсе, барлық жақсылық сол адамның бойынан табылады. Адам өміріндегі алуан түрлі қиыншылықтардың, қайшылықтардың бәрін ақылмен, біліммен жеңіп отыру С. пен Абайға тән ортақ ой. Абай өмірдің тірегі ақылда, ғылымда, ақылдыларда деп есептеп, адамзатты шындық, ақиқат үшін қажымай-талмай ізденуге шақырады.

Әдеб. : Ғабдуллин Б. Абай және Сократ. – Кіт. : Абай тағлымы. – А., 1986. *Б. Ғабдуллин.*

«СОРЛЫ КӨКБАЙ ЖЫЛАЙДЫ...» – Абайдың 1886 ж. жазған өлеңі. Көл. 9 тармақтан тұратын бір шумақ. Азған заманды көріп, ел ішін ала тайдай шулатқан ұрлық-зорлықтан әбден мезі болған ақын өзегін өртеген ашу-ызасын жолдасы Көкбайға көз жасы мен жыры арқылы білдірмек болған. Бұл туралы Көкбайдың өзі: «1880 жылдан бастап, 1886 жылдарға шейін Абай әр түрлі өлеңдер жазып жүрді. Бірақ бұл уақыттағы сөздерінің барлығын Көкбай сөздері деп жүргізді. Кейін Омбыда «Дала уәлаяты газеті» және «Серке» газеті шыққанда бірер өлеңін тағы да менің атыммен жіберді. «Сорлы Көкбай жылайды, жылайды да жырлайды» дегенді мені ие қылып қойып, өзін айтып еді», – деп жазды («Абай», 1992, № 1). Азаматы азып, өңкей ұры-қары жайлаған қу заманның қулық-сұмдығын көре-көре көңілі қалып, бұзылған елді қалыпқа салар қайрат таппай, «мыңмен жалғыз алысқан» ақынның жылап отырып жырлаған сәттері аз болмаса керек. Өлең 7–8 буынды шұбыртпалы ұйқаспен жазылған. Алғаш рет ақын шығармаларының 1933 жылғы толық жинағына енгізілді. Кейінгі басылымдарда ешқандай текстол. өзгеріс байқалмайды. *Т. Рсаев.*

«СОРЫ ҚАЛЫҢ СОҚҚЫ ЖЕГЕН ПЫШАНАМЫЗ...» – Абайдың 1896 ж. жазған өлеңі. Көл. 4 жол. Ақын бешенесіне «соққы жеу» жазылған, «соры қалың» қазақтың құр мақтанмен, жауырды жаба тоқып, өзін-өзі алуан ғұмыр кешетініне, сүйектен өтер сөздің «құр дәрімен атқандай» дарымайтынына пұшайман болады. Өлең қара өлең үлгісінде жазылған. Басылымдарында текстол. өзгерістер кездеспейді. Туынды ағылшын, түрікмен, араб, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр т. б. тілдеріне аударылған. *И. Хасенов.*

СОТНИКОВ Валентин Лаврентьевич (1939 ж. т.) – суретші. Сәндік керамика саласында жұмыс істейді. Абай әуендері ізімен 3 паннокерамикалық триптих (1975, ағаш, шмот, Алматы көркем керамика заводының музейі қоры) жасаған.

СОФОКЛ (б. з. д. 496–406 ж. ш.) – ежелгі грек ақыны әрі драматургі. Көне грек трагедиясының

аса көрнекті үш өкілінің бірі. Шығармашылығының үндестігі мен өмір сүрген кезеңіне қарай Эсхил мен Эврипидтің қатарынан орын алады. С. трагедиялары («Эдип патша», «Антигона», «Электра» т. б.) бұл жанрдың классик. үлгілері болып есептеледі. С. есімі Абайдың «Жиырма жетінші сөзінде» Гомерден кейін трагедиясы көпшілікке белгілі драматург ретінде аталады. *Р. Батырбекова.*

СОФЫ АЛЛАЯР, қ. *Аллаяр софы.*

СӨЗБЕ-СӨЗ АУДАРМА, к а л ь к а – бір тілден екінші тілге дәлме-дәл аудару арқылы жасалған тілдік бірлік (жеке сөз, сөз тіркесі, фразеология). Алайда бұл термин әдебиеттану тұрғысында қолданылған жоғарыдағы лингвистик. ұғымдарға «басқа тілдің текстін аударғанда түпнұсқа өлеңнің өлшемін, ырғағын сақтау» деген қосымша түсінік үстемеленеді. С.-с. а. жолымен аударылған туынды үнемі тартымды болып шықпайды, өйткені бір тілдің қалыбы екінші тілге сәйкес келе бермейді. Мыс. , қопармалы (флектив) орыс тілінің құрылымын жалғамалы (агглютинативті) қазақ тілінің табиғатына телу әрдайым ұтымды болмайды.

Әйтсе де Абай аудармаларында С.-с. а. белгілері де ұшырасып отырады. Ол орысша «Утес» деген өлеңді «Жартас», «Лиса и ворона» атты мысалды «Түлкі мен қарға», «Кинжал» атты өлеңді «Қанжар», «Слон и моська» деген мысалды «Піл мен қаңден» деп дәлме-дәл аударған. Ал қазақ ұғымында қалыптасқан бейнелерге сай келмеген жағдайда орысша «стрекозаны» қазақша «инелік» демей, «шегіртке» деп, «парусты» қазақша «желкен» демей, «жалау» деп аударған. Орыс тіліндегі «крестьяниннің» қазақша аудармасын жасамай, халық тіліндегі қолданым бойынша «қара шекпен» деп алған. Сонымен бірге Абай қазақ ұғымының орысша баламаларын да қолданған, яғни қазақ – орыс С.-с. асын жасаған. Оны *«Интернатта оқып жүр...»* атты өлеңінен байқауға болады: «Балам закон білді» деп; «Прошение жазуға», «Бұл іске кім виноват?», «Я тілмаш, я адвокат»; «Айтыңызшы, болсаңыз здравомыслящий»; «Военный қызмет іздеме»; «Қызмет қылма оязға»; «Алыс та болса іздеп тап, Кореннойға кіруге», «Адал жүріп, адал тұр, Счетың тура келуге»; «Қисық болса закон бар, Судияға беруге. Ол да оязной емес қой, Алуға теңдік сенуге»; «Я өз бетіңмен тәуекел, занимайся прямотой» т. б. Абай бұл келтірілген орыс сөздерін шәкірт балаларға әдейі қазақ ұғымының орысша нұсқасы ретінде ұсынып отыр. Орыс өлеңінің ырғағын, ішкі әуенін қазақ тілінде айнытпай беруге талпынған ізденісін оның М. Ю. Лермонтовтан аударған «Бородино» атты үзінді өлеңінен көруге болады. Мыс., түпнұсқасындағы:

«Скажи-ка дядя, ведь недаром,
Москва, спаленная пожаром,
Французам отдана», –

деген өлең шумағын Абай:

«Айтшы аға, нағып жеңілдік,
Мәскеуде емес тегіндік,
Болған білем соқтығыс,
Емес білем аз жұмыс»,–

деп өлеңнің оқырман сезіміне тигізер әсерін барынша сәйкестендіріп береді.

Тек орыс тілі емес, Абай шығыс тіліндегі ғыл. философ. ұғымдарды да С.-с. а. жолымен аударып, қазақша жаңа қолданыстар жасаған. Мыс. ,:

«Мұны жазған – білген құл,
Ғұламаһи Дауани,
Солай депті ол шыншыл»,

дегендегі «шыншыл» сөзі «реалист» терминінің, ал:

«Ойшылдың мен де «санды бірімін» деп,
Талап, ойсыз мақтанды қалдым күтіп», –

деген тармақтардағы «ойшыл» сөзі «мыслитель» дегеннің терминдік С.-с. а-сы екені даусыз. *Е. Жұбанов.*

СӨЗ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ. Абай жаңа бағыттағы қазақ жазба әдеби тілінің негізін салушы ретінде қазақ тілін басқа тілдер сөздерінің орынсыз араласып, шұбарлауынан сақтауды мақсат еткен. Оның алғашқы өлеңдерінде, әсіресе «Иузи – рәушан, көзі-гәуһар», «Әлифби» сияқты туындыларында өхмәр, биһтар, гузәлләра, нисбәт, әбиат, мәдхіңа, зәлилдік т. б. шығыс сөздері жиі қолданылды. Бұл өлеңдердің ақынның жас шағында жазылғаны белгілі. Сондықтан, бір жағынан, еліктеудің әсері болса, екінші жағынан, әзіл-қалжың, жеңіл күлкі туғызу ниетінде дүниеге келгені білініп тұр. Ақынның есейе келе немесе шығармашылық қабілетінің қалыптасқан шағында жазған өлеңдері сөз қолдану жағынан бүгінгі әдеби тіліміздің өлшеміне толық лайық, жалпы халыққа түсінікті тілде жазылған. Абай шығармаларындағы сөздердің қолданылу ерекшеліктері көбінесе тұлғалық жағынан көрініп отырады. Бұл тұрғыдан да сөздердің басым көпшілігінің бүгінгі таңдағы қолданысымызға (септік, көптік, жіктік және тәуелдік жалғаулары болсын, сөз тудырушы жұрнақтар болсын) дәп келіп отырғанымен, авторлық даралықты айқындайтын ерекшеліктер де көзге түседі. «Алла өзгермес, адамзат күнде өзгерер» деп болжалды келер шақты қолданатын Абай өлең сөздерінің басым көпшілігінде **-мақ, -мек** тұлғалы мақсатты келер шақ тұлғасын молынан қолданысқа түсіреді: «Тотықұс түсті көбелек, Жаз сайларда гулемек. Бәйшешек солмақ, күйремек, Көбелек өлмек, сиремек». Әлбетте, мұндай тұлғаларда келген сөздердің өздеріне лайық стилистік қызметі бар. Солай бола тұра соңғы тұлғалардың (-мақ, мек) Абай көркем дүниелерінде барынша жиі жұмсалатынын айта кету керек. Ғақлия сөздерінен де мұндай мысалдар жеткілікті табылады: «Оңдай адам басын құтқармақ үшін жамандарға жалынса, оның да адамдығының кеткені...» (Үшінші сөз). «Шығар есігін таба алмай, уайым-қайғының ішіне кіріп алып, қамалып қалмақ, ол өзі де – бір антұрғандық...» (Төртінші сөз).

Осы тұлғадан кейін **-ті** шылауының да қосарласты бар: «Сән-салтанат жұбантпас жас жүректі, Кім де болса тұрғысын көксемекті» («Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында...»). Енді бір байқалатыны – **-сақ, -сек** тұлғалы сөзге «керек-ті» сөзі тіркесуі. Бұл жағдайда айтылған ойдың дұрыстығына, дау туғызбайтынына сенім арта түседі: «Оспанды алған бұл өлім, Тәубе қылсақ керек-ті... Қажыны алған бұл өлім, сабыр қылсақ керек-ті» («Әбдірахман өлген соң, өзіне айтқан жұбатуы»).

Абай өлеңдерінде риторик. сұрақ өте қисынымен кездесіп отырады. Мұндай реттерде автор сұрақ қою арқылы сол ойдың нақтылығына толық сендіріп, сұрақ арқылы жауап береді: «Өлді деуге сыя ма, ойландаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?» («Өлсе, өлер табиғат, адам өлмес...»), «Бір себепсіз қайғы құр, Баса ма екен

бендені?» («Күлімсіреп аспан тұр...»), «Сені жақсы көрмесе, Сенер ме еді сөзіңе?» («Жастықтың оты жалындап...»).

Абай сөзді үнемдеп қолданудың да талай өнегесін көрсетті: «Кейбір жігіт жүреді мақтан көйлеп, Сыртқа пысық келеді, сөзге сыңық» («Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат...»). «Сеніскен досым да жоқ асығым да, Ақыры өлең қылдым, жасыдым да («Өкінішті көп өмір кеткен өтіп...»), «Кемпір-шал құржаң қағып, бала бүрсең, Көңілсіз қара суық қырда жүрсең» («Күз»). Осы мысалдардағы келеді (сынық келеді), жоқ (асығым да жоқ), қағып (бүрсең қағып) сөздерінің қайталанбауы сол бір рет қана қолданылуының өзінен, ойдың түсініктілігінен және ұйқастың шымырлығынан мүмкін болып тұр. Әсіресе өлең мен поэзияның басқа түрлерінде сөзді осылайша үнемдеп қолдану бұл күнде кең өріс алған. Оны қазіргі қазақ ақындарының көптеген өлеңдерімен дәлелдеуге болады.

Халықтың, қалың оқырманның өз кезіндегі интеллектуалдық дәрежесін ескеруден болу керек, Абайдың қарасөздеріндегі тіл құралдарының қолданысы поэзиясынан гөрі өзгешелеу. Бұл әсіресе жазба тілге ауызекі сөйлеу тілінің белгілерін енгізуінен байқалады. Мұны жеке сөздер мен сөз тіркестеріне (айтатұғын, жазатұғын) де, сөйлемнің құрылымына да (сөйлем мүшелерінің ауызша сөйлеу дағдысына байланысты еркін орналасуы) қатысты айтуға болар еді: «Мен бала күнімде естуші едім, біздің қазақ сартты көрсе күлуші еді...» (Екінші сөз), «Орысқа күлуші еді: «ауылды көрсе, шапқан, жаман сасыр бас орыс» деп» (сонда), «Бұрынғы қазақ жайын жақсы білетін адамдар айтыпты: «Би екеу болса, дау төртеу болады» деп» (Үшінші сөз), «Әрбір байқаған адам білсе керек: күлкі өзі бір мастық екенін, әрбір мас кісіден ғафил көп ететұғын да, әрбір мас сөйлеген кезінде бас ауыртатұғын» (Төртінші сөз).

Өз дәуіріндегі басқа тілдер (шығыс тілдері мен орыс тілі) сөздері де кірігіп отырады: «сіздерге адам ұғылының мінездері туралы біраз сөз жазып ядкар қалдырайын» (Отыз сегізінші сөз), «Мешіттің құтпа оқыған ғұламасы. Мүнәжат уәлилердің зар наласы» («Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы...»), «Айтыңызшы, болсаңыз Здравомыслящий, Ақыл айтпай ма ағасы» («Интернатта оқып жүр...»).

Қазіргі қазақ әдебиетінде барынша дамып, кең өріс алып отырған сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің үйіп-төгіп қолданылуы, мәндес сөздер мен қайталамалар ауыз әдебиетінен, Батыс, Шығыс әдебиеттерінен үлгі алған Абай шығармаларында бар мүмкіндігімен пайдаланылады: «Егер жек көрсем, сөйлеспесем, мәжілістес, сырлас, кеңестес болмасам керек еді...» (Тоғызыншы сөз), «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» (Он тоғызыншы сөз), «... Надан атанбастығын, жеңіл атанбастығын, мақтаншақ атанбастығын, әдепсіз, арсыз, байлаусыз, пайдасыз қылықтардан сақтанып, сол мінездерді бойына қорлық біліп, өзін ондайлардан зор есептемек» (Жиырма бірінші сөз), «Ей, мұсылмандар! Біреу бай болса, біреу кедей болса, біреу ауру, біреу сау болса, біреу есті, біреу есер болса, біреудің көңілі жақсылыққа мейілді, біреудің көңілі жамандыққа мейілді...» (Жиырма сегізінші сөз).

Қазақ тілі мәдениеті мен тазалығының көшбасында болған Абайдың қай шығармасындағы сөз қолданысы да өзімен қатарлас, одан кейінгі қаламгерлердің қай-қайсысына да көп ой салып, игі ықпал етті. Оның көріністерін жаңа дәуірдегі аса көрнекті жазушылар мен жас талапкерлердің де шығармаларынан аңғару қиын емес.

Әдеб. : Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі (лексикасы мен грамматикасы). – А., 1968.

М. Серғалиев.

СӨЗ ОЙЫНЫ, каламбур – сөздердің мағыналық және тұлғалық ұқсастықтарын пайдалана отырып, ауызекі сөйлегенде, әсіресе поэтик. тілде құбылмалы ұйқастар жасау тәсілі. Абай тұтас сөз тұлғаларының ұқсастықтарын, сөз буындарының сәйкестіктерін ерте ұғынған. Оның шағатай поэзиясы үлгісіндегі «Әлифби» өлеңінің өзінде әліппе әріптерінің айтылымы сөз ойнатуға, яғни солардың әуезділігіне сай келетін сөздерді ұйқастырып қолдануға негіз болған. Абай өлеңдерінде сырт пішіні дәлме-дәл ұқсатын омоним сөздердің тізбегі, бір түбірден өрбіген үндестігі жақын сөздердің ұйқасымы, басқа да тепе-тең бунақтар көптеп кездеседі. Мыс.:

«Жүз қараға екі жүз алярман бар,
Бас қатар бас-аяғын тексерем деп», –

дегендегі «бас» сөзімен келетін бунақтардың қайталамасы немесе:

«Бір атқа жүз құбылған жүзі күйгір,
Өз үйінде шертиген паңы құрсын!» –

деген жолдардағы «жүз» сөзімен келетін бунақтардың қайталамасы; сондай-ақ:

«Бектікті біреу бектеп тұра алмай жүр,
Одағы ұры-қарды тыя алмай жүр», –

деген жолдардағы «бек» түбірі омонимдердің қайталамасы;

«Құ шалбар құлығына болған айғақ,
Тізесін созғылайды қайталанса-ақ», –

дегендегі «қу» түбірлі омонимдерге негізделген қайталаулар;

«Шу дегенде көрінер сұлу артық,
Көбі көпшіл келеді оңдай қаншық,
Бетім барда бетіме кім шыдар? – деп,
Кімі паңдау келеді, кімі тантық»,

деген шумақтағы «Көп» түбірінен сөздердің ойнақы қолданысы және де «бетім» сөзіне екіұдай мағына теліп қайталама ұйқас жасау Абай ақындығының халық эстетикасына табан тіреген нақыштары екені даусыз. Тек омонимдер емес, Абай өлеңдерінде сөз ойнатудың пароним ұйқасқа құрылған үлгілері де жоқ емес. Мыс.:

«Қылып жүрген өнері:
Харекеті әрекет,
Өзі оңбаған антұрған,
Кімге ойлайды берекет?» –

Бұл жердегі – әрекет сөздері әуел баста кәсіп мағынасындағы «харакат» түбірінен тарағанмен, қазақша әрекет болып дыбысталып, «өнімсіз іс, әурешілік, өнбес тірлік» деген мәнге ауысқан. Абай осы екі мағынаны да қамти отырып, лебіздік

жағынан біршама жуық естілетін (бірақ тепе-тең емес) мағыналас сөздерді ойнақы ұйқасқа негіз еткен. *Е. Жұбанов.*

«СӨЗ ТАПҚАНҒА ҚОЛҚА ЖОҚ» – 1988 ж. «Жазушы» баспасы шығарған күлдіргі әңгімелер, шешендік сөздер, толғау-термелер жинағы. Ел аузынан жинап, құрастырғандар: А. Бейсенғалиев, С. Әбілғазин, С. Қарамендин. Кітап «Сөз тапқанға қолқа жоқ», «Жүйелі сөз, жүйрік ой», «Өнер алды - қызыл тіл» деген 3 бөлімнен тұрады. Жинаққа Абай өміріне, оның айналасындағы адамдармен қарым-қатынасына, ақынның кейбір өлеңдерінің шығу тарихына байланысты 28 қысқа әңгіме енгізілген. Бұл әңгімелерден Абайдың адамгершілік, ақындық, әділдік қасиеттері айқын көрініп, дос-жолдасқа, кедей-кепшікке, өнер адамдарына қамқорлығы елес береді. Сонымен бірге жинақта ақын төңірегіндегі Көкбай, Әріп, Байкөкше, Мұрынбай, Сәдір, Құлжан, Қуанышбай, Қиясбай, Байқұлақ, Шөже сияқты ақын-жыраулар, шешендер хақында деректер келтірілген. Кітап көл. 25 баспа табақ, 90 мың дана болып басылған.

«СӨНБЕС ЖҰЛДЫЗДАР» – 1989 ж. «Қазақстан» баспасынан «Достық дастан» топтамасымен жарық көрген ғылыми-танымдық мақалалар жинағы. Құрастырған Б. Ысқақов. Кітапқа фил. ғыл. докт. М. Мырзахметовтың шығыстың жарық жұлдыздары атанған әл-Фараби, әл-Бируни, әл-Хорезми, Ибн Сина, Наршаһи т. б. жайлы зерттеулері енгізілген. «Әл-Фараби мен Абай сабақтастығында» деген мақалада екі ойшылдың дүниетанымындағы өзектестік, Абайдың адамгершілік, гуманистік ойларының бастау алар көздері талданады. Абайда жиі сөз болатын «өзін танымақтық», «жан қуаты», «толық адам», «инсаниаттың кәмәләттығы», «адам болу» т. б. ұғымдардың әл-Фарабимен сабақтастығы айтылады. Әбу Бәкір ән-Наршаһи жайлы зерттеуде Наршаһидің «Бұхара тарихы» шығармасы мен Абайдың «Бірер сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» еңбегі арасындағы сабақтастықтың тарихи тамыры ашып көрсетілген. Абай ислам дінінің таралуы, оның жергілікті халықтардың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрі мен әдет-ғұрпына, салт-санасына тигізген әсері жайлы сыншылдық тұрғыдан пікір айтқанда Наршаһидің кітабына сүйенгені тұжырымдалған. Жүсіп Баласағұни туралы мақалада Абай мұрасы мен Жүсіп Баласағұнидың «Құтадғу білік» дастанына талдау жасалады. Көлемі 9,95 б. т., 7,5 мың дана болып басылған. *Ә. Пірманов.*

СПЕНСЕР Герберт (1820–1903) – ағылшын социологі, психолог, позитивизмнің негізін салушылардың бірі. Қоғам дамуына байланысты тарихи, филос. еңбектер жазған. Абай есейген шағында С. туындыларымен танысқан. Ақынның өмірі мен мұрасын танытуда елеулі қызмет сіңірген Кәкітай Құнанбаев бұл жөнінде өзінің «Абай (Ибраһим) Құнанбайұғылының өмірі» деген мақаласында: «Абай соңғы замандарда Спенсердің, Опитен Льюстің позитивный хикмалығын, Дрепердің Европаның ғылымы туралы жазғанын... оқып отырушы еді» деп айғақтайды (Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі. – С. Петербург, 1909, 108-б.). Абайдың С-дің позитивистік философиясымен сарындас пікірлері «Қарасөздерінде» де ұшырасады. Ақынның танымдық ойларына шолу жасаған М. С. Сильченко «Абайдың Спенсерден алған дүниежүзілік эволюциясы мен прогресшіл идеясы... орыс халықшылдарының солшыл қанатына ұқсас» деген пікір айтты (Абай. – А.– А. 1945, 24-б. орыс тілінде).

«ССРО ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ–САЯСИ ОЙЫ ТАРИХЫНЫҢ ОЧЕРКІ», «Очерки истории философской и общественно-политической мысли народов СССР» – 1955–56 ж. орыс тілінде жарық көрген 2 томдық акад. еңбек. Жалпы редакциясын басқарған Г. С. Васецкий т. б. Кітаптың 2-томындағы «19 ғ-дағы Қазақстан мен Орта Азия халықтарының қоғамдық-саяси және философиялық ойы» атты 31-тарауында 19 ғ-дағы қазақтың аса көрнекті ағартушы-демократтары Ш. Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаевтардың қоғамдық-саяси, философ. көзқарастары қаралған. Авторлар – Н. Жанділдин мен Е. И. Шехтерман ақын өлеңдері мен ғақлияларын талдай келіп, таным тұрғысынан алғанда Абай көзқарастарының негізі материалистік болғанын дәлелдейді. Ақынның философ. көзқарастарындағы қайшылықтар дінге деген екіұдай көзқарасынан туғандығына тоқталады. Мақала – Абайдың шығармашылығы мен дүниетанымындағы қайшылықтарға, бірізділіктің жоқтығына қарамастан, қазақ халқының алдыңғы қатарлы мәдениеті мен қоғамдық ойын дамытуда үлкен қызмет атқарғанын көрсете білген. Кітап көл. 56 б. т. , 20 мың дана болып басылған. *М. Әбішева.*

СТАДНИЧУК Иван Яковлевич (1913 ж. т.) – суретші-кескіндемеші. Майлы бояумен және акварельмен жұмыс істейді. 1968 ж. салған «Абай шыңы» (акварель, И. Е. Корнилов қоры, С.-Петербург) кескіндемесі бояуының қанықтығымен ерекшеленеді. 1969 ж. «Абай ескерткіші» (акварель), 1991 ж. «Қаламқас» (кенеп, темпера, екеуі де автордың қоры) картинасын жазды. Онда «Абай ескерткішінің» композициясын қайталағанымен, суреттің түсіне ерекше көңіл бөліп, жота үстінде кетіп бара жатқан салт аттыны бейнелеген.

СТЕПАНОВ Алексей Матвеевич (1923–89) – суретші. Кескіндеме саласында жұмыс істеді. ҚазССР-інің халық суретшісі, еңбек сің. өнер қайраткері. С–тың табиғат көріністерін бейнелеген «Семейге барар жолдағы таулар» (1968, кенеп, темпера), «Гүлденді дала» (1969, кенеп, темпера, Қазақстан Республикасы Көркемсурет көрмесі дирекциясының қоры) атты суреттері бар. Оның «Абай шыңы» (1960, кенеп, темпера, жеке адамдар меншігінде) полотносында күндізгі тау баурайында ақша бұлттар көрінісі салынса, «Абай шыңы» (1973, кенеп, темпера, Қазақстан Республикасының мемл. өнер музейі меншігінде) ашық аспан аясында салынған суретінде автор зәулім шыңның гранит текшелерінде халыққа ойлы көз тастап тұрған ақынның жүзін бейнелеген. *Л. Плахотная.*

СТЕРН Анатоль (1899–1968) – ақын, жазушы, драматург, аудармашы. Вильнюс ун-тінде поляк филологиясын оқып үйренді (ол кезде қала Польшаның құрамында болатын). «Егеменді Польша хабаршысының» редакторы болды. 1948 жылдан Варшавада тұрды, 4 өлең жинағының авторы. Ол Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» (1961) өлеңін поляк тіліне аударған. *Р. Краевский.*

СТИЛЬ – жазу мәнері, ой түйінін ашу тәсілі. Абай сөз жұмсау қызметінде алғаш халықтың ауыз

әдебиеті үлгілерін тұтынған, кейін шәкірт кезінде иран-шағатай әдебиетінің романтикалық сарындарына еліктеп жазған, ал әлеумет өміріне белсене араласқан шағында орыстың және сол арқылы Европаның озық әдеби дәстүрлерін игеріп, қазақ тілінің өз мүмкіндіктерін сарқа пайдалана отырып, ұлттық көркем әдебиетті, әсіресе оның поэзия жанрын классик. деңгейдегі жазба әдеби С. мәртебесіне көтерген. Абай ақындық өнерімен қатар ғыл. және діни көпшілік бағыттағы публицистика С-ін де қалыптастырған. Оның «Ғақлия-сөздері» орта ғасырлық кітаби тілді сопылық философия тілінен арылтып, қазақтың халықтық тілінің табиғатына бойсұндыра жасаған эпистоляр (хат) түріндегі дидактик. С. туындылары болды. Ал *«Бірер сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы»* деген еңбегімен Абай өз халқының ұлттық ғылымының салиқалы С-ін орнықтырды. *Е. Жұбанов.*

СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР – алуан тақырыптағы сөйлеу барысында тілдің стильдік мүмкіндіктерін әр жақты пайдалану. Ең басты ерекшелік тілдің ауызекі сөйлеу және жазу дәстүрлерінен көрінеді. Алғашқы дәстүр күнделікті сөйлеу тілінің стилі негізінде қалыптасады да онда күнкөріс-тіршілік қалпынан туған лексик. атаулар мен сөз қолданыстар молырақ және синтаксистік құрылымы жағынан сөз тәртібі біршама еркін жүйеленеді. Осы ауызекі дәстүрге жататын және синтаксистік жүйесінің белгілі бір нормаға сүйенетіндігі нәтижесінде жазу тілінің стиліне жуығырақ келеді. Жазу тілі стиліне бейнелі беллетристиканың, яғни көркем әдебиеттің тілі, ресми құжаттар мен ағымдағы іс қағаздарының тілі, хабар-ошар, сәлем хат, жолжазба, күнделік және қойын дәптер хаттамаларына тән эпистолярлық стиль т. б. жатады. Абайдың қаламгерлік қызметінен осы айтылған С. е-ді аңғаруға болады. Ол ең әуелі өз халқының ауыз әдебиеті стилімен қара өлең ұйқасына құрылған «бір қақпай» өлеңдер шығарды. Оның *«Кім екен деп келіп ем түйе қуған...», «Түнлікбайдың қатыны атың Шәріп...», «Қара қатын...», «Бөстегім, құтылдың ба Көтібақтан?..», «Әйелің – Медет қызы, аты Өрім...»* т. б. шығармалары халық әдебиеті стилін танытады. Оның алғашқы ақындық талпыныстарынан туған мұндай өлеңдері аса көп жиналмаған, хатқа түсіп те үлгермеген. Ал шәкірттік кезеңде мұсылман шығысының классик. жазба әдебиетіне ден қойған. Соған орай ақын Шағатай әдеби тілінің әрі көркемдік-эстетик. қасиетін, әрі жазу дәстүрін игере бастаған. Оның Иран, шағатай ақындарынша жырлаған «Фзули, Шәмси, Сәйхали», «Әлифби» туындылары соның айғағы.

«Абай – қазақ әдебиетінің классигі» деген тұжырымды алғаш ұсынған (1934 ж.) проф. Қ. Жұбанов ақынның сол кезге дейін «еленбей келген ерекшелігі» қазақтың халықтық тілін классик. әдебиет тілі дәрежесіне дейін көтергендігі деген болатын. Бұл – түбегейлі таным. Абайдың бұл ерекшелігі – атап айтқанда, халық тілін жазба әдеби тілдің қажетіне жегуі, сөйтіп классик. көркем әдебиет стилін қалыптастыруы – оның өзгеден ерекше даралығы. Абай ақындығының басты С. е-і де осы. Себебі, түркі тілді өңге ұлттың жазба әдебиеті саласындағы аты әйгілі ақындарының бәрі де өз поэзиясын шағатай тілінде өрбіткен. Абай шығармашылығы сыншыл реализм бағытын ұстанған; ол өз туындыларында үлкен әлеум. тақырыптарды бұқарашыл биік мұраттар тұрғысынан сөз еткен. Айтайын деген ойын, әрбір өлеңін қалың көпшілік түсінсін деп жазғандықтан оның стилі де анық, айқын, жатық. «Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер, Думан, сауық ойда жоқ әуел баста-ақ», – дейді ол өзінің тіл ұстартудағы мақсаты жайлы. Сөйте тұра оның лирикалары барынша нәзік, көркем және суретті болып келеді. Байырғы қазақ ауыз әдебиетінен мол сусындаған Абай оның сөз байлығын, әсерлі көркемдеу құралдарын жастай игерсе де, өз шығармаларында ертегілік-аңыздық ғажайып көріністерге ұмтылмаған, қайта аңыздық сюжеттің өзіне шыншылдық өң берген. «Сөз айттым Әзірет Әлі, айдаһарсыз, мұнда жоқ алтын иек сары ала қыз» – деп, ол өзінің С. е-нің эстетик. принциптерін айқындап берген.

Өзіне дейінгі «ескі би», «ескі ақындарды» көріп біле тұра Абай өз қоғамының, өзі өскен ортаның, сол дәуір әдебиетінің талап, тілектері деңгейінде қалып қоймай, замана ауқымынан шығандап шығып, жаңа түр, жаңа мазмұн, жаңа тақырып және соларға лайық ұтымды поэтик. тіл іздейді. Абайдың бейнелі де бедерлі, салиқалы ақындық стилі осылайша қалыптасты. Ол қазақ әдебиетінің өткендегі үлгілерін саралаумен бірге Шортанбай, Бұхар, Дулат жырау сөздеріне айрықша мән берді. Сөйтіп «ескі бише отырмай, бос мақалдап», қазақтың жаңа жазба поэзиясын көпсөзділіктен арылтты, өлеңнің жаңа өрнектерін, бунақ жүйелерін, ұйқасу тәсілдерін дәл тауып ұсынды. Сондай-ақ ақын өлең-сөздің жанр табиғатын байытып, бұрынғы ауыз әдебиетіндегі қара өлең, қайым өлең, жыр өлшемді тұрмыс-салт лирикаларының, батырлық дастандардың, қисса-хикаялардың романтизмін, толғаулардың дидактик. сарынын жаңа реалистік бағытқа, бедерлі аналогиялық суреттеме тәсіліне бағыттады. Сөйтіп байырғы жеті-сегіз буынды шұбыртпалы жыр мен он бір буынды төрт тармақты шумақтар жаңаша өң алып, нәрлі бояулармен қанықты. Енді қазақ поэзиясында жылдың төрт мезгіліне арналған өлеңдер, жеке адамдардың мінездеме портреттері, орыс және Европа әдебиетінің үлгісінен кем соқпайтын романстар, эпиграммалар, хат түріндегі монологтар мен диалогтар бой түзеді. Ы. Алтынсаринге ілесе халқымызға мейлінше ұнап, етене сіңісіп кеткен мысал өлеңдер жазды. Оларды орыс авторларынан аудару үстінде де Абай мысал оқиғасының, ондағы кейіпкер әрекеттерінің қазақ ұғымына қонымды болуын ойластырып, өз тарапынан тың түсініктемелер қосты. «Евгений Онегиннен» үзінділер аудару тұсында, бәлкім, А. С. Пушкин туындысының әсерімен, Абай жазған «Айттым сәлем, қалам қас...» пен «Қиыстырып мақтайсыз...» Онегин мен Татьянаның жауаптасуы стиліндегі, бірақ табиғаты жағынан нағыз ұлттық негізден туған, жаңаша пішілген туынды болды. Тұтастай алғанда диалог сипатындағы бұл ғажайып лириканың әрбір репликасы ішкі монолог ретінде де сыр шертеді. Кейін, яғни 20 ғ-дың алғашқы жиырма жылдығы көлемінде ояна бастаған қазақтың жас интеллигенциясы осы әсерлі «тіл жалғасудың» жатық сөзін үлгі тұтып, ел ішінде «Сәлем хат» аталатын әдеби-эпистолярлық жанрдағы шығармашылық өнерді қалыптастырды. Ауыз әдебиеті дәстүрі мен жазу мәдениетін

ұштастырған бұл салт жазба әдебиетіміздің кемелденген сәтіне дейін жұртшылыққа қызмет етті. Абай аудармаларының да өзіне тән С. е-і бар. Ол ең алдымен рухани жан дүниесі жақын қаламгерлердің қазақ қауымына табиғи үндесетін шығармаларын таңдап аударды. Соның өзінде де «қыз бен жігіттің сөздері» тақылеттес Татьяна мен Онегиннің хаттарын сөзбе-сөз аудармай, қазаққа тән ұлттық нақыштармен әшекейледі. Мыс. , Абай Татьянаның аузымен айтылатын сыры терең өкінішті:

«Қаймақ еді көңілімде,
Бізге қаспақ болды жем», –

деп, қыр елінің тіршілігін етене сезім аңсарына көмкеріп берген.

Шығыс әдебиеті үлгілерін туғызған әлемдік тақырыптарға қалам тартқанда Абайдың ақындық болмысынан нәзирәгөйлік стильдің нышаны да бой көрсетеді. Ол өзінің шайырлық дарынының биік деңгейін Шығыстың ұлы сөз ұсталарымен өлшестіре келіп, «Ескендір», «Масғұт», «Әзім әңгімесін» жазды, сөйтіп бұрын шығыс әдебиетінің классиктері бірі мен бірі жарыса жырлаған сюжеттерді өз тарапынан өзінше пайымдап, дербес нұсқалы тың дастан етті. Абай орыс классиктері Пушкин мен Лермонтовтың өлеңдерін де өнер сайысы тұрғысынан аударды. Оның стилінен аңғарылатын басты бір ерекшелік тәржімешінің мақсаты мен ұстанған принциптеріне байланысты болатын. *Е. Жұбанов.*

СТРИЖАК Николай Георгиевич (1926 ж. т.) – график, өнертанушы, журналист, әскери инженер.



Қазақстан әдебиеті. Н. Г. Стрижак. 1986.

Экслибрис, силуэт, графика саласында жұмыс істеді. Ол «Қазақстан әдебиеті» атты экслибристік топтама суреттерінің біреуін Абайға арнады (1986, қағаз, сия; жеке адамдар меншігінде). Онда табиғат аясында жұмыс істеп отырған ақын тұлғасы бейнелеген.

СУХОВ Сергей Яковлевич (1911 ж. т.) – суретші. Плакат, қондырғылы және кітап графикасы, кескіндеме саласында жұмыс істейді. Қазақстан Республикасының еңбек сің. мәдениет қызметкері. Бүкілодақтық а. ш. көрмесіне арнап «Абай портреті» (1954, кенеп, майлы бояу) еңбегін жазды.

СУХОТИН (т.- ө. ж. б.) – Омбыда дала ген. губернаторы болған. 1903 ж. Шаймерден Қосшығұловтың Көкшетаудан Абайға жазған хатында: С-нің Абай туралы пікірі дұрыс екені, әрнәрсені ақылға салып істейтін білімді адам болғаны жайлы сөз етіледі.

СУЫРЫП САЛМА ӨЛЕҢДЕРІ. Алғашқы шығармалары ресми баспасөзде, «Дала уәлаяты газетінде» 1889 ж. ғана жарық көрген Абайдың өлең өнерімен тым ерте, балалық шағында-ақ айналысқаны белгілі. Халық ақындары мен әнші, жыршылардың, шешендердің өлең, жырларын, ертегі, қиссаларды, төгіліп тұрған шешендік сөздерді көп естіп өскен зерделі баланың ақындық сезімі ерте оянған. Табиғатында тілі уытты, ойы алғыр Абай кішкентайынан-ақ біреудің мінін көргіш, оқыстан уытты сөз тапқыш болған. Және ойына келген сөзін «мынау алыс, мынау жақын» демей, тура айтқан. Біреудің кемшілігін, өрескел ісін көрсе, табаңда сын айтып, әжуалап, мысқылға айналдырады екен. Және сол әзіл-оспағын қысқа ғана, бір қақпай өлеңмен жеткізген. Ал ондай өлеңнің ешқандай әзірліксіз, аяқ астынан айтылатыны белгілі. Төркін жұртына барып, жауыр айғыр жетектеп қайтқан келіншекті:

«Кім екен деп келіп ем, түйе қуған,
Қатын ғой күлдәрімен белін буған,
Төркінінің бергені жауыр айғыр,
Бауырыңды ұрайын бірге туған», –

деп мазақтайтын Абай 14 жаста. Ақынның балалық, жастық шағында суырып салып шығарған мұндай шумақтары аз болмаса керек. Ел арасына ауызекі тарап кеткен өлеңдерін Ғабитхан молда мен Мүрсейітке жинап, қайта көшіруді берірек келген соң ғана тапсырған ақынның айтқан жерде қалатын әзіл, сықақтарының көбісінің қағаз бетіне түспей, ұмыт болғаны сөзсіз. Соған қарамастан бүгінгі оқырманға Абайдың осындай суырып салып, ауызша айтқан жиырмадан астам өлең-шумақтары жеткен. Ақынның біреудің мінін көрген сәтте тап басып, бетіне айтуға деген бейімдігі есейген шағында да қалмаған, қайта осындай өлеңдерінің өзінде оның ойы тереңдеп, тілі ұштала түскен. Жат қылық, оғаш мінез көрген жерде ол енді бетің-жүзің демейді, сынап отырған объектісін өлтіре, сілейте соғады. Күйеуін қанағат тұтпай, жеңіл жүріске салынған әйелді: «Сен шыққан жол үстінде жалғыз түп ши, Көрінген ит кетеді бір-бір сарып», – деп, дүйім жұртқа масқара ететін жолдар нағыз уытты тілмен айтылған, ақынның ашу-ызасын іркусіз төге салған әрі өткір, әрі көркем тармақтар. Абайдың мұндай тауып та әділ айтатын шеберлігін 25 жыл бойы ақын жанында жүріп, үзеңгілес жолдас болған Көкбай Жанатаев өз естеліктерінде айтып кеткен. Бір жолы Әріп пен Көкбай өлең сөзбен тіресіңкіреп қалып, әңгіме әрқайсысының шыққан тегі жайлы

ыңғайсыздау тақырыпқа көше бастағанда Абай:

«Ақсұпы дүниеден ұлсыз өткен,
Енеден жалшысынан бала біткен,
Өкіреш найманда ұл болмаған соң,
Атасыз найман көп деп ап кеткен»,

деп, шындықты бір-ақ ауыз өлеңмен айтып, екеуін де тоқтатқан.

«Бойын бағып, қымтырылып, пәлен көрінем, түген көрінем деп қолдан пішін жасайтын мінезді көре бастаса, қытығына тигендей, жақтырмай қалатын. Ондайды кекетіп, мысқыл қылып, қалжыңмен өлең айтып жіберетін», – дейді Көкбай («Абай» журналы, 1918. 1. 51-бет). Бұл ақынның суырып салма өлең шығарғыш қасиетін өз көзімен көрген адамның сөзі. Шынында да Абайдың өз замандастары Жақсылыққа, Көжекбайға, Назарға, Көкбайға, Дүйсенқұлға т. б. арнап айтқандары осындай ойламаған жерден тіліне оралған шумақтар. Ақынның мұндай өлең жолдары бірде өткір әжуаға құрылса, енді бірде зілсіз, жеңіл әзіл түрінде, біреудің оғаш қылығын жәй ғана қызықтау түрінде айтылады. Айында-жылында күйеуін әрең көретін қара қатынға, сыйлас адамдары Разақ пен Омарханға, әзілкеш әпенде Қиясбайға, Баймағамбетке, Мұқаммаразға, жақсы көретін немересі Бәкизатқа айтқандары осындай ойнақы қызықтау ғана. Оның *«Әйелің Медет қызы, аты Әрім...»*, *«Бөстегім, құтылдың да Көтібақтан?...»* т. б. суырып салма өлеңдері жәй ескерту түрінде айтқандары.

Абай кейде осынау айналдырған бір шумақ өлеңдері арқылы үлкен әлеум. мәселелерді де қозғап, жеке адамның міні арқылы қоғамда етек алған ортақ кемшіліктерді де сынға алады. Мыс. , жас болыс Күлембайға айтқан *«Уағалайкүмүссәлем...»*, әйел алып, тұрмыс құруды ойыншық етіп алған Дүйсенқұлға реніш білдіретін *«Саудайы-ай, сауды алмадың-ау сырқауды алып...»*, арнайы діни білімі бар Ғабитханмен «Мұхтасар» сөзіне таласып келген Балқожаға тоқтау салатын «Ғалымнан надан артпас ұққанменен...» деп басталатын шумақтарында әлгі аты аталған адамдарды мысқыл ете отырып, ел ішінде етек алған надандықты, мансапқорлықты, жағымпаздықты, ойсыз-мақсатсыз тіршілікті тағы да бір түйреп өтеді. Осы орайда оның әсіресе *«Белгілі сөз, өлді, өлді...»*, *«Күшік асырап ит еттім...»* деген шумақтары үлкен филос. ой толғайтын, ақынның мынау опасыз дүниеге күйініп отырып, лағнет айтатын сөздері. Ал ауыл-үйді алатайдай шулатқан, бейпіл ауыз, тентек бала Рахымшалға ыза болып: «Бүйтіп берген баланды, Берген құдай, өзің ал!» деген жолдары бүкіл жұрт атынан айтылған қарғыс іспетті.

Абайдың суырып салма өлеңдері тапқырлығы ғана емес, көркемдік шеберлігі де ерекше туындылар. Әлгіндегі Рахымшалға айтқан сөздері:

«Сұлу аттың көркі – жал,
Адамзаттың көркі – мал,
Өмір сүрген кісіге,
Дәулет – қызық, бала – бал...» –

деген мақалға бергісіз мақамды шумақпен басталады. Өлеңнің екінші қорытынды шумағы да осындай. Абайдың өткен өмір жолына көз жүгіртіп, өкінішті зар-наламен күйіренетін:

«Күшік асырап, ит еттім,
Ол балтырымды қанатты,
Біреуге мылтық үйреттім,
Ол мерген болды, мені атты», –

деген шумағы өлеңді асықпай ойланып-толғанып жазған күннің өзінде көп ақынның қаламына орала бермейтін жолдар. Үйін тінтуге Семейден арнайы адам келгенде төбе басында жүрген ақын асығыс қайтып келе жатып сүрініп кеткен өзіне айтқан «Еріксіз түскен ылдидан...» деп басталатын шумағы да осындай өлең. Мазмұны терең, тілі көркем, қысқа да нұсқа дүниелер. Жарасымды мысқыл, орнықты ойға құрылған. Дегенмен, Абайдың суырып салма өлеңдері көбіне жеңіл тілмен, ойнақы түрде жазылады. Өлеңнің өзінен-ақ оның ауызекі шығарылғандығы көрініп тұрады. Ақын Күлембай сәлемін ала сала:

«Уағалайкүмүссәләм,
Болыс, мал-жан аман ба?
Мынадайға кез болдың,
Аума-төкпе заманда,
Ел билеген адам жоқ
Ата менен бабаңда.
Болыстықтан пайда қып,
Шығыныңды алсаң, жаман ба?
Қалжыңдаймын әншейін,
Оған келе де бермес шамаң да»,

деп, амандық-саулық сұрай отырып, қалжың арасында оның ата-тегінде ел билеген адамның жоқтығын ескертіп, әрі шығыныңды қайтаруға да шамаң келмес деп іштен шалады. Бәрі үйлесімді, жарасып-ақ тұр. Тіпті Күлембай ренжітіндей ештеңе айтпаған сияқты. Өйткені ақын оны қатты сынға алуды мақсат етпеген.

Абай суырып салма өлеңдерінде де үлкен жаңашыл ақын ретінде көрінеді. Оның әр шумағы бас-аяғы бүтін, айтпақ ойын толық жеткізген, тұтас дүниелер. Түрлік, көркемдік жағынан Абай ақындығының исі аңқып тұратын туындылар. Сөйтіп ақын суырып салу өнерінде де көп ақынға үлгі көрсетіп кеткен. *Т. Рсаев.*

СҰЛТАН АХМЕД ХАН, Алаша хан (1465/66–1503/04) – Моғолстан ханы. Жүніс ханның баласы. 1484 ж. әкесінен бөлініп, арлат, жарас, калучи т. б. жергілікті тайпаларды бағындырып, Моғолстанның шығ. бөлігінде билік құрды. Қашғар мен Жаркентті қол астына қарату мақсатымен қазақ хандарымен бірігіп, Дулат әмірі Мырза Әбу Бәкірмен соғысып, оны жеңе алмады. Қалмақтардың (ойраттардың) Моғолстанның шығыс аймағына жасаған шабуылына тойтарыс беріп, оларды қатыгездікпен аяусыз қырып-жойды. 1503 ж. Мұхаммед Шайбанимен соғыста жеңіліске ұшырады.

Абай *«Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы»* еңбегінде С. А. х-ды Ахмет хан есімімен атап, 16 ғ-дың әдеби ескерткіші «Бабырнамадан» ол туралы тарихи деректер келтіреді. С. А. х-ның қалмақтарды көп шауып, аяусыз қырғаны жайлы айтады. Сондықтан да қалмақтар рахымсыздығына қарай «мынау бір аласын болды ғой» деп, Алаша хан атандырыпты, – дейді ақын. *С. Созақбаев.*

СҰЛТАНБЕКОВ Мұрат Рахымжанұлы (1938 ж. т.) – әдебиет зерттеуші. «Абай поэмалары» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Мерзімді баспасөзде қазақ және орыс тілдерінде «Ақылбайдың поэтикалық мұраларынан» («Иртыш», 1965, 15 тамыз), «Азамат, ақын, ойшыл» («Иртыш», 1966, 10 тамыз), «М. Әуезов Абай поэмалары

жайында» («Семей таңы», 1968, 16 желтоқсан), «Абайдың балалары және әдеби мұралары» («Иртыш», 1970, 9 қыркүйек) т. б. мақалалар жариялады. С. Ақылбайдың «Дағыстан» дастанын орыс тіліне аударды («Иртыш», 1969, 17–18 қазан).

«СҰЛУ АТТЫҢ КӨРКІ – ЖАЛ...» – Абайдың 1896 ж. шығарған өлеңі. Тәлім-тәрбиеден жұрдай, бейбастақ баланың көргенсіздігін көрген сәтте табан астында айтуы да мүмкін. Көлемі әрқайсысы 4 тармақтан тұратын 2 шумақ. Мамай тобықтыға жататын Көжекбай деген кісінің Рахымшал есімді баласы аса тентек, аузының байлауы жоқ, былпыт болып өсіпті. Оның осы одағай мінезі балаларына жаман үлгі көрсетеді деп қауіптенген ақын Көжекбайға ат-көлік, сауын сиыр беріп, аулынан бөлек отырғызған. Абай үшін өмірдің бар қызығы да, көркі де, мағынасы да – бала. Тек сүйер үлға ғана сүйсіну керек. Балаң бал болса ғана бала. Ал үлгі-өнегесіз бұзақы баланың болғанынан болмағаны көп артық. Оңдай көргенсізден ақын біржолата күдер үзіп, «Бүйтіп берген балаңды, берген құдай, өзің ал!» деп бір-ақ кесіп тастайды. Бұл бейбастақ ұлға айтылған ақын үкімі, ата-ана, ел қарғысы. Өлең 7 буынды қара өлең үйқасымен шығарылған. Алғаш рет ақынның 1933 жылғы жинағында жарияланды. Басылымдарында ешқандай текстол. өзгеріс кездеспейді. Қарақалпақ, қырғыз, орыс т. б. тілдерге аударылған. *Т. Барақұлы.*

«СҰМ ДҮНИЕ ТОНАП ЖАТЫР, ІСІҢ БАР МА?.. » – Абайдың 1898 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 3 шумақтан тұрады. Өмірдің қатал тауқыметін, алдамшы өкінішін, баянсыз өткіншілігін шұғыл қойылған сұрақтар түрінде көлденең тартады. Әрбір сұрақтың жауабы ерекше леппен айтылған ақын сөзінің өзінен туындап отыратын тәрізді. Әр шумақтың жеке тармақтарында ауыр ойдың зілі бар. Сонымен қатар «Алды өмір, арты өкініш, алдамшы өмір», «Қай қызығы татиды қу өмірдің, Ет жүрексіз ерніңнің айтпа сөзін, Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма?» деген сияқты салмақты жүк арқалаған қанатты сөз тіркестері, бейнелі ой орамдары мол ұшырайды. Өмір озып, күн өткен сайын адамға тіршілік өктемдігі бата береді. Соның ығына түсіп, ықпалына көніп, жалған сөйлеме, ұжданыңды алдама, аярлыққа барма дейді өлең лұғаты. Өлең 11 буынды қара өлең үлгісінде жазылған. Түпнұсқа Мұрсейіт қолжазбаларынан алынып, алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Туындының басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1909, 1939 жылғы басылымдарында 1-шумақтың 4-жолы **«Желіккен жерге тықпас кісің бар ма?!»**, 1945, 1954 жылғы жинақтарда **«Желікпен жерге тықпас кісің бар ма?!»** деп алынса, 1957, 1977 жылғы басылымдарында Мұрсейіт қолжазбаларына сәйкес **«Желігін жерге тықпас кісің бар ма?!»** деп өзгертілген. Соңдай-ақ 1909, 1922, 1933 жылғы жинақтарда:

«Ет жүрексіз ерніңнің айтпа сөзін,
Тіл үйренген нәпсінің қу мінезін,
Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма?
Шымылдық боп көрсетпес шынның жүзін», –

деген соңғы шумақ берілмеген. Бұл жолдар Мұрсейіт қолжазбаларынан алынып, тұңғыш рет 1939 жылғы жинақта басылған. Өлең ағылшын, башқұрт, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, тәжік, түрікмен, ұйғыр тілдеріне аударылған. *Ж. Ысмағұлов.*

«СҮР БҰЛТ ТҮСІ СУЫҚ ҚАПТАЙДЫ АСПАН...» («К ү з») – Абайдың 1888 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 6 шумақтан тұрады. Абай бұл өлеңінде жылдың төрт мезгілін суреттейтін басқа өлеңдеріндегідей үлкен ақындық шеберлік таныта отырып, табиғат көріністеріне жанастыра ауылдың күнделікті машықты өмір тұрмысын мейлінше қарапайым нақтылы түрде, ешқандай көріктемей, әдейі әсірелеусіз сипаттайды. Аспанды қаптаған сұр бұлтты, жерді басқан дымқыл тұманды, жапырағы түскен ағашты, сарғайып тозған күзеуді суреттеу арқылы көшпелі ауыл тіршілік ететін табиғи ортаны, айналаны нақтылы қалпында айқын көзге елестетеді. Ойнақтаған жылқылар, үйірінен қашып, оқшауланған биелер, жарыса шапқылаған тайлар – бұлар да мал баққан елдің өмір-тұрмысының айнымас, әрқашанда қосақтасып жүретін белгі-нышандары десек болады. Өленді түгелдей алып қарасақ, оңда табиғат көріністерінен гөрі көшпелі елдің өмір-тұрмысын, тіршілік әрекетін бейнелеу жағы басымырақ екенін көреміз.

«Біреу малма сапсиды, салып иін,
Салбыраңқы тартыпты жыртық киім.
Енесіне иіртіп шуда жібін,
Жас қатындар жыртылған жамайды үйін.

Қаз, тырна қатарланып қайтса бермен,
Астында ақ шомшы жүр, ол – бір керуен.
Қай ауылды көрсең де, жабырқаңқы,
Күлкі-ойын көрінбейді, сейіл-серуен.

Кемпір-шал құржаң қағып, бала бүрсең,
Көңілсіз қара суық қырда жүрсең.
Кемік сүйек, сорпа-су тимеген соң
Үйде ит жоқ, тышқан аулап, қайда көрсең.

Күзеу тозған, оты жоқ елдің маңы,
Тұман болар, жел соқса, шаң-тозаңы.
От жақпаған үйінің сұры қашып,
Ыстан қорыққан қазақтың құрсын заңы...»


Осында дәл тауып, айнытпай берілген нақтылы күнкөріс әрекеттері – қазақтардың теріні малмаға салып, иін қандырып алып илейтіні, қыс бойы қорек ететін астықты күзде түйемен барып басқа жақтан әкелетіні, киіз үйдің іші ыс болады деп күзгі суықта от жақпай отыратыны, әйелдердің түйенің шудасынан жіп иіріп киіз үйдің жыртылған жерін жамайтыны – бәрі де көшпелі елдің дағдылы тіршілігін, тұрмыс-жағдайын, әдет-салтын анық аңдатады. Мал бағумен күн көрген елдің өмірге бейімділігі, тіршілікке икемділігі,ептілігі де байқалмай қалмайды. Қара суыққа тоңып дірдектеген балалар мен кемпір-шалдардың сиқы күзгі табиғаттың жабырқаңқы түріне толық сәйкес келеді. Ақынның *«Жазғытұры қалмайды қыстың сызы...»* дейтін өлеңіндегі шұғылалы сәулесін шашқан күнді, жарық айды, жымыңдасқан жұлдыздарды қызықтау, шат, жарқын көңілді адамдар бейнесін алға тарту, табиғатты көтеріңкі леппен суреттеу мұнда жоқ. Бұл өленде: «Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп, Жапырағынан айрылған ағаш, құрай...» – деп ағаш пен құрайды кемпір-шалмен салыстыратыны көңіл қоярлық. Әдетте адамды жансыз салыстыру қолайлы, ұтымды саналса, Абай керісінше тәсіл қолданып, жансыз нәрсемен сипаттау үшін оны адаммен теңестіреді. Бұл бүрісіп үрпиген

кемпір-шалдың мүшкіл халы оқырманның аяныштылық сезімін күшейте түседі. Өлеңде тек кедей, жоқ-жітік адамдардың хал-жайы айтылатыны тегін емес. Ол көшпелі елдің тұрмыс-тіршілігі күз түскенде қиындайтынын нанымды етіп көрсету үшін қажет. Өлеңнің осындай мазмұны оның сарынына әсер ететінін мойындасақ та, бірақ бұдан ақынның өз көңіл күйі де сондай жабыққы демесек керек. Табиғатты, елдің өмір-тұрмысын суреттеуде ақынның байсалдылығы, пікір парасаттылығы ешқандай күмән туғызбайды. Өлеңнен боямасыз, қоспасыз ақиқат өмірдің өз көрінісін тапқандай әсер аламыз.

Өлең 11 буынды қара өлең үлгісінде жазылған. Алғаш 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі» атты жинақта жарияланған. Басылымдарында бірқатар текстол. өзгерістер кездеседі. Мүрсейіттің 1905, 1907 жылғы қолжазбаларында, 1939, 1945 жылғы басылымдарда 1-шумақтың 2-жолы **«Күз болса, дымқыл тұман жерді басқан»** болса, 1954, 1957, 1977 жылғы жинақтарда бұл жол Мүрсейіттің 1910 жылғы қолжазбасы негізінде **«Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан»** деп алынған. Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасында 4-шумақтың 1-жолы **«Қаз, тырна қатарласып қайтса бермен»** деп көрсетілсе, Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбаларында, басылымдарда **«Қаз, тырна қатарланып қайтса бермен»** делінген. Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасында 6-шумақтың 1-жолы **«Күз отырған оты жоқ елдің маңы»**, осы шумақтың 3-жолы **«От жақпаған үйінің сұры кетті»** болса, бұл жолдар жинақтарда, Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбалары мен 1909 жылғы жинақ бойынша **«Күзеу тозған, оты жоқ елдің маңы», «От жақпаған үйінің сұры қашып»** деп алынған. Туынды ағылшын, араб, азербайжан, белорус, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, тәжік, түрікмен, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған. *З. Ахметов.*

«СҰРҒЫЛТ ТҰМАН ДЫМ БҮРКІП...» – «Не осенний мелкий дождичек» деп басталатын орыс өлеңінің (сөзі А. А. Дельвигтікі, муз. М. И. Глинканікі) 1892 ж. Абай тәржімелеген туындысы. Көл. 16 жол. Абай өлеңнің жалпы мағынасын ғана сақтап, өлеңді өте еркін аударған. Өлеңнің алғашқы: «Не осенний мелкий дождичек, Брызжет, брызжет сквозь туман, Слезы горькие льет молодец, На свой бархатный кафтан...» – деген шумағын Абай:


«Сұрғылт тұман дым бүркіп, Барқыт шекпенді сулайды, Жеңіменен көз сүртіп, Сұрланып жігіт жылайды», – деп тәржімелеген. Өлеңнің екінші шумағындағы: «Атаңды анаң азғырып, Тұрғызбаған бейішке, Алласы оны жазғырып, Әкелді бастап кейіске», – деген жолдарды Абай өз жанынан қосқан, орысша нұсқадан алшақ жатыр. Ал: «Әйелмісің, жылама, Тәуекел қыл құдаға! – Өлең айт, Үйге қайт!...» және де: «Әйелде ешбір опа жоқ, Бүгін – жалын, ертең – шоқ, – Белді бу, Бетті жу!..» – деген өлеңнің қайырмасы түрінде келетін тұстары мағынасы жағынан орысша түпнұсқаға сәйкес келеді. Өлең 6-7 буынды. 1-, 3-шумақтары шалыс ұйқас, 2-, 4-шумақтары егіз ұйқас үлгісінде жазылған. Алғашқы рет ақынның 1933 ж. жарық көрген жинағында жарияланған. Өлең басылымдарында ешқандай текстол. өзгерістер кездеспейді. *З. Ахметов.*



Нота. (Сұрғылт тұман. 1-түрі).

Абай «Сұрғылт тұман дым бүркіп» өлеңіне ән шығарған. А. А. Дельвигтің сөзі де, М. И. Глинканың музыкасы да, тың жаңа түрге айналып, қазақ даласына Абай әні болып кең тараған. Әнді 1953 ж. композиторлар Л. Хамиди мен Б. Ерзакович Ә. Ысқақовтың, С. Қасимановтың айтуы бойынша нотаға түсірсе, 1984 ж. Абайдың немересі М. Мұхамеджановадан осы әннің 3-түрін Қ. Жүзбасов нотаға түсірген. Әннің 3 түрі де «Айттым сәлем, қалам қас» (1984) атты жинаққа енген. Әннің 1- және 3-түрлері бір-біріне жақын, ал 2-түрі – ырғақ жүйесімен сәл өзгешелеу. Әннің 2-, 3-түрлерінің муз. өлшемі өлеңнің мазмұндық жағымен қабысып жатыр. Жалпы ән қайратты характерімен ерекшеленеді. М. Глинканың музыкасымен үндестігін елестететіндей. Ән формасы 4/4; 3/4; 5/4; 4/4; 3/4; 4/4; 5/4; 3/4; 4/4. 4/4; 3/4; 4/4; 3/4; 5/4; 3/4; 4/4 муз. өлшем қалпында құралған. *Қ. Жүзбасов.*

«СҮЙСІНЕ АЛМАДЫМ, СҮЙМЕДІМ...» – Абайдың 1899 ж. жазған өлеңі. Көлемі 4 жол. Махаббат деген көшпелі алтынның сынаптай сырғып, аңғартпай өтіп кеткен соң «аһ» ұрғызатын



Нота. (Сүйсіне алмадым).

киелі қасиетін өлеңге арқау етіп алған. Махаббаттың зары, өкініші, оның біреуде ерте, біреуде кеш оянуы, жүректе іңкәрлік, ынтықтық сезімін қалдыруы. «Сүйсіне алмадым, сүймедім, сүйегім жасып, сор қалың, Сүйісіп саған тимедім, Бола алмадым сенің жарың» деп махаббатсыз бақыт, мұнардан жол таба алмаған мұңын шертеді. Өлең 7–8 буынды шалыс ұйқас үлгісімен жазылған. Алғаш ақын шығармаларының 1933 жылғы толық жинағында жарияланған. Басылымдарында ешқандай текстол. өзгерістер кездеспейді. Өлең қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған. *И. Хасенов.*

СҮЙІНБАЙ Аронұлы (1815–98) – халық ақыны, айтыс өнерінің майталманы. Ұлы жүз шапыраштың

руының Екей әулетінен шыққан. С-дың суырыпсалма өлеңдері мен айтыстары ел арасына кең тараған. Жыр алыбы – Жамбыл: «Менің пірім – Сүйінбай, сөз сөйлемен сиынбай...» деп оны пір тұтқан. С. ел билеген хан-төрелердің, болыс-билердің зорлық-зомбылықтарына батыл қарсы шығып, алқалы топ алдында ашық әшкере етумен қатар халық қамы үшін қан кешкен батырларды дәріптейтін көлемді дастандар шығарған. Ол Өтеген, Қарасай, Сұраншы, Саурық батырлар туралы ұзақ дастандарында бостандық пен тәуелсіздік жолында күрескен ел ерлерінің тамаша тұлғасын жасады. Ақын жырларының жинақтары 1935, 1976 жылдары жеке кітап болып басылды. Кезінде қырғыз, өзбек елдерін, бүкіл Сыр бойын, Семей губерниясын түгел аралап шыққан С. шығармалары Абай аулына да таныс болғаны сөзсіз. С. жырларындағы әлеум. сын, ел ішіндегі озбырлықты шенеген өткір тіл, ақынның мақалмәтелге айналып кеткен шешендік сөздері көп ретте Абай өлеңдеріндегі идеялармен үндесіп, көркемдік үлгімен ұштасып жатады. Бұл үндестік екі ақын өмір сүрген тарихи кезеңге, саяси-әлеум. жағдайлар тудырған талаптарға сәйкес көрініс табатын белгілер болса керек.

СҮЙІНДІК Жанкөбекұлы (1815 – ө. ж. б.) – Күшіктобықты елінің болысы. Ол Құнанбай Омбы абақтысында жатқанында оны кепілдікке сұрап алып, ісін қайта қарауға ықпал еткен. Абай С. аулымен, оның балаларымен достық, сыйластық қарым-қатынаста болған. М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясында бұл жай шынайы суреттелген.

СҮЙІНШӘЛИЕВ Ханғали Жұмашұлы (1918 ж. т.) – әдебиет зерттеуші, филол. ғыл. докторы, проф. Ол «Абайдың қарасөздері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған. Абайтану мәселелерімен жүйелі айналысып, бұл тұрғыда «Абай қазақ халқының ұлы ақыны және ағартушысы» (А. , 1954), «Абай Құнанбаев және орыстың классик. әдебиеті» (А. , 1955, орыс тілінде), «Абайдың қарасөздері» (А. , 1956, Пекин, 1986), «Абай Құнанбаев» (А. , 1958, орыс тілінде) атты зерт. кітаптар мен мерзімдік баспасөзде «Асыл қазына» (Социалистік Қазақстан, 1982, 28-қаңтар), «Абайдың эстетикалық көзқарасы» (Қазақ әдебиеті, 1980, 18-шілде) т. б. ондаған ғыл. мақалалар жариялады. Абай қарасөздерін мазмұн, тақырып ерекшеліктеріне қарай жіктеп топтастырды. Ондағы оқу-ағарту, тәрбие, имандылық жөніндегі айтқан ойларына тоқталды.

СҮЛЕЙМЕН, Соломон – Дәуіт пайғамбардың баласы, Інжіл бойынша Израильдің үшінші патшасы (б. з. б. 965–928). С. мұсылман дінінде 18 мың ғаламның тілін білген пайғамбар деп мадақталады. Құран аяттарында жиі аталады. Шығыс елінде, оның ішінде қазақ арасында С. туралы аңыз-әңгімелер кездеседі. Абай бейнелеген *«Иузи – рәушан, көзі – гәуһар»* өлеңінде: «Сәңә ғишық болып кәмтар, Сүлейман, Ямшид, Искандәр, Ала алмас барша мүлкигә», – деп, сұлулыққа пайғамбарлардың да ынтық екенін білдіреді.

СҮЛЕЙМЕН НОҒАЙ (т.-ө. ж. б.) – Ақынның Семейдегі дос-жар адамы, құрдасы. С-нің әкесі Ысқақ ноғай Қазан қ-нан әскерден қашып, Құнанбайға келіп паналаған. Құнанбай Ысқақты Бәкең руына қосып, Шыңғыс тауының Арқалық деген бөктерінен жер берген. Кейін «Бәкең» ауылы болып кеткен. Абайдың «Бәкең аулына» арнап жазған өлеңі де бар. С-нен Қабыш, Қожағапар, Таупық деген ұлдары, Мағрипа есімді қыз тараған. Мағрипаны Абайдың баласы Әбдірахман алған. Абай Семейге келгенде ауқатты адамдарға тәуелді болғысы келмей, көбіне осы С-нің үйіне түсіп жүрген. Үйінің іші жинақы, таза, асы дәмді болады екен.

СҮЛЕЙМЕНОВ Олжас Омарұлы (1936 ж. т.) – ақын, қоғам қайраткері. Қазақстан Республикасының халық жазушысы. «Арғымақтар», «Нұрлы түндер», «Мешін жылы», «Қыш кітабы», «Талма түсте тағы да бір қайталап», «Әр күн – арайлы таң», «Жалынның шалқуы», «Асқардан асу», «Таңдамалы» т. б. өлеңдер мен поэмалар жинақтары, «Аз және я» атты ғыл.-зерт. еңбегі жарық көрді. Оның әдеби сценарийі бойынша «Балалар жері», «Көгілдір маршрут», «Қыс – қысылшаң мезгіл», «Мұхтар Әуезов туралы сөз», «Жастық шақ заставасы» т. б. кинофильмдер түсірілді. С-тің Абай рухына бағышталған «Шыңғыстаудағы ақын қабірі басында» атты өлеңі жарияланды (Әр күн – арайлы таң. – М. 1973). С-ке «Эскиздер», «Көгілдір таулар », «Сөз сапасы» т. б. шығармалары үшін Қазақстан Республикасының Абай атынд. Мемл. сыйл. берілген. «Семей-Невада» халықаралық қозғалыстың жетекшісі ретінде ұлы ақынның туған жерінде орналасқан атом полигонын жабуға үлкен үлес қосты.

СҮЛЕЙМЕНОВ Рамазан (1931–1992) – тарихшы, тарих ғыл. докторы, проф., Қазақстан Республикасы ҒА-ның академигі. Ғалымның негізгі зерттеулері еліміздегі мәдени революция тарихына арналған. «Темірбек Жүргенов», «Қазақстан мәдениеті 50 жылда», «Шоқан Уәлиханов – шығыстанушы», «Қазақстанның тарихи және археологиялық ғылымы» т. б. монографиялық еңбектерінде республикадағы оқу ісі мен мәдени мекемелердің туу, даму және қалыптасу жолына жан-жақты шолу жасайды. Қазақстандағы оқу-ағарту ісінің даму барысын қорытындылай отырып, алдағы бағдарламалық жолын белгілеуге айтарлықтай үлес қосты. Бұл салада Абайдың ағартушылық идеяларын белсенді насихаттаушылардың бірі болды.

СҮРТІБАЕВ Мүлік (1917 ж. т.) – актер. Қазақстанның халық артисі. М. О. Әуезов пен Л. С. Соболевтің «Абай» трагедиясында Абай ролінде ойнады (1951, Қарағанды драма театры). С. ойшыл-ақынның сан қырлы қасиетін шынайы көрсете білді. Осы пьесаның Қазақ драма театрындағы 1963 жылғы қойылымда С. сомдаған Абай тұлғасы актердің психол. портрет шебері екенін танытты. Артист ақынның филос. ақыл-ойын, дүниетанымын ашуға талпынды. С. 1982 ж. Қазақ драма театрында «Абай» спектаклін режиссер ретінде қайта қойып, Абайдың ролін өзі ойнады.

Г. Бекхожина

СЫЗДЫҚОВ Жақан (1901–77) – қазақ ақыны. Абай поэзиясына айрықша ілтипат-ықылас білдіріп, ұстаз тұтқан. Мұны оның «Абайға», «Жырлап сізді нәсіліңіз» деген өлеңдерінен аңғаруға болады. 1946 ж. жазылған бұл екі өлең мазмұны жағынан біріне-бірі мейлінше жақын болып көрінгенімен, көркемдік түрі жағынан мүлде өзгеше. «Абайға» өлеңін оқып көрелік:

Тұлпардай қызып,
Лашындай сызып,
Ой теңізін жүзгенде,
Тағыға шауып,
Асылын тауып,
Жыр маржанын тізгенде,
Толғандың, толқып ән салдың,
Шалқыдың, шырқап жар салдың.

С-тың бұл шығармасынан Абайдың атақты «Алыстан сермеп» атты өлеңінің үлгісі айқын көрінеді. Тіпті, сондағы сөз кестесін, тіл бедерін сақтауға тырысқаны байқалады. «Жырлап Сізді нәсіліңіз» өлеңінде Абайдың бұл күнде жалғыз қазақ емес, барша халықтардың сүйікті ақыны болып отырғаны айтылады. Сен өзбек үшін Науаи, украин үшін Шевченко, татар үшін Тоқай сияқты қадірлісің дейді. *С. Сейітов.*

СЫЗДЫҚОВА Рабиға Сәтіғалиқызы (1924 ж. т.) – тіл білімі маманы, абайтанушы, фил. ғыл. докторы, проф., Қазақстан Республикасы Ұлттық ҒА-ның корр.-мүшесі, Қазақстан Республикасының еңбек сің. ғылым қайраткері. С. – Абай шығармаларының тілін тұрақты әрі тыңғылықты зерттеп жүрген белгілі ғалымдардың бірі. Ол «Абай прозасы тілінің морфологиялық ерекшеліктері» деген тақырыпта кандидаттық (1959), «Абай шығармаларының тілі» деген тақырыпта докторлық (1971) диссертациялар қорғады. *«Абай шығармаларының тілі»*, *«Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы»* аталатын монограф. зерттеулерінде, ғыл.-зерт. мақалаларында қазақ жазба әдебиетінің негізін салуда Абай Құнанбаев шығармаларының зор маңыз атқарғанын дәлелдеді. Ұлы ақын мұрасын лексик., морфол., синтаксистік тұрғыдан жан-жақты талдады. Ақынның қазақ әдеби тілін қалыптастыру мен дамытудағы қосқан үлесі мен алатын орнын айқындап берді. Қаламгер қолданған қазақтың төл сөздері мен түрлі лексикалық қаттаулардың, грамм. тұлғалардың, тәсілдердің сыр-сипатын ашты. *Н. Уәлиұлы.*



М. Сүртібаев Абай ролінде. Реж. Ә. Мәмбетовтың «Абай» спектаклі. 1962–64 ж.

«СЫНАЛАР, ЕЙ, ЖІГІТТЕР, КЕЛДІ ЖЕРІҢ...» – Абайдың 1891 ж. жазған өлеңі. 1 шумақтан тұрады, барлығы 4 жол. Ақын туындыда жастарды талаптылыққа, ізденімпаздыққа, саналылыққа шақырады, ой қууға бастайды. «Дүниедегі жан құмарлық – білмекке құштарлық» екенін келісті жеткізіп, зердесіне құяды. Шығарма ақынның «Қара жер адамзатқа болған мекен» атты жұмбақ өлеңімен мазмұндас, үндес. Жұмбақ өлең 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Ел аузынан жазылып алынып, алғаш рет ақынның 1933 ж. Қызылордада жарық көрген толық жинағында басылды. Өлең басылымдарында текстол. ешқандай өзгерістер кездеспейді. Тек 1939, 1945 жылғы жинақтарда жұмбақтың аты **«Сыналар, ей, жігіттер, келді кезің»** болып берілген. Өлең қарақалпақ, ұйғыр тілдерінде аударылған. *Б. Сарбалаев.*

«СЫРМАҚ ҚЫП АСТЫНА...» – Абайдың 1896 ж. жазған өлеңі. Көлемі әрқайсысы 7 тармақтан тұратын 4 шумақ. 90-жылдарда әлеум. тақырыпты кеңірек қамтып, ел ішіндегі келеңсіз көріністерді көбірек сынға алған ақын тұрмыс мәдениетіне де баса көңіл бөлген. Осы орайда оның сонау жас шағында Шәріпке, Жақсылыққа айтқан бірқақпайларынан бастап, Көкбайға (*«Бұралып тұрып...»*), қара қатынға, Дүйсенқұлға айтқан сөздері бір-бірімен астасып жатады. Ақынның Масақбай мен оның қатынына арнаған өлеңі де сол тұрмыстағы салақтық пен ырың-жырың берекесіздікті сынға алады. Өлеңнің бірінші бөлімінде күйеуінің тоқымын сырмақ етіп астына салған, от басын бүксітіп, бықсытқан салақ, түксиген мінезді әйелді шенесе, екінші бөлімінде «апама жездем сай» дегендей, әлгі олақ әйелден онша ұзап кете қоймайтын күйеуін келеке етеді. Масақбайдың өзі де құрбыға қадірсіз, мінезі сабырсыз, барқылдап, тарқылдаған құр ойбайдың адамы. Ақын бір отбасындағы осы берекесіздікті тілге тиек ете отырып, елді береке-бірлікке, үлгілі тірлікке, мәдениетке үндейді. Абай айтпақ ойын нығыздап, екпіндете жеткізетін өлең түрін де тап басып таңдаған. Шығарма 7 тармақты жаңа түрмен жазылған. Алғашқы 4 жол 6 буынды шалыс ұйқаспен келеді де, соңғы 3 жолдың екеуі өзара ұйқасатын бір-бір сөзден, ал соңғы тармақтағы екі сөздің алғашқысы соларға ұйқастырылады. Бұл Абайдың қазақ өлеңіне әкелген жаңа түрі. Өлең алғаш рет ақын шығармаларының 1933 жылғы толық жинағына енгізілген. Жинақтарға Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасы бойынша берілген. 1910 жылғы Мүрсейіт қолжазбасында өлеңнің біраз жолдары ауысып, кейбір сөздері басқаша болып келеді. Туынды қарақалпақ, орыс, өзбек т. б. тілдерге аударылған. *Т. Барақұлы.*

СІБІР – Азияның Орал таулары мен Тынық мұхит жағалауының және Солт. Мұзды мұхит жағалауы мен Монғолия шекарасы, Сарыарқа етегі аралығындағы бөлігі. Абай «Жиырма жеті жасында» деген өлеңінде: «...Ресей, Сібір қалмады. Хабарланып әр тұстан, Көрмей дамыл алмады...», – деп, сүйікті ұлы Әбдірахманның жастайынан оқу-білімге ден қойып, ізденіп, дүниенің төрт бұрышымен, С. өлкесімен де таныс болғаны туралы айтады.

СІЛӘМБЕК Берікбайұлы (1877–1934) – қобызшы, бақсы. Абай аулының адамы. 1924 ж. Семейде Абайдың қайтыс болғанына 20 жыл толуына байланысты өткізілген еске алу кешінде С. те өнер көрсеткен. С-тің бұл қобызы Абайдың Семейдегі респ. әдеби-мемориалдық қорығында сақтаулы.

СІРГЕБАЕВ Ескен Аманжолұлы (1940 ж. т.) – суретші. Қондырғылы және монументті мүсін саласында жұмыс істейді. Қазақстан Республикасының еңбек сің. өнер қайраткері. С. «Жас Абайдың портреті» (1963, гипс, Көркемөнер көрмелерінің дирекциясы қоры), дипломдық жұмысы ретінде «Абай портреті» (1969, гипс, С.-Петербургтегі Көркемсурет Академиясы қоры), осы еңбектің көшірмесі негізінде «Абай портреті» (1971, гипс, Павлодар обл. өнер музейі қоры), Абайдың Семейдегі мемл. қорық-музейі үшін креслода отырған «Абай ескерткіші» (1970, мыс) суреттерін салды. «Абай портреті» (1974, қапталған мыс, Ақмоладағы өнер музейі қоры), сол жылы «Абай портреті» (1974, гипс) жұмысы Қазақстан Республикасы жас суретшілерінің көрмесіне қойылды. Абайдың мемл. қорық-музейінде (үлгі ретінде) қолына кітап ұстап тұрған «Абай» тұлғасы (1979, гипс) тұр. С-тың тағы бір «Абай портреті» (1977–79, ағаш, Қазақтың мемл. өнер музейі қоры), граниттен жасалған 2 еңбегі «Абай» (1983, бюст, Қазақтың мемл. өнер музейі қоры), «Абай» (1985, Көркемөнер көрмелерінің дирекциясы қоры) туындысы бар. Ол Ш. Уәлиханов атынд. Мемл. сыйл. лауреаты.

Н. А. Полонская.



ТАБИҒАТ СУРЕТІ. Абай өмірдегі, табиғаттағы көркемдікті өте нәзік сезініп, шебер бейнелеп айта білетіні табиғат көріністерін жырлайтын лирик. туындыларынан да айқын көрінеді. «Жазғытұры» атты өлеңінде жылдың осы мезгілінің елге жылылығын айтқанда ақын:

«Анамыздай жер иіп емізгенде,
Бейне әкендей үстіне аспан төнер...» –

деп, жерді мейірімді анаға, аспанды қамқор әкеге теңейді. Жерді ана бейнесінде алып қарау – қазақ халқы ғана емес, басқа елдердің ой-санасына да тән нәрсе. Ал, Абайдың басқа бір шығармасында «атам-анам – қара жер» деген жолдар да бар. Немесе Сұлтанмахмұттың «Адасқан өмірде»:

«Жер-анада жететін тамақ жоқтан,
Отыр ма адам бірін-бірі шайнап...» –

дейтіні және бар. Аспанды әке бейнесінде көрсету де жайдан-жай алына салмаған. Аспанды әке деп түсінетін нанымның ерте кездегі, ежелгі замандағы адамның ой-санасында орын алғандығын байқататын суреттер де кездеседі. Абай соны өзінше жаңғыртып, ескі ұғым қалпында тың сипаттағы суреттеу тәсілі етіп қолданып отыр.
Одан ары өлеңде бейнелеп суреттеу тәсілі тағы да түрлене түседі:

«Күн – күйеуі, жер – қалыңдық сағынысты,
Құмары екеуінің сондай күшті.
Күн қырындай жүргенде көп қожаңдап,
Күйеу келді – ай, жұлдыз к... қысты.

Ай, жұлдызға жылы жел хабар беріп,
Жан-жануар қуанар тойға елеріп.
Азалы ақ көрпесін сілке тастап,
Жер күлімдер, өңіне шырай беріп.
Күн – күйеуін жер көксеп ала қыстай,
Біреуіне біреуі қосылыспай.
Көңілі күн лебіне тойғаннан соң,
Жер толықсып түрленер тоты құстай...»

Табиғат көріністерін осылай өте көркем, тартымды кейіптеу бейнелер жасап суреттей отырып, ақын қазақ өмірінің, сахара тіршілігінің шындық сипаттарын да айнытпай дәл түсіреді. Осындағы табиғат суретін тұтасымен алсақ та, **күн – күйеу**, **жер – қалыңдық**, **күйеу келді** деген сияқты астарлау түріндегі бейнелі сөздерді алсақ та, қыста алыстағы қыстауларына кетісіп, алыстап жүретін, жазғытұры қайта табысатын ауылдардың тұрмысы, сол ауылдардағы күйеу, қалыңдықтың жайы, әдет-әрекеті елес береді. Күннің күйеуше қырындары, жұлдыз бен айдың күн жоқта кісімсіп, қожаңдауы, желдің тойдың хабаршысы болып жүруі және жердің қыстайғы қары азалы ақ көрпе бейнесінде суреттелуі – осы өлеңде табиғат көріністері қазақ даласының нақтылы тіршілік, болмыс, белгілерімен қаншалықты орынды қабысып жатқанын айқындай түседі. Бұл сурет сонымен бірге көп елдерде ежелден белгілі болған күннің жерге құштарлығын, сүйіспеншілігін баяндайтын аңызбен де ұштасып жатқанын атап кету қажет. Табиғат құбылыстары Абай поэзиясында күнделікті өмірмен, адамдардың күн-көрінісі, іс-әрекетімен және өз көңіл күйімен тығыз байланысты келетінін ақынның көптеген өлеңдерінен, соның ішінде жылдың төрт мезгілін суреттеуге арналған өлеңдерінен айқын аңғарамыз. Мұны Абайдың дүниежүз. поэзияның таңдаулы үлгілерімен тең түсетін, біз арнайы талдап, қарастырмақшы болып отырған екі өлеңінен толық көре аламыз.

Алдымен тілге тиек ететініміз:

«Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп;
Ауылдың жаны – терең сай,
Тасыған өзен күрілдеп...» –

деп басталатын небәрі 20-ақ жол өлең. Осы өлеңдегі тіл кестесінің барлық ерекшеліктері, бояулары, теңеу, астарлау, басқа да суреттеу, бейнелеу құралдары – бәрі не нәрсеге, не құбылысқа болсын ақынша қарап, эстет. тұрғыдан баға беру талабына бағындырылған. Түн желсіз, ай жарық. Су бетінде ай сәулесі дірілдеп көрінеді. Ауылдың жанында, терең сайда өзен тасып, күрілдеп ағып жатыр. Ақын түнді **желсіз**, айды **жарық**, сайды **терең** деп бейнелейді, сәуленің **дірілдеп** көрінген қалпын, өзеннің **күрілдеп** естілген шуын нақтылап сипаттап береді. Бірақ, бұл кімнің аулы, жылдың қай кезі, айдың қай мөлшері, сайы қайдағы сай, ағып жатқан қандай су – оларды анықтап айтып жатуды мақсат етпейді. Одан әрі ауыл маңында қанша, қандай мал, кімнің малы жатыр, малшылар кім дегенді дәлдеп айтпайды. Тіпті оны қойғанда, аулақта жолыққан қыз, жігіт кім – бұл жай анықталмайды. Әрине, бұл дәл осы өлеңде суреттелмегенмен, басқа бір өлеңдерде қыз бен жігіттің сипаты суреттеліп, портреті жасалуы мүмкін. Біздің айтпағымыз бұл емес, мәселе поэзияға тән көркем суреттеу әдісі жайлы. Сол портреттер болған күнде де, олар типтік образ сипатында берілген болар еді. Олардан біз көзге түскен бар ерекшеліктерді теру емес, типтік қасиет – ерекшеліктерді үлкен талғампаздықпен сұрыптап алудың үлгісін көрген болар едік.

Бұл өлеңдегі ақын жүрегін толқытып, толғантқан – ауыл табиғатының таңқаларлық ғажайып сұлулығы, осы көрінісінің адам жан сезімінің сұлулығымен ұштасатыны. Сондықтан өлеңнің әрі сөзі, сурет бейнесі де осыны аңғартуы керек. Айталық, мәселе бір ауылды атауда ма екен? Жоқ, өйткені мақсат мал баққан қазақ аулының бейнесін жасап беру ғой. Осындай немесе ұқсас сурет, көрініс қай ауылда болсын бар емес пе? Қай жылы, қашан деп анықтап жату да қажет емес. Әр жылы осылай ғой. Ал, жылдың қай мөлшері екенін айтып жату қажет пе? Жаздың іші екені өлеңдегі суреттен-ақ көрініп тұр. Жаздың ыстық кезінде, далалы жерде күні бойы адам да, мал да сая таба алмайтын кездерде, осындай бір жайлы, желсіз, қоңыр салқын, айлы түн болатыны айтпай-ақ түсінікті емес пе? Ауыл адамдарының күндізгі шаруа-әбігерден қолы босап, тыныс алған кезі екені, малдың ауыл маңында жусап жатқаны – бәрі де өлеңдегі суреттерде айқын көрініп тұр емес пе? Ауылдағы түнгі дауыс-үндер қандай шеберлікпен бейнеленген: анадайдан естілген өзен суының күрілдегені, жаңғырығып естілген малшылардың айғайы, иттердің үргені.

Өлеңнің мазмұнын бағдарлап қарасақ, онда бір басы артық, жай айтыла салған теңеу, анықтама жоқ екеніне көзіміз әбден жетеді. Бәрі де ауылдың көркем бейнесін жасауға ат салысып, тікелей қатысып тұр. Маужыраған әлсіз, әсерлі түн, жарық ай бұл көріністер ауыл түнінің адамға жайлылығын, адамның бейне бір табиғат құшағында отырған қалпын танытады. Тау **жаңғырығып** дегені де, ақынның суреттеуінде таудың малшылардың айғайы мен үрген иттердің дауысына үн қосып кетуі де ауылды, қаншама елді аясына алған тау-тасты, табиғатты үнсіз, тілсіз, мелшиіп тұрғандай қылмай, адам мен табиғаттың арасындағы жақындықты, байланысты аңғарту тілегінен туған. Суда **дірілдеп** көрінген ай сәулесі табиғаттың көркемдігінен, сұлулығынан алған әсерімізді және күшейте түседі. Ағаштың жапырағын **сыбырласып өзді-өзі** дегені жалғыз осы реңнің өзі елдің жаңа бір жаны жай тауып, тыным алып, тыныстап отырған кезін аңғартуда сөзсіз зор мәні бар. **Терең сай** деуі, өзен суының **күрілдеп** жатқанын айтуы ауылдың таулы жерге, сарқырап, тасып жатқан мол суы бар, шөбі шүйгін өңірге келіп орналасып отырғанын, еңбекқор елдің адамға да, малға да жайлы мол ырысы бар жер іздейтінін байқатады. Осындай көлемі шағын өлеңде ұлы ақын жазда өзен жағасына көшіп келіп қонып отырған мал баққан ауылдың өмір-тұрмысын асқан суреткерлікпен бейнелеуі ғажап-ақ. Қазақтың даласы, түні, айы, тауы, өзен-суы, жапырағы жайқалған ағашы, жазғы жердің көк майса жасыл шөбі, көшпелі елдің қонған қоныс-жайлауы, баққан малы, түн күзететін сақ малшылары, жастардың пәк, таза сүйіспеншілік сезімі, махаббаты, жастығын, алғашқы махаббатын сағынып еске алған қазақтың осындай айлы түнде ауыл сыртында, аулақта жолығатын шағын армандауы – біз өлеңнен осыншама шындықты табамыз, өткен ғасырдағы қазақ өмірінің тұтас суретін көреміз. Осының бәріне қоса, әсіресе, бізді тебірентетін жай – өлеңнен халықтың көркемдікті, сұлулықты сезінуінің қаншалықты терең, әсерлі екені де айқын танылады. Даланың айлы түнінің осы бір әсем поэзиялық суретінің өзі-ақ қазақ әдебиетінде ақындық сезімнің, әдемілікті түсінудің дәуір шындығымен қаншалықты қабысып, тамырласып жатқанына дәлел бола алады. Осы

айтылған өлеңге тақырыбы жағынан үндес келетін лирик. жыр – *«Жаздыкүн шілде болғанда»*. Бұл шығарманың көркемдік сапасын өте жоғары бағалаған І. Жансүгіров ол туралы айта келіп, былай деп жазды: «Абайдың жыры ырғақ, музыка, дыбыс құрылысы жағынан төгіліп кетеді. Абайдың бұл өлеңіндегі бір ақындық өзгешелігі – ол өлең ұйқасындағы етістіктердің сайдың тасындай ірі, қимылды, қозғалысты көрсетуге жандылығы». І. Жансүгіров ұлы ақынның осы өлеңінің көркемдік қасиетін, әсіресе, тіл ұйқасындағы өзгешелігін дәл тауып, өте орынды айтқан. Бұл жырында Абай негізгі желілі ұйқасты ұзақ сақтайтын шұбыртпалы жыр өрнегін асқан шеберлікпен қолданып, өлеңнің басынан аяғына дейін дерлік бір ұйқасты қайталап отырады. Және үнемі бірыңғай үйлесетін грамматик. құрылысы жағынан біріне-бірі ұқсас етістік сөздерді ұйқасқа кіргізеді. Осының өзі-ақ ақынның ұйқасқа өте үлкен мән бергенін байқатады.

«Жаздыкүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйшешек
Ұзарып өсіп толғанда;
Күркіреп жатқан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда...»

Өлеңнің осы бас жағында ғана басқаша. Бірақ, бұл жеке шумақ емес, ұзақ жыр түйдегінің бір бөлшегі ғана. Мұндағы ұйқас тек қосымша, жанама ұйқас қана. Онан әрі өлеңде жаңа ұйқас, желілі ұйқас бірден жарқ етіп шыға келіп, үнемі қайталанып, өлең аяқталғанша созыла береді:

«Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жоны қылтылдап,
Ат, айғырлар, биелер
Бүйірі шығып ыңқылдап.
Суда тұрып шыбындап,
Құйрығымен шылпылдап...» –

дегендегідей болып, өлеңнің өн бойында **қылтылдап – ыңқылдап – шылпылдап** деп басталып, әрі қарай жалғаса беретін негізгі бір ұйқас сақталады. Ақын жыр өлшемін, түйдегін қолданғанда, 7 – 8 буынды тармақтарды кесек топтастырып, тұтастырып әкетсе және негізгі, желілі ұйқасты неғұрлым көбірек қайталаса, өлең ырғағының екпіні ширығып, күшейе түсіп, сөз ағымын үдетіп, тасқындатып әкетуге мүмкіндік туатынын мұқият ескерген. Негізгі ұйқастан басқа, әдетте, жырда қолданылатын, әр жерде бір көрініп қалатын кейбір қатар тармақтардың өзара үйлесі де бар. Мыс. :

«Сабадан қымыз құйдырып,
Ортасына қойдырып»

Немесе:

«Бай байғұсым десін деп,
Шақырып қымыз берсін деп», –

дегендегі **құйдырып – қойдырып**, **десін деп – берсін деп** деген секілді. Бірақ, оңдай тармақтар көп емес.

Бұл өлеңде І. Жансүгіров айтқандай, ұйқаста қолданылатын қатарынан тізбектелген етістіктердің көшпелі ауылдың қимыл-әрекетіне толы өмір-тіршілігін көрсетуде орны ерекше. Абай осы шығармасында қазақ елінің өмір шындығын әсерлі, тартымды сурет арқылы бейнелеп берудің тамаша, үздік үлгісін туғызған десек, ақынның осындай асқан суреткерлік қуатын танытатын өлең тілінің бейнелілігі, көркемдігі, сөздерінің бояуы жасанды емес, саф тазалығы көбінен-көп орын-орнына өте қисынды, тауып қойылған, қатарласып тұтасқан көп етістіктерден анық байқалады. Әрине, ұйқасқа кірмеген етістіктер, не болмаса өлеңдегі басқа сөз құрамдарының көркемдік құны әлсіз дегенді айтпақшы емеспіз. Біздің бұл жерде айтпағымыз – ұйқасқа кіргізілген, самсап тұрған көп етістіктердің ерекше көзге түсетіндігіне көңіл аудару. Өлеңнің басқа жолдарында ауылдың жаңа қонысқа, жазғы жайлауға көшіп келгені айтылады. Бұл өлеңнің бастамасы кіріспесі ғана болса да, ақын тек ауылдың орнаған мекен-жайын ғана баяндап отырса да, мұнда да қимыл–әрекет жоқ емес. Ауылдың көшуін болған, біткен оқиға деп санасақ, өзенді **күркіреп жатқан** деп бейнелеуі толассыз, тынымсыз болып жатқан қимыл-әрекетті көрсетеді. Жаздыкүнгі жайлаудағы қазақ аулының өмір-тұрмысын суреттегенде Абай жаздың келуі мал бағумен күнелткен көшпелі елге көп жеңілдік, қуаныш-қызық әкелгендей көрінетінін байқатады, «жаз – жазыл, қыс – қысыл» дейтін елдің жаздыкүні бір жадырап қалатынын ақын сездіреді. Ақынның әр сөзі, сипаттамасы дала жазының осындай көркем бейнесін көрсетуге лайық, орайлы алынған. **Ұзарып өсіп**, **толған** жасыл шөп, бәйшешек гүлдер де, **күркіреп жатқан** өзен де осы тұрғыдан бірден-бір қажетті белгілер.

Өлеңде онан әрі әрекет-қимылы, абыр-сабыры мол өмір – тұрмыс көз алдымыздан тізбектеліп өтіп жатады. Осыдан бастап шынайы өмір ақиқатын танытатын көркем сипаттамалардың дені, басым көпшілігі ұйқастағы етістіктер арқылы беріледі, не осы соңғылармен тығыз байланысты келіп отырады. Жылқыны **шұрқырап жатқан** деп бейнелеуі секілді жекелеген теңеу, мәнерлі сөздер болмаса, мыс. , ат, айғырлар, биелерді **бүйірі шығып** деуі, **ыңқылдап** деген ұйқастағы етістікпен бірігіп, тұтасып кетеді. Ал, өлеңнің ұйқастарын құрайтын етістіктердің орасан көркемдік-бейнелілігі ақынның өміріндегі шындықты терең көрсетуге шеберлігінен, ұлы суреткерге тән не нәрсенің сыр-сипаты, өзгешелік қасиеттерін болсын мұлтіксіз байқайтын көрегендігінен туатыны даусыз. Жылқының биік шалғыннан жоны **қылтылдап** көрінуі, көкке әбден тойып алған ат, айғырлар, биелердің бүйірі шығып **ыңқылдап** тұруы, не шыбындағанда суға кіріп, құйрығымен **шылпылдап** тұрған қалпы, құлын-тайлардың **бұлтылдап** шауып жүруі, үйрек-қаздың **сымпылдап** жоғары-төмен ұшып жүруі, үй тігіп жүрген қыз-келіншектердің бұрала басып **былқылдап** қимылдауы, **сыңқылдап** күлуі, не болмаса, аш баланың ет әпер деп **қыңқылдап** сұрауы, самаурынның **бұрқылдап** қайнауы, не болмаса, жарамсақ шалдың **жалпылдап** сөйлеуі, қошамет көрсеткендердің **қарқылдап** күлуі, жылқышының күні бойы **салпылдап** жүргені – осының бәрі дамылсыз тіршілік белгілері, ешбір қоспасы жоқ, қалтқысыз өмір шындығын ашып айқын көрсететін сипаттамалар. Байқап қарасақ, ұйқасқан сөздердің бәрі де жыр тармағының соңғы бунағын бүтіндей қамтиды, тегіс үш буынды. Мұның да өзінше мәні бар, өйткені, бұл үйлескен сөздердің дыбыс үндестігін қоюлатып, ұйқасты ірілетіп, ерекше көзге түсіреді. Оның үстіне, әсіресе, көңіл аударарлық жай – өлең ұйқасына

кіргізілген осы көп етістіктер түгелдей бір тектес сөздер болып келеді, олар грамматикада еліктеуіш сөздер деп аталатын, дыбыстық құрамы, айтылу-естілуі мағынасына ұқсастырылып, тікелей сәйкес алынған сөздер. Қазақ тілінде, соның ішінде, өлең тілінде өте көп қолданылатын мұндай сөздердің көркемдік, мәнерлілік қасиетін, қимыл-әрекеттің көрінісін не дыбыс үнін айнытпай жеткізетін мағыналылығын Абай анық байқап, ұтымды пайдалана білген. Ақын әр қозғалыс, қимыл-әрекетті көзге елестетерліктей етіп көрсетіп, сол сөзбен мүсіндеп отырған адамына, немесе яки құсқа жан бітіргендей, жансыз нәрсе болса қолға ұстатқандай қып бейнелейді. «Жаздыкүн шілде болғанда» өлеңінің бұл ерекшеліктері қайнап жатқан шынайы өмірді оқушының көз алдына алып келетін реалист ақынның бейнелеу әдісін, теңдесі жоқ суретшілік шеберлігін жақсы танытады. Абайдың өлең-жырларының қай-қайсысын алсақ та, біз одан шексіз бай өмір шындығын көреміз, теңдесі жоқ ақындық шеберлік, суреткерлік, керемет сипат-қасиет табамыз.

Әдеб.: Әуезов М. О. Абай Құнанбаев (мақалалар мен зерттеулер). – А., 1967; Абай тағлымы (әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер). – А., 1986; Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – А., 1973.

З. Ахметов.

«ТАЙҒА МІНДІК...» – Абайдың 1890 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 9 тармақты 5 шумақтан тұрады. Мазмұнына, тақырып тегіне, сын-сырына қарағанда *«Сап, сап көңілім»* атты өлеңмен бір бітімдес, екеуі де бір мезгілдің туындысы. Ой түсе бастаған сыншыл, өр талапты ақынның жастық толғауын танытады. Енді азаматтық санада өзіне жаңа өр, өріс белгілеп отырған ойшыл жас бұл кезге шейін басынан өткен балалық пен бозбалалық, жігіттік шақтарын сынай шолып өтеді. Бір өзі емес, қазақтың жасының бәріне де ой сала, шіміркене жырлайды. Өлеңінде келтірген дәл деректі балалық суреттері, бозбалалық алданыш, жұбанышы, болымсыз тәрбие, шала сауаттылық, арзан әуейілік және солардың нәрсіз нәтижесіндей дайынсыз күйде үйлі-баранды өмір бастау – осының бәрін де ақын салқын оймен қатаң сынай келіп, оқу-тәрбиенің өзінше өрісін мақсат еткен бағыт байқатады.

«Қайын бардық,
Қатын алдық,
Енші тиді аз ғана.
Шаруа атандық,
Енді ойландық,
Қала берді бозбала.
Бұрынғы қайда?
Ойбайла –
Не пайда?»

деген соңғы жолдарында өткен өмір жолына өкіне қараған ширығуды танытады. Бұл өкініші – өзін-өзі қамшылап, намысты талапқа бет қойған, ізденген жігердің өкініші. Ақын тіл, теңеуде, өмірлік нақтылы деректерін тізіп теруде ақындық тың жаңа үлгіде жолын іздей бастаған өнерпаз сезіледі, шумақ, ырғақ, үйқас құбылыстарымен де өлеңге жаңаша соны түрлер енгізуді мақсат еткен талабын көрсетеді. Өлең 5 буынды жыр үлгісінде жазылған. Туындының 1-, 2-, 4-, 5- жолдары -а, -а, -а түрінде келеді де, 3-, 6-жолдары -б, -б пішінде айқасып үйқасады. Бұл ақынның қазақ өлең құрылысына енгізген жаңалықтарының бірі болып саналады. Өлеңнің түпнұсқасы Мүрсейіт қолжазбаларынан (1907, 1910) алынып, алғаш рет С. Нұржановтың құрастыруымен 1916 ж. Орынборда жарық көрген «Абай термесі» атты жинақта жарияланды. Туынды басылымдарында текстол. өзгерістер жоқтың қасы. 1939 жылғы басылымда өлеңнің 1-шумағының 8-жолы **«Құс өтті»** делініп алынса, кейінгі жинақтарда бұл жол **«Құс етті»** ретінде берілген. Өлең башқұрт, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған.

М. О. Әуезов.

«ТАЛАЙ СӨЗ БҰДАН БҰРЫН КӨП АЙТҚАНМЫН...» – Абайдың 1895 ж. жазған өлеңі. 4 тармақты 3 шумақтан тұрады. 90-жылдар Абайдың ақындық қуатының барынша толысып, поэзиясында халықтың қамын жеген азаматтық сарын күшейе бастаған тұс болатын. Бұрын ақын өлеңдерінде махаббат, табиғат туралы, тіршілікте кездесіп қалатын кейбір келеңсіз құбылыстарды сынау басты тақырып болып келсе, енді ел өмірінің келелі мәселелері басым сипат ала бастайды. Өз халқын шын сүйген, оның бойындағы мерездерді дәл көре білген ақын оған қарсы барынша күресе де білді. Ақынның бұл өлеңінен халқы үшін жаны шырылдаған адамның үні естіледі. Өлеңнің негізгі идеясы – ештеңемен ісі жоқ, ертеңгі күнін ойламай қамсыз жатқан қалың елді келешекке көз салып, «түзу жолға шығуға» үндеу. Ол үшін еңбектену, ғылым іздеу керек, ал қазір «Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай» деп налиды. Абай «қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын» деп, халықтың ең бір елеулі мінін дәл ұстап, аяусыз мінейді. «Сөзі ұзын» тіркесі өзгеше өрнек тауып, айтар ойдың әсерлілігін, бейнелілігін арттырып тұр. Абай бұдан бұрын да осындай – халықтың қамын жеген «сөздерді көп айтқанмын», әлі де айта беремін дегенді ескертеді. «Іштің мұзын» көздің жасы, жүректің қанымен, ерітуге болмайтынын біле тұра ақын «Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін, ойланшы» деп, халқын парасаттылыққа шақырады. «Шығарған сөз емес қой әңгіме үшін» деп, айтылған ойлы сөзге құлақ салуға, ойлануға үндейді. «Адасып алаңдамай», бір жерде ұйлығып «қамалмай», өнерлі өзге жұрттар секілді білім, өнер іздеп, еңбек ет, сонда ғана дұрыс жолға түсесің дегенді өлеңнің өн бойында қайта-қайта қадай айтады. Өлең «ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай» деген күйінішті сөздермен аяқталған. Өлеңнен «елім» деп еңіреген, «халқым» деп жүрегі қарс айрылған азамат ақын Абайдың жан-жүрек лүпілі сезіледі. Өлең 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Алғаш 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Өлең басылымдарында текстол. өзгерістер кездеспейді. Туынды қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған.

Д. Ысқақов.

«ТАЛАПТЫҢ МІНІП ТҰЛПАРЫН...» – Абайдың 1895 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 5 шумақтан тұрады. Өлең ақынның сүйікті ұлы Әбдірахман өліміне арнап шығарған жан тебіреністі жырларының бірі. Ақын өнегелі іспен өнер өріне құлаш ұрған жанның өжеттікпен алған биігін мақтан тұту арқылы сүйікті ұлының жарқын бейнесін жасайды. Петербургте білім алған баласының халық игілігі үшін қызмет ете алмағандығына құса болады. Дүние жалғанның опасыздығынан, құр сүлбесін сүйретіп шығып, өлексе өмір сүруге де

болатындығын көкіректің пәлсапалық күңіренісімен дәлелдеді. Жалпы адамгершілік жолындағы небір қиян асулардың оңай еместігін және оған жалындаған жігер, топшысы берік төзім, ерінбей істер еңбек қажет екенін өлең жолдары арқылы өзгелерге өнеге ретінде ұсынады.

«Талаптың мініп тұлпарын,
Тас қияға өрледің,
Бір ғылым еді іңкәрің,
Әр қиынға сермедің...» –

деген жолдардан Әбіштің бойындағы өжеттік көрінсе, екінші жағынан білімге, ғылымға деген құштарлық айқын аңғарылады. Өлең тұжырымынан қанша жерден қайғырғанмен тағдыр жазмышына еш қауқар жасай алмайтынын түсінген өкініш сезіледі.

Өлең 6–8 буынды шалыс ұйқас үлгісімен жазылған. Алғаш ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында текстол. өзгерістер кездеспейді. Туынды қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған. *С. Оспанов.*

ТАНА (Т а н а м ы р з а) Тілемісұлы (1803–68) – Құнанбайдың замандасы, құдасы. Т-ның әкесі Тілеміс Байжігіт-Мұрын елінің атақты биі болған. Оның немере қызы Тектіге Құнанбайдың баласы Ысқақ үйленген. Одан Кәкітай туған. Т. Мұрын еліне, Құнанбай өз еліне бір жылда (1844) болыс болып сайланған. Т. Лепсі аймағының Шұбарағаш деген жерінде орыс-қытай шекарасы туралы комиссияның мүшесі ретінде (1858) құжатқа қол қойған. Оған поручик (1868) шені берілген. Т. Ертіс өңіне таяу жердегі Көкпектіде мешіт салдырған. Мешіттің ашылу тойына Құнанбайды да шақырған. Сол тойға Құнанбай Абайды да ертіп барды деген деректер бар. Абай ел басқару ісінде Т-ның тәжірибесін де пайдаланған. *Д. Нұртазин.*

«ТАҢ» – Семей губаткомы, РК (б) П губкомы мен кәсіподақ к-тінің 1925 жылдың наурыз – маусым айлары аралығында шыққан журналы. 4 саны жарық көрген. М. Әуезовтің журнал ісіне белсене араласуымен ол жинаған «Абайдың басылмаған сөздері» (Әбдірахман деген баласы өлгенде Абайдың жоқтап айтқан өлеңдері, 1925, №1), «Абайдың кейбір оспақ өлеңдері» (Афоризмдері, 1925, №1), «Абайдың басылмаған қарасөздерінен» (Үшінші, Тоғызыншы сөздері, 1925, №2), «Абайдың жарияланбаған өлеңдері» (Оспан өлгенде айтқан, «Таң», 1925, №2), «Көз жұмғанша дүниеден иманын айтып кеткені-ай» (Әбдірахман өлгенде шығарған бір өлеңі, 1925, №2), «Абайдың басылмаған өлеңдері» (Әбдірахманға айтқан тағы бір жоқтауы, 1925, №3), «Абайдың өз тұсындағы замандасы Абыралы деген кісіге айтқан өлеңінен» (Абыралы атты өлеңінен, 1925, №3), «Абайдың қарасөздерінен» (21 сөзі, 1925, №4), «Әбдірахманның келіншегі Мағрипа деген келініне Абайдың айтқан сөзі» (Өлең, 1925, №4) жариялаған. *Т. Қожакеев.*

ТАҢБАЛАУ (т р а н с к р и п ц и я) – бөгде тілдің сөздерін, әдетте, жалқы есімдерді, геогр. атауларды, ғыл. терминдерді жазуды өз ана тілінің әріптерімен таңбалап беру амалдары. Басқа тілден енген сөздердің түпнұсқа фонациясын (дыбысталуын) ғылым тұрғысынан дәлме-дәл таңбалау тәсілі фонетик. Т. деп аталады. Т. соңдай-ақ, бір әліппені екінші бір әліппемен ауыстырып жазудың жүйесі болып табылатын транслитерациямен де тығыз байланысты. Абай туындылары қадими араб әліппесімен жазылғаны мәлім. Алайда оның өз қолтаңбасы аса көп сақталмаған. Бірақ, ақынның көпшілік өлеңдері мен ғақлия сөздерін Мүрсейіт көшіріп алып, кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырған. Осы қолжазбаның негізінде Абайдың шығармалары араб, латын және орыс графикалы қазақ жазуымен бірнеше қайтара жеке кітап болып басылды. Мыс., Абайдың 100 жылдық мерейтойына байланысты шыққан акад. жинақты баспаға даярлаушылар төмендегідей Т-лық жұмыстар жүргізілгенін келтірген. Онда «Араб-парсы тілдерінен енген сөздердегі өзгеше дыбыстарды дұрыс таңбалауға қазіргі алфавиттегі әріптер жетпесе де, үндес дыбыстардың таңбалары арқылы нобайлап берілді; арабтың عظام (ғазым), عزت (ғиззат), ظ ز (зәррә) деген сөздеріндегі үш түрлі айтылатын араб дыбыстарының таңбалары (ز, ز, ظ) орнына бір ғана «з» әрпі алынды. Сол сияқты арабтың ث, س, ص әріптері «с» таңбасымен, ط, ت әріптері «т» графемасымен берілді... Араб сөздерін айтқандағы дауыс толқынын көрсететін, я созылыңқылықты білдіретін белгілерді беру мүмкін болмады. Тәштитпен (ـّـ) айтылатын араб сөздері бір таңбаны екі рет қосарлап жазу арқылы берілді: بما للذين آمنو /уә/әмәлләзинә+вмәну/ сияқты. Әмземен / ء / айтылатын кейбір араб сөздері, мыс. :« مبشره عسره» – «ғашәрән мүбәшәрәд» болып, تاويل сөзі «тең уил» болып, дәл болмаса да шендес түрде берілді» деп көрсетілген (Абай Құнанбаев. Шығ. толық жинағы. – А. 1948. 28-б.).

Е. Жұбанов.

«ТАҢҒАЖАЙЫП БҰЛ ҚАЛАЙ ХАТ...» («О н е г и н н і ң Т а т ь я н а ғ а ж а у а б ы») – Абайдың 1889 ж. А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романынан тәржімеленген өлеңі, Онегиннің Татьянаны жұбатып айтқан сөзінің аудармасы. Өлең түпнұсқада 68 жол, Абай аудармасында 76 жол. Орысша түпнұсқада:

... «Вы ко мне писали,
Не отпирайтесь. Я прочел,
Души доверчивой признанья,
Любви невинной излиянья», –

деп басталады.


Абай туындыны мағынасын ғана сақтап, еркін аударған. Өлең 7–8 буынды шалыс ұйқаспен жазылған. Алғашқы рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Туынды басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1945 жылғы жинақта 3-шумақтың 3-жолы **«Ол перизат ойды өзің біл»** болса, 1954, 1957, 1977 жылғы басылымдарда 1909 жылғы жинақ бойынша **«Ол – перизат, ойла, өзің біл»** болып алынған. 1945, 1954, 1957, 1977 жылғы басылымдарда шығармасының соңғы шумағы:

«Ол – жас ағаш, бір қызыл гүл,
Жапырағы жаңғырар,
Сорлы Онегин, жолды өзің біл,
Қай тарапқа қаңғырар», –

деп қабылданса, 1909 жылғы жинақта:

«Ол – жас ағаш, жас қызыл тал,
Жапырағы жаңғырар,
Сорлы Онегин, жолды өзің біл,
Қай тарапқа қаңғырар», –

деп берілген.Бірақ, **«жас қызыл тал»** 3-жолдағы **«жолды өзің біл»** мен үйлеспейді. Ал, Абай аудармасында басынан аяғына дейін әр шумақтың 1-жолы мен 3-жолы ұйқас келіп отырады. Осыған қарағанда 1-жолдың **«Ол – жас ағаш, бір қызыл гүл»** болуы орынды сияқты (Мүрсейіт қолжазбасы бойынша). *З. Ахметов.*



Нота. (Онегиннің Татьянаға жауабы. 1-түрі).

Ақын бұл өлеңіне ән шығарған. Әнді музыка зерттеушісі Қ. Жүзбасов 1984 ж. М. Мұхамеджановадан таспаға жазып алып, нотаға түсірді. Бұл әннің мелодиялық сазы *«Тәңрі қосқан жар едің сен...»* атты әнмен аз да болса сарындас келеді. Әуен аумағының шеңбері октавалық өлшемнен аспайды да, аралас өлшем-ырғақ желісіне түсіп, баяу орындауды қажет етеді. Екпіндік – ырғақтық жағынан кейбір тармақтары А. Рубинштейн музыкасымен сарындас. Ал, комп. А. Жұбановтың М. Мұхамеджанованың орындауынан нотаға түсірген «Онегиннің Татьянаға жазған хаты» атты әні – оның 1984 ж. хатталған түріне өте жақын. Екі әннің сөзі бөлектігі болмаса, жалпы бір ән деп қабылдатарлықтай. Екеуінде де пунктирлық ырғақ желісі басым естіледі. *Қ. Жүзбасов.*

ТАТАР – ұлт, қазіргі Татарстан Республикасының негізгі халқы. Т-лар қазақтармен ерте араласқан, сауда-саттық жасап, ислам дінін таратқан. Олар, әсіресе, Семей, Верный, Қапал қалаларына, Жетісу, Семей облыстарының аймақтарына көбірек тараған, бала оқытып, ақын-жазушылары қазақ тілінде шығармалар жазған. Абай шығармаларында татар тіліндегі сөздері жиі ұшырасады. Ақынның татар халқы хақындағы пікірі де көңіл аударарлық. Ғақлияларының *Екінші сөзінде* ноғай ұлтын Т. мағынасында қолданған ақын олар: «солдатқа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтуге де шыдайды. Еңбек қылып мал табудың да жөнін солар біледі, салтанат әсем де соларда» деп жазады. Оның оқыған баласы Әбдірахманға «ноғай ауылының» қызы Мағышты (Мағрипа) айттырып, алып беруі осы құрметтің бір көрінісі іспетті. Ал, *«Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы»* деген тарихи еңбегінде: «Есте жоқ ескі мезгілде, монғолдан бір татар аталған халық бөлінген екен. Қытайлар «татан» деп жазады. Асыл түбі қазақтың сол татар. Осы күнде қазақтың төре нәсілдері өзін, біз татармыз деп айтысады» деген қызықты деректер келтіреді. Ақын Монғол татары мен Еділ бойы татарларының ара жігін анық ажыратады және сонау көне замандағы монғол татарларының тарихын жетік білген. *Т. Барақұлы.*

ТАТАР ӘДЕБИЕТІ – туысқан татар халқы қазақ ақыны, ойшылы, ағартушысы Абайды өзінің Тоқайындай ардақтайды, құрмет тұтады. Абай мен Тоқайдың тікелей шығармашылық қатынаста болғанын растайтын дерек жоқ. Абайдан кейін тоғыз жыл өмір сүрген Тоқайдың қолына оның 1909 жылғы жинағы түсті ме, түспеді ме – жауабы жоқ сауалдың бірі осы. Әйтсе де, Қазақстанда, атап айтқанда Текеде (Орал) 12 жыл тұрған зерделі де алғыр ақынның қазақ поэзиясымен таныстығына шүбәсіз сенеміз. Екі түрлі аймақта, екі түрлі ортада ғұмыр кешкен бұл екі алыптың бірін-бірі көрмесе де, шығармашылық бағытында үндестік, сарындастық сезілмейді емес. Ол көбінесе, туындыларының халықтық сипатынан, гуманистік лебіздерінен, замандастарын өнер-білімге шақыру ниетінен өрбіген өлеңдерінен байқалады.

«Жазғаным көпшілікке ұнар ма екен?
Ұнаса, ұғынатын болар ма екен?..» –

деп келетін Тоқай тармақтары Абайдың бозбалаларға арналған сөздерімен астасып жатыр:

«Мұны жаздым ойланып,
Ойда бардан толғанып,
Кірсе ішіңе оқи бер,
Бозбалалар, қолға алып...»

Абай мен Тоқайдың табиғат құбылыстары, өмір мен өлім жайындағы тебіреністерінде біріне-бірі жуықтайтын, үндесетін кестелі тармақтар аз емес. Абайдың татар жұртшылығы алдындағы биік беделін біз Тоқайдың ізбасарлары айтқан пікірлерден, баспасөз бетінде жарияланған мақалаларынан айқын аңғара аламыз. Ол үшін Ғалымжан Ибрагимовтың, Шейхзада Бабичтің, Ғұмар Башировтың, Мұхамед Ғайнуллиннің, Сибғат Хакимнің, Хатип Усмановтың, басқа да татар ақын-жазушыларының, ғалымдарының лебіздеріне құлақ түру әбден жеткілікті. Тіпті, Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясының татар тіліне аударылуының өзі ұлы ақын тұлғасын тереңірек ұғынуға үлкен әсерін тигізгені хақ.

Абай туындыларының татаршалануына келсек, библиограф. көрсеткіштердегі деректерге қарағанда, Абай өлеңдерінің татар тіліне тәржімеленіп, жеке кітапша болып басылуы 20-ғасырдың қырқыншы жылдарының екінші жартысына тұспа-тұс келеді. Мыс., «Абай өлеңдері мен поэмалары» деген жинақ Москва-Қазанда 1946 ж. 75 бет көлемінде басылып шыққан. Сонан соң келесі, 1947 ж. тағы да «Өлеңдері мен поэмалары» деген атпен 74 бет көлемінде Қазанда басылған. Аударған М. Мақсұт. Алпысыншы жылдарда татар әдебиетінің классигі Хасап Туфен Абайдан жасаған аудармасын «Социалистік Татарстан» газетінің 1962 жылғы 20 желтоқсанындағы санында жарияласа, «Совет әдәбияты» журналы өзінің 1963 жылғы бірінші санында Абайдың екі өлеңімен Зәки Нұри тәржімесі арқылы таныстырған. Татар қаламгерлері Абай мұрасын халыққа неғұрлым толық таныстыру бағытында, әсіресе, соңғы он шақты жылда айтарлықтай қызмет атқарды. Осының нәтижесінде татар оқырмандарының қолына Абайдың бір томдығы тиді. Ол «Өленděр мен поэмалар жинағы» «Хикмәтлә сүз» деп аталады. Абай татарша қалай сөйлейді? Ақын өленděрін қос тілде қатар келтірмей-ақ, тәржімелеген күйінде ғана оқып көрейік:

«Мин язмыймын жырларымны ирмәк очен, –
Юк-бар әкият-фәлән сөйләп бирмәк очен,
Язам күңеле ұяту, сизгер, теле иөгерек,
Чичән яшләргә фекать бер үрнәк очен».

(Н. Арслан аудармасы).

«Үлсә-үләр табиғать, неше үлмәс,
Үлмәс, ләнин ките қайтып уйнап-көлмәс,
Табиғатытән аерылса эхшi кеше,
Ақылы бар адәм ана «үлде» димәс».

(Ә. Исхақ аудармасы).

«Иөрәктә гайрат булмаса,
Ұйлаған уен кем әйтәр?
Ақылына нұр кунмаса,
Хайванча яшәп көп итәр».

(М. Шабаев аудармасы).

Татар тіліндегі бір томдыққа Абайдың «Ескендір», «Масғұт» поэмалары енгізілген. Екеуін де аударған М. Мақсұт. Ал, «Хикмәтлә сүз» Л. Хамидуллин тәржімесінде берілген. Абай және оның құдыретті поэзиясы жайлы Сибғат Хакимнің алғы сөзі татар оқырманының ой көкжиегін кеңейтіп, түсінігін тереңдете түскен. Алғы сөз ақын тілімен жазылған. «Абай өлеңдерінің қазақшадан татаршаға тәржімелерін оқып шыққан соң, өзінен-өзі: «Бұл әдебиеттің негізі неңдей және сол әдебиеттің негізін салушылар кімдер?» деген сауал туды. Бір кезде осындай ой Тоқайдан соң да менің басыма келген еді. Пушкиндер, Шевченко, Абай, Тоқайлар осылай ойландырады. Олар үшін айырым тақырып, айырым мәселе, тұрмыстың нендей бір олағы жоқ, ұлт бір жәмиғат бар, ел бар, халық бар. Көңілде – халық, оның тарихы, тағдыры» деген. Сибғат алғы сөзі осылай басталады да, одан әрі Абай туындыларының қадір-қасиеті, ұлттық сипаты, мазмұнының байлығы мен тереңдігі, өрнектерінің бейнелілігі жайындағы ойларға жалғасады. *С. Сейітов.*

ТАТЬЯНА – А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» атты романындағы негізгі кейіпкерлердің бірі. Онегинге ғашықтық сезімін білдіріп хат жазуы жас қыздың батылдығын, ашық мінезін айқын танытады. Арада бірнеше жыл өткеннен соң екеуі қайта кездескенде, өмірден өз орнын таба алмай торығып жүрген Онегин жоғалтып алған махаббатын қайта таппақ ниетін білдіреді. Т. оған басқа адамға жар болғанын айтып:

«Қол-аяғым берік бекілді,
Енді ненің орны бар?...» –

деп, үзілді-кесілді жауап береді.
Абай Т-ның адалдығын қастерлеп, оның еркін мінезін, табандылығын, тұрақтылығын қазақ қыздарына үлгі етеді. «Амал жоқ – қайттым білдірмей», «Тәңірі қосқан жар едің сен» деп басталатын өлеңдерінде ақын жас арудың сүйкімді бейнесін әсерлі, еркін суреттеп, оның ойлау, сөйлеу ерекшелігін қазақ оқырмандарының ұғымына жақын етіп көрсетеді. Т-ның Онегинді «сен жаралы жолбарыс ең», өзін «мен киіктің лағы ем» деген теңеуі, арманына жете алмағанда:

«Қаймақ еді көңілімде,
Бізге қаспақ болды жем...» –

деп, айтқан сөздері қазақы түсінікте берілген. Онегинге сыр ашып, ғашықтық сезімін білдіргендегі Т-ның көңіл-күйін, ынтықтығын Абай:

«Жас жүрек жайып саусағын
Талпынған шығар айға алыс» –

деп, өзіндік көркемдік шешіммен бейнелеп айтады. Т. бейнесін Абай жарқын, әсерлі сипаттаған.

З. Ахметов.

«ТАТЬЯНАНЫҢ ОНЕГИНГЕ ЖАЗҒАН ХАТЫ » – Абайдың А. С. Пушкиннен аударған өлеңі, қ. *«Амал жоқ қайттым білдірмей».*

«ТАТЬЯНА СӨЗІ» – Абайдың А. С. Пушкиннен аударған өлеңі, қ. *«Тәңірі қосқан жар едің сен...»*

ТАУБЕ Максим Антонович (т.-ө. ж. б.) – 1889 жылдан Бат.-сібір ген. губернаторы. Ол қызмет бабымен қазақ даласын аралаған кезде, қызметті жақсы істеген Ысқақ Солтабаевқа шапан, алтын белдеулі қылыш, Қасым Оразбаевқа күміс стақандар, Шыңғыс болысының құрметті ел адамы Ибраһим (Абай) Құнанбаевқа аңшы мылтығын сыйлаған. Бұл мылтық Семейдегі Абайдың әдеби-мемориал. музейінде сақтаулы. 1898 ж. аты шулы Мұқыр сайлауының екі рет болмай қалуын ескеріп, ондағы төбелес-жанжалды, Абайдың соққыға жығылғанын біліп, Т. Мұқыр сайлауының құқығын жойып, басқа болыстың адамын тағайындаған.

«ТАУ ЖЕБЕЛЕП ЖОРТАДЫ КӨК БӨРІЛЕР...» – Абайдың кейін табылған өлеңі. Көлемі 4 тармақтан тұратын бір шумақ. Немере інісі Смағұлға арнаған. Смағұл Құнанбайдың Айғыз деген әйелінен туады. Мінезі тіктеу, өкпешіл, палуан тұлғалы бір тоға адам болған. Смағұл қонысқа өкпелеп, біраз уақыт елден жырақ, қиыр жайлап кеткен кезде Абай осы өлеңін шығарған. Ақынның өкпешіл інісіне басу айтқан ағалық назы ғана. Ешқандай көңіл күйі байқалмайды. «Сен түгілі тау жебелеп жортқан көк бөрі де бір күн атқа бөктеріледі, жат жерде жақсы бола алмайсың» деген ескерту. Соның өзінен де ақынның ағайын бірлігіне деген ықыласы аңғарылады. Өлең 11 буынды қара өлең ұйқасымен шығарылған. Алғаш рет 1945 ж. Ермұса Елібаев деген қарттың аузынан жазып алынып, ақынның 1961 жылғы толық шығармалар жинағына енгізілген. Кейінгі басылымдарда ешқандай текстол. өзгеріс кездеспейді. *Т. Барақұлы.*

ТАШКЕНТ, Т о ш к е н т – Өзбекстан Республикасының астанасы. Абай *«Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы»* еңбегінде Шыңғысхан қазақ даласын жаулап алып, Орта Азияға шапқыншылық жасағанда, отырықшылыққа айнала бастаған қазақтарды да көшіріп ала кеткен: «Сонан соң бұлар бұрынғы Алатауды қалдырып, Ташкент төңірегіндегі тауларды мекен қылса керек. Шағатай нәсілінің үлкен ханы Ташкентте тұрып, бұларды бір інілері билейді екен...» т. б. тарихи деректер береді.

ТӘБИЕВ Бақтияр Хасанұлы (1940 ж. т.) – суретші-кескіндемеші. Жанрлы картина саласында жұмыс істейді. Қазақстан Республикасының еңбек сің. өнер қайраткері. Ол Қазақ драма театры үшін «Абай» портретін (1988, кенеп, майлы бояу, автордың жеке меншігінде) салды. Портретте кітап ұстап тұрған ақынның беліне дейінгі тұлғасы шабыт үстінде бейнеленген.

ТӘЖІБАЕВ Әбділда (1909 ж. т.) – ақын, драматург, әдебиет зерттеуші ғалым. Филол. ғылымының докторы, проф., Қазақстан Республикасының халық жазушысы. Оның «Жаңа ырғақ», «Аралдар», «Кешеден бүгінге», «Жартас», «Жаңа өрімдер», «Құрдастар», «Толағай» және 5 томдық жыр жинақтары жарық көрген. «Майра», «Жартас», «Жалғыз ағаш орман емес», «Көңілдестер», «Той боларда», «Дубай Шубаевич» т. б. пьесалары қойылған. «Өмір және поэзия», «Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы», «Жылдар, ойлар» т. б. зерттеу еңбектерін жазған.

Т. абайтану мәселесіне де белсене араласып, ақын өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктері мен шеберлігі тақырыбын сөз ететін мақалалар жазды. Оның «Абай және қазақ әдебиеті» («Социалистік Қазақстан», 1945, 19 тамыз), «Абай және қазақ совет поэзиясы» («Екпінді», 1940, 17 қазан) мақалаларында ақынның қазақтың жазба әдебиетін қалыптастырудағы ролі және Абай бастаған реалистік шеберліктің бүгінгі қазақ әдебиетіндегі дәстүрлі жалғасы сөз болады. Күнделікті баспасөзде жарияланған мақалаларында үнемі Абай мұрасын жинау және оны дұрыс талдап, оқырман-қауымға жеткізу мәселелерін қозғап отырды. Бұл үшін, алдымен, ақын мұрасын жүйелі зерттеумен айналысатын ғылыми мекеменің қажеттігін, ал ондай орталық Абай музейі бола алатынын арнайы мәселе етіп көтерді. Ғалым-ақынның абайтану ғылымында, әсіресе, «Қазақ лирикасы тарихынан» деген монографиялық еңбегінің маңызы зор. Бұл еңбектің 2-тарауы түгел дерлік Абай лирикасын зерттеуге арналған. Ғалым Абай лирикасын бірнеше тақырыпқа бөліп талдау үстінде оның жеке шығармаларына тоқталады, ақын шығармашылығының бүгінгі қазақ әдебиетіндегі дәстүрлі жалғасын сөз етеді, Абай поэзиясының әлеум. қуатын, қоғамдық жүгін, жаңа поэзиясының бастауы ретінде тудырған жаңалықтарын ортаға салады, оған ілесе шыққан С. Торайғыров бастаған ізбасарларының: С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, С. Мұқанов т. б. ақындар шығармаларындағы сабақтастықты, үндестікті дәлелдейді.

Т-тың өзі Абай шығармаларымен ерте танысып, көп үйренген ақын. Сондықтан да ол Абай өлеңдері тақырыбына қайта-қайта оралып, ақынның әр сөзіне үңіле қарау қажеттігін талмай көтеріп келеді. Абай аруағына арнап «Абай мен Мұхтарға қойдық белгі», «Сағындырған Сарыарқа», «Жолдас Абай» өлеңдерін жазды. Т-қа жыр жинағы үшін Қазақстан Республикасының Абай атынд. Мемл. сыйлығы берілген.

Т. Барақұлы.

ТӘЖІБАЕВ Төлеген Тәжібайұлы (1910–64) – ғалым-педогог, пед. ғыл. докторы (1962), Қаз. ССР ҒА-ның академигі (1954). Ол Қазақстандағы пед. ой-пікірдің қалыптасуы мен дамуы тақырыбына бірқатар құнды ғыл. еңбектер жариялады. 19 ғ-дың 2-жартысындағы қазақтың демократ-ағартушылары Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаевтардың пед. көзқарастарын зерттеп, келелі пікірлер айтты. Абайдың дүниетанымы, пед. және психол. тұжырымдарына тұңғыш рет материалистік тұрғыда талдау жасады. Ақынның айналаны қоршаған орта сырын терең түсінуде адам бойында үш түрлі: **бірінші** – әр нәрсені үнемі қозғалыста, өзгерісте болады деп қарау, **екінші** – заттардың өзара айырмашылығын салыстыра отырып, тәжірибе арқылы анықтау, **үшінші** – ақылмен қорытылған ойды жүрекпен сезіне білу секілді қасиеттің жинақталуы қажет деген қағидасының материалистік мазмұнын нақтылы мысалдармен ашып көрсетті. Т. адам бес сезім мүшесінің қызметі арқылы қоршаған ортаны танып білетіні туралы Абай ұғымының ғылым талабына сай, ақиқат шындық екенін оның *Жиырма жетінші сөзіндегі* Сократ пен шәкірті Аристодим арасындағы пікірталасын арқау ете отырып дәлелдеді. Адамның ақыл, сезім, қайрат сияқты психол. қасиеттерінің ерекшеліктерін ақынның ғақлияларында және поэзия тілімен шебер бейнелеуін қазақ халқының пед. ой-пікірінің қалыптасу тарихындағы үлкен жетістік ретінде жоғары бағалады. Т-тың тұжырымынша, адам баласының хайуаннан айырмашылығы ақыл-парасатында, логик. ойлау қызметінде және ақылмен саналы әрекет етуінде, ақылдың қасиеті өткірлігімен, ашықтығымен ерекшеленетіні жөніндегі ақын пікірі пед. ғылымының методик. талабымен толық үндес келеді. Т. Абайдың жүрек туралы түсінігін оның гуманистік ой толғауларының негізі ретінде қарастырды. Ақынның пед. көзқарастарына талдау жасай келе, адам психологиясының жас ерекшелігіне қарай өзгеріп отыратындығын және мінез-құлқының қалыптасуы тәрбиеге байланыстылығы жайлы пікірлерінің ғыл. тұрғыда маңызды екенін атап өтті. Т. ақынның еңбек, оқу-білім, адамгершілік тәрбиесі туралы тұжырымдарының мәнін ашып көрсетті. Абайдың эстетик. көзқарастарын да жан-жақты зерттеп, өлең сөздің құдіреті туралы ойларына психол. тұрғыда талдау жасады. Т. ақынның ағартушылық, демократтық ой-пікірлерінің орыстың ойшыл-демократтары Н. Г Чернышевский, Н. А. Добролюбов, В. Г Белинский т. б. көзқарастарымен идеялық өзектестігін ғыл. тұрғыда терең тұжырымдаған алғашқы зерттеушілердің бірі болды.

Шығ. : Абай Құнанбаев жастарды тәрбиелеу туралы. – А. , 1954; Философские, психологические и педагогические взгляды Абая Кунанбаева.– А. , 1957; Развитие просвещения и педагогической мысли в Казахстане во второй половине XIX века. – А. , 1958.

С. Қалиев.

ТӘЖІК ӘДЕБИЕТІ. Абай Құнанбаев шығармалары тәжік әдебиетінде 50 жылдардың басынан мәлім бола бастады. Абай жайлы алғашқы мәліметтердің бірі «Хакикати Ленинабад» («Ленинабад ақиқаты») газетінің 1950 жылғы 11 тамыздағы санында ақынның туғанына 105 жылдығына байланысты жарияланды. А. Мирпогоевтің «Ұлы орыс мәдениетінің досы» деп аталатын бұл мақаласында Абайдың өмірі, оның шығармалары жайлы қысқаша мағлұмат берілген, ұлы ақынның парсы-тәжік әдебиетін жетік білетіндігі айтылған. Орыс тілінде «Ленинабадская правда» газетінің 1954 жылғы 6 шілдедегі санында С. Атаджановтың ақынның қайтыс болғанына 50 жыл толуына сай «Қазақ халқының ұлы ағартушы ақыны» атты мақаласы шықты. Онда Абайдың өмірі мен шығармашылығы жайлы мағлұмат беріледі, Абай аудармалары сөз етіледі. Абайдың қайтыс болғанына 50 жыл толуына байланысты респ. әдеби «Шарки сурх» («Қызыл Шығыс») журналының 1954 жылғы 7 санында ақынның «Жастықтың оты қайдасың?...», «Жүрегім менің – қырық жамау...» (ауд. Бобо Хожи), «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы...» (ауд. Ғаффор Мирзо), «Балалық өтті, білдің бе?...», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...» (ауд. А. Шарифи) өлеңдері тәжік тілінде тұңғыш рет жарияланды. Абай өлеңдері «Маориф ва маданият» («Ағарту және мәдениет»), Өзбекстанда тәжік тілінде шығатын респ. «Узбекистони сурх» («Қызыл Өзбекстан») газеттері беттерінде де орын алды. М. Тұрсынзаде, Д. Икроми, М. Қанаот, Ю. Акебиров, Г. Сафиева, А. Сайфуллоев сынды тәжіктің белгілі ақын-жазушылары республикада өткен қазақ-тәжік

әдебиеті мен мәдениеті күндерінде (1963, 1969) жариялаған әңгімелері мен мақалаларында Абайды қазақ әдебиетінің классигі деп таныды. Тәжік әдебиетші ғалымдарының зерттеу еңбектерінде, монографияларында, мақалаларында Абай жөнінде соны пікірлер айтылған. Акад. М. Шукуров, проф. А. Сайфуллоев, фил. ғыл. канд. В. Самад, А. Нұралиевтің ғылыми еңбектерінде Абай мен туысқан халықтар әдебиеттерінің үндестігі сөз болады. Сайфуллоев ұлы ақынға арнаған оннан астам мақаласында Абай шығармаларына терең талдау жасайды. «Тәжік совет энциклопедиясының» 1 томында (1978) Абай жайлы көлемді мақала (авт. У. Тахиров) берілген. Ал, «Тәжік әдебиеті мен өнері» энциклопедиясындағы Абай туралы мақалада (авт. А. Нұралиев) ақын шығармаларының парсы-тәжік классик. әдебиетімен үндестігі кеңінен сөз болады. Қазақтың ұлы сөз зергері М. Әуезовтың «Абай» романының тәжік тіліне (ауд. Э. Муллохандов) аударылуы (1955) республиканың әдеби өміріндегі елеулі құбылыс болды. Бұл жөнінде мерзімді баспасөзде ғалымдар мен жазушылардың (Сайфуллоев, Икроми, Э. Муллохандов, Тұрсынзаде, Н. Нечаева) көлемді мақалалары жарық көрді. Қазақ жазушылары С. Мұқановтың «Қазақтың ұлы ақыны» («Жавонони Тажикистон» журн. 1954, 7 шілде), Т. Әлімқұловтың «Ағартушы ақын» («Шарқи сурх» журн. , 1954, 10), «Қазақ әдебиетінің негізін қалаушы» («Тажикистони сурх», «Коммунист Таджикистана», «Қызыл Тажикистон» газеттері, 1954, 6 шілде) мақалалары тәжік тіліне аударылып басылды. Душанбе қ-ндағы сәнді көшелердің бірі, Ленинабад облысындағы орта мектеп Абай есімімен аталады. Тәжік мемл. ун-тінің филология ф-тінде Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы арнайы курс оқылады.

А. Нұралиев.

ТӘН ҚҰМАРЫ – «Ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса... өзі өспейді, қуат таппайды...» – деп, Абай адам жаратылысын тән мен жанға ажырата қарайды. Жан мен тәннің өзара байланысын, бірінсіз бірінің күні жоқтығын, тіпті кейде адамның өзі осы нәрседен тұратын тұтас бір құбылыс ретінде қарайтын жерлері бар. Тән қуатымен сырттан тауып, сыртта сақталатын нәрсенің аты – дәулет. Абай *«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес»* дегенде тән кетіп, жанның қалатынын, өлмейтінін айтады. Бірақ, мұны бір жақты түсінбеу керек. Олардың ара жігін Абайдың жан туралы таным шығармаларын жете талдап, перделенген ой қабаттарын ашып барып қана дұрыс түсіне аламыз.

М. Мырзахметов.

ТӘҢІРБЕРДІ (Тәкежан) Құнанбайұлы (1834–1906) – Құнанбайдың Үлжаннан туған баласы. Абайдың ағасы. Т-нің Қаражаннан туған Әзімбай, Мақұлбай деген ұлдары болған. Т. Оспан өлгеннен кейін, оның әйелі Зейнепке үйленген. Құдасы Оразбай Аққұлыұлының азғыруымен талай рет Абайға қарсы кісілерді қолдаған. Ақшоқыда жерленген. Ақын «Байсып, паңсып...» деп басталатын өлеңінде өзінің туған ағасы осы Т-нің оғаш мінездерін, өркөкірек, қатыгез қылықтарын мейлінше өткір тілмен әжуа етеді. Оның өтірік, өсек десе бәйге атындай шапқылағанымен, қолынан түк келмейтін қуыс кеуде екеніне қатты ренішін білдіреді.

М. Бейсенбаев.

ТӘҢІРБЕРДІГЕ – Абайдың өлеңі, қ. *«Байсып, паңсып...»*

«ТӘҢІРІ ҚОСҚАН ЖАР ЕДІҢ СЕН» («Татьяна с ө з і») – А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романының сегізінші тарауынан 1889 ж. Абай тәржімелеген туынды. Шығарма көл. орыс ақынында 77, Абай тәржімесінде 56 жол.

Абай 12-шумақтың соңғы 7 жолын және 13–15-шумақтарды түгел алып, Татьянаның Петербургте Онегинге айтқан сөзін бүтіндей аударған. Орысша текст: «Довольно, встаньте я должна: Вам объясниться откровенно...» – деп басталады.

Абай Татьянаның Онегин хатына жауап сөзі осылай бетпе-бет кездескенде айтылғанын атап айтпай, оны бірден: «Тәңрі қосқан жар едің сен, Жар ете алмай кетіп ең, Ол кезімде бала едім мен, Аямасқа бекіп ең...» – деп бастайды. Бұл орысша тексте мына сөздерге сәйкестендіріп алынған:

«Онегин, я когда моложе,
Я лучше, кажется, была,
И я любила вас; и что же?
Что в сердце вашем я нашла?
Какой ответ? одну суровость...»

Осы үзінділерден көрініп тұрғандай, Абай өз өлеңінде орысша түпнұсқаның жалпы мағынасын ғана сақтайды, кей жерлерін тастап кетіп, кейбір сөздерді өзінше өзгертіп келтіреді. Абайдың Пушкин романынан аударған өлеңдерінің ішіндегі ең еркін аударылғаны – Татьянаның осы сөзі және «Онегиннің Татьянаға жазған хаты» (*«Хұп білемін, сізге жақпас...»*). Абай өлеңдеріндегі өзгертулер қандай десек, тастап кеткендері сол кездегі қазақ қауымының, жастардың ұғым-түсінігіне үйлес келмейді-ау деген жерлері, қосқаны – солардың көңіліне қонымды қазақша сипаттама сөздер.

Мыс. :

«... Что ж ныне
Меня преследуете вы?
Зачем у вас я на примете?
Не потому ль, что в высшем свете
Теперь являться я должна,
Что я богата и знатна,
Что муж в сраженьях изувечен,
Что нас за то ласкает двор?
Не потому ль, что мой позор
Теперь бы всеми был замечен
И мог бы в обществе принесть
Вам соблазнительную честь?» –

деген сияқты сөздерді Татьянаға Абай айтқызбайды. Тек сыпайылап қана:

«Жат есікті және қорып,
Жара салма сен маған.
Жұрт жамандар жатқа жорып,
Жалынамын мен саған...» –

дегізіп, сыпайылықпен шектеледі.


Ал, Татьянаны қазақша ойлап, қазақша сөйлегендей етіп көрсететінін:

«Сен жаралы жолбарыс ең,
Мен киіктің лағы ем.
Тірі қалдым өлмей әрең,
Қатты батты тырнағың...
Қаймақ еді көңілімде,
Бізге қаспақ болды жем ...» –

деген үзіндіден аңғаруға болады. Татьянаның алғашқы хатына жауап сөзінде Онегин өзі де: «Мен

жаралы жолбарыспын, Жұрттың атқан оғы өтіп..,» – деген болатын. Абай Татьянаның аузына: «Сен шошыдың ғашығыңнан, Өзге жұрттан қамшы жеп..,» – деген сөзді салған. Орысша түпнұсқада Онегинді бұлайша ақтау кездеспейді. Татьяна тек ол кезде сіз мені ұнатпаған едіңіз («Я вам не нравилась») дейді.

Ал, бүтіндей алсақ, Татьянаны бұрынғыша адал, бірақ, кісіге сенгіштігінен арылып, өзіне сенімділігі артқан, сертіне берік, алған бетінен қайтпайтын жан етіп сипаттауы жағынан Абай Пушкинмен толық үндес шыққан. Татьянаның бұл сөзі Абайдың өзі шығарған ақынның өз заманынан бастап ел арасына кең тараған. Туынды 6–8 буынды шалыс ұйқаспен жазылған. Алғашқы рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланған. Өлең басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1909 жылғы жинақта 3-шумақтың 2-жолы **«Ебін тапсаң жұбатып»** болса, 1945, 1954, 1957, 1977 жылғы басылымдарда Мүрсейіт қолжазбалары негізінде бұл жол **«Еппен айтсаң жұбатып»** болып қабылданған. *З. Ахметов.*



Нота. (Татьяна сөзі. 1-түрі).

Ақын бұл өлеңіне ән шығарған. Ән халық арасына кеңінен тарап, жұртшылыққа танымал болды. Қазақстан мәдениетін зерттеуші А. П. Седельников: «Абай Құнанбаев – қазақ поэзиясындағы жаңа ағымның өкілі, оның қаламынан «Евгений Онегин» дастанының және Лермонтовтың (қазақтарға ең түсінікті болған ақын) көптеген өлеңдерінің тамаша аудармасы туды, сөйтіп, Семей әншілерінен, мәселен, өз әуендерімен салған «Татьяна сөзі» әнін естуге болады», – деп жазды (Седельников А. П. «Россия», Қырғыз өлкесі. В. П. Семенов редакциясымен. 1903, 18-том, 204-бет). Музыка зерттеушілері, фольклоршылар халық әншілерінен әннің 6 түрін жазып алды. Бұл әнді ең алғаш хаттаған Э. Бимбоэс болды. Ол 1920 ж. Ақмола облысында әнді Н. Құлжановадан жазып алып, нотаға түсірді. Ал, 1922 ж. А. В. Затаевич Орынбор қаласында осы әннің 2-және 3-түрлерін нотаға түсірген. Әннің екінші түрі «Абай әні» деген атпен, үшінші түрі О. Қашағұловтың орындауы бойынша «1000 ән» жинағында «Татьяна хаты» деген атпен жарияланған. «Тәңірі қосқан жар едің сен» әнінің 4-түрін С. Мұқановтан 1930 ж. Москвада Затаевич нотаға түсірген, әннің 5-түрін комп. Л. Хамиди Ә. Ысқақовтан жазып алған, ал 6-түрін проф. Б. Г Ерзакович 1939 ж. Алматыда белгілі әнші Қ. Лекеровтің орындауынан нотаға хаттаған болатын. Әннің 1-, 2- және 5-түрлері бір-біріне өте ұқсас болса, Затаевич пен Ерзакович нотаға түсірген түрлері мүлдем басқаша. Дегенмен, Абай нақышына жақын екендігі аңғарылады. Әннің 1-, 2- және 5-түрлері речитативті сипатта болса, 3-, 4- және 6-түрлері созылмалы әуен-ырғақ иірімдерімен ерекшеленді, кең тыныстық қазақ әндеріне біршама жақындығын танытады. Демек, әннің алғашқы үш түрі (1-, 2-, 5-) мажорлық ладта болса, қалған үш түрі минорлық сазбен айтылады. Ырғақ-өлшем тұрғысынан әннің 3-, 4- және 6-түрлері күрделі, ал қалғандары – қарапайым өлшеммен айтылады. Әннің әуендік-саздық жүйесі, ырғақтық өлшем кестесі Абайдың биік поэтикалық тіл байлығымен тығыз байланыста екенін бірден аңғаруға болады. *Қ. Жүзбасов.*

ТӘТТІМБЕТ Қазанғапұлы (1815–62) – күйші-композитор, шертпе күй орындаушылық мектебінің негізін қалаған, халық аспаптық музыка өнерінің классигі. Әкесі Қазанғап орта дәулетті, ел-жұртына сыйлы, өнерге шын ықыласпен берілген адам болған. Күйшіге домбырашылық өнер ата-тегінен дарыған. Домбыра шертуді алғаш рет Қазанғаптың інісі Әліден үйренген. Баласын анасы Ақбөпе де халықтық өнерге баулыған. Өздеріне аталас Қаз дауысты Қазыбек бидің ұрпақтары шаншар елінің биі Алшынбайдың, аға сұлтан Құнанбайдың алдынан өтіп, әр алуан өнер сайыстарына қатысады. Халық күйлерін бойына сіңіріп, өз жанынан күйлер шығарады. Күйшінің 40-тан астам: «Сарыөзен», «Сарықамыс», «Шайыр қалды», «Былқылдақ», «Сылқылдақ», «Көш жанаған», «Жетім қыз», «Көкейкесті», «Қосбасар» (он екі түрі), «Азына», «Теріс қақпай», «Саржайлау», «Азамат», «Бозайғыр» т. б. күйлері бар.

Т. – шертпе күйлер мектебінің негізін қалаған композитор. 1855 ж. 24 наурызда Арқа қазақтарының өкілдерімен бірге Россия патшасы Александр II-нің таққа отыру тойына өнерпаз ретінде Петербургке барған. Бұл тойға аға-сұлтан Құнанбай шақырылған. Алайда той Құнанбайдың қажыға (Меккеге) бару сапарына орай келгендіктен, Т. барған. Осы сапарында өзінің тамылжыта тартқан күй өнері арқылы Петербургтің өнер сүйер қауымының назарын аударып, күміс медальға ие болған. Медаль Абайдың мемл. қорық мұражайында сақтаулы.

Т. күйлері ұлттық музыка өнеріміздің алтын қорына қосылып, халқымыздың рухани мұрасын байыта түсті. Т. күйлері комп. Е. Брусиловскийдің, М. Төлебаевтің «Біржан – Сара», А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» операсында және «Жамбыл» кинофильмінде кеңінен пайдаланылды. *У. Бекенов.*

ТӘУКЕ (1680–1718) – қазақ ханы. Т. тұсында қазақ хандығы әжептәуір нығайды. Дегенмен, оның барша қазақ хандықтарын біріктірмек болған қыруар еңбегі нәтижесіз аяқталды. Ол билерге арқа сүйеп, елде бытыраңқылық туғызып отырған феод. ақсүйектер-сұлтандар билігін әлсіретуге ұмтылды. Т. қазақтың бас билерімен кеңесе отырып, *«Жеті жарғы»* заңдарын бекітті. Жоңғарлар басқыншылығына қарсы күресте Россияға арқа сүйемек болды. Т. ел басқару ісіндегі әділдігі, білгірлігі үшін **«Әз Тәуке»** атанған. Абай ғақлияларының *Үшінші сөзінде* ел билемек, жұрт басқармақтың қиындығын, оның екінің бірінің қолынан келе бермейтінін айта келіп, «Бұған бұрынғы *«Қасым ханның қасқа жолын»*, *«Есім ханның ескі жолын»*, Әз Тәуке ханның Күлтөбенің басындағы күнде кеңес болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек» деп, Т-нің ішкі саясатын қолдайтынын танытады. «Жеті жарғының» тексі 1993 жылы «Айқап» шағын баспасынан шықты.

ТӘУКЕЛЕВ Айдарат Нүрекеұлы (1927 ж. т.) – заңгер, заң ғылымының кандидаты, доцент. «Қазақ ағартушысы Абай Құнанбаевтың қоғамдық-саяси көзқарастары» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған (1954). Диссертациясында Абайдың гуманистік, демократтық көзқарастарына жан-жақты талдау жасады. Ақынның даужанжалдарды шешудегі асқан әділдігіне, қазақтың әдет заңы нормалары мен тарихын жетік білетін сұңғыла зеректігіне жоғары баға берді.

ТЕАТР. Абайдың ақындық қабілетіне қоса, өз өлеңдеріне ән шығарған композитор ретінде танылуы шығармаларының ел арасына тарауына жол ашты. Абайға арналған әдеби-музык. кештер, оның шығармаларының сахнада орындалуы ақынның көзі тірісінде-ақ басталып, қайтыс болғаннан кейінгі жылдары кең құлаш жайды. 20 ғ-дың басында қазақ топырағында ұйымдастырылған түрлі этнограф. әдеби-муз. кештерде, ас пен тойларда Абайдың өлеңдері мен қарасөздері айтылып, сауыққойлардың репертуарларынан тұрақты орын алды. 1914 ж. Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толуына орай, әдеби-этнограф., муз.-драм. кеш өткізілді. Ойын-сауық кешінде Абайдың өмірбаяны, жеке шығармалары мен ағартушылық қызметі жөнінде *Н. Құлжанова* баяндама жасады. Сауықтың 2-бөлімінде Абай әндері мен өлеңдерінен үлкен концерт беріліп, қазақтың ұлт ойындары көрсетілді. «... Абайдың өлеңі айтылады...» деген хабарды естіп, қаладағы, қырдағы қазақтың көбіне билет жетпей қалды», – деп жазды сол кездегі газет-журналдар («Айқап», 1914, №4,67-б.). Кеште Абай шығармаларының халық арасына тарауына мол еңбек сіңірген Әлмағанбет, Мұқа сияқты әнші-өнерпаздар Абайдың бірнеше ән-өлеңдерін айтқан. Кешті ұйымдастыруға араласқан Абайдың балалары *Кәкітай* мен *Тұрағұл* әкесінің бірнеше шығармаларын орындады. Сол кездегі газет-журналдарға басылған хабарлар мен мақалаларға, сақталған азды-көпті бағдарламаларға қарағанда өздерінің концерттік репертуарына Абай шығармаларын енгізбеген ойын-сауық үйірмелері болмаған. Тікелей сахналық шығармаларда Абай тақырыбы мен Абай бейнесінің жасалуы 1940 ж. 30-қазанда *Қазақ драма театрында* қойылған *М. Әуезов* пен *Л. С. Соболевтің «Абай»* трагедиясынан басталады. Спектакльде өткен ғасырдың соңындағы қазақ халқының әлеум.-қоғамдық тіршілігі мен Абайдың адамгершілік, ақындық һәм өз халқының бостандығы жолындағы күресі бейнеленген. Феод.-рулық шиеленіскен талас-тартысқа құрылған шығармада қазақ халқының өткен ғасырдағы өмірі эпикалық үлгіде көрінеді. Қойылым тарихи-көркемдік шындық дәлдігімен, режиссерлік ой-тұжырым айқындығымен, орындаушылық өнерінің тереңдігімен қымбат. Спектакльдің мол табысы – Қ. Қуанышбаев жасаған Абай бейнесі. Психол. толғаныс сәттері, сөз мағынасын терең ашу, ақындық шабыт пен парасаттылықты жеткізу, ішкі сезім мен кескіндік үйлесімділік актерлік ізденістің басты бағыты болған. Іштей толғану, қимыл-қозғалысты ойға құру, салмақты да сабырлы жүріс-тұрыс, ой ағымдары, бет әлпетіндегі құбылмалы жанды өзгерістер, сөз құдіретін терең ұғу, сырт көзге іліне бермейтін адам бойындағы ерекшеліктерді жинақтай білу, ішкі иірім сезімдерін жеткізу – бәрі де актер ойынына тән.

Ұзақ жылғы үзілістен кейін трагедия – қазақ драма театрының сахнасында 1962 ж. 29 мамырда 2 рет қойылды. Бұл бүгінгі күнге дейін жүріп келе жатқан көркемдік ғұмыры ұзақ туынды. Қоюшы-реж. Ә. Мәмбетов пен суретші А. Ненашев тұрмыс-салт бейнелеу дәстүрінен бас тартып, шынайы көркемдік шарттылыққа барған. Сахна бұрынғы этнограф, реквизит бұйымдардан босатылып, қойылымның декорациялық көркемдеуі бір шымылдықпен шектеліп, оқиғаның дамуы мен алмасуы сонымен бағдарланып, сахналық алаң актерлердің еркін әрекет жасауына ыңғайлы қарастырылған. Бұл – қазақ режиссурасындағы тың бетбұрыс, жаңа бағыт, өмір талабынан, драматургиялық шығарманы өзінше танудан туған шешім болды. Қойылымға басқаша тыныс-қарқын, көркемдік сипат берілген. Абай өлеңдерін қолдану драма әрекетін күшейтіп, қойылымның поэтик. бейнесін айқындады. Жеке рольдерге берілген тұжырым-түсіндірмелер де бұрынғы таптау-рындықтан арылып, уақыт талабына сай тың сахналық ойға негізделді. Абай ролін шығаруда *Ы. Ноғайбаев* пен *М. Сүртібаев* өздерінің актерлік орындау даралықтарымен келген. Ы. Ноғайбаевтың ширақ қимыл-қозғалысында, өткір көзқарасында, ашық дауыс-үнінде, тұтас болмысында күрескер ақын бейнесі елес берсе, М. Сүртібаевтың баяу да байсалды қозғалысында, ойлы көзқарасында, сөз астарының мазмұнында ойшыл адамның бейнесі кескінделген. Трагедия барлық обл. қазақ театрларының сахнасына қойылды. Бұлардың барлығы бірдей көркем дүние деңгейіне көтеріле бермегенімен, театрдың шығармашылық жолында елеулі із қалдырды. 1944 ж. А. Жұбанов пен Л. Хамидидің *«Абай»* операсының Семей муз. драма театры сахнасына ықшамдалған нұсқасы ақынның 100 жылдық мерейтойына байланысты қойылды. Спектакльді сахнаға шығаруға Алматыдан Ә. Хасенов, С. Майқанова, Р Мұсабекова т. б. театр қайраткерлері келді. Режиссерлік жұмысты Қ. Жаңдарбеков жүргізіп, әрі Жиренше ролін ойнады. Муз. спектакльге опера және балет театрындағы әдеби нұсқасы да (либретто), әрі драмалық нұсқасы да пайдаланылған. Драмалық туындыға операның кейбір музыкалары пайдаланылып, негізінен либретто текстері диалог түріне айналған. Реж. қарама-қарсы екі топтың арасындағы тартысты шиеленістіре келіп, Абай жақтаған әділетті, халық ынтымағын, адамгершілік идеяны айқын көрсетеді. Ойшыл ақынның кемеліне келіп қалыптасқан, өмірінің соңғы кезеңі суреттелді. Абай ролін Ә. Хасенов пен Р. Жәкенов кезектесіп ойнап, оның ақындық, ойшылдық қасиеттерін терең ашқан.

Осы театрда трагедия 1962 ж. Ә. Матыбаевтың режиссурасымен қайта қойылды. Актер С. Қыдыралин Абай бейнесін жан-жақты ашуға ұмтылып, оның ойшылдық күрескерлік қабілетін ашқан. 1979 ж. реж. Е. Обаев қойған «Абай» спектаклі театрдың айтулы табысы болды. Абай роліне жас актер Б. Имаханов бүгінгі күннің талабынан келіп, кейіпкердің психол. толғаныс сәттеріне көбірек көңіл бөлген. Сондай-ақ, Қызылорда (1961), Жамбыл (1970) обл. театрларында реж. А. Тоқпанов қойған «Абай»

спектакльдері тарихи-этнограф. дәлдігімен, көркемдік шындығымен, жеке рольдердің өзіндік сахналық шешімдерімен қымбат. Абай ролін ойнаған актерлер – С. Рақышев, Ш. Сәкиев көп ізденген. Әсіресе, жамбылдық Сәкиев Абай әлемін тереңірек бойлап меңгерген. Ол рольді меңгеруде өзіндік шеберлік танытып, Абайдың философ-ойшылдығын, ақындығы мен шешендігін жан-жақты аша білді. Шымкент обл. театрының сахнасына В. Дьяков қойған «Абай» спектаклі кәсіптік деңгейге көтерілген. Абай ролі жас актер С. Досмағамбетовтың үлкен шығармашылық табысы болды. «Абай» романының негізінде Қазақ драма театрының сахнасына қойылған спектакль ақын бейнесін жасаудағы күрделі табыс еді. *«Абай»* қойылымы көрермендерге алғаш рет 1949 ж. 28 желтоқсанда ұсынылды. Кезінде МХАТ қолданған «автор атынан» роман оқиғасын байланыстыратын тәсілді Ш. Айманов пен Х. Бөкеева атқарған. Бұл бір жағынан романның тарихи жүйесіне нұқсан келтірмей, көркемдік ерекшелігін сақтай отырып, сахна заңдылығына бағындыруға септігі тиген. Екінші жағынан, сахналық жүйеге ең маңызды әлеуметтік құбылыстарды, Абайдың шығармашылық, ағартушылық һәм қоғам өміріндегі тірлігімен байланыстыруды көздеген. Бұл әдіс спектакльге көркемдік тұтастық беріп, көрермендердің қабылдауына ыңғайлы болып шыққан. Мұнда феод. дәуірдің шындығы терең ашылып, Абайдың шәкірттік шағынан есею, күрескер дәрежесіне көтерілу жолы нанымды бейнеленген. Екі ғасырдың түйіскен тұсындағы қазақ жұртының өмірі – өзінің бар болмысымен сахнада көркемдік суреттеу тапты. Абайдың өскен ортасы, оның орыс халқының алдыңғы қатарлы өкілдерімен байланысы нанымды берілген. Абайдың балалық шағын ойнаған Ә. Ысмайылов өз кейіпкерінің көңіл-күй толғыныстарын шынайы суреттеген. Оның өзін қоршаған ортаға деген көзқарасының өзгеруі, есею белгілері, өмір болмысының сырын ұғуға ой жүгіртуі, өзінше ақыл таразысына салуы – бәрі де нанымды шыққан. Актер өз кейіпкерінің қалыптасу кезеңдерін эволюциялық жолмен Абайдың есейген шағын ойнайтын Қ. Бадыровқа роль тізгінін ұстатуы қойылымда үйлесімді шыққан. Ол ақынның психол. толғыныстарымен бірге, портреттік келбетіне де көңіл аударған. Ойланып, салмақпен сөйлейтін Абайдың іштей арпалысқан байыпты жүріс-тұрысы, ашық дауысы, бет әлпетіндегі өзгерістер – бәрі де М. Әуезов берген сипаттамалармен жүйелі сабақтас. Бадыров жасаған бейне көркемдік құлашының кеңдігімен, Абай мінез-құлқының ерекшеліктерінің толық ашылуымен қымбат. Спектакльде биік көркемдік деңгейде бейнелеу тапқан – Қ. Қуанышбаев жасаған Құнанбай тұлғасы. Өз заманының алғыры, ақылды да айлалы Құнанбай актердің суреттеуінде мінезді, өткір, қатал да қайсар, ешкімді бетіне келтірмейтін, ұстаған бағытынан бұлжымайтын, феод. қоғамның негізін өле-өлгенше қорғап бағатын табанды жан.

Романның осы сахналық жүйесі бойынша облыстық театрларда қойылған спектакльдер де сәтті шықты. 1951 ж. Қарағанды театрының сахнасына реж. Б. А. Лурье қойған «Абай» спектаклі аса жоғары бағаланды. Ақынның ролін М. Сүртібаев ойнап, ол Абайдың жастық шағынан есею кезеңіне дейінгі қалыптасу сәттерін үйлесімді қарастырып, ақынның толыққанды бейнесін жасады. Шымкент обл. театрында реж. актер Ғ. Хайруллинаның роман негізінде 1950 ж. қойған спектаклі театрдың табысы болды. Хайруллинаның өзі «автор атынан» роман тексін шебер оқуы көп көріністі оқиғаның басын біріктіріп, сахналық тұтастыққа жеткізді. Сондай-ақ, Абай өлеңдерін ұтымды пайдалану – сахналық әрекетті дамытуға септігін тигізді. Абайдың жас шағын бейнелеген М. Өтебаев, есейген кезін сомдаған С. Ерғалиев ақынның халқына деген сүйіспеншілігімен бірге, оның кескіндік ұқсастығын да дәл беруге ұмтылған. Сол тұста театрмен гастрольге келген Қ. Қуанышбаевтың осы спектакльде Құнанбай ролін ойнауы – жалпы қойылымның сипатына ерекше ықпал етті. Атырау обл. театрында реж. А. Тоқпанов қойған «Абай» спектаклі мол дайындық пен ізденістен туындап, сахналық шындыққа тарихи шындықты терең барлау арқылы жеткен. Абайдың өмір сүрген ортасы, дәуір тынысы және Абай бейнесін дұрыс түсінуге реж. еңбегі ерекше ықпал жасаған. Сонан Абайдың жастық шағын ойнаған Теңелбаев, есейген шағын ойнаған Қ. Төлеков көркемдік шоқтығы биік бейнелер жасаған. Төлеков Абайдың психол. толғыныстарымен бірге, оның ақындық пен ойшылдық қасиеттерін ашуға ұмтылған. Абай елінде ұлы ақын жайындағы спектакльдің басқа обл. театрларға қарағанда көбірек қойылуы заңды құбылыс. Жоғарыдағы сөз болған 3 спектакльден басқа Семей театрында «Абай» спектаклі де театр тарихынан көрнекті орын алды. Талантты актерлер Х. Ешмұратов (жас Абай) пен Р. Жәкенов (орта жастағы Абай) шынайы сахналық бейнелер жасады.

Абай әлемі сахна санаткерлерін үнемі қызықтырып, әр театр, әр драматург өзінше ізденісін жасады. Солардың бірі – Қазақ балалар мен жасөспірімдер театрының сахнасына «Жас Абай» спектаклінің қойылуы. Абайдың жастық өмірі мен азамат болып қалыптасу, ақын тірлік кешкен ортаның әлеум. тынысын суреттеуді мақсат тұтқан бұл спектакльде (реж. әрі әдеби нұсқасын жасаған Ш. Айманов) Абай ролін актер А. Кенжеков ойнады. Спектакль ақынның балалық һәм жастық шағын драмалық шығармада көркем бейнелеудегі жасалған алғашқы барлау еді. Ал, 1990 ж. осы театрда ақынның өлеңдері бойынша жасалған сахналық жүйе негізінде қойылған *«Қалың елім, қазағым»* поэтик. драмасы Абай поэзиясынан сахналық шығарма жасаудың алғашқы тәжірибесі (Әдеби нұсқасы мен қойылымын жасаған реж. Р. Сейтметов) болды. *«Абай-Әйгерім»* спектаклі М. О. Әуезовтің «Абай» романындағы Абай мен Әйгерім арасындағы махаббат, адамгершілік қарым-қатынасына құрылған. Қойылым 1980 ж. сәуірдің 29-жұлдызында қазақ драма театрында көрсетілді (Романның сахналық жүйесін түсірген – Б. Римова, қойылымын жасаған – Ж. Омаров, суретші – Ф. Мұқанов, музыкасын жазған комп. С. Мұхамеджанов). Сахналық жүйеге Абай мен Әйгерім арасындағы сүйіспеншілік оқиғасы драмалық желі болып тартылып, сол арқылы күрделі де қатыгез заманның тіршілік тынысын танытуға күш салған. *Ә. Боранбаев* пен *Ә. Кенжеев* сомдаған Абайдың қызуқанды, бірде ширақ, бірде байсалды, салиқалы тұлғасы – спектакльдің табысы.

И. Оразбаевтың Абай өмірінің соңғы кезеңін бейнелейтін «Мен ішпеген у бар ма!..» пьесасын реж. А. Әшімов 1987 ж. және 1994 ж. жаңартып, қазақ драма театры сахнасында қойды. Реж. драманың көркемдік ерекшелігіне қарай сахналық бейнелерді ұтымды пайдаланып, өткен дәуірдің әлеум. тірлігіне бүгінгі күн тұрғысынан жаңаша келіп, қойылымға поэтик. астар берген. Ойнаған актерлер ақын бойындағы әр кезеңдегі өзгерістер мен психол. толғаныстарды ашуға көп көңіл бөліп, алға қойған мақсат-мүддесінің дұрыстығына сенетіндігін нанымды көрсете білген. *Б. Құндақбаев.*

ТЕЗЕКБАЙ Жамантайұлы (т.-ө. ж. б.) – Абай аулының адамы. Т-дың інісі Көжекбай ағасына қысым жасап, жерін тартып алу үшін әрекет жасайды. Т. амалсыздан Абайға барып арызданған. Абай Көжекбайдың бұл озбырлығына тыйым салған. Ақын «Жамантайдың баласы Көжек деген...», «Бөтен елде бар болса...» деген өлеңдерінде сөзге тұрақсыз, құлық-сұмдыққа жақын, екі жүзді, зорлықшыл Көжекбайды өлтіре әжуа еткен. «Жақынын сатып, жөн көріп, Қалтаң-құлтаң амалдар, Туысқанға кекшілі...» деген жолдарға осы оқиғалар түрткі болуы әбден мүмкін.

ТЕКСТ – жазбаша немесе баспа жүзінде хатқа түскен тіл (сөйлеу) туындысы. Қағаз бетіне (немесе ағаш, тас, мата, тері, темір затына, не сүйекке) түскен жазулы Т-тің көлемі әр түрлі болып келе береді. Оның Т. аталуы үлкен, не кішілігіне байланысты емес, мазмұнының тұтастығына, тиісінше басталып, лайықты аяқталғандығына қарай анықталады. Мазмұн тұтастығы болмаған жағдайда Т. аяқталмаған, не үзінді, болмаса үзік (фрагмент) ретінде танылады. Т. атауы жүйелі мазмұндалған барлық жанрларға ортақ, яғни, көркем әдебиет туындыларын да, ғыл.-зерттеу жұмыстарды да, сондай-ақ, ресми іс-қағаздары мен түрлі құжаттарды да атауға болады. Мыс., Абай өлеңдері ішіндегі: «Кең жайлау – жалғыз бесік жас балаға, Алла асыраған бендесі аш бола ма? Ержеткен соң сыймайсың кең дүниеге, Тыныштық пен зар боларсың баспанаға,» – деген бір шумақ өлең бас-аяғы жұмыр, аяқталған Т. Ал, көлемі 108 шумақ (432 жол) «Әзім әңгімесі» атты дастан – аяғы бітпей қалған болып есептеледі және оның соңғы 12 жолы кейіннен – 1943–44 жылдардағы экспедиция кезінде табылған. Абайдың *М. Ю. Лермонтовтан* аударған «Вадим», «Бородино» өлеңдері де үзінді Т-тер. Оларды Абай түгел аудармай тастап кеткен бе, болмаса Т-тердің түпнұсқасы жоғалып кеткендіктен, сақталған үзіндісі осы ғана ма, ол жағы ғылымға аян емес. Жалпы, Абай сөз қумай, мағына қуып аударған. Мыс., түпнұсқада көлемі 98 жол «Бородино» өлеңінен Абай аударған Т. небары 20 жол, яғни, түгел аударылмаған. Алайда, екі нұсқаны салыстырып қарағанда Абайдың орысша өлеңді көлем жағынан ұтып аударғаны да байқалады. Түпнұсқадағы: «Да, были люди в наше время, Не то, что нынешнее племя, Богатыри, – не вы!...» – деген үш жолды Абай: – «Ондағы біздің адамдар, – Сендердей емес, балаңдар» – деп, екі жол өлеңмен тәржімалаған. Демек, толық аударылған күнде де қазақша Т. орыс тіліндегі түпнұсқа Т-пен көлем жағынан сәйкестенуі әбден мүмкін. Т. көлемін айқындау кейде автордың ықтиярсыз да болады. Абайдың өз қолымен жазылған түпнұсқа Т-тердің сақталып жарымағаны мәлім. Ақынның көп туындысы *Мүрсейіт* көшірмелері арқылы жеткен. Ал, оның ел аузынан жазып алғанын, болмаса Абайдың қаламынан шыққан түпнұсқалардан көшіргенін ғылым әлі анықтаған жоқ. Зерттеушілердің пікіріне қарағанда Абайдың «Қарасөздерінің» жылы кейін қойылған. Мүрсейіт олардың жазылған жылына қарамай, қолына тиген уақытында көшіріп алып, реттік санын өзінше қойған. Кейінгі бастырушылар ол сандарды өзгертіп, басқа жүйемен реттеген. Мыс., Мүрсейіт қолжазбасында «Жиырма бесінші сөз» болып жазылған текст кейіннен академиялық басылымдарда «Жиырма төртінші сөз» болып беріліп жүр. Сол секілді, ақынның 100 жылдық мерейтойы құрметіне 1948 ж. жарық көрген жинақта оның «Қырық бесінші сөзі» өз алдына жеке Т. ретінде жарияланды. Оған дейін бұл сөз «Отыз жетінші қарасөздің» жалғасы деп қаралып келді. «Қырық бесінші сөздің» дербестігін библиограф-ғалымдар оның мазмұн жүйесіне қарап анықтаған. Абайдың өз қолынан шыққан «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген жалғыз түпнұсқа Т-ті 1934–35 ж. М. О. Әуезов басқарған экспедиция тапқан. Т-тің соңындағы 3 жол қолжазбаның тозыңқылығынан оқылмағандығы себепті оны Әуезов басқарған комиссия мазмұнына қарап өз тарапынан толықтырған. Сөйтіп Т. аяқталған сипат алған. *Е. Жұбанов.*

ТЕКСТОЛОГИЯ. Абай шығармаларын жинау, бастыруда олардың текстін зерттеудің, ғылыми тұрғыдан анықтаудың мәні үлкен. Олай болатын себебі – Абайдың қолымен жазылған шығармасы жоққа тән. Тек «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген шығармасының қолжазбасы ғана Абайдың өзі жазған делініп жүр. Осыдан басқа шығармалардың қолжазбасы түгелдей өзге адамдардың қолымен жазылған және әр түрлі қолжазбаларда, 1909 жылғы жинақта және кейбір онан кейінгі жинақтарда бірталай сөздер әрқалай оқылады. Мыс., Мүрсейіттің бірнеше қолжазбасында да бір өлеңдегі кейбір сөздер бірде былай, бірде олай жазылған. Оның үстіне алғашқы 1909 жылғы жинақта жоқ, кейінгі басылымдарға енгізілген шығармаларда бар қолжазбаларды, бұрынғы жинақтарды салыстырып зерттеу негізінде кейінгі басылымдарда кейбір сөздер түзетіліп беріліп келеді. Әр жинақта бір сөздің әр түрлі нұсқасы болуы кейде пікірталасын туғызатыны, мынасы дұрыс емес, бұрынғы жинақтағы нұсқасы дұрыс деуге мүмкіндік беретіні де түсінікті. Абай шығармасы деп саналып, газет-журналдарда жарияланған ғылыми жинақтарға кірмеген бірлі-жарым өлеңдер де жоқ емес. Түгелдей алғанда Абай шығармаларын текстол. тұрғыдан зерттеуде айтарлықтай табысқа қол жетті, акад. толық жинақтағы шығармалардың текстері дәйекті түрде анықталды дей аламыз. Ал, енді нақтылап айтсақ, қолжазбалардың ең негізгісі, толығы 1905, 1907, 1910 жылғы Мүрсейіт Бікеұлының жазбалары. 1909 ж. С.-Петербургте басылған Абай шығармаларының тұңғыш жинағындағы текстерді де түпнұсқа ретінде қараған орынды. Абай шығармаларының басым көпшілігі Мүрсейіт қолжазбалары арқылы жеткенін ескерсек, бұл тұңғыш жинақтың мәні зор екені айқын аңғарылады. Басқа жекелеген қолжазбалардың көлемі шағын, оларда Мүрсейіт қолжазбасында жоқ өлеңдер өте

аз, сондықтан олар қосымша деректер ретінде бағалануы орынды. Алайда, бұл жинақта да, қолжазбаларда да жаңылыс жазылған, қате басылған сөздер кездесіп отыратыны салыстыра тексеру, текстол. зерттеу негізінде анықталды. Бұл жинақтың алдында баспа жүзінде жарық көрген өлеңдер (мыс. , «Дала уәлаяты газетінде» жарияланған «Жаз», «Болыс болдым, мінеки») үштөрттен аспайды.

1909 жылғы жинаққа кірмеген бір топ шығармалар 1916 ж. Орынборда С. Әбішұлы бастырған «Абай термесі» атты кітапта жарияланды. Олар – бірінші қарасөзі мен «Ата-анаға көз қуаныш...», «Тайға міндік...», «Жарқ етпес қара көңлім не қылса да...» және бірнеше өлеңдер. Ал, 1922 ж. Ташкентте, Қазанда басылған жинақтар сол 1909 жылғы жинақта жария болған шығармаларды қамтиды. І. Жансүгіров 1923 ж. «Тілші» газетінде Ташкентте шыққан жинаққа сын пікір ретінде «Абай кітабы» атты мақала жазып, бір алуан қате басылған сөздерді қалай дұрыстап оқу керек екендігін нанымды көрсетті. Мыс. , **«шалғыннан жүні қылтыңдап»** емес, **«шалғыннан жоны қылтыңдап»** деген дұрыс екенін немесе **«биікке басшы болар деме залым»** емес, **«бейіске басшы болар деме, залым»** деп оқылуы дұрыс екенін алғаш көрсеткен І. Жансүгіров болатын. Бұл мақаладағы тағы бір өте бағалы пікір – Абай шығармаларын «толық жинақтап, жемісті қылып шығаруға тырысу» міндеті қойылған. «Абайды жете білетін Шәкерім, Мұхтар, Әлихан, Ахмет сияқтыларды бұл жолға үндеу керек, сөйтіп, осы бастан қам қылып, асықпай бірнеше жылды мойынға алу керек», – дейді І. Жансүгіров. Сол кездің өзінде-ақ, Жансүгіровтың Абай шығармаларының толық жинағын тыңғылықты дайындап бастыру мәселесін көтеруі және Абайдың өмірі мен шығармашылығына ең жетік, білгір адамдар деп Ш. Құдайбердиев, М. Әуезов, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсыновты атауы айрықша назар аударарлық. Жаңа шығармалармен толықтырылып басылуы жағынан ерекше атауға лайық жинақтың бірі – 1933 ж. Әуезов болатырған «Толық жинақ». Мұнда «Әзім» поэмасы және Абай жас кезінде 1855–81 ж. арасында жазған дейтін бір топ өлеңдер алғаш жарық көрді. 1945 жылғы басылған толық жинақта жаңадан табылған «Домбыраға қол соқпа....», «Мен боламын демеңдер...», «Ойға түстім, толғандым...» және бірнеше қысқа өлеңдер жарияланды. Бұл жинақта және 1954 жылғы жинақта шығармалардың текстерін қолжазбалармен және бұрынғы басылымдармен салыстыра тексеріп анықтауға назар аударылған. Әсіресе, 1954 жылғы екі томдық толық жинақтың кейбір аударма өлеңдердің орысша түпнұсқасын айқындау жағынан елеулі жаңалығы бар. Абай шығармаларының текстерін ғылыми тұрғыдан зерттеуде 1957 ж. Әуезовтің басқаруымен дайындалып жарық көрген екі томдық акад. толық жинақтың мәні ерекше. Бұл басылымның құндылығы алдымен Әуезовтің текстол. жұмыстарға тікелей қатысуының, ерінбей-жалықпай басшылық етуінің нәтижесі. Жинақты баспаға дайындау барысында Абайдың өлеңдері, поэмалары, қарасөздері бұрынғы басылымдар мен барлық белгілі қолжазбалар салыстырылып, мұқият тексеріліп, бірталай сөздерге түзетулер енгізілді. Қай сөздің қандай негізге сүйеніп алынғаны әр шығармаға берілген түсініктемеде көрсетілген. Бұл жинақты баспаға дайындап, текстол. жұмыс жүргізгендер – З. Ахметов, Ы. Дүйсенбаев, Ғ. Әбетов. Сонымен қатар аракідік болса да Абай шығармаларын басып шығаруда ғылыми принциптен шалғай кетушілік те орын алғанын айтпауға болмайды. Мыс. , 1961 ж. Ә. Жиреншиннің жоғарыда аталған 1957 жылғы жинақтағы барлық түсініктемелерді түгелдей дайын күйінде алып, текстерді зерттегендей болып кітап етіп бастырғаны кезінде баспа жүзінде қатты сыналған-ды.

1977 жылғы ғылыми басылымда Абай шығармаларының текстеріне біраз қосымша тексеру жасаған Қ. Мұқаметханов және басқа зерттеушілердің еңбегін ескеріп, кейбір түзетулер енгізілгені байқалады. Сонымен ғылыми басылымдарда Абай текстерін қалыптастырып тұрақтандыруға, жекелеген сөздердің неғұрлым дұрыс берілуін қадағалауға мән беріліп келеді. Абайдың туғанына 150 жыл толу қарсаңында ақынның толық жинағы жаңадан дайындалып, басылды. Ал, ақынның таңдамалы шығармаларының жинағын бастыру жайлы айтсақ, олар акад. басылым негізінде жасалуы шарт екені және қалыптасқан текстер мен дәлелді деректерге сүйену қажеттігі талас тудырмайды. *З. Ахметов.*

ТЕЛҒАРА – Абайдың бала кезіндегі еркелетіп қойған есімі. Құнанбайдың екі әйелі – Ұлжан мен Айғыз бір ауыл болып отырған да, екі шешенің ортасында өскен бала Абайды ауылдастары Т. деп атаған. Кейін жеңгелері де оны осылай атаған. Кезінде М. Әуезов Абай туралы романдарын «Телғара» деп атамақ болғаны туралы да мәлімет бар.

ТЕЛҒОЗИЕВ Әшірхан (1938 ж. т.) – композитор, музыка зерттеуші. 1976 ж. Қазақ радиосының фольклорлық экспедициясын басқарып, Семей обл. ауылдарын аралап, халық әндері мен Абайдың муз. шығармаларын жазып алды. Абайдың «Білектей арқасында өрген бұрым...», «Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы...», «Өмірден тепкі жесем жазығым жоқ...» деген өлеңдеріне ән-романстар жазды. *Ә. Еренбаева.*

ТЕЛЖАНОВ Қанафия Темірболатұлы (1927 ж. т.) – суретші. Қондырғылы кескіндеме саласында жұмыс істейді. Халық суретшісі, Қазақстан Республикасының еңбек сің. өнер қайраткері. Көркемсурет ҒА-ның корр.-мүшесі, проф. Т. ұлы ақын өміріне арналған «Бастау» (1972, кенеп, майлы бояу, Абайдың мемл. қорық-музейі қоры), «Абай өлеңдері» (1963, кенеп, майлы бояу) суреттерін салды. Қазақстан Республикасы Мемл. сыйл. лауреаты.

ТЕҢЕУ, э п и т е т – затты, нәрсені, құбылысты немесе солардың белгісін, қасиетін, сапасын көрсететін көркемдік ұғым. Халық тіліндә тұрақты Т. (алтын көпір, бұйра толқын, сын сағат, берік байлам, ыстық ықылас т. б.) мол ұшырасады. Абай поэзиясында Т-дің көптеген түрлері бар болмысымен, қиысымен қолданылған. Әсіресе, *«Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ»* өлеңінде аттың сынына байланысты қолданылған Т. осының жарқын мысалы болып табылады; **«Шоқпардай кекілі** бар **қамыс құлақ**, **Қой мойынды**, **қоян жақ**, **бөкен қабақ»**; «**Теке мұрын**, **салпы ерін**, ұзын тісті»; «Шапқан атқа жеткізбес **бөкен желіс»**, сол


сияқты, терең ой, терең сөз, терең ғылым сияқты Т-лер де Абайдан бастау алған троптар. Мыс. : «Түбі **терең** сөз артық, бір байқарсың», «**Терең ой, терең ғылым** іздемейді». Ақын шығармаларында көңіл күйіне байланысты, адамдардың өмірі мен қылықтарындағы жағымсыз жайларға өкініш білдіргенде айтқан Т-дің басқа түрлері де кездеседі: «Жалаңқая **жат мінез** жау алады», «**Ит қорлық** немене екен сүйткен күні?», «Ыржаң-қылжаң **ит мінез**». *М. Серғалиев.*

ТЕРЕК – Кавказ тауларынан бастау алып, Каспий маңы ойпаты арқылы Каспий теңізіне құятын ағынды өзен. Абай өзінің М. Ю. Лермонтовтан тәржімелеген «Теректің сыйы» деген туындысын «Асау Терек долданып, буырқанып...» деп бастайды.

«ТЕРЕКТІҢ СЫЙЫ» («Асау Терек долданып, буырқанып...») – М. Ю. Лермонтовтың «Дары Терека» атты өлеңінің 1898 ж. Абай тәржімелеген туындысы. Орысша түпнұсқасы 76 жол, қазақшасы 38 жол. Абай өлеңді еркін аударған, алайда жалпы мағынасын, көркемдік құнын қазақ оқырмандарына ұғынықты етіп жеткізген. Кезінде В. Г Белинский айтқандай, Кавказды мадақтау – Терек өзені мен Каспий теңізі бейнелері арқылы әсем жер аймағын оқырман көз алдына елестету. Кавказдан бастау алып, Каспийге құятын Терек оған қажет сыйлықтар әкеледі. Кәрі Каспий басында қалғыған бойымен өзеннің сыйына селт етпейді, үн шығармайды. Тек артынан «казак-орыс қатыны бір сұлуды әкеліп ем» дегенде көзін ашып, сылқ-сылқ күліп, жылы жүзбен амандасады. Лермонтов өлеңдерінде нақтылы, табиғат суреті мен көркемдік қиял осылай әдемі ұштасып келеді десек, Абай соның бәрін өзіндік бояуын сақтай отырып, әсерлі етіп қазақша айтып жеткізген. Ал, жеке сөздерді, сөйлемдерді аударғанда алшақ кеткен тұстары бар. Көбірек айтылатыны өлеңнің алғашқы шумағындағы:

«Арыстанның жалындай бүйра толқын
Айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып», –

деп келетін тармақтар. Бірақ, осындағы «айдаһардай бүктеліп» дегенін еркіндікке жатқызсақ та, «арыстанның жалындай» дегені Лермонтовтың басқа бір шығармасындағы: «И Терек, прыгая как львица, С косматой гривой на хребте», – деп келетін сөздермен үндес екені байқалады және жал – аңдар арасында арыстанда ғана болатынын Абай дұрыс ескерген («львица» деп жаңылыс айтылған ғой). Туынды 11 буынды қара өлең үйқасымен жазылған. Алғаш рет 1909 ж. С. Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Өлең басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1909, 1945, 1954 жылғы жинақтарда 3-шумақтың 2-жолы **«Бұлттың сүтін ішіп ержеткенмін»** делінсе, 1957, 1977 жылғы жинақтарда бұл жол 1933 жылғы басылым негізінде және орысша түпнұсқасына сүйеніп («Вскормлен грудью облаков») **«Бұлттың сүтін еміп ержеткенмін»** болып алынған. Мүрсейіт қолжазбаларында, 1907, 1910 және 1909 жылғы жинақта 7-шумақтың 5-жолы **«Қартаң Каспий қалтиған бойымен»** деп берілсе, кейінгі басылымдарда Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасы бойынша **«Қартаң Каспий қалғыған бойыменен»** түрінде қабылданған. 1933, 1945 жылғы жинақтарда соңғы шумақтың ақырғы жолы **«Қатынды алды, қытықсыз араласты»**, 1954, 1957, 1977 жылғы жинақтарда бұл жол 1909 жылғы басылым негізінде **«Қатынды алды, қитықсыз араласты»** ретінде түзетілген. *З. Ахметов.*



Нота. (Теректің сыйы).

Абай «Теректің сыйы» өлеңіне ән шығарған. Ән ақын әндерінің ішінде сирек айтылады. Тек 1984 ж. М. Мұхамеджанованың айтуы бойынша музыка зерттеушісі Қ. Жүзбасов нотаға түсірген. Ән музыкасы қара өлең кестесінің 4+3+4, 3+4+4 буындар тіркесімен өрнектеліп, мелодиялық саз бен ырғақтың сипаты тақпаққа жақын муз. речитативті, монументальды характерімен ерекшеленеді. Әнге тән бір ерекшелік: әуені өлең жолының сегіз тармағының негізінде қалыптасады. Батыл, жігерлі үнімен ән 3,4; 4,4; 3,4; 4,4; 3,4; 4,4; 3,4; 4,4; 3,4; 4,4; 3,4 муз. өлшемде айтылады. Өлең мазмұнына сай музыка характері шығарманың негізгі идеясын ашып, тыңдаушыға зор әсер етеді. *Қ. Жүзбасов.*

ТЕРІБАЕВ Қуат (1891–1952) – халық ақыны. Ауыл мектебінен оқып, ескіше білім алған. Ата-анасынан ерте айрылып, 1916 ж. патшаның июнь жарлығына ілігіп, майданның қара жұмысына алынады. 1936 ж. респ. айтысқа қатысып, жүлдегер атанған. Т-тың ақын болып қалыптасуына Абайдың әсері көп тиген. Абайдың жаңашыл дәстүрін, өлеңдері мен әндерін ел ішіне насихаттаған. Абайдың дәстүрімен «Күнсағила», «Айжан-Жанша» дастандарын жазған. «Өмір жыры», «Ағынды Ақсу» шығармалар жинақтары белгілі. *А. Бұлдыбаев.*

ТИМОФЕЕВ Василий Васильевич (1943 ж. т.) – график. Экслибрис, қондырғылы графика және кітап безендіру ісінде пайдаланатын өрнекті, литографиялық әдіспен сурет салу саласында жұмыс істеді. Оның 1983 ж. бастаған «Қазақстанның көрнекті адамдары» атты портреттер топтамасында «Абай Құнанбаев» (1990, линогравюра, автордың қоры) портреті бар. *Л. Плахотная.*

ТИХОНОВ Николай Семенович (1896–1979) – жазушы, ақын. Соц. Еңбек Ері. Оның «Кахетия жырлары», «Мәңгі транзит», «Соғыс», «Отты жыл»,

«Грузин көктемі», «Екі тасқын», «Алтыншы колонна» әңгіме, повесть, жыр жинақтары көпшілік қауымға кеңінен таныс. Ақынның «Ақын дауысы», «Замана сағлақтары» кітаптары қазақ тіліне аударылған. Т. қазақ әдебиетінің классиктері А. Құнанбаев, Ж. Жабаев, М. Әуезов туралы арнайы мақалалар жазып, келелі пікір айтқан. Ақынның туғанына 125 жыл толу тойына арналған «Халықтың аты, абыройы» («Қазақ әдебиеті», 1971, 26 мамыр) деген мақаласында: «Абай – бәріміздің де Абайымыз... Абай – халықтық ақын. Ал, оның шыншылдығы – халықтың арындай таза, тұнық, мөлдір... Қазақтың жаңа сипатты жазба әдебиетінің көшбасшысы», – деп жоғары бағалады. Т-қа Халықаралық Лениндік сыйлық, Лениндік сыйлық, бірнеше рет СССР Мемл. сыйлығы берілген.

ТОБЫҚТЫ – Орта жүз Арғын тайпасының руы. Ол Арғынның екінші әйелі Момыннан туатын төртеудің бірі – Ақсопыдан тарайды. Т. ұрпақтары 17 ғ-дың ақырында Балқаш, Тоқырауын, Құсақ маңын, 5 болыс ел қазіргі Семей облысының жерін мекендеген. Т-дан сөзге шешен, ұрыста қайратты батыр, билер көп шыққан. Ұлан-ғайыр алып жатқан жеріне сай халқы да көп әрі дәулетті, жуан сіңір ел болған. Қалың Т-ның ішінде өсіп, ел арасындағы дау-дамайға еріксіз араласқан Абай өз өлеңдерінде сол кезеңде атқа мініп, әкімшілік жұмыстарына араласқан би-болыстардың, халықты алдап-арбап, арын сатқан арамза құлардың оғаш мінездерін қатты сынайды. Ақын *«Патша құдай, сыйындым...»* деген өлеңінде: «Қайран сөзім қор болды, Тобықтының езіне» деп налыса, Көжекбайға арналған *«Бөтен елде бар болса...»* деп басталатын ұзақ толғауында бірді бірге айдап салып, ел ішін алатайдай еткен алаяқ пысықтарға ренішін жасыра алмай: «Ел бүлігі Тобықты, Көп пысыққа молықты» деп ашына айыптайды. Бірақ, бұған қарап Абай бүкіл Т. жұртын даттап отыр деуге әсте болмайды. Ақынның қадала сынап, қаһар төгіп отырғаны сол қалың елдің тыныштық-берекесін кетіріп біткен «ездер» мен «пысықтар». Іргелі ел атанған Т-ның жақсылығы мен жақсыларын ақын қатты құрметтеген. Сүйікті баласы Әбдірахман мезгілсіз қайтыс болып, көңілі қайғы-шерге толған ақын *«Бермеген құлға, қайтесің...»* деген жұбату жырында арғы қажы атасын: «Тобықтыны ел қылып, Басын жиып құрапты» деп мадақ тұтады, жаралы жүрегіне содан медеу тапқандай болады.

Т. Барақұлы.



Абай Құнанбаев. В. В. Тимофеев. 1990.

ТОҒЖАН (т.-ө. ж. б.) – жас Абайдың алғашқы сүйген қызы. Бөкенші руынан шыққан Сүйіндіктің қызы. Қарауыл ө-нің бойындағы Сүйіндік аулына келіп, өзінің сүйіктісі Т-мен дидарласып қайтарында Т-ның ағалары Асылбек, Әлібектер сезіп қалып, Абай жүйрік атпен зорға құтылған. Сол жолы бір төбенің басына барып отырып, өзіне-өзі тоқтау салып, *«Сап, сап, көңлім, сап көңлім...»* өлеңін шығарған. Т. мен Абай махаббаты М. О. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясында көркем суреттеледі.

Қ. Махамбетова.

ТОҒЖАНОВ Ғаббас Садуақасұлы (1900–37) – мемл. қайраткері, жазушы-журналист. Оның Абай туралы алғашқы ауқымды еңбегі – «Абай» атты моногр. очеркінен (1935) сол кезде үстем болған тұрпайы социологизмнің және соған байланысты туған «Абай үстем таптан шықты, сондықтан да ол – сол таптың өкілі» деген ағат пікірдің сілемі байқалады. Т. таптық тұрғыдан Абай «қазақтың капиталдасқан феодалдарының жоқшысы» деген тұжырым жасайды. «Абайдың тілейтін арманы жақсы бай, өнерлі, епті бай» кедей-бұқараның қамын ойламады, «орыстың дворяндар бастаған культурасын үлгі қылады» деген солақай сын көрініс береді. Таптық тұрғыдан осылай дей тұрғанмен де, очеркте Абайдың ақындық шеберлігіне байланысты соны ойлар айтқан. Ол Абай реализмін жоғары бағалаған. Абай «қазақтың жазба ұлт әдебиетін жасауға бас болды», «орыс әдебиетінің үлгілерін алды», «жаңа әдебиет түрлерін жасады», «қазақтың тіл байлығын ұқсата білді», «Сөз патшасы – өлең тілін әдемілеп сырлап, құндызша құлпыртқан Абай болатын» (128-б.), – дей келіп, оның ақындығын «таусылмайтын бұлаққа» теңейді. Ақын туралы ойларын «Абай – самородок, қарадан оқымай шыққан талант» (137-б.), – деп түйіндейді.

Д. Ысқақов.

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ – қазақтың ұлттық ойыны. М. Әуезов бастаған Абай өмірін зерттеушілер ақынның Т-ты аса құмарта шебер ойнағанын жазады. Абайдың үзеңгілес жолдасы, ақындық жолда шәкірті болған Көкбай Жанатаев оның әнкүй, сауық-кештерімен қатар Т., дойбы ойындарын да демалыстың, көңіл көтерудің бір түрі санағанын айта келіп: «Тобықтыда бес-алты ойыншы шықты. Солар: Көрпебай, Құттықожа, Қуаттың Құдайбердісі, Нақыштың Смағұлы дегендер еді. Абай осыларды кезек-кезек алғызып, кейде бәрін бір уақытта жиып, көп күндер бас алмай ойнап жатады. Артынан ойын тарқап, әлгі кісілер қайтатын болғанда, дәулеті аз нашарларына соғымдық тай, тайынша, қой, киім сияқты нәрселер беріп қайтарады...» – деп жазды. Жидебайдағы осындай бір Т., дойбы жарысы туралы Қарауылдағы Абай музейінің бұрынғы шырақшысы Ниязбек Алдамжаров та «Жұлдыз» журналының 1992 жылғы 1 санында жарияланған материалдарында аса құнды мағлұматтар береді.

Абай төңірегіне ақын, әнші, күйші, әңгіме-ертегіші, сал-серілермен қатар тоғызқұмалақшы, дойбышылар да жиі жиналған. Ақын үшін Т.

шығармашылық шабыттан сәл тыныс алудың, көңіл бөлудің бір түрі сияқты. Ол Т-ты кім болса сонымен ойнамай, шебер ойыншыларды ғана таңдаған. Сол шеберлер ойынын жалпы жұрт қызықтайтын жүйелі жарысқа айналдыра білген. Ойын барысында әзіл-оспақ, әңгіме, бірқақпай жыр қақтығыстарына да ерік беріп, жиналған жұрт өнер-білім хақында, ел мен жер тарихына, ата шежіресіне байланысты біраз дерек алып қалатын болған. Ойынға қатысқандар үшін ресми болмаса да бәйге белгіленген. Оның шеберлерге арнайы жасатқан Т. жабдықтары әрқашан да сайлы тұрған. *Т. Барақұлы.*

ТОҒЫСБАЕВ Тоқболат Төлепбайұлы (1940 ж. т.) – суретші. Кескіндеме саласында жұмыс істейді. Қазақстан Республикасының еңбек сің. өнер қайраткері. Ол «Ойшыл Абай» (1971, кенеп, майлы бояу, Қазақтың мемл. өнер музейі қоры), «Құнанбай Өскенбаевтың портреті» (1977, кенеп, майлы бояу, Абайдың мемл. қорық-музейі қоры), «Абай Құнанбаев» (1982, кенеп, майлы бояу, Қазақтың мемл. өнер музейі қоры) еңбектерін салды.

ТОҚАЙ Ғабдолла, Ғабдолла Мұхаммедғарифұлы Тоқаев (1886–1913) – татар ақыны, публицист. Т. өлеңдерін қазақ тіліне алғаш М. Дулатов пен Е. Бүйрин, совет өкіметі жылдарында Ж. Сыздықов, Т. Әбдірахманов т. б. аударды. Т. шығармашылығын М. Әуезов, С. Мұқанов, Т. Нұртазин, С. Талжанов, Ж. Сыздықов, Б. Ысқақов т. б. зерттеп, мақалалар жазды. Әуезов Т. шығармашылығын жоғары бағалай келіп, оның Абай поэзиясымен рухани жақындығын атап көрсетті. Татар әдебиетшісі Р. Ш. Башкуров «Тоқайдың орыс әдебиетінен аударғандары» (Қазан, 1958, 16–17-б.) атты кітабында Абай мен Т-дың аудармашылық принциптерін салыстыра келіп, олардағы ортақ, ұқсас жайттарға тоқталды. Аударып отырған шығарманың идеялық тынысын, рухын терең жеткізіп беру, түпнұсқадан сырттай алыстаған тәрізді көрінгенімен, нәтижесінде соған анағұрлым жақын келіп, етене туыса түсу принциптері Абайға да, Т-ға да тән. Дегенмен, бұдан Абай мен Т. аударма тәжірибесінде әрдайым бірдей келіп, қатар түсіп отырады деген ұғым тумайды. Әрқайсысының ақындық талантына және шығармашылық мұраттары мен эстет. көзқарастарына байланысты олардың өзіндік өзгешеліктері бар. М. Ю. Лермонтовтың И. Ф. Шиллерден аударған «Бесіктегі бөбек» деген небәрі екі-ақ жол өлеңін Т. өз тіліне тым еркін аударып, өз жанынан көбірек қосқан. Қосалқы көркемдік штрихтарды, фразеол. және идиомалық тіркестерді көбірек қолданған. Бұл өлеңді Абай да еркін аударған. Түпнұсқадағы негізгі ойды тереңірек ашып беруге ұмтылу Абайда да бар. Бірақ, Абай мен Т. бір мақсатқа әрқайсысы өзіндік көркемдік тәсілдер арқылы жетуді көздеген.

А. Хамидуллин.

ТОҚАМБАЕВ Аалы (лақап аты – Балқы) (1904–88) – қырғыз ақыны, драматург, қырғыз-совет әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Қырғызстан Республикасының халық ақыны. Қырғызстан ҒА-ның академигі, Социалистік Еңбек Ері. «Әйелдер айнасы», «Атака», «Ант», «Алғыс» өлеңдер жинақтары, «Манастың жерлесі», «Тұтқын Марат», «Жиырма сегіз туралы» дастандары, «Мезгіл үні», «Өз көзіммен» кітаптары, «Тергеу жүріп жатыр», «Өлместің өркені» пьесалары, «Таң алдында» өлеңмен жазылған романы қырғыз оқырмандарына жақсы таныс. Ол Абай өлеңдерін қырғыз оқырмандарына таныстыруда айтарлықтай еңбек етті. Ақынның 54 өлеңін және «Ескендір» дастанын аударып, алғаш рет 1954 ж. Бішкектегі Қырғыз мемл. баспасынан «Абай жырлары» деген атпен жеке кітап етіп бастырып шығарды. Кітап Т-тың «Қазақ халқының ұлы ақыны» деген көлемді мақаласымен ашылған. Автор мақаласында Абай шығармаларының реалистік қуаты мен оның ұлттық әдебиеттерге жасаған ықпалын баса көрсетеді. Т. аудармалары Абайдың 1970 ж. «Менің елім» деген атпен жарық көрген жинағына да енді.

ТОҚТАШ Ізкәйілұлы (1924–43) – Абайдың немересі. Т. неміс фашистеріне қарсы Отан соғысына қатысып, сонда қаза болған. Ол домбыра, гармоньда ойнап, Абай әндерін айтқан. 1934 ж. маусымда Бүкілқазақстан халық өнерпаздарының 1-ші слетіне қатысқан.

ТОЛҒАНАЙ (т.-ө. ж. б.) – Шыңғыс елі, Бұғылы болысының адамы Ибрай Ибақовтың әйелі. Әйелді 1886 ж. Ибрай Күнтуұлы деген алып кеткен. Т-дың иелігінде жалпы құны 1500 сом тұратын дүние-мүлік, 60 жылқы, 920 қой, 32 түйе болған. Билер соты Т-дың дүние-мүлкін бөліске салған. Әйел бұл шешімге риза болмай, билікке Абай араласып, Т-дың басына азаттық әперген. Сол үшін билер Абайды кінәлап, оның үстінен арыз жазған.

ТОРАЙҒЫРОВ Сұлтанмахмұт (1893–1920) – ақын, ағартушы-демократ. 1913 жылғы «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» деген мақаласында: «Туыстағы тұрмыс дерті зығырыңды қайнатып, бармағыңды шайнатып, ықтиярсыз, ызалы ызғарын төгеді, сай-сүйегің сырқыраулық ашы, зарлы бебеулерін қағып, көңіл толғағын, жүрек түйінін тарқатады. Мен анық ақ сүйек аты жоғалмайтын «өлең» деп, «өнер» деп соны айтамын. Сырт көрінісі «қатын ойбай» тұрсын, «шайтан ойбай» болып көрінсе де, дәмі бар, маңызы бар «ойбай» сол, қайнаған қанның, қиналған жанның, толқыған көңілдің, толғанған жүректің сығындысы сол. Соның үшін оңдай «ойбай», оңдай «бебеу» табыла қалса, салған жерден өзі де дертке шипа бола кетеді. Басқаларға қарағанда, пайғамбардың жүрегінен құйылған құрандай, соқыр кісі сыбдырынан табарлық марқұм Абай өлеңдері секілді ашық тұрады» (Сұлтанмахмұт Торайғыров. Таңдамалы шығармалары. А. , 1967, 358-б.), – деп жазды. Т. Абайды өте биік бағалаған. Тағы бір жерінде Абай өлеңі «Сегіз аяқтан» мысал келтіре отырып: «Айтқандары артығымен шын. Шын жылаған көз жастың тамшысы сезілмейді, сезілсе де басқалардікіндей көзге қатты, көңілге суық тимейді, қайта өзіңізді сүйсіндіріп әкетеді», – дейді. Т-тың Абайды ұстаз тұтынғандығы, алғашқы кезде еліктеп жазғандары оның өлең өлшеулері мен сөздіктерінен де көрінеді. Жас ақын лирик. бір өлеңінің атын «Алты аяқ» қойса, соның егіз ұйқасты: «Теңізден қайтіп өтермін, Түссем батып кетермін...», «Енді өлмеген нең қалды, Қоясың қайда бұл жанды?...» деген жолдарынан Абай тынысын анық сеземіз. «Күңгірт түспен ойға батып» тағы: «Бек мұңайып айтты сөз», тағы бір өлеңіндегі: «Хабарыңа бек аңсап» делінетін жолдардың Татьяна хатына ұқсастығы ап-айқын. «Қыз сүю» атты өлеңіндегі «Көлеңкесі кеудеңе барып қонса»

дейтін жол да Абай ақынның ауызға сап беріп кеткен сөздері. «Достыма» деген өлеңінде: «Өз қақпаңды аштың деп, Кім қылады келеке?...» – десе, мұндағы қақпаның да төркіні бізге мәлім. Мұндай мысалдарды ақынның ойға, махаббатқа арналған лирикаларынан көп келтіруге болады. Солардың ішінде шындық кескінін үлкен суретшілдікпен, Абайша беретін өлеңдері де бар. «Елжіреп қардың көңілі өкпек желге, Жер жібіп және тойып аққан селге, Күн сайын күн күркіреп, көк дүркіреп, «Көш!» дейді қыстай сасып жатқан елге...» – деп басталатын «Көшу» атты өлең қазақ поэзиясында мәңгі қалады. Қазақ тарихындағы қызықты мезгілдің бірі аталатын жазғытұрым жайлауға көшу кезі болса, Сұлтанмахмұт осы шақтың күні күркіреген, көгі дүркіреген әсем сырын табиғат баласындай сүйсіне жырлай отырып, болмысқа терең бойлай біледі. Өмірдің сыртқы жалтылдақ көріністеріне алданып қалмай, оның қайшылықтарын да дәл аңғарады. Бай ауыл көшкен жайлауға артынып-тартынып, амалдап жетуді ойлаған пақырлардың кедейлігі мен кемдестігі, әрқашан да әзірлігі жетпейтін кежірлігі де дәл түсіріледі:

«Қоймасын тастай салды көңмен жауып,
Жүк жеңіл болуының емін тауып.
Белжіп, үзік, ашамай салқам-салқам
Су құяр арбасына ауық-ауық.
Қыстайғы мал тезегі қора сасық,
Қалпында тазартылмай қалды сасып.
Ілдабайман «көш жүре түзелер» деп,
Қорадан көшті қазақ жапырласып...»

Түйелі әсем көш иелері ат үстінде. Олардың тай жүгірткен балаларына да дүние қызықты. Ал, кедей «көшінің» маңы соған қарама-қарсы сурет: арбаның шиқылы, ерімен ұрсысқан әйелдердің ащы даусы. Жайлауға беттеген сапар біреу де, «салтанат» екеу: бірі – рақат, бірі – бейнет. Сұлтанмахмұт осыларды нағыз халық ақыны көзімен көреді, халық жүрегімен сезінеді. «Жапырақтар» ұзақтау, шұбарлау жазылған өлең. Бірақ, соның екінші жартысындағы ой мен суреттің айқындығы оқушыны ерекше сүйсіндіреді.

Өлеңде өмірдің әр түрлі шындығының көріністері бар. Ақын көңілінің де сан алуан толқып, сан суреттерді көзіне өткізгеніне кәміл сенеміз: жас көгереді, кәрі өледі, ескінің орнын жаңа басады. Кешегі бүгінге жетсе, бүгінгі ертеңге қарайды. Ертең дүниеге тағы да жаңа келеді, көгере келеді. Әркім жеткен жеріне дейін, өз күнін мардымсыз өткізбеген жан – өтерінде де өзгеге бас ұрмай кетсе терістік емес. Мүмкін, о да өмір салтанаты шығар дейсің. Сонымен қатар, жастай сола бастаған ауру ақынның өз мұңы да еске түседі. «Тұрмысқа» атты өлеңіндегі зарлы қайталанатын: «Тек денімді сау қылшы», – деген жолы да тілге орала береді. Еріксіз күрсіндіреді.

Әйтсе де, Сұлтанмахмұт жаратылыс пен махаббат туралы Абайдың антологиялық үлгісін бұдан артық дамыта алған жоқ. Әрі жас, әрі тәжірибесіз, орыс поэзиясының классик. мектебінен қанығып өтпеген кедей ақынға А. С. Пушкин өлеңдерін академияша оқыған, жасы да, ойы да толыққан Абай суретшілдігін толық меңгере қою оңай емес-ті. Бұл – бір. Екіншіден, Сұлтанмахмұт заманы жаңа ғана ояна бастау мерзімі емес, әлеум. қатынастардың қатты қағыстары әбден шиеленіскен, «кімді кім жеңеді?» дейтін ұранның айқын айтыла бастаған тұсы еді. Қызу күрес, тартыс заманы – кедей бұқарадан шыққан, әрі дықты, әрі кекті жасқа әділ суретші, жаратылыс пен жан сырларына терең үңіліп, кей мезетте көлденең бақылаушы боп отыруға мұрша берген жоқ. Сабырлы, жаны ауру болса да, тәні сау Абай торыққан кездерінде улы жырларын төгіп тастай отырып, жаратылыс пен адам өміріндегі терең, табиғи жарасымдылықтардан тыныс табатын; ал жанымен бірге тәні де ауыр кеселге ұшыраған тынышсыз Сұлтанмахмұт жеке адам мен қоғам арасындағы келіссіздіктердің тезірек құруын тіледі, соны жоюға талаптанды: өзі де езу көрген, өмірінің қысқалығына көзі жеткен ауру ақын шығармаларының қоғамдық тартысы, жеке басының ішкі күйінішіне, айықпас қасіретіне жалғасты. Бұлардың үстіне ол кездегі қазақ поэзиясына көрінеу ықпал жасаған кейбір татар ақындарының «милләтшілдік» ұрандары да Троицкідегі татар медресесінде оқып жүрген балғын ақынға үгітшілдік сарынды басым ұстануға үлкен әсер етті. «Надан бол жаным тыныш болсын десең, Болмаса талаптанып оқу оқы!...» деген ұранға Сұлтанмахмұттың қаршадайынан үн қосуы да сондықтан.

Сұлтанмахмұттың Абай дәстүрінен барлық ынта, талантымен мол қабылдағаны – Абайдың азаматтық лирикасы. Бұл салада Т. ұлы ақынның оқушысы дәрежесінде қалмай, ең жақсы өлеңдерімен Абай дәстүрін ілгері дамытып әкетті, оған өзіндік жаңа қасиеттер қосты десек, артық айтқан болмаймыз.

Ақынның «Анау-мынау» атты өлеңіндегі сыншылдық, шыншылдық мазмұнның мағынасы өте терең. Қазақ өміріндегі қоқсық жандардың қырсықты қылықтарын қисық айнадан көрінгендей қатты мінейді, аяусыз ажуалайды. Бірақ, осының айтылу тәсілі, баяндалу түрі нағыз Абайша, әр түрлі кеселді кейіпкерлерді көрмеге қойғандай тізіп суреттеп отырғанда, «Абайша» деген ойға еріксіз ораласың.

«Төр алдында мырзалар
Көп мақтаса ырзалар.
Милләт десе түксиіп,
Сайлау десе қызбалар,
Босағада нашарлар,
Одан әркім қашарлар
Көзін сатып телміріп,
Кәсіп қылмай жасарлар.
Бай несие берді деп,
Мені жақсы көрді деп,
Обь пен Нілдей тасарлар...» –

деп, шұбырта сынайтын ақын, сөз соңын оқы, өнер таппен бітіреді. Сол жылы жазылған «Қандай?» атты өлеңі де осы рухта. Ақын мұндай шығармаларында бай мен кедейді кейде мінез, қылық түрінде, кейде адамдық, ынжықтық түрінде араластыра сынап отырады да, солардың бәріне ортақ міндет ретінде оқуға, өнерге шақырады. Сыншыл, суретшіл ақынның болмыстағы қайшылық бейнесін көруі қаншалықты Абайша әділ болса, оларды бір тұлға, бір бүтіндікпен тануы, бәрін бірдей сынмен түзеймін, тұтас күйінде ілгері бастаймын деуі де – айнымаған Абайша. Сұлтанмахмұт кейінгі жылдардағы көп өлеңдерінде әлеум. мәселелерді көтеруде Абайдан да ілгерілеп кетеді. Оның

азаматтық лирикаларына, ұлы сыншылдық үстіне, кекті наразылық, саяси өткірлік, кейде кедей халық атынан қанаушы тапқа қарсылық айту лебі қосылады. «Қымыз» атты өлеңінде осы леп бар.«Бұлар кімде?» бұл бояу қоюлана түседі:

«Бұлар кім үсті-басын қырау жапқан?
Жалқаулық әрбірінде алты батпан.
Аяғын алға қарай бір баспайды
Жолына құрылғандай алмас қақпан.
Соқырға жан-тәнімен басын ұрып,
Көздісін көмір қылып отқа жаққан!»

Қандай ызғарлы, қандай ашулы. Мұнда көре кекеу, өзімси мысқылдау жоқ; мұнда дәрменсіздің іштей күрсінуі де сезілмейді; мұнда аяз қарығандай, жан түршігердей суық үн бар, күркірер күннің нажағай атар мерзімі бар. Біз ақынның тың ойлар, тың лебіздер айтуға беттегенін, өзінің лирик. кейіпкерін еңбекші халық атынан белсене сөйлеуге әзірлегенін аңғарамыз. Бұған оның «Бір адамға» дейтін тамаша өлеңі кепіл.

«Кесені қолыма алып қарай бердім,
Ішінде нақақ көзден жас бар ма деп». –

деп қорытады Сұлтанмахмұт өлеңін. Енді біз ақынның ұлттық, жалпы халықтық әуеннен қоғамдық жіктелу әуеніне ауыса бастағанын көреміз. Ақынның қарабасындық түйсіктері қоғамдық шындықтан дара, тың сезімдер тудырады да, сол сезімнен туған жыр еңбекші қоғамның тіліне айналады. Ақында әдейі осылай жазайыншы деген саналы сарын бар. Ол – бір топтың атынан екінші топқа өзін қарсы қою сарыны. Ақын алтын кесенің иесінен нақақ аққан жасқа жылағандар атынан күн өтеу сұрайтын ажар танытады. «Ал кезек қашан келеді?», «Әйел» атты өлеңдерінде Т. теңсіздерге келер теңдік кезегін күтерін айтады. «Ендігі беталыста» ақынның анық жаңа нысанаға бет бұрғанын, жаңа жол іздегенін байқаймыз.


Әрине, милләтті айтудан, дайын арналармен өлең жазудан тың сүрлеуге түсу оңай емес. Тың сүрлеу тапқан ақынның өткен жолдарын қайта бір қарағанда опық жеуі, өкінуі де мүмкін. Өзгелерден басқа сапарға бұрыла берісте адам алдымен өзін жеңуі, қиындықтарға әзірлеуі керек. Т. жаңа беталысқа бұрылар кезінде осындай ішкі қайшылықтар сезінгенін жасырмайды. «Кірді ғой түстен кейін тентек ақылы, Сертімнің бұл өмірлік ең ақыры, «Адам құл өзін жеңіп ұстамаған», Деген бір Сократтың бар нақылы...» – дейді. Бұл ойы ересек тартқан ақынның сөзі. Осы өлеңде «адам атын ақтаймын» деген ірі сөздер де бар, ол қажымасқа, сынбасқа бекінеді.

Қазақ еліндегі ең басты қырсық қараңғылық деп таныған ақынның ағартушылық туын көтерісудегі еңбегі ұшан-теңіз. Оқу оқы, өнер тоқы дегенді ол ақылмен де, ашумен де жеткізіп айтты, білім жолындағы бөгесіндердің бірін де аяған жоқ, дін мен ырым-жырымды, надандық, топастықты өштесе тілдеді. Халықты білім жолына шақыру үшін, ақын түгін де аямай сарқып айтты, сарқылып айтты: «Қараңғы қазақ көгіне, Өрмелеп шығып күн болам, Қараңғылықтың көгіне, Күн болмағанда кім болам!...» – деген Сұлтанмахмұт – ұрпағымыз үшін де көнермейтін, кемімейтін ақын. Ақынның Абай дәстүрін дамыта түсіп, әсіресе, азаматтық лирикада үлкен қоғамдық мазмұндарды меңгеріп, әлеуметтік биік идеалдарды – кертартпа, жалған, зиянды идеяларға батыл қарсы қоюы – тамаша ерлік. Көркемөнердің, оның ішінде поэзияның міндеті халыққа қызмет ету екенін Сұлтанмахмұт Абайдан кейін тағы да дәлелдеді, жан-тәнімен, жалынды жырларымен дәлелдеді.

Әдеб. : Кенжебаев Б. Қазақ өлеңінің құрылысы. – А., 1955; Нұрқатов А. Абайдың ақындық дәстүрі. – А., 1966; Қожакеев Т. Абай және Сұлтанмахмұт. – А., 1969. *Ә. Тәжібаев.*

ТОРҒАЙ Айдосұлы (т.-ө. ж. б.) – Абайдың төртінші атасы. «Ақтабан шұбырынды» заманында Сыр бойына босып, ауа көшкенде Торғай ө-нің бойында дүниеге келген. Сол себепті есімін Т. деп қойған. Анасы Айпараның ұлдарына арнап айтқан өлең-сөзінде Т. жуас, шаруаға олақтау болғаны байқалады.

«ТОРЖОРҒА» – Абайдың күйі. Күйді Ғ. Сармурзин 1923 ж. Оспан деген домбырашыдан үйренген. Оспан ақын аулында жылқышы әрі Абайға атқосшы болған кісі. Абайдың Жетісу елінен сыйлыққа келген Торжорға деген аты болған. Ақынның сүйікті ұлы Әбдірахман Верный (Алматы) қ-ндағы ауруханада жатқан кезінде оны күтуге кенже баласы Мағауияны жібереді. Мағауия Верныйдың базарында ұлы жүздің Дәт деген адамына кездесіп танысады. Мағауияның Абай баласы екенін білген соң, ол ақынға дұғай сәлем айтып, Торжорға атын сыйға тартады.



Нота. (Торжорға).

Бұл жөнінде М. Әуезовтың «Абай жолы» романында тартымды суреттелген. «Т.» күйі көңілді, ойнақы, серпінді орындалады. Күйдің ырғағынан тайпалған ат жүрісі, оның жорғалаған әсем қозғалысы айқын байқалады. Күй әуенінің ырғақ-иірімдері де жарасымды. *У. Бекенов.*

«ТОТЫ ҚҰС ТҮСТІ КӨБЕЛЕК...» – Абайдың 1902 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 3 шумақтан тұрады. Тіршіліктен соққы көріп, оның мағынасыздығын түйсініп, мәңгілікті ойлай бастаған ақын бұл өлеңінде адам өмірінің мәні, заңдылығы хақында ой толғайды. Қазақ ұғымында ең әдемі қызыл-жасыл түс тоты құс түсі болса, Абай айтуынша сондай қызықты да тәтті өмірің – қас қағымдық ғұмыр. Табиғат тоты құс түсті көбелекше «жаз айларда гулегенмен», күз келе «өлмек», сиремек. Ал, «сүйген, сезген, кейіген», «ақылмен ойлап сөйлеген» адамды «заман сүйремек». Бірақ, адам екі түрлі: өмірді билей алмаса да жақсы кісі заман ағымына қарсы жүзбекші, ал жаман кісі оған «күйлеп», табанында тапталмақ. Бәрібір екеуін де құдіретті «замана илемек». Сонда да ақын қамығып, күйректікке салынбай дұрыс өмір сүрген, заманды билеуге талпынған адамды қолдап, құптайды. Ақын өз өлеңіне жарасымды ырғақ тауып, 7, 8 буынды жыр жолымен кестелеп, шұбыртпалы үйқаспен жазған. Түпнұсқа Мүрсейіт қолжазбаларынан алынып, алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Өлеңнің басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер ұшырасады. 1939, 1945, 1954 жылғы жинақтарда 2-шумақтың 2-жолы 1909 жылғы басылым негізінде **«Сүймек, сезбек, киінбек»** болып берілсе, 1933, 1957, 1977 жылғы басылымдарда Мүрсейіт қолжазбасын (1905) басшылыққа алып, бұл жолды **«Сүймек, сезбек, кейімек»** деп алған. Туынды ағылшын, башқұрт, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр тілдеріне аударылған. *Б. Сарбалаев.*

ТӨЛЕБАЕВ Мұқан (1913–60) – композитор. СССР халық арт., Қаз ССР-інің еңбек сің. өнер қайраткері. Т. жеке дауыс пен фортепианоға арнап, қазақтың көптеген халық әндерін өңдеді, ұлттық өнер тарихында романс жанрын қалыптастырды. «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын...», «Ой» атты Абай өлеңдеріне жазылған романстары классик. түрғыда жазылған, әсері зор, тыңдаушысын қиялғажайып әлеміне жетелейтін драмалық монологтар. Абай өлеңдерінің филос.-лирик. бейнелік тұтастығы жаңа әуендік терең толғаныспен үндестірілген.

Т. Абайдың «Көзімнің қарасы» әнін аспаптың сүйемелдеуінсіз жеке әншімен айтылатын хор капелласының орындауына лайықтап өңдеді. Бұл әнде капеллалық хор айту өнерінің ерекшеліктерін ескеріп, халық музыкасына тән имитациялық тәсіл – хорға түрлене жүйеленген дауыстың шарықтау кесілімін, кең ауқымды ән негізінде дамытылған музыкалық шалқу шешімін пайдаланып, ұлттық музыканы бейнелеу құралдарымен байытты. Нәтижесінде Абай әні муз. көркемдік, капеллалық нақыш-ырғақпен жабдықталған жаңа қасиеттерге ие болып, жарқырай түсті. *М. Ахметова.*

ТӨЛЕ БИ Әлібекұлы (1663–1756) – Ұлы жүздің төбе биі, атақты шешен. Тәуке ханның (1680–1718) үш жүзді бір орталыққа бағындырып, Қазақ хандығын нығайтуға бағытталған шараларын жүзеге асыруға қатынасқан. *«Жеті жарғы»* заңына тарихи-саяси жағдайларға байланысты өзгерістер енгізіп, жетілдірді. Қазақ хандығы шағын иеліктерге бөлініп, ыдыраған кезінде Ұлы жүзді билеген. Қазақ қоғамын біріктіріп, жоңғар феодалдарының езгісінен азат етуге басшылық еткен. Т. б-дің есімімен байланысты толып жатқан мақал-мәтел, нақыл сөздер мен билік кесімдер халық арасында кең тараған.

Абай Т. б-дің билік кесімдері және «Жеті жарғыда» тұжырымдалған әдет заңы туралы ой-пікірлерімен жақсы таныс болды. Ақын *«Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесін»* (1885) жасауда «Жеті жарғының» қағидаларын пайдаланған. *С. Созақбаев.*

ТӨЛЕГЕНОВА Бибігүл (1929 ж. т.) – әнші, СССР және Қазақстан Республикасының халық артисі. Соц. Еңбек Ері. Ол Абайдың «Амал жоқ – қайттым білдірмей», «Желсіз түнде жарық ай», комп. Е. Г Брусиловскийдің ақын сөзіне жазылған «Жүрегім, ойбай, соқпа енді», С. Мұхамеджановтың «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», Ә. Еспаевтың «Мен сәлем жазамын» әндерін, Ғ Жұбановаңың «Татьяна сөзі» ораториясын, А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» операсынан «Ажардың ариясын» орындайды. Күйтаспаға жазылып, Т-ның орындауындағы Абай әндері қазақ радиосының фонотекасында сақтаулы. Т. СССР және Қазақстан Республикасы Мемл. сыйл. лауреаты.

ТӨЛЕКОВ Бек Ақатайұлы (1926 ж. т.) – суретші. Қондырғылы және монументті мүсін саласында жұмыс істейді. Қазақстан Республикасының еңбек сің. өнер қайраткері. Ол «Абай» (1965, гипс), «Абай мүсіні» (1966, гипс, екеуі де Абайдың мемл. қорық-музейі қоры) еңбегін жасады.

ТӨЛЕПБАЕВ Байдабек Ахметұлы (1921 ж. т.) – тарихшы, тарих ғыл. докторы, проф., Қазақстан Республикасы Ұлттық ҒА-ның академигі. Қазақстан Республикасының еңбек сің. ғылым қайраткері. Ғалымның негізгі еңбектері ұлттық мемлекеттің құрылу және қалыптасу, аграрлық саяси және а.ш-н өркендету мәселелеріне арналған. Кейінгі зерттеулері тәуелсіз Қазақстанның идеолог бағытын белгілеу және қалыптастыру, Қазақстан Республикасының жаңа тарихын әзірлеу мәселелеріне арналған.

ТӨРЕҚҰЛОВ Қансейіт Нысанбайұлы (1947 ж. т.) – суретші. Кітап графикасы саласында жұмыс істейді. М. Әуезовтың «Жалын» баспасынан жарық көрген «Абай жолы» (1975, қағаз, тушь, Көркемсурет көрмелері дирекциясының қоры) кітабын безендірді.

ТРАКТАТ. Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың бір де бір шығармасы өзінің көзі тірісінде баспа бетінде жарық көрмегені белгілі. Тек ақын дүниеден қайтқан соң бес жылдан кейін ғана, 1909 ж. Петербургте оның өлеңдер жинағы баспадан шықты. Ал, «Ғақлия» немесе «Қарасөздері» деп аталатын ерекше әдеби жанрда жазылған прозалық шығармалары тек біздің уақытымызда ғана жарияланды. Бірақ, соған қарамастан, Абайдың өлеңдері мен қарасөздері ақын елінде қолжазба түрінде халық арасына кең тараған. Оның өлеңдерін ел адамдары қолдан қолға

көшіріп, бірінен-бірі жаттап алып, әнге қосып айтып жүрді, ал прозалық шығармалары қолжазба түрінде тарады, оларды өнерпаз-әңгімешілер нәшіне келтіріп, көпшілік алдында орындап та жүрді.

«Ғақлиялардың» немесе Қарасөздердің Абай Құнанбаев шығармашылығында алатын орны қандай? Бұл мәселе төңірегінде Мұхтар Әуезов: «Уағыздардың» жанрын тап басып айту қиын. Ақын қарасөздерінде өзінің моральдық-филос., қоғамдық-публицистік, әшкерелеуші-әжуалық ащы сынға толы ой-толғауларын ортаға салған. Тұтас алғанда өз оқырмандарымен бірде сыпайы, бірде зілді мысқылға құрылған, бірде мұңға толы бұл «Сөздер» ең алдымен ерекше ұқыпты екшелген стильдік көркемдігімен көңіл аударады», – деп жазды.

Мұхтар Әуезов Абайдың уағыздары, ақынның өмірдің ең өзекті мәселелеріне арналған осынау филос. толғанысқа толы қырық бес Сөзі қандай мақсатпен жазылғанын жақсы түсінген. Ақынның көзбе-көз отырып, ауызекі әңгіме түрінде айтқан әңгіме-толғаныстарының негізгі тыңдаушылары көбіне аға ұрпақтың өкілдері екенін өзі де білген. Сондықтан да өз тыңдаушыларының ойлау қабілетінің деңгейін, әлемді түйсіну ерекшеліктерін ескеріп, оларға айтпақ әңгіме-уағыздарын өзгеше, соларға түсінікті тілмен жазған, бұл әңгімелері қанатты сөздерге, халықтың мақал-мәтелдеріне толы...

«Абай өзінің әңгімелесіп отырған тыңдаушыларына арнаған прозалық шығармаларында «ызалы сотқа» немесе «халық қамын ойлаған жоқтаушыға» айналады, ал мұндай жағдайда оның «Сөздері» қараңғы қапас билеген сүреңсіз ғасырда жалғыздыққа мойын ұсынған адамның қасіретке толы өсиетіне айналады», – деп Мұхтар Әуезов өте орынды атап көрсетеді. Ол «ызалы сот» ретінде қоғамдағы әлеуметтік мерездерді, әділетсіздік пен жауыздықты барынша әшкерелейді де, «халық жоқтаушысы» ретінде халықты осыншалықты мүшкіл халге әкеп жеткізген кертартпалық пен надандыққа, алауыздық пен берекесіз тартысқа қынжылыс білдіреді. Өз шығармаларында халыққа кеселін тигізіп, прогресс пен білімге кедергі жасап отырған нәрсенің бәрін өткір сынға алып, өлтіре әшкерелеген Абай жұртына айтатын әлгі әңгіме-уағыздарының қуатына да көп сенім артқан. Бірақ, сол кездегі өмір шындығы ақын жүрегіне қайта-қайта айықпас жарақат салып, алдындағы күнге жылт еткен үміт қалдырмады.

Абайдың филос.-поэтик. сөздері оның ағартушылық қоғамдық мұраты жолындағы күресінің өзіндік бір түрі болып табылады. «Ғақлиялар» жазылған 19 ғ-дың тоқсаныншы жылдары бұл кезде егде тартып қалған ақынның бүкіл шығармашылық жолындағы ең жемісті сәті еді. Ақын «Ғақлияларының» Бірінші сөзінде: «Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір, бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілікті көре-көре келдік. Енді ел ортасы жасқа келдік; қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік», – деп жазады. Сөйтіп, өмір бойғы арпалыстың бәрі адамды қорлау ғана екенін түсінген ақын енді өзіне: мүмкін «ел басқарармын», «ғылым бағармын», «Софылық құрып, дін бағу» қалды ма, әлде «балаларды бағу» керек пе деген сұрақ қояды. Бірақ, бұлардың барлығын да орындауға болмайтын, мүмкін емес тіршілік деп табады. «Ақыры ойладым, – деп жазады ол, – осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын».

Абай өзінің көкірегіне ұялаған ойларын, ақын даусына немқұрайлы қараған замандастарына деген өкініші мен орындалмаған арман-мақсатын білдірген барлық қырық бес «Сөз»-әңгімесін тоғыз жылдың ішінде жазып шықты. Абайдың бұл прозалық «Сөздерінің» мазмұнына назар аударсақ, олардың осы жылдарда ақын қаламынан туған үлкен өлеңдер топтамасымен үндес екенін аңғару қиын емес. Бұл жерде әділдігін айтуымыз керек, ақын өлеңдеріндегі сыншылдық сарын оның қара сөзбен жазылған «Ғақлияларындағы» сын-сықақтан әлдеқайда өткір. «Ғақлиялардағы» ақын даусының мұндай сәл биязылығы бұл әңгімелерді Абайдың аға буын өкілдеріне, сондай-ақ, ең жақын пікірлестерім мен ізбасарларым деп есептеген адамдарға арналғандығынан болса керек. Шамасы, сондықтан да ақын өз көңілін бөлген ойларын солардың ортасына салған, ал өлеңдерінде ол жауыздық біткенді әшкерелеуді мақсат еткен.

Абай прозалық уағыз сөздерінің көпшілігінде, өлеңдерінде өзі сомдаған күрделі поэтик. бейнелерді өрнектейтін терең философ. ойларын неғұрлым ұғымды тілмен түсіндіріп, талдап таратып беретін сияқты...

Абай «Сөздерінің» негізгі тақырыптарының бірі – қоғамдық құрылыс пен әкімшілік билік мәселесі... Абай өмір сүріп, ақындық құрған 19 ғ-дың 2-жартысында қазақ даласының барлық жерлерінде үш жылға сайланатын болыстық басқарма институты енгізілгені белгілі. Абай өлеңдеріндегі сияқты көптеген әңгіме-уағыздарында халық мойнында отырған арамтамақ болыс басшылары мен билерді қатты шенейді. «Дәл осы күнде қазақтың ішінде кімді жақсы көріп, кімді қадірлейін деп ойладым. Байды қадірлейін десең, бай жоқ. Бай болса, өз басының, өз малының еркі өзінде болмас па еді... Кей бай өзі біреумен күш таластырамын деп, жүз кісіге қорғалауықтығынан жалынып, малын үлестіріп жүр». «Болыс пен биді құрметтейін десең, құдай берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пенен биліктің ешбір қасиеті жоқ», – деп жазады Абай Жиырма екінші сөзінде. Абай «өкімет басында отырғандарға» бас имек түгілі, олардың залымдықтары мен өтірік, өсекті өршіткен қулық-сұмдықтарын, ел ішінде пара, ұрлық-қарлық, жағымпаздық пен жарамсақтық өртін лаулатып, дау-жанжал, ұрыс-керісті құйындатып құтырта түскен жауыздықтарын өлтіре әшкереледі...

Халықтың білімі мен мәдениетін көтеру, жас ұрпақ тәрбиесі мәселесі ақын шығармаларының ең өзекті тақырыбы. Оның қай шығармасын алсаңыз да қазақ халқының экон. өмірдегі мешеулігі, білім, ғылым мен мәдениет жағынан артта қалғаны сөз болады. Ақын осының бәріне «қолына билік ұстап отырғандар» кінәлі деп есептейді. Олар: патша әкімдері, болыс басшылары, байлар мен билер, ең ақырында, соларға бас шұлғи беретін топас, надан, жігерсіз, талапсыз адамдар. Халықты қараңғы қапаста ұстап, прогресс пен білімге жол ашпай, кедергі жасап отырған билеуші топты өткір сынға

алған Абай қазақтарды басқа халықтардың қатарына жеткізу үшін ғылым мен мәдениет әкелу қажеттігін қайта-қайта айтады.
Абай білім мен ғылымды ең бірінші орынға қояды. Ол мүмкіншіліктері бола тұра балаларын оқуға бермей, берсе де пайдалы оқуды оқытпай, байлықтарын босқа шашып жүрген адамдарға ренішін білдіреді. «Ешбір қазақ көрмедім, малды иттікпен тапса да, адамшылықпен жұмсаған». Ойшылдың осынау аса өткір әлеуметтік-әшкерелеуші сыны: «Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ» деген тұжырыммен аяқталады. Абай жас балаға ізгі адамгершілік қасиеттерін дарытуды да біліммен, ғылыммен байланыстырады. Оның ең соңғы, Қырық бесінші сөзін: «Бұл ғаделет, махаббат, сезім кімде көбірек болса, сол кісі – ғалым, сол – ғақил» деген жолдармен түйіндеуінде үлкен мән бар.
Абай тәлімгер ретінде балаларды оқыту, оларды ізгі адамгершілік қасиеттерге баулу мәселесін үнемі алға тартып отырады. Тәлім-тәрбие тақырыбы оның барлық «Сөздерінің» өзекті арқауы десе де болғандай. Абай халық қамын ойлағанда ең алдымен сол жастарға үміт артады. «Үлкендерін қорқытып, жас балаларын еріксіз қолдарына алып, медреселерге беріп, бірін ол жол, бірін бұл жолға салып, дүниеде есепсіз ғылымның жолдары бар, сол әрбір жолда бір медресе бар, соларға тоздырып, бірін сен бұл жолды үйрен, сен ол жолды үйрен деп, жолға салып, мұндағы халыққа шығынын төлетіп жіберсе, хатта қыздарды да ең болмаса мұсылман ғылымына жіберіп, жақсы дін танырлық қылып үйретсе, сонда сол жастар жетіп, бұл аталары қартайып сөзден қалғанда түзелсе болар еді», – деп жазады Абай Қырық бірінші сөзінде.
Ағартушы Абай тәлім-тәрбиенің қуатын қастер тұтып, ел ішіндегі теріс тәрбиені сынаумен қатар өз тыңдаушыларын олардың өздерінің ғана емес, балаларының да бойындағы жағымсыз қасиеттерді жоюы қажеттігін ескертіп отырды. «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», – деп жазды Отыз жетінші сөзінде.
Абай өлеңдері сияқты қарасөздерінде де еңбек тақырыбына ерекше көңіл бөлген. Ақын көптеген замандастарының оғаш қылықтарын сын садағына түйреп, мысқыл ете отырып, халықты адал еңбекке, шаруашылығын ұйымдастыра білуге, кәсіп үйренуге, егіншілікпен, мал шаруашылығымен айналысуға шақырады. Еңбектің адам өмірі мен тарихи даму жолындағы қызметіне философиялық тұрғыдан ой жүгіртіп, жоғары бағалайды. Прогреске, экономика мен мәдениет саласында адамды табысқа жеткізетін адам, халық, отан игілігі жолында атқарған оның адал еңбегі деп есептейді. «Ақыл, ғылым – бұлар – кәсиби», – дейді ол Қырық үшінші сөзінде...
Абай Құнанбаевтың әдеби-қоғамдық қызметі бурж. экономиканың ықпалымен ыдырай бастаған феод.-патриархалдық қатынастар жағдайында, патшалық отарлаудың қыспағында, діни әдет пен шариғат қағидалары үстемдік еткен ортада, ұлттық шашыраңқылық пен көшпенділікпен күн көрген қазақ халқының сауатсыздығы жағдайында өтті. Ақын зорлық-зомбылық пен қанауға негізделген құрылысты, руаралық алауыздықты батыл айыптап, мәдени мешеулікпен талмай күрес жүргізді, халықты білім-ғылымға шақырды. Өз шығармалары арқылы қазақ халқының ұлттық санасын оятып, ілгері дамытты... Ол атеист болмаса да, жұртшылықты моральдық беріктікке үндеді, халықтың қадір-қасиетін көтере түсу жолында күресті. Бірақ, ол дін қағидасынан таймайтын діншіл де болған жоқ. Ол дін уағыздарынан өзін толғандырған моральдық-этик. талаптарға жауап іздеді, бірақ, таба алмады... Абай қарасөздеріне арқау болған негізгі бес тақырыптың бірі – осы дін мәселесі. Өзінің филос. көзқарасы жөнінен идеалист болған Абай «Ғақлияларында» кейде исламның моральдық қағидаларына жүгінеді. Мұндай сәттерінде ол ислам мадағын идеалистік мораль рухында түсіндіреді (М. Әуезов). Бірақ, ол әңгіме тақырыбын ислам қызметшілері төңірегіне – молдалар, хазіреттер, ишандар т. б. жайына ауыстырғанда қашанда қаһарлы, ызалы...
Бұл жоғарыда келтірілген мысалдарға қарағанда Абай Құнанбаевтың ғақлия-сөздері ақын өмір сүрген уақыттың саяси-қоғамдық, әкімшілік-биліктік, әлеум.-экон., моральдық-тәрбиелік, мәдени-білімділік мәселелерін жан-жақты қамтитын филос. трактаттар деген анықтама беруге әбден болады. *М. Қаратаев.*

ТРЕНЧЕНИ – ВАЛЬДАНФЕЛЬ (т. ж. б.) – венгр ғалымы, ақын, проф. Түрік тілдерін зерттеумен айналысып жүрген ғалым Абай шығармаларына ден қойып, 1955 ж. «Siovjet kultura» журналында А. Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығы жөнінде жазған мақаласында ақынның саяси-әлеум. көзқарастары мен өлеңдеріне терең талдау жасады. Ол Абайдың «Жаздыкүн шілде болғанда...» өлеңін венгр тіліне аударған. Т.-В-дің «Біздің мызғымас бауырластығымыз» атты мақаласы «Советтік Қазақстан» журналының 1958 жылғы 2 санында жарияланды.

ТРЕТЬЯКОВ Владимир Ильич (1930 ж. т.) – суретші. Кескіндеме саласында жұмыс істейді. Ол «Абайдың жерінде» (1968, кенеп, майлы бояу), «Абай және Михаэлис» (1970, кенеп, майлы бояу, екеуі де автордың қоры), Абайдың 125 жылдық мерейтойына арнап ақын бейнесі салынған значоктар (7 түрі), «Абай жандармдар басқармасында» (1971, кенеп, майлы бояу, Абайдың мемл. қорық-музейі қоры) еңбектерінің авторы.

«ТУҒЫЗҒАН АТА-АНА ЖОҚ...» – Абайдың 1896 ж. жазған өлеңі. Көлемі әрқайсысы 4 тармақтан тұратын 3 шумақ. Адам баласының өлшеулі ғұмырының әр кезеңі Абай поэзиясынан елеулі орын алған. 1892 ж. жазған *«Ысытқан, суытқан»* атты өлеңінде кәріліктің шаң бере бастағаны, көңілі құрғырдың оны мойындағысы келмейтіні баяндалса, бұл өлеңінде отыз күн ойын, қырық күн тойын өткізіп, ұзатылған қызбен бірге үдере көшкен ауылдың жұртында құлазып қалған жалғыз мазар секілді кәрілік деген нәубетті шын мойындайды. Дүние-тірліктің аулақтап кеткенін біле тұра «Жат қораны күзеткен қартаң шалда сана жоқ» екенін сыпайы мысқылмен жеткізеді. Өлең 8 буынды қара өлең үйқасымен жазылған. Алғаш С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Өлең басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Мүрсейіттің қолжазбаларында, 1939, 1945, 1954 жылғы

басылымдарында 2-шумақтың 1-жолы **«Толайын десе шара жоқ»** делінсе, 1957, 1977 жылғы жинақта 1933 жылғы басылым негізінде **«Тулайын десе шара жоқ»** болып алынған. Туынды ағылшын, араб, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған.

И. Хасенов.

ТУРАҒҰЛ Ибрагимов (1876–1934) – Абайдың екінші әйелі Әйгерімнен туған баласы, ақын, аудармашы. Жасында ауыл молдасынан оқып, сауат ашқан. Кейіннен өздігінен ізденіп орысша, арабша оқып, білімін жетілдірген. Т. 1904 ж. Күшік-тобықты еліне болыс болып сайланып, 1905 ж. өз арызы бойынша болыстықтан босатылған. 1916 ж. болыс сайлауында Шыңғыс елінің болысы Біләл Құнанбаевқа кандидат болып сайланған. 1917–20 ж. ол Семей өңіріндегі алаш қозғалысына белсене араласып, әр түрлі жауапты қызметтер атқарған. Т. бала жасынан әкесінің қолында тәрбиеленген. Сондықтан да Абайдың әрбір өлеңі қай кезде қалай жазылғанын және кімге арналғанын жақсы білген.



Т. Ибрагимов.

Ол Кәкітай Ысқақұлымен бірге 1909 ж. Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағын Петербургте бастырып шығарған. Сондай-ақ, 1927 ж. Қазақ АССР білім комиссариатына тапсырған толық қолжазба жинақтың ғылыми құндылығы аса жоғары дерек көздері болып табылады. Т-дың соңғы аталған еңбегі бүгінде Қазақстан Республикасының мемл. Орталық музейінде сақтаулы. Т-дың Абай мұрасын жинастырып бастыруда аса құнды мағлұматтар жазып, ақын шығармаларының текстол. әуелгі түпнұсқаны қалпына келтіруде абайтану ғылымына үлесі зор. Ол М. О. Әуезовқа «Әкем туралы» деген көлемді естелік жазып берген. Т-дың Абай туралы естеліктерінің қысқаша нұсқасы 1933, 1940 ж. Абай шығармалары жинағында, баспасөз беттерінде жарияланған. Т. ақын болумен қатар домбыра, скрипкада шебер ойнаған. Оның қызы, әнші Мәкен әкесінен үйренген Абайдың 17 әнін нотаға жаздырған. Ол А. М. Горькийдің «Челкаш» әңгімесін тұңғыш рет қазақ тіліне аударып («Таң» журналы, 1924, №3, 4) бастырған. А. Неверовтың «Мен өмірге жерікпін» (Москва, 1927), Джек Лондонның «Балалық туралы ертегі» (1927) және «Балалы әйел не білу керек» (Москва, 1927) деген ғыл.-медициналық кітапшаны аударып, бастырып шығарған. Т-дың өз ағасы Әбдірахманға арнаған т. б. өлеңдері Абайдың мемл. қорық-музейі қорында сақтаулы.

Б. Байғалиев.

ТУРГЕНЕВ Иван Сергеевич (1818–83) – орыс жазушысы. Т-тің «Рудин», «Қарсаңда», «Әкелер мен балалар», «Түтін» атты романдары орыстың реалистік әдебиетінің таңдаулы туындылары саналады. Абайдың «Масғұт» атты поэмасындағы алғашқы мазмұн, яғни, Масғұтқа Қыдыр шалдың ақ, сары, қызыл – үш гүл таңдатуын баяндайтын бөлімі мен Т-тің «Шығыс аңызы» («Восточная легенда») атты әңгімесі бір-біріне уақиға желісі жағынан ұқсас келеді. Абай: «Арун-Рашид халифа заманында, Бағдатта бір жігіт бар аты Масғұт...» – деп бастап, сол жігіт бас салып, тонап жатқан жерінен шалды арашалап алғанын айтса, Т-тің баяндауында да әңгіме солай басталады. Тек жігіттің есімі Джиаффар (Жапар) делінген. Риза болған шал Масғұтқа бір гүлдің басындағы үш жемісті таңдатып: «Ағын жесең, ақылың жаннан асар, Сарыны алсаң, дәулетің судай тасар, Егерде қызыл жеміс алып жесең, Ұрғашыда жан болмас сенен қашар...» – десе, Т. әңгімесінде шал жігітке бір ағашқа өсіп тұрған үш жемісті таңдатып, ағын жесең – жаннан асқан ақылды боласың, қызылын жесең – бай боласың, сарысын жесең – әйелдер сені жақсы көреді дейді.

Масғұт елден бөлек ақылды болсам, ақылсыз, арсыздарды көргенде, көңілде тыныштық тұрмас, бай болсам, жұрт күндер деп, екеуінен бас тартып: «Қызылды жесем, мені әйел сүйер, Арамдыққа жұрмесем, не жан күйер? Ұрғашыда көп жан ғой, досым болса, Деп едім бір пайдасы маған тиер...» – деп, қызыл жемісті таңдаса, Жапар тым ақылды болу бір азап, бай болсаң, елдің бәрі көре алмайды деп, жесең, сені әйелдер ұнатады деген сары жемісті таңдайды.

Абай поэмасындағы Масғұт «Шамси-жиһан» атаныпты, мағынасы «бұл дүниенің күні» деген сөздің орайына Тургенев әңгімесінде Жапар «солнце вселенной» делінген. Осы айтылғандардан Абайдың поэмасындағы мазмұн мен Т-тің әңгімесінде баяндалған мазмұнның түпкі негізі бір, шығыстық ескі аңызға барып тірілетінін байқаймыз. Мазмұнның өзгеше құрылыс-қалпы, уақиғаға Қыдыр шалдың араласуы және жиһан кезген қарапайым адам болып жүруі, оның Масғұтқа ерекше қасиеті бар үш жемісті таңдатуы – бәрі де шығыстың ескі аңызының сипатын танытады. Уақиға Бағдатта, Арун-Рашид халифаның заманында болған деп айтылғандықтан, алдымен «Мың бір түн» әңгімелері ойға оралады. Алайда, бізге белгілі «Мың бір түн» әңгіме-аңыздарынан дәл осы мазмұн кездеспейді. «Мың бір түн» әңгімелерінің М. А. Салье аударған орыс тіліндегі сегіз томдық жинағында онынші түнінде айтылған әңгімеде Арун-ар-Рашидтің уәзірі Жапар аталады. Сонда «Мың бір түннің» бізге белгісіз толық бір нұсқасында осы мазмұн бар-ау, соны Абай мен Т. білген-ау деп жорамал жасасақ, бұл мазмұн алғашқы түндердің әңгімесінде болуға лайық. Бұл мазмұнның өзінше бөлек ауызша айтылуы, таралуы да мүмкін. Кезінде Т-ті зерттеуші белгілі академик

М. А. Алексеев осы әңгіме жайында сұрағанымызда, бұл өзі орыс жазушының шығармасындағы бір оқшау тұрған бөлекше мазмұн, ол оны атақты шығыстанушы Н. В. Ханыковтан (1822–78) ауызша естіп білуі мүмкін деген пікір айтқан еді. Ал, Абай болса, шығыс әдебиетімен жақсы таныс, аңыз-әңгімелерге қанық болған ғой. Сондықтан Т. білген мазмұнды оның да білуі әбден қисынды. Рас, Мүрсейіттің 1907 жылғы қолжазбасында «Масғұт» поэмасының тұсында «Тургеневтен» деген жазу бар. Бұл жазу қосымша басқа сиямен жазылған, кейінірек Т. әңгімесін білген біреудің көрсеткені болуы керек. Абай шығармасын белгілі мазмұнға құра отырып, оның мәнін өз кезіндегі қоғамдық өмірге байланыстыра қарағанда қалай түсінуге болатынына да айрықша көңіл қояды. Өзінің ғылым-білімді, ақылды өте жоғары бағалайтынын және еңбекпен мал тауып дәулетке жетуді қолдайтынын аз сөзбен түйіп айтады. Сол заманда-ақ надандар «ақыл мен мал екеуін асырай алмай», өмірдің дәмін бұзған дей келіп, қазіргі кезде де надандық көбеймесе азайған жоқ деп налиды. «Ендігіге не сұрау бұл жалғанда? Ақыл-ой, ар-намыс жоқ еш адамда, Өлген мола, туған жер жібермейді, Әйтпесе, тұрмас едім осы маңда...» – деп тебіренеді. Бұдан біз Абай Масғұт әңгімесін жай бір ескі аңыз деп қана қарамай, сол әңгіме негізінде өз заманындағы жұрттың тағдырын ойлап, қатты толғанғанын байқаймыз. Тіпті, осы елді, жерді мүлде тастап, басқа жаққа кетер едім, бірақ, қиып кете алмаймын деген сөзін, жайдан-жай оңайшылықпен ақтара салмайтын ішкі сырын дәл осы тұста айтуы, әрине, тегін емес.

Тағы бір көңіл аударарлық нәрсе – Абай поэмасында Т. әңгімесінде жоқ екінші бөлім тағы бар. Егер поэманың жоғарыда сөз болған алғашқы бөлімі ақынның 1909 жылғы жинағында басылса, екінші бөлімі 1939 ж. жинағына Мүрсейіт қолжазбалары бойынша алғаш кіргізілген. Мұндағы «Сол Масғұт халифаға уәзір болты» деп басталатын әңгіме өз алдына бөлек уақиға, бірақ, мағынасы алғашқы әңгімеге бір жағынан жалғас келеді, өйткені, мазмұнның мәні ақылсыз, есалаң адамдардың ішінде ақылды болып жүру мүмкін емес деген пікірге саяды. Оның үстіне баяндалатын жай-жағдай басқа болғанымен, сол Масғұттың басынан кешкен уақиға. Және бұл да ғажайып сипаты бар өсиет әңгіме, тәмсіл түрінде келеді. Қысқаша еске түсірсек, баяғы Қыдыр шал бір уақытта Масғұтқа аян беріп, пәлен күні жауын жауады, сол жауын суының кеселі бар, барлық су бұзылады, ішкен адам жынды болады деп сақтандырған соң, Масғұт халифаға осы хабарды айтып, екеуі таза судан ішіп алып, аман қалады. Бірақ, есінен адасып, жынды болған жұрт хан мен оның уәзірі Масғұт ақылынан адасқан деп, өлтірмекші болады, оларды да бұзылған жынды судан ішуге мәжбүр етеді. Осы әңгімеден қандай ғибрат алуға болатынын Абай: «Көптің бәрі осындай, мисал етсең, Көп айтты деп алданып, уағда күтсең, Ғапіл боп көп нәрседен бос қаласың, Аңдамай көп сөзімен жүріп кетсең...» – деген сөздермен жақсы аңдатады.

Ал, осы әңгімедегі мазмұнның шығу тегі, қайдан келгені жайында ойлансақ, онда Арун-ар-Рашид патша, оның уәзірі Масғұт аталатындықтан, осының өзі шығыс елінің, соның ішінде арабтардың ескі аңызынан алынған ба деген сауал алдымен ойға оралады. Алайда, әзірше бұл жағы бізге белгісіз. Оның есесіне дәл осындай мазмұн «Бирма халықтарының ертегілері» деген орыс тілінде басылған кітапта («Сказки народов Бирмы». М. , 1976, 263–264-б.) бар екені анықталды. Ертегі орысша аудармада: «Когда все пьют дождевую воду, ее приходится пить и королю» деп аталады. Мұнда патшаның орнына король, ал Қыдырдың орнына жұлдызға қарап болжау айтатын дана адам алынған. Одан басқа алшақтық кездеспейді. Жауын жауып, су бұзылуы, ішкендер түгел есінен адасқаны, аяғында жынданған жұрттан сескеніп, король мен ақылшысы жұлдыз санаушы да жынды судан ішіп, есінен айрылатыны – бәрі де тұп-тура ұқсас келеді. Бирма ертегісі Абай заманында орыс тіліне аударылмаған. Қалай да бұл мазмұн тек Оңт.-шығ. Азияда емес, қазақ елімен шектес, мәдени байланысы орныққан шығыс елдерінде де белгілі болған деп санау қисынды секілді. *З. Ахметов.*

«ТҰЛ БОЙЫҢ ҰЯТ-АР ЕДІҢ...» – Абайдың 1895 ж. жазған өлені. Көлемі 10 жол. Туынды аяулы ұлынан айрылған ақынның жан тебіренісіне толы жоқтау жыры, осы тақырыпқа жазылған өзге өлендерінің жалғасы. Абай өлген баласының тал бойындағы тамаша қасиеттерін есіне алып, оның асыл азаматтық бейнесін қара сөзбен суреттеп шыққан. Өленді оқыған әр адам Әбдірахманның қандай азамат болғандығын, оның тұлғасын асқақтатып тұрған қандай адамгершілік биік қасиеттері бар екендігін жазбай таниды. «Жасқа жас, ойға кәрі едің, Атаңның атын жоймаған» деген сөз түйінінің өзі-ақ көп нәрсені аңғартады. Өлең баласы өлген ақынның жеке басының қайғысы ғана емес. Бұл ел үшін туған, халқының қамын жеген азаматтың болмысы қандай болатындығын да анықтап берген ақиқат, сындарлы сипаттама. Өлең 7–8 буынды жыр үлгісінде жазылған. Алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында текстол. өзгерістер кездеспейді. Тек Мүрсейіттің қолжазбаларында 5-жол **«Ерлігің артық бар едің»** деп жазылған. Жинақтарда бұл жол **«Ерлікке де бар едің»** деп берілген. Туынды орыс, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған. *Қ. Құрманғалиев.*

«ТҰЛПАРДАН ТҰҒЫР ОЗБАС ШАБЫЛСА ДА...» – Абайдың 1889 ж. жазған өлені. Әрқайсысы 4 тармақты 3 шумақтан тұрады. Әлеум. лирика. Шын дарынды дарынсыз күндеу, мықтыны пысық билеу – өмірде де, өнерде де ежелден етек алған, жиі кездесетін құбылыс. Әдебиет пен өнерде әр қырынан айтылған бұл ойға Абай екі тұрғыдан келеді. Ол – жалпылық пен жалқылық бірлігі. «Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да, Оған да үкі, тұмар тағылса да» деп өмірдегі кері кеткен келеңсіз құбылысты жалпылық деңгейде типтендіріп береді, әрі ұлттық пішінде бейнелеп айтады. Соның негізінде өз басының («Қажыртпай мені сырттан жүре алмайды») халін көрген теперішті соны нақтылайды. 19 ғ-дағы қазақ халқының басына кесапат болып тиген көреалмаушылықтың асқынған түрі – орыспен ауыз жаласып, арыз жаздырып, жоғары ұлықтарға кісі жамандау сияқты келеңсіз жайларды ұтқыр байқап, ұтымды бейнелейді. «Құды ұнатты-ау Семейдің бұл қаласы» деген жолдарға қарағанда өлең нақты оқиғадан өріс алған. Ойды үдемелі образбен бейнелеу өленнің аяғына дейін созылады. Өлең 11 буынды

қара өлең үлгісінде жазылған. Алғаш рет ақынның 1954 ж. жарық көрген толық жинағында (1-т.) жарияланды. Туынды қарақалпақ, орыс, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған. *Б. Мамыраев.*

ТҰРМАҒАМБЕТ Істілеуов (1882–1939) – халық ақыны, аудармашы. Ауыл молдасынан сауат ашып, кейін Бұхара қ-ндағы «Мир араб», «Кокелташ» медреселерінде оқыған. Оның «Мәрді дихан», «Данышпан қарт», «Тұтқын қыз», «Рауа бану», «Әшкәбус», «Мақта» дастандары, мысал-өлеңдері мен айтыстары халық арасында кеңінен таныс. Ә. Фирдаусидің «Шахнамасын» қазақ тіліне еркін аударған. Ақынның «Рүстем-дастан», «Назым» жинақтары жеке кітап болып басылған. Т. ұлы ақын шығармаларымен ерте танысып, оны медреседе оқып жүрген кезінде-ақ қазақ, өзбек, тәжік, қарақалпақ халықтары арасында кеңінен насихаттаған. Халық көп жиналатын жерлерде: базарлар мен жиындарда Абай өлеңдерін оқып, домбыраға қосылып айтып қана қоймай, жұртшылыққа оның мағынасын да түсіндіріп отырған. Өзінің 1910 ж. жазған «Абайды оқығанда» деген өлеңінде ақынның «Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деген филос. тұжырымын негізгі ой өрісіне қазық етіп алады да, Абайдан қалған асыл сөзді түсініп, бағалайтын ортаның олқылығына өкініш білдіреді. Оның осы кезеңде жазған басқа туындыларынан да Абай ойының әсері айқын байқалады. Т. те жас ұрпақты өнер-білімге үндеп, адалдыққа, адамгершілік жолын ұстауға шақырады. Т. өлеңдері оның Абай шығармаларының 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген жинағымен таныс болғанын танытады. Өзінің Александр Македонскийге арнап 1910 ж. жазған «Ескендір» хикаясында шығыстың басқа классиктері сияқты ұлы қолбасшының ерліктері мен шапқыншылықтарын дәріптеп кетпей, Абай жолына түсіп, құрғақ қуған, «мақтан сүйгіштіктің» түбі өкініш екенін дәлелдейді. Т. те: «Мақтанасың біреуге мақтасын деп, Шаужайынан еш адам қақпасын деп, Сен кеткен соң артыңнан күліп қалар, Антұрғаннан құдайым сақтасын деп...» – деген Абай тұжырымына орай хикаясын: «Ғибрат ал, қайырымды бол, қатал болма, Жақсы атақ болсын десең сүйек шіріп...» – деп аяқтайды. Т. мысалдарынан да Абай идеясына жақындық айқын аңғарылады. *Т. Рсаев.*

ТҰРСЫНБАЕВ Жоламан (1947 ж. т.) – композитор. Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып», «Желсіз түнде жарық ай» әндерін қос дауысқа, камералық оркестрге, баритон және скрипка мен фортепианоға арнап қайта өңдеді.

ТҰСПАЛДАУ, аллегория Абай өз шығармаларында әдеби тілдің, поэзия тілінің бейнелілік, суреттілік мүмкіндіктерін мейлінше мол пайдаланғаны ақынның ойды орағытып, тұспалдап айту тәсілін қолдануынан да анық байқалады. Абайдың Т. шеберлігі оның халық ауыз әдебиетінің қайнар бұлағынан нәр ала білетіндігіне де айғақ болады. Халық поэзиясының нұсқаларында жақын туысынан айрылған адамның басына түскен қайғыны алыстан орап әкеліп «жарқырап жанған шырағымыз сөнді», «шалқар көл суалды» деген секілді етіп айтады. Осындай Т. тәсілін Абайдың еркін игергенін жоқтау өлеңіндегі:

«Қызыл балақ қыранның
Балапанын өрт алды.
Жеміс ағаш бәйтерек,
Балдырғанын өрт алды.
Артына белгі тастамай,
Жал-құйрығын келте алды.
Ағайынды тойғызбай,
Аз күн қоймай ерте алды...» –

деген жолдардан айқын аңғарамыз. Мұнда тұспалдап айтуды астарлы, символды мағынасы бар, нақтылы бейнелі суреттемелер түрінде беру басым келеді. Абайдың *«Базарға қарап тұрсам, әркім барар...»* деген өлеңін алсақ, алғашқы жолдарды оқығанда әңгіме базар, сауда-саттық жайында айтылатыны назар аударады. Оқи келе ғана, ақынның ойын тұспалдап айтып отырғанын, оның өлең сөзді ұғатын кім бар, кім нені талдап, нені талғайды, қандай сөзді өз керегіне жарата алады деген мәселені қозғап отырғаны белгілі болады. Сонда: «Біреу астық алады, біреу маржан, Әркімге бірдей нәрсе бермес базар, Әркімнің өз іздеген нәрсесі бар, Сомалап ақшасына сонан алар...» – деген сөздерінің өлең сөзді қабылдау, ұғып-түсінудегі талғампаздық, бағалай білушілік жайын танытатын астарлы, терең мағынасына қайта үңіліп, байыптап тануға болады. Т-дың озық үлгілеріне Абайдың мысал өлеңдерін жатқызуға болады. «Есек пен бұлбұл» атты өлеңінде Абай И. А. Крылов мысалының пернелеу мағынасына терең бойлай отырып, тәржімалап, дарынды әнші мен топас сыншының бейнесін тұспалдап, әсерлі етіп көзге елестетеді. *З. Ахметов.*

«ТҰТҚЫНДАҒЫ БАТЫР» («Қараңғы үй терезесі – тұтқын орны») – 1894 ж. Абай туындатқан М. Ю. Лермонтовтың «Пленный рыцарь» атты өлеңінің аудармасы. Шығарма көлемі Лермонтовта да, Абайда да 20 жол.

Лермонтов шығармасын Абай бұлжытпай дәлме-дәл аударған. Түпнұсқадағы көркем салыстыруларды да Абай бейнелілік сипатын, нақтылық, қарапайымдылық қасиетін толық сақтай отырып, шебер жеткізеді. Мыс. , орыс ақынының: «Быстрое время – мой конь неизменный, Шлема забрало – решетка бойницы, Каменный панцырь – высокие стены, Щит мой – чугунные двери темницы», – деп келетін өлең шумағы мен қазақ ақыны аударған: «Уақыттай өзі жүйрік ат мінезім, Сауыттай шынжырлаулы тереземіз, Тас дулыға болмай ма жатқан үйім, Шарайнам шойын есік бұ да бір көз», – деген жолдарын қатар қойып қарасақ, мағынасы жолма-жол сәйкес шығатынын байқауға болады. Алайда, бірлі-жарым еркін аударылған жолдары да бар. Мыс. , Лермонтов өлеңінің аты – «Пленный рыцарь», Абай қазақша «Тұтқындағы батыр» деген ұғымды қолданады, ал, ол батырдың серілік сипаты «дұға» оқып, талай тойда «өлең айтып жүрген» мінезінен байқалады. Рас, Абай оның сондағы айтқаны сүйгенін мадақтаған жыр еді деп айқындап жатпайды.

Лермонтовтың өлеңі, Абайдың аудармасы да бастан-аяқ сол қамаудағы тұтқынның аузымен айтылып, соның көңіл-күйін білдіреді. Ол қараңғы қапаста отырып, тек терезеден «көгерген көктің жүзін», жарық сәулені, аспанда еркін ұшып жүрген құстарды көріп қапа болады, бұрынғы еркін өмірін, майданда «қайрат қылған» кезін еске алады. Қазіргі жағдайын бұрынғы кезімен салыстырып, ерекше тапқырлық таныта сөйлеп, тас дулыға, тас сауыт киіп жатырмын, киімімді оқ пен қылыш бұзбастай, тек астыма мінген атым жоғы ғана болмаса дейді.

Өтіп жатқан уақыт – жүйрік атым, торлы терезе – киген сауытым, жатқан үйім – тас дулыға, шойын есік – шарайнам, қалқаным деп түсіндіреді. Жүйрік уақыт қажытпай қоймас, бұл азаптан өліп құтылуға ғана болатын шығар деп, өлімнен қорықпайтынын да айтады. Жарық дүниені бір көруге зар болып жатқан сорлы тұтқынның сөздері арқылы азаттықты, бостандықты аңсау идеясы сол өлеңде айрықша көркемдік шеберлікпен жеткізілген.

Өлең 11 буынды қара өлең ұйқасымен (-а, -а, -б, а) жазылған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланған. Туынды басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1945 жылғы басылымда 2-шумақтың 1-жолы **«Тәубә, дұға түкте жоқ тентек бойда»** делінсе, кейінгі жинақтарда 1909 жылғы басылым негізінде **«Тәубә жоқ, дұға да жоқ тентек бойда»** деп қабылданған. *З. Ахметов.*

«ТҰТҚЫНДАҒЫ ПОЛЯК ЖАНДАРАЛЫНЫҢ СӨЗІ» – Абайдың А. Мицкевичтен аударған өлеңі, қ. *«Дүрілдеген нажағай»*.

ТҮБЕК Байқошқарұлы (1780–1870) – ақын, айтыс өнерінің аса көрнекті өкілі. Абай аулына көршілес Сыбан елінде өскен. Жастайынан суырыпсалма өлең шығарып, ақындығымен елге танылған. 15 жасынан өлеңді серік еткен ақын алқалы жиындарда көптеген ақындармен сөз сайысына түскен. Т-тің Тезек төре, Сабырбай, Құлмамбет, Қарқабат, Қосан, Бақтыбай, Орынбай сияқты танымал жыр жүйріктерімен айтысына М. О. Әуезов өз еңбектерінде ерекше тоқталып, Т-тің айтыс өнеріне үлкен баға берген. Поляк саяхатшысы А. Янушкевич 1848 ж. Семей обл-нда болған кезінде Т. ақынмен кездесіп, бұл туралы өзінің «Қазақ даласына саяхаттан күнделік және хаттар» деген кітабында тебірене жазып, ақын талантына сүйсінген. 1863 ж. атақты Құлмамбет ақынмен Тезек төренің үйінде айтысып жеңуі Т-тің даңқын бүкіл Жетісу өлкесіне мәшһүр еткен. 1830 ж. ол Керекуге ақындығымен белгілі болған апалы-сіңлілі Жәкежан, Айымжандарды жеңген. Т. өзінің суырыпсалма ақындық өнерімен жас Абайға да үлкен әсер еткен. Ұлы айтыскер ақынды ұстаз тұтып, талантын жоғары бағалаған. Бұл туралы М. О. Әуезов «Абай жолы» эпопеясында шынайы суреттеген. Т-тің талантына орыстың түрколог ғалымы В. В. Радлов, ұлы ағартушы-педагог Ы. Алтынсарин жоғары баға беріп, оның Жанақпен айтысын өздері құрастырып шығарып, жинақтарға енгізген. *С. Қорабаев.*

«ТҮБІНДЕ БАЯНДЫ ЕҢБЕК, ЕГІН САЛҒАН..?» – Абайдың кейін табылған өлеңі. Көлемі 4 жол. Өлеңді 1940 ж. Қ. Мұқаметханов Семейде тұратын Ташмұхамбет деген қариядан жазып алған. Абай өлеңінде «Би болған, болыс болған өнер емес» деу арқылы мансап армандамай, мақсат қууды уағыздайды. Жасынан оқу оқып, білім алған адам ғана ұлтының ұлы болатындығын айтып, жас ұрпақтың өмірлік мақсаты осы екенін ескертеді. Өлең 11 буынды қара өлең үлгісінде жазылған. Алғаш рет ақынның 1945 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында текстол. өзгерістер кездеспейді. Туынды қарақалпақ, орыс т. б. тілдерге аударылған. *Қ. Құрманғалиев.*

«ТҰҢЛІКБАЙДЫҢ ҚАТЫНЫ АТЫҢ ШӘРІП...» – Абайдың 1855–81 жылдар аралығында шығарған өлеңі. Көлемі 4 тармақты бір шумақ. Жас ақын әзіл аралас өткір тілмен ауылдасы Тұңлікбай дегеннің жеңіл жүрісті әйелі Шәріпті бір ауыз сөзбен сойып салады. Оны әр ит бір сарып кететін, жол бойындағы жалғыз түп шиге теңейді. Ақын жер бетіндегі жамандыққа, жәдігөйлікке деген бар жиіркенішін ірікпей, лақ еткізіп құя салған. Абайға тән тіл өткірлігі, тұжырымдылық айқын көрініп тұр. Өлең 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Алғаш рет ақын шығармаларының 1933 жылғы жинағында жарияланған. Ешқандай текстол. өзгеріске ұшырамаған. Өлең орыс тіліне аударылған. *Т. Барақұлы.*

ТҮРКИ АРУЗ – араби аруз уәзінінің ықпалымен түркі тілді халықтар әдебиетіне араб-парсы сөздерінің енуі нәтижесінде қалыптасқан өлең өлшемі. Арабтар жаулап алған жерлерде ислам дінінің таралып, мұсылман идеологиясының үстемдік етуімен бірге араби аруз уәзіні күшпен енгізілді. Ажам жұрты деп кемсітіп аталынатын Хорасан, Орта Азия, Шығыс Түркістан, Еділ бойы халықтары мен қазақ жеріне де ислам дінінің енуімен бірге жергілікті халықтардың әдебиетінде *парси аруз* және Т. а. уәзіні қалыптасты. Т. а. өлең өлшемінің тұңғыш үлгісі Жүсіп Баласағұнидің «Құтадғу білік» (1070) дастаны. Т.а. уәзінінің ықпалы негізінен отырықшы өмір салтын ұстанған, араб-парсы тілінің сөздік қоры кеңінен енген өзбек, ұйғыр, татар, азербайжан халықтарының әдебиетінде басым болды. Ал, көшпелі өмір салтын ұстанған қазақ халқының сөздік қорына араб-парсы тілінің диалектілері аздап енгені болмаса, Т. а. уәзіні рухани әдеби құбылысқа айнала алмады. Шығыс әдебиетінің айтулы өкілдері Иассауи, Сопы Аллаяр, Науаи, Бабыр шығармаларымен таныс болған Абай соларға еліктеп, Т. а. ұйқасы өлшеміндегі *«Иузи – рәушан, көзі – гәуһар»*, *«Фзули, Шәмси, Сәйхали»* өлеңдерін жазған. Абай шығыс классиктеріне қол артқан балаң шағында олардың өлең өрнегіне бағынышты қалпын танытса да, «Әлифби» өлеңінде Науаимен ақындық өнер тартысында шеберлік жарыстырып, ұстаздарының шығармаларын талғам елегінен өткізіп, ізденімпаздық қалып танытады. *М. Мырзахметов.*

ТҮРКІСТАН – Орта және Орталық Азияның түркі халықтары мекендеген аймақтарды анықтау үшін қолданылатын тарихи-геогр. атау. Абай «Жиырма жеті жасында...» деген өлеңінде сүйікті ұлы Әбдірахманның ғылым іздеп, білімін жетілдіру барысында Т. өлкесімен таныс болғандығы жөнінде айтады.

ТҮРІКМЕН ӘДЕБИЕТІ. Абай Құнанбаевтың шығармашылығы тек қана қазақ әдебиетінде емес, жалпы Орта Азия әдебиетінің тарихы мен теориясында ерекше орын алады. Қазақ жазба әдебиеті мен тілінің негізін салушы, демократ және қазақ ақындық поэзиясының ірі реформаторы Абай Шығыс ойшылдарының бірі ретінде белгілі. Шоқан Уәлиханов сияқты, ол орыс әдебиетіне және мәдениетіне жол ашқан қазақ халқының ұлы ұлдарының бірі. Өз заманының алғы шебінде болған Құнанбаев қазақтың ақындық әдебиетіне жаңа бағыт берді, поэзияға оннан астам жаңа түр енгізді. Абайдың ақын және ағартушы ретіндегі сіңірген еңбегі мен қосқан үлесі жөнінде қазақ және өзге ұлт ғалымдары аз кітап жазған жоқ. Шығыстың ұлы

ойшыл-ақындары Низами, Хафиз, Сағди, Жами, Науаи, Физулидің поэтик. өнерінің прогрессивті дәстүрін игере отырып, ол Н. Г Чернышевский, А. С. Пушкин, В. Г. Белинский, И. А. Крылов, М. Ю. Лермонтов шығармаларын түпнұсқасынан оқиды. Екі мәдениеттен – Шығыс және Батыс мәдениеттерінен сусындаған Абай өлеңінің силлабо-тоник. құрылысын өзгерте отырып, қазақ поэзиясының ұлттық түрін байытты. Түрікмен қазақ халқының ежелгі туыстары. Түрікмен мен қазақ халықтарының тілі, мәдениеті, тарихы, тұрмыс-салты бір-біріне көп ұқсас. Сондықтан да түрікмендер Абайдың, Жамбыл мен М. Әуезовтің шығармаларын түпнұсқасынан оқи алады. Б. Кербабаев, М. Әуезов, А. Кекілов, Ғ. Мүсірепов, Б. Сейтақов, С. Мұқанов іргесін қалаған түрікмен мен қазақ жазушыларының бауырластық байланысы ілгері дамып, кең қанат жайып келеді. Абай Құнанбаевтың, Жамбылдың, Мұхтар Әуезовтың шығармаларының түрікмен тіліне аударылуы, Б. Кербабаев, Р. Эсенов т. б. түрікмен жазушыларының шығармаларының қазақ тіліне аударылуы осының айғағы. Абай шығармалары түрікмен тіліне 50-ші жылдардан аударыла бастады. Ақынның қайтыс болғанына 50 жыл толуына орай түрікмен ақындары оның өлеңдерін аударды, ал ғалымдар мен сыншылар Абайдың шығармашылық жолы мен поэзиясының түр ерекшеліктері жөнінде зерттеу мақалалар жазды. Абайдың өлеңдерін ақындар М. Сеидов, К. Эзизов, С. Ураев, А. Баймурадов, А. Оразтағанов түрікмен тіліне аударды. Ұлы ақынның туғанына 125 жыл толу тойы қарсаңында Б. Кербабаев, Б. Сейтақов, А. Алымкулов, Н. Гуллаев, А. Белмурадов, Н. Эсенмурадов т. б. Абай өлеңдеріне жан-жақты талдау жасайтын мақалалар жазды. Жиырмасыншы ғасырдың басында түрікмен поэзиясында шахирлар алға шықты. Шахир да суырыпсалма ақын, олар өлеңді алдын-ала дайындықсыз-ақ құрай алады. Ондай шахирлар қатарына ұлы Абайдың дәстүрін жалғастырған Кер-молла, Байрам-шахир, Молламұрт, Дурды-Клыч, Ата Салих жатады. Абай поэзиясына тән суырыпсалмалық ерекшелік осы түрікмен ақындарының поэзиясында кездеседі. Бұл жөніндетүрікменнің әдебиетшісі А. Баймурадов өзінің «Поэзиямыздағы Абай дәстүрінің жалғасуы» («Әдебиет ве сунгат», 1974) атты мақаласында кең көлемде сөз еткен. Абайдың өлеңдерімен қатар филос. ғақлиялары, «Ескендір», «Масғұт», «Әзімнің әңгімесі» атты дастандары түрікмен оқырмандарына жақсы белгілі. *Р. Нұралиев.*

ТҮСІПОВА Зейнегүл (1948 ж. т.) – суретші-кескіндемеші. Пейзаж, портрет, натюрморт саласында жұмыс істейді. Ол «Абай мен Әйгерім» (1991, кенеп, майлы бояу, автордың қоры) атты триптихтің авторы. Триптихтің сол жақ бөлігінде табиғат аясында кітап ұстап отырған Абай бейнеленген. Композицияға кіргізілген алысқа көз тігіп тұрған әйел бейнесі суретке эпикалық реңк береді. Ол сондай-ақ, Абай әндерінің тақырыбына арнап табиғат көрінісін суреттейтін «Жыл мезгілдері» (1991, кенеп, майлы бояу) атты топтама суреттер салды.

ТЫНЫШБАЕВ Ескендір Мұхамеджанұлы (1909 ж. т.) – кинооператор. Қазақстан Республикасының еңбек сің. өнер қайраткері. Т. ғыл.-көпшілік және құжатты фильмдермен қатар телефильмдер, солардың қатарында «Абай» телефильмін (1976) түсірді. Фильмде әдеби-сахналық қойылымдар, Абай тойларының көріністері пайдаланылған.

К. Нұрпейісов.

ТЫШҚАНБАЙ (1836–95) – Керей елінің адамы. Мұқыр сайлауында Абай соққыға жығылды дегенді естіп, ат жетер жердегі ел адамдарын жинап, «Абайды сабатып, тыныш отыра алмаймыз» деп атқа мінген. Абай Т-мен, балаларымен достық қарым-қатынаста болған. Бұл туралы Т-дың немересі Ырыздықбайдың (Соц. Еңбек Ері) естеліктерінде айтылған. Естелік Абайдың Семейдегі респ. әдеби-мемориал. қорығында сақтаулы.

ТІЛ БЕЙНЕЛІЛІГІ – Абай поэзиясына орасан қуат-күш, көркемдік сәулет беріп тұрған – оның шығармасында қазақ халқының бүкіл өмірінің, әсіресе, сол дәуірдегі қоғамдық өмірінің шындығы терең бейнеленуі, әдебиеттегі ұлттық көркем ой, өмір құбылыстарын сөзбен бейнелеу, мүсіндеу шеберлігінің жарқырап көрінуі. Абай поэзиясының тілі, сөз кестесі мен өлең өрнегі кіршіктей қоспасы жоқ саф таза халықтығымен, келісті қарапайымдылығымен, тартымды сонылығымен құнды. Ұлы ақынның шығармаларында ойшылдық пен суреткерлік жарасымды бірлік тауып, аса маңызды қоғамдық, азаматтық, халықтық мәселелерді терең толғайтын жаңа сапалы поэзияның тууына негіз болды. Қазақ әдебиеті реалистік жазба әдебиеті үлгісіндегі нағыз лирик. туындылардың жаңа түрлерімен молықты және осының өзі Абайдың ұлттық поэзиямыздағы ой-сезім жүйесін шексіз байытып, сөздің мағыналық, суреттілік қуатын арттыруына, тіл ұстартуына зор мүмкіншілік туғызып, бұл салада ақынның өнімді жаңалық табуына жол ашты.

Абай поэзиясындағы адамның сезім дүниесінің орасан зор байлығы, сезімнің нәзіктігі мен өткірлігі, оқушыны баурап алатын керемет күші – осының бәрі ақынның тіл кестесіне, сөз қолдануына бөлекше сипат дарытқанын көреміз. Абай поэзиясының тілінде адамның жан тебіренісін, көңіл толғанысын, жүрек лүпілін, сезімнің сан құбылып толқуын көрсететін сипаттамалар, теңеу, астарлау және басқа бейнелі сөздер өте көп кездеседі. Абай поэзиясында жүрек, көңіл секілді ұғымдарға берілген тың анықтамалар мол екені зерттеушілер назарын айрықша аударып келеді. Осының дұрыстығын мына мысалдардан айқын көруге болады: ыстық жүрек, сорлы жүрек, ауру жүрек, жылы жүрек, ынталы жүрек, мұз жүрек, асыл жүрек, асау жүрек, ет жүрек, жас жүрек, ызалы жүрек, шошынған жүрек, ит жүрек, шын жүрек, сұм жүрек, ақ жүрек, ғаделетті жүрек, өртенген жүрек, өрекпіген жүрек, үрпиген жүрек, қапаланған жүрек, айнымас жүрек, жаралы жүрек, сенген жүрек; сенімпаз көңіл, ер көңіл, жарлы көңіл, күңгірт көңіл, есер көңіл, қам көңіл, шын көңіл, қара көңіл, сынық көңіл, ақ көңіл, кірмеленген көңіл. Осылардың көбін ақын өзі туралы өз көңіл-күйін, сезімін жеткізу мақсатымен айтқан. Бұлармен қатар Абай жүректің көзі, жүректің оты, көңілінің көзі ашық, көңілдің жайлауы, ой өлкесі деген секілді астарлы сөздерді қолданады. Осы теңеулер мен астарлы сөздердің басым көпшілігі Абайдың өзі шығарған соны, жаңа үлгі-өрнектер екенін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Бірде ақын жүрегі кейіптеу бейне – астарлау арқылы сипатталады: «Жүрегім менің –

қырық жамау, Қиянатшыл дүниеден...» Осындағы жұлқыланып, кескіленген, қырыққа бөлініп, паршапарша болып, бөлшектенген жүрек бейнесі адамның бүкіл жан жүйесін тебірентпей ме? Әрине, солай. Және солай болатын себебі ол халық мұңын мұңдаған ақынның өкініш-арманын, қастандық-өшпенділіктен шеккен азабын, сүйенерге тірек таппай күйзеліп налуын – осының бәрін асқан көркемдік шеберлікпен жеткізіп тұр.

Абай **жапырағы қуарған ескі үмітпен** жүріппін дейді. Елден қалайда ынтымақ, бірлік, әділдік табармын деп үміт еткен, енді күдерін әбден үзгендей болған ақынның сезім-күйін осы сипаттама дәл көрсетеді. Үмітті **жапырағы қуарған** деуі бір түрлі әсерлі, тартымды. Ол жапырағы сарғайып, солған ағаш (не шөп, өсімдік) бейнесін көзге елестетеді. Бірақ, бұл мысал адам мен ағаш бейнесін халық поэзиясындағы белгілі, үйреншікті болған қалпында тікелей салыстыру емес. Үміт – адамның көңіл күйін, сезімін білдіретін ұғым, түсінік, яғни, оның нақтылы заттық сипаты жоқ. Ақын соны ағаш (не өсімдік) бейнесімен жақындатып, өзгеше сипаттап, жапырағы қуарған деп отыр. Мұның өзі айтылатын ойдың бейнелілігін, өткірлігін арттыра түседі. Ақынның осындай өз қолтаңбасы айқын сезілетін бейнелі сөздер «Сегіз аяқ» өлеңінде көзге ұрып тұрады:

«Қайратым мәлім,
Келмейді әлім,
Мақсұт – алыс, өмір – шақ,
Өткен соң базар,
Қайтқан соң ажар,
Не болады құр қожақ?!
Кеш деп қайтар жол емес.
Жол азығым мол емес...»

Абайдың бейнелі сөздері сипаттауларының қайқайсысын алсақ, ұлы ақынға тән зор мағыналық, көркемдік қасиеті көзге түседі. Мақсұт – алыс, өмір – шақ дегендегі **алыс**, **шақ** деген сипаттаулар қарапайым ғана сөздер екені рас. Ал, бірақ, осы сөздерде терең мағына жатыр. Алыс деген сипаттауы арқылы ақын өзі алдына қойған мақсаттың, сөз зергері, қоғам қайраткері болғандағы негізгі міндетім деп түсінген мақсатының қаншалықты зор әлеум. жалпы халықтық мәні бар екенін аңғартады. Осы мақсаттың жолына бар қалған өмірі жұмсалса да аз екенін айтқанда да ақын екі ұғымды (алыс мақсат пен шақ, аз өмір) шендестіру әдісімен қарама-қарсы қою арқылы, екі нәрсені екі түрлі сипаттау арқылы тағы да сол негізгі ойын ширата, шыңдай түседі. Адам өмірінің ең қызықты шағы ретінде алынып отырған «базар» да өте мағыналы астарлау болып шыққан. Ақын өмірінің ең өнімді, қызықты кезі өтіп кетсе де, сол зор мақсат үшін күрестен таймайтынын айтады. «Кеш деп қайтар жол емес, Жол азығым мол емес...» дегендегі **жол**, **жол азық** дегендер де жай ғана күнделікті айтылып жүретін ұғымдар секілді көрінуі мүмкін. Ал, шынында бұлардың да мағынасы, көркемдік қуаты ерекше зор. Өйткені, олар өзінің әдеттегі мағынасынан басқа, әлдеқайда терең, мүлде тың мазмұнға ие болып, ұтымды астарлауға айналған. Біздің көз алдымызға әлдеқалай жолға шығып, кешеуілдеп, барар жеріне әлі жете алмай келе жатқан жолаушының бейнесі елестейтіні рас. Алайда, бұл – суреткер ақынның өз ойын, сезімін қазақ өміріндегі бір нақтылы шындықпен сабақтастырып, жанастыра білетін шеберлігінен туған нәрсе, көркем ассоциация. Абайдың осы сурет арқылы аңғартып отырған ойы және ап-анық. Жол дегенде алыс мақсатқа жетуге ұмтылған ағартушы, күрескер ақынның жолы, өзінің өмір жолын қатар айтып отыр.

Осы астарлы бейнені Абай басқа бір өлеңінде тағы жаңаша жандандырып, мағынасын басқаша өсіріп қолданады. «Адасып, алаңдама, жол таба алмай, Берірек түзу жолға шық қамалмай, Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ, Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай...». Мұндағы жол – көпшіліктің, қауым жұрттың жолы. Бірақ, бұл қаптап келе жатқан жолшылардың, не бір көштің жолы секілді өзінің тура, заттық мағынасында айтылып отырған жоқ. Түбі сондай жолаушының түзу жол таба алмай жүрген кезі сияқты өмірдегі нақтылы жағдайға негізделген, бірақ, ауыспалы мағынада қолданылған, халықтың тарихтық, қоғамдық жолын білдіретін астарлау. Ақын осы астарлауды дамытып, тұтас көркем сурет жасаған. Осы жолдағы елдің жөн таба алмай, адасуы – ескілік, қараңғылық шырмауынан шыға алмауы десек, Абай айтып отырған, елді соған бастап, бағыттап отырған жол – өрісті еңбектің, ғылым-білімнің жолы. Халықтың жүрегіне жол табуды, жаңа ой-пікір, жаңа сөзге жұрттың бетін бұруды армандау – бұл Абай поэзиясында асқан көркемдікпен бейнеленген және зор әлеум. мағына алған тақырып желісі. «Адасқан күшік секілді, Ұлып жұртқа қайтқан ой...» деген ақын поэзиясындағы ең бір келісті жасалған астарлы бейне де оның осы асқақ арманымен ұштасып жатыр. Абайдың адамгершілік, ағартушылық, ақындық биік мұрат-мақсаттары айқын көрінген, көркемдік қуаты аса зор туындыларының бірі *«Өлсем орным қара жер, сыз болмай ма?»* Өлеңдегі әр сөз, бейне шынайы терең мағыналы, шығарманың зор әлеум. , филос. мәнін жеткізуге ат салысып тұр.

Осы өлеңнің басында Абайдың **өткір тілмен ұялшақ қыз** бейнесін шендестіру әдісімен бір-біріне қарама-қайшы алуы өте әсерлі. Осы арқылы ол өмірі таусылғанша күресуден, зұлымдықты әшкерелеуден таймайтын ақын тұлғасын шебер танытады. Сол секілді адамның жүрегі мен ауызды қарсы қою да ақынға тән ерекше жалындылық, қызулық, албырттықты, алдына қойған арман-мақсатына шын зердесімен беріле білушілікті айқын аңғартады.

«Асау жүрек аяғын шалыс басқан» деген мүлде тың, бұрын айтылмаған сөз тіркесі екені әркімге аян болар. Абайдың басқа бір махаббат, достық жайын толғайтын өлеңінде «асау жүрек» деген сөз тіркесі кездеседі және мұндағыдан басқарақ мағына береді: «Кейде есер көңіл құрғырың, Махаббат іздеп талпынар. Ішсем деп бейнет сусынын, Асау жүрек алқынар...». Ал, «асау жүрек аяғын шалыс басқан» деген, әрине, одан күрделірек келісті жасалған бейнелі сөз. Бірақ, оның да айтып жеткізетін мазмұны шығарманың идеясына қарай әр түрлі болуы мүмкін екенін мойындауымыз керек. Айталық, дәл осы сөздер басқа бір қатардағы ақынның өлеңінде кездессе, оның Абай өлеңіндегі мықмен жалғыз алысқан, қоғам көшін ілгері бастайтын мүлде жаңа жол іздеп шарқ ұрған ойшыл күрескер-ақынның бейнесімен ешбір байланысы

жоқ болса, онда беретін мағынасы әлдеқайда тар болар еді. Әлденедей жай бір асаулықты, шалыс жүрушілікті білдіріп, сондайлық зор қоғамдық, әлеум. мәнге ие болмас еді.

Соқтықпалы, соқпақсыз жер – өте терең мағыналы астарлау әдісімен жасалған бейне. Мұндағы жер дегені – сол кездегі ортаның, заманның, дәуірдің сипат-келбетін айтқаны. Сол ортадағы өмірдің шиыр-шиеленістері сан қилы, озат ойлы адамның алдына бөгеу, тосқауыл болып, ілгері бастырмайтын, соқтықпа күштері көп дегені. Қазақтың кең даласында, әрине, жол да, соқпақ та жеткілікті. Ақынның айтып отырғаны ол емес екені өзінен-өзі түсінікті. Мұндағы соқпақ деп отырғаны бұрынғылардан қалған үлгі, өрнек, жол-жоба десек, тіпті осылар да ел ішінде аз ба? Қазақ ортасында жалпақ жұртқа атағы жайылған дүлдүл көсемдердің, не бұлбұл шешендердің ұстаған жолы, беттеген бағыты Абайға әбден қанық қой. Бірақ, Абай бар, белгілі соқпақты айтпаған. Ол сол қоғамдық ортада, қазақ халқының өмірінде көпшілікті ұлы ақын өзі арман еткен әлеум. тілек-мақсатқа, үлкен жаңалыққа прогрестік қоғамдық даму жолына бастайтын бұрын соғылған соқпақтың болмағанын аңғартып отыр. Ендеше жерді **соқпақсыз** деуде, осы бір ғана сипаттама сөзде Абайдың өзіндік ақындық бейнесін, мақсат-нысанасының, өмірдегі, өнердегі ұстаған жолының қаншалықты жаңа екендігін танытатын шексіз терең мағына жатқаны ешбір талассыз.

Қазақ тілінің бір артықша қасиеті – етістіктен жасалған сипаттау (теңеу) өнімді келеді. Абайдың «Болыс болдым, мінеки» атты өлеңінде болыстың сорақы істері, өрескел әрекет-қылықтары түгелдей оның өз сөздерімен сипатталады да, өлеңде көптеген кездесетін етістіктер арқылы жасалған теңеу ақынның баяндауы – суреттеулеріне бірталай реттерде көрік беріп, жандандырып отырады.

«Болыс болдым мінеки,
Бар малымды **шығындап.**
Түйеде қом, атта жал,
Қалмады елге **тығындап,**
Сүйтсе-дағы елімді,
Ұстай алмадым **мығымдап.**
Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін **шыбындап.**
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын **қырындап.**
Сыяз бар десе жүрегім,
Орныкпайды **суылдап.**
Сыртқыларға сыр бермей,
Құр күлемін **жымыңдап...**
... Сасып қалдым, күн тығыз,
Жүрек кетті **дүпілдеп.**
Тың тұяқ күнім сүйтсе де,
Қарбаңдадым **өкімдеп.**
Қайраттанып халқыма
Сөз айтып жүрмін **күпілдеп...**
Күн батқанша шабамын
Әрлі-берлі **далпылдап...**
Оязға жетсін деген боп,
Боқтап жүрмін **барқылдап**...
Кейбіреуге таяғым
Тиіп те кетті **бартылдап.**
Ашылып омырау, күн ыстық,
Қойын кетті **алқылдап**...
Табаныңнан тозасың,
Құр жүгіріп **тарпылдап**...»

Мұндағы сипаттамалардың мәнділігін, тартымдылығын олардың әрқайсысы белгілі әрекетті, жай-күйді өте әсерлі, дәл бейнелейтінінен-ақ көруге болады. Айталық, **тығындап** деген сөз болыстың пара бергіштігін байқатса, жүрегін **суылдап**, **лүпілдеп** жүретін етіп бейнелеу оның қорқақ, сұжүректігін, ал **қырындап**, **өкімдеп**, **күпілдеп**, **барқылдап** деген айқындаулар тек момындарға күш көрсететін әдепсіз, ұсқынсыз кейпін танытады.

Осындай әдіс атшабарды, оязды мүсіндеуде де қолданылған.

«Жай жүргенде бір күні,
Атшабар келді лепілдеп:
«Ояз шықты, сияз бар»,
«Ылау» деп, «үй» деп дікілдеп...
Ояз жатыр шартылдап...»

Лепілдеп, **дікілдеп** деген екі айқындау сөздің өзі-ақ өзінше кісімсініп, момын елге қоқаңдайтын атшабардың сиқын қандай айқын елестетсе, **шартылдап** деген жалғыз сипаттау арқылы ояз тұлғасы нақтылы әрекет үстінде көрінеді. Осы келтірілген мысалдардан анық байқалатын нәрсе поэзия тілінде ауыспалы, туынды мағына беретін бейнелі сөздермен қатар тура мағынасында айтылған қарапайым сөздер де бейнелілік, көркемдік сипат алады. Көріктеп, құбылтып, түрлендірмей-ақ өз қалпында қолданылған сөздер де келісті, әсерлі болатынына әбден көз жеткізу үшін басқа да мысалдар келтірелік: «Жасымда ғылым бар деп ескермедім, Пайдасын көре тұра тексермедім...» немесе: «Еңбегіңді білерлік еш адам жоқ, Түбінде тыныш жүргенді жек көрмедім...». Тура мағынасында алынған сөздерге көркемдік сипат беретін көркем ойдың қуаттылығы, әр сөздің ақындық ойды, сезімді жеткізуде орнын тауып, терең мағыналы етіп қолданылуы, әр сөздің өлең ырғағына сәйкес әуезді айтылуы, өлең тілі немесе көркем прозаның тілі тартымды болуы үшін ақын ауыспалы мағына беретін бейнелі сөздерді қалайда неғұрлым көп, мол қолдануға ұмтылады және сонысы оның артықшылығы деп санау дұрыс болмайды. Сөздің тура мағынада қолданылуы, туынды мағынада алынуы да қажет болған мөлшерде алынады, ол әр шығарманың мазмұнына, ондағы ой-сезім өзгешелігіне, шығарманың жанрлық, стильдік, тағы сондай сипаттарына сәйкес келеді. Абайдың өлең тіліндегі батыл, тың ізденістерді тудыратын оның ақындық ой-өрісінің өлшеусіз кеңдігі, қоғамдық мақсат-нысанасының, көркемдік дүниетануының мүлде сонылығы екені ешбір талас туғызбасқа керек. Абай шығармаларындағы сөз кестесінің, өлең тілінің табиғилығы мен қарапайымдылығы, олардағы қолданылатын бейнелі сөздердің құрылыс-бітімі, жасалу ерекшеліктері жағынан мейлінше ұтымды және терең мағыналы болып келуі – осының бәрі ұлы ақынның суреткерлігін, шеберлігін, эстетик. , көркемдік сезімінің өзгеше, биік сапасын танытады.

Әдеб.: Әуезов М. О. Абай Құнанбаев (мақалалар мен зерттеулер). – А., 1967; Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – А., 1960; Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – А., 1973; Ахметов З. О языке казахской поэзии. - А., 1970.

З. Ахметов.

ТІЛЕНДИЕВ Нұрғиса Атабайұлы (1925 ж. т.) – композитор, дирижер, күйші. ССРО және

Қазақстан Республикасының халық артисі. Қазақстан Республикасының еңбек сің. өнер қайраткері. Ол Абайдың «Әсемпаз болма әрнеге...», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім...», «Ішім өлген, сыртым сау...», «Қызарып, сұрланып...» өлеңдеріне ән шығарған. Сонымен қатар қазақ ақындарының өлеңдеріне «Ғашыққа мойын қой», «Абай арманы», «Әйгерімнің әні», «Ақынның пайғамбары – Абай ата» әндерін жазды. Т. Қазақстан Республикасы Мемл. сыйл. лауреаты. *Ә. Телғозиев.*

ТІЛ НОРМАЛАРЫ – белгілі бір лингвистік ұғымның тіл дербестігін айқындаушы барлық сөйленіс тәжірибелері мен дағдыларының, ерекшелік белгілерінің жиынтығы. Табиғи болмысы тұрақтылыққа, бірқалыпты орнықтылыққа негізделе тұрып, ол әр түрлі себептіліктерге сай ішкі өзгерістерді де басынан кешіреді. Өйткені, бұның өзі әлеум. құбылыс болып табылатын тілдің әрі жасаушысы, әрі тұтынушысы – адамзат қоғамының үздіксіз өзгеріп, өсіп дамып отыру заңдылығымен тікелей байланысты. Т. н-ның осы біршама икемшілдігі нәтижесінде сөйленіс машықтарының қайсыбір тәсілдері белгілі бір замана сәттерінде өз бірегейлігінен айрылып, жарыспалы жаңа мүмкіндіктермен молығады. Басқаша айтқанда, ежелгі норма әлі өз күшін жоймай тұрып-ақ, жаңа норманың нышандары «сөз жұмсау» қажеттілігіне айнала бастайды. Сөйтіп, тілде жарыстас сөздер, мәндес тіркестер, әр түрлі нұсқадағы қолданыстар пайда болады. Олардың өміршең, ұтымды түрлері уақыт талабына ілесіп, тіл ағымын бойлап кете береді, ал белсенділік таныта алмағандары бірте-бірте бәсеңсіп, тіл қазынасының бұйығы қорын жасаушы тарихият дүниеліктерге айналады. Бірақ, кезеңі келгенде олардың қайта серпіліп, қарым-қатынастың өткір де өтімді құралына айналып кетуі әбден ықтимал. Нормалы тілдің өрістеріне қатысты Абай қаламгерлігін сөз еткенде ең алдымен оның жалпыхалықтық сөйлеу құралдарын әдебиленділіру жолындағы ұлан-ғайыр еңбегін атап өтуіміз қажет. Түркі жұрттарының өзі тұстас қалам иелері сөз өнерін шағатай әдебиетінің дайын үлгісімен өрбітіп, өз ана тіліне қомсына қарап, оның көркемдік қауқарын жоққа шығарып жатқанда, Абай қазақтың халықтық тілін ұстартып, ұлттық әдеби тіл дәрежесіне көтерді. Басқалар тіл тазалығын мансұқ етіп, «қара тілді» менсінбей, сәнқойлық қуып, «төре тіл» жасаймын деп жүріп, «шұбар тілге» ұрынып жатқанда, «Қазаққа қара сөзден дес бермеген» Абай «өлең – сөздің патшасын» қиыстырды. Проф. Қ. Жұбанов атап көрсеткендей, Абай шығармаларының «сөз төсегі» қазақ тілінің өз жиһаздарынан жасалды. Ана тілінің сөз қорын сарқа пайдаланған Абай, сөз мағынасын ашып, дәл қолдануды көздеді, «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, Ол ақынның білімсіз бейшарасы!» деген шарт қойды. Шағатай ақындарына еліктеген шәкірттік балаң кездерін айтпағанда ол кемел шағындағы өлеңдерін қазақтың құнарлы тілімен жазып кетті. «Кітапшылдық» дәстүріндегі әредік сөз қолданысты оның кейбір айрықша күйініш, не сүйініш үстіндегі ақындық шалықтауларынан ғана ұшыратуға болады. Мыс., оның Әбдірахман ауырып жатқандағы тәңірге жалбарынған «Алланың **рахматын**, Жар тұтып әрнеге, Әбдірахман ол атын, Үйреткен **жұмлеге**», – деп басталатын өлеңіндегі асты сызылған қолданыстар мен сықат, сұңғат, нама, сүрме сияқты «шағатайшылдықты» басқа өлеңдерінен аса көп кездестіре бермейміз. Әдеби тілдің лексик. нормасын Абай осылайша тіл тазалығы тұрғысынан қалыптастырды.

Сөздердің айтылуы мен жазылуы үнемі сәйкеспейтіні мәлім. Сондықтан жазуда фономорфологиялық принцип басшылыққа алынады да, негізінен сөздердің жеке тұрғандағы бітімі сақталады. Ал, сөйлеу ағымында бір-бірімен тіркесу, жалғасу, бірігу нәтижесінде сөздер байырғы дыбыстық құрамын өзгертіп, сөйленіс ыңғайына икемделеді. Бұл – орфоэпиялық заңдылық. Жазба тексте тарихи төркіні ескеріліп таңбаланғанмен, дұрыс сөйлеудің ілгеріңді-кейінді ықпалдарға түсіп сингармонияланған, яки іштей үндескен сөздердің тізбегін оқырман орфографиялық берілімінше емес, орфоэпиялық норма бойынша айтып саптауы тиіс. Жазу емлесін бұзбай қолданатын ақын-жазушы үндестік заңдарын, буындардың жылысу, кірігу қажеттіліктерін елемей кете алмайды, қайта оларды толық игеру арқылы ғана сөздердің оқылуына қойылатын орфоэпиялық талаптарды түсініп, дұрыс ұйқас құрайды. Ал, Абайдың ақындық даналығы сол тіл құбылыстарын әріден байыптаған. Оның өлеңдерінің барлығы дерлік әрі орфографиялық, әрі орфоэпиялық жағынан мейлінше нормаға сай болып келеді. «Айттым сәлем, қалам қас, Саған құрбан мал мен бас», «Мен сәлем жазамын, қарағым қалқама...», «Көзімнің қарасы, Көңлімнің санасы...», «Барымта мен партия, – Бәрі мастық, жұрт құмар...», «Бойы бұлғақ, Сөзі жылмаң, Кімді көрсем мен сонан...», «Жүрегім менің қырық жамау, Қиянатшыл дүниеден...», «Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен, Менмен, кердең, қайғысыз, ер көңіліңмен...», «Бір кісі – мыңға, Жүз кісі – сұмға әлі жетер заман жоқ, Қадірлі басым, Қайратты жасым Айғаймен өтті, – амал жоқ» т. б. Міне, буын құрамы жағынан әр түрлі ұйқасқан осы өлеңдер қалай жазылса, солай оқылады. Өйткені, бұларда айту нормасы мен жазу нормасы етене қабысқан. Абай өлеңдерінің әуезділігі, музыкалылығы да осыдан. Морфологиялық норма тұрғысынан келгенде де Абай қолданған сөздер әдеби дұрыс тұлғасын тапқан. Түбірге қосымша жалғап сөзді түрлендіру тәсілдері ұстамды грамматик. заңдылықтарға қайшы келмейді. Мыс., оның әдеби тілдегі «бүкіл» тұлғасының орнына жергілікті **мұқым** сөзін, «ылди», «жыра» деудің орнына **ыра** диалектизмін қолдануы әредік жайлар. Ара-тұра Абай шет сөздерді де қазақ тілінің морфологиялық құрылымдарына ұйқастыра қолданып, ұйқас бунақтар жасайды. «Сіз бір – сұңқар, шаһбаз, Жер жүзінен алған «баж», – деген тармақтарды ақын «Біздей ғарып есепсіз, Есігіңде жүр мұқтаж», – деп тұйықтайды. Бұндағы соңғы тармақтағы қазаққа етене сіңіскен «мұқтаж» сөзіне ұйқасып тұрған **шаһбаз** қазірде «сабаз» болып айтылатын сын есімнің түпкі тұлғасы, ал, баж – алым-салық, контрибуция, эмбарго мағынасындағы кірме сөз, негізінен «кітаби тілде» қолданылған. Абай бұларды қазақтың құлағына сіңісті, жатық тұлғалы сөзбен шебер қиындастырған. Сөйтіп, олардың морфологиялық бірлігін құраған. Осы орайда ақынның «Жөнді жөнсіз, Сөз – теңеусіз, Бас пен аяқ бір қысап, ұрысса орыс, Елге болыс Үйден үрген итке ұсап...»

деген шумағында да атап кетуге болады. Бұнда **«есеп»** деген мағынадағы хисап арабизмін қатыстырып, Абай **бір қысап** түріндегі бунақ жасағанда, оның «иткеұсап» деген соңғы бунаққа тұлғалық жағынан толық сәйкесуін көздеген. Жалпыхалықтық қолданыста осы «итке ұсап» тіркесімі кірігіп, «ит құсап» болып та трансформацияланып кетеді. Абай бұндай ауытқуға бармаған. Демек, норманы сақтаған.

Сонымен қатар, Абай кейбір реттерде шағатай әдеби тілінің дағдылы ырғақ-әуенді ұйқасымдарынан да бойын тежеп ұстайды. Мыс. , «Бір жақсы күнім!» – деп, қызықпен **сөйлесіп**», – дегендегі асты сызылған сөзді шағатай үлгісінде **сөзлесіп** деп қолданса, осыдан кейін келетін: «Артынан: – ол нем? – деп, ұялып, кезнесіп», – деген тармақтардың соңғы («кезнесіп») бунағымен толық ұйқасым табар еді. Бірақ олай етпеген. Сол сияқты, «Қара қатын дегенге, қара қатын, Үзіп-жұлып, алып жүр қанағатын» деген жолдардағы **қара қатын**, **қанағатын** сөздеріне толық ұйқастыру үшін «шариғат» сөзіне «Қазақтың сен қайтесің шарағатын», – деп қолданып, тұлғалық сәйкесім жасайды. Алайда, Абай шағатай әдеби тіліндегі ежелгі түркілік сөз тұлғаларынан ада-күде қол үзген емес. Керісінше, өлеңдеріне айрықша өң беретін тұстарда ол көне формаларды жаңа заманғы қолданыстармен жарыстыра да беріп отырады. Мыс. : «Егерде шайтандыққа жетсе қолым, Алдауға арланар ем адам ұлын» дегендегі соңғы тіркесім (**адам ұлын**) – Абай туғызған жаңа қолданыс. Қазақтың жалпыхалықтық сөйлеу немесе жазу тілінде «адам ұлы» емес, адамзат, адам баласы деген фразалық тіркестер қолданылатыны мәлім. Әйтсе де, «адам ұлы» – синтаксистік ыңғайдағы жаңалық. Ал, Абай осы тіркесімді көнелендіріп, «адам ұғлына» деп те келтірген.

«Буынсыз тілің, буулы сөзің, әсерлі адам ұғлына,
Кісінің сөзін, ұққыш – ақ (сын) өзің, Қыйсығын түзеп тұғрыға...» – деген жолдардағы **ұғлына**, **тұғрыға** деген сөздерді қазіргі тіліміздегі «ұлына», «тұғырға» болып айтылатын морфологиялық құрылымдардың әрідегі жалпытүркілік сипат алған нұсқалары ретінде пайдаланған. Сол сияқты ақынның: «Әбіштің сыйқатын, Беркітсең кеудеге, Рәушән сыйпатын, Тез көрсет бендеге, Осындай шапқатын, Ұмытам мен неге?» – дейтін өлең тармақтарындағы **сыйқатын беркіту**, **рәушән сыйпатын**, **бендеге тез көрсету**, **шапқатын ұмытпау** тәрізді сөз орамдары да қазақ тілінің өзіндік мүмкіндіктерімен қайымдаса қолданылып келген шағатай әдеби тілі стилінің айырым көріністері. Осы тұрғыда Абайдың көне қазақ тілі деректерін де мол қармағанын және оларды өз поэзиясына айшықтандыра кірістіріп отырғанын ескеру қажет. Мыс. , оның «Ішім – өлген, сыртым – сау» өлеңінде: «Топ болғанда көресің, Түрлі дауды жүз тарау, Аяғында сеңдейлер, Көрмей жүр ме **қанталау**?» – болып келетін асты сызылған сөз **хан талау** деген көне тіркесімнен кіріккен. Қазақ ұғымындағы «ең үлкен», «ең басты», «ең әйгілі» деген белгілер бұрын «хан» эритетімен айқындалып, «хан базар», «хан сонар», «хан жоса», «хан тәңірі», «хан жайлау» т. б. түрінде тіркескен. Қынаға бояған қызыл сақаны «хан сайлап», асықты шашып салатын ойындағы ұпай таласының ең үлкені «хан талапай» деп аталған. «Талау», «тонау» тұлғалы қимыл атаулары ежелден-ақ заттық мағынада қолданылып, «талауға түсу», «тонап алу» дейтін тіркесімдер жасағаны секілді Абай қаламымен бедерленген «хан талау» да жоғарыдағы «хан талапай» мәніндегі **талау**, **таланудың** ең үлкені. Көне тұлғаларды әдебилендіру талабын Абай өз өлеңдерінде де, сондай-ақ, хатқа түскен қарасөздерінде де жүзеге асырып отырған. Мыс. , халықтық тілде бір жайттың аңығына жету, түбін түптеу мағынасында айтылатын сөз қолданысты ол өзінің «Жиырма бесінші сөзінде» және «Қырық үшінші сөзінде» ұғымын тауып, «түбегейлету» деп береді: «... мен айтқан үш қуаттың ішінде екеуі, яғни, сила притягательная однородного менен подвижной элемент. ...Бұларды түбегейлеткенде жақсы нәрселерді түбегейлетіп, жаман нәрселерден бойды ерте тыйып алуға керек» (43 сөз). Ол өзгелік етіс тұлғалы баяндауыш мәніндегі етістіктерді Абай пысықтауыш қызметін атқарушы көсемше етістік қалыбында да қолданады: «Сонда өзге қазақ балаларынан артық үйренгені немене, қай көп үйреніпті? – Кірді-шықты, ілді қашты, түбегейлеп қуған бала жоқ» (25 сөз).

Абайдың ақындық шабытына арқау болған айырым қолданыстың бірі **«тұл бойы»** тіркесімі. Ақын күллі қазаққа мәлім «тұла бой» тіркесін біледі және оны шығармаларында орнымен пайдаланып та отырады. Мыс. , ол «Келдік талай жерге енді» өлеңінде «Адам деген даңқым бар, Адам қылмас халқым бар, Тұла бойым шімреңді...» – деп отырып, «Тыныштық сүймей, қышынып, Өтірікке тұщынып, Пәледен тұрмас шошынып, Тұла бойы желік жеңгенді», – деп те қолданады. Осы аталған «Абай айшығы» ақынның басқа өлеңдерінде мына түрде бой түзегенін қараңыз: 1. «Ақылы жоқ, ары жоқ шуылдақты, Күнде көріп, тұл бойы жиіркенген». 2. «Қоймасаң, қайғы ауыр боп, Тұл бойыңа тарайды». «Тұл бойың ұят – ар едің, Ескеріп істеп, ойлаған». Абайдың сөз қолданысындағы жазба әдеби тілдің нормасынан ауытқушылықтың кейбір көріністері ауызекі айтылымдағы фономорфологиялық қысқарымдарды сақтап жазуы деуге болады. Мыс., қазақ тіліндегі сусымалы сонар дыбыстардың ауызша сөйлеу үстінде кейде түсіп те қалатын заңдылығына сай ақын **болып**, **келіп** т. б. көсемше тұлғаларды **боп**, **кеп** түрінде қолданатыны тәрізді, аяғы **-л** дыбысына бітетін **ол**, **сол** түріндегі сілтеу есімдіктерін де «о», «со» деп келте қайыра береді. Жазу нормасы бойынша сөйленісте «жұтылып» кететін ауыз жолды сонар **-л** дыбысы хатқа түскенде сақталып таңбалануы шарт. Ал, Абай оларды естілуінше хаттағы «Бір қыс сақта, тас болма сен де о(л) ғұрлы...», «Бір жағынан қысқанда о(л) да азынап...» деген тармақтардағы «ол» есімдігі естілуінше емес, түпкі түбірін бұзбай жазылуы тиіс. Сонар **-л** дыбысының «сусымалы» болып аталуы ауызша айтқанда «жұтылып» кететіндігінен ғана емес, сондай-ақ оның «ойнамалы» болуына да байланысты. Мыс. , ол – сөйлеу машығында бүтін сөз құрамынан сусып түсіп қалмай-ақ, өзіне табиғаты жақын мұрын жолды сонар **-н** дыбысымен орын ауыстырып жібере алады. Сондықтан жалпыхалықтық тілде **айнал** етістігі **айлан** болып та айтыла береді және сол үлгідегі поэтик. өрнек те жасайды. Осы құбылысты Абай да пайдаланған. Ол **айналғыш** тұлғасының метатезаға ұшыраған сыңары есебінде **айланғыш** қолданымын алып, оны **ойланғыш** паронимімен жұптастыра, ішкі ұйқас құрайды.

«Лап бергіш, көт айланғыш, қайта ойланғыш,
Тиянақ оты сөнген бойларының...» –

дегендегі алғашқы тармақтың соңғы екі бунағы: **көт айланғыш, қайта ойланғыш** -л/-н дыбыс алмасуы негізінде өзара ұйқасып тұр. Әрине, ұйқасым бірлігінің сақталуы бунақтардың симметриясы, буын санының теңдестігі секілді просодиялық белгілердің қатыстылығына да байланысты екенін жоққа шығаруға болмайды: әйтсе де, айланғыш – ойланғыш сәйкесімі түріндегі толымды ұйқас үшін метатезалық дыбыс алмасудың (н-л) қажет болғандығы сөзсіз.

Әредік болса да Абай туындыларында гаплологиялық қысқарым түрлері де ұшырасып қалады. Мыс. , ақынның: «Ел тыныш болса азады, Ерігіп өле жазады...» – деген ұйқасымында соңғы **«жазады»** етістігі шын мәнінде **жаз – дай-ды** тұлғасының ауызекі қолданыстағы гаплологияға ұшыраған түрі. Бұл заңдылық бойынша ұқсас артикуляциялар (тіл дыбыстарының мағыналы түйдектері) сөйлеу үстінде бірін-бірі ығыстырады. Мыс. , жоғарыдағы **«өле жазады»** әуел бастағы өле жаз(да) ды тіркесімінің ықшамдалып айтылған түрі. Бұл – дыбысталуы ұқсас да – ды айтылымдарының бір жерге сыйыспауынан болған құбылыс. Абай осы айырым қолданысты жазба тіл нормасына енгізбек болған.

Абай тілінің сөйлемдік жүйелері қазіргі жазба әдеби тіліміздің нормаларына толық сай келеді. Өлең құрылысындағы кейбір ауызекі дәстүрдің көріністерін атамағанда поэтик. сантиксисі де осы замандағы өлшем деңгейінде. Тек оның Қарасөздеріндегі кейбір сөйлем құбылыстарынан ғана «шағатайшаға» шалыс кітапшылдықтың табы білініп қалады. Мыс. : «Екінші – бұзақылар... ауқаттыларды азғырғалы әлек болып жүр. Кім азса, мен соған керек боламын» деп (11 сөз) түріндегі, немесе: «Кейбіреулер айтады: Ақыл жибили болмаса да, талап – жибили» (43 сөз), сондай-ақ: «Бағана айттық қой, жан қуаты басында кішкене болады, ескермесе жоғалып та кетеді, ескерсе, күтіп айналдырса, зораяды деп...» (сонда), сияқты грамматик. құрылымдардың баяндауыш мүшелері сөйлемнің басында келген. Қазіргі стиль предикаттың субъектен (іс иесінен) соң тұруын қажет етеді. *Е. Жұбанов.*

«ТІЛІМ, САҒАН АЙТАЙЫН...» («Әбдірахманға Кәкітай атынан хат») – Абайдың 1894 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 17 шумақтан тұрады. Абай заманында айтқан ойын басқа біреу арқылы білдіру кең тараған. Мыс. , ғашығына деген ниетін жеңгесі арқылы айту, қайын жұртқа деген базынасын баласы (жиені) арқылы білдіру, жеткізу. Абай бұл өлеңінде өз ойын жеткізу үшін сондай тәсілді пайдаланған. Кәкітай арқылы өз айналасындағы шәкірт ақындар шығармаларының сарапшысы Әбдірахманнан әділ-қазылық күткендей. «Мен жазайын сізге хат, Оқып көрсін ол шындап...» яғни, жазған өлеңдерінің бағасын енді сенің аузыңнан да бір тыңдап көрсінші дейді. Ақынның білімді баласына шағынып отырғандығы, сөз ұқпаған біреуге іштей күйінгендігі байқалады. «Ұрлаған сөз деп айтасың, Сөз ұрлыққа жүре ме?...» деп, мәйекті сөз тіркесінің бір ақын емес бірнеше ақынның жыр жолдарына түсіп, әр қилы мағына беріп жатуы оғаш нәрсе еместігін ескертеді. Абай ақын балалары Мағауия мен Кәкітай арасындағы шығармашылық тартыстың төрелігін енді Әбдірахманнан күтеді. Өлең соңы негізгі тақырыптан ауыңқырап, енді хат жазушының әкелік, інілік сезімін танытады. Алыста жатқан ағасының жанына барып, қызмет ете алмай жүргеніне өкініште екенін білдіреді. Дімкәстау бауырының денсаулығына деген алаңдаушылық еміс-еміс елес бергендей. Өлең 7–8 буынды шалыс ұйқас үлгісінде жазылған. Алғаш ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Мүрсейіт қолжазбаларында 2-шумақтың 1-жолы **«Жүректің сөзін сөйлетіп»** болса, жинақтарда **«Жүректің сөзін сөйле, тіл»** делінген. Мүрсейіт қолжазбаларында, 1945 жылғы жинақта 7-шумақтың 1-жолы **«Көрінген соң бір дидар»** деп алынса, кейінгі басылымдарда 1933 жылғы жинаққа сәйкес **«Көріскен соң бір дидар»** болып қабылданған. Туынды орыс тіліне аударылған. *С. Оспанов.*



«УАҒАЛАЙКҮМҮССӘЛӘМ...» – Абайдың 1888 ж. жазған өлеңі. Көлемі тармақ саны әр түрлі 2 шумақтан тұратын 18 жол. Күлембай Бозамбайұлы ақынның әзіл-қалжыңы жарасқан құрдасы, бірнеше рет болыс болып сайланған кісі. Абай шығармаларының жинақтарында «Күлембайға» деген атаумен жарияланып жүрген «Болыс болдым мінеки...» деп басталатын атақты өлеңінде өз заманындағы ел билеген болыстардың типтік тұлғасын жасаған ақын бұл өлеңінде айтпақ ойын тікелей құрдасының өзіне арнайды. Өлеңді ауызекі әңгіме түріндегі сәлемдеуден бастайды да, жылы мысқылмен осынау аумалы-төкпелі заманда ел басқарудың қиын екенін еске салып, «әй, қайдам, шығыныңды қайтара алсаң жарар еді» деген кекесінін білдіреді. Сөз арасында «ата-бабаңда ел билеген адам жоқ еді, осың артықтау болды-ау» деген қазақы қалжың бар. Өлеңінің екінші шумағы бұдан гөрі өткірлеу, болыстың атшабар, ояз алдындағы қипақтаған, тайғанақ пошымынан хабар береді. Бірақ,соның бәрін сыйлас адамына көңіл жықпайтындай етіп, зілсіз жылы әзілмен ғана жеткізген. Өлең дәстүрлі шұбыртпалы ұйқаспен жазылған. Буын саны құбылмалы, 6-дан 9-ға дейін өзгеріп отырады. Алғаш рет ақын шығармаларының 1933 жылғы бір томдық жинағына енгізілген. Кейінгі басылымдарында ешқандай текстол. өзгеріс байқалмайды. Өлең азербайжан, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған. *Т. Рсаев.*

УӘЙІС Сопыұлы (т.–ө. ж. б.) – Абайды құрмет тұтатын, жанашыр кісі. 1898 ж. Мұқыр сайлауында Абай өміріне қастандық жасаушылардың соққысын ақын денесіне дарытпай, өз денесімен қорғаштап қалған. Бұл туралы естелік материалдар Абайдың мемл. қорық-музейінде сақтаулы.

УӘЙІС Шондыбайұлы (1873–1923) – ақын, композитор. Абайдың шәкірті. Оның «Перуайым», «Шұбартау», «Шыңғыстау» т. б. әндері халық арасына кең тараған. 1894 ж. Көкбай, Ақылбай,

Мағауия сияқты дарынды ақындар тобына қосылып, Абайдың ақындық мектебінен өтеді. Оның ел аузында, көшірме қолжазбаларда және архив қорында сақталып жеткен орыс ақыны П. П. Ершовтың (1815–69) әйгілі «Конек – Горбунок» ертегі-дастанының желісімен жазған «Иванушка – дурачок» поэмасы, «Жошы – Алаша хан» (Ақсақ құлан аңызының бір нұсқасы), «Қырық уәзір» әңгімесінен алынып жазылған «Бір қыздың оқиғасы» атты дастандары мен «Кеңшілік кедейлерге заман бар ма» (1916), «Дүние байқағанға бір кең сарай» (1921) атты өлеңдерінде халықты азаттық күреске үндеп, ел қамқоры болған Абайды жастарға үлгі-өнеге етіп ұсынады. *Қ. Мұқаметханов.*

УӘЛИХАНОВ Шоқан (шын есімі – Мұхаммедханафия) Шыңғысұлы (1835–1865) – ориенталист, тарихшы, этнограф, географ, фольклоршы, ағартушы-демократ. Алғашқыда Құсмұрындағы қазақ мектебінде оқып сауат ашады, қарындашпен сурет салуды үйренеді. Сол кездегі дәстүр бойынша Шоқан ескі шағатайша да оқиды, араб, парсы кітаптарымен біртіндеп таныса бастайды, ұйғыр жазуына қанығады.

1847 ж. 12 жасар Шоқан Омбыдағы кадет корпусына түседі. Осы кезден бастап-ақ, Шоқанның шығыс зерттеушісі, әсіресе, қазақ, қырғыз, Шығыс Түркістан елдерінің маманы болуға саналы түрде дайындалғаны анық байқалады.

Көп ұзамай Шоқанның жылдар бойы аңсаған арманының жүзеге асатын кезі туады. 1854 ж. ол ген. Гасфорт экспедициясының құрамында Орт. Қазақстанды, Жетісуды аралайды, сапар соңын өзі жалғастырып, Жоңғар қақпасын, Алакөлді, Тарбағатайды көреді, қайтар жолда Қарқаралы, Баянауыл, Көкшетауға соғады. Ол осы жерлерді құр қызықтамай, зерттеуші көзімен шолады, алған әсерлерін күнделікке жазып отырады, кездескен білікті адамдардан өлкенің тарихын, әңгімелерін, шаруашылық, кәсіп деректерін, табиғат өзгешеліктерін, елдің наным-сенімдерін, салт-санасын сұрап біледі, оларды ғылыми мағлұматтармен салыстырады. Оның алғашқы сапары Шоқанның ғылыми мұраты қаншалықты нақтылы әрі қызықты екенін дәлелдей түседі. Осы бастапқы сапарының өзінде-ақ, Шоқанның кейінгі зерттеулерінің тақырыптық ауданы айқындалған-дай болады.

У-тың ғылыми ізденістерінің алғашқы қадамы ауыз әдебиеті ескерткіштерін жинап, жазып алудан басталады. Шоқан жазып алған «Қозы Көрпеш – Баян сұлудың» бір нұсқасы өзіндік өзгешеліктерімен дараланады. Оның көлемді жырлардан «Ер Көкшені» де жазып алғаны белгілі. Ғалымның қолжазбаларының ішінде «Едіге» жырының да нұсқасы сақталған. Бұл эпик. аңыздар орыс ориенталистерінің назарына ілініп, революциядан бұрын-ақ баспа жүзін көрген. Осы топтағы шығармалардың көрнектісі – «Абылай туралы жыр». «XYIII ғасыр батырлары туралы тарихи аңыз-әңгімелер» деген еңбегінде Шоқан аса қызғылықты деректер келтіреді. Мұнда сол дәуірдің белгілі қайраткерлері жайында он төрт әңгіме берілген. Сол әңгімелерде Абылайға, Бөгенбайға, Жанатайға, Сырымбетке, Жәнібекке, Байғозыға, Оразымбетке, Елшібекке, Малайсарыға, Баянға қатысты жайлар сөз болады. Қалмақ ханы Қалдан Церенмен арадағы соғыстар, елшілік қарым-қатынастар жөнінде де мағлұматтар кездеседі.

Шоқанның ауыз әдебиеті үлгілерін жинай бастаған кезеңі оның бұл саладағы зерттеушілік ісінің де ілкі шағы деуге болады. Омбыдағы кадет корпусында оқып жүрген кезінде-ақ, Ш. Уәлиханов ғылыми ізденістің алғашқы қадамын жасайды. Атақты шығыстанушы ғалым И. Н. Березиннің сұрауы бойынша «Тоқтамыс жарлықтарының» кейбір сөздерінің мәнін анықтауға ат салысады. Ол қазақ арасында Едіге, Ер Көкше, Ер Қосай, Орақ мырза жөніндегі жырлар кең тарағанын баян етеді. Шоқанның «орда», «оң қол, сол қол», «маймане», «майсара» секілді атауларды түсіндіріп беруінің өзі оның білімдарлығын көрсетеді. Жекелеген сөздердің мәнін іздегенде Шоқан тек қазақ, татар халықтарының тілдерімен ғана шектелмейді, жалпы түркі-моңғол көлеміне көтеріледі, кейде Орта Азия тарихының деректеріне сүйенеді. Осындай кең құлаштылық, әмбебаптық, тарих, этнография, фольклор, тіл фактыларын қатар салыстыра қарау У-тың кейінгі еңбектеріне тән қасиет болып қалыптасқан. Шоқан Абылғазының шежіресінен, «Шайбанинамеден», Қадырғали Жалаиридың «Жамиғ ат–тауарихынан», қазақ шежіресінен, моңғол, Алтын Орда тарихынан мол мағлұмат келтіреді. «Бабырнаманың» қазақ тарихына қатысты тұстарына көңіл бөледі. Ол тарихи жырлардың болған оқиғалармен байланысы, өз елінің ертедегі өмірі күрестерінің ізі ауыз әдебиеті шығармаларында қаншалық сақталған деген сауалға жауап іздеген. Алтын Орда, Ноғай ордасы дәуірінің көптеген белгілі батырлары қазақ аңыз, жырларының қаһарманы болып жүруі Шоқанды сол құбылыстың түбірін тексеруге ұмтылдырған.

«Жамиғ ат–тауарихтан» жасалған мазмұндама, түсініктеме де Шоқанның тарихи еңбектерге деген үлкен ілтипатын таныта алатын мысалдардың бірі. Қадырғали Жалаиридің бұл қымбатты туындысын ол түркі-моңғол халықтары туралы жазылған басқа да шежірелермен салыстырады. Олардың бәрін екшеп, қазақ тарихына қатыстыларына толығырақ тоқталады. Қадырғали Жалаири кітабы турасында еңбектің тілі «қазіргі қазақ тіліне өте жақын» деп тұжырымдайды Шоқан.

«Қазақ халық поэзиясының түрлері туралы» деген еңбектің аса маңызды тұсы онда өлең жанрларының ерекшелігін ашып, сипаттама беріп, жіктеуге талаптануы. Поэзияның түрлері бұлайша жүйеленуі елеулі ғылыми ізденіс нәтижесі, қазақ фольклортану саласының зор табысы екені анық. «Оңтүстік Сібір губернияларының тарихынан аңғармалар» деген мақаласында ғалым қазақ халқының тарихи аңыз-әңгімелерінің терең мәніне тоқталады, үлкен теориялық қорытындыға келеді. Аңыз-әңгімелер халықтың жазба тарихын қалпына келтіре қайталай алмағанымен, елдің өткендегісінің мол ақиқатын елестете алады деген пікір мұнда негізгі желі болып тартылған.

Шоқанның фольклор саласындағы тыңдырған аса мәнді істерінің қатарына қырғыз ауыз әдебиеті, оның жүйелері туралы байқаулары, жазып алғандары, талдаулары жатады. Жалпы Орта Азия, Қазақстан, Шығыс Түркістан халықтарының тарихы мен тағдырына зор жанашырлықпен қараған Шоқан ол елдердің мәдениетіне де көп көңіл бөлген. Оның жолжазбаларында, зерттеулерінде, хаттарында Россия империясын жайлаған ұсақ халықтардың халіне ерекше назар аударылып отырады. Жол-

жөнекей айтылған ойларының өзі тереңдігімен ерекшеленеді. Қырғыздың елдік тарихын сөз ететін зерттеу «Қырғыздар туралы жазбалар» деп аталады. Ғалымның ауыз әдебиеті турасындағы қызғылықты ойлары да аталған еңбекте неғұрлым мол шоғырланған. Ғалым қырғыз фольклорын негізінен үш топқа бөліп қарастырған. Ол ертектер мен тарихи немесе қиял аңыз-әңгімелерді жеке бір сала етіп көрсетеді. Қырғыз фольклорының екінші үлкен тобы сипатында эпик. аңыздар алынған. Бәрінен бұрын ғалым қырғыз жырының үйқас, ырғағындағы үндестікке, дыбыс қуалаушылыққа, басқаша айтқанда аллитерация мен ассонанстың жиі кездесетіндігіне баса назар аударған. Ол «Манас» жырына классик. сипаттама береді. «Манас» тұтас бір халықтың шығармасы, тереңнен нәр алып, ұзақ замандарда дамыған халықтың эпосы, сахараның «Илиадасы» секілді», – дейді. Зерттеушінің аса маңызды ескертпелерінің бірі жырға түрлі замандардың, алуан оқиғалардың бірте-бірте қосылып, қомақталып отырғандығын көрсетуі. «Манастың» жалғасы «Семетейдің» аса ірі аңыз екендігін көрсетеді. «Манас» жыры туралы жазба мәліметтің жоқ кезінде оған ерекше көңіл бөліп, тұтас мазмұнын, мақсатын, бас кейіпкерлерін талғап, идеялық, көркемдік қасиетіне терең баға беруі, бұл жырды орыс, Европа қауымына таныстыруы, жырдың қызықты бір бөлігін жазып алуы, оны өзі орыс тіліне аударуы Шоқанның мәңгі өшпейтін тарихи еңбектерінің бірі. Тұрмыс-салттық өлеңдерді Шоқан қырғыз фольклорының жеке саласы ретінде қарайды, бұлардың тақырыптық, мазмұндық жайларына да ерекше тоқталады. Ғалымның еңбектерінде қазақ, қырғызбен бірге көптеген халықтардың ауыз әдебиеті, эпик. дәстүрі, аңыз-әңгімелері жайында өте мәнді тұжырымдар кездесіп отыруы кездейсоқ емес. Бұл оның жалпы демократтық, гуманистік, ағартушылық көзқарасына тікелей байланысты. У. жазбаларында ұйғыр, қалмақ, саха, алтай, тілеуіт, бурят, монғол фольклорына қатысты ойлар жиі ұшырайды. Сондай пікірлердің бір саласы оның «Оңтүстік Сібір руларының тарихынан аңғармалар» деген мақаласынан көрінеді.

У. шын мәніндегі шығыстанушы ретінде көршілес жатқан елдер тарихымен де жақсы таныс болған. Оның көп мағлұматтары қытай, монғол, араб, парсы, түрік кітаптарынан алынған. Оның жазбаларының ішінен тек түркі, монғол хандарының ғана емес, жалпы шығысты билеген әулеттердің де шежіресіне қатысты деректер кездеседі. Мәселен, ол самани, газнауи әулеттері, салжұқтар, хорезмшахтар, қарақытайлар қанша заман ел билегеніне дейін нақты зерттеген.

Шоқан жазып қалдырған миф, аңыз, әпсана, өлең, жыр, мақал-мәтел, жұмбақ, шежіре ғалымның қазақ, қырғыз, монғол, алтай, ноғай, татар, ұйғыр, башқұрт, түрікмен, өзбек, қарақалпақ халықтарының рухани мәдениетін білуге, бұл елдердің бастан кешкен шырғалаң тарихын тануға, бұлардың арасындағы этник. туыстықты да, түрлі жағдайлар нәтижесінде туған алалықтарды да, сәтсіздікті де түсінуге көмектеседі. Әсіресе, қазақ пен қырғыз халқының ауыз әдебиеті бойынша жүргізген зерттеулері ешқашан мәнін жоймайтын ғылыми ерлік болып саналады.

Қазақтың ұлы ойшыл-ағартушылары Шоқан мен Абайдың дүниетанымы мен шығармашылық бағытында, тарих пен заман мәселелерін түсінуі мен талдауында, әсіресе, мәдени мұраны меңгеру, дамыту, оны елдің рухани қажетіне жарату әрекетінде мол үндестік байқалады. Бұл Абай мен Шоқанның ауыз әдебиетінің асыл үлгілерін жас кезінен санаға сіңіріп, өшпес тағлым алуынан да, небір шешендер мен ақындардың тапқыр сөздерін естіп өсуінен де, арғы түбі шығыс елдерінен таралған, араб, парсы, түркі тілдеріндегі қисса, дастан, аңыз, әпсана, ғазел мүлкін өздігінше ізденіп оқып, білімін байытуынан да, орыс және Европа кітаптары, соның ішінде олардағы фольклорлық нұсқалармен терең таныстығынан да көрінеді. Шоқан халық әдебиетін тарихты танудың аса бағалы ескерткіштері деп қараса, Абай көркемсөз байлығын жамағатты кәміл адамдық жолдарға баулып, тәрбиелеудің, жақсылықтарды өнеге етіп көрсетіп, зұлымдық, надандық атаулыны әшкерелеудің құралы санады. Абай осы мақсатты көздеп, өзінің шығармаларында ауыз әдебиетінде қалыптасқан неше алуан нақыл сөздерді, мақалмәтелдерді, тұрақты тіркестерді жаңғырта пайдаланды. Абайдың халық өлеңдеріндегі дәстүрлі ұйқастар мен буындық өлшемдерді, арнау, толғау, жоқтау, жұбату секілді фольклорлық жанрларды қолдануы осыны көрсетеді. Шығыс фольклорындағы фабулаларға сүйеніп, «Ескендір», «Масғұт», «Әзімнің әңгімесі» тәрізді көлемді туындылар жаратуы да ақынның жаһан халықтарының рухани қазынасын кең игергендігін дәлелдейді.

Шоқан мен Абайдың қазақ тарихы туралы толғамдары өткеннің тәжірибесін қорыту, халықтың сенімді болашағы үшін жол іздеу талабынан туған. Шоқан секілді Абай да шығыс пен батыстың тарихи шежірелерімен жақсы таныс болған, тарихи құбылыстарды бірі ғалым сипатында, екіншісі суреткер көзімен бағалап отырғанымен, бұрынғы замандардың қалдырған сабақтарын ел мүддесіне тарату мұраттары жақын, халықты ғасырлар бойында тұмшалап келген қараңғылық тұманынан арылтып, өркениеттің даңғыл жолына түсіру қажеттіктері мәселелерінде екеуінің ойлары өте орайлас шығады. Шоқан өзінің тарихи–этногр., фольклорлық еңбектерінде қазақ халқын көркейтудің амалы оқу–білім жүйесін жақсартуда деп көрсетсе, бұл аңбар Абай шығармаларының өзекті жемісіне айналған. Түрік халықтарының генетик., мәдени бірлігін, тарихи тағдырластығын айтқанда ұлы ойшылдар үні бірдей шығады. Мұның бәрін Шоқан мен Абай өмір кешкен дәуірдің тарихи–әлеум. мұқтаждары мен сауалдарының сабақтастығынан туындаған құбылыстар деп те қарауға болады. Қазақ халқының тәуелсіздіктен айрылып, Ресейге бағынышты, кіріптар күн кешкен заманында қоғам көкжиегінде жарқырап шыққан қайраткерлердің қалдырған мұрасы өзінің тақырып кеңдігі, талдау тереңдігі, ойларының биіктігі жағынан 19 ғ-дағы әлемдік озық ескерткіштер қатарына қосылады.

Р. Бердібаев.

УӘСИЛА Мағауияқызы (1890–1954) – Абайдың өз қолында өскен немересі. У-дан Шаймардан туған. У. жастайынан алғыр болып, Абай өлеңдерін бір естігеннен кейін қайталауды қажет етпей жатқа айтқан. Ақын У-ның осы қасиетін қатты ұнатып, қолжазбаларының бірін сыйлаған. Ол қолжазба

кейін М. Әуезовке табыс етілген. У. аздап өлең шығарған, он саусағынан өнер тамған ісмер болған. Оның Абай туралы жоқтау жыры *«Боздағым»* (1990) атты жинаққа енгізілді. У. Алматыдағы опера және балет театрында ұзақ жылдар бойы тігінші болып,



У. Мағауияқызы.

Абай қойылымдарының ұлттық киім үлгілерін тігіп, театр өнерінде өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Абайдың мінез-машықтары туралы У. естеліктері жарық көрді. У. Абайдың респ. әдеби-мемориалдық музейіне ақынның күміс белбеуін тапсырған. *М. Бейсенбаев.*

УРМАНЧЕ Бақы Ыдырысұлы (1897–1990) – суретші. Кескіндеме, графика, мүсін өнері салаларында жұмыс істеді. Ол Абай өмір сүрген жерлерді аралап: «Абай қыстауы», «Абай зираты», «Абай жайлауы» (1941, қағаз, қарындаш) суреттемелерін және 2 нұсқалы «Абай жұмыс кезінде» картинасын (1945, 1946, майлы бояу, кенеп, Қазақстан Республикасының мемл. өнер музейі қоры) жасаған. Ол сондай-ақ, М. О. Әуезовтың «Абай» романына (1946) график. иллюстрациялар, «Абай портреті» (1945, көмірлі сангина, Қазақстан Республикасы мемл. өнер музейі қоры), «Қ. Қуанышбаев Абай ролінде» (1945, кенеп, майлы бояу, бұл да сонда) туындыларын салған.

Л. Плахотная.

УСАЧЕВ Петр Дмитриевич (1930–76) – суретші, мүсінші. Ол Семей обл., Абай ауд-на арнап Абайдың сыралғысын (1965, гипс 1/2 табиғи тұлға; 1966, бетон, 2 табиғи тұлға) және «Бала Абай» мүсінін (1968, мәрмәр, биікт. 130, Абайдың Семейдегі әдеби-мемориал. музейі қоры) сомдаған. Соңғы туындыда кітап оқып отырған болашақ ақынның ойлы шағы әсерлі романтик. рухта берілген. Жүзінен ерекше жылылық еседі. У-тің «Абай Құнанбаев» атты мүсінінде (1969, гипс, диам. 50, сақталған орны белгісіз) жас Абайдың ойлы, тартымды тұлғасы сомдалған.

УСМАНОВ Хатип (1908 ж. т.) – жазушы, әдебиет зерттеуші, филол. ғылымының докторы, проф. Татар поэзиясы жайындағы зерттеулерінде («Татар өлеңі», 1964; «20 жылдардағы татар поэзиясы», 1964) қазақ өлеңінің құрылысы, А. Құнанбаев, І. Жансүгіров туындыларының ырғағы мен ұйқасы туралы сөз қозғайды. «Егіз жырлар» (1962) атты зерттеу мақаласында ол Абайды Шығыстың үздік ойшылдарымен, ақындарымен қатар қояды. «Түркі тілдес қауымда М. Ахундов пен А. Құнанбаев секілді данышпандар даярлаған дәстүрді» кейінгі буын әдебиетшілері қалай дамытып әкеткенін әңгімелейді. Абай мен Тоқай орнықтырған әдеби дәстүр жайына тоқтала келіп, Ғ. Ибрагимов, Ш. Бабич тәрізді қаламгерлердің Абай поэзиясын қалай қастерлеп, құрметтегенін тілге тиек етеді, олардың қазақ классигінің мұрасына байланысты пікірлерін келтіреді. *С. Сейітов.*

УФА – қала, Башқұртстан Республикасының астанасы. Агидель өзенінің бойында 1574 ж. іргесі қаланған. Абай есімін және мұрасын түркі тілдес шығыс халықтарына таныстырып, насихаттауда У. қ-сы елеулі қызмет атқарған. Осында жарық көрген З. әл-Жауһаридің «Насихат Қазақия» атты кітабында (1909) «Тобықты Ыбырай марқұмның сөздері» деген айдармен Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек...», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» өлеңдері жарияланған.



Абай портреті. Б. Ы. Урманче. 1945.



ҮЙҒЫН, шын аты-жөні – Рахматулла Атакузиев (1905 ж.т.) – өзбек ақыны, драматург. Өзбекстан Республикасының халық ақыны, Социалистік Еңбек Ері. Оның «Жеңіс жырлары», «Ашу-ыза мен махаббат», «Өзбекстан» өлеңдер жинақтары мен «Әлішер Науаи», «Екі дәуір», «Әбу Райхан Бируни», «Әбу Әли ибн Сина», «Азаттық», «Достар» пьесалары өзбек оқырмандары мен көрермендеріне жақсы таныс. Ол Абай шығармаларын Өзбекстанда таныстыру ісінде айтарлықтай еңбек етті. 1945 ж. ақынның Ташкенттегі «Уздавнашр» баспасынан жарық көрген жинағына енген өлеңдері мен «Масғұт» дастанын аударысқан. Ұ. аудармалары ақынның өзбек тілінде баспадан шыққан 1961, 1970 ж. жинақтарына да енгізілген.

ҰЙҒЫР – Орталық Азиядағы көне түркі халықтарының бірі. Қазіргі ҚХР, Шыңжаң ұйғыр автоном. ауданының тұрғын халқы. Аздаған бөлігі Қазақстанда тұрады. Тілі – түркі тілінің оңт.-шығыс тобына жатады. 15 ғ-да Жетісуға қоныс аударған Ұ-ларды тараншы (дихан) деп атаған. Абай «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген тарихи еңбегінде ертеректе Енисей жағалауларынан Алатауға келген көшпелі халықтар (қырғыздардың ағайындары) тағдыры туралы: «Арғы жер бұрыннан ұйғыр нәсілді халықтың орныгып, иеленген жері болып, онан әрі бара алмапты. Ол ұйғыр халқының ханы өзіне қараған халыққа есептеп жүріпті» деген құнды мағлұматтар береді. Одан әрі қырғыздардың арғы тегін талдай отырып: «Қырғызға қырғыз деп ұйғыр хандарының бірі ат қойса керек. Шабуыл кезінде олардың атты әскері алдымен ұрысқа кірісетін болғандықтан ұйғыр хандары «бруттарды» қырғыз атандырыпты» деген дерек келтіреді. Абайдың бұл мағлұматынан қырғыздардың бір кездерде Ұ. хандығының қарамағында болғанын білеміз.

ҰЙҒЫР ӘДЕБИЕТІ. 20 ғ-дың басынан ұйғыр халқының тарихи отаны Шығыс Түркістаннан

(қазіргі Шыңжаң ұйғыр автоном. ауданы, Қытай) сырт өлкелерде идеялық-тематик. бағдары, көркемдік-эстетик. ерекшеліктері жағынан жаңа әдебиет дами бастады. Бұл әдебиеттің дүниеге келуі, қалыптасу және өсу процестері негізінен Қазақстан өмірінде жүзеге асырылған саяси, ағарту, мәдени шаралармен тығыз байланыста өтті. Сондықтан да ұйғыр әдебиетінің басқа халықтар ішінен қазақ әдебиетімен байланысы ерекше орын алады. Көптеген қазақ ақын-жазушыларының шығармалары жас ұйғыр әдебиетшілері үшін шын мәнінде әдеби мектеп болды. Осы тұрғыдан ұйғыр ақындары ең алдымен кемеңгер Абай Құнанбаевтың мұраларынан сусындағаны табиғи құбылыс. Қазақ ақындарын 30-жылдардың өзінде-ақ көп аударған И. Саттаров ұйғыр поэзиясына ұлы Абайдың «Бойы бұлғаң...» өлеңінің түрін кіргізген. Ақын Илья Бахтия шығармашылығында Абай өлеңі түрлерінен оңды пайдаланған жайттар көп бой



Абайдың 1987 ж. Алматыдағы «Жазушы» баспасынан ұйғыр тілінде жарық көрген өлеңдер мен поэмалар жинағы.

көрсетеді. «Осылай жазсам деп арманда ған ақын-ұстаздар менде де бар. Ол шығыс классиктерінің бірі, қазақ халқының ұлы ақыны Абай! Мен оны жаттап өстім», – деп жазды ол кейін. Абай өлеңдері 30-шы жылдардан ұйғыр тіліне аударылып келеді. Қазақ жазба әдебиеті классигінің кейбір өлеңдерін И. Саттаров, Қ. Хасановтар аударып, баспасөз беттерінде ұйғыр оқырмандарымен алғаш таныстырған болатын. Абайдың өлеңдері ұйғыр мектептері үшін шығарылған оқулық кітаптарда тұрақты орын алып келеді. 1972 жылы Абайдың шығармаларының таңдамалылары Д. Ясеновтың аудармасында, «Көзімнің қарасы» деген атпен жарық көрді. 1987 ж. Абайдың өлеңдері мен поэмаларының көлемді бір томдығы ұйғыр тілінде басылды. Бұл кітаптарға енген Абай өлеңдерін тәржімалауға көрнекті ұйғыр ақындарынан һ. Бахниязов, М. Абдрахманов, И. Жалилов, А. Дөлатов, И. Ушуров, Д. Ясеновтар қатысқан.

М. Абдрахманов.

ҰЙҚАС. Өлең тармақтарындағы аяққы сөздердің дыбыстас естілуі, үндестігі. Жалпы ұйқас ырғақты күшейтеді, тармақ жіктерін ажыратады. Ұ. өлең жолдарын бір-біріне көгендейді, өлеңнің шумақ, тирада сияқты бөліктерінің әрқайсысын бір бүтін етіп тұтастырады, сондықтан әр шумақтың немесе әр тираданың ұйқасы, суреті өз алдына бөлек-бөлек болып келеді. Қазақ өлеңі, оның ішінде Абай өлеңдері де аяққы ұйқасқа құрылған. Абай өлеңдерінде ұйқастың қазақ әдебиеті теориясында айтылатын түрлерінің (қара өлең ұйқасы, шұбыртпалы, ерікті, кезекті, шалыс, егіз, аралас ұйқастар) бәрі бар. Абайдың өрен ақындық шеберлігі мен жаңашылдығының көрінісі – өлеңнің шумақты-шумақсыз құрылымына, сондай-ақ, шумақты өлеңдерінің неше тармақтан тұратындығына қарай ұйқас суретін құбылту – Ақынның 4 тармақты, 7–8 аралас буынды өлеңдерінің көпшілігі -а, -б, -а, -б суретті шалыс ұйқасқа құрылған. Мыс. :

Желсіз түнде *жарық ай*, – а
Сәулесі суда *дірілдеп*. – б
Ауылдың жаны терең сай, – а
Тасыған өзен күрілдеп. – б

Абайдың 4 тармақты бірөңкей 7 буынды немесе бірөңкей 8 буынды өлеңдері -а, -б, -а, -б және -а, -а, -б, -а суретті ұйқаспен жазылған. 6 тармақты, шумақты кейбір ұйқас өлеңдері -а, -б, -а, -б, -в, -в түрінде келеді, бұл да Абай шығармаларынан басталатын ұйқастың түрі:

Ғашықтық іздеп *тантыма* – а
Аз күн әуре несі іс? – б
Өзіңнің қара *артыңа*, – а
Өткен өмір бейне түс. – б

Өлгенше болар *бар ма дос*, – в
Қуаныш, қайғы – *бәрі бос*. – в

6 тармақты, шумақты өлеңдерінің көбі -а, -а, -б, в, -в, -б ұйқасымен келеді:


Бойы *бұлғаң*, – а
Сөзі *жылмаң* – а
Кімді көрсем, мен сонан – б
Бетті *бастым*, – в
Қатты *састым*, – в
Тұра қаштым *жалма-жан*. – б

6 тармақты 11 буынды, шумақты «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деген өлеңі әдеттегі қара өлең ұйқасымен (-а, -а, -б, -а) басталады да, қалған 2 тармағы-в, -а болып жалғасады. Мұндай өлеңдердің буын өлшемдері де, ұйқас суреті де, тіпті, шумаққа топталуы да – Абай енгізген жаңалықтар, Абайдың дара қолтаңбасы болып табылады. Ақынның өлең құрылымы буын саны, ұйқас жағынан бір өзіне тән қолтумасы 14 тармақты, шумақты өлеңдері болса, олардың ұйқасы мүлде басқаша, бұрынғы қазақ өлеңдерінде (тіпті, Абайдан кейін де) кездеспеген сурет. 14 тармақтан тұратын «Сен мені не етесің?..» өлеңінің 1 шумағы синтаксистік құрылымы жағынан өз ішінен 2-ге бөлінеді де -а, -б, -б, -в, -г, -г, -а, -а, -д, -д, -г, -г, -а ұйқасымен келеді:

1. Сен мені **не өтесің**? – а
2. Мені **тастап**, – б
3. Өнер **бастап** – б
4. Жайыңа – в
5. Және **алдап**, – г
6. **Арбап** – г
7. Өз бетіңмен **кетесің** – а
8. Неге **әуре етесің**? – а
9. **Қосылыспай**, – д
10. **Басылыспай**, – д

11. **Байыңа** – в
12. Және **жаттан** – г
13. **Бай тап** – г
14. Өмір бойы қор **етесің.** – а

Синтаксистік құрылымы мен композициялық құрылысы, ырғағы мен үйқас суреті жағынан қазақ поэзиясына Абай әкелген соны дүниелер – оның сегіз аяқтары, яғни, 8 тармақты, шумақты 3 өлеңі. Бұлардың үйқас суреті -а, -а, -б, -в, -в, -б, -г, -г. Мұндағы -а, -а, -в, -в, -г, -г үйқасымен берілген тармақтар өзара бір-бірімен синтаксистік әрі мағыналық жұптар түзеді, Абай поэзиясындағы үйқасқа қатыстырылған сөздер өлеңнің мазмұнына, ойына, стиліне тікелей қатысты болып келеді. Оның



Абайдың 1970 ж. Ригада латыш тілінде жарық көрген өлеңдер жинағы.



Абайдың 1923 ж. Қазан қаласында жарық көрген өлеңдер жинағының алғашқы ішкі екі беті.

сатиралық өлеңдерінде адамның мінез-құлығын жағымсыз жақтан көрсететін сөздердің бір тобы еліктеуіш, бейнелеуіш сөздер. Сондықтан ақын «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деген өлеңін бастан-аяқ **қыртың**, **бұртың**, **тырқың**, **жырқың** сияқты жағымсыз бейнелі сөздердің үйқасына құрады, **жұртым**, **ұртың**, **құлқын** деген мәнді, «бояусыз» сөздерді соларға үйқастырады. **Далпылдап**, **жалпылдап**, **бартылдап**, **барқылдап**, **шаңқылдап**, **тарқылдап** «Болыс болдым, мінеки» деген өлеңінде, **бос салақтап**, **бұтып-шатып**, **құдай атып** деген сияқты бейнелі сөздер жағымсыз бейне жасау үшін үйқасқа алынады. Тек жағымсыз бейнелерді жасауға үйқасатын сөздерді таңдап алу – Абай шеберлігінің бір қыры. Мыс. , «Единица – жақсысы, Ерген елі – бейне нөл.., Единица кеткенде, Не болады өңкей нөл» деген ойды бір өлеңінің өзегі еткен Абай орыстың «ноль» сөзін бейне етіп қазақ поэзиясына енгізеді де, оған ой екпінін түсіру үшін өлеңді бастан-аяқ осы сөздің үйқасына құрады.

Абай портрет жасауда да, пейзаж беруде де үйқасты шебер пайдаланады. – **ып** (-іп, -п) жұрнақты өткен шақ көсемше тұлғасымен келген етістік үйқастардың барлығы дерлік бейнелі қолданыстар, олар жаздықүнгі ауыл суретін беруге (Ат, айғырлар, биелер Бүйірі шығып **ыңқылдап**, Суда тұрып **шыбындап**...), көбінесе, адамдардың қимыл-әрекеті арқылы олардың портретін жасауға қолданылады. Абайдың жалпы етістік тұлғаларын өлең үйқасына алып бейне жасауға қатыстыруы бұрыннан келе жатқан поэтикалық амалды нығайтып, одан әрі дамытуы болса, екінші жағынан, оның өзіне тән қолтаңбасы. Өйткені, Абай пайдаланған етістік үйқастар байырғы қазақ поэзиясындағы ашық райдағы тиянақты баяндауыштар емес (**барады**, **алады**, **қалады** сияқты), -ып жұрнақты тиянақты да, тиянақсыз да болып қызмет атқаратын көсемшелер, да шылауымен келген шартты рай тұлғасы (Жарқ етпес қара көңлім не қылса да, Аспанда ай менен күн шағылса да...), барыс септіктегі -у жұрнақты тұлғасы (*«Интернатта оқып жүр»* деп басталатын өлеңінің үйқастарын қараңыз), -мақ жұрнақты тұлғасы (*«Тоты құс түсті көбелек»*, *«Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек»* сияқты өлеңдерінің үйқасына назар аударыңыз) болып келеді.

Өлеңнің көптеген шумақтары мен жеке бөліктерінің 1 үйқасты (монорифмалық) немесе әр түрлі үйқасты болып келуінің оның композициясы мен ойдың берілу сипатына тікелей қатысы бар. Бір үйқас тәсілі қазақ поэзиясында бұрын да қолданылып келген, бірақ, ол көбінесе, 7–8 буынды шумақсыз жыр өлшемінде қолданылған, ал, Абай бұл тәсілді 11 буынды 4 тармақты өлеңдеріне де енгізген және етістік бір үйқаспен қатар, өзге сөз тұлғаларын да пайдаланған. Бір үйқасты Абай әдейі қалайды, өйткені, ол ең алдымен ой тұтастығын жасауға көмектеседі.

Өлеңді шумақтарға топтастыруда үйқас сурет – ең негізгі белгі. Абай өлеңдерінде тек 4 тармақты емес, 6 тармақты (алты аяқ), 8 тармақты (сегіз аяқ), 14 тармақты, кейде аралас тармақты болып құрылған өлеңдерінде үйқас

негізгі роль атқарады. Сонымен қатар, Абайда ұйқас – тирада деп аталатын өлең құрылымын жасауға қатысады. Тирада – бір өлеңнің тармақ саны әркелкі болып келген бөліктері. Бұндай бөліктердің ара жігін айыратын ұйқас болады. Мыс., ұйқасқан сөздеріне қарай «Қайғы шығар ілімнен» деп басталатын өлеңі 7 бөліктен тұрады: 1-бөлік 8 тармақты ұйқасатын сөздер: **ілімнен, білімнен**... **мінімнен**, 2-бөлік 4 тармақты **қайда жоқ, пайда жоқ**, 3-бөлік 10 тармақты **дәулетке, келбетке**... **әлбетте**, 4-бөлік 12 тармақты **ұлықтап, қызықтап**... **құрықтап**, 5-бөлік те 12 тармақты **қансаңыз, салсаңыз**... ол **қарыз**, 6-бөлік 10 тармақты **бурыл шаш, топтан қаш**... **өлсең де аш**, соңғы 7-бөлік 4 тармақты **қайда жоқ, пайда жоқ** тирадалар. Бұл өлеңнің әр бөлігінде тармақ сандары ғана әркелкі емес, ұйқас суреттері де әр түрлі: 8, 10, 12 тармақты бөліктер -а, -а, -б, -а, -в, -а, -г, -а, -д, -а болып ұйқасса, 4 тармақты 2 бөлік -а, -б, -в, -б ұйқасымен келеді. Соңғы ұйқас суреті өте сирек, ол өз алдына жеке шумақ не тирада құрастырудан гөрі, тұтастың сынығы іспетті. Абайдың бірқатар өлеңі тирада құрылымымен келген. Ұйқасына қарай топтасқанда *«Ғылым таппай мақтанба...»* деп басталатын өлеңі 2-ақ бөліктен тұрады: біріншісі 43 тармақты 1 тирада болса, 2-бөлігі 34 тармақтан құрылған 1 тирада. Сол сияқты Абайдың *«Бөтен елде бар болса...»* деп басталатын өлеңі 17 бөлікке бөлінген, 17 тирададағы құрылған шығарма деп тануға болады. Мұндағы әр бөліктің жігін айырып тұрған – ұйқастырылған сөздер. Әр бөлік тирада болғандықтан, тармақ сандары әр түрлі: бірінде көп, бірінде өте аз. Тирадаға құрылған өлеңдердің қатарына «Сап, сап, көңлім, сап, көңлім», «Болыс болдым, мінекей» т. б. өлеңдері жатады.

Әдеб. : Жұмалиев Қ. Қазақтың өлең құрылысы, тілі жөніндегі Абайдың жаңалықтары. – Майдан, 1944, №2; Сыздықова Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. – А., 1971; Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – А., 1973; Қабдолов З. Сөз өнері. – А., 1982. *Р. Сыздықова.*

«ҰЛАН» – балалар мен жасөспірімдердің республикалық газеті. Алғаш рет «Пионер» деген атпен 1930 ж. 14 наурыздан «Лениншіл жас» газетінің арнаулы беті ретінде, сол жылғы 5 қарашада дербес басылым болып шыққан. 1937–41 жылдары «Октябрь балалары» (1941–46 ж. шығуын уақытша тоқтатқан), 1946 жылдан «Қазақстан пионері», 1990 жылдан «Ұлан» деген атпен шығып келеді. Газетте Абай тақырыбы мол орын алып, А. Тоқмағамбетовтың «Абай – еңбек жаршысы» (23. 6. 1939), «Абай және Пушкин» (28. 6. 1939), М. Ғабдуллиннің «Абай өмірі мен творчествосы» (29. 1. 1940; 16. 10. 1940), «Абай мен Тастай би» (16. 10. 1940), «Абай» (12. 8. 1948), Ә. Жиреншиннің «Абай туған жерде» (№6, 1948), С. Қирабаевтың «Орыс әдебиетінің жыршысы» (29. 5. 1954), А. Нұрқатовтың «Ұлы ақын», «Абай музейінде», «Абай әні» (4. 9. 1954), Ә. Дербісәлиннің «Пушкин мен Абай» (15. 6. 1964), Р. Бердібаевтың «Жауһар мұра» (24. 9. 1987) т. б. мақалалары жарияланды. Газет 1990 жылдан Абайдың «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар, қалан» деген сөзін негізгі айдары етіп алды. *Б. Сапаралы.*

ҰЛЖАН (1810–87) – Құнанбайдың екінші әйелі, Абайдың анасы. Арғы атасы Орта жүз *Қаракесектен* тарайтын *Шаншардың* Нұрбике деген әйелінен туған Бертіс биден: Мөшке, Битен, Шитен деген немерелері өрбиді. Битеннен – Қантай, Тонтай, Тұрпан, Тұрпаннан – апалы-сіңлілі Ұлжан, Молқара дүниеге келеді. Ұ-нан: Тәңірберді, Ибраһим (Абай), Ысқақ, Оспан туады. Ұ. өте сабырлы, кең мінезді, сөзге ұста, тапқыр, шешен кісі болған. Абай анасының осындай асыл қасиеттерін жастайынан бойына сіңіріп өскен. М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында Ұлжанның бейнесі тамаша жасалған.

«ҰЛТТАР БАСПАСЫ» – Қытай Халық Республикасы мемлекеттік Ұлттық Істер Комитетінің 1953 ж. Пекин қ-нда құрылған әмбебап баспасы. Баспа корей, қазақ, моңғол, ұйғыр, тибет тілдерінде қоғамдық және жаратылыстану ғылымдарының әр саласынан ғыл. методик. кітаптар шығарады. Мұнда ғыл. , саяси-экономик. еңбектермен қатар көркем шығармалар, әдеби журналдар басылып, дыбыс таспалары жазылып таратылады. Баспа Абай шығармаларының жинақтарын шығарып, ақын өлеңдерін жан-жақты зерттеп, насихаттау ісін жүйелі жолға қойған. 1986 ж. бір топ Қазақстан авторларының *«Абайдың қарасөздері»* деген мақалалар жинағы, 1987 ж. қытай ғалымы Қабайдың (Ха Хуанджанның) «Абай және Абай шығармашылығы» деген көлемді монографиясы жарық көрді. Ал, осы баспада басылатын **«Алқап»** журналының 1989 жылғы 7-санында зерттеуші Ыбырай Қожахметовтың «Поэзия қасиеті және Абай поэзиясы», 8-санында Бексұлтан Кәсейұлының «Абайдың әдебиетімізге ықпалы» деген мақалалары жарияланған. Бұл материалдарда Абай шығармаларының көркемдік ерекшеліктерімен қоса оның Қытайдағы қазіргі қазақ әдебиетіне жасап отырған әсері кең көлемде сөз болып, нақты мысалдармен дәлелденеді. *Т. Рсаев.*

ҰЛТТЫҚ САНА. Ұлттық сананың қалыптасуына және оның дамуына екі тұрғыдан қарауға болады: 1. сезімдік, түйсіктік, 2. саналы теориялық. 1-сі өз елін, халқын, ұлтын сыйлайтын, сүйетін алғашқы ыстық сезімнен туса, 2-сі өз елінің, халқының, ұлтының өткенін, қазіргісін, келешегін толық біліп, тексеріп, халық тағдырына, ұлт мәселелеріне мемл., елдік, тіпті дүн.жүз. тұрғыдан теориялық ұлттық бағыт-бағдарлама тұрғысынан қарап, аңғару арқылы болатын саналы ойдан туады. Ал, ұлттық сананың жасаушысы, қолдаушысы, қорғаушысы, сақтаушысы әрқашанда ұлттық интеллигенция, ұлттық зиялы қауым – халықтың тек сезімі ғана емес, ойы, санасы оянған өкілдері, артына, қазіргісіне, алдына ой жүгіртіп, көз жіберетін, «Қыранша қарап Қырымға, Мұң мен зарды қолға алып, Кектеніп надан зұлымға, Шиыршық атып, толғанатын» ұлы ойшылдар ғана ұлттық сананың негізін салып, ірге тасын қалаған. Дәл осы тұрғыдан Абай сезімтал да ойшыл, білімдар да кемеңгер. Халқының өткеніне қиналған, қазіргісіне күмәнданған, алайда келешегінен үміттеніп, «шиыршық атып толғанған» Абай: «Осы мен өзім – қазақпын. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе? Егер жақсы көрсем, қылықтарын қостасам керек еді... Ондайым жоқ. Егер жек көрсем, сөйлеспес ем, мәжілістес, сырлас, кеңестес болмасам керек еді, тобына бармай, «не қылды, не болды?» демей жата беру керек еді... бұлардың бәрі де жоқ... Мен өзім тірі болсам да анық тірі емеспін... Сыртым сау болса

да ішім өліп қалыпты. Ашулансам, ызалана алмаймын. Күлсем, қуана алмаймын... деп, халқының қамын ойлап қиналады, қапаланады, халқының мінін, кемістігін көрсетіп, бетіне баса сынайды. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым, Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың. Жақсы менен жаманды айырмадың. Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың» деп бір жағынан қатты қиналса, екінші жағынан «Дүниеде ешнәрседе баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді? деп, үміттенеді.

Ойшыл ақынның ұлттық сана жөніндегі пікірін үш тұрғыдан пайымдауға болады. 1-ден, қазақ халқының ұлттық санасының қалыптаса бастауы жөніндегі ойлары; 2-ден, Абайдың өз заманындағы ұлттық сананың ерекшеліктері, қайшылықтары, белгілері туралы ойлары; 3-ден, қазақтың ұлттық санасының қалыптасуын, дамуын Абай қазақ халқының шығуымен тікелей байланыстырады. Абай *«Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы»* деген еңбегінде аталған мәселелерге ерекше тоқтала келіп, адам баласының бір саласы Үндістан тарапынан келген, олар «ертерек ғылымға үйір болып, қайдан шыққандарын білгендер», екіншіден – монғол жағынан келген; олар заманның көбін ғылымсыздықпен өткізіп, тауарихларын терең білмейді... соның бірі – біздің қазақ, – деп, қазақтың **сары** нәсілге, оның ішінде монголоид тегіне жататынын білдіріп, қазақты өзінің тегімен таныстырады. Қазақтың ертеректе Амудария және Сырдария бойын жайлағанын, сонсоң Алатау бөктерін, Ташкент төңірегін, кейіннен «Ақтабан шұбырындыға» ұшырап, қалмақтардан қауырт жеңілген соң Сарыарқаға, Шығыс тауына ауыса көшкенін айта келіп, «Қазақтың қатты өсе бастағаны Құба қалмақтың жұрты бұзылған соң, осы Сарыарқаға орныққан соң ғана болса керек», – дейді.

«Ақтабан шұбырындыдан» кейінгі қырық жылға созылған қиян-кескі шайқас – қазақ халқының ұлттық санасын қалыптастыруда аса үлкен орын алған 1-дүн.жүз. соғыс болғанын Абай аңғарғандай. «Ақтабан шұбырынды» жөніндегі ойларында Абай халықтың сан жағынан өсуін ғана емес, сапа жағынан да, әсіресе, сана жағынан өсуін де ескеріп отыр. Алғашында ойсырай жеңілгеніне, қансырай күйрегеніне қарамастан Абылай ханның, Бұхар жыраудың, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай батырлардың, Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің халықтың санасын оятып, төңірегіне үш жүздің халқын жинап, бүкіл қазақ «халық болып қаруланып» Отансүйгіштік, патриоттық ұлттық сананы рухани ту көтеріп, қазақ жерін азат етіп, тілін, дінін, тінін, әдет-ғұрпын, салт-сананы сақтап қалғанын Абай жақсы білген.

Енді Абай кезеңіндегі ұлттық сананың қайшылықтары мен ерекшеліктеріне тоқталайық. 18 ғ-дың ортасында ұлттық сананың қалыптасу кезеңімен бірге үш жүздің басы қосылып, мемлекет болып құрылуымен қатар, осыған қарсы құбылыс Россия империясының қазақ халқын отарлау, боданға айналдыру процесі басталды. Бұл процесс ескі жаранның – рушылдық жаранның аузын қайта ашты. Осы орайда орыс патшасы II-Екатерина өзінің отарлаушыларына берген бір нұсқауында: «1. Қырғыз-қазақ халқының бір ру басшыларын екінші ру басшыларымен араз етіп, бірімен-бірін қас етіп, бірінің етін бірі жеуге себеп болыңыз. 2. Сұлтандардың бірімен-бірін араз қылып, бірімен-бірін иттей таластырып, бірін-бірі жеуге себеп болардай іс қылыңыз», – деп, қазақтардың отарлаудың ежелгі әдісі – «бөлшекте де билей бер» деген саясатын іске асыра бастады. Абай орыс халқын, Пушкинді, Лермонтовты, Толстойды т. б. орыс халқының озық ойлы қайраткерлерін өте жақсы көрді. Алайда, Ресейде Пушкин бар еді, сонымен бірге пушка да бар еді... Абай Пушкиннің кім екенін бар ынта-жігерімен түсінгенімен, пушкаға, патша империясының қазақты орыстандыру саясатына ашық қарсы шықпаса да іштей наразы болды. Абай өмір сүрген кезеңде ұлттық санада қайшылықтар шиеленісе түсті. Соның ең негізгілері рулық сана мен ұлт бірлігіне ұмтылу, жалқаулық пен еңбекқорлық арасындағы қайшылық, арызқойлық пен шын мәнінде әділеттілікке ұмтылу арасындағы т. б. қайшылықтар.

Абайдың рушылдық санамен күресі. Абай заманында қазақ қоғамының дамуына, өсіп-өнуіне, прогреске ұмтылуына зиянды әсерін тигізген кесепат құбылыс – рушылдық сана, алтыбақан алауыздық, береке бірліктің жоқтығы, руға, тайпаға, жүзге бөлінушілік болды. Сананың жекеден жалпыға қарай даму сатыларын: 1) Аталық сана, 2) Рулық сана, 3) Ұлттық сана, 4) Әлемдік сана деп шартты түрде бөлуге болады. Абай өмір сүрген заманда осының бәрі де болды. Шоқан, Ыбырай, Абай алдыңғы қатарлы елдердің кемеңгерлеріндей әлемдік сананың деңгейіне көтерілгенмен, қалың бұқара халық рулық сананың шеңберінен шыға алмады. Бұның 2 түрлі себебі болды. 1. Молшылықта өмір кешкен көшпелі тіршілік. Ру-ру болып малымен бірге көшіп жүрген үлкенді-кішілі рудың, тіпті тайпаның өз көктеуі, жайлауы, күзеуі, қыстауы болды. Ру – бір жағынан әр адамның қазіргі тілмен айтқанда азаматтық паспорты болса, екінші жағынан ру – әр адамның қиын-қыстау кезеңде т. б. кезеңдерде табан тірер тірегі болды. Осыдан келіп жеке адамдар, әсіресе, ру басшылары елдік, бүкілхалықтық мақсат-мүдделерден гөрі рулық, тайпалық мақсаттар мен мүдделерді алға шығарды, жер үшін, жесір үшін өзара жауласу, барымталасу күшейе түсті. Міне, сондықтан да Абай рушылдық сананы өзінің «Ызалы жүрек, долы қол, улы сия, ащы тіл, Не жазып кетсе, жайы сол, Жек көрсеңдер өзің біл», – деп, өзінің ұстарадай өткір тілімен аямай сынады. Өзі туып өскен қоғамның қандас жалғасы бола тұра, өз ортасынан рухының биіктігімен озып шығып «Менсінбеуші ем наданды, Ақылсыз деп қор тұтып, Түзетпек едім заманды, Өзімді өзім тым-ақ зор тұтып» деп ашына жазған.

Абай кемеңгерлігінің өзіне дейінгі, өз кезіндегі, өзінен кейінгі зиялылардан ерекшелігі сол – Абай халық санасын өзгертуді өз аулынан, өзінің туып өскен ортасы, тайпасы, руы – Тобықтыны сынаудан бастайды. «Ел бұзығы тобықты, Көп пысыққа молықты, Малдының малын көре алмай, Борышын түгел бере алмай, Көрінгенге обықты» деп, сол кездегі тобықты ішіндегі пысықтарды түйреп өтсе, «Арғын, найман жиылса, Таңырқаған сөзіме, Қайран сөзім қор болды, Тобықтының езіне» деп, өз аулында, өз руында өзін

түсінбейтін, тек болыс болуды арман ететін, күштілері сөз айтса, шыбындап бас изейтін, жағымпаз, санасыз, ел қамын ойламайтын тоғышарлардан жиренеді.

Рушылдық сананың өсуінің негізгі себебі – Россия империясының қазақ даласын толық отарлауға бағытталған 1822–68 ж. шыққан аға сұлтандар мен болыстарды сайлау, уездік соттарды тағайындау жөніндегі ережелер мен заңдар болды. Осындай заңдар мен ережелердің ішіндегі ең зияндысы, халықтың санасын аздырушы – болыс сайлау мен сот сайлауы. Болыс сайлауы – рушылдықты жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай өсіріп, отқа құйған майдай маздатса, сот сайлауы – қазақ даласында бұрын-соңды болып көрмеген «арызқойлық» деген жаңа індетті тудырды. Сайлау заңдарына наразы Абай «Орыс айтты өзіңе ерік берем деп, Кімді сүйіп сайласаң, бек көрем деп. Бұзылмаса, оған ел түзелген жоқ, Ұлық жүр бұл ісіңді жек көрем деп». Әр ру болыстыққа өз адамын сайлағанды қалайды... Үш жылға болыс сайланады, үшінші жылы сайлау жақындап қалып, тағы да болыс болып қалуға болар ма екен деп күні өтеді. Осыдан келіп ел іші жік-жікке, ру-руға бөлініп, өзара топтасып партия құрысады, ұйымдасады. Шығу тегі жақын екі ру, екі тайпа бір-бірімен бірде жауласып, бірде жарасып, бірде жақындасып, бірде қас, бірде дос болып күн кешеді. Патша өкіметіне керегі де осы. «Болды да партия, Ел іші жарылды, Әуремін мен тия, Дауың мен шарыңды» деп налыған кездері аз болмаған. Рушылдыққа, жікке бөлінушілікке Абай ұлттық береке-бірлік идеясын қарсы қояды. Қазақтың бір мақалы: «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік» дейді, бірақ, «бірлік» дегеннің не екенін қате түсінеді. Олардың ойынша «бірлік» – ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. «Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не зиян?». Бұл бірлік емес, біреуге біреу тегіннен-тегін міндетсігендік, жатыпішерлік. Шын мәніндегі бірлік – ақылға бірлік, ел қамын, ұлт қамын ойлаудағы санадағы бірлік, халықтың келешегі үшін күрестегі бірлік екенін кесіп айтады. Тек бірлік болса ғана қазақ ел бола алады, бостандыққа, тәуелсіздікке жете алады, оның керісінше, «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген мақалмен түйіндейді. Абай нысанаға алған моральдық кемістіктің ең бір көбірек өріс алғаны – жалқаулық пен еңбеккорлық арасындағы қайшылық. Қазақтың... жалқау болатындығының себебі не? – деп сұрақ қояды да, өзі жауап береді: «Һамма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді, әрбір мақтаншақ ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді, әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады», – дейді. Жалқаулыққа, еріншектікке Абай еңбекқорлық идеясын қарсы қояды, өз ұлтының келешегін барлық халық болып жұмылып істеген баянды еңбектен күтеді. «Әуелі өнер ізделік қолдан келсе, ең болмаса еңбекпен мал табалық», «Түбінде баянды еңбек егін салған, Жасынан оқу оқып, білім алған. Би болған, болыс болған өнер емес, Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған». Әркім өз еңбегімен күн көріп, еңбегінің жемісін жеп, оны мақтан етуі керек. «Бақпен асқан патшадан Мимен асқан қара артық. Сақалын сатқан кәріден Еңбегін сатқан бала артық» деп ой түйеді.

Сол кездегі аса шиеленісіп тұрған мәселенің бірі – ұлттық сананың әділеттілікке ұмтылуы мен арызқойлықтың көбеюі арасындағы қайшылық болды. Халық санасына тереңдеп сіңе бастаған арызқойлық кесапаттың ел арасын бүлдіруден басқа берері жоқ екенін жанымен түсінген ақын:

«Қазақтың қайсысының бар санасы?
Қылт етерде дап-дайын бір жаласы.
Пысықтықтың белгісі – арыз беру,
Жоқ тұрса бес бересі, алты аласы» –

немесе:

«Барып келсе, Ертістің суын татып,
Беріп келсе, бір арыз бұтып-шатып», –

деп, арызқой жылпостарды аямай сынға алады. «Елді алып, Еділді алып есіреді, ісіп-кеуіп, қабарып келе жатып». Осы бір арызқойлық кесапатты Абай өзінің *Қырық екінші сөзінде* «Бұл күндегіге байлық та мақтан емес, ақыл, абырой да мақтан емес. Арыз бере білу – мақтан... Ендігі жұрттың ақылы да, тілеуі де, харакеті де – осы» деп жазады. Россияға бағынғанға дейін қазақта арыз жазушы да, арызды қабылдап алушы да болмаған. Ол кездегі ел ішіндегі дау-шарлар қазақтың өзіне тән ағайыншылық, адамгершілік жолымен шешіліп отырған. Бұл жөнінде Абай *Отыз тоғызыншы сөзінде* біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен: ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Ол ел басы, топ басылары қалай десе, халық соған көніп, ағайындарының жақсылығын асырып, жамандығын жасырып, бәрін де бауырындай көріп, қамын жеген. Екіншісі – намысқор келеді екен. Аты аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен... «Ағайынның азары болса да, безері болмайды» деп, бір-бірімен келіседі, бірлеседі, берекелеседі екен», – дейді. Мұндай жағдайдың пайда болуының негізгі себебі – патшалық Россияның қазақ даласын қалай басқару туралы 1822, 1824, 1838, 1854, 1855, 1867–68 жылдары шыққан заңдары мен ережелері және соларды іске асырудың зұлымдық тәсілдері еді. Бұл заңдар қыр қазақтарының санасында орыс мемлекетінде әділеттілік бар, заңдылық бар деген жалған үміт, жалған сенім тудырды. Үстірт қарағанда бұл заңдар сыпайы ғана «ереже», («положение») деп аталды. Шын мәнісінде қыр қазағын Россия империясының «әділ» заңына сендірудің зымиян әрекеті еді. Барлық ақиқат, әділеттілік, шындық ақ патшаның заңдарында деген жалған пікірге сенген аңқау, ақ көңіл қазақ құрсаулы қақпанға қалай түскенін байқамай да қалды. Міне, осыдан келіп арызқойлар, жалақорлар көбейді. Сол қақпанға түскен, жалған ойға иланған, бала мінезді қыр қазағы бірінің үстінен бірі арызданып, әділеттілікті уезд бастықтарынан, ояздан, ген.-губернаторлардан іздеп, Омбыға, Орынборға, Ташкентке шын-өтірігі аралас арыз жаудыратын болды. Абайдың сөзімен айтқанда: «Құтырды көпті қойып азғанасы, Арызшы орыс – олардың олжаласы. Бірде оны жарылқап, бірде мұны, Қуды ұнатты-ау, Семейдің бұл қаласы». Әділеттілікті іздестіруден туған бұл пиғыл бара-бара әдетке айнала бастады. «Арызшылар көбейді, болыстың к... шөмейді, қайтсін байғұс демейді», – деп, уытты сөзімен түйреп өтеді.

Ертеден келе жатқан «Түгел сөздің түбі бір, Түп атасы Майқы би», «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген әдеттегі сананың қағидалары ұмытылып, орыс империясының заңдарын, ережелерін жергілікті пысықтар, белсенділермен бірге орыстың әкімдері (ояздар, майырлар, жандаралдар) өздерінің бас пайдасына икемдеді. Осы жағдайды жақсы түсінген Абай: «Орыс айтты өзіңе ерік берем деп, кімді сүйсең соны бек көрем деп, бұзылмаса бұған жұрт түзелген жоқ, ұлықтар жүр бұл ісіңді кек көрем деп», – деп, орыстың заңдарымен таза ауамен дем алып, тұнық сумен шөл қандырып өскен дала халқының санасының уланып бара жатқанына қынжылады. Бұрын хаттан басқа ешкімге ештеме жазып көрмеген қазақтың арызқойлыққа үйрене бастағанына, «қазақтың қайсысының бар санасы», – деп ызаланады. Рушылдық, жалқаулық, арызқойлық, өтірік-өсек, мақтаншақтық, бақастық, надандық, залымдықты т. б. адамгершілікке, халықтың санасына жат, жағымсыз қылықтарды талдай келіп: «Жасы кіші үлкеннен ұялмай жүр, сұрамсақтар нәсібін тыя алмай жүр. Сәлем борыш, сөз құлық болғаннан соң, Қандай жан сырттан сөз боп, сыналмай жүр?» деп, «ашуланса ызалана алмай, күлсе қуана алмай» қасіреттенуі, қиналуы өз халқының тағдырына, салт-санасына әлем биігінен, өте жоғары моральдық сана тұрғысынан қарағандықтан туған күйзеліс. Абай өз елінің санасындағы қайшылықтарды ашып көрсету, кемістіктерін сынаумен бірге, оның жақсы жақтарын да сезе, түсіне білген. Халқының бала мінезділігіне, ақ көңілділігіне, қонақжайлылығына, ел, жер қорғаудағы ерлігіне қуанған, сүйсінген. Бұрынғылардың адалдығына, аққөңілділігіне, аңқаулығына күлме, олардан үйрен деген ойды айта келіп: «Бала мінез ойыншы бұрынғылар. Аңқау екен, мазақтап соны сынар. Артқа қарап, ақпейіл шалға күліп, Абұйырсыз, атақсыз көрге құлар», – дейді. Абай қазақтың қиындық кезде (кісі өлімі, апатқа ұшырау т. б.) біріне-бірі тірек, тиянақ, көмекші болып, бауырласып, бірлесіп қайғыны азайтып, ауыртпалықты көтеріп кететін мінезіне, әдетіне, ағайыншылдығына іштей қатты ризашылық білдіріп: «Дүниелікке көңіл тоқ, Ағайынға бауырмал. Тәкаппар жалған онда жоқ, Айнымас жүрек, күлкің – бал», – деп қуанса, «Аты аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салады екен» деп халқының қазақ даласындағы кең мінезіне мейірленеді. Гуманист ақын халықтың мейірбандық, қайырымдылық ниетін, іс-әрекетін де жоғары бағалайды. Әр түрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне нендей жақсылық, игілік ойласа, өзгеге де сондай жақсылық ойлау – адамгершіліктің ісі, – дейді. Қазақ халқының қанына сіңген көрінісі – қонақжайлылық. Алыс болсын иә жақын болсын, танысын, танымасын, бай болсын иә кедей болсын басқа жақтан үйге келген адамды, мейманды барымен қарсы алу, жақсы асын беру, жайлы төсекке жатқызу – қазақ халқының ежелден қанына сіңген салт-дәстүрлерінің бірі. Қазақтың осындай мейірбандығын, қонақжайлылығын 19 ғ-да қазақ даласына әр түрлі себептермен келген орыс, поляк халқының ойлы адамдары ізгі ниетпен, ілтипатпен ерекше атап өткен. Орыстың әйгілі тіл маманы В. И. Даль: «Қазақ жеріне өттің екен, әмияныңды қалтаңа салып қой. Жылтыратып тиын санап отырғаның бұл елдің әдет-ғұрпына ерсі», – дейді. «Жер шарының белдеуін жағалай қазақтарды жайғастырса, жер жүзін бір тиынсыз айналып шығуға болады», – дейді қазақ жеріне жер аударылып келген поляк революционері А. Янушкевич. Қазақтың аққөңілділігін, қонақжайлылығын, соғыс өнеріне бейімділігін көзімен көрген, 20 ғ-дың басында Түркістанда болған пиғылы таза орыс генералы А. Суздальцев: «Қазақтар – сунит мұсылмандары. Әйелдері біршама еркін жүреді. Беттері ашық, өжет, өткір. Тілдері түрік, мінез-құлқы жағынан ең ұнамды халық. Кек сақтамайды, көп сөйлемейді, қонақжай. Сарттар сияқты жалтақтап, жарамсақтану оларға жат – аққөңіл, сенгіш. Соғыс өнеріне аса бейім. Әрі ержүрек, жылқыны жақсы көреді және ең мықты шабандоздар», – деген («Қазақ әдебиеті», 6. 7. 1993).

Абай шығармаларында жиі кездесетін «қазақ» – «қазағым», «ел» – «елім», «жұрт» – «жұртым», «халық» – «халқым» деген ұғымдарды Абай әр түрлі контекске, сөз пайдалануға орай «ұлт», «ұлтым» деген мағынада қолданады. Мысалы, «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деген туындысында бүтін қазақ ұлтын «бірлікке, берекеге, шын пейіл» бірлестікке шақырады. *Жиырма бесінші сөзінде* қазақтың қамын ойлаған Абай «қазаққа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек», – дейді. Әкесі Құнанбай туралы «Мұқым қазақ баласы. Тегіс ақыл сұрапты, Тобықтыны ел қылып, Басын жиып құрапты» дей келіп Абай бүтін қазақтың басын қосып, жаманын жасырып, жақсысын асырып, халқын алдыңғы қатардағы елдердің қатарына қосуды арман етеді. Қазақ халқын дүн.жүз. өркениетті елдер қатарына қосу үшін не керек? – деген сауалға жауап ретінде *Жиырма төртінші сөзінде* «Жер жүзінде екі мың миллионнан көп артық адам бар, екі миллионнан аса қазақ бар». *Қырық бірінші сөзінде* «қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керек: әуелі – зор өкімет керек. Ол өкімет халықты білімге, ғылымға, өнерге, еңбекке жұмылдыруы қажет. Екінші – өкімет басындағы адам аса бай болу керек, ол өз байлығын, ел байлығын жас ұрпақты әділ де адал жолға салуға, мәнді іс атқаруға жұмсауы керек», – деп, келешекке бағыт сілтейді.

Ұлттық сананың ең негізгі белгісі – әр ұлттың өзін-өзі танып білуі, өзін өзге ұлттардан айыра білуі, ұлттық мақсаттар мен мүдделерді іске асыру үшін күресу, ұлттық мақсаттар мен мүдделерді бүкіл адамзаттың мақсаттары мен мүдделеріне ұштастыра білу. Өз ұлтының жетімсіздеу, мешеулеу жағымен күресе отырып, ілгері дамыған ұлттардың жақсы, жағымды жақтарынан үйрену, дүн.жүз. гуманистік санаға жету. Қазақ ұлтының келешегін ойлаған Абай өзінің өмірлік мақсатын халықтың болашағымен байланыстырып, ұштастырып: «Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ. Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ. Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер, Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ», – дейді. Халқының қамын ойлаған Абай: «Мазлымға жан ашып, ішің күйсін, харекет қыл, пайдасы көпке тисін. Көптің қамын әуелден тәңрі ойлаған, Мен сүйгенді сүйді деп иең сүйсін», – дейді.

Абай қазақ ішінде байдың, кедейдің бар екенін біле

тұра, сананы байлық сана, кедейлік санаға бөлмейді, өйткені, бай мен кедейдің саналысы да, санасызы да, адамгершілігі бары да, жоғы да бар екенін жақсы біледі. Байды да, кедейді де еңбек етуге шақырады. Таптық көзқарасты дәріптемей «Қайран елі қазағының» қамын ойлайды.

Абайдың дүниеге көзқарасындағы ұстаған негізгі принципі – «Адам бол». Ойшыл ақынның аңғаруынша көптеген адамдарда «адам» деген ат бар, бірақ, «Адам» деген зат жоқ. Сондықтан да Абай «Адам бол – бай тап, Адам бол мал тап, Қуансаң қуан сол кезде», «Бес нәрседен (өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, текке мал шашпақтық) қашық бол, Бес нәрсеге (талап, еңбек, ойшылдық, қанағат, рахым) асық бол, Адам болам десеңіз» деп, өз елін, келешек ұрпағын жалпы гуманистік рухқа, бірлікке шақырып, «Біріңді, қазақ, біріңді дос, көрмесең, істің бәрі бос», – дейді. *Б. Ғабдуллин.*

ҰЛЫ ЖҮЗ, Құлмұхаметов Мұхтар Ысмайылұлы (1936 ж. т.) – суретші. Қондырғылы және монументті кескіндеме саласында жұмыс істейді. Дипломдық жұмысы ретінде «Абай» картинасын жазды (1957, кенеп, майлы бояу, суретшінің жеке қоры), кейінірек «Абай болған жерлерден» деген бірнеше этюд салды (1963, кенеп, майлы бояу, автордың жеке қоры). Осы ізденістердің негізінде суретшінің күрделі еңбегі – «Абай» картинасы дүниеге келді (1962–87, кенеп, майлы бояу, автордың жеке қоры). Суретші бұлардан басқа «Абай», «Халқым надан болған соң қайда барып оңайын» (1987, кенеп, майлы бояу) т. б. топтама суреттер салған.

«ҰЛЫ ОЙШЫЛ» – методикалық-библиографиялық көмекші құрал. Қазақ ССР кітапқұмарлар ерікті қоғамы 1985 ж. ақынның туғанына 140 жыл толу мерекесі қарсаңында шығарған. Құрастырған – Ж. Кәриева. Көмекші құралда Абай шығармаларының негізгі басылымдарының тізімі, ақын шығармашылығына арналған кітап көрмесінің, ауызша журналдың, ақынға арналған кештің, оқырмандар конференциясының, «Абай жолы» эпопеясы бойынша өткізілетін оқырмандар конференциясында талқыға түсетін сұрақтардың үлгі-жобалары берілген. Абай шығармаларын зерттеушілер ақын шығармашылығының басқа халықтар әдебиетімен байланысы, өлеңдерінің басқа ұлт тілдеріне аударылуы, аудармалары туралы, Абайдың қазан төңкерісіне дейінгі және одан кейінгі басылымдары, Абай мұрасын жинау және зерттеу, Абай елеңдерінің тілі мен стилі, текстологиясы, көркем әдебиеттегі Абай бейнесі туралы көптеген құнды материалдармен танысады. Кітап көлемі 1, 2 б. т. , 500 дана болып басылған.

«ҰЯЛАМЫН ДЕГЕНІ КӨҢІЛ ҮШІН...» – Абайдың 1901 ж. жазған өлеңі. Өрқайсысы 4 тармақты 4 шумақтан тұрады. Абайдың бірсыпыра өлеңдерінде өзі өмір сүрген дәуір болмысы, қазақ халқының сол кезеңдегі мінез-құлқы сипатталғаны белгілі. Абай мінезі арқылы қоғам, дәуір бейнесін беретін осындай өлеңдердің қатарына осы туындысы да жатады. Өлеңде армандап алысқа көз тастамай, жымысқылықпен бірін-бірі алдап, бір сәттік пендешілік құрбанына айналатын шәркез шерменділік сыналады. Не достыққа, не қастыққа жарамас ондай адамдар ар мен ұятты ұмытып, көрсеқызарлыққа берілетінін шенейді. Рухани қажеттілікті ойламаған жерде тән қажетін қанағат тұтар хайуанға бейім мінез белең алатынын ескертеді.

Адамдардың «сүйсе» – өтірік сүйгенситіні, сүймесе жұдырық жұмсайтын дәрекі мінезінен қоғам, заман қалпы құралатынын айтады. Ақын «Бұл не деген заманға ісім түсті?!» деп қынжылады. Ақын өлеңде болмашыға мәз, арзанға алданғыш, үлкен басын қор тұтқан қара халықты сынай келіп, «Әкесі ұрысса балаға, ол да достық, баласы ұрысса әкеге жараса ма?» – деген риторикалық сауал тастайды. Ақынның бұдан халқының бала болмаса да, балаң мінезіне шарасыздығы сезіледі. Жеке адам кемшілігінен замана сырқаты құралатынын жан дауысымен айту бар. Осы тұрғыда алғанда, Абай өлеңде белгілі бір дәуірдегі қазақ ұлтының жиынтық портретін жасаған деуге болады.

Өлең негізінен 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Өлеңнің кейбір басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер бар. Мыс. , 1909 жылғы жинақта 2-шумақтың 3-жолы **«Ар мен ұят ойламай, тән асырап»** делінсе, 1939, 1945, 1957, 1977 жылғы жинақтарда **«Ар мен ұят ойланбай, тәнін асырап»,** болып алынған. Ал, 1939, 1945, 1947 жылғы басылымдарда 3-шумақтың 1-жолы **«Туысқаның, дос-жарың бәрі екі үшті»** деп басылса, 1909, 1957, 1977 жылғы басылымдарда **«Туысқаның, достарың – бәрі екі үшті»** болып берілген. Өлең өзбек, қырғыз, түрікмен, тәжік, ұйғыр, қарақалпақ тілдеріне аударылған.

Б. Мамыраев.



ҮЗІКБАЙ Бөрібайұлы (т.-ө. ж. б.) – Қызылмола болысының адамы. Абайдың үстінен бірнеше рет арыз жазған. Ү-дың 1876 ж. 21 қыркүйектегі және 23 қарашадағы арызында, 1878 ж. қаңтар айында Семей уездік сотына берген жауаптарында Абай Құнанбайұлы мен ауыл старшинасы Мұса Аюбайұлының өзін ылғи да жәбірлеп келе жатқанын айтып, Ибраһим (Абай) Құнанбаев билер мен старшиналардың мөрлерін алады, өз бетімен үкім шығарады, жұрттан пара алып, ауылдарды шаптырып, мал тонайды деп жала жауып, осындай қақтығыстарда талай әйел қорқып бала тастады деп жазады. Бұларға қоса, Таймаққөл деген жер менің жерім деп дау салады. Осы істер бойынша Ү. билер сотына шақырылғанда, ол сотқа келмей, Семейге қашып кеткен. Арызды тексерген заң орындары оғада жазылғандардың бәрінің жалған екенін, тағылған кінәлардың бәрінің жала екенін анықтап, Ү-ды жазаға тартуға үкім шығарады. Ү-дың арыз жазудағы мақсаты Аюбайұлын орнынан түсіріп, оның орнына өзінің туысы Мықышұлын қойғызу, келесі сайлауда Қоңыр-көкше болысына тағы да Ибраһим (Абай) Құнанбайұлының болыс болып сайланып кетпеуі үшін жасаған әрекет екені белгілі болады. Ү. 1883 ж. 27 сәуірдегі арызында тергеуші Новоселовтан өзінің алғашқы арыздарында жазылған жайттардың бәрінің жалған екенін мойындап, істі қысқартуды өтінеді. Абайға қарсы арыздарды Қаратай Сапақовтың жазғызғанын айтады. *М. Бейсенбаев.*

ҮЙТАС – Еңлік, Кебек паналаған жер. Семей обл., Абай ауд., Кіші Орда тауының батыс жағына орналасқан. 1780 ж. шамасында қос ғашық Еңлік пен Кебек Қаражартастан қашып, Жидебайға жақын Ү-қа келіп жасырынған. Жазықсыз мерт болған қос мұңлықтың қайғылы тағдыры Абайды қатты толғандырып, Шәкерім, Мағауияға дастан жазуға тапсырма берген.

ҮМБЕТӘЛИЕВ Александр, Шора (1941 ж. т.) – опера әншісі. Қазақстан Республикасының халық артисі. Ол А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» операсында Абай бейнесін сомдады. Ол Абайдың «Айттым сәлем, қалам қас», «Көзімнің қарасы», «Қараңғы түнде тау қалғып», С. Мұхамеджановтың «Жарқ етпес қара көңлім не қылса да», «Өзгеге, көңлім тоярсың» деген әнроманстары мен В. А. Новиковтың «Абайдан» атты вокальды триптихын орындайды.

ҮМБЕТОВ Жанайыр (1947 ж. т.) – суретші. Декоративті-қолданбалы өнер, былғарыны көркемдеп

өңдеу саласында жұмыс істейді. Ол А. Ихановамен бірлесіп, Абай шығармалары жинағының ақын суреті салынған өте сирек кездесетін мұқабасын жасап шығарған. Ол сондай-ақ, «Абайға тарту» атты триптихқа кіретін «Өмір», «Жер» және «Ән» атты панноларын салып, Абай поэзиясын қабылдаудағы өзіндік түсінігін жарқын бейнелер арқылы көрсете білді.

ҮНДЕСТІК БАСТАМА, дыбыстық қайталаулар – 1. Аллитерация мен ассонанс – Абай өлең құрылысында эвфонияға, яғни, дыбыс әуезділігіне, үн үйлесіміне қатты назар аударған. Оның өлеңдерінде бір тармақ бойындағы сөздердің біркелкі дыбысталудан басталып отыруы жиі кездеседі. Мыс. , «**Ө**з үйінде өзеңдей», «**К**ісі алдында кірбеңдеп», «Бола қалдың **б**ас асау, **Ж**айраңдасып **ж**ас **к**үлер **қ**ұрбысымен», «**Ж**азға **ж**ақсы **к**иінер **қ**ыз-**к**еліншек». *«Әсетке»* деген өлеңінің кейбір шумақтарының барлық тармағында аллитерация құбылысы бар: «**Б**іреуден **б**іреу артылса», «**Ө**нер **ө**лшеніп тартылса», «**Б**ұлықсып, **б**ұлданып, **б**осқа» т. б.

Ү. б. көбінесе өлеңнің құлаққа жағымды әуезді болуын қамтамасыз етеді. Оның образды айшықталуы, бір объектіге (сөзге) көңіл аударту үшін қолданылуы кемде-кем. Сонымен қатар, тармақ ішіндегі аллитерация өлеңді оқуды (немесе тыңдауды, айтуды, жаттауды) жеңілдетеді, сөздердің бір-бірімен жымдасуына жәрдемдеседі, сол арқылы өлеңнің ырғақтық құрылымын түзуге әсер етеді. Өлеңнің өн бойына әр тармағының біркелкі дыбыстан басталатын сөздерден тұруы Абайда өте аз, тек бір ғана «Оспанға» деген өлеңі бастан-аяқ бірінші сөзі **ж** дыбысынан басталатын тұлғалармен келгендігі мәлім. Ал, екі-үш (кейде төрт) тармақты басқы сөздеріндегі Ү. б. баршылық. Мыс.

«Сап, сап, көңлім, сап көңлім», «Патша құдай, сыйындым» деп басталатын өлеңдерінің екінші шумағының алғашқы алты тармағы **с** дыбысымен келетін сөздерден басталады. Бірақ, Абай бұл тәсілге көп бармаған. Мыс., шенді-шекпен сөзіне үндесу үшін ақын өзге мәндес етістіктерді емес, **шелтірейтіп** сөзін таңдайды, бұл сөздің екінші бір ұтымдылығы – онда мысқылдау реңкі бар. Сол сияқты, **елді** алып, **Есілді** алып дегеннен кейін, ассонанс үшін өзге синонимдерін емес, өсіреді сөзін іздеп табады.

Сөйтіп, Абайда ассонансқа қарағанда аллитерация жиі кездеседі және оның бір тармақ ішінде қолданылуы жүйелі түрде келеді. Бұл құбылыс өлең жасауға қатыстырылатын сөздердің алуан түрлерін іздеуге ұйытқы болған, сол арқылы поэзия тілін құбылтып байытуға апарған.

Әдеб. : Ахметов З. А. Казахское стихосложение. – А. , 1964; Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – А. , 1970. Сыздықова Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. – А. , 1971. *Р. Сыздықова.*

2. Анафора – шумақтың немесе бірнеше өлең жолдарының басында үндесе, үйлесе қиысатын бірыңғай қайталаулар. Үндес бастама өлеңнің үндесу әуезділігі мен дыбысталу әсерін күшейтетін стильдік тәсіл. Абай поэзиясында бірыңғай, үндес бастамалардың 3 түрі бар. 1) Дыбыстас, үйлес сөздердің қайталауына құрылған бастама:

Самородный сары алтын,
Саудасыз берсең, алмайды,
Саудыраған жезіне.
Саудырсыз сары қамқаны
Садаға кеткір сұрайды
Самарқанның бөзіне.

2) Сөз не сөз тіркестерінің қайталануынан туған үндес бастама:

Бір сөз үшін жау болып,
Бір сөз үшін дос болып,
Жүз құбылған салт шықты.
Адам деген даңқым бар,
Адам қылмас халқым бар.

3) Шумақаралық үндес бастама. Бұған «Сап, сап, көңілім, сап көңілім» өлеңі айғақ. *С. Негімов.*

ҮРКІНБАЙ Әзбергенов (т.-ө. ж. б.) – Абай дұшпандары тобындағы кісі. 1884 ж. Бөрібаев Абайдың үстінен жазған жалақорлық арызында Абай билер мен старшиналардың мөрлерін алып қояды, өз бетімен үкім шығарады, мұны Ү. біледі деп куәға тартқан.

«ҮСТІҢДЕГІ КИІМІҢ...» – Абайдың кейін табылған өлеңі. Ақын ауызша шығарған. Көлемі 5 жол, соңына 2 жолды Қиясбай қосқан. Қиясбай Олжай тобықты ішінде Борсаққа жатады. М. О. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясында суреттелетін Қодардың ұрпағы. Үстіне киім кимей, екі иығынан еңдей мата орап жүретін, бала мінезді диуана кісі болған. Сыбызғы тартып, ұйқаса қоймайтын күлдіргі өлеңдер айтады екен. Жүрген жерін думан етіп, бейқам, күнәсіз өмір кешкен Қиясбайды Абай жақсы көріп, еркін ұстаған. Оның киген киімін, айтқан сөздерін қапысыз қызықтаған. Ақынның ағалық кең пейілі осы өлеңнен айқын көрінеді. Өлең 7 буынды аралас ұйқаспен (-а, -б, -б, -г, -б) шығарылған. Алғаш рет ақынның 1940 жылғы 2 томдық жинағында жарияланды. Кейінгі басылымдарында ешқандай текстол. өзгеріс байқалмайды. Қарақалпақ тіліне аударылған.

«ҮШ ҒАСЫР ЖЫРЛАЙДЫ» – «Жазушы» баспасынан 1965 ж. жарық көрген жинақ. Құрастырған және алғы сөзін жазған Ы. Дүйсенбаев. Жинаққа қазақ ақындарының шығармалары енген. Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға...», «Жаз», «Күз», «Қыс», «Жаз-ғытұрым», «Жастықтың оты жалындап...», «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында...», «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа...», «Адамның кейбір кездері...», «Құлақтан кіріп бойды алар...», «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?...» өлеңдері орын алған. Көлемі 34, 14 б. т., 20 000 дана болып басылған.

«ҮШ ДАСТАН» – Пекиндегі әдебиет баспасынан 1958 ж. қытай тілінде жарық көрген жинақ. Абайдың қысқаша өмірбаянымен ашылған, жинаққа ақынның «Ескендір», «Әзім әңгімесі», «Масғұт» дастандары енгізілген. Кітап көлемі 52 бет, 5000 дана болып басылған.

«ҮШ ЖҮЗДІҢ БАЛАСЫ» – Абай шығармасында қолданылған атау. 15–16 ғ-да қазіргі Қазақстан жерінде 3 рулық-тайпалық бірлестік қалыптасқаны белгілі. Олар Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз аталды. Жүз араб тілінде белгілі бір тұтас нәрсенің бөлігі, саласы деген ұғымды танытады. «Үш жүздің» ел мен жердің табиғи ерекшеліктеріне, оны мекендеген тайпалар мен рулардың шаруашылық және саяси жағдайларына байланысты пайда болғаны сөзсіз. Абай өзінің *«Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы»* деген тарихи еңбегінде осы жүздердің шығу тарихынан да дерек береді. Ақын Әмір-Темір мен Шағатай ұрпақтарын таратып әкеледі де, Ахмет ханға тоқталады. «Ахмет хан өз уақытында аттанысқа жарарлық қазақтан үш жүз әскер шығарып, үш жүз басыға билетіпті. Әр жүздің халқы өз ынтымағынан бір туысқанға есеп болыпты. Қазақтың «Үш жүздің баласы» дейтұғыны – сол» деп жазады.

ҮШТАШЛЫ – қалмақ халқын құрайтын 4 атаның бірі – хазардан тарайтын ұрпақ. Абай өзінің *«Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы»* деген тарихи еңбегінде: «Сол хазардан үш атаның ұлы парсы жұртында қалып еді. Қажар, Афшар, Үшташлы» деген дерек бере келіп, біздің қазақтың әйгілі «Ақтабан шұбырындыға» ұшырауына солардың шапқыншылығы себеп болғанын жазады.



ФАДЕЕВ Александр Александрович (1901–56) – жазушы. Оның «Тасқын» повесі, «Тас-талқан», «Соңғы Удэге», «Жас гвардия», «Қара металлургия» романдары оқырманға жақсы таныс. «Метелица» повесі мен «Тас-талқан», «Жас гвардия» романдары қазақ тіліне аударылған. Жазушы Абай шығармаларын зер сала оқып, кезінде келелі пікірлер айтқан, ақынның халықтар әдебиеті мен мәдениетін ұштастырудағы баға жетпес қызметін жоғары бағалаған. «Жұлдыз» журналы ақынның туғанына 125 жыл толу тойына арналған 6 санында Ф-тің: «Абай орыс патшасын жек көргенімен, орыс мәдениетін аса қадір тұтты. Ол Пушкиннің «Евгений Онегин» поэмасын қазақшаға аударды. Татьянаның Онегинге хаты қазақтың халық әніне айналып кетті, оны бүкіл халық жырлайды» деген пікірін келтірген.

ФАРАБИ, әл-Фараби, Әбу Наср Мұхаммед ибн Тархан әл-Фараби (870–950 ж. ш.) – қазақтың ұлы ғалымы, әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логик, музыка зерттеушісі. Абайдың Ф. еңбектерімен таныстығы жөнінде нақтылы мәліметтер жоқ. Дегенмен Ғ. *Сағдидың*: «... философияға, даналыққа зор мән берген Абай әл-Фараби, ибн Синалармен таныс болуымен бірге осы ғақлиялар кітаптарынан да мағлұматы бар еді» (Абайдың республикалық әдеби-мемориалдық музейі. Инв. №172, 17-б.), – деп айтылған пікірі Абайдың Ф. еңбектерімен таныс болғандығын анықтай түседі. Абай өз шығармаларында нәр татқан рухани бұлақтар төркінін жасырмайды, ол қайта: «Ғылымды іздеп, Дүниені көздеп, Екі жаққа үңілдім..,» – деп ескертуінде мәні терең сыр жатыр. Ф. мен Абай шығармаларындағы пікір сабақтастығын, ақын шығармашылығы нәр алған рухани көздерінің түп-төркінін қарастырғанда, алдымен екі ұлы ойшылға ортақ «жан қуаты» немесе Абайдың өз сөзімен айтқанда «өзін танымақтық» жөніндегі көзқарасына айрықша назар аудару қажет.

Адамзат тарихында ғылыми ойдың үздіксіз даму барысында «өзін танымақтық» немесе «жан қуаты» туралы ойлардың қалыптасу жолдарын танып білу күрделі мәселеге айналып, бастан-аяқ қарама-қарсы көзқарастардың өріс алуына түрткі болды. Адамның өзін танымақтық жөніндегі ілімнің алғашқы қадамы көне дүние философтарынан басталса да, оны өз заманында ғылыми жүйеге түсіріп, қалыптастырған Ф. еңбегі ерекше көзге түседі. Жалпы «жан қуаты» немесе «өзін танымақтық» жайлы күрделі ой сарасына қазақ топырағында арғы заманда Ф. , соңғы дәуірде Абай ғана терең барлап барған. Абай өлеңдері мен қарасөздеріндегі жан қуаты жайлы ой толғануында «жан құмары», «жанның жибили қуаты», «жан қуаты», «жанның азығы» т. б. осы іспеттес филос. сарындағы ойларын тарат-қанда: «Жан қуаты деген қуат – бек көп нәрсе, бәрін мұнда жазарға уақыт сиғызбайды» – деп, айрықша ескертуінің өзіндік себептері бар. Бұл тұжырымынан ақынның «өзін танымақтығы» жөніндегі ілімнің тарихымен толық таныстығы анық байқалып, өз тарапынан ойларын кең түрде тыңдаушыларына молынан жеткізе алмаған өкініші де сезіледі. Жан қуаты жөнінде Ф. қолданған филос. терминдер Абайдың өлеңдері мен Жетінші, Он жетінші, Жиырма жетінші, Отыз сегізінші, Қырық үшінші қарасөздерінде сол түпнұсқадағы қалпында немесе қазақы ұғымға сай балама сөздермен беріледі. Ақынның Он төртінші, Он жетінші қарасөзі мен *«Әуелде бір суық мұз ақыл зерек...», «Көзінен басқа ойы жоқ...», «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа...», «Алла деген сөз жеңіл...», «Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі асыл тас...»* өлеңдерінде арнайы сөз болып, талқыланатын ақыл, қайрат, жүрек жайлы филос. мағынадағы ойларының бастау алар көзі Ф. еңбектерінде жатыр.

Ф. «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» атты еңбегінде адамның өзін танымақтығы жөнінде айтылатын ойларын «өсімдік жаны», «хайуан жаны», «адам жаны» деп жүйелейді. Адам жанына (интеллект), оның ішкі және сыртқы сезім мүшелеріне (хауас) талдау бергенде жүрекке үнемі шешуші мән беріп, ерекше даралай көрсетіп отырады. Жалпы жан қуаты жөніндегі танымға бұлай қарау мешаиын (перепатетиктер) мектебіндегілерге тән құбылыс. Бұл жөнінде Ф. мен Абайдың ой қорытулары сабақтас, өзара іліктес келеді. Ф. «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ, мұның үстемдігі бірінші емес» (ә л - Ф а р а б и . Философиялық трактаттар. – А. , 1973, 289-б.), – деп, жүрекке шешуші мән бере қараса, Абай да: «Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ менің ісім депті. Бірақ, соңда билеуші жүрек болса жарайды» деген тұжырымға келеді. Бұдан екі ұлы ойшылдың да жүрек жөніндегі танымдарының негізі бір екені, тек баяндау түрі басқаша берілгені көрінеді. Ақын Ф. ұйғарымындай жүрекке шешуші мән-мағына берумен қатар, оны ізгілік, рақым, шапағат атаулының шығар көзі, тұрар мекені деп біледі. Ойшыл-ақын көп көңіл бөлген мораль философиясы да осы танымға негізделген. Абай туындыларының өн бойына таралып отыратын адамгершілік, имандылық ойларының бәрі де осы көзқараспен ұштасады. Ақынның «хауас», «үш сүю» (имани гүл), «жәуанмәртлік», «әділет», «шафағат» жайлы ой толғаныстарының желісі де осы таным шеңберіндегі ұғымдар. Бұлар Ф-дің жоғарыда аталған еңбегіндегі адамның жеке басының ең кемелденген (камили инсани) үлгі-өнегесі жайлы арналы танымының негізіне саяды. Осы Ф. дәстүрінің жалғасы Абайдың «толық адам» жөніндегі ой-пікірінен айқын сезіледі. Абайда жиі сөз болатын «толық адам», «жарым адам», «адам болу», «инсаниаттың кәмаләттығы», «бенделіктің кәмаләттығы», «толық инсаниат», «адамшылық», «адамның адамдығы», «адам болу» т. б. атаулық мәні бар ұғымдар, сөздер тобы, ол жайлы пікірлердің шығар көзі Ф. еңбектеріндегі ой желісінен туындайды.

Ф. «Табиғат ғылымдарының негіздері» (космогония) жайлы еңбегінде жалпы хауасқа, әсіресе, оның хауаси хамса заһири деп аталатын сыртқы сезім мүшелеріне ерекше назар аударған. Ф-дің қоршаған орта болмысының сырын тануда басты орын алатын сезім мүшелері – хауаси хамса жайлы филос. ұғымдары Абайдың Жиырма жетінші, Отыз сегізінші қарасөзі мен «Алла деген сөз жеңіл» өлеңінде сол түпнұсқадағы қалпында берілген. Ақынның «Жансыз жаратқандарынан пайда алатын жан иесі хайуандарды жаратып, жанды хайуандардан пайдаланатұғын ақылды инсанды (адамды) жаратыпты» деген тұжырымы дүниенің жаралуы жайлы Ф-дің тәңірі әуелі жансыз дүниені, өсімдіктерді, жанжануарларды, содан соң ақыл иесі адамдарды жаратқан дейтін сатылы танымынан туындайды. Бұл таным Ф. көзқарасының әлсіз жері болса, Абай танымының да осал жағы болып табылады.

Ойшыл ақын өз шығармаларында Ф. дәстүрімен хауаси хамса заһириге ерекше мән береді. Ақыл, сана дегеніміз бізді қоршаған өмір шындығының сыртқы бес сезім арқылы, яғни, танымның жибили қуаты мен адамның санасында сәулелену-інен пайда болатын рухани құбылыс деп таниды. Абайдың ақыл мен сананың пайда болуы туралы дүниетанымының негізі Ф-дің «Ақыл дегеніміз тәжірибеден басқа ешнәрсе де емес» (ә л - Ф а р а б и . Философиялық трактаттар, 295-б.) деген ой желісімен өзектес келеді. Ф. жан қуатын қозғалттыратын қуат және танып білетін қуат деп екіге бөліп, адам бойындағы танып білетін қуатты ішкі және сыртқы жан қуаты ретінде қарастырады. Ф-дің бұл танымы Абайдың шығармашылығында сол тұрғыдан психол. ұғымдардың баламасы ретінде сөз етіледі. Ақынның қарасөздерінде адамның сыртқы бес мүшесі мен ішкі сезім мүшелері бірлікте алынып, хауас ретінде түсіндіріледі. Абайдың хауас ұғымы – көбінесе, бейнелеу қағидасымен (ахси жиһан) ұштасатындықтан, *Қырық үшінші сөзінде* адам бойындағы жан қуаты жөніндегі Ф. танымдарымен іштей сабақтасып жатады. Ақынның «адамды танымақтық» деп өз алдына сараланатын ұғымдары Ф-дің жан туралы ойларымен өзектес келеді. Ф-дің адамның дүниені танып білу қуатына (ал-қуат алмутехаййла) ерекше мән бере қараған, негізгі ой желілері Абайда арнайы сөз болатын хауас, хауаси хамса заһири, хауас сәлим ұғымдарынан көрініс тапқан. Ф. жан қуаты жөнінде өзіндік соны ойлар желісін таратқанда, оларды өсімдік жаны, хайуан жаны, адам жаны деп үшке жіктеп, таным процесін адам жанына тән тума қасиет ретінде қарастырады. Осындай тұжырымдар Абайдың Жетінші, Он тоғызыншы, Жиырма жетінші, Отыз сегізінші, Қырық үшінші сөздерінде ұшырасады. *Жетінші сөзінде* «жанның тамағы» жайында тоқтала келіп, Абай: «... өрістетіп, өрісімізді ұзартып құмарланып жиған қазынамызды

көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді», – деп, оны жан құмары арқылы дамитын сезім тұрғысында түсіндіреді. *Жиырма жетінші сөзінде* хайуан мен адам арасындағы ерекшелікті олардың дүние тану үрдісіне қарай жіктеп, «... Һәмма мақлұққа да қара, өзіңе де қара, жанды бәрімізге де беріпті. Жанның жарығын бәрімізге де бірдей ұғарлық қылып беріп пе? Адам алдын, артын, Һәм осы күнін – үшеуін де тегіс ойлап тексереді. Хайуан артын, осы күнін де бұлдыр біледі, алдыңғы жағын тексермекке тіпті жоқ» деп тану қабілетінің адамда зор сапалық ерекшелікте болатынын атап өтеді. Ақын Ф-дің түсіндіргеніндей жан құмары, жан қуаты деген қасиеттер тек адамға ғана тән нәрселер деп танығаң.

Ф. заманында мұсылман қауымының ой санасында бүкіл болмысты, ондағы сан түрлі құбылыстың бәрін мұтәкәллиминдік негізде түсіндіретін жаңа бағыт қалыптасты. Мұтәкәллиминдердің танымындағы түбірлі қателігін аяусыз сынаған Ф-дің сыншыл ойын Абай панисламизм идеясы қанат жайған тұста одан әрі дамыта түсті. Ақынның Ф. сынаған мұтәкәллиминді: «Ақыл мен хауас барлығын, Білмейдүр жүрек, сезедүр, Мұтәкәллимин, мантикин, Бекер босқа езедүр..,» – деп, түбегейлі әшкерелеп терістеуінде терең таным сыры жатыр. Абай арнайы көтеріп отырған хауас жайындағы ұғымы ақын шығармаларында «хауаси хамса заһири», «хауас сәлим», «хауас» деген үш түрлі мағынада ұшырасады. «Алла деген сөз жеңіл» өлеңінде мұтәкәллиминдер мен логиктердің хауасты түсіндірудегі пайымдауларын әшкерелей терістеуі ақынның әлеум. ортасындағы батыл сыншылдық бағытты танытты.

Абайдың дүниетанымындағы ерекше назар аударар нәрсе ақынның Ф. түзген *ғылымды классификациялау принципімен* таныс болуы. Ақынның Ф. жасаған ғылымды жүйелеудегі принципімен таныстығы жөнінде нақтылы дерек жоқ. Дегенмен де, Абай шығармаларында ғылымды жүйелеу жөніндегі пікірін белгілі бір дәрежеде нақтылы деректермен білдіреді. Мәселен, *Қырық бірінші сөзінде*: «... дүниеде есепсіз ғылымның жолдары, бар, сол әрбір жолда бір медресе бар...», – деп, ғылым салаларының молдығын, нақтылы атауларын жеке-жеке атап өтеді. Ақынның *Отыз сегізінші сөзінде* ғылым салаларын біршама жүйелеу принципі ұшырасады. Ғалым, хакімдер туралы пікір қозғағанда: «... адам баласының ақыл-пікірін ұстартып, хақ бірлән батылдықты айырмақты үйреткендігі...» – деп, қоғамдық ғылымдарды өз алдына дербес топтастырады. Абай Отыз сегізінші сөзіндегі «адамның білімі», «алланың ғылымы», «өзіндік ғылым», «дүниенің ғылымы», «заһири ғылым», «дүниені танымақтық» тәрізді ғылым салаларын Ф-дің филос. тұжырымдарында қолданылатын атау сөздермен не қазақы ұғымға сай балама түрдегі атаумен қарастырады. *М. Мырзахметов.*

«ФЗУЛИ, ШӘМСИ, СӘЙХАЛИ...» – Абайдың 1855–81 ж. аралығында жазған өлеңі. Ақын шығармаларының 1933 жылғы жинағында өлеңнің шығарылған уақыты 1858–59 ж. деп көрсетілген. Көлемі 4 тармақты бір шумақ. Зерттеушілердің деректеріне қарағанда 14 жастағы жасөспірім Абай Семейдегі Ахмет-Риза медресесінде оқып жүргенде жазған сияқты. Шынында да ақынның шығыс тілі мен әдебиетін деңдей оқып, Шығыстың ұлы философ-ақындарының классик. туындыларымен барынша тереңірек танысатын шағы осы кезең. Сыры мол, құпиясы көп өлең өнерін аңсап, сол бір тылсым әлемге барар жол іздеген жас ақын өзі шығармаларын құмарта оқып, таусылмас нәр алған шығыс ғұламаларын әулие тұтып, медет тілейді, ақындық жолдағы жебеушім болыңдар деген ниет аңғартады. Осынау айналдырған 4 жол өлең жас Абайдың өнер, білім, талап қуған шағының өзінде-ақ, өлеңнің Фзули, Шәмси, Сәйхали, Науаи, Сағди, Фирдауси, Хожа Хафиз сияқты ұлы шеберлері туындыларымен жақсы таныс болғанын аңғартады. Бұл жолдардан жас ақынның өлең өнеріне алғашқы кезеңде сол өзі сыйынған ақындар нақышын үлгі тұтқаны көрінеді. Тек шығыс ғұламаларынша сөз құрауға деген құмарлық байқалады. Бір шумақ өлеңде бір ғана «бер» деген қазақ сөзі келтірілген. Бұл Абайдың ақындық жолының алғашқы кезеңіне тән қасиет. Өлең алғаш рет ақын шығармаларының 1933 жылғы толық жинағына енгізілді. Кейінгі басылымдарында ешқандай текстол. өзгеріс байқалмайды. Өлең орыс тіліне аударылған. *Т. Рсаев.*

ФИЗУЛИ Мұхаммед Сүлейманоғлы (1494–1556) – азербайжан ақыны. Азербайжан, парсы, араб тілдерінде жазған. Шығармалары қолжазба күйінде тарап, 19 ғ-да Азербайжан, Түркия, Ирак және Орта Азия елдерінде бірнеше рет жарияланған. Бізге жеткені 11 қасида мен бір өлеңнен тұратын (барлығы 450 бәйіт) араб тіліндегі жинағы ғана. Ф-дің поэтик. мұрасынан елеулі орын алатыны – лирикалары мен қасидалары. Ф. туындылары қазақ оқырмандарына көптен таныс. Оның мұрасының шырқау шыңы – «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын Абайдың немере інісі, қазақтың көрнекті ақыны Ш. Құдайбердиев қазақ тіліне аударған. Абай Ф-ді өзіне ұстаз санаған. Ақынның шығыс поэзиясы классиктерімен, соның ішінде Ф. туындыларымен танысуы медреседе оқып жүрген кезінде басталған (қ. *Шығыс әдебиеті*). Осы кезеңде жазған *«Фзули, Шәмси, Сәйхали»* өлеңінде шығыс классиктерін тілге алып сиынады, олардан медет тілейді. *С. Қалуов.*

ФИЛИПП, Филипп II (б. з. б. 382 ж. т. – 336) – Ежелгі Македония патшасы, Европа жұрты Александр Македонский деп атап кеткен Ескендірдің әкесі. Ф. ірі мемл. қайраткері, қолбасшы әрі дипломат болған. Македонияны біртұтас мемлекетке біріктірген. Парсыларға қарсы соғыста өлген. Одан соң патшалық таққа 20 жасар баласы Ескендір Зұлқарнайын отырған. Өткен тарихты жетік білген Абай өзінің «Ескендір» дастанында бұл туралы «Филипп өлді, Ескендір патша болды» деген дерек келтіреді.

ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ. Ақын мұрасында бір жүйеге түсірілген көзқарасын тұжырымдайтын арнайы филос. шығармасы жоқ. Дегенмен, Абайдың көптеген өлеңдері мен прозалық шығармаларында «... адам мен адамгершілік, ұждан, мораль философиясына төтелей қатынасы бар, толып жатқан бөлек-бөлек бір көлемді, әрі сапалы ойшылдық пікірлері бар екені даусыз» (Әуезов М. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. – А. , 1967, 171-б.). Абай шығармаларын зерттеуге арналған еңбектер жеткілікті болғанымен, оның философияның негізгі мәселелеріне байланысты көзқарастары жөнінде әлі күнге дейін тиянақты пікір тұжырымдалған жоқ. Ойшыл ақынның терең ойы мен дүниетанымының ішкі мазмұны ақырына дейін ашылып, түсіндірілмей келеді. Бұған қоғамдық болмыстың өзекті мәселелері жөніндегі оның көзқарасының күрделілігі, жүйесіздігі, тіпті, кейде қарама-қайшы-

лықтары белгілі дәрежеде қиындық туғызды.

Абай шығармашылығын зерттеудің алғашқы кезеңінде, 20–30 жылдарда ақынның идеялық мұрасы қызу айтыстар тақырыбына айналды, «Абай философиясын» діншілдігі басым әдеттегі бурж. идеалистік философияның жамап-жасқаған бір түрі деп дәлелдемек болушылар да табылды (Қ а б ы л о в І. Қазақ ақыны Абайдың философиясы және оған сын. «Советская степь», 1928, 2 тамыз). Көрнекті мәдениет қайраткерлері мен жазушылар: М. О. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұбанов, С. Садуақасов, С. Қожанов, І. Жансүгіров т. б. Абайдың ақындық мұрасын анайы-социологиялық шабуылдан қорғап, мақалалар жазды. «Көзқарасының қарама-қайшылықтарына қарамастан, – деп жазды Мұқанов, – Абай бұл сөздің ұнамды мәнінде ең озық реалист-суреткер болды және сонысы үшін де біз оны құрмет тұтамыз, сондықтан да оның әдеби мұрасы біз үшін баға жетпес байлық болып табылады, тап солай болғандықтан да қазақ халқы Абайды өзінің аса ірі ұлттық ақыны деп біледі» («Казахстанская правда», 1934, 30 көкек).

Ақын шығармалары 19 ғ-да Қазақстанда демокр. қоғамдық ойдың қалыптасып, дамуына негіз болған басты-басты идеялық үш қайнардан нәр алды: 1) қазақтың ауыз әдебиеті мен өткен замандардағы жазба ескерткіштерінен сусындаған алдыңғы қатарлы халықтық дәстүр; 2) ежелгі және орта ғасырдағы Шығыс ойшылдарының таңдаулы шығармалары; 3) орыстың материалистік философиясы мен демокр. мәдениеті, сол арқылы дүн.жүз. (ең алдымен Батыс Европаның) филос. ойдың жетістіктері. Әуезов бұл идеялық бағыттарды бір-бірімен табиғи ұштасып, жалғасып кететіндігін айта келіп, Абай дәуірі үшін осылардың ішінде үшінші қайнармен, орыс классиктерінің шығармаларымен таныстықтың маңызы аса зор болғанын, Қазақстандағы қоғамдық ойдың болашақта жаңдана түсуіне ықпал еткенін атап көрсетті. Ғалым Абайдың орыс әдебиетімен және филос. озық ойымен байланысын оның аударған шығармаларының санымен немесе оған рев. демократтар идеясы ықпал етті деген қарапайым түсініктерді еске алумен ғана дәлелдемек болған «жеңіл-желпі, қара дүрсін пікірлерге» қарсы шықты. Ол Абай шығармашылығының өткен заман ойшылдарының теориялық мұраларымен байланысын анықтайтын мәселелердің тым тапшы зерттелгеніне өкініш білдірді; Абайдың орыс әдебиетіне ғана емес, сонымен қатар адамзаттың бүкіл рухани мәдениетіне қатынасын тұтастай даму үстінде: «орыс және қазақ халқының байланыстарын сол кезеңнің мазмұнын анықтайтын саяси оқиғалармен тығыз органикалық байланыста қарастыратынының» (Ә у е з о в М. Әр жылдар ойлары. –А., 1961, 148–149-б.) методологиялық маңызы аса зор.

Өз заманының ғұламасы болған Абай көптеген орыс жазушылары мен философтарының, әсіресе, А. С. Пушкиннің, М. Ю. Лермонтовтың, И. А. Крыловтың, В. Г Белинскийдің, А. И. Герценнің, Н. Г. Чернышевскийдің, Н. А. Добролюбовтың шығармаларын оқып, зерттеді, орыс рев.-демократтарының озық ойы оның дүниетанымының қалыптасуына үлкен ықпал етті. Ойшыл-ақын ежелгі заман философтары Сократ, Платон, Аристотель, сондай-ақ, Шығыстың ұлы ойшылы әл-Фараби мұраларымен де жақсы таныс болды; Батыс Европа философиясын, дәлірек айтқанда Р. Декарт, Б. Спиноза, Г Спенсер, Л. Фейербах еңбектерін оқыды: «... өзінің рационалдық философиясын Абай кездейсоқ жасай салған жоқ, алдымен осындай бай школалардың оқуынан өтіп алып, сөйтіп, бұларды өзінің творчестволық өңдеуінен өткізген соң ғана жасай алды» (Ә у е з о в М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – А. , 1969, т. 15 , 141-б.). Ол Ч. Дарвиннің даму теориясы мен анатомиялық ілім негіздерін білді. Абайдың жаратылыстану ғылымындағы білімінің кеңеюіне орыстың материалистік психологиясы, нақтырақ айтқанда И. М. Сеченов пен К. Д. Ушинский еңбектері маңызды қызмет атқарды. Ақынның дүниетанымына сол кезеңде Семейде тұрған, орыстың саяси жер аударылған адамдарымен достығы игі әсерін тигізді. Олардың арасында *Е. П. Михаэлис*, *Н. И. Долгополов* т. б. демокр. идеяда тәрбиеленген алдыңғы қатарлы зиялы қауым өкілдері бар еді.

Абай Қазақстанның Россияға қосылуының аяқталуына байланысты патриархалдық-феод. қатынастар ыдырап, капит. қатынастар дами бастаған, қазақ ауылдарында, таптық тартыс пен жіктелу күшейген 19 ғ-дың 2-жартысында өмір сүрді (қ. *Абай дәуірі*). Орыстың озық экономикасы мен мәдениетінің ықпалымен қазақ қоғамында жүзеге асқан прогрессивті өзгерістер ақын дүниетанымының қалыптасуына белгілі дәрежеде ықпал етті.

Абайдың көптеген өлеңдерінде терең филос. ойлары, табиғатқа, болмысқа көзқарастары, таным, ақыл, сана т. б. жайлы толғаныстары көрініс тапқан: «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», «Көк тұман – алдыңдағы келер заман» т. б. , 45 «сөзден» тұратын қара сөзбен жазылған «Ғақлиялары» – ақынның филос. көзқарасының мәйегі, өзінің мәні мен тұжырымдарының тереңдігі жағынан ұлттық мәдениет шегінен әлдеқайда асып түсіп жатқан маңызды мұра. Бұл «Сөздер» қазақ халқының сан ғасырғы тәжірибесінен (мәдениет, тарих, дәстүр, әдет-ғұрып, адамгершілік қасиеттер т. б.), адам және адамзат туралы ойларынан сусындаған.

Абай шығармаларын зерттеушілер ойшылдың философияның негізгі мәселесін шешуге байланысты көзқарастарын бағалауда нақты бір тұжырымға тоқтаған жоқ. Бірқатар зерттеушілер философияның негізгі мәселесін шешуде «Абай деист болды» деген пікір айтады. Мыс., О. А. Сегізбаев «философиялық дүниетаным саласында ол тұтасымен деизм бағытын ұстады. Барлық деистер сияқты оның шығармаларынан материалистік бағдар мейлінше анық көрінеді» деп есептейді (С е г і з б а е в О. А. Қазақ халқының рухани мәдениетіндегі еркін ойлау дәстүрі мен атеизм. – А. , 1973, 108-б.). Дегенмен, өзінің бұдан кейінгі зерттеулерінде Сегізбаев: «Ыбырай Алтынсариннің, әсіресе, Абай Құнанбаев философиясының мәнін толық аштық деу әлі ерте... Абай философиясының мазмұнын барынша толық ашу үшін оның шығармаларының шығыс, орыс және дүниежүзілік философияның мәдениетімен байланысын мейлінше терең зерттеу қажет, ал бұл әлі жеткілікті деңгейде қолға алынбаған нәрсе» деп мойындайды (С е г і з б а е в О. А. Революцияға дейінгі Қазақстандағы қоғамдық ойдың материалистік және атеистік бағдарлары. Автореферат. Ташкент, 1979, 37–38-б.). Бұл әділ тұжырымдармен келіспеуге болмайды.

Абай дүниетанымының бағыттарын зерттеуге Әуезов елеулі үлес қосты. Ол Абайдың көптеген өлеңдері мен 19 ғ-дағы көрнекті орыс

ойшылдарының шығармаларын салыстыра зерттеу арқылы олардың терең тамырластығын ашып берді. «Біз Абайдың бірде жекелеген өлеңдерінен, бірде қарасөзбен жазылған «ойларынан» («Ғақлияларынан»), – деп жазды Әуезов, – Белинскийдің ойларымен, Герценнің ойларымен, Чернышевскийдің, Добролюбовтың көзқарастарымен, олардың «Современник» беттерінде айтқан пікірлерімен жиі ұшырасамыз» (Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – А. , 1961, 157-б.). Ұзақ жылдар бойғы ізденістер нәтижесінде Әуезов Абайдың дүниетанымы мен демокр. көзқарастарына Чернышевскийдің рухани мұрасы игі ықпалын тигізді деген тұжырымды дәлелдеп шықты.

Патриархалдық-феод. қазақ қоғамында өмір сүріп, аса күрделі де қайшылыққа толы жағдайда өлең жазған Абай мұрасын зерттеу барысында өткен ғасырлардағы ойшылдар шешкен мәселелердің шынайы мазмұнын анықтау онша жеңіл жұмыс еместігін есте ұстау керек, өйткені оларға идеологиялық тұрғыдан саяси логик. құрылымнан «берік сауыт киім» кигізілетін. Ойшыл-ақынның жеке шығармаларына ғана талдау жасамай, оның бүкіл әдеби мұрасының идеялық мазмұны мен ішкі логикасын тұтастай қарастыра қорытындылайтын болсақ, Абай рационализм мен демократизм бағытын ұстады деп толық айтуымызға болады, осының өзінен орыстың материалистік философиясының, ең алдымен Чернышевскийдің ықпалы айқын көрінеді. Рас «ақын Қазақстанның экономик. және мәдени мешеулігі жағдайында айқын да толық жетілген революциялық-демократиялық дүниетаным деңгейіне көтеріле алған жоқ, дегенмен ол ешқандай бұлталақсыз революцияшыл демократтарды жақтады» (Әуезов М. Әр жылдар ойлары. 210-б.). Абай филос. рационализм мен демократизм рухындағы өзінің ең басты идеялық ұстазы және тәрбиешісі болған Чернышевский көзқарастарының негізін терең түсіне білді. Ойшыл-ақын оның әр түрлі филос. жүйелерге сын көзбен қарап, қорытынды жасайтын еңбектері арқылы Демокриттен бастап Фейербахқа дейінгі Батыс Европа философиясымен таныс.

Абай табиғаттың объективті шындығын, әлемнің адамдар еркінен, қалауынан және санасынан тыс өмір сүретінін мойындайды. Ол әлемнің пайда болуы мәселесін «... дүние әрбір бір түрлі керекке бола жаратылып және бір-біріне себеппен байланыстырылып, пенденің ақылына өлшеу бермейтұғын көркем законға қаратылып жаратылды», – деп түсінген. Атомистиканың көне заманнан бері материалистік дүниетанымының негізі саналғаны белгілі. Абай тұжырымдарына қарағанда оның осы іліммен, сондай-ақ, атомизмнің дамуына зор үлес қосқан М. В. Ломоносов, А. М. Бутлеров, Д. И. Менделеев еңбектерімен таныс болғаны анық. Ойшылдың пікірінше табиғатта бәрі де объективті түрде өмір сүреді, барлығы да белгілі бір заңдылыққа сай және соған бағынады. Сондықтан да ақын себептілік байланысты, «әрбір істің себебін» тани білу қажет деп есептейді.

Табиғат құбылыстарын тұрақты қозғалыста және даму үстінде, өзара байланысты және себептес деп қарастыратындықтан, ақын әлемнің бір орнында тұрмайтынын атап көрсетеді. Адамның өмірі мен қуаты да өзгеріссіз болмай тұрмайды. Абай әлемнің шексіздігін, қозғалыстың мәңгілігі мен қайталанбайтынын, тыныштықтың салыстырмалы түсінік екенін айқын түсінді:

«Дүние – үлкен көл,
Заман – соққан жел,
Алдындағы толқын – ағалар,
Артқы толқын – інілер,
Кезекпенен өлінер,
Баяғыдай көрінер...»

Абайдың филос. көзқарастарын оларды тек өзіне ғана тән ерекшеліктерімен, өзіндік белгілерімен және сонылығымен, басқаша айтқанда, белгілі бір дәуірмен байланысты және сол дәуірді танытатын нақты-тарихи ережелер жүйесін қаз-қалпында қабылдаған күнде ғана дұрыс түсінуге болады. Абайдың дүниетанымындағы айналадағы қоршаған әлемнің объективті шындығы таным барысын құдайға сенумен және жанның өлмейтіндігімен ұштастыра қарастыратын көзқарасы қарама-қайшылықта және күрделі болып келеді (қ. *Психологиялық көзқарасы, Дінге көзқарасы*). Солай бола тұрса да ақын құдайды табиғат-адамзаттың болмысының алғашқы себебі деп есептемейді, ол дүниені әлдекандай күш жаратты дегенді теріске шығарады. Әуезов айтқандай «... тіпті, оның ақынның діни нанымы мен сеніміне байланысты өлеңдерінің өзі ең басты мәселеде мұсылман дінінің кітаби қағидаларына қайшы келеді» (сонда, 142-б.). Абай көзқарасынан антропол. принциптер де көрініс тапқан. Ол бүкіл табиғатта орталық тұлға етіп адамды қояды, филос. ойларының көпшілігінде адам және адамгершілік мәселесіне баса көңіл бөледі. 17–19 ғ-лардағы антропологизм, тіпті, Фейербахтың өзі де, адамды абстрактылы түрде, жай ғана биол. тіршілік иесі ретінде қарастырып, оның барлық қасиеттері мен ерекшеліктерін табиғи шығу тегіменен ғана түсіндірді. Абай адамды табиғаттың бір бөлігі деп санап, оның имандылық қасиеттерін өмір жағдайлары, дәуір қалыптастырады деп есептейді, ал объективті дүниенің құбылыстары адам басында сәулеленеді де, оның психикалық қызметінен көрініс табады.

Адам мәселесін Абай әр түрлі: филос. , биол.-психол. , эстетик. және әсіресе, этик. көзқарастан қарастырған. Абайдың адам туралы негізгі тұжырымдары Чернышевскийдің «Философиядағы антропологиялық принцип» (1860) деген еңбегінде айтылатын ойлармен ұштасады. Чернышевскийдің түсіндіруінше болмыс бірыңғай болған жағдайда адам басынан екі түрлі: материалдық (адам тамақ ішеді, ұйықтайды, жүреді) және адамгершілік тұрғыдағы (адам ойлайды, сезеді, қалайды) құбылыстарды байқаймыз. Абай *Жетінші сөзінде*: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады... Біреуі білсем екен демеклік... Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды», – дейді ойшыл-ақын. Объективті шындықты тануға деген бұл құмарлықты ақын адамның ең жоғарғы талабы деп біледі. Абай адамның қасиеті туралы ойын өрістете келіп: «Адам баласы екі нәрсеменен: бірі – тән, бірі – жан. Ол екеуі орталарында болған нәрселердің қайсысы жибили, қайсысы кәсиби – оны білмек керек. Ішсем, жесем демектің басы – жибили, ұйықтамақ та соған ұқсайды. Аз ба, көп пе, білсем екен, көрсем екен деген арзу, бұлардың да басы – жибили. Ақыл, ғылым – бұлар – кәсиби», – деп атап көрсетеді.

Қ. *Бейсембиев* ақынның адам бойындағы туа бітетін «екі бастау» туралы тұжырымдарына

«Абай дуализмге жол берді» деп есептеді («Қазақстандағы саяси-қоғамдық және философиялық ой тарихының очерктері». – А., 1976, 206-б.). Ақиқатында Абай да Чернышевский сияқты адам бойындағы заттық және рухани бастауларының бірлігін, адамның тұтастығын айқынырақ ашып көрсетуді мақсат етті. Ақын орыс ойшылдарының еңбектері мен өз қолына түскен жаратылыстану ғылымының деректері негізінде табиғатқа материалистік монизм тұрғысынан қарап, адамның «рухани қызметін» оның дене еңбегінен бөліп алу дұрыс емес деп есептеді. Ал, бұл бір-біріне тәуелсіз материалистік және идеалистік, жеке дара екі бастауды мойындаудан келіп шығатын дуализмге түбірімен қайшы нәрсе. Герцен жазғандай дуализмнің ең басты принциптері «... шын мәнісінде бөлуге болмайтын нәрсені – мысалға, дене мен рухты – жасанды қарама-қарсылықтарға бөлу болып табылады, бұл дерексізденулерді бір-біріне қастықпен қарсы қою және мызғымастай болып біріккен нәрселерді жасанды жолмен өлшеу» (Герцен А. И. Таңдамалы философиялық шығармалары. – М., 1948, т. 2, 113-б.). Абай әлемді тануға болатындығын мойындап, болмыс пен сананың шегін ажыратуға болмайтындығын теріске шығарады, бір бүтіннің бөлшектері ретінде адам мен табиғаттың тұтастығы туралы айқын тұжырымдар жасап, саналы адамның біртұтас табиғаттың үздіксіз дамуының нәтижесі екенін дәлелдейді. Әлемнің тұтастығы туралы мәселе философия тарихындағы ең күрделі тақырыптардың бірі екені белгілі. Абай мұны сана тудырған емес, өзінше объективті өмір сүретін әлемнің материалдық тұтастығы, бірлік деп түсінді. «Бір» демеклік... алла тағалаға лайықты келмейді. Оның үшін, – деп жазды Абай, – мүмкинаттың (болуы мүмкін нәрселер) ішінде не нәрсенің үждуі (бар болу, бар болушылық) бар болса, ол бірліктен құтылмайды».

Әлемнің материалдық тұтастығы туралы тұжырымдарында Абай Чернышевскийдің «Философиядағы антропологиялық принцип» деген еңбегінде материалистік философияның аса маңызды ережелерін негіздеп берген бағытты одан әрі жалғастырды. Абай әлемнің материалдық тұтастығын атап көрсетіп, «құдай жалғыз» деп дәлелдейтін діни қағиданы теріске шығара келіп, бұл туралы: «Біз алла тағала «бір» дейміз, «бар» дейміз, ол «бір» демеклік... – ақылымызға ұғымның бір тиянағы үшін айтылған сөз», – деп жазды. Ол дуалистерге керісінше «өзінің өзі жасаушысы және себепкері» болып табылатын табиғаттың ғана өмір сүретінін мойындады. «Бұл ғылым құдірет... көзге көрілген, көңілге сезілген ғаламды қандай хикметпен жарастырып, қандай құдіретпен орналастырған... адам пеңдесінде ақыл-хүкімші қайрат, қуат қызмет қылушы еді. Соған қарап ойлайсың: алла тағаланың сипатында солай болмаққа тиіс», – деп, Абай адамды аллаға теңестіру арқылы объективті шындықтың, яғни, табиғаттың өзіне-өзі себеп болатынын, оның барлық заттардың мәні мен болмысының себепшісі болып табылатынын, өз болмысы үшін ешқайсысына тәуелді еместігін атап көрсетті. Табиғатты «Аллаға» теңеп, құдайға адам кейпін бергенде Абай, сөз жоқ, Спиноза мен Фейербах философиясының материалистік тұжырымдарын негізге алған. Ойшыл-ақын олардың негізгі пікірлерімен ең алдымен Чернышевский шығармалары арқылы танысқан. Орыс ойшылы өз еңбектерінде Фейербах ілімінің мәнін жан-жақты баяндап қана қоймай, сонымен қатар одан ілгері кетті, ал бірқатар мәселелер бойынша оның дүниетанымындағы шектеулілік бағыттарынан асып түсті. Фейербах құдай туралы түсініктердің психол. негіздерін ашып, құдай идеяларының мазмұны қиялдағы тіршілік иесіне жорамалданған, абсолюттендірілген адамның мәні екенін көрсетіп берді. «Құдай дегеніңіз, – деп жазды ол, – басқа ештеңе де емес, адамның о бастағы, арман еткен адам: құдай қандай болса, адам да сондай болуы керек, сондай болғанын қалайды немесе тым құрымаса бір кезде сондай болғанын қалайды» (Фейербах Л. Таңдаулы философиялық шығармалары. – М., 1955, т. 1, 155-б.). Фейербах табиғат себебін сол табиғаттың өзінен іздеу керек екендігін дәлелдеді. «Табиғат... өзіне өзі себепші», – деп қайталады ол Спинозадан соң. «Адамның құдай туралы айтқандарының барлығы да іс жүзінде оның өзі жайлы айтқандары болып табылады... Адам құдай және соларқылы тек өзін ғана іздейді... Сөйтіп, адамның құдай санап отырған объектісі тек өз қызметі ғана болып табылады» (сонда, 59–61-б.).

Бұл ойлардың көрінісін Абайдан да табамыз. Ол «табиғат нағыз жасампаз», «құдірет адам сияқты» деп жазғанда Фейербахты оқып қана қоймай, зер сала зерттегені, оның ойларының ықпалында болғаны байқалады.

Бірқатар зерттеушілер, нақтырақ айтқанда Қ. Бейсембиев Абайды пантеист деп есептейді. Егер ақынның өзінің нақты түр хақындағы ойларын ортаға салатын «Ғақлияларының» мазмұнына үңілетін болсақ, онда оның дүниетанымындағы антиклерикалдық сәттер жайлы айтқанымыз анағұрлым дұрыс болар еді. Ойшыл-ақын адамдарды құдайға сенуге үндемейді. *Бірінші сөзінде:* «Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз?.. Софылық қылып, дін бағу?» – деп сұрақ қойып алады да, оған: «Жоқ... не көңілде, не көрген күнінде бір тыныштық жоқ, осы елде, осы жерде не қылған софылық!» – деп, оның жөні келмейтінін айтады.

Абай адам сенімін арттыратын нәрсе – білім, қажырлы еңбек, табиғат құпиясын ашу деп білді. Ол адам бойындағы жасампаздық қасиеттерге керемет сенім білдіріп, ол «алла үшін емес», адамдар үшін ғылым мен білімді игеруге міндетті деп есептеді. Сол жолда «құбылыстың мәнін түсінуге», «өзі мен әлемді ұғынуға», тіпті, «алланың өзінің де табиғатын тануға» ұмтылуы қажет. Абайдың бұл үндеуі ислам дінінің негізгі қағидаларына қарсы, өйткені, Құранда жазылғандай алла шексіз, ал адам санасы шектеулі және сондықтан да тәңіріні тани алмайды. «Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеден ешнәрсені оларсыз біліп болмайды... Бұлардың емі, халқына махаббат, халық ғаламға шапқат, қайратты, тұрлаулы, ғадалат ісінің алды-артын байқарлық білімі, ғылымы болсын...» – деп, Абай білімді, ғылыми шындықты діни қағидалардан жоғары қояды. Егер теологтар дін негіздері мәңгілік, мызғымайды, ал адамның тумысында діни сезім болады деп дәлелдеуге ұмтылса, Абай мұны теріске шығарып, діннің тарихи жолмен қалыптасқанын атап көрсетті. Осыған байланысты Абайдың «арабтар ислам дінін зорлықтың күшімен енгізгеніне» қарамай қазақтар оған негізінен салғырт күйінде қалды деген пікірі назар аудартады: «... Қазақ... Һамманы жаратқан құдай бар, ахиретте сұрау алады, жамандыққа жазғырады, жақсылыққа

жарылқайды... деп – бәріне сендік дейді... Олар сендім десе де, анық ақиқат көзі жетіп, ден қойып, ұйып сенбейді... Оларды мұсылман деп, қалайша иманы бар ғой дейміз?» Ақынның дүниетанымы шынайы заттарды тануға және адамдар бақытын о дүниеден емес, жарық дүниеден іздеуі керектігіне бағытталды. Ойшыл-ақын, әсіресе, ғылыми ақиқатты жоғары бағалады: «... әрбір хақиқатқа тырысып ижтиһатыңмен көзің жетсе, соны тұт, өлсең айрылма!» Ол діни қағидалардың мәнін аша келіп, Алланың «барлығының» өзіне, оның құдіретті күшіне деген сенімге күдік келтіреді: «Дініміздің бір жасырын тұрған жалғаны жоқ болса, ақылды, оны ойлама дегенімізге пенде бола ма? Ақыл тоқтамаған соң, діннің өзі неден болады? Әуелі иманды түзетпей жатып, қылған ғибадат не болады? Алла мен бүкіл басқа дүниенің арақатынасын бұлайша түсіндіру, құдіреттің ұйғарымынсыз ешнәрсе де жасалмайды деп пайымдайтын Құран қағидасынан тікелей бас тарту болып табылады. Абай дүниетанымы бұлжымайтын қағида мен нанымға негізделген тағжылмайтын дін сияқты емес, санаға сүйенеді. Ол өзінің бірқатар өлеңдерінде молдаларды, мұсылмандық қағидаларды уағыздаушы дін қайраткерлерін, ырымшылдық пен қараңғылықты қатал сынап, айыптайды.

Абай мұрасында таным мен логика мәселелері ерекше орын алады. 19 ғ-дың 2-жартысында Қазақстанның қоғамдық дамуына байланысты туған талаптар ойшыл-ақынды заңды түрде таным мәселелеріне көңіл бөлуге мәжбүр етіп, оған өзіндік көзқарасын айқындап берді. Қоғамдық өмірдегі ғылым мен білімнің маңызын жоғары бағалап, оларды әлеуметтік жаңалықтармен тығыз байланыстырған ақын таным қызметін қоғамның үздіксіз дамуындағы басты күш деп есептеді. Ол объективті әлемді тану мүмкіндігін және оның даму заңдылықтары мәселелерін дұрыс шешті. Оның ойынша қандай да болмасын білімнің, ақиқаттың қайнар көзі адам өзінің сезім мүшелері арқылы танитын объективті шындық. Біздің біліміміздің салыстырмалы шама екенін айта келіп, Абай «... хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпыменен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнешік өз суретімен көзге түседі. Ол көңілге түсіруші... бес нәрседен өткен соң, оларды жайғастырып көңілде суреттемекке», – деп атап көрсетті. Ол таным мәселесін шешкенде ерікті адамның жеке басы мен оның белсенді күресіне деген сеніміне сүйенеді. Адамды дәрменсіз, әлсіз жан иесі деп қарайтын діни ілімдерге қарама-қарсы ойшыл-ақын адамды белсенді, саналы, жасампаздық қызмет атқара алатын қуатты күш деп санайды.

Абайдың танымның іс жүзіндегі маңызына баса көңіл бөлуі оның гносеол. тұжырымының өзіндік ерекшелігі болып табылады. Ол дерексіз шындық жоқ, өйткені, шындық қашанда нақты деген сенімде болды. Іс жүзінде қолдану – практика мәселесін саналы түрде алға қойып, оны танымды жүзеге асырудың бірден-бір жолы деп есептеді. Танымның мақсаты – оның іс жүзіндегі пайдасында, өз талаптарын қанағаттандыратын адам қуатын арттыратындығында деп түсіндіреді ойшыл ақын. Адамның әлемді тану жолындағы тәжірибенің атқаратын қызметі, оның табиғатын, өзара қатынасы туралы талдау жасағанда Абай тәжірибені шындық пен білімнің айқындаушы белгісі деп қарайтын гносеол. орыс философиясының қол жеткізген табыстарына сүйенеді.

Абай сананы, «өз рухын» адам надандыққа қарсы күресте, қажырлы еңбек арқылы үнемі нығайтып отыруы керек деп есептейді. Бір жағынан «сана ерікпен бірігуі қажет», екінші жағынан – сана мен еңбек әрқашанда бір жерден көрінуі керек. Ары таза, еңбекқор, білімді адамдар үшін табиғат құпияларын танудың шегі жоқ. Ақын білімді адам құбылыстар мен заттардың өзінен бұрынғы беймәлім жаңа қырлары мен қасиеттерін тануға кең мүмкіндік алатынын атап көрсетеді. Ол ғылымды: «Адамның білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әр нәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтықтықпен болады», – деп қарады.

Әлемді тануға құштарлық адамның бойына біткен табиғи қасиеті деп есептеді ойшыл. Бірақ, оның бұл мүмкіншілігі үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді. Бала рухани қасиеттерін жетілдіру үшін оның өзін қоршаған ортамен, оның қасиеттерімен, адамдардың қызметімен танысуы керек. Адам табиғат құбылыстарының құпияларын ұғу немесе соған байланысты белгілі бір дәрежеде жорамал жасау арқылы өзінің қызметін нығайта түседі: «Дүниенің көрінген һәм сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады». Дегенмен ол қоршаған ортаны тануға болатындығын мойындай отырып, сонымен қатар таным қызметінің мүмкіндіктері шектеулі екенін, барша танымның толық аяқталмайтындығын да ескертеді. Ол мұның себебі материалдық әлемнің шексіздігі мен таусылмайтындығында, бітпейтіндігінде деп біледі: «Бұл ғаламды көрдің, өлшеуіне ақылың жетпейді, келісті керімдігіне және қандай лайықты жарастықты законімен жаратылып, оның ешбірінің бұзылмайтұғынын көресің. Бұлардың бәріне ғажайып қаласың және ақылың жетпейді». Абай әлемнің шексіздігін мойындау арқылы танымды «үнемі өзгеріп отыратын түр» ретінде түсініп, «танымның үздіксіз сипаты» туралы жорамал жасайды.

Егер Абайдың гносеол. көзқарастары туралы тұтас айтатын болсақ, онда оның мұрасында сенсуализм мен рационализмнің жағымды тұстарының қоспасы барын аңғарамыз. Абай танымның жолдары мен құралдарын түсінуде материалистік сенсуализм негіздерін басшылыққа алды; ол сезімдік танымға, сезімдік ақиқатқа баса көңіл бөлді. Оның пікірінше танымның қандай түрі болса да сезім мүшелері арқылы анықталады (қ. *Психологиялық көзқарасы*). Сонымен қатар ол объектінің (заттың) мәнін түсіну үшін бір ғана сезімдік танымның жеткіліксіз екенін, «саналы», рационалды танымның қажет екенін жақсы түсінді. Абай осы тұрғыда адамның өзін қоршаған әлемді алдымен сезім мүшелерінің көмегімен түйсіну арқылы танып, содан соң сол мағлұматтар арқылы түсінігі қалыптасатынын анықтады. Рационалды танымды «бір текті заттың тартылыс күші» деп атап, оған: «... бір нәрсені естіп, көріп білдің, хош келді, қазір соған ұқсағандарды тексерейсің. Түгел ұқсаған ба? Яки бір ғана жерден ұқсағандығы бар ма?» деген анықтама береді. Ол саналылыққа шақырып, рационалды таным мен сезімнің біртұтастығы туралы тұжырымды қолдай отырып, адам танымын оның санасы мен қуатын аяқасты ететін ислам өктемдігінен азат етуге күш салды. Абай рационализмінің мәні мынада: рационалдық – сезімге (тәжірибеге) қарсы қойылатын ойлау емес, өмірдегі иррационалдық бастауға қарсы қойылатын саналылық.

Дәйексіз логик. ойлау жолымен өңделген, қорытындыланған, яғни, «... естіп білу, көріп білу секілді нәрселерді... сынап, орынды, орынсызын... есеп қылып...» тәжірибеге сүйену жолымен алынған түйсік мағлұматтары объективті шындықты танудың қажетті жағы болуы мүмкін деп түсіндіреді ойшыл ақын. «Ақыл мен білім еңбек жемісі, – деп жазды Абай, – «еңбек таным сезімін оятады», естігеніңді санаңда орнықтырады. Тек түйсік мағлұматтарды біртұтас, табиғи байланыста болған жағдайда ғана, «сын көзбен қорытып», тәжірибеде сынау арқылы ғана тануға болады». «... Жан қуатыменен адам хасил қылған өнерлері де күнде тексерсең, күнде асады. Көп заман тексермесең, тауып алған өнеріңнің жоғалғандығын... білмей қаласың. Не көрдің, есіттің, әрнешік білдің, соны тездікпенен ұғып, ұққандықпен тұрмай, арты қайдан шығады, алды қайда барады, сол екі жағына да ақылды жіберіп қарамаққа тез қозғап жібереді. Егер бұл болмаса, көп білуге көп оқу оңды пайда да бермейді». Абай да рационалистер сияқты әлемді тану жолында ақылдың атқаратын қызметін жоғары бағалады. Дегенмен, ол шынайы білімнің бірден-бір көзі сана деп білетін рационалистердің білімінің түпкі тегі – тәжірибе екендігін теріске шығаратын тұжырымымен келіспейді. Рационалистер тек сана арқылы ғана терең білім алуға болады, ал ақиқат білімнің тәжірибеден туындауы мүмкін емес деп есептесе, Абай сана тек объективті шындықты ғана көрсетеді: «Ақыл, ғылым – бұлар – кәсіби (еңбекпен табылған нәрсе)», – деп санайды.

Абай адам танымын надандықтан білімге дейінгі, толық емес білімнен неғұрлым толық білімділікке дейінгі үздіксіз даму деп түсінді, білімнің қайнар көзі объективті шындық болып табылады және заттар туралы сол білім толық ақиқат. Ол тәжірибе барысында білімнің толыға түсетінін ерекше атап көрсетті: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады».

Абайдың айтуынша адам ақылды немесе ақымақ, қайырымды немесе жауыз болып тумайды, ол жағдайға, тәрбие мен еңбек қызметіне қарай қалыптасады. Ақынның бұл ойлары Чернышевскийдің адамның ақыл-ойы оның саяси және басқа да дамуы сияқты экономик. өмір жағдайлары мен материалдық өмір сүру құралдарына байланысты деген тұжырымымен үйлесіп жатыр. Бірақ, Абай танымның сезімдік-нақты және түсінікті деңгейлерін тиісті ғылыми атаулармен толық атап көрсете алмады. Соған қарамастан оның негізгі ойлары дұрыс бағытта өрістейді, сенсуализм мен рационализмнің шектерінен асып, танымның сезімдік және рационалдық жақтарын бөлінбейтін қатынаста деп қарауға ұмтылысты танытады. Абай таным барысында игерген білім мазмұны туралы айтқанда олардың шынайы болуына баса көңіл бөледі. «Шындық пен өтірікті анықтау» жолы – таным жолы болып табылады. Ол адам таным арқылы шындыққа жетеді дегенге сенді. Ақын «хақиқат... һамманы білетұғын ғылымға ынтықтықтан» туындайды деген тамаша тұжырым жасайды. Бұл тұжырым Абайдың гносеол. пікірінің сырын ашып, оның топшылауынша шындық бейне мен объектіні түсінуге көмектеседі, өз түпнұсқасына сай, яғни, шындықтың біздің санамызда бейнелеуіне сәйкес қалыптасады, тек рационалды таным мен сезімнің тұтастығы ғана таным нәтижесі мен сәйкестігінің басты шарты бола алады.

Абай шындыққа жету, таным жолындағы ойлаудың қызметі мәселелеріне ерекше мән берді. «Адаспай тура іздеген хакимдер болмаса, дүние ойран болар еді. Фиғыл пәнденің (адамның) қазығы – осы жақсы хакимдер, әрнәрсе дүниеде солардың истихражы (істеу, ойлау) бірлән рауаж табады. Хакимдердің ғақлияты бірлән жетсе, иман якини (шын иман) болады. Бұл хакимдер... адам баласының ақыл-пікірін ұстартып, хақ пенен батылдықты айырмақты үйреткендігі – баршасы нәфиғлық (пайда беруші) болған соң, біздің оларға міндеткерлігімізге дауа жоқ».

Ғалым алған білімінің көлемімен, көп оқығандығымен ғана ардақты емес, ол өз білімін үздіксіз толықтырып, жаттығып, логик. ережелерді еркін меңгеріп, шеберлігі мен өнерін шыңдай түсуге тиісті. Ойшыл-ақын әл-Фарабидің, сол арқылы Аристотельдің логиканың мәні ғылым ретінде баяндалатын филос. еңбектерімен жақсы таныс болды. Оның логик. түйіндеу шеберлігін еркін меңгергендігін қара сөзбен жазылған «Ғақлиялары», соңдай-ақ, өзіне қастандық жасалған оқиғадан соң 1898 ж. Сенатқа жазған хаты айқын дәлелдейді. Абайдың бұл құжаттағы сөз жүйелеуі, тұжырымдарының дәлелділігі, ойының айқындығы оның логика саласындағы алымының кеңдігін танытады. Ол жауласқан екі жақтың куәларының сөздеріндегі фактілер мен мысалдарды тиімді пайдаланып, олардан бірден-бір дұрыс қорытынды жасайды. «Егер куәлар өздері бір мезгілде көрген бір оқиға жайында ұқсас пікір айтса, онда мұндай жағдай әлгіндей оқиғаның болмағандығына дәлел бола алады...» (Үкімет – Сенатқа. «Білім және Еңбек», 1985, №8, 15-б.). Абай неғұрлым негізделген логик. заңдылыққа сүйене отырып, шындықтың жекелеген үздік-үздік мысалдар арқылы ғана ашылмай, деректерді тұтас, өзара байланыстыра отырып күдіксіз дәлелденуін, сөйтіп, оның дұрыс тұжырым жасап, танымның шынайы нәтижелеріне жетуге қызмет көрсетуін талап етеді. Ол логик. дәлелділік әдістерін басшылыққа ала отырып: «Мен былай деп ойлаймын: егер бір оқиға жайлы бірді-екілі емес, көп адам түсінік берсе және ол жайында мүлде ұқсас пікір айтса, онда мұның өзі оқиғаның ойдан шығарылмағандығын, шын мәнінде болғандығын дәлелдейді. Әлбетте, сол адамның да әлдебір мүдделер көздеп мүлдем болмаған, яки болған оқиғалар жайлы нақ болғандағыдай етіп айтпауы да мүмкін жай, ондай жағдайда мұны жоққа шығару әңгімелер ұқсас екен деген бірер тұжырыммен түйінделмей, әлгі әңгімелерді істің басқаша жағдайларында және басқа адамдардың куәліктерімен тексеруден өткізумен түйінделуге тиіс» (сонда, 15–16-б.), – деп жазды.

Абай ой тұжырымдауды себеп пен салдардың объективті байланысының қорытындысы деп қарайды, оның бұл түсінігі – сол байланыстың нәтижесінде күмәнсіз білім туындайды дейтін ғылыми социологизм принциптеріне толық сай келеді. Ол силлогистик. тұжырымдау ережелеріне сүйене отырып, ойлаудың түр жағынан ғана емес, мазмұны жөнінен де, объективті шындықтың сәйкестігі жағынан да дұрыс болуын талап етті. Силлогизмді тиянақтылық пен тұжырым жасаудың байланысы деп қараған ойшыл ақын тұжырымдаудың шындық пен жалғандық жағдайларына толық қорытынды жасап, куәлардың толық немесе ішінара жалған тиянақсыз сөздерінен мысалдар

келтіреді. «Осындай ой түйіндеу арқылы теріс те, оң да қорытындыға келуге болады – түсініктемелер ұқсас па, демек, олар – жалған; ақиқатқа көз жеткізу үшін түсініктемелер бір-бірімен қабыспайтын болуы қажет; бірақ, мынадайда силлогизм жасауға болады – түсініктемелер бір-бірімен қабыспайма, демек, олар жалған; ақихатқа көз жеткізу үшін түсініктемелер бір-біріне ұқсас болуы керек» (соңда). Ол логик. қарама-қарсылықтар заңына сүйеніп: қарама-қайшы пікірлер шын, не жалған болуы мүмкін, ал ешуақытта да екеуі қатар болмайды деген тұжырым жасайды. Ол силлогизмге қарама-қарсылықтар арқылы ой жүгірткенде де жоғарыда көрсетілген заңға сүйенеді. Абай шартты силлогизм теориясын негізге ала отырып, қарама-қарсылықтар арқылы шындыққа жетуге болатынына көңіл бөледі. Егер шындық ретінде тиісті объективті шындыққа сай дәлелді пікірлер айтылса ғана ой тұжырымдау дұрыс болады деп есептейді. «Логикалық жағынан екі жағдайдағы түйіндеу де дұрыс, бірақ, мәселе онда емес, – деп жазды Абай, – мәселе болған оқиғаның ақиқаттығына көз жеткізу үшін соның негізінде ой түйінделген жеке бастың уәж-нанымы ғана емес, фактілерге негізделген уәж-нанымның қажеттігінде болып отыр, ал мұндай наным болмаған жерде – түсініктемелер мейлі ұқсас, мейлі әрқилы болсын – бәрібір оқиғаға сайма-сай келетін түйін жасауға болмайды, фактіге негізделмеген пікірге ғана келуге болады» (соңда). Абай дерек туралы ой тұжырымдауда нақты бар заттардың байланыстары мен қатынастарының объективті көрінісіне негізделген логик. операциялардың негізгі ережелерін қатаң сақтау қажеттігін ұсынады. Абайдың логик. дәлелдері көп ретте Аристотель мен әл-Фарабидің – қолдайтын және теріске шығаратын пікірлер, жағдайға қарай пайымдау, дұрыс және қате, қысқартылған және күрделі силлогизмдер, логика заңдарының субъективті мәні ғана емес, олар шынында да болған заттардың түрін де көрсететіні туралы тұжырымдарымен үндесіп жатыр (Бурабаев М. С. және басқалар. Әл-Фарабидің логикалық ілімі туралы. – А., 1982, 112–168-б.).

19 ғ-дың 2-жартысында қазақ қоғамында орнаған қоғамдық қатынастардың деңгейі ойшыл ақынның бірқатар мәселелерді шешуде, мыс., әлемнің материалдылығын, себептілік, таным және ойлау қызметтерін түсінуде материалистік белгілері айқын сезілгенімен, қоғамдық болмыс құбылыстарын материалистік тұрғыдан түсінуіне мүмкіндік бермеді. Абайдың тарихи еңбегі оның өз дәуірі үшін философия саласында қазақтың қоғамдық ойының дәстүрлі қағидаларына бірқатар соны да жаңа пікірлер ұсынғандығында болып табылады. Ақынның идеялық мұрасы қазақтың қоғамдық-филос. ойы мен мәдениетінің даму тарихын сапалық жаңа белеске көтерді.

Әдеб.: Бейсембиев К. Мировоззрение Абая Кунанбаева. -А., 1956; Тажибаев Т. Философские, психологические и педагогические взгляды Абая Кунанбаева. -А., 1957; Ауэзов М. Мысли разных лет. -А., 1961; сонікі. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. -А., 1967; Сегизбаев О. А. Традиции свободомыслия и атеизма в духовной культуре казахского народа. -А., 1973; Бурабаев М. С., Сегизбаев К. А. Идейные связи общественно-философской мысли Казахстана и России. -А., 1987.

М. С. Бурабаев.

ФИРДАУСИ Әбілқасым (940 ж. ш. – 1020–1030 ж. ш.) – парсы-тәжік халқының ұлы ақыны. Оның Ф. деген бүркеншік есімі «Жұмақ» деген ұғымды білдіреді. Атақты «Шаһнама» дастанын 35 жыл жазған. 110 мың өлең жолдан тұратын бұл дастан әлем әдебиетінің алтын қорынан заңды орнын алды. «Шаһнаманың» жеке тараулары қазақтар арасында ертеден-ақ белгілі болған. Беріректе Ораз Молда 1856–70 ж. аралығында дастанның 3 аудармасын жасады. Белгілі ақын І. Тұрмағамбет аудармасы «Жамшид-нама», «Рүстем-дастан» және «Дарапнама» деген 3 бөлімнен тұрады. Абай Ф. және басқа да шығыс классиктерінің шығармаларымен Семейдегі Ахмет-Риза медресесінде оқып жүргенде танысып, тереңдей оқыған. Оның жастық шақтағы алғашқы өлеңдерінің осы шығыс ақындарының үлгісінде жазылуы да соңдықтан. Білім-ғылымға бой ұрып, өзгеше түрде өлең жазуға құмартқан жас ақын бір топ шығыс классиктерінің қатарында Ф-ді де пір тұтып, ақындық жолына медет сұраған, оның ұлы аруағына сиынған (қ. *Шығыс әдебиеті*).

ФРАЗЕОЛОГИЯ. Абай тіліндегі фразеологизмді жалпы халықтық тілден, сонымен бірге өзіне дейінгі ауызша әдеби тілден алып қолданған және ақынның өзі жасаған тіркестері деп бөліп қараған абзал. Ғасырлар бойы сұрыпталып, тұрақталған тіркестерді пайдалану жалғыз Абайдың емес, әрбір қаламгердің әдісі, бірақ, мұнда әр ақын-жазушының фразеологизмдерді таңдауы, құбылтуы, қолдану орны, жиілігі т. б. жағынан өзіне тән қолтаңбасы көрінеді. Белгілі бір тілдегі Ф. байлығы қай автордың тілінде де негізгі тілдік және поэтик. құрал ретінде кәдеге асырылған. Абай да, әсіресе, өлеңдерінде халық қазынасына жататын тұрақты тіркестерді еркін қолданған. Мыс., оның өлеңдеріндегі **қас сағыну**, **қас сағынбау**, **із жоғалту**, **көзге ұру**, **қырымға қарау**, **титығы құру**, **табанынан тозу**, **намысқа шашу**, **тілін безеу**, **басқа шауып**, **төске өрлеу**, **араны тоймау**, **малма сапсу**, **шылбыр беру**, **шаужайынан қағу**, **табанынан таусылу**, **қырқын мінсе қыр артылмау** сияқты қимыл, іс-әрекетке қатысты өте образды тұрақты тіркестер – қазақтың жалпыхалықтық тілінің ертеден келе жатқан мүлкі. Соңдай-ақ, **жас өспірім**, **ақ көңіл**, **ақ пейіл**, **ер көкірек**, **жау жүрек** тәрізді сындық мәнді фразеологизмдерді де Абай халықтық қордан алып жұмсаған.

Абай заманында бірқатар фразеологизмдер әлеум. жаңа қарым-қатынас, жаңа құбылыстарға байланысты туған қолданыстар болатын. Мыс., **шенді шекпен кию**, **басына іс түсу**, **ат мініп**, **ақша ұстау**, **жер аудару**, **жалға жүру**, **закон сұрау** деген тіркестер қазақ даласына келген жаңа әлеум. немесе экономик. қарым-қатынастарға қатысты пайда болған, 19 ғ-дың 2-жартысының туындылары. Заманға қарай өмірге келген жаңа сөздерді жиі қолданғаны сияқты, ақын мұндай тың тіркестерді де жатсынбай қабылдайды. Оның үстіне Абай тілінен **орынға сайлану**, **түсіп қалу** (әкімш. орыннан айырылу), **байға кірісу**, **міндетті болу** (халыққа не ұлыққа) тәрізді заманалық жаңа сөз орамдары табылады.

Фразеологизмдерді қолдануда ақын қазақ көркем сөзі тіліне үлкен үлес қосты, ол үлес перифрастикалық тіркестерді мол қолданудан, жаңа тіркестер жасаудан және кәнігі фразеологизмдерді тұлғалық-құрылымдық түрін өзгертіп жұмсаудан көрінеді.

Ф. саласында Абай әкелген өзгеріс, жаңалықтардың келесі түрі оның өз қаламынан жаңа тіркестер туғызуында. Ф-лық тіркестер – семантик. шоғырлар, яғни, жеке сөздер білдіретін мағыналардың бір-бірімен түйісуінен туған жаңа семантик. единица. Абай образ жасауда, айтпақ ойына экспрессивтік сипат беруде жеке сөздерді бір-бірімен тіркестірудің сарқылмас бұлақ сияқты

екенін жақсы түсінген. Сондықтан қызметі мен құрылымы жағынан әр алуан жаңа фразеологизмдерді ұсынады. Олардың үлкен бір тобына семантикасы жағынан бір-біріне жанаспайтын сөздерді тіркестіріп жасағандары жатады. Мыс. , **көңілдің жайлауы** деген жаңа фразеологизмде көңіл деген дерексіз ұғым жайлау деген нақты зат атауымен қабыспауға тиісті еді, бірақ, ақын көңіл сияқты абстракцияны жайлау тәрізді әрі шалқыған кең, әрі жадыраған «дүние» деп таныту үшін бұл кереғар екі ұғымды бір-біріне жанастырып, жаңа ассоциация туғызады. **Көңілге ажым салу** деген жаңа фразеологизм де соны образ әрі оның экспрессивтік бояуы бұрынғы көңілі қалу, көңілі жабырқау дегендерге қарағанда әлдеқайда қою. **Олжалау**, **пайдалану** (біреудің еңбегін, күшін, ойын т. б.) деген сөздер тұрғанда **адам аулау**, **адам сауу** деген фразеологизмдерді ұсынғанда да Абай мағыналары жуыспайтын ұғым атауларын (ауланатын аң, құс, сауылатын мал) тіркестіріп жаңа образ жасайды, соңғы тіркестердің әсері алдыңғы етістік сөздерден әлдеқайда күшті екенін Абай жақсы білген. Оның тіліндегі **бойды ұрлау** (ұрланатын қолға ұстайтын зат болу керек қой), **жүрегін ұстап сату** (сатылатын зат, бұйымдар болуы керек), **иман жүзін тоздыру** (тозатын киім, бұйымдар болуы керек еді) деген фразеологизмдер де осы қатардан табылады. Бұлар, бір жағынан, метафоралық тіркестер, яғни, мағына ауыстырып айту құралы ретінде көрінеді. Бұл типтес фразеологизмдер сан жағынан да, сонылығы жағынан да көзге бірден түсіп, Абайдың қазақ Ф-сына қосқан үлкен үлесі болып танылады.

Абай қазақ тілінің фразеологиялық қазынасына орыс тілінен тікелей аудару (калька жолымен) арқылы жасалған жаңа тіркестер қосты. Әрине, бұлар сан жағынан көп емес, бірақ, сол аз фактінің өзі қазақ *поэзия тілінде* Абайдан басталғанын көрсетеді. Мыс. , Қартаң бай, қатты сақ бол, тілге көнсең, Мүйіз шығар қатынның тіліне ерсең (1, 200), **мүйіз шығу** тіркесінің дағдылы мағынасы **мерейі үстем болу**, ал Абайдағы мағынасы әйелі көзіне шөп салған еркектің халі, орысша «быть рогатым» дегеннің калька жолымен туған қазақшасы. Осы қатарға «Кептерше сүйініскен демалыс бар», «Дүниедегі қызықтың бүгін бәрі, Саған салқын тартқандай, сен – бір кәрі» дегендердегі кептерше сүйінісу – ворковать как голубки, салқын тарту – постывать (Лермонтовтың «Пускай теперь прекрасный свет Тебе постыл – ты слеп, ты сед» деген жолдарының аудармасынан) тәрізді фразеологизмдері де жатады. Сондай-ақ, тактісіне билеу, бір сағаттан бір сағат сияқты тіркестер де негізі өзге тілдік (плясать в такт, от часу на час) деп тұрған сияқты. Аударма немесе калька тіркестердің бірқатары Абайдың төл шығармаларында қолданылған, сондықтан бұл әдіс тек аударма үстінде, шарасыздықтан қолданылған емес, орыс тілінің көркемдік дүниесін игеру, жарату сияқты талаптан туған деуге болады.

Абай бұрынғы фразеологизмдерді өзгертіп қолданғанда, екі түрлі әдіске жүгінеді: бірі – тұрақты тіркестің құрамындағы сөздердің бір-екеуін өзге сөздермен (көбінесе, синонимдерімен) ауыстырып қолдану. Мыс., **ант бұзу** дегенді **ант шайқау**, **ақылы кірдіні**, **ақылға ену**, **ар-ұяттан безуді ардан кету**, **ауызға сөз түспедіні тілге сөз түспеді** деп құбылту немесе **өтірікті жүндей сабауды өтірікті судай ағызудың** орнына өзгертіп құру – Абай тіліне тән. Бұл тәсіл Абайда жүйеге айналған. Байырғы фразеологизмдерді өзгертуде екінші қолданған әдісі – тілде қалыптасқан тұрақты тіркестің идеясын алып, яғни, мағынасын қуалап, соның ізімен жаңасын жасау. Мыс. , Абай заманына дейін де қазақ тұрмысында **көліктің майын**, **аттың майын пайдалану** (сұрау, беру) деген тіркестер болған. Осылардың идеясын (мағынасын) алып, Ақын **көздің майы**, **сөздің майын аямау** деген тіркестер құрады. Көліктің немесе аттың майы дегенде, «аттың күші» деген ұғым беретін болса, көздің майы, сөздің майы дегендерде де Абай осы идеяны пайдаланады: көздің майын ағызу – көздің күші жасында болса, соны төгіп, «қалқаға сөз айту», сөздің майын аямау – сөз беретін күш-құдіретті аямай, барын айту. Пысық адамды әдетте **еті тірі кісі** дейді, осы мағынаны пайдаланып, Абай **көңілі тірі** деген тіркес жасайды. **Жақын тарту**, **іш тарту** деген кәнігі фразеологизмдерді **тарту** сөзінің мағынасына иек артып, **қайратсыз тарту**, **ыстық тарту**, **салбыраңқы тарту** деген жаңа тіркестер ұсынады. **Пайдасы тию**, **зияны тию** дегендердің үлгісімен **панасы тию**, **еңбегін жалдау**, **күшін жалдау** дегендердің үлгісімен **жан жалдау** сияқты соны тіркестерді дүниеге келтіреді. Абай тілінде осылар сияқты ондаған жаңа фразеологизмдер, бір жағынан, тың образдар жасап, поэтик. құралдарға айналып жатса, екінші жағынан, қазақ әдеби тілінің, оның ішінде өлең тілінің фразеол. құрамын байытып, жаңа түрлерін қосты.

Әдеб.: Жұмалиев Қ. Қазақтың өлең құрылысы, тілі жөніндегі Абайдың жаңалықтары. «Майдан», 1944, № 1; Машабаева З. Абай шығармаларындағы фразеологиялық ерекшеліктер. Қаз.ССР ҒА-ның хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы. 1974, № 2; Сыздықова Р. Абай және поэзия тілі. Қаз.ССР ҒА-ның хабарлары 1985, №4.

Р. Сыздықова

«ФРОЙНДШАФТ» – респ. қоғамдық-саяси газет. Ақмолада 1966 жылдан неміс тілінде шыға бастаған. 1987 жылдан Алматыда басылып, 1991 жылдан «Дойче Альгемайне» деген атпен тарай бастады. Газетте Абайдың өмірі мен шығармашылығына қатысты бірқатар материалдар басылды. И. Варкентиннің «Гете және Абай» атты лирик. очеркі, соның аудармасымен М. Құрмановтың «Гетеге» өлеңі (1966. 18. 12) басылған. 1971ж. Г. К. Бельгердің Абай, Лермонтов, Гетенің руханп байланысын сөз еткен «Биік тұлғалар» очерк-эссесі жарияланды. Газетте Р Пфлюгтің аудармасымен Абайдың «Ғылым таппай мақтанба... өлеңі (29. 5. 1982), сондай-ақ, Бельгердің Абай мен М. О. Әуезовтың рухани-тарихи байланыстарын, шығармашылығын сөз ететін «Шыңғыстау бөктерінде» атты көркем очеркі жарияланған.

Г. Бельгер.



ХАЗАР – қалмақ халқын құраған аталардың бірі. Бұл туралы Абай өзінің *«Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы»* деген тарихи еңбегінде: «Қалмақтың төрт атасының бірі – Хазар» деп жазады да, одан әрі сол Х. Қажар, Афшар, Үшташлы ұрпақтарын таратады. Х. ұрпақтары шапқыншылықтарының салдарынан қазақтар Амудариядан қашып, Сырдария бойында ойсырап жеңіліп, әйгілі «Ақтабан шұбырынды...» сергелдеңіне ұшыраған.

ХАКИМ Сибғат (1911–86) – ақын. Татарстанның Ғ. Тоқай атындағы Мемл. сыйл. және РСФСР-дың М. Горький атындағы Мемл. сыйл. лауреаты. Ол Абай шығармаларын жоғары бағалаған. «Мен жастайымнан Абай мен Жамбыл жырларын жаттап өстім. Бұл жырларды оқыған кезімде көз алдыма Абай жырындай ойлы, кең пейілді қазақ досым елестейтін. Осы бір тәтті сезім жүрегімнен жыр болып төгілді. Осыдан екі жыл бұрын жазылған «Қазақ досыма» деген жыр осылай туған еді («Лениншіл жас», 1962, 31 қазан),» – дейді ол. Ал, «Биіктен биікке» мақаласында ол ұлт әдебиетіндегі классиктер дәстүрі туралы сөз қозғайды: «Дәстүр дегеніміз әр ел, әр ұлт үшін өз ерекшелігі бар сапа. Біреулер үшін ол Тоқайдан тыс Пушкин болса, біреулер үшін Абай, біреулер үшін Ғафурдан тыс Шевченко, ал тағы біреулер үшін дәстүр Маяковский болып отырады», – дейді («Социалистік Қазақстан», 1962, 27 қазан). *С. Сейітов.*

«ХАКІМ АБАЙ» – *«Атамұра»* баспасынан 1994 ж. жарық көрген ғыл. еңбек. Авторы – Ғ Есімов. Еңбекте автор Абай шығармаларына ғылымда белгілі герменевтикалық тәсілді қолдана отырып, талдау жасайды. Ақын өлеңіне, оның бір шумағына, бір жолына ден қойып, ой айтады. Абай қарасөздерінің ішкі толғаныстарын саралап, ақын сөз еткен түбегейлі мәселелерді ашып көрсетеді. Кітап көлемі 10 б. т., 15 мың дана болып басылған.

ХАЛИОЛЛА ҮЙІ, Бекметов үйі – Қарқаралы қ-ндағы тарих және мәдениет ескерткіші. 19 ғ-да ауқатты саудагер Халиолла Хамитұлы Бекметов (1833 – 1903) салдырған. Х. Бекметов түрмелерге қамқорлықтың Қарқаралы бөлімшесінің, Қоянды жәрмеңкелік комитетінің мүшесі болған.



Халиолла Бекметовтың үйі.

Бекметовтар әулеті өз заманында Қазақстанның қоғамдық және экономик. өміріне белсене араласқан, ұлттық салт-дәстүрлерді жете меңгерген. Халиолланың інісі Мұхаммед (Мақсұт) Бекметов Қазақстандағы әлеуметтік теңдік жолындағы қозғалысқа белсене араласқан. Халиолла Бекметов аға сұлтан Құнанбай Өскенбайұлымен дос болып, жиі араласып тұрған. Әділ де адалдығымен танылған Халиолланы Қарқаралы халқы бітімші би етіп сайлаған. Қалада мешіт, медресе үйлерін салдырып, осы аймақта кен көздерін ашуға көп еңбек сіңірген. Құнанбай Қарқаралыдағы мешітті салдырарда оның жобасы мен тұрғызылатын орнына байланысты Бекметовпен ақылдасып отырған. Халиолла қаладағы Құнанбай мешіті ғана емес, 1910 ж. С.-Петербургте салынып, іске қосылған мұсылмандар мешітіне де қаржылай көп көмек көрсеткен.

Халиолланың кейін «Көк үй» аталып кеткен, ешқандай шеге қағылмай, бірыңғай бөренеден қиюластырылған үйіне Абай бала кезінен барып тұрған. Абай Бекметов кітапханасын да пайдаланған. Жас ақынның мұнда келген әр сапары ойын-сауықпен өткен. 1977 ж. қазір балалар бақшасы ретінде пайдаланылатын Х. ү-нің қабырғасына мемориалдық тақта орнатылды.

Ж. Бекметова.

ХАЛИУЛЛА – Абайдың інісі, қ. *Өскенбаев.*

ХАЛИУЛЛАҒА ХАТЫ – Абайдың Омбыдағы кадет корпусында оқитын інісі Халиуллаға (қ. *Өскенбаев*) 1866 ж. 8 наурызда жазған хаты. Петербургтегі Күншығыс халықтарын зерттеу ин-тының кітапханасында сақтаулы бұл хатты акад. Ә. Марғұлан тапқан. Кітапханада мұнымен бірге Абайдың Халиуллаға әкесі Құнанбай атынан жазған хаты және ақын аулының молдасы Ғабитханның хаты сақталған. Бұл аса құнды құжаттар кітапханаға 19 ғ-дың 60-жылдары Петербург ун-тінің проф. И. Н. Березин арқылы келіп түскен. Ал, Березинге Омбыдағы кадет корпусы Күншығыс тілдерінің оқытушысы, қазақстандық педагог Н. Ф. Костелецкий жіберген. Халиулламен жақсы қарым-қатынаста болған Косталецкий шәкіртінен қазақтың көне қиссаларын, билер сөздерін, Абай өлеңдерін көшіртіп алған да, баспадан шығару үшін Березинге жіберіп тұрған.

Халиулла – Құнанбайдың Айғыз деген әйелінен туған баласы. Білім құған інісімен идеялық үлкен ынтымақта болып, сол арқылы орыс әдебиеті мен мәдениетінен көп мағлұмат алған ақын оны өте жақсы көріп, мақтан тұтқан, үлкен қалаларға барып білім алуына көмек көрсеткен. Оған жазған хатында да сол бауырластық ықыласы, оқудағы азаматтың болашағына деген үміт-арманы айқын аңғарылады. Хатты асығыстау жағдайда, Аягөз қ-нда жазған. Хат алғаш рет ақын шығармаларының 1961 жылғы бір томдық толық жинағында жарияланды. Кейінгі басылымдарында ешқандай текстол. өзгеріс байқалмайды. *Т. Рсаев.*

ХАЛЫҚ АСПАПТАР ОРКЕСТРІ, Қазақтың Құрманғазы атындағы мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрі – Қазақстан Республикасының еңбек сің. ірі муз.-шығармашылық ұжымы. 1933 ж. Алматыдағы муз. драма техникумы жанынан домбыра ансамблі ретінде А. Қ. Жұбанов ұйымдастырды. Алғаш құрылған күнінен бастап Абай шығармалары және Абай өлеңдері тақырыбына жазылған әр түрлі жанрдағы муз. шығармалар оркестр репертуарынан тұрақты орын алып келеді. Оркестр көп жылдар бойы А. Қ. Жұбановтың «Абай» сюитасын, А. Қ. Жұбанов пен Л. А. Хамидидің «Абай» операсынан ариялар орындады. Әр жылдарда Р Абдуллин, К. Байсейітова, Р. Жаманова, Е. Серкебаев, Б. Досымжанов, Б. Жылысбаев, Ә. Дінішев, Б. Төлегенова Абай әндерін, сондай-ақ, Абай өлеңдеріне жазылған Қазақстан композиторларының ән-романстарын оркестрдің көркемдеуімен республика, шетел сахналарында шырқады. *Б. Ғизатов.*

ХАЛЫҚ КҮН ҚАЙЫРУЫ, халық календары – жыл ішіндегі айлардың, күндердің реті мен санын көрсетудің, уақыт есептеудің табиғи құбылыстарға негізделген жүйесі, мейрамдар мен тарихи, қоғамдық мәні бар уақиғалардың мерзімдерін көрсететін кітапшалар мен кестелер. Абай шығармаларында Х. к. қ-на тән **қараша**, **желтоқсан**, **шілде**, **наурыз**, **Ұлыстың ұлы күні**, **наурыздама**, **жылан жылы**, **жылқы жылы**, **қой жылы** т. б. қолданыстар кездеседі. Бірақ, оңдағы кейбір атаулар мен сөздердің мағыналары қазіргі күн қайыруда қолданылып жүргеннен бөлектеу, «Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай, Қыстың басы бірі ерте, біреуі жәй, Ерте барсам, жерімді жеп қоям деп, Ықтырмамен күзеуде отырар бай». Мұндағы қараша, желтоқсан – күздің соңғы 10-, 11-айлары. Ал, қазіргі күн қайыруда 11-, 12- айларға сай келеді. Осы күнгі ресми қолданылып жүрген күн қайыруда шілде сөзі «жаздың екінші айы» дегенді білдіреді. Шілде атауын Абай да қолданған:

«Жаздыгүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйшешек
Ұзарып өсіп толғанда,
Күркіреп жатқан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда» –

дегенде ақын жаздың бір ғана айы – шілдені емес, қырық күн шілдені – «жаз айларында өтетін амалды» айтып отыр. Ақын наурыз сөзін де айдың аты емес, мейрам атауы ретінде қолданған: «Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурыздама қыламыз деп, той, тамаша қылады екен» (1-т. , 222-б.). Абайдың «Қарасөздерінде» күн қайыруға, оның ішінде жыл қайыруға қатысты аса мәнді этногр. дерек беретін «жылан жылы жылыс болады, жылқы жылы ұрыс болады, қой жылы зеңгер тоғыс болады» деген сөз орамдары кездесіп отырады. Х. к. ҚҚ-нда күздің ортасында өтетін 5–10 күндік амал шыбынсыз жаз деп аталады. Күн ашық, желсіз болып, жаздыгүнгідей маужырап тұрады, табиғаттың аз күндік бұл амалы күз ортасындағы кіші-гірім «жаз» тәрізді болып көрінеді. Бұл кезде шыбын-шіркей, маса-сона мүлде болмайды, олар күздің жүріп өткен алғашқы салқыны – «кіші қазанның» суығынан аман қалмайды. Ақын өзінің «Келдік талай жерге енді» өлеңінде сөзді шыбынсыз жаздың жанға жайлы мамыражай осындай сипатына балаған: «Қызыл тілім буынсыз, Сөзімде жаз бар шыбынсыз...» Ақын ай аттарын да жоғарыда келтірілген өлеңдеріндегідей, бірде тура мағынасында қолданса, бірде ауыспалы мәнде, бейнелі түрде жұмсайды: «Қарашада өмір тұр, Тоқтатсаң тоқсан көнер ме? Арттағы майда көңіл жүр, Жалынсаң, қайтып келер ме?». Ақынның қараша деп отырғаны – «ұлғайған жас, көрілікке бет алған шақ». Ал, арттағы май – «өтіп кеткен жастық». Тоқсан – «қыс», «тіршілік атаулының ұйқыға кетер кезі» дегенге мегзейді. Әдетте, қазақ поэзиясында жастық шақты көктем мен жазға, көрілікті күз бен қысқа балап айту дәстүрлі теңеу болып табылады. Абай осындай бұрыннан бар көркем тәсілді жай қолданып қана қоймай, оған өз жанынан бояу қосады. Мыс. , көрілікті әдеттегідей жалпы «күз» емес, күздің нақты бір айы – қарашаға, жастықты «көктем» деген жалпылама ұғымда емес, көктемнің нақты бір айы – майға балап, сөзге жаңаша мағыналық реңк үстейді. Көркемдіктің бұдан өзге де тың тәсілдерін қолдана отырып, ұлы ақын жылдың төрт мезгілін – көктемді, күзді қазақ аулының сол кездегі тіршілігімен үйлестіре суреттеген.

Н. Уәлиұлы.

ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ. Абай қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысын этногр. тұрғыда зерттеген арнайы еңбек қалдырмаған. Алайда, ақынның өлеңдері мен ғақлияларынан өз заманындағы қазақ халқының күнделікті тұрмысы, оның рухани байлығы, әдет-ғұрпы мен аңыз-әңгімелері, кәсібі және заттай мәдениеті, қазақ аулының жыл мезгілдеріне байланысты көрінісі мен болмысы жайында ой толғаулары ұштасады. Қазақ халқының күнделікті өмірі, табиғатта заңды түрде болып жататын құбылыстар мен өзгерістердің барысы ақынның *«Жаз»*, *«Жазғытұры»*, *«Күз»* және *«Қыс»* өлеңдерінде көрініс тапқан. «Жаз» өлеңдерінде Абай өзі өмір сүрген кезеңдегі халық тұрмысын, салт-санасын, табиғат көріністерін сол қалпында көркем бере білген. Қыстың ызғары қайтып, көктем басталғанда күннің жерге мол шашатын жылуын ата-ананың балаға деген ыстық мейірімін, ал күн мен жерді – сағынысқан күйеу мен қалыңдықтың бір-біріне деген ынтық көңілімен теңейді. Күлімдеген күн қызуы жердің тоңын жібітіп, табиғатты оятатыны, жер бетіне көк шығып, жыл құсы келіп, көл жағалай мамырлаған аққу мен қаз, жұмыртқа іздеп зыр жүгірген бала-шаға, қыстаудан көктеуге көшіп, үшу болып жатқан ел көрінісі, жүйрік аттармен ұрымтал жерден қаршыға салып, үйрек ілдіріп жүрген сауықшыл бозбалалар, оларға наздана күлімдеп үн қатқан бойжеткендердің күміс күлкісі шеберлікпен суреттелген. Көшпелі қазақ аулының күнделікті өмірі төрт түлік малмен тығыз байланысты болғандығы белгілі. Ақынның бұл өлеңінде малды ауылдың жазғы жайлаудағы көрінісі шынайы, өте нанымды берілген. Оты жетілген, шалғынды өзен-көлдің жағасында қонып жатқан малды ауылдың тұрмысы бейнеленген. Тойынған жылқының суда тұрып шыбындайтыны, тай-құлындардың ойнақтап, айнала шауып, бұлтылдап жүретіні, бұрала басып үй тіккен қыз-келіншектер, мал арасынан ризашылық көңілмен атының басын шұлғыта аяңдатып ақбоз үйдің сыртына келіп түсетін бай салтанаты тамаша сипатталады. Ауыл ақсақалдарының қымызға жиналып әңгіме-дүкен құруы, сөзуар көсем қарттардың тыңдаушыларына еліте айтқан әңгімелері, жалшы, малшы және жылқышылардың малды жайластырып, ауылға келіп бай ордасынан қымыз дәметуі сенімді айтылған. Күз түсе ел өмірінде ойын-сауық азайып, жұртшылық қысқы шаруа қамына кірісе бастайды. Күзгі қара суық түсіп, табиғаттың өзгеруіне байланысты ауыл іреңінің кете бастауын, кедей-кепшіктің киімі мен киіз үйінің жыртығын жамап-жасқап, келе жатқан қаһарлы қысқа дайындығын, күзеудің тозып, шаңы шығып, бұрқырап жататын сүреңсіз ажарын ақынның «Күз» атты өлеңінен айқын көреміз. «Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай, Қыстың басы бірі ерте, біреуі жәй, Ерте барсам, жерімді жеп қоям деп, Ықтырмамен күзеуде отырар бай», – деп, ақын қысқы жайылымның отын үнемдеу үшін күзеуде отырған бай аулын, бай мен кедейдің үй-жайының айырмашылығын суреттейді. Бай үйінің іргесіне қалың киіз тұтып, маздата от жағып, қарға салуға жарамайтын қартаң қойларын сойып жеп, сорпалап отырса, жалшы-малшылар мен кедей-қоңсылардың шұрық-тесік қараша үйінде оттың да жөндеп жағылмайтынын, ертелі-кеш тойып ішер ас-суының жөнді болмайтынын айтады. «Қыс» өлеңінде ақын: «Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда, Алты қанат ақ орда үй шайқалады», – деп, киіз үйде қыстап шығатындардың қиын жағдайын сипаттайды. Қысқы жайылымдағы малдың қауіпті жауы ашыққан қасқыр екенін айта келіп, жалшы-бақташыларды сергек күзетіп, ит-құсқа мал бермеуге шақырады. Көшпелі қазақ аулы үшін жыл мезгілдеріне байланысты соны жайылым мен жайлы қоныстың маңызы зор. «Жетіліп жаз жайлауға қона алмай жүр, Күз күзеу де жанжалсыз бола алмай жүр, Қыс қыстауың – қып-қызыл ол бір пәле, Оралып ешбір шаруа оңалмай жүр», – деп, Абай жайылымға байланысты малды ауылдар арасында дау-жанжалдың болып тұратындығына тоқталып кетеді.

Көшпенділік жағдайда қазақ халқы жылқы малын өсіруге, оның күтіміне ерекше көңіл бөлген. Мүмкіндігі бар малды адамдар жақсы аттарын жаз бойы құр жіберіп, күзде баптап мініп, ойын-тойларда бәйгеге қосатын болған. Қазақтың

көреген сыншылары жақсы аттардың сан-алуан қасиеттерін оның сыртқы пішінінен айтқызбай-ақ бір көргеннен танып білетін. Ақынның шығармаларында атбегілік, аттың сыны туралы келелі пікірлер айтылады. *«Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ»* өлеңінде Абай жақсы аттың кекілінен бастап тұяғына дейінгі барлық мүшесінің, жүріс-тұрысының қандай болатынын сипаттап, жақсы атқа берген сынын: «Аяңы тымақты алшы кигізгендей, Кісіні бол-бол қағып жүргізгендей, Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс, Ыза қылдың қолыма бір тигізбей», – деген тұжырыммен түйіндейді. Ақын халықтың қыран баптап құс салу, саяткерлік өнерін «Ешкімге зияны жоқ, өзім көрген, Бір қызық ісім екен сұм жалғанда» деп жоғары бағалаған. Шыңғыстаудың тасты қойнауларында қыстығүні түлкі қағып, бүркіт салуды ақынның өзі де мейлінше ұнатып, көп қызықтаған. *«Қансонарда бүркітші шығады аңға»* өлеңінде саяткерліктің қыры мен сырын, сорғалаған қыран мен қашқан түлкінің, бүркітші мен қағушының іс-әрекетін, ой-пиғылын дөп басып, табиғи кейпінде суреттейді. Қыран алған түлкінің байлану ғұрпы, аңшылардың сәл кідіріп әңгімелесу, насыбай ату сәттері де ақынның назарынан тыс қалмаған. Бүркітшінің құсты баптау өнерінің шығар шыңы, сыналар кезін Абай: «Біреуі – көк, біреуі – жер тағысы, Адам үшін батысып қызыл қанға», – деп түйеді.

Кемеңгер ақын жалпы өнер атаулыны жанымен түсініп, оның қамқоршысы бола білді. Ол қолынан өнері тамған шеберлерді жоғары бағалап, шеберлерге өз өнерін одан әрі дамытып, ұштай түсуге, өзгеден үйреніп шеберлігінің аясын кеңейте беруге кеңес береді. «Ескілік киімі» өлеңінде ақын ісмер тігіншілер әзірлеген өнер туындылары – қазақтың ұлттық киім үлгілерінің бірқатарын айтып өтеді. Одан ақынның өмір сүрген заманында қой терісінен илеп, томар бояумен бояп тігілетін тон, астарына жабағы ұсталатын шидем шекпен, ақ саңнан (матадан) тігілетін жейде-дамбал, кестеленген жырық балақ жарғақ шалбар, мықшима былғары етік, киіз байпақ, күміспен безендірілген кісе, басқа киетін пұшпақ тымақ, оның сыртынан жауын-шашында киетін күләпара сияқты ұлттық киім түрлерінің болғанын көреміз. *«Адасқанның алды жөн, арты соқпақ...»* өлеңінде сәнқой жігіттердің ақ елтіріден тымақ, бөрік тіктіріп киетіндіктері де айтылады. Ақ тымақтың құлағын жымырайта қайырып киген жігіттердің тымағы кірлеп, салтақ-салтақ болатыны да ақынның қырағы көзінен таса қалмаған.

Абайдың шығармаларынан қазақтың ертеден келе жатқан дәстүрлері мен салт-санасы жайында мағлұматтар алуға болады. «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» еңбегінде қазақ халқының дәстүрі бойынша ежелден бері жаңа жыл басы – наурыз айында «Ұлыстың ұлы күні» тойланатындығы айтылады. Ұлыстың ұлы күні әр үй «наурыз көже» пісіреді, шамасы келгендер қой сойып, көпшілігі соғымнан қалған ет, шеке салып, жеті түрлі дәмнен тұратын (су, тұз, ет, сүт, бидай, тары, арпа) көже жасап, үйге келген адамдарды сыйлаған. Ауыл адамдары бір-бірінің үйіне кіріп, жыл басы ұлыстың ұлы күнімен құттықтап, наурызды ойын-той етіп өткізген. Халықтың ежелгі дәстүрі бойынша бұл күні адамдардың арасында олардың әлеум. жас, жыныс ерекшеліктеріне қарамай теңдік орнап, бір-бірімен еркін сөйлесіп, әзіл-қалжыңдары жарасып, бір жасап қалатынын көркем тілмен әдемі өрнектеген. Ақын шығармаларынан көшпелі өмір салтын ұстанған қазақ елінің күнделікті тұрмысында орын алған ырымдар мен әдет-ғұрыптар туралы түсініктерді де жиі ұшыратырамыз. Келін түсіргенде оны ең алдымен үлкен үйге кіргізіп, ошақта жанып тұрған отқа май құйғызу ырымын орындау барысында осы дәстүрді басқарып тұрған келіннің енесі «от ана, май ана, жарылқа!» деп сиынатындығы айтылады. Жаз жауынды болып, ырыс, молшылық әкелуін тілеп, жазғытұрым күн алғашқы күркіреген кезде, әйелдер шөмішпен киіз үйдің сыртынан ұрып «сүт көп, көмір аз» деген сөздерден аспан әлемі – көк тәңірге табынушылық ырымдарының да сақталып отырғандығын көреміз.

Қалыңдық айттырылып, күйеу баланың ержете қайын жұртына алғаш рет ресми түрде ұйымдастырылатын ұрын бару сапарынан кейін үйленген ұлға қазақ дәстүрінде енші беріп, өз алдына отау етіп шығаратындығына тоқтала келе, Абай үй болған азаматқа ендігі жерде бозбалалық шақпен хош айтысып шаруамен айналысуға, от басына қамқор болуға өсиет етеді. Ақын көрсеқызар, жеңіл мінезді жігіттерді сынай келіп, оларға «ұнаған қызды қалыңын төлеп, көріктіден көріп, тектіден таңдап алуға» ақыл-кеңес береді. Абай заманында қыздың сатылу және сатып алу құны – қалыңмалдың мөлшері 47 байтал болған. Үйленудің, қыз айттырудың негізгі шарты қалыңдық үшін қалыңмал төлеу болғандықтан, малды адамдар көп әйел алудан тартынбаған. Мұндай қайшылықтан Абайдың өзі де құралақан емес, ол да өз заманының құрбаны болып, үш әйел алған. Солай бола тұрса да, ақын малға жығып, өзінен көп кіші, жас қыздарды тоқалдыққа алатын қартаң тартқан шалдардың қылығын аяусыз сынайды. Абай өмірінің соңғы кезіндегі оған ауыр тиген қайғылы уақиға сүйікті ұлы Әбдірахманның дүние салуы болды. Ақын Әбдірахман қазасына бірнеше өлеңдер арнады, келіні Мағыштың атынан жоқтау жазды. Жұбату өлеңдерін шығарып, онда қазаның ауырлығына тоқталады, тағдыр жетсе ажалдың кімге болса да келетінін ескере отырып, шүкіршілік қылуға шақырады, өзіне-өзі тоқтау айтады.

Абай бірқатар шығармаларында халықты ерінбей еңбек етуге, адалдыққа үндей отырып, жұртшылықты алдау-арбаудан, өсек тасудан, ел кезіп ас аңдудан, еріншектіктен, орынсыз мал шашудан, біреуге қастық ойлаудан т. б. жағымсыз қылықтардан сақтандырады. Адам баласын тәрбиелеуге, оны ұнамсыз әдеттерден жиреңдіруге болатынына сенеді.

Ақын *Үшінші сөзінде* қазақ арасында жиі болып тұратын әр түрлі дау-жанжал, билік айту мәселелері жайында ой толғайды. Билік айту үшін билер мейлінше әділ болумен бірге қазақтың байырғы әдет заңдарының жинағы *«Қасым ханның қасқа жолы»*, *«Есім ханның ескі жолы»* және Тәуке ханның *«Жеті жарғысында»* айтылған қағидаларды, жаңа заман үшін олардың ескірген тұстарын да жақсы білулері қажет деген нұсқау ұсынады.

Қазақтың ауыз әдебиетінде Қыдыр туралы аңыз-

әңгімелер жиі кездеседі. Қыдыр халықтың ұғымынша – ел аралап жүрген адам, бейнелі «әулие», адамға «қамқоршы», «бақыт», «дәулет» беруші. Шығыс ертегілері негізінде жазылған Абайдың *«Масғұт»* поэмасында Қыдыр туралы аңыз келтірілген. Ақын «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» еңбегінде Алаша хан, Алаш ұранының және үш жүздің шығуы хақында тарихи деректерге сүйене отырып, құнды пікірлер айтады. Ахмет хан қалмаққа қарсы құрастырған қолын жүздеп үш бөлікке бөлгендіктен, сол топтардың негізінде қазақтың үш жүзге бөлінуі қалыптасса керек деп топшылайды. Қазақ халқының үш жүзге бөлінуі себебі туралы әлі күнге дейін үзілді-кесілді ғылыми тұрғыда дәлелденген нұсқа жоқ. Дегенмен де Абай топшылауын сол көптеген нұсқалардың бірі деуге әбден болады. *Х. Арғынбаев.*

ХАМИДИ Латиф Абдулхайұлы (1906–83) – композитор, дирижер, ғалым-педагог Қазақ ССР-інің халық артисі, еңбек сің. өнер қайраткері. 1933 жылдан қазақтың халық әндері мен күйлерін жинап, нотаға түсіруге ат салысты. 1935 ж. Семей қ-на барған сапарында М. О. Әуезовтің кеңесімен Абайдың немересі Әрхам Ысқақовтан ақынның «Айттым сәлем, қалам қас», «Амал жоқ қайттым білдірмей», «Бойы бұлғаң», «Біреуден біреу артылса», «Желсіз түнде жарық ай», «Сен мені не етесің», «Тәңірі қосқан жар едің сен», «Қор болды жаным», «Ішім өлген, сыртым сау», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?», «Сұрғылт тұман» әндерін, Абайдың ән шығармашылығын жақсы білетін әншілерден «Сегіз аяқ» пен «Желсіз түнде жарық ай» әндерінің 2-нұсқаларын, ал, Әуезовтен «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» әнін жазып алды. Сөйтіп, ол ақынның муз. мұрасын тұңғыш рет толық нотаға түсіруші болды. Сол жылдарда ол Абайдың «Қор болды, жаным», «Айттым сәлем, қалам қас», «Көзімнің қарасы», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Сегіз аяқ» әндерін жеке әншіге, көп дауысты хорға арнап өңдеп, оларға фортепианолық сүйемел жазды. А. Жұбановпен бірлесіп «Абай» операсын (1944) жазды. Ол қазақтың жаңа муз. мәдениетіндегі Абай әндерінің игерілуі, опера жанрындағы ақын бейнесі жөнінде бірнеше мақала жазды. Бұл мақалалардың көпшілігі «Әндер, романстар, «хорлар» (1957), «Балаларға арналған фортепианолық пьесалар» (1965), «Абай» операсы» (1966) деген кітаптарына енген. Х. Қазақстан Республикасы Мемл. сыйл. лауреаты. *Б. Ғизатов.*

ХАМИДУЛЛИН Асхадулла (1923 ж. т.) – жазушы, аудармашы. Абай шығармаларын зерттеп-насихаттаумен, ақынның Қазан баспаларында жарияланған туындыларын анықтаумен айналысып келеді. Ол өзінің әдебиет пен өнер жайындағы мақалаларында Ғ Тоқай мен Абай поэзиясының төркіні мен туыстығы туралы пікір қозғайды. «Сөнбейтін Тоқай жұлдызы» (1986) мақаласында: «Қазақ әдебиетіндегі Абай сияқты, Тоқай да татардың ұлттық поэзиясын дүн.жүз. және орыс әдебиетімен байланыстыра білді, оның бұқарашылдық бағытын кеңейтті, жалпы адамзаттық, гуманистік өнер деңгейіне дейін көтерді», – деп жазады. Х. екінші бір мақаласында: «Абай, одан кейінгі кезеңде Тоқай, екеуі екі заманда, екі аймақта өмір сүре тұрса да, татар әдебиетінің тарихында аса іргелі қызмет атқарғанын» атап өтеді. *С. Сейітов.*

ХАСЕН Оралтай (1933 ж. т.) – шетелде тұратын қазақ қайраткері, ұлт азаттық қозғалысын зерттеуші, тарихшы, публицист, түрік, қазақ, ағылшын, неміс т. б. тілдерде жазылған еңбектердің авторы. Алаш сыйл. лауреаты (1994), Түркістан қазақ-түрік халықаралық ун-тінің құрметті проф. (1994). Қазақ халқының тарихына, этнографиясына, әдебиетіне, саясат мәселелеріне арналған түрік тілінде жазылған «Қазақ түріктері» (Измир, 1961), «Ұлы түрікші Мағжан Жұмабайұлы» (Измир, 1965), «Шығыс Түркістан тарихындағы басты мәселелер» (Стамбул, 1975), «Коммунизммен шайқас» (Измир, 1965) кітаптары шыққан. Мәжит Айтбаевтың «Абылай» дастанын және өлеңдерін (1971), тұңғыш рет «Қазақша-түрікше» сөздік бастырды. Түрік халықтарының тарихи тағдырына арналған материалдар жарияланатын «Биік Түркелі» журналын (17 сан) өз қаржысына шығарып тұрды (1962–1986). Стамбулда 1973 ж. басылған «Алаш» кітабында қазақ халқының ғасырларға созылған ұлт азаттық қозғалысына шолу жасалынды, әсіресе, Алаш қозғалысына, Алаш Орда партиясына, Алаш өкіметіне дұрыс баға берілді. Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Тынышбаев, М. Дулатов, Ж. Досмұхамедов, Х. Досмұхамедов, М. Шоқаев, А. Бірімжанов, Ә. Ермеков, О. Қарашев, М. Жұмабаев, Р Мәрсеков, Т. Рысқұлов, С. Асфендияров, Н. Төреқұлов, О. Жандосов, С. Қожановтың т. б. Шығ. Түркістаннан шыққан қазақ зиялыларының өмірбаяны, қоғамдық қызметі көрсетілді. Абай дәстүрлерінің Алаш азаматтары шығармаларында тамыр жаюын жан-жақты баяндады. Қытайдағы зорлықшыл үкіметтің тепкісіне көнбей азаттық үшін алысқан қазақтардың үлкен бір азапты көшін (1947–54) Тибет, Индия, Пакистан арқылы Түркияға бастап барған әйгілі батыр, өз әкесі туралы «Арыстан туған Әлибек Хәкім» («Жұлдыз», 1993, № 7) шығармасын жазды. Желтоқсанның (1986) қанды оқиғалары тұсында Х. дүниежүзіне дабыл қағып, жазықсыз қараланған қазақ ұлтын қорғау туралы үн көтеріп, қоғамдық ойды ұйымдастырды, сөз сөйледі, мақалалар, кітап жазды. Сол тарихи «1986 жылғы 17–18 желтоқсандағы Қазақстан оқиғалары» еңбегі түрік тілінен аударылып, қазақша жарияланды («Жұлдыз», 1992, № 2). Мюнхендегі «Азаттық» радиосында қызмет істеген (1967 жылдан) Х. дүние жүзі қазақтарына тарих, қоғам, заман туралы ақиқатты жеткізуге көп еңбек сіңіріп, ұлы Абай көздеген ұлттық сананы, еркіндік мұраттарын қалыптастыруға үлес қосты. *Р. Нұрғалиев.*

ХАТ ӨЛЕҢДЕРІ МЕН ЖОҚТАУ ЖЫРЛАРЫ. Абай поэзиясында мазмұны, тақырыбы, жанрлық және стильдік ерекшелігі жағынан оқшау тұрған бір топ өлеңдер – інісі Оспан мен баласы Әбдірахманға арналған жырлар. Оларды Мұхтар Әуезов «Бас қайғысымен байланысты жоқтау жыры» деп атаған.

Абайдың Оспанға арнаған үш өлеңі тақырыбы жағынан біртұтас көрінсе де, құрылыс-қалпы, жанрлық түрі жағынан бірдей емес. *«Жайнаған туың жығылмай...»* деп басталатын өлең Оспан өліміне байланысты көңіл білдіру түрінде жазылса, *«Кешегі Оспан...»* деп басталатын екі өлеңі, оны еске алып, мінездеген өлең деуге лайық. Алдыңғы

өлеңнің мазмұны да, ойды көтеріңкі леппен бейнелеп, өрнектеп жеткізу мәнері де, тіпті: «Жайнаған туың жығылмай, Жасқанып жаудан тығылмай, Жасаулы жаудан бұрылмай, Жау жүрек жомарт құбылмай...» – деп, осы үлгіде барлық тармақты бас жағынан бірыңғай үйлестіріп келтіруі – бәрі де өзгеше, тосын бір тәсіл тапқандықты байқатады. Өлімге қайғыру сарыны мүлде жоқ дерліктей, бастан-аяқ мадақ өлең түрінде келіп, соңы «Жақсы өліпсің, япырмай» деп бітеді. Бұл, әрине, өзгеше айту тәсілі. Қайғы үстінде көңілге медеу боларлық көтеріңкі сарынды күшейту үшін солай еткен.

«Кешегі Оспан...», *«Кешегі Оспан ағасы...»* дейтін өлеңдерде Оспанның турашыл ер мінезін, адалдығын, ашық қол, жомарттығын басқаға өнеге етіп айтады. Қайғы-мұңға берілуден гөрі, жақсы қасиетін сүйсіне айтуы әлдеқайда күштірек. Мұны «Кешегі Оспан» деп басталатын өлеңінен байқаймыз. Мазмұны сәйкес, орайлас өлеңнің сөз ырғағы, екпінділік ағымы да жеңіл келеді:

«Кешегі Оспан –
Бір бөлек жан,
Үйі – базар, түзі – той.
Ақша, нәрсе
Ала берсе,
Ат та мінсе, көңді ғой.
Жауға мылтық,
Досқа ынтық,
Жан асар ма осыдан?
Қорықпай өтті,
Жанға жетті,
Арман етті досынан».

Әбдірахманға арналған өлеңдерді тұтас алып қарастырсақ, бұларда ақынның нақтылы жағдайдағы көңіл күйі, жан күйзелісі, қайғысы поэзияда үнемі кездесетін көріктеп, өңдеп айту жағы аз болып, жүректі жарып шыққан қалпында тікелей көрінетінін байқар едік. Дегенмен, бұл жағынан алғанда, өлеңдер түгелдей біркелкі емес. Сондықтан Әбдірахманға арналған өлеңдерді екі топқа бөліп қараған орынды. Алғашқы топқа жататындары – ол науқастанып емханада, нақтылы өмірлік жағдайда жазылып, өз атынан немесе Кәкітай атынан жолданған *«Я, құдай, бере көр...»*, *«Алланың рахматын...»*, *«Тілім саған айтайын...»*, *«Көзімнің нұрысыз...»* деп басталатын өлеңдер. Бұлар өлең түрінде жазылғанымен, алдымен тура мағынасындағы хаттың дәл өзі деуге лайық. Яғни, оларда көркем туындыға тән ойдан қосылған ештеңе жоқ. Жинақтап, жалпы өмірде болатын жағдайды көрсету мақсатымен жазылатын хат түріндегі өлеңнен бұлардың айырмасы, міне, осында. Алайда, өлеңге тән көркемділік, бейнелілік сипаттар да анық байқалады. Ақынның науқас баласының халіне ортақ болып, тағат таппай қиналған сәттеріндегі жүрек сезімі, оның тезірек ауыр дерттен айығуына, жазылып шығуына сенім білдіріп жігерлендірген сөздерімен жалғасып, бір үміт, бір қайғы араласып келіп отырады. Екінші топ өлеңдер Әбдірахман қайтыс болғанда оның мезгілсіз қазасына қайғыру үстінде шығарылған *«Арғы атасы қажы еді...»*, *«Кешегі өткен ер Әбіш...»*, *«Тұл бойың ұят-ар едің...»*, *«Жиырма жеті жасында...»*, *«Талаптың мініп тұлпарын...»*, *«Орынсызды айтпаған...»*, *«Бермеген құлға, қайтесің...»* секілді өлеңдер. Бұлар – жоқтау өлең үлгісіне жақын.

Сондықтан қайғы, зарға толы болып келсе де, Әбіштің адамгершілік қасиеттерін көңілге медеу етіп, сабырлылық қылу – бұл өлеңдердегі күшті сарын деуге болады. Сонымен қатар жоқтау өлеңдердегі дәстүрлі болған өмірден өткен асыл азаматтың жақсы қасиеттерін сипаттау жағы да басым жатыр. Абай Әбдірахманның адалдығын, адамгершілігін, талабының зор екенін, жігерлілігін, ғылым үйренуге ерекше ынталылығын тебірене жыр етеді. Жанын күйзелткен өкінішін: «Құйрықты жұлдыз секілді, Туды да көп тұрмады...» – деп бейнелеп жеткізе отырып: «Жаңа жылдың басшысы – ол...» – деген. Әбдірахманды өнер-білімге, ғылымға ынтық жас буынның өкілі еді деп аса жоғары бағалайды. Әбдірахманға арналған өлеңдерді түгелдей алып бағалағанда олардың тақырыптық ерекшелігі, көркемдік сипаты жағынан Абай поэзиясында өз орны бар поэзиялық топтама екенін атап айтқан жөн. Мұхтар Әуезов осы өлеңдердің ерекшелігіне назар аударып, былай деп жазған болатын: «Тақырып жағы мен нақтылы факт жағынан алғанда бұл өлеңдер Абайдың жеке ғана өз басының үй-ішілік қайғысы, бас лирикасы деуге болады. Бірақ, сырт қалыптары қазақ поэзиясында көп кездесетін көңіл шеріне, мұң жырларына, жоқтау сарындарына ұқсаса да, дәл осы өлеңдердің өзінде де Абайдың ақындығы өзгеше үлгі тудырып, тағы бір бұрын шықпаған шеберлік танытады» (Ә у е з о в М. О. «Абай Құнанбаев». – А. , 1967, 151-б.). *З. Ахметов.*

«ХАТЫҢНАН ЖАҚСЫ ҰҒЫНДЫМ СӨЗДІҢ БӘРІН...» («О н е г и н н і ң с ө з і») – А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романынан 1889 ж. Абай аударған үзінді өлең. Түпнұсқада 70, аудармада 44 жол. Абай Онегиннің Татьянамен бақшада кездескендегі айтқан қыздың хатына жауап сөзін *«Таңғажайып бұл қалай хат...»* деп, 7–8 буынды өлшеммен бір тәржімелеген болатын. Ал, мына өлеңінде: «Вы ко мне писали, Не отпирайтесь. Я прочел..,» – деп басталатын сол орысша нұсқаны 11 буынды өлшеммен түгелдей тағы қайта жазып шыққан. Абай бұл екінші аудармасында алғашқыдағыдай: «Мен жаралы жолбарыспын, жүрттың атқан оғы өтіп...», «Сен тоты құс бақта жүрген» – деген сияқты өзі тыңнан қосқан айшықты теңеулерді қолданбай, Онегинді мейлінше қарапайым тілмен сөйлетеді. Бірақ, түпнұсқада бар бейнелі салыстыруды сақтап: «Жас қыз бен жас бәйтерек – бәрі бірдей, Жапырағы тұра ма жылда өзгермей?.. – деп келтіреді. Ол жас қыздың алдында ақтарылып, ішкі сырын, бар шынын айтып салған деп түсіну, әрине, артық болар еді. Онда Абайдың Онегинді, Пушкинмен үндес шығып, түсін билеп, сыр бермейтін, кісіні не айтса да нандыратын, орны келсе, қамыққансып, қайғыратын адам деп сипаттағанын ескермеген болар едік. Онегин өзіне ғашықтық сезімін білдіріп хат жазған Татьянаның адалдығын, нанғыштығын бағалап, оған тоқтау айтып, менен гөрі сөзіңді жақсы ұғатын жігіт табылар, ұстамды берік бол деп ақыл береді. Онегиннің бүгін сүйсем, сені алсам, ертең жалығамын, баянсыз еркектің біреуімін деген

сияқты сөздерінде сыр ашудан гөрі сыпайылық басым секілді. Онегин бірбеткей, бір мінезді адам емес, қыры мен сыры мол, қатпары көп кісі. Ол Татьянаның адалдығын, таза махаббатын, сенгіштігін бағалай білсе де, жүрегі елжіреп тұрған жоқ. Бұл кездесуде ол сезімге бойын билетпейтін, өзінің бас бостандығын бәрінен жоғары бағалайтын, салқынқанды қалпында көрінеді. Ал, кейін Татьяна ерге шығып, басқа адаммен тұрмыс құрғаннан соң қайта кездескендегі Онегиннің күйі басқаша, оның Татьянаға ғашықтық сезімі сонда ғана оянады. Алғашқы рет 1945 ж. жарық көрген ақын шығармаларының 1 томдық толық жинағында жарияланған. Өлең басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1945, 1954 жылғы басылымдарда 5-шумақтың 1-жолы **«Бүгін сүйсем, сені алсам – ертең жалығып»** делінсе, 1957, 1977 жылғы жинақтарда Мүрсейіт қолжазбалары негізінде бұл жол **«Бүгін сүйсем, сені алсам – ертең жалқып»** болып алынған. Ал, 1945, 1954, 1957 жылғы басылымдарда 5-шумақтың 3-жолы **«Қуантып, қайғыменен суалтамын»** болса, 1977 жылғы жинақта Мүрсейіт қолжазбалары бойынша бұл жол **«Қуартып, қайғыменен суалтамын»** деп қабылданған. *З. Ахметов.*

ХАФИЗ, Гафиз, Хафез (лақап аты, шын аты-жөні Шамседдин Мұхаммед) (1325–89 немесе 1390) – тәжік-парсы ақыны. Х. парсы әдебиетінде ғазел жанрын биікке көтерген. Шығармалары өзі қайтыс болғаннан кейін жинақталып, «Диуан» деген атпен жарияланған. Туындыларының негізгі сарыны – адамды ардақтау, махаббат, сұлулық, еркін ойлылық, болашаққа сенім, байлыққа бас имеу. Х. мұрасы дүние жүзі ақындарына зор ықпалын тигізді. Неміс ақыны В. Гете «Батыс-шығыс диуаны» атты 12 кітаптан тұратын туындысының бір бөлімін «Хафиз-наме» деп атаған. Х. шығармаларымен қазақ халқы ертеден таныс. Абай Х-ді өзіне ұстаз санаған. Оның әсем сазды ғазелдерін, әуезді-ырғақты өлеңдерін көп оқыған. Абай Шығыс классиктерімен, соның ішінде Х. мұраларымен Семейдегі Ахмет-Риза медресесінде оқып жүрген кезінде танысқан (қ. *Шығыс әдебиеті*). Осы кезеңде жазған «Фзули, Шәмси, Сәйхали» атты өлеңінде Х-ді тілге тиек етіп, есімін үлкен ілтипатпен атайды. Одан медет тілеп, сиынады.


ХОЖИЕВ Бобо (1928 ж. т.) – тәжік ақыны. Ол «Жастықтың оты, қайдасың...», «Жүрегім менің қырық жамау...» өлеңдерін («Шарқи сурх» журналы, 1954, 7-ші саны) тәжік тіліне аударған.

А. Нұралиев.

ХОР КАПЕЛЛАСЫ, Қазақстан Республикасының мемлекеттік хор капелласы – Қазақстандағы кәсіби музыкалық ұжым. ҚазССР-інің еңбек сің. коллективі (1967). 1939 ж. Қазақ филармониясы жанынан құрылған. Капелла репертуарынан Абайдың муз. шығармалары үлкен орын алды. Абай әндері капелланың аспап сүйемелінсіз айтылатын хорына лайықталып өңделді, ақын өлеңдеріне композиторлар: Д. Д. Мацуцин «Айттым сәлем, қалам қас» (1938), Л. А. Хамиди «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» (1939, 1968), Қ. Қожамияров «Сегіз аяқ» (1951), В. Г Соколов «Көзімнің қарасы» (1953), С. Мұхамеджанов «Желсіз түнде жарық ай» (1972), «Жыл мезгілдері» (кантата, 1975), Ғ. Жұбанова «Татьяна әні» ораториясында (1982) жеке әнші мен хор симф. оркестрдің сүйемелдеуімен орындалатын «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» (1974), «Татьянаның хаты» телефильміндегі жеке әнші мен хор орындайтын «Желсіз түнде жарық ай» (1976) әндерін жазды. Абай әндері мен оның өлеңдеріне жазылған муз. шығармалар Х. к-ның репертуарынан тұрақты орын алып, Москва, Ленинград, Ереван, Ташкент, Киев, Минск, Грозный, Орджоникидзе, Одесса, Севастополь қ-ларында сахналарында орындалды. *М. Ахметова.*

«ХҰП БІЛЕМІН, СІЗГЕ ЖАҚПАС...» – Абайдың 1889 ж. А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» атты романынан аударған үзінді өлеңі. Онда Онегиннің арада бірнеше жыл өткеннен соң өзі бір кезде жар етуден бас тартқан Татьянаға қайтадан жолыққанда ғашықтық сезімін білдіріп жазған хаты көркем кестеленеді. Орысша нұсқа 60 жол, басы «Предвижу все, вас оскорбит, Печальной тайны объясненье, Какое горькое презренье, Ваш гордый взгляд изобразит!» деп басталады. Абайдың өлеңі 64 жол. Ақын туындының жалпы мағынасын ғана сақтап, оны мүлде еркін аударған. Мыс. , «Сен бетіңді әрі бұрсаң, Шықты көзім, болды көр. Жанды аларсың разы болсаң, Біздің орын – қара жер» немесе «Бар ма өмірім, қармалайын, Жоқ болса, мен өлейін» деген сияқты жолдар түпнұсқада жоқ. Онегин аузына Пушкин: «Я знаю: век уж мой измерен; Но чтоб продлилась жизнь моя, Я утром должен быть уверен, Что с вами днем увижусь я... – деген сөздерді ғана салған.

Абай болса, Онегинге тек қана «Менің өмірім таянып тұр, Үзілуге әм жаным» дегенді ғана емес, оған өмірмен қоштасуға бел байладым дегенді айтқызады. Бұл – Абайдың өлеңді еркін аударудағы өзіндік тапқан көркем шешімі. Осы орайда Абай Пушкиннің «Евгений Онегин» романында «Онегиннің өлердегі сөзі» деген өлеңді өзі шығарып, Онегинге: «Атам-анам қара жер, Сен аша бер қойныңды», – дегізіп, оны өмірмен қоштастыратынын да еске түсіру артық емес.



Нота. (Онегиннің Татьянаға жазған хаты).

Өлең 7–8 буынды шалыс ұйқаспен жазылған. Мүрсейіт қолжазбаларының негізінде алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Өлең басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1909, 1933, 1945 жылғы жинақтарда 4-шумақтың 3-жолы **«Тайды аяғым ескі дерттен»** делініп келсе, кейінгі басылымдарында Мүрсейіт қолжазбасы бойынша **«Тайды аяғым ескі серттен»** деп алынған. 1933, 1945 жылғы басылымдарында соңғы шумақтың 1-жолы **«Қорғалап қорықпа өмір бос»**, 4-жолы **«Таппасаң ол, жүрме зар»** болып берілсе, 1957, 1977 жылғы жинақтарда 1-жолы 1909 жылғы

басылымға сәйкес **«Қорғалап құр өтпе өмір бос»**, 4-жолы Мүрсейіттің қолжазбалары (1907, 1910) негізінде **«Таппасаң өл, жүрме зар»** ретінде қабылданған. Ал, Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасында, 1954 жылғы жинақта осы 4-жол **«Таппасаң соң, жүрме зар»** түрінде келеді.

З. Ахметов.

Абай «Хұп білемін сізге жақпас» өлеңіне ән шығарған. А. В. Затаевич: «Хұп білемін, сізге жақпас» аударманың музыка тілі сәтті, жақсы шыққан қазақ авторының туындысы», – деп жазды («Қазақ халқының 1000 әні». – А. , 1963, 477-б.). Әнді 1939 ж. акад. А. Қ. Жұбанов М. Мұхамеджановадан жазып, хатқа түсірген. Ән речитативті мәнерде орындалады, жігерлі характерімен ерекшеленеді. Сонымен қатар Абай әндерінің ішінде көп вариантты «Татьяна сөзі» әнімен де сарындас екенін аңғартады. Бір октава диапазонына сыйған әуен-ырғақ жүйесі 2,4; 2,4; 4,4; 4,4; 4,4 муз. өлшем шеңберінде қалыптасады. Әннің ырғақ желісі өлең ырғағымен тікелей байланыстылығын аңғартады, муз. монолог тәріздес екені байқалады.

Қ. Жүзбасов.

ХҰСАЙЫН Махмұт (1923 ж. т.) – татар ақыны. Қазақ жерінде туып-өскен ол ұлттық поэзия нұсқаларымен, Абай, Махамбет туындыларымен жақсы таныс. «Жыр маржандары» (Қазан, 1967) жинағында ол Абайға өлең арнаған. Татар ақыны қазақ даласын жыр биігіне теңеп: «Абай өлеңдері адамның көңіліне ыстық күн болып нұрын құяды, қазақ жері әсем әуенге бай дала», – дейді. Х. Татарстанда Абай мұрасын қастерлеп, насихаттаушылардың бірі. Ол кемеңгер ақынның бірнеше өлеңін татар тіліне тәржімелеген («Келдік талай жерге енді», «Заман ақыр жастары», «Әбдірахман науқастанып жатқанда»).

С. Сейітов.



ҺАРУН ар – РАШИД, Гарун ар-Рашид (763 немесе 766 – 24. 3. 809) – Аббас әулетінен шыққан халиф (786 жылдан). Һ. а. – Р тұсында халифатта а. ш., қолөнері, сауда жақсы дамыған. Дін мен ғылым, өнер қайраткерлеріне қамқорлық жасаған, Византияға қарсы күресті одан әрі жалғастырған. Абай «Масғұт» дастанын Һ. а-Р есімімен бастайды. Осы арқылы дастан мазмұнының «Мың бір түн» ертегісінен алынғанын ескертеді.

ҺОШУРОВ Илахун (1941 ж. т.) – ұйғыр ақыны. Һ. Абайдың «Не іздейсің, көңлім, не іздейсің...», «Жүрегім, ойбай, соқпа енді...», «Жақсылық ұзақ тұрмайды...», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл...», «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында...» т. б. өлеңдерін ұйғыр тіліне аударған. Ол аударған 20-ға тарта өлең «Абай» (1987 ж.) жинағына енгізілді. *А. Дәлелов.*

ЦИВЧИНСКИЙ Николай Владимирович (1905–85) – суретші. Монументті және сәндік қолөнер саласында жұмыс істеді. ҚазССР-інің еңбек сің. өнер қайраткері. Оның ақынға арналған «Абай» атты суретті кілемінің (1956, ширатпа жіп, жүн, тоқыма, Қазақстан Республикасының мемл. өнер музейі меншігінде) бояуы қанық. Бұл гобеленге ақын шығармаларындағы насихат, өсиет тақырыбы арқау болған.



Абай. Гобелен. Н. В. Цивчинский. 1956.



ЧАРНОМСКИЙ Эмиль Владиславович (1908–68) – суретші. Театр сахнасын көркемдеу саласында жұмыс істеді. Қазақ ССР-інің еңбек сің. артисі. Қазақ драма театрында М. Әуезов пен Л. С. Соболевтің пьесасы бойынша қойылған спектакльдің декорациясы үлгілерін жасап, суретші-қоюшысы болды (1940, қағаз, акварель, тушь, Қазақстан Республикасының мемл. орт. музейі мен Абайдың мемл. қорық-музейі қорында). Қазақтың опера және балет театры үшін А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» операсы декорациясының үлгісін жасады (1944, қағаз, гуашь, Опера және балет театрының музейі қоры). Қазақ өнері мен әдебиетінің Москвада өткен онкүндігіне байланысты «Абай» операсына жарнама шығарды (1958, көп данамен, түпнұсқа, қағаз, гуашь, Қазақстан Республикасының мемл. орт. музейі қоры).

ЧЕРКАССКИЙ Абрам Маркович (1886–1967) – кескіндемеші, проф. Кескіндеме саласында жұмыс істеген. Қазақ ССР-інің халық суретшісі, еңбек сің. өнер қайраткері. Ч. 1945 ж. екі еңбегін: «Абай портреті» (кенеп, майлы бояу), «Абай Құнанбаев» (кенеп, майлы бояу, Абайдың Семейдегі мемл. қорық-музейінің қоры) жазды. Ч. шығармалары бояуының шынайы үйлесімділігімен, бейнелерінің байсалдылығымен және кейіпкер келбетін дәл беруімен құнды.

ЧЕСКИДОВ Кронид Григорьевич (1906 ж. т.) – суретші. Кескіндеме саласында жұмыс істейді. «Абай – қамқоршы» атты суретінде (1944, майлы бояу, кенеп, Қазақстан Республикасының мемл. орт. музейі қоры) ашық түсті шапан киген ақын тұлғасы бұлтты аспан астында бейнеленген. Ақынның қолдары арқанмен байланған қызыл көйлекті қыз бен жейдесі жыртылған жігітке қарай созулы. Олардың артында топтасқан адамдар арасында біреуі Абайға жек көрушілік кейіппен қарап қалған сурет тақырыптық жағынан «Еңлік-Кебек» дастанымен үндеседі. *Л. Плахотная.*

ЧУБУК Эдуард Васильевич (1939 ж. т.) – суретші, график. Қондырғылы графика, экслибрис, плакат, ішінара монументті өнер саласында жұмыс істейді. Оның Октябрь революциясына дейінгі және қазіргі қазақ-орыс әдеби байланыстарын көрсететін плакат-топтамаларының ішінде «Абай мен Пушкин» атты плакаты (1982, қағаз, қалам, акварель, түсті бояу, автордың жеке қоры) қарапайым мазмұнымен-ақ көп ой айтатын маңызды туынды.

ЧУВЫЛКО Борис Иванович (1938 ж. т.) – суретші. Қондырғылы және монументті-сәндік өнер саласында жұмыс істейді. Ол «Абай портретін» екі рет (1993, қағаз, гуашь, темпера) салды.



Абай мен Пушкин. Э. В. Чубук. 1982.



Абай портреті. Б. И. Чувылко. 1993.



ШАБЕЛЬСКИЙ Сергей Иванович (1885-1956) – композитор, дирижер, пианист. ҚазССР-інің еңбек сің. өнер қайраткері. Фортепианоға арналған «Памяти Абая» атты 3 бөлімді трио жазған (1954). Трио партитурасының негізгі желісіне Абайдың «Сегіз аяқ», «Көзімнің қарасы», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Қор болды жаным» әндерінің әуені арқау болған. Әуен бір аспаптан екіншісіне ауысқанда саздың өзіндік құрылысына байланысты, жай үйлесімдік қосарланумен, жарты дауыстық полефонияның әр түрлілігімен нәзік астасып отырады. Трионың 4 бөлімі де әуезділік жағынан әр түрлі, айқын лирикалық сипатымен ерекшеленеді. *Б. Г. Ерзакович.*

ШАҒАТАЙ (т. ж. белгісіз - 1242) – Шыңғыс ханның екінші баласы. Ш. өзінің ақылдылығымен, ел басқару ісіндегі батылдығымен көзге түскен. Моңғолдың заң-жосықтарына жетік болған, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін жақсы ұстаған, әкесінің Қытайға, Хорезмшаһ империясына жасаған жорықтарына қатысқан. Ағасы Жошымен, інісі Үгедеймен бірге Отырар, Үргеніш қ-ларын қиратқан. Шыңғыс хан балаларына ұлыс бөлгенде Оңт. Алтайдан Амудариядан дейінгі созылып жатқан мұсылман жері Ш-дың үлесіне тиген. Абай өзінің «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» еңбегінде: «...бұларды Шыңғыстың Шағатай деген баласының нәсілі билеп тұрыпты. Ол Шағатай нәсілінің үлкен ханы Ташкентте тұрып, бұларды бір інілері билейді екен. Сондағы билеген хандары, билері, бұларды ешбір түзу харекетке түсіндірмей, дәйім барымтамен мал қумақ, ауыл шаппақ, бірде бұл ел, бірде ол елмен жауласпақ, қырқыспақ, күн кешіп, еш шаруа, өнерге үйрене алмай, өздері кедей болған һәм өспеген» деп сол дәуірдегі шындықты шын көрсетеді.

ШАЙБАНИ Мұхаммед, Шайбақ хан (1451-1510) – Шыңғыс хан әулетінен шыққан өзбек ханы, Шайбани әулетінің (1500 жылдан) негізін салушы, көшпелі Дешті Қыпшақ мемлекетінің билеушісі. Ол Әмір

Темір тұқымдарын тақтан құлатып, Орта Азияны жаулап алған. Өзбек хандығын нығайтқан. Абай өзінің «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» атты еңбегінде: «... Жошының Сибан, яки Шибан деген баласының тұқымынан бір белгілі Шайбақ деген хан шығып, Әмір Темір тұқымынан Һират, Бұхар, Самарқан шәһарларын тартып алып жүргенде, ... біздің қазақ біз өзбек жұртымен аталас едік және де Шыңғыс хан тірі күнінде бізді Жошыға тапсырып еді, «сарт – садағам, өзбек – өз ағам» деп, Шайбаққа қарап кетіпті» деген дерек келтіреді.

ШАЙМЕРДЕНОВ Сафуан (1922 ж. т.) – жазушы, драматург. Қазақстанның халық жазушысы. «Мінез», «Мезгіл», «Таныс көрші», «Қарғаш», «Өмір нұры» т. б. әңгіме, повесть жинақтары, «Болашаққа жол», «Инеш» романдары оқырман қауымға жақсы таныс. «Дөкей келе жатыр», «Өкіл әке» пьесалары театр сахналарында қойылып келеді. Жазушы «Аударма принципі неде» деген мақаласында (Қазақ әдебиеті, 1983, 15 көкек) Абай шығармаларын орыс тіліне аударудағы кемшіліктерді сөз етті. «Ағалардың алақаны» повестер, әңгімелер мен эсселер жинағы үшін Қазақстан Республикасының Абай атынд. Мемл. сыйл. берілген.

ШАЙМЕРДЕНОВА Күлзада (1945 ж. т.) – ғалым-педагог 1987 ж. «Абайдың педагогикалық көзқарасы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Кейін бұл еңбегін толықтырып, жеке кітап етіп шығарды (А., 1990, орыс тілінде). Сондай-ақ, Абайдың жастарды жұбайлық өмірге баулудағы этик. ойлары, психол. астары жөнінде, ақын мұрасының бүгінгі тәлім-тәрбиеге ықпалы т. б. хақында ғыл. зерттеулер (Ұстаздар жүрген ізбенен. – А., 1978; Ұстаз – тәлімгер. – А., 1983) мен мақалалар (Ғылым таппай мақтанба. «Мәдениет және тұрмыс», 1985, № 8; Абай ұлағаты. «Қазақ әдебиеті», 1985, 23 август; Абай Құнанбаевтың жастарды жұбайлық өмірге баулудағы этикалық-педагогикалық ойлары. Орта мектептерде жүргізілетін «Семьялық өмірдің этикасы мен психологиясы» курсына пайдалануға арналған методикалық кеңес. – А., 1986) жариялады. Оларда Абайдың пед. көзқарасының қалыптасуына ықпал еткен негізгі себептерді талдады. Ақын шығармаларының жастардың дүниетанымын қалыптастыруға тигізген игі әсерін, оны мектептерде оқытудың мүмкіндіктерін ашып көрсетті. *С. Қалуов.*

«ШАЙТАН...», «Мұңлы шайтан – құдайдың қуған жаны» – Абайдың 1898 ж. М. Ю. Лермонтовтың «Демон» поэмасынан тәржімелеген үзінді өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 10 шумақтан тұрады, Абай орыс ақыны поэмасының бастапқы екі бөлімін түгел алып, сөз қосып, еркін аударған. Лермонтов өз поэмасында демонды символ ретінде алып, сол өршілдікпен, бейіштен қуылған әзәзіл, перінің бейнесі арқылы тәкәппарлықтың, еркіндік іздеудің шегі бар, шексіз болса, қайғыға ұшыратады деген ойды аңғартқан. Қарсылық жасағаны үшін құдайдың лағынетіне душар болған пері өлмес өмір, сарқылмас қайрат-күшке қолы жетсе де, адамға не қиянат жасап жүрсе де, еш нәрсеге қуана да, сүйсіне де алмайды. Абай дастанын «Печальный демон, дух изгнания, летал над грешною землей» деп басталатын, періні тұжырымды сипаттайтын поэманың кіріспесін тәржімелесе, Лермонтов ой түйіндерін нақты түрде жеткізеді. Қазақ ақыны аударма өлеңнің аяғын өзінше қайырып, шайтанның аузына: «Ақылға, өмірге де адам кенде, Өлмес өмір, қайрат, күш – бәрі менде, Күнінде жүз қуанып, күліп жүрген, Осы адам уайымсыз не еткен бенде?..» – деген сөздерді салады. Лермонтов дастанында шайтан айтатын сөздерінен бұған біраз үндес келеді деп: «Что люди? Что их жизнь и труд? Они прошли, они пройдут...», – деген жолдарды айтпасақ, басқадай мағынасы сәйкес сөздер кездеспейді. Өлең 11 буынды қара өлең үлгісімен (-а, -а, -б, -а) кестеленген. Алғашқы рет 1909 ж. С-.Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Абай Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Өлең басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1945 жылғы басылымында 1-шумақтың 2-жолы «**Күнәлі жерге** кез келіп бір ұшқаны» делінсе, кейінгі басылымдарда бұл жол «Күнәлі **жер** кез келіп бір ұшқаны» ретінде қабылданған. 1933, 1945, 1954 жылғы жинақтарда 2-шумақтың 3-жолы «Жылы жүзбен жұлдыздар жылжып **жүзіп**» болса, 1957, 1977 жылғы жинақтарда бұл жол Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы басылым негізінде «Жылы жүзбен жұлдыздар жылжып **жүріп**» деп алынған. Мүрсейіт қолжазбаларында, 1954 жылғы жинақта 6-шумақтың 2-жолы «Өлмес, өшпес өзіне **заман жетті**» түрінде берілсе, 1945, 1957, 1977 жылғы басылымдарда 1909 жылғы басылым бойынша «Өлмес, өшпес өзіне **көзі жетті**» болып қабылданған. *З. Ахметов.*

ШАЛАБАЕВ Белгібай (1911-88) – әдебиет зерттеушісі, филол. ғыл. докторы, проф., ҚазССР-інің еңбек сің. ғылым қайраткері. Ш. «Қазақ романының тууы мен қалыптасу тарихы» кітабының «Абай прозасы» тарауында ақынның қарасөздеріне талдау жасайды. Ақынның филос. ойлары мен дүниетанымын сөз етіп, қоғамдық, моральдық-этик. және тұрмыстық маңызын ашып көрсетеді. Ал, «Пушкин және Абай» («Казахстанская правда», 1936, 24 желтоқсан), «Пушкиннен нәр алған» («Казахстанская правда», 1945, 15 тамыз), «Орыс әдебиетінің ұлы алыбы – Пушкин Абайдың ұстазы» (ҚазССР ҒА-ның хабаршысы», 1950, № 8) т. б. мақалаларында Абайдың А. С. Пушкин өлеңдерін тәржімелеудегі шеберлік әдістерін жан-жақты талдайды.

ШАМИЛЬ (1797-1871) – Дағыстан мен чечен халықтарының патша отаршылдығына және жергілікті феодалдарға қарсы қозғалысының басшысы. Абайдың баласы Тұрағұлдың естеліктерінде Абайдың қазақтан басқа, өзге ел адамдарымен танысуы туралы былай баяндалады: «Патша үкіметімен алысып, каторгіге айдалып, Сібірден қашқан кавказдықтардың бірнешеуі Абайды табады. Бұлардың ішінде Ш-дің баласы, Таштемірдің баласы деген адамдардың да Абай қолына келіп, ат мініп, жолдарына кіре пұл алып кетіп жүргендері болған. Абай Таштемірдің баласын бір жаз бойы қонақ етіп, аттандырған деседі. Бұл естеліктер М. О. Әуезовтің мұражай қорында сақтаулы. *С. Әлімбаева.*

ШАР – Семей обысының Көкпекті, Жарма, Шар және Жаңа Семей аудандарының жерлері арқылы ағып өтетін өзен. Абай 1885 ж. осы өзеннің бойындағы Қарамола деген жерде өткен Зайсан, Өскемен, Кереку, Семей уездерінің төтенше

съезіне төбе би болып сайланған. Ақын осы съезге өзінің ел басқару жүйесін ұсынып, «Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережелерін» қабылдатты. Өзен атауы ақын шығармаларының толық жинақтарына еніп жүрген өзге ақындармен сөз қағыстыруларында да аталады.

ШАРГОРОДСКИЙ Леонид Матвеевич (1901-78) – дирижер, композитор. Қазақстан Республикасының еңбек сің. өнер қайраткері, доцент. 1942 ж. қазақтың халық аспаптары оркестрінің бас дирижері ретінде Абай әндерінің, сондай-ақ, А. Қ. Жұбановтың «Абай» сюитасының (1942) орындалуына біршама еңбек сіңірді. Ш. 1944 ж. Қазақтың опера және балет театрында А. Қ. Жұбанов пен Л. А. Хамидидің «Абай» операсына алғаш дирижерлік етті. *Б. Ғизатов.*

ШАРИПОВ Акобир (1928 ж. т.) – тәжік ақыны. Оның «Орифжан мен торғай», «Қызғалдақ», «Ахмет-ғарышкер» (1972) т. б. кітаптары белгілі. Абайдың «Балалық өтті, білдің бе?..», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...» өлеңдерін («Шарқи сурх» журналы, 1954, 7-ші саны) тәжік тіліне аударған.

А. Нұралиев.

ШАШУБАЙ Қошқарбайұлы (1863-1952) – халық ақыны, әнші, композитор. Қазақ ССР-інің еңбек сің. өнер қайраткері. Ш. Абай шығармаларын кеңінен насихаттап, ел арасына таратады, өзіне ұстаз тұтып, ақындық талантына еліктейді. Бұл ретте Ш. Абайдың сатиралық дәстүрін жалғастырып қана қоймай, қазақ әдебиеті тарихында мысал айтысты шығарудың тамаша шебері ретінде атағы шығады. Ш-дың «Кәрі құда» өлеңі табиғат суреттерін дәл беріп, адам мінездерімен сәйкестендіре бейнелеу тәсілі жағынан Абайдың *«Ақ киімді, денелі, ақ сақалды»* деген өлеңімен үндесіп жатыр. Ш. ұлы ақын таланты алдында басын иіп, оған өлеңдер арнаған. «Ақын Абай» өлеңінде «Ақыл, ойың шалқыған дариядай, көркем тіл, шебер сөздің сен бір кені» деп Абай талантының асқақтай түсетініне, данышпан рухының мәңгі жасай беретініне шек келтірмейді. Ұлы ақынның туғанына 100 жыл толуына арналған «Іске асты, Абай, арманың» толғау өлеңінде Абайдай ғұлама ұстазын ұлтына нұр сепкен Шолпан жұлдызына теңеп, «Мен де сенен үйренгем, домбырамды серік қып» деп өзін ұлы ақынның шәкірті ретінде мақтан тұтады.

С. Қорабаев.

ШАЯХМЕТОВ Кәміл Махмұтұлы (1928 ж. т.) – суретші. Қондырғылы кескіндеме және жанрлық сурет саласында жұмыс істейді. Қазақстан Республикасының халық суретшісі, еңбек сің. өнер қайраткері. Ш. «Бала Абай орыс мектебінде» (1969, кенеп, майлы бояу), «Жігіт Абайдың портреті» (1971, кенеп, майлы бояу), «Қодардың өлімі» (1977, кенеп, майлы бояу, үшеуі де Абайдың мемл. қорық-музейі қоры) суреттерін салды.

ШӘБЕП Әлімқұлұлы (1903-59) – Абайдың шөбересі, Ақылбайдың немересі. Шыңғыс болысының 10-аулында соттың көмекші хатшысы, Абайдың Жидебайдағы мұражайының меңгерушісі болып қызмет атқарған. Абайдың мұражайында Әлімқұл үйінің ағаш төсегі сақтаулы.

ШӘЙМЕРДЕН Қосшығұлұлы (1874-1932) – Көкшетау мешіті жанындағы интернаттың мұғалімі. 19 ғ-дың 90-жылдары – 20 ғ-дың бас кезінде патша үкіметі қазақ өлкесін уысында берік ұстау үшін оны басқарудың дін мекемелері мен мектептерді де қамтитын жаңа тәртіптерін енгізді. 1901 ж. патша әкімшілігінің жарлығы бойынша Петропавл, Көкшетау, Павлодар өңірінде мешіттер жабылып, молдалардың мұсылман дінінің заңы – шариғат жолымен қызмет атқаруына тыйым салынды. Мұндай әрекеттер халық арасында наразылық тудырып, ел ішінде дүмпулер туғызды. Патшалық Россияның қазақ даласындағы бұл отарлық саясатына қарсы Көкшетау молдасы Наурызбай Таласұлы және оның көмекшісі Ш. қауым арасында белең ала бастаған демокр. озық ой-пікірді, азаттық қозғалысты біріктіріп өлкені тұтас қамтитын мұфтиге бағынатын, дербес діни панисламдық ұйым құруды көздеді. Өз қимыл-әрекеттерінің пәрмеңділігін, ықпалын арттыру үшін қазақ жұртына құрметті де беделді адамдарға иек арту мақсатымен ол Абайға екі рет хат жолдаған. Ол хатында Абайды: «Баяғы дәурен өтті де, өлетін заман жетті де... Барлық жәй-жапсарды айтып, ақылдасуға... қазақтың мүддесін шағып ойласуға...» (Абай тағылымы. – А., 1986, 424-б.) шақырып, ақынды ел қамын ойлайтын, қалың елге мұратты жол нұсқайтын кемеңгер ақылшы, ақ ниет қамқоршысы ретінде таныған. Бұл хаттар патша әкімшілігінің қолына түсіп, Ш. 1903 ж. тұтқындалып, 5 жылға түрмеге қамалады. *М. Бейсенбаев.*

ШӘКЕРІМ, қ. *Құдайбердиев.*

ШӘМСИ, Шамсуддин Табриди, Шамсуддин Махамбет бин Ғали (т. ж. б. – 1247) – тәжік-парсы ақыны. Абай Ш. жырларымен Семейдегі Ахмет-Риза медресесінде оқып жүрген шәкірт кезінде танысқан. Ол осы тұста шағатай әдебиетінің ықпалымен жазған *«Фзули, Шәмси, Сәйхали...»* деп басталатын бір ауыз өлеңінде шығыстың ұлы ақындары қатарында Ш. есімін де атап, одан медет тілейді.

ШӘРДЕНОВ Жанатай (1927-92) – суретші. Кескіндеме, негізінен пейзаж, кейде портрет саласында жұмыс істеген. Халық суретшісі, Қазақстан Республикасының еңбек сің. өнер қайраткері. Ш. «Абай даласы» (1968, кенеп, майлы



Ш. Әлімқұлұлы.

бояу), «Жігіт Абай» (1968, кенеп, майлы бояу; екеуі де Абайдың мемл. қорық-музейі қоры) суреттерін салды.

«ШӘРІПКЕ» – Абайдың өлеңі, қ. *«Түнлікбайдың қатыны атың Шәріп...»*

ШӘУКІМБАЙ (т.-ө. ж. б.) – Оспан үйінің жалшысы. Ш. сөзге көп үйірлігі жоқ, томырықтау адам болған. Кейде ол Абайға ренжіп, тым құрмаса балта қайрап беруге де жарамайсың деп, шаруаға олақтау ақынды әжуалап, ренжіп жүреді екен. Бұл туралы материалдар Абайдың мемл. қорық-музейінде сақтаулы. *А. Әубәкірова.*

ШЕВЧЕНКО Александр Алексеевич (1927 ж. т.) – әуесқой суретші. Графика саласында жұмыс істейді. Семей қ-нда тұрады. Ш. «Шабыт үстіндегі Абай Құнанбаев» (линогравюра), «Ақын – Абай» (линогравюра екеуі де Абайдың мемл. қорық-музейі қоры) еңбектерін әзірлеген.

«ШЕГІРТКЕ МЕН ҚҰМЫРСҚА...» – Абайдың 1898 ж. И. А. Крыловтан аударған мысал-өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 9 шумақтан тұрады, көлемі 36 жол. Мысалда бүгінін ғана ойлайтын, ертеңінің қамын қылмайтын, «түстік өмірің болса, кештік мал жи» дейтін халық нақылын ескермейтін, еңбекке икемсіз, қымыз бен қызық қуып, әуейлікке салынған есерлер шегіртке бейнесінде мазақталған. Еңбек етпей қызық дәурен сүргісі келетін секеңдеген селтеңбайларды аяуға болмайтынын көрсеткен. Сондықтан да мысал құмырсқаның шегірткені жылы илеуі – үйіне кіргізбей, тағдыр тәлкегіне итеріп тастауымен аяқталады. Бұдан «еңбек ет, еңбек етсең – емесің, берекеге енесің» деген ойды ұғуға болады. 30 жолдық түпнұсқаны Абай 8, 9 буынды, -а, -б, -в, -б үлгісімен жазған. Тек Крылов мысалындағы инеліктің орнына әдейі қазақ оқушысының ұғымына жақынырақ, қонымдырақ шегірткені алған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Мысал тексі 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары негізінде Абайдың барлық жинақтарына енгізілген. Тек 2-шумақтың 1-жолы – **«жаздыкүні жапырақтың»** деген жол кейінгі басылымдарда **«жаздыкүнгі жапырақтың»** болып өзгертілген. *Т. Қожакеев.*

ШЕНДЕСТІРУ, Антитеза – көркем тілде немесе шешендік сөз саптауда екі ұдай ұғымдарды, пайымдауларды, бейнелерді, деректі не дерексіз жай-күйлерді бір-біріне тікелей қарама-қарсы қою арқылы жасалатын, қайшы мәнді құбылыстардың жұбын танытушы стильдік тұлға. Абай поэзиясында Ш-дің алуан үлгілері бар. Ақын бұл амалды халық эстетикасы деңгейінде де, сондай-ақ, европ. талғам тұрғысынан да өзінің сөз өнеріне шебер қиыстырған. Мыс., «Сәулең болса кеудеңде, Мына сөзге көңлің бөл, Егер сәулең болмаса, Мейлің тіріл, мейлің өл» деп келетін жыр өлшемді өлеңі бастан-аяқ қарама-қарсылықтардың бірлігінен тұрады. Бұнда шендесетін ұғым – түсініктердің қосағы мына секілді болып келеді:

а) Берекелі болса ел–
Жағасы жайлау ол бір көл
ә) Берекесі кеткен ел –
Суы ашыған батпақ көл.

немесе:

а) «Единица» – жақсысы,
ә) Ерген елі бейне «нөл...»
б) Единица нөлсіз-ақ
Өз басындық болар сол
в) Единица кеткенде,
Не болады өңкей «нөл?»

Бұл келтірілген жолдарда алдымен «берекелі ел» мен «берекесіз ел» ұғымдары салғастыра көрсетілсе, кейінгі тармақтарда әр елдің ішіндегі «жақсылары», яғни, елге басшы бола алатын «бірегейлер» бүтін сан жасаушы «единица» деп танылып, оларға ерген тобыр нөл ретінде қарастырылады да, осы өлшеп салыстыруға келмейтін математик. шамалардың қасиеттері өзара шендестіріледі. Мұндай стильдік ойнақы қолданыстың нәтижесінде деректі жаңа ұғымдардың бедерлі бейнелері кейіптеліп көрсетіледі.

Абай шығармаларында Ш-дің бұдан басқа да бейнелі көркем үлгілері мол (қ. *«Жігіт сөзі»*, *«Қыз сөзі»*). *Е. Жұбанов.*

ШЕРАЛИЕВ Мастон (1935-1990) – тәжік ақыны. Оқырманға «Зарафшан толқындары», «Шабыт», «Судағы тамыр» т. б. өлең жинақтары жақсы таныс. Ол Абайдың «Көк тұман алдыңдағы келер заман», «Есіңде бар ма жас күнің...» өлеңдерін («Маориф ва маданият», 1960, 11 тамыз) тәжік тіліне аударған. *А. Нұралиев.*

ШЕРЕМЕТЬЕВ Григорий Тимофеевич (1922 ж. т.) – суретші. Кескіндеме, графика саласында жұмыс істейді. Абайдың туған өлкесіне байланысты Ш. «Алыстағы Семей» (1959, кенеп, майлы бояу, Қазақстан мемл. өнер музейі қоры), «Қарауыл төбе» (1959, кенеп, майлы бояу, Семейдегі обл. тарихи-өлкетану музейі қоры), «Көктемгі Ертіс әуендері» (1960, қатырма қағаз, майлы бояу), «Семей. Қыстау» (1960, қатырма қағаз, майлы бояу, екеуі де Қазақстан мемл. өнер музейі қоры), «Қарауыл тауы» (1968, қатырма қағаз, майлы бояу, автордың жеке қоры), «Абай және Долгополов» (1970, кенеп, майлы бояу, Қарағандыдағы «Горняк» мәдениет үйі қоры), «Долгополов, Абай және Әйгерім» (1975, кенеп, майлы бояу, Семей обл., «Абай» совхозының қоры), Абайдың мемл. қорық музейінің ұсынысымен «Абай лирикасы әуенімен», «Әсем ән» және «Болды да партия» (1991, қағаз, тушь, Абайдың мемл. қорық-музейі) еңбектер жазған. *Н. А. Полонская.*

ШЕТЕЛ ХАЛЫҚТАРЫ ТІЛДЕРІНДЕГІ ЖИНАҚТАРЫ – Абай шығармалары шетел оқырмандарына да жақсы таныс. Жеке өлеңдері көптеген елдердің тіліне аударылып, 51 рет жеке кітап болып басылған. Оның 15-і орыс тілінде.

1945 жылғы басылым – ақынның Ташкенттегі «Уздавнашр» баспасынан «Абай өлеңдері» деген атпен өзбек тілінде жарық көрген таңдамалы шығармалар жинағы. Кітап «Ибраһим Құнанбайұғлы Абай» деген шағын кіріспе мақаламен ашылады. Жинаққа енгізілген ақын өлеңдері жазылған уақыты сақталмай, еркін құрастырылған. Ақынның 33 өлеңі және «Ескендір», «Масғұт» дастандары енгізілген. Аударғандар: Міртемір мен Ұйғын. Кітап көлемі 3,01 б. т., 5000 дана болып басылған.

1949 жылғы басылым – ақынның Қазанда татар тілінде жарық көрген өлеңдер мен дастандар жинағы.


1952 жылғы басылым – ақынның Прагада чех тілінде жарық көрген өлеңдер жинағы.
1954 жылғы басылым – ақынның Бішкектегі Қырғыз мемл. баспасынан «Абай жырлары» деген атпен қырғыз тілінде жарық көрген жинағы. Аударған – А. Тоқамбаев. Кітап аудармашының «Қазақ елінің ұлы ақыны» деген көлемді кіріспе мақаласымен ашылады. Жинаққа ақынның 54 өлеңі және «Ескендір» дастаны енгізіліп, жазылған жылдары көрсетілмей еркін құрастырылған. Кітап көлемі 3,57 б. т., 12 050 дана болып басылған.
1954 жылғы басылым – ақынның Улан-Баторда монғол тілінде жарық көрген өлеңдер жинағы.
1955 жылғы басылым – ақынның Нөкісте



Абай Құнанбаевтың 1958 ж. қытай тілінде Пекиннен жарық көрген (үш поэмасы) жинағы.



Абай Құнанбаевтың 1985 ж. Алматыдағы «Zhazushiy» баспасынан ағылшын тілінде жарық көрген жинағы.



Абайдың 1988 ж. Алматыдағы «Жазушы» баспасынан араб тілінде жарық көрген таңдамалы өлеңдер жинағы.

қарақалпақ тілінде жарық көрген таңдамалы шығармалар жинағы.
1958 жылғы басылым – ақынның Ашхабадта түрікмен тілінде жарық көрген дастандар жинағы.
1958 жылғы басылым – ақынның Пекинде ханзу тілінде жарық көрген дастандар жинағы. Аударған – Қабай.

1959 жылғы басылым – ақынның Улан-Батордағы «Шүлгууд» баспасынан монғол тілінде жарық көрген өлеңдер жинағы. Кітап ақынның қысқаша өмірбаянымен ашылады. Абайдың 17 өлеңі мен «Әзім әңгімесі» дастаны енгізілген. Аударғандар: С. Хабшай, Ж. Бадраа, Д. Тарға, А. Мікіс, Г Дамдин, Ц. Хасбатыр, Ж. Дансаранжав, Ц. Батцэвэл, Ж. Иамсарай. Көлемі 70 бет, 10 000 дана болып басылған.
1959 жылғы басылым – ақынның Прагада чех тілінде жарық көрген ғақлия сөздерінің жинағы. Кітапқа ойшыл-ақынның 40 сөзі енгізілген. Аударған Людек Гржебичек, сөзбе-сөз тәржімесін жасаған – Франтишек Соукун. Жинақ соңында ақын шығармаларын талдаған мақала берілген. Көлемі 2,25 б. т., 5000 дана болып басылған.
1961 жылғы басылым – ақынның Ташкенттегі «Узбекистон Давлат Бадий әдабиет нашристи» баспасынан өзбек тілінде жарық көрген таңдамалы шығармалар жинағы. Кітап Ғ Ғұламның редакциялық алғы сөзімен және Н. Фозиловтың «Абай Құнанбаев» деген ақын шығармашылығына шолу жасайтын көлемді мақаласымен ашылған. Жинақтың 1-бөліміне 46 өлең мен 3 дастаны, 2-бөліміне ғақлия сөздері топтастырылған. Аударғандар: Міртемір, Ұйғын, Шоди, Р. Абдурашидов, С. Худойбергенов, Х. Хұжаев. Ғақлия сөздерін Н. Хозил тәржімелеген. Кітап көлемі 7,9 б. т., 10 000 дана болып басылған.
1970 жылғы басылым – ақынның Ашхабадта түрікмен тілінде жарық көрген өлеңдер жинағы.
1970 жылғы басылым – ақынның Кишинев қ-ндағы «Картя Молдовенякэ» баспасынан молдован тілінде жарық көрген жинағы. Кітап З. Ахметовтың «Абай Құнанбаев» деген шағын кіріспе мақаласымен ашылған. Барлығы 27 өлең енгізілген. Аударғандар: А. Донос, М. Чеботару, А. Гужел, А. Негриш, И. Цыбуляк, Ю. Кыркелан, И. Георгицэ. Көлемі 1,93 б. т., 2000 дана болып басылған.
1970 жылғы басылым – ақынның Бакудегі «Азербайжан Довлэт нәшрийаты» баспасынан азербайжан тілінде жарық көрген өлеңдер мен дастандар жинағы. П. Халиловтың «Таң жұлдызы» деген кіріспе мақаласымен ашылады. Ақынның 67 өлеңі, 3 дастаны енгізілген. Шығармалар жазылған жылдары бойынша топтастырылған. Абай өлеңдерін азербайжан ақындары: М. Рағим, С. Алмазов, Р Зәка, С. Мұстафайев, А. Зейналлы, Б. Азил, А. Әлизадә, Ә. Курчайлы, И. Тандыг, М. Ибрағим Араэлы, Е. Борчалы, Ф. Садыг, Ә. Чәмил, М. Дилбазы, М. Шүкір; дастандарын: Н. Кәнчэли («Ескендір»), Г Гасымзадэ («Масғұт»), Ә. Зийатай («Әзім әңгімесі») аударған. Кітап көлемі 6,1 б. т., 9000 дана болып басылған.
1970 жылғы басылым – ақынның Киевте украин тілінде жарық көрген өлеңдер жинағы. Ақын өлеңдері жазылған уақытына қарай құрастырылған. Жинаққа Абайдың 87 өлеңі мен «Ескендір», «Масғұт» дастандары енгізілген. Аударғандар: Ольга Шайзе, Дариан Роттенберг, Том Боттинг, Ирина Железнова. Кітап қосымша мұқабамен қапталып, көркем безендірілген.

Көлемі 190 бет.

1970 жылғы басылым – ақынның Москвадағы «Прогресс» баспасынан араб тілінде жарық көрген таңдамалы өлеңдер мен дастандар жинағы. М. О. Әуезовтың ақынның өмірі мен шығармашылық жолына арналған көлемді мақаласымен ашылады. Жинаққа Абайдың 92 өлеңі мен «Ескендір» дастаны енгізілген. Кітап қосымша мұқабамен қапталып, көркем безендірілген. Көлемі 6,7 б. т., 5000 дана болып басылған.

1970 жылғы басылым – ақынның Еревандағы «Айастан» баспасынан 1970 ж. армян тілінде жарық көрген жинағы. Шағын кіріспе мақаламен ашылады. Жинаққа енгізілген ақынның 44 өлеңінің жазылған жылдары көрсетілмей еркін топтастырылған. Кітап көлемі 2,8 б. т., 200 дана болып басылған.

1970 жылғы басылым – ақынның Минскідегі «Беларусь» баспасынан белорус тілінде жарық көрген таңдамалы өлеңдер жинағы. Ақынның 125 жылдық мерейтойына арнап шығарылған. Құрастырған – З. Ахметов. Жинақ құрастырушының «Абай Құнанбаев» деген көлемді кіріспе мақаласымен ашылады. Жинаққа Абайдың 42 өлеңінің жазылған уақыты көрсетілмей, еркін топтастырылған. Аударғандар: П. Приходский, А. Марцинович, В. Шымук, Ул. Шахович, К. Комейни, К. Павтаржицкий, Р Барадулин, Ю. Свирка, Хв. Черный, А. Ставер, А. Звонок, Хв. Жычка. Кітап көлемі 2,8 б. т., 1000 дана болып басылған.

1970 жылғы басылым – ақынның Ташкенттегі көркем әдебиет баспасынан өзбек тілінде жарық көрген өлеңдер мен дастандар жинағы. Бұл 1961 жылғы жинақтың толықтырылып, қайта басылған нұсқасы. Кітапқа 72 өлеңі мен «Ескендір» (ауд. Міртемір), «Масғұт» (ауд. Үйғын) және «Әзім әңгімесі» (ауд. Х. Хұжаев) дастандары енгізілген. Ақын өлеңдерін өзбек тіліне аударғандар: Міртемір, Үйғын, Х. Хұжаев, А. Мұхтар, С. Акбари, М. Әли, Ж. Жаббаров, Ғ Шоди, Р Абдурашидов, С. Худойбергенов. Жинаққа енгізілген Абай өлеңдері жазылған жылдарына қарай топтастырылған. Кітап көлемі 13,2 б. т., 10 мың дана болып басылған.



Абайдың 1970 ж. Кишиневтегі «Вє :урь Алесе» баспасынан молдаван тілінде жарық көрген өлеңдер жинағы.

1970 жылғы басылым – ақынның Ригадағы «Лиесма» баспасынан латыш тілінде жарық көрген жинағы (қ. «Қыран жанар»).

1970 жылғы басылым – ақынның Фрунзеде (қазіргі Бішкек) «Менің елім» деген атпен қырғыз тілінде жарық көрген өлеңдер жинағы.

1971 жылғы басылым – ақынның Москвадағы «Прогресс» баспасынан араб тілінде жарық көрген таңдамалы өлеңдер жинағы. Кітап М. О. Әуезовтың алғы сөзімен ашылады. Жинаққа Абайдың 90 өлеңі және «Ұлы Ескендір», «Масғұт» дастандары енгізілген. Бұл шығармаларды аударған судандық араб ақыны Гили әл-Саид Абд ар-Рахман. Кітап көлемі 13,4 б. т., 5000 дана болып басылған.

1974 жылғы басылым – ақын өлеңдерінің Киевтегі «Дніпро» баспасынан 1974 ж. жарық көрген жинағы. Құрастырған – Ы. Дүйсенбаев. Кітап құрастырушының «Ұлы Абай» деген көлемді кіріспе мақаласымен ашылады. Ақын өлеңдері жазылу уақытына қарай топтастырылған. Жинақ соңында өлеңдерде кездесетін жеке адам есімдері мен атауларға түсініктеме берілген. Абайдың 69 өлеңі мен «Ескендір» дастаны енгізілген. Ақын шығармаларын аударғандар: И. Коломниець («Ескендір» дастанын), О. Довгий, Б. Степанюк, З. Гончарук, В. Забаштаньский, О. Лупий, Ф. Скляр, О. Ющенко, Ю. Сердюк, Н. Тихий, А. Кацнельсон, П. Мовчан, О. Максимейко, И. Гончаренко, М. Фененко, С. Литвин, О. Жолдак, В. Струтинский, М. Нагнибида, С. Гельнюк, В. Вильный. Кітап көлемі 4,9 б. т., 8000 дана болып басылған.

1981 жылғы басылым – ақынның Қазанда татар тілінде жарық көрген өлеңдер мен дастандар жинағы.

1983 жылғы басылым – ақынның Пекиндегі Шыңжаң халық баспасынан ханзу тілінде жарық көрген таңдамалы өлеңдер жинағы. Аударған – Қабай.

1985 жылғы басылым – ақынның «Жазушы» баспасынан ағылшын тілінде жарық көрген таңдамалы өлеңдер жинағы. Құрастырып, баспаға әзірлеген – А. Жовтис. Абайдың жинаққа енген 67 өлеңін аударғандар: Т. Боттинг, Д. Роттенберг, О. Шайзе, И. Железнова. Кітаптың соңында М. О. Әуезовтың көлемді мақаласы берілген. Жинақты суретшілер Б. Матранов пен Қ. Қожықов көркем безендірген. Көлемі 5,1 б. т., 2600 дана болып басылған.

1985 жылғы басылым – ақынның Нөкістегі «Қарақалпақстан» баспасынан қарақалпақ тілінде жарық көрген өлеңдер мен дастандар жинағы. Кітап ұлы ақынның туғанына 140 жыл толу мерекесіне арналған. Жинаққа Абайдың 130 өлеңі, 3 дастаны енгізілген. Шығармалары жазылған жылдары бойынша топтастырылып, жекелеген сөздер мен атауларға әр өлеңнің

соңында түсінік берілген. Абай өлеңдері мен дастандарын қарақалпақ тіліне аударған – Ш. Сейтов. Кітап көлемі 7,1 б. т., 3000 дана болып басылған.

1987 жылғы басылым – ақынның «Жазушы» баспасынан араб тілінде жарық көрген таңдамалы өлеңдер жинағы. Құрастырған – Н. Өсеров. Жинаққа ақынның 87 өлеңі енгізілген. Кітап соңында М. О. Әуезовтың Абай өмірі мен шығармашылық шеберлігін сөз ететін көлемді мақаласы берілген. Кітап көркем безендірілген. Көлемі 4,1 б. т., 1000 дана болып басылған.

1988 жылғы басылым – ақынның «Жазушы» баспасынан араб тілінде жарық көрген таңдамалы өлеңдер жинағы. Құрастырған – Н. Өсеров. Жинақ Абайдың: «Жүрегімнің түбіне терең бойла, Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла. Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім, Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!» деген өлең жолдарымен және М.О. Әуезовтың Абай туралы бір ауыз тұжырымды пікірімен ашылады. Әр өлең жазылу жылына қарай топтастырылған. Кітапқа ақынның 65 өлеңі енгізілген. Аударған судандық араб ақыны Гили әл-Саид Абд ар-Рахман. Кітап соңында Әуезовтың «Абай Құнанбаев» деген мақаласы берілген. Көлемі 4,1 б. т. , 1000 дана болып басылған.

1988 жылғы басылым – ақынның Тбилисидегі «Накадули» баспасынан грузин тілінде жарық көрген бір томдық жинағы (қ. «Зымырайды уақыт»).

1990 жылғы басылым – ақынның Нөкістегі «Қарақалпақстан» баспасынан қарақалпақ тілінде жарық көрген таңдамалы өлеңдері мен дастандары және қарасөздерінің жинағы. Кітап ұлы ақынның туғанына 145 жыл толу мерекесіне арналған. Жинақ ақынның бұрын аударылмаған жаңа өлеңдерімен толықтырылып, қарасөздері қарақалпақ тілінде тұңғыш рет жарияланған. Жинаққа Абайдың 139 өлеңі, 3 дастаны және барлық ғақлия сөздері енгізілген. Ақын шығармалары жазылған жылына қарай топтастырылып, жекелеген сөздер мен атауларға әр өлеңнің соңында түсінік берілген. Абай өлеңдерін қарақалпақ ақындары Ш. Сейтов, Ш. Аяпов, С. Исмайлов, қарасөздерін А. Әлиев пен С. Ибрагимов аударған. Кітап көлемі 11,7 б. т. 3000 дана болып басылған.

Т. Барақұлы.

ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР, қ. *Қанатты сөздер.*

ШИЛЛЕР Иоганн Фридрих (1759-1805) – немістің ұлы ақыны, драматург, ағарту өнерінің теоретигі Неміс классик. әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Негізгі драмалық шығармалары: «Қарақшылар», «Зұлымдық пен махаббат», «Дон Карлос», «Мария Стюарт», «Вильгельм Телль» т. б. Ақын лирикалары өнердің құдіреттілігі туралы өзіндік ойларымен ерекшеленеді. Ол 1795-98 жылдары бірқатар балладалар («Кубок», «Биялай», «Аманат» т. б.) жазды. Абай Ш-дің шығармаларымен В. А. Жуковский, Ф. И. Тютчев, М. Ю. Лермонтов, А. А. Фет аудармалары арқылы танысты. Ол Ш-дің Лермонтов аударған «Дитя в люльке» өлеңін қазақ тіліне тәржімалады. Абайдың *«Кең жайлау – жалғыз бесік жас балаға...»* атты бұл аудармасы 1933 жылдан бастап ақынның барлық жинақтарына енген.

Г. Бельгер.

«ШИ» ТҮБІНДЕГІ БАТАЛАСУ – дұшпандарының Абайға қарсы күреспек болып сөз байласуы. Мұрын деген кісінің қызы Сыбандағы атастырған адамына бармай, сүйген жігітіне қашып кетеді. Екі ел арасына бітім айтуға Абай жіберген Жиренше мен Оразбай Сыбан елдағының билікке риза болмай, «Жол осы ма еді. Кеңгірбай әруағы қайдасың?!» деп ұран тастап, әруақ шақырғанын айтып келеді. Бұған Абай: «Кеңгірбайдан ел әділдік көрген жоқ. Ел ішінде ол «қара қабан» атанған» деп реніш білдіреді. Абайдың бұл сөзін Кеңгірбайды тілдеу деп түсінген Оразбай, Жиренше, Байғұлақ, Күнтулар – барлығы 16 атқамінер Жиренше қыстауының іргесіндегі «Ши» деген жерде Абайға қарсы топ құрып, Кеңгірбай аруағын атасып, бейіті алдында баталасады. Осы анттасудың нәтижесінде Күнту болыс болып сайланды.

Т. Барақұлы.

ШКЛОВСКИЙ Виктор Борисович (1893 ж. т.) – жазушы, әдебиетші, сыншы. Ол әдеби-зерттеу кітаптарымен қатар «Қазақтар», «Капитан қызы», «Бөгелек», «Турксиб», «Әлішер Науаи», «Дохунда» кинофильмдерінің сценарийлерін жазды. Ш. Абайдың қарасөздерін тұңғыш рет орыс тіліне аударған.

Ө. Күмісбаев.

ШНАЙДЕР Клаус (1931 ж. т.) – неміс журналисі. 70-жылдардың аяғында Алматыға келіп, осы сапардан соң «Алматы. Қазақ көктемі» (неміс тілінде, Лейпциг, Брокхаус-ферлаг 1978) кітабын жазды. Кітапта автор Абай өмірі мен шығармаларына тоқталып, оның қазақтар арасынан бірінші болып И. В. Гете өлеңін, А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, И. А. Крылов шығармаларын тәржімелегенін айтады, орыс әдебиеті арқылы Батыс Европа мәдениетіне жол салғанын атап өтеді. Автор Абайдың «Сөз өнері дертпен тең» деген сөздерін келтіріп, осынау шығармашылық мақсаттың философ. маңызына ерекше мән береді.

Г. Бельгер.

«ШОҚПАРДАЙ КЕКІЛІ БАР, ҚАМЫС ҚҰЛАҚ...» – Абайдың 1886 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 8 шумақтан тұрады. 1886 жылы тудырған өлеңдердің тақырыбы әр алуан екендігін көрсететін бір-екі өлең аттың сыны мен жазға арналған өлеңдер. Бұл шығармаларында Абайдың суретші-реалист ақын есебіндегі шеберлігі көрінеді. Аттың сыны – жаратылыстың жанды бір бейнесі болған бәйге атқа арналған өлең. Ғасырлар бойында мал өсірумен, көшпелі күйде тірлік еткен елдің ақыны аттың бағасын өзгеше түсінеді. Соның ішінде бәйге аттың орны мүлде бөлек. Ол қазақтың бағы заманнан бергі ауызша әдебиетінде де сан алуан «қиял пырағы» болып жырланып келген. Абай өмір кешкен кезде де ат – ер қанаты жүйрік ат, әсіресе, қазақ білген жануардың ішіндегі адамға ең ыстығы, қадірлісі. Бірақ, осы аттың жайын сипаттағанда Абай тағы да реалист-суретші боп шығады. «Қақтаған ақ күмістей» деген өлеңінде онша орынды болмаса да, мұнда қолмен қойғандай, барлық сыны сырт сымбатынан көрінетін көліктің жайын Абай кекілі, құлағынан бастап түгел толық баяндап шығады. Бәйге аттың мүсінін сынап санауда Абай үлкен білімділік, байқағыштық танытады. Ол әрі шебер ақын болудың үстіне, аса білгір саятшы, атсейіс сыншы боп шығады.

Аттың бар мүсінін санап шығуда, әсем жырмен, үлкен шешендікпен шеберлеп сыпаттауда ақын қазақ тілінің осы жөніндегі мол байлығын да танытады. Өзге тілге аударуға аса қиын соғатын осы өлеңінде ақын сол тілдің бар мүмкіншілігін де өзгеше ұсталықпен пайдаланады. Жалғыз-ақ, атап айтатын бір жәй, осы атты сынап отырушы адамның кейбір салт-саналық көзқарасы турасында болу керек. Ақын осы атты еңбекші көпшіліктің күнделік тіршілігіне қажет болған күш көлігі есебінде жырламайды. Және жорықта жансерігі ететін жауынгер көзімен де қарамайды. Өзі жүйрік, өзі берік, жуан, жуас, қолға түспес, жақсы атқа қарап отырған көз өзі де еңбекші адамның көзі емес. Атты, оның іс-әрекетінің үстінде көрсетпей, «белдеуде тыныш тұрса, байлап көрсек» деп, тек қана көлденең тұрғызып қойып, созерцание түрінде тыныш қана тамашалап отырған ақын көзін көреміз. Онан соңғы атап өтетін өлеңдік ерекшеліктің бірі – бұнда және де шындықтан тыс, қиялды теңеулер жоқ. Қонымсыз романтика, тұманды теңеулер сияқты сырт жатқан, жалған жамаулар жоқ. Өте нақтылы, шыншыл, дәлшіл үлгіні көрсететін, реалистік шеберлікпен толық шыққан көркем шығарма болады. Мазмұнында ат жайын аса білгірлікпен дәл айтуды мақсат етіп алған шығарма өлеңдік құрылыста, сөздік байлықта, ақындық орамды шешендікте де біртегіс, тұтас келісімді танытады. *М. Әуезов.*

Өлең 11 буынды қара өлең үлгісінде жазылған. Алғаш рет Қазан қ-сында басылған «Князь бен Зағифа» атты жинақта (1897) жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Мүрсейіт қолжазбаларында, 1954 жылғы жинақта 2-шумақтың 2-жолы **«Алды-арты бірдей келген ерге жайлы»** болса, кейінгі жинақтарда Мүрсейіт қолжазбалары негізінде **«Алды-арты бірдей келсе, ерге жайлы»** делінген. 1909, 1933 жылғы басылымда 6-шумақтың 4-жолы **«Белдеуде тыныш тұрсын байлап көрсек»** деп көрсетілсе, кейінгі жинақтарда Мүрсейіт қолжазбалары бойынша **«Белдеуде тыныш тұрса, байлап көрсек»** деп алынған. 1939, 1945 жылғы басылымдарда 7-шумақтың 1-жолы **«Тығылмай әм сүрінбей жүрсе көсем»** болса, қалған жинақтарда Мүрсейіт қолжазбалары, 1909 жылғы басылымы бойынша **«Тығылмай әм сүрінбей жүрдек көсем»** деп берілген. Мүрсейіт қолжазбаларында, 1909, 1933, 1939, 1945, 1954 жылғы басылымдарда 8-шумақтың 2-жолы **«Кісіні бұл-бұл қағып жүргізгендей»** болып алынса, 1957, 1977 жылғы жинақтарда бұл жол **«Кісіні бол, бол қағып жүргізгендей»** деп көрсетілген. Туынды қарақалпақ тіліне аударылған.

ШОЛПАН Ахатқызы (1960 ж. т.) – Шәкерім қажының немересі. Ш. есеп қызметкері, Жаңақорған қ-нда тұрады. Әкесі Ахат Ш-ды әдебиетке баулып, ұлы аталары Абай мен Шәкерім туралы көптеген естеліктер айтқан. Көл. 2 б. т. «Құнанбай» атты хикаясын өлерінде Ш-ға тапсырған. Ш. әкесінен естіген Абай мен Шәкерімнің шығармашылық рухани байланысы туралы естелік жазған. *Д. Досжанов.*

ШОМБАЛОВА Гүлжауһар Айыпқызы (1919-1958) – музыка зерттеуші, өнертану ғылымының кандидаты. Қазақ қыздары арасынан шыққан тұңғыш кәсіби пианиношы. Ұлы Отан соғысы жылдары Қиыр Шығыстағы совет жауынгерлері арасында болып, қазақ композиторлары шығармаларымен бірге Абай әндерін орындаған. «Қазақтың музыка мәдениеті» (1957) атты жинаққа енген «Абай әндері» деген көлемді мақаласында ақынның қазақ музыкасына қосқан үлесіне тұтас ұлттық рухани-мәдени мұра тұрғысынан баға береді. Ш. кейін осы зерттеуін идеялық-методикалық жаңа ойлармен толықтырып, 1958 ж. «Совет дәуіріне дейінгі қазақ музыкасының жазылуы мен зерттелу тарихының очеркі» деген тақырыпта қорғаған кандидаттық диссертациясына бір тарау етіп ұсынған. Ол Абай әндерінің әуезырғақтарында орыс романстарына жақын өлшемдер барын айтып, оны өткен ғасырдағы қазақтың тұрмыстық романсының белгісі деген тұжырым жасайды, Абайдың дәстүрлі қазақ ән өнеріне қосқан елеулі әуендік, түрлік жаңалығын жан-жақты зерттеп, ғылыми тұрғыда дәлелдейді. *М. Ахметова.*

ШОРТАНБАЙ Қанайұлы (1818-81) – ақын. Өлеңдерін жазып та, ауызекі де шығарған. Оның шығармаларында сол кездегі ауыл өмірі, халықтың әлеум. жағдайы шынайы көрініс тапқан. Көптеген өлеңдерінде («Бір тәңірге аяндды», «Бір насихат айтайын», «Қалықтаған сұңқар ем») адамгершіліктің ақ жолынан тайған жемқор байларды, әділетсіз ел билеушілерді сықақ етіп сынайды. Патшаның отарлау саясатын жалған интернационализм ұранымен бүркемелеп, ілгері жалғастырған ССРО құрамында болған кезеңде Ш-ға «Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуын мойындамай, оған үрке қарады. Дінді уағыздап, діншіл болды, өткенді аңсап, мұңшыл болды» деген айып тағып, оның өлеңдерін теріс бағалап келдік. Ақын өлеңдеріндегі өзі өмір сүрген кезеңдегі халық қасіретінің тамырын дәл басып, отарлау саясатына қарсы шырылдаған жан айғайы айқын естіледі. Ш. өзі куә болған өмір шындығын суреттеді. Патшаның отарлау саясаты мен ел әкімдерінің шектен тыс зорлықтары мен әділетсіздіктерін аяусыз сынап, ел-жұрттың бұзылуын соның нәтижесі деп ұғады. Жаңа буын, жастардың теріс жолға түсуінен секем алып қауіптенген ақын оларды дін жолының, шариғат тәртібінің қағидаларымен дұрыс тәрбиеге бастамақ болады. Бұдан ешнәрсе шықпайтынын көрген соң, өткен өмірге үңіліп, соның қаймағы бұзылмай қайтып оралуын көксейді. Өлең-жырларының зарға, сарыуайымға құрылуы да сондықтан. Абайдың «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол» өлеңіндегі:

«Шортанбай, Дулат пенен Бұхар жырау,
Өлеңі бірі – жамау, бірі – құрау.
Әттең, дүние-ай, сөз таныр кісі болса,
Кемшілігі әр жерде-ақ көрініп тұр-ау!..» –

деген шумағын күні-бүгінге дейін кейбір зерттеушілер Ш., Дулат, Бұхар жырау шығармаларын мансұқ ету мақсатында жөнсіз пайдаланып келді. Абай оларды өмірге деген көзқарастары үшін де, діншілдігі үшін де емес, өлеңдерінде шұбалаңқылыққа бой ұрып, басы артық сөздерді қолданып, кей тұстарда

қалыптан шығып, ауа жайылып кететіндіктері үшін сынаған-ды. Сөйте тұра, өзіне дейінгі барлық халық қазынасы сияқты Абай олардың өлеңдерінен де нәр алып өскен. Сондықтан да Ш. мен Абай арасында тығыз әдеби байланыс бар. Кей тұстарда бұлардың кем соққан жерлерін өзі толықтыруға ұмтылғанын көреміз. Мәселен, Ш-дың бай мен кедей туралы:

«Бай кедейді көрмейді,
Кедей байға ермейді,
Қызметін бір күн қылмаса
Майлы сорпа бермейді...» –

(Бес ғасыр жырлайды. т.1. – А., 1991, 287-288-б.) деген жолы мен Абайдың мына бір тармақтарының өзара үндес, үйлес екенін аңғару қиын емес:

«Кәрі қой ептеп сойған байдың үйі,
Қай жерінде кедейдің тұрсын күйі?
Қара қидан орта қап ұрыспай берсе,
О да – қылған кедейге үлкен сыйы...»

Сондай-ақ, Абай да бай мен кедейдің қарым-қатынасы мен байланыс-тіршілігін көркем жинақтайтын:

«Бай алады кезінде көп берем деп,
Жетпей тұрған жерінде тек берем деп...
Жарлы алады қызметпен өткерем деп,
Елубасы шар салып, леп берем деп...»

тәрізді жолдар бар. Бұл жолдар Ш-дағы:

«Байды құдай атқаны –
Жабағы, жүнін сатқаны.
Кедейің қайтып күн көрер,
Жаз жатақта жатқаны...»

деген шумақпен сарындас. Мұндай ұқсастықтар Абай мен Ш-дың құдайды тану, иманды сүю туралы ойларының бірлігінен де анық аңғарылады. *М. Жармұхамедов.*

ШӨЖЕ Қаржаубайұлы (1808-95) – халық ақыны, айтыс өнерінің майталманы. Жастайынан сырқатқа шалдығып, екі көзінен айырылып, жоқшылық зардабын көп тартқан ақын ел ішін жайлаған зорлық-зомбылықты, әділетсіздік пен әлеум. теңсіздікті қатты сынға алып, алқалы топ жиналған көпшілік алдында ашық әшкерелеп отырған. Оның айтыс өлеңдері де тілінің өткірлігімен ерекше көзге түседі. Ш-нің халық ауыз әдебиетінің үздік білгірі екенін Ш. Уәлиханов атап көрсеткен. Абай Ш. өлеңдерімен жас кезінен таныс болған. Оны айрықша қадір тұтып, апталап, айлап қонақ етіп, өлең-жырын тыңдаған. Бұл туралы М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясында шынайы суреттеледі. Акад. Ә. Марғұлан Орыс геогр. қоғамының кітапханасынан тапқан «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының Абай көшірген нұсқасы жайлы тұжырым жасағанда ақынның бұл халық жырының барлық нұсқаларымен қатар Шөже жырлайтын түрімен де таныс болғанын айтады. Абай жырдың өз нұсқасын дайындағанда Ш. жырлауындағы түрді де пайдаланған.


ШУМАҚ – мағыналық өзек-желісі, өрнек-кестесі ортақ жүйелі үйлесімге негізделген тармақтар тобы, ұйқастық тәртіппен кезектесуі, белгілі бір әуезділіктің сақталуы, өлең сөйлемдерінің жарасымдылыққа, ұнасымдылыққа, мәнерлілікке құрылуы, дауыс толасының, сөз, сөз тіркестері жігінің нақ-нағымен қабысып отыруы. Бұл – ұйқастық, ырғақтық, әуендік тұтастықтан, тепе-тең құрылыстан, түйінділіктен, етек-жеңі жинақылықтан туған, байланыстар үйлесуінен пайда болған сурет. Абайға дейінгі қазақ өлеңінің Ш-ғы үш түрлі: үш тармақты, төрт тармақты және көп тармақты болды. Абай ежелгі қазақ өлеңінің Ш. түрлерін ұтымды пайдаланумен қатар, он екі өлеңнің Ш-ғын шебер қиыстырып жаңаша құрған. Олар: *«Сегіз аяқ», «Қор болды жаным», «Сен мені не етесің», «Бай сейілді», «Ем таба алмай», «Ата-анаға көз қуаныш», «Оспанға», «Бойы бұлғаң», «Қатыны мен Масақбай», «Буынсыз тілің», «Сұрғылт тұман дым бүркіп», «Тайға міндік».* Абайдың осы өлеңдерінің Ш-тары сыртқы құрылысы бойынша: алты тармақты, жеті тармақты, сегіз тармақты, тоғыз тармақты түрлерге бөлінеді. Алты өлеңін алты тармақты етіп шығарған. Олар: *«Қор болды жаным», «Бай сейілді», «Ем таба алмай», «Оспанға», «Бойы бұлғаң», «Қуаты оттай бұрқырып».* Олар екі түрлі ұйқас тізбегіне негізделген: -а, -ә, -а, -ә, -б, -б және -а, -а, ә, -а, -а, -ә. Және төрт өлеңін жеті тармақты етіп келтірген. Мыс., *«Сен мені не етесің?», «Ата-анаға көз қуаныш», «Қатыны мен Масақбай», «Тайға міндік».* Ұйқастық түзілісі үш түрлі: -а, -ә, -ә, -б, -в, -в, -а, -а, -ә, -а, -ә, б, -б, -в, -а, -ә, -а, -ә, -б, -б, -б. *«Сегіз аяқ», «Көкбайға», «Қарашада өмір тұр»* сияқты жырлары сегіз жолды Ш-тан тұрады. Ұйқасы -а, -а, -ә, -б, -в, -в, -г, -д, -д, -а, -ә, -а, -ә, -б, в, -б, -в. *«Сен мені не етесің?»* өлеңінің тақтасы мынадай: Сен мені не етесің? Мені тастап, Өнер бастап, Жайыңа, Және алдап, Арбап, Өз бетің-мен сен кетесің. Ұйқасы -а, -ә, -ә, -б, -в, -в, -а. Өлең жолдарының әрқайсысы 6,7,4,4, 3,4,2,8 буынды болып келеді. Тармақ ұзын-дықтары әр түрлі. Бірде бір сөйлем, біресе бір сөз тіркесі немесе дербес сөз жеке тармақ есебінде жұмсалады. Бірнеше буынды жолдан күрт аз буынды тармаққа, аз буындыдан көп буынды тармаққа ойысады. Секіртпелілік әрі жүйелілік қасиет басым. Осындай алуан сырлы сипат-өзгешеліктер Ш. ішінде қилы-қилы суреттер тудырып, әуендік байлығын арттырады. Ш. саны 12. Әрбір 2 Ш-тың 1,7 тармақтары өзара үйлесіп отырады. Сөйтіп, Ш. көлемінде дәлдікті, сәйкестікті берік сақтайды. Абай өлеңдеріне Ш. жүйесіндегі тармақ санының әр түрлілігі, тармақ түзілісіндегі орасан зор айырмашылықтар, яғни, ұзындықысқалы болып келуі, ұйқасушы буындардың әр қилылығы, ұйқастың орналасуы, үндесу тәртібіндегі өзгеше өзгерістер, еркін құбылулар тұтастай тән. Ш. түзілісіндегі айнымалы суреттер ұйқас өріміне сәйкес соны қиысу тәсілдері, әуен сөз алуандылығы, сөздің мағыналық қуаты, кестелі-әсерлілік өткірлігі – өлеңнің көркемдік мазмұнымен, ақынның ішкі ой-сезім толқындарымен, суреткерлік қабілетімен, дархан дарын болмысымен сабақтас.

Әдеб.: Кенжебаев Б. Қазақ өлеңінің құрылысы. – А., 1955; Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – А., 1973; Негімов С. Өлең өрімі. – А., 1980. *С. Негімов.*

ШУХОВ Иван Петрович (1906-77) – жазушы, драматург Оның «Қасірет белдеуі», «Майдандағы армия», «Алтын алқап», «Туған ел

және жат жер» т. б. шығармалары оқырман қауымға жақсы таныс. Жазушы «Әннің екінші өмірі» атты мақаласында («Каз. правда», 1971, 25 мамыр) Абайдың «Айттым сәлем, қалам қас» өлеңінің сөзі мен музыкасын салыстыра қарастырып, жоғары бағалады. Ш-қа қазақтың кең даласы, тың игерудің алғашқы жылдары, өмірдегі қуаныштар мен қақтығыстар, шынайы бейнеленген «Преснов жазбалары» кітабы үшін Қазақстан Республикасының Абай атынд. Мемл. сыйл. берілген.

ШЫҢҒЫС ХАН, Т э м у д ж и н (1155-1227) – монғол ханы, біртұтас Монғол империясын құрушы, ұлы әскери және мемл. қайраткері. Ш. х. дүшпандарының әлсіздігі мен бытыр-аңқылығын пайдаланып, 1183-1204 ж. өкімет билігі үшін күресте негізгі жауларын талқандады. Сөйтіп, кең-байтақ жерлерді басып алып, көптеген ру-тайпалық одақтардың бірден-бір билеушісі болды. Ол 1206 ж. дала ақсүйектері құрылтайының шешімімен ұлы хан болып жарияланды да, «Шыңғысхан» лауазымын алды. Ш. х-ның өмір тарихын жақсы білген Абай шығармаларына Ш. х. есімін жиі кірістіріп, көптеген мағлұматтар келтірген. Ақын *«Бермеген құлға қайтесің...»* деген өлеңінде Ш. х-ды жақсы қырынан танытады. Ал, «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген еңбегінде: «Шыңғыс аламандыққа аттанып, әскер тартып шыққанда әскерінің көбі татар екен дейді. Оның себебі: ол маңғұл өздері, татардай, ассыздық, сусыздыққа, ыстық-суыққа шыдамды болмаса керек. Қазақтың соғысқа жарарлық адамы сол Шыңғыстың әскеріне қосылып, бұларды Шыңғыс Жошы деген үлкен баласына билетіпті» деген деректер келтіреді.



ЫҚЫЛАС Дүкенұлы (1843-1916) – қазақтың белгілі күйші-қобызшысы, композитор, қыл қобызда ойнаудың асқан шебері. Ы. қазақтың көне аспабы қыл қобызда шебер ойнаумен қатар, ол қобыздың дыбыс көлемін байытып, өлшем-ырғағына өзгерістер енгізді, әуезділік үн-бояуын түрлендірді. Кейіннен өз жанынан шығарған күйлерінде қыл қобыздың мүмкіндігін шегіне жеткізе кеңейтті. Ы-тың тырнақалды туындылары – «Ықылас күйі» мен «Қоңыр күйі». Ы. мұнан кейінгі күйлерін бағдарламалық мазмұнға құрып, белгілі бір уақиғаны қобыз үнімен айтуға, адам сезімінің алуан қырын күй тілімен беруге мән беріп отырды. Оның «Кертолғау», «Ерден күйі», «Жалғыз аяқ», «Жарым латша», «Жез киік» сияқты күйлерінде өзі өмір сүрген ортаның, қоғамның көріністері бейнеленсе, «Қамбар-Назым», «Айрауықтың ащы күйі», «Қазан күйі», «Аққу», «Шыңырау» күйлеріне ел арасына кеңінен тараған аңыз-әңгімелер, қиял-ғажайып оқиғалар арқау болған. Ы. халық мұрасын (күйлерін) кеңінен насихаттап, «Қорқыт» күйін мәңгі өмірдің, қайғысыз тіршіліктің жырына айналдырған.

ЫРҒЫЗ – Ақтөбе обл-ның жеріндегі өзен. Елін, жерін, малын қалмақтар шауып алғаннан кейін, бұрын Қазақстанның шығысын жайлаған елдер Алатау, Әулиеата, Түркістаннан ауып, Қаратауға, Сырдария бойына ойысқан. Тобықты елі де Сыр өзені бойымен өрлеп, қазіргі Ырғыз, Торғай, Кеңгір ө-н қыстап, 1780 ж. ш. ғана Сарыарқаға, Ұлытау, Қарқаралы, Баян, Шыңғыс тауларына жеткен. Абайдың үшінші атасы Ырғызбай осы ө-нің бойында туған.

ЫРҒЫЗБАЙ Айдосұлы (1744 ж. ш. – 85) – Абайдың үшінші атасы. Тобықты елі Сыр бойынан ауған кезде «Ақтабан шұбырындыдан» кейін Ырғыз ө-і бойында дүниеге келген. Айдостан – Торғай, Топай, Көтібақ, Ырғызбай тарайды. Осылардың ішінде Ы. өзге туыстарынан озық болып өседі. Оның бойындағы ерекше қасиеттерді жете сезіп

байқаған тобықтының айтулы биі Кеңгірбай Жандосұлы оны өз қасына алып, ел сөзіне араластырып, дау-дамайға, бітім-билікке де жүргізіп баулиды. Ы-дың өз қатарларымен салыстырғанда өзге бір ерекшелігі жас кезінде үлкен ас, ұлы дүбір жиында күреске түсетін ірі балуан болған. Ы-дан (әйелі Керей Ер Жәнібек батырдың қызы Ермектен) Өсер, Мырзатай, Жортар, Өскенбай тарайды. Ы. тобықты елін аласапыран заманда Шыңғыстауға бастап әкеліп, қоныстандырғандардың бірі. Ол кезінде Абылай ханмен дос-жар, сыйлас болған. Ы. Шыңғыстау ішіндегі Бөкенші ө. бойындағы әулеттік қорымда жерленген. *Б. Сапаралы.*

ЫСҚАҚ Ахмед (1905 ж. т.) – татар ақыны. Абай шығармаларын татар тіліне тәржімелеуге белсене қатысқан. Абайдың 1981 ж. Қазанда жарық көрген бір томдығына Ы-тың жиырмаға жуық аудармасы енгізілген. Ол Абай өлеңдерін түсініп, түпнұсқаның әрі мен нәрін жоғалтпай тәржімелеуге күш салады. Мысал үшін мына бір шумақты оқып көрейік: «Ышанме беркемге, торсе да ул мактап, Мактар сине, эгенде әл хәйлә саклап, Тик узенә ышан, – сине алга илтер, Хезмәтең һәм акыл, тотып ике яклап». Бұл – Абайдың: «Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап, Әуре етеді ішіне қулық сақтап, Өзіңе сен, өзінді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап...» – деп келетін әйгілі шумағы. Аудармашы түпнұсқаның ұйқасына дейін сақтаған. *С. Сейітов.*

ЫСҚАҚ Құнанбайұлы (1847-1901) – Абайдың өзінен кейінгі тете інісі. Ол да Үлжаннан туған. Бірақ, Құнанбайдың үлкен әйелі *Күңкенің* қолында тәрбиеленген. Ы. ауыл молдасынан оқып, ескіше хат танығаң. 1876-97 жылдар аралығында бірде Күшік-тобықты болысының, бірде Қызылмола болысының басқарушысы, бірде халық судьясы болып қызмет атқарған. Қызылмола болысын басқарған кезінде 1890 ж. 25 қыркүйекте Бат.-Сібір ген.-губернаторы Барон Таубе оған мінсіз қызметі үшін алтындаған қыны бар қылыш сыйласа, 1897 ж. 24 тамызда әскери ген.-губернатордың 33-бұйрығымен қылмыс заңының 338, 342-ші және 362-ші баптары бойынша сотқа тартылған. Ы. үш әйел алған. 1-ші әйелі – Мәніке, 2-ші әйелі – Мұрын Тана мырзаның қызы – Текті. Тектіден – Кәкітай (Ғабдулкәкім) туады. 3-шісі Оспанның жесірі, жеңгедей алған әйелі – Торымбала. Ал, Ахметбек деген ұлының қай әйелінен туғаны жайлы дерек жоқ. *М. Бейсенбаев.*

ЫСҚАҚ Солтабайұлы (1858 – ө. ж. б.) – Абаймен ниеттес, сыйластық қарым-қатынаста болған адам. 1876-79 ж. Семейде орыс мектебінде оқып, білім алған. Оспан Құнанбайұлы болыс сайланғанда оның тілмашы болған. Абай Сенатқа хатында «Мені жәбірлеген адамдардың кім екенін, не істегенін Ы. біледі» деп куәға тарта жазған. Ы-тың Оспанмен бірге түскен фотосуреті Абайдың мемл. қорық-музейі қорында сақтаулы.

ЫСҚАҚ Ырсайұлы (1870-1932) – Абайдың Ырғызбайдан қосылатын аталас туысы, ақын. Абай өлеңдері мен дастандарын ел арасына таратып, насихаттаған. Тобықты елінің талантты жастары Абай шығармаларын осы Ы-тан естіп, жазып алып отырған. Ы. орысша да сауатты болған. Ел ішіне «Ысқақ – Әубәкір айтысы» (1925) кең тараған. Айтыста Өскенбай тұқымының өз ағайыны Мырзатай, Өсер, Жортар ұрпақтарына көрсеткен зорлық-зомбылықтары сөз болады.

ЫСҚАҚОВ Азат Әрхамұлы (1928 ж. т.) – филолог-ұстаз. Семейдегі педагогикалық ин-тты бітірген. 1951 жылдан Аякөз қ-ндағы № 2 орта мектепте қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ береді. Ы. ұлы ақынның әдеби мұрасын насихаттау жолында белсенді еңбек етіп келеді. Ол жұбайы, мұғалім Қарлығаш Бидалиновамен бірге Абайдың 140 жылдық мерекесі қарсаңында «Абай мен Мұхтардың әдеби-мемориалдық мұражайын» ұйымдастыруға кірісіп, 1987 ж. мектеп жанынан өз қаржысына ашты. Бұл мұражайда кейін Шәкерім Құдайбердиевке арналған бөлім ашылды.

ЫСҚАҚОВ Ахмеди (1910 ж. т.) – тіл білімінің маманы. Филол. ғыл. докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ҒА-ның корр.-мүшесі, Қазақстан Республикасының еңбек сің. ғылым қайраткері. Ы-тың жалпы редакциясын басқаруымен *«Абай тілі сөздігі»* (1968) жарық көрді. Оның «Абай және қазақ әдеби тілі» деген мақаласында («Абай тағылымы». – А., 1986) ақынның қазақ әдеби тілін дамыту тарихында алатын орнына, әдеби тілді бірыңғай ізге түсіріп қалыптастырудағы айрықша еңбегіне, ақын тілінің мәдениеті, сөз қолдану шеберлігіне жан-жақты талдау жасалған. *С. Бизақов.*

ЫСҚАҚОВ Қалихан (1935 ж. т.) – жазушы, драматург. Оның «Қоңыр күз еді», «Дос хикаясы», «Менің ағаларым» т. б. повестер мен әңгімелер жинақтары, «Тұйық», «Қараорман» романдары жарық көрді. «Апа-апатай», «Жәке-жәкетай», «Кемпір іздеп жүр едік», «Ақнар» т. б. пьесалары театр сахналарында қойылды. Ы-қа «Ақсу – жер жаннаты» романы үшін Қазақстан Республикасының Абай атынд. Мемл. сыйл. берілді. *Б. Қожабаев.*

ЫСМАЙЫЛОВ Әубәкір (1913 ж. т.) – суретшіақтер, режиссер. Сулы бояу және майлы бояу кескіндемесі саласында жұмыс істейді. Қазақстан Республикасының халық суретшісі және еңбек сің. өнер қайраткері. Абай тақырыбы Ы. шығармашылығынан едәуір орын алған. «Абай» (1930-34, қағаз, сулы бояу, Қазақстан Респ. Ә. Қастеев атынд. мемл. өнер мұражайы қоры), «Абай» (1946, кенеп, майлы бояу, Қазақстанның мемл. орт. мұражайы қоры), «Әділет жолында» (1971, қағаз, сулы бояу, Қазақстанның Мәдениет мин-гі көркемсурет көрмесі дирекциясы қоры) еңбектерінде Ы. шеберлігі сан қырлылығымен көрінді. Ол «Абай достарының ортасында» деген тақырыпта бірнеше еңбек жазды (1930, кенеп, майлы бояу, Жезқазған обл., Жаңаарқа ауд., Атасу поселкесінің халық галереясы қоры; 1950, қағаз, сулы бояу, Қазақстан Суретшілер одағы көрмесінің дирекциясы қоры; 1974, қағаз, сулы бояу, Қазақстан Респ. Мәдениет мин-лігі көркемсурет көрмесінің дирекциясы қоры; 1982, кенеп, майлы бояу, Абайдың Семейдегі әдеби-мемор. мұражайы қоры). Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңі бойынша композиция жазған (1977, қағаз, сулы бояу, Абайдың Семейдегі әдеби-мемориал. мұражайы қоры). Ы-тың бұл шығармаларынан ұлт тарихы өзіндік өрнек тапқан. Абай бейнесі ағартушы және халықтың мұң-мұқтажын жақтаушысы ретінде айшықты тұлғаланған. *Н. Полонская.*

ЫСМАЙЫЛОВ Есмағамбет Самұратұлы (1911-66) – әдебиет зерттеуші, сыншы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ҒА-ның корр.-мүшесі,

ҚазССР-інің еңбек сің. ғылым қайраткері. Абай тақырыбына 30-жылдардан бастап қалам тартқан. Ол З. Шашкинмен бірлесіп жазған «Абайдың поэтикасы» («Әдебиет майданы», 1934, № 11–12), «Абайдың өлең өрнектері» («Соц. Қазақстан», 30 желтоқсан) атты мақалаларында ақын поэзиясының көркемдік ерекшеліктеріне кеңінен тоқталады. «Қазақ поэзиясының тарихы туралы» («Қазақ әдебиеті», 1936, 27 маусым), «Пушкин қазақ халқының әдебиетінде» («Соц. Қазақстан», 1936, 17 мамыр), «Пушкин және қазақ ақындары» («Лениншіл жас», 1937, 10 ақпан), «Қазақ халқының кемеңгер ақыны» («Коммунист», 1940, 15 қазан), «Абайдың этикалық көзқарасы» («Қазақстан мұғалімі», 1954, 9 қыркүйек) деген зерттеу еңбектерде ұлы ақынның мәңгі өлмес даңқын, оның өнерге қояр талап-талғамын, аудармашылық шеберлігін тілге тиек етеді. *Р. Сыздықова.*

«ЫСЫТҚАН, СУЫТҚАН...» – Абайдың 1892 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты, 5 шумақтан тұрады. Жас келген сайын көңілдің шау тартып, құмарлық-қызық, іңкәрлік атаулының өгей баладай өзге көрінуі, бұрынғы көңіл, ескі әдетпен жолдан жаңылған шақта, қуаттың «ол нем?» деп, сыр бермес сана алдындағы опық жеуі өлең арқауын құрайды. Абай көңіл мен табиғи тозу арасындағы кереғарлықты, жалған дүниенің жалт берген шағын адам баласы сезе тұрып, мойындағысы келмейтінін философ. терең толғаныспен берген. Өлең 6-7 буынды шалыс ұйқас үлгісінде жазылған. Алғаш рет 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Мүрсейіттің 1905, 1907 жылғы қолжазбаларында соңғы шумақтың 2-жолы **«Надандық омен жеңілмес»** делінсе, басылымдарында бұл жол Мүрсейіттің 1910 жылғы қолжазбасы негізінде **«Надандықпен жеңілмес»** болып алынған. Өлең ағылшын, араб, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр т. б. тілдерге аударылған. *И. Хасенов.*



ІЗҒҰТТЫ (Ш и б а й) Құнанбайұлы (1835-1902) – Құнанбайдың асырап алған баласы. Қаракерейдің Жанболат атасының Тоқабай руынан. Өзінің туған әкесі Мұқаметжан Нұранұлы (Сақау). Сақаудың әйелі Тайбала – Құнанбайдың туған қарындасы. Құнанбай құдаларына амандаса барғанда жиені Шибайды өзіме бала қылайын деп сұрап алған. Келген ізі-жолы құтты болды деп І. атап кеткен. І. ел билігіне де араласқан. Ол ақылды, адамгершілігі мол, қайырымды, палуан денелі болып өскен. 1875 ж. Құнанбай Меккеге барғанда, қасына І-ны атқосшы етіп ертіп алған. Ол «Кіші қажы» атағын алып қайтқан. І. туралы М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясында шынайы баяндалса, Н. Алдамжаров («Жұлдыз» журн., 1992, 1 саны) естелік материалдар жариялады. *Д. Нұртазаұлы.*

ІЗКӘЙІЛ (З і к е ш) (1895-1929) – Абайдың Әйгерімнен туған баласы. Домбыра мен скрипка тартатын, ән салатын өнері болған. Арабша оқып, білім алған. 1917 ж. Ойқұдықта тұңғыш рет қойылған М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасында Абыздың ролін ойнады. І-дің үш шекті домбырасы Абайдың респ. әдеби-мемориалдық музейінде сақтаулы.

ІЗТӨЛИН Баймағамбет (Баймұхаммед) Қанапияұлы (1899-1922) – ақын. Бірқатар шығармаларын «Бұйдалы», «Болат» дейтін бүркеншік атпен жариялаған. Әуелі ауыл молдасы мен мұғалімінен сауат ашып, кейін Пресногорьковкадағы орысша жетіжылдық мектепте, Тройцк қ-ндағы мұғалімдер даярлайтын «Медресе Уазифада» оқыған. 1919 ж. бұл медресе жабылған соң, уездік оқу бөліміне орналасып, ауылдарда мектеп ашып, халыққа білім беру ісіне белсене араласады. І. бала шағынан өлең шығарып, айтысқа ден қойған. Оның Жанкүміс қызбен, Мектепбаймен, Шәріппен, Бұлқайырмен айтыстары халық арасына кең тараған. І-нің ақындық жолдағы ең үлкен мектебі – Абай өлеңдері болды. Бұл туралы С. Мұқанов: «Жазу жұмысындағы менің алғашқы көрген ең зор мектебім Абай болды, – дейтін еді Баймағамбет.

– Абайдың өлеңдерін оқығанда, мен оған дейін жазған өз өлеңдерімнен өзім қатты ұялдым. Содан кейін жұртқа көрсеткім келмей, біраз өлеңімді отқа жағып жібердім», – деген естелік айтады (Баймағамбет Ізтөлин. – А., 1957, 19-б.). Ол Абайдың 1909 ж. С.-Петербургте жарық көрген жинағындағы өлеңдерін жатқа біліп, халық жиналған жерлерде үлгі етіп айтып отыратын болған. Осы кезеңнен бастап І-нің өлеңдері мазмұндық жағынан байып, көркемдік жағынан ұштала түскен. Оның аласапыран заманда өртеніп кеткен көп өлеңінің ішінен бізге жеткендерінің өзі Абай мектебінің үлгісін айқын танытады. Ақынның «Пысылдақ Омар» деген өлеңі көтерген әлеум. мәселесі, көркемдік тәсілдері жөнінен Абайдың «Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай...» деген атақты өлеңін айқын еске түсіреді. Ал, «Өмірім» деген олеңінің:

«Біреуде секілді,
Байлаулы бекулі,
Өмірім түйіні.
Ашуды тасытты,
Жүректі ашытты,
Осының күйігі.
Сонда да мен тегі,
Жаспын ғой дәмелі...» –

деген жолдары Абай ықпалымен жазылғандығы тайға таңба басқандай көрініп-ақ тұр. Ол Абай үлгісімен орыс ақындары А. С. Пушкиннен, М. Ю. Лермонтовтан, Н. А. Некрасовтан аударма да жасаған. Өкінішке орай, І-нің С. Мұқанов көрген көлемді қолжазбасы бізге жетпей қалды. *Т. Рсаев.*

«ІШІМ ӨЛГЕН, СЫРТЫМ САУ...» – Абайдың 1889 ж. жазған өлеңі. Барлығы 28 жол. Жаны жалған адамның екі жүзді аярлығын көріп, налыған шақтағы ақын көңіл күйінің бір алуан торығу кезін білдіретін лирикалық туынды. Ақын суреттеуінде құбылмалы мінез-құлықты адамдар басына іс түскенде баспақшыл, қаншама мүләйімсіп, мүсәпірсіп көрінсе де, өз қолына билік тиген кезде соншалықты озбыр да ожар. Өз үйінде отырып дауласқанда өзендей күркірейді, ал, ісі түскен кісі алдында шау тартып, момақан бола қалады. Ұрлық пенен қулыққа келгенде байлаған бауын кесіп шығатын әккі. Бірақ, оларға қаншама жылпос, опасыз болсаң да, қайта кірер есікті қатты жаппа, байқа деген автордың ескертуі бар.

Өлең 7 буынды жыр үлгісінде жазылған. 1-шумағы шұбыртпалы ұйқас түрінде келеді де, кейінгі жұп жолдардың 2-тармақтары туындының ақырына дейін солармен жарыса ұйқасып, ырғақ екпіні қайталанып отырады. Алғаш рет 1909 ж. С. Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Өлеңнің басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Мүрсейіт қолжазбаларында, 1945, 1954 жылғы жинақтарда 7-жол **«Кісі алдына барғанда»**, 1909, 1957, 1977 жылғы жинақтарда **«Кісі алдына кірбеңдеп»**, 1933, 1939 жылғы жинақтарда **«Кісі алдына келгенде»** болып берілген. Сондай-ақ, өлеңнің соңғы жолы Мүрсейіт қолжазбаларында **«Керек жері бір бар-ау»** делінген, ал, кейінгі басылымдарда 1909 жылғы жинақ негізінде **«Керек күні бір бар-ау»** деп алынған. Өлең башқұрт, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр т. б. тілдеріне аударылған.

Ж. Ысмағұлов.

Абай «Ішім өлген, сыртым сау» өлеңіне ән шығарған. Бұл ән қайғы-шерге толы, драмалық-психол. шығарма. Баяу екпінмен, мұңмен орындалатын бұл ән, мазмұнына сай ән характерін бірден білдіртеді. Дәстүрлі қазақ поэзиясында кеңінен өріс жайған, әсіресе, жыр жанрында 7 буынды өлең өрнегі негізінде шығарылған. Өлең тармақтарының буын саны бірдей бола тұра, қара өлеңге тән әуендік сазбен әндетіп айтуды қажет етеді. Әуен иірімінің кейбір интонациялары белгілі халық әні – «Бір бала» үндестігімен жақын. Әнді алғаш 20-жылдары басқа атпен А. В. Затаевич О. Қашағановтың айтуы бойынша нотаға түсіріп, 1925 ж. «Қазақтың 1000 әні» еңбегіне енгізген. «Айттым сәлем, қаламқас» атты Абай әндері жинағының (1984) құрамында «Татьяна сөзі» деген атпен берілген. Абай дәстүрлі жыр кестесі негізінде қара өлеңге тән әуен-ырғақ пен мелодиялық форманы синтездеп, өзінің жаңашыл шығармашылық дарынын таныта білген. Ән 3/4; 6/4; 4/4; 2/4; 3/4; 6/4; 4/4; 6/4 муз. әуен-ырғақ өлшемінде қалыптасқан. Өте сирек орындалатын әндер тобына жатады. *Қ. Жүзбасов.*



ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ. Абай Қазақстанның ұзақ жылдарға созылған Россияға қосылуының аяқталуына байланысты Далалық өлкенің әлеум.-экономик. және саяси өмірінде маңызды өзгерістер туған дәуірде өмір сүрді. Өлкені отарлық езгіге салу мақсатымен патша үкіметі енгізген басқарудың жаңа жүйесі көшпенділердің ғасырлар бойы қалыптасқан патриархалдық-феод. өмір салтының шаңырағын шайқалтты. Қазақ ауылдарына товарлы-ақша қатынастары тарай бастады, әр түрлі кәсіпшілік орындары пайда болды, егіншілік пен сауда өрістей түсті, мал ш-ның құрылымы өзгерді. Дегенмен, қазақ қауымының ыдырау процесі тым ұзаққа созылды, қазақтардың түсінігі мен тұрмысын әбден билеп алған патриархалдық-рулық қатынас қалдықтары қоғамдық қатынастарға да әсер етті. Би және болыс қызметтеріне сайланып, Далалық өлкенің қоғамдық өміріне тікелей араласқан, оның үстіне өзі де ірі феодал болған Абайдың 19 ғ-дың соңғы ширегінде қазақ қауымын толғандырған экономик. мәселелерден тыс қалмағаны сөзсіз.

Абайдың экономик. көзқарасының қалыптасуына оның Семейге жер аударылып келген саяси адамдармен достығы, сондай-ақ, Семей обл. Статистика к-тінің жұмысына араласуы айтарлықтай ықпал етті. Облыстың ресми әкімш. орталығы болған Статистикалық к-т өзінің тікелей қызметімен қоса өлке экономикасын зерттеуге байланысты ғыл.-зерт. жұмыстарымен де айналысты. Комитет секретары *Е. П. Михаэлистің* ұсынысымен Абай 1886 ж. Семей Статистикалық к-тінің толық мүшесі болып сайланды. Ол осында қызмет атқаратын орыс зерттеушілерімен қоян-қолтық араласып, экономика, статистика және социология мәселелеріне ден қойды. Ойшыл-ақын орыс революционер-демократтарының еңбектерін оқу, «Современник» және «Отечественные записки» журналдарының мақалаларымен, сондай-ақ, комитет кітапханасындағы әдебиетпен танысу

арқылы өзінің экономик. білімін кеңейте түсті. Осының барлығы Абайдың қазақ ағартушылары *Ш. Уәлиханов* пен *Ы. Алтынсариннің* демокр. бағыттарының жаңа жағдайлардағы жалғыз болып табылатын экономик. көзқарасының орыс рев. демократтарының озық идеялары арнасында қалыптасуына мүмкіндік туғызды. Ол көптеген шығармаларында, әсіресе, ғақлияларында көшпелі шаруашылық-экономикасын терең білетінін танытып, экономиканың әр түрлі мәселелері төңірегіндегі ойларын ортаға салады.

Ойшыл-ақын патриархалдық-феод. қатынастарды, әсіресе, оның негізі болып саналатын, өзі өлке экономикасының артта қалуына басты себепкер деп есептейтін көшпелі мал ш-н өткір сынға алады. Ол қазақтарды отырықшылыққа көшуге, шаруашылықтың неғұрлым озық формаларына – егіншілікке, кәсіпорындар мен сауданы дамытуға шақырады: «Мұның бәрі төрт аяқты малды көбейтемінінен басқа ойының жоқтығынан, өзге: егін, сауда, өнер, ғылым – солар секілді нәрселерге салынса, бұлай болмас еді». Абай егіншілікпен, сауда-саттықпен және әр түрлі кәсіппен айналысатын басқа халықтардан үйренуге өсиет етті: «... сарттың екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, саудагерінің жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ... Ноғайға қарасам... Еңбек қылып, мал табудың да жөнін солар біледі... Орысқа айтар сөз жоқ...»

Абай қазақтардың отырықшылық пен шаруашылықтың жаңа формаларына көшуі қажеттігі туралы озық ойларын айта отырып, патриархалдық-рулық қатынастардың ұрлық-қарлық, талан-тараж, еңбекке жоқ еріншектік сияқты кесірлі көріністерін сынға алады, бұларды шаруашылықты жүргізудің кертартпа формасы – көшпелі мал ш. тікелей туғызған кесапаттар деп есептейді. «Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғынының бір себебі – жұмысының жоқтығы. Егер егін салса, я саудаға салынса, қолы тиер ме еді?»

Ақын патриархалдық-феод. қоғамның үлкен кеселі ұрлық деп есептейді. Ол ғақлияларының *Он бірінші сөзін* осынау жексұрын құбылыстың Далалық өлкеде тарау себептерін тұжырымдауға арнаған. Абай адамдардың бір бөлігі ұрлықты өздерінің баю құралы етіп алғанын, ал екінші біреулердің онымен тікелей өздері айналыспаса да, соған қол ұшын беру, ұрланған, талан-таражға түскен затты жасыру, сатып алу арқылы пайда табатынын атап көрсетеді. Ағартушы ұрлықтың адамды еңбектен бездіретін зиянды әсерін ашына жазады. Байлар қолындағы биліктермен ұрыларды қолдап, оларды өздерінің баю мақсаттарына пайдаланып отырды. «Ұрыны тыю да оңай болар еді, бірақ осы бұзақының тіліне еретұғын, азатұғын байларды кім тыяды?» Абай «рулық көмек», «ортақ дәулет» деген желеумен байлардың өз туысқандарын өздері сүліктей сорып отырған патриархалдық-рулық қоғам негіздерін сынға алады. Ол бұл құбылыстың мәнін аша келіп: «Қазақтың бір мақалы: «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік», – дейді. «Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады – білмейді. Қазақ ойлайды: бірлік ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не зиян? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Осы ма бірлік? Жоқ, бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес», – деп жазады.

Ақын отырықшылыққа көшуге, егіншілікті дамытып, кәсіппен сауданы өрістетуге шақыра отырып, көшпелі шаруашылықтың өзінде, мал ш-ның сипатында пайда бола бастаған өзгерістерді көрсетіп берді. Ол *«Осы қымыз қазаққа...»* деген өлеңінде түлік түрлеріне экономик. баға береді, патриархалдық-феод. қоғамда кісінің дәулеті, беделі мен қадір-құрметі оның меншігіндегі табынының санына қарай айқындалатын болғандықтан бай-феодалдардың жылқы малын көбейтуге құмар екендігіне тоқталады. Абай мал ш-ның жалшы-жақыбай үшін пайдалы салаларын дамытуға үндейді. Ондай сала сиыр малын өсіру мен қой ш. деп есептейді. Сауда-саттық үшін ет, май, тері, жүн бағытындағы бұл салалар барған сайын өріс алып келе жатқан нарық пен жартылай отырықшылықты өмір жағдайларына неғұрлым сай келуімен қатар, малды бағып-күтетін адамдарды қажетті тағаммен, киім-кешекпен т. б. қамтамасыз етеді.

Абай басқа да ағартушы-демократтар сияқты қоғамның дамуында оқу-ағарту ісімен қатар өндірістік еңбектің шешуші қызмет атқаратынын атап көрсетеді. Ол халыққа: «Егер онысы жалға жүргенінде жаныңды қинап еңбекпенен мал тап деген сөз болса, ол ар кететұғын іс емес. Тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жанын қарманып, адал еңбекпенен мал іздемек – ол арлы адамның ісі», – деп түсіндіреді. Капиталистік қатынастар белгісін көре бастаған ақын кедей-кепшіктің кіріптарлықтан шығуы үшін жалданып жұмыс істеуі, кәсіпшілік орындарына баруы қажеттігін айтады. Абайдың пікірінше, адамның абыройын көтеретін де, оны кеселді кесірлерден арылтып, халықтың хал-ахуалын жақсартатын да – еңбек.

Абай өз шығармаларында егін ш-мен қатар кәсіпкерлікті де кеңінен насихаттайды. Ғақлияларының *Отыз үшінші сөзі* тұтасымен қазақтар арасында қолөнер кәсібінің сипаты және оны ұйымдастыру жайын тұжырымдау, одан әрі дамыту жолдарын белгілеу мәселелеріне арналған. Көтеріп отырған мәселенің тереңдігі жөнінен бұл «сөзді» патриархалдық феод. қоғамдағы қолөнері мен ісмерлер хақындағы трактат деп атауға әбден болады. «Егерде мал керек болса, қолөнер үйренбек керек, – деп жазады ақын. – Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерлі – қазақтың әулиесі сол». Қоғамның еңбек етпей, бос сандалып, серілікпен, өсек-аяңмен, ұрлық-қарлықпен айналысып жүрген бөлігіндей емес, тек өз еңбектерімен ғана күнелтетін қолөнершілерді Абай қазақтардың ішіндегі әулиесі деп есептейді. Қолөнерді ұйымдастыру мен ісмерлер жұмысындағы кемшіліктерге жан-жақты тоқталады. «Бірақ құдай тағала қолына аз-мұз өнер берген қазақтардың кеселдері болады. Әуелі – бұл ісімді ол ісімнен асырайын деп, артық ісмерлер іздеп жүріп, көрініп, біраз істес болып, өнер арттырайын деп, түзден өнер іздемейді. Осы қолындағы аз-мұзына мақтанамын, осы да болады деп, баяғы қазақтың талапсыздығына тартып, жатып алады». Ақын өзге халықтар, дәлірек айтқанда, өзбектер мен татарлар дамудың неғұрлым жоғары баспалдағына көтеріліп отырғанда қазақтар

қолөнерінің тоқырауға ұшырап, кертартпа сипатта ғана дамып келе жатқанын әділ аңғартады. Дегенмен, бұл кері қалуды, ол ісмерлердің өз жалқаулықтары, орашолақтықтары деп қана түсіндіреді. Ал, бұған шын мәнісінде көшпелі шаруашылық жағдайындағы еңбек бөлінісінің әлсіздігі кінәлі болатын. Қолөнершілер мал ш-мен, ал, көшпелі кедей-кепшік – отбасындағы ұсақ қолөнершілікпен айналысты. Қолөнерінің көшпелі шаруашылықпен арадағы бұл анайы бірлестігі қоғамдық еңбек бөлінісі мен товар айналымының дамуын кешеуілдетіп, бұйымды өткізу нарқын шектей түсті. Көшпелі тұрмыс салты мен қалалардың мардымсыз дамуы да айтарлықтай тежеу болды.

Абай қолөнерімен айналысатын қазақтардың тағы да бір кемшілігі – «бір-екі қара тапса, малға бөге қалған кісімсіп, «маған мал жоқ па?» дегендей қылып, еріншектік, жалқау, салғырттық, кербездікке салынады» деп атап көрсетеді. Ісмер-қазақтардың бұл пиғылдары өздері еңбек ететін өндірістік жағдайға байланысты. Жаңадан ғана пайда бола бастаған товарлы-ақша қатынастарының ауыл арасында көп қажеттілік туғыза алмауы өнімді өткізудің қажетті көздерін қамтамасыз етпеді. Сондықтан шеберлердің өз жағдайлары қарама-қайшылыққа толы болды. Егер ол жұмысын жақсы атқарып, малды көп тапса, онда қолөнерімен айналысуды қояды да, мал иеленуші байға айналып шыға келеді. Бірақ, оның байи қоятын жағдайы да, бұған оның ынтасы да жоқ еді. Ісмер күнделікті күнкөріс қамынан әрі аса алмады. Абай қолөнері мен ісмерлердің үшінші, төртінші кемшіліктерін атай келіп, олардың жасаған бұйымдары болмашы тиын-тебен үшін әлдекімдердің қолында кететініне, шеберлердің тым аңғырт, өз өнерлерін бағалай алмайтындарына өкінішін білдіреді. Бұл құбылыс патриархалдық-феод. қатынастардың, натуралды шаруашылықтың басымдығы мен құн заңының аясын тарылтып отырған товарлы-ақша қатынастарының әлсіз дамуының нәтижесі екені сөзсіз. Ауыл арасында алып-сатарлық онша өрістемеді. Әдетте, бұйымдар тікелей сұраныс бойынша әзірленіп, оның құны заттай төленді. Сауда капиталының өкілдері осыны пайдаланып, шеберлер қолынан шыққан бұйымдарды тым арзан бағаға сатып алып, нарық бағасымен бірнеше рет қымбаттатып қайта сатты. Осының барлығы ісмерлердің жағдайын нашарлата түсті, олар шаруашылықтарының басын құрай алмай, өсімқор байларға кіріптар күй кешті.

Ағартушы-ақын қолөнершілер мен ісмерлер қызметіне адамгершілік, моральдық тұрғыдан баға бергенімен, оның тұжырымдарында бұл мәселеге экономик. жағынан да қарай білгені байқалады. Абай ісмерлерге жалқаулыққа бой алдырма, аңқау болма, шеберлігіңді жетілдіре түс, еңбегіңді бағалай біл, біреуге тоналма, алдауға түспе деген кеңес бере отырып, құн заңының негізгі талабы – балама айырбастың қажеттігін түсінуге дейін жетеді.

Ақын сауданың экономик. прогресс жолындағы орнын аса жоғары бағалады. Ол феод. тұйықтықтан шығу, аудандардың өзара экономик. байланыстарын жақсарту ісінде сауданың прогрестік қызмет атқаратынын дұрыс сипаттай білді. Абай көшпелі ауылды товарлы-ақша қатынастарына тарту жағында болды. Ол сонымен қатар көптеген шығармаларында жеке меншік билік құрған қоғамда алтынның өктем болатынын әшкере етті. «Күш пен сұлулықтың», «ар мен ақылдың» қалай сатылатынын, дәулетті байдың жас қызды ақшасын төлеп, әйелдікке қалай сатып алатынын барынша ашу-ызамен жазды. Ойшыл ақын таптық қоғамда байлықтың арқасында жүзеге асып отырған жөнсіздіктерді қатты сынға алды: «Байлар... өзінде жоқты малыменен сатып алады. Көңілдері көкте, көздері аспанда, адалдық, ақыл, ғылым, білім – ешнәрсе малдан қымбат демейді. Мал болса құдай тағаланы да паралап алам дейді. Оның діні, құдайы, халқы, жұрты, білім-ұяты, ары, жақыны, бәрі – мал». Абай алтын құдіретіне, оған табынуға қарсы. Ол баюдың арамдық жолдарын, қара ниетті әдістерін қолдамайды, ол адамдарды арын сатпай, адал еңбектерімен өмір сүруге шақырады. Ақын қазақ аулының, ыңыршағы айналған кедей-кепшіктердің ауыр өмірін ой сарабынан өткізіп, «рулық көмекке» негізделген патриархалдық-қоғамдық қатынастарға қарағанда еңбегін сатып күнелтуді әлдеқайда алға басқандық, озық құбылыс ретінде бағалады. Байлардың әлгі «көмекті» тек қана өз мақсаттарына пайдаланатынын, соны желеу етіп, халықты қанап отырғанын ашып айтты.

Ағартушының капиталистік жаңа қатынастардың мәнін және оның даладағы көріністерін жақсы түсінгенін капиталистік қоғамға тән бәсекелестік туралы ойларынан айқын көруге болады: «... малдан айрылғандар көбейсе, қыстауы босар еді деп, мен ананы кедей болса екен деп, ол мені кедей болса екен деп, әуелде ішімізбен қас сағындық». Алайда, Абай бәсекелестіктің себептерін адамдардың көңіл-күйінен ғана көреді, оның экономик. негіздерін терең түсіне қоймаған сияқты. Ол 19 ғ-дың ақырына қарай күшейе түскен ру аралық мал жайылымдықтары үшін күресті адамдар пиғылындағы кереғарлықтар емес, белгілі экономик. себептер, атап айтқанда товарлы-ақша қатынастары туғызып отырғанын түсіне қойған жоқ. Байлар қалайда малын көбейтуге, оның өтімділігін арттыруға, сол бықыған түлігін дәулеттің ортақ формасы – ақшаға айналдыруға ұмтылды. Ал, бұл үшін, ең алдымен, көшпелі шаруашылық жағдайындағы негізгі өндіріс құралы – жайылымдықтар қажет еді. Сол жайылымдық жер мен өз дәулетін ұлғайта беру жолында байлар ешнәрседен де бас тартпай, баюдың барлық амалдарын жасап бақты. Ақын: «Ешбір қазақ көрмедім, малды иттікпен тапса да адамшылықпен жұмсаған. Бәрі де иттікпен табады, иттікпен айрылады. Бейнет, күйігі, ызасы – сол үшеуінен басқа ешнәрсе бойында қалмайды. Барында баймын деп мақтанады. Жоғында «Маған да баяғыда мал бітіп еді» деп мақтанады. Кедей болған соң, тағы да қайыршылыққа түседі», – деп ашына жазды.

Абайдың пікірінше өлкеде егіншіліктің, қол өнерінің, сауданың, оқу-ағарту ісінің дамуына қолайлы жағдай тудырған капиталистік қатынастар жаппай отырықшылыққа көшуді де жеделдетуге тиіс. Ол сондықтан да кәсіпқорлар қызметін қолдап, жастарды солардың қарамағына барып жұмыс істеуге шақырады. Абай капитализмнің озық жақтарын айқын көре білді. Ол капиталистік қатынастарды дамытуды қолдап, қоғамның озық

ойлы топтарының мүддесін танытты, капитализмнің патриархалдық-феод. қатынастарды жою арқылы кәсіпкерлерге еркіндік беретінін, олардың еңбегін дұрыс ұйымдастыруға, шаруашылық ынтасын көтеруге жағдай туғызып, өндіргіш күштердің өсуін қамтамасыз ететінін айқын түсінді.

Абай қоғамның экономик. дамуында халық білімін көтеру мен ғылымның алатын орнын жоғары бағалады. Ағартушы-ақын ғылым мен білім ең алдымен мәдени артта қалушылықтан шығуға, сонымен қатар патриархалдық-феод. қоғамның кертартпа кеселдерінен құтылып, қазақтардың еркіндік алып, басқа халықтармен терезесі тең ел болуға жеткізеді деп есептеді. Ғылым мен білім өндірістің, егіншіліктің, қолөнері мен өнеркәсіптің өркендеуінің аса қуатты қозғаушы күші болып табылады. Абай өз кезегінде, олардың бұқара арасына тарауы өндіріс деңгейіне, халықтың әл-ауқатына тығыз байланысты, бұл істе бір бетбұрыс жасалмайынша халық білімін көтеру мүмкін емес деп есептейді: «Қарны аш кісінің көңілінде ақыл, бойында ар, ғылымға құмарлық қайдан тұрсын?... Мал тапса, қарын тояды. Онан соң білім, өнер керек екен». Ойшыл-ақын белгілі бір халықтың мәдениеті, ғылымы, өнері елінің экономикасымен тығыз байланысты екенін жақсы түсінді. Сондықтан да ол адам дәулет жинауға, бай болуға ұмтылуы керек, сол арқылы ғана кейін білім алып, ғылым бұлағынан сусындай алады, өйткені, ғылымсыз рахат жоқ.

Абай шығармаларында көптеген экономик. мәселелерді көтеріп, оларды ағартушылық және демократтық көзқарас тұрғысынан шешеді. Ол көшпелі шаруашылықты жете білетіндіктен де Қазақстанды экономик. жағынан дамытуға байланысты озық ойлар ұсынды. Өзінің тарихи жағдайлардан туындайтын кейбір шектеулеріне қарамастан, бұл пікірлер қазақ халқының қоғамдық-демокр. қозғалысына қосылған қомақты үлес болып табылатын ұлттық сананың оянуында үлкен қызмет атқарды.

Әдеб. : Кабдиев Д. Социально-экономические воззрения казахских просветителей-демократов. -А., 1966; История Казахской ССР. т. 3. -А., 1979. *Д. Қабдиев.*

ЭЛБАКИДЗЕ Дмитрий Григорьевич (1923-79) – мүсінші. Монумент өнері саласында жұмыс істеген. Абайдың 125 жылдық мерейтойына арнап ақынның бюст портретін (қола, құйма, Қазақстан Республикасының мемл. орталық музейі қоры) жасаған. 1977 ж. Семей қ-ндағы Абай алаңына орнатылған ескерткіштің авторы (гранит, биік. 850 см). Сол қолына кітап ұстап, оң қолын кеуде тұсына көтерген ақын тұлғасы ойлы, сабырлы кейіп танытады.

ЭЛКСНЕ Ария (1928-84) – латыш ақыны, аудармашы. Лат.ССР-інің еңбек сің. мәдениет қызметкері. Шығармалары 1956 жылдан жарияланып келеді. Оған «Тыныштық жағалауында», «Тағы бір өзен-өткел» жинақтары үшін Латвия Мемл. сыйл., Э. Вейденбаум атындағы сыйл. берілген. Абайдың «Күз», «Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай...», «Қыс» өлеңдері мен «Масғұт», «Ескендір» дастандарын латыш тіліне аударған.

С. Варпа.

ЭРНЕСТ Бағфұрұлы Ақылбаев (1935-83) – Абайдың шөбересі. Абайдың баласы Ақылбайдан Әлімқұл, Әлімқұлдан Бағфұр, Бағфұрдан Эрнест туған. Алматыда тұрған.

ЭСТЕРРЕЙХЕР Зепп, Брайнин Борис Львович (1905 ж. т.) – ақын, аудармашы. Оның неміс тіліне тәржімалаған Абайдың «Қиыстырып мақтайсың...» өлеңі қазақ ақындарының 1976 ж. Алматыда неміс тілінде жарық көрген «Дала ырғағы» жинағына енді.

ЭСТЕТИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ. Абай Құнанбаевтың арнайы эстетик. трактаттар жазбағаны белгілі. Әйтсе де, данышпан ақын-композитордың шығармаларынан әсемдікке, сұлулыққа деген эстетик. талап-талғамын айқын аңғарамыз. Өйткені, елінің, халқының қамын жеп, жоғын жоқтап, мұңын мұңдап өткен ақынның өскен ортасынан, туған жерінен, жер, ел тағдырынан, салт-дәстүрінен, тарихынан, өнері мен мәдениетінен сырт, жақсысына сүйінбей, жаманына күйінбей өмір сүруі мүмкін емес. Абай балалық шағынан бастап поэзияның мол мұрасының ішінде өсті. Қазақ үлгісіне түсірілген шығыстың атақты дастандары мен қиссаларын, бәйіт пен ғазелдерін, аңыз-әңгімелерін, сол сияқты қазақтың төл ертегілері мен жырларын, айтыстары мен шежірелерін, өлеңдері мен әндерін алдымен шешелерінен естіп, айлар бойы ауылдарына келіп жатып кететін ақындар мен жыраулардың тыңдап, үлгі өнеге, тәрбие алды. Кейіннен олар бұл дәстүрді бұрынғыдан да жандандыра түсті. Ақын-жыраулар мен әнші-күйшілерді төңірегіне жинап, олардың өнерлерін тамашалап, әрбіреуіне баға беріп, жол сілтеп отырды. Әрбір өлең мен әнге ғана емес, тыңдаушыға да Абайдың қоятын талабы зор болуының бір себебін осы дәстүрден іздеген жөн. Өзіне дейінгі ақындардың көпшілігінің өлеңдеріне көңілі тола бермеді. Сөз өнерін, өлең өнерін мейлінше құрмет тұтқан Абай:

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.



Абай бюсі. Д. Г. Элбакидзе.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Бөтен сөзбен былғанса, сөз арасы,
Ол – ақынның білімсіз бишарасы.
Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы...» –

деп, өзінің өлең туралы байламын ұсынады. Поэзияның сұлулығы, құндылығы үшін қажетті алғы шарттарды белгілеп береді. «Ақындары ақылсыз, надан келіп, Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап...» деп, не болса соны өлең қылып, парасатты өлең айту қолынан келмейтін, өлеңді дұрыстап жазуға талаптанбайтын, ізденбейтін ақындарды сынға алады. Тыңдаушыны да өлеңнің жақсысы мен жаманын айыра білуге, талғампаз болуға шақырады. Абайдың өзіне дейінгі ақындардан бір ерекшелігі, өзіне биік талап қоя отырып, адам мен табиғатты, адам мен жан-жануарды, адамның ішкі рухани мазмұны мен сыртқы пішінін салыстыра отырып суреттейді. Абай эстетикасының тереңдігі мен құндылығы оның шығармашылық принциптерінің әлеум. айқын бағдарымен тығыз байланысты. Оны ақын өлеңдерінен байқау қиын емес. Абай гуманист ақын ретінде адамның әсемдігін «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес, Ол бірақ, қайтып келіп, ойнап-күлмес...» – деп, бәрінен жоғары санайды.

Табиғат ретінде адам өледі, «өлсем, орным қара жер сыз болмай ма...» , ал адам ретінде ол өлмейді, өйткені өлмейтұғын артына сөз қалдырады. Адамның табиғаттан артықшылығы – оның талабы, ақыл-ойы және білімі бар. Адамның басты ғаламаты – ол ойлай алады, сөйлейді. Абай өз өлеңдерінде бұл жайында да айтқан. Абай ақын болмай тұрып-ақ, өзі өскен ортадан, айналадағы табиғаттан, дәстүрлі тұрмыс-салттан эстетик. әсер алып есейді, кейін оны толықтырып, байыта түсті. Абай өлең жазуды әлі мақсат етпеген кезінде-ақ шындықты эстетик. жағынан қабылдаған, өмірді байқағанда, іске кіріскенде, оқып-ойланғанда эстетик. тұрғыдан алып қарастырған.

Абайдың өзге ақындардан екінші бір ерекшелігі – Абай сол заманда-ақ, кеңінен тараған эстетик. теориялардан хабардар болған, көптеген эстетик. ұғымдар оған таныс еді. Арғы жағы Сократ, бергі жағы Спенсер, әсіресе, В. Г Белинский мен Н. Г Чернышевский сияқты ойшылдардың эстетик. принциптерін естіп, оқып әжептәуір білім алған. Сонымен өмір эстетикасы, тарихи дәстүр мен мәдени мұра, ғылым мен философия жетістіктері – осының бәрін қорытып, бұған нәзік жаны мен терең ойын қосып, данышпан Абай қазақ халқының эстетикасын жасап шықты.

Бүгінгі күннің ғылыми талабына сәйкес Абайдың эстетикасын мынадай тарауларға бөлуге болады. 1. Жалпы эстетик. ұғымдар. 2. Табиғат эстетикасы. 3. Адамның әсемдік қасиеттері, соның ішінде әйелдің сұлулығы. 4. Әдебиет эстетикасы. Соған жалғаса өнер мен шеберліктің эстетик. маңызы. Жалпы эстетик. мәселелерді алатын болсақ, бұл жайында Абайда жүйеге келтіруге жарайтын түсініктер жеткілікті. Ол, ең алдымен эстетик. сезім мен қабылдаудың негізіне жататын адамның бес түйсігіне тоқталады. Адамды жаратушы (діннің ықпалы) бізге бес сезім (физиологиямен таныстығы) бергені жайында *Жиырма жетінші сөзінде* былай дейді: «Әуелі көзді көрсін деп беріпті, егер көз жоқ болса, дүниедегі көрікті нәрселердің көркінен қайтіп ләззат алар едік? Құлақ болмаса, не қаңғыр, не күңгір дауыс, жақсы үн, күй, ән ешбірінен ләззат ала алмас едік. Мұрын иіс білмесе, дүниеде болған жақсы иіске ғашық болмақ, жаман иістен қашық болмақтық қолымыздан келмес еді. Таңдай, тіл дәм білмесе, дүниеде не тәтті, не қатты, не дәмдінің қайсысынан ләззат алар едік? Бұлардың бәрі біздің пайдамыз емес пе...?» Ләззат деген сөзді Абай көбіне эстетик. мағынада қолданады. Ләззат – сезім арқылы туғызатын заттардың, құбылыстардың эстетик. қасиеттері. Бірақ, бұлар әлі жеткіліксіз. Бір нәрсені эстетик. түсінікпен қабылдап, одан ләззат алу үшін адамның өзі оған дайын болуы тиіс, сонда ғана «әрбір естігеніңді, көргеніңді көңілің жақсы ұғып, анық сөз суретімен ішке жайғастырып алады...» (32-ші сөз). Эстетик. түйсікпен толық қабылдау дегеніміз сыртқы заттың өз суретімен адамның ішкі рухани сарайына жайғасу болып табылады. Абайдың бұл ұғымын өте терең және аса маңызды тұжырым деп тануымыз керек.

Эстетик. қасиеттер деген атауды Абай пайдаланбайды, бірақ, соны сипаттайтын көптеген қазақтың төл сөздерін қолданады. Көрікті, сұлу, әсем, әдемі, сүйкімді, сымбат, сән, ажарлы, нұрлы – міне, осындай қазақтың қарапайым сөздерін Абай өлеңдерінде көп келтіреді, сонымен қатар бұлардың әрқайсысын орынды қолданады.

Бүгінгі ғылымның категорияларына сәйкес жаңалығының бәрі әсемдік ұғымына жатады, олай болса, Абай әсемдіктің мазмұнын қалай ашады, соған келейік. Әсемдікті түсіндіру үшін ақын көркем законы деген ұғым қолданады. Ол законның басты белгісі өлшеуге сай болу. Қосымша ретінде жарыстылық законын сөз етеді, тағы бір жерде кәмелеттік шеберлікке тоқталады. Сонымен, әсемдік дегеніміз – өлшеу сақтап, кәмелеттік шеберлікпен (жаратушы немесе адам) жасалған жарастылық. Қорыта келсек, Абайдың өлеңдері мен қарасөздерінен эстетик. қасиеттің түрлері, эстетик. сезім, эстетик. ләззат, эстетик. қабылдау – міне, осындай және кейбір басқа да ұғымдар туралы түсінік алуға болады, былайша айтқанда эстетика ілімінің басты түбірлі мәселелері жайында ақынның анық көзқарасы болған.

Ендігі бір маңызды тарау – ол табиғат эстетикасы. Абайдың бірқатар өлеңдерінде табиғат көріністері асқан көркемдік шеберлікпен суреттелген. Олар: *«Қансонарда бүркітші шығады аңға...», «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ...», «Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай», «Желсіз түнде жарық ай...»* т. б. жыл мезгілдеріне арналған өлеңдері. Әдебиетшілер жанрға бөлу принципіне сәйкес осы өлеңдердің бәрін табиғат лирикасына жатқызады. Әрине, бұл дұрыс. Егер біз бұл өлеңдерге филос. тұрғыдан қарайтын болсақ, оларды Абайдың табиғат эстетикасы деуіміз керек. Олай дейтін себебіміз бұл өлеңдерде құр жаратылыс көріністері суреттеліп қана қоймайды, табиғаттың адамға беретін әсері, адамның өмірінде табиғаттың алатын орны мен атқаратын қызметі, адамның табиғатқа беретін бағасы, жалпы адам мен табиғаттың арасындағы қарым-қатынастар сөз болады. Мына шумақтарда жаратылыс бояуы дәлме-дәл көрсетілген: «Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл. Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға». Және де:

«Суретін көре алмассың, көп бақпасаң. Көлеңкесі түседі көкейіңе...». Енді бір жерде «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ» деп басталатын өлеңінде аттың дене мүшелерін бақайшағына дейін, оның жүріс-шалысына, әсеріне дейін сипаттап келіп, сондай атқа адамды қызықтырып қояды. Ал, жыл мезгілдерін суреттейтін өлеңдерінде ақын қыс пен жаздың, көктем мен күздің қазақ аулында ерекше өтетінін, табиғат айналысын тарихқа ұқсатып, қазақ халқының дәстүрлі өмірі мен тұрмыс-салты жайында филос. әрі әсем сурет жасайды. Бұл тұрғыдан *«Жазғытұры қалмайды қыстың сызы...»* өлеңін ерекше атау керек:

«Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.
Жан-жануар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі...

Жазға жақсы киінер қыз-келіншек,
Жер жүзіне өң берер гүл-бәйшешек.
Қырда торғай сайраса, сайда бұлбұл,
Тастағы үнін қосар байғыз, көкек.

Жаңа бұлмен жамырап саудагерлер,
Диханшылар жер жыртып, егін егер,
Шаруаның біреуі екеу болып,
Жаңа төлмен көбейіп дәулет өнер...»

Осы келтірілген үш-ақ шумақтың өзінен табиғатта қайталанып жататын құбылыстардан, қазақ аулында жыл сайын болып тұратын жаңалық-жаңғырулардан ғажап әсер алумен бірге, табиғаттың мәңгі әрі сәнді екені жайында, ал, адамның құдіреті күшті және өміршең екені туралы терең ойға батамыз.

Ауыл табиғатын суреттеуде ерекше орын алатын өлең – «Желсіз түнде жарық ай...». Бұл өлең ерекше шабытпен, ыстық сезіммен жазылған, мұнда ақынның жастық махаббаты, жүрек соғысы естіліп тұр. Әсіресе:

«Қалың ағаш жапырағы
Сыбырласып өзді-өзі.
Көрінбей жердің топырағы,
Құлпырған жасыл жер жүзі.

Сөз айта алмай бөгеліп,
Дүрсіл қағып жүрегі.
Тұрмап па еді сүйеніп,
Тамаққа кіріп иегі?...» –

деген жолдардан тамылжи мүлгіген түнді, өзді-өзі сыбырласқан қалың ағаш пен сөз айтуға да шамасы келмей, күйіп-жанған екі ғашықтың суреті көз алдымызға келеді.

Абайдың бұл көзқарастары қазіргі эстетика ілімінің принциптерінен алшақ жатқан жоқ. Эстетик. қызмет пен сананы, солардан туатын ерекше заңдар мен категорияларды сыңаржақты түсінбеу үшін, адамның табиғатқа эстетик. қатынастарын толық зерттеп, солардың ерекшеліктерін ашу қажет.

Адамның әсемдік сапасын Абай табиғатқа байланыстырып қана қарамайды, оны жеке алып, нақтылы суреттейді. Адамды эстетик. тұрғыдан суреттегенде Абай үш нәрсеге көңіл бөледі. Жалпы адамның әсемдігі, әйелдің сұлулығы, соған байланысты шынайы махабатты мадақтау және сыртқы көрініске алданып қалмай, қыздың жан дүниесіне мән беру. Адамның өмірін қалай бағалау керектігі жайында ақын көптеген өлеңдерінде айтып кетеді. Мына өлең жолдарын алып қарайық:

«Сұлулығын қояйын, мінезі артық,
Ақылды, асыл жүрек, сөзі майда
Арттағыға сөзің мен ісің қалса,
Өлсең де, өлмегенмен боласың тең.

Жүректен ізі кетпес қызық көрсек,
Жақсылықты аянбай жұртқа бөлсек.
Жақынның да, жардың да, асықтың да, –
Бәрінің де қызығын көріп білсек...»

Қыздың әдемі келбетін толық суреттейтін Абайда екі өлең бар. Олар *«Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы...»* және *«Білектей арқасында өрген бұрым»*. Қыз-келіншектің көркін суреттейтін жолдар Абай өлеңдерінде жиі кездеседі, оның бәрін тізбектеп жату мүмкін емес. Соның бәрі нәзік те әдемі сипатталады. Бұл арада атамай өтпеске болмайтын өлеңдер мыналар: *«Айттым сәлем, қалам қас...»*, «Жарқ етпес қара көңлім не қылса да...». «Көзімнің қарасы...», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл...» т. б. Ақынның түсінігі бойынша шынайы сұлу әйел – өмірдің сәні, адамға толыққанды өмір сүру үшін оның маңызы зор, ал, нағыз махаббат – адамның байлығы, оған шабыт береді, өмірді мағыналы жасайды, махаббатсыз бақыт жоқ, демек махаббат – өте бағалы эстетик. құбылыс, ол әсемдік сезімнің шыңы, оны жырлай беру керек, мадақтау қажет.

Ал, адамның жылтыр көркі мен нағыз әсемділігін ажырату жайында Абайдың кербездікті сипаттағанын келтірейік. «Кербездің екі түрлі қылығы болады: бірі – бет-пішінін, сақал-мұртын, мүшесін, жүріс-тұрысын, қас-қабағын қолдан түзеп, шынтағын көтеріп, қолын тарақтап әуре болмақ... Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақшылдық», – дейді *Он сегізінші сөзінде*. Осындай тұжырымды: «Әсемпаз болма әр неге, Өнерпаз болсаң, арқалан, Сен де – бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та, бар қалан!...» – деген жолдарынан да айқын аңғаруға болады.

Абайдың ең көп көңіл бөлінген, ең көп талқыланған және ең маңызды тарауы – әдебиет пен өнер эстетикасы. Абай ақын болғандықтан өлеңнің сапасына, сөздің мазмұны мен көркемдік құдіретіне қатты назар аударған. Екі өлеңнің бірінде сөздің бағасын көтеруді ыждағаттағанын кездестіреміз. Сонда да кейбір өлеңдері ерекше орын алды. Мұхтар Әуезовтың тілімен айтқанда бұлары – бағдарламалық өлеңдер. Солардың ішінде атақты әрі мазмұны жағынан бай да көлемдісі *«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы»*. Бұл өлеңнің бағдарламасын үшке бөлуге болады. Біріншіден, өлеңнің өзінің көркемдік сапасы, дәрежесі. Екіншіден, ақындарға өлеңнің мазмұны, оқиғасы жайында қойылатын талап. Үшіншіден, тыңдаушы қауымды өзгертудің, тәрбиелеудің қажеті, жұрттың өлеңді жаңаша түсінуі жайында. Ақынның *«Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол»*, *«Алыстан сермеп...»*, *«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...»*, *«Өзгеге, көңлім тоярсың...»*, *«Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын...»*, *«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес...»*, «Құлақтан кіріп бойды алар», «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?» өлеңдері де бағдарламалық өлеңдері қатарынан орын алады.

Неміс ғалымдары Лессинг пен Гегель, орыс

ойшылдары Белинский мен Чернышевский сияқты Абай да әдебиетті, сөз өнерін, әсіресе, поэзияны өнердің алды деп санайды. Ой мен сезімді сөзден артық ештеңе жеткізе алмайды деп бағалайды. «Алыстан сермеп» өлеңіндегі «Өткірдің жүзі, Кестенің бізі, Өрнегін сендей сала алмас...» деген жолдар сөз өнері құдіретін аспандата түспей ме? Абай өлең өнерін жоғары бағалаған:

«Өзгеге, көңлім тоярсың,
Өленді қайтіп қоярсың?
Оны айтқанда толғанып,
Іштегі дертті жоярсың.
Сайра да зарла қызыл тіл,
Қара көңлім оянсын...» –

деп, өлеңсіз өмірдің мәні жоқ екенін жырға қосады. «Мен жазбаймын өленді ермек үшін, Жоқ – барды, ертегіні термек үшін, Көкірегі сезімді, тілі орамды, Жаздым үлгі жастарға бермек үшін...» – деп, өленді ермек үшін жазбайтынын, онда жастарға деген үлгі-өнеге, ақыл-кеңес, өсиет бар екенін ұғындырады. Жақсы ән мен тәтті күйдің кісіге беретін ләззатының айрықша екенін, ләззат беріп қана қоймай, түрлі ойларға жетелеп, арманыңа қанат бітіретінін де: «Құлақтан кіріп, бойды алар, Жақсы ән мен тәтті күй, Көңілге түрлі ой салар, Әнді сүйсең, менше сүй...» – деген өлең жолдарымен көңілге ұялатады. Сөйтіп, оқушысын ән-күй өнеріндегі сұлулықты сезіне білуге, оның ләззатынан құр қалмауға меңзейді. Міне, бұл өлең жолдарынан Абайдың музыка өнері туралы түсініктерінің, оның жалпы эстетик. көзқарастарымен үндес келетінін көреміз. Зейін қойып, мән беріп оқыған кісіге Абайдың әрбір өленінен, әрбір сөзінен эстетик. мазмұн аңғарылады. Табиғатты суреттесін, қыз-келіншек пен жігіттерге мінездеме берсін, өлең мен әнді жыр етсін, ылғи да жоғары көркемдік пен шынайы әсемдік тұрғысынан сөз етеді. Ақын шығармаларындағы эстетик. мәселелер ұшан-теңіз, олар абайтану ғылымының маңызды бір тарауы.

Е. Байзақов.

ЭТИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ. Абайдың филос., әлеум. көзқарасын зерттеушілер ұзақ уақыттар бойы кемеңгер ақынның алуан салалы ойларының онтологиялық (бүтін дүниенің мәнін, материя мен сананың арақатынасын түсіну), гнесеологиялық (нанымның мәнін түсіну) мәселелеріне ерекше мән беріп, біреулері Абайды онтологиялық жағынан «идеалист», екіншілері «материалист» деп таныса, гнесеологиялық тұрғыдан біреулері «сенсуалист» десе, екіншілері «рационалист» деп, жартылай идеалист, жартылай материалист немесе жартылай сенсуалист, жартылай рационалист немесе дүниені, қоғамды таным теориясы тұрғысынан біреулері «метафизик», біреулері «диалектик» деп түсіндіріп келді. Уақыт өтеді, заман өзгереді. Белгілі бір құбылысқа әр уақыттың адамы өз түсінігімен, өз пайымдауынша баға береді. Өйткені, құбылысты әркім өз кезінің тұрғысынан бағалайды, мөлшерлейді. «Материалист болу дұрыс екен, қайтсек материалист атанамыз» дейтіндер «нан болса, ән өзінен-өзі айтыла береді» дейтіндердің жалған, жасанды, тұрпайы қағидасымақтардың аянышты зардабын аз көрмедік. Осындай тұрпайы, дөрекі социол. көзқарас Абай шығармаларын бағалауға да зардабын тигізді. Бұл көзқарастағылар өмірдің өзінде қайшылықтар қандай көп болса, Абайдың табиғат, қоғам, таным жайлы түсініктерінде сол қайшылықтар, қарама-қарсылықтар өте терең бейнеленгенін ескере қоймаған. Егер ақиқатқа, әділетке жүгінсек, Абай жалаң филос. категориямен, мыс., «материя», «сана», «уақыт», «кеңістік», «қозғалыс», «даму», «қажеттілік пен кездейсоқтық» сияқты т. б. толып жатқан «таза философиямен» шұғылданбайды. Ойшыл ақынның негізгі ойы – материя мен сананың, кеңістік пен уақыттың арақатысы емес, «қайран елі, қазағының» келешегі, қайткен күнде қазақты өскен, өркендеген елдердің қатарына жеткізу. Осындай ұлы мақсат, игі ниет үшін ойшыл-ақын «Қыранша қарап Қырымға, Мұң мен зарды қолға алады».

Абайдың Э. к-н сөз еткенде 2 нәрсеге ерекше көңіл бөлу керек. Ол ақынның гуманистік және диалектикалық түсінігі. Абайдың дүниеге, әлеум. өмірге деген көзқарасының, бүкіл шығармашылығының өзегі, қайнар көзі, рухани күші, осы екі ұғыммен тікелей байланысты. Абайдың этикасы – гуманистік этика. Дүние мен Жалған, Адам мен Пенде мәселелерін қамтиды.

Абай өзінің *Жиырма жетінші сөзінде* дін және дін мәселесі жөнінде пікір алысып, ой жарыстыратын моралист-философ Сократтың «Адам ең әуелі өзіңді-өзің таны» деген этик. принципі Абайдың да адам, адамгершілік туралы ойлары адам тарихындағы ұлы ойшыл даналардың пікірлерімен ұштасып жатады. Абайдың арманы да «адамды (пендені) адамға айналдыру», адамды кісі ету, азамат ету. Абайдың этик. түсінігінде «дүние» және «жалған», «адам» және «пенде» деген бір-біріне қарама-қарсы ұғымдар бар. Дүние – мәңгі құбылыс, жалған – өткінші құбылыс, Адам – дүниенің, мәңгіліктің туындысы, пенде – жалғанның, күнделікті тіршіліктің туындысы. Адамның өмірі ақиқат, адалдық, әділеттілік, әдемілік деген ұғымдармен ұштасып жатса, пенденің өмірі күнделікті тұрмыстың, тек тіршіліктің, күнкөрістің қамымен байланысып жатады. Пенденің бір белгісі – ол өзінің қиялында да кішкентай, өз қиялында да шарықтай алмайды, тауық сияқты қораның шарбағынан жоғары ұша алмайды. Қыранның қиялы – биік шыңда болса, қораздың қиялы – қи түбінде. Пенде әрқашан да бағынғыш, құптағыш, күндегіш, затшыл, өзімшіл келеді, мырзаларының алдында құрдай жорғалайды. Адам, оның керісінше, өзін-өзі, айналасын сыйлайды, өзінің азаматтығын, адамгершілігін бағалай біледі, затқа бағынбайды, заттарды өзіне бағындырады. Пенделер заттың құлы болса – Адам заттарды өзіне құл етеді, осы тұрғыдан келіп, Абай адам деген ұғымды үлкен даналық санайды («Адам деген даңқым бар»). Тұрған мекеніне келгенде – адамның жүрген жері гүлстан да, пенденің жүрген жері – мыстан болып келеді. Абайдың арман ететіні – ақылды, жігерлі, білімді, адал, әділ адам. Оңдай адам ханның тағына да, байдың бағына да қызықпайды, ойы сергек, өз қамымен халық қамын ұштастыра, жалғастыра білетін мейірімді жан.

Абайдың өзіне тікелей сөз берсек – пенде өз басында еркі жоқ, айналасына тәуелді – «байғұс». «Ақылы бар, ықтиярлы, Пенде теппес өз жарын. Ерік иеде, пенде зарлы, Не білер не боларын?» немесе «Зар қылып тілеймін Рахметін алланың. Елжіреп жылаймын, Көңлін аш пенденің».

Тіршілікте жан сақтау да, ар сақтау да бар. Абай

ар сақтауды жан сақтаудан жоғары қояды. Абайша айтқанда, пенде жан сақтаудың қамы үшін өмір сүреді, оның арманы мен қиялы, тамақ пен киімі – мансап пен атақ. Пенде: «Шіркін, ананың киген киімі-ай, мынаның ішкен асы-ай, көршінің мінген аты-ай, тұрған үйі-ай» т. б. деп, өзгенің тіршілігіне тамсанумен өтеді. Пенде жеке басының қамы үшін, жан сақтау үшін арын құрбан ете береді. Осындай пендешіліктен арыла алмаған «қуыс кеуделерге» налыған Абай: «Құдай тағаланың кешпес күнәсы жоқ» деген жалған мақалды қуат көрген мұндай пенденің жүзі құрсын,» – дейді. Пенденің ой өрісі – өзінің қара басының, отбасының, әрі кетсе сыбайластарының төңірегінен артпайды. Ел, Отан, Халық, Ұлт деген ұғымдар пендеге жат сөздер. Қарнын ойлаған пенде – халқын қайтсін! Абайдың даналық түсінігінде Адамның адамдығы, ең игі қасиеті жан сақтау емес – арын сақтау. Абай этикасында Ар, Намыс, Ұят – ең негізгі ұғымдар. Бұл ұғымдардың мәні, мазмұны, ішкі сыры тек адамның өзімен-өзі кеңескенде, өзінің ішкі жан дүниесіне үңілгенде ғана мағынасы ашылатын, айқындалатын ұғымдар. Осындай мәнді моральдық, адамгершіліктің этик. категорияларын – өз шығармашылығының өзегі, түйіні, тамыры етеді. «Қу өмір жолдас болмас, әлі-ақ өтер, Өз күлкіңе өзің қарық болма бекер! Ұятың мен арыңды малға сатып, Ұятсызда иман жоқ, түпке жетер» деп, ар мен ұятты негіз етіп, өмірдің түбін ойлауға шақырады. Адамгершіліктің мәні жөнінде терең толғанған ақын өз ойын әлем кеңістігіне жүгіртіп, Ар, Ұят, Намыс деген ұғымдар адам өзінің ары алдында жүгінген кезде түйсігімен түсінетін киелі ұғымдар екенін, әр адам өзіне-өзі жауапты екенін аңғарта айқындай, түсіндіре келіп: «Осы да есеп бола ма, Ар, абұйыр тапқанға? Миың болса жолама Бос желігіп шапқанға...», «Абиыр қайда, ар қайда? Өз басыңа не пайда?...», «Достық, қастық, бар қызық – жүрек ісі, Ар, ұяттың бір ақыл – күзетшісі. Ар мен ұят сынбаса, өзге қылық, Арын, алқын – бұл күннің мәртебесі», – дейді. Адамды адам етіп тұрған Ар екендігін, тіпті, өлім төніп тұрса да Ар сатуға болмайтындығын, халық санасында «өлімнен ұят күштіні» терең түсінген Абай – қазақтың тарихына ой жүгірте отырып: «Аты аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен...», «өзіне ар тұтқан жаттан зар тұтады», – деп түйеді. Абай түсінігінде әр адамның ең үлкен күнәсі, міні, өзінің өз ары алдында жасаған рухани қылмысы – арын сату, арсыздыққа салыну, ұяттан безу. Мұндайларға Абай төмендегідей теріс бата береді: «Ант ішіп күнде берген жаны құрсын, Арын сатып тіленген малы құрсын, Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып, Қу тілмен қулық сауған заңы құрсын».

Адам болудың бір шарты – Ұят деген ұғымды бойға сіңдіру. Ұят дегеніміз – адам бойындағы адамгершілікке жат, жаман қылықты, істі өз мойнына алып, өзіңді-өзің сөгу, өзіңе-өзің ұрсу, өзіңді-өзің дұрыс, әділ, адал жолға салу. «Жалығу бар, шалқу бар, іш пысу бар. Жаңа сүйгіш адамзат, көрсеқызар. Ар мен ұят ойланбай, тәнін асырап, Ертеңі жоқ, бүгінге болған құмар» Абай ұяттыларға мейірленсе, ұятсыздардан жиіркенеді де: «Қайнайды қаның, Ашиды жаның, Мінездерін көргенде», «Жігерлен сілкін, Қайраттан, беркін!» деп насихат бергенде; «Ұятсыз, арсыз салтынан Қалғып кетер артынан» деп, ұятсыздарды сөгіп, «осы күнде менің көрген кісілерім ұялмақ түгіл, қызармайды да, «ол істен», «мен ұятты болдым дедім ғой, енді нең бар?», – дейді. Я болмаса, «жә, жә, оған мен-ақ ұятты болайын, сен өзің де сүйтпеп пе едің?» – дейді. Ар, Ұятпен қатар саналы қазақтың табиғатына сіңген бір ұғым – Намыс. Ақын бұл ұғымға да ерекше мән береді. «Бұрынғы ата-бабаларымыздың бұл замандағыларымыздан артық екі мінезі бар: соның екіншісі – намысқор келеді екен. Ар, ұяттан айырылған, намыс дегенді білмейтін, білгісі де келмейтін болыстарды Абай мысқылдай кекетіп, өткір сатиралық тілімен түйреп:

«Сүйегім жасық, буын бос,
Біраз ғана айлам бар.
Айлам құрсын білемін –
Болыстықтың жолы тар.
Қайтіп көмек болады,
Антұрған өңкей ұры-қар?
Көргенім әлгі ойлашы,
Ұят, намыс, қалдыма ар?...» -

деп налиды. Не құдайшылыққа, не адамшылыққа жатпайтын, ардан бездіруге итермелейтін «Жарлы болсаң, арлы болма ма», жалқаулыққа, сұрампаздыққа, жылпостыққа шақыратын: «Қалауын тапсаң, қар жанады, Сұрауын тапса, адам баласының бермейтіні жоқ», ұрлыққа, мейірімсіздікке бағыттайтын «Алтын көрсе, періште жолдан таяды», «Ата-анадан мал тәтті, алтын үйден жан тәтті» дейтін, ата-анасын малға сатуға бейім тұрған опасыздардан, сатқындардан «бек сақ болу керектігін» қатты ескертеді.

Абайдың этикасы адам өміріндегі диалектик. қайшылықтарды түсіндірудің, зерттеудің этикасы. Ақын Абай адамгершілік, мораль мәселесін сөз еткенде жақсылыққа: адамшылық, адалдық, әділеттілік, берекелік, достық, білімділік, еңбеккерлік, терең ойлылық, ерлік, жомарттық, қайраттылық, кісілік, қанағатшылдық, рақымдылық, махаббат, арлылық, намысқойлық, сабырлылық, сертке беріктік, табандылық, татулық, тәуекелшілдік, шүкіршілік т. б. қасиеттерді, жамандыққа: арамдық, азғындық, айлакерлік, парақорлық, арызқойлық, тәкаппарлық, сараңдық, алдампаздық, сайқалдық, даңққұмарлық, әділетсіздік, әдепсіздік, пәлекөрлік, паңдық, әсемпаздық, бақастық, борышқорлық, өсекшілдік, надандық, менмендік, әсемпаздық, еріншектік, әулекілік, есерлік, жалақорлық, мақтаншақтық, жарамсақтық, залымдық, жылпостық, қияңқылық т. б. жиіркенішті мінез-құлықтарды жатқызады. Абайдың негізгі этик., адамгершілік түсініктері әділдік пен әділетсіздіктің ұғымдық мәнін, арақатынастарын түсінуге арналған. Енді ұлы ойшылдың осындай диалектик. қайшылықтарға байланысты тұжырымдарына тоқталайық. Соның бірі – адам табиғатындағы ең күрделі қайшылық – білім мен надандықтың арасы. Этик. теориялардың мәнін түсінуге ұмтылған көптеген ғұламалар, ағартушылар сияқты Абай да адамгершілікті, моральды біліммен, танымнен ұштастыруды қажет деп санайды. «Білімдіден шыққан сөз, Талаптыға болсын кез. Нұрын, сырын көруге, Көкірегінде болсын көз». Абай «білімді»,. «білімділік» деген ұғымдарды қазіргідей «бастауыш», «орта», «жоғарғы» білімі бар дегенді айтып отырған жоқ.

Ақын «білімді» деген ұғымға өзінше ерекше мән береді. Абайдың түсінігіндегі білімді адам – адамдардың арасындағы қарым-қатынастарды (әкелі-балалы, алыс-жақын, туыс-тума, үлкен-кіші, ерлі-байлы, жолдастық, достық т. б.) дұрыс түсіне білетін адам. Мектептен алған білімін адамгершілікпен ұштастыра білмейтіндерді Абай адамсымақтардың ең үлкен наданы, арамы екенін айта келіп:

«Осы жасқа келгенше,
Өршеленіп өлгенше,
Таба алмадық еш адам
Біздің сөзге – ергенді.
Өмірдің өрін тауысып,
Білімсізбен алысып,
Шықтық міне белге енді...» –

деп, тоғышарлықтан адамдыққа, білімсіздіктен білімділікке қарай күрес жолында өткен өмірін баяндайды. Абайдың бұл ойлары «жақсылық ақиқатпен бірге болады, жамандық білімсіздіктің салдары», сондықтан да «өзіңді-өзің таны, өзіңді-өзің біл» деген этик. принциптермен ұштасып жатыр.

Абайдың филос., этик. көзқарасында ерекше көңіл аударатын мәнді ұғым «өмір» мен «өлім» арасындағы мәңгі қайшылықты түсіну, түсіндіру, «Өлім деген не?», «Өмір деген не?», «Не өледі, не өлмейді?» деген сауалдарға ақын өз шығармаларында тиянақты жауап береді. «Өлім» деген ұғым туралы Абайдың ой толғамы, «Дәл уақыты жеткенде, Талайдың гүлі қурайды. Рәсулді алған бұл өлім, Кімнен жөнді сұрайды?» – деп, өлімнің мейірімсіздігін кесіп айтады. Әр адам өзінің бүгінгісі мен ертеңгісінің арақатынасын үнемі ойлап отыруының қажеттігін аңғарта келіп, ақын: «Адамзат – бүгін адам, ертең – топырақ, Бүгінгі өмір жарқылдап алдар бірақ. Ертең өзің қайдасың, білемісің, Өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ» деп, өз замандастарын «өмір« мен «өлімнің» арасын түсінуге шақырады. Адамгершілік тұрғысынан алып қарағанда, «өлім деген не?», «өмір деген не?», «не өледі», «не өлмейді? деген сауалға да ойшыл ақын өзінше жауап береді. Тіршіліктің белгісі – өсімдік пен малда да бар дей келіп, «Малда да бар жан мен тән, Ақыл сезім болмаса, Тіршіліктің несі сән, Тереңге бет қоймаса?» дей келіп, «Ақыл мен жан – мен өзім, тән менікі. «Мені» мен «менікінің» мағынасы екі. «Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан, «Менікі» өлсе өлсін, оған бекі» – деп, Абай табиғи артта қалған тәрбиелі ұрпақ (бала-шаға, немере-шөбере, олардың ұрпақтары – ұрпағымен мың жасау), рухани (ақындық, ғалымдық, муз., шығармашылдық т. б.), материалдық (ұрпағына қалдырған өз еңбегі мен жасалған мекен-жайлары) өлмес мұра болатынын аңғартады. «Мен» деген әр адамның адамгершілік қасиеті, рухы, мейірімі, ал «менікі» деген оның тәні, оның еңбегімен жасалған, артта қалар дүние-мүлкі. Абайдың өзіне сөз берсек:

«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес.
«Мені» мен «менікінің» айрылғанын
«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес...»
«Өлді деуге сыя ма, ойландаршы,
Өлмейтұғын артында сөз қалдырған?»

Материалдық өмір – уақыттың еншісі. Ол бүгін бар, ертең жоқ. Рухани өмір – мәңгілік. Ол адамгершілікке, жақсылыққа, әділеттілікке, өркениеттілікке қарай дами бермек. Рухани дүние – жан мен санаға байланысты, адамгершілікке, адамдыққа тән болса, заттық, материалдық дүние – пендешілікке, өткіншілікке тән нәрсе.

Адамның адамдығы оның шыншылдығында, әділеттілігінде, әрқашан дұрыстықты қолдап-қостайтындығында екендігін Абай бүкіл шығармашылығына арқау етеді. «Әділет пен ақылға Сынатып көрген-білгенін, Білдірер алыс-жақынға, Солардың сөйле дегенін» – деп, кеңес берсе, екінші жағынан турасын айтпайтын, әділетті сүймейтін: «Ақылды жан табылмас маған сырлас, Көріне тентек, көп надан мойын бұрмас, Әділетсіз, ақылсыз, арсыздарды Көре тұра, көңілде тыныштық тұрмас» деп, тентек, надан, әділетсіз, ақылсыз пенделерге ренжиді.

Абайдың гуманистік этикасының, моралінің тағы бір ерекшелігі тек туған-туысқаныңа, достарыңа ғана емес, тіпті, «дұшпаныңа да әділ бол» деуінде. «Досыңа достық – қарыз іс. Дұшпаныңа әділ бол. Асығыс түбі өкініш, Ойланып алмақ – сабыр сол». Дұшпанға әділеттік көзбен әділ қарауға, әділеттілік тұрғыдан бағалауға шақыру – әлемдік гуманизмнің тұғыры, төрі, биік шыңы.

Білімділік пен надандықтың, өлім мен өмірдің, жақсылық пен жамандықтың, әділеттілік пен әділетсіздіктің арасындағы қайшылықтар туралы ойланған, толғанған ұлы гуманист ақын: «Мұны жаздым ойланып, Ойда бардан толғанып, Кірсе ішіңе оқи бер, Бозбалалар қолға алып», – деп, жас ұрпаққа үміт артса, екінші жағынан: «Қыранша қарап Қырымға, Мұң мен зарды қолға алар, Кектеніп надан зұлымға, Шиыршық атар, толғанар», – деп, Абай өзіне-өзі жүк артады. «Жарлы емеспін, зарлымын, Оны да ойла толғанып, Жұртым деуге арлымын, өзге жұрттан ұялып», – деп, еліне ескерту айтады.

Абайдың этик., моральдық, адамгершілік идеалы, мұраты, принципі – қысқаша ғана «Адам бол!» деген формула, тұжырым. Адам болу – кісілікті кісі, шын мәнісінде азамат болу, қара бастың қамы емес, елінің қамын, халқының қамын, тіпті, бүкіл адамзаттың қамын ойлайтын, «өзін-өзі зор тұтып», «надандарды менсінбейтін», дүниеге әлем тұрғысынан қарайтын Азамат Адам болу. Осы ойларын поэзия тілімен: «Адал бол – бай тап, Адам бол – мал тап, Қуансаң қуан сол кезде» деп, байды да, кедейді де адамдыққа шақырады: «Адам болам десеңіз, Оған қайғы жесеңіз... Бес нәрседен қашық бол» (қ. «Бес дұшпан» – Өсек, Өтірік, Мақтаншақ, Еріншек, Бекер мал шашпақ), «Бес нәрсеге асық бол» (қ. «Бес асыл іс» – Талап, Еңбек, Терең ой, Қанағат, Рахым). Абайдың пікірінше екі аяқпен тік жүріп, екі қолын әр түрлі іске пайдалана, жұмсай білгеннің, ойлай, сөйлей (ойлаудың да, сөйлеудің де мағынасы өте көп) білетіндердің бәрі толық, шын, ақиқат, адамгершілік мәніндегі адам емес, тек, адамға ұқсас әлеум. жануарлардың түрі, кейпі, көрінісі. Саудасын жүргізу үшін, момынды алдау үшін алуан түрлі тәтті сөздерді айтатын саудагер мен («Ортақтық, тыныштық, достық қой, Оның қадірін кім білер? Әркімге-ақ тілеу қостық қой, Бәрі алдамшы саудагер») дұшпанын жеңу үшін алуан түрлі зымиян қулық-сұмдық ойлайтын, тәсілдер қолданатын саясаткерлерде («Сұм-сұрқия – сұмдықпен еп берем деп, Сүйер жансып, сүйкімді

бет берем деп. Жүз қараға екі жүз аларман бар, Бас қатар бас-аяғын тексерем деп») т. б. ақыл, ой, пікір, қулық-сұмдық аз емес, адамгершілік аз. Ойшыл ақынның талдауынша, толғануынша тек адамгершілікке тән адал қасиеттерді өміріне, ісіне, күнделікті күн көру іс-әрекетіне табиғи сіңдірген кісі ғана – нағыз адам. Демек, Абайдың этик. көзқарасының түйіні, өзегі, арнасы, квитэссенциясы гуманистік принцип: «Адам бол!» Бұл принцип грек философы Диогеннің күндіз шам жағып нағыз адамды іздеуінің қазақ сахарасындағы көрінісі.

«Адам бол!» формуласының, қисынының, қағидасының мазмұны – «періште», «адам», «пенде», «шайтан» деген төрт ұғыммен ұштасып, ұшырасып, қабысып жатыр. Адам періштеге орай, пенде шайтанға орай өмір сүрген жандар. Абайдың арманы – әр қазақты, пендені адам ету, періштеге ұқсату, пенделік, шайтандық жолдан құтқару. Осы ойды айқындау үшін «періште» мен «шайтан» деген ұғымдарына және бұл ұғымдардың «пенде» мен «адам» ұғымдарына арақатынастарына жолжөнекей тоқтала кетелік. «Адам» мен «пендені» жоғарыда біраз сөз еттік, «періште» мен «шайтан» туралы ұлы ойшылдың пікірі қандай? Соған ой жүгіртелік.

Жалпы алғанда, «періште» алла мен адамның арасында жүретін таза, күнәсіз, ерекше жан. «Алтын көрсе, періште жолдан таяды» деген мақалды Абай жек көреді, қазақтың қызыл сөзінің бірі деп санайды. Абай түсінігінде «періште» – ең адал, білімді, еңбекқор, әділ, мейірімді, рақымды адамның тіршіліктегі, қиялдағы мифтік бейнесі, образы. Періште туралы ойын қорыта келіп, Абай «Алтын көрсе, періште жолдан шығады» дейді. «Періште алтынды не қылсын, пенде өзінің көрсеқызар сұмдығын қостағалы айтқаны». «Ол күнде нұрлы бейіс ішінде екен, Өзі де періштелер үстінде екен. Жылы жүзбен жұлдыздар жылжып жүріп, Сәлемдесер, сөйлесер күшінде екен», – деп, «періште» деген ұғымның адамдардың ерекше бір түрі, адал, таза бейнесі екенін аңғартады. Пендені шайтандықтан құтқарып, адамдыққа айналдыру үшін Абай «шайтан», «шайтандық» деген ұғымдарға да тоқталады, «шайтанның шәкірті» болма дейді. Абайдың түсінігінде шайтан – жын, ібіліс, алдамшы, әзәзіл, сиқыршы, адал жолдан арам жолға, әділ жолдан әділетсіз жолға бастаушы. «Қатыным қалай демес ақсақал бай, Сонымен дос боп жүрсің, япырым-ай! Құ қатының майысса, мәз боласың, Шайтанның шәкіртінің қылығын-ай!» – деп, көп пенденің адамның баласы болмай, «шайтанның шәкірті» болып бара жатқанына қатты қиналады. Ұлы ойшыл ақын, гуманист, философ «періште», «адам», «пенде», «шайтан» деген ұғымдардың төңірегінде көп ойланған, толғана отырып, көп қиналған. Өз басы адамды періштеге қарай ұмтылтқысы, сүйрегісі, тартқысы келсе, пенделердің өз заманының адамын шайтандардың қатарына қарай сүйрейтініне қатты қынжылады. Егер Абайдың ойын қазіргі кездегі ойлау тәсіліне байланысты схемамен көрсетсек:

П А С п Ш

Бұл схемадағы П – періште, А – адам, С – сәби, п – пенде, Ш – шайтан.

Абайға дейінгі де көптеген ғалым-философтардың ойлауынша дүниеге жаңа келген, ата-анасының, әке-шешесінің дені сау сәбидің жаны тап-таза (tabula rasum) ақ қағаз сияқты. Осы ақ қағазға әке-шеше, оқыған мектеп, қоршаған орта (көрші-қолаң, ойнайтын балалар, өмір сүріп отырған аулың, қаладағы көшең, қысқарта айтқанда, өмірлік тұрмыс, заман, болмыс т. б.) не жазады? Мәселе, міне, осында. Абайдың пікірінше жаны тап-таза сәби адамға қарай, адамнан періштеге қарай өсуі, өркендеуі, дамуы да және оның керісінше, пендеге, шайтанға қарай бейімделуі, тырбынуы, өрмелеуі, есейген соң, тіпті, жорғалауы да мүмкін. Осы жерден келіп, ұлы гуманистің «сәбиді бендеге емес адамға айналдыруға бола ма, болмай ма, оның үшін қандай жолдар бар?» деген сауал туады. Кемеңгердің бұл сұраққа өзі берген кемеңгер жауабы бар: «Болады!!!» Сөзді Абайдың өзіне берейік: «Адам баласын заман өстіреді, кімде-кім жаман болса, замандасының бәрі виноват...», «Мен егер Закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», – дейді. Демек, сәбиді пенделіктен, шайтандықтан сақтап, адамға айналдыру үшін отбасы, әке-шеше, жолдас-жора, көрші-қолаң, айнала-ортаң: ауылдастар, көшелестер, кластастар, қызметтестер, бір сөзбен айтқанда, замандастар мен заман, болмыс дұрыс болу қажет. Жаны таза сәбидің кіші адамға да, үлкен адамға да, кісілікке көтерілуі үшін болмыстың, тұрмыстың, заманның ролін, орнын, маңызын дана ойшыл ерекше даналықпен бағалайды. «Сорлы Көкбай жылайды, Жылайды да жырлайды, Ол жыламай қайтып тұрады, Мынау азған қу заман Қалыбында тұрмайды», – деп, қатты күйзелген Абай: «Әркімді заман сүйремек, Заманды қай жан билемек? Заманға жаман күйлемек, Замана оны илемек», – деп, сәбиді адамға бағыттау, тәрбиелеу, өсірудегі уақыттың, әлеум. ортаның, заманның тәрбиелік мәнін ерекше даналықпен атап көрсетеді.

Абайдың адамгершілік туралы, сәбиді пенде емес, шайтан емес, адамға айналдыру, тәрбиелеу, баулу туралы айтқан ойлары, Адам деген атқа лайық сілтеген бағыттары, көрсеткен жолдары ақынды бізге жақындата түседі. Абай – өткеннің ғана Абайы емес, біздің қасымызда жүрген, қазақ халқының қасына қиыншылық түскенде дем беруші, рух беруші пайғамбарымыз, рухани көсеміміз. Абай 19 ғ-дың ортасында дүниеге келіп, 20 ғ-дың басында бұл дүниеден кетіп қалған жоқ. Абай заттың адамы емес, рухтың адамы. Абайдың адамгершілік туралы этик. ойлары, пікірлері өз халқының ұрпақтарына әрқашан қуат бере бермек.

Б. Ғабдуллин.

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЛЕКСИКА. Абай ортасының әлеум.-экономик. кескін-келбеті, ол өмір сүрген сол тұстас дәуірдің киім үлгісі, салт-сәні, даламыздың даналығы мен заң-дәстүрі, ақынның «соқтықпалы соқпақсыз» өмір жолы оның кейінгі ұрпаққа, келешекке мирас еткен өнегелі өлең үлгілерінен, қарасөздерінен, әсіресе, шығармаларының Э. л-сынан анық, айқын көрінеді. Ақын туындыларының Э. л-сын халқымыздың 19 ғ-дың 2-жартысындағы заттай-рухани мәдениетінің, көшпелі тұрмыстың кейіп-кескінінің көркем көрінісі десе болады. Ол елінің елу жыл бойындағы тірлігінің сырын көрсету арқылы танымдық та, тағылымдық та мәні ерекше этногр.-мәдени көрінісін кең көлемде алғаш рет хатқа түсірді. Оны іштей саралап, ірі-ірі үш салаға бөлуге болады:

заттай мәдениет атаулары, рухани мәдениет атаулары және халықтық метрологиямен сабақтас ұғым атаулары. Абай шығармаларындағы осы үш сала Э. л. тұрмыстық түрлі сөз қолданыстардың қай-қайсысы да елдің ежелгі тарихымен, әр алуан көне дәстүрлерімен тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда заттай мәдениет лексикасының өзі іштей бірнеше тақырыпқа жүйеленіп кетеді. Киім-кешек атаулары: **шидем**, **кемер**, **оқалы тон**, **кәмшат бөрік**, **күләпара**, **күлдәрі**, **жырым балақ жарғақ шалбар**, **шекпен**, **мықшима былғары етік**, **киіз байпақ** т. б. ; әсемдік және мата бұйымдарына қатысты атаулар: **бергек**, **кісе**, **шақпақ**, **дәндәку**, **қақтаған күміс**, **сүрме**, **шолпы**, **жыға**, **қамқа**, **масаты**, **меруерт**, **торғын**, **торқа**, **бөз**, **саң**; қару-жарақ атаулары: **шоқпар**, **сауыт**, **дулыға**, **қанжар**, **тоқпақ**, **сойыл**, **иген жақ** т. б.; баспана және үй мүлкі атаулары: **ықтырма**, **қос**, **сабау**, **шарайна**, **таспа**, **шуда жіп**, **жабағы**, **жарғақ жастық**, **бақыр**, **шонтай**, **шөншік**, **и**, **малма**, **пыстан**, **мыс қазан** т. б.; ер-тұрман, ат әбзелдері: **кісен**, **ноқта**, **қалмақы үзеңгі**, **биік қасты ер**, **жіп шідер**, **сабау қамшы**, **қанжыға**; қолөнер кәсібіне, аңшылық пен ұсталыққа қатысты этногр. атаулар: **көрік**, **дүкен**, **томаға**, **тұзақ**, **кесте**, **кестеші**, **ою**, **өрнек салу**, **біз**, **темір шетік**. Заттай мәдениетке байланысты келтірілген осы атаулардың дені өздерінің тікелей ұғымының сыртында тарихи лексологиямен байланысты аса маңызды деректік те қызмет атқарады.

Абай шығармаларының Э. л-сының еңдігі бір үлкен көрінісі рухани мәдениет атауларынан тұрады. Бұларды да іштей бірнеше түрге бөлуге болады. Қазақ халқының бұрынғы экономик.-әлеум. өмірімен, ел басқару жүйесімен байланысты қалыптасқан атауларға: **ақшомшы**, **кірелеу**, **қойма қою**, **мәліш сауда**, **башалшік**, **қазы**, **уәзір**, **барымта**, **шар салу**, **атшабар**, **дүре**, **ылау**, **елубасы**, **жүгіну**, **жатақ**, **ояз**, **сұлтан**, **старшын**, **күң**, **құл**, **малай** т. б. жатқызуға болады; салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа қатысты лексик. топтар: **қалың беру**, **үкі тағу**, **тұмар тағу**, **шілдехана**, **жыртыс салу**, **қыз таныстыру**, **көрімдік**, **жар-жар**, **беташар**, **қынаменде**, **алты жақсы**, **сыбаға**, **наурыздама қылу**; түрлі ырым-жырымға, діни сенім-нанымға, аңыз-ертегілерге қатысты этногр. сөз қолданыстар: **айдаһар**, **дию**, **жалмауыз**, **самұрық**, **пір**, **періште**, **шаман**, **диуана**, **зекет**, **шыраққа табыну**, **отқа табыну**, **шырақ жағу**, **ораза тұту**, **тасбиқ**, **тұмар**, **дұға**, **қыдыр** т. б.; халықтық метрологиямен байланысты мөлшер атаулары: **түстік**, **күндік**, **кештік**, **жаңа мүшел**, **аршөпке**, **ділдә**, **уыс** т. б. Абай тілінің Э. л-сынан мұндай тарихтық, танымдық мәні мол атаулар көптеп кездеседі. *Е. Жанпейісов.*



ЮНІС ХАН, Жүніс хан (1415 не 1417–37) – Шағатай нәсілінен шыққан моғол ханы. Інісі Есенбұға өлген соң Моғолстанды биледі. Кейін Сайрамды, Ташкентті өзіне қаратты. Бірақ, оның Мауараннахр қалаларын бағындырмақ болған ойы жүзеге асқан жоқ. Абай «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген тарихи еңбегінде: «Әмір-Темір нәсілінен Құмар Шаих баласы, белгілі Бабыр патшаның шешесіменен бір туысқан екі бауыры болған. Үлкені Ташкентте хан болып, кішісі қазақты билеген», – деп, қазақ жерінде билік құрған Алаша хан атанған *Сұлтан Ахмет хан* туралы дерек бере кетеді.



ЯВОРСКИ Казимеж Анджей (1897–1973) – поляк ақыны, аудармашы. Варшава ун-тін бітірген. 1924 ж. «Червонэй и бялэй коханце» («Қызыл және ақ көңілдеске») атты өлеңдер жинағы шықты. Ол 1974 ж. Абай туралы бірнеше мақала жариялап, ақынның «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей» атты өлеңін («Камэра», 1961) поляк тіліне аударған. *Р. Краевский.*

ЯМШИД, Ж ә м ш и д – ертегілерде есімі аталатын, парсы елінің патшасы. Әбілқасым Фирдаусидің атақты «Шаһнамасында» Рүстем батырдың арғы атасы ретінде баяндалады. Қазан төңкерісіне дейін «Жәмшид патша» деген қисса да қазақтар арасында көпшілік ынтыға тыңдайтын шығарма болған. Негізінде мұндай адамның тарихта болуы да мүмкін. Абай Ахмет-Риза медресесінде оқып жүрген кезінде шағатай әдебиетінің ықпалымен жазған «Иузи – рәушан, көзі – ғәуһар...» деп басталатын өлеңінде ғашық жүрегінің тоят таппай кемтарлық көріп жүргенін жеткізу үшін, тіпті, бар дүние-мүлкін салса да, сені сонау «Сүлейман, Ямшид, Ескандәр» да ала алмас деп, Я-тің есімін атайды. Ақын аңыз-ертегілерге сәйкес бұл адамдардың ешнәрседен беті қайтпаған, қуатты тұлғалар екенін ескерткен. Махаббат алдында бұлар да дәрменсіз деген ой тастайды.

ЯНУШКЕВИЧ Адольф, А д о л ь ф - М и х а л-В а л е р и я н-Ю л и а н (1803–57) – поляк халқының белгілі революционері. Омбыдағы Сібір қазақтары Басқармасы канцеляриясында қызмет істеген. Абайдың әкесі Құнанбаймен достық қатынаста болды. Туысқандары мен жақындарына жазған хаттарында Құнанбайды көрнекті саяси және қоғам қайраткері, халық мүддесін ойлаған күрескер ретінде сипаттайды, Абайдың туған ұя, өскен ортасы туралы құнды деректер береді. Я-тің туыстары мен достарына жазған хаттарындағы ізгі ниетті және шынайы тұжырымдары поляк ақыны Г Зелинскийдің

қазақтар туралы романтикалық стильде жазған «Қазақ» және «Дала» атты поэмаларының тууына себеп болды. Оның күнделіктері мен хаттарын інісі жинастырып, 1857 ж. Парижден, 1861 ж. Берлиннен бастырып шығарған. Бұл еңбектерді Ф. И. Стекова орыс, ал М. Ш. Сәрсекеев қазақ тіліне аударды. *Р. Краевский.*

ЯРОВАЯ Наталья Григорьевна (1930 ж.т.) – кескіндемеші, график. Пейзаж жанрында жұмыс істейді. Ол «Абай көшесі» (1953, қағаз, қарындаш) және «Абай ескерткіші» (1980, қағаз, пастель, екеуі де суретшінің жеке қоры) атты суреттердің авторы. Суреттер сәнділігімен, өмірдегі шынайы бейнені шамадан тыс үлкейтіп көрсету мәнерімен ерекшеленеді.

АБАЙДЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОЛЫНА АРНАЛҒАН НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТТЕР

Абай жазған кейбір өлеңдер қай кезде, не себепті айтылғаны туралы түсінік. Абай Құнанбайұлы. Шығ.: Өлеңдер мен поэмалары. -А. , 1939, 271–275-б.; **Абай шығармаларының академиялық жинағында басылған сөздерге берілген түсініктер.** Абай Құнанбаев. Шығ. толық жинағы. -А., 1945, 109–466-б.; **Абай** (библиографиялық көрсеткіш). -А. , 1946; **Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы ақыны.** Бухарест, 1954; **Абай Құнанбаев** (библиографиялық көрсеткіш). - А. , 1965; **Абай тілінің сөздігі.** – А. , 1968; **Абай тағылымы.** -А. 1986; **Абайтану** (Библиографиялық көрсеткіш). -А., 1988; **Абайдың адамгершілік мұраттары.** -А. , 1993; **Абайдың ақын шәкірттері.** - А., 1993; **Абайды оқы, таңырқа.** -А., 1993.

Адильгиреев Х. М. **Абай Кунанбаев как демократический мыслитель.** Ученые записки КазПИ. 1955, т.9. С. 146–161.

Ахметов З. **Пушкин и Абай.** Вестник Ленинградского университета. 1949, № 6. С. 60–70; Сонықі. **Лермонтов и Абай.** -А. , 1954; Сонықі. **Стихотворное новаторство Абая**. Ученые записки Казахского Государственного женского педагогического института. 1964, вып. 4. С. 173–208.

Әуезов М. **Абайдың туысы мен өмірі.** Абай Құнанбайұлы. Толық жинақ. Қызылорда, 1933, 329–340-б.; Сонықі. **Абайдың ата тегі туралы.** Абай Құнанбайұлы. Толық жинақ. – А. 1940, т.2, 301–317-б.; Сонықі. **Абайдың өмірбаяны.** Абай Құнанбайұлы. Толық жинақ. -А. , 1940, т.2, 5–63-б.; Сонықі. **Абайдың өмірбаяны.** Абай Құнанбаев. Толық жинақ. Аудармалары мен қарасөздері. 1957, т.2, 5–16-б.; Сонықі. **Абайдың өмірбаяны.** Әр жылдар ойлары. 1959, 32–71-б.; Сонықі. **Орыс классиктері мен Абай.** Әр жылдар ойлары. -А. 1919, 101–203-б.; Сонықі. **Абайдың аудармалары.** Әр жылдар ойлары.-А. , 1959, 153–188-б. ; Сонықі. **Абай Құнанбаев** (мақалалар мен зерттеулер). -А., 1967; Сонықі. **Абайтанудан жарияланбаған материалдар.** -А. , 1988.

Әлімқұлов Т. **Жұмбақ жан.** -А. , 1972.

Бейсембиев К. **Мировоззрение Абая Кунанбаева.** -А. , 1956.

Бейсенбаев М. **Абай және оның заманы.** - А., 1988.

Бельгер Г. **Гете, Лермонтов, Абай.** -А. , 1982; Сонықі. **Гете и Абай.** -А. , 1989.

Бөжеев М. **Абайдың ақындық айналасы.** -А. , 1971.

Габдуллин Б. **Эстетические воззрения Абая.** -А. , 1970.

Дүйсенбаев Ы. **Алғысөз.** Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығ. екі томдық толық жинағы. т. 1–2. А. , 1977, 5–23-б.

Жарықбаев Қ. **Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы ағартушысы.** -А. , 1970. **Жизнь и творчество Абая Кунанбаева.** -А. , 1954.

Жиреншин А. **Абай и его русские друзья.** -А., 1949; Сонықі. **Абай Кунанбаев.** – А. , 1950; Сонықі. **Абай және орыстың революцияшыл демократтары.** -А. , 1959.

Жұбанұлы Қ. **Абай қазақ әдебиетінің классигі.** Әдебиет майданы. 1934, № 11–12, 29–44-б.

Жұмалиев Қ. **Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі.** -А. , 1948; Сонықі. **Қазақ әдебиетінің мәселелері және Абай поэзиясының тілі.** -А. , 1960.

Калмырзаев А. **Эстетическое в творчестве Абая.** -А. , 1979.

Камбарова Г. М. **Стихи Абая в переводе на русский язык.** -А. , 1964.

Кенжебаев Б. **Абай қазақ халқының реалистік әдебиетінің негізін салушы.** -А. , 1954.

КүлеевБ. **Сөз басы.** Абай Құнанбайұлы. Өлеңдер жинағы. Қазан, 1922.

Қабай. **Абай және Абай шығармашылығы.** Пекин, 1987.

Қабдиев Д. **Қазақ ағартушы-демократтарының әлеуметтік-экономикалық көзқарастары.** -А. , 1966.

Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиясының зерттелуі. -А. , 1983.

Қожакеев Т. **Абай және Сұлтанмахмұт.** -А. 1969; Сонықі. **Абай – сатирик.** -А. , 1970.

Мұқаметханов Қ. **Абайдың туған жері және өскен ортасы.** -А., 1971; Сонықі. **Абай шығармаларының текстологиясы жайында.** А., 1959.

Мұқанов С. **Жарқын жұлдыздар.** -А. 1964.

Мұстамбайұлы М. **Абай.** «Жаңа әдебиет», 1928, № 7–8.

Мырзахметов М. **Мұхтар Әуезов және абайтану проблемасы.** -А. , 1982; Сонықі. **Абай жүрген ізбенен.** -А. , 1985.

Нұрқатов А. **Абайдың ақындық дәстүрі.** -А. , 1968.

Нұрышев С. **Абайдың аударма жөніндегі тәжірибесінен.** -А. , 1954.

Өмірәлиев Қ. **Абайдың нақыл сөздері.** -А. , 1958; Сонықі. **Қазақ поэзиясының жанры мен стилі.** -А. , 1983, 88–172-б.

Сатпаева Ш. **Казахская литература и Восток.** -А. , 1982.

Сильченко М. С. **Абай.** -А. , 1943; Сонықі. **Абай – классик казахской литературы.** – А., 1949; Сонықі. **Творческая биография Абая.** - А., 1957; Сонықі. **Философские мотивы в творчестве Абая 90-х годов.** Ученые записки КазПИ. Серия педагогических и философских наук. 1958, т. 13. С. 238–259.

Сүйіншәлиев Х. **Абай қазақ халқының ұлы ақыны және ағартушысы.** -А. , 1954; Сонықі. **Абайдың қарасөздері.** -А. , 1956; Сонықі. **Проза Абая.** -А. , 1957.

Сыздықова Р. **Абай шығармаларының тілі.** -А. 1968; Сонықі. **Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы.** -А., 1970; Сонықі. **Основные морфологические особенности стихи Абая.** –А., 1954; Сонықі. **Абайдың сөз өрнегі. – А., 1995.**

Тажибаев Т. **Абай Кунанбаев и воспитание молодежи.** -А. , 1954; Сонықі. **Философские, психологические и педагогические взгляды Абая Кунанбаева.** -А. , 1957.

Тәжібаев Ә. **Поэзия және өмір.** -А. , 1960, 16–40-б.

Тоғжанов Ғ **Абай.** Қазан, 1935.

Шаймерденова К. **Абай Құнанбаевтың педагогикалық көзқарастары.** -А. , 1960.

Ысқақұлы К. **Ибраһим Құнанбайұлының өмірі.** Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі. – СПб., 1909, 104–112-б.

ҚОСЫМШАЛАР

АБАЙ ПАЙДАЛАНҒАН БАСҚА ТІЛДЕР СӨЗДІГІ

Белгілі бір кезеңдегі мәдени-экономик. және саяси-әкімшілік қарым-қатынастар нәтижесінде өзара көршілес елдердің тілдері ауыс-күйіске түсіп, жаңа сөздермен, атаулармен толығып, жаңғырып отыруы заңды құбылыс. Жас шағынан араб, парсы, көне шағатай тілдеріндегі әдеби шығармаларды көп оқып, орыс тілін арнайы үйренген ақын өз туындыларында осы білімінде орынды пайдалана білген. Бірақ «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, Ол ақынның білімсіз бишарасы...» деп, тіл шұбарлауға тыйым салған Абай солшет тілдер сөздерін мейлінше саралап, аса қажет болған жағдайда ғана пайдаланған. Ақын шет тілдерді сөзінің әрін, ойының нәрін ұштай түсетін сәттерде, айтпақ ойының мағынасын анығырақ, нақтырақ жеткізу үшін ғана қолданады. Ал көптеген жеке атаулар (сияз, губернатор, закон т. б.) уақыт тынысын аңғартады. Сол сияқты ғақлия сөздеріндегі араб, парсы тілдеріндегі жеке сөздер мен құран аяттарынан алынған тұтас тіркестер ақынның бұл тілдерді жетік білгендігінғана емес, солардың мағынасын неғұрлым дәл, ұғымды етіп жеткізуге ұмтылғанын танытады. Абай шығармаларында шамамен осындай 578 сөз бен сөз тіркестері кездеседі. Олардың 402-сі араб, 50-і парсы, бесеуі латын, 25-і татар, ноғай, 62-сі орыс, 27-сі шағатай, төртеуі түрік тілінен алынған, бір-бірден грек, поляк, қытай сөздерін қолданған. Сөйтіп ақын өз шығармаларында қазақ тілінен басқа 11ұлттың тілдік қорын пайдаланған. Бұлжерде кейбір латын, грек, поляк сөздерін орыс тілі арқылы игергенін ескерте кеткен жөн. Ал қытай тілінен алған «брут», араб тілінен енгізген «Хибаи», «хұзағи» деген сөздер ақынның өз зерттеулерінің нәтижесі екені даусыз.

Абай пайдаланған басқа тілдерден енген сөздер осы уақытқа дейін бас-аяғы жиналмай, шығармаларының басылымдарында әр түрлі, кейде теріс түсіндіріліп келді. Біз сол сөздерді мейлінше толық жинақтап, нақты қай тілден алынғанын анықтап, мағынасын дәлірек көрсетуге тырыстық. Сөздікке ақынның басқа тілдегі тұлғада қолданған сөздері ғана (мыс.: адвокат, әйләйін, ғадаләт, жәһил, кәмтар т. б.) енгізілді. Ал қазақ тіліне әбден сіңісіп, мағнасы айқындалған атаулар алынған жоқ. Таза шет тілде айтылатын тұтас тіркестердегі сөздерді бөлмей сол күйінде алдық (мыс.: «сила притягательная однородного», «тәхсия-ғұлым», «Уәләзинә Амәну уәғәмилуссалихати уламкаас – хабул – жәннәти һәм фиһа халидун»). Бұл ойшыл ақын шығармаларын, әсіресе Он екінші, Он үшінші, Отыз екінші, Отыз сегізінші сөздерін оқып-ұғынуға көп септігін тигізері сөзсіз. Сөздікке Абай шығармаларының басылымдарында әр түрлі болып жазылып жүрген әгәр-әгәрше, уадуд-уадуд, затия-зәтия, ниғмәт-нығмет, сияз-сыяз сияқты тұлғалардың біреуі ғана енгізілді.

АБЫЗ (араб.) – *оқымысты, ғұлама.* Ол кезде шала-пұла хат таныған кісісі болса, оны «абыз» дейді екен.

АҒЗА (араб.) – *мүше, ішкі мүше.* «Көзге көрінбейтін ағзаларымды да пак етемін».

АҒЛАМ (араб.) – *белгілі, мәлім, анық.* «Жә, ол сегіз сипатына сипатымызды һәм ол аттары бірлән ағламланған фиғыл құдаға фиғылымызды ертпек не бірлән табылады...»

АДВОКАТ (лат.) – *қорғаушы.* «Я тілмәш, я адвокат Болсам деген бәрінде ой».

АЙБАТТАУ (араб.) – *сыртынан жамандау, даттау.* «Ақылы бар кісіні, Айбаттайды, даттайды».

АЙЫРМАҚЛЫҚ (шағ.) – *тану, білу, ажырату.* «...өз адамдығын бұзбай ғана жәліб мәнфағат дәфғы мұзарратларны айырмақлық секілді ғылым-білімді үйренсе, білер деп үміт қылмаққа болады».

АЛҚАУ (араб.) – *қоштамақ, жарылқамақ.* «Анттасып алқайды, Сені тентек демеске».

АЛЛА (араб.) – *тәңірі, құдай, жаратушы.* «Көкке бақтым «алла» деп, Тамаша етіп құдіретін».

АЛМАДИ (татар.) – *алмау, ескермеу.* «Бәлки хисапқа алмадилар».

АМЕНТУ (араб.) – *иманкелтіремін, сенемін құдайға.* «Амантү оқымаған кісі бар ма?»

АПАТ (араб.) – *бәле, мұң-зар, қайғы-қасірет, қаза*; ақын бұл жерде дертім, сырқатым деген мағнада қолданған. «Мен – Меһріңнен қалмас ед бар апатым».

АРЗУ (парс.) – тілек, мақсат, арман. «...Һәуа Һәуастан әрбір арзум нәпсіден суынып...»

АРШӨПКЕ – *өлшем* мағынасында. «Бір әршөпке шапаны сондай шап-шақ. Мүшесінен буынан, басады алшақ».

АСЫ (араб.) – *күнәкәр.* «Аллаға асы, бейіске қашқын болып, Онан соңғы бұл емес менің жолым».

АСЫҚ (араб.) – *сүю, ғашық болу.* «Сорлы асық сарғайса да, сағынса да, Жар тайып, жақсы сөзден жаңылса да».

АХИРЕТ (араб.) – *о дүние.* «Орысқа қарамай тұрғанда қазақтың өлгенінің «ахиреттігін», тірісінің киімін солжеткізіп тұрды».

Аһ (араб.) – ақын *амал жоқ, қайран* деген мағнада қолданған.

АЯТ (араб.) – *құранның өлеңі (сөзі),* «Аят, хадис емес қой, Күпір болдық демес қой».

ӘБИАТ (араб.) – *өлең, бәйіт.* «Ти – тілімнән шығарып түрлі әбиат».

ӘГӘР (шағ.) – *егер.* «...Әгәрше фатлубни тәжудини делінсе де...»

ӘДӘБИ (араб.) – *мәңгі.* «...Һәм әзәли Һәм әдәби болады да, Һәмимә барлыққа келтіруден босанбаса, бір сипаты бір сипатынан үлкен я кіші болуға жарамайды».

«ӘДДУНИЯ МӘГРӘГӘТҮЛ – АХИРЕТ (араб.) – *«Дүние – ахиреттің егіні».*

ӘДДІ (араб.) – *шек, шама, әл, шекара.* «Әддің білмес шіркінді, Құдай әбден қарғады».

ӘЗ, ғазиз (араб.) – *қадірлі, сыйлы.* «Әз тұтуға, Сыйласуға, Қалмады жан бір татыр».

ӘЗЕЛДЕ (араб.) – *о баста, алғашқыда, әуелде.* «Әзелде құдай тағала хайуанның жанынан адамның жанын ірі жаратқан».

ӘЗІРЕТ (араб.) – *қазірет, мырза.* «Сөз айттым» әзірет әлі, айдаһарсыз».

ӘЙЛӘЙІН (татар.) – *қылайын, қайтейін.* «Сат – сабырым қалмады мен не әйләйін».

«ӘЛ-ИНСАН ҒӘДДҮ ЛӘМА ЖӘҺИЯ (араб.) – *«Адамның көңілі жаманшылыққа ауып тұрады».*

ӘЛИФ (араб.) – *әліп, а*; араб алфавитінің бірінші әріпі. «Әлиф дек ай йузіңе ғибрат еттім».

ӘМ, һ ә м (араб.) – *әрі, және, де.* «Әм жабықтым, әм жалықтым, Сүйеу болар қай жігіт».

«ӘМӘНТУ БИЛЛАҺИ КӘМАҺУӘ БИ ӘСМАЙЫН УАСИФАТИҺИ» (араб.) – *«Құдайға, оның есімдері мен сипаттарына иман келтіремін».*

ӘР РАХМАН (араб.) – *рақымды, мейірімді.* «Әр рахман ол атын Үйреткен жүмлеге».

ӘСМА-И ХҮСНА (араб.) – *көркем, жақсы істер.* «...Тоқсан тоғыз Әсман-и хұсыналар бірләп білдірген».

«ӘТӘМУРУН ӘННӘСӘ БИЛБИРРИ УӘӘХСӘНУ ИННАЛЛАҺУ ИҮХИББҮЛ – МҮХСИННІҢ (араб.) – *«Адамдарға жақсы іс істе деп бұйырыңыз және жақсылық етіңіз, өйткені алла жақсылыққа тартушыларды сүйеді».*

ӘУЕЗ (парс.) – *дауыс, үн, дыбыс.* «Күлкіңіз бойды алар, Бұлбұлдай шықса әуез».

ӘУРІЛУ (араб.) – *ұшырады, түсті.* «Не халатқа әурілді, Қайда қандай екені».

ӘХМӘР (араб.) – *жаһүт, қызыл түсті асыл тас*; ақын *қызыл* деген мағнада қолданған. «Лағылдек бет үші әхмәр, Тамағы қардан әм битар».

ӘҺЛИ (араб.) – *кітаби, қауымдық, қоғамдық*; құдайдан келіпті деген кітаптармен ғамал (іс) ететін адамдар. «Әһли кітап бұл сөзді бекер демес».

ӘҺІЛ ТАРИҚАТ (араб.) – *қауым, қоғам*; сопылық жолындағы адамдар. «Онан асып өзін өзі әһіл тариқат біліп және біреуді жеткізбек дағудасын қылады».

БАҒЛАУ – *ишарат.* «Онан соң қиямда тұрып қол бағламақ».

БАДАЛЫҚ (парс.) – *мақтаншылық.* «Қызды ауылға қырындап үйір болса, Көңліне зор қуаныш, бір бадалық».

БАЖ (парс.) – алым-салық түрі; ақын *«тояттау»* деген мағнада қолданған. «Сіз бір сұңқар шаһбаз. Жер жүзінен алған баж».

БАЗ МАХФИ ОЛМАЯ (араб.) – *айтылмай жасырын қалмасын.* «Баз махфи олмая ол, мен айтқан үш қуаттың ішінде екеуі».

БАКАЛШІК (орыс.) – *ұсақ сәудегер.* «...Қашқын ноғай, «бакалшік» ноғай деп».

БАҚИ (араб.) – *мәңгі, ұзақ.* «Бақи қимас фәнидің мінін көрмей».

БАЛА'Й (араб.) – *ұлы, жоғары.* «Би – Бала'й (дәртіңа нисбәт еттім)».

БАРАБАН (орыс.) – муз. аспап; *дабыл, қоңырау.* «Бір барабан тұр екен, қағып еді...»

БАСАР (араб.) – *көру, көруші.* «Оның үшін аллатағаланың сипаттары: хаят Ғылым, Құдірет, Басар...»

БАТИН (араб.) – *іш, ішкі сарай.* «Сіздің заһириңыздағы ғибадат-батиныңыздығы иманның көлеңкесі».

БАТЫЛ (араб.) – *қиянат, теріс.* «Бұлай деу батыл; бір ғана құдірет пендеде болған қуат».

БАХАС (араб.) – *талас, егес, бақастық.* «Бахасқа бола үйренбе».

БӘЙІТ (араб.) – *өлең, жыр.* «Гомерге бәйітшілігі себепті...»

БӘЙІТСЫМАЛ (араб.) – *өлең, жыр.* «Қосарлы бәйітсымал келді арасы».

БӘЛКИ (шағ.) – *мүмкін.* «Бәлки ғадаләт барша езгуліктің анасы дүр».

БӘҢГІ (парс.) – *елірме, меңіреу, ақылсыз, есуас.* «Бес-алты мисыз бәңгі күлсе мәз боп, Қиналмай, қызылтілім, кел тілді ал, қой».

БӘҺРА (парс.) – *пайда, әсер, ләззат алу.* «Білгенге маржан, Білмеске арзан, Надандар бәһра ала алмас».

БЕГІРЕК (татар.) – *өте, тым.* «Бегірек есепсіз қинауы да бар, бегірек есепсіз жетістіруі де бар деп біріне сеңдік, – дейді».

БЕЙІС (парс.) – *ұжмақ, жаннат.* «Аллаға асы, бейіске қашқын болып...»

БЕК (татар.) – *өте, тіпті, әбден.* «...Бұл халыққа бек пайдалы болар еді».

БИ (араб.) – *би, б*; араб алфавитінің екінші әріпі. «Би – Бала'й дәртіңа нисбәт еттім».

БИЖАЙ (парс.) – *жайсыз, қолайсыз.* «Аллаяр софының бір фәрдәдән жүз фәрдә бижай дегені басыңа келеді».

БИКҮНӘ (араб.) – *күнәсіз, пәк, айыпсыз.* «Бикүнә зорлықпенен шыққан жаным».

БИНА (араб.) – *негіз, тірлік.* «Сіздердің ісіңіз де бір жақсылықты бина қылып, арқа сүйерлік шеберлікпенен болсын».

БИНАӘН (араб.) – *негіз, сүйенген, негізделген.* «Ол – рахмет сипаты, сегіз сипаттың ішінде жазылмаса да алла тағаланың рахман, рахим... деген есімдеріне бинаәны бір ұлығы сипатынан есептеуге жарайды».

БИХАБАР (парс.) – *хабарсыз, дерексіз, мағлұматсыз.* «Бихабар жүргенсіп, Бек қатты сынайсың».

БИҢТАР (парс.) – *бетер, артық.* «Тамағы қардан әм биңтар».

БОДАН, п о д д а н н ы й (орыс) – *бағынышты.*

БӨТЕЛКЕ, б у т ы л к а (орыс.) – *шөлмек.* «Подноска бөтелкемен арақ толды».

БРУТ (қыт.) – *халық атауы, қырғыз.* «Сол қырғызды қытайлар «брут» деп атайды».

БУ (шағ.) – *бұл, осы.* «Хожа Хафиз бу һәммәси, Мәдет бер я шағири фәрияд».

БІЛӘН (ноғай.) – *«мен»* жұрнағы. «Сәнің шоқшы аяғың білән...»

БІЛМЕЙДҮР (шағ.) – *білмейді.* «Ақыл мен хауас барлығын Білмейдүр жүрек, сезедүр».

БІРӘДАР (парс.) – *дін жолын қуған адам, сопы.* «Басына

шалма орап, бірәдар атын көтеріп, оразашыл, намазшыл болып жүргені көңілге қалың бермей тұрып, жыртысын салғанға ұқсайды».
БІРЛӘН (татар.) – *бірдей, қатар.* «...Кімде-кім иманның неше нәрсе бірлән кәмәлат табатұғынын білмей.., жыртысын салғанға ұқсайды».

ВИЗИТ (орыс.) – *келуі, қарауы.* «Визитке төлемей, Шырағым бос қалма».
ВИНОВАТ (орыс.) – *айыпты, кінәлі.* «Адам баласын заман өсіреді, кім де кім жаман болса, замандасының бәрі виноват».
ВОЕННЫЙ (орыс.) – *әскери.* «Военный қызымет іздеме, Оқалы киім киюге».
«ВПЕЧАТЛИТЕЛЬНОСТЬ СЕРДЦА» (орыс.) – *жүректің әсерленгіштігі.* «Үшіншісі, орысша «впечатлительность сердца» дейді».

ГӘУҺӘР (парс.) – *гәуһар, асыл тас.* «Иузи – рәушән, көзі – гәуһәр, Лағилдек бет үші әхмәр».
ГӨЛАЙТТАП (орыс.) – *қыдыру, босқа уақыт өткізу.* «Көгалды қуып гөлайттап, Қызықпен жүріп жазды алған».
ГУБЕРНАТОР (орыс.) – *губерния бастығы.* «...Губернатордың назначениесімен болады десе, бұл халыққа бек пайдалы болар еді».
ГУЗӘЛ (түрік.) – *сұлу, гөзел, көркем, әдемі.* «Өзәң гузәлләра раһбар».
ГҮБІРНЕ (орыс.) – *губерния, әкімшілік бөлік.* «Әсіресе, Енисейскі гүбірнеде Минусинскі уезде «ясашынай татар» атында бір халық бар».

ҒАДАУАТ (араб.) – *дұшпандық, қастық, жаулық.* «Махаббат, ғадауатпен майдандасқан, Қайран менің жүрегім мұз болмай ма?»
ҒАДӘЛӘТ (араб.) – *әділдік, әділет.* «Ғадәләт пен Мархамат – көп азығы».
ҒАЖАЙЫПЛАНУ (араб.) – *құрметтелу, артық саналу, таңырқау.* «Олай болса, кім, артықша ғажайыплануға лайықты...»
ҒАЖАМ (араб.) – *арабтардан басқа жұрт.* «Сол қызылбас, дүниедегі бір ескі патшаларының сарқыты – кәсірәй ғажам жұрты сол».
ҒАЖИЗ (араб.) – *әлсіз, әлсіздік, дәрменсіздік.* «Алланың қадырлілігіне өзінің ғажиздығына ықрарының беріктігін көрсеткен ишараты».
ҒАЗИЗ (араб.) – *күшті, бағалы, сүйкімді, қасиетті.* «Бізге керегі бар болса да, жеркенерлік жері бар тесіктерді бұл бастағы ғазиз білімді жеріміздің алыс апарып тесіпті».
ҒАЙРИ (араб.) – *күмән келтіру.* «Бір алланы танымақтан ғайри... болып, тахлиқлай алмағандар».
ҒАЙЫН (араб.) – *ғ; араб алфавитінің он тоғызыншы әріпі.* «Ғайын – Фариблік басыма түскеннен соң».
ҒАЙІН (араб.) – *ғ; араб алфавитінің он сегізінші әріпі.* «Ғайін-Ғақлымды басымнан тартып алды».
ҒАЙЫП (араб.) – *айып, қате, мін, кінә.* «Ол сөзің құдайтағаланың ғайыбы, міні жоқ емес, толып жатыр, бірақ айтуға бата алмаймыз дегенің емес пе?»
ҒАЙЫПСЫЗ (араб.) – *айыпсыз, күнәсіз, пәк, таза.* «Иман деген алла табарака уатағаланың шәриксіз, ғайыпсыз, бірлігіне... мойын сұнып, инанмақ».
ҒАҚЛИЯ (араб.) – *ақылмен, оймен.* «Ғақлия дәлелім – құдайтағала бұл ғаламды ақыл жетпейтін келісіммен жаратқан».
ҒАҚЫЛ (араб.) – *ақыл, ес, даналық.* «Белгілі жәуанмәртлік үш ғаслат бірлән болар деген сиддық, кәрәм, ғақыл...»
ҒАЛАМ (араб.) – *әлем, жер жүзі, дүние.* «Он сегіз мың бұл ғаламның, Бар тынысы күнде тұр».
ҒАМАЛУС-САЛИХ (араб.) – *ізгі іс.* «...Құранның іші толған ғамалуссалих не екенін білмейміз».

ҚОСЫМШАЛАР 633

ҒАНИБАТ, в а н и м а т (араб.) – *олжа, табыс, қызық, дәурен.* «...Ақымақтық, қайғысыздық та бір ғанимат екен деп ойлаймын». «Жақсы ат пен тату жолдас – бір ғанибет, Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға».
ҒАРАП (араб.) – *арабтар, көшпелі арабтар.* «Біздің қазақтың ықыласы атасын ғараптан шықты... дегенді ұнатқандай».
ҒАРАФ (араб.) – білу, тану. «Хаким, ғалым асылда бір сөз, бірақ ғарафта басқалар дүр».
ҒАРИПЛІК, Ғ а р і п (татар.) – *ғаріп, ғаріптік, кіріптарлық.* «Ғайын – ғариплік басына түскеннен соң».
ҒАРЫҚ (шағ.) – *суға кету, күнәға бату.* «Күнә дариясына ғарық болдым...»
ҒАУАМ (араб.) – *көпшілік, қауым.* «Бәрінің хикметі бар, бәрінің себебі бар, біздің ғауам былай тұрсын, ғылымға махаббаты барларға себеп».
ҒАФИЛ, Ғ а п і л, ғ а п ы л (араб.) – *жайбарақат, аңқау, қапы қалу, қателік, опық жеу.* «Ғапыл боп көп нәрседен бос қаласың». «Әрбір мас кісіден қарип көп өтетұғынын...»
ҒАФЛӘТ (араб.) – *қапы қалу, аңдаусыздық.* «Ол ғылым құдіретте ешбір ниһаятсіз ғылымында ғафләт құдіретінде епсіздік және нашарлық жоқ».
ҒАФУ (араб.) – *кешу, кешіру.* «...Құдай тағаланың ғафуына яки пайғамбарымыздың шафиғатына да симайды, мүмкін де емес».
ҒАФУР (араб.) – *кешіруші, алланың бір есімі.* «Осының бәрі құдайтағаланың ғайыпсыз, мінсіз ғафур рахимдығына, әділдігіне лайық келе ме?»
ҒАШӘРӘН – МҮБӘШӘРД (араб.) – *он, ондық.* Мұхаммет пайғамбардың тірі күнінде сендер ұжмаққа деп сүйеніш берілген он сахаба. «Бірақ әулиелердің де бәрі бірдей тәркі дүние емес еді, ғашәрән – мүбәшәрәдан қазірет Ғосман, Ғабдурахман бин Ғафур уа Сагид бан Әбудқас үшеуі де үлкен байлар еді».
ҒАШИХ (араб.) – *ғашықтық, сүю, ынтықтық.* «Сәңә ғаших болып кәмтар».
ҒАШЫҚ МАҒШҰҚЛЫҚ (араб.) – *сүюші, сүйгені.* «Ғашық мағшұқлыққа халық бірлән махлұқ ортасы мүнәсибәтсіз аллатағаланың пеңдесін махаббат уа мархамат бірлән жаратқанын біліп...»
ҒИБАДАТ (араб.) – *құлшылық ету.* «Әрбір иманы бар кісіге ғибадат парыз».
ҒИБРАТ (араб.) – *үлгі, өнеге.* «Мұны көріп, алыңыз сіз де ғибрат».
ҒИБРӘТЛІ (араб.) – *үлгілі, өнегелі.* «Жақсылық көрсең ғибрәтлі, Оны ойға жисаңыз».
ҒИЗЗӘТ (араб.) – *қадір, ізет, сый, құрмет.* «Біріңді бірің ғиззәт құрмет етіс, Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып».
ҒИШҚЫҢ (араб.) – *ғашығың.* «Зи – зәһәрдай күйдірді ғишқың қатты».
ҒИШЫҚ (шағ.) – *ғашық.* «Дәл – Дариға ғишық оты бермес аман».
ҒҰЗІР (араб.) – *себеп, кемшілік, мұң, мұқтаж.* «Тіл жете алмас ғұзіріме».
ҒҰЛАМАҺИ (араб.) – *ғалым, көп оқыған адам.* «Ғұламаһи Дауани, Солай депті ол сыншыл».
ҒҰМЫР (араб.) – *өмір.* «Ғұмыр өзі – хақиқат».
ҒҰРУР (араб.) – *менмендік, ірілік.* «Егер хірсланса, өз сөзімшіл ғұрурлық мақтаншақтық, хұсідшілік бойын жеңсе, оңдай кісі бойына қорлық келтіретұғын өтіріктен де, өсектен де, ұрсып-төбелесуден де қашық болмайды».

ДАҒУА (араб.) – *талас, тартыс, лаж, дау, айтыс.* «Біздің оларға міндеткерлігімізге дағуа жоқ».
ДАУА (араб.) – *ем, шипа, дәрі.* «Жаралы болған жүрекке

Дауа бер, жамап сынайын».
ДӘЛ (араб.) – *дәл, д*; араб алфавитінің сегізінші әріпі. «Дәл – Дәриға ғашық оты бермес аман».
ДӘРКҮДӘН, д ә р к ү м ә н (араб.) – *дүдәмал, күдік, шүбә.* «Көңіліңнің дәркүдәнін алшы шешіп».
ДӘРТ (парс.) – *дерт, сырқат, науқас, азап, қасірет, қайғы.* «Би – Бала'й дәртіңа нисбәт еттім».
ДӘРУ (парс.) – *дәрі, еліктіргіш зат, ұйықтататын, естен тандыратын зат.* «Жәдігөй стақанға дәру тықты».
ДӘРІЛХАРАП (араб.) – *қауіпті, бүлінген.* «Оның үшін бұл жер дәрілхарап, мұнда әуелі мал табу керек, онан соң араб, парсы керек».
ДӘФҒЫ МҰЗАРРАТ (араб.) – *зарарлыны көшіру.* «...өз адамдығын бұзбай ғана Жәліб мәнфағат дәфғы мұзарратларын айырмақлық секілді ғылым-білімді үйренсе, білер деп үміт қылмаққа болады».
ДӘҺРІ (араб.) – *дінсіздік, еркін ой.* «Оймен білген нәрсенің бәрі – дәһрі».
ДЕМЕКЛІК (шағ.) – *деу, айту, демектік.* «Болмаса ол «бір» демеклік те «аллатағалаға лайықты келмейді».
ДИУАНА (парс.) – *ақылсыз, есалаң, жыңды.* «Диуана болды бұл көңлім, Басылмай бір құшып, сүйіп».
ДОЗНАНИЕ (орыс.) – *жауапқа шақыру.* «Оған дознание – тергеу шығарады».
ДОКТОР (лат.) – *дәрігер.* «Япырмай, докторлар Жүрмесін жаңылып».
ДҰҒА (араб.) – *құран сүресінің жеке бөліктері, шумақтары.* «Тәубе жоқ, дұға да жоқ тентек бойда».
ДІЛДА, д і л л ә (парс.) – *алтын ақша.* «Үш мың үш жүз ділдаға кетті сатып».

ЕЖДИҺАТСЫЗ (араб.) – *ынтасыз, талапсыз, жігерсіз.* «Еждиһатсыз, михнатсыз, табылмас ғылым саласы».
ЕДИНИЦА (орыс.) – *жалғыз, дара, біреу.* «Единица – жақсысы, Ерген елі бейне нөл».
ЕЗЕДҰР (шағ.) – *езеді, мылжыңдайды.* «Мүтәкәллимин мантикин Бекер босқа езедүр».
«ЕННАТАЙЫНА КӘЛКӘУСАР» (араб.) – *бұзып айтылған аят сөзі.* «Еннатайына кәлкәусар», пошел дереу күнәкар».
ЕСІМ АЛЛАЛАР (араб.) – *алланың аттары.* «Ол есім аллалар Һәмма ол алла тағаланың фиғыл ғазимләрінің аттары, олардың мағынасын біл».

ЖАМАҒАТ, ж а м и ғ а т (араб.) – *халық, жұрт, көпшілік, бір жерге жиылған көп адам.* «Жамағатты итеріп бір жол ашты».
ЖАМАЛЫҢ, Ж а м а л (араб.) – *көрік, әдемілік.* «Жем – Жамалың қандай ақ рузи маған».
ЖӘДІГӨЙ (парс.) – *сұм, көзбояушы, сиқыршы.* «Жәдігөй боп жүрмесін алдамшы шал».
ЖӘЛІБ МӘНФАҒАТ (парс.) – *пайдалыны алу.* «...Өз адамдығын бұзбай ғана жәліб мәнфағат дәфғы мұзарратларны айырмақлық секілді ғылым-білімді үйренсе, білер деп үміт қылмаққа болады».
ЖӘУАНМӘРТЛІК (парс.) – *ізгі, жақсы.* «Белгілі жәуанмәртлік үш хаслат бірлән болар деген...»
ЖӘҺАТ (араб.) – *күш жұмсау, тырысу, талап қылу.* «Мал өлімін тоқтатпақ үшін жасалған үкім бойынша жәһат қылмағандар болыстың приговоры бойынша 3 теңге айыпқа жазаланады».
ЖӘҺИЛ (араб.) – *бұзық, зәлім, бұзақы адам.* «Бұлардың көбі әншейін жаһил түгіл жаһилләр кібік талап болса, қайда қақ сөздер келсе, қазір нысапқа қайтсын һәм ғибраттанасың».
ЖЕМ (араб.) – *ж; араб алфавитінің бесінші әріпі.* «Жем – Жамалың қандай ақ рузи маған».
ЖЕРЕБЕ, ж р е б и й (орыс.) – *зеребе, дауыс беру.* «Яки жеребемен байлап алып, жүгінсе, сонда дау ұзамай бітім болар еді».
ЖИБИЛИ (араб.) – *еріксіз болатын тілек, қалау, туа біткен қасиет.* «Ол екеуі орталарында болған нәрселердің қайсысы жибили, қайсысы кәсиби...»
ЖИҺАН (араб.) – *әлем, жер жүзі.* «Мен бір шал дүниеде жиһан кезген».
ЖҰМЛЕ (араб.) – *бүкіл, барлық, халық, жинақ.* «Әр рахман ол атын, Үйреткен жұмлеге».

ЗАЙ (араб.) – *з; араб алфавитінің он жетінші әріпі.* «Зай – залым көп қылыш боп, жанға оқталды».
ЗАЙЫҚ, з а й ғ (араб.) – *зая, құр, босқа, есіл.* «Зат – зайық өмірім өтті менің бекер».
ЗАКОН (орыс.) – *заң.* «Балам закон білді деп, Қуанар ата-анасы».
ЗАКҮНШІК (орыс.) – *заңшыл.* «Өзі залым закүншік, Танып алды талайды».
ЗАНИМАЙСЯ ПРЯМОТОЙ (орыс.) – *турашыл, батыл бол.* «Я өз бетіңмен тәуекел, занимайся прямотой».
ЗАРАР (араб.) – *зиян.* «Түрлі-түрлі зарарлар хасил қылады».
ЗАУЫТ, з а в о д (орыс.) – *ірі кәсіпорын.* «Бақша, зауыт, жайларды қылдым талқан».
ЗАТ (араб.) – *з; араб алфавитінің он бесінші әріпі.* «Зат – зайық өмірім өтті менің бекер».
ЗАТИЯ (араб.) – *өзіне лайық.* «Бұлардың һәммасы алла тағаланың затия субутия уа фиғлия сипаттары дүр».
ЗАҺИР (араб.) – *айқын, анық көрінә.* «Бұл хикметтерінен һәммасына мархамат һәм ғадәләт заһир тұр екен».
ЗАҺИРИ (араб.) – *сырт, сыртқы.* «Дүниеде ғылым заһири бар».
ЗӘЛ (араб.) – *з; араб алфавитінің тоғызыншы әріпі.* «Зәлзәлиллік көрген соң сайрай бер, тіл».
ЗӘЛИЛЛІК, З ә л и л (араб.) – *қапалы, қарлық.* «Зәлзәлиллік көрген соң сайрай бер, тіл».
ЗӘРРӘ (араб.) – *кішкентай, болмашы, зәредей.* «Жә, біз өзіміздің бойымыздағы сегіз зәррә аттас сипатымызды ол алла тағаланың сегіз ұлық сипатынан бас бұрғызып өзге жолға салмақ бірлән біздің атымыз мүслім бола ала ма?
ЗӘҺӘРДАЙ, З ә һ ә р (араб.) – *у.* «Зи – зәһәрдай күйдірді ғишқың қатты».
ЗДРАВОМЫСЛЯЩИЙ (орыс.) – *зерек, салиқалы, ақылды.* «Здравомыслящий, Ақыл айтпай ма ағасы».
ЗЕКЕТ (араб.) – *садақа, діни рәсім, мұсылмандық парыз.* «Руза, намаз, зекет хаж – талассыз іс».
ЗИ (араб.) – *з; араб алфавитінің он бірінші әріпі.* «Зи – зәһардай күйдірді ғишқың қатты».
ЗИДДИ (араб.) – *қарсы, керісінше.* «...Ғамалус-салих залымдықтың зидди болар».
ЗИНҺАР (парс.) – *қалайда, әйтеуір, әсіресе.* «Зинһар, сендерден бір сұрайын деген ісім бар».
ЗИРАТ (араб.) – *бейіт, белгілі орын; ақын Мекке, Медине деген мағнада қолданған.* «Зиратын парыз еткен орынға жүзін қаратып, соңдағы дұғадағыдай қабылдыққа жақын болар ма екен деген ишараты».
ЗҰЛЫМ (араб.) – бұл жерде *әділетсіздік, артықшылық, күштілік* мағынасында.

ИДӘН (ноғай.) – *еден.* «Сенің шақшы аяғың білән пышыратарға қойған идән түгіл...»
ИЖТИҺАТ (араб.) – *талаптану, еңбектену.* «...Һамма махұлықтардың өлімін жек көріп, тіршілікте көп қалмақшылығын тілеп ижтиһат қылуын көргенде...»
ИКРА (орыс.) – *уылдырық.* «...Балықтар икрасын, хатта ара: балын, балауызын, құрт жібегін – һаммасы адам баласының пайдасына жасалып, ешбірінде бұл менікі дерлік бір нәрсе жоқ».
ИЛЛАҺИ (араб.) – *құдайдың бергеніне ой жібер.*

ИМАН (араб.) – *бас намазшы, дін басы, діни лауазым.* «Имамдар ғибадаттан сөз қозғаған».
ИМАН (араб.) – *аллаға сену, илану, діни наным, сауап.* «Иманын түгел деуге аузым бармас».
ИМАНЫ ГҮЛ (араб.) – *кәміл, иманды.* «Осы үш сүю болады иманы гүл».
ИНАНМАҚ (араб.) – *иланбақ, сенбек, ұғынбақ.* «Иман деген – алла табарака уатағаланың... бізге пайғамбарымыз... арқылы жіберген жарлығына... мойын сұнып, инанмақ».
«ИННАЛЛАҺУ ЙУХИББУЛ МАҚСИТИН (араб.) – *«Шынында құдай әділ адамдарды сүйеді».*
«ИННӘМАЛ – ӘҒМАЛ БИН – НИЕТ» (араб.) – *«Іс істеу үшін ниет талап керек».*
ИНСАН (араб.) – *адам, адам баласы, адамзат.* «...Жанды хайуандардан ақылды инсанды жаратыпты».
ИНСАНИЯТ (араб.) – *адамгершілік.* «Ижтиһаттің шарт еттің, мұсылман болдың һәм толық инсансаятың бар болды».
ИНТЕРНАТ (орыс.) – *интернат, жатақ, оқу орны.* «Интернатта оқып жүр, талай қазақ баласы».
ИРАДА (араб.) – *тілеу, қалау.* «Оның үшін аллатағаланың сипаттары: Хаят, Ғылым, Құдірет, Басар, Сәмиэ, Ирада...»
ИСПАТ (араб.) – *дәлелдеу, дәлелмен бекіту.* «Әуелі – не нәрсеге иман келтірсе, соның хақтығына ақылы бірлән дәлел жүргізерлік болып, ақылы дәлел – испат қыларға жарас, мұны якини иман десек керек».
ИСТИНЖА (араб.) – *дүзге отырғаннан кейін тазалану, дәрет алу.* «Ол таһарттың алды истинжа еді».
ИСТИХРАЖ (араб.) – *шығару, істеу, ойлау.* «Әрнәрсе дүниеде солардың истихражы бірлән рауаж табады».
ИУЗИ (татар.) – *жүзі, келбеті.* «Иузи – рәушан, көзі – гәуһар, Лағилдек бет үші әхмәр».
ЙҰМЫЛУ (татар.) – *жұмылу.* «Кетіп қуат, йумылып көз, Бойың сал-сал бола нигә?».
ИХСАН (араб.) – *жақсылық, жәрдем.* «Ихсанда қолым қысқа болмасын деп... малға махаббатын аудармай, изгулікке бола халал кәсіп бірлән тапқан дүние емес».
ИХТИҚАТ (араб.) – *нану, сену.* «Әуелі – иманның ихтиқатын махкамлемек керек».
ИХТИЯР (араб.) – *разылық, еркі, ынталылық.* «Егер қыз әкесі жасау беруге ихтияр болмаса қыз жасаусыз қалады».
ИШАН (араб.) – *діни лауазым.* «Бұл заманның ишандарына бек сақ болыңдар».
ИШАРАТ (араб.) – нұсқау, көрсету. «Ей, ишараттан хабарсыздар, қара!».

КАМИЛ (араб.) – *толық, тұтас, жетілген.* «Бұл айтылмыш үш хасләттің иелерінің алды – пайғамбарлар... ең ақыры – кәміл мұсылмандар».
КАФ (араб.) – *к; араб алфавитінің жиырма екінші әріпі.* «Каф – Кәмил ақылың асыл, затым».
КӘЗ (шағ.) – *кез, сәт.* «Мүбада олса ол бір кәз, Тамаша қылса йузма – йуз».
КӘЛАМ (араб.) – *сөйлеу, тілеуші.* «Оның үшін аллатағаланың сипаттары: Хаят, Ғылым, Құдірет, Басар, Сәмиг, Ирада, Кәлам...»
КӘМӘЛАТ ҒАЗАМАТ (араб.) – *үлкею, жетісу, толысу, құдіреттілік.* «Бұлсегізінен аллатағаладағыдай кәмәлат ғазамат бірлән болмаса да, пендесінде де әрбірінен өз халінше бар қылып жаратыпты».
КӘМӘЛЕТ (араб.) – *толысу, жетілу.* «Олардың адамшылығының кәмәләт таппағы – қиынның қиыны».
КӘМТАР (парс.) – *мұқтаж, кіріптар, кемтар.* «Сәңә ғашық болып кәмтар».
КӘН (шағ.) – *пеш, жылылық, татулық; ақын қуат деген мағнада қолданған.* «Құдай берген бұлдостық – кәннің бірі, Мұндасқанда қалмайды көңіл кірі».
КӘРӘМ (араб.) – *ізгілік.* «Белгілі жәуанмәртлік үш хаслат бірлән болар деген сиддық, кәрәм, ғақыл...»
КӘРКИ (араб.) – *піл, үлкен піл.* «Кәркиден пілдей қуатты».

КӘРТЕЧ, к а р т е ч (пол.) – *зеңбіректің шашырап жарылатын оғы, бытыра.* «Қол салмаққа кәртечке...»
КӘСИБИ (араб.) – *еңбекпен табылған нәрсе, кәсіптік.* «Ақыл, ғылым – бұлар кәсиби».
КӘТЕЛЕШКЕ, к а т а л о ш к а (орыс.) – *түрме, айып орны.* «Кәтелешке көбейді Сөгіс естіп тозды ажар».
КЕЗНЕСУ (шағ.) – *қысылу, жүзі құбылу, қызару.* «Артынан «ол нем?» деп, ұялып кезнесіп».
КЕНІШ (парс.) – *қазына, байлық, кен шығатын жер.* «Әрбір жинақылықтың түбі кеніш болса керек».
КОРЕННОЙ (орыс.) – *ежелгі, негізгі, тұрақты, түпкілікті, жергілікті.* Ақын істің ең орындысын табу деген мағнада қолданған. «Алыс та болса, іздеп тап, кореннойға кіруге».
КҮПІР (араб.) – *діннен шығу, дінге қарсылық.* «Мұндай фиғылдардан күпір қаупі да бар».
КҮСУ (шағ.) – *безу, күдер үзу, тастай алмай жүргенім жоқ деген мағнада.* «Мендағы жүргенім жоқ малдан күсіп».
КІБІК (араб.) – *сияқты, секілді.* «Бұлардың көбі әншейін жәһил түгіл жәһилләр кібік талап болса, қайда хақ сөздер келсе, қазір нысапқа қайтсын һәм ғибратнанасың».

ҚАҒАДАТ ҺҮЛ АХИР (араб.) – *намаз бітерде соңғы отыру.* «Қағадат ул ахир – дұғаның ақырында аллаға тахият».
ҚАДИМ (араб.) – *ескі, көне.* «Әрбір хадиске айтылатұғын бір қадимге тағриф болмайды».
ҚАДИР (араб.) – *күшті.* «Алланың қадирлілігіне өзінің ғажиздығына ықрарының беріктігін көрсеткен ишараты».
ҚАДІР СҰБХАН, қ а д и р с ұ б х а н (араб.) – *құдіреті күшті құдай деген мағнада.* «Мұнысын жаратпайды қадір сұбхан».
ҚАЖЫ, х а д ж и (араб.) – *діни лауазым.* Меккеге барып келген адамдарға беріледі.
ҚАРАР (араб.) – *тоқтану, беку.* «Бұл фиғылды құданың ешбірінде қарар қылмаймыз».
ҚАСА (араб.) – *ант, серт.* «Бәрі де кісі-ақ еді қасалықты».
ҚАСД (араб.) – *ниет, арнау, бағыштау.* «Езгулікке бола қасд етіп, ниет етесіз».
ҚАФ (араб.) – *қ; араб алфавитінің жиырма бірінші әріпі.* «Қаф – Қабыл болар ма екен жазған хатым».
ҚАШ (татар.) – *қас.* «Қашың құдрәт қоли шигә».
ҚИРА'ӘТ (араб.) – *оқу, құрандағы арабша айтылуынша оқу.* «Содан соң қира'ат яғни сурәһи фатиха оқысын».
ҚИЯМ (араб.) – *намаз оқығанда түрегеліп тұру.* «Онан соң қиямда тұрып қол бағламақ».
ҚОЛИ (татар.) – *қолы.* «Қашың құдрәт қоли шигә».
ҚҰДРӘТ, қ ұ д і р е т (араб.) – *күш.* Қашың құдрәт қоли шигә».
ҚҰДРЕТ ОЛУДА (араб.) – *күші, қуаты болуда.* «Бұл бірлік, барлық ғылым, құдірет олуда боларлық нәрселер ме?».
ҚҰРБӘТ (шағ.) – *жақын, замандас, құрбы, туысқан, көрші;* ақын жаман ағайын, жаман көрші мағнасында қолданған. «Сыпыра батыр сұм құрбәт, мақтанмен алды мазамды».
ҚҰСА (араб.) – *қапа, уайым, қайғы, қасірет.* «Көрмей тұрып құсамын, Темір көзді сарайды».
ҚҰТПА (араб.) – *мешіттеайтылатын уағыз.* «Мешіттің құтпа оқыған ғұламасы, Мүнәжәт уалилердің зар наласы».
ҚЫБЛА (араб.) – *қуыс, текше, оңтүстік* (мұсылмандар намаз оқығанда бетін бұратын жақ; Қағбаға бет бұру).
ҚЫДЫР (араб.) – *діни ұғым бойынша бақ, дәулет иесі, жарылқаушы.* «Бұл шал бөтен шал емес, қыдыр еді».
ҚЫЛАРҒА (татар.) – *қылуға, істеуге, етуге.* «...Ақылы дәлел – испат қыларға жарас, мұны якини иман десек керек».

ЛАҒАИРУ УӘЛӘ ҺҮӘ (араб.) – *басқа да емес, оның өзі де емес.* «Сегіз сипат қылып және ол сипаттар Лағаиру уәлә Һуә болып, бұлай айтуда, бұлардан бір өз алдына жамағат яки жамиғат шығып кетеді».

ЛАҒНЕТ (араб.) – *қарғыс.* «Құдайым «шайтансың» деп лағнет етті».
ЛАҒЫЛДЕК (араб.) – *лағыл сияқты:* ақын сұлу деген мағынада қолданған. «Лағылдек бет үші әхмәр, тамағи қардан әм битар».
ЛАДАН (орыс.) – *Ғайса діниндегілердің шоқынған кезде тұтататын иісті майы.* «Ладан деген иісті май тұратын...»
ЛАКИН (араб.) – *бірақ.* «Лакин, соңдай адамдар толымды ғибадатқа ғылымы жетпесе де, қылса екен».
ЛАПКЕ (орыс.) – *дүкен, шағын сауда үйшігі.* «Бір күні лапкесінде отыр еді...».
ЛАТИФ (араб.) – *жақсы, таза, кірсіз; алланың бір есімі.* «...Аллатағаланың Рахман, Рахим, Ғафур, Уодуд, Хафиз, Сәттар, Разақ, Нафич, Уәкил, Латиф деген есімдеріне...»
ЛӘБІҢНЕН, Л ә б і ң (парс.) – ерніңнен, ернің, лебің; ақын ерніңнен леп шығарсаң деген мағнада қолданған. «Ләм – ләбіңнен қисаң мен дерттіге».
ЛӘЗЗАТ (араб.) – *тәттілік, шырындылық, сүйкімділік, жанға рахат табу.* «Ләззат алсақ болмай да. Көз жұмулы, көңіл мас».
ЛӘЗІМ (араб.) – *міндет, лайық, жөн.* «Парыздарды білмекке ижтиһат ләзім».
ЛӘ ИЛАҺА ИЛАЛЛА (араб.) – *алладан басқа құдай жоқ.* «Ләм-әлиф – Лә илаһа илалла деп».
ЛӘМ (араб.) – *л; араб алфавитінің жиырма үшінші әріпі.* «Ләм – ләбіңнен қисаң мен дерттіге».
ЛӘ МӘКАН (араб.) – *мекенсіз, орыны жоқ, тұрағы жоқ.* «Мекен берген, халық қылған ол лә мәкан, Түн иесін көксемей бола ма екен?»
ЛӘМ-МИМ (араб.) – *үндемеу, тіл қатпау, ауыз ашпау.* «Ләм-мим деп Бір сөз айтар Хал жоқ».
ЛӘП (парс.) – *тәтті ерін, лебіз, леп.* «Шын – Шикәр ләп есіме түскен сайын».

МАҒРИФАТ УЛЛА (араб.) – *алланы тану, білу.* «Егерде ол сипаттар бірлән таиғрифламасақ бізге махрифатулла қиын болады».
МАҒИШАТ (араб.) – *тіршілік, өмір.* «Мағишат дүниеде надан бір ессіз адам болып шығады».
МАҒМУР (араб.) – *қызық, әдемі, келісімді.* «Дүниенің мағмурлығы бір түрлі ақылға нұр беріп тұратұғын нәрсе».
МАҒШҰҚ (араб.) – *сүйікті, ғашық болған, көңілдес.* «Ғашық – мағшұқлыққа халық бірлән...».
МАЗАТСУ (араб.) – *артық кету.* «Бір ағашқа қонды да, Асықпай жемек болды да, Мазатсып қарады, Оңына, солына».
МАЗЛҰМ (араб.) – *зұлымдыққа ұшыраған адам.* «Мазлұмға жаның ашып, ішің күйсін, Харекет қыл, пайдасы көпке тисін».
МАЙОР (орыс.) – *әскери атақ.* «Тек майордың күлгені керек деп, Көті ашылса да, қам жемейді».
МАКРУҺИ (араб.) – *жиіркеніште, мәкүрік.* «Хәрами макруһи былай тұрсын...»
МАҚАМ (араб.) – *орны, көңіл, ықылас.* «Қолыңнан келгенше достық мақамында болмақ».
МАНТИКИН (араб.) – *сөздерді ашып, айқындаушы; ақын терең ой, қисынды сөз (логика) ғылымына жетік адамдар мағнасында қолданған.* «Мүтәкәллимин мантикин Бекер босқа езедүр».
МАРХАМАТ (араб.) – *жақсылық, рақым, қайырымдылық.* «Біз өз ортамызда бұл мархамат ғадәләтті иманның шартынан хисап қылмаймыз».
МАХКАМ (араб.) – *мығым, берік түту, мықты ұстау, сенімді болу.* «Әуелі – иманның иғтиқатын махкамлемек керек».
МАХЛҰҚ (араб.) – *жан-жануар, жәндік, жан иесі.* «Күллі махлұқ өзгерер, алла өзгермес».
МАХРҰМ (араб.) – *бос, құр қалу.* «Бұл махрұм қалмағына кім жазалы, Қолымды дәп сермесем, өстер ме едім?».
МАХШАР (араб.) – *мұсылман діни ұғымында ақырзаман болған соң адам баласының күнәсі тексерілетін орын.* «Ахиретке қарай өлуің, көрге кіруің, шіруің махшарда сұрауың бірдей...».
МАШИНА (орыс.) – *машина.* «Миллион хикмет бірлән жасаған машина, фабрик адам баласының рахаты».
МӘҒМУР (араб.) – *қызық, жақсы.* «Дүниенің мағмурлығы бір түрлі ақылға нұр беріп тұратұғын нәрсе».
МӘДӘТ (парс.) – *жәрдем, көмек бер, медет.* «Хожа Хафиз-бу Һаммәси Мәдәт бер я шағири фәрияд».
МӘДХІНА, М ә д ә х (араб.) – *мақтау, мадақтау.* «Си – Сәнан мәдхіна хұрмәт еттім».
МӘЗРӘГӘТУЛ (араб.) – *егін.* «Хакімдердің жасаған, тарат-қан істері әддүние мәзрәгәтул – ахирет дегендей, ахиретке егіндік болатын дүние сол».
МӘКӘН ИСПАТ (араб.) – *мекен, орын бар деу.* «Егер алла-тағаланы жоғарыда деп, мәкен испат етпесең де...».
«МӘЛ ЛӘ ХАЯУН ЛАҺУ УӘЛА ИМАНУН ЛАҺУ» (араб.) – *«Кімнің ұяты жоқ болса, соның иманы жоқ».*
МӘЛІШ, м е л о ч ь (орыс.) – *ұсақ-түйек.* «Мәліш сауда сықылды күлкі сатып, Алса қоймас, араны тағы тоймас».
МӘРТӘБА (араб.) – *дәреже, саты.* «Дүниедегі бүкіл ләззат бұларға екінші мәртәбада қалып, бір ғана хақты таппақ, әрбір нәрсенің себебін таппақпенен ләзаттанады».
МӘСІХ (араб.) – *дәрет алғаннан кейін мәсінің үстінен, мойыннан сулы қолмен сипау.*
МӘТ (араб.) – *әріп үстіне қойылатын сызықша белгі.* «Мәт – қасық, тәштит – кірпік, секін – көзің».
МӘТБҰҒ (араб.) – *еруші.* «Олай болмаса сипаттар өз орталарында бірі тәбиғ, бірі мәтбұғ болады ғой».
МӘУЖҰТ (араб.) – *бар нәрсе.* «Барлығына шүбәсіз, Неге мәужұт ол куә».
МЕДРЕСЕ (араб.) – *діни жоғары оқу орны.* «Баламды медресеге біл деп бердім».
МЕҺРІҢНЕН, М е һ і р (араб.) – *мейір, ықылас.* «Мен – Меһріңнен қалмас ед бар апатым».
МЕН (араб.) – *м; араб алфавитінің жиырма төртінші әріпі.* «Мен – Меһріңнен қалмас ед бар апатым».
МЕШІТ (араб.) – *мұсылмандардың намаз, дұға оқитын ғибадатханасы.* «Мешітіне бастықтың келер жолын...»
МИЗАН (араб.) – *таразы, өлшеуіш.* «Сөз мәнісін білсеңіз, Ақылмизан өлшеуқыл».
МИЛЛИОН (лат.) – *оған, он жүз мың.* «Тоғыз миллион санарда, ажал жетті, күн бітті».
МИРАС (араб.) – *мұра, енші, әдет.* «Етінен өткен, сүйегіне жеткен, атадан мирас алған, ананың сүтімен емген надандық әлдеқашан адамшылықтан кетірген».
МИХНАТСЫЗ (араб.) – *еңбексіз, бейнетсіз, қиындықсыз.* «Еждиһатсыз, михнатсыз, Табылмас ғылым саласы».
МИХРАБ (араб.) – *мешіттерде имам тұратын орын.* «Михрабым сен, бас ұрамын».
МОНАСТЫРЬ (орыс.) – *дүниеден безген, Ғайса діниндегі шайқылар жиналып, құдайға құлшылық ететін орын, жатақхана.* «Ол монастырь – сопылар тұрар жері».
МУАФИХ (араб.) – *үйлесімді, сәйкес.* «Бірақ ол өнер ғадаләттен шықпасын, шарғыға муафих болсын».
МУНӘСИБӘТСІЗ (араб.) – *байланыссыз.* «Ғашық мағшұқлыққа халық бірлән махлұқ ортасы мунасибәтсіз аллатағаланың пендесі мен махаббат уа мархамат бірлән жаратқанын біліп...».
МУҒАМӘЛА (араб.) – *араласу, қатынасу.* «...Халықтармен мұғамәла қылса екен деп ойлап...».
МУҚТӘДИ (араб.) – *еру, жолға түсу.* «Ол білім-ғылымды құдаға мұқтәди болсын».
МУҚЫМ (араб.) – *бүкіл, барлық.* «Мұқым қазақ баласы Тегіс ақыл сұрапты».
МУЛАХАЗА (араб.) – *ойлау, пікірлесу.* «Төртінші – ғылым-

білімді көбейтуге екі қару бар адамның ішінде – бірі мұлахаза қылу, екіншісі – берік мұхафаза қылу».
МҰНАФИХ (араб.) – *мұсылмансып, іштей дінге қарсы, екі жүзді адам.* «Мұнафиқ намаз қылмақ па, мағлұм ғой ол».
МҰРАД (араб.) – *арман, тілек, мақсат, мұрат, үміт.* «Бұл хакимдерден мұрад – мұсылман хакимдері... дүниенің һәм адам ұғлы өмірінің сырына жетсе де, діннің хақ махрифатына жете алмаған».
МҰТӘКӘЛЛИМИН (араб.) – *сөйлеушілер; ақындіңді дәлелдеушілер, уағыздаушылар мағнасында қолданған.* «Мұтәкәллимин мантикин Бекер босқа езедүр».
МҰХАЛ (араб.) – *мүмкін емес, екі талай, неғайбыл.* «Бұлардың жеткізбегі мұхал, бұлар адам аздырушылар».
МҰХАФАЗА (араб.) – *сақтау, қорғау, бұзбау.* «Төртінші – ғылым-білімді көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі – мұлахаза қылу, екіншісі – берік мұхафаза қылу».
МҮБАДӘ ОЛСА (түрік.) – *бола қалса бір себептен.* «Мүбадә олса ол бір кәз, Тамаша қылса йузмә-йуз».
МҮЛКИ (татар.) – *мүлік, дүние.* «Ала алмас барша мүлкигә».
МҮ'МИН (араб.) – *мұсылман дініне, құдайдың бірлігіне сену.* «Му'мин болсаң, үйреніп сен де ұқсап бақ».
МҮМКИНАТ (араб.) – *болуы мүмкін нәрселер.* «Оның үшін мүмкинаттың ішінде не нәрсенің үжуді бар болса, ол бірліктен құтылмайды».
МҮНӘЖӘТ (араб.) – *тілек, зар.* «Мешіттің құтпа оқыған ғұламасы, Мүнәжәт уалилердің зар наласы».
МҮНКІР (араб.) – *сенбеу, қарсы келу.* «Бір алланы танымақтан ғайри, яғни алтауына кімі күмәнді, кімі мүнкір болып, тахликлай алмағандар».
МҮСІЛІМ (араб.) – *мұсылман.* «Өзіңді оның құлы біліп, өзіңе мүсілім ат қойып, тәсілім болғанына раст боласың да».

НАДИР (араб.) – *сирек, аз кездесетін нәрсе.* «Бұл заманда надир, бұған ғылымның да зоры батылмақ керек».
НАЗНАЧЕНИЕ (орыс.) – *қызметке тағайындау.* «...Губернатордың назначениесімен болады десе, бұл халыққа бек пайдалы болар еді».
НАҚЛИЯ (араб.) – *бұрыннан айтылып жүрген негізгі сөз, түп сөз.* «Бұл сөзіме нақлия дәлелім – жоғарыдағы жазылмыш аллатағаланың есімдері».
НАЛА (парсы) – *зар, уайым, қайғы жапа.* «Нон – Нала қып, қайғыңмен күйдірдің көп».
НАМАЗ (парс.) – *дұға, діни рәсім, мұсылмандық парызы.* «Руза, намаз, зекет, хаж – талассыз іс».
НАМАЗШАМ (парс.) – *Күн батысымен оқитын намаз.* «Намазшамның артынан, Құржың-құржың етеді».
НАМЕ (араб.) – *хат, кітап.* «Бұл жазған сұңғатым, Көңіл ашар бір наме».
НАПАС (араб.) – *дем беру, үру, үшкіру; ақын үні, сөзі деген мағнада қолданған.* «Қасиетті напасы желдей есіп».
НАФИҒ, М ә ф и ғ л ы қ (араб.) – *пайда беруші, алланың бір есімі.* «Баршасы нәфиғлық болған соң, біздің оларға міндеткерлігімізге дағды жоқ».
НАЧАЛЬНИК (орыс.) – *басшы, бастық.* «Уезный начальник пенен военный губернатордың назначениесімен болады десе, бұл халыққа бек пайдалы болар еді».
НАША (араб.) – *үнді қарақұрайының еліткіш гүлі.* «Нашалы боламыз ғой сөйлеп шалқып».
НӘБАТӘТ (араб.) – *өсімдік, дақыл.* «Неше түрлі нәбатәттарды өстіріп... балықтарға орын болып жатыр».
НӘБИ (араб.) – *пайғамбар.* «Оларға кез-кезіменнәби келді».
НӘПІЛ (араб.) – *намаз, міндетті бес уақыт намаз үстіне қосымша оқылатын намаз.* «Ниет қыла білмейді, Не қылады нәпілді».
НӘФИҒ, н а ф и ғ л ы қ (араб.) – *пайда беруші*; алланың бір есімі. «Баршасы нәфиғлық болған соң, біздің оларға міндеткерлігімізге дағуа жоқ».
НӘФРӘТЛІ (араб.) – *жеркеніштi, үлгісіздік.* «Жамандық көрсең нәфрәтлі, суытып көңіл тыйсаңыз».

НӘФСІ (араб.) – *көңілдің қалауы, құмарлық, зауық.* «...Бойды таза сақтайтұғын, күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын... мен емес пе?»
НЕГӘ (татар.) – *неге.* «Қуат кетіп, йұмылып көз, Бойың салсал бола нигә?»
НИҒМӘТ (араб.) – *байлық, береке, дәулет, ырыс.* «...Берген ниғмәттеріне, онан көрмек хұзурға суық көзбен қарап, ескерусіз тастап кетпек ақылға, әдепке, ынсапқа дұрыс па?»
НИЕТ ХАЛИС (араб.) – *таза, түзу ниет.* «Бұлар өз ижтиһадің бірлән ниет халис бірлән ізденсең ғана берілетін нәрселер».
НИЗАМ (араб.) – *тәртіп, заң, жүйе.* «Соған қарай Ғұсманияда мектеп хардия, мектеп рүшдия салынып, жаңа низамға айналған».
НИСБӘТ (араб.) – *шама, мөлшер.* «Би – Бала'й дәртіңа нисбәт еттім».
НИҺАЯТСЫЗ (араб.) – *шексіз, шамасыз*; ақын өлшеусіз деген мағнада қолданған. «Құдайтағаланың жолы деген жол ниһаятсыз болды».
НОН (араб.) – *н; араб алфавитінің жиырма бесінші әріпі.* «Нон – Нала қып, қайғыңмен күйдірдің көп».
НӨЛ, Н у л ь (орыс.) – *жоқтық.* «Единица кеткенде, Не болады өңкей нөл?».
НӨМІР. Н о м е р (орыс.) – *рет саны.* «...Осы сөздің он тоғызыншы нөмірінде жазылған ақыл кеселі деген төрт нәрсе бар».

ОБРАЗОВАНИЕ (орыс.) – *білім.* «Халықтың болыстыққа сайлаймын деген кісісі пәлен қадәрлі орысша образование алған кісі болсын».
ОЯЗ (орыс.) – *уезд бастығы.* «Олда оязный емес қой, Алуға теңдік сенуге».

ӨЗӘҢ (татар.) – *өзің. «Өзәң гүзәлләра раһбар».*

ПАК (парс.) – *таза, кіршіксіз.* «Бұл пактіктің үстінде аллаға дұға айтамын деп әзірмісіз».
ПАР. п а р а (орыс.) – *тең, жұптас.* «Қай жеріммен пар келем».
ПАРТИЯ (лат.) – *топ, ұйым, жік.* «Болды да партия, Ел іші жарылды».
ПАРЫЗ (араб.) – *міндет, борыш.* «Әрбір иманы бар кісіге ғибадат парыз деген екен».
ПӘНДӘ (парс.) – *адам, кіріптар, бағынышты адам.* «Тағдыр етсе алла, Не көрмейді пәндә».
ПӘРМӘНЕ (парс.) – *бұйрық, әмір, жарлық, жан пида қылу; ақын мәпелеу деген мағнада қолданған.* «Қай қазақты көрсем де, баласы жасырақ болса, оның басынан пәрмәне болып жүріп, ержеткен соң суық тартатұғыны қалай?»
ПӘРУАРДИГӘР (парс.) – *құдай, тәңірі.* «Сені маған кез қылған пәруардигәр».
ПЕРЗЕНТ (парс.) – *бала, ұрпақ.* «Ей, жүрегімнің қуаты, перзентлерім!»
ПЕРИЗАТ (парс.) – *пері; ақын Татьянаның шыққан тегін мадақтау үшін қолданған.* «Ол – перизат, ойла, өзің біл...»
ПИЯЛА (парс.) – *кесе, тостаған, шыны аяқ.* «Алысты пияланы оңды-солды».
ПИЯНШІК, п ь я н и ц а (орыс.) – *маскүнем.* «Сыпыра елірме, сұрқия, көп пияншік нені ұғар?»
ПОДВИЖНОЙ ЭЛЕМЕНТ (орыс.) – *ақын тез қозғап жіберу деген мағнада қолданған.* «Біреуі орысша подвижной элемент деп аталады».
ПОДНОС (орыс.) – *кесе, ішімдік ыдыстарын салып әкелетін жайпақ табақ.* «Подноска бөтелкемен арақ толды».
ПОЛОЖЕНИЯ (орыс.) – *ережелер.* «Осы положения бойын-

ша билердің билігімен ақшаға яки тиісті абақтыға жазаланады».
ПОСРЕДНИК (орыс.) – *ара ағайын; ақын екі жағына бірдей адам сайлау деген мағнада қолданған.* «...біреуді посредникке сайлап алып, біте берсе...»
ПОШАЛ, Пошел (орыс.) – *кет, жоғал.* «Еннатайына кәлкәусар, Пошал дереу күнәкар».
ПРИГОВОР (орыс.) – *үкім.* «Бұзықтық шығарған адамдар өз болысының приговорымен немесе осы положения бойынша билердің билігімен ақшаға яки тиісті абақтыға жазаланады».
ПРОШЕНИЕ (орыс.) – *арыз, өтініш.* «Прошение жазуға, Тырысар келсе шамасы».
ПЫШАНА (парс.) – *маңдай, тағдыр, жазмыш.* «Соры қалың соққы жеген пышанамыз».
ПЫШЫРАТАРҒА (ноғай.) – *былғайтын, шашатын.* «Сәнің шақшы аяғың білән пышыратарға қойған идән түгіл...»
ПІР (парсы) – *әулие.* «...Кейбірі пірге қол берген, Іші залым, сырты абыз».

РАББЫ (араб.) – *құдай, алла.* «Бұл болса, тағриф раббыге жараспайды».
РАҒИТ (араб.) – *нажағай ойнатып, күн күркірететін періште.* «Жарқылдап Рағит жайды айдар».
РАЗАҚ (араб.) – *қызық беруші; алланың бір есімі.* «...Аллатағаланың Рахман, Рахым, Ғафур, Уадуд, Хафиз, Сәттар, Разақ... деген есімдеріне...»
РАЙЫС (араб.) – *рақат, мәртебе.* «Ері ақылды, қатыны мінезді боп Тату болса, райыс үстіндегі үй».
РАСТ (араб.) – *разы, тәнті.* «Өзіңді оның құлы біліп, өзіңе мүсілім ат қойып, тәслим болғаныңа раст боласың да».
РАСХОД (орыс.) – *шығын.* «Қыстау керек, үй керек, Сәнсалтанат, расход көп».
РӘУАЖ (араб.) – *реттеу, пайдаға асыру.* «Бірақ оған рәуаж беріп гүлдендірмек».
РАФҒАТ (араб.) – *жоғарылату, көтеру.* «Олай болғанда ғадаләт рафғат болуға кімде кімнің әділеті жоқ болса...»
РАХИМ (араб.) – а) *мейірімді, рақымды; алланың бір есімі.* «Рахим... деген есімдеріне...» б) *алла, құдай.* «Сиқатын қалқама, Берегөр, я Рахим».
РАХМАН (араб.) – *жарылқаушы; алланың бір есімі.* «...Аллатағаланың Рахман... деген есімдеріне...».
РАХМАТ (араб.) – *мейірім, мейірімділік, рақымдылық.* «Көрдім артық бір сені, Рахматынан алланың».
РӘСУЛ (араб.) – *пайғамбар.* «Рәсулді алған бұлөлім Кімнен жөнді сұрайды».
РАҺБАР (парс.) – *бастаушы, басшы, жолбасшы.* «Өзең гүзәлләра раһбар».
РӘУАЖ (араб.) – *реттеу, пайдаға асыру.* «Бірақ оған рәуаж беріп гүлдендірмек».
РӘУШАН (парс.) – *жарық, сәуле, көрік.* «Рәушан сипатын Тез көрсет бендеге».
РЕ (араб.) – *р; араб алфавитінің оныншы әріпі.* «Ре – Риза қылмағыңды яр өзің біл».
РИЯСЫЗ (араб.) – *бүкпесіз, қалтқысыз.* «Бұл жолда риясыз, жеңілдіксіз бір қарар тұрып іздеген ғана кісі істің кәмәлатына жетпек».
РУЗА (араб.) – *ораза, діни рәсім, мұсылмандық парызы.* «Руза, намаз, зекет, хаж – талассыз іс».
РУЗИ (парс.) – *күн, күндей.* «Жем – Жамалын қандай ақ рузи маған».
РҰҚУҒ (араб.) – *намаз оқығанда тізеге қол қойып еңкею.* «Рұқуға бас ұрмақ – алдында құда хазірге ұқсас, ол да – ишарат».
РҮШДИЯ (араб.) – *жалпы білім беретін мектеп.* «Соған қарай Ғұсманияда мектеп харбия, мектеп рүшдиялар салынып, жаңа низамға айналған».
РЮМКЕ (орыс.) – *арақ, шарап құйып ұсынатын ыдыс.* «Бірекі жақсы рюмке дайын болды».

САЛАУАТ (араб.) – *мадақтау дұғасы.* «Енді намаздың аты – салауат».
САЛАХИЯТ (араб.) – *қабылеттілік, алғырлық.* «Қайуанға адамның ақылын берсе, мұнша шеберлік, мұнша дәрігерлік, бір-біріне ғылым үйретерлік шешендік салахият ол денеге лайықты келмейді».
САЛАЛАҺУ ҒАЛЙҺИ УӘСӘЛЛӘМ (араб.) – *құдайдың сәлемі мен рахметі болсын.* «Пайғамбарымыз салалаһу ғалайһи уәсәлләмнің хадис шарифінде айтыпты».
САМОРОДНЫЙ (орыс.) – *табиғи таза, қоспасыз.* «Самородный сары алтын, Саудасыз берсең, алмайды».
САНИҒЫН СҰНАТЫ (араб.) – *істеушіні ісіне, шеберлігіне қарай.* «Саниғын сұнатына қарап білесіз».
САТ (араб.) – *с; араб алфавитінің он төртінші әріпі.* «Сат – Сабырым қалмады мен не әйләйін».
САУДАЙЫ (араб.) – *істеген ісін абайламау, байқамай істеу.* «Саудайы-ай, сауды алмадың-ау, сырқауды алып».
САФ (араб.) – *таза.* «...Ішімнің сафлығының соңында халық көрер сыртымды да пак етемін...»
САХИБ НИҒМӘТ (араб.) – *байлық, дәулет иесі; ақын құдайдың бергені деген мағнада қолданған.* «Сахиб ниғмәткә шүкіршілігің жоқ болса, әдепсіздікпен күнәкар болмайсың ба?»
САХАБА (араб.) – *сақаба, Мұхаммедтің серіктері.*
СӘЖДЕ (араб.) – намаз оқығанда маңдайды жерге тигізу. «Сәжделер әуелден жерден жаралғанына ықырары».
СӘЛӘМӘТШІЛІК (шағ.) – *саулық, амандық.* «Оларға да сәләмәтшілік тілеп әм рахмет тілеп бітіресіз».
СӘМИҒ (араб.) – *есту, естуші.* «Оның үшін аллатағаланың сипаттары: Хаят, Ғылым, Құдірет, Басар, Сәмиғ...».
СӘНАИ (араб.) – *мақтаулы.* «Си-сәнаи мәдхіңа хұрмәт еттім».
СӘНАН (шағ.) – *сенен.* «Ха-Халаллық таппадым, жаным, сәнан».
СӘНІҢ (ноғай.) – *сенің.* «Сәнің шақшы аяғың білән пышыратарға қойған идән түгіл, шық, сасық қазақ» – деп үйінен қуып шығады».
СӘҢӘ (татар.) – *саған.* «Сәңә ғаших болып кәмтар».
СӘТТАР (араб.) – *айыпты, жабушы; алланың бір есімі.* «...Аллатағаланың Рахман, Рахим, Ғафур, Уадуд, Хафиз, Сәттар... деген есімдеріне...».
СЕЗЕДҮР (шағ.) – *сезеді.* «Ақыл мен хауас барлығын білмейдүр жүрек сезедүр».
СЕКІН (араб.) – *араб жазуында дауыссыз дыбыс үстіне қойылатын таңба.* «Мәт – қасың, тәштит – кірпік, секін – көзің».
СИ (араб.) – *с; араб алфавитінің төртінші әріпі.* «Си – сәнаи мәдхіңа хұрмәт еттім».
СИДДЫҚ (араб.) – *шын, шындық.* «Белгілі жәуанмәртлік үш хаслат бірлән болар деген сиддық, кәрәм, ғақыл...».
СИҚАТ (араб.) – *денсаулық.* «Сиқатын қалқама, Берегөр, я рахим».
СИЛА ПРИТЯГАТЕЛЬНОГО ОДНОРОДНОГО (орыс.) – *тектес заттардың бір-біріне бейімдік қуаты.* «Біреуін орысша сила притягательная однородного дейді».
СИФАТ ЗАТИЯ (араб.) – *өзіне тән, өзіне лайық болған сипат.* «Һәм сегіз сифат затиялары не деген сөз, кәміл үйрен».
СОЛДАТ (орыс.) – *жауынгер, сарбаз.* «Ноғайға қарасам, солдатқа да шыдайды».
СОМА, с у м м а (орыс.) – *қосындысы, барлығы.* «Әркімнің өз іздеген нәрсесі бар, Сомалап ақшасына сонан алар».
СУДЬЯ (орыс.) – *сот, би.* «Қисық болса закон бар, Судьяға беруге».

СОФЫ (араб.) – *қалпе, діни (суфизм) топтағы адам.* «Софылық қылып, дін бағу?»
СӨЗІДҰР (шағ.) – *сөзі, сөзі ғой.* «Құран рас, алланың сөзідұр ал».
СТАҚАН, с т а к а н (орыс.) – *арақ-шарап құятын шыны ыдыс.* «Жәдігөй стақанға дәру тықты».
СТАРШЫН, с т а р ш и н а (орыс.) – *әкімшілік бөлік бастығы.* «Старшын, биді жиғыздым: «Береке қыл» деп, «бекін» деп».
СТАРШИНА (орыс.) – *әкімшілік бөлік.* «...Әрбір болыс елде старшина басы бір би сайлағандық, бұл халыққа көп залал болғандығы көрініп, сыналып біліңді».
СУРӘҺИ (араб.) – *сүре, тарам.* «Онан соң қира әт яғни сүрәһа фатиха оқисың».
СУХАБА-И КӘРӘМЛАР (араб.) – *ғылым үйрену.* «Сухаба-и кәрәмлар «бұл бір жылдық күнде намаз нешеу болар деп сұрағанда...».
СҰБХАН (араб.) – *жасаушы, жаратушы* (алла). «Мұнысын жаратпады қадір сұбхан Көк бұзылып, жер жүзі болды топан».
СҰНҒАТ (араб.) – а) *өнер, шеберлік, кәсіп.* «...Аллатағаланың сұнғатына қарап пікірлемектікті екеуі де айтты»; б) *жай, күй.* «Бұл – жазған сұнғатым, Көңіл ашар бір наме».
СҰХБАТ (араб.) – *сөйлесу, сырласу, әңгіме-кеңес құру.* «Ер табылса, жарайды қылса сұхбат».
СҰБУТИЯ (араб.) – *орнықты, тұрақты.* «Ол «бір» деген сөз ғаламның ішінде, ғалам аллатағаланың ішінде, құдай табарака уатағала кітаптарда сегіз сұбутия сипаттары бірлән... білдірген».
СҰБУТИЯ УӘ ФИҒЛИЯ (араб.) – *өзі істейтін.* «Бұлардың һәммасы алла тағаланың затия сұбутия уә фиғлия сипаттары дұр».
СҮНДЕТ (араб.) – *әдет-ғұрып, салт, мұсылмандық парызы.* «Сұлуды сүймектік – Пайғамбар сүндеті».
СЧЕТ (орыс.) – *есеп.* «Адал жүріп, адал тұр, Счетың тура келуге».
СЫН (араб.) – *с; араб алфавитінің он екінші әріпі.* «Сын – Сәләмат қалмағым болды мүшкіл».
СЫЯЗ, с ъ е з д (орыс.) – *бас қосу, жиналыс, мәжіліс.* «Орыс сыяз қылдырса, Болыс елін қармайды».
СІДЕТ (шағ.) – *міндет.* «Кісіге сідет жүктетпей, Еңбекпен тапқан қоректі».

ТАБАРАКА УАТАҒАЛА (араб.) – *ұлы тәңірі, құдіреті күшті құдай.* «Иман деген –алла табарака уатағаланың шәриксіз, ғайыпсыз, білгірлігіне... мойын сұнып, ананмақ».
ТАҒАТ (араб.) – *құдайға құлшылық қылу, жалбарыну.* «Дін де осы, шын ойласақ, тағат та осы».
ТАҒЛИМ (араб.) – *тәрбие, тәлім, үйрету.* «Аталарын паралап, балаларын алып, бастапқы айтқандай жолға салып, тағлим берсе, сонда түзелер еді».
ТАҒРИФ (араб.) – *тану, түсіну, білу, айыру, анықтау.* «Тағриф алла еш жерде өзгермеді».
ТАЙ (араб.) – *т; араб алфавитінің он алтыншы әріпі.* «Тай – Талаптан, әйтеуір, құр қалмайын».
ТАЙФА (араб.) – *тайпа, топ, діни қауым.* «Бірақ менің ойыма келеді, бұл екі тайфа әр екісі өздеріне бір түрлі нәпсісін фида қылушылар деп».
ТАКЛИДИ (араб.) – *біреуге еріп, нану, дәстүрлі.* «Бұл иманды иман таклиди дейміз».
ТАКТЫ (орыс.) – *әуені, ырғақ.* «Салған ән – көлеңкесі сол көңілдің, Тактысына билесін ол құлаққа».
ТАҚЫРЫП ХАСИЛ (араб.) – *жақындық пайда.* «Сол нифаятсыз жолға берік бастың нифаятсыз құдаға тақырып хасил болып хас езгу құлдарынан болмақ үміті бар».
ТАМАҒИ (татар.) – *тамағы.* «Тамаги қардан әм биһтар».
ТАМҒЫ (араб.) – *тілеу, сұрау.* «...Өзім біреуге тамғылы болмайын деп малға махаббатын аудармай, езгулікке бола халал кәсіп бірлән тапқан дүние емес».
ТАРИҚАТ (араб.) – *дін жолы, шариғат.* «...Күллі адам тәркі дүние болып һу деп тариқатқа кірсе, дүние ойран болса керек».
ТАРИФ РАББЫ (араб.) – *құдайды тану.* «Бұл болса тариф раббыге жараспайды».
ТАСДИҚ (араб.) – *растау, бекіту;* ақын шындық деген мағнада қолданған. «Екі дүние бұл тасдиқ – хақтың досы».
ТАСИРСІЗ (араб.) – *нәтижесіз, болымсыз.* «Көбінесе мұндай ессіздердің насихаты да тасирсіз болады».
ТАУАРИХ (араб.) – *сан, уақыт, дәуір;* ақын тарих деген мағнада қолданған. «Онысы – әрине, тауарихтан хабар тисе, сол жақтан тигендіктен, ислам діні бұрынғы атабабаларды ұмыттырып, діндестерді жақын көрсететіндіктен һәм артқы жағы хабарсыз қараңғылықта қалғандықтан болған іс».
ТАХҚИҚ (араб.) – *анық, айқын.* «Иманның асылы үш деп сен тахқиқ біл».
ТАХИЯТ (араб.) – *сәлем ету, сиыну.* «Қағадат ул-ахир – дұғаның ақырында аллаға тахият».
ТАХЛИХЛАУ (араб.) – *нану, сену.* «Бір алланы танымақтан ғайри, яғни алтауына кімі күмәнді, кімі мүнкір болып тахлиқлай алмағандар».
ТАҺРАТ (араб.) – *намаз оқыр алдындағы жуыну, дәрет алу.* «Енді ниет еттіңіз таһрат алмаққа».
ТӘБДІЛ, Т ә б д и л (араб.) – *өзгеру, өзгерту, ауысу, ауыстыру.* «Тағдырға тәбділ бола ма, сабырлық қылсақ керек-ті».
ТӘБИҒ (араб.) – *ертуші.* «Олай болмаса сипаттар өз орталарында бірі тәбиғ, бірі мәтбуғ болады ғой».
ТӘГІЛ (ноғай.) – *деп пе едің, бе екен?* «Сәнің шақшы аяғың бірлән пышыратарға қойған идән тәгіл, шық...».
ТӘКИН, т ә к у и н (араб.) – *бар қылу, барлыққа келтіру.* «Оның үшін аллатағаланың сипаттары: Хаят, Ғылым, Құдірет, Басар, Сәмиғ, Ирада,, Кәлам, Тәкин».
ТӘКЛИФ (араб.) – *бұйыру, істе деу.* «Ешбір нәрсеге хикметсіз тәклиф қылмады».
ТӘРКІ (араб.) – *безу.* «Яғни, бенделіктің кәмәлатты әулиелікпен болатұғын болса, күллі адам тәркі дүние болып Һу деп тариқатқа кірсе, дүние ойран болса керек».
ТӘСЛИМ (араб.) – *берілу, тапсыру.* «Өзіңді оның құлы біліп, өзіңе мүсілім ат қойып, тәслим болғаныңа раст боласың да».
ТӘУБӘ (араб.) – *шүкірлік, қанағат ету, кешірім сұрау.* «Тәубә жоқ, дұға да жоқ, тентек бойда».
ТӘҮИЛІНЕ, Т ә һ у ә л (араб.) – *жору, мағынасын білу.* «Тә'уиліне жетерлік ғылымның шақ».
«ТӘФАККАРУ ФИӘЛА ИЛЛАҺИ» (араб.) – *«құдайдың бергеніне ой жібер».*
ТӘХМИН (араб.) – *шама.* «...Әр адамның бойында алла табарака уатахала тәхмин бар қылып жаратқан».
ТӘХСИЛ-ҒҰЛЫМ (араб.) – *ғылым үйрену.* «Бұл күндегі тәхсил-ғұлым ескі медреселер ғұрпында...»
ТӘШӘҺҺУД (араб.) – *куәлік беру.* «Қағадат ул-ахир – дұғаның ақырында аллаға тахият, одан тәшәһһуд одан салауат».
ТӘШТИТ (араб.) – *араб жазуының дауысты, дауыссыз дыбыстарын білдіретін белгі, үтір.* «Мәт – қасың, тәштит – кірпік, секін – көзің».
ТИ (араб.) – *т; араб алфавитінің үшінші әріпі.* «Ти – Тілімнен шығарып түрлі әбиат».
ТРАГЕДИЯ (грек.) – *әдеби жанр, қасірет, қасіретке толы шығарма.* «Софоклге трагедиясы себепті...»
ТРАКТІ (лат.) – *даңғыл жол, үлкен жол.* «Бірақ бұлардың ішінен керуен немесе тракті жол үстінде... тұрушылар шығарылады».
ТҰТМАҚ (татар.) – *тұту, ұстау.* «Енді ниет өттіңіз таһарат алмаққа, намаз оқымаққа, ораза тұтмаққа».

ТІЛІМНӘН (шағ.) – *тілімнен.* «Ти – Тілімнән шығарып түрлі әбиат».

УА (араб.) – және, тағы да, сөйтсе де.
УАҒАЛАЙКҮМҮССӘЛӘМ (араб.) – *сізге де тыныштық болсын.* «Уағалайкүмуссәләм, Болыс, мал-жан аман ба?»
УАДУД (араб.) – сүйікті, сүюші: алланың бір есімі. «...Аллатағаланың Рахман, Рахим, Ғафур, Уадуд... деген есімдерін...»
УАЙЛАНА (араб.) – *күйінгенде айтылатын одағай сөз.* «Уау, уайлана ғишқың уайым жеп».
УАҚЫП (араб.) – *қайырымдылық орны, діни мүлік, зат.* «Мекеде уақып үй салып, Пәтер қып, жаққан шырақты».
УАЛАКИН (араб.) – *бірақ та.* «Уалакин, кімде-кім иманның неше нәрсе бірлән кәмәлат табатұғынын білмей... жыртысын салғанға ұқсайды».
УАЛИ (араб.) – *әулие.* «Мешіттің құтпа оқыған ғұламасы, Мүнәжәт уалилердің зар наласы».
УАУ (араб.) – *у; араб алфавитінің жиырма алтыншы әріпі.* «Уау – уайлана ғишқың уайым жеп».
УАҮӘММӘЛИЗИНӘ АМӘНУҮӘҒАМИЛУССАЛИХАТИ ФӘИУӘФФИҺИМ УЕЛЛАҺУ ЛӘЙУХИББҮЗЗАЛИМИН» (араб.) – *«Бірақ соңдай адамдар бар, құдайға иман келтіреді, жақсы істер істейді, сөйтіп міндетін атқарады, өйткені құдай залымдарды сүймейді».*
УАХСУСАН (араб.) – *әсіресе.* «Уахсусан адам баласының ақыл-пікірін ұстартып, хақ пенен батылдықты айырмақты үйренгендігі».
УӘЗІН (араб.) – *өлшеу, өлшем.* «Қуаты оттай бұрқырап, Уәзінге өлшеп тізілген».
УӘЗІР (араб.) – *патшаның, ханның көмекшісі, ақылшысы, белгілі бір саланы басқаратын әкім.* «Сол масғұт халифаға уәзір болды».
УӘКИЛ (араб.) – *басқарушы; алланың бір есімі.* «...Аллатағаланың Рахман, Рахим, Ғафур, Уадуд, Хафиз, Сәттар, Разақ, Нафиг, Уәкил... деген есімдеріне...»
УӘКТҮБИҺИ (араб.) – *оның кітаптарына сенемін.* «Уәктүбиһи дегенмен ісі бар ма?».
«УӘЛЛӘЗИНӘ АМӘНУ УӘҒӘМИЛУССАЛИХАТИ УЛАМ-КААСХАБУЛ – ЖӘННӘТИҺӘМ ФИҺА ХАЛИДУН» (араб.) – *«Соңдай адамдар бар, құдайға иман келтіреді, жақсы істер істейді, оңдайлардың орны мәңгі ұжмақта».*
УГОЛОВНЫЙ (орыс.) – *қылмысты.* «Шапты, талады» деген әр түрлі уголовный іс көрсетіп, арыз береді».
УЕЗДНЫЙ (орыс.) – *ояздық.* «...Уездный начальник пенен военный губернатордың назначениесімен болады десе, бұл халыққа бек пайдалы болар еді».
УЕРД (араб.) – *әдет, машық.* «Жай жүргенді уерд қылып, Тыныш өлсеңші тегінде».
УХРАУИ (араб.) – *ахиретші, о дуниешіл.* «Бірақ ұхрауи пайдасын ғана күзетті».

ҰҒЫЛ (түрік.) – *бала.* «Сіздерге адам ұғылының мінездері туралы біраз сөз жазып ядкар қалдырайын».
ҰЛЫҒ (түрік.) – *ұлы, үлкен.* «...Ол аллатағаланың сегіз ұлығ сипатынан бас бұрғызып...»

ҮДДА, х а д д (араб.) – *күш, шама, шек.* «Өлеңді айтпақ түгіл, ұға алмайсың, Айтсаң да үддасынан шыға алмайсың».
ҮЖУД (араб.) – *бар болу.* «Оның үшін мүмкинаттың ішінде не нәрсенің үжуді бар болса, ол бірліктен құтылмайды».
ҮШБУ (шағ.) – *осы.* «Үшбу хиял келсе басқа».
ҮШІНДӘН (шағ.) – *үшін.* «...Бұл үшін дән сиддық, ғадалөт болар».

ФАБРИК, ф а б р и к а (орыс.) – *кәсіпорын.* «Миллион хикмет бірлән жасаған машина, фабрик адам баласының рахаты».
ФАЙДА (шағ.) – *пайда.* «Фи – Файдың тие ме деп, жаза салды».
ФАТИХА (араб.) – *бастау, кіріспе.* «Ол фатиха сүренің мағналарында көп сыр бар».
ФАТЛҰБНИ ТӘЖИДУНИ (араб.) – *талап қылсаң табасың.* «...Әгәрше фатлұбни тәжидуни делінсе де...».
ФӘНИ (араб.) – *жалған, өтпелі, опасыз дүние.* «Бақи қоймас фәнидің міні көрмей...»
ФӘРДӘ (парс.) – *ертең, ертеңгі күн, келешек.* «Аллаяр сопының бір фәрдәдән жүз фәрдә бижай» дегені басыңа келеді».
ФӘРИЯД (араб.) – *сиыну, тілек тілеу.* «Мәдт бер я шағири фәриял».
ФИ (араб.) – *ф; араб алфавитінің жиырмасыншы әріпі.* «Фи – Файдаң тие ме деп, жаза салды».
ФИҒЫЛ-ҒАЗИМ (араб.) – *атақты, ұлы іс.* «...Ол аллатағалының фиғыл ғазимлөрінің аттары».
ФИҒЫЛ, қ ұ д а (араб.) – а) *тәңірдің ісі, бұйрығы, әмірі.* «Жә, ол сегіз сипатына сипатымызды һәм олаттары бірлән ағламланған фиғыл құдаға фиғылымызды ертпекке бірлән табылады...» б) *пікір, пиғыл, пейіл.* «...Әрбір адамды бұзатын фиғыл».
ФИҒЫЛ ПӘНДЕ (араб.) – *адам ісі.* «Фиғыл пәнденің қазығы – осы жақсы хакимдер».
ФИДА (араб.) – *құрбан болу, жан қию.* «Бірақ менің ойыма келеді, бұл екі тайфа әр екісі өздеріне бір түрлі нәпсісін фида қылушылар деп».
ФИТНЕ (араб.) – *бұзықтық, бүліншілік.* «Бұлардың жиылмағы, қиынның қиыны, бәлки фитнә болар».
ФОРМЫ, ф о р м а (орыс.) – *түр, кескін.* «Кейде елеусіз, кейде ынтық формыменен».

ХА (араб.) – *қ; араб алфавитінің алтыншы әріпі.* «Ха – Халаллық таппадым, жаным, сәнан».
ХАДИС (араб.) – *әңгіме, кеңес, ізгі сөз, аңыз; ақын пайғамбар өміріне байланысты аңыз-әңгіме деген мағнада қолданған.* «Аят, хадис емес қой, Күпір болдық демес қой».
ХАДИС, Ш а р и ф (араб.) – *пайғамбардың ізгі сөзі.* «Әрбір хадиске айтылатұғын бір қадимге тағриф болмайды».
ХАЖ (араб.) – *Меккеге бару, діни рәсім, мұсылмандық парызы.* «Руза, намаз, зекет, хаж – талассыз іс».
«ХАИРУН-НАС МӘН ЯНФАҒУННАС» (араб.) – *«адамның жақсысы адамға пайда келтірген адам».*
ХАКІМ (араб.) – *ғалым, оқымысты, данышпан.* «Аристотель хакімге патша келді».
ХАҚ (араб.) – *анық, шындық, тазалық, адалдық.* «Және хақ жолы осы деп әділетті».
ХАҚИҚАТ (араб.) – *шындық, дұрыс, ақиқат.* «Хақиқат пенен растық – қиянаттың дұшпаны...».
ХАҚЛЫҚ, х а қ т ы қ (араб.) – *анықтық, әділдік, шындық.* «Көңілде өзге махаббат тұрғанда хақлықты таппайды».
ХАЛ (араб.) – *жағдай, күш, қуат.* «Бек бітті халім, Тағдырдан келген зұлым».
ХАЛАЙЫҚ (араб.) – *халық, ел, қауым, жұрт, бұқара.* «Хи – Халайық, мен емес, бәрі ынтызар».
ХАЛАЛ (араб.) – *адал, заңды.* «...Езгулікке бола халал кәсіп бірлән тапқан дүние емес».
ХАЛӘТ (араб.) – *қал, күй, жәй, жағдай.* «Ораза тұтушылардың не халәттә екендіктерін, оған деген керек емес».
ХАЛИҚ (араб.) – *жаратушы деген мағнада.* «Халиққа махлұқ ақылы жете алмайды».
ХАЛИС (араб.) – *адал, шын, таза.* «Бұлар – өз ижтиһадің бірлән ниет халис бірлән ізденсең ғана берілетін нәрселер».
ХАЛИФА (араб.) – *мирасқор, билеуші.* «Арун-Рашид халифа заманында...»
ХАЛЛАҚЫ (араб.) – *жаратушы.* «Жә, олай хұлықпенен

сол ойды ойлаған кісі халлақына шүкірді неге ойламасын?»

ХАМСА (араб.) – *бес.* «Адамды жаратушы хауаси хамса заһри бергенде, тахқих ойлап, олардың барлығы түгел оған мұқтаж барлығын біліп бергендігі әшкере тұр ғой».

ХАМІР (араб.) – *арақ-шарап.* «Пайда деп тән саулыққа ішетұғын, Миуадан тартқан хамір ас артында».

ХАРАМ (араб.) – *жат, арам.* «Біреуді ызаландырмақ – шариғатқа харам, шаруаға залал, ақылға теріс».

ХАРБИЯ (араб.) – *соғыс ісі, әскери.* «Соған қарай Ғұсманияда мектеп харбия салынып, жаңа низамға айналған».

ХАРЕКЕТ (араб.) – *әрекет, қимыл, іс, кәсіп, талап, толқу.* «Харекетім – суретші, бояушылық».

ХАС (араб.) – *нағыз, өте; ақын арналған, лайықталған деген мағнада қолданған.* «Олар хас осы ғибадат екен, құданың бізге бұйырғаны, біз осыны қылсақ, мұсылмандық кәміл болады деп ойлайды».

ХАСИЛ (араб.) – *пида, табыс.* «Аз жұмыспен көп алтын хасил етсе».

ХАСЛАТ (араб.) – *майда; ақын сипат мағнасында қолданған.* «Белгілі жәуанмәртлік деп хаслат бірлән болар деген...».

ХАУАС (араб.) – *сезім сипаты, сапа түрі; ақын адамның сезім мүшелері мағнасында қолданған.* «Ақыл мен хауас барлығын, Білмейдүр жүрек, сезедүр».

ХАУАСИ ХАМСА ЗАҺРИ (араб.) – *сыртқы бес сипат, бес сезім мүшесі.* «Жә, олай болса, адамды жаратушы хауаси хамса заһри бергенде, тақиқ ойлап, олардың пайдасының барлығы түгел оған мұқтаж болғанлығын біліп бергендегі әшкере тұр ғой».

ХАУАС СӘЛИМ (араб.) – *жақсы сезім, жақсы сипат.* «Мұның табылмақтығына себептер – әуелі хауас сәлим...»

ХАФИЗ (араб.) – *қорғаушы; алланың бір есімі.* «...Аллатағаланың Рахман, Рахим, Ғафур, Уадуд, Хафиз... деген есімдеріне...».

ХАТТӘ (араб.) – *тіпті.* «Бұлар адам аздырушылар, хаттә дінге де залалды».

ХАЯ (араб.) – *ұят.* «Оның хаясы жоқ, кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы жоқ».

ХАЯТ (араб.) – *тіршілік, тірі болу.* «Оның үшін аллатағаланың сипаттары: Хаят...».

ХӘРАМИ (араб.) – *арам нәрсе.* «Хәрами, манруһи былай тұрсын... ескерусіз тастап кетпек ақылға, әдепке, ынсапқа дұрыс па?»

ХИ (араб.) – *х; араб алфавитінің жетінші әріпі.* «Хи – Халайық, мен емес, бәрі ынтызар».

ХИБАИ (араб.) – *көшпелі.* «Сол арабтар көшпелі халықтарды «хибаи» деп, «хұзағи» деп атапты».

ХИКІМЕТ (араб.) – а) *ғажап, керемет, бұйрық.* «Хикіметімен тоқтатты бір жасаған», б) *ақыл, өнер-білім.* «Хикімет көптен тарай ма?».

ХИМИЯ (араб.) – *ғылым.* «Химия ғылымын білуші ем, үйретер ем».

ХИРС (араб.) – *сараңдық, дүниеқорлық.* «Я хирс дүниелiктен қауымның көңілін суытпақ үшін...»

ХИСАП (араб.) – *түр, нұсқа, нәрсе.* «...Ғылым, құдірет – біздің ұғуымызға ғана екі хисап, болмаса, бір-ақ ғылымды құдірет болуға тиіс».

ХИЯЛ (араб.) – *елес, арман, ой, қиял.* «Үшбу хиял келсе басқа».

ХОР (араб.) – *қор, қорлыққа ұшырау.* «Хор болды жаным, Сенсіз де менің күнім, Бек бітті халім, Тағдырдан келген зұлым».

ХОШЛЫҚ (шағ.) – *саулық, амандық.* «Сөзім жоқ татымды, хошлықпен көріспек».

ХҰЗАҒИ (араб.) – *көшпелі.* «Сол арабтар көшпелі халықтарды «хибаи» деп, «хұзағи» деп атапты».

ХҰЗУР ХАСИЛ (араб.) – *тыныштық, рахат табу.* «Әр білмегеніңді білген уақытта көңілде бір рахат хұзур хасил болады».

ХҰЛЫҚ (араб.) – *пейіл, мінез, құлық.* «Жә олай хұлықпенен сол ойды ойлаған кісі халлақына шүкірді неге ойламасын?».

ХҰП (парс.) – *құптау, мақұлдау, ұнату.* «Хұп білемін, сізге жақпас Ескі жара білтелеу».

ХҰРМӘТ (шағ.) – *құрмет.* «Си – Сәнаи мәдхіңа хұрмәт еттім».

ХҰСНИЗӘН (араб.) – *жақсы ой, көркем ой.* «Хұснизән мен иманды білді ойлаған».

ХҰСУСАН (араб.) – *әсіресе.* «Моллалар тұра тұрсын, хұсусан бұл замандардың ишандарына бек сақ болыңдар».

ХҰКІМ (араб.) – *үкім, билік.* «Хүкімші шалдар мәз боп отыр ма онда?».

ХҰКІМ ШАРИҒАТ (араб.) – *шариғат жолы.* «Өздері хүкім шариғатты таза білмейді».

ХҰСД (араб.) – *күндеу, күншілдік, көре алмаушылық, іштарлық.* «Оңдай бахас хұсдшілікті зорайтады».

ХІРСЛАНУ (шағ.) – *ашқарақтану, қомағайлану, сараңдық.* «Бахас – өзі де ғылымның бір жолы, бірақ оған хірслану жарамайды».

ҺӘМ (парс.) – *солай, және, әрі, тағы да.* «Қорламаймын һәм, балам зорламаймын».

ҺӘМИШУ (парс.) – *ылғи, үнемі, әрқашан.* «Һәмишә өмір өтпек – ол білдірмек».

ҺӘММӘ (парс.) – *бәрі, барлығы, бүкіл, барша.* «Хожа Хафиз – бу һәммәси, Мәдәт бер я шағири фәрияд».

ҺӘР (араб.) – *әр.* «Уа һәр түрлі бізге пайғамбарымыз... арқылы жіберген жарлығына...

ҺӘУА (араб.) – *әуестену, әуесқойлық.* «Һәуа һәуастан әрбір арзуи нәпсіден суынып...».

ҺЕШ (шағ.) – *еш, ешқандай.* «Һи – Һеш пайдаң тимесе, елді ойлаңыз».

ҺИ (араб.) – *һ; араб алфавитінің жиырма жетінші әріпі.* «Һи – Һеш пайдаң тимесе, елді ойлаңыз».

ШАҒИР (араб.) – *ақын, шайыр.* «Мәдәт бер я шағири фәрияд».

ШАҚШЫ (ноғай.) – *лас, былғаныш.* «Сәнің шақшы аяғың білән...».

ШАПҚАТ (араб.) – *қорғау, жебеу, рахымы тию.* «Әділет, шапқат кімде бар, Сол жарасар туғанға».

ШАРАҒАТ (араб.) – *шариғат, ислам дінінің жолы, заңы.* «Ала жаздай байың кеп бір жатпайды, Қазақтың не қыласың шарағатын».

ШАРҒЫ (араб.) – *діни заң.* «Бірақ ол өнер ғадаләттан шықпасын, шарғыға муафақ болсын».

ШАРДАҚ (парс.) – *төрт қырлы күмбез, аспа қалқан; ақын «дәрменсіз» деген мағнада қолданған.* «Шабан шардақ және шау, Мұндай ма едің ана күн».

ШАРИҒАТ (араб.) – а) *дін, дін заңы.* «Ойында жоқ олардың, Шариғатқа саласы», б) *«ант» деген мағнада қолданады.* «Қонған ауылда қонақтың аты жоғалса, ауылкүймейді, сенбесе ат иесі ауылдан шариғат алады».

ШАРХ (араб.) – *түсінік, түсініктеме, түсіндіру.* «Сегіз сипаттан қалған алтауы бұларға шарх».

ШАУ (шағ.) – *тосырқап, тоқырап қалу.* «Шабар, шардақ және шау, Мұндай ма едің ана күн».

ШАФАҒАТ (араб.) – *қорғау, жәрдем ету, жебеу.* «...Пайғамбарымыздың шафағатына да симайды, мүмкінде емес».

ШАФХАТ СӘХӘРІ (араб.) – *рахымды керемет қуат.* «...Кішкене уақытында шафхат сәхәріменен бастарын байлап қамқор қылып қоймақтығы, адам баласына өсіп-өніп, теңдік алсын емес, бәлки адам баласының үзілмес нәсіліне таусылмас азық болсын дегендік».

ШАРҒЫ (араб.) – *дін заңы.* «Бірақ ол өнер ғадаләттан шықпасын, шарғыға муафих болсын».
ШАҺАР (парс.) – *қала, үлкен қала.* «Шаһардан бір күн Масғұт шықты тысқа».
ШАҺАРИ (парс.) – *қала адамдары.* «Өзіменен өзі әуре болып, біріменен бірі ешбір шаһари жауласпайды».
ШАҺБАЗ (парс.) – *ер, сабаз.* «Сіз бір сұңқар шаһбаз. Жер жүзінен алған баж».
ШӘЙІТ (араб.) – *дін жолында өлген адам.* «Дінім хақ, ісім ақпын, өлсем шәйіт».
ШӘКІРЛІК (араб.) – *шүкірлік, ырзалық.* «Шәкірліктен ғибадаттың бәрі туады».
ШӘРБӘТ (араб.) – *тәтті сусын.* «Сенсің жан ләззәті, сенсің тән шәрбәті».
ШӘРИКСІЗ (араб.) – *тең келмейтін, бірдей келмейтін.* «Иман деген – алла табарака уатағаланың шәриксіз, ғайыпсыз, білгірлігіне... мойын сұнып, инанмақ».
ШЕН, ч и н (орыс.) – *мансап, дәреже.* «Баламды медресеге біл деп бердім, Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім».
ШЕРМІШ, ч е р м а ш (орыс.) – *ұры-қары, бұзақы.*
ШИГӘ (парс.) – *нәзік, кішкентай, уақ.* «Қашың құдрәт қоли шигә».
ШИКӘР (парс.) – *тәтті, шекер.* «Шын – Шикәр ләп есіме түскен сайын».
ШТЫК (орыс.) – *сүңгі, найза.* «Штык, қылыш қайрасып...».
ШҰРҰҒ (араб.) – *кірісу.* «Онан соң намазға шұрұғ қылмақ».
ШЫҒАРМАҚЛЫҒЫНА (шағ.) – *шығаруға, шығармақ болуына.* «Адам баласына пайдалы іс шығармақлығына...».
ШЫН (араб.) – *ш; араб алфавитінің он үшінші әріпі.* «Шын – Шикәр ләп есіме түскен сайын».
ШЫРЫШ – *тыныштық, ынтымақ.* «Сол заманда-ақ надандар шырыш бұзған».

ЫҚЫРАР (араб.) – *мойындау.* «Алланың қадирлігіне өзінің ғажиздығына ықырарының беріктігін көрсеткен ишараты».
ЫНТИЗАР (тат.) – *ынтызар, ынтық, құмар.*
ЫХЛАС (араб.) – *көңіл, ынта.* «Онымен сезімді тазалыққа кіргендігінді кәміл ыхласыңды көрсетіп... аллаға дұға айтамын деп әзірленесіз».

ЭЛЕКТР (лат.) – *электр.* «Электрді тауып, аспаннан жайды бұрып алып...».

Я (араб.) – *я; араб алфавитінің жиырма сегізінші әріпі.* «Ярым, қалай болар жауап сөзің?».
ЯДКАР (парс.) – *ескерткіш, есте қалу.* «Сіздерге адам ұғылының мінездері туралы біраз сөз жазып, ядкар қалдырайын».
ЯКИ (араб.) – *немесе, болмаса.* «...Кітаптан оқу бірлән яки молдалардан есту бірлән...».
ЯКИНИ (араб.) – *шын, нағыз.* «Хакимдердің ғақлияты бірлән жетсе, иман якини болады».
ЯР (тат.) – *жар.* «Ре – Риза қылмағыңды яр өзің біл».
ЯШАСЫНАЙ ТАТАР (татар.) – *халық, топ.* «Минусинскі уезінде «яшасынай татар» атында бір халық бар».

Сөздікті әзірлегендер: *Т. Рсаев, Р. Нұрғалиев.*

ҰЙҚАС СӨЗДІГІ

Тіл мәдениеті, оны қолдану шеберлігі мәселелерін сөз еткенде жекелеген ұлы жазушылар шығармаларының тілі мен стилін, сөз саптау ерекшеліктерін, көркемдік әдістері мен құралдарын, шын ісмерге тән ою-өрнектерін, ұйқас өрімдерін зерттеп, білудің маңызы зор. Кейінгі ұрпақ сол зерттеулер, әр сөзге шұқшия үңілген зерделі ізденістер арқылы белгілі бір тіл зергерінің өмір сүрген уақыты, қоғамдық ортасы, заман ағысы жайлы қыруар тарихи, мәдени деректер алады. Оның қолына қалам ұстаған талапкер жас ақындар үшін де үлгі тұтар өнегесі көп. Бұл салада қазақ тілінің мамандары мен жалпы көпшілік оқырман әзірге Қазақ ССР ҒА-ның Тіл білімі ин-ты 1968 ж. шығарған «Абай тілінің сөздігін» ғана біледі.

Оқырман-жұртшылыққа Қазақ энциклопедиясы тұңғыш рет ұсынып отырған осынау «Ұйқас сөздігі» академик-жазушы М. Әуезовтың редакциялауымен Қазақстан ҒА-ның Тіл білімі ин-ты баспадан 1957 ж. шығарған Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы бойынша жасалды. Ұйқас сөздігі ақынның барлық өлеңдері, поэмалары, аудармалары бойынша әзірленді. Шумақтың 1-жолындағы негізгі сөзге байланысты терілген ұйқастар алфавитке түсіріліп (негізгі сөзге қарай), оған ұйқастырылған сөздердің «адресі» берілді. «Адресте» 1957 ж. жинақтағы өлеңдер ұйқастарының негізгі сөзден кейінгі сөздердің томы мен беті (араб цифрымен) ғана көрсетілді. Сөздікке ақынның әр түрлі өлеңдерінде немесе басқа-басқа шумақтарында негізгі сөзге ұйқасатын сөздері теріліп, біріктірілді. Бұған, керісінше, кейін бірнеше рет қайталанатын сөздер алынбай, олар алғашқы «адрес» бойынша ғана берілді. Мыс.: «көз» – «сөз» дегенұйқас 88, 204; «көп» – «деп» ұйқасы 117, 118, 133, 259; «кетті» – «етті» – «өтті» ұйқастары 140, 269, 280 беттерде қайталанады. Бұл ұйқастар алғашқы «адресімен» бір-ақ рет көрсетілді. Сол сияқты «көзін», «өзім», «сөзің», «көзіне, сөзіне», «көздері, сөздері» түріндегі қайталама ұйқастардың да тек бірінші кездесетін түрі алынды. Сөздікке өлең жолы соңындағы ұйқастар ғана енгізіліп, қазақ жырында, әсіресе Абай өлеңдерінде жиі кездесетін ұйқастың басқа да түрлері: ішкі ұйқас, мазмұндық ұйқас (мыс., «мал таппай – ой таппай», «жау болып – дос болып»), бірыңғай дауысты, дауыссыз дыбыстардан, сөздер мен сөйлем тіркестерінен басталатын аллитерациялық, ассонанстық, носсонанстық ұйқастар алынған жоқ. Мыс.:

«Өзіңнің қара артыңа,
Өткен өмір бейне түс.
Өлгенше болар бар ма дос?..»

немесе:

«Бір сөз үшін жау болып,
Бір сөз үшін дос болып...»
«Бал болатын бала бар,
Бал болар ма Рақымшал?!»

дегендегі үндес бастамалар. Абайдың інісі Оспан қазасына арнаған «Жайнаған туың жығылмай...» деген жырындағы өңкей «Ж» әрпімен басталатын сөздер арқылы керемет жарасым тауып, бір деммен оқылатын төкпе ұйқастары енбеген. Осы сияқты орын ауыстырып, қайталана ұйқасқан сөздер де алғашқы түрі бойынша ғана беріледі. Ақын өлеңінің негізгі ұйқас заңына қайшы келетін, кездейсоқ ұйқастар да сөздікке енгізілген жоқ.

А

Абыз бар – желқабыз бар (1, 152)
Ағаны іні – сүйткен күні, шыққан үні (1, 29)
Ағаңнан – заманнан (2, 78)
Ағаш – тас, болмас (1, 282)
Адам – арам (1, 133)
Адамдар – балалар (2, 70)
Адамды – сазаңды, наданды, мазамды (1, 156)
Адам жоқ – жаман жоқ (1, 235)
Адамзатты – тәтті, әділетті (1, 244)
Адамнан – айтқаннан, алғаннан (1, 70)
Адамы – арамы (1, 64)
Азады – жазады (1, 59)
Азаймақ – тайғақ, маймақ (1, 247)
Аз-ақ – мазақ, қазақ (1, 70)
Аз ғана – бозбала (1, 130)
Азғанасы – олжаласы, бұл қаласы (1, 111)
Азғырып – жазғырып (2, 90)
Аздан – жазған (2, 126)
Аз емес – таза емес, саз емес, наз емес (1, 250)

Ай – жәй, бай (1, 72); сай (1, 77); жарқылдамай, бұрынғыдай (1, 123)
Айғақ – қалталанса-ақ, т...-ақ (1, 35)
Айдар – жайнар, қайнар, абайлар (1, 248)
Айдаһарсыз – қыз, арсыз, байқарсыз (1, 96)
Айла жоқ – пайда жоқ (1, 229)
Айласын – жайнасын (1, 133)
Айнадайын – сайын, жайын (1, 107)
Айналып – жайланып (1, 49)
Айнымас – қайрылмас, айрылмас (1, 103); кел, қарас (1, 101)
Айпар-жайпар – шайқар, байқар (1, 172)
Айт – қайт (1, 145)
Айта алмай – бата алмай (1, 52)
Айтайын – қайтейін (1, 169)
Айтаққа – аулаққа (1, 77)
Айтамын – тартамын (2, 74); қайтемін (2, 85)
Айтпаған – қайтпаған, тартпаған, татпаған, жатпаған, шатпаған, сатпаған, жақтаған, тоқтаған, таппаған, сақтаған, қақпаған, жақпаған, мақтаған (1, 185)
Айтпас – қайтпас (1, 100)
Айттым деп – қайттым деп (1, 61)
Ақмаққа – соқпаққа (2, 137)
Ақсақал – жаңжал, ал (2, 115)
Ақылға – жақынға (1, 204)
Ақылсыз – арсыз, жалғыз (2, 134)
Ақын – жақын, салқын (2, 92)
Ақыр – жатыр, батыр (2, 98)
Ақырын – тықырын (1, 135); асылым (1, 189)
Ал – сал (2, 125)
Ала – шала (1, 114)
Алар – қалар (1, 221)
Алған соң – қалған соң, салған соң, болған соң (1, 191)
Ал дағы – бар дағы (2, 125)
Алдағыш – жас қамыс (1, 134)
Алданыс – айға алыс (2, 75)
Алдап – арбап, тап (1, 100)
Алдау – жалдау (1, 93)
Алды – қалды (2, 125); барды (1, 262); құралды (1, 271); салды, нашарланды (1, 276)
Алдыңыз – малдыңыз, қалдыңыз (1, 62)
Алдырған – шалдырған, қалдырған (1, 178)
Алды ішін – қайғысын (2, 147)
Алла – пәндә (1, 99); қалма (1, 102)
Алланың – пенденің (1, 171)
Алласы – көз жасы (1, 165)
Алма – құмарланба, қалма (1, 40); алла (2, 83)
Алмадым – қарғадың (2, 83); алланың (2, 148)
Алмай – жалындай (1, 115)
Алмақ – қалмақ, салмақ (2, 146)
Алмас – қалдырмас, бармас (2, 104)
Алтау – төртеу (1, 93)
Алу – салу (2, 122)
Алып – сықылданып, күйіп-жанып (1, 98); қозғалып (1, 106); салып (1, 113)
Алысып – танысып (1, 135); қарысып (1, 140)
Аман – маған, саған (2, 120)
Аман ба – заманда, бабаңда, жаман ба, шаманда (1, 75)
Амандасты – жақындасты, сұрасты (1, 271)
Ана жоқ – бала жоқ, және жоқ, шара жоқ, шама жоқ, қара жоқ, баға жоқ, жала жоқ, сана жоқ (1, 198)
Анты бар – салты бар (1, 65)
Антын – алтын (2, 125)
Антұрған – қылған (1, 215); болған, тұрған (2, 152–153)
Ант ұрып – шарқ ұрып (1, 108)
Ант шықты – салт шықты (1, 59)
Анық бас – жалықпас (1, 163)
Аңдамас – таңдамас (1, 145)
Аңдып сені – аңдып оны (1, 91)
Аңдыр – азғыр-азғыр, жалбыр (1, 73)
Аңқыған – шалқыған, балқыған, қалпынан, даңқынан, шартынан (1, 138)
Аңыратып – сорғалатып, таңырқатып (2, 127)
Апаларым – жапаларын, аталарың (1, 281)
Апарып – оңғарып, алып (1, 273); жарып, барып (1, 279)
Араз – аз, жаз (1, 200)
Аралады – таба алмады, шам алмады (1, 274)
Аралас – жас (1, 182)
Араласып – құшақтасып, басып (1, 122)
Араны үлкен – тоя ма екен, болады екен (1, 263)
Ардың – болдың, қалдың (1, 266)
Ар едің – нар едің, бар едің, кәрі едің, тар едің (1, 181)
Арзан – арман, бардан (1, 174)
Арқалан – бар қалан (1, 163)
Арманым жоқ – қанғаным жоқ (2, 86)
Арсаңдар – қалсаңдар, талтаңдар (1, 83)
Арттағылар – сынар, ұғар (2, 106)
Арты едім – қарт едім (1, 183)
Артық – қаншық, тантық (1, 39); шалқып, тартып (1,273–274); тантық (2, 142)
Артылса – тартылса, қылса (1, 83)
Ар үшін – жар үшін (1, 126)
Арықпын – қанықпын (1, 140)
Арысқа – намысқа, шалысқа (1, 64)
Арыстан – бастан, жылатпастан (2, 133)
Асар – тасар, қашар (1, 265)
Ас бермек – есіттірмек (2, 132)
Аспан – басқан, қашқан, жарысқан (1, 71)
Аспан-көк – бәйшешек (2, 96)
Асты – душарласты, басты (1, 281)
Астына – басына (1, 207)
Асығам да – жасыдым да, ашығында (1, 56)
Асығын – қашығын (2, 148)
Асықпай – баса ұқпай (1, 109)
Асыл тас – қалмас, табылмас (1, 247)
Асылым ең – ғашығымсың (2, 86)
Асың ба – қасында, жасында, басында, шатылма, шаншылма, тасында, асылма, басұрма, жасырма, қосылма, шошынба (1, 241)
Асырдың – жасырдым (1, 220)
Асырса – жасырса (2, 148)
Аталықты – қапалықты, қасалықты (1, 172)
Атамыз бар – молдамыз бар, зар (1, 129)
Атандық – ойландық (1, 130)
Атып – батып, тартып (1. 279)
Аулақтан – мойнақтан (2, 123)
Аулап – саулап, жаулап (1, 154)
Ауыздым – маңыздым, ағыздың (1, 196)
Ауырып – жаңылып (1, 166)
Аһ – қуа (1, 214)
Ашады – сасады (2, 123)
Ашты – жарасты (1, 166); амандасты, араласты (2, 116)
Ашуланды – барды, салды (1, 261); қалды, малды (1, 271)
Ашылар – жасырар (2, 96)
Ашылмай – басылмай, жасырмай, қашырмай (1, 156)
Ашылса – қашырса (1, 132)
Ащы – басшы, араласшы (1, 202)
Аю – ойлану, салу (2, 133)
Аяқ – некен-саяқ, көргендей-ақ (1, 107); қабақ,жалбақ (2, 152)
Аянбай-ақ – саяқ, аяқ (1, 281)

Ә

Әбіш – құрыш (1, 180)
Әдетің – жендетің (1, 90)

Әзім – жазым, тағзым (1, 279); ажым, лажың (1, 282)
Әкетпесе – тебірентсе, ол да еріске (2, 92)
Әлбетте – бейнетке (2, 74)
Өм жалықтым – әм түңілдім (2, 71)
Әндері – сәндері (2, 132)
Әңгіме – өңгеге (1, 153); деме, жеме (1, 263)
Әрекет – берекет (1, 60)
Әрнеге – дүниеге (1, 163); жүмлеге, өңгеге, кеудеге, бендеге, мен неге, жүр деме, көрмеге, бір наме, сүрмеге (1, 168)
Әрнені – көрмеді (1, 127); бендені (2, 99)
Әсем – кем, ем (2, 80)
Әсіресе – сен десе, әлденеше, орны келсе (2, 72)
Әуре – сәуле (1, 136)
Әуре өтер – өмір өтер (1, 108)
Әуресі – әрнесі, тәңірі ісі, бендесі, сәулесі, кеудесі, пердесі, шаруасы, сәлдесі, жем жесі, өңгесі, кемкісі (1, 132)

Б

Баға алмас – таба алмас (2, 76)
Бағы – шағы, дағы (2, 80)
Бағып – жағып, қағып (1, 72)
Базар – ажар (1, 90)
Базарым – ажарым (1, 216)
Бай – орай, құдайым-ай (1, 73); ай (1, 200); айнадай (2, 122)
Байғұсты – жабысты (2, 125)
Байдың – сондайдың (2, 122)
Байқадың – шайқадың, айтарың (2, 91)
Байқаймыз – тайқаймыз, шайқаймыз (1, 105)
Байқасын – айтасың (1, 169)
Байла – сайла, айла (1, 279)
Байлары – бәрлері (2, 142)
Байласты – уәделесті, ыңғайласты (1, 282)
Бай тап – мал тап (1, 89)
Байын – дайын (2, 122)
Бақ – хат (1, 169); ортақ, ақ, шақ (1, 228)
Бақпақ – жақпақ, қақпақ (1, 35)
Бақсының – тап шының (1, 93)
Бақырған – шатылған (1, 215)
Бақырды – қашырды (2, 132)
Бала – ала (1, 92)
Бала бал – Рақымшал, өзің ал (1, 206)
Баласы – саласы, анасы, шаласы, таласы, шамасы, қарасы, арасы, сарасы, панасы, жаласы, қаласы, аласы, санасы, тілі ащы, ағасы (1, 51–52), айналасы, жасы (1, 72)
Баласын – барасын (1, 90)
Бала-шаға – тамашаға, жараса ма (1, 238)
Балбырап – салбырап (2, 93)
Балқи көр – шалқи бер (1, 169)
Баптап – сақтап, жақтап, шықылықтап, салақтап, ыржақтап, мақтап, далақтап (1, 30)
Бар – алар, ұғар, қалар, жағар, тарар, жарар, ойланар (1, 43); тар, ұры-қар, ар, шар, зар, туғандар, ойландар, ажар, құтқар, іңкәр, хабар, айналар, болар, табар, қарманар, сандалар (1, 81–82); қызар, құмар (1, 238); ал (2, 78); болар, табылар (2, 81); зар (2, 84)
Барар – табылар, базар (1, 43)
Баратұғын – бір күн (1, 125)
Барған – апарған (2, 126)
Барғанда – қолыма, маңыма (2, 89)
Барды – қалды, апарды (1, 265); аңғарды, шығарды (1, 268); салды (2, 152)
Бардық – алдық (1, 130)
Бардым – салдым (1, 92)
Барқылдап – тарқылдап, салпылдап (1, 207);тыңдап, ымдап (1, 274)
Барлайды – алдайды, таңдайды (2, 135)
Барлап – қосарлап, қармап, сарнап, арнап,шарлап, жалдап, арбап, қарғап, таңдап, малдыап, аңдап, мақалдап, зарлап, аяңдап (1,66-67); алдап-арбап, жалмап (2, 152)
Барлығын – жарлығын (1, 182); мантикин (1, 214)
Барлық – тарлық, сынарлық (1, 36)
Барма – ұнар ма (1, 169)
Бас – алмас, ас (1, 161); болмас (2, 83)
Басқа – тасқа, ойламасқа (2, 133)
Басқанға – аспанға, асқанға, тоскаңға (1, 251)
Баспақ – саспақ, аспақ (1, 155)
Бастаймын – қашпаймын (1, 219)
Бастауға – жасқауға (1, 219)
Бастым – қаштым (1, 115); састым (1, 154)
Бас ұра – асыра (2, 130)
Бас ұрамын – жасырамын (2, 82–83)
Бас ұрып – жасырып (1, 163)
Басылдым – асылдым, бас ұрдым, аһ ұрдым (1, 189)
Басылса – ашылса (1, 204)
Басым – жасым (1, 91)
Басымды – жасымды (1, 90)
Басына – астына (1, 50); дорбасына, атасына (1, 279)
Басында – қасында (1, 62)
Басып – асып, ашып (1, 281)
Басып тұр – қашық тұр (1, 132)
Бата алған – аталған (2, 143)
Бата алыпты – атаныпты, сөз қалыпты (1, 267)
Бату – сату, тату (1, 40)
Батыр – алғыр, қалғыр (1, 86); жатыр, ақыр (1, 142); шақыр (1, 155)
Батыр деп – жатыр деп (1, 61)
Батыр ой – бақты ғой (1, 221)
Бауыр – ауыр (1, 147)
Бауырмал – бал (1, 182)
Бәйгеге – әрнеге (1, 249)
Бәрі – кәрі, дәрі (2, 108)
Бәрімен – нәрі мен (1, 207)
Бәрін – мағналарын, іңкәрін (2, 80)
Бәс – қалдырмас, рас (1, 211)
Бейнетке – дәулетке (1, 133)
Бейуаққа – әржаққа (1, 237)
Бейішке – кейіске (2, 90)
Бекер – өтер, нетер (2, 106)
Бекерге – өтерге, жетерге, кетерге, бітер ме, көтерме (1, 20–21)
Бек көп – ептеп (1, 93)
Бел – жел, ғүл, кел, бөл, кенел (1, 138)
Белгілі – үлгіні, бір күні (2, 136)
Белгісі – ол кісі (1, 58)
Белді бу – бетті жу (2, 90)
Белсенген – теңселген (1, 50)
Бенде – көрдің бе, өміріңде, мен бе, дедің бе, көңлінде (1, 128)
Бендесіп – еркесіп (1, 154)
Бер – көр (1, 91)
Бергек – көтерілмек, жиренбек (1, 27)
Берген – көнген (1, 155)
«Бер»-ден – «көр»-ден (1, 151)
Берді – өрледі, келді, деді, көрді (1, 278); үрді (2, 154)
Бердім – дедім (2, 75)
Берме – ерме, көрме (1, 213)
Бермедің – сермедің (2, 86)
Бермей – көрмей, ермей (1, 178)
Бермен – керуен, серуен (1, 71)
Бермесе – бер десе (1, 224)
Бермесең – жерлесең, көрмесең (1, 105)
Беріңіз – көріңіз, жіберіңіз (2, 134)
Беріп – елеріп (1, 123)

Беріс – тегіс, керіс (1, 40)
Бетерді – кетерді, өтерді, көтерді, бекерді, көкерді (1, 62)
Бет көрем деп – дерт көрем деп, бөксерем деп (1, 29)
Беттемек – кембек (1, 114)
Беті жоқ – к...ті жоқ (1, 64)
Бетіме – дертіме (1, 249)
Бетімнен – өкінбен (2, 99)
Бетінен – не деген (2, 99)
Билемек – сүймек, жүрмек (2, 97)
Бишара – қара, жара (1, 223)
Бозбалалық – ойланалық, қорғаналық (1, 36); қыз қарадық (1, 130)
Бойда – тойда, ойда (2, 98)
Бойды алар – ой салар (1, 219)
Бойла – ойла, қойма (1, 223)
Бойлаймын – ойлаймын (1, 219)
Бойының – ойының (1, 233)
Бойыңа – соңыңа (2, 143)
Боқтады – тоқтады (1, 207)
Боқтайсың – жоқтайсың, тоқтайсың (1, 228)
Боқтауға – тоқтауға (1, 235)
Бол – сол (1, 133–134); жол, ол (1, 246)
Болады – толады (1, 219)
Болайын – оңайын (1, 224); қармалайын (2, 84)
Бола ма – тола ма, жолама (1, 84–85)
Болған – антұрған, ауырған (2, 133)
Болғанда – толғанда, қонғанда (1, 49)
Болған соң – қуансың, жансың (1, 98)
Болды – толды (1, 101); оңды-солды (1, 259)
Болмай – табылмай, оңай (2, 154)
Болмайды – оңбайды, ойлайды, қоймайды, тоймайды (1, 63)
Болмай маған – жарқылдаған, болжай алман (2, 87)
Болмас – алмас, бармас (1, 178)
Болмаса – оңбаса (1, 145); толмаса (1, 182); қоймаса, қонбаса (1, 224)
Болып сақ – күліп-ақ (2, 95)
Болысың – орысың (1, 84)
Боп – жоқ (2, 141)
Бопты – топты,жолығыпты (1, 267)
Бос – дос (1, 228)
Босанып – жас алып (1, 136)
Босқа – доскa (1, 90)
Бояма – қоя ма (1, 169)
Бөгеліп – сүйеніп (1, 77)
Бөл – әл, шел, жол, кемел, ел, көл, жел, сел, тел, төл, бел, шөл, нөл, сол, кел (1, 94–95)
Бөлген – именген, келген (1. 270)
Бөлек – керек (1, 147); жемек, көмек (1, 212)
Бөлмедің – келмедің (1, 101)
Бөлмек – бермек, дүрмек (1, 27)
Бөліп – келіп (1, 220)
Бөртінді – ісінді, өзі өлді (2, 139–140)
Бөтендігі – жігі, жүгі (1, 56)
Буаз – аз (1, 155)
Буынсыз – шыбынсыз, ұғымсыз (1, 117)
Буынып – жуынып (1, 204)
Буырқанып – жарып, толғанып (2, 115)
Бұз – тығыз, отызымыз (1, 277)
Бұзған – қылғызған, қыздан (1, 267)
Бұзды – досымызды, сызы (1, 56)
Бұзылып – құбылып (1, 233)
Бұлақ – құлап, тым-ақ (1, 260)
Бұлаққа – әр жаққа (2, 139)
Бұландатқан – жатқан, ант атқан (1, 200)
Бұлғақтасаң – көп бақпасаң, салмақтасаң, дәм татпасаң (1, 23)
Бұлған – жылмаң (1, 154)
Бұл емес – күн емес (1, 92)
Бұлт – ұмыт (2, 145)
Бұлт берем деп – сырт берем деп, ырқ берем деп (1,28)
Бұрды ма – тұрды ма (1, 151)
Бұрқырап – сырқырап (1, 221)
Бұрсаң – болсаң (2, 83)
Бұртайып – айып (1, 108)
Бұрым – ақырын, түрін (1, 107)
Бұрынғыдай – шулай, құрай (1, 71)
Бұрынғылар – сынар, құлар (2, 104)
Бұтты-шатты – санатты, атты (1, 154)
Бүгін – кемшілігін, күйігін (2, 80); сүтін, өлтіретін (2, 153)
Бүксітіп – бықсытып, қоқсытып (1, 207)
Бүкшиіп – сексиіп, түксиіп (1, 207)
Бүлдіргенше – енгенше, жүргенде (2, 103)
Бүркіп – сүртіп (2, 90)
Бүрсең – жүрсең, көрсең (1, 71)
Былғары етік – ызғар өтіп, жарқ-жұрқ етіп (1, 164)
Былжырайды – құрайды, сұрайды (1, 263)
Бізге – сізге, өзге (1, 274), өгізге (2, 139)
Біл – бұлбұл, дүлдүл, қыл, күл, іл, бұл, жылма-жыл, тұл, құл, шыншыл, гүл (1, 45–46)
Білген сөз – сезген сөз (1, 221)
Білгенше – көргенше (1, 182)
Білгені – жегені (1, 183)
Білгенін – дегенін (1, 204)
Білгіш – күлгіш, шерміш (1, 83), көргіш (1, 91)
Білді – өлді (1, 126); берді, іздеді (1, 280)
Білдің бе – келдің бе, көрдің бе, көндің бе, сөндің бе, төндің бе, өлдің бе (1, 176)
Білдірмей – күйдірмей (2, 74)
Білдірмек – көп дүрмек (2, 132)
Білдірмекке – күйдірмекке, сүйдірмекке (1, 197)
Білдіріп – күлдіріп (1, 182)
Біле алмай жүр – міне алмай жүр, күле алмай жүр (1, 33)
Білегіне – жүрегіне, сүйегіне (1, 107)
Біледі – тіленеді, күледі (2, 151)
Білемін – келемін, көремін (2, 141)
Білер – саудагер (1, 235); сөнер, өнер (2, 104)
Білмеген – деген, келген (2, 72)
Білмек – жүрмек, өткізбек (1, 26)
Білмеп пе ең – қылмап па ең (2, 131)
Білсең – жең, тең (1, 261)
Білсеңші – көрші (2, 141)
Білтелеу – қай медеу (2, 82)
Білуге – көруге, киюге, керуге, сөнуге, сөгуге, шіруге, жүруге, кіруге, сүруге, желуге, келуге, еруге, беруге, сенуге, енуге (1, 52–53)
Біліңді – іліңді, көріңді (2, 128)
Бір – жүр, көңілдендір (2, 97); құр (1, 127)
Бірақ – топырақ, шырақ (2, 100)
Бір-бірлеп – жүр-жүрлеп (1, 249)
Бірдей – өзгермей, кез келмей (2, 81)
Біреуге – тілеуге (1, 235)
Біржола – ит бола, жер шола (1, 63–64)
Бір кейіс – бір тегіс (1, 108)
Бір қаралық – бишаралық, табалық (1, 36)
Бір қарға – бастарға, тастарға, ашарға, қошқарға (2, 128)
Бір құтылар – ұмытылар, бір ұмтылар (2, 112)
Бірлік – ерлік (1, 114)
Бірі – кірі (1, 57)
Бірің дос – бәрі бос (1, 89)
Бітті – кетті (2, 141)

В

Виноват – адвокат (1, 51–52)

Г

Гәуһар – әхмәр, биһтар, раһбар, кәмтар, Искандәр (1, 12)
Гуде-гу – ку (1, 155)
Гүлеп – іздеп (2, 144)
Гүл – ел (1, 151); біл, түгіл (1, 245)

Ғ

Ғаламды – адамды (2, 85)
Ғаламның – адамның (2, 83)
Ғашығынан – нәсібімнен (2, 85)
Ғибрат еттім – нисбәт еттім, хұрмәт еттім (1, 14)
Ғүзіріме – қадіріне (2, 82–83)

Д

Дайын – сайын, жайын (1, 274)
Дайын қылар – пайым қылар, айтқызар, тынар (2, 72–73)
Далаға – балаға (1, 163)
Далпылдап – жалпылдап, барқылдап, шаңқылдап, алқылдап, тарқылдап, қарқылдап, сартылдап, аңқылдап, жарқылдап, шартылдап, тарпылдап (1, 80–81)
Дақғой – жан ғой, байқалған ғой, ал, қой (1, 96)
Даққым бар – халқым бар, аңқылдар (1, 118)
Дара – шара, қара (1, 262)
Дат – рұқсат, ғибрат (1, 263)
Даттайды – жаттайды (1, 59)
Дауылдан – жауыннан (2, 96)
Дәулетке – келбетте, жөргекте, құрметке, жел бетке, әлбетте (1, 148)
Деген – жеңген, көрмеген (1, 261)
Дегенде – сөгем бе (1, 169)
Дегенің – көргенің (1, 146)
Деді – сені (2, 141)
Дей берер – елбірер (1, 85)
Деймін – өкінбеймін, іздеймін (2, 117)
Дем алмай – ұялмай, тыя алмай (1, 59); тоқталмай (1, 125)
Демейді – жемейді, сүйінбейді (2, 119)
Дененің – дүниенің (1, 133)
Деңіз – неміз, сегіз (1, 142)
Деп – іздеп (1, 101–102); жеп (1, 197); көп (2, 126)
Деп алды –неге алды, жоғалды, обал-ды (1, 157)
Деп берем деп – ет берем деп, серт берем деп (1, 29)
Дерге – ерге, өнерге (1, 271)
Дерт алды – өрт алды, келте алды, ерте алды (1, 195–196)
Дерттен – серттен (1, 99); өрттен (2, 78)
Дерттендім – өртендім (1, 116)
Десеңіз – жесеңіз, білсеңіз, көнсеңіз, тыйсаңыз, жисаңыз, қисаңыз, көрсеңіз, сүйсеңіз, сөнсеңіз, берсеңіз, ерсеңіз, келсеңіз, жеңсеңіз, өлсеңіз (1, 44–45)
Десін деп – берсін деп (1, 50)
Дидар – табылар (1, 170)
Докторға – соққырға, бос қалма (1, 166)
Дорба – бар ма (2, 126)
Дос – бос (1. 121)
Дос кетті – бос кетті (2, 123)
Достарын – мұң-зарын (2, 123)
Достық қой – қостық қой (1, 235)
Деп – леп (2, 77)
Дуға – шуға, суға (1, 199)
Дудан – судан, қуған (1, 268)
Дүшпаннан да – тірі жанда, анда-санда, бүгін таңда, қисайғанда, кім майданда (1, 33)
Дүниеден – әрнеден (1, 229), инеден (2, 75)
Дүниені – мені, өлгелі (2, 100)
Дүрдей – өндірмей, бермей (1, 223)
Дірілдеп – күрілдеп (1, 77)

Е

Ебін – тегін (1, 89)
Егілсін – төгілсін (2, 94)
Егіліп – түніліп (1, 235)
Егінге – тегінде (1, 237)
Еді – келді, берді (1, 267); именді, сенді (1, 277)
Едік сен – едім мен (2, 85)
Екен – мекен (1, 259)
Екі үшті – күшті, түсті (1, 238)
Ел де жаман – ер де жаман (1, 114)
Елбіреп – мөлдіреп, елжіреп (2, 127)
Елде жоқ – бенде жоқ (1, 155)
Елерме – келер ме, сенер ме (1, 86)
Елжіреп – әлсіреп (1, 136)
Елі – түрі (1, 114)
Елімді – белімді, сенімді, жерімді, көрінді, берінді, жеңілді, керілді, терілді, көңілді, берілді, еріндi, терімді (1, 80)
Елің – сенің (1, 91)
Еліртken – ерткен, шерткен (1, 172)
Еліріп – шегініп (1, 140)
Емес қой – демес қой (1, 45)
Емеспін – теңестім, егестім (2, 120)
Емі – сені (2, 75)
Еміреніспес – енді піспес (1, 114)
Енген – еркеленген, деген (1, 282)
Енді мен – сен де көн (1, 128)
Ең – әрең (2, 85)
Еңбек – көлбек, шөлмек (1, 26)
Еп – жеп, сеп, көп, дөп, лүпілдеп (1, 139)
Еп берем деп – бет берем деп, тексерем деп (1, 28)
Еп көрем деп – шет көрем деп, жеп көрем деп (1, 29)
Епті – дептi, кетті (2, 127)
Ер – зор (1, 154); шідер, мінер (1, 164); жер, бер (1, 261); пәруардігер (1, 265)
Ерді – «бер»-ді (1, 151)
Ер екенсің – берекесің, өтесін (1, 264)
Еректі – бөлекті, зеректі, көмекті, қоректі, төлепті, жүректі, демекті, керекті (1, 180)
Еркек – селтек (1, 113)
Еркесі – өлкесі (1, 127)
Еркесіп – серкесіп (1, 59)
Ермек – көріспек (1, 171); білдірмек, келмек (1, 201)
Ермек үшін – термек үшін, бермек үшін, сергегі үшін (1, 96)
Ерік берем деп – бек көрем деп, кек көрем деп (1, 29)
Ерікті – берікті, серікті, беріпті (1, 186)
Ерінбей – тіленбей (1, 89)
Ерінбес – жеңілмес, кемімес (1, 153)
Еріп – беріп, көріп (1, 87)
Еседі – деседі (2, 123)
Есек – өсек, есеп (1, 87)
Есері бар – кесері бар, өсері бар (1, 202)
Ескермедім – тексермедім, кеш сермедім, өстер ме едім, жек көрмедім, деп бермедім, төске өрледім, дес бермедім, терiс көрмедім (1, 25)
Есті – десті (2, 123)
Есінемек – зекірмек, демек (2, 154)
Есіп – тесіп, елеңдесіп (1, 278)
Есіріп – кесіліп (2, 138)
Етеді – не етеді, кетеді (1, 17)

Етейін – өтейін (2, 76)
Етер – кетер, өтер (1, 272)
Етесің – кетесің, өтесің (1, 100)
Еткен көз – айтқан сөз (2, 135)
Еткізбес – жеткізбес (1, 226)
Етпе – кетпе, еп пе (1, 213)
Етсең – күтсең, кетсең (1, 269)
Етті – жетті (1, 280); кетті, үлпершекті (1, 47); депті, кетті (2, 118)
Еттік – жеттік (1, 282)
Еттім – өттің (1, 108)
Етіңді – бетіңді (1, 102)
Етіпті – кетіпті (2, 122)
Ешбірін – көр түрін (2, 95)
Еш күмәнсіз – шыдамаспыз (2, 86)

Ж

Жабады – табады (2, 130)
Жабырқап – таңырқап (2, 137)
Жаз – мәз, әуез, дүрдараз, наз, аз (1, 138)
Жазамын – азамын (1, 216)
Жаздық – танидық, жарыдық (1, 129)
Жазылар – бар шығар, табылар, бір болар (2, 91)
Жай – япырмай, сорлыңдай (1, 105); алмай, шығармай (1, 227)
Жайнап – ойнап, қайрап (2, 105)
Жайнап тұрған – қайнап тұрған, саулап тұрған (2, 108)
Жайылған – қайырған (1, 88)
Жайын – сайын, дайын (1, 281)
Жайыңа – байыңа (1, 100)
Жақ – олақ (1, 88); хақ, бақ (1, 177)
Жақпас – ұнатпас (2, 82)
Жақсы – бақшы, тарамақшы (2, 146)
Жақсыдан – тапшыдан (1, 134)
Жақсылық – бақсылық, тапшылық (1, 19)
Жақындар – тақымдар, қақылдар, мақұлдар (1, 61– 62)
Жақынды – ақылды (2, 125)
Жал – мал, бал (1, 206)
Жалбарынар – жалынар, сынар (2, 110)
Жалғап – қамдап, талғап (1, 67)
Жалғанда – еш адамда, осы маңда (1, 267)
Жалған жоқ – қалған жоқ (1, 60)
Жалғаннан – арманнан (1, 184)
Жалғыз – амалсыз, жұлдыз (2, 117)
Жалданып – алданып (1, 52)
Жалдап – арбап, қарғап (1, 67)
Жалқып – шалқып, балқып (2, 80)
Жалмауыз – ала-ауыз (1, 58)
Жалтақтап – қонақтап (2, 147)
Жалтылдап – не тыңдап (2, 144)
Жалынар – шабынар, жалығар (1, 86)
Жалынбай – салынбай (1, 133)
Жалынды – жағымды (1, 249)
Жамағанмен –саған мен (2, 78)
Жамағат – қымбат, рұқсат (2, 150)
Жаманын – амалын (2, 135)
Жамау – сау, жау, дау, тақау, асау, ау (1, 229)
Жан – қан, татулықтан (1, 57); салған, таман, қылған, ойлан (1, 234); қалған, нан (2, 150)
Жан ба екен – кән бе екен (1, 215)
Жанған шақ – салған шақ (1, 133)
Жан ғой – даңғой, байқаған ғой (1, 261)
Жанда – пайда (1, 145)
Жан жоқ па – қой, тоқта; ортаққа, қай жаққа (1, 235)
Жан тумас – артылмас, айтылмас (1, 103)
Жансыңдар – қалшылдар (1, 248)
Жаны – ұшқаны, қылғаны (2, 118)
Жаны ашып – таласып (1, 224)
Жаны құрсын – малы құрсын, заңы құрсын, паңы құрсын (1, 29)
Жаным – халім (1, 99); арманым (2, 83); залым, айрылғаным (2, 107)
Жаным-ай – бақадай (2, 140)
Жанып – шалып (1, 100)
Жаңа көрдім – құмар едім, сынар едім (2, 127)
Жаңғырар – қаңғырар (2, 79)
Жаңғыртар – қаңғыртар (1, 249)
Жаңғырық – қаңғырып (1, 92)
Жап-жасында-ақ – ыржаңдамақ, қоразданбақ (1, 35)
Жапырағы – топырағы (1, 77); жамырайды (1, 115)
Жапырақ – қалтырап (1, 135); азырақ (2, 93)
Жарайды – тарайды, қарайды, талайды (1, 188)
Жаралған – жарымнан (1, 192); пара алған (1, 248)
Жаралып – таралып (1, 248)
Жарамас – арам ас (2, 79)
Жараны – арманы, шара не, дараны, қараны, табаны, амалы (1, 191)
Жараттық – тараттық (1, 130)
Жарқыным – бар шыным (2, 79)
Жарқырап – құрап (1, 204)
Жарлық – саларлық, зорлық (1, 37)
Жартас – байқамас (1, 92); қайтпас, айтпас (2, 110)
Жарылды – шарыңды, кәріңді, нәріңді, барымды, арымды, тамырды, сабырды, тарымды, сарыңды, жарымды, тарылды, қарынды, зарымды (1, 220)
Жарымды ақ – байымдап (1, 220)
Жарым ес – ар емес (1, 89)
Жарымнан – қарнынан, сабырдан, зарымнан (1, 190); барымнан (1, 193)
Жарымсың – қалынсын (2, 147)
Жарын – боларын (2, 83)
Жас – жимас, тоймас (1, 40); рас (2, 77)
Жасалғанын – алғанын, ойланғаным (2, 177)
Жас балаға – аш бола ма, баспанаға (2, 69)
Жас болдың – бас болдың (1, 184)
Жас емес пе ем – мас емес пе ем (2, 85)
Жас жүрегім – жаңды менің (1, 115)
Жас күнің көп – қашқыны деп (2, 78)
Жасқа – алмасқа, басқа (1, 230)
Жас өлім – қас өлім, тас өлім, осы өлім (1, 196)
Жастары – бастары, тастары (1, 131)
Жастық – бозбастық, ағастық (1, 129)
Жастыққа – мастыққа, қастыққа, ап шықпа, қапшыққа, аптықпа, қаптықпа, сақтыққа, таптық па, шақ-шұққа, тақ-тұққа (1, 240)
Жасымнан – басымнан, ашынған, асырған, тасынған, асылдан, жасылдан, қасымнан (1, 190)
Жасыңда – басыңда (1, 182)
Жасырса – асырса (1, 237)
Жат – қымбат (2, 94)
Жатады – атады, шатады, батады, татады, сатады, қатады (1, 58)
Жатасың – сатасың, атасын (2, 104)
Жатпағым – таппағым (1, 115)
Жатты – қақты, қапты (1, 280)
Жатуым – татуым (1, 170)
Жауар – бар, оңалар (1, 267–268)
Жауға – дауға (1, 90)
Жауды – ауды, ұйықтауды (1, 268)
Жауқазын – көбін-азын, жазын, жазым, назын, ылажың, ажым (1, 218)
Жауласар – жарасар (1, 133)
Жауыңа – баурыңа (1, 61)

Жеген – көрмеген, берген (1, 270)
Жел – сел (1, 115–116)
Желге – жерге, дөңге (2, 120)
Жел өкпе – бөлек пе (1, 132)
Жем – кем (2, 86)
Жемей – іздемей, бермей (1, 174)
Жемек дедім – бөлек дедім, керек дедім (1, 266)
Жемепті – демепті, шенепті, денепті, төлетті, әлекті, себепті, елепті, керек-ті (1, 194)
Жемесең – демесең (2, 95)
Жеңбек – көрмек, көнбек (1, 26)
Жеңген – көрген, жиіркенген (1, 227)
Жеңсік қой – ой, той (1, 86)
Жеңіл – көңіл (1, 214)
Жеңілгендей – кемігендей, төгілгендей (2, 111)
Жеңілдік – тегіндік (2, 70)
Жеп – еп, деп (2, 133)
Жерге – білуге (2, 74)
Жерге енді – көрге енді, бергенді, ергенді, белге енді, желгенді, сергі енді, кергі енді, өрбі енді, тербенді, елге енді, жеңгенді, өңге елді, көнгенді, шімренді, үйде енді, біз де енді (1, 117–118)
Жерден – елден (2, 142)
Жер қылмақ – зор қылмақ (1, 91)
Жері – бері, жүргендері (2, 150)
Жерім жоқ – елім жоқ (1, 93)
Жерің – ерің, білгендерің (1, 144)
Жеріңіз – еліңіз, көңліңіз (1, 167)
Жете алмай – ете алмай (1, 170)
Жетсе – үйретсе, етсе (1, 272)
Жетті – етті, кетті (1, 259–260); депті (2, 153)
Жеттің – өттің (1, 101)
Жетіп – ертіп, дүбірлетіп (1, 277)
Жеуліміз – деуліміз, өміріміз (1, 167)
Жиенің – біреуің, тілеуім (1, 166)
Жиһан кезген – шаһріңізден, жаным, бізден (1, 265)
Жиылмас – тиылмас, бұйырмас (1, 175)
Жиып – тырсиып (1, 233)
Жоғалды – қолға алды, бір малды, сандалды, сол алды (1, 64)
Жоғын – тоғын, бұйрығын (1, 280)
Жоқ – тоқ (1, 132); шақ (1, 233)
Жоқ болса – көп болса (1, 132)
Жоқтайды – тоқтайды (2, 148)
Жол – сол, бол (1, 98); қол (1, 101); мол (2, 154)
Жолбарыспын – сорлы жаспын (2, 78)
Жол бос – қол бос (1, 92)
Жолғасқан – жалғасқан (1, 64)
Жол дағы – сен дағы (2, 93)
Жол емес – мол емес (1, 91); қол емес (1, 214)
Жолындамыз – иманымыз, тыйғанымыз (1, 245)
Жолыңа – қолыңа (2, 82)
Жорығына – қомдығына, орынына (1, 278)
Жөнсіз – теңеусіз (1, 113)
Жөні жоқ – күні жоқ (1, 207)
Жұбаналық – қуаналық, дуаналық (1, 36)
Жұбанар – қуанар (1, 84); суалар (1, 175)
Жұбантып – қуантып (2, 75)
Жұбаныш – қуаныш (1, 216)
Жұбаныш бар – қуаныш бар, демалыс бар (2, 108)
Жұбатып – ұзатып (2, 85)
Жұғар ма – ұғар ма (1, 155)
Жұлдыз да – ол қыз да (1, 135)
Жұлдызы – сөзі (2, 147)
Жұмбағын – саусағын (2, 75)
Жұмды – сынды (1, 182)
Жұмыс жоқ – сөгіс жоқ (2, 142)
Жұрт – жым-жырт (1, 221); қырт, қаңғырт (1, 248)
Жұртым – мұртың, ұртың, сыртың, қыртың, ұйқың, бұртың, сиқың, ырқың, құлқың, жылқың, шырқың, тырқың, қырқың, қылпың, жыртың, астыртын (1, 31)
Жұртына – сыртына (1, 113–114)
Жұтсын – жылытсын, тыншытсын (1, 166)
Жүгірді – сықылды (2, 82)
Жүдепті – күн бітті (2, 126)
Жүзі – бізі (1, 88)
Жүзіміз – көзіміз, өзіңіз (1, 166)
Жүзінде – өзінде (2, 83)
Жүніңіз – үніңіз (2, 136)
Жүр баралық – аударалық, шуламалық (1, 36)
Жүр еді – түседі, өседі, ұшады (2, 137)
Жүрді – кірді, көрді (1, 261); деді (1, 268); түрді, ерді (2, 141)
Жүрегі – иегі (1, 77); керегі (1, 135)
Жүрегін – көкірегін (2, 79)
Жүрек – сүйек (1, 99); керек, зерек, ертерек (1, 101); тентірек (1, 147); тірек (1, 229)
Жүректі – көксемек-ті, қу сүйекті (1, 199)
Жүрек ісі – күзетшісі, мәртебесі (1, 247)
Жүрмек – өкірмек, демек (2, 154)
Жүрсем – көрсем (1, 101)
Жығылма – тығылма (1, 117)
Жығылмай – тығылмай, бұрылмай, құбылмай, бұзылмай, тозылмай, суынбай, түңілмей, қуармай, суалмай, жабылмай, сабылмай, жалынбай, япырмай (1, 150)
Жыл – бұл, қыл (1, 201)
Жыл құсымен – құрбысымен, тұрғысымен (1, 122)
Жылайды – жырлайды, тұрмайды, ұрлайды, қорлайды, зорлайды (1, 54)
Жылайын – қылайын, сынайын (1, 228)
Жылама – құдаға (2, 90)
Жылап – сұлап (1, 128)
Жыл өтті – әл кетті (2, 126)
Жылпылдап – салпылдап (1, 91–92)
Жылынып – жығылып, жырылып, сырылып (1, 192)
Жырақ – шырақ, бірақ (1, 223)
Жырау – құрау, тұр-ау (1, 70)
Жырлайын – көз майын, сөз дайын, қозғайын, озбайын, созбайын (1, 137)
Жыя алмай – сыя алмай, тыя алмай, ұялмай (1, 65)
Жігіт – үміт (2, 71)
Жігітке – үмітке (1, 134)

З

Залымның – мәлімнің (2, 137)
Заман – маған (1, 99); қадалған, талған (1, 211); қылған, шалқасынан (1, 275)
Заманғы – қараңғы, баланды (2, 103)
Заман жоқ – амал жоқ (1, 91)
Зар – бар, ұққандар (1, 117)
Зарлады – шарлады (2, 122)
Зарлымын – арлымын (1, 140)
Зарым – дәрім (1, 99)
Зарын – бәрін, арын (1, 227)
Зәресі – төресі (2, 139)
Зерек – жүрек, керек, бөлек, демек, әлек, білмек (1, 97)
Зор – қор (2, 77)
Зорламаймын – аяймын, алдамаймын (1, 271)
Зорлық жоқ – қорлық жоқ (1, 146)

И

Иманы – тыйғалы, жиғалы (1, 131)
Итеріп – көтеріп (2, 148)
Ит еттім – үйреттім (1, 231)

Ит қылып – уерд қылып (1, 237)
Иыққа – түйыққа (1, 117)
Иін – киім, үйін (1, 71)

К

Кәз – йуз, көз (1, 12)
Кәлкәусар – күнәкәр, күлаптар (1, 17)
Кәпірді – пақырды, шатылды, нәпілді (1, 17)
Кәртечке – күн кешке (2, 70)
Кәсіп қыл – нәсіп, бұл (1, 89)
Кебіндік – егіздің (2, 139)
Кедей – тентірмей, емей (1, 174)
Кез – сөз (2, 94)
Кез болмай ма – тез болмай ма, сөз болмай ма (1, 223)
Кездері – өнері (1, 204)
Кезінде – өзім де (2, 75)
Кейін – бейім, дегендейін (1, 56)
Кез болса – сөз болса (1, 61)
Кезінде – өзің де (1, 153)
Кек – тек (1, 108)
Кектесіп – «тек» десіп (1, 92)
Кекті – бермекті, сүйекті (1, 262); жетті, септі (2, 118)
Кекшіл – көпшіл (1, 89)
Кел – ел, жел (1, 174)
Келгенде – сенгішке (1, 134)
Келген де – елден де (1, 170)
Келгенше – өлгенше (1, 117)
Келді – берді, деді (1, 261); жеңді (1, 262); еді (1, 273); кірді (1, 274)
Келеді – үйренеді, сенделеді (1, 161); желеді (2, 142)
Келер – жолар, көнер (1, 130); өрлер, кетер (1, 278)
Келмеске – егеске (2, 140)
Келсе басқа – қайнамасқа (2, 86)
Келсең керек – көнсем керек, өлсем керек (2, 146)
Келтірді – өлтірді (1, 207)
Келтіріп – өлтіріп (2, 123)
Келіпсіз – еріксіз (2, 74)
Келісім – өзі үшін (1, 204)
Кем – ем (2, 113)
Кем емес – ем емес (2, 78)
Кемтік – жемтік, өлімтік (2, 151)
Кенде – менде, бенде (2, 119)
Кенелді – бөгелді, жөнелді (1, 275)
Кең – тең, рең (2, 150)
Кеңеске – емеске, демеске, жемеске, көнбеске, өлмеске, егеске, бермеске, серкешке, көрмеске, өркешке, би кешке, білмеске, түсті еске, теңдеске, жемдеске, төртбеске, өнбеске (1, 158–159)
Кептірер – көрер, көкеңкірер (2, 103)
Кердең – жерден, берген (2, 153)
Керегінде – зерегін де, тереңінде (1, 212)
Керегің – демедің (1, 147)
Керек – зерек, ерек (1, 39); дөңгелек (1, 145); жүрек (2, 95)
Керекке – жүрекке (1, 237)
Керек қой – зерек қой (1, 235)
Керексіп – емексіп (1. 114)
Керуендер – жүргендер (2, 142)
Керім – жерің (1, 76)
Кетеді – өтеді (2, 132)
Кеткені-ай – өткені-ай, жеткені-ай, еткені-ай, біткені-ай, түтпеді-ай (1, 195)
Кеткенің – не еткенің (2, 85)
Кетпейді – ерттейді (2, 142)
Кетті – жетті, бітті, күтті, етті, өтті (1, 127)
Кетті де – етті де (2, 79)
Кетігің – сенің, менің (2, 111)
Кетіп ең – бекіп ең (2, 85)
Кетісер – жетісер (1, 154)
Кеудеге – бендеге (1, 115)
Кеудені – дүниені (1, 126)
Кешер – түсер (1, 249)
Кигізгендей – жүргізгендей, бір тигізбей (1, 48)
Кимелейді – үймелейді, именеді (2, 151)
Киік – тиіп, күйік (2, 114)
Киінгенім – менің, сенің (2, 98)
Киініп – сүйініп (1, 129)
Киіп – тиіп, сүйіп, иіп, шүйіп, күйіп (2, 88)
Көбейді – шөмейді, демейді (1, 80)
Көбелек – гулемек, күйремек, сиремек, не керек, кейімек, жүгірмек, сөйлемек, сүйремек, билемек, күйлемек, илемек (1, 243)
Көбелекті – іздемекті, бөлек-ті (2, 114)
Көгермес – елермес, кезермес, жібермес (1, 156)
Көжек деген – безектеген, сезед деген (1, 55)
Көз – тез, ез, бойкүйез, мінез, без, жез, бөз (1, 86–87); сөз (1, 88)
Көзге ұрып – қоздырып (1, 163)
Көздеген – іздеген, сезбеген (2, 118)
Көздемес – сөз демес, езбе емес, өзге емес (1, 160)
Көзденіп – сөзденіп, ізденіп (1, 83)
Көздері – өздері, сөздері (1, 131)
Көзім – өзің (2, 76)
Көзін – лебізін, көзім (1, 124)
Көзіне – өзіне, жүзіне, сөзіне (2, 137)
Көзің – өзің (1, 91); сөзін (1, 272)
Көк майдан – құдайдан (2, 144)
Көкірек – жүрек, керек (2, 108)
Көмектің – жемдемектің, әлектің (1, 155)
Көнбедік – білмедік (1, 129)
Көнбейді – көрмейді (1, 63)
Көнбек – келмек, түгесілмек (2, 146)
Көнді – болды (1, 88)
Көндім – бердім (1, 155)
Көнер ме – келер ме, өнер ме, сөнер ме (1, 160)
Көнсең – ерсең, көрсең (1, 209)
Көңіл – жеңіл (1, 99); біл (1, 153)
Көңлімде – өмірде (2, 99)
Көңілдің – өмірдің (1, 153)
Көңіл үшін – өмір үшін, жеңіл үшін (1, 238)
Көңілімде – өмірімде (2, 86)
Көңілімнен – өлімнен (2, 77)
Көп – жеп, деп (1, 15); сеп (2, 113)
Көп айтқамын – жеп айтқамын, деп айтқамын (1, 173)
Көп берем деп – тек берем деп, әп берем деп (1, 28)
Көп жүрген – деп жүрген (2, 143)
Көп жүріп – деп жүріп (1, 61)
Көпсінсе – епсінсе (1, 51)
Көр – жер (2, 83)
Көрген – келген, деген (1, 270)
Көргенге – бергенге (1, 207)
Көргенде – бергенде (1, 88–89)
Көргенше – өлгенше (2, 75)
Көргіш – білгіш (1, 90)
Көрді – берді, еді (2, 134)
Көрді де – білді де (2, 122)
Көре алмай – бере алмай (1, 64)
Көрейін – өлейін (2, 84)
Көрер – берер, ерер, келер (1, 109); енер (1, 141)
Көрер – өлер (2, 78)
Көр қызық – тұр бұзық (2, 78)
Көрме – ерме, берме (1, 39)
Көрмеген – білмеген (2, 124)
Көрмедім – шерлі едім (2, 83)

Көрмекке – ермекке (1, 171)
Көрмей ме – бермей ме, демей ме? (2, 141)
Көрмесе – терлесе (1, 134)
Көрсек – бөлсек, білсек (2, 112)
Көрсем – жүрсем (1, 170)
Көріктіні – тектіні (1, 21)
Көрінген – көрген, келген (1, 282)
Көрінен – ерінер (1, 153); көтерілер (1, 203)
Көрінсең – шапқатыңмен (2, 83)
Көрініп – бөлініп (1, 233)
Көріңіз – бөліңіз, келіңіз (1, 166–167)
Көсем – әсем, мінбесем (1, 48)
Көтеріп – елеріп, еріп (1, 281)
Көтібақтан – таққан, тапқан (1, 255)
Көтін – етін, түтін (2, 114)
Күй – сүй (1, 219)
Күйгендей – тигендей (1, 183)
Күйесің – сүйесің (1, 236)
Күйсін – тисін, сүйсін (1, 212)
Күйісбайға – көзі қайда, несі пайда (1, 208)
Күлген – кісімсінген, білген (1, 172); берген, жиіркенген (2, 149)
Күлкі – шикі (1, 147)
Күлмек – өкірмек, демек (1, 27)
Күн – үн, түн (1, 191); күні-түн (2, 144)
Күн бар – мін бар, түн бар (2, 108)
Күндейді – міндейді (1, 58)
Күнде тұр – сенде тұр (2, 83)
Күн көріп – жөн көріп (1, 62)
Күнім – зұлым (1, 99)
Күнім деп – «ол нем?» деп (1, 153)
Күңіренді – жиренді (2, 124)
Күсіп – түсіп, шешіп (1, 272); ұшып (1, 281)
Күтемін – не етемін (1, 216)
Күтті – етті, бітті (1, 129)
Күттіріп – бітіріп (1, 126)
Күш алар – іш жанар (1, 205)
Күшті екен – ішпеген (2, 132)
Күшін – үшін (1, 214); ісін, кісім (2, 153)
Күшімнен – түсімнен, ішімнен (1, 192)
Кідірмей – білдірмей (1, 182)
Кіжініп – ісініп (2, 140)
Кім қыларлық – тоқталарлық, мал табарлық (1, 37)
Кірді – білді, енді (1, 275); көрді (2, 154)
Кірме ме – жүре ме (1, 169)
Кіріп – имендіріп, жүріп (1, 40)
Кісі бар ма – ісі бар ма, сіз де оларға (1, 244)
Кісіден – ішінен (1, 62)

Қ

Қабы – тағы, баяғы (1, 230)
Қағынды – сабылды (1, 155)
Қадалған – алған, жанған (2, 105)
Қадірсіз – сабырсыз (1, 207)
Қажы – лажы (1, 141)
Қаз – мәз, дауылпаз, наз (1, 122)
Қазаққа – қай жаққа (1, 163)
Қазы – таразы (1, 102)
Қайғы алма – бәйгі алма (1, 163)
Қайғысыз – мұз (1, 116)
Қайда – пайда (1, 92); ойла, абайла, қайла, ойбайла, не пайда (1, 127); сайда, майда (2, 112)
Қайда бар – айла бар (1, 108)
Қайдағы – бойдағы (1, 249)
Қайда едің – жеңілдің (1, 136)
Қайда жоқ – пайда жоқ (1, 148)
Қайдасың – пайдасын, айласын, сайласын (1, 109)
Қайнамай – сайламай (2, 75)
Қайран сөз – қадірсіз (1, 221)
Қайраңдап – ойраңдап (1, 62)
Қайрасып – жайнасып (2, 70)
Қайраттан – шар тартқан (1, 224)
Қайсың бар – байсыңдар (1, 248)
Қайта алмай – айта алмай (1, 135)
Қайтпас – айтпас (1, 101)
Қайтты – айтты, тартты (1, 272)
Қайырмай – айырмай (1, 113)
Қайыршылық – қылық, татулық (1, 266)
Қаққанға – жапқанға, жаққанға, сатқанға, мақтанға, шатқанға, шапқанға, жатқанға, баққанға, татқанға, ашқанға, шашқанға, таққанға, қақпанға, тапқанға, қосқанға, қашқанға, басқанға, аспанға, жасқанба, асқанға, сасқанда, тосқанға (1, 84–85)
Қақпасын сен – тақтасын мен (2, 86)
Қақтықпай – шаптықпай (1, 133)
Қал – мал (2, 125)
Қалар – алар, салар (1, 40–41)
Қалбағайлы – ерге жайлы, аламайлы (1, 47)
Қалбаңы – ар жағы (1, 233)
Қалды – алды, аудармады, салды, ауырланды (1, 262); ойланды (1, 277); барды (1, 279); ояңды, айдаһарды (1, 280)
Қалдық – салдық (1, 109)
Қалды ма – алдымда (2, 99)
Қалқама – бұлғана (1, 171); айта ма (1, 216)
Қалқам-ай –тарқамай (2, 138)
Қалқысын – шалқысын (1, 119)
Қалмады – қармады (1, 133); алмады (1, 183)
Қалпынан – артынан (1, 190)
Қалпың ғой – алтын ғой (2, 143)
Қалуға – жатуға (2, 74)
Қалың – жалын (1, 93); жарың (1, 232)
Қамдап – жылмаңдап, тырбаңдап (1, 277)
Қамыс – таныс, шалыс, алыс (1, 275)
Қамшы жеп – «алшы» деп (2, 85)
Қанат – қарат, аймалат (1, 104)
Қанатты – мені атты (1, 231)
Қан боп – шаң боп (1, 91)
Қансаңыз – салсаңыз, кер мағыз, берсе арыз, абыз, парыз, қарыз (1, 149)
Қаның – жаның (1, 88)
Қаныңыздар – наныңыздар, алыңыздар (1, 260)
Қаңғып – аңдып, жан қып (1, 29)
Қаңғырды – құрғырды (2, 132)
Қапамын – жатамын (2, 99)
Қаптап – сап-сап (1, 151)
Қапты – шапты (1, 93); жылапты (2, 145)
Қар – ар (1, 91); бар (1, 160)
Қараймын – ойлаймын, аяймын (2, 113)
Қарайсың – тұрмайсың, сынайсың, мұңайсын, шыдайсың, қылмайсың (1, 137)
Қара қатын – қанағатын, шарағатын (1, 112)
Қаралы-ол – жаралы-ол, салады ол (1, 69)
Қарамады – барды, салды (2, 153)
Қарамас – жарамас, жаланаш (1, 103); қызба бас (1, 134)
Қаранар – сөз салар (1, 204)
Қаранып – таранып (2, 137)
Қараңдар – жарандар (2, 95)
Қарасы – санасы, жарасы, данасы, ағасы, баласы (1, 137)
Қарғаға – ағашқа, қарны ашқа, аллаға (2, 135)
Қарғады – қарғаны, алғаны, қалмады, жалғады, қалғаны (2, 129)
Қарқ етті – салп етті, қу кетті (2, 136)

Қар мен мұз – бақытсыз (2, 96)
Қармайды – жалғайды, бармайды, алмайды, талмайды (1, 64)
Қаруланды – аттанды, алды (1, 259)
Қарызын – арызын (1, 183)
Қарыз іс – өкініш (1, 133–134)
Қас – бас, жас (1, 103); боқтамас (1, 145)
Қас болса – мас болса (1, 59)
Қасқайып – қампайып (1, 84)
Қасы – басы, арашашы (1, 266)
Қат-қабат – жат, қымбат, құрбәт (1, 156)
Қатты – тапты, атты (2, 124)
Қатыбас – татымас (2, 102)
Қауып – тауып, ауып (1, 166)
Қаштық – жолғастық, шуластық (1, 129)
Қашық бол – асық бол (1, 44)
Қипаңдап – күй таңдап (1, 59)
Қия алмай – тыя алмай, ұялмай (1, 118)
Қияға – ыраға, ұяға, балаға (2, 128)
Қозғалмас – жырламас (2, 147); созбас, жас (2, 151)
Қозғалса – оңалса (1, 170)
Қозғамай – болжамай, ойламай, бойламай (1, 109)
Қоздырар – тоздырар, оздырар, азғырар (1, 61)
Қойған соң – болған соң (1, 224)
«Қой» дейді – көнбеді (2, 140)
Қойды-ақ – бақ, аулақ (2, 134)
Қой, жаным – арманым (2, 95)
Қоймады – тоймады, ойлады (1, 259)
Қоймайды – болмайды, солмайды, тұрмайды, оңбайды, қонбайды (1, 188–189)
Қойныңа – мойныңа (1, 63)
Қол – сол (1, 204)
Қолға алар – толғанар (1, 204)
Қол соқпа – кел тоқта (1, 249)
Қолым – ұлын, жолым (2, 151–152)
Қолында – жолында, соңында (1, 199)
Қолындағы – шаһарындағы, болдым-дағы (1, 273)
Қона алмай жүр – бола алмай жүр, оңалмай жүр (1, 34)
Қонағы – баяғы (1, 140)
Қонар – болар (1, 151–152)
Қонар ма – оңар ма (1, 236)
Қонды да – болды да (2, 137)
Қондырады – болдырады, зор қылады (1, 177)
Қорғалатып – сатып, атып, татып, бұтып-шатып, жатып, батып, қалжыратып, аңдатып, қатып, ырылдатып (1, 32)
Қорқақ – бақ, сақ (2, 97)
Қорқақ жоқ – атақ жоқ (1, 160)
Қорқып – жортып (1, 91)
Қорқытты – өмір өтті (2, 96)
Қорлама – ордаңа (2, 83)
Қормын – зармын, бармын (1, 100)
Қор тұтып – зор тұтып (1, 140)
Қорып – жорып (2, 86)
Қосылмай – құсындай (2, 147)
Қосылыспай – басылыспай (1, 100)
Қосыңдар – досың бар (1, 121)
Қосып – тосып, шошып (1, 38)
Қоштығы – достығы, бостығы (1, 166)
Қуанбай жүр – мұңаймай жүр, ұялмай жүр (1, 33)
Қуантарлық – жұбантарлық, жарлық (2, 112)
Қуаныш – жұбаныш (1, 127)
Қуар – туар (2, 99)
Қуаты – суаты (1, 214)
Қуған – буған, туған (1, 11)
Қуғанға – туғанға (1, 163)
Қу заман – жайнаған (1, 134)
Қуларға – у бар ма (1, 219)
Құлығын – құйрығын (2, 135)
Құрайды – сұрайды, тулайды, тумайды, болмайды, солмайды, тұрмайды, оңбайды, қонбайды (1, 188-189)
Құбылдан – шұғылдан (1, 248)
Құдіреттен – ескі серттен (2, 82)
Құдіретін – тиетін (2, 148)
Құйдырып – қойдырып (1, 49)
Құйрығын – бұйрығың (1, 92)
Құйылар – болар, жарар (1, 268)
Құл – тұл (1, 121); ұмтыл (2, 129)
Құлағанын – сұлағанын, жылағанын (2, 114)
Құлағым – құмарым (2, 138)
Құлағын – шырағым, бағың (1, 267)
Құлақ – қабақ, сағақ (1, 47); ортақ (1, 169)
Құлы емес – пұл емес (1, 146)
Құмар – ұғар (1, 141); шығар, тартынар (2, 149)
Құмарлы – ол зарлы (1, 135)
Құп алмайды – ұға алмайды, жыға алмайды (2, 110)
Құрасып – сұрасып (1, 154)
Құрбан – ұрман, антұрған (1, 276)
Құрбандық – бұл жарлық (2, 75)
Құрбы – тұрғы (1, 114)
Құрбыға – сорлыға (1, 133)
Құрғырың – сусынын (1, 121)
Құтырды – тұрды, ұрды, ғұрлы (2, 121)
Құтыртып – отыртып (1, 59)
Құшақтайды – бұршақтайды, алдайды (1, 277)
Құшақтап – ойнақтап (2, 145)
Қыдыртқан – құтыртқан (1, 154)
Қыздан – айтқызған, қолымыздан (1, 281)
Қыз емес – біз емес (1, 85)
Қыз-келіншек – гүл-бәйшешек, байғыз, көкек (1, 122–123)
Қызметін – бейнетін (1, 183)
Қызығы – сызығы (1, 171)
Қызығын – сызығын, шыжығын, бұзығын (1, 192–193)
Қызықтым – бұзыппын, үзіппін, тізіппін, күсіппін, ұшыппын, пісіппін, пысықпын (1, 250)
Қызықтың – жолықтың (2, 77)
Қыл – ыржаңшыл, гүл (1, 69)
Қыла алмай жүр – ала алмай жүр, тына алмай жүр (1, 33)
Қылар – жолығар (1, 85)
Қыларлық – тоқталарлық, мал табарлық (1, 37)
Қылғанын – болғанын (2, 122)
Қылды – жұлды, жынды (1, 161)
Қылжаң – ырзаң, мырзам (1, 172)
Қылжаңдап – ыржаңдап (1, 59)
Қылмас – болмас, алмас (2, 107)
Қылтылдап – ыңқылдап, шылпылдап, бұлтылдап, сымпылдап, былқылдап, сыңқылдап, жылпылдап, сылқылдап, қыңқылдап, бұрқылдап, аңқылдап, мақұлдап, қаңқылдап, жалпылдап, салпылдап, құтыңдап, жарқылдап, қарқылдап (1, 49–50)
Қылуға – тұруға (2, 102)
Қылығыңды – тұнығыңды, қызығыңды (1, 211)
Қылықпен – сынықпен (1, 249)
Қылып – құрып, қырып (1, 272–273)
Қылышпенен – жұмыспенен, ұрыспенен (1, 264)
Қымбат – сымбат, сұхбат (1, 38)
Қырдым деп – тұрдым деп (1, 160)
Қырлы – сырды, тұрды (2, 151)
Қырымға – зұлымға (1, 204)
Қырын келмей – сырын көрмей, бұрын көрмей, тыным бермей (1, 96)
Қысап – ұсап (1, 113)
Қыс болды – іс болды (2, 130)
Қысқа – босқа, жұмысқа (1, 174)
Қыстай – қосылыспай, тоты құстай (1, 124)
Қыстар ем – ұстар ем (2, 124)

Қыстықты – штықті (2, 70)
Қышқырып – ысқырып, күш кіріп, үшкіріп (1, 75)
Қышынып – тұшынып, шошынып (1, 118)

Л

Ләззаті – шәрбәті, сүндеті (1, 138)
Лөпкеңді – әрнеңді (2, 123)
Лөпкесін – әммесін (2, 122)
Лепілдеп – дікілдеп, дүпілдеп, өкімдеп, «бекін» деп, «күтін» деп, күпілдеп, «сүтін» деп, бүтіндеп (1, 79–80)

М

Маған – сәнан, аман (1, 14); саған (2, 86)
Маған нан – нанғаннан, өлген жан, сандалған, ой салған, сүм жалған, енді нан (2, 91)
Маздап – жаздап, азнап (1, 72)
Майын – жайын, сайын, дайын (1, 203)
Мақтай ма – шатпай ма (1, 145)
Мақтайсыз – таппайсыз, бастайсыз (1, 105)
Мақтан – қаққан (1, 89)
Мақтанба – баптанба, шаттанба (1, 44)
Мақтанбақ – баптанбақ (1, 91)
Мақтанды – жатқанды (1, 140)
Мақтаншақ – мал шашпақ (1, 44)
Мақтаның – тапқаның (1, 114)
Мақтап – сақтап, жақтап (1, 213)
Мақтаса – таппаса (1, 145)
Мақтасын – жақпасын, сақтасын (2, 127)
Мақтасын деп – қақпасын деп, сақтасын деп (1, 263)
Малдан басқа – алдамасқа, алашқа (1, 197)
Мал салмай – жан салмай (1, 62)
Малын – барын (1, 113)
Маңайдағы – қай-қайдағы, тоғайдағы (2, 127)
Маңдайлы – жайнайды, айды, байлайды, қайнайды, сайрайды, шалмайды, қисаймайды, бұрандайды, ыңғайлы, таңдайды (1, 24)
Маңы – тозаңы, заңы (1, 71)
Маңына – жанына (1, 99)
Маралым бар – малым бар, амалым бар (2, 115)
Маржан – арзан (1, 88)
Махмұт – Мақсұт, Масғұт (1, 264)
Мәз-мәйрам – ку қайдан (2, 137)
Мәлім – әлім (1, 90)
Мейлі мың – жараның (2, 94)
Мекен – кен, екен (1, 143)
Мекені – екені (1, 225)
Мен – ден, сен (2, 81)
Мен пақ едім – бейғам едім (1, 116)
Мен сонан – жалма-жан (1, 115)
Меншікті – тектекті (1, 102)
Мені – сені (2, 148)
Менікі – екі, бекі, онікі, сенікі (1, 211)
Менікінде – күні-түнде, өткенде (1, 211)
Менің – сенің (2, 77); едің (2, 113)
Меңгермек – теңгермек, келтірмек (1, 27)
Ми жоқ – ой жоқ (1, 88)
Мол – ол (1, 183); сол, бол (1, 262)
Мол-ақ – олақ, шолақ (1, 35)
Молдадан – надан (1, 129)
Мойын – қойын (1, 116)
Мұз – қыз (2, 79)
Мұнда – ойда, молда (2, 107)
Мұндағы – ондағы (1, 195)
Мұны – шыны, құны (1, 161)
Мұның – жолдағының, алмақшының (1, 260)
Мұрынын – орынын (1, 76)
Мызғып – ырғап, сарпылдап (1, 276)
Мықты – шықты, тықты (1, 275)
Мылтық – ынтық (1, 151)
Мына – ғана, «күнә» (2, 154)
Мыңға – сұмға (1, 91)
Мырзақ – сырдақ, қылжақ (1, 154)
Мінді – күніреңді, келді (2, 121)
Міндік – шаптық, тақтық, бақтық (1, 129)
Мінез – кез, сөз (2, 81)
Мінезден – сөзден (2, 79)
Мінезі – сөзі, көзі (1, 40)
Мінеміз – тереземіз, бір кез (2, 98)
Міні жоқ – сыны жоқ (1, 207)
Міні – енгенін, жүргенін (2, 103)

Н

Наданды – заманды (1, 140)
Наданның – адамның (1, 88)
Наданшылық – шыбық, қылық (1, 276)
Наз – араз (2, 85)
Назар ма – азар ма, сазарма (1, 68)
Найза етіп – айла етіп (1, 221)
Налынып – жалынып (2, 76)
Налымас – танымас (1, 126)
Намысты – істі, қағысты (1, 265)
Нан – жан (2, 82)
Нанбас – табалмас, алмас (2, 100)
Нан мағаң – арнаған (2, 77)
Нәрсе – берсе (1, 151)
Нәфрәтлі – ғибрәтлі (1, 44)
Не айтайын – қайтейін (2, 86)
Не берер – не білер (1, 182)
Не – де (1, 92)
Не қылса да – шағылса да, табылса да, сағынса да, жаңылса да (1, 110)
Не шара – бишара (2, 82)
Нұры еніп – үйреніп (1, 170)
Нұрысыз – гүлісіз (1, 171)
Нұсқасын – ұстасын (1, 108)

О

Оғат – қабат, сағат (1, 104)
Ой – қой (1, 136); той (1, 160)
Ой алмаймын – қоя алмаймын, тоя алмаймын (1, 177)
Ойбай – айғай (1, 207)
Ой деген – білмеген (2, 94)
«Ой» деп – «қой» деп (1, 92)
Ойды – бойды (1, 99)
Ойла – жойма (1, 46); қойма (1, 246)
Ойлаған – бойлаған, тоймаған, жоймаған, қоймаған (1, 181)
Ойлайды – тұрмайды (2, 102)
Ойланарсың – қорланарсың (1, 128)
Ойланбай – тіл алмай (1, 58)
Ойланбастан – тастан, жастан (1, 276)
Ойланып – толғанып, қолға алып (1, 106)
Ойнама – ойлама (1, 276)
Оқталды – алды, салды (1, 14–15)
Ойнас – қоймас, бір бас (1, 39)
Ойнасын – қоймасын, өз басын (1, 118)
Ойшыл – қыл, ұмтыл (2, 94)

Ойында – бойында (1, 154)
Ойының – бойының (1, 84)
Ойыңды – мойныңды, бойыңды, сорлыңды, қойыңды, орнымды (2, 88)
Оқыр – соқыр (1, 132)
Оларға – санарға (2, 70)
Ол – сол (1, 127)
Оларды – боларды (1, 51)
Ол лә мәкан – бола ма екен, тола ма екен (1, 177)
Онда – оң ба, сом ба (1, 83)
Оны – соны (1, 127)
Онысы – қонысы (1, 58)
Оңай – былай, құдай (2, 110)
Оңаша – тамаша, қараса (1, 189)
Оңбассың – болмассың (1, 85)
Онда – жолға (1, 115)
Ондайлы – сондайлы, қонбайды (1, 162)
Оңдалып – қомданып, қорғанып (1, 117)
Ор – қор, зор (1, 41)
Оралып – бұралып, бір қанып (1, 106)
Орамал – ал, сал (1, 262)
Ордаға – тамашаға, аға (1, 268)
Орныменен – формыменен, құрбыменен (2, 72)
Ортаға – қолқаға (1, 134)
Ортақпын – жоғалмақпын, топырақпын (2, 109)
Орыс – бұрыс, бұл іс (1, 56); болыс (1, 113)
Оспан – шопан, жан (1, 151)
Осы – досы, шошы (1, 245)
Осыдан – досынан (1, 157)
Осыларға – қосылар ма, тұшынар ма (2, 107)
Отығар – соқтығар (1, 147)
Оты жалындап – аты арындап (1, 133)
Оянды – айдаһарды, қалды (1, 280)
Оянсын – ойлансын (1, 90)
Оятар – уатар (1, 202)
Ояу – баяу, таяу (1, 86)

Ө

Өзгеден – езбеден (1, 163)
Өзгерді – келді, өзгермеді (1, 244)
Өзгермес – демес, келмес (1, 244)
Өзгертпес – көз жетпес (1, 125)
Өзі – жүзі (1, 77); сөзі, көзі (1, 266)
Өзімді –көзімді (2, 76)
Өзіме – ізіме, сөзіме (1, 223)
Өзінен – сөзінен (1, 108)
Өзіңе – көзіме, сөзіме, езіне, жезіне, безіне, кезіне, тезіне (1, 42)
Өзіңе ар – надандар (2, 94)
Өкпелеп – көп, деп (1, 268)
Өлген – жұрмеген, білген (1, 270)
«Өлді, өлді» – әурілді (1, 225)
Өлең – денең, өлең-салең (1, 69)
Өлмек – келмек, өзгермек (1, 26)
Өлмес – күлмес, білмес (1, 178)
Өлсем де – көрсем де (2, 74)
Өмір – көр, жүр (2, 154)
Өмір бос – бір дос (2, 84)
Өмір түр – көңіл жүр (1, 160)
Өмірім – көңілім (1, 114)
Өміріме – көңіліме (2, 75)
Өмірімнің – көңілімнің (1, 171)
Өнерін – жерін, өрім (1, 271)
Өрледің – сермедің, көрмедің, бермедің, ермедің, кермедің, ер ме едің, дер ме едім, беңде едім, өлмедім (1, 184)
Өрлей – көрмей, сырнай-керней (1, 261)
Өрнек – жемек, көмек (1, 27)
Өрт – дерт (2, 82)
Өртенді – желкемді, ертенді, бөтенді (1, 100)
Өршілденбек – бөлек-бөлек, әлем (1, 27)
Өрім – кірін, сүрін (1, 254)
Өрінде – жерінде (2, 144)
Өсегі – кесегі, төсегі (1, 40)
Өсек – кесек (1, 89)
Өсті – түсті, масты (1, 271)
Өтер – бекер, жетер (1, 263); дәметер (2, 100)
Өткен – шекпен, әдіптеткен (1, 164)
Өткенге – дәметкенге, кеткен бе (1, 177)
Өткерем деп – леп берем деп, жек көрем деп (1, 28)
Өткіз – жеткіз, кеткіз (1, 38)
Өтпеймін – күтпеймін, кетпеймін, беттеймін, шеттеймін, өтпеймін, ептеймін, теппеймін, септеймін, «құп» деймін (1, 81)
Өтті – жетті (1, 151); етті (1, 234); тентірепті, төңіректі (2, 119)
Өтіп– жетік, күтіп (1, 56)

П

Пайда – қайда (1, 236)
Пайда жоқ – айла жоқ (2, 122)
Пақ секілді – ақ секілді, жан секілді (2, 152)
Партия – сұрқия (1, 141); мен тыя (1, 220)
Патшам – айтсам, жайлатсаң (2, 134)
Пәндеңе – деме (1, 101)
Перзенттенмін – ержеткенмін, күйреткенмін, көрсеткенмін, тербеткенмін (2, 115)
Пешпентті – етті, үрпитті (2, 152)
Прямотой – оған да ой (1, 53)
Пысып – қысып (1, 117)
Пышанамыз – күсе аламыз, нысанамыз (1, 217)
Пішінін – түсінің (1, 233)

Р

Разақ – сұрасақ, шынашақ, сынасақ (1, 210)
Рас – жас (1, 183); болмас, айрылмас (1, 244)
Рахим – шағын (1, 171)
Рахматын – ол атын, қуатын, сыйқатын, сыйпатын, шапқатын, бұл хатым, қуатым, сұңғатым, рахатым (1, 168)

С

Саған – заман, маған (1, 101); арсаңдаған, жасаған (1, 277)
Сағым – ынтымағын, шырағым (1, 239)
Сағындым – аңырдым (1, 171)
Сағыныстың – күшті, қысты (1, 123)
Сай – май, шыжымай (1, 105); жай (2, 96)
Сай таппай – жай таппай, бай таппай, жалтақтай, жан таппай (1, 20)
Сайын – әйләйін, қалмайын (1, 14)
Сақалды – жаңды, қалды, салды, ажарланды, мазаңды алды, шайқалды, шалды, айналды, малды, қамалды (1, 74)
Сақтаушы – таптаушы (2, 75)
Сал – мал, шал (1, 272)
Сала алмас – ала алмас (1, 88)
Салады – болады (2, 128)
Салалық – алалық, бадалық (1, 36)
Саларлық – аларлық, қозғаларлық (1, 202)

Салбырап – албырап (1, 59)
Салғалы – алғалы (1, 125)
Салған – алған, жалған (1, 253)
Салды – ойланды, салды (1, 265); барды, жалбарды (1, 269); шайқалды, алды (1, 273)
Салдым – алдым (1, 220)
Салқын – қарқын, артын (2, 103)
Салмаңдар – алмаңдар (1, 220)
Салмас – алмас (1, 92)
Салмау ғой – қалмау ғой (2, 123)
Салсаңшы – алсаңшы (2, 123)
Салтынан – артынан (1, 89)
Салтыңда – халқың да, артыңда (1, 274)
Салып – барып, оқтайланып (1, 264); апарып, қалып (1, 273)
Санасы – жаласы, аласы (1, 41)
Санасын – танасың, жанасың, саласың, ағасын, қалашын, шабасың, сабасын, боласың (1, 21)
Сандал – малды ал (1, 90)
Сандалар – айналар (1, 91)
Сан құмарлық – шошынарлық, шалдуарлық (1, 37)
Сапырып – шатылып (1, 64)
Сарасы – данасы, айналасы, сөз арасы, бишарасы, бір парасы, басы, арасы, алласы, ғұламасы, наласы, шамасы, таласы, таңдамасы, баласы (1, 66)
Сарғайма – қарғай ма, болмай ма, толмай ма (1, 21)
Сарнап – арнап, шарлап (1, 67)
Сартылдап – қалтылдап, тарқылдап, жалпылдап (1, 63)
Сары алтын – бекзатым, тілхатым, суатым, қуатым (1, 20)
Сасқан – асқан, таласқан, басқан (2, 73)
Сатқан – атқан (1, 145)
Сатса – ақша (1, 145)
Сатып – таңырқатып, татып (1, 273)
Сау – жау, япырмау, дау, шау, батыр-ау, басасау, жайдары-ау, жабырқау, бау, алтау, тарау, қанталау, жарқын-ау, бар-ау (1, 78); алдау (2, 77)
Сауап бар – құлақ бар (1, 18)
Сау бола ма – дау бола ма, жау бола ма (1, 267)
Саудагерлер – егер, өнер (1, 123)
Саудалап – алмалап (1, 154)
Сау келсең – сонда өлсең (1, 184)
Сәйхали – Фирдауси, Һәммәси (1, 13)
Сөнсіп – бәлсіп (1, 76)
Сәске – нәсте, әсте (1, 278)
Сездіріп – бездіріп (1, 235)
Сезедүр – езедүр (1, 214)
Сезесің – кезесің (1, 235)
Сезім – өзім (2, 82)
Сейілді – бейілді (1, 113)
Секілді – өкінді (1, 183); бекінді (1, 237); бекілді (2, 86)
Сен – көңілмен, тең (1, 234); келген, деген (2, 107); мен, екен (2, 108); байлықпен (2, 125)
Сендерге – жөндерге (1, 90); жат жерде (2, 96)
Сенейін – көнейін, демейін, көрейін, төнейін (2, 91)
Сен маған – тынбаған (1, 229)
Сені – мені (1, 99)
Сенікі – менікі (2, 132)
Сергек – кермек, ермек (1, 26)
Сермеп – тербеп (1, 88)
Серт – дерт (1, 233)
Сертке – дертке (1, 101)
Сойды – ойды (1, 84)
Соқпа енді – тоқта енді (1, 147)
Соқпақ – ұқпақ, қорықпақ (1, 35); тоқпақ (1, 237)
Соқса жел – жоқтар ол (2, 147)
Соқтығыс – аз жұмыс, еш орыс (2, 70)
Соқыр – отыр (1, 92); опыр-топыр, бүкір (2, 152)
Сол жылдар – мол жылдар, құрғырлар (1, 228)
Солқылдаған – сылқылдаған, бірін саған (1, 265)
Солқылдап – ол шындап (1, 169)
Солына – сорына (2, 137)
Сонан – жалма-жан (1, 154)
Сонда – шайқағанда, не қылсаң да (2, 72); жолда, молда (2, 153–154)
Соқғысыз – мұз (1, 163)
Сорлы – орны, құрлы (1, 73); ғұрлы (2, 126)
Сорлы етті – әуре етті, күңірентті (1, 118)
Сорлы жоқ – орны жоқ (1, 154–155)
Сорлы зар – орны бар (2, 86)
Сор үшін – сол үшін (2, 86)
Сөгіліп – егіліп (1, 205)
Сөз – кез, көз, тез, бойкүйез, мінез, без, жез, бөз (1, 86–87)
Сөз беріп – көз көріп (2, 123)
Сөзге – өзге (1, 89)
Сөз де жоқ – өзге жоқ (1, 152)
Сөзді – көзді, шәргезді (1, 83)
Сөзі – өзі (1, 93)
Сөзім – көзін, күмбезін (2, 106)
Сөзін – мінезін, жүзін (1, 222); көзін, өзің (2, 127)
Сөзіне – өзіне, мінезіне (1, 277)
Сөзінің – өзінің (1, 60)
Сөзің – көзің, өзің (1, 15)
Сөзіңді – көзімді (2, 74)
Сөзіңе – өзіңе (1, 134)
Сөйлегелі – үні, күні-түні (2, 149)
Сөйлейді – не дейді (2, 124)
Сөйлестік – күйлестік (1, 130)
Сөйлесіп – кезнесіп (1, 153); көңіл өсіп (2, 75)
Сөйлесіпті – депті, әлпеншекті, сүзбекті, селтекті (2, 120)
Сөкпейін – көктейін (1, 134)
Сөндірмес – үндемес (1, 121)
Су – «қу» (1, 59); жу, ту (1, 260)
Су екен – у екен (1, 146)
Сулайды – жылайды (2, 90)
Суық – жуық, тұнық (2, 81)
Суылдап – шымырлап, сыбырлап (1, 165)
Суындай – жуынбай (1, 204)
Суынып – құбылып (1, 135)
Суытқан – ұмытқан (1, 153)
Сұбхан – топан, антұрған (1, 276)
Сұр – жүр, тұр (2, 150)
Сұрады – ұнады, ыржаңдады (2, 153)
Сұрапты – құрапты, шырақты, бұлапты, құрапты, керекті (1, 186–187)
Сұрланып – ұрланып (1, 135)
Сұй – мый, үй (1, 39); би (1, 127)
Сұйгізіп – кигізіп (1, 219)
Сұйеніш – жұбаныш, күйініш, ерімес (1, 192)
Сұйер – күйер, тиер (1, 266)
Сұйерден – жүрген (2, 78)
Сұймедім – тимедім (1, 232)
Сұйсе – күйсе, тисе (1, 38)
Сұйінбейді – түрін дейді, дірілдейді (2, 151)
Сүюге – тиюге (1, 125)
Сыбдыр – тыңдыр, бұлдыр (1, 201)
Сыбырды – құрғырды (1, 219)
Сыз болмай ма – қыз болмай ма, мұз болмай ма (1, 223)
Сызы – жүзі, көзі (1, 122)
Сыйлайды – сыйпайды (2, 142)
Сыйласаң – қимасың, ойласын, қоймасын (1, 61)
Сықырлап – ұлпан (2, 144)
Сынайды – ұнайды, құдайды, құлайды, сұрайды (1, 188)
Сынық – ұлық, бояушылық (1, 271)
Сыр бермеген – білдірмеген, «алдар» деген (2, 72)
Сырғанар – қуалар (1, 221)
Сырқауды алып – шырқау барып, ірге аударып (1, 209)

Сырлас – бұрмас, тұрмас (1, 266)
Сырласа алмай – сөз аша алмай (1, 145)
Сырласар – мұңдасар (1, 237)
Сыры жоқ – қыры жоқ (1, 59)
Сырымды – нұрымды (2, 76)
Сыя алдым – тыя алдым (1, 250)
Сыяз – ояз (1, 114)
Сізге – бізге, түзге, өзіңізге (1, 96)
Сізге дейді – бізге дейді, жүз кедейді, үндемейді (2, 116)
Сілкін – беркін (1, 89)

Т

Таба алмай – қана алмай (1, 147); қамалмай, бағалмай (1, 173); шыдай алмай (1, 260)
Табам деп – шабам деп (1, 58)
Табандар – жамаңдар, амалдар (1, 62)
Табар – бар (1, 163)
Табарсың – шабарсың (1, 235)
Табылмас – болмас, алмас (1, 174)
Тағдырын – сырын (1, 183)
Тағы да – жағына (2, 147)
Тақыл – ақыл (1, 89)
Талайды – санайды (1, 237)
Талап – қыздырмалап, балап, қалап, сабап (1, 67)
Талаптылық – қылық, сынық (1, 38)
Талғамай – жалғамай (1, 134)
Талғамаймын – қарғамаймын, жалғамаймын (2, 109)
Талған соң – болған соң (1, 170)
Талмай ма – қалмай ма (2, 124)
Талпынар – алқынар (1, 121)
Талпынып – алқынып (1, 160)
Талтаңдап – жалтаңдап (2, 137)
Тамағын – азабын (1, 151)
Тамақ – дым-ақ (1, 115)
Таман – жаман, заман (1, 41)
Тамылжыды – миды, сыйды (1, 202)
Тамылжып – дамыл қып (1, 77)
Тантыма – артыңа (2, 101)
Танымадық – жарымадық (1, 113)
Танымай – таба алмай (2, 78)
Танып – жанып, салып (1, 106)
Таныр – тамыр, сабыр (1, 39)
Танысқанша – алысқанша, қосқанша (2, 146)
Таңға – жаңға, даланға (2, 87)
Таңдадым – байладым, абайладым (1, 267)
Таңдансын – аңғарсын, жан барсын, аңдарсын, қармарсын, сарнарсын (1, 120)
Тап – ұстап (1, 169); ап (1, 237)
Тап етті – шап етті (2, 138)
Таппаған – бақпаған, бұлғақтаған (1, 24); жатпаған (1, 182)
Тапса – қақса (1, 219)
Тар – бар, душар (2, 118)
Тарайды – қарайды, жарайды, санайды, талайды, сарайды (1, 82)
Тарқайды – байқайды, алқайды, шайқайды, шаршайды, қайқайды, аңқайды, мал-жайды, қол жайды, ол тайды, жантайды, ол байды, болмайды, оңбайды, шонтайды, тарқайды (1, 158–159)
Тарт – қарт (1, 141)
Тартқан – қайтқан, айтқан (1, 155)
Тартып – жатып, татып (1, 266)
Тастап – бастап (1, 100)
Татпаған – жатпаған, батпаған, бұртақтаған, жыртақтаған, қыз жақтаған, сыр сақтаған, тыртақтаған, ой таппаған, бақпаған, бұлғақтаған (1, 24)
Татпаса – батпаса, ақтаса, бақпаса (1, 109)
Татуға – жатуға (1, 92)
Тату емес – сату емес, қатын емес (1, 199)
Татулас – ашылмас (1, 90)
Татымды – атымды (2, 124)
Татыр – тап-тақыр (1, 155)
Тау қалғып – дел-сал қып (2, 93)
Тауы – бауры, баулы (1, 278)
Тауысып – алысып (1, 117)
Таяйды – аяйды, бояйды, солай-ды (1, 59–60)
Төн – сән (1, 224)
Төнім – жаным (1, 90)
Төңрі – әмрі, дәһрі (1, 177)
Төп-төтті – ант атты (1, 233)
Төтті бар ма – аптығарға, жат қыларға (1, 222)
Тәуірім – ауырын, бауырын (1, 189)
Тежеп – көп; деп (1, 279)
Тектінің –ептінің (1, 108)
Тентіреп – күреп, сеніңкіреп (1, 274)
Тең – мең-зең (2, 94); көрсең (2, 139)
Тең емес – жөн емес (2, 102)
Тер – өмір (1, 91)
Тербеткен – әуре еткен (2, 75)
Тершіген – деген (2, 145)
Тесіктен – есіткен (2, 125)
Тигенде – сүйгенде, күйгенде, игенде, түйгенде, шүйгенде (1, 104)
Тиді – берді, еді (2, 105)
Тиісіп – сүйісіп (1, 135)
Тобықты – молықты, обықты, жолықты, зорықты, торықты (1, 64)
Тозар – қозар, озар (1, [illegible])
Тойған – ойған, қойған (1, 270)
Тойларының – ойларының, бойларының (2, 103)
Тоймаған – қоймаған, ойлаған (2, 119)
Тоқ – жоқ, оқ, шоқ (1, 102); боқ (2, 97)
Тоқта – жақта, қайтсақ та (1, 277)
Тоқтық – жоқтық (1, 90)
Тоқтыққа – жоқтыққа (1, 90)
Тоқымын – қоқымын (1, 207)
Толғандым – қолға алдым, көз салдым, ойландым (1, 250)
Толған соң – болған соң (1, 182–183)
Толғансын – қозғалсын, сөз қалсын, ойлансын, сол алсын (1, 119)
Толғанып – ұялып (1, 140)
Толды – болды, оңды-солды (1, 274–275)
Толды ғой – болды ғой (1, 90)
Толқып – қорқып (1, 101)
Толстой – бәрінде ой (1, 52)
Толтырып – көп құрып (2, 77)
Томырық – жұдырық (1, 207)
Топыр – отыр, соқыр (2, 149)
Топырақ – бірақ, шырақ (1, 234); жылдамырақ (1, 279)
Торы Бәкең – зоры Бәкең, қоры Бәкең (1, 172)
Тоярсың – қоярсың, жоярсың, оянсын, боялсын, алсын, салсын (1, 119)
Төмен – ретімен, демен (1, 245)
Төресі – емесі, кеңесі, денесі (2, 138)
Төсем – кесек (1, 93)
Туар – қуар (1, 226)
Туыс – уыс, қуыс (1, 177)
Туысқан – қуысқан, суысқан (1, 63)
Тұлпарын – іңкәрін (1, 184)
Тұр – сұр (2, 78); құр (2, 83)
Тұр денем – пар келем (2, 78)
Тұр еді – жүр еді (2, 135)
Тұра – жүре-бара, сірә (1, 265)

Түра алмай жүр – тыя алмай жүр, сұралмай жүр (1, 34)
Түрады – шақырады, сұрады (1, 263)
Түрған – аңғарған, болған (1, 270)
Түрғыға – құрбыға (1, 184)
Түрды – бұрды, лақтырды (2, 153)
Түрды – көрді, деді (1, 275)
Түрмайды – тозбайды, созбайды, озбайды, қозғайды, боздайды (1, 156)
Түрмады – болмады (1, 183)
Түрып – құрып (1, 76); жудырып, жорып (1, 260)
Түтады екен – жұтады екен, бұқа ма екен (1, 199)
Түттым – ұмыттым (1, 220)
Түтуға – сыйласуға (1, 155)
Түяқ-аулақ, тақтайдай-ақ (1, 47)
Түзі-той – көңді ғой (1, 151)
Түлкі – күлкі (2, 138)
Түңілді – жегілді (2, 143)
Түңілмес – бөлінбес (1, 242)
Түркістан – әр тұстан (1, 183)
Түрленіп – кірленіп (2, 78)
Түрінде – бірін де (1, 140)
Түс – күс, күш (1, 239)
Түспеген – тістеген (2, 137)
Түспек – күштеп (2, 123)
Түсте – істе, үсте (1, 275)
Түсті – ішті, істі (1, 260); көшті (1, 263)
Түсіме – ішіме (2, 75)
Түсін – ішін, үшін (1, 173)
Тыға алмай жүр – құп алмай жүр, бола алмай жүр, жыға алмай жүр, шыға алмай жүр, біле алмай жүр (1, 34)
Тыйылып – құйылып (1, 136)
Тыйын – бұйым, киім (2, 151)
Тымақ – құлақ, құрысқақ (1, 164)
Тыншымас – тұшымас (1, 121)
Тыншып – ұрысып (2, 99)
Тыным – жылым (2, 71)
Тынымсыз – ұғымсыз (1, 152)
Тыныш – алдағыш, реніш (2, 100)
Тыныштықты – қулықты (1, 141)
Тыңдатқан – тәңірі атқан (1, 236)
Тыпырлап – сытырлап (2, 140)
Тырбанып – ырғалып, құр қалып (1, 106)
Тысқа – жұмысқа, байғұсқа (1, 264)
Тыюын – қиынын, киімін, түн (2, 70)
Тіріп – кіріп, ырғып (1, 279)
Тізілген – үзілген (1, 221)
Тіккіштеп – жүр күштеп (1, 125)
Тіктеп – дірдектеп, жүрек деп (1, 264)
Тіл – біл, мүшкіл (1, 14); күл (1, 162); өзімшіл (1, 169)
Тілегім – жүрегім (1, 170)
Тілеймін – жылаймын (1, 171)
Тілекті – жүректі, керекті (1, 165)
Тілім – белім (1, 99)
Тіргізер – жүргізер (1, 219)
Тіректі – керекті, жүректі, білекті, тілекті (1, 186)
Тірсек – жүрсек, көрсек (1, 47)
Тірі емесін – сом денесін, жон терісін (1, 280)
Тістеп – күштеп, істеп (2, 151)
Тісті – күшті, төсті (1, 47)

У

У – жу (2, 78)
Уәдесіздік – үздік, өткіздік (2, 114)
Уларын – шуларын (1, 219)
У-шу – су, қу (2, 115)

ҚОСЫМШАЛАР

Ұ

Ұға алмайсың – шыға алмайсың, құп алмайсың (1, 69)
Ұғарлық – қуардық, шығардық (1, 37)
Ұғлына – тұғыға (1, 242)
Ұғып – сығып, шығып (2, 133)
Ұзайтқан – молайтқан (1, 182–183)
Ұзартып – қызартып (1, 237)
Ұзын – сөзін, мұзын (1, 173)
Ұйқтады – алмады, барды (1, 272)
Ұйқы – сыйқы (2, 99)
Ұйқыға – құлқыңа (2, 75)
Ұйқы жоқ – сыйқы жоқ (1, 93)
Ұққанменен – бұққанменен, шыққанменен (1, 252)
Ұқсайды – айрылмайды, салқындайды (2, 111)
Ұқсын – шықсын (1, 93)
Ұлғайды арман – балалардан, болды алармын (1, 28)
Ұлығы – тұнығы, сынығы, қылығы (1, 195)
Ұлыққа – жоққа (1, 113)
Ұлықтап – қызықтап, тұрықтап, жуықтап, сырықтап, ырықтап, құрықтап (1, 148–149)
Ұмтылды – жұлды, қылды (1, 261)
Ұмтылтып – бұлқынтып (2, 94)
Ұмтылып – үзіп-жұлып, қылып (1, 72)
Ұмыт – суыт (1, 108)
Ұмыт сен – айтқанмен (2, 94)
Ұмытсын – жұтсын, жылытсын (2, 107)
Ұмытып – жылытып (1, 219); жылытып (2, 99)
Ұнасымы – жарасымы, таласуы (1, 69)
Ұнатса – шулатса (1, 134)
Ұрам деп – қырам деп (1, 62)
Ұрла-қарла – шарла (1, 152)
Ұрлап-қарлап – алшаңдап, «жау мұнда»-лап (1, 67)
Ұрлық – зорлық (1, 90)
Ұрлық-қарлық – ұғарлық, қуанарлық (1, 33)
Ұры-қар – алар (1, 91)
Ұрылар – құрғырлар (2, 122)
Ұрыс – қырыс, тыныс (1, 63)
Ұсатпақ – сатпақ, уатпақ (2, 146)
Ұста – тұста, қапылыста (1, 175)
Ұстасаң – нұсқасаң (1, 249)
Ұшты – құшты, түсті (1, 260)
Ұялмай жүр – тыя алмай жүр, сыналмай жүр (1, 34)
Ұялып – иеніп (1, 115); жанып (2, 74)
Ұяттан – хаттан (2, 74)

Ү

Үй – күй (2, 130)
Үйде – елде, жерде (1, 281)
Үйлі ме – тиді ме (2, 131)
Үйренсең – жиренсең, сен білсең (1, 45)
Үйі – күйі, сыйы (1, 72)
Үйіне – күйіне (2, 123)
Үлкен іс – білмес, күлмес (1, 39)
Үмітпен – жүріппін, көп күн (1, 239)
Үнмен – сұлу ең (2, 135)
Үнін – жөнін (1, 92)
Үніңіз – көзіңіз (2, 138)
Үңілдім – түңілдім (1, 92)
Үстірттер – күңгірттер (1, 224)
Үшін – түсін, ішін (1, 266); ішім (2, 86)

Ф

Формының – сорлымын (2, 86)

Х

Хабарың – назарың (1, 216)
Хақ – бақ, шақ (1, 245)
Хал жоқ – қан жоқ (1, 101–102)
Халқына – талпына (1, 113)
Халықта жоқ – артта жоқ (1, 108)
Ханға – санға, құйылғанда (1, 263)
Хан емеспін – жан емеспін, шал емеспін (1, 265)
Хат – айт (2, 76); жат (2, 77)
Хатым – затым, апатым (1, 15)
Хатымды – татымды (1, 171)

Ш

Шабандап – табандап, жамандап (1, 67)
Шабылса да – тағылса да, қағынса да, жабылса да, тап ұрса да, таңылса да (1, 111)
Шай да жоқ – қайда жоқ (2, 123)
Шақ – қожақ (1, 90); бақ (1, 133)
Шақта – аулақта (1, 205)
Шақырды – жасырды (2, 132)
Шақырмай – шатылмай, япырмай (1, 118)
Шал – мал, ал (1, 273); сал (2, 116)
Шалдан көп – қалды деп (1, 183)
Шамасы – қарашы (2, 140)
Шапты – ақты, апты (1, 259)
Шаптығып – жан ұшығып (2, 141)
Шап-шақ – алшақ салтақ, аппақ, жалтақ (1, 35)
Шартарапқа – шаңға, құлаққа (1, 202)
Шаруа боп – әуре боп (1, 109)
Шатақты – матапты, жатақты, атақты (1, 186)
Шатпай ма – сатпай ма, ат қайда, бақ қайда (1, 160)
Шауып – тауып (1, 88)
Шаһбаз – баж, мұхтаж (1, 106)
Шаш – тай-талас, мас (1, 103); құлаш, аш, тоймас, шалмас (1, 137–138); қаш, бас (1, 149)
Шашпақ – ашпақ, баста-ақ (1, 70)
Шашты – ашты, басты (2, 150)
Шәрбәтті – тербетті, бермепті, сермепті, кернепті, көрмепті, өрнекті, жерлепті, көрмекті, ермекті, келмепті, бөлмепті, көнбекті, өлмекті, керекті (1, 179)
Шәргез – әр кез, тез (2, 97)
Шәріп – кәріп, сарып (1, 16)
Шебер – төгер, төнер, сенер, көтерілер, өнер, жігер (1, 123); өнер, сүйкенер (1, 131)
Шеберлік – дерлік, ерлік (2, 104)
Шермен тең – жермен тең, көрмен тең (1, 105)
Шеттен – тіккен, бүккен (2, 153)
Шетіне – еркіне, дертіне, өртіне (1, 191–192)
Шешілсе – кесілсе (1, 42)
Шигә – мүлкигә, нигә (1, 12)
Шикі – күйді (1, 114)
Шорқақтау – қорқақтау (1, 63)
Шошқаның – басқаның (1, 85)
Шошынып – қосылып (2, 75)
Шөлдеп – міндеп, іздеп (1, 227)
Шу – ду-ду, су (1, 122)
Шуақтап – мақтап, шайқақтап (2, 117)
Шулар – аунап-қунап, қулар (1, 123)
Шығады – ұғады (1, 219)
Шығады аңға – аңдығанға, аңшы адамға, із шалғанда, аңдағанда, самғағанда, шықса аспанға, құр қашқанға, шыбын жанға, жығылғанға, қыран паңға, ертең таңға, құйылғанда, қан майданға, қызыл қанға, шомылғанға, сыйпағанда, жасырғанда, жолғасқанға, дәл басқанда, түлкі алғанда, байланғанда, жайланғанда, әр қанғанда, құс салғанда, сұм жалғанда, ойланғанда (1, 22–23)
Шығар – зар (2, 95)
Шығарған – құмарлан (1, 145)
Шығындап – тығындап, мығымдап, шыбындап, қырындап, суылдап, жымыңдап (1, 79)
Шыдар – шығар, құмар, қымсынар, ұмсынар, тынар (1, 139)
Шыдармын – қылармын (2, 126)
Шыдатпай – жылатпай (1, 93)
Шыққанынша – ұққанынша, өз халынша (1, 38)
Шыққаны – баққаны (1, 89)
Шықпай – бұқпай (1, 89)
Шықпаса – ұқпаса (1, 127)
Шықылдаған – ұрлаған, заман (1, 201)
Шылбыр – ұрғыр, құрғыр (1, 199)
Шылдақана – шулап, жана, байқап қара (1, 69)
Шырағым – құданың, құлағың (1, 125)
Шілік – күйік, кемшілік (2, 120)

Ы

Ықтиярлы – зарлы (2, 83)
Ықылас – рас, тоймас (1, 103)
Ықыласыңды – басымды, жасырды (2, 106)
Ылағы ем – тырнағың (2, 85)
Ынтызар – ойы бар (1, 125)
Ып-ықшам қып – аңдып, қаңғып (1, 175)
Ыржаң – қылжаң (1, 89)
Ысқырды – кірді, жүрді (1, 275)
Ысып – шошып (1, 77); пысып, құшып (1, 165)

І

Ізде – кезде (1, 89)
Іздеген – өзгеден (2, 99)
Іздегенім – дегенім, үзбегенім (2, 117)
Іздейсің – бермейсің (1, 145)
Іздеп – көздеп (1, 92)
Ілмек – үйренбек, сенбек (1, 26)
Ілімнен – білімнен, тілімнен, күнімнен, мінімнен (1, 148)
Іргелі – өз елі (1, 113)
Іс – тегіс, жеміс (1, 245); түс (2, 101)
Іс болып – күш болып (1, 115)
Істейміз – «түс» дейміз (1, 109)
Істі – күшті, демес-ті (2, 108)
Ісі жоқ – күші жоқ (1, 63)
Ісіне – кісіге (1, 114)
Ісінен – кісіден (1, 58)
Ісініп – қысылып (1. 135)
Ісің бар ма – түсің бар ма, кісің бар ма (1, 222)
Ішіме – кісіге (1, 100)
Ішінде екен - түсінде екен, күшінде екен (2, 118)

Я

Язарға - базарға (2, 94)
Япырмау – тіл матау, көрсем-ау (1, 165)
Япырым – ақырын (1, 115)

Сөздікті әзірлегендер: *Т. Рсаев, Р. Нұрғалиев.*

ТІЛ ЖИІЛІК СӨЗДІГІ

Тіл біліміндезерттеудің көптеген әдіс-тәсілдері бар. Солардың бірі – тіл құрылымын, ондағы болып тұратын құбылыстарды зерттейтін лингвистикалық статистика (лингвостатистика) қазақ тілі біліміндe 1960 жылдардан бері қолданылып келеді. Қазақ текстері негізінде лингвостатистикалық жиілік сөздіктер жасау санақ әдісі және компьютерлік техникаларды пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Жиілік сөздіктер деп текстегі сөздер мен сөз формаларды және олардың қайталану санын көрсететін сөзтізбесін айтамыз. Олар қазақ текстерінің лексика-морфологиялық құрылымы, оның ішінде сөз таптары, сөздердің грамматикалық тұлғалары жөнінде тілдік мәліметтер береді. Мұндай тілдік деректер зерттеу жұмыстарында, оқыту әдісінде, әр түрлі лексикографиялық сөздіктер жасауда пайдаланылады. Жиілік сөздіктердің жеке автор шығармаларының тілін зерттеуде де маңызы ерекше. Зерттеудің мақсат-міндеттеріне қарай жиілік сөздіктер негізінен алфавитті-жиілік сөздік, кері алфавитті-жиілік сөздік, жиілік сөздік болып үш түрге бөлінеді. Сөздіктің бұл түрлерінің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Т. ж. с. – мақсаты мен құрылысы жағынан жаңа тұрпаттағы еңбек. Ұлы ақынның тілінің байлығын, тіл ерекшеліктерін зерттеу үшін құрастырған бұл еңбек алфавитті-жиілік сөздік түрінде жасалынды. Сөздікті жасауға Абай Құнанбаев шығармаларының екі томдық толық жинағының (А., 1977) тексі негіз болды. Ақынның шығармаларында кездесетін сөздердің толық қамтылуы қатаң ескеріле электронды-есептеуіш машиналардың (ЭВМ) көмегімен жасалынған Т. ж. с-нде 6293 сөздің – негізгі және туынды түбірлердің бар екендігі және текст көлемі 46596 сөзқолданыстан тұратындығы анықталды. Т. ж. с-нде сөздер лексикалық, морфологиялық, синтаксистік тұрғыда қарала, сөз таптарына ажыратылып, сын есімдер атау тұлғада, етістіктер болымсыз тұлғадан басқасы екінші жақ бұйрық рай қалпында берілді. Сөз таптарының бірнешеуіне ортақ болып келетін -лық//лік, -дай//дей, -ша//ше сияқты жұрнақтар жалғанған сөздерден олардың тек сөз тудыру қызметінде жұмсалғандары ғана алынды. Т. ж. с-нде текстегі барлық сөз алфавит ретімен тізіліп жазылады да, әрқайсысының тұсына оның қай сөз табына қатысы (зат есім – зат., сын есім – сын., сан есім – сан., есімдік – ес., етістік – ет., үстеу – үст., одағай – од., шылау – шыл., еліктеуіш – ел., модаль сөздер – мод.) және текстің өн бойында қанша рет кездесетіні (қолданылған саны) көрсетіледі:

32 адам	зат. 261
33 адам баласы	7
34 адамдық	зат. 17
35 адамзат	зат. 15
36 адамсы	ет. 1

Сөздіктежалқы есімдердің, мағынасы белгісіз кірме сөздердің (аманту, амилу, ақсану, абди т. б.), лексикалық тіркестердің (ақ табан, ақыр заман, ала ауыз т. б.) тұсына сөз таптарының белгісі қойылмайды. Авторлық сөз қолданыстарын, тілдік ерекшелігін көрсету мақсатында әр түрлі нұсқадағы сөздер ақынның өзі қолданған күйінде тізімге алынды. Мәселен: бәлки, бәлкі, бәлкім; ғадалат, әділет, әделет; пеңде, пәнде; ғарып, ғаріп, кәріп т. б.
Сондай-ақ, сөздікте ап (алып), боп (болып), қып (қылып), сап (салып) тәрізді сөздер, екі сөзден тұратын, бір заттың, құбылыстың атауын білдіретін алты бақан, актіш, ауыз омыртқа секілді лексикалық тіркестер де берілді. Т. ж. с-нде тізімге алынған сөздер мына тұрғыда берілді: етістіктер (болымсыз тұлғадан басқасы) екінші жақ бұйрық рай түрінде, ал басқа сөз таптары атау тұлғада, біріккен сөздер текстегі біріккен қалпында, қос сөздер қос сөз күйінде (ағайын-жұрт, айтып-айтпай, айтып-айтып т. б.) алынды. Сөздік бойынша алынған мәліметтер: сөз таптарының қайталануын көрсететін деректер 1-ші кестеде, ал тізімге енген сөздердің алфавиттік статистикасы 2-ші кестеде көрсетілді.

1 кесте

Сөздіктегі сөз таптарының статистикалық көрінісі

Қатар саны	Сөз таптары	Сөз қолданыс		Қатар саны	Сөз таптары	Сөз қолданыс	
		саны	%-і			саны	%-і
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Зат есім	15758	33,82	7	Сан есім	1074	2,20

1	2	3	4	5	6	7	8
2	Етістік	15266	32,76	8	Модаль сөз	961	2,06
3	Есімдік	4473	9,60	9	Одағай сөз	144	0,31
4	Сын есім	4021	8,63	10	Еліктеуіш сөздер	87	0,19
5	Шылау	2046	4,39	11	Жалқы есімдер	249	0,53
6	Үстеу	1686	3,62	12	Лексикалық тіркес	161	0,35
				13	Түсініксіз сөздер	674	1,45

2 кесте

Сөздіктегі сөздердің алфавиттер бойынша статистикалық көрінісі

Қатар саны	Алфавит	Сөз		Қатар саны	Алфавит	Сөз	
		саны	%-і			саны	%-і
1	2	3	4	5	6	7	8
1	А	511	8,12	22	П	85	1,35
2	Ә	152	2,42	23	Р	51	0,81
3	Б	545	8,66	24	С	531	8,44
4	В	5	0,08	25	Т	624	9,92
5	Г	19	0,30	26	У	41	0,65
6	Ғ	89	0,14	27	Ұ	107	1,70
7	Д	170	2,70	28	Ү	79	1,26
8	Е	176	2,80	29	Ф	18	0,29
9	Ё	–	–	30	Х	92	1,46
10	Ж	573	9,11	31	Һ	14	0,22
11	З	62	0,99	32	Ц	–	–
12	И	70	1,11	33	Ч	–	–
13	Й	7	0,11	34	Ш	285	4,53
14	К	438	6,96	35	Щ	–	–
15	Қ	734	11,66	36	Ъ	–	–
16	Л	38	0,60	37	Ы	74	1,18
17	М	275	4,37	38	І	42	0,67
18	Н	112	1,78	39	Ь	–	–
19	Ң	–	–	40	Э	2	0,03
20	О	128	2,03	41	Ю	1	0,02
21	Ө	129	2,05	42	Я	14	0,22

Абай шығармалары тексінің 50%-ін ең жиі кездесетін 158 сөз құрайды, ал бұл ақынның барлық қолданған 6293 сөзінің 2,5%-і болып табылады. Сол сияқты тексгің 70%-і сөздіктің алдыңғы қатарында орналасқан 560 сөздің (барлық сөздің 9%-і) қайталану мүмкіншілігінен құралатыны байқалды. Қаламгердің сөз байлығын талдағанда көбіне оның сирек қолданған сөздеріне көңіл бөлетіні белгілі. Осы тұрғыдан қарағанда ұлы ақынның сөз қолдану ерекшелігін 3-кестеден байқауға болады.

3 кесте

Сөз жиілігі	Сөз саны	Сөздікті қамту %-і	Қосымды жиілік	Тексті қамту %-і
1	3166	50,31	3166	6,79
2	960	15,26	1920	4,12
3	491	7,80	1473	3,16
4	269	4,27	1076	2,31
5	209	3,32	1045	2,24

Т. ж. с. ұлы ақын өмір сүрген дәуірдегі қазақ лексикасының құрылым-құрылысын тереңірек танып білуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ сөздік түзу барысында алынған әр түрлі сандық сипаттамалар тілге тән құбылыстарды ғана емес, ақынның тек өзіне ғана тән сөз қолданыстарын, стильдік белгілерін айқындай түсуге де септігін тигізеді.

СӨЗ	СӨЗ ТАБЫ	ЖИІЛІГІ
А		
А	од.	1
а/ол/	ес.	23
абайла	ет.	5
Абай		4
абиүрлы	сын.	2
абүйыр	зат.	4
абүйырсыз	сын.	1
абыз	зат.	4
Абыралы		1
Абыралыдай	сын.	1
абырой	зат.	2
абыройлы	сын.	1
ағайын	зат.	24
ағайынды	сын.	2
ағайын-жұрт	зат.	1
ағайын-туған	зат.	1
аға	зат.	14
аға	сын.	1
ағар	ет.	1
ағатай	зат.	1
ағаш	зат.	16
ағаш-жапырақ	зат.	1
ағеке	зат.	1
ағза	зат.	1
ағламлан	ет.	1
ағыз	ет.	6
ағыл	ет.	1
ағын	зат.	1
ағын	сын.	1
адал	сын.	15
адалдық	зат.	7
адам	зат.	261
адам баласы		1
адамдық	зат.	17
адамзат	зат.	15
адамсы	ет.	1
адамшылық	зат.	16
адас	ет.	7
адасқан	сын.	1
адастыр	ет.	1
адвокат	зат.	1
адыр	зат.	1
адырайт	ет.	1
ажал	зат.	11
ажар	зат.	4
ажарлан	ет.	1
ажарлы	сын.	1
ажуа	зат.	1
ажым	зат.	4
ажымды	сын.	1
ажымсыз	сын.	1
ажын	зат.	1
аз	ет.	12
аз	сын.	62
аза	зат.	1
азай	ет.	6
азайт	ет.	4
азалы	сын.	1
азап	зат.	3
азалтан	ет.	2
азар	үст.	2
азат	зат.	2
азат	сын.	1
азаттық	зат.	3
азбан	зат.	1
азғыр	ет.	7
азғыру	зат.	1
азғырушы	зат.	1
азғыр-азғыр	ет.	1
азғырып	ет.	1
аз-аздан	үст.	1
аз-маз	үст.	2
аз-мұз	үст.	1
аздан	үст.	1
азды-көпті	үст.	2
аздыр	ет.	2
аздырушы	зат.	1
Азия		1
азық	зат.	13
азына	ет.	1
азырақ	сын.	5
азырхан	ет.	1
ай	зат.	20
ай	од.	2
айбатта	ет.	1
айбын	ет.	1
айғай	зат.	11
айғайла	ет.	2
айғай-шу	зат.	1
айғақ	зат.	1
айғыр	зат.	4
айда	ет.	9
айдал	ет.	1
айдаһар	зат.	7
айдаһардай	сын.	2
айдаһарсыз	сын.	1
айдын	ет.	1
айдындыр	ет.	3
айқалас	ет.	1
айқалат	ет.	1
айқас	ет.	2
айла	зат.	14
айлалы	сын.	2
айлалық	зат.	1
айна	зат.	5
айнадай	сын.	2
айнала	зат.	3
айналайын	од.	1
айналғыш	сын.	1
айналдыр	ет.	2
айны	ет.	7
айнығыш	сын.	1
айнымас	сын.	2
айлар-жайлар	үст.	1
айран	зат.	2
айрыл	ет.	27
айт	ет.	107
айт	зат.	5
айтақ	зат.	2
Айтқожа		1
айтқыз	ет.	3
айтушы	зат.	2
айтшы-айтшыла	ет.	1
айтып	ет.	13
айтылмыш	сын.	3
айтып-айтпай	ет.	1
айтып-айтып	ет.	1
айтыс	ет.	5
айық	ет.	1
айып	зат.	1
айыр	ет.	11

айырыл	ет.	1
айырмақлық	зат.	1
ақ	зат.	2
ақ	ет.	24
ақ	сын.	50
Ақан		1
ақжем	сын.	1
ақиқат	зат.	2
ақирет	зат.	1
ақ көзді		1
ақсақ	сын.	2
ақсақал	зат.	11
ақсақалды	сын.	1
ақта	ет.	3
Ақ табан		1
ақтық	зат.	1
ақша	зат.	9
ақша	сын.	1
ақы	зат.	6
ақылдас	ет.	4
ақылды	сын.	19
ақылдық	зат.	1
ақылсыз	сын.	13
ақылсыздық	зат.	1
ақыл	зат.	188
ақыл-мизан	зат.	1
ақыл-ой	зат.	1
ақыл-пікір	зат.	1
ақыл-хүкімші	зат.	1
ақылы	сын.	2
ақымақ	сын.	6
ақымақ	зат.	2
ақымақтық	зат.	6
ақын	зат.	8
ақынша	үст.	1
ақыр	ет.	4
ақыр	үст.	8
ақыр	зат.	3
ақыры	үст.	4
ақырын	үст.	8
ақырғы	сын.	1
ақыр заман		1
ақырында	үст.	2
ал	ет.	600
ал	шыл.	4
ала	сын.	20
ала ауыз		1
алаған	сын.	1
ала жаздай		3
алақолсыз	сын.	3
алақта	ет.	1
алала	ет.	2
аламайлы	сын.	1
аламандық	зат.	1
алаң	зат.	3
алаңда	ет.	2
алаң-жұлаң	ел.	1
аларман	зат.	3
аласы	зат.	1
Алатау		3
Алаша		3
алаш	зат.	5
алаш-алаш	зат.	2
алашы-алашы	зат.	1
албыра	ет.	1
албырт	ет.	1
албырт	сын.	1
алғашқы	үст.	1
алғыз	ет.	1
алғыш	сын.	1
алд	зат.	46
алда	ет.	34
алдағыш	сын.	5
алдамшы	зат.	3
алдамшы	сын.	6
алдан	ет.	5
алданбастық	зат.	1
алданыс	зат.	1
алданыш	зат.	1
алдап-арба	ет.	1
алдас	ет.	1
алдатқыш	сын.	1
алдау	зат.	6
алдындағы	сын.	2
алдыңғы	сын.	5
алдыр	ет.	3
алды-алдына	үст.	1
алды-арты	зат.	5
алқа	ет.	2
ал-қызыл	сын.	1
алқылда	ет.	1
алқын	ет.	2
алқын	зат.	2
аллазина		1
аллатағала		2
аллаху		1
аллаһу		1
аллаяр		1
алла	зат.	101
алма	зат.	4
алмағандық	зат.	1
алмала	ет.	1
алпыс	сан.	1
алтау	зат.	1
алты	сан.	15
алты бақан		1
алтын	сын.	3
алтын	зат.	37
алтындай	сын.	1
алтынды	сын.	2
алтын-күміс	зат.	2
алушы	зат.	3
алшақ	сын.	1
алшаң	үст.	1
алшаңда	ет.	1
алшы	зат.	1
алып	зат.	1
алыс	үст.	20
алыс	ет.	16
алыс-беріс	зат.	1
алыс-жақын	үст.	2
алыста	ет.	1
альбом	зат.	1
амал	зат.	22
амалда	ет.	2
амалсыз	үст.	2
амалшы	зат.	1
амалшылық	зат.	1
аман	үст.	12
амандас	ет.	2
амандық	зат.	2
амантү		1
аману		2
амилу		1
Амудария		2

ана	зат.	17
ана	ес.	14
анамыздай	сын.	1
анау	ес.	3
аңдай	сын.	1
аңда-саңда	үст.	2
ант	зат.	15
анттас	ет.	1
антұрған	сын.	14
антұрған	од.	6
антұрған	зат.	11
антұрғандық	зат.	5
ант іш		1
ан – наса		1
анық	үст.	10
анық	сын.	6
анықта	ет.	1
аң	зат.	4
аңғар	ет.	2
аңда	ет.	7
аңдат	ет.	1
аңды	ет.	23
аңдығыш	сын.	1
аңдыс	ет.	1
аңдыстыр	ет.	1
аңқай	ет.	1
Аңқара		1
аңқау	сын.	1
аңқы	ет.	2
аңқылда	ет.	3
аңса	ет.	1
аңшы	зат.	5
аңшыл	сын.	1
аңыр	ет.	1
аңырат	ет.	1
аң-таң	үст.	7
ап	ет.	18
апа	зат.	1
апан	зат.	1
апар	ет.	10
апат	зат.	1
Аплатон		1
аппах	сын.	2
аптық	ет.	3
аптық	зат.	1
апырмау	од.	1
ар	зат.	45
ар	үст.	2
араб	зат.	2
арадағы	сын.	1
ара	зат.	9
араз	сын.	5
араздас	ет.	1
араздық	зат.	5
арай	зат.	2
арақ	зат.	5
арала	ет.	3
аралас	ет.	3
аралас	сын.	1
арам	зат.	1
арам	сын.	13
арамдық	зат.	11
аран	зат.	3
арашашы	зат.	2
арба	ет.	3
арғы	үст.	4
арғын	зат.	1
ардақтас	ет.	1
аржақ	үст.	1
арзан	сын.	9
арзуй	зат.	1
арзу	зат.	1
Аристодим		6
Аристотель		3
Арк		1
арқа	зат.	7
арқа-басы	зат.	1
арқалан	ет.	1
арқан	зат.	10
арқылы	шыл.	1
арлан	ет.	4
арлы	сын.	5
арлық	зат.	1
арлылық	зат.	2
арман	зат.	15
арман	үст.	1
армансыз	үст.	1
арна	ет.	3
арнаулы	сын.	1
арсаңда	ет.	3
арсыз	сын.	18
арсыздан	ет.	1
арсыздық	зат.	2
арсылда	ет.	2
арт	зат.	60
арт	ет.	5
артқы	сын.	4
арттағы	сын.	3
арттыр	ет.	1
артық	сын.	52
артық	үст.	8
артықша	үст.	4
артыл	ет.	13
артылт	ет.	1
артынан	үст.	1
аруақ	зат.	4
Арун-Рашид		1
аршөпке		1
аршы	ет.	1
арыз	зат.	12
арызшы	зат.	2
арық	сын.	2
арық	зат.	1
арықта	ет.	2
ары	үст.	1
ары	ет.	4
арыл	ет.	2
арын	зат.	1
арыңда	ет.	1
арыс	зат.	1
арыстан	зат.	6
ар-намыс	зат.	3
ар-ұят	зат.	1
ас	зат.	25
ас	ет.	26
аса	ет.	1
аса	үст.	1
асау	сын.	10
асау	зат.	2
асаудай	сын.	1
асқан	үст.	1
аспан	зат.	17
аспан-көк	зат.	1
ассыз	сын.	1
ассыздық	зат.	1

аст	зат.	6
астық	зат.	2
астыртын	сын.	2
асты-үстілі	үст.	2
асы	сын.	1
асық	зат.	9
асық	сын.	4
асық	ет.	6
асығыс	зат.	1
асыққансы	ет.	1
асықтық	зат.	1
асыл	сын.	12
асыл	зат.	8
асыл	ет.	1
асыр	ет.	9
асыра	ет.	17
асырау	зат.	1
ат	зат.	113
ат	ет.	22
ата	ет.	6
ата	зат.	32
атақ	зат.	8
атақсыз	сын.	1
атақты	сын.	2
атал	ет.	8
аталас	сын.	1
Аталық		1
атан	зат.	1
атан	ет.	19
атанбастық	зат.	3
ата-ана	зат.	15
ата-анадай	сын.	1
ата-баба	зат.	4
атқанша	үст.	1
аттан	ет.	4
аттаныс	зат.	1
атта	ет.	2
аттас	сын.	1
атты	ет.	3
атшабар	зат.	2
ат-шапан	зат.	1
атып	ет.	1
атыңдай	сын.	3
ау	ет.	3
аудар	ет.	7
аударып	ет.	1
ауқат	зат.	1
ауқатты	сын.	1
аула	ет.	4
аулақ	үст.	16
аума-төкпе	сын.	1
аунап-қуна	ет.	1
ауру	зат.	3
ауру	сын.	5
ауыз	зат.	32
ауыздағы	сын.	1
ауыз омыртқа		1
ауыл	зат.	19
ауылдағы	сын.	1
ауыр	сын.	10
ауыр	ет.	12
ауырлан	ет.	1
ауырт	ет.	5
Афшар		2
ақирет	зат.	19
ақиреттік	зат.	1
Ахмет		2
ахсану		1
аһ	сын.	15
аш	сын.	15
аш	зат.	1
аш	ет.	41
аша	зат.	1
аштық	зат.	1
ашу	зат.	8
ашулан	ет.	6
ашуланшақтық	зат.	1
ашулы	сын.	3
ашы	ет.	5
ашығу	зат.	1
ашық	сын.	5
ашыл	ет.	11
ашылт	ет.	1
ашын	ет.	1
ашына	зат.	1
ашып-жауып	ет.	1
ашырсыз	үст.	1
ашыт	ет.	1
ащы	сын.	3
аю	зат.	2
аюдай	сын.	1
ая	ет.	20
ая	зат.	1
аяғында	үст.	3
аяз	зат.	3
аяқ	зат.	34
аяқты	сын.	1
аяқ-қол	зат.	1
аял	зат.	1
аян	сын.	1
аян	ет.	5
аяншақтау	сын.	1
аяң	зат.	1
аяңда	ет.	3
аяңшыл	сын.	1
аят	зат.	6
аят	ет.	1
аяулы	сын.	3

Ә

ә	од.	1
әбден	үст.	15
әбди		1
Әбдірахман		13
әбиат		1
әблет	зат.	1
Әбсәмет		1
Әбудқас		1
Әбіш		6
Әғәрше	шыл.	1
әгмал		1
әддүния		1
әдді	зат.	2
әдейі	үст.	1
әдемі	сын.	2
әдемішілік	зат.	1
әдеп	зат.	3
әдепсіз	сын.	2
әдепсіздік	зат.	1
әдепті	сын.	2
әдет	зат.	12
әділ	сыз.	6
әділ	зат.	2
әділдік	зат.	1

әділет	зат.	10
әділетсіз	сын.	2
әділетті	сын.	3
әділеттік	зат.	1
әдіптет	ет.	3
әз	сын.	2
әзәли		1
әзелде	үст.	3
әзіл	зат.	1
әзілдес	ет.	1
Өзім		35
әзір	үст.	2
Өзіретәлі		1
әзірлен	ет.	1
Өз-Тәуке		1
әй	од.	4
әйел	зат.	9
әйләйін		1
әйтеуір	үст.	1
әйтпесе	шыл.	7
әке	зат.	14
әкел	ет.	7
әкеңдей	сын.	1
әкет	ет.	2
әке-үке	зат.	1
әке-шеше	зат.	2
әл	зат.	3
әла		1
әлбәттә	мод.	2
әлбетте	мод.	2
әлгі	сын.	7
әлгі	ес.	8
әлде	шыл.	6
әлдекім	ес.	1
әлдеқашан	үст.	3
әлдене	ес.	1
әлденеше	ес.	1
әлді	сын.	1
әлек	зат.	7
әлем	зат.	1
әлиф		2
әлифби	зат.	1
әл-қуат	зат.	1
әлләзина		1
әлпеншек	зат.	1
әлсіз	сын.	2
әлсіре	ет.	1
әлі	үст.	3
әлі-ақ	үст.	3
әлімше	үст.	1
әлінше	үст.	1
әл-инсан		1
әм	шыл.	9
әмәнту		1
әмме	ес.	1
әмір	зат.	2
Әмір Темір		2
әмірші	зат.	1
ән	зат.	36
әне	ес.	2
әне-міне	ес.	1
әншейін	үст.	9
әнші	зат.	2
әншілік	зат.	1
әңгіме	зат.	5
әпер	ет.	4
әпкел	ет.	1
әр	ес.	57
әрберден	үст.	2
әрбері	үст.	1
әрбір	ес.	56
әрбіреу	ес.	1
әрдайым	үст.	1
әрекет	зат.	1
әрең	үст.	4
әрине	мод.	4
әркім	ес.	17
әрқайда	ес.	2
әрқайсысы	ес.	1
әрлі-берлі	үст.	3
әрне	ес.	3
әр-не		1
әрнешік	ес.	8
әртүрлі	сын.	6
әрі	үст.	6
әрі-бері	үст.	1
әсем	сын.	3
әсемпаз	сын.	1
әсемсі	ет.	1
әсер	зат.	6
әсерлі	сын.	1
Әсет		1
әскер	зат.	11
әсма-и		1
әсте	үст.	7
әсіресе	үст.	3
әсіре	сын.	1
әттәмурун		1
әтеш	зат.	2
әттеген-ай	од.	2
әттегене-ай	од.	1
әттең	үст.	2
Әубәкір		1
әуе	зат.	2
әуез	зат.	1
әуейілік	зат.	1
әуел	үст.	24
әуел бастан		1
әуелгі	сын.	6
әуелде	үст.	10
әуелден	үст.	7
әуеле	ет.	1
әуелі	үст.	23
әуес	зат.	1
әуесқой	зат.	2
әуес-қызық	зат.	1
әулекі	сын.	2
әулие	зат.	5
әулиелік	зат.	1
әуре	зат.	24
әурелен	ет.	1
әурешілік	зат.	1
әуре-сарсаң	зат.	1
әуріл	ет.	1
әхмәр		1
әһли		1
әһіл		1
әшкере	зат.	4

Б

ба	шыл.	43
баба	зат.	1
Бабыр		2
бағa	зат.	9

бағалы	сын.	1
бағана	үст.	1
бағанағы	сын.	20
бағасыз	сын.	2
Бағдат		2
бағыла	ет.	1
бағусыз	сын.	1
бағын	ет.	1
бадалық	зат.	1
баж	зат.	1
базар	зат.	9
базарлық	зат.	1
бай	сын.	6
бай	зат.	94
бай-бай	сын.	1
байбайшыл	сын.	1
байғұс	сын.	5
байғұс	зат.	10
байғұс-ай	од.	1
байғыз	зат.	1
байқа	ет.	27
байқал	ет.	2
байқалын	ет.	1
байла	ет.	18
байлан	ет.	2
байланыстырыл	ет.	2
байлас	ет.	1
байлау	зат.	1
байлаулы	сын.	4
байлаулылық	зат.	1
байлаусыз	сын.	2
байлық	зат.	10
Баймағамбет		1
байпақ	зат.	1
Байұзақ		1
байымда	ет.	1
байы	ет.	3
бақ	зат.	18
бақ	ет.	62
бақа	зат.	6
бақадай	сын.	1
бақайлы	сын.	1
бақи	үст.	1
бақбақтық	зат.	1
бақсы	зат.	1
бақсы-балгер	зат.	1
бақсыз	сын.	1
бақсылық	зат.	1
бақша	зат.	3
бақыр	зат.	3
бақыр	ет.	2
бақыт	зат.	1
бақытсыз	сын.	1
бал	зат.	9
бала	зат.	191
бала	ет.	4
баладай	сын.	3
балай		1
балақ	зат.	2
балалық	зат.	2
балаң	сын.	1
балапан	зат.	2
балауыз	зат.	1
балаша	үст.	2
бала-шаға	зат.	4
балбыра	ет.	1
балдырған	зат.	2
балқы	ет.	1
Балсура		1
балтыр	зат.	1
балуан	зат.	1
балуандық	зат.	1
балық	зат.	5
банағы	сын.	1
бап	зат.	2
бапта	ет.	1
баптан	ет.	2
бар	ет.	104
бар	ес.	53
бар	мод.	273
барқылда	ет.	4
барқыт	зат.	1
барла	ет.	4
барлық	зат.	7
барлық	ес.	5
бартылда	ет.	1
барушы	зат.	1
барша	ес.	5
барымта	зат.	4
барымташы	зат.	2
барынша	үст.	3
бас	зат.	165
бас	ет.	46
бас	сын.	3
басалқа	зат.	2
басасау	сын.	1
бас-аяқ	зат.	2
бас-басы	үст.	2
басқа	үст.	5
басқа	сын.	45
басқар	ет.	1
басқа-басқа	сын.	1
басқыш	зат.	1
баспақ	зат.	1
баспана	зат.	1
бас сал		2
баста	ет.	12
баста	үст.	3
бастағандық	зат.	1
бастағы	сын.	2
бастан аяқ		1
бастапқы	сын.	4
бастау	зат.	1
басты	сын.	1
бастық	зат.	2
бастыр	ет.	3
басу	зат.	1
бас ұр		4
басшы	зат.	4
басы-көзі	зат.	1
басыл	ет.	7
басылыс	ет.	1
басынан	үст.	1
басында	үст.	3
бат	ет.	16
бата	зат.	4
батин		2
батқанша	үст.	1
батпақ	зат.	1
бату	сын.	4
батыл	сын.	1
батылдық	зат.	1
батыр	зат.	22
батыр	сын.	1
батыс	ет.	1

бау	зат.	2
баулы	сын.	1
бауыр	зат.	17
бауырмал	сын.	1
бахас	зат.	9
башалшіл	зат.	1
баяғы	сын.	4
баяғы	үст.	7
баяғыда	үст.	2
баяғыдай	үст.	2
баян	зат.	2
баянда	ет.	1
баянды	сын.	2
баянсыз	сын.	4
баянсыз	үст.	3
баяу	сын.	2
бәйбіше	зат.	3
бәйге	зат.	7
бәйгі	зат.	2
бәйтерек	зат.	3
бәйшешек	зат.	5
бәйітсымал	зат.	1
бәйітшіліктік	зат.	1
Бәке		3
бәле	зат.	5
бәлки	мод.	10
бәлкі	мод.	1
бәлкім	мод.	1
бәлсі	ет.	1
бәни		1
бәңгі	сын.	1
бәрекелді	од.	7
бәрі	ес.	192
бәс	зат.	1
баһра		3
бе	шыл.	47
бегірек	сын.	3
без	ет.	3
без	зат.	1
безгек	зат.	1
бездір	ет.	1
безе	ет.	1
безекте	ет.	1
безендір	ет.	2
бейғам	сын.	1
бейкүнә	сын.	1
бейне	зат.	11
бейне	үст.	2
бейнет	зат.	10
бейсенбі	зат.	1
бейуақ	зат.	1
бейіл	зат.	7
бейілді	сын.	1
бейім	сын.	1
бейіс	зат.	7
бейіш	зат.	1
бек	зат.	2
бек	үст.	17
бекер	үст.	17
бекерлік	зат.	1
бел	зат.	13
белгі	зат.	11
белгілі	сын.	12
белгісіз	сын.	3
белдеу	зат.	1
белсен	ет.	1
белше	зат.	1
бен	шыл.	9
бенде	зат.	23
бер	ет.	338
бер	үст.	1
бергендік	зат.	1
бергі	үст.	3
бергіш	сын.	2
береген	сын.	1
береке	зат.	7
берекелес	ет.	1
берекелі	сын.	1
берекет	зат.	1
берермен	зат.	1
бересі	зат.	1
беркін	ет.	1
беркіт	ет.	1
бермен	үст.	3
беруші	зат.	1
бері	үст.	4
берік	сын.	12
беріктік	зат.	5
беріл	ет.	2
берін	ет.	1
бес	сан.	23
бес-алты	сан.	1
бесік	зат.	1
бесін	зат.	1
бет	зат.	10
беталды	үст.	2
бет-ауыз	зат.	2
бет-бетімен	үст.	1
бетеге	зат.	1
бетер	үст.	2
бет-пішін	зат.	1
бетте	ет.	2
беттес	ет.	1
беті-қол	зат.	1
бетімен	үст.	1
бешпент	зат.	1
би	зат.	28
би		2
бидай	зат.	1
бие	зат.	3
бижай		1
Бийск		1
билбирри		1
биле	ет.	24
билет	ет.	6
билеуші	зат.	1
биллаһи		1
билік	зат.	8
бин		3
бина	зат.	1
бинаән		1
бинаһи		1
биттей	сын.	5
битімдей	сын.	1
бихабар	сын.	1
биһтар		1
бишара	зат.	5
бишара	сын.	2
бишаралық	зат.	1
бише	үст.	1
биік	зат.	3
биік	сын.	7
бодан	зат.	1
бозбала	зат.	7
бозбалалық	зат.	2

бозбастық	зат.	1
бозда	ет.	2
бой	зат.	120
бойдақ	сын.	1
бой жет		1
бойкүйез	сын.	1
бойла	ет.	5
бойы	шыл.	4
бойындағы	сын.	1
бойынша	үст.	1
боқ	зат.	9
боқта	ет.	6
боқтас	ет.	1
боқтат	ет.	1
боқтау	зат.	1
боқтық	зат.	2
бол	ет.	1239
боларлық	сын.	3
болат	зат.	2
болатша	үст.	3
бол-бол	ет.	1
болғандық	зат.	2
болғансы	ет.	2
болдыр	ет.	1
болжа	ет.	2
болмақтық	зат.	2
болмаса	шыл.	2
болымсыз	сын.	5
болыс	ет.	1
болыс	зат.	18
болыс-би	зат.	1
боп	ет.	37
боран	зат.	1
борбай	зат.	1
Бородино		2
борыш	зат.	5
борышқорлық	зат.	1
бос	сын.	27
бос	үст.	20
боса	ет.	6
босаға	зат.	1
босан	ет.	7
босас	ет.	1
босат	ет.	2
босқа	үст.	8
бостық	зат.	1
боталы	сын.	1
бота тірсек		1
боя	ет.	2
боял	ет.	1
бояма	сын.	1
боямасыз	сын.	1
бөгел	ет.	3
бөгет	зат.	1
боз	зат.	3
бөк	ет.	2
бөкен желіс		1
бөкен қабақ		1
бөксер	ет.	1
бөктер	зат.	2
бөл	ет.	10
бөлек	зат.	6
бөлін	ет.	4
бөп-бөлек	үст.	1
бөртін	ет.	3
бөрі	зат.	3
бөрік	зат.	5
Бөстек		1
Бөстекбай		1
бөтелке	зат.	1
бөтен	сын.	16
бөтеңдік	зат.	1
брут	зат.	3
бу	ет.	2
бу	зат.	4
бу	ес.	1
бура	зат.	1
бурыл	сын.	2
бусан	ет.	1
бутыл		1
буулы	сын.	1
буын	зат.	8
буын	ет.	2
буынсыз	сын.	3
буырқан	ет.	1
бұғы	зат.	1
бұз	ет.	28
бұзақы	зат.	5
бұзбастық	зат.	1
бұзық	сын.	6
бұзық	зат.	3
бұзықшылық	зат.	1
бұзыл	ет.	24
бұйра	сын.	1
бұйрығынша	үст.	1
бұйрық	зат.	4
бұйым	зат.	1
бұйыр	ет.	4
бұйырыл	ет.	1
бұқ	ет.	3
бұқа	зат.	2
Бұқар		2
бұқара	зат.	1
бұл	ес.	314
бұла	ет.	1
бұлай	үст.	7
бұлайша	үст.	1
бұлақ	зат.	4
бұлақша	үст.	1
бұлан	зат.	1
Бұланай		3
бұланда	ет.	1
бұланда т	ет.	1
бұлбұл	зат.	10
бұлбұлдай	сын.	1
бұлғақ	ел.	1
бұлғақта	ет.	4
бұлғақтат	ет.	1
бұлғалақта	ет.	1
бұлған	ел.	1
бұлда	ет.	8
бұлдай	сын.	1
бұлдан	ет.	2
бұлдыр	сын.	5
бұлдыра	ет.	1
бұлқын	ет.	2
бұлқынт	ет.	1
бұлт	зат.	14
бұлтылда	ет.	1
бұлшық ет		1
бұлықсы	ет.	1
бұлыт	зат.	3
бұлыттай	сын	1
бұр	ет.	13
бұрал	ет.	3

бұралқы	сын.	1
бұрақ	сын.	1
бұраңда	ет.	5
бұрғыз	ет.	1
бұрқ	ел.	1
бұрқ-сарқ	ел.	1
бұрқылда	ет.	3
бұрқыра	ет.	2
бұртай	ет.	1
бұртақта	ет.	1
бұртың	ел.	2
бұршақ	зат.	1
бұршақта	ет.	1
бұрыл	ет.	5
бұрым	зат.	1
бұрын	үст.	10
бұрынғы	сын.	15
бұрынғы	үст.	7
бұрынғыдай	сын.	4
бұрынғыдан	үст.	1
бұрыс	сын.	1
бұта	зат.	1
бұтақ	зат.	1
бұтты-шатты	ет.	1
бұтып-шатып	ет.	1
Бұхар		1
бүгіл	ет.	1
бүгін	үст.	18
бүгінгі	сын.	4
бүгін-ертең	үст.	1
бүгінше	үст.	1
бүйде	ет.	1
бүйт	ет.	12
бүйір	зат.	1
бүк	ет.	1
бүксі	ет.	1
бүксіт	ет.	1
бүкте	ет.	1
бүктел	ет.	2
бүкши	ет.	2
бүкіл	үст.	1
бүкір	сын.	6
бүлдір	ет.	2
бүлк-бүлк	ел.	1
бүлкілде	ет.	1
бүлік	ел.	2
бүлік	зат.	5
бүлін	ет.	1
бүліндір	ет.	1
бүркен	ет.	1
бүркіт	ет.	5
бүркіттей	сын.	2
бүркітші	зат.	2
бүрсең	ел.	2
бүрік	ет.	1
бүріс	ет.	1
бүтейт	ет.	1
бүтін	сын.	2
бүтінде	ет.	1
бықсы	ет.	2
бықсыт	ет	1
былай	үст.	5
былға	ет.	2
былған	ет.	1
былғары	зат.	1
былжыра	ет.	2
былжырақ	сын.	1
былжырат	ет.	1
былқылда	ет.	4
былш-былш	ел.	4
былшылда	ет.	1
біз	ес.	123
біз	зат.	2
біздей	сын.	3
біздердей	сын.	1
біл	ет.	319
білгендік	зат.	3
білгенсі	ет.	1
білгенше	үст.	1
білгіш	сын.	6
білдір	ет.	25
білдірт	ет.	2
біле	ет.	3
білек	зат.	4
білектей	сын.	1
білекті	сын.	1
білем	мод.	2
білеут		2
білместік	зат.	4
білтеле	ет.	1
білу	ет.	3
білім	зат.	21
білім-ғылым	зат.	2
білімді	сын.	7
білімділік	зат.	1
білімсіз	сын.	4
білімсіздік	зат.	3
білім-ұят	зат.	1
білін	ет.	10
білінгендік	зат.	1
бір	сан.	575
бір	ес.	195
бір	шыл.	3
біраз	үст.	15
бірақ	шыл.	41
бірадар		1
бір-бір	сан.	2
бір-бірле	ет.	1
бірге	үст.	10
бірде	шыл.	4
бірдей	үст.	24
бірдейлік	сын.	2
бірдеме	ес.	1
бір-екі	сан.	4
бірер	ес.	2
біреу	ес.	154
біржола	үст.	3
бір күндік		1
бірқалып	сын.	1
бірқалыпты	сын.	3
бірқатар	үст.	2
бірлән	шыл.	64
бірлі-жарым		1
бірлік	зат.	18
біротала	үст.	2
бірталай	үст.	1
бір түрлі		10
бірі-бірі	ес.	1
бірін-бірі	ес.	4
бірінен-бірі	ес.	1
біріне-бірін	ес.	1
біт	ет.	47
бітім	зат.	8
Бітімбай		1
бітімші	зат.	1

бітір	ет.	13

В

Вадим		5
визит	зат.	1
виноват	сын.	2
военный	сын.	2

Г

ғауһар	зат.	2
Гималай		1
Гомер		1
гөлайтта	ет.	1
гөр	ет.	1
гөрі	шыл.	2
грузин	зат.	1
губернатор	зат.	1
гуде-гу	ел.	1
гүзәл	зат.	1
гуле	ет.	3
гүілдек	зат.	1
гүбірне	зат.	1
гүл	зат.	27
гүл-бәйшешек	зат.	2
гүлдей	сын.	1
гүлден	ет.	3
гүлдендір	ет.	1
гүлді	сын.	1

Ғ

Ғабдуразман		1
Ғабидолла		1
ғадаләт	зат.	19
ғадаләтті	сын.	2
ғадауат	зат.	1
ғаделет	зат.	4
ғаділетті	сын.	1
ғажайыблан	ет.	1
ғажайып	сын.	2
ғажам	зат.	1
ғажап	зат.	1
ғажиздық	зат.	1
ғазиз	сын.	1
ғазим		1
ғайри		2
ғайру		1
Ғайса		1
ғайыб	зат.	3
ғайын		1
ғайыпсыз	сын.	2
ғайыпты	сын.	1
ғайін		1
ғақил		1
ғақлия		1
ғақлиат		1
ғақыл		7
ғалайһи		7
ғалам	зат.	13
Ғали		1
ғалым	зат.	14
ғамал	зат.	1
ғамалус-салих		3
ғамилу		1
ғана	шыл.	46
ғанибет	зат.	2
ғапыл	зат.	4
ғапылдық	зат.	1
ғапіл	зат.	1
ғараб	зат.	2
ғараб-парсы	зат.	1
ғараф	зат.	1
ғариблік		1
ғарық	үст.	2
ғарып	зат.	4
ғаріп	зат.	3
ғаріп-қасар	зат.	1
ғаріптік	зат.	1
ғауам	зат.	1
Ғауф		1
ғафил		3
ғафилдік	зат.	1
ғафлят		1
ғафу	зат.	1
ғафур		1
Ғафур		1
ғашерен		1
ғашық	зат.	1
ғашық	сын.	6
ғашық-мағшұқпық	зат.	1
ғашықтық	зат.	8
ғәддү		1
ғибадат	зат.	1
ғибрат	зат.	9
ғибратлан	ет.	2
ғибратланушы	зат.	1
ғибраттан	ет.	1
ғибратлән	ет.	1
ғибратлен	ет.	1
ғибратлі	сын.	1
ғиззат		1
ғиззат-хұрмет	зат.	3
ғишқың		2
ғишық		1
ғой	шыл.	54
Ғосман		1
ғұзір	зат.	1
ғұлама	зат.	2
ғұламаһи	зат.	1
ғұмыр	зат.	5
ғұрлы	шыл.	3
ғұрып	зат.	1
ғұруырлық	зат.	1
Ғұсмания		1
ғылым	зат.	106
ғылым-білім	зат.	1
ғылымдағы	сын.	1
ғылымсыз	сын.	3
ғылымсыздық	зат.	1
ғып	ет.	1

Д

да	шыл.	134
дағардай	сын.	1
дағуа	зат.	4
дағы	шыл.	3
дайын	үст.	16
дайында	ет.	2
дайындал	ет.	1
дал	үст.	1
дала	зат.	7
далақта	ет	1
далаң	зат.	1

далпылда	ет.	1
дамыл	зат.	5
дана	зат.	2
данышпан	зат.	1
даңғой	сын.	3
даңғойлан	ет	1
даңқ	зат.	2
дап-дайын	үст.	4
дар	зат.	1
дара	сын.	2
дарақы	сын.	1
дариға	зат.	1
дария	зат.	7
даркәрлік	зат.	1
дару	зат.	1
дастарқан	зат.	1
дат	зат.	1
датта	ет.	1
дау	зат.	14
дауа	зат.	2
дауани		1
дауасыз	сын.	1
даугер	зат.	2
дау-жанжал	зат.	1
даулас	ет.	2
дауыл	зат.	7
Дауылбай		2
дауылпаз	зат.	1
даурық	ет.	1
дауыс	зат.	2
дауыссыз	сын.	2
даяр	үст.	3
дәйім	үст.	2
дәл	үст.	11
дәл		1
дәм	зат.	14
дәме	зат.	2
дәмелен	ет.	2
дәмет	ет.	4
дәм-тұз	зат.	1
дән	зат.	3
дәндәку	зат.	1
дәнеме	ес.	4
дәркүмән	зат.	1
дәрт	зат.	1
дәру	зат.	1
дәрі	зат.	7
дәрілхарап		1
дәу	зат.	1
дәулет	зат.	29
дәурен	зат.	10
дәфғы		1
дәһры		1
де	ет.	1018
де	шыл.	341
дегендейін	шыл.	1
дегендік	зат.	2
дегіз	ет.	7
дейін	шыл.	2
дел-сал	үст.	2
делін	ет.	2
дем	зат.	12
демалыс	зат.	1
демек	шыл.	1
демекілік	зат.	3
ден	зат.	3
дене	зат.	20
денеле	ет.	1
денелі	сын.	1

дереу	үст.	4
дерлік	үст.	2
дерт	зат.	26
дерттен	ет.	1
дертті	сын.	1
дес	зат.	1
дес	ет.	5
дидар	зат.	1
диди		1
диуана	зат.	1
диуаналық	зат.	1
диханшы	зат.	1
дознание	зат.	1
доктор	зат.	2
долдан	ет.	3
долдық	зат.	1
долы	сын.	1
долық	зат.	1
домбық	ет.	1
домбыра	зат.	3
домбыт	зат.	1
домбытпа	зат.	1
доп	зат.	2
дорба	зат.	11
дос	зат.	63
дос	сын.	2
Досақ		1
дос-жар	зат.	3
доссыз	сын.	3
достық	зат.	27
дөң	зат.	2
дөңбекші	ет.	1
дөңбекшіт	ет.	1
дөңгелек	сын.	2
дөп	үст.	3
ду	зат.	2
дуаналық	зат.	1
ду-ду	ел.	1
Дулат		1
дулыға	зат.	3
думан-сауық	зат.	1
душар	зат.	2
душарлас	ет.	1
дұға	зат.	12
дұғадай	сын.	1
дұғай	үст.	1
дұрыс	сын.	5
дұспан	зат.	2
дұспандық	зат.	1
дұшпан	зат.	20
дұшпандық	зат.	5
дүбірлет	ет.	3
дүзу	сын.	1
Дүйсенқұл		1
дүкен	зат.	1
дүл-дүл	зат.	1
дүние	зат.	144
дүние-ай	од.	5
дүниедегі	сын.	6
дүниелік	зат.	5
дүңгір	зат.	1
дүпілде	ет.	1
дүр		9
дүрдараз	сын.	1
дүрди	сын.	1
дүре	зат.	1

дүрмек	зат.	2
дүрсі	ет.	1
дүрсіл	зат.	1
дүрілде	ет.	3
дүрілдек	зат.	1
Дүтбай		1
дыбыс	зат.	2
дым	зат.	6
дым	үст.	4
дымқыл	сын.	1
дігір	зат.	1
дікілде	ет.	1
ділда	зат.	2
ділдә	зат.	2
дін	зат.	29
діндес	сын.	2
діни	сын.	1
дінсіз	сын.	1
дінсіздік	зат.	1
дініндегі	сын.	1
діңгек	зат.	1
дірдекте	ет.	1
дірілде	ет.	6

Е

е	ет.	654
е	од.	1
егес	ет.	2
егес	зат.	2
егіл	ет.	3
егін	зат.	11
егіндей	сын.	1
егіндік	зат.	1
единица	зат.	3
Еділ		1
еждиһатсыз	сын.	1
ежеттес	сын.	1
ез	ет.	1
ез	сын.	2
ез	зат.	4
езбе	сын.	2
езгу		2
ездік	зат.	1
езу	зат.	2
ей	од.	16
ек	ет.	5
екендік	зат.	7
екеу	ес.	2
екпін	зат.	3
екпінде	ет.	2
екі	сан.	194
екінші	сан.	3
екіталай	үст.	1
ел	зат.	178
елбіре	ет.	2
елбіре-қалтыра	ет.	1
елдегі	сын.	4
еле	ет.	3
елең	ел.	2
елендес	ет.	1
елең-селең	ел.	1
елер	ет.	7
елерме	зат.	1
елет	ет.	1
елеу	зат.	1
елеулі	сын.	1
елеусіз	сын.	1
елжіре	ет.	9
елсіз	сын.	2
елсіз-күнсіз	үст.	1
елу	сан.	2
елубасы	зат.	1
елші	зат.	2
елі	зат.	1
елік	ет.	1
ем	зат.	14
ем	ет.	1
емексі	ет.	1
емен	зат.	4
емсіз	үст.	1
еміз	ет.	2
емін	ет.	1
еміреніс	ет.	1
ен	ет.	15
еңдеше	үст.	3
еңді	үст.	89
еңдігі	сын.	9
ене	зат.	3
Енисей		1
Енисейск		1
еннатай		1
енші	зат.	2
ең	үст.	24
еңбегі жанған		1
еңбек	зат.	44
еңбексіз	сын.	3
еңбекте	ет.	1
ел	зат.	9
епсіздік	зат.	1
епсін	ет.	1
епте	ет.	10
епті	сын.	2
ептілік	зат.	1
ер	ет.	36
ер	зат.	54
ер	сын.	15
ерегіс	ет.	1
ерек	сын.	1
ерекше	үст.	1
ер жет		7
ер жеткен		2
ержетіңкіре	ет.	1
ерке	сын.	1
еркейт	ет.	1
еркек	зат.	5
еркелен	ет.	2
еркелет	ет.	1
еркелі	сын.	1
еркесі	ет.	2
ер көкірек		1
еркін	үст.	2
ерлен	ет.	1
ерлік	зат.	7
ермек	зат.	10
ермен	зат.	1
ернеу	зат.	2
ерт	ет.	10
ерте	үст.	12
ертегі	зат.	3
ертек	зат.	1
ертең	үст.	22
ертерек	үст.	5
ер-тоқым	зат.	2
ертте	ет.	2

Ертіс		1
ерше	үст.	1
ері	ет.	8
ерік	зат.	11
ерік	ет.	2
еріккеннен	үст.	1
еріксіз	үст.	10
ерін	зат.	10
ерін	ет.	10
ерінбей	үст.	4
еріншек	сын.	4
еріншек	зат.	2
еріншектік	зат.	2
ерістір	ет.	1
ес	ет.	5
ес	зат.	30
есе	зат.	3
есек	зат.	10
есек	зат.	11
есен	үст.	1
есен-аман	үст.	1
есен-сау	үст.	1
есепсіз	үст.	7
есепте	ет.	3
есер	сын.	7
есер	зат.	4
есерлен	ет.	1
Ескендір		14
ескер	ет.	18
ескерусіз	үст.	5
ескі	сын.	20
ескілік	зат.	1
ескір	ет.	1
ескірген	сын.	1
ессіз	сын.	3
есті	сын.	20
естілік	зат.	1
естіп-есіт	ет.	1
есік	зат.	18
есіктегі	сын.	1
есіл	од.	3
Есім		1
есім	зат.	4
есіне	ет.	1
есір	ет.	3
есірке	ет.	2
есіркегіш	сын.	1
есірік	сын.	1
есіт	ет.	45
есіттір	ет.	1
ет	ет.	126
ет	зат.	27
етек	зат.	3
етек басты		1
еткіз	ет.	4
етсіз	сын.	1
етті	сын.	1
еттір	ет.	1
етік	зат.	2
етіндей	сын.	1
еһе – еһе	од.	1
еш	ес.	40
ешбір	ес.	36
ешкі	зат.	1
ешкім	ес.	21
ешнәрсе	ес.	16
ештеме	ес.	1

Ж

жабағы	зат.	1
жабдық	зат.	1
жабық	ет.	1
жабыл	ет.	3
жабырқа	ет.	2
жабырқаңқы	сын.	2
жабырқау	сын.	1
жабыс	ет.	3
жаға	зат.	7
жағадағы	сын.	1
жағала	ет.	6
жағымды	сын.	2
жағын	ет.	1
жағадай	сын.	2
жадыра	ет.	1
жаз	ет.	34
жаз	зат.	23
жаза	зат.	3
жаза бер		1
жазалы	сын.	4
жазасыз	сын.	1
жазған	сын.	1
жазғы	сын.	1
жазғыр	ет.	3
жазғытұры	зат.	2
жазғытұрым	зат.	4
жазда	ет.	2
жаздай	үст.	1
жаздыкүн	үст.	2
жаздыкүнгі	сын.	1
жазу	зат.	3
жазық	зат.	4
жазық	сын.	1
жазықсыз	сын.	2
жазыл	ет.	8
жазылмыш	зат.	3
жазым	зат.	3
жай	зат.	34
жай	ет.	9
жай	үст.	10
жайғастыр	ет.	3
жайдай	сын.	1
жайдақ	сын.	1
жайдақсы	ет.	1
жайдақта	ет.	1
жайдары	сын.	3
жайқақта	ет.	1
жайқал	ет.	1
жайқаң-қайқаң	ел.	1
жайла	ет.	2
жайлан	ет.	2
жайлат	ет.	1
жайлау	зат.	5
жайлы	сын.	1
жайма-шуақ	үст.	1
жайна	ет.	10
жайраңдас	ет.	1
жайсыз	үст.	1
жайтаңда	ет.	1
жақ	ет.	21
жақ	зат.	19
жақсы	сын.	101
жақсы	зат.	5
жақсы	үст.	17

жақсы-жаман	сын.	2
жақсы көр		1
жақсылық		2
жақсылық	зат.	33
жақта	ет.	7
жақтыр	ет.	1
жақын	зат.	9
жақын	үст.	14
жақын	сын.	4
жақында	ет.	3
жақындық	зат.	1
жал	зат.	5
жала	зат.	4
жала	ет.	1
жалаңаш	сын.	2
жаланда	ет.	1
жалаң-жұлаң	ел.	1
жалаңқая	сын.	1
жалбаң	ел.	1
жалбаңдас	ет.	1
жалбар	ет.	1
жалбарын	ет.	2
жалбыр	сын.	1
жалбыра	ет.	1
жалға	ет.	5
жалған	ет.	2
жалған	зат.	16
жалған	сын.	19
жалғандық	зат.	2
жалғап-жалғап	ет.	1
жалғас	ет.	1
жалғыз	сын.	25
жалғыздық	зат.	3
жалғыз-жарым	сын.	1
жалда	ет.	3
жалдан	ет.	2
жалды	сын.	1
жалқау	сын.	4
жалқаулан	ет.	1
жалқаулық	зат.	3
жал-құйрық	зат.	1
жалқы	ет.	1
жалма	ет.	1
жалма-жан	үст.	2
жалмауыз	сын.	1
жалмауыздай	сын.	1
жалпақ	сын.	3
жалпылда	ет.	4
жалтақ-жалтақ	үст.	1
жалтанда	ет.	3
жалтаң көздік		1
жалтылда	ет.	1
жалтыр	сын.	2
жалтыра	ет.	1
жалтыр-жұлтыр	үст.	1
жалшы	зат.	8
жалығу	зат.	3
жалық	ет.	11
жалықпай	үст.	2
жалын	ет.	20
жалын	зат.	18
жалында	ет.	1
жалындай	сын.	4
жалынт	ет.	2
жалынышты	сын.	2
жама	ет.	4
жамағайынды	сын.	1
жамағат	зат.	3
жамал	зат.	1
жаман	сын.	9
жаман	зат.	6
Жаманбала		1
жаманда	ет.	5
жамандау	зат.	1
жамандық	зат.	24
Жамантай		1
жаманшылық	зат.	17
жамау	зат.	2
жамбас	зат.	2
жамиғат	зат.	2
жамыра	ет.	2
жан	ет.	20
жан	зат.	246
жаңдай	сын.	1
жаңдарал	зат.	1
жаңдыр	ет.	2
жан-жақ	зат.	6
жанжал	зат.	2
жанжал-керіс		1
жанжалсыз	зат.	1
жан-жануар	зат.	2
Жанқожа		1
жаннатихум		1
жанса-күйсе	ет.	1
жансы	ет.	3
жансыз	сын.	2
жансыз	зат.	1
жантай	ет.	1
жануар	зат.	1
жанша	үст.	1
жаншыл	ет.	1
жаны-дініі	зат.	1
жаным	од.	1
жаным-ай	од.	1
жаңа	сын.	10
жаңа	үст.	3
жаңбыр	зат.	2
жаңбырлы	сын.	1
жаңғыр	ет.	7
жаңғырт	ет.	2
жаңғырық	зат.	1
жаңыл	ет.	4
жап	ет.	3
жапа	зат.	1
жапа-жалғыз	сын.	1
жап-жай	үст.	1
жап-жалаңаш	сын.	1
жап-жаңа	сын.	1
жап-жас	сын.	1
Жапаркүл		2
жапсыр	ет.	1
жар	зат.	43
жар	ет.	7
жара	зат.	11
жара	ет.	40
жарап	ет.	9
жарала	ет.	1
жаралы	сын.	6
жарамды	сын.	3
жарамсақсы	ет.	1
жарамсыз	сын.	2
жаран	зат.	1
жарарлық	сын.	2
жарас	ет.	5
жарастық	зат.	2

жарастыр	ет.	1
жарасыз	сын.	1
жарасын	зат.	1
жарат	ет.	44
жаратқан	зат.	3
жаратқандық	зат.	1
жаратпақтық	зат.	1
жаратушы	зат.	7
жаратыл	ет.	6
жарғақ	сын.	2
жарғы	зат.	1
жарқ	ел.	1
жарқ-жұрқ	ел.	4
жарқылда	ет.	8
жарқын	сын.	1
жарқын	зат.	1
жарқыра	ет.	5
жарлы	сын.	5
жарлық	зат.	15
жарлылық	зат.	1
жартас	зат.	13
жары	ет.	2
жарық	сын.	6
жарық	зат.	4
жарықтық	зат.	3
жарыл	ет.	2
жарылқа	ет.	5
жарым	сын.	11
жарымес	сын.	1
жарым-жарты	сын.	3
жарыс	ет.	2
жарыт	ет.	1
жар-жар	зат.	1
жас	сын.	73
жас	зат.	78
жаса	ет.	23
жасаған	зат.	1
жасал	ет.	6
жасар	ет.	1
жасаулы	сын.	2
жасқа	ет.	1
жасқан	ет.	3
жасқант	ет.	1
жастан	ет.	1
жастық	зат.	14
жасы	ет.	3
жасық	сын.	2
жасыл	сын.	5
жасынан	үст.	3
жасыр	ет.	17
жасырын	ет.	3
жасырын	сын.	2
жат	сын.	34
жат	ет.	71
жат	зат.	2
жатақ	зат.	1
жатпай-тұрмай	үст.	1
жатта	ет.	1
жаттықтыр	ет.	1
жатып-тұрып	ет.	1
жатыр	ет.	24
жатырқа	ет.	1
жау	зат.	49
жау	ет.	15
жауап	зат.	9
жауапкер	сын.	1
жаужүрек		1
жауқазын	зат.	2
жаула	ет.	3
жаулас	ет.	5
жаурын	зат.	6
жауын	зат.	6
жауыр	сын.	1
жаһат	зат.	1
жаяу	сын.	2
жә	од.	18
жәбір	зат.	2
жәдігөй	сын.	4
жәдігөй	зат.	1
жәй	үст.	2
жәліб		1
және	шыл.	61
Жәнке		1
жәрдем	зат.	2
жәуанмәртлік	зат.	1
жәһил		3
же	ет.	70
жеңіл	ет.	1
жегіш	сын.	1
жез	зат.	4
жезді	сын.	1
жейде-дамбал	зат.	1
жеке	сын.	5
жеке-жеке	сын.	5
жек көр		10
жел	ет.	5
жел	зат.	27
жел буаз		1
желгек	сын.	1
желдей	сын.	3
желдендір	ет.	1
желке	зат.	2
желқабыз	зат.	1
желмая	зат.	3
желөкпе	сын.	2
желсіз	сын.	1
желтоқсан	зат.	1
желше	үст.	1
желік	ет.	5
желік	зат.	29
желіктір	ет.	1
жем	зат.	8
жем		1
жемде	ет.	1
жемдес	сын.	1
жемтік	зат.	1
жемтік-жемтік	сын.	1
жеміс	зат.	3
жеміт	зат.	3
жемдет	зат.	1
жең	ет.	25
жең	зат.	1
жеңге	зат.	1
жеңгіз	ет.	1
жеңдір	ет.	1
жеңсік	зат.	1
жеңсікқой	сын.	1
жеңсікқойлық	зат.	1
жеңіл	сын.	10
жеңіл	ет.	8
жеңілдік	зат.	3
жеңілдіксіз	үст.	1
жер	зат.	196
жер-дүние	зат.	1
жеребе	зат.	1

жер-жиһан	зат.	1
жер жүзі		5
жеркенерлік	сын.	1
жерле	ет.	3
жерсоғарлы	сын.	1
жер-су	зат.	1
жер үшық		1
жет	ет.	113
жете	зат.	1
жетекте	ет.	1
жетеле	ет.	1
жетер-жетпес	сын.	1
жетерлік	сын.	1
жетесіз	сын.	1
жеткіз	ет.	12
жетпегендік	зат.	1
жеті	сан.	10
жетік	сын.	1
жетіл	ет.	4
жетілт	ет.	3
жетім	сын.	4
жетімді	сын.	1
жетіс	ет.	1
жетістір	ет.	2
жи	ет.	44
жибили		6
жиғыз	ет.	2
жиде	зат.	1
жиек	зат.	2
жиен	зат.	1
жимақтық	зат.	1
жинақы	сын.	1
жинақылық	зат.	1
жирен	ет.	8
жиһан	зат.	2
жиыл	ет.	9
жиын	зат.	1
жиырма	сан.	14
жиырма-отыз	сан.	1
жиі	үст.	2
жиіркен	ет.	3
жиіркендір	ет.	1
жоба	зат.	1
жоғал	ет.	20
жоғалғандық	зат.	1
жоғалт	ет.	8
жоғарғы	сын.	2
жоғары	үст.	5
жоғарыда	үст.	1
жоғарыдағы	сын.	1
жоғары-төмен	үст.	1
жой	ет.	5
жоқ	мод.	414
жоқ	зат.	3
жоқ	үст.	22
жоқ-бар	мод.	2
жоқ-жітік	зат.	1
жоқсы	ет.	1
жоқта	ет.	6
жоқтау	зат.	2
жоқты-барды	үст.	2
жоқтық	зат.	8
жоқшылық	зат.	1
жол	зат.	103
жола	ет.	2
жолаушы	зат.	3
жолаушыдай	сын.	1
жолбарыс	зат.	2
жолғас	ет.	3
жолдағы	сын.	4
жолдас	зат.	11
жолдастық	зат.	2
жолығыс	ет.	1
жолық	ет.	17
жомарт	зат.	1
жомарт	сын.	3
жомарттық	зат.	1
жон	зат.	2
жора	зат.	1
жорға	зат.	1
жорға	сын.	2
жорғала	ет.	2
жорғалық	зат.	1
жорт	ет.	2
жоры	ет.	2
жорық	зат.	1
жоталы	сын.	1
Жошы		5
жөн	зат.	15
жөн	сын.	3
жөнде	ет.	7
жөндел	ет.	1
жөнді	сын.	3
жөнел	ет.	4
жөнсіз	сын.	2
жөргек	зат.	1
жу	ет.	9
жуан	сын.	4
жуандау	сын.	1
жуас	сын.	3
жуас	ет.	1
жуасы	ет.	1
жуулы	сын.	1
жуық	үст.	4
жуықта	ет.	2
жуын	ет.	2
жұбан	ет.	4
жұбант	ет.	3
жұбаныш	зат.	11
жұбат	ет.	1
жұғымды	сын.	1
жұдырық	зат.	1
жұқ	ет.	3
жұқа	сын.	1
жұл	ет.	3
жұлдыз	зат.	8
жұлын	ет.	1
жұлыс	ет.	1
жұм	ет.	2
жұма	зат.	2
жұмақ	зат.	1
жұмбақ	зат.	5
жұмса	ет.	5
жұмсақ	сын.	3
жұмулы	сын.	1
жұмыр	сын.	2
жұмыртқа	зат.	2
жұмыс	зат.	18
жұмыссыз	сын.	2
жұп	зат.	1
жұп	сын.	1
жұп-жұмыр	сын.	1
жұрт	зат.	133
жұрттық	зат.	1
жұртым-ай	од.	1

жұт	ет.	4
жұт	зат.	1
жұта	ет.	3
жүгенсіз	сын.	2
жүгін	ет.	2
жүгір	ет.	10
жүде	ет.	2
жүдет	ет.	1
жүз	зат.	48
жүз	ет.	2
жүз	сан.	28
жүзді	сын.	1
жүйрік	сын.	8
жүйрік	зат.	3
жүйріктік	зат.	1
жүк	зат.	4
жүмле		1
жүн	зат.	7
жүндей	сын.	1
жүнді	сын.	1
жүр	ет.	289
жүргенсі	ет.	1
жүргіз	ет.	3
жүрдек	сын.	1
жүре-бара	ет.	1
жүре-жүре	ет.	1
жүрек	зат.	151
жүректі	сын.	5
жүрексіз	сын.	1
жүр-жүрле	ет.	1
жүрсін	ет.	1
жүруші	зат.	1
жүріс	зат.	1
жүріс	ет.	1
жүріс-тұрыс	зат.	2
жыбыр	зат.	2
жыбырлақ	зат.	1
жығыл	ет.	3
жығыс	ет.	1
жыл	зат.	32
жыла	ет.	26
жылай-жырлай	ет.	1
жылан	зат.	3
жылас	ет.	1
жылат	ет.	4
жылау	зат.	2
жылғы	сын.	3
жылда	үст.	2
жылдамырақ	үст.	1
жылдық	сын.	2
жылжы	ет.	1
жылқы	зат.	12
жылқышы	зат.	1
жылма-жыл	үст.	1
жылмаң	зат.	1
жылмаң	ел.	3
жылмаңда	ет.	1
жылмаңдық	зат.	1
жылми	ет.	1
жылпылда	ет.	2
жылпылдақ	сын.	1
жылу	зат.	1
жылшылық	сын.	1
жылы	сын.	23
жылы	ет.	4
жылылық	зат.	2
жылын	ет.	2
жылыс	зат.	1
жылыт	ет.	7
жым-жырт	үст.	7
жымыңда	ет.	2
жымыр	ет.	1
жын	зат.	2
жынды	сын.	13
жырақ	үст.	2
жырау	зат.	1
жыра	ет.	3
жырт	ет.	3
жыртақта	ет.	1
жыртаң-тыртаң	ел.	1
жыртқыш	зат.	1
жыртық	сын.	2
жыртық-жетім	сын.	1
жыртықсыз	сын.	1
жыртыл	ет.	1
жыртың-жыртың	ел.	1
жыртыс	зат.	1
жыршы	зат.	1
жырыл	ет.	1
жырым	сын.	1
жібек	зат.	4
жібер	ет.	38
жіберуші	зат.	1
жігер	зат.	5
жігерлен	ет.	1
жігерсіздік	сын.	1
жігіт	зат.	39
жігіттей	сын.	1
жігіттік	зат.	2
жік	зат.	1
жікшіл	сын.	1
жілік	зат.	1
жіңішке	сын.	1
жіп	зат.	4

З

зай		1
зайыр		1
закон	зат.	8
законсыз	сын.	1
законшік	сын.	2
закүншік	зат.	1
залал	зат.	12
залалды	сын.	1
залалсыз	сын.	1
залым	зат.	8
залым	сын.	1
залымдық	зат.	4
заман	зат.	34
замана	зат.	7
заманғы	сын.	1
замандағы	сын.	2
замандас	зат.	2
занимайся	ет.	1
заң	зат.	4
заңғар	үст.	1
зар	зат.	25
зарар	зат.	5
зарарлы	сын.	2
зарла	ет.	4
зарлан	ет.	2
зарлат	ет.	1
зарлы	сын.	3
зарлық	зат.	1

зат	зат.	4
зат		1
затия		2
зауық	зат.	1
зауыт	зат.	1
заһир		2
заһири		1
заһирыңыздағы	сын.	1
зәл		1
зәллиллік		1
зәре	зат.	1
зәрра	сын.	1
зәһәрдай	сын.	1
здравомыслящий	сын.	1
Зевксис		1
зекет	зат.	2
зекір	ет.	1
зең	сын.	1
зеңгер	зат.	1
зерек	сын.	6
зи		1
зинһар		4
зират	зат.	1
зиян	зат.	2
зор	сын.	9
зор	үст.	13
зорай	ет.	3
зорайт	ет.	4
зорға	үст.	2
зорла	ет.	2
зорлық	зат.	6
зорық	ет.	1
зұлым	зат.	2
зырлат	ет.	1

И

и	ет.	4
игі	сын.	1
игілік	зат.	1
иғтиқат		2
идән	зат.	1
ие	зат.	31
иек	зат.	3
иелен	ет.	1
иен	үст.	1
иенсіз	сын.	1
иждиһат	зат.	1
ижтиһад	зат.	6
изе	ет.	2
икра	зат.	1
илалла		1
илан	ет.	2
иллаһа		1
иле	ет.	2
иллаһи		2
имам	зат.	1
имансыздық	зат.	1
иман	зат.	61
иманды	сын.	1
имани	сын.	1
иманун		2
имек	сын.	3
имен	ет.	6
имендір	ет.	1
инан	ет.	7
инандыр	ет.	1
инанмақтық	зат.	3
инаныш	зат.	1
инедейін	үст.	1
инна		2
иннамал		1
инсан	зат.	1
инсания		1
инсап	зат.	1
интернат	зат.	1
Иоанна		1
ирада	зат.	3
Искандер		1
иске	ет.	1
ислам	зат.	6
исмайһи		1
испат		2
Исраил		1
истинжа		2
истихражы		1
ит	зат.	46
итер	ет.	2
итқорлық	зат.	1
иттей	сын.	6
иттен	ет.	1
иттифақ		1
иттік	зат.	7
итше	үст.	5
иузи		1
ихсан		3
ихсанды	сын.	1
ишан	зат.	1
ишарат	зат.	8
иық	зат.	4
иіл	ет.	2
иілт	ет.	1
иін	зат.	2
иірт	ет.	1
иіс	зат.	8
иіске	ет.	1
иісті	сын.	1

Й

йанфагу		1
йуаффиһим		1
йузма-йуз	үст.	1
йукуббул		1
йукуббул – муксинин		1
йумыл	ет.	1
йүз		1

К

К...	зат.	19
Кавказ		2
Кавказдай	сын.	1
казак-орыс	зат.	1
Казбек		1
камил		1
кандидат	зат.	1
Каспий		2
кәдік	зат.	2
кәдір	зат.	3
кәз	зат.	1
кәкір-шүкір	зат.	1
Кәкітай		2
кәлен		1
кәлем		1
кәлкаусар		1
кәма		1

кәмәлат	зат.	6
кәмәләт – ғазамат	зат.	1
кәмелат	зат.	2
кәмелет	зат.	1
кәмтар	сын.	1
кәмшат	зат.	1
кәміл	мод.	5
кән	зат.	1
кәні	ес.	1
кәніки	ес.	1
кәпір	зат.	9
кәпір	сын.	1
кәпір-қияңқы	сын.	1
кәрәм		3
кәрки		1
кәртеч	зат.	1
кәрі	зат.	2
кәрі	сын.	12
кәрілік	зат.	3
кәріп	зат.	1
кәсиби	зат.	2
кәсіп	зат.	8
Кәсірай		1
кәтелеч	зат.	1
кедей	зат.	23
кедей	сын.	9
кедейлік	зат.	4
кез	ет.	10
кез	зат.	56
кезбе	сын.	1
кез бол		2
кездей	үст.	1
кездей боп		1
кездей келді		1
кездеме	зат.	1
кезе	ет.	1
кезегендік	зат.	1
кезек	зат.	5
кезек	үст.	1
кезек-кезек	үст.	1
кезер	ет.	1
кез-кез	үст.	1
кез қылды		1
кезнес	ет.	1
кей	үст.	1
кей	ес.	12
кейбір	ес.	12
кейбіреу	ес.	10
кейде	үст.	26
кей-кейде	үст.	1
кейі	ет.	1
кейін	үст.	2
кейін	шыл.	2
кейінгі	сын.	3
кейіс	зат.	3
кек	зат.	7
кеке	ет.	1
кекекте	ет.	1
кекеңкіре	ет.	1
кеки	ет.	1
кектен	ет.	1
кектес	ет.	1
кекті	сын.	2
кекшіл	сын.	2
кекіл	зат.	1
кел	ет.	301
келбет	зат.	1
келгендік	зат.	5
келелі	сын.	1
келте	сын.	1
келтір	ет.	20
келтірт	ет.	1
келімсек	сын.	1
келін	зат.	1
келіп-кетіп	ет.	1
келіс	зат.	2
келіс	ет.	4
келісті	сын.	1
келістір	ет.	1
келісім	зат.	3
келісімді	сын.	1
кем	үст.	14
кемді	сын.	2
кеме	зат.	5
кемел	зат.	1
кемер	зат.	1
кем-кетік	зат.	2
кемпір	зат.	3
кемпір-шал	зат.	4
кемтік	сын.	1
кемшілік	зат.	5
кемі	ет.	3
кемік	сын.	1
кеміт	ет.	3
кен	зат.	2
кеңде	сын.	2
кеңдір	зат.	1
кенел	ет.	2
кеніш	зат.	1
кең	сын.	16
кеңес	зат.	7
кеңес	ет.	6
кеңестес	сын.	1
кеңшілік	зат.	5
кеңірдек	зат.	1
кеп	ет.	5
кептерше	үст.	1
кептір	ет.	4
кепіл	зат.	1
кер	ет.	3
кер	сын.	4
кербез	сын.	3
кербездік	зат.	2
кергі	ет.	1
кердең	сын.	5
кердең	ел.	2
кердеңдік	зат.	1
кереге	зат.	2
керегінше	үст.	1
керек	мод.	161
керексі	ет.	1
керекті	сын.	10
керенау	сын.	1
кермек	сын.	1
керне	ет.	3
керуен	зат.	2
керіл	ет.	1
керім	сын.	2
керім-кербез	сын.	2
керістендір	ет.	1
кес	ет.	6
кесек	зат.	3
кесел	зат.	14
кеселді	сын.	8
кесепат	зат.	1

кескіл	сын.	1
кескіле	ет.	1
кесте	зат.	1
кестеші	зат.	1
кесіл	ет.	2
кет	ет.	95
кеткіз	ет.	1
кетік	зат.	2
кетір	ет.	6
кетіс	ет.	1
кеуде	зат.	19
кеш	зат.	2
кеш	ет.	7
кеш	үст.	6
кеше	үст.	1
кешегі	үст.	4
кешке	үст.	1
кешкі	сын.	1
кешу	зат.	1
кешік	ет.	7
кешіктір	ет.	2
кешір	ет.	1
ки	ет.	17
кигіз	ет.	2
кигіз	зат.	1
кимеле	ет.	1
киіз	зат.	4
киік	зат.	2
киік	зат.	22
киімді	сын.	1
киімсіз	сын.	1
киім	ет.	6
коренной	сын.	1
көбей	ет.	14
көбейт	ет.	9
көбелек	зат.	4
көбін-азын	үст.	1
көбінесе	ет.	4
көгал	зат.	3
көгер	ет.	3
Көжек		1
Көжекбай		2
көз	зат.	186
көз аларт		2
көзге ұрып		1
көзде	ет.	6
көзден	ет.	1
көзді	сын.	1
көз көрмес		1
көз сүйек		1
көзіндегі	сын.	1
көзінше	үст.	1
көйле	ет.	2
көйт	зат.	1
көк	сын.	19
Көкбай		4
көкей	зат.	1
көкек	зат.	1
көкжиек	зат.	1
көкорай	сын.	1
көкөрім	зат.	1
көкпеңбек	сын.	1
көксе	ет.	6
көк тамыр		1
көкте	ет.	2
көкшіл	сын.	1
көкірек	зат.	28
көкірек-көз	зат.	1
көл	зат.	9
көлбек	зат.	1
көм	ет.	2
көмек	зат.	5
көмексіз	сын.	1
көмір	зат.	4
көн	зат.	1
көн	ет.	38
көнгіш	сын.	2
көндір	ет.	2
көң	зат.	1
көңіл	зат.	225
көңілдегі	сын.	1
көңілден	ет.	1
көңілдендір	ет.	1
көңілді	сын.	8
көңілсіз	сын.	3
көп	сын.	122
көп	зат.	16
көп	үст.	82
көпсін	ет.	1
көптен	үст.	1
көптен бері		1
көптес	ет.	1
көпшік	зат.	1
көпшіл	сын.	2
көпір	ет.	1
көр	зат.	10
көр	ет.	377
көр		1
көрген-білген	ет.	2
көргендік	зат.	1
көргіш	сын.	2
көре алмас		1
көре-көре	ет.	1
көр-жер	зат.	2
көр[illegible]ем	сын.	1
көрме	зат.	2
көрпе	зат.	1
көрсе қызар		4
көрсе қызарлық		2
көрсет	ет.	30
көрсеткендік	зат.	1
көруші	зат.	1
көрші	зат.	8
көрік	зат.	7
көрікті	сын.	3
көріп	ет.	1
көрімдік	зат.	1
көрін	ет.	40
көрінген	үст.	3
көрінеу	үст.	1
көсе	зат.	1
көсем	зат.	2
көсіл	ет.	1
көтендік	зат.	1
көтер	ет.	18
көтеріп	ет.	4
көтті	сын.	1
Көтібақ		1
көш	ет.	4
көш	зат.	2
көше	зат.	4
көшелі	сын.	1
көшпелі	сын.	2
көш-қонды	зат.	1
куә	зат.	2

Кузнецкі		1
күдер	зат.	2
күз	зат.	6
күзгі	сын.	1
күзет	ет.	9
күзет	зат.	2
күзеттір	ет.	1
күзетші	зат.	5
күзетшісіз	сын.	1
күзеу	зат.	3
күй	зат.	12
күй	ет.	17
күйгіз	ет.	1
күйдір	ет.	8
күйеу	зат.	7
күй-жәй	зат.	1
күйкентай	зат.	3
күйкі	сын.	1
күйле	ет.	3
күйлес	ет.	1
күйлі	сын.	2
күйре	ет.	1
күйрет	ет.	1
күйсе	ет.	1
күйсіз	сын.	1
күйшіл	сын.	1
күйік	зат.	9
күйін	ет.	2
күйініш	зат.	1
күйіп-жанып	ет.	1
Күйісбай		2
күл	ет.	49
күл	зат.	2
күлаптар		1
күләпара	зат.	1
күлгіш	сын.	1
күлдері	зат.	1
күлдір	ет.	1
күлдіргіш	сын.	1
Күлембай		2
күлкі	зат.	33
күлкі-ойын	зат.	1
күлкіші	сын.	2
күлкішілдік	зат.	1
күллі	ес.	9
күлменде	ет.	1
күлте	сын.	1
күлімде	ет.	1
күлімдес	ет.	1
күлімсіре	ет.	1
күліс	ет.	2
күмәнді	сын.	1
күмәнсіз	сын.	1
күмбез	зат.	2
күміс	зат.	5
күмістей	сын.	1
күн	зат.	216
күна	зат.	1
күнә	зат.	4
күнәкәр	сын.	2
күнәкәрлік	зат.	1
күнәкер	сын.	1
күнәлі	сын.	2
күнгі	сын.	5
күнде	ет.	3
күндегі	үст.	4
күндей	сын.	1
күндес	сын.	1
күндестік	зат.	4

күндіз	үст.	1
күндізгі	үст.	1
күндік	сын.	5
күнелт	ет.	1
күнше	үст.	1
күншығыс	зат.	1
күншіл	сын.	1
күншілік	зат.	4
күншіліксіз	сын.	1
күні бойы		2
күні-түні	үст.	2
күнгірле	ет.	1
күңгірт	сын.	5
күңк	ел.	2
күңкілде	ет.	1
күңірен	ет.	4
күпілде	ет.	2
күпілдек	сын.	2
күпір	сын.	2
күре	ет.	1
күрес	зат.	1
күре-тамыр		1
күркіре	ет.	4
күрілде	ет.	1
күс	ет.	4
күсе	зат.	1
күт	ет.	14
күттір	ет.	1
күтуші	зат.	1
күтім	зат.	2
күтін	ет.	2
күш	зат.	26
күшен	ет.	3
күш-қуат	зат.	1
күште	ет.	3
күшті	сын.	17
күшік	зат.	8
күшіктей	сын.	1
кібік		1
кідір	ет.	1
кіжін	ет.	1
кілем	зат.	1
кілт	зат.	1
кім	ес.	163
кімде-кім	ес.	9
кіна	зат.	2
кінә	зат.	5
кінәсіз	сын.	1
кір	зат.	7
кір	сын.	1
кір	ет.	54
кірбеңде	ет.	1
кіргендік	зат.	1
кіргіз	ет.	1
кіреле	ет.	1
кірес	зат.	1
кіржеңде	ет.	1
кірле	ет.	2
кірлен	ет.	1
кірлет	ет.	2
кірлі	сын.	1
кірпік	зат.	4
кірпіш	зат.	1
кірсіз	сын.	3
кіршә		2
кіршік	зат.	1

кіріптар	сын.	1
кіріс	ет.	3
кісе	зат.	2
кісен	зат.	1
кісі	зат.	189
кісідей	сын.	5
кісілік	зат.	1
кісімсі	ет.	2
кісімсін	ет.	4
кісіше	үст.	1
кітап	зат.	9
кішкене	сын.	4
кішкентай	сын.	1
кіші	сын.	6

Қ

қабаған	сын.	2
қабақ	зат.	10
қабар	ет.	1
қабат	зат.	1
қабат	үст.	1
қабыл	зат.	10
қабылдық	зат.	1
қабырға	зат.	1
қабырғала	ет.	1
қабырғалы	сын.	1
қағаз	зат.	7
қағида	зат.	2
қағушы	зат.	1
қағын	ет.	2
қағып-қағып	ет.	1
қағыс	ет.	2
қада	ет.	1
қадағату		1
қадал	ет.	2
қадам	зат.	3
қадар	зат.	1
қадарлы	сын.	1
қадәр	зат.	1
қадәрлі	сын.	1
қадим	зат.	1
қадым	зат.	1
қадыр	зат.	1
қадір	зат.	11
қадірле	ет.	7
қадірлі	сын.	1
қадірлілік	зат.	1
қадірсіз	сын.	3
қажал	ет.	1
Қажар		1
қажеке	зат.	1
қажы	ет.	7
қажы	зат.	9
қажымас	сын.	1
қаз	зат.	6
қаз	ет.	4
қаза	зат.	5
қазақ	зат.	125
қазан	зат.	3
қазандай	сын.	1
қазина	зат.	1
қазы	зат.	3
қазық	зат.	1
қазымыр	сын.	1
қазымырла	ет.	1
қазына	зат.	9
қазір	үст.	5
қазірде	үст.	1
қазірет	зат.	2
қай	ес.	37
қайғы	зат.	65
қайғы-дерт	зат.	1
қайғылы	сын.	8
қайғыр	ет.	7
қайғырт	ет.	1
қайғысыз	сын.	10
қайғысыздық	зат.	1
қайда	ес.	62
қайдағы	ес.	2
қайдан	ес.	18
қай-қай	ес.	1
қайқай	ет.	2
қай-қайдағы	сын.	1
қайқайт	ет.	1
қайқаң	ел.	1
қайла	зат.	3
қаймақ	зат.	1
қайна	ет.	10
қайра	ет.	3
қайран	од.	13
қайран	үст.	2
қайраң	зат.	2
қайраңда	ет.	1
қайрас	ет.	1
қайрат	зат.	38
қайратсыз	сын.	4
қайратсыздық	зат.	2
қайраттан	ет.	2
қайратты	сын.	5
қайрыл	ет.	8
қайсы	ет.	9
қайсыбір	ес.	1
қайсысы	ес.	11
қайт	ет.	54
қайт	ес.	7
қайта	үст.	25
қайта-қайта	үст.	1
қайтар	ет.	2
қайтеді	ес.	4
қайтейік	ес.	1
қайтейін	ес.	4
қайтем	ес.	1
қайтеміз	ес.	1
қайтемін	ес.	3
қайтер	ес.	4
қайткен	ес.	1
қайткеңде	ес.	1
қайтсе	ес.	2
қайтсін	ес.	3
қайтті	ес.	1
қайттік	ес.	1
қайттің	ес.	1
қайуан	зат.	1
қайын	зат.	1
қайың	зат.	1
қайыр	ет.	4
қайыр	зат.	6
қайырсыз	сын.	1
қайыршы	зат.	4
қайыршылық	зат.	3
қайыс	ет.	1
қақ	ет.	41
қақ	үст.	2
қақақта	ет.	1

қақла	зат.	17
қақлақ	зат.	1
қақлан	зат.	1
қақса-соқса	ет.	1
қақта	ет.	1
қақтан	ет.	1
қақтық	ет.	2
қақтыр	ет.	2
қақылда	ет.	1
қал	зат.	1
қал	ет.	208
қала	зат.	7
қала	ет.	5
қалай	ес.	38
қалайша	ес.	10
қалайынша	үст.	1
қалам	зат.	2
қалан	ет.	1
қалау	зат.	2
қалаш	зат.	1
қалбағайлы	сын.	1
қалбалақта	ет.	1
қалбақ	зат.	1
қалғандық	зат.	1
қалғы	ет.	3
қалдыр	ет.	10
қалжың	зат.	8
қалжыңбас	сын.	1
қалжыңбассы	ет.	1
қалжында	ет.	2
қалжыңшылсы	ет.	1
қалжыра	ет.	1
қалжырат	ет.	1
қалқа	зат.	15
қалқам-ай	од.	2
қалқы	ет.	2
қалмақ	зат.	9
қалмақтық	зат.	3
қалмақы	сын.	1
қалта	ет.	4
қалта	зат.	3
қалт-қалт	ел.	2
қалтылда	ет.	1
қалшылда	ет.	3
қалың	сын.	16
қалың бер		1
қалыңдық	зат.	5
қалып	зат.	11
қам	зат.	12
қам	сын.	1
қама	ет.	1
қамал	зат.	1
қамал	ет.	4
қамда	ет.	3
қам же		2
қамқа	зат.	3
қамқор	сын.	1
қамқорсы	ет.	1
қампай	ет.	2
қамшы	зат.	4
қамыққансы	ет.	1
қамырықты	сын.	1
қамыс	зат.	4
қамыс құлақ		1
қан	зат.	27
қан	ет.	7
қана	сын.	4
қанағат	зат.	4
қанағатсыздық	зат.	1
Қанай		1
қанат	зат.	11
қанат	ет.	1
қандай	ес.	18
қанден	зат.	4
қанды	сын.	1
қанжар	зат.	6
қанжыға	зат.	3
қансонар	зат.	1
қансыз	сын.	1
қансыра	ет.	1
қант	зат.	1
қантала	ет.	1
қанша	ес.	30
қаншалық	үст.	2
қаншық	зат.	1
қан ішер		1
қаңғы	ет.	4
қаңғыр	зат.	1
қаңғыр	ет.	6
қаңғырт	ет.	4
қаңқ	ел.	1
қаңқылда	ет.	3
қап	ет.	3
қап	зат.	9
Қап		1
қапа	зат.	4
қапалан	ет.	1
қапалық	зат.	4
қапас	зат.	1
қапашылық	зат.	1
қап-қара	сын.	1
қаптық	ет.	1
қапшық	зат.	1
қапы	зат.	2
қапыл	зат.	1
қапалыс	зат.	1
қар	ет.	2
қар	зат.	16
қар	сын.	1
қара	зат.	6
қара	ет.	125
қара	сын.	53
қарағай	зат.	1
қарай	ет.	2
қарай	шыл.	11
қара көк		1
қара қан		1
қарақат	зат.	1
қаралы	сын.	2
қаралық	сын.	1
қаран	ет.	2
қараңғы	сын.	9
қараңғылық	зат.	2
қарапайым	сын.	1
қарар	зат.	2
қарар	ет.	1
қара сөз		1
қарат	ет.	4
қара тер		1
қаратыл	ет.	1
қараушы	зат.	1
Қарауыл		1
қараша	зат.	2
қарбаңда	ет.	1
қарға	зат.	13

қарға	ет.	7
қарғадай	сын.	1
қарға-жар	зат.	1
қарғаша	үст.	1
қарғы	ет.	1
қарғыс	зат.	2
қарқ	ел.	2
қарқылда	ет.	3
қарқын	зат.	1
қарма	ет.	1
қармал	ет.	1
қарман	ет.	2
қарс	ел.	1
қарсақ	зат.	1
қарсы	үст.	7
қарсылық	зат.	1
қарт	зат.	3
қартай	ет.	14
қартайғанда	үст.	1
қартайт	ет.	2
қартаң	сын.	5
қартаң тарту		1
қару	зат.	9
қарулан	ет.	1
қарулас	ет.	1
қарыз	зат.	8
қарыз	сын.	2
қарық	үст.	2
қарық бол		1
қарық қыл		1
қарын	зат.	14
қарындас	зат.	2
қарыс	ет.	1
қаріпсіз	үст.	3
қас	зат.	24
қас	сын.	6
қас	үст.	4
қаса	үст.	2
қаса		2
қасалықты	сын.	1
қасиет	зат.	13
қасиетті	сын.	3
қасиетсіз	сын.	1
қаскөй	сын.	1
қаскүнем	сын.	1
қасқа	сын.	1
қас-қабақ	зат.	1
қасқай	ет.	2
қас қарай		1
қасқыр	зат.	7
қасқырша	үст.	1
қаспақ	зат.	1
қаспақ	зат.	1
қастас	ет.	1
қасты	сын.	2
қастық	зат.	9
Қасым		1
қасын	ет.	1
қасындағы	сын.	1
қасірет	зат.	1
қат	ет.	6
қатай	ет.	2
қатар	зат.	5
қатар	үст.	1
қатарла	ет.	1
қатарлан	ет.	1
қатарлы	сын.	1
қате	зат.	1
қате	сын.	2
қатер	зат.	4
қатерлі	сын.	1
қат-қабат	үст.	2
қатпар	зат.	1
қатты	сын.	12
қатты	үст.	12
қатты-қатты	үст.	1
қаттылық	зат.	1
қатыбас	сын.	1
қатын	зат.	42
қатын-бала	зат.	2
қатынша	үст.	1
қауыз	зат.	1
қауын	зат.	4
қаф		2
қаһар	зат.	2
қаһарлы	сын.	1
қаһарман	сын.	1
қаш	ет.	34
қаш	зат.	1
қашан	ес.	5
қашанғы	үст.	1
қашқын	зат.	1
қашқын	сын.	1
қашық	үст.	9
қашықтық	зат.	1
қашыр	ет.	5
қаяу	зат.	1
қаяусыз	сын.	1
қи	ет.	9
қи	зат.	1
қиам		1
қиқу	зат.	1
қиқым	зат.	1
қимас	сын.	1
қима	ет.	4
қинал	ет.	1
қипаңда	ет.	1
қираәт	зат.	2
қисабла	ет.	1
қисай	ет.	2
қисайт	ет.	1
қисық	сын.	5
қисық-қыңыр	сын.	1
қисын	зат.	5
қит	ел.	1
қитықсыз	сын.	1
қиуа	зат.	1
қишық	зат.	1
қиып	ет.	1
қиын	зат.	6
қиын	сын.	15
қиын	үст.	8
қиынсын	ет.	1
қиыстыр	ет.	3
қия	зат.	2
қиял	зат.	6
қияли	сын.	1
қиянат	зат.	3
қиянатшы	зат.	1
қиянатшыл	сын.	4
қиянатшылық	зат.	3
қобалжы	ет.	1
қобыз	зат.	1
қожа	зат.	3
қожақ	зат.	1

қожанда	ет.	2
қоз	ет.	2
қозға	ет.	11
қозғал	ет.	12
қозғау	зат.	2
қозда	ет.	1
қоздыр	ет.	2
қоздырғыш	зат.	1
қозы	зат.	3
қой	ет.	101
қой	зат.	29
қой	шыл.	26
қойғыз	ет.	1
қойдыр	ет.	1
қойма	зат.	2
қоймақтық	зат.	1
қойшы	зат.	4
қойшылық	зат.	1
қойып	ет.	2
қойын	зат.	9
қоқақта	ет.	1
қоқи	ет.	1
қоқилан	ет.	1
қоқсыт	ет.	1
қоқым	зат.	1
қол	зат.	128
қолай	зат.	1
қопаң	сын.	1
қол-аяқ	зат.	3
қолбаң	ел.	1
қолдағы	сын.	1
қолқа	зат.	2
қолөнер	зат.	1
қолөнерлі	сын.	1
қолтық	зат.	1
қолымыздағы	сын.	1
қолындағы	сын.	1
қом	зат.	1
қомдан	ет.	1
қомдық	зат.	1
қомсын	ет.	1
қон	ет.	16
қонақ	зат.	5
қонақта	ет.	1
қонақ үй		1
Қондыбай		1
қондыр	ет.	1
қоныс	зат.	1
қоңыр	сын.	3
қоңырау	зат.	1
қоңыр-күңгірт	сын.	1
қоңыр салқын		1
қоңыршы	зат.	1
қор	сын.	24
қор	зат.	7
қор	үст.	5
қора	зат.	7
қораздан	ет.	2
қор бол		1
қорға	ет.	4
қорғала	ет.	2
қорғалат	ет.	5
қорғалауықтық	зат.	1
қорған	ет.	2
қорған	зат.	2
қорғау	зат.	1
қоржаң	сын.	1
қорқақ	сын.	7
қорқақта	ет.	1

қорқыныш	зат.	1
қорқыт	ет.	12
қорла	ет.	6
қорлан	ет.	2
қорлық	зат.	19
қорс	ел.	1
қоршылық	зат.	1
қоры	ет.	1
қорығыш	сын.	1
қорық	ет.	32
қорықпас	сын.	1
қос	сын.	5
қос	зат.	2
қос	ет.	30
қосақ	зат.	1
қосарла	ет.	1
қосарлы	сын.	1
қоста	ет.	3
қосыл	ет.	24
қосылыс	ет.	3
қош	мод.	2
қошемет	зат.	3
қошеметші	зат.	2
қошеметшіл	сын.	2
қошқар	зат.	1
қоштық	зат.	1
қоян жақ		1
қу	зат.	9
қу	ет.	32
қу	сын.	39
қуала	ет.	2
қуан	ет.	34
қуанбақтық	зат.	1
қуандыр	ет.	1
қуант	ет.	3
қуаныш	зат.	18
қуарт	ет.	2
қуат	зат.	58
қуаттан	ет.	1
қуатты	сын.	4
қула	ет.	1
құлық	зат.	31
құлық-сұмдық	зат.	1
құра	ет.	2
құрай	зат.	2
құсын	ет.	1
құсыр	ет.	1
құтыңда	ет.	1
қуыс	ет.	1
қуыс	зат.	2
қуыс	сын.	1
құба	сын.	1
құбыл	ет.	8
құбыл	зат.	2
құбылт	ет.	1
құда	зат.	18
құдай	зат.	137
құдай	од.	1
құдай-ай	од.	4
құдай ат		1
құдай-ау	од.	3
құдайлық	зат.	1
құдай тағала		8
құдайшылық	зат.	2
құдайы	зат.	1
құда-тамыр	зат.	1

құдірет	зат.	21
құзар	зат.	1
құзғын	зат.	1
құздағы	сын.	1
құй	ет.	3
құй	шыл.	2
құйдыр	ет.	1
құйқылжы	ет.	2
құйрық	зат.	8
құйрықты	сын.	1
құйтың	ел.	1
құйыл	ет.	6
күп	зат.	17
құла	ет.	8
құладыңдай	сын.	1
құлақ	зат.	44
құлақ	зат.	1
құлданарлық	сын.	2
құлдат	ет.	1
құлдық	зат.	2
құлқын	зат.	1
құлпыр	ет.	2
құлшылық	зат.	8
құлық	зат.	2
құлын-тай	зат.	1
құлып	зат.	1
құм	зат.	2
құмар	сын.	15
құмар	зат.	26
құмар		1
құмарлан	ет.	6
құмарлы	сын.	1
құмарлық	зат.	10
құмарпаз	сын.	1
құмарпаздық	зат.	1
құмарсыз	сын.	1
құмырсқа	зат.	1
күн	зат.	1
күп	мод.	8
күпия	зат.	2
күпта	ет.	1
күр	ет.	9
күр	сын.	15
күр	зат.	2
күр	үст.	22
күра	ет.	5
күрал	ет.	2
күрал	зат.	1
күран	зат.	8
күрас	ет.	1
күрау	зат.	1
күраулы	сын.	1
құрбан	зат.	4
құрбандық	зат.	1
құрбәт	зат.	1
құрбы	зат.	15
құрбыдай	зат.	1
құрбылас	сын.	1
құрғыр	ет.	3
құрғыр	од.	3
құрдыр	ет.	1
құржаң	ел.	1
құржаң-құржаң	ел.	1
құрлы	үст.	1
құрмет	зат.	7
құрметте	ет.	4
құрметті	сын.	82
құрса	ет.	1
құрсат	ет.	1
құрсын	ет.	1
құрт...	зат.	3
құрт	ет.	3
құры	ет.	15
құры	үст.	2
құрықта	ет.	1
құрым	зат.	1
құрымет	зат.	1
құрысқақ	зат.	1
құрыш	зат.	1
құс	зат.	30
құса	зат.	2
құстай	сын.	2
құсындай	сын.	1
Күтайба		1
құт – береке	зат.	1
құтқар	ет.	6
құтпа	зат.	1
құтты	сын.	2
құтыл	ет.	14
құтылт	ет.	1
құтыр	ет.	6
құтырт	ет.	2
құш	ет.	5
құшақта	ет.	3
құшақтас	ет.	1
қыбыла	зат.	1
қыдыр	зат.	3
қыдыр	ет.	4
қыдырт	ет.	1
қыжырт	ет.	1
қыз	зат.	47
қыз	ет.	4
қызар	ет.	4
қызарт	ет.	2
қызба	сын.	2
қызған	ет.	1
қызғаншақ	сын.	1
қызғаныш	зат.	1
Қыздар		3
қызды	сын.	1
қыздыр	ет.	3
қыздырмала	ет.	1
қыз-келіншек	зат.	3
қызмет	зат.	25
қызметкер	зат.	2
қызметқұмар	сын.	1
қызметші	зат.	1
қызу-қызба	зат.	1
қызшыл	сын.	1
қызық	зат.	63
қызық	сын.	14
қызық	ет.	7
қызықпақтық	зат.	1
қызықсыз	сын.	2
қызықта	ет.	1
қызықты	сын.	14
қызықшыл	сын.	1
қызыл	сын.	27
қызылбас	зат.	1
қызылды	сын.	1
қызыл тіл		1
қызылшыл	сын.	1
қыл	ет.	449

қыл	зат.	5
қылғансы	ет.	1
қылғыз	ет.	1
қылдыр	ет.	3
қылдырушы	зат.	1
қылжақбас	сын.	1
қылжаң	зат.	4
қылжаңда	ет.	1
қылмағандық	зат.	1
қылмыс	зат.	1
қылпың	зат.	1
қылт	ел.	3
қылт етпе		1
қылти	ет.	1
қылтылда	ет.	1
қылушы	зат.	1
қылшық	зат.	1
қылық	зат.	43
қылықты	сын.	1
қылыш	зат.	6
қымбат	сын.	9
қымбатты	сын.	2
қымсын	ет.	1
қымыз	зат.	10
қынаменде	зат.	1
қыңқ	ел.	1
қыңқылда	ет.	1
қып	ет.	19
қып-қызыл	сын.	3
қыпша-бел		1
қыр	ет.	10
қыр	зат.	9
қыран	зат.	9
қыран	сын.	1
қыраңдай	сын.	1
қыранша	үст.	1
қырау	зат.	1
қырғауыл	зат.	2
қырғыз	зат.	6
қыржында	ет.	1
қырқылда	ет.	1
қырлы	сын.	2
қыр мұрын		1
қыр мұрынды		1
қырмызы	сын.	1
қырмызылық	зат.	1
қырт	зат.	2
қырт	сын.	3
қыртыс	зат.	1
қырушы	зат.	1
қыршын	сын.	1
қырық	сан.	13
қырық-елу	сан.	1
Қырым		1
қырым	зат.	2
қырымда	ет.	3
қырын	сын.	1
қырыс	ет.	1
қырыс	сын.	1
қыс	зат.	14
қыс	ет.	11
қыса	зат.	1
қысап	зат.	1
қысқа	сын.	6
қыста	ет.	1
қыстай	үст.	1
қыстау	зат.	6
қыстық	ет.	1
қыстыр	ет.	1
қысып	ет.	6
қысым	зат.	3
қысырат	ет.	1
қытай	зат.	2
қытықсыз	сын.	1
қышқыр	ет.	2
қышын	ет.	1

Л

ла		3
лағылдек		1
лағнет	зат.	3
ладан	зат.	1
лаж	зат.	1
лай	зат.	1
лай	сын.	1
лайла	ет.	1
лайлық	сын.	4
лайық	зат.	3
лайықсыз	сын.	1
лайықты	сын.	17
лақтыр	ет.	4
л – апайка		1
лап	ел.	1
лапке	зат.	5
лапылдақ	сын.	1
Латиф		1
л – ахир		1
лаһу		2
ләә		6
ләб	зат.	1
ләззат	зат.	9
ләззаттан	ет.	2
ләзім	мод.	1
ләкин		9
ләм		2
ләма		1
ләм-мим	ел.	1
лән	зат.	1
ләһу		2
лебіз	зат.	2
Лекер		1
Ленский		1
леп	зат.	3
лепілде	ет.	1
лүпілде	ет.	3

М

ма	шыл.	172
маған	ес.	41
Мағаш		2
мағишат	зат.	1
мағпұм	сын.	9
мағпұм	зат.	2
мағмурлық	зат.	1
мағрифат		1
мағрифатулла		1
мағылұм	зат.	1
мағыз	сын.	1
мағына	зат.	9
мағыналы	сын.	1
мағынасыз	сын.	1
Мағыш		5

маза	зат.	3
мазақ	зат.	6
мазақта	ет.	2
мазатсы	ет.	2
мазаттандыр	ет.	1
мазда	ет.	1
мазлұм	зат.	1
май	зат.	12
майда	сын.	5
майдалық	зат.	1
майдан	зат.	10
майдандағы	сын.	1
майдандас	ет.	1
Майқы		3
майлы	сын.	3
маймақ	сын.	1
майор	зат.	1
майыс	ет.	7
Македония		1
макруһи		1
мақам	зат.	1
мақтан	зат.	1
мақал	зат.	15
мақалда	ет.	2
мақау	сын.	1
мақлұқ	зат.	2
мақсат	зат.	12
мақситин		1
мақсұт	зат.	5
мақта	ет.	29
мақта	зат.	1
мақтал	ет.	3
мақтан	зат.	53
мақтан	ет.	19
мақтанарлық	сын.	3
мақтанғыш	сын.	1
мақтандыр	ет.	1
мақтаншақ	зат.	6
мақтаншақ	сын.	5
мақтаншақтық	зат.	4
мақтап-мақтап	ет.	1
мақтау	зат.	53
мақұл	мод.	1
мақұлда	ет.	2
мақұлық	зат.	2
мақұлықат	зат.	1
мал	зат.	216
малай	зат.	1
малды	сын.	11
мал-жай	зат.	2
малма	зат.	1
мал-мал	зат.	1
малсыз	сын.	2
малшы	зат.	5
мамық	зат.	1
мамырла	ет.	1
манар	сын.	1
мансап	зат.	5
мантикин		1
маң	зат.	5
маңай	зат.	3
маңғаз	сын.	1
маңғұл	зат.	8
маңдай	зат.	5
маңдайлы	сын.	1
маңыз	зат.	1
маңызды	сын.	1
марал	зат.	1
маржан	зат.	3
марқамат	зат.	6
марқаматты	сын.	3
мас	сын.	13
Масақбай		1
масатыдай	сын.	1
Масғұт		10
маскүнем	сын.	1
маскүнемдік	зат.	1
масқара	зат.	1
масқарала	ет.	1
масқаралық	зат.	1
мастық	зат.	12
масыл	сын.	1
мата	зат.	1
мата	ет.	1
мауқ	зат.	1
махаббат	зат.	45
махаббаттандыр	ет.	1
махаббатсыз	сын.	1
махкамлемек		1
махлұқ	зат.	2
Махмұт		1
махрұм	зат.	1
махфи		1
махшар	зат.	6
машина	зат.	1
май	зат.	6
мәдәт	зат.	1
мәдхіңа		1
мәжілістес	сын.	1
мәз	үст.	9
мәз	сын.	4
мәз-майрам	сын.	1
мәзрағатул		1
мәкан		2
мәлім	мод.	8
мәліш	сын.	1
мән	зат.	1
мән	ес.	7
мәмфағат		1
мәніс	зат.	10
мәртәба	зат.	1
мәртәбә	зат.	3
Мәскеу		1
мәск		1
мәсік		1
мәт		1
мәтбұғ		1
мәужүт		1
ме	шыл.	63
Медет		1
медеу	зат.	3
медресе	зат.	6
мезгіл	зат.	12
мейлі	мод.	13
мейрам	зат.	1
мейрім	зат.	3
мейілдендір	ет.	2
мейілді	сын.	2
мейір	зат.	3
мейірбандық	зат.	1
мейірбандылық	зат.	1
мейірбаншылық	зат.	1
мейірлен	ет.	3
мейірімді	сын.	1
Мекке		1

мекен зат. 7
мекенде ет. 1
мен шыл. 86
мен ес. 264
мен 1
ми зат. 11
миллион сан. 5
мин 1
минез зат. 1
минеки ес. 1
Минусинскі 1
минут зат. 1
мирас зат. 1
мисал зат. 1
мисша сын. 1
миуа зат. 2
мұхнатсыз сын. 1
михнаттан ет. 1
михраб зат. 1
мойнақ зат. 1
мойыл зат. 1
мойын зат. 21
мойын бұр 1
мойында ет. 3
мойындау зат. 1
мойынды сын. 1
мол сын. 9
мол үст. 2
мола зат. 3
молайт ет. 1
моласындай сын. 1
молда зат. 13
молла зат. 4
молық ет. 1
молықтыр ет. 1
момын сын. 6
монастырь зат. 2
монтан зат. 1
моншақ зат. 1
мөлдір сын. 1
мөлдіре ет. 1
муафих сын. 1
мунәсибәтсіз 1
мұғәмәла 1
мұз зат. 9
мұзаррат зат. 1
мұқтаж зат. 5
мұқтади 1
мұқым үст. 1
мұлахаза 1
мұнан ес. 2
мұнара зат. 1
мұнафик зат. 1
мұнда үст. 2
мұндағы сын. 2
мұндай сын. 26
мұндай-мұндай сын. 1
мұндала ет. 1
мұнша үст. 14
мұң зат. 6
мұңай ет. 2
мұндас ет. 3
мұнды сын. 3
мұң-зар зат. 1
мұңлы сын. 1
мұрат зат. 2
мұрт зат. 3
мұрын зат. 10
мұрындай сын. 1

Н

Навои 1
нағып ес. 1
надан сын. 46
надан зат. 12
надандай сын. 1
надандық зат. 13
наданшылық зат. 1
Мұстапа 5
Мұстафа 1
мұсылман зат. 18
мұсылмандық зат. 2
мұтакаллинин 1
мұхал 1
Мұхаммед 1
мұхафаза 1
мұбада 1
мүбәшарадан 1
мүйіз зат. 1
мүлгі ет. 2
мүлік зат. 3
мүмин 3
мүмкін мод. 9
мүмкінат зат. 1
мүнажат зат. 1
мүнкір сын. 1
мүслин зат. 1
мүслім зат. 1
мүсілин зат. 1
мүсірке ет. 1
мүше зат. 3
мүшел зат. 1
мығымда ет. 1
мызғы ет. 1
мықта ет. 1
мықты сын. 15
мықтылық зат. 1
мықшима сын. 1
мықын зат. 1
мылтық зат. 4
мына ес. 25
мынадай сын. 1
мынау ес. 6
мың сан. 24
мырза зат. 12
мырзалық зат. 2
мырзеке зат. 1
мыс зат. 13
мысалы мод. 1
мысқыл зат. 1
мін ес. 22
мін зат. 17
мінбей-түспей ет. 1
мінде ет. 2
міндет зат. 1
міндеткер зат. 1
міндетті сын. 2
мінді сын. 1
міне ес. 9
мінез зат. 46
мінезді сын. 1
мінеки ес. 1
мінерлік сын. 1
мінсіз сын. 3

надир		1
Надыр		1
нажағай	зат.	1
наз	зат.	6
Назар		2
назар	зат.	1
назначение	зат.	1
найза	зат.	2
найман	зат.	1
нақлия		4
нала	зат.	2
налы	ет.	2
налын	ет.	1
намаз	зат.	15
намазшам	зат.	1
намазшыл	сын.	1
наме	зат.	1
намыс	зат.	4
намысқор	сын.	1
намыстылық	зат.	1
нан	зат.	1
нан	ет.	19
нанғыш	сын.	1
нанғыштық	зат.	1
нандыр	ет.	1
наным	зат.	1
напа	зат.	1
нар	зат.	1
нас	сын.	1
насихат	зат.	4
насыбай	зат.	1
науқастан	ет.	1
наурыз	зат.	1
наурыздама	зат.	1
Нафиғы		1
начальник	зат.	1
нашалы	сын.	1
нашарлан	ет.	1
нашарлық	зат.	1
нәбатәттәр	зат.	1
нәби	зат.	1
нәзік	сын.	5
нәма		1
нәпсі	зат.	19
нәпіл		2
нәр	зат.	2
нәрсе	зат.	144
нәсил	зат.	1
нәсте		1
Нәсіл		9
нәсілді	сын.	2
нәсіп	зат.	3
Нәсіриддин		1
нәфиғылық		1
нәфрәтлі		1
нәфсі	зат.	1
не	ес.	291
не	шыл.	53
неге	ес.	30
неғылсын	ес.	1
неден	ес.	3
неке	зат.	1
некен-саяқ	үст.	1
неқылсын	ет.	1
не қылып		2
неліктен	ес.	3
неме	ес.	4
немене	ес.	11
немере	зат.	1
немесе	шыл.	5
неміс	зат.	1
нені	ес.	4
ненің	ес.	2
несие	зат.	2
несібе	зат.	1
нет	ет.	10
нетер	ес.	1
неткен	үст.	1
не түрлі		3
неше	ес.	19
нешеу	ес.	2
нига	ес.	1
нигмат		1
ниғмат		1
ниет	зат.	16
ниеттен	ет.	1
низам	зат.	1
нисбат		1
ниһаят		1
ниһаятлы	сын.	1
ниһаятсыз	сын.	5
ноғай	зат.	7
ноқай	сын.	1
ноқта	зат.	1
нон		1
нөл	зат.	17
нұрлан	ет.	2
нұрлы	сын.	5
нұсқа	зат.	3
нұсқа	ет.	1
нығмат		1
нысана	зат.	2
нысап	зат.	3
н-нас		2

О

о (ол)	ес.	304
обал	зат.	3
образование	зат.	2
обық	ет.	1
оғат	зат.	2
однородный	сын.	2
оз	ет.	10
оздыр	ет.	1
озық	сын.	2
ой	ет.	2
ой	зат.	3
ойбай	од.	6
ойбайла	ет.	3
ойла	ет.	123
ойлағыш	сын.	1
ойлан	ет.	38
ойланғыш	сын.	1
ойлант	ет.	1
ойлап-ойлап	ет.	3
ойлат	ет.	2
ойлау	зат.	1
ойлы	сын.	8
ойна	ет.	12
ойнақ	зат.	1
ойнақта	ет.	2
ойнап-күл	ет.	2
ойнас	зат.	1
ойнасшы	зат.	3

ойнат	ет.	1
ойран	зат.	2
ойрандас	ет.	1
ойранда	ет.	1
ойсыз	сын.	10
ойшыл	зат.	2
ойын	зат.	12
ойынды	сын.	1
ойын-күлкі	зат.	2
ойыншы	зат.	1
ойыншы-күлкішілдік	зат.	1
оқ	зат.	3
оқалы	сын.	2
оқтал	ет.	1
оқу	зат.	6
оқушы	зат.	1
оқшырайт	ет.	1
оқы	ет.	53
оқыт	ет.	7
ол	ес.	289
олай	үст.	23
олай-бұлай	үст.	1
олақ	сын.	3
олжа	зат.	3
олжалас	сын.	1
олмая		1
олуда		1
Омархан		1
омырау	зат.	2
омыраулы	сын.	1
он	сан.	23
онда	үст.	6
ондағы	сын.	1
ондай	сын.	27
Онегин		6
онша	үст.	2
онша-мұнша	үст.	1
оң	зат.	1
оң	сын.	1
оң	ет.	12
опа	зат.	1
опыр-топыр	үст.	3
ор	ет.	4
ор	зат.	3
ора	ет.	2
орай	шыл.	2
орайлы	сын.	1
орақ	зат.	2
орал	ет.	4
орамал	зат.	2
орамды	сын.	4
Оратөбе		1
орда	зат.	4
орман	зат.	2
орналастыр	ет.	1
орнастыр	ет.	1
орнық	ет.	4
орнықтыр	ет.	1
орта	зат.	18
орта	сын.	2
Орта Азия		1
орта жүз		1
ортақ	сын.	7
ортақ	зат.	3
ортақтас	ет.	1
ортақтастыр	ет.	1
ортақтық	зат.	1
орыл	ет.	1
орын	зат.	56
орынды	сын.	7
орынсыз	сын.	9
орынсыз	үст.	2
орыс	зат.	25
орыссыз	сын.	1
орысша	үст.	5
осал	сын.	1
Оспан		7
осы	ес.	152
осылай	үст.	1
осылайша	үст.	1
осындай	сын.	22
осында	үст.	2
от	зат.	41
отсыз	сын.	1
отта	ет.	2
оттай	сын.	3
отты	сын.	2
отық	ет.	1
отыз	сан.	15
отын	зат.	1
отындай	сын.	1
отыр	ет.	38
отырғыз	ет.	1
отырт	ет.	1
ошақ	зат.	1
ояз	зат.	12
оязной	сын.	1
оян	ет.	7
оят	ет.	3
ояу	сын.	2

Ө

өгіз	зат.	6
өгіздей	сын.	1
өз	ес.	533
өзартық	сын.	1
өзбек	зат.	3
өзге	сын.	46
өзге	ес.	24
өзгер	ет.	10
өзгергендік	зат.	1
өзгерт	ет.	1
өзгеріл	ет.	2
өзгеше	үст.	11
өзгешелік	зат.	5
өздігінен	үст.	1
өздік	зат.	1
өзді-өзі	ес.	3
өзен	зат.	11
өзендей	сын.	1
өз-өзі	ес.	3
өзіндік	зат.	1
өзіме-өзім	ес.	1
өзімшіл	сын.	5
өзімшілдік	зат.	2
өзімдей	сын.	4
өзіндік	сын.	2
өзін-өзі	ес.	1
өзінше	үст.	1
өзіндей	сын.	1
өкпе	зат.	6
өкпе-бауыр	зат.	1
өкпеле	ет.	5
өктем	сын.	1

өкімде	ет.	1
өкімет	зат.	2
өкім	ет.	11
өкініш	зат.	4
өкінішті	сын.	1
өкір	ет.	3
өлгенде	үст.	4
өлгеніңше	үст.	1
өлекшін	зат.	1
өлең	зат.	32
өлендет	ет.	1
өленсіз	сын.	1
өленді	зат.	1
өлер-тірілер	ет.	1
өкпе	зат.	2
өлке	ет.	5
өлкек	зат.	1
өлтір	ет.	18
өлтірт	ет.	1
өлшем	ет.	1
өлшеу	зат.	9
өлшеулі	сын.	2
өлшеусіз	сын.	4
өлшеусіз	үст.	1
өлі	сын.	4
өлім	зат.	28
өлімсіре	ет.	1
өлімтік	зат.	1
өлім	ет.	1
өмір	зат.	116
өмірдегі	сын.	1
өмірсіз	сын.	1
өн	ет.	8
өндір	ет.	3
өне	үст.	1
өнер	зат.	68
өнерлі	сын.	5
өнерпаз	сын.	1
өнерсіз	сын.	8
өнім	зат.	1
өнімсіз	сын.	1
өң		4
өңге	сын.	4
өңеш	зат.	1
өңкей	үст.	16
өңкей	үст.	2
өң-шырай	зат.	1
өр	ет.	1
өр	сын.	1
өр	зат.	2
өрбі	ет.	2
өре	зат.	1
өркеш	зат.	1
өрле	ет.	12
өрмеле	ет.	1
өрнек	зат.	5
өрт	зат.	8
өрте	ет.	5
өртен	ет.	7
өртендір	ет.	1
өршелен	ет.	1
өршілден	ет.	1
өршілдік	зат.	1
Өрім		1
өрім	зат.	1
өріс	зат.	1
өрістет	ет.	1
өс	ет.	24
өсек	зат.	13
өсекші	зат.	2
өскенше	үст.	1
өспірім	зат.	2
өссін-өнсін	ет.	1
өст	ет.	1
өсткіз	ет.	1
өстір	ет.	2
өсім	зат.	1
өсіп-өну	ет.	4
өсір	ет.	2
өт	ет.	74
өт	зат.	2
өте	ет.	6
өткен	үст.	3
өткендік	зат.	1
өткер	ет.	1
өткіз	ет.	26
өткір	сын.	3
өтімді	сын.	1
өтірік	зат.	14
өтірік	сын.	6
өтіріксіз	сын.	1
өтірікші	сын.	1
өтірікшілік	зат.	1
өш	ет.	4
өшік	ет.	1
өшір	ет.	1

П

па	шыл.	37
пайғамбар	зат.	16
пайда	зат.	88
пайдакүнемдік	зат.	1
пайдалан	ет.	4
пайдалы	сын.	6
пайдасыз	сын.	6
пайым	зат.	2
пак		2
пактік	зат.	1
пақыр	зат.	1
Палицын		3
пана	зат.	1
паң	зат.	2
паң	сын.	3
паңдау	сын.	2
паңдық	зат.	2
паңсы	ет.	1
пар	зат.	1
пара	зат.	1
пара	үст.	1
парала	ет.	1
парсы	зат.	2
партия	зат.	5
партиялас	сын.	2
паруардигер		1
парыз	зат.	8
парық	зат.	1
патуа	зат.	1
патша	зат.	25
пәле	зат.	13
пәлелі	сын.	1
пәлен	ес.	7
пәлендей	сын.	1
пәленше	зат.	7
пәлі-пәлі	од.	1

пәнде	зат.	1
пәнде	зат.	6
пәрмене	зат.	1
пәруардигер		1
пәтер	зат.	1
пейіл	зат.	1
пен	шыл.	42
пенде	зат.	24
пенделік	зат.	1
пенен	шыл.	15
перде	зат.	2
перзент	зат.	3
періште	зат.	6
Петербур		1
пешпентті	сын.	2
пиғыл	зат.	1
пида	зат.	1
пияла	зат.	1
пьяншік	зат.	1
поэма	зат.	1
подвижной	сын.	2
поднос	зат.	1
поляк	зат.	1
посредник	зат.	1
пошал		1
притягательная	сын.	2
прошение	зат.	1
прямотой	сын.	1
пұл	зат.	6
пұшпақ	зат.	1
пыс	ет.	1
пысы	ет.	2
пысық	зат.	4
пысық	сын.	16
пысықтандыр	ет.	1
пысықтық	зат.	1
пышақ	зат.	1
пышана	зат.	1
пыш-пыш	ел.	3
пышыратыр	зат.	1
пікірле	ет.	1
пікірлен	ет.	1
піл	зат.	5
пілдей	сын.	1
пір	зат.	1
піс	ет.	2
піскен	сын.	2
пішін	зат.	4
пішінді	сын.	1

Р

раббыге		1
Рағит		1
Разақ		3
разы	үст.	8
разылық	зат.	4
райыс	зат.	1
рақат	зат.	5
рақаттан	ет.	1
рақым	зат.	8
рақымдық	зат.	1
рақымдылық	зат.	1
рақымет	зат.	3
рақымсыз	сын.	1
рақымсыздық	зат.	1
рас	мод.	22
рас	сын.	12
раст	сын.	5
расход	зат.	1
рауаж		2
раушан	зат.	2
рафғат		2
рахат	зат.	12
рахаттан	ет.	1
Рахим		1
рахим		1
рахимдық	зат.	1
Рахман		1
рахман		1
рахмат	зат.	4
рахмет	зат.	2
рахым	зат.	4
Рахымшал		2
раһбар		1
Рәсул		1
рәушан	зат.	1
ре		1
ренжі	ет.	1
реніш	зат.	1
рең	зат.	1
Ресей		1
рет	зат.	3
риза	үст.	2
ризалық	зат.	2
риясыз	сын.	1
ру	зат.	1
руза		4
рузи		1
рұқсат	зат.	4
рұқуғ		1
рүшидиа		1
рюмке	зат.	1

С

саба	зат.	1
саба	ет.	4
сабыл	ет.	2
сабылт	ет.	1
сабыр	зат.	19
сабырлық	зат.	2
сабырсыз	сын.	3
саға	зат.	1
сағақ	зат.	1
сағат	зат.	5
Сағди		1
Сағид		1
сағым	зат.	2
сағымша	үст.	1
сағын	ет.	12
сағынбастық	зат.	1
сағыныс	ет.	1
сағыныш	зат.	3
садаға	зат.	5
саз	зат.	1
саза	зат.	1
сазар	ет.	1
сай	сын.	1
сай	зат.	7
сайқал	зат.	1
сайла	ет.	10
сайлам	ет.	5
сайлау	зат.	3
сайман	зат.	3
сайра	ет.	8
сайрам	зат.	1

сайтан	зат.	1
сайтаңдық	зат.	1
сайын	шыл.	9
сайыс	ет.	1
сақ	сын.	8
сақа	зат.	1
сақал	зат.	2
сақалды	сын.	1
сақал-мұрт	зат.	1
сақта	ет.	35
сақтан	ет.	4
сақтат	ет.	1
сақтаушы	зат.	2
сақтық	зат.	1
сал	ет.	91
сала	зат.	1
салақ	сын.	1
салақта	ет.	1
салалаһу		1
салам	зат.	1
салаң	ел.	1
салауат	зат.	3
салахият	зат.	2
салбыра	ет.	4
салбыраңқы	сын.	1
салғыз	ет.	1
салғырт	сын.	2
салғыртсы	ет.	1
салғырттан	ет.	1
салғырттық	зат.	3
салдау	сын.	1
салдуарлық	зат.	1
салдық	зат.	1
салдыр	ет.	2
салдыр	ел.	1
салдыра	ет.	1
салихати		2
салқы	сын.	1
салқын	сын.	6
салқында	ет.	1
саллалау		1
саллалаһи		1
саллалаһу		2
салмақ	зат.	2
салмақта	ет.	1
сала	ел.	2
салпы	сын.	1
салпыл	зат.	1
салпылда	ет.	5
сал-сал	сын.	1
салт	сын.	1
салт	зат.	3
салтақ-салтақ	сын.	1
салтанат	зат.	2
салтанатты	сын.	1
салт атты		1
Салтыков		1
салын	ет.	19
салындыр	ет.	1
салыс	ет.	5
Самархан		3
самаурын	зат.	1
самородный	сын.	2
самұрық	зат.	5
сан	үст.	3
сан	зат.	3
сана	ет.	6
сана	зат.	6
саналы	сын.	1
санасыз	сын.	1
санат	ет.	1
сандал	ет.	7
сандалма	зат.	1
санды	сын.	2
сандық	зат.	2
саниғ		2
саңырау	сын.	1
сап	ет.	16
Сапа		2
сапар	зат.	1
сап-сап	ет.	1
сапси	ет.	1
сапыр	ет.	1
сапырып	ет.	1
сар	сын.	2
сара	зат.	2
сарай	зат.	1
сараң	сын.	2
сараңдық	зат.	1
сарап	зат.	1
сарғай	ет.	6
сарқын	зат.	1
сарқыт	зат.	1
сарпылда	ет.	1
сарт	зат.	3
сарт-сұрт	ел.	1
сартша	үст.	1
сартылда	ет.	2
сары алтын		2
сары	сын.	11
сары	ет.	3
Сарыарқа		1
сарық	ет.	1
сарыл	ет.	1
сарылда	ет.	1
сарын	зат.	1
сарып қып		2
сас	ет.	8
саспа	ет.	1
сасы	ет.	3
сасық	сын.	4
сасыт	ет.	1
сат		1
сат	ет.	49
сату	сын.	2
сатып	ет.	1
сау	ет.	8
сау	сын.	8
сау	үст.	8
сауал	зат.	1
сауда	зат.	11
саудагер	зат.	6
саудагердей	сын.	1
саудай	сын.	1
саудала	ет.	1
саудасыз	сын.	1
саудырған	сын.	1
саудырсыз	сын.	1
саула	ет.	2
саулық	зат.	3
саусақ	зат.	4
сауық	ет.	3
сауықшыл	сын.	1
сауын	зат.	1
сауыр	зат.	2

сауырлы	сын.	1
сауыт	зат.	2
сауыт-сайман	зат.	1
сауыттай	сын.	1
сафлық	зат.	1
сахаба		1
сахиб		1
сая	зат.	2
саяз	сын.	1
саяқ	сын.	1
саяла	ет.	1
сәжде	зат.	1
Сәйхали		1
сәләмат	зат.	1
сәләмәтшілік	зат.	1
сәлде	зат.	1
сәлем	зат.	7
сәлемдес	ет.	3
сәлем-сауқат	зат.	1
сәлим		1
сәллалаһү		1
сәмиғ		1
сәміғ		1
сән	ес.	1
сән	зат.	5
сәнаи		1
сәнан		1
сәнде	ет.	1
сәнқой	сын.	1
сән-салтанат	зат.	4
сәнсі	ет.	1
сәңә	ес.	1
сәске	зат.	1
сәт	зат.	2
Сәттар		1
сәуле	зат.	18
сәулелі	сын.	1
сәулесіз	сын.	1
сәхәр		1
себеп	зат.	30
себепсіз	үст.	2
себепті	шыл.	6
сегіз	сан.	21
сез	ет.	11
сездір	ет.	1
сезіл	ет.	1
сезім	зат.	6
сезімді	сын.	2
сезімпаз	сын.	1
сейіл	ет.	1
сейіл-серуен	зат.	1
секек	ел.	1
секси	ет.	1
секілді	сын.	37
секілден	ет.	2
секім		1
секір	ет.	2
сел	зат.	3
селтек	зат.	2
Семей		2
семіз	сын.	6
семір	ет.	3
семірт	ет.	2
сен	ет.	38
сен	ес.	205
сенбегендік	зат.	1
сенгіш	сын.	1
сенгіштік	зат.	1
сендей	сын.	8
сендел	ет.	2
сендір	ет.	5
сенсіз	үст.	2
сенім	зат.	6
сенімді	сын.	4
сенімсіз	сын.	1
сеніңкіре	ет.	1
сеніс	ет.	5
сеп	ет.	2
сеп	зат.	2
септе	ет.	1
сергек	сын.	2
сергі	ет.	2
сердца	зат.	1
серкесі	ет.	1
серкеш	зат.	1
серме	ет.	6
сермеңде	зат.	2
серт	зат.	15
серік	зат.	1
серіктес	сын.	1
серіп	ет.	1
си		1
Сибам		1
сидаң	сын.	1
сиддық	зат.	3
сипа	зат.	2
сипа	ет.	2
сипан	ет.	1
сипат	ет.	1
сипат	зат.	35
сипатта	ет.	1
сипаттан	ет.	1
сирақ	зат.	1
сире	ет.	1
сифат		1
сифатиһи		1
сиық	зат.	1
сиыр	зат.	1
сиырша	үст.	1
сия	зат.	2
сияқты	шыл.	1
соғыл	ет.	1
соғыс	ет.	1
соғыс	зат.	4
соз	ет.	5
созғыла	ет.	1
сой	ет.	4
сойқан	зат.	1
Сократ		3
сок	ет.	27
соққы	зат.	3
соқпақ	зат.	3
соқпақсыз	сын.	1
соқтығыс	зат.	1
соқтық	ет.	1
соқтықпалы	сын.	1
соқыр	сын.	5
соқыр-мылқау	сын.	1
сол	ет.	3
сол	ес.	301
сол	зат.	1
солай	үст.	5
солайша	үст.	1
солдат	зат.	3
солдаттық	зат.	1

солқылда	ет.	5
сом	зат.	1
сом	сын.	2
сомала	ет.	1
сомдай	сын.	1
сонау	ес.	1
сомда	үст.	43
сомдағы	сын.	3
соңдай	сын.	21
соңдай-мұндай	сын.	1
соңдықтан	шыл.	5
сонша	үст.	2
соншалық	үст.	2
соны	зат.	1
сонымен	шыл.	2
соң	шыл.	166
соң	зат.	14
соңғы	сын.	7
соңғысыз	үст.	1
сопеке	зат.	1
сопы	зат.	7
сопысынсы	ет.	1
сор	зат.	11
сорақы	сын.	1
сорғала	ет.	5
сорғалат	ет.	1
сорлы	сын.	36
сорлыңдай	сын.	1
сорпа-сү	зат.	2
сот	зат.	1
сотты	сын.	1
Софокл		1
софы	зат.	1
софылық	зат.	2
сөгу	зат.	1
сөгіл	ет.	2
сөгіс	зат.	3
сөз	зат.	421
сөзуар	сын	1
сөзімшіл	сын.	1
сөзіңдей	сын.	1
сөйле	ет.	31
сөйлес	ет.	11
сөйлеулі	зат.	1
сөйт	ет.	3
сөк	ет.	8
сөн	ет.	16
сөндір	ет.	2
стакан	зат.	1
старшина	зат.	1
старшын	зат.	2
су	зат.	60
суал	ет.	3
суалт	ет.	2
суар	ет.	1
суат	зат.	2
субутия		2
судай	сын.	4
судья	зат.	1
сула	ет.	2
сураһи		1
сусыз	сын.	1
сусыздық	зат.	1
сусын	зат.	3
суы	ет.	6
суық	сын.	18
суық	зат.	2
суық көз		1
суық-сығанақ	зат.	1
суықтық	зат.	1
суылда	ет.	3
суын	ет.	8
суыңдай	сын.	2
суыр	ет.	1
суыс	ет.	1
суыт	ет.	6
сұбхан		1
сұла	ет.	2
сұлтан	зат.	2
сұлу	зат.	3
сұлу	сын.	13
сұлулық	зат.	1
сұм	сын.	17
сұмдық	зат.	11
сұм-сұрқия	сын.	4
сұм	ет.	1
сұмат	зат.	1
сұңғат	зат.	5
сұңғати		1
сұңқар	зат.	3
сұр	сын.	4
сұра	ет.	38
сұрал	ет.	2
сұрамсақ	сын.	2
сұрамшақ	сын.	1
сұрам	ет.	1
сұрас	ет.	2
сұрау	зат.	10
сұрғылт	сын.	2
сұрқия	сын.	2
сұрлан	ет.	2
сұхбат	зат.	1
сұхбаттас	ет.	1
сұхбаттастық	зат.	1
сүз	ет.	3
сүй	ет.	60
сүйгендік	зат.	1
сүйгіз	ет.	2
сүйгіз	сын.	2
сүйгіштік	зат.	1
сүйдір	ет.	1
сүйе	ет.	5
сүйек	зат.	24
сүйен	ет.	11
сүйент	ет.	1
сүйеніш	зат.	1
сүйеу	зат.	1
сүйкен	ет.	1
сүйкім	зат.	2
сүйкімді	сын.	4
сүймектік	зат.	2
сүйретіл	ет.	1
сүйсін	ет.	2
сүйт	ет.	21
сүйікті	сын.	1
сүйін	ет.	6
сүйінші	зат.	1
сүйініс	ет.	1
сүйіс	ет.	6
сүйісу	зат.	1
Сүләйман		1
сүндет	зат.	1
сүңгі	ет.	1
сүр	ет.	5
сүре	зат.	1

сүрме	зат.	1
сүрт	ет.	3
сүрін	ет.	3
сүт	зат.	6
сүттей	үст.	1
счет	зат.	1
сыба	ет.	1
сыбаға	зат.	2
сыбан	ет.	1
сыбап-сыбап	ет.	1
сыбдыр	зат.	3
сыбдыр	ел.	2
сыбыр	зат.	6
сыбырла	ет.	2
сыбырлас	ет.	3
сыз	ет.	1
сыз	зат.	3
сыздан	ет.	1
сызық	зат.	2
сый	зат.	13
сый	ет.	9
сыйғыз	ет.	1
сыйла	ет.	7
сыйлас	ет.	5
сыйлас	сын.	1
сыймас	сын.	1
сыйық	зат.	3
сық	ет.	2
сықылдан	ет.	1
сықылды	шыл.	13
сықырла	ет.	2
сылап-сипап	ет.	1
сылдыр	ел.	2
сылдыра	ет.	1
сылдырла	ет.	1
сылқ	ел.	1
сылқ-сылқ	ел.	1
сылқылда	ет.	1
сылтау	зат.	1
сымбат	зат.	2
сымбаттан	ет.	1
сымпи	ет.	1
сымпылда	ет.	1
сымпың	ел.	1
сымпыс	ел.	1
сымпыс	сын.	1
сын	ет.	1
сын	зат.	2
сына	ет.	13
сынал	ет.	3
сынас	ет.	1
сынат	ет.	3
сынаушы	зат.	1
сынды	шыл.	2
сындыр	ет.	2
сыншы	зат.	2
сынық	зат.	4
сынық	сын.	3
сыңар	зат.	1
сыңқылда	ет.	1
сып	сын.	3
сыпайылық	зат.	3
сылат	зат.	2
сыпыр	ет.	6
сыпыра	үст.	4
сыр	зат.	33
сырғана	ет.	2
сырдаң	сын.	2
сырдаң	ел.	1
Сырдария		1
сырқау	зат.	1
сырқыра	ет.	1
сырла	ет.	1
сырлас	ет.	7
сырлас	сын.	7
сырнай-керней	зат.	2
сырт	зат.	37
сыртқы	сын.	1
сырттай	үст.	1
сырттансын	ет.	1
сырықта	ет.	1
сырыл	ет.	1
сытырла	ет.	1
сыяз	зат.	5
Сібір		2
сіз	ес.	42
сіздей	сын.	2
сіле	зат.	1
сілкі	ет.	1
сілкін	ет.	3
сілік	ет.	3
сің	ет.	1
сіңірлі	сын.	1
сірә	мод.	2
сірес	ет.	1

Т

Т...	ес.	1
та	шыл.	39
табақ	зат.	1
табан	зат.	5
табанда	ет.	2
табандылық	зат.	1
табарака		6
табиғат	зат.	1
табыл	ет.	45
табылмақтық	зат.	1
табыс	ет.	1
табыс	зат.	2
табыт	зат.	4
тағад		1
тағала	зат.	58
тағат	зат.	7
тағдыр	зат.	22
тағзым	зат.	1
тағлия	зат.	2
тағриғла	ет.	1
тағриф		5
тағрифла	ет.	1
тағы	сын.	3
тағы	шыл.	31
тағыл	ет.	1
таз	зат.	1
таза	сын.	19
тазала	ет.	3
тазалық	зат.	6
тазарт	ет.	1
тай	ет.	6
тай	зат.	6
тай		1
тайғақ	сын.	2
тайқа	ет.	1
таймаңда	ет.	1
тайпал	ет.	2

тай-талас	зат.	2
тайфа		1
таклиди		2
такты	зат.	1
так	зат.	3
так	ет.	5
так	үст.	1
тақау	үст.	1
тақлидии		1
тақпақ	зат.	1
тақта	зат.	1
тақтайдай	сын.	2
тақ-тұқ	ел.	1
тақыл	зат.	1
тақымда	ет.	1
тақыр	сын.	1
тақырып	зат.	1
тал	зат.	3
тал	ет.	6
тала	ет.	5
талай	үст.	16
талайғы	үст.	1
талап	зат.	43
талапсыз	сын.	4
талапсыздық	зат.	2
талаптан	ет.	1
талапты	сын.	8
талаптылық	зат.	1
талас	ет.	27
талас	зат.	6
таласқыш	сын.	1
талассыз	үст.	1
таластыр	ет.	2
талат	ет.	1
талға	ет.	2
талғап-талғап	ет.	1
талды	сын.	1
тал – жібектей		1
талқан	зат.	1
талқан	үст.	3
талмаусыра	ет.	1
талпын	ет.	8
талтай	ет.	2
талтақ	сын.	1
талтаңда	ет.	2
тал түс		1
там	ет.	1
там	зат.	2
тамақ	зат.	36
тамақсыз	сын.	1
тамам	үст.	5
таман	үст.	5
тамаша	зат.	7
тамашала	ет.	3
тамғылы		1
тамшы	зат.	2
тамылжы	ет.	3
тамылжыт	ет.	1
тамыр	зат.	10
тамыршы	зат.	1
тамыршыл	сын.	1
тан	ет.	6
танты	ет.	1
тантық	сын.	3
таны	ет.	35
таныт	ет.	3
таң	зат.	9
таң	үст.	2
таңғажайып	сын.	3
таңда	ет.	10
таңдан	ет.	2
таңдама	зат.	1
таңертең	үст.	1
таң қал	үст.	4
таңлай	зат.	1
таңыл	ет.	1
таңырқа	ет.	7
таңырқат	ет.	2
тап	ет.	207
тап	зат.	1
тап	ел.	1
тап	үст.	1
тапқандық	үст.	1
тапсыр	ет.	5
тап-тақыр	сын.	1
таптаушы	зат.	1
тапшы	зат.	1
тапшылық	зат.	2
тар	сын.	12
тара	ет.	10
таразы	зат.	4
тарақта	ет.	1
тарал	ет.	1
таран	ет.	1
тарап	зат.	7
тарат	ет.	3
тарау	зат.	1
тарбақта	ет.	1
тариқат		3
тарқа	ет.	7
тарқат	ет.	1
тарқатыс	ет.	1
тарқылда	ет.	3
тарлық	зат.	4
тарпылда	ет.	1
тарт	ет.	54
тартқыз	ет.	1
тарттыр	ет.	4
тарту	зат.	1
тартып	ет.	1
тартын	ет.	2
тартыс	ет.	2
таршылық	зат.	1
тарыл	ет.	3
тарыс-тарыс	ел.	1
тас	сын.	4
тас	зат.	29
тасбық	зат.	1
тасдиқ		1
тасирсіз	сын.	1
таспадай	сын.	2
таста	ет.	21
тастай	сын.	1
тастақ	сын.	1
тасы	ет.	6
тасын	ет.	1
тасыр	сын.	1
тат	ет.	16
татан	зат.	1
татар	зат.	7
татардай	сын.	1
татыр	ет.	1
тату	сын.	16
татулас	ет.	1
татулық	зат.	5

таты	ет.	5
татымды	сын.	6
татымсыз	сын.	1
Татьяна		4
тау	зат.	29
тауарих	зат.	3
таудағы	сын.	1
таудай	сын.	1
таусып	ет.	4
таусыншақ	сын.	1
тауыс	ет.	3
тахайат		1
тахқиқ		5
тахқиқла	ет.	1
таһарат		3
Ташкент		3
ташкенттегі	сын.	1
тая	ет.	3
таяқ	зат.	4
таяқты	сын.	1
таян	ет.	1
таяу	үст.	1
тәбдил		1
тәбиғ		1
тәжидуни		1
тәжік	зат.	1
тәкаппар	сын.	3
тәкин	зат.	1
тәклиф		1
тәкуин		1
тәлім	зат.	1
тән	зат.	19
тән	сын.	1
тәңір	зат.	42
тәңір-ай	од.	2
тәңір-айшыл	сын.	1
тәп-тәтті	сын.	1
тәптеште	ет.	1
тәркі	сын.	3
тәслим		2
тәтті	сын.	29
тәттілік	зат.	1
тәуба	зат.	2
тәубе	зат.	2
тәуекел	зат.	11
тәуекелсіз	сын.	1
тәуіліне		1
тәуір	сын.	9
тәуір	үст.	5
тәуір	үст.	5
тәфаккару		2
тәхмин		1
тәксил-ғұлум		1
тәшәһһуд		1
тәштит		1
те	шыл.	26
тебініс	ет.	1
тебірент	ет.	1
тегін	сын.	2
тегінде	мод.	4
тегіс	сын.	1
тегіс	үст.	8
тегістік	зат.	1
теже	ет.	1
тез	үст.	28
тез	зат.	1
тездік	зат.	1
тезірек	үст.	1
тек	зат.	5
тек	од.	1
тек	үст.	7
теке	зат.	1
тексер	ет.	13
тексерт	ет.	1
тексеріп	ет.	1
текті	сын.	2
телмір	ет.	4
телі-тентек	зат.	1
темір	зат.	5
тентек	сын.	11
тентек	зат.	5
тентіре	ет.	5
тентірек	зат.	1
тентірет	ет.	1
тең	сын.	16
тең	зат.	2
теңге	зат.	2
теңгелік	сын.	2
теңгер	ет.	1
теңдес	сын.	2
теңдік	зат.	2
теңес	ет.	1
теңеусіз	сын.	1
теңсел	ет.	2
теңіз	зат.	6
теп	зат.	1
теп	ет.	6
тепкі	зат.	2
теп-тегіс	сын.	2
тер	зат.	5
тер	ет.	2
тербе	ет.	2
тербет	ет.	3
тергеу	зат.	2
тергеулі	сын.	1
терезе	зат.	3
терек	зат.	1
Терек		4
терең	сын.	21
тереңде	ет.	1
терле	ет.	1
терлет	ет.	1
терші	ет.	1
тері	зат.	4
теріс	сын.	14
терістік	зат.	2
тес	ет.	2
тесік	зат.	3
тесік	сын.	2
тесіл	ет.	2
ти	ет.	56
ти		1
тигеңдік	зат.	1
тигіз	ет.	3
тиерлік	сын.	1
титтей	сын.	1
титық	зат.	2
тиын	зат.	6
тиіп-шығып	ет.	1
тиіс	ет.	1
тиіс	мод.	2
тиянақ	зат.	8
тиянақсыз	сын.	1
тиянақсыздық	зат.	1
тобықты	зат.	3

тобылғы	зат.	1
тоғай	зат.	1
тоғыз	сан.	8
тоғыз	зат.	1
тоғыз	ет.	3
тоғыс	зат.	1
тоз	ет.	9
тозақ	зат.	2
тозбастай	сын.	1
тоздыр	ет.	3
тозып	ет.	1
той	зат.	14
той	ет.	36
тойдыр	ет.	1
той-тамаша	зат.	1
тойымсыз	үст.	2
тоқ	сын.	11
тоқ	зат.	1
тоқал	сын.	1
тоқпақ	зат.	1
тоқсан	сан.	3
тоқсан	зат.	1
тоқта	ет.	17
тоқтап	ет.	1
тоқтат	ет.	13
тоқтау	зат.	7
тоқтаулылық	зат.	1
тоқтаусыз	үст.	2
тоқтық	зат.	2
тоқы	ет.	1
тоқым	зат.	1
тоқымдық	зат.	1
тол	ет.	29
толға	ет.	1
толған	ет.	8
толғау	зат.	3
толқы	ет.	1
толқын	ет.	1
толқын	зат.	8
толқынды	сын.	1
толқынт	ет.	1
Толстой		1
толтыр	ет.	6
толық	сын.	8
толықсы	ет.	3
толқынды	сын.	2
толымды-білімді	сын.	1
томаға	зат.	1
томпайт	ет.	1
томсар	ет.	2
томырық	сын.	2
тон	зат.	10
тона	ет.	3
тоң	ет.	5
тоңдыр	ет.	1
тоңқаңда	ет.	1
топ	зат.	16
топан	зат.	1
топа-торсақ	үст.	1
топыр	зат.	1
топырақ	зат.	8
топырақты	сын.	1
тор	зат.	1
торғай	зат.	2
торғын	зат.	2
торғын	сын.	1
торғындай	сын.	3
торқалы	сын.	1
торы	сын.	1
торық	ет.	1
тос	ет.	10
тосаңсы	ет.	1
тоты	зат.	2
тоты құс		1
тоятта	ет.	2
төбе	сын.	1
төбедегі	сын.	1
төбелес	ет.	1
төбет	зат.	1
төгіл	ет.	3
төк	ет.	3
төккісіз	үст.	1
төктір	ет.	1
төл	зат.	2
төле	ет.	1
төлет	ет.	2
төлеу	зат.	1
төмен	үст.	7
төменде	ет.	2
төменшік	сын.	1
төменшікте	ет.	1
төн	ет.	2
төңкер	ет.	1
төңкеріл	ет.	1
төңірегіндегі	сын.	1
төңірек	зат.	2
төңіректегі	сын.	1
төр	зат.	4
төрдегі	сын.	2
төре	зат.	7
төркін	зат.	1
төрт	сан.	26
төрт-бес	сан.	1
төс	зат.	4
төсе	ет.	1
төсек	зат.	9
төсексіз	сын.	1
төсті	сын.	1
трагедия	зат.	1
ту	зат.	2
ту	ет.	41
туған	зат.	4
туғыз	ет.	3
тула	ет.	5
тулағыш	сын.	1
тура	сын.	8
тура	үст.	4
туралы	шыл.	1
турасы	зат.	1
турашыл	сын.	1
туыс	зат.	2
туыс	ет.	1
туысқан	зат.	6
туысқандық	зат.	1
туысқан-туған	зат.	1
туысынан	үст.	1
тұғралы	шыл.	1
тұғры		1
тұғры	сын.	1
тұғыр	зат.	1
тұз	зат.	1
тұзақ	зат.	3
тұғын	зат.	1
тұйық	зат.	1
тұқым	зат.	6

тұқымдас	сын.	2
түл	сын.	9
түла бой		7
тұлпар	зат.	2
тұман	зат.	5
тұмандан	ет.	5
тұманды	сын.	1
тұмар	зат.	1
тұмсық	зат.	4
тұнық	зат.	2
тұнық	сын.	2
тұңғиық	зат.	1
тұр	ет.	239
тұрғандық	зат.	1
тұрғы	зат.	4
тұрғыз	ет.	2
тұрғыш	сын.	2
тұрлау	зат.	5
тұрлаулы	сын.	2
тұрлаусыз	сын.	2
тұрпайы	сын.	2
тұрықта	ет.	1
тұс	зат.	2
тұса	ет.	1
тұт	ет.	22
тұтат	ет.	1
тұтқа	зат.	1
тұтқын	зат.	3
тұтқындағы	сын.	1
тұтушы	зат.	1
тұтын	ет.	1
тұшы	ет.	1
тұшын	ет.	4
тұщы	сын.	1
тұяқ	зат.	2
түбегейле	ет.	1
түбегейлет	ет.	2
түбінде	үст.	6
түгел	үст.	22
түгелде	ет.	1
түген	ес.	1
түгенде	ет.	1
түгендей	үст.	1
түгенше	ес.	2
түгесіл	ет.	1
түгіл	үст.	27
түз	зат.	7
түзе	ет.	15
түзел	ет.	10
түзет	ет.	7
түзу	сын.	11
түзулік	зат.	1
түзін	зат.	1
түзік	сын.	1
түй	ет.	3
түйе	зат.	8
түйіліңкі	сын.	1
түйін	зат.	1
түк	үст.	12
түк	ес.	4
түкси	ет.	3
түсік	зат.	1
түлкі	зат.	16
түн	зат.	20
түн бойы		2
түнде	үст.	2
түн ортасы		1
түні бойы		1
Тұңлікбай		1
түңіл	ет.	8
түп	зат.	28
түпкі	сын.	1
түпсіз	үст.	3
түр	зат.	11
түрегел	ет.	1
Түркістан		1
түркі	зат.	1
түрлен	ет.	5
түрлі	сын.	38
түрлі-түрлі	сын.	1
түрлі-түсті	сын.	1
түрт	ет.	4
түс	ет.	26
түс	зат.	75
түспектік	зат.	1
түсті	сын.	1
түстік	сын.	1
түсім	ет.	3
түсіндір	ет.	1
түсір	ет.	5
түсіруші	зат.	1
түт	ет.	1
түтін	зат.	1
тығыз	сын.	2
тығыл	ет.	3
тығында	ет.	1
тый	ет.	19
тыйыл	ет.	3
тыйымсыз	сын.	1
тық	ет.	7
тықыр	зат.	1
тым	үст.	16
тымақ	зат.	4
тымақты	сын.	1
тын	ет.	6
тыңдыр	ет.	2
тыншы	ет.	3
тыншық	ет.	3
тыншып	ет.	3
тыным	зат.	2
тынымсыз	үст.	1
тыныс	зат.	2
тыныш	сын.	13
тыныш	зат.	4
тыныштық	зат.	30
тыныштықсыз	сын.	1
тың	сын.	1
тыңда	ет.	26
тыңдағыш	сын.	1
тыңдат	ет.	1
тыңдаушы	зат.	5
тыпырла	ет.	1
тырбан	ет.	1
тырбаңда	ет.	1
тырқ	ел.	1
тырна	зат.	1
тырнақ	зат.	3
тырп	ел.	2
тырси	ет.	1
тыртақта	ет.	1
тыртық	ел.	1
тырыс	ет.	6
тырысқандық	зат.	1
тыс	зат.	3
тыстағы	сын.	1

тышқақ	сын.	1
тышқан	зат.	1
тыюлыс	ет.	1
тыянақ	зат.	1
тігіл	ет.	1
тігінші	зат.	1
тіз	ет.	2
тізгін	зат.	2
тізе	зат.	1
тізіл	ет.	1
тік	үст.	1
тік	сын.	4
тік	ет.	6
тіккіште	ет.	1
тікте	ет.	2
тіл	зат.	79
тіл	ет.	1
тілде	ет.	1
тілдес	ет.	1
тілді	сын.	3
тіле	ет.	36
тілек	зат.	8
тілексек	зат.	1
тілен	ет.	7
тіленші	зат.	1
тіленшілік	зат.	2
тілес	ет.	1
тілеу	зат.	15
тілмәш	зат.	1
тілсіз	сын.	1
тілхат	зат.	1
тіпті	үст.	6
тіп-тік	сын.	1
тіргіз	ет.	1
тірек	зат.	2
тіркеулі	сын.	1
тірлік	зат.	9
тілшілік	зат.	9
тірі	сын.	28
тіріл	ет.	2
тірілт	ет.	2
тірілік	зат.	2
тіс	зат.	4
тісте	ет.	4
тісті	сын.	1

У

У	зат.	8
уа	од.	3
уа		27
уағалайкүмүссәлем		1
уағда	зат.	2
Уәдуд		1
уайлана		1
уайым	зат.	13
уайым-қайғы	зат.	7
уайым-қайғысыздық	зат.	2
уайымсыз	сын.	3
уақып		1
уақыт	зат.	35
уақытсы	ет.	1
уақыттағы	сын.	1
уақыттай	сын.	1
уан	ет.	2
уатағала	зат.	6
уат	ет.	3
уау		1
уә		6
уәде	зат.	6
уәделес	ет.	1
уәделі	сын.	1
уәдесіздік	зат.	1
уәзіл	зат.	1
уәзір	зат.	5
Уәкил		1
уәктүбиһи		1
уәли	зат.	1
уәсәллам		7
уголовный	сын.	1
уез	зат.	1
уезный	сын.	1
уерд		1
уқала	ет.	1
ула	ет.	1
у-ау	зат.	1
улы	сын.	2
уыс	зат.	4
уыста	ет.	1

Ұ

ұғлы	зат.	2
ұғушы	зат.	1
ұғылы	зат.	4
ұғым	ет.	1
ұғымсыз	сын.	2
ұғындыр	ет.	1
ұза	ет.	3
ұзайт	ет.	1
ұзақ	үст.	5
ұзақтай	сын.	1
ұзар	ет.	3
ұзарт	ет.	2
ұзын	сын.	10
ұйғыр	зат.	4
ұйқта	ет.	10
ұйқтат	ет.	1
ұйқы	зат.	24
ұйқылы-ояу	сын.	1
ұйы	ет.	3
ұйықта	ет.	7
ұқ	ет.	62
ұққандық	зат.	1
ұққыш	сын.	2
ұқса	ет.	24
ұқсағандық	зат.	1
ұқсас	ет.	1
ұқсас	сын.	3
ұқсат	ет.	5
ұқтыр	ет.	6
ұл	зат.	9
ұлғай	ет.	3
ұлғайт	ет.	1
ұлы	сын.	4
ұлы	ет.	1
ұлық	зат.	13
ұлықсы	ет.	1
ұлықта	ет.	1
ұлықтық	зат.	1
ұма	зат.	1
ұмсын	ет.	1
ұмтыл	ет.	7
ұмтылт	ет.	1
ұмыт	ет.	22

ұмыт	зат.	2
ұмыту	зат.	1
ұна	ет.	4
ұнамды	сын.	2
ұнамсыз	сын.	2
ұнас	ет.	1
ұнасын	зат.	1
ұнат	ет.	8
ұр	ет.	29
ұран	зат.	1
ұран-сүрен	зат.	1
ұрғашы	зат.	4
ұрғыз	ет.	3
ұрла	ет.	9
ұрла-қарла	ет.	1
ұрлан	ет.	2
ұрлап-қарлап	ет.	1
ұрлат	ет.	1
ұрлық	зат.	18
ұрлық-қарлық	зат.	1
ұрсып-төбелес	зат.	1
ұрт	зат.	1
ұртта	ет.	1
ұршық	зат.	1
ұры	зат.	20
ұры-бөрі	зат.	2
ұры-залым	зат.	1
ұры-қары	зат.	4
ұрын	ет.	2
ұрыс	ет.	9
ұрыс	зат.	7
ұса	ет.	1
ұсақ	сын.	3
ұсат	ет.	2
ұста	зат.	2
ұста	ет.	35
ұстаз	зат.	5
ұстаздық	зат.	1
ұстап-ұстап	ет.	1
ұстарасыз	сын.	1
ұстарт	ет.	2
ұстат	ет.	1
ұстаудағы	сын.	1
ұтыс	зат.	1
ұхрауи		1
ұш	ет.	19
ұш	зат.	1
ұшқын	зат.	1
ұшқыр	сын.	2
ұшпадай	сын.	1
ұшты	сын.	1
ұшыра	ет.	2
ұшырт	ет.	1
ұя	зат.	3
ұядағы	сын.	1
ұял	ет.	44
ұялт	ет.	1
ұялшақ	сын.	2
ұят	зат.	29
ұят-ар	зат.	1
ұятсыз	сын.	3
ұятсын	ет.	2
ұятты	сын.	2

Ү

үяда	зат.	1
үде	зат.	1
үжураһүм		1
үжуді		1
үз	ет.	9
үзбей	үст.	1
үзбестік	зат.	1
үздік	сын.	1
үзеңгі	зат.	1
үзіл	ет.	5
үзіп-жұлып	ет.	2
үй	зат.	89
үй	ет.	1
үйдегі	сын.	1
үйдей	сын.	1
үйлі	сын.	1
үймеле	ет.	1
үйрек	зат.	1
үйрен	ет.	47
үйрену	зат.	1
үйренуші	зат.	1
үйрет	ет.	20
үйретерлік	сын.	1
үйретуші	зат.	1
үйт	ет.	5
үйіндегі	сын.	2
үйіндегі	сын.	2
үйір	зат.	7
үйір	сын.	2
үйірлендір	ет.	1
үйірілт	ет.	1
үкі	зат.	2
үкімет	зат.	1
үлбіре	зат.	2
үлбіреген	сын.	1
үлгі	зат.	4
үлгілі	сын.	1
үлгісіз	сын.	2
үлес	ет.	1
үлестір	ет.	2
үлкей	ет.	2
үлкейт	ет.	1
үлкен	сын.	54
үлкендік	зат.	2
үлкен-кіші	сын.	1
үлпершекті	сын.	1
үміт	зат.	37
үмітсіз	сын.	3
үміттен	ет.	1
үн	зат.	13
үнде	ет.	7
Үндукеш		1
Үндістан		1
үнем	зат.	2
үнемі	үст.	15
үніндей	сын.	1
үңіл	ет.	1
үнірей	ет.	1
үнірейген	сын.	1
үпте	ет.	1
үр	ет.	8
үрей	зат.	1
үрпей	ет.	1
үрпит	ет.	2
үскірік	зат.	1
үстем	сын.	1
үст (і)	зат.	19
үсті-басы	зат.	1
үстірт	зат.	1

үстірт	сын.	1
үсті-үстіне	үст.	1
үсік	зат.	2
үтір	зат.	1
үш	сан.	59
үш	зат.	1
үшбу	сын.	1
үшкір	ет.	1
Үшташлы		1
үшін	шыл.	114
үшіндән		1

Ф

фабрик	зат.	1
файда	зат.	1
фатиха		2
фатлүбни		1
фә		1
фәни		1
фәрдә		2
фәрияд		1
Фзули		1
фи		2
фиә		1
фиғлия		1
фиғыл	зат.	10
фида	зат.	2
Филипп		2
Фирдауси		1
фитна		2
фиһа		1

Х

ха		1
хабар	зат.	12
хабардар	сын.	1
хабарлан	ет.	2
хабарсыз	сын.	2
хабул		1
хадис		9
хаж		1
хазар		2
хазірге	үст.	1
хайру		1
хайуан	зат.	34
хайуандандыр	ет.	1
хайуандық	зат.	1
хайуанша	үст.	1
хак		2
Хаким		1
хаким	зат.	2
хақ		21
хақиқат	зат.	10
хақлық	зат.	2
хақтық	зат.	3
хал	зат.	9
халайық	зат.	1
халал		2
халаллық		1
халат	зат.	1
халәттә		1
халидун		1
халик		2
халис		1
халифа	зат.	3
халлақ		1
халлақаны		1
халлақна		1
халық	зат.	52
халінше	үст.	2
хамса		1
хамір		1
хан	зат.	43
харакет	зат.	5
харакетсіз	сын.	1
харам	сын.	1
харап	зат.	1
харбиа		1
харекет	зат.	15
хас	үст.	2
хасил		7
хаслат		1
хасләт		1
хат	зат.	22
хаттай	сын.	1
хаттаки		1
хаттә	сын.	2
хауаз (и)		2
хауып	зат.	7
хауіп	зат.	3
хауіп-қатер	зат.	1
хауіптеңдір	ет.	1
Хафиз		2
хаят	зат.	3
хаяүн		1
хаяһүн		1
хәрами		1
хәтта	сын.	1
хи		1
хибаи	зат.	1
хикмет	зат.	21
хикметсіз	сын.	2
хикімет	зат.	1
химия	зат.	2
хирс		1
хисаб	зат.	2
хисап	зат.	6
хисапла	ет.	1
хия	зат.	1
Хожа		1
хош	үст.	8
хошлық	зат.	1
хусусан		1
хүзағи	зат.	3
хүзур		1
хүзыр	зат.	1
хүкім	зат.	1
хұлық		1
хұрмәт		1
хұснизан		1
хұсусан		1
хүкімші	зат.	1
хұсна		1
хүсідшілік	зат.	1
хірслан	ет.	2

Һ

Һай-Һай	од.	1
Һауас		1
Һәм	шыл.	57
Һәмишә		2
Һәмма		18

һәммаси		1
һәр	мод.	3
һәрбір	ес.	2
һәуа		1
һәуастан		1
һеш		1
һи		1
һират		1
һуә		1

Ш

шабан	сын.	1
шабанда	ет.	1
шабыл	ет.	1
шабын	ет.	1
шағатай		5
шағири		1
шағыл	ет.	1
шағым	зат.	1
шағын	сын.	1
Шаих		1
шай	зат.	1
Шайбақ		3
шайқа	ет.	8
шайқақта	ет.	1
шайқал	ет.	3
шайнас	ет.	1
шайтан	зат.	11
шайтандық	зат.	1
шақ	зат.	1
шақ	ет.	3
шақпақ	сын.	2
шақшы	сын.	1
шақ-шұқ	ел.	1
шақыр	ет.	11
шақырт	ет.	1
шақырыл	ет.	1
шал	ет.	8
шал	зат.	64
шала	сын.	11
шала-пұла	үст.	1
шалбар	зат.	2
шалғын	зат.	2
шалғырттан	ет.	1
шалдуарлық	зат.	1
шалдыр	ет.	1
шал-кемпірдей	сын.	1
шалқай	ет.	1
шалқақта	ет.	1
шалқақтық	зат.	1
шалқасынан	үст.	1
шалқы	ет.	8
шалықта	ет.	1
шалыс	ет.	1
шалыс	сын.	2
шам	зат.	2
шама	зат.	6
шаман	зат.	1
шамдан	ет.	1
шамы		1
шаншы	ет.	1
шаншыл	ет.	1
шаң	зат.	5
шаңқылда	ет.	2
шаң-тозаң	зат.	1
шап	ет.	35
шап	ел.	1
шапағат	зат.	2
шапағатты	сын.	1
шапақта	ет.	1
шапан	зат.	2
шапқат	зат.	4
шаттық	ет.	2
шаптыр	ет.	1
шапшаң	үст.	3
шап-шақ	сын	1
шар	зат.	6
шара	зат.	5
шарағат	зат.	1
шарайна	зат.	1
шарғы	зат.	1
шардақ	сын.	1
шариғат	зат.	7
шариф		5
шарқ		2
шарқ-ұр		2
шарла	ет.	3
шарт	зат.	8
шартарап	зат.	1
шартылда	ет.	1
шаруа	зат.	27
шаруасыз	сын.	1
шаруашыл	сын.	1
шарша	ет.	4
шаршат	ет.	1
шарық	зат.	1
шарықта	ет	1
шарт	ет.	5
шарт	зат.	3
шатақ	зат.	1
шатастыр	ет.	1
шатастырушы	зат.	1
шатраш	зат.	1
шаттан	ет.	1
шатыл	ет.	5
шатыр	зат.	2
шатырла	ет.	1
шау		1
шау-жай	зат.	1
шафағат	зат.	3
шафхат	зат.	1
шаһ	зат.	1
шаһар	зат.	8
шаһари	зат.	1
шаһбаз	сын.	1
шаш	зат.	8
шаш	ет.	12
шаян	зат.	1
шәйіт		1
шәкірлік	зат.	1
шәкірт	зат.	3
шәкіртсіз	сын.	1
шәмси		1
шәмсі-жиһан		1
шәрбәт	зат.	2
шәргез	сын.	3
шәриксіз	сын.	1
Шәріп		2
шәһар	зат.	2
ше	шыл.	1
шебер	зат.	1
шеберлік	зат.	6
шегелеулі	сын.	1
шегін	ет.	2

шегініс	ет.	1
шегіртке	зат.	2
шейін	шыл.	3
шейіт	зат.	2
шек	ет.	2
шек	зат.	1
шел	зат.	3
шелтірейіт	ет.	1
шен	зат.	1
шенді	сын.	1
шене	ет.	1
шеп-шебер	сын.	1
шер	зат.	2
шеркес	зат.	2
шеркеу	зат.	3
шеркеудегі	сын.	1
шерлі	сын.	2
шерміш	сын.	1
шерт	сын.	1
шерти	ет.	1
шет	зат.	10
шетте	ет.	1
шетік	зат.	1
шеш	ет.	2
шеше	зат.	10
шешен	зат.	3
шешендік	сын.	1
шешу	зат.	3
шешіл	ет.	2
шешілмегендік	зат.	1
шешін	ет.	1
ши	зат.	1
Шибан		1
шигә	зат.	1
шидем	зат.	2
шикі	сын.	2
шират	ет.	1
шиттей	сын.	1
шиыршық	зат.	1
шойын	зат.	1
шоқ	зат.	6
шоқпардай	сын.	1
шоқын	ет.	1
шола	ет.	1
шолақ	сын.	2
шолақтық	зат.	1
шолпы	зат.	1
шом	зат.	1
шомшы	зат.	1
шомыл	ет.	1
шонтай	зат.	1
шопан	зат.	1
шорқақ	сын.	1
шорқақта	ет.	1
Шортанбай		1
Шотқара		1
шошқа	зат.	4
шошы	ет.	12
шошын	ет.	5
шөл	зат.	3
шөлде	ет.	5
шөлмек	зат.	1
шөмей	ет.	1
шөмейт	ет.	1
шөмеңде	ет.	1
шөміш	зат.	1
шөншік	зат.	1
шөп	зат.	1
шөп	зат.	5
штык	зат.	2
шу	од.	2
шу	зат.	2
шуақ	зат.	2
шуақта	ет.	1
шула	зат.	1
шулас	ет.	3
шулат	ет.	1
шуылдақ	зат.	1
шуылдас	ет.	1
шұбырынды		1
шұғалдан	үст.	1
шұқы	ет.	2
шұрқыра	ет.	1
шұруғ		1
шұба	зат.	1
шүбәлі	сын.	1
шүбәсіз	үст.	1
шүй	ет.	2
шүкір	мод.	2
шүкірлік	зат.	1
шүкіршілік	зат.	1
шүлдіре	ет.	1
шыбық	зат.	1
шыбықтай	ет.	1
шыбықтай	сын.	2
шыбын	зат.	2
шыбында	ет.	2
шыбынсыз	сын.	1
шығанда	ет.	1
шығар	ет.	29
шығар	мод.	6
шығарып	ет.	1
шығын	зат.	5
шығында	ет.	2
шығыңдан	ет.	1
шығыңқы	сын.	2
шығыс	зат.	1
шыда	ет.	34
шыдағанша	үст.	1
шыдам	зат.	1
шыдамды	сын.	1
шыдамдылық	зат.	1
шыдат	ет.	2
шыжы	ет.	1
шыжық	зат.	1
шық	ет.	179
шық	зат.	2
шықандық	зат.	1
шыққансы	ет.	1
шыққанша	үст.	1
шықпағандық	зат.	1
шықпақтық	зат.	1
шықылда	ет.	1
шықылдақ	зат.	1
шықылықта	ет.	1
шылбыр	зат.	2
шылдақана	зат.	1
шылпылда	ет.	1
шымылдық	зат.	2
шымырла	ет.	4
шымырлат	ет.	3
шын	сын.	36
шын	зат.	13
шынашақ	зат.	1
шында	ет.	1

шынжырлаулы	сын.	1
Шынмашын		1
шынтақ	зат.	3
шыншыл	сын.	2
шыншылда	ет.	1
шынымен	үст.	2
шыныменен	үст.	2
шын	зат.	1
шынғырт	ет.	1
Шыңғыс		11
шыңғыстай	сын.	1
шыр	ел.	2
шырай	зат.	4
шыр айнал		1
шырақ	зат.	19
шырқа	ет.	1
шырқау	зат.	1
шырық	зат.	2
шырылдауық	сын.	1
шырыш	зат.	1
шідерлік	зат.	1
шілдер	зат.	1
шілде	зат.	1
шілік	зат.	5
шімрен	ет.	1
шіркін	зат.	2
шіркін	од.	5
шірі	ет.	3

Ы

ыза	зат.	17
ызақор	сын.	1
ызалан	ет.	1
ызаландыр	ет.	2
ызалы	сын.	2
ызғар	зат.	2
ық	зат.	3
ықлас	зат.	2
ықрар	зат.	4
ықтияр	зат.	1
ықтиярлы	сын.	1
ықтиярсыз	сын.	1
ықтиярсыздық	зат.	2
ықтырма	зат.	1
ықшам	сын.	1
ықылас	зат.	5
ықыласты	сын.	1
ылаж	зат.	2
ылай	зат.	1
ылайла	ет.	1
ылау	зат.	1
ымда	ет.	2
ымдас	ет.	1
ынсап	зат.	7
ынсапсыз	сын.	1
ынсап-ұят	зат.	1
ынта	зат.	4
ынталы	сын.	2
ынтасыз	сын.	2
ынтизар	сын.	1
ынтызар	сын.	1
ынтық	ет.	1
ынтық	сын.	4
ынтық	зат.	3
ынтықтандыр	ет.	1
ынтықтық	зат.	1
ынтымақ	зат.	2
ынтымақтас	ет.	1
ыңғай	зат.	1
ыңғайлас	ет.	1
ыңғайлы	сын.	4
ыңқыл	зат.	1
ыңқылда	ет.	1
ып-ықшам	сын.	1
ыра	зат.	1
ырбаң	зат.	1
ырбаңда	ет.	1
ырға	ет.	1
ырғал	ет.	3
ырғы	ет.	1
ыржақта	ет.	1
ыржаң	ел.	3
ыржаңда	ет.	4
ыржаң-қылжаң	зат.	2
ыржаңшыл	сын.	1
ыржи	ет.	1
ыржыңдас	ет.	1
ырза	зат.	1
ыршы	ет.	3
ырық	зат.	2
ырықта	ет.	1
ырылдас	ет.	1
ырылдат	ет.	1
ырым	зат.	1
ырыс	зат.	6
ыс	зат.	1
ысқыр	ет.	3
ысқырт	ет.	1
ыстық	сын.	12
ыстық-суық	зат.	1
ысы	ет.	2
ысын	ет.	1
ысыт	ет.	1
ыхлас	зат.	1

І

із	зат.	11
ізде	ет.	95
ізден	ет.	10
іздес	ет.	1
іздеуші	зат.	1
ізерле	ет.	3
іл	ет.	9
ілгері	үст.	4
ілді-жұлды	ет.	1
ілік	ет.	1
ілім	зат.	1
ілін	ет.	3
індет	зат.	1
іні	зат.	7
іңкәр	зат.	4
ірге	зат.	1
іргелі	сын.	1
ірі	сын.	3
ірімшік	зат.	8
ірің	зат.	1
іс	зат.	150
ісмер	зат.	1
істе	ет.	9
істелгендік	зат.	1
істес	сын.	1
істет	ет.	1
ісін	ет.	3

ісіп-кеуіп	ет.	1
іш	зат.	125
іш	ет.	38
ішек	зат.	1
ішек-қарын	зат.	1
ішкен-жеген	ет.	1
ішкері	үст.	1
ішкіз	ет.	1
ішкі	сын.	6
ішкілік	зат.	3
ішпек-жемек	ет.	1
іштегі	сын.	3
ішіндегі	сын.	1
ішіп-жеп	ет.	3
іші тар		1

Э

электр	зат.	1
элемент	зат.	2
Юніс		1

Я

я	од.	3
я	шыл.	71
я		1
яғни	шыл.	22
ядкар		1
яки	шыл.	26
якини		3
Ямшит		1
япырмай	од.	8
япырмау	од.	4
япырым-ай	од.	2
яр		2
ярым		1
ясашынай	ет.	1

Сөздікті әзірлегендер:
А. Жұбанов, А. Белботаев, С. Өскенбаев.

ЕСІМ КӨРСЕТКІШІ

Абаев Х. С. – **19**.
Абаза – 93.
Абдразманов Б. – 375.
Абдрахманов М. – **58**, 564.
Абдуллин Р. – 22, **58**, 185, 240, **305, 447, 590.**
Абдурашидов Р. – 605, 606.
Абжанов С. – 22.
Абралин А. – 93, 296.
Абылай – **59**, 60, 170, 249, 316, 437, 560, 567.
Абыралы – 444.
Автандиль – 18.
Ағашаяқ – 325.
Ағыбай – **60**.
Ағыбай батыр – **60**, 276.
Ағытаев С. – 46.
Адалис Л. – 486.
Адамбеков Ы. – 312.
Адышева Т. – 46.
Ажар – 14, **62**.
Ажар – 20, 21, 22, 191, 413, 447.
Азизов Ф. – 63.
Азил Б. – 605.
Азубай – 266.
Айбас – 361.
Айғанша Ы. – 300.
Айғыз – 48, **63**, 370, 430, 473, 519, 539, 546, 590.
Айдар – 20, 21, 22, 65, 191, 413, 447.
Айдар Б. – **63**.
Айдарбеков А. – 247.
Айдос – 47, **63**, 65.
Айманов Ш. К. – 23, **65**, 136, 184, 247, 303, 366, 514, 544.
Аймауыт – 64.
Аймауытов Ж. – 19, 20, 24, 34, 46, **64**, 124, 205, 315, 414, 456.
Айнабеков Қ. – **63**, 125.
Айни С. – 323, 421.
Айпара – 47, 65, 551.
Айтбаев А. – 366.
Айтбаев Ғ. – 366.
Айтбаев М. – 593.
Айтбаев Ө. – 88.
Айтқазы Ж. – 442.
Айтқожа – 362.
Айтматов Ш. Т. – **65**, 421, 441, 497.
Айтқожаұлы Б. – 440.
Айтолды – 144.
Айтуаров Е. – **66**.
Айымжан – 558.
Акбари С. – 606.
Акебиров Ю. – 540.
Акерман Б. А. – **66**.
Акиев Қ. – 375.
Ақан сері – **66**, 78, 159, 201, 226, 511.
Ақбаев Ж. – **66**.
Ақбөпе – 542.
Ақмолда – 511.
Ақсопы – 91, 548.
Ақтайлақ би – **67**, 137.
Ақтамберді – 137, 300.
Ақылбаев Б. Ә. – **68**.
Ақылбаев Б. Б. – **68**.
Ақылбаев Ш. – 66.
Ақылбай – 14, 31, 50, **68**, 69, 93, 114, 124, 127, 133, 151, 167, 181, 201, 208, 264, 295, 306, 359, 360, 369, 391, 392, 395, 415, 421, 437, 462, 473, 512, 559, 619.
Ақылбек С. – **69**.
Ақылия – **70**.
Ақынжанов М. – 46, 51, **78**.
Алаша хан – **79**, 124, 593, 627.
Алдамжаров Н. – 548.
Александров Ю. – 325.
Алексеев М. А. – 556.
Алекторов А. Е. – **79**.
Ализаде А. – 63.
Алкман – 325.
Аллаяр софы – **82**, 132, 558.
Алмазов С. – 605.
Алпаш О. – **82**, 249.
Алтайбаев Ж. – 60.
Алтыбай – 325.
Алтынсарин Ы. – 30, 46, 63, 70, **83**, 95, 189, 190, 292, 293, 310, 312, 342, 370, 379, 398, 424, 445, 446, 447, 450, 474, 491, 504, 509, 511, 524, 525, 540, 558, 567, 617.
Алшынбай Т. – **84**, 218, 239, 240, 325, 401, 542.
Алымқұлов А. – 559.
Аманжолов Қ. – **87**, 318, 491.
Аманжолов Р. – 57.
Аманжолов С. – 165, 298, 312.
Аманниязов Г. – **88**.
Анисимов Б. П. – **88**.
Анненский И. – 325.
Анов Н. И. – **88**, 404.
Антонов В. А. – **88**, 459.
Антошенко-Оленев В. И. – **88**.
Аңғал – 276.
Аңсары – 117.
Аплатон (Платон) – **89**, 91, 105, 117, 148, 342, 457, 472, 520, 582.
Аппас С. – **89**.
Аравин Ю. П. – **90**.
Арагон Л. – 35, **90**.
Араз М. – 63.
Аразтағанов А. – 88.
Аралбаев Т. – 407, 545.
Арго А. – 459.
Арғынбаев Т. – 66, 85, 226.
Арғынов Т. – 33.
Арғыншиев Т. – 23.
Ариосто – 325.
Аристов – 369.
Аристодим – **91**, 105, 184, 327, 342, 520, 540.
Аристотель – 17, **83**, **91**, 101, 148, 221, 229, 457, 486, 582, 587.
Аристофан – 198.
Арқабайұлы Д. – **91**.
Арқалық – 501.
Арқат Ж. – 428.
Армстронг И. А. – 512.
Арон Е. – 25.
Арсалаң – 299.
Арслан Н. – 538.
Артықбайұлы С. – 197.
Арутюнов Л. – 447.
Арынов Т. – 161.
Арыслан Н. Ғ. – **93**.
Асанқайғы – 107, 159.
Асфендиаров С. Ж. – **95**, 593.
Асылбек С. – **96**, 548.
Асылов Ұ. – 198.
Атаджанов С. – 540.
Аталық – **96**, 361.
Атамбеков Е. – 50.
Ата-Салих – 559.
Атаханов Н. – 514.
Атжар М. – **62**.
Аткнин Г. А. – **97**.
Аткнина А. П. – **97**.
Ахат Қ. – 45, **110**, 252.
Ахит – 255.
Ахмет Ә. – 64, 127.
Ахметбек Ы. – 612.
Ахметжанов А. – **110**, 259, 288.
Ахметқали К. – 405.
Ахметов З. – 52, 53, 54, 57, **110**, 193, 259, 318, 382, 406, 493, 546, 606.
Ахметов Р. – **110**.

Ахметов С. – **110**.
Ахметов Ш. – **111**.
Ахметова М. 302.
Ахмет Риза – 48, 111, 503, 581, 587, 603, 628.
Ахмет хан – 593.
Ахтанов Т. – **111**, 404.
Ахундов М. – 562.
Аяпов Ш. – **112**, 607.
Аятолла Ғ. – 190.

Әбен Б. – **114**, 261.
Әбенов Ш. – **114**.
Әбді Т. – 39, 263.
Әбдіғапар – 366.
Әбділда Б. – **113**.
Әбділдин Ж. М. – **113**.
Әбдірахман (Әбіш) – 15, 44, 50, 64, 72, 89, 90, 91, 93, 105, **113**, 114, 123, 144, 152, 157, 158, 161, 181, 187, 218, 239, 252, 267, 269, 272, 278, 281, 306, 391, 392, 393, 403, 404, 412, 418, 449, 472, 479, 484, 505, 518, 522, 530, 537, 538, 548, 551, 555, 556, 558, 593, 594.
Әбдірахман әл Халки – 89.
Әбдірахман әл Хамиси – 447.
Әбдірахманов Т. 549.
Әбен – 39, 520.
Әбенов Т. – 58.
Әбенов Ш. – 24, **138**.
Әбетов Ғ. – 210, 546.
Әбсалықов М. – 414.
Әбсәмет Ы. – **114**.
Әбуов Т. – **115**.
Әбілғазин С. – 524.
Әбілғазы-Баһадурхан 16, 41, 132, 157, 173, 369, 560.
Әбілмәмбет хан – 249, 316.
Әбілхайыр хан – 249.
Әбілхайыр 217.
Әбубәкір – 323.
Әбішев Ә. – 366.
Әбішев Б. Ә. – **115**.
Әбішев О. – 23.
Әбішұлы С. – 130, 131, 546.
Әдһәмова С. С. – **115**.
Әділ – 369.
Әділ Б. – 165.
Әділқан – 264.
Әбішұлы С. – 449.
Әжиев Ұ. – **115**.
Әжінияз – 323, 324.
Әжіхан – 366.
Әзім – 22, 101, **116**, 226, 419.
Әзімбаева Қ. – 117.
Әзімбай Т. – 40, **117**, 140, 431, 541.
Әзімхан Ш. – 21, 152.
Әйбөбек – 370.
Әйгерім – 20, 21, 24, 25, 38, 42, 44, 50, 70, 90, 91, 117, 127, 132, 161, 218, 226, 233, 276, 404, 407, 544, 555, 614.
Әйтек К. – 422, 444.
Әйтеке би – **117**, 567.
Әйтеке батыр – 299.
Әкімбай А. – 50, **117**, 279.
Әкімжан И. – **117**.
Әкімқожа – **117**.
Әлжанов Ш. Е. – **120**.
Әли М. – 606.
Әлиакпаров М. Т. – **120**.
Әлиев А. **121**, 607.
Әлин М. – 234, 294.
Әлихан Ә. – **122**.
Әлжанов Ш. – 253.
Әлизадә А. – 605.
Әлин М. – 283, 309, 376.
Әлихан Ә. – 273.

Әлмағанбет Қ. – 69, 72, **122**, 224, 392, 440, 543.
Әлмұхамбет – 268.
Әлхан – 70.
Әлі – 542.
Әлібек С. – 548.
Әлімбаев М. – **122**, 302, 404, 501.
Әлімбетов С. – **122**.
Әлімжанов Ә. – 165, **122**, 390, 404, 457.
Әлімқұл А. – 63, **122**, 359, 619.
Әлімқұлов Т. – 23, 33, 57, **122**, 304, 494, 541.
Әлімхан Т. – **123**.
Әлішер М. – 404.
Әмір Қ. – 44, 421.
Әміре Қ. – 33, 66, **123**, 175, 303.
Әміржан А. – **123**.
Әмір-Темір – 91, **123**, 135, 157, 170, 370, 501, 601, 627.
Әнет – 422.
Әнияр М. – **124**, 408.
Әпсәмет – 239.
Әпсәметов М. – 216.
Әрхам Ысқақов – 33, 57, 66, 85, 87, 114, **125**, 129, 151, 161, 175, 191, 193, 210, 250, 280, 287, 312, 326, 401, 405, 414, 472, 517, 529, 542, 593.
Әріп Т. – **125**, 133, 137, 238, 249, 258, 281, 282, 325, 405, 440, 524.
Әсенов Р. – 559.
Әсет Н. – 114, 126, 175, 238, 239, 275, 369, 447.
Әсия – 15.
Әубәкір – **126**, 127, 133, 151, 167, 258, 273, 359, 444, 459.
Әубәкір Ы. – 276.
Әубәкіров Я. – **126**.
Әуез Б. – 70, **127**, 130, 165, 424.
Әуезов А. – 318.
Әуезов М. М. – 390.
Әуезов М. О. – 20, 21, 22, 23, 24, 25, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 58, 65, 67, 70, 71, 83, 88, 95, 98, 100, 101, 102, 103, 109, 110, 112, 115, 117, 119, 120, 123, **127**, 133, 134, 137, 139, 142, 144, 146, 147, 150, 153, 154, 155, 163, 165, 168, 177, 183, 185, 190, 191, 193, 201, 210, 212, 218, 221, 222, 225, 226, 231, 239, 240, 241, 247, 249, 252, 253, 255, 258, 265, 273, 274, 276, 280, 288, 292, 297, 299, 300, 301, 302, 303, 304, 312, 314, 315, 316, 318, 322, 331, 332, 352, 359, 361, 365, 366, 372, 375, 377, 387, 393, 394, 402, 404, 405, 407, 408, 414, 417, 421, 422, 424, 438, 439, 440, 441, 444, 448, 456, 458, 459, 461, 462, 473, 476, 494, 497, 498, 499, 503, 504, 505, 514, 518, 520, 530, 537, 538, 541, 543, 544, 545, 546, 548, 549, 552, 553, 554, 554, 555, 558, 559, 562, 566, 578, 582, 583, 588, 593, 594, 599, 602, 606, 607, 609, 614, 621.
Әуезова Л. М. – 53, **127**.
Әуезхан – 127.
Әшімбаев С. – **134**.
Әшімбаев Т. – **134**.
Әшімов А. – 407, 545.
Әшімова Б. – 305.
Әшімова К. – 33.
Әшірбекова Р. – 247.

Бабаев А. – 63.
Бабажанов С. – 208.
Бабич Ш. – **135**, 538, 562.
Бабков – **136**.
Бабыр – 16, 103, 124, 132, **135**, 136, 191, 370, 462, 475, 558.
Бабыр М. – **135**, 233.
Багланова Р. – **136**, 305.
Бағфұр Ә. – 63, 122, 264, 619.
Бадраа Ж. – 605.
Бадыров Қ. – 20, 23, **136**, 303, 544.
Базанов Ә. – **136**, 251.
Базар – 398.
Базаралы – 39, 41, 44, 136.
Базарбаев М. – **137**.
Базарбаев Т. – **137**, 232.
Базарбай – 366.
Байбақты – 373.
Байболат Ә. – 422.
Байбосынов Қ. – 185.
Байбөрі Ә. – 444.
Байғара Қ. – **137**.
Байғожаев А. – 22.
Байғозы – 560.
Байғұтдинов К. – 33.
Байғұтұлы Қ. – 140, 354.
Байдалы – 37, 40, 494.
Байділдаев М. – 159.
Байжанбаев Ә. Н. – **137**.
Байжанов Қ. – 85, 123, **137**, 326, 366.
Байжұма – 373.
Байжігіт Т. – 299.
Байзақов И. – 60, 248, 303.
Байзақова З. – 87, 125.
Байкөкше Б. – 133, **137**, 325, 524.
Байқадамов Б. – 124, **138**.
Байқара Х. – 436.
Байқуда – **138**.
Байқұлақ – 49, **138**, 264, 301, 325, 524, 607.
Баймағамбетов Қ. – 323.
Баймағанбет М. – 21, 62, 72, **138**, 324, 325, 359, 424, 527.
Баймақанов М. Т. – **138**.
Баймурадов А. – 559.
Байрам-Шахир – 559.
Байрон Дж. – 17, 49, 77, **138**, 147, 149, 150, 221, 257, 288, 403, 408, 416, 457.
Байсал – 40.
Байсейітов Қ. – 22, **140**.
Байсейітова К. – **140**, 447, 590.
Байтанаев А. – 196.
Байтас – 38.
Байтұрсын – 140, 141.
Байтоқ – 446.
Байтұрсынов А. – 20, 34, 56, 70, 83, 124, 140, 201, 202, 206, 207, 216, 217, 241, 301, 302, 315, 456, 470, 481, 491, 501, 505, 507, 546, 593.
Байтілеуова К. – 319.
Байұзақ – **142**, 361.
Бақай Б. – 422.
Бақбергенов К. – 459.
Бақтыбай – 126, 558.
Бақтыгереев М. – 247.
Бақтығалиев А. – **142**.
Бақшайыш – 127.
Бақырғани С. – 142.
Балағаз – 41, 136.
Балақаев М. – 234.
Баласағуни Ж. – **143**, 369, 524, 558.
Балбала – 44.
Балқожа Б. – 191, 527.
Балта – 371.
Балуан Шолақ – 201.
Бальзак О. – 35, 147.
Бальхозин И. Б. – **144**.
Бану – 84.
Баптиса – 366.
Бара – 288.
Барадулин Р. – 606.
Барайсов М. Ш. – **144**.
Барақ – 370.
Баранов К. Л. – **144**, 308.
Бараташвили Н. М. – 381.
Барбанцио 366.
Басари – 117.
Басығара – 276.
Батцэвэл Ц. – 605.
Бахрамгур – 229.

Бахтия И. – 564.
Баширов Ғ. – 538.
Башкуров Р. Ш. – 549.
Баян – 361, 560.
Баянбаев Қ. – 302.
Бәзіл – 301.
Бәйменов Б. Ә. – **150**.
Бәйісов Б. – **151**.
Бәйішев С. – **151**.
Бәкизат А. – 151, 459, 527.
Бәпи – 84.
Бәстами М. – **152**, 494.
Бәтибала – **152**, 424.
Бәхниязов Һ. – **152**, 564.
Бәшей – 421.
Бегалин С. – 46, **152**.
Бегалыұлы – 115.
Бегеш С. – **152**.
Бегімбетов Ы. – 93.
Бейнберг П. И. – 438.
Бейсеков Н. – 25.
Бейсембаев С. – **152**.
Бейсембиев Қ. – 32, 51, 52, **152**, 193, 210, 583, 584.
Бейсенбаев М. – 32, 33, 34, 123, **152**.
Бейсенбай Ж. – 104, 133, **153**, 361, 520.
Бейсенбі Ж. – **153**.
Бейсенғалиев А. – 524.
Бейсенова Ғ. Н. – **153**.
Бекболат – 366.
Бекбосынов О. – 124, 242.
Бекей – 117.
Бекен – 255.
Бекенов У. – **153**, 502.
Бекин М. – 230.
Бекмаханов Е. – 60, **153**, 276.
Бекметов М. – 590.
Бекметов Х. Х. – 590.
Бекмұратов С. – **153**.
Бекмырадов А. – **153**.
Беков О. – 514.
Бектемір – 265.
Бектеміров А. – 319.
Бекхожин Қ. 21, **153**, 242, 309, 404, 491.
Белинский В. Г. – 17, 18, 35, 49, 78, 84, 85, 88, 123, 129, 141, 292, 357, 381, 387, 408, 423, 451, 457, 471, 473, 490, 540, 546, 559, 582, 583, 620, 622.
Белмурадов А. – 559.
Белоглазов Г. И. – 58.
Белокурский И. Н. – **154**, 290.
Белоногов Т. Т. – 166.
Белослюдов А. Н. – 34, **154**, 512, 515.
Белослюдов В. Н. – **154**, 512, 515.
Белослюдов Н. Н. – 154, **155**, 481, 515.
Белоусов А. П. – **155**.
Белоусова М. А. – **156**.
Белоцерковский И. И. – 34, 437.
Бельгер Г. К. – 19, **156**, 183, 266, 438, 588.
Беляев М. М. – **156**.
Бергер А. С. – **156**.
Бердақ – 323, 324.
Бердеш – 117.
Берді – 127, 401.
Бердібаев Р. – **156**, 566.
Береговая З. И. – **156**.
Березин И. Н. – **156**, 279, 369, 398, 515, 560, 590.
Берекехан Қ. – **156**, 374.
Бернес Р. – 77.
Бертельс Е. Э. – 148.
Бертіс би – 141, 566.
Бианс А. – 375.
Бимбоэс А. Э. – 33, 85, **160**, 209, 364, 370, 390, 414.
Бируни – 524.
Бисенова Ғ. – 85, **210**.
Битен – 566.
Бичер Стоу – 369.
Бичурин Н. Я. – 173, 174.
Блек А. Л. – **160**, 395, 396, 438, 514.
Блок А. А. – 257, 447, 515.
Бобо Хожи – 540.
Бокль Г. Т. – 162, 277, 513.
Боқонбаев Д. – 376.
Бопы – 231.
Бораганский И. – 166, 273, 302.
Боранбаев Ә. – **163**, 544.
Бородин Н. А. – 166.
Боруньски В. – **164**.
Борчалы Э. – 63, 605.
Ботбаев Д. – **165**.
Ботвинник С. – 459.
Боттинг Т. – 605, 606.
Бөгенбай А. – **165**, 206, 437, 560, 567.
Бөжеев М. – 31, 57, **165**.
Бөжей Е. – 37, 38, 40, 41, **165**, 225, 247, 371.
Бөкеев О. – 65, **165**, 404.
Бөкеева Х. – 23, 303, 544.
Бөкейханов Ә. Н. – 34, 60, 70, **166**, 167, 216, 217, 241, 173, 302, 307, 419, 457, 505, 546, 593.
Бөкейханов М. Н. – 168, 208.
Бөкейханов Н. – 168.
Бөлекбаев Р. – 313.
Бөлтірікова С. Т. – **167**.
Бөрібаев Ү. – 48, 92, 136, 268, 272, 352, 418, 578.
Бродский Д. – 21, 305, 459.
Брусиловский Е. Г. – 33, 66, 90, 123, **168**, 175, 240, 280, 303, 304, 366, 414, 447, 542, 552.
Брюсов В. Я. – 255, 325.
Брюханов В. А. – **168**.
Бугаевский В. – 459.
Букетов Е. А. – **168**.
Булычев Е. – 439.
Бумане Л. – 375.
Бунин И. А. – **168**, 364, 451.
Бурабаев М. С. – **169**, 587.
Бурахан – 127.
Бутлеров А. М. – 583.
Бұғыбай – 276.
Бұйрин Т. – 549.
Бұқарбай – 276.
Бұланбай Н. – **169**.
Бұлқайыр – 614.
Бұлқайыров Ә. – 93.
Бұхар – 28, 102, 104, 107, 109, 165, **170**, 176, 201, 203, 249, 286, 300, 353, 437, 511, 525, 567, 608.
Біке К. – 422.
Білəл – 555.
Біржан Қ. – 14, 22, 78, 133, **177**, 201, 206, 226, 447.
Бірімжанов А. – 593.
Бірімқұлов С. – 53.
Бітімбаев М. – 93.
Бітімбай – 361.
Бітімбайұлы Ә. – 515.

Варкентин И. – **180**, 588.
Васецкий Г. С. – **293**, 524.
Великанов В. В. – 124, **180**, 303, 304.
Великанова Р. В. – **180**.
Вергили – 325.
Верди Дж. – 208.
Вернер К. А. – 93, **180**.
Веселовский А. Н. – 499.
Веянс А. – **180**.
Вильный В. М. – **180**, 606.
Винокуров Е. М. – **180**, 459.
Вишневский 370.
Вл. Александрович – 260, 399.
Врангель А. Е. – 512.
Вяткин М. П. – 297.

Гадеева Т. С. – **181**.
Гаджиев А. А. – 63.
Гаев Н. С. – **181**.
Гаспринский Ы. – **181**.
Гасфорт – 560.
Гасымзаде Г. – 63, **605**.
Гатов А. – 294, 305, 459.
Гегель Г. В. Ф. – 169, 621.
Гейне Г. – 147, 424, 438.
Гейнс А. – 242.
Гельнюк С. – 606.
Генке Г. Г. – **182**, 198, 438.
Георги И. – 77.
Георгицэ И. – 605.
Герасимов Б. Г. – **182**, 408, 457.
Герцен А. И. – 17, 49, 84, 129, 242, 329, 408, 582, 583, 584.
Гете И. В. – 17, 19, 49, 114, 118, 119, 149, 150, 156, **182**, 183, 198, 221, 257, 266, 268, 316, 325, 326, 376, 410, 438, 457, 588, 607.
Гили ас-Саид Абд ар-Рахман – 95, **183**, 606, 607.
Гирс Қ. – 242.
Гладышев Д. – 249.
Глинка М. И. – 412, 529.
Глоба А. – 21, 305, 447, 459.
Гоголь Н. В. – 65, 114, 289, 366.
Годжабашян Е. А. – **183**, 308.
Головков Г. А. – **183**.
Голубович В. В. – 23, **183**, 303.
Гомер – 148, **184**, 238.
Гончаренко И. И. – **184**, 606.
Гончаров И. А. – 289.
Гончарук З. В. – **184**, 606.
Горлевский В. А. – 216.
Горький А. М. – 31, 73, 77, 155, 255, 421, 439, 555.
Гребенщиков Г. – 155, 265.
Гржевичек Л. – **184**, 605.
Грибоедов А. С. – 114, 490.
Григорьев В. А. – **184**.
Гризбил Г. И. – 90, **185**, 303.
Гросс С. С. – 35, 129, 141, 160, 181, **185**, 251, 395, 396, 451, 514.
Губер Э. М. – 438.
Гужел А. – 605.
Гуллаев Н. – **185**, 559.
Гуммель Ю. В. – **188**.
Гурьев А. А. – **188**, 233, 364, 370.
Гурьевич А. М. – **188**, 245, 304, 471.
Гутковский К. – 242.
Гүлбарам – 255.
Гүлсім – 255.
Гюго В. – 65, 424.

Ғаббасов – 46, 124, 155, **189**.
Ғабдолла – 124.
Ғабдуллин Б. – 34, **189**, 210.
Ғабдуллин М. – **189**, 566.
Ғабдуллин Н. – 54, 309.
Ғабдұлғақ Ж. – 494.
Ғабділманап – 117.
Ғабидолла Ғ. – **190**, 191, 235.
Ғабитхан Ғ. – 45, 48, 68, 92, 157, **190**, 191, 231, 233, 235, 252, 276, 362, 371, 398, 473, 519, 526, 527, 590.
Ғазел Ж. – **190**, 233, 254.
Ғазиз И. – 503.
Ғазимов Е. – 315.
Ғайнуллин М. – 538.
Ғайса – **190**, 269, 270, 421, 520.
Ғали (Әзіреті Әли) – 91, 105, **117**, **190**.
Ғалия – 494.
Ғалымбаева А. – **191**.
Ғапур – 68.
Ғаффор Мирзо – 540.
Ғафур уа Сағид – 192.
Ғизатов Б. – 305.
Ғосман – **192**.
Ғумаров С. Н. – 192.
Ғулам Ғ. – 462, 589, 605.

Дайырбаев Е. – 414.
Дайырбай Қ. – 197, 392.
Далаңқара – 299.
Даль В. И. – 513, 569.
Дамдин Г. – 605.
Данияр – 255.
Дансаранжав Ж. – 605.
Данте А. – 257.
Дарап – 228, 229.
Дарвин Ч. Р. – 17, 49, 147, 408, 513, 582.
Дареджан – 18.
Дари – 229.
Дауани – **199**, 476, 477, 522.
Дауылбай – 362.
Дәмегей М. – **200**, 233, 422, 494.
Дәмежан – 320, 370.
Дәндебай – 64.
Дәненов Ж. – 323.
Дәркембай – 23, 39, 41.
Дәрмен – 41, 43.
Дәулетбаев З. – 323.
Дәулеткерей Ш. – **208**.
Дәулетияр Б. – **208**.
Дезак – 242.
Декарт Р. – 147, 582.
Дельвиг А. А. – **208**, 412, 529.
Демокрит – 169.
Демшінов Х. – 249, 258, 415.
Дербісәлиев Ә. – 566.
Дербісалин Ә. Ж. – **208**.
Державин В. – 305, 459.
Державин Г. Р. – 114.
Дернова В. П. – 33, **208**, 315.
Дәһлеви – 104.
Джамил А. – 63.
Диваев Ә. – 216, 398.
Дилбазы М. – 63, 605.
Диоген Л. – 89, 625.
Добролюбов Н. А. – 17, 35, 129, 141, 177, 381, 457, 470, 473, 540, 582, 583.
Довгий О. П. – **210**, 606.
Долгов – 21.
Долгополов Н. И. – 32, 35, 48, 88, 129, **210**, 251, 265, 395, 430, 451, 520, 582.
Долқун Я. – **210**.
Донос А. – 605.
Дорошев Ю. П. – **211**.
Досақ – 362.
Досжанов Д. – **211**.
Доскей Ә. – 60.
Доскей Ж. – 260.
Досмағамбетов С. – 544.
Досмұхамедов Ж. – 593.
Досмұхаметов Х. – **211**, 241, 312, 593.
Доспанбет – 107, 201.
Достоевский Ф. М. – 35, 141, 289, 511, 512, 513.
Досымжанов Б. – 22, **211**, 305, 590.
Дәлетов А. – **211**, 564.
Дәнентаев С. – 83, **210**, 440.
Дрэпер Дж. – 49, 141, 147, **213**, 277, 457, 513, 524.
Дужнов А. Н. – **213**.
Дулат Б. – 28, 74, 102, 104, 109, 133, 137, 170, 176, 201, **213**, 286, 300, 353, 446, 473, 511, 525, 608.
Дулатов М. – 20, 34, 70, 83, 166, 201, 202, 206, 207, **215**, 216, 217, 301, 302, 456, 457, 481, 491, 501, 506, 549, 593.
Дулатова Г. – 216.
Дуниковский 276.
Дурды-Клыч – 559.
Дүзелханов А. – **218**, 231, 309.
Дүйсеке У. – 261, 294.
Дүйсен – **218**.
Дүйсенбаев Ы. Т. – 21, 50, 57, 123, 193, **218**, 314, 315, 458, 459, 497, 546, 578, 606.
Дүйсенқұл – **218**, 502, 503, 527, 531.
Дүтбай У. – **218**, 261, 283, 294.
Ділдә А. – 22, 38, 50, 68, 90, 91, 113, 117, 127, 165, **218**, 226, 233, 260, 279, 294, 306, 360, 365, 391, 401, 418, 494, 518.
Ділән Ж. – 260.
Діністәм Ә. – 117, **222**.
Дінішев Ә. – 305, 590.
Дьяков В. – 544.
Дьяков П. И. – **222**.
Дюгамель – 242.
Дюма А. – 147, 150, **222**.
Дячкин А. А. – **222**, 314.

Евтушенко Е. А. – 447.
Едіге – 560.
Елебеков Ж. – 33, 66, 85, **224**, 226, 280, 305, 353, 414.
Елизавета Петровна – 249.
Елксне А. – 375.
Елшібек – 560.
Елібаев Е. – 539.
Еңлік – 68, 225, 309, 310, 369, 393, 497, 520, 577.
Ералы К. – 48, 225, 474.
Ербол К. – 38, 225, 247, 274, 430.
Ерғалиев С. – 544.
Ерғалиев Х. – **225**, 404.
Ерден – 25.
Еренбаева Ә. – 53.
Ержанов М. – **226**.
Ержанов М. Т. – **226**.
Ерзакович Б. Г. – 33, 53, 54, 66, 85, 96, 124, 161, 224, 303, 304, 305, 354, 364, 402, 412, 414, 529, 542.
Еркежан И. – 45, 50, 151, **226**, 252, 273, 429, 431, 459.
Еркөкше К. – 258.
Ер Көкше – 560.
Ер Қосай – 560.
Ермек Ж. – 612.
Ермеков Ә. – 155, 593.
Ерсәлімов Б. – **227**.
Ершов П. П. – 560.
Есболова Б. – 125.
Есенәлиев Б. – 319.
Есенбай Ш. – **228**.
Есенберлин І. – 165, **228**, 276, 404, 519.
Есенбұға – 627.
Есенжанов Х. И. – 228, 404.
Есентай – **228**.
Есенин С. – 424.
Ескендір (Македонский) 17, 91, 83, 101, 124, 148, 149, 157, **228**, 229, 230, 285, 395, 450, 462, 581, 628.
Есмаханов А. Б. – **231**.
Еспаев Ә. Ы. – 54, 231, 304, 305, 552.
Еспенбет – 218.
Естай Б. – 226, **231**.
Есімов Ғ. – 96, 97, **231**, 305, 589.
Есім төре – 60.
Есім хан – 206, **231**, 251, 333, 358, 542, 592.
Есіркеев Р. – **232**.
Есіркеп А. – 428.
Ешмуратов Х. – 544.

Жабай Б. – 165, 371.
Жаббаров Ж. 606.
Жағыпар М. – **233**, 254, 274.
Жайлауов Ө. – 34.
Жақанов І. **237**, 253, 424.
Жақия Б. – **237**, 432.
Жақсылық **112**, 237, 527, 531.
Жақсымбетова М. 247.
Жақып А. – 114, 268
Жақып 502.
Жақыпбаов Б. – 57.
Жақыпбек 64.
Жалаири Қ. – 157, 560.
Жалилов И. – 564.
Жалмұханов Ғ. И. – **238**.
Жаманбала – **238**.
Жаманқұлұлы Р. – 312.
Жаманова Р. – **238**, 305, 590.
Жамантай – **238**.
Жамбыл Ж. – 107, 161, **238**, 239, 258, 437, 497, 530, 548, 559.
Жами – 35, 559.
Жанақ С. – 104, 133, 206, **239**, 361, 446, 499.
Жанатай – 560.
Жанәлі Б. – 265.
Жанбала – 154.
Жанбатыр – 258.
Жанболатов М. – 211, **240**.
Жанғұтты Б. – **240**.
Жандарбеков Қ. – 22, **240**, 303, 514, 543.
Жандосов О. – 593.
Жандыбаев Р. – 57, 58, 66.
Жанділдин Н. – 293, 524.
Жанкүміс – 614.
Жаңқожа – 361.
Жанна д'Арк – 150, 190, **269**, 421, 520.
Жанпейісов Е. Н. – 57, **241**.
Жансүгіров І. – 20, 34, 56, 225, **241**, 312, 440, 491, 497, 507, 514, 540, 546, 562, 582.
Жантөрин – 276.
Жанұзақ – 242.
Жанығұл – 84.
Жапар – 555.
Жарқынбай 127.
Жармағамбетов Қ. – 304, 318.
Жароков Т. – **245**, 312, 491.
Жарықбаев Қ. – 51, 69, **476**.
Жарылғапберді – 226.
Жауһари – 45.
Жаяу Мұса Б. **248**, 363, 447.
Жәкежан – 558.
Жәкенов Р. – 543, 544.
Жәкеұлы М. – 266.
Жәлилов И. – **249**.
Жәнке хан – 124, **249**.
Жәнібек – 206, 249, 560.
Жебрәйіл Т. – 82, **249**, 427.
Жездібаев Қ. – 124.
Железнова И. – 605, 606.
Жигитов С. – **376**.
Жидебай 281.
Жиембет – 107.
Жиренше Ш. – 20, 22, 40, **252**, 520, 607.
Жиреншин Ә. – 35, 50, 129, 154, 209, **252**, 314, 546, 566.
Жирмунский В. М. – 264.
Жовтис А. Л. – 234, **252**, 305, 459, 606.
Жоламан 276.
Жолдак О. И. – **253**, 606.
Жолдыбаев М. – **253**.
Жолжақсы – **253**.
Жолсараев Д. – 409.
Жолшара – 239.
Жомартбаев Т. – 46, 63, **254**, 440, 506.
Жортар Ы. – 48, 428, 474, 612.
Жошы – 124, 157, **172**, **254**, 394, 518, 601.
Жошыхан Ж. М. 233, **254**.
Жукова П. Г. – 51.
Жуковский В. А. – 114, 149, 182, 474, 490, 607.
Жұбанов А. Қ. 21, 22, 24, 33, 47, 58, 90, 134, 140, 162, 177, 185, 188, 209, 211, 226, 238, 240, **254**, 296, 303, 305, 315, 323, 402, 414, 418, 424, 438, 447, 514, 518, 542, 543, 577, 590, 593, 596, 599, 603

Жұбанов Қ. – 56, 57, 115, **255**, 525, 556, 582.
Жұбанова Ғ. – 232, 246, 251, **255**, 303, 304, 308, 364, 552, 595.
Жұмабаев М. – 20, 34, 201, 202, 205, 206, 207, **255**, 256, 257, 267, 456, 506, 507, 510, 511, 593.
Жұмабай – 38.
Жұмабай қажы – 255.
Жұмағалиев А. – **257**.
Жұмағалиев Ә. – **257**.
Жұмағалиев М. – 53, 315.
Жұмағұл – 37.
Жұмаділов Қ. – **257**, 300, 404.
Жұмажанов Қ. – **257**.
Жұмалиев Қ. – 25, 46, 50, 54, 56, 209, 257, **258**, 302.
Жұмамұратов Т. – 34, **258**.
Жұмахан Қ. – 360.
Жұмырбай – 398.
Жұртбаев Т. – 24, **258**.
Жұртыбай – 62.
Жұташиев А. – 375.
Жүзбасов Қ. Т. – 85, 87, 137, 175, 232, 247, 249, **258**, 326, 353, 402, 415, 517, 529, 538, 547.
Жүнісов С. – **258**.
Жүнісова М. – 33.
Жүніс хан – 249.
Жүнісхан Б. – **258**, 281.
Жүсіп А. – 84, **260**.
Жүсіпов Ә. – **260**.
Жүсіпов И. – **260**.
Жүсіпұлы Ә. – 371, 473.
Жылқайдаров И. 125, 249.
Жылтыр – 70.
Жылысбаев Б. – 590.
Жычка Хв. – 606.
Жіріпек – 46.

Забаштаньский В. О. – **263**, 606.
Завизионная И. Ю. – **263**.
Завизионный Г. Д. – **263**.
Зағипа Ә. – 263, 422.
Заковряшин А. Г. – 264.
Замаховская М. 459.
Затаевич А. В. – 33, 66, 85, 123, 124, 154, 208, 209, **264**, 308, 315, 364, 370, 390, 417, 542, 596.
Зәбила Ә. – 122, 264.
Зека Р. – 605.
Зверев М. Д. – **265**, 404.
Звонок А. – 606.
Звягинцева В. – 305, 322, 447, 459.
Зевксис – 148, 265.
Зейналлы А. – 63, 605.
Зейнелғабиден ибн Өмре әл Жауһари – 34, 130, 254, 562.
Зейнеп – 497, 541.
Зейнеп Қ. – 21, **265**, 459.
Зейнеп Ө. – 473.
Зек Р. – 63.
Зекки О. У. – 23, **265**.
Зелинский Г. – **265**, 628.
Зенкович М. – 459.
Зере – 23, 24, 37, 42, 45, 48, 190, 226, 247, 252, **265**, 514.
Зере Ә. – 274, 474.
Зиат Ш. – **265**.
Зийатай Ә. – 63, 605.
Зиманов С. – **266**.
Зотников А. И. – **266**.
Зүлғарыш – 117.
Зүлқашев Ч. – 247.
Зүлпықар – 117.
Зүмрад – 462.
Зүбайыр Т. – **266**.
Зүлфия – 409.

Иамсарай Ж. 605.
Ибақов Ы. – 93.
Ибн Сина – 157, 579.
Ибрагимов Ғ. – 255, **267**, 238, 562
Ибрагимов С. – **268**, 607.
Ибрагимов Т. – 32.
Ибрагимова Т. 305.
Ибраев Б. – 46.
Ибрай И. – 268.
Ибрай К. – 268.
Ибраһим Аразлы М. – 605.
Иван Грозный – 37.
Иванов Г. П. – **268**.
Иванов-Сокольский М. М. – 124, **268**, 304.
Иван Семенович – 474.
Ивашкевич Я. – 370.
Игенсартов Ғ. – **268**.
Иззат С. – 462.
Измаил – 288, 317.
Измайлов П. Я. – **268**.
Икроми Д. – 540, 541.
Иқанбай – 395.
Ильин Н. – 458.
Ильина Л. А. – 134.
Ильминский Н. И. – 398.
Иман – 276.
Иманбазар Қ. – **258**, 268.
Имаханов Б. – 543.
Инал – 364.
Инғам – 393.
Иовенко С. А. – **269**.
Исаакян А. С. – 381.
Исабаев И. – 97, 261, **269**, 308, 459.
Исабаев Қ. – 183, **269**, 326, 438.
Исабеков Д. – 404.
Исакова А. – 66, **270**.
Исатай Т. – 208, 374, 400, 401, 446.
Исмайылов С. – **270**, 607.
Исрайыл А. – 242, **270**, 295, 395, 437.
Иханова А. – **270**, 578.
Иһсан – 393.
Ишағы Ж. – 233, **270**.

Казакова Р. Ф. – 447.
Казанцев – **272**.
Казот Ж. – 94.
Камалия – 233.
Кант – 157, 169.
Капутикян С. П. – 447.
Карабан П. – 305, 459.
Карамзин Н. М. – 114.
Карин С. Х. – 198.
Карпов А. Ф. – 93, **272**.
Касаткин М. – 459.
Кацнельсон А. И. – **272**, 606.
Кекенұлы Х. – 197.
Кекітай Ы. Қ. – 14, 34, 45, 50, 67, 72, 112, 124, 130, 131, 132, 151, 167, 217, 271, **272**, 273, 275, 281, 302, 374, 391, 401, 422, 438, 449, 451, 511, 524, 537, 543, 555, 558, 612.
Кекішев Т. – **273**.
Кемали – 282.
Кемелия – **273**.
Кеметов Қ. – 218.
Кемила М. – **274**.
Кемшат Қ. – 38, 370.
Кенчэли Н. – 605.
Кериева Ж. – 570.
Керменов Ж. – **274**, 302, 305.
Керібай – 126.
Керім – 255.
Керімбаев С. – 54, 304.
Кебек – 68, 225, 240, 309, 310, 369, 393, 520, 577.
Кей-Кабус – 271.
Кекілбаев Ә. – **274**, 404.
Кекілов А. – 559.
Кенбаев М. **276**.
Кенебаев О. – 319, 407.
Кенен Ә. – 274, 437.
Кенесары (Кене) Қ. – 59, 60, 84, **276**, 446.
Кенжалы Ө. 165, 371.
Кенже – **277**.
Кенже А. – 50, 117, **276**.
Кенжебаев Б. – 46, 47, 52, 54, 57, 115, 253, 276, 309, 313, 416, 440.
Кенжебаев Ж. – 444.
Кенжебаев Ш. Б. – **276**.
Кенжеев Ә. – **276**, 544.
Кенжеков А. – 247, 544.
Кенжехан – 127.
Кениг А. Г. – 277.
Кеннан Дж. – 34, 147, 162, **277**, 438, 513, 515.
Кеңгірбай Ж. – 127, 169, 263, **277**, 393, 607, 612.
Кеңесбаев І. – 57, 277, 298.
Кепрюлю М. Ф. – 191.
Кербабаев Б. М. – **278**, 559.
Кер-молла – 559.
Керім – 21.
Керімбала – 44.
Керімжанова Б. – 376.
Кесслер К. Ф. – 399.
Киреев В. А. – **278**.
Клейнмихель З. – **279**, 438.
Клермонт К. – 416.
Ковалевский Е. П. – 242.
Коломниець И. – 606.
Колпаковский Г. А. – 165, 242, 371.
Кольцов А. – 77.
Комейни К. – 606.
Конфуций – 157.
Коншин Н. Я. – 155, 168, 181, 240, 279, 361, 362, 398, 448, 481, 514, 515.
Корнилов И. Е. – 524.
Костелецкий Н. Ф. – **279**, 398, 590.
Костылев И. – 458.
Кошкин Ю. А. – 192.
Кебдіков Т. – 66, **279**, 437.
Кебеев С. – 456, 491.
Кебей – 325.
Кебікен Т. – 422.
Кежекбай Ж. – 167, 238, **279**, 444, 527, 528, 545, 546.
Кекбай Ж. – 21, 22, 24, 50, 55, 59, 70, 72, 114, 115, 117, 131, 136, 167, 169, 170, 201, 236, 258, **281**, 282, 283, 307, 312, 319, 325, 369, 391, 405, 444, 506, 521, 524, 527, 531, 548, 559, 625.
Кекебай К. – 296.
Кекей – 398.
Кел-Еркен – 364.
Кепішев Қ. – 314.
Керпебай Б. – **290**, 427, 548.
Кер хан – **290**.
Кетібақ – 47, 63, 65, 167, 527, 611.
Кешеков 91.
Кешеңқызы Б. – 440.
Кешербаев Б. А. – **291**, 316.
Кешкінбаев М. – 326.
Крафт Рут – **291**.
Крестовский И. В. – **291**.
Кривощеков Л. Д. – **291**, 459.
Крошин В. – 45.
Крутильников Н. И. – **291**, 515.
Крылов В. А. – **291**, 406.
Крылов И. А. – 14, 17, 18, 22, 31, 47, 50, 53, 78, 83, 84, 90, 95, 98, 100, 101, 114, 124, 131, 132, 142, 147, 165, 196, 212, 224, 227, 245, 264, 273, **291**, 301, 302, 307, 314, 315, 327, 354, 355, 359, 376, 417, 424, 426, 432, 440, 444, 451, 454, 456, 457, 474, 490, 492, 497, 503, 513, 519, 559, 582, 604, 607.
Крымский – 216.
Ксенофонт 148, 342.
Ксенефонтова Т. В. – 66, **293**.
Кугильтинов Д. Н. **293**.
Кудашов В. А. – 45, 157, **293**, 362, 363, 398

Кужеленко О. Д. – **293**.
Кузнецов П. – 365.
Кукуруза С. В. – **293**.
Кулиев Қ. – 46, **294**, 424.
Курчайлы Ә. – 605.
Куценко П. Е. – **294**.
Күдері – 323.
Күйісбай Ә. – 217, **294**.
Күләндам – 255.
Күлбадан – 30, 50, 136, 218, 261, 269, **294**, 296, 301, 391, 478.
Күлеев Б. – 34, 52, 255, **294**, 295, 440.
Күлембай Б. – 68, **295**, 527, 559.
Күлзипа И. – 295.
Күлманар Ғ. – 233.
Күлсейітов З. – 366.
Күміс Ж. – 260.
Күмісбеков К. – 280, **296**, 304, 319.
Күнқожа – 323.
Күнке – 48, **296**, 430, 612.
Күнту Ш. – 49, 225, 252, **296**, 431, 520, 607.
Күнімжан – 366.
Күшікбай – **297**.
Кыркелан Ю. – 605.
Кюрчали А. – 63.
Кянь-дэ – 173.

Қабай – 34, **299**, 566, 605, 606.
Қабанбай Қ. – 206, **299**, 300, 437, 567.
Қабдиев Д. – **300**.
Қабдолов З. – **300**.
Қабжалелов Х. – 309.
Қабидолданов Б. – **300**.
Қабыл – **300**, 429.
Қабылов І. – **169, 582.**
Қабыш К. – **300**.
Қабыш С. – 530.
Қабыш Ш. – 300.
Қағаров М. А. – **300**.
Қадиша Б. – **301**.
Қадиша Д. – 261, 294, **301**.
Қадырбай – 499.
Қажығалиев Ш. С. – 301.
Қажымұқан М. 366.
Қазанғап Қ. – 268, 542.
Қазанғапов Б. Т. – **316**.
Қазтуған – 107.
Қазыбек би – 84, 117, 141, 206, **316**, 542, 567.
Қайдаров Ә. – **317**.
Қайдос – 47.
Қайрақбай – 117.
Қайыпназаров М. 169.
Қайырбеков Ғ. – 314, **318**, 404.
Қақабай – 84.
Қаламбаев Д. – 319.
Қалдан-Церен – 59, 437, 560.
Қален – 439.
Қалижан – 255.
Қалиман Т. – **318**.
Қалиұлы Ш. **318**.
Қалқа – 225.
Қалқаман Ә. – 309, 310, 444.
Қалмырзаев Ә. – 58, **319**.
Қалтаев Б. – 247.
Қалуов С. 53.
Қалымов М. Ғ. – **319**.
Қалышер М. – **320**.
Қалімбетов Т. – 324.
Қамбарбаева Г. М. – 210, **320**, 458.
Қаметов Қ. Ә. – **320**.
Қамқа – 36, 371.
Қамысбай 37, 264.
Қанай Қ. – **320**.
Қанағат А. – 266.
Қанағат Ш. – 429.
Қанапиянов Б. – 23.
Қанапиянов Ж. – **320**.
Қаноғат М. – 540.
Қантай Б. – 141, 566.
Қанықей – 21.
Қаңлықожа – 364.
Қапия Қ. – 300.
Қапсәлем Ә. – 273.
Қапсәлемов Ә. – 46.
Қапура Ы. – 152.
Қарабай 361.
Қарабатыров А. – 390.
Қаражан – 117, 264, 541.
Қаражігітов Н. Н. – **323**.
Қараменде Ш. – **325**.
Қарамендин С. – **325**, 524.
Қарамолда – 502.
Қарасақау Қ. – **327**.
Қаратаев М. Қ. – 316, **352**, 404, 459.
Қаратай С. – 40, 165, **352**, 371, 577.
Қарашев О. – 295, **353**, 354, 440, 447, 511, 593.
Қарқабат – 558.
Қарлығаш – 21, 22.
Қарпықов А. – 46.
Қарындаш А. – 518.
Қасиманов С. – 33, 227, **354**, 529.
Қастеев Ә. – 306, 308, 313, **354**.
Қасым – 392.
Қасымбеков Ә. – 242.
Қасымбеков М. У. – **358**.
Қасым хан – 206, 231, 251, 333, **358**, 542, 592.
Қатипа – 421.
Қатпа Қ. – 312, **359**, 363.
Қауаш Ә. – 122, **359**.
Қаумен – 40, 325.
Қаһар А. – 421.
Қаһарман – 255.
Қашаған – 398.
Қашағанов О. – 364, 414.
Қашағұлов О. – 542.
Қашғари М. – 107, 132, 174.
Қашқа – 437.
Қашықынбаев К. – 85, 125, 264, 414.
Қашым – 117.
Қирабаев С. С. – 53, 302, **359**, 566.
Қисамединов М. М. – 308, 314, **359**, 459.
Қисық Т. – **360**.
Қиясбай – **360**, 524, 527, 578.
Қобылан Б. – 159.
Қодар – 361.
Қодар – 36, 38, 41, 371, 578.
Қожабай – 124.
Қожаберген 165.
Қожағапар С. – 530.
Қожағұл – 299.
Қожакеев Т. – 35, 53, **360**.
Қожамияров Қ. – 124, 304, **360**, 595.
Қожамқұлов С. – 23, 303.
Қожанов С. – 255, 582, 593.
Қожаханов Ш. **360**.
Қожахметов Ы. **566**.
Қожықов Б. А. – 319, **360**.
Қожықов Қ. Қ. – 20, 22, 25, 134, 196, 306, 307, 315, **361**, 606.
Қозыбаев М. Қ. – 316, **361**.
Қойберді Қ. – 427.
Қойгелді – 296.
Қойлыбай – 364.
Қойшыбаев М. – 192, 303, 305, 315, **362**.
Қойшыбаева Б. Қ. – 50.
Қойшыбаева Р. 23, 303.
Қойшығұлова Р. Ж. – **362**.
Қондыбай – 320, **363**.
Қоңыратбаев Ә. 51, 52, 253, **363**
Қорамжан Т. – **363**.
Қордабаев Т. 57.
Қорқыт – 205.
Қосан – 558.
Қосық – 84.
Қошанов А. – 365.
Қуан – 64.
Қуандық С. – 14, 68, 96, 133, 279, **365**, 499.
Қуантқанов Е. – 319.
Қуанышбаев Қ. – 20, 21, 23, 25, 70, 303, 305, **365**, 543, 544.
Қуанышбай А. – **366**, 371, 524.
Қуатұлы Қ. – 548.
Құдайберген С. – 239, 427, 493, 518.
Құдайберді Қ. – 45, 110, 165, 231, 252, 296, **363**, **367**, 370, 371, 430, 431.
Құдайбердіұлы Ш. – 24, 45, 70, 72, 110, 114, 118, 131, 167, 168, 182, 201, 202, 203, **206**, 207, 214, 241, 252, 274, 296, 300, 309, 359, **367**, 368, 369, 371, 391, 405, 428, 430, 431, 447, 456, 470, 491, 505, 506, 546, 577, 581, 603, 608.
Құдаш С. – 115.
Құзайыр М. – **370**, 404.
Құйылыс – 264.
Құланбаева Б. – 247.
Құлжан Қожа – **370**, 524.
Құлжанов Н. – 46.
Құлжанова Н. С. – 46, 155, 160, 217, 302, **370**, 414, 506, 543.
Құлмамбет – 558.
Құл-Мұхаммед 53, 96, 97.
Құлмұхаммедов М. Ы. – **570**.
Құлымбет – 323.
Құмар-Шаих – 124, 135, **370**, 627.
Құнанбай – 23, 27, 36, 37, 38, **39**, 40, 41, 45, 48, 68, 91, 92, 114, 128, 136, 140, 141, 157, 165, 187, 190, 218, 226, 231, 239, 240, 247, 251, 265, 280, 284, 296, 325, 360, 362, 366, **370**, 371, **372**, 394, 398, 401, 407, 418, 419, 421, 459, 473, 474, 502, 514, 519, 530, 537, 539, 541, 542, 544, 546, 566, 569, 590, 614, 628.
Құрманалин М. 474.
Құрманғазы С. – 208, **373**.
Құрманғалиев Ғ. – 22, 304.
Құрманов М. – 180, 588.
Құсайынов Қ. – 211.
Құсайынов Ш. – 366.
Құсбек Т. – 372, **374**.
Құспанов С. – 210.
Құтайба ибн Мұслим – 174, 359, **374**.
Құтайба М. – 374, 435.
Құттықожа – 427, 548.
Құттымұхамбет Ө. – 265, 474.
Қыдыр Ж. – 260.
Қыдырәлин С. – 514, 543.
Қыдырәлі Б. – 374.
Қыдыров Ж. – 245.
Қыдыр Ілияс (Хызыр) – 83, 229, 592, 593.
Қыздар – 45, 361, **375**, 431.
Қылыш – 127.
Қынашев Қ. – 93, 306.

Лавров В. – 264.
Лагарп Ж. Ф. – 94.
Ломанский В. И. – 166.
Лао-цзы – 157.
Лафонтен – 291, 454.
Ләйлә Ж. – 233, **378**.
Ләйлі – 230.
Лебедев – 276.
Левшин А. К. – 77, 242, 369.
Лекер – 361.
Лекеров Қ. – 33, 66, 96, 161, 226, 305, 364.
Лекерұлы Ә. – 115.
Ленин В. И. – 486, 511.
Ленский 145, 248, **380**, 452.
Леонов Л. М. – **380**, 457.
Леонтьев Л. П. – 308, **380**.
Леонтьев А. А. – 35, 48, 129, 160, 162, 277, 395, 396, 514, 515.
Лермонтов М. Ю. – 14, 17, 18, 19, 22, 31, 35, 39, 47, 50, 53, 61, 69, 82, 83, 84,

85, 86, 88, 90, 94, 95, 97, 98, 99, 100, 101, 110, 114, 118, 119, 123, 139, 141, 147, 149, 152, 156, 163, 164, 165, 166, 179, 182, 183, 192, 212, 215, 217, 218, 225, 237, 246, 253, 257, 259, 264, 272, 273, 277, 288, 289, 295, 296, 302, 307, 312, 313, 314, 315, 316, 317, 318, 319, 321, 325, 327, 356, 357, 369, 370, 375, 376, 380, 381, 382, 384, **385**, 400, 401, 403, 406, 407, 409, 410, 411, 412, 414, 417, 423, **424**, 432, 440, 443, 451, 452, 453, 454, 456, 457, 462, 463, 473, 474, 493, 497, 503, 513, 516, 519, 522, 526, 545, 547, 549, 557, 559, 567, 582, 588, 602, 607, 615.

Лесаж А. Р. – 150.
Лессинг Г. Э. – 291, 454, 621.
Либцемниекс Б. – 375.
Ливземниекс В. – **382**.
Липкин С. – 305, 447, 459.
Липскеров К. – 459.
Литвин С. М. – **389**, 606.
Литвинов А. С. – 211.
Лобановский П. Д. – 134, 181, 251, **389**, 515.
Ломоносов М. В. – 217.
Ломоносов М. В. – 490, 583.
Лондон Дж. – 555.
Лосовский В. С. – **389**.
Луис О. – 49, 141, 524.
Луконин М. К. – 46, **390**, 459.
Лупий О. В. – 390, 606.
Лурье Л. А. – 544.
Лұхман Хакім – 450.
Львович Дм. – 390, 414.

Магидсон С. – 400.
Мағауин М. – 159, 315, **391**, 404, 459.
Мағауия А. Қ. – 14, 15, 20, 21, 30, 31, 50, 68, 69, 72, 93, 105, 114, 122, 124, 133, 138, 156, 181, 200, 201, 218, 238, 239, 254, 268, 269, 272, 306, 369, 378, **391**, 392, 393, 415, 421, 422, 429, 430, 437, 439, 442, 473, 494, 495, 512, 518, 551, 558, 560, 577.
Мағауия Е. – 225.
Мағзұмов Н. – 165.
Мағрипа Ә. – 274.
Мағыш (Мағрипа) С. – 21, 64, 114, 161, 261, **393**, 403, 530, 537, 538.
Мадиевский А. Л. – 393, 456.
Мадияр Т. – 312, **393**.
Майбасар А. – 37, 40, 140, 247, **394**.
Майқанова С. – 23, 543.
Майқы би – **394**.
Майлин Б. – 267, 366, **394**, 395, 440, 507, 540.
Майлықожа – 77.
Майра У. – 366.
Макеев С. – 395.
Маковецкий П. В. – 48, 363, **395**.
Максименко О. И. – 396, 606.
Максимов Г. К. – 396.
Мақсұт М. – **396**, 538, 539.
Мақтымқұлы – 324, **396**, 397.
Мақұлбай Т. – 161, 541.
Мақып Қ. – 363, **397**.
Малайсары – 560.
Малов С. Е. – 298.
Малышевский М. – 212.
Мальцев А. Б. – 315, **397**.
Мамай – 63, 127, 161.
Мамақов Қ. Ы. – 397.
Мамақова О. Қ. – 398.
Маматқұлов С. – 398.
Мамин-Сибиряк Д. Н. – 152.
Мамыр – 309, 310.
Мамырқазов Р. 210.
Маңғытаев М. 304, **398**, 418, 439, 473.
Марабай Қ. – 133, **398**.
Марғасқа 107.
Марғұлан Ә. Х. – 46, 154, 165, 361, 398, 501, 503, 590, 609.
Мария – 190.
Маркс К. – 17, 147, 511.
Мартова А. М. – 306, **399**.
Марфуға – 393.
Марцинович А. – 606.
Масақбай – **359**, 444, 531.
Масғұт – 101, 230, 399, 555, 556.
Матаев Х. – 25.
Матайбай М. – 427.
Матвеев Е. – 46.
Матип Б. – 35.
Матранов Б. – 606.
Матыбаев Ә. – 543.
Мауқай – 248, 366, **400**.
Махамбет Ө. 77, 107, 159, 201, 286, **400**, 401, 445, 446, 596.
Махмуд Ғ. – 152, 233, 392, **401**.
Мацуцин Д. Д. – 124, 304, 305, **401**, 517, 595.
Машанов А. Ж. – **401**.
Машрапов Б. – 261, 315.
Маяковский В. В. – 77, 508, 509, 589.
Мәди Б. – 19, **401**.
Мәди Т. – **401**.
Мәжнүн – 230.
Мәкен Д. – 261, 294, 296.
Мәкен Мұхаметжанова – 33, 64, 66, 85, 87, 161, 162, 175, 232, 247, 254, 258, 280, 290, 326, 353, **402**, 412, 414, 517, 529, 538, 547, 555, 596.
Мәмбет – 299.
Мәмбетов Ә. – 21, 303, 543.
Мәніке – 612.
Мәрзия – 497.
Мәрия – 369.
Мәрсеков Р. – 593.
Мәтелі Ө. – 473.
Мәуленов С. – 313, 318, **403**, 404.
Мәуіті – **403**, 429.
Мәшһүр Жүсіп Көпеев – 197, 307, 363, **403**, 404, 511.
Медет – 117.
Медетов Қ. – 168.
Медетов Ш. – 87, 264, 414.
Медеу О. – 70, 432.
Межелайтис Э. – 424.
Мейрамова Ж. – 407.
Мекайыл (Мекеш) А. 50, 117, 364, **404**.
Мекежанов Е. – 124.
Мектепбай 614.
Мелешко К. – 458.
Мелиоранский П. М. – 56, 157, 279, 363, 398, **404**, 515.
Менделеев Д. И. – 118, 583.
Меңдіғалиев Н. – 192, 304, **407**.
Меңеш – 323.
Меңке – 428.
Мережковский Д. С. – 257.
Мес – 22.
Миллер Г. Ф. – 512.
Миллер И. Н. – 249.
Миллер К. – 437.
Милль Д. С. – 52, 147, 277, 457.
Милютин Д. А. – 242.
Минаев – 150.
Мингазитинов Ю. П. – **407**.
Мирзаев Ғ. – **407**.
Мирпогов А. – 540.
Михайлов С. И. – 180.
Михаэлис Е. П. – 13, 30, 35, 39, 48, 49, 92, 129, 141, 168, 181, 182, 251, 270, 302, 395, **407**, 408, 438, 448, 451, 457, 514, 515, 520, 582, 616.
Мицкевич А. 147, 149, 150, 218, 316, 403, **408**, 457, 458.
Мовчан П. М. – **408**, 606.
Молдабаев Ж. Қ. – **408**.
Молдабаев С. – 66, 151, **408**.
Молдабай – 124.
Молдабеков А. – **408**.
Молдағалиев Ж. – 318, 404, **408**, 491.
Молдағалиев Т. – 314, 404, **408**.
Молқара Т. – 566.
Молла-мұрт – 559.
Молодов А. – 424.
Момын – 91.
Момышұлы Б. – 404, **409**.
Мопассан Г. – 65.
Мордвинов Н. – 242.
Мордвинов С. И. – 23, 415.
Мохэ – 173.
Моэм С. – 391.
Мөшке – 566.
Муллохандов Э. – 541.
Мусат Б. И. – 23, **415**.
Мусин Қ. – 415.
Муштар Д. – 294.
Мұғанұлы Қ. – 34.
Мұқа Ә. – 14, 122, 132, 392, 412, **415**, 543.
Мұқаметәлі – 366.
Мұқаметжан 255.
Мұқаметжан молда – 255.
Мұқаметханов Қ. – 34, 53, 57, 58, 71, 96, 209, 210, 405, **415**, 546, 558.
Мұқаммараз 101, **415**, 527.
Мұқанов Ғ. – **416**.
Мұқанов С. – 25, 32, 37, 54, 71, 83, 115, 125, 129, 225, 243, 245, 258, 264, 312, 313, 364, 404, 414, **416**, 417, 440, 486, 507, 508, 510, 540, 542, 549, 559, 582, 614, 615.
Мұқанов Ф. Т. – 25, **417**, 544.
Мұқатов Т. – 361.
Мұқитов Л. – 168.
Мұқлес С. – 359.
Мұрат – 201, 353.
Мұртазаев Ш. – 404, 418.
Мұрын – 607.
Мұрынбай Қ. – **418**, 524.
Мұса А. – 577.
Мұса Ш. – 93, 240, 270, **418**, 501.
Мұса А. – 272, **418**.
Мұсабаев Ғ. 57, 277, 298.
Мұсабаев М. – 185, **418**.
Мұсабай Ы. – 152, 276.
Мұсабекова Р. – 543.
Мұсажан Ә. – 117, 261, **418**, 515.
Мұсаұлы Р. – 24.
Мұсаұлы С. – 398.
Мұстамбаев Ы. – 56, 225, 243, 375, **419**.
Мұстапа – 144, **419**.
Мұстафа Ж. – **419**, 593.
Мұстафайев С. – 605.
Мұстафин Ғ. – 366, 404, 419, 420, 497.
Мұсылманқұл 312.
Мұхамеджан М. Ө. – 44, 72, 274, **421**.
Мұхамеджанов С. – 25, 54, 102, 136, 192, 232, 238, 245, 247, 288, 304, 315, 318, 370, 406, 421, 424, 473, 518, 544, 552, 577, 595.
Мұхамеджанов Т. – 304, **421**.
Мұхамедиев Б. – 24.
Мұхаметжанов Қ. – 65, **421**.
Мұхаметкәрім – 122, **421**.
Мұхаммед – 177, 192, 220, 278, 404, **421**.
Мұхаммед Хайдар Дулати 136.
Мұхит – 274, 366.
Мұхитов Ғ. – 124.
Мұхтар А. – 606.
Мұхтар Б. – **421**.
Мұхтар Д. – 261, 294.
Мұкен Д. – 261, 294.
Мүлік – 392.
Мүрсейіт Б. – 58, 60, 61, 62, 64, 66, 67, 79, 81, 82, 85, 87, 89, 95, 96, 102,

112, 115, 122, 124, 126, 130, 131, 132, 134, 138, 139, 140, 142, 161, 163, 164, 167, 171, 175, 176, 177, 178, 179, 192, 195, 196, 217, 224, 225, 227, 228, 231, 232, 235, 236, 238, 244, 245, 246, 247, 248, 250, 259, 260, 262, 264, **267**, 269, 272, 274, 275, 278, 280, 281, 284, 286, 287, 288, 296, 301, 317, 318, 319, 320, 321, 322, 326, 327, 331, 332, 345, 346, 349, 352, 353, 355, 356, 360, .362, 364, 367, 373, 375, 377, 378, 392, 398, 400, 401, 402, 405, 406, **422**, 438, 460, 463, 471, 473, 476, 494, 499, 500, 505, 517, 526, 528, 529, 531, 536, 537, 538, 542, 545, 547, 552, 554, 556, 558, 595, 596, 602, 604, 608, 613, 615.

Мүсәпірова М. – 53.
Мүсілім Ж. – 255, 260.
Мүсірәлі А. – 268, 306, 314, **422**, 512.
Мүсірепов Ғ. – 23, 35, 36, 37, 46, 57, 185, 304, 366, 404, **422**, 439, 474, 497, 510, 519, 559.
Мүштар Д. – 261.
Мчедлишвили Ш. З. – 266, **423**.
Мықышұлы – 577.
Мыңжан Н. – 437.
Мыңжасар Қ. – 429.
Мыржықбаев К. – 305, **424**.
Мырза Әбу Бәкір – 527.
Мырзабеков Қ. – 85, 125.
Мырзалиев Қ. Ғ. – 34, 404, **424**.
Мырхатай Ы. – 48, 474, 612.
Мырзахан Б. – **424**.
Мырзахан Ж. 437.
Мырзахметов Б. – **424**.
Мырзахметов М. – 25, 34, 45, 50, 53, 54, 96, 193, 210, 309, 421, **424**, 524.
Мікіс А. – 605.
Міртемір – **432**, 462, 604, 605, 606.

Нагнибеда М. Л. – **434**, 606.
Надыр Ж. – 260.
Надыров Б. – **434**.
Надыр Шаһ – 110.
Назар – 423, 434, 527.
Назарбаев Н. Ә. – **433**, 434.
Назиров З. С. – 434.
Найман – 364.
Наполеон – 163.
Нарманбет О. – 70, 295, **435**.
Нартай – 231.
Наршаһи Ә. М. – 174, 374, **435**, 475, 524.
Нарымбет – 20, 22.
Насриддин Шах – 436.
Науаи Ә. – 16, 17, 18, 35, 48, 103, 121, 122, 132, 133, 148, 191, 221, 225, 230, 280, 307, 324, 403, **436**, 461, 475, 476, 516, 531, 558, 559, 581.
Наурызбай Х. Е. – 34, 437.
Наурызбай Қ. – 59, 276.
Наурызбай батыр – 60, 206, **437**, 567.
Наурызов – 155.
Наушабай – 437.
Нәбижан М. – **437**.
Нәжәпия Қ. – 300.
Нәзипа И. – **437**.
Нәркес Ж. – 233, **437**.
Нәсибала М. – 421.
Нәсіриддин шаһ – 301.
Неверов А. – 555.
Негриш А. – 605.
Недоров 432.
Нейман Ю. – 400, 447, 459.
Некрасов Н. А. – 34, 49, 88, 129, 414, 385, 451, 615.
Ненахов Б. А. – **438**.
Ненашев А. И. – 21, 22, 438, 543.
Неплюев И. Н. – 249.
Неруда П. – 447.
Нестан – 18.
Нечаева Н. – 541.
Низами – 16, 18, 35, 48, 104, 133, 148, 221, 228, 229, 230, 307, 462, 475, 559.
Никитина А. Т. – 290, **439**.
Николай I. – 276.
Нимец И. И. – 439.
Ничай А. – 459.
Нишабури Ж. А. – 475.
Ниязбеков Ш. О. – **439**.
Новиков В. А. – **439**, 577.
Новоселов 439, 577.
Новроцкий – 306, 439.
Ноғайбаев Ы. – 21, 303, **439**, 543.
Ноғайбай – 166.
Нушабе – 229.
Нуралиев А. – 541.
Нұранұлы М. – 614.
Нұрбаев Ә. – 302.
Нұрбаев М. – 85, 160.
Нұрбике – 566.
Нұрғазы – **440**.
Нұрғали Қ. – **440**.
Нұрғалиев Р. – 53, 316, 404, **440**.
Нұрғаным Б. – 68, 127, 360, 370, **440**.
Нұржанов С. Ә. – 45, 55, 56, 308, **440**.
Нури З. – **440**, 538.
Нұрқатов А. – 31, 71, **440**, 441, 566.
Нұрланов К. – 319.
Нұрлыбаев М. А. – **441**.
Нұрлыбек – 231.
Нұрмағамбетова Г. – 53.
Нұрмақанов Қ. – **441**.
Нұрмолда Б. – 165, 371.
Нұрмұхамедов М. К. – 324.
Нұрмұхамедов Н. Ж. – 315, **441**.
Нұрпейіс – 107.
Нұрпейісов Ә. К. – 439, **441**.
Нұрпейісова С. – 315.
Нұртазин Т. – 57, **441**, 549.
Нұршайықов Ә. – 404, **441**.
Нұршумаев О. – 234.
Нұрым – 107.
Нұх ибн Насыр – 435.
Нүрке Ш. – 442.
Нүркекызы – 442.
Нүсіпбеков А. – **442**.
Нүсіпов Ұ. – 305.
Ныгыман – 117.
Нысан – 364, 366.

Обаев Е. – 427, 543.
Обручев В. А. – 276.
Овидий – 325.
Огарев Н. П. – 149.
Озеров Л. – 122, 305, 447, 459.
Олғырмыш 144.
Олжабай – 231, 301.
Олжай Ә. – **444**.
Ольга – 452.
Омар – 324.
Омар – 366.
Омаров Ж. – 25, 427, 497, 544.
Омаров У. – 312.
Омаров І. – **444**.
Омархан Ә. – 70, **444**, 527.
Онегин – 14, 17, 99, 145, 246, 247, 248, 385, 390, **445**, 452, 526, 537, 539, 541, 542, 579, 594, 595.
Оңғарбаев И. – 265.
Оңғарбаев Қ. – 265.
Оңғарсынова Ф. – 404, **447**.
Оразалин К. – 24, 447.
Оразалинов С. – 46.
Оразбаев И. – 46, 303, **448**, 545.
Оразбай А. – 14, 20, 21, 40, 44, 49, 70, 114, 228, 252, 261, 301, 407, 430, 431, 432, **448**, 515, 520, 541, 607.
Оразке У. – 448.
Ораз Молда – 587.
Оразова М. – 317.
Оразтағанов А. 559.
Оразымбет – 560.
Орақ – 560.
Оралбай – 44.
Ордабаев Т. – **448**.
Орешникова И. М. – 53.
Орман – 60, 363.
Орманбетов Н. – 50, 83.
Орманов Ғ. – **448**, 491.
Орынбай – 206, 446, 558.
Орынғалиев Х. – 53.
Осипова Л. П. – 166.
Осман – 117.
Османов А. – 376.
Османов Т. – 22.
Оспан Қ. – 44, 48, 82, 91, 117, 144, 151, 161, 181, 187, 225, 226, 231, 236, 249, 251, 252, 278, 296, 306, 370, 371, 430, 431, 459, 473, 522, 537, 541, 566, 593, 612.
Оспанов М. – 34.
Оспанова К. – 66.
Островский А. Н. – 177.
Островский О. Л. – 460.

Өгдүлміш – 144.
Өлжежырғыл – 299.
Өмірәлиев Қ. – 25, 33, 57, **473**.
Өмірбай Т. – 325, **473**.
Өмірзақов Е. – 23.
Өмірзақов Р. – 93.
Өндірбай А. – **473**.
Өрәев С. – **473**, 559.
Өрім – 117, 527.
Өсер Ы. – 612.
Өсеров Н. – 309, 607.
Өскенбаев Х. – 48, 92, 157, 190, 231, 279, 315, 362, 370, 371, 398, 430, **473**, 474, 481, 590.
Өскенбай Ы. – 48, 68, 141, 265, 370, **474**, 612.
Өтебаев М. 544.
Өтеген – 255.
Өтегенов Ә. Ж. – **474**.
Өтеміс – 255.
Өтепбаев Н. – 218.
Өтетілеуов Б. – **474**, 491.

Павлов Ф. И. – 210.
Павтаржицкий К. 606.
Пагирев Г. – 459.
Пак Б. – 459, **475**.
Панфилов – 366.
Пеньковский Л. – 459.
Перовский В. А. – 276.
Петров М. – 122.
Петровых М. – 21, 305, 447, 459.
Петр Первый – 37.
Петько И. С. – 479.
Печорин – 381.
Пешкова Е. – 255.
Пиксанов Н. К. – 179.
Писарев Д. И. – 35, 141.
Пифагор – 118.
Пламарион К. – 166.
Плещеев А. Н. – 474.
Плотниекс Я. – 375, **479**.
Погодин Н. Ф. – 65, 391.
Подковыров А. Ф. – **479**.
Полевой Н. П. – 150.
Поливанов В. В. – **479**.
Полицын – **479**.
Полонский Я. П. – 259, 451, **479**.
Померанцев Ю. Б. – 456, **479**.
Пономарев А. С. – **479**.
Порунин А. Н. – **480**.
Понтий Пилат – 190.
Попов Ю. Г. – 502.
Потанин Г. Н. – 154, 155, 216, 240, 242, 361, 362, 398, 418, **457**, 473, **480**, 481, 518.

Приходский П. – 606.
Пугачев Е. – 451, 491.
Пуньи Ч. – 208.
Пушкин А. С. – 14, 15, 17, 18, 22, 31, 35, 39, 47, 49, 50, 53, 61, 65, 68, 69, 77, 78, 83, 86, 88, 95, 98, 100, 101, 110, 114, 115, 116, 122, 125, 126, 129, 131, 141, 145, 147, 149, 150, 152, 155, 165, 209, 212, 215, 218, 221, 225, 242, 245, 246, 248, 257, 264, 273, 289, 302, 307, 312, 313, 314, 315, 316, 324, 327, 352, 369, 375, 376, 380, 381, 384, 385, 403, 408, 409, 414, 417, 420, 423, 440, 451, 452, 457, 471, 474, 489, 490, 491, 497, 503, 513, 519, 525, 526, 537, 539, 541, 542, 550, 559, 567, 579, 582, 589, 594, 595, 602, 607, 615.
Пфлюг Р. – 438, 588.
Пышкова Г. – 25.
Пірназаров А. – 324.
Пірманов Ә. – 53.
Пятыгин Д. П. – 156.

Рабгузи – 16.
Рагим М. – 63.
Радлов В. В. – 361, 369, 512, 558.
Разақ – 68, 127, 423, 444, **493**, 527.
Райхан А. – 50, 218, 427, **493**, 518.
Райымбергенов И. – 293.
Рақышев С. – 544.
Рамазанов Н. – 34, 390, 499.
Рапопорт В. – 23.
Рахила Ә. – 15, 114, 152, **494**
Рахима Ә. – 393.
Рахимов Х. – **494**.
Рахмадиев Е. – 288, 303, 304, 424, **494**.
Рахманов Ә. – **494**.
Рахманов В. Ю. – 308.
Рахым Ж. – **494**.
Рахым Ө. – **494**.
Рахымшал – **494**, 527, 528.
Рәһим М. – 605.
Рашид ад-Дин – 16, 132, 157, 173, 394.
Рәпила Ж. – 233, **495**.
Резерфорд – 118.
Римова Б. – 25, 117, 163, 276, 303, **497**, 544.
Ритман-Фетисов М. И. – **497**.
Риттер К. – 77.
Риттих А. А. – **497**.
Родари Дж. – 424.
Рождественская К. – 124.
Рождественский Вс. А. – 46, 122, 264, 305, 376, 458, 459, **497**.
Романов И. – **498**.
Романов С. – **498**.
Романовский Д. И. – 242.
Роом – 459.
Ростовцев В. – 458.
Ростовцева Ю. – 458.
Роттенберг Д. – 605, 606.
Рошаль Г. Л. – 25, **498**.
Рсаев Т. – 53, 316.
Рсалиев К. – 376.
Рубинштейн А. – 291, 412.
Румер О. – 459.
Руми – 475.
Руст Л. – 21, 459.
Руставели – 18, 122, 324.
Рустам З. – 63.
Рухия А. – **498**.
Рылеев К. Ф. – 490.
Рысқұлов Т. – 20, 593.
Рябуха Д. – 459.

Сабатаев С. – **499**.
Сабырбай А. – 68, 96, 133, 279, 365, **499**, 558.
Сабыржан С. – 255, 499.
Сағадат А. – **500**.
Сағадиев К. – 500.
Сағатов М. – 211, 304, 500.
Сағди – 16, 35, 48, 103, 132, 133, 461, 475, **501**, 516, 559, 581.
Сағди А. – 56.
Сағди Ғ. – **34**, **579**.
Сағындық Ш. – **501**.
Садуақас Қ. – 362, 363.
Садуақас М. Ш. – 293, 418, 501
Садуақасов С. – 510, 582.
Садыг Ф. – 63, 605.
Садықан Б. – 132, 300.
Садыханов Ш. – 34.
Сайфуллаев А. – 540, 541.
Салғарин Қ. – **501**.
Салиха – 231.
Салтыков-Щедрин М. Е. – 14, 17, 35, 49, 98, 129, 141, 316, 408, 423, 451, 457, 473, 513.
Салық Б. – 359.
Салықбаев Ә. – 53.
Салье М. А. – 555.
Самад В. – 541.
Самарбай – 392.
Самархан – 127.
Саматов М. – 124.
Самойлович А. Н. – 93, 363, **501**.
Санбаев Қ. Х. – 211.
Санбаев С. – 23, 459, **501**.
Санияз – 70.
Санталов В. Я. – **501**.
Сант-Лора – 320.
Сапа – 501.
Сапаралин Б. – 374.
Сапарғали 124.
Сара – 14.
Сараев Ә. – 404.
Сарбалаев Б. – 390.
Саржан – 281.
Сармурзин Ғ. – 46, 395, 473, **502**, 551.
Сары Ғ. – 190.
Сары апаң – 37.
Сарыбаев Ш. Ш. – 57.
Сарыбай – 361.
Сарым – 268.
Сатаев А. – 165.
Саттаров И. – 564.
Сатыбалдиев Қ. – 394.
Сауранбаев Н. Т. – 51, 57, 313, 394, **503**.
Саурық – 276.
Сафиева Г. – 540.
Сафронов А. В. – **503**.
Сахиев Ж. – 53.
Саяқып – 127.
Себитов Н. – 23, 193, 309, **503**.
Седуақасов Ф. – 315.
Седібек – 366.
Седір – 524.
Сейфи Қ. – **503**.
Сейхали – 132, 475, **503**, 581.
Секенов Ж. – 514.
Секиев Ш. – 544.
Селімғазы 276.
Селімжан – 255.
Семеке – 316.
Сәнік З. – 300.
Серсекеев М. – 57, 629.
Серсенбаев Ә. – 491.
Серсенбаев Б. – **503**.
Серсенбаев Ж. – **503**.
Серсенбаев О. – 60.
Сет – 239.
Сетбаев Қ. И. – 43, 46, 154, 155, **503**, 504, 514.
Сетбаева Ш. – 53, **504**.
Свирка Ю. – 606.
Северов А. А. – **505**.
Сегізбаев А. – 416.
Сегізбаев О. А. – 180, 582.
Седельников А. Н. – 155, 166, 390, 413, **505**, 542.
Сеидов М. – 559.
Сейсенбаев Р. – 459, **505**.
Сейтақов Б. – 559.
Сейтанов Б. – 559.
Сейтметов Р. – 142, 319, **505**, 544.
Сейтов Ш. – 607.
Сейтхазин С. – 242.
Сейфуллин С. – 60, 125, 274, 318, 440, **505**, 506, 507, 508, 509, 510, 511, 540.
Сейіл – 39.
Сейіт – 39.
Сейітов С. – 34.
Сейітов Ш. Қ. – **512**.
Сембин А. – 185.
Семенов А. – 458, 459.
Семенов В. П. – 166, 414, 542.
Семенов-Тян-Шанский П. П. – 157, 166, 279, 398, 457, 481, **515**, 518.
Сералин М. – 63, 491, **517**.
Сергазы 114.
Сердюк Ю. – 606.
Серкебаев Е. – 185, 305, **518**, 590.
Серкебаев М. Б. – 305.
Серік Ж. – 233, 518.
Серікбаев А. – 414.
Серікбаев О. – 518.
Серікбаева А. Ю. – 402.
Серікбаева К. – 459.
Серікбай – 217, 518.
Сеченев И. М. – 52, 582.
Сибан – 124, **518**.
Сидоркин Е. М. – 134, **518**.
Сильченко М. С. – 22, 34, 47, 52, 54, 57, 193, 210, 212, **518**, 524.
Симашко М. Д. – 404, **519**.
Симонов К. М. – **519**.
Сирмбардис Я. – 375, **519**.
Ситников С. – 242.
Скалье А. – 375, **519**.
Скляр Ф. – 606.
Скорульский М. А. – 280, 303, **519**.
Слөмбек Ж. – 260.
Смағұл Қ. – 63, 370, 430, **519**, 539.
Смағұл Н. – 548.
Смағұл Ш. – 429.
Смайылхан Қ. – **519**.
Сматаев С. – 165.
Смирнов – 45.
Смит А. – **519**.
Снегин Д. Ф. – **520**.
Соболев Л. С. – 20, 21, 23, 46, 163, 255, 303, 393, 438, 439, 456, 457, 458, 459, 486, 497, 505, **520**, 530, 543, 599.
Соколов В. Г. – 595.
Сократ – 89, 91, 105, 117, 148, 184, 189, 190, 221, 241, 457, **520**, 521, 540, 551, 582, 620.
Соқыр Есжан – 373.
Соловьев Л. В. – 152.
Сотников В. Л. – **521**.
Сотников В. М. – 290.
Соукун Ф. – 605.
Софокл – 148, **521**.
Спасский Г. П. – 512.
Спенсер Г. – 17, 49, 52, 141, 147, 408, 457, 513, **524**, 582, 620.
Сперанский М. М. – 26.
Спиноза Б. – 17, 49, 147, 157, 513, 582.
Спирин А. Г. – 198.
Ставер А. – 606.
Стадничук И. Я. – **524**.
Стальский С. – 122.
Стамбеков С. – 322.
Старостин А. – 459.
Стекова Ф. И. – 629.
Степанов А. М. – **524**.
Степанюк Б. – 606.
Стерн А. – **524**.

Столпянский П. Н. – 166.
Стрижак Н. Г. – **526**.
Струве К. В. – 481.
Струтинский В. 606.
Суздальцев А. – 569.
Сухов С. Я. – **526**.
Сухотин – 93, **526**.
Сұбханбердина У. – 115, 309.
Сұлтан Ахмед хан – **527**, 627.
Сұлтанбеков М. 210, 212, **527**.
Сүгір – 41, 398.
Сүйінбай А. – 107, **529**, 530.
Сүйіндік Ж. – 37, 38, 40, 41, 225, **530**, 548.
Сүйіншәлиев Х. – 32, 33, 47, 50, 51, 57, 209, 309, 476, 494, **530**.
Сүлеев Д. Қ. – 211, 247.
Сүлеймен – **530**, 628.
Сүлеймен Ноғай Ы. –429, **530**.
Сүлейменов Ғ. – 407.
Сүлейменов О. – 115, 404, 424, **530**.
Сүлейменов Р. – **530**.
Сүлейменов Т. – 309.
Сүртібаев М. – 21, 303, 305, **530**, 543, 544.
Сыдықов Қ. – 314.
Сыздық – 366.
Сыздықов Ж. – **531**, 549.
Сыздықова Р. С. – 53, 57, 58, 210, **531**.
Сыздық төре – 60.
Сырттан – 22.
Сырым – 240.
Сырымбет – 560.
Сіләмбек Б. – **532**.
Сіргебаев Е. А. – 308, **532**.

Табари – 16, 174, 474.
Тайбала Ө. 265, 614.
Тайлақ – 361.
Таласұлы Н. – 603.
Талжанов С. – 549.
Тамтаев С. – 280, 414.
Тана – **537**.
Тандыг И. – 63, 605.
Таңжарық – 266.
Таңшолпан 429.
Тарға – 605.
Тариэль – 18.
Тарловский М. – 21, 268, 305, 459.
Тассо – 325.
Татан Сун – 173.
Татьяна – 14, 17, 86, 98, 145, 246, 247, 248, 385, 390, 445, 452, 491, 526, 537, 539, 541, 542, 549, 579, 594, 595.
Таубе М. А. – 93, 272, **539**, 612.
Таупық С. – 530.
Тахиров У. – 541.
Ташмұхамбет – 558.
Таштемір – 429.
Тәбиев Б. Х. – **539**.
Тәжібаев Ә. – 225, 366, 404, 491, **539**.
Тәжібаев Т. – 51, 52, 54, 309, 476, **540**.
Тәйті – 239.
Төкежан (Тәңірберді) – 21, 37, 40, 41, 48, 68, 136, 140, 152, 161, 222, 231, 370, 371, 428, 429, 430, 431, **541**, 566.
Төнеке – 366.
Төңкібаева К. А. – 210.
Төттімбет Қ. **542**.
Төтіқара – 165, 201, 249, 300.
Төуекел хан – 231.
Төуке – 117, 251, 316, 333, 358, **542**, 552, 592.
Төукелев А. Н. – 51, 210, **543**.
Твардовский А. Т. – 88.
Төзекбай Ж. **545**.
Тезек төре – 558.
Текті – 537, 612.
Телғара – 265, **546**.
Телғозиев Ә. – **546**.
Телеутай М. – 421.
Телжанов Қ. Т. – **546**.
Темірбай 510.
Теңелбаев 544.
Терібаев Қ. – **547**.
Тимашев 242.
Тимофеев В. В. – **547**.
Тимофеев Л. И. – 275.
Тихий Н. – 606.
Тихонов Н. С. – 46, 441, **547**.
Тихонов – 431.
Ткаченко В. – 314.
Тоғжан С. – 38, 225, 253, 319, **548**.
Тоғжанов Ғ. – 20, 115, 225, 242, 548.
Тоғолоқ – 375, 376.
Тоғызақов Қ. – 491.
Тоғысбаев Т. Т. – 308, **549**.
Тоқай Ғ. – 94, 381, 531, 538, 539, **549**, 589, 593.
Тоқбала Б. – 265.
Тоқжігітов Ш. – 243.
Тоққожа Б. – 422.
Тоқмағамбетов А. 566.
Тоқомбаев А. – 376, **549**, 605.
Тоқпанов А. 20, 21, 303, 366, 543, 544.
Тоқсанбай 401.
Тоқтарқожа – 299.
Тоқташ І. – **549**.
Толғанай – 93, 268, 497.
Толқын – 242.
Толстой А. Н. – 149.
Толстой Л. Н. – 14, 17, 35, 38, 65, 78, 98, 120, 129, 141, 164, 166, 221, 289, 328, 369, 420, 423, 451, 457, 473, 474, 511, 513, 567.
Толыбаев М. – 22.
Тонтай Б. – 141, 366, 566.
Топай – 47, 63, 65, 611.
Торайгыров С. – 35, 45, 50, 56, 70, 76, 77, 83, 115, 159, 201, 202, 204, 205, 206, 207, 212, 248, 300, 440, 447, 456, 491, 511, 533, 540, **549**, 550, 551.
Торғай А. – 47, 63, 65, **551**, 611.
Торсықбай 366.
Торымбала – 549, 612.
Төлебаев М. – 54, 124, 136, 280, 304, 315, 424, 447, 542, **552**.
Төле би – 117, 165, **552**, 567.
Төлеген – 127, 264.
Төлегенова Б. – 305, **552**, 590.
Төлеков Б. А. – **552**.
Төлеков Қ. – 544.
Төлепбаев Б. А. – **552**.
Төңкерісұлы С. – 510.
Төребаев Ғ. – 93, 514.
Төреқұлов Қ. Н. – **552**.
Төреқұлов Н. – 34, 509, 593.
Тренчени В. И. – 302, **554**.
Третьяков В. И. – 156, **554**.
Тройницкий 141.
Туманян О. Т. – 381.
Турағұл – 31, 50, 67, 69, 70 82, 88, 114, 117, 122, 127, 130, 131, 167, 168, 272, 273, 276, 302, 306, 307, 312, 318, 402, 403, 419, 422, 439, 473, 543, **555**, 602.
Тургенев И. С. – 77, 110, 182, 289, 451, 473, 511, **555**.
Туфан Х. – 46.
Тұрап Т. – 462.
Тұрар – 437.
Тұраров М. – 318.
Тұрлыбай Қ. – 177.
Тұрмағамбет І. 323, **557**, 587.
Тұрманжанов Ө. 491, 511.
Тұрпан Б. – 566.
Тұрсынбаев Ж. – **557**.
Тұрсынзаде М. – 540, 541.
Тұяқов Е. – 407.
Түбек Б. – 133, 137, 239, **558**.
Тұңлікбай – 116, 558.
Түсіп А. – 401.
Түсіпова З. – **559**.
Тынышбаев Е. М. – **559**.
Тынышбаев М. 419, 593.
Тышқанбай 138, 518, **559**.
Тілеміс – 537.
Тілендиев Н. – 248, 304, 308, 424, 460, **561**.
Тіленші – 276, 401.
Тілепбергенов Ж. – 267.
Тілеуберді – 138.
Тілеужанов М. 210.
Тютчев Ф. И. – 149, 182, 607.

Уақ Мин Ж. – 437.
Уақ Пан Хуа – 437.
Уахатов Б. – 245.
Уәйіс С. – **559**.
Уәйіс Ш. – 238, 239, 258, 361, **559**.
Уәли – 366.
Уәлиев Н. – 88.
Уәлиханов Ш. Ш. 77, 78, 95, 129, 168, 174, 189, 190, 221, 240, 242, 245, 248, 279, 293, 299, 300, 316, 329, 342, 362, 371, 381, 418, 424, 450, 481, 491, 502, 504, 509, 513, 515, 518, 524, 540, 558, **560**, 561, 567, 609, 617.
Уәсила М. – 15, 70, **561**.
Уметалиев Т. 376.
Урманче Б. И. – 306, 313, **562**.
Урусов В. А. – 249.
Усачев П. Д. – **562**.
Усманов Х. – 135, 538, **562**.
Утков Т. – 166.
Ушинский К. Д. – 52, 120, 486, 582.
Ушуров И. – 564.

Үйғын – 409, 462, **563**, 604, 605, 606.
Үлбике – 323.
Үлжан – 24, 37, 42, 44, 45, 63, 68, 126, 141, 226, 251, 252, 370, 430, 459, 541, 546, **566**, 612.
Үраңқайы – 429.

Үгедей – 601.
Үзікбай Б. – **577**.
Үмбетәлиев А. – **577**.
Үмбетбаев Ә. – 447.
Үмбетей – 165, 300.
Үмбетов Ж. – **577**.
Үмбетов З. – 270.
Үмітей 44.
Үркер Ы. – 48, 474.
Үркінбай Ә. – **578**.
Үсен – 127.

Фадеев А. А. – **579**.
Фазыл Н. – 462.
Фаизи Р. – 46.
Фараби Ә. – 157, 203, 401, 476, 486, 524, **579**, 580, 581, 587.
Фатима – 117.
Федориди К. С. – 439.
Федр – 291, 454.
Фейербах А. – 169, 203, 582, 583, 584.
Фененко М. 606.
Фет А. А. – 149, 182, 257, 438, 607.
Физули – 16, 18, 48, 103, 132, 133, 280, 475, 516, 559, **581**.
Филикус 228.
Филипп II – 228, 229, **581**
Финдейзен Н. Ф. – 160.

Фирдауси Ә. – 16, 35, 132, 148, 228, 461, 475, 581, **587**, 628.
Фозилов Н. 605.
Фордитос Р. Г. – 302.

Хабшай С. – 605.
Хаггард Г. – 391.
Хажжат ибн Жүсіп – 174.
Хайам О. – 35.
Хайруллина Ғ. 544.
Хаким С. – 538, 539, 589.
Хакімбай – 218.
Хакімжанова М. – 313.
Хақан – 229.
Хақназар 206.
Халидұлы Қ. – 299, 300.
Халилов П. – 605.
Хамза Д. – 294.
Хамиди Л. А. – 22, 24, 25, 33, 47, 58, 85, 87, 124, 125, 134, 140, 161, 175, 188, 209, 211, 226, 238, 240, 250, 254, 280, 287, 303, 304, 305, 315, 323, 326, 352, 364, 412, 414, 418, 424, 438, 449, 472, 514, 517, 518, 529, 542, 543, 552, 577, 590, **593**, 595, 599, 603.
Хамидуллин А. – 539, **593**.
Хангелдин А. – 34.
Ханьков Н. В. – 556.
Хасанов Қ. – 564.
Хасбатыр Ц. – 605.
Хасен О. – **593**.
Хасенов Ә. – 543.
Хасенова Қ. 53.
Хафиз – 16, 35, 48, 103, 132, 461, 516, 559, 581, 595.
Хетагуров К. Л. – 381.
Хикмет Н. – 403.
Хожиев Б. – **595**.
Хозил Н. – 605.
Хондемир – 173.
Хорезми – 524.
Хосрау – 229, 230.
Худойбергенов С. – 605, 606.
Хұжаев Х. – 605, 606.
Хұсайын М. – 596.
Хүсейн – 123.

Һарон-Рашид – 399, 555, 556, **597**.
Һәмраев М. – 281.
Һишам Р. Һ. – 95.
Һошуров И. – 597.

Цеклинский – 49.
Церетели А. Р. – 381.
Цивчинский Н. В. – 598.
Цыбуляк И. – 605.

Чавчавадзе Г. – 381.
Чадов С. Д. – 166.
Чаковский А. Б. – 46.
Чарномский Э. В. – 20, 599.
Чәмил Ә. – 605.
Чеботару М. – 605.
Черкасский А. М. – **599**.
Черный Хв. – 606.
Чернышева Л. Д. – 124.
Чернышевский Н. Г. – 13, 17, 18, 35, 49, 78, 120, 129, 407, 408, 423, 451, 470, 540, 559, 582, 583, 584, 620, 622.
Черняев М. Г. – 242.
Ческидов К. Г. – **599**.
Чехов А. П. – 289.
Чубук Э. В. – **600**.
Чувылко Б. И. – **600**.

Шабельский С. И. – 86, 124, 280, 303, 364, **601**.
Шағатай – 171, **601**, 602, 627.
Шайбақ – 124, 170, 249, 501, 518, 601.
Шайбани М. – 135, 136, 157, 249, 358, 527, **601**.
Шайбеков Ы. – 375.
Шайжүнісов М. Ж. – 53.
Шайзе О. – 605, 606.
Шаймардан – 561.
Шаймерденов С. – 404, **602**.
Шаймерденова К. – 52, 210, 602.
Шайхыслам – 117.
Шалабаев Б. – 165, 602.
Шалабаев Ш. – 115.
Шал ақын – 107.
Шалкиіз – **107, 201**.
Шалтабай Қ. – 239.
Шамиль – 602.
Шамкенов А. – 70.
Шанин Ж. Т. – 140, 155, 366, 514.
Шаншар – 566.
Шаңғытбаев Қ. – 140, 491.
Шаргородский Л. М. – 22, **603**.
Шарипов А. – **603**.
Шарифи А. – 540.
Шах-Азиз – 381.
Шахович Ул. – 606.
Шашкин З. – 56, 115, 507, 613.
Шашубай – 226, **603**.
Шаяхметов К. М. – **603**.
Шәбеп Ә. – 122, **603**.
Шәймерден Қосшығұлұлы 93, 306, 439, 526, **603**.
Шәкәрімов Ж. – 123.
Шамси – 132, 475, 581, **603**.
Шаңгерей – 244, 353.
Шәпи – 84.
Шәрденов Ж. – **603**.
Шәрипа Т. – 152.
Шәріп – 25, 65, 116, 275, 444, 531, 558, **604**.
Шәріп – 614.
Шәукембай – 252, **604**.
Шевченко А. А. – **604**.
Шевченко Т. Г. – 152, 324, 381, 531, 539, 589.
Шекспир У. – 65, 147, 225, 366, 511.
Шелгунов Н. В. – 13, 407.
Шералиев М. – **604**.
Шереметьев Г. Т. – **604**.
Шеркеш – 374.
Шернияз – 107, 323, 398.
Шехтерман Е. И. – 293, 524.
Шиллер Г. Ф. – 147, 149, 150, 278, 316, 438, 549, **607**.
Шипов А. – 314, 458.
Шитен – 566.
Шифферс Л. – 21, 305, 459.
Шкловский А. – 458, 459, **607**.
Шнайдер К. – 438, **607**.
Шобан – 107.
Шоди Ғ. – 605, 606.
Шоқай Т. – 419.
Шолпан А. – **608**.
Шомбалова Г. А. – 608.
Шонай – 255.
Шонанов Т. – 34.
Шораяқ – 366.
Шортанбай Қ. – 28, 74, 102, 104, 109, 166, 170, 176, 201, 363, 446, 511, 525, **608**, 609.
Шотқара – **362**.
Шәже Қ. – 107, 133, 206, 238, 239, 325, 361, 446, 524, **609**.
Штейн Я. С. – 23, 136, 184, 303, 514.
Штейнбергер А. – 21, 305, 447, 459.
Штраус И. – 415.
Шубин П. – 21, 283, 305, 459.
Шукуров М. – 541.
Шухов И. П. – 404, **609**.
Шұбар – 40, 84, 429.
Шүкір М. – 605.
Шүңкілтай – 366.
Шығай – 208.
Шымук В. – 606.
Шынғай – 152.
Шыңғысқан Ғ. Ж. – 242.
Шыңғысхан – 91, 124, 157, 310, 394, 518, 539, 601, 602, **610**.

Ықылас Д. – **611**.
Ырғызбай А. – 47, 48, 63, 65, 414, 428, 436, 474, **611**.
Ырыздықбай – 518.
Ырысжан – 126.
Ысқақ А. – 612.
Ысқақ Қ. – 48, 68, 151, 152, 231, 306, 370, 371, 430, 431, 537, 566, **612**.
Ысқақ М. – 152, 365, 460.
Ысқақ Солтабайұлы – 539, **612**.
Ысқақ Ы. – 116, **612**.
Ысқақов А. Ә – **612**.
Ысқақов А. – **612**.
Ысқақов Б. – 524, 549.
Ысқақов Қ. – 404, **612**.
Ысқақов М. – 233, 323.
Ысқұлова Б. – 87.
Ысмағұл М. – 48, 427.
Ысмағұлов Ж. – 216.
Ысмайылов Ә. – 23, 303, 306, 308, 544, **612**.
Ысмайылов Е. С. – 21, 56, 57, 115, 154, 304, 309, 312, 507, **612**.
Ысмайылхан Б. – 127.

Ізғұтты Қ. – 40, **614**.
Ізкайіл – 50, 117, 473, **614**.
Істөлин Б. Қ. – **614**, 615.
Ізхан Ж. – 360.
Істібай – 276.

Эврипид – 522.
Эзизов К. – 559.
Эзоп – 291, 454.
Элбакидзе Д. Г. – 156, 306, **619**.
Элебаев М. – 376.
Элксне А. – **619**.
Эльконина Ф. И. – 50.
Энгельс Ф. – 147, 289.
Энэбиш Б. – 302.
Эрнест Б. А. – **619**.
Эстеррейхер З. – 198, 438, **619**.
Эсхил – 522.

Юань-хэ – 173.
Юніс хан – **627**.
Ющенко О. – 606.

Яворски К. А. – **628**.
Ядринцев Ш. Ш. – 418, 473.
Ямшид – **628**.
Янушкевич А. – 265, 360, 370, 558, **628**.
Яровая Н. Г. – **629**.
Ясенов Д. – 564.
Яссауи – 18, 103, 123, 142, 249, 510, 558.

Көрсеткішті әзірлеген *Т. Барақұлы.*

«ҚАЗАҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫНЫҢ» БАС РЕДАКЦИЯСЫ

Бас редакторы **Р. НҰРҒАЛИЕВ**

«Абай» ғылыми редакциясы: редакция меңгерушісі Т. Б. РСАЕВ; жетекші ғылыми редактор С. ҚАЛУОВ; аға ғылыми редакторлар: Ә. ЕРЕНБАЕВА, М. ЖҰМАҒАЛИЕВ, Қ. МҰҚАМЕТХАНОВ (филол. ғыл. кандидаты), М. МЫРЗАХМЕТОВ (филол. ғыл. докторы), Ж. САХИЕВ; ғылыми редакторлар: Р. АХМЕТОВА, С. БІРІМҚҰЛОВ, Г. НҰРМҰХАМБЕТОВА, Х. ОРЫНҒАЛИЕВ, Ә. САЛЫҚБАЕВ; бас суретші М. ҚИСАМЕДИНОВ; көркемдеуші редактор Л. И. ТЕТЕНКО; фотограф А. П. КАТАЕВ.
Машбюро: К. ОСПАНОВА, С. ҚУАНДЫҚОВА.
Түрлі-түсті суреттерді әзірлегендер:
Суретшілер: К. А. ВЛАСОВ, П. П. ВИНОКУРОВ, С. Г. ЧАСТУХИН; фотографтар: В. А. ГРИГОРЬЕВ, В. В. ПОЛУНИН, Н. ТАЗАБЕКОВ, А. П. КАТАЕВ, С. А. ПАСЕЧНИКОВ.
Безендірушілер: И. Н. ИСАБАЕВ, Л. И. ТЕТЕНКО.

Бұл кітапқа Абайдың Семейдегі әдеби мемориалдық қорық-музейі, Қазақстан Республикасының мемлекеттік Орталық музейі, Қазақстан Республикасының өнер музейі, Қазақстан Республикасының кітап музейі, Қазақстан көркемсурет көрмелер дирекциясы, М. Әуезов мұражай-үйі, Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кітап палатасы, «Знатоки» ШЖК материалдары пайдаланылды.

«АТАМҰРА» БАСПАСЫ

Бас директоры **М. ҚҰЛ-МҰХАММЕД**

Бас редакторы Ә. ПІРМАНОВ.
Редакторлары Ж. ТҰҚТІБАЕВ, К. СЕГІЗБАЕВ, Н. ЖИЕНҒАЛИЕВ, М. ШОҚПАРОВ, Ж. БЕРДІМҰРАТОВ.
Корректорлары Р. РАЙБАЕВА, Қ. МҰЛІКБАЕВ.
Өндіріс бөлімінің меңгерушісі А. ЕСЕНДІКОВА.
Техн. редакторы В. ГОЛУБЦОВА.
Көркемдеуші редакторы Л. ПОЛАТОВА.

«Атамұра» корпорациясының компьютерлік орталығында терілген.
Орталықтың жетекшісі Д. ТОЙКИНА. Компьютерде тергендер Г. НАЗАРОВА, Э. ОМАРОВА, С. ЖИРЕНШИНА, Г ЮСУПОВА, Қ. ҚҰЛЫНБАЕВА, Ә. ТӨЛЕГЕНОВ, Ә. ТІЛЕУҚҰЛОВ, Е. ЗАЦЕРКОВНАЯ, Б. ИСКЕНОВА, Н. РАЗВИНАВИЧЕНЕ, К. ЖИРЕНШИНА.

Теруге 6.10.94 берілді. Басуға 27.03.95 қол қойылды. Форматы 70x100 $^1/_{16}$. Офсеттік қағаз. Гельветикалық гарнитура. Офсеттік басылым. Есептік баспа табағы 120,332. Шартты баспа табағы 59,8. Шартты бояу-әріп көлемі 163,795. Таралымы 100 000 дана. Тапсырыс № 3098. Бағасы келісімді.

«Атамұра» баспасы. 480083, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 157.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің «Кітап» полиграфиялық кәсіпорындар өндірістік бірлестігінің Кітап фабрикасы. 480124, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93.

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне құлық сақтап.
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар
Еңбегің мен ақылың екі жақтап.

Өзіңді сенгіштікпен әуре етпе,
Құмарпаз боп мақтанды қуып кетпе.
Жұртпен бірге өзіңді қоса алдасып,
Салпылдап сағым қуған бойыңа еп пе?

Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме,
Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ермә.
Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,
Сонан тапқан – шын асыл, тастай көрме.